ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

1 ТОМ

А—Ә

Жалпы редакциясын басқарған
Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
А. Ы. Ысқақов

Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы
АЛМАТЫ — 1974

194.341
К—17

Бұл сөздік — қазіргі қазақ тілінің бүкіл сөз байлығын, оның лексико-семантикалық, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) үлгілері мен стильдік өрнектерін мүмкін қадерінше толық қамтитын қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігінің бірінші томы. Мұнда әрбір атау сөз (реестр сөз) алфавит ретімен беріліп, ол сөздердің түп-төркінін, қолданылу аясын, шыққан тегін көрсететін тиісті грамматикалық, стильдік, этимологиялық белгілер қойылады да, олардың сан алуан мағыналары мен мағыналық реңктері анық, айқын, әрі қысқаша сипаттамалармен түсіндіріледі. Атау сөзге қатысты фразеологиялық тіркестер жүйеленіп, олар да мағыналық жағынан айқындалады. Бұлардың бәрі дерлік халық ауыз әдебиетінен, көркем шығармалардан, ғылыми-көпшілік әдебиеттерден, оқу-педагогикалық құралдардан, газет-журналдардан алынған мысалдармен дәлелденіп отырады.

Сөздік негізінен көпшілік қауымға: әдебиетшілер мен журналистерге, ғылым мен мәдениет, оқу-ағарту, баспасөз қызметкерлеріне, аспиранттар мен студенттерге, мектеп мұғалімдері мен оқушыларына, сондай-ақ, қазақ тілін өздігінен оқып-үйренушілер мен зерттеушілерге арналады.

РЕДАКТОРЛАР АЛҚАСЫ:

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі *І. К. Кеңесбаев*, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі *А. Ы. Ысқақов* (председатель), Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі *Ғ. Ғ. Мұсабаев*, филология ғылымдарының докторы *Ә. Б. Болғанбаев* (пред. орынбасары), филология ғылымдарының докторы *Р. Ғ. Сыздықова*, филология ғылымдарының кандидаты *Б. С. Қайымова*, филология ғылымдарының кандидаты *Б. Қ. Қалиев* (секретарь)

ТОМНЫҢ РЕДАКТОРЫ

Б. Қ. Қалиев

СӨЗДІКТІ ЖАСАҒАНДАР:

А. Ибатов (А — айтымпаз), *Б. Қайымова* (айтып-айтпай — албырттық), *Ә. Бөрібаев* (албыт — антенналы), *З. Машабаева* (антивирус — арызсыз), *Ғ. Жәркешева* (арызшы — асып-тасу), *Б. Қалиев* (асыр — аяш), *Ә. Болғанбаев* (Ә — әміне), *А. Иманбаев* (ән — әшмүшке)

UNIV. LEIDEN BIBL.

Т 0715—107
м 405(07)—74 102—73

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1974 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

(Көп томдық түсіндірме сөздіктің маңызы мен мақсаты және ғылыми-теориялық негізі жайында)

§ 1. Алдарыңызға қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің бірінші томы ұсынылып отыр. Бұл кітап қазақ лексикографиясының алғашқы «тырнақ алдысы» да емес, я оның ең соңғы «сірге жияры» болуға да тиісті емес.

Қазақ лексикографиясының 100 жылдық тарихы бар. Сол тарихтың бойында екі тілді (қазақша-орысша, орысша-қазақша) сөздіктер, әр түрлі терминологиялық сөздіктер, үлкенді-кішілі орфографиялық сөздіктер, диалектологиялық сөздік, шағын этимологиялық сөздік, екі томдық түсіндірме сөздік, Абай шығармалары тілінің сөздігі және басқа да әрқилы сөздік нұсқалары басылып шықты.

Революциядан бұрынғы кез бен революциядан кейінгі кезде жарық көрген қазақ тіліне қатысты лексикографиялық еңбектердің ара салмағы — саны мен сапасы жағынан да, көлемі мен қарымы жағынан да, әлбетте, бірдей емес: соңғы 50 жыл бойында, Совет өкіметі тұсында жасалып, баспадан шыққан сөздіктер, қай жағынан салыстырсақ та, революциядан бұрынғы нұсқалардан әлдеқайда басым. Онан қала берді, сол сөздіктердің алдарына қойылған ғылыми және практикалық мақсаттарына қарай, демек, нысанасының басқа-басқа болуына лайық, құрылымы мен құбылыстарында да өзді-өздеріне тән ерекшеліктері болғаны анық.

§ 2. Қазақ лексикографиясының тарихы мен тәжірибесінде түсіндірме сөздік жасау жұмысының маңызы да, алатын орны да төтенше.

Түсіндірме сөздіктің ондай төтенше орны мен маңызы, бір жағынан, халқымыздың рухани өмірі мен мәдени тұрмысында атқаратын қоғамдық қызметіне қатысты болса, екінші жағынан, қазақ тіл білімінің теориялық және практикалық мұқтаждарын өтеуіне байланысты. Олай дейтін себебіміз — түсіндірме сөздік, тұтасымен алып қарағанда, қазақ тілінің әрі толық сөздігі, әрі түсіндірме сөздігі есебінде жасалатындықтан және солай танылуға, қабылдануға тиісті болатындықтан, әрине, ол, біріншіден, тіліміздегі сөздерді түгел қамтуды, екіншіден, сол сөздердің бәрінің де мағыналарын толық ашып, дұрыс түсінік беруді, үшіншіден, оларға әдебиет нұсқаларынан тыңғылықты мысалдар келтіріп, әрі қонымды, әрі нанымды етіп көрсетуді мақсат тұтады. Осы себептен де бұл тәрізді зор міндетті ақтауға арналған сөздік, әрине, тілдегі сөздерді қамту жағынан да, оларға ғылыми анықтама беру, түсіндіру, баяндау, көрсету жағынан да біршама толық болуға тиісті.

§ 3. Әдетте тіл-тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының, өз мәдениетінің, оның дүниелік (материалдық) және рухани қазынасының айнасы сияқты болып есептеледі. Өйткені өмірдің сала-саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздігіне іздерін тастап, оған тиісті сөздерді куә етіп, дақ қалдырып отырады. Ендеше, белгілі бір тілдің түсіндірме сөздігін жасау ісі сол тілдің — иесі халықтың мәдени өмірі үшін зор оқиға болып саналады.

Қазақ халқының замандар бойы жасалып, құралған өзіне тән мол дүниелік (материалдық) және рухани қазынасы болғанымен, олар жөніндегі қол жеткен табыстары мен жетістіктерін кейінгі ұрпақтарға түгел жеткізу үшін кезді-кезінде үзбей хатқа түсіріп, жазып отырған тыңғылықты, түбейтті жазбаша шежіресі болмағаны аян. Бірақ халық тарихы мен шежіресінің осы олқылығын, түгелдей болмағанмен, там-тұмдап болса да толықтырарлықтай кейбір айғақтарды тілден табу-

ға болады. Демек, тілімізде ерте замандарда ел өмірінде болған, кезінде қолданылған, әр дәуірде ұшырасқан, бірақ кейінгі шақтарда заманның озуына, дамуына байланысты ұмытылған, өскірген не ескіріп бара жатқан заттар мен құбылыстардың куәлары — сөздер бар. «Барар жерің — Балқан тау, ол да — біздің көрген тау», «Ұлын ұрымға, қызын қырымға», «Біреу еді ұмайым, екеу болды құмайым»; «Кіреукені өлтірме, қодығы жетім қалады»; «Жер жерінде, жекен суында»; «Мірдің оғындай», «Міз бақпайды», «Кенде қалмассың...» дегендер сияқты сан алуан сөйлемдерді, сөйлемшелерді, олардағы жеке сөздерді, бұлардан басқа да көптеген сөздерді алсақ, жоғарыдағы айтылған жайларға да, қағидаларға да айғақ. Сондай-ақ, мысалы: *Байдалы, Байсал, Қапшағай, Сілеті, Нарын, Түрген, Абыралы, Дегелең, Делбегетей, Тарбағатай; кіреуке, адырна, дулыға, талыс, телегей, делегей, қоқай, қоқи*... сияқты қазіргі кезде тура мағыналары ұмытылған, бірақ өздері жоғалмай, күні бүгінге дейін тілде сақталып жүрген адам, жер, су, бұйым атауларын алсақ, бойларына көптеген сыр түйіп, тарихтың айғақтары есебінде қолданылып келе жатқаны даусыз. Оларға *абысын-ажын, бала-шаға, жаман-жәутік, жүн-жұрқа, келін-кепшік, киім-кешек, қатын-қалаш, қыз-қырқын, сәлем-сауқат* сияқты қос сөздердің түсініксіз сыңарларын (*ажын, шаға, жәутік, жұрқа, кепшік, кешек, қалаш, қырқын, сауқат*) қоссақ, халықтың тілінде, қазіргі шақта түсініксіз болғандарымен, көптеген ұғымдар мен түсініктердің атаулары болған қыруар сөздер «архивке» көшіп, тілдің өз қоймасында сақтаулы жүргенін айқын мойындаймыз.

Бұлардан, әрине, халықтың бүкіл тарихы я оның олқылықтары тек тілде ғана сақталады екен немесе оларды тек тілден ғана іздеп табуға болады екен деген қорытынды тумасқа тиіс. Өйткені тілден өзге де тарих айғақтарын сақтайтын куәлар көп екені мәлім. Дегенмен, халықтың өзімен бірге туып, өзімен бірге дамып, қоса жасасып келе жатқан тілдің сөздігінде сол тарихтың айғағы сөз түрінде мейлінше мол сақталатынын мойындаған жөн. Онан қала берді, тілдің сөздігі тек ескінің қалдығы я куәсы ғана емес, халықтың бүкіл тарихының жадында ұстарлық сыр-сипаттарын, ескі өрнектерін бойында жинаған қазынасы екені де ұмытылмасқа тиіс. Оған қазіргі бай көркем әдебиетте, өнерде, ғылымда, техникада, саяси және әлеуметтік өмірде, экономикалық және қоғамдық өндірісте, күнделікті тұрмыста, үй іші тіршілігінде жаппай қолданылатын сан түрлі, қат-қабаты, қыры-сыры мол сөздер айғақ. Өйткені қазақ сөздерінің негізгі қоры да, байлығы да көбінесе тікелей осылармен байланысты екені мәлім.

Тіліміздің осындай мол сөз қорын, тек жай санақ үшін емес, белгілі бір жүйе бойынша, мүмкіндігінше, түгел тізіп, хаттап, оларға жан-жақты түсінік беріп, сипаттама жасауды көздейтін түсіндірме сөздіктің маңызы мен мәні қазақ халқы үшін ғылыми-практикалық жағынан болсын, саяси-әлеуметтік жағынан болсын орасан зор болмақшы. Мұндай түсіндірме сөздік жасаудың міндеті мен күрделі істері тек совет өкіметі тұсында ғана туған аса қолайлы жағдайлардың арқасында қолға алынып, қазақ халқының тарихында тұңғыш рет жүзеге асырылғалы отыр.

Сөздікте ең алғашқы рет қазақ тіліндегі сөздер мүмкіндігінше (түгел болмағанымен) мол қамтылып, олардың мағыналары анықталмақшы, қолданылу өрісі айқындалмақшы, қалыптасқан бірыңғай нормалары сарапталмақшы. Бұл сөздік, бір жағынан, қазақ мәдениетінің, қазақ әдеби тілінің шарықтап өскендігінің айғағы есебінде қабылданса, екінші жағынан, халықтың жалпы мәдениетінің де, қауымның жеке мүшелерінің мәдениет дәрежесінің де көтерілуіне, өсуіне орай, тілінің де әлеуметтік мәні мен маңызының барынша артып, қоғамдық қызметінің мейлінше кеңейгендігін сипаттайтын әрі нақтылы, әрі көрнекті еңбек саналмақшы.

§ 4. Белгілі бір жүйе бойынша тізіліп, тиісті талаптарға сай жасалатын толық түсіндірме сөздік халыққа әдеби тілдің бірыңғай лексикалық, грамматикалық, стилистикалық және басқа жалпы халықтық сипаттары нормаларының әдебиетте қалыптасқан үлгілерін көрсету үшін, оларды көпшілікке тарату үшін, сөйтіп, жалпы ұлттық тілдің мәдениетін көтере де, жетілдіре де беру үшін шын мәнінде тіл лабораториясы іспетті қызмет етпекші.

Түсіндірме сөздік қазақ тілінің әрқилы ғылыми проблемаларын, мысалы: лексикологияның, лексикографияның, семасиологияның, фразеологияның, сөз тудыру жүйесінің, грамматиканың, орфографияның және басқа салаларының мәселелерінен

арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті материал беретін, қорабалы, құнарлы қоры есебінде де пайдаланылмақшы. Өйткені, бұл сөздік тіліміздегі байырғы сөздер мен кірме сөздерді ажырату үшін; олардың қат-қабаттарын ашу үшін; түбір сөздер мен түбірлік және түбірлес сөздерді, олардың буын жіктері мен жүйелерін талдау үшін; туынды сөздерді, олардың морфологиялық құрылымын анықтау үшін; сөз құрамының бұрынғы күйін, қазіргі жайын және келешектегі даму бағытын бағдарлау үшін аса керекті дайын материал беретін сарқылмайтын көз болады; сондай-ақ, бұл сөздік — қазақ тілін шығу төркіні бір (төркіндес) өзге түркі тілдерімен де, төркіні басқа тілдермен де салыстыра, салғастыра зерттеу үшін және бұлардан басқа да арнап қарастырылатын тарихи, типологиялық зерттеу жұмыстары үшін әрі жинақты, әрі жүйелі материал алатын «қойма» есебінде де қызмет көрсетпекші.

§ 5. Қазақ тілі лексикасы сөзге бай, сөйлеуге оралымды тіл; қазақ тілі — грамматикалық амал-тәсілдері мол, сөздерді бір-бірімен тіркестіруге де, құрастыруға да, сөйлем жүйелерін орайластыруға да икемді, ішкі мүмкіншіліктері мейлінше қарымды тіл; қазақ тілі — дыбыстық жағынан сазды, құлаққа естілу жағынан әуезді, тартымды, көркті тіл. Бірақ қазақ тілінің осы аталған қасиеттерінің қай-қайсысы болсын әлі жете тексерілмегендігіне, олардың әр саласы енді-енді ғана саралана қолға алынып, қадағалана басталғандығына көз жеткізуге болады. Осындай енді ғана жедел қолға алынып, үлкен зер салына басталған, іltипат қойыла тексеріле басталған саланың бірі — қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясына қатысты мәселелер. Олай деуімізге, мысалы, өзге жақтарын қоя тұрғанның өзінде, тіліміздегі қанша сөз бар екенін әлі күнге дейін білмейтініміз, шаруашылықтың, мәдениеттің әрбір тайыз саласындағы кәсіби сөздерді анықтамағанымыз, қазақ даласының әр аймақ-атыраптарында ұшырасатын жергілікті сөздерді, олардың сыр-сипаттарын ашпағанымыз, әдеби тілдің әр түрлі стильдік тарам-тармақтарына өң беріп, рең үстейтін сөздерді «паспорттамағанымыз», халықтың күнделікті сөйлеу тілі мен ауызекі тілінде жұмсалатын қарапайым сөздерді назардан тыс қалдырып келгеніміз, сондай-ақ, этнография, топонимика, ономастика және басқа солар сияқты салаларға қатысты сөздерді тексермей келгеніміз толық сылтау бола алса керек. Өзгені сөз етпей-ақ, қазақ тіліндегі фауна (жанды-жәндіктер) мен флора (өсімдіктер) атауларының әлі күнге дейін сөз санатына толық қосылмай келгенін ойласақ, тіліміздің байырғы сөз қорының өзінде еленбей, ескерілмей, іltипаттан тыс қалып келе жатқан арналары — байлығы көп екенін мойындамасқа әддіміз болмаса керек.

Расында, тілімізде қанша сөз бар? Оның ішінде жұрттың бәріне де бірдей түсінікті, бәрі де бірдей жатырқамай, жатсынбай, жапа-тармағай қолдана беретін бейтарап сөздер қанша? Заманның озуына орай «ескіріп», «тіл архивіне» көшкен сөздер қанша? Қажетті уақытта пайдалана қоюға әзір тұратын «сөз қоймасындағы» тарихи сөздер қанша? Бір кездерде өте елгезек болғандарымен, қазіргі уақытта тым сирек жұмсалатын қандай сөздер бар? Өндіріс пен ғылымның көптеген саласында жұмсалып жүрген ортақ терминдер немесе олардың сала-саласына қарай сараланып жұмсалатын қандай-қандай тайыз термин сөздер бар, олар қашан және қалай пайда болған?... деген сияқты сұрауларға қазақ тіл білімі әзірше дәл жауап бере алмайды. Ендеше, өзге көптеген мәселелерге кідірмей-ақ, тек осы сұрауларға жауап беру мұқтажы тұрғысынан қарағанда да, түсіндірме сөздік маңызды еңбек болып танылмақшы. Өйткені осындай қыруар көп сұрауларға бірден қауырт жауап беруліктей үлкен іс яғни қазақ тілінің сөз байлығына есеп-санақ жұмысы осы уақытқа дейін жүргізіліп көрген емес.

Әдетте, тілдің сөз байлығын есепке алу, оған қажетті санақ жүргізу, оларды сұрыптау, жүйелеп тізу сияқты қилы істер лексикографиялық жұмыстармен байланысты жасалады. Бірақ сөздіктердің де бәрі бірдей болмайтыны тәрізді, олардың әрқайсысында сөздерді сұрыптау, құрау жүйелері де басқа-басқа болатыны белгілі. Ал, сол түрлі-түрлі сөздіктердің ішінде, жоғарыда айтылғандай, түсіндірме сөздіктің қарымы да, соған лайық ерекшелігі де мол болады.

§ 6. Қазіргі қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігін жасау мәселесін бағдарлап қарасақ, оның негізгі мақсаты қазақ тілінің сөздерін мүмкіндігінше түгел қамту, олардың мағыналарын толық ашу, сол сөздердің қолданылу өрістерін бірсыдырғы дәл анықтау және әдеби нормасын дұрыс айқындау болатындықтан, оған керекті тіл

материалының да саны мен сапасы сол мақсатты орындауға төтеп берерліктей әрі мол, әрі сапалы және қарымды болуға лайықты. Ал, мұндай үлкен міндетті басқа түрлі сөздіктердің бірде-біреуі атқара алмайды және ондай міндет оларға жүктелмекші де емес. Осыған орай, түсіндірме сөздік жасауға ықтияттылық, зор әзірлік керек болатыны анық және сол әзірліктің дәрежесі сөздікке қойылатын талаптарға сай келіп, оның мақсатын жүзеге асыруды толық қамтамасыз ететіндей болуы да шарт екені түсінікті.

Ал, ондай әзірліктің қамына кірісу үшін де, әрине, тиісті жағдай керек болатыны белгілі. Лексикографиялық жұмыстар үшін ғана емес, қазақ тілінің қай мәселесін ойдағыдай тексереміз десек те, оған керекті нағыз қолайлы жағдай тек совет өкіметі тұсында ғана туды.

§ 7. Совет өкіметі тұсындағы 50 жыл ішінде Советтік Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениеті орасан өсті. Осыларға орай, қазақ тілі шын мәніндегі ұлттық әдеби тіл болып қалыптасып, барлық жағынан шарықтай дамыды. Қазақ тілінің бұл кезде қауырт, әрі күшті қарқынмен дамуына оның әлеуметтік мәні мен маңызының артуы, қоғамдық қызметі мен қолданылу өрісінің ұлғаюы негізгі демеу де, себеп те болды. Өйткені ұлттық баспасөздің барынша құлаш жайып өсуі көркем әдебиеттің, саяси-көпшілік әдебиеттің, публицистиканың, экономикалық, шаруашылық, ғылыми және басқа әдебиет салаларының көркеюіне қолайлы жағдай туғызды; қазақ тіліне орыс және басқа тілдерден саяси-әлеуметтік өмірге, ғылым мен техникаға, экономика мен шаруашылыққа, рухани мәдениетке қатысты қыруар көп әдебиет аударылды; ұлт мектебі дамып, ондағы оқу, оқыту, тәрбие жұмыстарының бәрі де ана тілінде жүргізілді және оларға керекті оқулықтар, оқу құралдары жасалды; радио, телевидение тораптары хабар-ошарды қазақ тілінде де беретін болды; ұлт театры ашылды да, өнерді халыққа тараттатын, көрсететін әр қилы мәдени мекемелер өз жұмыстарын ана тілінде жүргізетін болды; қазақ жұртшылығы арасында тікелей ауызша жүргізілетін үгіт, насихат, лекция, баяндама, әңгіме сияқты жұмыстардың түр-түрінің бәрі де ана тілінде өткізілетін болды. Сөйтіп, қазақ тілінде сөйлейтін, тыңдайтын қауымның (контингенттің) саны бұрынғыдан әлденеше есе көбеюмен қатар, ересектер жаппай сауаттанып, жас ұрпаққа жаппай бастауыш, сегіз жылдық білім беру мақсаты жүзеге асырылғаннан кейін жұрттың мәдениеті де әлдеқайда жоғары көтерілді. Осылардың бәрі қазақ әдеби тілінің қолданылу өрісін мейлінше ұлғайтып, оның жазуша, ауызша нормаларын бірыңғайластырып, белгілі жүйеге түсіріп, нағыз ұлттық әдеби тіл болып қалыптасуына орасан зор ықпал, аса қолайлы жағдай жасады. Осылардың нәтижесінде қазақ әдеби тілі соңғы 50 жыл ішінде Совет Одағындағы бай тілдердің деңгейіне көтерілді. Осыншалықты үлкен процесс үстінде қазақ тілінің, өзге құрылымдық жақтары сияқты, сөз құрамы да барынша байыды. Міне, қазақ тілі осылайша кемеліне келіп, шарықтап өскен шақта, оның толық түсіндірме сөздігін жасаудың қажеттігі де, оған деген мұқтаждық та туғанына ешкім дау айтпаса керек-ті.

§ 8. Совет өкіметі тұсындағы жарты ғасыр бойында ғылымның өзге салаларымен жарыса, қазақ тіл білімі де дербес ғылым болып қалыптасып, оның кадрлары өсті, оны басқаратын, жүргізетін арнаулы мекемелер Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты, университеттердің, пединституттардың тіл кафедралары т. б. ұйымдастырылды. Бұл мекемелер алғашқы 20—30 жыл бойы халықтың күнделікті әлеуметтік өмірі мен тұрмысына керекті қажеттерді өтеу мәселелерімен ғана шұғылданып қойған жоқ, сонымен бірге, олар болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін тиісті материалдар да жинастырды. Осындай материалды бірте-бірте жинау үшін ұзақ уақыт та, көп еңбек те сарп ететін жұмыстың бірі — қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасаудың қамы болатын-ды.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне материал жинаудың ең алғашқы адымы да, одан кейінгі жылдарда үзілмей жүргізілген ең негізгі жұмыстары да сөз байлығын есепке алу, оған санақ жүргізу болатын-ды. Міне, осы мақсатпен 1937 жылдан бері қарай, 30 жылдан астам уақыт бойы тоқтатылмай, күні бүгінге дейін қазақ тілінде жарияланған әдебиет нұсқаларынан сөздер теріліп, оларға тиісті цитаталар (мысалкарточкалар) жазылып келді. Бұл жұмыс бұдан былайғы кездерде де үзілмей, белгілі жүйе бойынша жүргізіле бермекші. Бірақ терілген сөзге арнайы цитата жазудың

мазмұны да (принципі), түрі де, қарқыны да, әрине, бұл жылдардың бойында үнемі бірдей, біркелкі болып отырған жоқ. Өйткені қазақ әдебиетінің әр алуан нұсқаларының жариялану қарқыны мен көлемі, бір жағынан, ұлт баспасөзінің даму деңгейіне, екіншіден, қаламгерлердің өсу дәрежесіне байланысты болғандықтан, мысалы, жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдарда жарық көрген баспа өнімдерінің (кітаптардың, газеттердің, журналдардың т. б.) саны мен сапасында, қарқынында қандай өзгешелік болса, қырқыншы, елуінші және алпысыншы жылдарда шыққан баспа өнімдерінің саны мен сапаларында да, шығу қарқындарында да сондайлықты үлкен айырмашылық болды. Оған мынадай айғақ келтіруге болады: 1953 жылы түсіндірме сөздіктің бір томдығын жасауға кірісерде (ол кейін екі кітап етіліп шығарылды) картотека қорында небәрі 180 мың дана ғана карточка бар еді. Ал, 1972 жылдың басында сөздіктің карточка қоры екі миллион бес жүз елу мыңға жетті. Сөйтіп, қазіргі қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігін жасауды қамтамасыз ететін өзірлік жұмысының әрі ең әуелгі, әрі ең негізгі түрі осылай жүріп келді.

§ 9. Елуінші жылдары көп томдық түсіндірме сөздікті жасауға кірісуге қажетті өзірлік жеткіліксіз болғандықтан, атап айтқанда, карточка қоры тым тапшы екендігі ескеріліп, сөз теру, цитата жазу істерін тоқтатпай жүргізе берумен қатар, сөздік жасайтын ғылыми қызметкерлерді (сөздікшілерді) бұл жұмыстың ғылыми-практикалық тәсілдеріне төселдіру ниетімен, тәжірибе алу мақсатымен үлкен екі түрлі шараны жүзеге асыру ұйғарылды. Оның бірі — әуелі түсіндірме сөздіктің бір томдығын жасау, екіншісі — Абай шығармалары тілінің сөздігін жасау еді. Бұл шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде, әуелі, бір томдық түсіндірме сөздік жасалып, ол 1959 (бірінші том) және 1961 (екінші том) жылдары екі кітап етіліп баспадан шықты да, 1968 жылы «Абай тілі сөздігі» жарық көрді. Сөйтіп, бұл шаралар толық түсіндірме сөздік жасау жолында істелген дайындықтың екінші кезеңі болумен бірге, сөздікшілерге үлкен жұмысқа кірісер алдында жасалған «қара жарыс» сияқты іс болғаны аян.

Бұдан кейін толық түсіндірме сөздікті жасауға кірісудің нақтылы міндеті алға қойылды. Әлбетте, ол үшін де қосымша өзірліктер жүргізілді: сөздіктің нұсқауы (инструкциясы) тізілді, карточка қоры іштей белгілі жүйеге келтірілді, тәртіпке салынды т. т. Оның бер жағында, соңғы жұмыстар, біріншіден, жалпы қордағы карточка санының әлі де тапшы екенін анықтаса, екіншіден, бұрынғы кездердегі сөз теру, цитата жазу істерінің тәртібі мен жүйесінде олақтық та, олқылық та болғанын ашты. Мысалы, алғашқы жылдарда сөз теру, мысал жазу істерін басқаруда да, бақылауда да тыңғылықтылық кем болғандықтан, сөз теру мен карточка жазу істері бүтіндей тек цитатшылардың (мысал терушілердің) жетегі мен еркінде ғана болғандықтан, сөздер жоспарсыз, жүйесіз теріліп, кейбір сөздерге цитата жеткілікті (мысалы, *адам* деген сөзге 927 карточка, *ал* сөзіне 1900 цитат) жазылса, кейбір сөздерге цитата не тіпті аз алынған, не мүлдем жазылмағаны айқындалды (мысалы, *әйенкес, бейепар, ділгір, жуалдыз* деген сөздерге карточка болмады).

Мұндай жағдайда, әрине, біралуан сөздер тіпті сөздікке енбей де қалатындай, бірқыдыру сөздердің мағыналары я толық ашылмайтындай, я оларға дұрыс сипаттама берілмей қалатындай қауіп туатыны күмәнсіз. Осыған орай, жедел қолданылған қосымша үлкен шараның бірі — бұрынғы кездерде шыққан әдебиеттен болсын, кейінгі кездерде жылма-жыл жарияланып отыратын әдебиет нұсқаларынан болсын, бұдан былай мысалдарды жапа-тармағай ала бермей, жаппай жаза бермей, көбіне бұрын терілмеген я аз терілген сөздерге немесе сөздердің мағыналарын толық аша түсуге қажет болатындай мысалдарды сұрыптап жазуды үнемі қадағалап отыру мәселесі қаралды.

§ 10. Түсіндірме сөздікте (қысқаша — ТС) қазіргі тіліміздегі сөздердің түгел қамтылуы қажет екені аян. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, қазақ сөзіне өмір-бақи арнайы санақ жүргізілмеген болса, онда қанша сөз бар екені беймәлім болса, сөздікке, біріншіден, қанша және қандай сөздер енуі керек, екіншіден, олар тіліміздің қай кезеңдеріне тән сөздер болуға лайық және қандай әдебиеттен (басқа арнадан) алынуға тиіс деген мәселелерді анықтап алуы ләзім болатыны сөзсіз. Сондай-ақ, ТС қазіргі қазақ тілінің сөздігін әрі жинақтап, әрі жүйелеп саралайтын, ғылыми еңбек болатындықтан, оның қазіргі кездегі сөз қорын тұтас қамтып, әрқайсысының мағы-

насын толық ашып, қолданылу өрісін дұрыс айқындау қажет болатындықтан, инструкцияға сәйкес, әр сөзге тиісті лексикалық, семантикалық, грамматикалық, стилистикалық, этимологиялық және басқа сипаттамалар берілуі, олардың бәрі де тиісті лұғаттық мақалада әдебиет нұсқаларынан алынған орайлы сөйлемдер мен сөз тіркестерінің мысалдары арқылы суреттеліп, көрсетіліп тұруы қажет болды. Онан қала берді, ТС мектеп пен институт оқушыларының да, әдеби тілді білетін я игерген, оның өрнектерін білгісі я қарастырғысы келетін, онымен әуестенгісі я шұғылданғысы келетін мәдениетті қауымның да, демек, қалың жұртшылықтың кең пайдалануы үшін жасалатын еңбек болғандықтан, сөздерге берілетін анықтамалардың жеңіл түсінерліктей, сипаттамалардың оңай аңғарылырлықтай болу жақтары жіті қарастырылуы нысана тұтылды.

§ 11. ТС қазіргі мәдениетті қазақ қауымының жазуша және ауызша тілінің үлгісі де, айнасы да болуға лайық. Ал, қазіргі мәдениетті қазақ қауымы деген ұғымға, біздің ойымызша, жалпы мәдениет пен әдебиетке, өнер мен білімге, ғылым мен техникаға, экономика мен өндіріске, саясат пен қоғамдық өмірге қатысы бар адамдар енсе керек. Олай болса, бұл қауым қазақ халқының қалың жұртшылығы болмақ. Мәдениетті қауымның тілі, әрине, көктен түскен бір ерекше тіл емес, жұрттың бәрі бірдей күнделікті қоғамдық өмір мен тұрмыста ауызекі сөйлескенде де, баспасөз жүзінде де жаппай қолданатын жалпы халықтық тіл. Бұл тіл — көркем әдебиетте де, өнерде де, ғылыми және техникалық әдебиетте де, саяси-көпшілік әдебиетте де, оқулықтар мен оқу құралдарында да, газеттер мен журналдарда да қолданылатын, қысқасы, жазбаша да, ауызша да қалыптасқан бірыңғай жүйесі, нормасы бар жалпы ұлттық тіл. Ендеше, тек жеке қалам қайраткерлері тілінде жұмсалатын бірен-саран-дағаң ғана ерекшеліктер болмаса, осы тілдегі қалың жұртшылықтың бәріне де бірдей түсінікті, бәрі де бірдей жаппай қолдана беретін көпшілікке ортақ сөздер сөздікке түгел енгізілмекші де, оған негізгі өзек болмақшы.

Сөздіктен кейбір оқырмандарға әдеттегіден гөрі сәл басқашалау я оғаштау болып көрінетін бірлі-жарымды сөздер де ұшырасып қалуы мүмкін де, орынды да. Бірақ оқырманның ондай секем алған я күдіктенген сөзіне лұғаттық мақалада арнай берілген тиісті анықтамаларды, оған берілген нақтылы мысалдарды (сөйлем мен сөз тіркесін) оқығаннан кейін айығатыны күмәнсіз.

Сөздік бүгінгі тілдің сөз байлығын толық көрсетуді мақсат тұтатындықтан, қазіргі қазақ жұртшылығының бәріне де бірдей, жаппай түсінікті бола қоймағанымен, саяси-әлеуметтік өмірдің, мәдени-экономикалық тұрмыстың, халық-шаруашылығының сала-салаларында істейтін еңбеккерлердің тілдерінде қолданылатын әр алуан терминдерді де, өзге тілдерден енген кейбір кірме сөздерді де іркілмей алып отырмақшы. Сондай-ақ, әдебиеттің әр саласында әр кезде түрлі дәрежеде белгілі-белгілі мақсаттар мен мұқтаждыққа байланысты қолданыла келіп, кейін көпшілікке түсінікті болып кеткен жергілікті сөздер де (диалектизм) және қазіргі әдебиетте қажетіне қарай орнымен дұрыс жұмсалып жүрген ескі (көне) сөздер де, қазір сирек кездесетініне қарамастан, қажетінше қолдана қоюға әзір тұратын тарихи және басқа сөздер де сөздікке еркін енгізіледі. Мысалы, бұған Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ақындар мен жазушылардың және олардың замандастарының шығармаларының тілі жатқызылуға тиіс. Сондықтан сөздік, негізінен алғанда, XX ғасырдағы қазақ тілінің сөз қорына сүйенгенімен, ол XIX ғасырдың да, әредік тіпті XVIII ғасыр әдебиетінің де сөздерін қамтуы керек.

§ 12. Сонымен, бұл ТС қазіргі қазақ тілінің сөздігі болуға лайық және солай болуы да керек. Бірақ қазіргі қазақ тілі деп аталатын тілдің хронологиялық шегі де бізде әлі күнге дейін айқындалып көрген емес. Егер сөздігімізді ұлттық тіліміздің сөздігі деп қарайтын болсақ, онда, әрине, қазақ халқының Октябрь революциясынан кейін ғана социалистік ұлт болып қалыптасқанын ескеріп, тек совет тұсында қолданылатын сөздерді ғана қамтуға тиіспіз. Бірақ ұлттық тіл шеңберін біз олайша тым шақтап, тайыздандырмауымыз керек. Өйткені қазақтың ұлт болып құрала бастауы өткен XIX ғасырдың жемісі де, шын мәнінде ұлт болып толысуы, кемелденуі советтік дәуірдің айғағы. Ендеше, қазіргі қазақ тілі деген ұғымның шеңбері тек совет тұсындағы ұлттық әдеби тіліміздің аясында қалмасқа тиіс, онан әлдеқайда кең, қарымды дәуірлерді қамтуға лайық.

Қазіргі қазақ тілі деген ұғымға, бізше, осы күнгі қазақ қауымының білім парасаты бар, мәдениетті ортасының жазуша және ауызша тілі, сондай-ақ, қазіргі кезде жұрттың бәрі ұнатып оқитын, мүдірмей түсінетін өткен дәуірлердегі қазақ әдебиеті нұсқаларының тілі де сөздікке еркін енгізіліп отырмақшы.

Қазіргі қазақ тілі деген ұғымға тек бұл аталғандар ғана емес, бізше, қазақтың бұрынғы-соңғы бай ауыз әдебиетінің тілі де ешқандай күдіксіз, іркіліссіз жатқызылғаны дұрыс. Рас, ауыз әдебиеті өзіне тән салтын, өзіне тән көптеген үлгісін, дәстүрін, кейбір көнеленген «штампыларын» (мөрлерін) сақтап отыратыны айқын. Соған орай, ауыз әдебиетінің тілі әдеби тіл емес дейтін де көзқарас болмайды емес. Бұндай көзқарас, әрине, Европа жұрттарының ауыз әдебиеттеріне байланысты айтылған пікірлерден және сол пікірлерді бұлжымайтын қағида етіп «тұтынудан» (санаудан) туған «жүрдек», қыдырма пікір екені шәксіз. Егер қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихын шолсақ, оның негізі де, өрнегі де жалпы халықтық тіл болғанын, ал, ауыз әдебиетінің тілі сол жалпы халықтық тілдің «әдебиеттенген» үлгісі екенін мойындауға тиіспіз. Ендеше, қазақ әдеби тілі үнемі ауыз әдебиетіне сүйеніп, сонан ұдайы нәр ала отырып, қажетті жерінде соның тілін үлгі тұта отырып дамығаны анық. Мысалы, қазіргі бірыңғай ұлттық әдеби тіліміздің негізін салуға, арқауын тұзуге бастаушы да, жетекші де, рухтандырушы да болған Алтынсарин Ыбырай мен Құнанбаев Абайды алсақ, олар да сол замандардағы кейбір ақындарша «түрки» деп аталатын кітаби тілдің я татаршалаған, я шағатайшалаған, я түркішелеген нұсқаларының бірде-біреуіне бұрылмастан, тек қажетті болған орайда ғана олардың кейбір өрнектерін пайдаланғаны болмаса, шығармаларын таза қазақша жазған я жырлаған; өздерінен бұрынғы, өз замандарындағы ақындардың тілін, қазақтың сол кездегі жұртшылыққа кең тараған бай ауыз әдебиетінің тілін, жалпы халықтық ауызекі сөйлеу тілін өз туындыларына негіз еткені белгілі. Бірақ бұдан бұл екі ұлы қаламгер тек өз тұстарындағы, демек, тек XIX ғасыр бойындағы әдеби тіл деңгейінде ғана қалған екен, сол шеңберден я көтеріле алмаған екен деген қорытынды тумасқа тиіс. Егер бұл екі бабамыз сол кездегі әдеби тіл аясынан аса алмаған болса, олар тек көптің бірі немесе «қатардағылардың» қатарында ғана қалған болар еді. Ал, шынында, қазақтың бірыңғай ұлттық әдеби тілі сол кезге дейін (XIX ғасырға дейін) Россиядағы күллі түрік жұрттарына ортақ кітаби тіл саналып келген «түрки» («түрікше») деп аталған өрнектің («тілдің») сүрлеуімен кетпей, жалпы халықтық тілдің негізінде, соның жалпыға ортақ үлгісімен, нормасымен қалыптасуына, дамуына бағыт көрсетіп, тіпті екеуі сол тілдің екі негізгі саласының: біреуі көркем қара сөздің іргесін нұсқап, біреуі үлгілі өлең сөздің өрнегін жасап бергендеріне ешкім де шәк келтірмеске керек.

Ауыз әдебиеті шығармасы қашан және қайда басылып шықса да, кім шығарса да, тек тіл арқылы ғана дүниеге келіп, тіл арқылы ғана елге тарайтындықтан, оның тілі де логикалық тұрғыдан қарағанда, қай жағынан болсын, жалпы халықтық тілдің қалыбына орай болмасқа, соған лайық құрылмасқа тиісті емес. Рас, ауыз әдебиеті шығармаларының қай-қайсысының болсын ең әуелгі жеке авторы да, кейін ел арасына жайған таратушылары болғаны және болатыны анық. Осыларға сәйкес бұл шығармалардың тілдерінен белгілі бір атырапта туған, өскен әуелгі шығарушы автордың да, кейін ел арасына жайып әр кезде айтқан таратушының да өздеріне тән тіл өзгешеліктері, аймағына, машықтарына тән жергілікті тіл ерекшеліктері орын алғаны және алатыны да ешқандай талас, дау тудырмаса керек. Бірақ ауыз әдебиеті шығармалары жер-жердің тіл ерекшеліктерімен қаншалықты байланысты болғанымен, қаншалықты біте қайнасып жатқанымен, олардың тілдеріндегі ондай ерекшеліктер ел аузына ілініп, халық ауқымына түскен соң, біртебірте мінелмесе, қырналмаса, сәйтіп, жалпы халықтық тілдің бірыңғай лексикалық, грамматикалық және басқа қалыптарына (нормаларына) түсіп тегістелмесе, шын мәнінде ол шығарма ешқашан да жалпы халықтық сипатқа ие бола алмаған да болар еді және жер-жерге кең тарамаған да болар еді. Расында, қазақ ауыз әдебиетінің тіліне осы тұрғыдан үңіліп қарасақ, одан бірлі-жарымды көнерген (ескірген) сөздер мен көнеленген (тұрақталған, «штампыланған») формаларды ғана немесе біреңсарандаған жергілікті сөздерді я сөз тіркестерін ғана ұшыратқанымыз болмаса, сонша лықты я одырайып, я оқшырайып тұрған ерекшеліктерді көре де, таба да алмай-

мыз. Бұдан қазақтың ауыз әдебиетінің тілі жалпы халықтық тілден ешуақытта да қол үзбегені, оқшауланбағаны былай тұрсын, содан, тек қана сол тілден үнемі нәр алып, соның әуенімен ғана, ықпалымен ғана, соның үлгісімен ғана дамығаны аян болса керек. Ал, аса көп тараған ауыз әдебиеті шығармаларының жеке варианттарынан (нұсқаларынан) оқта-текте кездесіп қалатын мардымсыз тіл өзгешеліктерін алсақ, ондай ерекшеліктердің болуы да заңды сияқты. Өйткені, ең алдымен, бір шығарманың бірнеше вариантының болуының өзі оның айтушылары мен таратушылары бір адам емес, әлденешеу болғанын, олардың әрқайсысы шығарманың ұзын-ырғасын я негізін сақтағанымен, ең болмағанда, ұмытқан жерін өзінше айтса да, кейде желісіне, кейде мазмұнына қоспа қосып, өзінше жеке сөз я сөз тіркестерін араластыруы, я қатыстыруы әбден орынды ғой деп ойлаймыз. Мұнда да, әрине, шығарманың тіліне әр айтушының қабілеті мен талғамы, ой өрісі мен білім парасаты, көргені мен білгені сияқты әр алуан факторлар әсер ететіні күмәнсіз. Мысалы, Академия қорында «Қобыланды жырының» 28 варианты (нұсқасы), «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының 26 варианты барлығын, әр айтушының аузынан жазылып алынған осы нұсқалардың тілдерінде азды-көпті өзгешеліктердің болмауы да мүмкін емес екенін ескерте кеткен жөн.

Дегенмен, ауыз әдебиетінің қазақ даласына мейлінше кең тараған, жұрттың бәріне де аян бұл сияқты үлкенді-кішілі шығармаларының күллісі де (тек әр салаға тән стильдік өзгешеліктері жағынан ғана сараланған болмаса) тіл өрнегі жағынан яғни сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы жағынан жалпы жұртқа түсінікті болып отырды. Замандар бойы аймақтан аймаққа, ұрпақтан ұрпаққа жазбаша үлгі арқылы емес, тек ауызекі тіл арқылы ғана беріліп, ауызша ғана тарап отырған қазақ фольклорының тілінің де жалпы халықтық болуы, біздің ойымызша, ең алдымен, оның өмір бойы, демек, ұзын тарих бойы атқарған қоғамдық қызметіне байланысты болса керек. Өйткені, дәйім шығып тұратын баспасөз болмағандықтан, ел арасына ежелден тарап келген ауыз әдебиеті шығармалары ғана емес, үздік-создық кейінгі замандарда шығарылған, авторлары бар жазбаша туындылардың өздері де қазақ даласында ырықсыз «фольклорланып» отырды. Демек, тек қана ауызша айтылып, бірден бірге ауызша тарап отырғандықтан, бірте-бірте авторынан да айрылып, ауыз әдебиеті салтына түсіп кетті. Бірақ олар қайда шықса да, кім шығарса да, қашан «фольклорланса» да халықтың рухани азығының негізгі саласы да, арнасы да болғандықтан, бұлардың тілдері тек әр замандағы айтушылардың електерінен өтіп, әр заманның тіл әуеніне әрі үйлестіріліп және қырналып, әрі екшелініп және «әдебиеттеніп», өзінше жалпы халықтық әдеби тіл деңгейіне көтерілді. Осы себептен де қазақ фольклоры тіліндегі мардымсыз көне формалар мен жергілікті сөздер, кейбір «штампа» болып қалыптасқан сөйлем, сөйлемше өрнектері жалпы халықтық тілдің ауқымына түскеннен кейін көп бидайдың ішінде ұшырасатын жалғыз-жарым арпа я басқа текті дән сияқтанып, көрінбей де, еленбей де қалатындай күйге түсіп отырады. Ендеше, орыстың «Илья Муромец» жырын қазақтың «Қобыланды батыр» атты жырымен, орыстың «Елена ару (сұлу)» атты ертегісін қазақтың «Күнікей қыз» ертегісімен ел аузынан жазылып алынған кезі жағынан да, ел арасына тарау жағдайы мен тіл ерекшеліктері жақтарынан да тіпті салыстыруға болмайтын тәрізді. Олай болса, қаншалықты дәрежеде халықтық болғанымен, орыстың әдеби тілі мен орыс фольклоры тілінің қарым-қатысын қазақ әдеби тілі мен қазақ ауыз әдебиеті тілінің қарым-қатысымен салғастыру да мүмкін емес. Өйткені қазақтың ауыз әдебиетінің тілі оның бірыңғай жалпы халықтық тілінен ешуақытта да алшақ кетпей, сол негізге арқа сүйей отырып дамығанын, сол бірыңғай жалпы халықтық тілдің әр кезде, әзді-әдерінің тұрақтарында (замандарында), сөз шеберлері саналған я танылған «уәлі ауыз» майталмандар мен «көмекейі көсілген шешендердің» електерінен өтіп, өзінше екшеліп, «әдебиеттенген» нұсқасы (варианты) қаншалықты басқа-басқа болса да, қазіргіше айтқанда, әдеби тіл үлгісі есебінде қызмет етіп отырғанын мойындаған дұрыс.

Осымен байланысты мынадай жайларды да ескеру керек болатын тәрізді.

Біріншіден, қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларының ел аузынан ең ерте жазылып алынған кезі тек XIX ғасырдың алғашқы жарымы ғана екені мәлім. Ал, сол замандарға және одан сәл бұрынғы кездерге, мысалы, XVIII ғасырдың екінші жарымына

телініп, жазба әдебиеттің үлгісі ретінде қаралып жүрген өлеңдердің тіл өрнектерін бағдарласақ, солардың қай-қайсысы болса да ауыз әдебиетінің таңдаулы шығармаларынан қара үзіп кетпейтінін көреміз. Мәселен, Бұқар жырау өлеңдерінің тіл өрнегі сол замандардағы билер мен шешендердің сөздеріне ұқсас болса, Өтемісұлы Махамбеттің өлеңдері өз кезіндегі таңдаулы жырлар мен жыраулар сөздеріне ұқсасып келеді. Әрине, заман озған сайын ауыз әдебиетінің аз да болса мазмұны да, түрі де өзгеріп, оның бастапқы шығарушылары да, таратушылары да бірте-бірте өсіп, соларға орай, олардың тілдері де әрі байып, әрі көріктене түспекші. Бұл заңдылықты, тым арғы замандарға сүңгімей-ақ, өз заманымызда өмір сүрген Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин сияқты ауызша жырлаған халық ақындарының және Иса Байзақов, Нұрлыбек Баймұратов, Нұрқан Ахметбеков тәрізді әрі ауызша, әрі жазуша жырлаған «жез таңдайлардың» шығармалары мен тілдерінен көруге болады.

Екіншіден, өмір сүрген дәуірлері мен әлеуметтік жағдайлары да, өздерінің көзқарастары мен шығармаларының мазмұндары да дәл бірдей болмағандарымен, жалпы бағыттары мен сарындарында үндестік, ұқсастықтары байқалып тұратын орыс патшасының сарай ақыны Державин мен қазақ ханының сарай жыршысы Бұқар жырауды алсақ, бұларды өздерінен бұрынғы жазба әдебиеттен алған үлгілері мен қабылдаған дәстүрлері жағынан да өздерінің білім дәрежелері мен ой парасаттары және шығармалары мен стиль сарындары жақтарынан да бір сатыға қойып, шендестіруге, деңгейлестіруге келмейтін үлкен айырма, парық барлығы белгілі. Тіпті, олар былай тұрсын, әдеби тілге, оның дамуына көзқарастары жөнінен жалпы ұқсастықтары бола тұрса да, мақсаттарын нақтылы жүзеге асыру мүмкіншіліктері мен жағдайлары жақтарынан Карамзин мен Алтынсаринге де дәл бір өлшем, бірдей талап қою орайлы болмаса керек.

Үшіншіден, қазақ әдебиетінің арғы кездерін ғана емес, XIX ғасырдың екінші жарымынан бергі ұлттық дәуірінің өзін алсақ, оның советке дейінгі және совет тұсындағы кезеңдерінде қазақтың жазба әдебиетінің үлкенді-кішілі өкілдерінің бірдебіреуі ауыз әдебиетіне соқпай өткен емес. Керісінше, олардың бәрі де оны алтын бесігі тұтып, рухани азығы, мәдени қоры санап отырды. Мысалы, қазақ әдеби тілінің ұлттық кезеңінің пионері Алтынсариннің төл шығармаларын, құрастырған әдебиет хрестоматиясын алсақ, олардың ішіндегі тікелей ауыз әдебиетінен алынған нұсқаларды сөз етпегенде, балалардың ой-өрісі мен жас ерекшеліктеріне лайықтап өзі жазып енгізген қара сөзді әңгімелерінің өздері де мазмұн жағынан ғана емес, тіл үлгісі жағынан да ауыз әдебиетімен, ауызекі сөйлеу тілімен тікелей байланысып, үйлесіп жататынын көреміз. С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Бегалин, А. Тоқмағамбетов және басқа аға буын жазушыларымыз ауыз әдебиетін мектеп тұтқандарын, соның үлгі-өрнектерімен ауызданғандарын айтады. Шынында, ауыз әдебиеті қазақ жазушыларын тақырып, мазмұн жақтарынан ғана емес, тіл жағынан да қызықтырып еліктірген, өнеге көрсеткен; ауыз әдебиетіне еліктемеген, оның тіл өрнегін үлгі тұтпаған бірде-бір аға буын жазушымыз болмағанға ұқсайды. Оған көп айғақ келтірмей-ақ, Сәбит Мұқановтың «Тұрмыстың тұлпары», Мұхтар Әуезовтің «Еңлік — Кебек», Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» атты шығармаларын атасақ та жеткілікті болатын тәрізді.

Дегенмен, қазақтың қазіргі ұлттық әдеби тілі жайында, оның жалпы нормасы жөнінде және осымен байланысты жалпы әдеби тіл сөздігі мен жеке жазушы тілі сөздігі туралы кейбір топшылама пікірімізді қысқаша айтуды мақұл көрдік.

Әдеби тіл, біздің түсінуімізше, үлгілі, өрнекті, қалыптасқан нормасы бар тіл болса керек-ті; әдеби тілдің жазуша да, ауызша да түрлері болуға лайық және оның бұл екі түрі де қолданушының (жазушының я сөйлеушінің) редакциясынан өтіп қырналған, «шындалған» жатық болуға тиіс. Ал, сөйлеу тілі күнделікті өмірде жүзбе-жүз дидарласып сөйлескенде, өзара түсініскенде, хабарласқанда, жөн сұрасқанда жұмсалатын оның ауызба-ауыз түрі болса керек-ті; сөйлеу тілінде олпы-солпылық та болып, кедір-бұдыр да араласып отыруы мүмкін; сөйлеу тілінің ерекшеліктері жазба әдебиетке де, ауызекі тілдің әрқилы түрлеріне енуі, араласуы ақиқат. Солай болса, әдеби тіл сөздігі және сөйлеу тілі сөздігі деген ұғымдарды айқындағанда осы ерекшеліктер ескерілуі қажет сияқты. Мысалы, әдеби тілдің қалыпты норма-

сы болатын, бірақ оның ауызша түрі мен жазуша түрі бір-біріне ықпал етіп, қарым-қатынас жасау ортақтығы өскерілуі керек-ті. Сөз қолданудағы стилистикалық нормалар әдеби тіл сөздігінде жазу тілінің және әредік көркем әдебиетке енетін сөйлеу тілінің материалына негізделеді. Бірақ сөйлеу тілі нормасыз болмайды, оның өз нормасы, өз шарасы, өз қарымы болады. Ендеше, сөйлеу тілінің нұсқаларында қолданылған сөздердің мағыналары да сөздікте ескеріледі. Демек, олардың ерекшеліктерін тиісті лұғаттық мақалаға енгізуге тиіс. Айталық, әр түрлі кәсіп саласында я басқа да тұрмыс жағдайларында қолданылатын сөйлеу тілінде бір сөзге әрқилы рең я ереже мән үстеліп жұмсалса, олардың, әрине, ескермеске болмайды. Сөйлеу тілінде гі ондай мағыналарды ескеру, олардың жөн-жосығын айқындау тіл нормаларының дамуын немесе ауытқуын білуге себін тигізеді, өйткені тілдегі қандай норма болсын қолдану машығынан, дағдысынан туып қалыптасады. Егер қазақ тіліндегі үлгілі, өрнекті ауызша лебіздің (речь) де, күнделікті сөйлеу тілінің де әлі күнге дейін тексерілмегенін еске алсақ, әдеби өрнек пен сөйлеу өрнегінің ерекшеліктерін тіпті ажырату да оңшалықты қиын.

Советтік дәуірден бұрынғы кездердегі әдеби тіліміздің жазбаша дәстүрі белгілі тарихи жағдайларға байланысты алысы мен жақынындағы бытыраңқы елге тегіс жетіп, нормасын қалыптастыруға мұрындық (жетекші) боларлық баспасөзі ұзақ замандар бойы болмауы, кейініректе болған жағдайда — орнықсыз болу себебінен, өзге жағы өз алдына, лексикалық норманың өзі де дәл сараланып көрген емес. Ондай дәл орныққан лексикалық норма совет тұсындағы кейінгі 50 жыл ішінде де бірден орныға қоймай, бұл кезде сөз тудыру, басқа тілдерден сөз қабылдау, халық тілінің қорындағы сөздерді сұрыптап, саралап қолдану процестері үнемі даму, жетілу үстінде болғанын ескерсек, әдеби тіл мен сөйлеу тілі деген ұғымдарды, олардың аясы мен шегін ашу деген мәселелерді тез анықтау да өте ауыр тимек.

Оның бер жағында, әдеби тілге жалпы тіл білімінде беріліп келген анықтама да, ол жөніндегі түсінік те өзгеруі керек деп есептейміз. Өйткені бұрынғы кездерде әдеби тіл тек белгілі аядағы адамдардың ғана пайдаланатын үлгісі болса, қазір жаппай сауаттанған елдердің бәрінде де әдеби тіл бүкіл халық (кәрісі, жасы, ері, әйелі түгел) жаппай пайдаланатын құрал болып, демократияланып отыр. Осыған орай көпке дейін ерекшеліктері сақталғандарымен, әдеби тіл мен сөйлеу тілі бірте-бірте жақындаса беретіні даусыз. Осы процесті әдеби тіл нормалары да бастарынан кешіретіні күмәнсыз.

«Абай тілі сөздігі» (1968 ж.) шығуымен байланысты, жалпы я ұлттық әдеби тіл сөздігі мен жеке жазушы тілі сөздіктерін бөліп жасаудың, шығарудың қажеттігі қанша дейтін пікірлер туып жүр. Осы мәселені де ажыратқан дұрыс тәрізді.

Жеке жазушы тілінің сөздігін алсақ, оның жалпы ұлттық әдеби тіл сөздігінен бірқатар айырмашылығы бар. Мысалы, «Абай тілі сөздігі» — әдеби тіліміздің белгілі бір дәуіріндегі (XIX ғасырдың екінші жартысындағы) жеке бір өкілінің ғана шығармаларының сөздігі. Ол сөздік Абай білген сөздің бәрін емес, тек оның шығармаларында қолданылған (кездесетін) сөздерді ғана қамтиды. Ал, осы сөздік нормативті сөздік пе? Егер ол нормативті болса, тек сол кез үшін ғана, автордың бойына лайық нормативті болар. Бірақ ол сөздік Абайдан бұрынғы және Абайдан кейінгі дәуірлердің бәріне нормативті бола алмайды. Оған тек Абай шығармаларында қолданылған, бірақ қазіргі кезде қолданылмайтын араб, парсы, орыс сөздерін, байырғы ның сөздігі деген ұғым ұлттық (жалпы) әдеби тілі сөздігінен ұғым жағынан да, құрылымдық жағынан да ерекшеленеді. Жеке жазушының сөз қолдану жөнінде стилистикалық та, экспрессивтік те ерекшеліктері болатындықтан, онда жалпы әдеби тілдегі сөз қолдану дағдысынан басқаша, жазушы өзінше мағына беріп, қызмет жүктеп, әсірелеп, астарлап жұмсау тақылеті ұшыраса береді. Мысалы, Абайдың: «ылай ой», «көңілдің жайлауы», «тағдырдың сызығы», «қылықтың қылшығын тану», «шынның бетін бояу» сияқты сөз қолдану ерекшеліктерін алсақ,— осындай индивидуальдық өзгешелік болмақ.

Солай болса, бұдан жалпы (ұлттық) әдеби тіл сөздігі мен жеке жазушы тілі сөздігінің мақсаттары басқа-басқа екенін, сөзге олардың (сөздіктердің) әрқайсысы өз тұрғысынан қарайтынын көреміз. Сөйте тұра, жеке жазушы тіліндегі сөз қолдану

тәсілдері, ерекшеліктері жалпы сөздіктен шығарыла салмағаны, олардың жалпы әдеби сөздігінде коллекция есебінде берілуі қажет, бірақ ең уақытта да жеке жазушы тілінде ұшыраспайтын құбылыс оның сөздігіне енгізілмеуі керек.

Жеке жазушылардың тілдеріндегі ерекше сөз қолдану тәсілдері, олардың өздерінше енгізген жаңалықтары жалпы әдеби тілдің игілігіне де қосылуы мүмкін. Мысалы, Абай қолданған кейбір тәсілдерді Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов және басқа жазушылар қолдап, солар арқылы ондай әуелбастағы жаңалықтар қалыпты нормаға айналып кеткендері аян.

Бүкіл бір халықтың я бір қауымның тілін түп-түгел білетін жеке бір адам болмаса керек-ті, өйткені көп адамның ішіндегі кейбіреулердің сөйлеу тілінде басқалар мойындамайтын кейбір ерекшеліктер бола беруі мүмкін. Сондай-ақ, керісінше, кейбір жеке-дара ерекшелік біреуден біреуге тарап, одан жаппай бүкіл қауымға жайылып кетуі де, жалпылама қолданылып кетуі де қисынды. Бір топ ши я тоғай тал-тал шидің я жеке-жеке ағаштың жинағы болмайтыны сияқты, бүкіл бір халықтың (қауымның) тілі жеке-жеке адамдардың тілдерінің қосындысы бола алмақшы емес. Солай болғанмен де, жеке адамдардың тілдерінің ерекшеліктері де жалпы қауым тіліне керек болады. Себебі, олар басқаларға да тарап, халық тілінің кәдесіне асып, қажетіне жарап кетуі мүмкін. Өйткені тіл арқылы қарым-қатынас жасау әрекеті қай қоғамда болса да табиғи нәрсе; сонымен қатар, бұл әрекет тілдің жарыққа шығатын бірден-бір көрінісі болатындықтан, онда, әрине, қалыптасқан, демек, машық я дағды арқылы үйреншікке айналған өзір үлгі болатыны шексіз. Жас сәби де, есейген бала да, ересек адам да ана тілінің осы өзір нормасын игереді.

Осымен байланысты, тілдегі нормативтік деген ұғым жөніндегі пікірімізді сайсақ былай болмақ: қай тілде болса да, норма бір күнде я бір жылда қалыптаса салмайды. Оның бер жағында, норма деген нәрсе кездейсоқ құбылыс емес; ол қалай болса солай туа да салмайды, көктен де түсе қалмайды. Әдеби тілдің негізі де, өресі де, арқауы да — бәрі де халық тілінің бірыңғай, жалпыға бірдей ортақ сипаттарына сүйенеді. Ендеше, тілдің нормалары да жалпы халықтық сипаттардан туады, соларды таяныш етеді. Бірақ тілдің нормалары — үнемі дамып, жетіліп отыратын құбылыс. Біздің сөздікшілеріміз сөздікті жасағанда осы қағидаларды, әрине, негізге алады.

§ 13. Сөздік тіліміздің байлығын түгел қамтуды көздегенімен, ондай мақсатта алғаш жасалып отырған бұл еңбек былай тұрсын, әлденеше рет қайталанып, уақыт-уақыт толықтырылып, дүркін-дүркін жаңаланып шығарылып жүрген басқа тілдердің (мысалы, орыс, ағылшын, француз т. б.) сөздіктері де орындап көрген емес. Ал, енді ғана қолға алынып отырған қазақ тілінің тұңғыш сөздігіне мұндай міндетті бірден ақтап шығу ауыр да, қиын да іс болса керек-ті. Оның үстіне, қазақ сөзіне әлі күнге дейін толық санақ жүргізілмегендігін, лұғатқа енгізілетін сөздердің алынған арналары мен қамтитын уақыт аумағының аясы әлі айқындалмағанын ұмытпасқа тиіспіз. Онан қала берді, бұрынғы кездер өз алдына, сөздік жасалып отырған қазіргі тіліміздің сөздерінің қолданылу өрісі мен өмірін, мағынасы мен формасын тұтас қамту, баяндау, көрсету аса ауыр жүк болмақшы. Бұған қазіргі қазақ тілінің күллі сөзі баспасөз бетіне түсіп үлгермегенін айтпай-ақ, жи қолданылып жүрген сөздердің ішінде мағыналары да, формалары да өзгеріске түсіп дамып отырғанын және басқа тілдерден қыруар көп жаңа сөздер қосылып, сөздік қорымыз сан жағынан да, сапа жағынан да ұдайы өсіп отырғанын атасақ, жеткілікті айғақ болса керек. Мысалы, бұдан 10—15 жыл бұрын *-гер (-кер)* жұрнағы сөз тудыру қабілеті мардымсыз, өнімсіз қосымша саналушы еді. Қазір осы қосымша аса құнарлы жұрнақтардың біріне айналды (банкер, еңбеккер, жүлдегер, суреткер, қаламгер т. б.). Сондай-ақ, *-ме* (сілтеме, аялдама, сипаттама...), *-қор* (арызқор, айлақор, т. б.), *-ымпаз* (жүзімпаз, сөйлемпаз) және басқа көптеген байырғы жұрнақтардың да өнімді формаларға айналғанын түйе кеткен жөн. Байырғы сөздердің ішінен бұрынғы үйреншікті мағыналарына қосымша, үстеме мағыналар жамап алып, қолданылу өрісін кеңейтіп жатқандары қанша! Жаңа міндет атқарып, жаңа мағына білдіріп, әдеби тіл сөздігіне еніп жүрген кәне сөздер, қарапайым сөздер, жергілікті сөздер, кітаби сөздер, кәсіби сөздер қанша! Өскелең өмірдің талабына орай байырғы сөздерден тіркесу, бірігу, қосарлану арқылы қаншама жаңа сөздер жасалып отыр! Орыс тілінен, орыс

тілі арқылы өзге тілдерден қаншама интернационалдық сөздер, термин сөздер еніп, қазақ тілінің сөздік құрамы мейліше салаланып, дараланып, кәсіле өсу үстінде отыр.

Дегенмен, осыншалықты сала-сала, қат-қат лексикалық тұлғалар (единицалар) қазіргі ұлттық әдеби тіліміздің жүйесінде, сырттай қарағанда аламыш, тегі неше қилы, киімдері басқа, құранды дүние сияқтанып көрінгенімен, іштей олар лексикалық семантикасы мен құрылымы жағынан болсын, грамматикалық семантикасы мен тұрпат (форма) жүйесі жағынан болсын, орфографиялық (жазбаша) және орфоэпиялық (ауызша) нормалары жағынан болсын, бірыңғай ізге түскен, жүйелі заңға бағынған тұтас, сом тұлға сияқты, әрі сол сом тұлғаның бөлек-бөлек мүшелері сияқты қызмет атқарады.

Осындай бүтін тұлғаның бөлшек-бөлшек мүшелері саналатын лексикалық тұлғалар, демек, сөздер, түр-тұрпаттары жақтарынан басқа-басқа бола тұрса да, өз қызметтерінен оқшау-оқшау тұратын бытыранды нәрселер сияқты емес, бір-біріне қатысты, өзара бір-бірімен орайласып, байланысып, іштей бір-біріне жақын я ұқсас грамматикалық сипаттары бар, жүйе-жүйеге сараланатын топ-топ сөздер есебінде қызмет етеді. Сол лексикалық тұлғалар сөздікте осындай грамматикалық сипаттарына, тарихи (көнелігі, жаңалығы, жергіліктілігі, т. б.) және стилистикалық ара-лымға қатысты сипаттарына орай белгілі жүйе бойынша сараланып тізілуі де, түзілуі де керек. Әдетте, лексикалық тұлғалардың тізбесі сөздіктің негізі (ірге тасы) болатындықтан, сол сөзтізбеге (словникке) қандай-қандай сөздер енуі керек, олардың қандай формалары қабылдануы керек, оларға қандай принцип таяныш болу керек деген мәселелер айқындалуы шарт болады. Өйткені тіліміздегі сөз тудыру амалдары мен тәсілдерінің қай түрлерін лұғаттық мақалаға тірек ету керек деген мәселе — қазақ лексикографиясы тәжірибесінде дауы тыңғылықты болып шешілмеген мәселенің бірі. Осыған орай, бұл арада сөзтізбеге енетін сөздерді анықтауға қатоқтауды лайық санадық:

а) Жоғарыда (§ 12) сөздікке енетін атау сөздердің аумақ-аясы қазақ әдеби тілінің бүкіл ұлттық дәуірін — XIX және XX ғасырларды тұтас қамтитыны жайында, осыған орай, сөздікке жиналған картотека сол ұзақ дәуірде жасалған әдебиет нұсқаларын, демек, барлық арналарын (источниктерін) түгел қамтымағанымен, солардың ұзын-ұрғасын шарпитындығы жөнінде айтылғаны аян. Олай болса, қолымызда бар картотека қоры көп томдық түсіндірме сөздік жасауды әлі де толық қамтамасыз ете алмағанымен, оған енбекші сөздерге жан-жақты сипаттама берерліктей материалды бере алмағанымен, бұл қор сөздіктің алғашқы нұсқасын жасап шығуға әбден жарайды. Осы ниетпен сөздікке енетін сөздердің тізімін жасағанда, қазақ лексикографиясының соңғы кезге дейінгі тәжірибесінен туған сөзтізбелер және картотека қорында жиналған мысалдар (цитаталар) негізге алынды. Осылайша жасалған сөзтізбе лұғаттық мақалаларға тірек болумен қатар, жұмыс үстінде, жол-жөнекей жүйеленіп те, толықтырылып та отырмақшы. Ал, осы сөзтізбеде қазіргі күнделікті өмірде әрі жаппай, әрі жиі қолданылатын жалпылама сөздер де, негізінен көпшілікке таныс көне сөздер мен жаңа сөздер де, қалың бұқараға арналған әдебиеттің тарихи сөздер де, кітаби сөздер де, кәсіби сөздер де, діни сөздер де, ғылым мен техникада, мәдениет пен өндіріс салаларында және соларға қатысты әдебиетте қолданылатын термин сөздер де, өзге тілдерден еніп, етене болып кеткен ортақ сөздер де, бір алуан жергілікті, диалекті сөздер де — бәрі де кездеседі. Бірақ ондай мазмұны, жұмсалу өресі әр алуан сөздердің жалпы жұртқа түсінікті я түсініксіз болуы, әрине, қазіргі тілде қолданылу өрісіне, дәрежесіне байланысты. Сондықтан ондай сөздердің әдеби тілдің жазуша я ауызша түрлерінде жапа-тармағай қолданылатынын, немесе я сирек, я тек белгілі аяда (әдеби жанрда, кәсіби ортада т. б.) ғана қолданылатынын, осыған орай, мағыналары мен қызметтерінде ерекшелік болатынын аңғарарлықтай болу үшін, ондай сөздердің әрқайсысына қажетті болған жағдайды, сөздіктің инструкциясының талабына орай, тиісті белгілер (пометалар) қойылып, мағыналары анықталып, әдебиет нұсқаларынан керекті мысалдар беріледі. Сөзтізбенің мазмұнына (сондай-ақ, өресіне) қатысты принцип осылай шешілмекші.

ә) Тіліміздегі бір сөз есебінде қызмет атқаратын лексикалық тұлғалар (единица-

лар) сөзтізбеге енуі шарт болатындықтан, сол тұлғалардың қандай-қандай түрлерін оған енгізу керек деген мәселені, оның принципін айқындап алу қажет болады. Өйткені қазақ тілінде сөз тудырудың амал-тәсілдері де, олардың қалыптасқан түр-түрлері де аса мол болуына байланысты, олардың қандай түрлерін лұғаттық мақалаға тірек сөз я тірек форма ету жайындағы мәселе — қазақ лексикографиясының тәжірибесінде түбегейлі анықталмаған мәселе. Мысалы, түбір сөз бен туынды сөздің, жалаң сөз бен күрделі сөздердің бәрін бірдей сөзтізбеге енгізе беруге бола ма? Я тек белгілі түрлерін ғана алуға бола ма?.. деген сияқты көптеген мәселелерді алсақ, солардың қай-қайсының болсын, ашып алатын өз логикасы, өз орны бар.

Әрине, түбір сөздер түгел тізбеге енуі қажет. Өйткені әр түбірдің белгі есебінде қызмет атқаратын өзді-өзіне тән сипаты болады. Бірақ *жұбан* және *жұбат, оян* және *оят, құтыл* және *құтқар, шалқасынан* және *шалқай* тәрізді сөздердің түбірлері (жұба-; оя-; құт-; шалқа-) осы күні жеке-дара сөз есебінде жұмсалмайды. Ал, *білім, білгіш, білгір, білін, біліс, білгі, білімпаз, білу, білдір, білгендік, білерлік*... сөздерінің бәрінің де түбірі — *біл* бола тұра, ол түбір *(біл)* неге лұғаттық мақалаға тірек болуға жарамай, оның қимыл атау формасы — *білу* сөзі реестрге алынады? Сөздікте тіліміздің тарихында, табиғатында әбден орныған қалыптасқан байырғы (негізгі) етістіктердің түбір формалары да, туынды етістік түрлері де (бұйрық рай формасында) атау сөз (реестр) есебінде (ал, кел, бар, сөйле, айт, жаз; алдыр, келтір, барғыз, сөйлет, айттыр, жаздыр, ойла, ойлас, ойлат; көмектес, ақылдас, орнық т. б.) алынуы керек, өйткені осылай етуді тілдің тарихы мен табиғаты өлшеп, орныктырып, заң етіп берген. Әрине, қимыл атауы формасы, демек, етістіктің тұйық түрі де (алу, беру, айту, көмектесу, орнығу, т. б.) атау сөз ретінде алынып, оған тиісті сипаттамалар берілуі қажет. Бірақ қазіргі кезде жеке-дара сөз ретінде қолданылмайтын жоғарыдағы сияқты (жұба-; оя-; шалқа-...) өлі түбірлер атау сөз есебінде алынбайды. Сонымен, жеке-дара жұмсалатын түбір сөздер де, жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздер де лұғаттық мақалаға негіз болмақшы. Бірақ сөздің жалаң түріне де, туынды түріне де, жалаң және күрделі грамматикалық формаларға талғамай жалғана беретін қимыл атау жұрнағы (мысалы: кел-у; алып кел-у; жығылып қала жазда-у; жығылып барып қал-у...) жалғанған сөзге молдық я жоқтық мәнін жамайтын *-лы (-лі, -ты, -ті, -ды, -ді), -сыз (-сіз)* жұрнақтар (малды, малсыз; үйлі, үйсіз; өлді, өлсіз), сондай-ақ, *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік); -ша (ше), -шы (ші)* сияқты жұрнақтар (айтарлық; білетіндік; көргенше; барғанша; шалғышы; су тасушы...) арқылы жасалған я жасалатын туынды формаларды белгілі бір аяда ғана атау сөз ретінде алып, шек қоюға ұйғарылды.

Дегенмен, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздің мағынасына лұғаттық мақалада берілетін анықтама оның түбірінің мағынасына қарай икемделуі, сондай-ақ, қазақ тілінің туынды сөзі тек лексикаға ғана емес, грамматикаға (сөз табына) да қатысты болатынын ескере отырып, анықтаманың жұрнақ үлгісіне я құрылымына қарай бірізді, біркелкі болуы (аңшы, малшы, егінші, сауыншы; ағашты, аязды, ағынды, қарулы т. б.) және тиісті сөз табына орай болып берілуі қадағаланады. Әрине, сөздікте әр үлгінің өнімді я өнімсіздігі де, стилистикалық реңі де иллюстрациялық материалдан аңғарарлықтай жағы қарастырылады.

Қазақ лексикографиясының тәжірибесінде күрделі сөздерді атау сөз ретінде алудың я алмаудың тағдырын орфография ережесіне қарай шешіп жүрген машық бары мәлім. Демек, күрделі сөз бірге жазылса, атау сөз қатарына енеді де, бөлек жазылса, енбейді, сондай-ақ, қосарланған я қайталанған күрделі сөздердің барлық түрін атау сөз есебінде алу әдеті қалыптасып жүр. Бізше, бұл екі принциптің де қисынсыз жақтары бар. Өйткені бөлек жазылатындықтан, *бал қарағай, боз қараған, қой бүлдірген, ат бас бұршақ, көк бас гүл* сияқты өсімдік атаулары, *боз торғай, ит ала қаз, тау ешкі, күрке тауық* тәріздi жан-жануар, құс атаулары, *оқ жылан, қара құрт* секілді құрт-құмырсқа және басқа жәндік атаулары, сондай-ақ, екі сөзден құрғалып, лексикаланып кеткен *ауру-кінәрат, ойын-сауық, құрал-сайман, қару-жарақ, бұйым-жиһаз,* тағысын-тағы күрделі атаулар (мыс.: *бет ашар, жол ашар, қос ауыз, алты атар, ауыз омыртқа,* т. б.) атау сөз ретінде орын алмай, алса, лексикалық тұлға (единица) есебінде емес, тек ромбиктен кейінгі көп тіркестердің ішіне ғана енгізіліп жүр. Осы себептен қазақ тілінің сөз құрамынан қыруар көп атау сөздер тыс қалып

жүр. Осындай жағдайды ескере келіп, ондай екі я үш түбірден (я сөзден) құралып лексикаланған, демек, бір ғана лексикалық тұлға есебінде жұмсалатын күрделі атауларды яғни сөздік құрамда жеке-дара сөз ретінде баламасы ұшыраспайтын тіркестерді бірге я бөлек жазылуына қарамастан, сөздіктің атау сөзі қатарына алу, оларға лұғаттық мақала арнау лайық саналады. Ал, қос сөздердің қайталама түрлері мен қосарлама түрлерінің бәрін сөзтізбеге енгізе беру де ләзім емес. Өйткені олардың ішінен: *бала-шаға, киім-кешек, айқай-сүрен, емін-еркін, қыз-қырқын...* сияқты бір сыңары түсінікті, бір сыңары түсініксіз түрлері және екі сыңары да бірдей түсініксіз: *алба-жұлба, анда-санда, әңкі-тәңкі, бұлан-талан, ығы-жығы* тәрізділер түгел атау сөз қатарына енуі керек. Ал, екі сыңары да бірдей мағыналы немесе үстеме буынды қос сөздерді қалдырмай ала беру шарт емес... Бірақ паратерминологиялық немесе номенкулярлық белгі деп аталатын күрделі атаулар және олардың қысқарған түрлері сөзтізбеге алынбайды (Қазақ педагогикалық институты — ҚазПИ; Завод имени Лихачева — ЗИЛ; «Социалистік Қазақстан» — «СҚ» т. б.).

§ 14. Бұл сөздік ұлттық тіліміздің лексикалық байлығымен қатар, фразеологиялық материалын да әрі жинақты етіп беруді, әрі мүмкіндігінше жүйелі түрде сипаттауды мақсат тұтады. Бірақ фразеологиялық материалды берудің де, әрине, теориялық негізі, методикалық жүйесі, техникалық түзілу реті болуға лайық. Өйткені, лексикалық материал сияқты, фразеологиялық материалды белгілі бір жүйе бойынша тізбесе, сөздікке үлкен нұқсан келген болар еді.

Дегенмен, бұл материалды қалай жүйелеп, қалай тізсек те, оған, әлбетте, қолдағы картотека қоры негіз, таяныш болатыны анық. Ал, картотека қоры әуел бастан құрала бастағаннан-ақ, я синонимдік сөздік, я фразеологиялық сөздік, я стилистикалық сөздік, я тарихи немесе этимологиялық және басқа сол сияқты арнаулы филологиялық сөздіктер жасау үшін бейімделіп жасалған қор емес, тіліміздің лексикасына да, семантикасына да, фразеологиясына да, стилистикасына да, грамматикасына да — бәріне де материалды іштей саралай отырып қана пайдалану үшін жасалған жалпы картотека қоры есебінде құралған болатын-ды.

Онан қала берді, бұл картотека сөздікшілердің құзырына (қолына) тек алфавит ретіне ғана салынған, одан өзге ешқандай да, айталық, семантикасына, формаларына, қолдануларына қарай жіктеу, саралау тәрізді жүйелі, байсалды іс көрмеген «шикі материал» түрінде ғана аманат етілді. Солай болғандықтан, әр сөздікші өз үлесіне тиген сыбағалы материалды іштей өзі жіктеп, жүйелеп, сұрыптап барып, тікелей сөздік жасауға керекті объектілерді әзірлеп алу керек болды. Бірақ бұл үшін де әр сөздікші кез келген жүйемен емес, белгілі бір жүйе бойынша лұғаттық мақаланы түзу, құрау, оған анықтама, түсіндірме беру үшін әуелі бағытын, демек, лексикалық және фразеологиялық материалды лұғаттық мақалаға түзудің теориялық негізін, методикалық жүйесін, техникалық тәртібін ашып алуға зәру болды. Осы негіздерді түп-түгел болмағанымен, басты-басты тұрғыларын айқындап алғаннан кейін, сөздікшілер жұмыс үстінде бір-бірімен ақылдаса, кеңесе отырып, біріне-бірі көмектесе отырып, күллі істің кемтігін толықтыра, жетімсізін жетілдіре отырып, қиыншылықтарды бірте-бірте жеңуге тырысты.

Сөздікте белгілі бір жүйемен тізіп, мағыналарын және басқа сыр-сипаттарын ашуға уақытты да, еңбекті де көп керек ететін объект, әрине, фразеологиялық материал болатыны аян. Өйткені, фразеологиялық материал құрамы, құрылымы, мазмұны жағынан да, іштей жіктелу, саралану жүйесі жағынан да аса күрделі құбылыс болғандықтан, оның түсіндірме сөздікте берілу тәртібін айқындау ең зор міндет саналады. Бұл материалға ерекше зер салмасқа, айрықша көңіл бөлмеске, оның өзіне лайықты орнын, оған орай жүйесін тауып бермеске ешбір мүмкін емес. Өйткені тіліміздің мол байлығының ішіндегі әрі құнарлы, әрі көркікті саласының бірі фразеология болса, оның сөздіктен алатын орны да, көлемі де тәтеніше болуға тиіс екені өзінен түсінікті.

Замандар бойы құралып, мейлінше кәсіле дамып қалыптасқан бай фразеологияның, бір жағынан, молдығын көрсету мақсат болса, екінші жағынан, сөздікте оның жүйесін тауып, сыйыстыру түпкі нысананың бірі саналды. Осыған орай фразеологияны мағынасына қарай да, формасына қарай да жіктеу аса күрделі, қиын жұмыстың бірі екені анықталды. Мысалы, *ауыз, аяқ, бас, көз, қол, тіс, ерін* және басқа

сол сияқты әрі аса жиі қолданылатын, әрі көптеген фразеологияның қалыптасуына негіз — ұя болған сөздерді сөз етпей-ақ, әдеттегі, қалыпты, қарапайым сөздердің бірі — *бой* сөзін алсақ, осының өзі 100 шамалы тұрақты тіркеске тірек болады екен. Соның айналасында қалыптасқан тіркестердің ішінде мынадай өрнектерді көреміз: *аза бойы қаза болды; аза бойы тік тұрды; бой алдырды; бой бақты; бой бермеді; бой бойлады; бойға ас батпады; бойына бірдеме бітті; бойына бітken; бойға дарытпады; бойға жиылды; бойға жұқты; бойын жиды; бойға қонды; бойға сақтады; бойға сіңді; бойға шақтады; бойға шапты; бойдан асты; бойды алды; бойын аулақ салды; бойды биледі; бойды кернеді; бой жазды; бой жасады; бой жетті; бой көрсетті; бой көтерді; бой сақтады; бой сергітті; бой суытты; бой сұнды; бой тартты; бой тасалады; бой жасырды; бой тастады; бой тежеді; бой ірікті; бой тоқтатты; бой түзеді; бой тұршікті; бой шымырлады; бой ұрды; бой үйренді; бойы балбырады; бойы балқыды; бойы бекіді; бойы босады; бойы жадырады; бойы толды; бойына тартты; бойына сіңді; бойын кутті; бойын тыйды; бойын үйретті; бойы самарқау тартты; бой тұмар; бой күйез; бой таса; өн бой; өне бойы; тал бойы; оқ бойы; күні бойы; көше бойы; тұла бой т.т., т. б.*

Осыншалықты бай мағыналар мен формаларды, олардың өзді-өздеріне тән ерекшеліктерін айқындап, қолданылу я жұмсалу өзгешеліктерін саралап ашып, тиісті анықтама, түсініктер беру, әрине, жеңіл жұмыс болмаса керек. Оның бер жағында, осындай тірек (ұя) сөз екі, үш, төрт, бес сөзді тіркестерде қолданылса, сол тіркестегі әрбір сөз өз ретімен (алфавит тәртібімен) әр әріпте берілгенде, тұрақты тіркес қайталанылып отыра ма, оларға иллюстрация қалай берілмекші? деген сияқты көп мәселелердің түйіндерін сөздікшілер шеше отырып, жүйесін табу керек болады және хал-қадарларынша саралап беріп отырмақшы.

§ 15. Түсіндірме сөздіктің әрі негізгі, әрі ең қиын міндетінің бірі, әрі оның өзіне ғана тән ерекшелігін танытатын я көрсететін сипаты — сөздердің мағыналарын анықтау мәселесі болмақшы. Бұл міндет тілдің сөз жүйесіне тән өзіндік қасиеттерін ашумен байланысты болатындықтан, түсіндірме сөздіктің атына, мазмұнына лайық сөздің мағынасы оның өз бойындағы табиғи сипатына, ерекшелігіне қарай ашылуы, ажыратылуы керек. Егер қазақша-орысша сөздікте *көңілі көтеріңкі* дегенді *«настроение его приподнятое»* деп аударсақ, әрі дұрыс, әрі дәл. Сондай-ақ, *көңілі ашық, қабағы қатыңқы* дегендерді орысшаға дәлме-дәл болмағанымен, бара-бар, балама тауып аударуға болады. Қазақтың *бұршақ, көген, қаспақ, құрт, сірге, сарысу, текемет, сырмақ, шеттік* тәрізді сөздерін көп сөзбен суреттеп баяндап аударуға болар делік. Ал, *арбаңдады, ербеңдеді, аңырады, еңіреді, бақырайды, бақшиды, бажиды, барылдады, бырылдады, дарылдады, дырылдады, жарбаңдады, жырбаңдады, жалпылдады, желпілдеді, күңгірледі, күңкілдеді* сияқтанған сөздердің түбірлерін, осы тізімдегі етістік формаларының мағыналарын және *күлімсі, жылымшы, жылмысқы, сылбыр, болбыр, былбыр* тәріздә есімдердің мағыналарын аударма арқылы анықтау бір басқа болса, қазақ тілінде ашып, түсінік беру әрі тіпті басқа, әрі табиғи болып шығатыны даусыз. Ендеше, өзге тілдердегі сияқты, қазақ сөздерінің де өзіне ғана сай, өз бойына ғана тән болып қалыптасқан мағыналық жүйесі барлығы күмәнсыз. Біздің түсіндірме сөздігіміздің міндеті осы жүйенің өз «жүйесін» тауып, дұрыс түсінік беру болатыны табиғи нәрсе.

Осы жүйені түсіндірме сөздіктің мақсаты мен міндеті тұрғысынан қарасақ, қазақ тілінің өзара бір-біріне қарама-қарсы да түсе беретін, сейте тұра, бір-бірінен алыстап та кете алмайтын, бір-біріне матаулы, демек, бір-бірімен жіті, тығыз байланысты екі жағы барлығын аңғару қиын емес. Оның бірі — сөздің «мағынасы», екіншісі — оның «қолданылуы».

Сөздің мағынасы қазақ тілін, оның жүйесін жетік білетін (еркін сөйлейтін) адамның бәріне бірдей үйреншікті, әрі жалпы, әрі тұрақты болса, оның (сөздің) қолданылуы ұдайы бір қалыпты болмай, жұмсалу ретіне қарай құлпырмалы, өзгергіш бола береді. Нақтылы қолдануына қарай («қолданыста») сөз өзінің көп мағыналарының біреуінде ғана жұмсалып, барлық мағыналық мүмкіншіліктерін, күллі сырын түгел аша алмайды. Өйткені қолданылу машығына лайық, нақтылы жұмсалуына қарай (контексте) сөздің мағынасы құлпырып, өзгешеленіп оған қосымша я басқа реңк жамалып, өзгеріп отырады. Тіпті кейде жазушы (сөйлеуші) адам ондай сөзді дәр-

дылы мағынасында қолданбай, басқаша яғни өзінше мән беріп жұмсауы да мүмкін. Мысалы, Абайдың «асау той», «тентек жиын», «тәтті қыз» деген тәрізді қолдану тәсілдері, әрине, поэтикалық қолдану, бірақ олар бұл араларда әдеттегіден басқаша жұмсалып тұр. Ендеше, сөздің мағынасы мен оның әдеттегі (үйреншікті) қолданылуының, сондай-ақ, индивидуалдық түрде жұмсалуының араларында тиісті парық, айырмашылық болады. Сөз атаулының бәрінің мағыналары да бірқалыпта тұрмай, демек, үнемі, тұрақты күйінде қалмай, құлпырып, ауысып отыруы осындай әр тіркесте, әр мәтінде әр түрлі рең беріп жұмсау машығынан туып қалыптасса керек.

Сөздің қолданылу өрісі де, оның жұмсалуындағы әрқилы өзгерістер де, сайып келгенде, тілдің ұзақ замандар бойындағы өз машығынан, өз тәжірибесінен туып қалыптасқан. Соңғы 50 жыл бойында қазақ тілінің қоғамдық қызметі мейлінше артып, қолданылу өрісінің барынша кеңеюімен байланысты, оған орай, әдеби тілдің стильдік сала-тармақтарының дамуына, жетілуіне және әр салада істейтін қалам қайраткерлерінің тәжірибелері молаюына қарай, көптеген сөздердің қолданылу шеңбері кеңейе түсумен қатар, олардың мағыналық аясы да, жұмсалу мүмкіншіліктері де ашыла түсті. Осы процесс қазақ әдеби тілінің әсіресе осы күнгі даму кезеңінде тым күшейе түсіп, сөздердің қолданылу нормаларында орасан көп өзгерістер мен жаңалықтар туғызып жатқанын мойындаған жөн. Мысалы, *тіл мәдениеті; үй шаруашылығы мәдениеті; құс шаруашылығы мәдениеті; жазу мәдениеті; сөйлеу мәдениеті* деген тіркестерді алсақ, бұдан 30—40 жыл бұрын тіпті қолданылмаған формалар.

Осындай процестердің нәтижесінде тіліміздегі көптеген сөздердің баяғы (үйреншікті) мағыналарының үстіне кейінгі уақыттарда (замандарда) қосымша жаңа мағына, жаңа рең жамылып, бұрын өмір-бақи бір-бірімен маңайласып көрмеген сөздер өзара тіркесетін, отасатын болып жүргенін оғаш көріп, олардың сырын түсінбей, тілдің нормасын бұзу, оған нұқсан келтіру деп қарап, байбалам салатын кейбір мамандарымыз да болды. Рас, сөздің мағынасын түсіну, оны орнымен, жөніне қарай қолдану мәселелеріне орашолақтық көрсетіп жүрген қаламгерлеріміз де жоқ емес. Ондайлар туралы тіл мәдениетіне арналған мақалаларда, мәжілістерде айтылып та жүр.

Қазіргі қазақ тілінде осындай процестер қаншалықты тез де, күшті де жүріп жатқанымен, сөздің өз бойына тән болып орныққан тұрақты мағынасы, оның үйреншікті, дағдылы қолданылу өрісі болатындықтан, сөздің осы негізгі сипаттарын лұғаттық мақалада дұрыс айқындауды, ашуды, анықтауды және оларды түсінікті етіп баяндауды сөздікшілер негізгі нысана етіп тұтады. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, даму процестердің нәтижесінде сөздің мағынасында да, жұмсалуында да туып жатқан өзгерістер ілтипатқа алынбайды екен деген ұғым болмауы керек. Өйткені бұл жағдайлар да үнемі қадағаланып, ескеріліп отырылады, оларға иллюстрация және басқа ишара белгілер (пометы) беріледі. Түсіндірме сөздіктің ең негізгі, ең қиын міндеті саналатын бұл мәселе қаншалықты ұтымды, қаншалықты сәтті болып шыққаны я шығатыны туралы сөздікшілердің өздеріне үзілді-кесілді пікір айту, әрине, әрі ерте, әрі орынсыз, әрі қолайсыз. Бірақ бұл сөздік тіліміздегі сөздерді мол қамту жағынан болсын, олардың мағыналарын толық ашу жағынан болсын, қолданылу өрісін дұрыс айқындау жағынан болсын, өзінің тұңғыш рет жасалып отырғанына қарамастан, белгілі аяда қазақ тілінің энциклопедиясы іспетті де, лабораториясы секілді де қызмет атқара ма деген зор үміттеміз.

§ 16. Қазіргі қазақ тілінде, әрине, сөз қолданудың қалыпты жүйесі, оның жалпыға бірдей болып қалыптасқан, демек, әлеуметтік мәнге ие болып орныққан нормалары бар. Сөз қолдану нормалары аз уақыт ішінде емес, көп замандар бойы тілдің иесі — халықтың сөздерді керегінше байырғы сөз қорынан жаңа сөз тудырып я басқа тілдерден сөз алып, оларды қажетінше іріктеп, сұрыптап, орнына қарай жөнімен жұмсау машықтарынан құралған. Түсіндірме сөздіктің негізгі бір мақсаты — сөз қолданудың осындай орныққан нормаларын, қалыптасқан өрнектерін оқырманға нұсқа етіп тарту, үлгі етіп көрсету болмақшы. Бірақ сөздікте бұл нормалардың тарихи даму ізі диахрондық жолмен қуаланып көрсетілмекші емес, олардың осы кезде жұртшылықтың жазу я сөйлеу дағдысында жаппай қолданатын, көпке үйреншікті, қалыпты нұсқалары синхрондық тұрғыдан түсіндіріліп, көрсетіліп отырмақшы. Олай болатын себебі — сөздік қаншалықты көсіліңкі, созылыңқы ұзақ дәуірлер мен кезең-

дерді қамтуды мақсат еткенімен, сайып келгенде, жоғарыда айтылғандай, қазіргі қазақ тілінің жүйесінде араласа, жарыса өмір сүрумен қабат, дәйім іріктеле, сұрыптала отырып, неше қилы даму процестерін бастарынан кешіре отырып, орныққан я қалыптасып келе жатқан құбылыстарды бағдарлауды көздейді. Осы бағыт я сарын сырттай қарағанда, әлбетте, бірден көзге бадырайып шалынбауы да мүмкін, өйткені сөздіктегі анықтамалар да, жеке сөздерге берілген иллюстрациялық материалдар да, тек қайсы мәнді сөздердің мағыналарына антонимдес сөздер арқылы берілген анықтамаларда ғана болмаса, «бұрын мынадай еді, қазір осындай» немесе «пәлен нұсқада былай, түген нұсқада осылай» деген сияқты бір құбылысты екінші құбылысқа қарама-қарсы қойып баяндау үлгілерін сөздіктен ұшырата алмайсыз. Ондай бір құбылысқа екінші бір құбылысты қарама-қарсы қою я салыстыру жүйесі тек жарыспа (вариантты) сөздерге берілген сілтемелерде ғана, мағыналары бір-біріне жақын сөздердің, фразалардың анықтамаларында немесе жарыстыра берілген нұсқаларында ғана айқын көзге түсетіні даусыз. Қазіргі кезде тіліміздe бар: *айқай — айғай, азар — әзер, ажым — әжім, ажуа — әжуа, әмбе — әмме, зәбір — жәбір, уәде — уағда* т. б. осы тәрізді жарыстырыла қолданылып жүрген варианттардың «мынауы дұрыс, мынауы теріс» деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға я дәл төрелік айтуға болмайды. Олардың қай-қайсысы болсын нақ қазіргі шақта сыртқы формасы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да тең құқықты. Осы жайды аңғарту үшін және ондайлар қазір немесе келешекте арнай зерттеушілерге материал болу үшін бұл сияқты жарыспалы сөздер сөздікте әдейі беріледі. Бұл жағдайды өте-мөте қазіргі қазақ тілінің өсуі, дамуы үстінде ескермеске лаж жоқ, өйткені тілдің жүйесі қаншалықты тұрақты я орнықты болғанымен, оның сөздігі бірте-бірте өзгеріске душар болмай және жеке сөздердің мағыналары да, қолданылу ая-шеңбері де не кеңу, не тарылу (тайыздану) құбылыстарына ұшырамай отырмақшы емес. Мұндай құбылыстар әсіресе тіліміздің дәл осы күнгі даму дәрежесінде тіпті жиі ұшырайды, оның себебі — сөзді іріктеп, сұрыптай қолданумен бірге, оған белгілі бір тіркестерде қосымша мән беру, рең жамау немесе бұрын өмір-бақи жағыспаған, жанаспаған сөздерді, біріншіден, тұрмыстық, қоғамдық ой-пікірдің өсуі, өрістеуі нәтижесінде туған жаңалықтарды айту, білдіру мақсатымен, екіншіден, еліміздің халықтарының ұлт аралық тілі — орыс тілінің ықпалымен, үшіншіден, кейбір қаламгерлеріміздің асса тілге, қалса жеке сөзге деген өзіндік, жеке-дара (индивидуалдық) талап-талғамдарына орай, бір-бірімен отастыру, тіркестіру, демек, жаңаша орайластырып қолдану сияқты әр қилы жаңалықтар қосылып, еселеніп отыр.

Жеке сөздің мағынасына я қолданылуына қатысты нормасын анықтау үшін, бір жағынан, оның бойындағы күллі ерекшеліктерін ашпайынша, екінші жағынан, сол сөзбен біркелкілес я соған ұқсас басқа да сөздерді қамтырлықтай қасиеттерін айқындамайынша, ол сөзге бірден жан-жақты сипаттама бере қою, дәл басып, әділ төрелік айта қою өте қиын болатыны шәксіз. Осыған орай, сөздікте жеке-дара сөздің қолданылу өрісіне қатысты қолда (қорда) қандай өрнек болса, солардың бәрі де түгел келтіріліп, сол норманы сипаттарлықтай айғақ есебінде беріліп отырмақшы. Бірақ бұл сөздік қазақ тіл білімінің осы саладағы алғашқы «тырнақ алдысы» (сүмесі) болғандықтан, ондай мысалдардың жүйесі дұрыс айқындалды, жөні дәл табылды, орнымен дұрыс берілді деп айту да оңай емес, өйткені ол оңайшылықпен біте қоятын да нәрсе емес екені аян. Дегенмен, сөздікшілер қолдағы материалға сүйене отырып, әр сөздің сыр-сипатын ашуға, көрсетуге мүмкіндік беретіндей мәлімет болуын үнемі қадағалап отырмақшы.

Әдетте тілдің қайбір құбылысының бүгінгі жайын білу үшін, оның өткендегі күйін де білу қажет, өйткені ондай мәлімет сол құбылыстың қазіргі жайына орай келмейтін күйді, жаңадан туған я туа бастаған (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық) элементтерді анықтау үшін қажет болады. Тағы бір есте ұстайтын жай бар: хронологиялық дәуірде, айтайық, Ыбырай мен Абайдан бүгінгі күнге дейінгі үлкен кезеңде әдеби тіл нормалары қаншалықты берік болғанымен де, тиісті өзгеріске ұшырамай қоюы мүмкін емес екені былай тұрсын, үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарынан бергі елу жыл бойында — совет тұсында — қазақ әдеби тілінің дамуына жасалған жағдайларға, соған орай, тілдің даму қарқынына үңілсек, оған әдеби тіліміздің бұрынғы даму тарихындағы бірде-бір дәуір я кезең ғана емес, бүкіл

барлық тарихы тең түсе алмаса керек-ті. Үстіміздегі ғасырдың 20—30-жылдарында орасан зор мәдени төңкеріс жасалды, мысалы, ересектер арасында жаппай сауат ашу жұмысы жүргізілді; оқу жасындағы балалар жаппай мектепке тартылды; халық шаруашылығының сала-саласына кадр даярлау үшін жер-жерлерде курстар, орта және жоғары оқу орындары ұйымдастырылды; өлке, облыс, аудан орталықтарында ана тілінде газеттер шығарылды, орталықтан баспаханалар ашылып, қазақ тілінде көркем әдебиет, саяси-публицистикалық әдебиет, ғылыми-педагогикалық әдебиет шығару сияқты әрі аса күрделі, әрі аса қажетті жұмыстар қалың бұқараға рухани нәр — азық беретін де, олардың бойына ғылым мен саясатты сіңіретін де шаралар ғана емес, әдетті, үйреншікті іске айналды; ауыл мен қаланың, аудан мен орталықтың араларында дүние ауысы ғана емес, адам қатынасы да мүлдем басқаша болып қалыптасты т. б. Осылардың бәрі тіл нормасына қатысты мәселелерге елеулі өзгерістер енгізді. Жасыратыны жоқ, совет тұсындағы жылдарда қоғамдық қызметі мейлінше артып, қолданылу өрісі кенет кеңейгендіктен, қазақ тілінде жазатын және оқитын, сөйлейтін және үгіт-насихат жүргізетін интеллигенцияның тілінде бұрынғы кітаби тілдің де, қазақтың байырғы әдеби тілінің де, ауызекі тіл мен сөйлеу тілінің де, туған-өскен ортасынан жастайынан үйренген жергілікті тіл ерекшеліктері де және бәрі бірдей жаппай үйренген, оқыған ұлы орыс тілінің күшті әсері де — күллісі араласып, тиісінше ықпал жасап, осы үлкен процесс үстінде қазақ әдеби тілінің лексикалық та, дыбыстық та, грамматикалық та, стилистикалық та нормаларына елеулі өзгерістер енгені мәлім. Дегенмен, осы процесс үзбей жүре отырып, дами келе 40—50-ші жылдарда қазақ әдеби тілінің ауызша да, жазбаша да ұлттық нормалары бірыңғайласып, 50—60-шы жылдарда негізінен орнығып, әбден қалыптасқаны айқын, өйткені соңғы жиырма жылдан астамғы уақыт ішінде ғылымның, техниканың, өндірістің, мәдениеттің сала-салаларының шарықтап өсуіне қарай, мектептің, баспасөз орындарының шалқып кеңеюіне орай ауызекі тілге, сөйлеу тіліне қатысты күнделікті қарапайым сөздердің аясы тарылып, олардың орындарына жаңа терминдер енді. Ол ғана емес, соңғы кезде әдеби тілдің өркендеу, өсу дәрежелеріне лайық, көптеген терминдер де, белгілі стилистикалық реңкте қолданылатын арнаулы сөздер де бірте-бірте бейтараптанып, жапа-тармағай қолданылатын лексикаға көшу процесі үстінде екенін де айта кеткен мақұл. Сонымен, сөздік бұрынғы кездердің әдеби нұсқаларынан да, ауызекі және сөйлеу тілі үлгілерінен де, әредік аударма әдебиеттен де мысалдар ала отырып, олардың негізінен алғанда қазіргі замандағы әдеби тілде сөз қолданудың өрнектеріне, олардың тұрақталған нормаларына үлгі ашу үшін, олардың бағытын айқындау үшін пайдаланбақшы.

§ 17. Сөздіктің қай түрі болсын, өз мақсатына, ерекшелігіне қарай, сөздерді белгілі бір жүйе бойынша бірінен соң бірін тізіп, олардың әрқайсысына тиісті сипаттама беруді нысана тұтады. Мұндай сипаттама, біздіңше, түсіндірме сөздікте мүмкіндігінше әрі жан-жақты және анық, әрі үлгі-өрнегі жағынан көрнекі және қарымды болуға тиіс. Өйткені түсіндірме сөздікте әр сөзге берілетін анықтамада тек лексикалық, стилистикалық мінездеме ғана емес, грамматикалық, этимологиялық және басқа сипаттамалар да болып, олардан сөздің негізгі қасиет-белгілері аңғарылар лықтай болуға лайық. Осындай анықтамалардың ішінде грамматикалық мінездемеге елеулі сыбаға тиюге тиіс. Олай дейтін себебіміз — әр сөзге, қысқа да болса, оның негізгі грамматикалық қасиетін анықтап, мысалы, қай сөз табына тән екенін айқындап қана қоймай, оның бойындағы тіркесу қабілеті, жұмсалу машығы, түрлену жүйесі тәрізді қасиеттері де көрсетілгені ләзім. Өйткені тіркесу қабілеті барлық сөздерде бірдей бола бермейді және бірдей болуы да мүмкін емес. Оның бер жағында, сөздің осы қабілеті ешбір сөздікте арнай анықталмайды да, ескеріліп те отырмайды. Дегенмен, сөздің тіркесу қабілеті оның негізгі грамматикалық (синтаксистік) сипатының ішіндегі ең бір басты ерекшелігінің бірі екені анық. Оның бұл ерекшелігі фразеологиямен де, стилистикамен де астасып жататындықтан, сөздікте әр сөздің өзді-өз тұсында оның тіркесу жүйесін көрсету мақсатымен, жай, еркін тіркестерге де, тұрақты я фразеологиялық тіркестерге де, олардың өрнектеріне де мүмкіндігінше иллюстрациялық материал беріліп отыру жағына іждәһәт қойылды. Себебі мұндай материал сөздердің лексикалық сипаттарымен қатар, грамматикалық, стилистикалық, фразеологиялық өзгешеліктерін де кеңінен көрсетер еді де, оны (материалдық)

саны жағынан ғана емес, сапасы (суреттеу тәсілі, берілу жүйесі т. б.) жағынан да биік белеске көтерудің айғағы болар еді. Осы нысананы жүзеге асыру ниетімен, әр сөздің тұсына оның қай сөз тобына қатысты екені көрсетіліп, тіркесу үлгілерін сипаттарлықтай өрнектер беріліп отырды. Бірақ осы мақаланың авторы бұл айтылған дағдылы шеңберден шығыңқырап, әр сөздің тұсында, жақша ішінде оның кейбір негізгі морфологиялық формаларын (мысалы, зат есім болса: *-лар, -шік;* сын есім болса: *-рақ; -дау;* сан есім болса: *-ыншы;* етістік болса: *-у; -ған; -са;* еліктеу сөз болса: — *-аң* т. б.) көрсетіп отыруды ниет тұтқанымен, сөздікшілердің көпшілігі «уақыт алады» деген сылтаулармен осы пікірді қуаттамағандықтан және автор оны құнттап қадағаламағандықтан, категориялық форманы көрсетіп отыру ниеті әзірше жүзеге аспады.

§ 18. Сөздікке берілетін иллюстрациялық материалдың көркем әдебиетте, ғылыми әдебиетте, экономикалық әдебиетте, саяси-көпшілік әдебиетте, педагогикалық әдебиетте, оқулықтар мен басқа да баспасөз бетін көрген нұсқаларда қалыпты машыққа айналып, әбден орныққан сөз қолдану жүйесінің жақсы өрнектерінен алынуына тәтенше зер салынды.

Сөз қолданудың жақсы өрнегі дегенде, біз, мазмұнын әрі жеңіл, әрі дұрыс түсінерліктей, сөздері орны-орнына дұрыс тізіліп, дұрыс құралған нұсқаларды еске аламыз. Ондай жақсы нұсқа әдетте әрі дұрыс, әрі үлгі саналады. Иллюстрацияға берілетін мысалдар мүмкіндігінше ықшам, бірақ ұтымды, демек сөздің мағынасын дәл ажырата аларлықтай, соған лайықты болуы тиіс. Ендеше, ондай мысалдар тек грамматикалық тұрғыдан ғана емес, стилистикалық жағынан да, лексикалық тұрғыдан да жатық, демек, тіркесу қабілеті мен семантикалық үйлесімдері жақтарынан да бір-біріне орай сұрыптылып құралған болуы қажет. Өйткені әр сөзге берілетін сипаттаманың анық, дәл болуы сөздердің дұрыс яғни нормаға сай құрылуына байланысты. Сөздікте осы талап, осы қағида үнемі қадағаланып отырмақшы. Егерде осы қағидадан ауытқитындай, ерекшеленетіндей жағдай болса, оларға шартты белгі ретінде қабылданған тиісті ишара белгілер беріліп отырмақшы. Бірақ сөздердің стилистикалық және басқа да сондай қолданылу шегін (аясын), ажырату мәселесі әлі күнге дейін қазақ тіл білімінде арнай зерттелмегендіктен, сөздікте қойылған ишара белгілердің өздері де, терминдері де шартты екенін және жеке сөздерге берілген стилистикалық сипаттамалардың өздерінде де, қолданылу жүйелерінде де ағаттық, олақтық кемшіліктер болуы күмәнсіз. Сондай-ақ, оның бер жағында, сол стилистикалық сипаттамалар осы саладағы нақтылы зерттеулердің нәтижесі есебінде беріліп отырғаннан гөрі, «көз мөлшер, көңіл қазы» дегендей жалпы бағдарлаудың болжамы ретінде беріліп отырғаны есте болғаны жөн. Сайып келгенде, қалыпты өрнектер болсын, әдеттегіден ауытқитын құбылыстар болсын, қайткенде де, иллюстрациялық материалдан айқын көрініп тұруы ескеріледі. Өйткені берілетін мысал, бір жағынан, сөздің мағынасын ашуға дәнекер болса, екінші жағынан, сөздің қолданылу сипатын көрсетуге айғақ болмақшы. Осы себептен сөздікшілер мысалдарды дұрыс сұрыптауға, орнымен беруге барынша ұқыпты болып, олардың әрі ықшам, әрі көрнекті болу жағын жіті қарастырып отырмақшы. Сонымен қатар, картотека қорында тиісті әдебиеттен алынған мысалдар мақсатқа орайлы болмаса, я атымен кездеспейтіндей болса, аударма әдебиеттерден де, ауызекі тілден де, сөйлеу өрнектерінен де төлеме, балама мысалдар еркін алынып отыратынын ескерте кеткен ләзім.

Зейінділікті, ілтипаттылықты, құнттылықты, ұқыптылықты тілейтін, сарыла, сарғая отырып, көз майын тауысып, ми ашытып, көп отырып, көп еңбек етуді керек ететін осындай әрі ауыр, әрі қиын жұмыстарды орындау, тиянақтау үстінде сөздікшілер нақтылы материал таппылығын да, оларға байланысты қилы-қилы машақаттарды да бастарынан кешірді. Екінші сөзбен айтқанда, бұл жұмыс — сөздік жасау жұмысы — сөздікшілерге жайбарақат отырып, қиналмай, қынжылмай істей қоятын я істей салатын жеңіл-желпі, жай ғана «қара жұмыс» емес, көп ойлантып, көп толғантып, көп тебірентіп, кейде тіпті мезі қылып, қалжырата шаршататын ауыр ғылыми еңбек болатынын сөздіктің әр лұғаттық мақалаларынан, олардағы анықтамалардан, әрқилы ірілі-ұсақты ишара белгілерден әбден бағдарлауға болса керек-ті. Мысалы, бұрын арнай зерттелмеген сөздердің қат-қабаттарының ішінен қайсысы тарихи

я кітаби, қайсысы жаңа я көне, қайсысы термин я бейтарап сөз, қайсысы диалект я кәсіби сөз, қайсысы қарапайым я дәрекі сөз, қайсысы поэтикалық я жалпылама сөз, қайсысы ауызекі тілге я сөйлеу тіліне тән, қайсысы экспрессивті я эмоционалды... деген сияқты белгі қойып, ен салу үшін қаншалықты төзім мен шыдам керек болатыны өз-өзінен айқын тәрізді. Ал, сөз тіркестерінің ішінен жай синтаксистік тіркестерді, грамматикаланған тіркестерді, лексикаланған тіркестерді, идиомаланған тіркестерді ашу үшін, оларды саралап, жүйесіне қарай бөліп, иллюстрациялық материал сұрыптап, орынды-орындарына қойып беру қаншалықты көнімділік пен табандылықты керек ететіні тағы да түсінікті болса керек.

Қазақ лексикографиясының теориялық мәселелері құнтталып зерттелмегендіктен, оның көп тұманы айықпағаны, көп түйіні шешілмегені аян. Солай бола тұрса да, «көз қорқақ, қол батыр» дегендей, халқымыздың замандар бойы мектебі жоқта — мектебі болып, кітабы жоқта — кітабы болып, оның бүкіл азаматтық тарихының, шаруашылық тұрмысының, рухани өмірінің — өмір-бақиғы күллі тіршілігінің — айғағы болып қызмет етіп келген ана тілінің әрі асыл, әрі бай қазынасынан сөз қалдырмауға тырысып, қордағы материалды сарқа пайдаланып, сөздікшілер көп уақытын, қыруар еңбегін сарп етіп, жетпегенін жетілдіре, толмағанын толтыра отырып алдарыңызға осы сөздікті (бәрі 10 том болмақ) ұсынып отыр. Тұңғыш еңбек болғандықтан, онда олқылық та, кемшілік те, ағаттық та болмауы мүмкін емес. Өзгені сөз етпей-ақ, халықтың күнделікті қарапайым тұрмысы мен тіршілігінде қолданатын сөздердің ішінен, әсіресе табиғат көркі — өсімдіктер мен жан-жануарлардың, жанды-жәндіктердің қазақша атауларынан қаншама сөздің бұл сөздіктің тізіміне енбей қалуы да, ілінгендерінің өздеріне тиісті әдебиет нұсқаларынан иллюстрациялық материал болмауы да таңданарлық жай болмаса керек. Қазақ тіл білімінде өкінерлік, опынарлық жағдайлар жоқ емес, мысалы, бізде жасалған, жарияланған толық терминологиялық, түсіндірме, фразеологиялық, синонимдік, диалектологиялық тарихи және этимологиялық сөздіктер сөздікшілердің көз алдында, қол астында тұрса, әлбетте, олардың еңбектері жеңіл де, кемел де, өрісті де, мазмұнды да болар еді! Жоқтан бар жақсы, өйткені бар нәрсені (ой еңбегінің жемісі ме, қол еңбегінің жемісі ме бәрі бір) сынауға да, мінеуге де, келешекте олқылықтарын толықтыруға да, кемшіліктерін жетілдіруге де болады. Егер алдарыңыздағы сөздік дәл осындай, тілге тиек боларлықтай, еңбек болса, сөздікшілерге осыдан үлкен алғыс та, бата да болмаса керек.

§ 19. Сөздікті баспаға әзірлеу алдында филология ғылымдарының докторы, профессор К. Аханов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент М. Томанов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А. Әбілқаев жолдастар қолжазбаны оқып шығып, ол жөніндегі өз пікірлері мен ескертпелерін айтты. Сөздіктің редакторлар алқасы мен авторлары бұл айтылған пікірлерді қолжазбаны баспаға әзірлеу үстінде мұқият ескерді. Сөздікте кездесетін араб, парсы сөздерінің мағыналарын ашуға техника ғылымдарының кандидаты, инженер Е. Бекмұхамбетов жолдас белсене қатысты. Қолжазбаны баспаға дайындау кезінде де және оның терілуі мен басылуы үстінде де бөлімнің аға лаборанты М. Жүрсінова көмектесті.

Тіл білімі институты, оның Түсіндірме сөздік бөлімі мен авторлары жоғарыда аталған жолдастардың бәріне де дән ризашылық білдіріп, рахмет айтады.

Ахмеди Ысқақов

СӨЗДІКТІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ЖӨНЕУ

Сөздікке алынатын сөздер жайында

1. Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігіне мүмкін болғанынша қазіргі қазақ тілінің сөз қорындағы күллі сөздерді түгел қамту мақсаты көзделінеді. Сөздік жасауға институттың түсіндірме сөздік бөлімінде көп уақыт бойы (1937 жылдан бері) жиналған картотека қоры негізгі материалдық база болмақшы. Бұл қор халқымыздың бай ауыз әдебиеті мұраларынан, Абайға дейінгі және онан кейінгі ақындардың, жазушылардың, жыраулардың шығармаларынан, сондай-ақ, бүгінгі өмірдің жаршысы — газет-журналдардан, саяси-ғылыми еңбектерден және аударма әдебиеттің кейбір үлгі боларлық нұсқаларынан алынған.

Күнделікті өмірде жиі қолданылатын жалпылама сөздермен қатар, сөздікте ғылымның барлық саласындағы терминдер, олардың көпшілікке әрі таныс, әрі жиі қолданылатындары, сондай-ақ, біралуан жаңа сөздер (неологизм) мен көнерген сөздер (архаизмдер), тарихи сөздер мен кәсіби сөздер де қамтылады. Өзге тілдерден ауысқан кірме сөздердің (араб, иран, орыс, т. б.) көпшілікке түсінікті болып әбден сіңісіп, қалыптасқандары алынады. Сол сияқты, жергілікті сөздер мен диалектизмдердің де көркем шығармада, ауыз әдебиетте, ауызекі тілде белгілі аяда жаппай қолданылатындары сөздікке енгізіледі.

2. Сөздіктің алдына қойылған мақсаты мен талаптарына орайласпайтын мынадай сөздер оның құрамына енгізілмеді:

а) халықтың қалың бұқарасына беймәлім, кейбір облыс пен аудандарда ғана қолданылатын өрісі тар диалекті сөздер мен кейбір жарыспа (вариант) сөздер;

ә) жаппай қолдануға болмайтын қолайсыз, дөрекі, тұрпайы сөздер;

б) белгілі кәсіп я мамандық аясында ғана жұмсалатын өрісі тар терминдер;

в) күрделі атаулардың бас дыбыстарынан қысқартылған (КПСС, ТАСС, СССР, ГЭС, ФЗО, ВАК, МТС) сөздер;

г) жалқы есімдер (кісі аттары, жер-су атаулары, мекеме аттары т. б.) мен ру аттары.

ЕСКЕРТУ: Жалқы есімнен жалпы есімге ауысып, белгілі бір лексикалық тұлғаға айналып, дербес мағынаға ие болып кеткен жеке сөздер ғана сөздікке енеді. Мәселен, *қарабай* — сараң деген ұғымда, *қожанасыр* — ақ көңіл я алаңғасар деген мағыналарда, *жиделібайсын* — берекелі я шұрайлы жер деген ұғымында, *асанқайғы* — сарыуайымшыл деген мағынада жұмсалса, бұлардың әрқайсысы жеке атау сөз ретінде алынады. Сол тәрізді, кісі атымен, халық я жер атымен байланысты туған кейбір фразалық сөз тіркестері де сөздіктен өзінше орын алады. Мысалы: *Абылай аспас асу, қайда барсаң да Қорқыттың көрі, қалмақы ер, қырғыз қалпақ, монғол жылқысы, қазақы үй* т. б

Сөздіктің құрылысы мен сөздердің тізілу тәртібі

3. Сөздікке енетін сөздер алфавит ретімен тізіледі. Сыртқы тұлға-тұрпаты бірдей, бірақ мағыналары басқа (омоним) атау сөздің тұсына араб цифрымен белгілер қойылып, мағыналары сараланады.

4. Зат есім және олардың туынды түбірлері түбір күйінде, біріккен сөздер біріккен қалпында алынады. Сын есімнің негізгі және туынды түрлері, бұлардың шырай формалары барынша түгел қамтылады. Сан есім мен есімдіктер де өзіне тән қалыптасқан формаларында алынады. Етістіктің негізгі және туынды түрлері, соның ішінде етіс формалары атау сөзге бұйрық райдың екінші жақ қалпында енгізіледі. Сөздікте *-у* формалы етістіктер «қимыл атауы» деп аталып, өз алдына жеке сөз ретінде беріледі. Лексикалану арқылы үстеулердің я басқа сөз таптарының қатарына көшіп, бұйрық райдың екінші жақ түрінде қолданылмайтын кейбір етістіктер сөздікке сол қалыптасқан күйінде алынады. Мысалы: *айлап, апталап, жүресінен, мыңдап, жүздеп,* т. б. Сондай-ақ, болымды тұлғада айтылмай, тек болымсыз түрде ғана қолданылатын кейбір етістіктер де, сол қалыптасқан формасында атау сөзге алынады. Мысалы: *бұлжыма, мызғыма, мардыма, тамақсынба, жерсінбе, сеспе,* т. б. Есімшелердің лексикаланған формалары жеке атау сөз ретінде беріледі. Мысалы: *қақаған, табандаған, жасаған, асқан, көптеген, мыңдаған,* т. б. Үстеулердің негізгі түрлерімен қатар туынды формаларының барлығы да атау сөздер есебінде қамтылады: Мысалы: *екіншілей, шикілей, жазын, кешкісін, күніне, әзірге, жаңадан, шетінен, қашаннан, лажсыздан, ретімен, жайымен, атымен,* т. б. сол сияқты шылау сөздер мен одағайлардың, еліктеуіш сөздер мен модаль сөздердің, қос сөздер мен қосарланған сөздердің түр-түрі тегіс қамтылады. Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздердің соңғы сыңары да атау сөз ретінде беріледі. Мысалы: **Ажын:** *Абысын-ажын қос сөзінің екінші сыңары.* **Жәутік:** *Жаман-жәутік қос сөзінің екінші сыңары.* **Желең:** *Жігіт-желең қос сөзінің екінші сыңары* т. б.

5. Толық түсіндірме сөздік шағын сөздіктің қызметіндей емес, жалпы ұлт тілінің сөз байлығын мүмкіндігінше түгел жинақтап, толық көрсету мақсатын көздейтіндіктен, қазақ тіліндегі вариант және дублет сөздердің көпшілігі қамтылып, бас-басына тиісті мысалдар беріліп отырылады.

6. Лұғаттық мақала, негізінен, мынадай тәртіппен беріледі: 1) атау (реестр) сөз; 2) этимологиялық белгі; 3) қай сөз табына қатысты екенін көрсететін грамматикалық белгі; 4) стильдік белгі; 5) сөз мағыналары мен реңктеріне берілетін анықтамалар; 6) сөз мағыналарын анықтайтын иллюстрациялық мысалдар; 7) сөздің әр түрлі мағыналары түсіндіріліп болғаннан кейін жаңа жолдан ромбик ◆ белгісі қойылып, идиома мен фразалар беріледі. Бұларға да түсінік беріліп, мысалдар арқылы дәлелденеді. Сөздікке енген фразалық тіркестер алфавит тәртібімен тізіледі.

7. Сөз мағыналары араб цифрымен бөлініп беріледі. Әр сөздің мағыналық реңктері өзі қатысты мағынадан соң параллель сызық // арқылы көрсетіледі.

8. Сөздерге берілетін грамматикалық сипаттама қай сөз табына қатыстығына қарай қойылатын белгі арқылы ажыратылады. Олар. з а т.— зат есім, с ы н.— сын есім, с а н.— сан есім, е т.— етістік, е с.— есімдік, ү с т.— үстеу, о д.— одағай, ш ы л.— шылау, е л.— еліктеуіш сөз т. б.

Сөздердің стильдік сипаттамасы

9. Сөздікте, қажетіне қарай, сөздердің қолданылу аясы мен шегін, тарихи және территориялық өрісін, сондай-ақ, экспрессивтік я эмоциялық реңкін сипаттауға да зер салынады. Бірақ ол үшін қабылданған арнаулы стилистикалық белгілер сөз атаулының барлығына я олардың барлық мағыналарына жапа-тармағай қойылмайды, тек тілдің белгілі бір саласында қолданылу машығына қарай қалыптасқан стильдік мәні бар сөздер мен тіркестерге ғана қойылады.

10. Стильдік белгілер негізінен мынадай топқа бөлінеді:

а) Әдеби тіл шеңберінен тыс қолданылу шегін көрсететін белгілер: қарапайым (қ а р а п.) сөз, тұрпайы (т ұ р п.) сөз, сөйлеу (с ө й л.) тіліне тән сөз, диалектілік (д и а л.) лексика т. б.

ә) Әдеби тілдің белгілі бір саласында ғана жұмсалатынын көрсететін стильдік белгілер: кәсіби (к ә с і б.). лексика, кітаби (к і т а б.) лексика, діни (д і н.) сөз, мифо-

логиялық (м и ф.) сөз, көнерген (к ө н е.) сөз, тарихи (т а р.) сөз, жаңа (ж а ң а) сөз, поэтикалық (п о э т.) сөз т. б.

б) Ғылымның белгілі бір саласында ғана арнайы жұмсалатындығын көрсететін белгілер: биология (б и о л.), химия (х и м.), музыка (м у з.), авиация (а в и а ц.), медицина (м е д.), саяси (с а я с.), спорт (с п о р т), т. б.

в) Сөздің әр түрлі стильдік бояуын көрсететін белгілер: экспрессивті (э к с п р.) сөз, эмоционалды (э м о ц.) сөз, сыпайы (с ы п.) сөз, т. б.

11. Стильдік белгілер екі түрлі жолмен беріледі: 1) алынған белгі сөздің барлық мағынасына түгелдей қатысты болса, онда ол грамматикалық белгіден кейін, сөз мағынасының рет санын көрсететін цифрдан бұрын тұрады; 2) егер стильдік белгі сөздің бір ғана мағынасына қатысты болып келсе, онда сол мағынаға қойылған цифрдан соң, анықтамадан бұрын келеді.

ЕСКЕРТУ: Сөздікке енген стильдік белгілердің қысқарған түрлері өз алдына бөлек көрсетілді.

Сөздердің этимологиялық сипаттамасы

12. Қазақ тіліне белгілі тарихи, рухани, мәдени, шаруашылық, экономикалық және басқа қарым-қатынастарға байланысты өзге халықтардың тілдерінен әрбір кезеңдерде алуан түрлі жолдармен сөздер ауысып келгендігі аян. Мәселен, көне замандардан бері қарай қазақ тілінің сөздік құрамына иран, араб, монғол, орыс тілдерінен әрқилы сөздер енген. Сөздікте ондай сөздерге олардың қай тілден ауысқандығын көрсететін тиісті этимологиялық белгілер қойылып (*ар.* — араб сөзі, *ир.* — иран сөзі, *монғ.*— монғол сөзі, *ор.*— орыс сөзі, т. б.), олар бір-бірінен ажыратылып отырылуға зер салынады.

13. Бірақ орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа европа тілдерінен қазақ тіліне Октябрь революциясынан бұрын және одан кейін енген сөздердің ара салмағы, лексика-стилистикалық парқы және тұлға-тұрпаттары бірдей емес. Революциядан бұрынғы кездерде енген кірме сөздердің бәрі дерлік, замандар бойы сол уақыттардағы тарихи жағдайларға орай көбінесе ауызекі тіл мен сөйлеу тілінің машығына, дағдысына қарай жұмсалып келгендіктен, олар қазақ тілінің дыбыстық заңына бағынып, айтылуы жағынан да, жазылуы жағынан да сол заңға әбден көндігіп (*болыс, жәшік, теңге, самаурын, бөлке, бөтелке, сот* т. б.), байырғы сөздерден ажырарлықтай, ешқандай да белгі қалмай, барынша жымдасып, етене болып кеткен. Олар сөздікте сол қалыптасқан, қабылданған күйінде беріліп, тұс-тұсына «*ор*» (орыс сөзі) деген белгі қойылады.

14. Ал, осы аталған тілдерден революциядан кейінгі дәуірде енген сөздердің жайы басқаша. Олардың көбі қоғамдық құрылысқа, өнеркәсіп пен шаруашылыққа, сауда мен транспортқа, техника мен ғылымға байланысты көп жұртқа ортақ термин сөздер. Мыс.: *автобус, агроном, артист, биллиард, газ, гараж, капуста, касса, методист, метро, стиль, экскурсия* т. б. Бұл сияқты сөздер тілімізге орыс әдеби тілінде қалыптасқан түр-тұлғасында қабылданып, сол күйінде жазылып жүр. Олардың сыртқы тұрпатынан-ақ орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа европа тілдерінің бірінен ауысқандығын білу қиынға түспейді. Сондықтан сөздікке алынған тіліміздегі бұл тәрізді сөздерге (терминдерге) этимологиялық сипаттағы белгі қойылмайды.

Сөз мағыналарының анықтамасы

15. Сөздердің қазіргі кездегі қолдану нормасын түсіну үшін, олардың әрқайсысының мағыналарына қысқаша анықтама беріледі. Сөздің негізгі мағынасы тіректаяныш саналады да, ең алдымен соған анықтама беріледі. Ал, оның қосымша және ауыспалы мағыналары соңынан келеді. Сөздің ауыспалы мағынасы «ауыс» деген белгі арқылы ажыратылады. Демек, сөз мағыналары белгілі жүйемен талданылады.

16. Сөзге берілетін анықтама әрі қысқа, әрі тұжырымды, сонымен бірге, сол мағынаны толық ашатындай және түсінікті болуы көзделеді. Сонымен қатар, бері-

летін анықтама сөздердің грамматикалық құрылымына, олардың табиғатына сай болуы қадағаланады. Демек, есім сөздерге берілетін анықтама есімдердің өз ерекшеліктеріне орай болуы, етістіктерге берілетін анықтама етістік формаларының грамматикалық құрылымына сай келуі қарастырылады.

17. Сөз мағыналарына берілетін анықтама я түсінік негізінен үш түрлі тәсіл арқылы жүзеге асырылады: а) сипаттап ашу арқылы; ә) синонимдерін табу арқылы; б) сілтеме жасау арқылы (немесе стильдік белгі қою арқылы). Сондай-ақ, кейбір сөздерге әредік антоним (қайшы мәндес) сөз арқылы да анықтама беріледі.

18. Сөз мағынасын сілтеме арқылы түсіндіру тәсілі де қолданылады, бірақ бұл тәсіл жаппай қолданылатын тәсіл емес, тек тілдегі жарыса жұмсалып жүрген дублеттер мен варианттар үшін ғана пайдаланылады. Мұндай жарыспа сөздердің әдеби тілде әбден орнығып, жалпы көпшілік арасында кең жайылған сыңарларына түсінік (анықтама) беріледі де, өзге сыңарларына тиісті стильдік белгі арқылы сол негізгі вариантқа сілтеме жасалады. Егер атау сөзге анықтама берілмей, тек сілтеме белгі арқылы түсіндірілген болса, ол сөз әдеби тілден гөрі ауызекі тілге жақын я бейім екендігін немесе ондайлардың жалпы халықтық сипаттан гөрі аймақтық я атыраптық сипаты басым екендігін аңғару керек болады. Мысалы: **ӘГӘР** с ө й л. **Егер**; **МӘСЕЛЕНКИ** с ө й л. Мәселен; **ҚҰДАҒАЙ** ж е р г. Құдағи; **ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚ** с ө й л. Әлем-тапырық; **ПАЛУАН** с ө й л. Балуан т. б.

Фразеология

19. Сөздікте фразеологиялық тіркестердің барлық түрі (фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер және фразеологиялық тізбектер) алынады. Мысалы: 1) *үріп ауызға салғандай, ит өлген жер, ат үсті, күлін көкке ұшырды;* 2) *ақ қар, көк мұзда, тайға таңба басқандай, құлақ естімес, көз көрмес жер, құлағын түрді;* 3) *асқар бел, қолдан қойғандай, әжім басты, намысы келді, бөкен қабақ* т. б.

20. Фразалық тіркестердің ішіндегі көп мағыналылары жеке-жеке сараланып беріледі. Бұлардың әрбір мағынасына бөлек-бөлек анықтама мен мысалдар келтіріледі. Тіркестердің әр мағынасы а), ә), б) ... деген сияқты алфавиттік ретпен ажыратылып бөлінеді. Мысалы: **Таң атты** а) *Жарық түсті.* ә) *Теңдікке жетті.* **Аузы берік** а) *Аузы ораза.* ә) *Сыр шашпайтын, құпия сақтағыш* т. б.

21. Фразалар сөздікте сөз мағыналары талданған соң, жаңа жолдан қойылған мынадай ◆ белгіден кейін келеді. Бұл белгі бір-ақ рет қойылады.

22. Фразалық варианттар яғни оның белгілі бір сөзін басқа бір синониммен ауыстыруға болатын жағдайда олар көбінесе үтір арқылы бөлініп, бірінен соң бірі тізбектеліп беріледі (Мысалы: **әжім түсті, әжім кірді, әжім шалды, әжім басты,** т. б.) немесе кейде ондай синонимдері жақша ішіне де алынады. Мысалы: **босаға** [есік] **аттады, тыраң** [тырапай] **асырды, аты жоқ қол** [саусақ], т. б. Мұндай екі түрлі жүйе келесі томдарда бір ізге салынуы мүмкін.

23. Фразалық тіркестер неше сөзден құралса, сонша рет алынады. Мәселен, **аузымен орақ орады, жүрегі тас төбесіне шықты** деген идиом сөздер қанша сөзден құралса, сол сөздердің әрқайсысына да (үш сөз болса, үш рет, төрт сөз болса, төрт рет) алынады. Бұлардың бірінші (басқы) сөзін негізгі, қалғандары соған көмекші болады деп есептеуге келмейді.

Иллюстрациялық материалдар

24. Сөздікке енген әрбір сөздің мағынасы мен реңкін айқындауға берілген анықтамаларды ашып көрсету үшін, оларға көркем шығармалардан, публицистикадан (газет-журналдардан) және ғылыми, саяси әдебиеттерден нақтылы мысалдар беріледі.

25. Келтірілетін иллюстрациялық материалдар сөздің қолдану аясын, стильдік мәнін мүмкіндігінше дәлелдеуді көздейді. Сол себептен олар атау сөзге қойылатын грамматикалық, стильдік белгілерге сай келіп, сөздің табиғатын, сипатын жан-жақ-

ты түсіндіріп, толық ашып беретіндей болуы және мазмұны жағынан ұстамды да тұжырымды болып келуі қадағаланады.

26. Егер текст ықшамдалып алынатындай жағдай болса, қысқартылған сөздердің орнына көп ноқат қойылады. Ал, сөйлемді ықшамдау мақсатына байланысты қысқартылған, болмаса тексте жоқ, бірақ онсыз текст түсініксіз болатындықтан құрастырушының қосқан сөзі квадрат жақшаның ішіне алынады.

27. Поэзиядан алынған мысалдар тексте өлең үлгісімен емес, қара сөздің тізілу тәртібімен беріледі. Бірақ өленнің әрбір жолы бас әріппен басталады.

28. Бір сөздің бір мағынасын ашуы үшін негізінен 3—4 мысал, ал, фразаға 2—3 мысал алу жеткілікті саналады. Келтірілетін цитаттар мүмкін болғанша әр автордан және әр дәуір мен түрлі жанрларды қамтитындай болуы көзделінеді. Цитат табылмаған кейбір сөздерге, олардың мағыналарына ауызекі я сөйлеу тілінен мысалдар алынып, соңынан жақшаның ішіне «ауызекі тіл» деген белгі қойылады.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНҒАН СӨЗДЕР

авиац. — авиациялық
алғ. — алғыс
ан. — анайы сөз; вульгаризм
анат. — анатомиялық
ар. — араб сөзі
археол. — археологиялық
архит. — архитектуралық
астр. — астрономиялық
ауыс. — ауыспалы мағына; метафора, метонимия, синекдоха
әдеб. — әдебиет термині
әск. — әскери термин
биол. — биологиялық
биохим. — биохимиялық
бот. — ботаникалық
бухг. — бухгалтериялық
вет. — ветеринария
геогр. — географиялық
геод. — геодезиялық
геол. — геологиялық
геом. — геометриялық
геофиз. — геофизикалық
грамм. — грамматикалық
диал. — диалект сөз; диалектизм
дәр. — дәрекі, тұрпайы сөз
діни. — діни сөз
ел. — еліктеуіш сөз
ес. — есімдік
ет. — етістік
жаңа. — жаңа сөз; неологизм
жерг. — жергілікті сөз
заң. — заң термині
зат. — зат есім
зоол. — зоологиялық
ир. — иран (парсы) сөзі
иск. — искусство
кәсіб. — кәсіби сөз; профессионализм
к. есім — көмекші есім
к. ет. — көмекші етістік
көне. — көнерген сөз; архаизм
кітаб. — кітаби лексика
қарап. — қарапайым сөз
қарғ. — қарғыс
лингв. — лингвистикалық
лог. — логикалық
мат. — математикалық
мед. — медициналық
мин. — минералогиялық
миф. — мифологиялық
мод. — модаль сөз
монғ. — монғол сөзі
муз. — музыкалық
од. — одағай
ор. — орыс сөзі
пед. — педагогикалық
полигр. — полиграфиялық
поэт. — поэтикалық
психол. — психологиялық
сан. — сан есім
саяс. — саяси термин
сөйл. — сөйлеу тілі
спорт. — спорт термині
сын. — сын есім
сып. — сыпайы сөз; эвфемизм
табу. — табу сөз
тар. — тарихи сөз; историзм
театр. — театр, театртану термині
техн. — техникалық
типогр. — типографиялық
үст. — үстеу
физ. — физикалық
физиол. — физиологиялық
филос. — философиялық
фин. — финанс термині
фольк. — фольклор
хим. — химиялық
шахм. — шахмат термині
шыл. — шылау
экон. — экономикалық
экспр. — экспрессивті сөз
элек. — электротехникалық
эмоц. — эмоциялды сөз, мән
этногр. — этнографиялық

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

◆ — тұрақты тіркестерді өзінен бұрын тұрған сөз мағыналарынан ажырату үшін қолданылады.

⊙ — кейбір сөз не сөз тіркестері автордың сөз қолданудағы өзіндік ерекшелігіне байланысты контекстіде кейде дағдыдан тыс мағынаға ие болуы мүмкін. Ондай дағдыдан тыс мағыналарға «авторлық қолданыс» (употребление) деген ұғымды білдіретін осы шартты белгі қойылады (мұндай белгі қойылған сөздерге анықтама берілмейді).

// — өзінен бұрын айтылған мағынадан сәл айырмашылығы бар, бірақ әлі де өз алдына толық жеке мағына бола алмайтын реңк (оттенк).

. . . — цитата ішіндегі қысқартылған жер.

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ

Баспаша түрі	Жазбаша түрі	Айтылуы	Баспаша түрі	Жазбаша түрі	Айтылуы
Аа	***Аа***	а	**Пп**	***Пп***	пе
Әә	***Әә***	ә	**Рр**	***Рр***	эр
Бб	***Бб***	бе	**Сс**	***Сс***	эс
Вв	***Вв***	ве	**Тт**	***Тт***	те
Гг	***Гг***	ге	**Ұу**	***Уу***	ұу, үу
Ғғ	***Ғғ***	ға	**Ұұ**	***Ұұ***	ұ
Дд	***Дд***	де	**Үү**	***Үү***	ү
Ее	***Ее***	йе	**Фф**	***Фф***	эф
Ёё	***Ёё***	йо	**Хх**	***Хх***	ха
Жж	***Жж***	же	**Һһ**	***Һһ***	һа
Зз	***Зз***	зе	**Цц**	***Цц***	це
Ии	***Ии***	ый, ій	**Чч**	***Чч***	че
Йй	***Йй***	қысқа и	**Шш**	***Шш***	ша
Кк	***Кк***	ка	**Щщ**	***Щщ***	ща
Ққ	***Ққ***	қа	**Ъъ**	***Ъъ***	айыру белгісі
Лл	***Лл***	эл	**Ыы**	***Ыы***	ы
Мм	***Мм***	эм	**Іі**	***Іі***	і
Нн	***Нн***	эн	**Ьь**	***Ьь***	жіңішкелік белгісі
Ңң	***Ңң***	эң	**Ээ**	***Ээ***	э
Оо	***Оо***	о	**Юю**	***Юю***	йу
Өө	***Өө***	ө	**Яя**	***Яя***	йа

А

1. А 1. *Жуан дауысты дыбыс. А* Дауысты дыбыстардың ішіндегі ең ашық айтылатын түрі. Ауыздың мол ашылуынан пайда болып, иектің төмен түсуі және тілдің кейін қарай жиырылуы арқылы дыбысталады (Қазіргі қаз. тілі). **2.** *Қазақ алфавитінің бірінші әрпі және сол әріптің жазылу таңбасы.* Құдиярға бірінші сабақта-ақ қарындаш ұстатып, әліпті таяқ деп жазып, оның аты *«а»* деп үйретті (Д. Әбілев, Ақын арманы). **3.** *Реттеп санау жүйесінде бірінші, әуелгі, алғы дегенді білдіреді.* Қазақ тілінің сөздік құрамына күншығыс елдері тілдерінен ауысып келген сөздер үш салаға бөлінеді: *а)* араб-иран тілдерінен енген сөздер; *ә)* монғол тілдерінен енген сөздер; *б)* монғол және түрік тілдеріне ортақ сөздер (Қазіргі қаз. тілі).

2. А о д. **1.** *«Әу!» сөзімен мағыналас, жауап ретінде айтылатын дыбыс, үн.* Тыстан өктем шыққан дауысқа: — *А!* — деді, терезеге жалт қараған Әсет (Ауызекі тіл.). **2.** *Қорыққанда немесе қатты сасқанда айтылатын дыбыс.* Калмыковтың азаппен өлгенін естіртканде, әйел «Не дейсің!» деп лейтенантқа тұра ұмтылып, омыраулап келді де, көзі шарасынан шығып *«а!»* деген ашы дауыспен етпетінен түсті (К. Тоқаев, Тасқын). *А, а,* қажы келді ғой! Қажекең келді ғой! Жоғары шығыңыз, Бақа! — деді төрдегі Жайлаубек (С. Сейфуллин, Шығ.). **3.** *«Әй!» сөзімен мағыналас, біреудің назарын аудару үшін айтылатын дыбыс.* А, Бабас, сөзімді айтқан қостаймысың, Сөзімді елең қылмай тастаймысың. Жамбасыңды жер ауыртып жатыр екен, Берейін қызыл тоным, жастаймысың? Және бар Тілеуқабыл, Үсенбайым, Сәйлейді шаршы топта бұлбұлдайын. Алма тартқан кісіге ат береді, *А,* Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын? (Айтыс). *А,* Нұржан, қаламыңды қолыңа алшы, Даусыңды құйқылжытып әнге салшы (Жамбыл, Шығ.). **4.** *«Е!» одағайымен мағыналас, бір нәрсеге көңіл бөліп, назар аудару үшін айтылатын дыбыс. А,* Қарсеке, сіз бе едіңіз, кешіріңіз, міне бұйрығыңыз бұлжыған жоқ (Ә. Әбішев, Замана перзент.).— *А-а,* тіпті жақсы! Жарайды, жарайды! Ендеше, ән де саларсың, мылтықтың винтін де түзерсің,— десті біреулер (С. Сейфуллин, Шығ.). **5.** *Таңдану кезінде айтылатын дыбыс.* Арыстан анда-санда: «Апырай, *а!* Кәдімгі сұрапыл соғыс қой мынау»,— деп қояды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). **6.** *Бір нәрсені еске түсіргенде айтылатын одағай. А,* онысы дұрыс болған. Енді ұзаққа көшкенді қойып, мәдениет ошағын жасауға тырысу керек,— деді Қырымұлы (С. Сейфуллин, Шығ.). *А..,* солай екен ғой. Ал біз бүгін оның үйімен сөйлестік (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). **7.** *Сұраулық мағынаны күшейтіп үдете түсу үшін айтылатын одағай.* Немістің не оймен қашқанын сен қайдан білесің, *а?* — деді Сабыр (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Ал мен болсам, сенің мағынаңды айқындап, суреттей түсем. Олай болса, сенің мені неге танығың келмейді, *а?* (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **8.** *«Уа!» одағайы мен «ай» шылауы мағыналас, белгілі бір сөздермен қабаттаса айтылатын одағай. А,* дүние, берсе қанат тәңірі маған! Ерік алып ұшып кетсем көкке таман. Жер күннің аймағынан үстін шығып, Әлемге көз жіберсем сол арадан (С. Торайғыров, Шығ.). Көп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың кәрілерінің «*А,* құдай, сақтай гөр! *А,* құдай, жаманшылығынан сақта!»— деген шын жалбарынып, шын тіленген зарлары естіледі (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

◆ **А витамині.** *Организмге қажетті витаминдердің бір түрі. А витамині* сөбізде, сары майда, бауырда көп болады. (Е. Оразақов, Дәрігерлік кеңес). Ішкен тамақта *А витамині* жеткіліксіз болса, адамның көзі көрмей қалады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). **А дегенде.** *Әуелде, алғашында.* Сыйының мен сөйлейін құдіретке, Бір қыздан жеңілуім маған еп пе? Қыпшақ деп *а дегенде* ауызға алмай, Барайын Қарқаралы анау шетке (Айтыс). **А дегеннен.** *Бірден, шу дегеннен. А дегеннен* оған ешкім болған оқиға туралы тұжырымды түсінік бере қоймады (Аялы жандар). **А дегенше.** *Лезде, тез.* Мешеу ел, меңіреу жапан гүл жайнады. Барады *а дегенше* айлығына (С. Бегалин, Таңд. шығ.). А десе, мә дейтін *а) Қарсыласа түсетін, бет бақтырмайтын. А десе, мә дейтін* нағыз бір бөле ғой өзі, оны қайдан тапқансың (Ауызекі тіл); *ә) Тапқыр, тез ойлағыш. «А» десе «мә» дейтін* шаншаң айтқыш, суырып салма ақын болған, жаратылысын зерттеп, бойлап ұғыну керек (М. Әуезов, Әр жыл.). **А, құдайлады.** *Аллаға сыйынды, жалынды, жалбарынды.* Солдаттар сап-сары ала құртша қайнап, Аттырды зеңбірекпен түйе байлап. Аңқау жұрт аузын ашып тұрды аңырып, Кемпір-шал боз қасқа айтты *«а, құдайлап»* (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Қарағайлар қойған байлап Және жұмбақ әдемі, Мал айтқан ел *«а, құдайлап»* Жуытпа деп пәлені (Ғ. Орманов, Шығ.).

АБА з а т. *Сыртқы жамылғыш.* Бергі топтың ішінен біреу көзінде алтын көзілдірігі бар, әдемі пенжек-шалбарының сыртынан *аба* киген, өзі басқалардан гөрі жуан, дәрежесі де үлкенірек болса керек, сол кісі әрі өткен, бері өткен офицерлерді тоқтатып ылғи сөйлей береді (С. Шарипов, Шығ.).

АБАДАН а р. з а т. к ө н е. *Күшті, мықты.* Ішінде *абаданы* бір болар, *Абаданынан* айрылса, Олардың һәр біреуі һәр бір итке жем болар («Лен. жас»).

АБАЖА з а т. *Кебеженің үлкен түрі. Абажада* ыдыс-аяқ пен тамақ сақталады (ҚСЭ).

АБАЖАДАЙ с ы н. *Өте үлкен, кесек, зор.* Қырық жамаулы *абажадай* қара үй — бұл кісіге әкесі Жұрымбайдан қалған мұра (Б. Майлин, Шығ.). Мал қораларын үйге жалғап салған, олары *абажадай* кең (Т. Ахтанов, Дала сыры). Семіз *абажадай* денесі су тиген тондай болжырап кетіпті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АБАЖУР з а т. *Шамның жарығын бір орынға жинақтау үшін лампаның үстіне орнатылатын (мата, қағаз, т. б. нәрселерден жасалған) үй жабдығы.* Алқызыл шашақты *абажур* астынан бөлме ішіне жарығын жайған шам оның төбесінен қарайды (Ғ. Сыланов, Шалқар). Стол үстіндегі жібектен *абажуры* бар шам дастарханды шаршы етіп жарқыратып тұр (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

АБАЖУРЛЫ с ы н. *Абажуры бар. Абажурлы* электр шам күндізгідей үйге нұрын төгеді (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). *Абажурлы* үлкен лампа Жұмсақ, айқын нұр төгеді (С. Шаймерденов, Болашақ,). Аспалы *абажурлы* электр шамы бес жүздік (Ж. Тілеков, Қайнар).

АБАЙ с ы н. *Сақ, әзір, дайын.* Қазина еңгезердей қызыл сиырды нұсқап: — кейде қарап тұрып-ақ тулап кететіні бар. *Абай* отырмасаң сүтіңді ақтарып, өзіңді майып етеді, — деді (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

◆ **Абай болды.** *а) Сақ болды.* Оған тиіссек өзімізге дұшпан көбейтіп аламыз, Асылы *абай болу* керек (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ағамды қайтсек те тауып аламыз. *Абай болыңдар,* күн райы жаман ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры). *ә) Ес болу, бас-көз болу.* Әйтеуір *абай болып,* анда-санда айғайлап қойып, өзі де ығып келеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АБАЙЛА е т. 1. *Байымдау, аңғару.* Сол жазуды *абайла,* Әлі күнге бар мұнда. Жоя алмаған боран да, Шая алмаған жаңбыр да (С. Мәуленов, Өленд.). Алғаш сескеніп қалғанмен дереу бой тоқтатып, *абайлап* тағы қарайды (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.). *Абайламай* айтып қалғанына кемпір қысылып,— өзіміздің балалар ғой, бұлар ешкімге айтпас,—деді (Майлин, Шығ.). 2. *Сақтану, байқау.* Тағы біреуі бар болатын, *абайлаңыз,*—деді (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Ақылың бар, өзің сез, Айтарым тек *абайла!* (Ғ. Орманов, Сөт сапары). *Абайлаңдар,* қа-

мыс ішінде бұғып тұрып басып салып жүрмесін (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 3. *Барлау, шолу.* Болған соң барлығын да кәміл жайлап, Аттарын өлгендердің қайтты айдап. Бір бөлек алдарында әскер жатыр, Кей-Қысырау төбе үстінде тұрса *а б а й л а п* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ұзын коридорға түсіп инженер Кулевакин *а б а й л а п* алды-артына қарады (С. Ерубаев, Шығ.). Абай десе, абайсың, *А б а й л а д ы ң* жан-жақты (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АБАЙЛАҒЫШ с ы н. *Байқағыш, сезгіш.* Әкесіндей бұл-дағы Білмегенін сұрағыш, Неңің қалай тұрғанын *А б а й л а ғ ы ш,* сынағыш (С. Мұқанов, Замандас тур.).

АБАЙЛАН *Абайла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жаманға дәулет бітсе, ауа айналар. Жақсыға дәулет бітсе, бақ байланар. Басыңа жазатайым бір іс түссе, Арасы дос пен дұшпан *а б а й л а н а р* (Үш ғасыр.).

АБАЙЛАҢҚЫРА е т. *Байқаңқырау, сақтаныңқырау.* Өзіңізді бұл істің қожасы етіп қойыңыз, бірақ мұның бәрін *а б а й л а ң қ ы р а п* істеу керек (В. И. Ленин, Шығ. 36, 89). Бұрынғыдай періп-соқпай, замана жайы анықталғанша қаламыңды да *а б а й л а ң қ ы р а п* сілте, аузыңды да сарандау ұста (С. Мұқанов, Есею жылд.).

АБАЙЛАТ *Абайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өлкем шат, өмірім қызық екендігін, Сол кезде-ақ айналаға *а б а й л а т т ы м* (І. Жансүгіров, Шығ.). Жақсы аттың бір белгісі — Етсіздігі басының. Айнала көріп атрапты, *А б а й л а т қ а н* асылын (Халық ақындары).

АБАЙЛАУ *Абайла етістігінің қимыл атауы.* Күлеевтің кейініректе жазған өлеңдерінде торығу, өмірде түңілу сарыны бар екенін *а б а й л а у* қиын емес (XX ғ. қаз. ақын.). Келгендерді дегендей ел ме, жаума, Кемпір отыр кең шолып *а б а й л а у д а* (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). Жұлдыздар өте ақырын қозғалады, бір кісінің өмірінің ішінде олардың орындарының өзгергенін жай көзбен *а б а й л а у ғ а* болмайды (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АБАЙСЫЗ ү с т. *Байқаусыз, аңдаусыз.* Арман *а б а й с ы з* айтып қалған ғой, қайтесің соны елеп. Бір ашуыңды бер маған (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Қыз қолын тартып ала бергенде, Қасым өзінің кезерген ернін Қаншайымның оттай лаулаған бетіне *а б а й с ы з* тигізіп алғанын бір-ақ білді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Бір күні, есінде ме, жасыл бақта, Жұрт тарап тек өкеуміз қалған шақта. *А б а й с ы з* бұрымыңа тиді қолым, Тарттың сен шапалақпен мені жаққа (Б. Аманшин, Бұтақтағы бұлбұл.).

АБАЙСЫЗДА ү с т. *Байқаусызда, қапылыста, қапелімде.* Бір түлкі жүгіріп келе жатып *а б а й с ы з д а* бір терең апанға түсіп кетіпті (Ы. Алтынсарин, Шығ.). *А б а й с ы з д а* аузынан шығып кеткен бір ауыз сөзі үшін мұншама жер-жебіріне жеткеніне Рәш мықты назаланды (Б. Майлин, Шығ.). Менің бел байлаған тәуекелім — жауды *а б а й с ы з д а* оған сездірмей басып қалу (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

АБАЙСЫЗДЫҚ з а т. *Байқамаушылық, аңғалдық, аңдамай қалушылық.* Биікшілге күнде қатер Шалыс қадам — шәкіс ажал. *А б а й с ы з д ы қ* түпке жетер, Еп пен сақтық, сақтық абзал (Ж. Өмірбеков, Мың терезе).

АБАҚ з а т. *Аудың түбіндегі дорба, қоржын.* Бір мезгілде аудың ең түбіндегі *а б а ғ ы н а н* үлкен сандық шығады (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). Балық ұстайтын қоржынның аты — *а б а қ.* Осы *а б а қ т а н,* яғни «қамау» мағынасындағы сөзден кейін абақты шыққан (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Күндіз-түні теңіз үстінен түспейді. Қыс болса, имеңдеп прагон айдап, жаз болса, қайықпен *а б а қ* жағалап, шырышты қолын судан шығармайтын қызу еңбек майданы басталады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АБАҚТЫ з а т. 1. *Қылмыстыларды қамайтын орын, түрме.* Жігіттердің бірнеше қорқақтары *а б а қ т ы д а* отырып уайым қыла бастады (І. Жансүгіров, Шығ.). Патшаның итаршылары Жамбылды *а б а қ т ы ғ а* отырғызды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Күзетіп тұр күні-түн Тас *а б а қ т ы* тар қақпа. Әрбір жүрек үмітін Құйып жатыр сол хатқа (С. Мәуленов, Өленд.). 2. А у ы с. *Азап, қиыншылық, қиын-қыстау, қыспақ.* Россия *а б а қ т ы* ғой талай жұртқа, Шыдасын енді халық қалай жұтқа Бұлқынса үзер патша бұғалығын, Соны біз бұлқындырып қалайық та (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АБАҚТЫДАЙ с ы н. *Абақты сияқты.* Жаманға түскен күнің *а б а қ т ы д а й,*

Басына заман ақыр торғай орнап. Болары болып, бояуы сіңгеннен соң, Қорғанып қор болады несін қорған (Айтыс).

АБАЛА е т. *Өршеленіп үру.* Далада ит *а б а л а д ы,* бала-шаға шуласып жиналып жатыр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кейбір тентек балалар Арттан топырақ шашады Жүгіріп иттер *а б а л а п,* Айнала арсылдасады (С. Сейфуллин, Шығ.). Тыстан *а б а л а п* ит үргені естілді де, бірақ лезге бармай басыла қалды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АБАЛАТ *Абала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әр ауылдың баласын қорқытып, итін *а б а л а т ы п...* көпті үркітіп кеткен еді (М. Әуезов, Абай жолы). Осы кезде бір арбалы, бірнеше салт аттылар иттерді *а б а л а т ы п* сау ете қалды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Иттерін *а б а л а т а* жүгірген ішілер қараңғы көшелерде ерсілі-қарсылы жүгірумен болды (Қ. Исабаев Ажал құрсауы.).

АБАЛАУ *Абала етістігінің қимыл атауы.* Күндестік те еліңнен, Қамалау да еліңнен, Табалау да еліңнен, *А б а л а у* да еліңнен (Дастандар).

АБАТ и р. с ы н. *Бай, берекелі.* Бұл күнде елім азат, жерім *а б а т,* Заманды көрді қазақ қашан мұндай (І. Жансүгіров, Шығ.). Дариядан бұрып су әкеліп шөлін қандырсаң, жерін гүлдендіріп елін *а б а т* етсең, ол ел жақсылығын сенен тартар ма, алғысын сенен аяр ма (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Біреуді өздерінен әкім қойды Табатын ақылменен әр түрлі ойды. Еттіріп елін *а б а т* бұрынғыдан, Тамаша ат шаптырып берді тойды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АББАТ з а т. *Католик монастырының бастығы.*

АББРЕВИАТУРА з а т. *Қысқарған сөз және жазудағы қысқарған шартты белгілер. Мыс., Колхоз, совхоз, партбилет, МТС, КПСС, т. б. (тағы басқалар), с. с. (сол сияқтылар), т. т. (тағы тағылар).*

АБДӘСТЕ и р. з а т. с ө й л. Әбдесте. *А б д ә с т е с і* қолында, Орамалы қарында (Қобыланды).

1. АБДЫРА з а т. *Киім-кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.* Ескі *а б д ы р а н ы* ақтарып, кемпір Рабиғаның тәуір киімдерін өперген боп жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Шайзада *а б д ы р а ғ а* салып үйге қояйын десе, тай тұяқ жамбы үйге сыймайды. Етханаға қояйын десе, оған болмайды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Шеттегі *а б д ы р а* сандыққа сүйеніп кішкене домбыра тұр, керегеде үлкен бір папка ілулі тұр (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

2. АБДЫРА е т. *Сасу, абыржу, сасқалақтау, қысылу.* Біраздан соң Ғайнидің шырайы, көз түрі бірден өзгеріп, не шошынған, не *а б д ы р а ғ а н,* не қуанғандай көз шарасы үлкейе қалды (С. Сейфуллин, Әңгім.). Төре алдына барғанда *а б д ы р а й с ы ң* да қаласың (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Нағима жұрт алдында арланып, қызарып кетті. Дәй қара балаша сасып, *а б д ы р а п* қысылып қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АБДЫРАҒЫШ с ы н. *Асып-сасқыш, абыржығыш, қысылғыш.* Ол болмаған жерден *а б д ы р а ғ ы ш*-ақ еді (Ауызекі тіл.).

АБДЫРАДАЙ с ы н. *Абдыра сияқты үлкен.* Төргі үйден *а б д ы р а д а й* бірденені сүйреп шығара берді (Ауызекі тіл.).

АБДЫРАҢҚЫРА е т. *Сасыңқырау, абыржыңқырау, қысылыңқырау.* Қойшы бірнеше күн жүргеннен кейін бір елге келді. Келсе ел-жұрты жиналып, *а б д ы р а ң қ ы р а п* шаршап отыр екен (Манас).

АБДЫРАС е т. *Абдыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Еш біріне қарамай, Есікке көкжал барыпты. Ата ұлдары қозғалмай, *А б д ы р а с ы п* қалыпты (Манас). Бес-алты табақшы сасқалақтай абыржып, дүрсілдетіп келіп, ет үйдің есігінің алдына *а б д ы р а с ы п* тізіле қалды (С. Сейфуллин, Шығ.).

АБДЫРАСУ *Абдырас етістігінің қимыл атауы.*

АБДЫРАТ *Абдырат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сыңғырлай күлген екі баланың даусы Сағынды күтпеген жерден *а б д ы р а т ы п* тастады (М. Сүндетов. Балық аула.). Қатпаған қабырғасы жас баланы Дәу қалмақ *а б д ы р а т т ы,* жабырқатты (Е. Қандеков, Өленд.).

АБДЫРАТУ *Абдырат етістігінің қимыл атауы.*

АБДЫРАУ *Абдыра етістігінің қимыл атауы.* Өз ісіне қанық адамның кескін-кейпінде *а б д ы р а у* дегенің мүлде болмайды («Лен. жас»).

АБЖАД а р. з а т. *Санды әріптермен белгілеп, сөзді цифрмен жазу үшін пайда-*

ланылған алфавит жүйесі. А б ж а д ертедегі мұсылманша мектептерде оқытылған (ҚСЭ).

АБЖЫЛАН з а т. 1. *Үлкен жылан.* Мыс егіп көбік қарға алтын ордым, Ізіне *а б ж ы л а н н ы ң* қақпан құрдым (Қырық өтірік). Ысқырып өрмелеген тау мен тастан Мен көргем *а б ж ы л а н д ы* сұры қашқан (Жамбыл).

2. А у ы с. *Жауыз, қан ішер.* Ұрттайды ол қолын тосып аққан қаннан, Жиренді ел жаман көріп *а б ж ы л а н н а н.* Рақымсыз Наурызбайдың бұл қылығы Сорақы, соқыр, мылқау жыртқыш аңнан (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғын.). Иреңдеп кіріп, сүйреңдеп шығып тұрған *а б ж ы л а н* емес пе, айыр тілін жұлу керек (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АБЖЫЛАНДАЙ с ы н. *Абжылан сияқты.* Саймандарын сайланып, Алтыннан кемер байланып, *А б ж ы л а н д а й* толғанып, Шұбарға қарғып мінеді (Алпамыс). Көнбесе көзі жетіп өз бетімен, Аранын *а б ж ы л а н д а й* ашып отыр, Бәрін де жоямыз деп жер бетінен (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғын.). Шекесін күл ғып шақкан күн Қабан қарын бай, манап. Сазайларын тартқан күн *А б ж ы л а н д а й* молданың (Қ. Аманжолов, Шығ.).

1. **АБЗАЛ** а р. з а т. с ө й л. Әбзел (2-омон.). Қуанышынан көзінен жас та шықты. Ат қораға барып ат *а б з а л д а р ы н ы ң* кемшілігін түзей бастады (Мың бір түн). Арада бір-екі апта еткеннен соң, Баруды мақұл көрді шын қиялым. Жайнатып жақсы ат мініп, асыл киіп, Түзеттім айыл-тұрман, ат *а б з а л ы н* (Үш ғасыр.).

2. **АБЗАЛ** с ы н. 1. *Қадірлі, құрметті, ардақты.* Өте қысқа хат сөзі; әрі сараң, Батыс жаққа тоқтаусыз кетіп барам. Өзім еккен жүдетпе алма бағын, Көрікшенше қош, сау бол, *а б з а л* анам! (С. Омаров, Сәукен). Сонда да ен далада еңбек еткен *а б з а л* адамдар толып жатыр (Б. Сыланов, Жүзім шоқтары). Ыбырай секілді *а б з а л* азаматына ой қанатын қақтырып, жомарт көңіл берді (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). 2. *Жөн, дұрыс, орынды, қолайлы.* Күнә үстіне күнә жамалғанша қазір қайткан *а б з а л* болар; Онда колхозға түгел көшкендерің *а б з а л* болар (Т. Нұртазин, Мұрат). Рахмет сізге, шамаңыз келсе, еңбектене бергеніңіз *а б з а л,* еңбегіңіз жансын! (З. Иманбаев, Дала көктемі).

АБЗАЛДЫҚ з а т. *Қасиеттілік, ардақтылық, сыйлылық.* Иә, біздің совет адамдарының дарқан *а б з а л д ы ғ ы* осындай. Көңіліміз көктем шуағы, нұр да, жаз да әлемге бізден таралады («Қаз. әдеб.»). Иә, кім боламын, өмірдегі орным қайсы, кәдеге қалай жараймын деп толғану қалай да *а б з а л д ы қ т ы ң* нышаны («Лен. жас»).

АБЗАЛЫ ү с т. *Дұрысы, жөні.* Сен тимесең мен тимейін, бадырақ көз, *а б з а л ы* жайыңа жүргенің мақұл деген екен бір қазақ (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АБЗАЦ з а т. 1. *Жазудағы азат жол, кейін шегіндіріп жазған жол басы.* Хатты үнемі *а б з а ц т а н* бастап жазу керек (Ауызекі тіл.).

2. *Екі азат жолдың аралығындағы контекст.* Өзіңіз керек еткен кітаптың тұтас *а б з а ц т а р ы* мен беттерін көшіріп алу үшін әлденеше сағат сарылып отырмайтын боламыз («Қаз. әдеб.»).

АБЗЕЛ з а т. с ө й л. Әбзел (2-омон.). Алдыңғы бөлмеде шам жарығына салып ат *а б з е л і н* жамап отырған әкесін көрді (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр).

АБИТУРИЕНТ з а т. *Орта білім беретін оқу орнын бітіруші және жоғары оқу орнына түсуші.* Сіз көп ұзамай жоғары оқу орындарының *а б и т у р и е н т т е р і* болатын мектеп бітірушілерге қандай тілектер білдірер едіңіз? («Лен. жас»).

АБИЫР з а т. 1. *Абырой, бедел, жақсы атақ.* Еншалла, сөйле десең сөйлер шағым, Епкімнен мүдірген жоқ тіл мен жағым. Алармын алла берсе *а б ы р д ы,* Кетпесе қайтып алып берген бағын (Айтыс.) Еті қызған мырзалар Беріп салса қызумен, Келінге болар *а б ы р,* Еліңе болар тағы үйір (С. Сейфуллин, Шығ.). Мынау бізге *а б ы р* таптырмайды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

2. *Жалаңаш дене, тән, әурет. А б ы р ы н* жабатын шүберегі де жыртылып қалған соң, байынан киім сұрап еді, байдың жауабы қысқа болды (С. Шарипов, Шығ.). Тым болмаса *а б ы р ы м д ы* жапқандай бір көйлек алып бермейсің, қайтіп жүрттың көзіне көрінемін, — деді әйел (Бұл да).

◆ **Абыырды шашты.** *Ұятқа қалдырды.* Мені шын жеңемін деп желікпейақ Қойындар *а б ы р д ы ш а ш п а й,* төкпей (Жамбыл). **Абыыры төгілді.** *Масқара болды, ұятқа қалды.* Оның баяғы даңқына байлар желігіп, әкеп күреске салып, байғұсты әурелеген екен. *А б ы ы р ы т ө г і л і п* қалды (І. Жансүгіров, Шығ.).

АБИЫРЛЫ с ы н. *Абыройлы, беделді.* Бай болам деп ойлама, Қойды сүйреп, жылқы ұрлап, *А б и ы р л ы м ы н* деп ойлама, Әркімге типп бұрқылдап (І. Жансүгіров, Шығ.).

АБИЫРСЫЗ с ы н. 1. *Абыройсыз, беделсіз.* Дүниеде көп алдында *а б и ы р с ы з* болған жаман (Ауызекі тіл.).

2. *Ұятсыз, көргенсіз.* Мынауың бір *а б и ы р с ы з* адам ғой (Ауызекі тіл.).

АБЛЫҚ е т. к ө н е. *Жүрегі алып-ұшу, лоблу, алқыну.* Қатандау көкірегіне тиді қолы, *А б л ы ғ ы п,* болғаннан соң ердің жолы. Қай жақтан келіп қалған қарақшы ед деп, Ханшаны қатаң ашу қысты долы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АБОНЕМЕНТ з а т. *Бір затты белгілі бір уақыт аралығында пайдалану үшін бір не бірнеше адамға берілген право; документ қағаз.*

АБОНЕНТ з а т. *Абоненттік правоның (документтің) иесі.*

АБОНЕМЕНТТІК с ы н. *Абонемент үшін берілген.* Газға ақша төлеу үшін *а б о н е м е н т т і к* кітапшаны және пеш паспортын алып, мекемеге таңертеңгі сегізде баруың керек («Лен. жас»).

АБОРИГЕН з а т. *Белгілі бір жердің ежелден келе жатқан тұрақты тұрғыны.* Теңіз жағасына қуылған *а б о р и г е н д е р д і ң* бір бөлегі балық аулаумен күн көруге тырысты (Ауызекі тіл.).

АБОРТ з а т. *Іштегі баланы уақытынан бұрын операция жолымен алдыртып тастау.* Бала бітсе де *а б о р т* жасатып алдырып тастаймын! — деп, Жібек қайта жиырылды. Мына сөзінен зәрем ұшып кетті (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Оны әйелдер босанғаннан кейін жатырда қан қысымы төмендеп, жатыр жалпы әлсіреген-де, қан көп кеткенде, *а б о р т* жасағанда қолданады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Бедеулiктің екінші түрі босанғаннан немесе *а б о р т* жасатқаннан кейін сырқаттанудан болуы да мүмкін (К. Өтегенова, Бедеулік.).

АБРИКОС з а т. *Сары өрік тәрізді дәні бар тәтті жеміс.* Алма мен алмұртты қабығы мен дәнінен тазартып, жұқалап, түйірлеп турайды, ал *а б р и к о с т ы,* өрікті ішіндегі сүйектерін алып тастап, ұзына бойымен жарып турайды (Келіншектер.). Баланың екі құйрығының аралығына, шабына қайнатқан күнбағыс майын немесе *а б р и к о с* майын жұқалап жағып қойған жөн (К. Өтегенова, Бедеулік.).

АБСОЛЮТ з а т. 1. *Идеалистік философия ұғымында әлемнің мәңгілік өзгермейтін алғашқы негізі (рух, сана).*

2. С ы н. *Тұрақты, тиянақты.* Дағдарыс кезінде товар мен оның құн бейнесі ретіндегі ақшаның арасындағы қарама-қайшылық *а б с о л ю т* қайшылыққа ұласып өседі (К. Маркс, Капитал, І, 152). Теріс санға қарама-қарсы оң сан оның *а б с о л ю т* шамасы деп аталады (Алгебра).

АБСОЛЮТИЗМ з а т. *Шексіз монархия, өкіметті дара басқару.* Өзі де буржуазиялық дамудың жемісі болған корольдік өкімет *а б с о л ю т и з м г е* ұмтыла отырып, бұл жасақтардың жаратылуын күшпен шапшаңдатқанымен, бірақ оның өзі жасақтардың жаратылуының бірден-бір себебі болған жоқ (К. Маркс, Капитал, І, 728). А. Н. Радищев бірінші болып *а б с о л ю т и з м г е* қарсы шықты (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

АБСОЛЮТТІ с ы н. *Тұрақты, тиянақты; шетсіз, шексіз.* Лениннің көрсеткенiндей қарама-қарсылықтың қандай болсын бірлігі относительді, уақытша, өткінші нәрсе, ал қарама-қарсылықтардың күресі *а б с о л ю т т і* нәрсе (Маркстік филос.). Егер қосымша құнның капитал мен табысқа бөлінетін ара қатынасы белгілі болса, онда қорланған капиталдың мөлшері қосымша құнның *а б с о л ю т т і* мөлшеріне байланысты болатын болу керек (К. Маркс, Капитал, І, 610).

АБСОЛЮТТІК з а т. с ө й л. *Тұрақтылық, шексіздік.* Қозғалыс өзінің табиғаты жағынан *а б с о л ю т т і к* нәрсе болады да, өзінің нақты көрінісі жағынан относительді нәрсе болады; Қарама-қарсылықтар күресінің *а б с о л ю т т і г і* қозғалыстың бір минут те тоқтамайтындығын... көрсетеді; кеңістік пен уақыттың объективтік өмір сүруі құбылыстардың алмасуына, материалдық заттардың тілеген өзгерістеріне тәуелсіз болуының өзі — кеңістік пен уақыттың *а б с о л ю т т і г і н і ң* белгісі (Маркстік филос.).

АБСТРАКТ з а т. *Жалпы дерексіз ұғым.* Мұғалімдеріміз де кейде өзінің талдау мәдениетін жетілдіру орнына сөзуарлыққа, жорамалы *а б с т р а к т* баяндамаларға әуестенді («Қаз. әдеб.»). Сонымен, әуелі біз қорлануды *а б с т р а к т* түрде, яғни өндірістің тікелей процесінің жәй кезеңі ретінде алып қарастырамыз (К. Маркс,

Капитал, I, 576). Теория жүзінде *(абстракт* түрде) отарларсыз да мүмкін болады (В. И. Ленин, Шығ., 36, 315).

АБСТРАКТЫ с ы н. *Жалпы дерексіз ұғымды.* Қиялдар мен ой операциялары арқылы жасалынып шыққан жинақты образ түрлі мінез-құлықтарды, яғни оқиғаларды жалпылап бейнелейтін болғанымен ол *абстрактты* образ емес, ол көрнекі образ (М. Мұқанов, Бақылау.). *Абстрактты* (жалпылық) зат есімдер деп әдетте ойлау қабілеті арқылы танылатын затпық ұғымдардың аттарын білдіретін сөздерді айтамыз (Қазіргі қаз. тілі).

АБСТРАКТЫЛЫ с ы н. *Дерексіз жалпы ұғымды.* Тарихи материализмнің тарихтан өзгешелігі — ол *абстрактылы* теориялық методологиялық ғылым; сананың ең жоғары формасы логикалық *абстрактылы* ойлау тек адамда ғана бар ең кемелді қалыпқа келген жүйке тамыр системасы оның жоғары бөлімі мидың болуымен байланысты (Марксгік филос.). Мидың және екінші сигнал системасының дамуына сана мен *абстрактылы* ойлаудың дамуы байланысты (Адам анатом.).

АБСТРАКТЫЛЫҚ с ы н. *Дерексіздік, дерексіз жалпы ұғымдылық.* Эквивалент болатын товардың тұлғасы әрқашан *абстрактылық* адам еңбегінің бейнесі ретінде көрінеді және сонымен қатар әрқашан белгілі, пайдалы, нақты еңбектің өнімі болып табылады; *Абстрактылық* адам еңбегі затқа айналған, яки материалдық түрге енген (К. Маркс, Капитал, I, 54).

АБСТРАКЦИОНИЗМ з а т. *Ойды дерексіз жалпы ұғымға негіздеу.* Бұл жауапты іс кім көрінгеннің ермегіне беріліп, балаларға арналған шығармаларды көркемдеуге формализм мен *абстракционизм* көріністерінің түрлі машықтарына жол берілген («Қаз. әдеб.»). Искусстводағы *абстракционизм* осының бәрінен де асып түседі. Абстрактылы сурет салу үшін ешқандай оқудың да, білімнің де, шеберліктің де қажеті жоқ (Бұл да).

АБСТРАКЦИОНИСТ з а т. *Абстракцияға ұрынушы.*— Есенин, Вольгин секілді жаны ауруға шалдыққан *абстракционистер* қазақ поэзиясында да бар ма деп ойлаймын,— деп Медеулов маған қарады (С. Мәуленов, Жер нәрі).

АБСТРАКЦИЯ з а т. *Ұғыммен тұжырымдалатын және табиғаттың немесе қоғамның материалдық процестерінің ішкі мәнін жалпы түрде бейнелейтін ғылыми ой.* Ойлау шындықты *абстракциялар* формасында бейнелейді, ол зат туралы тікелей түсініктерге тоқталмай, ондағы бастыны, мәндіні бөліп алып қарайды (Марксгік филос.). Жалпылау мен *абстракция* тығыз байланысты. Кейде заттардың, құбылыстардың өздеріне тән ерекшеліктерін жалпылап бір қалыпқа келтіргенде, олардың қасиеттерін ойымызда біріктіреміз (М. Мұқанов, Бақылау.).

АБСТРАКЦИЯЛАН е т. *Жалпылану, дерексіздену.*

АБСТРАКЦИЯЛАНДЫР *Абстракциялан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Грамматика өз ережелерін жеке және нақты нәрселерден *абстракцияландырып* алады (Ауызекі тіл.).

АБСТРАКЦИЯЛАНДЫРУ *Абстракцияландыр етістігінің қимыл атауы.*

АБСТРАКЦИЯЛАНУ *Абстракциялан етістігінің қимыл атауы.*

АБСТРАКЦИЯЛАУ *Абстракцияла етістігінің қимыл атауы.* Салыстыру операциясы *абстракциялау* ой операциясымен тығыз байланысты (М. Мұқанов, Пед. очерк). Тенденция мен тенденциялдық бір емес. Образға ылғи ғана түсінік берсек, ол *абстракциялау* тәсілі болмақ («Қаз. әдеб.»).

АБСТРАКЦИЯЛЫ с ы н. *Абстракция жасалған, абстракцияланған.* Құрмалас сөйлемдердің пайда болуы олардың *абстракциялы* жұмысының нәтижесі (Қазіргі қаз. тілі).

АБСТРАКЦИЯЛЫҚ с ы н. *Абстракцияға тән.* Азбест өзінің *абстракциялық* қасиетіне сай цемент ертіндісімен тығыз және мықты қосылыстар құрайды («Лен. жас»). Дерексіз *абстракциялық* ұғымдарды да бұдан артық жандандыруға, қолмен ұстағандай ету мүмкін емес шығар (Ә. Тәжібаев, Өмір).

АБСТРАКЦИЯШЫЛ с ы н. *Абстракцияны жақтаушы. Абстракцияшылдар* шындықты көркем образдар арқылы бейнелеудің реалистік формасын бекерге шығарады (Марксгік филос.).

АБҰЙЫР *з а т. с ө й л.* **Абиыр.** Жанжалдың жиі болуы Жалшыны қысып езгеннен. Ұятсыз сабыр, алдаушы *Абұйыр,* ардан безгеннен (С. Сейфуллин, Шығ.). Әлібектің сөйлеуі тіл мен жағы, Жаман жақсы қосылмас ынтымағы. Ақ Айман, *абұйыр* мен ұят керек, Табылса әрбір

жерден сөздің ағы (Айман — Шолпан). Әдейі арнап астана Жіберген болса, ойлаңыз. Күлкі боп доска, басқаға, *А б ұ й ы р*, арды жоймаңыз (Н. Шакенов, Айгүл).

◆ **Абұйыры түсті.** *Беделі төмендеді.* Бір жақтан саудасы нашарласа, екінші жақтан *а б ұ й ы р ы т ү с і п*, адамшылықтан, кетіп барады (С. Шарипов, Шығ.).

АБҰЙЫРЛЫ с ы н. с ө й л. **Абиырлы.** Біреуі сондай шариғатқа теріс, ақылға *а б ұ й ы р л ы*, бойға теріс, адамшылыққа кесел қылық (Абай).

АБҰЙЫРСЫЗ с ы н. с ө й л. **Абиырсыз.** Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп, *А б ұ й ы р с ы з*, атақсыз көрге құлар (Абай). Ақыры *а б ұ й ы р с ы з* тынғанға ұқсайды, бәрінен Дайырдың келеке еткені батады (З. Иманбаев, Дала көктемі).

АБҰЙІР з а т. с ө й л. **Абиыр.** Атақ, ізет, *а б ұ й і р* сақтамасақ, Біреумізден шырағым төгілді айран; Қобыз қылы қолында мен ғой — Бармақ, Әлден келсе *а б ұ й і р* әркім алмақ (Жамбыл). Оның кетуге бел байлағанын сезгенде, атағымызды шығарып, *а б ұ й і р і м і з д і* кетірер дедік (А. Лекеров, Түз гүлі).

АБХАЗ з а т. *Абхаз АССР-інің негізгі халқы.* Грузин ССР-інде армян, азербайжан, *а б х а з*, осетин т. б. тілдегі мектептер бар (Семья тәрбиесі).

1. АБЫЗ а р. з а т. к ө н е. 1. *Көп білетін, білімді адам, білгір.* Жасамыс жазы да бар кәріліктің, Тындадым өн ырғағын, сазын ұқтым. *А б ы з д ы ң* ақылындай шалқып жатыр, Таудағы тасын шағып тамызықтың (Ж. Сыздықов, Белестер). *А б ы з д а р* планеталарды өздері табынатын құдайларының атымен Юпитер, Марс, Венера т. т. деп атайтын болған (Х. Әбішев, Халық астроном.). *А б ы з ы* Абай болса, сопысы сұрқия болар ендігінің (М. Әуезов, Абай жолы). 2. *Сәуегей, көріпкел.* Мұқанның бұл ақыны өткенді баяндайтын шежіре немесе болашақты болжайтын *а б ы з* емес (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Баяғыда қыпшақ елінде Байсерке деген айтқыш болыпты. Оны ел дуалы ауыз, *а б ы з* деп атапты (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). Баяу ханның пір тұтып жүрген бір *а б ы з ы* бар екен, сол есіне түседі (И. Байзақов, Шығ.).

2. АБЫЗ з а т. ж е р г. *Ырық, билік,* Итжемес — Сүйеу қарттың жақын інісі. Соның *а б ы з ы н д а ғ ы* адам. Биыл әйел әперіп, еншісін беріп бөлек шығарды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қара жамылып келіншегі қалды артында, балалы әйел болса бір сәрі, балалы әйел бұтаға оралған торғайдай *а б ы з ы ң н а н* шығып кетпес, ал баласы жоқ келіншекті қалай ұстарсың (Бұл да).

АБЫЛАЙША з а т. *Керегесіз, уықтан тігілген шағын киіз үй, қос.* Ақ *а б ы л а й ш а н ы ң* жан-жағы түріп тасталынған. Іші көрпе, жастық, кілем, ішік, жиған жасауға жайнаған (І. Жансүгіров, Шығ.). Сыртта қара қазанда шымыр-шымыр қайнаған жылқы етінің исі *а б ы л а й ш а* қостың ішінде де аңқып тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АБЫҢ-КҮБІҢ ү с т. *Асығыс, қарбалас. А б ы ң-к ү б і ң* қарбалас жандардың жүздерінен үлкен тілеу мен зор үміттің нышаны сезінеді (К. Оразалин, Көктем салқыны). Пристань басы *а б ы ң-к ү б і ң* әңгіме, әрлі-берлі ағылған ала шұбар тобыр (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

АБЫР-ДАБЫР ү с т. *Опыр-топыр, абыр-сабыр.* Кешеден бері ауыл *а б ы р-д а б ы р* келіп, той басталды (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол көбінесе таңертең ертемен көшенің *а б ы р-д а б ы р ы* аз мезгілде шахтаға жетіп алуды ұнатады (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). *А б ы р-д а б ы р* купе іші қарбалас, Әлі жүктер жайғасқан жоқ аралас (М. Әлімбаев, Тың өлке). Жаңа ғана тыныш тұрған асхананың іші кірешілер келгендей *а б ы р-д а б ы р* болып, шуға толып кетті («Лен. жас»).

АБЫРЖУ *Абыржы етістігінің қимыл атауы.* Сапарғалимен қостас болып жатқан сол үйдегі ағайындас өзге жұмыскерлердің де *а б ы р ж у ы* әлі де басыла қойған жоқ еді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Ановтың түрінде қатты *а б ы р ж у* бар (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Мұрттыдан әмір алған атты полицейлер мен казактар қамшыларын үйіре ұмтылды, жиналған топқа *а б ы р ж у* кіре бастады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АБЫРЖУШЫЛЫҚ з а т. *Сасқалақтаушылық, тыныштықсызданушылық.* Деев сөзін аяқтай берген кезде қасына Велюйский келе қалды, бет-әлпетінде *а б ы р ж у ш ы л ы қ* бар (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Қаратаудан аса соққан дүлей боран... шопандар арасында *а б ы р ж у ш ы л ы қ* та, қауіптенушілік те тудырды («Лен. жас»).

АБЫР-ЖҰБЫР үст. *Абыр-дабыр, жапыр-жұпыр.* Мақұл, мақұл! — десті тұстұстан шулап *абыр-жұбыр* мойындарын созған жасақшылар (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АБЫРЖЫ ет. *Сасу, қысылу, әбігерлену, не істерін білмей абдырау.* Қадала қарап әрнемені бір айтып *абыржыған* көптің үміті де сол көтерілген шаң төрізді бірте-бірте басыла берді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Есі шығып кеткендей Ауыл біткен *абыржып* Сұмдық болды деп нендей, Күрсінеді қалың жұрт (С. Мәуленов, Бала жолбарыс). *Абыржыған* жұрт өбден үміт үзген кезде асау толқын жаңадан шығына көтереді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Төре, сіз оған *абыржымаңыз,* бәрі өзіміздің ел ғой, бір лажын табармыз (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АБЫРЖЫҢҚЫРА ет. *Сасыңқырау, қысылыңқырау, әбігерленіңкіреп қалу.* Нәзікеннің алдында мен бұрын да *абыржыңқырап* қалушы едім, соның салдарынан әлі де арылмаған екенмін (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Есеналы *абыржыңқырап* қалды (Ж. Тілеков, Қайнар).

АБЫРЖЫҢҚЫРАУ *Абыржыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АБЫРЖЫС *Абыржы етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сол кеткеннен мол кетіп қой да жоқ, Жақан да жоқ. Енді көз байланғанша келмеген соң жаңа *абыржысып* жүгірісіп жүр екен (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Ауыз үйдің есігі ашылып, отырғандар тегіс түрегелісіп, *абыржысып* қалды (К. Оразалин, Ақ жазық).

АБЫРЖЫСУ *Абыржыс етістігінің қимыл атауы.*

АБЫРЖЫТ *Абыржы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Салды бір сұлу әндер тамылжытып, Жаныңды әлдилеп не *абыржытып,* Есеттер емірене қалды ұйып (Ғ. Орманов, Таңд.). Ой меңзеп ұйқы-тұйқы *абыржытты,* Жат хабар жүрегіне қанжар тықты. Болды ол тұла бойы жаншылғандай, Бір зілдей көтере алмай ауырлықты (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АБЫРЖЫТУ *Абыржыт етістігінің қимыл атауы.*

АБЫРОЙ ир. зат. 1. *Бедел, қадір, жақсы атақ.* Маған атақты бояушы ата-бабамның *абыройы* қымбат. Білсеңіз айтарым — осы (Ғ. Сыланов, Асау арна). Дәулет пен бақ, *абырой* керек нәрсе өмірге. Бұл үшеуі болмаса, не қызық бар өмірде (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). *Абыройды,* атақты Алып берген осы май. Шындық жеңіп шынайы Шарықтатқан осы май (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

2. Ауыс. *Адамның жыныс мүшесі, тән.* Міне тағы бір ғажап көрініс. Комиссия бөлмесінен *абыройын* басып, тыр жалаңаш уыздай жас жігіт шықты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Төсектің алдында әлгі өгіздей неміс *абыройы* ашылған күйде жан тәсілім етіп, тырайып жатыр (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

◆ **Абырой болғанда.** *Сәтіне қарай, сәті түскенде.* Мұндайда не істеу лайық екенін өздігінен біле де қоймас еді, *абырой болғанда,* дәл осы сәтте Нағима жүгіріп кеп Сәрсеннің мойнынан құшақтай алды (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Абырой болғанда* кезегі жетпегендіктен бұл екеуінің де істерін әлі қолға алған жоқ екен (Ж. Саин, Жол үсті.). **Абыройы ашылды.** *Ұятқа қалды, масқара болды.* Жастығынан қорықтың ба, *абыройымды ашар* деп қаймықтың ба, әйтеуір жалынышты жалп етек болдың (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Қол ұстасып, қыз Назым, Уағда қылсам сенімен, Бір жаман келіп малы көп Алып кетсе айырып, *Абыройым ашылар,* Қайтыменен басылар Ат басында жүрегім (Қамбар батыр). **Абыройын аяққа басты.** *Масқара етті, ұятқа қалдырды.* Ата-ананың *абыройын аяққа басқан* қыздың балалыққа не сәні бар? (Б. Майлин, Шығ.). **Абыройын жапты.** *Беделін сақтап қалды, қорғады.* Я, болыстың *абыройын жапқаны* рас. Мен оның мұндай мықты екенін білген жоқ едім (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Абыройы кетті, абыройы түсті, абыройдан айрылды.** *Беделі түсті, масқара болды.* Уәдеден таю жолдасының алдында *абыройың кетумен* бірдей (А. Байтанаев, Болат). Олар ел алдында Алдар көсенің *абыройын түсіру,* халыққа жеккөрінішті адам етіп көрсету жайын да қарастырған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). Бірақ келесі минутта-ақ Оспан өзінің тентектігін танытып, *абыройдан айрыла* бастады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Абыройын төкті, абыройын айрандай төкті.** *Әбден масқара қылды, ар-ұятын айырды.* Азғын болып туған ит Уағдадан тайып, ант ұрып, *Абыройын төкті* ғой (Батырлар жыры). Дәмеш ағасының *абыройын төгіп* газетке шығарды, оны азсынғандай сыртынан ажуа қылады

(З. Шашкин, Теміртау). Түнеу күні жиылыста «Атқа мінер бұзық» деп, жұрт көзінше *абыройымды айрандай төктің* (Б. Майлин, Шығ.). Ана, анығына жетпей *абыройымды айрандай төккеніңіз* қалай? (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

АБЫРОЙ-АТАҚ з а т. *Даңқ, жақсы ат.* Біздің конституция талай жылдар жалықпай, елімізбен бірге ауыр күндерді басынан атқарған *абырой-атаққа* ие болып, зор құрметке бөленген пенсионерлердің де конституциясы (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Ауданнан келген өкіл қайта-қайта сөйледі. Өмірбектің өмір жолын айтты. Қайда істесе де *абырой-атаққа* ие болып келе жатқанын айтты (С. Шаймерденов, Мезгіл). Сен барлық *абырой-атағыңды* осы жұмыстың сәтін түсіруге жұмсайсың (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АБЫРОЙЛЫ с ы н. 1. *Әбүйірлі, жақсы атақты.* Қалайы түсті сұлу, биік бойлы, Ер-сынды келбетіне көзің тойды. Қылығы, мінезі де жат көрінбес, Істе де, әдетте де *абыройлы* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Жолың болсын, аман барып *абыройлы* қайт! деген дауыстар алыстан естіледі (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Айсұлулар да астықты төкпей-шашпай жинап алып, *абыройлы* болғысы келеді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

2. *Ойдан шыққандай, көңілдегідей.* Той жабдығы бізге тапсырылатын болса, *абыройлы* өтуіне жанымызды саламыз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әйелдер өзінің жаңа міндетін *абыройлы* атқара жүріп, көп жайларда семья алдындағы міндеттерін де жеке-дара атқарып жүр (Келіншектер.). Бұл жорықтың *абыройлы* орындалуы мына сендерге ғана байланысты (Х. Есенжанов, Тар кезең).

3. *Сыпайы, әдепті.* Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі, *Абыройлы* қалжыңмен келсін сөзі (Абай).

АБЫРОЙЛЫЛЫҚ з а т. *Жақсы атақтылық, әбүйірлілік. Абыройлылық* адамның мандайына жазылып қойылмаған. Ол мектеп көреді, өмір табалдырығын аттайды («Лен. жас»).

АБЫРОЙСЫЗ с ы н. *Қадірі жоқ, беделсіз.* Мен сізге кім абыройлы, кім *абыройсыз*, муны айырып бере алмаймын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Өзің кеткеннен бері колхозымыз *абыройсыз* емес (А. Хангельдин, Біздің от.). Далақтасып келгендері болмаса *абыройсыз* қайтатындарын енді ғана білгендей, Жұман тобы да өзінен өзі ыдырай бастады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АБЫРОЙСЫЗДЫҚ з а т. *Қадірі жоқтық, беделсіздік.* Шаңғыны сұрап алған едім, қолайсыздық жасадым ба, *абыройсыздыққа* кездестім — біраз зуланнан кейін ағашы жарылып кетті (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Іштен шыққан перзентін жамандыққа *абыройсыздыққа* қимайтын ана («Лен. жас»). Әкелік намыс *абыройсыздыққа* ұшыраса не деп қорғайды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АБЫР-САБЫР ү с т. *Асығыс-үсігіс, қарбалас.* Кереку дуаны *абыр-сабыр* қаладан қашып жатқан малай, келіп жатқан жатақ (І. Жансүгіров, Шығ.). Дөңгеленіп тұрғандар екі бөлініп, *абыр-сабыр* арбаға мініп жатқанда, қайсысына қарай бұрыларымды білмей қалырып қалып едім (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АБЫСЫН з а т. *Ағайынды адамдардың әйелдері.* Сен түсіндірші, Бақытжан, аға інісін, бала әкесін, нағашы жиенін, *абысын* келінін сынамасын деген заң бар ма? (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала). Кимешекті әйел үн-түнсіз ауру *абысынға* көзінің астымен қарайды (Ғ. Орманов, Көктем лебі). Ағайын тату болса, ат көп, *Абысын* тату болса, ас көп (Мақал).

АБЫСЫНДЫ с ы н. *Абысыны бар.* Ел едім ағайынды, *абысынды*, Қамшының сазға тастап сабы сынды, Қартайып енді менің сағым сынды (Бозінген).

АБЫСЫН-АЖЫН з а т. *Туыс, ағайындас адамдардың әйелдері.* Күнке Ұлжанды *абысын-ажынға* да, ағайын-жақын үлкенге де, тіпті бала-шағаға да жамандай бергіш боп еді (М. Әуезов, Шығ.). Бұрынғыдай ауысып тамақ беру *абысын-ажын* арасынан кеміп кетті (Б. Майлин, Шығ.). Әйелдер жағы *абысын-ажын* боп ауыз жаласып кетті. Дос пен Мәнкенің арасы тіпті жақын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АБЫСЫН-АЖЫНДАЙ с ы н. *Абысын-ажын сияқты.* Маржанбикелер Айжанмен жақын *абысын-ажындай* болып, шүйіркелесіп сөйлеседі (Б. Майлин, Шығ.).

АВАНГАРД з а т. 1. *Шабуыл кезінде әскер күштерінің алдыңғы шебінде жүретін жауынгерлер тобы. Авангарды-*

ның беті қайтқан жау кейін шегінді («Лен. жас»).

2. А у ы с. *Бұқараны басқаратын қоғамдық топтың алдыңғы қатардағы бөлігі.* Совет жастары және олардың жұрт таныған *авангарды* — Ленин комсомолы партия мен халықтың үміттерін абыроймен ақтап келеді («Лен. жас»).

АВАНГАРДТЫҚ з а т. *Алдыңғы қатарда болушылық.* В. И. Лениннің талабы бойынша программа жобасында партияның пролетарлық сипаты жұмысшы табы гегемониясының идеясы анық көрсетіліп, жұмысшы қозғалысында партияның *авангардтық* және басшылық ролі дәл аталды (КПСС тарихы, 58).

АВАНС з а т. *Алатын жалақының есебінен алдын ала берілетін ақша не зат. Аванс* беру дегеніміз — колхозшылардың еңбегіне бөлінетін табыс есебінен алдын ала бөлшектеп ақы төлеу (А. Шайбеков, Колхоз.). *Аванс* алған табыстан Мың сомдары бар екен (С. Ерубаев, Шығ.). Ай сайын *аванс* беріп, мал сатып әперуді ұйымдастырасыздар (Қ. Оразалин, Ақ жазық).

АВАНСАЛАНУ *Авансалан етістігінің қимыл атауы.*

АВАНТЮРА з а т. *Нақты күш пен жағдайды есепке алмай істелген әрекет.* Соғыс *авантюрасына* барғанда интервенттер ерекше күш жұмсамай-ақ, тұтқиылдан соққы беру нәтижесінде өз мақсаттарына жетеміз деп ойлаған еді («Соц. Қаз.»). Майдандағы шабуылдың *авантюра* екендігі бастан-ақ айқын еді («Лен. жас»).

АВАНТЮРАЛЫҚ с ы н. *Авантюраға тән. Авантюралық* әрекетті жою бейбітшілік ісінің маңызды жеңісі болып табылады деп есептеу керек («Лен. жас»).

АВАНТЮРИЗМ з а т. *Авантюралық жолға түсу.* Империалистердің айнасы — озбырлық, үрей салу әрекеттері, *авантюризм* («Лен. жас»).

АВАНТЮРИСТ з а т. *Принципсіз, епшіл, ала аяқ.* Олар бұрынғы діншіл мүгедектер мен дінге сенбейтін жас *авантюристердің* қосындысы болды (К. Маркс, Ф. Энгельс, Таңд. I, 169). Ұсақ буржуазия халықты тонауға жәрдемдесіп, халықты өзі де тонады және оны *авантюристердің* қолына берді (В. И. Ленин, Шығ. 1, 390). Бұндай субъективтік роман дами келе бас кейіпкерінің жан күйзелістерін ғана емес, істеген әрекеттерін де қамтуға мүмкіндік алды. Ондай романдардың басты кейіпкері, көбінесе, жылпостар мен *авантюристер* болды («Қаз. әдеб.»).

АВАНТЮРИСТІК с ы н. *Авантюриске тән.* Патша өкіметі мына төніп келе жатқан революцияны соғыс кідіртеді деген оймен *авантюристік* саясат жүргізді. Шақырымпаздар болса айбат шегуге, *авантюристік* әрекет жасауға итермеледі (КПСС тарихы, 81).

АВАР з а т. *Дағыстан АССР-інде тұратын халық. Авар* халқының мәдениеті мен өнері едәуір дамыған, әсіресе бейнелеу өнері өте бай келеді (ҚСЭ).

АВАРИЯ з а т. *Апат, бұзылу.* Электр станциясында *авария* болып, осы Мамадтың шеберлігімен станция да аман қалды (С. Мұқанов, Алып. адым.). Көмір беру жоспарын бір ойласа, *авария* болмауын екі ойлайды (А. Хангельдин, Табысқан тағдыр). Поезд тоқтап немесе *авария* болып дегендей жаман атаққа қалған жеріміз жоқ («Қаз. әдеб.»).

◆ **Авариядға ұшырады.** *Тосыннан апатқа кездесті.* Егер *авариядға ұшырасаңыз* кім жауап бермек? (Қ. Тоқаев, Тасқын). Кешіріңіздер, мен *авариядға ұшырап* қалдым, — деп асыға сөйледі Қайып (А. Байтанаев, Жаңғырды дала).

АВГУСТ з а т. *Жыл мезгілінің сегізінші айы, жаз айларының бірі. Августың* бас кезінде күннің жалыны әлі басылмаған еді, сондықтан, бұл жолаушылар ауылдан ерте жүріп кетті (І. Жансүгіров, Шығ.). *Августың* жиырмаларында балық аулауды тоқтатып, ауылға қарап жылжығанбыз (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Күтемін, күтем ардақтап *Августың* бір түн кезін мен. Жауға кек, елге махаббат Босанар бірге өзіммен (Ж. Молдағалиев, Жыр.).

АВИАБАЗА з а т. *Авиация бөлімдерін жабдықтайтын аэродром және жөндеу мастерскойлары.* Деп түскен бомбалар жаудың *авиабазасының* күл-талқанын шығарды («Лен. жас»).

АВИАБАЙЛАНЫС з а т. *Авиация арқылы жасалатын байланыс.* Соңғы жылдары *авиабайланыс* қарқындап өсуде («Лен. жас»).

АВИАБЕНЗИН з а т. *Авиация қажеттіліліғіне жұмсалатын бензин.*

АВИАБОМБА з а т. *Самолетпен тасталатын бомба.* Қазір *а в и а б о м б а л а р д ы ң* неше алуан түрлері бар (*«Лен. жас»*).

АВИАДЕСАНТ з а т. *Авиация арқылы жау тылына түсірілетін әскер.* Екінші дүниежүзілік соғыста *а в и а д е с а н т т а р д ы ң* атқарған қызметі орасан зор болды (*«Лен. жас»*).

АВИАЗАВОД з а т. *Әуе қатынас құралдарын жасап шығаратын завод.* Коммунистер шығып сөйлеп жатыр, сөйлегендердің көбі *а в и а з а в о д т ы ң* жұмысшылары (*«Лен. жас»*).

АВИАКЛУБ з а т. *Авиация мамандарын дайындап шығаратын клуб.* Нұркенді шахтада жүрген жерінен *а в и а к л у б қ а* алды да, сол бетінен ол Отан соғысының қанды майданына аттанып кетті (*«Лен. жас»*).

АВИАКОМПАС з а т. *Самолеттің магниттік меридианмен, белгіленген бағытпен, күнмен немесе радиомаяк бағытымен салыстырғандағы курсын көрсететін авиация приборы* (ҚСЭ).

АВИАКОНСТРУКТОР з а т. *Әуе қатынас құралдарының конструкциясын жасайтын маман.* Осындай әлемге аты жайылған ғалым қыз Тұман Қырғызбаев деген полковниктің қолында тұрып *а в и а к о н с т р у к т о р* болыпты деген атаққа ие боламын (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

АВИАМЕКТЕП з а т. *Авиация мамандарын дайындап шығаратын оқу орны.*

АВИАМОДЕЛЬ з а т. *Аэроплан және басқа әуе аппараттарының моделі.*

АВИАМОДЕЛИЗМ з а т. *Техникалық немесе спорттық мақсатта ұшу аппараттарын конструкциялау және олардың модельдерін жасау* (ҚСЭ).

АВИАМОДЕЛШІ з а т. *Авиамодель жасаушы маман.* Финляндияда ұшатын модельдердің дүниежүзілік чемпионаты басталды. Бұл ерекше чемпионатқа совет *а в и а м о д е л ь ш і л е р і* де қатысты (*«Лен. жас»*).

АВИАНОСЕЦ з а т. *Самолеттер ұшып, қону үшін арнайы жабдықталған кеме.*

АВИАСПОРТ з а т. *Әуе спортының жалпылама аты. А в и а с п о р т т ы ң* Қазақстанда төрт түрі бар (ҚСЭ).

АВИАТЕХНИКУМ з а т. *Авиациядан техникалық орта дәрежелі білім беретін оқу орны.*

АВИАТОР з а т. *Ұшатын аппаратты басқарушы, ұшқыш.* Алматы *а в и а т о р л а р ы* көп мәселеден мақтана алмайды. Басқаны айтпағанның өзінде, қала орталығынан аэропортқа жетудің өзі оңай емес (*«Лен. жас»*). Алматы *а в и а т о р л а р ы* өткен жылы 346 мың гектар жерде авиахимиялық жұмыстар жүргізді (Бұл да).

АВИАЦИЯ з а т. *Әуе қатынас құралы, әуе флоты.* Бүгін біздің *а в и а ц и я* жақсы қимылдады. Оның бізге үлкен көмегі болды (Б. Момышұлы, Москва үшін). Мен Ұлы Отан соғысы басталған күннен *а в и а ц и я д а* бортрадист болып істедім (*«Лен. жас»*). Күріш егісіне *а в и а ц и я* күшін пайдалану әрі ыңғайлы, әрі арзанға түседі (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АВИАЦИЯШЫ з а т. *Авиацияда істеуші.* Осы хабар бойынша әп-сәтте *а в и а ц и я ш ы л а р ғ а* бұйрық беріліп, оның парашютшылар десанты көтеріліп ұшқанша бірнеше газикпен қуғыншылар жөнелтілді (*«Лен. жас»*).

АВТОАУДАРҒЫШ з а т. *Бортты автомобильдер қорабындағы сусымалы жүктерді түсіру қондырғысы. А в т о а у д а р ғ ы ш т ы ң* көтеру жүйесі гидравликалық және механикалық болып келеді (ҚСЭ).

АВТОБАЗА з а т. *Автомобильдер тұратын және оларды жөндейтін орын.* Өткен жылы Тальчик астық қабылдау пунктінде *а в т о б а з а* сегіз айдай жұмыс істеді (С. Адамбеков, Көсенің көзі). *А в т о б а з а ғ а* Чехословакиялық *«ТАТРА»* автомашинасы әкелінді. Бұны ең таңдаулы деген шоферларға беру ұйғарылды (*«Лен. жас»*).

АВТОБЛОКИРОВКА з а т. *Қозғалыс сигналдарын автоматты түрде басқару. А в т о б л о к и р о в к а* светофорымен анықталған қысқа аралықтар арқылы екі жаққа бірдей поездар үздіксіз ағылып жатады (*«Лен. жас»*).

АВТОБУС з а т. *Белгілі маршрут бойынша кісі таситын көп орынды үлкен автомобиль.* Соңынан бір заманда жетті *а в т о б у с,* Жарқылдап маңдайында жайнайды көз (И. Байзақов, Шығ.). Республика астанасымен арада үздіксіз *а в т о б у с* жүріп тұрады (С. Шаймерденов, Мінез).

АВТОВАГОН з а т. *Азық-түлік тағы да басқалай заттарды көптеп тасу үшін жүк машиналарына прицеп арқылы тіркелетін вагон.*

АВТОВОКЗАЛ з а т. *Автобуспен жол жүруші жолаушылар вокзалы.* Алматыда тағы бір үлкен *а в т о в о к з а л* салынып бітті («Лен. жас»).

АВТОГАРАЖ з а т. *Автобазаның машиналар тұратын және оларды жөндеп түзейтін орны.* Тағы бір жүк машинасына жылжымалы монша орнатылмақ, оның бер жағында *а в т о г а р а ж,* астық, овощ қоймалары салынбақ («Лен. жас»). Құрылысы бітуге жақындаған 40 машиналық *а в т о г а р а ж* ауылдың бір шетін алып тұр (Бұл да).

АВТОГЕН з а т. *Өте күшті температура арқылы металды кесу не жалғастыру құралы.* Жалын оты лаулайды, Жылжып қолда *а в т о г е н.* Металл жігін қармайды. Дәнекерлеп баппенен (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

АВТОГЕНШІ з а т. *Автогенмен жұмыс істеуші маман.*

АВТОГРАФ з а т. 1. *Автордың өз қолжазбасы.* Полтавада немістер 500 мың том кітабы бар облыстық кітапхананы тонаған. XIX ғасырдағы орыс жазушыларының бірінші баспалары, авторлардың *а в т о г р а ф т а р ы м е н...* барша кітаптары талан-таражға түскен (Отан үшін).

2. *Сурет, кітап т. б. заттарға автордың өзі жазған жазу мен қойған қолы, қолтаңба.* Н. К. Крупская Ленин туралы жазған кітабының бір-бір данасын ішіне *а в т о г р а ф* жазып бізге ұсынды (Аялы жандар). Көрдік біз қалашы бір қарияны, Құмартып қолына алды Марияны. Жыр құмар жігіттерге жымың қағып, Беріп тұр *а в т о г р а ф* Ғали әлі (Жас қанат). Жастар депутат жазушының кітаптарын алып, оған өзіне қол қойдыруға кезекте тұрады. Бұл күні Ғабекең жүз елудей оқушыға *а в т о г р а ф* берді («Қаз. әдеб.»).

АВТОДРОМ з а т. *Автомобиль жарысын өткізетін және автомобиль сынайтын жер* (ҚСЭ).

АВТОДҮКЕН з а т. *Автомашинаға орнатылған дүкен.* Шаруашылық орталықтарында болсын, *а в т о д ү к е н д е р д е* болсын, киім-кешек, әр алуан мата дегендеріңіз жетіп жатыр («Лен. жас»). Өзіміз қолымыз тиіп қалаға шыға алмаймыз, *а в т о д ү к е н д е р* мұнда жыл он екі айда ат ізін сала ма, салмай ма (Бұл да).

АВТОЗАВОД з а т. *Автомобиль жасап шығаратын завод.* Стахановтық еңбектің тамаша шебері — Горький қаласындағы *а в т о з а в о д т ы ң* комсомолеці Василий Шубин болды («Лен. жас»).

АВТОИНСПЕКТОР з а т. *Двигатель күшімен жүретін транспорттардың тәртіп жүйесін бақылайтын адам.* Бірнеше минуттан соң *а в т о и н с п е к т о р* оқиға болған жерге жетіп те үлгерді («Лен. жас»).

АВТОИНСПЕКЦИЯ з а т. *Двигатель күшімен жүретін транспорттардың тәртіп жүйесін бақылаушы орын, мекеме.* Жақында ғана прожекторшылар *а в т о и н с п е к ц и я* қызметкерлерімен бірге қала ішіне рейдке шықты («Лен. жас»).

АВТОКЛУБ з а т. *Автомобильге орнатылған көшпелі клуб.* Егін оруда арнаулы автопоезд қызмет етеді. Оның құрамында *а в т о к л у б,* автолавка және тұрмыстық қызметтер көрсететін машина бар («Лен. жас»).

АВТОКОЛОННА з а т. *Жолға шыққанда бірге жүретін машиналар тобы.*

АВТОКРАН з а т. *Автомобиль шоссиіне орнатылған көтергіш кран.* Конструкциялық ерекшелігіне қарай *а в т о к р а н* айналмайтын және айналмалы болып бөлінеді (ҚСЭ).

АВТОҚАЛАМ з а т. *Өзіне толтырылып алынған сиямен жазылатын қалам.* Берірек кел, — деді төрде отырған Ахмет қолындағы *а в т о қ а л а м ы н* бөлменің ортасына нұсқап (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Өмірде Баубек бірінші рет Шам етіп нұрлы жарығын айдың, Жорғалап *а в т о қ а л а м ы* жүрдек. Тынысын жазды сол түнгі жайдың (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды).

АВТОЛ з а т. *Двигательдің жағар майы.*

АВТОЛАВКА з а т. *Машинаға орнатылған көшпелі лавка.* Қойшының жүні күжірейген алып иттері тағы да әлденеге абалай шәуілдеп, ауылды басына көтерді. Киіз үйдің алдына келіп *а в т о л а в к а* тоқтады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Қай жайлауға барсаңыз да ақ шатырлы әсем пәтер. Автоклуб, *а в т о л а в к а* дегеніңіз шопан біткеннің ауылын тоздырады (Шопан серігі).

АВТОМАТ з а т. 1. *Ішкі механизм арқылы өздігінен жұмыс істейтін аппарат, құрал.* Электр қуаты, *автомат* дегендер бұл мамандықты түрлендіріп, жаңартып жіберді (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). Кезді ашып-жұмғанша жаңа бөлшекті қатарында тұрған екінші *автоматтың* мүжуіне береді («Соц. Қаз.»). Жолда бір *автоматтан* жолдасыма телефон соқтым («Лен. жас»).

2. *Оқ ататын құралдың бір түрі.* Өгіздей бір сары неміс қолымдағы *автоматымды* қағып түсіріп, тамағымнан ала түсті (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Даңқтық музейіне келсең бүгін, Қасында Аманкелді семсерінің Тұр әне Төлегеннің *автоматы,* Ақтаған ағасынша ел сенімін (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Василий жаудың қимылын бағып үнсіз тұр, мойнындағы *автоматын* алып окоптың ернеуіне қойды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АВТОМАТИЗАЦИЯ з а т. *Өндіріс процесінде автоматтық аспап, станок, машиналарды қолдану ісіне көшу, автоматтандыру.* Өнеркәсіптің қайбір саласында болса да осы жеті жылдықта механизация мен *автоматизация* негізгі орын алмақ (С. Бақбергенов, Біздің колхоз).

АВТОМАТИЗМ з а т *Іс-әрекеттің ешбір нақтылы ойға негізделмей, қалай болса солай мақсатсыз жасалуы.*

АВТОМАТИКА з а т. *Автомат жөніндегі жалпы ұғым.* Оқушыларды *автоматика* мәселелерімен кластан тыс жұмыстарда кең түрде таныстыруға мүмкіншілік көп (К. Айманов, Физика.).

АВТОМАТТАЛ е т. с ө й л. Автоматтан. Завод түгелімен *автоматталған,* механикаланған завод болмақ («Лен. жас»).

АВТОМАТТАЛУ *Автоматтал етістігінің қимыл атауы.*

АВТОМАТТАН е т. *Автоматты машиналарды қолдану ісіне көшу.* Болашақтың өндірісі толық *автоматтанған* өндіріс болмақ (К. Айманов, Физика.). Осы күні жұмыстың барлық процесі түгел *автоматтанған* (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

АВТОМАТТАНДЫР *Автоматтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АВТОМАТТАНДЫРУ *Автоматтандыр етістігінің қимыл атауы.* Заводта қолмен атқарылып келе жатқан жұмыс процестерін *автоматтандыру* және механикаландыру мәселесіне айрықша назар аударды («Соц. Қаз.»). *Автоматтандыру* ісін жетілдіре береміз, адамдарымызды үйретеміз, оқытамыз (Адам және химия).

АВТОМАТТАНДЫРЫЛ *Автоматтандыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Машиналардан дәнді дақылдарды күрекпен түсіру орнына енді *автоматтандырылған* ауытқыш қолданылып жүр («Лен. жас»). Фабрикаға еліміздегі ең соңғы кезде шығарылған жабдықтар орнатылған, атқарылатын жұмыстар толық *автоматтандырылған* («Қаз. әдеб.»).

АВТОМАТТАНУ *Автоматтан етістігінің қимыл атауы.*

АВТОМАТТЫ с ы н. *Автоматталған.* Барлық ленталы транспорт конвейерлері *автоматты* суландырғыштармен жабдықталды («Лен. жас»). Үлкен сұр үйге тақап қойылған *автоматты* телефонға жақындай берді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АВТОМАТТЫҚ с ы н. *Автоматталған, автоматты.* Ракетада орнатылған тұңғыш *автоматтық* станция Айдың бер жағынан көрінбейтін арғы бетін суретке түсіріп алып, оны Жер бетіндегі станцияларға берді (Б. Айдарханов, Атом қуаты.). Ең тиімді режимде жұмыс істейтін приборларды космоска *автоматтық* планета-аралық станциялар жібергенде де кең қолданды (К. Айманов, Физика.).

АВТОМАТЧИК з а т. с ө й л. Автоматшы. Сыртымызды орап тылға өтіп кеткен жау *автоматчиктерінің* бір тобы жусап түсті (Б. Момышұлы, Жауынгер.). *Автоматчиктер* шаңғыларын иығына салып жолға шықты (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Майор көпір аузындағы *автоматчиктерге* әлденендей әмір етеді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АВТОМАТШЫ з а т. *Автомат атушы әскер. Автоматшы* автоматын дұрыс ұстап атса ғана атқан оғы дәл тиеді. Ұрыста біздің *автоматшыларымыз* әр түрлі жағдайда тұрып атқан болатын (Отан намысы.). Павлик Смирновтың *автоматшы* болуға да, мина қоюға да, барлаушылық жұмысын істеуге де қабілеті бар (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Қаптады танк құтырып, Тоқтаттық талай тұқырып. *Автоматшы* фашисті Қиратық шептей сыпырып (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.).

АВТОМАШИНА з а т. *Жүк таситын транспорт машиналары.* Мыңдаған кісілер, жүздеген *а в т о м а ш и н а л а р,* ондаған экскаваторлар құрылыс жұмысында жүр (С. Мұқанов, Саяхаттар). Бригаданың үнемі пайдалануы үшін жаздыгүні екі *а в т о м а ш и н а* беріледі, ал қыстыгүні бұлар керек кезінде даяр тұрады (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). Қырқаны кесіп жүйткіген *а в т о м а ш и н а л а р* қара жолдың шаңдағын көкке көтерді («Лен. жас»).

АВТОМЕХАНИК з а т. *Автомашиналарды жөндейтін маман.* Өткен жылдан бері Серік колхозда *а в т о м е х а н и к.* Бұл — өте жауапты іс. Күнделікті колхоз шаруашылығына темір тұлпардың біреуін тоқтатпай шығарып отыру қажет («Лен. жас»).

АВТОМОБИЛЬ з а т. *А д а м т а с и т ы н м а ш и н а.* Ауылдың ортасына тұра қалғанымызда біраз қазақ жүгіре басып жақындап келіп *а в т о м о б и л ь д і* қамап алды. Қонатын үй сұрадық (С. Сейфуллин, Шығ.). Адам көп, сөз, күлкі, алыстан трамвай, *а в т о м о б и л ь* дыбыстары естіледі (С. Ерубаев, Шығ.). Жасынан жігерлі болып өскен Рүстемхан — әрі слесарь, әрі мотор маманы, *а в т о м о б и л ь* ісінің он саусағынан өнер тамған білгірі («Қаз. әдеб.»).

АВТОМОБИЛЬШІ з а т. *Автомобиль айдаушы, шофер.* Экскаваторшылар, *а в т о м о б и л ь ш і л е р* коммунистердің және партияда жоқтардың халықтық блогы ұсынған кандидаттар үшін дауыс берді («Лен. жас»).

АВТОНОМИЗМ з а т. *Автономияны жақтаушы ағым.* Сөйтіп табанды искрашылар партия құру жөнінде оппортунистердің *а в т о н о м и з м,* федерализм принципіне қарама-қарсы централизм принципін қойды (КПСС тарихы, 64).

АВТОНОМИЯ з а т. *Бір мемлекеттің шеңберіндегі жеке ұлтқа саяси жағынан өзін өзі билеу правосын беру.* Россияда әр ұлттың *а в т о н о м и я л а р ы* құрыла бастады... Елді кедейге билететін *а в т о н о м и я* алмақпыз (С. Сейфуллин, Шығ.). Біздің Қазақстан... *а в т о н о м и я* құрылғаннан бастап он жылдың ішінде хат танымайтын қазақ қалмасын деп ұран салып, іске кірісіп отыр (С. Дөнентаев, Шығ.). *А в т о н о м и я* тиген екі-үш жыл бойында советтік, мемлекеттік жаңа төртіп ғасырлар бойы шегенделген ақсақалдық-феодалдық ескі салтпен тайталасуда (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АВТОНОМИЯЛЫ с ы н. *Автономия деп танылған, автономиялық.* 1920 жылдың октябрінде Қазақ Советтік *А в т о н о м и я л ы* Республикасы құрылды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). 4 октябрьде Қазақстанның *а в т о н о м и я л ы* бөлек үкімет болғанына үш жыл болады (С. Сейфуллин, Шығ.).

АВТОНОМИЯЛЫҚ с ы н. с ө й л. Автономиялы. *А в т о н о м и я л ы қ* облыс — ССР Одағында халық тұрмысының және ұлттық құрамының ерекшеліктеріне байланысты автономияны пайдаланатын облыс. Ол одақтас республиканың немесе өлкенің құрамына енеді (Саяси сөздік).

АВТОПАРК з а т. *Автомобильдер тұратын және жөнделетін орын.* Анау Жалбыр роліндегі *а в т о п а р к т е г і* токарь жігіт — Тұрсынбектің Майыры ғой («Лен. жас»).

АВТОПИЛОТ з а т. *Снарядтардың, самолеттердің ұшуын автоматты түрде басқару үшін қолданылатын техникалық қондырғы. А в т о п и л о т т ы ң* жұмыс принципі біртектес биіктік, жылдамдық, бойлық т. б. автоматтардан тұрады (ҚСЭ).

АВТОПОЕЗД з а т. *Жүп жазбай бірге жүретін бірнеше автомашина құрамы.* Тұрмыстық қызмет жасайтын машинадан құралған *а в т о п о е з д* қызыл жалауы желбіреп малшы ауылға ентелей келді («Қаз. әдеб.»). «Краснояр» совхозының жұмысшылар кооперациясы шалғай пункттердегі малшыларды қажетті товарлармен қамтамасыз ету үшін *а в т о п о е з д а р* ұйымдастырды («Лен. жас»).

АВТОПОРТРЕТ з а т. *Суретшінің өзін өзі айнаға қарап отырып салған бейнесі.* Суретші кейде *а в т о п о р т р е т т і* көркем ізденістер, тәжірибе ретінде де салады (ҚСЭ).

АВТОР з а т. 1. *Әдеби, ғылыми, көркемөнер, техникалық т. б. шығармаларды жазушы адам.* Жұртшылыққа көркем шығарманың *а в т о р ы* жас па, жасамыс па, онысының қажеті жоқ. Оқырман сол туындының сапасын таңдайды («Қаз. әдеб.»). Бұл — кәдімгі «Ақылдың азабы» атты комедияның *а в т о р ы,* атақты жазушы Грибоедов (А. Машанов, Жер асты.). Журналдың көп *а в т о р л а р ы н ы ң* бірі мен болдым (С. Көбеев, Орынд. арман).

2. *Ойлап шығарушы, табушы.* Мен сіздің сыртыңыздан қанықпын, Сексен сегіз пәтерлі үйдің *авторы* да сіз едіңіз (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ресми есептердің *авторлары* ауылшаруашылық жұмысшыларының материалдық жағдайлары жөніндегі қорытындыларын былайша қорытады... (К. Маркс, Капитал, I, 719).

АВТОРЕФЕРАТ з а т. *Ғылыми еңбектің мазмұнын автордың ауызша не жазбаша түрде қысқаша баяндауы* (ҚСЭ).

АВТОРЛЫҚ с ы н. *Авторға тән, автордың өзі істейтін.* Сахнада артистердің бет құбылысы, қимыл қозғалыстары қандай болуы керектігіне берілетін белгілерді *авторлық* ремарка деп атайды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Март, ноябрь айларында бірқатар жеке композиторлардың *авторлық* концерттері болады («Қаз. әдеб»).

АВТОСТАНЦИЯ з а т. *Адам таситын автомобильдер сапарға шығарылатын орын.* Сарыөзек *автостанциясы* тоғыз жолдың торабында тұр. Жолаушылардан бір босамайды («Лен. жас»).

АВТОСУАРҒЫШ з а т. *Малға автомат күшімен су жеткізетін құрал.* Малды *автосуарғышпен* суарған дұрыс болады. Өйткені оған, біріншіден, еңбек аз жұмсалады, екіншіден, таза болады (Ә. Әбішев, Мал санитары.). Қой қораның іші жемшөп және су берілетін науа немесе *автосуарғышпен* және қораны бөлетін тақтаймен жабдықталған (Шопан серігі).

АВТОСУАТ з а т. *Мал суаруға арналған, үнемі өздігінен су құйылып тұратын механизм. Автосуат* суға толғанда қалтқы көтеріледі (ҚСЭ).

АВТОТАРАЗЫ з а т. *Артылған жүкті машинасымен бірге тартатын таразы.* Өлшейтін *автотаразылар* жоқ... бұл сұмдықты бірінші басшылар есіте көрмесін; Саспа, бәлем, биыл бір совхозда да *автотаразыларды* тексерген жоқсың. Егін орағында мойның астыңа түсер (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

АВТОТУРИЗМ з а т. *Автомобильмен жасалатын туристік саяхат.* Республикамызда *автотуризм* де өріс ала бастады. Мәселен, таяуда бір топ саяхатшылар Алматыдан Ленинабадқа сапар шекпек («Лен. жас»).

АВТОТІРКЕУШ з а т. *Темір жол вагондарын автоматты түрде тіркейтін қондырғы. Автотіркеуіш* детальдарының беріктігі вагон рельсы беріктігінен едәуір төмен болады (ҚСЭ).

АВТОФУРГОН з а т. *Жүк тасу үшін арнайы жасалған жабық автомобиль.* Колхоздың шағын қонақ үйінің алдында екі *автофургон тұр* («Қаз. әдеб.»). Сүтті тасымалдау үшін арнайы автомобиль транспорты *автофургондар* кеңінен қолданылуда (С. Сейітов, Сүт өндеу.).

АВТОШЕБЕРХАНА з а т. *Автомашинаға орнатылған шеберхана.* Жалқұдықтағы тұрмыс комбинаты мен Баянауыл, Успенка аудандық тұрмыс комбинаттарының *автошеберханалары* да елді пункттерді жиі аралайды («Лен. жас»).

АГАВА з а т. *Көп өмір сүретін, жапырағы қалың американдық өсімдік, СССРдың оңтүстік аудандарында көшелерді, бақтарды көркейту, әсемдеу үшін егіледі. Агава* дейтін өсімдік жүз жыл бойы өмір сүріп, бүкіл өмірі ішінде бір-ақ рет гүлдеп жеміс береді; Алоэ, кактус, *агава* өсімдіктерінің бәрі де өсімдіктердің суккуленттер деп аталатын тобына жатады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АГАТ з а т. *Әр түрлі түспен қатталған, кварц породасына жататын қатты тас.* Қол өнері мен құрылыс ісінде әсемдік үшін жұмсалады. Кварцтың өте ұсақ кристальді түрін *агат,* яшма деп атайды (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АГГЛЮТИНАТИВТІ с ы н. *Түбір сөздің соңынан немесе алдынан түрлі қосымшалар жалғану арқылы грамматикалық формалардың түрленуі, жалғамалылық.* Қазақ тілі *агглютинативті* тілдер қатарына жатады (Қаз. тілі.).

АГГЛЮТИНАЦИЯ з а т. *Түбір сөзге көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құрылыс, негізінде, жалғамалы тілге тән ерекшелік.*

АГЕНТ з а т. 1. *Белгілі бір мекеменің не ұйымның тапсырмасын іске асырушы өкіл.* Газет оқымасаң, елге әр жұмыспен шыққан милиция, сот әр түрлі комиссия мен *агенттердің* тура істеп жүргендерін не теріс істеп жүргендерін білмейсің (С. Сейфуллин, Шығ.). Аз көрсетіп, налогтен мал жасырып, *Агент* барса, құрмет етіп бас ұрып. Күн бұрыннан хабарланып тұрған сұм, Таса жайға малдың көбін асырып (Пернедегі терме.). Жанпейіс соң-

ғы бірер жылда Ақмола губерниясының қылмыстарды табатын мекемесінде ұрлықты тыю ісімен шұғылданатын *агент* боп қызмет істейді екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

2. *Біреудің идеясын, мақсатын астыртын іске асыруға тырысушы; жасырын тыңшы.* Оспантай орнынан тұрып жақындай беріп еді, хатшы шатынап: Шығарма дыбысынды, бай-құлақтың *агенті* — деді (Б. Майлин, Шығ.). Оның белсенділігінің көзге түскені соншалық, бір күні гестапоның құпия *агенті* болып шыға келді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ағылшын отаршылары Хиуаға, Бұхарға, Қоқанға, Қазақстанның кейбір аудандарына *агенттерін* жіберіп тұрды (ҚазССР тарихы).

АГЕНТТІК з а т. *Хабарлау мекемесі мен оның жергілікті бөлімшелері.* Франс Пресс *агенттігінің* хабарына қарағанда, сайлаушылардың 97 процентін астамы Даконың кандидатурасы үшін дауыс берген («Лен. жас»).

АГЕНТУРА з а т. *Агенттердің жинақ аты.* Олар партия ішіндегі тап жауларының *агентурасы* еді, қас дұшпан капиталистік қоршаудың жаршысы еді (КПСС тарихы, 407). Патша үкімет орындары қазақ сұлтандарын өздерінің *агентурасына* айналдыруға және солардың көмегімен қазақ еңбекшілерінің толқуын болғызбауға тырысты (ҚазССР тарихы).

АГЛОМЕРАТ з а т. г е о л. *Әр түрлі тау жыныстары мен минералдардың жұмсақ, борпас жиынтығы.* Домнаға келер алдында да руда біраз өткелектен өтеді. Оны әр түрлі қоспалармен араластырып, *агломератқа* айналдырады (К. Смаилов, Мамандық.).

АГЛОМЕРАТШЫ з а т. *Агломерат жасаушы.* Өзімен бір цехта істейтін *агломератшы* Жұмабай мен вагон аудару машинасының машинисі Төлеген де бар екен («Лен. жас.».).

АГЛОМЕРАЦИЯ з а т. г е о л. *Әр алуан тау жынысы мен минералдарды бір бүтін етіп қосатын табиғи процесс.* Шымкент қорғасын заводының қорғасын өндірісіндегі *агломерацияның* қалдық газынан күкірт қышқылын алуды игереміз («Соц. Қаз.»). Осындай бір көтеріңкі ой *агломерация* цехына Ырзабаймен бірге ілесіп келді («Қаз. әдеб.»).

АГЛОМЕРАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Агломерация жасайтын (өңдейтін).* Ол әуелгі кезде *агломерациялық* фабрикада конвейер машинисі міндетін атқарды («Лен. жас»).

АГНОСТИК з а т. *Дүниенің сырын танып білуге болмайды дейтін идеалистік көзқарасты жақтаушы, агностицизмді жақтаушы. Агностик* философтар біздің қоршаған дүние бар екенін мүлде мойындамайды; Дүниенің танылатындығын мойындамайтын *агностиктер* ақиқаттың сенімді өлшемі жоқ дегенге сүйенеді (Маркстік филос.).

АГНОСТИЦИЗМ з а т. *Объективтік дүниені және оның заңдылықтарын білуге болатынын мойындамайтын идеалистік философиялық ілім.* Дүниені тануға болмайды дей келіп *агностицизм* діни нанымға ғылымды діңмен келістіруге жол ашады; *Агностицизм* көбінесе философияның негізгі мәселесін шешуден жалтарады (Маркстік филос.).

АГРАРЛЫ с ы н. *Шаруашылығында егіншілік кәсібі басым, ауылшаруашылықты.* Орталық Африка республикасы — экономикалық жағынан нашар өркендеген *аграрлы* ел, мұның өзі француз отаршыларының көптен бергі үстемдігінің салдары болып табылады («Лен. жас»).

АГРАРЛЫҚ с ы н. *Жермен байланысты, жер жайындағы.* Ол менің *аграрлық* мәселе туралы еңбегімнің бірінші бөлігін және әйелімнің педагогика тақырыбына жазған кітапшасын қабылдаған (В. И. Ленин, Шығ., 35, 238). *Аграрлық* программа мәселелері жөнінде де қатты күрес болды (КПСС тарихы, 58).

◆ **Аграрлық реформа.** *Жер иелену және жерді пайдалану жөніндегі өзгерістерге байланысты мемлекет тарапынан іске асыратын шаралар.*

АГРЕГАТ з а т. *Әр алуан машина аспаптары мен тетіктерінен құрастырылған сайман, машина.* Мақтаны культиваторлау бір *агрегатпен,* ал өсімдік зиянкестерімен күресу екінші *агрегатпен* жүргізіледі (Трактористе көмекші). Бізде қазір электр қуаты бар, шахталарды механикаландыру үшін құрал-жабдық, *агрегаттар* керек (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр). Орал — Жымпиты тас жолы бойында ұйысқа өскен балауса шөпті ұстарадай қырқып он шақты *агрегат* жүр («Лен. жас»).

АГРЕССИЯ з а т. *Екінші бір мемлекеттің жерін басып алу үшін жасалатын басқыншылық шабуыл.* Американ империалистерінің бүгін-ертең *а г р е с с и я н ы* тоқтататын түрі жоқ («Қаз. әдеб.»). Арабтар 1956 жылы Англия, Франция, Израильдің біріккен *а г р е с с и я с ы* кезінде Совет Одағының іске батыл араласып қол ұшын бергенін үлкен достықтың куәсі санайды («Лен. жас»).

АГРЕССИЯЛЫҚ с ы н. *Агрессияға тән, агрессияшыл.* Польшаның Коммунистік партиясы поляк империалистерінің *а г р е с с и я л ы қ* соғысына батыл қарсы шықты (КПСС тарихы, 326). Өздерінің Орта Азиядағы *а г р е с с и я л ы қ* саясатын ақтау және бүркеу үшін ағылшын отаршылары Индияға «орыс қаупі» төнді деген қауесет таратты (ҚазССР тарихы).

АГРЕССИЯШЫЛ с ы н. *Агрессияны жақтаушы, басқыншылық әрекетті қолдаушы.* Америка Құрама Штаттары барлық *а г р е с с и я ш ы л* және реакцияшыл күштердің ұясына айналды («Лен. жас»). *А г р е с с и я ш ы л* империалистік соғыс өртін тұтандыру мақсатын көздейтін мемлекеттер тобының соғыс одағы, бірлігі (Саяси сөздік).

АГРЕССОР з а т. *Агрессиялық әрекетті іске асырушы, басқыншы.* Совет Одағы қару кезеніп отырған жоқ, бірақ біз қандай да болсын *а г р е с с о р ғ а* күйрете тойтарыс беруге әрқашан да дайынбыз («Лен. жас»). Күллі Совет елімен бірге менің Қазақстаным да американ *а г р е с с о р л а р ы н а* деген ыза-кекке толы; Оңтүстік Вьетнамда 43 мың *а г р е с с о р* халық қаһарына ұшырап ажал оғын құшты («Қаз. әдеб.»).

АГРОБИОЛОГИЯ з а т. *Өсімдік және мал шаруашылығы жөніндегі білім, биология ғылымының бір саласы* (ҚСЭ).

АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Агробиологияға жататын.* Сонымен бірге *а г р о б и о л о г и я л ы қ* және гидромелиоративтік әр түрлі жағдайларға ерекше көңіл бөлу керек (С. Сабыров, Жасанды шабындық.).

АГРОНОМ з а т. *Агрономия маманы.* Қалует колхоздың *а г р о н о м ы,* әрі партия ұйымының секретары болатын (Ғ. Сыланов, Шалқар). Шаруашылықта техниканы сақтауға инженер, механик қандай жауап берсе, тыңайтқыш дайындауға *а г р о н о м* да сондай жауапты болуға тиіс («Соц. Қаз.»). Жаңа астықтың балауса жұпар иісі *а г р о н о м ғ а* үлкен қуаныш әкелді, жанындағыларға қарап, балаша мәз болып күлді («Лен. жас»).

АГРОНОМДЫҚ с ы н. 1. *Агрономға тән.* Мен қолмен мақта теруден бастап *а г р о н о м д ы қ,* одан басқарушылық тәжірибесіне жеттім (Ж. Саин, Жол үсті.). Бар еді *а г р о н о м д ы қ* қабілетім, Байқадым кезіп жүріп қырдың бетін («Лен. жас»).

2. *Агроном дайындайтын.* Бірі *а г р о н о м д ы қ,* бірі дәрігерлік институтты бітіріп шыққанын мақтаныш етіп айтқан еді (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АГРОНОМИЯ з а т. *Ауылшаруашылығы жайындағы ғылымдар жиынтығы.* Алтынбеков ерінбей-жалықпай егіншілермен бірлесіп еңбек ете білді. Олардың санасына *а г р о н о м и я* деген сүбелі ғылымның пайдалы негіздерін еге білді (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Қаладан келсе де ауылшаруашылығын жақсы біледі. Тіпті *а г р о н о м и я* мәселесі емес, мал шаруашылығы жайында да мағлұматы мол екенін аңғартты (М. Иманжанов, Адам тур.).

АГРОНОМИЯЛЫҚ с ы н. *Агрономияға тән.* Жарыққа шығарылып таратылған *а г р о н о м и я л ы қ* ережелерде осы тәсілдерді ұштастырып қолданудың қажетті тәртібі көрсетілмеген (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.). *А г р о н о м и я л ы қ* ғылымның қолданылмауы салдарынан қуаңшылық жылдары егін шықпай қалады (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

АГРОТЕХНИКА з а т. *Жер өңдеудің ғылыми ережелері мен әдістерін қолдану.* Күріш тек *а г р о т е х н и к а н ы ң* тіліне түсінеді (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Біздің жерімізде *а г р о т е х н и к а н ы* дұрыс қолдану үшін де су керек (А. Хангельдин, Біздің от.). Оқушылардың күнделікті өмірде көп араласатыны егін шаруашылығы болғандықтан *а г р о т е х н и к а м е н* таныстыру қолайлы («Халық мұғ.»).

АГРОТЕХНИКАЛЫҚ с ы н. *Агротехникаға тән.* Қызылшаны суарудың *а г р о т е х н и к а л ы қ* жоспары жасалып еді, өзір мүлтіксіз орындалып келеді (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). Шоқан ұсынған кейбір *а г р о т е х н и к а л ы қ* шаралар бүгінгі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

АГРОФИЗИКА з а т. *Өсімдіктердің сыртқы тіршілік жағдайын және олардың тіршілігіндегі физикалық процестерді зерттейтін ғылым* (ҚСЭ).

АГРОХИМИЯ з а т. *Химияның ауылшаруашылығында қолданылатын түрі және сол жөніндегі ілім.* Күн кешкіріп селода шамдар жағылысымен мектепке қарай ағылып келіп жатқан жұртты көресіз. Олар — механизаторлар, егіншілер, аптасына екі рет осында *агрохимия* сабағын оқиды («Лен. жас»). *Агрохимия* үйірмесі топырақка жеңіл-желпі анализ жасауға үйрету керек («Халық мұғ.»).

АГРОХИМИЯЛЫҚ с ы н. *Агрохимияға тән.* Өлкеде *агрохимиялық* зерттеулер бұрын болып көрмеген көлемде өріс-тетілуде; Көптеген шаруашылықтар үшін *агрохимиялық* картограммалар жасалды («Лен. жас»).

АҒА з а т. 1. *Ағайынды адамдардың жасы үлкені.* Сол күннің кешінде Бәйкеннің *ағасы* Сапармен кездестік (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Сержан алтыншы класта оқитын Ертай деген *ағасының* келуін күткен, қазір де соны күтіп тыпыршып тұр (Т. Дәуренбеков, Бір түйме.). *Ағасы* бардың жағасы бар (Мақал). 2. *Жалпы жасы үлкен ер адам.* Сөйлеген *аға* тұрып іниден без, Ежелден елде сондай бар еді сөз (Жамбыл). Мінгенім дәйім менің сұржекейім Бүлкілдер әнге салсам көмекейім. Кіші іні, үлкен *аға*, бас қосқанда, Алдында сұржекеймен бір кетейін (Қаз. әндері). Достығы жақсы адамның жоғала ма, Жарты қап тары берді Жагор *аға* (Қ. Бекхожин, Мариям.). 3. *Басшы, ақылшы, жетекші.* Ақылы асса *аға* тұт (Мақал). Рулы елге жарасқан Үлгі айтатын *ағасы.* Бәйбішеге жарасқан Орындықты сабасы (С. Сейфуллин, Шығ.). Осы ауылдың *ағасы* есепті, айналаға да атағы бар Ерқожаның баласы болды бұл (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Айласыз болсаң арыстандай, Аспандағы айға шабарсыз. Баянды болсаң байтақты, Біз емес, жұртқа *аға* сіз (Ү. Кәрібаев, Таңд.). 4. *Халыққа танылуы жағынан алдыңғы.* Қазақтың *аға* жазушыларының бірі Қалмақан Әбдіқадыровтың есімі баршаға мәлім (М. Танекеев, Қажымұқан). *Аға* өнішінің саңлақ, даңғыл, зор, сұлу әуені самған шығып еді (М. Әуезов, Абай). Бірақ *аға* ақындардың ізін басып, сондарынан ергенде, өзінше өре білді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). 5. *Дәрежесі, қызметі, атағы жоғары.* Бригаданың жұмысына басшылық еткен *аға* жылқышыға айына алты сом қоса есептеледі (А. Шайбеков, Колхозда.). Бұл шаруашылықтың *аға* шопаны біріншi болып өз отарындағы саулықтарды қыста қоздатуға көшті (А. Әпсембетов, Саулықтарды қоздату.). *Аға* мастер оқушыларға міндет жүктеп, жауаптылықты тағы да ескертіп өтті (Н. Ғабдуллин, Алғашқы сапар). 6. *Басқарушы, басшылық етуші.* Ол жолғы жиылыста Бұзаубақ мәжіліс *ағасы* болып сайланып, өкілмен тізе тіресіп бірге отырып еді («Соц. Қаз.»). Ауылдың кеңес *ағасы* жиылысты ашық деп жариялады да, болыстан келген өкілге сөз берді (Б. Майлин, Шығ.).

◆ **Аға тұтты.** *Құрметтеді, қадір тұтты.* Рас болса, соның бәрін ұмытып, Алтай қарпық *аға тұтқан* Әубәкірге неге тіл тигіздің? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Аға сұлтан.** *Революцияға дейінгі дәуірде бір округ елді басқарушы әкім.* Төренің әкесімен туысқан ағалары Құспек, Жамантайлар болады екен. Олар Қарқаралы диуанына көп жылдар кезек-кезек *аға сұлтан* болыпты (М. Әуезов, Шығ.). **Аға ұрпақ, аға буын.** *Үлкендер, алғашқы үлгі-өнеге көрсеткендер. Аға ұрпақтың* бастаған ісін ақырына жеткізіп, адамзаттың сәулетті болашағы коммунизмді орнататын да сол жастар (Аялы жандар). **Ел ағасы.** *Көпке сөзі өтетін халыққа сыйлы, беделді адам. Ел ағасы* Досай қарт Шопан ата атанған. Қой өсірген қоралап, Алғыс алған Отаннан (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Қалғанын түгел мақтап бітіре алман, Айтпасам әрбір жерден *ел ағасын*(Айтыс). **Жігіт ағасы.** *Орта жастағы адам.* Жирен сақалды *жігіт ағасы* адам аяқ-басын қарағанда , мінезі ауыр, сұсты, айбарлы кісіге ұқсайды (Қ. Жұмалиев, Айқас). Байқадам селосындағы тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттың бас инженері қырықтың қырқасына шығып, *жігіт ағасы* болып қалған адам («Лен. жас»). **Төр аға.** К ө н е. *Бастық.* Сарқанға келсе, әскердегі Колесников осындағы станциялық ревкомға *төр аға* болып тағайындалған екен («Қаз. әдеб.»). Қазақстанның губерниялық әм уездік совет комитеттерінің *төр ағаларына!* (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҒАДАЙ с ы н. *Аға сияқты.* Қолды-аяқты баладай, Қарасаң шағын тұлғасын.

Жастарға туған *ағадай,* Елуге кепті бұл Қасым (С. Мәуленов, Жаңа арна). Жастардың сонау көбіне Көріну ойы *ағадай* Паспорты қазір көзіне Көмелеттік бағадай (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

АҒАЖАН з а т. *Ағатай, әпеке.* Қоя берші, *ағажан,* — дейді Айза әлсіз қарсылық көрсетіп («Лен. жас»). *Ағажан,* мен ыр жазушы едім, талабыма қарамағаныңыз ғой (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Еңбек ері шопаннан Сұрадым шын көңілден. Айтыңызшы, *ағажан* Малыңыз қалай семірген (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

АҒАЙ з а т. 1. *Аға сөзінің сыпайы түрде айтылуы.* Құрметті Кенен *ағайдың* көркем әндерін тыңдауға құмартып келем (С. Мұқанов, Саяхаттар). Әлімбай *ағайдың* айтуына қарағанда, молада ерлі-зайыпты екі адам болу керек (А. Машанов, Жер асты.). Аз шұқылап машинаны Іске қосты Алмас *ағай* (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). 2. *Жасы үлкен ер адамға айтылатын қаратпа сөз. Ағай,* атымды қайтесіз, аты-жөн сұрасуға уақыт жетер (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Ауыр күнде мен де айқастым, Жаудан кекті алдым, *ағай* (А. Шамкенов, Сағат). *Ағай,* әне бір атыз тым үлкен екен, соның ортасынан жап соғу керек еді (С. Алдабергенов, Алға).

АҒАЙРАҢ с ы н. с ө й л. *Ақшыл тартқан.* Жаздың екінші жартысында картоп жапырақтарының үстіңгі жағында қоңыр түсті ылғалды дақтар, ал астыңғы жағында жұқа *ағайраң* қабат пайда болады (Б. Шағыров, Картоп).

АҒАЙЫН з а т. 1. *Туыстығы жақын аталас адамдар.* Жолынан Мәтібұлақ ел көшеді, Ұрысса екі *ағайын* «сен» деседі (Ақын жырлары). Былтыр осы жаққа әкемнің *ағайындарына* көшіп келгенбіз, содан осында едік (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ауылнай өзіміздің *ағайын* (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 2. *Жақын тартып айту.* Сәлем өзбек *ағайын* бауырыма, Іздеп келді бауырың ауылыңа. Қуаныштың мөлт етті ыстық жасы, Алатаудың ұқсап бір жауынына (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем). Мен басқа дүние елдерінің, оның ішінде негр *ағайындардың* халіне де немқұрайды қарай алмаймын (М. Иманжанов, Адам. тур.). 3. *Бір-біріне жақын; алшақ емес.* Комбайншы бір танбас, Жазар жырдың талайын. Үйде, түзде жұп жазбас, Өлең мен еңбек *ағайын* (С. Сейітов, Бетпе-бет). Солай ма,— деп күлімсіреді Алтай,— бірақ жасқанудың өзі қорқумен *ағайын* ғой (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

◆ **Ағайын тұтты.** *Жақын тартты.* Енисейскі губернада бір халық бар. Қазақты өздеріне *ағайын тұтады* дейді, бір тұқымдас екеніне көрген кісі таласпайды (Абай).

АҒАЙЫНГЕРШІЛІК з а т. *Өз туысына бұрмалаушылық, туысқандыққа салушылық.* Қоғам мүлкі үшін *ағайынгершілікті* құрбан етіп жүрген ары таза жандарды дәріптеуге тиіспіз («Лен. жас»).

АҒАЙЫНДАЙ с ы н. *Ағайын сияқты.* Мақалалар еншілес *Ағайындай* қоныскан. Хат-хабарлар көршілес Сақпылардай шалысқан (С. Сейітов, Бетпе-бет).

1. **АҒАЙЫНДАС** с ы н. *Туыстас, бауырлас.* Өздерімен *ағайындас* Садырбек ауылына күйеу әңгімешіл Мауқай келеді (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Нұрлан Қайыр ағасының мінезімен де, ой өрісімен де таныс. Кеше екеуі бір колхозда өскен *ағайындас* адамдар (З. Шашкин, Сенім).

2. **АҒАЙЫНДАС** е т. *Келісімге келу, елдесу, ымыраласу.* Жазғытұрым кедейлер байлардан егіндік жер аламыз дегенде де *ағайындасыңдар* деп кедергі болған — сол (С. Мұқанов, Таңд.).

АҒАЙЫНДЫ с ы н. *Аға-інілі, туғантуысқанды, бауырлас.* Осы арыздарды жіберіп отырған өздері түнде көрінбеген Керімбек, Асылбек дейтін *ағайынды* екі Жанаевтар (М. Әуезов, Өскен өркен). *Ағайынды* кісідей бірге қонып, Сол, шіркін, күннен күнге сырымды алды (Ақын жырлары).

АҒАЙЫНДЫҚ з а т. *Ағайынгершілік, татулық.* Әкімшілік жағынан бір облысқа бағынған жапсарлас, қоныстас жатқан бұл екі елдің *ағайындық,* татулық қарымқатынасы өте күшті болған («Лен. жас»). Өздерің болыс сайлаған соң басқаларша жауластырмай ауыл ісін *ағайындықпен* бітіргіш келеді (Ш Арыстанов, Сұңқар.).

АҒАЙЫНСЫ е т. *Өзін ағайын санаған болып көріну, ағайынсыну.* Жақыптың бұл отырғандардың көбімен іші араз, сырты тату. Алайда сайлау алдында *ағайынсып,* табысқансып жүр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Досанның қаза болғанына талай жыл өтсе де, Мұсақұл мен Қарынбай *ағайынсып* оның жылын бер-

мек болып, мал жетелеп келісіпті (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

АҒАЙЫН-ТУҒАН з а т. *Туыстас, бауырлас адамдар.* Бұл үй бұрынғыдай *а ғ а й ы н-т у ғ а н,* ел-жұртпен араласудан да қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *А ғ а й ы н-т у ғ а н* есен бол, Алшайып атқа мінейін Енді айналып келгенше, Аңсай-аңсай жүрейін (Жамбыл). Кейінірек тауға шығып, мал баққан *а ғ а й ы н-т у ғ а н д а р ғ а* қолқабыс етіп жүрдім («Лен. жас»).

АҒАЙЫН-ТУҒАНСЫЗ с ы н. *Туған-туысқаны жоқ.* Бұрын Салақбай деген бір кісі болыпты. Ол өзі әрі жарлы, әрі жападан жалғыз *а ғ а й ы н-т у ғ а н с ы з* болыпты (Қаз. ертегі.).

АҒАЙЫН-ТУМА з а т. с ө й л. **Ағайын-туған.** Еріксіз малға сатылып, ел асып бара жатқан қыз ұзатылар алдында ай бойы *а ғ а й ы н-т у м а м е н* қоштасып сыңсиды (А. Жұбанов, Құрманғазы). Күйеуінің жылын бергеннен кейін *а ғ а й ы н-т у м а* қаумалап құрық сала берген соң, жесір әйел тас құлақ саңырау шалға тиді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АҒАЙЫНШЫЛ с ы н. *Бауырмал, туысқаншыл.* Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады, Ерге жаттың тізесі батса, *а ғ а й ы н ш ы л* болады (Мақал). Балабастан кейін Тайырдың көрсеткісі келген образы — Нұршалы. Ол негізі байшыл емес, *а ғ а й ы н ш ы л,* жақыншыл ғана жігіт (С. Мұқанов, Өсу жол.).

АҒАЙЫНШЫЛА е т. *Ағайынды аралау.* Атам да, енем де үйде екен. *А ғ а й ы н ш ы л а ғ а н* жолаушы екенімді аңғартты м әзірше (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр).

АҒАЙЫНШЫЛАУ *Ағайыншыла етістігінің қимыл атауы.*

АҒАЙЫНШЫЛЫҚ з а т. 1. *Адамгершілік, игілікті іс, ізгі әрекет.* Мырзабек екі бөлмесінің бірін босатты да, балаң екеуін осында тұрыңдар деп үлкен *а ғ а й ы н ш ы л ы қ жасады* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

2. *Татулық.* Екеуі де *а ғ а й ы н ш ы л ы қ т ы,* алыс-берісті білмейтін, өз дегендерінен қайтпай қасарысатын түрлері бар (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Жапардың жақында сатып алған шағын сүт машинасына маңайдағы үш-төрт үй сүт тартқызатын *а ғ а й ы н ш ы л ы қ п е н* (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

1. **АҒАЛА** е т. 1. *Аға-аға деп айту.* Келгенде үшке домалап, Жүгірді ылғи *а ғ а л а п* (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Сыйлау, құрметтеу.* Ұлы жүзді аралап, Елдің жайын көп білдім. Жасы үлкенді *а ғ а л а п,* Мен де қызмет көп қылдым (Жамбыл). 3. *Жағыну, жағымпаздану, жалыну.* Жағымсыз аузы епті кейбір артист Байпаңдап сүймесе де *а ғ а л а й д ы* (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). Бағып қас пен қабағын, Жалбарынып *а ғ а л а п,* Басқа шыңдар балағын, Күн өткізген паналап (С. Мәуленов, Торғай қақпасы).

2. **АҒАЛА** е т. *Жеңіске жету, озық шығу.* Күресте барлық дүниенің балуандарын *а ғ а л а п* жығып, алтын медаль алған алып Гайдамак Мартынов Омбыға келгелі де осы цирктегі балуанның бәрін *а ғ а л а п* болған; Бұл күнге дейін Омбының цирігіндегі *а ғ а л а п* келген алыптың бірі — Мұқан; Өзінің жүрген жеріндегі балуанның бәрін *а ғ а л а ғ а н* жігіт екен (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҒАЛЫҚ з а т. 1. *Жасы үлкендік. А ғ а л ы ғ ы ң* осындайда есіңе түсетін болса, сен де қоя ғой (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Сіздер тентекке қорғаныш болып, ара түсіп *а ғ а л ы қ* сатасыздар. Жарайды, қойдық (С. Бегалин, Бала Шоқан). Мақанның туысқандығында да, *а ғ а л ы ғ ы н д а* да мін жоқ, бірақ соқпағы бөтен болып жүр (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). 2. *Қамқорлық.* Біздің тұрмысымызда қай жағынан болса да орыс елі *а ғ а л ы қ* етіп келді. Көркем әдебиет сынына орыс халқы бізден мың есе бай (С. Мұқанов, Өсу жол.). Кеңесім ғой *а ғ а л ы қ,* Болмашыға мастанба. Емес елге жаңалық, Жеткізбеуің қашқанда (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Ахмет достық, *а ғ а л ы қ* сөзін айтып, қонақтарын аттандырды (С. Бегалин, Әңгім.). 3. *Басшылық, басқару.* Менің ұсынысымды қабылдасаңдар, коллектив басқармасының *а ғ а л ы ғ ы н а* тап осы жеңгейді сайлаңдар (Б. Майлин, Шығ.). 4. *Ағаға тән, жасы үлкенге қатысты.* Аяулы азамат Мұқан туралы бұл кітапшаны жазу — біздің жолдастық, *а ғ а л ы қ* борышымыз (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Мені жылы шыраймен қарсы алып, *а ғ а л ы қ* ақылын айтты (Алғы шептегі.). Дәл сол минутта барлық денем шымырлап, бойыма бір *а ғ а л ы қ* сезім, жоқ, тіпті *а ғ а л ы қ* емес, аталық сезім пайда болды (М. Иманжанов, Адам тур.).

◆ **Ағалық айтты.** *Ақыл үйретті, жөн сілтеді.* Осындай жұрттан озған біліміңмен *А ғ а л ы қ а й т п а қ* бопсың нұсқап бармақ. *А ғ а л ы қ а й т п а қ* түгіл былайғыға, Адасып арандамай басыңды бақ (Айтыс).. **Ағалық етті.** *Бас болды, басқарды.* Жастар мәжілісіне *а ғ а л ы қ е т і п* отырған үй иесі Смағұл-ды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АҒАЛЫ-ІНІЛІ с ы н. *Ағайынды, бауырлас, туыс. А ғ а л ы-і н і л і* адамдардың арасындағы әлі сыртқа шықпаған шиеленісті тұтату үшін әдейі істеп отыр екен (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). Апалы-сіңлілі, *а ғ а л ы-і н і л і* бесеуі де бір қалада, бір коллективте жұмыс істейді («Қаз. әдеб.»).

АҒАР е т. 1. *Ақ түске айналу, бозару, бозғылдану.* Бұлттардың біреуінен Айдың бір шеті қылтиып шыға берді-ақ мрамор күмбездер *а ғ а р ы п* нұрлана бастайды (М. Әуезов, Индия очерк.). Отыздарда жасымыз, Жасықпыз ба осы біз. Келіншектер күлгендей *А ғ а р ы п т ы* шашымыз (С. Мәуленов. Жолдас). Оның ажары ажымданып, самай шашы *а ғ а р а* бастаған екен (Ж. Тілеков, Қайнар).

2. *Таң бозарып жарық түсу.* Біз келдік Шеңгелді өзен түн болғанда, Еру боп жатыр екен сол бір маңда. Тамақтанып, шай ішіп әл жидық та, Жылқыны айдадық таң *а ғ а р ғ а н д а* (Батырлар жыры). Таң *а ғ а р ы п* қалғанда, Күн шықты әне, күн шықты! Шатыр толған алаңда Сызылып бір ұн шықты (Т. Жароков, Шығ.). Кейде күндізді былай қойып, түнімен таң *а ғ а р ғ а н ш а* отырамын, осы жұмыс азабынан болар, көзімнің түбі шаншып ауыратын болды (Ж. Саин, Жол үсті.).

3. А у ы с. *Айыптан ақталу, құтылу.* Бірақ жұмыс саны көп болып тергеуден тергеу болса да, Абай бір де біріне жығылмай, *а ғ а р ы п* аман шығады (М. Әуезов, Әр жыл.). Нақ осы мына қазандағы мұрынды жарып бара жатқан жас жылқының еті қайдан шықты? Кәне, енді *а ғ а р ы п* көрші (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

◆ **Көзі ағарды.** *а) Соқыр болды, көзі ағып түсті.* Жыланның *к ө з і а ғ а р д ы,* Жиырылып залым құлады. Еңіреп жүрген талайдың Ашылды қас пен қабағы (Қ. Жапсарбаев, Өленд.). Бет-аузыма қарашы, Мендей *к ө з і ң а ғ а р с ы н.* Жолдасыңды сабайсың, Жақсылық қайдан табарсың (Қамбар батыр). *ә) Қателесу, жаңылу.* Немереңді танымай, *К ө з і ң* неден *а ғ а р д ы?* (Алпамыс). *б) Сорлау, бәлеге ұшырау.* Ит қалмақ *к ө з і ң а ғ а р д ы,* Ақымақтықпенен білмейсің Ажалыңның келгенін (Қыз жібек). **Қосағымен қоса ағарды.** *Жасы ұзақ болып, жақсы өмір сүрді.* Өркенің өссін қарағым! *Қ о с а ғ ы ң м е н қ о с а а ғ а р!* — деп алғыс жаудырып жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Қадамың құтты болсын, қарағым! *Қ о с а ғ ы ң м е н қ о с а а ғ а р!* (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Сүйегі ағармады.** *Жарымады, жалшымады. С ү й е г і м* бір *а ғ а р м а й* келе жатыр, Көрініп жек көрінішті ауылдасқа. Ақ орда үйім болса жаз тігетін, Саф алтын сары орақтан сары ағашқа (Айтыс). **Шашы ағарды.** а) *Қартайды.* Жиырма бес — жас еді бұл болған арман, Аңсаумен ата қазақ *ш а ш ы а ғ а р ғ а н* (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). Бір таяққа жетпеді ме басымыз, Еңбек етіп *а ғ а р ғ а н ш а ш а ш ы м ы з.* Қасым ағаң өзі шам деп жүрсіз бе, Бастық қайным, сырыңызды ашыңыз (А. Боранбаев, Жаңарған жазық). *ә) Шаршады, қажыды.* Бригадир, учетчиктердің берген мәліметі ғой. Осы былықты арши-арши *ш а ш ы а ғ а р д ы,* — деді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Мына *ш а ш ы м* сенімен *а ғ а р д ы* ғой! Жолап кеткеніңді жайпап түсетін өрт едің (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

АҒАРАҢ: **Ағараң етті.** *Сәл ағарып көрінді.* Сонау көз ұшында қарауытқан қараңғыны өзектен өлде не *а ғ а р а ң е т і п,* Итжонға тура тартты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Ағараң тартты.** *Ақшылданды.* Семіз жұмыр күрең аттың тершіген ұзын түктері қырауытып, сауырыны *а ғ а р а ң т а р т т ы* (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Тұрар ауылдан шықты да, өзен қабағына барды. Басқа жерден айқын *а ғ а р а ң т а р т ы п* су арнасына қарай қиыс жатқан жіңішке сопақ үлкен бір қой тасқа барып тіреліп (С. Шаймерденов, Мінез). **Ағараң-ағараң етті.** *Ағараңдап көрінді.* Осы кезде бейтаныс бейне *а ғ а р а ң-а ғ а р а ң е т і п* қозғала берді. Оған қадалған жерден қан алғандай манадан шәуілден үріп тұрған ала күшік бұрынғыдан бетер шабалана түсті (А. Райымқұлов, Түйелі адам).

АҒАРАҢДА е т. *Ақшыл тартып көрінү.* Судыр Ахмет сыртқа шығып түндік салды да, қараңғы түнде ақ көйлек, ақ дамбалы *а ғ а р а ң д а п,* жүгіріп барып ащы түтіннің ішіне сүңгіп кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Анадайдан *а ғ а-*

р а ң д а ғ а н палатаға тесіле үңіледі. Бірер рет орнынан тұруға ыңғайланғандай ұмсына ұмтылып қояды (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Қараңғыда ақ іш киімдері *а ғ а р а ң д а ғ а н* офицерлерді автоматпен біраз отап алдық (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АҒАРАҢДАТ *Ағараңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жыртық бұлттан анда-санда бір жарық еткен ай алдымнан аласа үйлерді *а ғ а р а ң д а т ы п* көрсетіп қояды (С. Сматаев, Армысың.). Терезеден түскен сәуле жатақ ішін *а ғ а р а ң д а т ы п* тұр («Лен. жас»).

АҒАРҒАН з а т. 1. *Малдың сүті және сүттен жасалған айран, шұбат, қымыран т. б. сияқты сусындар.* Әжем осындайда: Аяғың талды ғой, отырсайшы, *а ғ а р ғ а н* ішемісің? — деп, шыдай алмай сары тостағанға айран құйып беретін (М. Сүндетов, Балық аула.). *А ғ а р ғ а н* ауыз тигізсеңіз болды,—деді теңіз жасағынан жайсыз хабар әкеліп отырған Кәлен, тезірек кету жағын көздеп (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Еттің майы.* Оралтай ет турағанда *а ғ а р ғ а н ы н* араластыра тураушы еді (Ауызекі тіл.).

АҒАРТ *Ағар етістігінің өзгелік етіс түрі.* Сыртын известпен *а ғ а р т қ а н* тайпақ ақ үйге қарама-қарсы күзетшінің бұткасындай ғана кішкене кірпіш үй тұр (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Сүйекті *а ғ а р т ы п* немесе сарғылт мөлдір түсті етіп өңдеуге болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АҒАРТҚЫ з а т. *Олифа, май т. б. байланыстырғыш ақ бояу құрайтын ақ пигменттер.* Мырыш *а ғ а р т қ ы с ы* мен литопон көп қолданылады (ҚСЭ).

1. АҒАРТУ *Ағарт етістігінің қимыл атауы.*

2. АҒАРТУ з а т. *Білім беру, оқыту, үйрету, тәрбиелеу.* Мектеп салып, *а ғ а р т у ғ а* оқу ашып, Өскелең өрлей бердік қадам басып. Жеткізіп кем-кетікті бірін қоймай, Балқыған толған айдай нұрын шашып (Ақын жырлары). Алдымда айқын айнам бар, Алдымда жойқын майдан бар, *А ғ а р т у* елді — майданым (І. Жансүгіров, Шығ.). Халық үшін қызмет ету, *а ғ а р т у* жұмысына бар күшімді сарп ету. Сондықтан халық учителі деген атақ берілген (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҒАРТУШЫ з а т. *Ағартушылық қызметпен шұғылданған адам.* Программада басы ашылып айтылмаса да бүгінгі кеш қазақтың ұлы *а ғ а р т у ш ы* ақыны және композиторы Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына елу жыл толғанына арналған еді (Қаз. музыкасы.). Қазақ халқының бірінші *а ғ а р т у ш ы с ы* Шоқан Уәлиханов—Омбыдағы кадеттік корпустың ұясынан ұшқан балапан (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АҒАРТУШЫЛЫҚ с ы н. *Ағарту ісіне еңбек етушілік, ағартушы болушылық.* Ыбырай Алтынсариннің *а ғ а р т у ш ы л ы қ* қызметін жете бағалау қажет; Ыбырай саналы өмірін оқытушылық, *а ғ а р т у ш ы л ы қ* жолына жұмсады (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Саналы ойға бала шағынан үйір ол алғашқы игі пікірін *а ғ а р т у ш ы л ы қ* идеяның төңірегінде құрады (С. Мұқанов, Өсу жол.).

АҒАРТЫЛ *Ағарт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Боранбайдың үйі шым, сырты сарбалшықпен сыланып, іші *а ғ а р т ы л ғ а н,* сәкісі тақтай, екі бөлмесі де жылы еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Қабырғалары көптен *а ғ а р т ы л м а й* күңгірт тартқан, үй іші салқын (Х. Рахимов, Қарлығаш). Екі мастерскойдың едені төселіп, есік-терезелері де сырланып, қабырғалары *а ғ а р т ы л д ы* («Халық мұғ.»).

АҒАРТЫЛУ *Ағартыл етістігінің қимыл атауы.*

АҒАРТЫҢҚЫРА е т. *Ағарта түсу.* Үйдің қабырғасын *а ғ а р т ы ң қ ы р а й* түсу керек (Ауызекі тіл.).

АҒАРТЫҢҚЫРАУ *Ағартыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АҒАРТЫС *Ағарт етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ағаш жанданған кезде ол Айша апайдың көрсетуімен түбін босатып, сабағын *а ғ а р т ы с ы п,* үнемі мәпелеп күтеді (С. Бегалин, Жас бұтақ).

АҒАРТЫСУ *Ағартыс етістігінің қимыл атауы.*

АҒАРУ *Ағар етістігінің қимыл атауы.*

АҒАРЫҢҚЫ с ы н. *Ақшылдау.* Үзіктері *а ғ а р ы ң қ ы,* үйлері үлкен, ауыл сыртында желі де бар (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҒАСЫЗ с ы н. *Ағасы жоқ, жасы үлкен басшы адамсыз.* Ел *а ғ а с ы з* болмас, Тон жағасыз болмас (Мақал).

АҒАСЫЗДЫҚ з а т. *Жасы үлкен туыс, қамқоршысы, ағасы жоқтық.* Миколадан бір айрылдым, Айырылам ба сенен жана. Жарсыз және *а ғ а с ы з д ы қ* Жазылып па маған ғана (Сәлем саған.).

АҒАСЫН е т. *Өзін өзі аға санау.* Не пайда бізге сенің алашыңнан, Білеміз қамқорыңды *а ғ а с ы н ғ а н.* Шұлғиды елін езген ұлықтарға, Бой сақтап елдің тартысталасынан (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АҒАСЫНУ *Ағасын етістігінің қимыл атауы.*

АҒАТ с ы н. *Қате, теріс, жаңылыс.* Аттандырдым майданға, Аман-есен жүр, балам. Абыройға ие бол, *А ғ а т* баспа бір қадам (Жамбыл). Балам, түне күнгі *а ғ а т* қылығыңнан соң жұрт көзіне түсуге өте қымсынатын көрінесің. Бүйтіп бұға берсең, сенің жақсы адам екеніңді кім біледі (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Олардың ойы *а ғ а т* екенін енді ғана түсінің тұрмын, — деді Әміреңің жерлесі (Қ. Жармағамбетов, Әнші азамат).

◆ **Ағат кетті.** *Қателесті, жаңылысты.* Басқаға қатал болсам да, сізге дегенде көп кешірім жасадым. Талай *а ғ а т к е т к е н* жерлеріңізді елемей келдім (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қашан көрсең сол қыз мінезділігінен танбайды. *А ғ а т к е т к е н* орайың болса, үндемей отырып-ақ ұялтады («Қаз. әдеб.»).

АҒАТАЙ з а т. *Ағажан, әкеке.* Шырағым, Сара, саған не болды деп, Есімбек кіріп келді *а ғ а т а й ы м* (Айтыс). Баянауыл басынан бұлт кетпес, Қиядағы түлкіге құсым жетпес. Ақбоз үйдің сыртына шығарып сап, Қош, *а ғ а т а й,* дегенің естен кетпес (Қаз. ән.). Ақын дос, адал ниет *а ғ а т а й ы м* Мен үшін тоқсан толқып шекті уайым (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АҒАТАЙЛА е т. 1. *Сыйлау, құрметтеу, ыстық сезім білдіру.* Иіліп жасы үлкені кісілері, Өзіңді *а ғ а т а й л а п* кішілері. Көнекей, бәрекелде, қош келіпсіз! Қолтықтап ат үстінен түсіреді (М. Әлімбаев, Менің Қазақстан.). Балалар шықты алдымнан *а ғ а т а й л а п* Еркелеп «Жолдыаяқ» та көзі жайнап. Шеше де құлаш жайып, шырағым деп, Асықты болғанымша атты байлап (Б. Майлин, Шығ.). Құшақтап бір жас бала *а ғ а т а й л а п* Мойыныма асылып, тұрды айқайлап (Қ. Мұқышев, Орман).

2. *Ағатай деп жалыну, жалбарыну.* Шапқан жау отырғанда саспай жайлап, Атасын бауыздауға пышақ қайрап. Зарлаған екен сонда бала сұлу, Жауынан рақым тілеп *а ғ а т а й л а п* (С. Сейфуллин, Өленд.). Шырылдаған жас қыздар *а ғ а т а й л а п,* Айдалаға жүгірген көзі жайнап (А. Баймұратов, Қанды жорық).

АҒАТАЙЛАУ *Ағатайла етістігінің қимыл атауы.*

АҒАТСЫЗ с ы н. *Қатесіз, мүлтіксіз.* Қала сұлуларының киім киісін, жүріс-тұрысын көп көріп өскен алғыр көз дала қызының да, жарастықта жүректі шым еткізер, сезім билер әсемдікті де *а ғ а т с ы з* тап басты (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

АҒАТТАУ с ы н. *Әбестеу, терістеу, орынсыздау.* Алғашқы сөзінің аузынан *а ғ а т т а у* шыққанын енді аңғарған Вера Николаевна ұялғандай болды (А. Лекеров, Түз гүлі). Алдаберген өзінің *а ғ а т т а у* кетіп қалғанын ұқты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Дробаттың кейде өзі айтқандай шұғыл кеп қатты ренжитін кездері, кейде *а ғ а т т а у* кететін кездері болатын-ды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

АҒАТТЫҚ з а т. *Әбестік, қателік, жаңсақтық. А ғ а т т ы қ* ісімізді білмедік пе? Көңілін бір нәрседен кірледік пе? (І. Жансүгіров, Поэм.). Ақын болды ма, әлде *а ғ а т т ы қ* істедім бе, тап сол арада өлшеп-пішкен мен жоқ (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жаныңдай көрдім жырыңды, Жаттадым ұстаз сабақ қып. Алдымнан перде сырылды, Азайды менде *а ғ а т т ы қ* (І. Мәмбетов, Өсиет).

АҒАШ з а т. 1. *Бұтақтап биік өсетін көп жылдық өсімдіктердің ортақ аты, дарақ.* Қалың *а ғ а ш т ы ң* шетіне шыға келгенімізде, анадай жерде қарайып бір деревня көрінді (Ол күндер.). Күңгірт аспанға бойлап тұрған қыраулы биік *а ғ а ш т а р д ы ң* басы қыбыр етпейді (С. Шаймерденов, Мезгіл). Күнбағыс бір жаздың ішінде 40 литр су сіңіреді, алма *а ғ а ш ы* мұндай суды бір күнде сіңіреді (А. Орынбаева, Геогр. ғажайып.).

2. *Әр түрлі қажеттікке жұмсау үшін кесіліп алынған кесінділер мен құрылыс материалдары.* Бірнеше жауынгерлер бірі *а ғ а ш* жарып, бірі ошаққа отын жағып, бірі үсіген картопты аршып отыр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Адам құрылысты *а ғ а ш т а н,* бетоннан, тағы басқа материалдардан жасайды (А. Машанов, Жер асты.). Суға да мен барар ем, Егер қарым талмаса, Отынды да жарар ем, *А ғ а ш* қатты болмаса (М. Әлімбаев, Биікке-биікке).

◆ **Ағаш атқа мінгізді, ағаш аттың басына мінгізді.** *а) Жаман атқа ұшыратты, жаманшылыққа жорыды.* Нұртайдың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс санайтын кейбір жарамсақтар Сәмет екеумізді сыртқан күстаналап, *ағаш аттың басына мінгізіп* жүргенін де біліп жатырмыз (С. Омаров, Қайырлы жаз). *ә) Жұрдай қылды, сорлатты.* Бұл құданың құдіреті, *Ағаш атқа мінгізді,* Көнбейтұрғын жан бар ма? (Айтыс). **Ағаш белсенділеу.** *Мәселенің мәнін жете білмейтін, орашолақ.* Жақыпбектің мұнысы біреулерге жағып, біреулерге жақпай қалды. Мынаның келмей жатып пысықсуы жаман екен, *ағаш белсенділеу* біреу болмаса не қылсын деп ойлады жаратпағандар (М. Иманжанов, Көк белес). **Ағаш мінез.** *Морт, бір бет.* Тапсырған сөзді алмай-қоспай жеткізіп отыратын, берген әмірді иілмей орындайтын *ағаш мінез* адам шығарсың (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Ағаштан түйін түйеді.** *Қолынан бәрі келетін шебер, ұста.* Бұл Керей дегеннің *ағаштан түйін түйеді* деуі рас екен. Ағашқа шебер екен бұл Керейің (С. Мұқанов, Есею жыл.). Керей жігіт Бажақ *ағаштан түйін түйетін* шебер екен («Қаз. әдеб.»). **Ағаш шебері.** *Ағаштан әр алуан заттар мен құрал-саймандар жасайтын маман, балташы.* Біздің мектепте ер балалар темір ұстасы мен *ағаш шеберері,* түрлі техникалық мамандық алады («Халық мұғ.»). Біріне бірі жалғасқан кеуделі кең үйлер. Бірінде ұсталар дүкені, енді бірінде *ағаш шеберлері,* колхоздың диірмені де осыларға жалғас (Ғ. Сыланов, Шалқар). **Бел ағаш.** *Үйдің төбесіне салатын жуан ағаш, арқалық.* Аула ішінде жататын бір ұзын *бел ағаш* бар еді, Сейіт қызды соның үстіне отырғызды (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). **Иін ағаш.** *Иыққа асып су таситын аспап, мойын ағаш, әкпіш.* Қадишаның дүкенге баруы, *иін ағашпен* су әкелуі мұның кішкене қайнысы үшін керемет оқиға болатын («Лен. жас»). **Мама ағаш.** *Ат байлайтын діңгек.* Ораудағы құлынына үркіп қарап, *мама ағашты* айнала жер тарпып мазасызданған жирен биенің балажан мінезіне қызығып Ерден біраз қарап тұрды (С. Бегалин, Әңгім.). Аралға кеме жақын кіріп келді, Мергеннің *мама ағашта* атын көрді. Жануар жауды біліп Құлагер ат, Пысқырып иесіне хабар берді (Батырлар жыры). **Мойын ағаш.** *а) Иін ағаш, әкпіш.* Оған Қажымұқан секілді темір жол рельсін иығына салып иетін, ондаған адамдарды *мойын ағашқа* отырғызып, қиналмай көтеріп әкететін нағыз сыналған озықтар өнер көрсетті (М. Танекеев, Қажымұқан). *ә) Жарма ағаш, мойынтырық.*

АҒАШЖЕГІ з а т. *Түнде тіршілік ететін көбелек. Ағашжегінің* жұлдыз құрты көп зақымдаған ағаш өспей қалады (ҚСЭ).

АҒАШСЫЗ с ы н. *Ағашы жоқ.* Теріскейге ойысқан сайын *ағашсыз* дала сирей бастайды (Ауызекі тіл.).

АҒАШТАЙ с ы н. *Ағаш сияқты, ағашқа ұқсаған.* Екі балуан айқасып өскен екі *ағаштай* болып бірінен бірі айрыла да алмай тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қағаздай қырқып құрышты, *Ағаштай* оңай жоясың. Жұртқа керек зор істі Жасайсың, токарь боласың (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Бұл ауыл адамдырын ұға ма енді, *Ағаштай* бұтағынан сына ма енді. Қолға алып нәрестесін ернін тістеп, Жас Қамаш үйден үнсіз шыға берді (Т. Молдағалиев, Қамила).

АҒАШТЫ с ы н. *Ағашы мол.* Шалқыған біздің жақтың көлдері бар, *Ағашты,* бесік таулы жерлері бар. Өзен, су, көлдер жайлап тау қыстайтын, Меймандос, берекелі елдері бар (С. Сейфуллин, Өленд.). *Ағашты* көшеде, жапырақты бұталар арасынан Ильич шамдары жарқырайды (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АҒАШША ү с т. *Ағаш тәрізді.* Жылқының бәрі де семіз, жондары жылтырап иін *ағашша* майысады («Қаз. әдеб.»). Мойын *ағашша* иіліп қораның бір шетінен екінші шетіне созылып жатыр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АҒАШШЫ з а т. *Ағаш шебері, балташы.* Етікші мен *ағашшы,* Зергер бөлек үйісті. Мақан шал мен Әлімбет Аспабын көпке қиысты (Б. Майлин, Шығ.). Құр сүлде, шықпаған жан шыбын жандар, Ісік шалған буынды, қайда қан бар. Әр бөлек *ағашшысы,* теміршісі, Етікші, шапан тіккен көп мен шалбар (С. Мұқанов, Алып. адым.). Ұйқыға өзге үшеуі кірісті де, *Ағашшы* күзет үшін қалды тұрып (Ү. Кәрібаев, Өленд.).

АҒА-ІНІ з а т. *Туыс, бауыр, туғантуысқан.* Көбі қырдағы жұтамаған *аға-інілеріне* кетіп, бірсыпырасы қалған бірлі-жарымды малдарымен бұрынғы жерлерінде отыр (С. Шарипов, Шығ.). Неше жылдан бері қамауда жүріп, тұк жұмысқа

үйренбеген, әке-шешелерінен айрылған *а ғ а-і н і л е р і* болса қайда бармақ (Бұл да).

АҒЕКЕ з а т. *Ағажан, ағатай. А ғ е к е,* қымыз қойдық алдыңызға, Өнерге түспей жатып салдыңыз ба? Ойламай қонақ жөнін салдықпенен, Пәлеге ашылмастай, қалдыңыз ба? (Айтыс). *А ғ е к е,* жеткенде ұйқы бір-ақ қансын, Жарықтық, аңсаппыз ғой дала ауасын (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). Жан *а ғ е к е*-ау, құлақ сал, Көргенімді айтайын. Ішіме сыймай барады, Сізге айтпай қайтейін (Батырлар жыры).

АҒЗА а р. з а т. *Мүше.* Ауру мал іш тастағанда не төлдегенде, олардың жыныстық *а ғ з а л а р ы н а н* бруцеллёз микробтары көп тарайды (Е. Оразақов, Дәрігерлік кеңес). Көз, ауыз, тіс, тіл, иіскеу *а ғ з а с ы* балықта бар (А. Машанов, Жер асты.). Микробтың қан арқылы денеге жайылған уы адам *а ғ з а с ы н,* алдымен нерв жүйесін қатты уландырады (Е. Оразақов, Туберкулез.).

АҒЗАМ а р. з а т. *Ұлық.* Өзіндей етіп тәрбиелеп, өзіндей мейрімсіз әкім, *а ғ з а м* етіп шығаруды аңсады (Т. Әлімқұлов, Абай). Бақалдар бар тараптан төңкерілді, *А ғ з а м н ы ң* саулығына жұтылып қап (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Патша *а ғ з а м н ы ң* жүзін көріп, ауызекі арызымызды айтамыз (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АҒЛАМЛАН е т. *Белгілену, анықталу.* Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән *а ғ л а м л а н ғ а н* фиғыл құдаға фиғлымызды ертпек не бірлән табылады, қалайша табылады, оны білмек керек (Абай).

АҒЛӨП з а т. д и а л. *Жетек, терте.* Он төрт шанада қырық екі бел ағаш, жиырма сегіз табан, жиырма сегіз *а ғ л ө п* бар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Аттар шананың *а ғ л ө п т е р і н* жеп қойды. Қой терісінен тігілген тонның етегі құйқа болып қазанға түсті (Т. Құрманғалиев, Теңіз достары).

АҒУ *Ақ етістігінің қимыл атауы.* Тасыған судың ағыс екпіні қандайлығы судың бетінде қалқыған сеңдердің, ағаштардың тағы әлденелердің *а ғ у ы н а н* байқалады (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Негізгі мақсат — қан *а ғ у д ы* тоқтату әдістерін білу, суға батқан адамға жәрдем көрсетудің түрлі әдістерін үйрету («Халық мұғ.»).

АҒУА з а т. д и а л. *Уағыз, үгіт.* Енді мына тар заманда зұлымдар зұлымдық жолға шықты, азғын *а ғ у а м е н* қоректенгендер асылды мыс етуге, дін мен ғаділетті аяқ астына салып таптауға аттанды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҒУАЛА е т. *Уағыздау, үгіттеу.* Дажал адам баласын һәлак етеді. Мұсылман қауымын аздыруға, хақ дінімен бездіруге *а ғ у а л а й д ы*... Алла! Алла! — десті дір ете қалған халық (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҒУАЛАУ *Ағуала етістігінің қимыл атауы.*

АҒУАЛАУШЫ з а т. *Уағыз жүргізуші үгіт айтушы.* Мен Орал қаласына аттандым. Әрине, ұзамай-ақ подполковниктің берген жасырын пакетін ашып қарауға тура келді. Онда «осыны табыс етуші киргиздарды бүлік шығаруға *а ғ у а л а у ш ы н ы ң* өзі» депті. Мұнан кейін не болары белгілі ғой (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҒУАШЫ з а т. *Уағызшы, үгітші. Өзі араласпай бір бүйір отырып, жел беруші. А ғ у а ш ы л а р д ы ң* айласы болуға да ықтимал; тіпті жеке басының намысына тигендіктен, тентек қажының тұра сала атқа мінуі де ғажап емес (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҒУЗЫ а р. з а т. 1. *Өлген адамға оқылатын құранның бас сөзі.* Аттың үстіне шығып алып, молдаларға ұқсап екі көзін шарт жұмып: — *А ғ у з ы*... — деп, әндетіп ұлы бастайды (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

2. *Өлген адамға оқылатын құранның ауыз тілінде аталу дағдысы.* Хакім әкесінің сол жағынан құлпы тасқа қарап көк шөптің үстіне жүгініп отыра қалды да, *а ғ у з ы н ы* тартты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Сұлтанмахмұт хазіреттің алдына барысымен *а ғ у з ы н ы* тартып, ясинді сырғыта жөнелді. Көзін де жұмбады, түсін де бұзбады (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АҒУС з а т с ө й л. *Август.* Жасырақ *а ғ у с т а ғ ы* жемістен де, Жұлдыздан сұлуырақ таққан нұрлы (Жамбыл).

АҒЫЗАМ з а т. с ө й л. *Ағзам.* Кешегі патша *а ғ ы з а м* заманында, Нөкері, төленгіті аманында, Құдайдың қор жаратқан күн мен құлдар Тәжіммен жүруші еді табанында (С. Дөнентаев, Шығ.).

АҒЫЗ е т. 1. *Суды белгілі бағытқа салып ақтыру, аққызу.* Каналмен суды *а ғ ы з ы п,* Теңізді шөлге бұрғыздық, Еділ

мен Донның үстінен Алып күштер тұрғыздық (Ү. Кәрібаев, Шығ.). Суды көп тұрғызбай шлюздар арқылы *ағызып* жіберу керек (М. Сабыров, Жасанды шабындық.). Қарамай тауы-тасына, Қайратын арна қаздық та, Ауылдың нақ қасына *Ағыздық* өзен жазықта (М. Әлімбаев, Биікке-биікке).

2. *Құю, сорғалату, төгу.* Қайнаған мыс қазанның шүмегінен су *ағызып* алып жатқан Тәженнің қатыны Жәмила деген қызыл келіншек (С. Сейфуллин, Шығ.). Әр алты сағаттан кейін сүт пен қаймақты айырған сепаратор секілді домна шлак пен шойынды ауық-ауық *ағызып* тұрады (К. Смаилов, Мамандық.).

3. *Ақтырып жіберу, аққызу.* Хан баланы асады да, бір жәшікке салып суға *ағызып* жібереді (Қаз. ертегі.). Хан қамқор бабаның басын алып, сандықты қайтадан суға *ағызып* жіберуге жарлық беріпті (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

4. *Бұзып, талқандап су алып кету.* Балыққа толы жүз жәшіктің бір де бірін қалдырмай, ашулы толқын *ағызып* өкеткен екен (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Талас суы қатты тасығанда, анаумынау көпірді шыдатпайды, бірден-ақ *ағызып* әкетеді (С. Бегалин, Жолдас). Тасқында сең *ағызған* өз үйімнің Орнына жаңа үй салып, тасын қидым (Т. Жароков, Шығ.).

5. *Зымырату, ызғыту, барынша қатты айдау.* Жалпақ бет қара жігіт тақымын қысып-қысып қойып, ақ сұр атты ысқырта *ағызып* оң жағына қарай бұрыла берді (С. Сейфуллин, Шығ.). Баптап мінген ала жирен қасқасымен оқтын-оқтын шаба жөнеліп, *ағызып* алады (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.)). Қайдар осы бір күндері машинадан түспеді, міне тағы *ағызып* келеді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

6. *Тоқтаусыз ағындау, төгілтіп жіберу.* Көңіл де жасыл өзендей, Толқындап толған жыр келді. Қарай да қарай қуаныш, *Ағызамын* өленді (Айманкүл, Ана сыры). Қолға алдым сандықтан мен сыбызғыны, *Ағыздым* «Шалқыманы» сыбызғы үні (Ө. Тұрманжанов, Өленд.). Арқыратып *ағызып* ән нөсерін, Толқынымен жүректі жадыратып (Ақын жырлары).

◆ **Аузынан суын ағызды, аузынан сілекейін ағызды.** *Ұйытып еліктіріп әкетті, таңдандырды.* Тартынбай тамылжытып сөйлегенде, өзінен үлкен-кішілердің *аузынан суын ағызып,* көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді (С. Торайғыров, Шығ.). Сөйтіп жүрт *аузынан сілекейін ағыза* таңдандырғандай іс көрсетер едім. Әттең, бұл да түспей кетті қолыма (А. Байтанаев, Асан). **Көзін ағызды.** *Көзін шығарды, соқыр қылды.* Құлағын кесті құнтитып, Мұрнын кесті шұнтитып. Екі *көзін ағызып,* Қу басын қойды сымпитып (Батырлар жыры). Бірі жағын айырды, Бірі тілін қайырды, Бірі зәрін тамызды, Бірі *көзін ағызды* (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). **Көз жасын ағызды.** *Жылатты, зар еңіретті.* Қайратты туған қандасым, Тулама асау теңіздей. *Ағыздың* анам *көз жасын,* Емшегін емген егіздей (Ж. Саин, Шығ.). Мамам булығады, *көз жасын* үнсіз *ағызады* (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). **Қара суды теріс ағызды.** *Бет бақтырмай, өз айтқанын істету.* Сот Мерсіреталиев *қара суды теріс ағызып,* Күзембаеваның пайдасына 450 сом төлеуге тиіс деп үкім шығарды («Қаз. әдеб.»). **Тілінің майын тамызды.** *Шебер сөйлеп, құр сөзге сүйенді. Тіліңнің майын тамызба,* қайным, жетім-жесірді аясаң, құтқар ана Нұртайдың мазағынан (С. Омаров, Қайырлы жаз).

АҒЫЗҒЫШ: **Су ағызғыш.** *Су ағызып тұратын.* Әсіресе *су ағызғыш* шлюздар жасауға цемент, металл сияқты құрылыс материалдары тым қажет (М. Сабыров, Жасанды шабындық.).

АҒЫЗДЫР *Ағыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тянь-Шаньнің ағашын Қас арқылы *ағыздырып* отырған да сол Жаңабай (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АҒЫЗУ *Ағыз етістігінің қимыл атауы.* Топырақты судың күшімен труба арқылы *ағызу* екі-үш есе арзанға түседі (Қ. Қамбаров, Таудағы қала). Кокстарды тасып әкетудің екі түрлі жүйесі бар. Біріншісі — *ағызу* жүйесі, немесе канализация жүйесі (Ж. Сұлтанов, Шыбын-шіркей).

АҒЫЗЫЛ *Ағыз етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қарасор табанымен ағып келген канал суы осылай қарай *ағызылды* (Қ. Исабаев, Арман арнасы.).

АҒЫЗЫЛУ *Ағызыл етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫЛ е т. 1. *Сорғалау, құйылу, төгілу.* Тасқындай тасты үйіріп, *Ағылды* металл толқыны. Науадай көктен құйылып, Ковштың ішін толтырды (С. Мәуленов, Өленд.). Машинаға ақ бидай Бункерден жатты *ағылып.* Әрірек жүр, — деді қыз,

Балоның кетер жарылып (Т. Жабаев, Із). 2. *Үздіксіз жүріп жату, шұбыру, жөнкілу.* Сол жолмен Қарқаралының қаракесектері қыс бойы *ағылып* жатады; Бүкіл жайлау елі аттысы атты, жаяуы жаяу, түс-түстан *ағыла* бастады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Енді барлық колхоздардан *ағылып* келе бастайды (Т. Ахтанов, Дала сыры). 3. *Ызғыту, барынша қатты айдау, зымырату.* Адвокат, шағым-арыз жон асады, Ал мұнда арық-тобыр жыласады, *Ағылып* ат тройка өте шыққа Қоғадай жапырылып жол ашады (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Шүу, жануар, *ағыла* Жел жетпесін шаңына. Жылқышыны жеткіз тез Сағынышты жарына (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). 4. *Тоқтаусыз ағындау, төгілтіп жіберу.* Кешкі салқындағы қоңыр желдің баяу ескен сыбдырына қосылып, ұйғырдың әдемі саздары *ағылады* (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Жайнатты жылдар гүлдеп қия-қырды, Күйшінің даласында күй *ағылды.* Жас түлек албырт ойлы қақты қанат, Жұртының жүрегіне құя жырды (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Қайнаған қанды жүректен Күй төгілді *ағылып* (Н. Баймұратов, Ер Төлеген).

◆ **Көзінен жас ағылды.** *Жылады, зар еңіреді.* Қыз сағынды өз үйін, Ақ күшігін сағынды. Тауысты да төзімін, *Көзден жасы ағылды* (Т. Молдағалиев, Құралай). Жылама, көзіңді сүрт, қарындасым, Мұңайып *көзіңнен жас ағылмасын* (Халық әндері).

АҒЫЛТ *Ағыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өленді айт дегенде *ағылтқанмын,* Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын (Жамбыл). Шыққанда ұшып аспанға, Көктің қойнын ашқанда, Бар әлемге танытқан, Өмір сырын *ағылтқан* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Дүбірлеген домбыра *Ағылта* күй төккен күн. Аңқылдаған әншінің Әні көкке жеткен күн (Айманкүл, Ана сыры).

АҒЫЛ-ТЕГІЛ үст. *Орасан көп, мол.* Ішінде күннен жарық жаққан шамдар, Сәулесі жалт-жұлт етіп көзіңді алдар. Кеш болса, бұл бақшада тыныстауға Ішінде *ағыл-тегіл* жүрген жандар (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Көзір елде не көп— сауатын бие көп. Ендеше, бұл тойға *ағыл-тегіл* келетін қымызда хисап болмайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жол үсті *ағыл-тегіл* базаршы жұрт, Біреуді болар емес, біреу біліп (Д. Әбілев, Өленд.).

АҒЫЛУ *Ағыл етістігінің қимыл атауы.* Академик Радловтың, профессор М. Әуезовтің айтуларына қарағанда, ақын деген сөздің түпкі мағынасы ағын, *ағылудан* шығуы ықтимал (Е. Ысмайылов, Ақындар). РСФСР-дан, Украинадан және басқа да республикалардан қуанышты хабарлар үсті-үстіне *ағылуда* (С. Сейітов, Жыл. жотасы.). Қаратау химиктеріне көмекке республикамыздың әр жерінен мамандар *ағылуда* (Адам және химия).

АҒЫЛШЫН з а т. 1. *Ұлт аты.* Трумэн мырзаның *ағылшын* халқымен келісімге келуі бұдан әлдеқайда қиынырақ (Бейбітшілік). Біздің Нілді заводының байы *ағылшын* еді ғой. Ал, шахталардың үстінен қаратып қоятын байдың Шегір деген ұлығы болатын (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Ағылшын мемлекеті, Англия.* Көзді байлап надандық, Қанша қор боп жүрмедік. Шеттен алды тіміскілеп, *Ағылшынның байлары* (Жамбыл). *Ағылшын* капиталистері мол кенді жалпағынан басса да, терең зерттей алмады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Асқар Қарағандының өмір тарихын сөз ғып, бір кезде *ағылшын* байларының қожа болғанына дейін тоқталды (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

АҒЫЛЫҢҚЫРА е т. *Ағыла түсу, ағынын үдету, қарқынын арттыра түсу.*

АҒЫЛЫҢҚЫРАУ *Ағылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫМ з а т. 1. *Бір нәрсенің ағуы, ағыс.* Өзенге ағылған сал сияқты қанның *ағымымен* жылысып барады да, дәл аурудың түсына келгенде тоқтап, қан тамырынан өтіп, ісікті тауып алады (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Ауа *ағымы* солтүстік жарты шарда оңға қарай, оңтүстік жарты шарда солға қарай ауытқып отырады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). 2. *Бағалыс, бағыт.* Социал-демократияда екі *ағым* — революциялық маркстік ағым мен оппортунистік ағым туды (КПСС тарихы, 75). XX ғасырдың басынан бері бүгінге шейін бұл романтизм мен реализмнің өздері де түрлі қиыпатқа, түрлі формаға, түрлі үлгіге, түрлі *ағымға* түсіп келді (С. Сейфуллин, Шығ.). Англияда өткізілген футбол жөніндегі дүниежүзілік чемпионат жұртшылық арасында екі түрлі *ағым* туғызды («Лен. жас»).

АҒЫМДА е т. *Қарқындау, өсіп өркендеу.* Жылама, көзіңді сүрт, қарындасым, Мұңайып көзіңнен жас ағылмасын. Осы кез біле білсең, заман сендік, Бір деген әйел еркек *а ғ ы м д а с ы н* (Халық әндері).

АҒЫМДАУ *Ағымда етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫН з а т. 1. *Су және басқа да сұйық заттардың белгілі бір бағытқа жылжып ойысуы, ағыс.* Судың *а ғ ы н ы м е н* ағып барып, бұлар тереңге түсіп, батпаққа көміліп жатыр (А. Машанов, Жер асты.). Төбедегі қарлардан ағылған бұлақ басы жақын еді. Соған жете беріп мерген арқасындағы текені *а ғ ы н ғ а* лықсытып жіберді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Ала келіп жөнелді *а ғ ы н* айдап, Ажалға араласып жатқан жайлап (И. Байзақов, Шығ.). 2. *Қатты қарқын, екпін.* Атының *а ғ ы н ы* күшті еді, қара үзіп кететін, тіпті Әйкендерге де жететін қаупі бар (А. Лекеров, Түз гүлі). Ол құс ағаш түбіне кіріп үлгіргенде, бүркіттің *а ғ ы н ы* ағашты қиратқан (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). Үйде отырған қыз Құртқа Дүбірін аттың есітті *А ғ ы н ы* қатты кім болсын, Сұлтанным-дағы десіпті (Қобыланды батыр). 3. *Ағып жатқан, ағысты.* Есігің алды *а ғ ы н* су, Ерте тұр да, Айсұлу Ағын сумен бетің жу (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). Көк ала егін дала *а ғ ы н* судай, Жатады төбелерде сағым тулай. Батыстан батпаған күн шұпыласы, Алыстан желбіреген алтын тудай (Б. Ырзабаев, Тұңғыш кітап). 4. *Беталыс, бағыт.* Соғыс жағында болсаң, империализм жағындасың немесе соғысқа қарсы болсаң, революция жағындасың. Міне, ол кезде партиялардың арасындағы меже осылай еді. В. И. Ленин, большевиктер бұл *«а ғ ы н ғ а* қарсы» тұрды. Ленин бастаған большевиктер партиясы соғысқа қарсы күреске шақырды (КПСС тарихы, 184). Адам баласының тұрмысының әм дүниеге қарасының өзгергеніне қарай әдебиет те өзі туып дүниеге таралғаннан бері талай түрге, талай жайға, талай *а ғ ы н ғ а* түсті, талай дәуірге түсті (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҒЫНДА е т. *Қарқындау, екпіндеу.* Алып ұшып келеді Жүйрік поезд *а ғ ы н д а п.* Терезеден қараймын Қандай сұлу табиғат (З. Шашкин, Туған жер). *А ғ ы н д а п* ұшып келе жатқан бестінің екі жағында көделі, бетегелі көк дала тасқын судай зулап жөнеліп, артқа қарай құлдырап ағып кетіп жатыр (М. Әуезов, Абай). Ол аспаннан түйіле, жай отындай *а ғ ы н д а п* келіп жерге түсті де, тура жебірейілге ұмтылды (Қаз. ертегі.).

АҒЫНДАЙ с ы н. *Ағын тәрізді.* Орғып тоқсан толқиды Толқын аққан *а ғ ы н д а й.* Кетеді кейде құлдырап, Қырда ойнаған сағымдай (З. Қалауова, Шығ.). Жалауы күрең жалындай, Бейне бір меруерт *а ғ ы н д а й.* Керуен өтсе құмартып, Қарайсың көз айырмай (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). Шаттанып сыңқылдаса кейде құдай, Кейде тасып *а ғ ы н д а й* төгіледі. Өткен өмірін ананың күй баяндап, Аяғандай зарланып еңіреді (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АҒЫНДАҢҚЫРА е т. *Ағындай түсу, ағынын арттыру.*

АҒЫНДАҢҚЫРАУ *Ағындаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫНДАТ *Ағында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүгіртіп, жүрдектетіп, жорғалатып, Аңқытып, аңқылдатып, *а ғ ы н д а т ы п.* Қаусырып қағып, түйіп, төгіп әнді, Қайырып, қалтылдатып, қалжыратып (І. Жансүгіров, Шығ.). Досан *а ғ ы н д а т ы п* шауып кеп, қызба жиренді секіртіп өтті (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Зіркілдетіп, зырылдата *А ғ ы н д а т ы п* поезд келед. Кідірмейді, бұрылмайды Бұрқылдаған бір керемет (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АҒЫНДАУ *Ағында етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫНДЫ с ы н. 1. *Ағып жатқан, ағысты.* Жаңғірхан атты арамың Көк орайлы жерді алды, *А ғ ы н д ы* өзен, суды алды (Жамбыл). Алайда құдық, *а ғ ы н д ы* өзен, бұлақ суларын пайдаланған жөн (С. Омаров, Қой. бағу.). Құлаққа келіп тұнады *А ғ ы н д ы* судың дауысы. Оятқан мені ең алғаш, Сол ауыл, сол бір бақ іші (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем). 2. *Қарқынды, екпінді.* «Қобыланды батыр», «Алпамыс» сияқты қиссалардың өлеңі түйдектеліп, шапқындатып келеді, *а ғ ы н д ы* келеді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Ежелден өткір де ұшқыр, зымырған *а ғ ы н д ы,* дауылпаз қанатты поэзия қанды майданның қақ төрінде, айқастың алдыңғы шебінде болды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Алты жылда бала көрмегенін бұрын ет қызу *а ғ ы н д ы* сезім үстінде елемегенімен, қазір іштей арман ететін тәрізді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

АҒЫНСЫЗ с ы н. *Ақпайтын, ағыны жоқ.* Көл суы *а ғ ы н с ы з* болатындықтан, ішіне түскен заттың барлығы түбіне тұнады (С. Омаров, Қой. бағу.). Су үнемі ағып жатуға тиіс, *а ғ ы н с ы з* су азады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Оның балапан құрттары *а ғ ы н с ы з* суда болатын ұлудың денесінде өмір сүреді (Құс өсіруші.).

АҒЫП-ТАМЫП үст. *Үзіліп сөзылып, шұбатылып.* Қонақтардың *а ғ ы п-т а м ы п* жиналуы сағат жарымға созылды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Дивизияның өз қарауындағы ұзақ бөлімшелердің бірсыпырасының *а ғ ы п-т а м ы п* қайда жүргені белгісіз (Бұл да).

АҒЫРАҚ с ы н. *Ақтау, ақшыл.* Оның түсі әлдеқайда *а ғ ы р а қ* болу керек (Ауызекі тіл.).

1. **АҒЫС** з а т. 1. *Су және басқа да сұйық заттардың белгілі бір бағытқа жылжып ойысуы, ағын. А ғ ы с ы* қатты сулардан Шырай соғып кел, бұлт. Шөптің басы жерлерден Жүгіре соғып кел, бұлт (С. Сейфуллин, Шығ.). Бері келерде балықтар *а ғ ы с қ а* қарсы жүзіп еді, қайтарда ағын бұларды өзі айдап келе жатыр (Ғ. Мүсірепов, Өмір жорығы). 2. *Беталыс, бағыт.* Өлген жоқ, жатыр Ленин ұйықтап қана, Жаһанның жүрегіндей ұлы дана. Жердегі барлық жолдың түйіні сол, Құяды жұрт *а ғ ы с ы* соған ғана (Қ. Аманжолов, Шығ.). Ол кетті, әлде мені алдады ма, *А ғ ы с ы н* замананың барлады ма? Көзі көр, көңілі көмір бай емес қой, Оқыған, парасаты бар жанында (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

2. **АҒЫС** *Ақ етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жарысып аспан көгіне Үйрек пен қаз *а ғ ы с қ а н.* Өзеннің ылди, өріне Таласа қанат қағысқан (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

АҒЫСТЫ с ы н. *Ағып жатқан, ағынды.* Бұйраланған *а ғ ы с т ы* өзен толқыны қайықты көтеріп-көтеріп тастады. Сирек сақалды қара кісі мандайы күнге жарқырап, табанды тіреп есіп, қайық басын сонау көрінген қалың ағашқа қарап қадап келеді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

АҒЫСУ *Ағыс етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫТ е т. 1. *Шешу, босату.* Нұржан да ауа жетпегендей терезе алдына кеп, көйлегінің түймесін *а ғ ы т т ы* да, Қайдардың шылымына қолын созды (З. Шашкин, Өмір тынысы). Қоспан Тортөбелдің айылын *а ғ ы т ы п,* ер-тоқымын алды, жүгенін сыпырды (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. П о э т. *Тоқтаусыз айту, аңырату.* Болғанмен менен өзге бет пен мұрны, Екеуміз бола қалып теңдес құрбы. Азырақ қызған кезде ол абхазша, Мен қазақша *а ғ ы т а м* өлең-жырды (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Емеспіз өткендердей уақыты тар, Кең жолға жолаушымыз бақыты бар. Достарым, сендерге мен қосылайын, Арнасын асқақ әннің *а ғ ы т ы ң д а р* (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АҒЫТТЫР *Ағыт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қыз Жібек пауескенің түймесін *а ғ ы т т ы р д ы* да, жарқ еткізіп бір көрінді-дағы, қайта жауып жатып қалды (Қыз Жібек). Бұл ауыл қонаққа ат *а ғ ы т т ы р м а й д ы,* өзі күтеді деді де, тағы да шығып кетті (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

АҒЫТТЫРҒЫЗ *Ағыттыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АҒЫТТЫРҒЫЗУ *Ағыттырғыз етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫТТЫРУ *Ағыттыр етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫТУ *Ағыт етістігінің қимыл атауы.* Мұрны қанаған адамды отырғызып, жағасын *а ғ ы т у* керек (Е. Оразақов, Дәрігер.). Естемес еміл сабаз өледі-ау! — деп, Сыртынан ашығаны қыздың жаны. Матайды маңыратпай *а ғ ы т у ғ а* Түн ауа қыздың осы келген шағы (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҒЫТЫЛДЫР *Ағытыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бригадир Кәрім тұра салып *а ғ ы т ы л д ы р ы п* еді, отырғандардың айызы қанып, құмары сонша тарқады білем (Ғ. Мұстафин, Шұғыла).

АҒЫТЫЛ е т. 1. *Ағыт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Шолақ тонының түймелері *а ғ ы т ы л ы п* кетіпті, құлақшыны артына қарай сырғыған (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Ал қызыл күнбатыста бұлт ыдырап, Аулақта аунақшыды тұқыр бір ат. Шаңдатып кете барды күннің астын Желіден *а ғ ы т ы л ғ а н* жылқы жырақ (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Күз аңызағы қуратқан бұта атаулы *а ғ ы т ы л ғ а н* қозыдай жамырап, желдің алдына түсіп ...барады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). 2. *Үздіксіз жүріп жату, шұбыру, жөнкілу.* Сол күні базар күні екен жан-жақтан, көше-көшеден атқа шана жеккен мұжықтар базар болатын майданға *а ғ ы т ы л ы п* келіп жатыр (С. Сейфуллин, Тар жол.). Ойдағы сұрауларға шиір-шатпақ,

Көрмені көріп, одан жауап таппақ. Келеді ел әр көшеден *ағытылып* Кимелеп бірін-бірі асыға аттап (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). 3. *Тоқтаусыз ағындау, төгілдіру.* Айналды үй мерекеге, Асылды ет, құйылды шай. *Ағытылды* тәтті әңгіме, Сырдың суы тасығандай (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Мүмкін, хатты алқынып отырып, асығып жазған адамның булығып келіп алқымға тірелген сағынышы *ағытылып* шығарға сөз таппай түйіліп қалып, көп ноқатқа айналған шығар (Ғ. Мүсірепов, Шығ.).

АҒЫТЫЛУ *Ағытыл етістігінің қимыл атауы.*

АҒЫТЫС *Ағыт етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екі бөлтіріктің біреуін Мұғдыбек, біреуін Шағыр бөктеріп алды да, біраздан соң жігіттер күлімсіреп омырауларының түймелерін *ағытысып* желпініп... аяңдап қайтты (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҒЫТЫСУ *Ағытыс етістігінің қимыл атауы.*

АДА а р. с ы н. *Жұрдай, тұқ жоқ.* Мал дегеннен *ада,* күшінен басқа сенері жоқ. Ауылда да таршылықта тұратын кедейлер, малшылар болады ғой (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мүслім тамсанып, көзін суарғаны болмаса, осындай тамаша қызықтан *ада* (З. Шашкин, Темір тау). Дегенмен, ақынның осындай көптеген сәтті өлеңдеріне қарап, жинақты кемшіліктен мүлде *ада* дей алмаймыз («Қаз. әдеб.»).

◆ **Ада болды.** *Таусылды, түгесілді, бітті.* Көңілімді бұл сауда мен қайғы басқан, Жүдедім *ада болып* ішер астан. Бір хабар ол сұлудан келе ме деп, Ынтызар бола-бола ұйқым қашқан (Үш ғасыр.). *Ада болмас* бұл сөзім, Ұзатпай енді тастайын. Әйтеуір ажал келеді, Тағдыр жетіп бір күні (Батырлар жыры). Саусақтан *ада болған* шолақ қол домбыраның шегін қағуға қалыптасты (Б. Майлин, Шығ.). **Ада етті, ада қылды.** *Тауысты, бітірді.* Әйтеуір дұғаңызды *ада ете* көрмеңіз, — деп, келген кісі мысқылмен суық күлді де, шапшаң бұрылып есікті жапты (К. Тоқаев, Тасқын). Арызыңды *ада қыл,* өзің біл де, Соныкінен кем бе еді біздің таңдай (XX ғ. қаз. ақын.). Ақыры бір әредігін тауып, әкесіне сөйлесіп, міндетін *ада қылды* (М. Әуезов, Шығ.).

АДА-ГҮДЕ ү с т. *Біржола, мүлде, ада-күде, ада-жұда.* Аменоррея ауруын қанша емдесе де, ол *ада-гүде* жазылмайды, кейде әйел мүгедек болып қалады (К. Өтегенова, Аборт. зияны). Жер тыңая бермек, егін шаруашылығы жылдан-жылға ғылымға сүйене бермек, әрбір дән егілген жерінің жағдайына көндіге бермек, арам шөптер *ада-гүде* құрымақ («Қаз. әдеб.»).

АДА-ЖҰДА ү с т. с ө й л. **Ада-гүде.** Бір қуанарлық жай: езгі тіршіліктің ескі жұртынан *ада-жұда* қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес (Ө. Қанахин, Дәмелі).

АДАЙ: **Адай жылқысы.** *Қазақ жылқысының салт мінетін бір түрі.* Адай *жылқысы* ұзақ жүріске төзімді, жүйрік, қағылез, без бүйрек (ҚСЭ).

АДА-КҮДЕ ү с т. с ө й л. **Ада-гүде.** Ұят қылды әбден-ақ Құлшора жас қабылан. Бұл айыптан жақсы ғой *Ада-күде* арылған (Манас). Кисе киімге, ішсе тамаққа жарымайтын таршылықтан *ада-күде* құтылды («Халық мұғ.»).

АДАҚТА е т. 1. *Біту, таусылу.* Алдын бөгей бер әйтеуір, арты *адақтап* қалмасын. Бөлініп қалған жалғыз-жарымнан қайыр жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Адақтап* жыл жоспарын мысшыларың, Көмекті көрсетемін дегенін айт (Халық ақын.). 2. *Аралап шығу.* Қоспан Байеділ сөзінің ар жағын тыңдаған жоқ, бәрі белгілі... Өзге мекемелерді *адақтап,* енді осында келгені ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры). 3. *Жекеленіп бөлінү, аулақтану.* Домбыра айналаға дүбір салды, *Адақтап* жалғыз шапқан жүйрік аттай (І. Жансүгіров, Поэм.). Тау төбесіне шықсаң, алыста *адақтай* біткен шоқылардан басқасы ұшы-қиырына көз жетпейтін кең дала (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРДАҚТАУ *Ардақта етістігінің қимыл атауы.* Жағалай отырған бар қатынды *ардақтау* тым ұзақ болар еді (М. Әуезов, Абай).

АДАЛ а р. с ы н. 1. *Пайдалануға жарамды, таза; арам емес.* Арам қолыңмен *адал* тамақты былғайсың, саған шөміш ұстатқан қандай көргенсіз? (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Көңілдің кілті жатыр ықыласта, Ашық қабақ, сусын мен *адал* аста. Әркім қалай ойлайды, өзі білсін, Соны біреу ойлатты-ау біздің басқа (Қ. Аманжолов, Шығ.).

2. *Ақ ниетті, таза ойлы, әділ.* Сәйт, шырағым, — деді Жанұзақ қуанып кетіп, *адал* едің ғой, соныңнан тая көрме! (С. Мұқанов, Есею жыл.). Оның *адал* дос

екеніне шәк келтіруге болмайды, — деп, Нұрым Сәлменді жақтай қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сен *а д а л* қожа болсаң, құм шекпенді сатып, елді алдамас едің, Осы күнге дейін сенің арамнан тапқан тиыныңа бола халықты алдадым (Ғ. Сыланов, Асау арна).

3. *Алдаусыз, арамдықсыз.* Есіңде болсын, шырақ, еңбекті *а д а л* істейтін бол, совхоз малы — өз малың (Б. Майлин, Шығ.). Талай рет *а д а л* еңбегіміз үшін бағалы сыйлықтар да алып жүрміз ғой, соның ішінде алтын сағаттар да болған (С. Шаймерденов, Мезгіл).

4. *Нағыз жан ашыр, таза сезімді.* Абай халқының *а д а л* ұлы екенін де, патриоты екенін де ісімен дәлелдеді (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Ыбырай қазақтың *а д а л* туған оқымыстысы, — деді әкем (С. Көбеев, Орынд. арман). Халықтың *а д а л* баласы Бір жүректі денедей (Жамбыл).

5. *Тура, анық, шын.* Ең керегі — *а д а л ы н* жазған және сіз берген тақырыпқа әбден келіп тұр («Халық мұғ.»). Қарағым, көңілің таза бала екенсің, *А д а л ы ң д ы* айтқаныңа рахмет (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

6. *Күнәсіз, жазығы жоқ.* Қараса, жан тояр ма ажарыма, Дұшпан ит, қарамайсың *а д а л ы м а* Бір қиял үйде жатып ойладым да, Атбасар өзім келдім базарына (XX ғ. қаз. ақын.).

◆ **Адал жол.** *Дұрыс бағыт, орынды іс-әрекет.* Өнер табу, өр табу мақсатымен Адассам да *а д а л ж о л д а* адастым; Қыңыр тартып қиындыққа кеткенше, Дұрыс болар *а д а л ж о л м е н* тырысқан (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Адалынан жолықты.** *Шын көңілдегідей болды, ойдағыдай болып шықты, таза, ақ ниетті болды.* Бір алла *а д а л ы н а н ж о л ы қ т ы р ғ а й,* Жан болса езу тартқан дос дей бердім. Дос та дос, туған да дос, діндес те дос, Түбінде зарарсызды шын дос көрдім (С. Дөнентаев, Шығ.). Алғаны *а д а л ы н а н ж о л ы ғ ы п т ы* (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

АДАЛА е т. *Бітіру, тамамдау, аяқтау.* Алдымыздағы алқапты тықырлап *а д а л а п,* белімізді жазып, демімізді алдық-ау (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

АДАЛБАҚАН з а т. *Киім ілетін көп ашалы ағаш.* Сырт киіміңді *а д а л б а қ а н ғ а* іле сал; Әдетте мұндай *а д а л б а қ а н ғ а* асыл киімдер мен бұйымдар ілінеді ғой (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Кілем құрған кереге бастары, *а д а л б а қ а н,* босаға дегендер неше түрлі киім, жылтырағын мүліктерге қайысып тұр (Ғ. Орманов, Жүрек).

АДАЛДА е т. 1. *Адал деп айту, ақтау.* Сөйлесе басын мақтап *а д а л д а й т ы н,* Артқыға алдыңғыны жамандайтын. Жолдасты жаңаланған жаны сүйіп, Жалпақтап жалпылдайтын амалдайтын (І. Жансүгіров, Шығ.).

2. *Алғанын ақтап алу, алғанына сай еңбек ету.* Босқа қарап отырғаннан да еңбек істеп, тамақты *а д а л д а п* ішу заңды нәрсе ғой (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген).

АДАЛДАН е т. *Арылу, тазару.* Әйтсе де театрдың күні бүгінге дейін сценалық штамптан қара дүрсін схематизмнен *а д а л д а н а* алмай келе жатқанын қынжыла айтуымыз керек («Лен. жас»).

АДАЛДАУ *Адалда етістігінің қимыл атауы.* Бір құдыққа ит түсіп кеткен екен, сол құдықты *а д а л д а у* үшін суын қотарып тастапты (Қаз. ертегі.).

АДАЛДЫҚ з а т. *Әділдік, шыншылдық, туралық.* Сабыржанның ақ көңілділігі мен *а д а л д ы ғ ы* да мол еді (О. Сәрсенбаев, Даңқ). Ұясынан томпайып шығып тұрған дөңгелек қой көзі *а д а л д ы қ* пен мейірімге толы (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жаныма *а д а л д ы қ т ы ң* екті гүлін, Алдымнан келешектің септі нұрын. Естіртті сонау тарих түкпірінен Бостандық көксеп өткен көктің үнін (І. Мәмбетов, Өсиет).

АДАЛДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Адалдық. Жасеспірімдерге қатаң талап қойып, оларды а д а л д ы л ы қ қ а,* шыншылдыққа, іскерлікке, өнерлілікке жастайынан баулуымыз қажет («Халық мұғ.»).

АДАЛСУ е т. *Өзін өзі адал етіп көрсету.* Күлген қорлық емес пе? Жығылып жүріп жыртыңдап. Жылы жансып, *а д а л с ы п,* Мал үшін тұрма құйтыңдап (І. Жансүгіров, Шығ.).

АДАМ а р. з а т. 1. *Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және ол құралды қоғамдық-еңбек процесіне пайдалана алатын жан иесі, кісі.* Не күшті дүниеде, *а д а м* күшті, Көрдіңіз бір қасырда талай істі (Ақын жырлары). Уралап, гүл лақтырып, қол бұлғаған, Жол бойы жас пен кәрі толған *а д а м* (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Тірі *а д а м н ы ң* жүректен аяулы жері бола ма? (Абай).

2. *Жалпы адам баласы, адамзат.* Баласы Қожағұлдың Біржан салмын, *А д а м ғ а* зияным жоқ жүрген жанмын. Қасыңа мені сендер неге алмайсың, Өзім сері, өзім ақын кімге зармын (Ақын жырлары). *А д а м* қоғамында, оның ішінде қазақ қоғамында «қаналушы» және «қанаушы» аталатын екі топ барын маған өмірдің өзі үйретті (С. Мұқанов, Есею жыл.). *А д а м* көрмеген, Ешбір бенде жүрмеген Есіз жатқан жер еді (Алпамыс).

3. *Көпшілік, барлық жұрт, халық.* Атаның ұлы болма, *а д а м н ы ң* ұлы бол дейді жақсылық (М. Әуезов, Абай жолы). Атаңның баласы болма, *а д а м н ы ң* баласы бол (Мақал).

◆ **Адам айтқысыз.** *Ғажап, керемет, кісі нанғысыз.* Мен *а д а м а й т қ ы с ы з* бір күшті кісі көрдім, — деді Шақтай (І. Жансүгіров, Шығ.). Аты болса, екеуміз жарыссақ, *а д а м а й т қ ы с ы з* қызыққа бататын секілдендік (Б. Майлин, Шығ.). Партия ұранымен еңбек даласына келген совет жастары өздерінің *а д а м а й т қ ы с ы з* ерліктерімен құлазыған даланың бермесін алды (Ж. Саин, Жол үсті.). **Адам алатын.** *Кісіге шабатын, шайнап тастайтын.* Қаусар — *а д а м а л а т ы н* бураның аузына кигізілетін темір құрсау («Лен. жас»). **Адам баласы.** *Жалпы адамзат, адам атаулы.* Өмір жүзіндегі істердің жақсылығы да, жамандығы да *адам баласының* ақыл-ойының жемісі қорытындысы ғой (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *А д а м б а л а с ы н а* бақыт та, байлық та еңбекпен табылады (С. Бегалин, Жас бұтақ). **Адам болды.** *а) Көпке игілікті қызмет ететін саналы азамат қатарына қосылды.* Ат болар тай саяққа үйір, *А д а м б о л а р* бала қонаққа үйір (Мақал). Шығамын тірі болсам *а д а м б о л ы п* Жүрмеймін бұл жаһанда жаман болып. Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе, Жүргенше өмір сүріп надан болып (С. Торайғыров, Шығ.). *ә) Ел қатарына қосылды.* Құл тумадық, ұл тудық, Бейнеті қатты ананың. *А д а м б о л ы п,* ақыл еніп, Өскенін көрдік баланың (Ақын жыр.). Шыныңды айт, кәне, Содырлықты қойдың ба, *А д а м б о л д ы ң* ба, мен сені бірден біле қойдым (М. Рашев, Біле қойдым). **Адам біткен.** *Барлық жұрт, күллі халық.* Сұлтанмахмұт осы әділетті қоғам — социализмнің орнауы жақын тұр, ертең-ақ *а д а м б і т к е н* әділдікке, социализмге бас иіп келеді дейді (Б. Кенжебаев, Дем. жазушы.). Айғай тыныш алда артта, *А д а м б і т к е н* қапты ұйып. Қарай қапты солдаттар Бөріктері қалқиып (Б. Аманшин, Бұтақтағы бұлбұл.). **Адам етті.** *Ел қатарына қосты.* Шопандықты менсінбеу еңбекті менсінбеу емес пе? Ал қандай бір жағдайда да адамды *а д а м е т е т і н* осы еңбек (С. Алдабергенов, Алға). Әкесі өзімді *а д а м е т т і,* өзі бүгін елімді ажалдан құтқарды, — деді Назгүл тайсалмастан (Ә. Әбішев, Терең тамыр). **Адам көргісіз, адам қарағысыз.** *Түрінен кісі шошитындай.* Бикешау, күйеу таңдаймын деп сен де жұртты басындырып болдың-ау. *А д а м к ө р г і с і з* бір жаман сенде жұмысым бар дейді (Аяз би). **Адам көрмеген.** *Кісі нанғысыз, өте ерекше. А д а м к ө р м е г е н* алып барабан дүңкілдеп, ондаған отты қара діңгек көкке шаншыла атылды (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Адам санады.** *Кісі деп есептеу, кісі тұту.* Қашанда желіккендерді *а д а м с а н а п,* Ақылсыз жаппас деген ел екенсің (Айтыс). **Адам саумақ.** *Біреуді пайдалану, біреуден олжа түсіру.* Құлық саумақ, көз сүзіп тіленіп *а д а м с а у м а қ* өнерсіз иттің ісі (Абай). **Адам сүймес.** *Өрескел, жағымсыз, ұнамсыз.* Өлтіріп Ибраһимді жығып салды, Қанжарын қанға бояп жұлып алды. Жазықсыз бір қалжыңға кісі өлтіріп, *А д а м с ү й м е с* бір іс қылып кете барды (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Адам төзгісіз.** *Шектен тыс, шыдап болмайтын.* Айуандық қанау Орал заводтарында *а д а м т ө з г і с і з* болды (ҚазССР тарихы). **Адам қатарына қосты.** *Ел қатарына, жұрт санатына жеткізді.* Бізді *а д а м қ а т а р ы н а қ о с қ а н* кеңес өкіметі (Б. Майлин, Шығ.). Бір кезде оқытып, *а д а м қ а т а р ы н а қ о с с а м* деп арман еткен баласы! Баласының бар өмірі көз алдында (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АДАМАТА а р. з а т. *Діни наным бойынша жер бетінде алғаш рет пайда болған адам.* Әуелі сөз сөйлеймін ойда бардан, Анадан өлмей қалмас туған адам. Біз тұрмақ *а д а м а т а* олар да өткен, Болады кімге жолдас пәни жалған (Айтыс.). Айтпапсыз, ағат сөйлеп білсек қата, Ақын деп қазақ маған берген бата. Әлемді он сегіз мың үшке бөліп, Ат қойған өз ойымен *а д а м а т а* (Бұл да).

АДАМГЕРШІЛ с ы н. с ө й л. *Кісі қамын ойлаушы, қамқоршыл.* Орысша орта білімі бар, Қызылжардағы педагогика техникумында жаратылыстан көп жыл сабақ берген, мінезі момын, *а д а м г е р-*

ш і л жақсы адам (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біздің есімізге *а д а м г е р ш і л* сүйкімді бейне түссе, онда осы уақытта оған қарама-қарсы тек өзінің қамын ойлайтын адамдардың бейнесі түсуі де мүмкін (М. Мұқанов, Бақылау.).

АДАМГЕРШІЛІК з а т. *Ар-ұжданның тазалығы, адамшылық.* Хрестоматияны құрастырғанымда негізгі көздеген нысанам — жас ұрпақты *а д а м г е р ш і л і к к е* тәрбиелеу еді (С. Көбеев, Орынд. арман). Жастарды еңбек сүйгіштікке, *а д а м г е р ш і л і к к е,* кіші пейілділікке, әділеттілікке, адамдармен берік достыққа тәрбиелеу—біздің қоғамның моральдық қағидасы («Лен. жас»). Ол — сонымен қатар *а д а м г е р ш і л і г і* күшті, уәдеге берік, серттен таймайтын адам (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АДАМДАЙ с ы н. *Адам сияқты, кісі тәрізді.* Қапан күрсінді, ұйқысынан оянған *а д а м д а й* жан-жағына қарады (Б. Майлин, Шығ.). Домбыра күйіне бар ықласымен берілген *а д а м д а й* әдемі үлкен көздері жаутаңдап, қою қасы мен ұзын кірпіктері ойнақшы қалатын (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мен қойдым, сен айта бер деп едіңіз, Салмақты, сабыры бар *а д а м д а й*-ақ (Айтыс).

АДАМДЫҚ з а т. *Ар-ұжданның тазалығы, адамгершілік, адам атына сай қасиет. А д а м д ы ң* пенен адалдық Ант беріп, туын ұстаған. Адаспай жолға ғасырды Көрсетіп күнде нұсқаған (Қ. Аманжолов, Шығ.). Айтқаныңа басыңды сал, Ақиқатын ойласаң! Тұрдым деген жеріңде қал, *А д а м д ы ғ ы ң* жоймасаң! (Ж. Саин, Шығ.). *А д а м д ы қ т ы* айт, ерлікті айт, батырлықты айт. Ел бірлігін сақтаған татулықты айт (Жамбыл).

АДАМЗАТ а р. з а т. *Бүкіл адам баласы, күллі халық.* Бүкіл *а д а м з а т т ы ң* алуан армандарын алдымен жүзеге асыратын біздің совет азаматтары болатынына бірде-бір күмән келтірмеймін (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Жан-жануар, *а д а м з а т* бәрі де жаратылыстың жақсылығына зар (С. Дөнентаев, Шығ.). Ақын едің, күн боп едің, Мезгіл жетпей сөндің сен. Сонда-дағы борышыңды *А д а м з а т қ а* бердің сен (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АДАМЗАТТЫҚ с ы н. *Адамзатқа тән.* Ертеде *а д а м з а т т ы қ* ұшқыр қиял Шындықты ертегі қып ойға сыяр, Бар дептті жерді ораған бір айдаһар Денесін түнде созып, күндіз жияр (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АДАМ-КҮН з а т. *Жұмыс уақытын есептеуде қолданылатын өлшеуіш* (ҚСЭ).

АДАМСЫ е т. *Өзін басқадан жоғары ұстау, кісімсу, паңсыну.* Надан қуанар арсаңдап, Таңырқап тұра қалмаңдар. Татымды ештеме болмас, *А д а м с ы п* босқа талтаңдар (Абай). Төртбақ келген, толықтау қара жігіт белбеуді көкірегіне таман буынып, *а д а м с ы п* келіп отырды (Б. Майлин, Шығ.). Сонда бұл мұрнын көкке көтереді, *А д а м с ы п* маңызданып жөнеледі (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.).

АДАМСЫЗ с ы н. *Кісісіз.* Бұл жұмыс қолы іс білетін *а д а м с ы з* тиянақты болып бітпейін деп тұр (Ауызекі тіл.).

АДАМСЫМАҚ с ы н. *Адам іспеттес.* Мұндай айуанат кейпіндегі *а д а м с ы м а қ т а р д ы* конвертке салып, жан-жағын сүргіштеп, архивке тастаудан басқа ешбір шара жоқ (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Дарынын қойған іші *а д а м с ы м а қ,* Бір долы болып шыққан ел бүлдіргіш (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АДАМСЫН е т. *Паңсыну, кісімсіну.* Әшкәбүс *а д а м с ы н б а й* тұрды күліп Оқ атты өкпеліктен оны біліп. Жіберіп келген оқты қолмен қағып, Және ат! деді үстінде аттың күліп тұрып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АДАМША ү с т. *Адам сияқты.* Сізбен *а д а м ш а* сөйлесуге болар ма екен? — деді молдаға отты көзін қадап (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Аға, олай қорламаңыз, мен сізден *а д а м ш а* мұсылман тілімен сұрап тұрмын (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Тіпті ересек *а д а м ш а* сөйлеп қапты (М. Әуезов, Шығ.).

АДАМШЫЛ с ы н. *Адам қамын ойлайтын, қамқоршыл.* Каменканың түбінде оның бір полкы қызыл гвардиямен қаруын тастай беріп, ой бауырымдап табысты. Бұған бас себеп: *а д а м ш ы л* мақсатты үгіт пен насихаттың нысанаға дәл тигендігі болса керек (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АДАМШЫЛЫҚ з а т. *Адам бойындағы жақсы қасиет, адамгершілік.* Сұлтанбек шынында да *а д а м ш ы л ы қ* қасиеттері мол, ойыншы, күлкіші, әзілқой, кеңескөр, әдебиет пен көркемөнерді сүйетін кісі еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әңгіме — негізі *а д а м ш ы л ы қ т а,* адам мен адамның жарасуында, қысылғанда бір-біріне

қарасуында (Ғ. Сыланов, Асау арна). Жаралғалы жегенің қазы, жамбас, Қарның ашты дегенге адам нанбас. Ет пен нанды ішіңе сықап тығып, *Адамшылыққа* инедей орын қалмас (Жамбыл).

АДАПТАЦИЯ з а т. *Организмнің және оның органдарының құрылысы мен атқаратын қызметінің тарихи және дербес даму жолында тіршілік ортасының алуан түрлі жағдайларына бейімделуі* (ҚСЭ).

АДАРҒЫ з а т. *Өрмек жіптерін астыңғы және үстіңгі жіп етіп бөліп тұратын ағаштан жасалған құрал, тақтайша. Адарғы* — екі жақ шеті дүзделіре жонылған, ортасы сәл дөңес, ені 20—25 сантиметрдей жай тақтай; *Адарғымен* бірге бақылау жібін өткізіп, оның екі ұшын қоса тұйықтап байлайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Айша өрмектің *адарғы* қылышын қаға отырып, қиыннан қиыстырып терме теріп отыр (Әйел теңдігі).

1. АДАС з а т. д и а л. **Аттас.** Өлген баламмен *адас* екенсің, қарағым, — деп кеудесін кере ауыр күрсінді әйел (С. Омаров, Тастағы жазу). Ендеше, біздің *адас* Исаевқа барайық, — деді Жандосов (С. Мұқанов, Есею жыл.).

2. АДАС е т. 1. *Бағыттан айрылып жол таба алмау.* Қамзалар арбаның ізімен келіп, тағы *адасты*, дағдарысып тұрды (Б. Майлин, Шығ.). Бір күн, бір түн *адасып*, Шалды іздеді екі адам. Естіртпеді үндерін, Демігіп жел есалаң (С. Мәуленов, Жолдас). Тәжірибесіз жас шопандардың мына құла түзде су іздеймін деп *адасып* кетуі оп-оңай, — деді қарт шопан бізбен қоштасып жатып (Алғы шептегі.). 2. А у ы с. *Теріс бағытқа түсу, қателесу, шатасу.* Біз *адасқан* екенбіз. Совет үкіметі дұрыс екен. Коммунистердікі жөн екен. Біз енді түзу қызмет қылуға бел байладық (С. Сейфуллин, Шығ.). *Адассам*, жаңылсам, басқадан да жақын жолдасым ғой, маған беталды бұртиып ашуланғанша, ақылын айтса қайтеді (Б. Майлин, Шығ.). Ақын өзінің *адасқанын* айқын түсінді. Шынында, Сұлтанмахмұт өзінің қателескенін мұнан бұрынырақ сезе бастаған еді (В. Кенжебаев, Демокр. жазушы.).

◆ **Ақылынан адасты.** *Алжасты, шатасты.* Сен өзің *ақылыңнан адасқан* біреуден саумысың? (Б. Момышұлы, Жаушынгер.). Өлгенді тіріледі деп көрге көмген, Кісідей елеурейсің көзбен көрген. Дүниеде жоқ құдайды табам деуің Мақұл емес, *ақылдан адастың* сен (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). **Естен адасты.** *Есінен танды.* Мен Қырғызбайдан хат келгенде *есімнен адасып* қалдым ғой (С. Адамбеков, Көсенің көзі). *Адасқан естен* Күнайым Бойына жиды ақылын. Қара көзін жылжытып, Қарап өтті ақырын (С. Мұқанов Шығ.).

АДАСҚАҚ с ы н. *Адасқыш, қателескіш.* Соншалық еркелеткен әкесі күндердің күнінде баласының *адасқақ* боларын білмеген екен (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

АДАСТАЙ с ы н. *Аттас адамдай.* Жапырақтары жайқалған, Жарғыласа қадаспай. Жел тербесе шайқалған Жалт қарасып *адастай* (С. Сейітов, Бетпе-бет).

АДАСТЫР *Адас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл жолмен әлденеше рет сапар шеккен шофер күндіз түгіл түнде де *адастырмай* мақсатты мекенге жеткізуге сендірді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Келуге жараған жол қайтарда да *адастырмайтын* мырза (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Қараңғылықтың тұманы кімді де болса *адастырады* (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АДАСТЫРУ *Адастыр етістігінің қимыл атауы.* Тіпті алашорданың автономия сұрауының өзі де бос сөз болып, халықты алдау, *адастыру* болып шықты (Б. Кенжебаев, Демокр. жазушы.). Қандай да болсын дін мен мешіт, діни ұйымдар еңбекшілерді алдауға, *адастыруға* тырысады («Халық мұғ.»).

АДАСТЫРУШЫ з а т. *Адастыратын адам.* Бұл пышақты бізді *адастырушыларға* жұмсау керек (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АДАСУ *Адас етістігінің қимыл атауы.* Мұндай арпалыс үстінде жас адамда толқу, *адасу* болмай тұрмайды (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Адасу* көп, өмір қысқа, Түзелгенше түр бітпесін. Өзгермесін асыл нұсқа, Қасірет басып гүл бітпесін (С. Бегалин, Өленд.). *Адасулар* туралы көп әңгіме оқып естіген едім, бірақ дәл мұндай *адасуға* өзім тап боламын деп ойламаған едім (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АДАСУШЫЛЫҚ з а т. *Жаңылушылық, қателесушілік.* Бұл түсінік саяси экономияда тіптен ғажап *адасушылық* жө-

не шатасушылық туғызды (К. Маркс, Ф. Энгельс, таңд., I, 48).

АДВЕРБИАЛ з а т. *Қимылдың алуан түрлі күй-жайын білдіретін сөз табы, үстеу.*

АДВОКАТ з а т. *Сот алдында айыпкердің ісін қорғаушы заң қызметкері.* Халық соты Мейірбеков *а д в о к а т т ы ң* келтірген нақтылы дәлелдерін құлағына да ілмеген («Лен. жас»). Ұлық алдында жұмысты болу бір ғана ұлықтың өзі емес, көп-көп *а д в о к а т,* тілмаш сияқтыларын да кездестіру керек (М. Әуезов, Әр жыл.). Мен түгіл, атақты *а д в о к а т* Ақбаев бір сөз үшін айдалып та кете жаздаған (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АДВОКАТУРА з а т. *Адвокаттық қызмет атқаратын азаматтардың ерікті қоғамдық ұйымы* (ҚСЭ).

АДВОКАТТЫҚ с ы н. *Адвокатқа тән.* Отыз бес жыл *а д в о к а т т ы қ* қызметте. Дума мүшесі, дала өлкесінен депутат (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АДМИНИСТРАТОР з а т. *Белгілі бір мекеменің жұмыс жүйесін, ісін басқарушы адам.* Менің командировкалық куәлігімді толықтау келген *а д м и н и с т р а т о р* әйел ала көзімен бір атып шықты да,— орын жоқ!— деді («Қаз. әдеб.»).

АДМИРАЛ з а т. *Соғыс-Теңіз Флотындағы ең жоғарғы атақ, шен.* Құрсап қалың жаудың флот кемесі, Қырылдап құм *а д м и р а л д ы ң* өңеші (С. Сейфуллин, Шығ.). *А д м и р а л* сұм Колчак Бақсыдай жының шақырды. Аюдай жұртқа ақырды Жауыздықпен сұм Колчак (И. Байзақов, Шығ.). Паровоздың экипаж бөлімін жөндеушілер бір топ еді. Осы топқа теңіз *а д м и р а л ы н ш а* команда беріп Махмет жүрген еді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АДРЕС з а т. 1. *Белгілі бір адамның не мекеменің тұратын орны, тұрағы.* Осы *а д р е с п е н* кешке сағат жеті-сегізде кел. Мен сол үйде боламын. Өзге жайды сонда кеңесеміз (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қыздың атын көкейіңе сақташ, Мүмкін, оның бар шығар-ау аттасы. Керек болса *а д р е с і н* жазып ал, Сол қыз біздің Арыста алғы мақташы (Н. Сүлейменов, Жолда). *А д р е с і н* біліп алған Мақсұт өзі барып халін айтып, қағазын көрсетіп, машина қоймасының бастығын ертіп әкелген (Б. Шалабаев, Өмірде.).

2. *Почта арқылы жіберілген хат, посылка сияқты нәрселердің сыртындағы алушының тұратын жері мен аты-жөнін көрсеткен жазу.* Көк конверттің сыртындағы *а д р е с і* ірі жазумен жазылған болатын (А. Байтанаев, Болат). *А д р е с і н* оқысаңшы, сен енді жігіт болдың, өзіңе хат келді, — деген шешесінің сөзіне Біржан жымиып, *а д р е с т і* көңіл қоя оқыды (С. Бегалин, Жеткіншек).

3. А у ы с. *Өз басы, өзі, аты, нәмі.* Менің *а д р е с і м е* қошемет сөздердің небір қанаттылары айтылып жатыр. Бұл сөздер мені бұрынғыдан да жігерлендіре түседі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Ұлжан бұл оқиғаға Таужанды араластырмай, Жайбасардың қылығын өз *а д р е с і н е* қабылдап айтты (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

◆ **Адрес столы.** *Белгілі бір адамның не мекеменің тұратын жерін анықтап беретін орын.* Кузьменко *а д р е с с т о л ы н а н* бұл үйде кім тұратынын біліп алды (К. Тоқаев, Тасқын).

АДРЕСАТ з а т. *Почта арқылы жіберілген затты алатын адам.* Қанша газет-журналдар мұнда жатыр, ал *а д р е с а т т а р* сонау мал басында, жайлауда тұрады (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала).

АДУЛЫҚ з а т. с ө й л. Адуындық. Айтқанмен *а д у л ы қ п е н* алар сөзді, Басқанда білерсің деп от пен қозды. Отырды үндеместен иіп басты, Сыр бермей сыпалықпен сүзіп көзді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АДУЫН с ы н. *Өр көкірек, өжет.* Шәрипа өзінен-өзі моюға айналды, бұрынғы *а д у ы н* мінезді кеміткен сияқты болды (Б. Майлин, Шығ.). Нұрқат дембелше, жуантық, бет-әлпеті дөрекі жасалған, қолағаш мұрын, кең танау, қазақ айтатын нағыз қошқар тұмсық *а д у ы н* жігіт (З. Шашкин, Сенім). Құйып ап көкірегіме нұр шұрыласын, Күлімдеп Кремльде күн тұрғасын, Алпыста *а д у ы н ы м* басылар ма, Жырламай заманымның тұр-тұлғасын (Пернедегі терме.).

АДУЫНДА е т. *Өршелену, екпіндеу.* Келесі сәтте қыз көңілімен инженердің *а д у ы н д а й,* алқына сөйлеген сөздеріне оралды (Т. Нұртазин, Мұрат). Мамырбай тез сабасына түсіп тынши қалып еді, жас құда Бөкір *а д у ы н д а п* қоя берді (С. Омаров, Қайырлы жаз).

АДУЫНДАН *Адуында етістігінен жасалған өздік етіс.* Әжем бұл сөздерді де бұрынғысындай *а д у ы н д а н а,* кеудесін көтере айтты (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АДУЫНДАҢҚЫРА е т. *Өршеленіңкіреу.* Назалы адамның еркелігін істеп, *а д у ы н д а ң қ ы р а п* кеткенін аңғармай ерсірек айтты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АДУЫНДАУ с ы н. *Өжеттеу, өр көкіректеу, азулылау.* Дәмет жас кезінде аузы жеңіл, *а д у ы н д а у* әйел болатын. Әлі де сол мінезін тастай қойған жоқ (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Іштеріндегі ересегі Әбдірахман бесінші класта оқиды. Дене тұрпаты ұзын тұралау, мінезі *а д у ы н д а у* ақ сұр бала (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АДУЫНДЫ с ы н. *Адуыны күшті, азулы.* Көтерер, болса қандай ауырыңды, Жап-жалпақ болып кетті жауырынды. Қаршыға бейнеленген төстек кеуде, Сұңғақ бой, қимылы тез *а д у ы н д ы* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Жөнелді қиқуласып қырдан асып, Алыста тұрған белге тұман басып. Адайдың *а д у ы н д ы* ер ұлдары Артынан комиссардың ұрандасып (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Тегеуріні табиғатпен айқасқа түсетін *а д у ы н д ы* еңбекті дүниеге әйгілеп, жеңісін паш ету (Қ. Исабаев, Арман арнасы.).

АДУЫНДЫҚ з а т. *Өр көкіректік, өжеттік.* Сенде *а д у ы н д ы қ* та, ашу да жоқ, жастықтың өткірлігі мен жастықтың өршілдігі ғана бар («Лен. жас»). Нұғыман *а д у ы н д ы ғ ы м е н* батыс, шығыстың түгел өзіне қаратып, күнді қолымен тартып шығарып, аяғымен басып батырғандай болды (Мың бір түн).

АДЫГЕЙ з а т. *РСФСР-дің Краснодар өлкесіндегі Адыгей автономиялық облысында тұратын халық* (ҚСЭ).

АДЫМ з а т. 1. *Жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы; қадам.* Бияда қарайғанға қарай бір *а д ы м,* екі *а д ы м,* үш *а д ы м* таяна түсті. Сол кезде ыңыранған дауыс келді құлағына (Сауыншы шамшырақ.). Жігіттен бұрын сыр білдірмеу намысы келіп бөгеп, Хакімге бір *а д ы м* қалғанда қыз кілт тоқтай қалды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бірнеше *а д ы м* ілгері кетіп қалған Қонай сөйлеп те барады (К. Оразалин, Ақ жазық).

2. А у ы с. *Іс-әрекет, жұмыс.* Жамбылдың ақындық жолдағы *а д ы м д а р ы н.* асуларын айту үшін оның өскен, үлгі алған ақындық ортасын айту керек (Е. Ысмайылов, Ақындар). Бұл жаңа шығармалар — дәуіріміздің талабына сай саналы көркем шығарма берудің батыл творчестволық *а д ы м ы* (Е. Ысмайылов, Сын.).

3. А у ы с. *Қарқын, екпін, қарыштау.* Көріп тұрып зор *а д ы м ы н* уақыттың, Тілегендей барлық халық, бар ұлттың. Ұлы Октябрь — совет елі туған күн — Туған күні дейсің тұңғыш бақыттың (Ж. Молдағалиев, Шығ.). Шарпысқалы үш күн болды. Ендігі жаудың *а д ы м ы* баяулады ғой (М. Әуезов, Шығ.).

◆ **Адымы қысқа.** *Өрісі тар.* Арамдықтың *а д ы м ы қ ы с қ а,* өмірі келте (Қ. Қуанышбаев Әңгім.). **Адымын аңдыды.** *Бәле іздеді, арамдық ойлады.* Белең алған жерің жоқ, *А д ы м ы н а ң д ы п* жүгірдің. Біреуден естіп келдім деп, Бетіне бекер түкірдің (Б. Аманшин, Өлеңд.). **Адымын аштырмады.** *Тарпа бас салды.* Қарабайтал сөйлегенде, оның тілі ашы шығады. Бастықты сөзбен тұсап, *а д ы м ы н а ш т ы р м а й д ы* (М. Әуезов, Әр жыл.). Бейпіл неме ізімді аңдып қалыпты, Менде оның *а ш т ы р м а д ы м а д ы м ы н* (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). **Адымын санап басты.** *Сақтық жасады, сақтанды.* Құлдар ше? Құлдар жуасып, *А д ы м ы н с а н а п* жүр *б а с ы п.* Сөйлесер жөн аз сыр ашып, Көрер ме еді сынасып (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Алғашқы адым, әдепкі адым, бірінші адым.** *Тұңғыш қадам, әуелгі іс, бастама.* Азамат соғысының тақырыбына жазылған роман, повестерге үлкен проза жасаудағы *а л ғ а ш қ ы а д ы м ы м ы з* деп қуанбасақ, олардың да кемшіліктері көп (С. Мұқанов, Өсу жол.). Біздің саналы күреске ат салысқан *а л ғ а ш қ ы а д ы м ы м ы з* осылай басталған еді (Ә. Сөрсенбаев, Толқында туған.). Музыка театрының *ә д е п к і а д ы м ы* ел аузындағы поэманың сюжетінен алып жазған «Айман — Шолпаннан» басталады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бұл Жомарттың әлеуметтік *б і р і н ш і а д ы м ы* болса, Алма оның көңіліндегі алма бағы болатын (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Қарға адым жер.** *Өте жақын жер.* Жер түбі Теке дегені *Қ а р ғ а а д ы м ж е р м е н* тең екен. Дүние қандай кең еді, Төңкеріс соның сеңі екен (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Олар таң ата тысқа шықса, түтеген боранан *қ а р ғ а а д ы м ж е р* зорға көрінді («Қаз. әдеб.»).

АДЫМДА е т. 1. *Аяқты кере басу, қадымдау.* Лұқпан өкілдің қолындағы қағазды алып, қойнына тығып, ірі *а д ы м д а п* үйден шықты (Б. Майлин, Шығ.). Аяғын *а д ы м д а й* басып Нұрым да көлеңкедегі байлаулы тұрған кер атқа жетіп барды («Лен. жас»). Демалыс күн дайындап,

Жазып, жаттап сабағын. Көшеге шыққан *а д ы м д а п* Балаға көз саламын (Т. Жароков, Шығ.).

2. А у ы с. *Екпінді қарқынмен ілгерілеу, қарыштау. А д ы м д а п* алға басқан соң, Тұрмыс та болды көңілді (Халық ақындары). Тоқтау білмес ол Советтің адамы, *А д ы м д а й т ы н* зор өмірдің өріне; Өскен өмір өсе берді, Алға *а д ы м д а п* көше берді. Өскен білім, мәдениет Тағы өссе екен десе берді (Қ. Әбдікадыров, Өленд.).

АДЫМДАҒЫШ с ы н. с е й л. Адымдаушы. *А д ы м д а ғ ы ш э к с к а в а т о р д ы ң* өзімен де таныстық. Қалың көмірді қыртыстай сыдырып үш-төрт *а д ы м д а ғ ы ш э к с к а в а т о р* жүр (С. Мұқанов, Саяхат.) Жақын жердегі кемірдің үстінен жер қыртысын жырып жол ашамыз да, көмір қыртысын *а д ы м д а ғ ы ш э к с к а в а т о р л а р м е н* көсіп аламыз (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АДЫМДАЙ с ы н. *Адымға жуық, қадамдай.* Көрші пулемет паналаған тас Мәншүктен он шақты *а д ы м д а й* жер еді, екі арасы панасыз жазық (С. Мұқанов, Аспаз). Зәуре бұлардан екі-ақ *а д ы м д а й* жерде тұр еді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Қонақтар төсегінің арасы екі *а д ы м д а й* алшақта қатар жатыр (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

АДЫМДАТ *Адымда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АДЫМДАУШЫ: Адымдаушы экскаватор. *Жылжып жүретін экскаватор. А д ы м д а у ш ы э к с к а в а т о р д ы ң* командирі жас коммунист Иван Замковой өзінің толық экипажда болат батырымен Қарағандыдан келген-ді («Лен. жас»).

АДЫМДЫ с ы н. *Адымы кең, қадымды.* Бұл шақта Федор мырзаның *а д ы м д ы* арғымағы алшаң басып өзен бойындағы қой тастардан оқтын-оқтын қарғып өтіп, ілгері едәуір озып кеткен (Ғ. Сыланов, Асау арна). Кең *а д ы м д ы* экскаватор — жер қазып, топырағын шығарып тастайтын машина (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

1. АДЫР з а т. *Бір біріне ұштасып жатқан дөңестер мен белестер.* Таудың бір етегі жайған керегедей созылып барып, *а д ы р ғ а* айналып кетеді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Бұлыңғыр күндердің өзінде тауларды, *а д ы р л а р д ы* төбелерден айыра алмастай еді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Сырымбетпен салыстырғанда Бұқпа жәй ғана бір *а д ы р* екен (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

2. АДЫР с ы н. *Ожар, ұрт, ұр да жық.* Қанаев *а д ы р* мінезді өкілдердей жастыққа шынтақтап шіренбей я кекірейіп кербезденбей, осы көптің бірі болып, жұпыны ғана түрмен отыр (Б. Майлин, Шығ.).

АДЫРА: Адыра қал. а) Қ а р ғ. *Иесіз қал, қараң қал.* Келторғай *а д ы р а қ а л ғ ы р,* көрген жерім, Бұлағай — ойран, әлек салған жерім. Көк найза, қара санай атылса да, Қайтармай қайтқаным жоқ аттың терін (Үш ғасыр). Менің әкем сендерге ұсап ұрлығын өтеу үшін қой бағып жүрген жоқ. *А д ы р а қ а л с а ң,* өзің *а д ы р а қ а л* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Құрып біту, жойылу, жоғалу. А д ы р а қ а л ы п* ескі заң, жаңа дәуір басталды. Әйел, еркек бірдей боп, Сапалы жерден үлгі алды (Жамбыл). Іштен, тыстан еңбекші елді жаулады, Оң жаудырды қолмен жеңіп алғалы. Жеңбек түгіл, желкелері үзіліп, Көпке мәлім, ойлары *а д ы р а қ а л ғ а н ы* (С. Дөнентаев, Шығ.). Жылында он жетінші, Октябрьде Тақ пен тәж *а д ы р а қ а л д ы* құрған сайран (Үш ғасыр.).

АДЫРАЙ е т. 1. *Көздің әдеттен тыс ашылуы, ажыраю, бадыраю.* Қалтырап, сөйлей алмай Қортанбаев, Қояндай сасып көзі *а д ы р а й ы п.* Жыбырлап қолы-басы тіл күрмеліп, Үн бермей біраз тұрды томырайып (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Құғынға түскен киіктің танауындай Нұрпейістің танауы желпілдеп, өкпесі қысылып, екі көзі *а д ы р а й ы п* шарасынан шыға жаздады (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Ләззат қазір баяғы дөңгелек жүзді, тостағандай көзі *а д ы р а й ы п* дүниеге таңырқай қарайтын жас қыз емес (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы).

2. *Ерекше ажырайып көріну, оқшауланып көзге түсу.* Жуан қу қарағайлар жуан тамырлары *а д ы р а й ы п* қопарылып, кәрі алыптың көп жылдар қуарып жатқан өлігіндей болып бетке сұлай жығылып жатыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *А д ы р а й ы п* тамырың, Балшықты балтыр, балағың. Күн жеген қара жауырын, Қарында айран, шалабың (І. Жансүгіров, Шығ.).

АДЫРАЙТ *Адырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кей құлқымды сүйме, мейлі, Тек көзіңді *а д ы р а й т п а* Түйедей

қып түймедейді, Бармақтайды бадырайтпа (С. Сейітов, Бетпе-бет). Ораз үндеместен оған үлкен көзін онан әрі *а д ы р а й т а* түсті. Оның бұл қарасында «Сен қайдан келіп қалдың?» деген сұрақ өзінен өзі көрініп тұр еді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Дауысы қаттырақ шығып кетіп, шайнектей жұдырығын түйіп жіберіп, жуан білегінің тамырларын *а д ы р а й т а* оң қолын ілгері созды (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Біз де білмейміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тіріліміздің білмей күре тамырымызды *а д ы р а й т ы п* көреміз (Абай).

АДЫРАЙТУ *Адырайт етістігінің қимыл атауы.*

АДЫРАҚ: **Адырақ көз.** *Шарасынан шығыңқы көз; бадырақ көз.* Дәукең маған жауап беруге асықпай Алдоңғар деген екі ұрты салбыраңқы, *а д ы р а қ к ө з* қара жігітке бұрылды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Оған қатарласа күйек сақалды, *а д ы р а қ к ө з* қара Лұқпан дейтін отыр (Б. Майлин, Шығ.). Қарымсақов ер тұлғалы, ұзын бойлы, ат жақты, құс мұрын, *а д ы р а қ к ө з* қара сұр кісі (С. Омаров, Хантағы).

АДЫРАНА з а т. с ө й л. **Адырна** (2-омон). Алтын кіріс, сары садақ *А д ы р а н а с ы* мөніреп (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Садағын кезеп жол тосты. Ағындай тартпақ алыстан, *А д ы р а н а* желмен үн қосты (Бұл да).

АДЫРАҢДА е т. *Ерсі мінез көрсету, ожыраю.* Айсұлулар кетіп, біраз мезгіл өткен соң үйге *а д ы р а ң д а п* Сағат кіре берген еді (М. Әуезов, Өскен өркен). Өзіңіз айтқан *а д ы р а ң д а ғ а н* әміршілердің арсыз ісіне тиым салуға атқа мініп, әділ сөз айтуға жиын жасап жатыр деп естідік, жолыңыз болсын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АДЫРАҢДАТ *Адыраңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мынаны *а д ы р а ң д а т ы п* қойғанша бірдеңе деп, басып қойса болмас па? (Ауызекі тіл.).

АДЫРАҢДАТУ *Адыраңдат етістігінің қимыл атауы.*

АДЫРАҢДАУ *Адыраңда етістігінің қимыл атауы.*

АДЫРАСПАН з а т. б о т. *Халық арасында ауруды емдейтін дәрі шөп, әйел босанғанда отқа тастап түтетеді.* Пияз, сарымсақ, *а д ы р а с п а н,* дермене және басқа көптеген өсімдіктердің түрлі ауруларға ем болатыны халық медицинасына ерте кездерден-ақ белгілі болды (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Баяу ескен таңғы жел көкірегіңе *а д ы р а с п а н н ы ң* ашқылтым иісін әкеліп құяды («Лен. жас»).

АДЫРАЮ *Адырай етістігінің қимыл атауы.* Көзінің *а д ы р а ю ы н* қара, сонша не боп қалды екен (Ауызекі тіл.).

АДЫР-БҰДЫР с ы н. *Тегіс емес, ойлы-қырлы.* Баян тауы өбеу жерден жиырма шақырымдай, төңірек жазық дала емес, *а д ы р-б ұ д ы р* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Картаның кестесі жердің *а д ы р-б ұ д ы р* қоңын, орман, өзенін нақыстай сызып көрсетеді (Ол күндер.).

АДЫР-БҰДЫРЛЫ с ы н. *Адыр-бұдыры мол.* Қоңыр топырақ аймағы жазық болып келеді де, оңтүстіктегі белеңді далаға, *а д ы р-б ұ д ы р л ы* дөңестерге айналып кетеді (К. Баяндин, Топырақ құнарл.). *А д ы р-б ұ д ы р л ы* ен даладан мұның айырмасы — ортасын тіліп өткен қара жол бар екен (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

1. АДЫРЛАУ с ы н. *Адыры молдау.* Ол ара жан-жағы еркін көрінетін *а д ы р л а у* жер еді (С. Мұқанов, Аспаз).

2. АДЫРЛАУ с ы н. *Өрескелдеу, теріс мінездеу.* Бетің дұрыс, ұлым. *А д ы р л а у* едің, тек сақ болғайсың, — дедім. Басқа ақыл айтам ба мен (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АДЫРЛЫ с ы н. *Адыры мол.* Жер қайысқан мал жатыр, *А д ы р л ы,* шынды кемерде (О. Шипин, Екі дастан). Судың арғы өңірі жылқының жалына ұқсап күдістене созылған *а д ы р л ы* қырат (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Бұл алқап бірыңғай жазық болмай таулы, *а д ы р л ы* келеді (Е. Ысмайылов, Сын.).

АДЫРЛЫҚ з а т. *Теріс мінезділік, ожарлық.* Бәріміз қатар тұрып намаз оқып, Насыбай, темекіні қойдық тастап. Біреумен төбелесіп ұрыспаймыз, Дейді деп *а д ы р л ы қ т ы* халық ақымақ (Айтыс). *А д ы р л ы қ т а н* ат-тон ала қашқаның Тапқаның боп табылмайды жолында (А. Хангельдин, Қыз жүрегі).

АДЫРМАҚТЫ с ы н. с ө й л. **Адырлы.** *А д ы р м а қ т ы* тау да көп, Айқасарға

жау да көп, Қазулы жатқан ор да көп, Қармасарлық қол да көп (Манас). *А д ы р м а қ т ы* кең сайды Бұлақсыздай етпейік, Қаңғырып жүрген сорлыны Тұяқсыздай етпейік (Бұл да).

1. АДЫРНА з а т. *Қазақтың сыбызғы тәрізді көне үрлемелі музыкалық аспабы. А д ы р н а* ертеде жаугершілікте, аңшылықта қолданылған (ҚСЭ).

2. АДЫРНА з а т. *Садақтың кермесі, иіп тартқан қайыс.* Оқтын-оқтын оқ атып, Көктен ажал боратып, Садақ тартып сарнатып, *А д ы р н а с ы н* аңыратып (Манас). Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп, *А д ы р н а с ы н* ала өгіздей мөңіреткен, Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен (Махамбет).

АДЫРНАЛЫ с ы н. к ө н е. *Етек бауы бар.* Алқызыл мен Сарқызыл Қос тұлпарға мін деді. *А д ы р н а л ы* бек сауыт, Екі батыр ки деді (Батырлар жыры).

АДЫРСЫЗ с ы н. *Адыры жоқ.* Қазақстан даласының *а д ы р с ы з* жері аз болады (Ауызекі тіл.).

АДЫРШЫҚ з а т. *Ұсақ адыр.* Бұлдырап, бұлт ішінен беріп елес, *А д ы р ш ы қ* арал сынды белес-белес (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

АДЪЮТАНТ з а т. *Әр түрлі тапсырмалар беріп түру үшін командир жанында болатын әскери қызметкер.* Жалт бұрылып қарасам, генерал Панфиловтың *а д ъ ю т а н т ы* маған қарай жүгіріп келеді екен (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Мұны естігеннен кейін *а д ъ ю т а н т* қолын бір сілтеді де, бізді босатып жіберді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). *А д ъ ю т а н т* келсе, полкті сайға иіріп қойып, өзі төбенің басынан соғыстың барысын дүрбімен бақылап отыр екен (Ж. Арыстанов, Сұңқар).

АЖА з а т. к ө н е. *Ауылдың сыйлы, құрметті үлкен адамы.* Ай дер *а ж а* жоқ, қой дер қожа жоқ (Мәтел).

АЖАҒАЙ з а т. с ө й л. **Найзағай.** Пышағымды бауыздауға тақап тұрып, ұрып жіберейін дегенімде *а ж а ғ а й* жарқ ете түсті (І. Жансүгіров, Шығ.). Әні аспан, әні Алатау, қар менен мұз, Мінеки жуасыған долы асау құз. Ағын су *а ж а ғ а й д ы ң* отын шашып, Тудырған электр шам жерден жұлдыз («Қаз. әдеб.»).

АЖАҒАЙДАЙ с ы н. *Ажағай сияқты.* Бұлт пен теңіз арасында *а ж а ғ а й д а й* өрлеп Дауылпаз қайтпай қанат қағады (І. Жансүгіров, Әңгім.).

АЖАЙЫП ар. з а т. с ө й л. Ғажайып. Үйіріліп, мың бұралып өзді-өзі ойнап, Тынбастан қарт Днепр аққан қайнап. Ақ жайқын ашық беті ақ күмістей, *А ж а й ы п* кестеленіп жатыр жайнап (И. Байзақов, Шығ.).

АЖАЙЫПХАНА з а т. *Хайуанаттар музейі. А ж а й ы п х а н а д а* бүркіттің, қаршығаның, ителгінің сабан тыққан тұлыбы аз ба? (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АЖАЛ а р. з а т. *Өлім, қаза.* Қартайып қайтыс болды Ерден бір күн, Қоя ма мезгіл жетсе, *а ж а л* шіркін. Жұбайы жаназаға бағыштады, Тірнектеп жинап алған мал мен мүлкін (С. Омаров, Сәукен). Айнала *а ж а л* от шашып, Алдында талай өшті жан. Етегімен от тасып, Етігімен кешті қан (С. Мәуленов Құлыншақ). Мезгілінен ертерек *А ж а л* неге сұқтанды. *А ж а л д а н* ісі ірірек, Жүрегі бір-ақ тоқталды (Т. Жароков, Шығ.).

◆ **Ажал айдады.** *Басын қауіп-қатерге салды, өлімге барды.* Хан Жазира шаттанды, Алып кел деп дұшпанды, Үйде отырып мақтанды, *А ж а л а й д а п* бұл жүрген, Не қылған жалғыз адам деп (Батырлар жыры). Біржан сал, *а ж а л а й д а п* өзің келдің, Іздеуге ойланып ем өткен жылы (Айтыс). **Ажалы жетті.** *Өмір сүрер күні бітті. А ж а л ы м ж е т і п* осыдан, Өліп кетсем орным жоқ, Өзіңе мәлім бұл жағым; Қамбар деген мен едім, Екі күн уәде деп едім, Егер сенің қолыңда, *А ж а л ы м ж е т с е,* өлемін (Қамбар батыр). **Ажал тапты.** *Өлді, қаза болды.* Зәр шығатын қысқырса, Сұр жыланның тілінен. Екі көзден айрылып, *А ж а л т а п т ы* ақырда Сол тартыстың түбінен (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

АЖАЛДАЙ с ы н. *Ажал сияқты.* Байлар заңын қорғайды, Өтірікпен ажарлай, Жалшылардың ұйымын Көреді олар *а ж а л д а й* (С. Сейфуллин, Шығ.). Бақтыбайдан *а ж а л д а й* қорыққан Айдар бір минут тоқсысы келмеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *А ж а л д а й* арсыз болсаң да, Жеңілер кезің жетті енді, Кете алмассың есен-сау (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЖАЛДЫ с ы н. 1. *Ажалы жеткен.* Айдалаға атқан оқ *а ж а л д ы ғ а* тиеді (Мақал). Жезмұрт терезеден қашып құтылып кетті, қырық күн қан жауса да, *а ж а л д ы* өледі деген осы-ау (Ж. Саин, Жол үсті.). *А ж а л д ы* қарға ойнайды, Ақиық қыран бүркітпен. Өңшең тобыр,

сорлылар, Қай қырсық сені бұл түрткен (К. Әзірбаев, Шығ.).

2. *Өлімді, өлтіретін.* Егіннің суаратын құралы — атпа, Атпа атып аш адамдар болды қатпа. Қамында халық болудың қайла еткен, Түспеуге аштық деген *а ж а л д ы* отқа (О. Шипин, Екі дастан). Олар (жауынгерлер) *а ж а л д ы* құшағын жайған минаның «қол-аяғын» қырқады да, дәрменсіз денесін домалатып тастай береді (Ол күндер.).

АЖАЛСЫЗ с ы н. 1. *Өлмейтін, өлім жетпейтін.* Көзіме толды қанды жас, Ешбіріңді көрмеймін. Білгеніңді қыла бер, *А ж а л с ы з* болсам, өлмеймін (Алпамыс). Ажалға болмас еш айла, *А ж а л с ы з* жан қайда деп, Жаяу қашсам жүгіріп, Болмайды жанға пайда деп (Батырлар жыры). Ғапу етіңіз, мен кешегі бір *а ж а л с ы з* адамды ойлап келе жатып, әңгімелеріңізді ести алмай қалдым (Майдан).

2. *Ажал жетпесе, өлім келмесе.* Батырды Қарабектей көзің көрмес, *А ж а л с ы з* бұл жалғанда адам өлмес. Мен көрген жас жолбарыс батыр болса, Соғыспай Ханбибіні сірә бермес (Батырлар жыры). *А ж а л с ы з* бұл жалғанда жан өле ме, Жиылған қайратымды жұрт көре ме? Оқ атқанда қолында бар тәсілі, Күрескенде маған жан пар келе ме? (Қозы Көрпеш).

АЖАЛШЫ з а т. с ө й л. *Өлім әкелуші, өлтіруші.* Осы еді Болатшиннің өкінері: Алданып *а ж а л ш ы ғ а* есік ашқан Сол күнгі ол өз жорығын кешірмеді (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

АЖАН з а т. к ө н е. *Қылмысты адамды айдаушы, күзетші.* Ғабдолланың түсі-түрін, қолындағы байпақтарындағы қанын — бәрін жазып алып, *а ж а н н ы ң* қолына тапсырып түрмеге жөнелтті (С. Шарипов, Шығ.). Түзге отыруға шыққанда қасындағы *а ж а н* теріс қарап тұрар, одан қорықпа, сыбағасын алған, мылтық атса, тигізбей атады (Бұл да).

АЖАПТАН е т с ө й л. *Таңдану, ғажаптану.* Шайбайда менің бір-екі суретім болушы еді. Мөлдіреп қадалған қара көз сол суреттерді көрген екен. Бірақ үйткенмен *а ж а п т а н д ы м* (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЖАР з а т. 1. *Көрік, келбет, шырай.* Жүзі жүдеу, киімі жұқа келіннің *а ж а р ы н д а* науқастың белгісі бар (М. Әуезов, Абай жолы). Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу, Сол ғана жүрегіме берген жылу. *А ж а р ы* бет пен іштің бірдей емес, Керек-ау, Кәмшәт, соны пайым қылу (Жамбыл). Бет *а ж а р ы* қарасаң, Жазғы түскен сағымдай. Ет *а ж а р ы н* байқасаң, Терісінен айырған Арпа-бидай ақ ұндай (Ер Тарғын).

2. *Түс, өң, рең.* Кездеменің өңді болуы жүннің *а ж а р ы м е н* байланысты («Лен. жас»).

3. А у ы с. *Бедел, ар.* Пәс қылмады *а ж а р ы н,* Жер қылмады назарын, Асыға көшті сол бір кеш, Көруге қызық базарын (О. Шипин, Екі дастан). Сәудегер *а ж а р ы н* сатады, Сұрамсақ назарын сатады (Мақал). Өткен соң базар, Кеткен соң *а ж а р,* Не болады құр қу бас (Абай).

◆ **Ажары кірді.** *Түрленді, әрленді, құлпырды, өңденді.* Әбдірахманның *а ж а р ы к і р е й і н* деді («Қаз. әдеб.»). Сөйлесе олар, күлсе де, Солдатқа *а ж а р к і р е д і* (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Ажары қашты** [сынды]. *Сұры қашты, көркі кетті.* Раушанның өңін жел қағып тотығып, бет терісі қалыңдап, *а ж а р ы қ а ш ы п т ы* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ақбикенің баяғы қыз кезіндегі *а ж а р ы с ы н б а п т ы,* қыз кезінде талдырмаш нәзік болатын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ажарын таныды** [байқады]. *Хал-жайын, көңіл-күйін аңғарды.* Шешесінің қабағынан күндегі дағдылы *а ж а р ы н т а н ы п,* бөгелместен жұмыстарына жөнелген (М. Әуезов, Абай жолы). Айжан жүзін баласына бұрып, оның әлденеңдей бір шарасыздық *а ж а р ы н б а й қ а п,* біраз байыптай қарап тұрды (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЖАРЛАН 1. *Ажарла етістігінен жасалған өздік етіс.* Ендігі кезек өзіне тигенін аңғарып, Майра гармонын қолына алды. Оның отты көздері жайнап, ақша беті ерекше бір *а ж а р л а н ы п кетті* (Қ. Жармағамбетов, Әнші азамат). Аяз сүйіп *а ж а р л а н ғ а н* қыз беті Жас жігіттің кеудесіне соғылды (З. Шүкіров, Менің дост.). Күйген жердің кірді жаны, Шөлдегендер суға қанды. Ауыл қайта *а ж а р л а н д ы,* Тарқады елдің бір құмары (Ә. Тәжібаев, Жастық жыр.).

2. *Түрлену, түсі құлпыру.* Түйе мен жылқы сүйегінде қара кемік көгілдірі болмайды және олар ұзақ сақтаған сайын сарғыш тартып *а ж а р л а н а* түседі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АЖАРЛАНДЫР е т. *Ажарлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кемпір дауысын біресе қатайтып, өңін *а ж а р л а н д ы-*

рып, біресе ақырындай келіп, аяғын сыбырлай айтады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Совет мәдениеті халық ақындарының шығармасының мазмұнын тереңдетіп, формасын бұрынғыдан *ажарландырады* (Е. Ысмайылов, Ақындар).

АЖАРЛАНДЫРУ *Ажарландыр етістігінің қимыл атауы.* Біз жоғарыда ауылды *ажарландыруға* орай жақсы бет бұрыс белгілерін көре бастағанымызды айттық («Лен. жас»).

АЖАРЛАНУ *Ажарлан етістігінің қимыл атауы.* Сәрсенбайдың қараторы өңі нұрланып, *ажарлану* үстінде («Қаз. әдеб.»).

АЖАРЛА е т. *Әдемі ету, сәндеу.* Үстінде сол столдың жатыр альбом, Оны да *ажарлаған* бояулармен. Ішінде неше түрлі көркем жазу Түсірген шебер қолдан нақыш сәнмен (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Саша жылдам сөйлейтін, сөзін *ажарлап* айтуды сүйетін, көңілі ұнатқан іске ынтыға берілетін құмаршыл оқушы еді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ұсталар үйлестіріп тас қалады, Тасыды күн-түн тасты басқалары. *Ажарлап* іші-сыртын сырмен сылап, Бітіріп үш-ақ күнде басқалары (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЖАРЛАУ з а т. *Ажарла етістігінің қимыл атауы.*

АЖАРЛЫ с ы н. *Көрікті, әдемі, сұлу.* Ұлжан сұлу *ажарлы* Бозбалалар сұқтанған, Ұлжан байға тигенде, Күйеуіне таң қалған (Б. Майлин, Шығ.). Бір кезде осы үйдегі жеңгеңнен сымбатты да, *ажарлы* да әйел жоқ еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Анамның дөңгелек жүзі әжімі көбейгенмен әлі де *ажарлы,* қаны қашпаған (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АЖАРСЫЗ с ы н. *Көріксіз, ұсқынсыз, пішінсіз.* Алайған көзі *ажарсыз* тартып, жарықтың жіңішке шыбығына қарап нұры үзілді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Көш үздік-үздік болып, берекесіз сәнсіз, *ажарсыз* кетіп барады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Кішкене қаңқаға қара терісі қаптай салғандай рабайсыз арық, *ажарсыз* жүзінде қан жоқ (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЖАРСЫЗДАН е т. *Көріксіздену, әрсіздену.* Тырнақ өзінің табиғи түсін жойып, күңгірттене түседі де, бірте-бірте *ажарсызданып,* бозаң тартып, шұрланып кетеді (Ғ. Мулағулова, Грибок.). Ұлы жазушының өзіне тән стилі көмескіленіп, бейнелі сөздері *ажарсызданып* кетеді («Қаз. әдеб.»).

АЖАРСЫЗДАНУ *Ажарсыздан етістігінің қимыл атауы.* Өзінің басынан өткен тәжірибелерінде күннің мұншалық *ажарсыздануы* бір қысаңшылық туғызбай кеткен емес (Ж. Орманбаев, Жылқышы).

АЖДАһА и р. з а т. 1. С ө й л. Айдаһар. Ұядағы екі балапан өрмелеп келе жатқан *аждаһа* жыланды көріп, шулап жылап тұр екен (Қаз. ертегі.). Жыланды құс келді де, бүріп алды, Баласына жем қылып беріп салды. Шаһзада *аждаһаны* өлтірген соң, Балапандар ажалдан аман қалды (Батырлар жыры). Мынау көдімгі алып *аждаһамен* алысқан қас батыр бейнелес («Лен. жас»).

2. А у ы с. *Обыр, озбыр, қорқау, жауыз,* Өз халқын британ *аждаһаларынан* қорғау орнына тасада тығылып қалуға үйретпеді («Қаз. әдеб.»). Капитал *аждаһасы* ашса аузын, Еңбектің балғасымен ұрдық тіске (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЖДАһАДАЙ с ы н. *Аждаһа сияқты.* Күлкісінің өзі аузын ашқан *аждаһадай* көрінді Орловқа (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Аждаһадай* аузын ашқан Жолбарысты көрді бала (Ә. Тәжібаев, Өленд.). Тоймайтын *аждаһадай* араныңды Ашып сен жер қыртысын жалап еттің (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЖДАһАША у с т. *Аждаһаға ұқсап.* Отарба гүрсілдеп шұбалып, *аждаһаша* иреңдеп өтіп асып кетті (С. Сейфуллин, Әңгім.). Ол бір кезде *аждаһаша* ысқырып келе жатқан бомбаның дауысын естіді (Майдан).

АЖУА а р. з а т. *Мазақ, келеке, мысқыл, келемеж.* Абай әуелі халфенің орамдылығын сәл тамашалай түсті де, енді біразда мысқыл аралас бір *ажуаны* ойлады (М. Әуезов, Абай жолы). Өзгеге олақ болса да, олар *ажуаға* шебер. Ғинаят сайқымазақ қылжаққа шыдамсыз (С. Бегалин, Мектеп түлек.). *Ажуа* емес мұным, шын сұрағым, Түсін сен, ойлап соны тыншымадым. Жыл сайын каникулда хат алыстық, Сағынды сол бір салтты сыншыл жаным (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев).

◆ **Ажуа етті, ажуа қылды.** *Ажуалады, мазақ етті.* Дүмше молдаларды өлтіре шенеп, мейлінше *ажуа етсе,* жастарды оқу оқып, еліңе тірек болуға шақырады (XX ғ. қаз. ақын.). Орман іші күлкіге толды. Нұрланды келемеж етіп, *ажуа қылып*

д ы (З. Шашкин, Сенім). Тұрғандар оның өзін ағаш аттың басына іліп ап қағытып, *а ж у а қ ы л д ы* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АЖУАЛА е т. *Мазақтау, келемеждеу.* Топ алдында талай шекісіп, төселіп алған Ырысжан қасына келген Әсетті тағы да *а ж у а л а п,* құтын қашырмақ болып байқады (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұрынғы бұрынғы ма, Сәдірбекті балалар онан сайын *а ж у а л а д ы* (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Мұнан бұрын талай адамға ат қойып, айдар таққан Шұғыл енді кемпірін де *а ж у а л а п* кемітпекші болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЖУАЛАС *Ажуала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Тіпті жиналыс үстінде де бұл өкеуі *а ж у а л а с ы п,* бүлкілдесіп отыратын (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Тамырлары көгеріп, білеуленіп келе жатқан Меңдіқараны *а ж у а л а с ы п* келеді (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала).

АЖУАЛАУ *Ажуала етістігінің қимыл атауы.* Балаларым мен әйелім мені құ түлкімен қоса *а ж у а л а у ғ а* кірісті (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

АЖУАШЫЛ с ы н. *Ажуа құмар, әзілқой, сықақшыл.* Әлияның тілі тым өткір, *а ж у а ш ы л,* кейде тіпті тым астарлы келетінін аңғарған едім (Ж. Жұмақанов, Әлия).

АЖУАШЫЛДЫҚ з а т. *Ажуа құмарлық, әзілқойлық, сықақшылдық.*

АЖЫЛДА е т. ж е р г. Азына. Дәл осы кез дауыл тұрып, *А ж ы л д а д ы* бұлтты сырып. Жалтылдады найзағайлар, Түн түнегін қырқа тіліп (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Жел, дүлей жел, *а ж ы л д а п* дем алады, Буырқанып бұлт қанатын қағады (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.).

АЖЫМ з а т. с ө й л. Әжім. Мандайы мен екі ұртына түскен қатпары қалың терең *а ж ы м д а р ы* өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *А ж ы м* айғыздаған әкесінің ескі бетін анықтап көріп, сол *а ж ы м н ы ң* әр сызығын бір ұзақ жолға балады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Мандайын қақ жарған тілдей ақ шашы, көз айналасындағы тарам-тарам *а ж ы м* оны егде тартқан кісілердің қатарына қосады (З. Шашкин, Теміртау).

АЖЫМДА е т. с ө й л. Әжімде. Бетіңді толқын *а ж ы м д а п,* Қартаясың қалтырап. Долы дауыл азынап, Жалп-жалп ұшар жапырақ (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЖЫМДАЙ с ы н. с ө й л. Әжімдей. Көл түбін тазалап жүрген машинаның маңы ғана мандайға жиналған *а ж ы м д а й* қыртыстанып көтерілді (З. Шашкин, Теміртау).

АЖЫМДАН *Ажымда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Оның беті *а ж ы м д а н ы п,* самай шашы ағара бастаған екен (Ж. Тілеков, Қайнар).

АЖЫМДЫ с ы н. с ө й л. Әжімді. Бетінде оқтың ажымы, *А ж ы м д ы* бетті сүйемін (Д. Әбілев, Өлеңд.). *А ж ы м д ы* сұрғылт жүзді, бурыл сақал имек шал... жалғыз жатқан жерінен шошып оянды (М. Әуезов, Әңгім.).

АЖЫМСЫЗ с ы н. с ө й л. Әжімсіз. Етіндей жас баланың білегі бар, *А ж ы м с ы з* ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек талды, Торғындай толқынданып көз таңдайды (Абай). *А ж ы м с ы з* он саусағым бәрі де аппақ, Болғанда аузым сағат, ернім — қақпақ (Ақын жырлары).

АЖЫРА е т. 1. *Бөліну, бөлініп шығу, бөлектену.* Ертемен тұман тарап жадырады, Айығып кетпесе де ыдырады. Серпіліп сұр ала бұлт екі жаққа, Орман мен тау арасы *а ж ы р а д ы* (И. Байзақов, Шығ.). Тікелей байланысып жатқан тұтастықтың ерекше органдары бір бірінен *а ж ы р а й д ы,* ыдырайды (К. Маркс, Капитал, I, 364).

2. *Айрылу, айрылып қалу.* Мен де анамнан дәл сендей күнімде *а ж ы р а ғ а н м ы н* (Д. Исабеков, Бекет). Енесінен *а ж ы р а ғ а н* ақ торай баж-бұж шыңғырып еді, колхозшылар қарқылдасып қалды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

3. *Арылу, қол үзу.* Өзіме өзім бердім серт, Деп енді оған ұқсаман. Арада жылдар етті көп, *А ж ы р а д ы м* мен содан (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

АЖЫРАЙ е т. *Көздің әдеттен тыс ашылуы, адыраю, бақырайып қарау.* Майбасар мен Жақыптар селт етіп, қабақ түкситтіп, *а ж ы р а я* қарасты (М. Әуезов, Шығ.). Неге шаңқылдайсың, нысапсыз? — деп, хажы Ұлбосынның бетіне *а ж ы р а я* қарады (С. Мұқанов, Шығ.). Өтекең атын үркітіп алған жігітке *а ж ы р а я* қарады (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

АЖЫРАЙЫС *Ажырай етістігінен жасалған ортақ етіс.* Құлыншақ қатула-

нып: — Ендеше, менің де сөзім қысқа, Майбасар. Тойдым, болдым, көшемін! — деп, бір-ақ кесті. Үй іші бұл сөздің тұсында тегіс *а ж ы р а й ы с ы п* қалды (М. Әуезов, Абай). Жұрт *а ж ы р а й ы с ы п* қарай қалды. Айғанша сұрланып, сөз айта алмай, орнынан тұрып кетті (Б. Майлин, Шығ.).

АЖЫРАМДЫЛЫҚ з а т. *Айырымдылық.* Әр компоненттің интонациялық *а ж ы р а м д ы л ы ғ ы н ы ң* өзі осы екі нәрседен айқындалады (Қазіргі қаз. тілі).

АЖЫРАС 1. *Ажыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Тақтайларының арасы *а ж ы р а с ы п* кеткен кішкене столдың қасында Раушан картоп аршып отыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сол бұрыштан *а ж ы р а с ы п* екеуі екі көшені бойлай жүріп кетті (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Сол жақсы көрген анаңыздан қайтіп *а ж ы р а с ы п* қалдыңыз (С. Шаймерденов, Мезгіл).

2. *Ерлі-зайыпты адамдардың неке бұзып айрылысуы.* Бибігүл мен Смағұл төтем отаса алмады, біраз уақыттан кейін *а ж ы р а с ы п* кетті (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Күйеуі майданда қайтыс болған бір әйелге үйленіп, ұзамай *а ж ы р а с ы п* кеткен (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Әлгі Байқуаттың жалпылдағы қатынынан тағы *а ж ы р а с қ а л ы* жатқан көрінеді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЖЫРАСҚЫШ с ы н. *Көп ажырасатын.*

АЖЫРАСТЫР *Ажырас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бір жыл ішінде айқын *а ж ы р а с т ы р ғ а н* сана алшақтығы қазір Меңдігерейдің жүрегіне өшпенділік уын тамызып тұрғандай болды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АЖЫРАСТЫРУ *Ажырастыр етістігінің қимыл атауы.*

АЖЫРАСУ *Ажырас етістігінің қимыл атауы.* Осы қайшылық жиі-жиі қақтығысулардан, егестерден кейін әкесімен біржола *а ж ы р а с у ғ а* әкеп соқтырады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Кусковпен алғаш таныс болған адам оны екінші көруге құштар болмайтын, бірақ жақындаса келе *а ж ы р а с у ғ а* қимайтын (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АЖЫРАТ е т. 1. *Екі заттың арасын бөлу, жігін айыру.* Аспан да жерден жігін *а ж ы р а т ы п* жоғарылай бастады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Исламқұлов жауынгерлерді бір бірінен бес-алты метр *а ж ы р а т ы п,* әрқайсысын әр ағаштың тасасына тұрғызды (Б. Момышұлы, Москва үшін).

2. *Бөліп шығару, жекелеу.* Кейбір шаруашылықтар өзінің қой фермасын *а ж ы р а т қ а н,* көпшілігінде қой саны өте аз (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

3. *Төлді енесінен айыру, бөліп жіберу.* Екі жылда бір дүркін боталайтын ингендердің тайлақтарын енесінен 18 айлығында *а ж ы р а т а д ы* да, бір тәулік бойына азық бермей, қораға қамап қояды (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

4. *Екі адамның не ел мен елдің арасын айыру, бөлу.* Мені Садырбектен қорқыту арқылы *а ж ы р а т а* алмайтынына көзі жеткен соң қорламақ болып, бір ауыз өлең шығарды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Бізді өлімнен басқа ешнәрсе де *а ж ы р а т а* алмақ емес (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Жік түспей араларын *а ж ы р а т а р,* Қосылып кеткен күні мен түндері де (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

5. *Бөліп, айырып алу.* Бұл — біздің заводтың ең соңғы процесі. Мұнда қорғасынның ішіндегі цинк, күмісті *а ж ы р а т а м ы з* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Көмірді коксыландыру деген сөз — оның асылын *а ж ы р а т ы п* алу деген сөз (С. Мұқанов, Есею жыл.).

6. *Анықтау, айыра білу.* Тұтас жатқан жапырақ теңізінің адалынан арамын *а ж ы р а т ы п,* отап тазартатын техника ол күнде жоқ (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Екеумізге тапсырмақ екенсіздер жарайды, ақ пен қараны өзіміз *а ж ы р а т а* жатармыз (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр.). Бір ойды екіншісі ойдан *а ж ы р а т а* білу үшін логикалық екпінге, тағы басқаларға көңіл аудару керек (Хормен жұмыс.).

7. *Босату, босатып жіберу.* Сары құстың шеңгелі қарысып қалыпты, оның тұяқтарын Бектемір бірталайға дейін *а ж ы р а т а* алмады (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

8. *Анық, айқын, дәл білу.* Ықылас бидің неге осынша жорғалай сөйлегенін Шоқан *а ж ы р а т а* қойған жоқ (С. Бегалин, Бала Шоқан). Қас пен досты *а ж ы р а т а* білмейтін де қазақтар бар (А. Лекеров, Түз гүлі). Жануарлардың, гүлдердің, ағаштардың түрлерін *а ж ы р а т а т ы н* етіп үйрету керек («Халық мұғ.»).

9. *Анықтап ашып алу, тәптіштеу, тиянақтау.* Шоқанның үлкен кісілердің кейбір сұрақтарына толымды жауап айтып,

кейбір жайларда олардың өзі түсінбейтін жайын *а ж ы р а т а* айтқанына іштей таңдану да жоқ емес (С. Бегалин, Бала Шоқан). Сәулеге сілтеген шоқпар сенің басыңа келіп тисін демесең, араңды *а ж ы р а т ы п* ал (Т. Ахтанов, Дала сыры).

10. *Төбелескен адамдарды айырып жіберу, арашалау.* Осы кезде басқа оқушылар келіп төбелесіп жатқан екеуін *а ж ы р а т ы п* жіберді (З. Иманбаев, Кең аймақ).

◆ **Ажыратып алды.** *Құтқарды, босатты.* Алдына кеп басын иіп, Бөденені түлкі сүйіп: «Бір ажалдан қалдым, — деді, *А ж ы р а т ы п а л д ы ң*», — деді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

АЖЫРАТУ *Ажырат етістігінің қимыл атауы.* Алда бірдеңе ербең еткендей болды. Қараңғыда дос қайда, дұшпан қайда *а ж ы р а т у* қиын (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Әлияның не айтқанын *а ж ы р а т у* қиын болды, тілі күрмеле берді (Ж. Жұмақанов, Әлия). Тау қайда, пана қайда, оны *а ж ы р а т у* мүмкін болмады (М. Иманжанов, Адам тур.).

АЖЫРАТЫЛ *Ажырат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Майы *а ж ы р а т ы л ғ а н* суттің майлылығы 0,05 процеңттен артық болмауы керек (С. Сейітов, Сүтті өңдеу.). Енді буалдыр күн таяныш келеді, қозы болса енесінен *а ж ы р а т ы л д ы,* күйек алатын кез таяу («Қаз. әдеб.»).

АЖЫРҒЫ з а т. 1. *Жауыр жылқының мойнына байлайтын ағаш әбзел. А ж ы р ғ ы* жылқының мойнын артына қарай иіліктірмей, жараны кеселден сақтайды (ҚСЭ).

2. А у ы с. *Масқаралау үшін мойынға кигізілетін мойынтырық.* Сервантес шет жұрттықтардың қолына түсіп, мойнына *а ж ы р ғ ы* киген құл да болды («Қаз. әдеб.»).

АЖЫРЫҚ з а т. *Тамырланып өсетін шөптің бір түрі.* Мұндай жерге өсімдік мол шығады және онда қоңырбас бидайық, *а ж ы р ы ң,* ақмамық сияқты көрі шөптер қаулап кетеді (М. Сабыров, Жасанды шабындық.). *А ж ы р ы ң* өскен қалың шилі сайдың табанынан айтылғандай тұшы, тұнық сулы құдық табылды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Айнала от болатын: жусан, раң, жүзген, жантақ, *а ж ы р ы ң,* қараот («Қаз. әдеб.»).

АЖЫРЫҚТЫ с ы н. *Ажырығы мол.* Науалының қырқасында *а ж ы р ы ң т ы* жылғалармен жорта жүріп, үлкен сақтықпен қарап келе жатқанның өзінде, дәл иегімнің астында ешбір алаңсыз жайылып жатқан бір топ киікті кенет қашырып алдым (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

1. АЗ с ы н. *Көп емес, шағын, азғантай.* Ақылың *а з,* ашуың көп болса, қор боласың (Ә. Әбішев, Пьесалар). *А з* адаммен қоршауда қалғанын енді сезді Шымбек (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Түбектің өз дәуірінің шындығын айтарлық шығармасы *а з* сақталған (Е. Ысмайылов, Ақындар).

◆ **Аздан соң.** *Көп ұзамай, кешікпей.* Түлкі *а з д а н с о ң* қайта тұрды (Қаз. ертегі.). *А з д а н с о ң* сауырынан ақырын ұрып қалғанда, торы ат өрге қарай секіре басып, өрлей берді (М. Әуезов, Әңгім.). Өзіме аз. *Сол керек еді, сауап болды.* Күтемін сізден қайта хат, Қуандырып, дертім жаз, Ол болмаса, шыныңды айт, Кінә өзімде, *ө з і м е а з* (Абай).

2. АЗ е т. 1. *Арықтап жүдеу, еттен арылу.* Үсен әбден аштықтан *а з ғ а н,* киімдері жыртық, үсті-басы саусыған кір (Қаз. ертегі.). Адам ұйқысыздықтың азабын шексе, ашуланшақ, кейігіш болады да, *а з ы п* арықтай береді (Н. Әжіғалиев, Малдан жұғатын ауру.). Айдау көріп мал *а з д ы,* Ұйқысы кетіп жан *а з д ы.* Қатын мен бала домықты, От басында отырған («Қаз. әдеб.»).

2. А у ы с. *Дұрыс жолдан тау, бұзылу.* Бірақ сен сертті ұмыттың жолдан *а з ы п,* Өткенді не пайда енді текке қазып (С. Сейфуллин, Өленд.). *А з ғ а н* менен бұзғанды өзің тап, Киелі ата (М. Әуезов, Абай жолы). Сабыр түбі — сары алтын, Алтын азбас, ар азбас. *А з б а й* күткен жар — алтын, Ондай жарды кім жазбас (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АЗА а р. з а т. 1. *Кісісі өлген үйге жақын туыстары мен жегжаттарының малдай не заттай алып баратын жәрдемі.* Абай Дәркенбайдың үйіне *а з а* ретінде бір сиыр, бір түйе сауын әкелгізіп еді (М. Әуезов, Абай жолы). Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір тай сойыс апарады және *а з а ғ а* салғаным деп, Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды (М. Әуезов, Абай жолы). Кемпірдің *а з а с ы н а* әкеп салып, Бата оқып, ет, қымызға тояр едім (І. Жансүгіров, Поэм.).

2. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.* Жау әкелген *а з а* мен қазаны, қасірет шеккен Совет адамдарын көз алдыңа келтірмек бол-

сан, сол қоңыр үйдің иесін біл (М. Иманжанов, Адам тур.). Көзіне елестеді Жөңгірі де, Кешегі қайғыменен жан бүліне, Қазаның қапасымен, *а з а с ы м е н* Өткізген қамығумен зар күні де (К. Райбаев, Жаңа толғау). Осындай *а з а с ы* көп күндер шегіп, Жанынан жалын төкті Құрманғазы (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

◆ **Аза бойы қаза болды, аза бойы тік тұрды.** *Зәресі қалмай қорықты, қатты шошынды.* Соғыстың сырт дабырының өзіне *а з а б о й ы қ а з а б о п* жүрген Жаңылсын оның шын сұмдығын енді көрді («Лен. жас»). Мен десе, *а з а б о й ы қ а з а т ұ р а д ы,* тәрізі қорыққа керек менен (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әйел кемпірдің сөзін естігенде, *а з а б о й ы т і к т ұ р ы п* қорқып кетті (Мың бір түн). Ұлбосынның күдік-күмәні, қайғы-шері өмір бойы тарқайтын емес, Нұртай десе, *а з а б о й ы т і к т ұ р а д ы* (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Азасын тартты.** *Мехнатын көрді, азабын шекті.* Көп қорлықтың ауыл *т а р т т ы а з а с ы н,* Әкейдің де кетірді жұрт мазасын. Сол себепті ойын қысқа түйетін «Би мен болыс тартады, — деп, — сазасын» (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). **Аза тұтты.** *Қатты қайғырды, қапаланды.* Біз келсек, ол кісінің жалғыз баласы өліп, қатты *а з а т ұ т ы п* отыр екен (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Бүкіл ауылға аяулы қыз болатын, сондықтан да ауыл болып *а з а т ұ т т ы* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АЗ-АЗДАН үст. *Азғантайдан, тамтұмдап.* Баланы *а з - а з д а н* тамаққа үйретіп, күз не қыс айларында емшектен айыруға болады (Е. Оразақов, Дәрігер.). Сортаңдау қаупі бар участоктарды ыза суымен қосылмайтындай етіп суды *а з - а з д а н* жіберіп суарады (Агрохимия).

АЗ-АЗДАП үст. *Біртіндеп, аздап.* Ол *а з - а з д а п* қазақша біле бастап еді, бірақ сирек кездесетін сөздерді түсіне алмай қалатын (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Достың бойы жылымай, көпке дейін тоңазып, тітіркеніп отырды. Ыстық ас ішкесін ғана *а з - а з д а п* өзіне келе бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұндай жерлерде фосфорлы тыңайтқыштарды *а з - а з д а п* қолданған жөн (К. Иманғалиев, Мин. тыңайтқыш.).

АЗАЙ е т. *Кему, саны аз болу.* Бес қой мен бес ешкі не көбеймейді, не *а з а й м а й д ы* (Қаз. ертегі.). Мезгіл түн ортасына таянған сайын көшеде машина мен жүргіншілер а з а я бастады (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Өзге тобы да *а з а й ы п* қалған қалпында жөңкіліп, жөнеліп барады (М. Әуезов, Абай жолы).

АЗАЙҒЫШ з а т. м а т. *Азайтылатын сан. А з а й ғ ы ш т ы ң* ондық бөлшегі — жүздік үлеске, ал азайтқышта мыңдық үлеске дейін берілген («Халық мұғ.»).

АЗАЙТ *Азай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көшпелі ауылда салық малға түсетін болғандықтан, ел малдарының санын *а з а й т ы п,* сапасын көтеруге айналыпты (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Гүлсара ыңылдап жүретін әнін де *а з а й т ы п т ы* (М. Иманжанов, Таныс қыз). Малдың басын *а з а й т ы п,* Шығын қылып нетемін (Т. Жароков, Тол. жин.).

АЗАЙТҚЫЗ *Азайт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЗАЙТҚЫШ з а т. м а т. *Азайтатын, алынатын сан.* Азайғыштың ондық бөлшегі жүздік үлеске, ал *а з а й т қ ы ш т а* мыңдық үлеске дейін берілген («Халық мұғ.»).

АЗАЙТТЫР *Азайт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЗАЙТУ 1. *Азайт етістігінің қимыл атауы.* Мал шығынын *а з а й т у* үшін қасқырға қарсы қақпаншы, мергенші қаптай аттанды (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). Ауру адам ұқыпты болса, жөтелді тіпті құртуына, тым болмаса *а з а й т у ы н а* болады (Е. Оразақов, Туберкулез.).

2. М а т. *Төрт амалдың бір түрі, алу.* Қосуға және *а з а й т у ғ а* көбірек мысалдар шығарылады; сандарды қосу мен *а з а й т у* амалдары орындалады; қосу және *а з а й т у* амалдарына аралас есептер шығарылды («Халық мұғ.»).

АЗАЙТЫЛ *Азайт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Рас, о баста ел аузында жұмыс сағаты *а з а й т ы л с ы н,* азық молайтылсын деген екі-ақ әңгіме болатын (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АЗАЛА е т. *Аза тұту, қайғыру.* Егіле берді сорлы ана, Ұл өлімін *а з а л а п.* Зарына сен де қосылдың, Жас жанынды жаралап (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Күлбаршын Зарқұмды көп *а з а л а д ы.* Бірақ оны өлім де, қаралы қайғы да күйрете алған жоқ (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Пеш мұржасы әлденені *а з а л а п,* ертенді-кеш ұлиды да тұрады (С. Шаймерденов, Мезгіл).

АЗАЛАН *Азала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қапыда жылан шақты деп, Сұңқар қаза тапты деп, *А з а л а н д ы* жер мен көк (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жаудың қолынан қыршыны қиылған жас жанның қазасына *а з а л а н ғ а н д а й* тау-тас діріл қаға күңіренді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АЗАЛАНУ *Азалан етістігінің қимыл атауы.* Оның бұл күрсінуінен Атаманның өліміне *а з а л а н у д а н* өзге де бір екініш лебі сезіледі (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АЗАЛАС *Азала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екі жау Ұзақ, Балта ескі сүйек, Жарасып және болды жақсы сүйек. Алысып, араласып, *а з а л а с ы п,* Табысты тату құда, тәтті сүйек (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЗАЛАТ *Азала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бәрінің қан, тозаңын тазалатты, Халқына қара тумен *а з а л а т т ы.* Соқтырды ұсталарға алтын табыт, Артуға осылардай азаматты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЗАЛАУ *Азала етістігінің қимыл атауы.* Бұлар келгенде жалғызынан айрылған үй іші *а з а л а у д а* екен (Қаз. ертегі.). Жеріңді фашизмнен тазалауға, Менің де інілерім төкті қанын. Келдім мен соларды да *а з а л а у ғ а* Келдім мен көрмек болып қабырларын (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АЗАЛДА үст. сөйл. Әзелде. *А з а л д а* артық қылған хақ тағала, Мекені елсіз, күнсіз жапан дала (Батырлар жыры). *А з а л д а* аңшылар тапқан «Майбұлақ» жарты ғасырдай бітеліп жатып, соңғы жылдары көзі қайта ашылды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

АЗАЛЫ сын. *Қайғылы, қаралы, мұңлы-шерлі.* Бұл тегін үй болмай, арысы құлап, адамы өліп отырған *а з а л ы* қазақтың үйі сияқтанды (І. Жансүгіров, Шығ.). Өңменнен өтетін өткір жел жазықсыз жандардың өксіп жылаған *а з а л ы* үндеріндей естіледі (С. Мұқанов, Жұлдызды жыл.). Бұлқынып аласұрды *а з а л ы* жан, Қорқады байдың бейпіл мазағынан (С. Омаров, Сәукен).

АЗАМАТ ар. зат. 1. *Кәмелетке жеткен ер адам.* Ауыл *а з а м а т т а р ы н ы ң* бірсыпырасы армия қатарына шақырылып майданға кетті (А. Хангельдин, Алғыс). Ауылдың бар *а з а м а т ы,* расында, Атқа мінген, соғыстың жүр басында (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). *А з а м а т* боп атқа міндің, Аманатқа келер шамаң. Жүзің гүлдей, көзің күндей, Күшің оттай жалындаған (Ақын жырлары). Әй-әй, папажан, Еркін өсіп толармын. Әй-әй, папажан, Мен де *а з а м а т* болармын (Қазақ әндері). 2. *Адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам.* Адам тәрбиелеуді оңай деме. Алуан түрлі бала бар. Солардың бәрінен *а з а м а т* өсіріп шығару — ең қиын өнер (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Сізден оқыған шәкірттердің бұл күнде *а з а м а т* болғандары да бар (М. Әуезов, Абай жолы). Халқымыздың ардақты ұлы, *а з а м а т* ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров ел тонаушы бай үйіне еңбексіз жиылған арам жиһаздарды көрді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

◆ **Азамат соғысы.** *Бір мемлекет ішінде болатын құралды көтеріліс, таптық көтеріліс. А з а м а т с о ғ ы с ы* жылдарында Панферов Чапаев дивизиясында эскадрон командирі болған (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Социалистердің міндеті «ұлттық» соғысты *а з а м а т с о ғ ы с ы н а* айналдыру (В. И. Ленин, Шығ., 36, 290).

1. АЗАМАТТЫҚ зат. 1. *Жасы толып ержеткендік.* Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер мезеті осындайда. Мұндайда жұқалық, осалдық байқатсам, *а з а м а т т ы ғ ы м* қайсы? (Шопан серігі). Өзі де бір болымды жігіт еді, *а з а м а т т ы ғ ы н* істеп-ақ жүр екен (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр). 2. *Саналылық, адамгершілігі молдық.* Әйел басынан еркектен артық *а з а м а т т ы қ* еткенің бәріміздің жүрегімізді жылытты (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

2. АЗАМАТТЫҚ сын. *Азаматқа тән.* Іске жаны ашығандық, ортақ мүддеге *а з а м а т т ы қ* үлес деген — сол (С. Байжанов, Құрыш зергері). Оны игі жолға сілтемеуім *а з а м а т т ы қ* арға жатпас (Х. Есенжанов, Тар кезең), *А з а м а т т ы қ* арыма Табынам иіп басымды, Ғылымның асқар шыңында Өткізсем қалған жасымды (Т. Жабаев, Із).

АЗАМАТША зат. *Әйел.* Қарасай қаласының бұрыннан бауыр басқан азаматтары мен *а з а м а т ш а л а р ы* қаланың күнделікті хабарларын теріп, өздеріне қорытынды шығарып отыратын (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

АЗАН ар. зат. 1. Өне. *Елді намазға шақырғанда немесе балаға ат қоярда*

дауыстап айтылатын намаздың кіріспе бөлігі. Айтамын, байлар, сізге жарапазан, Молдалар ертең ерте айтар *азан.* Айтқанға жарапазан қайыр берсең, Барғанда ақыретке болмас жазаң (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Таңғы мезгіл, ерте уақыт.* Қатыны *азанмен* тұра салып, ханға барып арыз береді (Қаз. ертегі.). *Азаннан* бергі жүріс пен қалың киім оны өбден шаршатты (Н. Серғалиев, Намыс). *Азаннан* тұрып алып өзін-өзі осынша неге азапқа салады екен (М. Иманжанов, Менің махабб.). 3. Ауыс. *Ұрандаған ащы дауыс.* Жиналсын, түгел құйылсын, мемлекеттік қазанға. Сәлемдеме жөнелсін заводтан шыққан *азанға* (Б. Майлин, Шығ.).

АЗАНҒЫ сын. *Таңертеңгі, ертеңгі уақыттағы.* Күрішшілер *азанғы* шайды ғана ішіп, сөске түсте жапырлап күрілтікке барады (Ы. Жақаев, Менің бақытым). *Азанғы* аста ғана оны сыртынан көріп қалды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Біраздан бері қарт мұғалім *азанғы* серуен кезінде оңаша кезіп, ұзап кетуді қойды (Р. Әутәліпов, Той тарқарда).

АЗАНДА үст. *Таңертең, ертемен.* Пулеметіміз бабында екеніне көзіміз жетті, *азанда* айналаны жаңғыртa пулемет сарынын шығардық (Ол күн.). Капитан бүгін *азанда* бір аса маңызды хабар естіпті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). *Азанда* қызметке барам, қайтып кеп кітап оқимын, ішірде көше қыдырам (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

АЗАНДАТ ет. *Азан шақыру, азан айту.* Белдеуден таң асқан ат жіберіліп, Алыста Саумен сопы *азандатты* (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЗАН-ҚАЗАН үст. *У-шу, айқай-ұйқай.* Жылқы кісінеп, сиыр мөңіреп, қой маңырап, түйе боздап, оған жиылған көптің шуылы қосылып, ауыл *азан-қазан* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Смена ауысып жатыр екен, *азан-қазан* дауыс, керіс, қылтың сөз аралас күлкі шығады (З. Шашкин, Өмір тынысы). *Азан-қазан* мал шулап, Меңіреу дала жаңғырған (К. Әзірбаев, Шығ.).

АЗАНШЫ зат. *Азан айтушы.* Мешітке *азаншы* да болып, хазіретке еріп өліктен підия да алып жүрді (І. Жансүгіров, Шығ.). Шайхантәуір мешітінің *азаншысы* да мұнара басына шығып үлгіріпті (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Ескі мешітке көкек — *азаншы,* Есі кеткен елге өсек — *азаншы* (Мақал).

АЗАП ар. зат. *Ауыр бейнет, қиыншылық.* Бұзауларды қолдан сүт беріп асыраудың *азабы* көп, ауыртпалығы басым жұмыс екені осы отырған жұрттың бәріне мәлім (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). *Азабы* мол, қызығы жоқ күндерді күрсіне көз алдыңа елестетпек боласың (Кеңіншек.). Шекпенін қырық жамаған, *азап* та көрген масадан, Қойшы екен байға осы адам (Қ. Мұқышев, Поэм.).

◆ **Азап берді.** *Қинады, жәбірледі.* Болмақшы, мұның бәрі, жазалы адам, *Бермеңдер* жазалы деп *азап* оған (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Азап көрді.** *Қиыншылық пен ауырлықты бастан кешірді.* Нелер *азап көрмеген* Христофор Колумб (Т. Жароков, Шығ.). Тартқылап түктерімді *көрдім азап,* бірігіп тартқылады тістеп, қажап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Азапқа салды.** *Қиыншылық көрсетті, азаптады.* Біркені шошытып *азапқа салған* адамдар табылмай қойды (С. Көбеев, Орынд. арман). Балгердің не үшін мұнша *азапқа салғанына* да Еңлік түсінген жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық). **Азапқа түсті.** *Азап шекті, қиындық көрді, азапталды.* Мен үшін *азапқа түсіп* жүрген жолдастарымның халдері де менің жаныма батайын деді (Ж. Саин, Жол үсті.). Болмаса, тағы да еңбек етіп *азапқа түсер* деп ойладым (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген). **Азап шекті.** *Қиналды, қиыншылық көрді.* Жұмысшылар мен қара шаруалар жоқшылықтан *азап шекті* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Салқынбелде сенен *азап шеккендердің* атынан келдім, кәне, құтылшы (С. Адамбеков, Көсенің көзі). **Азабын тартты.** *Қиыншылығын көрді, азаптанды.* Жарайды, сенің айтқандарыңнан ауытқымайын Өзім де майдан жолының *азабын тартқан* адаммын (А. Лекеров, Қырдағы ән). Баласы мектептен шықса, *азабын* мен *тартам* да, жаман аты саған қалады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АЗАПСЫЗ сын. *Азабы жоқ.* Кейін айтам, ақсақал, *азапсыз* рахат бар ма? (Б. Шалабаев, Өмірде.).

АЗАПТА ет. *Азап көрсету, қинау.* Бір күні ретін тауып олар Тоқаш Бокинді айуандықпен *азаптап* өлтірді (Қ. Әміров, Жастық шақ). Бәймен менен Әжібай *Азаптап* ұрып өлтіріп, Қашқан елді жинамақ (К. Әзірбаев, Шығ.). Атасы ас бергізбей *азаптапты,* Күйеуі күнде ұрып сабап бақты. Байлаулы балапандай

босағада, Жастаның жатты Бөбек тезек қапты (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

АЗАПТАЛ *Азапта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Адамдары *азапталды,* атылды, Қыстақтары өртке оралды, тапталды (З. Шүкіров, Менің дос.).

АЗАПТАН *Азапта етістігінен жасалған өздік етіс.* Бұл асауды қанша жыл *азаптанып* үйрете алмаған соң, амал жоқ, сатпақшымын (С. Мұқанов, Шығ.). Тұрмыс та, оқу да осындай жақсы болғанымен, күн көріс жайын ойлағанда, мен іштей қатты *азаптанамын* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қайша шай әзірлеп отырып, бұлардың назарын басқа әңгімеге аудармақшы болып *азаптанды* (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

АЗАПТАНУ *Азаптан етістігінің қимыл атауы.* Ол «именуді білмейтін адаммын» деген түр көрсетемін деп, *азаптауын* қоймайды (Б. Майлин, Шығ.).

АЗАПТАУ *Азапта етістігінің қимыл атауы.* Сұмдық! Азаңғы *азаптауда* көкірегіме темірмен бес бұрышты жұлдыздың таңбасын күйдіріп басқан екен иттер! (М. Иманжанов, Адам тур.).

АЗАПТАУШЫ з а т. *Азап көрсетуші.* — Я, шалым, ақылың жаңа кірді ме? Ал сөйле! — деді капитан Петяны *азаптаушыларға* тыйым салып (М. Иманжанов, Адам тур.).

АЗАПТЫ с ы н. *Азабы мол, қиын.* Сырлы бір сурет музейде Көзімді тартпай қоймады. Бұл да бір кіші шежіре, — *Азапты* заман айғағы (М. Әлімбаев, Биікке-биікке). *Азапты* ауыр істің арасындағы манағы бір сауық көшпен бірге мұны да қатты тебірентті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Өз басынан кешкен *азапты,* қайғылы өмірді өлеңге, әнге қосып, ауыл арасына тарату арқылы оның дарынды өнері жарыққа шықты (К. Әзірбаев, Шығ.).

1. АЗАР ү с т. *Әрең, зорға, әрең дегенде.* Бір сонам асыранды қашып кетіп, Меккеден он жыл ізден *азар* таптым (Қырық өтірік). Мыңжасар жолдасымен Қарақұс байдың алтын сарайына үш тәулікте *азар* жетеді (Қаз. ертегі.). Қапылыста тосқауылға тап келіп қалып, *азар* құтылдық (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.).

2. АЗАР и р. з а т. *Азап, қорлық.* Есітіп Апрасият ақырды енді, Шыдамай *азарына* ah ұрды енді. Қайтадан қатаң түрде байлап кел, — деп, Мейрімсіз мәрғазабын шақырды енді (Т. Ізтілеуів, Рүстем.). Қарасаң қалың жұрттың назарына, Өмірдің таласқандай базарына Ішінен жұдырығын түйгендер көп, Жауыздың көнбейміз деп *азарына* (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

◆ **Азар берді.** *Қорлық көрсетті, азаптады.* Аңламастан сөйлесең, Ауырмай-ақ өлесің. *Азар берсең* кісіге, Өзің де азар көресің (Мың бір түн). Атаңның ақы бар ма *азар беріп,* Әр түрлі айтпа сөзді аузың керіп (Т. Ізтілеуов. Рүстем.). **Азар болса.** *Мықтағанда.* Тұсынан ауылының өттім-кеттім, Үкіңді шекеңдегі бермей кеттің. Сол үкі *азар болса* жүз теңгелік, Көңілімді өкпелеттің мың теңгелік (Ақан сері). *Азар болса* арда құлын сойылар, — деді сары қатын күнк етіп (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). **Азар да безер болды.** *Ат-тонын ала қашты; жолатпады.* Тағы да бір орайы келгенде айтып көріп едім, апам *азар да безер болды* (С. Омаров, Хантағы). Мен *азар да безер болып* ол кісіні ерткенім жоқ (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Тіл азар.** *Тіл алмайтын, айтқанды істемейтін.* Баланың түзелмесін жақсы-ақ көрмей, *Тіл азар,* тентек болды тыю көрмей (Айтыс).

АЗАР-АЗАР ү с т. *Әрең-әрең, әрең дегенде.* Қойнына басын тығады, Жан сауға, көке, жан сауға! Деген үні күрмеліп, *Азар-азар* шығады (Батырлар жыры).

АЗАРЛАН и р. е т. *Қаны бетіне тебу, ыза болу.* Баяндап болғаннан соң болған істі, Артықша *азарланып* ашу қысты. Олармен соғысуға қайтып барып, Шынында шыдай алмай ант-су ішті (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЗАРЛЫҚ: **Тіл азарлық.** *Тіл алмаушылық, айтқанды істемеушілік.* Бұл уақыттарда Бәйкенде де тыным болмады. Қисықтық, *тіл азарлық,* жалқаулық жоқ («Лен. жас»).

АЗАСЫЗ с ы н. *Азасы жоқ.* Жетең болса жетерлік енді қашан, Айтқаныңды *азасыз* қалдырмадым. Екі туып енеңнен сен келсең де, Осы болды есіңнен тандырғаным (Жамбыл).

АЗАТ и р. с ы н. *Еркін, өз еркі өзінде, ерікті.* Кең далалы, кең пейілді қазақпыз, Құл емеспіз, еркін жанбыз, *азатпыз.* Ел намысын ешбір жауға бермейміз, Өмірді алға бастырамыз, өрлейміз, Сертің осы, *азат* жігіт, *азат* қыз (Қ. Аманжолов, Шығ.). Бізде *азат* еңбектің адамы

осылайша партиялық, мемлекеттік үлкен мәселелерді шешуге белсене қатысады (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

◆ **Азат етті.** *Құтқарды, босатты.* Адамды атам заманнан бергі азаптан *азат еткен* социализм жеңісіне не жетеді («Соц. Қаз.»). Қарағым, менің абыройымды ойлайтын болсаң, дәл осы жұмыстан *азат етші* (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АЗАТКЕР з а т. *Азат етуші, құтқарушы.* Жанынан жүрген адам бөркін алып, Бұрылып бас иеді бәрі осында. Борышты бүкіл дүние, барлық халық *Азаткер* Совет елі баласына (Ж. Молдағалиев, Шығ.). *Азаткер* армияның қанаты бұл, Сұрапыл соқса, мейлі, сәгілмейді (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АЗАТТА е т. *Құтқару, азат ету, босату. Азаттап* астанаңды, бір күн қалып Шекараның маңында жауды торып. Отырмыз біз ақырғы қорғаныста, Таң ата басталмақшы жаңа жорық (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Ауылда да сол өртten *азаттаған,* Сенсің нағыз өзімнің отандасым (Партия тур. өленд.).

АЗАТТАЛ *Азатта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Белградтың *азатталғанына* жыл толды (Совет жауынг.).

АЗАТТАН *Азатта етістігінен жасалған өздік етіс.* Кептердің келгеніне азаптанып, Сұңқардан, жапалақтан *азаттанып,* Бәрінің жомарттығын салыстырып, Отырды лашын қайран ғажаптанып (С. Сейфуллин, Өленд.).

АЗАТТАУ *Азатта етістігінің қимыл атауы.* Майдан қаһармандары ұшы қиырсыз Украина даласын түгел *азаттауға* аз қалды (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АЗАТТЫҚ з а т. *Бостандық, еріктілік, еркіндік.* Қазақ елі *азаттықты* талай қимас ұлдарының қанымен алды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Батырлар елін жауға сатпайды, елінің бақыты, *азаттығы* үшін жанын отқа салады, басын өлімге қияды (Е. Ысмайылов, Ақындар.). Уа, тақсыр, сізден тілер үлкен тілек — *Азаттық* берсеңіз тек басымызға (Е. Бердин, Екі ойшыл).

АЗАТШЫ з а т. *Азат етуші, құтқарушы, азаткер.* Гитлерге лап қойды Қыруар мың зеңбірек. *Азатшы* деп ат қойды Сонда бізге жер мен көк (С. Мәуленов, Жолдас). *Азатшым* қайда, құтқарар қашан? Боздайды... көзде тұтқын қыз жасы (Д. Әбілев, Жүрек жырла.). Серпе тастап соғыс мұңын, Прагаға тақ боп атқан. Зор тұлғасын *азатшы* ердің Сонда халық өзі орнатқан (М. Рашев, Алғашқы борозда).

АЗАТШЫЛ с ы н. *Азатқұмар, азаттықты жақтаушы, бостандық сүюші.* Шоқан ұлы орыс халқының *азатшыл* демократиялық жолдағы әдебиеті мен философиясынан сабақ алды (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Екі ақынға өмірдің өткені берді елесін, Еске алды күрес күндерін, *Азатшыл* жандар, ер ісін (І. Мәмбетов, Сыр.). Бостандық пен тәуелсіздіктің дәмін татқан *азатшыл* халықтарды империализм зынданы мен бұғауына енді ешқандай күш қуып тыға алмайды («Қаз. әдеб.»).

АЗАТШЫЛЫҚ з а т. *Бостаншылық, еркіншілдік, азат өмірді жақтаушылық.* Жердің шарын қалды сақтап Біздің Совет Армиясы, *Азатшылық* атын сақтап, Тудай ұстап ар-намысты (Ж. Молдағалиев, Бастаушы. партия).

АЗАЮ *Азай етістігінің қимыл атауы.*

АЗБАН з а т. 1. *Кестірілген, тарттырылған еркек мал.* Лақ текедей бақылдап, Мазамды алдың шыдатпай. Қойдағы *азбан* қошқардай (Жамбыл). Мәйкеннің жүзін көргенде, Әлек болып жұлқындың, *Азбан* бұқа сияқты Топырақ шашып далада (Айтыс). 2. А у ы с. *Құр кеуде.* Қазақ жері де алаптың алаңғасар *азбандарының* әлегінен әбден тазаланды (І. Жансүгіров, Әңгім.). Ел ішіндегі *азбандар* билік тізгінін әлі де уыстарынан шығарғысы келмейді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Черчиль отыр кәрі *азбан.* Қауқары жоқ бұрынғы (Бейбітшілік даусы).

АЗБАНДАЙ с ы н. *Азбан сияқты.* Голощекиннің алдында арыстан көрген қасқырдай бұғып, тартқан *азбандай* мықшиды да қалды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Көк перідей керістің, Көк *азбандай* тебістің (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЗБАНША ү с т. *Азбан тәрізді, азбан құсап.* Жә, табылар бір шүйке бас. *Азбанша* азынамай, бар ана жылқыға (З. Шакенов, Таң самалы).

АЗБАР з а т. с ө й л. **Албар.** Ел қыстаудың қасына көшіп келіп, *Азбар* мен қораларын түзеп жатыр (С. Дөнентаев, Шығ.). Біреулер табын-табын малдарды қоралап жүр, біреулер бричкаға тиеген шөптерді *азбарға* үйіп жатыр (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АЗҒАНА үст. *Азғантай, мардымсыз.* Неше күндей жол жүріп, *Азғана* емес, мол жүріп, Ойғызды тасқа табанды (Алпамыс). *Азғана* мал ауылдың қорасында көленке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасындап тұр (Б. Майлин, Шығ.). Ауыл байғұс мінекей, Бала жастан көз көрген. *Азғана* жыл ішінде Едәуірақ өзгерген (С. Сейфуллин, Өленд.).

АЗҒАНТАЙ үст. *Азғана, сәл ғана, көп емес.* Бәшей аласа қостың *азғантай* ашылған түндігінен бірдеңені көздеп тұр (М. Әуезов, Абай). Қазақтан оқыған азамат әзірге *азғантай* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қой өрі, онсыз да ат төбеліндей *азғантай* қазақты алалап, бірін — жат, бірін жақын тұта алмаспын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЗҒЫН сын. 1. *Азып кеткен, тұртұлғасынан айрылған.* Алба-жұлба киімі бар біреу үйге кіріп келді. Оның алыс жолдан азап шегіп келгені *азғын* түсінен белгілі еді (Мың бір түн).

2. Ауыс. *Адамшылықтан айрылған, бұзылған.* Ел батасын бұзған ит, Ақылсыз, құдай ұрған ит. Асылы жақсы атадан *Азғын* болып туған ит (Батырлар жыры). Кегі бітпес заманның Атың-затың құрымай, *Азғынысың* адамның Шаян көзді сұмырай (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЗҒЫНДА ет. 1. *Арықтау, жүдеу.* Ақ білегің *азғындап,* Білезіктерің босапты. Қарағанға байымдап, Саусақта жүзік бос қапты (І. Жансүгіров, Шығ.). Д витамині жетіспегенде құстың терісі ісініп *азғындайды,* аяғы қисаяды (Құс өсіру.). Арада көп жыл өтті... Молда *азғындаған,* үй іші жүдеу (Д. Еркінбеков, Шығ.).

2. *Теріс жолға түсу, бұзылу, бүлініу.* Аштан өлсең де, *азғындап* өлме. Былғаныш өмірден адал ажал артық (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Бейпіл ауыз жантықтар, *азғындап* кеткен маскүнемдер, семьяда ескі дүниенің қалдығын сақтап келе жатқан пасық ойлылар әлі де кездесіп қалады (Келіншек.). Ескі қоғам іріп-шіріп *азғындады* (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

АЗҒЫНДАН *Азғында етістігінен жасалған өздік етіс.* Павлодар облыстық театр артистерінің шығармалары, пьесалары тұрмыстан *азғындағандардың* өмірінен алынып жазылған (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.).

АЗҒЫНДАТ *Азғында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Буржуазия жұмысшы табының жоғарғы тобын ылғи сатып алып *азғындатып* отырады, бұлар тұрмыс күйі жағынан ұсақ буржуазияға жақын болады (КПСС тарихы, 147).

АЗҒЫНДАТУ *Азғындат етістігінің қимыл атауы.*

АЗҒЫНДАУ *Азғында етістігінің қимыл атауы.*

АЗҒЫНДЫҚ зат. *Бұзықтық, сұрқиялық, арам ниеттілік.* Айнуды, *азғындықты* молда бастар, Сөзі «оңды», ісі жауыз, арам, настар (С. Торайғыров, Шығ.). Өз кінәсын басқаға жабу *азғындық* екенін ол жақсы білетін (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Мен болсам бір күн мешітке барып, молданың *азғындық* сөзіне нанып азыппын (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

◆ **Азғындық жолға түсті.** *Бұзылды, дұрыс жолдан тайды.* Адамшылық етудің жолын білмей, *азғындық жолға түсіпсің* (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Талай жыл отасқан жолдасын, бес баласын тастап *азғындық жолға түсті,* семья бақытын бұзды («Лен. жас»).

АЗҒЫР ет. *Айныту, теріс жолға салу.* Бір шайтан *азғырған* шығар, жастық шығар, енді қайталамас деген жағын Досан көбірек айтты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Білем мен, сендерді *азғырғанын* Орлов, бірақ сендер олардың кім екенін білесіңдер ме? (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЗҒЫРҒЫШ сын. *Айнытқыш, бұзғыш.* Егер [бала] сендей *азғырғыштың* тіліне ерсе, тұк те жоқ (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЗҒЫРУ *Азғыр етістігінің қимыл атауы.* Егізбай мен Сегізбай *Азғыруға* келеді, Сөзге шебер неме еді, Келе сөйлей береді (Батырлар жыры). Келді ол жұртымызды *азғыруға,* Елдікті тоздыруға, аздыруға. Ата жол, дін, ақсақал соты қайда, Бұл құды азғынсың деп жазғыруға (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Алланың сайтанынан адамның сайтаны күшті, өркімнің *азғыруымен* кім көрінгенге таңылған менің басымда өсек көп (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина).

АЗҒЫРУШЫ зат. *Айнытушы, бұзушы.* Абай молдаларды *азғырушылар* деді (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Көпшілікке бет бұрып, *Азғырушы* адамға, Қараспайтын қабанға Ежелден Жамбыл көнген жоқ (Айтыс).

АЗҒЫРЫЛ *Азғыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Уағдасын хан енді Қайтақайта бұзбасын. *Азғырылып* әркімге, Жел сөздерге қызбасын (Батырлар жыры). Қатынды *азғырылған* кемпір білді, Жылмандап өз-өзінен бекер күлді (Бұл да).

АЗҒЫРЫНДЫ сын. *Азғырушы, айнытушы.* Кешегі ұйымдасқан кедей бүгін Садуақастың *азғырындысөзіне* ерсе не болмақшы (Б. Майлин, Шығ.). Мәжелердің *азғырындыүгітін* тыңдаушылар азайды (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Кешегі құт орнаған, дуа қонған ордамыздың жалғыз қызы *азғырындытілмен* кетіп отыр (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина).

АЗДАҒАН үст. *Біраз, аздап, азғантай.* Судыр Ахметтің көңілінде қуаныш та, *аздаған* қызғаныш та бар (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мені Сарыбай дейтін бай өзінің әумесер ұлына сатып алыпты. Ол әкеме бір бие және *аздаған* ақша беріпті (Аялы жандар). Қазір Заевский сырқат, *аздаған* пенсия алады («Қаз. әдеб.»).

АЗДАП үст. *Біраз, аздаған.* Қынаның басытқысына тұз, ашудас немесе мүсәтірдің бірін қосып, *аздап* май құяды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Оспан жарқабақтан бір тиянақ тауып, жарқанатша жабысып тұр. Құшағында көк серке, бойында *аздап* діріл бар (С. Баязитов, Күтпеген кез.). Сенің де *аздап* күнәң болған шығар, Адал деп Қожбанды да ақтамаймын (Айтыс).

АЗДАУ сын. *Азырақ, көп емес.* Матаның әзірге таптылауы, киім-кешектің *аздауы* рас (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бірінші бригаданың қызылша өнімі *аздау* болды (Ғ. Сыланов, Очерк.). Сүт *аздау* болса, үстіне қосымша су құяды, тұз салады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АЗДЫ-КЕМ үст. *Азын-аулақ, біраз.* Мұны аналық қамқорлық жасаудан өздерін *аздыкем* уақытқа болса да аулақ ұстаған келіншектер істейді (К. Өтегенова, Бедеулік.). Нұрлан қыз үйінде ұзақ болмады, шешіліп әңгіме де шерте алмай, *аздыкем* өткенді сөз қып, аз отырған соң үйді-үйіне тарады (З. Шашкин, Сенім).

АЗДЫ-КӨПТІ үст. *Азырақ, шамалы.* Жетпіс мың ұсақ малдың жыл сайын *аздыкөптішығыны болып тұрушы еді (М. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Біздің *аздыкөптітабысымыз да, құрметті атақ алуымыз — бәрі де еңбектегі бірліктің нәтижесі (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). Әр жаңаны өмірге орнықтыру үшін соның төңірегінде *аздыкөпті* жұмыс істеу керек (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

АЗДЫҚ зат. *Кемдік, жетімсіздік.* Ол кемшіліктің болатыны басқармадағы қызмет қылып ютырған кісілердің *аздығы. *Аздықтан* істің бәріне бірдей мұршаларының келмейтіндігі (С. Сейфуллин, Шығ.). Дене тәрбиесіне мектепте бөлінетін апталық екі сабақ балаға *аздық* етеді («Қазақст. мұғ.»). Амандық сұрастырғаннан кейін ауаның райын айтты, товардың *аздығын,* ішкі қиыншылықтарды әңгімеледі (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЗДЫР *Аз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық *Аздырар* адам баласын (Абай). Біреуі ғана бір ауылнай елді бүлдіріп жүр. Төртеуі қосылғанда, әкең түгіл, әулиені *аздырар* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Аздырмас* жастарына ақыл айтып, Халқымның қарт, қария даналары (Айтыс).

АЗДЫРҒЫШ сын. *Аздырушы, айнытушы, бүлдіруші.* Қалада жүріп қыз алаң, Ауылда жүріп сен алаң. Осындай кезде тап болмақ, *Аздырғыш* небір оңбаған (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

АЗДЫРУ *Аздыр етістігінің қимыл атауы.* Қарғыс атсын қатал жау, Ойлағаны өзгеше, *Аздыруға* амалдау (М. Әуезов, Тол. жин.). Бұл — Сперанскийдің даланы билеу ісіндегі тапқан айласы, елдіктен айырудың, *аздырудың* жолы ғой (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АЗДЫРУШЫ зат. *Айнытушы, бұзушы.* Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар — адам *аздырушылар,* хаттө дінге де залалды (Абай).

АЗЕРБАЙЖАН зат. *Азербайжан ССР-інің негізгі халқы.* Ол тілді бұрыннан білмеген қазақ, қырғыз, *азербайжан,* қарақалпақ сияқты халықтардан шыққан адамдар бірден түсініп кете алмайды (Қазіргі қаз. тілі).

АЗИМУТ зат. *Бақылау нүктесінің меридиан жазықтығы мен осы нүктеде бақыланатын аспан шырағы немесе жер бетіндегі объект арқылы өтетін вертикаль жазықтықтың арасындағы бұрыш* (ҚСЭ).

АЗИЯЛЫҚ зат. *Азия жерінде тұратын.* Ол кезде *азиялықтар* түгіл, ислам дінін таратқан арабтардың өзі қандай

дін ұстайтыны белгісіз заман ғой (Мың бір түн). Осыдан он жыл бұрын далада түйе бағып жүрген *а з и я л ы қ т ы* маған көмекші қылып бергеніне таңым бар (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Үш қағазға салынған бір қыздың суреті, өзі — *а з и я л ы қ* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АЗИЯТ з а т. *Азияның жергілікті тұрғыны.* Сен — фашиссің, мен — қазақпын, Сен айтқандай *«а з и я т п ы н»* (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЗИЯТША ү с т. *Азияның жергілікті тұрғындары сияқты.* Әкесі *а з и я т ш а,* баласы европалықша киінгеніне қарап та, бұлардың... дәурені жүріп, дүрсіп тұрғанын аңдауға болатындай (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АЗ-КЕМ ү с т. *Біраз, аз-маз.* Мариям аспалы айнаның алдына отырып, мәндай терісін *а з - к е м* бүрістіре түсіп, оқтын-оқтын күрсінетін болды (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Аманкелді *а з - к е м* ойға шомып отырып қалды да, бір кезде Валяны шақырды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ол алғашқыда сұрланып *а з - к е м* үнсіз қалды да, артынша күліп жіберді (С. Бақбергенов, Алтын емел.).

АЗ-КӨП ү с т. *Біраз, шамалы.* Диссертация қорғасам, ғылымға *а з - к ө п* үлес енгізсем деген арман Сананың көңілінде (Т. Нұртазин, Мұрат).

АЗ-МАЗ ү с т. *Аздаған, біраз, аз-кем.* Қанға батып бейгүнә екі адам жатыр. Бірі мүлде жансыз, бірінде *а з - м а з* тіл бар, күрмеле сөйлейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Партизан солдаттар келгенде газет те алып қаламыз,ептеп сөз қатысып, *а з - м а з* хабар да алып қаламыз (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қолайлы қорек қылар нәрсесі жоқ, Орманда дақылы бар *а з - м а з* сепкен (Үш ғасыр.).

АЗ-МҰЗ ү с т. с ө й л. Аз-маз. Поэма деген не? Қайтсе поэма болады? Осы жөнінде өзіміз *а з - м ұ з* білгендіктен шатасуға айналдық (С. Ерубаев, Шығ.). Аяз жылы үйден шыққан бетті *а з - м ұ з* шымшылағандай болады (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Шебер қайным, Мәдине келіп кетсе, *а з - м ұ з* сусын қарастырса (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АЗОТ з а т. *Химиялық элемент, түссіз, иіссіз, дәмсіз, суда аз еритін газ.* Қазіргі кезде фосфор, *а з о т,* калий тыңайтқыштарының оннан астам түрі шығарылады (Химия өнімдері.). Өсімдіктер жер қыртысынан *а з о т,* фосфор, калий тұздарымен қоректенеді (А. Байтанаев, Болат). Өсімдікке керекті *а з о т,* фосфор, күкірт сияқты заттардың алмасуына да бактерия зор әсер етеді (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АЗОТСЫЗ с ы н. *Азоты жоқ.* Рясканың құрамында 30 процент протеин, 3 процент май, 24 процент *а з о т с ы з* экстрактивтік заттар болады (М. Таубаев, Жасыл әлем.).

АЗОТТАУ *Азотта етістігінің қимыл атауы. А з о т т а у* үшін болаттан жасалған затты аммиак ішінде 500—600 градуста 20 минут ұстайды (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АЗОТТЫ с ы н. *Азоты бар.* Күріштің бойлап өсуін тоқтатып, пісіру мерзімін қысқарту үшін оған бас алғаннан кейін *а з о т т ы* тыңайтқыш беру керек (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Сол сияқты дәріленген тұқымдарды *а з о т т ы* бактериндермен өңдеуге болады (Ж. Жиенбаев, Астық дақылдары.). Белок дегеніміз — құрылысы өте күрделі болып келетін үлкен молекулалы *а з о т т ы* органикалық заттар (Орган. химия).

АЗОТТЫҚ с ы н. *Азотқа тән.* Жүз грамм кебу теңіз капустасында 44 гр углевод, 6,5 гр *а з о т т ы қ* заттар, көптеген минералды тұздар мен біраз витаминдер болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АСПАЗ з а т. *Ас даярлаушы.* Кеше олар жаңа *а с п а з д ы* ойламаған жерден ренжітіп алды (Х. Рахимов, Қарлығаш).

АЗСЫН е т. *Аз санау, азырқану.* Үш-ақ кило тұңғышының салмағы, Деп өзілдеп Әділғазы болмады. Жұрт *а з с ы н с а* мейлі, *а з с ы н с ы н,* Өмірде салмақты бол, Әкеңнің сол — арманы (М. Әлімбаев, Лирика). Өмірді кейде *а з с ы н ы п,* мұңға батсам, Тарлығын білдіріпті-ау ой арнасы (К. Боранбаев, Жаңарған жазық). Ойлама *а з с ы н а р* деп бергенінді, Көп дәулет деймін жүзінді көргенімді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЗУ з а т. *Түпкі жуан тістер. А з у ғ а* салып басып қалғанда жаны шығып кетті ме екен. Мұның бір пәлесі соғып кетіп жүрер (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Арандай аузын ашты да, *А з у ы н* қарш-қарш басты да, Өлімтікті жұлқылап, Тұмсығын тыға жабысты (Т. Жароков, Мұз тұтқыны).

◆ **Азу тіс.** *Ауыз қуысындағы шайнайтын негізгі тістер.* Қасқыр тұрғанда арс

етіп, *а з у т і с т е р і* арсиып ырылдай түрегелді (М. Әуезов, Көксерек). Арқа жүнін тікірейтіп, көзін төңкере қарап, *а з у т і с т е р і н* ырситып ырылдағанда, қара ауыздың да бет алдына қара қасқырдан басқа ешбір хайуан шыдап тұрар емес (Қаз. ертегі.). **Азуы алты қарыс.** *Мықты, озбыр.* Әкең марқұм жалғыз атты, жалғыз сиырлы кедей болғанмен, еті тірі, пысық ер намысын *а з у ы а л т ы қ а р ы с* болғантолғандарға жібермейтін еді (Б. Шалабаев, Өмірде.). Қысқасы, *а з у ы а л т ы қ а р ы с* Оспан бидің тізесі өтіп қалған момындар... енді Ахметке таң атырады деп ойлаған жоқ (С. Торайғыров Шығ.). **Азуын басты.** *Кектенді, өшікті.* Тоқайдың осы қылығына жұмыскердің көбі-ақ *а з у ы н б а с а д ы*, тек *а з у ы н* ғана *б а с а д ы*, одан артық Тоқайға қылар қайрат жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Мардан «әттең» деп *а з у ы н б а с ы п* ыза боп тұрды да, жайына кетті (Бұл да).

АЗУДАЙ с ы н. *Азу тіс сияқты.* Жалтырап қарт мұнарақ ақшыл басы, Киелі Кремльдің ишарасы. Секілді, уа, құдірет маңғаз қамал *А з у д а й* мұқалмаған асыл тасы (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.).

АЗУЛА е т. *Азуға салып шайнау, жаншу. А з у л а п* алтын, жезді, цинктерді Кеміріп алмас қашау киркі жейді. Арадай балға қонған асыл бұрғы Бұлқынса, жердің асты күркірейді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЗУЛАН *Азула етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Құбыладан күншығысқа қарай созылып, биіктері қасқырдың азуларындай *а з у л а н ғ а н* Алатаудың көкке созылған бастары, қар басқан шыңдары... көкке қарап тұр (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЗУЛЫ с ы н. 1. *Азу тістері ірі.* Ердос саспай арқан ораған қолын қасқырдың аузына ұсына берді. Ашулы жыртқыш *а з у л ы* аузын салып жіберді (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.).

2. А у ы с. *Мықты, күшті.* Құлынына бұрылған жирен биені артына қаратпай, *а з у л ы* айғыр белестен асыра қуып әкетті (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Беті қайтқан *а з у л ы* төбет байбалам салып айнала осқақтағаны болмаса, жуыр емес (К. Тоқаев, Тасқын).

3. А у ы с. *Бетіне қарсы келтірмейтін, өктем.* Киіз басу, арқан-жіп Міндетіндей жазулы, Қорқытады діңгірлеп Бәйбішесі *а з у л ы* (С. Сейфуллин, Шығ.). Келіндері де, балалары да Қалампырдай *а з у л ы н ы ң* өзі де үн-түнсіз тым-тырыс (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Зейнеп — Құнанбай ауылынан да бай, салтанаттырақ, шынжыр балақ, шұбар төс Шорман тұқымынан шыққан Шыңғыстың *а з у л ы* бәйбішесі (Аялы жандар).

АЗУСЫЗ с ы н. *Момын, бос, батыл емес.* Сынағанда ешкімнің атын атамайсың, *а з у с ы з с ы ң* деп ұрсып жатыр екен (Ауызекі тіл).

АЗУСЫЗДЫҚ з а т. *Дәрменсіздік, әлсіздік.* Тек маған бір байқалатыны — шабуылшылардың *а з у с ы з д ы ғ ы*, осы кемшілік тезден жойылса («Лен. жас»).

АЗУШЫЛЫҚ з а т. *Азғындап бұзылушылық.* Мен барлық жерде ескі теориялардың осындай болып *а з у ш ы л ы қ* қажеттілігін көрсетуге тырыстым (В. И. Ленин, Шығ., 1, 307).

АЗШЫЛЫҚ з а т. *Аз болу, көпшілік емес.* Аудитория толы студенттер біртіндеп сирей бастайды, кейбір лекциялардың орта тұсынан былай *а з ш ы л ы ғ ы* ғана қалады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әрине, ондайлар біздің арамызда тіпті *а з ш ы л ы қ* (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

АЗЫҚ и р. з а т. 1. *Дәнді егістің өнімі, астық. А з ы қ* дегенде қара ала дорбамен бір дорба ғана бидай қалған (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Сенің *а з ы ғ ы н ы ң* тағы бірер центнерін жұмсадық (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.). Тірі болсам төлермін, маған *а з ы ғ ы ң а н* қарас (Б. Майлин, Шығ.).

2. *Ішіп-жейтін тамақ, ас.* Ақжүніс пен Тарғынды алты-жеті күндік *а з ы қ* беріп, жұртқа тастап кетті (Ер Тарғын). Екі күннен кейін *а з ы қ т ы ң* неше түрлісін алып қарқ болып қалдық (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Байлардың малын асырап шығатын шөбі жоқ, кедейлердің малы түгіл өздері ауқат ететұғын *а з ы ғ ы* да жоқ (Б. Кенжебаев, Демокр. жазушы.).

3. *Малдың қоректі, жемшөп.* Қырқылған қой денесінен жылылықты кенет жояды, сондықтан оларға алғашқы кезде пана және құнарлы *а з ы қ* керек (С. Омаров, Қой. бағу.). Бұл колхоз қыстан қысылып қырап шықты, қыс аяғында мал *а з ы ғ ы н ы ң* тапшылығы сезілді (С. Шаймерденов, Мезгіл). Жауынның жауа бергенінен зиян жоқ. Көк шөп қаулап өседі, малымызға *а з ы қ* мол болады (А. Байтанаев, Асан).

АЗЫҚСЫЗ с ы н. *Азығы жоқ. А з ы қ с ы з,* көліксіз жаяу алыс жол жүріп, ашып-арып Москваға жетіп, өзі іздеген оқуына тұяғын іледі (С. Бегалин, Бала Шоқан). Қой қырқу науқаны кезінде толық тазалық сақтау керек. Мұндай таза жерде малды сусыз, *а з ы қ с ы з* 10-12 сағат ұстауға болады (Шопан серігі). Деймін-дағы, өзіме-өзім айтамын, Сірә, *а з ы қ с ы з* шығу қате сапарға (С. Дөнентаев, Шығ.).

АЗЫҚСЫРА е т. *Азықтан тапшылық көру. А з ы қ с ы р а ғ а н* ауыл жоқ. Ашып алды астық ұрадан. Ақ шықты, жатыр жағысып, Жарлысы жоқ жылағаң (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЗЫҚТАН е т. *Тамақтану, тамақ ішу.* Көп жылдық, төзімрибесі бар Дәметкен астың қай түрін болса да өте дәмді пісіретін, сондықтан оны осы асханадан *а з ы қ т а н а т ы н* адамдар аса құрметтейтін (С. Мұқанов, Аспаз).

АЗЫҚТАНДЫР *Азықтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Басты мақсатымыз — үй жануарларын күтіп баптауға, оны дұрыс *а з ы қ т а н д ы р а* білуге үйрету («Халық мұғ.»).

АЗЫҚТАНДЫРУ *Азықтандыр етістігінің қимыл атауы.* Түйенің тұқымдық сапасын жақсарту үшін тұқымдық сақа түйелерді *а з ы қ т а н д ы р у,* күту жағдайын және боталарды күтіп өсіру жұмысын жолға қою керек (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Ат ерттеу, арба жегу, мал *а з ы қ т а н д ы р у* сияқты күнделікті жай жұмыстардың өзіне олақ (М. Иманжанов, Көк белес). Қошқарларды қой қашыру науқанына дайындайтын кезде үстеп *а з ы қ т а н д ы р у* керек (А. Еламанов, Қой шаруаш.).

АЗЫҚТАНДЫРЫЛ *Азықтандыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Егер буаз іңген жеткілікті *а з ы қ т а н д ы р ы л м а ғ а н* болса, ботаның сирақтары қысқа болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Қозы туған күнінен бастап жақсы *а з ы қ т а н д ы р ы л с а,* төл алуда айтарлықтай нәтижеге жетуге болады (Шопан серігі).

АЗЫҚТАНДЫРЫЛУ *Азықтандырыл етістігінің қимыл атауы.* Қозының дені сау, ширақ болып тууы саулықтарды күйекке жақсы өзірлеу және ұрықтандыру, буаз кезіндегі *а з ы қ т а н д ы р ы л у* жағдайына байланысты (М. Төлешев, Қой. қоздату). Жүннің жуан-жіңішкелігіне қой-дың *а з ы қ т а н д ы р ы л у* жағдайы өте үлкен әсер етеді (М. Ермеков, Қаз. қой шаруаш.).

АЗЫҚ-ТҮЛІК з а т. *Әр алуан тамақтық зат.* Баймағамбет бұл кезде бірыңғай оқу жұмысымен ғана шұғылданбай, *а з ы қ-т ү л і к* жинасу мәселесіне белсене араласады (С. Мұқанов, Өсу жол.). Малды күтіп, өсіріп, Астықты ерте жиналық. *А з ы қ-т ү л і к* жағынан Әскерді мұқтаж қылмалық (К. Әзірбаев, Шығ.). Біз Американы *а з ы қ-т ү л і к* молшылығы жағынан құып жетеміз деп жүрген күрескерлеріміз (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

АЗЫҚ-ТҮЛІКСІЗ с ы н. *Тағамсыз, ассыз.* Қаперсіз қандай адамсыз, Ешнәрседен күдіксіз Жорықта жүрсіз түн кезіп, Күн көріп *а з ы қ-т ү л і к с і з* (Ү. Көрібаев, Шығ.). Адам *а з ы қ-т ү л і к с і з,* киім-кешексіз, бас панасыз өмір сүре алмайтыны баршаға аян («Лен. жас»).

АЗЫҚТЫҚ с ы н. *Азық боларлық.* Топанның *а з ы қ т ы қ* сапасы оның сортына, тазалығына және сақталуына байланысты (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Жайылымдарды жүйесіз пайдалансаң, оның *а з ы қ т ы қ* өнімділігі төмендеп, тозып кетеді (Шопан серігі). Бір күнгі еңбек бір жылға *а з ы қ т ы ғ ы н* Дәлелдеп ұғындырды, білдік ойлап (Ақын жырлары).

АЗЫЛДА е т. д и а л. Азына. Шиелінің Қаратау беткейінен соғатын *а з ы л д а ғ а н* ызғарлы желі бар (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АЗЫНА е т. 1. *Желдің гүілдеп соғуы.* Далада қара жел *а з ы н а п* тұр екен, мен аспанға қарадым (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Жел *а з ы н а п,* ұлып, ысқырып, неше түрлі дыбыс-үнге ұқсатып желігін алған (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара бұлт басып кетті, *а з ы н а п* жел тұрды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

2. *Айғырдың қатты кісінеуі.* Буралар көбік шашып, тісін қайрап, Боталар боз ингеннің күйін сайрап. Жарысып жабағы, тай, айғыр *а з ы н а п* Алысып асыр салды салып ойнақ (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Айғырдай болып *а з ы н а д ы* Түйедей болып боздады. Еріксіз толған қозғады, Мұңды, шерді қайдағы (С. Мұқанов, Шығ.).

3. *Қатты ағындау. А з ы н а ғ а н* паровоз Үдей берсін шабысың (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Рүстемнің оттап жүрген атын көрді, Таңырқап тұрпайына жақын келді. Байтал ед мінгендері көбісінің,

А з ы н а п енді Рахыш оларға ерді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

4. *Зарлау, зарлы үн шығару.* Төмен қарап аяңдап келе жатыр еді, адамша *а з ы н а ғ а н* бір дауыс құлағына жетті (Қаз. ертегі.). Қап-қара бұлт жарқ етіп, Қара нөсер жауды күн. Төрт жыл бойы *а з ы н а ғ а н* Өшті үні дауылдың (С. Мәуленов, Өлеңд.).

5. *Кең, үлкен, суып кеткен.* Жаңыл буыны дірілдеп, сүрініп-қабынып жүріп ат қорадай *а з ы н а ғ а н* үйін әзер жылытты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Мен болсам *а з ы н а ғ а н* қараңғы үйде жалғыз қаламын (С. Шаймерденов, Мезгіл). Мектеп анау *а з ы н а ғ а н* босқа тұр, Іші қырау, от жағылмай осы жыл (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

6. *Мұздау, тоңу.* Суық сорған денесі *а з ы н а п* барады... Лөззәт *а з ы н а ғ а н* бойы жылығандай бұйығып, анасының бауырына тығыла түсті (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЗЫНАС *Азына етістігінен жасалған ортақ етіс.* Үйде қалған жас балалар *а з ы н а с ы п,* шуласып, өз білгендерін істеді (Ауызекі тіл).

АЗЫНАТ *Азына етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мұхит шалдың аузынан шыққан қиссаның бірнеше ауызын *а з ы н а т ы п* айтып жіберді (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). Тысқа шығатын есік шала жабылатындықтан, саңылауынан кірген жел үйдің ішін *а з ы н а т ы п* тұр (Б. Майлин, Шығ.). Қалың жалды қара айғырды *а з ы н а т ы п* қара торы жігіт келе жатыр (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала).

АЗЫН-АУЛАҚ ұ с т. *Аздаған, біраз.* Әбекең поселкаға барып, Қасеннің үйінен *а з ы н - а у л а қ* ұн, нан алып қайтып жүретін (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Кішкене отаудың шаңырағы қайысып ортаға түсті. *А з ы н - а у л а қ* жиған дүние, төсек-орын, ыдыс-аяқ — бәрі де өртеніп кетті (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ол заманда дайындалатын шөп қолда ұсталатын *а з ы н - а у л а қ* арық-тұрықтан артылмайтын (Тарту).

АЗЫҢҚЫРА е т. *Аздап азу.* Кенжелеп еміп, күйлі болғанымен, қар тебуге қарымы әлсіз кенже жабағы шашасын мұз қиып, кейінгі кезде *а з ы ң қ ы р а п* еді (С. Бегалин, Жеткіншек). Қыстан *а з ы ң қ ы р а п* шыққан қойдың аузы қара жерге тиіп әлденгенше күйек те бітіп қалды (С. Бегалин. Әңгім.).

АЗЫП-ТОЗ е т. *Аш-жалаңаштыққа ұшырап, жүдеп-жадау.* Жалаң аяқ, жалаң бас *а з ы п - т о з ғ а н* кедейдің қатындары қолдары тілім-тілім болып үй сылап жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Тұтқындардың көбі өзіміз сияқты *а з ы п - т о з ғ а н,* арығаң, тірі өліктей көздері үңірейген аруақтар (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЗЫП-ТОЗУ *Азып-тоз етістігінің қимыл атауы.* Біреулер Малтабар құлдырап кетті, тұрмыста *а з ы п - т о з у ғ а* ұшырай бастады деп тіл тигізді (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

АЗЫРАҚ ү с т. *Азғантай, біраз, аз ғана.* Байбол — осы елдегі епті жігіттің бірі, *а з ы р а қ* орысша оқығаны да бар (Б. Майлин, Шығ.). Қыраудан тон жамылған ағаштың бұтақтарын желпіген *а з ы р а қ* жел бар (С. Мұқанов, Шығ.). Анау тұрған сағымның Пердесін ашпа, құрдасым! Қаладан шығып *а з ы р а қ,* Тарланның асшы қырқасын (С. Ерубаев, Шығ.).

АЗЫРҚАН е т. *Аз санау, көңілі толмау.* Ауылдың алты ауызын айтып алып, Сонан соң салсандаршы маған салық. Алтау түгіл бір ауыз айтпай жатып, Дұрыс па, дау салуға *а з ы р қ а н ы п* (Қ. Сатыбалдин, Пьесалар). *А з ы р қ а н с а ң* әлі төрт жұмбағым бар, Мен сені кіргізейін жерге деймін (Айтыс). Сыйын алмай зіркілдеп, *а з ы р қ а н ы п,* Озбыр биге обыр бек ашуланды (Ш. Әбенов, Кейпін батыр).

1. АЙ з а т. *Түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета.* Тамақтанып алып, *а й д ы ң* жарығымен тағы шөмеле саламыз (М. Сүндетов, Балық аула.). Толық *а й* көк жүзіне өрмелеп көтеріліп келеді, салқын лепті тынық кеш (С. Алдабергенов, Алға). Бұлттан шыққан *а й ғ а* ұқсап Тұр еді Назым нұрланып, Көк арбаға сүйеніп, Шыбықтай белі бұралып (Қамбар батыр).

◆ **Айға шапты.** *Қолынан келмеске ұмтылды.* Халықтың туып талай арыстаны Арындап *а й ғ а ш а у ы п* сан мерт болған (С. Бегалин, Шығ.). Айласыз болсаң арыстандай, Аспандағы *а й ғ а ш а б а р с ы з* (Ү. Кәрібаев, Шығ.). **Айдан анық.** Өте *айқын, ап-анық.* Искусство мен әдебиет теориясында осы күні ешқандай дауы жоқ *а й д а н а н ы қ* болған мәселелер бар (М. Қаратаев, Туған әдеб.). **Ай тұтылды.** *Айдың бетін қара көлеңке басты. А й т ұ т ы л ы п* қарайса, Түн түнегін жапқаны, Ер тұйыққа қамалса, Ит етектен қапқаны (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Айы оңынан туды.** *Дегені болды, мақсаты орындалды.*

Оқу бітірдік, өмірге ендік. Онда да *а й ы м о ң ы н а н т у д ы* — бір совхоздың мақтаулы шоферы болдым («Қаз. әдеб.»).

2. АЙ з а т. *Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім.* Шұбартаудың ауылдарын аралап *а й* бойы фольклор жинадық (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Аяң осыдан кейін *а й ғ а* жуық жатып өрең тәуір болды (А. Жангельдин, Табыс. тағдыр). Колхоздың жұмысына кіріскеніме *а й д а н* асты (С. Мұқанов, Шығ.).

◆ **Айы жетті.** *Екі қабат әйелдің босанатын уақыты болды. А й ы ж е т і п* тұрғанда, Ел көшпекші болады (Айтыс). Жәмила *а й ы н а ж е т і п* отыр ғой, соның шілдеханасында тағы сөйлесерміз (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

3. АЙ о д. 1. *Біреудің көңілін аудару үшін айтылатын одағай. А й,* ағалар, ағалар, Ер қолынан мал тайса, Өзен суды жағалар (Қамбар батыр). *А й,* Қарабек, Қарабек, Қапыда сен қалмағын, Қайғыменен жанбағын (Батырлар жыры).

2. *Реніш, кейісті білдіру үшін айтылатын одағай.* Бәсе, одан басқа келетін түрің жоқ қой. *А й,* жігіт емессіңдер ғой түге; *А й,* өлгідей нәзік дыбыс қайда! Лағып бара жатқан бірдене (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Алда, үйің күйгір-*а й!* Ойбай-*а й,* құдай-*а й,* обал-*а й,* ит-*а й!* (І. Жансүгіров, Шығ.).

3. *Күшейту мәнін білдіру үшін айтылатын одағай.* Сол мүмкіндікті пайдаланған әкем борышқорлардың бересілерін әлденеше еселеген түрде сыпырады-*а й* кеп! (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АЙБАЛАМ з а т. *Айбат, қарсылық көрсету.* Әкесінің әлгі айтып отырғаны үй ішінің үрейін алайын деп, әдейі істеген *а й б а л а м ы* екенін түсініп қалды (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

◆ **Айбалам салды.** *Баж-буж дауыстау.* Кейбіреулер теңізге шығуға жүрексініп, *а й б а л а м с а л а* қарқылдап, ұшқан қара қарғаларға, теңіз сарынына секем ала шошына көз салып қояды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЙБАЛДЫРҒАН з а т. *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын құрай тәрізді көп жылдық шөптесін өсімдік. А й б а л д ы р ғ а н* тау өзендер мен жылғалардың бойында өседі (ҚСЭ).

АЙБАЛТА з а т. *Ұзын сапты, өткір жүзді, жарты ай бейнесіндегі соғыс құралы.* Еркек атаулы көш бойында қолдарына найза, сойыл, *а й б а л т а л а р ы н* ұстай жүреді (М. Әуезов, Шығ.). Біз сендерге екі жүз елудей *а й б а л т а* соғып қойдық, — деді Дөев (М. Қаратаев, Далададағы дабыл). Қамшысы бар білектей, *А й б а л т а с ы* күректей. Сойылы бар ақтабан, Бәйгесі бар баптаған Жылқышыға сенемін (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

АЙБАЛТАЛЫ с ы н. *Айбалтасы бар. А й б а л т а л ы,* найзалы топтың басы Ызғұтты болатын (М. Әуезов, Шығ.). *А й б а л т а л ы* Жүгенбай Қамқорға тақап қалғандай шыдамы таусылып, орнынан тағы тұрды (К. Оразалин, Көктем.).

АЙБАЛЫҚ з а т. *Біріккен жақ сүйектілер отрядына жататын ірі балық* (ҚСЭ).

АЙБАР з а т. *Айбат, айбын.* Әл керек, *а й б а р* керек, Әлсіз *а й б а р* не керек (Мақал). Кіп-кішкентай ала күшік Шәуешәу етіп үреді. Шәуілдеген *а й б а р ы н а,* Адам көрсе күледі (Т. Жабаев, Із). Сұр жыландай суман етті бір хабар, Шошындырып жұртты суық *а й б а р ы* (А. Хангельдин, Қыз жүрегі).

◆ **Айбар көрсетті.** *Айбат жасады, айбаттанды.* Қойшының көлігі өгіз не түйе болуы да қолайсыз, қойға шапқан қасқырға *а й б а р к ө р с е т е* алмайды (М. Ғабдуллин, Каз. ауыз. әдеб.).

АЙБАРЛАН е т. *Айбат көрсету, ашу қысу.* Лысенко немістің сөзін беті түтігіп, *а й б а р л а н а,* қаһарлана ызаланып үзіп-үзіп жібереді (Б. Момышұлы, Москва үшін). Қалай дейсіз, жөн бе осыңыз? — деп *а й б а р л а н ы п* қарады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жалындай қаулап жанып көтерілген, Миллион құрыш қол тұр *а й б а р л а н а* (Бейбітшілік.).

АЙБАРЛЫ с ы н. *Айбатты, айбынды.* Өсті батыр тұлғалы, Жолбарыстай қарулы, Қырандайын қырағы, Арыстандай *а й б а р л ы* (Жамбыл). Шыңғыстың өзіне де айтқанын істете алатын *а й б а р л ы,* алғыр әйел Сәбираның бейнелеуінде Зейнеп осындай (Аялы жандар).

АЙБАТ а р. з а т. *Айбын, айбар.* Арыстандай ақырған *А й б а т ы н а* шыдамай, Хан баласы жылады-ай (Махамбет). Жолбарыстай алты ұлдың *А й б а т ы н а н* сескеніп Келе алмады еш пенде Әзімбайдың қасына (Қамбар батыр). Көрді жау құдіретін *а й б а т ы м н ы ң,* Өлшеді қаншалығын қайратымның (С. Мәуленов, Жасыл орман).

◆ **Айбат көрсетті, айбат шашты, айбат шекті.** *Қорқытты, күш көрсетті.* Сап түзеген екі ру біріне бірі бата алмай үш күн тек *айбат көрсетіп* жатты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Мойыл қара тұмсығын ырсита ашып *айбат көрсетпек* болады (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Қилыбай маған қарап қарға тұяқ жұдырығын түйіп, бірдеме деп кіжінген болады, *айбат шашқан* болады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Тарғыл мұрт миялаған бала мысық, Алып бір жолбарыстай *айбат шашар* (М. Рашев, Қанатты қиял). Кішкентай үкі адамға әлі үйренбепті. Қолыңды жақын апарсаң-ақ, бадырақ көзімен үрпие қарап, *айбат шекпендей* аузын ашады (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). Қадиша жете бергенде, қасқыр артына жалт бұрылып *айбат шекті* («Лен. жас»).

АЙБАТМИЯ з а т. *Бұршақ тұқымдас көп жылдық өсімдік. Айбатмия* мақта, күріш, беде егістері мен бау-бақшаның ішінде өседі (ҚСЭ).

АЙБАТТАНДЫР *Айбаттан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қатпарлы қою қасы қанталаған қызыл көзін *айбаттандырып* суық қаратады (К. Оразалин, Көктем.). Мылтығының басына да қызыл шоқ байлап *айбаттандыра* түскен (Бұл да).

АЙБАТТАН е т. *Айбат көрсету, ашу кернеу.* Ақыра *айбаттанып,* құлаш кере, Басына Рүстемнің ұрды келе. Жалма-жан желкесінен шапты оның, Шоқпарын шапшаңдатып қаға бере (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Егізбай сонда арланды, *Айбаттанып* шамданды, Жаушылықпен баруға (Батырлар жыры). Дина басын көтергенде, бүкшиген белі жазылып, *айбаттана* түсті (С. Бақбергенов, Күй).

АЙБАТТЫ с ы н. *Айбаты күшті.* Жүректі жолбарыстай, *айбатты* арыстандай болып іштен тумайды (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Ақ алмастай *айбатты сың* Арыстандай арындаған Жолбарыстай жоталысың Қайтып бетің шағылмаған (Ақын жырлары). Иттің ырылы *айбатты* шығып, арасында арс-арс етіп үріп қояды, кейде үні әлсіреп өшіп бара жатады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЙБАТТЫҚ з а т. *Айбатқа тәндік.* Данышпан сөз жазғанын, білімді Ақан, Құдайым шешен қылды тіліңді, Ақан. Бұл сөзі *айбаттыққа* қосылмайды, Айтамын көзбен көрген шынымды, Ақан (Ақан сері, Шығ.).

1. АЙБЫН з а т. *Айбат, айбар, ызбар.* Тоғызыншы май күні — Дұшпанның туын жыққан күн. Ерлердің басып *айбыны,* Жауызды жерге тыққан күн (Халық ақын.). Маған шын, саған өтірік, әлгі адам менің *айбынымa* шыдамай, кейін шегіне берді (З. Шашкин, Теміртау). Ашу, қайрат, *айбын* көрдім Әжім түскен ақ жүзінен. Қабағынан қайғы көрдім, Бірге жүріп азды күн мен (Ж. Өмірбеков, Мың терезе).

2. АЙБЫН е т. *Жасқану, имену, қаймығу, қорқу.* Күтті ел аңсап, асыға қызыл ерін, Жау *айбынған* атынан ардагерін (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Мен әкемді тұлға көруші едім. Әкем қатарымда тұрса, арыстанға да *айбынбай* ұмтылар едім (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Дыбыс беруге батылы жетпей, қыздан *айбынып* тұр еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЙБЫНДЫ с ы н. *Айбатты, айбарлы, ызбарлы.* Барабин даласында жатқан ақтарды талқандауға аттанған *айбынды* қызылдар еді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Бір елдің *айбынды* ақсақалына қаршадай болып отырып жекіріп жауап бергендігін ұнатпады (Б. Майлин, Шығ.). Бір жерде Саусақовтың әрі жігерлі, әрі *айбынды,* аздап мысқылға бейім ойнақы жүзі күлімдеп тұр (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АЙБЫНДЫЛЫҚ з а т. *Айбаттылық, айбарлылық.* Күресте күш шыныққып, арпалыста арбаудан өтіп барып айла мен *айбындылық* пайда болады (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Мыңдаған трактор агрегаттарында еңбектегі *айбындылықтың* символы — ал қызыл вымпелдер желбіреуде («Лен. жас»).

АЙБЫНДЫРАҚ с ы н. *Айбаттырақ, айбарлырақ.* Сөзімен дүниеге беріп қуат, Болды әлем бұрынғыдан *айбындырақ* (Бейбітшілік.).

АЙБЫНТ *Айбын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Болыс надан. Надан болғандықтан халықты қара күшпен жаншып, тұншықтырып *айбынтып* ұстайды (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АЙБЫНУ *Айбын етістігінің қимыл атауы. Айбыну,* ығу жоқ. Осының бәрі өжеттік пе, әлде бір сенгені бар ма? (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЙВА з а т. *Алма тұқымдас, оңтүстікте өсетін тәтті жеміс.* Кейбір өсімдіктердің апельсин, лимон, мандарин, *а й в а*, алма, алхорының клетка шырынында пектин деп аталатын заттың да ерітіндісі кездеседі (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анат.).

АЙГӨЛЕК з а т. *Ойын аты. А й г ө л е к*-ау, *а й г ө л е к*, Айдың жүзі дөңгелек. *А й г ө л е к* деп ән шырқа, Ел бөбегі, кел бөбек! (Қаз. әндері).

АЙҒАЙ з а т. с ө й л. **Айқай** (1-омон.). Құрғақ *а й ғ а й д а н* шығатын пайда аз екеніне ешкім таласпайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Дөң басындағы қойшының *а й ғ а й ы м е н* қатар ауылдағы кәрі-жас иттерді айқатқан түгел жүгірді (М. Әуезов, Көксерек). Шөпшілердің *а й ғ а й ы н* естісімен қасқырлар дүркіреп қаша жөнелді (Қаз. ертегі.).

◆ **Айғай салды.** *Айғайлады, дауыстады.* Шектіні ер Әлібек шауып алды, Айманның Көтібардан кегін алды. Айман қайда, тез шықпы алдыма деп, Қорада ер Әлібек *а й ғ а й с а л д ы* (Айман — Шолпан).

АЙҒАЙЛА е т. с ө й л. **Айқайла.** Экипаж мүшелері қуанышты үнмен *а й ғ а й л а п* жіберді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Ішіне сырын түйген боран залым Қарасын көрсетпейді Жәмиланың. Естіртпей *а й ғ а й л а ғ а н* дауыстарды Дүрілдеп төгіп тұрды бар қаһарын (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жаңғырықты қу жартасы Жар салып ем, *а й ғ а й л а п* ем (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АЙҒАҚ з а т. *Дәлел, айқын, куә.* Азаматтық борышты ынта-жігермен атқаратындарыңа адал ниеттерің толық *а й ғ а қ* (Х. Есенжанов, Тар кезең). Өскендіктің, жетілгендіктің бүгінгі *а й ғ а қ т а р ы н* көріп қуана отырып, сол өрлеп-еркендеу жолының бар тежіресін, әр өткелінің тарихын білуге ынтығамыз (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Осы өңір талай-талай шаттықтың да, қайғының да, шүйіркелескен татулықтың да, кескілескен қыргынның да *а й ғ а ғ ы* болған (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АЙҒАҚҚЕР з а т. *Айғақ болушы.* Гринев көтеріліске араласқан жоқ, бірақ оның қалайша өткеніне айғақ болды. Ол оқиғаны тудырушы, өркендетуші әрекет иесі емес, тек *а й ғ а қ к е р* ғана («Қаз. әдеб.»).

АЙҒАҚСЫЗ с ы н. *Айғағы болмау, дәлелсіз.* Кеулесіп керей, арғын сеңдей сүріс, Болуға айналып тұр үлкен ұрыс. Алмады Алтай тағы мойынына, *А й ғ а қ с ы з* әлсіреп тұр айқын қылмыс (І. Жансүгіров, Поэм.).

АЙҒАҚТА е т. *Анықтау, дәлелдеу.* «Жүзден — жүз» деген сөзі дабыра емес, шындық болғанын *а й ғ а қ т а п,* омырауында алтын жұлдыз жарқырайды (С. Бақбергенов, Менің досым).

АЙҒАҚТАЙ с ы н. *Айғақ сияқты, дәлел тәрізді.* Үш ғасырдың жотасынан кейінге Көз жіберсең, Украина көгінде Жарқырайды тұңғыш достық жұлдызы Ұлы *а й ғ а қ т а й* жеткен біздің өмірге (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

АЙҒАҚТАУШЫ з а т. *Анықтаушы, айқындаушы.* Жарық көзінен шығатын жарық ағыны сол жарық көзінің қуатын *а й ғ а қ т а у ш ы н ы ң* өзі екен (А. Қалығұлов, Сан сырлы.).

АЙҒАҚТЫ с ы н. *Анық, дәлелді.* Поповтың хаты қылмыстың ізін жасырып, пара ұсынғандықтан *а й ғ а қ т ы* ретінде көрсетілген сияқты (А. Машанов, Жер асты.).

АЙҒЫЗ з а т. *Денеге түскен терең сызықша із, тілім.* Дәмелінің иіле тартылған қара қастары арасында қолдан қойғандай *а й ғ ы з* бар (Ө. Қанахин, Дәмелі). Кіршіксіз қолым баттасты, Құс пе, *а й ғ ы з* ба — тап басты. Тақылдаттың жасаған Мен сияқты қақбасты (Б. Майлин, Шығ.). Өмірден көрген әр тәкәрет өз белгісін қалдырғандай беті әжім *а й ғ ы з ы н а* толы (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АЙҒЫЗ-АЙҒЫЗ с ы н. *Тілім-тілім.* Землянкалардың төбесінен аққан су қабырғаларды *а й ғ ы з-а й ғ ы з* етіпті де, бұрыштарын опырып, құлатып кетіпті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Біраздан соң тастады оны Ат қораға алып барып. *А й ғ ы з-а й ғ ы з,* қан-қан жоны Батыр бала кетті талып (А. Шамкенов, Сағат). Мұқан болыс атының жалын құшты, *А й ғ ы з-а й ғ ы з* маңдайдан қаны жосып (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

АЙҒЫЗДА е т. *Айғыз-айғыз ету, тілім-тілім ету.* Бүкіл даланы *а й ғ ы з д а п* қазып тастады (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Таудың сай-сала белеңдерін көшкін мұз терендете қазып *а й ғ ы з д а п* барады (А. Машанов, Жер асты.). Ақ құба жүзін әжім *а й ғ ы з д а п* қыртыстанып қалған (Ғ. Сыланов, Домбыра).

АЙҒЫЗДАЛ *Айғызда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тоғай іші машина дөңгелегімен әбден *айғыздалыпты* (К. Тоқаев, Тасқын). Майданға келіп кіргенде, *Айғыздалып* жер жатты (А. Лекеров, Достар). Жаңа орын машиналар мен қоймалар үшін *айғыздала* қазылған (К. Тоқаев, Тасқын).

АЙҒЫЗДАН *Айғызда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сүмбе ізінің кейбірінен қан шығып, кейбірі көгере ісіп, арқасы *айғызданған* тұтқын қимылсыз (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Даланың *айғызданған* қанды жүзін Тазартып жаңбыр суы жуып жатты (Т. Бердияров, Мен өмір.). Кенетоз тастарынан *айғызданған* Көруші ем қара көздің жасын тамған (Т. Әлімқұлов, Сапар).

АЙҒЫР з а т. *Үйірге түсетін еркек жылқы.* Адыр-адыр таулардан *Айғыр* мініп мен келдім. Ауыздыға бой бермей, Сіздің үйге кез келдім (С. Сейфуллин, Шығ.). Оған ілесе қалың жалды қара *айғырды* азынатып, қара торы, қызыл шырайлы жігіт келе жатыр (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Облыс әзірге екі жүк машина, асыл тұқымды екі *айғыр,* үш бұқа, жиырма бес сиыр бермек (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АЙҒЫРДАЙ с ы н. *Айғыр сияқты. Айғырдай* болып азынады, Түйедей болып боздады. Еріксіз толған қозғады, Мұнды-шерді қайдағы (С. Мұқанов, Шығ.). Бұрынғысынша *айғырдай* азынамай, момақансып қана сөйлеседі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЙҒЫРҚИЯҚ з а т. *Қияқ туысына жататын көпжылдық өсімдік* (ҚСЭ).

АЙҒЫРСЫМАҚ с ы н. *Айғырға ұқсас.* Басымен алысуына қарағанда, оның мінгені *айғырсымақ* бірдеңе еді (Ә. Тәжібаев, Өмір).

1. АЙДА е т. **1.** *Малды алдына салып жүргізу.* Шуақтағы сиырларды суатқа *айдамақшы* болып еді, бұйығып шыға қоймай, тұрған жерінің қарын шиырлай берді (Б. Майлин, Шығ.). Талма түстің кезі нақ, *Айдағанымқозы-лақ.* Көлде жүзген көп үйрек Кімнен қашты сезік ап (З. Шүкіров, Орал дәптері). Бір қора жас қозылар ескі жұрттан қырға қарай *айдағанда,* кейін дүрліге қашып әбден әурелеген (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** *Жүргізу.* Трактордыайдап келді Жолдасов, Тросты да әкелісті қолдасып (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). Өзі *айдап* отарбаны зырғытады, Орғытып ой-қырынан ырғытады. Жолыңды жыл жүретін бір күнде алып, Тартқандай жер танабын жылжытады (Ақын жырлары). Төрт жыл соғыста генералдың машинасын *айдаған* шофермын (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). **3.** *Бас бостандығы жоқ адамды бір жаққа еріксіз жүргізу.* Бұл жарлыққа (июнь жарлығына) қарсы тұрғандарды түрмеге жауып, бас көтергендерді каторгаға *айдаған* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Айдап* жүріп қалмақты, Шапқан шөптей қырғызған (Батырлар жыры). **4.** *Ыдырату, тарату.* Ел жүрегін идіре, Мейір беріп сүйдіре, Әл кіргізген осы май. Түріп *айдап* тұманды, Жарық берген осы май (Ү. Кәрібаев, Шығ.). Сол деп ақты бұлағымыз, Сол бұлттарды *айдайтұрын.* Ол кәдімгі қонағымыз, Мейманымыз — май дейтұрын (Қ. Мырзалиев, Алуан палуан).

◆ **Ажал айдады.** *Өлімге итермеледі.* Біржан сал, *ажал айдап* өзің келдің, Іздеуге ойланып ем өткен жылы (Ақын жырлары). Мені *ажал айдап* келген екен деп ойлады құсбегі (К. Оразалин, Ақ жазық). **Азап айдады.** *Қиыншылыққа ұрынды.* Сырлы ағашын қолына ұстаған боп, Келіпті *азап айдап,* бұл кім өзі? (Шашубай). **Айдап салды.** *Біреуді біреуге өшіктіріп қарсы қойды.* Біләлді болыстықтан түсірді. Енді екі бұзақыны бір біріне *айдап салып,* тиыш жатсам деген есебі бар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жұрттың бәрін бір біріне *айдап салып,* Әйтиев біздің бәрімізді қарсы қоймақшы (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Айдап шықты.** *Қуып жіберді.* Айдарбек көріп қалып, Сарыбасты боқтап, балағаттап, үйден *айдап шығып,* Зейнепті сілейтіп тұрып ұрған болатын (Б. Майлин, Шығ.). Бекініп алған немістерді *айдап шығу* біздің бөлімге тапсырылған болатын (С. Бегалин, Ана қайраты). **Бір шыбықпен айдады.** *Қорқытты, тықсырды.* Өлке бойында Жаппасбай ауылы — атақты, даяқты ауыл, бұл кезде аруағы жер жарып аймағын *бір шыбықпен айдап* жүр (Б. Майлин, Шығ.). Ақ найзаның басына Желекті ту байладым. Қайнаған қалың жауынды *Бір шыбықпен айдадым* (Жамбыл). **Дәм айдады.** *Дәм-тұз бұйырды.* Тұратын Шағанда бір апа-жездем, *Дәм айдап* бара қалдым алуға аз дем. Жиырма бесінші жыл, ұмытпасам,

Жас кезім жалаң аяқ жаһан кезген (Б. Адамбаев, Ақбөбек). *Дәм айдап* келдім мұнда, ұшырастым, Еске алып өткен күнді, мауқым бастым («Әдебиет және искус.»). **Құдай айдап.** *Тосыннан, күтпеген жерден, кенет.* Есітіп арба даусын ұшып тұрды, Мойынын жан-жағына талғап бұрды. Жемімді *құдай айдап* жеткізді-ау деп, Демменен тартып бәрін ішіне ұрды (Т. Ізтілеуов. Рүстем.). Өзіңмен *құдай айдап* кез келгенде, Айта көр өлеңіңді жарқының-ай (Айтыс).

2. АЙДА од. *«Жүр» деген мағынада.* Аманкелдінің бір көдесіне жарамасам, несіне алдынан күттім. *Айда,* жігітім, кеттік! (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Бол тезірек, сапқа тізіл, Кәне, шаруа, сен де қалма. Тында дәуір командасын, *Айда,* марш, кеттік алға! (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Алдымен көршіге бар, отырма, *айда,* Көмекке келеді олар хабар алса. Екі айлап дипломаттар отырмай ма, Білесің, ассамблея бола қалса (Қ. Жармағамбетов, Баллада.).

3. АЙДА ет. *Жер жырту.* Тасыды су, байла енді, *Айда* егісті, *айда* енді (Жамбыл). Дихан қорғанның ішін он рет *айдап,* жеті рет суарған еді (Қ. Әбдікәдыров, Әңгім.). Егінші алған соқа еңбек етті, Жер *айдады,* егін септі Арада бір-аз уақыт өтті, Екі дос кездесе кетті (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

АЙДАҒАР зат. сөйл. **Айдаһар.** Айрылған ажарынан сұры қашқан, Айлалы аш *айдағар* аузын ашқан. Сандалып тұнық көрмей суық өтіп. Сүменделп жортып жосқан аңдар аштан (Д. Еркінбеков, Адай). Тау ішінде жүз иіріле сумаңдап, кейде қалқаға, кейде қалыңға кіре жоны бұландай жосыған өзен түрі Абай айтқан ақ сұр *айдағар* сияқты (Ғ. Орманов, Жүрек).

АЙДАЙ сын. 1. *Ай сияқты.* Маңдайының төбелі *айдай* боп жарқырап, басын шұлғи түсіп байлаулы тұр екен (М. Әуезов, Шығ.). Әжімсіз ақша маңдайы *айдай* жарқырап, кімнің болса да көзін тартатын (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). 2. *Айға жуық, ай шамалы.* Бұл сапарда студенттер екі *айдай* жүрді (С. Мұқанов, Саяхаттар). Үш *айдай* уақыт өтіп, келісім орнаған кезде, бейбітшілік орнаған Берлинге пулемет өңгеріп американдар келді (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз.). Қазір туғанына алты *айдай* болып қалған бала отыруға жараған-ды (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы).

АЙДАҚ-ЖАЙДАҚ үст. *Алай-түлей, қалай болса солай.* Наталия, қайдасың, Жөндеп қойшы гүлінді. *Айдақ-жайдақ* жататын Үй болмасын бұрынғы (А. Тоқмағамбетов, Сайрайды бұлбұл). Жәнібектің бұрынғы астық сарайы *айдақ-жайдақ,* ағаш үйдің жанында Жәнібектің ескі пәуескесі былғарысы сөгіп алынып, құр саудыраған темірі ғана (Б. Майлин, Шығ.).

АЙДАҚ-САЙДАҚ сын. *Айбақ-сайбақ.* Ала қыстай адам тұрмай әбден шаң тұтқан қабырғалар бүгін аяқ астынан асығыс *айдақ-сайдақ* ағартылғаны бірден көрініп тұр («Қаз.әдеб.»).

АЙДАЛ *Айда егістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сібір, әсіресе, қазақ даласы патша үкіметінің түрмесі болды. Патшаға қарсылардың бәрі де осылай қарай *айдалды* (С. Мұқанов, Өсу жол.). Айқым *айдалғанда* бір ұлы, жас әйелі қалған-ды (Ғ. Сыланов, Асау арна). Ақанның бабалары бай болыпты, Сібірге нағашысы *айдалыпты* (Х. Бекхожин, Үш кезең).

АЙДАЛА зат. *Құла түз.* Асанның әйелі оянып, тысқа шықса, *айдалаға* қарай жортып бара жатқан бір қасқырды көзі шалды (З. Шашкин, Өмір тынысы). *Айдалада* жалғыз өзім Барлық шерді қозғадым. Жалғыз ұлы өлген ана Сияқты боп боздадым (С. Ерубаев, Шығ.). Екі баурым елсіз жерде Елегізген *айдалада,* Тас қараңғы түн ішінде Жылап сөнген бір молада (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АЙДАЛУ *Айдал егістігінің қимыл атауы.* Аманкелді атындағы колхозда көп жылдан бері сотталу, *айдалу* деген жоқ екен (Т. Нұртазин, Мұрат).

АЙДАР ар. зат. 1. *Төбеге қойылатын бір шоқ шаш.* Төбеден өрген ұзын *айдарына* Мойынын орай шымқап байлады да, Тұрғанда құлдық ұрып, басын шұлғып Үлгерді ойлап амал-айланы да (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). *Айдары* желге желкілдеп, Жеті жасар жеткіншек (Т. Жароков, Шығ.).

2. *Құстың төбесіне өсетін бір шоқ мамық не жұмсақ қызыл ет; сапар.* Сұқсыр үйректі басындағы мүйіз тәрізденіп көрінетін артқа қайырылған *айдарынан* ажыратуға болады (Қазақст. жануар.). Көлтабанға жақындағанда *айдары* шошайған молтақ қанат қызғыштар қиқылдап қарсы алды (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит).

◆ **Ат қойып айдар тақты.** *Атаққа ұшырапты.* Көлгірсіп көрген жерде жылмаң қақты, *Ат қойып* «аға-еке» деп *айдар тақты* (С. Сейфуллин, Шығ.). «Нәубет қырсық» деп, *ат қойып айдар тағып* алыпты (З. Иманбаев, Кең аймақ).

АЙДАРЛЫ сын. *Айдары бар.* Көлді айнала қорығаң қара ала қанатты, әдемі *айдарлы,* шаршамайтын сақ құлақ қызғыштар (С. Сейфуллин, Шығ.). Жақында зоопарк тағы да жаңа экспонаттармен толықты, соның бірі — *айдарлы* тырналар («Лен. жас»).

АЙДАРША зат. *Кішкене айдар.* Қызғыштар ауада жан-жаққа ауытқып, аударыла төңкеріліп ұшып, бірін-бірі қуып жүреді. Таяу келгенде ғана қызғыштың басында жіңішке ғана *айдаршасы* көзге түседі (Қазақст. жануар.).

АЙДАС *Айда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Тайға мініп балалар жылқы *айдасар,* Ақсақалдар ілгері қоныс сайласар (С. Сейфулиин, Шығ.). Қалың қойды *айдасып* өкем де жүр, Менің онда барымды байқаған жоқ (С. Әлімбетов, Өленд.). Бұл бригадаларда иттер қойды қайырады, жинайды, *айдасады,* бөліседі, тіпті тоғытысады да (А. Еламанов, Қой шаруаш.).

АЙДАТ *Айда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Хан болып батыр Дотан үкім қылды, Патша құдай мұратқа жеткізді енді. Бөнде болған қалмақтан төрт жүз кісі Хан *айдатып* алдына алдырды енді (Батырлар жыры). Бұл жолы топырлатып алты-жеті бұзау *айдаттым* (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Баршағұл сенімді адамдарын қосшы етіп, құмдағы малға жетіп, ауылға *айдаттым* (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АЙДАТТЫР *Айдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Стражник пен шабармандар елден үй жинап, ылау *айдаттырды* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Деді де қолын батыр байлаттырды, Бендедей осыларға *айдаттырды.* Осындай күншілдікпен күйге салып, Бармақты жаман жолдас шайнаттырды (Т. Ізтілеуов. Рүстем.).

АЙДАТУ *Айдат етістігінің қимыл атауы.* Оның бос тұрған үйіне әйел керек. Және Шәкір лайықты әйелдің тиісті қалыңмалын бір-ақ *айдатуға* әлі келетін адам (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЙДАТЫЛ *Айдат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Құн жағына келгенде халық бөліне бастады. Анау жағы кісіміз *айдатылды,*— құн бермейміз десе де, бас адамдар оған болмады («Айқап»).

АЙДАУ *Айда етістігінің қимыл атауы.* Қойды бір маусымды жайылымнан екінші жайылымға айдап апару үшін *айдау* жолы белгіленеді (А. Еламанов, Қой шаруаш.). *Айдау* көріп мал азды, Ұйқысы кетіп жан азды. Қатын мен бала домықты От басында отырған («Қаз. әдеб.»).

АЙДАУШЫ зат. 1. *Айдап жүргізуші.* Көпір маңы қазір жарық. Әр жерде электр лампалары орнатылған... вагонетка *айдаушы* жұмысшылардың тарсылы естіледі (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Балыққа толы тачкаларды *айдаушылар* мені қағып өтеді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Соғыс құралдары тиеліп, кенеппен жабылған соңғы арбада ат *айдаушыдан* басқа екі солдат отыр (Ә. Әбішев, Замана перзент.). 2. *Айдап салушы.* Оны теріс бағытқа салушы да, қылмысқа *айдаушы* да — қалың бұқара алдында айыпты аз ғана топ (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АЙДАУЫЛ зат. көне. *Қылмысты және сотталған адамдарды айдаушы. Айдаушылдың* алдына түспе, тоқтауылдың торына түспе (Мәтел).

АЙДАҺАР ир. зат. *Үлкен жыртқыш жылан.* Арыстан, піл, жолбарыс, тілі семсердей жалаң қаққан *айдаһар,* сасық көкек, байғыз — барлық жануарлар бар еді (Мың бір түн). Бір үлкен *айдаһар* жылан балапандарды жұтуға әзірленіп бәйтеректің басына қарай жылжып, өрмелеп бара жатыр еді (Қаз. ертегі.). Аю ма, *айдаһар* ма, жолбарыс па, Бұл не деп ұшыратқан дағдарысқа, Кейі қорқып, кейбірі қайраттанды, Әйтеуір кез болдық деп бір арысқа (С. Әлімбетов, Өленд.).

АЙДАҺАРДАЙ сын. *Айдаһар тәрізді. Айдаһардай* ысқырып, Арғымақтай пысқырып, Арба алуға ышқынды (І. Жансүгіров, Поэм.). Орманның оңтүстік жақ бүйірінен Жол шықты *айдаһардай* иірілген (С. Мәуленов, Жолдас). Бір кезде жаудың тобы шыға келді, Жұтатын *айдаһардай* аспан, жерді (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

АЙДАҺАРША үст. *Айдаһарға ұқсап.* Кей толқын ақ жолданып, *айдаһарша* бүктетіліп ысқырып келеді (Ә. Нұрпейі-

сов, Қан мен тер). Тартты ояз *а й д а һ а р ш а* ел дәулетін Қазынаның заңды, заңсыз тармағына (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

АЙДЫН з а т. 1. *Теңіз, көл сияқты көлемді су беті.* Көліме де күн сәулесі түседі, Мөлдірімнен мөлдір көзім ішеді. Айдай қалқып аққу құсым *а й д ы н д а,* Әндетеді ақыны мен үшеуі (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). Көк бурыл тартқан қалың қамыстар Балқан *а й д ы н ы н* жағалай өскен (С. Бегалин, Әңгім.). Лапылдап барып өшті күн, Таусылған кезі ед айдың да Қоңырта келіп қонды түн, Жарқырап жатқан *а й д ы н ғ а* (Ә. Тәжібаев, Аралдар). 2. *Дағ ы л, анық, айқын.* Қозышы бала аңсаған *а й д ы н* жолына күлімсірей қарады... Бұл біздің із. Біз осы жолмен жүрдік, бұл үлкен *а й д ы н* жолға айналды (А. Сарбөпин, Аспан бесік). Қаратау қаласынан оңтүстік шығысқа *а й д ы н* жол шығады (Адам және химия). 3. *Айбат, айбар, айбын.* Теңіздей толқыған көп халықтың қайнаған ашуы, қозған ызасы жауына үлкен *а й б ы н* көрсетіп, қатты сескендірді (І. Жансүгіров, Шығ.).

◆ **Айдын көл.** *Үлкен шалқар көл.* Көп жүріп өлдім-талдым дегенде, теңізге ұқсаған *а й д ы н к ө л* жағасына жетеді (Н. Баяндин, Ертіс). Жерге түскен бусанған шық белуардан келеді, жүрген адам белшесінен шетсіз *а й д ы н к ө л д і* кешіп бара жатқандай (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жарқыраған ақ күміс *А й д ы н к ө л д і ң* төсінде Ақ қанатты аққу құс Жүзер жаздың кешінде (С. Мәуленов, Магниттау.).

АЙДЫНДАЙ с ы н. *Айдын сияқты.* Адамнан артық ажар, ақыл-айлаң, Ажары ақ бетіңнің асқан айдан, Адасқан аққу құстай болдым ашық, *А й д ы н д а й* ақ төсіме асылшы айнам (Қаз. өндері). Ақылдары *а й д ы н д а й,* Алғырлығы әмбе бап. Өрнек салса кілемге, Онысы да тамаша-ақ (Айманкүл, Ана сыры). Төбіреніп тоқтады ана жаны толқып, *А й д ы н д а й* шалқып соққан кемеріне (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЙДЫНДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. *Айдындай.* *А й д ы н д а й ы н* асқақтаған ақын көңілі желпінед, Көмекейден күй сорғалап, жүректен жыр жосылып (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЙДЫНДАН е т. *Айдындай жалтырау, айдын шалқар теңізге айналу.* Қазақстанның күн шуақты кең даласында *а й д ы н д а н ы п* Арал теңізі жатыр (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Бұлақ көздерін өзіне қоса-қоса арнасы шалқи беріпті, *а й д ы н д а н а* беріпті (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

АЙДЫНДЫ с ы н. 1. *Айдыны мол.* Сыртында ауыл көбік шашып, *А й д ы н д ы* өзен гүрілдеген (С. Мәуленов, Шығ.). *А й д ы н д ы* Волга-Донның кең арнасы, Аялы секілді бір жер анасы (Ж. Молдағалиев, Бастаушы. партия). Болашақ металлургтер қаласының жанындағы үлкен ойпаңда Нұра өзенінің суы бұрылды да, *а й д ы н д ы* көл пайда болды (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.).

2. *Айбынды, айбатты, күшті.* Жартас жас шағында осы ортаның *а й д ы н д ы* қолбасы, батыры болған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жап аузыңды жалп етек Жалынып өскен Жаппарқұл Қобылан, Қазан тұрғанда Алшағыр ма еді *а й д ы н д ы* (Батырлар жыры).

АЙ-ЖАЙ: **Ай-жай болды.** а) *Рахаттанды, жадырады, жаны жай тапты.* Екі айдан кейінгі кездесу екі жақты да шексіз қуанышқа бөледі. Лезде-ақ орта толып, *а й - ж а й б о л д ы* да қалды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). ә) *Жарық түсті, таң атты.* Дала *а й - ж а й б о п* ағарып қалғанымен, үй іші әлі алакөлеңке еді (А. Хангельдин, Табыс, тағдыр). Таң атып *а й - ж а й б о л ғ а н* кезде Ұзын өзенді іздеуге Зылиқа тағы шықты (Ғ. Есбатырова, Зылиқа).

1. АЙҚАЙ з а т. 1. *Әдеттегіден қатты шыққан дауыс, үн.* Дабырлай келген аттылардың алдарынан әр тұстан бір *а й қ а й* шықты (Ғ. Сыланов, Асау арна). Рингке шыққан алғашқы екеудің шайқасы аяқталған кезде жұрт ду қол шапалақтап әр түрлі *а й қ а й ғ а* басты (М. Хайруддинов, Алғашқы раунд). Макаровтың *а й қ а й ы м е н* артыма жалт қарасам, ол да менімен қатар жүзіп келе жатыр екен (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.).

2. А у ы с. *Жекіру, үрсу.* Менің бірінен бірі кішкентай бес ағайым мұқтаждықтың зардабын шегіп, жоқшылық титығына жеткен ата-анамның *а й қ а й ы н а н* басқа ештеңені естіп көрген емес (Аялы жандар).

◆ **Айқай салды.** *Айқайлады, дауыс берді.* Қазір мына бөренелерді ортадағы тағанға жеткізуің керек, — деп, көпірші-лер бер жақтан *а й қ а й с а л д ы* (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Ауылдан недәуір жер ұзап шыққан жылқыға қарай аналар

айқай салып ұмтылды (С. Шарипов, Шығ.).

2. АЙҚАЙ о д. *Көңіл күйін білдіретін одағай сөз. Айқай,* май-ай! Тамылжытасың-ау, нұрыңды төгесің-ау, жүректі елжіретесің-ау! — деді Мариям, керіліп бір дем алып (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). *Айқай,* заман-ай! Үлкеннің алдында ауыз бағып, әдеп сақтау деген болар еді!— деп сары кемпір күрсінді (Бұл да). *«Айқай,* менің боз үйім»,— деп, сағындың сен талай (С. Мәуленов, Торғай қақп.).

АЙҚАЙЛА е т. 1. *Әдеттегіден гөрі қатты дауыстау.*— Желкенді дайындаңдар!— деп, Қанай ағай терезесінен басын сұғып тағы да *айқайлап* қойды (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Ызаланған, өшіккен төбеттер өршеленіп қыздың өзіне тап бергенде, қыз қорыққаннан *айқайлап* жіберді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ту сыртынан тұлғасын тани кеттім, Қуанғаннан *айқайлап* «Жәлел!» деппін (М. Әлімбаев, Лирика).

2. А у ы с. *Ұрандау, ұран салу.* Әскер жиып аттандық, Бекетай еді тұрағым. *Айқайлап* жауға тигенде, Ағатай-Беріш ұраным (Махамбет).

АЙҚАЙЛАС *Айқайла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жігіттер бір-біріне *айқайласты,* Сойылмен отыз жігіт жауға айқасты (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). *Айқайласып* жауға ти, Тәңрім білер, жігіттер, Ажалымыз қайдан-ды (Махамбет).

АЙҚАЙЛАУ *Айқайла етістігінің қимыл атауы.* Жайлаудың жаз мезгілін елестетіп, Мақтаншақ мінезім бар жұртқа *айқайлау* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Айқайлаумен* қарлықты, Бітті үні, талды жақ. Өткен бір күн алдына Келді сонда жарқылдап (С. Мәуленов, Жолдас). Жағалап жатқан көк жайлау, Күнде думан *айқайлау* (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

АЙҚАЙЛЫ с ы н. *Айқайы мол, айғайлы.* Жарлық команда жан-жақтан жамырай қосылып, алаңды *айқайлы* үнге толтырып жіберді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АЙҚАЙ-СҮРЕН з а т. *Қым-қуыт, айқай-шу, ию-қию.* Ат тулап аламанның айқасымен, Ақ боран азан-қазан, *айқай-сүрен* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Нәсерлеп бір мезгілде құйды жауын, Баяулап бірте-бірте тынды дауыл. Толастап азан-қазан, *айқай-сүрен,* Тыныштық құшағына оралды ауыл (С. Омаров, Сәукен).

◆ **Айқай-сүрен салды.** *Ұрандады, дабыл қақты.* Анасын көріп Ысмайыл, Алтын жезді айбалта Асығып суырып алды енді. Аш бүйрекке таяныш, *Айқай-сүрен салды* енді (Манас). Аял болмас *айқай-сүрен салыспай,* Қашқан жауды ат баурына алыспай (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЙҚАЙСЫЗ с ы н. *Айқайы жоқ, у-шусыз.* Біреу епті өмірде, біреу епсіз, Жай ғана адамдар бар кереметсіз. *Айқайсыз* өз ойын айтатын бар, Тыңдап болмай, оған сіз не демексіз (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). *Айқайсыз,* шусыз салқын қандылықпен айтқанда, ол күндер Жанәділ жүрегінен мәңгі шықпастай мықты орын теуіп еді (С. Бақбергенов, Менің досым).

АЙҚАЙ-ҰЙҚАЙ з а т. *Даурықкан көп дауыс, у-шу.* Шәһәрде ешбір жан көрінбейді, тек *айқай-ұйқай* дауыс естіледі (Қаз. ертегі.). Іздеді шапқыласып шыққанша күн, Қашқан соң қайда бармас бір ұзақ түн. Болған соң қашқан кетіп, қалған өліп, Дауырық *айқай-ұйқай* басылды үн (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). *Айқай-ұйқай* шықты шу, Қараңғыда қой үркіп (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

АЙҚАЙ-ШУ з а т. *У-шу, даурыққан көп дауыс.* Қапелімде тұтана алмай үзіліп-үзіліп булыға гүрілдеген машина дауысы, арба салдыры, *айқай-шу* естіледі (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әр түрлі үнде, әр түрлі тілде ән айтылып жатады, тыңдап жатамын: бірде ән тәрізді, бірде ызың, *айқай-шу* тәрізді болып кетеді (Майдан). *Айқай-шумен* есіктің ашылғанын да білмей қаппыз (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

АЙҚАЙШЫ з а т. 1. *Айқайлаушы (адам).* Гүлжаһан әлгі *айқайшының* қасына елден бұрын жетіп келді. Көзі ақиып, ес-түсінен айрылып тұрған Мұқал қазыны танып, еріксіз күліп жіберген (О. Сәрсенбаев, Сағым).

2. А у ы с. *Басшы, бастаушы.* Өзіміз орналассақ бопты деп қарап отырған олар жоқ, қайта қай жұмысқа болса да *айқайшы* өздері (А. Хангельдин, Табыс. тағдыр).

АЙҚАЙШЫЛ с ы н. *Айқайқұмар, даурықпа. Айқайшыл* әңгі жігіт көрінесің, Қырындап жақтырмаймын қарауынды. Қасыма келсең мейлің, келмесең де, Менен

сен ала алмайсың қалауыңды (Айтыс). Батыраш бала жастан атқа құмар, *Айқайшыл* ат әперген бақка құмар. Арам ой, ата намыс ұр шоқпары Кір көңіл, сарайының батпағы бар (І. Жансүгіров, Поэм.). «Бір студент» шығармасы — сатира. Бірақ өсіре қызыл *айқайшыл* сатира емес («Лен. жас»).

АЙҚАЙШЫЛДЫҚ з а т. *Айқайқұмарлық, даурықпалық.* Мен осы бір *айқайшылдығымыздың* өзі әлсіздігіміз емес пе екен деп те ойлап қаламын (С. Шаймерденов, Мезгіл).

АЙҚАЙЫН з а т. *Шаршы гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік* (ҚСЭ).

АЙҚАЛА е т. *Аймалау, құшақтау.* Үйретіп ұстап, байқап-ақ, Құлынға бала қарайды. Сауырын сипап *айқалап,* Жалын талдап тарайды (О. Малқаров, Өленд.).

АЙҚАЛАС *Айқала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Иығымда сіздің шаш, *Айқаласып* тай-талас, Ләззәт алсақ болмай ма, Көз жұмулы, көңіл мас (Абай).

АЙҚАЛАТ *Айқала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сіз қырғауыл жез қанат, Аш бетінді, бер қарат. Жақындай бер, жуықтап, Тамағыңнан *айқалат* (Абай).

АЙҚАР е т. к ө н е. **Айқастыр.** Үш ат жегіп ап, екі иығына *айқарып* екі винтовка асынып келді (С. Шаймерденов, Мезгіл).

АЙҚАРА ү с т. *Қапсыра, қиғаш, көлденең. Айқара* мылтық асынып, Суынды кештім мен талай. Бетімді толқын жасырып, Өмірді шықтым арқалай (Ж. Саин, Шығ.).

◆ **Айқара ашты.** *Шалқайта кең етіп ашты.* Кеше ғана біткен шағын клубтың есігі бүгін *айқара ашылып,* қазір іші адамға лық толып кетті (А. Байтанаев, Асан). Қос терезесі *айқара ашылған* үлкен ақ үйдің іші-сырты толған адам (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Кең қақпа *айқара ашылды* да, іштен ауыр машина ырғалып шықты («Лен. жас»). **Айқара жапты.** *Ұзыннан қиғаштай жапты.* Қараңғы үйде ағаш төсегінің үстіне жатқызды да, жып-жылы бірдеңені *айқара жапты* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Келер ме ем атым өксіп сабылмаса, *Атқа* терлік *айқара жабылмаса* («Лен. жас»). Ол шинелін шешіп алып *айқара жамылып,* арбаның үстінде қорылдап жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Айқара құшақтады.** *Қолын айқастыра, қаусыра құшақтады.* Әуелі сасып қалған Жүсіп жалма-жан қасына жетіп келіп, *айқара құшақтап* ұзақ сүйді (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Танып мені алыстан Алды *айқара құшақтап,* Шын доспенен табысқан, Қандай ыстық мұндай шақ (А. Шамкенов, Жасыл жайлау).

АЙҚАРЫЛ *Айқар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Шарбақтан шыққан кезде сыртқа жарық, Сарғылт көзі үкідей болды кәріп. Шығыстан шыққан күндей жаңа ғана Ашылды дарбазалар *айқарыла* (Украина жырлары).

1. **АЙҚАС** е т. 1. *Екі заттың бір-біріне көлденең қайшы түсуі.* Ерекше өңгесінен көз тартады *Айқасқан* ортасында балға-орақ (Е. Омаров, Жүрек сыры). Ажар жоқ ақ бетінде, қаны қашқан, *Айқасқан* кірпіктері ашылмайды (С. Мәуленов, Магниттау.).

2. *Соғысу, шайқасу.* Сен үшін тіктім басымды. Көк жүзінде шектесіп, *Айқасып* жаумен беттесіп, Салармын деді тасырды (Ақын жырлары). Алты күндей *айқасып,* Жауымен әбден шайқасып, Алды-артына қарамай Бәрін де қырып салады (Батырлар жыры).

3. *Алысу, арпалысу.* Аңның мықтысы саналған жолбарыспен *айқасып,* оны жеңеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Адамнан қаймығып жөнелте берген қасқырды ит мойнынан ала бергенде, екеуі *айқаса* кетті (С. Мұқанов, Шығ.). Екеуі *айқаса* кеткенде Балуанның қолы аңның жұтқыншағына ілікті (Бұл да).

◆ **Құлын-тайдай айқасты.** *Асыр салып ойнап-күлді.* Бұлғар айна, жан сәулем, бұлғар айна, Арамнан құралмайды тапқан пайда. Білек бірге болғанда, бармақ басқа, *Айқасып құлын-тайдай* жүрмек қайда (Айтыс). Қос шыбық, балғын жастар балдан тату *Айқасып құлын-тайдай* өсе берсін (І. Жансүгіров, Шығ.).

2. **АЙҚАС** з а т. *Шайқас, қырғын ұрыс.* Сағатқа жуық созылған қызу *айқаста* немістің төрт танкасы жанып, шабуылы тұншығып қалды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жаумен кездейсоқ күтпеген жерден тап болған *айқаста* бірнеше жолдастары қаза тауып, небәрі бес-ақ адам қалды (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Осынау жер сол күндер Орны болған *айқас-*

т ы ң. Жанын сала қорғады ер Әр кірпішін, әр тасын (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

АЙҚАСТЫР *Айқас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қарт мастер екі қолын *а й қ а с т ы р ы п* алдына әкеп қойып, жымиып отыр (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Белеске шыға келгенде, қотан толы қой көрінді. Қойларды *а й қ а с т ы р а* матап тастап, әйелдер сауып жатыр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Үймедегі қаптарды бір-біріне *а й қ а с т ы р а* салған жөн (К. Иманғазиев, Мин. тыңайтқыш.).

АЙҚАСТЫРЫЛ *Айқастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Цемент есік жуан білік темірмен *а й қ а с т ы р ы л ы п* бекітілген екен (Тасқын). Балалар ёлкаларды біріне бірі *а й қ а с т ы р ы л ғ а н* екі тақтаға шегеленетінін де көрді (М. Иманжанов, Таныс қыз).

АЙҚАСУ *Айқас етістігінің қимыл атауы.* Үйде бұғып отырғанмен жан сақтау қиын, одан да *а й қ а с у* керек (Б. Майлин, Шығ.). Жаумен *а й қ а с у* қашан да болса ойыншық жұмыс емес (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Көрі шөңге Досан шалмен ақырғы рет *а й қ а с у ы м* керек еді (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШ ү с т. *Айқасып қымқиғаш бірінің үстіне бірі жатқан.* Ат тұяғы анда-санда басатын өңірде *а й қ ы ш ұ й қ ы ш* тартылған от арба жолы бар (Адам және химия). Ыдыстың ішіне назар аударсаңыз, бетінде бір-бірімен *а й қ ы ш ұ й қ ы ш* шатысып жатқан нәзік жолдарды көресіз (Ж. Сұлтанов, Шыбын-шіркей).

АЙҚЫН с ы н. 1. *Анық, ашық.* Мұнда тек қой шаруашылығында ғана қанша түйемен жұмыс істелетінін *а й қ ы н* аңғаруға болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Бұл салада жастар қосқан үлес, өрине, сүбелі екені *а й қ ы н* («Лен. жас»).

2. *Белгілі, мәлім.* Егіс уақыты да тақалып қалып еді, бұлар бармай колхоз жерге соқа салмайтыны өздеріне *а й қ ы н* болатын (Б. Шалабаев, Өмірде.).

АЙҚЫНДА е т. 1. *Анық етіп көрсету.* Таңғы жарық үй ішіндегі заттарды *а й қ ы н д а й* түсіп, біртін-біртін молайып барады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бүркіттің томағасын сыпырған кезде, шығыс жақтан құланиектеп көтерілген таң сәулесі айналаны *а й қ ы н д а п* қалып еді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Еңбекші таптың әдебиеті байлар табының әдебиетіне өзін *а й қ ы н д а п* қарсы қояды (С. Сейфуллин, Шығ.).

2. *Анықтау, дәлелдеу, саралау.* Бұл аңыз да сараң, қалтырауық, пейілі тар байлар жөнінде халықтың сыны қандай екенін *а й қ ы н д а й д ы* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Асқардың сатиралы өлеңдерінің айтары көбінесе оның мазмұнын, өткір идеясын *а й қ ы н д а п* тұрады (Е. Ысмайылов, Сын.). Ұзақ түнге бітпеген кеңестер Сырдариянның шөлді даласын сусындату мәселесін *а й қ ы н д а й* түсті (С. Мұқанов, Сырдария).

АЙҚЫНДАЛ *Айқында етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жақындаған сайын қараша үйдегі от сәулесі *а й қ ы н д а л а* түсіп, үй ішіндегі өмірді сыртқа тасып тұрған тәріздеңді (Б. Майлин, Шығ.). Шығыстағы алқызыл шапақ әзәулім өртгей лаулап, төңірек айқындала берді (Х. Әбішев, Аспан сыры). Қоңыр аспан көкшіл тартып *а й қ ы н д а л ы п,* жұлдыздар сиреп қалыпты (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АЙҚЫНДАЛУ *Айқындал етістігінің қимыл атауы.* Бұл мәселенің түбінде бір *а й қ ы н д а л у ы н а* ешбір күмән келтіруге болмайды деп ойлаймыз (Ауызекі тіл).

АЙҚЫНДАН *Айқында етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жәмиланың ерте түскен ажымдары *а й қ ы н д а н ы п,* бет сүйектері де шодырайыпты (М. Әуезов, Шығ.).

АЙҚЫНДАУ *Айқында етістігінің қимыл атауы.* Балалардың ағаштар мен олардың жапырақтары туралы не білетіндігін *а й қ ы н д а у* («Халық мұғ.»). Бұл ерекшелік — төрт түлік малдың қандай жекелік қасиеті барлығын *а й қ ы н д а у* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Атасының жаратпай қалғанын аңғарған бала да өз ойын *а й қ ы н д а у ғ а* асықты (М. Иманжанов, Адам тур.).

АЙҚЫНДАУЫШ з а т. л и н г. *Айқындаушы, анықтаушы.* Анықтауыштар сияқты сейлемде жеке сөздердің сипатын, ерекше қасиеттерін білдіретін сөздер және сөздер тіркесі болады. Оларды *а й қ ы н д а у ы ш* деп атаймыз (Қазіргі қаз. тілі).

АЙҚЫНДЫҚ з а т. *Анықтық, дәлдік.* Ақылдың *а й қ ы н д ы ғ ы* деп әдетте күрделі мәселелерді айқын сөздермен, тиісті жүйелерімен көрсете білуді айтады (М. Мұқанов, Бақылау.). Есінде қалар әркімнің салмақты сөзі өтімді. Паспорттың әрбір әрпінің, *А й қ ы н д ы ғ ы* секілді (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Ал, *а й қ ы н д ы қ т ы ң* төрендігі немесе *а й қ ы н д ы қ*

шегі түсірілетін затқа байланысты (В. Тілекметов, Фотосурет).

АЙҚЫНЫРАҚ с ы н. *Анығырақ, дәлірек.* Тапшылдық жолы, тап тілегі Сәбит өлеңдерінде *а й қ ы н ы р а қ* айтылады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Кусков қараңғыда Уәлидің жүзін *а й қ ы н ы р а қ* көргісі келіп, үңіле қарап қалды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Коммунизм сәулесі Игілікті әр істен *А й қ ы н ы р а қ* көрінді (Халық ақындары).

АЙҚЫШ з а т. *Айқыш-ұйқыш өрнек.* Би өнеріне әдерін жетік санайтын кейбіреулер түрлі-түрлі із *а й қ ы ш т а р ы н* да жасап кетеді (С. Шаймерденов, Болашақ.).

АЙҚЫШТА е т. *Айқыш-ұйқыш етіп шимайлап тастау.* Қолындағы қағаздың бетін *а й қ ы ш т а д ы* да тастады (Ауыз-екі тіл).

АЙҚЫШТАЛ *Айқышта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жаңа бір нәр-нақыштармен *а й қ ы ш т а л ғ а н* ойлы өлең сенің көңіліңді өрге сүйрегендей, жаныңды байытқандай (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

АЙҚЫШТАН *Айқышта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тұтыққан шақтарында қыли көздері *а й қ ы ш т а н ы п,* басы ерекше қалтылдап кетеді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЙҚЫШТЫ с ы н. *Өрнекті, нақышты.* Төсек-орын, әдемі жиналған ақшыл сары кровать, тұсқа ұсталған қызыл көк *а й қ ы ш т ы* түкті кәне кілем, терезеге ұсталған тоқыма перде (М. Иманжанов, Көк белес).

АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШ ү с т. *Шым-шытырық айқасып жатқан.* Ар жағы көлеңкелі бақша, ерсілі-қарсылы ағып жатқан су, *а й қ ы ш - ұ й қ ы ш* темір жол (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Түндігінің бұрышына дейін қызыл шұғадан ою бастырып, жалпақтығы жарты қарыс терме баулармен *а й қ ы ш - ұ й қ ы ш* шандыған (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Буын-буын сызықтар *а й қ ы ш - ұ й қ ы ш* тартылуда, барған сайын қабырғаны алып жатқан қағаздың бетін шұбарлап барады («Лен. жас»).

АЙЛА а р. з а т. *Амал, ылаж, шара.* Жылан сенің ініңді тартып алғаны әділдік емес, бірақ оған қылар еш *а й л а* жоқ (Қаз. ертегі.). Қыз Назымды көрген соң, Қорбандап қалмақ ұмтылды. Назым да сөзге ұста еді, *А й л а с ы* көп, қу тілді (Қамбар батыр). Іштегі барлық жақсылық неше түрлі еппен, *а й л а м е н* жол тауып, өз дегенін істеу керек (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЙЛАКЕР с ы н. *Айла тапқыш, айлашыл, тәсілқой, қу.* Мұндай кемпір *а й л а к е р* келетін, алып барып таста, керегі жоқ (Қаз. ертегі.). Әзімбай анығында әкелерінен әлдеқайда *а й л а к е р,* көреген боп шықты (М. Әуезов, Абай жолы). Хасен бай ақылды да, қу да, *а й л а к е р* де (С. Мұқанов, Мөлдір махаббұ.).

АЙЛАКЕРЛІК з а т. *Айлашылдық, тәсілқойлық.* Тапқырлық батырлықпен егіз жолдас, Тар жерде тапқыр болмай ісің оңбас. Алғыр ой, әдісшілдік, *а й л а к е р л і к* Аңдысып алысқанын алмай қоймас (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Бұл істің қатерлі екенін Айнұр біле тұрса да, бірақ баласының қарулығына, *а й л а к е р л і г і н е* сенімі мол еді (А. Хангелдин, Віздің от.). Бұл жұмыстарды іске асыру асқан *а й л а к е р л і к т і* қажет етеді (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

АЙЛАКЕСТІК з а т. с ө й л. Айлакерлік. Жобалайдың батырлығынан бұрын адамның ойына келмейтін қулықтарды табатын *а й л а к е с т і г і* бөлек еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЙЛАҚ з а т. ж е р г. *Өзен, көл, теңіз жағалауындағы шығанақ, бұғаз, қойнау.* Шарықты бұлақтың Марқакөлге құяр *а й л а ғ ы н д а* сыңарын атып тастаған сарала қаздай болып, жалғыз ғана қараша үй тұр (О. Бөкеев, Үркер).

АЙЛАЛА е т. *Амалдау, айла-тәсілін табу.* Қамбар келіп болғанша Ақылменен *а й л а л а п,* Қалмақты алдап қарармын (Қамбар батыр). [Ол] өзінің малын бақ-қызған топты *а й л а л а п* тәсіл-қулықпен тұсап ұстайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Кездескен соң қиындық, Шыдау керек *а й л а л а п* (С. Бегалин, Шығ.).

АЙЛАЛЫ с ы н. *Айласы мол, айлакер, айлашыл.* Ағам менен әлдеқайда *а й л а л ы,* Амалдарды табады ол қайдағы (М. Әлімбаев, Орақ — олақ). Ендігі шайқас — *а й л а л ы* шайқас, жаудың айласынан сендердің амалың асып түсуі керек (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сен Раушаннан гөрі қулау, *а й л а л ы* қыз емессің бе, өзін білетінің қайда? (З. Шашкин, Сенім).

АЙЛАЛЫЛЫҚ з а т. *Айласы молдық, айлакерлік, айлашылдық.* Оның мәнісінің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, *а й л а л ы л ы ғ ы н а н* жетерсің деген сөз (Абай).

АЙЛАН е т. с ө й л. Айнал. Дүние екі *а й л а н б а с* бір келеді, Балалар байғұс шалды көп тергеді. Балалар көп жалының сұраса да, Шешіліп байғұс шалың үндемеді (Батырлар жыры). Ішкімге баяндамай саулап етіп, Домбырашы *а й л а н ы п* келдің жетіп. Желісін үзбей тартып соққан желдей, Айтатын ақын қайда екпіндетіп (Айтыс).

АЙЛАНШӨП з а т. *Таран туысына жататын, биіктігі 70-80 см бір жылдық шөптесін өсімдік* (ҚСЭ).

АЙЛАП ү с т. *Бірнеше ай бойы. А й л а п* адам көрмей ер қырқаның астында шошайып жалғыз үй отырған шопандардың басын қосқысы келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). *А й л а п*, жылдап меңіреу тайганы кезіп «Өмір нәрін» тапқан жандар өзін бақытты санайтын («Лен. жас»). Осы кең даланың қай жағына жүрсең де, бір жұмада өрең жетесің, алысына кейде жұмалап, кейде *а й л а п* сапар шегетінің болады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АЙЛАП-ЖЫЛДАП ү с т. *Ұзақ уақыт. А й л а п-ж ы л д а п* шет жүріп сағынтып көлгенде, баласын алдына алып мәндайынан сипалаған да жоқ («Лен. жас»).

АЙЛАС с ы н. *Босанатын айы, мезгілі бір, шамалас.* Өзімен *а й л а с* әйелдерді көргенде, сұлу денесінің келбеті кеткенін анық сезетін еді (Ауызекі тіл).

АЙЛАСЫЗ с ы н. *Амалсыз, лажсыз, шарасыз.* Әлібек мына сөзді құп көреді, Айманның бұл ақылын ең көреді. *А й л а с ы з* бір іс болмас деген сөз бар. Әлібек, жеті жүз қол тоқталады (Айман — Шолпан). Қуанышым, сабырлы бол, саям бол, Бүгін менде сабыр жоқ. Тақатсызбын, *а й л а с ы з б ы н, а й л а с ы з б ы н* баладай, Өлсіз денем, аян бол (М. Әуезов, Шығ.).

АЙЛАСЫЗДЫҚ з а т. *Айласы жоқтық.* Амалсыздық, *а й л а с ы з д ы қ* діңкөні құртқан төрізді (М. Әуезов, Абай).

АЙЛАУЫҚ з а т. *Айлауық тұқымдасына жататын көп жылдық не екі жылдық шөптесін өсімдіктер туысы* (ҚСЭ).

АЙЛАШЫ з а т. *Амалшыл, айлакер. А й л а ш ы* екен көрілік, Бірге түнеп, бір жүріп, Сыр білдірмей сұмырай, Мүшеңді алған біріңдеп (Жамбыл).

АЙЛАШЫЛ с ы н. *Амалшыл, айлакер, тәсілқой.* Құйылып келген қыраннан қаймықпастан жалтыр қияға кере тұра қалған *а й л а ш ы л* алқызыл тағы шұбасылып жеңеле берді (С. Бегалин, Төлбас.). Кейде қартаң, сырдаң *а й л а ш ы л* бұқпантай адамдар да кезігеді (М. Әуезов, Абай). Өрт сөндіруші дүниеде ең батыр, ең *а й л а ш ы л*, ең қайратты адам (М. Сүндетов, Балық аула.).

АЙЛЫ с ы н. *Ай сәулесі түсіп тұрған, жарық. А й л ы* кеш, аспан ашық, жарық дала, Ағын су, көк майсалар айналада, *А й л ы* түн алтыбақан жайлаудағы, Ақ боз ат күткен мені байлаудағы (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). *А й л ы* аспанның астында өн шырқаған қыздардың дауысы түнгі тыныштықта қандай әдемі (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

АЙЛЫҚ з а т. 1. *Бір ай істелген еңбекке төленетін ақы, жалақы.* Ол ел қатарында қызмет істеп, *а й л ы қ* алып, өзінше бір жұмыстың маманы атанып жүрмек (С. Бегалин, Ана қайраты). *А й л ы қ* алған күні Төлеген қасындағы жолдастарын қонақ ететін (М. Ғабдуллин, Ел намысы). Сол күні *а й л ы ғ ы м ы з д ы* алуға конторға жинала қалған едік (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

2. *Отыз күндік мерзім.* Бір күн шапса шұбар ат, *А й л ы қ* жер алып береді (Алпамыс). Жүрген жерін сұрасаң, Екі *а й л ы қ* жер еді, Айдын шалқар көл еді (Батырлар жыры). Қаматай да күзгі оқу басталғанға дейінгі бір *а й л ы қ* демалысын алды (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

АЙЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жалақысыз.* Бүкіл бір бригаданы *а й л ы қ с ы з* қалдыруға болмайды ғой (Ауызекі тіл).

АЙМАҚ з а т. 1. *Өлке, өңір, атрап.* Жауын-шашынның әрқалай болуы республикамыздың түрлі *а й м а қ т а р ы н д а* өсетін өсімдіктің құрамы мен түріне көп әсер етеді (Шопан серігі). Түркстан жері — асыл алтын *а й м а қ*, Өреді ер ауылдан мың-мың тайлақ (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Алты жыл қимай күткен ауыл, *а й м а қ* Алдыңнан кесе өткем жоқ, құдай айғақ (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт).

2. *Айнала, маңай, төңірек.* Лагерь *а й м а ғ ы* тікенек сыммен қоршалған (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). *А й м а ғ ы н* көк жасыл төбелер қоршаған шағын сәлө күн нұрына шомылып күренденеді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Еңбектің сәті бір думан, Қағады кейде жыр қанат, Таусылар емес тау қырман, *А й м а қ қ а* төне тұр қарап (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

АЙМАҚТЫ с ы н. *Көлемді, аумақты, көп.* Көкен төңірегіне жиылып қаруланған жасақтағы жігіттердің дақпырты *а й м а қ т ы* елге тарады (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АЙМАҚТЫҚ з а т. *Өлкелік, өңірлік, зоналық.* Қазақстанның тұтас бір вор аймақ болуын лайықты деп тапты, оны басқаратын *а й м а қ т ы қ* мекемелер болмақ (С. Сейфуллин, Шығ.). Жайылымның ауданын анықтау республикамыздағы жер-жердің *а й м а қ т ы қ* ерекшеліктері мен малдың жайылымда болу мерзіміне тығыз байланысты (Шопан серігі). *А й м а қ т ы қ* газет-журналда Жарқылдап өрке өлеңі, Жаңа бір сырлар төгеді (Д. Әбілев, Жүрек жырла.).

АЙМАЛА е т. *Елжіреп құшу.* Соңғы айларда Райхан Ақанға суыған төрізді, не сүйіп, не *а й м а л а п* көрген емес (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бізді *а й м а л а п* сүйіп, арқасына, мойнына мінгізіп көтеріп әкеп, қайта пештің үстіне отырғызатын (А. Лекеров, Қырдағы ән). Қазір ол қолын созып қана қойған жоқ, кенет қыады құшақтай алды да, қатты-қатты қысып, *а й м а л а й* бастады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЙМАЛАС *Аймала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Айқасар жауың емес, *а й м а л а с а р* бауырыңмын — мен, тіресіп менімен (М. Иманжанов, Адам тур.). Түсімде сол сұлумен бір жатамын, Бірігіп, бір аяқтан дем татамын, Сүйісіп, *а й м а л а с ы п,* құшақтасып, Әр түрлі тәтті жауап тіл қатамын (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЙМАЛАТ *Аймала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бойында қуат, қайратың тасып, Кетеді мүлде жасарып жаның. Жастарға күле құшағында ашып, *А й м а л а т* адал жүрекпен бәрін (Партия тур. өленд.). *А й м а л а т ы п* төсімді Айдынына Тобылдың, Аунап түсіп ағынға, Аққу құстай шомылдым (С. Мәуленов, Өленд.).

АЙМАЛАУ *Аймала етістігінің қимыл атауы.* Мен анамды *а й м а л а у м е н* Кірдім бірге өкемнің де тонына (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). *А й м а л а у ғ а* бөрінді Жетпес онда құшағым, Коммунизм ұлдарын Бәрібір мен құшамын (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). Ананың бір рет *а й м а л а у ы н а* вар болып өскен жетімдей бір сипап өткеніне вар болып өскенім жоқ па (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

АЙМАЛАУШЫ з а т. *Ең жақсы көретін, жанашыр адам.* Өмірдегі ең қымбаттысы жөргектегі кезінен бастап жылдар бойғы *а й м а л а у ш ы с ы,* ақ сүтімен ауыздандырып, ыссы менен суықтан қарлығаштай қанатымен қорғаушысы, тілеулесі, тірегі көз жұмды (С. Алдабергенов, Алға).

АЙМАУЫТ з а т. к ө н е. *Ертеде батырлар киетін торлы темір сауыт.*

АЙМАУЫТТАЙ с ы н. с ө й л. Алпамсадай. Ойлап қараса, бұрынғысын былай қойғанда, осы шамадағы іс *а й м а у ы т т а й* үш ұлдың өкесі болған Қалдыбай сынды азаматқа лайық емес екен (А. Байтанаев, Асан).

АЙМЫШТА е т. *Мәнерлеп өрнектеу, оймыштау, көркемдеу.* Шымқай қара көк майлы сырмен бояп, алтынмен *а й м ы ш т а ғ а н* кең кабинет (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

АЙНА и р. з а т. 1. *Алдында тұрған заттың бейнесін дәл көрсете алатын тегіс, жылтыр шыны.* Аңыз бойынша көп *а й н а л а р* жасап, бір *а й н а д а н* бір *а й н а ғ а* әйелдің жүзін түсіріп көрсеткен екен (М. Әуезов, Индия очерк.). Қоянды жөрменкесінен түрлі *а й н а,* тарақ, иіс су, шүберек-пұл, кәмпит, шекер алып қайтқан (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Күнде ертемен *а й н а ғ а* да қараймын Әжімдерді таратпақшы боламын (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге).

2. А у ы с. *Бейне, көрініс.* Газет—өмірдің *а й н а с ы,* өмірдің сыршысы. Біздің қарқынды қадамдарымыз, сәтті табыстарымыз оның бетінен түсіп көрген емес («Лен. жас»). Тіл — қатынас құралы, санадағы ойдың *а й н а с ы,* баланың өзін қоршаған айналасын танып білудегі, солармен қарым-қатынасқа түсудегі жөрдемшісі (Қаз. тілі).

◆ **Айна көз.** *Жалтылдаған дөңгелек көз.* Қызыл ат, сүйген достым, егісте өздың, *А й н а к ө з,* сұлу үнді, құралайым! Оралып нар мойныңды, құшып сенің, Айналып сылап-сипап бұлалайын! (С. Сейфуллин, Өленд.). **Айна қатесі жоқ, айна қатесіз.** *Айнымаған өзі, дәл.* Мүмкін екеуі екі түрлі болар деп, екі әңгімені салыстыра жөнелдім, *а й н а қ а т е с і ж о қ* бірдей («Қаз. әдеб.»). Сіз осындай жігіт екенсіз ғой, суретіңіздің *а й н а қ а т е с і ж о қ* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Айна таз.** *Жалтыр таз.* Кигені молда-өкемнің ала шапан, Құдай аулақ қыла гөр *а й н а т а з-*

дан (Халық өндері). **Қол айна.** *Кішкене айна.* Бір қыздың қалтасынан *қол айнасы* түсіп қалды (Ж. Тілеков, Қайнар). **Шар айна.** *Үлкен айна. Шар айнаға* сұлу бойы сыяды, Нұрлы жүзін өзі көріп тояды (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің). Қымбат кілем төсеніштер төселген, арқалы орындық, диван, *шар айналар* қойылған қонақ үй жұтынып тұр (Сауыншы шамшырақ.).

АЙНАДАЙ сын. 1. *Айна сияқты.* Таулардан өзен ағар сарқырап, *Айнадай* сәуле беріп жарқырап. Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта, Аралап тау мен тасты арқырап (Халық әні). Жаңа ғана *айнадай* жарқырап тұрған аспан әлемін ілезімнің арасында қою қара бұлт торлап алды (А. Байтанаев, Болат).

2. *Тап-таза.* Баян көлі *айнадай* мөлдір бұлақ, Сылдырлап жататұрын келіп құлап (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). *Айнадай* аспан жүзінде Жымындап жұлдыз ойнады. Басталғандай дәл бүгін Бүкіл әлем ойнағы (Ә. Сәрсенбаев, Ақмарал).

АЙНАКӨЗ зат. *Балықтың бір түрі.* Көз сайын құр емес, сіреле бөгіп қапты, дені сазан, қаракөз бен *айнакөздер* де қыз еңіріне қадаған күміс теңгедей жалтылдайды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЙНАЛ ет. 1. *Дөңгелеу, зырқырау.* Біздең алыста, жол үстінде, автомобиль көрінеді. Бізге оның моторының даусы естілмейді және оның дөңгелектерінің *айналғаны* немесе *айналмағаны* көрінбейді (Физика курсы). Қызықтырып сендерді, *Айналады* дөңгелек (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

2. *Айнала жүру, орағыту.* Қорасын түнде тұрып үш *айналып,* Жар құлағы жастыққа тимейді екен (Ақын жырлары). Түн ауып келген мезгіл ай жамбасқа, Үйқыда ел, ояу жан жоқ шалдан басқа. Қотанды *айналады* отырмастан Үйқыға көзін жұмып алданбасқа (О. Малқаров, Өленд.). Ол берілген бұйрық бойынша аэродромды үш *айналып,* сыннан сүрінбей етті (С. Бақбергенов, Өзім. жігіт).

3. *Бір күйден екінші күйге ауысу, ауу.* Аласұрған шалдың сарнауы кейде шектен шығып, аяғы сандыраққа *айналып* кетті (С. Мұқанов, Бақташы.). Күндізгі есепсіз қуаныштың арты көңіл елегізітер маза-сыздыққа *айналғандай* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Үн зорайып екпінді желге, оның арты қатты дауылға *айналды* (С. Бақбергенов, Күй).

4. *Бөгеліп қалу, кідіру.* — Батырлар, *айналдыңдар* мұнша неғып, Құрығышымен соғысып бір ат алдық, Олар да, бұлар-дағы аман қалып (Батырлар жыры). Ақырды қасқыр шамданып, Сый алмақпысың жалданып! Ырза болмай тұрмысың Әлі осында *айналып* (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш).

5. *Қайтып оралу, қайта келу.* Тағдырдың көз жете ме бермесіне, Дәуреннің неше *айналып* келмесіне (С. Сейфуллин, Өленд.). Құрбылар, тіршілікте ойна да күл, Бұл дәурен екі *айналып* келмегі жоқ (Ақан сері).

6. *Таяу, жақын қалу, ыңғайлану.* Күн недәуір кешке *айналғанда* ұйқысын қандырып түрегеліп, жуының болған соң Балбек шай сұратып алды (С. Шарипов, Шығ.). Қайық әр жаққа жүруге *айналды* (М. Әуезов, Абай). Солдаттар Ғайниді қапсыра құшақтап алып, Танабайдың үйіне кіргізуге *айналды* (С. Сейфуллин, Шығ.).

◆ **Аспан айналып жерге түскендей, әуе айналып жерге түскендей.** *Өте ыстық, тым қапырық. Аспан айналып жерге түскендей* сарша тамыз, аптап ұрып жасыл шүйгін сарғайып кеткен («Қаз. әдеб.»). Шыр еткен бозторғай жоқ, *әуе айналып жерге түскендей* қиырда құйындар жарысып барады («Лен. жас»). **Басы айналды.** *Кезі қарауытып, есінен адасты. Басы айналғандай* боп, көз алды бұлдырап мұнартып бара жатқандай болды (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Жүрегім дүрс-дүрс соқты да, Құлағым шулап, *басым айналды* (М. Гумеров, Үш күн.). **Оңына айналмады.** *Ісі тәріске шапты, сәті түспеді.* Манағыдай емес, енді тезірек басып барады. Бірақ оның бұл сапары да *оңына айналмапты* (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). **Сөзге айналды.** *Уақытты бос өткізді.* Жігіттерау, *сөзге айналып* кеттіңдер ғой, тезірек қимылдасаңдаршы, ай батпай тұрып жүкті тиеп үлгірейік (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **Шыр айналды, шырқ айналды.** *Бір орында шыр көбелек айналды.* Сона буған аттар шиыршық атып, *шыр айналды* · («Қаз. әдеб.). Бір сынап алайын дегендей асау да *шырқ айналып* тізгін бермей жүр («Лен. жас»). **Шыр көбелек айналды.** *Шыр айналды, шырқ айналды.* Мотор сүйеген бұқадай жер тарпып гүж-гүж етеді, дөңгелектер *шыр көбелек айналып* қар шаңын аспанға атады («Қаз. әдеб.»). Бірде

ат бауырына жата қалып, бірде *шыр көбелек айналып* қылыш қағысады («Лен. жас»).

АЙНАЛА з а т. *Төңірек, маңай.* Асылбектің ауылы Шортандының құдығында, ауыл *айналасы* жазық (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол кілт тоқтай қалды да, аса таяғына сүйеніп тұрып, *айналаға* сығырая көз тастады («Қаз. әдеб.»). Бөргені бұл қажының бай баласы, Мал-басқа түгел толған *айналасы.* Құда боп, құйрық-бауыр жегеннен соң, Басылған бақ күндестік тай-таласы (С. Торайғыров, Шығ.).

АЙНАЛАЙЫН о д. *Үлкен кісінің өзінен кіші адамды жақсы көргенде айтатын сөзі; көңіл күйін білдіретін сөз.* Көлдерде көк ала үйрек байпаңдаған, Құрбыға бір сөзім бар айта алмаған. Сыпырған томағасын ителгідей Көзіңнен *айналайын* жаутаңдаған (Халық өлеңі). Мына менің кемпірімнің аты да Салиқа, атыңнан *айналайын,* — деді Көшербай (С. Шаймерденов, Мінез). Шал баланы құшақтап,— Кешір *айналайын,* мен сені ұрайын деп ұрған жоқпын, — деді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АЙНАЛАҚТА е т. *Ұзап кете алмай төңіректеу, маңайлай беру, айналсоқтау.* Ей қалқа, ақ дидарың айдан аппақ, Көрген жан кете алмайды *айналақтап* Аршын төс, алма мойын қарағым-ай, Қоямын дәйім сені жұртқа мақтап (Қаз. әндері). Тағы бір ауыз ғіз қатқалы Омар кете алмай *айналақтап* қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АЙНАЛҒЫШ: *Көт айналғыш. Сөзде тұрмайтын тиянақсыз.* Лап беріш, *көт айналғыш,* қайта ойланғыш, Тиянақ оты сөнген бойларының (Абай).

АЙНАЛДЫР е т. 1. *Дөңгелену, үйірілу.* Бала жігіт екі атты божылап айдап, барабанды *айналдырып* тұр (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Айға шапкан айбарым, Ерлік күшті жүректе. *Айналдырар* жер шарын Қуат бітті білекке (Қ. Аманжолов, Шығ.).

2. *Ішін сыртына ауыстыру.* Абай кәдімгі ұрыларша шапан, беркін *айналдырып* киіп, мұрны мен аузын орамалмен таңып алған (М. Әуезов, Абай жолы). Ол тонын *айналдырып* киіп алыпты (Ауызекі тіл.).

3. *Бір нәрсені екінші нәрсеге ауыстыру, аудару.* «Жаксылық ұзақ тұрмайды» деген өлең ел билеп жүрген жуан бұзықтарға жасаған шабуылды өзгеше өткір мысқыл, мазаққа *айналдырды* (М. Әуезов, Әр жыл.). Күн энергиясын электр энергиясына *айналдырып* бере алатын арзан фотоэлементтер жасалатын болса (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

4. *Бөгеу, тоқтата тұру.* Мен ұзап кеткенше сен оны *айналдыра* тұр (Ауызекі тіл).

5. *Айтқанына көндіру үшін әрекеттену.* Қанша *айналдырса* да, айтқанына көндіре алмады (Ауызекі тіл).

6. *Бар болғаны, не бары.* Сен орманда соғыспа, *айналдырған* сексен адамыңмен соқыр орманда жасырынбақ ойнаудың қажеті жоқ (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Сатып алуға ақша жоқ, *айналдырған* екі қораның маңына да бара алмаймыз (В. Майлин, Шығ.).

◆ **Айналдырған ауру.** *Ұзаққа созылған дерт. Айналдырған ауру* алмай қоймас, Бұлттанған күн жаумай қоймас (Мақал). Қанша мойымаймын дегенімен, *айналдырған ауру* бірнеше ай төсек тартып жатқызып, ақыры 1865 жылдың күзінде отызға жаңа толған қыршын жас Шоқанның өмірін үзді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Майлы ішектей айналдырды. *Еркіне қоймай, дегеніне көндірді.* Мынау тіпті су жұқпас құдың өзі шығар, *майлы ішектей айналдырып* барады, — дейді ішінен қарт (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

АЙНАЛДЫРУ *Айналдыр етістігінің қимыл атауы.* Сымбатты, күшті қызды бағындыруға күші жетпейтінін көрген соң, ол енді Ғайниді сөзбен *айналдыруға* кірісті (С. Сейфуллин, Әңгім.). Асыра ойлау дегеніміз өмірде бар заттың негізгі мағынасын алып, образға *айналдыру* (Е. Ысмайылов, Ақындар).

АЙНАЛДЫРУШЫ с ы н. *Айналдырып тұратын, айналдырғыш.* Күн спектріндегі қоңыр сызықтардың көбісі *айналдырушы* қабатта пайда болады. *Айналдырушы* қабат — атмосфераға ең жақын қабат (Х. Әбішұлы, Халық, астроном.).

АЙНАЛДЫРЫЛ *Айналдыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жағдайымыз мақтарлық емес, шырақ, мектебіміз бұрын бастауыш еді, енді жеті жылдыққа *айналдырылды* (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Бір де бір мейрам концертсіз, сауықсыз өтпеді, комсомолдық кештер дәстүрге *айналдырылды* («Лен. жас.»).

1. АЙНАЛМА з а т. *Бұрылыс, көшенің бұрылатын жері.* Біз *а й н а л м а д а ғ ы* жеңіл құрылыстардың жанындағы үйде тұрушы едік (Өзбек әңгім.). Жарқ етіп *а й н а л м а д а н* шыға келді, Көңілі тасығандай алып ұшып (И. Байзақов, Шығ.).

2. АЙНАЛМА з а т. *Мал ауруы, делбе. А й н а л м а* ауруымен қой, ешкі, мүйізді қара мал, түйе, жылқы және шошқалар ауырады (Ш. Қалықов, Қой ауруы.). Сондай-ақ *а й н а л м а м е н* ауырған малдың басын итке тастамай, жағып жіберу керек (Ә. Әбішев,... Мал дәрігер.).

АЙНАЛМАЛЫ с ы н. *Айналып тұратын.* Кеспекті домалату үшін *а й н а л м а л ы* шабақтары бар түтікті пайдаланған ыңғайлы (Тракторист.). Мұнда су тасымалдайтын құрал ретінде өзгеше типті шынжыр, *а й н а л м а л ы* лента қолданылған еді (Л. Тәжібаев, Жайылым.).

АЙНАЛСОҚ с ы н. *Айналмалы.* Бункер астындағы үздіксіз *а й н а л с о қ* лента көмірді тысқа әкетіп жатыр (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

АЙНАЛСОҚТА е т. *Ұзап кете алмау, айналшықтау, айналақтау.* Ауылында *а й н а л с о қ т а п* төрт күн жаттым, Сонда да шеңіне бір жуытпадың (Айтыс.). Басымда отырды өксіп қимай тоқтап, Кете алмай бөтен жаққа *а й н а л с о қ т а п* (Бұл да). Галя теректің маңынан кете алмай *а й н а л с о қ т а п* біраз жүрді (Т. Ахтанов, Көк құтан).

АЙНАЛСОҚТАУ *Айналсоқта етістігінің қимыл атауы.* Ал, шабыт *а й н а л с о қ т а у д ы,* кібіртіктеуді, тұтықпаны жаратпайды («Қаз. әдеб.»).

АЙНАЛТ *Айнал етістігінен жасалған азгелік етіс.* Туғызып көмір кенін, алтын кенін *А й н а л т ы п* машиналар дөңгелегін. Отанның өрге тасын домалатып, Жасартып, жайнатады туған елін (Ақын жырлары). Тез өссін деп туған халық, Ғылым ектік, ғалым өсті. Жас ер жетіп, қарт жасарып, Қайта *а й н а л т т ы ң* жиырма бесті (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЙНАЛУ *Айнал етістігінің қимыл атауы.* Қарғыс атқыр, коньки жұртпен бірге сырғанақты бір рет *а й н а л у ғ а* да жарамады (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс). Келеді *а й н а л у м е н* елдің сыртын, Түн менен пайдаланып күннің бұлтын (О. Шипин, Екі дастан).

АЙНАЛШАҚТА е т. с ө й л. *Айналсоқта.* Мені шешесінен артық көрмесе, кем көрмейтін, қасымнан *а й н а л ш а қ т а п* шықпайтын (З. Шашкин, Өмір тынысы). Арыстан есік алдында садағының қайыс бауын тартып отыр еді, атасы атты *а й н а л ш а қ т а п* күйбеңдей берді («Лен. жас»).

АЙНАЛШЫҚ з а т. *Көтен ішектің сыртқы жиегі, ернеуі.* Тұрқының ұзындығын топшының алдынан бастап *а й н а л ш ы қ қ а* дейін өлшейді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Жұмыртқалап жүрген тауықтың *а й н а л ш ы ғ ы* ұлғаяды (Құс өсіру.).

АЙНАЛЫ с ы н. *Айна салынған.* Айнала стол орнатқан, Үйдің іші тамаша. *А й н а л ы* ақ диван, Жоқ бұрынғы алаша (С. Мәуленов, Өлеңд.). Сонан соң Есейдің қолынан жетелеп *а й н а л ы* гардеробқа әкелді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АЙНАЛЫМ з а т. *Айналып шығатын жер, оралым.* Сайлау жайдақ шауып келе жатты, жарыс *а й н а л ы м ы* 7 километр еді (Т. Әлішеров, Шабандоз.).

◆ **Қан айналымы.** *Қанның жүрісі, қозғалу процесі.* Қой өрісте көп жүрсе *қ а н а й н а л ы м ы* жақсарады (М. Төлепшов, Қой қоздату). Қи үстінде жатып іші қызған малдың *қ а н а й н а л ы м ы* бұрынғыдан жиілейді, дем алуы ауырлайды (Шопан серігі). **Товар айналымы.** *Товардың сатылу, тұтынылу қарқыны.* Шоқан жалпы сауданың мәнін және *т о в а р а й н а л ы м ы н* өркендетудегі ішкі-сыртқы сауданың ролін дұрыс көрсетті (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

1. АЙНАЛЫС з а т. 1. *Бұрылыс, айналатын жер.* Бір күні өлгі жігіт көшенің *а й н а л ы с ы н д а* тап бола кетті (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Сен екеуің алдыңдағы *а й н а л ы с п е н* барып ауылға хабар беріңдер (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Жолдың тоспа, бұрылыс, *а й н а л ы с* жерінде совхоздың шамы жалт-жұлт ете қалды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс). 2. *Алыс, шалғай.* Ашудың жолы *а й н а л ы с,* ақылдың жолы төте (Мақал).

2. АЙНАЛЫС *Айнал етістігінен жасалған ортақ етіс.* Адам ауыр жұмыспен *а й н а л ы с ы п* жүргенде әр түрлі жағдай бола береді («Лен. жас»). Ауданымыз мал шаруашылығымен, оның ішінде қой шаруашылығымен *а й н а л ы с а д ы* (Бұл да). Директор өзінің педагогтық шеберлігін арттырумен қатар, мектептегі оқу-тәр-

бие жұмысын жақсарту ісімен көптеп *айналысады* («Халық мұғ.»).

АЙНАЛЫСУ *Айналыс етістігінің қимыл атауы.* Көзді тынықтыру үшін үзіліс кезінде баланың ойынмен *айналысуы* қажет (М. Исамбаев,... Мед. анықтама). Егіннің бірнеше жыл жақсы өнім беруі шаруаларды бұл кәсіппен *айналысуға* әуестендірді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

АЙНАЛЫСУШЫ з а т. *Айналысатын, кәсіп ететін, шұғылданушы.* Қазақстанның солтүстік және батыс аудандарында егіншілікпен алғашқы *айналысушылар* соғыс-шекаралық шептер құрылысы кезінде орналастырылған казак-орыстар болды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Көркемөнер творчествосымен *айналысушылар* өздерінің жұмыстарында шындықты бейнелейді (М. Мұқанов, Бақылау).

АЙНАША ү с т. *Айна сияқты, айнадай.* Илеп, құйып шаралап, Жасап түрлі ылайды. Биік жайдың жымдарын *Айнаша* өңдеп сылайды (С. Сейфуллин, Өленд.).

АЙНУ *Айны етістігінің қимыл атауы. Айнуды,* азғындықты молда бастар, Сөзі оңды, ісі жауыз, арам настар (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Қашаннан иесіне сенімді дос Бағыттан *айну* білмес қара арғымақ (Ғ. Қайырбеков, Құрдас).

АЙНЫ е т. 1. *Уәдеде тұрмау, серттен таю.* Жігітті осыншама әуреге сап, қыз жеме-жемге келгенде *айнып* кете ме деймін,— деді Жамал (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Артынан Ақбөбегім *айныма-са,* Түсем де қайғырмаймын қандай күйге (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

2. *Дәмі бұзылу, бүліну.* Уақтылы піспеген қымыз *айнып* кетеді (Ауызекі тіл).

3. С ө й л. *Бұзылу, тоқтамау, күйі қайтпау.* Әбіштің торы биесі *айнып* кетіп, тумай қалды (Ауызекі тіл.).

◆ **Жүрегі айныды.** *Басы айналып құсқысы келді.* Самолет жерден көтеріліп үлгірмей жатып-ақ *Әсеттің жүрегі айнып,* мазасы кете бастаған еді (Ауызекі тіл).

АЙНЫҒЫШ с ы н. *Тез айнитын, тұрақсыз, тиянақсыз.* Тез берілгіш, *айнығыш,* өсерленгіш Бектай кетерінде көп нәрсені ұққандай болып үйден айқын міндет алып шықты (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). *Айнығыш* жан — дүние құлы, Біз бе ек, сәулем, тайғанақ. Біз емес пе дүние шыңы, Қайда ойының, қайда бақ? (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АЙНЫМАЛЫ с ы н. *Өзгермелі, тұрақсыз, айнығыш.* Айтқан сөз *айнымалы* болар десең, Байлап кет уәденді бұлтармастан (Айтыс). Арзан мен оңай баянды болсын ба, қыз нәпсісі де *айнымалы* болыпты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Менде жоқ *айнымалы* ала мінез, Өмірлік бір күн үшін сертті бұзар (Ө. Тұрманжанов, Өленд.).

АЙНЫТ *Айны етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әзімбай айтты: «Келмембет, Ағайыным жиылып Ақылымды алады. Алшоразды *айнытып* Әр түрлі жолға салады» (Қамбар). Тіпті жолдастарымды азғырып, *айнытпа* деп те қорқамын (А. Машанов, Жер асты.).

АЙНЫТУ *Айныт етістігінің қимыл атауы.* Қатын сату, қызды айыру мұрасы Терлікбайдың әп-әдемі құдасы. Отыр дейді бүгін қызды бермен деп, Сайтандардың *айнытуын* қарашы (Б. Майлин, Шығ.).

АЙПАП-ЖАЙПА е т. *Қырып жою, қырату.* Өрттей-ақ боратқан соң *айпап-жайпап,* Алдынан айқайлады қарсы шығып, Батыр-ау, мұның не?— деп басын шайқап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЙПАР-ЖАЙПАР с ы н. *Ел арасына іріткі салып бүлдіру.* Дауылбай Қыздарменен *айпар-жайпар,* Екеуі бітім десе басын шайқар (Абай).

АЙРА-ЖАЙРА с ы н. ж е р г. *Алай-түлей.* Жолаушылар қараңғы үйде ерсілі-қарсылы жүгірісіп, шамды қайта жақты, жылы төсектің *айра-жайрасы* шықты («Лен. жас»).

АЙРАН з а т. *Ашытқы құйып үйытқан сүт.* Қой сүтінен жергілікті халық *айран* ұйытады, сүзбе жасайды, ірімшік, құрт қайнатады (Тарту). Жапар атып тұра беріп алдындағы *айранды* аяғымен ақтара салды да, шығып жүре берді (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Таңнан тұрып әдетімше күндегі, Жаңа ұйыған *айранды* алып үйдегі, Диірменші қарт қайдасың деп жөнелдім, Әжептәуір есейтіпті бұл мені (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

АЙРАН-АСЫР ү с т. 1. *Шашылып-төгіліп, ойран-топыр болып.* Шабылған жер *айран-асыр,* пішені ұқыптап жиналмаған (Ауызекі тіл).

2. *Таңданып, таң-тамаша қалып.* А й-

р а н-а с ы р сілейіп тұрып қалған кеңсе қызметкерлері бас бухгалтерге адырая қарасты (Т. Бердияров, Фарида). Латын әрпі әліппеден де жылдам дегенге *а й р а н-а с ы р* таң қалам (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Ай мен күндей екеуін көргеннен соң, *А й р а н-а с ы р*, таң-тамаша болған дейді (Қозы Көрпеш).

АЙРАНДАЙ с ы н. *Айран сияқты.* Тарғыл мес ақтарылып тасқа түсіп Кілегей *а й р а н д а й* боп ұйып тұрды (Д. Әбілев, Өленд.). Балдай тәтті, көпке үлгілі ошақтың бүгін сабындай бұзылып, *а й р а н д а й* ірігенін көріп қынжыласың («Лен. жас»).

◆ **Абыройын айрандай төкті.** *Масқара қылды.* Шырағым бір-ақ күнде *а б ы р о й ы ң д ы а й р а н д а й т ө г і п* аларсың (Ә. Кешімов, Екі бүркіт). **Айрандай аптады, күбідей күптеді.** *Емін-еркін билеп-төстеді.* Ұлық аз, халық көп болған соң *а й р а н д а й а п т а п, к ү б і д е й к ү п т е п* жүрген халі бар екен (К. Оразалин, Көктем.).

АЙРАУЫҚ з а т. *Астық тұқымдас өсімдіктердің бір түрі. А й р а у ы қ* гүл шоғыры шашақ не масақ тәрізді қос жынысты көп жылдық шөптесін өсімдік (ҚСЭ).

АЙРЫҚ з а т. *Айрылатын, бөлінетін жер.* Машина екі жолдың *а й р ы ғ ы н а* келіп, шофер қалай жүрерін білмей қалды (Э. Нұршайықов, Тың астығы). Алатаудың *а й р ы ғ ы н а н* шашырап атқан күн қырға нұрын төгіп жіберді (І. Жансүгіров, Әңгім.).

АЙРЫҚША ү с т. *Ерекше, өзгеше,* Әрбір образдың нағыз характерлі пішінін *а й р ы қ ш а* көрсетудің орнына уақ-түйек нәрселер аралап кеткен (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Генералдың байлығы, беделі арқылы қиялым жүзеге асады деп, *а й р ы қ ш а* қуанып, жүргегі лүпілдеп мәз болды (С. Ерубаев, Шығ.). Кітапты көпшілік бұқараға көп жеткізуде әйелдердің еңбегін *а й р ы қ ш а* атап айту керек (Аялы жандар).

АЙРЫЛ е т. 1. *Жыртылып кету.* Мейлің сен маған қой кінә, *А й р ы л а* жаздап бұл күнде Асыласың көп мойнымға, Ерініңнен ептеп сүйгенде (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Ұстаса бергенде көйлегінің қолтығы *а й р ы л д ы* да кетті (Ауызекі тіл).

2. *Бөліну, ажырау.* Бір күндері бұлардың жүріп келе жатқан жолы үш *а й р ы л а д ы* (Қаз. әртегі.). Қояндыдан шығып өздеріңізден *а й р ы л ғ а н* соң, біз мына байлардың жемшігіне жетуді ойладық (І. Жансүгіров, Шығ.). Қойшы енді, өлие болсаң, өзіңді жарылқа. Мен көптен *а й р ы л м а й м ы н* (Б. Майлин, Шығ.).

3. *Ажырап қалу, жоқ ету.* Хасан соғысында бір қолынан *а й р ы л ы п*, жау жағындағы бір шоқының түбінде қансырап жатты (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Бақытсыздық демей не дейін, жиырма жыл отасқан зайыбынан көзбе-көз *а й р ы л д ы* (К. Тоқаев, Тасқын).

◆ **Жүрегі қарс айрылды.** *Қатты күйінді.* Ақбала бұл таңды ұйқысыз атырды. Күйеуіне сыртын беріп теріс қарап жатқан күйінен тырп еткен жоқ, ауық-ауық *ж ү р е г і қ а р с а й р ы л ы п* күрсініп қояды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Талағы тарс айрылды.** *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* Сол кезде Әліжаппар Қодар келді, Жатқанын Қозыкөкің көзі көрді. *Т а л а ғ ы т а р с а й р ы л ы п* мұндар құлдың, Кісіге жиындағы хабар берді (Қозы Көрпеш). Есінен **айрылды.** *а) Талып қалды.* Көзін кейде ашып, кейде жұмып, дұғаның қасиетіне кездескен жандай *е с і н е н а й р ы л д ы* (К. Оразалин, Ақ жаевық). *ә) Есі шығып қатты састы.*

АЙРЫЛУ *Айрыл етістігінің қимыл атауы.* Тудан *а й р ы л у* абыройдан, атақтан *а й р ы л у* емес пе? (Ә. Әбішев, Пьесалар). Ескендір жалғыз өзі Үркіт кетті, Күйініп көзден жасын іркіп кетті. Тар жерде жан досынан *а й р ы л у* — Тым қиын, бұл жүйкені құртып кетті (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

АЙРЫЛЫС *Айрыл етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бүгін дала желпінген күн, Албастылар серпілген күн, *А й р ы л ы с ҚАНДАР* қосылып, Шаттық күйі шертілген күн (Б. Майлин, Шығ.). Ол екеуі келісе алмай, бірте-бірте аралары ашылып, алты айдан кейін *а й р ы л ы с т ы* (Е. Ысмайылов, Сын.). Кейде достан көңілі қалып *а й р ы л ы с т ы* да, қасымен табысып татуласты да (М. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АЙРЫЛЫСУ *Айрылыс етістігінің қимыл атауы.* Жас доспен қалаға келген соң *а й р ы л ы с у ғ а* тура келді (М. Иманжанов, Таныс қыз). Келер жыл бітпек оқу, ойландың ба, Таяның *а й р ы л ы с у д ы ң* тұр кезі де (Қ. Бекхожин, Үш көзең).

АЙСБЕРГ з а т. *Мұхит пен теңізде қалқып жүретін не олардың саяз жерінде қайырлап қалатын құрлықтық мұздықтың ірі бөлігі; мұз тау* (ҚСЭ).

АЙСЫЗ с ы н. *Ай көрінбейтін, қараңғы.* Өтем деп әрі қиын асулардан, Еңсесін ауыр зілдер басып алған. Бүрсеңдеп әр бұтаға қорғалайтын, Адасқан *а й с ы з* түнде асыл арман (С. Омаров, Сәукен). *А й с ы з* қара көк аспанда миллион жұлдыз самсап төніп тұрады (О. Сәрсенбаев, Данқ). Күзгі салқын *а й с ы з* түндей Кетті көңілім күңгірттеніп, Тұрдым меңзеп түк үндемей, Ішкі толқын бойды жеңіп (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

1. **АЙТ** а р. з а т. к ө н е. *Дінн мейрам.* Молдекеңе тым жақсы, Иіс-қоңыс тағы бар. *А й т т а* құран оқытқыш Тағы біреу табылды (А. Тоқмағамбетов, Сайрайды бұлбұл). *А й т қ а* жұрт сирек келді, Кемпірді шал сүйреп келді. Керенау тартып алар да, Таза ұмытар үйреткенді (Д. Еркінбеков, Шаншу).

◆ **Құрбан айт.** *Құрбандыққа мал соятын айт, үлкен айт.* Ұзамай *құ р б а н а й т ы* келіп қалды. Халық құрбанға шалатын малдарын әзірлей бастады (Мың бір түн).

2. **АЙТ** е т. *Сөйлеу, сөзбен ой-пікірін білдіру.* Біз әділдігіміздің, бүтіндігіміздің *а й т ы п* отырсақ, сырт бізге не қылар дейсің (Б. Майлин, Шығ.). Мыналар маған бір ұнамсыз сөз *а й т с а* болды, мен тап беріп қару жұмсағалы тұрмын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

◆ **Айта қалармын.** *Елеулі, көзге түсерліктей.* Мен әзірге *а й т а қ а л а р л ы қ т а й* жазушы емеспін, мен құрметке емес, іске келген кісімін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Одан *а й т а қ а л а р л ы қ т а й* жеміс шыққан жоқ (Бұл да). Айтқанын екі етпеді. *Дегенін бұлжытпай орындады, қарсы келмеді.* Раушан келін болып түскелі Бекен оның *а й т қ а н ы н е к і е т п е г е н* еді (Б. Майлин, Шығ.). Осы істі жас техник басқарады, *А й т қ а н ы н е к і е т п е д і* басқалары (Ж. Өмірбеков, Батыр. қалынд.). **Алғыс айту.** *Риза болғандығын білдірді.* Колхоз басшылары оқушылардан құрылған мектеп бригадасына *а л ғ ы с а й т т ы* («Халық мұр.»). Жұрт Мадановқа да *а л ғ ы с а й т ы п,* тілек білдіріп жатыр, ондай алғыс пен тілек павильондағы кітапшаға да жазылған (С. Шаймерденов, Мінез). **Ақыл айту.** *Дұрыс кеңес берді.* Деді-дағы, Алтынбегін Әкесі кеп беттен сүйді. *А й т ы п а қ ы л,* ой-тілегін, — Жолың болсын! — деп жымиды (Т. Жароков, Шығ.). Шахтаға түскенде ол кей күндері Сияқты тау кенінің инженері. Әйгілі маманға да *а й т а д ы а қ ы л,* Білмеймін бәрін қалай игереді (Партая тур. өлең). **Арыз айту.** *Тілек айту.* Бөз орнына сөз беріп, Құда, тамыр, дос кетті. Қол ұстамай, көз көріп, *А й т қ а н а р ы з* бос кетті (Абай). **Ашу айту.** *Ашуланды.* Ері *а ш у а й т с а,* әйелі басу айтып, Отырса бұрынғыдай жау бола ма (Абай). **Басу айту.** *Тоқта деп кеңес берді.* Ері ашу айтса, әйелі *б а с у а й т ы п* Отырса бұрынғыдай жау бола ма (Абай). Әзіл айту. *Әзілдесті, қалжыңдасты.* Қаллекей бірдеме деп *ә з і л а й т ы п,* жұртты күлдірді де, папирос ұсына бастады (С. Шаймерденов, Мінез). **Ән айту.** *Ән салды, әндетті.* Кейде *ә н а й т ы п* билеймін, Ұрыспаймын ешкіммен. Мен ешкімге тимеймін, Бәрімен де доспын мен (А. Шамкенов, Сағат). Жолдастарымның бәрі одан қандай *ә н с а л ы п* келе жатқанын сұрады (Ә. Нұршайыхов, Тың астығы). **Басалқы айту.** *Тоқтау сөз айтты, ақыл берді.* Кетті жас келдей болып көздерінен, Айрылды *б а с а л қ ы а й т а р* сөздерінен, Ерекше өлім шіркін өкіндірер, Топырақ бұйырмаған өз жерінен (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Жиылған жұрт жанжалды естіп білді, Бір қызық дау екен деп бұлар күлді. Ішінде бір қария *б а с а л қ ы а й т ы п,* Хансыз қара біле алмас мұндай тілді (Е. Бердин, Екі ойшыл). **Билік айту.** *Төреліқ жасады, шешімін айтты.* Жасынан *б и л і к а й т қ а н* майталманға Ылайық Олжабайдың бір ұлы еді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Дау айту.** *а) Дауласты.* Өз үйінде өзендей Күркірейді *а й т с а д а у.* Кісі алдында кірбеңдеп, Шабан, шардақ және шау (Абай). *ә) Біреудің дауын дауласты.* Ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, *д а у ы ң д ы а й т а й ы н* деп, қай көп бергенге партиялас болады (Абай). **Дұға айту.** *Жалынып тілек тіледі.* Сыртымды да пак етемін... бұл пактіктің үстінде аллаға *д ұ ғ а а й т а м ы н* деп өзірленесіз (Абай). **Зар айту.** *Іштегі шерін шығарды, мұңын шақты.* Ұрыннан асырдың Сұм тілді қарыңды. Жасырдым, жасырдым, Енді *а й т т ы м з а р ы м д ы* (Абай). **Көңіл айту.** *Өлген адамның туған-туысқандарына айтылатын жұбату сөз.* Бір мирас өткендерден бізге жеткен, Өлікке *к ө ң і л а й т ы п* келеді әркім (Айтыс). *К ө ң і л а й т ы п* тірісіне, дұға

оқыды Ерлердің рухына ұрыста өлген (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Күш айтты.** *Мықтылық көрсетті.* Ел аулақта *күш айтқан*, топта танған Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр (Абай). **Қош айтты.** *Қоштасты.* Деді де Мәжит Динаға Қойды іштей *қош айтып*, Қарындас мені қинама, Емеспін кісі басы артық (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Мінін айтты.** *Кемістігін бетіне басты, сынады.* Кейде ол *мінің ді айтып* ұялтады, Туғанын сәбиіңнің бұрын біліп, Кейде ол өзі келіп қуантады (Партия тур. өлең.). **Өлең айтты.** *Ән салды.* Ақыным Жамбыл талықпа, Асығып *өлең айтам* деп, Бір киеге жолықпа (Жамбыл). Бала туса, күзетер шілдехана, Олар да *өлең айтар* шулап жана (Абай). **Өтірік айтты.** *Алдады.* Зекет алса молдалар, Ұжмаққа жұртты жолдайды Молда *өтірік айтпайды*, Оны құдай қолдайды (Жамбыл). **Пікір айтты.** *Өз ойын білдірді.* Ақырып-бақырып көк есек Сөйлепті дүйім жиында. Мынандай *пікір айтыпты* Төрт түлік мал жайында (Ш. Смаханов, Тотыяйын). Діңгене ауруының неден болатыны туралы *пікір айтты* («Лен. жас»). **Сауын айтты.** *Хабар берді.* Шілденің он бесіне *сауын айтып*, Жаныстың Сөтбайының асы болды (Айтыс.). Жеті күн жиын тарқар жиын бар деп, *Сауын айтты* сол елдің Сасан биі (Қозы Көрпеш). **Сәлем айтты.** *Сәлем жолдады.* Ағайын бірге туған шапыраштты, Албан мен *сәлем айтты* Суан жаққа (Ақын жырлары). **Сөз айтты.** *Көңіл білдірді.* Көмпиіп жеріңе сыя алмай, Отырып мені қия алмай. Баландай адамға *сөз айтып*, Аппақ боп сақалың ұялмай (Б. Майлин, Шығ.). **Сыр айтты.** *Құпиясын ашты, сырласты.* Сен оған айт жас ақын Болған саған құмар де, *Сырын айтпай* жас жүрек, Қайтіп қана шыдар де (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Тауып айтты.** *Ойдан шығып дәл түсіп айтты.* Ор қазалық оқ жасап. Олар қамсыз жатсын жай, *Тауып айттың*, апырмай (І. Жансүгіров, Шығ.). Білген адам *тауып айтар*, Білмеген адам қауып айтар (Мақал). **Тоқтау айтты.** *Басу айтты.* Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп, *Тоқтау айтқан* кісіні шет көрем деп (Абай). **Шүкірлік айтты.** *Ризалық білдірді.* Жылуын тонның паналап, Қарая жатар іргеде. *Шүкірлік айтар* аллаға Тоналған сайын бүргеге (Айтыс).

3. АЙТ од. *Итті айтақтау.* Аман тақалған сайын қасқыр қозғала беріп еді, шапқалы жатыр ма деп, *«Айт, Алыпсоқ, айт!»* деген кезде қасқыр адам айбатына шыдай алмай тұра жөнелді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Айт жануар.** *Малды айдау, жүргізу үшін қолданылатын сөз.* Лашын құстай шүйілді, Қабағын тастай түйінді, Астындағы сарғыш ат *«Айт, жануар!»* деп еді, Құбылып ойнап жөнелді (Батырлар жыры).

АЙТАҚ од. 1. *Ит қосқанда айтылатын сөз.* Қоянның ышқына кашқанын қызық көріп *«Айтақ! Айтақ!»* деп айқай салды (А. Хангельдин, Біздің от.). Бір бала «Құттөбет, *айтақ, айтақ!»* деп, жұлқына жүгіріп шықты (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек).

2. Ауыс. *Біреуді біреуге айдап салу, арандату.* Ақтар өкіметі өзін қалқайтып отырған ағылшындардың *айтағы* бойынша біраз әскерін бізге қарсы аттандырған көрінеді (Ә. Әбішев, Замана пезвент.). Елдің осынша Жәукені жұлмалаудағы мақсаты Омарды *айтаққа* елірткін, Оспанға салу еді (С. Торайғыров, Шығ.).

АЙТАҚТА ет. 1. *Ит қосу, айтақ-айтақ деп итті өшіктіру.* Есбол ағайдың баласы кеше үйінің жанынан өте беріп едім, Құтжол деген итін *айтақтап* қуды (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек). Дөң басындағы қойшының айқайымен ауылдағы көрі-жас иттерді *айтақтап* түгел жүгірді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Шырақтарым, жанжақтарыңды абайлап қарап, иттерді *айтақтап*, ысқырып қойыңдар (С. Сейфуллин, Әңгім.).

2. Ауыс. *Арандату, айдап салу.* Юденич, Деникин, Колчак, Семенов жауыздарды жарақтандырып, Совет үкіметіне *айтақтап* жауып, жан-жағын қоршатырған (С. Сейфуллин, Шығ.). Жақын жүрсең, сені өркімге *айтақтайды*, алыс жүрсең, саған өркімді *айтақтайды* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.).

АЙТАҚТАТ *Айтақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сен мұны маған сұр шолақ тазыдай *айтақтатып* отырсың, сенің де артыңды көрермін (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЙТАҚШЫЛ с ы н. *Айтақтағыш.* Қасқырлы жердің елі *айтақшыл* (Мақал).

АЙТҚЫЗ *Айт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сөтжанның асығып келген сырын апасы *айтқызбай* ұқты (С. Бегалин, Төлбасы). Жүрсің бе жорығында тым

даланың, Жолыңа көзім талып мың қарадым. Кетсең де қай түкпірге хабар берші, Артыңнан *айтқызбай*-ақ мен барайын (Т. Шопашев, Жастық лебі).

АЙТҚЫЗУ *Айтқыз етістігінің қимыл атауы.* Тіл ширату, тіл дамыту мақсатын көздегенде, оқыту, *айтқызу* істері — өте маңызды істер (С. Көбеев, Орынд. арман).

АЙТҚЫСЫЗ: **Адам айтқысыз.** *Айтып жеткізе алмайтын, шектен тыс сорақы.* Аты болса, екеуміз жарыссақ, *адам айтқысыз* қызыққа бататындай болдық (Б. Майлин, Шығ.). Тағы да бір сұмдардың *адам айтқысыз* пәлесімен бір жұмадай отырып шықты (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЙТҚЫШ сын. *Келістіріп айта білетін.* Бәрі де домбырашы, өлең *айтқыш*, Кететін өнге басса, судай жылжып (Айтыс). Жамбыл — түре айтыстың ақпа ақыны, көреген, сезімтал, от аузында *айтқыш* ақын (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЙТҚЫШСЫН ет. *Өзін өзі айтқыштын деп санау. Айтқышсынып* тұрасың, Жасырмайсың, танбайсың (Айтыс).

АЙТПАҚШЫ *Айтқандайын сөзімен мәндес қыстырма сөз. Айтпақшы,* сен көрімдік бересің, көрімдік бермесең үйге кіргізбеймін (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Айтпақшы,* түнеу күнгі сен айтқан өрт сөндіруші командасы жайын біз колхоз председателімен сөйлескенбіз (С. Сарғасқаев, Сынған тіс).

АЙТТА ет. *Айттап қыдыру, айтшылау.* Кәдімгі бұрынғы *айттағандай* жүріп бара жатып, айтысты парадтағы колхозшылар (С. Ерубаев, Шығ.). Бие саудырған қыз Мәмбетке қарап: — *Айттаса,ңдар* біздің үйге жүріңдер,— деді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЙТТАС ет. *Айтта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Молда көрдік, зорға көрдік, Ежік, сүре жаттастық. Ойын ойнап, рахат ойлап, Тойын тойлап, *айттастық* (Айтыс).

АЙТТЫҚ зат. көне. *Айт күні берілетін сый.* Кілең қыз, боз балалар ауыл қыдырып, *айттық* жинап жүр (Б. Майлин, Шығ.). Дариға *айттығың* деп, қолыма сақина салды, ақ бөтес орамал салды (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

АЙТТЫР ет. *Қызға құда түсу, атастыру.* Қарағым, қалай болса халық заңы. *Айттырып* кім де болса қыз алады (Айтыс). Қыз *айттыра* келгендер алдымен осы пысықтарға жолығып, солармен жұмысын бітіреді (Б. Майлин, Шығ.). *Айттырам,* бұл байыңның қызы ұнаса, Адақтап мен озғамын елден аса (Айтыс).

АЙТТЫРУ *Айттыр етістігінің қимыл атауы.* Осы жолы Оспанға тағы бір қыз *айттыру* орайы бар (М. Әуезов, Абай). Баласы ертеңіне тағы да кемпірді ханның қызын *айттыруға* жібереді (Қаз. ертегі.).

АЙТТЫРЫЛ *Айттыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Айттырылған* қалыңдық — ертең түсетін некелі жар, одан арғысын ойламапты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әйелдердің теңсіздігі бесікте жатқан күнінен басталатын. Олар сол кезден бастап *айттырылып,* қалың малға алдын ала сатылып қоятын (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

АЙТТЫРЫС *Айттыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға *айттырысқан* болатын (М. Әуезов, Шығ.).

АЙТТЫРЫСУ *Айттырыс етістігінің қимыл атауы.* Ерте кездегі қазақтардың арасында бірінің қызын бірінің баласына *айттырысу* деген әдетке айналып кеткен еді (Ауызекі тіл).

АЙТУ *Айт етістігінің қимыл атауы.* Жарықтықтың өнері, *Айтуға* тілді тербетті (Абай). Оны менің *айтуға,* сіздің сұрауға қақыңыз жоқ (А. Хангельдин, Алғыс). Менің бұл сөздерді *айтуым* мақтан сияқты болды (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЙТУДАЙ: **Айтудай-ақ айтты.** *Жерін жеткізіп айтты.* Басқаның жұмысына тұмсығынды сұққанша өз ісіңе берік болсаңшы! *Айтудай-ақ айтамыз* ғой осы (М. Тумеров, Хазірет.).

АЙТУЛЫ сын. *Атақты, атағы жайылған.* Қарасайдың ұлымын, *Айтулының* бірімін, Нар кілемнің түрімін (Жамбыл). Бұлардың барлығы да осы қаланы өз қолдарынан орнатқан ардақты маман, *айтулы* майталмандар (С. Мәуленов, Жер нәрі). Өз теңімнің ішінде *Айтулы* ердің бірі едім (Қамбар батыр).

АЙТУСЫЗ сын. 1. *Айтылмаған.* Мына даланың *айтусыз* кеткен әнін жоқтады (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі).

2. *Айтуға болмайтын, айтқысыз.* Оның қазіргі кейпі әрі қисапсыз биік, әрі *айтусыз* алып денелі адамды елестетті (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

АЙТУШЫ з а т. *Айтатын адам. Айтушы* мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы (Абай). Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік *айтушы* да сол жиынның өзі болады (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЙТУШЫЛЫҚ з а т. *Деушілік, өз ойпікірін білдірушілік.* Біршама мәлшерді әр қилы санмен келіп *айтушылық* — мәңгеу болмақ (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

АЙТУЫНША ү с т. *Айтуы бойынша, айтуына қарағанда.* Базаралының *айтуынша,* жол мен жүйеден жеңілсе де, жуан Ырғызбай сотқарлары тоқтамапты (М. Әуезов, Абай). Аңға бірге шыққан нөкерлерінің *айтуынша,* бұлар бір үйір құланға кездесіпті («Қаз. әдеб.»). Олардың *айтуынша,* еңбек адамның ас қорыту органдарының қызметін жақсартады (М. Сисекенов, Өкпе ауруы.).

АЙ-ТҮЙ: Ай-түйге қарамады. *Ештеңеге көңіл бөлмеді, алаң болмады.* Мен қол қойдым да, қалпағымды алып, *ай-түйге қарамастан,* тура жөнелдім (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Енді олар Сапарларды *ай-түйге қаратпай,* жолға шығарып салуға асықты (Н. Оразов, Дос. хаты).

АЙТ-ҰЙТ: Айт-ұйтқа қарамады. *Ештеңеге көңіл бөлмеді, алаң болмады.* Жұмысынан бұлан-талан болып келді де, *айт-ұйтқа қарамай,* бір күннің ішінде кетіп отырды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

АЙТ-ШУ о д. *Көлікті айдау үшін айтылатын сөз.* Дәулет торы атты тепкілеп: *«айт-шу»* деп айқайлап қояды (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АЙТ-ШУЛЕ *е т. Айт-шу деп айту, дыбыстау.* Құлақ түйенің түп бүйеніне жабысып отырып алады да, *айт-шулеп* айдап, түйені үйіне алып келеді (Қаз. ертегі.).

АЙТШЫ з а т. *Айттаушы, айттап жүруші.* Ауыл әйелдері Ботақараның үлкен үйінде бастаңғы жасап, *айтшыларға* ерекет сәтін тілеп отырған болатын (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АЙТШЫЛА е т. *Айттау, айттап қыдыру.* Ауыл еркектері *айтшылап* кеткен, қалғанының көбі — қыз, келіншек (І. Жансүгіров, Шығ.). Сен маған *айтшылап* көп келдің, мен саған *айтшылап* аз бардым (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

АЙТШЫЛАС *Айтшыла етістігінен жасалған ортақ етіс. Айтшыласқан* елдей ойнақ салу бала-шағаға емес, үлкендердің өздеріне де пайда болды (М. Әуезов, Шығ.). Ұялмай бір алладан бұл қалыппен, Қалайша болды екен *айтшыласпақ* (С. Дөнентаев, Шығ.).

АЙТЫЛ *Айт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қожеке, бұлай десеңіз, түндегі ісіңіз де *айтылмай* қалмайды, — деді Әлиман (О. Дастанов, Мұрагер.). Сенен артық жан тумас, Туса, туар — артылмас. Бір өзіңнен басқаға Ынтықтығым *айтылмас* (Абай). *Айтылған* пікірлерді қысқаша қорытып, басқарма мәжілісінде қарауға ой түйді (М. Дүзенов, Ақәже).

АЙТЫЛМЫШ с ы н. *Айтылған.* Сыйсауқаттарымызды көтеріп, *айтылмыш* адрес бойынша, үш қабат жаңа үйге келдік (С. Омаров, Дала қызы). Бұлар сақтықпен бірнеше күн жол жүріп, *айтылмыш* жерге келеді (Ж. Өмірбеков, Замандас.). Аққаңыл келіскен кісілерін *айтылмыш* күнінде алып келіп, жұмыс бастаттырды (Д. Әбілев, Арман жолы.).

АЙТЫЛУ *Айтыл етістігінің қимыл атауы.* Ұғатын құлақ болса, *айтылуында* мұлт кеткен жер шамалы (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Жақсы сөз *айтылуға* тиіс, жақсы іс жайлы жақсы лебіз ізденген жүрген жай бар (С. Бақбергенов, Адам.).

АЙТЫМ з а т. *Айтқан, айтылған сөз, айтылу.* Сол ердің *айтымына* мен де тұрдым, Бұрылмас райына сухбаттастың (Айтыс).

АЙТЫМПАЗ с ы н. *Айтқыш, сөзуар, сөзге ұста. Айтымпаз* қатын екен, қолындағы шыбығымен Әсияның пәлісін оқтын-оқтын көтеріп қойып, сілтей берді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АЙТЫП-АЙТПАЙ: Айтып-айтпай не керек. *Қолдан келер түк жоқ.* Бенде көрген бар қызықтың Бәрін ішкен сұм жүрек. Айныған соң сен жолықтың, *Айтып-айтпай не керек* (Абай). Еркі желдің еркінде, Ел емес едім, ебелек. Өткен күнде белгі жоқ, *Айтып-айтпай не керек* (І. Жансүгіров, Өленд.). **Айтып-айтпай немене.** *Әрі айт, бері айт, не пайда.* Түсірме қайғы басыма, *Айтып-айтпай немене,* Біз жаріпте шама жоқ, Жазылса тағдыр тасына (Батырлар жыры). Мен қайтермін, ей еркем, сен кеткен соң, Құла-

әнді кең жайлау өл кеткен соң. Он жетімде мен келдім осынау елге, *Айтып-айтпай немене,* іс өткен соң (Ақан сері, Шығ.).

1. АЙТЫС з а т. 1. *Екі адамның, не екі топтың арасында суырып салма өлеңмен кезектесіп айтылатын сөз жарысы, өнер сынасу.* Ақындардың халық ісін ыспаттауда қолданатын құралдарының бірі — *айтыс. Айтыс* қазақ әдебиетінде бізге мәлімсіз көрі заманнан келе жатқан жанр (С. Мұқанов, Өсу жол.). Әннің аяғы *айтысқа* соқты. Манадан бері оспадар қалжыңмен бірін-бірі өгеп отырған жігіт, келіншек өлең кезегі өздеріне келгенде айтысып кетті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Саяси-әлеуметтік, ғылыми мәселелер жөніндегі пікір таласы; диспут, дискуссия.* Абай өлеңдері туралы басылған *айтыс* мақалалардың көбі поэзияның мазмұны мен идеясы туралы *айтыс* болатын (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Қасым поэзиясы төңірегінде сындар мен *айтыстар* ол қайтыс болғанға дейін тоқталмағаны әдебиет жұртшылығына белгілі (Е. Ысмайылов, Сын.). Одан бері сын көп ілгері жылжыды, Одақ көлемінде өткен теориялық *айтыстарға* өзінше тырбанып дауыс қосқан болды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). 3. *Жікке бөлініп, топ құрған екі жақтың немесе екі адамның арасындағы тартыс, ұзақ сонар дау.* Әйтеуір Сабыржан ертең Құсановтармен болатын жеміссіз *айтыстан* қашып барады (О. Сәрсенбаев, Даңқ.). — Жоқ, оған рұқсат бере алмаймын. Егерде тындамасаң, бұйрық беріп орныңнан аламын. Тағы *айтысқа* кеткеніміз рой? Нұрлан Кувальчуктің оң жағындағы телефонға ұмтылды (З. Шашкин, Сенім). Кеш болса мектеп іші екі жақ, қым-қиғаш *айтыс* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

◆ **Айтысқа түсті.** а) *Топ алдында екі адам өлең-сөз жарысына түсіп, сөз ұтысты.* Бертін келе ақындар айтысында *айтысқа түскен* әрбір ақын өзін алғыр қыран құсқа, ақ иыққа, бүркітке теңейді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). ә) *Пікір таластырды, тартысқа түсті.* Есеналы қазір Колосовпен бетпе-бет *айтысқа түсетіндей*-ақ оған қарама-қарсы отырды (Ж. Тілеков, Қайнар). Ақындар айтысы. *Ақындар айтысы* — көпшілік алдында, сынды жұрттың көз алдында туып, орындалады. Әнмен, не әр ақынның арнаулы сарынымен қобызға, домбыраға, гармоньға қосылып айтылады (Қаз. әдеб. тарихы.). Әдет-салт айтысы. *Айтыстың бұл түрі жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан салттан туған, ескіліктің наным әдеттерден туған айтыс. Әдет-салт айтысының* дін салтындағы өлеңдердегі мысалы — бәдік, үйленуге байланысты, салт өлеңдердегі мысалы— жар-жар (Қаз. әдеб. тарихы). Жұмбақ айтыс. Айтыс жанрындағы кең саланың біреуі — жұмбақпен айтысу. *Жұмбақ айтысында* да мазмұн жағынан бұрынғы жұмбақ айтыстарын қайталау ұшырасады (Қаз. әдеб. тарихы). Қызыл кеңірдек айтыс. *Дау-жанжал, керіс.* Қызды-қызды әңгіме ұлғайып, *қызыл кеңірдек айтысқа* айналды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Сүре айтыс. *Сүре айтыс* тек суырып салма өлеңге өбден төселген, ысылған нағыз ақындардың әр кезекте ұзақ сөйлеп, көп жыр төгіп, көсіле жырлайтын түрі болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Түре айтыс. *Түре айтыс* бір-бір ауыз өлеңмен қысқа, шапшаң жауаптасып отыратын, көбінше, ақындармен қатар, жалпы көпшілік қолданатын, жалпылық түр (М. Әуезов, Әр жыл.).

2. АЙТЫС е т. 1. *Айт етістігінен жасалған ортақ етіс.* Мақа мен Жұмандар базар жақта тағы бір шаруасын *айтысып,* түсте жүрмек боп, өзірше базарға кетісті (М. Әуезов, Абай жолы). Қаумалап келген жұрт әр қилы ашы мазақ *айтысып* жатыр (Ғ. Сыланов, Очерк.). 2. *Қарсы сөйлеу, дауласу, пікір таластыру; арыздасу, тартысу. Айтысқан* соң дау емес пе, Алысқан соң жау емес пе? (Мақал). «Аманкелді» колхозындағы жиналыс ұзаққа созылды. Екі ұдай болып *айтысып* жатыр (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 3. *Екі адамның, не екі топтың өлеңмен сөз жарысына түсуі.* Шынасыл, барлық жиын сені күтті, Ақынмен *айтысар* деп жұрт үмітті (М. Әуезов, Танд.). Баласын Орта жүздің араладым, Үш жүзге даңқым кетіп тарағанмын. Бойында үлкен Қараой Қадиша қыз *Айтысып* оны жеңіп жол алғанмын (И. Байзақов, Танд.). Жасымнан шаршы жиын топқа түстім, Ақынмен көңіл соққан көп *айтыстым* (Жамбыл). Асқа келген ақындар мен жыршылар өзара *айтысып,* ән салып, басқа да өнерлерін көрсетіп жиылған халықтың сынынан өтісіп жатады (К. Әзірбаев, Шығ.).

◆ **Ант айтысты.** *Серт байласты, уәделасты.* Бәрі қолдарын қанға батырады.

Қарлыға тартының түйіліп, кейін жалғыз қалады. Көбікті бастап, өзгенің бәрі қостап *ант айтысады* (М. Әуезов, Таңд.). Міне сүйген қызымның Суреті бар сақтаулы. *Антымыз* бар *айтысқан* Қабаттаулы, қаттаулы (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). Аруақ-құдай айтысты. *Ант ішті.* Ескі досын көргенде, Есебі жоқ ант ішіп, *Аруақ-құдай айтысып:* «Сыр алғалы айттым» деп, «Жауынды алдап қайттым» деп, Құдайдан қорықпай ант ұрған Иманның жүзін тоздырар (Абай). Кінә айтысты. *Кінәласты, өкпе-наз білдірді.* Оны қалаға барған соң *кінә айтысып,* тергесіп жатарсың, Шақан. Онан да менің қызығымды тыңдашы (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Қош айтысты. *Қоштасты, айрылысарда бір-біріне амандық тіледі.* Рада Мәскеуден келген қонақтарды ертіп келген соң, *қош айтысып* шығып пәтеріне қайтып келе жатып, бір үйдің терезесіне Айназардың көзі түсті (С. Сейфуллин, Шығ.). Бақтығұл кешке ымырт жабыла... «құдайға тапсырдым» деп *қош айтысып,* құла атқа қосып бір семіз күрең атты қосарына алып тауға қарай тартып берген (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Қаршығадай қара бала, *Қош айтысып* ата-анаға, Кетті міне отарбаға, Деңгеленіп қалды дала (Т. Жароков, Таңд.). Серт айтысты. *Уәде байласты.* Айға қарап ай күледі, Маужыраған бір түн еді. *Айтысқан серт,* алысқан қол Мәңгі қалар кім біледі? (Б. Майлин, Таңд.).

АЙТЫСҚЫШ с ы н. *Айтысқа шебер, айтыс құмар.* Әрі мағыналы, әрі тартымды өленімен жұртты елең еткізген екі жас талай тойда төселген, *айтысқыш* екендіктерін таныта (Ауызекі тіл.).

АЙТЫСҚЫШТЫҚ з а т. *Топ алдында өлең-сөзбен жарысқа төселгендік.* Жамбыл ақындығын түсіну үшін оның ауызша айтқыш, *айтысқыштығын* талдап ұғыну қажет (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЙТЫССЫЗ с ы н. *Пікір таласынсыз, керіссіз.* Жұрт «осы арадан айтыс басталып кетер» деп дәмеленгенмен, мәжіліс *айтыссыз тарады* (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЙТЫС-ТАЛАС з а т. *Дау-жанжал, керіс.* Екі құдай көрушілер... *айтыс-талас,* Бәрінің бүйірі қызған... тек құлақ ас... (М. Әлімбаев, Биікке.).

АЙТЫС-ТАРТЫС з а т. *Пікір таласы, дау-жанжал.* Бейімбет кісімен ұрыса білмейтін момын мінезді адам да. Әдебиеттік *айтыс-тартыстарға* ол ешуақытта араласпайтын (С. Мұқанов, Өсу жол.). Молдекең *айтыс-тартыста* шорқақ та, қорқақ та болатын. Газет басқармаларында бірге қызмет атқарған күндерде Молдекең айтыс туатын мәселелерге жоламай қашқалақтайтын (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЙТЫСТЫР *Айтыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бірін біріне айтпастан Ыбырай мен Исаны қонаққа шақырып, екеуін қапыда *айтыстырмақ* болады (С. Мұқанов, Есею жыл.). «Соқа мен Қостамбаев» атты сықақ мысалында Асқар колхоздың соқасы мен жер бөлімінің бастығы Қостамбаевты *айтыстырады* (Е. Ысмайылов, Сын).

АЙТЫСУШЫ з а т. *Айтысқа, сөз жарысына түсуші.* Тыңдаушы жұрт — жиын *айтысушы* ақындардың әншілік, домбырашылық жарыс-керісін, орындаушылық өнерлерін де бақылап бағалайды (М. Әуезов, Әр. жыл.).

АЙТЫСЫП-ТАРТЫС е т. *Көзқарасы қайшы адамдардың таласуы, дауласуы, арыздасуы.* Профессор Мусинде де өзгеріс шамалы, Армановпен *айтысып-тартысып* жүр (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЙУАН а р. з а т. 1. *Хайуан, жануар.* Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын *айуан* десең нанғысыз (Махамбет). Шаң көккө өртенгендей шумақталды, Ат терге шомылғандай суды ақтарды. Күн шілгер, адам, *айуан* судан кеуіп, Түтігіп талай аттар құлап қалды (І. Жансүгіров, Өленд.). Ахметтің ең сүйгені бақша, *айуанда* — овчарка (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

2. А у ы с. *Қаскүнем, зұлым, озбыр.* Неміс *айуандары* бұзып кеткен жолды тез қалпына келтіру керек (С. Бегалин, Ана қайраты). Соқ жауды, өлтіре соқ қақ мандайдан, Сенің кім екеніңді білсін *айуан* (Айманқүл, Ана сыры). Елге шапқан жаулардан, Араның ашқан *айуаннан.* Сақталсын деп астана, Сақталсын деп жас бала (Т. Жароков, Таңд.).

АЙУАНАТ а р. з а т. *Хайуанат, айуан.* Көрсеткен қиындық пен қиянаттан Адам тұрсын *айуанат* мал шошынар (Ақын жырлары). Мұндай *айуанат* кейіпіндегі адамсымақтарды конвертке са-

лып, жан-жағын сүргіштеп архивке тастаудан басқа ешбір шара жоқ (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.).

АЙУАНДАЙ с ы н. *Айуан сияқты, айуанға ұқсас.* Надандықтың белгісі — Еш ақылға жарымас. Жайылып жүрген *а й у а н д а й* Ақ, қараны танымас (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Жата берген жайы бар, Жалмай берген байы бар, Жуаны қасқыр *а й у а н д а й* (І. Жансүгіров, Өленд.). Серігің түсінбесе жөн сөзіңе, Болмай ма барлық салмақ бір өзінде. *А й у а н д а й* екі түлік қосақталған Қиын іс өсіресе жас кезінде (Қаз. әдеб. хрестом.).

АЙУАНДЫҚ з а т. *Адамгершілікке жат қылық, жауыздық, зұлымдық.* Қолына түскен совет адамдарын, әсіресе коммунистер мен комсомолдарды бандылар барып тұрған *а й у а н д ы қ* азаппен өлтірді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қайғы ұмытылар, бірақ жаудың *а й у а н д ы ғ ы*, оған деген өшпенділік ешуақытта ұмытылмас! — деп күбірледі ол (М. Иманжанов, Адам тур.). Өздері кетер сәтте фашистердің *а й у а н д ы ғ ы* сондай жан шошынарлық, үйлерге өрт қойған (С. Ғегалин, Жеткіншек).

АЙУАНША ү с т. *Айуанға ұқсап, айуан тәрізді.* Адамзат нәр ауасын судай жұтар, Шөл тартқан *а й у а н д а р ш а* құмарланып (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Қосын командирі: «қырамын да жоямын!» деп жынданған жыртқыш *а й у а н ш а* қырылдады (С. Сейфуллин, Шығ.). Болсын деп айтқан бар ма адам айуан? Болмаса *а й у а н ш а* жаза қайдан? Еңлікті Мамырменен қайтті олар, Еңіреп өтпеді ме сұлу Баян? (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЙУАНШЫЛЫҚ з а т. 1. *Айуанға тән қылық, тағылық.* Айуан *а й у а н ш ы л ы ғ ы н* істейді (Мақал). 2. *Зұлымдық, жауыздық.* Күндерде күн болғанда, Кеудеге зіл толғанда, Дүние азып-тозғанда, *А й у а н ш ы л ы қ* қозғанда (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АЙХАЙ о д. *Шіркін-ай, дүние-ай.* Сүйтсе де, *а й х а й*, майы құрғырдың иісінің жақсысын-ай, жемесем де биттей ғана жақындап иіскеуге болады ғой, — деп, бірте-бірте жақындай-жақындай бара жатқанда, қақпан тарс етіп тышқанды жаншып тастады (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

АЙ-ШАЙ з а т. *У-шу, айқай-үйқай.* Келгендерден ешкім қолға түспеді. *А й ш а й* басыла Далабай ақ боз атты құлаған жерге келген еді, шалқасынан ыңырсып жатқан адамды көрді (А. Лекеров, Түз гүлі).

◆ **Ай-шайға қарамады.** *Түкпен жұмысы болмады, алды-артына қарамады.* «Құғыншы» *а й - ш а й ғ а қ а р а м а с т а н*, оны келген бетте умаштай бастады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Әкем қораға шауып кірді де, *а й - ш а й ғ а қ а р а м а с т а н* атын ойнақтатып келіп, мал қарап тұрған Леонтьевтің алдына барып тізгінін бір ірікті (Ол күндер.). Ай-шай жоқ. *Анау-мынау жоқ, бас-көз жоқ.* Мұқан балуанды алдына салып, үйге Жақан кірді. Ол келе *а й - ш а й ж о қ*, тура төр үйдің өсігін тартқылады (І. Жансүгіров, Шығ.). *А й - ш а й ж о қ*, қарыштай адымдап өлгі үйлерге қарай беттеді (Н. Баяндин, Ертіс.).

АЙШЫҚ з а т. 1. С ө й л. *Жаңа туған, не бітер кездегі ай.* Үшкірленіп, жіңішкеріп қиылған алтын *а й ш ы қ* туып сәл көтерілген кезде аспан мен жер үсті азырақ жарық тартты (С. Сейфуллин, Әңгім.). Түн еді. Таусылғандай май шырағы, Бозарып тұрған нәзік *а й ш ы қ* әлі. Днепр жиегінен прожектор Түнекті ақ сәулемен қайшылады (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). 2. *Мешіттің мұнарасына, мазардың басына, әшекейлі ердің қасына орнатылатын жарты ай бейнесіндегі өрнек.* Көкке арқан бойы көтерілген, жартыланған алтын ай сәулетті көк күмбездің алтын *а й ш ы ғ ы* тәрізді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Тамның сыртқы төбесіне жезден *а й ш ы қ* қадапты, күнмен шағылысып көз ұялтады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Үй алдында солқылдақ фаэтонға жегулі арғымақтар, жай лашенкеге жегулі пар аттар, күміс ерінің *а й ш ы ғ ы* күнге шағылысып салт аттар тұр (Ғ. Мұстафин, Даулдан кейін). Әсіресе өрнек элементтерінен көбірек кездесетіндер: *а й ш ы қ* гүл, жұлдыз гүл, күншығар (ҚазССР тарихы). 3. *Малдың құларына, не денесіне салатын таңбаның, еннің ойық түрі.* Тіпті оң жақ құлағының түбіндегі кішкене *а й ш ы қ* таңбасын да жіті көздер айыра қамтып жатыр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 4. *Жүгеннің сулығына бекітілген темір, шығыр; сырғаның түрі.* Днепров күреңнің *а й ш ы ғ ы н а н* ұстап тұрып, жан-жағына терең бойлап аңтарылады (С. Камалов, Әңгім.). 5. А у ы с. *Мәнерлі, бейнелі сөз.* Әрбір ойлы сөз өз үнін шығарады да, *а й ш ы қ*, өрнек болар орнына жымы айрылмастай қолданылады (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

◆ **Айшық мүйіз.** *Ішіне қарай иіліңкі, үлкен мүйіз. Айшық мүйіз* ақ серке қойды бастар (Мақал).

АЙШЫҚТА е т. 1. *Өрнектеу, мәнерлеу.* Күміспен *айшықтаған* ер-тоқым ерттеген сұлу қара көк атқа мініп, Шабданбектің өзі де жүр (С. Сейфуллин, Таңд.). 2. А у ы с. *Бейнелеу, суреттеу.* Ақын өмір құбылысын өз бояуымен *айшықтап,* нанымды, әсерлі жеткізген («Қаз. әдеб.»).

АЙШЫҚТАЙ с ы н. *Айшық сияқты.* Суықтау шыңына көтерілген ай мұнараға орнатқан *айшықтай* тіп-тік (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

АЙШЫҚТАЛ *Айшықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Моласы жас шоқының қорымында, Бел асар жүргіншінің жолы мұнда. Көк тасқа басындағы *айшықталған,* Жетпейтін сөз жазылған жолы оңға (Б. Майлин, Шығ.).

АЙШЫҚТАУ *Айшықта етістігінің қимыл атауы.* Бас қаһарманның өз тағдырын бүкіл халық өмірінің сансыз көп құбылыстарымен, уақиғаларымен етене ұштастыру, *айшықтау,* мәнерлеп өру — тек Әуезовке ғана хас (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АЙШЫҚТАН *Айшықта етістігінен жасалған өздік етіс.* Мен оны [Молярчукты] зорға таныдым. Оң бетінде жараның орны, сының қарыс қызара *айшықтанған* тыртығы түрін өзгертіпті (В. Момышұлы, Москва үшін).

АЙШЫҚТАС *Айшықта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ал сюжеттік арқауында аңыздар мен тарихи фактілер *айшықтасып* жатады (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АЙШЫҚТЫ с ы н. 1. *Айшық салған, өрнекті.* Шаң астына қараса, *Айшықты* ала ту көрді (Алпамыс). Ойлана отырып үй-жайына көз саламын. Қайсыбір атақты шопандардың үйіндегідей төрт кереге түгелдей *айшықты* өсем кілем емес (Шопан сөрігі). Қырмызыдай құлпырған кең далада, *айшықты* өсем текемет үстінде үш кемпір отыр өңгімелесіп («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Бейнелі, әсерлі.* Повестің тілі жалпы алғанда төп-төуір-ақ. Дегенмен автордың *айшықты* сөзге әсіре құмартып, кейде сөйлемін аламыштап жіберетінін байқаймыз («Қаз. әдеб.»). Жинақты оқи отырып байқағанымыз — балаларға арналған жақсы дүниелер озық идея, қызық сюжет, *айшықты* тіл арқылы ғана туындайтын сияқты (Бұл да).

АЙШЫҚТЫЛЫҚ з а т. *Мәнерлілік, көркемділік.* Ғабит Мүсірепов шығармалары ішкі қат-қабат қалтарыстарымен, көркемдік түрдің *айшықтылығымен,* мағыналық байлығымен... көзге түседі («Қаз. әдеб.»).

АЙШЫЛЫҚ з а т. *Өте алыс жер.* Көрдің бе анау жылқыларды *Айшылықты* алты-ақ аттар; Айдай таға қаққан аттар, Алтын жалды арғымақтар (Т. Жароков, Шығ.). Қадам бассаң кездесіп, Көрінеді көзің шалғанда. Құдық пен құдық арасы *Айшылық* десем жалған ба? (Жамбыл).

◆ **Айшылық [алты айшылық] жер.** *Қашық, өте алыс жер.* Жалқауға от басы — *айшылық жер* (Мақал). Өнерлілім бар жұрттар... *Айшылық* алыс *жерлерден,* Көзіңді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғыады (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Аралайсың *алты айшылық* шалғайды, Көңіл жүйрік, кесілуден талмайды. Аз уақыттың арасында кезесің әр түкпірді, әр мекенді, әр жайды (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

АЙЫҒУ *Айық етістігінің қимыл атауы.* Саулық сақтаудың бұл жеміс мың да бір себепкер екеніне, сырқат адамның тез *айығуына* біз сенеміз — деді Тася (С. Мұқанов, Алып. адым.). Бронхиттен жақсылап *айығу* үшін санаторий-курортта емдеу керек (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АЙЫЗ: Айызы қанды. *Құмардан шықты, рахаттанды; риза болып сүйсінді.* Еркебұланның сөзіне *айызы қанған* көпшілік даланы жаңғыртып кетті (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

АЙЫ-КҮНІ з а т. *Мөлшерлі, мерзімді уақыт; екі қабат әйелдің босанар мерзімі.* Әсекке сенген жас адам босанатын *айы-күнінің* жетіп отыруына қарамай, поезбен келіпті (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Айы-күні* толады, Адал бақан құрдыды. Сол ноғайдың елінен, Бес-он кемпір жидырды (Батырлар жыры).

1. АЙЫҚ с ы н. д и а л. 1. *Күн ашық, Айықта* қалқыр кемең тыныш тауы, Сұрапыл дауыл соққа қатер-қауіп, Тілсіз жау — қара дауыл үні құрыр, Ескекті мықтап ұста кетпей ауып (С. Сейфуллин, Өленд.). Шалағай жанның қасы — жырық

қайық, Бір күн жел, сеніп болмас, бір күн *а й ы қ*... Астың теңіз, үстің жел дос емессің, Қарбайып әлек болма қанат жайып (XX ғ. қаз. ақын.). 2. А у ы с. Ж е р г. *Анық, айқын.* Есі бүтін, ақылы *а й ы қ*, жасы үлкен абыройлы ағаң болса, оның айтқанын тыңдамайтын не жының бар?— дейді Дайрабай (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі).

2. АЙЫҚ с ы н. ж е р г. **Айыр.** Табыттың астында бір еңгезердей әдемі жігіт: басында *а й ы қ* қалпақ, қолында қос желек найза,... найзасына сүйеніп жылап тұр (Қаз. ертегі.).

3. АЙЫҚ е т. 1. *Күннің ашылуы.* Кейде бір жұмадай, кейде тіпті он күндей *а й ы қ п а й*, ақ боран боп, түтеп тұрып алған кездері болған (М. Әуезов, Таңд.). Бұлты *а й ы ғ ы п*, айнадай жарқыраған аспанға шілде күні ысып көтерілді (С. Бегалин, Таңд.). Жауын болғанда бір долының көз жасындай ашылмайтын, *а й ы қ п а й т ы н* жауын (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). 2. *Ауырудан жазылу, тәуір болу, сауығу.* Туберкулездің бұл түрі онша қауіпті емес, ауруды ерте айырып, кезінде дұрыс емделсе, тез *а й ы ғ ы п* кетуге болады (Е. Оразақов, Туберкулез). Маған ем жасауды қойды, «сауықтың» дейді, өзіме *а й ы ғ а* қоймаған сияқтымын, — деді шахтер мұңайып (З. Шашкин, Доктор Дарханов). // *Мастығы тарқау.* Бүгінге шейін шашы жалбырап, өне бойы алақ-салақ болып аузынан көбік атып мастанып жүретін офицерлер *а й ы ғ ы п* кетіпті (І. Жансүгіров, Шығ.). ... Мастығы *а й ы ғ а* бастады ма, әлде шырылдап жылаған сәбилерін мүсіркеді ме, Матвей енді жылауға кірісті (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). 3. А у ы с. *Сейілу, сергу.* Әлі алакөленке *а й ы қ қ а н* жоқ, сондықтан жүргіншінің кім екенін дәлдеп тани алмап еді (М. Әуезов, Таңд.). Күй тоқтап, жұрт *а й ы ғ ы п* мүлде ойынан, Әңгіме гулегенде мал жайынан. Оларға құлақ түрмей ата күйші Бір мұның сипап еді маңдайынан (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

◆ **Құлан таза айықты.** *Әбден сауығып, жазылып кетті.* Енді, міне, жүрегім де, басым да ауырмайды, қан тасуы дегеніңізден *құ л а н т а з а а й ы ғ ы п* кеттім. Қан қысымы қалпына түсті («Лен, жас»).

АЙЫҚҚАНША үст. 1. *Күн ашылғанша.* Бұлт *а й ы қ қ а н ш а* күн жауып кете ме деп, үйде болдық (Ауызекі тіл). 2. *Сауыққанша, тәуір болғанша.*— Қайыр аға, мен келіп тұрайын, сіз жатыңыз. Әбден *а й ы қ қ а н ш а*, жарай ма? (З. Шашкин, Сенім). Дизентериямен ауырған адам әбден *а й ы қ қ а н ш а* дәрігерде емделу керек (Е. Оразақов, Дәрігер.). 3. А у ы с. *Сейілгенше, тазарғанша.* Жасқанып атқан оқ дәл жүрегінен тиген Қалбағай да мылтықтың түтіні *а й ы қ қ а н ш а* ат үстінде жоқ болып, Қоңқайдың қасына бүктетіліп түсті (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЙЫҚТЫР *Айық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ертістің жағасындағы еліміздегі ежелгі қарағайлы орманның бірі енді адамдарды ауыр сырқаттан *а й ы қ т ы р а т ы н* аймаққа айналды («Лен. жас»). Көптен асықтырған сағыныштың өзі де Абайдың жаңағы ауыр сезімін *а й ы қ т ы р а* алмады (М. Әуезов, Абай жолы).

АЙЫЛ з а т. *Ер-тоқымды бекіту үшін атты (көлікті) бауырлай тартатын тартпа.* *А й ы л* — ер-тұрман жабдығы. Шаптан тартылатын тартпа, ол қайыстан, құрдан жасалады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Ер Айбас ойланып жүр ол бір ниетті, Қамшы басып бедеуін зар еңіретті, Құр *а й ы л*, жіп құйысқан тағып алып, Тұлпармен Тайкөк деген іздеп кетті (Қозы Көрпеш). Әуелі жатаған төр төбелдің ауыздығы салынып, *а й ы л ы* тартылды, шылбыры жиналып ер қасына ілінді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі).

◆ **Айылы бір босап, бір бекіді.** *Тұрақсыз болып, өзгеріп тұрды.* Орталықтағы Чан Кай-ши үкіметінің де, мұндағы генерал-губернаторларының да *а й ы л ы б і р б о с а п, б і р б е к і п* тұрған көрінеді. әртүрлі ағым, партия бой көрсеткен (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Айылын жимады.** *Елең ұрлы көрмеді; ойына кіріп те шықпады, тайынбады.* ... Түйелерді шөгеріп, бар астықты қоршалап қаладық. Үстіне сайғақ, сырғауыл шаншып, өзімізге баспана істеп алдық. Азық мол, ық бар, *а й ы л ы м ы з д ы ж и я й ы қ* па,— деді Рай (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ор менен мен де көрдім Жайығынды, Саласың Жайығыңа қайығынды. Артық мін айта берсе толып жатыр, *Ж и м а й м ы н* айтты екен деп *а й ы л ы м д ы* (Айтыс). **Айыл қияқ.** *Қияқ өсімдігінің бір түрі.* Үш қырлы, сұлу сырлы *а й ы л қ и я қ*. Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай (І. Жансүгіров, Шығ.). **Көк айыл.** а) *Көк долы.* Өне-

міз есті кісі, бірақ *көк айыл* келіннің қолында тұрып, әбден езіліп қалған (Ә. Сатыбалдиев, Ақ марал). ә) *Мойымайтын, қажымайтын.* Ежелден құлаш мойын, *көк айылмын,* Лауға алты күнге талмайтұғын (Біржан, Шыр.). **Төс айыл.** *Алдыңғы тартпа.* Жалпақ батыр атып тұра келіп: Жігіттер *төс айылды* бос, артқы айылды аямай тартыңдар — дейді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Шап айыл.** *Артқы тартпа.* Есім атының *шап айылын* тартып боп, торсығын алып үлкен үйге кірді (М. Әуезов, Таңд.).

АЙЫЛБАС з а т. д и а л. *Айылдың, тартпаның, белдіктің басына тағатын темір шығыршық, доғабас.* Қайыстан жасалатын айылдың да бір басына *айылбас* тағып, екінші ұшын таспалап тіледі де, жырым етіп өреді (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.). Белге шейін жеткізілген әйелдің шолақ комбинезоны мынадай: үсті екі аспадан тұрады да, олардың алды *айылбаспен* қаусырылған (Трактористке көмекші).

АЙЫЛДА е т. *Айыл салу, айылмен тарту.* Олар [бай ауылдар] құлының шыңғыртып бие байлайды, бұғылық тастап қашаған ұстайды, кер *айылдап* асау үйретеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Алынып үйдің үзік, түндіктері, Шешіліп керегенің тең жіптері, Түйені қос *айылдап* тартып алып, Артылды тойлап бұған жал жүктері (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЙЫЛДАН: Көк айылдан. *Долдану, терісіне сыймау.* Қыл айналмайтын қызғаншақтық оның ішін жылан жалағандай улайды, көршісінің табысын көргенде өңі қуарып, тынысы тарылады, кейде *көк айылданып* безерлікке салынатын сәттері де бар («Қаз. әдеб.»).

АЙЫЛДЫ с ы н. *Айылы бар, айыл тартқан.* Аттың саны күпшектей, қысқа бақай құйма тұяқ, бауыры тартыңқы, төсі сала құлаш жануардың, сірә белі де күдіс болса керек, бірақ былғары көпшікті, қалың қос *айылды* әскери ер оны көрсетпей тұр (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.).

АЙЫЛ-ТҰРМАН з а т. *Тартпа, айыл, үзеңгі бау, қанжыға сияқты (қайыстан, құрдан істелген) ер-тоқым жабдықтары; ер-тұрман, ат-тұрман.* Атқа келген бәледен *Айыл-тұрман* садаға. Басқа келген бәледен Бастан құлақ садаға (Батырлар жыры). Көштің маңында салт атпен кетіп бара жатқандар әдемі киінген, *айыл-тұрмандары* да әсем; екі көштің артын ала айдаған көп жылқы келеді (С. Шарипов, Шығ.). Қойдың үй маңындағы *айыл-тұрмандың* жұлмалап шайнауы... олардың әбден тұзсырағанынан болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

АЙЫМ з а т. с ө й л. *Әйел, қосақ. Айымыңа* қосылдың ба? (Диал. сөздік.).

АЙЫМ-ҚАЙЫМ з а т. *Халық өлеңдерінде ұйқас үшін қолданылатын сөз.* Басы екен өлеңімнің *айым-қайым.* Бітеді қия тауға тал мен қайың. Қашан өлең адыра қалған менен, Білмейтін қандай жансың менің жайым? (Қыз Жібек). Басы еді *өлеңімнің айым-қайым,* Бітеді саздау жерге тал мен қайың. Күнде той мұндай-мұндай бола бермес, Күлгай қыз, айтысуға бар ма жайың? (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.).

АЙЫНА ү с т. *Ай сайын.* «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» атты *айына* бір рет шығатын ғылыми-өндірістік журналға жазылыңыздар («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

АЙЫНДА ү с т. *Айына бір.* Әлімше мен де ұялып, Білдірмей дедім өлсем де. Шыдар ем күйіп мен жанып, *Айында* бірер көрсем де (Абай). Егерде келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса *айында* бір өзіңнен өзің есеп ал (Бұл да).

◆ **Айы жеткен айында.** *Әр нәрсе өз уақытында, мерзімді кезінде.*

АЙЫНДА-ЖЫЛЫНДА ү с т. *Анда-санда, өте сирек. Айында-жылында* бір болатын кездесу концерттің өзіне [жастар] жағалары алқа-салқа болып жұмыс киімдерімен жетіп келеді («Лен. жас»).

АЙЫП а р. з а т. 1. К ө н е. *Қазақтың ескі әдет-ғұрпының заңын бұзып қылмыс жасағаны үшін айыпкерге тағылатын кінә және сол кінә үшін малдай, заттай төленетін жаза.* Болыстар той қылған ауылдың төбесіне ойнап быт-шытын шығарды. Аяпбергеннің атын аударып *айыпқа* алды (І. Жансүгіров, Шығ.). [Құлыншақ Абайға] — *Айыпқа* мал бермеді деп, Бөжей жағы қомсынды білем, сол кішкене қарындасының күтімі де келісті емес деп есіттім-ау! (М. Әуезов, Таңд.).

2. *Жазықты кінәлі болғаны үшін жауапкерлік.* Әзімхан баласының мойнына бұл *айып* ауатын болса, оның артынан жұрт аузына кіріп қалған құн сөзі де күшейіп кетер деп, баласының басын арашалауға бел байлады (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

3. *Жазықты болған адам төлейтін ақшалай алым, штраф.* Бұл қылығыңыз үшін заң бойынша жазаға тартыласыз, ағашты мезгілінде жеткізбей шахтаны тоқтатқаныңыз үшін шығынымызды өтеумен бірге бес жүз сом *а й ы п* төлейсіз (Ә. Әбішев, Замана перзенті.).

4. А у ы с. *Мін, кемшілік.* Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың *а й ы б ы* — тек сиықсыздығы (Аяз би). Жаңа бір сөзінде Үміттің: «Көкемнің мұрагері болсам, мұның несі *а й ы п?!*» — деп қарыса түсуінің себебін Шарипа енді аңғарғандай еді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Сен неге меніменен қыдырмайсың, Қалайша ішің пысып тығылмайсың. Жалғыз-ақ тал бойында бір *а й ы б ы ң*, Дауысың жоқ, не себепті сыбырлайсың (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

◆ **Айыбын мойнына алды, айыбын мойындады.** *Кінәсін түсінді.* Менің сол ішкенім туралы ячейкаға біреу қағаз түсірді ғой. Менің мықты қатем: Сол *а й ы б ы м д ы м о й н ы м а а л м а д ы м,* партиядан жасырдым — деді (Б. Майлин, Шығ.). Мен *а й ы б ы м д ы м о й ы н д а ғ а н д а й* үндемедім. Осыны да ақын дейді, — деді Голощекин, стол басында отырғандарды көзімен шолып (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ол өзінің *а й ы б ы н* іштей *м о й ы н д а п* тұрған сияқты (С. Көбеев, Орынд. арман). **Айып етпе.** *Кешір, сөкпе, айыпқа бұйырма.* Өлімді көріп шалың кетті шошып, Секіріп түрегелді зәресі ұшып. Әй тақсыр, *а й ы п е т п е* шақырғанға, Деп айтты сасқаннан соң қолын құшып (XX ғ. қаз. әдеб.). Қарындас, *а й ы п е т п е с е ң і з,* алып жіберейік, — деп Есенжол күлімсірей Сағираға ішыны аяқты ұсынды (С. Алдабергенов, Алға). **Айыпқа бұйырма.** *Сөге жамандама, кешір. А й ы п қ а б ұ й ы р м а с с ы з,* жазғанға хат, Тартпақтап, жатырқарлық емеспіз жат. Көңіл ашар ләззатпен сөз жазысып, Сізден басқа жоқ болды білерлік зат (С. Сейфуллин, Таңд.). Е, қонақтар, далада көп отырып қалдық деп *а й ы п қ а б ұ й ы р м а ң ы з д а р* — деді жігіт (С. Шарипов, Шығ.). Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға, Қайрат, шіркін, алып шыққа қиын ба! Бұл сапарда сүрініп те қалармын, Сонда, досым, мені *а й ы п қ а б ұ й ы р м а!* (Қ. Аманжолов, Таңд.). **Айып тақты.** *Кінәлады, жазғырды.* Тоқта, тоқта! — деді Меңдікерей Хакімге жақындай түсіп. Қаленді неге ұстайды, не *а й ы п т а ғ а д ы,* оны білген жоқсыңдар ма?— деп сұрады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Өзінен бір елі төменге Ақырып *а й ы п т а ғ а т ы н.* Тамыр-таныс, туыс дегенге Мүмкіндікті жайып салатын (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). **Айып таңды.** *Жала жапты, нақақ күйгізді.* Ел билеушіі тым жемқор, байды жақтар, Адалға *а й ы п т а ң ы п,* арамды ақтар. Байлардың кілең шенді қамқоршысы, Байекең шенді алдында жорғалақтар (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Айып тартты.** а) *Кінәлы болған адам ақшалай, заттай алым төледі.* Көпшілік орында тәртіп бұзғаны үшін ол 5 сом *а й ы п т а р т т ы* («Қаз. әдеб».). ә) *Кінәлы болды, айыпқа бұйырылды.* Дайын дәм қазақта бөлінбеген еншіі боп саналады. Бұған бола кімді де болсын өкпелеткен адам *а й ы п т а р т у ғ а* тиіс (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). **Ат-шапан [ат-тон] айып.** *Кінәлы адамға төлеттіретін заттай жазаның бір түрі.* Атама Қараш шешен келген екен, Алатау өкірігінен төмен екен. Рұқсатсыз ордаға басып кірген, *А т-ш а п а н а й ы п* берсін деген екен (Ақын жырлары). Қазір сол Сәрібайды көрсем, кешірім сұрар едім де, *а т-ш а п а н а й ы б ы м д ы* алдына тартар едім — деп Қайып жымиғандай болды (С. Талжанов, Қайып қарт.).

АЙЫП-АНЖЫ з а т. *Айыпқа төленетін зат, төлем.* Ендеше, еретіндер екшеле бер, Арыстан, *а й ы п-а н ж ы* ескере бер. Құда боп бал жаласып біз қайтайық, Десеңші бұл сапарға дес бере гөр... (М. Әуезов, Таңд.).

АЙЫПКЕР з а т. 1. З а ң. *Жауапқа тартылушы. А й ы п к е р* Бондаренко жаланбас, сот алдында тұрғалы бірсыпыра уақыт болды. Тергеу тереңдеп барады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

2. *Жазықты, кінәлы.* Мынау паром үстінде жаңа ғана Затонда болған разбойдың, қан төгістің *а й ы п к е р л е р і* кетіп барады (М. Әуезов, Абай жолы). Театр, думан тойға сен, Селтеңдеп жалғыз барып көр. Замандас әйел алдында Боласың бірден *а й ы п к е р* (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

АЙЫП-ҚИЫП з а т. *Айып-анжы, төлеу, төлем.* Кейін бәрі де қайта жиылып келіп, «малымыздың төлеуі» деп, боз атты шығарып алыпты. А й ы п-қ и ы б ы деп, қызыл сиырды айдап кетіпті (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЙЫПСЫЗ с ы н. *Кінәсыз, жазықсыз. А й ы п с ы з* ата-ананың сіз баласы, Түбінде тамам жұрттың сіз анасы. Езді ғой,

кәрі шандыр тілегінді, Басқаның хан болғанда қыз баласы (С. Торайғыров, Таңд.). Жазым боп қапылыста оққа ұшып, Жығылды ол етпетінен жерді құшып. *А й ы п с ы з* ақ денеден қан сорғалап, Езілді ізгі жаны, жүрек қысып (Б. Ысқақов, Москва.).

АЙЫПТА е т. 1. *Қаралау, қылмысты деп табу, жаза кесу.* Мені қарулы көтеріліске қатынасқан ауыр қылмыстылардың бірі деп *а й ы п т а д ы* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ояздық, облыстық кеңестерге, әр саты соттарға Абайдың үстінен неше алуан қылмыстармен *а й ы п т а ғ а н* жалақор, жалған арыздар түседі (М. Әуезов, Әр жыл.).

2. *Кінәлау, сөгу, жазғыру. А й ы п т а й с ы ң* сен мені, Жырың нәзік емес деп, Көрмейсің гүлден өңгені, Көзіңе сағым елестеп (Қ. Аманжолов, Таңд.). Оқыс сұрақ қойып қалдым-ау деп іштей өзімді *а й ы п т а й м ы н* (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ал енді бірлі-жарым кежір, керенау табыла қалса, «сөленделеп бос жүреді, не оңар дейсің!» — деп көпшілік ондайды *а й ы п т а п* отырады екен (С. Шаймерденов, Мінез).

АЙЫПТАҒЫШ с ы н. *Орынсыз кінә таққыш.* Русаков мұндай сырды байыптағыш, Бұрыннан қараштардың жайы таныс. Жігітім, қайдан таптың әдетті бұл, Біреуге жала жапқыш, *а й ы п т а ғ ы ш* (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АЙЫПТАЛ *Айыпта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Шоқанның мақалаларында түрік діндарларының шапқыншылық арам ниеттері барынша *а й ы п т а л а д ы* (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

АЙЫПТАЛУШЫ з а т. с ө й л. **Айыпкер.** Тергеу басталды.— *А й ы п т а л у ш ы*, фамилияңыз кім? — деді сот председателі («Қаз. әдеб.»).

АЙЫПТАРЛЫҚТАЙ с ы н. *Кінәларлықтай, айып тағарлықтай.* Оған «сен мынадайсың» деп *а й ы п т а р л ы қ т а й* нақты дәлелдер таба алмады (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

АЙЫПТАУ *Айыпта етістігінің қимыл атауы.* Шәріпжан бұндай тура қадалған, қатты айтылған *а й ы п т а у* сөзден жасқанып, ығып қалды (М. Әуезов, Абай жолы). Сәуле: — Я, сізді *а й ы п т а у* оңай болмас. Бұрынғыдай емес, қазір мәселенің бәрін талқыға салатын болдыңыз (Т. Ахтанов, Дала сыры).

◆ **Айыптау қорытындысы.** З а ң. *Аяқталған тергеу бойынша қылмыстың мәнжайы, айыптау ісі түзілген процестік документ.* Онан да сотын-ақ бастай бермей ме. Тергеуі бітті. *А й ы п т а у қ о р ы т ы н д ы с ы* жазылды. Енді соты ғана қалды ғой (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сот председателі *а й ы п т а у қ о р ы т ы н д ы с ы н* жариялады (Ж. Тілеков, Қайнар). **Айыптау акты.** *З а ң. Үкім қорытындысы.* Оны *а й ы п т а у а к т ы* мен бұйрыққа қол қойған сіз білетін шығарсыз, мырза (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АЙЫПТАУШЫ з а т. 1. З а ң. *Сотта қылмысты істерді қарағанда кезде тағылған айыпты қолдаушы адам.* Әскер сотында *а й ы п т а у ш ы* прокурор да, жақтаушы адвокат та болған жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең). Әйелдердің правосын қорғайтын советтік заңды бұзған қылмыстыларға қарсы үлгілі сот процестерінде қоғамдық *а й ы п т а у ш ы* болып істедім (Аялы жандар).

2. *Кінәлаушы, жазғырушы, сөгуші.* ... — Бірге өскен мұңлық жазушы, сен неге түсінбейсің?! — Кешір, әпкесі. Сенің *а й ы п т а у ш ы ң* мен емеспін (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЙЫПТЫ с ы н. 1. З а ң. *Айыпкер, қылмыскер.* Кулаковтың тілегі теріске кеткен жоқ. *А й ы п т ы л а р д ы ң* тергеуі біткеннен кейін, ісін военно-полевой суд қарайтын болды. ...Еліқбай жағы қуанды, *а й ы п т ы л а р* жағы састы (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

2. *Кінәлы, жазықты.* Нияз күрт өзгеріп, Ләззәтқа мүсіркей қарады. — Кешір, Ләзтай, мен сенің алдыңда *а й ы п т ы м ы н* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жарқын Махметтің кешегі қылығын баяндап тұрғанда, ол ішінен: «мен бе екем *а й ы п т ы?* Өзіңді неге айтпайсың? Тәртіпсіздігіңді неге жасырасың» — деп ызаланып, қызараң-қызараң етіп отырды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

◆ **Айыпты мал.** *Айыпқа төленетін мал. А й ы п т ы м а л ы н* төлеген соң Қалтайға да, Қасымға да қатындарын талақ қылғызады (Б. Майлин, Таңд.).

АЙЫПТЫСЫН е т. *Өзін біреудің алдында кінәлы санау.* Кенет өлденеден өзін [Серәлі] осы әйелдің алдында *а й ы п т ы с ы н ы п,* Гауһардың көзіне тура қарауға қаймықты (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЙЫП-ШАМ з а т. *Өрескел, ерсі, сәлекет.* Жомарт: Бәріміз партия мүшесі,

партия алдында пікір алысамыз. Оның не *а й ы п-ш а м ы бар?* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Тілеп алған немересін қызықтап бауырына салғанның не *а й ы п-ш а м ы* бар екен? (С. Омаров, Тастағы жазу).

1. **АЙЫР** з а т. 1. *Шөп, сабан, егін жинауға керекті құрал; аша.* Ықшам киінген, бастарына орамал байлап алған ірі жігіттер құшақ-құшақ баялышты темір *а й ы р м е н* тастасып тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *А й ы р д ы ң* ұшымен шаншылып түскен баулар екпінімен комбайнның өңешіне барып жоғалып жатты (С. Ерубаев, Шығ.). Буы шығып, сасық иісі мұрынды жарып бара жатқан тезекті темір *а й ы р м е н* екі қазақ жігіті бұрқыратып аударып-төңкеріп жатыр (С. Шарипов, Шығ.). 2. С ы н. *Қос тармақты.* Көшпелі ауылдағы ауқатты үйлер жайлауға шыққанда ат байлайтын *а й ы р* бұтақты ашаларын ала келеді де, үй сыртындағы жырағырақ жерге қадап қояды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жер беті аппақ жұмыртқадай, алыста *а й ы р* таудың көгала бастары ақ бөкендей маңқиған жұмыр сауырлы биіктер, аққулардың тізбегіндей іркестіркес жон-жоталар көрінеді (С. Көшімов, Қарт аңшы.). Бала кезімде *а й ы р* тілін суырып тастап талай жыланмен ойнаушы ем (Ә. Әбішев, Пьесалар). 3. С ө й л. **Шанышқы.** Табақтағы етке жабыла қол салмауымыз керек... Жеке-жеке тарелка, қасық, *а й ы р* дегендерді қолдануымыз керек (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

◆ **Айыр балақ.** *Жырым балақ, шалбардың төменгі балағын тіліп жырық шығару.* Дәулетқанның өзге жұрттан ерекшелігі кителі, *а й ы р б а л а қ* шалбары бар (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Айыр көмей, жез таңдай.** *Шешен, тілмар.* Талай құдалықтың, дау-дамайдың айтысына түсіп, көбіне жеңіп шығатын *«а й ы р к ө м е й, ж е з т а ң д а й»* емес пе, Нұртаза? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Түйіндеп тоқтам айтты жалпы жиын, Сайратып *а й ы р к ө м е й* Балқы биін. Жібісе қазақшылап бітісейік, Іс болар айрылмайтын арты қиын (С. Омаров, Сәукен). **Айыр қалпақ.** *Етегінің екі жағы тілік болып келетін, киізден жасалған еркектің бас киімі.* Ақ боз атпен аңқылдап, *А й ы р қ а л п а қ* солқылдап, Батыр Сайын сен болсаң, Қобыланды ағаң мен болсам (Қобыланды). Қазақ арасына кең етек, *а й ы р қ а л п а қ т а р* көп тарады (ҚазССР тарихы). Біреу көкке бөркін лақтырса-ақ болғаны, оның артынан сары ала тақиялар, бүркіттей сеңсең тұмақтар, аққудай *а й ы р қ а л п а қ т а р* аспанға ұшады (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). **Айыр құйрық.** *Құйрығының ұшы екі айырық болып келетін шаянның түрі.* Хан емессің аянсың, *А й ы р құ й р ы қ* шаянсың (Махамбет). *А й ы р құ й р ы қ* шаяндар шілде кезінде Сырдың жағасында құмырсқадай өреді (С. Мұқанов, Таңд.). **Айыр өркеш.** *Қос өркешті. А й ы р ө р к е ш* сары інген, Кілем жайып үстіне Қыл арқанмен тартқан жер, Атамыз өткен Асан би Мұны да құтсыз деп айтқан жер (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). **Айыр сақал.** *Сақалы екі тарам.* Жиынның көпшілігі қазақ жұмысшылар. Сөйлеушілер — орыс. *А й ы р с а қ а л д ы ң* сөзін Орынбек аударып тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). — Әй, өсек жүрген жерден сайтанның өзі қашады деуші еді,— деді менің әкем. Екі ортада арандап қала жаздадым-ау! — деп *а й ы р с а қ а л* ақтала сөйледі (З. Шашкин, Доктор Дарханов). **Айыр тұяқ.** *Сиыр, қой, ешкі, елік, марал сияқты аша тұяқты жануарлар. ...А й ы р т ұ я қ* аң атаулының еркегі көктемнен бастап ұрғашыларынан бөлінеді... (С. Мұқанов, Саяхаттар). Көп *а й ы р т ұ я қ т а р д а н* көтерілген шаң басыла бергенде, көкжал қорқау балаң ешкіні бұра тартып, қираландатып жүргенін көзім шалды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Аусыл ауруы — *а й ы р т ұ я қ т ы* малдардың ауруы (Ш. Қалықов, Қой аурулары). ⊙ Туындап төлден өскен түліктерім, Еліктей *а й ы р т ұ я қ* қаламымды Сондықтан жыр төгеді жүгірткенім (Т. Жароков, Шығ.).

2. **АЙЫР** з а т. *Қос өркешті түйе. А й ы р д а н* туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын айуан десең нанғысыз (Махамбет). Қызыл құмның ұзақ жолы қажытқан қазақы *а й ы р* атандар мен қоспақ үлектер самарқау ғана изеле шөгіп, мыңқ етіп дыбыс шығармас (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы).

3. **АЙЫР** е т. 1. *Дыр еткізу, жырту.* Өз жаулығын өзі *а й ы р ы п,* бес саусағын бетіне салып, ақсақ қатын ойбаймен үйді басына көтерді (Б. Майлин, Шығ.).

2. *Қақ жару, бөлу.* Мандайды мегзеп ұрған күшті сойыл дәл құндыздықтан тиіп, басты *а й ы р ы п* кеткен екен (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жалтартпастан жауыздың Шабындар басын *а й ы р ы п* (Жамбыл).

3. *Бөліп шығару, ажырату.* *А й ы р ы п* сүттен қаймақ, қаймақтан май, Көшірді өлшеуіштің табағына (Ә. Сәрсенбаев, Таңд.). Ішкен асты шек-қарын астындағы бездер жете уыттайды, белоктарды *а й ы р а д ы* (Е. Оразақов, Дәрігер).

4. *Жерді жырту, тілу.* Жоңға келіп ірге тебе бастаған совхоздың тыңды *а й ы р ғ а н* бірінші бороздасы тартыла жөнелді (М. Әуезов, Шығ.) — Жердің бетін айғыздап, тайыз *а й ы р ы п* арасынан жыртпаған тың тастап отырыпсыңдар ғой! (С. Мұқанов, Аспаз).

5. *Қарым-қатынастың үзілуі, алыстау, ажырау.* Сен едің мені *а й ы р ғ а н* достарымнан, Долы жау дүниеге салған лаң. Бөбегін махаббаттың жалынға атып, Кеудеме қан аралас мұз қатырған (Қ. Аманжолов, Таңд.). Соғыс көптеген аналарды ері мен балаларынан *а й ы р ы п*, қайғы-қасіретке душар етті (Аялы жандар). // *Баланы емшектен шығару; төлді енесінен бөлу.* Ақбала ойда. Осы судырақтың ақылымен емізулі жас баласын ана сүтінен *а й ы р ы п*, қарт анасының қолында қалдырып кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).— Төрт бірдей лақты бір ешкі жарыта ма? Неге *а й ы р ы п*, басқа ешкіге телімедің? (С. Бегалин, Төлбасы). // *Қол үздіру, құр тастау.* Майданға нан керек, майданды наннан *а й ы р с а қ*, жауынгерді жаннан айырғаның (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Қарт әжеге жалғыз сиырды сат деу — күнделікті күн көріс, тіршілігінен *а й ы р ғ а н м е н* бірдей еді (Ауызекі тіл).

6. *Құтқару, арашалау.* Шал байғұс айғайлады аттан салып, *А й ы р ы п* алған жан жоқ оны барып. Кім де болса бір ерлік қылайын деп, Масғұт ұшты, ұрыға оңдайланып (Абай).

7. *Бірдей көрмеу, алалау.* Қамқор екеуміз бір бастағы екі көзіңіздей емеспіз бе, неге *а й ы р а с ы з?* (К. Оразалин, Көктем.). Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым, Тең етті бәрімізге күн мен айын. Адамның адам біткен баласымыз, Қайсың бөлек тудың деп *а й ы р а й ы н* (Үш ғасыр.).

8. *Танып білу, анықтау; сырын ұғу, түсіну.* Түрін қарап татар демесең, тіліне қарап *а й ы р а* алмайсың (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Тұқымға жарамды түйелерді таңдап алу үшін түйе тұқымын жақсы *а й ы р а* білу керек (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

9. А у ы с. *Үнем қылу, күн көру.* Осы заттардың майымен ұн, шайын *а й ы р с ы н* — деді Абай (М. Әуезов, Абай жолы). — Мынау атыңды тастап кетсең, тым болмаса Қарсақпайдағы ағылшынға отын тасып, тамақ *а й ы р ы п* тұрар едім (С. Шарипов, Шығ.).

10. С ө й л. *Кесек ақшаны ұсақтау, уату, майдалау.* Қалтамда он-ақ сом ақшам қалған екен, *а й ы р ғ а н н а н* кейін жартысын аларсың (Ауызекі тіл).

◆ **Айырған май.** *Сары майды қайнатып, тортасынан бөліп шыныландырған түрі.* **Ақ пен қараны айырды.** *Жақсы мен жаманды таныды.* Қағаз жүзінде сауатты адам *а қ п е н қ а р а н ы қ а н д а й а й ы р с а*, жан сырына сауатты адам көзге қарап ойды сондай айырады (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Аузынан ас айырмады.** *Күтті, сыйлады.* Күткісі келген қонақтың *а у з ы н а н а с а й ы р м а у* — әрбір әлді қазақтың салты (С. Мұқанов, Сырдария). **Бас бостандығынан [еркінен] айырды.** *Бас бостандығын жойды, біреуге тәуелді етті.* Әсер етудің өте ауыр жазасын қолданғанда *б а с б о с т а н д ы ғ ы н а н а й ы р а д ы* (Семья тәрбиесі). Шудан өткендерді Сұраншы мен Сыпатай орыстарға ұстап беріп, *е р к і н е н а й ы р а д ы* (Е. Ысмайылов, Ақындар). **Жақсы мен жаманды айырды.** *Оң мен солын таныды, ақылы кірді.* Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, *Ж а қ с ы м е н е н ж а м а н д ы а й ы р м а д ы ң,* Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың (Абай). **Жон терісін айырды.** *Сойып салды, қып-қызыл қан қылды.* Жалшыларға ашулы, Жүрсе де ылғи «аллалап». Атқармаса ойындай, Әлдеқалай бір ісін, Қоймайды сыдырып *а й ы р м а й.* Таспадай ғып *ж о н т е р і с і н* (С. Мұқанов, Замандас тур.). **Көз айырмады.** *Қадалды, теселе қарады.* Академик [Рахметке] ту сыртынан *к ө з і н а й ы р м а й* қарап тұрғандай болды (С. Ерубаев, Менің құрдас.). Шофер деген жолдың кедір-бұдырына қарап, аңдап бақылаушы еді, бұл қасындағы Гүлсімге бұрылып, *к ө з і н а й ы р м а й* қадалады да отырады (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Көкірегін қарс айырды, көкірегін қақ айырды.** *Қатты қамықты, қайғырды.* Қара тасты қақ жарып атқан будай Қалжанның *к ө к і р е г і н қ а р с а й ы р ы п* үлеген дыбыс шықты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Кеше ғана бақытты көрілікке бөленген қария мен болашаққа бой ұрып, үлдеген жас баланың өлігін көргенде *к ө к і р е г і м д і қ а қ а й ы р ы п,* намысы-

ма жау найзасы қадалғандай болды (М. Иманжанов, Адам тур.).**Қақ айырды, қарс айырды.** *Қақ бөлді, ортасынан жарды.* Мәншүк белдемшесінің оң жақ етегін *қақ айырды* да, жаралы аяғын орап, қайыс белбеумен тас қып байлады (Ол күндер.). Найзағай аспанды күңірентіп қара жерді *қақ айырады* (А. Машанов. Жер асты.). Жайқалтып жайды егінім салаларын, Елімнің ұлан-байтақ далаларын. Қара жердің қыртысын *қарс айыра*, Астықпенен толтырды далаларын (Халық ақындары). **Мал айырды.** *Құғыншылар малды жаудан, ұрыдан аман алып қалды.* Есенейдің ен-дәулеті шалқып тұрған шақта керей-уақты Кенесары да шапқан, Есеней бастап қуған керей-уақ малын *айырып қалған* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АЙЫР-АЙҚАС з а т. *Шым-шытырық, қым-қиғаш.* Бұл дауды жалқы қалдырмай, егіз-егізекті, *айыр-айқас* тармақты етіп шығаруды ойлап жатқанда, Игілік бітіріп те қойды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АЙЫРБАС з а т. *Экономикада адамдардың бір-бірімен материалдық игілікпен немесе қызмет алмасуы (тәжірибе, білім, ғылым мен техника жетістіктері) арқылы алыс-беріс жасауы; баспа-бас алмастыру.* Пугачевтың әскерлерімен түйіскен жерлерде товар *айырбасы* жасалып отырды (ҚазССР тарихы). Бұл уақытта біреуден біреу қызыққан аттарының майын сұрап міну, сатып алу, *айырбас* жасау сияқты істер де көп болатын (М. Әуезов, Таңд.).

◆ **Айырбас құны.** *Товардың құнының көрініу формасы, тұтыну құны.* Біз зерттелі отырған қоғам формасы тұсында тұтыну құндары сонымен қатар *айырбас құнының* заттық тұлғалары болып табылады (К. Маркс, Капитал, I, 52). **Айырбас сарайы.** К ө н е. *Айырбас, сауда жүргізілетін орын.* Орынбордың *айырбас сарайында* сауда өсе бастады (ҚазССР тарихы.). Семейдің жанындағы *айырбас сарайы* қамалдан 15 шақырым жерде болды (Бұл да).

АЙЫРБАСТА е т. 1. *Бір заттың орнына баспа-бас екінші затты алмастырып алу.* Сол жолмен Қарқаралының қараөлектері қыс бойы ағылып жатады. Ағаш, ет, май, арқан-жіпке дейін *айырбастап*, поселкеден ішермен астық алып қайтады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Оның қолындағы құс — былтыр қалашыларды алдынан тосып, торы ала жорғаға *айырбастап* алынатын қара балапан (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Екі әйел алып шыққан заттарын жарты пұттай қара бидайға *айырбастап* алғаннан кейін қайтарында басқа жолмен жүрді (Ә. Шәріпов, Партизан.).

2. А у ы с. *Сату, өзгерту, ауыстыру.* Артыңа қайырылмастай мені тастап, Жазбадың бір жылы сөз маған қастап. Адамдық бағаңды бұл бүлдірмей ме, Кеткенің ескі досты *айырбастап?* (С. Сейфуллин, Өленді.). Жаман әкесін біреудің жақсы әкесіне кім *айырбастайды?* (С. Мұқанов, Мөлдір махаббұ.). Тоғыз айдың ұзақты күн-түнінде, Сақтап сені жүрегінің түбінде. *Айырбастап* азабына өзіңді Дүниеге әкелді анаң білдің бе? (М. Әлімбаев, Лирика).

АЙЫРБАСТАЛ *Айырбаста етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Барлық басқа товарлар тек ақшаның ерекше эквиваленттері, ал ақша — олардың жалпылық эквиваленті болып табылатындықтан, олар ерекше товарлар ретінде жалпылық товар ретіндегі ақшаға *айырбасталады* (К. Маркс, Капитал, I, 105). Бәрі арзан, су тегін кетеді. Бір уыс ұнға, бір тостаған тарыға, бір зерен бидайға, бір табақ арпаға *айырбасталады* (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

АЙЫРБАСТАЛУ *Айырбастал етістігінің қимыл атауы.* Дәл сондықтан да ол [еңбек] басқа товарға тікелей *айырбасталуға* қабілетті өніммен көрінеді (К. Маркс, Капитал, I, 75).

АЙЫРБАСТАТ *Айырбаста етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЙЫРБАСТАТҚЫЗ *Айырбастат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЙЫРБАСТАТҚЫЗУ *Айырбастатқыз етістігінің қимыл атауы.*

АЙЫРБАСТАТТЫР *Айырбастат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЙЫРБАСТАТТЫРУ *Айырбастаттыр етістігінің қимыл атауы.*

АЙЫРБАСТАУ *Айырбаста етістігінің қимыл атауы.* Орыс, қазағы ат *айырбастауға* құмар. Айырбастан кейін бірінбірі «тамыр» десіп жүреді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Сол күндері базарға барсаңыз, зат *айырбастауды* ғана көресіз: біреу қойын ұнға айырбастайды,

біреу етігін матаға айырбастайды (Қ. Әміров, Жастық шақ).

АЙЫРҒЫ з а т. т е х. *Электр тізбектерін қосуға және айыруға арналған жылжымалы және жылжымайтын контактылар жүйесінен тұратын аппарат.* Пайдалану мақсатына қарай тұрмыстық және өнеркәсіптік *а й ы р ғ ы,* кернеу шамасына байланысты төмен және жоғары вольты *а й ы р ғ ы,* іске қосу тәсіліне байлатысты автоматты және автоматты емес (қолмен қосылатын) *а й ы р ғ ы* түрлері бар (ҚСЭ).

АЙЫРҒЫСЫЗ с ы н. *Бірінен бірін танып алғысыз, ажыратқысыз.* Айналамыз ың-жың еді, *А й ы р ғ ы с ы з* кім не деді. Өршеленген Жұман шермік «Өлтір! Құнын берем!» — деді (Б. Майлин, Шығ.). Бөтен бір дыбыс тар соқпақтың төменгі иілген тұсынан біресе сыбдырлап, біресе тына қалады. Не екенін *а й ы р ғ ы с ы з* («Лен. жас.»). Егіз деп ойлау жөн тегі, Айырып алар кім түнде? *А й ы р ғ ы с ы з* ең кемі, Ілулі тұрған киім де (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

АЙЫРҒЫШ с ы н. *Сұрыптағыш.* Илай Уитни 1793 жылы талшық *а й ы р ғ ы ш* машинаны ойлап шығарғанға дейін бір қадақ мақтаны шитінен айыруға орташа бір жұмыс күні кететін (К. Маркс, Капитал, I, 402).

АЙЫРҚОМ з а т. д и а л. *Ат жауырын қажамайтын етіп жасаған ер* (Диал. сөздік.).

АЙЫРЛА е т. *Егінді, шөпті айырмен жинау, ашалау.* Сақан мен Бекен жаланаштаның алып, құстың мамығындай шөпті *а й ы р л а п,* лақтырып жатыр (З. Иманбаев, Кең аймақ). Нығыздау *а й ы р л а п* пішен, аңқыған көк майса шөпті тесіктен екінші рет түсіре бергенімде өзім шөп-мөбіммен құламасым бар емес пе (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

АЙЫРЛАУ *Айырла етістігінің қимыл атауы.* Жол шетіндегі шөп қол шалғымен шабылып, әрқайсысы бір *а й ы р л а у д а н* қалмайтын кіші-гірім шөмелелер үйіліпті (А. Жақсыбаев, Қайырлы таң).

1. АЙЫРМА з а т. 1. *Бір зат пен екінші заттың арасындағы өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық.* Қазандай тастарды ұндай үгетін, металдарды судай ағызатын құралдар мен насыбайлық үккіштің, қатық ұйытатын тегененің арасында көп *а й ы р м а* бар емес пе? (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бейімбеттің бір әңгімесі мен бір әңгімесінің ерекше *а й ы р м а с ы* аз, көбі біріне бірі жалғас, ұқсас келеді (Е. Ысмайылов, Сын). 2. М а т. *Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.* Бір санға басқа бір екі санның *а й ы р м а с ы н* қосу үшін сол санға азайғышты қосып, шыққан нәтижеден азайғышты шегеруге болады (Алгебра).

◆ **Айырма таныгысыз.** С ө й л. *Айна қатесіз.* Жалпы айтқанда, өмірдегі қулығымен де, түсінің суықтығымен де кеңсеге бітетін бюрократтан *а й ы р м а т а н ы ғ ы с ы з* болады (І. Жансүгіров, Шығ.). **Айырмасы жер мен көктей.** *Бір-біріне мүлдем ұқсамайды.* Ой-сана, білім-парасат жағынан шахтерлердің ол ұрпағы мен бүгінгі ұрпағы арасында да *ж е р м е н к ө к т е й а й ы р м а* бар екені айтпасақ та түсінікті («Қаз. әдеб.»).

2. АЙЫРМА з а т. ж е р г. *Малдың аяғында болатын сарып ауруы, құлық.* Қойда болатын құлық ауруын халық арасында *«а й ы р м а»,* «мамыр», деп те атай береді (Х. Арғынбаев, Мал аурулары). Сиырдың аяғы *а й ы р м а* болыпты (Диал. сөздік.).

АЙЫРМАСЫЗ с ы н. *Өзгешелігі жоқ, бірдей.* Балаға тең көрінер бай мен кедей, Сүйеді жақсы, жаман, надан демей. Күнә, сұмдық дегенді ол білмейді, *А й ы р м а с ы з* ер, әйел, бәрі бірдей (С. Торайғыров, Таңд.).

АЙЫРМАШЫЛЫҚ з а т. *Ерекшелік, өзгешелік.* Соғыс кей кезеңде табандылықпен талап қою мен қаталдықтың арасындағы *а й ы р м а ш ы л ы қ т ы* жойып жібереді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Жоғарыда аруана Африкалық және Азиялық түрге бөлінеді дегенбіз. Бұл түйе тұқымдарының бір-бірінен *а й ы р м а ш ы л ы ғ ы* бар (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

АЙЫРМЫС з а т. с ө й л. *Айырмашылық, өзгешелік.* Облыс еңбекші жұртшылығы көрсеткен еңбек пен жазушы біздің еңбегімізде сан алуан жақындық, тектестік байланыстармен қатар бір *а й ы р м ы с* та бар (Алғы шептегі.). Индияның терістігінен бұл жақта үлкен *а й ы р м ы с* бары байқалады (М. Әуезов, Индия очерк.).

1. АЙЫРТ *Айыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Патшалық құрған жуандар

Жұрттан сорған жыландар. Жағасынан алдырып Жағасын қашан *а й ы р т қ а н?* (І. Жансүгіров, Шығ.).

2. АЙЫРТ з а т. д и а л. *Адамның шаты.* Суының тереңдігі *а й ы р т т а н* келеді (Диал. сөздік.).

АЙЫРТҚЫЗ *Айырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қара шыбын құжынап, үйдің ішіндегі не ақ, не қарасын *а й ы р т қ ы з б а й д ы* (С. Шарипов, Шығ.).

АЙЫРУ *Айыр етістігінің қимыл атауы.* Шамның түтіні үйдің ішін тұмандатып, көмескіге айналдырғандықтан, келгендердің қандай адам екенін *а й ы р у* сырт кісіге қиын еді (Б. Майлин, Шығ.). Іңгендердің суреттілігін толық *а й ы р у* үшін бақылау ретінде жұма сайын сауылып, оның орта мөлшері алынады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

АЙЫРУШЫ з а т. *Құс түскен, ит алған аңды босатып алушы.* Бағанағыдай емес, көк қасқыр ... құлағы қалқиып жытып барады. Тақала бергенде жалтара бастады, алғашқы бетінен тайқып, жаңағы *а й ы р у ш ы л а р* келген адырға қарай бұрылды (Б. Шалабаев, Өмірде.).

АЙЫРША з а т. с ө й л. **Шанышқы.** Профессор төмен тұқырайып, алдындағы тарелкедегі тағамды *а й ы р ш а м е н* түртпектей берді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АЙЫРШЫҚ з а т. с ө й л. *Екіге айрылатын, бұрылатын жер; айырық.* Бір кезде ол ағаштардың арасындағы *а й ы р ш ы қ қ а* тап болды (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

АЙЫРЫҚ з а т. *Өзеннің, жолдың т. б. салаланып бөлінетін жері.* Түркстан — Сібір жолының Пішпекке бармай, Семейге тартатын *а й ы р ы ғ ы* осы (І. Жансүгіров, Шығ.). Тоған екі *а й ы р ы қ* еді. Бірі — станция жүрегіне тік құлап барады. Екіншісі — қалтарыс *а й ы р ы қ* (Ғ. Сыланов, Шалқар). Шыңғырған паровоз стрелканың *а й ы р ы қ* жеріне келіп, кейін қайтты (Қ. Әбдікәдыров, Әңгім.).

АЙЫРЫҚША ү с т. с ө й л. **Айрықша.**— Ә, ханымның Шоқаны осы ғой, шырағым, бақытты бол, көп жаса,— деп Етекбай Шоқан жайлы өз ықыласын *а й ы р ы қ ш а* арнап айтты (С. Бегалин, Бала Шоқан). Гончаров өзінің романында Обломовтың образын өрістете отырып, сол ортаға тән ұсақ мәселелерге *а й ы р ы қ ш а* тоқтайды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Мұқият зерттеп қарағанда жұлдыздардың кеңістік орналасуында *а й ы р ы қ ш а* заңдылық бар екені анықталды (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АЙЫРЫҚШАЛА е т. *Ерекшелеу, өзгешелеу, бөлектеу.* Әдетте автор романның басты кейіпкерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын *а й ы р ы қ ш а л а п* көрсетеді («Қаз. әдеб.»).

АЙЫРЫҚШАЛАН *Айырықшала етістігінен жасалған өздік етіс.* Екі түрлі дыбыстау мүшелерінің екі түрлі қызметіне қарай тіліміздегі дауыстылар түрлі-түрлі болып келеді де, олар сапа жағынан бір-бірінен *а й ы р ы қ ш а л а н ы п* отырады (Қазіргі қаз. тілі).

АЙЫРЫҚШАЛЫҚ з а т. *Ерекшелік, өзгешелік.* Тілдің грамматикалық құрылысы — тілдің негізі, оның *а й ы р ы қ ш а л ы қ* мәні болып табылады (Қазіргі қаз. тілі).

АЙЫРЫМ з а т. *Айырмашылық, өзгешелік.* Сол шаттықтың күнінде, Ана мен бала жырлайды *А й ы р ы м* жоқ үнінде, Алалық жоқ тілінде (Халық ақындары).

◆ **Айырым интонация.** *Екпін түсіре бөліп айту.* Жеке сөзді не сөз тіркесін *а й ы р ы м и н т о н а ц и я м е н* айту арқылы жасалған сөйлемді атаулы сөйлем дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

АЙЫРЫС *Айыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Есебі сенің қызығың осы үйде ме еді — деді Нұрқат.— Кімнің қызығы қайда, кейін *а й ы р ы с а р м ы з,* отырсайшы! (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Есеп айырысты.** а) *Есептесті, тиісті ақшасын төледі.* Күнұзын балық өлшеп алып, балықшылармен *е с е п а й ы р ы с ы п,* сан-сапалақ жұмыс қатты шаршатты (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). Официантка *е с е п а й ы р ы с қ а н н а н* кейін милиционер үшеумізді де бөлімшеге әкелді (М. Гумеров, Үш күн.). ә) *Өшін алды, кегін алды.* Нұрқаттың сүйетінін біле тұра арасына түсіп жүргенін көрмейсің бе, осыны да туыс, бөле дейді, туф!.. Әй, бір реті келе ме, жоқ па — *е с е п а й ы р ы с а т ы н...* (З. Шашкин, Сенім). **Түс айырысты.** *Түс шайысты, ренжісті.* Біреумен шындап *т ү с а й ы р ы с ы п* сөйлескенде [Раушанның] қарындашқа жармасатын әдеті (З. Шашкин, Сенім).

АКАДЕМИЗМ з а т. *Бейнелеу өнерінде XVI—XIX ғасырдағы көркемсурет академияларында туып қалыптасқан, көне заман мен қайта өркендеу дәуіріндегі өнер-*

дің сырт формаларына догматикалық еліктеу негізіне құрылған классикалық өнер. ***Академизм*** XVI ғасырдың аяқ шенінде Италияда туып, көркемөнердегі ресми бағыт ретінде XVII—XIX ғасырда басқа елдерге тараған (ҚСЭ).

АКАДЕМИК з а т. 1. *Белгілі бір ғылым академиясының толық мүшесі.* Қазақстанда болып қайтқан ***академик*** П. С. Паллас қазақтардың тері илеудегі шеберлігін атап көрсеткен (ҚазССР тарихы.). Воронина Қазақ ССР-ның 40 жылдық мерекесіне арнап бейбітшіліктің әншісі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Поль Робсонның, ***академик*** Қ. Сәтбаевтың портреттерін жасады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. А у ы с. *Шебер, өз ісіне жетік.* Ой, шебер-ақ көп жұрт оны үй қалаудың ***академигі*** деп атайды (Е. Қалиев, Рудный.).

АКАДЕМИЯ з а т. 1. *Ғылымды, немесе көркемөнерді дамыту мақсатын көздейтін мемлекеттік жоғары ғылыми мекемелердің атауы.* Қазақ ССР Ғылым ***академиясының*** М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты коллективі қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетіне арналған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томының бірінші кітабын ... басып шығарды (XX ғ. қаз. ақын). Дәл осы тұста СССР Медицина ғылымдары ***академиясының*** қазақ өлкелік патология институтына назар аударайықшы («Лен. жас»). 2. *Білімнің арнаулы бір саласымен байланысты жоғары дәрежелі оқу орны.* Мысалы: С. М. Киров атындағы Ленинград орман техникасы ***академиясы;*** К. А. Тимирязев атындағы Москва ауыл шаруашылық ***академиясы*** («Жетісу»).

АКАДЕМИЯЛЫҚ с ы н. *Ғылыми-теориялық.* Бұл еңбектердің бәрі де ***академиялық,*** басқа химиялық журналдарда да жарияланды («Соц. Қаз.»). Бұлардың кейбіреулері (Молда Мұса, Тұрмағамбет т. б.) туралы ***академиялық*** еңбектерде тараулар бар («Қаз. әдеб.»).

◆ **Академиялық жыл.** *Жоғары оқу орындарында семестр, сессияларды қамтитын оқу жылы.* **Академиялық сағат.** *Мектептегі және жоғары оқу орындарында өткізілетін лекция, сабақ үшін белгіленген уақыт мөлшері* (45 мин.). **Академиялық театр.** *СССР-де көрнекті мемлекеттік театрларға берілетін құрметті атақ.* Қазақтың ***академиялық*** опера және балет ***театры*** өркендеген мәдениетіміздің басты айғақтарының бірі («Қаз. әдеб.»).

АКАЦИЯ з а т. б о т. *Хош иісті ақ гүлі бар ағаш.* Аралардың балды ең көп жинайтын өсімдіктері жөке ағашы мен ***акация*** («Лен. жас»). Алма ағаштың түбірінен Тәрбиеші тауыпты. ***Акация*** гүлімен Бүркеп біреу жауыпты (М. Әлімбаев, Орақ — олақ).

АКВАМАРИН з а т. м и н. *Силикаттар класындағы минерал-берилдің бір түрі; мөлдір кристалдары көгілдір түсті болып келетін, зергерлік істе қолданылатын 2-кластағы асыл тас.* Хром қосылысы араласқанның көкшіл жасылын ***аквамарин*** деп атайды (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АКВАРЕЛЬ з а т. 1. *Суға тез езіліп және тез шайылатын өсімдік желімі қосып жасалған бояу.* Оның ішінде майлы бояумен салынған совет суретшілерінің 430 шығармасы, ***акварельмен*** салынған 680 суреті бар («Лен. жас»). 2. *Акварель бояумен салынған сурет.* Соның бірі Гончаровтар семьясының үрім-бұтағы әкеліп тапсырған 30-жылдардың әр түрлі документ қағаздары мен қымбат ***акварель*** болып табылады («Лен. жас»).

АКВАРИУМ з а т. *Қолда балық өсіру үшін әдейі арнап жасалған су құйылған шыны ыдыс.* Мүйіз жапырақ өскен ***аквариумдағы*** су жәндіктері мен микробтардың да өліп қалатындығына әбден көзіміз жетті (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Сары алтындай жарқыраған табан балықтар осы күнгі ***аквариумдарда*** өсірілетін алтын балықтардың арғы атасы болып саналады (Б. Мұханов,... Қазақст. өсімдік.).

АКВАТОРИЯ з а т. *Теңіз бетіндегі белгіленген шекарасы бар участок немесе теңіз портының — гаваньның су айдыны.* Порт ***акваториясының*** құрамына оған кіре беріс су жолы рейд пен кеме тоқтайтын, жүк түсіретін және жүк тиейтін орын, құрал-жабдықтар орналасқан ішкі гавань кіреді (ҚСЭ).

АКИНАК з а т. к ө н е. *Қысқа семсер; қоян-қолтық ұрыста жауды шаншуға арналған қару.*

АККОМПАНИАТОР з а т. м у з. *Белгілі бір музыкалық аспаппен сүйемелдеуші.* Орынбор губерниялық оқу бөлімінің музыка секторы жасаған концерттік группа тізімінде А. Затаевич ***аккомпаниатор*** деген атпен тұр («Қаз. әдеб.»).

АККОМПАНЕМЕНТ з а т. м у з. *Белгілі бір музыкалық аспаппен сүйемелдеу.* Әннің мүмкіндіктері орасан зор: оны оңай есте сақтауға, сондай-ақ *а к к о м п а н е м е н т п е н* орындауға болады («Қаз. әдеб.»).

АККОРД з а т. м у з. *Музыкалық дыбыстардың үндесуі, үйлесуі. А к к о р д* — 3—4, не одан да көп бір мезгілде орындалатын (ойналатын) дыбыстардан құралады (К. Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). Апырмай, мына Хачатуряндарды алсақ, бір артық, мәнсіз *а к к о р д ы* жоқ болып келеді (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

АККОРДЕОН з а т. м у з. *Екі қолмен басып ойнайтын фортепьяналық клавиатурасы бар баян тектес музыка аспабы.* Бір күні класс ішінде *а к к о р д е о н* ойналып, ән шырқалып бейне бір той, думан, сауық кеші өтіп жатқандай болды («Соц. Қаз.»). Қолындағы *а к к о р д е о н ы н* құлаштай сермеп, «Уа, ардақты елім...» деп бастай жөнелген Қасымханға көпшілік қосылды да кетті («Лен. жас»).

АККОРДТЫҚ с ы н. *Келісімді шарт бойынша істелетін көтерме жұмыс.* Бізде бригада мүшелеріне еңбекақы *а к к о р д т ы қ* сыйлық тәртібі бойынша төленеді («Лен. жас»).

АККРЕДИТИВ з а т. 1. *Банк счетының бір түрі.* Қолма-қол ақшасыз есептеудің түрі ретінде *а к к р е д и т и в* халықаралық коммерциялық операциялар бойынша есеп айырысуда және социалистік ұйымдар арасындағы төлемдерді жүзеге асыруға қолданылады (ҚСЭ). 2. *Ақша сақтаушыларға Совет Одағының сақтық кассасының қайсысынан болса да ақша алуға право беретін ақша документі.*

АККРЕДИТТЕЛ е т. д и п л. *Басқа елдің үкіметі жанындағы дипломаттық өкілдің қызметке ресми кірісуі.* Дипломат шетел мемлекетінің басшысына өзінің сенім грамотасын тапсырған кезден бастап *а к к р е д и т т е л г е н* деп есептеледі (Саяси сөздік).

АККУМУЛЯТОР з а т. ф и з. *Электр жылылық энергияларын бір жерге жинайтын аспап, шоғырлағыш.* Ординарец жіңішке сым темірдің ұшын *а к к у м у л я т о р ғ а* тигізгенде электр жарығы шағын столға мол сәулесін төкті (К. Тоқаев, Тасқын). Қорғасын түрлі құймалар даярлауда, типографияда, *а к к у м у л я т о р* пластиналарын жасауда, бояу өнеркәсібінде және т. б. орындарда қолданылады (А. Мырзабаев, Химия қызығы).

АККУМУЛЯТОРШЫ з а т. *Аккумулятор тетігін игерген маман.* Отыздың үстіндегі мари жігіті электр слесары, әрі *а к к у м у л я т о р ш ы* («Соц. Қаз.»).

АККУМУЛЯЦИЯ з а т. ф и з. *Шоғырлау, жинау.* Жер бедерінің өзгеруіне *а к к у м у л я ц и я* да әсер етеді. *А к к у м у л я ц и я н ы ң* екі жақты маңызы бар: ол жаңа тау жыныстарының құралуы үшін материал жетістіріп береді және жер үстіндегі су алып жатқан аймақтар мен құрғақ жердің ауданын өзгерте отырып, рельефтің жазықтық формасын түзеді (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.).

АКР з а т. *Англия мен Америкада 4047 шаршы метрге тең жер өлшеуі.* Жерден түскен абсолютті өнім тез көбейді. Жаңа әдістердің негізгі шарты — бір *а к р* жерге капиталды көп жұмсау, демек, фермерлерді тездете шоғырландыру болды (К. Маркс, Капитал, I, 688).

АКРИХИН з а т. м е д. *Безгек ауруын емдейтін түсі сарғыш, өте ащы порошок.* Хининнен кем түспейтін елімізде *а к р и х и н* дәрісі алынды (Зоология).

АКРОБАТ з а т. с п о р т. *Акробатикамен айналысушы.* Алуан түрлі костюм киген күлдіргіштер (клоун), биікте шарықтайтын гимнастар, неше алуан *а к р о б а т т а р* бас айналарлық биікте ойын көрсетіп, жарнамалардан елге қарап, жұртты шақырып тұрды (М. Танекеев, Қажымұқан).

АКРОБАТИКА з а т. *Негізінде циркте ойналатын физкультуралық жаттығулардың бір түрі.* Ойыншылар жеңіл атлетикамен, гимнастикамен, *а к р о б а т и к а м е н,* суда жүзумен, спорттың басқа да түрлерімен айналысады («Лен. жас»). Онда оқушылар бокспен, *а к р о б а т и к а м е н,* спорттың басқа да түрлерімен шұғылданады («Халық мұғ.»).

АКРОБАТИКАЛЫҚ з а т. *Акробатикаға тән.* Біз көріп жүрген олимпиадаларда әркім өз халіншe мынадай өнерлердің түрлерін көрсетіп жүр: хор және ән, көркем сөз оқу, домбыра оркестрі, *а к р о б а т и к а л ы қ* ойындар, би, т. б. («Лен. жас»).

АКРОБАТТЫҚ з а т. с ө й л. **Акробатикалық.** Сәнді етіп салынған осы үлкен

ашық манежде атпен *акробаттық* түрлі өнер көрсетіледі (Т. Әлішеров, Өнерпаз.).

АКСЕССУАР зат. театр. 1. *Сахна жиһаздары: оқиға көрінісін бейнелейтін заттар.*

2. Ауыс. *Басты бір нәрсенің қосымша, толықтыратын бөлшектері.*

АКСИОМА зат. филос. *Шындығы тәжірибе жүзінде анықталған, дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Аксиомаға* айналған бір ақиқатты қайталайық: әдебиет — өмірдің, біздің санамыздан тыс болмыстың бейнесі («Қаз. әдеб.»).

АКСИОМАЛЫҚ зат. *Аксиомаға тән, ақиқатты шындық.* ...Менің алдымда жауап берген облыстық Совдеп председателі Петр Дмитриев жолдас бізге қойылған «айыптың» айып емес екендігін дәлелдеп өтті. Бұған қосар нәрсе мына төмендегі *аксиомалық* жағдай (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АКТ зат. 1. *Адам әрекетінің жекелеген көрінісі, болған оқиға.* Совет жастарының некесі — қоғамдық маңызы бар *акт* («Қаз. әдеб.»). 1941 жылы 22 июньде фашистік Германия Совет құрылысын құлату, совет халқын құлдыққа салу мақсатын көздеп соғыс жарияламастан... Совет Одағына шабуыл жасады. Бұл опасыздық *акт* шабуыл жасаспау туралы совет-герман договорының болуына қарамастан жасалған еді (КПСС тарихы, 546).

2. *Мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар қаулы-қарар.* Мұның өзі демократиялық партиядан пролетариаттың өз алдына дербес саяси партия ретінде бөлінуін көрсеткен бірінші *акты* болды (К. Маркс, Ф. Энгельс, Таңд. I, 152).

3. *Белгілі бір шындықты, оқиғаны растайтын документ.* Ақшаның жартысын өзіне қалдырып, қалған жартысына *акт* жасады. *Актіге* айыпты тағы екі куә қол қойды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Авария болған күннің ертеңінде әлгі шофер бейшараны түрмеге отырғызбақ болып, милиционерлер *акт* жасап алып кетіпті (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Төбелескен екі жігітті Ахмет *акты* жасап, бес жылдан бергізіп, айдатып жібереді (Т. Нұртазин, Мұрат).

4. Театр. *Операның, балеттің, драманың бөлімі, пердесі.* Көрушілердің көзінше *акт* арасында шымылдықты жаппай, сахнаны өзгертетін Мейерхольд театрының дәстүрінше, Мұқан біздің көзімізше киімін қағып, сілкіп, галстугін байлап, шашын тарап, өзін төртіпке келтірді (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

◆ **Акт залы.** *Оқу орындарында, ғылыми мекемелерде салтанатты мәжіліс өтетін орын.* Концерт консерваторияның кішірек *акт залында* өтті (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АКТЕР зат. *Драмалық спектакль мен кинофильмде роль орындаушы.* Қанабек—*актер. Актер* болғанда рольді пьесада көрсеткендей жай ойнап қана қоятын *актер* емес. Онда сезіну басым («Қаз. әдеб.»). Жеңіл-желпі өткінші рольдермен *актер* ешуақытта талантын аша алмайды (Бұл да).

АКТЕРЛІК зат. *Актерге тән шеберлік.* Суырып салма ақындардың айтысы айтысушылардан *актерлік* айқындықты, ымды, әзіл тәсілдерін пайдалана білуді талап ететін драмалық диалог болды (ҚазССР тарихы).

◆ **Актерлік өнер.** *Орындаушылық өнердің бір түрі, сахналық тұлға жасау өнері.* Театр өнерінің шығармалары (драма, опера, балет) мен драматургия жанрына (трагедия, комедия, водевиль) қарай *актерлік өнердің* тәсіл-түрлері де әралуан болып келеді (ҚСЭ).

1. АКТИВ зат. *Бір ұйымның, мекеменің басшы кадрлары және іскер мүшелері, белсенді қызметкерлері.* Ревком председателінің орынбасарлығына Асан Болатов дейтін кедейден шыққан *актив* тағайындалды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Әр мектепте ата-аналар *активін* құрайық. Лекциялар, әңгімелер мен консультациялар арқылы ата-аналардың педагогикалық білімін арттыра берейік («Лен. жас»). Көктем жұмысы басталудың алдында мектеп және колхоз *активтерінің* біріккен жиналысы болды («Халық мұғ.»).

◆ **Актив иммунитет.** *Вакцина енгізгеннен кейін организмде пайда болған иммунитет. Актив иммунитет* денеге енген ауру қоздырғыштарына организмнің жауабы ретінде пайда болады (Адам. анатом.). **Актив мүшелер.** *Тіл, ерін, артқы таңдай, кішкене тіл сияқты дыбыс жасауға қатысушы жылжымалы мүшелер.* Неше алуан дыбыстардың бәрі де *актив мүшелердің* қимылынан пайда болады (Қазіргі қаз. тілі). **Актив сөздер.** *Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер.* Ауызша сөйлеуде *актив* және пассив сөздер болады (К. Жарықбаев, Психология).

2. АКТИВ з а т. ф и н. *Құрамы мен орналасуына қарай кәсіпорнының қаржысы топталатын бухгалтерлік баланстың екі жағының бірі.* Бухгалтерлік баланстың *а к т и в і н д е* негізгі және айналмалы қаражаттардың жұмсалуы көрсетіледі (М. Насырова, Әлеуметтік. сөздігі).

АКТИВИСТ з а т. *Қоғамдық немесе партиялық ұйымның алдыңғы қатарлы белсенді мүшесі.* Аудандық, облыстық комитеттер бейне мәуе ағашын өсірген бағбандай әр *а к т и в и с т і* баулып, тәрбиелеп отыруы қажет («Лен. жас»). Біз *а к т и в и с т е р* құрамын көбейтіп, оның қатарына алдыңғы қатарлы, белсенді оқушыларды көбірек тартуға көңіл бөлдік («Халық мұғ.»).

АКТИВТІК з а т. 1. *Белсенділік, ынталылық.* Осылардың барлық түрінің де мақсаты — студенттердің сабаққа *а к т и в т і г і н* арттырып, ... еңбектене білуге тәрбиелеу (Семья тәрбиесі).

2. Х и м. *Металдардың тұз ертінділерімен әрекеттесуіне қарай анықталатын қасиеті.* Көптеген металдармен және тұздармен жасалған тәжірибелер металдардың *а к т и в т і г і* әр түрлі болатындығын көрсетті (Химия).

◆ **Активтік сайлау правосы.** *Сайлауға правосы болушылық. А к т и в т і к с а й л а у п р а в о с ы* — мұның пассивтік сайлау правосы болып саналатын сайлану правосынан өзгешелігі— бұл сайлауға праволылық (Саяси сөздік).

АКТРИСА з а т. *Актёр әйел.* С. Майқанова — мейірбанды аналар ролінде көп ойнаған, шеберлігі әбден төселген *а к т р и с а* («Қаз. әдеб.»). Ескіліктің шырмауына оралып, сау басын саудаға салған жас келіншек халі *а к т р и с а* З. Шәріпованың орындауында тым аянышты (Бұл да).

АКТУАЛЬДЫ с ы н. *Қазіргі кез үшін аса маңызды, толғағы жеткен.* Үйірме тыңдаушылары дүниежүзілік социалистік система және халықаралық коммунистік қозғалыстың *а к т у а л ь д ы* проблемаларына жете назар аударды («Лен. жас»).

АКТУАЛЬДЫҚ з а т. *Өмірге қажеттілік, маңыздылық.* Ілиястың фельетондарының бір өзгешелігі — тілінің көркемдігі, тақырыбы өткірлігімен қатар саяси жағынан *а к т у а л ь д ы ғ ы* (С. Мұқанов, Өсу жол.).

АКТІЛЕ е т. *Акт жасау.* Қылмысты жігітті ұстап алған заң орнының қызметкерлері қолма-қол *а к т і л е п* тиісті орынға жеткізді (Ауызекі тіл).

АКТІЛІ с ы н. *Бірнеше актіден тұратын (театрмен байланысты).* Содан кейін Ахметке «жаңа пьеса жазып бер» деп барсақ, «бірер күнде келе қойыңдар» дейді. Уәделі кезде барсақ, бірнеше *а к т і л і* «драма», я «комедия», я «трагедия» даяр тұрады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АКУЛА з а т. *Тістері өткір, қаңқасы шеміршек, дене пішіні сүйірлеу, ұзындығы 20 метрге дейін жететін теңіздер мен мұхиттарда өмір суретін жыртқыш балық. А к у л а* шексіз теңіз айдынында мекендейді (Зоология). Көк *а к у л а н ы ң* денесі — бас және құйрық жағы сүйірленіп келген ұзын цилиндр тәрізді келеді (Бұл да). Ең алғашқы егеу *а к у л а н ы ң* тісінен жасалған екен. Ол егеумен адам да сол кезде ағашты, тіпті мраморды да егеп өңдейтін болған (Шопан серігі).

АКУПУНКТУРА з а т. м е д. *Ине шаншу емі. А к у п у н к т у р а* — түрлі ауруларды емдеу әдісі. Мұнда арнайы жасалған күміс немесе болат инені ауырған нерв жүйелерінің белгілі бір нүктелеріне шаншады (М. Исабаев,... Мед. анықтама).

АКУСТИКА з а т. ф и з. *Дыбыстың, үннің шығу, пайда болу табиғатын зерттейтін физиканың бөлімі.* Физиканың дыбыс құбылыстарын зерттейтін бөлімі *а к у с т и к а* деп аталады (Физика).

АКУСТИКАЛЫҚ з а т. *Акустикаға қатыстылық. А к у с т и к а л ы қ* жағынан өте жақсы залдардың біреуінде, Москвадағы Одақтар үйінің Колонналы залында, ол халыққа толы кезінде ревербация уақыты шамамен 1,75 секунд, ал бос тұрған кезінде шамамен 4 секунд болады (Физика).

АКУШЕР з а т. с ө й л. **Акушерка.** Балалар мен әйелдер консультациялары жанында *а к у ш е р л е р* мен дәрігерлердің тәжірибе алмасып тұратын кабинеттері жұмыс істейді («Лен. жас»).

АКУШЕРКА з а т. *Босанатын әйелге жәрдем көрсететін маман, дәрігер.* Мысалы, біздің колхозда дыңдай бес мұғалім, екі агроном, бір дәрігер, бір *а к у ш е р к а*, бір зоотехник, бухгалтер және счетовод бар — деді бақташы (С. Мұқанов, Таңд.). Әйелдерді қиналдырмай босандыру, олардың рухын көтеріп, жәрдем көрсету совет *а к у ш е р к а л а р ы н ы ң* ардақты міндеті (К. Өтегенова, Аборт. зияны).

АКУШЕРЛІК з а т. м е д. 1. *Бала көтеру, ана болумен байланысты кезеңдегі әйелдің денсаулығы мен нәрестенің денсаулығын зерттейтін медицинаның ең көне саласының бірі. А к у ш е р л і к т і ң* негізгі мақсаты — әйелдің аман босануына және нәрестеге зақым келмеуіне көмектесу (ҚСЭ).

2. *Акушерка міндетін атқарушылық.* Роза Сәбитова көп жылдан бері «Прогресс» совхозындағы медпункттің меңгерушісі болып істейді. Өз мамандығы — *а к у ш е р л і к* («Лен. жас»).

АКЦЕНТ з а т. 1. Л и н г. *Екі, немесе көп буынды сөзде бір буынның ерекше күшпен не үнмен айтылуы; екпін.*

2. *Басқа тілде сөйлегенде болатын дыбыс, үн ерекшелігі.* Жас әйел аздаған *а к ц е н т і* болмаса, «Р»-ды «Л» сияқтылау етіп айтқаны болмаса, орысшаға ағып тұр (С. Мұқанов, Алып. адым.).

3. М у з. *Музыкалық шығарманың жеке дыбыстарына, аккордына ерекше екпін, күш беріп даралап ойнау.* Әнді әр түрлі дыбыс берумен әр түрлі буындарда айту, нюанстерді, *а к ц е н т т е р д і* салыстыру, дирижердың қолына назар аудару өте қажетті шарт (Хормен жұмыс.).

◆ **Буын акценті.** *Буын ішіндегі дыбыстың, я екпіннің ерекшелігі.*

АКЦЕНТОЛОГИЯ з а т. л и н г. *Фонетиканың екпін жүйесін зерттейтін саласы.*

АКЦЕНТСІЗ с ы н. *Басқа тілде сөйлегенін білдіретін дыбыс ерекшелігінсіз.* Михаил қазақтың тілін таза, *а к ц е н т с і з* ғана біліп қоймайды, мақал-тақпақтарын араластыра шешен сөйлейді (С. Мұқанов, Саяхаттар).

АКЦЕНТУАЦИЯ з а т. л и н г. 1. *Сөйлем мен сөйлемнің, сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратуда белгілі бір тілдегі екпін жүйесі.* Тұлғасы бір, қызметі бөлек кейбір қосымшаларды *а к ц е н т у а ц и я* арқылы ажыратуға болады (Қазіргі қаз. тілі).

2. *Екпін белгісі.* Шет тілін үйренуде *а к ц е н т у а ц и я н ы* ескерудің маңызы зор («Халық мұғ.»).

АКЦЕНТУАЦИЯЛЫҚ з а т. *Дауыс екпініне тән.* Арнаулы сөз тобының өзара мағына жуықтылығы ол сөз тобының *а к ц е н т у а ц и я л ы қ* жуықтылығымен де байланысты болуы мүмкін (Қазіргі қаз. тілі).

◆ **Акцентуациялық комплекс.** *Фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпіні.* Екі сөз немесе бірнеше сөз бір-ақ екпінге бағынып, өзара біркелкі *а к ц е н т у а ц и я л ы қ к о м п л е к с* жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

АКЦЕПТ з а т. ф и н. *Счет арқылы төлеуге берілген ризалық, төлеушінің келісімі.*

АКЦИЗ з а т. *Капиталистік елдерде кейбір көпшілік тұтынатын тауарларға салынатын жанама салық. А к ц и з* — капиталистік елдерде ішкі өндірістің тауларына, көбінесе жаппай тұтыну заттарына (тұз, қант, темекі, бұйымдар, шарап т. б.) салынатын жанама салықтардың бір түрі (Саяси сөздік).

АКЦИОНЕР з а т. *Акционерлік кәсіпорнының ортақ иесі ретінде акция ұстаушы капиталист.* Деев бірден бұл сөздің төркініне түсіне алмап еді, Чернядьевтің пан *а к ц и о н е р л е р д і* әжуалай сөйлегеніне қарағанда, ағылшындарды айтып отырғанын түсіне қойды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АКЦИОНЕРЛІК: **Акционерлік банк, акционерлік қоғам.** *Капиталистік өнеркәсіптің пайдасына ортақ болу үшін жеке капиталистердің пай төлеп біріккен қоғамы. А к ц и о н е р л і к қ о ғ а м д а р* — капитализм тұсындағы ірі кәсіпорындар. Олардың капиталы пайшылардың жарналарынан жиналады (Саяси сөздік).

АКЦИЯ з а т. *Иесінің акционерлік қоғамға қатысы барлығын растайтын және оған дивиденд түсіретін бағалы қағаз. А к ц и я л а р* қор биржаларында сатылады және сатылып алынады. *А к ц и я л а р д ы ң* бағасы курс деп аталады (Саяси сөздік).

1. АҚ с ы н. 1. *Қардың, суттің, бордың түсіндей (қараға қарама-қарсы).* Тартылып жібек белдеу шым зерлеген, *А қ* киіз оймышталған күн көрмеген. Алтындап шаңырағына шоқ орнатып, Шеңбері шымқай күміс күмбезделген (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғыны). Ей, қалқа, дәнекерсің айнадағы, Жақындық әр адамға пайда-дағы. Өксітпей жауабынды қайыр, сәулем, *А қ* шәйі орамалға байладағы (Қаз. әндері). Жай көзге көрінбейтін жұлдыздардың көбінің түсі *а қ*, бірақ абайлап қарасаң, көгілдір, сарғылт, қызыл түсті жұлдыздар бар екенін оңай көреміз (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). // *Шаш. са-*

қал, мұртқа енген ақ тал. Анасының жастықты жауып жатқан қара шаштарының арасында Марат қазір бір тал *а қ т ы* да ұшыратты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Сізбен бірге алдымнан жаңа жылды тағы аштым, Шашыңыздың *а ғ ы н а н* жасыңыздың саны ассын! (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). //*Жұмыртқаның сарысын қоршап тұрған уызы.* Марганцовкамен уланған балаға сүт немесе жұмыртқаның *а ғ ы н* өзіп береді (Е. Оразақов, Дәрігер). //*Көздің нұрлы қабығын қоршап тұрған бөлігі.* ...Қатты ұйықтаудан ба, Байжанның көзінің үстінгі еті ісіп, *а ғ ы* қанталап кеткен (С. Мұқанов, Таңд.). Кейбір арақкөр адамдардың көзінің *а ғ ы* және денесі сарғайып кететіні мәлім (Е. Оразақов, Дәрігер.). // *Көзге түскен шөп, ноқат, шел.* Қазақтың әр кезеңде жедім қамын, Алдыңа сала айтамын көздің *а ғ ы н*, Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ, Сенің бұған тіпті де жетпейді әлің (Айтыс). // *Өлген адамды орайтын кебін, ақырет.* Екі адам қабірді қазып болып, *а қ қ а* оралған өлікті енді ғана алып түскелі жатыр екен (Ғ. Мүсірепов, Таңд.).

2. *Адамның, малдың, құстың т. б. жануарлардың түсі.* Ат жақты, мосқал тартқан *а қ* әйел сары қымызды көтерекөтере сапырды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Қазірде соның түбінде [іннің] қысқы жүні әбден түлеп болмаған *а қ* қасқыр жатыр (М. Әуезов, Көксерек). Қодас сиырдай ұзын қылшығымен жер сызып бір *а қ* ешкі де жүр. Баршағүлдің іздегені де осы (Ғ. Сыланов, Шалқар).

3. Б о т. *Өсімдіктің түрі. А қ* бидай — ақ толқындай толған жоны, Есептеп, санап шықпас адам оны, Мың-мың қой ыңырсыған даласында Ажарлы шөбі шүйгін сондай соны (Ақын жырлары). Егер егілген *а қ* сұлыны жөндеп күтпесе, ол қара сұлыға, арам шөпке айналып кетеді (Б. Мұханов..., Қазақст. өсімдік.). Жадырап жайнаған жаз есігін сирень мен пион гүлдері ашатын тәрізді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

4. С ө й л. *Әк.* Ағаш арасында *а қ п е н* сылап, кек жүгірткен көрнекті клуб (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Сыртын *а қ п е н* сылап, төбесін черепицамен жапқан айдынды, әдемі үй анадайдан көрініп тұр (Бұл да).

5. А у ы с. *Совет үкіметіне қарсы күрескен дұшпан тобы.* Комиссар Жангельдин — қазақтан шыққан ең бірінші большевик. Қызылдар мен *а қ т а р д ы ң* майдандасқан жерінен шығып өзі сол майданның жуан ортасында болған кісі (С. Сейфуллин, Тар жол.). ...Қазақтың алашордашыл оқығандары *а қ т ы ң* әскерімен тізе қосып, қызылға қарсы бір шапқан, әлі де болса қашып кетіп бара жатқан атты казактарды тоқтатып, қызылға қарсы қайтадан соғыстырудың соңында арып-ашып шабуылдап жүр (С. Шарипов, Шығ.).

6. А у ы с. С п о р т. *Дойбының, шахматтың фигуралары. А қ* бастап, екі жүрісте мат береді (Қаз. календ.).

7. А у ы с. *Адал, кінәсіз, жазықсыз.* Ынсапсызға не керек, Істің *а қ* пен қарасы. Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы (Абай). Билердің жүзі көрнеу тұрған қиянатты арсыздыққа жеңгізіп, арамды *а қ т ы ң* үстіне не айламен болса да шығарамыз деп жұмыла қарайып алған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *А қ* жүрген адам азбас (Мақал).

◆ **Ағы ақ, қызылы қызыл.** *Адамның өңінің ажарлануы, гүл-гүл жайнау.*— Сен сырқаттанып жатыр деп естігенсін келген едім. *А ғ ы ң а қ, қ ы з ы л ы ң қ ы з ы л*, өзің тіпті тұтанардай... түлеп отырсың ғой (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Ағынан жарылды.** *Шынын айтты, сыр жасырмады.* Бір кездегі тәкаппар, сұлу Қарғаштың енді менің алдымда алғаш рет *а ғ ы н а н ж а р ы л ы п*, кішірейе сөйлеп отырғанынан ба, сол «өттегене-айлар» дән салып, көктей бастаған секілді («Қаз. әдеб.»). **Ақ адал малы.** *Табан ақы, маңдай тері.* Сондай қосылған сырт малының талай да талайы Бақтығұлдың құрығы, бұғалығы, ноқтасы да бастарына тиген, барымтамен алғызған әлдекімдердің *а қ а д а л м а л д а р ы* болатын (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Ақ айыл.** а) *Көп мініліп айыл табы түскендіктен, көліктің түгі түсіп ағарған, жолақтанған жері.* Міну өткен аққаптал, *а қ а й ы л*, өмірінде жал бітпеген кедей Бұзаубақтың өзінің торы шолағы тәрізді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Кеше Сейфулла қозы айдағанда бізге мініп баратын, *а қ а й ы л* бедеу қара көк биенің ғана өңі қалыпында екен. Тегі өткен күз басында қоңды күйінде қоя беріліп, содан көктемге дейін ер салынбаса керек бұған (Ә. Көшімов, Қарт аңшы). ә) С ө й л. *От ауызды, орақ тілді.* Біздің үлкен шешеміз ер мінезді батыл, нағыз *а қ а й ы л* әйел еді (Ауызекі тіл). **Ақ айран.** *Айғыз-айғыз, алақұла.* ...Топырағы, тегі ащылы шақат па, қалай, қар суымен қақ тұрып, күн ыси көуіп кете ме, немене, жазық шөлдің бет-

аузы айғызданған, *ақ айран* (С. Мұқанов, Алып адым.). **Ақ айранданған.** *Айғыз-айғыз болып тіліменген.* Торғайдан ұзамай басталатын «Татыр» атты тақыры, беті *ақ айрандаңған* сиықсыз жазық екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Ақ айрауық.** *Астық тұқымдасына жататын, мал жейтін өсімдік; ақ өлең, жалған құрақ.* **Ақ ала.** а) *Ақпен басқа бір түр араласқан ағы басым түс.* Шаймерденді қуып жіберді де, Сұлтанмахмұт жерде жатқан қара жыландай қара бауға тағылған ақ, сары, қара, көк, қызыл, шұбар, *ақ ала*, торы ала, қара ала шүберекпен тысталған тұмарды жаныш жатқан оттың ішіне «күн фаякүн» деп тастап жіберді (Д. Әбілев, Ақын арманы). ә) *Құстың ауруы.* Қаршыға алған аңының етіне бір тояттаған соң қалған жемтікке ешуақытта қайтып оралмайды. Өйткені ол болмашы исі шыққан ет жесе, *ақ ала* болып ауырады да, лезде өліп қалады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Ақ алмас.** *Ақ семсер, өткір қылыш, наркескен.* Желкесі болат *ақ алмас*, Суарып желге соқтырған. Айбалтаның ұрыста, Жүзіне қаннан қақ тұрған (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Жанында жайдың оты жарқылдаған, Табанда тап берсе жау тартынбаған. Халықпыз *ақ алмасты* айға жаныш, Күл қылып келген жауды талқандаған (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Ақ алтын.** *Мақта сөзінің бейнелі атауы.* Әсіресе Шымкент облысының мақташылары... биыл мемлекетке 75 миллион тонна *ақ алтын* жинаудың негізін қалау үстінде («Лен. жас»). Қарағай, қайың тал, терек, Тамылжыған ну алтын. Ақ мамықтай мақтасы, Ақықтайын *ақ алтын* (Ү. Кәрібаев, Таңд.). **Ақ амур.** Зоол. *Дене тұрқы 100—120 см, салмағы 30 кг-ға дейін болатын тұқы тұқымдасына жататын, етті дәмді әрі семіз, бағалы балық. Ақ амур* тоған балық шаруашылығының негізгі объектісі болып саналады (К. Күленов, Қазақст. балық байл.). **Ақ арақ.** *Астық дәнінен ашытылатын күшті ішімдік.* Ол *ақ арақтың* үш рюмкасын қатарынан жұтты (Б. Майлин, Шығ.). **Ақ арулап қойды, ақ жуып арулады.** *Жерлеумен байланысты әдет-ғұрыптың бәрін сақтай отырып өлікті қадірлеп жөнелтті.* Көшіп кеп қонды бүгін жағасына, Қалмауға басқа рудың табасына. Шәйітті кешегі өлген *ақ арулап, Қоюға* ата-баба моласына (Қ. Мұқышев, Бала мен дана). *Ақ жуып арулауды* қалаған жоқ, Малсыз, пұлсыз өлікті сауап үшін (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). **Ақ ауыз.** *Жанды, уытты жара.* **Ақ ауыз болды [етті].** *Қолдағысынан айрылып қалды.* Фермаға жеткенше күн ыси бастағандықтан ба, біз бой жазып желпіне алмадық. Оның үстіне бүгін таңертең бірде-бір оқ шығармағанымызды, ауға түскен балықтардан *ақ ауыз болғанымызды* ескерсек, көңілді бола қоярлықтай жайқүйдің өзі де жоқ тәрізді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Қолма-қол жұмыстан шығарады. Өйтпесе *ақ ауыз етіп* істелген істі қабылдамай қояды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ақ ауыз қой.** *Жасамалы семіз шар қой.* Екі жастан асқан қоздайтын қойды саулық, ал піштірілмеген еркегін құнан қой, дөнен қой, бесті қой, бестен асқанын *ақ ауыз қой* немесе еркек қой, бойдақ қой дей береді (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.). **Ақ ая.** *Солтүстік мұзды мұхиттың Азия, Америка жағалауы мен аралдарында кездесетін, қоңыр аюдан үлкенірек, жүні тығыз әрі ұзын, түсі ақ, не ақшыл сарғылт, жыртқыштар отрядына жататын аң.* Бір күні мұзға үш *ақ аю* келді. Оларды атып алды. Жас еттің мол қоры жасалды (Табиғат тану). **Ақ бақай.** *Малдың [жылқының] бақайындағы белгі.* Ат қайда *Ақ бақайдай* шаппай желген, Қыз қайда құдашадай көзі күлген. Алыстан ат арытып келгенімде, Шақыртпай еш адамға өзі келген (Қаз. әндері). Атың да көруге көз керек жануар екен! сауыры төңкерілген, *ақ бақай* кер! Омырауы есіктей, шіркіннің құлақ бітісі қалай, тура қамыстай! (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Ақ балшық.** Жерг. Әк. Үй иесі әйел *ақ балшық* әкеліп, кірлеп кеткен үйін ақтауға кірісті (Ауызекі тіл). **Ақ банды.** *Совет өкіметіне қарсы күрескен қарулы қашқындар тобы.* Ел кезген *ақ бандылар* қасқырдай арсаландап, жұртты күндізгі күлкі, түнгі ұйқыдан айырды (С. Омаров, Әңгім.). **Ақ бас.** а) *Малдың, аңның, өсімдіктің түрі, тұқымы.* Қазақтың *ақ бас* сиыры — ерекше тұқым. Бұған атақты герефорд тұқымының қаны араласқан (Тарту). Көкорай аяқ асты бейне кілем, Сары басты жоңышқалар қызыл күрең. Бетеге, тарлау, жусан, *ақ бас* селеу, Бәрі де қуанышты анық білем (Б. Майлин, Таңд.). *Ақ бас* капуста — басты капустаның бірі, мұның ерте, орта және кеш пісетін сорттары бар (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік). ә) *Ағарған шаш.* Бергенсін тәңірім өмір *ақ бас* болдық,

Келін мен балаға да жақпас болдық (Ақын жырлары). Кеттім сенен, жүйрік жылдар өтті көп, Тауға тарттым миуалары тәтті деп. *Ақ бас* ақын атандым да, не пайда, Балалығым қалды сенде Тәттімбет (Дастандар). **Ақ бата.** *Оң бата.* Шаһзада бізбен бірге барсын деді, Атаның *ақ батасын* алсын деді (Батырлар жыры). Ата-анам, *ақ батаңды* аттап кеттім, Тентек ел талқысына тастап кеттім (М. Әуезов, Таңд.). **Ақ баттауық.** *Сабағының биіктігі 60-125 см., жапырағы таспа тәрізді және түрпілеу болып келетін, айрауық туысына жататын көп жылдық өсімдік. Ақ баттауық* Алтай өлкесінде марал мен тау ешкілерінің негізгі азығы (ҚСЭ). **Ақ бауыр тары.** *Ақ, қызыл тарының ұсақтау келген бір түрі. Ақ бауыр* тарының дәні толық болады (Диал. сөздік.). **Ақ безер де көк безер.** *Азар да безер, ат-тонын ала қашты.* Әбіш қолға түсті. Бірақ *ақ безерде көк безер.* Жөкен Шағырдан ат-тонын ала қашады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ақ бейіл.** а) *Ақ көңіл, адал.* Ақылды деп, арлы деп, *ақ бейіл* деп, Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп (Абай). ә) Сөйл. *Тез иитін мал.* Әжем *ақ бейіл* сиырды көп қиналмай-ақ тез сауып, үйіне келді (Ауызекі тіл). **Ақ берен.** Көне. *Батырлар киетін темір сауыт. Ақ берен* деген сауыттың, Етегі бар, жеңі жоқ. Ағайынды кісінің Төбелессе, кегі жоқ (Батырлар жыры). **Ақ бикеш.** *Ақталған тары. Ақ бикешті* майға салып жесе, жақсы болар еді (Диал. сөздік.). **Ақ боз.** *Шаңқан ақ емес, бозғылт қылаң түс.* Ұл таба білген екен қайран халық! Чапаев тиді жауға ойран салып. Бауырына *ақ боз* аттың алып жауын, Тарихта сол бетімен қойды қалып (Қ. Аманжолов, Таңд.). Көркі бар көрбез қыздың туған айдай, Аяғын баса алмайды жорға тайдай. Аулына *ақ боз* атпен барғанымда, Шолпысы сылдырлайды қоңыраудай (Қаз. әндері). **Ақ боран.** *Алай-түлей, түтеген боран.* Арқаның дағдылы қатты желі биыл қыста да көп соққан. Кейде бір жұмадай, кейде тіпті он күндей айықпай, *ақ боран* боп түтеп тұрып алған кездері болған (М. Әуезов, Таңд.). **Ақ бөрте.** *Ағы басым бөрте.* Міне, енді жүруге жарамай қалған екі қоңыр қозыны Қалтаймен екеуміз кезек арқалап келеміз. *Ақ бөрте* лақ Ерметайдың мойнында (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Рүстем қаһарына мінді қатты, Қамшылап астындағы *ақ бөрте* атты (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ақ бурыл.** *Ағара бастаған, ақ кірген (шаш, мұрт, сақал). Ақ бұрыл* шашының тек самайындағы ғана жұқанағы қалған жалтыр бас (Ө. Қанахин, Дәмелі). ... Қазыбек *ақ бурыл* мұртын бір сипап қойды (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Ақ гвардияшы.** Тар. *Совет үкіметіне қарсы күрескен қарулы жау топқа қатысқан контрреволюционер.* Айтжанның қасындағылар *ақ гвардияшы* бандылардың қалдықтары екен («Қаз. әдеб.»). **Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс.** *Айтқаны екі болмады, айтқаны орындалды.* Бүкіл ояз бір Ермекбайдың қолында, оның *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* деп түсінетін бұлар (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Тоқал бұрынғы тоқал ма? Осы күнде сен ауған соң, есеге қолы жетіп *ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс* болып отырғанын кім білмей отыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Ақ егіс.** *Бидай, арпа, сұлы егістігі. Ақ егіс* бригадасы жұмысты аяқтап қалды (Диал. сөздік.). **Ақ езу.** *Езудің тілініп ойылуынан пайда болатын ауру, ауыздық.* Адам болсын, мал болсын *ақ езу* болып ауырғанда езудің екі жағы суланып ағарып кетеді (Ауызекі тіл). **Ақ етек.** *Күнәсіз, адал, таза,* Ұлық пен төре алдында *ақ етек,* ишан боп монтиюын қарашы (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ақ етіне ащы таяқ тиді.** *Нақақ күйді. Тигенде ақ етіне ащы таяқ,* Жалынбай қайсарланып тұру еді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ақ жайма.** Жер г. *Ақ матадан жасалған төсек-орын жабдығы, простыня.* Аппақ *ақ жайма* жабылып жағалай-жағалай қойылған болскей кереует (Ф. Дініспәмов, Ұшқын). **Ақ жағал.** а) *Ақ жолақ араласқан белгі.* Арқардың көк сұр жоны, *ақ жағал* мойны, қоңыр мүйізі таспен жымдаса қойды. Тас пен арқар бірінен-бірі айырып алғысыз болды («Қаз. әдеб.»). ә) *Қажалып ағарған.* — Ау, бала сен, осы қипаңдай бересің, бір жаққа бармақ па едің?— деді Байбөрі *ақ жағал* болған қара портфельден қалың дәптерді шығарып жатып тағы да (С. Шаймерденов, Мінез). **Ақ жамылды.** *Қар басты.* Ақ қар жапты даланы, *Ақ жамылды* айнала. Отырып кім қалады, Тоқатұғын қай бала (Қаз. әндері). **Ақ жапалақ.** *Түнгі жыртқыштар отрядына жататын, Арктикада тіршілік ететін жапалақ.* **Ақ жарқын.** *Ашық мінезді, жайдары, аңқылдақ.* Сейіт балуан, жомарт мінезінің үстіне аса сауықшыл, көңілді, *ақ жарқын* жі-

гіт. Сол мінезі үшін бұны Әбенмен қоса Абайдың іні досы ақын Дәрмен аса қадірлейтін (М. Әуезов, Таңд.). Төрегелдинмен сөйлесіп көрсем, «аузын ашса, қарны көрінеді» дегендей, аңқылдақ *ақ жарқын* біреу (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Ақ жауын, ақ жаңбыр.** *Ашылмай ұзақ жауатын жаңбыр.* Күн қабағы түсіп кеткен, сылбыр жауын тұр. Әзір ашылар түрі жоқ, *ақ жауын* болар (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Себелеп кейде *ақ жауын*, Жуына түсті жол енді, Жарқырай түсті жан-жағым (Т. Жароков, Таңд.). Таңертеңнен-ақ аспан қабағы ашылмады. Оның арты таусылмас *ақ жаңбырға* айналады («Лен. жас»). **Ақ желең.** *Ашық, жарқын, ақ көңіл.* Ақын да адам, сондықтан әр мінезді: Бірі паң, бірі тантық, бірі *ақ желең* (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Жүгіріп келді бір бала, Жалаңаш үсті кірленген. Бала әдемі, кескінді, Жігіт жарқын, *ақ желең* (Қ. Тастайбеков, Өленд.). **Ақ жем.** а) *Аң алатын қыран құстарды жаратып, бабына келтіру үшін берілетін, қан-сөлінен арылған ет.* Бүркітті қайырып белгілі бір күйге түсіру үшін түрліше жем беріледі. Мәселен, *«ақ жем»* мен «боз өкпені» құсты жүдету үшін берсе, «тартпаны» шынықтыру үшін, «қан соқта» мен «қызылды» семірту үшін береді («Лен. жас»). ә) *Су сорғандықтан терінің ағарып, үлбіреп қалуы.* Сүйіп жатыр аймалап жаңбыр суы Қан бояған денесін *ақ жем* қылып (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Енді етіктерін шешіп қараса (барлаушылар) су сорған аяқтары *ақ жем* болып, етік қажаған өкшелері күлтілдеп кетіпті (Ә. Шәріпов, Партизан.). б) *Желініп, тозған.* Қарынсау қара тегештей Қара қоңыр сапты аяқ. Деңгелек қарын, кемештеу. *Ақ жем* өрнеу, ақ қабақ (І. Жансүгіров, Шығ.). Қайыңнан жасалған ванналар *ақ жем* болып, шірігендігі сонша, жер бетіндегі суық суды өткізетін болған (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Ақ жем болды.** *Арам тер болды, босқа үреленді.* Шарға түсер шағында Қара тер боп сабылдың. Аялған жоқ малың да, *Ақ жем болып* сабылдың (Жамбыл). Мәймөңкелеудің не керегі бар! Кім көрінгенге *ақ жем болуды* Мүсілім жаратпайды (З. Шашкин, Теміртау). **Ақ жер.** *Қағаздың жазылмаған таза жері.* Баранов дәптерден өзіне керекті кейбір сөздерін *ақ жеріне* көшіріп алып, Кирсановтың қолымен жазылған жерлерін жыртып тастады (Ә. Әбішев, Замана перзенті). **Ақ жорға.** Сөйл. *Арақ.* Әлгі *ақ жорғаны* әкел, түсіндіріп айтқанда тентек су ғой (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Ақ жүзді.** а) *Әдемі, келбетті.* Таранған тоты құстай бір асыл зат, Меңзесем хор қызына болмайды ұят. *Ақ жүзді*, ақылы көміл, шырын сөзді Үстіне сәндік үшін киген манат (М. Сералин, Гүлқашима). ә) *Жүзі жарқын, талайы жоғары.* Оқуын ойдағыдай аяқтап, еліне оралған Мұрат өз құрбыларының алдында *ақ жүзді* болды (Ауызекі тіл). **Ақ жұлық болды.** *Желінді, тозды, Ақ жұлық болған* көнетоз етігі қолтығында, кішкентай кенеп дорба арқасында, қара жолдың ыстық топырағын жалаң аяғымен басып Райханым ұзай берді (С. Жүнісов, Жапанда.). **Ақ жүрек.** а) *Кіршіксіз, таза, пәк, адал. Ақ жүрек* адал адамдардың аңғал істеріне күлесің («Лен. жас»). ә) Сөйл. *Белсенді, асыра сілтеуші.* [Жаулыбайға әйелі] Жарайды, *ақ жүрек* болмай-ақ қой, тақтай берілмейді. Ауыз үйдің сәкісі қирап жатқаны анау (З. Иманбаев, Кең аймақ). **Ақ көбік.** а) *Жан-жануарлардың аузынан ағатын көбік.* Таңертең сап-сау бұзауым кешке келсем, аузынан *ақ көбік* ағып, төрт аяғы тыпырлап жатыр екен (Ауызекі тіл). ә) *Ұзақ шабыстан кейін қатты қиналған көліктен шығатын тер.* Ызғытып біреу келеді. Аты *ақ көбігі* шыққанша терлеген. Үлкен қуаныш не үлкен қайғы әкеле жатқанға ұқсайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Дәулеткан *ақ көбік* болып танауына мұз сүңгі орнаған жирен атын тура біздің үйдің ашасына байлады (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Ақ көз.** *Топас, надан, есер. Ақ көзсің*, ақылы жоқ, бұзық діңді, Құдай деп табынасың от пен күнді. Ортаға өзі қаңғып келгеннен соң, Нендей іс етуші еді, сендей жынды! (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Көлең олардың өздігіне ызаланып, осындайда өзінің алды-артын ақылға сап жатпайтын *ақ көз* ерлігіне басып кетті де, кеше ауын жолы тар, запрет жерге салып кетіп еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ақ көйлек.** Жерг. *Ақ көңіл.* Ой, *ақ көйлек*, қарағым деп бәйбіше даусын соза түсті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Ақ көңіл.** *Көңілшек, ақ бейіл, ақ көйлек. Ақ көңіл* бір жан еді аңқылдаған, Ажары бұлтсыз күндей жарқылдаған. Асқанша жер ортадан перзент көрмей, Беймезгіл от жүрегі салқындаған (С. Омаров, Сәукен). Әйткенмен аңқылдаған *ақ көңіл* мінезі, жас адамға тән сергектігі тосын көзге қарттың катты қалжырап отырғанын аң-

ғартпайды (М. Иманжанов, Адам тур.). *Ақ көңілден* арамдық шықпас, Арамдық шықса да, жамандық шықпас (Мақал). **Аққа зауал жоқ.** *Әділ іске қиянат жүрмейді.* «*Аққа зауал жоқ-ты*» деп, Дар қасында Қаншайым Жылап жүріп айтады (Батырлар жыры). **Ақ кірді** [түсті, енді, шалды]. *Таш, сақал-мұрт ағара бастады.* — Қарағым, бері кел, қасыма! Иыққа отырғыз, иыққа асыла. Сен үшін күн түні қайғырып, *Ақ кірді* сақал, мұрт, шашыма (Б. Майлин, Таңд.). Жасы Алексейдің әлі қырыққа жете қоймаған, самайына *ақ ене* бастапты (Ғ. Мұстафин, Дауыл. кейін). Тауларды бомба төңкеріп, Өмірге оқтар дақ салған. Жиырмада өлең өртеніп, Жиырмада шашты *ақ шалған* (С. Мәуленов, Жаңа арна). **Ақ қайың.** *Қабығы ақ, жапырақты ағаш.* Жаздағы орман, бақ дәйім, Көркем еді, көк еді, Жел соққанда *ақ қайың*, Жапырағын төгеді (Т. Молдағалиев, Құралай). **Ақ қаңбақ.** *Жерге тік кететін жуан тамыры бар, өте бұтақты келетін көп жылдық өсімдік.* Жайылымда *ақ қаңбақты* әдетте мал жемейді. Дегенмен, гүлдену кезінде оны түйе ептеп жейді (Шопан серігі). **Ақ қан ауруы.** *Қандағы ақ түйіршіктердің көбеюімен байланысты болатын ауыр науқас.* **Ақ қар, көк мұз.** *Қыстың аязды, суық кезі.* Жауынгерлер *ақ қар, көк мұз* аязды күндер мен түндерді елемей жүріп келеді (С. Бақбергенов, Менің досым). **Ақ қарқара.** Зоол. *Әдемі, ұзын ақ қауырсынды, ләйлек тәрізділер отрядына жататын құс; ақ құтан. Ақ қарқараның* жемі — балықтар, бақалар және әр түрлі насекомдар (ҚСЭ). **Ақ қоян.** *Жазда жүні сұрғылт қоңыр, салқын түсе аппақ болып түлейтін қоян тәрізділер отрядына жататын кеміруші, сүтқоректі аң. Ақ қоян* жылына 2-3 рет көжектейді, әрдайым 7—10 көжек туады (ҚСЭ). **Ақ құйды.** *Үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ (сүт, айран) құйып шығару дәстүрі; ескі ырым.* — Қарындасыңды қимасаң, үйге кірген жыланға да *ақ құйып* шығармаушы ма еді, — деді Жақып, — жылы сөзбен аттандырсаң, біреу бермесінді тартып әкете келген жоқ қой (С. Жүнісов, Ақан сері). **Ақ құйрық құс.** *Тамағы мен бауыры және құйрық қауырсындарының біраз жері ақ, балықшылар отрядына жататын кішкене құс.* **Ақ құйын.** *Қар, шаң боратып қатты соққан құйын.* Боран бейне көкті қолымен шаныды, Құлағына суық қанжар жанды. — Жел ышқынып, ұйтқығалы *ақ құйын,* Бірді біреу сүйкенуден таниды (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің). **Ақ құлақ, ақ құйрық.** Сөйл. *Ірі қағаз ақша.* Ел аузында Тайжан сараң да аталған. Соғыстан кейін ақша айырбастағанда бір сандық *ақ құлақ* ақша өліп қалса керек (З. Шашкин, Сенім). Бес *ақ құйрық* (500 сом) қара нар, қалы кілем, Сен де қалдың Мұқанға берсең пара (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Бұдан жарты тиын өзіме тартсам тамағыма тас боп тығылсын, мырзалар — деді Жақыпбек білем-білем *ақ құйрық* қағаз ақшаларды санамастан портфеліне салып жатыр (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Ақ құман.** *Шай шығаратын ақ шайнек.* Қалқа шайды бірге әзірлесіп, *ақ құманды* демдеп, жайнаған шоққа қоя бергенде, есіктен Имаш пен әкім кіріп келді (Б. Майлин, Шығ.). **Ақ малта.** а) *Құрттың ең соңғы езілгеннен кейінгі қалдығы.* Қыздар тағар қос алқа, Ішке жағар *ақ малта* (Қамбар). ә) *Ағынды су шайып тегістелген ұсақ тас.* **Ақ нәсіл.** *Адамдардың тегі мен нәсілдік түр ерекшеліктеріне (дене құрылысы, көзі мен тәнінің өңі және т. б. белгілері бойынша) қарай бөлінгендегі ақ өңділері; европалық нәсіл.* **Ақ ниет.** *Адал көңіл. Ақ ниетімді* қисыққа жорып, өкпелетпе мені, Рауан! — деді Айжан (З. Шашкин, Сенім). Арнаймын *ақ ниетпен* еңбегімді, Жараса көпшіліктің керегіне. Із қалса еңбегімнен айтар едім, Өмірге ризамын деп өлерімде (Ақын жырлары). **Ақ орда** а) *XIII—XV ғасырда осы күнгі Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалар одағының жалпы аты; мемлекет.* XIV ғасырдың орта шеніне таман *ақ орда* феодалдық мемлекет ретінде едәуір дамыды (ҚСЭ). ә) *Еңселі, үлкен үй.* Кәне, үйге жүріңіз, *Ақ ордаға* кіріңіз. Күте білер қонағын, Хорлан сынды іниіңіз (Қ. Аманжолов, Таңд.). **Ақ от.** *Құрғақ жерде өсетін қыр шөбі.* Бүкіл Бетпақдала төрінен сирек кездесетін *ақ оттардан* шырмауық, доңыз оты сияқты ақ шөптер теңіз жағасындағы қамыс арасында мол болады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы). **Ақ өлең.** *Буын саны әр түрлі боп келген, ырғағы бар, ұйқассыз өлең.* Жазба әдебиетте *ақ өлең* көбінесе драматургия жанрымен байланысты. Шешендік сөздердің кейбір үлгілері осы *ақ өлең* түрінде айтылған (ҚСЭ). **Ақ сабан.** *Егін орылып, астық жиналып жатқан кез.* Не *ақ сабанда* алармың, не қақсағанда аларсың (Мақал). **Ақ сабын.** а) *Кір жуатын сабын.*

Қазір кір жуатын *ақ сабынның* орнына түрлі порошоктар шыға бастады (Ауыз-екі тіл). ә) *Аттың ақ көбік болып терлеуі.* Аттарының бәрі *ақ сабын,* қатты жүргенге ұқсайды, соған қарағанда қыз саяткер, атқа мықты болғаны (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.). **Ақ самай, ақ самайлы.** *Самай шашына ақ кірген.* Екібастұздың ескі шахтері — Жауатар *ақ самай* адам еді. Алқа-салқа болып жиылыстың алдыңғы жағында отыр еді, самайынан тер шып-шып шықты (І. Жансүгіров, Шығ.). Елуге келген *ақ самайлы* әкесін жарыққа шақырам деп, көп ішінде ажуа, тәлкек қып тұрғанын қарашы, құдайдан безген, антұрғанның... — деп Қожамжар Рақымжанға қарап тісін қайрады (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ақ сары [сарғыл, сарғылт, сарғыш].** *Ақшыл түс; шикіл сары емес.* Көп кешікпей үй иесі жас әйел кірді. Жаулық сыртынан сәнге *ақ сары* шәлі жамылыпты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Тапалтақ, толық денелі, *ақ сарғылт* өңді бұл жігітті мен көптен білем (С. Мұқанов, Есею жыл.). Айыр өркештен түйе алып, *Ақ сарғылдан* бие алып, Семізін айдап келеді (Манас). Бұрынғыға қарағанда Насиха толыса түскен. *Ақ сарғыш* жүзі тотығып, бетінің ұшы аз ғана жарылыпты («Қаз. әдеб.»). **Ақ саусақ.** *Қара жұмысқа көндікпеген, еңбекке үйренбеген адам.* Үйлерінде шалқиып отыр ғой талай қатындар. Шығарсын жұмысқа соларды. Беттеріне күн тимей *ақ саусақ* болып қашанғы отыра береді, жүдә, — деп қара торы келіншек шана үстінде долдана сөйлеп бара жатты (С. Алдабергенов, Алға). Зайыбы да бір керілген кербез керім *ақ саусақтың* нағыз өзі (С. Сейітов, Жыл. жотасы.). **Ақ сауыт.** а) Көне. *Көз-көз етіп темір сымнан тоқылатын батырлар киетін киім.* Тайбурыл атқа мінеді, *Ақ сауытын* киеді (Қобыланды). ә) Сөйл. *Мұра, мал-мүлік.* Әкеңнен қалған *ақ сауыт* қанша үнем болады (Ауызекі тіл). **Ақ семсер.** *Болаттан соғылған екі жүзді қылыш. Ақ семсердің* асылын, Шабылмаса кім білер? Сол секілді менің де, Ішімде ғаухар барлығын Сөйлемесем кім білер? (Айманқұл, Ана сыры). Өлген жоқ, Аманкелді әлі тірі, Әнеки ілулі тұр *ақ семсері* (Жамбыл). **Ақ сирақ болды, ақ сирақ етті.** *Жұтады, малдан айрылды.* Жер аз болған тапшылықтан жұтады. Сол көптің ішінде *ақ сирақ боп* қалғанның бірі — осы Қараша, Қаумен ауылдары, Базаралы, Балағаз, Абылғазы, Әділхан сияқты жігіттерде тек қана бір-бір аттан қалды (М. Әуезов, Таңд.). Сыр бойы бұрын да талай жұт көрген еді, малына мастанған байларды *ақ сирақ етіп,* талай жанды әр жерге бір томпитып тастаған (Ы. Жақаев, Менің бақытым). **Ақ сора.** *Биіктігі 30—75 см, саған туысына жататын шала бұта. Ақ сораны* мал тек қысқа қарай, өсімдікті суық соққаннан кейін жейді (ҚСЭ). **Ақ сөңке.** *Саңырап кепкен (отын, тезек, нан).* Қазір Бетпақдаланың ойы мен қыры көкпеңбек бояқтай. Бүріскен қарға тұяқ жусандар, тырбиған қу баялыштар, ербиген *ақ сөңке* сексеуілге дейін күлтілдей көгеріп жайнап кеткен (Ә. Көшімов, Қарт аңшы). **Ақ стрептоцид.** *Әр түрлі іріңді жараларды емдеуге қолданатын ісі жоқ, ақшыл сары кристалды порошок. Ақ стрептоцид* суда жақсы, әсіресе ыстық суда тез ериді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). **Ақ сұңқар.** *Қыран құс.* Сенде көктем, сенде алма ағаш гүлі бар, Аспанында аялы елдің жыры бар. *Ақ сұңқарың* қанша биік ұшса да, Саған келер, саған келіп жырылар (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). *Ақ сұңқар* ұшар жем үшін, Туады ерлер ел үшін (Алпамыс). **Ақ сұр.** *Ағы басымырақ сұр түс. Ақ сұр* бетінің дәл ұшындағы қара мең қарашықты өзіне суыра тартады. Көп отырып, қымсынған болады (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). **Ақ сүйек болды.** *Жұттан мал қырылып қалды.* Дәулеттінің мұртын балта шалмай өзге ауылдар *ақ сүйек боп* жатқанда, бұл төңірек бір тоқты шығын жасамай қыстан аман шықты (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). **Ақ сүт.** *Ананың сүті.* — Мен қазір жас та емеспін, көке. Қаршадайымнан қайғы арқалап, тесік өкпе қылып өсірдіңіз. Анамның *ақ сүті* тамағымнан өтпей тұрып қалған күндер де болған (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жырландар *ақ сүт* берген ана жайын, Мағынасыз қуа бермей сөзді тегін (Халық ақындары). **Ақ сүттенді.** а) *Бидай, арпа, сұлы сияқты дақылдың жаңа дәндене бастауы.* Жайқалған егін даласындағы бидай бастары толықсып *ақ сүттене* бастаған екен (Ауызекі тіл). ә) Сөйл. *Таң алдында төңіректің бозғыл тарта бастауы.* Әлем *ақ сүттеніп,* айнала алқап тегіс көзге ілініп, Еспе маңайы алақанда жатқандай анық көрінеді (Шопан серігі). **Ақ сүтін ақтады.** *Ананың еңбегін өтеді.* Мен сенің топырағыңда жаралғамын, Уыздай тәтті ауаңнан нәр алғамын. Анамсың, *ақ сүтіңді ақтау* еді, Көкейді кесіп жүр-

ген бар арманым (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). **Ақ сүтін кешті.** *Ризалығын берді.* Мейірімді қайран ана өмірінің соңғы сәтінде қасында отырған баласына: *«ақ сүтімді кештім»* деп көзін жұмды (Ауызекі тіл). **Ақ сүтін көкке сауды.** *Қарғады, теріс батасын берді.* Тілін алмаған баласына анасы ұрсып, осыдан менің айтқаныма көнбесең, *«ақ сүтімді көкке сауам»* — деді (Ауызекі тіл). **Ақ табан.** а) *Жылқының табанындағы белгімен байланысты қалыптасқан атау.* Көшкенде жылқы айдаймын *ақ табанмен.* Болмайды жаман жақсы мақтағанмен (Қаз. әндері). Исатай басшы мен қосшы, Исатайдың сол күнде. *Ақ табан* аты астында, Дулығасы басында (Махамбет). ә) *Көп ұсталған сойыл (құрық).* Басында кішкентай ақ елтірі тымақ, қолында ұзын, жуан ақ сапты қамшы, сол жақ қарында қайыс бұлдіргелі ұзын, жуан *ақ табан* сойылы бар (С. Сейфуллин, Шығ.). Қамшысы бар білектей, Ай балтасы күректей, Сойылы бар *ақ табан,* Бөйгесі бар баптаған, Жылқышыға сенеміз (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). б) *Табан балықтың бір түрі.* Бір жақсысы еңбегі қайтты. Ауының түбі құр емес екен. Өңкей *ақ табандар* ұйлығып жусап тұр («Лен. жас»). **Ақ табан болды.** *Шаршап-шалдықты, табанынан тауысылды.* Тер шұбырып маңдайдан, *Болғанда* ел *ақ табан,* Ауып алыс Торғайдан, Әкем Сырға тоқтаған (С. Мәуленов, Торғай қақпасы). **Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама.** *1723 жылы Жоңғар шапқыншылығына ұшырап, елінен — жерінен айрылған қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең.* Әлеке ақын қазақтың баяғы *ақ табан шұбырынды* заманы тағы айналып келгендігін, азаматқа майданға барып, шепке ұсталып өлгенше осы жерде өлудің керек екендігін сездіреді (І. Жансүгіров, Шығ.). XVIII ғасырдың 20-шы жылдарының басында болған Жоңғар шабуылы қазақ халқының тарихында *«Ақ табан шұбырынды»* жылдары деп аталды (ҚазССР тарихы). **Ақ талқан.** *Ең соңғы түйілген талқан.* **Ақтан күйді.** *Нақақ кінәлі болды...* Ол күндердің арыз-тартыстарын тексергенде кім кінәлы, кім *ақтан күйген* екенін айыру тіпті қиын болатын (М. Әуезов, Әр жыл.). **Ақ тас.** Жер г. *Әк.* Шелектегі *ақ тастың* үстіне суды құйып жібергенде, бұрқылдап, қайнай жөнелді (Ауызекі тіл). ә) *Шеберлер қолданатын іс тасы.* **Ақ тер, көк тер болды.** *Қара терге түсті.* Үшеуміз *ақ тер, көк тер болып* бір арба жемді түсірген соң, жаңағы үйге қайта оралдық («Лен. жас»). **Ақ тон.** Сөйл. *Бидайдың қабығы, қауызы.* Бидай *ақ тонынан* әлі айрылып болмаған екен (Диал. сөздік). **Ақ тұйғын.** *Қаршыға тұқымдасына жататын алғыр жыртқыш құс.* Алғырлық қасиетіне байланысты *ақ тұйғынды* адам қолға үйретіп, құс аулауға пайдаланады (ҚСЭ) **Ақ түймеш.** Жер г. *Қайнатқан құрт. Ақ түймешті* түйіп, ботқа жасаймыз (Диал. сөздік). **Ақ түйенің қарны жарылды [ақтарылды].** *Молшылыққа, жақсылыққа кенелді.* Он тоғызыншы жылдың аяқ шенінде бір топ қызыл әскер біздің ауылға сау етіп жетіп келді. *Ақ түйенің қарны жарылды.* Көктен тілегеніміз жерден табылып жарылқаның қалдық (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Ақ түн.** *Жаз айларында болатын солтүстіктің жарық түні.* Солтүстік жақта, әсіресе Ленинград маңында *«Ақ түн»* аталатын жаз айларында жарық түндер болатынын біз жақсы білеміз (С. Мұқанов, Өмір мектебі). **Ақ түсті.** *Көзге шөп түсті, көзін шел басты.* Азықтың сапасыздығынан кейбір шаруашылықта көктем айларында қойдың күйі қашып іш тастау, нашар қозы туу, көзі іріңдеп, кейде *ақ түсетін* жағдайлар да кездеседі (Шопан серігі). **Ақ түйіршік.** Физиол. *Бактерияларды, сонымен бірге бұзылып бара жатқан клеткаларды да құртып жіберетін қан жасаушы орган; лейкоцит.* Қан — дәнекер тканінің бір түрі. Ол клетка құрылысы жоқ, сарғылттау келген сұйық зат — плазмадан тұрады. Плазманың ішінде қанның қызыл түйіршіктері, қанның *ақ түйіршіктері* және қан пластинкалары сияқты клеткалар болады (Адам анатом.). **Ақ түтек.** *Қатты боран.* Боран да мезгіл сайын қатайып, *ақ түтек* бола бастады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Әбілбек сорлы Керекуге қыс ішінде қала шығам деп *ақ түтек* боранда торы атпен Жамантұз бекетінің арасында жолдан шығып кетіп адасып, айдалада үсіп өлді (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Ақ тырнақ.** *Саусақ басының үстін жауып тұратын қатты зат.* Теміреткі *ақ тырнақтың* жан-жағына түгел жұғуы мүмкін (О. Бердібаев, Таз тақиядан). **Ақ тышқан.** *Сусар тұқымдас терісі бағалы кішкене жыртқыш аң.* Бұлғын, сусар, *ақ тышқан,* құндыз бен кәмшәт жылы, әдемі тері береді (Зоология). Ержанның қысқы кәсібі — күзен, *ақ тышқан* сықылды ұсақ аңдарды аулау екен (С. Мұқанов,

Жұмбақ жалау). **Ақ тілек, ақ тілеу.** *Жақсылық тілеу. Ақ тілек* үстінде отырғанда қалыңдығымызға қисық-қыңыр өлең айтқызып, бұл қай басынғандарың? — деді Мамырбай (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Ақ уыз.** а) *Ең алғашқы сүт.* Енесінің *ақ уыз* сүтіне ең алдымен төлін тойғызған дұрыс (Шопан серігі). ә) *Малдың уыз сүтінен бүйенге не қарынға пісіріліп, қатырылған тағам.* Көктемде, мал алғаш туған кезде апам *ақ уыз* пісіріп беретін еді (Ауызекі тіл). б) *Жұмыртқаның ағы.* Балапанға алтыншы күні өкпе пайда болады, *ақ уыз* қорекке пайдаланылып, оның көлемі кішірейеді (Құс өсіруші.). в) *Мезгілі толмаған, жетілмеген.* [Қарақатын Ақбалаға] — Неден шошындың? Көзіңе бірдеңе елестеді ме? Жеті айлық бала біреу «тәйт» десе де түсе қалады. Қазір нағыз шепік кезі... *ақ уыз* шағы ғой... — деді жаны ашығансып (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ақ ұлпа.** *Үлпілдеген жұп-жұмсақ, мамық. Ақ ұлпа* суға себіліп, Күн сайын түлей семіріп, Жарыла жаздап жонынан, Күз мамырлап қалатын, Көтере алмай қанатын (Ә. Сәрсенбаев, Үйрек жұтқан.). *Ақ ұлпа* жамылғанда таудың гүлі Өзгені ойлар дәрмен жоқ — сені ойлаймын (М. Әлімбаев, Лирика). **Ақ ұнтақ кеселі.** *Қант қызылшасы, беде, алма ағашы, шабдалы, асқабақ, жүзім өсімдіктері шалдығатын ауыру. Ақ ұнтақ кеселіне* шалдыққан өсімдіктердің өсу қарқыны баяулайды, уақытынан бұрын солады (ҚСЭ). **Ақ үй.** *АҚШ президентінің резиденциясы (тұрағы) және кеңсесі. Ақ үй* деп кейде АҚШ-тың президент басқаған үкіметін де атай береді (ҚСЭ). **Ақ үйлі аманат.** Көне. *Ежелгі қыпшақ заманынан қазақ хандығы жойылғанға дейінгі дәуірде қолданылған заң ұғымы; жауласқан екі елдің жеңілгенінің қабылдайтын бейбіт міндеттемесі. Ақ үйлі аманатқа* кіретін міндеттемелер: соғыстың шығынын төлеу, бұдан былай қару көтермей, жауласпай, бейбіт отыру (ҚСЭ). **Ақ үрпік, ақ үрпек.** а) *Жүні жаңа шығып келе жатқан жас балапан.* ... Жайлау жартасынан алған *ақ үрпік* балапаны жетілген, көнектей ітелгі болып тұғыр басты (С. Бегалин, Таңд.). ә) Ауыс. *Бұғанасы қатпаған, жас бала. Ақ үрпек* балапандар аузын ашқан, Өмірге күндеп өсіп қадам басқан. Ас беріп ата-анасы асырайды, Мәпелеп балапанын бала жастан (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Ақ үрпіктенді.** *Өсімдіктің басы шашақтанды.* Ашылауытқа шығатын қурай тектес жапырақты өсімдік дәнге толған кезде басы *ақ үрпіктенеді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Ақ үрпіленді.** *Сауын малдың сүті қайты, суалды.* Қыстан қалған шөп күн сайын ақ сирақтанып, сақ тартып барады. Жаңа төбіндеген жас көк те ауыз толтырмай, сауын малы *ақ үрпіленіп* божырап кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ақ үстінен қара таныды.** *Жөн-жосықты білді, жақсы-жаманды айырды.* Сонда Қамар, әйтеуір, *ақ үстінен қара тани* ма деген адам еді деп, бір жағы жұртына шаққандай қып қапасын бөліп, ұжмақ сеспесінің тамшысындай сап мөлдіреген көзінің күйікті жасын тырс-тырс төгіп, өксіп отырып мынаны айтты (С. Торайғыров, Таңд.). **Ақ шағала.** *Түсі сұрғылттау ақ, тұмсығы сары, шағала тәрізділер отрядына жататын құс; өгіз шағала. Ақ шағала* кішкене аралдарда, су жағасында, әдетте, бір жерге жиналып ұялайды (ҚСЭ). **Ақ шаңқан.** *Сүттей ақ, аппақ.* Тау баурайында, мүлгіген жасыл ағаштар арасында қанаттаса қонақтаған аққу құстай *ақ шаңқан* үйлер көрінеді (С. Байжанов, Құрыш зергері). Түркстанның мақтасындай үлбіреген *ақ шаңқан* шоқша сақал бір мезет желбірей қалады (С. Омаров, Хантағы). **Ақ шашымен.** *Үлкен басымен. Ақ шашымен* академик Сол адамды мақтады. Ұмытты ма, бірақ оның Аты-жөнін айтпады (Б. Аманшин, Өленд.). **Ақ шарбы.** *Жұқа бұлт.* Арқа жақтан жаңа жайлы бір уыз леп келеді жылжып. Бүкіл көк әлемін *ақ шарбы* бұлттар торлаған (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Ақ шегір.** *Бүркіттің түсі, түрі (қан шегір, құм шегір, сары шегір деген сияқты).* **Ақ ши.** *Жүн оралмай, құр өзі тоқылатын ши.* Ши бұйымының қазақ халқы арасында 3 түрлі атауы бар: *ақ ши,* ораулы ши, шым ши (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Ақ шулан.** *Ағы басым, көкшіл түс.* Ақ боз атпен ағызып жартасқа шыға келсе, төмен ойда сай жағалап *ақ шулан* зытып барады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты.** *Балағаттады, аузына келгенін айтты.* Сәлкен аузынан *ақ ит кіріп, қара ит шығып* Елемеске тиісе бастап еді, қолыммен кес-кестеп сейлетпей қойдым (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Аузынан ақ май ақты.** *Не ішем, не жеймін демеді; ішкені алдында, ішпегені артында.* Со жылы Қадишаның әкесіне Тастанның құты түсіп, қарамағына жылқышылыққа алып,

ауыздарынан ақ май ағызды (С. Жүнісов, Ақан сері). **Көзіңе ақ түссін.** Қарғ. *Көзің ағарсын, көрмей қал.* Ақмарал одырая қарап: — Ой, *көзіңе ақ түссін!* Тағы да әлгі шірік күйеуің бе? — деді (З. Шашкин, Теміртау). **Көзінің ағы мен қарашығындай [қарасындай], екі көзінің ағы мен қарасы.** *Ет бауыры, өте жақыны.* Аяқ-қолын арқан қиған Біржанның өлер алдында *көзінің ағы мен қарашығындай* балаларына зар шағып, сыр шертіп айтқан өлеңін Ақан ұзын құлақтан естіген (Т. Әлімқұлов, Сейтек). Қан шығармай көгеріп тұр жарасы, Көзге елестеп кетті сонда анасы. Елі үшін ен даланы жаңғыртып, Жатыр *көздің ағы менен қарасы* (Аялы жандар). Жәкең қайтыс болғанда, аяғын жаңа басып жүрген бала еді. Кемпір-шалдың *екі көзінің ағы да, қарасы да осы* (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). **Кіршіксіз ақ.** *Өте таза, аппақ.* Әбітай қозғалайын десе, *кіршіксіз ақ* торғынмен тысталған мамық жастыққа көмілген басы көтертер емес (Ол күндер.). **Сүттей ақ.** *Аппақ, кіршіксіз ақ.* Апам *сүттей ақ* ұннан бауырсақ пісірді (Ауызекі тіл). **Сүттен ақ, судан таза.** *Кінәсыз, жазықсыз.* Нұртай *сүттен ақпын, судан тазамын* деп жығыла танды (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Шағаладай [шаңқандай] ақ.** *Аппақ, сүттей ақ.* Құшқандай бүгін осы бір адам бақ... Ол қайтсін, құлақ күйін бұрап, аңдап, Шалқытты! *Шағаладай ақ* сұлулар Толқыды орындықта бұраландап (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

2. АҚ з а т. *Малдың сүті және сол сүттен өндірілетін айран, қатық, қымыз, шұбат сияқты тағамдар.* Дәл жанында үлкен биік шелекке ашытып қойған түйенің қымызы бар еді. Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын *ағы* осы болатын (М. Әуезов, Абай). Қой-ешкі, сиыр өріске кеткенімен, әр үйдің есігі алдындағы бүйірі тоқ қозы, лақ, бұзаулар ауылдың *ақтан* тарықпай отырғандығының белгісі сияқты (С. Ерубаев, Шығ.).

◆ **Ақ болып кетті.** *Мал мезгілсіз суалды. Ақ болып кету* деген малдан сүт шықпай кету деген мағынаға жақын (Қазіргі қаз. тілі). **Ақ лақ.** Ж е р г. *Ақ ірімшікке сары май салып дайындалған тағам.* Мал семірмеген көктем кезінде ұқыпты үй иесінің бабымен пісірген *ақ лағы* өте дәмді екен (Ауызекі тіл). **Ақ құлақ шелек.** *Айран, сүт құятын ағаш шелек* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Ақ собық.** *Собықтың әлі қатпаған, сүттеніп тұрған кезі. Ақ собық-ау, ақ собық!* Жасымда жегем бал сорып. Сүт кезіңде, шіркін-ай, Сүйкімдісің сырбаздай (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Ақ сорпа.** *Сүзбе, қатық, құрт езіп қосқан сорпа.* Үйеме табақ еттен кейін үлкен кеселер толған *ақ сорпа* келді (Ауызекі тіл). **Ақ тамақ.** *Айран, сүт, не солардан жасалған тамақ (құрт, ірімшік, қаймақ, қымыз, т. б.).* Ол кез көктемнің туып, *ақ тамақтың* шығып қалған кезі еді (Диал. сөздік.). **Ақ ірімшік.** *Ыстық сүтке іріткі құйып жасалатын сүт тағамы.* Менің ең жақсы көретін асымның бірі, ішіне жаңа ғана іріткен *ақ ірімшік* сап, аздап торталы сары май құйып пісіретін тұшпара болушы еді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Белок етте, балықта, жұмыртқада, уылдырықта, сырда, *ақ ірімшікте,* бұршақта, жасымықта, жаңғақта мол болады (Келіншектерге.). **Ауызы аққа тиді.** *Мал төлдеп, сүт көбейді.* Не керек, *ауызы ақ қа,* тұмсық қызылға *тиіп* қарық болдым да қалдым (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

3. АҚ а р. з а т. *Хақ, ақиқат, шындық.* Қалса да, егер, бірі мұны сезіп, Кетуі *ақ,* қолын қойып менен безіп, Тентекті алып-салып айдап жібер Деп шулап көк малтасын тұрмай ма езіп (С. Торайғыров, Шығ.). Жұмыр басты пендеге — өлім *ақ* (Мәтел).

◆ **Ақ бұйрықты өлім.** *Ауырудан, өз ажалынан өлу.* Кеселді жалқау, қылжақбас, өзір тамақ, өзір ас болып жүріп тірімін деме, онан да алла берген *ақ бұйрықты өлімнің* өзі артық (Абай). **Ақ өлім.** *Ақ бұйрықты өлім.* Ер жігіт *ақ өліммен өлгенінде,* Сыз төсек қара жерге көмгенінде. Жалғыз-ақ сорлы ананы аяймын мен, Ойға алып жақындарын тергенімде (С. Сейфуллин, Өленд.). **Ақ сөйле.** *Шындықты, ақиқатты айт.— Ақ сөйле, ақ сөйле,* әліп түс — деп Шорекең жайнамаздың үстіне қырық бір құмалақты шашып жіберді (С. Адамбеков, Қожанасыр).

4. АҚ ш ы л. *Күшейту, талғау мағынасындағы демеулік шылау.* Партия! Кішкентайдан құлағыма, Құйылған құмар-*ақпын* ұранына. Сол мені асулардан асырады, Сол мені жеткізеді мұрадыма! (Партия тур. өленд.). Жабырқап жатыр жусап жаратылыс, Бермеді түнерген түн қызға дыбыс. Шошымал толпы, шашбау сылдырады, Жалғыз-*ақ* сыртылдады күміс кебіс (І. Жансүгіров, Шығ.). Оқытушы-

лардың аудандық мәслихатына келген бетте-*ақ* Шаймерден емханаға кіріп, Ақмоншақтың халін білген (М. Иманжанов, Адам тур.).

5. АҚ е т. 1. *Судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы, бір орында тұрмай ілгері қозғалып отыруы.* Таулардан өзен *ағар* сарқырағаң. Айнадай сәуле беріп жарқыраған. Жел соққа, ыстық соққа бір қалыпты, Аралап тау мен тасты арқыраған (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Жарқын жүзбен жайрандап Жатырсың *ағып,* Жайығым. Жағанда ойнап, жайнандап, Ескенмін заман қайығын (Қ. Аманжолов, Таңд.).

2. *Адамның не басқа бір заттың судың ықпалымен кетуі, батып кетуі.* Аяғы, бала қалай қылса да көнбеген соң, әкесі бір жәшік жасатып, сол жәшікке баласын салып, суға *ағызып* қоя берді. Бала суға *ағып* кете барды (Қаз. ертегі). Ойдағы тұрған қала теңіз болып, Әр жерден үйлер кетті толқынға *ағып* (Т. Жароков, Шығ.). «Шынымызбен-ақ *ағып* кеткеніміз бе?» Бектас қорқып, қобалжып кетті (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра).

3. *Су, жас, тер, қан, сілекей сияқты сұйық заттардың сорғалауы, құйылуы, төгілуі.* Қар еріп, қорадан тамшылар *ағып* жатқан нағыз көк салпақтың кезі еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Сайра да, зарла қызыл тіл, Қара көңілім оянсын! Жыласын, көзден жас *ақсын,* Омырауым боялсын! (Абай). Қысылғаннан Сақыптың маңдайынан тер бұршақ-бұршақ *ағады* (Б. Майлин, Шығ.). Шекеден *аққан* қаны бетін жауып, Әлсіреп бара жатыр есі ауып. Енді оның өксуге де шамасы жоқ, Ықылық атады тек ауық-ауық (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

4. *Сөл, нәр, ет сияқты нәрсенің біртебірте таусылуы, құруы.* Кейбір өсімдіктер толық піскенге дейін жауын-шашынның әсерінен оның бойындағы қоректік заттардың қайтадан топыраққа *ағып* кетуі мүмкін (Д. Мәденов, Өсімдік.). Әкемнің айтуынша, бертінгі ата-аналарымыздың еттері түгел *аққанмен,* Сүбітей атамыздың еті *ақпай,* сағана тақтайының бір бұрышында сары тап болып әлі жатыр (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). // *Семіз аттың қатты қинау көргендіктен қызыл май болуы, күйзелуі.* Салқын-салқынмен жүріп отырмаса аттар *ағып* кетеді ғой (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

5. А у ы с. *Тез, жылдам жүру, зулау, жылдамдығына көз ілеспеу.* Жер мен көкті дүбірлетіп, Көлшіктерден көктей өтіп, Бәйгі күрең *ағаға* берді (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Аспанның шырқау көк күмбезіне атылған оқтай бұлтарыссыз тура *ағып* бүркіт барады (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Поезд зулап *ақты* жүйткіп, Жел қанаты көтерілді. Бұлттай ұшып түтін ұйтқып, Жарысқандай қатар жүрді (Қ. Мұқышев, Орман).

6. А у ы с. *Молшылықтың асып-төгіліп жатуы.* Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма *ағып* келе берсін деген не деген нысап? (Абай). Осындай болса болсын жамағатың, Береген бармағынан дәм *ағатын* (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). // *Кен байлықтарының шығуы, өндіріліп алынуы.* Алтайдан алтын тасып *ақты* қайнап, Завод тұр қара тасты шөптей шайнап (Ақын жырлары). Кенелген кең өлкемде ен мүлікке Сақтаған сары алтынды құба дөңім. Төңкеріп төңірегін ашып қалсаң, Жез, мырыш, алтын, күміс *аққан* кенім (Бұл да). Магнит таудан сарқырап, От өзендер құлайды. *Ағады* құрыш жарқырап, Қалады кокс лайы (С. Мәуленов, Магнит тау.).

◆ **Ағып тұр** [ағып тұрған]. *а) Сөзге, тілге шебер, жетік.* Қазақ тіліне *ағып тұр* (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Тәрбия мінезінің салмақтылығына қарамай, *ағып тұрған* ертегіші (С. Мұқанов, Таңд.). *Ағып тұрған* әнші еді, Арнап туған сайрауға (Ә. Тәжібаев, Шығ.). *ә) Өтірік, өсек айтуға епті, сөзі берекесіз, пәтуасыз адам. Ағып тұрған* зу екеніңді көзіңнен-ақ көріп тұрмын (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Өтірік, өсек, мақтанға *Ағып тұрса* бейне су. Ат-шапаннан кем көрмес, Біреу атын қойса «қу» (Абай). **Аққан жұлдыз, жұлдызы ақты.** *Түнде аспанда жарқ етіп көрініп, жоқ болып кететін ұсақ метеорлардың халық арасындағы атауы.* Діни адамдар әрбір адамның маңдайына жазылған жұлдызы болады, *аққан жұлдыз* періште әкетіп бара жатқан бір адамның «жаны» деген жалған түсініктермен басын қатырады. Олар аққан метеорды көргенде «өз жұлдызым жоғары болсын» деп сыйынады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Айназар қалжың үнмен: —Біреудің бақыт *жұлдызы ағып* түскен болса, екінші біреудің бақыт жұлдызы оның орнына туған болар! — деді (С. Сейфуллин, Шығ.). **Ауызынан ақ май ақты.** *Не ішем, не жеймін демеді, ішкені алдында, ішпегені артында.* Бір нәрсеге

көңілің алаң болса, *ауызыңнан ақ май ағып* отырса да, ас болмайды (Ауызекі тіл). **Аяқтағы суға ағып өлді.** *Бостан-босқа күйді.* Мені сонда жүргенде «елден кеттім-ау» деген қайғы емес, күні-түні сүйегімді кемірген бір өкініш боп еді. *Аяқтағы суға ағып өліпті ін-ау!* «Кеткенде түк бітірмей текке кетіппін-ау!» — деп өзімді-өзім қинаушы ем! — деп тоқтаған (М. Әуезов, Абай жолы). **Жұлдыздай [жұлдызша] ақты.** *Өте жылдам жүрді, жүрісіне көз ілеспеді.* Осы сәттен бастап құла аттың бауыры жазылып, *жұлдыздай ағып* суырылып алға шыға берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жыртып желді, сілкіндіріп даланы Жүйрік поезд *жұлдызша ағып* барады (Ә. Тәжібаев, Аралдар). **Көз жасы көл боп ақты.** *Қатты жылады.* Бұл күндері [Ленин қайтыс болғанда] қайғылы, қасіретті халықтың қабырғасы қайысып, еңіregенде *көз жасы көл боп ақты* («Соц. Қаз.»). **Көзі ақты.** *Көзі шығып кетті, көрмей қалды.* Абайлап қарасам, қарттың бір *көзі ағып* кетіпті, орны үңірейіп тұр. Сонда ғана неміс жендеттерінің не істегенін көзіме елестеттім («Қаз. әдеб.»). **Көзінен жас аққанша күлді.** *Шексілесі қатты.* Бектұрған *көзінен жас аққанша,* бүйірін таяна, булыға *күлгенде,* Сәнбала да шыдай алмады (Ғ. Сыланов, Очерк). **Көзінен қанды жас [сорасы] ақты.** *Еңіregенде етегі толды; сорлады.* Бет ауған жаққа мен кеттім, *Көзімнен ағып қанды жас.* Қол ұшын бермек сонда кім, Сорлыға мендей қаңғыбас (Жас қанат). Қазақтан солдат алуға Жарлық келді патшадан. Төбесінен халықтың Жасындай болды тастаған. Қанды жасы аралас Қалмады *сорақпаған* (Н. Байғанин, Шығ.). **Көзің аққыр, көзің ақсын,** Қарғ. *Көзің шықсын, көрмей қал. Көзің аққыр, көзің ақсын!* Ей, Құнанбай, аруақ қане, қарғыс атқыр!— деп Бөжей айғай салып еді (М. Әуезов, Абай). **Күй ақты.** *Күй төгілді, күй тартылды.* Үйімізде той болып, Құйқылжыған *күй ақты* (І. Мәмбетов, Тұңғыш). **Қан судай ақты.** *Қан көп кетті, қан көп төгілді.* Түйеге салды қасқыр ауыздарын, Білмейді қай жерінен бауыздарын. *Қан* шапшып сандарынан *судай ақты.* Тістері өткір екен жауыздардың (К. Әзірбаев, Шығ.). Мыңдаған ат тұяғы ақ бидайлы алқапты, мәуелі бау-бақты тапап жаныпты, халық *қаны судай ақты* («Қаз. әдеб.»). **Құйындай [құйынша] ақты.** *Өте тез жүрді.* Алды-артына қарамастан *құйынша ағады,* ордан секіріп, жардан қарғиды (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Құлағынан ағып кетті.** *Айтқан сөзді ұқпады.* Қырсығың қалмас өлмей өмір серік, Бұл сөзім *құлағыңнан кетсе* де *ағып* (Айтыс). **Оқтай ақты.** *Тез, жылдам жүрді.* Таулы жерде өсіп, шаңғы теуіп үйренген балалар қар басқан көл бетінде желдей есіп, *оқтай ағып* Оқжетпеске қарай зымырай тартты (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). **Судай ақты.** *а) Мол болды.* Сансыз табақтар тартылды, қымыз да, арақ-шарап та *судай ақты* («Ара»). *ә) Ысырап болды, рәсуа болды.* Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, шаруасы *судай ақса* да соны ұқпай кетпейтұғыны қалай? (Абай). *б) Сөзге бөгелмеді, мүдірмеді.* Күн ұзын ел қыдырып сүмең қағып, Өтірік пен өсекке *судай ағып,* Екі табақ ет жесең, еліресің Жерден алтын тапқандай масаттанып (Әдеб. хрестом.). Жүртқа құр Ордабаев ұрынғанда, Сәйлесе *судай ағып* суырылғанда (Т. Жароков, Таңд.). **Сүті ағып тұр.** *а) Сүтті, сүті мол.* Жүгері құнарлы азық, құт болады, Мал жесе *ағып тұрған сүт болады* (К. Әзірбаев, Шығ.). *ә) Өсімдіктің әлі қатпаған, көк кезі.* Тау жуасын *сүті ағып тұрған* кезінде теріп жегені оның әлі көз алдында (Ауызекі тіл). **Сынаптай [сынапша] ақты.** *Тез, жылдам жүрді.* Ауылдан шыққан бір ғазик *сынаптай ағып* белден асты (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Тайғақ** жолда тайпалған жорға артын боратып, алдын желдетіп *сынапша ағып* келеді (Бұл да). **Сілекейі ақты.** *Аузының суы құрыды, құмартты.* Әрі алыс жолдан қарны ашып келген, әрі көптен жылқы етін жемеген қонақтардың мұрнына жас еттің исі барғанда-ақ *сілекейлері ағып* бастады (Ауызекі тіл). **Талай сулар ақты.** *Көптеген өзгерістер болды.* Одан бері де *талай сулар ақты,* Алматы ол кезінен әлдеқайда кеңіп те, көріктеніп те кетті (С. Мұқанов, Саяхаттар). Бұл күннің құшағында талай сыр бар. Қай гүлді таңдайсыңдар, қалайсыңдар. Жамағат, қараңдаршы дүниеге, Тоқтамай кетіпті *ағып талай сулар* (Жас қанат).

1. АҚА *зат. диал.* **Айыр.** *Ақасының* санына қарай екі *ақа,* үш *ақа,* төрт *ақа* деп шөп жинайтын құралды айтамыз (Диал. сөздік.).

2. АҚА з а т. д и а л. Аға.— Жібер деймін, баламды бір сүйемін де қайтамын.— Мұртты аға, *ақама* жіберіңізші! (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АҚАВА з а т. *Суы ағып жатқан арықатыз бен тоғанды байлағанда қалған сарқынды су.*

АҚАЙ: **Ақай жоқ, тоқай жоқ.** *Бас жоқ, көз жоқ, еш нәрсемен есептеспей.* Алдыңғы күні кешке таман өзенге жылқы суарып шығарып жатқанда астында сары ала аты, қарында құрығы бар Есдәулет анадайдан бұрылып кеп сәлем берді де, *ақай жоқ, тоқай жоқ:* «Жарекет Айттым да қойдым, есігіне берік болі»— деді (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АҚАЙ-ТОҚАЙ: **Ақай-тоқайға қарамады.** *Алды-артына қарамады.* Сәдібек аусарлау өжет жігіт, *ақай-тоқайға қарамастан* күркеде отырған сары құсты қолына қондырды да, қойшының құнанына мінді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АҚАЛАҚШЫ з а т. к ө н е. *Сауда керуенінің басшысы. Ақалақшы* сол кездегі іскер топтардың өкілі ретінде жалпы жұртқа белгілі, беделді болған (ҚСЭ).

АҚАЛ-ТЕКЕ з а т. *Асыл тұқымды түріқмен жылқысы.* Кеменің ең төменгі қабатында артылған астық, тиелген жүк. Екі теңбіл көк *ақал-теке,* екі қызыл нар бура да келе жатыр (Ғ. Мүсірепов, Қазақ батыры). Елдің күші біріккен Құмды жарып, қақ тілген. Келеді жас түріқпен *Ақал-теке* ат мінген (С. Мәуленов, Таңд.). Шегірткенің айғырындай көк қасқа *ақал-текеге* мінген Асайын да жарқылдатқан қылышын бір сермеді (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АҚАР-ШАҚАР з а т. *Жанды-жақты, өрісі кеңейген, басы өскен.* — Құсыңыз қолыңызға қонды. *Ақар-шақар* үй боп кеттіңіз?— Иә, үй боп кеттік — деді Сәмет Сәлкенге (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ертең ер жеткенде біреуің директор, біреуің ақын болып *ақар-шақар* өсесіңдер, сонда менің өзімді де, тіпті мына туған әкелерің Сәбиді де танымайтын жаңа адамдар келеді, ендеше бұл сөздің шын мәнісі өсу, ұлғаю, — деді Қайып (С. Талжанов, Қайып қарт). Зияда өсіп, ер жеткен сайын Жәпек қарт әлдене берді. Соғыстан бұрын *ақар-шақар* іргелі үй еді (З. Иманбаев, Кең аймақ).

АҚАРЛЫ-ШАҚАРЛЫ с ы н. *Жанды-жақты, өсіп-өнген.* Бала-шағамыз бен өзіміз бір ауыл сияқты *ақарлы-шақарлы* болсақ та, бағзы уақыттары өзіндей шалдармен мәжілістесуді көңіл құлазып аңсайтын мезгілдерім де болды (Р. Әутәлиров, Той тарқар). «Мұғалім» деген қасиетті жалғыз сөз *ақарлы-шақарлы* өскен семьяны бір-бірін сыйластыққа ұйытатын ұраны сияқты (Бұл да).

АҚАУ з а т 1. *Заттың сынған, шығынаған, жарылған жері, жарықшақ.* Өзі жол күзетінде болғалы осы ұзын сапты балғасымен осылай шертіп көріп, талай рельстің көзге көрінбейтін, ішінен шатынаған *ақауын* тапқан (Ы. Тыныкин, Туксиб.). Қазір машинаны бөлшектеу және құрастыру дәрежесіне жеттім. Кездескен *ақауын* да дер кезінде жөндей аламын (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Улы химикаттар *ақауы* жоқ бүтін ыдыста жабық сақталуы керек (Ж. Лұқпанов, Хим. қолдану).

2. *Кемшілік, мін.* Алғым келеді, бірақ жақсы айғырды иесі *ақауы* болған соң сата ма деп ойлаймын,— деді Нәгметжан (С. Мұқанов, Таңд.). Асылы, мал бағуда жұмыстың бір буынында *ақау* жіберіп алсаң, басқа еңбегіңнің бәрі зая кетті дей бер (Шопан серігі). Қаншама қарасам да, қаншама *ақау* іздеп көрсем де пальтодан мін таба алмадым (М. Иманжанов, Адам тур.).

3. А у ы с. *Ауыру, денсаулыққа келген зиян.* Жүрек *ақауы* жүрек қақпақшалары қызметінің бұзылуы немесе сол қақпақшалар жабатын қан жолының тарылуы (М. Исамбаев,... Мед. анықтама.). Дәрігер Нұрланға: «Әкпеңнің *ақауы* бар көрінеді, бірер жыл елінде тынық, туған жердің ауасы шипа» — дегенде, үйелмелі-сүйелмелі кемпір-шалдың тұрмыс күйі, шешесінің ауруы есіне түсіп, тәуекелге бел байлап, сөзге келмей аттануының тағы бір себебі осы-ды (З. Шашкин, Сенім).

4. А у ы с. *Көңілдегі кірбің, дақ, түйткіл, алаң.* Кешегі тінту қаупінен аман қалған соң, көңілінде *ақау* жоқ сияқты еді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). О да менің көңілімде *ақау* барын сезгендей, әр жеріндегі бір басып түртпектеп тіл тиегін ағытқысы келеді (З. Шашкин, Доктор Дархан).

◆ **Ақау салды, ақау түсті.** *Көңілге кірбің салды, дақ салды.* Абай жас жүрегіне жалынды от қосып қайтқан жоқ. Қайта бірқатар жарықшақ, *ақау салып,* көңілмен әлдеқандай мосқал тартқандай боп қайтты (М. Әуезов, Абай жолы). Сүйік-

ті кең бесігім — кәрі Атырау, Анталап қол салғанда жағаңа жау. Жіберіп намысымды жата алам ба, Аналық жүрегіңе *салып ақау?* (Ә. Сәрсенбаев, Таңд.). Анасын аяймын деп Жанаттың жанын жаралады, арына *ақау түсірді* («Халық мұғ.»).

АҚАУСЫЗ сын. 1. *Мінсіз, кемшіліксіз.* Совхоздың қолына тиген бар комбайны мінсіз, *ақаусыз* қызмет етіп жүр (М. Әуезов, Таңд.). Ертеңіне Виктор жұмысқа ширақ келді. Сол күнгі жасаған бөлшектері *ақаусыз* болды («Лен. жас»).

2. А у ы с. *Адал, кіршіксіз, таза.* Бәрінен де ең асыл, ең қымбат нәрсе — ер азаматтың *ақаусыз* ниеті мен ақ жүрегі (Ә. Кешімов, Лашын хикаясы).

АҚАУСЫЗДЫҚ зат. *Мінсіздік, кемшіліксіздік.* Экскаватордың *ақаусыздығына* көз өбден жеткеннен кейін забой мен автомашиналар келетін жол төртіпке келтіріледі («Лен. жас»).

АҚБАЙПАҚ зат. *Сиыр малының індеті, мәлік.* Ой, *ақбайпақ* келгір! (Диал. сөздік.).

АҚБАЛЫҚ зат. зоол. *Ұзындығы бір метрге дейін, салмағы 5—19 кг-ға дейін баратын, ағынды суда өсіп-өнетін жыртқыш балық.* Уылдырық шашар алдында *ақбалық* ағысы қатты терең жерлермен үлкен үйір болып өріске шығады (К. Күленов, Қазақст. балық байл.). Айдынында асыр сап, Алабұға, *ақбалық.* Құдды асау жастық шақ. Торғай өзен жатты ағып (С. Мәуленов, Жаз ерке).

АҚБАР зат. сөйл. **Ақпар** (1-омоним). Аудандық газеттегі *ақбарға* қарасам, біздің колхоз шөп шабуды жүз процент орындапты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Терезе мен есік саңылауларын бітеп алып, алдарына кіріс-шығыс *ақбарын* жайып тастады да, Әкімгерей баяу ғана сөзге кірісті (Ө. Қанахин, Дөмелі).

1. АҚБАС зат. 1. *Басы жара болып, төсі ісетін түйе ауруы.* Түйе фермаларында *ақбас* ауруына қарсы күрес күшейіп, ол күн санап азаюда (Ауызекі тіл). 2. *Аяғына күс түсіп, туяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы, бақай құрт. Ақбас* ауруында шашадан төмен, тұяқтың дәл құндыздығынан бірнеше ақ бөрткендер шығады да, аздан соң іріңдеп аузы ашылады (Х. Арғынбаев, Мал аурулары).

2. АҚБАС зат. *Бидайық тәріздес үлпілдек басты ащы шөп; кейде мұны тауықбас деп те атайды.* Жерді безеп жоңышқалар, *Ақбас,* жалбыз, ошаған. Әлде бізді қарсы ала ма, Гүлден букет жасаған (С. Машақов, Жылдар) Сырдария мен Амудария алабында кең тараған *ақбас* өсімдіктің тұқымы да осылай таралады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АҚБАСҚЫН зат. жерг. *Жаяу борасын.* — Күннің өзі кешеден бері *ақбасқын* боп тұр ғой — деп күдіктенді қарт («Лен. жас»).

АҚБАУЫР зат. зоол. *Салмағы 250 г-дай, қанаты ұзын, топтанып тіршілік ететін бұлдырық тәріздес отрядына жататын құс. Ақбауыр* жерді шұңқырлап ұя жасап, оған 3, кейде 2—4 жұмыртқа салады (ҚСЭ).

АҚБЕРЕН зат. көне. 1. *Асыл болаттан соғылған батырлар киетін жапырақ торлы сауыт. Ақберен* деген сауыттың, Етегі бар, жеңі жоқ. Ағайынды кісінің Төбелессе кегі жоқ (Батырлар жыры).

2. *Болаттан құйылған ұзын ұңғылы шиті мылтық.*

АҚБИҚЕШ зат. *Ақталған тары. Ақбиқешті* майға салып жесе, ірә жақсы болар еді (Диал. сөздік.).

АҚБОЗАТ зат. астр. *Кіші Аю шоқжұлдызындағы үш жарық жұлдыздың бірі. Ақбозат* пен Көкбозат есімімен аталған екі жұлдыз ғылым тілінде Кіші аю дейтін шоқжұлдыздың жарықтау екі жұлдызы (Х. Әбішев, Аспан сыры). Анау жетіқарақшы, дүние-дүние болғалы аңдып, ала алмай келе жатқан *Ақбозат,* Көкбозат — деді ақшыл от, көкшіл от шашқан қатар екі жұлдызды көрсетіп (С. Сейфуллин, Таңд.).

АҚҒҮЛ зат. бот. *Хош иісті, ақ гүлді бұта; жасмин.* Үй маңындағы бос жерге жеміс ағаштарымен бірге сирень, *ақгүл,* акация отырғызуға болады (Ауызекі тіл).

АҚБӨКЕН зат. зоол. *Ешкісінде мүйіз болмайтын, бөкендер туысына жататын, өте жүйрік, шөлге төзімді, аша тұяқты жануар.* Бауырында *ақбөкеннің* лағы ойнап, Сағымдай сумаңдаған салып ойнақ. Уа, шіркін! Шың құзына келіп шығып, Отырсам қызыл жібек әлем байлап (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

АҚДАБЫ з а т. *Жұқа ақ мата,* Зылиқа шешесіне *а қ д а б ы д а н* іш көйлек тігіп берді (Ауызекі тіл).

АҚЖЕЛЕК з а т. б о т. *Тамыры мен жапырағы тамаққа пайдаланылып, дәнінен эфир майы алынатын бір жылдық овощ өсімдігі. А қ ж е л е к* СССР-дің барлық жерінде, Қазақстанның суармалы егіншілікпен айналысатын аудандарында өсіріледі (ҚСЭ).

АҚЖОЛТАЙ с ы н. *Жақсылық әкелді, жолы болды деп ырым көру.* Орынсыз отырғам жоқ тазды мақтап, Көңілге көп сөзімді салғын қаттап. Нұр жаусын, бәрекелді, бар шырағым. *А қ ж о л т а й* аманесен босаға аттап (Айтыс). *А қ ж о л т а й ы м* Қанықей, Қара сұрдың сұлуы, Ұрғашының нұрлысы, Айналайын балам! — деп (Манас), Бұл көктем — барша қауым алдында салмақты да салауатты ой тастаған, бесжылдықты бастаған *а қ ж о л т а й* көктем («Лен. жас»).

АҚЖҮРЕК з а т. б о т. *Теріскен тәрізді шөп, ем үшін пайдаланады* (Диал. сөздік.).

АҚЗОН з а т. ж е р г. *Ақ шыт, ақ сиса.* Дүкендегі *а қ з о н н а н* 15 метр алайын десем, ақшам жетпей тұр («Диал. сөздік.).

АҚИ е т 1. *Көзі ежірею, ақыраю.* Адамға тіке қарағанда сау көзі шарадай жанып тұрғанда, екіншісі *а қ и ы п* үрей шақырғандай тым сұсты көрінетін (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Садаға кетсін Қамбардан, Болса да айтам асылық. Абаңдаған неме екен, Қисық көзі *а қ и ы п* (Қамбар).

2. *Әкіреңдеу, едіреңдеу.* Сорлы сені қатарға қашан алды, Сайлауда көкке қарап *а қ и я с ы ң.* Ішкенің су орнына арақ, боза, Дозақтың ортасында қақиясың (Жамбыл). Баласы Исатайдың Жақия-ды, Жақия жауды көрсе *а қ и я д ы* (Махамбет).

◆ **Ақи көз.** *Шапыраш.* Байқаусызда көзім түсіп кетіп еді, бір ала көзімен оны, бір ала көзімен мені атып бара жатыр. Қорыққанымнан бақыра беріппін. Бақсам ол сондай *а қ и к ө з* екен (С. Шаймерденов, Мезгіл).

АҚИҚАТ а р. з а т. 1. Ф и л. *Табиғат пен қоғамдағы санадан тыс және одан тәуелсіз өмір суретін заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі. А қ и қ а т* процесс ретінде нақты тарихи болады (Маркстік филос.).

2. *Шын, шындық.* Ойлашы, бір әділдік бар емес пе, *А қ и қ а т* жоқ жерде өмір тар емес пе. Болуға маған әділ міндеттісің, Өйткені менің атым ана емес пе? (К. Райбаев, Жаңа толғау). Ханша, хан да, ханым да Әлсіз екен, — деді жұрт, — *А қ и қ а т т ы ң* алдында! (Қ. Мырзалиев, Алуан).

3. *Даусыз, дәл, анық.* Оның соқтырар білезігіне тағы бір оралары *а қ и қ а т* (Ж. Саин, Жол үсті). — Сіз наныңыз, мен жасырып тұрғаным жоқ. *А қ и қ а т* шындық, қайда жүргенін білмеймін (Х. Есенжанов, Тар кезең). — Маған ұнамағаны *а қ и қ а т,* жаным! Тым еркекірек дандайсыған есер поэзия! Нұрлан ақынға естірте қасақана айтты (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Абсолюттік ақиқат.** Толық аяқталған формасында объективтік ақиқат *а б с о л ю т т і к а қ и қ а т* деп аталады (Маркстік филос.). **Абстрактылық ақиқат.** Марксизм *а б с т р а к т ы л ы қ а қ и қ а т* болмайды, ақиқат әрқашан нақтылы болады дегенге сүйенеді (Маркстік филос.). **Объективтік ақиқат.** *О б ъ е к т и в т і к а қ и қ а т т ы ң* бар екендігі — дүние тек материя ғана емес, сонымен қатар оны тануға да болады деген сөз (Маркстік филос.). **Относительдік ақиқат.** *О т н о с и т е л ь д і к а қ и қ а т* шындықты негізінен алғанда дұрыс бейнелейтін, бірақ толық емес, белгілі шектерде, белгілі жағдайлар мен қатыстарда бейнелейтін білім (Маркстік филос.).

АҚИҚАТТА е т. *Анығына, шындығына жету.* Тергеу ісінде мәселені жете тексеріп *а қ и қ а т т а п* алмай қорытынды шығаруға болмайды (Ауызекі тіл).

АҚИҚАТТАЙ с ы н. *Ап-анық, шындықтың өзіндей.* Өлеңім ақсақалдың *а қ и қ а т т а й,* Көңілі ақ Болықтың жазған хаттай. Айтысар меніменен есі кеткен Қарт бөкен мен бір жүйрік, Шошай аттай (Айтыс). Егер бүйте беретін болса, өзінің бүкіл кластың әбден мазағына айналатыны *а қ и қ а т т а й* сезіледі (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АҚИҚАТТАЛ *Ақиқатта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ойлау әрекетінің табысы тіл арқылы *а қ и қ а т т а л а д ы,* өйткені тіл мен ой бір-бірімен тығыз байланысты (Қаз. тілі).

АҚИҚАТТАУ *Ақиқатта етістігінің қимыл атауы.* Дер кезінде істі *а қ и қ а т т а у д ы ң* нәтижесінде баланы теріс жолдан қайтарып, қатарға қостық («Лен. жас»).

АҚИҚАТТЫҚ з а т. 1. *Шындық, растық.* Біздің дүниені танып-білуде жиналған мәліметтеріміз шынында *ақиқаттықты* бейнелейді (М. Мұқанов, Бақылау). Марксизм-Ленинизм ілімі тарихтың қатаң сынынан мүдірмей өтіп, оның *ақиқаттығын* өмірдің өзі айқын дәлелдеп берді («Лен. жас»).

2. С ы н. *Өмір шындығын дәл, нақтылы бейнелейтін.* Әр тап өз мақсатында құрал боларлық әдебиет шығармаларын жақсы дейтіні рас. Бірақ, *ақиқаттық* шын жақсы, ең тұрлаулы жақсы — пролетариат бағытындағы әдебиет шығармалары (С. Сейфуллин, Таңд.).

АҚИҚАТШЫЛДЫҚ з а т. *Өмір шындығын дәл бейнелеушілік.* Жинақтардағы очерктердің көркемдік өрісі де, көтерген жүгі де бірдей емес. Әйтсе де бәріне ортақ *ақиқатшылдық ты,* жылылықты сезінеміз («Қаз. әдеб.»).

АҚИЛАН е т. *Көзі едіреу; әкіреңдеу, ежіреңдеу.* Сарбас ақын меннің деп, Нан пісіріп кеудеңе. Неге мұнда келдің деп, *Ақиландың* сен неге? (Жамбыл). Ала көзі *ақиланып,* айқай салып жүретін әпер бақан (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АҚИРЕТ а р. з а т. д і н и. *О дүние, махшар.* Кірсін дәулет, шықсын бейнет! Айтамын, байлар, сізге жарапазан! Молдалар ертең ерте айтар азан! Айтқанға жарапазан қайыр берсең, Барғанда *ақиретке* болмас жазаң (С. Сейфуллин, Таңд.).— Сіз *ақиреттің* ғана адамысыз, дүние сөзіне кірісуіңіздің керегі жоқ (І. Жансүгіров, Таңд.). Осыған сенер болсаң, мінекей қол! Падишам ұсақ емес, ірі адам бол. Айтқаны имамдардың рас болса, Бұндай іс *ақиретте* жұмаққа жол! (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АҚИ-ТАҚИ ү с т. ж е р г. *Біржола, бүтіндей.* — Інім ұрлығың не? Мен бүгінде ол кәсіпті [ұрлықты] *ақи-тақи* қойған кісімін (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АҚИТ *Ақи етістігінен жасалған өзгелік етіс.* — Өзіңе тиетін сөзді айтқаның не бишара! — деді Хакима күйеуіне, — сен дұрыс әке болсаң... жарайды, *ақитпа* көзіңді, қойдым (М. Иманжанов, Көк белес).

АҚИЫҚ з а т. *Түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш, ұшы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* Шіркін, қол жетпес құзға ұялаған аспан серісі *ақиықтың* балапанын алғандағы қуаныштай дүниеде қуаныш бар ма екен десеңші! (Ғ. Орманов, Жүрек).— Атаулы *ақиықтардың* қиян тұрағы да Алатау мен Қаратау ғой. Жігітім, сол төңіректегі жекжаттарыңа мұз балақтардың біреуін әлі күнге алдыра алмай жүргенің жарамаған — деді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

2. П о э т. *Теңеу, ұқсату.* Ей, Біржан көңіліңді тындырайын Аруағыммен құдайға ұрдырайын, Найманда түлеп ұшқан *ақиықпын,* Топшыңды қанатыммен сындырайын (Біржан — Сара). *Ақиық* мұз балақпын жерге түспес, Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес. Басайын аптығыңды тез шық, Сара, Сен түгіл, әкеңдеймен болдым істес (Бұл да).

АҚИЫҚТАЙ с ы н. *Ақиық сияқты.* Жеріне жау шапқанда, Оқ жауғанда төбеден. Аясынан Алтайдың *Ақиықтай* түлеген (Ақын жырлары). Еңбектен туып ерлік іс, Ел намысын бермеген. *Ақиықтай* мұз балақ, Тұғырда тұрып жем жеген (Ү. Кәрібаев, Таңд.). Арыстандай толғанып, *Ақиықтай* қомданып, Желкілдеген айдары, Арқыраған ат мініп Ерлер елді қорғадың (Пернедегі терме.).

АҚИЫҚША ү с т. *Ақиық секілді.* Жайықтың ақ түлкісі Аралдағы Алдымнан сен бір қашқан марал-дағы. Қараймын томағамды ашып-жауып, Тауының *ақиықша* Оралдағы (Ақан сері, Шығ.).

АҚКӨЗ з а т. з о о л. *Суы неғұрлым тұщы келетін Сырдария, Амудария және Орал өзендерінің сағалық алқабын мекендейтін кішкентай балық. Ақкөз* көбінесе жыртқыш балықтарға жем болады (К. Күленов, Қазақст. балық байл.).

АҚКІС з а т. з о о л. *Түсі ақ, терісі бағалы бұлғын тобына жататын кішкене жыртқыш аң.* Алақоржындар өте көбейген жылдары бағалы терілі аңдар — түлкі, қарсақ күзен, *ақкіс* көбейеді (Б. Мұханов,... Қазақст. өсімдік). Су егеуқұйрықтарының қауіпті жауы — *ақкіс.* Бұл да қамысты қопаларды және бұталарды мекендейді (Бұл да).

АҚҚАЙРАН з а т. з о о л. *Басы кішкентай, сүйегі аз, тағамдық маңызы өте жоғары, етті балық. Аққайран* өте сақ, ол аулауға қиын учаскелерде болады (К. Күленов, Қазақст. балық байл.). Шолпылдайды *аққайрандар,* Күн көзінде ыршып ойнап (С. Бегалин, Өленд.).

АҚҚАЙЫҢ з а т. б о т. *Басының гүлі жоқ, ұзындығы 20—25 см, шытырға ұқсас, мал жейтін шөп.* Есіктің алды *а қ қ а й ы ң*, Жапырағын баспайын. Бұл үйден былай кеткенсін, Балалықты тастайын (Диал. сөздік.).

АҚҚАЛА 1. *Қардан жасалған тосқауыл, қоршау, ықтасын.* Ойпат, сай-сала қарға толы, үй маңына қар белестері, маялардың сыртына қар жарлары пайда болған. Әр үйдің-ақ жел жағынан *а қ қ а л а* соғылып қалыпты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *А қ қ а л а* соғып оралған Айша да қарға малшынып, Ықтасын бопты боранның Малына күрке тал шыбық (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Ылғал — молшылық көзі екенін түсінген совхоз дықандары биыл 28 мың гектардан астам егістік алқапқа екінші рет қар жоталарын тұрғызуды мақсат етті. Қазір оның 15 мың гектарында алғашқы рет қардан *а қ қ а л а* тұрғызды («Соц. Қаз.»).

2. *Қардан әр түрлі мүсін, бейне жасап ойнайтын балалар ойыны.* Жүре ме бала ойнамай, Соғыпты қардан *а қ қ а л а*. Суықтан беті алмадай, Қызарған, ойнап топ бала (Т. Жароков, Таңд.). Болса да аяз ызғарлы, Ойнады бөбек шаттана. Бетінде қардың із қалды, Орнады үлкен *а қ қ а л а* (С. Жиенбаев, Қарлығаш).

АҚҚАЛАДАЙ с ы н. *Аққала сияқты.* Қажымұқанның *а қ қ а л а д а й* тістері күлгенде ақсиып кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қыста егін даласына шаруалардың жыпырлата соққан *а қ қ а л а с ы н д а й* етіп мұржалары ормандай сыңсыған заводтар (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

АҚҚАЛАҚ з а т. з о о л. *Қысқы жүні шымқай ақ, жазда арқа жағының жүні қызыл қоңыр, немесе қара бурыл, бүйірі қара, бауыры ақ болып келетін терісі бағалы жыртқыш аң. А қ қ а л а қ* батыл және айлакер аң. Азықты көбінесе түнде, ал жазда күндіз де іздеуге шығады (Х. Қыдырбаев, Дала керкі).

1. **АҚҚАПТАЛ** з а т. з о о л. *Арқа, кеуде қанаттары қосарланып біткен, майы тағамға да, техникалық мақсатқа да жарамды кит, дельфиндер тұқымдасына жататын сүтқоректі жануарлардың бір түрі.*

2. **АҚҚАПТАЛ** з а т. 1. *Жауыр болумен байланысты қапталына ақ жүн өсіп кеткен аттың, түйенің белгісі.* Бұзаубақтың денесі жапырайған, жүк басты болған жапырақ өркеш, *а қ қ а п т а л*, өмірінде шыр бітпеген оқпақ қоңыр түйе төрізді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Суға малшылған қамыс қораның ығында құлағын салбыратып, жусап *а қ қ а п т а л* бір арық ат тұр (С. Шаймерденов, Мезгіл).

2. *Әжкі, жырынды, ысылған (адам).* Талай елді зар еңіреткен *а қ қ а п т а л* ұры бұл жолы да ұстатар түрі жоқ (Ауыз-екі тіл).

АҚ-ҚАРА з а т. *Істің ақиқаты, адаларамы, оң-терісі.* Арыз қылған адам көп, *А қ-қ а р а с ы н* тексеріп, Сұрап-біліп айтарсың, Қарашығым, маған кеп (Манас). Кейқауыс бұл турада болды қайран, Білем — деп *а қ-қ а р а с ы н* мұның қайдан? Қалайша осыларды етемін — деп, Ойласып халқыменен ақыл сайған (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).— Егерде әзіл қуған адам болсаң Айырмас *а қ-қ а р а н ы* надан болсаң, Қаңғырма, жайыңа жүр, жолың әне, Қосылмас үш қайнасаң маған сорпаң (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

◆ **Ақ-қараны [ақты-қараны] таныды.** *Жақсы-жаманды айырды, оң мен солын таныды, көзі ашылды.* Көпшіл болған көкешім деп, Көп өсиет айтқан анам. Тәрбиелеп титтейімнен *А қ-қ а р а н ы т а н ы т қ а н* анам (Ү. Көрібаев, Таңд.). Мен солар арқылы *а қ т ы-қ а р а н ы т а н ы п*, қосымша құн дегеннің не екенін, сондай-ақ капиталистерге көп ақшаның қайдан келетінін түсіне бастадым (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АҚҚАТПА з а т. *Қойдың ұлтабарында болатын құрт.* Іш құрт аурулары (гельминтоз) үш топқа бөлінеді: біріншісі — жұмыр құрт. Бұған қойдың ұлтабар құрты — *а қ қ а т п а*, өкпе құрты, жылқының жылан құрты жатады (Ә. Әбішев, Мал санитары.).

1. **АҚҚУ** з а т. з о о л. *Иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды, үйректер тобына жататын үлкен құс. А қ қ у* құс айдын көлге шомылғандай, Лашын құс өз бойынан қорынғандай, Үніндей домбыраның дүрілдетіп, Көк түйғын қуға түсіп соғылғандай (І. Жансүгіров, Өленд.). Айдынын *а қ қ у*, қаз, алуан түрлі үйректер мекендеген қамыс ішінің алаңдарындағы көк үйірімдері құс базарына ұқсайды (С. Бегалин, Таңд.). Ал қара көк айдынында, *А қ қ у* жүзген, Аралым! Айдынына ай нұрында Айбаттана қарадым (Қ. Аманжолов, Таңд.). *А қ қ у* құстың төресі, Жалғыз жатып оттамас; Қас жақсының белгісі, Қара сөзді жақтамас (Мақал).

◆ **Аққу мойын.** Поэт. *Әдемі ұзын мойын.* Сүйіктей *аққу мойын,* алма сабақ, Безенген шыбық дене, кербез сағақ. Наз сұлу, наз қимылды құралайым, Садақтай ұзын кірпік, гауһар қабақ (С. Сейфуллин, Өленд.). Ольганың желке жағында тұрып, оның ұзын *аққу мойнына,* үлпілдеген ақ сары шашына сүйсіне таңданамын (З. Шашкин, Өмір тынысы).

2. **АҚҚУ** зат. астр. *Аспанның солтүстік жарты шарындағы Құс жолының тұсынан байқалатын шоқ жұлдыз. Аққу* шоқ жұлдызы СССР территориясында көктемде, жазда және күзде айқын көрінеді (ҚСЭ).

АҚҚУДАЙ сын. *Аққу сияқты.* Біздің де естиін деп ынтығып отырғанымыз осы болған соң, жыршыны қоршай түсеміз. Төлеңгіт *аққудай* саңқылдайды (С. Ерубаев, Шығ.). Деуші едім жастан сені маған серік, *Аққудай* ашақ шырай біткен көрік. Керілген кер маралдай кербезім-ай, Күн бар ма көңілім тынар сені көріп (И. Байзақов, Шығ.).

АҚҚУДАЙЫН сын. поэт. *Аққуға ұқсас.* Шұбар тауға шарықтап, Жетті жылдам, өленім. *Аққудайын* аруға Айтшы ақынның сәлемін (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АҚҚУЛЫ сын. *Аққуы көп, аққуы бар.* Жасыл жібектей судыраған көк ала құрақты, шаңқылдаған шағалалы, сыңқылдаған *аққулы,* үйрек-қазды у-шу болып әндеткен, әупілдеген, толқындары ақ көбігін шашқан айдын көлде жүреді (С. Сейфуллин, Танд.).

АҚҚЫШ сын. *Ағып түскіш.* Көзімнен ыстық жас тамды, Ойға алдым өткен жылды ізгі. Қақ тіліп түнгі аспанды, Сағындым *аққыш* жұлдызды (С. Әлімқұлов, Жайсаң жер).

АҚҚУША үст. *Аққуға ұқсап.* Садуақас жаурыны тіп-тік күйі, мойнын *аққушa* созып рахаттана қарады (Д. Әбілев, Ақын арманы). Суында жүзген талай кербез кеме, *Аққушa* тұрған төсін күнге керe (З. Қалауова, Таңд.).

АҚҚҰЛА үст. 1. *Бекерге, босқа, зая.* Жаздығүні бұл су [Талғар] бұдан да күшті, бұдан да мол болып *аққұла* болып ағады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жаз, шаруа уақытында *аққұла* ауыл қыдырып жүрген қазақ сазайын тартты ғой (С. Шарипов, Шығ.).

2. *Ерекше, өзгеше, айрықша.* Қабырғалы қара нардай қайғы тауын бір өзің ғана көтердің. Баланды жеткіздің. Осынау *аққұла* ерлігіңді ел көріп отыр (Ғ. Сыланов, Асау арна). Астықты олар бүлдірмегенде *аққұла* біз бүлдіріп алатын не болыпты соншама (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

1. **АҚҚҰЛАҚ** зат. зоол. *Дене тұрқы 13—38 см, салмағы 150—250 г, қысқы жүні шымқай ақ, терісі қымбат, сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аңдардың ішіндегі ең кішкенесі. Аққұлақ* аққіскe ұқсас, бірақ құйрығы қысқа және ұшы қара емес (ҚСЭ).

2. **АҚҚҰЛАҚ** зат. *Қой, ешкіде болатын жара, қотыр* (Диал. сөздік.).

АҚҚҰС зат. *Иленген терінің майын алатын күйдірген әк, у тас.*

АҚҚҰТАН зат. зоол. *Аяғы ұзын, денесі үлкен, топшысында әсем ақ қауырсындары бар жыл құсы.* Көлдің айналасы сыңсыған үйрек, қаз, аққу, *аққұтан* тәрізді үлкен құстарға сыймайтұғын (М. Әуезов, Танд.). *Аққұтанның* қауырсыны шығыс халықтарының арасында ерте кезден бас киімді безендіретін әшекей ретінде қымбат бағаланатыны белгілі (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АҚМАҒАМБЕТ зат. қарап. Арақ. — Өзге сөзді кейін айтармын,— деді Шәймерден, — қатын, *ақмағамбеттен* де әкел, қонақтар бойын жылытсын. Әйел бір графина толы арақ әкеп, күйеуінің қолына ұстатты (С. Мұқанов, Сырдария).

АҚМАМЫҚ зат. бот. *Малға құнарлы, құрғақшылыққа төзімді, тамырынан дәрі жасалатын астық тұқымдасына жататын өсімдік. Ақмамықтың* 86 түрі бар. Қазақстанда 15 түрі өседі (ҚСЭ).

АҚМАРҚА зат. зоол. *Ірісінің дене тұрқы 80 см, орташа салмағы 2—4 кг, еті майлы, уылдырығы құнды, кәсіптік мәні бар жыртқыш балық.* Кәдімгі *ақмарқа* Балтық теңізі мен Қара теңіз және Азов теңізінде, Ладога көлінде және басқа да өзендерде кездеседі (К. Күленов,... Балық шаруаш. сөздігі).

АҚМҰРТ зат. жерг. *Етіктің ішкі ұлтаны, ішпек,* Етіктің *ақмұртын* салу керек (Диал. сөздік).

АҚНАБАТ зат. *Жұмсақ, тәтті ақ қауын.* *Ақнабат* тәтті қауынның бірі (Диал. сөздік.).

АҚНАУАТ з а т. *Үлкен сары қауын. Ақнауат* сулы келеді, ауыр болады (Диал. сөздік.).

1. АҚПА з а т. ж е р г. 1. *Ұшы сүйір таяқ.* 2. *Алғашқы көбік қарда таяқ жүгіртіп ойнайтын ойын.* Қыста *а қ п а* ойынын ойнаймыз (Диал. сөздік.). *А қ п а н ы* кей жерде «сүмбе», «жылман» деп те атайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

2. АҚПА з а т. к ә с і б. *Үлкен өзендерде пайдаланылатын аудың бір түрі.* Балықшылар қайыққа мінип, *а қ п а* ау салды (Диал. сөздік).

3. АҚПА с ы н. 1. *Ағатын, құйылатын (су), көшпелі (құм).* Қала төңірегіндегі егістіктерді суару үшін пайдалануға болатын су көзінің бірі — канализациялық *а қ п а* су (Е. Жамалбеков, Суар. топырақ). Мынау жосылып жатқан *а қ п а* құмнан тіршілік тапқан қарағай мен самырсын ағаштарына еріксіз таңырқайсың («Лен. жас»). 2. *Ұзақ шабысқа жарамайтын ұшқыр, тыз етпе.*—... Жарықтықтың маужырап, бейғам, марғау тұруын қарашы. Ала қашпа, тыз етпе *а қ п а* емес, қаны қызып, денесі бусана келе ағындайтын нағыз ұзақ шабыстың деген өрен жүйрігі — деп Күреңбай Құлагердің қасына келді (С. Жүнісов, Ақан сері). 3. А у ы с. *Сөзге жүйрік, шешен: төкпе ақын.* Шабыты келген *а қ п а* ақын бабындағы аш қыранға меңзес, тұрғылас (М. Әуезов, Әр жыл.). Қырғыздың не түрлі білгіштерін, құйылма шешендерін, *а қ п а* ақындарын Шоқан, әсіресе, осы аста еркін көреді («Қаз. әдеб.»).

◆ **Ақпа жұлдыз.** *Планеталар арасындағы кеңістіктен келген метеорлық дененің жер атмосферасына енуінен пайда болатын құбылыс.* **Ақпа құлақ.** *Сөз ұқпайтын, парықсыз адам. А қ п а қ ұ л а қ қ а* айтсаң, ағып кетер. Құйма құлаққа айтсаң, құйып алар (Мақал). Шырағым, қатарыңмен қатар жүрсең, Онда сен қарт еңбегін қайырғаның. Әгәрда, *а қ п а қ ұ л а қ* ақымақ болсаң, Қайтейін, белді басып майырғаның! (XX ғ. қаз. әдеб.).

АҚПАЙ-ТОҚПАЙ ү с т. ж е р г. *Әйшайға қарамай, айт-үйтке қарамай.* Келдің де *а қ п а й - т о қ п а й* кеттің қойып, Барасың үндемесем төбемді ойып. Болар деп түбі қандай ойламайсың, Барасың елдің бәрін қырып-жойып (Айтыс). *А қ п а й - т о қ п а й* дедің де кеттің қойып, Ортасынан түскендей муздың ойып (Жамбыл).

АҚПАЛАП ү с т. *Ентелеп, ағылып.* Әр бөлмеден *а қ п а л а п* жүгіріп шығып жатқан адамның аяқ дыбыстары естілді (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.).

АҚПАН з а т. к ө н е. *Февраль айының қазақша аты.* Осы *а қ п а н* мен қаңтардың қызыл шұнақ аязында жаяулап бізбен бірге сүмеңдеп келе жатырсың... Ой, шіркін-ай, не деген ақымақсың! — дедім (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бір сурет түсті есіне *а қ п а н д а ғ ы,* Қыстаудан қойға қасқыр шапқандағы. Айқайлап айтақ сала ұмтылғанда, Иті де бірге ұмтылды, жасқанбады (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Түкірік түспей *а қ п а н д а,* Мұртына көк мұз қатқанда, Шыжыған шаңқай шілдеде, Тұманды лайсаң түнде де, Осы адам тыныш тапқан ба? (Б. Әбдіразақов, Тұңғыш. кітап).

АҚПАНДАЙ с ы н. *Ақпан айындағы ауа райындай.* Жыр басталды дауылды Борандатқан *а қ п а н д а й.* Айтып жібер ағыла, Тағы да, ақын, тағы да! (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

АҚПАНДАТ е т. *Борандату.* Мен туыппын *а қ п а н д а т қ а н* боранда, Кім біледі бәлкім әлде сонан ба?! — Ала құйын мінезім бар ашулы, Қапелімде басылам ба, болам ба?! (Қаз. әндері). Қаптаған әр тұстағы Көп жылқыға қарайды. Еске алады қыстағы *А қ п а н д а т қ а н* әр айды (Б. Аманшин, Өленд.).

АҚПАН-ТОҚПАН з а т. *Ақпан айында болатын суық, амал.* Алақаншықтаның әпшімізді қуырған *а қ п а н - т о қ п а н* да өтті. Күн райы да сыныш, арқамыз кеңи бастады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Асылбек бұрын да менсінбей жүрген мондыбас әйелін *а қ п а н - т о қ п а н н ы ң* үскірігінде төркініне апартып салды (Бұл да).

1. АҚПАР а р. з а т. 1. *Мәлімет, дерек.* Біздің қолымыздағы *а қ п а р л а р ғ а* қарағанда дұшпан күшін жинап, барлық даярлық қызметін бітірген болуы керек (Б. Момышұлы, Москва үшін.)— Қолының ебі бар біреуге арыз жаздырып, *«а қ п а р ы н ы ң* бәрі өтірік» дегізіп, әлекке салып қоймасам ба!.. — деді ол (С. Адамбеков, Кесенің көзі).

2. *Желеу, дақпырт.* «Ұры көбейді, ел құтырды» деген сөздерді *а қ п а р* етіп, крестьян начальнигі, ояз, жандарал кеңселеріне жағымпаз болыстардың өздері де жауларын көрсетумен қатар білдіре берген (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

2. АҚПАР з а т. ж е р г. *Үлкен кесе. Ақпармен* шай ішті (Диал. сөздік).

3. АҚПАР с ы н. ж е р г. *Ақпа ат.* Сонда, біріншіден, *ақпар* биенің қарқыны басылып қалуы мүмкін, екіншіден, сұлы жеп жүрген жылқы қазылы болады, қазылы жылқы алысқа шаба алмай, біраздан кейін ентігіп қалады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҚПАРЛА е т. *Хабарлау, мәлімет беру.* Осы жайды келесі күндері тамақ тасушы бала кейбір камераға астыртын *ақпарлап* қойды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АҚСА е т. 1. *Аяқтың жерге тең тимеуі, бірдей басылмауы; сылтып басу.* Оқ тиген теке шаңырақтай мүйізімен басын жерге тұқыртып бір домаланып барып қайта тұрды да, *ақсай* басып жөнеле берді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Сирақтары ұзын жылқы да жаман жылқы, ондай ат жиі *ақсайды* (Т. Әлішеров, Өнерпаз).

2. А у ы с. *Жұмыста, еңбекте кемшілік болу, артта қалу.* Алда келе жатқан бригада *ақсап,* жұрт алдында ұятқа батуы ықтимал-ау! (Алғы шептегі.). Біздің қазіргі әдеби сын тәжірибемізде, әсіресе эстетикалық талдаудың *ақсап* келе жатқандығы белгілі (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

3. А у ы с. *Сүріну, мүдіру, жаңылысу.* Алдымда қалың баулы орман, Алдымда өмір өткелең! Қол созған сонау арманнан *Ақсамаймын* деп келем! (Қ. Бұғыбаева, Тұңғыш кітап). Көрі *ақсайды* ақылдан, Ер *ақсайды* жақыннан. Қазір әлсіз болсам да, Үмітім бар ақырдан (Алдаспан).

АҚСАҚ с ы н. *Аяғы кем, сылтыма.* Сандалып келе жатты *ақсақ* киік, Бір тоқтап анда-санда әлін жиып... Ақ бөкен сахараның бота көзі, Атты екен қандай мерген көзі қиып? (С. Сейфуллин, Өленд.). Семіз жылқылар күн ыстықта қызыл май болып кетеді деп, өзінің балаларын арықтұрық, *ақсақ,* жауырға мінгізетін (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

◆ **Ақсақ ұйқас.** *Өленнің бірінші жолымен үшінші жолы, екінші жолымен төртінші жолының ұйқасып келуі.* Ақмолла кейбір өленлерін қара өлең үлгісімен, яғни он бір буынды, *ақсақ ұйқасты* етіп жазған (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

АҚСАҚАЛ з а т. 1. Т а р. *Революциядан бұрынғы қазақ ауылының ру басы, билік иесі.* Абайдың әкесі Құнанбай осы күнгі Семей облысының жеріндегі Шыңғыс тауының етегін мекендеген Тобықты руының басшысы, *ақсақалы,* аса ірі феодал болған (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Тайпаларды *ақсақалдар* басқарған (ҚазССР тарихы).

2. *Жасы үлкен құрметті адам.* Көрші ата, *ақсақал* шал, күйші баба, Сонда бір көкейінен күй шығара. Осынау «Қосбасарға» шертуші еді, Тұрғанда түн әлдилеп, тыныштап ауа (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). — Немене әкелген, құстарың қайда?— деп жымиды сары бәйбіше Шыңғысқа әзілдей қарап.— Көп құс кездеспеді, бір-екі үйрек алдырып ек. Ебекең ауылының *ақсақалдары* кездесіп, солар байланды (С. Бегалин, Бала Шоқан). // *Ең үлкені, көрнектісі.* Оған қазақтың халық поэзиясының тоқсан жастағы *ақсақалы* Жамбыл Жабаев та қатынасты (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Қыста ылғи жарқырап ақша қары, Салаланып ұзарар ақ сақалы. Атамыздай ақылгөй һәм мейірбан Қаратаудың Мыңжылқы — *ақсақалы* (Н. Сүлейменов, Жолда). Ақ мақтадай басын жапқан ақша қар, Орта Азия ортасында *ақсақал.* Түркстанның ала шұбар жотасы Тұрды қарап тілегендей сәт сапар (С. Мәуленов, Жаңа арна).

АҚСАҚАЛДАЙ с ы н. *Көпті көрген, қарт адамдай. Ақсақалдай* көпті көріп, Ғасыр сырын әндеткен (Д. Әбілев, Таңд.). Өзіне тән қызығымен қыс келер, Қатал сыншы *ақсақалдай* жаны ұлық (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

АҚСАҚАЛДЫ с ы н. *Жасы үлкен; қарты бар.* Бақытты шат өмірде жүзім жарқын, Бөленді қуанышқа бүкіл халқым. Жыр төкті жасарғанның белгісі деп, Нұрпейіс *ақсақалды* көрі қартың (Н. Байғанин, Өрістеген өмір). Мынау келген Назар ма? *Ақсақалды* ауыл азар ма? Сұрағаның бір-ақ тай, Бермейді деп сазарма (Абай).

АҚСАҚАЛДЫҚ з а т. 1. *Көпті көрген, көп жасаған адамға лайық; үлкендік.* Мына Құрымбай дегенің Ерғалидің түсінбей жүрген адамы, жынды деуге жынды емес, есі бүтін деуге басқалардай үлкенді сыйлап, *ақсақалдық* жолына бағынып, әдеп сақтап отырған жас емес. Мінезі де, сөзі де тұрпайы (Б. Майлин, Таңд.).

2. *Ескі рушылдық, феодалдық.* Заманында оның істеп кеткен озбыр, содыр істері болса да, рушылдық, *ақсақалдық*

салт-сана бойынша кейінгі ұрпақ Кеңгірбайды сынамастан «баба» деп қадірлейтін (М. Әуезов, Әр жыл.). Автономия тиген екі-үш жыл бойында советтік, мемлекеттік жаңа тәртіп ғасырлар бойы шегенделген *ақсақалдық*, феодалдық ескі салтпен тайталасуда (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АҚСАҚАЛШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. *Ақсақалдық. «Ақсақалшылық»* оларға тура: Олжа болса толық, Басқа іс күнә (Б. Майлин, Таңд.).

АҚСАҚ-ТОҚСАҚ з а т. *Ауру-сырқау, кәрі-құртаң, кем-кетік.* Байдың аманатқа беретін қойы да оншалық құнды қойлар болмайтын, базарға жарамай қалған *ақсақ-тоқсақ*, ауру-бұрақ қойлар болатын (І. Жансүгіров, Шығ.). Үй маңында өрістен қалған *ақсақ-тоқсақ* малдар мен бірлі-жарым тұсаулы аттар көрінеді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АҚСАҚТЫҚ з а т. 1. *Ақсап қалушылық, аяқтың кемдігі.* Сапар аяғының аздаған *ақсақтығы* болмаса, сырт бейнесінде ешбір мініп жоқ, келбетті жігіт еді (Ауызекі тіл).

2. А у ы с. *Кемшілік, жетіспеушілік,* Бірақ әлі де болса ынтада кемшілік, жүрісте *ақсақтық* бар (С. Дөнентаев, Шығ.).

АҚСАҢ з а т. *Ақ мата, сұпы.* Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен, Тон қабаттап кигенім шидем шекпен. Жейдедамбал *ақсаңнан*, жарғақ шалбар, Жырым балақ матамен әдіптеткен (Абай).

АҚСАҢДА е т. *Аяқты сылтып басу.* Үстімде сұр шинелім, *Ақсаңдай* басып келемін. Қанды қырғын, қызыл от, Қаптап жүр ажал дегенің (Қ. Аманжолов, Таңд.). Ең соңында алдыңғы аяғынан *ақсаңдай* басқан шолақ құйрық қызыл тайыншаны ілгері өткізіп жіберіп, партизандар пулемет пен автоматтан оқ жаудырды (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

АҚСАҢДАТ *Ақсаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ең соңында Ақтай мырза жетті бәйгі көк атты *ақсаңдатып* (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АҚСАП-ТОҚСАП ү с т. *Шаршап-шалдығып, аяғын әрең басып.* Бар сенгені орталықтан шыққан әскер еді, оның екі-ақ бригадасы арып-ашып, *ақсап-тоқсап* көше ғана келіп жетті (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

АҚСАРЫ з а т. з о о л. *Арқасының сарғыш күңгірт дағы бар, бауыры қоңырқай дақты ақшыл, қанаты ұзын бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* Бидайық шыңда ғана болад десед, Бүркітпен барымталы ел ала жаздай. Тығанақ, үкі, *ақсары*, құладындар Сықылды толып жатыр мөжен-томпай (І. Жансүгіров, Шығ.). Бір күні шал тазшаға: Анау көрінген ағаштың басында *ақсары* деген құстың ұясы бар, сол ұяда құстың жұмыртқасы бар. Сен барып құсқа білдірмей, астынан жұмыртқасын алып келші, — деді (Қаз. ертегі.).

АҚСАРЫБАС з а т. *Жақсы тілекке арнап, айтып сойылған мал; ырым, кәде.* Айтып сойылған *ақсарыбас* қойдың басын Сандыбайдың алдына әкеліп, Құлеке деген сары жалақ бала бата сұрады (І. Жансүгіров, Шығ.). Бір-біріне қонаққа барысу, *ақсарыбас*, көк қасқа айтысып баталасу, тамырласып достасу көп. Тіпті осы қосылысқан қуаныш үстінде біреумен біреу құда болысу да көбейе бастаған (М. Әуезов, Абай).

АҚСАРЫША ү с т. *Ақсары құс сияқты.* ... Жемтікке тойып жемсауы түскен *ақсарыша* шалқиып, отқа таяу отырып Бименде үлкен қатынына: — Сен енді малдың бір семізін, бағланын сойғызасың ғой! — деді (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АҚСАТ *Ақса етістігінен жасалған өзгелік етіс.* — Сен өзіңнің не істегеніңді білмейсің, — деді Баламер. Самұраттың ақ лағына таяқ лақтырып, аяғын *ақсатқаның* тәртіпсіздік емес пе? (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АҚСАТУ *Ақсат етістігінің қимыл атауы.* Бар арманы — қалай да Жайнақовты *ақсату* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АҚСИРАҚТАН е т. *Шөптің құрап, қатаюы.* Қыстан қалған шөп күн сайын *ақсирақтанып*, сақ тартып барады. Жаңа төбіндеген жас көк те ауыз толтырмай, сауын малы ақ үрпіленіп божырап кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АҚСИ е т. 1. *Ауызды ашқанда, күлгенде тістің көрінуі.* Абайларға жақындай бере сәлем берді. Ашық жарқын жігіт болу керек. Аппақ сұлу тістерінің баршасын көрсетіп, *ақсия* күліп келеді (М. Әуезов, Абай жолы). Оның көтеріңкі даусынан болмаса, түрінен Жанәбіл екенін айыру қиын, көмір күйесінен жылтыраған көзі, *ақсиған* тісі ғана анық көрінеді (Ғ. Мұс-

тафин, Өмір не өлім). // *Жараланған жерден сүйектің ырсиып көрінуі.* Адамның сынған сүйегі омырылған жерінен етті тесіп шығып, *а қ с и ы п* көрініп тұрса, ондай сынық ашық күрделі сынықтар қатарына жатады (А. Апсатаров, Дәрігер.).

2. *Тігістің көрініп, білініп тұруы.* Матасы әдемі болғанмен, көйлектің тігісі нашар екен; өзі түстес жіппен тікпегендіктен, тігістері *а қ с и ы п* көрініп тұр (Ауыз-екі тіл).

АҚСИТ *Ақси етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көксерек жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, ауызын *а қ с и т ы п* ашып жіберіп тап бергенде, талай бұралқы төбет, бажыл қаншық қыңсылап, шәуілдей қашатын болды (М. Әуезов, Көксерек). Бір сәт қатарласа Райханның тұлғасы да көз алдына келеді. Маржандай ақ тістерін *а қ с и т а* күледі (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АҚСУ з а т. *Шай орнына ішетін сүт қатқан ыстық су.* Шырақтарым, бұл ауылда бір қайнатым шай жоқ. *А қ с у* ішесіңдер (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

АҚСҰП з ә т. ж е р г. *Ақзон, ақ сиса.* Балама көйлекке 3—4 метр *а қ с ұ п* керек еді (Диал. сөздік).

1. **АҚСҮЙЕК** з а т. т а р. *Тұқымынан байлық, билік арылмаған қанаушы таптың жоғарғы қауымы, ру билеушілері.* Атаң сенің кім еді, Төре ме, *а қ с ү й е к?* Жарлы емес пе ед өзіңдей, Кемірген қақ сүйек! (С. Сейфуллин, Таңд.). Патша үкіметінің отаршылдық саясаты — бірінші жақтан, қазақтың байлары, *а қ с ү й е к т е р і* — екінші жақтан, құл қылған қазақ еңбекшілерінің де көзі Октябрь төңкерісімен ашылды (С. Мұқанов, Есею жыл.). *А қ с ү й е к т е р* бастапқы рет алғашқы-қауымдық қоғам ыдыраған кезде пайда болған дәулеттілер мен ру билеушілері (Саяси сөздік).

2. **АҚСҮЙЕК** з а т. *Ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, ойын бастаушы лақтырған қу сүйекті (қойдың жілігі, жауырыны не жамбасы, жылқының бақай сүйегі) жапа-тармағай ізденіп, тауып алған адам белгіленген жерге ұстатпай бұрын жету шарт етілетін қазақтың ежелгі ұлт ойыны.* Ауылды сағынған, ауыл ойынын сағынған Шоқан таң атқанша ұйықтамай Әлібай, Жақып, Мұқандармен ойын салды. «*А қ с ү й е к*», «Қарабие», «Тоқтышақ» ойындарының бәрін де ойнады (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АҚСҮЙЕКТІК з а т. *Ақсүйек болушылық, ақсүйекке тән.* Хан ұрпағы төренің тұқымдарын, Қара күтіп, сыйлаған тұқылдарын, Төрелік, *а қ с ү й е к т і к* ардақты боп, Қараның құлданыпты мұқым бәрін (І. Жансүгіров, Шығ.). Шай үстінде де *а қ с ү й е к т і к* мінез көрсетті. Бір шынтақтап жастыққа қисайып жатып, шайын ақырын ұрттап қойды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҚСҮЙЕКШІЛ с ы н. *Қанаушы, билеуші тап өкілін жақтайтын, қолдайтын.* Шынында қазақтың *а қ с ү й е к ш і л* жазушылары болсын, байшыл жазушылары болсын, толық мағынасындағы ақындық шыңына жеткен жоқ (С. Мұқанов, Өсу жол.).

1. **АҚТА** е т. 1. *Үйді әктеу.* Тұрғын үйлерге керексіз заттарды көп жинаудың қажеті аз. Үй ішін мезгілінде *а қ т а п* тұру қажет (Е. Оразақов, Дәрігер). V—VI класс оқушылары өз бөлмелерін июнь айында-ақ *а қ т а п*, еденді, парта, тақталарын жөндеп, сырлап бітірді («Халық мұғ.»).

2. *Бидай, арпа, күріш, тары сияқты дәнді дақылдарды қауызынан тазарту.* Жүгері қуырмай, сөк *а қ т а м а й* жатқан үй кемде-кем (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ... Кішірек қап сәл толмайтын тарыны күріштей етіп *а қ т а п*, екшеді де, ауызын кең тігіп, ерімнің үстіне жаймалай салып, тартып берді (Ғ. Орманов, Жүрек).

3. *Жазадан құтқару, ара түсу, кінәсыз деп санау.* Егер жәбір көрген біреу айқайлап, милиция шақырып көмек сұраса, «жала жапты», «өзі алыпсатар» деп бүкіл саудагерлер шуылдап, қалтаға түскен ұрыны *а қ т а п* құтқарып алады (К. Тоқаев, Тасқын). Құлмамбет, мен білемін, түбің уақ, Арқадан кісі өлтіріп, келдің шұбап. Басыңды осы арада кесіп алсам, Кісі жоқ қылмысыңнан алар *а қ т а п* (Жамбыл).—Кесек атқанның бәрі де Қодарды өлтірушілер еді. Онда сенің атаң, Жиренше, сенің атаң, Оразбай, сенің атаң, Нарымбет — баршасы да бар еді. Бастығы — менің әкем. Ал осы әкелерді *а қ т а й м ы н* ба мен? (М. Әуезов, Қараш-Қараш). // *Кір жуытпау, шәк келтірмеу.* Мұқарама Хакімнің жолдастарын да, мына қазақ жігіттерінің талапты сапарын да *а қ т а й* сөйледі (Х. Есенжанов, Тар кезең). Веселый досын шын көңілімен қыз алдында *а қ т а й* бастады (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

4. А у ы с. *Өтеу, есесін қайтару.* Ат берсең алты алашқа мақтар едім, Аузымда

өле-өлгенше сақтар едім. Басқа ел барған жерге жайып салып, Ат берген қызметіңді *ақтар* едім (С. Торайғыров, Танд.). Жақсы болса жалдаушы, Жалшы ұятты сақтайды. Жақсы істейді жұмысты Жалақысын *ақтайды* (С. Сейфуллин, Танд.). Қарыздар екем, Қарлыға, Не деп алам [семсерді], білмеймін. Қай қайратпен *ақтаймын*, Қандай сертпен ырза етем, Осынша жақын досымды! (М. Әуезов, Танд.).

5. А у ы с. *Лайық болу, атын адалдау, өз дәрежесінен шығу.* — Рас айтасың, Раушан, бұл өзі баяғы қалмақпен соғысып тау асуында найзасына сүйеніп өліп кеткен Жасыбай батырдың інісі екенін *ақтады* бұл жолы... (З. Шашкин, Сенім). Үздіксіз алға басып өрлей беру, Дағдымыз қиындықты қайтсе жеңу. Адамдық атын *ақтап*, арын сақтап, Дәстүріміз басқаға үлгі беру (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Адам атын шықтың *ақтап*, Ел намысын қалдың сақтап (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

◆ **Ақ сүтін ақтады.** *Ананың еңбегін, қарызын өтеді.* Ана сен ұл өсірген, қыз өсірген, «Ботам» — деп, екеуін де бір есіммен. Қашан мен *ақ сүтіңді ақтағанша*, Келемін борышты боп күресумен (Пернедегі термелер). Неге тудым анадан *Ақтамасам ақ сүтін.* Неге сенді ел маған, Қорғамасам бақытын (Қ. Аманжолов, Танд.). **Антын ақтады.** *Сертінде, уәдесінде тұрды.* Сен берген орамал кестелі, Кірлетсем, жан сәулем, кеш мені! Кестеңде жеңістің ізі бар, *Антымды ақтады* сүйген жар (Қаз. әндері). **Борышын ақтады.** *Міндетін өтеді.* Мен ерсі не істеппін? Кім де болса, менің орнымда, осылай борышын *ақтар еді* (З. Шашкин, Сенім). **Еңбегін ақтады.** *Қарызын өтеді.* Талай өлең жатталды, Талай кітап оқылды. *Еңбегіміз ақталды*, Қуантпайды ол кімді?! (М. Әлімбаев, Биікке). **Қарызын** [міндетін] **ақтады.** *Борышын өтеді.* Зережан, жалғыз арызым, Достықпен *ақта* ер болып Махаббатың *қарызын* (М. Әуезов, Танд.). Қиын-қыстау кездерде Серік болған сөзбенен. *Міндетімді ақтайын*, Тұра тұрсын өзге өлең (О. Шипин, Екі дастан). **Сенімді** [үмітті] **ақтады.** *Ойлаған жерден шықты.* Халықтың шын қамқоры Қамын ойлар елінің. Абыроймен *ақтайды* Сенген елдің *сенімін* (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Жаныштырма бауырынды, еріңді, Жаныштырма тірі отырып жеріңді! Жаның барда жағаласып кегіңді ал, *Ақта* арыңмен ел алдында *сенімді* (Аялы жандар). Ел *үмітін* ер *ақтар*, Ер атағын ел сақтар (Мақал). **Сертін ақтады.** *Уәдесін орындады, айтқанынан шықты.* Осынау қала шарқ ұрып, *Ақтады* берсе елге *серт*. Алдынан тұрды шақырып, Ғажайып жарқын келешек (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Тұзын ақтады, дәм-тұзын ақтады.** *Жақсылығын өтеді, еңбегін қайырды.* Жегенің көп шашыңнан, Қылмысың үлкен басыңнан. Халыққа тиген пайдаң жоқ, Қайтіп *тұзыңды ақтайсың?* (Жамбыл). *Дәм-тұзын ақтап* елімнің, Салайын асыр майданда. Бірімін мен де еріңнің Мені де жібер майданға (Д. Әбілев, Танд.).

2. АҚТА е т. *Ел аралау, кезу.* Тозаңын анда-санда бұрқ-бұрқ етер, Сабасам бейпіл тілді екі жақтап. Күн көргелі келдің бе құрдым Арғын, Жинауға сының малта Найманды *ақтап* (Біржан — Сара). Бізден басқа батырлар жұртын сақтап, Әрқайсы ойнап-күліп өзін мақтап. Не қылсаң тағдырыңа мойын сұндым, Бөледен құтылмадым дүниені *ақтап* (Батырлар жыры).

◆ **Ел ақтады.** *Жоқшылықтан тіленіп күн көрді.* Соңғы уақытта өзі қартайып, балалары ержеткен соң бұрынғы *ел ақтап* өлең айтқанды қойған (І. Жансүгіров, Шығ.).

3. АҚТА з а т. *Азбан, пішпе.*

АҚТАҒЫР з а т. ж е р г. *Әдетте екі қанатты, екі үзікпен жабылатын киіз үйдің шағын түрі. Ақтағыр* көбінесе Қазақстанның солтүстік-шығысында малшылардың уақытша баспанасы ретінде кеңінен пайдаланылған (ҚСЭ).

АҚТАЛ *Ақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* — Кластардың еденін жуам деп қолым тимеп еді, — деп үй сыпырушы *ақтала* сейлеп, өз кінәсын өтемек болып, дереу іске кірісті (М. Иманжанов, Менің махабб.). Өле-өлгенше бала деп, Ананың соғар жүреті. Ақ сүтін емген бала көп, *Ақталса* ана тілегі (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АҚТАМАҚ: **Ақтамақ гүл.** *Тасжарған тұқымдасына жататын, парктар мен бақтарда әсемдік үшін өсірілетін гүлді өсімдік; ақ жұпар. Ақтамақ гүлі* парфюмерия өнеркәсібінде пайдаланылады (ҚСЭ).

АҚТАН *Ақта етістігінен жасалған өздік етіс.* Ағат сөз айтып қалса ағайынға, Жұтынып жұрт алдында *ақтанбайды* («Қаз. әдеб.»).

АҚТАҢКЕР с ы н. *Жылқының таңындағы белгімен байланысты қалыптасқан түс.* Әзімбайдың *ақтаңкер* атын Базаралының артында келе жатқан жігіттер іліп алып кеткен екен (М. Әуезов, Абай жолы).

АҚТАҢДАҚ з а т. 1. *Бетке, не басқа ала-ала боп түсетін тері ауруы.* Осы уақытқа дейін теріге түсетін *ақтаңдақтарды* кетіруге, емдеуге келмейді деген ұғымдар туып, емдегенде де басқа дәрілердің күші әлсіз болып келді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

2. *Қоңыр, қара түске ойдым-ойдым, теңбіл-теңбіл ақ араласқан түс.* Төрге төселген... қара ала сырмақтың үстінде... *ақтаңдақ* кер құба арқардың терісі жатыр (Ә. Әбішев, Терең тамыр.).

3. *Таң атып келе жатқан кездегі, немесе күн батып бара жатқан кездегі көк жиектің бозарыңқы тартуы.* Көтерді *ақтаңдақты* таңы құрғыр, Көлдегі құс оянды, басталды жыр. — Жігітжан, көзге түспей үйге бар деп, Бүркеніп Дәлелыраз қасында тұр (И. Байзақов, Таңд.). ...Өздері ілгері жылжиын десе, жаудың алдыңғы бекіністі ұялары тым жақын және естілген дыбысқа қарағанда ояу сияқты, аспанның батыс жақ жиегіндегі көмескі *ақтаңдақтан* блиндаж бен блиндаждың арасында ор арқылы еңкеңдеп жүгіргендердің бастары да қарандап көрініп қалады (С. Мұқанов, Аспаз).

АҚТАҢДАҚТАН е т. 1. *Теңбілдену.* Бүркіттің төпкі тырнағының түбінде тізесіне шейін тыртық болып біткен, *ақтаңдақтанып* тұрған сирағын көрді (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз).

2. *Таңның бозарып атып келе жатуы. Ақтаңдақтанып* таң да келді, таңмен бірге Батыс Сібірдегі заводқа біз де келдік (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

АҚТАҢЛАҚ з а т. с ө й л. Ақтаңдақ. Кейбір шақта *ақтаңлақ* арқар тобы жосып өтеді (М. Әуезов, Таңд.). Баратын жеріміз жырақтау еді, түн қысқа, көз шырымын ала сала тұрғанымызша *ақтаңлақ* та белгі берді (Х. Әбішұлы, Аспан сыры).

АҚТАР е т. 1. *Сандық, чемодан, шкаф, қоржын, дорба, қалта сияқты ішіне нәрсе салып қоятын заттың ішін ашып қарау, бір нәрсені іздеу.* Қоспанның азығы таусылды. Бүгін таңертең қоржынын *ақтарғанда* қатып қалған тоқаш пен ортан жіліктің басы ғана табылды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Іздедім қызық кітапты, Лайық көрсең бергелі. *Ақтардым* күллі шкафты, Қалаулы тұрған төрдегі (Ғ. Орманов, Таңд.).

2. *Бір кеңістіктің ішін қазу, қопару.* Отырған кісілер үрпиісе түрегелді. Ойбай, мырза, айта көрмеңіз, өлген кісі тіріледі деп көр *ақтарған* не сұмдық, — деді (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Көрге қойма көмілті, Оны қойшы көріпті. Қабір қазды, *ақтарды,* Алынды тең, түйіншек (І. Жансүгіров, Өленд.). Таулардың қойнын *ақтарып,* Тағы да кенді табамыз. Жадағай жатқан далаға Жағалай шамды жағамыз (О. Шипин, Өмір өрнегі). Даланың надан байлары жердің түгіне таласып, қырқысып жатса, о да өз сазайы, Ушаков жердің қойнын *ақтарып,* қоймасын алмақ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

3. *Кітап, дәптер, альбом, немесе іс қағаздарының ішін, арасын ашып қарау.* Стол үстіндегі науқастардың ауру тарихы жазылған делоны сестра қолына алып, *ақтара* бастады (З. Шашкин, Өмір тынысы). Қолыма аузын аштым, кілтін алып, Ішіне қарай бердім назар салып. Ішінде кітап та бар, қағаз да бар, Тексердім бастан аяқ көп *ақтарып* (Үш қасыр.). Берік құралдармен қаруланып қауіпсіз болған Баранов жайымен отырып, күнделік жазылған дәптерді *ақтарып* еді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

4. *Бір заттың ішіндегі нәрсені төгу, төңкере салу, қотару.* Қарақатын балықтан қайтқан күйеуін танып, тезірек от жағып жібермек болды, оттық іздеп жанталасып жүріп жолда тұрған қара құманды қағып кетті де, лақ өткізіп суын *ақтарып* алды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Орақ үйге жүгіре кіріп ақ шәйнекті *ақтарып* кетті, дастарқан бүлінді (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан). Көмейінен ақ меруерт атқандай Дәнді *ақтарып,* тұр гүрілдеп комбайн (Т. Жароков, Таңд.). Қазина еңгезердей қызыл сиырды нұсқап: кейде қарап тұрып-ақ тулап кететіні бар, абай отырмасаң, сүтіңді *ақтарып,* өзіңді майып етеді (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Асаубай кружкадағыны аузына *ақтара* салды да, қайтадан дөңгелене бастады (Ө. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

5. а у ы с. *Біреудің ішкі ой дүниесін бағдарлау, тексеру.* Жастай бірге өскен бөлесінің ой дүниесінің қатпар-қатпарын *ақтарып,* болжап отырған Нұрлан біресе көзімен оқ атып, біресе кірпідей жиы-

рылып, сұстанып ұнатпағанын Нұрқатқа жеткізгісі келеді (З. Шашкин, Сенім). Ол Мәмбеттің білімін, шенін *ақтармақ* боп: — Қандай училище бітірдіңіз? Званиеңіз қандай? — деп сұрады орысша (Х. Есенжанов, Тар кезең).

6. А у ы с. *Іштегі сырын, мұң-зарын сыртқа шығару, айту.* Ой тереңіне үңіліп, түкпірінде жатқан ең асыл сырын *ақтарғысы* келеді. Бірақ адам сезімін айнытпай жеткізу дүниенің азабы екен (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әзімханның сөзін тыңдап болып, Гүлия да Әзімханға іштегі бар сырын, бар жасырын мұңдарын *ақтарып*, өндеткен әдемі дауысын сызылтып отырды (С. Сейфуллин, Шығ.). Амандасқаннан кейін-ақ Күлшан ішке сыймай кеткен қайғы-мұңын ашық сөйлесетін қайнағасына *ақтара* бастады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

◆ **Аудара қарап, ақтара тексерді.** *Анық-танығына жетіп, жете тексерді.* Аудандық комиссия спискені *аудара қарап, ақтара тексермей* «аңқаулық» қылып, «бекітілсін» деп қаулыны қайқайта салыпты. Сонымен Сыздықтар конфискелеп жата беріпті (І. Жансүгіров, Әңгім.). **Шек-қарнын ақтарды [іші-қарнын ақтарды].** *Ешбір сырын бүкпеді, шегінің қырындысына дейін ақтарды.* Көне көңілінің ішін жарып, шер тарқатып, қырындысын қалдырмай *шек-қарнын ақтарып* отырғанда мыналардың күлгені Ырайға ауыр тиді (І. Жансүгіров, Әңгім.). — Рас, олар нанбайды, *іші-қарнына* дейін *ақтарады.* Сондықтан осымен байланысты екінші бір операция жасау керек, — деді Семен Иванович (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім).

АҚТАРҒЫШ с ы н. *Қопарғыш.* Тау қойнауын *ақтарғыш,* Орта бойлы дембелше. Дәріменен тас жарғыш, Сонда келді мергенше (Ақын жырлары).

◆ **Сыр ақтарғыш.** *Сыр шашқыш. С ы р ақтарғыш* болма, сыр сақтағыш бол (Мақал).

АҚТАРҒЫШТА е т. 1. *Қайта-қайта ақтарып-төңкеру.* Әжем қобдишасын қайта-қайта *ақтарғыштай* беріп отыр еді, бір уақытта ішінен әр түрлі тәттілер алып, біздерге үлестіре бастады (Ауызекі тіл).

2. А у ы с. *Тергіштеу, қазбалау.* Оның қараңғыда қазандықтың мойнын сипалағанын, сылдыр еткізіп сіреңке алғанын Ораз анық есітті: «Бұл кім?» деген сұрақты жан-жақтан *ақтарғыштап,* бірақ жауабын таппай, ол орнына қайта кисайып, енді тек құлағын ғана тосты (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҚТАРМАЛА е т. 1. *Бір нәрсені тінткілеп іздеу, іздемеген, қарамаған жер тастамау.* Әкемнің ертеде түскен суретін іздеп, үйдің ішінде *ақтармаламаған* жерім жоқ (Ауызекі тіл).

2. *Мал сойғанда ішін жарып, шек-қарнын, өкпе-бауырын бөліп алу.* Жиырма шақты жігіт биелерді *ақтармалап* сойып жатқанда, Ұлжан тағы бір топ жігіттерді алып, жиырма қойдың он шақтысын Қазбаланың жағасына апарып, әр жерде қалың-қалың от жаққызып, үйіткізіп жатты (М. Әуезов, Абай жолы). Бақтұғыл тезірек *ақтармалап,* арқардың шек-қарнын алып тастап, етін бұзбастан, белінен бір опырып терісіне орап, жирен атқа зорға дегенде көтеріп артты (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АҚТАРМАЛАТ *Ақтармала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қарауылы мол, қалтарыс қойны көп дарақа келіп орныққан соң, бағланды *ақтармалатып* сойғызып жіберіп, етін асқызып тастап, Бақтығұл өзі тау басына қарауылға шығып отырды (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АҚТАРТ *Ақтар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* ...Қоржынды апама айтсандар, *ақтартқа* береді ғой — деді Айша (С. Сейфуллин, Шығ.). Сұлудың сыр-сыйпаты ішке кіріп, Жүректің түкпірінен сыр *ақтартты* (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АҚТАРТҚЫЗ *Ақтарт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АҚТАРТҚЫЗДЫР *Ақтартқыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АҚТАРТҚЫЗДЫРТ *Ақтартқыздыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АҚТАРТТЫР *Ақтарт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АҚТАРУ *Ақтар етістігінің қимыл атауы.* Олар үздіксіз қызмет атқарып, балқыған темірді кезекпен *ақтарудан* күн тәулігіне тынбайды (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҚТАРЫЛ 1. *Ақтар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сандық *ақтарылып,* бұйымның бәрі кеңсе ішіне ілініп жатыр (Б. Майлин, Таңд.). Неткен бақытты жігіт. Күн шалып, жел қаққан өңінде көлеңке жоқ. Сөл нәрсеге қалтқысыз *ақтарыла* қуанады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

2. *Бірден қотарыла төгілу; шашылу.* Жардың кемерінен асуға жақындап қалған су сайға қарай *ақтарылып* көп кетті (С. Мұқанов, Таңд.). Қаптағы ұндар ақ қардың үстіне *ақтарылып*, шашылып қалды. Сүйтіп жайрап қала берді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бастың мылжамылжасы шығып, ми *ақтарылып* жатса да, дене бір сәт қозғалды да, қимылын тоқтатты (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

◆ **Шек-қарны ақтарылды.** *Қарны жарылды.* Тебіне шыңғырып қап, *шек-қарны* жерге *ақтарылған* құнан жығыла бергенде ғана есімді жинаппын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). ... Қой тастүйнақтай, бір уыс боп бала маңына үйірілген, үркіп, елегізген. Он қадамдай жерде *шек-қарны ақтарылған* қара қошқар (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АҚТАРЫЛҒЫШ с ы н. *Лақ етпе.* Көптен бері тілеген арманы осы болғандықтан, бар қолқасын бір-ақ алған кісідей мәз Бақтығұл мырза кедейдің *ақтарылғышы* мінезіне ауысты (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АҚТАРЫЛУ *Ақтарыл етістігінің қимыл атауы.* Үйіне келгенше Сақыпты қысқан ашу Мәткені көрген жерде *ақтарылуының* да себебі бар-ды (К. Оразалин, Ақ жазық).

АҚТАРЫП-ТӨҢКЕР е т. 1. *Астын-үстіне шығарып, түк қоймай түгел қарау.* Керекті затын ізден таба алмаған шешем мен келгенде сандықтың ішін *ақтарып төңкеріп* жатыр екен (Ауызекі тіл).

2. А у ы с. *Өткен-кеткенді тексеру, анықтау.* Әсіресе қазір Қазақстан жазушыларының бесінші съезі қарсаңында неміз бар, неміз жоқ, соларды бір *ақтарып төңкеріп* алып, есеп айырмағымыз жөн («Қаз. әдеб.»).

АҚТАРЫС *Ақтар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қараторы келген жас қана әйел болыспен қатар отырып, стол үстіндегі қағазды *ақтарысып* жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Айлы түнде жүрек сырын *ақтарысқан* аяулы ғашықтар, таң жұлдызы сағаи елжірей қарайтын (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

АҚТАРЫСТЫР *Ақтарыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қасқырлар келсе, біздің ізімізбен осы жыпырлаған шөмелелердің барлығын *ақтарыстырып* қарайды (Қаз. ертегі.).

АҚТАС з а т. с ө й л. *Кішкене ақ түйме.* Дүкеннен *ақтас* ала кел (Диал. сөздік.).

АҚТАСПА з а т. б о т. *Таспа туысына жататын өсімдік; сеңгірлек.* Құрай жерге жабысқан, Жатаған қаңбақ, *ақтаспа*. Көз тартатын алыстан, Шөп атаулы жоқ басқа (Қ. Тоғызақов, Сібір-Омар).

1. АҚТАТ *Ақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Строгов бес қораның бар қуысын түгелімен *ақтатты* (М. Әуезов, Таңд.).

2. АҚТАТ *ет. Піштіру, кестіру.* Бес жасыңа келгенде Белдің қызығын көрсін деп, Бес бедеуге салдырдым. Алты жаста *ақтаттым*, Аттай мұрның танаттым (Ер Тарғын).

АҚТАУ *Ақта етістігінің қимыл атауы.* Әке болу — табиғат заңы, әкелік борышын *ақтау* — адамшылық заңы (Ғ. Мүстафин, Өмір не өлім).

АҚТАУШЫ з а т. 1. *Бидай, тары, арпа, күріш сияқты дақылдарды қауызынан, қабығынан тазартушы.* Ауыл жанындағы дөңге жаңа көтеріле бергенде, есік алдында келі түйіп тұрған тары *ақтаушылар* көрінді (Ауызекі тіл).

2. *Үйді ағартушы.* Үй ішінің жарлары да қоңырқай, *ақтаушы* қолды аңсап тұрғандай: күтуші Алтынай қолы бос емес, жұмыстан үйіне кеп сүріне жығылады (Ғ. Сыланов, Асау арна).

3. З а ң. *Адвокат, жақтаушы.* Бір он жыл! Күбірледім келіскендей, *Ақтаушым* бас изеді теріс демей. Ентіге кірді ақ шешей, көзір маған Көрінді ол құтқарушы періштедей (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Бұл күнде сұмды қорған *ақтаушылар* Сансыз көп жағынушы, жақтаушылар (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

4. *Сенімін, ойын, үмітін орындаушы, іске асырушы.* Мен сүйемін баланы Атаның ойын *ақтаушы* (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). Адам баланы асырап, тәрбиелегенде үмітімді, сенімімді *ақтаушым* болса дейді («Қаз. әдеб.»).

1. АҚТАЯҚ з а т. к ө н е. *Ханның, патшаның атарман-шабарманы, үзірі.* Ертеңіне ханның *ақтаяқтары* бұлардың үстінен шығып ұстап алып, қыз бен жігітті ханға мәлім қылыпты (Қаз. ертегі.). Жетіп келді әскерге, *Ақтаяқ* екен патшаның Келмембетке кез келді (Қамбар).

2. АҚТАЯҚ з а т. д и а л. Мұрап. Баяғыда біздің ел су бөгеп, аяқ егін (суар-

малы егін) салғанда мен *ақтаяқ* болып істедім (Диал. сөздік).

АҚТИН з а т. *Құйрығының ұшы қара, сусарлықтар тұқымдасына жататын терісі құнды жыртқыш аң.* Бүкір торының белін шоқиған жұдырықтай Тәукенің де қанжығасы құр емес: қақпан басып бір қарсақ, қазып екі *ақтиін*, бір сасық күзен алған (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ондатра, дала суыры, күзен, *ақтиін* сияқты терісі өте бағалы аңдар да аз емес («Лен. жас»).

АҚТҰМСЫҚ: **Ақтұмсық қарға.** *Торғайлар отрядының қарға тұқымдасына жататын құс.* Топырақ өңдеген кезде сауысқан, *ақтұмсық қарға*, үкі сияқты құстар плуг пен тырма соңына еріп құрттарды теріп жеп отырады (А. Балтабаев, Шөлде).

АҚТҰНЖЫР з а т. *Қаршығаның түрі.* Қаршыға *ақтұнжыр*, қаратұнжыр, ақшыл, сұрғылт, қызылқайың, шәулі, бұқатана деген текке бөлінеді (Ш. Айманов, Қыран тур.).

АҚТЫ: **Ақты қой.** *Ақтылы қой.* Тоғай толған түйемді, Сарысуға тапсырдым. Желі толған жылқымды Жасанған жауға тапсырдым, Қорам толған *ақты қой* Аш бөріге тапсырдым (Қобыланды).

◆ **Алалы жылқы, ақты қой.** *Әр түрлі түс араласып келген көп мал. Алалы жылқы, ақты қой*, Аңдыған бөрі жемей ме (Махамбет). *Алалы жылқы, ақты қой*, Қырында өсіп мыңдаған (Жамбыл).

АҚТЫҒЫНДА үст. *Ақыр аяғында, ақыр соңында.* Ақырып ұрғаннан соң өте қатты, Барманның өзі түгіл жаныштағы атты. Жабысып қалған басқа, бас кеудеге, Күл-күл боп *ақтығында* бәрі жатты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Бірсыпыра колхоздар малға азық таба алмай қыстың суық күндерінде малды жерге жайып арықтатып, *ақтығында* шығын жасаған жерлер де болды («Жаңа жол»).

1. АҚТЫҚ з а т. 1. *Кардың, суттің түсіндей аппақ болушылық.* Даланың кіршіксіз *ақтығы* сонша, тіпті қара-құраның өзі түу-түуден «мен мұндалап» айқын көрінеді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Карповичтің өңінің *ақтығы* қағаздай, өсіп кеткен сақалы да тым ақшыл және зығырдың шудасындай ұяң (Бұл да).

2. *Адалдық, пәктік, кінәсыздық, жазықсыздық.* Ғайша өсектен намыстанып жылап, әркімге шағып *ақтығын* айтып көріп еді, оның да паналығы болған жоқ (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Әлде бекер сезіктенің бұрынғы солдатына қиянат жасады ма? Бірақ оның *ақтығын* немен дәлелдейсің? (Т. Ахтанов, Дала сыры).

2. АҚТЫҚ з а т. *Боз, қуаң шөп.* Сорқұдықтың шөбі *ақтық* қой, бұзауға жаман болмас (Диал. сөздік.).

3. АҚТЫҚ з а т. ж е р г. *Ақ мата.* Әйелдер бастарына *ақтықтан* жаулық салады (Диал. сөздік).

4. АҚТЫҚ з а т. к ө н е. 1. *Ескі наным бойынша киелі, қасиетті жерлерге байлап, іліп кететін зат, немесе ем жасаған, бал ашқан адамға берілетін жоралғы зат.* Ұлытаудың әйелі Олжабай батырға қос тігіп беріп, ши құтыны, бір шапанды бас жағына іліпті, мынау аруағыңа байлаған *ақтығым*, ертең киіп аттан деп (М. Көпеев, Тіршілікте.). Халық әдеті бойынша *ақтық* деп емшінің ақысын заттай (тері-терсек, елтірі, сеңсең) беретін (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.).

5. АҚТЫҚ с ы н. *Соңғы, ақырғы,* — Риза бол, ел-жұртым, риза бол, жаным Жанна, *ақтық* минутыма дейін азаматтық арыма кір шалдырмай қайтпас сапарға кетіп барамын! — дедің бе екен көз жанарыңа ұлан-байтақ Отанының сыйғызып (М. Иманжанов, Адам тур.). Хаты деп *ақтық* жазған ғашық жардың, Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын (Б. Майлин, Шығ.).

АҚТЫ-ҚАРА: **Ақты-қарасын айырды.** *Оң-терісін, дұрыс-бұрысын анықтады.* Жайжапсарымызға түгел түсінем деп келген екенсіз, *ақты-қарасын* өзіңіз *айырға* жатарсыз — деді Тәйтік (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Оның есі шығып кеткеніне Хакім таңданған жоқ. Үйткені ол *ақты-қарасын* әрең деп *айыратын* Кәрімғалиды екі жұманың ішінде ысылған солдат бола қалды деп ойламаған да еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҚТЫЛЫ: **Ақтылы қой.** *Қалың, көп қой.* Ауылдың сыртында қаптап, бырдай болып, ызыңдап, қалың *ақтылы қой* жатыр. Ауыл маңында сиыр, түйе, қарақұра көп (С. Сейфуллин, Тар жол.). Наурызқол бөктерлеріне барсаң, жайылып жүрген мыңдаған *ақтылы қойды* көресің (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

◆ **Ақтылы қой, ала [алалы] жылқы.** *Әр түрлі түс араласып келген көп мал.* Атан нар, *ақтылы қой, ала жыл-*

қы Тоғытқан осында әкеп көбік қарда (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы).

АҚТІКЕН з а т. б о т. *Жемісіне жабайы шошқа, қоян, қырғауыл үйір келетін, жапырақтары мен сабақтары ақшыл түсті тоғай өсімдігі. А қ т і к е н* жемісі де сүйекті жеміс. Сондықтан оның тұқымы да құстар мен аңдардың ішінен бұзылмай бітеу шығады (Т. Таубаев, Жасыл әлем).

АҚТЫЛЫ-ҚАРАЛЫ с ы н. *Ақ-қарасы аралас.* Игілік *а қ т ы л ы-қ а р а л ы*, күрең қасқалы, жиренді етіп, мың-мыңнан сұрыптап, тастаған жылқысын қия алмады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҚТЫРАН з а т. *Кішкене ақ балық. А қ т ы р а н н ы ң* құйрығы қызыл болады (Диал. сөздік).

1. **АҚША** з а т. 1. *Товар өндірісі мен айналысы процесінде барлық товарлардың құнын бейнелеу үшін бөлініп шыққан, жалпы эквивалент (балама) болып табылатын айырықша товар.* Товар қатынасы дамуының ерте сатыларында *а қ ш а н ы ң* қызметін әр түрлі товарлар: былғары, тері, мал, қару және тағы сондайлар атқарады (Саяси сөздік). Бастықпаған өндіріс бұларға тіпті пайдалы: малына ауыл шаруашылық салығы түспейді, сол малдың күшін, сүтін күнбе-күн сатып *а қ ш а* қылып шай, қант, киім-кешекке тарықпайды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Айырбастың өркендеуімен байланысты *а қ ш а* шықты. Айырбастың өрістеуі заттай шаруашылықтың ыдырауына, Қазақстанда товар өндірісі мен *а қ ш а* айналысының өсуіне жағдай жасады (ҚазССР тарихы). 2. *Сауда-саттық кезінде құн өлшемі ретінде пайдаланылатын металл және бағалы қағаз.* Алтын *а қ ш а м е н* бір миллион сом деген Қазақстан үкіметіне өте көп *а қ ш а*, әм қазіргі уақытта кімге де болса аз *а қ ш а* емес (С. Сейфуллин, Шығ.). Ұтылған жігіт төс қалтасынан алып бір бес сомдық қағаз *а қ ш а ғ а* қоса екі күміс теңгелікті де бірбірлеп Ордабайға қарап дөңгелетіп жіберді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

◆ **Ақша айналысы.** *Ақшаның айналыс сферасындағы қозғалысы, оның айналыс және төлем құралы ретінде қызмет етуі. А қ ш а а й н а л ы с ы н ы ң* товар айналысынан өзгешелігі — әрбір товар айналыс сферасында уақытша болады (ҚСЭ). **Ақша аудару.** *СССР-де Байланыс министрлігінің кредит ұйымдары мен кәсіпорындары арқылы шаруашылық орындардың, ұйымдар мен мекемелердің және жеке адамдардың арасында есеп айырысу түрі.* Еңбекшілер *а қ ш а а у д а р у д ы* негізінен почта бөлімшелері, сол сияқты кредит мекемелеріне салған өз аманат қаржысын аудару арқылы жүргізеді (ҚСЭ). **Ақша реформасы.** *Мемлекеттің билігімен ақша жүйелерінің толық немесе ішінара өзгеруі және ақшаның бір жүйесінің екіншісіне немесе ақшаның бір белгісінің жаңа белгіге ауыстырылуы.* Капитализм жағдайында *а қ ш а р е ф о р м а с ы* буржуазияның мүддесі үшін жүргізіледі (ҚСЭ). **Ақша рыногы.** *Қарыз капиталының қозғалысын қамтитын капиталистік қоғамдағы рынок қатынастарының бір түрі. А қ ш а р ы н о г ы н д а* айналыста болатын өзгеше товар — қарыз капиталының өз бағасы болады (ҚСЭ). **Ақша салды.** а) *Сақтық кассасына ақша өткізді.* Сақтық кассаға *а қ ш а с а л а м ы з*, кезінде ала береміз. Бағу сұрамайды, өрт, жұт, ұры алмайды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). ә) *Карта, лото, домино сияқты ойындарда ұтып алу үшін ортаға ақша жинады.* Олар орындарынан шыққанмен, әрине, сол заводта жүретін. *А қ ш а с а л ы п* карта ойнайтын. Арақ ішетін (С. Сейфуллин, Шығ.).

2. **АҚША** с ы н. *Ақшыл, ақ түсті.* Әсия тұрды байқап: конвеермен Ағылыш *а қ ш а* тастар келген ерден. Жалт етіп жақұттай тас жөнеледі, Үмітпей ұстауға бір көнбей жүрген (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Міне сен қазір ғана салқын суға шомылып, құрғақ нұрлы дүниеге шығып, жасыл жібек жапырақтың саясында, жұпар иісті *а қ ш а* гүлдің аясында рахатқа батып отырсың (Бұл да). Өтті қыс, жетті міне жаз жарқырап, Әсия Алматыдан алшағырақ, Жүр қазір жағасында айдын көлдің, Айнала жағалауы *а қ ш а* құрақ (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев).

◆ **Ақша бет.** Алғышы алған арудың *А қ ш а б е т і н* солдырмай, ... Қапыда қалған қасқамын (Махамбет). Ақ дидарың тотығып, *А қ ш а б е т і ң* солыпты. Жігерің жасып, от құрып, Жанбастай болып сөніпті (І. Жансүгіров, Шығ.). Ақша бұлт. Уа, *а қ ш а б ұ л т*, айтшы маған, Айтшы маған, келдің қайдан? Ақ төсінен күні сүйген Жаралдың ба Алатаудан (Ә. Сәрсенбаев, Ақша бұлт). Тым жоғарырақта, *а қ ш а б ұ л т т а р м е н* араласа бір топ аққулар өтті (Ө. Көшімов, Қарт аңшы). Ақша жүз. Бой түзу, жіңішке бел, тепе иық, Алғандай сұлулықтың бәрін жиып. *А қ ш а ж ү з*, қыр мұрынды, ойнақ ауыз, Боз бала кете алмайды көрсе

қиып (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Ақша қар.** *Ақша қарда* көп жүрсең, Көзің бір күн қарығар. Алыс жерде көп жүрсең, Кеңілің бір күн тарығар (Мақал). Алғашқы жауған *ақша қар* таңертеңгілікте еріп, лезде қатып мұзға айналды (С. Омаров, Әңгім.). **Ақша мандай.** Алаңдап, алабұртып тұрғанында Алдыңнан қарсы шыққа *ақша маңдай* (І. Жансүгіров, Өленд.). **Ақша тау.** Болмайтын бұл арада тау атаулы, Орнапты *ақша таулар* ақ отаулы. Көтеріп болат қолдар қондырғандай Қақ жарып ортасынан Алатауды (С. Мәуленов, Жаңа арна).

АҚШАДАЙ сын. 1. *Ақша сияқты.* Кенді, еңбекті инженер қалтасындағы *ақшадай* есептеп тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 2. Сөйл. Ақшалай. Ерман ауданға барып тіркетіп, *ақшадай,* тұқымдай көмек те алып еді (Б. Майлин, Шығ.).— Қанша болады ол *ақшадай?* — дедім мен мөлшерін білгім кеп (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бәрі ақы төлейді. *Ақшадай* төлей алмағандары нәрседей төлейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

1. АҚШАЛА ет. *Ақшаға айналдыру, ақшаға сату.* Ерғали екі жылқыны *ақшалап* алып, ақшаны ГПУ-ға белгілетті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Толды міне шелегім, Кілең бірақ ақ шабақ. Бір фонарь еді керегің, Байисың-ау *ақшалап* (М. Әлімбаев, Таңд.).

2. АҚШАЛА ет. *Ақшыл түске ендіру. Ақшалап* жерді аппақ қар, Жазық дала, биік жар, Үстіне күміс кигендей (Т. Жароков, Таңд.).

АҚШАЛАЙ үст. *Ақша түрінде, ақшамен есептегенде.* Қой өсіретін колхоздардың *ақшалай* табысы көп болады (М. Ермеков, Қазақстан биязы.). ... Колхозшылардың еңбек күндеріне берілетін *ақшалай* табысы едәуір артты («Соц. Қаз.»).

АҚШАЛАЙ-ЗАТТАЙ: **Ақшалай-заттай лотерея.** *Лотереяның ақшалай және заттай ұтыс ойнайтын түрі. Ақшалай-заттай лотереяның* шарттарына байланысты ұтыс иесі заттай ұтыстардың нақты аталған түрін не олардың құнын ақшалай алуына болады (ҚСЭ).

АҚШАЛАТ *Ақшала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қайтсе де далаң қала емес, Расход ұстар шылымдап. *Ақшалата* мал алам, Тай-таналап ырымдап (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҚШАЛЫ сын. 1. *Ақшасы бар, ақшасы мол, қалталы.* Базар — *ақшалыға* базар, Ақшасызға — назар (Мақал). — Менің ағатайым: бәрінен *ақшалы* болу қиын, ақша балта бұзбасты бұзады, ағын суды теріс ағызады, ақыл мен бақты бұйдалап жетелейді—дейді (Ғ. Мұстафин. Көз көрген). 2. *Ақшаға байланысты, ақша төлейтін.* Мұндағы тұрмыста аяқ басқан жерімнің бәрі *ақшалы.* Шамама қарасам, ондай шығынға ұзақ төзе алар емеспін (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҚШАЛЫҚ зат. жер г. *Ақша салатын зат. Ақшалықты* алып қарасам, ішінде бір топ бүктеулі қағаз ақша (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Ағам берген *ақшалық* Жүрерімде майданға. Құнды зат ең қаншалық Ой салғандай адамға (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АҚШАМ зат. 1. *Іңір, апақ-сапақ кез.* Күн батып, төңірек күңгірт тартты. Көл әлі де сынаптай жарқырап жатыр. *Ақшам* бата қоймаған кез (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Күн батыста әлі де *ақшамның* ақ таңлағы жоғалған жоқ (С. Сейфуллин, Әңгім.). 2. Дін и. *Күн батып, ымырт түскен кезде оқылатын намаз.* Бүтін де солай азан тартылып, *ақшам* оқылған соң Шалматай пәтеріндегі көп кісі ауыз ашуға отырды (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ақшам* намазын үйде оқып, ... Сармолла шаштаразы үйіне бөгетсіз кеткен еді (М. Әуезов, Абай).

◆ **Ақшам батты.** *Қас қарайды, ымырт жабылды.* Кеш болып, қас қарайып, *ақшам батты,* Жап-жарық қала сансыз шамын жақты (С. Сейфуллин, Өленд.). **Ақшам жамырады.** *Ақшам батты, кеш қараңғылығы түсті.* Жатақ қаласының шеткі көшелеріне кіріп қалғанын *ақшам жамырай* жайылымнан қайтқан табын жосуылының қою шаңына араласқанда ғана барып білді (Қ. Жармағамбетов, Әңші—азамат). **Ақшам соқыр.** *Көздің ымыртта нашар көруі; гемералопия. Ақшам соқыр* организмде А және B_2 витаминдерінің жетіспеуінен болады (ҚСЭ).

АҚШАҢДАП ет. 1. *Көзін алақтату, бақшию.* Ол ес-түс жоқ, көзі *ақшаңдап* жоғарылай қараған күйі жолындағыларды кимелеп, алдына қарай ұмтыла берді (Ә. Нұршайықов, Күткен күн). Қаратаздың дыбысы шықпай, тек көзінің ағы айналып, аспанға қарай *ақшаңдап,* қос езуінен ақ көбік ағып, бақырды да қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. Ауыс. *Ақшию,*

едіреңдеу. Мінезі нашар Назар бір ауыз сөзді көтере алмай, *ақшаңдап* шыға келді (Ауызекі тіл).

АҚШАҢДАТ *Ақшаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тік мүйізім жамбасынан сұлады, Ала көзін *ақшаңдатып* жылады (Д. Әбілев, Өленд.).

АҚШАСЫЗ сын. *Ақшасы жоқ.* Базар — ақшалыға базар, *Ақшасызға* — назар (Мақал).

АҚШАТАЙ зат. бот. *Сабағы қатпай тұрғанда малдың барлық түлігі сүйсініп жейтін, құмды шөлдерде жиі кездесетін, бұршақ тұқымдасына жататын бұта* (ҚСЭ).

АҚШЕЛЕК зат. *Негізінен түйеде, кейде итте, мысықта кездесетін індет. Ақшелектен* сақтандыру үшін түйеге вакцина егіледі (ҚСЭ). ... Халық әр түліктің ауруына өзінше жеке атау беріп, әр қилы шаралар қолданатын. Мысалы, бұл індет жылқыда «жамандат», түйеде «қарабез», *«ақшелек»*, ірі қарада «қараталақ», «ылаң», қойда «топалаң», ешкіде «шекшек» деп аталатын (Х. Арғынбаев, Мал аурулары).

◆ **Ақшелек келгір.** *Түйеге айтылатын қарғыс. Ақшелек келгір,* құба інген, Серттескен едің менімен (Қаз. ертегі).

АҚШИ ет. 1. *Көздің шақыраюы.*— Бізді қысқанда көзі ноғала басқандай *ақшияды* — деді Матрена Бошанға (Ш. Хұсайынов, Таныс адам). 2. *Ашу шақыру, тік келу.* «Қызды барып өпкел» деп, Жеңгесіне *ақшиып,* Зәресін жаман алады, Қыз келгеншe қасына Ашылмай отыр қабағы (Қамбар.).

АҚШОМ зат. көне. *Алыс жерден астық алып қайту үшін шығатын түйелі керуен.* Жүн, теріге нан ізденп, *Ақшом* болып алушы ек; Қыста сорпа, жазда айран, Табылса жан бағушы ек (І. Жансүгіров, Шығ.). Жарты десте жер жыртып, Жаздай елді қыдырып, Күздігүн *ақшом* болатын, Қойшыбай қалай, бұл қалай? (Бұл да).

АҚШОМШЫ зат. *Ақшом тарта шыққан адамдар.* Қаз, тырна қатарланып, қайтса бермен, Астында *ақшомшы* жүр ол бір керуен (Абай). Зар заманда арқа қазақтарының осы Алатауға астық ізденп шұбырған *ақшомшыларының* кезерген еріндері, кейіпсіз түстері көз алдыңа келеді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АҚШУАҚ зат. бот. *Жусан тұқымдасына жататын малды семіртуде маңызы зор көп жылдық шөптесін немесе шала бұта. Ақшуақ* жеген қойдың майы шығыланып, дәмі жақсарады, малдың суыққа төзімділігі артады (ҚСЭ).

АҚШҰНАҚ зат. бот. *Ақшұнақтар тұқымдасына жататын, сабағы борыққа айналған көп жылдық су өсімдігі.* Қазақстанның таулы аймақтарынан басқа барлық жерінде, өзен-көл жиектерінде, батпақты жерлерде оның шатырша *ақшұнақ* деген бір түрі ғана кездеседі (ҚСЭ).

АҚШЫ зат. көне. *Балгерлік жасап ел ақтаушы.* Бозғыл бол өзің үшін!— деп айтпай ма, Тасқындап көтерсең де көңілің көкке. Диуана өзің *ақшы* болып жүріп, Сын тағып сөз сөйлепсің Жүсіп бекке (Айтыс). Құлназар қобызы бар бақсы емес пе, Бал ашқан ел қыдырып *ақшы* емес пе? (Бұл да).

АҚШЫЛ сын. *Бозғыл, қылаң.* Өзіне кезек жеткенде Абай орнынан тұрып, қоңыр жүзі *ақшыл* тартып, басындағы тымағын алды (М. Әуезов, Таңд.). Қаржастың толқындана біткен жылтыр қара шашының арасын құлай із салған *ақшыл* қылау да бүгін көбірек анғарылғандай (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Жүні әдеттегідей сары емес, қара қылшық, *ақшыл* түбіті тіпті қою, сирек кездесетін, қымбат күзен (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АҚШЫЛДАН ет. *Ақшыл тарту.* Қыс суығынан бет, мұрыны тотыққа да, келбетті мандайы *ақшылданып,* айқындап түр. Отты сұлу көздерінің ақ, қарасы әлі де тап-таза (М. Әуезов, Абай). Шашылып кеткен сала құлаш бұрымы қар түйіршіктерімен бүркеліп, *ақшылдана* қалыпты (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АҚШЫЛДАУ сын. *Ағырақ, ақтау.* Тұрақты тістерге қарағанда сүт тістер кішілеу және *ақшылдау* келеді (М. Ермеков, Қазақстан биязы.).

АҚШЫЛДЫҚ зат. *Бозғылдық.* Алыстан қарағанда кісіге мұның жеккені де пар түйе сияқты, әйткені атының өзі де түйеден кем емес, есік пен төрдей ірі жылқы көрінді, айырмасы тек қана *ақшылдығы* — түсі қылаң жылқы екен (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҚШЫЛТ сын. *Ақшылдау.* Қолтығының астына, шынтағына түскен *ақшылт* жамаудың да әр түста бір жабыс-

қан оймақ бұлттардан ешайырмашылығы жоқ екен (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

АҚШЫЛТТАУ с ы н. *Ақшылдау.* Бекет көзінің астымен қарап еді, кешегі ағай. Кешегідей қара бұжыр емес, *ақшылттау* (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

АҚШЫЛТЫМ с ы н. *Ақшылт, ақшылдау.* Қайнап көтерілген *ақшылтым* көбік бақылау шынының орта шеніне дейін жетті (А. Жолдасбеков, Өке қуанышы).

АҚЫ з а т. 1. *Істеген еңбек үшін төленетін төлем, еңбектің өтеуі.* Әйелі күн, біреуге ері жүрсе, Үй іші түгел жалшы білеі білсе. Олар үшін бай *ақы* төлемейді, Кедей де ырза бір аяқ саумал берсе (С. Торайғыров, Шығ.). Сәтемір үй сыпырушы болып жалданып, *ақысына* оқу оқиды (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Алты ай жазға алатын *ақым* — бір сиырдың құны (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Пәлен жылдай Ақбайдың малын бағып, алған *ақыма* он тоқты, бір түйе тиген соң, іргемді байдан аулақ салып кеткен едім (С. Бақбергенов, Қайран шешем). 2. *Бір заттың бағасы, нарқы, құны; соған лайықты ақша, зат, мал-мүлік.* Сол Тұрсын мектепке ас үйін беріп, үйіне айлап *ақы* алатынды шығармасын ба? (Б. Майлин, Шығ.). Арбамызды, бір төкеметтік ақ киізді, тағы да бір бұйымдарды соған қалдырдық та, соның бәрінің *ақысына* татардан еркек қоңыр тайынша алдық (Ж. Жұмақанов, Қаракөз қарындас).— Жерімнің *ақысын* төле, жирен тайыңды бер (С. Сұбханбердин, Шағын пьеса). 3. *Аласы, алашақ.* Көшпелі елде *ақың* болса, көше-көше қасыңа келер (Мақал). Қатты айтсам, қарындастың көңлі қалады, ақырын айтсам, *ақым* кетіп барады (Мақал). 4. *Пара, ауыз бастырық.* Бір мезгілдер болғанда ол есебін адамға сездірмей, бір мыстан кемпірге *ақы* беріп ағасын өлтіртіп, мұра менікі, деп ағасының орнына патша болды (Қаз. ертегі.). 5. *Парыз, міндет.* Жолаушы *ақысы* жүрсе бітеді (Мақал). Бұған күллі Қазақстандағы жолдастар кірісу керек. Сөйтсек біздің мойнымыздағы борыш, жолдастық *ақы* ақталады (С. Сейфуллин, Шығ.). Көрші *ақысы* қиын (Ауызекі тіл).

◆ **Ақы адал мал.** *Еңбек сіңген, еңбекпен тапқан мал.* Біреудің *ақы адал малын* алған баукесепе жәлеп ұры (М. Әуезов, Абай жолы). **Ақысы кетті.** *Есесі кетті, біреуге жем болды.* Баласы жоқ адамның өркімге *ақысы кетеді.* Байбөрі қу бас деген сөз сүйегімнен өтеді (Алпамыс). **Ақысын жібермеді.** *Есесін қайырды, зиян шекпеді.* Атты *ақысын жаяуға жібермейді* (Мақал). Ереуіл атты ер Сақым Ерткен кедей баласын, *Жібермеді* жауға *ақысын,* Жетілдіріп шаласын (Ө. Тұрманжанов Таңд.). **Ақысын жеді.** *Біреудің еңбегін қанады, еңбек ақысын бермеді.* Жетім, жетім демеңіз, жетімнің *ақын жемеңіз* (Мақал). Адам болды бәрі де, Байға *ақысын жегізбей.* Бұрынғыдай боқтатып Нұқытып «ей ит» дегізбей» (С. Сейфуллин, Таңд.). Қаңғып келген жетім деп Жетімнің алма зәресін. Бүгінгі *жеген ақыңды* Таңда бір күн бөрерсің (Ү. Кәрібаев, Таңд.). **Ақысын кешті.** *Ризалығын білдірді, кешірді.* Балама да, өзіме де аналық *ақыңызды кешіңіз.* Бір баланы сіздең алмас едім, қайтейін, бары біреу-ақ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жақып Жанатқа:— Зәуеде, сен теңіңді, не дұрыс жолыңды таппай ренжітсең, аталық *ақымды кешу* маған өте қиын (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Көз ақы.** *Көрген заттан дәмету.* Көргеннен *көз ақы* сұрайды (Мақал). **Қалам ақы.** *Баспа бетінде жарияланған еңбекке төленетін ақша.* Ол өлеңдердің *қалам ақысы* мұқтажымды өтей алған жоқ. Маған көлденең табыс іздеуге тура келді (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Қол ақы.** а) *Мал сойған кісінің алатын қолкесері, қолуздік.* Малы жоқ кедейге бай үйінің малын сойып, содан алған тері-терсек, ішек-қарынмен бірге мойын, төстік сияқты *қол ақылар* да әжептәуір үнем еді (Ауызекі тіл). ә) *Ем жасаған адамға не жеңіл-желпі, ұсақ-түйек еңбек үшін берілетін ырым, орамал.* **Не ақың бар.** *Өте кеткені жоқ, не шаруасы бар.* Ору жұмысын бөгемесе болды, МТС-тың мұнда *не ақысы бар* (Т. Нұртазин, Мұрат). **Неңің ақысы.** *Не үшін, неліктен.* Сен *неңің ақысы* деп жыладың осы?— деді. Абай Төкежанға енді ыза болды, кінәлай сөйлеп қарсы ұрысты (М. Әуезов, Таңд.). **Табан ақы, маңдай тер.** *Адал еңбек.* Байғабылдың қазіргі күнде өргізіп отырған мың жарым жылқысында менің *табан ақым* мен *маңдай терім* бар — дейді жалшылықта болған Желдібай (С. Омаров, Қайырлы жаз). «Байтал түгіл, бас қайғы» дегендей, төрт жылда төрт қара да таппай, *табан ақы, маңдай теріміз* тамағымыз бен киіміміздең артылмады (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

АҚЫҚ и р. з а т. м и н. *Жалт-жұлт еткен асыл тас; минерал.* Бриллиант,

а қ ы қ, су тас, алмас — бәрі де минералдар (А. Машанов, Жер асты.). Хан тәжінің қызыл-жасыл *а қ ы қ т а р ы* мен меруерттері де түсінен айрылыпты (С. Омаров, Хантағы). Тас базарына барып сатуға кірістім. Олардың ішінде қолдан жонған тұмар сияқты бір тас болды, оның түсі қызыл, *а қ ы қ т ы қ* бір түрлісі еді (Мың бір түн). ⊙ Ананың ақ жүрегі дейім *а қ ы қ*, Кейі май ашуының, кейі — қатық. Отыр ол, отыр күтіп немересін. Қалса да сорпасының майы қатып (Жас қанат). Күлімдеп, қасын көріп келді жылым, Сұлудай *а қ ы қ* ерін, алтын тұлым. Көркейіп, көңілінен кетті кірбің, Көргенде кім де болса бұның түрін (Үш ғасыр.).

АҚЫҚТА е т. *Ақық салып әшекейлеу.* Иінін уығының *а қ ы қ т а д ы қ*, Болсын деп бақытты өмір бар олжасы (Айманкүл, Ана сыры).

АҚЫҚТАЙ с ы н. *Ақық сияқты.* Өскен жазда дән алып, Желге, күнге тотықпай. Қалған қатар қадалып Алқадағы *а қ ы қ т а й* (С. Мәуленов, Торғай қақп.). Қатты, серпіні мол қанаты мен берік топшысы ғана емес, алмастай қатты, найзадай өткір тырнағы, қашалған тастай жүрегі, *а қ ы қ т а й* жанған алғыр көзі бар (С. Бақбергенов, Қоянкөз.) Азу тісі ақсиған, Марқасқадай қасқиған; Көзі *а қ ы қ т а й* сүзілген, Маржандай тісі тізілген (Үш ғасыр.).

АҚЫЛ а р. з а т. 1. *Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім.* Ашу—дұшпан, *а қ ы л* — дос, *А қ ы л ы ң а* ақыл қос (Мақал). *А қ ы л* да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек (Абай). ... Ахметтің *а қ ы л*, ой, зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарыс салма өткір еді (С. Торайғыров, Таңд.). 2. *Пікір, пайдалы кеңес, өсиет.* Менікі жақындық ретімен айта салған бір *а қ ы л* еді ғой. Ол *а қ ы л ы м д ы* тыңдамаған екен, кіргісі келген екен, өзіме-ақ айтсайшы: «мен кірем, арыз жазып бер, қол қойып бер» деп (Б. Майлин, Таңд.). Жүрегімде бабам берген сабағы, Жер жүзіне тамырланып тарады. Ұмытпаймын салған жолын, *а қ ы л ы н*, Мәңгі..., мәңгі..., мәңгі есімде қалады (Қ. Тоғызақов, Өленд.). 3. А у ы с. *Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амалы, айласы.* Мен өзім қасыма он жігіт алып Күміс-бекті қалаға апарам. Абақтыға әкеткендей ыңғайы білінсе, өзіміз біләміз... Табылған *а қ ы л* (Ғ. Сыланов, Асау арна).— Мал даулаушы Бекболатты қайырудың *а қ ы л ы н* да, билігін де Дүрімбайдың өзіне тапсырдым (С. Шарипов, Шығ.).

◆ **Ақыл айтты, ақыл берді.** *Дұрыс кеңес берді, жөн сілтеді, үйретті. А қ ы л а й т с а ң* біреуге, Ішің еріп егіліп. Ұялмас ақы тілеуге, Бермесең қалар түңіліп (Абай). Апам *а қ ы л б е р е р* ед — Қасында емес, елде алыс. Ақылдасып жүруге Жырақ кеттім мен де алыс (С. Сейфуллин, Өленд.). **Ақылға сияды.** *Нанымды, ақылға қонады.* Қазір ойласам, сол оқиғалардың өз *а қ ы л ы м а с ы й м а й т ы н д а р ы* да бар — дейді Наумет (А. Лекеров, Қырдағы өн). **Ақылға келді.** *Жөнге көнді.* Адамдық емес мұның... *А қ ы л ғ а к е л!* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **Ақылға салды.** *Пайымдап көрді, ойланды.* Қазақ осыған да амал жоқ нанады, анық ойына, *а қ ы л ы н а с а л ы п* нанбайды (Абай). **Ақыл көрді.** *Жөн көрді, дұрыс көрді.* Баршасы осы сөзді мақұл көрді, Мергеннің бұл айтқанын *ақыл көрді.* Қылдан еріп, шаш қылып Желаяққа, Үстіне қыз киімін киіндірді (Батырлар жыры). **Ақыл кірді.** а) *Ер жетіп, есі кірді.* Ми толмаған, ессіз бала күндегі құмарымызды ер жеткен соң *а қ ы л к і р г е н д е* орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұраныш, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз (Абай). ә) *Айтқаны нанымды, қонымды болды.* Раушанның *а қ ы л ы к і р і п* кетті білем, милицияға кішкене қарап тұрды да:— Қарағым, мына пәлелерден бізді құтқара көр деп жылап қоя берді (Б. Майлин, Шығ.). **Ақыл қонды.** *Жұрттың көңілінен шықты, ұнады.* Жұртқа бұл *а қ ы л қ о н а д ы* да, «Метеордың» иесін табу, таппау ықтиярың: біз бәйге аттарымызды, бұл арадан отыз километр жердегі «Ашамай» аталатын көлден жарыстырамыз,— дейді (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Ақыл қосты.** *Кеңес берді, ақылдасты, пікір айтты.* Тілінген қарбызды ұрығынан тазарта отырып андасанда мұртын бармағымен сипап қойып, Авдей қарт председательге біраз *а қ ы л қ о с т ы* (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Сол күні дәрігерлердің консилиумы болды. Олар жиналып *а қ ы л қ о с ы п*, емдеу әдісін іздеді (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Ақыл құрды.** *Ақылдасты, кеңесті.* Кейбіреуі атының басын бұрып, Күбір-күбір сөйлесті артта тұрып. Кейін қайтып, айналып жүрелік деп, Сөздерін ерге айтты *а қ ы л қ ұ р ы п* (С. Әлімбетов, Өленд.). **Ақыл сал-**

ды. *Пікірлесті, ақылдасты.* Қазақ жұмысшылары көбінің ортасындағы жұмыс болса да, жеке басының шаруасы болса да Дарқанға *ақыл салады* (І. Жансүгіров, Таңд.). Ол халқының алдына жақын барды, Сөз айтып, әрбір түрлі *ақыл салды.* Бір кеселге байтұстар жолығыпсың, Үйіңе бар, ұйықтаңдар деп шығарды (Абай). **Ақыл сұрады.** *Ақылдасты, пікірлесті.* Маған *ақыл сұрай* барғанда айтарсыз. Әзірге өз ақылым өзіме жетеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ақыл тоқтатты.** *Ақылы толды, кемеліне келді.* Оның сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан жас албырттықтың емес, *ақыл тоқтатқан* адамның белгісі сезіледі (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Ақыл тіс.** *Ең түпкі азу тіс.*— Қанша тісіңіз жоқ, Ердеке?— Азу жоқ, *ақыл тіс* те түгел түскен (І. Жансүгіров, Таңд.). **Ақылы ауды.** *Ақылынан адасты, жынданды.* Болған соң уәделі күн жауын жауды, Судан ішкен жынды боп, *ақылы ауды.* Күні-түні шуласып, таласады, Ұмытты тамақ жеумен және ұйықтауды (Абай). **Ақылын алды.** а) *Есеңгіретті, есін алды.* Мүмкін мас адам шығар. Орыс бозасы көзін бозартып, *ақылын алып,* сенделтіп жіберген немістің елірме офицерлерінің бірі шығар (М. Иманжанов, Адам тур.). ә) *Тыңдады, айтқанын істеді.* Үлкеннің *ақылын алған* қор болмайды (Мақал). **Ақылынан адасты.** *Есі ауды, жынданды.* Сексенге жасы келгенше Бір бала көрмей Тоқтарбай Қайғыменен қан жұтып, *Ақылынан адасқан* (Қобыланды). **Ақылынан танды.** а) *Есеңгіреді, талықсыды.* Барған соң бұл жазылған хатты алып, Рүстем оқығаннан көзін салып. Болмаған, болса онда сау емес — деп, Айрылып *ақылынан* қалды *таныр* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Жақсы кісі қартайса да, *ақылынан танбас* (Мақал). ә) *Қателесті, жаңылысты.* Жақсы сөзге жан тоймас, Ұқса құлақ қонады. Адасқанда айып жоқ, *Ақылынан танады* (Ү. Кәрібаев, Таңд.). **Ақылы толды.** *Есейді, оң-солын таныды.* Аңдай-аңдай айтқаным, *Ақыл толып,* ой өсті Ақырында байқадым: Өмір күле сөйлесті (Ғ. Орманов, Дикан баба). **Ақылынды іше.** *Шамадан тыс, мас болып ішпе.* **Ең ақылы.** *Дұрысы, абзалы. Ең ақылы* Раушан өзін-өзі ұстай білуі керек емес пе? (З. Шашкин, Сенім). **Тентектің ақылы түстен кейін келеді [киреді].** *Дер кезінде ойлап, дұрыс шешімге келмесең, кейін өкінесің.* Бұл итті алқымынан алып біржола өзе салмаған екенмін. *...Тентектің ақылы түстен кейін келеді* дейді, өзімде де бар, несін аядым екен! (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Табылған ақыл, таптырмайтын ақыл.** *Ойдағыдай, әбден дұрыс шешім.* Ұлықтар «пәлі-пәлі!» бұл *табылған ақыл* екен деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп анаңы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп мынаны жеп жүр (Абай). Тырнақты күтіп, қысқа қырқып жүрген тазалық үшін *таптырмайтын* ақыл (Е. Оразақов, Дәрігер). **Ақыл алды.** *Үйренді, білмегенін білді.* Мен осында сізден аталы сөз естимін, *ақыл аламын* деп келіп едім. Ол үмітім ақталмады, танысып-біліспей жатып, қызыл тілдің пайдасын өңменімнен қадалттыңыз (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). **Ақылы көзінде.** *Терең ойламайтын, өмірге жеңілжелпі қарайтын.* Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түземек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі. Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін өзі базарға салып, бір *ақылы көзіндегі* ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек (Абай). **Ақыл көзбен бақты.** *Тереңнен ойлады, байыбына жетті.* Ең нәрсе емес жұбанар, *Ақыл көзбен баққанға.* Жас баладай қуанар, Бір дәмдіні татқанға (Абай). **Ақыл көзімен қарады.** *Саналы түрде түсінді. Ақыл көзімен қара:* күн қыздырып теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіреді (Абай). **Ақылдың көзін байлады.** *Ешнәрсені ойлатпады, аңдатпады, пайымдатпады.* Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, *ақылдың көзін байлап,* теңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, ананы» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен (Абай).

АҚЫЛА е т. *Ақы төлеу.* Қаперсіз жайын жатқанда Кете ме деп қапылап, Араға жансыз жүгірді Параменен *ақылап* (Дастандар).

АҚЫЛ-АЙЛА з а т. *Қиындықтан, жағдайдан шығудың жолы; әдіс, амал.* Адамнан артық ажар, *ақыл-айлаң,* Ажары ақ бетіңнің асқан айдан. Адасқан ақкуқұстай болдым асық, Айдындай ақ төсіме асылшы, айнам (Қазақ әндері). Жоқ екен, ей, Бекежан, *ақыл-айлаң,* Кәнеки құрбы болып тиген пайдаң? (Қыз Жібек). Базаралыға қадалып кеп, *«ақыл-айла»* тапшы, бет нұсқап, жол көрсеткі» — дей

беретін Балағаз, Абылғазы (М. Әуезов, Абай жолы).

АҚЫЛГӨЙ з а т. *Ақылшы, білімдар.* Баласы Ұлы жүздің Абақ, Тарақ, Көтерген *а қ ы л г ө й г е* мені балап. Аш берідей қаңғырған ақын келсе, Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап (Айтыс). Ерболдың мұнша неге қатал келгенін түсінбеді Мәлік. Әдетте, бюрода жастарға қамқоршы болып, осы ауылдың *а қ ы л г ө й* ағасы саналатын Ербол, бүгін жат мінез білдірді (З. Шашкин, Сенім).

АҚЫЛГӨЙЛІК з а т. *Ақыл үйретушілік.* «Көкірегінде қаяу жоқ, Қажымас, қайта айнымас қайран тату» ... деген сияқты ойларды шешендік, *а қ ы л г ө й л і к* түрінде, әсіресе баса айту — бұл өлеңдегі Абайдың ағалық, ұстаздық ниеті (М. Әуезов, Әр жыл.). Жаңа ғана көзінде ойнаған күлкінің ізі де осы минутта жоқ болып, реңі *а қ ы л г ө й л і к т і,* байсалдылықты аңғартты (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Сұлулығымен сезімге шаппаған, парасаттылығымен тың белестерге бастамаған, оқушыға үміт қанатын бітірмеген жыр да салқын *а қ ы л г ө й л і к* (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

АҚЫЛГӨЙСІ *е т. Білгішсіну, біреуге ақыл үйретксну.* Біз балапандай шырылдап, біздің үйге көңіл айтуға бармақ болып, бірімізден-біріміз асып түсіп, *а қ ы л г ө й с і п* жаттық («Лен. жас»).

АҚЫЛГӨЙСІН *Ақылгөйсі етістігінен жасалған өздік етіс.* Әлгі сөзден ағасынған да, *а қ ы л г ө й с і н г е н* де әбден ызғарлы леп байқалмады, мені жып-жылы бір мейірім құшағына алғандай болды («Лен. жас»).

АҚЫЛДАЙ с ы н. *Ақыл сияқты, ақылға ұқсас.* Жағымды сөз жанға жай, Жадырап кетті жеке-дай. Сөздерін сүйіп *а қ ы л д а й* (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

1. АҚЫЛДАС е т. *Пікірлесу, кеңесу, ақыл қосу.* Біраз пікірлескеннен кейін Хасен екеуміз сөзді осыған қойдық та, ауыл адамдарымен *а қ ы л д а с п а қ* болдық (С. Мұқанов, Есею жыл.). *А қ ы л д а с с а ң* шешерсің, Ақылдаспасаң, кем кесерсің (Мақал). Егерде бала белгілі бір жаман әдетке әуестеніп бара жатса, оның ата-аналарымен *а қ ы л д а с а* отырып... тиісті шара қолдану керек (С. Көбеев, Орынд. арман).

2. АҚЫЛДАС с ы н. *Пікірі, ойы бір.* Ақбөпе жан бергендей Қасым десе, Серігі, *а қ ы л д а с ы* әсіресе. Әкесі қия тартып көнбегенде, Жөн айтқан ел сөзіне әлденеше (И. Байзақов, Ақбөпе). Иә, олар Ақтілесті басынбасын!.. Біз барда Марат тіпті жасынбасын! Жүке, сен бір мақала ұйымдастыр! Құп, менің бар бір сыншы *а қ ы л д а с ы м*... (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

АҚЫЛДЫ с ы н. *Сана-сезімі мол, есті, парасатты, білімді. А қ ы л д ы* қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. Таразы да, қазы да өз басында Наданның сүйенгені көп пен дүрмек (Абай). *А қ ы л д ы* қасыңнан қорықпа, Жарымес досыңнан қорық (Мақал). Адал істеп өзіне, еліне пайда келтірген адам *а қ ы л д ы.* Пайдасыз адам — ақымақ (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

◆ Ақылды көз. *Ойлы, тұнық көз. А қ ы л д ы* қоңырқай *к ө з і н д е* үнемі жинақты ой бар (М. Әуезов, Абай жолы). Ақылды сөз. *Үлгілі сөз,* Бір ауыз *а қ ы л д ы с ө з д і* әдемі он ән өтей алады десе, мен ән салған болар едім (Қ. Жармағамбетов, Әнші.).

АҚЫЛДЫЛЫҚ з а т. *Естілік, білімділік, саналылық.* Біз өмірдің көбін кітаптан оқып білеміз. Бұл кісі өмірдің өзінен оқыған... Бұған байыптылығын, *ақылдылығын* қоссаңыз, үлкен ғалымның дәл өзі болып шығады (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Міне *а қ ы л д ы л ы қ т ы ң* белгісі. Сондай шағын оқу, шағын біліммен дүниенің пәлсапасын жақсы біледі (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҚЫЛДЫМСЫ е т. *Ақылды болғансу, білгішсіну.* Ахмет жаман жолдас,— деді Қадиша *а қ ы л д ы м с ы п,* адамды сыйламайды (С. Баязитов, Күтпеген кездесу). Қанықейдің бұл сөзін Кәрия Бақай қостады. Өз тұсынан ептеңе *А қ ы л д ы м с ы п* қоспады (Манас).

АҚЫЛДЫМСЫН *Ақылдымсы етістігінен жасалған өздік етіс.* Аян ішінен: «Бұл да қызық. Сенің де талай қызық істеріңді еститін едім... Кеше *а қ ы л д ы м с ы н ы п* отырдың-ау!»— деді (С. Сейфуллин, Таңд.).

АҚЫЛДЫРАҚ с ы н. *Ақылдылау.* Балалар да жүгірісіп кеп бұларды қоршалай қалып еді. Махамбет бойын жиып алды, абыржып қысылған да жоқ.— Уақасы жоқ, Иван Павлович, *а қ ы л д ы р а қ* боламын енді,— деп жымиды ол, сол жақ бетін алақанымен басып тұрып (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АҚЫЛ-ЕС з а т. *Сана-сезім, ой.* Қыздарға ақыл айтып жүрді Қарға, Ие бол адамшылық бойдағы арға. Адасып *ақ ы л-е с т е н* ахахалап, Өлсең де бауыздалып әуре болма (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). Өзі өлгенде көп малына ие болып, *ақ ы л-е с і* толып, кемеліне келмеген жас баласы қалыпты (Мың бір түн).

АҚЫЛ-КЕҢЕС з а т. *Пайдалы пікір-ой.* Сол жерде екі жаман жылап келді, Көл қылып көздің жасын бұлап келді. Байламасаң өзімді ап кетшекші, Қайтем деп *ақ ы л-к е ң е с* сұрап келді (Батырлар жыры). Партия мен үкімет басшысының қарапайым, кішіпейілдігі, парасатты сөздері, ағалық *ақ ы л-к е ң е с і* сол кездесуге қатысқан әрбір малшының көкейінен жылы орын алды («Қаз. әдеб.»).

АҚЫЛ-ОЙ з а т. *Сана-сезім, ой-өріс.* Сабазда бәрін білген ақыл қандай Тұлғасы алып шығар батырлардай. Болса да бойы мендей *ақ ы л-о й ы* Айдыны шалқып жатқан Атыраудай (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Ең әуелгі уақытта адамның *ақ ы л-о й ы* дәрменсіз бола тұрып, ол сыртқы дүниені өзгерту, оны өзіне бағындыра білу бағытында дамып келді (М. Мұқанов, Бақылау).

◆ **Ақыл-ой еңбегі.** *Ғылыми, творчестволық еңбек. А қ ы л-о й е ң б е г і м е н* шұғылданушы адамдарға жақсы қалыптасқан берік сүйек-ет системасы қажеті жоқ дейтін сияқты көзқарастан бас тарту керек (Адам анатом.).

АҚЫЛ-ОЙЛЫ с ы н. *Сана-сезімі мол, ой-өрісі кең.* Елге керек ізгі ер тапжылмайтын, Жетті ғой шақ! О дағы сағаң айқын. Елге керек қызметкер, шын қайраткер *А қ ы л-о й л ы,* мұраттан айнымайтын (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.).

АҚЫЛ-ПАРАСАТ з а т. *Сана-сезім, ой-өріс, білімділік.* Рас, Қуандық Абайдың теңі. Тәрбиесімен, өнерімен, *а қ ы л-п а р а с а т ы м е н* де өзгеше жан (М. Әуезов, Танд.). Көрген жан Садуақастың *а қ ы л-п а р а с а т ы н а,* алғырлық-зеректігіне сүйсінбей... кетпеуші еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

АҚЫЛ-САНА з а т. *Ес, ақыл, ой.* Пәлені бұл сияқты көргеннен соң, Болмады еш адамда *а қ ы л-с а н а.* Шошығыш халық сезіп жүрген шақта, Секіріп тағы көрбақ қойды және (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

АҚЫЛ-СЕЗІМ з а т. *Ой-өріс.* Адамның *а қ ы л-с е з і м і,* ой-өрісі дамыған сайын, ол қолындағы малын да өз мұқтажына сәйкес өлектен өткізгендей екпелеп, ұдайы сұрыптап отырған (Тарту).

АҚЫЛСЫЗ с ы н. 1. *Ақылы, ойлау қабілеті жоқ. А қ ы л с ы з* маймыл аямай суды, Сабынмен емес, сабынды жуды (Қ. Мырзалиев, Көктем). 2. *Ой-өрісі аз, ақымақ. А қ ы л с ы з* өзін мақтап былжырайды, Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды? Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды (Абай). Жақсының болдым жолдас данасына, Үш жүздің сөз жібердім арасына. *А қ ы л с ы з* ақымақтың бір мінезі Өзінің қарамайды шамасына (Ақан сері, Шығ.). Кейде бір кісіні *«а қ ы л с ы з»* дегенде оның тіпті ақылының жоқ екенін айтпайды, оның тәжірибесінің кемістігінен белгілі мәселені шеше алмай тұрғанын айтады (М. Мұқанов, Бақылау.).

АҚЫЛСЫЗДЫҚ з а т. *Санасыздық, білместік.* Әйел неге ақылсыз болсын. Әсіресе мынау әйел *а қ ы л с ы з д ы қ қ а* қиятын адам емес (Б. Майлин, Шығ.). Мұсылманның бәрін жидырдым, Тамаша ойын қылдырдым. Осынша көптен тең таппай, *А қ ы л с ы з д ы қ* білдірдің (Қамбар). Ақылсыз адам су іппегендіктен семіп қалған бидай секілді иілуді білмейді. Сізше — деді Күнтуар әкесіне — өзі үшін емес, елі үшін істеу *а қ ы л с ы з д ы қ* па? (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АҚЫЛШЫ з а т. *Ақыл беруші, үйретуші.* «Ұқтың ба, Шоқан? Уәсіл ағайдың айтқанын өзіңе ақыл деп ұқ. Ендігі сенің *а қ ы л ш ы ң* осы кісі болады» деген сөзін Шыңғыс Шоқанның құлағына Дабашинскийге үйірлігін ұғындыра беру үшін қайталап айтты (С. Бегалин, Бала Шоқан). Сүрінгенге сүйеу, адасқанға *а қ ы л ш ы* дос болу жақсы ғой («Лен. жас»). Мейірімді ұстаз, әділ *а қ ы л ш ы* болу — әрбір мұғалімнің абыройлы борышы («Халық мұғ.»).

АҚЫЛШЫЛЫҚ з а т. *Ақылдылық, саналылық.* Өзі жұртқа жұғымды, өміршілігінен *а қ ы л ш ы л ы ғ ы* басым (Т. Нұртазин, Мұрат).

1. АҚЫЛЫ с ы н. 1. *Ақы төлейтін, тегін емес.* Ол кезде мектеп, медресе оқуы сырт қарағанда тегін оқу көрінгенімен, шын мәнісінде *а қ ы л ы* болатын (Аялы жандар). Басқа колхозшылар да *а қ ы л ы* бір айлық демалыспен пайдаланады (А. Шайбеков, Колхозда.). 2. *Ақысы бар.*

алашағы бар адам. Өз малым деп қойған мал Иесіне берілді. *Ақылы* жандар қамалап, Кептірді сонда ерінді (Абай).

2. АҚЫЛЫ з а т. *Абзалы, дұрысы.* Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі ау: Батыр патшам, не керек көп ойлану. Қойды жан деп есіркеп кім аяйды *ақылы* ала қойдың — қырып салу (Абай).

АҚЫМАҚ а р. с ы н. *Жөн-жобаны, мән-жайды білмейтін, ойланбай орынсыздық жасайтын парықсыз адам.* Егер түзу көрінсе, Ойлап-ойлап құлаққа іл. *Ақымақ* көп, ақылды аз, Деме көптің сөзі бұл (Абай). Халықтан қашқан дүниеқор, қара көңіл Қарабай жырда кейде аланғасар, *ақымақ* ретінде көрсетіледі де, ақын оған сықақ қолданады (М. Әуезов, Әр жыл.). Осыны директор ғып жіберіп жүрген қай *ақымақ* екен?— деді Якупов тарылып (З. Шашкин, Сенім).

АҚЫМАҚТА е т. с ө й л. *Ақымақ ету, күлкі ету, әжуалау.* Ендігі ермегі мені *ақымақтап,* мазақ ету болғаны да (Т. Нұртазин, Мұрат).

АҚЫМАҚТАН е т. *Елеру, есуастану.* Ақмет пен ақсақалдар *ақымақтанған* жастарға қой десін!— деген болыстың сөлемі жеткізілді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АҚЫМАҚТАНДЫР *Ақымақтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Керекті кезінде сені *ақымақтандырып* пайдаланады да, керексіз кезінде лақтырады да тастайды — деді Садуақасов (С. Мұқанов, Мөлдір махаббб.).

АҚЫМАҚТАНДЫРУ *Ақымақтандыр етістігінің қимыл атауы.* Рыноктар үшін күресу және елдерді тонау буржуазияның пайдасына барлық елдердің пролетарларын *ақымақтандыруға,* тозғындатуға, қырып-жоюға ұмтылу — соғыстың бірден-бір нақтылы мазмұны мен көздегені осы (В. И. Ленин, Шығ., 36, 275).

АҚЫМАҚТЫҚ з а т. *Ақылсыздық, білместік, өкініштi іс-қылық.* Абай енді Смағұлдың *ақымақтығына* ыза боп, Оспанды қоя беріп, ананы тартайын деп еді, Оспан дәл осы кезде Абайдан босай сала қымыз бетіне үңіліп тұрған Смағұлды желкесінен түйіп-түйіп қалып, қымыздың ішіне бет-аузымен құлағына шейін батырып жіберді (М. Әуезов, Абай). Ей достым, ғапыл жатпа басты көтер, Алданып *ақымақтықты* қума бекер Айуан емес, адам боп жаратылдық, Көңіл көзі барларға бұл да жетер (XX ғ. қаз. ақын.).

АҚЫМАҚШЫЛДЫҚ з а т. с ө й л. Ақымақтық. *Ақымақшылдық* бар екен, сірә, бізде, Адамзаттан бар екен төре бізде (Батырлар жыры).

АҚЫМАҚШЫЛЫҚ з а т. *Ақымақтық, білместік.* Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де *ақымақшылық* (Абай).

АҚЫН з а т. 1. *Халық алдында суырып салма өлең шығарып, не айтысқа түсіп танылған өнер иесі, жырау.* Жамбыл — түре айтыстың ақпа *ақыны,* көреген, сезімтал, от аузында айтқыш ақын (М. Әуезов, Әр жыл.). Қызы екен Тастанбектің *ақын* Сара, Бәйгеден күнде келген жалғыз қара. Қыз да болса адамның жүйрігі екен, Келеді бір сүрінбей жеке дара (Біржан — Сара). Кең дала, өзен, ғажап күн, Құяды бойға қуатын, Сондықтан да қазақтың Екеуінің бірі *ақын* (С. Мәуленов, Жаңа арна). 2. *Поэзиялық шығарма жазумен айналысушы жазба әдебиеттің өкілі, өлең сөздің авторы.* Бетен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол *ақынның* білімсіз бишарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы (Абай). Шіркін, мен *ақын* болсам! Адам жанын, адам жүрегін, адамның ұлылығын терең сезімді тербете жырлар едім, достым! Адам бойындағы ерлік пен езгілікті мадақтауға не жетеді! (М. Иманжанов, Адам тур.).

АҚЫНДАУ с ы н. *Аздаған ақындығы бар, ептеп өлең жазатын адам.* Аян менің достау адамым, өзі *ақындау.* Сырларын маған баян қылып жүреді (С. Сейфуллин, Таңд.). Хатшыны дамыл-дамыл шақырып, келген қағаздарға жауап қайыртып отыр. Оның жанында бұйра шаш, ала көз *ақындау* жігіт газетіне мақала жазып жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҚЫНДЫҚ з а т. 1. *Поэтикалық дарын, шабыт; өлең-жыр жазуға қабілеттілік. Ақындық* таланты жоқ кісі үйренгенмен ақын бола алмайды. Сонымен қатар талант та үйренбей кемеліне келе алмайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын *ақындық* сөздігі — бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда Абайдың *ақындық* өнеріне сай келеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Ербол Абайдың

а қ ы н д ы ғ ы н а ден қоюшы еді (М. Әуезов, Абай жолы). 2. *Өлең жазумен айналысушылық, ақындық жолына түсушілік. А қ ы н д ы қ* ауыр еңбек түсінгенге, Тау қазған, тас қорытқан ісіңнен де (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). Осындай үлкен арналы *а қ ы н д ы қ* жолына берілген соң, 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Абайдың ағарту ісінде ұстанған құралы *а қ ы н д ы қ* болды (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы). О, Вольтер, атағыңа иемін бас! Менде мол саған деген шын ықылас. Сенің де ақылыңнан суат алып, *А қ ы н д ы қ* дүниесіне жаздым құлаш (Қ. Сатыбалдин, Әлия).

АҚЫН-ЖАЗУШЫ з а т. *Әдеби-көркем шығарма жазумен шұғылданып, баспасөз бетінде танылған әдебиет өкілі.* Ірі *ақын-жазушылар,* ақыл-ой иелері сияқты Сұлтанмахмұт та нәзік сезімді, ұшқыр қиялды адам болды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

АҚЫНЖАНДЫ с ы н. *Сезімтал, жаны нәзік.* Туған жердің еменіндей бойлаған, Көп тусын деп *а қ ы н ж а н д ы* ойлы адам. Тойыңызда тұйғындайын толғанам, Өзіңіздей өссем деп те ойланам (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АҚЫНСЫ е т. с ө й л. Ақынсын. Өз атым — ақын Мансұр һәм және де, Сөйлетер жақсылардың ермегі едім. *А қ ы н с ы п* ат пен түйе сұрадым ба, Сен өзің шақырған соң келген едім (Айтыс).

АҚЫНСЫН е т. *Ақын болғансу, өзін ақын деп санау.* Күшпенен көндірермін болмасаң да, Түстеніп тамақ жермін қонбасам да. Аптығып *а қ ы н с ы н ы п* сандырама, Ойлайсың артықпын деп оңбасаң да (Айтыс).

АҚЫНСЫМАҚ с ы н. *Ақын болам деп еліктеуші, дарынсыз адам.* Сұлтанмахмұт айтысып кетіп жүрер деп, Аққірпік отауындағы Қаржанның әнші *а қ ы н с ы м а ғ ы* құба жігітті өз қатарына шақыртып алды (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АҚЫНША ү с т. *Ақын сияқты, ақынға ұқсап.* Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі *а қ ы н ш а* мал үшін тұрман зарлап. Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел, Сендерге де келейін енді аяндап (Абай). Дәл осы соңғы топтың тұсында Абай тағы да қазақы *а қ ы н ш а* жырламай, өзгеше бір мәдениетті ақын үлгісімен жырлайды (М. Әуезов, Әр жыл.).

АҚЫ-ПҰЛ з а т. *Ақша, қаржы.* Босқындардың аштығын, арықтығын көріп шошынса да, *а қ ы-п ұ л ғ а* арзан екендігін ойлап, қарны тойса жұмысқа жарайтынын ескерген байлар оларды таңдауға кірісті (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Кейбір істерге, *а қ ы-п ұ л,* дауға сыяз үстінде орын қалдырмау мақұл (М. Әуезов, Қараш-Қараш) *А қ ы-п ұ л ы м* — арымның садағасы (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

АҚЫ-ПҰЛСЫЗ с ы н. *Бос, тегін.* Әкеме қалың мал төлеттіріп шығындатып қайтем. *А қ ы-п ұ л с ы з д а р д ы ң* өзі жетіп жатқан жоқ па — деді Кенжебек өзінің жуас күлкісімен (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

1. АҚЫР и р. з а т. д и а л. *Малға жем-шөп салу үшін жасалған оттық.* Қораның ішкі әдісі: айнала қаланған ұзын *а қ ы р.* Шөпті жағалай салғанда екі жүз елу жылқы жұмырына жұқ болатын емес (І. Жансүгіров, Шығ.). Балалық кезімде кешкі тамақтан кейін үйден ұрланып шығып ат қорада барып, *а қ ы р д а* байлаулы тұрған аттардың алдына жоңышқа салатынмын (Ол күндер.). Бет алдыңыздағы ұзынша қабырғада талдан тоқылған *а қ ы р* тұр. Мұнда қыстығүні ала сиыр мен оның торпағы байланады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

2. АҚЫР а р. ү с т. 1. *Ақыр аяғында, түбінде, күндердің күнінде.* Әз тұтуға, Сыйласуға Қалмады жан бір татыр. Сыпыра батыр, Пәле шақыр, Болдың *а қ ы р* тап-тақыр (Абай). Көп жасадым, көп көрдім талайларды, Еңбектен таптым *а қ ы р* дүние, малды. Қабағың жабырқамас, қарның ашпас, Адал еңбек істесең, болсаң арлы (Ақын жырлары). 2. *Бәрібір, әйтеуір, қалай болған күнде де.* Омар, сен сол томырық мінезіңді қоя тұрып, сөз тыңдашы, *а қ ы р* ұнамаса біреуді біреу зорламайды ғой,— деп ортаға алып, шулап, ал кеп төніскі (С. Торайғыров, Таңд.).

◆ **Ақыр аяғы.** *Керек десең, тіпті, өзгені былай қойғанда.* Әркімнің өсегіне қалмау үшін хан нан пісіретін жерге уәзірінен қағаз беріп: «Ертемен келген адамды кім де болса, ең *а қ ы р а я ғ ы,* мен болсам да отқа жағып жіберіңдер!— дейді (Қаз. ертегі). **Ақыр аяғында.** *Ақырында, ең соңында.* Көрінгеннің қолында кетіп, таудай боп үйілген балықтың *а қ ы р а я ғ ы н д а* түбі қылдырықтанып қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сабыржан коллективтен тыс, оқшау алынған күйі суреттеле береді де,

ақыр аяғында табан астынан түзеліп шыға келеді («Қаз. әдеб.»). **Ақыр соңында.** *Ең соңында, ең аяғында.* Терісі бағалы аңдар азайған сайын жұрт құны төменірек терілерге де көңіл аудара бастады. *Ақыр соңында* кезек сарышұнақтың терісіне де жетті (Ә. Бірмағамбетов, Қаз. геогр.). **Ақыр заман.** а) *Діни наным бойынша дүниедегі тіршілік атаулының құруы, қиямет-қайым.— Ақыр заман* болғанда — дейді [араб елінің ертегісі] — Тәжал деген шығып, дүниені жалмай бастайды, адамды сол апаттан жер астынан шыққан Мәді ғана құтқарады... (С. Мұқанов, Таңд.). Не керек, әлгі *ақыр заманда* кебінін оранып, көрден шығып отырады деседі ғой молдалар, сондайдың кебі көрінеді адам басына түскен пұшаймандық (М. Әуезов, Абай жолы). ә) *Адамның басына түскен қиыншылық, ауыртпалық.* Байдан қызмет табылған күнде де бай не тамаққа, не киімге жарытпайды. Оның үстіне қырдың қыстағы қызметі *ақыр заман,* қиын болады (І. Жансүгіров, Шығ.). Арқалық, тыңда біраз ақыл салам, Төренің бас көпесі бір ат сағаң. Төреңе келер сені тауып бер деп, Басыңа түсер сонда *ақыр заман* (Батырлар жыры). **Ақыр заманды орнатты.** *Бар қиыншылықты үйіп-төкті, сары уайымға салынды.* Ақтай мырза басын көтеріп алды: — Күн ашық, ай жарықта *ақыр заманды орнатқаны* несі? Сенен басқа жұрт аң аулап көрмегендей — деп, Бектемірдің бетіне алара бір қарады да, жастыққа қайыра жантайды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). **Ақыр заманды тақады.** *Қиыншылықты үйіп-төкті. Ақыр заманды тақамашы!* Бәріміз жабылып бір кемпірдің көзін алдай алмаймыз ба? Құлыпты Бәтима ашып қойсын (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ақыр заманды төндірді.** *Ақыр заманды орнатты.* Жеңгесі, *ақыр заманды төндіре* бермеңіз. Құдекең жерде қалатын кісі емес (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Ақыр заман туды.** *Қиындық іс түсті.* Көпбайға жаңа *туды ақыр заман,* Дүниеде іс болама бұдан жаман. Балама ондай атақ атамасын, Айта бар Ақажанға сенсін маған (И. Байзақов, Таңд.). **Заман ақыр.** *Ақыр заман.* Ағыбайдың басына *заман ақыр* түсіп тұрғанда, Нестердің жылы үйде ойнап-күліп отырғаны мынау (С. Шарипов, Шығ.). Болды ғой байлағанда бала пақыр, Жігітке қайғы болды *заман ақыр.* Құлаша аттың алты күн келген жерін Айлап, күндеп жол жүріп келе жатыр (Батырлар жыры).

3. АҚЫР е т. 1. *Дауысты қатты шығару, бақыру.* Селт етеді есегі, Әңгіленсе *ақырып.* «Келеді екен деседі, Мені біреу шақырып» (А. Тоқмағамбетов, Сайрайды бұлбұл). Керткені таяғына қой есебі, Жалықса жалғыз өзі кеңеседі. Қалады кең дүниеге кіргендей боп, *Ақырса* астындағы көк есегі (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Сол уақытта жолбарыс Түгінің бәрін жатқызды. Құлағын жымып жасырды, Керендей ашып ауызын, Арыстан жаман *ақырды* (Қамбар). Аш қасқыр анадайда жатты *ақырып,* Түн бойы жемтік іздеп жанталасқан (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). // *Паровоздың, гудоктың қатты дыбыс шығаруы.* Қозғалды алып қара айғыр Қаһарлы күшпен *ақырып,* Жай салмақпен аяңдап, Күштерін жинап шақырып (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Вокзалдың түсірлеген, күңгірлеген дауыстары, паровоздың *ақырған,* ентіккен дыбыстары және жерді солқылдатқандай түсірлері естіледі (С. Сейфуллин, Тар жол.). 2. *Айғайлау, ұрсу, зекіру, зілді үнмен сөйлеу. Ақырды* күндей күркіреп, Қабағынан қар жауып, Кірпігіне мұз тоңып, Жауған күндей дүркіреп (Батырлар жыры). Ашуы кеп батырдың Даусы шығып *ақырды,* Жолдастарын шақырды (Жамбыл). Өзінен бір елі төменге *Ақырып* айып тағатын. Тамыр-таныс, туыс дегенге Мүмкіндікті жайып салатын (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Генерал *ақырып* айтпаса да, әр сөзі зілдей ауыр тиді, жәбірлендірді, зығырымды қайнатты (Б. Момышұлы, Москва үшін.). 3. Ауыс. *Аяздың, суықтың күшеюі, қатаюы.* Жәмила елемеді сонда-дағы Келеді осы ғой деп завод маңы. Ешнәрсе көрінбейді көз тоқтатар, Естілед боранның тек *ақырғаны* (Қ. Аманжолов, Таңд.). Түнімен зікір салған боран дүлей, Құтырып, онан сайын соқты үдей. Сілкілеп жер мен көкті *ақырса* да, Ерлері ұлы еңбектің қойды именбей (Бұл да). Қыс. Ақпанның *ақырып* тұрған кезі, тез күннің ішінде Зәбира сайлаушыларына баруға асықты («Халық мұғ.»). 4. Ауыс. Жерг. *Нанның, қымыздың қатты ашуы.* Шөлдеп келіп бір аяқ қымызды жұта бастап едім, қатты ашып *ақырып* кеткен екен (Ауызекі тіл).

◆ **Аюдай ақырды.** *Қаһарын төкті, ашу шақырды.* Алыстан Түйебайдың *аюдай ақырған* дауысы естіліп, денені тұршіктіреді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Жауы-

ның шошынды жұрт түрін көріп, *Ақырып аюдай* боп елге төніп. Алдынан қыз Күнікей қарсы шықты, Қалмақты кідіртуге ойын бөліп (Батырлар жыры). Ақжан бір әкеден алты ағайын, Ал десе айматымен елі дайын. *Аюдай ақырады* ашуланса, Білгендер соқтықпайды оның жайын (И. Байзақов, Таңд.). Арыстандай ақырды. *Айбат шекті, ерлік көрсетті. Арыстандай ақырып,* Жауды селдей жапырып, Қаусатып салмай тоқтаман (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). Тастайды кірген заман бетінді ашып, Отырған төрт-бес адам қаны қашып. «Айт шыныңды, қарныңды жарамын» деп, *Арыстандай ақырып* заһар шашып (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АҚЫРАЙ е т. 1. *Көздің ақшиюы.* Тым құрығанда Тоқатайдың қолындағы ұзын шыбық өзінде болса екен-ау. Қартың шеледі көзі *ақырайып* кеткен (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). 2. *Едіреңдеу, әкіреңдеу.* Алтыннан алқасы бар тоқсан батпан, Шынжырмен төс үстіне тартып шатқан. Шіреніп ат үстінде *ақырайып,* Рүстемге көзін тігіп шатынатқан (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АҚЫРАЙТ *Ақырай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қарағым Сейіт, төбелес Сармантай мен Мұраттікі болады да, шығатын көз біздің Қаракесектікі болатыны несі! — деді. Бұл бір көзін *ақырайтып* ақ басып кеткен Сарымсақ еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҚЫРАҚТА е т. с ө й л. Ақыранда. Бұл сөз намыс болыпты, бәріңізге, Үлкенкіші, жас пенен көріңізге. Ойнап айтқан өленге *ақырақтап,* Айтар сөзің бұл ма еді сенің бізге? (Айтыс).

АҚЫРАҢДА е т. *Едіреңдеу, әкіреңдеу.* Сонда ғана кім екенімді танығандай неге жұлқылайсың?!— деп *ақыраңдай* түрегелді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҚЫРАП а р. з а т. к ө н е. *Ескіше октябрь айының аты.* Өтсе де сұрғылт *ақырап,* Тоңазып қара топырақ. Салса да сарғыш жалырақ, Тұрды күз бүгін тоқырап (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АҚЫРҒЫ с ы н. *Соңғы, кейінгі.* Қайдар осы бір күндері машинадан түспеді. Міне тағы ағызып келеді. Астық үшін күрестің *ақырғы* кезеңі басталды (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бүгін дем алысының *ақырғы* күні. Бір жағы тез ауылға жетуге де асығады (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Күзгі даланың қураған қу шөбінің күтірін де, *ақырғы* шуақтарға арқасын қыздырған дала тышқандарының шық-шық үнін де ап-анық естіп келеді («Лен. жас»).

АҚЫРДА ү с т. 1. *Ақырында, кейіннен, соңынан, түбінде.* Жалықпай көше берді, көше берді, Жолшыбай өле берді, өсе берді. *Ақырда* Октябрьдің таңы атып, Бақытын іздеп жүрген кеше көрді (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Нұржан: Демеймін бұл сөзіңді бос болады, Жұмбақты шешсем көңілім қош болады. Жұмыртқа әйнегі жоқ, әм есігі, Әуелі жансыз, *ақырда* құс болады (Айтыс). 2. *Әйтеуір, бәрібір.* Біреуін бірі мін десіп, *Ақырда* сыймай қонысқа. Белін байлап соғысқа, Ордадан шыққан тіл кесіп (Ы. Шөреков, Исатай — Махамбет). Зәр шығатын ысқырса, Сұр жыланның тілінен. Екі көзден айрылып, Ажал тапты *ақырда,* Сол жартастың түбінен (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

АҚЫРЕТ з а т. *Өлген адамды орайтын ақ мата, кебін.* Дүние деген шолақ дептi, Жан кеудеге қонақ дептi. *Ақырет* деген бір киім, Алып қайтар сол-ақ дептi (Үш ғасыр.). ...Тілеубайдың сүйегіне түскен замандастары суық денесін *ақыретке* орады (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

АҚЫРЕТТЕЙ с ы н. 1. *Кебіндей, кебінге ұқсас.* Жоғалды сай қуалап жаудың туы, Ақтардың *ақыреттей* ақ жібегі (Б. Аманшин, Өленд.). 2. *Өлімдей, өте қиын.* Күздің салқын түнінде қой күзету бұғанасы қатпаған жас балаға *ақыреттей* көрінсе де, амалсыздық, күн көріс қамы жеңді (Ауызекі тіл).

АҚЫРЕТТІК з а т. 1. *Кебіндік.* Өлгенінің *ақыреттігін,* тірісінің киімін сол [саудагер] жеткізіп тұрды (Абай). 2. *Мәңгілік, айнымас.* Үзетін ер бар ма деп сол бір торды, Жан-жаққа жалтақтаған біз бір сорлы. Сенімен суға кетсем арманым не, Ал жаным, *ақыреттік* создым қолды (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Екеуміздең екі қыз туар болса, *Ақыреттік* дос болсын енді дейді (Қозы Көрпеш.). Әкесінің досы еді *ақыреттік,* Сондықтан үш баласын табыс еткен (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

АҚЫРЕТШІЛ с ы н. *Құдайшыл, діншіл.* Әлі жетпеген — *ақыретшіл* (Мәтел). Дәрменсіз жан *ақыретшіл* келе ме, әйтеуір кемпір көгерген икон алдында шырақ жағып, төңірге жалынады (Қ. Тоқаев, Тасқын).

АҚЫРЛА ет. сөйл. *Бітіру, таусу, аяқтау.* Деп Риһам жылы сөйлеп жақындады, Сыр беріп суытып жүз ақырмады. Өкелген ғауһарларын алайын деп, Тоғарыш тылсымды ол да *ақырлады* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АҚЫРТ *Ақыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Есіктен қабан *ақыртқан,* Төріне сұңқар шақыртқан, Қара арғымақ қатырған, Қара лашын қашырған (С. Сейфуллин, Таңд.). *Ақыртып* аюдайын асау аңды, Өсірген қойнына алып тал-қарағай. Жалпайып қошқар мүйіз кәрі аршалар, Қайыңдар балғын өскен жас баладай (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҚЫР-ТАҚЫР үст. 1. *Бүтіндей, біржола.* Мен Мысырда үш жыл тұрдым. Барлық дүние *ақыр-тақыр* таусылды (Мың бір түн). 2. *Ең ақыры, ең соңы,* — Мал союдың *ақыр-тақыры* осы болсын — десіп, нан иіскей отырып, бес-алты рюмкені қағысып алып, қызын отырғанның үстіне ентіге басып, жеңгей кіріп келді (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

◆ **Ақыр-тақыр болды.** *Түк қалмады.* Өзіңді өзің көтеріп желікпегін, Аузыңды бағып сөйле, Жамбыл батыр! Қайсымыз жеңсек те сынға түсіп, Арт жағы *болып* қалсын *ақыр-тақыр* (Жамбыл).

АҚЫРУ *Ақыр етістігінің қимыл атауы.* Қой, әже, ұрыспа! Жоққа тырыспа. Мал бағып, шаршап келгенде, *Ақырудың* дұрыс па? (Б. Майлин, Шығ.).

АҚЫРУ-ЖЕКІРУ *Ақырып-жекір етістігінің қимыл атауы.* Өзімнен бұрынғы талай бригадирдің жақсы дәстүрін ғана қабылдап, *ақыру-жекіру,* әкімшілікке басу тәрізді оғаш әдеттерінен бойды аулақ салуға бекіндім («Қаз. әдеб.»).

АҚЫРЫ үст. 1. *Соңы, кейінгі, ақырғы кезі.* Соншалық өмірдің баянсызын, дүниенің әрбір қызығының *ақырының* шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады (Абай). XIX ғасырдың *ақыры* мен XX ғасырдың басында әнші ақындардың творчестволық дәстүрінде елеулі өзгеріс бола бастайды (Е. Ысмайылов, Ақындар). Жігітке жиырма бес, *ақыры* отыз, Қарияның қырықта қылау айтқан сөзі. Елуде көктем өтіп, айналған күз, Алпыста ақылы бүтін аң ауламас, Атпақ-қа ойланады көрінсе кез (Айтыс). Мылтық дауыстарының *ақыры* түн ортасынан былай ғана біртелеп саябырлап басылғандай болды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 2. *Түбі, арты.* Ұйқы емес, өлді деген осы балам, Күткенмен тіріліуге кемес шаман. Айрылдың алты ағаңнан абайламай, Жұмыстың *ақыры* осы ойламаған (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Бұндай бастаманың *ақыры* оңға соқпас деген күдік жүрегіме зырқ ете қалды (Ол күнд.). 3. *Ақырында, ақыр аяғында, ең соңында.* Сеніскен досым да жоқ, асығым да, *Ақыры* өлең қылдым жасыдым да. Көрмеген көп дүние көл көрінді, Кірлемеген көңілдің ашығында (Абай). Осылай біреуден біреу хабарлана кеп, *ақыры* Ақмоланың саудагері Ушаков естиді де, астында көмірі бар «Итжон» өлкесін елу сомға сатып алады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қою қабақты, шоқша сақалды, ұзын бойлы, денелі келген, өмірдің ащы-тұщысын көп көрген Әнетбай қарт әдетінше көп тебіренді. *Ақыры* ақ көңіл ата ақ таяғын баласының қолына берді (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

◆ **Ең ақыры.** *Ең аяғы, тіпті, керек десең.* Екеуінің көркі, мінезі, оқуы тең, ойы, арманы тең, сырлас құрбылар, *ең ақыры* киімдеріне дейін парлап киетін (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Болған жер әкем-шешем шөберелі, Ыстық қой *ең ақыры*... ебелегі. Аңқыған жұпар жусан, бетегесі, Құлпырма қызыл-жасыл көбелегі (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Ақырын күтті. *Шыдады, сабыр етті.* Сонда бір жарым ай толғанша *ақырын күт* дейсіз бе? — деді майор Кузьменко (К. Тоқаев, Тасқын). Ұлпа айтты: — Қайғырмаңыз тек-ке Дандун, Сабырмен *ақырын күт* не болғанын. Хан болса қасиетті екен деме, Хан ақылы қараға болар мәлім (Е. Бердин, Екі ойшыл). **Ақырын оңғар, ақырын онда.** *Қайырын берсін, түбі жақсылық болсын.* Бәйметей мына сөзің түрі жаман, *Ақырын* өзі *оңғарсын* хақ жасаған. Болмағай іске душар Арқалығым, Жүрекке қайғы екен бір зақым салған (Батырлар жыры). *Ақырын* құдай *оңдағай,* Күллі әулие қолдағай, Қиын болды бейбаққа (Алпамыс). **Ақырын сұра.** *Сабыр ет, тәубе қыл.* Көтермеске амал жоқ, Көрдім дүние ауырын. Аясаңшы, япырмау. Әке-шеше бауырын. Бойды жеңіп, тоқтау ғып, *Сұрасаңшы ақырын!* (Абай).

АҚЫРЫН үст. 1. *Жай, аспай-саспай, баяу.* Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе *ақырын* (Абай). *Ақырын* аяңдап, баласын құшақтай көтеріп, ана солардың қасына келді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Бұлбұл құс қақты

қанат, таң да таяу, *А қ ы р ы н* қоңырлатам әнге баяу (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). *А қ ы р ы н* соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Ағады Есіл *а қ ы р ы н* жылжып, Бетіне тартып таң шапағын, Толқындар баяу жырлайды сыр ғып, Даланың ғажап болашағын (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард. ізі.). 2. *Епсеп, білдірмей.* Жұмағұл, Ерболдар үй ішіне түгел жететін қалжың, өзіл айтпай, тек өзді-өзі қасындағы қыздармен ғана *а қ ы р ы н*, сыпайы түрде тіл қатысып отыр (М. Әуезов, Абай жолы). *А қ ы р ы н* үйден шығып таң алдында Манағы сайдағы атты тапқан қандай (Ақан сері). Нұрлан *а қ ы р ы н* еппен көрпені алды да, білдірмей тысқа шығып, қой қораның сыртындағы үйілген шөптің арасына барып ұйықтады (З. Шашкин, Сенім). 3. *Байқа, абайла. А қ ы р ы н, а қ ы р ы н!* Қырманды түгел көтергендей екпіндісің ғой өзің (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Тез киін. *А қ ы р ы н*, жыртып алма — деді Қасен (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АҚЫРЫН-АҚЫРЫН үст. *Біртіндеп, жайлап, білдірмей.* Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат, қызық мол жылдар. *А қ ы р ы н-а қ ы р ы н* шегініп, Алыстап кетті-ау құрғырлар (Абай).

1. АҚЫРЫНДА үст. 1. *Аяғында, соңында, түбінде.* Қапыда өткен дүние-ай, *А қ ы р ы н д а* еш болды-ау, Ел үшін еткен еңбегім (Махамбет). Қарақшылар жабысып қоймай, *а қ ы р ы н д а* көп ділдә беріп, сыбызғыны сатып алып ауылына қайтады (Қаз. ертегі.). Көп жыладың, көзден жасты тыймадың, Көп езілдің көндің, жанды қинадың. *А қ ы р ы н д а* қолың жетті теңдікке, Құтты болсын, құтты болсын мейрамың (Б. Майлин, Шығ.). *А қ ы р ы н д а* оқиға Әлібек пен Шолпандардың өз мақсаттарына жетуімен, үйленулерімен тынады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). 2. *Сөйтіп, сонымен, не керек. А қ ы р ы н д а* Алпамыс Өзі барып ұшырды, Айбатымен қорқытып, Қайтадан жерге түсірді (Алпамыс). Бірақ урядник болмады. Мойнына міндіре сөйледі. *А қ ы р ы н д а* менің айтқан сөздерімді қағазына жазды-жазды да, қол қойдырып, мені қайтадан айдатып каталошкесіне жіберді (С. Сейфуллин, Таңд.). «Бір сағаттай көрмесем, Дидарына тоймаған, Төлеген сынды баламды, *А қ ы р ы н д а* құдай-ай, Бір көруге зар қылдың!» (Қыз Жібек).

◆ **Ең ақырында.** *Ақыр аяғында, тіптен, әрі-беріден соң.* Сен мені *е ң а қ ы р ы н д а* күл қылып жандырып жіберуге бел байлағансың (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

2. АҚЫРЫНДА ет. *Баяулау, саябырлау.* Соққан толқын, Тартқан опқын *А қ ы р ы н д а д ы* жай ауыр (І. Жансүгіров, Шығ.). Үрдіс жүрісті поездың өз ырғағын сәл өзгертіп, баяулап, *а қ ы р ы н д а й* бастауы ой жібін үзіп жіберді (С. Шаймерденов, Болашақ.).

АҚЫРЫНДАП үст. *Жайлап, епсеп, бірте-бірте.* Желмен жыбырласып ойнаған көп жапырақтың ішінен сары қызыл алтындай сарғайған жапырақтар *а қ ы р ы н д а п* үзіліп жерге түседі (С. Сейфуллин, Тар жол.). Япырмау, бүгінгі түн одан кем бе? Селт еткен бір пенде жоқ қалың елде. Ай анау *а қ ы р ы н д а п* көкте жүзіп, Сәулесін қалтыратқан айдын көлде (Б. Майлин, Шығ.). Бұл жолы алыстан төменде, баурымен су сызып келді, мұз енсіз, сондықтан жиегін ала ақырын ғана қондырған бойда самолетті шұғыл бұрып, мұзды айнала жүгіріп барып *а қ ы р ы н д а п* тоқтады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АҚЫРЫНДАТ *Ақырында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шүкіман тағы да баяу толқытып, салмақпен еркеленіп кеп, *а қ ы р ы н д а т ы п* барып тоқтады (М. Әуезов, Абай).

АҚЫРЫНДАУ с ы н. *Баяулау, жайырақ.* Сол кезде әкесіне бала келіп, Айтады *а қ ы р ы н д а у* дыбыс беріп: «Не болды енді ісіміз біздің, әке? Тұр қазір мына арада біреу көріп» (С. Дөнентаев, Шығ.). Еркін *а қ ы р ы н д а у* жүріп денесін бекітіп алайын десе, Сейітқалидан қалып қойып адасатын (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім).

АҚЫРЫНЫРАҚ с ы н. *Жайырақ, баяуырақ.* Шабданбек сары мойнақ қамшымен атының омырауына *а қ ы р ы н ы р а қ* нұқып қойды (С. Сейфуллин, Таңд.). Планета Күн жақынырақ келгенде шапшаңырақ, ал алысырақта *а қ ы р ы н ы р а қ* қозғалады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АҚЫРЫП-БАҚЫР ет. *Қатты айғайлау, ақырып-шақыру.* Ол қоянға *а қ ы р ы п-б а қ ы р ы п,* кейде түк таттырмай қояды («Балдырған»). Адам айғайлары, түйелердің *а қ ы р ы п-б а қ ы р ғ а н ы,* шақылдасқан тас, қаржасқан темір үндері алдында бір әбігер дүниенің қақпасы тұр-

ғанын елестеткендей еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҚЫРЫП-ЖЕКІР е т. *Ұрсу, зеку.* Нұрымның үні құлағына жылы тиіп жігіт ашыла сөйледі. Ол басында *ақырып жекіріп* тастай ма деп сескенген еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҚЫРЫП-ЗЕКІР е т. с ө й л. Ақырып-жекір. Ата-ана, әсіресе, шешесі *ақырып-зекірмей,* ашу шақырмай, жайлап үнемі оның есіне салып, ескертіп отырғаны жөн (Келіншектерге).

АҚЫРЫС *Ақыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Мұнысы жаңағы *ақырыс-ұқан* айғайларды су сепкендей сөндіре берді (М. Әуезов, Абай жолы).

АҚЫРЫС-ЖЕКІРІС з а т. *Айғай, ұрыс.* Мұнан кейін офицердің тәртіп орнатуға тырысқан *ақырыс-жекірісі* су сепкендей болды. Әсіресе Мәмбеттің араласқаны жасақшыларға жел берді де, штаб адамдарына үрей туғызды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҚЫСЫЗ с ы н. *Тегін, бос.*— Бір атты *ақысыз* алатын жігіт екеніңді әкем айтпай-ақ білем. Әкемнің сөзі — сөз, жәй алғың келсе, мін де жүре бер (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сонымен Надежда Петровнаның *ақысыз* оқытатын балаларының саны өсе-өсе барып он беске жеткен еді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Обломовтың образы крепостнойлардың *ақысыз* тегін еңбектеріне сүйенушіліктің арқасында туған помещиктердің икемсіздігін, жалқаулығын көрсетеді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

АҚЫСЫЗ-ПҰЛСЫЗ с ы н. *Тегін, бос.* Енді міне, бір топ энтузиастар қоғамдық негізде, өздерінің негізгі жұмыстарынан бос уақыттарында және ешқандай *ақысыз-пұлсыз* жүз баспа табақтай көлемді де күрделі ғылыми еңбек дайындауға ұйғарды («Қаз. әдеб.»).

1. АЛ е т. 1. *Ұстау, көтеру.* Аршадан кертіп жонып, тиек салдым, Ызаны тарқатуға домбыра *алдым.* Күңіреніп, көтеріліп қанат сермеп, Домбырам, айтшы бәрін біздің халдің (С. Сейфуллин, Өленд.). Кемпір жүгіріп барып баланы *алды* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу.* Жақсы көрер тамырдың Атын алма, тайын *ал* (Мақал). Ат міндім, атан *алдым,* шекпен кидім, Жеңім жоқ сені мақтан сөйлемеске (Жамбыл). Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық көрмесіне екі рет қатысып, мен де екі алтын медаль *алдым* — деді ол (С. Бақбергенов, Алтынемел.). // *Пайда түсіру, кіріс кіргізу.* Малға достың мұңы жоқ малдан басқа, *Алардында* шара жоқ алдамасқа. Табысына табынып қалтаң қағып, Тойғанынан қалғанын берсе алашқа (Абай). Ел билеген адам жоқ, Ата менен бабаңда. Болыстықтан пайда ғып Шығынынды *алсаң* жаман ба (Бұл да). Хақ сөйле қызыл тілім, адал сайрап, Тапсырдым бір ойымды саған арнап. Көңілім, арам ойлап аландама, *Алмаққа* біреуді алдап, біреуді арбап (І. Жансүгіров, Шығ.). // *Жинау, теру.* Ел егінін *алыпты,* Ақ үзіктер жауыпты. Ел күйекті шешіпті «Есепші айтты» десіпті (І. Жансүгіров, Шығ.). Малды тапқанға бақтыр, Отынды *алғанға* жақтыр (Мақал). // *Үйлену, жұбайлы болу, семья құру.* Жасаулы деп, малды деп, байдан *алма,* Кедей қызы арзан деп құмарланба (Абай). Үстіне малы менен жанын үйген, Хор қызын *аламын* деп, алтынды үйден. Қу соқыр жемісі жоқ ағашқа еріп, Дүние мен ақыреті бірдей күйген (С. Торайғыров, Шығ.). Күйеуі өлген осы ейелді әкем қосалқыға *алмақ* болғанда, шешем де көнбейді (С. Мұқанов, Мөлдір махаббь.). 3. *Тамақ жеу, ішу.* Абай аға, құймақ жеңіз, *алыңыз,*— деп Дәмежан сыпайы қонағуарлық көрсетті (М. Әуезов, Абай жолы). Жұмабай майлы жамбасты Әлібектің алдына жапырақтай тұрап:— *Алыңыз, алыңыз,*— деп қояды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Кәне, қарағым, тамақ *алайық!* Сыр бойының шашпа палауы осындай — деп Сабыр қасығын қолына алып ілгері ұмтыла отырды (С. Алдабергенов, Алға). 4. *Басқа жерді жаулау, өзіне қарату, бағындыру.* Ескендір елде *алмаған* хан қоймайды, Алған сайын көңілі бір тоймайды, Араны барған сайын қатты ашылып, Жердің жүзін *алуға* ой ойлайды (Абай). Білем: қатты майдан бар, Көп жер жатыр жау *алған.* Жау қолында қалғандар, Қанды азапта қаналған (Жамбыл). // *Қиындықты жеңу, мойымау.* Мен сонда қатар аттап заманменен, Сеніммен бөгеттерді *алам* деген. Ер қаруы — бес қару: мылтық, бомба, Найза, қылыш, аттандым қаламменен (Партия тур. өленд.). 5. *Аң ұстау, аулау.* Қыран бүркіт не *алмайды* салса баптап, Жүрт жүр ғой, күйкентай мен қарға сақтап (Абай). Күніне жүз түлкі *алса* да, Тазының ит аты қалмайды (Мақал). Аңшылар он күннен бері бүркітпен, тазымен көп түлкі *алды*

(М. Әуезов, Абай жолы). Бұл құсым қу да *алады*, қаз да *алады*, Бәрібір қыс та алады, жаз да алады. Алдынан қашқан аңды құтқармайды, Жіберсем, сендей жақсы қыз да алады (Айтыс). // *Иттің, немесе жыртқыш аңның тістеуі, қабуы.* Аққасқа күздігүні үй ішінде сойып жатқан қойдың етін жегізбей ұмтылғанда, Қасенді де бір-екі рет қолынан *ала* түсіп, қауып алған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Қаусар— адам *алатын* шатыс буранның аузына кигізілетін темір құрсау («Хабаршы»). 6. *Арнай жолданған бір заттың қолға келіп тиюі, жетуі.* Хат *алдық* бір күні, Дәл оның өзінен. Жазыпты күлкілі Қуақы сөзімен (С. Мәуленов, Таңд.). Тройцкіге барып тұрғаннан бастап, Мұхаметжан орысша, татарша газет, журналдар *алып*, жұмыстан қолы босағанда кітапханаға барып, түрлі кітаптар оқып білімін, мәдениетін көтерді (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). 7. *Белгілі бір ұйымға мүше етіп қабылдау: әскер қатарына шақыру, немесе белгілі бір оқу орнына қабылдау, қызметке орналастыру.* «Коммунист болғың келсе, арыз бер, *аламыз*»— деді. Зуражанға сол арыздың жаздырып алайын, ұмыттырмашы — деді Қазыбек Баянға (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Қосшы ұйым ұйымға жаңа мүшелер *алғанда* және ауылдағы совет құрылысына қатысқанда тұқымға, руға жіктелуден сақ болуы керек (С. Сейфуллин, Шығ.). Қазақ жігіттерін майданға *алатын* болғалы бұл ауылдың ер-азаматы үлкен әбігерде (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 8. *Тұрған жерінен, орнынан қозғау, әкету.* Айрылып арқанынан Әзім қалды, Арқанды неге *алдың?*— деп айғай салды (Абай). Үй ішіндегі заттардың орнын ауыстырып тұрған жөн. Бірақ оларды бір жерден *алып*, екінші жерге қоярда ыңғайлылығын, үйлесімділігін ойлаған дұрыс («Қазақст. әйелдері»). Жақанды биыл менің қолымнан *алсаң*, өле-өлгенше ырзалығым жоқ — деді ол (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). // *Бас киімді, не басқа бір затты шешу, сыпыру.* Жеткенде емен деңгейіне, Озып кетпе, бөркіңді *ал* (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Қанатын қыран қомдады, Томағасын *алғанда*. Бидайық құстай сыпырып, Қайырып баптап салғанда (Ақын жырл.). Болат жерге түсіп, аттың айылын босатып, ауыздығын *алды* да, отқа қойды («Қаз. әдеб.»). // *Ажал жету, өлу.* Жарымды *алып*, қор қылдың, Жас өмірде тасынған. Айырып, от қып өртедің Әбіш сынды асылдан (Абай). Айналдырған ауру *алмай* қоймас (Мақал).— А, құдай, осы тілек — шын тілегім! Жолымды оңғармайтын болсаң, осы тілеудің үстінде *ал!* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). // *Шаш, сақал, мұрт, тырнақ сияқты үнемі өсіп тұратын заттың артығын пышақпен қырып, қырқып тастау.*— Ей шаштараз, ханның шашын қандай ұстарамен *алмақшы* боласың? (Қаз. ертегі.). Баланың тырнағын өсірмей мезгілімен *алып* тұру керек («Қазақст. әйелдері»). // *Қызмет орнынан босату.* Осындай зиянкесті көре алмаған, Ауданның аукомдерін істен *алды*. Сұмдарға, зиянкеске берілгенді Әшкере қара бет қып соттап салды (С. Сейфуллин, Өленд.). Атқа мінерліктен мені ешкім *алған* жоқ, өзім түскем — деді ол (С. Бақбергенов, Алтынемел.). // *Азайту, кемітү; артық деп санау.* Қосынды мен қосылғыштың біреуі белгісіз болғанда, екінші қосылғышты табу үшін қосындыдан белгілі қосылғышты *аламыз* («Халық мұғ.»). Төкебаев жайында жеткілікті айтты. Менің оған қосарым да, *алар ым* да жоқ (М. Иманжанов, Менің махабб.). 9. А у ы с. *Салыстырып көру, байқау.* Мысалы, бұл кезде жазылған Бейімбеттің майдан пьесасын *алыңыз* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Тарихи даму жолынан *алғанда*, психологиялық параллелизм анағұрлым ерте (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). // *Болымсыз түлғада тұрып, ауыстырмау, айырбастамау деген мағынаны білдіреді.* Сексен сұлу сыландап жүрсе-дағы Ғалияның *алмайын* кірпігіне (Балуан Шолақ). Әзілқой жеңгесі оның көңілін көтергісі келіп: өзгені сенің басқан ізіңе де *алмайын* — деді (Ауызекі тіл). 10. *Күрделі етістіктің құрамында тұрып, көмекші қызмет атқарады.* Тұрақсыз көз өмірдің сыртын ғана, бояуын ғана көреді, сырына терендей *алмайды* (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Ұқпасың үстірт қарап бұлғақтасаң, Суретін көре *алмассың* көп бақпасаң. Көлеңкесі түседі көкейіңе, Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң (Абай).

◆ **Ала жөнелді.** *а) Ала қашты.* Қозлода қоқиып отырған Бәкібай шірене шалқиып, делбені сіресіре қағып қалғанда, ауыздығымен алысып, тыпыршып тұрған қос ат тарантасты қалбағай ойнатып *ала жөнелді* (С. Омаров, Қайырлы жаз). ... Кәріпжан оны қолынан тартып аулаққа *ала жөнелді* (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). *ә) Жалғастырып іліп әкетті, ұластырды.* Құрбыларының тоң

ортасында ән шырқаған Бәтестің дауысы бәсеңдей бергенде, өзгелері *ала жөнелді* (Ауызекі тіл). Сұрауды үсті-үстіне бастырмалатып *ала жөнелді* (С. Бақбергенов, Менің досым). **Ала кетті.** а) *Бірге ілестірді, қалдырмады.* Түн қатып кетті көшіп, қалды жұрты, Қайырымсыз қара ниет, арам құлқы. Бізді де тастамастан *ала кетті,* Аяқта темір кісен, мықты құлпы (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгімесі). ә) *Нақақ күйдірді.* Мен алған атты елден сен де алғансың... Енді мен бәріңді де *ала кетемін* — деп Қабыш қалшылдай түсті (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Ала қашпа.** а) *Ұзақ шабысқа жарамайтын тыз етпе (жылқы). Ала қашпа,* тыз етпе ақпа емес, қаны қызып, денесі бусана келе ағындайтын нағыз ұзақ шабыстың деген өрен жүйрігі...— деп Күреңбей Құлагердің қасына келді (С. Жүнісов, Ақан сері). ә) *Негізсіз, алып қашпа сөз; әсек-аяң.* Халықты қырды аяусыз жауыз патша, Бұл сөзім жалған емес *ала қашпа,* Қырық-отыз кедейді Көлқамыста Аттырды таңып қойып бір ағашқа (К. Әзірбаев, Шығ.). **Алдын ала.** *Күн ілгері. Алдын ала* үй бөліп, орын-жай әзірлеп қойдық (Х. Рахимов, Қарлығаш). **Алдын алды.** *Ерте көңіл бөлді.* Аурудың *алдын алл* (Мақал). **Алқымынан алды.** *а) Алқымынан шап беріп ұстай алды.* Жолаушы қара албастыдай үнсіз төніп келді де, шап беріп *алқымынан ала түсті.* Темірдей саусақтар өндіршектің астынан кеулей кіріп, сығып жіберді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Састырды, қысты.* Көкітай барынша ашық-жарқын жүзімен Абайға әлі де жабыса түсіп: Абай аға! Көкпай қашса, қашқандай екен! Мына философыңыз *алқымнан алып* тұр ғой өзі — деп еді (М. Әуезов, Абай жолы). **Ал келіп [кеп].** Сөйл. *Үдете, үсті-үстіне.* Жүгіріп келіп дырау қамшымен Ахметті *ал кеп* сойды, *ал кеп* сойды, тіпті арашашы болса да итеріп-итеріп тастап, қайтадан Ахметке ұмтылды (С. Торайғыров, Шығ.). Босағадан шыға беріп, *ал кеп* құс, *ал кеп* құс! (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Алмайтын қамал жоқ.** *Жеңбейтіні жоқ, қол жетпесі жоқ.* Ақ алмас жастық қайраттың *алмайтын қамалы,* жеңбейтін күресі бар ма? (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Жұмыс көп, қиындықтар көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз *алмайтын қамал жоқ* («Қаз. әдеб.»). **Алып барады.** *Аурудың жаңға батуы.* Ертеңгі ауқаттан кейін өзгелер соғыс өлкесіне асықса, Запорожский емхананы сағалайды. Ал, бірақ осы шіркіннің *алып бара* жатқан ауруы да жоқ сияқты (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). **Алып жүре алады.** *Меңгеріп, игеріп әкетеді.* «Даярлағыш» аталатын курсының бірінші класы түгіл, екінші класына түссем де, *алып жүре алатын* түрім бар (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Алып қашты.** а) *Қызды ата-ана, ел-жұртынан жасырын әкетті.* Мұқа өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әмеңгеріне тигізбей *алып қашады* да, Абай аулына барады (М. Әуезов, Әр жыл.). Жесірін алып, қаннен-қапersіз келе жатқан оларды түн жамылып, сайда аңдып отырған әкем мен жігіттер бас салады да, шешемді *алып қашады* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). ә) *Ұстатпады, тоқтамады.* Түседі еске жаланаяқ күндерім, Ақ сүйекті *ала қашқан* түндерім; Сол қашқаннан мол қашыпты балалық, Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім (Қ. Аманжолов, Шығ.). Алдымда ашылады әсем аспан, Тулайды асау толқын *алып қашқан.* Жер жаннат жасыл шөбі толықсиды, Кеудесін көк алалы орман басқан (О. Шипин, Өмір өрнегі). б) *Жалған әңгіме, сөз, лақап.* Елдің *алып қашқан* әсегіне қарағанда қызыләскер болған адам соғыс жұмысынан басқаға айналмайтын сияқты еді (Б. Майлин, Таңд.). **Алып соқты.** *Алып ұрды, көтеріп алып жерге жықты.* Үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті оңашада Көксеректі *алып соғып* көп езгіледі (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Алып соғып* інісін, Шығармайтын дыбысын, «Қой» десе де қоймайтын, Күптімін деп болмайтын (М. Рашев, Қанатты қиял). **Алып ұрды.** а) *Жерге лақтырып жіберді.* Арты — бұршақ, алды — шаң, жел құтырды, Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды. Басы көкке, сирағы жерге енсе де, Ақырып долданғанда *алып ұрды* (Абай). ә) *Ауру меңдеп, төсекке жықты.* Гриптің ауыр түрі адамды *алып ұрмай* қоймайды (Ауызекі тіл). б) Сөйл. *Қой сойды.* Күтпеген жерде келіп қалған ескі сыйлас досын көріп, әкем ойланбастан бір бағланды *алып ұрып,* сойып та тастады (Ауызекі тіл). **Алып шықты.** *Құтқарды, қиын-қыстауда жол тапты.* Өзіңе сен, өзіңді *алып шығар,* Еңбегің мен ақылың екі жақтап (Абай). Қарабайдың бар арманы шөлден малын аман *алып шығу* болады (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы). Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға, Қайрат

шіркін *алып шықса*, қиын ба? Бұл сапарда сүрініп те қалармын, Сонда, досым, мені айышқа бұйырма! (Қ. Аманжолов, Шығ.). Адам ойлап жетпеген, Жол ашты тыңнан, қиырдан. *Алып шықты* елімді Нелер ауыр қиыннан (О. Шипин, Өмір өрнегі). **Алып ұшты.** *Дегбірсізденді, асықты, еркіне қоймады.* Талдырмаш, ақ-құба жігіт *алып ұшқан* жүрегінің өуенімен асығыс шықты үйден (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Сағатыма қараймын, Қайт-қайта дамылсыз. Той дегенде адам-мын, *Алып ұшар* дамылсыз (С. Мәуленов, Жолдас). *Алып ұшқан* қуанышпен Қарт жүрегі лүпілдеп (З. Қалауова, Таңд.). **Асырап алды.** *Біреудің баласын бауырына салып алды, өзіне бала қылып алды.* Елде екі түрлі сөз болатын: бірі — «Сыйбан Танаштың жиені екен, *асырап алды*» деген сөз (С. Мұқанов, Менің мектеп.). **Атақ алды.** а) *Абыройға, беделге ие болды.* Әділ *атақ алмақшы* ниеті бар, Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан (Абай). Абырой, *атақ алмайды*, Адал еңбек істемей (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). ә) *Қызмет жөнінен дәрежесі көтерілді.* Нүркен бір жағынан оқу оқып, я қызмет істей жүріп, Қарағандының облыстық аэроклубында ұшуға үйреніп, запастағы ұшқыш *атағын алады* (Ол күндер.). **Ат-тонын ала қашты.** *Азар да, безер болды, жоламады.* Өзара әңгімеде жүрдім-бардым айтқанымыз болмаса, әдебиеттің белгілі бір мәселелері төңірегінде баспасөз бетінде ашық пікір алысуға, сөйтіп сын олқылығын бірлесе толтыруға келгенде *ат-тонымызды ала қашамыз* («Қаз. әдеб.»). Антропологтар адам баласының арғы тегін ергежейліге жапсырудан *ат-тонын алақашып* отыр («Лен. жас»). **Ауызға алды.** *Сөз етті, айтты.* Сөйлеген жұрттың көбірек *ауызға алғаны* Ажар болды (С. Мұқанов, Таңд.). Бұдан бұрын да, басқа классик ақындарша, Абай да өлім жөнін *ауызға* оқта-текте *ала* жүретін (М. Әуезов, Әр жыл.). Бай болған Ормақайға қызыр дарып, Соғайын ер Мәнкені *ауызға алып* (Жамбыл). **Ашуын алды.** *Біреудің ызасын екінші біреуден алды.* Ит *ашуын* тырнадан *алады* (Мақал). *Ашу*, ызаны осы хайуаннан *алмағанда* кімнен алам (К. Тоқаев, Тасқын). **Аяқтан алды.** *Бөгет жасады, қастық қылды.* Әркім *аяқтан ала* бастады. Жас болса келіп қалды. Тартысуға әл жете ме? Бас сауғаға ар жете ме? (Ғ. Мұстафин. Миллионер). **Әдісін алды.** *Машықтанды, дағдыланды.* Шпалдың шегесін кім көрінген қақпайды, тек қару *әдісін алған* адам ғана қағады (С. Мұқанов, Саяхаттар). **Бас алды.** *Дәнденді.* Сыр бойында тары август айының аяқ кезінде *бас алады* (Н. Сералиев, Намыс). **Бас алмады.** а) *Жан-жануардың жем-шөпті бас көтермей құныға жеуі.* Алғашқы бетте, әрине, бұл жердің де шөбі тың жатады, сондықтан мал да жерден *бас алмай*, алысқа ұзамай жайылады (Б. Тоқтаров, Қырандар). ә) *Еңбекті берілліп істеді, қол алмады.* Ақын қала ортасындағы бақшаның батыс жақ қапталына түспа-түс шаршылау келген бір қабат үйде тұратын-ды. Ол төргі аядай бөлмеде күні бойы *бас алмай* жұмыс істегендіктен, керіне бермейтін (Ә. Көшімов, Лашын жиқаясы). **Басын алды.** *Өлтірді.* Жамандап бірдеме деп айтып салсам, Тұтуге мен сорлыны бас саларсың. Шыдамай Шерің қозғап, шынын айтса, Қылышпен алтын сапты *басты аларсың* (Үш қасыр.). **Басын ала қашты.** *Қашқалақтады, басын қорғалады.* ... Қаратаз да алғашқыда болыс сайлауына түсуге жүрексініп, *басын ала қашты* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Басып алды.** *Жаулап алды, еріксіз иемденді.* Қай жерде кең бар, қай кенді кім *басып алайын* деп жатыр, оны Тұрсынбай жаттап алғандай біледі (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл ең жақсы жайылымдық жерлердің көпшілігін сол кезде патшаның отаршыл өкіметі тонап, *басып алды* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). **Бата алды.** *Оң тілегін, ризашылығын естіді.* Сол Масғұт қыдыр шалдан *бата алыпты*, Соңында Шәмсі — жиған атаныпты. Мағынасы «бұл дүниенің кілті» деген, Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты (Абай). Алаштағы жақсыдан *Бата*сын алып, дәм татып, Түлкідейін түн қатып, Бөрідейін жол тартып, Жауырынына мұз қатып, Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда? (Махамбет). **Бәйге алды.** а) *Озып шығып жүлдеге ие болды. Бәйгені алса*, Орта жүз жүйрігі алар, Шолағы Ұлы жүздің қай келеді (Ақын жырлары). Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген есті артық. *Бәйге алмаған* жүйріктен Белі жуан бесті артық (Мақал). ә) *Жақсы атанды, аты шықты.* Пайданы көрсең, бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма. Мінінді ұрлап жасырып, Майданға түспей, *бәйге алма* (Абай). **Бел алды.** а) *Көбейді, өсті.*

Қар *б е л а л ы п* жауа берді. Қиыншылық кезде Көлен ағам бәрімізді қолына үйіріп алды, түйелерді шөгеріп, бар астықты қоршалап қалады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Күшейді, басым түсті. Б е л а л ы п* алған алаң иелері қарқындарын үдете отырып, маңызды жеңіске жетті («Лен. жас»). Ұстап заңды қолына, Халықтың мініп мойнына Бай, мырза, шора *а л д ы б е л* (Жамбыл). **Бет алды.** а) *Бағыт алды, жол тартты, беттеді.* Жоғарыда айтылған Күшікбайдан асатын қара жолдың үстінде Арқалықты *б е т і н е а л ы п,* қала жақпаған бір пар атты келе жатыр (М. Әуезов, Таңд.). ә) *Жолына түсті, бағытын ұстады.* Қазақстанда қазірден-ақ пролетариат бағытымен жазуға *б е т а л ғ а н* және бет алмақ жазушыларды ұйымдастыруға мүмкін (С. Сейфуллин, Таңд.). **Беттен алды.** *Қарсы сөйледі.* Сен де, қарағым, байқа, тым *б е т т е н а л а* берме, опа бермейтін көрінеді ғой (З. Шашкин, Сенім). Жанына жақпаған істе, кім де болса, *б е т і н е н а л ы п* қауып тастайтын (С. Мұқанов, Таңд.). **Бойды алды.** *Ерікті биледі, балқытты.* Ғашықтық келсе, жеңер *б о й ы ң д ы а л ы п,* Жүдетер безгек ауру сықылданып (Абай). Құлақтан кіріп, *б о й д ы а л а р,* Жақсы әң мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, меншe сүй (Бұл да). **Білім алды.** *Оқу оқып, ғылым үйренді, ой-өрісі кеңіді.* Түбінде баянды еңбек — егін салған, Жасынан оқу оқып, *б і л і м а л ғ а н.* Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған (Абай). Жасасын Ұлы Октябрь Ленинның қызыл туымен. Сендер де жаса, *б і л і м а л,* Октябрьдің нұрымен (И. Байзақов, Таңд.). **Ғибрат алды.** *Үлгі-өнеге үйренді.* Ашуланба, ей патшам, айтайын дат: Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат. Сый сұрадың, бергені бір құ сүйек, Мұны көріп *а л ы ң ы з* сіз де *ғ и б р а т* (Абай). **Дамыл алмады.** *а) Дем алмады, тыныштық көрмеді.* Қағылып екі жүздей қоңырау дабыл, Келеді күн-түн көшіп *а л м а й д а м ы л.* Қаншасын шамасының жан білмейді, Кетеді күндік жерге у-шу, дабыр (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). *ә) Көңілі жай таппады, орнықпады.* Қырым, Кавказ, Түркстан, Ресей, Сібір қалмады. Хабарланып әр тұстан Көрмей *д а м ы л а л м а д ы* (Абай). **Дән алды.** *Астық дәнденді, дәні тола бастады.* Кең далада теңіздей толқыған егін биыл ерте *д ә н а л ы п,* келешек мол дәулеттің нышанын танытқандай («Қаз. әдеб.»). **Дәрет алды.** *Намаз оқу үшін жасады.* Таңакөз *д ә р е т а л ы п* күні бойы қаза болған намаздарын жиыстырып бір-ақ оқыды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Дем алды.** а) *Тыныс алды.* Көз ұйқыда, ой тыншып, *Д е м а л ы п* жатсын көкірек... (Абай). Қолды төмен түсіргенде *а л ғ а н д е м д і* қайта шығару керек («Халық мұғ.»). ә) *Дамылдады, тынықты.* Біздің күн батыс Поляк майданындағы шаршаған, жалыққан қызыл азаматтар жаудан қолдары босап, біраз *д е м д е р і н а л м а қ* (С. Сейфуллин, Шығ.). **Демін еркін алды.** *Уһ деді, есін жиды; көңілі орнықты.* Днепрден өткен соң Татьяна өзін үйіндегідей санап, *демін еркін алды* («Соц. Қаз.»). **Екі иығынан демін алды.** *Қатты ентікті, алқынды.* Ол шықылдап, күркілдеп ұзақ жөтеліп барып, *е к і и ы ғ ы н а н д е м і н а л д ы* («Қаз. әдеб.»). **Екі өкпесін қолына алды.** *Аптығып жүгірді, жан ұшырды. Е к і ө к п е м д і қ о л ы м а а л ы п* жүгіріп келсем, Надя иегі иегіне тимей қалшылдап отыр (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнделігі). **Енші алды.** *Малмүліктен тиісті үлеске ие болып бөлінді.* Үлкен ұлдың сыбағасына еншіге қоса көш бастау тиетін, кіші ұлға қара шаңырақ тиетін, ортаншылары малдан ғана *енші алатын* (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Одақтас боп бөлінді, Отау тіктік *е н ш і а л ы п.* Өз алдына уй болып, Күншығыстан жай салып (Жамбыл). **Ер-тоқымын бауырына алды.** *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* Бұл сөз уәзірлердің құлағына жетіп, олар *е р - т о қ ы м д а р ы н б а у ы р л а р ы н а а л ы п* тулап жатса керек («Қаз. әдеб.»). **Ерік алды.** *Тең праволы болды, бостандыққа ие болды.* Есігін ескі дүние жауып берік, Жадырап жаңа өмірден *а л д ы м е р і к.* Босатып босағанды төрге ұмтылдым, Ленинның туы астынан бақыт көріп (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Еңбекке, білімге де *а л ы п е р і к,* Жалықпай жас жаныма еттім серік. Достардың жарқын жүзді арасында, Өмірдің бар қызығын жүрмін көріп (Т. Жабаев, Із). **Ерікті алды.** *Ырқына көндірді.* Сенің асқақ ойыңнан асқар тау да аласа, аңдатпай *а л д ы ң е р к і м д і* (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Есеп алды.** а) *Есептеді, санын шығарды, «Е с е б і н а л,*— деп бұл малдың» Батыр Қамбар тобырға Өсиет қылып айтады (Қамбар). ә) *Тексерді, байқады.* Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің *е с е п а л* (Абай). **Еске алды.** а) *Есіне ту-*

сірді, ойлады. Жастық алтын базарында Күндерді *е с к е а л* сүйіскен. Гүл жамылған жаз айында, Қол ұстасып күліскен (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Сонда сұлу *е с к е а л а р,* Алатау, Арқа саласын. Сағынып шырқап ән салар, Қара көз қазақ баласын (С. Бегалин, Өленд.). ә) *Ескерді, есептесті, санасты.* Өзге пәндердің, әсіресе, қоғамдық пәндердің табыстарын *е с к е а л а* отыру — совет тіл ғылымының басты міндеті (Қазіргі қаз. тілі). **Есесін алды.** *Өшін алды, есесін қайтарды.* Қазақ жігіттерінің ежелден әдеті — қызда кеткен *е с е с і н* оның сүйген жігітінен *а л а т ы н* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Есін алды.** *Есін шығарды.* Он біріңде қозыға салып еді, Томар бас деп *е с і ң д і а л ы п* еді (Ақын жырлары). **Етек алды.** *Өрістеді, кеңінен тарады.* Жер бетінде алып құрылыстар *е т е к а л ы п,* өзен тасқындары жаңа үйлерге жұлдыз болып қадалып, ен далада өмір оттары жайнады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). **Етектен алды.** *Бөгет жасады, кедергі болды, қырсығын тигізді.* Жау жағадан алғанда, бөрі *е т е к т е н а л а д ы* (Мақал). **Жағадан алды.** а) *Төбелесті, қол жұмсады.* Оны ыңғи ресторан, кафеден көреміз. Ешкімнің *ж а ғ а с ы н а н а л ы п,* басын жарып жүрген жоқ. Бірақ мұның мағынасыз, пайдасыз өмір екенін бетіне басуымыз керек («Лен. жас»). Өгіздей бір сары неміс қолымдағы автоматымды қағып түсіріп, *ж а ғ а м н а н а л а* кетті (Б. Момышұлы, Жауынгер.). ә) *Жанын қысты, жан алқымға алды.* Саранның көршісі бір кездегі ауыстүйісті еске түсіріп, елдің көзінше *ж а ғ а с ы н а н а л м а с ы* бар емес пе («Лен. жас»). **Жалпы алғанда.** *Негізінде.* Хабарлы сөйлемдер, *ж а л п ы а л ғ а н д а,* бірсыдырғы баяу әуенмен айтыла келіп, дауыс сөйлемнің соңында бәсеңдей түсіп тынады (Қазіргі қаз. тілі). «Айқап» журналының бірқатар қатесі, кемшілігі бола тұрса да, ол *ж а л п ы а л ғ а н д а,* демократтық-ағартушылық бағыта болды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). **Жан алқымға алды.** *Жанды қысты, сасырды.* Колчак жендеттері құтырған қасқырдай көрінгенге тап беріп, сезікті дегеннің бәрін түрмеге тығып, *ж а н а л қ ы м ғ а а л ы п* жатқан болатын («Қаз. әдеб.»). **Жау жағадан алды.** *Басқа қиыншылық түсті, жан қысылды.* Патша құдай сияндым, Тура баста өзіңе. *Жау жағадан алғанда,* Жан көрінбес көзіме (Абай). *Ж а у ж а ғ а д а н а л ғ а н* шақта, Түйді бір сыр біздің герой; Мейлі дәрігер, мейлі ұста — Кім болса да жауынгер ғой (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Жанын алды.** а) *Жоқ қылды, өлтірді.* Сен бетіңді әрі бұрсаң, Шықты көзім, болды көр. *Ж а н ы ң а л а р с ы ң,* разы болсаң, Біздің орын қара жер (Абай). Жоқ етемін жарынды. Алыспай *а л а м ж а н ы ң д ы* (М. Әуезов, Таңд.). ә) *Ант алды, ант-су ішкізді.* Малын алдырған ауыл адамдары қолға түскен ұрының ақтығына көздерін жеткізу үшін, нан жегізіп, *ж а н ы н а л д ы* (Ауызекі тіл). б) *Жанын шығарды, асықтырды, састырды.* Балықшылар да келіп жатыр, Дәулетияр мен Жанар бір қайықта. Плотовой жұрттың *ж а н ы н а л ы п:* «Тездетіңдер! Әй, сен неге селтиіп тұрсың?» — деп айқайлады (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Жан беріп, жан алды.** *Жанталасты, қырқысты.* Қызыл арай жол салып, Түнде үстіңнен оқ асқан. *Ж а н б е р і с і п, ж а н а л ы п,* Өткеліне таласқан (Ж. Саин, Таңд.). **Жауап алды.** а) *Қойылған сұрақтың шешуін білді.* Оқушы бірінші амалды орындап болған, мұғалім оған мынадай сұрақтар қойып, *ж а у а п а л д ы* («Халық мұғ.»). ә) *Айыпкердің қылмысын анықтау үшін сұрақтар қойып тексерді.* Тергеушы басын ұстап отырды. Не дейсің? — Алайын, кіргіз — деді тергеуші. Ендеше алдымен менен *ж а у а п а л.* Тергеуші қағазын ыңғайлады (Б. Майлин, Таңд.). **Жастығын ала жатты** [өлді, кетті]. *Дұшпанына есесін жібермеді.* Кісі өлтіру кәсібім емес еді, балықшы едім... Құдіреті жүріп тұрған кісілер оған қойды ма... Қысқа күнде қырық өле бергесін, тым болмаса, бірін өлтіріп, *ж а с т ы ғ ы м д ы а л ы п ж а т қ ы м к е л д і* — деді Еламан (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ә дегенде мен жауды жақындатып алып, *ж а с т ы ғ ы м д ы а л а ө л м е к ш і* едім, мына жексұрын сөз жанымма батып кетті де, шыдай алмай оқты төкпеп жібердім — дейді Саржан (Ә. Әбішев, Майдан). Мен жас жанымды жауға оңай бере қоймаспын. *Ж а с т ы ғ ы м д ы* есеп тұрып *а л а ө л е р м і н* (Ол күндер). Жығылар болсам *ж а с т ы ғ ы м д ы а л а к е т у і м* керек. Халқыма, қазақ атыма кір келтірмей, ата-ана, аға-қарындасты жерге қаратпай өлермін («Лен. жас»). **Жерден алып, жерге салды** [жерден алып, жерден салды]. *Қатты ұрысты, әбден сөкті.* Нұртайдан ада-күде бөлінсін, елге көшіп келсін деп кеше әкеме сәлем айтып жіберсем, *ж е р д е н а л ы п, ж е р г е с а л ы п* ұрсып жатыр дейді (С. Омаров,

Қайырлы жаз). Көк шолақ аттан шөмеле тартып жүріп Қасым айрылып қалады. Ат бақшаға түсіп кетіпті. Бұған интернаттың завхозы қатты ренжіп, қостағы Қасымды *жерден алып, жерден салады* («Қаз. әдеб.»). **Жұлып алғандай.** *Сөзді аяқтар-аяқтамастан, өте тез, шапшақ.* Саша, тыңдашы, мен саған бір ойымды айтайын. Сен не дейсің бұған — деді бір кезде Николай *жұлып алғандай* («Лен. жас»). Ойбай, қарағым-ау, мен малымды кімге тастаймын? — деді қарт, *жұлып алғандай* (Б. Тоқтаров, Қырандар). **Жүрегі алып ұшты.** *Дегбірсізденді, тағатсызданды.* Қыз көрсеткен үйге жақындағанда сайын *жүрегім алып ұшады,* менің де жоғалғаным осы үйден табылатын сияқты («Лен. жас»). Ертең егін орам деген күні таң атқанша ұйықтай алғаным жоқ. *Жүрегім алып ұшып* аузыма тығылады (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). **Иісін алды.** а) *Иісті сезді.* Аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, *иісін алып* ләззатқандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойды (Абай). Бауырын тасқа төсеп тағылары, Көрмеген толып жатыр аңдары да. Адамның *иісін алса* шошығандай, Қарайды мойнын созып жан-жағына (Ақын жырлары). ә) *Бала бауыр басты, үйренді.* Жас баланы ересек адам үнемі өзімен бірге алып жатса, бала *иісін алып,* жаман үйреніп кетеді (Ауызекі тіл). **Кек алды.** а) *Өшін қайтарды, есесін жібермеді.* Қорыққан кісі секілді бойын барлап, Тендес емес адамды алдап-арбап. Жек көріп алғаннан соң көріне жау боп, *Кегін алса* болмай ма сыпыра жалмап (Абай). Баян арманда кеткен жары үшін *кек алады.* Қодарды құдыққа түсіріп, кесекпен атып өлтіреді (М. Әуезов, Әр жыл.). ә) *Кек тұтты, көңіліне дық санады.* Үнемі жылы ұшырап қарсы алатын апайының осы жолы немқұрайды амандасуын інісі көңіліне *кек алып* қалды (Ауызекі тіл). **Келін алды.** *Келін түсірді.* Одан арғы жылы бір қара мақпал байтал берем де, *келінімді аламын...*— деді Сандыбай (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Көз алмады.** *Тесіле, қадала қарады, көз аудармады.* Абай көпке шейін оның жүзінен өзінің ызалы сыншы *көзін алмай* отырды (М. Әуезов, Абай жолы). **Көзге жас алды.** *Көңілі босады, жылады.* Жүрегі елжіреп, Буындар босанып, Рақатпен өлсіреп, Көзіне *жас алып* (Абай). Қалайын қайтіп жолдас, қатардан мен, Бас иген әділдікке қашаннан мен. Әміренің жаста әнімен бірге толқып, Күрсініп *көзге* талай *жас алғам* мен (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгімесі). **Көздің жауын алады.** *Өте әдемі, тамаша.* Қолөнер шеберлері бүгінгі дәуірімізге сай жаңа тақырыпта *көздің жауын алар* нелер тамаша жиһаздар жасауда («Қаз. әдеб.»). Жасыл алқап көк шалғын, құлпырған гүлдер *көздің жауын алады* (Бұл да). **Көз отын алғандай.** *Көздің жауын алғандай, әдемі.* «Победа» айнадай кіршіксіз, *көз отын алғандай* әдемі (С. Баязитов, Күтпеген кездесу). **Көз шырымын алды.** *Мызғып алды, аздап ұйықтады.* Алыс жолдан қатты шаршап келген жолаушы *көз шырымын алмақ* боп жаңа ғана жантайған еді («Лен. жас»). **Көзін ала бере.** *Көрсетпей, жасырын.* Ол Ебейсінге ырза болып, жұртқа *көзін ала бере* оған жылы шырайымен күлімсіреп, басын изеп қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Көзіне алмады.** *Елемеді, ескермеді, менсінбеді.* Назым жиылған жұрттың бірін менсініп, *көзіне алмайды* (Қ. Жұмалиев, Қазақ эпосы). **Көзін жерден алмады.** *Жоғары қарамады; төмен қарады. Көзімді жерден алмастан* үнсіз ғана күрсініп, әркімдердің жүзінен қамқоршылық іздеймін (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). **Көңілін алды.** *Көңілін тапты, ойынан шықты.* Жақсы білгенді жорғалықпенен *көңілін алсам* екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жаурыннан бір қаққанға сатады (Абай). **Көңіліне алды.** а) *Ойында сақтады, ескерді.* Алтынды ал да, көрсет жұртқа апарып, Менің сөзім шын болса, төңірі оңғарып. Сонау бақша ішінде табылармын, Егер мені іздесең *көңіліңе алып* (Абай). ә) *Өкпеледі, дық санады. Көңіліне* тіпті *алмапты,* Алдынан кесіп неше еттік. Жүрегін аяп қалмапты, Жайыпты бізге төсек қып (З. Шүкіров, Арал дәптері). **Көңіліне алмады.** *Алаң болмады, еш нәрсені ойламады.* Ал, сіз тұрғанда өзім *көңіліме* түк те *алмаймын* (К. Оразалин, Ақ жазық). Жалғанда Маман байдай болған бар ма, Жігіттер бұл жалғанды *көңіліңе алма.* Сөнменен бұл жиынға барамын деп, Арттырды тоғыз нарға тоғыз саба (Айман — Шолпан). **Көре алмады.** *Қызғанды, күнделді, іші тарлық жасады.* Ел бүлігі тобықты, Көп пысыққа молықты. Малдының малын *көре алмай,* Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге обықты (Абай). Ақбала өзіне құдай берген ажар-көрікті *көре алмай,*

күндеп жүрген қатындардың алдынан әрқашан төкаппар басып, тік ұстап өтетін (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Күзем алды.** *Қойдың күзгі жүнін қырықты.* Ауыл *күзем алыпты,* Тоқтышақ тон бітіпті, Ой, балалар, балалар, Ойналық та күлелік, Енді оқуға кірелік (І. Жансүгіров, Шығ.). Ауыл *күзем алып,* киіз бастырысып жатыр (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Күйек алды.** *Уақ малдың аналығы мен аталығын араластырып бақты.* Қой мен ешкі өсіруде дер кезінде күйек байлап, *күйек алу* ең келелі мәселенің бірі (Х. Әбішев, Аспан сыры). Енді буылдыр күз таянып келеді. Қозы болса енесінен ажыратылды. *Күйек алатын* кез таяу («Қаз. әдеб.»). **Күш алды.** а) *Күрескенде, соғысқанда күші басым түсті, рухы көтерілді.* Жайшылықта белдесе кеткенде әлі жетпейтін Досан осы жолы сәті түсіп, *күш алып* кетті де, құрдасын алып соқты (Ауызекі тіл). ә) *Бел алды, үстем шықты.* Қарабайдың малсақ, қызғаныштығы ілезде *күш алып,* ол баяғы Сарыбайға берген антын бұзады (М. Әуезов, Әр жыл.). б) *Күшіне енді.* Жауған күнмен жаңғырып, Жер көгеріп *күш алар.* Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырып, іш жанар (Абай). **Қабыл алды.** *Қош көрді, ұнатты, құптады.* Сөзімді *қабыл алыңыз,* Бұл сөзіме наныңыз! Артынан хабар алайық, Жеті күн тоқтап беріңіз (С. Сейфуллин, Шығ.). Сайра, Күләш, бұлбұлым, Сені тыңдап тоймайын. Саған тарту бұл жырым, *Алар* деп *қабыл* ойлаймын (М. Хакімжанова, Жыр асуы). **Қадалған жерден қан алды.** *Өз дегенін істетпей қоймады.* Қарысқан жерде қадалған, *Қадалсам егер, қан алғам* (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Қамқорлығына алды.** *Көмектесті, тәрбиеледі, қамын жеді.* Оларды мен өз *қамқорлығыма алып,* берген тапсырмаларды қалай орындап жүргенін үйлеріне барып бақылаймын («Халық мұғ.»). **Қарсы алды.** а) *Алдынан шығып, қабыл алды.* Үй иесі қонақтарды жайдары *қарсы алып,* ел амандығын сұрастыра бастады («Қаз. әдеб.»). Поездан түстім асығып, *Қарсы алды* туыс, дос-жаран. Жеңіспен қайтып оралдым, Ауылыма аңсаған (М. Әлімбаев, Таңд.). ә) *Құрмет көрсетті.* Совхоз еңбеккерлері В. И. Ленинның туғанына ғасыр толуын лайықты еңбек тартуларымен *қарсы алады* («Соц. Қаз.»). **Қатарға алмады.** *Тең көрмеді, кем тұтты, менсінбеді.* Төре деп мұнша неге мақтанасың, Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиясын. Сорлы сені *қатарға* қашан *алды,* Сайлауда көкке қарап ақиясың (Жамбыл). **Қаулы алды.** *Шешім қабылдады.* Сот куәлардың төндіруімен ұры деп тауып, Қапанды үш жыл түрмеге салуға *қаулы алды* (Б. Майлин, Шығ.). Жас төлді бағып өсіру жөнінде оған жәрдем көрсетуге *қаулы алды* («Халық мұғ.»). **Қозы алды.** *Кешкі сауымнан кейін енесімен бірге жіберілген қозы-лақты түнге қарай бөліп көгендеді.* Кешкі жайылудан қайтқан қой қотанға ірілген соң, бала-шаға даурығып ойнап, *қозы алаға* бастады (М. Әуезов, Шығ.). Ауыл *қозы алып* болған соң, даурыққан дыбыс басылып, тыныштық ала бастады (Бұл да). **Қой аузынан шөп алмас.** *Өте момын, тым жуас. Қой аузынан шөп алмайтын* момын адам деп жүрсек, Тоқсанбай барып тұрған іш мерез екен,— дейді Сәлкен (С. Омаров, Қайырлы жаз). Клара былай қарағанда алып-жұлып бара жатқан ештеңесі де жоқ қарапайым ғана қыз. Соған қарап тұрып оны бір *қой аузынан шөп алмайтын* момынның өзі болар деп те ойлап қаласың («Лен. жас»). **Қойнына алды.** *Көңілдес болды.* Хош, қыз *алсын қойнына* Бейнет көрмей дәулет жоқ, Әлі барып кетерге, Онымменен бойына Иман дәулет бітер ме? (Абай). **Қол алды.** а) *Амандасты.* Сыртқа шығып, машинаға отырар алдында ғана Әділ рахмет айтып, Зылиқаның *қолын алды* (К. Оразалин, Ақ жазық). ә) *Серт байласты, ант етті.* Жүйрік жасқа Замандасқа Қас қылмасқа *Қолымды ал* (І. Жансүгіров, Шығ.). **Қолға алды.** а) *Шұғылданды, айналысты, кірісті.* Ойға түстім, толғандым, Өз мінімді *қолға алдым.* Мінезіме көз салдым, Тексеруге ойландым (Абай). Аудан бұрын осы өңірде егіліп келген азын-аулақ тары егісін қайта *қолға алғалы* отыр (Октябрь ерендері). ә) *Жанын қысты, тергеді.* Тағы бүйтіп кеттің деп, Қозғау салар, *қолға алар,* Қатты қысым қылған соң, Көрген күнім не болар (Абай). б) *Тәлкек қылды, мазақтады.* Бар ойы — өлең айтып, ән салалық, Біреуді қалжың қылып *қолға алалық,* Қызды ауылға қырындап, үйір болса, Көңіліне зор қуаныш, бір бадалық (Абай). **Қолдан алды.** *Қолдады, жебеді, демеді.* Шүу десе жүйрік озар мынау қолдан, Демей көр, ескі аруақ, *алып қолдан* (Жамбыл). **Қосарға алды.** *Атты жетекке алды, қосарлап ұстады.* Бақтығұл ымырт жабыла күрең атты *қосарына алып* тауға қа-

рай тартып берген (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Қуат алды** а) *Қоректенді, нәрленді.* Кетпеніңнің ізімен су жүгіріп, Ақ бидайдың тамыры *қуат алды* (З. Қалауова, Таңд.). ә) *Көңілге демеу болды, рухтанды.* Тәкпе, сәулем, жасыңды, Өлеңімнен *қуат ал.* Қақ бостандық дабылын, Сыңғырлата әнге сал! (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Құлқын алды.** *Араны ашылды, ниеті бұзылды.* Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың, Оның да *алған* жоқ па құдай *құлқын?* Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың (Абай). **Құн алды.** Көне. *Біреудің қолынан өлген адам үшін малға, қымбат затқа шағып төлем өтелді. Алайын* тірі болсам достың *құнын,* Сен үшін шыбын жаным қидым дейді (Қозы Көрпеш.). **Құн алды.** *Қоштады, мақұлдады.* Өленді айтпақ түгіл ұға алмайсың, Айтсаң да үддасынан шыға алмайсың. Сен білмейді екен деп айтпасын ба? Неге мұнша сіресіп *құп алмайсың* (Абай). Істерінді көрейін Айтқанымды *құп алған* (Жамбыл). **Құтын алды.** *Үрейін ұшырды, шошытты. Құтын алса* дұшпанның, Дос-жараңды тыңдаған (Жамбыл). **Құшаққа алды.** а) *Құшақтады.* «Сәулем» деп *құшағына алып* еді, Ұқсаған жан саясы күн мен айға (Ж. Саин, Таңд.). ә) *Қамқорлық көрсетті, мейірбандылық жасады.* Соғысты сен сүймейсің, анасың сен, Өмірді өстер ме едің шала сүйсең. Өгейің өлініп де, тіріні де, Жып-жылы *құшағыңа аласың* сен (Жас қанат). **Ләззат алды.** а) *Рақаттанды, сүйсінді.* Құлақ болмаса не қаңқыр, не күңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән ешбірінен *ләззат ала алмас* едік (Абай). ә) *Сүйіспеншілік сезімге берілді.* Иығымда сіздің шаш, Айқаласып тай-талас. *Ләззат алсақ* болмай ма, Көз жұмулы, көңіл мас (Абай). **Мазаны алды.** *Тыныштық бермеді, бereкені кетірді.* Жап-жасыл көздері жалт-жұлт етіп, түні бойы орта құрсақ боп қалған қойлар албарға шығар ауызға иін тіресе үймелесіп, маңырап *мазаны алып* барады («Қаз. әдеб.»). Қайғылы, қорқынышты, өкінішті, Басынан өткізді өмір өрті күшті, Ұшқыны түсіп ыстық жүрегіме, Сол өмір *мазамды алды,* өртеп іште (І. Есенберлин, Большевик.). **Мойнына алды.** а) *Өз кінәсын түсінді, мойындады.* Ақсақал, күн-түнді қайтесің. Онан да ұрлаған малдарыңды *мойныңа ал* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Үйілеп өзі-дағы уайым жеп, Ісінен өткендегі ұялып көп. Айыбын ақырында *мойнына алды,* Менен де мал жақсы — деп жейтұрын шын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Бір істі орындамақ болып мақсат етті.* Осы міндетті *мойнына алған* Абай бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді (М. Әуезов, Әр жыл.). б) *Не болса да көрмек болып, бел байлады.* Ол бесінші курсқа өтіп, мен үшіншіге ауысқан жылы бір жексенбіні *мойынға алып,* студенттер асханасында той жасаған болдық та, семьялық тұрмысқа көшкенімізді әйгіледік—дейді Ақмарал (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Мойнын ішіне алды.** *Мойнын жағаға тығып, бүкиды.* Ол *мойнын ішіне алып,* макентошының жағасын жоғары көтерді де, кеудесін қаусырыныш, иегінің астындағы ең жоғарғы түймесін салды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). **Міндетіне алды.** *Бір істің жауапкершілігін көтерді.* Күлиза басқарған пионер отряды демалыс айларында жайлаудағы отардың төлдерін бағуды *міндетіне алады* (С. Мұқанов, Таңд.). **Мүмкіндік алды.** *Жағдай жасалды.* Бір кітап тапсырған оқушы отыздан астам кітап оқуға *мүмкіндік алды* («Халық мұғ.»). **Нәр алды.** а) *Қоректенді.* Ақ көбелек оранып, Ала толқын ақты су. Өсті содан *нәр алып,* Аппақ қайың ақ сұлу (С. Мәуленов, Торғай қақп.). ә) *Рухани азық, күш-қуат жинады.* О туған жер, жыр күтіп далаң менен, Мен даланнан *нәр алып,* аман келем. Екі нәрсе мәңгілік: Бірі — өзің де, Бірі — мендік махаббат саған деген (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл бағы). **Өнді алдым.** *Не жаздым, не істедім.* Ортаға көп салдым, Өзімде барымды. Япырмау, *нені алдым,* Сау қоймай арымды? (Абай). **Ойға алды.** а) *Еске түсірді, ойлады.* Жеңіс күн осыны ылғи *ойға аламын,* Көзірде көркі ғажап айналамның. Қызметтен сәл жалығып үйге оралсам, Құшамын бөбегімді, айналамын (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). ә) *Мақсат тұтты, міндет қойды.* Жиырма бестен жаңа асқан жалынды жігіт *ойға алғанын* етпей қойман десе де, өмір өзірге оны екі сүріндірді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). б) *Елеп-ескерді, санасты.* Көп салқын бірін-бірі *ойына алмас,* Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас. Ой қозғарлық артқыға тұк қалдырмай, Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас (Абай). Жас жұмысшылардың тұрмыс-жағдайы, мәдениеті, білімдерін көтеруі — мекеме басшыларының үнемі назарында болып, *ойға алатын* мәселелері («Лен. жас»). **Ортаға алды.** *Жан-жақтан қаумала-*

ды, қамалады. Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды, Таразыны құрдырып, *о р т а ғ а а л д ы.* Қанша алтынды күміспен салса-дағы Бір кішкентай сүйекті аудармады (Абай). Осынау қамал, осы күй, *О р т а ғ а а л ы п* қамалап, Келеді Алтай жолдармен, Окоптарды аралап (Ж. Саин, Шығ.). **Орын алады.** *Маңызы бар.* Орта Азия республикаларымен қатар каракуль қойы Қазақстанда да үлкен *о р ы н а л а д ы* (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Солардың ішінде шоқтығы биік тұрған, әдебиеттегі Абайдай біздің аспапты музыкамызда ерекше *о р ы н а л а т ы н* адамның бірі Құрманғазы әрбір талант иесіне тән әркімнің көңіліне тіл қатты (А. Жұбанов, Құрманғазы). **От ала келді.** *Өте асығыс.* Былайда жиі келе бермейтін Бәтес андасанда біздікіне соқса, *о т а л а к е л г е н д е й* көп отырмайтын еді («Қаз. әдеб.»). **От алды.** а) *Тұтанды, жанды.* Шала кепкен тезек көпке дейін *о т а л м а й,* бықсып жатып алды («Әдебиет майданы»). ә) *Мотордың, батареяның жұмыс істеуі; қаружарақтың атылуы.* Біздің соңымыздан телефонистердің бірі ере шықты. Гаражға ертіп келді. *О т а л ы п* тұрған машина қарсы алды. Түн қоюлығын жарып жүріп кеттік (А. Лекеров, Түз гүлі). Шопанда рация болатын-ды, Бір сәтке *о т а л д ы д а,* о да тынды (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). Көптен күткен жыртқыштың қарасы енді көріне бергенде, аңшының қолындағы мылтығы *о т а л м а й* діңкесін құртқаны бар емес пе? (Ауызекі тіл). **Отырып алды.** а) *Бет бақтырмай қасарысты.* «Ақтықарама жетпей, ел алдында масқарамды шығардындар» деп ол жүз жанбай *о т ы р ы п а л д ы* (С. Омаров, Қайырлы жаз). ә) *Жік-жаппар болды, қиылып сұрады.* Бүгін кешке үйде болармын деген едім, бірақ Зағипа театрға барып қайтайық деп *о т ы р ы п а л д ы* (Ауызекі тіл). **Өлімнен алып қалды.** *Өлімнен құтқарды, ажалына арашашы болды.* Назымды айтсаңшы... От астынан өзі алып шығып жауынгерді, өз емімен *ө л і м н е н а л ы п қ а л ғ а н...* (М. Әуезов, Таңд.). **Өш алды.** *Кек алды, өшін жібермеді, есесін қайырды.* Аттан, Қобылан, жауыңа! Аттан, Шуақ бөгелме! *Ө ш а л м а с а ң* өлгенің Қалма сен де Қараман, Ер батырдың жанына (М. Әуезов, Таңд.). Ей, бауырым, өксімеші, Сақалыңды жасқа жуып. *Ө ш а л а р с ы ң* дұшпаныңнан Жағаласар күндер туып (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Ризалық алды.** *Кешірім сұрады, ғафу өтінді.* Қолын шеш, *р и з а л ы қ а л,* кісенді бұз, Шапшаң айт, көнесің бе, уақыт тығыз. Бұл сөзге көнбей қалсаң, ақыр өлдік, Сені суға тастаймыз отызымыз (Абай). **Сабақ алды.** *Оқыды, үйренді.* Бос уақытта ықтияр Жиылысқа барсаң да. Оқу үйге немесе, Барып *с а б а қ а л с а ң* да (С. Сейфуллин, Шығ.). «Ақтарып көне архивті Қайтесің?» — дейсің қарағым. Бәрінен маған артық та Күресте *алған сабағым* (М. Әлімбаев, Өленд.). **Сәлем алды.** *Амандасты, амандық сұрасты. С ә л е м і н а л д ы,* шал да амандасты, Қасына жуық келіп жақындасты. Жат жердің адамы едім, е, шырағым, Не харекет қыласың деп сұрасты (Абай). **Тартып алды.** *Еріксіз иемденді.*— Жауыз екен, неше жыл дәмдес болып жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті, аяғында өзімнің күздігімді *т а р т ы п а л д ы* — деп, қатты жәбірленіп келген еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Тәлім алды.** *Үйренді.* Лениндік қағидадан *т ә л і м а л ғ а н,* Ісіңді көрсем күшті жалындаған. Халқыңды баста ілгері тағы асуға. Қамал жоқ большевикке алынбаған (Партия тур. өленд.). **Тәрбие алды.** *Үлгі-өнеге алды.* Детдомнан өскеннен соң *тәрбие алып,* Оқуға сапар шеккен Москваға (Т. Жароков, Шығ.). **Теңдік алды.** *Теңдікке ие болды.* Ту ұстап дұспанға барайық, Теңдіктің ұранын салайық. Тізесін батырған залымнан, Күн туды, біз *т е ң д і к а л а й ы қ* (С. Сейфуллин, Өленд.). **Терін алды.** *Атты жаратып баптады.* Жалғыз-ақ Қарқаралыда ұзақ тұрғаннан бері мінілмей, жемде ғана тұрған семіз сәйгүлік аттары майланып кеткен болатын. Соңғы бір жұма бойында сондай аттардың аз-аздап *т е р і н а л ы п,* ішін тарттырып, суытып, таң астырып қыстың ұзақ жолына сартап қып алмақ қарекеті де болатын (М. Әуезов, Таңд.). Шанаға салар алдында [екі айғырының] *т е р і н а л ы п,* таң асырып баптап беретін кісі керегіп жүр еді, Федоров Еламаннан бір кісі тауып беруін сұрады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Теңдік алды.** *Еркіндікке қолы жетті.* **Тұтқынға алды.** *Қамады, жауып қойды.* Айтты әмірін бекзадам Ал, *а л ы ң д а р т ұ т қ ы н ғ а!* Тоқта оны қорғамай Өзің құтыл әуелі (М. Әуезов, Таңд.). **Тыным алмады.** *Тыныштық, дамыл көрмеді, мазасы болмады.* Мұқтар жаңа машинаның механизмімен танысып алғаншы, оның бұрынғы паровоздардан өзгеше тетіктерін үйренгенше *т ы н ы м а л м а д ы* (С. Бегалин, Жеткіншек). **Тыныс алды.** *Дем алды.* Мөп-мөлдір Бурабай-

дың суы күміс, Көргенде шаршаған жан *а л а р т ы н ы с.* Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай Қарағай, қайың менен қалың жыныс (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Екі балуан *т ы н ы с а л ғ а л ы* тіресіп тұр. Көрсеңдер, жұлқыс қайтадан басталады десті тағы біреулер (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Тынышын алды.** *Мазалады, мазасын кетірді, зықысын шығарды.* Осылар елдің *т ы н ы ш ы н а л д ы* бүгін, Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін. **Құдайым кезін** берсе, күтіп жүріп, Ұялмай бәрін аштан өлтіретін (Абай). Сындырдың қабырғамды мертіктіріп, Қоя бер, тәңрі алғыр *т ы н ы ш ы м д ы а л м а!* (Қозы Көрпеш). **Тізімге алды.** *Аты-жөнін қағазға жазды, тіркеді.* Содан кейін жаңағы жігіттерді *т і з і м г е а л ы п* «автоматчик боласыңдар» деп жатырмыз (Ол күндер.). **Тіл алды.** *Айтқанды істеді, көнді, тыңдады.* Анасының *т і л і н а л м а ғ а н* азапқа қалады (Мақал). Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Адамның *т і л і н а л с а,* жүрек ұмыт қалады (Абай). **Тілін салып алды.** *Қатты тілдеді, жанына батырып айтты.* Құрбысының тар жерде оғаш мінез көрсеткеніне ыза болған Хамит майда сөзбен-ақ сазайын беріп, өткір *т і л і н с а л ы п а л д ы* (Ауызекі тіл). **Түп етектен алды.** а) *Мықтап ұстады, айрылмады, жібермеді.* Ауыл адамдарының өзі-ақ қолға түскен жауды *т ү п е т е к т е н а л ы п,* оңайлықпен босатар емес («Қаз. әдеб.»). ә) *Қырсығын тигізді, кесел келтірді.* Жау жоқ оны *т ү п е т е к т е н а л м а ғ а н,* Жендет біткен Америка жалдаған. Көзіне ұстап қарауылын мылтықтың Бірінші оғын большевикке арнаған (Партия тур. өлеңд.). **Уақытын алды.** *Босқа уақытын кетірді. У а қ ы т ы н д ы а л м а й ы н,* Бара қойшы, ал, шырақ (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Ұстап алды.** *Қолға түсірді, тұтқындады.* Бүркіттей емес екені, Кешікпей-ақ білінді. Қойшылар көріп күлісіп, *Ұ с т а п а л д ы* қарғаны (Абай). Арыстан күн шуақта **ұйқтап** қалды, Бір тышқан үстін басып ойнақ салды. Бүргедей бүлкілдеген бейшараны Арыстан оянды да *ұ с т а п а л д ы* (Ә. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Үйіріп алды.** *Өзіне қаратып, еліктіріп, баурап жөктті.* Жолдастар, тоқтаңдар!— деп жұртты өзіне тез *ү й і р і п а л д ы* (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Үлгі алды.** *Үйренді, тәлім-тәрбие, өнеге алды.* Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ. *Ү л г і а л с ы н* дейміп ойлы жас жігіттер, Думан, сауық ойда жоқ өуел баста-ақ (Абай). Отан үшін жанымызды арнадық, Партияға ерді іркілмей бар халық. Жүрді әркім майданда да, елде де, Коммунистің ерлігінен *ү л г і а л ы п* (Партия тур. өлеңд.). **Хабар алды.** *Жай-жапсар, хал-жайды білді, хабарланды.* Айшылық алыс жерлерден Минутте *х а б а р а л а м ы з.* Колхоз, совхоз екі ауыл, Жағалай қонып жарасып, Түрленді сай мен саламыз (Қ. Жапсарбаев, Жайқоңыр). Жүргейсің хат жазысып, *х а б а р а л ы п,* Жоғарғы сөз мазмұнын қарап алып. «Жуан етік қазақта жұмыс аз» деп, Жүрмеңіз тіліңізді қадап алып (С. Торайғыров, Шығ.). **Шағын алды.** *Өткір тілмен түйреді, жанына батырып сөз айтты.* Нұртайдың оп-оңай жеңіліп қалған солқылдақ түрін көрген Жетібай ретін тауып оны *ш а ғ ы п а л д ы:* Күреңбайда алты аласы, бес бересім жоқ менің (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Шаужайдан алды.** *Жағадан алды, бөгет жасады.* Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен, Ертеңгі күн *ш а у ж а й д а н а л а р* ақыр! (Жамбыл). **Шам алды.** *Шамданды, көңілге дік санады.* Шал кіріп үйді тегіс аралады, Бір Әзімнен басқа жан таба алмады. Біротала бейілді беріп алған, Әзім де бұл қылықты *ш а м а л м а д ы* (Абай). **Шауып ал.** *Қиратып ал, қолыңнан келгенін істе. Ш а у ы п а л а р* болсаң да, Айғайсыз-ақ келсең ед! (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Шаш ал десе, бас алды.** *Асыра сілтеді, шамадан, мөлшерден тыс кетті.* Шолақ белсенділер *«ш а ш а л д е с е, б а с а л ғ а н»* айқайға, зорлыққа сүйенгісі келген отызыншы жылдардың бас кезіндегі Қазақстанда кездескен қиыншылыққа сол шауышкел, атқамінерсымақтар айырықша себепкер («Қаз. әдеб.»). **Ілтипатқа алмады.** *Көзге ілмеді, назар аудармады.* Көз жазбай балапандай мәпелеп өсірген терек пен диқаншылық еңбектің қадірін білетін Шәдіге құнды болғанмен, қыз оны *і л т и п а т қ а а л м а й д ы* (М. Әуезов, Әр жыл.). **Іліп алар.** а) *Өңі бүтін түуір киім, зат.* Балалар киізден, шүберектен жасаған алақұла кітап дорбаларын мойындарына асып, *і л і п а л а р* түуір киімдерін киіп, әрқайсысы өз әлінше бой түзеп келіпті (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ішінде *і л і п а л а р* мүлік-жиназы, тойып ішер тамағы жоқ құлазыған құрым үй маған байлардың күндей жарқыраған ақ үйлерінен артық көрінетін (Бұл да). ә) *Жарамды, жібі түзу, іске татыр.* Халықтан шыққан өнер иесі — майталман ақынға ішкен мен кигенге ғана мәз болған бай мырзалардың

ішінде *іліп алар* біреуі жоқ сияқты көрінді («Әдебиет майданы»).

2. АЛ о д. 1. *Көңіл күйін білдіретін одағай. Ал,* көңілім, желдеп озып серпіл енді, Зарлы күн өтті-кетті, еркін енді. Қызықты, қызғылықты заман жетіп, Бетіңе қан жүгіріп, көркің енді (Қазақ әндері). *Ал,* домбыра қағайын, Көрнеген күй құйылсын. Жалпы әлеумет айнала, Тыңдауға бір жиылсын (С. Сейфуллин, Шығ.). Желе жортып жолменен, *Ал,* жорғала қаламым. Міне шаттық көрінген, Сені қолға аламын (Халық әндері). *Ал,* Шоқан Шыңғысович, сен енді Кадет корпусының оқушысы боласың. Жолың болсын, үлкен адам бол,— деп Дабашинский Шоқанның қолын алды (С. Бегалин, Бала Шоқан). 2. *Салыстыру, қарсылықты мағына білдіретін қыстырма сөз.* Туған жерін жақсы көрмейтін адамды кездестірмеген боларсыздар. *Ал,* мен өз туған жерімді солардың бәрінен де артық сүйетін сияқтымын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

◆ **Ал енді.** *Ендігі жерде, бұдан былай. Ал енді* отырмалық көп бөгеліп, Кетейік бұл ауылдан тез жөнеліп, Мезгілсіз шам жанғанға күдіктеніп, Үстімізге қалмасын біреу келіп (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

3. АЛ: Ал күрең. *Ашық күрең түс.* Үзілмей, қатаймай бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рахат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жылбыр қағып шалқып жатқан *ал күреңқ* көде мен селеу далалары... дала емес, теңіздері қандай! (М. Әуезов, Абай). Оның беті қуанса да, қорықса да қызарып, балбыраған *ал күреңге* айналатын (Ж. Аристанов, Жалынды жүрек). **Ал қара.** *Қап-қара, судай қара, шымқай қара. Ал қарағ* мінді де, Алға шықты Қоңырбай. Одан кейін Несқара Ол-дағы шықты обырдай (Манас). **Ал қара көк.** *Қарасы басым көк түс.* Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де *ал қара көк* (М. Әуезов,.Абай). *Ал қара көк* айдынында Ақ-қу жүзген, Аралым! Айдыныңа ай нұрында Айбаттана қарадым (Қ. Аманжолов, Таңд.). Айналамыз асқар тау Қарайды теңіп көктен құз. *Ал қара көк* бір асау, Алдымызда көк теңіз (С. Мәуленов, Таңд.). **Ал қоңыр.** а) *Ашық қоңыр түс.* Үстінде жаңа ақ көйлек, *ал қоңыр* түсті костюмі бар (Ауызекі тіл). ә) *Бүркіттің жақсы түлеп, шабытына, бабына келуі.* Бірнеше күн баптап жаратқан бүркітінің *ал қоңыр* күйін көріп, аңшы сүйсінгендей болды (Ауызекі тіл). **Ал қызыл.** *Ашық қызыл түс.* Тікендердің жазғы *ал қызыл* гүлдерінің орындарына қып-қызыл моншақтай, сабақтаған қызыл моншақ түймелердей болып итмұрындар самсыған (С. Сейфуллин, Әңгім.). Аспанның алыс жиегінде көрінген таң барған сайын жайылды. Атқан сайын қызарды. Аспанды *ал қызыл* нұрға бөледі (І. Жансүгіров, Шығ.). Гүл жайнаған жерімнің Бояуы неткен сүйкімді. Пионердің *ал қызыл* Галстугі секілді (Ш. Смаханұлы, Шимайбек.). **Ал қызыл бет** [түр, шырай, өң]. *Қызыл шырайлы, бетінің ұшы қызыл.* Мандайдан тура түскен қырлы мұрын, Ақша жүз, *ал қызыл бет* тіл байлайды. Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі, Сықылды қолмен тізген іш қайнайды (Абай). Солмай ма көктемдегі әдемі гүл, Оңбай ма арудағы *ал қызыл тур.* Еңкейіп екіндіге күн құласа, Көріксіз көрінбей ме дүние бір (Жамбыл). Зейнептің қиғаш көздері сиқырлы күлім қағып, ашаң келген ақ құбаша бетіндегі *ал қызыл шырай* ойнады (Ө. Қанахин, Мұрагер.).

4. АЛ с ы н. к ө н е. *Өтірік, жалған (алдау сөзінің түбірі).* Бұл жақтан өзгелер түгіл, туған бауырым — сенен де жақын дос таптым!— деп жазған еді Шоқан туралы. Бұл *«ал* тілі» емес, жан сыры (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

◆ **Ал кеуде.** Ж е р г. *Тәкаппар, өркөкірек.* Қоңқақ та кесек тұлғалы, мінезі морт, анық *ал кеуденің* өзі болғанымен, ағасынан гөрі ептеген сұңғыла, бақай құлығы бар жігіт (З. Жекенов, Таң самалы).

1. АЛА с ы н. **1.** *Ақ және басқа түстердің араласып келген түрі.* Қызыл күрең, *ала,* ақ сұр әдемі тастар тұр, бұл театр үйлерін, сарайлардың ішін беттейтін мрамормар (А. Машанов, Жер асты.). Көшпелі ел жасыл жібектей судыраған көк *ала* құрақты, шаңқылдаған шағалалы, сыңқылдаған аққулы, үйрек-қазды, у-шу болып әндеткен, әупілдеген толқындары ақ көбігін шашқан айдын көлдерде жүреді (С. Сейфуллин, Таңд.). Әркайсысы қырық-елу түйеге жүк артып, жүктерінің үстіне ылғи қызыл *ала* текемет, кілем жапқан бай ауылдың көші екені айдан анық көрініп тұр (С. Шарипов, Шығ.). **2.** *Малдың, хайуанаттың түсі.* Әйт, шу, *ала* атым, Сүйеніш қанатым. Жалғыз сен бейнетпен

Егінді салатын (Б. Майлин, Таңд.). *А л а* ат пен сары түйелі үш қалашы менімен төртеу болып, малтыға-малтыға аламыш еріген қалың қармен, сулы қара жермен жылжып келеміз (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бір жағында *а л а* күшік, Бір жағында тарғыл мысық, Ортасында Асқар отыр, Қаймақ, сүтін бөліп ішіп (Т. Әбдірахманова, Білесің бе). *А л а* қаз көл бетінде көк *а л а* үйрек, Ойнақшып о да өзінше салар ирек. Қозғалса құрақ кенет құйын желмен, Шошынып су сабалап ұшар түйдек (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). 3. *Көз алмасының ақ түсті қабығы.* Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, *А л а с ы* аз қара көзі нұр жайнайды (Абай). Мақсұттың көзінің қарасы жоғары шығып, *а л а с ы* көбейген сықылды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 4. А у ы с. *Бірдей емес, бір жері олай, бірі жері бұлай.* ... Өңдеу заттары *а л а* төгілсе, егін де *а л а* шығады (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). // А у ы с. *Адамды бірдей көрмеу, бөлу.* Жаһанда жойылмаса қанау мүлде, Түзелмес әділетсіз *а л а* дүние. Әлемде ақиқат сол — жояр күш бар, Капитал қожалығын таяу күнде (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Балаларды *а л а* ұстамай, бәріне бірдей қарап, үй ішіндегі, айналадағы өмір үлесіне бірдей тарту керек («Халық мұғ.»). 5. А у ы с. *Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақсыз, ала ауыз.* Алтау *а л а* болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді (Мақал). Сауысқанның жүні *а л а* болған сияқты, өзі де *а л а,* бірлігі жоқ (Аяз би). Елің *а л а,* отты шала, Тайса аяғың, кім көмек? (Абай). 6. А у ы с. *Арам пиғыл, ниеті бөлек.* Мұндай *а л а* ниет өзімшілдік адам баласын аздырып, бір-бірімен жауластырғаннан басқа ешнәрсеге де жеткізбейді (С. Сейфуллин, Таңд.). Мал аласы сыртында, адам *а л а с ы* ішінде (Мақал). Әзіз хан өзі көрер деп, Баласының *а л а с ы н.* Алалығын білген соң, Өзі өлтірер баласын (Манас). Айтқаныңа көнбесе, Айдауыңа жүрмесе, Көңлінде бар оның *а л а с ы* (Үш ғасыр.).

◆ **Ала айран.** *Судың лайлануы.* Суы табандап қалған көлдің беті адам қарағысыз *а л а а й р а н* болып кетіпті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Ала ауыз.** *Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақ-берекесі жоқ.* Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсе қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан *а л а а у ы з* (Абай). Ер-азамат арызшыл, ағайын *а л а а у ы з*... Осы бір тұс, қиянкескі талас пен кек қызуының өршіген кезі боп тұр ғой (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Таршылықта *а л а а у ы з* қазақ өзін жеңбей, жауын қалай жеңеді. Бірлік бер, қараңғы көңілге шырақ бер, ел бастайтын ер бер дедім (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ала ауыздық. *Ауыз бірлігі жоқтық, ынтымақсыздық, пікір алалылығы.* Елге қадірі бар ақсақал сөзіне қарсы айту және қиын, *а л а а у ы з д ы қ* туып кетуі ықтимал (Ғ. Сыланов, Асау арна). Арманым — жастардың көңіліне шырақ жағу. Ұрлық, зорлық, ұлттар арасындағы *а л а а у ы з д ы қ,* сайын келгенде, бәрі надандықтың салдары (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ұлы ақынымыз Абайдың шығармаларына шолу жасасақ, надандыққа қарсы — ғылымды, *ала ауыздыққа* қарсы — бірлікті, жауыздыққа қарсы — әділдікті жыр еткендігін көреміз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). **Ала аяқ.** а) *Қу, сұм, залым.* Қасындағы айлашыл *а л а а я қ* билер тобы Оразбайға еміне, исіне қарап қапты (М. Әуезов, Абай жолы). «Көктеректің бауырында» деген әңгімесінде Бейімбет Омар сияқты атқа мінер *а л а а я қ т ы ң* қармағына іліккен Жақып деген оқыған жігітті суреттейді («Лен. жас»). Буркенген жаңа әдіс қолданған *а л а а я қ т а р* «алаш-орданың» арманын көркем әдебиет арқылы неше түрлі сабақпен боямалап, буркеп, перделеп күтетін болды (С. Сейфуллин, Шығ.). ә) *Алдамшы, суайт.* «Бөрінің төңірісі болса, ұрының иесі бар» дегендей алыпсатар *а л а а я қ т ы* мүсіркеушілер де табылды («Қаз. әдеб.»). Апырай, жолдасай,— деді Аманжол мана, жолшыбай атыжөнін сұрап алған Мүсәпірге — мынау Күзен деген *а л а а я қ қ а* қайдан үйір боп жүрсің? (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).— Ойбай, «Зам. министр» дегенің бір *а л а а я қ* болып шықты, менің пальтомды киіп, бүкіл ауламды, үстімдегі үйімді, бау-бақшамды сатып кетті — деп зар қызметкері жарияға жар салды (С. Адамбеков, Көсенің көзі). б) *Пысық, айлакер, жылпос.* Жиренше елінен озған *а л а а я қ* шешен атанса да, өзі кедей екен,— деді (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Анықтап өз бойыңа өзің сенбей, Балалық аптығыңмен барма,— деді. Ырысжан әйел заттың *а л а а я ғ ы,* Әсеке, жөрдем берсін алла!— деді (Айтыс). Жападан-жалғыз Қаламұшты айтпағанда... жылпос, *а л а а я қ* болып алған Қасболат, толып жатқан осы сықылды әлденендей қиқы-жиқы адамдар («Қаз. әдеб.»). Ала бөртті. *Көңілдері жайланды, масаттанды.* Ертеңінде, аппақ бо-

лып таң атып, жер жүзі жарқырап көрінген кезде олар *ала бөртіп,* олжалы болып келе жатты. Нияздың алдында өңгерген бір семіз қой сереңдеп, Отардың жетегінде пысылдап екі өркеші екі баладай, бір қара түйе келе жатты (С. Сейфуллин, Таңд.). **Ала бұлт қазы.** *Шынтақ қазыға жетпеген; онша семіз емес, бір жері майлы, бір жері майсыз қазы.* **Ала бүлік.** *Бүлдіруші, сойқаншы.* Арасына өрт болдың, *Ала бүлік* дерт болдың, Қырғыз, қазақ халқының (Жамбыл). **Ала жаздай [ала жаз бойы, ала жаза].** *Жаз бойы, жаз біткенше.* «Қайтсін, қолы тимепті, Өлеңші, әнші есіл ер! *Ала жаздай* ән салсаң, Селкілде де, билей бер!» (Абай). Құмырсқа еңбек етті *ала жаздай,* Шұбыртып кіре тартып тобын жазбай. Шілдеде саршатамыз таңдай кепкен, Азығын таси берді азбай, талмай (Ә. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Ала жаулы.** *а) Ала-құла, бір тегіс емес.* Түн қараңғы, аспан *ала жаулы* бұлт («Қаз. әдеб.»). Оралып, орағытып, арындатып, Ақ таңдақ, *ала жаулы* бұлтқа ілесе (Ж. Сыздықов, Белестер). ә) *Дүрдараз.* Болғанмен іштерінде *ала жаулы,* Көпшілік осы сөзге қылды қаулы. «Жекенің емес, көптің ырысын бақ!» Деп берді Жылқыбайға құрық бауды (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). **Ала жылан, аш бақа.** *Ел арасына іріткі, бүлік салушы, пәлекұмар.* Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұңаймай жүр. *Ала жылан, аш бақа* күпілдектер, Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр (Абай). **Ала жібін аттамады [алмады].** *Ешкімге жаманшылық ойламады, адал болды. Аттамайды,* ағайынның *ала жібін,* Малының қозғамайды, жатса түгін. «Таңдағы тәңірден тамағым» деп, Ертеңін қайғырмайтын тойса бүгін (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Көкшағыр халықтың ән-жыр деп аталатын жанын қамшыдан қорғаймын деп осы қаһарға душар боп отыр. Одан басқа не жазыпты? Кімнің *ала жібін аттапты* (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Ала көз.** а) *Ағы басым үлкен көз.* Мәдібектің жасы кіші ат қосшысы Сүйіндік деген шот мандай, *ала көз,* қара жігіт қостың қара бақырымен барып су әкелді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бурыл тартқан қара шұбар, ұшын қырықан қаба сақал, *ала көз* байдың осы отырысы жемтікке тойып жусаған күшігенге, алдындағы шүйкедей шешесі тоя алмай телмірген қара қарғаға ұқсайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Араз, қырғи қабақ.* Енші жөнінде өзара *ала көз* болалар қашан сол күнге жеткенше әке алдында ықтай беретін еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Үй ішінен шекара жасап, екі семьяны *ала көз* қып шайқастырып қойды (С. Адамбеков, Қожанасыр.). **Ала көздеді [көзденді].** *Жақтырмады, жек көрді.* Бұрыннан *ала көздеп* жақтырмай жүретін Медетов енді аяр ма? Қолына түскен арызды жете тексермей, бірліжарым кісімен сөйлесіп, «расталды» деуден де қашпайды (З. Шашкин, Сенім). Біздің қойып қазір ғана қарсы атысқан, қан төгіскен дұшпандарымыз көздерінің астымен *ала көздене* қарасып қалдық (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). **Ала көзімен атты.** *Оқты көзімен қарады.* Ыбырай да және оның үйінде отырғандар да бөтен жігітке достық көзбен қарамай, бәрі де *ала көздерімен ата* қарасты (С. Сейфуллин, Әңгім.). Өзім дербес алам,— деп Қарақатын жанында тұрған жұрттың бәрінен қызғанып, *ала көзімен ата* бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ала көзімен қарады.** *Жақтырмады, жаратпады, ұнатпады.* Аркаша тістеніп, қабағын түйіп отыр. Ауық-ауық *ала көзімен* қыздарға *қарап* қояды (С. Ерубаев, Шығ.). Біреуге қошемет етіп, жылы рай білдірсе, біреуге сенбей *ала көзімен қарағаны,* енді біреуді ұнатпай түксие қалғаны өте нәзік сезіледі (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Ала көздік, ала көзділік.** *Араздық, қырғи қабақтық, наразылық.* Груденко жұмысшыларды қандай әдіспен болса да алдап жұмысқа қосса да, арасы ит пен мысықтың татулығындай болып, *ала көздігі* күшейе береді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Патша үкіметі, отаршылар, билеуші топтар ұлттар арасындағы *ала көзділікті* өршітуге тырысты («Қаз. әдеб.»). **Ала көлең.** *Ала көлеңке, елең-алаң кез.* Мұндар, соның кесірі емес пе, жұртты *ала көлеңнен* атқа мінгізген (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Ала көлеңке.** а) *Таң қылаң беріп келе жатқан елаң-алаң кез, немесе кешкі апақ-сапақ мезгіл.* Кешкі *ала көлеңкеде* үшеуміз шам жақпай сыбырласып ұзақ отырдық (З. Шашкин, Өмір тыныеы). Әбдіқай үйіне апақ-сапақ *ала көлеңке* шақта келді. Үйге шам жағып, кешкі астың қамына көшкен Тұрдыхан жұбайының келгенін аңғармай қалған («Лен. жас»). ә) *Күңгірт, көмескі; жарық аз түскен жер.* Уақыт — таң алды. Бөлме *ала көлеңке.* Қылыш асынған, қолдарында шолақ мылтықтары бар төрт-бес солдат

көрінді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Үйдің туырлығы түріліп шиі ғана қалғандықтан, үйдегі оттың сәулесі бірсыпыра жерге *ала көленке* жарық түсіреді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Үй** кеңдігі мүмкіндік берсе, ауру адамның кереуетін жарығы мол жерге, терезеге таяу қою керек, *ала көленке* жерге қоюға болмайды (Е. Оразақов, Туберкулез). **Ала көңіл.** *Жарым көңіл.* Қайрақбайдың айтып келуіне қарағанда, оқуын жақсы кетіп баратқан көрінеді, сондықтан хатыммен *ала көңіл* етпейін деп ойладым — депті Бөтес (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Ала қанат.** *Қардың бір жері еріп, бір жері ерімеген, ала шабыр.* Қазір жер — *ала қанат.* Тоң әлі жөндеп жібімегенімен, көктем лебін асыға жеткізген өкпек жел жанға жайлы-ақ тиеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Ала қарға.** *Басы, қанаты және құйрығы қара, арқасы мен бауыры сұрғылт, тұмсығы үшкір, торғайлар отрядына жататын құс. Ала қарға* СССР-дің европалық бөлігінің барлық жерінде, Кавказда, Батыс Сібірде, Түркменстанда кездеседі, Қазақстанда кең тараған (ҚСЭ). **Ала қаудан.** а) *Сирек, әр тұстан бір.* Көрді де келді бауға түсіп таудан, Жолықты жігіттерге жылқы сауған. Аты мен тұрпатына таңырқасың, Жиналып қалды олар да *ала қаудан* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Ала бөтен, елден ерекше.* Қарыптап қара тер боп қиналғанмен, Шаманды байқап жүрміз көріп күнде. Әбішті *ала қаудан* желіктірме (Айтыс). **Ала қол.** *Біреуге олай, біреуге бұлай қараушылық.* Ер шауып, төсек жасап, тігеді етік, Өлкеде өнерлі жоқ онан жетік. *Ала қол* арамдықсыз адал істер, Көрген жоқ ең адамды ол өкпелетіп (Д. Еркінбеков, Айдай). Бақтығұл «қашан шақыру келеді» — деп ажал сағатын күткендей, жүрегі күпті болып *ала қол,* арамза билердің өмірін, көрін күтті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Ала қолдық.** *Алалаушылық, бірдей қарамаушылық.* Тегінде жоспарлаушы мекемелер түскен товарларды жер-жерге бөлуді қолға алғанда, әр мекеменің ерекшелігін ескермейді ғой дейміз. Әйтпесе мұндай *ала қолдық* болмас еді («Лен. жас»). **Ала қолсыз.** *Көпке бірдей, ешкімді алаламайтын, әділ.* Қадірі қалың, малы көп, Қылмаған кімге себепті? *Ала қолсыз* мырза еді, Кем-кетікті елепті (Абай). **Ала құйын.** а) *Тез басталып, тез қоятын алай-түлей, ұйтқи соққан қатты жел, боран.* Сұрапыл дауыл барған сайын екіленіп үдей түсіп, даланы ала сапыран бір *ала құйынға* айналдырып жіберген болатын (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Әуе айналып жерге түседі. Тағы бұзылады. Алай-түлей жел соғады. Тауды, тасты тулақша сабап, дауыл соғады. Шоқпардың әуесі осындай *ала құйын* (І. Жансүгіров, Әңгім.). ә) *Мінезі айнымалы, құбылмалы адам. Ала құйын* мінезім бар ашулы, Қапелімде басылам ба, болам ба?! (І. Мәмбетов, Сыр). Ісі түсіп еді,— Иілді.— Ағажан — деп бұйырды. Талай көріп жүрміз ғой, Мұндай да *ала құйынды* («Соц. Қаз.»). Екеуі дәл осы сәтте балалықтың аумалы-төкпелі *ала құйын* мінезін шарт түйіп тастап, байсалды бола қалыпты (А. Байтанаев, Асан). Құдай мені одан кем жаратпаса да, кешегі *ала құйын* соғыс тамырыма балта шауып кетті...— деді ол (З. Иманбаев, Кең аймақ). **Ала құмай.** з а т. з о о л. *Басы, мойны, құйрығының үсті ақ, тықыр мамықты, арқасы ақшыл сары, бүркіт тәрізділер тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Ала құмай* ауаны ластайтын және түрлі ауру таратуға себепкер болатын өлекселермен қоректенетіндіктен пайдалы құс (ҚСЭ). **Ала қыстай.** *Қыс бойы.* Алтайдың бар ермегі *ала қыстай,* Далада жүру болды іші пыспай. Жанына адам ертпей жалғыз жүріп, Жайылды өз бетімен тағы құстай (С. Мұқанов, Сұлушаш). **Ала тай.** а) *Ел арасын бүлдіруші, ылаң салушы.* «Неменеге «сабыр», ойбай!» — деп көтеріліп кетті әйел. Екі елді бүлдірген *«ала тай»* емес пе? (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). ә) *Асық ойынында екінші бір ойнашының асығының арасына қосып жіберетін сақа.* **Ала тайдай бүлдірді.** *Ел арасына ылаң салды, араздық тудырды.* «Асан қайғы, Әз Жәнібек», *Елді ала тайдай бүлдірді»* дейтін қария сөздері қырғыз халқында да бар («Қаз. әдеб.»). **Ала таң.** *Таң жаңа атып келе жатқан ертеңгілік кез.* Жол елдің билік ісіне, басқару ісіне *ала таңнан* тұрғаннан көзі ұйқыға кеткенше кірісетін жан (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). ...Әкесі «өлі маусым» деп атайтын жаздыгүні *ала таңда* тұрып, ат жарысқа жөнелетін-ді («Қаз. әдеб.»). **Ала топалаң.** а) *Айран-асыр, опыр-топыр.* Патша әскері қылыштарын бұлғалап бері шапты. Исатай тобы қарсы барып айқаса кетті. Сарт-сұрт ұрыс. Шықыр-шықыр темір дыбысы. Айқасқан қылыш-найза. Құлаған адам, жығылған аттар, *ала топалаң* ақ шаңдақ (Б. Аманшин, Жар мұңы). ә) *Қырғын, апат.* Мұндай *ала топалаң*

шабуылды күтпеген жау көздері байпақтай болып, естері шыға кері шегінді (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Ала шабыр.** *Бір тегіс емес, ала-құла.* Төңірек қап-қара түнек болып алған. Ай бардағы *ала шабыр* бұлт ол батқаннан кейін қалыңдап алса керек, аспанда бір де жұлдыз жылтырамайды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Ала шабыр* қары кеткен жар басы қарауытып көрінеді, көзге кейде топтанған атты-жаяу адам сияқты елестейді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Әлібектің көмірдей қара шашына, тығыз дөңгелек қара сақалына *ала шабыр* ақ еніпті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бұлт ала, жер шола. *Біркелкі емес, бір тегіс емес.* Шынымменен тамам ел Кете ме екен ит бола? Ішкені мас, жеген ток, Уайым айтар біреу жоқ, Тым болмаса болмады *Бұлт ала, жер шола* (Абай). **Бір енеден ала да, құла да туады.** *Адамның бәрі бірдей емес, біреу олай, біреу бұлай. Бір енеден ала да, құла да туады* деген сөз ып-ырас. Біздің Тананың тең жарымы оқымысты дана келсе, бір бөлегі мына Мәмбет сияқты жарты бас мінезді шеннен шыққан бұзық (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Көк ала қойдай.** *Соқыры жеп, денесіне таяқ өткен, дақ түскен.* Жігітті шешіндіріп қараса, көгермеген жері жоқ, тұлабойының бәрі *көк ала қойдай* (С. Шарипов, Шығ.).

2. АЛА з а т. к ө н е. *Жылқы ішінде көрнекті, жүйрік ат.* Мінген аты *ала* еді, Қылшық жүнді қара еді (Батырлар жыры). Ерлер мінер *алаға,* Көңілім толды санаға (Бұл да).

АЛАБАЖАҚ с ы н. *Аламыш, ала-құла.* Қыз үстіне *алабажақ,* әлеміш, шолақ жең көйлек киген, шашы дудырап иығына түскен. Доғалға таңырқай қарап тұр (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Алабажақ* көйлектерінің етегін бос жіберген американдық туристер де сағыз шайнап сандалып жүр («Лен. жас»). Келіні үлкен *алабажақ* әбдірені ашып, саудыраған елтірілерді қонақтың алдына қойды (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).

АЛАБАРҚЫН с ы н. *Қара қоңыр.* Қарлы шошақ шоқылар, немесе сирек, *алабарқын* тау арқалары көрінеді (М. Әуезов, Таңд.). Сонда Сәттің күнге тотыққан қара күрең жүзі *алабарқын* тартар еді (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

АЛАБОТА з а т. б о т. *Алабота тұқымдасына жататын бір жылдық немесе көп жылдық шөптесін не шала бұта өсімдіктер туысы. Алаботаның* 225 түрі белгілі, оның 33 түрі СССР-де өседі (ҚСӘ). Қызылша —*алаботалар* тұқымдасына жататын шөптесін өсімдіктердің бір туысы (Ботаника). Бұл түс сырттан қарағанда шөл дала, меңіреу жазира секілденгенімен, шөптің нелер асылы осында өседі. Изен де, балауса да, *алабота* да, шыралжын да, ермен, бұйырғын, қара от — бәрі де бар («Қаз. әдеб.»).

АЛАБОТАЛЫ с ы н. *Алаботасы мол.* Ал Асақай төңірегі қалың күйреуікті, жантақ, *алаботалы,* шытырлы болып келеді («Қызылқұм»).

АЛАБОТАДАЙ с ы н. *Алабота сияқты.* Бұйырғынның да бояуы оңады, *алаботадай* сарғыш тартып, аласара түседі (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЛА-БӨЛЕ ү с т. *Айырықша, елден ерек.* Жасы он үшке келгенде Қуан өз қатарларының ішінде *ала-бөле* көзге түсетін өнерші бала болды (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Досжан жүрттан *ала-бөле* үздік болуды өте сүйетін жігіт (Б. Майлин, Таңд.). Бұл Нұрымның кеудесіне ерекше сезім құяды, *ала-бөле* мақтаныш! (Х. Есенжанов, Тар кезең).— Міне, қойымды қырқып біттім, қазір көшемін.— Елден *ала-бөле* қайда көшпексің («Қаз. әдеб.»).

АЛА-БӨТЕН с ы н. *Айырықша, ерекше.* Сайыс, саба, жүлде — бәрі де мол әзірленуде. Әсіресе ат бәйгесінің әзірлігі *ала-бөтен* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Туған жер, аунап өскен бала мекен, Сен неткен ыстық едің *ала-бөтен!* Тұсыңнан сонау алыс түссе де жол, Көз алмай тауларыңа қарап өтем (Жас қанат). Андаманның негізгі тұрғындарының бірден көзге түсетін елден *ала-бөтен* бір ерекшелігі — бойларының аласалығы («Қаз. әдеб.»).

АЛА-БӨТЕНДЕУ с ы н. *Айырықшалау, ерекшелеу.* Барлық қалың елдің ішінде екі-үш ауылдың көші *алабөтендеу* (М. Әуезов, Таңд.).

АЛАБҰҒА з а т. *Жоны күңгірт жасыл, екі жақ бүйірі көлденең қара жолақты, бауыр жағы ақшыл сары, түсі айналадағы ортаға байланысты өзгеріп отыратын балық. Алабұға* өзендерде, көлдерде тіршілік етеді. *Алабұғаның* алдыңғы арқа қанатының тармақтары қатты және

өткір келеді. Басқа қанаттардағы тармақтар жұмсақ болып келеді (Зоология). Ақбалық, *алабұға* тізіп алып, Су басы толған бала қармақ салып. Шапанын көлеңке қып бүркеніп ап, Жүреді келемеждеп қойшы барып (Б. Майлин, Шығ.).

АЛАБҰҒАША үст. *Алабұға секілді.* Қойшы отырды. Нан мен май бердім. Қармақ қапқан *алабұғаша* қағып алып көмейледі (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЛАБҰРТ ет. 1. *Аурудан, не ішкі қатты толқудан беттің қызаруы, өңнің балбұл жануы.* Саян екі иығынан дем алып жатыр екен. Беті *алабұртып,* көзінің алдына көк сызықтар пайда бола қалған (С. Шаймерденов, Мезгіл). Дина өзінің төңірегін қоршаған мол дүниені ұмытып, «Ақжелең» сазымен болды. Өзі де күймен бірге жайнап, көзі күлімдеп, қабағы ашылып сала берді. Ашық жүзі *алабұртып,* жанары алаулап, өңі құбыла берді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Зояның өлгі өзіндегі көңілді қалпы өзгере қалды. Қабағы сәл түйіліңкіреп, ұзын кірпіктері тікіреніп, менің кескініме бір түрлі *алабұрта* қарады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Табиғат құбылысының немесе заттың құбылуы, түрленуі, гүл-гүл жайнауы.* Алма сорты: антоновка, китайка, *Алабұртқан* алмұрттары тізілген (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). Соқты дауыл жентектеп ала бұлтты, Жер мен көк дүр сілкініп *алабұртты.* Ысқырып толқын өзін аспанға атты, Тамшысы төнген төмен жара бұлтты (Жас қанат). Оң жағында алты қанат оюлы ақ отау қараған көзді қарықтырады. Кестелі дөдеге *алабұртып* құбылып тұр (С. Талжанов, Сейфолланың Сәкені). 3. *Көңілдің алып ұшуы, орныққпауы.* Ұядан ұшқан жаңа бала бүркіт, Көз салды әр нәрсеге *алабұртып.* Көргенде өмірдің сұм озбырлығын Жас жаны түршіге бір қалды үркіп (І. Есенберлин, Большевик.). Үй іші үнсіз. Жаңыл ақ құманға шай салып отқа қойып, дастарқан жайды. Үндемесе де көңілі *алабұртып,* қимылынан жаңылып қалады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Рамазанның осы соңғы әрекетіне дейінгі барлық ісін Алмагүл жөн көріп, ылғи құптап келген. Ерінің әр ісіне сәт тілеп, көңілі аландап, *алабұртып* отыратын (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Самай шашты қырау шалды. Бұрынғы *алабұртқан* асау көңіл тоқтасқан секілді. Жүріс-тұрысқа баяулық, ұйқыға әдемі сергектік кірді («Қаз. әдеб.»).

АЛАБҰРТУ *Алабұрт етістігінің қимыл атауы.* Аңшылық *алабұртуы* басылған соң, артығырақ кеткеніміз де еске түсе бастады (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

АЛАГЕУІМ үст. *Елең-алаң мезгіл, апақ-сапақ уақыт.* Болғанда *алагеуім* үйдің іші, Қуарып, бір қызарды қыздың түсі. Атырды таңды бүгін кірпік қақпай, Тебірентіп тоқсан түрлі күйдің күші (І. Жансүгіров, Шығ.). Егін даласындағы жұмыс таң *алагеуімдегі* салқыннан басталып, түскі үзілістен соң, түнгі сағат 11—12-ге дейін созылады екен («Лен. жас»). Сараң сөзбен дәл жасалған сурет шексіз құм басқан аңызақты даланы, кешкі *алагеуімде* суалған өзен арнасынан өтіп бара жатқан керуенді оқушының көз алдына келтіреді («Қаз. әдеб.»).

АЛАГЕУІМДЕН ет. *Жарықтың күңгірттеніп, көмескіленіп түсуі.* Күндіз павильондар көлегейленеді, қосалқы торлардан түскен жарық ай сәулесіндей *алагеуімденіп* тұрады («Лен. жас»).

АЛАГӨБЕ үст. *Елең-алаң кез.* Бәрі шеру тартып аттанып жүріп келіп, Катаноев, Волковтардың бұйырған сағатында, таңертеңгі *алагөбеде* түс-түсынан «Амантайды» қамап алыпты (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЛАГӨБЕДЕН үст. *Таң атпай, ертемен.* Күдер үзбеген Дүйсен *алагөбеден* тұрып, кешегі орнына келіп отырды... Манаурап таң да атты («Қаз. әдеб.»). *Алагөбеден* тұрған Нұрқан да көз шырымын алуға ұйғарғандай, профессордың қасына қисайып жатты (Н. Баяндин, Ертістің арғы жағы.).

1. АЛАГӨБЕҢ үст. сөйл. Алагөбе. Кешкі *алагөбең* уақыт еді, жар жағасынан фашистердің таңбасын көзім шалды (А. Лекеров, Түз гүлі).

2. АЛАГӨБЕҢ сын. жерг. *Ішіп-жемдігі ғана бар, орта шаруалы.* Жылы қорадан шыққысы келмей сылтау іздеп, бойкүйезденіп отырған *алагөбең* шаруаға бір жағынан ә да [төлдеген мал да] етек басар (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мал баққан *алагөбең* шаруаның онан сайын зәресі ұшты («Лен. жас»).

АЛАГҮЛІК зат. зоол. 1. *Түсі сарғыш жасыл зауза қоңыздар тұқымдасына жататын қоңыз.* Денесіне маса миллиондап, сона мыңдап жабысқанмен мыңқ етпейтін сиыр сорлының жауы — «сәйгек» аталатын инелік пен *«алагүлік»* ата-

латын көбелек (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қызыл басты *алағүлік* қоңыздар егістікке тобымен түседі, жапырақтарын тұтасымен жеп қояды, қызылшаны да жеп қояды (Овощ өсіруші.). 2. *Түйеде болатын ауру.* Қазақстанның барлық жерлерінде де түйенің *алағүлік* ауруы кездеседі (Х. Арғынбаев, Мал ауруы.). 3. А у ы с. *Ел арасына іріткі салушы, бүлдіргіш, бүлікшіл.* Қайтадан ескі жолды саламыз деп, Жұртына көшіп кеткен қонамыз деп. Алаштың *алағүлік* басшылары Жатыр ақ ордасына одақ іздеп (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЛАҒАНШЫҚ з а т. *Бір басылып, бір үйтқып соғатын боран. Алағаншық* сырғыма түні бойы тынымсыз соққан боран орнын сылап-сипап, шетсіз-шексіз ұзын жыландарша қатар түзеп, батысқа қарай ирелеңдеп, шұбатылып кетіп жатыр («Қаз. әдеб.»). Аңғарынан көк аспан, Арылмай тұр бұлт әлі. *Алағаншық* ақ боран Қар лақтырып бұрқады (С. Мәуленов, Өленд.). Тегі түндегі нөсердің арты *алағаншық* бұрқасынға айналса керек (С. Шаймерденов, Мінез).

АЛАҒАНШЫҚТА е т. *Қарды үйтқи борату.* Долы желдің айдауына түсіп, түтіндей болып *алағаншықтаған* ұсақ қар үйтқи келіп, қуыс жердің бетін басып жатыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Күн кешкіріп қалыпты. Түнде елсіз-жолсызда адасып жүрмейік. *Алағаншықтап* жатыр ғой. Боран болып кетпесін, кім біледі... (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АЛАҒАТ с ы н. д и а л. *Бір тегіс емес, ала-құла.* Бастың желке тұсы қиқы-жиқы болды. Оны тегістеуге қанша күш салғанмен, *алағат* үстіне *алағат* қосыла берді (Т. Дәуренбеков, Бір түйме.). Міне, біз Тасқайнаттың шыңында тұрмыз. Шың басында ағарған *алағат* қар енді аяқ астында (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

АЛАҒҰС с ы н. с е й л. *Әумесер, делқұлы.* Жақажан өзі әуелден-ақ *алағұс* еді, қой болмас!— десіп жұрт тарап кетіпті (С. Талжанов, Адам тур.).

АЛАҒЫЗ е т. *Елегізу, елеурету, алыпұшу.* Өзге жылқыдан озғындап шығып, ойнақ салып шапқылаған құнан-дөнендер де көрінді. Балалардың тайлары бұл дүбірді байқап, тегіс *алағыза* бастаған екен (М. Әуезов, Абай). Кең даланы жаңғырықтырып айқайлап, поезд қырды ұйқыдан оятты. Ауыл адамдары *алағызып* дөңге шықты (І. Жансүгіров, Әңгім.). Алдымызда биік-биігі андыздай көрінген «Ешкілі» тауы тақаған сайын біртүрлі *алағызып,* ауылды да сағынайын дедім (Ғ. Орманов, Жүрек).

1. АЛАЙ з а т. *Ұяң жүнді қой тұқымының бір түрі.* Бұл топқа жүні біркелкі ұяң болатын сараджин тұқымды, *алай,* қарғалы тұқымды қойлар жатады (А. Елеманов, Қой шаруаш.).

2. АЛАЙ е т. 1. *Көздің үлкейіп аларуы.* Көзі *алайды...* Танаулары қусырылды. Мұрны үшкірленіп, еріндері көгілдірленіп тамсанып жатыр (І. Жансүгіров, Әңгім.). Мөлдір тұнық қара көз Ажарсыз тартқан *алайып.* Келте қара шашыңыз Түбіт бопты шолайып (Бұл да). Мойнына қыл арқан сап цехқа қарай сүйрете тартсам, Жанастың екі көзі *алайып,* булығып табандап кейін қарай шегінеді (З. Шашкин, Өмір тынысы). 2. А у ы с. *Жақтырмай, ұнатпай едірейе қарау.* Күлме,— деді нағашым ұнатпаған кескінмен бетіме *алая* қарап,— дастарханы кір болғанымен, көңілі кір адам емес (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Кешігіңкіреп артын ала сары портфелін сүйретіп шыққан Нұрқат Нұрланға *алая* бір қарап, томпаңдап бұрыш айналды (З. Шашкин, Сенім).

АЛАЙ-БҰЛАЙ ү с т. *Олай-бұлай, әрлі-берлі, біресе олай, біресе бұлай.* Тоқаш буманы алды. Ақтарса газетке оралған бір бөлке нан.— Нан! Тоқаш *алай-бұлай* аунақшытып таңдана қарады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Таңырқап қарттар шұлғысып, Топшылап *алай-бұлай* да, Шұнаңдап жүрген кіл пысық (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

◆ **Алай-бұлай болса.** *Зәузайтан, алдажалда, жазатайым.* Қыршын жастар жасына жетпей өмір қызығын көре алмай кетуі де мүмкін ғой. Біз болсақ елуге келіп қалдық. Жас шағымыз да жаман өткен жоқ. *Алай-бұлай болып* кетсек, өкініші де жоқ сияқты (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

АЛАЙДА ш ы л. *Бірақ та, дегенмен, сонда да, сүйтсе де.* Ол кезде баста тізгін жоқ, Аққу көлде жүзген жоқ. *Алайда* халқым сол күнде-ақ, Бақытқа құдер үзген жоқ (Жамбыл). Мұхиттың Қайырбек үйіне келгені бір бұл емес. *Алайда,* мына сәнді бөлмесін көруі бірінші рет (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АЛАЙДА-БҰЛАЙ ү с т. *Әрлі-берлі.* Әлтай көк сұр қыран көзден таса болған-

ша, аспанға қарап тұра берді. Мен жаралы болып кеткен кекілікті *алай да-бұлай* іздестіре бастадым (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

АЛАЙ-ДҮЛЕЙ үст. сөйл. **Алай-түлей.** Күн бірде май кешіндей тамылжып, бірде қақағандай *алай-дүлей* боранды елестетіп, ... көп жағдайларды түптен тартып қозғайды (К. Оразалин, Ақ жазық). Мен Арман ағайдың жүзіне қарап едім, ол кісінің өзі де мылқау табиғаттың осы бір *алай-дүлей* апатымен алыса қызынып алған екен (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Атаман ішінен қошеметті жаны тілейді, бірақ тап бүгін көңілі *алай-дүлей* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Ішіңнің *алай-дүлей* болып жатқаны көрініпақ тұр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күнд.). Мұрат толғанып тұр, ойы қым-қиғаш, көңілі *алай-дүлей* (Т. Нұртазин, Мұрат).

АЛАЙТ *Алай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оразбеков оның бұл сынын ұнатпай қалды. Ол бұртиып, қабағын түйіп, Жарқынға көзін *алайтып* бір қарады да, ... өлденені асығыс жаза бастады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АЛАЙ-ТҮЛЕЙ үст. 1. *Қатты соққан дауылдан, боранның төңіректің ұйқы-түйқы болуы.* Үдей соққан ақ дауыл Қарағандының бұтасыз биік жоталарын *алай-түлей* етті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Енді дәл түс кезінде бұзыла бастаған күн райы қазір оп-оңай құтыра соққан *алай-түлей* дауылға айналды (М. Әуезов, Өскен өркен). Ызғырық жел арқа бетке шығып алып кенет уілдеп-ұлып, ышқынып соғып жіберді. Қамыстар жапырыла құлап, топырақ борап, дүние *алай-түлей* болды да кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. Ауыс. *Аласапыран уақыт, қиын-қыстау кез.* Ашындырған ауыр өмір азабы, Бұлқындырған болашақтың азаны. *Алай-түлей* айқасында өмірдің Әлі есімде, бір топ жасты қамады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Жәмила тыңдар емес ештемені, Нұрланы, Нұрланы тек көксегені... Келеді жан таласып, жалғыз кешіп Бір долы *алай-түлей* дүниені (Қ. Аманжолов, Шығ.). 3. Ауыс. *Ішкі сезім дүниесінің, көңілдің әлем-тапырық болуы: күйіп-жану, алағызу.* Қуаныш пен күйініш мидай араласып, бойымды билей алмай балқып кеттім. Жан сарайым жалын атып, ішім *алай-түлей* болды (С. Омаров, Тастағы жазу). Табалдырықтан аттап еңсесін көтере бере әнші аңырып тұрып қалды. Жоқ, аңыру емес, бұл бір құйынша үйіріп, жан-дүниесін *алай-түлей* қылған асау сезім («Лен. жас»). Менің ішім *алай-түлей*, ал бөлменің іші жым-жырт. Тәмпіш мұрны пыс-пыс етіп, еш нәрседен қаперсіз бөпем жатыр (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

АЛАҚЕУІМ үст. сөйл. **Алагеуім.** Кеш батып, айнала *алакеуім* тартып қалған шақ еді (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Екі кештің арасында, *алакеуім* бейуақытта сүттей ұйып отырған үй іші у-шу болды («Қаз. әдеб.»).

АЛАКӨБЕ үст. сөйл. **Алагөбе.** Таң *алакөбеде* бір түлкі тамақ іздеп жүріп, ағаштың бұтағында қонақтап отырған қоразды көреді (Қазақ ертегі.). Қыздар кеңсеге таң *алакөбе* бола бастаған кездеақ келген еді (С. Мұқанов, Шығ.).

АЛАКӨЗ: Алакөз құс. *Сүңгуір үйректер туысына жататын құс.* *Алакөз құс* қамыс арасына ұялайды, 6—10 жұмыртқа салады (ҚСЭ).

АЛАҚҰШІК зат. 1. *Халық ойыны.* Жастар [көбіне балалар] өзара кезектесіп, бірі *алақұшік* болады да, қалғаны соны мазақтап жүгірісіп ойнайды. Мақсат *алақұшіктің* қолына түспеу, қайсысы түсіп қалса, келесі *алақұшік* сол болады (ҚСЭ). 2. Көне. *Жау қолына түскен жесір.* Менің *алақұшік* болған заманымда деу осыдан шыққан (ҚСЭ).

АЛАҚ: Алақ етті. *Бір нәрсеге шошына жалт қарағанда көздің шарасынан шыға бажырайы.* Нұрғали пышақ салып алады деп мастан да қатты қорқатын. Әдхамның дауысы көтерілген кезде көзі бір *алақ етеді* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Махмет *алақ етіп* мастерге қарағанда өзінің фамилиясы аталғанға таңырқап қалды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АЛАҚАБДАЛ сын. жерг. *Орныққаған, олқын-толқын.* Үкіметтің орныққан *алақабдал* болып тұрған уағы — көпшіліктің істеген наразылығына қарсы әкімшілік істей алмады (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛАҚАЗ зат. зоол. *Сырт көрінісі қазға да, үйрекке де ұқсайтын жалпақ тұмсықтылар отряды, үйректер туысына жататын ірі құс, италақаз.* Ересек еркек *алақаздың* басы мен мойнының біраз жері, иығы, құйрық қауырсындарының ұшы қара, жемсауы мен мойын түбі, арқа-

сының артқы бөлігі ақ, көкірегі сарғыш (ҚСЭ).

АЛАҚАЙ од. *Қуанып шаттанғанда, мәз болғанда айтылатын сөз.* Балақай-ау, балақай! Жаз келді жайнап, *алақай!* Қызғалдағы желкілдеп, Шақырады қыр мен сай (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Мал да, адам да жан иесі мәз болды, Қатар түзеп үйрек, аққу, қаз келді. Жердің жүзін бейне ұжмаққа теңейтін, *Алақай-ау, алақай-ау,* жаз келді (Б. Майлин, Шығ.).

АЛАҚАЙЛА е т. *Алақай-алақай деп қуану, мәз болу, шаттық көңіл күйін білдіру.* Тереземен күн төніп, Жарқырады бөлмеміз. *Алақайлап* қол соғып, Қуанамыз күнге біз! (М. Әлімбаев, Орақ — олақ). Шабуыл түн ішінде жеделдетті, Асығып алаштар да жедел кетті. Әндетіп *алақайлап* қалың сарбаз, Күңірентіп көше бойын өлеңдетті (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Ақпандағы алты ай қыс, Атқа мінсе жаз болған. Ол барған жер жадырап, *Алақайлап* мәз болған (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

АЛАҚ-АЛАҚ: Алақ-алақ етті. *Жанжағына алақтап, жалт-жұлт қарай берді, алақ-жұлақ етті.* Асылбек жан-жағына *алақ-алақ етіп,* көздері бақырайып барады («Лен. жас»).

АЛАҚАН з а т. 1. *Саусақ пен білезіктің аралығындағы қолдың ішкі жақ аясы.* Әліп қабырғадан дымқыл көмірдің арасынан тамшылап тұрған қара суды *алақанымен* іркіп тосып алып жұтады (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Ноқталы бет қара әйел аузын аңырайтып, маңайындағыларға бірсыпыра қарап тұрды да, *алақанына* түкіріп алып келсапқа жабысты (Б. Майлин, Шығ.). Ажарға үңілген Қаратілеу өлгенін енді ғана білген боп, бетін *алақанымен* басып отыра кетті (С. Мұқанов, Шығ.). 2. *Жапырақтың сабақпен жалғасқан бөлегі.* Жапырақ сабақ пен *алақаннан* тұрады. Жапырақта көптеген тыныстық саңылаулар болады (А. Ажкеев, Қант қызылшасы). Көптеген өсімдік жапырақтарының сағақтары бар, олар жапырақ *алақандарына* күн сәулесі түсетіндей етіп, олардың беттерін күнге қарай бұрып тұрады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Картоп алқа-паслен тұқымдас. Оның *алақаны* тілкемделіп келген жапырақтары бар, гүлі қос жыныстыы (Бұл да). 3. А у ы с. *Қамшының сабына орнатылған өрменің түбін бекіткен жердегі жалпақтау келген қайыс.* Қамшының *алақаны* ылғи қалың былғарыдан екі қабат болып жасалады. Жалпақ жағынан өрім ұштасады да, екінші жіңішкерген ұшы саптың бауырына бекітіледі (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк). 4. А у ы с. *Бет-қол сүртетін орамалдың екі жақ ұшына таяу жері.* Шым кесте түскиіз, сандық қап, қызыл мақпал шапан, орамалдың *алақаны,* жастық жапқыш, кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға тігіледі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

◆ **Алақан ашты.** *Алақанға қарап бал ашты.* Тұрақты еңбек істемеген цыған әйелдері *алақан ашып* күн көруді кәсіп етеді (Ауызекі тіл). **Алақанға салды.** *Әлпештеді, мәпеледі, аялады.* Ғазиза жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп *алақанына салған* баласы (М. Әуезов, Таңд.). Ғани жалғыз бала болғандықтан, олар мұны жастайынан *алақанға салып,* айтқанын екі етпей мейлінше еркелетіп өсірді (М. Иманжанов, Көк белес). **Алақанда аялады.** *Алақанға салды, әлпештеді.* Тұңғышым, тұнық алдым, Мақпал балам, *Аялап алақанда* баққан, балам. Жалғызым жайраңдайсың, ойланбайсың, Жоқ сағаң алдыңдағы жатқан анаң (І. Жансүгіров, Шығ.). **Алақанда ойнатты.** *Бір істі емін-еркін меңгерді.* Бұрын пышақ тимеген өкпе енді хирургтердің *алақанында ойнайтын* болды. Жаңа техника өкпе туберкулезі ошағының дәл орнын және қандай шамада екенін жаңылмай табатын дәрежеге жеткізді (Е. Оразақов, Туберкулез.). **Алақан жайды.** а) *Намаз, бата, құран оқығанда қолды жайды.* Айқыз бен Жақсыбала *алақандарын жайып,* еріндерін аз уақыт жыбырлатып отырды да, беттерін сипасты (Аялы жандар). ә) *Өсті, жапырағын ашты, көгерді. Алақанын* тұр *жайып,* Жас ағашта жапырақ. Балғын өмір ғажайып, Жас дауыспен жамырап (Қ. Аманжолов, Шығ.). Жас қайыңның жапырағы *Жайып* көкке *алақанын.* Түскен бойда тосып алды, Мөлтілдеген нұр маржанын (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). б) *Тіленді, еміпді.* Анадан шапағатын аямаған, Бар болса бала, келін аялаған. Қарттықты үкіметке міндет қылып, Қалайша *алақанын жайды* адам (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Бар тапқаны колхозға *алақанын жайды* да отырады (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Алақан көз.** *Үлкен, бадырай-*

ған көз. Қайқы төс, биік шоқтық, етсіз басы, Тозбайтын тұяқтары асыл тасы ...Шоқ кекіл, *алақан көз*, қасқыр қабақ, Тамыры тілерсектің тарау-тарау (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бір жігіт ұзын бойлы, шойын қара, Ерекше көзге түсті жеке дара. Шоқ желке, *алақан көз*, жырық ерін, Денесі алқам-салқам бір дағара (Ж. Саин, Шығ.). **Алақанның аясында.** *Бәрі көз алдында, танымал.* Көз салыңызшы төңірекке, зәулім үй, сәулетті қала *алақанның аясында* тұрған жоқ па! (М. Иманжанов, Адам тур.). // *Қамқорлық, жан ашырлық.* Бала мектепке келгеннен кейін үнемі басынан сипап, бағыт көрсетіп отыратын ұстаздардың *аялы алақанында* болады («Лен. жас»). **Алақанның аясындай.** *Өте кішкентай, тар.* Қора ішін бөлісе келгенде Жаңбыршыға *алақанның аясындай* жер тиеді (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *Алақанның аясындай* белгілі қуысқа жаяу ермелеп Әбен мен Кәден келді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Алақан соқты** [ұрды]. *Риза болғанда, қоштағанда, қошемет көрсеткенде қол соғып, құттықтады.* Артистер құмар қолқаға *Соғыңдар* дейді *алақан.* Шығады енді ортаға Жүсіпбек біздің — сал Ақан (С. Мәуленов, Жаңа арна). Жұрт Нұрыштың сөйлегеніне мәз болып *алақан ұрды.* Сапаш:— Алақай, алақай!— деді алақанын шапалақтап («Балдырған»). **Алақаны кең.** *Береген, қолы ашық.* Дәулеті мол, дастарханы бай, *алақанының кең* болсын деп қойған ғой (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Алақаны қышыды.** а) *Біреуден бір нәрсе алар-да ырым қылу.* Бүгін айлық беретін болу керек, менің *алақаным қышып* отыр (Ауызекі тіл). ә) *Жұмыс істегісі келді.* Өзім асыраймын, өзім бағамын, сенің *алақаның қышып* бара ма, отыр үйде (С. Бақбергенов, Алтынемел.). **Алақанына түкірді.** *Құлшынды, кіжінді.* Айтпады демессің, ертең Қаратаудың қойнына кіргесін, мына жігіттердің бірі қалмайды. Қашамыз деп әлден *алақанына түкіріп* отыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Бурабайға *алақаныма түкіріп,* кіжіне келдім, келе рентген сәулесімен емдеуді қолға алдым (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Үй шаруасына арам өліп бара жатса араласпайтын Қалау да *алақанына түкіріп* құлшынып шыға келді («Лен. жас»). **Алақанына салды, алақанында аялады.** *Қадірледі, аялап-әлпештеді.* Соқтықпай отыр апама! Білдің бе? Ақлима оны *алақанына салып* асырайды (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне). Сендерді, біле білсеңдер, бұл колхоз *алақанында аялауы* керек — деп Бақан бірақ тоқтады (М. Сүндетов, Ескексіз қайық). **Алақанына қарады.** *Күн көріс жағынан біреуге тәуелді болды, дәме етті.* Өзінен басқа еңбекке жарағаң ешкімі жоқ. Жас жігіт көрі әке-шешесінің *алақанына қарап* отыруды жөнсіз көріп, оқу мен жұмысты қабат жүргізуге бел байлады (Ауызекі тіл). **Ашса алақанында, жұмса жұмырығында.** *Өзі билеп, өзі төстейді.* Бұл шаққа дейін *ашса алақанында, жұмса жұмырығында* болып келген ағайынның осы бір сөздерінде зіл жатқанын сезген Жұман да үндей алмай қалды (Ғ. Мүсірепов, Танд.). Арғы беттің ескі үкіметінің қылышынан қан тамып өлке мен уалаят атаулының бәрін *ашса алақанында* ұстап, *жұмса жұмырығымен* бүріп тұрған кезі екен (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Құр алақан.** а) *Ештеңесі жоқ, құр қол. Құр алақан* үйде құдайың да аш қалады (М. Әлімбаев, 666 мақал.). Теңіз төрінен әрдайым *құр алақан* оралмайтын батыл капитан,— дейді Мұхтаров жадырай сөйлеп («Лен. жас»). ә) *Белгілі бір өнерден хабарсыз, қара жаяу, қолынан ештеңе келмейді.* Осы бір күй өнерінен *құр алақан* болғаныма нақ сол жолы қатты өкіндім де, іштей опық жедім (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Жомарт табиғат әркімді бір өнерден *құр алақан* тастамаған ғой. Асылқан да өз ісінің шын шебері еді (Қ. Жұмаділов, Қаздар.).

АЛАҚАНДА үст. 1. *Көз алдында.* Өзен жағасындағы шоқының дәл төбесінде отырмыз. Бүкіл жайлау *алақанда* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Алтай тауының бал қарағай бар жері Нұрқасымға *алақанында* тұрғандай таныс (С. Бегалин, Танд.). 2. *Сыры мәлім, құпиясы белгілі.* Арқа жерінің қай төбесін қай ауылдың жайлағаны да Омар ақсақалдың *алақанында* болатын (С. Мәуленов, Жер нәрі). Жеңгейдің қайын сіңлісі жалғыз Мәриям ғана десеңдер, тағы адасасыңдар, қаладағы атақты сұлудың бәрі осы кісінің *алақанында* десек те болады (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Кімнің кім екенін сіздерсіз де біледі мұндағы жұрт. Айтқан адамдарыңыздың ақ-қарасы *алақаныңызда* екені есіңізде болсын (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АЛАҚАНДАҒЫДАЙ с ы н. *Ап-анық, айқын.* Алтыбасар қаласы мен ар жағындағы отырған ауылдың далада жайылып жатқан малдары *а л а қ а н д а ғ ы д а й* көрініп тұрды (С. Шарипов, Шық.). Бәрі *а л а қ а н д а ғ ы д а й* сайрап көрінеді. Кеңсенің есігі ішінен берік (Қ. Әміров, Жастық шақ).

АЛАҚАНДАЙ с ы н. 1. *Кішкентай, көлемсіз.* Мен осы араға көшіп келгенде осы бір *а л а қ а н д а й* бұлақтың басын иемденем қояйын деп келгенім жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қарын қаптаған, *а л а қ а н д а й* жалғыз көз терезеден жөнді жарық сәуле түспейді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Алдымызда *а л а қ а н д а й* алаң бар. Бір-бірлеп еңбектеп барып, содан қымыздық теріп алайық — деді Жылбек (Ә. Шәріпов, Партизан.). 2. *Үлкен.* Бір табақтай қағазға *алақандай* мөр басып, Бір ноғайды бас қылып, Баласына барсын деп, Бір жолығып қалсын деп, Жандарал рұқсат береді (Үш ғасыр.). Бес-алты уығы *а л а қ а н д а й* жалпақ, бір кезде сырланғандығы, зерленгендігі байқалады (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Жас қайыңдар жағада басын иіп тұр. Оның *а л а қ а н д а й* жалпақ жапырақтарының көлеңкесі бейне бір бақыр теңгелердей деп-дөңгелек боп су бетіне шашырай түскен (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

◆ **Көзі алақандай.** *Шарасы кең, үлкен көз.* Әжем нұрлы, *к ө з і а л а қ а н д а й* қап-қара, дөңгелек жүзді, ақ құба кісі еді (С. Мұқанов, Таңд.). **Көзі алақандай болды.** *Қорықты, зәресі ұшты.* Бай *к ө з і а л а қ а н д а й б о л ы п* қорқып кетеді (Қаз. ертегі.).

АЛАҚАНДАП үст. 1. *Алақанын толтырып, алақанымен.* Жанынан Нұш дәрісін дереу алды, Аузына *а л а қ а н д а п* әкеп салды. Бір кезде есін жиып түрегеліп, «Болды — деп, бұл қалайша?» аң-таң қалды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Томсарып сұлу тұрды басын иіп, Жеңіл ме жас басына түскен күйік. Қалмақтың *а л а қ а н д а п* қанын ішкен, Қалайша қатын болсын жауын сүйіп (С. Сейфуллин, Өленд.). 2. А у ы с. *Аялап, мәпелеп.* Майға салып нан берген, Әр алуан ас берген, *А л а қ а н д а п* өсірген, Еркелік қылсам кешірген, Алпыс жасар сорлы анам, Алдыңнан шығып, жануар, «Құлыным, менің Төлеген, Көрдің бе?» десе, не дейсің (Қыз Жібек).

АЛАҚАНЫНДАЙ с ы н. с ө й л. Алақандағыдай. Көкшенің бар денесі, бар сұлулығы Алтынсариннің жүрегінде жазулы, Көкшенің қай жерінде нендей тамаша барын ол өз *а л а қ а н ы н д а й* біледі (С. Мұқанов, Аспаз).

АЛАҚ-БҰЛАҚ үст. ж е р г. Алақ-жұлақ. Жүректері дүрсілдеп, біріне-бірі қарағанда көздері *а л а қ - б ұ л а қ* етеді, қорқыныш ұялаған үрейлі көздер (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АЛАҚ-ЖАЛАҚ үст. с ө й л. Алақ-жұлақ. Нұри көзін ойнақшыта жан-жағына *а л а қ - ж а л а қ* етіп бір қарап өтті (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛАҚ-ЖҰЛАҚ үст. *Сасқанда, қорыққанда жан-жаққа алақтап, жалтақтап қарай беру; алаң-жұлаң, жалтаң-жұлтаң.* Иненіктей қатқан қара кісі ақ отаудан шыға келді де, *а л а қ - ж ұ л а қ* қарап кішкене тұрып, ұмтыла басып жерошақ басына барды (Б. Майлин, Шық.). ... Әке дауысын естігенде Тоқтар селк етіп көзін ашты. Бөтен біреудің үні емес пе дегендей жан-жағына *а л а қ - ж ұ л а қ* қарады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АЛАҚИҒАШ: Алақиғаш салды. Ж е р г. *Қиғылық салды, қыңырлық көрсетті.* Мына хатқа да жалаң аяқ қалдым, ботинка жібермесең, оқуға бармаймын деп *а л а қ и ғ а ш т ы с а л ы п* жазыпты,— деп Сидлер қарасұр бетіне қан теуіп қызарандап күлді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АЛАҚОРЖЫН з а т. з о о л. *Жонында, тұмсығынан құйрығына дейін жіңішке қара жолағы бар, қысқы ұйқыға жатпайтын тышқан тұқымдас кеміргіш жануар. А л а қ о р ж ы н* туляремия ауруын тарататын аңдардың бірі (ҚСЭ).

АЛАҚТА е т. 1. *Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ етуі.* Сусынға ұмтылып жылай бастаған соң, аз да болса жұтқызып көрейік деп беріп ек, құныға сіміргең бала аяқты аузынан алғанда, маңдайынан тер құйылып, көзі *а л а қ т а п* талды да қалды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Осы кезде Жаппардың екі көзі жын соққандай *а л а қ т а п*, өңі бұзылып, бет-аузы жыбырлап кетті (К. Оразалин, Көктем.). Жүреді қоян байғұс қорғалақтап, Жапырақ селт етсе де көзі *а л а қ т а п*. Келгенде жеме-жемге жөнеледі, Бұдырсыз табаны да сырғанақтап (С. Сейтенов, Бойжеткен.). 2. *Жалтақтап жан-жаққа қарау, асып-сасу.* Түн түгіл, күндіз де бұл таулардың қойнауын бір қадам аяқ басып жүру-

ге тағы болмайды — қаптаған арқар-марал, аю, қасқыр, түлкі, қоян, барыс, қабан, не қорқып жан сауғалап, *алақтап* қашасың, не мылтық атып басыңды қорғайсың (З. Шашкин, Сенім). Жүгіріп басып Күләнда келеді. Үлкен қара көздері ойнақшып, жан-жағына *алақтап* қарайды (С. Ерубаев, Шығ.). 3. А у ы с. *Көңілдің бөлінуі, орнықпауы; алаңдау, алабұрту.* Серіктікке сенімді жігіт таңда дегенде мен: Өзімнің ұлым — Петяны аламын — дедім. Өйткені ол артымда қалса, *алақтай* беретін сияқтандым (М. Иманжанов, Адам тур.). Есіктің алдына бір қабаған ит байлайық, сен де *алақтамай* сабағыңды оқытасың!— деді Осман келіншегіне (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АЛАҚТАС *Алақта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екеуі *алақтасып* асығып, қолдарымен ымдап, бандыларына бұйрық қылып, өздері кейін ойға қарай жорғалай жөнелді (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЛАҚТАТ *Алақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бақсы бет-аузын тыржыңдатып, аузын қисаңдатады, көзін *алақтатып,* түкіріне береді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Елеуретіп сөйлейсің, *Алақтатып* көзіңді. Әзәзілден сабақ ап, Бұлдіріпсің сөзіңді (Жамбыл).

АЛАҚТАУ *Алақта етістігінің қимыл атауы.* Қала көрмеген Әлжан мен Нұрғали қалаға енгелі сөз тыңдаудан қалған, жан-жағына *алақтаумен,* таңырқаумен келе жатқан (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Жаңағы кісінің бірдемесі қалды сізде. *Алақтауы* жаман (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

АЛА-ҚҰЛА с ы н. 1. *Әр алуан түс аралас.* Қолында аса. Асаның басына үкі, ұшына темір қадаған, өнебойы жылтырақ, шылдырмақ. Киімі алым-жұлым, *ала-құла,* басына кегер терісін киіпті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кешке қарай *ала-құла* киінген жас-кәрі жүргінші мейілінше иін тіреседі (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Жүгері деген ақ та, қызыл да, *ала-құла* да бола бермей ме? (С. Бақбергенов, Алтынемел.). 2. *Біркелкі емес, бір тегіс емес.* Киізге аяқтың тепкісі түгелдей тимеген жағдайда киіздің пысып, ширауы да *ала-құла,* нашар болып шығады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қоңыр үй, құрым үй, қосжапа тіккен, қайсыбірі арбаның жетегін көтеріп, паналай салған *ала-құла* ауылдың қонысы да қызық (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жаңа тебіндеп шығып келе жатқан көк те бір тегіс емес, *ала-құла,* сай көгергенде, төбешік басы — таздың басындай ала тақыр (З. Шашкин, Сенім). 3. А у ы с. *Бірі жақсы, бірі жаман, бірі артық, бірі кем.* Әбілқайырдың бұл сөздері маған бұрын білмейтін жаңалық боп естілді. «Апырай, коммунистердің ішінде де сондай *ала-құлалар* болады екен ғой!» деп таңдандым да, сондай адамдардың Коммунист партиясына қалайша мүше болу жайларын сұрадым (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шәкірттен шәкірт артық та, ардақты да емес, мұғалім үшін олардың *ала-құлысы* жоқ (М. Иманжанов, Менің махабб.). Көптің ішінде *ала-құлысы* бар. Адамның саусағы да біркелкі емес (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

АЛА-ҚҰЛАЛЫҚ з а т. 1. *Бір тегіс еместік, әр түрлілік.* Повестің стилінде *ала-құлалық* бар: алғашқы жарымы жеңіл, ойнақы баяндалып келеді де, ортасынан ауған соң бәсеңден қалады («Қаз. әдеб.»). 2. *Шалағайлық.* Коммунистердің алдында айтам: сен, Нұржан, мінезіңді өзгерт, адал бол. Ісіңде *ала-құлалық* көп (З. Шашкин, Өмір тынысы).

1. АЛАҚҰРТ з а т. *Малдың (қойдың) терісіне түсіп, қанын сорып қоректенетін бүрге тәрізді жәндік. Алақұрт* мал терісінің үстінде жұмыртқалайды. Жұмыртқадан шыққан ұрық жерге түседі де, жаз аяғында қуыршаққа айналады (С. Арзымбетов, Ауыл шаруаш. сөздігі).

2. АЛАҚҰРТ з а т. *Өрнектің түрі.* «*Алақұрт*» — көбінесе ши орауында, сырмақ шетіндегі жиектерде, төсек, жүк аяқ, кебеже, ас адал сияқты заттардың шеттерінде, «су» өрнектерінің кейбір түрлерінде кездеседі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АЛАҚҰРТТА е т. *Алақұрт өрнегін салып оюлау.* ...Үй сыртында уыққа *алақұрттап* аяқбау есіп отырған кәрі-құртаң белін жазып... тұрып қалыпты (С. Жүнісов, Ақан сері).

АЛАЛА е т. *Бірдей көрмеу, тең санамау, бөлектеу.* Мен таза болсам, адам баласын *алаламайын:* жақсылыққа елжіреп еритұғын мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын — мен (Абай). Осы қосылғалы отырған жеті болыс ел бір заманда бір-ақ болыс-ты. Сен *алаламасаң,* сауырламасаң... жеті бөлініп кете ме (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бөжейдің өліміне Құнанбайды шақырмапты. Әдейі *алалап* тастапты (М. Әуезов, Абай).

Онсыз да ат төбеліндей азғантай қазақты *алалап,* бірін жат, бірін жақын тұта алмаспын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЛАЛАУ *Алала етістігінің қимыл атауы.* Жақын-алыс деп білмес *алалауды,* Аққа жауып жаланы қаралауды. Өмір, өлім не нәрсе ұжмақ, дозақ, Білмейді бақ, күндеу мен табалауды (С. Торайғыров, Шығ.). Бұл стильдердің әрқайсысының өзіндік орны, өзінше ұтымды жақтары бар, сондықтан мынау артық, мынау кем деп *алалау* қиын (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АЛАЛЫ с ы н. *Ала түсті, әр түрлі түс араласқан.* Ұлықтар отыратын екі биік стол қатар қойылып, үстіне *алалы* мақпал жабылыпты (М. Әуезов, Абай жолы). Ұшына орамалдың түйдім сусар, Көп жылқы көк *алалы* көлде жусар. Кешегі ел қыдырған есер шақта, Ән еді Біржан салған «Жампас сипар» (Біржан сал). Текеметтей түрге бөлеп, *Алалы* қой дала жонын. Жылқы ішінде асыр салып, Ойнақтап жүр ерке құлын (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

◆ **Алалы жылқы, ақтылы қой.** *Мыңғырған көп мал.* Тобықты, білегі жуандығыңды қылдың ба? *Алалы жылқы, ақтылы қойын* жосылтып алдың (М. Әуезов, Таңд.). *Алалы жылқы, ақтылы қой,* Аңдыған бөрі жемей ме, Иесі ұйықтап жатқан соң (Махамбет).

АЛАЛЫҚ з а т. 1. *Бірдей еместік, айырмашылық.* Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па, Саусақтың *алалығы* біткен қолға (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). 2. *Бөтендік, жаттық.* Атаға баланың *алалығы* жоқ (Мақал). Тумасаң да туған баламдай болып едің. Жанар екеуіңнің маған *алалығың* жоқ, екеуіңді де бірдей көрем (Т. Ахтанов, Дала сыры). Балықшылар ауылы атанған көп тобырға оның өз көңлінде құртпай *алалық* жоқ еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 3. *Ала ауыздық, қырғи қабақтық.* Мамайдың жесірін аздырып, Құнанбай баласына әпермек боп, ел ішіне *алалық* салды деген сөз шығатын болса, ол Жиреншенің өзіне де мін болар еді (М. Әуезов, Таңд.). Бақ күндестіктен бе, болмаса аралас отырған соң, бірінің пәлесі біріне жайылған ба, әлде шекара әңгімесі сияқты қыс — қыстау, жаз — жайлаудың дауынан ба — әйтеуір бірнеше болысты түгел қаптаған араздық, *алалық* келді (Бұл да). Сендерде бірлік болмаса, *Алалықтан* өлеміз. Қорлық көріп дұшпаннан, Қан сорғалап кеудеден Жара болып өлеміз (Манас).

АЛАЛЫҚСЫЗ с ы н. *Шын көңілмен, адал ниетпен, қалтқысыз.* Енді ауқатына, күн көрісіне қарамай, адам баласы *алалықсыз* бауырласады. Сендер өздерің ұйымдасып бірігесіңдер (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛАЛЫ-ҚҰЛАЛЫ с ы н. 1. *Әр түс аралас, бір өңкей емес.* Үстеріне *алалы-құлалы* киім киген бір топ қыз бен жігіт клубқа келіп кірді (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Әр алуан, сан қилы. Алалы-құлалы* сырдың қандайын болса да ішіне сақтағыш, сыпайы жүзді, жылы қабақ, сөзге сараң, көңілі жібек қазақтың бір әйелдері болады (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

АЛАМАЙ з а т. 1. *Шектің айналасына, көздің жиегіне біткен май қабаты.* Бұ жолы боп көрінді қасы қалың, Көзінің *алмайын* біткен тарын. Азырақ беті жалпақ сықылданды, Ұнатты мінін таппай басқаларын (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. Ж е р г. *Бір нәрсенің айналасы, төңірегі.* Айша босағаға қараса, екі бүктеліп, түбі *алмаймен* сөгіліп қара шелек жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Осыдан екі күннен кейін ауыз үйдің терезесі *алмайымен* ойылып алынып тасталды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). // *Ара жігі.* Жоқ, Жарас, сен айтқаның мақұл, Жарас, Ақтарып айырып бер *алмайын.* [Жарас] Ендеше қыз да адамның баласы ғой, Өзі айтсын екеуінен қалағанын (М. Әуезов, Таңд.).

АЛАМАЙЛЫ с ы н. *Құйысқандығы толық, майлы.* Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы, Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы. Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп, Кетендігі шығыңқы, *алмайлы* (Абай).

1. АЛАМАН з а т. к ө н е. 1. *Көпшілік, бұқара. Аламанға* жел бердік, Аса жүртты меңгердік (Махамбет). Осы отырған *аламанның* мандай алды бір туысқан бауырының қанын төгем дейсің (М. Әуезов, Таңд.). 2. *Әскер, қарулы топ.* Білім болмаған соң ғой біздің мына жасақшылыққа жазылғанымыз. *Аламан* болып мылтық асынудан өзге қолдан келері аз (Х. Есенжанов, Тар кезең). Алдына дабыл тоңкерген, Артына сауыт бөктерген. *Аламанға* дем берген, Азды көпке теңгерген (Қобыланды).

◆ **Аламан бәйге.** *Ат 100 шақырым қашықтыққа дейін шабатын бәйге; қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойыны.* Қазақстан командасына Бүкілодақтық жарыстың ең жас қатысушысы 14 жасар Тұрсынқұл Әбдіқадыров енгізіліп отыр. Жүртшылық оның 7 километрлік қашықтыққа *аламан бәйгеде* атқа шапқанын көретін болады («Лен. жас»). Құнан бәйге, дөнен бәйге, *аламан бәйге*... көкпар, қыз қуу сияқты ұлт ойындары өзінше бір төбе («Лен. жас»). **Аламан тасыр.** а) *Алды-артына қарамайтын, тасыр-тұсыр.* Сіздің мына бір ай-шайды білмейтін *аламан тасыр* жігіттеріңіз, істі аяқтатпай, тобымызды жазбай осында алып келді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Ағыза шапты екі жас, *Аламан тасыр* ат қойып, Тұяқтары тұлпардың Жеткендей жерді шапты ойып (А. Хангелдин, Өткен күндер). ә) *Опалаң-топалаң, ойран-асыр.* Айналада ышқына соққан жел мен сусылдай ысқырған құмның дыбысынан басқа ештеңе де жоқ сияқты... Осындай *аламан тасырда* дала жыртқыштарының малға шабуыл жасау қолынан келе қоймас (Н. Баяндин, Құм асты.).

2. АЛАМАН з а т. з о о л. *Егіске үлкен зиян келтіретін ұсақ кеміргіштер тобына жататын тышқанның түрі.* Топырағы құнарлы, өсімдігі қалың жерлерде біздің кеміргіштердің ішіндегі ең зиянды-ларының бірі болып саналатын *аламан* деген аң жиі кездеседі (Ә Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

◆ **Аламан құлақ.** *Үлкен құлақ.* Бір бас пен бір беталдың өзінде талай оғаштық бар: төбе жағы сопақша, сонысына қарамай құлағы аса үлкен, ақ жарғақ, *аламан құлақ* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

3. АЛАМАН з а т. *Бүркіттің ақиығы, алғыр тұқымы.* Бұл — бүркіттің ішіндегі ақиық *аламан* деген тұқымы (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз).

АЛАМАН-АСЫР з а т. ж е р г. *Алай-түлей, ойпыл-тойпыл.* Оның жүрексіне толқи шығатын әуезді қоңыр даусы адам жанын *аламан-асыр* қылатын ащы-тәтті шындықтарды өлмес-өшпес керкем сөзге айналдырып жатты («Лен. жас»).

АЛАМАНДАП е т. к ө н е. *Аламан деп ұран салып, айғайлап. Аламандап* ат қойды, шыдай алмай бұ-дағы (Манас).

АЛАМАНДЫҚ з а т. *Жаугершілік, шапқыншылық.* Шыңғыс *аламандыққа* аттанып, әскер тартып шыққанда, әскерінің көбі татар екен дейді (Абай). *Аламандықтың* алға ұстап жүрген мен емес. Мен емес Батысты Шығыстан бөліп уалаят, хандық автономия деп тамақ жырта айқай салған (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АЛАМАНША ү с т. *Аламан секілді, аламанға ұқсап.* Алысып озбырменен ел билеген, Арманың өніменен әлдилеген. Тырбаның жатыр солай *аламанша,* Атақты Бөпи ұлы Мәди деген (С. Лөмбеков, Қарқаралы).

АЛАМЫШ с ы н. 1. *Қызылды-жасылды, немесе қара ала, ақ ала түстің аралас келуі.* Кровать тұсында қос ауыз мылтық, күміс сапты қанжар мен дүрбі ілініпті де, төңірегіне *аламыш* шымылдық ұста-лыпты (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). 2. *Шахмат тақтасының сызығы сияқты жарыса салынған қысқа-қысқа, кейде көлемді ұзын сызықтардан түзілетін өрнек, сурет.* VI—VII ғасырларда металл, қыш бұйымдарының суреті киізге түсірілген *аламыш* суретін қайталап отырды (ҚазССР тарихы). 3. *Бір тегіс емес, бір жері олай, бір жері бұлай, ойдым-ойдым.* Ала ат пен сары түйелі үш қалашы менімен тәртеу болып, малтыға-жырыла *аламыш* еріген қалың қармен, сулы қара жермен жылжып келеміз (С. Сейфуллин, Тар жол.). Топтанысып, жамыраңқырасып сөйлесіп, ақырын сыңқылдап күлісіп, қыз-келіншек ауылдың солтүстік жағындағы жалпақ *аламыш* қарағандарға қарай жүрді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Таз басындай *аламыш,* Шағыр шыққан шоқ-шоқ боп. Суын басып ашылап, Жайылып жүрген мал топ-топ (Б. Майлин, Шығ.).

АЛАМЫШТА е т. *Заттың түрін әлемжәлем ету, алабажақтау.* Үйдің ішін түрлі түсті бояумен *аламыштап* тастапты (М. Әуезов, Шығ.). Жер де сұр, үстіндегі шекпен де сұр, тек бір шалғайына бастырған көз ойдым боз жамау сұр шекпенді *аламыштап* тұр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Повестің тілі, жалпы алғанда, тәптәуір-ақ. Дегенмен, автордың айшықты сөзге әсіре құмартып, кейде сөйлемін *аламыштап* жіберетінін байқаймыз («Қаз. әдеб.»).

АЛАМЫШТАН *Аламышта етістігінен жасалған өздік етіс.* Тас көмірдің топырағы басып, қап-қара көмірдей болған бет қармен ысқан соң, азырақ *аламыштан*

н ы п қоңырқайланады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Аралары ыдырай бастап *а л а м ы ш т а н ғ а н* тұманды жердің қай жерінен көтерілгенін аңғармай да қалды (К. Оразалин, Ақ жазық).

АЛАМЫШТАУ с ы н. **1.** *Әлем-жәлемдеу, алабажақтау.* Біз Сережа екеуміз қолымызға түскен бояулы қағаздарды да, суреттерді де әкеліп жапсыра беретінбіз... Осылардың бәрі құрала келіп, Жанқия апайдың «бөлмесіне» тым *а л а м ы ш т а у* болса да, өз әлінше сән беріп тұрған тәрізді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **2.** *Селдір, сирек.* Қазақ салған егіндей *а л а м ы ш т а у* сақалым бар (І. Жансүгіров, Шығ.).

1. **АЛАҢ.** з а т. **1.** *Үй аралығындағы, бау-бақша, орман-тоғай, тау-дөңестердің арасындағы тегіс ашық жер.* Абай, Ербол жалғыз аяқ жолмен кеп өткелден өтіп, тоғайдың ар жағына шығысты. Кеңірек *а л а ң* бар екен. Сүйіндік ауылы көрінді (М. Әуезов, Абай жолы). Бұрынғы жалғыз қыстаудың өзен жақ төңірегі де, ой менен өрі де адамға толып кеткен. Қалың қой тастың ортасынан едәуір қомақты, теп-тегіс жайдақ жер, *а л а ң* көрінеді (Ғ. Сыланов, Асау арна). Айдынын аққу, қаз, алуан түрлі үйректер мекендеген қамыс ішінің *а л а ң д а р ы н д а ғ ы* көк үйірімдері құс базарына ұқсайды (С. Бегалин, Таңд.). Бұлтылдап шортан құған шабаққа ұсап, Талайынан құтылдым едіреңдеген. Жөнелдім бір *а л а ң м е н* шыға қашып Ойым жоқ жауға еркімді берем деген (И. Байзақов, Шығ.). **2.** *Үлкен жиналыс-жиындар, демонстрация, парадтар, ойындар өткізуге арналған белгілі орын.* Қарсақпай заводы. Завод үйлерінің ортасындағы *а л а ң* жерде жиналған жұрт. Митинг. Митингідегі жұрттың көпшілігі жұмыскерлер (С. Сейфуллин, Шығ.). Төртінші күні сәскеде екі палуан күш сынасуға орталық *а л а ң ғ а* шығады (А. Сарбопин, Аспалы бесік).

◆ **Аэродром алаңы.** Келе алмай Мессершмиді орамына, Қып-қызыл жалын орап жоғарыда. Құлады от күйінде омақаса, Өзінің *а э р о д р о м а л а ң ы н а* (С. Мәуленов, Таңд.). **Әдебиет алаңы.** Кейінгі жылдары көркем әдебиет шығармалары көбейіп, оқушыға бұрын аты естілмеген жас қаламгерлер *ә д е б и е т а л а ң ы н а* шықты («Соц. Қаз.»). **Базар алаңы.** Тарқандар да аттарыңа мініңдер! Алаңға! *Базар алаңына!*— деп. Студенкин дейтін писарь екінші жүз басына ілесе айқайлады (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Баскетбол алаңы.** Содан бері қыруар жұмыс істеліп те қалды. Волейбол, *б а с к е т б о л а л а ң д а р ы* қазірдің өзінде дайын (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Бәйгі алаңы.** *Б ә й г і а л а ң ы н а* комиссия мүшелері шығып, бәйгінің программасын жариялады (С. Бегалин, Жеткіншек). **Би алаңы.** Осы күзде орнатылған жас бақ ішінен *б и а л а ң ы* ашылды да, биік бағанаға репродуктор орнатылды (С. Шаймерденов, Мезгіл). Вальс күйінің ырғағы *б и а л а ң ы н* толқытып тұрды (Ж. Тілеков, Қайнар). **Вокзал алаңы.** Міне, өзіме таныс *в о к з а л а л а ң ы,* перрон («Балдырған»). **Волейбол алаңы.** Мына бір жазыққа *в о л е й б о л а л а ң ы н* орнатамыз (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). **Географиялық алаң.** Сабақты түгелдей *г е о г р а ф и я л ы қ а л а ң д а* өткізсе, әрине, оқушылар оны айқын түсініп алар еді («Халық мұғ».). **Гүл алаңы.** Кетсе де өтіп талай жаз бен талай күз, Ленинді біз мәңгілік деп санаймыз. Алматыда Үкімет үйі алдында, *Г ү л а л а ң ғ а,* ұлы адамға қараймыз («Партия тур. өленд.»). **Контакт алаңы.** Оқушыларды автоматикадағы механизмдердің синхронды істеу принципімен таныстыру үшін басқару пультін де *к о н т а к т а л а ң ы* сияқты етіп қолдан жасаған жөн (К. Айманов, Физика.). **Құрылыс алаңы.** *Қ ұ р ы л ы с а л а ң ы* құмырсқаның илеуіндей: бір топ адам зембілдеріне кірпіш тиеп апара жатса, біразы бос келе жатыр (Ө. Қанахин, Дәмелі). **Қызыл алаң.** Жас кезімде бүрсеңдеп... Қой бағып өссем далада. Таңғалсын әлем, көрсін деп, Мен тұрмын *Қ ы з ы л а л а ң д а* (Т. Жароков, Шығ.). **Майдан алаңы.** Аяқталмай қалды анкет, Отпен ойнап ол кетті. Қанды *м а й д а н а л а ң ы н,* Қара дауыл тербетті (С. Мәуленов, Таңд.). **Метеорологиялық алаң.** Мектептің *м е т е о р о л о г и я л ы қ а л а ң ы* оқу-тәжірибе участогінің ішіне орнатылған (З. Ақышев, Біздің шамшырақ.). **Мичуриндік алаң.** Жеріне жапан даланың Шаншып қатар көк шыбық. *М и ч у р и н д і к а л а ң ы н* Отыр колхоз өсіріп (Ақын жырл.). **Мұз алаңы.** Жарамайды жас адамдарға бұлай тұру. Жүріңдер *м ұ з а л а ң ы н а* (С. Шаймерденов, Болашақ.). **Ойын алаңы.** Туған елдің самалы, Бейне бақыт лебіндей. Көк майса — *о й ы н а л а ң ы* Аққудың айдын көліндей (З. Қалауова, Таңд.). Заставаның дәл қасында әскерлердің жазғы уақытта ат

ойнататын *ойын алаңы* бар (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Серуен алаңы.** *Серуен алаңы,* табиғи көлеңке, ағын су жазғы ыстықтың аптабын бәсеңдетеді (Құс өсіруші.). **Соғыс алаңы.** Полковник *соғыс алаңын* қадағалай бақылап тұрып, артына бұрылмастан үздіксіз тапсырма, бұйрықтар беріп тұр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Спорт алаңы.** Жеңіл атлетика сабақтарын міндетті түрде таза ауада, *спорт алаңында* өткіземін («Халық мұғ.»). **Су алаңы.** Жүзу үйренушілер ең алдымен жүзу үйренетін *су алаңын* таңдап алулары керек (Б. Елқондиев, Жүзу.). **Тәжірибе алаңы.** Қаймақты алабының бір шетінен *тәжірибе алаңын* ашуға қыс келіп қалды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Ұшу алаңы.** *Ұшу алаңында* қарулы күштердің үш түрі — жаяу әскерлер, ұшқыштар және теңізшілер құрметті қарауылға сапқа тұрғызылды («Соц. Қаз.»). **Физкультура алаңы.** Түрлі мәдени ойындар ұйымдастырылып, *физкультура алаңы* жасалды («Халық мұғ.»). **Цирк алаңы.** *Алаңындай цирктің,* Қырман жатыр дөңгелек. Үйген бидай — биіктің Ажары әсем тым бөлек (С. Машақов, Жылдар.).

2. АЛАҢ з а т. *Көңілі бөлінушілік, көңілі орнықпаушылық, ала көңіл болушылық; енжар, селқос.* Мұқаннан екінші жыл сабақ алам, Ұйықтасам да көңілім оқуға *алаң.* Лепес қып, өзі бастап, «ақын бол» деп, Дұғасын ықыласпен берді маған (С. Торайғыров, Шығ.). Байлық шіркін не істетпейді, уайым, қайғы, көңіл *алаңы* далада қалмай ма? Уайымсыз адам әуесқой болады ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры).

◆ **Алаң болды.** *Алаңдады, көңілі бөлінді.* Көңілің *алаң болса,* кеудең ұры үптеген үйдей аңырайып қалады (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). Қайғымен көкірекке сана салған, Сұм балам санаменен *болған алаң.* Тоғай толған қойың бар, а Қозыке, Оны кімге тастайсың, жазған балам (Қозы Көрпеш). **Алаң қылды, алаң етті.** *Жарым көңіл болды, алаңдатты.* Көңілді әр нәрсеге *алаң қылып,* Күндіз де төніп түнек қараңғылық. Секілді аспан жерге құлағандай, Адамды болар емес адам біліп (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Тек осы жайды баяндай бастаудан бұрын оқушының көңілін сәл ғана бір халді айтумен *алаң етейін* (М. Әуезов, Индия очерк.). **Алаң қылған жоқ.** *Елең қылған жоқ, ескерген жоқ.* Батыр оны *алаң қылсын ба,* мырс етіп күледі де, қасында келе жатқан Кейкі деген жігітке иек қағады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.).

3. АЛАҢ *Елең-алаң қос сөзінің екінші компоненті. Елең-алаңда* ауыл көшті. Ауылдың бәйбішесіне ат үстінен амандасып, разылығын айтып Бекболаттар жүріп кетті (С. Шарипов, Шығ.). *Елең-алаң,* таң мезгілі сияқты. Дәл жүрердің алдында сырт жақтан осылай қарай салып ұрып келе жатқан бір қарайған көрінді (Р. Тоқтаров, Терістік.).

4. АЛАҢ з а т. *Қойда болатын ауру.* Топалаң не болмаса *алаң* індеттерімен ауырған қойларды өулие тұтатын бабаларының бейітіне айдап апарып түнететін (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.).

5. АЛАҢ: **Алаң етті.** *Алақ етті, жалт етті.* Бір сәтте қасында тұрған біреу түртіп қап: «Жүрейік» дегендей болды. Абай жаңа оянғандай *алаң етіп* жалт қарады (М. Әуезов, Таңд.).

АЛАҢ-АЛАҢ: **Алаң-алаң етті.** *Алақжұлақ етті, жан-жаққа жалт-жұлт қарады.* Мұз сыртылдап майысады. Аттарымыз да дірілдеп, қорқып тәлтіректейді. Өздеріміз де *алаң-алаң етеміз* (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЛАҢ-БЕЛЕҢДЕ үст. с ө й л. **Алаң-елеңде.** Зіл қара түнді жапсарынан сөге тағ сызаттап келеді. ...Алты ауыл бірден кең даланы күңіренте қозғалды. Көштері тым шашыранды, ала-құла. *Алаң-белеңде* бас-аяғына көз жетпейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АЛАҢ-БҰЛАҢ с ы н. *Көмескі, күңгірт. Алаң-бұлаң* сәуле тек құдық басында ғана қалғандай (К. Оразалин, Көктем салқыны).

АЛАҢҒАСАР с ы н. *Істің алды-артын онша байыптамайтын аңғал, аңғырт адам. Алаңғасар* жазушы Мәриямның осы сөзін ала жүгіріп, журнал бетін толтырып роман жазып еді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Жеңіл, *алаңғасар* мінезді Жаппарбек еркелікті есерлікке жеткізді (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Досымның мінезі алып ұшпа ардың-күрдің, кейде *алаңғасар* да аңқылдақ болатын (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АЛАҢҒАСАРЛАН е т. *Бір нәрсенің байыбына бармау, парқын айырмау.* Кедейдің баласы болсам да, кемпір-шал еркеде

леткен соң адам *алаңғасарланып*, әуейіленіп кетеді екен (Б. Майлин, Шығ.).

АЛАҢҒАСАРЛАУ с ы н. *Шалағайлау, аңғалдау.* Екіншісі — жас, адуындау, тұрашыл болам деп сөз қадірін кетіріп, артық айтып алатын *алаңғасарлау* біреу көрінді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АЛАҢҒАСАРЛЫҚ з а т. *Аңғырттық, аңғалдық, шалағайлық.* Сыншылармен салғыласып айтысу дегеннің өзі асса, ала құйын *алаңғасарлыққа* ұрындыратын, қала берді, кішіпейілділік, әдеп шеңберінен шығарып жіберетін қисынсыз әрекет («Қаз. әдеб.»). Ақшам кезінде ауылдарына қарай беттеген үш аңшы Нұрмақтың *алаңғасарлығын* әңгімелеп бара жатты (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АЛАҢ-ҒҰЛАҢ ү с т. 1. *Таңертеңгі мезгілде айналаның әлі жарықтанбай, сәл ғана бозғылт тартқан кезі.* Сәлден кейін қараңғылық серпіліп, айнала *алаң-ғұлаң* көріне бастады (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). 2. *Алды-артын бағдарламайтын бекем кесіз, шалағай адам.* Тапсырған іске жауапсыз қарайтын *алаң-ғұлаң* адамдарға басшылықты, бақылауды күшейту керек (Ауызекі тіл).

◆ **Алаң-ғұлаң етті.** *Жан-жағына алақтап қарады.* Жас солдат от ысқырса болғаны, ор түбіне бұға түсіп *алаң-ғұлаң етеді* (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АЛАҢҒЫТ с ы н. ж е р г. *Бозғылт, ағарыңқы.* Қар жапалақтап жауа бастады. Көк мұз бен қыз жамылған тон *алаңғыт* тартып қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЛАҢДА е т. 1. *Көздің аларуы, алақтауы.* Құтырудың елерме түріне ұшыраған малдың аузынан алдымен көп сілекей ағады, тамақты зорға жұтады, еш нәрсеге көз тоқтатпай *алаңдап* қарай береді (А. Елеманов, Қой шаруаш. негіздері). Көзі *алаңдап*, басы қалтақтап кетті ғой. Жүр кетейік, келін (С. Адамбеков, Көсенің көзі). 2. *Елеңдеу, елегізу, жалтақтау.* Той болса ел қатарлы бара алмаймын, Жаутаңдап екі көзім *алаңдаймын* (К. Әзірбаев, Өленд.). *Алаңдап* алабұртып тұрғанында, Алдыңнан қарсы шыққа ақша маңдай (Ақан сері). 3. *Көңілі орнықпау, көңілі бөлінү.* Адасып, *алаңдама* жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық қамалмай. Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай (Абай). ...Әйелім мен баламды алып Лебяжьеге жүріп кеттім. Одан Ленинградқа жөн тарттым. Бірақ арттағы ауыл жайына қатты *алаңдап* кеттім (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бұл байғұс [Хакима] кірін жуып, ертемен сабаққа кетканнен қайтпаған қызын күтіп *алаңдап*, іштей мұңға батқан кіріштар күйде отырып қалды (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛАҢДАС *Алаңда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Шын айтыңдар, серік болып кім шықты, Аңғарған жұрт *алаңдасып* қарасты, Салмақ кімде шамаласып санасты (Б. Майлин, Шығ.).

АЛАҢДАТ *Алаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сөкен жазу жазып отыр. Мұндай кезде көңілін *алаңдатқанды* жек көреді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Жақсы көрген адамыңды Жамандаса сағаң батар. Кері итеріп қадамыңды Бей-берекет *алаңдатар* (Ж. Өмірбеков, Мың терезе).

АЛАҢДАУ *Алаңда етістігінің қимыл атауы.* Қазақстан астанасына оқуға кетсем деймін. Басқаға *алаңдауға* еркім жоқ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АЛАҢДАУШЫЛЫҚ з а т. *Көңілі орнықпаушылық, мазасызданушылық.* Баласы жұмыстан кештеу оралса да, не мезгілсіз бір жаққа бармақ болса да ана көңілінде белгісіз бір қауіптенушілік, *алаңдаушылық* пайда бола берді (Ауызекі тіл).

АЛАҢДЫҚ з а т. с ө й л. Алаңдаушылық. Я мақтамай, боқтамай, Бөрін дос деп бекер жүр. Жағын керіп оқтамай, *Алаңдықпен* шекті өмір (І. Жансүгіров, Шығ.). Кежірленбей, іс қылайық аңғарып, Пайда бермес тартыншақтық, *алаңдық*. Аз, жаман деп ұрсып жүрме, замандас, Барым осы қолдан келген шамамдық (С. Дөнентаев, Шығ.).

АЛАҢ-ЕЛЕҢДЕ ү с т. *Таң қылаң беріп келе жатқан ертеңгілік шақ.* Түнде біраз саябырлаған ұрыс боз торғай шырылымен бірге *алаң-елеңде* қайта ширай түсті (Аялы жандар). Дана күндегі дағдысымен таң *алаң-елеңде* сиырын күрпілдетіп сауып алып, машинаға сүтін әкелетін (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

АЛАҢ-ЖҰЛАҢ ү с т. *Алақ-жұлақ.* Салт атты бандылар бұл алты ауылдың үстінде жын қаққандай сартылдатып, *алаң-жұлаң* етіп жүр (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АЛАҢҚАЙ з а т. *Көлемі шағын, ашық, тегіс жер.* Абай мен Тоғжан қалың ағаштың арасында, ай сәулесі үзіліп түсіп тұрған бір *а л а ң қ а й д а* кездесті (М. Әуезов, Абай жолы). Олар кешке қарай орманның ашықтау бір *а л а ң қ а й ы н а* жетіп, түнемекші болады (Қаз. ертегі.). Осы тұста жасамал бамбуктері мен пальма ағаштары мол бір *а л а ң қ а й* болатын еді (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

АЛАҢ-ҚҰЛАҢ ү с т. с ө й л. *Алаң-ғұлаң.* Таң *а л а ң-қ ұ л а ң* атып келе жатқанда, аңшылар атқа қонды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Оның *а л а ң-қ ұ л а ң* еткен көзі өз төңірегінде болып жатқан уақиғаның біріне түскен жоқ (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АЛАҢҚЫ з а т. с ө й л. *Алаңқай.* Ит мұрны өткісіз дейтін қалың тайганың іші. Ол маңайдың *а л а ң қ ы* жерлерінің өзі саздауыт келіп, арбаның доңғалағы батып отырады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бүрсеңдеп үйден шыға алмайтын киімсіз балалар жыртық етігін сумен малшып, ана бір қары кеткен *а л а ң қ ы д а* асыр салып, топай ойнап жатыр (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

АЛАҢҚЫЛАУ с ы н. *Ашықтау, тегістеу жер.* Балалардың бірін арқасына, бірін мойнына, екеуін екі қолтығына қысып *а л а ң қ ы л а у* жердегі төбешіктің басына әкеліп отырады (Қ. Әбдіқадыров, Амантай).

АЛАҢ-САЛАҢ с ы н. ж е р г. *Аумалы-төкпелі, аласапыран кезең.* Қазақ жарықты сендер арқылы көреді. Әр қаладағы өздерің сықылды оқушы жастар мынау *а л а ң-с а л а ң* заманда айнымай, бетін тауып бастауы керек (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛАҢСЫЗ с ы н. 1. *Қауіп-қатер ойламай, қаннен-қаперсіз, бейқам.* Дәл иегімнің астында ешбір *а л а ң с ы з* жайылып жатқан бір топ киікті кенет қашырып алдым (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Жел алдыңғы жақтан еді. Содан ба, әлде сасып қалған аттылардың дыбыстамағандығынан ба, әйтеуір мына ор түлкі *а л а ң с ы з* секеңдеп жүр, жан-жағына қарамайды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). *А л а ң с ы з* жатқан жау есі шығып соғыса алмай қаша женелді (Е. Ысмайылов, Ақындар). 2. *Уайым-қайғысыз, көңілі ешнәрсеге бөлінбеген, тыныш, жайбарақат.* Жайлаудан қайтқалы айран-шалабымды *а л а ң с ы з* ішкенім бүгін болар (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ол кезде Серәлі осы аудан орталығындағы мектептің оныншы класында оқитын. Көңілі қуанышқа толы, *а л а ң с ы з* жастық шағы еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ата-аналардың балаларының бақытты болып, балалық шағының *а л а ң с ы з* өтуі жөніндегі тілегі — табиғи нәрсе («Халық мұғ.»). Қалған ғұмырымыз осы құтты мекенде өтеді деп, еш *а л а ң с ы з* тіршілік етіп жатқанда өмір ағыны Алмагүлдің бүкіл ішкі жоспарын тағы да бұзды да кетті (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). З. А у ы с. *Ешбір қалтқысыз, шын жүректен.* Табиғатқа ғашық болып, *а л а ң с ы з* қуанған жас жігіттің көзқарасы әсерлі еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әреке-ау, жанда жалғыз көкем едің, Жасымнан тәрбиелеп мәпеледің. Өсірдің еркін ұстап еркелетіп, *А л а ң с ы з* әке орнына әкем едің (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЛАҢША з а т. с ө й л. *Алаңшық. А л а ң ш а* ортасындағы қос томардың біреуінің үстіне қағазын қойып, екіншісіне өзі отырды (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). *А л а ң ш а ғ а* ай сәулесі қонақтап, Тас шекесі жалтыраған жол аппақ. Ойда теңіз желпінеді самалмен. Тау өзенін шүмегінен сораптап (Ж. Қалиев, Армысың.).

АЛАҢШЫҚ з а т. *Кішкентай алаң.* Алақандай *а л а ң ш ы қ т а* арпа, бидай үйіліп қалған («Лен. жас»).

АЛАӨКПЕ з а т. *Көбіне сиыр малында, кейде қой, ешкіде де ұшырасатын жұқпалы індет; ауру малдың өкпесі қанталап, көкірек қуысына сары су толып кетеді.* Ақ үй, қоңыр үйдің қайсысын баптап ұстап отырмыз: іркітің де сонда, *а л а ө к п е д е н* өлген малдың тері-терсегі де сонда (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ірі қарада *«а л а ө к п е»*, жылқы мен түйеде «қараөкпе», қой мен ешкіде «өкпе құрт» деп аталатын аурулар болады (Х. Арғынбаев, Мал аурулары.).— Алда ғана құдай-ай! Әлгі *а л а ө к п е* келгір шібіш дәлізге тағы да кіріп кетіп пе еді?— деді әйел (М. Сүндетов, Балық аула.).

◆ **Алаөкпе болды.** *Қызыл танау болды, алып-ұшты.* Байдың мұндай мақтауын алған малай неге болса да еліктей ұшып, бар ықыласымен қызмет қылып *а л а ө к п е б о л а т ы н* еді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛАП з а т. 1. *Кең көлемді тегіс жер, кең алаң, алқап, өңір, аңғар.* Көлеміне көз жеткісіз көк бурыл дөңнен асып белдің

белдігі жол жатыр. Айдала. Айнала *алапта* көзге қадалар сыңар бұта, жалғыз ағаш жоқ (І. Жансүгіров, Әңгім.). Құттықтап көктем көркін сәйле тілім, Арқаның *алабына* жетсін үнім. Аймалап анасындай күн елжіреп, Төккенде жер бетіне көктен нұрын (Пернедегі терме.). Революция күзетінде ауыр қазаға ұшыраған коммунар — Баймағамбет Істөлиннің денесі Қызылжар қаласының орталығындағы *алапқа* бірге жерленген жолдастарының арасында (С. Мұқанов, Өсу жол.). 2. *Өлке, аймақ.* Екінші сатыда губерниялар қалып, *алаптар* болмақ [орысша округ], оларды басқаратын алаптық мекемелер болмақ (С. Сейфуллин, Шығ.). Бұдандастыру жұмысы республиканың бірінен бірінің айырмашылығы зор әрбір *алабында* ұйымдастырылды (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Балқаш, Шу, Арал теңізі, батысы Торғай құйылысы мен Есіл аңғары, солтүстігі Көкшетау — Кереку. Осы айтылған таулы қырат даланы Қазақстанның қатпарлы *алабы* деп жүр (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АЛАПА зат. көне. 1. *Олжа, пайда, табыс.* Егін жақсы шықса, халыққа үлкен *алапа* (Мәтел). Ерте заманда жаудан түсетін олжа «алапай» деп аталған. *Алапа* осы көне ұғыммен түбірлес (ҚСЭ). 2. *Пара, алым, ауыз бастырық. Алапаға* қызықпа дейді халық (ҚСЭ). 3. *Ескі әдет-ғұрып бойынша берілетін кәделі сыйлық, жөн-жоралғы.* Бұрын қыз ұзатқанда күйеу қосшыларынан әйелдердің *алапа* алатын кәделік салты болған (ҚСЭ).

АЛАПАЙ-ТАЛАПАЙ үст. *Айран-асыр, опыр-топыр.* Балалар үй ішінің *алапай-талапайын* шығарды (Ауызекі тіл).

АЛАПАТ зат. 1. *Жаппай келген ауыртпалық, қауіп-қатер, қиыншылық.* От көкке шапшып жан-жаққа қарай жылмаңдайды. Бірақ *алапатқа* адам төтеп берді («Қаз. әдеб.»). Қиян-кескі күндерден, ұшқын шашып ысқырған ертті түндерден, *алапат* ойрандардан, аштық аранынан алып шықты (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Қайратына мінгенде қабақ түйіп, Ол суыққа тоңады, күнге күйіп. Қандай қалың боранда мал ішінде, Көрген жоқ *алапатқа* басын ініп (Пернедегі терме.). 2. *Орасан зор, ғаламат.* Бұдан жиырма бес жыл бұрын *алапат* соғыстың дауылы Еуропаны ете қалды. Неміс фашистері Совет Одағын басып алу үшін тұтқиылдан шабуыл бастады (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). ... Әннің *алапат* күшпен басталуы, сол дәрежеде біраз орындаушының ұстап тұруы,... тек аяғында ғана дыбыс баяулайды (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). 3. *Атақ, абырой, бедел, айдын.* «Ой дүниеай!— дейді Сатан,— құдай бұл байлардың *алапатын* артық жаратқан адамдар ғой. Салдырған салқын сарай үйлері мынау, Көккиядағы қойлары анау, қала жәрмеңкедегі саудасы анау» (І. Жансүгіров, Шығ.). Есен: *Алапаты* асқардай батырмен күш сынаспақпын (М. Әуезов, Таңд.). Сұлтанмахмұт ақындығының *алапаты* Шанбай жүрегіне бұрынғыдан да ыстық достық от тұтатты (Д. Әбілев, Ақын арманы). Әлемнен *алапаты* асқандай боп, Бақытты кілтін жалғыз ашқандай боп, Жүретін Темір енді ойға батты, Түнеріп бұлт торлаған аспандай боп (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЛАПАТТЫ сын. 1. *Қауіп-қатерлі.* Еңбекшіл халықтың ол тапсырған жұмыстарын түгелімен орындауға зор бөгет болған жаңағы жоғарыдағы айтқан *алапатты* ашаршылық, жаланаштық, түрлі індет, ішкі қара ойлы дұспандар (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Орасан, зор.* Төбесі бұлтпен таласқан, мәңгі қар жамылған зеңгір биік асқар таулар *алапатты* үлкендігімен, сәулетті көркімен көздің жауын алғандай (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Түнімен қорқыныш елесін төндірген зәулім жартас, *алапатты* алып денесімен күн шұғыласына малынып, әсем сипатқа кірген (С. Бегалин, Таңд.). 3. *Айбатты, айбынды.* Ажарлы, *алапатты* оның беті, Мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті. Қойыртпақ қойны толған пәле-жала, Төменнен сый көрмесе, қисық тіпті (І. Жансүгіров, Шығ.). «Айбатты» деген доминант та түгел емес, айбарлы, айбынды, бетті, *алапатты,* қаһарлы, ызбарлы тәріздес синонимдер де ескерілмеген (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

АЛАПЕС зат. 1. *Жұқпалы тері ауруы. Алапес* ерте заманнан белгілі, ол тері ауруларының тобына жатады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). *Алапестің* дифференцияланбаған, туберкулойдты және лепроматозды деп аталатын үш түрі бар. Мұның бірінші түрінде адамның терісінде (жамбас, сан, бел тұсында) ақ теңбілдер пайда болады. Терінің түгі түсіп, сезім нервтері ыстық-суықты сезбейтін бо-

лады (ҚСЭ). 2. А у ы с. *Ала-құла, біркелкі емес, теңбіл-теңбіл.* Өткен күздегі жаңбыр мен қыстайғы қардан қабырғалары *а л а п е с* болған ауыл үйлері біртін-біртін қалып жатыр («Қаз. әдеб.»).

АЛАПЕСТЕН е т. *Алапес қаптау.* Меладинин — тері қотырланып, не *а л а п е с т е н і п* кеткен кезде қолданылады. Күн сайын таңертеңгі тамақ алдынан 1—4 таблеткадан жұтады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АЛАПЕСТЕЙ с ы н. *Алапес тәрізді.* Өйткісі келмегендерді *а л а п е с т е й* аластау қажет. Ел үшін, елдік үшін күрес ізгілік сезім тұтатады (Ж. Молдағалиев, Сарарқа).

АЛАП-ЖАЛАП е т. *Адамның қарны ашқандай немесе ащы нәрсе ішкендей болатын жағымсыз сезім.* Кешеден дұрыстап тамақ ішпегенімді кешкі астың үстінде ғана сезіп, ішімнің *а л а п-ж а л а п* бара жатқанын сонда білдім (Ауызекі тіл).

АЛАР е т. 1. *Көздің ағы көбейіп алаю, шарасынан шығу.* Сиырлар көзі *а л а р ы п,* құйрығын шаншып, жан-жаққа бытырай жөнеліп, құтырғандай жосиды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Зейнекүлдің *а л а р ғ а н* көзі шатынап мына келген жас әйелді тым-ақ жек көретін секілді (Б. Майлин, Шығ.). Аузы көпіріп, көзі *а л а р ы п,* талып кеткен әйелді сол үйде отырған уездік емші камфора иіскетіп, өрең дегенде ақылына келтірді (С. Мұқанов, Таңд.). 2. *Жаратпай, жақтырмай қарау.* Мен жүруге аттай бергенімде төргі столда қағаз жазып отырған орыс [чиновник] *а л а р ы п* қарады: Қайда барасың? Аяғыңмен еденді былғайсың!— деді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қарт ана кіріп келген бетінде біз жаққа *а л а р а* көз тастады да, салқын раймен иек қағып төрге өрледі (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

◆ **Екі көзі аларды.** *Дандайсыды, кісімсіді.* Мен боламын демеңдер, Аяқты алшаң басқанға. *Е к і к ө з і ң а л а р ы п,* Құр қарайсың аспанға (Абай). **Көзі аларма-сын.** *Дәметпесін, дәме қылмасын.* Бермеймін мұны сағаң, алам өзім, «Алам» деп *а л а р м а с ы н* бұған *к ө з і ң.* «Көрмеймін, көміп кел» деп о басында, Ойыңнан болды ма ұмыт айтқан сөзің (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЛАРМАН з а т. *Алушы, алғыш.* Беременге бесеу көп, *а л а р м а н ғ а* алтау аз (Мақал). Сұм-сұрқия сұмдықпен еп берем деп, Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп. Жүз қараға екі жүз *а л а р м а н* бар, Бас қатар бас-аяғын тексерем деп (Абай). Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, Шошимын кейінгі жас балалардан. Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, Тептегіс жұрттың бәрі болды *а л а р м а н* (Бұл да).

АЛАРМАНДА ү с т. *Алуға келгенде, алатын кезде.* Ұрлық пенен қулыққа Байлағанда кестің бау. Берерменде бесеусің, *А л а р м а н д а* және алтау (Абай).

АЛАРТ *Алар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бір күні інімді қойға қалдырып тамақтануға үйге келдім. Қасқырдың күшігі есіктің алдында жатыр екен. Маған тарғыл көзін *а л а р т а* қарады (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.). Ол көзін *а л а р т ы п,* жұдырығын түйді (М. Иманжанов, Кек белес). Ашулы мырза көзін *а л а р т а,* май басқан ауыр денесін зорға бұрып, артына қарады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

◆ **Көз алартты.** а) *Жек көрді, жақтырмады, ұнатпады.* Матростар яки анархистер жолдарына бөгет бола берген Қарби комитетінің жігіттеріне *к ө з д е р і н а л а р т ы п,* тістерін қайрап жүрді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Шинель киген қара жігіт оған *к ө з і н а л а р т а* бір қарап қойды да:— Бізге сендей суайт жігіттер де керек,— деді ол Аманқұлдың жауға шауып тұтқын алар түрі жоғын байқап (Х. Есенжанов, Тар кезең). ә) *Біреуден алсам, өзіме болса деп дәметті, сес көрсетті.* Филипп өлді, Ескендір патша болды, Жасы әрең жиырма бірге толды. Өз жұрты аз көрініп, көршілерге *К ө з а л а р т ы п* қарады оңды-солды (Абай). Помещиктер мен шіркеу иелерінің, құлақтар мен шеншекпенділердің жері мен суына «біз де адамбыз» деп *к ө з а л а р т қ а н* шабатылы шаруалар көшіру тізімінің нақ басына ілікті де, көгендеген қозыдай вагонге тиеліп әкелініп, кең сахараға бір-ақ ақтарылды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қашан қалар күншілдік, бұл ант атқан, Өсек айтып, өтірік жала жапқан. Адал жүріп еңбекпен киіп-ішпей, Бақытына біреудің *к ө з а л а р т қ а н* (К. Әзірбаев, Шығ.).

АЛАРТУ *Аларт етістігінің қимыл атауы.* Өзара қыжындап бір-біріне көз *а л а р т у ы* қалмайтын бұл ауылдың тұтас атқа мінгеніне Жүніс қатты риза болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Совет өкіметі Қытай өкімет орындарының террито-

рияға дәлелсіз көз *аларту* әрекетіне батыл тойтарыс береді («Соц. Қаз.»).

АЛАРТУШЫ: **Көз алартушы.** *Иемденгісі келіп қызығушы.* Қарнына тартпағанның қары сынсын деп туысқандары үшін бар күшін салып, ақшаны да аямай төгіп қағаздатып алған. Келге *көз алартушылар* да өте көп екен (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Саған менен басқа *көз алартушы* бар көрінеді. ... осы тездетсек қайтеді? Жас жүректерді жалғайық (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АЛАРЫҢҚЫ сын. *Сәл аларған.* Мен көргендегі қаны көп қара қошқыл көздің майы азайып, *аларыңқы* тартыпты. Ондағы қара қызыл айғырдың ту құйрығындай қайратты қара шашы өңі сынып, жұмсарып ұлпаланыпты (І. Жансүгіров, Әңгім.).

АЛАС зат. көне. *Отқа табынумен байланысты шыққан от деген ұғымның атауы.* Отқа табынудың да үлкен маңызы болды. Қасиетті оттың ертеден келе жатқан *алас* деген аты сақталып келді (ҚазССР тарихы). Ертедегі қазақ тайпалары отты кереметтей күші бар құдірет иесі деп ұқты. Сол қасиетті оттың ертеден бері *алас* деген аты сақталып келеді (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

◆ **Алас болды.** *Жойылды, жоғалды, құрыды.* «Соғыс» деген суық сөз адамның ойынан да, өмірінен де, тілінен де *алас болсын,* оның орнына тыныштық деген тіршілік шатыры қанатын жайсын (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Басындыау, уақытша мен мынау алаш, Халыққа қahар шашып қан аралас. Бостандық!— деп соғады мынау түрме, *Болады* басымыздан қашан *алас* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АЛАСА сын. 1. *Биік емес, жатаған.* Деревняның шетіндегі *аласа* дөңнің үстінде қолдан жасаған қысқа шаңғымен сырғанақ ойнап бір топ бала жүр (Көктем лебі). Ыбырай ұста кемпірімен екеуі бір *аласа* шым үйде тұратын. Ыбырайдың үйінде Ыбырайға жәрдемші болып, бағанағы Нияз деген бала жігіт тұратын еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Қисық мұрын Тәуке кеше таңертең бастаған *аласа* жал пешті жаңа ғана бітіріпті, тартуы нашар болыпты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. *Бойы ұзын емес, қысқа, тапал.* Жақын төбелердің барлығын *аласа* боз қараған, тобылғы басқан (М. Әуезов, Көксерек). Біздің келін *аласа* бойлы, *Аласа* бойлы, тамаша ойлы. Келген күні сөйлескенде Аузына ауыл қараса қойды (Б. Майлин, Шығ.). Қыстығүні өкшесі *аласа,* кең аяқ киім киіп, ал капрон шұлықтарды матадан, вискозадан және жүннен тоқылған шұлықтармен алмастырған жөн (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

◆ **Бетегеден биік, жусаннан аласа.** *Өте кішіпейіл, қарапайым. Бетегеден биік, жусаннан аласа* болып аз уақыт жүріп көрейінші, менен жақсы адам болмасын (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Өресі аласа.** *Өресі төмен, тар.* Осы арқылы ертедегі қазақ байларының кескін-келбетін, олардың өрісі тар, *өресі аласа* ойжүйесін көрсетеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АЛАСАБЫР сын. 1. *Қар еріп, жер лайсаң болып жатқан шақ, аласапыран.* Сонау қиындағы ауылдан көктемгі *аласабыр* шақ — қара суықта мұны іздеп келудің өзі неге тұрады («Қаз. әдеб.»). 2. ауыс. *Абыр-сабыр, ырду-дырду.* Халық қуаныш үстінде Сәрсенді қолдарына көтеріп әкетті. *Аласабыр.* Бірі құшақтап сүйіп, бірсыпырасы қолын қысқанға да мәз (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЛАСАЛАУ сын. *Аласарақ, сәл аласа.* Ішке екі жас келіншек кірді. Бірі ақ сұр, ұзын бойлы. Онан кейінірек кірген келіншек толық, дөңгелек жүзді, қара торы, анадан гөрі *аласалау,* бірі кесектеу (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Аласалау* болса да кең, жалғыз бөлме ішінде сығылысқандар етке жапырласа қол қойды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АЛАСАЛЫҚ үст. 1. *Биік еместік.* Үйдің *аласалығы* да қиын, кең, жарық, биік үйге не жетсін (Ауызекі тіл). 2. *Бойдың қысқалығы, ұзын еместігі.* Әйел адамның *аласалығы* ештеңе емес, ер адамның тапалдығын айтсайшы — деді Нағима (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЛАСАПАҚ зат. 1. *Апақ-сапақ кез.* Өрістен жаңа қайтқан малды орналастыру қамында жүріп, *аласапақта* келіп қалған қалашыларды да байқамаппыз (Ауызекі тіл). 2. Жерг. *Қар бір жауып, бір еріп жатқан аласапыран кез.* Кеше енді-енді дегди бергенде, кенет тағы да қар жауып, *аласапақ* қайта туады да, асфальт төселмеген шет көшелердің мұиы шығады (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛАСАПЫРАН з а т. 1. *Көктемде қар еріп, лайсаң болып жатқан кез.* Көкшетау қаласына біз қар *а л а с а п ы р а н* боп ери бастаған кезде жеттік (С. Мұқанов, Өмір мектебі). «Бөген» совхозына жүк апармақшы боп жолға шықтым. Бұл шақ көктемнің *а л а с а п ы р а н* лайсаң кезі еді. Қар еріп жатқан («Лен. жас»). Елді көріп араламаған, әсіресе жазғытұрғы *а л а с а п ы р а н д а ғ ы* көшкен елдің мәнісін білмеген Бекболат әрі-беріден соң: «Осылардың бізге тамақ беретін де ойлары жоқ-ау» — деген ойға да қалды (С. Шарипов, Шығ.). *А л а с а п ы р а н* қар кетіп, Қыр қарсы алса көктемін. Теректі жел тербетіп, Жылыта түсер көкте күн (Т. Жароков, Шығ.). 2. *Ауа райының бұзылуымен байланысты, не басқа бір қарбаластықпен байланысты ұйқы-тұйқы, астан-кестен болушылық.* Сұрапыл дауыл барған сайын екіленіп, үдей түсіп, даланы *а л а с а п ы р а н* бір ала құйынға айналдырып жіберген болатын (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Суық зілін төгеді, *А л а с а п ы р а н* ызғырық. Жылқышы шал келеді Сақалына мұз тұрып (С. Мәуленов, Таңд.). Аспан әлемі үш күн бойы *а л а с а п ы р а н* болып, найзағай ойнап, күркіреді де тұрды («Қаз. әдеб.»). Құрылысқа қажет заттарды артқан машиналар бензин сасыған қара түтінді будақтатып, бірінің артынан бірі тізбектеле ағылып жатқан жаяу адамдарға жол бермей, шофердің сигналына қарамай, машина-машинаның арасынан балықтай сүңгіп өтіп жатқан *а л а с а п ы р а н* мезгіл (З. Шашкин, Өмір тынысы). 3. *Ел басына күн туған, аумалы-төкпелі, қиыншылық кез.* Қызылдар қуып, ақтар қашқан сонау *а л а с а п ы р а н* кез кімге мәлім емес (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Деев әйелімен екеуі аумалы-төкпелі *а л а с а п ы р а н* күндердің бәрінде ардақты Аманкелдіні жадынан шығармай, әрдайым еске түсіретін болды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Тасмола тау Қызбелдің ортасында, Жатады ұқсап үйген қорғасынға. Бір кезде *а л а с а п ы р а н* соғыс болып, «Құрбан — дейді сонан қалған тау басында» (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). ⊙ Осы *а л а с а п ы р а н* ойға себепші болған оқиға бір жағынан өзін де жан алқымнан алып барады (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АЛАСАПЫРАНДЫҚ з а т. *Әбігершілік, қарбаластық.* Еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету саласында әлі де болса *а л а с а п ы р а н д ы қ,* шалағайлық, науқангершілік бар («Лен. жас»).

АЛАСАР е т. 1. *Төмендеу, шөгу, тапталдану.* Шығыста «уақыт өткен сайын тау *а л а с а р а д ы,* тамшы тас теседі» деген мақал бар («Соц. Қаз.»). Айналайын, *а л а с а р ш ы,* Алатау, Басыңа бір орнатайын ақ отау. Ой үстінде ұйықтап кетіпті ұстазым, Оянғанша сақтай тұршы, жан ата-ау! (Б. Адамбаев, Ақбөбек). 2. *Қысқару, бойдың кішіреюі.* Үстіне, басына да қара салған, Бір уыс ару тұрқы *а л а с а р ғ а н,* Жып-жылы жас бауырын бүлкілдетіп, Ақырын ақ мамасын бала сорған (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Шыңға шығып күлімдеді күн ерке, Бірте-бірте *а л а с а р д ы* көлеңке. Күн сәулесі жалпақ жонын қыздырып, Кетті оянып ұйқысынан кең өлке (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). 3. А у ы с. *Кеудесі басылу, бегі қайту.* Қара қазақтың биігі өзіммін деп жүрген Садуақас ұтылып, *а л а с а р ы п* қалғандай сезінді (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АЛАСАРАҚ с ы н. *Аласалау, сәл аласа.* Ахметтің пәтері — кәдімгі дала заводының *а л а с а р а қ* үйіндегі екі-үш бөлмелі жасаусыз ғана пәтер болатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Мен таудан қарап тұрмын *а л а с а р а қ,* Жайлаудың қызығына тамашалап. Малға дәрі сан шөптің бәрі де бар, Кеселге бермейтұғын арашалап (Пернедегі терме.).

АЛАСАТ з а т. д и а л. *Ойран, бүлік.* Тым орайсыз, тыныштық боп кетіп еді, артында *а л а с а т* дау тұр екен ғой (Ә. Нұрпейісов, Курляндия).

◆ **Аласат салды.** *Бүлдірді, бірін-біріне араластырды.* Қарағым, не ғып *а л а с а т с а л ы п* отырсың? (Диал. сөздік).

АЛАС-КҮЛЕС ү с т. ж е р г. *Апыл-ғұпыл, асығыс, қарбалас.* Дүкен ұрланған ғой, масқара-ай, мұндайды да көреді екенбіз-ау, деп *а л а с-к ү л е с* киініп дүкенге жеттім (С. Жүнісов, Жапанда.). Ауыл *а л а с-к ү л е с;* түс-түстан қазық қағып, үйлеріне арқан бастырып жатыр. Дауыл өте шыққандай болды. Жауын құйып берді (Қ. Сәрсекеев, Кілт).

АЛАС-ҚАПАС ү с т. *Қарбалас, асығыс, тығыл-таяң.* Армия тылдары киім-кешек, азық-түлік қоймалары, штаб маңындағы бөлімдер *а л а с-қ а п а с* тиеліп, асығыс кетіп бара жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы

күн.). Панферов қанша *а л а с-қ а п а с* болса да, күнде таңертең қырынып, үсті-басын мұнтаздай таза ұстаушы еді (Бұл да). Осы *а л а с-қ а п а с т а* ақ түйені іздемек болған адамның жартысы колхозды ауылдан аттанып та кетті (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

АЛАСТА е т. 1. К ө н е. *Ауруды отпен ұшықтап емдеу; ескі наным бойынша қас күштерді қуудың ырымын жасау.* Дінге сенушілердің ішінде отқа, суға табынушылық та жеткілікті еді, сондықтан көптеген ауруларды оттан, судан пайда болады деп түсініп, ауырғандарды отпен *а л а с т а п*, сумен емдеуге үлкен мән берген («Қаз. әдеб.»). 2. К ө н е. *Қылмысты адамды масқаралау, жазалау.* Нәзипаны *а л а с т а п* алып жүрген халық жетелеп жоғары әкетті. «Қажы әкесінің қара шаңырағы» деп Қажен таздың үйін үш айналдырды. Онан шығып мешітті екі айналдырды. Осы жүрісте Нәзипаны сөкпеген адам, қарғамаған кісі, боқтамаған тентек, бетіне түкірмеген күндес қалмаған шығар (І. Жансүгіров, Шығ.). *А л а с т а п*, күйелеген, бетін майлап, Мойнына масқаралап құрым байлап (Бұл да). Сен жүрсің осы күнде күліп-ойнап, Бар болса елде жүйрік тегіс жайлап. Туысың Қалқаманнан артық емес, Оны да *а л а с т а ғ а н* оққа байлап (Айтыс). Жеті ата, жетім Адай атамыздан, Кім көрген мұндай қарды бата бұзған. Бір үйір жылқы шығар азар болса, Ағайын, *а л а с т а ң д а р* ортаңыздан (Б. Адамбаев, Ақбөбек). 3. *Біреуді қуу, бөліп тастау; ішін, арасын тазарту.* Онда Асан нағыз есуас болып шықты. Ол өз әкесін үйінен *а л а с т а п*, беталды қаңғыртып жіберіпті (А. Байтанаев, Асан). Байдан кек алу үшін, байды ортамыздан *а л а с т а п* қуу үшін кедей болып күш біріктіруіміз керек,— деді Арыстан (Б. Майлин, Шығ.). Колчакты, Дутовтарды аласұрған, *А л а с т а п* Қазақстан даласынан. Бірге өсіп, біте қайнап достық көрдік, Орыстың сан большевик баласынан (Партия тур. өлең.). Ел көпшілігін қанаушы, үстем тап өкілдерін анық халық көпшілігінен *а л а с т а п*, таңбалап бөліп шығарып, «елім», «жұртым», «халқым» дегенде өзіне дос тұтатыны — еңбек елі болады (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЛАСТАЛ *Аласта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Колхоздағы тап жауларының зиянкестігінің беті ашылып, олар колхоздан *а л а с т а л ғ а н н а н* соң, бұрынғысынан әлдеқайда нығайды (С. Ерубаев, Шығ.). Джавахарлал Нерудің жазуы бойынша Ганди өз өмірінің көп кездерін, көп үгіт-өсиетін *а л а с т а л ғ а н д а р д ы* қорғауға арнаған (М. Әуезов, Индия очерк.).

АЛАСТАТ *Аласта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Иегімен жер тіреген, Дәл осындай бюрократ, Ортаңызда бар болса, Қауым болып *а л а с т а т* (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АЛАСТАТЫЛ *Аластат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Анада *а л а с т а т ы л ғ а н* Мұсақұлдың мұнда не қатынасы бар — дейді ол (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

АЛАСТАУ *Аласта етістігінің қимыл атауы.* Екі араға от жағып, бізден алшақтау ниетінде жүрген Саржандай провокаторын *а л а с т а у ы м ы з* керек (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). ... Соғысты адамзат қоғамының өмірінен мәңгі-бақи *а л а с т а у* мүмкін болатын жағдайлар жасалуда (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

АЛАСҰР е т. 1. *Тыпыршып қолды-аяққа тұрмау, бой бермеу.* Ыстық-суыққа бірдей шыдамы жоқ сиырлар даладан оқыра қуып келсе, ауылда да тыныштық таба алмай *а л а с ұ р ы п* жүр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ақтарлан ойнай басып, *а л а с ұ р ы п*, Қамшылап қос құлағын, мойнын бұрып. «Жігіттер, менің олжам мінекей» деп, Айтқожа кер бестіні қояды ұрып (И. Байзақов, Шығ.). Еті қызған торы қасқа мен қара жорғаның ақ көбігі шығып ауыздықпен алысып, иесі бұрған жаққа қарай атой беріп *а л а с ұ р д ы* (Б. Шалабаев, Өмірде.). 2. *Жанталасып қиналу, арпалысу.* Өзіне-өзі: «не болды маған?»— деп, қынжылып, наразыланып, тағы да даусын шығарады... Қанша уақыт өткені белгісіз, Тоғжан ұзақ отырған уақытының бәрінде Абай осылай *а л а с ұ р ы п*, жандәрмен қарманып, ылғи бірдемесін жоқтап жатыр, іздеп жатыр (М. Әуезов, Абай). Мақсұт жолда бірнеше рет талды, бір ғана қансырау болмады, науқасының аяғы үлкенге шапты, кейде *а л а с ұ р ы п* ұшып кете жаздайды (Б. Шалабаев, Өмірде.). Жылқышы екі құлағының да естімей қалғанын сезіп, *а л а с ұ р а* берді («Қаз. әдеб.»). 3. *Жанын салу, тыныштық көрмеу, тынымын көрмеу.* Кешке ересектер оқитын курс ашып, мен онда да сабақ беретін болдым. Қысқасы, күні бойы, кеш бойы тын-

бастан қызметте *алаcұрып* жүретін болдық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Өрт қамаған аш андай *Алаcұрды* жендеттер (М. Әлімбаев, Таңд.). Сыпайы, сырлы мінез, батыр жігіт, Кеш ұйықтап, кесіп қылған ерте тұрып. Мұстапа деген еді мүсәпір жан, Теңізді кезетұғын *алаcұрып* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). 4. А у ы с. *Желдің, бораннның, дауылдың қатты соғуы; су ағынының күшейіп асып-тасуы.* Жалғыз тау ішінің қатты желі Мақыштың кішкене қорасының үстіне келіп екпіндей соғып, құтырғандай қатулы дауыспен ысқырып, *алаcұрып* тұр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Тынық Мұхит тыныш жатқан, Төңкеріліп *алаcұрды*. Сел боп аққан, мұз боп қатқан, Айдап қарлы борасынды (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Дүлей дауыл *алаcұрған* Кезде сол бір отты дәуір. Өтті бұлар талай сынған, Талай жүкті көтерді ауыр (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). *Алаcұрған* тасқында, Үміт болған ең тәтті. Аяғының астында Қайран туған жер жатты (С. Мәуленов, Бала жолбарыс).

◆ **Жүрегі алаcұрды.** *Жүрегі алып ұшты, лепірді.* Күй деген бір сал екен жөнкі аққан, Қиялымды барады алып қашып. Қаршығадай *жүрегім, алаcұршы,* Күй бір толқын, кеттім мен араласып (Қ. Аманжолов, Шығ.). Алақайлай, көктемнің жетіп-ақ қалғаны ма! Дәмештің *жүрегі* бүгін *алаcұра* лепіріп, әлденені көксегендей еді, бәсе (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Рахмет үндеген жоқ, *жүрегі алаcұрып* қатты соғып кетті (С. Ерубаев, Шығ.).

АЛАСҰРТ *Алаcұр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жөргегінде қағынған немеңді әлпештеп-әлпештеп *алаcұртқан* өзіңсің, Гүлнапыс! (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АЛАСҰРУ *Алаcұр етістігінің қимыл атауы.* Болыстар тізімдерін беріп жатыр, бай да, кедей де балаларын, інілерін қалдыруға *алаcұруда* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Капиталистік дүниенің *алаcұруы* айқын көзге түсуде (Ә. Кекімжанов, Коммунизм.).

АЛАСҰРЫС з а т. *Арпалыс, мазасы кетушілік.* Сарман жүрек *алаcұрысын* Еркешке білдіргісі келмеді (А. Мұздыбаев, Тағдыр).

АЛАСЫ з а т. 1. *Алашақ, алуға тиісті, алынатын зат, үлес.* Әкем бұл борышқорлардағы *алаcыларын* берсе қолынан, бермесе өкімдік көрсетіп, желкесінен шынғыртып басып отырып алар еді (С. Мұқанов, Мөлдір махаббь.). Мына әскерге алынатын жігіттерге ақысын толық төле. *Алаcылары* есебіне тәуір аттар бер!— деп байға өз талабын қойды (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). 2. *Алarман, алушы (адам). Алаcыға* алтау аз, бересіге бесеу көп (Мақал). Қазақтың қыз болсам да баласымын, Малымын мен, бересімін, *алаcымын.* Туғызған бақытсыз ғып мені мұнша, Алдымен, дүние, сағаң наразымын (І. Жансүгіров, Шығ.).

◆ **Алты аласы, бес бересі жоқ.** *Ешбір қатысы жоқ, ешқандай шаруасы жоқ.* Қазақтың қайсысының бар санасы, Қылт етерде дап-дайын бір жаласы. Пысықтықтың белгісі — арыз беру, *Жоқ* тұрса *бес бересі, алты аласы* (Абай).

АЛАСЫЗ с ы н. 1. *Аласы аз. Алаcыз* қара көзінде қуаныш оты жайнайды («Қаз. әдеб.»). 2. *Ала-құла емес, тегіс, бірдей.* Күлімдеп жыл алдына ең алаңсыз, Тұрғандай жаңа ұйқыдан жаңды-жансыз. Сәулесін аспан-көктің ағаш жеңіп, Көгерер құс жүніндей бір *алаcыз* («Қаз. әдеб.»). 3. *Букпесіз, қалтқысыз.* Хат жазамын шын көңілімнен досыма, Жүрегіммен сағынамын қосыла. Қол жазған соң, тіл айтқан соң *алаcыз,* Кетті жүрек еріп, жөңкіп жосыла (Үш ғасыр.).

АЛАСЫН е т. *Алалау, бөлу.* Өсірді еркелетіп баласындай, Жетім деп мен сорлыны *алаcынбай* (Д. Әбілев, Өленді.).

АЛАТАҢ с ы н. *Қыстан күйлі шыққан жылқы.* Түсіпжан жұмырлана жараған *алатаң* көк жорға биенің тізгінін қағып қойды (С. Бегалин, Шығ.).

АЛАТАУ: **Алатау тұқымы.** *Жергілікті сиырлар мен швиц, кострома тұқымының будандасуынан өскен Қазақстан мен Қырғызстандағы сүтті, етті ірі қара.*

АЛА-ТОПАЛАҢ ү с т. 1. *Опыр-топыр, астан-кестен.* Мына сұйқыл иініздің өзі емес пе бәрін істеп жүрген. Осылай есі кеткенше ішіп барады да, үй ішін *ала-топалаң* қылады (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. А у ы с. *Күшті, екпінді.* Жан ашуынан шыққан ән Жанботаны бір мезет болса да басып тастайды. Әннің *ала-топалаң* тасқыны халық фонында сәл ғана әкімшілік бойы жоғары шығып тұрған оны түбімен қопара жаздайды (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

АЛАТҰЯҚ з а т. *Қу, ала аяқ ұры.* Шығайбайдың өзі кимес киімін кигізіп, өзі мінбес жүйрігін мінгізіп жұмсап отырған *а л а т ұ я қ ы.* Ол саған неге берсін — деседі ауыл адамы (Қаз. ертегі.).

АЛАУ и р. з а т. 1. *Лаулап жанған от, жалын.* Ілулі тұр қақпада, Жазғы лагерь жалауы. Күн ұяға батқанда, Жалтылдайды *а л а у ы* (С. Мәуленов, Таңд.). Ортадағы шойын пеш бүкіл қабырғасы күреңіте түсіп, жан-жағына *а л а у* шашады (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). *А л а у* тілі әлсін-әлсін ұзарып, Ашуланды оттың көзі қызарып. Уақытымды, тынышымды, ырқымды ап, Деп қазанның суы шықты бұрқылдап (Қ. Мырзалиев, Алуан.). 2. С ы н. *Жалын түстес, қызыл.* Таңмен таласа тұрып, даланың бүршік жарған оттай *а л а у* қызғалдақтарының ортасымен бір топ ақ халаттылар таңғы сауынға келе жатыр («Лен. жас»). Дәл қазір [Есеннің] өңіне қызғылт шырай жүгіріп, реңі лезде басқа бояуға малынды да, бозарған солғындық орнын *а л а у* түстес нұр басты (М. Иманжанов, Көк белес). // *Күннің қызыл арай шапағы.* Бала тұр, құр қалшылдап, мұңданады, Түрменің үсіткендей мұз қабағы. Батарда шын мүсіркеп қоштасқандай, Ақырғы *а л а у ы м е н* күн қарады (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Күн *а л а у ы* танабын тартып сөніп бара жатты (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Жығылды түннің жалауы, Жарқ етті күннің *а л а у ы.* Күтіп жүр тыста қыс ата, Ойынға шығар балаңы (Ә. Тәжібаев, Аралдар). 3. А у ы с. *Күйініш, уайым.* Балам Есілге ағып кетке лі,— деді Күнжан жыламсырап,— ішім *а л а у,* от еді, жалынымдай жаңа басылды («Әдеб. майданы»). Сәулеге қоштасып, бас иіп те мен, Үлгірмей түсті-дағы иық төмен. Перінің жетегінде кете бардым, Тағы да *а л а у* шарпып, күйікте мен (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Әр ойға, әр жүрекке түсіп *а л а у,* Қайғылы, көзінде жас, түсі жадау (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

АЛАУДАЙ с ы н. *Оттай, жалындай.* Нұрканнің ерлігі мен айбын-даңқын, Жырлайды домбыра алып ауылда ақын. Есімі ескірмесін ен даланың Сөнбейтін *а л а у ы н д а й* лауылдасын (Партия тур. өлең.). Жүрек бейне жалаудай, Қолдан қолға ауысты. Іші күйіп *а л а у д а й* Айласын жау тауысты (С. Мәуленов, Магниттау.).

АЛАУ-ДАЛАУ с ы н. 1. *Жылағаннан, қатты ашуланғаннан бет-ауыздың қызаруы.* Василий мен Ержан деревняның шетіне шыға бергенде *а л а у - д а л а у* болып еңіреп бір әйел жүгіріп келді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сен осы көмпитжандылығыңды қашан қояр екенсің?— дегенде әлгі қыздың кескіні *а л а у - д а л а у* болды (Ө. Қанахин, Дәмелі). 2. *Көңілдің бей-жай, үйқы-түйқы болуы.* Қасымның көңілі *а л а у - д а л а у:* қыздың жүрек қылына кімнің осынша әсер еткені өзіне беймағлұм (Ө. Қанахин, Мұрагер).

АЛАУ-ЖАЛАУ с ы н. 1. *Қып-қызыл, өрттей.* Батыс жақ *а л а у - ж а л а у* жанып жатқандай (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Қатар тұрған екі үй. Оның бірі *а л а у - ж а л а у* ту қадаған (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). *А л а у - ж а л а у* бұлттардан алтын жиек, Көтеріліп күн тауға артқанда иек. Сан алуан сары алтын қазынасын Қамдана сапарға «Абай» шықты тиеп (Ж. Сыздықов, Белестер). 2. А у ы с. *Іші күю, қызғану.* Іші *а л а у - ж а л а у* қызықса да, сыртына шығарғысы келмей отырған Рязановқа Ушаков ызаланып кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

1. АЛАУЛА е т. 1. *Лаулап жану, жалындау.* Дабырласа сөйлеп, далаға жүгіріп шықтық. Жаға жақта қызыл жалыны аспанға көтеріліп, *а л а у л а п* жанған өрт көрінеді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Қорған ішінде *а л а у л а п* от жанып, шай қайнатып, ас дайындаған бірнеше адамдар жүр (Қ. Әбдіқадыров, Әңгім.). *А л а у л а п* аспанға өрлеп шықты жалын, Кім тыңдар Алтыбайдың айтқан зарын?! (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғыны). 2. *Қызару, қызыл түске боялу.* Бүгіндері дала гүлі шешек атты. Қызғалдақтар *а л а у л а п* келе жатыр. Қазір ауыл көктемі өзінің кемеліне, өзінің қалаулы кезеңіне жетті («Лен. жас»). Ал қызыл тудай *а л а у л а п* таң да атты (М. Иманжанов, Адам тур.). Ойнақы таң самалы тыныш тапты, Дүниені алтын бедер сәуле жапты. *А л а у л а п* қызыл жалқын күн шыққанда, Жарқырап бар табиғат күлім қақты (С. Омаров, Сәукен). Оның қызыл шырайлы, ажарлы кескіні суық сорып, одан сайын *а л а у л а й* түскен (Ы. Жақаев, Менің бақытым). 3. *Дененің қызуы көтеріліп, күйіп-жануы.* Бір рет қамшы қарақұсқа тиді де, Кенжекейдің көзі қарауытып, талықсып кетті... Қамшы тиген денесі *а л а у л а п* жанып өртеніп барады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Жас жуған бетін баласының *а л а у л а п* жанған ыстық денесіне басып жабысып қатып

қалған (Бұл да). 4. А у ы с. *Іші күю, күйзелу.* «Әлде? Әлде! Өзіне кәдік болды ма?..» — деп мергендер ағасы іші *а л а у л а п,* он екі ойды кезек орап толғанумен келе жатты (Ғ. Сыланов, Асау арна). Тыпыршып тұрған аттар Жаңбырбайларды топ ішінен суырып ала жөнелді. Қалғандар жылау-сықтауды көбейтті. Қазизаның іші *а л а у л а с а* да, көп жылаған жоқ (З. Иманбаев, Дала көктемі).

2. АЛАУЛА е т. к е н е. Соғысу. *А л а у л а ғ а н* қалмақтан, Кегімді барып алайын (Қобыланды). Алты күндей *а л а у л а п,* Он екі күндей ой ойлап, Ақылды алпыс жаққа шаптырып, Әділ жаннан түңіліп (Махамбет).

АЛАУЛАН *Алаула етістігінен жасалған өздік етіс.* ... Машинаның тулай шайқалуына, шаңның бұрқырай құмықтыруына *а л а у л а н ғ а н* ыстығы араласқан соң, берекеміз кете бастады (С. Мұқанов, Есею жыл.). ... Айбарша жалындай *а л а у л а н ғ а н* бетін екі алақанымен басып, өксіп өксіп алды (С. Мұқанов, Сырдария). Аспанның күн ұясына батқан жағы *а л а у л а н ы п* тұр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АЛАУЛАТ *Алаула етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ортаға *а л а у л а т ы п* отты жақты, Табынды төңрі біліп тартып сапты. Шамасыз шүкір қылып қуанысты, Көңілден кетірді деп қайғы, дақты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Алтын күн *а л а у л а т ы п* шырық көкті, Жарқ етіп жер үстіне нұрын төкті (Д. Әбілев, Өленді.).

АЛАУЛЫ с ы н. 1. *Қызулы, жалынды.* «Бұлдірген шығар сол әдек!» Дегенді айтты Қағазбек. Өрт болып іші *а л а у л ы,* Бір үйде жатқан қамаулы (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). Көктемі де *а л а у л ы,* Жалынды өлке, нұр өлке! Жастық шақтың жалауы, Желкілдейді гүл ерке (Б. Әбдіразақов, Тұңғыш кітап). 2. *Қызыл арайлы.* Ақырын семіп барады, *А л а у л ы* күннің қызылы. Жалауын жерге қадады, Сол күннің отты сызығы (С. Мәуленов, Жаз ерке).

АЛАУРА е т. 1. *Қызару, албырау.* Сабыржан кісі бойы биік айнаның алдына келді. Бетінің ұшы қызарып *а л а у р а п* тұр екен (О. Сәрсенбаев, Даңқ). 2. А у ы с. *Алабұрту.* Келгенде шын шабыты бұрқанады, *А л а у р а п* асау жаны аласұрып (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Толқытпас па бұрқанған ақын жанын, *А л а у р а п* әлдекайда алып қашқан (Бұл да).

АЛАУРАТ *Алаура етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Раушан ішіне от түскендей *а л а у р а т ы п,* ернін тістеп қала берген (З. Шашкин, Сенім). Сапар *а л а у р а т қ а н* Нәзігүл жүзінде мана байқаған кірбің ізі қалмағанын көріп қуанды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы).

АЛАУША үс т. *Алау секілді, алауға ұқсап. А л а у ш а,* қызыл жалауша Жайнайды жалқын қызғалдақ (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АЛАУЫТ е т. *Алыстан мұнартып көріну.* Әсем тау Алалы, Ұрғыт *а л а у ы т қ а н,* Олар да биігіне бұлттар тұтқан. Қасында Самарқанның қарауылша, Қыздиған көзге қанық көрі шопан (Ғ. Орманов, Таңд.).

АЛАШ з а т. 1. Т а р. *Ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып бірікken одағы, «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты. А л а ш* қауымының бірігуі XIII ғ-дың бас кезі, тегінде монғол шабуылына қарсы ұйымдасқан одақ екені байқалады (ҚСЭ). 2. К е н е. *Қазақ руларының ерте замандағы ұраны. А л а ш* деген ұран қазақ болған түрік руларында көптен бар, ноғайлы заманындағы ұраны екендігіне тарихи мағлұматтар бар (С. Сейфуллин, Шығ.). 3. К е н е. *Жау, дұшпан, жат, бөтен.* Алаш деген сөзді алғашқы, өзінің шын мәнісінде «жат», «бөтен», «жау» мәнісінде де айту осы күнге шейін үзілмей келді. Бұған қазақтың қалыптанған сөзінде де және қазақ пен татар елінің әдебиеттерінде де дәлел бар. Қазақта: «Е-е, мен сенің ағайының емей, *а л а ш ы ң* ба едім! деген үйреншікті сөз бар. Бұлай айтқандағы *«а л а ш ы ң* ба едім»— деген сөз дұшпаның ба едім!» деген сөздің мәнісінде жүреді (С. Сейфуллин, Шығ.). Тоқтасын бауыр болам десең, көнесің сөзіме. Көнбейтін болсаң, арам алыс, *а л а ш п ы н* (М. Әуезов, Таңд.). 4. *Ел, халық, жұрт.* «Алаш» деген сөзді ұран қылып алған ел біраздан соң ел атының өзін «алаш» деп айтатын болған. «Ноғай, қазақ — бәріміз бір *а л а ш т ы ң* баласымыз» деген сөз сонан шыққан (С. Сейфуллин, Шығ.). 5. *Ұлтшыл, алашордашыл, алаш партиясы.* Халықтың қас жаулары, *А л а ш т а р м е н* айқастық. Табаның сенің аумады, Майдандасып шайқастық (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Ақ пен *а л а ш т ы ң* жазагер отряды тап осы кезде келіп, осы ауылдарға орнады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Аштықтан жанжал шығарса, Жұмыскер қаны төгілді. Осыны көрін жүрсе де, Жаны ашымай өл-

се де, Той тойлап *а л а ш* семірді (Ғ. Малдыбаев, Балға, орақ).

◆ **Алаш партиясы** Т а р. *Контрреволюциялық буржуазияшыл-ұлтшыл ұйым. А л а ш п а р т и я с ы н ы ң* программасы панисламизм, пантюркизм идеологиясын уағыздады (ҚСЭ). **Алты сан алаш, алты алаш.** а) Т а р. *Алаш қауымына кірген ірі-ірі алты тайпаның атымен байланысты қалыптасқан атау.* XIII ғ-да олар *«а л т ы с а н а л а ш»* болып аталса, XIV—XVI ғ-да *а л т ы а л а ш*, алаш мыңы, алаш қауымы, алаш ұлысы деп көбірек айтылады (ҚСЭ). ә) *Дүйім жұрт, бүкіл ел.* Бір кезде *а л т ы а л а ш т ы* тітіреткен «Жайлыекеңнің» қара шаңырағы, көне тартқан құрымы, айыпқа төленуге айналды — деді Жайлыбай (Б. Майлин, Шығ.).

1 АЛАША и р. з а т. *Әр түрлі жіптен өрмек арқылы арқау салып жолақтап тоқитын өрнекті тақыр кілем.* Үлкен-үлкен теңдерді шешіп, қымбат кілем, әсем тұскиіз, *а л а ш а*, көрпелерді алып Айғыз үйін де жасап қойысты (М. Әуезов, Абай жолы). Тақтай еден, есіктен төрге дейін төсеулі *а л а ш а*, мол жайылған оюлы текемет, төрт бүктелген көрпелер (Ғ. Сыланов, Асау арна). Өрмек деп аталатын қарапайым станокпен жүннен *а л а ш а*, қап, қоржын, шекпен, құр, басқұр тоқылды («Халық мұғ.»).

2 АЛАША з а т. д и а л. *Асыл тұқымды түйе мен жабы түйеден шыққан түйе. А л а ш а* тұқымын танытпас, Жүк тасып көште жарытпас (Мақал).

АЛАШАҚ з а т. *Аласы, алатын зат.* Қысқы қысқа күндер тез өтіп жатыр. Шахта өмірінде бір күн елеусіз өтпейді. Шахтерлердің әр күннен *а л а ш а ғ ы* бар, алса қуанады, алмаса ренжиді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Уақыт ұшып барады от қанатты, Жақындатып жырақтан болашақты. Кәрі ойлайды бүгінге берешекті, Жас ойлайды ертеңнен *а л а ш а қ т ы* (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Ақбөбек аңсамайды бала шағын, Ойлайды, ғашығы мен болашағын. Айтысып тынар,— дейді, ел арасы, Алар да айыбы мен *а л а ш а ғ ы н* (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

АЛАШАЛЫ с ы н. *Алашасы көп, мол.* Абайлар төрге шықты. Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, *а л а ш а л ы* екен (М. Әуезов, Абай).

АЛАШАПҚЫН: **Алашапқын болды.** Ж е р г. *Қызыл танау болып босқа әуелеп-ді, арам тер болды.* Қаһары қатты бұрнағы жылғы қыстың «еркелігін» Жамбыл атындағы колхоз да көтеріп алды. *А л а ш а п қ ы н б о л ы п* мал азығына аттанды жанжаққа («Лен. жас»). Әлгіндей *а л а ш а п қ ы н б о л ғ а н н а н* гөрі жайымен кезекте тұрып, таныс, бейтаныс замандастарыңызбен пікір алысып, лебіздесіп тұрудың өзі ғанибет емес пе? (С. Байжанов, Сыр.).

АЛАШОРДА з а т. *Байлар мен феодалдардың, буржуазияшыл-ұлтшылдардың совет өкіметіне қарсы күресу мақсатында құрған қазақтың буржуазиялық автономиясы. «А л а ш о р д а»* деген не? *«А л а ш о р д а»* деген осы төңкеріс заманында бұрынғы қазақ халқының желкесіне мінген хандықты қайта орнатудың әрекеті (С. Сейфуллин, Тар жол.). Сол Аманкелдіні ғой, *а л а ш о р д а* мен ақтар боп бірігіп қапыда өлтірді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АЛАШОРДАШЫ з а т. с ө й л. Алашордашыл. Революция жылдарында «Қазақ» газеті буржуазияшыл-ұлтшылдардың, *а л а ш о р д а ш ы л а р д ы ң* орталық газеті болды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

АЛАШОРДАШЫЛ с ы н. *Алашорданың саясатын қолдаушы.* Газеттің редакторы Ғаббас Тоғжановтың атақты байдың баласы екенін, әкесі былтыр ірі байлардың қатарында конфискеленгенін, өзінің азамат соғысы кезінде *а л а ш о р д а ш ы л* болғанын жақсы білеміз (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛАШТА е т. *Алаш деп ұран шақыру.* ... Жаман қалып, жақсының еті қызар, *А л а ш т а п* қырға шық та, ұран шақыр (Үш ғасыр.). Қарсы тұрды көп жауға, *А л а ш т а ғ а н,* ақтаған. Басын кесіп талайдың Басып өтіп таптаған (Ақын жырлары).

АЛАШШЫЛ с ы н. *Алашордашыл, ұлтшыл.* Сол мәслихатқа қатынасқан алашордашыл жастардың біразы Коммунист партиясына мүше боп та үлгерді. Мысалы, осы қаладағы Әбдірахман Байділдин Колчак кезінде ол *а л а ш ш ы л* жастың бірі еді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛБА-ДАЛБА с ы н. с ө й л. Албажұлба. Менің алдымда машинаны жүргізген шофер *а л б а - д а л б а с ы н* шығарып кетіпті («Лен. жас»).

АЛБА-ЖҰЛБА с ы н. *Үсті-басы дал-дұл, жұлым-жұлым, жыртық.* Жыртық мәсіден өкшесі жылт-жылт еткен Малде-

көңнің жесірі мен жетімдерін *а л б а-ж ұ л б а* күйінде ояздардың үстіне киргізді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жұлығынан аяғы шығып, *а л б а-ж ұ л б а* болып бүрсеңдеп бір әйел келді (Б. Майлин, Шығ.). *А л б а-ж ұ л б а* қараша үйдің сырт жағына қарасаң, іші өртеніп жатыр ма дейсің,— булыққан түтін үйдің тесік-тесігінен бұрқырап шығып жатыр (Бұл да).

1. АЛБАН з а т. к ө н е. *Алым, салық.* XVIII ғ-да жоңғарлар жаулап алған елдеелдерінен *а л б а н* жинаған (ҚСЭ).

2. АЛБАН з а т. *Албанияның негізгі халқы, ұлт. А л б а н* тілі — үнді-европалық топқа жатады, соның бір саласы (ҚСЭ).

АЛБАР з а т. 1. *Үй жанындағы мал қора. А л б а р д а* сықырлаған мал, біреулер малына шөп суырып салып, біреулер суғарып, сан-сапалақ кесіп қылып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Шабылған шөп түгелімен қора төңірегіндегі *а л б а р л а р ғ а* мая-мая боп үйілген (С. Мұқанов, Саяхат). Қап, әнеукүнгі арлан күзеннің серігі бар екен-ау, тағы да алдап соқпаса не қылсын деп, сіріңке жағып тағы да *а л б а р ғ а* шам ала шықтым (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). 2. *Үйдің кіре берісі, сенек, дәліз.* Шабаладан үріп, тонының етегін тістелеген итке артынан ұстаған таяғын кеміртіп, сыртқы есік жабылмай тұрып, *а л б а р ғ а* кіріп кетті (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.).

АЛБАРЫНДЫ: **Албарынды болды.** Ж е р г. *Әбігер болды, әуреленді.* Үй иелері біресе қонақтарын қарсы алу әзірлігімен, біресе күту жабдығымен жүріп әбден *а л б а р ы н д ы б о л д ы* (Ауызекі тіл).

АЛБАСТЫ и р. з а т. 1. М и ф. *Наным бойынша әйел бейнесіндегі қас күш, марту.* Адамзаттың қасақы зиянды сы *«а л б а с т ы»* деген болады деп нанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Төңірегіндегі төнген көп оны — *«А л б а с т ы* алып, марту басып барады» — деп түсінді. *А л б а с т ы,* жын, сайтан, марту, арапшы — барлығы сорлы Мажыраның үстіне үймелеп тұр деп ұғынды (І. Жансүгіров, Шығ.). Ат та, адам да енді дүркіреген шабысқа салды, ала көленде не болғанын айыра алмады. Шұбатылған ақ шашты *а л б а с т ы м е н* қатар, онан да үрейлі қара албасты пайда болды, бір өкіріп, бір ішін тартып, жапырып сүзіп бара жатқан зәулім қара бұқа сипаттас *а л б а с т ы* еді (Х. Есенжанов, Тар кезең). // *Күші басым, мысы жеңеді.* Масақбай — осы жылқыдағы асау атаулының *а л б а с т ы с ы* (М. Әуезов, Абай). Қазанқап — асаудың қара *а л б а с т ы с ы* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. А у ы с. *Жексұрын, сұмпайы, оңбаған.* Қой, ауған есті жияйық. Оянығыз, сударь! Сүйген болсаң, жетпек керек сол қызға. Дұрыс па? Үлкен қызы *а л б а с т ы* екен (М. Әуезов, Таңд.). Уа, жауыз, жауыз *а л б а с т ы,* Қорықсаң еді күнәдан! Шылбырға өні жармасты, Бурыл сақал ірі адам! (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

◆ **Албасты басты.** *Құдай атты, қара басты.* Хан емессің қасқырсың, Қас *а л б а с т ы б а с қ ы р с ы ң,* Достарың келіп табалап, Дұшпаның сені басқа ұрсын (Махамбет). Бұл міскін қорыққаннан қашқан шығар, Әлде қандай болар деп сасқан шығар. Ғаріпке жәбір етіп күнә арқалап, Сендерді бір *а л б а с т ы б а с қ а н* шығар (Батырлар жыры).

АЛБАСТЫДАЙ с ы н. *Албасты сияқты.* Құлагер құлаған жоқ, жау қас қылмай, Ұрған жау тұрған шығар *а л б а с т ы д а й* (І. Жансүгіров, Поэм.). Күркіреп қап-қара бұлт теңіз бетін, Басады *а л б а с т ы д а й* емін-еркін (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы).

АЛБАТЫ с ы н. ж е р г. 1. *Бет алды, қалай болса солай.* Өзімен өзі сөйлескен түнгі жалғыз жолаушыдай, әйтеуір *а л б а т ы* ыңылдап келеді (Қ. Ысқақов, Бұктырма.). 2. *Бөтен, бөгде, айдаладағы біреу.* Мынау *а л б а т ы* кісі кім өзі («Диал. сөздік»).

АЛБАУ з а т. к ө н е. Алданыш. Жалғанда титтей пайда жоқ, Адамның аз күн *а л б а у ы* (Үш ғасыр.).

АЛБЫРА е т. 1. *Беттің, еріннің қызаруы, дуылдауы.* Таңертең ұйқысынан оянған уақытта Ғазизаның екі беті *а л б ы р а п* қызарып, денесі ауырлап, басы мен өне бойы қатты ауыра бастады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Молда айтқан ұшақтағы хор қызы ма? Періште, әлде пері, әлде жын ба? Құлпырып қыздың беті *а л б ы р а й д ы,* Ұқсаған алтай түлкі жондығына (І. Жансүгіров, Шығ.). Еріндері *а л б ы р а ғ а н* қызыл гүлдей болады екен, қастары қара барқыттай, көздері мөлдіреген қарақаттай болады екен (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Жемістің әбден пісуі.* Мәуе пісіп балбырап, Маужыраған қоңыр күз. Алма пісіп *а л б ы р а п,* Көзді тартқан көріңіз (Т. Жа-

роков, Шығ.). Қаратқан таңды өзіне сол бір өң-ай, Ақ жүзім тұра алар ма *а л б ы р а м а й*. Табиғат көсем екен, шешен екен, Күйшінің қолындағы домбырадай (Қ. Бұғыбаева, Тұңғыш кітап). 3. А у ы с. *Көңілдену, жайдарылану*. Үйде отырса салбырап, Түзге шықса *а л б ы р а п*. Кісіні көрсе қалжыңдап, Қалжыңдасып ыржаңдап (Абай).

АЛБЫРАТ *Албыра етістігінен жасалған өзгелік етіс*. Ажарланып Ажар бүгін Шықты үйінен ширатылып. Алма бағын *а л б ы р а т ы п*, Тұрды сұлу күн де күліп (С. Бегалин, Өлеңд.).

1. АЛБЫРТ с ы н. *Беті қайтпаған, тауы шағылмаған, басылмаған; әр нәрсеге елікгіш*. Жастық, *а л б ы р т* жастық, аңғал бастырған да, өкіндірген де сенсің мені (М. Иманжанов, Адам тур.). Әдейі ат терлетіп келдім тойға, Айкүміс әуелден-ақ болдың ойда. Желігі басылмаған *а л б ы р т* едім, Асығыс айтқаныма кінә қойма (Жамбыл). Сарқыраған Торғайым, Сахараның көзіндей, Арқыраған ағыны, Менің *а л б ы р т* кезімдей (О. Шипин, Өмір өрнегі).

2. АЛБЫРТ з а т. ж е р г. Делбе. *А л б ы р т* ауруы жылқыда осы уақытта сирек көздеседі («Диал. сөздік»).

3. АЛБЫРТ е т. 1. *Албырау, қызару*. Жыбырлап өлсіз ғана қиғаш қасы, Жайылып ақ жүзіне жібек шашы. *А л б ы р т ы п* бидай өңі ақшыл тартып, Жылжыды жылы беттен ыстық жасы (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Алатау шыңын жаңғыртып, Шырқайды қыздар көк бетте. Дидары дулап *а л б ы р т ы п*, Кіргендей Мәншүк мектепке (Ж. Сыздықов, Белестер). 2. *Көңілдің әр нәрсеге кетуі, лепіруі; үміттену*. Көресіз бе, еркелеуін, сүюін! Қолым міне, ендігәрі Жабыспасқа серт берем, Татымайды сүйгеніме Бьянка, Ақылсыз боп *а л б ы р т қ а н ы м* тек екен (М. Әуезов, Таңд.). Ерке жаным еліктегіш, *А л б ы р т а д ы* бәріне (Т. Әлімқұлов, Сапар).

АЛБЫРТТАН е т. *Қызулану, лепіру, көңілдену*. Раушан *а л б ы р т т а н ы п* отырып көзінің қиығымен бақа жігітке қарап, шыдай алмай күліп жіберді (Б. Майлин, Шығ.). Айтар сөзден адасып *а л б ы р т т а н д ы м*, Мен талайын албырттың қаңғыртқанмын (Жамбыл).

АЛБЫРТТАУ с ы н. *Қызбалау, лепіріңкі*. *А л б ы р т т а у* мінезімді ақпанынан, Пәк жанды алдым ба екем ақ қарынан? Жүректе лапылдаған от-жалынды, Бәлкім, мен алғам шығар аптабынан (М. Әлімбаев, Таңд.).

АЛБЫРТТЫҚ з а т. *Жастыққа тән қызбалық, алды-артын ойлатпайтын ұрынғыштық*. Бір кезде бәрі де оңай секілді еді, *А л б ы р т т ы қ*, «бәріне мен кепіл» деді. Жастық, мастық, қайрат күш қосылып ап, Біріне-бірі қой деп жекірмеді (С. Мұқанов, Сұлушаш). Мінезге ыссы жас адам көбіне-*а л б ы р т т ы қ* істеп алады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Раушан, кілті өзіңде арманымның, *А л б ы р т т ы қ* болса кешір, тілегімде! (Д. Әбілев, Жүрек жырла.).

1. АЛБЫТ с ы н. ж е р г. *Аңғырт, есер*. Ұзақты ұрындырдым бір қатарлы, Саурықтың мал бақкан бай Түнғатары. Кенжесі *а л б ы т*, асау Қожаберген, Жолбарыс, қан шеңгелдің бір қаталы (І. Жансүгіров, Шығ.). Жалындаған *а л б ы т т ы ң* Астам сөзін аңдама Халық иесі Қамбар-ай! (М. Әуезов, Әңгім.).

◆ **Албыт ауыз**. *Аңғырт, қалай болса солай сөйлеуші*. Абайла, қызға жігіт дәрі екенін, Сүйікті, сұлу болса жар екенін. Ат жақты, *а л б ы т а у ы з*, көкіме қыз, Өңіңнің жаңа көрдім сары екенін (Айтыс).

2. АЛБЫТ з а т. ж е р г. Делбе. Жылқыда сирек кездесетін өте қатерлі ауру — делбе Қазақстанның шығыс аудандарында *а л б ы т* деп те аталады (Х. Арғынбаев, Мал аурулары).

3. АЛБЫТ е т. *Есерлену, бұтып-шату; есіру, еліру, лепіру*. ...Әр нәрсені бір айтты, тегінде *а л б ы т п а ғ а н ы ң* жөн болар (Ауызекі тіл).

АЛБЫТТАН е т. *Аңғырттану, есерлену*. Айтар сөзден адасып *а л б ы т т а н д ы ң*. Мен талайын албыттың қаңғыртқанмын (Жамбыл).

АЛБЫТСЫН е т. *Аңғырттану, есерсу*. Кейде күй талмаураған, талықсыған, Кейде өжет, кейде долы, *а л б ы т с ы н ғ а н*. Кейде пәң, кейде дарқан, кейде сергек, Шаршы өрге кейде шапшып шауып тынған (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛБЫТТЫҚ з а т. с ө й л. Албырттық. Жас бала *а л б ы т т ы қ п е н* ағат айтып қалған болар, кешіріңіз деп апасы қонақтан кешірім сұрады (Ауызекі тіл).

АЛБЫТУ *Албыт етістігінің қимыл атауы.* Қолайсыз нашар екен мал күтуің, Дұрыс па артықпын деп *албытуың.* Малыңның күйі кетті құмындағы, Кемшілік жасырғанмен бұрынбады (Айтыс).

АЛГЕБРА а р. з а т. *Сандардың азкөптігіне қарамай, олардың жалпы заңын үйрететін математиканың саласы.* Шытырман сызықтардың тұс-тұсына көбейтумен, бөлумен, дробпен, ең бергісі — *алгебрада* қолданылатын белгілермен, әріптермен шығарылған есептер, басқа-басқа жоба, цифрлар (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

АЛГЕБРАИСТ з а т. *Алгебра пәнінің маманы.* Қазіргі көзқарас бойынша Теэтетті *алгебраист,* ал Евдоксты аналитик деуге болады (О. Жәутіков, Математика).

АЛГЕБРАЛЫҚ з а т. *Алгебраға тән ерекшелік.* Атақты өзбек математигі Әл-Хорезми квадрат теңеулерді *алгебралық* тәсілмен де, геометриялық тәсілмен де шешкен (Алгебра). *Алгебралық* елу жеті белгісіздік теңдеме системасын арифмометрдің көмегімен шешу үшін адамның он төрт жыл еңбек етуі керек болар еді («Лен. жас»).

◆ **Алгебралық бөлшек.** Алымы мен бөлімі көп мүшелік болып келген бөлшек түріндегі алгебралық өрнек — *алгебралық бөлшек* деп аталады (Алгебра).

АЛҒА ү с т. *Ілгері, алдыңғы жаққа.* Ағаш тасасынан шыға еңбектеп *алға* жылжыдым (М. Иманжанов, Адам тур.). Өскелең тілек кең өлшеп, *алға* тартады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Тек қана *алға! Алға!* Батальон не қырылады, не болмаса осы екпінмен жау шебін жарып өтеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

◆ **Алға апарушы.** *Ізгі істі жалғастырушы, дамытушы.* Ол болмаса да оның ісін *алға апарушылар бар.* Ол тәрбиелеген партия бар. Саян қазір мұндай қайғылы хабарды естімей-ақ қойсын (С. Шаймерденов, Мезгіл). **Алға аттады.** а) *Ілгері басты, ілгері жүрді.* Елдің кәрі, жасы боп, Әнмен *алға аттадық* («Лен. жас»). ә) А у ы с. *Экономика, мәдени жағынан қарқындап дамыды.* Америкадан озу үшін, ССРО, *атта алға!* Аламыз мол өнім,— Үш есе өндір жерім (М. Әлімбаев, Құрбыма). **Алға басқан аяғы кейін кетті.** а) *Әбден қалжырады, шаршады.* Аманжолдың *алға басқан аяғы кейін кетіп,* жеткен жері-ақ осы (А. Тоқмағамбетов, Әке.). ә) *Істің сәті түспеді.* Оның *алға басқан аяғы кейін кетіп,* жолы болмай жүрген сияқты (Ауызекі тіл). **Алға бастады.** *Басшылық етті, жетекшілік етті.* Партия! Ылғи жеңіспен, Келесің *бастап* бізді *алға* (Партия тур. өлеңд.). Жоқ, Нұқсан келтірдік намыс-арға... Естідім кейін, Мен бір санитардан: Біздерге қуат берген, *бастап алға,* Болыпты коммунистер екі-ақ адам (Бұл да). Отыз жыл тынбай, мүдірмей, *Бастады алға* өмірді (Халық ақынд.). Осы тумен қоғамды *бастап алға* — Кет жолдан!— дедік мешеу феодалға. Капиталдық әлемді қабірге айдап, Төбесінен үйірдік ауыр балға (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). Бір үміт «оқу!» деген *алға бастап,* Алдымда сәулеге ұсап жүр ойқастап (Ғ. Орманов, Сәт сапары). **Алға басты.** а) *Ілгері жүрді.* Көрмеген жердің ой-шұқыры көп дегендей *алға басқан* әр адымынан бойы сескенді. (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). Таң ертеңгі сағат алтыда агрегат тоқтап бір сағат машиналарды тазалады да, агрегат қайтадан *алға басты* (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). ә) *Дамыды, өркендеді.* Он бір жылда Қазақстан, Үдеп *алға басуда.* Көз жіберу керек артқа Әрбір шыққан асуда (С. Сейфуллин, Шығ.). Бірақ Коммунистік партия, кемеңгер Ленин бастаған социализм елі ұлы күрестердің жалынында шынығып, жауларды кері серпіп тастап, қарыштап *алға баса* берді (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). **Алға көз салды, алға көз жіберді.** а) *Алдына қарады.* Қаза тапқан достарын, Күрсіне ауыр ескелер. Көтеріп биік бастарын Алысқа, *алға көз салар* (А. Лекеров, Достар). ә) А у ы с. *Болашақты болжады.* Құрманғазы қолынан келгеніншe жаңа дәуірдің өткір, қонымды *алға көзжіберетін* «тілін табуға» тырысып, қоғамдық болмысты қайта құрушы адамзат талғамына келетін музыкалық тіл қаруын қамтыды (А. Жұбанов, Құрманғазы). **Алға қойды.** *Мақсат етіп қойды, нысана етті.* Осы соғыстың *алға қойып* отырған мәселелерін реформалық жолмен шешу мүмкін деген ойды... бұқараның құлағына құю оны сұмдық алдағандық болар еді (В. И. Ленин, Шығ., 36, 382). Үлкен көркемсөз шебері болғандықтан, Әуезов *алға қойған* міндетін абыроймен орындап шықты (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Коммунистік қоғам орнатушыларды тәрбиелей беру ісінде орасан зор маңызы бар (ескі қалдықтарға қарсы күресті) міндетті әрбір комсомол ұйымы *алға қоюы* керек

(«Соц. Қаз.»). **Алға тартты.** а) *Ілгері жүрді, ілгері басты.* Аттар ышқынып *алға тартты* (С. Бақбергенов, Күй). Қос күрең, қос алқа бел *тартады алға.* Жарады жануарлар бар қадарға (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). ә) *Үлгі етті.* Бюро сайын Ақжанов басқарған «Коммунизм» колхозын *алға тартып,* Құрбановтың бетіне салық етеді де отырады (С. Адамбеков, Көсенің көзі). б) *Бетіне басты.* Мектеп директоры Шораның орыс әдебиетін нашар білетінін *алға тартты* (Ауызекі тіл). Оның жеңіл мінезді екенін *алға тартып,* жауапты жұмысқа жібергісі келмеген Досан Сәтімбекке тағы да көптеген мін тағa сөйледі (Бұл да). **Алға ұстады.** *Мақсат етті, мақсат тұтты.* Көкіректе көп үміт, *алға ұстаған* аршындаған талап бар (С. Бегалин, Ана қайраты). **Табағын алға тартты.** *Өз істегенін өзіне істеді, есесін қайырды, алдына келтірді.* Сейсенбектің *табағын алға тартып,* алған кітабын ол қайтарып бермей қойды (Ауызекі тіл.).

АЛҒАЙ-ШАЛҒАЙ с ы н. *Қырғи қабақ, дүрдеараз.* Ағайын арасының *алғай-шалғайын* білмейтін бурыл ат шөпті арбаларға жақындап барып, қайыр тілегендей жағалап тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АЛҒАЛА е т. *Алға деп шақыру, ұрандау.* Онан да әрі *алғалап,* Өтеген батыр айқайлап, Түсті сыпыра жортуға, Дабыл ұрып жарқылдап (Жамбыл). Қара көрсе *алғалап!* Арғымағын орғытқан, Қаһар төкше ол борап, Қас дұшпанын қорқытқан (Ғ. Орманов, Таңд.). Аршындады *алғалап,* Атой салып көп адам (Т. Жароков, Қырда туғ.).

АЛҒАНЫ з а т. *Некелеп алған жұбайы, зайыбы.* Құ қанжыға жүйріктен Қаба жалды берік артық. Жылуы жоқ тымақтан Баса киген бөрік артық. Жаман болса *алғаның* Мақтасы қалың көрпе артық. Сөйлер сөзі болмаса, Бір көруге көркі артық (Үш ғасыр.).

АЛҒАРАҚ с ы н. *Ілгері таман.* Деп, Жоламан қадамын Ұмтыла басты *алғарақ,* Бетіне қарап баланың Нарттай жанған албырап (Т. Жароков, Шығ.).

АЛҒАУ з а т. к ө н е. 1. *Медеу, қуат, тірек.* Елге *алғау,* маған да *алғау* ер Исатай, Айрылып Шерің содан қайғылы еді (Үш ғасыр.). 2. А у ы с. *Қалтқы, бүкпе, құлық.* Сөзінің *алғауы* көп жан екенсің, Қаруы қайтпайтындай епті екенің. Жолыңнан қалмай-ақ қой дөмеленіп, Алдыңнан шыға берсін іздегенің (Айтыс). Бұрын, сірә, жазғанымды — Көрмеуші еді ешкім теріс, Тайпасында Ақбалқының — Болмаса тек Оразымбет, Қалып жүрген көңілінде *алғау* (Бұл да).

АЛҒАУЛЫ с ы н. *Дәмі нашар, кермек.* Жем өзені ауыз суға *алғаулы* болғанымен, малға дегенде ағып тұрған құт, берекелі мол арна («Қаз. әдеб.»).

АЛҒАУСЫЗ с ы н. *Қалтқысыз, құлықсыз, бүкпесіз.* Бір күні бітсе демі сүрінеді, Топ жарған тұлпарың да озған дудан. *Алғаусыз* айтқан сөзің көпке ұнаса, Секілді көңіл-күйдің кірін жуған (Үш ғасыр). *Алғаусыз* айтылса ақыл «алжаспа!» деп, Білгеннің кеңесін кім қолайламас? Көңілмінен серлеттім сыр сол себепті «Кемісін кемеңгерлер»,— деп,— ойламас (Айтыс).

АЛҒАУ-ТАЛҒАУ с ы н. ж е р г. *Делсал, бейжай.* Деев кеңседен *алғау-талғау* боп шықты (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АЛҒАШ ү с т. *Тұңғыш, бірінші рет.* Облыстық партия комитетіне кірсең, ең *алғаш* тіл қатысып, жөн біліскен минуттардан бастап... бір талапқа төндірілген қауырт еңбек майданы атала, санала береді (Алғы шептегі.). Келді достар шар тараптан Ташкентте *алғаш* бас қосуға. Жанын өлшеп жақын тартқан Жылы құшақ таптым осында (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Көрген жалғыз сұмдығы. Жүсіп айтты: — Жауынды олар көрер, Соқтықпай ешнәрсеге байқап жүрер. Ағаңның *алғаш* көрген қоқайы емес (XX ғ. қаз. ақын.).

АЛҒАШҚЫ с ы н. *Бастапқы, әуелгі, ең алдыңғы.* Байбол маңызды кісі секілденіп, *алғашқы* әзірде «шүкір» деп ерін жыбырлатудан алысқа бармады (Б. Майлин, Шығ.). *Алғашқы* кеш біз дәл осы күндерде атақ-абыройы шығып тұрған «Үшінші Интернационал» колхозында болдық (Алғы шептегі.). Оқу айының *алғашқы* күндері өзінің думанымен, қуанышымен білінбей сырғып өтіп жатты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

◆ **Алғашқы қарлығаш.** *Тұңғыш бастама.* Қазақтың ұлттық театрының *алғашқы қарлығашы* — Октябрь революциясынан ұшқан балапан (С. Мұқанов, Саяхат.). **Алғашқы қауымдық құрылыс.** *Бас-*

тапқы қоғам. Алғашқы қаумдық құрылыс кезінде өндірістік қатынастардың негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына қауымдық меншік болды, мұның өзі өндіргіш күштердің сипатына сай келді (ҚазССР тарихы). Әйел еңбегі *алғашқы қауымдық құрылыс* тұсындағы қоғамдық мәнін жоғалтуы-ақ мұң екен, әйел құлдыққа түсе бастады (Аялы жандар).

АЛҒАШҚЫДА үст. *Бастапқыда, әдегенде.* Аманжолдың *алғашқыда* оң мен солын айыруы да қиын болды (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Арт жақтан немістер қоршауды тастап кетіп жатыр деген хабар келді. Мұрат *алғашқыда* немістердің бұл әрекетін түсіне алмады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Алғашқыда* ұнатып қалған сезім қызбен таныса, сөйлесе келе ұлғайып, сүйіспеншілікке соққан еді (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛҒАШҚЫДАЙ сын. *Бастапқыдай, әдегендегідей.* Түһ, мынаны жын қаққан шығар,— деді Салиха оны итеріп. Бірақ *алғашқыдай* емес, даусы жұмсарып қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Медет турникке *алғашқыдай* да емес, тіпті құшырланып кірісті (К. Оразалин, Ақ жазық). Киімін де жалын қағып шарпыды *Алғашқыдай* емес Борис қарқыны, Өрт қуырып, үйтті қасты, кірпікті, Өкпесі өшті, кепті құрғап алқымы (А. Хангелдин, Қыз жүргері).

АЛҒАШҚЫДАН үст. *Әдегеннен, одастан.* Не қылсаң да кетпеймін мен қасыңнан, Сүйкімді боп барасың *алғашқыдан,* Ат тістесе атымды қуанамын, Тәңірімнің ісі деп жармастырған (Жамбыл).

АЛҒАШҚЫСЫНДА үст. *Бастапқысында, әуелгісінде.* Газеттің ертемен саны түгелге жақын тарап кетті. Жұрт оны алып оқып отыр. Ертең осы санды қайта алып, *алғашқысында* бар адам аттарының кейінгісінде жоғын көрсе, не дейді олар? (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛҒАШЫНДА үст. сөйл. Алғашқыда. Әрине, *алғашында* күліп келді Қос жетім тырнағына ілікті енді. Айырды айырмаған ата-анасы Бір туған бауырларды, мүліктерді (С. Жиенбаев, Қарлығаш). *Алғашында* ырыққа көнгісі келмеген Сапар енді еріксіз ептелей басып бара жатыр (А. Байтанаев, Асан). Сол кептің ортасынан домаланған қара көрінгенде, *алғашында* жөнді назар да аударғаным жоқ (◆Қаз. әдеб.»).

АЛҒЫ үст. 1. *Алдыңғы реттегі, ілгеріде гі.* Октябрьде таң атқызып арайлы, Алғанда да жеңіп Қысқы Сарайды, Көрді халық *алғы* саптан оларды, Олардан күш байтақ елге таралды (Партия тур. өленд.). Сөз жоқ, *алғы* шепке жақындаған сайын дұшпан күші көбейе түседі, үлкен жолдан жайылып, қанаттасып тұтаса да түспек (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жарқын мақсат жолында *Алғы* сапта келеміз. Жас ұрпақтың жанына Жақсы дәстүр егеміз (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). 2. *Алдағы, келешектегі, болашақтағы.* Сол құдірет шыңдаған Күреске дауылпаздарын. Жайнатуға Отанды Өмірдің *алғы* жаздарын (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). *Алғы* өмірден тартып жол, Адамзаттың бағына, Совет халқы қойды қол Бейбітшілік заңына (С. Мәуленов, Магниттау.). Ленинменен жалғасқандай Сибирьден, *Алғы* күнге ойы асығып жүгірген, Отыр Киров сықсима шам жанында, Көсемінің кітабына үңілген (Партия тур. өленд.).

◆ Алғы сөз. а) *Мәжілістерде, кештерде алғашқы сөйленетін бастама пікір. Алғы сөзді* Балқия бастады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). *Алғы сөзді* тоғызыншы кластың оқу озаты Аяғанова айтып, кеш ашылды деп жариялады (◆Халық мұғ.»). Олақпын көркем тілге осындайда, Сұлу сөз таба алмаймын тосын жайда, Асығыс *алғы сөзім* мынау болды:— Аман-сау жүрсіз бе аға, жүрсіз қайда? (Қ. Тастанбеков, Өленд.). ә) *Белгілі шығармаға арналып жазылған кіріспе.* Оның үстіне, 1941 жылы, ақынның қайтыс болғанына жүз жыл толар қарсаңында қазақша басылғалы жатқан өлеңдеріне мен *алғы сөз* жазғамын (Ғ. Мүсірепов, Достық сапары). Осы *алғы сөзді,* мен Тува республикасының астанасы — Қызыл қаласында жазып отырмын (Ә. Нұршайықов, Менің Қазақст.).

АЛҒЫЗ *Ал етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өнер-білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды; Айшылық алыс жерлерден, Көзінді ашып-жұмғанша Жылдам хабар *алғызды* (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі Сәлмен *алғызыпты* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Алпағыр бүгін итіне түлкі *алғызып,* үй ішінің шала байып, ақ жарқын көңілді отырған күні еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

◆ **Жан алғызды.** *Ант еткізді.* Тақсыр-тақсыр дегізіп тамсандырдың Сейтіп жүріп аяққа қан салғыздың; Жан жүрмейтін ісіме *жан алғыздың,* Ақырында малымнан құр қалғыздың! (Ы. Алтынсарин, Танд.). **От алғызды.** *От күшімен қозғалысқа келтірді.* Ақан қоскa қалай жеткенін, мотоциклге *от алғызғанын,* кіммен не сөйлескенін өзі де түсінбейді (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Тіл алғызды.** *Айтқанына көндірді.* Осы жолы оларға қалайда *тіл алғызғысы* кеп шығыршық атқаны соншалық, бозғыл беті ду етіп, ызалы жас көзіне кеп қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЛҒЫЗУ *Алғыз етісінің қимыл атауы.* Ондай баланы беделге сатылып, мектепке қайыра *алғызуы* да ұят (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

АЛҒЫЛ ет. көне. *Алғай, алар.* Қорыққан соң Күнікейді бермек болдық, Жұрт үшін бір баланы құрбан қылдық, Берелік Күнікейді қайтыңыз деп, Қайтып келіп *алғыл* деп сөзді түйдік (Батырлар жыры).

АЛҒЫНШЫ зат. көне. Алушы. *Алғыншы* алған арудың Ақша бетін солдырмай, Ата менен ананы қайғыменен қатырмай, Қапыда қалған қасқамын (Махамбет).

АЛҒЫР сын. 1. *Самдағай, қайратты; қыран.* Айналған аспанында *алғыр* бүркіт, Қатындар күрпілдетіп піскен іркіт, Әуені анда-санда бұлты торлап, Жайлауды шомылдырар жұпар бүркіп (І. Жансүгіров, Шығ.). Маған салса қазақ қызы Ерікке ұмтылған *алғыр* құс Андулы боп басқан ізі Торда тұрған бір байғұс (В. Майлин, Шығ.). Хотан базарында қаршыға, ителгі, лашын, бүркіт сияқты *алғыр* құстар да сатылады екен (С. Мұқанов, Алып. адым.). 2. *Өжет, сұңғыла, көреген.* Өзі ғана емес, қазірде Жөнібекті де дәл өзіндей көреген, *алғыр* жас қыран қып баулып алып еді (М. Әуезов, Шығ.). Журналист қиырдағыны құр жібермейтін *алғыр,* сәл нәрсеге селт ететін сергек, қияннан шалатын қырағы, жұрттың көз, құлағы болуға тиісті (С. Мәулетов, Жұлдызды жыл.). Болат та жаудырды әннен жаңбыр, Жалынды көрінеді жігіт *алғыр.* Бетіне қан жүгіріп, нұры жайнап, Жалтылдап екі көзі жанған балбұл (Д. Еркімбеков, Шаншу).

◆ **Сөзге алғыр, тілі алғыр.** *Сөзді жүйесіне келтіре сөйлейтін шешен, тапқыр.* Жас қыран шығарды ол жастан атын, Шаңқылдап ерте жайды жас қанатын. *Сөзге алғыр,* жалындаған жас ұланнан Қастары жасынан-ақ жасқанатын (І. Есенберлин, Большевик). Еркін қайсарлыққа біткен қалың қабағын түйе, *алғыр тілін* безей түсіп: — Өлімді ойлайсың!... Өмірді ойлау керек, Бораш! — деді (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім).

АЛҒЫР: **Тәңір алғыр.** *Құдай атқыр, оңбаған.* Сұлу қыз бен я батыр. Болмаған соң *тәңірі алғыр* Шығып кетер, я қалғыр (Абай).

АЛҒЫР-АЙТҚЫШ сын. *Өжет, шешен.* Тәкежан мен Ысқақ ішінара Абайдың турашыл, қатал сөзінен, *алғыр-айтқыш* шешендігінен де жасқанады (М. Әуезов, Абай жолы).

АЛҒЫРЛЫҚ зат. *Алғырға тән қасиет, ерекшелік.* Біздің достығымызға оқуды жақсы меңгеретін *алғырлығымыз* дәнекер болды (С. Көбеев, Орындарман). Басшылық қасиеті айқайда емес, *алғырлықта.* Мынау орын бізге еншіге емес, сынға берілген,— деді Сатан Ержанға (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). *Алғырлық* та, албырттық та жоқ емес, Жасына орай тәжірибесі көп емес (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).

АЛҒЫРЛЫҚ-ЗЕРЕКТІК зат. *Алғырлық пен зеректікке тән қасиет, ерекшелік.* Көрген жан Садуақастың ақыл-парасатына, *алғырлық-зеректігіне* сүйсінбей, осындай ұл тәрбиелеп өсірген әкеге ырзалық, жақсы тілек айтпай кетпеуші еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

АЛҒЫРЛЫЛЫРАҚ сын. *Алғырлау.* Ақынның батылдылырағын айт, Батырдың ақылдылырағын айт. Ұстаздың сабырлылырағын айт, Шәкірттің *алғырлылырағын* айт (Қ. Мырзалиев, Алуан палуан).

АЛҒЫР-САЛҒЫР сын. жерг. *Алқасалқа, албыр-салбыр, салақ.* Дегенге *алғыр-салғыр, алғыр-салғыр,* Ішінде дария көлдің үйрек қалғыр. Не сиқынмен сонда сен дәметесің, Бақа жауырын, ит тұмсық адыра қалғыр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АЛҒЫРСЫМАҚ сын. *Алғыр болып көрінуге тырысқан, алғырсынған.* Нағыз өнер иесінің жаны алдында *алғырсымақ* ой бөгеліп, шешенсінген тіл күрмеледі (С. Бақбергенов, Күй).

АЛҒЫРТ с ы н. *Кенет, үрдіс; аңғырт.* Бұл жолы жау бұрынғыдай бытырамастан жиналып, топтана, ашына, *алғырт* соқты (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Кішкентай балаға да ақыл біткен біздің заманымызда батырлардың *алғырт* дәстүрі жүре қояр ма екен (І. Есенберлин, Айқас). *Алғырт* сөзім үстінде жақын тұтар ұстазы Мәлік Сүлейменовтен Гүлсара ақыл сұрады («Халық мұғ.»).

АЛҒЫС з а т. 1. *Ізгі ниет, ықылас.* Өліге еткен қызметтен бастарың, кішірейтпес. Араз-құраздың ұмытыңдар, адам болсаң! Тірісінде *алғыс* алмасаң, енді тым құрыса, өлі аруағынан қарғыс алма (М. Әуезов, Шығ.). *Алғысымды* қалай айтуға біле алмай отырмын,— деді ол (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Кінәламан сені бірақ, Сол қауіпті сағатта Еттің жақсы, кісілік-ақ, Айттым *алғыс*, әлбатта (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Үздік еңбегі үшін айтылатын ресми құрмет.* Чапаевтың өзінен де *Алғыс* алған қыран еді ол: От төгіліп көзінен де, Бергізбеді жауға аттам жол (Д. Әбілев, Өленд.). Оның артынан мектеп жастарына *алғыс* айтылды (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Совхоз басшылары оқушылардан құрылған мектеп бригадасына *алғыс* айтты («Халық мұғ.»).

◆ **Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс.** *Дегенін болдырды, дәуірі жүріп тұрды.* Бүкіл ояз бір Өрмекбайдың қолында, оның *ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс*,— деп түсінетін бұлар (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). ⊙ **Алғыс гүлі.** Өскендей кеудеде гүл букеттермен Келеміз ұл менен қыз гүл көтерген. Ал қабыл, *алғыс гүлін*, партиямыз Бақытқа жиырма бесті бөлеп келген (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Алғыс жаудырды.** *Көп алғыс айтты.* Берілсін деген тоқтам шыққан шақта, Қайсарға *жаудырды алғыс* тұрған топ та (Т. Жароков, Шығ.). *Алғысын жаудыра* бастаған Дару: «Келінім өзіме сайма сай келген екен» қошеметін де ұмытқан жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық).

АЛҒЫСТА е т. *Алғыс жаудыру.* Біреулердің қытығына тиіп, мұрнын тұжырытты. Кәмеш Абай өлеңін айтып болған кезде жиын жігіттер дуылдасып, КәмештІ *алғыстап* жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.). Өскенде де Дарқанбек, Болжағыш болшы, қалқам,— деп, Біз сүйдік кезек *алғыстап*, Ол тұрды қолын алға ұстап (Ә. Сәрсенбаев, Үйрек жұтқан.).

АЛҒЫСТАЙ с ы н. *Алғыс сияқты, алғыс тәрізді.* «Ананың қарғысы *алғыстай*» (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз...).

АЛҒЫСЫЗ: Айырып алғысыз. *Біте қайнасқан, тығыз байланысты.* Дене тәрбиесі — оқушыларды коммунистік рухта тәрбиелеудің *айырып алғысыз* бөлегі («Халық мұғ.»). Іске [тығынға, бір аяқ асқа] алғысыз. *Ештемеге жарамсыз, құнсыз, түкке тұрғысыз.* Қағынып өлгір, кім болса да өзі тойғанша жеп тынса бір жөн, бір табақ келісті тағамды мұнша *іске алғысыз* еткені несі екен, ә? (Ә. Кешімов, Лашын хикаясы). Жібек құрты жауап берді оған: Рас, сен жұмысты жылдам істейсің, бірақ жаман істейсің, істеген өрмегің *тығынға алғысыз*. Менің істеген жібегім дүниедегі бір құмбат нәрсенің бірі,— деді (XX ғ. қаз. ақын.). Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, Жақсыдан жаман туады *бір аяқ асқа алғысыз* (Мақал).

АЛҒЫШ з а т. 1. *Алушы, пайда түсіргіш.* Кілті өзінде Қамбаның, Айналдырып өзінді, *Алғыш* құлар бармасын (Ү. Көрібаев, Өленд.). 2. *Қыран бүркіт, жүйрік тазы бойындағы қасиет.* Жасынан аңшылықты кәсіп еткен Керейдің қолынан талай қасқыр *алғыш*, түлкі *алғыш* иттер өтті (С. Мұқанов, Шығ.).

1. **АЛДА** е т. 1. *Біреуді біреу айламен отырғызып кету, өтірік айту.* Онда оны *алдайды*, мұнда мұны. Жанын берсе, табылмас сөздің шыны (Абай). Шығарма үнінді, *алдайтынның* бір біздің ел емес, бүгін бес болыс, тіпті бір дуан ел қарсы шықты (М. Әуезов, Таңд.). Жалын жұтып, тас шайнап талай ердің, Ханмен, бекпен күресіп өлгені анық. Алмас қылыш, ақ семсер, көк сүңгінің. Хан *алдаса* батырдың көнгені оның (И. Байзақов, Таңд. шығ.). 2. А у ы с. *Емексіту, қызықтыру, дәмелендіру.* Өзінді өте сыйлап *алдап* едім, Амалмен Бишанымды алмақ едім. Бишанды аман-есен ала қойсам, Соғысты сеніменен салмақ едім (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Мен қойшыны байдың қызы Мазақ етіп *алдайды*, Жанына оның жетін барсаң, Көз қиығын салмайды (О. Шипин, Туған жер). *Алдаса* егер сені өмір, Қапаланба, қайғырма! Қаралы күнде — төзе білі Илан, шаттық алдында! (Б. Ысқақов, Москва).

◆ **Көз алдады.** *Алдаусыратты, емексітті, арбады.* Ішіне сақтап қулығын,Ептеп

барып барлайды. Бұлғалақтатып құйрығын, Қарғаның *көзін алдайды* (Абай). Жақындап *көзді алдайды*, Алыстап кенет самғайды, Түрленіп тоқсан бірауық, Қанатын күнге жалғайды (С. Омаров, Сәукен). Көк жиегі *көзіңді алдап*, Белгі бермей жым-жылас. Жалынсаң да қанша барлап, Итжон едің қынжылмас (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). Сорпа-сумен алдады. *Аз нәрсемен қанағаттандырды, риза қылды.* Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, *сорпа-сумен алдап* қоятын иттері болатыны (С. Торайғыров, Таңд.).

2. АЛДА үст. 1. *Алдыңғы қатарда, ілгеріде.* Құнанбай мен Ызғұтты *алда* келеді екен (М. Әуезов, Шығ.). Таутескен ең *алда.* Өзі атынан, аты өзінен өткен жершіл, бір мүдірмей бастап барады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Алда* деревня үйлерінің ауласы мен бірен-саран әскери форма киген адамдар көрінеді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). 2. *Болашақта, келешекте.* Болсын жауым тып-типыл, *Алда* қызық, *алда* той. Бәрі дайын сендерге Орден, атақ, абырой! (Қ. Аманжолов, Шығ.). Сол үшін құлдар ызалы, Сол үшін олар азалы. Бір суып, бірде қызады. *Алда* ғой бірақ, жаз әлі (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Әйтеуір каникулдың бір айы *алда* екен, Семейді қойып, Алматыға тарттым да кеттім (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). 3. *Алдыңда, жаныңда; алыста емес.* Ғылым деген дәмі кетпес, *Алда* піскен ас, інім (Ш. Иманбаева, Өленд.). Интернатта оқу басталды. Партаға отырдық. Қолда қалам, *алда* дәптер жатты (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). *Алда* газет жайыла, Самсағанда аңыздап, Ұқсайды оқу залына, Бөлмесі жоқ жалғыз-ақ (С. Сейітов, Бетпе-бет).

3. АЛДА од. *Көңіл күйді білдіретін одағай. Алда* жаным-ай! Ағатайым-ай!— деп, қыз аттың басын жіберіп, Еркешті құшақтай алды (Б. Майлин, Шығ.). *Алда,* үйің күйгір-ай! Түу! Ойбай-ай! Құдай-ай! Обал-ай, ит-ай! (І. Жансүгіров, Шығ.). *Алда* қарағым-ай! Денің сау ма? Жігіт боп қапсың ғой,— деді сақалды (С. Мұқанов, Шығ.).

АЛДАҒЫ үст. 1. *Алдыңғы жақтағы, ілгерідегі.* Қайда жарық жолдары, Қайда *алдағы* Қызыл ту? (Ж. Саин, Таңд.). Сойдақ тіпті қасындағы Таусоғармен де, өзін бірнеше күннен бері мөпелеп келе жатқан *алдағы* арбадағы Айғақпен де қоштасқан жоқ (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Төменнен, сонау етектен Өрмелеп шапқан комбайн, *Алдағы* шығыр бір шеттен Қайтадан түссе, дап-дайын (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). 2. Сын. *Озат, үздік.* Егер біз совет әдебиеті дүние жүзіндегі ең прогрессіл, ең *алдағы* әдебиет десек, сол совет әдебиетінің көрнекті бір бұтағы біздің қазақ совет әдебиеті (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қай жерге барса, іс тосып Қайтемін енді демеген. Арттағы қалған участок *Алдағыға* теңеген (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). 3. Үст. *Болашақтағы, келешектегі.* Әлденеге теңген пәле серпілгендей, *алдағы* күнге үмітпен қараудың керектігі сезілгендей болды (Б. Майлин, Шығ.). Жанат *алдағы* жиналыста жасайтын баяндамасын жазып бітіріп, әкесінен бірер мәлімметтер алуға тосқан еді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Жылтылдап шырақтай боп ұйым, құрам, Орынды, орынсыз да тастап ұран. Әбігер, *алдағысын* болжай алмай, Баладай ұстай алған жатса жылан (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар).

АЛДАҒЫШ сын. *Алдампаз, өтірікші.* Тұла бойды улатты, Бәрі *алдағыш* сұм жалған. Басыңа тиді байқадың, Бәрінен басты шайқадың, Тағы бар ма айтарың? (Абай). Сырты тату, Іші қату, Қарыф жасап нүкте жоқ. *Алдағыш* болсаң ас даяр, Алдаған кісі қасқаяр (І. Жансүгіров, Шығ.). Қан ішкіш, *алдағыш* патшаларды Темір бұғаумен тұсай гөр... Қараңғы зынданға қамай гөр... (С. Мұқанов, Саяхат).

АЛДАҒЫШТЫҚ зат. *Алдағышқа тән әрекет, алдампаздық.* Иран мемлекетінің базарларын кім көрінген бұрын базарлаған болса, қайдағы бір *алдағыштық* әрекеттермен асыл нәрселерін басқа мемлекетке апарып сатса, бұл күнде Риза шаһ оны да тоқтатты (С. Шарипов, Бекболат).

АЛДА-ЖАЛДА үст. *Әлде қалай, зәуі сайтан.* Кім қандай қайрат қылады, қалай соқтығады, *алда-жалда* атысқанда қайтеді, жеңгенде не қылады, жеңілсе қайтеді? (І. Жансүгіров, Шығ.). *Алда-жалда* өзінен жас біреу-міреу кіре қалса, Құба-екең шығып жүре береді де, ол үйдің арнап асқан тамағына да келмей қояды (С. Мұқанов, Мәлдір махаббы.). *Алда-жалда* әйеліңмен тұруға үй табылмаса, біздің ауыз үйде Әлжақандікі отыр.

Бір қыс екеуің сыйысарсың (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АЛДА-ЖЫЛДА үст. сөйл. *Алдажалда.* Менің жұмысым бір минуттік қана, кіремін де шығамын. Қарсы болмайсыздар ма? *Алда-жылда* ренжитін болсаңдар амал бар ма? Күтейік, тегі қабақтарың түсіп кетті ғой (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛДАҚАШАН үст. *Баяғыда, атам заманда.* Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, *алдақашан* өлтіріп тастар еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Сенен басқа адам *алдақашан* Қарабайдың көзін жоғалтып, Баянды алып тартып отыратын еді-ау... (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.). Талас пікірдің беті *алдақашан* ашылса да жиналысты басқарушы Жақып отағасы мәселені дауысқа сала қойған жоқ (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АЛ-ДАЛ: Ал-дал болды. Ж е р г. *Делсал болды. Ал-дал боп* атақты ақын жыр толғатып, Ойлайды кейде отырып, кейде жатып. Келешек дастанына «Әлия» атты Іздейді сөз асылын күн-түн қатып (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Әліш айтарын айтса да Кенжебектің не қорқып, не қуанғанына түсіне алмай *ал-дал болып,* жүзін Кенжебектен тайдыра берді (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

АЛДАЛА е т. сөйл. Аллала. Істің болар қайыры Бастасаңыз *алдалап,* Оқымаған жүреді Қараңғыны қармалап (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Түн қатқан, абыз болған, *алдалаған,* Жимаған жұрттан малын қолдан алған. Діндарман, шариғаттың шартын құптап, Аулына Асан дейтін молданы алған (І. Жансүгіров, Шығ.). Жыртық киім, жалаң аяқ, Дір... қалтырап балалар. Отты көсеп *алдалаған* Кемпір-шалы және бар (Б. Майлин, Шығ.).

АЛДАМПАЗ с ы н. *Өтірікші, суайт, алдағыш.* Сол қатарда жеміт айлакер, *алдампаз* саудагерді Алдарға мазақ еткізу де осындайлық таптық, халықтық санадан туған (М. Әуезов, Әр жыл.). Орыс халқының даңқты мысал жазушысы Крылов өз дәуіріндегі парақоршылық, қара жүрек, ел жегіштік, *алдампаз* қулыққа қарсы тәрбиелеп, содан бездіруге тырысты (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Оларға карта тәсіл жүйесіндей, *Алдампаз* айлакердің күресіндей, Немесе тау басында сайыс салып, Сүзіскен құлжалардың тіресіндей (Т. Жароков, Шығ.).

АЛДАМПАЗДЫҚ з а т. *Алдампазға тән қасиет.* Осы Омардың әкесі де басқа әкелер сияқты алдампаз болды ма екен? Мүмкін емес. Өзі Омардың әкесі бола тұрып, *алдампаздық* жасауға оның ақысы жоқ (О. Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

АЛДАМШЫ з а т. *Алдампаз, алдағыш, суайт.* Малғұн! Молда *алдамшы!* Кәне, бері жүріп кәр! (І. Жансүгіров, Шығ.). Әрбір ақ айнымас мінез иесі болады. Арыстан зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр — тойымсыз қомағайлық, жеміттік мінез иесі; түлкі — пәле басы және жауырыны жерге тимес, аяр *алдамшы* өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып көрінеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұл молданың өтірігіне сену деген, Жетегіне соқырдың еру деген. *Алдамшының* алдаған сөзіне еріп, Қолда барын сыпырып беру деген (С. Торайғыров, Шығ.).

АЛДАМЫШ с ы н. *Көз бояушы, жалған.* Бірақ Әзімбай жолдас бұл мәселеге ерекше тоқталып, бұл тек қолдан жасалған, *алдамыш* тенденция болмай, нағыз идеялы, шабытты тенденция болуы керек, біздің әдебиетіміздегі тенденция осындай болуы керек екендігін айтуы керек еді (С. Сейфуллин, Шығ.). *Алдамыш* жалған үміт бермес пайда, Кеткен бақ қайта оралмақ заман қайда? (М. Әуезов, Шығ.). Өзін тым биікке қойып, көпті көргендікке салынып, шәкірттерді өнермен алам, ақылгөй сөзіме еліктіріп, өз соңымнан ертемін деп үміттену — *алдамыш* ой, ағат ниет (М. Иманжанов, Көк белес).

АЛДАН е т. 1. *Алда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көптің бәрі осындай мисал етсең. Көп айтты деп *алданып* уағда күтсең. Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Абай). Күрекке! Мұртың таңқы сопымысың? Сопы боп сен намаз оқырмысың? *Алданып* арамзаның құ тіліне, Омалып енді жалғыз отырмысың? (Б. Майлин, Шығ.). Атаманға жақсы атты көрінемін деп көрі ояз... *алданып* қалды (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). 2. *Бой ұру, қызығу. Алданды м* осы шалдың күйін тыңдап, Жабығып, өрге өрлемей, төмен құлдап. Көңілді көне күйдің тоты басып, У сеуіп жүрегіме, жанымды улап (І. Жансүгіров, Шығ.). *Алданар* жоқ, арман көп, Көрің қайтіп күн көрер, Жарастық жоқ, жалын жоқ, Жарым қайтіп күн көрер (М. Әуезов, Таңд.). Боранмен *алданып* Сәрсебай

күннің еңкейіп қалғанын да байқамапты (С. Бегалин, Төлбасы.). Қызық көріп, мәз болып Шал айқайлап қалыпты. Сезге *алданып,* сөйтіп бір Аю естен танышты (Т. Молдағалиев, Құралай). 3. *Айналып қалу, тоқтау, бөгелу.* Құбылған тұрмыс шіркін әлі шұбар, Жалындай жүрек кейде гүлге құмар. Кейде егер махаббатқа көңіл бөлсем,— Іс келсе, *алданам* ба білек сыбар? (С. Сейфуллин, Шығ.). Қонақтарының ауқыметімен кеңеске *алданып* қалған Тәрбие ас даярлайтын ыңғай көрсетті (С. Мұқанов, Шығ.). Қайрекең маған да керек еді. Қайтқан жоқ. Неғып *алданғанын* білмеймін,— деп Мұхит шығыс жақтағы биіктерге көз тастап жіберді (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АЛДАНҒЫШ с ы н. *Сенгіш, тез сенетін, нанғыш.* Бұл да қартқа жұмбақ. Бірақ бала көңілі сәби, *алданғыш,* не болса соған ойын бөле қояр әдеті (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). Жасының ұлғайғанына қарамай, бұл өзі бір *алданғыш* адам (Ауызекі тіл).

АЛДАНДЫР *Алдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Күніұзын бізді *алдандырған* тарихтың әңгімесі болды (І. Жансүгіров, Шығ.). Баймағамбет Салтанатты көп *алдандырып,* көпке шейін кіргізбеген (М. Әуезов, Шығ.). Әріптері, цифры *Алдандырып* мені ертті, Әке, пешем сықылды Әңгімелер үйретті (Ғ. Орманов, Таңд.).

АЛДАНДЫРҒЫШ з а т. *Алдаусыратушы, емексітуші.* Қандай жылпың жаңа жансып, Таза жанды таң қалдырғыш, Сескендіріп ер адамсып, Монтансынып *алдандырғыш* (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛДАНДЫРУ *Алдандыр етістігінің қимыл атауы.* Қандай қорлық мекірлік ед Өлмеліні *алдандыру,* Оған жастық түзеп тұру, Дәрі ұсыну уайым жеп, Ішті тартқан, іштен айтқан Сені қашан алар сайтан! (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол таяққа сүйеніп әрең жүретін кемпір, сондықтан жалпы бақылауы болмаса, баланы *алдандыруға* шамасы келмейді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Батамен ғана ақын болдым деу ақындардың өзін өзі *алдандыру* сияқты ескі нанымның қалдығы (Е. Ысмайылов, Ақындар).

АЛДАНДЫРУШЫ з а т. *Алдандырған адам, нәрсе.* Біз жұмыста болған кезде баламызды *алдандырушы* осы бір самолет ойыншық (Ауызекі тіл). Оны жұмыстан кешіктіріп, *алдандырушы* сол қара торы жігіттің дәл өзі (Бұл да).

АЛДАНТ *Алдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кімді *алдантпас* бұл өмір, Тірліктің ұсақ жыбыры, Ұмытшақ қой бұл көңіл Еленбес шындық сыбыры (С. Бегалин, Өленд.).

АЛДАНУ *Алдан етістігінің қимыл атауы.* Көптен бері Абай бұндайлық: намыс пен ыза, *алдану* мен қиянат, қимастық пен арлану, ұялып арлануды неше қырлы қысымын көрмегендей (М. Әуезов, Абай). Елу күн ғайып болған тоты құспын, Білмеймін әкеңнен де *алдануды* (Ақын жырлары). Кешірмейтін не бар. Баланың байқауы осылай болады. Жас жігіттің аузы жеңіл, көрі кемпірге *алдануы* жеңіл кінә емес (Д. Еркімбеков, Шығ.).

АЛДАНУШЫ з а т. *Алданып қалушы, иланушы.* Ракетамыз айға жеткенімен кейбір қыздардың санасы әлі жерде жатыр... алдаушылар бар жерде сен сияқты *алданушылар* да бар,— деді Ноян Дидарға (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АЛДАНЫС з а т. *Өзін өзі жұбатушылық, үміт күтушілік.* Шеш көңілімнің жұмбағын Әлде бәрі *алданыс.* Жас жүрек жайып саусағын Талпынған шығар айға алыс (Абай). Жырдай ма бір тізбегі, Өмірдің көп ырғағы. Кінәлі ме қыз тегі, *Алданыстың* құрбаны (Қ. Бекхожин, Ардагер.).

АЛДАНЫШ з а т. 1. *Көңілге жұбаныш, тиянақ, медет, қуат.* Алла берген арманға Ah ұрсам болмас *алданыш,* Сабыр, тағат қылуға, Қоймады күйік бойыма ес (Абай). Балдай Беренің бетіне қарап отыр, қарап отыр, өз қызығына өзі тоймаған-ақ қызық екен!... Әркімнің өз *алданышы* бар. Жәуке мен Балдайдың *алданышы* осы Берен (Б. Майлин, Шығ.). Болайын оған дейін осы маңда, Болайын *алданышың* дем алғанда, Сүйгенің мені егер рас болса, Бұл серттен қадам басып әрі барма! (С. Мұқанов, Шыннан шыңға). 2. *Машық, ермек.* Әрбір адамның мәнді еңбегімен қатар, әдет алған басқа *алданышы* болады (С. Бегалин, Ана қайраты). Әсем қыз, сұлу сурет көркіменен *Алданыш* боп жаралы жанды уатқан (Д. Әбілев, Таңд.). Қаңтардың тысқа тұмсығыңды шығаруға мүмкіндік бермейтін қара боранды, қызылшұнақ аязды күндерінде біздің үлкен *алданышы-*

мыз сол ағаш мылтық болды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АЛДАНЫШСЫЗ с ы н. *Уақыт өткізетін ермегі жоқ.* Әділбектен хат-хабар келмегелі бес-алты айдың жүзі болды. Енді міне сағынып, зарығып іштей езіледі. Бірақ *алданышсыз* емес (А. Хангелдин, Өткен күн.).

АЛДАҢҚЫРА е т. *Алдай түсу.* Баланы *алдаңқырап* алып барды да, әлгі адам көшенің бұрышын айналып кетті (Ауызекі тіл).

АЛДАҢҚЫРАТ *Алдаңқыра етістігінен жасалған өзгеліс етіс.* Тіке ұру кезінде *алдаңқыратып,* шабуыл мен шабуылға шығар алдындағы елесті қарсы адамы айыра алмайтындай қимылдар жасау керек («Спорт»).

АЛДАП-АРБА е т. *Қулықпен, айламен қолға түсіру, дегеніне көндіру.* Сымбатты, күшті қызды бағындыруға күші жетпейтінін көрген соң, ол енді Ғайниді айтқанына сөзбен көндірмек болып, *алдап-арбап* айналдыруға тырысты (С. Сейфуллин, Шығ.). Сол далада халықтың басын шатып, *алдап-арбап* жүрген дін иесі — қожа, молда, ишандар (М. Қаратаев, Далдағы дабыл). Кетуші ек бір көргенде құмарланып, Жеткенше сабыр етпей күйіп-жанып. *Алдап-арбап* қолыма түсірген соң, Салқындап қалушы еді құмар қанып (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

АЛДАП-СУЛА е т. *Өйтіп-бүйтіп дегенін істету.* Әлсізді әлді алып, *алдап-сулап,* талап-тонап жатқан заманда Ертіс бойында ердің ері, егеудің сынығы-ақ күн көреді (І. Жансүгіров, Шығ.). *Алдап-сулап* азат басым құл етті, Алтын айдар аруымды күң етті. «Алаш» деген құр дақпыртқа мәз болып, Ала ауыздық, әуелікпен күн өтті (Б. Майлин, Шығ.). Барғанда *алдап-сулап* ақшасын сыпырып алып кетеді де, қос-қостан пальто, қаракөл тон, құндыз бөрікке жұмсайтын көрінеді (З. Шашкин, Сенім).

АЛДАРҚАТ е т. *Алдаусырату, алдай түсу.* Белан бұл ат үсті ойлап тапқан дәлелінен қайтпады: солдаттар тілге келгеннен кейін, бұларды қалайда сөзге *алдаркатып* уақыт ұтуға кірісті, бір қапысы табылар деген үмітке иек сүйеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Өзінен әйелдің ұзын екенін білетін, бірақ көңілі өсіңкі жігіт: «Қайтер дейсің, төсек теңестіреді ғой» деп өзін өзі *алдаркатып* жүрген-ді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қызықты көш ойын-той Дариға балғын күндерім, *Алдаркатып* өте тез Озарыңды білмедім (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АЛДАРҚАТУ *Алдарқат етістігінің қимыл атауы.* Осы дұрыс па? Мұнысы алдымен өтірік. Ол совет үкіметіне қосылмаса — басқаға қосылады. Ешкімге қосылмай ешбір адам өз бетімен қалмақшы емес. Бұл *алдарқату,* жаңылдыру (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Сіз бұны арзан қол сюжет, талғамы таяз адамдарға арналған *алдарқату* дерсіз. Иә, онсыз мен күнелте алмаймын («Лен. жас»).

АЛДАС *Алда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе, Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе. Жұртпен бірге өзіңді қоса *алдасып,* Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе? (Абай). Алас болып *алдасқан* Мұнар болып тұлдасқан, Мұсылман болып дінді ашқан Мұның бәрі — жігіттер, Бір кісіден табылмас Астана жұртқа жарасар (Үш ғасыр.).

АЛДАСПАН з а т. к ө н е. *Имек қылыш.* Арыстандай долданып, Қан майданның төрінде, *Алдаспанды* қолға алып, Ұран салып жеңуге (Жамбыл). Құрыншы екен қарасақ, Алдымызды ораған. *Алдаспанын* асынып, Жаңбырлы қардай бораған (О. Шипин, Екі дастан). Тамырын тап жауының талқандауға, *Алдаспан* суырылды тыққан қынға (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

АЛДАСПАНДАЙ с ы н. *Алдаспан сияқты, алдаспан тәрізді.* Тиген соң өткір сөздер *алдаспандай,* Темір де жауыздыққа жармасқандай. Анаға көзін тікті дәл осы кез Майданда екі батыр арбасқандай (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЛДАСТЫР *Алдас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Аманкелді қолы патша өкіметінің әскерін осы шөл-тақырға *алдастырып* шығарып алған да, қапысын тауып, мелжемдеп қырған (С. Мұқанов, Мөлдір махаббұ.). «Кімге қоссаңдар да еріктерің, бірақ Сұлтанбекке қоспаңдар» деп хат жазады. Олар осы өтінішті орындайды да, қызды *алдастырып* Мұстапа Көшеновке қосады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛДАСТЫРУ *Алдастыр етістігінің қимыл атауы.* Әйтсе де, Мақтым кеткенде сол бірдеме әкелетіндей көріп, өзін өзі *алдастырумен* ұзақ күнді кеш қылады (Б. Майлин, Шығ.). Ескі жолды қар-

таң байлардың революциядан соң бұрынғы үй-іші қалпын сақтап қалуға тырысып, екі әйелін *алдастырумен* бұрынғыша ұстап қалуға тырысқаны ашық (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЛДАСУ *Алдас етістігінің қимыл атауы. Алдасу* да, арбасу да бітті, енді елшілікпен жұмыс істейік,— деп Мәнтай басалқалы сөз айтқанда, төрде отырған шоқша сақал оның сөзін жақтырмағандай кейіп көрсетті (Ауызекі тіл).

АЛДАТ *Алда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл кездің үркері таңға жақын аспанның батыс жақ жамбасына барады. Ол *алдатпайды.* Сағаттан алданып қаламыз (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛДАТҚЫЗУ *Алдатқыз етістігінің қимыл атауы. Алдатқызу* адал адамның ісі емес, бірді бірге соқтыртпай тыныш жүр, балам,— деп қарт босағаға таман отырған Елемегенге бұрыла қарады («Лен. жас»).

АЛДАТҚЫШ з а т. *Алдауға түскіш, алданып қалғыш.* Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге *алдатқыш* болатындығы қалай? (Абай).

АЛДАТТЫР *Алдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Жоқ, ана кісі оған *алдаттырмайды* (Т. Дәуренбеков, Біз кездес.).

АЛДАТТЫРУ *Алдаттыр етістігінің қимыл атауы.*— Сенің Жұмабекті *алдаттыру* керек деген сөзіңе мен тіпті келіспеймін,— деп Жайлаубек бұрылмастан жүріп кетті (Ауызекі тіл).

АЛДАТУ *Алда етістігінің қимыл атауы. Алдату* арқылы мал тапқан адамдарды да көргенбіз (Ауызекі тіл).

АЛДАУ *Алда етістігінің қимыл атауы.* Пайданың негізі *алдаудан* шығады, *алдау* жалғанға тіреледі (С. Талжанов, Қайып қарт.). Міндеті ораза ұстап, намаз оқу, Молда айтқанын талғамай ойға тоқу. Мүләйім, құдай деген сопы жан боп, Момындарды *алдаумен* жемтік шоқу (С. Торайғыров, Таңд.). Сол тазшаны осы елден жітірелік, Ауылға *алдаумен* келтірелік. Қыз беріп жетім ұлға жібергенше Бір сұғып пышақпенен өлтірелік (Қозы Көрпеш.).

АЛДАУ-АРБАУ е т. *Алдау және арбау, екеуі де.* Ол кездің ішінде мал, бұйым, өлік, үсір-пітір, *алдау-арбау* жасырынып тұрғандай (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Білмейді *алдау-арбау* дегеніңді, Ұғынар айта қалсаң не жөніңді, Алдына ақыл-көмек сұрай барсаң, Табарсың бір өзінен керегіңді (Қ. Аманжолов, Шығ.). Дінді, құранды әшкерелеу үшін діннің негізі *алдау-арбау* дей салу — қазірде ешкімді де қанағаттандырмайтындықтан, осылай ету жөн көрінді (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

АЛДАУРАТ е т. с ө й л. Алдаусырат. Біз жауды бөгеп, *алдаурап* тұрғанымызда сіз мынау орманға өтіп кетсеңіз ғой қандай жақсы болар еді (Б. Момышұлы, Жауынгер).

АЛДАУСЫЗ ү с т. *Жалғансыз, қоспасыз.* Анаға бала *алдаусыз,* Есікті жапты тым қатты. Осы сәт, бәлкім, аңдаусыз Жоғалды сезім қымбатты (Н. Шәкенов, Айтүл). Өз ойына әбден берілген Наурыз: «Россияда шын мәніндегі бостандық, *алдаусыз* азаттық бола қалса, Франциядағыдай, бостандықтың символы етіп осы абзал әйелдің мүсінін ақ мәрмәрден неге қашап салмасқа!» — деп арман етеді (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

АЛДАУСЫРАТ е т. *Алдаңқырай түсу, алдай түсу.* «Еншілес қыламын, қатын алып беремін» деп, Ерқан *алдаусыратып* жүріп, ақырында қасқыр жеген тайын Дүйсебай ұрлады қылып, пәле салып, үйінен қуып жіберген жоқ па? (Б. Майлин, Шығ.). Шалдың көңілі бәйбішені ептеп, сырмалап, сыртқа төбу. Іргеңді бөлек салып отыра бер, кім іш-құлқыңды біліп жатар сенің,— деп *алдаусыратады* (М. Әуезов, Әр жыл.). Керегі жоқ, Сейіт. Кім білсін оның не екенін. Мүмкін солай *алдаусыратып,* қақпан құрған жау болар (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

АЛДАУСЫРАТУ *Алдаусырат етістігінің қимыл атауы.* Сүгірәлінің «босата тұр» дегендегі үнінен Бұланбай сескенген жоқ, *алдаусыратуы* ма деп ойлаған да жоқ, босатып жіберді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Анау-мынау жеңіл-желпі жылтырақ бірдеңелермен *алдаусыратуға* тағы да болмай қалды (О. Сәрсенбаев, Даңқ).

АЛДАУШЫ з а т. *Өтірікші, өтірік айтушы, айламен отырғызып кетуші.* Нұрып ойланды. Кенет Батталдың иығынан ұстады.— Пар ат бергізем. Бірақ *алдаушы* болмайсың (Б. Майлин, Шығ.). Қыз жылап айтқан екен барлық сырын, Себебін келе жатқан бүйтіп ұрын, *Алдаушы*

болам ғой деп сенгіш ерге, Жойма деп жалынышты әбүйірін (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Ерте-кеш жалғызым деп зарлаушы едім, Жұбатып өзімді-өзім *а л д а у ш ы* едім, Баламның өз көзіндей бұл сағатты, Қолыма сағынғанда байлаушы едім (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АЛДАУШЫЛЫҚ з а т. *Алдауға тән әрекет.* *А л д а у ш ы л ы қ п е н* жүргізілген екінші сайлауды теріс деп табуды қарарға қосыңыз (В. И. Ленин, Шығ., 36, 353). Ханның қу жасауылына түлкіні теңеп, түлкіні қулықтың, *а л д а у ш ы л ы қ т ы ң* суреті қылатын болған (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЛДАУЫШ з а т. с ө й л. Алдаушы. Күллі жер жүзіндегі халықтардың өз бетімен тіршілік қып жүрген еңбекшілеріне, *а л д а у ы ш* социалшылардың соңынан еріп жүрген еңбекшілеріне ең бірінші тендікке жетуге тура жол көрсетіп, ту көтеріп, жаршылар ұранын салған Ленин еді (С. Сейфуллин, Шығ.). *А л д а у ы ш*, ел бүлдіргіш құрыса сұмдар, Қараңғы ел арамыздан тыным табар (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Жетіде де келмедің, Сегізде де келмедің. Әлде *а л д а у ы ш ы м* сен бе едің? (С. Сейітов, Бетпе-бет).

АЛДИЯР а р. о д. *Тақсыр, құлдық.* — Бізге мың қабат *а л д и я р* деп, әр уақытта сәламаттығыңызды алладан сұрап, жанабыңызға телеграмма соққан Жаманбайұғылы Жұмағұл,— деді (І. Жансүгіров, Әңгім.). *А л д и я р*, қадірлі ата, еркің білсін Егескен ершігешке балаң күлсін (М. Әуезов, Шығ.). *А л д и я р*, көшпейін деп отырған біз жоқпыз... (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АЛДИЯРЛА е т. *Бас ию, құлдық ұру.* Батырлар түрегелді *«а л д и я р л а п»*, Тізіліп тұтқын қызға болды бармақ. Тұтқын қыз кімді таңдап қалау қылса, Сұлуды қатын қылып сол болды алмақ (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Шылия жылтыр жезді, сылдырап шоқ, Сөнге істетпен, табарлық міні де жоқ. Қарсы алды *«а л д и я р л а п»* қамағандай, «Құлдықтап» қол қусырып жиналған топ (Д. Еркімбеков, Шығ.). Ол солай күмпиеді бардай салмақ, Абырой, атағының алдын барлап, Телефон шылдыр етсе шүлдірлейді, Әлде бір атаманды *а л д и я р л а п* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АЛДИЯРЛАУ *Алдиярла етістігінің қимыл атауы.* *А л д и я р л а у* үлкенге алдау емес, Жүрсе егер күн-түн қатып барлау емес (Ауызекі тіл).

АЛДЫ з а т. 1. *Адамның беті қараған жағы.* Еңкейіп домбыраны қайта Ахметтің *а л д ы н а* қойды (С. Сейфуллин, Әңгім.). *А л д ы н д а* қымыз, ақ жастыққа шынтақтап болыс жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Кенет толқын сездім бір, Көрнегендей жыр мені. *А л д ы м ы з д а* Ленин тұр, Қолын сілтеп ілгері (Партия тур. өлеңд.). 2. *Үйдің есік жағы.* Ауылдың орта шенінде бір үйдің *а л д ы н д а* үйме-жүйме болған кісі (Б. Майлин, Таңд.). Съезд үйінің *а л д ы н д а* Қасен, Әлжан, Нұрғали кездесті (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Әрбір үйдің *а л д ы н д а* аяғына саломнан жасалған пима киіп, фрицтер қарауылдап тұр (М. Ғабдуллин, Менің майдан.). Жұмыстан қайтар кезінде Кеңсе *а л д ы н а* барасың, Тілдесе алмай өзімен, Сырттан мәз боп қаласың (М. Әлімбаев, Лирика). 3. *Бір нәрсенің алғашқы кезі, бастамасы.* Бүгін сондай бір отырыс үшін Абай кеш батар *а л д ы н д а* Баймағамбетті жіберіп, Әбішті дағдыдан тыс ертерек шақыртып алған (М. Әуезов, Абай жолы).— Қасқырбай үйі қашан бізді кеп айдап шыққанша, бөлемнің қосының орнына қосымызды тіге тұрайық, мүмкін оның ырысының кедейге ауысуының *а л д ы* осы болар (С. Мұқанов, Есіл). Басқа облысқа ауысар *а л д ы н д а* достар тағы бас қосты (С. Төлешев, Түрлі. бас.). 4. Ү с т. *Бір нәрсенің ең таңдаулысы, озығы, үздігі, жақсысы.* Анадан алғыс алып ем — Ашылсын деген еркенің. Атадан алғыс алып ем — *А л д ы* бол деген өлкенің (Ә. Тәжібаев, Аралдар).— Болад,— деп,— осы балаң елдің *а л д ы*, Қуантып қайта-қайта Сам мен Залды, Қоштасып қонысына қайта ұшып, Самұрық сол күйінше кетіп қалды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Россия, *а л д ы н д а с ы ң* бар өлемнің, Бейбітшілік төріне жол сілтеген (Ж. Саин, Таңд.). 5. Ү с т. *Болашақ, келешек, бет алыс.* Иә, Шоқан, Шыңғыс Уәлиханович өте дұрыс айтады. *А л д ы ң а* қара. Қызық та, білім де, өнер де *а л д ы ң д а* — деді Дабашинский, Шоқанның ауылға қиыла қараған ойын бөліп (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ішкені қымыз емес, қыздың жасы, Жас бала жау қолында қатқан басы, У сеуіп үмітіне *а л д ы н д а ғ ы*, Ұялмай бола қалды шал құрдасы (Д. Еркімбеков, Шығ.). Тар жолдан таймай өткен халық батыр *А л д ы н д а* бұдан да әсем өмір жатыр. Дариға-ай, дәурен жетіп көрсем сені,

Тойыңа толған шақта толы ғасыр (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

◆ **Алдын ала.** *Күн ілгері, күні бұрын, бұрыныраң.* Зәкіржанның не айтқалы келе жатқанын Қалдыбай *алдын ала* біледі (Б. Майлин, Шығ.). Байсал соған қатысушылармен *алдын ала* соңғы рет репетиция өткізбек болып үйден шықты да, Банудікіне бұрылды (М. Иманжанов, Менің махабб.). Біз олармен араласпаймыз. Мәстура ғана барып тұрады. Сондықтан соның сөзін сөйлейді,— деп *алдын ала* бәйек болдың, жуып-шайдың («Лен. жас»). **Алдына алған еркесі.** *Алданышы, жұбанышы.* Ата-анаға көз қуаныш *Алдына алған еркесі.* Көкірегіне көп жұбаныш, Гүлденіп ой өлкесі (Абай). **Алдын алды.** а) *Бір нәрседен күн ілгері сақтанды.* Аурудың *алдын алған* жөн (Ауызекі тіл). ә) *Жауып кетті.* Сүйеніп сойылына тұрып қалды, Жосадай жосыған қан *алдын алды.* Жап-жаңа жарық күндей жас боздақты Табанда дағдыр мұндай күйге салды (И. Байзақов, Таңд.). **Алды аяңдап, арты желді.** *Жылқының жылдам жүрісі.* Бір күні Махамбет Жәңгірдің он екі биімен бірге далада келе жатса керек. Сонда астындағы қара қасқа аты *алды аяңдап, арты желіп,* билердің алдында оң бойы озып отырыпты (А. Жұбанов, Құрманғазы). **Алды бар, арты жоқ.** *Жаманшылығы жоқ, зілсіз.* Бригадир боп істейтін ақ бас шал сол күні жетіп келді. Қайнаға дейтінмін, мақтаншақтау, *алды бар, арты жоқ,* жасы келсе де пысық, жеңілтек кісі (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Алдына бас иді.** *Кешірім сұрады, тағзым етті.* Ақырында, Мадан хан ұтылады да, айыбын мойнына алып, Аяз бидің *алдына бас иеді* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Адамзаттың асылы Аруағыңды ардақтап, Кетті көріп көңдіккен — Ақшыл тартқан *басымды Алдыңа* келіп *иемін* (Ақын жырлары). Туы ол дем алудың, ел қорғаудың Адалдық *алдына бас июімнің.* Заң күші ұшты аспанға жұлдыз болып, Түн түгіл таңырқар жұрт күндіз көріп (Партия тур. өлеңд.). **Алдында кетті.** *Ең жақын адамынан бұрыныраң өлді.* Кетемін деп шыныңды айт, Артыңда қалып не етемін, *Алдыңда* сенің *кетемін* (Ер Тарғын). **Алдына жан салмады.** *Өз қатарының алды, теңдесі жоқ. Алдына жан салмаған* Біржанға Сараны да жеңу мұрат. Бірақ ол Сараны көруді, тілдесуді, сырласуды арман етіп келеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Күш сілтеді, Қылмас далда. Ол бұрын да Еш майданда *Алдына жан салмаған* (С. Сейфуллин, Шығ.). Мелбурн мен Римде біздің атақты стайерлеріміз Владимир Куц пен Петр Болотников он мың метрге жүгіруде *алдарына жан салмастан* бірінші келген («Лен. жас»). **Алдына жан шықпады.** *Ешкім бетіне қарсы келе алмады.* Алдынан шыға алмады ешкім мұның, Бәрін де алды, қорқытты жолдағының. *Жан шықпады алдынан,* тоқтауы жоқ, Жер жүзін жеке билеп алмақшының (Абай). **Алдына келтірді** [келді]. *Өз істегенін өзіне істеді, есесін қайтарды.* Мен үш рет өз істегеніңді *алдыңа келтірдім,*— дейді де, шарықтап кетеді (Қаз. ертегі.). Қартайғанымда мазақтадың ғой мені, *алдыңа келсін,*— деген тонды кісінің сөзі бұлығып шықты (С. Адамбеков, Қожанасыр қақп.). Атаңа не қылсаң, *Алдыңа* сол *келер* (Мақал). **Алдына салды.** а) *Көзіне көрсетті, алдына жайды.* Апар да мыс бақырды *алдына сал,* Алтын болса, болады бірталай мал. Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр, Жәдігөй боп жүрмесін ант ұрған шал (Абай). Ауқымды да көлемді алып істерді *алдыңа* жайып *салады* (Адам және химия). ә) *Сынатты, сарапқа салды.* Жігітті әлденеше көзім көрген, Сөзіме бір сен болдың жауап берген. *Алдыңа* ақын болсаң *сала* айтайын Кім екен адамзаттан бұрын өлген (Айтыс). **Алдына тартты.** а) **Ұсынды,** *берді. Алдыңа* табақ *тартып* қойғандай асығып едің, кәне келгені? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Қарайды оған асқар тау да, *Алдына* әкеп *тартқан* сонша Тағам толы дастарқанға Таңырқаған тосын қартша (Партия тур. өлеңд.). Жойқында салынды боп құйылмадым, Тағдырдың тап-тап еттім қиын жарын. Сый етіп *алдарыңа тарттым,* достар Жемісін алғашқы бір жиырманың (Қ. Бұғыбаева, Тұңғыш кітап). ә) **Ауыс.** *Бетке ұстады, беделтұтты, арқа сүйеді.* Мекеме бастығын алдына тарта сөйлеген оның сөзінен жағынудың белгісі көрініп тұрды («Лен. жас»). Көденді *алдына тарта* сөйлеген Мұраттың сөзі жұртшылыққа ұнады (Ауызекі тіл). **Алдын көрнеді.** *Есігін босатпады, жан-жақтан қаптады.* Мұңлы, шерлі, жоқ-жітік, Аңсап *алдын көрнепті* Бәрінің көңілін тындырып, Біреуін ала көрмепті (Абай). **Алдын ойлады.** *Болашақ туралы қам жеді.* Сорлы елім, көріп жүрсің еңбекті жау, Ел кезіп, өсек айтып, ізденіп дау. Істейтін бар

кәсібің ұрлық-зорлық, Кісі жоқ *алдын ойлар* бір дені сау (Қаз. әдеб. хрестом.). **Алдын орады.** а) *Орағыта, орай жүрді.* Сыздық кете барды. Қасқыр ере жүрді. Қорқып қашып бара ма дегендей *алдын орады* бір кезде (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бірі *алдыңды орап,* бірі тақымдап қуып, басып озып, енді бірі үзеңгілесе жарысқан көк, қызыл, қара машиналар (З. Шашкин, Теміртау). ә) *Мысын құртты, амалын тауысты.* Хан енді Ұлпа әйелге қалды қарап: — Ал, сен не айтасың деп *алдын орап,* Өз еркіне қоя бер, күнін көрсін, Сізден тілер тілегім жалғыз сол-ақ (Е. Бердин, Екі ойшыл). **Алдынан өтті.** а) *Кешірім сұрады.* Мен үш қайтара *алдынан өттім,* өтініш қылдым (С. Сейфуллин, Әңгім.). Оқымай-ақ кетейін, Байламаңыз жолымды. *Алдыңыздан өтейін,* Не жазып ем сол ғұрлы? (Жамбыл). *Алдыңнан өткенім* осы, енді өз обалың өзіңе (М. Ақынжанов, Ыбырай). ә) *Ақыл-кеңес сұрады. Алдынан* үлкендердің *өтейін* деп, Аялдап әдеп еттім біраз ғана (Жамбыл). **Алдына шықпады.** *Құрмет тұтып қарсы келмеді, сөзін жықпады.* Апа, біз талайдан бері дайындалған уақыт бітті. Соғыстың қызу жеріне барамыз. Жастық шағымда *алдарыңызға шығып,* қатты сөз айтқан болсам, басымды иіп кешірім сұраймын (Ол күндер.). **Алдынан шықты.** а) *Қарсы кездесті, алдынан жолықты.* Сәтжан жартастан түсіп келгенде: «Не таптың, құсың қайда?» деп Жанай *алдынан шықты* (С. Бегалин, Таңд.). Ертең ерте шаштараз ханның ордасына келе жатса, *алдынан* үзір *шығады* (Қаз. ертегі). ә) *Құрметтеп қарсы алды.* Ауытқыған жұрттың жүдеп-жадап келе жатқанын естіген Абылай хан қасына Бұқар жырауды ертіп, *алдынан шығады* (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Шоқан Дабашинскийдің үйіне келгенде, әтекесі Бейсен екеуі *алдынан шықты* (С. Бегалин, Бала Шоқан). Аман көріп елінді, Ата қоныс жеріңді, *Алдыңнан шықты* құрметтеп Ағайын, туғандарыңыз (Ү. Көрібаев, Өленд.). **Алдын тосты.** *Жолын күтті, бөгеді.* Отыз құл ақылдасты басты қосып, Өлеміз деп ойланды жаннан шошып. Бір шеттен бір жағаға келе жатқан Кәрі иттің ұстай алды *алдын тосып* (Абай). **Бет алды жан.** *Кім көрінген, кез келген адам. Бет алды жанға* бой салма, Қорлық жұрмес сақтыққа, Елу бесте біз-дағы Сенісер адам таптық па? (Абай) **Көз алдына келді.** *Елестеді.* Қазақстанның 28 гвардеец батыры Нұрқеннің *көз алдына келді* (Ол күндер.). Дүние бүкіл дөңгелек *Көзімнің келді алдына* Үстіне шықтым өрмелеп Қарадым бойлап арғыға (Қ. Аманжолов, Таңд.). Мұрат Айшаны қанша ұмытуға тырысса да, көңілінің бір жағын еркін жайлап алған әйел *көз алдына келді* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Көз алында.** *Көзбе-көз.* Дүние *көз алдында* асты-үстіне келіп, төңкеріліп, құбылып түскендей болды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Кей кезде ойлағандай мен ескеріп, Кетесің көлеңкедей елес беріп. Белдерің бетегелі мұнарланып, Жатады *көз алдымда* дөңестеніп (С. Мәуленов, Таңд.). Қолаң шашы құндыздай, Желмен ойнап құлпырды, *Көз алдымда* жұлдыздай Қыз тұрған жоқ, күн тұрды (Ж. Саин, Таңд.). **Кісі алдында.** *Біреудің көзінше, бетпе-бет келгенде.* Өз үйінде өзендей Күркірейді айтса дау, *Кісі алдында* кірбеңдеп, Шабан, шардан және шау (Абай). **Мандай алды.** а) *Озат, үздік, мақтаулы. Маңдай алды* екпінді, белсенді комсомолец, партия мүшесі, институтты ең жақсы бітірушілерден Рахмет Дәуірұлы сыйлыққа ұсынылды (С. Ерубаев, Шығ.). Ол смена — Лениногордың өндірістік кәсіп орындары комбинатындағы *маңдай алды* коллектив («Қаз. әдеб.»). Біреу сұрау қойса, бөгелмей жауап беріп, қашан түсінгенше тыныспайтын. Кластың *маңдай алды* еді ол («Лен. жас»). ә) *Ең басты, ең негізгі жұмыс.* Екі жолдың да сайдан өте берісінде көпірлер бар. Демек, біздің *маңдай алды* міндетіміз осы ашық далада көпірді мықтап ұстау болды (Ол күндер.). **Өз алдына.** а) *Жеке, дара, дербес.* ...*Өз алдына* жұрт боламыз дейтін солар емес пе еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Қазақстан отау тікті, *Өз алдына* ел боп шықты (Ғ. Малдыбаев, Балға-орақ). Бәріңе де *өз алдына* хат жазу керек. Әлі-ақ көрерсіңдер, хат жазудан кенже болмаспыз (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Өз алдына түтін түтетті.** *Жеке үй болды.*— Жарайды! *Өз алдыңа түтін түтетіп,* үй болам дегенің теріс емес,— деді Нұртай Күреңбайға, жынды кісіше ерсі күлімсіреп,— ал бірақ, біржола бөлініп кетем дегеніңді құптамаймын (С. Омаров, Қайырлы жаз). Сөзі алдынан шықты. *Айтқаны келді.* ...Енді шешесінің *сөзі алдынан шықты* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Тырнақ алды.** *Тұңғыш, ең алғашқы.* Педагогикалық институтта Сәкен Сейфуллин атында-

ғы әдеби бірлестіктің де өзінше қызу өмірі бар. Ай сайын онда студенттердің *тырнақ алды* туындылары талқыланып, пікірлер айтылып жатады («Қаз. әдеб.»). Оның *тырнақ алды* еңбектерінде-ақ халық өнеріне, ғасырлар бойы екшеліп, жинақталған сарқылмас қазынаға деген шын сүйіспеншіліктің ізі жатыр («Лен. жас»).

АЛДЫ-АЛДЫНА үст. *Бет-бетімен, бөлек-бөлек. Алды-алдына* кетеді, Қосылмайды әндері; Құлағымнан өтеді, Құр айғай салған сәндері (Абай).— Көріп біле алмадық... Оралғысы болсын!— деп, көпшілік *алды-алдына* тарай бастады (І. Жансүгіров, Шығ.). Гибридтендіру участогына аналық және аталық формалардың қатарларындағы собықтарды *алды-алдына* бөлек жинау керек, сонда олар араласпайды (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.).

АЛДЫ-АРТЫ зат. 1. *Алды мен арты, айналасы.* «Қаның бірге туысым, бүйтуге бізді қалай қидың?» деп, *алды-артымды* орап, бұлтартпай қойды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шоқанның астындағы ойнақтаған жеңіл жүрісті Қызқарасы аңшылардың *алды-артын* орап басымен алысады (С. Бегалин, Бала Шоқан). Екі жауынгер шыққалы бірнеше сағаттай уақыт болып қалды. Бір-біріне сыбырлай үн қатып, *алды-артын* терең барлап жүріп келеді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Басаяғы, бар болғаны.* Дүниенің *алды-арты* осы ғана болғаны ма? Бұдан кейін атар таң, батар күн жоқ болғаны ма? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Дидарласуымыздың *алды-арты* осы болмас, Аббас мырза! Сыйына орай болсын, құрбым. Азырқанбай ілтифат белгісін қабыл етіңіз,— деп Айбарша алтын сақинасын береді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

◆ **Алды-артын аңдамады.** *Аңғармады, байқамады. Алды-артын аңдамайтын* лақпа мінезден де құр емес (Б. Майлин, Шығ.). **Алды-артына қарамай.** *Тоқтаусыз, кідіріссіз.* Ұлық пен төренің сесінен сескеніп қалған халық хан қаһарынан қаймығып жарыла көшіп, *алды-артына қарамай* зытып, Сырдарияның ар жағынан бір-ақ шыққан (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Әулие-Атадан қатты соққы көріп, көп шығынмен шегінген Қоқан әскері *алды-артына қарамай* қашты (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Орнымнан жалма-жан түрегелдім де, *алды-артыма қарамастан* зытып отырдым (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

АЛДЫМ-БЕРДІМ сын. жерг. *Орта қолды; мақтаулы емес.* Үй иесі қонақтарынан ұялған болу керек, *алдым-бердім* бір қой сойды (Ауызекі тіл). 2. Ауыс. *Жай, немкетер; зиянсыз.* «Алыңыз», «тәтті қымыз», «аяғыңызды беріңіз», «алла разы болсын!» деген *алдым-бердім* сөздер ғана айтылып отырды (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛДЫМЕН үст. *Шу дегенде, ә дегенде. Алдымен* көзіме ақсұр атты көрсет (І. Жансүгіров, Шығ.). Газеттер *алдымен* қазақ еңбекшілерінің көп жеріне таралатын болсын (С. Сейфуллин, Шығ.).— *Алдымен* еліктің көп тоқталатын жеріне баралық, бұйырса қалай кездеспес екен,— деп, Ыбырай алға түсіп жорта жөнелді (С. Бегалин, Таңд.).

◆ **Ең алдымен.** *Біріншіден, ең бастамасында.*— Мен сенің құрдасың емеспін, *ең алдымен* сіз деп сөйле, екіншіден, өзің бері кел! (М. Иманжанов, Менің махабб.). Үйге келсем, *ең алдымен,* Шинеліме қараймын. Жатып едім жарамды орап, Сары аязда талай күн (Т. Жабаев, Із). *Ең алдымен* олар кішкене інісіне немесе сіңлісіне костюм тіксе, тіпті жақсы («Халық мұғ.»).

АЛДЫНДА үст. 1. *Бетпе-бет, көзінше.* Ол кім еді? Мақпал еді тоқал тапқан. Өсіріп, көргенді, есті ана баққан. ...Әлі ерке, арсаңдаған ана *алдында,* Әлі ерте қыз болуға шолпы таққан (І. Жансүгіров, Шығ.). Мен сөзімді партия жиналысы *алдында* айтып отырмын (Б. Майлин, Шығ.).— Отыр деймін мен саған. Үйінде емес, колхоз кеңсесінде, колхоз бастығының *алдында* тұрғаныңды ұғамысың?— деді қарт жылы шырайын суытып, зілді, нық дауыспен (М. Иманжанов, Адам тур.). 2. *Қарсаңында, бұрын.* Таң ертең шыққан ол күн батардың *алдында* ескі қалаға әрең жетті (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала).

АЛДЫҢҒЫ үст. 1. *Бұрынғы, ілгергі, әуелгі, бастапқы. Алдыңғы* жағында келе жатқан Байбол еді (Б. Майлин, Шығ.). *Алдыңғы* орақшы... кесек жүзді жігіт еді (М. Әуезов, Абай жолы). Жаңағы ауылдың әсерінен әлі арылмаған Сейіт *алдыңғы* жағына енді ғана қарады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Алдыңғы* арбада қалғып отырған Бейсен теңселе тү-

сіп, құлай кетті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. *Өткен уақыт, өткен күн.* Мәмбет жүрген жерде у-шусыз болғанын көрдің бе? Тағы да сол *алдыңғы* жылдың кебі: онда соңыма болыс түссе, енді хан мен қарасы жабыла түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Оның ойынан *алдыңғы* жылғы Кенжебектің аттан аударып, байлап алғаны кетер емес (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). 3. *Болашақ, келер уақыт, алдағы уақыт.* Қайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, *алдыңғы* жағын тегіс тексермекке тіпті жоқ (Абай). Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде — «әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» — деп қайғылы болмай, *алдыңғы* тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге (Бұл да).

◆ **Алдыңғы қатарлы.** *Маңдай алды.* «Ленинизм шындығы» деген өлеңінде Қалмақан лениндік ұлт саясатының Қазақстанды Совет Одағының *алдыңғы қатарлы* еліне айналдырғанын жырлайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бірақ сол кездегі нақты тарихи жағдайларда Абай өз заманының нағыз прогрессіл идеяларын бейнелеген ең *алдыңғы қатарлы* адам болды (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АЛДЫР 1. *Ал етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Қатын, тұр, мал *алдыр*,— деп Әбекең Жамалды жұмсады (Б. Майлин, Шығ.). «Кісі жіберейік... Ұстатып *алдырайық!*» — дегендерге сақ Игілік баспады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Алдырып* сонда әкесі бір топ шыбық, Белінен шыбығының мықтап буып: — «Балалар, сындырыңдар мынаны» — деп, Сыртынан қарап тұрды оқшау шығып (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). 2. Ауыс. *Ұрлату, айырылып қалу.*— Ақсұр атты ұрыға *алдырыпсың*, енді нағып шыдап отырсың?— деді Шалматай (І. Жансүгіров, Шығ.). Екі жылқы *алдырдым* Май төбенің жонынан. Бергенім жоқ қолымнан, Ұры әкетті торығап (Жамбыл). «*Алдырған* анасының қойнын ашады» дегендей, «қыз ұрлады ма?» деген күдікпен қасына бардым да, үстіндегі көрпесін жұлып алдым (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

◆ **Аяғын алдырды.** *Аяғы ауыр тартты, шаршады. Аяқтарын алдырып*, Астымда атым болдырды. Айдалада қалдырып, Құба жонға қондырды (Жамбыл). Асыққан *аяғын алдырар* (Мақал). **Бой алдырды.** а) *Шаршады, болдырды.* Өткен түн қасқырмен айқаста қатты қимылдап, *бой алдырған* түрі бар (Т. Ахтанов, Дала сыры). Кеше сырғанақтан кешірек қайтты деп еді, шаршап қалғансың ғой. *Бойын алдырған* кісі ұйықтай алмайды (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). ә) *Өмірдің ыңғайына, ырқына берілу, содан аса алмау.* Көп адам дүниеге *бой алдырған, Бой алдырып*, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған (Абай). **Жынын алдырған бақсыдай.** *Сең соққандай, мең-зең.* Аббас пен Ұрқия екеуі екі жақтан жәйіп-шуып, Шоқпыттың ашуын әрең басты. Жарқынбай *жынын алдырған бақсыдай*, басқа жөнге көшті (Д. Әбілев, Ақын арманы). Рудаков мүләйім, *Бақсыдай жынын алдырған;* Көзінде көлкіп уайым, «Кешір,— деді,— балдырған!» (Бұл да). **Мойын алдырды.** *Жегілген көлік мойнының қажалуы, жауыр болуы.* Егінді нашар жыртады екенсіздер!— деді Таубай, соқа жүрген жерлерді көріп ап,— көлікті де айдай білмейді екенсіздер, өгіздеріңіздің *мойнын алдырып* тастапсыздар ғой!... Обал-ай, жануарларға (С. Мұқанов, Аспаз). Аты шулы күрең төбел қабырғасы ыржыңдап, бүрсең-бүрсең етеді. Өзгелерінің бірі *мойын*, бірі арқасын *алдырған* (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Сыр алдырды.** *Сырын білдірді, әлсіздігін көрсетті.* Бәрінен бұрын *сыр алдырған* мен болдым. Арада бірер сағат өтті ме, өтпеді ме, білмеймін, бір мезгілде алақаным удай ашып, күректі қолымнан тастап жібердім (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). **Табаның тасқа алдырды.** *Аяғы ойылды. Табанын тасқа алдырып*, Үш Қошайға жеткенде, Жарақатты денесін Қара қан алып кеткенде (Манас).

АЛДЫРҒЫЗ *Алдыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Маған беремін деген кітабыңды кешіктірмей *алдырғыз*,— дедім жолдасыма.— Асықпаңыз, қазір *алдырғызамын*,— деді де, ол менің үйге кіруімді сұрады (Ауызекі тіл).

АЛДЫР-БҰЛДЫР ұст. сөйл. 1. **Балдыр-бұлдыр.** Шоқан оқуға кеткен жылы апыл-тапыл жүре бастаған, *алдыр-бұлдыр* тілі шығып қалған бұл інісі бес жасында сүзекпен ауырады да өледі (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). 2. Жерг. *Шала-пұла, еміс-еміс.* Табыспақ жер қазір алғы жақтан *алдыр-бұлдыр* көріне бастаған асқар белдің баурайы (Ә. Көшімов, Қыстаған). Күндіз көз алдында мен мұндалап тұратын Айыртаудың түйе өр-

кештері шілденің бозалаң түнінде көкжиегінен *алдыр-бұлдыр* ғана елестейді (Бұл да).

АЛДЫРТ *Алдыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Арман ағай бастаған «бестіктің» бүкіл жұмысшылар атынан қойған талабы бойынша батаға жұмысшыларына деген нанды асханаға *алдыртып,* тізіммен бергізуге қожамызды бір көндіріп едік (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Бал бітті, қызып барып, таңға жақын, *Алдыртты* офицерлер шандоз атын, Тарасты үйді-үйіне бет-бетімен Тамаша әнші, биші, маңғаз ақын (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

АЛДЫРТҚЫЗ *Алдырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*—*Алдыртқыз* ақынынды айтысамын,— деп Жемісбек отырған жиынды ду күлдірді (Ауызекі тіл).

АЛДЫРТУ *Алдырт етістігінің қимыл атауы.*— Бар нәрсені *алдыртуу* қиын емес.— *Алдыртуу* дейсіз, соны алып келетін адам бар ма? (Ауызекі тіл).

АЛДЫРУ *Алдыр етістігінің қимыл атауы.*— Біз Шоқанға даңғаза, дабылмен құс *алдыруды* көрсетеміз,— деді, өзі Мұса ағасының үйіндегі аға қонақтарға сәлем бере келіп (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АЛДЫРУШЫ з а т. *Алдыратын адам.* Бұрын мынау қалаға түспеген кезде, қол жетер ұн табылмайтын болған соң, жылдық болмаса да, қыстайға жеткендей астықты қала шығарып *алдыруышылар* болатын (С. Шарипов, Шығ.).

АЛДЫРЫЛУ *Алдырыл етістігінің қимыл атауы.*

АЛЕБАСТР з а т. *Ақ немесе түссіз келетін гипс тәрізді зат.* Гипс пен *алебастрдың* арасындағы айырмашылық олардың бойындағы кристалды суға байланысты болады (А. Мырзабаев, Химия қызығы).

АЛЖА-АЛЖА с ы н. 1. *Әбден қартайған, қаусаған (адам).* Ол жас кезінде жүзіктің көзінен өткендей еді, қазір *алжа-алжа* болған (Ауызекі тіл). 2. *Аңғал-саңғал.* Клуб залы шынында алғаш қараған көзге *алжа-алжа,* салақ қатынның үйіндей (М. Әуезов, Шығ.).

АЛЖАПҚЫШ з а т. *Киім кірлемес үшін алдан байланатын белдемше.* Сұр *алжапқыш,* сұр кенеп,— Тегіс сұрғылт киіндік. Тізе қосып тізіліп, Іске тастай түйіндік (С. Сейфуллин, Өленд.). Сауыншылар желіге жеткенде шүмекті ағаш шелектерін жерге қойып, сауыс болған тері *алжапқыштарын,* дізеқаптарын байлай, әңгімелесіп тұр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Қаба сақалды, орта жастағы бұл қара кісі қолында балтасы, алдына кенеп *алжапқыш* байлаған күйі күткен адамын қарсылағандай қақпаны аша берді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЛЖАПҚЫШТЫ с ы н. *Алжапқышы бар, алжапқыш байлаған.* Ол үйге кіре бергенде қарсы алдынан *алжапқыштыбір* әйел қарсы шықты (Ауызекі тіл).

АЛЖАС е т. 1. *Қателесу, ағат іс істеу, жаңылысу.* Меңдікерей оның жүзіне енді анық танитын адамдай қадалды.— Қаруым болса, мен бұлай төсекке жатпаймын ғой. *Алжасып* тұрған шығарсың, кім керек еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).— Я, ұранымыз жаман емес, бірақ ойымызбен бірге ісіміз де біраз *алжасып* жатыр (Ә. Әбішев, Пьеса.). *Алжасасыз,* мен мүлде Алматыда болмағам!— деп шпион бажылдай байбалам салды (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). 2. *Естен тану, ақылдан адасу.* Бұл болса сенің ойың, мен қостадым, Жүре ғой колхозыңа, ал, бастадым. Екі ойдың бір жерден түйісуін,— Жоқ екен, сірә, әлі *алжасқаным* (Б. Майлин, Шығ.). Еркіннің осындай қиын қалде жайпылықтағы адамдай отырғанына қарап «есінен *алжасқан*» болар деп ойлады (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Қайыпқожаның әйелі «*алжасып* жатыр ма» деп үрейленіп, еріне тесіле қарай берді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЛЖАСҚАНДАЙ с ы н. *Қателескендей, жаңылысқандай.* Көздері от, қыз қолындағы алдаспандай, Жарқ етіп, өз мойнынан қан қашқандай. Жәй түсіп жүрегіне, көзі от болды, Астында алдаспанның *алжасқандай* (І. Жансүгіров, Поэм.). Абыржып айтарынан *алжасқандай* Өзінің қылығына қарны ашқандай, Темір де қара түндей тұнжырады, Толқыннан толқын туып қан басқандай (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЛЖАСТЫР *Алжас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Есіктіп, ер ішіне түсіп жалын, Ақылынан *алжастырып* етті жарым, Миншаның мұншама еткен еңбегіне, Қиғандай болып кетті шыбын жанын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Қойып ем қырқ палуанды бұрын байлап, Бәрі отыр кешікүндіз көзі жайнап, Етпесең ерегісің айт-

қанымды, Есіңнен *алжастырып* барам айдап (Бұл да).

АЛЖАСУ *Алжас етістігінің қимыл атауы.* Кеше кештен бері *алжасудың* деген дұрысырақ болар (Ә. Әбішев, Замана пезвент.).— Ана сұмырайды көргім келмейді. Енді көрсем, есімнен *алжасуым* ғажап емес,— деп Айғаным бет бақтырар болмады (А. Байтанаев, Жаңғырды дала).

АЛЖУ *Алжы етістігінің қимыл атауы.* Құлмырза Ақмадияның бетіне енді тура қарап:— Сені қосшы етіп алып шыққан Жүністің де *алжуға* айналғаны екен,— деді ол қабағын түйіп (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қағыс тисе кей сөзім, Деме мұнда *алжу* бар (Ғ. Орманов, Сәт сапар). Айтқанды ет, атыңа мін, ал туынды, Ат күйлі, соғысуға халық буынды. Болмаса, күні бүгін көш ортадан, Енді қой әр нәрсені айтып *алжуыңды* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЛЖУАЗ с ы н. с ө й л. Әлжуаз. *Алжуаз* сабақтардың бойына нәр жүргізіп, қуат біткендей болды. Бойын тіктеп көтеріп алып, тыныс ауаға қарай асыға өсті (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АЛЖЫ е т. 1. *Жасы жетіп әбден қартайғанда ақылдан, дұрыс ойлау қабілетінен айырылу, алжасу.* Енді бірсыпырасы: «*Алжығаң* қақпас! Сен өлгенде Қайдардың малын молаңа бірге көмерміз» деседі (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).— Алшынның бір *алжығаң* шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Мырзабек Әлібектің ұлы атасы тоқсан бес жасында *алжып* өліпті (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). 2. А у ы с. *Қателесу, жаңылысу.* Не деп тұрсың? *Алжығанбысың?* «Ерім» дейсің! Ерің сол болса, сенің елдігіңде не қасиет қалды? (М. Әуезов, Абай). Ой, байғұс-ау, *алжығанбысың?* Адасқаның ба? (Д. Еркімбеков, Шығ.). Үндемес, ақымақ, кімге үретініңді білмейсің-ау. *Алжығансың* ба?— деп Айтжанды қаттырақ құшақтап, жібермейді (З. Шашкин, Сенім).

АЛЖЫР *Алжы етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЛИМЕНТ з а т. з а ң. *Некеде тұрғаны үшін балалы әйелге немесе туыстық қатысы үшін ата-анаға заң бойынша төленетін қаржы.* Оған деген *алимент* сомасын Ақылбек Аякөзге барғанда Оразбайдан беріп жібереді (Ж. Жұмақанов, Қарақөз.). Мәселе бұлар туралы емес. Мейлі қанша шара қолдансын, қаншалықты үйіп-төгіп *алимент* алсын. Бірақ балаларға әке керек («Лен. жас»).

АЛКАЛОИД з а т. х и м. *Сілті сипатты органикалық зат (кофеин, морфин, адреналин, никотин және т. б.).* Клетка шырынының құрамында болатын, ішінде азоты бар және өзі сілтіленген заттың бірі — *алкалоид* (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.). Кофеин — шай жапырағынан, кофе дәнінен, қола жаңғағынан алынатын күрделі органикалық *алкалоид* (М. Исамбаев,... Мед. анықта.). Қазір совет химиктері дәрігерлерге гонгренаға қарсы күшті дәрі ұсынды. Ол — *алкалоид* пахикарпин (Т. Сұлтанбеков, Хим. болашаққа).

АЛКАЛОИДТЫҚ с ы н. *Алкалоидтарға тән.* Өсімдік органдарының бәрінде шоциамин, атропин, скополамин дейтін *алкалоидтық* улы заттар бар (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АЛКОГОЛИЗМ з а т. *Ішкілікке салынушылық.* Антиәтил — Венгрияның дәрісі. Ол Отанымызда шығатын тетурам дәрісі сияқты *алкоголизмнен* емдеуге қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АЛКОГОЛИК з а т. *Ішкілікке салынған адам.* *Алкоголик* рюмке арақ барын береді. Ұры тиынға да жаның береді. Ар болмаса, арға серік ер болмаса, не болар еді? (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АЛКОГОЛЬ з а т. *Жалпы ішкілік, ішкілік атаулының барлық түрі.* *Алкоголь* деген түсінік алғаш рет араб халқынан шықты. *Алкоголь* деп спирт, арақ, шараптың құрамындағы есірткіш уды айтады (Е. Оразақов, Дәрігер.). *Алкогольге* (ішкілікке) салынған адамның құлқы бұзылады, «көзіне қор көрініп» кейде бір нәрселер елестейді де, қорқыныш пайда болып, шошып оянады, көңілсіздік туады, сандырақтайды (М. Исамбаев,... Мед. анықта.). *Алкоголь* жүрекке, қан тамырларына, дем алатын мүшелерге де зақым келтіреді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

1. АЛҚА з а т. *Қыз-келіншектер мойнына, омырауына сәнге тағатын әшекейлі зат; маржан, меруерт.* *Алқа* — алтын, күміс, маржан сияқты заттардан істелген әйелдер мойнына салып жүретін сәндік бұйымдары (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Құлағында шығыс әдетіндегідей ұзын

сырға, омырауында бірнеше қатар монша қтан тізген *алқа* (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Үстінде қызыл торғын, жеңді шапан, Шырмауыт жиегіне кесте салған. Көк көйлек, омырауында алтын *алқа*, Ол күнгі қалмақ, қазақ салты болған (И. Байзақов, Таңд.).

2. АЛҚА з а т. 1. *Топ, жиын.* Әнім бар алғыс айтты, махаббатты, *Алқа* топ алдын көрген жерде айтылар (Қ. Аманжолов, Таңд.). Алуан ер аттанған Айқайлап кіріп *алқаға*, Қонды қолға қайтадан, Ата қоныс Полтава (Т. Жароков, Шығ.). 2. *Коллегия.* Мектебі анау, Желбіреп жалау, Кооператив ортада, Малайлар бастық, Сайлаған бас қып, Кеңестегі *алқада* (Б. Майлин, Шығ.). Тұр колхоздың мүшесі Биік қарап ортада, *Алқаның* бар мүшесі, Қарап отыр картаға (С. Мәуленов, Жолдас). Ерсең-қарсаң сабылып, Қалмастан кедей жазылып, Кіргізбеді байлардың. Сөду, Төкең басшы боп, Тоқан келіп хатшы боп, *Алқа* мүше сайланды (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

◆ **Басқарма алқасы.** *Колхоздың правление мүшесі.* Жазудың басы: «Ауылдық кеңес мүшесі, *басқарма алқасының* мүшесі, колхоздағы бірінші екпінді — Жүсіп...» (Б. Майлин, Таңд.). **Редакция алқасы.** *Қітап, газет шығарушылардың жауапты тобы.* Оның *редакция алқасы* болып үш оқушы белгіленді («Халық мұғ.»). **Сот алқасы.** *Сот мүшелерінің тобы. Сот алқасына* жергілікті қосшы мүшелерінен бір еркек, бір әйел енген (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

3. АЛҚА з а т. б о т. *Бір жылдық не көп жылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы.* Бұл ақтікен — құрай болып өсетін *алқа* дейтін арам шөпке туыстас өсімдік (Б. Мұхановтың,... Қазақст. өсімдік.). Меңдуана — *алқа* тұқымдас өсімдіктердің бір өкілі (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Арам шөптер басып кеткен жерлердің бәрінде, бақтар мен огородтарда арам шөп — қара *алқа* кездеседі (Ботаника).

АЛҚАДАЙ с ы н. *Алқа тәрізді, алқа сияқты.* Түнгі мол жарық төгілген осы айналма үлкен мүйіс өзі бір үлкен бриллиант *алқадай* жарқырайды (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

АЛҚА-ҚОТАН ү с т. *Айнала, дөңгелене.* Ауыл адамдарының бәрі *алқа-қотан* отырып, сөз тыңдап отыр (Б. Майлин, Шығ.). Алапқа *алқа-қотан* отырды жан, Жері жоқ, ине шаншар, адам тұрған (І. Жансүгіров, Поэм.). Ақсақалдар қауқылдап састы. Тысқа шығып, қораның ішінде *алқа-қотан*, малдастарын құрып отырды (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АЛҚАЛА е т. *Қамалау, айнала қоршау.*— Нағашы, сен *алқалаған* көптің ортасында ғана жүретін жансың. Әсіресе сенің орның жастардың арасында (Х. Есенжанов, Тар кезең). Балаусадай бала күні Мектеп барған бақша аралап, Асыр салған күндіз-түні Құрбы, серік досы *алқалап* (С. Бегалин, Өленд.). Солай бір басып жатыр сөз көрігін, Маздатып өсектерін өздерінің. Ал мұнда Әлібиді *алқалап* жұрт Айтқызып дүниені кезген жырын (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АЛҚАЛАН *Алқала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ерлері *алқаланып* қосылысып, Ән кетті адырлардан асып, ұшып, Айбын да, қуаныш та үндерінде Кеткендей бүкіл қырды жастық құшып (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Ойыса дөңгелене *алқаланып*, Ортаға мамандарын қоршап алып, Сөйлесіп қоныстану мәселесін, Талқыға канал жайын отыр салып (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

АЛҚАЛАУ *Алқала етістігінің қимыл атауы.*— Өзі шаршап келген адамды *алқалау* дұрыс емес. Дем алсын,— деген Әшірғазының дауысын естіген жұрт кейін шегіне түсті (Ауызекі тіл).

АЛҚАЛЫ с ы н. *Алқасы бар, алқа тақҚан.* Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз, *Алқалы*, шашбаулы қыз, сырғалы қыз. Сырғаның сылдырлаған дауысыменен Жаңғыртып жапан дала ен құла дүз (Батырлар жыры).

◆ **Алқалы топ.** *Елеулі, үлкен жиын.* Домбыраны мен тартсам, Өленді шырқап мен айтсам, Бақыты үшін халықтың, *Топқа* айтамын *алқалы* (Жамбыл). Тек тұрсам таңба салдырып, Халыққа болса жаңғырық, *Алқалы топқа* кіре алман (Дастандар). Келелі жиын, *алқалы топтарда* жұмған аузын ашпайтын, жасықтау жанға ұқсап жымия күліп, жайбарақат отыра беретін Бектемір бұл жолы кәсіле шешіліп кетті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АЛҚАМ-САЛҚАМ с ы н. с ө й л. **Алқа-салқа.** Осы ауылдың ортасындағы *алқам-салқам* үлкен қоңыр үйдің іші де, сырты да топырлаған кісі (І. Жансүгіров,

Шығ.). Енді көрсем, сарайдың төбесі опырылып, терезелері аңырайған, *алқам-салқам* қабырғалары тұр (С. Мұқанов, Туған жер.). Ол екі беті қып-қызыл, киімі *алқам-салқам*, тәпелтек, жұп-жуан сығыр көз келіншекті нұсқады (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АЛҚАП з а т. *Өңір, аймақ.* Өшпес жарық нұрланған Отанның ойы, қыры бар; Күміске толған шалқары, Егінге толған *алқабы* (Жамбыл). Төрт ай науқастанып, ешқандай ем қабылдамай, Абай алпыс жасында, Жидебай *алқабындағы* өзінің туған ауылында дүние салды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Рауғаш, тал, торанғы, жалбыз жалпақ, Қымыздық, қырмызы гүл қызыл қалпақ. Алуан бедеріне жұпар сіңген Кілемдей көз тұндырып жатыр *алқап* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

АЛҚАПТАН е т. *Тегістікке, жазықтыққа айналу, етек жая түсу.* Түйіліп тұман жерді тұнжыратып, Көрінбей қардан бөтен даласынан. Кей жерлер ұзын байтақ *алқаптанып,* Шықпаған көрінді әлі борасыннан (А. Тоқмағамбетов, Дастан.). Сан үлгімен сөндей салған, Алуан үйлер *алқаптанған.* Әрбірінің тарихы бар, Ертектей ел жаттап алған (С. Бегалин, Өленд.).

АЛҚАПТЫ с ы н. *Кең өңірлі, үлкен аймақты. Алқапты* кең өлкемнің аймағынан Жерде ойын, тауымда той, ойда думан, Көтерілген қыртыстың қырқасынан Қатарласа қалың топ, қызу қырман (Ж. Сыздықов, Белестер). Шығысқа таман, Ертіс өзеніне жақын далалық қара орман алқаптанып созылып жатады. Сондықтан оларды *алқапты* немесе ленталы қара орман деп атайды (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

АЛҚАРА: **Алқара көк.** *Шымқай қара көк.* Май айының іші... Еспе табанындағы шилер *алқара көк* тартып, күміс шашақтар тағынған (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Көк биенің қысқы сауыт жүні түгел түскен, *алқара көк* сыпсың жал-құйрығына дейін жалт-жылт етеді (Бұл да).

АЛҚА-САЛҚА с ы н. *Олпы-солпы, ұқыпсыз; жинақы емес.* Балағын, жеңін түрініп, Сәрсен егін айдаған. *Алқа-салқа* киімі, Белін жіппен байлаған (С. Сейфуллин, Шығ.). Шолақ жеңді ақ көйлегінің жағасы *алқа-салқа,* бір уыс кекілін де тарамаған (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Үсті-басы *алқа-салқа,* аяғындағы бір батпан лайымен 4—5 жасар бала әкесіне келе асыла кетті («Лен. жас»).

АЛҚИССА з а т. с ө й л. *Әлқисса. Алқисса,* сонда қосай әкесінен алты жасында қалып еді (Батырлар жыры).

АЛҚЫЛДА е т. *Босау, қолқылдау, кеңу.* Артқы айылы *алқылдап,* атының төсіне, ер мойнына барған. Түсе қалып оңдап алуға ерініп келеді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Өмілдірік осы алтын Омырауда *алқылдап* (Қыз Жібек). Жан жоқ ед қалада өскен тұқымында Соны ойлап, ұшып кетті құты мұнда. Бөксесін бұлтыңдатып келе жатыр, *Алқылдап* қайыс белбеу мықынында (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

АЛҚЫМ а р. з а т. 1. *Бауыздау жер, тамақ, сағақ.* Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті *алқымынан* ала түсті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ит қасқырды кеудемен соғып жіберіп, тоңқалаң асырды да, тұрып үлгірмей, *алқымынан* ала түсті (С. Мұқанов, Шығ.). Топтың сыртына шыққаннан кейін өлгі шоқша сақалы ашудан дір-дір етіп, тістеніп, мені *алқымнан* қылғындыра ұстап, сілкіп-сілкіп жіберді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). 2. А у ы с. *Бір нәрсенің қылта жері, жиегі.* Көпірдің арғы *алқымында* немістің бірнеше танктері қирап жатыр (Б. Момышұлы, Москва үшін). Құмар екеуміз теңіздің *алқымына* жеңіл қайықпен кірдік (С. Мұқанов, Саяхаттар).

◆ **Алқымға [жан алқымға] алды.** *Жанын қысты, есін шығарды.* Жоспарымыз орындалып, Жұмыс кірді қарқынға. Тап жауының іші жанып, *Алдық* біз де *алқымға* (Б. Майлин, Шығ.). Аудан *жан алқымға алып,* астық бастыруды бітір деп жатыр (М. Иманжанов, Менің махабб.). Құрбылар осы жерде *жан алқымнан* тағы да *ала* түсіп, Әнуардың апшысын қуырып барады (А. Байтанаев, Асан). Алқымына тығылды. *Ашу қысты, булықты.* Қуаныш тулатқан жүрек *алқымдарына тығылып,* көздерімен жайнаңдасып, жүздерімен жайраңдасып тұр (І. Жансүгіров, Шығ.). Рәштің ашуы келіп, *алқымына тығылып,* көзі жасауырады (Б. Майлин, Шығ.). Әлдеқандай ауыр қорлық *алқымына тығылып,* буынып жатқандай сезіледі (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

АЛҚЫМДА е т. 1. *Алқымнан алып қылғындыру, буындыру.* Байлаудан босап Нүсіпбай, Песірді алды жағадан. Актыны бер деп *а л қ ы м д а п,* Қыса ұстады сағадан (К. Әзірбаев, Шығ.). Бәрі қамажаулап, *а л қ ы м д а п,* қылғындырып, буындырып, сасқалақтап отырғаным жоқ па? (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Жыртқыштың малды, аңды тамағынан тістеуі, тамақтау.* Оған келсе, бір ту биені көкжал қасқырдың *а л қ ы м д а п* жатқан үстінен шығады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Осындайда үрейін ұшыра, зәре-құтын ала, алдыңа келгенді арыстанша *а л қ ы м д а й д ы* деп естуші едім (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 3. А у ы с. *Қысу, тықсыру, ықтыру, бет қаратпау.* Бүркіті ұшқан саңқылдап, Жігіті шапқан жарқылдап, Даладан дәме етсе жау, Алармыз тағы *а л қ ы м д а п* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Азаркүл ұрсып күйеуін Алған кезде *а л қ ы м д а п,* Үй ішінде бұлт жүзіп, Нажағай ойнар шартылдап (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). Мұхит жоқта өзінің Сатқынды *а л қ ы м д а п* қуғанын кінә деп біліп, Қайырбек жайсыз әңгімені бастай алмай келеді (Ғ. Сыланов, Шалқар). 4. А у ы с. *Жақындау, маңайлау, қуып жетіп қалу.* Сейфолла жарау кер бестімен сарыбауыр атты *а л қ ы м д а п* қалып еді, Дарылдақ пен Зырылдауықтың күжілдеп, шәнкілдеп қосыла шыққан дыбысына жалт қарады (С. Талжанов, Сейфолланың Сөкені). Ұлым жоқ, жалғыз қызым артымдағы, Ашылмай, амал қанша, жүр ғой бағы. Аманат, Айдай сағаң,— деген кезде, Сұм ажал тілді күрмеп *а л қ ы м д а д ы* (Д. Еркімбеков, Шығ.). 5. А у ы с. *Шамалау, мөлшерлеу; таяну.* Әлтидің жылқысы екі мыңды *а л қ ы м д а п* жүр дейді-ау, осы (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Керей Өтешев осы маңда туып-өскен, жас жағынан қырықты *а л қ ы м д а ғ а н,* орта бойлы қара сұр жігіт еді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Колхозда Ысқақ дейтін трактористі болушы еді. Жасы сол кезде елуді *а л қ ы м д а п* қалған (О. Сәрсенбаев, Даңқ).

◆ **Қайғы алқымдады.** *Қайғы басты, уайымдады.* Оңаша, жардың асты көленкелі, Тарылған *қ а й ғ ы а л қ ы м д а п* қыздың демі. Қоңыр сая самалды ысытқандай, Жалынды көкіректен шыққан лебі (С. Торайғыров, Таңд.). Айдайдың жаны отқа шарпылғалы, Түн бойы барлық аймақ зар тыңдады. Асырып Қақпан, Бөкіш құлықтарын, Қыз жанын ауыр *қ а й ғ ы а л қ ы м д а д ы* (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АЛҚЫМДАҢҚЫРА е т. *Алқымдай тұсу.* Менің сөзімді тыңдамай, ол мені *а л қ ы м д а ң қ ы р а й* түсті (Ауызекі тіл).

АЛҚЫМДАС *Алқымда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Іңірде баяулаған дауыл бәсең, Боздатқан бұлбұл күйін бабында әсем. Асықтар *а л қ ы м д а с қ а н,* мауқын басқан, Сырласқан: «Жарым да сен, жаным да сен!» (І. Жансүгіров, Поэм.). Бәйгі аттары қат-қабат ұйлығып, құйын қуған қаңбақтай үйіріліп, кейі *а л қ ы м д а с а,* кейі құйрық тістесе құйғытады (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

АЛҚЫМДАТ *Алқымда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мұғалім жиналыста еркін сөйледі. Кейбіреулерді *а л қ ы м д а т ы п* та алды (Ауызекі тіл).

АЛҚЫМ-ЖҰЛҚЫМ с ы н. с ө й л. Алқын-жұлқын. Қашқындардың соңында қолына таяқ ұстаған Нұрдәулет *а л қ ы м ж ұ л қ ы м* боп жүгіріп келеді (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

АЛҚЫН е т. 1. *Ентігу, ентіге дем алу.* Ол поезға арпалысып мінемін деп, *а л қ ы н ы п* қалған, маған қарсы отыр, тер сасиды (І. Жансүгіров, Шығ.). Түсіндегі сұмдықты басынан өңінде кешіргендей Балқия *а л қ ы н ы п,* жүрегі аузына тығылып терлеп кеткен екен (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Құрбан *а л қ ы н ы п,* тілі күрмеліп, сөзінің ақырын сыбырлап зорға айтты (Р. Райымқұлов, Түйелі адам.). 2. А у ы с. *Мардамсу, көкірегін көтеру.* Жігіт бар жігітте де қарқындаған, *А л қ ы н ы п* аз дәулетке арсылдаған. Баққаны қайда барса қатын өсек, Басынан жақсылығы артылмаған (Айтыс). 3. А у ы с. *Судың екпіндей, тасқындай ағуы. А л қ ы н ғ а н* асау өзеннің Ағысын аңдып отырмын, Қуаты қандай сеземін Аунақшып жатқан толқынның (Ғ. Орманов, Таңд.).

АЛҚЫНДЫР *Алқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тепкілеп долы толқын жарды жығып, *А л қ ы н д ы р д ы* кеудені жанды сығып (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Үрейленіп шошынудан ба, жоқ болмаса қысқан ашу ма тынысындағы діріл Зәурені *а л қ ы н д ы р а д ы* (К. Оразалин, Ақ жазық). Шақырып тұрушы еді жарқын үміт, Өзімді асықтырып, *а л қ ы н д ы р ы п.* Бір кезде сол көктеммен қоштасам деп, Мен тіпті ойламаппын шалқып жүріп (Т. Молдағалиев, Ескерткіш).

АЛҚЫНДЫРТ *Алқындыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЛҚЫНДЫРТҚЫЗ *Алқындырт етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН: Алқын-жұлқын болды. *Асып-састы, аптықты.* Үндеместен топтан сытылып, *алқын-жұлқын* боп, бері келе жатқан Теңгені көргенде, жүрегі зу етіп, тіксініп қалды (Қ. Оразалин, Көктем).

АЛҚЫНТ *Алқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүрек демікпесі адамның қатты ұйқыдағы кезінде *алқынтып,* тынысын тарылтады (М. Исамбаев,.. Мед. анықта.).—Жаным, ақырын жүрелік, ауылға атты *алқынтып* барғанымыз ұят болар,— деді әкем салмақпен (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АЛҚЫНУ *Алқын етістігінің қимыл атауы.* Көптен көрмей сағынысқан жүрек сөйлесуге ерік бермей, ауызға тығылғандай *алқынуда* (Б. Майлин, Шығ.). Жоғалтыппын, сезбеппін жастығымды, *Алқынуым* сол екен күрсінуім. Жан сүйсінер көрсем де жақсы күнді, Алғам екем жоғалтып күн сұлуын (А. Тоқмағамбетов, Өмір өлмейді).

АЛҚЫНЫҢҚЫРА ет. *Алқына түсу, ентіге түсу.* Қатты жүремін деп *алқынынқырап* қалдың ба, балам? (Ауыз-екі тіл).

АЛҚЫНЫС зат. *Алқынуы, ентігуі.* Ұрлық қылған кісідей маған не болғаны?!— деп қыз жүрек *алқынысын* баса алмай әлек (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

АЛЛА ар. зат. діни. *Тәңірі, құдай.* Жер жүзін билейтін жалғыз *«алла»* дейтін сенімнің жалған екендігін сезгендей болды Байқан молда (Б. Майлин, Шығ.). «Оңбаған кедей сен жаман, Бар, жоқ қылу *алладанғ*»— Деп діншілдер таптаған (И. Байзақов, Таңд.). XV—XVI ғасырларда ол бір құдайлық сипат алды, тәңірі *алла* деген сөзге аударылып айтылатын болды (ҚазССР тарихы).

◆ **Аллаға сыйынды.** *Құдайға табынды, тәңірге жалынды.* Имам *аллаға сыйынып,* ат оқыды (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Алла қосса. *Құдай қош көрсе, бұйырса, бұйрық болса.*— Ауылға қашан жүресің дейсіз бе? *Алла қосса* ертең жүріп кетермін,— деді Бәйес Әбдірахманға (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Алланың аманатын берді. *Өлді, жан тәсілім етті.* Әсетжан, осы аурудан өлем білем, *Алланың аманатын берем* білем (Ақын жырлары). Алланың атымен. *Құдай атымен.* Оллаһи, ант етемін *алла атымен.* Орыс тілін білемін һәм хатымен, История, жағрафия фәнді білмей, Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен (С. Торайғыров, Таңд.). Інісі айтқысы келмесе де, ағасы *алланың атымен* ант айтып, қоймай, қиыла сұрап отырып алған соң, ол һауыз басындағы бүгінгі көргенін де сөйледі (Мың бір түн).

АЛЛАЙАКБАР од. сөйл. Аллауакбар. Алда-жалда жаудың бәрі сенікі десе, қайта ораларым жоқ, өлігімізге де *аллаиакбар* деспейміз (К. Оразалин, Көктем.). Мұнда да бір үлкен гәп бар, ертеңге дейін тағы бір шал өле қалсын, *аллаиакбар* (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

АЛЛАЛА ет. *Алла деу, аллаға сыйыну.* Шынында сол айтқанға жетер едім, Тәж бенен тақтан безіп кетер едім, *Аллалап* айтып зікір күні-түні, Өмірді солай талақ етер едім (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Лашық іші азынап, Жел ойнаса қаңғалақ, Кешікті-ау деп тым ұзақ, Ауру отыр *аллалап* (Қ. Мұқышев, Поэм.).

АЛЛАЛАУ *Аллала етістігінің қимыл атауы.*

АЛЛАСЫЗ сын. *Құдайсыз, тәңірісіз.* Бітті онда шаруасы! Тек *алласыз* да бір тәңірдің өзімен күзге іркілмей жетеді екенбіз (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АЛЛАТАҒАЛА ар. зат. діни. *Тәңір, құдай, жаратқан.* Сен иман келтірмесең де, *аллатағалаға* келер ешбір кемшілік жоқ еді (Абай). Жоқ *аллатағала* ондай әділсіздікке жол бермейді,— Рақымбай ишан сөл шегініп отырды (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). *Аллатағала* мұсылманның барлық күнәсін кешеді (М. Тиесов, Әлібек Майкотов).

АЛЛАУАКБАР од. *Құдай қабыл қылсын деп ниет білдіру.* Шапағаты бізге де тисін, *аллауакбар* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АЛЛАХОЛ зат. мед. *Бауыр мен өт жолдарын емдейтін дәрі. Аллахолдың* құрамына сарымсақтың, қалақайдың құрғақ үгінділері, хайуанаттардың құрғақ өті, тазартылған көмір және т. б. енеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АЛЛАШЫЛ сын. *Құдайшыл, тәңіршіл, аллаға сыйынғыш.* Малға қарау, отын әкелу, ұн тарту сияқты жұмыстарда Тұрар Сұлтанқұл қартқа қолқанат болып

үнемі бірге жүргендіктен, *а л л а ш ы л* атасының көп сопылық машықтарына құлағы үйір боп кетеді («Қаз. әдеб.»).

АЛЛЕГОРИЯ з а т. ә д е б. *Әдебиетте, көркемөнерде белгілі бір идеяны, нақты ұғымды образ арқылы суреттеу әдісі.* Әдебиетте дерексіз ұғымдарды деректі ұғымдарға айналдырып, әрқайсысы бір нәрсені не айуандарды меңзейтін сөз образын *а л л е г о р и я* дейді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). «Естіртуде» бұл дүниенің жалғандығын, көзді ашып-жұмғанша өте баратындығын *а л л е г о р и я л а р,* мысалдар, астарлы сөздер арқылы қайғылы хабарға ептеп жақындайды (ҚазССР тарихы).

АЛЛЕГРО з а т. м у з. *Музыкалық пьесаны немесе оның бөлімін ойнаудағы жылдамдық қарқыны.* Композитор шығарманың екпінін музыка практикасында көпшілік мақұлдаған терминдермен белгілейді. *А л л е г р о* — шапшаң, жүрдекі (Хормен жұмыс.).

АЛЛЕЯ з а т. *Екі жағына ағаш отырғызылып, жасалған жол.* Алматының әрбір көшесі — *а л л е я* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Дәмеш орамалын иығына салып, *а л л е я н ы* бойлап қалың орман ішіне қарай жүрді (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Әзірше көп халық үлкен *а л л е я д а* мың тілмен сөйлеген қалың селдей болып, тынымсыз ағылып, толқындап өтіп жатты (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЛЛЕЯЛЫ с ы н. *Аллеясы бар.* Қала осы арадан басталады деген тұстан біз қалаға емес, *а л л е я л ы* қалың орманның ішіне кіріп кеткен сияқтандық (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АЛЛЕЯСЫЗ с ы н. *Аллеясы жоқ.* Қостанайдың күні қандай тамаша, Әні-күйі бүгін неге жаңаша? *А л л е я с ы з* болса да әзір көшеміз, Қонып ты өмір гүлін жайып жараса (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

АЛЛИТЕРАЦИЯ з а т. л и н г в. ә д е б. *Буын мен дыбыстың қайталанып келіп отыратын поэтикалық тәсілі.* Кіл дауыссыз дыбыстарды көп қайталақтауды *а л л и т е р а ц и я* деп атайды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Драматург бұл жерде ассонанс, *а л л и т е р а ц и я н ы* да, бұлқынған екпінді ырғақты да, ішкі тебіреніс әсерінен келте қайырылған фразаны да үлкен шеберлікпен пайдаланды («Лен. жас»). Қазақ мақал-мәтелдерінің, жұмбақтарының дені өлең түрінде келеді. Және сондағы сөздердің өзара үндесіп, ассонанс, *а л л и т е р а ц и я л а р д ы ң* мол болатындығына қайран қаласың (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз).

АЛЛО о д. *Телефонмен сөйлесушілердің бір-біріне беретін дыбыстық ишараты.*— Тында, тында!— *А л л о! А л л о!* Ал құлақ қой, Толқынды әуе Ал бұрап қой (І. Жансүгіров, Шығ.). *А л л о, а л л о!*— деген дауыс естілді сол кезде (С. Мұқанов, Шығ.).— *А л л о!* Бұл сөйлеп тұрған ақын Хасеннің әйелі,— деді үні үзіле шығып,— иә, иә... Айтайын дегенім... (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).

АЛМА з а т. 1. *Ел арасына кең тараған жеміс ағашы. А л м а,* алхоры, шие, жүзім сияқты жеміс-жидек өсімдіктері де жаңа қоныста жатырқамады (Б. Муханов, ... Қазақст. өсімдік.). Қала — *а л м а,* қараған, қайың, өрік, Таң атқанда ұйқыдан тұрады өріп. Таң нұрынан Алатау бір ағаштың Кигізеді басына қызыл бөрік (Қаз. ән.). 2. *Осы жеміс ағашының басына шығатын шағын шар тәріздес жеміс.* Айша қызының қолына бір *а л м а* ұстатып, көтеріп алып, екі бетінен кезек сүйді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қызыл күрең *а л м а с ы* Бал татиды ылжырап (З. Қалауова, Таңд.). Жоғары сортты сыр, нарттай *а л м а,* май шабақ, қызыл икра, үлпілдек ақ булка, тағы не асыл тағамдар кішкене столдың үстіне сыймай кетті (Ж. Жұмаханов, Солдат жолы). 3. П о э т. *Емшек.* Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік, Екі *а л м а* кеудесінде қисаймайды, Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды (Абай). Ақ мандайын қамшы осып, Қос *а л м а с ы* көгеріп, Аузынан қызыл қан жосып, Солқылдап жатты тірі өлік (Д. Әбілев, Алтай асу.).

◆ **Алма ағаш.** *Алма жемісі өсетін ағаш.* Алдыңа бір *а л м а а ғ а ш* егілгендей, Кер марал жусап өрген керілгендей (І. Жансүгіров, Поэм.). Атақты Алматының *а л м а а ғ а ш ы н* Отырттық арасына өзге ағаштың (Ғ. Орманов, Сәт сапары). Әсіресе оған ақ гүл шашқан екі *а л м а а ғ а ш* өте қызықты көрінді (С. Бегалин, Ана қайраты). **Алма бағы.** *Алма ағаш өсіп тұрған бау.* Колхоздың *а л м а б а ғ ы н д а,* Кездесе кетті қарындас, Жүргендей жазып бір дастан, Қолында қағаз, қарындаш (Т. Жабаев, Із). Таңның самал желімен Исі аңқыған *а л м а б а қ,* Нұрға бөле сұлуды, Таң нұрымен жалындап (С. Бегалин, Өленд.). Дүр сілкініп *а л м а*

б а ғ ы Таңғы шықты аунатып, Араласаң жібермей ме Көңілінді самғатып (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). **Алма бетті.** *Қызыл реңді, бет ажары әдемі.* Келіншек жас жауқазын сарымсақтай Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай, Ақ тамақ, *а л м а б е т т і* арулар жүр, Қыдыртқан бақалшылар сабыншақтай (І. Жансүгіров, Поэм.). Күлөнда қолаң шашты, *а л м а б е т т і,* Қыз болды құралайдай бір келбетті (Ж. Саин, Таңд.). Қыздарым қырдың гүліндей *А л м а б е т т і,* ақ саусақ. Әжелерін аялап, Аймалайды күнде аңсап (Айманкүл, Ана сыры). **Алма көбелегі.** З о о л. *Алма ағаштың және оның жеміс шырынын соратын зиянды жәндік, көбелек.* Бақтарда сыңар жібек көбелегі, долана көбелегі, *а л м а к ө б е л е к т е р і н е* және басқа зиянды насекомдарға қарсы адам үнемі күрес жүргізіп отыруға мәжбүр болады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). **Алма мойын.** *Әдемі, жұмыр мойын.* Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын, Мөлдір көз, тілің бұлбұл, *а л м а м о й ы н,* Көңілімді көкке ұшырмай дауалатшы, Алып ұшып барады тұла бойым (С. Торайғыров, Таңд.). Жұп-жұмыр, үлбіреген *а л м а м о й ы н* Ақылдан орнатқандай өлшеу алып, Білегі аппақ арай, ақ жамбыдай Сұлулық есі кетіп тұр таңғалып (И. Байзақов, Таңд.). **Алма сабақ.** *Жіңішке, үзіліп тұрған.* Сүйріктей аққу мойын *а л м а с а б а қ,* Безенген шыбық дене, кербез сағақ Наз сұлу, наз қимылды құралайым, Садақтай ұзын кірпік, гәуһар қабақ (С. Сейфуллин, Поэм.). **Апорт алма.** *Алманың ерекше қош иісті, шырынды сорты.* Ағашқа шығатын жеміс-тердің де тез пісетіні сиреп, өзірге жиналмай тұнып тұрғаны *а п о р т а л м а с ы* ғана (С. Мұқанов, Өсу жол.). Ал, біздің қала өзінің *а п о р т а л м а с ы м е н* әлемге әйгілі (Қ. Тоқаев, Тасқын). **Көз алмасы.** *Көз ұясы.* Көз шарасы терең шұңқыр болады да, онда өзінің нервтері, қан тамырлары және еттерімен қоса *к ө з а л м а с ы* тұрады (Адам анатом.).

АЛМАҒАЙЫП ү с т. *Екі талай, қиынқыстау, неғайбіл.* Жо, сіздің бұныңыз дәл мағынада емес. *А л м а ғ а й ы п* нәрсе ғой (М. Әуезов, Таңд.). Күн туды *а л м а ғ а й ы п* ер басына, Жауынан асырмаса айла, амалын (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Колхозың басқалардан озат еді-ау, Бәйгі ту қалай кетті қолдан қолға. Кеткен соң бәйгі туы қолдан тайып, Келуі қайта айналып *а л м а ғ а й ы п* (К. Тастайбеков, Өленд.).

АЛМАДАЙ с ы н. *Алма сияқты, алма тәрізді.* Қалқажан төсегінде балбырайды, *А л м а д а й* екі беті албырайды. Бетіне ай сәулесі нұрын төгіп, Төсектен жібек шашы салбырайды (С. Сейфуллин, Шығ.). Осы кезге дейін Ержан Раушанды сырты қызыл, іші шірік *а л м а д а й* сезінуші еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *А л м а д а й* беті албырап, «Алма» деп әнін жүр айтып. Амалсыз ғана жаудырап, Қаласың қарап құмартып (І. Мәмбетов, Өсиет).

АЛМА-ЖЕМІС з а т. *Алма және басқа жеміс түрлері.* Ағаштар гүлін төгіп *а л м а - ж е м і с,* Өзгеше түрге енгенде кеңіп өріс. Ұшып-қонып сайрайды бұлбұл құстар, Жер әлемі үн қосып бәрі тегіс (М. Жансаева, Ана жүрегі).

АЛМА-ЖҰЛМА с ы н. *Жыртық-жыртық, далба-дұлба.* Менің инемді ал. Киіміңді жамап тұр. Сөйтсең үстің тозбайды. *А л м а - ж ұ л м а* болып жүдемейсің, азбайсың (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Қалабай мектепке басқа балалардай *а л м а ж ұ л м а* болып жүдеп келген жоқ (Бұл да).

АЛМАЗ з а т. *Түссіз, мөлдір, өте қатты, қымбат тас.* Таза *а л м а з* түссіз және мөлдір, әсем түсті келеді (Химия).

АЛМА-КЕЗЕК ү с т. *Кезек-кезек, кезекпе-кезек.* Қамшылап екі жаққа *а л м а к е з е к,* Баласы Көктұйғынның қақты безек (І. Жансүгіров, Поэм.). Осы ойлар бірінен бірі қызықты болып, *а л м а - к е з е к* көз алдына елестеп, Сәтжан торпақтарын... әкеліп ауылға иірді (С. Бегалин, Төлбасы.). Жұмысшы, шаруа, жазушы, ғалым, инженер, шахтер, шопан, сауыншы бірінбірі *а л м а - к е з е к* ауыстырып, өз табыстарын ортаға салып қорытындылады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл).

АЛМАҚ з а т. *Алашақ, алуға тиісті зат.*— Әкесінің *а л м а ғ ы* бар ма шіркінің? Сіздің біліміңізді сыйламай ма ең болмаса? (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Жерімді кесіп алғаны — Малыма пышақ салғаны. Соңымнан Ораз қалмады, Бар еді қандай *а л м а ғ ы?* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

АЛМАЛА е т. *Кезек-кезек ауыстыру, қайта-қайта алмастыру.* Бұтты-шатты, Үй санатты, Байдан атты *а л м а л а п* (Абай). Шаршағанын қалдырып, Мінгізді атты *а л м а л а п* (Ғ. Шөреков, Исатай—Махамбет).

«Өтірік сөйлеуден мылқау болу артық», ал, өтірік пен өсекті *а л м а л а п* жегіп, төңірегіндегі елді жеп, төрт түлігі сай болып, рахатқа батудан таза жоқшылық артық» деймін де, құлашты жоғары сермеп, ілгері тарта берем (С. Талжанов, Адам тур.).

АЛМАЛАС *Алмала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Дүркіреп ізге түскен дабырласып, Қос атты кезек-кезек *а л м а л а с ы п.* Бір түскен Текеліге жерін көріп, Деседі «емес шығар енді қашық» (Батырлар жыры).

АЛМАЛАТ *Алмала етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ал, қимылдат! Ал, қаркындат! Ал, ұрандат! *А л м а л а т!* (І. Жансүгіров, Шығ.).

1. АЛМАЛЫ с ы н. *Алмасы бар, алмасы мол.* Ұмытып Алматы тауын да, *А л м а л ы,* алмұртты бауын да. Түрініп жеңімді алам да, Тиісіп кетемін қауынға (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Алатау етегінде бұлақ қайнап, Аңғары *а л м а л ы* бақ тұрған жайнап (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *А л м а л ы* бақта, Көңілді шақта Отырған едік ымыртта (Н. Шәкенов, Шаттық желі).

2. АЛМАЛЫ с ы н. 1. *Алып-салуға болатын, шығармалы.* Мұкарама ауруханадан үйіне қайтып келіп, тап ертеңгідей әйнегі *а л м а л ы* терезенің алдына барып тағы ұзақ отырып қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. П о э т. *Емшекті, емшегі бар.* Сексеуіл құмға бітер басы алмалы, Ел тану ер жігіттің бас арманы. Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында, Тұсыма қыздар келді қос *а л м а л ы* (Айтыс).

АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ с ы н. *Алып-салып қоюға ыңғайлы, алып-салып тұратын.* Әжем сүйген жары Жәутікке арнап жасатқан ерінің алдына бүркітке деп бірін, қаршығаға деп бірін, *а л м а л ы-с а л м а л ы* екі күміс балдақ істетіпті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). «Керуен» деп жұрт Жосалы станциясынан Қарсақпайға тартылған тар табан, *а л м а л ы-с а л м а л ы* темір жолды айтқан (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Жуар алдында киімнің түймесін, *а л м а л ы-с а л м а л ы* жағасын, бастырмаларын, белбеу қапсырмасын сөгіп алу керек (Келіншектер.).

1. АЛМАС з а т. м и н. *Хлорлы сынаптан жасалған, техникада және медицинада қолданылатын улы ақ ұнтақ; дәрі.* Бірақ басқы түйіншектерін шатастырып, Әсетке нысатыр деп бергені *а л м а с* болып шығып, ертеңінде Әсет уланып өледі (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Шоңбайға ұсап, *а л м а с т ы* дәрі деп беріп, ешкімнің қатынын өлтіргенім жоқ, милицияның менде несі бар? (Б. Майлин, Таңд.). Мәселен, бақсы-балгерлер ауруға беріп жүрген *а л м а с,* апиын, күшала, сынап — адам өміріне қауіпті улы заттар (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

2. АЛМАС з а т. т е х. 1. *Қатты металл.* Қалмақтың қақты қара жорғасына. Айналды ақ *а л м а с т а р* қорғасынға (І. Жансүгіров, Поэм.). Шыңыраудан қазып, қопарып Шығарған болат көк темір. Мыс, күміс, алтын, қорғасын, Жермайы, *а л м а с,* таскөмір (С. Сейфуллин, Өленд.). 2. *Осы металдан жасалған өткір қару.* Сол майданда жалындап, Қолына *а л м а с* қару ап, Алатаудан ақырған, Жауын жеңіп жапырған, Қарасайдай ұл туар (Жамбыл). *А л м а с т ы ң* жүзін, гауһардың көзін көріңіз де, Ақжүніс роліндегі Күләшті көріңіз! (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Қойнынан сар мойынды кездікті алды, Тоқта, деп кейбіреулер түсе қалды, Қан емес, мұның аты кек алу деп, *А л м а с ы н* қақ жүректен барып салды (И. Байзақов, Таңд.). 3. Ж а ң а. *Шыны кесетін құрал.* Кенжалының *а л м а с ы н* әкеліп, терезеге әйнек салу керек еді (Ауызекі тіл).

◆ **Ақ алмас.** *Өткір қылыш.* Сарбазың соңында, *А қ а л м а с* қолында, Айбының асқар таудай, Жау тұрмас жолында (Қаз. әндер.). Жанында жаудың оты жарқылдаған, Табанда тап берсе жау тартынбаған, Халықпыз *а қ а л м а с т ы* айға жанып, Күл қылып келген жауды талқандаған (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). ⊙ Революцияның асқан батыр, *а қ а л м а с ы* — Дзержинский туған жерде де фашистер талай ойран салған (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). **Алмас кездік.** *А л м а с к е з д і к* бізде бар, Піскен қауын сізде бар, Тілдіргелі келгенім (Қамбар батыр). Шешеңнің сандығында бір *а л м а с к е з д і к* бар (Қаз. ертегі.). **Алмас қанжар.** Тез тұрып *а л м а с қ а н ж а р* қолына алды, Аяр жан сорлы жаста қанша қалды. Алмастың суық жүзі ой түсіріп, Кідіріп бір минутке тұрып қалды (И. Байзақов, Таңд.). Яқұттай ажарланды көзі жайнап, Байланып *а л м а с қ а н ж а р* өткір қайрап. Жас кеткен жаны құшып жарын ойлап, Қоштасты кең дүниеге құстай сайрап (Дастандар). **Алмас қылыш.** *А л м а с қ ы-*

ғ ы ш сартылдап, Алтын жүген жарқылдап, Көк жорға тұлпар көрленді, Екі көзі жалтылдап (Қыз Жібек). Шу, жануар, тоқ ты төбелім шу дедің, Желдің, жорттың, атқан оқтай гуледің. Суы қайтпас асыл *а л м а с қ ы л ы ш п е н* Енжарлықты, қорқақтықты сүймедің (Б. Майлин, Шығ.). Атасынан жасырып, Алысқа малды айдаған. Болар деп керек бір күнге *А л м а с қ ы л ы ш*, көк сүңгі, Сауыт, сайман сайлаған (Батырлар жыры). **Алмас өркеш.** *Түйе өркешінің бірі мінер жаққа, екіншісі қамшылар жаққа жығылуы.* Қаусырма өркеш — айыр түйенің өркеші екі жағына қарай қисық біткен түрі, мұны *а л м а с ө р к е ш* деп те атайды («Хабарлары»). **Алмас пышақ.** Қолындағы бар қаруы жалғыз ғана *а л м а с п ы ш а қ* (Ауызекі тіл). **Алмас сағақ.** Қаз мойын *а л м а с с а ғ а қ*, меруерт жалды, Кербез төс, кере құлаш омыраулы, Қара көз, қамыс құлақ, жұмыр тұяқ, Астында түрікпеннің жануары (З. Қалауова, Таңд.). **Алмас тұяқ.** *Қатты, құрыш тұяқ.* Екпіні гүріліндей тасқан судың, Шабысы ағынындай ұшқан құдың. Апай төс, *а л м а с т ұ я қ* арғымақтар Міне тұр аясында алтын таудың (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Көктен көз сап торығын, *Т ұ я ғ ы а л м а с*, көзі қан Тұрымтайдан қорқасың (Ә. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

3. АЛМАС е т. *Кезектесу, ауысу, бірінің орнын бірі басу.* Апрель кеші, аң шошыған алғашқы — Аяқталып күн менен түн жалғасты. ДТ-лердің от жүрегі тынбастан, Тек рульге жаңа адамдар *а л м а с ғ ы* (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). Салқын мен ыстық осылайша *а л м а с ы п* тұрған соң, кісі қалтырағанын сезбейді екен (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Сабақ беру әдісі тек бір ізбен жүргізілмей, *а л м а с ы п*, түрленіп отыруы керек (М. Мұқанов, Пед. очерк).

АЛМАСОҚ ү с т. ж е р г. Алма-кезек. Біз соғысып жүрген бағытта бірде жығылып, бірде жығып, *а л м а с о қ* тоқпақтасудамыз (Б. Момышұлы, Москва үшін).

АЛМАСТАЙ с ы н. *Алмас сияқты, алмас тәрізді; өткір.* Қазақ әйелдерінің *а л м а с т а й* ойма тілі, қамал бұзған қайраты Дүрияда екен,— деп ойладым (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина). *А л м а с т а й* жүрегімді тілді қайғың, Ұқсайды тартылғанға шалқар айдын. Қор болдың қолында сен сұлу тоты, Қақпандай қара ниет қатал байдың (Д. Еркімбеков, Шығ.). Көзінің оты мол, жалынды екен, *а л м а с т а й* өткір екен (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

АЛМАСТЫР *Алмас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мен әлденеше ылау *а л м а с т ы р ы п*, сапар шеккелі жеті күндей болған (С. Көбеев, Орынд. арман). Ою-өрнектерді әр түсті бояулармен *а л м а с т ы р ы п* отырудың кейде мазмұнға байланысты логикалық ұғымы да бар (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АЛМАСТЫРҒЫШ з а т. *Белгілі бір ортақ қасиеттің нәтижесінде басқа бір затты ауыстырғыш.* Ион *а л м а с т ы р ғ ы ш* смола лабораториясының қызметкерлері Түркменстанға өздерінің «тұңғышын» — «Бархан» деп аталатын суды тұщыландыратын қондырғы жөнелтті («Лен. жас»).

АЛМАСТЫРУ *Алмастыр етістігінің қимыл атауы.* Корвалол мен валокардин дәрісін *а л м а с т ы р у ғ а* өбден болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Егер балықтың азық түрін *а л м а с т ы р у ғ а* тура келсе, бұрынғы азыққа аз-аздан қосып, үстемелеп беру керек (К. Күленов, Қазақст. балық байл.). Көптеген халықтарда неке қию кезінде сақина *а л м а с т ы р у* салты бар (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

АЛМАСТЫРЫЛ *Алмастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Әрі сұраулы, әрі лепті сөйлемдерде қаратпа сөздер қайталақтанып, не ол басқа сөзбен *а л м а с т ы р ы л ы п*, екі рет айтылуы мүмкін (Қазіргі қаз. тілі). Талмай іздену өз жемісін береді. Спиральды электр жылытқыштар коксты түтіктермен *а л м а с т ы р ы л а д ы* («Лен. жас»).

АЛМАСУ *Алмас етістігінің қимыл атауы.* Соңғы кезде Отанымыздың халықтары бұрынғыдан әлде қайда етене араласып, рухани қазына *а л м а с у д а* (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Азық рационында лизин жетіспесе, малдың өнімділігі төмендейді: сүті азаяды, жүні ажарсызданып қурайды, азот *а л м а с у ы* бұзылып, азыққа шабыты төмендейді (Т. Сарбасов, Мал азығы.). Жануардың түгі белгілі мөлшерге дейін өсіп, содан кейін ескіріп, түседі. Түскен түктің орнына жаңасы шығады; түктің мұндай *а л м а с у ы н* түлеу дейді (С. Омаров, Мал терісі.).

◆ **Зат алмасу.** *Адам организміндегі заттардың кезектесуі, бірінің орнын бірі басуы.* Витаминдердің жетіспеулері организмнің *з а т а л м а с у ы н* бұзып, қатты ауруға әкеліп соқтыруы мүмкін (З. Сейі-

тов, Сүт. өндеу.). Тіршілікті қамтамасыз етіп отыратын ең маңызды физиологиялық құбылыстардың бірі деп организмде тоқтаусыз болып тұратын *заттар алмасуын* айтуымыз керек (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

АЛМАСШЫ з а т. *Алмаспен әйнек кескіш.* Шыны кесетін *алмасшының* орнына ағаш шабатын балташыны жібересек, одан келер пайда жоқ («Қаз. әдеб.»).

АЛМАУЫТ с ы н. *Үлкен, денелі, қайратты.* Ырза боп Кей-Қысырау Іңумға қатты, *Алмауыт* алтын ерлі мінгізді атты. Белгілі бір шаһардың бегі қылып, Көп берді, алтын, күміс қаражатты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЛМИСАҚ а р. ү с т. с ө й л. *Әлмисақ.* Мергендік ертегілердің мәнін халық *алмисақтан* бері өздеріне аян болған жұлдыздармен септестірді (Х. Әбішев, Аспан сыры).

АЛМҰРТ и р. з а т. 1. *Нәк (алмұрт) өсетін жеміс ағашы.* Қарағаштар мен акациялар ғана емес, мұнда алма да, қара өрік те, *алмұрт* та өседі (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Алма, *алмұрт,* алхоры, шие, жүзім сияқты жеміс-жидек өсімдіктері де жаңа қонысты жатырқамады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). Бұтағы жайылып өскен жатаған алма ағаштарының арасынан бойын созып *алмұрт* көрінеді (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). 2. *Осы ағаштың шырынды сопақша жемісі.* Есепсіз тау суреті көз жетпейтін, Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін, Өрік, алма, *алмұрт,* жиде-жемістер көп. Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін (Жамбыл). Алма, *алмұрт,* жүзім бе...— Әр аулада самсап тұр. Жегің келсе, үзіп же, Аузыңды ашпа, аңсап құр (М. Әлімбаев, Таңд.). Екіқабат әйелдердің тамағына көбінесе витаминдері бар алма, *алмұрт,* қияр, капуста, сәбіз, өрік тағы басқа әр түрлі жемістер болуы керек (К. Өтегенова, Аборт. зияны).

АЛМҰРТТАЙ с ы н. *Алмұрт сияқты, алмұрт тәрізді.* Тися бізге... діңгегі жуандау, бойы биік, жоғарырақ өскен бұтақтарында үлкендігі *алмұрттай* көрінген жемістері бар бір ағашты көрсетті (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АЛМҰРТТЫ с ы н. *Алмұрты бар, алмұрты мол.* Ұмытып Алматы тауын да, Алмалы, *алмұрттыы* бауын да, Түрініп жеңімді алам да, Тиісіп кетемін қауынға (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АЛОЭ з а т. 1. *Ет-жеңді, дөңгелек жапырақты оңтүстікте өсетін көп жылдық өсімдік; дәрі жасау және үйге көрік беру үшін өсіріледі.* Кейбір өсімдіктердің жапырақтары түрін өзгертіп ет-жеңді болып кетеді. Бұған мысал үшін түбіртекті, боскілемді, *алоэні,* агаваны және т. б. алуға болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). 2. *Осы өсімдіктен алынатын дәрі.* Тері астына *алоэ,* B_{12} витаминін және жалпы организмді әлдендіретін дәрілер егу пайдалы (М. Исамбаев,... Мед. анықтама.).

АЛПАМСА с ы н. *Үлкен, зор, дәу.* Көп жүргіншінің бірі боп *алпамса* денелі қара шал да келе жатыр (Б. Майлин, Шығ.). *Алпамса* ауыр сүйегі Ауылды басып қалғандай. Түгімен жұтса түйені, Түйілмей тағы салғандай (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Тракторист екі иығына екі кісі мінгендей *алпамса* тұлғалы адам екен (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй).

АЛПАМСАДАЙ с ы н. *Еңгезердей, зор денелі.* Бақтығұл жиырма бес, жиырма алтыға келіп, Тектіғұл жиырмаға іліге берген шақтарда ағайынды екі малшы *алпамсадай* мол денелі, ірі қайратты жігіттер боп шықты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Әрине денесі *алпамсадай,* қара күші мол Қоспанды ауыр жұмыс қажытқан жоқ (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ал, бойға келгенде төртеуінің ішіндегі ең зоры Арыстан, ол *алпамсадай* қапсағай денелі, керме иық, палуандай бұлшық етті, қимылға ауыр, мінезге адуын бала (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

АЛПАРЫС е т. с ө й л. **Арпалыс.** Пеш аузында отпен *алпарысқан* Ораз түтінге оранып, Дәмештің көзінен ғайып болды (З. Шашкин, Теміртау). Аласапыран, *алпарыс* кезеңде тыныштық болушы ма еді, тәйірі (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Алпарысқан* жауына, Жіберіп жатыр от қадап (Жамбыл). Ақын уақытты *алпарыспен* өтіп келеді. Байырғы елге көп нәрсені ұғындыру керек (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

АЛПАРЫСТЫР *Алпарыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Осындай да бала тәрбиелей ме екен? Осында итімен *алпарыстырып* денемізге жара да түсірді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АЛПАРЫСУ *Алпарыс етістігінің қимыл атауы.*

АЛПАУЫТ с ы н. 1. *Үлкен, зор.* Ақылдаспай болмайды, Ізі *алпауыт* неме

екен, Оңайлықпен өлмейді, Тәуекелге бумай бел, Ешнәрсе босқа өнбейді (Қ. Жапсарбаев, Өленд.). *Алпауыт* экскаватор Болашақ қазса шлюзді, Жаңа әдіс тапса жаңашыл, Қолдауын тапса ол ізгі (М. Рашев, Қанатты қиял). Қамшысын кесе ұстаған күйі аупартком секретарының кабинетіне тура келді. *Алпауыт,* шомбал денесін ауыстырғандай, нар жілігі майыса түседі (Октябрь өрендері). 2. Ауыс. Тар. *Қанаушы тап өкілі, байлық иесі. Алпауыттан* алды жерді, Анталаған жауды жеңді (І. Жансүгіров, Шығ.). Патша үкіметі адам қатарына қоспай, қалың қара қазақтың жер мен суын өзіне билетпеді, бұған *алпауыт* пен помещиктер, мыңғырған дәулетті байлар ие болды (Х. Есенжанов, Тар кезең). ... Енді ескі рудниктерді патша үкіметі шетел *алпауыттарына* жалға бере бастайды (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ).

АЛПЫС сан. *Елу тоғыз бен алпыс бірдің аралығындағы сан.* Тағы да қазақ байдың шалдарына, *Алпыста* қыз алатын салдарына, Тапқызбай оқу-өнер ұрпағынды, Бақташы өгіз қылдың малдарына (С. Торайғыров, Таңд.). Төрт ай науқастанып, ешқандай ем қабылдамай, Абай *алпыс* жасында, Жидебай алқабындағы өзінің туған ауылында дүние салды (М. Қаратаев, Туған әдеб.) Мен әлі *алпысқа* да жеткенім жоқ (С. Талжанов, Қайып қарт.).

◆ **Алпыс екі айлалы.** *Алуан түрлі құлығы бар, сан түрлі әдісі бар.* Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді, Қыран бүктеп астына дәл басқанда. Құсы да, иесі де қоразданар, *Алпыс екі айлалы* түлкі алғанда (Абай). **Алпыс екі тамыр.** *Адамның жүйке саласы, жан жүйесі.* Әннің аяғын сыбызғыдай сұңқылдатып, ботадай боздатқанда, отырғандардың *алпыс екі тамыры* солқылдап, көкейін кесіп-ақ жіберді (І. Жансүгіров, Шығ.). Тауға бітken шиедей, Босатты бала жүйені. *Алпыс екі тамыры* Алпамыстың иеді (Алпамыс). *Алпыс екі тамырым* сені көріп иіп тұр (К. Әзірбаев, Шығ.).

АЛПЫС-ЖЕТПІС сан. *Осы құрамдағы сандардың болжалды мөлшері.* Есінің бүтіндігіне, денесінің пысықтығына қарағанда бұл кемпірді көрген адам *алпыс-жетпіс* жаста ғана дерлік (С. Мұқанов, Саяхаттар). Көктал-Жарықтың қалың шабынынан басталып, *алпыс-жетпіс* километр сонау Долинкеден әрі өткен бұл жазықтың солтүстігі ирек-ирек байтақ жон (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Алпыс-жетпіс* үйдің маңына декоративтік жеміс-жидек ағаштарының екі мыңдай түбін егіп берді (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.).

АЛПЫСТЫҚ зат. *Алпыс цифры жазылған нөмір.* Цирк артисінің үйреткен иті қағазға жазып, жәшікке салған цифрлардың ішінен бір кезде *алпыстықты* алып шықты. Итке оны иесі бұйырған болатын («Лен. жас»).

АЛПЫСЫНШЫ сан. *Осы санның реттік түрі.* Абайдың жақын достарының бірі Е. П. Михаэлис орыстың *алпысыншы* жылдардағы атақты публицисі — Шелгуновтың туысқаны еді (ҚазССР тарихы).

АЛ-САЛ үст. диал. Дел-сал. Денесі *ал-сал,* бас жара, қолы сынған, Кележатыр кеудесін зорға сүйреп (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Сонан Ақбала ертеңіне сәске түсте бір-ақ оянды, бойы *ал-сал* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЛСАРЫ зат. *Далалы жерді мекендейтін құс.* Ақсұңқар ма құсыңыз, *алсары* ма? Есек мінген адамға жарасар ма? Құсыңыз аң құтқармас қыран болса, Биржерінде қырандық белгі бар ма? (Айтыс).

АЛТАЙЫ: **Алтайы қызыл.** *Қызылдығы Алтай түлкісінің түсіндей. Алтайы қызыл,* ақ құйрық, Ақша қарға түлкі аунап. Жараған аста ат жүйрік, Аңшылар жүр түлкі аулап (Т. Жароков, Шығ. жин.). Түсімде аспан астын шолып жүрмін, *Алтайы қызыл* түлкі соғып жүрмін (Ж. Тілеков, Қайнар). Қойшы қарт Москваға бара қапты, Аулындай емін-еркін аралапты, *Алтайы қызыл* бөрік, атлас шапан, Айтпай-ақ танытыпты сол қазақты (М. Әлімбаев, Таңд.).

АЛТАУ сан. *Алты санының жинақтау түрі.* Ыбрайымның алты ұлы *Алтауы* да арыстан, Дұшпанын табанына жанышқан (Жамбыл). Атадан *алтау,* Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ (Абай). Самұрықтың балалары *алтау* еді, Ақылы аз, *алтауы* да аңқау еді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЛТЫ сан. *Бестен кейінгі есептік сан.* Әр *алты* минутта отыз тоннадан руда қабылдап, тәулік сайын екі мың тонна шойын қорытып шығарып жатады (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Алыстан *алты* жасар бала келсе, алпыс жасар көрі алдынан

шығар демей ме, еліміздің дәстүрі, сіңілім Дәмеш (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

◆ **Азуы алты қарыс.** *Азулы, күшті.* Большевикті *азуы алты қарыс* арыстандай көргендіктен бе, яки басқа бір себебі бар ма, Орынборда қазақтың басы февраль ішінде ғана көріне бастады (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Алты айлық.** *Алыс жол. Алты айлықты* айналып, Аралап келдім алысты. Азапты көріп қиналып, Шектім мұңды, налысты (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Алты аласы, бес бересі жоқ.** *Өте-кеткені жоқ, ешбір қатысы, шаруасы жоқ.* Күреңбайда *алты аласы, бес бересім жоқ* менің (С. Омаров, Қайырлы жаз). Пысықтықтың белгісі арыз беру, *Жоқ* тұрса, *бес бересі, алты аласы* (Абай). **Алты алаш.** *Күллі ел, жалпы қазақ.* Атышулы ақын ғой, *алты алашқа,* Қайрап салсаң өтетін қара тасқа, Шапыраштың дегенге шыдай алмай, Дайындалып өзі отыр бір шайқасқа (Жамбыл). Ат берсең *алты алашқа* мақтар едім, Аузымда өле өлгенше сақтар едім. Басқа ел, барған жерге жайып салып, Ат берген қызметіңді ақтар едім (С. Торайғыров, Таңд.). **Алты арыс.** *Алты атадан тараған ру, ұрпақ. Алты арыс* Шекті деген ел бар (Қыз Жібек). *Алты арыс* Шекті Арғынның дем алатын белі еді (Алпамыс). **Алты ауыз болды [алты ауызды ала болды].** *Бірінің сөзіне бірі көнбей араздасты, керісті; келіспеді.* Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің, *Алты ауыз,* азғын *болсаң* қоян жүрек (С. Торайғыров, Таңд.). Ынтымақ бірлік қандай?! Топ шыбықты тұрсындар сындыра алмай, Араздасып *алты ауыз болсаңыздар* Сындырар жау, шыбықты сындырғандай (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Қайыр басқан тұрмадай, *Алты ауызды ала боп,* Басыңды төре сұрады-ай (Жамбыл). **Алты бақан ала ауыз.** *Араз, қырық пышақ.* Сабырсыз, арсыз, ерікшек, Көрсе қызар жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін *Алты бақан ала ауыз* (Абай). Мұны не дейді, Халеке, қазақ ұлтының ежелден келе жатқан *алты бақан ала ауыз* мінезінің қалдығы, жаңа аламан дейміз бе (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Біз барғанда бүкіл Батыс Қытайдың іші сияқты Қызай руының іші де қырық пышақ, *алты бақан ала ауыз* екен (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Алты батпан.** *Зілдей ауыр.* Даланың үдеп байлығы Аралдай үлкен көл екен *Алты батпан* атанға Бір балығы тең екен (Ү. Көрібаев, Өлеңд.). *Алты батпан* ауырды арқалаған күштімін, Жеті батпан ауырды желкелеген күштімін,— деді құмырсқа («Балдырған»). **Алты қанат.** *Алты бөлек керегеден құралатын киіз үй.* Кішкене көлдің әсем жағасына орналасқан ауыл ішінде айрықша көзге түсетін *алты қанат* ақбоз үйдің іргесі түрілген, түндігі ашық (А. Сатаев, Дала күйлері). **Алты құлаш ақ найза [алмас қылыш].** *Батырлар ұстайтын қару-жарақ.* Толғамалы ақ мылтық, толған ұстар күн қайда? *Алты құлаш ақ найза* Ұсынып шаншар күн қайда? (Махамбет). Кендебай *алты құлаш алмас қылышын* көлденең ұстай қояды (Қаз. ертегі.). **Алты қырдың асты.** *Қашықта, алыста.* Кетіп ем, күйік қылмай сенен қашып, Шыдамай тағы келдім жаным ашып. *Астында алты қырдың* жүрсем-дағы, Өртедің ішбауырымды қайран ғашық (С. Торайғыров, Таңд.). Самайынан сағал-сағал терi шұбырған тезекші әйелдер ғана *алты қырдың астынан* тезегін арқалап өрең қалқаңдап келе жатады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Алты сан алаш.** *Көп алаш.* Он екі ата Байұлы Жиылып келсе бұл іске, *Алты сан алаш* ат бөліп, Тізгінін берсе қолыма, Заулар едім бір көшке (Махамбет).

АЛТЫАТАР з а т. *Магазиніне алты оқ сиятын тапанша.* Көкке аунап, Есіл жағасына жаттық. *Алтыатармен* нысана аттық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қабырғада бір қос ауыз мылтық, екі *алтыатар* ілулі тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Тоңды жолдың қатпарына сүріне, қалбалақтап, мықынындағы *алтыатарын* оң қолымен қапсыра ұстап, Мұқаметқұл жүгіріп келеді екен (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

АЛТЫБАҚАН з а т. к ө н е 1. *Алты бақанның басын үш-үштен біріктіріп, арқан байлап, әткеншек теуіп ойнайтын ойынның аты.* Жазғы кеш ойлап тұрсаң, жанға рахат. Әркім де көтеріңкі, көңілі шат. Ән салды қосылысып қыздар-дағы, Биікке *алтыбақан* құрысып ап (Б. Майлин, Таңд.). Керімбала мен жеңгесі Қапаны мына көрші ауылдың бір бойжеткені бастаңғыға шақырып, *алтыбақан* құрған екен (М. Әуезов, Абай). *Алтыбақан* құруға арқан, бақан жинап жүрген қыз, келіншектердің, балалардың дабырлаған дауысы естілді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. А у ы с. *Жастардың кеш-*

құрым жиналып, екі жар болып бөлініп өткізетін кешкі сауығы. Ауыл жастары кешқұрым *алтыбақан* тепкенде, оның ырғағына әнмен қосылды (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Жастар шуласып *алтыбақан* ойнауға шықты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Салтанат құрған секілді Жастықтың салты жапанда. Шалқыған ән, жыр төгілді, Тербеліп *алтыбақанда* (Н. Шәкенов, Айгүл).

АЛТЫ-ЖЕТІ сан. *Осы мөлшердегі болжалды сан.* Төрт бұрышты саман үйдің ортасына жаққан оттың басында алқа-қотан *алты-жеті* адам отыр (З. Шашкин, Өмір тынысы). Төрт-бес жасынан тайға мініп үйренген Шоқан *алты-жеті* жасында асау тайларды өзі үйрете бастаған (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АЛТЫЛЫҚ зат. *Карта ойынындағы бестіктен кейінгі қағаз.* Алдында *алтылық* пен тұз жатыр... (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жоқ, жоқ қараганым жоқ. Тек *алтылықтың* дүплін ғана көрдім,— деп күледі Ержан (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АЛТЫН зат. 1. *Әдемі сары түсті металл.* Шыңыраудан қазып қопарып Шығарған болат көк темір. Мыс, күміс, *алтын,* қорғасын, Жер майы, алмас, тас көмір (С. Сейфуллин, Өленд.). Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғаш жұмыс істеген кезінде шикізаттан қорғасын, мырыш, мыс, күкірт қышқылы, кадмий, *алтын,* күміс, металдарын шығарып келді (С. Тәжіғұлов, Асау Ертіс.). 2. Көне *Алтыннан жасалған ақша, алтын теңге.* Құп болады, бірақ әр ақылымның бағасы мың *алтын,*— деді (Қаз. ертегі.). Көп уақыт өтпей-ақ банктің өзі шығарған осы кредит ақшалары *алтын* теңге ретінде қызмет атқара бастады (К. Маркс, Капитал, I, 763). 3. Ауыс. *Қымбатты, бағалы, құрметті.* «Алеша әжең қандай *алтын* жісі» деп сыбырлады ол құлағыма (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ал, мінезі бар ғой, қызға бергісіз, не керек *алтын* адам деп бағалады бригадир Сабырды (Қ. Қамбаров, Таудағы қала). Ұйықташы, жаным, *алтыным,* Шаршадың күндіз көп ойнап. Әдемі түс көр, *алтыным,* Атқанша таң бір арайлап (Т. Молдағалиев, Құралай).

◆ **Ақ алтын.** Экспр. *Мақта.* Мақтаны халық шаруашылығының барлық салаларында дерлік пайдалануға болады. Ол халық аузында *ақ алтын* деп бекер аталмаған (М. Майлыбаев, Мақта егісі.). **Алтын алқа.** *Алтыннан жасалған алқа.* Тәжім қылып табиғат, Күнде қасын қаққандай. Сыршыл өзен сылдырап, *Алтын алқа* таққандай (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). От, от... оттары қаланың *Алтын алқаға* ұқсайды, Кімнің мойнына тағамын (Т. Исмаилов, Есіл). **Алтынмен антап, күміспен күптеді.** а) *Алтын жалатты, күміспен өрнектеді.* Жарқыраған күн берген, Алжаспаған ми берген, *Алтынменен аптатып, күміспенен күптетіп,* Зәулім сарай үй берген (Жамбыл). Шіркеу іші салқын, жарық. Қайта туу дәуірінің үлгісімен салынған үйдің ішін *алтынмен аптап, күміспен күптеп* тастаған («Лен. жас»). ә) Ауыс. *Әшекейледі, әсемдеді.* Сүгіреттердің жақтаулары *алтынмен аптаулып, күміспен күптеліп,* жалтырақ алтын тастармен әшекейленген, төңірегі жібек, барқыт сияқты асыл маталармен көмкерілген екен (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Алтын айдар.** Миф. *Айырықша, ерекше туған баланың ертедегі бейнесі.* Ақылың Манат сенің жаннан асты, Баласың *алтын айдар,* жібек шашты. Қасқиып күрек тісін күлімдетіп, Қылмады құдай душар сіздей мәсті (Айтыс). Патша ашуланып өзі шауып кетті. Келсе, *алтын айдары* бар бір бала ұйықтап жатыр екен (Батырлар жыры). **Алтын астық.** *Дәнді дақыл. Алтын астық* даламыз, Артық өнім аламыз. Ерлік іске баулыған Компартия данамыз (Т. Жабаев, Із). Ағылып паровоздар бір де тынбай, Тасыған *алтын астық,* көмір, мұнай... Тау, тасты көктеп өткен жаңа жолдар Жерімнің бейне күре тамырындай (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Тиеп ап *алтын астық* тонналаған, Кездессе сан машина сол даладан, Кең аймақ кереметін кеудеме кеп Құйғандай көрінеді сонда маған (Партия тур. өленд.). **Алтын балық.** Миф. *Қияли ертегілерде кездесетін ғажайып балық.* Кешкісін құрған ауына бала ертеңіне барып қараса, бір *алтын балық* оралып тұрады (Қаз. ертегі.). **Алтын бас.** *Құрметті, сыйлы, қадірлі адам.* Не айтайын, Тұрсын шырақ, мынау Бекеннің *алтын басын* бағалай біл (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). **Алтын бесік.** *Туған, өскен орта, кір жуып, кіндік кескен жер.* Арман жеңгей, мына орынды құтты қоныс етсін! Ел іші *алтын бесік* деген, таршылық-кемшілікті көппен бірдей көресіңдер (Н. Оразов, Достар.). Шаттыққа, қуанышқа тоя ма

адам, Бұлар ер елден жанын аямаған. Айналдым *алтын бесік* Отанымнан, Осындай ұл-қыз туып аялаған (О. Малқаров, Менің ізім.). **Алтын босаға.** *Туған, өскен орта, шыққан жер.* Жетіжылдық мектепті бітіріп, деткоммунаның *алтын босағасын* аттап, Қызылжар қаласына тарттым (Ж. Саин, Жол үсті.). Оның жас өмірінің бар сүйеніші де, кейбір күйініші де сол уйдің *алтын босағасында* өтіп еді-ау... (С. Алдабергенов, Алға). Шыр етіп дүниеге келген, өмірге көз ашқан *алтын босаға* адамға қандай қымбат (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Алтын дән.** *Астық, бидай.* Аманатым, балам, саған, Күзет берік ұлы Отанды, Алдырмаңдар, алдағанға, Әкең сепкен *алтын дәнді* (Ақын жырлары). Қызылшоқ бойы түрленді Қызара бөртіп *алтын дән.* Жасыл орман жағалай Жаралғандай жалқыннан (О. Шипин, Өмір өрнегі). Биік боп көкке тиіп пе еңбек, Қардан сауыт киген тау? Көз тартқан сендей биіктен, *Алтын дәннен* үйген тау! (Т. Жароков, Шығ.). **Алтын жақты айбалта.** Көне. *Ернеуіне, екі жағына алтын жалатқан кішкене балта.* Бар қаруын сайлатып, *Алтын жақты айбалта* Білегіне байлатып, Халайықты бастатты (Манас). **Алтын жалатқан.** *Алтындаған.* Қолында үлкен жол сумкасы бар, орта бойлы, *алтын жалатқан* көзілдірік киген ақ сары адам бірден тура бізге қарай беттеді («Қаз. әдеб.»). **Алтын жамбы [қабақ].** Көне. *Күміс ақшаны нысана етіп, той-думанда, мергендік сынасатын ойын. Алтын жамбының әлі ешкім атып түсірген жоқ* (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). *Алтын жамбы* тігетін Көкілан кемпір болады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Балуан қолдар бірлесіп, Атылды *алтын қабағы.* Бәйгіден аттар келді есіп, Тартылды тойдың табағы (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). *Алтын қабақ* атады, Ат бәйгесін шапты-рды. Риза қылып халықты, Қуандырып шат қылды (Батырлар жыры). **Алтын жұлдыз.** *Майданда көрсеткен ерлігімен, Отанға сіңірген еңбегімен айрықша көзге түскен адамдарға үкімет тарапынан берілетін ең жоғары награда.* Жарқырайды төсінде Таққан *алтын жұлдызы.* Бүкіл колхоз ауылы Құрметтейді сол қызды (Т. Жабаев, Із). Кейін білсем — мичуриншіл Колхозшы екен атақты. Омырауына биыл күзде *Алтын жұлдыз* қадапты (Б. Аманшин, Өленд.). Құттықтаймын,— деп ол қолын созды, Ғалімнің өңіріндегі ордендері мен *алтын жұлдызына* қарап тұрып (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Алтын қазық.** Ауыс. *Тұрақты ақыл иесі, адам; сүйеніш, таяныш.* Ата жолын қуғанда да, ауыл райын байқағанда да *алтын қазық* өзіңіз бола бересіз. Сізді таба беретінім содан (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). **Алтын қазына, алтын қор.** *Жинаған-терген бағалы материалдық және рухани игілік.* Жазушы осынша байлықты меңгеріп, елегінен өткізіп, әдебиет тілінің *алтын қазынасын* молайтуға жұмсаған (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Шахта ішіндегі жылтыраған көмір дүниесі менің алдыма жайып тастаған өз Отанымның *алтын қазынасы* сияқты (Ж. Саин, Таңд.). Гейненің шығармалары көркемөнердегі *алтын қор* еді, сол қорды фашистер нас қолын сұғып құртты (С. Мұқанов, Өсу жол.). Осипов Ташкент банкасындағы *алтын қорды* ұрлай қашты (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек.). **Алтын медаль.** *Мектептің озат оқушыларына және спортта айырықша артық ұпай алғандарға берілетін медаль.* Садуақастың сөмке ұстап, мектепке бірінші рет барғанын, галстук байлап пионерге өткенін, одан он жылдықты *алтын медальмен* бітірген қызығын Сабыр көрген-ді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Тампере қаласындағы [Финляндия] дүние жүзінің біріншілігінде *алтын медальға* ие болған советтік палуандар өз Отандарына қайтып оралды («Лен. жас»). **Алтын табақ ай.** Поэт. *Айды алтын табаққа ұқсату.* Көктің көркем сәулеті Минут сайын артулы, Қызарып сонда жиектен *Алтын табақ ай* туды (С. Машақов, Жылдар.). Құшағынан сытылып Алқаракөк аспанның, *алтын табақ ай* жатты Өркешінде қос таудың (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Алтын тақ.** *Патша отыратын, алтыннан істелген биіктеу орын. Алтын тақты* хандардың Хандығынан не пайда? Қарып пен қасерге Тұрарлық іс болмаса? (Махамбет, Өленд.). Жауырыны жазық, мойны ұзын Құланды қақтан қайырған. Егескен ханды елінен, *Алтын тақтан* айырған (Ер Тарғын). **Атын алтынмен жазды.** *Атын тарихта мәңгі қалдырды.* Көрді кедей еңбегінің жемісін, Күйіністі сендей басшы ер үшін. *Алтынменен жазып* қымбат *атыңды,* Бейнетқор тап безендірер ел ішін (Б. Майлин, Шығ.). Өзің өлме, жауды өлтір! Егер қапыда өлсең, сенің *атыңды* халқың өз тарихына *алтынмен жазады,*— деді Мәншүк (Ол күндер.). **Құйма алтын.** *Бел-*

гілі бір қалыпқа келтіріліп, басқа қоспадан тазартылған алтын. Ол жарлықта Шыңғысхан жіберген жансыз саудагерлердің басын алып, бес жүз түйемен келген *құйма алтын,* күміс, жамбы, жібек жиһаздарды дереу Бұхараға жөнелтуін бұйырған болатын («Лен. жас»). Құлағына алтын сырға. *Естіле де естімеген болсын.* Өрлейді қулықпенен неше қырға, Құбылса, бірде қырғи, бірде тырна. Осындай ауылнайды естімеген Соттардың *құлағына алтын сырға* (Д. Еркінбеков, Шығ.). Сап алтын. *Қоспасыз таза алтын. Сап алтыннан* жасалған мүсіннің қайда тұрғанын жариялау-ақ мұң екен, небәрі екі тәулік өткен соң, оны парламенттің тура көз алдынан, нақ тапа-тал түсте ұрлар есікті сындырып ашып ұрлап әкетті («Лен. жас»). Сом алтын. *Кесек алтын.* Осындай *сом алтынды* кімнің қолынан көріп едіңіз (Ауызекі тіл).

АЛТЫНДА е т. *Алтын жалату, алтынмен жабу, аптау.* Бекер киме басыңа *Алтындаған* дулыға! Садағының оғымен Қорған соқ жаудың оғына! (С. Мұқанов, Таңд.). Ат-тұрман әшекейлі *алтындаған* Қоңырау, күміс доға жарқылдаған. Зерлеген жібек делбе шлиясы, Астында пружинасы солқылдаған (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Біреулердің жасап кездігін, Күміспен күптеп береді. Біреудің және белдігін *Алтындап,* өрнек төгеді (Х. Талғаров, Торы тайым).

АЛТЫНДАЙ с ы н. *Алтын сияқты, алтын тәрізді; бағалы, қымбат.* Күңгірттеніп қорғасын, жасыл жарқырап мыс кесектері, сап *алтындай* сарғайған қоспаларымен шағала тастар шұбартып жалындап жымың-жымың етеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Аузыңнан шыққан әр сөзіңді *алтындай* бағалайды, құрмет, қошамет көрсетеді (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). *Алтындай* асыл бидай, жұмыртқадай ақ бидай, нанын жеп тоя алмайтын сары бидай түгін тартса майы шығатын жерге бітеді (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос.).

АЛТЫНДАЛ *Алтында етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Алдында ай мүйіз бар *алтындалған,* Құлағында гауһар сырға жалтылдаған. Бара алмайды жанына сұсты басып, Қандай жігіт болса да қалтылдаған (Айтыс).

АЛТЫНДАН *Алтында етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Өзеннің екі жағындағы жалпақ шыққан неше түрлі өсімдіктің сары ала *алтынданып* әбден піскен кезі (С. Сейфуллин, Таңд.). Көк дүние *алтынданды,* Шапты меруерт жұлдыздарды (Т. Жароков, Шығ.).

АЛТЫНДАТ *Алтында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Алдында бронзыдан алтын жапқан Жарқырап, тотықпастай *алтындатқан* Көсемнің тұрды биік сүгіреті, Отанның шам шырағы күн боп атқан (Ә. Сәрсенбаев, Еділ толқыны.). Қасы қап-қара. Төменгі екі тісін *алтындатқан* болатын (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.).

АЛТЫНДАУ *Алтында етістігінің қимыл атауы.*

АЛТЫНДЫ с ы н. *Алтындаған, алтын жалатқан.* Көңілім менің қараңғы бол, бол ақын! *Алтынды* домбырамен келші жақын! Шек бойлап он саусақ жорғаласа, Бейістің үні шығар қоңыр салқын (Абай). Тарлан аттың басы деп, *Алтынды* ердің қасы деп, Қақ жүректің тұсы деп, Өлер жерің осы деп, Толғанып тұрған Тарғынды Толғап атып салады (Ер Тарғын). *Алтынды* құндақ бесігім, Сенде аштым өмір есігін,— Деп бастады Төлеген (Н. Баймұратов, Ер Төлеген).

АЛТЫНДЫҚ з а т. *Алтынға тән қасиет, ерекшелік.* Сенің оған керегі жарқындығың, Керек емес жарқылдақ *алтындығың* (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АЛТЫН-КҮМІС з а т. *Алтын мен күміс аралас. Алтын-күміс* кигені, қамқа, торғын, Күтуші қыз-келіншек жүр соңында (Абай). Көрінді тіпті жақсы қызға бұл іс, Күнікей енді алмады бір де тыныс, Құдая бұл балаға қоса гөр деп, Ғаріптерге таратты *алтын-күміс* (Батырлар жыры). Волга — Дон көк шудалы жетегімде, Мыс-мырыш, *алтын-күміс* етегімде. Жатады тас көмірдің шоғы жайнап, Тұсынан өлеңдетіп өтерімде (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АЛТЫНШЫ с а н. *Осы санның реттік түрі.* Он екі айы бірдей қыс, Жан баспаған Сібірім, Ұшан-теңіз бақытқа Ұлы Ленин беледі, *Алтыншы* жердің бөлімін (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Немістер Бородиноға осымен *алтыншы* рет шабуыл жасады (Б. Момышұлы, Жауынгер.). *Алтыншы* класс оқушылары пионер бөлмесіне тегіс жиналды (С. Омаров, Әңгім.).

1. АЛУ *Ал етістігінің қимыл атауы. Алу* үшін тендікті, Сағынамыз кендікті (І. Жансүгіров, Шығ.). Қаланы *алудың* керектігі дау болмасқа керек (Ғ. Мүсіре-

пов, Таңд.). Жан-жақты материал оқушылардың тиянақты және терең білім *алуына* айтарлықтай көмек көрсетті («Халық мұғ.»).

2. АЛУ з а т. *Арифметика сабағындағы санды азайту тәсілі.* Көбейтуге шебермін, Бөліп те берермін. *Алу,* қосуға жоқпын (М. Әлімбаев, Жаңа жұмбақ.). *Алу,* қосуға жоқпын, Сыбағасы ол шоттың (Т. Нұрмұхамедов, Жыл он екі ай).

АЛУА и р. з а т. к ө н е. *Шырынды, тәтті тағам.* Анасы сонда сөйлейді: *Алуа* асап, іштің бал, Жая шайнап, жедің жал, Кетер болсаң қарағым, Жылқыдан таңдап қырық жорға ал (Қыз Жібек). Айналайын айымыз! Алты қарын майымыз, Жеті қарын жентіміз, *Алуа,* секер, қантымыз (С. Сейфуллин, Шығ.). Ішетұғын сұлудың *Алуа,* шекер асы бар, Қолаң шашты, қой көзді Түймедейін басы бар (Батырлар жыры).

АЛУАН и р. ү с т. *Түрлі, неше түрлі, әртүрлі, неше қилы.* Мектепті былтыр бітіргендер колхоздың *алуан* салалы шаруашылығында еңбек етіп жүр (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Аспан астындағы әлемнің *алуан* түрлі халқының уәкілдері де сіздің алдыңыздан тізіліп өтіп жатады (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Адам басындағы *алуан* мінездің ақын көзіне шалынбағаны кем де кем-ақ болар (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

◆ **Әр алуан.** *Сан түрлі, неше түрлі.* Дүйсенбай алпамсадай ауыр денесімен орындығын сықырлата қозғалтып, Болаттың иығына қолын артып, *әр алуан* сұрақтарды жаудыра бастады (С. Омаров, Дала қызы). Ол *әр алуан* тас жыныстарын тереді (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос). **Бір алуан.** *Бір түрлі, айырықша.* Егер құс етекке келіп түлкіге түссе, мен келгенше қасына таянба,— деп Серікбай Сәтжанға құсбегі әдісінің осындай *бір алуан* тосын сырын ұғындырды (С. Бегалин, Уақыт тынысы). **Неше алуан.** *Сан түрлі.* Жақсылығын көктемнің, Жанның бәрі түр көріп. Жақсылықтың белгісі *Неше алуан* сыр беріп (XX ғ. қаз. ақын). Олардың қолында *неше алуан* нәзік аспаптардан бастап вертолетке дейін бар (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). Бұл күнгі ауыл адамы — рухани талап, тілек өрісі кең және де *неше алуан* жан қажетін өтеуге мүмкіндігі мол жатқан, шын мағынасындағы мәдениетті адам (Ж. Ысмағұлов, Адам мерейі). **Сан алуан.** *Сан салалы, неше салалы.* Ондай елдің ауыз әдебиеті *сан алуан* сипаттарды өз бойына сыйғызады (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы). Боз айғырдың үйіріне шапқан қос көкжалды ағаш басында отырып өз көзімен көрген Балғабек ауыл балаларын сан рет қайталап, *сан алуан* етіп түрлендіріп айтып, тамашасын тауыса алмай жүр (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос). Келіншектер бастарына гүлді жаулық салған, ал қыздардың шаш өрістері *сан алуан,* сәнді-ақ (С. Мұратбеков, Көкорай).

АЛУАН-АЛУАН с ы н. *Түрлі-түрлі, қилы-қилы.* Жамбылдың толғау жырлары қандай *алуан-алуан* тақырыптарда болсын совет халқының, Совет Отанының бейнесін тұтас беруге арналады (Е. Ысмайылов, Ақындар). Ауыл алдындағы мидай ақ жазық қазанша қайнап жатыр. Атты, жаяу, өгізді, түйелі, шаналы тұс-тұстан құйылған адам *алуан-алуан* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Түлігі өскен *алуан-алуан,* Төс, алқабы малға толған. Неткен сұлу неткен көркем! Осы менің туған өлкем (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). *Алуан-алуан* жүйрік бар, әліне қарай шабады (Мақал).

АЛУАНДАС с ы н. *Тектес, түстес, шамалас,* Осы *алуандас* кеңесте бұлардың дауласуы жарысып, ой жүгіртулері көп болатын (М. Әуезов, Абай жолы). Бұл *алуандас* өлеңдер күлкілі, қызық сюжеттерге құрылады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АЛУА-ШЕКЕР з а т. *Алуа және шекер.* Ақ түлкі өзенді өрлеп талда жатыр, Оралдың ақиығы айда жатыр. Сөзінің әр ширегі мың ділдалық, Әр қарпі *алуа-шекер* балдай татыр (Ақан сері). Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты, Сөзі бар *алуа-шекер* балдан тәтті. Адамның өзім көрген абзалы екен, Айтайын өлең қылып перизатты (Қаз. әндері).

АЛУЛЫ с ы н. *Алыңған.* Тырнақ, шашы *алулы,* Тап-тұйнақтай қимылы. Ілгек, түйме тағулы Ойлы бала тым жылы (С. Қасиманов, Өс. бөбек).

АЛУШЫ з а т. *Белгілі бір зат алатын адам. Алушының* көзіне көп нәрсе де түймедей көрінеді («Халық мұғ.»). Товар *алушылар* мен жұмысшылар заңды құрметтей білуге тиіс («Соц. Қаз.»). *Алушыларымыздың* талғампаздығы тіпті күшейгені ғой (Ғ. Сыланов, Очерк.).

АЛФАВИТ з а т. *Белгілі бір тілдегі әріптердің жиынтығы мен рет тәртібі.* Абай «Әліпби» өлеңінің әр жолын араб *алфавитінің* ретімен тізеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Ендігі мәселе жаңа *алфавитке* қашан көшуде (С. Мұқанов, Алып. адым.). Қазақ әріптерін дүние жүзі *алфавиттерімен* салыстырып қарасақ, бағы заманның аралас-құралас жатқан өмір сыры байқалғандай («Қаз. әдеб.»).

АЛФАВИТСІЗ с ы н. 1. *Алфавиті жоқ.* Бұрын *алфавитсіз* халықтар да болған (Ауызекі тіл). 2. *Алфавит тәртібі жоқ, алфавит тәртібі сақталмаған.* Сөздікті *алфавитсіз* жасау ешбір мүмкін емес (Бұл да).

АЛФАВИТТІК з а т. *Алфавитке тән.* Еңбектің соңында *алфавиттік* ретпен жер, су, жеке авторлар тізімі берілген (Ауызекі тіл).

АЛХИМИК з а т. *Алхимиямен шұғылданушы.* Орта ғасыр химиктерін *алхимиктер* деп атайтын (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). Осыдан үш ғасыр бұрын *алхимиктер* кездейсоқ ашқан фосфор қазір өндірістің он-ондаған саласында қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Шарапты салқындатқанда одан жанатын сұйық заттың шығатынын ертеде *алхимиктер* байқаған (Н. Шоқанов, Микроорганизм.).

АЛХИМИЯ з а т. *Табиғатта жоқ, қияндағы тас арқылы жай металды құнды металға айналдыруды көксеген орта ғасырдағы іздену.* Фармацевтикалық істің өркендеуі феодализм негізіндегі сиқырлыққа, астрономияға *алхимияға* қатты әсер етті (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). *«Алхимия»* — араб сөзі, қазақша «тастардың даналығы» деген сөз (Бұл да).

АЛХИМИЯЛЫҚ з а т. *Алхимияға тән.* Сонымен, сату мен сатып алудың теңбетеңдігі товар, айналыстың *алхимиялық* түбегіне түскеннен кейін, одан ақша түрінде шыға алмайтын болса, товар иесі оны сатпайтын болса, демек, ақша иесі оны сатып алмайтын болса, товардың пайдасыз болатының көрсетеді (К. Маркс, Капитал, I, 127).

АЛХОРЫ з а т. 1. *Оңтүстік аймақтарда өсетін жеміс ағашы.* Алма, алмұрт, *алхоры,* шие, жүзім сияқты жеміс-жидек өсімдіктері де жаңа қоныста жатырқамады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). Моисеевтер Алматы апортының қасиеттерін жақсартты және сонымен қатар апорттың, алмұрттың, шиенің, *алхорының,* шабдалының жаңа сорттарын шығарды (Бұл да). 2. *Осы ағашқа шығатын сүйекті жеміс.* Вареньені алма, алмұрт, шие, тәтті шие, *алхоры,* қызыл өрік, шабдал, жүзім, мандарин, лимон, апельсин, құлпынай, малина, қарақат, тошала, мүк жидек, райхан гүлі жеміс-жидектерінен, қауын мен сәбізден қайнатуға болады (Келіншектерге.). Алша, шие, *алхоры,* шабдалы, алма, алмұрт, шырын, бал, жүзім — бәрі де жан шарбаты емес пе (С. Байжанов, Жастық шақ).

АЛША а р. з а т. 1. *Кішкентай ғана қызыл жеміс өсетін ағаш.* Қарақат, шие, жидек, алмұрт, *алша,* Құлпырып жазды күні түрге енді (М. Жансаева, Ана жүрегі.). Жүзім, өрік, *алша,* алмұрт... Қызыл алтын — көп алма... (С. Керімбеков, Колхоз бақшасы). 2. *Осы ағаштың жемісі.* Көбелекті қыз қуып ұстай алмай шаршады. Үзе берді мәз болып Қарақат пен *алшаны* (Т. Молдағалиев, Құралай). *Алшасы* алқымынан қаны тамып, Алмасы тас төбеңнен құйылып тұр (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). Күннің жолы ұзарып, Жаз кеп жетті аңсаған. Меруерттей қызарып, *Алша* пісті самсаған (Т. Шопашев, Шие гүлде.).

АЛШАҒЫРАҚ с ы н. *Алысырақ; жақын емес.* Өтті қыс, жетті міне, жаз жарқырап, Әсия Алматыдан *алшағырақ.* Дүзіп жүр айдынында көкше көлдің, Аспаны ала түндік ақ шаңырақ (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Сен үшеуің қаз қатар араларыңды *алшағырақ* ұстап, қоғаны сүзіп өтесіңдер (А. Хангелдин, Алғыс). Қорылдау мен ұйқысырау Ұлпанға маза бермеуін білген Есеней «сен *алшағырақ* ұйықта» дегенді өзі айтқан (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АЛШАЙ е т. 1. *Аяқтың арасын алшақтату, жақын жуыстырмау.* Ене бөкен осқырып, екі лағын бауырына паналатып, *алшайып* ақ сүтін емізіп тұрғанда, қара мылтықтың көк түтіні бұрқ етті (І. Жансүгіров, Әңгім.). Лысенко аяғын *алшайта* созып орындыққа шалқая түсіп отыр екен (Б. Момышұлы, Жауынгер.). 2. *Алыстап кету, қашықтап кету.* Алдыңғы топ бұл кезде жарты шақырымдай өрлеп, екі ара *алшая* бастады. Тіпті тез алшақтап бара жатты (Х. Есенжанов, Тар кезең). 3. А у ы с. *Көңіл қалысу, суысу, ренжісу.* Ағайын арасы *алшайып* бара жатыр еді. Билікті қолыңа алғанды-

ғың жігіттігің (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АЛШАЙТ *Алшай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол екеуі сәл қатты келсе, Колосовты қолда да, араларын *а л ш а й т а* түс (Ж. Тілеков, Қайнар).

АЛШАҚ с ы н. 1. *Алыс, шалғай; жақын емес.* Бірінен бірі *а л ш а қ* салынған он шақты ақ үйлер тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Я, солай, кейінде заулап бір түз қыраны келеді екен. Бірақ онымен шүрегейлердің арасы тым *а л ш а қ* (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Бір бірінен аралары *а л ш а қ* қоныс тепкен қыстақ үйлері (Б. Соқпақбаев, Аянжан). 2. А у ы с. *Араз, қырғи қабақ; тату емес.* Дейтұғын Бәкең, Кәркең әкім келді, Кім қойған нақ осындай әкімдерді. Кеп-кеше аралары *а л ш а қ* еді, Қалайша бұлар бүгін тату келді (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Екі достың арасы, осылайша, *а л ш а қ* тарта берді. Қатира бәрінен де Алтынайдың тілі ұзарып, шешен боп кеткеніне қайран қалды (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). 3. А у ы с. *Үйлесімсіз, жанасымсыз.* Қандай алыс теңеулер болса да логикаға сыймастай *а л ш а қ* тұруы мүмкін емес (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Осындай екі жақты ұқсас бола тұрып та, бұл шығармалар бірінен бірі алшақ жатыр («Соц. Қаз.»). 4. *Адамдыққа жат, адамгершілікке сыйымсыз.* Бұл адам сүйсінер қылық емес. Осындай адамшылықтан *а л ш а қ*, жексұрын мінезімен де жұрт алдында сүйкімді көрінбек (А. Байтанаев, Асан).

◆ **Алшақ мүйіз.** *Мүйізінің екі арасы кең.* Сиырдың тоқсан тұқым тұлғалысы, Будандас, ойдағысы, қырдағысы, Әукелі, *а л ш а қ м ү й і з*, бүйен емшек, Өлшеусіз сүт пен майдың жылға ағысы (К. Тастанбеков, Өленд.).— Менің көзіме сынар мүйізді қара сиыр, *а л ш а қ м ү й і з д і* қызыл сиыр түспей тұр,— деді жыртық киімді, арықтау әйел (Ш. Өтепов, Өшпеген жалын). Аяғын алшақ басты. *Тартынбай, емін-еркін жүрді.* Сүйген қызымды қолтықтап, мен өз елімнің кең көшесінде *а я ғ ы м д ы а л ш а қ б а с а м ы н* (М. Иманжанов, Адам тур.). Бейнесінде баяғы Белгісі жоқ мешелдің, *Б а с а д ы а л ш а қ а я ғ ы н* Батырындай осы елдің (Ә. Тәжібаев, Өленд.).

АЛШАҚ-АЛШАҚ с ы н. *Қашық-қашық, алыс-алыс; арасы жақын емес.* Айдын көл алқабында *а л ш а қ-а л ш а қ* қонып қанат жайған Қаржас елінің қауымы қала берді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Үлкен көлді айнала қонған ауылдар *а л ш а қ-а л ш а қ* отыр. Елде бір сүреңсіздік бары сезіледі (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

1. АЛШАҚТА ү с т. *Алыста, қашықта; жақын арада емес.* Ауылдары *а л ш а қ т а* отырған Сүлеймен старшина мен Бәкір молда да келіп, батаның басында болды (С. Сейфуллин, Әңгім.). Тұрғанмен, ана, *а л ш а қ т а*, Ұмытпайды ұлың парызды. Көңілім менің сен жақта Компастың тілі тәрізді (Қ. Мырзалиев, Бұлбұл бағы).

2. АЛШАҚТА е т. *Алыстау, қашық тарту.* Өзің де сезетін шығарсың. Сен келгелі Айдар екеуміздің арамыз *а л ш а қ т а п* барады (А. Шамкенов, Қызыл жалау). Торы ат екі айналым артта қалды. Алты жігіт аралығы *а л ш а қ т а й* басталды. Әсіресе алдыңғы екеудің жылдамдығына көз ілесер емес («Спорт»).

АЛШАҚТАТ *Алшақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шегінісіп, араларын недәуір *а л ш а қ т а т ы п* алып, біріне бірі қарсы жүгіреді де жақындау қалғанда секіріп кеп ұрғанда мүйіздері сынып кете жаздайды, сытырлап, тұнық ағаш сындырғандай естіледі (З. Шашкин, Сенім). «Нұрлан Ақзейнептің кәстөмі түгіл, суретін де ұстатпайды» дегісі келіп еді, бала мен ана арасын *а л ш а қ т а т қ а н д а й* болғансын, тиылып қалды (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

1. АЛШАҚТАУ с ы н. *Алыстау, алыс ырақ.* Мұрат Айшамен сөйлесейін деп еді, аралары *а л ш а қ т а у* болды, алыстан мойын созуды ыңғайсыз көрді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Дән тазалағыш екі машина тұр. Аралары *а л ш а қ т а у* қойылған (С. Алдабергенов, Алға). Өзге қарашалардың бас паналарынан *а л ш а қ т а у* тігілген бұл күн шағылысқан ақ отаулардың еңсесі де биік, қонған жерлері де шұрайлы (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).

2. АЛШАҚТАУ *Алшақта етістігінің қимыл атауы.* Ленин, уақыт, мен — үшеуіміз біргеміз, *А л ш а қ т а у д ы* білмек емес іргеміз. Біз бармыз, біз барамыз жұп жазбай, Алыстағы армандаған күнге біз (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

АЛШАҚТЫҚ з а т. 1. *Жақын еместік, қашықтық.* Екеуі жастарының арасы *а л ш а қ т ы ғ ы н а* қарамастан, құрдастай ойнайды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Адамды өсірер еңбек қалада да бар емес пе? Бұл жағынан *а л ш а қ т ы қ таба*

алар ма екенсің? (С. Шаймерденов, Болашақ.). Қасымнан гөрі мен Елемеспен тез үйірлесіп кеттім. Екеуміз жас *алшақтығына* қарамай, кейде тең-тұстарша сөйлесеміз (Қ. Жұмаділов, Қаздар.). 2. *Жанасымсыздық, үйлесімсіздік.* Куәлар сөзінде *алшақтық* жоқ (Қ. Тоқаев, Тасқын). Шоқан еңбекшілер бұқарасының мүдделеріндегі *алшақтықты*, сиыспаушылықты ашықтан ашық айта алды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Колхозда жерді жырту мен тұқым себудің арасында *алшақтық* бар екен (Х. Мұстафин, Ақ тары.).

АЛШАЛҒЫ з а т. *Белдемше, алжапқыш.* Галинаның белінде — *алшалғысы*, қолында күрегі, алдында — өнімі жайқала өсіп келе жатқан огороды (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

АЛШАҢ: **Алшаң басты.** *Ештемеден тартынбай, еркін жүрді.* Мен боламын демеңдер Аяқты *алшаң басқанға* Екі көзің аларып құр қарайсың аспанға (Абай). Қайран күшің қан майдандар сынаған Сенсің менің ардақтайтын бір ағам. Ескерткіш боп тұрып қалмай бір жерде, *Алшаң басып* жүргеніңе қуанам (С. Мәуленов, Жаңа арна). Жатырмын аңсап тезірек, Балдақсыз жортып кетуді. Көдені таптап езгілеп, *Алшаң басып* өтуді (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АЛШАҢДА е т. *Аяғын адымдай басты, адымын керіңкірей жүрді.* Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап, Қусың десе, қуаныш жүр *алшаңдап*. Қақса-соқса, бір пайда түсе ме деп, Елдің байын еліртіп «жау мұндалап» (Абай).

АЛШАҢДАЙ: **Алшаңдай [алшаңдап] басты.** *Еркін басты, қымсынбады.* Ақмырза *алшаңдай басып* орнына барып отырды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Есік жақтан аяғын *алшаңдай баєып* жеткен Естай оның қолына конвертті ұстата салды (А. Байтанаев, Асан). Сілтедің ұшқыр қаламды, Өмірдің сырын ерте ұғып. *Алшаңдап бастың* қадамды, Өсірді елің ерке ғып (С. Мәуленов, Таңд.). Шаттықтың тудың елінде, Бақытты жансың, Жігер, сен! Арманның шығып төріне, *Алшаңдап басып* жүрерсің (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

АЛШАҢДАТ *Алшаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл өзін *алшаңдатып* келе жатқан өмірдің алғашқы соққысы болғаны ма? (Т. Ахтанов, Дала сыры). Алтай, Ақжал — алтын тау, Ақтарылды кеніміз. Арғымақтай ат болды, *Алшаңдатып* мініңіз (Қ. Әбдіқадыров, Таңд.). Астына жорға мінгізді, Үстіне манат кигізді. *Алшаңдатып* сол жерде, Қызық дәурен сүргізді (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

АЛШАҢДАТҚЫЗ *Алшаңдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол анау кішкентайын неге *алшаңдатқызып* қойған (Ауызекі тіл).

АЛШАҢДАУ *Алшаңда етістігінің қимыл атауы.*

АЛШАҢЫРАҚ с ы н. *Кеңірек, керіңкірей.* Аяғын басты Ақан *алшаңырақ*, Мейлі ғой, аяз жалап, тоңса құлақ. Көпкасын бұра киіп келе жатыр, Соққандай жүрегі тек аңсап шуақ (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АЛШИ е т. с ө й л. **Алшай.** Астыңғы еріні *алшиып*, Үстінгі ерні салпиып, Ауызы үңгір қорғандай, Ап тартқаның сорғандай (Манас).

АЛШИТ *Алши етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кенет шпорларын сарт еткізіп және аяқтарын *алшита* тастап, екшесімен тоқтап қалды (Музыка. жанрлары).

АЛШИЮ *Алши етістігінің қимыл атауы.*

АЛШЫ з а т. *Асық тәйкесінің қарсы жағы.* Асық *алшы* түссе ұтқаным, тәйке түссе тұтқаным (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Маған ыстық зор сарайдан, іші кең, Балалыққа — ұя, кигіз лашығым. Қандай қызық, қазіргі сәт ісімнен, Бала кезгі *алшы* түскен асығым (Қ. Бекхожин, Қайран жастық.). Жол қуған табар қазына, Асықтың түсін *алшысы*, Іліңді өмір жазына, Кешегі байдың жалшысы (О. Малқаров, Менің ізім).

◆ **Алшысынан түсті.** *Омақаса жығылды.* Саусағын екі бүктеп қалды тістеп, Дұшпаным алдыма кеп *алшы түсі* — деп (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). **Асығы алшысынан түсті.** *Ісі сәтті болды.* Оқығанның *асығы алшысынан түседі* (М. Әлімбаев, 666 мақал). **Тымақты алшысынан киді.** *Бас киімін тәкірейте киді.* Аяңы *тымақты алшы кигізгендей*, Кісімі бол-бол қағып жүргізгендей. Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылдың қолыма бір тигізбей (Абай). Сыздық *тымағын алшысынан киді*. Қамшысын ерге тіреп, төңірекке көтеріңкі көңілмен қарады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Алшы-*

сынан киіп кедей *тымағын*, Жаңалыққа түрер еді құлағын (Д. Әбілев, Өленд.).

АЛШЫН з а т. *Шөбі шабылған жерге сол жылы қайтадан шыққан шөп; шиен.* Күзде қой жаюға *алшын* шөп те, дәнді дақылдар жинап алғаннан кейінгі аңыз да пайдаланылады (А. Елеманов, Қой шаруаш.). Бұл жерлерден шауып алған пішен құнарлы келеді, шөбі шауып алынған жерлердегі *алшындарға* жыл бойы мал жаюға болады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

АЛШЫНДАЙ с ы н. *Алшын сияқты, алшын тәрізді; шиендей.* Бәрі сондай, бәріне де сіз мектеп, Қайсыбірін жаза берем тізбектеп. Ақындар көп қаулап өскен *алшындай*, Жаз дән салып, өсетұғын күз көктеп (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АЛЫҚ з а т. *Жауласқан екі жақтың жеңгені жеңілгенінен алатын алым; мал, мүлік, қаржы.* Шапшаң хабар таратты, Жаудан алды *алықты*, Мойнына салды салықты (С. Сейфуллин, Шығ.).

АЛЫҚ-БЕРІК з а т. *Алым-берім мал, ақша-қаражат.* Далаға Сүйіндік те шыққан еді. Әкесі тапсырған *алық-берік* жөніндегі сәлемді Абай сонда айтып, бұл ауылға келген жұмысын осы таңертеңгі уақытта бітірді (М. Әуезов, Шығ.). Ақтай мырза құсбегінің сыңаржақтығын, *алық-берікке* жоқтығын, мұндай қылық серілік дәстүріне жатпайтындығын бірқатар тәптіштеп өтті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АЛЫҚ-САЛЫҚ з а т. с ө й л. Алым-салық. Ал, өзіңіз сол «Жаңа жолда» *алық-салық* жинайтын агент деп естіп ем... («Қаз. әдеб.»).

1. АЛЫМ з а т. 1. *Салық, салық түрлері.* Патша заманында халық *алым* төлегенде, сол *алымның* қайда кететінін білмейтін. Совет үкіметі халықтан жиналған *алымды* сол халықтың өз пайдасына жұмсайды (С. Сейфуллин, Шығ.). Міне, *алымдарын* айдап екеу келеді. Жылқы, сиыры аралас, бірер түйесі бар, елуалпыс ірі қара айдап келеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ақшалай сыйлықтардан басқа егіншілікпен және қолөнері кәсібімен айналысатын адамдардан заттай *алым* алынды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). 2. А у ы с. *Пара, жасырын түрде алған зат.* Мысалы, Құнанбайға да *алым*, түсім аз болмаған (М. Әуезов, Әр жыл.). Аманжол дегенің *алымға* тоймайтын адам көрінеді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

2. АЛЫМ з а т. м а т. *Математикалық бөлшектің бір мүшесі, алынатын сан.* Арифметикадағы сияқты алгебралық бөлшектің де *алымы* мен бөлімі бөлшектің мүшелері деп аталады (Алгебра). Қазіргі біздің білетініміздей, ол кезде бөлшектің *алымы*, бөлімі деген сияқты ұғымдар болған жоқ және олардың бөлшектері де санаулы болған (О. Жәутіков, Математика).

1. АЛЫМ-БЕРІМ з а т. *Алынатын, беретін зат, ауыс-түйіс дүние.* Мен де шын айтып тұрмын. Егер «пара» дегенді қылмыс деп ұқсаң, ауыз бастырық деп атайық. *Алым-берімге* қазақтың жол-жоралғысы жетеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). «Қалаға сауда-саттық, *алым-беріммен* келетін қырдың әр байының екінші жұмысы Бақи шеберге іс тапсыру екен» деген сөз Сарыбұйратқа да жеткен (Қ. Исабаев, Айқыз).

2. АЛЫМ-БЕРІМ с ы н. *Орташа ғана, мақтаулы емес.* Судыр Ахмет бір бауыр жерге дейін *алым-берім* аянбай істейді де, белі шойырылып отыра кетеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Бәйбіше қазанның қақпағын ап, лап көтерілген буды үйіріп жасқап, *алым-берім* топатай толы бірдеңені шылп еткізіп тастап жіберді («Лен. жас»).

АЛЫМДЫ с ы н. 1. *Қайратты, қарымды, күшті, әлді, қуатты.* *Алымды* жігіттер өлгі жөшіктерді түзбен аралас ақ күміс килькаларға толтырып, қатарластыра қалап жүр (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Ұзаққа шабатын *алымды* жүйрік бар күшін жолдың екінші жартысына жұмсайтыны белгілі (М. Тәнекеев, Қажымұқан). Астымызға мінгеніміз құйындай ұйтқып, желдей жүйткіп тұрған *алымды* аттар екен (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). 2. А у ы с. *Келелі, назар аударарлықтай, көңіл бөлерліктей.* Белді бекем буып кірісер *алымды* мақсат болған соң, адам қайратын ала беретін ұсақ жайлар бола береді ғой (Ғ. Сыланов, Шалқар). 3. *Қамтуы мол, мол қамтитын.* Кутин жалпақтығы он алты метрлік кең *алымды* жатканы ойлап тауыпты (Б. Тоқтаров, Қырандар.). Былтыр Тың өлкесі бойынша Кутиннің кең *алымды* жаткасын Целиноградқа көрмеге апарыпты (Бұл да). // *Ұшқыр ойль.* Үлкен адамдың кең *алымды* ой орамынан кем соғып, келте қалмау

үшін біз де орағыта сөйлеуге тырысамыз (Ж. Ысмағұлов, Адам мерейі). Сайысып сынасуға бірі-бірін, Тереңнен сөз асылын теретұғын. Шешендер ойы *а л ы м д ы*, сөзі шырын, Домбыра қызықты етіп айтыс күнін (Айтыс).

АЛЫМДЫЛЫҚ з а т. *Белгілі бір заттың қамту аясының кеңдігі.* Жолдыбаев комбайнның кең *а л ы м д ы л ы ғ ы н* қамтамасыз ету үшін, барабанға ұзартылған арқан пайдаланды («Лен. жас»).

АЛЫМ-ЖҰЛЫМ с ы н. *Жыртық-жыртық, алба-жұлба, өрім-өрім.* Киімі *а л ы м-ж ұ л ы м*, басына ала-құла кегер терісін киіпті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Аздан кейін тонның иесі *а л ы м-ж ұ л ы м* киімін киe салып, мектепке жетіп келді (С. Омаров, Әңгім.). Кенеттен есік шалқасынан ашылды да, үсті-басы *а л ы м-ж ұ л ы м* біреу кіріп келді («Лен. жас»).

АЛЫМҚОР с ы н. с ө й л. *Парақор, жемқор.* Ертеде іс басындағылар арасында *а л ы м қ о р* да аз болмаған (Ауызекі тіл).

АЛЫМҚОРЛЫҚ з а т. *Алым алғыштық, парақорлық.*

АЛЫМПАЗ с ы н. *Тойымсыз, нысапсыз.* Бұл ортаның тойымсыз, ынсапсыздығын, ардан кешкен *а л ы м п а з*, қомағай топастығын Абай өткір сынмен ашады (М. Әуезов, Әр жыл.). Кәрі құда ең сұрамсақ, әсіресе *а л ы м п а з*, тойымы жоқ, жеміт құда (Бұл да).

АЛЫМСАҚ з а т. *Алуға тиісті, алашақ адам. А л ы м с а қ қ а* алтау аз, берімсекке бесеу көп (Мақал). Табиғаттың сан түрлі құбылысы, Бірі бермек, бірінен бірі *а л ы м с а қ*. Жұмыр жер де тұрмайды бір орында, Үнемі қозғалыста сырын ұқсақ (Айтыс).

АЛЫМ-САЛЫҚ з а т. *Салынатын салық жиынтығы.* Малы бар адамға *а л ы м-с а л ы қ т ы ң* өзі де оңай соғып тұрған жоқ қой (Б. Майлин, Шығ.). Бұл руға түскен *а л ы м-с а л ы қ* уақытынан кішкентай да болса кеш төленсе, қасақаналық жағы бар деп ойлап, үнемі сенімсіздік көзбен қарады (А. Жұбанов, Құрманғазы). Орал қаласындағы болған жайларды баяндады, ел ішіндегі *а л ы м-с а л ы қ т ы ң* көбейгенін, жұрттың оған наразы екенін айтты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АЛЫМ-САЛЫМ с ы н. *Салдыр-салақ, алқам-салқам.* Жат елге *а л ы м-с а л ы м* боп жұтап бармасын деп берген еді ол. Жылы болу үшін белімді сыртынан әкемнің жіңішке қайыс белбеуімен буынып алғам (Б. Соқпақбаев, Бастан кешкен).

АЛЫМЫР с ы н. с ө й л. *Алғыш, алуға бейім, ашкөз.* Әсіресе тамыр болғыштар *а л ы м ы р*, жұлымыр, жуантық адамнан болса, көбінесе қолқа беруді әдет қылып алған болады (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЛЫН *Ал етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Орын жоқ, балалар толып қалды, енді бала *а л ы н б а й д ы*,— деді Сәлім (Б. Майлин, Шығ.). Күзем *а л ы н ы п*, жабағы жүндер үй маңына төбе-төбе болып үйіліп қалды (Х. Әбішев, Аспан сыры). Түйе шаруашылығынан *а л ы н а т ы н* әр түрлі өнімді молайту ісінің нәтижелі болуы бәрінен бұрын түйенің санына байланысты (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

АЛЫНУ *Алын етістігінің қимыл қатауы.*

АЛЫП с ы н. *Үлкен, зор. А л ы п* анадан, ат биеден туады (Мақал). Бүгін өлік, кешегі *а л ы п* арыстан, Өмірінде жауыздықпен алысқан. Адамзатқа қараңғыда жол салып, Қызыл күнді дәл көздеген алыстан (С. Сейфуллин, Өлең д.). Жел толастап, боран басылды да, бүкіл *а л ы п* даланың аумағы түгел көрінді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Мынау не? Күн ғой баяғы, Кәдімгі біздің жарық күн. Басынан асып барады, Алатау деген *а л ы п т ы ң* (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АЛЫПТАЙ с ы н. *Алып тәрізді, алып сияқты.* Қаратай күні біткен *а л ы п т а й* ұзынынан түсіп жатыр (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Мен сені шақырғам жоқ тиейін деп, Дінімді бұзып сені сүйейін деп. Атам сені *а л ы п т а й* ер деп еді, Сынадым айтқан сөзін білейін деп (Батырлар жыры). Қарысып босатпады қарулы қол, (Ұры да бір жас жігіт қаруы мол). Жамалдың бір кісілік қуаты бар, Қажырлы құрыш дене, *а л ы п т а й* зор (С. Машақов, Жылдар.).

АЛЫПТЫҚ з а т. *Алыпқа тән қасиет.* Қажымұқан өте иықты еді. Күш тұрғысынан *а л ы п т ы ғ ы* өз алдына. Қолдары ұзын болатын («Лен. жас»). Біраз біледі екен-ау жарықтығым, Суын іштік Мысырдың барып бүгін. Фирдоусиді тірілтті көрде жатқан, Низамидың көп айтты *а л ы п т ы ғ ы н* (Т. Молдағалиев, Ескерткіш).

1. АЛЫС с ы н. 1. *Шалғай, жақын емес.* Шеш көңілімнің жұмбағын, Әлде бәрі алданыс. Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға *а л ы с* (Абай). Жаманның көңілі көкте, жерде басы, *А л ы с*

қой аңғарғанға екі арасы. Жақсының өзі кішік, бойы биік, Бірдей ме екеуінің мәртебесі? (Жамбыл). Жолдасың жаман болса, *А л ы с* жүріп түн қатпа. Қатының жаман болса, Кісі алдында тіл қатпа (Мақал). 2. А у ы с. *Туыстығы жақын емес, атасы бөлек, бөтен. А л ы с,* жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып (Абай). Абақ, Тарақ арасын Аралаған серімсің. *А л ы с,* жақын бәрін де Саралаған ерімсің (Жамбыл). Қылышымнан қан тамып Семсерімнен зәр тамып, Сұрадым *а л ы с,* жақынды. Ауыздықтап жол бермей, Түзетіп тентек, мақұлды (Ү. Көрібаев, Таңд.). Жақсыны *а л ы с,* жаманды жақын көрме, Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме. Жақсымын деп момынның малын жесе, Жаман адам сол болар мақұл деме (Үш ғасыр.).

◆ **Алысқа бара алмайды.** *Ештеме бітіре алмайды.* Әкесінің тулап *а л ы с қ а б а р а а л м а й т ы н ы н* аңғарып, іштей мырс-мырс күліп, Сапар оңайлықпен берілмеді (М. Иманжанов, Таныс қыз).

2. АЛЫС е т. 1. *Ал етістігінен жасалған ортақ етіс.* Алтайдың арғы бетінде бұрыннан қыз *а л ы с ы п,* қыз беріскен құдалары бар. Ол соларға барып қосылмақ (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).— Қамысбекпісің? Келгенің абзал. Күтіп отыр ем,— деп, Жақып Қамысбектің алдынан тосып алды. Сәлем *а л ы с қ а н н а н* кейін Қамысбек аттан түсті (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). 2. *Күресу, жағаласу, арпалысу, соғысу.* Тұтанып, жалынданып, қызды намыс. «Не өлім, не өлтіру — бұл арпалыс» Деді ол, «шын қимылдап, азаматтар, Бойда бар күшті жинап жаумен *а л ы с*» (С. Мұқанов, Таңд.). Отанның қызыл сұңқары Майданда жаумен *а л ы с қ а н.* Ұлы партия ұрпағы, Саған сәлем алыстан (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Арыстан аюменен жемтік тапты, Өздерін көре сала оқтай атты. Қиыспай бір-біріне қызғанысып, *А л ы с ы п,* әлі құрып талып жатты (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 3. А у ы с. *Таласу, сөз таластыру, айтысу, тартысу.* Аңыздардың бәрінде Алдар Көсе халық ұлы, көпшілік атынан күреске шыққан, қанаушы тап адамдарымен *а л ы с ы п* өткен азамат бейнесінде келеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Ленин адамзаттың данышпаны, Патша мен байлар екен *а л ы с қ а н ы.* Білетін болса керек жайын жақсы, Біздердей бодан елдің алыстағы (Д. Еркімбеков, Шығ.).

◆ **Ажалмен алысты.** *Өлімге қарсы күресті.* Көлдің ортасында көле жатқан Қасымдар, міне, осы толқынмен, яғни *а ж а л м е н* ұзақ *а л ы с ы п* жағаға шықты (Е. Ысмайылов, Сын.). Айдалада адам көруге зар болып жалғыз үй отырғанынды, мына боранда жапан түзде *а ж а л м е н а л ы с ы п* жүргенінді ойлай ма екен олар? (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Алыстан болжады. *Күні бұрын жорамалдады, мезгілінен бұрын топшылады.* Бастаған бізді жолбасшы, Ұлы Ленин данышпан. Бойындағы қасиет, *Б о л ж а ғ а н* ойлап *а л ы с т а н* (Ү. Көрібаев, Таңд.). Ауыздықпен алысты. а) *Жүйрік аттың алып қашып күш бермеуі, бой бермеуі.* Сөнден жеккен қос торы ат *а у ы з д ы ғ ы м е н а л ы с а д ы* (Б. Майлин, Шығ.). Көк байтал көрдің бе аттан қалысқанын, *А у ы з д ы қ п е н* алдында *а л ы с қ а н ы н.* Үш бәйгіден күніне келген жүйрік, Менің сондай сенімен жарысқаным (Жамбыл). Жолаушы келе жаттық өзенді өрлеп, Ыстықта қатты шаршап аттар терлеп. *А л ы с ы п а у ы з д ы қ п е н* қарысқан қол Басын тартсаң, аяғын көкке сермеп (Д. Еркімбеков, Шығ.). ә) А у ы с. *Сөзге қонақ бермеді, өз айтқаны болмаса көнбеді.* Бұл кісінің *а у ы з д ы қ п е н а л ы с ы п,* көнбей кеткен мінезі де жоқ емес (Ауызекі тіл). Аяқ алыс. а) *Жүріс, аяқ басыс.* Менен *а я қ а л ы с ы* әлі анағұрлым пысық (С. Мұқанов, Шығ.). ә) А у ы с. *Істің бағыты, жұмыстың барысы, қарқыны.* Жұмысшыларға бағанадан бері сырттан байқап тұрған МТС директоры Әшімге жақын келіп: *а я қ а л ы с т а р ы* жаман емес екен,— деді (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Бет алыс. а) *Жол жүріп келе жатқандағы бағыт.* Қоспан алдындағы еңіске қойын иірді де, қас қарайғанша алдыңғы жақты шолып қайтуға ілгері жүрді... Бұл жаққа онша қанық емес, *б е т а л ы с ы* болжал ғана болатын (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). ә) *Көздеген мақсатқа, нысанаға жетудегі іс жүйесі, тәсілі.* «Ой орманы» Қадыр творчествосындағы елеулі кезең екені даусыз. Мұнда ақын өзінің ізденімпаз *б е т а л ы с ы н* танытты (С. Қирабаев, Октябрь.). Біздің *б е т а л ы с ы м ы з* бұрын адам баласы аяқ баспаған тың бағыт. Тірлік күші бірлікте екенін партия, үкімет көрсетіп отыр (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Қол алысты. а) *Амандасқанда, қоштасқанда, үзделескенде екі адамның қол берісуі.* Ермек әрқайсысымен *қ о л а л ы с т ы* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кетерде Қайсар менен Жамал бірге,—Қош,—

десін, *қол алысып* келіп тілге, Жөнелді жұмысына сөз байласып, Кешірек кең отырып сөйлесуге (Т. Жароков, Шығ.). ә) *Серттесті, уәделесті, анттасты.* Кеткенің бе, Ақтоқты, шыныменен, жар-жар, Талай мейіз беруші ең тіліңмен, жар-жар! *Алысқан қол* бар еді, айтысқан серт, жар-жар, Ант етіп ең айрылмас денеңменен, жар-жар (Ақан сері). Пікір алысты. *Ақылдасты, кеңесті.* Түсініскеннен кейін *пікір алысайық* (Қ. Тоқаев, Тасқын). Ыбырайдың сөзінен соң жұрт азды-көпті *пікір алысты* (С. Көбеев, Орынд. арман). Оқыған кітаптары жайында Марат пен Нығмет екеуі *пікір алысып*, кейбір мәселе жөнінде айтысып қалып та жүрді (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Тіл [сөз] алысты. *Тілдесті, сөйлесті.* Ортаға келіп тұра қалған кезде командирге жан-жақтан шапқылап жүз басылары жетті, бірнеше минут қоршалаған жүздіктермен *тіл алысты* да, командир қолын сілтеп қалды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Екі қарт бұл жерде *сөз алыспаса* да іштерінен сол дастандарды көздерімен оқып отырғандай көрінеді (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Оның бірер *сөз алысқысы* келген ынғайы бар еді (Бұл да).

АЛЫС-АЛЫС с ы н. *Аралары жақын емес, шалғай-шалғай.* Әкем Көкаяқты мініп *алыс-алыс* сапар жасап, олжалы болып қайтқан жолы домбыра шертіп, аратұра ыңылдап өлеңдетіп те отыратын (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы).

АЛЫС-БЕРІС з а т. *Алым-берім, ауыстүйіс.* Араларындағы *алыс-берісті* күэландырудан басқада біздің жұмысымыз жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жаманға жолдас болсаң күнде керіс, Дау болар арадағы *алыс-беріс.* Жаманды адам екен деп ойлама, Жақсыға ілінбейді бір де сөгіс (Айтыс). Қарабас қырық қалада магазин ұстап, он екі мемлекетпен *алыс-беріс* сауда жасады (К. Оразалин, Ақ жазық).

АЛЫС-ЖАҚЫН с ы н. 1. *Алыс пен жақын, бәрі, түгел.* Сол лақап бір Тобықтының іші емес, *алыс-жақындағы,* ой мен қырдағы қалың рулардың баршасына да тарап, селдей жайылып кетіп жатыр (М. Әуезов, Абай). *Алыс-жақын* ауылдан дуанға жұрт тайлы-таяғына шейін қалмай ағылды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Көкжиек кеңіп *алыс-жақын* айқындала бастады (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Туыс пен бөгде, бәрі.* Үйдің жылы-суығын Қыс түскенде білерсің. Кімнің *алыс-жақындығын* Іс түскенде білерсің (Мақал). Игілік *алыс-жақын* ағайынның қағылған-соғылған өкпе назы болса, ұшықтай қайтқан (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Алыс-жақындың* арасын атыстыра жүретін әдеті бойынша Тұрекең осында әдейі келіп еді (Бұл да).

АЛЫС-ЖУЫҚ с ы н. *Алыс-жақын.* Алыста тұрып ол таудың *алыс-жуығын* мөлшерлеу қиын ғой (Ауызекі тіл).

АЛЫС-ЖҰЛЫС е т. 1. *Алысып ойнау, жұлқыласу.* Сарыбала мен Жаңыл да келе анкет толтыруға отырды. Бесеуінің басы қосылса ылғи *алыс-жұлыс,* әзіл, ән болатын (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бұлардың бұл *алыс-жұлысына* қиядағы күн, асқар тау, шалқар көл, қалың тоғайдан басқа сол аранның аңы мен құсы ғана куә болды (С. Мұқанов, Аспаз). Халел мен Ақбөпе бір-бірімен жарқылдап ашық ойнап күліп, мөз-мейрам боп, *алыс-жұлысып* жатқаны (С. Жүнісов, Жапанда.). 2. А у ы с. *Айтысу, сөз жарыстыру, пікір таластыру, жағаласу.* Құнанбай көп өмірін сол жаулықтың жолында *алыс-жұлыспен* өткізеді (М. Әуезов, Әр жыл.).

АЛЫС-ЖЫРАҚ с ы н. *Алыс, шалғай, жырақ.* Сүйегімнен айтамын Бұл ақылды, шырағым! Есіңнен бір тастама Елдің *алыс-жырағын!* (С. Сейфуллин, Өленд.). Жалшылардың ұйымы Жолбасшы, шамшырағы. Білінбейді бұл халде Жолдың *алыс-жырағы* (Бұл да).

АЛЫСПАҚ з а т. 1. *Күрес, ат үсті ұрыс. Алыспақ* керек пе, атыспақ керек пе?— деді, ол ақыра айқайлап (А. Хангелдин, Өткен күн.).— Атыспақ атының басы деген, *алыспақ* керек (Қаз. ертегі.). 2. *Айтыспақ, сөз жарыстырмақ, пікір таластырмақ.* Майыр масайып қалып, өз міндетін ұмытқаннан ба, болмаса, Құнанбай бір өзгеше жамандық еткелі жүр деп сескенгеннен бе, әйтеуір, *алыспақ* тәрізденді (М. Әуезов, Абай).

АЛЫССЫН е т. *Қашық санау, жырақ көру.* Студенттер Ақтөбені *алыссынған* жоқ (С. Сейітов, Жыл. жотасы.). Жер қара, күн жылыда мектепті ешкім *алыссынып* көрмеп еді (Б. Соқпақбаев, Жексен). Жерді *алыссынар* олар жоқ, әйтеуір шөп шабылса болғаны («Лен. жас»).

АЛЫСТА е т. 1. *Қашықтау, жырақ тарту.* Терезеден көрінген жасыл белестер көк теңіздегі толқын тербеген кемедей бір-

де *алыстап*, бірде жақындап, ырғалғандай болады (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). *Алыстап* қалды артымда, Күндері қызу айқайдың. Дәме көп те, дәрмен жоқ, Еріксіз басты шайқаймын (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Іледен де бұл кезде, *Алыстап* біз кеткеміз. Ызғындатып ілезде, Арқалыға жеткеміз (С. Мұқанов, Замандас.). 2. А у ы с. *Бөгделену, жат санау, туыстықтан қашықтау; іргесін алыс салу.* Бірде Ержан сырын айтса, Раушан ақтарыла салатындай сондайлық жақын көрінеді, бірде салқын тартып *алыстап* кетеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). О қарындас, қиыспас, Түсімде жайнап көріндің Көріндің де жалт беріп, *Алыстап* қайта бөліндің (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Ержеткенсін түтініміз бөлініп, *алыстап* кетіппіз-ау, Сапар (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АЛЫСТАЙ-АЛЫСТАЙ үст. *Ұзай-ұзай, қашықтай-қашықтай.* Көл жиегін жағалай салған ақтас қала *алыстай-алыстай*, қызғылт сары түске боялып, кешкі сағымға оранып, қиялмен жарысып, ертегі аңыздағы мұнарасы көк тіреген ақ күмбез сарайларға айналды (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АЛЫСТАҢҚЫРАЕ т. *Алыстай түсу, ұзай түсу, жырақтау.* Абай ауылдан *алыстаңқырап* бара жатқанда ең соңғы рет артына бұрылып кіші үйді тағы қимай қарап еді (М. Әуезов, Шығ.). Тағы бір көшеге бұрыла бергенде Нәзікен үлкен бір ақ теректі айналып, *алыстаңқырап* өтті (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Аң адыр етегінен *алыстаңқырап*, даланың ортасына қарай көсілген уақытта қамшы басқан Айтбай оған еркін жетті (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

АЛЫС-ТАРТЫС з а т. *Күрес, алыс-жұлыс.* Қанаушы мен езілген еңбек адамының арасындағы таптық қарым-қатынастар, *алыс-тартыс* күрестер суреттеледі (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АЛЫСТАТ *Алыста етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жыл өтті, бой үйренді, таныс тапты, жақсыға жолап, жаманды *алыстатты*. Өмірдің терең сырын ұққан сайын, Боларын сезді алдында тартыс қатты (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Игілік ешкімді бір адым жақындатқан да жоқ, *алыстатқан* да жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл еркіндік аударманы нұсқадан *алыстатпайды*, қайта жуықтата түседі (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АЛЫСТАТУ *Алыстат етістігінің қимыл атауы.* Фотокедергіге түсетін жарықтылықты жарық көзін *алыстату*, жақындату арқылы немесе фотокедергіні бұру арқылы өзгертуге болады (К. Айманов, Физика.).

АЛЫСТАУ с ы н. *Басқалау, бөгделеу, жаттау.* Қаратай болса, бұлардың барлығына *алыстау*. Ара ағайын тәрізді Көкше деген рудың атқамінері (М. Әуезов, Абай).

АЛЫСТЫҚ з а т. *Алыс жерге тән қасиет, қашықтық.* Шофер да уақытпен, *алыстықпен* алыса түскендей, машинаны ұшқыртып келеді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Мен бұл, мойны *алыстықтан* бұрын келіп көрмеген елге егін жинау үстінде келіп едім (Бұл да).

АЛЫСТЫР *Алыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* М. Иманжановтың «Даладағы от» әңгімесінде жалғыз жас баланы қараңғы түнде екі қасқырмен *алыстырады* (Е. Ысмайылов, Сын.). Бір кісіге екінші біреуді айдап салып, сол екеуін *алыстырып* қойып, сыртынан шоқ-шоқ деп отыратын әдет ана сүтімен бойына сіңген ол бұл жолы да Әбен мен Қазбектің арасына от тастай сөйледі («Лен. жас»).

АЛЫСУ *Алыс етістігінің қимыл атауы.* Сенің мектебіңде оқығандардың міндеті елді жаудан қорғау болса, ол жауы байлар болса, байлармен *алысуға* біз дайын (Б. Майлин, Шығ.). Абай надандық, зорлық, жуандық, пәлеқорлық сияқты халық үстіндегі паразит атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып *алысуға* кіріседі (М. Әуезов, Әр жыл.). Қасиетті совет шекарасын бұзуға әрекеттенер, бірақ мен қасық қаным қалғанша онымен *алысуға* өзірмін (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

АЛЫСУШЫ з а т. *Таласушы, жағаласушы, айтысушы.* Бұлар ұлықтардың зұлымдығымен *алысушы* мақтаулы азаматтар емес пе (М. Әуезов, Абай).

АЛЫСШЫЛ с ы н. *Алысқа шабатын, ұзаққа жүгіретін.* Өзі *алысшыл* көкпеттей шабатын мықты жылқы еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АЛЫСЫРАҚ с ы н. *Тым жақын емес, алыстау.* Арам қатқыр, *алысырақ* барып жайылса қайтеді, бұзауды отқа жібертпейді, жіберсем, жанасып емізіп қояды,— деп Қалампыр қарғап-сілеп жүргені

(Б. Майлин. Шығ.). *Алысырақ* жазықта үйір-үйір мал, жаңа қоныс колхоз қоралары қарауытады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Абайлар әр топты бір-бірінен *алысырақ* түсіріп, жер көлемін кеңірек беріп жатыр (М. Әуезов, Абай жолы).

АЛЫСЫРАҚТАУ сын. *Жырақтау, қашығырақтау.* Есім *алысырақтау* бірдемеге қадала қарады (М. Әуезов, Әңгім.).

АЛЬБАТРОС зат. *Имек тұмсықты, қияқ қанатты, денесі үлкен теңіз құсы.* Теңіз құсы *альбатрос* құрлықтан ұшқанда теңіз суын мұрны арқылы ішіп, тұзын ажыратып отырады. Сүзгіштік қасиетінің сыры әлі жұмбақ («Лен. жас»).

АЛЬБИНИЗМ зат. мед. *Пигменттің жетімсіздігінен терінің, шаштың ағаруы.*

АЛЬБОМ зат. *Сурет жапсыруға немесе өлең жазуға арналған дәптер.* Ас піскенше баласын тізесіне ойнатып отырған Әмір *альбомдарды* көрсетті (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Сақталған көнерсе де әрі сынбай, *Альбомым* — өмірімнің ағысындай. Жалтақтап әр жерінен жастық шағым, Өзіме қарай берді танысымдай (Н. Сүлейменов, Жолда).

АЛЬБУМИН зат. хим. *Суда еритін жай белоктар жиынтығы.* Ал қанның сары суында *альбумин,* глобулин, фибриноген және т. б. белоктар бар (М. Исамбаев,... Мед. анықтама). *Альбумин* мен глобулин барлық организмдерге сіңімді келеді, сондықтан да жаңа туған жас төлдер үшін өте маңызды (З. Сейітов, Сүт өндеу.). Ақ ірімшіктегі казеин, *альбумин,* глобулин заттары фосфор және кальций тұздарымен өзара байланысты келеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АЛЬВЕОЛА зат. анат. 1. *Жақ сүйектің жиегіндегі тіс тамырлары орналасқан ет, тіс еті.* 2. мед. *Дем алған кезде өкпеге ауа кіретін өте нәзік қалташық.* Бронхиол жай көзге көрінбейді. Олар өкпе клеткаларындағы *альвеола* (ұяшық) деп аталатын қалташыққа тіреледі (М. Исамбаев,... Мед. анықтама). Өкпеге келгенде көмір қышқыл газы гемоглобиннен бөлініп өкпенің *альвеолаларына* өтеді де, дем алғанда бөлініп шығады (Т. Айтбаев, Қан алмасуы).

АЛЬМАНАХ ир. зат. *Көркем әдеби, тарихи шығармалар және публицистикалық мақалалар басып, мерзімді шығарылатын жинақ.* Тың өлкесінде баспаның жоқтығы, оқтын-оқтын шығатын әдеби *альманахтың* болмауы көп жағдайда жас таланттардың жігерін құм қылады («Қаз. әдеб.»). Аударманы ғылыми дәрежеге көтеріп, жылма-жыл түрлі-түрлі пікірлерді жарыққа шығарып, жұртшылықтың сарабына салып отыратын *альманағымыз* болса артық па? («Соц. Қаз.»).

АЛЬПИНИСТ зат. спорт. *Биік шыңға, тауға шығумен шұғылданатын спортшы.* Мен өмірде көргем жоқ *альпинист* боп, Сонда да барлық тауды билептөстеп, Басынан өттім аттап күн, түн демей, Уақыттан мынау ерте, мынау кеш деп (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Бастаушыларымыз бұрын мықты *альпинист* болған (Майдан). Қазбек шыңына тәжірибелі *альпинистер* мен туристер 24 сағатта жете алады («Спорт»).

АЛЬПИНИСТЕЙ сын. *Альпинист тәрізді, альпинист сияқты.* Дөң аттап, *альпинистей* таудан асып, Бір-бірін жетектейді қауымдасып. Ықтамай жүре берер дауылдарда, Жолшыбай сәлем беріп ауылдарға (Б. Әбдіразақов, Тұңғыш.).

АЛЬТ зат. муз. 1. *Скрипка тәрізді, одан үлкенірек қоңыр дауысты шекті аспап.* Техникум оқушылары скрипка, мандолина, домбыра (*альт,* бас, контробас) және балалайка үйренді («Қаз. әдеб.»). 2. *Әйелдердің, балалардың төменгі (жуан) дауысы.* Әйелдердің төменгі (жуан) дауысы — *альт* (Хормен жұмыс.).

АЛЮМИНИЙ зат. *Күміс түсті ақ, жеңіл металл; химиялық элемент. Алюминий* күмістей ақ, жұмсақ металл. Сығылғыш, созылғыш, жайылғыш қасиеттері алтыннан ғана төменірек (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). *Алюминийдің* арқасында адам қиялына қанат бітті. Авиация өнеркәсібі күн санап өсті (Н. Нұрахметов, Химия). Негізінен алғанда *алюминийден* жасалған «Спорт» кино камерасы жеңіл де қолайлы («Лен. жас»).

1. АМАЛ ар. зат. *Тәсіл, айла, жол, әдіс.* Ер-тоқымы, атымен, қаруымен, Ер шеркешті әкелген *амалым* бар (Абай). Отан мен көсем үшін ұранымыз, Көбейіп, жаңаланып құралымыз, Ақылмен *амал* тауып ерлік етіп, Құртуда жау тұқымын құмарымыз (Қ. Айнабекұлы, Өлеңд.). Шешен домбыра шерлі балаңың зарын ғана сөйлемей сол зардан арылудың *амалын* өңгімелеп тұрғандай (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

◆ **Амал бар ма?** *Қолдан келер шара жоқ. А м а л б а р м а.* Ғабдолла түңіліп жүре берді (С. Шарипов, Шығ.). Омар қайтсін, *а м а л ы б а р м а?* Іші түтін, сырты бүтін, өлмегенге қара жер, құр сүлдері ғана, өрт сөндірген кісідей болып жүріп, тойын қылып, құдасын түсіріп жөнелтті (С. Торайғыров, Таңд.). **Амал жоқ.** *Лажсыз, шарасыз, дәрменсіз.* Кедейлік, сен жексұрын, түсің суық, Іздемес сені адам көрек қылып. *А м а л ж о қ* ықтиярсыз құл қыласың, Маған салса, қасыма келме жуық (С. Торайғыров, Таңд.). *А м а л ж о қ,* қайттым білдірмей, Япырмау, қайтіп айтамын! Қоймады дертің күйдірмей, Не салсаң да тартамын (Абай). Үйдемісің, қыз Құртқа, Түздемісің, қыз Құртқа, Әйел болдың *а м а л ж о қ,* Егер еркек болғанда, Болар ең жұртқа бір тұтқа (Қобыланды). **Амал қанша.** *Адамның көңіл-күйін, күйзелісін, өкінішін білдіреді.* Келмедің деп Ғалия, өкпелеме, *А м а л қ а н ш а* бір минут кешікпес ем (Ақын жырлары). Осындай мамандық шеберлігі барлар, *а м а л қ а н ш а,* кейде қаталасып кетеді (С. Төлешев, Түрлі. бас). **Амалы құрыды** [таусылды]. *Лажы таусылды, мысы құрыды. А м а л ы қ ұ р ы ғ а н* соң айтылған сөздер ғой мынау, тастай суық сараң сөздер (М. Әуезов, Таңд.). Сабын иленсе, қатындардың бұзаушық алып үйді үйіне тарайтын ойлары бар, бірақ сабын болмай, *а м а л д а р ы қ ұ р ы п,* ашы түтіннің азабын көріп отыр (Б. Майлин, Шығ.). **Амал не [нешік].** *Амал қанша. А м а л н е,* айтар сөз айтылып кетті, бірақ өмірімде мақталып та, мақтау үшін ішкізіп те көрген жан емеспін (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Көп ақаулықтар аңғарамын. *А м а л н е ш і к,* іш қазандай қайнайды, педагог емеспін, білмеймін (М. Иманжанов, Көк белес). *А м а л н е ш і к,* ертесінде мектепке осы пимамен баруға тура келді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Амал пысықтауыш.** Л и н г в. *Қимылдың қандай тәсілдермен атқарылуын білдіретін пысықтауыштың түрі. А м а л п ы с ы қ т а у ы ш* сөйлемнің баяндауышы көсемшенің үдемелі *п* және есімшенің *дай* қосымшалы түрінде тұрады (Қазіргі қаз. тілі). **Амал тапты.** *Ақыл, айла тапты, ретін тапты.* Әрі сырлас жеңгесі, бір *а м а л ы н т а б а р* деп мен Зәйкүлге сеніп едім (Б. Майлин, Шұға.). Астық шашылмастай *а м а л т а б у ғ а* міндеттіміз (Т. Нұртазин, Мұрат). Іздің жасырудың да *а м а л ы т а б ы л а д ы* (А. Лекеров, Түз гүлі).

2. АМАЛ з а т. к ө н е. *Жаңаша март айын білдіретін ескіше ай аты.* Арасында бүргеннің, Торғайлар ашып балапан, *А м а л,* сәуір, зауза өтсе, Жетеді жылжып сарыатан (XX ғ. қаз. ақын.).

3. АМАЛ з а т. м а т. *Арифметика сабағында есеп шығару жолы, тәсілі.* Есепті қандай *а м а л м е н* шығаруды ойлап отырған Молдағазы есік ашылған кезде жалт қарады (Ауызекі тіл).

◆ **Төрт амал.** *Арифметика сабағының бастауыш мектепте өтетін қосу, алу, көбейту, бөлу түрлері.* Ізбасар біреулеріне... екі жерде екі төрт деп үйретеді. *Т ө р т а м а л д а н* әрі бара алмайды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бала бір күні: тілмаш кітап табылса, бұны кісі өз тұсынан үйренуге де болады екен деп еді. Содан кейін *т ө р т а м а л* есебін, орыс тілінің падеждерін қосты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жай және құрама атаулы сандарға *т ө р т а м а л* қолдануды меңгермеген («Халық мұғ.»).

АМАЛ-АЙЛА з а т. 1. *Лаж, шара.* Шал мен кемпірдің *а м а л - а й л а с ы* құрыды (Қаз. ертегі.). Қапелімде асқар таудай өкінішке айналып, *а м а л - а й л а с ы н* тауысқан осы бір ауыр ойдың салмағы бір сәтке екі иығынан басып, еңсесін көтертпегендей Мария Федоровна орындықта үнсіз отырып қалды (Ф. Дінісламов, Көл жағасы.).— Адамды жасартатын, өмір-жасын ұзартатын *а м а л - а й л а* білесің бе? Мақпал басын шайқады (С. Омаров, Дала қызы). 2. *Қулық-сұмдық, айла-тәсіл.* Қыз қанша *а м а л - а й л а* жасаса да, Қамбар оған тоқталмайды (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы). Күдері болыс осындай ойларға тіреліп, *а м а л - а й л а л а р ы н* қамданып жүргенде өзге жұрт, бүкіл Қарғалы аймағы өз тіршілігін істеп жатқан-ды (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АМАЛ-АЙЛАСЫЗ с ы н. *Қулық-сұмдықсыз, айла-тәсілсіз.* Менің қалай жүріп-тұрғанымда шаруаң не сенің? *А м а л - а й л а с ы з* басыңды алып жүре алмайсың бұл заманда (Б. Аманшин, Жар мұңы).

АМАЛДА е т. 1. *Амалын табу, лажын табу.* Сөйлесе басын мақтап адалдайтын, Артқыға алдыңғыны жамандайтын. Жолдасты жаңаланған жаны сүйіп, Жалпақтай, жалпылдайтын, *а м а л д а й т ы н* (І. Жансүгіров, Шығ.). Тоқалды бәйбішесі жамандайды, Ол-дағы байға жағып *а м а л д а й д ы.* Жау жетті, ел көшті деп жалған

айтып, Астыртын жек көрсін деп хабарлайды (Д. Еркінбеков, Шығ.). Шешендік, шеберліктің бәрі сенде, Ала алмас сенен өзге ешбір пенде. *Амалдап* сол сұлуды қолға түсір, Шаһзадам сенен өзге жанға тең бе? (Н. Ахметбеков, Аманкелді). 2. *Ілдебайлау, селбестіру.* Әзірше мыс шығатын тастарды балғамен уатып, қимен, қарағаң, баялышпен ертетіп *амалдап* жатыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АМАЛДАУ *Амалда етістігінің қимыл атауы.* Таяуда ат күшін бу басады, еңбек өнімі тағы да арта түседі. Электр қуатын жасағанша, осылай *амалдау* керек (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Мынаның менімен ісі шамалы. Мұның көзіне түсірмей *амалдауға* болар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АМАЛҚОЙ с ы н. с ө й л. *Тәсілқой, әдісқой, амал тапқыш.*

АМАЛСЫЗ с ы н. *Лажсыз, шарасыз.* Таяу келе жатқан Сатан, Нұраділдер де *амалсыздан* аузын басады (І. Жансүгіров, Шығ.). Кейбір кештерде жұрт Әмірені сахнадан босатпай, бірнеше рет көрінгеннен кейін сахнаға шыға қоймаса, сәкіні тепкілеп, қол шапалақтап отырып алатын, содан кейін ол *амалсыз* шығып, бүкіл кешті бір өзі ғана өткізетін (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Амалсыз* бұл сөзін де тәуір көрдім, Мұнан әрі тергеуді ауыр көрдім. Қыздың сырын біле алмай, сыр айта алмай, Кеуліме бір ой түсіп мақұл болдым (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АМАЛСЫЗДЫҚ з а т. *Лажсыздық, шарасыздық. Амалсыздық,* айласыздық діңкені құртқан тәрізді (М. Әуезов, Абай). Ылғи өктем келетін жігіттің жалынғанын сезіп қиналса да, дәрігер *амалсыздық* кескінін білдіріп, екі алақанын жайды:— Қолымнан келмейді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АМАЛШЫ с ы н. с ө й л. Амалшыл. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің *амалшы,* айлалығынан жетерсің деген сөз (Абай). Құртқаның сонда жауап айтқан сөзі, Бек ғаяр *амалшы* еді оның өзі. Мергенің ондай күшті батыр болса, Ұйқытайтын бар ма дейді оның кезі (Құламерген).

АМАЛШЫЛ с ы н. *Айлакер, тәсілқой, әдісшіл.* Күшті болса жау шіркін, Күштінің емін күш табар. *Амалшыл* болса жау шіркін, Оған да жетер бізде амал (Айманкүл, Ана сыры).

АМАЛШЫЛЫҚ з а т. *Айлакерлік, тәсілқойлық.* Ол байға бар оңбаған жауапты үйретіп, *амалшылықтың* жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады (Абай).

АМАЛЬГАМА з а т. *Сынаппен қосылған металл қоспасы.* Сынап көптеген металдарға жұғады. Соның негізінде қоспа пайда болады. Оның металдармен қоспасын *амальгама* деп атайды («Лен. жас»). Сынаптың бір тамаша қасиеті өз бойында көптеген металдарды ерітіп *амальгама* жасайды (Н. Нұрахметов, Химия.).

АМАН а р. с ы н. 1. *Сау-сәламат, есен-сау.* Ерлерім басым күшпен тиген жауға, Теңейді сендерді елің асқар тауға. Қазақша амандасып көрісейік, Жандарым, жаның *аман,* денің сау ма? (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Мың сан малды апаттан, *аман* сақтап жүрген малшы аз ба, қаһарман деп, міне, осыларды айт! (М. Тиесов, Әңгім.). 2. *Түгел, бүтін.* «Қасқырсайдан» *аман* өткен отарлар түн ортасы ауа бергенде Ақтақырдың жайылма суына келіп килігіп еді (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне). Жүрегім менің қырық жамау Қиянатшыл дүниеден, Қайтіп *аман* қалсын сау, Қайтқаннан соң әрнеден (Абай). Ел аузынан түспеген Атасы оның шопан-ды. Сайысқанда қыспенен, *Аман* қалған отары (С. Қалиев, Өленд.). 3. *Нейбет, құр, бос.* Аз ба, көп пе адам баласы бір түрлі мақтаннан *аман* болмағы — қиын іс (Абай). Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан *аманы* жоқ болатұғыны қалай? (Бұл да).

АМАНАТ а р. з а т. 1. *Сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат.* Бар еді бір кісінің *аманаты,* Мінекей, ол кісінің жазған хаты. Тапсыр деп өз қолына сәлем айтты,— Едім деп жолдасының жамағаты (І. Жансүгіров, Поэм.). Сау болғайсың көріскенше, Алдым, сәулем, *аманатың.* Жауды жеңіп талқандаймын, Осы болсын берер антым (С. Бегалин, Өленд.). *Аманат* бар, соны табыс етемін (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Орындауға тапсырылған міндет, қызмет.* Бұл әскер қуанышың, оң қанатың, Ант етем айтып ұлы адам атың! Сендерге Ленин мені жұмсап еді, Айтайын сол кісінің *аманатын* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). *Аманатым,* балам, саған, Күзет берік Ұлы Отанды. Алдырмандар алдағанға, Әкең сепкен алтын дәнді (Ақын

жырл.). Алыс жолға аттанды ақын Адам, өмір майданына. Тапсырды да *а м а н а т ы н*, Қарақат көз жан жарына (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АМАНАТТА е т. *Аманат етіп апарып беру, тапсыру.* Кітаптарымды жолдасыма *а м а н а т т а п* келгенімше поез жүріп кетіпті (Ауызекі тіл).

АМАНАТТАУ *Аманатта етістігінің қимыл атауы. А м а н а т т а у* керек деп отырғаны өзінің төрт жасар әйел баласы Бибіжан екен (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АМАНДА е т. *Амандығын ойлау, аман болуын көздеу.* Бақтығұл серік атын құрбан қылып, жанын *а м а н д а п*, бұл жолғы жаудан құтылып кетті (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АМАНДАС е т. *Сәлем беру, сәлемдесу; амандық сұрау.* Сәлемін алды, шал да *а м а н д а с т ы*, Қасына жуық келіп жақындасты. Жат жердің адамы едім, шырағым, Не харекет қыласың?— деп сұрасты (Абай). Әлгі балалар да кіріп *а м а н д а с ы п* шықсын... келген ауылдардың барлығының балаларымен *а м а н д а с ы п*, ойнап, іштеріне кірсін (С. Сейфуллин, Шығ.). Қонақтармен жай сұрасып *а м а н д а с ы п* болған соң Ұлжан Абайға қарап жымиды (М. Әуезов, Таңд.).

АМАНДАСТЫР *Амандас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Барыңдар, ана Айшаны ертіп мына ауылдарға *а м а н д а с т ы р ы п* шығыңдар (С. Сейфуллин, Шығ.). Тұтқындарды туысқан бауырына *а м а н д а с т ы р м а с ы н* дегенді маған сот кескен жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Ә, Григорий екен ғой. Кәні, сен мына Шоқанмен танысып қой. Екеуің бірге оқисың,— деп Дабашинский Шоқан мен Григорий Потанинді қол алыстырып *а м а н д а с т ы р д ы* (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АМАНДАСТЫРУ *Амандастыр етістігінің қимыл атауы.* Танымаған адамдарды *а м а н д а с т ы р у* — танитын жолдастың міндеті (Ауызекі тіл).

АМАНДАСУ *Амандас етістігінің қимыл атауы. А м а н д а с у* үшін Нұрыш қолын әркімге бір созады (Б. Майлин, Шығ.). Қалың бұқараның сол кездегі ұғымын андататын бір жайды Омар деген кісінің *а м а н д а с у ы н а н* түсінуге болатын еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Айтысқа келсе де әуелі *а м а н д а с у* керегін айтады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

АМАНДАУ *Аманда етістігінің қимыл атауы.* Уезд кеңсесінен Олжабектің қызметке келе жатқанын білгеннен кейін әр нәрседен қауіптенген Дәндібай ең алдымен өз басын *а м а н д а у д ы* ойламай қойған жоқ (К. Оразалин, Көктем.).

АМАНДЫҚ з а т. 1. *Саулық, есендік, деннің саулығы.*— Келін-кепшіктің дені сау ма,— деп Әбекең *а м а н д ы қ* сұрастыруды ұзата берді (Б. Майлин, Шығ.). Дәмежан ашық жауап беріп, *а м а н д ы ғ ы н* айтты (М. Әуезов, Абай жолы). Ақмоншақжан, *а м а н д ы қ* жоқ, саулық жоқ келген бетте жылқыдан көз алмай қойдың. Мұның қалай?— деді Төрекелді айырықша бір биязылықпен сөйлеп (М. Иманжанов, Адам тур.). 2. *Бүтіндік, түгелдік.* Мақсат күзетілген нәрсенің *а м а н д ы ғ ы*, тазалығы емес пе? (Абай).

АМАН-ЕСЕН з а т. *Сау-саламат, есен-аман, аман-сау.* Көп айдың көрмегелі жүзі болды, Жүрмісің *а м а н - е с е н* көз көргенім (Б. Майлин, Шығ.). Жан-жағыма қарайын, Жағалай көз салайын. *А м а н - е с е н* жүрмісің, Алыс жатқан ағайын (Жамбыл). Аманкелдінің Петроградқа барып *а м а н - е с е н* қайтуының өзі үлкен аңызды әңгіме болып елге таралады (Е. Ысмайылов, Ақындар). Көкім бізге келсін-келмесін, біз *а м а н - е с е н* сол қалаға баруымыз керек (Д. Еркімбеков, Шығ.).

АМАН-ЕСЕНДІК з а т. *Амандық, саулық.* Молярчук бір жылдан бері батальон командирі екен. Оның *а м а н - е с е н д і г і н е*, ерлер серкесі үлкен командир болғанына өте қуандым (Б. Момышұлы, Москва үшін.). *А м а н - е с е н д і к т е н* кейін шай үстінде директор мен бас зоотехник сөз бастады (Шопан серігі).

АМАН-САУ з а т. *Аман-есен, сау-саламат.* Ойбай-ау танымай қалыппын ғой. *А м а н - с а у* келдің бе, Рахметжан? (С. Ерубаев, Шығ.).— Шоқанжан, келіп қалдың ба? *А м а н - с а у м ы с ы ң*,— деп Шоқанның сәлемін алып, ханым үйіне ертіп кірді (С. Бегалин, Бала Шоқан). *А м а н - с а у* боп өмірде, Тірі жүрсем, алайда, Келер жылы бәрін де Бітіремін қалайда (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

АМАНДЫҚ-САУЛЫҚ з а т. *Амандық, есендік.* Байдалы мен Суіндік Зере мен Ұлжанның *а м а н д ы қ - с а у л ы ғ ы н* сұрап, жас жігітке қастарынан орын берді (М. Әуезов, Абай). Балам ара тұра хат жазады, бірақ *а м а н д ы қ - с а у л ы қ т а н*

басқа ештеңе айтпайды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Терге шыққан бойда Меңке мен Дос Ақбалаға ақырын тіл қатып, *аманды қ-саулық* сұрап жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Аманды қ-саулы қ* сұрағаннан кейін әңгіме іс жайына ойысты («Лен. жас»).

АМАНШЫЛЫҚ з а т. *Амандық, саулық.* Тек, *аманшылы қ* боп Бүркіт келсе, ақ-қарасын бір-ақ көресіңдер (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Кейін аспаз арқылы сүйікті жігітінің *аманшылығын* естіп, гимназиясы жабылса да, Үрімшіден кетпей, қызметке кірген еді (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). Екеуі *аманшылы қ* біліскеннен кейін істер жұмыстың мәнжайын келісіп, тез іске кіріспек болды (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АМБАР и р. з а т. ж е р г. Қамба. *Амбарға* төгілген астықты тиірменге, тиірменнің бір бөлімінен бір бөліміне жеткізу керек (І. Жансүгіров, Шығ.). Қасымды босатады қалған талып, Талғанша шыдамына қайран қалып. Астына біраз ғана салом төсеп, Тастады бір *амбарға* оны апарып (Үш ғасыр.).

АМБРАЗУРА з а т. *Жауды атуға арналған бекіністегі тесік.* Қараңғыда *амбразурадан* сұғынып шығып тұрған зеңбіректің аузын ғана ажыратуға болады («Лен. жас»). Ол жау дзотының *амбразурасын* кеудесімен жауып, жолдастарына ілгері жылжуға жол ашты («Қазақст. мұғ.»).

АМБУЛАТОРИЯ з а т. *Барып емделетін медициналық орын. Амбулаториядан* күн сайын 250-дей адам қаралып шығады (С. Мұқанов, Алып. адым.). Құтырма ауруына қарсы алдын ала егу арнаулы орындарда ғана емес, барлық поликлиникаларда, *амбулаторияларда,* селодағы дәрігерлік участкелерде жүргізіледі (Н. Әжіғалиев, Малдан жұғатын ауру.). Өткен жазда ғана жөнделуден өткен өзі аядай *амбулаторияны ң* іші керемет суық («Лен. жас»).

АМЕТИСТ з а т. м и н. *Көкшіл түсті, құымбағ тас.* Тау хрусталі түрлі тұздар араласуынан түсі өзгереді, оның жасылдануын — *аметист,* күңгірттенуін — түтінді топаз дейді (Б. Бірімжанов, Жалпы хим.). Цейлонның Ратнапура ауданынан алмас пен изумрудтан басқа сапфир, *аметист,* топаз сияқты асыл тастардың табыла бастағаны қашан! («Лен. жас»).

АМЕБА з а т. з о о л. *Саркодтар тобына жататын бір клеткалы жәндік. Амеба* — бір клеткалы жәндік. *Амеба* дегеніміз ішінде сопақша түйірі бар белгілі пішіні жоқ, сілемей түйіртек (Зоология). Қанның ақ түйіршіктері *амебаға* ұқсас келеді (Адам анатом.).

АМЕБАЛЫҚ с ы н. *Амебаға тән. Амебалы қ* дизентерия ыссы жақтарда жиі кездеседі (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АМЕБИАЗ з а т. м е д. *Адамның тоқ ішегіне және басқа мүшелеріне дизентерия амебасының (бір клеткалы қарапайым жәндіктің) енуінен қозатын ауру.* Ішек-қарын жолдары ауырған кезде өңештің жағдайына ерекше көңіл аудару керек. Дизентерия, *амебиаз,* іш сүзегі аурулары кезінде әдетте өңеш қабынатынын естен шығармау керек (Р. Сәтбаева, Өңеш рагы).

1. АМИН а р. з а т. с ө й л. Әмин. —Олай болса, былай болсын, біздің баяғы сүтті қасқа сиырымыздың тұқымынан бір бұзаулы сиыр ал, батаға қол көтер. *Амин.*— Бата қылады (Д. Еркінбеков, Шығ.).

2. АМИН з а т. х и м. *Аммиактың органикалық туындылары.* Жуырда екінші және үшінші *аминдер* тобына жататын ішек-қарынға сіңімді нанофин, пирилин сияқты ганглиблокиторлары табылды (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

◆ **Амин қышқылы.** *Аммиактың органикалық туындыларының ерітіндісі.* Клетка шырынында кездесетін түбелікті органикалық қышқылдардың бірі — *амин қышқылы* (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.). Жембұршақ пен жүгеріні қосып бергенде жануарға қажетті *амин қышқылдарының* барлық комплексі болады (А. Байрашев, Қазақст. жембұршақ.). Организмде *амин қышқылдарының* болар болмас біреуі жетіспесе, белоктардың құрылу процесі бұзылады (З. Сейітов, Сүт өңдеу.).

АММИАК з а т. х и м. *Азот пен сутегінің қосындысынан алынған түссіз газ.* Ерітіндідегі *аммиакты ң* мөлшеріне байланысты әрбір центнер сабанға мынадай шамада *аммиак* суы жұмсалады (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.). Жүгері егісін тыңайтатын азотты сұйық тыңайтқыштар ретінде сұйық *аммиак* пен аммиак суы пайдаланылады (М. Ерлепесов, Жүгері егісі.).

◆ **Аммиак селитрасы.** *Ішінде 35 процентке дейін азоты бар, сарғылттау келген ақ тұз.* Тұқыммен бірге гектарына бір жарым центнер суперфосфат пен елу килограмм *аммиак селитрасын* қоса септік (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Гербециды есебінде 2 проценттік натрий арсенатының немесе 10 проценттік *аммиак селитрасының* ерітінділерін қолдануға болады (А. Жанғалиев, Бағбан кітабы). **Аммиак суы.** *Аммиактың судағы ерітіндісі.* Ендігі міндет сабанды әкпен, сода, сілті, тұз қышқылы ерітінділерімен, *аммиак суымен* өңдеуді барлық жерде қолдануға күш салу керек (З. Сейітов, Сүт өндеу.).

АММОФОС з а т. х и м. *Суда жақсы еритін, түйіршіктелген ақ ұнтақ тыңайтқыш.* Қазір біздің отандық өнеркәсібіміз шығарып жүрген *аммофос* пен аммонийландырылған суперфосфаттың құрамында азот пен фосфор бар және олардың ара қатынастары да әртүрлі (К. Иманғазиев, Мин. тыңайтқыш). Фосфорлы концентратты аммоний тұздарымен химиялық реакцияға түсіріп, *аммофос* деп аталатын өте сапалы минералды тыңайтқыш алу әдісі игерілді («Қаз. әдеб.»). Тек соңғы төрт жылдың ішінде Қазақстан комсомолы қамқорлыққа алған құрылыстарда 150 жаңа кәсіпорын мен цех іске қосылды, еліміз Қазақстандық тұңғыш титан, магний, глинозем, асбест, *аммофос* алды («Лен. жас»).

◆ **Аммофос цехы.** *Заводтың аммофос жасап шығаратын бөлімі.* Сонымен *аммофос цехы* коллективінің жиналысы басталып кетті («Лен. жас»). Суперфосфат заводындағы басты цех — *аммофос цехы* химик күні құрметіне бес айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындады (Бұл да).

АММОФОСШЫ з а т. *Аммофос дайындаушы, аммофос шығарушы, аммофос өндіруші.* Екінші қабатқа көтерілер жердегі көк есікке жапсырылған хабарландырудың қызыл сиясы кеуіп үлгірмей-ақ *аммофосшылардың* алды қызыл бұрыштың үстелдеріне жайғасып еді («Лен. жас»).

АМНИСТИЯ з а т. з а ң. *Үкімет қаулысы бойынша қылмыстыларды қамаудан босату немесе отыру мерзімін қысқарту жайындағы заң; кешірім.* Ал, Арманды қастықпен өлтірген Сағитқа соттың шығарған үкімі үш қана жыл болады, оны және бірнеше *амнистияға* жатқызады (М. Әуезов, Өскен өркен). Нақ сол кезде *амнистия* берілген болатын («Лен. жас»).

АМОРАЛЬДЫ с ы н. *Моральға сыйымсыз, моральға жат. Аморальды* іс біздің жастарымызға жат әрекет (Ауызекі тіл).

АМОРАЛЬДЫҚ з а т. *Моральға жат әрекет, моральға жанасымсыз іс, қылық.* Коллектив арасында ешбір *аморальдық* әрекет байқалған емес (Ауызекі тіл).

АМОРТИЗАТОР з а т. т е х. *Амортизация жасайтын тетік.* Муфлондардың мүйіздері өзінше бір өзгеше және мүдірмей қызмет атқаратын *амортизатор* тәрізді («Лен. жас»).

АМОРТИЗАЦИЯ з а т. т е х. *Автомобиль жүрген кездегі қозғалыстың жұмсақ селкілі.* Автомобильдің *амортизациясы* тербеткен бесіктей жайлы болғандықтан, қаладан көп ұзамай-ақ, Базаркүлдің денесі маужырап, қалғи бастады (Ауызекі тіл).

АМОРФ с ы н. *Кристал емес, пішінсіз.* Ондай кристалы айқын емес минералдарды *аморф* минералдар деп атайды (А. Машанов, Жер асты.). Кристалды денелердей емес, *аморф* денелердің физикалық қасиеттері барлық бағытта бірдей болады (Физика.).

АМОРФТЫ с ы н. *Аморф күйіндегі.* Алынған заттар қалыпты жағдайда тұрақтылығы нашар, *аморфты* қатты заттар. Бұлай болуы олардың полимерлік сипатын көрсетеді (Б. Бірімжанов, Жалпы химия.). Техникалық альдрин — түсі күңгірт, өте ұнамсыз иісті, *аморфты* масса, құрамында 78 процентей альдрин болады (Ж. Лұқпанов, Хим. қолдану.). Ағаш көмірін әдетте *аморфты* көмір деп атайды (Химия).

АМОРФТЫҚ з а т. *Аморфқа тән қасиет.* Егер сабандағы нағыз клетчатканы бөліп алып, кристалдық қалпынан *аморфтық* күйге келтірсе, ол клетчатканың сіңімділігі тамырлы азықтардағы немесе жемдегі крахмалдың сіңімділігіне тең болады (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы).

АМПЕР з а т. ф и з. *Электр тогы күшінің бірлігі.* Тепловоздың тарту қуаты 1200 *ампер* шамасында екенін амперметр көрсетіп тұр (Ы. Тникин, Туркситб.).

АМПЕРМЕТР з а т. ф и з. т е х. *Электр тогы күшін өлшейтін аспап, құрал.* Егер сол жақ тізбектегі және оң жақ тізбектегі ток шамаларын *а м п е р м е т р* арқылы өлшеп, олардың қатынасын алсақ, онда осы қарапайым магниттік күшейткіштің токты күшейту коэффициентін табуымызға болады (К. Айманов, Физика.). *А м п е р м е т р,* вольтметр, реостат, балқығыш қорғағыш, айырғыш т. б. таныстыру үшін өлектр станциясына экскурсия жасалды («Халық мұғ.»).

АМПЛИТУДА з а т. ф и з. *Тең салмақ басып тұрған толқымалы дененің ауытқуы, ауытқу мөлшері.* Жаздағы тәуліктік ең жоғары *а м п л и т у д а* шөлдерде байқалады, онда ол 30 градусқа дейін жетеді (Қаз. физ. геогр.). Ал, кейінгі кездегі деректерге қарағанда кәдімгі шегіртке жер қозғалысының *а м п л и т у д а с ы н* және диаметрін, оны қозғалтатын сутегінің атомына дейін сезетін көрінеді («Лен. жас»).

АМПЛУА з а т. и с к. *Артистің табиғи мінезіне сай келетін кейбір рольдер жиынтығы.* Менің қосарым, қарт буындардың ішінде бір кейіпкерді орындаған екі адамның екі түрлі актерлік *а м п л у а с ы* бар («Қаз. әдеб.»). Шәкен табиғатында сері, әнші, ақкөңіл азамат. Сол себепті өзінің натурасына, актерлік бағдарына, *а м п л у а с ы н а* сайма-сай кейіпкерлерді іздейді (Бұл да).

АМПУЛ з а т. м е д. *Дәрі сақталатын мойны жіңішке, шағын әйнек ыдыс.* Тек қазір жағаға шаншылған уы бар *а м п у л д ы* дереу алу керек (К. Тоқаев, Тасқын). Альбомициннің *а м п у л ғ а* салынғаны да болады. Әрбір *а м п у л* 500 мың өлшем мөлшерінде болады (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АМПУТАЦИЯ з а т. м е д. *Адамның емдеуге келмеген ауырған сырт мүшесін (аяқ, қол) кесу әдісі.*— Снаряд жарықшағы жауынгердің сол аяғын талқандап жіберіпті, сүйектен сау тамтық жоқ, аяғы сүйретіліп жатыр. *А м п у т а ц и я* жасау керек,— деді мұны көрген дәрігер (Ауыз-екі тіл).

АМФИБИЯ з а т. з о о л. *Суда да, құрғақта да тіршілік ете алатын жәндік.*

АМФИТЕАТР з а т. *Театрлардағы партерден кейінгі биіктеу орын және орындықтар тұрған театр залының бөлегі. А м ф и т е а т р* деген сөз Францияға дейін жетті... (Т. Әлішеров, Өнерпаз.).

1. АНА з а т. **1.** *Туған шеше.* Жиырма екі жасымда Мен айырылдым жарымнан. Жарық, сәуле көрмедім, Шыққалы *а н а* қарнынан (Абай). Қатпа бала қасында, Сусын бер деп сұрайды. *А н а с ы н ы ң* бетіне. Бала қарап жылайды (С. Сейфуллин, Шығ.). *А н а м* едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ кімнен кім айрылмай жатыр (М. Әуезов, Әңгім.). **2.** *Жалпы шеше.* Үміт еткен көзімнің нұры балам, Жаныңа жәрдем берсін құдайтағалам; Атаң мұнда *а н а ң м е н* есен-аман, Сүйіп сәлем жазады бүгін саған (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Күні-түні нұр болған, Сендей қала көрмедім. Бар өмірі жыр болған Сендей *а н а* көрмедім (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Санабек жүк түсірген кісі болып өбігерленеді. Оған Әбиба қызыға қуанады. *А н а* қуанышы бір-біріне ұласып жатыр (С. Бегалин, Жеткіншек). **3.** А у ы с. *Негіз, түп, тамыр.* Бәлки ғадәләт барша езгүліктің *а н а с ы* дүр. Нысап, ұят бұл ғадәләттән шығады (Абай). Үргеніш шешені:— Сөз *а н а с ы* не? Су *а н а с ы* не? Жол *а н а с ы* не?— деп сұрайды. Сырым батыр: Сөз *а н а с ы* — құлақ, Су *а н а с ы* — бұлақ, Жол *а н а с ы* — тұяқ!— деп жауап береді (Шешендік сөздер).

◆ **Анадан туғандай.** *Тыр жалаңаш, үстінде лыпасы жоқ.* Кенет үйге кіріп келсем, ол *а н а д а н т у ғ а н д а й* күйде екен (Ауызекі тіл). **Ана сүтін ақтады.** *Ана парызынан құтылды, сенімінен шықты.* Ата күшін, *а н а с ү т і н а қ т а у* дегеннің дәл мағынасы — алтын бесік еліңнің үмітін ақтау болады (Ол күндер.). Ол бүгін *а н а с ү т і н а қ т а ғ а н д а й* ерлік істеді (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). **Ана сүті аузынан кетпеген.** *Буыны қатпаған, жас. А н а с ү т і а у з ы н а н к е т п е г е н* жас баласын есіне түсіреді (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Ерекше жақын сықылды, Ерекше бәрі сүйкімді. *А н а с ү т і а у з ы н а н к е т п е г е н* өңшең жас ұлан (Қ. Аманжолов, Шығ.). Сол сменада сізден басқа жұмыстың тәсілін білетін кәзір кім бар?.. Біреуі жарымжан ауру... Тағы біреуі *а н а с ү т і а у з ы н а н к е т п е г е н* жас (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Ана сүтімен сіңген.** *Жасынан үйренген, кішкентайынан дағдыланған.* Ән мен күй қазақ баласына *а н а с ү т і м е н с і ң г е н* қасиет (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). **Ана тілі.** *Әркімнің өз ұлтының тілі, әр ұлттың өз тілі.* Аяулы, абыройлы *а н а т і л і м!* Өстім мен саясында қанатының (М. Әлімбаев,

Лирика). Ыбырай қазақ сахарасында тұңғыш рет *ана тілінде* дүние тану мектебін ашты (М. Ақынжанов, Қаз. ағарт.).

2. АНА е с. *Сонау, ана бір. Ана* жылғы атыстан зәрезеппін, зәрем жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ана* кісіні танисыңдар ма? (Б. Майлин, Шығ.). Сүйтсе де осы оқыған балалар — *ана* оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық (Абай). Ойбай, *ана* жақта Қамарды бас салып құшақтап, ... өкіріп-бақырып сақалынан суы сорғалап Омар жатыр (С. Торайғыров, Таңд.).

АНАБАЗИН з а т. х и м. *Итсигектен алынатын улы зат.* Итсигектен *анабазин* дейтін улы дәрі алынады, онымен ауыл шаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін насекомдарды қырады (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). Ал, итсигектің құрамында болатын *анабазин* деп аталатын улы зат насекомды зиянкестер мен малдардың биттеріне, бұзаутаздарына қарсы күресу үшін пайдаланылады (Шопан серігі). Шымкенттің химия-фармацевтикалық заводында ауыл шаруашылық зиянкестеріне қарсы *анабазин,* кемірушілерді құрту үшін аконтин өндіріледі («Халық мұғ.»).

◆ **Анабазин сульфаты.** *Күңгірт қоңыр, майлы, сұйық зат.* Бұршақ шіркейіне қарсы егістікті сабын араластырылған *анабазин сульфатын* бүрку немесе вофатокспен тозаңдату ұсынылады (Ж. Лұқпанов, Химия. қолдану). Шымкенттегі химиялық-фармацевтикалық препарат заводы қазірде ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктерін қыруға қолданылатын *анабазин сульфатын* және зорман тышқандарды өлтіретін аконтин деген улы заттар шығарады (Химия өнімдері). Күйе құрттары шыққан кезде өсімдік гүлдегенге дейін гексахлоран суспензиясы немесе *анабазин сульфаты* қолданылады (А. Жанғалиев, Бағбан кітабы).

АНАБИОЗ з а т. б и о л. *Сыртқы жағдайдың өзгеруіне байланысты тірі организмдегі өмір процесінің уақытша тоқырауы.* Суық жағдайда шыбын организміндегі тіршіліктің уақытша тоқталу процесі пайда болады, бұл биологиялық процесті *анабиоз* дейді (Ж. Сұлтанов, Шыбыншіркей.). *Анабиоз* түрінде қыстап шыққан және химиялық заттарды пайдалану арқылы қырылған шыбындар түскен сыпырындылар мен қоныстарды өртеу керек (Бұл да).

АНАҒҰРЛЫМ ү с т. *Әлдеқайда, едәуір, соншама.* Биылғы жүн өнімділігі жылдағыдан *анағұрлым* жақсарды (С. Бегалин, Ана қайраты). Биыл өткен жылдағыдан *анағұрлым* артық міндеттемеалатынымызды айт (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Қызыл шұбар бұғы жергілікті бұғыға қарағанда мүйізді аз береді, бірақ бұлардың мүйізі жергілікті бұғының мүйізінен *анағұрлым* қымбат тұрады (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Шымкент облысының түйелеріне қарағанда Орал облысының түйелері *анағұрлым* ірі келеді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

АНАДА ү с т. *Өткенде, әнеугүні, сонда. Анада* Ерғали барып қайтқанда бір сөзінен денем түршіккен (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Оны айтасың, *анада* бір ақынды ашуландырып та алдым (М. Иманжанов, Менің махабб.). Салиқа *анада* Лөззатты құшақтап жұбатқаннан кейін шүйіркелесіп, сырласып көрген жоқты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Бұл *анада* бізден шылым тұтатып тартқан қойшы еді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

АНАДАҒЫ с ы н. *Өткендегі, әнеугі, сондағы. Анадағы* Сәрсенбай ескертуі аяқсыз қалмаған (С. Бегалин, Төлбасы). Бұл оның *анадағы* аудан орталығынан кейін Аталықпен тұңғыш кездесуі (Х. Рахимов, Қарлығаш.).— Мен сіздің *анадағы* бір айтқан сөзіңізді әлі ұмытқамын жоқ (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АНАДАҒЫДАЙ с ы н. *Анадағы сияқты, анадағы тәрізді.* Тағы да атқосшы етпесін, *анадағыдай* ұзақ жол ауыр сумканы бұныңмойнына артпасын кім біледі? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

1. АНАДАЙ с ы н. *Ана сияқты, ана тәрізді.* Ал егер соқтықса дұшпан тиіп, Азамат борышын ақтаймыз. Отанды аймалап, жаудырай сүйіп, Ардақты *анадай* сақтаймыз (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Тамаша, тым тамаша бұл табиғат *Анадай* мейірбанды маужыраған (Т. Бердияров, Мен өмір.).

2. АНАДАЙ е с. *Анау сияқты, анау тәрізді, сондай.* «Мәлік қу, қулығына құрық бойламайтын құдық өзі; Нұрланмен достасып ап, келіншегін жеке қалдырып, өзіне қайтару себебі, Мәліктің Раушансыз күні жоқ, *анадай* түрмен сұлу келіншектен қалай оп-оңай айырыла қалсын!» — деп кекете тілдеді (З. Шашкин, Сенім).

3. АНАДАЙ үст. *Алыста, қашықта, сонау жерде.* Е, сен жүргізесің ғой,— деді *анадай* шетте тұрған Нұрия сықылықтап күліп (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Манадан бері сөзге араласпай *анадай* жерде оқшау тұрған Ақмоншаққа Төрегелді сонда ғана көз тастады (М. Иманжанов, Адам тур.). Тек сынық мүйіз қара сиыр *анадай* жерде ашкөздене қарап, телміріп тұр (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

АНАДАН-МЫНАДАН ес. *Одан-бұдан, әркімнен, көрінгеннен.* Ақаң *анадан-мынадан* сұрастырып, саяси сұрақтарға жауап жаттайды (Т. Нұртазин, Мұрат). — *Анадан-мынадан* құрастырып жүріп, бір көрпе тіктім,— деді апам (Ауызекі тіл).

АНАЖАН зат. *Анаға құрмет білдіру.* Әжім түскен маңдайынан бір сүйе алмай кетті-ау жан балаң. Осы арман сенде барын жақсы білемін, *анажан* (М. Иманжанов, Адам тур.). Бастан бақыт құсы ұшып, Ол құс қайта қонар ма? Қонғанменен, шешеке, Бұл жалғанда оңар ма? Асыл туған, *анажан* (Батырлар жыры). *Анажан,* әзір сабыр қыл, Қайта оралар күн жақын. Жетейін тез майданға, Туған елден кім жақын (С. Машақов, Жылдарым.).

АНАЙЫ сын. 1. *Тұрпайы, өрескел, дөрекі.* Жалпы айтқанда, жоғары мінездердің барлығы да төрешіліктің *анайы* түрі, кесек түрі болады (І. Жансүгіров, Әңгім.). *Анайы* елді жөнге салар, көргенсіздің көзін ашар іс керек емес пе? (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Ақмарал дегенді білемісіз? Әрине білмейсіз! Сендер не білетін едіңдер, — деп, ол сөздің сыпайысы мен *анайысын* араластыра сөйлеп, бетіме бажырая қарады (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). 2. *Қарапайым, жұпыны.*— Қонақпыз,— деді *анайы,*— біздер келген, Көп болды, сұрасаңдар шыққалы елден... (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Көп жасаған, аз көрген, *Анайы* қарт елдегі, Кәрі емен секілді Жабайы өскен жердегі (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Құранның аяттарын оқып отырсаңыз «құдайдың сөздері» жер бетіндегі *анайы* адамдардың өкпелескендегі не болмаса ұрысқандағы сөздері тәрізді (М. Тоқжігітов, Құран тур.). 3. Грамм. *Есімдіктің сыпайы түріне қарсысы.* Жіктелген сөздердің көпшесінің *анайы* түріне де, сыпайы түріне де көптік жалғау жалғанады (Қазіргі қаз. тілі).

АНАЙЫЛАУ сын. *Тұрпайылау, өрескелдеу, дөрекілеу.*— «Ашу аздырады, ақыл оздырады» депті ғой саналы жандар. Сөзім *анайылау* шығар, бөлкім. Сонда да елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан екеніне сөз жоқ (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

АНАЙЫЛЫҚ зат. *Тұрпайылық, өрескелдік, дөрекілік.* О, сіз тым қатал кеттіңіз!... Мен он бес жылдан бері араласып жүрмін бұл елмен. Оңай алдаймын дейтін, сондықтан, оңай алданатын *анайылық* мінездері жоқ емес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Адамзат дамуы тағылық дәуірдің табалдырығын аттап өтіп, *анайылық* дәуірге аяқ басқан заманда «артық», «кем», «үлкен», «кіші» ұғымдары туған (М. Ысқақов, Математика.).

АНАЙЫРАҚ сын. *Тұрпайырақ, өрескелірек, дөрекілеу.* Отыз жас он сегіздің ағасындай, Киімнің омырау мен жағасындай, Айтсақ біз *анайырақ* қырқ-елуді, Жиені жақын жүрген нағашыдай (Д. Еркінбеков, Шаншу).

АНАЛА ет. *Ана деп дауыстау, ана деп айқайлау.* Тар көшені паналап, Ұлы ата, *аналап,* Бабасы шулап, бабалап, Қалмаққа кірді Зарлықжан (Батырлар жыры). Мұңлық, Зарлық перзентім, Мен ғарыпты құдая Жоқтар ма екен *аналап?* (Бұл да). Балалар шулап, *аналап,* Ата-ана зарлап бабалап... (Ақын жырлары).

АНАЛАС сын. *Анасы бір, бір анадан.* Лақтар Асанның қолына келіп, *аналас,* туыс, айырылмас досы болып кетіпті (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

АНАЛАУ ет. *Анала етістігінің қимыл атауы.*

АНАЛИЗ зат. хим. 1. *Бір заттың құрамын анықтау, айқындау, талдау нәтижесі.* Асылбектен лабораторияға жөнелтілген топырақ үлгілерінің *анализін* тосамыз («Лен. жас»). Жасалынған тәжірибе, *анализдердің* дұрыстығын тексерді (С. Шаймерденов, Болашақ.). *Анализ* зерттеліп отырған құбылыстың мәнді жақтарын бөліп шығаруға, оларды ұғынуға мүмкіндік береді (Марксистік филос.). Агрохимия үйірмесінің мүшелерін топыраққа жеңіл-желпі *анализ* жасауға үйрету керек («Халық мұғ.»). 2. *Бір нәрсені ғылыми түрде жан-жақты зерттеу әдісі. Анализ* — затты, құбылысты өзінің құрамды бөлімдеріне бөлшектеп немесе тал-

дап зерттеудің тәсілі (Саяси сөздік). Құбылысты синтездеу *анализден* анағұрлым қиын. *Анализ* бөлшектеу, талдау болғанда, синтез ішін жасауды керек етеді («Қаз. әдеб.»).

АНАЛИЗАТОР з а т. 1. Т е х. *Заттарға анализ жасайтын аспаптар атауы.* Ондай *анализатор* біздің қолда жоқ (Ауыз-екі тіл). 2. Ф и з и о л. *Сыртқы әлемнің күрделі құбылысын қабылдайтын жүйке жолдарының, сезім мүшелерінің физиологиялық атауы.* Тітіркенуді қабылдайтын және айыратын органдарды И. П. Павлов *анализатор* деп атаған (Адам анатом.).

АНАЛИЗДЕУ е т. *Анализ жасау.* Тітіркендіргіштерді қабылдау кезінде оларды жеке-жеке айыру, яғни *анализдеу* процесі жүреді (Адам анатом.).

АНАЛИЗДІК з а т. *Анализге тән қасиет.* Біз енді талдағыштардың ми ортасындағы болып тұратын *анализдік* және синтездік қызметіне тоқтап өтейік (М. Мұқанов, Бақылау.).

АНАЛИТИК з а т. *Түрлі анализдер жасайтын маман.*

АНАЛИТИКАЛЫҚ с ы н. *Аналитикаға тән.* Адамның екінші сигнал системасының дамуымен бірге ми қабығының абстрактылы *аналитикалық* және синтетикалық қызметі өте-мөте күрделене түседі (Адам анатом.).

◆ **Аналитикалық байланыс [тәсіл].** Г р а м м. *Сөздердің қосымшаларсыз байланысу әдісі.* Сөз тіркестеріндегі сөздердің қосымшаларсыз, орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуын *аналитикалық байланыс* деймiз (Қазіргі қаз. тілі). Сын есімдер синтетикалық тәсіл арқылы да, *аналитикалық тәсіл* арқылы да жасалады (Бұл да). **Аналитикалық химия.** *Аналитика тәсіліне негізделген химия.* Парацельс көптеген металдың сынап қоспаларының аса зор емдік қуатын анықтады. Сөйтіп, ол *аналитикалық химияның* негізін салды (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АНАЛОГИЯ з а т. ф и л о с. *Заттың, құбылыстың, ұғымның ортақ белгілерінен пайда болатын ұқсастық, үйлестік, сәйкестік. Аналогия* — сәйкестік; заттардың, құбылыстардың, ұғымның бір-біріне сәйкестігі, ұқсастығы, үйлестігі (Саяси сөздік). Өсімдіктің әр қилы органдары нақтылы өзіне тән құрылыстары мен қызметінен ажырап, басқа бір құрылыс пен қызметке ғана ие болатын органдарды *аналогия* дейді (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Тарихи *аналогияны* қолдану, әр түрлі дәуірлерді теңеу әрбір жеке дәуірдің сапалық ерекшеліктерін елемегендік болады (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар.).

АНАЛОГИЯЛЫҚ з а т. *Аналогияға негізделген, аналогияға тән.* Жапырақтардың негізгі бөлімдерін, формаларын, олардың өзгерулерін, категорияларын, жүйкеленуін, орналасуын, *аналогиялық* және гомологиялық түрлерін де зерттеуге болады (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.).

АНАЛЫ с ы н. *Анасы бар, шешелі.* «Алпыс қасқыр *аналы*, Жетпіс қасқыр балалы». Аузынан қан ағып, Көпке қарсы шапқанда (Қ. Әбдікадыров, Таңд.).

АНАЛЫ-БАЛАЛЫ с ы н. *Анасы мен баласы. Аналы-балалы* екеуі есіктің ішкі жағынан қараңғыға үйренген көздерін тіксе, әлдекім әлдекімді құшақтай көтеріп, жүгіре басып келеді екен (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АНАЛЫҚ з а т. 1. *Анаға тән қасиет, мейірмандық.* Ажарыңа хат жаздың, Ақылыңды айттың *аналық*, Анаңды ойлап сағынып, Қылма,— дедің,— балалық (Б. Майлин, Шығ.). Үйіне түсе салып, сәлем беруге шауып келген Шоқанына Айғаным *аналық* үлкен ықыласын айтып, аса разы болды (С. Бегалин, Бала Шоқан). 2. *Төлдейтін мал, жан-жануар.* Бұл тұсақтар биылғы төл алынатын *аналық тардың* есебінде тұр («Лен. жас»). Әрбір *аналық* отыз мыңдай уылдырық әкетіп барады. Уызға оралған уылдырыққа жетер тамақ қайсы! (Ғ. Мүсірепов, Өмір жорығы). 3. *Өсімдіктің ұрықтанатын жыныс мүшесі.* Бұл *аналық тары* өсімдік түріне қарай біреу де, бірнешеу де болуы мүмкін (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.). Өзге дәнді дақылдардың көпшілігінен бір өзгешелігі жүгерінің гүл шоғырлары айырым жынысты болады, яғни *аналық* және аталық гүл шоғырлары бір өсімдікте, бірақ бөлек өседі (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.). Олар дені сау гүлдің *аналық* аузына барып түседі де, сол жерде өніп, жатынға енеді, ал одан соң ұрыққа барады (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.).

АНАЛЬГИН з а т. м е д. *Ауруды жеңілдететін, қабынуға қарсы қолданылатын және дене қызуын төмендететін дәрі.* Ана-

пирин — *аналъгиннің*, пирамидонның және кофеиннің қоспасы (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.). *Аналъгин* — суда тез еритін, ал спиртте баяу еритін кристалды, ақ порошок (Бұл да). Құяңға қарсы дәрігерлер пирамидон, *аналъгин*, фенацетин, аспирин сияқты ауырған жердің зардабын қайтаратын дәрілер береді (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

АНА-МЫНА ес. сөйл. **Анау-мынау.** Қамбар мен Бекбосын бір-біріне *ана-мына* дескен жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық).

АНАНАС зат. бот. **1.** *Ыстық жақта өсетін жеміс ағашы.* Басқа да түрлі-түрлі кәсіппен, балық аулаумен, банан, *ананас* сияқты дүниедегі ең тәтті өсімдіктерді өсірумен айналысатын аралдар да ұшан-теңіз («Лен. жас»). *Ананастың* гүл шоғыры негізінен ет-жеңді болып келеді де, оған масақтанып орналасқан жеке гүлдер өзінше жидекке айналады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). *Ананас*, банан, апельсин сияқты жеміс ағаштарының өсіп тұрғаны өте тамаша («Қаз. әдеб.»). **2.** *Осы өсімдіктің жұпар иісті, сары түсті жемісі.* Дүние жүзінің барлық халықтары секілді индонезиялықтар да міне осы бейбіт өмірді, әрқашан құс сайрап, гүл иісі аңқып, әрбір дастарқанда *ананас* пен мангустан сияқты ең тәтті тағамдар мол болуын тілейді («Лен. жас»).

АНАНДАЙ сын. сөйл. **Анадай** *(3-омон.).* Екі солдат мылтықтарын *анандай* жерде қарайып отырған Боранбекке қарай кезеді (С. Сейфуллин, Шығ.). Тас пен топыраққа кірш етіп кірген күректердің дыбысы, *анандай* жерге барып топ ете түскен топырақтың шаңы көрінеді де, ол да тез басылады (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

АНАР ар. зат. **1.** Биол. *Оңтүстікте өсетін жеміс ағашы.* Белеңінде тұнжыраған күн суық, Төменінде гүлін жарған тіршілік, Жас *анарлар* жапырағын жайғанда, Қауашақтан қарағандай күн шығып (С. Мәуленов, Жаңа арна). Үйінің жанынан қырық сотық жерді қоршап, оған он сегіз туп алма, отыз төрт туп жүзім, бір түп өрік, бес түп қара өрік, бір түп *анар* еккен (Окт. өрендері). **2.** *Осы ағашқа шығатын қабығы қалың, ішінде мөлдір, қышқыл дәмді шырыны бар жеміс.* Шымкенттің артықшылығын әңгіме қыла бастады. Біреулер шіркіннің жүзімі, тәтті алмасы қандай жақсы десе, екіншілері *анары*, алмұрты, жаңғағы жаман ба екен деп қояды (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Келген Иран керуендері, Тартқан бұдан жүзім, *анар*. Күндіз бақша серуен жері, Түнгі жайы — құжыралар (С. Мәуленов, Таңд.). Ол қып-қызыл алма, қан қызыл *анар*, көкпеңбек мөлдіреген жүзімді сеткаға толтырып, зорға көтеріп әкелді (З. Шашкин, Өмір тынысы). **3.** Ауыс. Поэт. *Әйелдің емшегі, төсі,* Дірілдеп қос *анары* ақ төсінде Жатырау құшағында тәтті ұйқының (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Сезінем сиқырлы бір от алауын, Ал бірақ ажыраспай қоса ағамын. Жабады күміс моншақ жас бикештің Көмкерген көк жібекпен қос *анарын* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Қарт дейтін қарт емес ол шашы ағарған, Тағы да қандай сұмдық тосады алдан, Соратын ақ мамасын бөбек қайда, Иіді, сүт төгілді қос *анардан* (Т. Молдағалиев, Жас қанат).

АНАРГҮЛ зат. бот. *Қызыл түсті гүл.* Шалқыған көл, аққан дария, суы зәмзәм деп аталады екен, бау-бақша төгіліп тұрған жеміс, аңқыған *анаргүлдің* иісі (Қаз. ертегі.).

АНАРДАЙ сын. *Анар сияқты албыраған қып-қызыл.* Қасына сүрме тартқан өзбек қызы, *Анардай* албыраған күрең жүзі. Шығыстың шолпаны деп таңда туған. Жырлаймын жырға қосып бүгін сізді (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Түйіншекті жазып еді, *анардай* қып-қызыл теңіз балығының қуырылған бір кесегі екен («Қаз. әдеб.»).

АНАРХИЗМ зат. саяс. *Үкімет билігін және пролетариаттың буржуазияға қарсы үйымдасқан саяси күресін мойындамайтын ұсақ буржуазияшыл саяси ағым. Анархизм* — Европада XIX ғасырдың 40—60 жылдарында қалыптасқан реакциялық ұсақ буржуазиялық саяси ағым (Саяси сөздік). Индивидуализм пролетарлық тәртіпті мойындамайтын *анархизмді* тудырады (Ә. Бәженов, Дүниеге көзқ.).

АНАРХИСТ зат. саяс. *Анархизмді жақтаушы.* Большевиктер, меньшевиктер, әсерлер мен *анархистер*, партияда жоқтар, купецтер, приказчиктер, қол өнершілер, чиновниктер, мұғалімдер, шаруалар, қысқасы, барлық таптың өкілдері сөйлеп, өз мүдделерін айтып, өз пікірлерін ортаға салып жатты (Қ. Әміров, Жастық шақ). Маркс жұмысшы табының револю-

циялық мүмкіндіктеріне *анархистердің* сенбеуін, жеңімпаз революцияның объективтік жағдайларын *анархистердің* түсінбеуін айыптады (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар.).

АНАРХИСТІК з а т. *Анархистке тән қасиет.* Мұны теріске саю империализм жөнінде жартылай *анархистік* көзқарасқа көшу деген сөз (В. И. Ленин, Шығ., 35, 171). Бұл қауіп, біріншіден, демократиялық централизмнің бюрократиялық централизмге айналуы, екіншіден, әр түрлі жергілікшілдік немесе *анархистік* тенденциялармен централизмнің бұрмалануы (Қысқ. саяси экон.).

АНАРХИЯ з а т. с а я с. *Ұйымдасқан басшылықтың жоқтығы, бетімен кетушілік.* Кеңсе, күзет — барлығы иесіз қалған; толық *анархия* (І. Жансүгіров, Шығ.). Партияның ұсынысын орындамайтын кімсің? Ондай *анархияға* партия жол бере алмайды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Елдің бәрі еркін ойлап, өз бетімен кетсе, ол *анархияға* жол беру болады (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин).

АНАСЫЗ с ы н. *Анасы жоқ; шешесіз.* Дәл сондай *анасыз* да ер болмайды, Ел де есіп, ер жоқ болса, ел болмайды. Өсетін ел мен ердің өркені — ана. Ананы сыйламаған ер де оңбайды (К. Райбаев, Жаңа толғау). Панасыз қалдым — өлмедім, *Анасыз* қалдым — өлмедім. Ұлы той көппен көргенім, Ай-күнім болды ел менің (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

АНАТОМ з а т. *Анатомия маманы. Анатомдар* жеке органдардың құрылысын, олардың қызметін және оларға басқа органдар мен бүкіл тұтас организмнің тигізетін әсерімен байланысты зерттейді (Адам анатом.). Бұл мектептен атақты *анатом* Андрей Везалияның еңбектері шыға бастайды (А. Даиров, Хирург.).

АНАТОМИЯ з а т. *Адам денесінің сыртқы және ішкі құрылысы туралы ғылым.* Бәріміз де *анатомияға* жүйрік емес едік, Ғафу да бізден ұзамапты (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Біздің жыл санауымыздың алғашқы кезінде *анатомия* мен физиология саласында өкпе мен жүректің қызметі жайлы зерттелген еңбектер там-тұмдап шыға бастады (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АНАТОМИЯЛЫҚ с ы н. *Анатомияға тән ерекшелік, қасиет.* Өсімдік мүшесінің *анатомиялық* құрылысын зерттеген кезде студенттер ең алдымен оған препарат жасап алу керек (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.). Жұқпалы сары ауру жеңіл басталып, жеңіл өткен сияқты болып жүріп, бауырды қатты *анатомиялық* өзгеріске ұшырататыны байқалып жүр (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Осыған сәйкес бұл тұқымның *анатомиялық* және физиологиялық жағынан да өзгешеліктері бар (Ә. Есенжолов, Қаз. архар-меринос.).

АНАУ е с. *Затты, құбылысты меңзеп көрсететін сөз.* Құлпырған *анау* Құлансаз. Сұңқардай көңіл талпынып, Май айында шалқыдық (Жамбыл). *Анау* тұрған сағымның Пердесін ашпы, құрдасым (С. Ерубаев, Шығ.). Баурында Бурабайдың көл бар *анау* Дәл соның ортасына тігіп жалау, Есілге апарды да ертіп бізді, Ақыры Сырдан келіп жедік палау (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АНАУ-МЫНАУ е с. 1. *Оны-мұны, олпұл.* Бейтаныс өмірдің ішіне ене кеткенде сөйлесіп, *анау-мынауды* сұрастырып жүретін танысың, құрбың болғанның өзі қандай жақсы (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). *Анау-мынау* емес, өмірге қауіп төне бастаған соң мен шыдай алмадым («Қаз. әдеб.»). 2. *Майда-шүйде, жеңіл-желпі, ұсақ-түйек.* Донға қарай асығып келе жатқан немістердің *анау-мынау* қарсылыққа аялдайтын түрі жоқ (Т. Ахтанов, Дала сыры). Талас суы қатты тасығанда *анау-мынау* көпірді шыдатпайды (С. Бегалин, Төлбасы.). Е, бұл *анау-мынау* бәрі емес, талай тегеуріннен құтылып жүрген жойдасын болар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). 3. *Кім көрінген, кез келген.* Көшкенде мінетінім таған керсің, Алыстан іздеп келген Әжек сенсің. Адамға *анау-мынау* жолың беріп, Жүретін жайбарақат қандай ерсің? (Айтыс). Жалғыз үйге қонақ кеп қалды. *Анау-мынау* қонақ емес, және де, қазақша сайрап тұрған бір инженері мен Ғимадиын ерткен Шахворостовтың өзі келді (Ғ. Сыланов, Асау арна). Сақан *анау-мынау* шопан емес, білімді, мәдениетті, жаңалыққа құмар шопан («Лен. жас»).

АНАФОРА з а т. ә д е б. *Өлеңнің әр жолы ылғи бір сөзден басталу тәсілі. Анафора* деп өлеңнің әр жолы, ылғи бір сөзден басталып отыруын айтады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

АНАШ з а т. *Ана сөзін қастерлеп қолдану.* Айналайын, *анашым,* сағынға-

ным. Хабарласпай кеткенің не қылғаның («Лен. жас»). Жалғызым едің, қарашым, Аңырап қалды-ау *анашың*. Жалғыз ұлдан айрылдым, Елім-ай, қайда барасың? (К. Көпішев, Әке құшағы). Құлыным не болды саған? Мұнша қиналғаның қалай? Көтерші басыңды, мен *анашың* ғой келіп тұрған (Т. Шаханов, Көгілдір мұнара).

АНАША үст. *Анаға ұқсас.* Әлиза бір қабірдің үстіне қолын соза құлап түсті. Жөргекте жатқан баласын бауырына қысқан *анаша* кішкентай қабірді құшағына алып, топырағын сүйіп жатып, солқылдап жылады (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Москваша — *анаша* Құшағын бейбіт таңға аша, Алтыдан тұрып шырқаған Алматы міне тамаша (Қаз. әндері).

АНАЭРОБ зат. биол. *Қарасанның микробы.* Қарасанның микробы ауасыз жерде өсіп-өнеді, мұндай микробты *анаэроб* дейді (Ә. Әбішев, Мал санитары.). *Анаэробтар* өсімдік, жәндіктер қалдықтарын біріктіріп, топырақ қара шірігін байланыстырады (Қ. Баяндин, Топырақ.).

АНБИЯ зат. сөйл. Әнбие. Дәулетұлы Сүлеймен Сіздерден медет іздеймін. Жүз жиырма тоғыз *анбия* Баршаңыздан тілеймін (Батырлар жыры).

АНГАР зат. авиац. *Самолеттер тұратын арнайы құрылыс.* Зымырап кете берді таңдағы арман, Жау ма екен бірақ мұны аңғармаған. Есітіп мотор үнін әсәс шілер, Жүгіріп шыға келді *ангарлардан* (Жас қанат).

АНГИДРИД зат. хим. *Құрамында оттегі бар, сумен қосылғанда қышқыл шығаратын тотық.* Күкірт қышқылының орнына жақсы құрғатылған майда қызыл хром *ангидридінің* кристалдарын пайдалануға болады (А. Мырзабаев, Химия қызығы). Целлон да мақтадан өндіріледі. Ол сірке қышқылы және сірке *ангидридінің* қоспасымен өңделеді (Т. Сұлтанбеков, Хим. болашақ.). Органикалық емес қышқылдар тәрізді сірке қышқылы да *ангидрид* түзейді (Орган. химия).

АНГИНА зат. мед. *Ауыз қуысы мен тамаққа суық тиюден пайда болатын ауру.* Медицина тілімен айтқанда Әсеттің тамақ ауруы үзілмейтін *ангина* болу керек (С. Мұқанов, Алғашқы адым.). Үнемі таза ауада жүрген адам грипп, *ангина* сияқты аурулармен сирек ауырады (Ш. Көшербаев, Туберкулез). *Ангина* халық арасына өте көп тараған аурулардың бірі («Лен. жас»).

АНГОР: **Ангор ешкісі.** *Ешкінің жүндес келген асыл тұқымы.* Асыл тұқымды *ангор ешкілерін* өсіруімізге колхоз председателі көңіл бөлмей отыр, осыған сіз аралассаңыз екен дегенді айтады бір хаттың иесі (М. Иманжанов, Адам тур.). Түрі сол тобылғы торы қалпы, бірақ киімі өзгеріпті. Кеудесіне қызыл ала тоқыма киіпті де, басына *ангор ешкінің* жібегінен ақ шәлі орапты (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

1. АНДА үст. *Ана жақта, анау жерде.* *Анда* қапты етігім, Алып келші, Ұсни (Қ. Аманжолов, Шығ.). *Анда* біреу жаңалықты жатсынып, Шығынды да қол жетпеске жатса іліп (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің).

2. АНДА ет. *Қаптау, енгелеу, қоршау.* *Андаған* қалың күш болып, Қаламның ұшын қайрадық. Арналған істер істеліп, Бәйгеге басты байладық (Б. Майлин, Шығ.). Атты, түйелі, жаяу-жалпылы, түс-түстан *андаған* адамдар ақ даланы шұбартып жіберді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АНДАҒАЙЛА ет. 1. *Тұс-тұстан андыздап қаптау.* Бұлар аттың басын жіберген кезде *андағайлаған* қара шу ете түсті (Б. Майлин, Шығ.). Ат қойды қалың әскер *андағайлап*, Дүрсілі жер қозғалтып «Абылайлап». Тыныш жатқан қалмақ елі қас қаққанша У-шу боп шаң астында қалды ойбайлап (С. Сейфуллин, Өленді.). Көп дұшпан қоршап алды *андағайлап* Қапыда қолға түсті Мақаш бейбақ. Кетпестен кісен салып аяғына, Бұғаулап оңаша үйге қойды байлап (С. Омаров, Сәукен). 2. *Сирек көріну, шашырап шығу.* Әр жерге *андағайлап* бір дән шыққан (Б. Майлин, Шығ.). Әлден уақытта қараулытқан өзен өлкесінің арғы жағынан Шоқан *андағайлаған* биік мұнараларды көрді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ол *андағайлап* көрініп тұрған мұнай айыру заводының трубалары («Лен. жас»).

АНДАҒЫ-МҰНДАҒЫ үст. *Ол жақтағы, бұл жақтағы; ойдағы-қырдағы.* Енді ол Орда мен Жаңақалада жасақталған полктерді бері әкеледі. Бәрі штабтың жұмысы ғой. *Андағы-мұндағымыз* қосылатын болдық дегенім осы (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АНДА-МҰНДА үст. *Ол жаққа, бұл жаққа; әр жерге.* Астанаға келгенсін Шынарды *а н д а-м ұ н д а* апарғыштап, әрі жора-жолдастарын шақырғыштап, бір-екі айдың ішінде-ақ қалтасының түбі көрініп қалды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ертең машинаны ерте шақырт, мен *а н д а-м ұ н д а* барам (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АНДАЙ-МҰНДАЙ сын. *Ұсақ-түйек, майда-шүйде.* Шай ішілді. Түнгі намаз да оқылды. Осыдан соң *а н д а й-м ұ н д а й* әңгімелермен отырғанда түн ортасына таман ет те пісті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). «Газеттен едім» десең болды ғой. Фельетон, *а н д а й-м ұ н д а й* жазатының жоқ па еді (Е. Домбаев, Ол осындай.). *А н д а й-м ұ н д а й д ы* жинақтағанша, июль де аяқталып қалды (С. Еркебаев, Алғашқы адым.).

АНДА-САНДА үст. *Оқта-текте, ілуде, әлсін-әлсін.* Пәленше сондай бір оқуы терең, үлкен молда ұстапты, шырағым, күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта, *а н д а-с а н д а* ғана барып сабақ алып тұр (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Көз ұшында көк жиегін қаптаған сағым, әлдеқайда бұлт боп ұшқан будақ шаң, *а н д а-с а н д а* бір кездесетін құдық (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Соққыға жығылғандар *а н д а-с а н д а* ыңырсып, тіл қатып жатты (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес).

АНДАТ *Анда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бойын кернеп батырлық, Әскерін жауға *а н д а т қ а н,* Жерін қорғап орыстың, Половец жерін шаңдатқан (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қолында құлаш мандаты, Салады баса салықты. Құлдарды қарсы *а н д а т т ы,* Бүлдіріп болды халықты (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АНДАТР зат. *Суда тіршілік ететін, сұр түсті жәндік.* Пуляремияның бактериясы тышқанда, су тышқанында, *а н д а т р д а,* тағы қоянда, саршұнақта болады (Келіншектер.). Әне, анау қырқадан төмен қарай *а н д а т р* шаруашылығына бұрылатын қысқа жол кетеді (І. Есенберлин, Айқас). Суыр, ақ түлкі, қара түлкі, құлан, арқар, құлжа, таутеке, елік, қара құйрық, ақ бөкен, *а н д а т р* тағы басқа түрлі ірілі-ұсақты аңдар бар (Ш. Айманов, Қыран тур.).

АНДЫЗ зат. *Тауда өсетін, мал жейтін ұзын сабақты өсімдік.* Күлтелене ұйысқан ақшыл сары гүлдері бар, иісі балға ұқсаған тау күңгейінде өсетін өсімдікті қазақтар *а н д ы з,* орыстар медвежье ушко (аю құлақ) деп атайды (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.). Қазір совет медиктері дәрмене, жусан, сана, *а н д ы з,* қалақай, рауғаш сияқты өсімдіктерден тамаша препараттар жасайды («Лен. жас»). Басына биік таудың бітер *а н д ы з,* Сен үшін жолбарыстай жорттым жалғыз, Қолыма тие қалсаң, қайран Мамық, Басқаны хор да болса не қыламыз? (Ш. Қошқарбаев, Сөйле, Шашеке).

АНДЫЗ-АНДЫЗ сын. *Бытыраған, шашыранды.* Топтанған *а н д ы з-а н д ы з* қонған ауыл, Күн ыстық пысынаған адамға ауыр. Шөп құрап, жердің құрап кенезесі, Шаңдатып тұмандатар соқса дауыл (Д. Еркінбеков, Шығ.). Жайдар *а н д ы з-а н д ы з* боп бытырап жүрген тауықтардың ішінен жылтырын сертке алып ата бастады (О. Әубәкіров, Ұзын сөз.).

АНДЫЗДА ет. 1. *Бытырай қаптау, топ-топ болып көрінү.* Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, ертеңді-кеш, күндіз-түні «бауырымдап» аңыраған, *а н д ы з д а п,* ат қойып, ағылып кеп, төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, жас-кәрінің ұшы-қиыры жоқ (М. Әуезов, Шығ.). Аттарын борбайлап, жан-жақтан *а н д ы з д а ғ а н* жұрт ілгері ұмтылып қасқырды қуып кетіп барады (С. Мұқанов, Шығ.). Аралар ұшып, *а н д ы з д а п,* Сорады гүлден бал шырын. Қарлы тау ғана жалғыз қап, Жасырғандай жан сырын (С. Мәуленов, Торғай қақп.). 2. *Әйгілену, айқындалу.* Биік бастарынан етекке қарай құлап түскен қисық ирек жыралар қасқа жол сияқтанып *а н д ы з д а п* жатыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ақ үйлер әр салада қойшы тіккен, *А н д ы з д а п* көрінеді қарсы беттен. Жапанда жарасымды жаңа қоныс, Кешкісін тезек жағып түтіндеткен (Ғ. Орманов, Таңд.). *А н д ы з д а п* ақша қарлы сұлу шыңдар тұр (С. Бегалин, Таңд.).

АНДЫЗДАН *Андызда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ежелден ел серігі ойын-сауық, Сөйлейік көпшіліктің ойын тауып. Қамшылап домбырамды екі шекпен Он саусақ *а н д ы з д а н с ы н* аттай шауып (Пернедегі термелер).

АНДЫЗДАТ *Андызда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кім қызғанбас, зауылдатып «Адай» серпіп, дауылдатып, Күйден күміс шашқанда. *А н д ы з д а т ы п,* алқымдатып, Жер табанын солқылдатып, Бәйгі атындай шапқанда? (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АНЕВРИЗМА з а т. м е д. *Куре тамыр (артерия) қабының кеңейіп қалталануы. Аневризма* деп инфарктан кейін немесе зақымдалғаннан болған жүрек жарығын айтады (А. Даиров, Хирург.). Әр түрлі патологиялық аурулардың [ісіктер, іштен туған ақаулар, *аневризмалар* (артерияның томпиып кеңеюі), ромбоздар (тамырда қанның ұюы)] зардабынан осы органдардың тамыр тармақтарымен анатомиялық зақымданғанын анықтайтын ең жаңа әдіс (А. Тұрғанбаев, Рентгенология).

АНЕКДОТ з а т. *Өмірдегі оғаш оқиға жайындағы күлдіргі, қысқа ғана ауызекі әңгіме.* Омар есіп сөйлейді. Ол әңгіме, *анекдот* айтады (І. Жансүгіров, Шығ.). Мәжіліс үстінде Джонсон немістерді сықақтайтын *анекдоттар* айтып, жұртты күлдіре береді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Олар Гусевтің *анекдотына* күледі. Кейбіреулер оған ашуланып та қалады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АНЕКДОТТЫҚ с ы н. *Анекдотқа тән.* Біріне арқау болған нәрсе — жай ғана *анекдоттық* оқиға («Қаз. әдеб.»). Бұл — қисынсыз, көңілге қонбас *анекдоттық* жәйттерге бару деген сөз емес (Бұл да).

АНЕМИЯ з а т. м е д. *Қан азайғандық, қаны аздық.* Ауру адамда күйгелектік пен ашушаңдықтан басқа қан аздық *(анемия),* дененің нашар өсуі және дене сыртындағы бездердің көптеп домбығуы білінеді (Е. Оразақов, Туберкулез). Ал *анемия* (қан азаю) сияқты ауру түрлерін емдеуде ине терапиясы тек көмекші роль атқара алады («Лен. жас»). *Анемия* ауруына басқа емдермен қатар қан құйылады (А. Даиров, Хирург.).

АНЕСТЕЗИОЛОГ з а т. м е д. *Ауруды операцияға даярлайтын дәрігер.* Наркоз беретін және оған дайындық жүргізетін дәрігерді *анестезиолог* деп атайды (А. Даиров, Хирург.).

АНЖЫМА з а т. *Ердің қапталына орнатылған дөңгелек темірлі шығыршық.* Иса ауылынан қаршыға ұстап келген үштөрт жігіттің біреуінің ерінің алдыңғы қапталындағы *анжымаға* байлап алған кішкене қара торсықша тұр екен (С. Бегалин, Бала Шоқан).— Мынаның дыбысы шыққанда, аспаннан үйрек өзі жүрегі ұшып жерге құлай беретін көрінеді,— деп тентек Жақыпқа торсықты ерінің алдыңғы қапталындағы *анжымаға* байлап берді (Бұл да).

АНИЛИЗМ з а т. ф и л о с. *Өлмейтін мәңгілік жан бар дегенге сенушілік.*

АНИЛИН з а т. х и м. *Бензолдан алынатын, әртүрлі бояулар жасайтын түссіз немесе сарғылт түсті сұйық зат.* Ядроны бояу үшін жаңа препарат жасап, оған *анилин* көгін тамызу керек (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.). Көмірден металл қорыту үшін кокс және қара май, бензол, аммиак, *анилин* бояулары алынады («Халық мұр.»). *Анилин* алуды тапқан орыс химигі (А. Мырзабаев, Химия қызығы).

АНИМАЛИЗМ з а т. и с к. *Көркемөнерде хайуанаттарды мүсіндеп бейнелеу.* Ботакөз деген не? Ол,— дейді С. Мұқанов,— кәдімгі ботаның көзі, бірақ Қазақстанда қыздарды осылай да атайды. Бұл *анималистің* өзіндік табиғи сүйкімділігі бар («Қаз. әдеб.»).

АНИС з а т. *Қош иісті бір жылдық өсімдік және содан жасалған түссіз, сұйық дәрі.* Эфирлі *анис* жөтелге қарсы қолданылатын, көпке белгілі мүсәтір-анис тамшыларының құрамына және тағы басқа күрделі дәрілерге қосылады (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.). *Анис* тек ұнамды татым (дәм) беру үшін нан пісіру мен кондитер өндірістерінде ғана қолданылып қоймайды, оның дәрілік маңызы да әжептәуір (Бұл да).

АНКЕР з а т. т е х. *Машинаны белгілі жерге бекітіп тұратын темір бұранда, құрсау.* Сепараторлар бетоннан құйылған немесе кірпіштен жасалған мықты фундаментке орнатылып, *анкер* болаттарымен бекітіледі (З. Сейітов, Сүт өңдеу.).

АНКЕТ з а т. *Алдын ала дайындалған сұрауларға жауап бере отырып толтыратын қағаз.* Толып жатқан список жасалды, толып жатқан *анкет* толтырылды (Б. Майлин, Шығ.). Ұйым ашылмаған жерде 2—3 кісі болса, өздері осы жобамен ұйым ашып, ұйымға кіргендердің аты-жөнін, *анкетін* толтырып жазып, тізімін орталықтағы басқармаға жіберу керек (С. Сейфуллин, Шығ.).

АНКЕТА з а т. с ө й л. **Анкет.** Секретары райкомның Көз алмайды *анкетадан,* Арасында қазір соның Тұрғандай бір тірі адам (Ж. Молдағалиев, Бастаушы партия). Облыстағылар Ерзадаевтың *анкетасы* мен өмірбаянына бағынып, құл

болып, оның соңғы «күрестеріне» құрышы қанып отырғанда екінші бір *а н к е т а*, өзгеше бір өмірбаян пайда бола кетті (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Оған да өмірбаян жазып, *а н к е т а* толтыру керек пе? («Қаз. әдеб.»).

АНКИЛОСТОМА з а т. м е д. *Адам ішегіне дөңгелек құрт енуінен болатын ауру.* Адам организмінде оның екі түрі — *а н к и л о с т о м а* және некатор кездеседі (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АНКОФЕН з а т. м е д. *Антипириннің, фенацетиннің және кофеиннің қоспасы* (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АННЕКСИЯ з а т. с а я с. *Бір мемлекеттің жерін немесе жерінің бір бөлігін екінші бір мемлекеттің зорлықпен тартып алуы.* Территорияны ондағы халықтың еркіне қарамастан қосып алушылықты ғана *а н н е к с и я* деп атауға болатындығы және аталуға тиіс екендігі анық нәрсе (В. И. Ленин, Шығ., 36, 383). Дүниежүзілік капиталистік системасы өзара тиімді негізде ұлттардың ерікті түрде келісуі арқылы емес, халықтарды экономикалық кіріптарлыққа салумен зорлап бағындыру арқылы жаулап алу, *а н н е к с и я л а р*, отарлық басып алулар арқылы жасалған (Марксистік филос.).

АННОТАЦИЯ з а т. *Кітаптың, жеке мақаланың мазмұнын көрсететін қысқаша түсінік.* 1934 жылы Бейімбет Қазақтың көркем әдебиет баспасының басшысы және «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы қызметін атқара жүріп, өзі баспаға дайындаған кітаптарға қысқаша *а н н о т а ц и я* жазып отырған («Қаз. әдеб.»). *А н н о т а ц и я* қазақ кітаптарына қазақ тілінде де жазылса екен деген де тілек бар (Бұл да).

АНОМАЛИЯ з а т. *Жалпы заңдылық жүйесінен ауытқу; әділетсіздік.* Кедейлер пайдасына алынатын салық арқылы село жұмысшыларының ақысын қажетті минимумға дейін толықтырып отыратын жағдайларда ол заңдар кісі күлерлік *а н о м а л и я ғ а* айналды (К. Маркс, Капитал, I, 749). Мұндай дағдыдан өзгеше *а н о м а л и я л а р*, мамандардың пікірінше, метеорология ғылымының үлкен назарын аудармақ («Лен. жас»).

АНОНИМ з а т. *Шығарманың, хаттың, жазылған қағаздың аты белгісіз авторы.* Бір күні ол тіпті қолын өзгертіп өзіне өзі *а н о н и м* хат жазды («Лен. жас»).

АНОРГАНИКАЛЫҚ с ы н. х и м. *Органикалық емес.* Органикалық заттардан басқа клетканың составына әрдайым *а н о р г а н и к а л ы қ* қосылыстарға жататын су мен әр түрлі тұздар да кіреді (Адам анатом.). Органикалық заттардың *а н о р г а н и к а л ы қ* заттардан түзілу процесі алдымен осы жапырақта өседі (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). *А н о р г а н и к а л ы қ* химиядағы күрделі заттар: тотық, қышқыл, негіз және тұз (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АНОФЕЛЕС з а т. б и о л. *Безгек тараратын маса.* Безгек таратын масаны *а н о ф е л е с* деп атайды. Бұдан басқа маса адамды шаққанмен безгек тарата алмайды (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АНСАМБЛЬ з а т. *Музыкалық шығарманы бірге орындайтын екі немесе одан да көп музыканттардың аспапты немесе әншілер тобы.* Мұқанның аспапты камералық *а н с а м б л ь г е* арналған шығармалары радио арқылы орындалады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Москваға студенттердің симфониялық оркестрі, Қазақтың халық аспаптары *а н с а м б л і*, пианистер, әншілер — барлығы 180 жас орындаушы барады («Қаз. әдеб.»). Туысқан Армения республикасынан келген эстрадалық *а н с а м б л ь д і ң* Алматы мен Семейдегі сапары табыспен өтті («Лен. жас»).

◆ **Архитектуралық ансамбль.** *Көркем әсемделген бірнеше құрылыстың: тұрғын үй, завод, театр және басқалардың жиынтығы.* Целиноградта біркелкі үйлер салынып, түп-түзу көшелер тартылып, *а р х и т е к т у р а л ы қ а н с а м б л і* бар ғажайып қала орнамақ (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Әттең, сол салынып жатқан үйлерді *а р х и т е к т у р а л ы қ а н с а м б л ь* деңгейіне көтеретіндей үйлесім жоқ («Лен. жас»).

АНСАМБЛЬДІК с ы н. *Ансамбльге тән.* Халық ішінде музыка аспаптарының *а н с а м б л ь д і к* тобы, күй орындау немесе көп дауыс боп өлең айту әдеті болмаған (ҚазССР тарихы). Моцарттың әр түрлі музыкалық аспаптар үшін және басқа *а н с а м б л ь д і к* музыка, оркестрлік сюиталарға арналған шығармалары бар (Ғалам ғажайып.).

АНТ з а т. 1. *Серт, уәде, шарт.* Жау тисе егер көгінен, Яки судан, жерінен Талқандай жауды жеңеді ер, Отанға берген *а н т ы* үшін (Жамбыл). Жастардың қыл-

ған серті — *а н т* емес пе? Қазақта *а н т т ы* бұзбау салт емес пе? Құрғақ сөз ескен желмен бір есепті, Шындыққа бой ұсыну шарт емес пе? (Б. Майлин, Шығ.). Еңбекте жүрдім екпіндеп, Есімде жүрді сол *а н т ы м*. Өлеңге ендім еркіндеп, Сол *а н т ы м* болды талантым (С. Мәуленов, Жолдас). 2. *Адалдықты сақтау үшін салтанатпен арнайы берілген уәде.* Жұрт түрегеліп тұр. Чернов тездетіп, *а н т* қағазын оқып шығып: — Қане, енді мына қағазға жағалай қол қойып шығыңдар!— деді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

◆ **Ант айтты.** *Уәде, серт берді.* Көбікті бастап, өзгенің бәрі қостап *а н т а й т ы с а д ы* (М. Әуезов, Шығ.). Табытын ұлы дананың Көтерді барлық халқымыз. Тоқтады тынып қаралы ұн, *А й т ы л д ы* сол сөт *а н т ы м ы з* (С. Мәуленов, Жолдас). От қазып жатқан мекенде Кездесті оттай махаббат! Дариға, соған жетер ме Жайдағы уәде, *а й т қ а н а н т!* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). **Ант ақтады.** *Сертті орындады, уәдеде тұрды.* Кестеңде жеңістің ізі бар, *А н т ы м д ы а қ т а д ы м* сүйген жар (Н. Шәкенов, Шаттық желі). **Ант алды.** *Серт алды, уәде алды.* Дивизия командирі бізден *а н т а л ы п* болды да: — Фельдшерлік оқуға барғысы келгендерің бір адым алға шық!— деді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ант керек болса, *а н т а л ы ң ы з!* Большевик жағына қалай шығудың өзім де ретін таба алмай жүр едім (С. Шарипов, Шығ.). Жетелеп келді ар мені, Коммунист деген атым бар. Жетпесе сөздің дәрмені, Адалдық үшін *а н т ы м д ы а л!* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). Ал, *а н т а л ғ а н ы н а* қарағанда тіршіліктен үлкен үміт күтемін (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). **Ант аралады.** *Уәде бұзылды, серттен тайды.* Ат жанды, көлік күткен Балта манап, Ұзаққа берілмеді торы төбел ат. Сынды Ұзақ, кектенді Ұзақ, бұзды бата, Бұзылды екі арасы *а н т а р а л а п* (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ант атқан.** а) *Уәдеде тұрмаған, ант ұрған, құдай атқан.* Қашан қалар күншілік, бұл *а н т а т қ а н,* Өсек айтып, өтірік жала жапқан. Адал жүріп еңбекпен киіп-ішпей, Бақытына біреудің көз алартқан (К. Әзірбаев, Шығ.). *А н т а т қ а н,* құдай атқан, кері кеткен. Мойнында көк шолақтың ері кеткен. «Ақтабан шұбырынды алқа көлде», Семейге «қырық» кісің жаяу кеткен (Айтыс).— Не дейді мына *а н т а т қ а н!*— деп Қалдыбай екі көзі қанталай кетіп, шыдай алмастан Ұлжанға төніп келді де, бір-екі рет теуіп жіберді (А. Байтанаев, Асан). ә) С ө й л. *Өзіндік мағынасы жоқ қыстырма сөз.*— Ой, *а н т а т қ а н,* адамды осыншалық қорқыта ма екен?— *А н т а т қ а н* болсаң, өзің *а н т а т қ а н с ы ң,* бала-шағалы адам осындай мезгілсіз жүре ме екен? (Ауызекі тіл). **Ант аттады.** *Уәдені бұзды, сертте тұрмады.* Әліби осы арада ожар Оспанның жігіттерін еліне қайтарып тұрып: — Құдама сәлем айтыңдар. *А н т ы аттап,* батамды бұзайын деп жүрген мен жоқ,— деді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ақыры менің қолымнан келетін осы-ақ шығар деп *а н т ы м* үстінен *а т т а ғ ы м* келді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). **Ант атты.** *Құдай ұрды, құдай оңдырмады.* Бір көрмеге тәп-тәтті Қазаны мен қалбаңы. Дең айналмай *а н т а т т ы,* Бүксіп-бықсып ар жағы (Абай). **Ант ауды.** *Серттескендердің бір жағы жеңді. А н т а у ғ а н д а й* күн болса, Амалдайсың алдайсың; Басшы қылып бағынса, Түгіменен жалмайсың (С. Дөнентаев, Шығ.). *«А н т а у м а й,* ат жүгірмес» деген, еліміздің ісі әділ екеніне барша халықтың көзі жетсін (М. Тиесов, Әңгім.). Шабыспақ оңай, табыспақ қиын, елші жіберіп алдынан өтейік, бітімге келсе оны көрейік, келмесе *а н т* өзіне *а у а р* (Бұл да). **Ант байлады.** *Уәделесті, серттесті.* «Саяхаттаймыз!»— деген Мұрат, *а н т б а й л а ғ а н д а й* рухтана сөйлеп (Т. Нұртазин, Мұрат). Олар қыз балалары болса ұлдарынан артық ұстауға *а н т б а й л а с т ы* (К. Оразалин, Ақ жазық). **Ант берді.** *Серт берді, уәде берді.* Әбілмәмбет пен Абылай бастаған Орта жүздің қазағы Орынборға қарай үркіп, Әбілмәмбет пен Абылай Орынборға келіп, олар да орыс патшасына қарамақ болып, *а н т б е р е д і* (С. Сейфуллин, Шығ.). Ұмытпа *б е р г е н а н т ы ң д ы,* Өз қанжарыңның ұшы табар сені (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Бірдей ме сабақ берген барлық молла, *А н т б е р е м,* алуан түрлі деймін алла. Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па, Саусақтың алалығы біткен қолға (С. Торайғыров, Таңд.). **Ант бұзды.** *Серттен тайды, уәдеде тұрмады.* Көрсе қызар, *а н т ы н б ұ з а р* қылжақбас Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес (Б. Майлин, Шығ.). Қарабай *а н т ы н б ұ з ы п,* «қызымды жетім ұлға бермеймін» деп, Өлеңтінің аяғын өрлей Аякөзге көшеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Қасыма ерген жолдастар, *А н т ы ң д ы б ұ з ы п* айрылма, Зейініңді бермен сал (Махамбет). **Ант етті.** *Сендірді, жан берді.* Елің үшін ана сүтін адал ақтадың. Сол

үшін біз жаудан сан рет кек аламыз, Төлеген!— деп *а н т е т т і к* (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). Днепр қайтып келдім жиегіңе! Батқанды жау қорлығы сүйегіңе. Енді мен *а н т е т е м і н* шегінбеуге, Толғана толқыныңды сүйемін де (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Болмаймыз жан тіріде жауға пенде, *А н т е т е м і з* адым жер шегінбеуге (Д. Әбілев, Өленд.). Ант мезгіл. *Өлер шақ.* Жұрт айтқан сол *а н т м е з г і л* келсең керек, Мен де — бенде, амалсыз көнсем керек. Қызығы зор қайран дос, қайран тату, Сендер өлдің, мен-дағы өлсем керек (Абай). Анттан тайған. *Уәдесінде тұрмаған, уәдесіз.* Қасқара шықтық майданға, Қасақы жауды мерт қылдық. Халқымыз *а н т т а н т а й ғ а н* ба? Құлшына түстік, серт қылдық (Қ. Аманжолов, Шығ.). Содан кейін о да, мен де *а н т т а н т а й ы п* көрген емеспіз (С. Шаймерденов, Мезгіл). Ант ұрған. а) *Құдай атқан, оңбаған.* Түксиген өзі суық, сөзі суық, Келерлік бір жері жоқ жанға жуық. Өзі *а н т ұ р ғ а н,* қазымыр, қатын сорлы, Екі өмірдің лайлап суын тұнық (Абай). Таңатардың сөзі ойына түсіп: «осы *а н т ұ р ғ а н* мені тұзаққа түсіру үшін құбылып отырған жоқ па?»— деп, Медеу бір рет сөзін үзіп, Азаматқа қадала қарады (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). ә) С ө й л. *Өзіндік мағынасы жоқ қыстырма сөз.*— Еркек киімдерің қайда, Сыпылдақ?— деді Шәкен салған жерден Танакөзге.— Біресе әйел, біресе еркек болып құбыласың-ау, *а н т ұ р ғ а н* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). — Жартыбай ма? Ой, тәйір-ай өзіміздің көрші ғой. Өзі сөзге сараң болса да әңгімені қоздыруға жақсы, *а н т ұ р ғ а н,*— деді Шапағат (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Ант шайқады. *Сертін бұзды.* Анттасын алқайды, Сен тентек демеске. Кім *а н т ы н ш а й қ а й д ы,* Амал жоқ жемеске (Абай). Ант шықты. *Оңбағандық, жексұрындық пайда болды.* Еңбегі жоқ еркесіп, Бір шолақпен серкесіп, Пысық деген — *а н т ш ы қ т ы* (Абай). Ант ішті. *Қарғанып-сіленді, жанын берді. А н т і ш і п* күнде берген жаны құрсын. Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Құ тілменен қулық сауған заңы құрсын (Абай). Уа, имам ағзам! Егер осы қымызға су қосылды десең, құдай жүзін көрмейін!— деп өзі *а н т і ш і п,* өзгенің де қымызға сенімін алғанша жаны шығады (І. Жансүгіров, Шығ.). Бір жыл болды, *а н т і ш і п* ек Жас қабірдің алдында. Айтшы, бабам өсиетің, Орындалмай қалды ма? (Б. Майлин, Шығ.).

АНТАГОНИЗМ з а т. с а я с. *Барынша шиеленіскен қайшылық.* Қандай да болсын таптық қоғам *а н т а г о н и з м н і ң* негізі болған қарама-қарсы материалдық мүдделерді капитализмнің және пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресінің айқындағанындай етіп ешбір өзге формация айқындап берген емес (Марксистік филос.). Халық пен ат төбеліндей монополиялардың арасындағы әлеуметтік *а н т а г о н и з м д е р* революцияға барып ұласады (КПСС тарихы, 138).

АНТАГОНИСТ з а т. с а я с. *Антагонизмді жақтаушы.* Қоғамның *а н т а г о н и с т* таптарға бөлінуіне тікелей себепші болған нәрсе— өндіріс құралдарын жеке меншіктенудің шығуы болды (Марксистік филос.).

АНТАГОНИСТІК с ы н. *Антагонизмге тән.* Біздегі *а н т а г о н и с т і к* қоғамдық қатынастарын қымтап отырған үкіметтің болуы зор бәленің бірі екенін, оның еңбекшілер халін өте-мөте төмендетіп жібергендігін Чернышевский түсінген еді (В. И. Ленин, 1, 301). Ол буржуазиялық қоғамның негізін, оның қанаушылық қасиетін тіпті де өзгерте алмайды, буржуазия мен пролетариат арасындағы *а н т а г о н и с т і к* қайшылықты күшейте түседі (К. Айманов, Физика.).

АНТАЛА е т. 1. *Айнала қоршау, қаптау.* Жиналып жұртым алдымда, Тыңдауға мені келіп тұр. Сөйле деп ойда барыңды, *А н т а л а п* қамап төніп тұр (Жамбыл). Алпауыттан алды жерді, *А н т а л а ғ а н* жауды жеңді (І. Жансүгіров, Шығ.). *А н т а л а п* радионың сөзін тыңдап, Тотбасқан топас ойын жанып, тыңдады сан қиырдан айтқан сөзді, Болса дашақырымы неше мыңдап (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Жайылу, тарау.* Таң! Таңы бақытты — Октябрь Жас еді, жалқы еді шақта бұл. Жұт, аштық, сарсүзек *а н т а л а п,* Таппаған кез еді оқ дамыл (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). 3. А у ы с. *Жөңкілу, топтану.* Бір жоруды бір жору түртіліп, бір ой екінші ойды оятып, талай сұрақ *а н т а л а п* келіп жатты (М. Иманжанов, Адам тур.). *А н т а л а п* келе бастаған бір көп ойды есік жақтан шыққан тарсыл серпілтті (М. Иманжанов, Таныс қыз).

АНТАЛАС *Антала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Не қылсын қастасқандар аққан жасты, Байлап ап қолтығынан дарға асты. Барғаннан дар басына барлығы да, Атуға тұс-тұсынан *анталастысты* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Әйел кетіп қалды. Вагонның есігін бекітті. Түюлі шүберекті тез *анталасып* шешіп қарадық: нан, колбаса, папирос екен (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қаумалап тыңдаушылар жанталасты, Баспалап бірін-бірі *анталастысты.* Күн батып сыбызғышы дүкен жауып, Сонан соң амалы жоқ ел тарасты (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АНТАЛАУ *Антала етістігінің қимыл атауы.* Кішірек үйге сырттағылар түгел сыйған жоқ. Сыймағаны есіктен сығалап *анталасуда* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жиналған дүрбелеңге барша қауым, Қойған жоқ әрбір тұстан *анталасын.* Гүілдеп ер-азамат кедей-жалшы, Тілдеп тұр ебін тауып ата жауын (С. Омаров, Сәукен).

АНТАЛАУШЫ з а т. *Анталап тұрушы, айнала қоршаушы.* Ойыншы алты-ақ адам болғанмен, *анталасушысы* көп (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АНТАНТА з а т. т а р. *Ірі империалистік мемлекеттердегі соғыс одағының аты. Антанта* империалистік мемлекеттердің — Англияның, Францияның және Россияның XX ғасырдың басында қалыптасқан одағы (Саяси сөздік). Ішкі контрреволюцияға *антанта* күш қосты (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

АНТЕННА з а т. *Радиоқабылдағыш пен радио арқылы хабарласатын аппараттардың магнитпен немесе электрмен жалғастырылған сымы және оны бекітуге арналған ұзын сырғауыл.* Міне, клуб пен мектеп шатырларындағы желілескен ұзын, биік радио сызықтары, радио *антеннасы* (С. Сейфуллин, Әңгім.). Радиотелескоптың негізгі бөліктері *антенна* мен қабылдаушылар (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АНТЕННАЛЫ с ы н. *Антеннасы бар.* Жердегі ағаш скамейкалардың үстінде бірнеше телефон аппараттары және қысқа *антенналы,* қысқа толқынды радиостанция (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

АНТИВИРУС з а т. *Микробқа қарсы организмде пайда болатын белоктік зат.* Сақау болған құлынды өзге малдан бөліп, бірнеше рет пенициллиннен укол салса, ауру асқынбай жазылады, сондай-ақ арнаулы *антивирус* даруы қолданылады (Х. Арғынбаев, Мал аурулары).

АНТИГЕН з а т. б и о л. *Клетка мен қан құрамындағы антиденелер туғызатын белок тектес бөгде зат.* Қан сарысуындағы агглютининдер *антигенмен* бірігеді де, іріткілену реакциясы пайда болады (Малды туберк. сақта.). *Антиген* организмге әруақытта сырттан келе бермейді (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті).

АНТИГЕНДІК с ы н. *Антигенге тәндік, ұқсастық.* Соңғы жылдары біздің елімізде және шетелдерде шыққан кітаптарда туберкулез микробактерияларының *антигендік* құрылысы жөнінде бірқатар деректер басылып шықты (Малды туберк. сақта.).

АНТИДЕНЕ з а т. б и о л. *Басқа бір жануардың қанына антиген құйған кезде пайда болып, қанның сарысуына жиналатын зат.* Әңгіме қан белоктарының микробуларына қарсы *антиденелер* жасап қолданатыны, адам жарақаттанғанда қанның ұйып, одан әрі ағуына кедергі жасайтыны туралы болады (Т. Айтбаев, Қан. қасиеті).

АНТИИМПЕРИАЛИСТІК с ы н. *Империализм саясатына қарсы.* Бұл әрекет экономикалық өзгерістер жасау жолына түскен және *антиимпериалистік* саясат жүргізіп отырған Араб мемлекеттеріне қарсы бағытталып отыр («Соц. Қаз.»). Империализмге қарсы күрестің қазіргі кезеңдегі міндеттері, коммунистік және жұмысшы партиялардың, барлық *антиимпериалистік* күштердің қимыл бірлігі деген мәселелер кеңестің күн тәртібіне қойылмақ (Бұл да).

АНТИКОММУНИЗМ з а т. *Коммунизм идеясына қарама-қарсы бағыт.* Қазіргі заманғы буржуазиялық философияның негізгі бағыты — *антикоммунизм.* Ал *антикоммунизм* — қазіргі заманғы империализмнің идеялық қаруы («Соц. Қаз.»).

АНТИЛОПА з а т. з о о л. *Сүтқоректілерге жататын аша тұяқты жабайы жануар.* Ұзын қайыспен жануарлардың аяғын матап ұстаған болулары керек. Ол зебраны, *антилопаны,* крокодилді, тіпті, бір жарым метрлік сойдақ тістері бар динотерийді де аулайды екен (Жалпы биология).

АНТИМАРКСИСТІК с ы н. *Марксистік қағидаға қарсы.* Кеңес құдай-жасампаздықты *антимарксистік* ағым деп батыл шенеді (КПСС тарихы, 145).

АНТИМОРФИН з а т. м е д. *Ауыруды адамның өзіне сездірмеу үшін қолданылатын дәрі.* Басқа анальгетиктер сияқты леморан да дем алуды нашарлатады, бірақ ол құбылысты *антиморфинмен* жойып жіберуге болады (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АНТИНОМИЯ з а т. ф и л о с. *Кейбір принциптерде, философиялық ұғымдарда екі жақтың әрқайсысы өз пікірін дұрыстап, бір-біріне қарсы келушілік, яғни қайшылық.* Табиғатты тану жөнінде ақылдың қайшылықтары *(антиномиялары)* туралы оның ілімі бір көңіл бөлерлік нәрсе (Марксистік филос.). Канттың ақыл *антиномиялары* туралы ілімі метафизикаға қарсы бағытталды және қайшылық туралы мәселені қоюының өзімен ол диалектикалық методтың дамуына көмектесті (Бұл да).

АНТИПАРТИЯЛЫҚ с ы н. *Партияның бірлескен принципті пікірлеріне қарсы.* В. И. Ленин *антипартиялық* ағымдардың түпкі тамырларын әйгілеп, бұл ағымдардың капиталистік қоршаумен байланысты екенін сипаттады («Соц. Қаз.»). Конференцияның шешімдеріне бағынудан бас тартып, бұл топтардың (меньшевиктер, троцкистер, впередшілер) бәрі де өздерінің *антипартиялылығын* көрсетті (КПСС тарихы, 160).

АНТИПАТИЯ з а т. *Жағымсыз қылықтармен адамды тартпаушылық, сүйкімсіздік.* Бір жағынан көрермен түйсінуінің шама-шарқына байланысты болса, екінші жағынан ұнамсыз кейіпкер көрерменнің өзіне деген *антипатиясын* туғызуынан («Лен. жас»).— Шәкіртіне кімнің жаны ашымайды! Жас ғалымға осында отырған ешқайсымыздың *антипатиямыз* жоқ,— деді Құсанов (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АНТИПИРИН з а т. м е д. *Медицинада аурулардың ауыруын, ыстығын басу үшін қолданатын, кристалл тәрізді ақ ұнтақ.* Фельсол құрамында анилпирин, *антипирин,* кофеин, дигитоксин т. б. бар; тыныс демікпесі мен жүрек демікпесінен, созылмалы бронхиттен болатын демігуді басатын дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). *Антипирин* — суда және хлороформда тез еритін, спирт пен эфирде баяу еритін ақ түсті, иіссіз, кристалды порошок (Бұл да).

АНТИПОД з а т. з о о л. *Ұрық қалтасының полюстерінде жатқан клетка тобы.* Терминальдық клеткадан өсіп шыққан ұрықты *антиподтар* жағына қарай итермелейді және ұрықты қалтаның ішкі қабырғасына іліндіріп тұрады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Төменгі полюсіндегі үш клетка тобы — *антиподторға,* ал жоғарғы полюсіндегі үшеуі — жұмыртқа аппаратына айналады (Бұл да).

АНТИРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ с ы н. *Революция идеясын іске асыруға қарсы.* Бұл *антиреволюциялық* схеманың түп тамыры пролетариаттың шаруалар жөніндегі басшылық ролін теріске саю, пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемониясын теріске саю еді (КПСС тарихы, 94).

АНТИРЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ з а т. *Революция идеясын қолдаушыларға қарсы болушылық.* В. И. Ленин либералдардың саяси жасықтығын, қорқақтығын батыл сынау, олардың *антиреволюцияшылдығын* әшкерелеу жағын қолдады (КПСС тарихы, 58).

АНТИСАНИТАРИЯЛЫҚ с ы н. *Санитарлық тәртіпке, тазалыққа жатпайтын.* Алайда, сауда саласында жиі байқала беретін кемшіліктеріміз де жоқ емес. Тұтынушылармен дөрекі сөйлесу, товарды насихаттамау, *антисанитариялық* жағдайлар ұшырасады («Лен. жас»).

АНТИСЕМИТ з а т. *Антисемитизм идеясын жақтап, еврейлерді жек көретін адам.* «Азия» деген өлеңімнің ішінде рас, әдеті, *антисемиттердің* бетіне ұрайын деген де пікір болған. Ол пікірдің өте оғаш көрініп кеткені *антисемиттердің* өте көптігі (С. Сейфуллин, Таңд.).

АНТИСЕМИТИЗМ з а т. *Еврейлерді праволық жағынан шектеп, таптық тұрғыдан ұйымдастырған жасанды қарым-қатынас.* Бұл кезде олардың *антисемитизм* жағына бейімділігі тіптен күшейді (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы).

АНТИСОЦИАЛИСТІК с ы н. *Социализм системасына қарсы.* Шет елдегі студенттер арасына тараған март оқиғалары *антисоциалистік* күштер мен саяси қақтығыстың ең күшті көрінісі болды

(«Соц. Қаз.»). Кейбір баспасөз органдары Чехословак Социалистік Республикасы үкіметінің қазіргі бағытына қарамастан, *антисоциалистік* тұрғыдан одан сайын әрекет жасап отырғанына назар аударылуда (Бұл да).

АНТИТЕЗА з а т. *Көркем әдебиетте ойдың, образдың әсерлілігін күшейту үшін, бейнелерді, ұғымдарды бір-біріне қарама-қарсы қойып шендестіре салыстыру әдісі.* Етістіктерді есім сөздерге *антитеза* етіп қарау жалпы лингвистика тарихында ежелден келе жатқан дағды (Қазіргі қаз. тілі). Сөйлегенде, жазғанда ойды күшейту үшін я айқын етіп айту үшін бір сөзді мағынасы қарама-қарсы болып келетін басқа сөздерге жарыстыра, салыстыра *антитеза* ретінде қолдана береміз (Бұл да).

АНТИТЕЗИС з а т. *Белгілі бір шығармада негізгі дәлелденген пікір желісіне қарсы айтылатын ой.* Уақыт пен кеңістік жағынан дүниенің ақыры бар (тезис) және уақыт пен кеңістік жағынан оның ақыры жоқ *(антитезис)* дегендердің екеуін бірдей көз жеткізе дәлелдеуге болады (Марксистік филос.). Ғылымның пәлендей бір мәселесі жөнінде екі жақтың арасында болатын таласты алалық. Бір жағы белгілі бір қағиданы (тезис) ұсынады делік. Екінші жағы бұл қағиданы бекерге шығарады *(антитезис)* делік (Бұл да).

АНТИФЕОДАЛДЫҚ с ы н. *Феодалдық құрылысқа қарсы.* Орал облысындағы болсын, Торғай облысындағы болсын көтерілістің барысында оның *антифеодалдық* сипаттары байқалды (ҚазССР тарихы).

АНТИЦИКЛОН з а т. *Өте жоғары қысымда болатын атмосфералық қозғалыс формасы, құйын.* Солтүстік Қазақстан мен Орталық Қазақстанның қысқы ауа райына Сибирь *антициклоны* үлкен әсер етеді (ҚазССР физ. геогр.). *Антициклонның* шетінен ортасына қарай жел сағат тілінің бағытымен соғады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АНТҚОР с ы н. *Уәдесінде тұра алмайтын, екі сөзді.* Мынау азған заманда Қарасы — *антқор*, ханы — арам. Батыры көксер басы аман, Бәйбіше — тантық, бай—арам (Үш ғасыр.). Бұрттың *антқор* Манасы Асқа келер деп ойлап, Келген екен Қоңырбай, Ас үстінде басам деп (Манас).

АНТОЛОГИЯ з а т. *Нақыл сөздер, өлеңдер, үзінділер жинағы.* Меніңше, революцияның 50 жылдығына арнап, «Совет әдебиеті» деп аталатын 50 ұлт әдебиет қазыналарынан көркем шағын шығармалар *антологиялар*ын қазақша шығару қажет («Қаз. әдеб.»). Л. Соболев құрастырып, редакциялаған қазақ поэзиясы мен прозасының алғашқы *антологиясы* 1940 жылы Москвада орыс тілінде басылып шықты (Бұл да).

АНТОНИМ з а т. л и н г в. *Мағына жағынан қарама-қарсы сөздер.* Бір тілдегі мағынасы қарама-қарсы сөздерді *антоним* сөздер дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

АНТОНОВКА з а т. *Ең кеш пісетін алманың сорты.* Мичуриннің бағында оның өзі өсіріп шығарған бір жарым қадақтық *антоновка* яки алты жүз грамдық *антоновка* алма ағашы өсіп тұрған еді, мұның әрбір алмасының салмағы 600 грамға жуық болатын (Ботаника). Сіз И. В. Мичурин шығарған алманың ірі сортты түрі —600 грамдық *антоновканы* білетін шығарсыз (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АНТРАКТ з а т. *Спектакль мен концерт арасында болатын қысқа үзілістер. Антракт* кезінде сахна сыртына барып, әдейілеп көргенде, аң ролін ойнаған артистердің қара суға түсіп, ентіккен демін әрең алып жатқанын көзімізбен көрдік (С. Мұқанов, Алып. адым.). *Антракт* кезінде біздің программамызды қытай тіліне аударып жүрген жігіттен, солдаттардан неге түрегелгенін сұрауды өтіндік (А. Жұбанов, Құрманғазы).

АНТРАЦЕН з а т. х и м. *Тас көмір қарамайынан алынатын кристалл түстес көмір сутегі.* Өсімдікті жаппай құртатын гербицидтер қатарына сланец, мұнай дизельді отын, *антрацен* майларының концентрацияланған эмульсиялары, корбалинеум және басқалары жатады (Гербицидтер).

АНТРАЦИТ з а т. м и н. *Тас көмірдің ең бағалы сорты. Антрацит* — қазба көмірдің ескісі, тығыз, жылтырап тұрады, құрамында 96%-тей көміртегі бар (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Жылдан-жылға қоңыр көмір жерге терең көміле береді; оған байланысты түсетін қысым да және әсер ететін қызу да күшейе береді. Сондай жағдайларда қоңыр көмір көміртегіне бай-

ып, тас көмірге және *антрацитке* айналады (Химия өнімі.).

АНТРОПОЛОГ з а т. *Антропология ғылымын зерттеуші адам.* Конгреске дүние жүзінің аты әйгілі *антропологтері* мен этнографтары қатысып, әлем халықтарының тарихын зерттеу жайында жанжақты пікір алысты («Қаз. әдеб.»). Осыдан екі-үш жыл бұрын ағылшынның атақты *антропологы* А. С. Ликин Танганика шөлінен ертедегі адамның бас сүйегін тапқан еді (Шопан серігі). *Антропологтар* адам баласының арғы тегін ергежейліге тапсырудан ат-тонын ала қашып отыр («Лен. жас»).

АНТРОПОЛОГИЗМ з а т. *Антропология ғылымына бой ұрушылық.* Фейербахтың *антропологизмі* идеализм мен дінді материалистік тұрғыдан сынаудың өткір құралы болды (Марксистік филос.).

АНТРОПОЛОГИЯ з а т. *Адам мен адам нәсілдерінің шығу тегін, оның дене құрылысының өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым.* Өлген адамның сүйегіне қарап, кім болғанын, мінез-құлқының қандай екенін, денсаулығын анықтайтын ғылымды *антропология* дейді (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Москва университетінің *антропология* ғылыми-зерттеу институтының антропологтары адам бойын зерттейді (Ғалам ғажайып.). Мұнда келген соң ол мамандығын өзгертіп, географиядан, этнографиядан, *антропологиядан* маманданып, зерттеу жұмысына кірісті (Н. Баяндин, Саяхат. ізі.).

АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Антропология ғылымына тән, соған қатысты.* Кеттер өздерінің тіл құрылысы мен *антропологиялық* ерекшеліктері жағынан ғылым үшін кейбір маңызды этнографиялық мағлұматтар береді («Қаз. әдеб.»). Мұнымен қатар палеоантропологиялық және *антропологиялық* деректер де жеткіліксіз (ҚазССР тарихы).

АНТ-СУ: Ант-су ішті. *Адалдығын, ақтығын айтты, қарғанды.* Жау кіргенде жеріме, Жасылдай көктен түскенмін. Төңгенде қатер еліме, *Ант-суын* адал *ішкенмін* (Қ. Жармағамбетов, Баллада). Мына отырған Қаппар мен Күмісбек сен жіберді деп келіп, жылпылдатып отырып егін уағында емес, күреңнен 15 пұт бидай береміз, немесе алты кісі, алты сом береміз деп *ант-су ішіп* алып, апарып бәрін жегенсіңдер (С. Сейфуллин, Шығ.).

АНТТАЙ с ы н. *Айтылған серттей, сенімдей.* Бәрінің де қаһарлы жүзінде «өлеріміз тегіс, өлмесек оны сенің қанды тырнағыңа түсірмеспіз» деген *анттай* берік сенім бар (Ә. Әбішев, Терең тамыр.).

АНТТАС е т. *Бір-біріне ант берісу.* Жолдастың жасырмайтын істегенін, Әр істің білетұғын ығын, жөнін. Қасында жаны серік жолдасы бар, *Анттасып* айнымасқа берген сенім (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). Шалқардың атқа мінген билері мен жуандары болып, болысты ортасына ала отырып, ұрыны аямасқа «аруақ-құдай» десіп *анттасыпты* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Анттасып,* аттарына қамшы басып, Орданы шабамыз!— деп жанталасып. Бес жүз қол қарақшылар түн жамылып, Қақ жарып Нарын құмын жортып асып (Т. Жароков, Құмдағы дауыл).

АНТ: Ант ұрған. *Айтқанында тұрмайтын тұрлаусыз, оңбаған.* Абайдың өзі де өмірінде алғаш рет Бөжейден түңілгендей боп қайтқан. «Қатыны *ант ұрған* болса, ең болмаса Бөжей жөнге салса нетті»— деп ойлаған (М. Әуезов, Шығ.). Ант ұрсын. *Оңбайын, құдай ұрсын.* Жарыма тілі тигеннен, Егестім де кестім мен! Ал, Бірсімбай, ал мына, Атым өшсін, *ант ұрсын* Алғызбасам осыны (М. Әуезов, Шығ.). Бердім, шырағым, бердім. Аузымнан шықса *ант ұрсын.* Жалғыз-ақ өзің жасырмай айтшы, мүмкін бе осы?— деді Тайман Сәулеге (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Ант ішті. *Қарғанып-сіленді; ант-су ішті.* Тәкежан әкесінің аяздай суық ашуынан, қатты түйілген көзінен қорқып, өтірік айтпақ, танбақ боп жалтарып көрген. Ақыры тіпті *ант ішуге* де барып қап еді (М. Әуезов, Шығ.). Осыны оқыған соң Пәрең састы, Жұрттарын жинап дереу кәрі-жасты. «Күніміз көрсек, білсек көп болсын»— деп, *Ант ішіп,* жазып жауап, мәрді басты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АНТЫҚ е т. к ө н е. *Ант қылу, ант ішу.*— Ақшаға жан бітіп, өзі қайда кетеді. *Антыққан* деген алдамшы көз жасты қой. Ақшаны түсір,— деп танауы қусырылған Сағади ақсақалға төніп, тура түтіп жегелі тұр (С. Бегалин, Мектеп түлек.).

АНЧАР з а т. *Тұт тұқымдасына жататын ағаш.* Түнек дүниесі, қу мекиен құла түзде тұрып, улы шайыр бөліп шығаратын әлгі *анчар* ағашы сияқты, талай зұлымдарды да туғызады әлі («Лен. жас»).

АНША-МҰНША с ы н. *Кіші-гірім, жеңіл-желпі.* Манас енді жөнелді, Алды-артына қарамай, Балтасының жебесі *А н ш а-м ұ н ш а* шарадай (Манас).

АНЫҒЫНДА ү с т. *Шынында, дұрысында. А н ы ғ ы н д а,* олай қарау шығарманың шындық тұрғысына деген нақты пікірден тысқары, әншейін жорамал сын болып шығады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Индияда мас болған жанды мүлде көрмегендіктен мынау адамның өзін нақұрыстау көріп отырсақ, *а н ы ғ ы н д а* кәдімгі өзімізге үйреншікті қып-қызыл мастың өзі екен (М. Әуезов, Индия очерк.). Бұл *а н ы ғ ы н д а* ғажайып дастан емес пе? Мұндай дастанды көптен бері тыңдаған емеспін (Ж. Саин, Жол үсті).

АНЫҒЫРАҚ с ы н. 1. *Көмескі емес, айқынырақ.* Белгісіз жол күн сайын *а н ы ғ ы р а қ* танылып, алғашқы көмескілігін де жоғалтып бара жатыр (К. Оразалин, Ақ жазық). Күбірлеп те, *а н ы ғ ы р а қ* та айтылған наза сөздер қасірет хабаршысы тәрізді көшелерде жүр (Д. Әбілев, Ақын арманы). Әлгі от жағылмаған бөлме іші денемді тітіркендірді. Әлгі жылаған әйелдің үні астыңғы бөлмеден енді *а н ы ғ ы р а қ* естіле бастады (А. Лекеров, Қырдағы ән). 2. *Дәлірек, адам түсінерліктей.* Кешір мені, оқушы дос, Алды деме уақытты бос. Қадірлі аға Қасым жайын, *А н ы ғ ы р а қ* баяндайын (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). *А н ы ғ ы р а қ* айтқанда ауаның кеудеге енуі өкпенің аясын кеңейтеді де, ауаның кеудеден шығуы өкпенің аясын тарылтады (Қазіргі қаз. тілі).

АНЫҚ с ы н. 1. *Көмескі емес, дәл, айқын.* Жаңағы екпе ағаш жапырақтарының *а н ы қ* түсін, әлі түгел сарғайып жетпегенін сонда *а н ы қ* аңғарасың (Е. Қалиев, Рудный.). Келді, міне, орманға да таяныпп, Оған деген қиял *а н ы қ,* ой *а н ы қ.* Ұйқыдағы жас қайыңға жұғысса, О да бейне шошынады оянып (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). 2. *Шын мәніндегі, нағыз.* Қаймақтан ұшқан қу ілген, *А н ы қ* сұңқар мен едім. Тегеурінім теріс біткен, Тепсем жілік сындырған, Қыран бүркіт мен едім (С. Сейфуллин, Шығ.). Өзгелері де дүрбімен қарасып, бұл адамдардың *а н ы қ* солдат екеніне көздері жетті (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 3. *Жұртқа мәлім, белгілі.* Сегізінші дивизия Әлемге аты болды *а н ы қ.* Панфилов оны басқарды, Үйретіп ақыл жол салып (Пернедегі термелер). Қыз жайы қазір бізге *а н ы қ,* Бөлменің шамын жақпады. Жарықтан, бәлкім, қызғанып, Оңаша қалпын сақтады (Н. Шакенов, Айгүл).

◆ **Айдан анық.** *Даусыз, күмәнсыз, бесенеден белгілі.* Қайда деп сұрасаң сен туған елің, Қайда деп ата-мекен, туған жерің. Білемін не дерімді *а й д а н а н ы қ.* Қайтарып бола алмаған әлі кегін (Украина жырлары). Сынның ең артта қалған дөңгелек екені *а й д а н а н ы қ,* мұнда ешкімнің дауы жоқ секілді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Әзірге *а й д а н а н ы ғ ы* Жабастың шебі табжылды. Советті құлдар таныды, Бөлінді алшақ тап жігі (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АНЫҚ-ҚАНЫҚ з а т. *Шындық, ақиқат.* Біздің алдымызда еңбекшілер жазған бір құшақ арыз, дәйекті тексеру қорытындылары жатыр. Оның үстіне өзіміз де жергілікті жерге барып, көптеген жайдың *а н ы қ-қ а н ы ғ ы н а* көзімізді жеткізіп қайттық («Лен. жас»). Егер болашақта осы жайларды зерттеп, *а н ы қ-қ а н ы ғ ы н а* жететін болсақ, жоғарыдағыдай өте қатерлі ауруларды жазудың жолдарын анықтауға қол жетуі мүмкін (Бұл да).

АНЫҚТА е т. 1. *Бір нәрсенің басын ашу, айқындау.* Орысша жаза білетін адамдардың тез есебін алыңыздар. Әм қандай адам қызметке жарайтынын *а н ы қ т а ң ы з д а р.* Және олардың әрқайсысының жасы нешеде, білімі қанша екенін *а н ы қ т а ң ы з д а р* (С. Сейфуллин, Шығ.). Совет халқының коммунизм құру жолындағы саналылығын, творчестволық ынтажігерін барған сайын молықтыра жүрудің негізгі жолдарын да съезд *а н ы қ т а п* берді (Е. Ысмайылов, Сын.). Командирлер бұйрық бойынша бет алыстарын *а н ы қ т а п,* карталарын салыстырып, тексеріп болған соң, өз топтарына кетті (Ол күндер.). 2. *Бір заттың анық-қанығына көзі жету, білу.* Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай Құлмамбет сөз сөйлейсің *а н ы қ т а м а й.* Айтатұғын кісінің өзіне айтқын Делбе сүзек кісідей шалықтамай (Жамбыл).

АНЫҚТАЛ *Анықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Біз зерттеген ауру адамдардың екеуінде IV дәрежедегі жемсау ауруы бар екені *а н ы қ т а л д ы* (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). Төбе басынан жаңағы дыбыс және *а н ы қ т а л а* түсті. Енді анық шырқаған адам даусы екені аңғарыла берді (М. Әуезов, Өскен

өркен). Өткен замандағы әдебиеттер мен халық ауызындағы деректерге, қазіргі қарт шеберлердің айтуларына қарағанда, ою-өрнектердің қайсысы болса да бір ұғымды бейнелеуден туғандығы *анықтала* түседі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АНЫҚТАЛУ *Анықтал етістігінің қимыл атауы.* Жұртшылыққа оншалықты мәлім бола қоймаған мәдениет орындары мен ескерткіштер әлі де көптеп *анықталуда* («Лен. жас»). Насекомдардың улы заттарға бейімделушілігін төмендететін және сол заттарға сезімталдығын арттыратын препараттар алу мүмкіндіктері *анықталуда* (Т. Досжанов, Зиянды насеком.).

АНЫҚТАМА з а т. 1. *Берілетін қысқаша түсінік, сипаттама.* Физикалық құбылыстарды түсіну «нақты пайымдаудан абстракты ойлауға және онан практикаға көшу» керек деген дүние танудың лениндік *анықтамасына* сәйкес болады (К. Айманов, Физика.). Атап айтқанда, Шоқан Шығыс Түркстан өнеркәсібінің өркендеу жайын жан-жақты талдап жазумен бірге, онда өндірілетін өндіріс бұйымдарының әрбір түріне *анықтама* берді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Тіл туралы марксистік *анықтамамен* байланысты тілдің о бастан дыбыс тілі болуы туралы, тілдің жалпы құрылымы туралы марксистік категориядан фонетика туралы да жүйелі пікірге келуге болады (Қазіргі қаз. тілі). 2. *Бір істің жай-күйін білдіретін куәлік қағаз, документ.* Біз ауыл советтен екі жыл колхозда істеді деген *анықтама* қағаз алып, тура Алматыға бір институтқа аттануға дайындалып жүрміз (А. Байтанаев, Асан).— Мүгедек екендігіңе ауыл советтен *анықтама* ал (С. Төлешев, Түрлі. бас.). 3. *Сөздің мағынасын айқындайтын сипаттама, берілетін түсінік.* Мақал-мәтелдердің мынандай бір *анықтамасы* бар: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін тақырыбы, идеялық мазмұны бай саласы» (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз).

◆ **Анықтама бюросы.** *Мағлұмат, түсінік беретін жер, орын.* Күнзила қала аралау ниетінен де ада. *Анықтама бюросы* дегенге барып жөн білмекші еді, бірін-бірі ысыра өзеурескен жолаушылар тайдырып жіберді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа). Байбосын таң атуын күтіп отыр. Әлімнің адресін *анықтама бюросынан* сұрап алмақ (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Өтеуәлі самолет вокзалындағы *анықтама бюросына* асыға басып келеді (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АНЫҚТАМА-КӨРСЕТКІШ з а т. *Кітаптың соңында берілетін анықтама тізім; көрсеткіш.* Сондай-ақ бұл еңбекте географиялық атауларды, кісі аттарын толық ашатын *анықтама-көрсеткіш* бергенде жөн болатын еді. Кітапта карта, схемалар да аз беріліпті («Соц. Қаз.»).

АНЫҚТАМАШЫ з а т. *Барлық жайды, жаңалықты хабарлаушы адам.* Алматыдан ұшқан үкімет адамдары мінген самолет қашан келеді?— деп *анықтамашыдан* сұрап та үлгірді (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АНЫҚ-ТАНЫҚ з а т. с ө й л. *Бір істің, уақиғаның мән-жайы, шын дерегі.* Олар жазған хабардағы кем-кетіктердің *анықтанығын* тез зерттеу — жергілікті сот және зерттеу орындарының міндеті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Кім білсін, *анық-танығын,* бірақ Нұрекең бір жағын мақтаныш етіп, бір жағы қорқып жүрсін деген ниетпен де айта салады (З. Шашкин, Сенім).

АНЫҚТАҢҚЫРА е т. *Айқындай түсу.* Бұл естілмеген сұмдық еді. Мұны *анықтаңқырап* сұрап, ашып түсінуі керек еді, болмады (Б. Майлин, Таңд.).

АНЫҚТАҢҚЫРАУ *Анықтаңқыра етістігінің қимыл атауы.* Хакімнің казак-орыстар қолына қалай түскенін *анықтаңқырау* үшін және оның соңынан адам жіберу ниетімен Жүніс хажынікіне келді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АНЫҚТАП ү с т. *Жақсылап, дұрыстап.*— Әне, қара *анықтап,*— деді, Түнқатар өткір көздерін алысқа қадап,— тұлғасы Қойбағардың «зәулім» үйіне тіреу болғандай көдуілгі Қабен ағаңның өзі (М. Хасенов, Тұлпар.).

АНЫҚТАС е т. с ө й л. *Көз жіберу, байыбына бару, байқау.* Көріппен мұнан бұрын қырдан асып, Бұл сөзім тыңдағанға болсын машық. Баласы Балабектің сен емессің, Қарасам тұқымына *анықтасып* (Айтыс).

АНЫҚТАТ *Анықта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ей, Біржан, сөз сөйлейін *анықтатып,* Көңілің ауырмасын, қабақ қатып. Көкшетау, Қызылжарда талай арғын, Күн көрген жанын жалдап, жатақ жатып (Айтыс). Ел кездім Кертөбелмен

шарықтатып, Жақсыға сөз сөйледім *анықтатып,* Үш жүздің ортасында Біржан едім, Қойдың ғой енді мені шалықтатып (Ақын жырлары).

АНЫҚТАТҚЫЗ *Анықтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АНЫҚТАТТЫР *Анықтат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АНЫҚТАУ *Анықта етістігінің қимыл атауы.*— Ертең министерстволық мамандары барып біздің отарларды, биылғы төлдерді көрмек,— деп, Әбдіжан Ғазезге жүріс жайын *аныктауды* ақылдаса сөйледі (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Біздің социалистік мемлекетіміздегі комсомолдың алатын орны мен міндетін айқын *аныктауға* болады («Лен. жас»). Жемсау ауруын *аныктауда* қалыптасқан белгілі бір пікір ұзақ уақытқа дейін болған жоқ (С. Табынбаев, Жемсау ауруы).

АНЫҚТАУШЫ з а т. *Заттың сипатын, қасиетін білдіруші, айқындаушы.* Крахмал дәндерінің құрылысы өсімдіктерді таксономиялық *аныктаушысының* бірі болып есептеледі (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АНЫҚТАУЫШ з а т. л и н г в. *Заттың сынын, сапасын білдіретін сөйлем мүшесі.* Заттың сындық, сандық, қимылдық, заттық т. б. сапасын білдіретін мүшені *аныктауыш* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

АНЫҚТЫҚ з а т. *Айқындық, дәлдік.* Музейге ретімен халық кірді, Меруерт тас айдан жарқын жарықтығы. Нұрланып, тірі адамдай ұйықтап жатыр. Бұл рас, шын ақиқат *аныктығы* (Ақын жырлары). Пьесаның негізгі идеясының *аныктығы* — оқиғаларының қым-қиғаш сапырылған жері жоқ, бір бағыттылығы (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

1. АҢ з а т. 1. *Жабайы айуандардың жалпы аты.* Бөкеннен сұлу *аңды* мен көрмедім, Өзге *аңға* жануарды тең көрмедім. Көздері мөлдіреген ақ бөкенді Адамның баласынан кем көрмедім (С. Сейфуллин, Өленд.). Тыңдапты өлең балқып дала — Көлде құсы, қырдағы *аңы.* Ай аспанда қалқып қана, Толқын сүйіп жар жағаны (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). 2. А у ы с. *Надан, топас.* Өздерің де ойлаңдар, Неше түрлі жан барсың. Ғылым да жоқ, ми да жоқ Даладағы *аңдарсың* (Абай).

◆ **Аң аулады.** *Аңға шықты.* Саяхаттап, *аң аулап,* Құрмады мұнда кім сейіл? Бірі де мұндай болған жоқ, Адал жүрек шын пейіл (А. Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл). Мінді де Рахышын кете берді, *Аң аулап* алдындағы беттеп тауға (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).— *Аң аулауға* шығайық. Көңіл көтеру үшін ит жүгіртіп, құс салу ең қызықты сайран ғой. Бұған көнілің соға ма?— деді ағасы (Мың бір түн). **Аң білік.** К о н е. *Аңшы бұйымдар дүкені.* Қалаға кіретін қазақтың бәрі жұмысқа жарайтын, еңбектен қашпайтын адамдар болмақ. Қалада аурухана және дәріхана, *аң білік* үйі, ұсталық дүкені, мектеп болмақ (С. Сейфуллин, Шығ.). **Аңға шықты.** *Аң аулауға барды.* Сайран бір күн ерігіп *аңға шыққан,* Өзі батыр ер еді, жауы ыққан. Қолында қаршығасы көрді киік, Елсізде қарсы өзіме келе жатқан (Е. Бердин, Екі ойшыл). Түлкі тымақ, тұлып киіп, Жүйрік мініп, ертіп тазын. *Аңға шықты:* қасқыр, киік, Қылтиса тек, етпек жазым (М. Рашев, Біле қойдым). **Ұшқан құс, жүгірген [жортқан] аң.** *Барлық жан-жануар.* Жауды жеңіп ұлы Отан ел қуанды, *Ұшқан құс, жүгірген аң,* жер қуанды. Кемпір-шалдар нұрланып, жастар жайнап, Астында жеңіс туы ел жиналды (Қаз. сов. әндері). Тәуекел деп тау арасымен жорта жөнелдім. Түн қараңғы, жападан жалғыз мен келемін, не *ұшқан құс,* не *жортқан аң* жоқ (Ж. Саин, Жол үсті.).

2. **АҢ** з а т. д и а л. *Аққан сумен ойылған жыралы жер, шұңқыр.* Белбұлақ деген жерде *аң* көп (Диал. сөздік). Кейбір *аңның* ұзындығы бір километрге дейін барады (Бұл да).

АҢАЗАҚ з а т. ж е р г. Аңызақ. Ұзақ жолдан, *аңазақ* аптапты ыстықтан шаршап, шаңырқап келген жолаушылар кідіріп, киімін шешіп, көлеңкелеп, бұлағынан су ішіп жуынып-шайынып, салқындап рақаттанатын болыпты (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

АҢҒАЛ с ы н. *Істің алды-артын аңғармайтын, аңғырт.* Алдыңа сырды, шынды тастай қалап, Көп көңіліне күдік қалдырмайды. Жыршы олақ, ақын *аңғал,* ожар болса, Баладай тілі шыққан былдырлайды (І. Жансүгіров, Шығ.). Адамға оңай ажал *аңғал* ерлік, Өмірде мұндайларды талай көрдік. «Ұрының өзіне тең сойылы бар»— Атақты болмасақ та пәлен дерлік (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Еліріп алған *аңғал* басым, алдымда безіп бара жатқан Оспанбайдың жарқыраған жалаңаш өкше-

сінен өзге дүниенің бәрін ұмытқан болуым керек (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

1. АҢҒАЛАҚ с ы н. с ө й л. Аңғал. Қанша пысық болса да, Бұзаубақ ақ көңіл, *аңғалақ*, арамдықты білмейді. Қулыққа жоқ (С. Сейфуллин, Әңгім.). Кейде жас бала сияқты *аңғалақсыз!*— деді Бану күліп (М. Иманжанов, Менің махабб.).

2. АҢҒАЛАҚ з а т. ж е р г. *Бас сүйектегі көз тұратын ойынды.* Қартайған адамның көзі *аңғалағының* ішіне қарай еніп кетеді (Диал. сөздік).

АҢҒАЛАҚТА е т. *Аңғырттану, аңғалдану.* Еңбекші таптың үстемдігі жүріп тұрғанда, *аңғалақтама* дейтін болды (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҢҒАЛДАН е т. *Алды-артын аңғармау, аңғырттану.* Сабақтан дабырлап қайтқан бойда, Сырым олар отырған бөлмеге *аңғалданып* кіріп барды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ал, мына, қолбала бүркіт өлер-тірілерін білмейді, жем үшін, *аңғалданып* түлкіге көктен құйылған екпінмен түседі (Ш. Айманов, Қыран тур.).

АҢҒАЛ-ДАҢҒАЛ с ы н. *Абайсыз, байқаусыз.* Тана: Батырдың *аңғал-даңғал* айтары бар, Жарымен ақылдасар ойлары бар (С. Камалов, Әңгім.).

АҢҒАЛДАУ с ы н. *Қалай болса солай, аңғырт.* Даңғойлау, есерсоқ, *аңғалдау* адамдар болса, Есентайдың қолына түссін. Ол бітік көзін жұма беріп, маңғаз, биік бойдағы сырын сездірместен сызданып отырып алады (Ә. Әуезов, Таңд.). Купцианов бұрын Мұратты адуын, *аңғалдау* көруші еді, енді басқа мынадайы да бар екен (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АҢҒАЛДЫҚ з а т. *Алды-артына қарамаушылық, аңқаулық. Аңғалдық* аңға құмар, қапалықтан Оңай ма өз баласын атып жыққан. Көрісіп домбырамен әкешеше, Дауысы жылай-жылай бос қарлықкан (І. Жансүгіров, Өленд.). Толып жатқан топшылау мен қат-қабат ойлар үстінде, жұмбақ адамды көре тұра селоға кіруді көзсіз батырлық, астарсыз *аңғалдық* болар деп білдік (М. Иманжанов, Адам тур.). Осынша күйге түсірді, Ағат бір мінез, *аңғалдық*. Түсініп білмей кісімді, Жүруші ем талғап, таңдаусыз (Н. Шакенов, Айгүл).

АҢҒАЛ-САҢҒАЛ с ы н. 1. *Ашық-тесік, аңырайған.* Асқар тау қап-қара боп қарауытып, Бөлып тұр *аңғал-саңғал*, жұлым-жұлым. Жалғыз-ақ моладағы тірі өліктей Тұтқындар шығарады сыңсып үнін (І. Жансүгіров, Таңд.). Мал қораларының қабырғалары құлап, төбелері опырылып, есік-терезелері *аңғал-саңғал* қалпы әлі тұр («Лен. жас»). Өстіп жанымызды шүберекке түйіп келе жатқанда, тар қапастай тау құшағы жазыла беріп, ертедегі дәуір есігіндей *аңғал-саңғал*, алып көк сұр тас қақпадан ағып өтіп, даланқай жазыққа шыққанымызды бір-ақ білдік (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Ұсқынсыз, жүдеу.* Жалғыз атты жолаушы ілбіп басып, әрең жүріп келе жатқанға ұқсайды, шөлден әбден қаны кепкен төрізді — екі бүйірі ішіне еніп кеткен, *аңғал-саңғал* (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

АҢҒАЛСОҚ с ы н. с ө й л. Аңғал. Еліме бейбіт жатқан салма шатақ, Тұрған жоқ жаудан қорқып малды матап. *Аңғалсоқ* батыр сынды жан екенсің, Айта кет кім болсаң да атыңды атап (І. Жансүгіров, Таңд.).

1. АҢҒАР з а т. *Тау аралығы, сай-сала.* Тыңдау үшін келгем жоқ, *Аңғардан* ескен жел үшін. Өлшеу үшін келгем жоқ, Көк жиектің кеңдігін (Д. Әбілев, Жүрек жырл.). Сол көк мөлдір бір сәтті тебілденіп құбыла түскенде, *аңғарлардан* алай-түлей жел өрекпіп, сай бұталары басыменен жер соғып, жер мен көк сапырылысып жүре берді (Ғ. Сыланов, Асау арна). Орталық усадьбаға таяу Қаракөл өзенінің *аңғарындағы* суармалы жерлер овощқа, картопқа және бақша дақылдарына бөлінген (М. Әмірғалиев, Биязы жүн.).

2. АҢҒАР з а т. *Ыңғай, рет, жай.* Сарынды сөз *аңғарын* біл, қарағым, Сірә бұл тегін емес жырлағаным. Емшегін Алатаудың егіз емген, Елдерміз баласындай бір ананың (Ғ. Орманов, Таңд.). Танимын мен сөзіңді *аңғарыңнан*, Жамбылдың ешкім кетпес алдарынан. Алдыңа атаң Жамбыл келіп отыр, Олжа бер, қара бала, алғаныңнан (Жамбыл).

3. АҢҒАР з а т. ж е р г. Қамба. Соттың үйін элеватор деуге де, кейде *аңғар* немесе үлкен склад, әлде тіпті баржа десе де сыярлық (М. Әуезов, Индия очерк.).

4. АҢҒАР е т. *Мән-жайды түсіну, абайлап байқау.* Сәулелі ой бар *аңғарар* сөздің түрін, Аңдамай бір сынайсың елдің сырын. Қарқаралы, Семей, Омбы, Қараөткелмен, Білемін он дуанның ойы-қырын (Айтыс). Мына бізге тап берген аттыны да

енді ғана *аңғардым*. Бұл Асаубай тентектің досы —«Мысықмұрт» екен ғой (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Ол бір өзі ойға кетіп, еш нәрсеге көңіл бөлмегендей болды. Бірақ қанша уақыт өткенін *аңғармады* (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҢҒАРҒЫШ с ы н. *Сезімтал, байқағыш.* Ақмоншақ сөзге сараң, көзге ұяң көрінгенімен, *аңғарғыш* та, сынағыш та, намыспыл да келетінін білмейтін бе едіңіз,— мұғалім? (М. Иманжанов, Адам тур.). Тез қозғалғыш, тағы да тез *аңғарғыш,* Бір көргенін жадында түйіп қалғыш. Ілтифаты көл-көсір, тілі тәтті, Жан сияқты ақ пейіл, күйіп-жанғыш (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Деевтің *аңғарғыш* көзі дала батырының қаһарлы да қарапайым, ақ көңіл, таза жанды адамдық тұрпатынан тағы бір сипат белгісін тапты (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АҢҒАРҒЫШТЫҚ з а т. *Сезімталдық, байқағыштық.* Жинақтағы жұмбақтар балдырған бөбектерді *аңғарғыштыққа,* бір нәрсені екінші затқа ұқсастыра қоюға, оның айырмашылығын ажырата білуге үйретеді («Лен. жас»). Суретші Ғалымбаева творчествосының күшті жағы — оның *аңғарғыштығы* мен өмірде көргенін көкейге қонымды бере білуінде (Қазақст. бейне. өнері).

АҢҒАРДАЙ с ы н. *Аңғар сияқты, аңғарға ұқсас.* Сандарын садақ, оқ тескен, Бауырдай тіліп тас кескен. Қазақтай елден жауынгер Жоталы белді *аңғардай,* Батырлар туған ардагер (Н. Баймұратов, Ер Төлеген). Омырауы бусанған жирен аты ауыздығын қарш-қарш шайнап, *аңғардай* танауынан жел атып тұр (Ғ. Сыланов, Әңгім.).

АҢҒАРДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. **Аңғардай.** Айдынды *аңғардайын* жалтыр мұзың, Мен оның еледім бе мұзды-сызын. Қар басқан жарқабақта жалғыз қайың, Баурында ойнатқандай ұл мен қызын (Ж. Сыздықов, Белестер).

АҢҒАРЛА е т. с ө й л. *Барлау, байқау.* Жаңбыр толастаса, қазір салдыртып кетейік,— деді Днепров. Сәлем ойланып қалды. Құлағын түріп *аңғарлап* қарады (С. Камалов, Әңгім.).

1. АҢҒАРЛЫ с ы н. *Аңғары бар, сайсалалы. Аңғарлы* Алатаудың өтіндегі үй, Мекені көрі кемпір, жас баланың Тұр көптен жабырқаңқы жетімдеу үй (Т. Жароков, Шығ.).— Жирляш,— деді ол алдарынан көлбей созылған *аңғарлы* терең сайға кездескен соң (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Күркірейді аспан көк, Тұңғиық бір *аңғарлы.* Күркірейді аспан көк, Шайқап зәулім тауларды (С. Мәуленов, Жаз ерке).

2. АҢҒАРЛЫ с ы н. *Бір істің алды-артын болжағыш, аңғарымпаз, байқағыш.* — Әй, *аңғарлы,* ақылды әжем, қамқоршы әжем. Сен қандай қасиетті адам едің? (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АҢҒАРЛЫЛЫҚ з а т. *Сөз жүйесін байқағыштық, аңғарғыштық.* Далабайдың бұл сөзіне мырс етіп күліп жібергендері де болды, бірақ кекету күлкісі емес, шал жүрегінің бала жүрегіндей тазалығына, *аңғарлылығына* ризалық ниетін білдірген күлкі еді (А. Лекеров, Түз гүлі).

АҢҒАРСЫЗ с ы н. с ө й л. *Аңғарусыз, аңдаусыз, байқаусыз.* Сенің бойыңа біткен бір қасиет — ол бірдеңені байқаусыз, *аңғарсыз* айтып қалу («Лен. жас»).

АҢҒАРТ *Аңғар етістігінен жасалған өзгелік* етіс. Осы қарапайымдылық аударманың дәрежесіздігін емес, биік ақындық өресін, үлкен ақындық өнерін *аңғартады* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бір сөзбен *аңғартты* ол көңіл күйін, Сол сөзде жатқан ғой бір үлкен түйін. Өмірім мерекелі дей тұрды ол, Бейнесі деп елімнің осы жиын (Қ. Тастайбеков, Өленд.). Ол осында қызметке орналасқысы келетінін, сонда аспаздың жәрдемшісі болуды қалайтынын *аңғартты* (С. Сейітов, Сақшылар).

АҢҒАРТҚЫЗУ *Аңғарт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мектеп оқушыларына жаңа сабақ түсіндіргенде, темадағы негізгі айтылатын ойды *аңғартқызу* қажет (Ауызекі тіл).

АҢҒАРТУ *Аңғарт етістігінің қимыл атауы.* Кескінделген нәрсенің кеңістікте тұрғанын *аңғарту* үшін, әдетте техникалық суреттердің бетін сызғылап көрсетеді (Сызу). Машина «есепшісінің» *аңғартуынша,* Қашқар Хотаннан дәл 528 километр екен (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АҢҒАРТЫЛ *Аңғарт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жігіттің ақылдылығы бірден *аңғартылмайды,* жұмбақ түрінде келеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АҢҒАРУ *Аңғар етістігінің қимыл атауы.* «Бала кіршіксіз, адал көздеріне негө

сенбейсіңдер, осындай көп шындықты айтқан адамға сенбеуге бола ма»— дегендей ойды *аңғару* қиын емес-ті (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Жартастар түбінен тулай аққан ақ көбікті бұлақтар сонша көп, қайсысының қай жерден шығып жатқанын да *аңғару* қиын (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Әкесі мен шешесі ұрысып та алған шығар. Мамамның әкеме анда-санда «неге үндемейсің?» дегендей көз қарасынан осыны *аңғаруға* болады (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос.).

АҢҒАРУЛЫ с ы н. *Сезімтал, аңғарымпаз. Аңғарулы* бала көрсеткен жұмысты бұлжытпай істеп, аз уақыт ішінде көп нәрсе білген едік (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҢҒАРУСЫЗ с ы н. 1. *Абайсыз, байқаусыз.* Сейіт бір арбаға келіп *аңғарусыз* соғып кетіп аяғын сындырып алыпты (Ы. Алтынсарин, Шығ.). 2. *Ажырата білмейтін, танымайтын.* Мәуім жасы кәрі болмаса да, әріректегі түйені аттан айыра алмайтын *аңғарусыз* адам еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҢҒАРУЫНША үст. *Байқауынша, білуінше.* Менің *аңғаруымша* Тұран мен Рәзия еңбекті рахат санайтын, бейнетқор адамдар (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АҢҒАРЫЛ *Аңғар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Дүйсекеңнің манадан бері зарлаған сөздерінің бірі де құлағына кірмеуі *аңғарылады* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Сырың да, мінің де, ұшқырлығың да, ұтқырлығың да, ой дүниеңнің тереңдігі мен саяздығы да тез *аңғарылып*, көпшілік талқысына түсіп жатады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Сөйлемдерде көңіл күйі не айтушының дауыс ырғағынан, не жазушының жазу сарынынан, сөйлемнің алды-артындағы басқа сөйлем аңызынан *аңғарылады* (Қазіргі қаз. тілі).

АҢҒАРЫМ з а т. *Түйсік, сезім.* Бастық ақылсыз жігіт емес-ті. *Аңғарымы*, пайымдауы мол болатын. Әр түрлі салада жұмыс істеп, адам тану ғылымының талай беттерін ақтарған жан еді («Қаз. әдеб.»).

АҢҒАРЫМДЫ с ы н. *Сезімтал, аңғарғыш.* Кузнецов сөзінен, көз қарасынан Отан қорғау заводының не жасап, не қойып жатқанын басқа адамдарға қарағанда, әлде қайда *аңғарымды* екенін байқатады (Ө. Қанахин, Дәмелі).

АҢҒАРЫМДЫЛЫҚ з а т. *Сезгіштік, аңғарымпаздық.* Жас ғалымдарымыз, ең алдымен, өздерінің ізденгіштігімен, еңбек сүйгіштігімен, *аңғарымдылығымен* көзге түседі («Лен. жас»).

АҢҒАРЫМПАЗ с ы н. *Сезімтал, аңғарғыш. Аңғарымпаз* әке ондай кезде бізді мейірімді құшағына қысып, көзінен жас аққанша күлетін (Ә. Сәрсенбаев, Қапитан ұлы). Әйел заты сыншыл да *аңғарымпаз* ғой. Айша үй ішін көзімен бір шарпып өткенде-ақ ұсақ-түйекке дейін көріп қалған еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Баубектің *аңғарымпаз*, әр нәрсенің парқын білетін байыпты жас екені шығармаларының өн бойынан үнемі сезіліп отырады («Қаз. әдеб.»).

АҢҒАРЫМПАЗДЫҚ з а т. *Сезгіштік, аңғарғыштық.* Қыз махаббаты сол нәзіктігінің өзімен көрінеді. Бұл жерде жігітке сәл *аңғарымпаздық* керек («Лен. жас»).

АҢҒАРЫС *Аңғар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екеуі ентелеп көп тағы алысты, Ел біткен қарап тұрған таң қалысты. Рүстемді Сұһраптың састырғанын, Бәрі де екі жақтың *аңғарыстыы* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

1. АҢҒЫРТ с ы н. *Алды-артын байқамайтын аңқау, аңғал.* Жендеттер жүр еді ғой жолын аңдып, Қалайша қолға түсті болып *аңғырт*. Қадалды қалай тоғыз револьвер, Түспеді тереземен неге қарғып (С. Мәуленов, Жолдас.). Ерте ойламай қамынды, *Аңғырт* бойда өтіппін! Тас қияны қақ жарып, Ерте тапсам нетуші еді? (М. Әуезов, Шығ.). «Ой, отағасы-ай, қолға таяқ алып, қой баққанның несі қиын, қасқырдан аман сақтаса болды емес пе?» деп *аңғырт* сөйлеп, Бәйтенді қатты ашуландырып алғаны бар-ды (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі).

2. АҢҒЫРТ е т. д и а л. *Дауыстап, аңыратып ән салу.* Бүйірі қызған Тұрдыхан Мұхитқа қайта оралып келе жатып, жуан дауысын иректей созып — «Садыр әніне» *аңғыртып* жіберді (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АҢҒЫРТСЫ е т. *Ештеңені білмегенсу, түсінбеген пішін білдіру.* Сақтанбасақ болмайды. Мынау жүрген Доспан сұм *аңғыртсып* жүрген жау екен, тіл тастап жүрген тілші екен,— деді Дардан (А. Хангелдин, Өткен күн.). Қосжігіт кімді жықса да әдемілеп жығады. Аяғынан шал-

майды да, қақпайды да. Тек *аңғыртсып* жүріп орайы келген шақта лақтырып жібереді (Бұл да).

АҢҒЫРТТАН е т. *Аңғалдану, алдыартына қарамау.* Айтар сөзден адасып албырттандың, Мен талайын албырттың қаңғыртқанмын. Жем жеген екі мезгіл сәуріктей боп, Әулігіп айдалаға *аңғырттанды* (Жамбыл). *Аңғырттанып* беталды, Масқара мені қылмашы: Тым құтыртпай тыя ұста, Тілмәшіңді, мырзасы (С. Дөнентаев, Шығ.).

АҢҒЫРТТЫҚ з а т. *Қолға тез түсіштік, аңғалдық.*— Мен қасіреті де, қуанышы да жедел ауысатын сәбилік *аңғырттықпен* жайраңдап, Жанқия апайға бұрылдым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Жантық, осы *аңғырттықтан* құтылмай көзіңді ашпайсың ғой, сен! Мына жартасқа шық та, ар жағына көз жіберші, не көрер екенсің (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.). Ауызбен айтылмайтын, хатпен де бейнелемейтін теренде жатқан қызғанышты сыр *аңғырттықпен* ақтарылды ма? (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҢДА е т. с ө й л. 1. *Аңдау, бақылау.* Аңның біреуіне тисең бәрі *аңдап* қарсы шабады. Аң екеш аңның да өжет, ұйымшылдығы сондай (Ғ. Сыланов, Замана шежіресі). Жауынгерлер тістеніп, жауды *аңдайды.* Комбат сөзімен күш береді (Ж. Қыдыров, Нұр жаусын). Өсек *аңдап,* сөз бағып, Ел қыдырма қылтыңдап! Жалаңаш адам бәрі бір, Киімге күлме сылтыңдап (І. Жансүгіров, Таңд.). 2. *Аңғару, байқау, сезу.* Қазақта ондай ақын қайдан болсын, Ақылдың *аңдап* білер алтын, жезін. Қалай да содан тәлім алам ба деп, Тежеймін ертелі-кеш өзімді-өзім (Үш ғасыр.). Қара көк биеден айрылғанына өкінсе де, Хакім бұл оқиғадан өзіне керекті екі нәрсенің шет-пұшпағын *аңдап* қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

◆ **Аңысын аңдады.** *Бір істің бет алысын, ыңғайын байқады, сезді.* Жігітек қазір жауапкер ел, сондықтан өзгенің *аңысын аңдау,* ең үлкен тәсіл болмаққа керек (М. Әуезов, Шығ.). Не деп жазу керек қызға? Тілегің орындалмайды, оған үй ішің кінәлы деп, бар айыпты кемпіршалға тағып, ақталуы керек пе? Әлде, бұл мәселе жайында үндемей қоя тұрып, әзірше *аңысын аңдау* керек пе? (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ақсақалдар жастарды еркіне жібермей, *аңысын аңдағанды* жөн көретін сияқты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АҢДАҒАЙЛА е т. *Жан-жақтан қаптап кетуі.* Жаудың оғы *аңдағайлап,* Жалғыз-жарым сиреп ұшып, Қызыл ерлер тықсыра айдап, Қуып берді жауды қысып (С. Бегалин, Өленд.). Тұс-тұстан қарап тұрған жұрт: «Ойбай-ау, мынау Жарас қой!» десіп қалып еді; сол-ақ екен өңшең жалаңаяқ балалар машинаға қарай *аңдағайлап* жүгірісті (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Ол аңыра арғы таудың ығынан *аңдағайлаған* қарағайларға қарап көз жүгіртті (С. Бегалин, Жеткіншек).

АҢДАҒЫШ с ы н. с ө й л. 1. *Аңдығыш, бақылағыш.* Бақтыгүл жүрек құпиясын көрсетпеуге тырысып, жүзін көзден жасыра беретін. Бірақ көз де *аңдағыш,* тез барлағыш (Н. Ғабдуллин, Сарғайған.). 2. *Сезгіш, байқағыш.* Әсия мұндай көп көріністерді елегіш, *аңдағыш* мәдениетті әйел қалпымен қазіргі кездесу жағдайы, адамды барынша орынды, жауапты ұшырасу екенін аңғартып отыртты (М. Әуезов, Өскен өркен). Шабыт келгенде адам әр нәрсені айтқызбай-ақ *аңдағыш,* сөзімен де жүйткіп жөнеле береді (Ғ. Сыланов, Очерк.).

АҢДАҒЫШТЫҚ з а т. *Байқағыштық, аңғарғыштық.* Оқушылардың байқағыштығын, *аңдағыштығын* байытатын, айқын түсіндіретін, сөйтіп балаларды нәтижелі оқытуға жеткізген жаңа әдістерді құлшына жақтады («Халық мұғ.»).

АҢДАЙ с ы н. *Аңға ұқсас, аң тәрізді.* Алтын тағын Киевтің Аяғымен басты ол. Құтырған *аңдай* қылығы Шегінен шыға тасты ол (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Миналар *аңдай* ұлып келіп түседі де, тарс етіп жарылады, оқтар зу-зу етіп өтіп жатыр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Жақпай қойды от тағы, Ыза буып кектеніп, Жыртқыш *аңдай* жаттағы Бар адамды жек көріп (Қ. Мұқышев, Поэм.).

АҢДАЙ-АҢДАЙ ү с т. *Байқай-байқай, аңғара-аңғара. Аңдай-аңдай* айтқаның, Ақыл толып, ой өсті. Ақырында байқадым: Әмір күле сөйлесті (Ғ. Орманов, Диқан баба).

АҢДАЛ *Аңда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жыртық төбелерінен жүн жұлынып шығып тұрса да, тымақтарда бір тәкаппарлық бары *аңдалады* (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Қатираның ашық үні-

нен бойы дір ете қалып, тарқап кетіп тұрғаны *аңдалады* (К. Оразалин, Көктем.).

АҢДАН *Аңда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұл мәселе «зекет туралы» садақа аятының ішіндегі алтыншы орны болған «Офа сәбилалла» сөзінен ап-ашық *аңданып* тұрмай ма («Айқап»).

АҢДАП-АҢДАП үст. *Байқап-байқап.* Кей жерлерде су тізелерінен келеді, екеуі тәлтіректеп аяқтарын судың түбіне *аңдап-аңдап* басады (Бейбітшілік).

АҢДАС *Аңда етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Тезірек кетейік, әйтпесе *аңдаспай* қалып, тағы да күліп қоярмыз,— деп сықылықтап күлді де, балдағы тарсылдап, ырғып басып, жұмаланып шығып кетті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Олар көп күлісті, неге күлгендерін *аңдаспай* күлісті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҢДАТ е т. *Аңғарту, сездірту, байқату.* Шұбардың жаңағы ұрлап *аңдатқан* сараң ымын жалғыз көзбен анық көріп танығаны Оразбай енді: «болды, бітті»,— деп қамшысын мықынына таянып сүйенді де, тұра берді (М. Әуезов, Шығ.). Тыңдаңыз сөз сөйлейді ақын Мансұр, Атағым бұл өлкеге болған мәшһүр. Азырақ бір мысал сөз *аңдатайын*, Сәдептен аңғарғанға аршылған дүр (Айтыс). Ел-жұрты берді батасын. Қарындас, аға, апасын Төлеген сөзбен жұбатып, Көп жасаған қариядай, Сөйледі толқып дариядай, Заманның жайын *аңдатып* (Н. Баймұратов, Ер Төлеген).

АҢДАУ *Аңда етістігінің қимыл атауы. Аңдау* күшейген соң дөнен **ойнақтап** шығып кетіп, жылқыға келмей қойды (З. Иманбаев, Солм. гүл). Аяқты байқастап басып, *аңдауға* еріксіз көндіреді («Қаз. әдеб.»).

АҢДАУСЫЗ с ы н. *Елеусіз, байқаусыз.* Құшақтап қасірет болған махаббаты, Жалындап бір жас сұлу жолға тартты. Тек қана долы күштің арбауына *Аңдаусыз* еріп жалғыз бара жатты (Қ. Аманжолов, Шығ.). Анаға бала алдаусыз Есікті жапты тым қатты. Осы сәт, бәлкім, *аңдаусыз* Жоғалды сезім қымбатты (Н. Шакенов, Айгүл.). Төрт аяғы бірдей шешіліп кеткен дәу қоян әлді қос тілерсегімен бір-ақ серпіп, *аңдаусыз* отырған мені шалқамнан түсірді де, ашық есіктен атқып шыққан бойда зыта жөнелді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

АҢДАУСЫЗДА үст. *Абайсызда, қапыда, ойламаған жерден.* Мойнына *аңдаусызда* алды салып, Қылғынтты күшті қолмен тартып қалып. Сиқырлы шынжырменен шырмалған соң, Есінен қапияда қалды танып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Мен де ой шырмауынан шыға алмай, ақырын жылжып есіп келем. «Қара балықты» да ұмыттым, бар болса осында *аңдаусызда* соқпай ма? (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бір түлкі келе жатып, *аңдаусызда* құйрығы қақпанға түсіп қалды, құйрығын үзіп, өзі өрең құтылды (XX ғ. қаз. әдеб.).

АҢДАУСЫЗДАН үст. с ө й л. Аңдаусызда. Дегенге «бөркің үлкен» ауыр көрдің, Бұл ісің жамандыққа жақын келді. Тұмақты онда мақтап, мұнда кем деп, Жеңілтек сізден екі ақыл келді. Мына сөз сіз айтпайтын жауап еді, Аузыңа *аңдаусыздан* ғафыл келді (Айтыс).

АҢДУ *Аңды етістігінің қимыл атауы.* Алматыдағы техникалық кеңесінің қағазын *аңдудың* не керегі бар?— деген сөзін баптай, жай дауыспен айтса да, Қаныш үлкен кінә қоя сөйледі (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Балжан қия басқан жоқ.— Менің *аңду* үшін қалғанымды біле ме,— деймін (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Тарастың көрдей үйдегі күнін де көп көріп, талай *аңду* да, тінту де осы үйде болыпты (А. Хангелдин, Өткен күн.).

АҢДУЛЫ с ы н. *Ізіне, соңына түсулі, бақылаулы.* Талайлы келсе жылқыдан, Жылқыда жүрсе жұрт тыныш. Ауылға келсе *аңдулы*, Бозбала безді ұйқыдан (Батырлар жыры). Маған салса қазақ қызы Ерікке ұмтылған алғыр құс. *Аңдулы* боп басқан ізі, Торда тұрған бір байғұс (Б. Майлин, Шығ.). Бәрің бір мезгілде жатып, бір мезгілде тұратын боласыңдар. Бір қазаннан тамақ ішесіңдер. Малы, басы қаттаулы, жүрген-тұрған ізің *аңдулы* болады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АҢДУСЫЗ с ы н. 1. *Аңдаусыз, аңғарусыз.* Әзімханның қимылдары салмақты, бірақ өшнәрсені *аңдусыз* жібермейді (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Қараусыз, бақылаусыз.*— Мына төбенің астында Қазбектің мың жылқысы *аңдусыз* жатыр, ішінде жалғыз-ақ жылқышысы бар,— деді (С. Шарипов, Шығ.).

АҢДУШЫ з а т. *Біреудің соңына түсіп бақылаушы, торушы.* Жан-жағына қараның, *аңдушының* жоқтығына көзі жет-

кен соң, отыра қалып, етіктің қонышына бидайды сығап құйып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Қорқыныш бұрынғыдан енді жаман, Шыбын жан қалар ма екен бұдан аман. Тау шоқысы тас тілген қарағайлар, Бәрі асау, бәрі *аңдушы* айналадан (И. Байзақов, Таңд.). Қақпа есігін ашып, табалдырығынан аттай бергенімізде, желкеге қона түсті *аңдушы* дұшпанның бір тобы (М. Иманжанов, Адам тур.).

АҢДУЫЛ з а т. *Бақылаушы, аңдушы.* Қазір кедейлерді біріне-бірін айдап сап таластыра берсек, біз *аңдуылдан* тасалана тұрамыз (К. Оразалин, Көктем.).

◆ **Аңдуыл салды.** *Аңдушы, бақылаушы қойды.* Бас қыран да белгі берді, Басталды деп айқасар шақ. Оқ орады көк пен жерді, Жау да отырды *аңдуыл сап* (С. Бегалин, Өленд.).

АҢДЫ е т. *Біреуді біреу сыртынан бақылау, тору.* Ауылды торып *аңдыған*, Қасқырды талай қан қылған. Сенен жұртқа ит жақсы, Күзеткен қотан ауылды (Жамбыл). Кейбір сұңқар тауда жүр, Томағасы жауда жүр; Дұшпандары *аңдыған*, Тұзақ құрып ауда жүр (С. Дөнентаев, Шығ.).

◆ **Аяғыңды аңдып бас.** *Абайла, байқа. Аяғыңды аңдып бас*, ей, Жақсылық! Өз басыңда жының бар бір бақсылық. Борышқорлық адамға қиын нәрсе, Әрқайда өсіткіземі мал тапшылық (Абай).

АҢДЫҒЫШ с ы н. 1. *Бақылағыш, шолғыш.* Әкем түтін шыққан үйді *аңдығыш* адамдарды жек көретін еді (С. Көбеев, Орынд. арман). Қорасына бір байдың Түнде кірді ұрылар. Қазынасы қайда сондайдың *Аңдығыш*, білгіш құрғырлар (Абай). 2. *Аңғарғыш, сезгіш.* Бір жаманы Қоспан әбден күдікшіл, кісі қабағын *аңдығыш* боп алды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АҢДЫЗДА е т. *Жан-жақтан қаптау, қоршау.* Айнала жау *аңдыздап*, Қалып еді жақындап. Он шақтысы оққа ұшып, Қырық шақтысы жалпылдап (Қ. Аманжолов, Шығ.). Түрленіп кемпір қосақ секілденіп, Қараңғы айсыз түнге көрік беріп. Ұшып жүр: қызыл, жасыл, сары жұлдыз, *Аңдыздап* айқыш-ұйқыш көктен кезіп (С. Машақов, Жылдар.). Сезді олар адасқанын Жәмиланың, Түрткілеп түгел тінтті завод маңын. *Аңдыздап* ағылған шартарапқа, Шығарды ат көпірін кең даланың (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АҢДЫҚ з а т. *Аңға тән қасиет, әдет.* Әрдайым дәл осылай бола берсе, Еңбекке ие адамда түсе ме еңсе? Тек қана тілегі оның — «соғыс құрып, Адамды *аңдық* емес, ақыл жеңсе!» (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АҢДЫС *Аңды етістігінен жасалған ортақ етіс. Аңдыса* сөйлессе де, Нұрым бірден-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса жанасқыш екеніне көзі жете бастағандай болды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Екі дұшпан *аңдысқан* Кездесті де бетпе-бет. Қасқырменен арыстан Кетті айқасып жекпе-жек (С. Мәуленов, Құлыншақ). Құрту үшін ата-жауын *аңдысқан*, Күндер өтіп сыз құшақтап, қан құсқан. Атқа қонған Махамбеттей сабазды, Өлтірген де, өлтірткен де сол дұшпан (Ж. Набиуллин, Таныс әуен.). Сол күні сәскеге түсте алды. Бөлінген ерлер бөрідей Сүңгілерін сүйретіп, *Аңдысып* жүрген дұшпанды (С. Жанғабылов, Тоқсан толғау).

АҢДЫСТЫР *Аңдыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай, Арты қайыр, артықша қызметке орай. Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, *Аңдыстырған* екеуін құдайым-ай (Абай).

АҢДЫСУ *Аңдыс етістігінің қимыл атауы.* Алғашқы екі кездесуде Қажымұқан *аңдысу* техникасын қолданса, бұл жолы табан тіресе қарсылық жасаған палуанды бірден тықсыра бастады (М. Танекеев, Қажымұқан).

АҢДЫСЫН: **Аңдысын аңдады.** С ө й л. *Аңысын аңдады.* Әсет жолдастарына қайрат беріп, түсер ізін, соғар жерін байқаусыз тастамай, *аңдысын аңдады* (К. Оразалин, Ақ жазық). **Сөз аңдыды.** *Бәле бақты, сөз қуды.* Біреу естіген-білгенін айтып, біреу білмегенін сұрастырып, *сөз аңдыған*, ет пен қымыз аңдыған қазақтың үлкен бір тобы соның маңында жүр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Сұмпайы, сұм, сұрқия кімге жаққан, Құлқыны үшін өзінің арын сатқан. Қосаяқ Аламанды тауып алды, Інде жатып, *сөз аңдып*, бәле баққан (С. Сейтенов, Бойжеткен.).

АҢДЫТ *Аңды етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол манадан *аңдытып* қойып, Игіліктің қарасы көрінген соң ғана үйінен шығып еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бір мырзаның қарындасын айналдырып жүргені үлкендерге естіліп, бозба-

лаларға *аңдытып* ұстап алып, ишаннан тиісті қалың малын, һәм жүз сом ақшасын алып қызды беріпті («Айқап»).

АҢИТ е т. с ө й л. **Аңырт.**— Сайра келмей мәжілістің сәні келе ме? — Бұ шіркін, жұртты *аңитып* қойып, өзі қайда жүр (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АҢҚ: Аңқ етті. *Шықкан дауыспен жаңғыруы.* Өзеннің сыртындағы қою күңгірттенген таулар да алыстан оқ тиген жануарша *аңқ ете* түсті (С. Сейфуллин, Шығ.).

АҢҚА з а т. *Иран аңыздары бойынша Каф тауында жүретін құс.* Қазақ пен алтай ертегілерінде *аңқаға* тең айтылатын ертегі құстар — қартлан, көкжөре, құмай (ҚСЭ).

АҢҚА: Аңқа кепті [құрыды]. *Қатты шөлдеді, сусады. Аңқамыз кепкен* біз. Сапардың пысық, қалада өскен, ортаға жақын білімі бар, мінезі жатық әйелі Мариямға бір шайды тезірек қайнаттырып іштік (С. Мұқанов, Есею жыл.). Өзбек жазушысы Хамид Гулям «Талпынамын мен саған» атты үлкен шығарма жазып бітті. Бұл — сан ғасыр бойы шөл кептіріп, құм басып, *аңқасы кеуіп,* иесіз жатқан ен алқапты игерушілер туралы тұңғыш роман («Қаз. әдеб.»). Хизов қылмысының бар ауыртпалығы менің басыма түскендейақ, денем ауыр тартып, дел-сал болдым. *Аңқам кеуіп,* ернім кебірсіді (С. Омаров, Қайырлы жаз.).

АҢҚАЙ е т. 1. *Бір заттың жабылмай бос, ашық қалуы.* Үйдің есігі шалқасынан ашылып, *аңқайып* жатыр (Б. Майлин, Таңд.). Ортаға қонбай жатып тастады, енді,— Жетеуің же,— деп,— бөліп, мынау жемді. Аңғарса алтауы да аузын ашып, *Аңқайып* өліп жатыр алмай демді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. А у ы с. *Аң-таң болды, аңқиды.* Осыған да Марфа көңілі марқайып, Құлақ тіге қапты, байғұс *аңқайып.*— Сау бол, сәулем,— деді даусы дірілдеп, Кірпіктері жиі айқасып, қайқайып (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

◆ **Аңқайып аузын ашты.** *Таңырқады, аңырды.* Күнге күйіп шаңырқап, Кейбірі жолдан қашады. Кейбіреулер таңырқап, *Аңқайып аузын ашады* (С. Сейфуллин, Шығ.). Туғалы ән сүймейтін Мұсабек те, *Аңқайып* қарап қапты *аузын ашып.* Қызғанып Әмірханның бұл келгенін, Үйінде Әбіш жатыр «марту» басып (И. Байзақов, Таңд.). Ол жерге жетіп қонды тынбай жүріп, Жатқанда жабырласып, шатыр құрып. Тұраннан көп әскермен Пәрән келіп, *Аңқайып аузын ашып,* қалды тұрып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Аузы аңқайып қалды.** *Аң-таң болды, аңырды, таңырқады.*— Апырмау, мынау неғылған әмірлі әйел еді,— деп, *аузымыз аңқайып қалыпты* (І. Жансүгіров, Әңгім.).

АҢҚАЙТ *Аңқай етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қораның аузын *аңқайтып* ашып тастапты. Таң асырып, байлап қойған Кәленнің тоқпақ жалды торы атын әкетіп бара жатқан біреуді көрді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сөз қылысты жиналып, Сандалтып әуре салғанын. Қазнасын *аңқайтып,* Ханзадасын қаңқайтып, Ділләні ұрлап алғанын (Ү. Кәрібаев, Таңд.). Қара да таудың үлкені, Қызыл жібек қырмызы, Олар да қалар бір күні. Ақ төстерін *аңқайтып,* Аққұс қайтар күз күні (Қамбар).

АҢҚАЛАҚ с ы н. с ө й л. **Аңғалақ.** Неғылған *аңқалақ* өзі. Бұрынғыдай емес бүгін... өмірінде сөйлемеген сөзді айтты (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АҢҚАЛАҚТА е т. с ө й л. **Аңғалақта.** *Аңқалақтап* келген Бектай мандайы тасқа соғылғандай кілт тоқтай қалды (М. Иманжанов, Менің махабб.). Шал аңқылдап-ақ шын көңілімен «іш, қарағым, іш, же, қарағым, же»,— деп *аңқалақтап* отыр (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

АҢҚАЛАҢДА е т. с ө й л. **Аңғалақта.** Әлде сен *аңқалаңдап,* ренжіткен шығарсың (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). *Аңқалаңдаған* қалыптарымен штабтың үйіне кірді (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АҢҚАҢДА е т. *Бір істің алды-артын байқамай арсалақтау, аңқылдау, аңғалақтау.* Ат қадірін білмеген Батбаққа қалар салпаңдап. Ас қадірін білмеген Ашықпай қалмас *аңқаңдап* (Үш ғасыр).

АҢҚАУ с ы н. 1. *Құлығы жоқ, аңғырт, аңғал.* Марқұммен ауылнайлас Қарт деген бай, Кісі еді *аңқау,* момын, әншейін жай. Кісіге тиер пайда, зияны жоқ, Бек сарың жайшылықта тап Қарынбай (С. Торайғыров, Таңд.). *Аңқау* шаруаларды аузына қаратып алған соң, жайлап тайтаңдап, білгішсіп, малдың аңқаулау байқамайтын сипаттарын ептеп мақтайды (С. Сейфуллин, Шығ.). Алыстан келген, бірен-сараны болмаса, қала көрмеген *аң-*

қау қазақтар ұлыққа өзінің би, болысына ғана емес, қала пысықтарына да жем (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АҢҚАУЛАН е т. *Аңқау, аңғал болу, аңғыртту.*— Қой, Омар,— деді Мұрат салмақпен,— кейде бір қасақана *аңқаулана* қалатының бар (Т. Нұртазин, Мұрат). Сәрсен білуге ынтыққан адамша салмақты кескінмен *аңқаулана* сұрады (Бұл да).

АҢҚАУЛАУ с ы н. *Жуастау, момындау, аңғалдау.* Фаруза былайша момақан, *аңқаулау* болса да, ойға алғанын жүзеге асыруға келгенде, жігерлі жас еді (М. Иманжанов, Адам тур.). Жырада отырғандар Беланды қоршалай түсті де, ал жасынан бірге өскен *аңқаулау,* ақ көңіл Сорока оның сүйреп келген олжа винтовкасын қолымен қозғап, құндағын сипап-сипап, шаппасын байқап, шанышқысын түртті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҢҚАУЛЫҚ з а т. *Арамдығы жоқтық, аңғырттық.* Сол шалдың айтқанына күле бердім, Қазақтың *аңқаулығын* біле бердім. Осы да үш кісіге мол жетер деп, Көтеріп бір бағланды ап жүре бердім (XX ғ. қаз. ақын.). Мұным қате, адасқандық, *аңқаулық* екен, зұлым бай қызы менің соңымнан әлі қалмаған екен, тасада тұрып қанжар сілтеуін тоқтатпаған екен (Ж. Саин, Жол үсті).— Сен мені жек көріп кеткен шығарсың деп қорықтым. Қатты қиналдым. Бұл сөзді осындай ойға келген өз *аңқаулығына* күлкісі келіп, езу тартып айтты (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АҢҚАУСЫ е т. *Көлгірсу, білмегенсу.* Қатшадан ешбір дерек ала алған жоқ. Құғыншылар не болғанын *аңқаусып* өздерінен сұрады (М. Әуезов, Қараш-Қараш).— Япыр-ау, үйіңіздің тап іргесін шауып жатқан машиналарды сіздікі демегенде, кімдікі дейін? — деді, Тұрсынбай *аңқаусып* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҢҚАУСЫН *Аңқаусы етістігінен жасалған өздік етіс. Аңқаусынып* айдап сап, Жорта айрылып қалатын. Қашқан кезде тайрақтап, Қуып ұстап алатын (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

АҢҚАУСЫРА е т. *Өзін аңқау етіп көрсету, білмегенсу.* Біреу-міреу зауытқа жер сатып, зауыт шаптырып жатқан шығар? — деп, қиқар түлкі тағы *аңқаусырады* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҢҚАУЫРАҚ с ы н. *Тез иланғыштау, аңқаулау.* Насихат сөзге құлақ сал, Лебізің болсын шырын бал. Кімде-кімнің ұлындай бол, Жасы үлкеннің «құлындай» бол. *Аңқаулырақ* қолбаңдау бол, Тым жүгіріп болма пысық (Үш ғасыр.).

АҢҚАЮ *Аңқай етістігінің қимыл атауы.* Бижамалдың *аңқаюына* қарамастан, Кенжехан аттың басын тежемей шауып өте шықты (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

АҢҚАЮЛЫ с ы н. *Есік-терезенің шалқасынан қайырылып ашылуы, ашық қалуы.* Домбырасын діңкілдетіп, Гүлиямен бірге есігі қайырылып, *аңқаюлы* тұрған қосқа Сәтбай да кірді (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АҢҚИ е т. 1. *Ашық-шашық қалу, жабылмау, аңқаю.* Қазір *аңқиып,* саңқиып қоралары тұр, өздері жайлауда (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ворошилов атындағы учаскеден жастар 100 орындық клуб тұрғызды. Енді жабуға келгенде, басқарма соған шифер тауып бере алмады. *Аңқиып* ашық қалды («Лен. жас»). 2. *Киім жағасының жиналмай, жай-жайына кетіп ашылуы, далиюы.* Ағайым пальтосының омырауы *аңқиып,* ағытылған қалпы иығынан түсіп қала жаздап, сөлбірейіп келеді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).— Әй, балалар, Сарыбай ұстаның үйін білесіңдер ме?— деді Аяжан. Омырауы *аңқиған* кеуделілеу жалаң аяқ бала қалт тоқтай қалды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). 3. А у ы с. *Таңырқау, таңдану, таң қалу. Аңқиып* көше халқы қарасады, Аңқау жұрт құзғынды ерге таласады. Тізіліп, жалт-жұлт етіп дүрсілдетіп, Көшеге он бір атты жарасады (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Малқамбай боп маңқиып, Дәркембай жан қиып, Талай өтсең алдымнан, Таң қалушы ем *аңқиып* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Салық *аңқиып,* үндемей тұрып қалады. Сұлтан олай емес, соқтықпай, сөз қатпай қалмайды (Б. Майлин, Шығ.).

◆ **Аузы аңқиды.** *Алданды, еніп қалды.*— Құр сырттай иемденіп, сыпайыгершілік сақтап, алыстан біреу арқылы орайымын деп өңешіңді созып жүргенде, *аузың аңқиып* босқа қаласың, ұқтың ба? (М. Иманжанов, Көк белес). Қазақтың қара дүрсін келіншегі, *Аузың аңқиып* қалады ғой бір күні сенің (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АҢҚИТ *Аңқи етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қар кетіп, жер көктеген хош иісті көктем әуесін сағынған жұрт терезе-

лерін *аңқитып* ашып тастапты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бәтима барды да, есікке құлып оалды. Мандайшаны *аңқита*, үйді сықырлата Сарыбала кіріп келе жатқаны елестегенде, құлыпты қайта аштыы (Бұл да). Қален киінем дегенше, жанжалдан қорыққан Жамал сыртқа жүгіріп шықты. Қораның аузын *аңқитып* ашып тастапты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

◆ **Аузын аңқитты.** *Таңырқады, таңданды.*— Тyһ, құдай саған соншама аяқ бергенше, бас берсейші, Несіне *аузыңды аңқитасың.* Саған етік заказ берем, бірақ былғары жеткізуім қиын болар (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АҢҚИЮ *Аңқи етістігінің қимыл атауы.* Олардың *аңқиюы* бізге ұнамады. Арамызға түсіп, ақыл, басым айтып, ажыратуға да батпады (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос).

АҢҚЫ е т. 1. *Хош иістің төңірекке, маңайға жайылуы, таралуы. Аңқып* тұр жұпар иісі мұрын жарып, Адам дәмін алады рахаттанып. Осындай тамашада тұрған адам, Өтпей ме, «жылы суға қолын малып?» (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Аспанда күміс айда қалқып еді, Гүлдерден хош иістер *аңқып* еді. Бар әлем бізге құрмет еткендей боп, Көңіл де, шіркін көлдей шалқып еді (Қ. Райбаев, Жаңа толғау). Сыртта қара қазанда шымыр-шымыр қайнаған жылқы етінің иісі қостың ішінде де *аңқып* тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). // *Анық, айқын байқалды.* «Алашордашылық» *аңқыған* әдебиет шығармаларын қымбат бағалау — саясат, әлеумет мәселелерінің өзінде де пролетариат партиясының тұзу бағытында болмағандық (С. Сейфуллин, Шығ.). Гүлсараның музыканы жақсы көретіндігі, бұл өнерге қызыға қарайтындығы, әрі апасының талантын қатты бағалайтындығы *аңқып* тұрды (М. Иманжанов, Адам тур.). 2. *Екпінмен, бар пәрменмен жүру, қозғалу.* Кім жетсін тау баурынан соққан желге, Дәл сондай *аңқыды* аттар жазық жерде. Тау төсін дүсірлетіп, дүбірлетіп, Таласты осы төрт ат Ерейменге (І. Жансүгіров, Поэм.). Сүт пісірім кешікпей, *Аңқыған* жүйрік жөнелді (Жамбыл). 3. *Желдің гүілдеп қатты соғуы, аңқылдап тұруы.* Ашқан форточкадан *аңқыған* сквозняк конторды желдендіріп жіберді (С. Мұқанов, Шығ.). Арқаның жел ілеспес аңқуына. *Аңқыса* тау төзбейді тарпуына (Т. Жароков, Таңд.).

АҢҚЫЛДА е т. 1. *Желдің есіп, үйтқып соғуы, үріп тұруы.* Тағы да тау, құз жол тосып, Алдында жел *аңқылдап*, Үйсіз-күйсіз Өтеген Жиһан кезіп ертеден (Жамбыл). Қоңыр қаздар қаңқылдап, Қонды көлдің төсіне. Соқты самал *аңқылдап*, Жібектей жұмсақ еселе (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Гүілдей соққан қара дауыл палатканың іргесінен *аңқылдап* тұрды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Миуалы бау-бақшадан Жұпар самал *аңқылдап* Қыз бен жігіт ән салған, Жас дауыстар саңқылдап (Қ. Аманжолов, Шығ.). 2. *Қатты жүру, ағындату, құйындату, ызғыту.* Машина жер аппысын қуырып, әрбір километрді доңғалағына арқандай орап, «Баянауыл қайдасың?» — деп, *аңқылдап* келеді (З. Шашкин, Сенім). Аспанда ұшты ұшқыштар, *аңқылдады*, Қылыштай қанаттары жарқылдады (Т. Жароков, Шығ.). 3. *Қулықсыз ақтарыла сөйлеу.* Ақ көңіл бір жан еді *аңқылдаған*, Ажары бұлтсыз күндей жарқылдаған. Асқанша жер ортадан перзент көрмей, Бейтмезгіл от жүрегі салқындаған (С. Омаров, Сәукен). Өзіңде талай рет болғанымдай, Москва көз тоймайтын арманым ең. Айналып аспаныңнан бір сүйейін, Қазақтың *аңқылдаған* ақ жанымен (С. Мәуленов, Жаз ерке). Россияның озық ойлы, адамгершілік туын асқар шыңындай биік ұстаған адал көңілді, *аңқылдаған* ұлдары сенің Шоқаныңның жүрегіне батыс, шығыс ғылымдарының балбұлақтарын құйды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). 4. *Ән-күйді екпіндету, құйқылжыту.* Бұлбұл үн, семіз сөзге ән айқасса, Ән ағын, сонда таудан *аңқылдайды* (І. Жансүгіров, Шығ.). Әмірін темір нарком орындаған, Аумаған, ауыспаған, құрыш табан. Зырқырап жүз мыңдаған жетегінде Әнімді естіртейін *аңқылдаған* (Қаз. сов. әндері).

АҢҚЫЛДАҚ с ы н. *Арамдығы жоқ, ақ жарқын, ақ көңіл.* Төрегелдинмен сөйлесіп көрсем, «аузын ашса, қарны көрінеді» дегендей, *аңқылдақ*, ақжарқын біреу (С. Мұқанов, Есею жыл.). Кісі сөзін екшемейтін, *аңқылдақ* Ерекең оң жақ танауының үстіне біткен түймедей қара меңін жұлқылап, ойланып отырды да, Нұрланға қайта оралды (З. Шашкин, Сенім). Күлсе күлед қарқылдап, Қаңқу сөзбен ісі жоқ. Өзі ақ көңіл, *аңқылдақ*, Сөзге сараң, ісі көп (Т. Жароков, Шығ.). Сырт қарағанда *аңқылдақ*, ашық мі-

незді көрінетін Алмақұл «қарағым, шырағымдап» ақыл тоқтатпаған жас қызды өзіне бауырап алды («Лен. жас»).

АҢҚЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Адалдық, ашық мінезділіқ.* Мен *а ң қ ы л д а қ т ы ң* дағдыммен, колчак пен алашордадан күдер үзгендігімді айттым (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АҢҚЫЛДАТ *Аңқылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүгіртіп, жүрдектетіп, жорғалатып, Аңқытып, *а ң қ ы л д а т ы п,* ағындатып; Қаусырып, қағып, түйіп, төгіп әнді, Қайырып, қалтылдатып, қалтыратып (І. Жансүгіров, Шығ.). Түн қатуға үйренген ол, желдеген ешкіше *а ң қ ы л д а т ы п* салып келеді (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Мұрат тағы да *а ң қ ы л д а т а* жөнеліп еді, партком секретары ызғарлана сөйлеп, тоқтатып тастады (Т. Нұртазин, Мұрат).

АҢҚЫЛДАУ *Аңқылда етістігінің қимыл атауы.*

АҢҚЫТ *Аңқы етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Көк ала кілем жасыл шөп, Тамылжып иісін *а ң қ ы т т ы.* Кеудеге толып жас иіс, Тән мен жанды балқытты (С. Сейфуллин, Өленд.). Жағалай келіп түсті ол ағашқа, Жұпар жағып *а ң қ ы т ы п* қара шашқа. Миуа жиып, баршасы қонып қалды. Аттарын байлап-байлап қойды басқа (Батырлар жыры). Кең даланың түнгі тынысы қарағай мен жидек иісін *а ң қ ы т т ы* (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҢҚЫТЫП ү с т. 1. *Аңқылдатып, ағындатып.* Төңіректі жаңғыртып, Жіберіп тартып екпінді, Қара жолмен *а ң қ ы т ы п,* Ел шетіне кеп кірді (С. Сейфуллин, Шығ.). Байлаулы малдай шешілді, Төрт аяғын көсілді. Кешегі кеткен қосынға Бұландаған бурылмен Артық туған Қобыланды *А ң қ ы т ы п* жетті бесінде (Батырлар жыры). 2. А у ы с. *Асқақтатып, әуелетіп.* Аққуысың сен Сібірдің, Ұшқан аңсап жаздың лебін. Бақ туысың сен өмірдің, *А ң қ ы т т ы ң* кеп шаттық демін (С. Бегалин, Өленд.). «Мың сәлем, миллион сәлем партияға», Деген шу ду көтерді біздің жерде. Жалынды жұрт сәлемін жеткіздік біз, *А ң қ ы т ы п* асқақтатып қосып әнге (Қаз. әндері).

АҢЛА е т. с ө й л. Аңда. Әңгіме, сөзге ден қоя, *А ң л а с а м* соны неше рет, Жоғалған ізі зым-зия Елестейді ылғи бір сурет (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Сол кезде сен бар да, досым, жағаға, Сырын *а ң л а* Сырдарияға қара да. Алып сеңдер арпалыса күресіп, Жеңілгенін лақтырады далаға (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

АҢЛАН *Аңла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Оның сөзіне *а ң л а н с а* керек («Айқап»).

АҢЛАТ *Аңла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ал, тыңда, сөз сөйлейді ақын Мансұр, Аймаққа менің даңқым болған мәшһүр, Азырақ бір мысал сөз *а ң л а т а й ы н,* Садақтан атылғандай лағыл асыл (Айтыс). Самолет командирі қолымен төменгі жақты нұсқап, ымммен біз майдан линиясындамыз, жау прожекторы бізді ұстай алып, атқылап жатыр дегенді *а ң л а т т ы* (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

АҢЛАУ *Аңла етістігінің қимыл атауы.* Сол қолымен сүйеніп, ақырын көтеріліп қараса, өне бойының бәрі қан. Анадайда бір полицай күзетіп отыр. Осыны *а ң л а у ға* ғана шамасы келген Панас тағы талықсып кетті (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

АҢЛАУ-САҢЛАУ с ы н. *Ашық-тесік, аңғал-саңғал.* Барақ *а ң л а у - с а ң л а у л а р ы н а н* үйлдеп желмен бірге қар кіріп тұр (С. Сейфуллин, Тар жол.). Ауылдағы Нұралы байдың қорасы, үй-жайы *а ң л а у - с а ң л а у* боп қаңырап қалған (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

АҢЛАУСЫЗДА ү с т. *Күтпеген жерде, қапыда, байқаусызда.* Абайсызда тұтылдым, *А ң л а у с ы з д а* ұтылдым. Бар екен жаулар жолымда Байлап қойып бұғаулап, Сілкіледі сұрауға ап (Ө. Тұрманжанов, Сұңқар).

АҢЛЫ е т. с ө й л. Аңды. Мен кеткесін, атажан Көрерсің құлдан қорлықты... Әке сенің артыңнан Бес байталдық (бедірек) құл *А ң л ы п* жүрген дұшпанды (Алпамыс).

АҢСА е т. *Бір нәрсені не біреуді армандап ынтығу, көксеу, сағыну, іздеу.* Ішінде көп қарғаның жалғыз сұңқар (Болғанын кім біледі қайдан душар). Туған жер, өз жынысын, өз тұрмысын Сағынып, қайғысы бар *а ң с а п,* сусар (С. Дөнентаев, Өленд.). Жеткендей *а ң с а п* жүрген ғашығына, Алтын күз бөленіп бар асылына. Жарқырап көрінгенде, астық тойы Жөнелді бұрқан-тарқан тасыды да (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Нұржан Райханды екі күнде бір көрмесе *а ң с а й д ы* (З. Шашкин, Өмір тынысы). Үш-ақ жыл кедей теңдік алғанына, Еңбекші ел жетті *а ң с а ғ а н* арманына. Жарлыға берді жәрдем

үкімет те, Соғыстан көп күйзеліп қалғанына (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АҢСАҒАЙ м о н ғ. с ы н. с ө й л. *Апсағай, қапсағай.* Қоян жон, күрең төбел мінген аты, Жүргенде алды аяңдап, желеді арты. *Аңсағай* арық келген жануардың, Құландай құмда жортқан жүріс салты (И. Байзақов, Таңд.). Сақшыдай суды бойлап жағалаған, *Аңсағай* ақ қайыңдар, жалы шұбар. Ежелден қыз-жігітке жылы сырлас, Өзен мен жапырақта сыбыр тынбас (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

◆ **Аңсағай тартты.** *Кесек, ірі тартты.* Қасымның жасы қырықтың шамасында. Қоңқақ мұрын, бітеу бастау, селдір қара сақалы бар, зор денелі *аңсағай тартқан* жігіт (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ол алпыстың ішіне мол кірген, ұзын бойлы, мөлдір қара көзді, қаба сақалды, *аңсағай тартқан* кісі еді (С. Омаров, Хантағы).

АҢСАҒАЙЛАН е т. с ө й л. *Апсағайлану, қапсағайлану.* Өзеннің кей жерінде тоғай үзіліп, биік *аңсағайланған* құзар жарлауыт едірейе, пароходқа жоғарыдан үңіледі (С. Бегалин, Шоқан асулары).

АҢСАҒЫШ с ы н. *Қиялшыл, көксегіш, құмартқыш.* Айсыз түн, тынық, алаңсыз аспан, Тартады күңгірт қалғыған орман. Сездірмей жанға аяғын басқан, Келеді жым-жырт — *аңсағыш* арман (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

АҢСАЙ-АҢСАЙ ү с т. *Сағына-сағына, күте-күте.* Ағайын-туған есен бол, Алшайып атқа мінейін. Енді айналып келгенше, *Аңсай-аңсай* жүрейін (Жамбыл).

АҢСАҚ с ы н. *Аң құмар, аңшы.* Үдербай жас күнінен *аңсақ* еді, Деуші еді жеңгелері «Қара мерген». Ұшқан құс, жүгірген аң дегендерді Ұшырып түсіруші ед көрінгеннен (О. Шипин, Аманкелді).— Қасқыр шығар, одан басқа қай аң жейді,— деп көксеген бір *аңсақ* білгір кісімсіп жай сөз қылды (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АҢСАМАЛЫ с ы н. с ө й л. *Сағынышты, құштарлы.* Құшағың, анажаным, таң самалы, Жүзің күн көктемінде *аңсамалы,* Аналық махаббатың шабыт беріп, Жүрегім күй толқытып, ән салады («Халық мұғ.»).

АҢСАМПАЗ с ы н. *Құмартқыш, аңсағыш.* Сен үшін мен тым қартпын, мен үшін сен тым жассың. Сен гүлге құмар бұлбұлдай әсемшіл, *аңсампаз,* тәтті ойдың, нәзік сезімнің адамысың (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АҢСАП-ШӨЛДЕП ү с т. *Аңсай-аңсай, сағына-сағына.* Қажырлы ер жаннан арын артық көрмек, Өнерге ұмтылатын *аңсап-шөлдеп.* Қорғайды елін, жерін қанымынен, Болмайды жаннан қорқып басын имек (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт).

АҢСАРЫ з а т. *Аңсаған, көксеген нәрсесі.* Құштармыз ашық сынға, ақ сырға біз, Осылай өз *аңсарын* айтсын да — қыз. Кітапқа төніп Ақан отырғанда, Шақырып келген өзі Әсиямыз (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). Ертектер қандырса да жан *аңсарын,* Көрінді кейін келе олар шағын. Туған жер, ормандары өзің жаз деп, Ұсынған қарағайлы қаламсабын (С. Мәуленов, Жаңа арна). Келеді оларға еріп қоғам сәні, Ежелгі Космос сыры — ой *аңсары.* Келеді кенді таулар, дәнді қырлар, Бейне бір елдің жарқын болашағы (І. Мәмбетов, Өсиет).

◆ **Аңсары ауды.** *Құштар болды, көңілі ауды, құмартты. Аңсары ауған* бетке құлаш ұрғыш, Жаулаған елін аңнан артық қырғыш. Гоби жоқ кең қақпадан өте алмай, Ұйғырдан соққы көріп қайтқан Шыңғыс (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Барамын баян қылып бәрін төске, Бейілің берекемен болар есте. Адамның алыс жүрсе, *аңсары ауып,* Көруге құмартары сол емес пе? (Жамбыл). Нан емес темір басып азу тіске, Жұмысшы шықты аштықпен ерегіске. Далада тұрды шаруа *аңсары ауып,* Қиялдай бұлдыраған бір егіске (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АҢСАТ е т. *Аңса етістігінен жасалған, өздік етіс.* Әжей, күйінішінен қуанышы көп, өткенінен келешегі қызықты өмір барлығын ұмыттырып, ертеңді *аңсатады* (А. Лекеров, Қырдағы ән). Уә, шіркін, ағыл-тегіл қайран ақын, Жеріңді жаның сүйген қайра таптың; *Аңсатқан* алыс жүрсек асқарыңдай, Кеудеңді жырға толы аймалаттың (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Ержанның бойында бусанған ағаштың бұтағына келіп қонып, көктемді *аңсатқан* жыл құсындай, жас жігіттің көңілін елегізіте, еліктірген күш бар (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АҢСАТТЫР *Аңсат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» демекші, сол Жоңғар даласынан бекер-ақ келген екем. Ұзақ заман *аңсат-*

тырған туған жерге оралғанмен жүрегімдегі беріш жібір емес (З. Жәкенов, Таң самалы).

АҢСАУ *Аңса етістігінің қимыл атауы.* Ақбала балық тиеген шана үстінде бүрісіп келе жатып, от жаққан жылы үй мен ыстық шайды *аңсаумен* болған-ды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Шабыт менің жүрегіме от берді, Сезгенім жоқ, білгенім жоқ шаршауды. Таңдамадым қиын жолда өткелді, Білдім жалғыз — болашақты *аңсауды* (Ә. Тәжібаев, Жартас).

АҢСАУЛЫ сын. *Көптен күткен, аңсаған, сағынышты.* Досжан мен Күнімжан көп *аңсаулы* арманын құшқандай шынайы достыққа беріліп кетіп еді (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Алайда, редакция папкасындағы өлеңдердің ден көпшілігі бүгінгі поэзияның талабына *аңсаулы* жауаптарды бермеді («Халық мұғ.»).

АҢСАУШЫ зат. *Көксеуші, қиялдаушы.* Жалпы қазақ халқының қонақжайлығын мен жақсы білем. Ал, бір көрініп, болыстан мақтау сөз естуді *аңсаушылар* да аз емес (К. Оразалин, Көктем.). Өз теңін іздеп, сүйгеніне баруды *аңсаушы* қыздардың арман-тілектерінің жиынтығы (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы).

АҢСЫЗ үст. сөйл. *Абайсыз, аңдаусыз, байқаусыз.* Егер хабар бермесем, Қапыда ісім өтті дер. *Аңсыз* жатқан күнімде, Елімді әлек етті дер (Батырлар жыры).— Жүрмеңіз бұлайынша,— деді,— *аңсыз* Атаның жар-досы аз, жауы — сансыз. Екеуің олай-былай бола қойсаң, Суреттей боп қалармын тұрған жансыз (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Зейніл сыпайы сөзден әнтек асыққырап сөйлейін десе, аяғын *аңсыз* қапқанға басып алатындай көрінуші еді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АҢСЫЗДА үст. сөйл. Аңдаусызда. Батырлық пен ақындық Қабат біткен Махамбет Жазымын тауып жарылды-ай. Ақырында *аңсызда* Досанды қолға түсірді-ай (С. Жанғабылов, Тоқсан толғау).

АҢСЫРА ет. *Аң аулауды күту, сағыну, көксеу.* Мұқажанның шегір көзінің көргіштігі ғажап. Ат үстінде келе жатсын, жаяу келе жатсын, ол *аңсыраған* бүркіттей үнемі жан-жағына тесіле қарайды да отырады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әуелі *аңсыраған* тастүлек жоғарыдан төне түскенде, қатты бір шошып жосыла жөнеліскен еліктер белден аса берді (Ә. Кешімов, Екі бүркіт). Күйіне келіп *аңсырап* отырған қанығы қыран ақша қардың ызғарына шымырап бойын жинағандай дүрдүр сілкінді (С. Бегалин, Төлбасы).

АҢСЫРАУ *Аңсыра етістігінің қимыл атауы.* Аңшы құстар *аңсырау* кезінде көрінген құсқа, аяқты аңға ұмтылып, талпынып қанатын жайып қалады (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

АҢ-ТАҢ ет. *Аузы ашылу, аңыру, таңдану.* Нұрыш *аң-таң.* Өз малым дейтінім, бұл совхоздың малы. Совхоз үкіметтің совхозы, үкіметті алсақ, ол өз өкіметіміз. Сонда осы мал кімдікі болады, өзің ойлашы? (Б. Майлин, Таңд.). Сәуленің көзі бақырайып біресе Таймасқа, біресе жүзікке қарап, көзі шығып барады, *аң-таң.* Бір құдайдың өзінен басқа ешкім білмес деген сыры ашылып қалған сияқты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Аң-таң болды [қалды].** *Біреудің ойын түсіне алмады, дал болды.* Ақан тұр *аң-таң болып* анасына, Мейірім тұр шешенің көз қарасында. Тезірек келіп көру үміті ме? Шипа сол жүрегінің жарасына (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Ала көзбен бір қарап дүниеге Ақын тұрды, азырақ *болып аң-таң.* Дүние шексіз аралап кете барды, Тілін ұқты, сырын да тез аңғарды (Қ. Аманжолов, Таңд.). Нұрым *аң-таң қалды.* «Бұлардың тәртібі осылай ма, әлде ішінен тынып бізден бүккен сыры бар ма?»— деген ой келді оған (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АҢТАРЫЛ ет. *Не істерін білмей аңыру, дағдару.* Базаралы, Асылбектер Абайдың байлауын ұқпай *аңтарыла* қалды (М. Әуезов, Шығ.). Отырған орнымнан шегіне түсіп, шалдан алыстап кеттім. Не дерімді білмей, сөз таппай *аңтарылып* қалдым (М. Иманжанов, Адам тур.). Мешеулік кермесінде қаңтарылған, Ғасырда жол таба алмай *аңтарылған.* Әперді ол өз халқына жан сусының, Орыстың данышпандық шалқарынан (М. Әлімбаев, Таңд.).

АҢТАРЫЛУ *Аңтарыл етістігінің қимыл атауы.* Аяқ астынан атып шыққан сөзге Күркімбайдың *аңтарылуына* қарағанда, болыс та Шалғымбайға тіксіне қалды. Оған да мынау сөз тым өр көрінді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҢТАРЫЛУЛЫ ет. *Аңырулы, көңіл аударулы, дағдарулы.* Кабинет іші тымтырыс. Аяш не айтар екен дегендей бәрі

де соған қарай *аңтарылулы* (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АҢТАРЫЛЫС *Аңтарыл етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Тарқандар! Аттарыңа мініп алаңға шығыңдар!— деп айқай салды екінші жүздіктің командирі. Жұрт жапырылысып, арбаның жанына жақындаған жүзбасына қарап *аңтарылысып* қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ән айтады деп тоспағандықтан болар, былайғы жастар *аңтарылысып* отыр (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы).

АҢША үст. *Аң тәрізді, аң сияқты.* Тамақ тоқ, іздемейді үй мен шатыр, *Аңша* үйренген ұйықтады өңшең батыр. Мылтығын, қанжарымен қолына ұстап, Ұйықтамай жалғыз бастық бек сақ жатыр (Үш ғасыр.). Әміріне ақ патшаның амал қанша! Алпыс үй айдалада жатыр *аңша.* Дариға дес тиер күн келер ме екен, Етер ек сан етінді борша-борша! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Сырт беріп қашты сасқан сұм, Қаздық біз қардан моласын. Жау *аңша* ұлып жығылды, Москвадан түңілді! (Т. Жароков, Таңд.).

АҢШЫ зат. 1. *Аңды аңдушы адам, аң аулаушы. Аңшылар* аңға шықты мылтық алып, Иттерін жүйрік-жүйрік ертіп алып. Ішінде қалың тоғай ұйықтап жатқан Бір қасқыр қаша берді тұра салып (XX ғ. қаз. ақын.). Қан сонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға. Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет Ыңғайлы, ықшам киім *аңшы* адамға (Абай). Жарасовтың таныстыруы бойынша бұл адам — Жақсымбет, осы Айгенедегі белгілі *аңшы,* өзі мерген, өзі қақпаншы (М. Әуезов, Өскен өркен). 2. Ауыс. *Бір нәрсенің соңына түсуші, аңдушы.* Өлеңді қуып жүрген бір *аңшымын,* Жаныма медеу болар сөз талшығым. Ескеріп есіне алар кейінгі ұрпақ Артымда тым болмаса қалса жырым (О. Шипин, Туған жер).

АҢШЫДАЙ сын. *Аңшы тәрізді, аңшы сияқты.* Қуалап қызыл түлкі құмарлана, Алуға аз жетпеген *аңшылардай.* Болатқа бұрын да айтқан, көнбей қойған, Ойланды қыз, тұрды көп ұн шығармай (Д. Еркінбеков, Шығ.). Тап биыл, бұрын елемеген бейтаныс бір соқпақты тағы тауып, түлкі қуған *аңшыдай* із кестім (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бір жылатпай жібермейтін соққанын, Жас шақтағы шатақ құмар сотқарым. Алдымда тұр шаршап қайтқан *аңшыдай.* Ай далаға атып-атып оқтарын (Ә. Тәжібаев, Таңд.).

АҢШЫЛ сын. *Аң аулауға әуес, құмар.* Қасар мерген құм үстінде құмырсқа жорғалап келе жатқанын сыбысынан біле қоятын *аңшыл* адам (Ә. Кекілбаев, Дала.).

АҢШЫЛА ет. *Аңмен әуестену, аңға шығу.* Үш-төрт адамбыз. Кезек ұйықтап, кезек бағамыз. Ара-тұра *аңшылап* таңқоямыз (С. Мұқанов, Есею жыл). Қасына мені ертіп *аңшылап* жүрген әкем, қасқырдың құм арасындағы апанына кездесе қалды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АҢШЫЛАУ *Аңшыла етістігінің қимыл атауы.*— Менімен ерер ме едіңіз?— деді.— Уақыт жетсе, ерейін, мырза,— деді Қарамұрын.— *Аңшылауға* болады ғой? (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АҢШЫЛЫҚ зат. *Аң аулауды кәсіп етушілік.* Көшпелі елдің *аңшылық,* бақташылық, жаугершілік өмірінен неше түрлі ертегі, әңгімелер, екпінді күйлер, жырлар шыққан (С. Сейфуллин, Таңд.).— Жалғыздан-жалғыз, мына далада неткен *аңшылық,*— деп қалды Нұрым, әлденеден күдіктенгендей қабағын түйіп (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Аңшылықты* доғарып, Қойды ол мылтық атуды, Күпісіне оранып, Шығарды үйде жатуды (С. Мәуленов, Құлыншақ).

1. АҢЫЗ зат. *Дәнді дақылдардың орып жинағаннан кейінгі егіс орны.*— Неге арыққа жеткізе жыртпайсың?— Бұл *аңыз* емес, тың жер ғой (І. Жансүгіров, Шығ.). Көп жол жүрген жолаушы есегінің аяғын тұсады да, өзі *аңызда* жайылып жүрген мал ішіндегі жас шопанға қарай аяндады (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

2. АҢЫЗ зат. *Халық қиялынан туған ғажайып қызық оқиға, әңгіме.* Ел аузында ерлігі — *аңыз,* аты — жыр, Халқымыздың мақтанышы батыр ұл. Мерекелі мүшеліңді құттықтап, Сырбайыңның жазған сәлем хаты бұл (С. Мәуленов, Жаңа арна). Естіп ем ел аузынан бір *аңызды,* Сол *аңыз* жүрегімнен жыр ағызды. Сырламай сол қалпында ұсынайын, Кешір дос, олақ айтсақ мына бізді! (М. Әлімбаев, Таңд.). Өр толқынды тіліп-жарып барамыз, Көрінбейді кешегі құм даламыз. Уақиғаны болған теңіз түбінде Қызықтырып етер әлі ел *аңыз* (А. Шамкенов, Жасыл жайлау).

◆ **Аңыз болды.** *Жақсы атағымен ел арасына тарады, жайылды.* Абайдың өзінің жайы да, өлеңдері тәрізденіп, ауызша *аңыз боп* таралады (М. Әуезов, Әр жыл.). *Аңыз болар* хақы бар, Өмірі оның ғажайып. Үн қосыңдар, ақындар, Жарыса бір жазайық (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Ержан қиыннан жол тауып, қалың жаудың темір құрсауын жарып өткен, өжеттігі *аңыз болған* командирлерді көрді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Аңыз етті.** *Белгілі бір оқиғаны, жағдайды әңгімелеп айтты, айта жүрді.* Молам менің тұрсын жалғыз, Торабында осы жолдың. Өткен-кеткен *етер аңыз,* Не себепті жолда өлдім (Қ. Аманжолов, Таңд.). Шоферлер *аңыз еткен* бәйге болса, Озар деп осы Болат топтан шаршы. Қаладан заттар алып қайтқан еді, Кезінде кешке жақын сағат алты (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Аңыз қылды.** *Әңгіме етті, сөйледі.* Сонымен сол кеткеннен бұрылмады. Қайтқан жан құмырсқадай қыбырлады. Өз ара өлген атты *аңыз қылып.* Таралды алды-артына рулары (І. Жансүгіров, Поэм.). Баратын қара малды айтқанда, жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Құнанбайдың құласы мен жирені деп, жұрт *аңыз қыла* береді. Алшынбай аулынан аяры жоқ (М. Әуезов, Таңд.).

АҢЫЗАҚ з а т. *Қызулы леп, аптап.* Той десе, ел жабыла қалмай гулер, Кеп жатыр сәлем бере пәленшелер. Шөлдеген *аңызақта* ат үстінде Шақырды қымыз іш деп дәйекшілер (Айтыс). *Аңызақ* шалған екі бетім күреңіте түсудің орнына қарайып та кеткен болатын (Жамбыл). Бидайдың сабағы қурап тұр, *аңызақ* жел соқса, несі қалады? (З. Шашкин, Өмір тынысы). Гүл екті ол сенің кеудеңе, Өмірім гүлі сол деді. *Аңызақ* күнде кей-кейде Сенімен бірге шөлдеді (Т. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АҢЫЗАҚТАЙ с ы н. *Аңызақ тәріздес, аңызақ сияқты.* Лебін ішіне тартқан *аңызақтай* қуырып бара жатқан тәрізді («Лен. жас»).

АҢЫЗ-ӘҢГІМЕ з а т. *Дастан-хикая.* Қаратаудың басынан исі қазақ баласына мәлім, сонада кешкен бір «көш келетін». Содан бері Қаратаудың теріскейі мен түстігі *аңыз-әңгімеге,* дастан-хикаяға толы дерсіз (М. Әуезов, Таңд.). Сәкеннің шығармаларының ауыздан-ауызға кең тарауы өз алдына, ер жүрек революционер ақын туралы ел арасында талай *аңыз-әңгімелер* туды («Қаз. әдеб.»).

АҢЫЗҒАҚ з а т. с ө й л. **Аңызақ.** Күн қызды, шілде шертті, тартып күйін Қайнатты әуе айналып адам миын. *Аңызғақ* аңырай соғып қақырық кеуіп, Дем алу деміктіріп болды қиын (И. Байзақов, Таңд.). Жаз *аңызғақ* ыстықта, Кезгемін құм, шөл арасын. Ат жалын талай құштық та, Үйтқып құмнан борасын (С. Мұқанов, Замандас тур.). Белдеуіндей оралған Күзетші боп көк орман. Қорғапты егін даласын *Аңызғақтан,* боранна (С. Мәуленов, Жолдас).

АҢЫЗҒАҚТАЙ с ы н. с ө й л. **Аңызақтай.** Адамның қыр соңына жалған жауша түседі; құдалап құртша миын шағады; тандыры кепкен *аңызғақтай* өртеп, көкірегін қуратады (С. Талжанов, Адам тур.).

АҢЫЗДА е т. 1. *Күн тиіп, жел қағу.* Ваня жүгірген екпінінен үзіліп кетіп, оқыс құлап түскенде ғана *аңыздап,* жылы қалың киімнен саңлау тауып, бойын аяз жалай бастағанын сезген (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Қара, қызыл шиелерді жинап алатын адам жоқ па?— Ағаш түптерінде *аңыздап* шашылып та жатыр екен,— дейді Дайрабай (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). 2. *Желбіреу, желпілдеу.* Алда газет жайыла Самсағанда *аңыздап.* Ұқсайды оқу залына Бөлмесі жоқ жалғыз-ақ (С. Сейітов, Бетпе-бет).

АҢЫЗДАЙ с ы н. *Аңыз сияқты.* Колхозшылар көтермелей ме қалай, әйтеуір Нұрбайдың машинаға білгірлігін *аңыздай* әсірелейді (Т. Нұртазин, Мұрат).

АҢЫЗДЫ: **Аңызды сөз.** *Алып-ұшпа, алып-қашпа сөз. Аңыздысөздер* Дина қашан сахнаға шыққанша басылған жоқ (С. Бақбергенов, Күй).

АҢЫЗШЫ з а т. *Аңыз-әңгіме айтушы. Аңызшы* Павел Петрович Бажов облыс пен қаланың мәдениетін өркендетуге баспасөз, оқу-ағарту ісін дамытуға өте көп еңбек сіңірген (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі).

АҢЫЛЖЫ е т. д и а л. *Қаңырап бос қалу, құлазу.* Айналасы айдаладай *аңылжып* тұр. Күн бетіндегі шошалада тұрған кер ешкінің лағына мекірене иіп, күйсегені ғана естіледі (Ә. Кекілбаев, Бір шекім.). Мария Федоровна бүкіл жатақханада бір өзі қалыпты. Жаңа мамандардан

әлі ешкім келе қоймаған. *Аңылжыған* бос үй. Көне диван (Бұл да).

1. АҢЫР е т. 1. *Таң қалу, таңырқау.* Әмірхан әрберден соң әнге салды, Сүйкімді ән, тыңдаушының еркін алды. Топырақ жеп, домаланып еңбектеген, *Аңырып* жас бала да тыңдай қалды (И. Байзақов, Шығ.). Селоға кіріп жан-жақты, Көзімен шалып салмақты, Үйінің орнын шақ тапты. Үйінен тамтық қалмапты, Өртеніп, күйіп кетіпті, Тұрды *аңырып* таңырқап (Т. Жароков, Таңд.). Алды-артын аңдамай, Қалың қарда сабылып, Тұрып қалды Қарғабай, Аузын ашып *аңырып* (С. Мәуленов, Құлыншақ). 2. *Дағдару, не істерін білмеу.* Тамшы су таппай, *аңырып*, Өлерлік халге түскенде, Аттың күре-тамырынан Кез болды,— қанын ішкенде (С. Мұқанов, Замандас тур.). Жолынан ұлы күрес *аңырам* ба, Аянбай оқ атамын қан құмарға. Білемін тұрғандығын мені күтіп, Соғыстың соқпақтары тағы да алда (С. Мұқанов, Таңд.). Есімі Ұлпа екен жаңылмасам, Анық ұқтым атын да *аңырмасам*. Жүр екен шеттен келген қайршы боп, Өзім жауап беремін таба алмасам (Е. Бердин, Екі ойшыл).

◆ **Аңырып қалды.** *Сасып қалды, не істерін білмеді.* Ардақ оқушыларды жағалап, сабақтарын тексере-тексере Бәйтенге жеткенде *аңырып қалды*. Не істерін білмей тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Жәния үзілген жіптің бір ұшын тарамысты ұзын саусақтарының арасына ілген қалпы *аңырып қалды* (С. Шаймерденов, Мінез). **Аңырып тұрып қалды.** *Сасып қалды, дағдарды.* Азамат өзін-өзі ұмытқандай боп *аңырып тұрып қалды* (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Ол еркін кіріп еді бұл бөлмеге, *Аңырып тұрып қалды* әлде неге? Ішінде толы топтың өткір бір көз, Есіктен енген бетте қалды төне (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Ән баурап күн жиекте күліп қалды. Қозғалмай қазбауыр бұлт сұлық қалды. Таң ата түндік аша тысқа шыққан *Аңырып* келіншектер *тұрып қалды* (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап).

2. АҢЫР е т. д и а л. *Тоқтау, бөгелу.* Олар осы түстен кейін ғана *аңырған* шығар (Диал. сөздік). Мұнан басқа күніге шай, шекер, товар дегеніңді *аңырмай* алып, жекжатына беріп отырды (Бұл да).

1. АҢЫРА ет. 1. *Бақырған дауыс шығару, боздау.* Қиянат сондай ақ түнек Таң ата ғана басылды. *Аңырап* аш мал шақ түнеп, Адамның құтын қашырды (Ж. Молдағалиев, Таңд.). 2. *Зар ұру, зарлау. Аңырағаң* анамын Бас кессең де айтамын. Қан жылатқан халықты Қарғыс тисін, хан саған (М. Әуезов, Таңд.). Жауын-шашын мол жүдеу дала бүгін бір түрлі сүйкімді аттан түсе қалып аунап, аймалап құшқысы, бар шерін төгіп *аңырап* жылағысы келеді (З. Жәкенов, Таң самалы). Құрыды әкем құдың жаласынан, Хат келді *аңырағаң* анашымнан. Сең соғып қайығымды қиратқандай, Бір жанмын көк толқында аласұрған (Қ. Бекхожин, Үш кезең). 3. А у ы с. *Күйді, үнді тамылжыту, құйқылжыту, шырқату.* Алашқа атым шыққан Әсет ақын, Өлеңім, жан жолдасым, маған жақын. *Аңырағаң* аспан-көкке асқақ үнім, Саған да уақыт жетті қарлығатын (Үш ғасыр.). «Нар идіргенге» түсті де, *аңырай* жөнелді. Бұдан кейін сан рет тыңдай жүрсем де, осы күй менің жанымды дәл сол кештегідей елжіретіп көрген емес (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Әсем күй, саусақта би саңғырағаң, Жүйрік ұн жүрек жалмап жамырағаң. Боздатса «Боз інгенді» зарлы қобыз, Сарыны сардаланың *аңырағаң* (І. Жансүгіров, Шығ.). ⊙ — Даласы қайғы *аңырағаң* Жайлауы жайсыз қаңырағаң. Соққан жынды құйындай, Күншығыстан батысқа (Жамбыл). *Аңырап* азалы түн, күңіреп көк, Сол жасты жоқтағандай дала боздап (Қ. Бекхожин, Мариям.). 4. *Гүілдеп соғу, есу.* Пароходтың жоғары жағы ішіп, мас болып ұлып жатқанда, пароходтың асты *аңырағаң* суық, қаңырағаң адамсыз, көңілсіз еді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Көл үстіне ентелей төніп, «енді құладым, енді» деген қия жартас, жазық даладан *аңырап* соққан суық желге қабағын жауып, түнере томсарады (З. Шашкин, Сенім).

2. АҢЫРА е т. *Қаңырап бос қалу, иесіз қалу.* Ақ ордасы, күмбезді үй, Бәрі қалды *аңырап*. Жылқы, түйе, мыңдаған мал Қорада қой, маңырап (А. Тоқмағамбетов, Өмір). Туған ормандардың тұла бойы өртке шырпыдай тұтанды, өзіміз салған үйлеріміз *аңырап* иесіз қалды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

АҢЫРАЙ е т. 1. *Аңқаю, аңқию.* Тағы да «жат!» деген сөзді айта берген Мәншүктің аузы «жа»-ны айтып, «т»-ны айта алмай, «а»-ға ашқан қалпы *аңырайды* да қалды (С. Мұқанов, Таңд.).— Жүгіріңдер! Өшіріңдер!— деді, Нұрлан бұйырып, қасында сілейіп, *аңырайып* қарап

қалған адамдарға (З. Шашкин, Сенім). 2. *Аңыру, дағдару.* Мал иесі аңқау шаруа *аңырайып,* Жалдапқа жол беріп, аузын ашып сөйлейтін «әділ» адам екен?!— деп те қояды (С. Сейфуллин, Таңд.). 3. *Ашық-шашық қалу, жабылмау.* Қай үйді көрсең де есік-терезелері *аңырайып,* қабырғалары омсырайып құлап жатыр (С. Мұқанов, Таңд.). Жерге шөгіп, мыжырайып тұрған жер үйлердің *аңырайған* есік-терезелері де, қаңылтыр мұржалары да жанасқанды жалмайтын әлденедей, бір тажалдай көрінді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). 4. Сын. *Қаңырап бос қалған, иесіз.* Күн суық, аяз *аңырайған* қу шошала. Енді бұл шошалаға от та жағылмайды. Алқаның қол-аяғын жылытып, қара қи қалап беретін Қасені мен Маржаны да қасында емес (І. Жансүгіров, Әңгім.). Бейне мола,— *аңырайған,* Лыпасы жоқ жарлы үйі. Қысқы аязда төтенше Жарлы тартад зар күйін (С. Сейфуллин, Өленд.). 5. Сын. *Үлкен, кең.* Алтай жаз жануар-ай арымайтын, Босатпай мінсең-дағы бір күн белін, Сендерсің соны ұрлаған оңбағандар. Дайын тұр *аңырайған* апан-көрің (Д. Еркінбеков, Шығ.). Құлан жал, екі құлақ тас төбеде, Кең маңдай талпақ келген қос жебеде. Етсіз бос, киік танау *аңырайған,* Жұп-жұмыр, буыны жоқ, белдемеде (И. Байзақов, Таңд.). *Аңырайған* екі мүйізі күнге шағылысып жарқырайды (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.).

АҢЫРАЙТ *Аңырай етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ноқталы бет қара әйел, аузын *аңырайтып,* маңайындағыларға бірсыпыра қарап тұрды (Б. Майлин, Шығ.). Сол от ботпайға ауа сүйреп әкелгендей, *аңырайта* ашқан аузымыз бен қусырылған танауымыздан дем кіре бастады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АҢЫРАЙЫҢҚЫРА ет. *Сәл таңырқану, таңдану.* Үйде шай ішіп отырған жігіттер қозғалысып, кейбіреулері сұқсұр көрген қаршығаша жымиысып, кейбіреулері тек *аңырайыңқырап* күлімдесіп қалды (С. Сейфуллин, Таңд.). Завком *аңырайыңқырап* қарап отырды. Нияз ойланып, бұрылып шығып кетті (Бұл да).

АҢЫРАЙЫП-АҢЫРАЙЫП үст. *Аңтаң, таң-тамаша.* Біз кіріп-кіріп келгеніміз-де, азғана *аңырайып-аңырайып* тұра қалсақ та, тез жапырласып, әлгі адамдармен сөйлесіп, амандасып, жөн сұрасып жатырмыз (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АҢЫРАЙЫП-САҢЫРАЙЫП үст. *Ашық-шашық, аңғал-саңғал.* Барлығы жиырма шақты үй. Жазды күні *аңырайып-саңырайып* жататын қазақ қыстауларына ұқсамайды бұл ауыл (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АҢЫРАЙЫС *Аңырай етістігінен жасалған ортақ етіс.* Асып-сасып, дабырласып біреулері аттарынан түсе қалып, біреулері ат үстінде тұрды. Бұлардың қабақтарын байқаған адамдар *аңырайысып* қарасты (С. Сейфуллин, Таңд.). Үш директордың күтпеген жерде мұны көргенде, таңдана *аңырайысып* қалуларының себептері бар еді (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

АҢЫРАҚАЙ зат. *Сусыз құмайт жер, шөлейт.* Туған жері бірде жазаң да жайсаң, бірде кенезесі кепкен, *аңырақай* дидары Бураны жалықтырып, мезі етіп көрген жоқ (О. Бөкеев, Қамшыгер).

АҢЫРАҢДА ет. *Аңғалақтау, апалақтау, дегбірсіздену.*— Не болды, не болды,— деп *аңыраңдап* шауып аналарымыз да келіп қалды. Баяубай қып-қызыл болып, көп үндемейді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҢЫРАТ ет. 1. *Аңыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тұлымдыны тұл қылып, Даланы мұңды үн қылып, Ата-ананы *аңыратты* (Жамбыл). Қалам аузын қандатқан, Көкке ұлытып Көкланды. Азалы қып *аңыратқан,* Ызалы жауым осы ма (М. Әуезов, Шығ.). Біз батысты қиратып, Бүлдіреймміз қаласын. Баласын жетім жылатып, *Аңыратпаймыз* анасын (С. Бегалин, Таңд.). 2. *Құйындату, қатты ағындату, ызғыту.* Ақбалта айтып тұрғанда, Жақып көңіл бұрғанда. Әлде қайда шандатып, Текеші хан, Шығай хан Жетіп келді *аңыратып* (Манас). Тоғай ішінен көре салып *аңыратқан* Қапан да бір жағынан келіп қалды (С. Бегалин, Төлбасы). Шет жақтан қызыл жалаулы күрең комбайн көрінді. Ұзын загонның терістік жағынан түсіп, *аңыратып-ақ* келеді. («Лен. жас»). 3. *Күңіренту, басына көтеру.* Аспанды *аңыратып* айырғандай. Жалғыз-ақ қыздың даусы тұрды шығып. Мал айдап, қызды байлап, қозғалды жұрт, Қарасып Дауылбайда тұрып-тұрып (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҢЫРАУ *Аңыра етістігінің қимыл атауы.* Боздауын қобыз боздап, *аңырауын* Қыл сарнап, керуеннің дабырауын.

Ұғасың анда-санда ойнақы үннен, Кей қағыс күлдірлетіп қоңырауын (І. Жансүгіров, Поэм.). Аруақ күзетіп *аңырауымен* қара шашын ағартатын бұрынғының келіні емессің, сенде қандай жазық бар (Ә. Әбішев, Пьеса.). Ана даусы мұң емес ән, зар емес ыза, *аңырау* емес арман (С. Бакбергенов, Күй).

АҢЫРСЫТ е т. с ө й л. Аңырат. Еліртер, екілентер, елбіретер, Толғантар, толғақ салар, толықсытар; Аспанға ашы дауысың шырқап қалқып, Қоңырлап, көмей қайта *аңырсытар* (І. Жансүгіров, Шығ.).

АҢЫРТ *Аңыр етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Ауылдың алды айқын жол, Аңқылдар ауыл, аңырмас. *Аңыртпай* бастар бауырлас, Қозғалармыз қалың қол (І. Жансүгіров, Шығ.). Жақсы оқып, зеректігін танытқаны, Жолдас түгіл молданы *аңыртқаны.* Піскен бас, көбік өкпе бай баласын, Таң қылды сөйлесе естен жаңылтқаны (С. Торайғыров, Таңд.).

АҢЫРУ *Аңыр етістігінің қимыл атауы.* Ашық шахтаның жұмыскерлерінде әр жақтарына қарап аландау, *аңыру* бар (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АҢЫРЫС *Аңыр етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сөзбе-сөз қайталап, үміт етер бір ауыз сөз қосқан жоқ. Елшілер де *аңырысып* қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Мылтықтарының құлағын қайырысып, бірақ қайда ататындарын біле алмай *аңырыстыу* үш солдат (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АҢЫС з а т. *Істің барысы, ыңғайы, ауажайы.* Жоқ сен де, түсін терең жыр *аңысын* От жүрек табар еді жұбанышын. —Басымен әуре болып Ақан кетті, Сезбеді, ескермеді, қыз намысын (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Шабаланды ит шаптығып, Салып бойда бар күшін. Аңшы қалды сақ тұрып, Байқап соның *аңысын* (С. Мәуленов, Құлыншақ).

◆ **Аңысын аңдады.** *Бір істің бет алысын, ыңғайын байқады.* Бұлар әлі, істеліп жатқан ұлы жұмыстың құшағынан аулақ жатқандар: ұлы думанның *аңысын аңдай* алмағандар (І. Жансүгіров, Әңгім.). Ақанның *аңдап* Сергей ой *аңысын,* Сезіп тұр қасіретін, қиналысын: Қиырда шеше жалғыз, ал әкенің Тағдыры теңселтіп тұр қиял-күшін (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АҢЫС-АУЖАЙ з а т. *Көңіл-күй, ыңғай.* Сәмет сөзін оқыс үзіп, қалта қарап тұрып қалды. Көпшілік қауымның *аңыс-ауажайын,* көңіл-күйін барлап алғысы келгендей айналаға көз жүгіртіп өтті (С. Омаров, Қайырлы жаз).

АҢЫСТА е т. *Аңғару, байқау.* Күн ашық аязды-желді борасынға айнала берді. Жонның қарының да бұрынғыдан өлдеқайда қалыңдай түскенін Новиков түйілген қабақпен *аңыстап* келеді (М. Әуезов, Шығ.). Сұлтанмахмұт осы адамдардың арасында біраз болуды мақұл көріп, елдің көңілін, сөзін *аңыстады* (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АОРТА з а т. б и о л. *Жүректің түпкі қарыншасынан басталатын қолқа.* Қан өкпеде оттегімен байытылып, өкпе каналдары арқылы сол жүрекшеге, сол құлақшаға келеді. Бұдан қан *аортамен* малдың бүкіл органына тарайды (Қой өсіруші.). Жүректің қызыл тамыр саласы сол жүректің астыңғы қалташасынан *аорта* деген атпен басталады (Б. Омарұлы, Жүрек.).

АОРТИТ з а т. м е д. *Қолқа қабынуы.* Қан тамырларында кездесетін аурулар көп. Мысалы, қолқаның қабынуы *аортит,* жүрек тамырының қабынуы коронориит деп аталады (Б. Омарұлы, Жүрек.).

1. АП: Ап деді. а) *Әуп деді, көтерді.* Ол сенің не жиенің, не нағашың болар, әйтеуір сен сияқты, о да. Қасқыр осыны айтып қозыны *«ап» деп,* Иығына салып ала жөнелді (Д. Әбілев, Ақын арманы). ә) *Тамақ етті, жеп қойды.* Жанба дейсің, жаңадан от саласың, Алсын дейсің, әлде қайдан аласың? Туғанымды көрмеп пе едің қасқырдан Ашыққанда *«ап!» дейтұрын* баласын (С. Дөнентаев, Таңд.). Ап етті. *Шап етті, қарсыласты.* Болғанда сен іздеген, мен сұраған, Іздеген сұрағанға деген келген. *Ап етпей,* қап етпестен, Кенен құрбым. Азырақ сынасалық өлеңменен (Айтыс). Ап дегенде. *Шу дегенде, ә дегенде. Ап дегенде* ол сасып, не дерін білмей, Меңдікерейге бір, Әмірге бір қарап, табалдырықтан аса алмай тұрып қалды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Сайра, япырай, ә, әкімдік дегеннің өзі жақсы екен-ау. *Ап дегенде* шап ете түсіп, шаңқан боздар бірін-бірі торға қалай шырмайды (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

2. АП е т. *Алып етістігінің қысқарған формасы.* Сол майданда жалындап, Қолына алмас қару *ап.* Алатаудан ақырған,

Жауын жеңіп жапырған, Қарасайдай ұл туар. (Жамбыл). Қатарланған төртіппен сарбаздар сап, Жалау, қылыш жүреміз қолымызға *а п.* Аманкелді бастаған қалың сарбаз — Бірлік ұйым жасасын еңбекшіл тап! (Ақын жырлары).

◆ **Ап кетті.** *Алып кетті, көтеріп алды.* Бір қозы іліп *а п к е т т і,* Құздағы қиын ұяға. Екпіні күшті ер үшін, Еңбек қылды жем үшін Ұядағы балаға (Абай).

АПА з а т. 1. *Баланың туған анасы, шешесі.* Қайт деп *а п а,* жылай берме, Жүремін ғой жазып хат. Жазғытұрым барам елге, Партком берсе рұқсат! (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Қашағанды қуар-ау Жүйрік мінген боташым. Қуандырып тұрар-ау, Көкесі мен *а п а с ы н* (Ә. Тәжібаев, Шығ.). 2. *Бірге туған қыздардың үлкені, әпке.* Бұ-дағы бала болды балғын өсті, Қысы-жаз *а п а с ы н ы ң* қолында өсті. Арқардың егіз екі қозысындай, Жемісті Асан шашқан бірге жесті (І. Жансүгіров, Шығ.). Жалынды жалғыз *а п а м,* шешемменен, «Айрылып қаламыз»,— деп тағы сенен. Алдадым, ізін біліп қалайын деп, Қорлығы өтіп барад өңменімнен (И. Байзақов, Таңд.). Жалғыз *а п а м* терезеде тұр жылап, Омырауға көздің жасын ағызып. Ажал деген келгендей бір бұлдырап,— Неге тұрсың, няня өлі су тамызып (Н. Әлімқұлов, Алатау сурет.).

◆ **Нағашы апа.** *Баланың шешесімен бірге туған қыздар.* Мәжиттің *н а ғ а ш ы а п а с ы* — Соғыста кетіп жалғызы, Таусылып бүтін от басы, Бір үйден тұғыр қалды өзі (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

АП-АДАЛ с ы н. *Адал, күнәдан пәк.* Соңғы бір кезде ішуді Көбейтіп жүр ғой құрбылар. *А п-а д а л,* сыйлы кісіңді Жолынан түзу бұл бұрар (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

АПАЖАН з а т. *Жасы үлкен әйелге, анасына жалбарына айтылатын сөз. А п а ж а н,* мүлде жадыра, Өткенге қапа болмастан! Тәжірибе алып тағыда, Жаңада келдім Донбастан (Д. Әбілев, Алтай.). Оқымай өнер келмейді, Тусаң да қандай атадан. Колхозға «бар ма» демейді, Ұғыңыз мұны, *а п а ж а н* (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Бір күні Абдолла қасыма келіп отырды да:— *А п а ж а н,* ренжімесеңіз екеуміз орнымызды ауыстырайықшы. Біз сізге қызмет істететін емеспіз,—деді («Лен. жас»).

1. **АПАЙ** з а т. *Жасы үлкен әйелге құрмет білдіре, қарата айтылады.*— Іншегім қорықпайсың ба?—деді әйел.—*А п а й,* қорыққанмен күн көру керек. Мен сияқты қорғансыз жетімге кім тиеді,— деп ширақ қана жауап берді (С. Бегалин, Жеткіншек).— *А п а й,* сізге мен қалай рахмет айтарымды білмей отырмын,— деді, Ғани дауысы дірілдеп (М. Иманжанов, Көк белес). Ауырса со бір келіншек, Күлпәшті іздеп келеді.— Мынадай, *а п а й* дәрі іш,— деп, Көмегін дереу береді (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

2. **АПАЙ** з а т. ж е р г. *Төскей бет.* Бір күні аңға шығып, *а п а й д а н* арқар атып алдым (Диал. сөздік).

◆ **Апай төс.** а) *Кең кеуделі, омыраулы.* Федоров жасынан қара жұмысты көп істеген *а п а й т ө с* сары орыс: мұртын қырып тастаған, оның есесіне қира сары сақалын кіндігіне түсіріп жіберген (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Кең қолтық, *а п а й т ө с,* шелек танау, Сүмбідей сырты сұлу, іші жарау. Шоқ кекіл, алақан көз, қасқыр қабақ, Тамыры тілерсектің тарау-тарау (Д. Еркінбеков, Шығ.). Қыздың мойнына аса салған түйенің құмалағындай ірі-ірі моншақтарға дейін табиғи тәртіпті бұзғысы келмегендей *а п а й т ө с к е* жараса кетіпті («Лен. жас»). ә) *Жазықпен жалғасқан сәл биіктеу, ашық жер.*— Көз жетпес таулар көшіне, Алысқа сапар шеккендей. Арқаның *а п а й т ө с і н е,* Орнатып біреу кеткендей (С. Мәуленов, Жаңа аңда). Күрсіне көкірегінен жарды қаққан, *А п а й т ө с* өр толқыны жаңғырыққан. Егілген ел сыртынан хабар беріп, Төменде тулайды өзен сыңсып аққан (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АП-АЙҚЫН с ы н. 1. *Беп-белгілі, түсінікті.* Әңгіменің басты геройы басқаша аталғанмен, жүріс-тұрыс, мінез-құлық жағынан Сәкен екендігі Сәкенді білетін жұртқа *а п-а й қ ы н* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Менің қасымда қаруларына сүйеніп отырған солдаттар жүрегіне ұялаған не? Бәрі де маған қазір *а п-а й қ ы н* (Ж. Саин, Жол үсті.). 2. *Ап-анық, күмәнсыз.* Орманшының үйі өзеннің арғы бетіндегі қалың ағаштың бергі қолтығында еді. Оның терезелеріне дейін *а п-а й қ ы н* көрініп тұрды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АПАЙ-ТОПАЙ ү с т. *Апыр-топыр, астан-кестен.* Шабарман болып Шапайға! Шаған бойын шаңдатты. Жайық *а п а й-*

т о п а й д а Тоғытты сансыз саңлақты (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Қажымұқан алыстан арбасудан гөрі *а п а й-т о п а й* алыса кеткенді ұнатады. Тайсалмай ішке кіріп кетуге тырысатыны да сондықтан болса керек («Лен. жас»).

◆ **Апай-топайын шығарды.** *Астан-кестенін шығарды, апыр-топыр қылды.* Шаншар атай жеңілді. — Шалымыма келмеуші ең. Апырай не ғып жібердің? *А п а й-т о п а й ы м д ы ш ы ғ а р д ы-а у* лезде (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек).

АПА-ҚАРЫНДАС з а т. *Туған я туыстас келетін әйел адамдар. А п а-қ а р ы н д а с* деген бізде атымен жоқ. Есіме жалғыз ағам — Қасым түсті. Ол поселкеде жалшылықта жүрген (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт). Біз көш қасынан әуелгі кездескен *а п а-қ а р ы н д а с т а р ғ а:* — Қозылар көш таянғанын көріп, бой бермей кетті,— дестік (Ә. Көшімов, Қарт. аңшы.).

АПАҚ-САПАҚ ү с т. *Ала көлеңке, қараңғы түсе бастаған кез.* Ақшамда *а п а қ-с а п а қ* сауда біткен, Іңгенді тіркеп керуен жүріп кеткен. Артына қарай-қарай, боздай-боздай, Құба құм, қоңыр түнді күңіренткен (І. Жансүгіров, Поэм.). Болғанда кешке жақын *а п а қ-с а п а қ,* Алдымен шықты сәулем бейне шапақ. Кигені қара кәмшат оқалаған, Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап (Үш ғасыр.).

АПАҚ-САПАҚТА ү с т. *Кешкілікте, қарбалас уақытта, ала көлеңкеде.* Орынбек неше күн аңдып жүріп, кеше *а п а қ-с а п а қ т а* бес кісімен кезіге қуады. Жете алмай атқан екен, оғы Қаменнің тізгін ұстаған қолына тиеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бір күні кешкі *а п а қ-с а п а қ т а* қасына екі жігіт жолдас ертіп, Сартай күйеу келді деген хабар дүңк ете қалды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Барлаушы топты өзен аңғарындағы кең жазыққа қарай өткізіп сап, арт жақтан, кілең сайгүлік жүйрікке мінген сарбаздар *а п а қ-с а п а қ т а* лап қойды (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

АПАҚ-ШАПАҚ ү с т. *Мәз-мәйрам, мәре-сәре.* Елеманның елге кеп, Мөңке үйіне түсіп, *а п а қ-ш а п а қ* боп қуанысып жатқанын есітті (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

АП-АЛА с ы н. *Ала-құла.* Таулар басы *а п-а л а,* Қарайғанмен бөктері. Өзен суы ботана, Таптырмайды өткелі (Ғ. Орманов, Таңд.). Сақа аттар, сар кідірлер, сары тісті, Дөмелі дөнен де бар, жүйрік бесті. Құсындай қырдың өңшең *а п-а л а* боп, Жүйріктер жұртты үңілтіп көзге түсті (І. Жансүгіров, Поэм.).

АПАЛА е т. *Апа-апа деп қайталау.* Мақпалдың жаны шошып, аузын басып, Арғысын айттырмаған «өлме *а п а л а п*» (І. Жансүгіров, Шығ.). Ұлдар, апам, амал не, өлген жылы, Ағайындар арулап көмген жылы. Жеті жаста жалтақтап көз түрткі боп, Қала берді *а п а л а п* жалғыз ұлы (К. Әзірбаев, Шығ.).

АПАЛАҚТА е т. *Не істерін білмеу, сасқалақтау, абыржу.* Аңшы оқ шығарып үлгіргенше марал көзден ғайып болады. *А п а л а қ т а п* аңшы қалады (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ).— Ат! Ат!— деді Ердекең. Бәйтен тіпті *а п а л а қ т а п* қалды. Сасқан адам не істегенін біле ме? («Қаз. әдеб.»). Морозов қолына бір сырғауылды алып, тұтқынды *а п а л а қ т а п* қуып келе жатқандардың алдынан көлденең тұра қалды (І. Жансүгіров, Таңд.).

АПАЛАҚТАС *Апалақта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аудан арыздардың астында қалыпты. Қойшысы қасқыр болып шығыпты. *А п а л а қ т а с ы п т ы.* Қалбалақтасыпты. Шара қолданыпты (І. Жансүгіров, Шығ.). Жамал шапанды таныды. *А п а л а қ т а с т ы.* Арбаның кеткен ізін көріп, тағы жүгірісті (Б. Майлин, Шығ.).

АПАЛАҚТАУ *Апалақта етістігінің қимыл атауы.*

АПАЛАҢ-ТОПАЛАҢ *ү с т. Апыр-топыр, асығыс, астан-кестен.*— Дау-шармен ығыр болған ел ғой. *А п а л а ң-т о п а л а ң ы ң* кезінде кейбір кезеген аяқтар кеселін тигізе кеп, мені тақымына қыстыра кетем дейді (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

◆ **Апалаң-топалаң болды.** *Абыр-сабыр болды, асып-састы.* Бұл әскер ауылға таянғанда, Танабай ауылы — Танабай үйі жын тигендей, *а п а л а ң-т о п а л а ң б о л ы п* жатты (С. Сейфуллин, Таңд.). Ілезде сол алты ауыл бүйі тигендей у-шу болып, үрпиісіп *а п а л а ң-т о п а л а ң б о л д ы* да қалды (Бұл да).

АП-АЛАСА с ы н. *Биік емес, аласаның аласасы.* Өлдік-талдық деген шақта бір бекетке жеттік-ау. Онысы — бұйраттанған қалың құмның етегіндегі кіп-кішкене, *а п а л а с а,* шатырсыз жападан-жалғыз ғана землянка екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жағалай ағаш егілген асфальтті жолдың сол жағында созылып жатқан көл, оң жа-

ғында айналасы *а п-а л а с а* құм қорғанмен қоршалған мола («Лен. жас»).

АПАЛАТ е т. *Апала етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АПАЛАУ е т. *Апала етістігінің қимыл атауы.*

АПАЛЫҚ з а т. *Апаға тән қылық, үлкендік.* Ал, мен *а п а л ы қ* етейін, жолың болсын! — деп, әйел көлденеңдеген атқа жетіп келіп, мандайынан сипап өтті (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ с ы н. *Үлкенді-кішілі; жақын, туған әйелдер.* Сапырылған қымыз, сойылған мал, бірін-бірі сағынып көрген *а п а л ы-с і ң л і л і* би қыздары мәре-сәре болып, әңгіме думанға бөленуде (С. Бегалин, Бала Шоқан). Есік алдына бес орындық қойылды да, бес қыз бала келіп отырды. Олар жайраң қағып, қуаныш отыр. Ішінде Қиюаз Алшынбаева, Мәре Алшынбаева сияқты *а п а л ы-с і ң л і л і* оқушылар да бар («Лен. жас»).

АПАЛЫ-СІҢЛІДЕЙ с ы н. *Өте жақын, туған адамдай.* Аяш пен Дәмеш сағынысып көріскен *а п а л ы-с і ң л і д е й* аймаласты да қалды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Өмір мен өлімнің екі ортасында жүргенімде, құдай айдап, баяғы соғыс жылдары *а п а л ы-с і ң л і д е й* боп, бірге тұрған құрбым төркіндей елге келді («Лен. жас»).

АП-АМАН ү с т. *Аман-сау, сау-салamat.* Осылай аттанды ерлер белді байлап, *А п-а м а н* келеміз деп, жауды жайлап. Фашисті жер бетіне қоймаймыз деп, От-жалын көздеріне келді жайнап (С. Әлімбетов, Өленд.).

АПАН з а т. *Ойылған жер, шұңқыр.* Ысқырған екпінді жел арбиған қу қаңбақты домалатып, ескі *а п а н д а р ғ а,* сай жырасына, малша иіріп тыға түседі (Б. Майлин, Шығ.). Түйе жүрген соқпақтан Таптым сулы бір *а п а н.* Атымды әбден суардым, Жараларын жуалдым (Жамбыл). *А п а н ғ а* шөлдеп келіп теке түсті, Сусындап әбден мейрі қанып ішті. Қайтуға тойған қарнын көтере алмай, Байланып тар қапаста іші пысты (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш).

◆ **Апан құдық.** *Терең құдық.* Қалың талдардың арасындағы бір бекіністеу үлкен зор *а п а н қ ұ д ы қ* сияқты кең шұңқыр, шұңқырда байлаулы тұрған аттар (С. Сейфуллин, Әңгім.). Шәкен мырза қазір құдық басында, қара шляпасын көзіне түсіре киген, екі қолын артына ұстап, үлкен *а п а н қ ұ д ы қ т ы ң* мол, мөлдір суынан көз алмай тұр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АПАНДАЙ с ы н. *Жан-жағы құлаған ұрадай, апан сияқты.* Ақ басты айдаһардың *а п а н ы н д а й,* Тау кезген қарақшының жатағындай. Көкшеде үңгірлер бар, көрі тарих, Сақтаған кейінгіге қате қылмай (С. Мәуленов, Жаңа арна). О, ғаламат! Жеңдеріңнің қуысы қасқырдың *а п а н ы н д а й.* Әрі сала құлаш ұзын (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Сайдың қабағында көз көрім жер барған сайын ескі *а п а н д а й* опырылып, құлап мүжіліп, көсе кісінің сақалындай ербиген селеу басқан там үйлердің орны (Б. Майлин, Шығ.).

АПАНДЫ с ы н. *Жан-жағы опырылып құлаған.* Кемпірдің әжімді мандайындай қатпарланып жатқан жалпақ жота. Айналасы *а п а н д ы* үңгірлер (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

АПАНША с ы н. *Көлемі шағын, кішкене апан.* Түйе құдықтан суырылған соң, енді сол *а п а н ш а* мол құдықтың суын төгіп, жақсылап аршып алу қажет болды (М. Әуезов, Шығ.).

АП-АНЫҚ с ы н. *Ап-айқын, анық, күмәнсыз.* Қуаныштың белгісі бар жүзінде Қайрат, жігер, нық екпін бар сөзінде. «Дүниенің тұтқасымын!» деген сөз — *А п а н ы қ* боп жазулы тұр көзінде (Б. Майлин, Шығ.). Сонау өзен қабағындағы тастақ қыраттың қоп-қою мақпал қара көленкесі де сәуле құшқан беткейден жігі бөлініп *а п а н ы қ* көрінеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Айтқандай-ақ он-он бір километр ұзаған кезде, жарылған мина даусы *а п а н ы қ* естілді (Ә. Шәріпов, Партизан.).

АПАР е т. **1.** *Белгілі бір затты бір орыннан екінші орынға алып бару, жеткізу.* Қыдырып қыр мен өзекті, Іздейді отын табуға. Арқалап терген тезекті, *А п а р м а қ* байға жағуға (С. Сейфуллин, Өленд.). «Сындырмай несі бар» деп балалары, Кезекпен күшін байқап көрді бәрі. Құр шаршап, әуреленіп сындыра алмай, *А п а р ы п* әкесіне берді бәрі (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Біреудің есегі мен аты болды, Бір жаққа *а п а р а т ы н* заты болды. Есек пен атқа жүгін артып алып, Шаңдатып келе жатты ұзын жолды (Бұл да). **2.** *Алып кету, соңына ерту.*— Рас *а п а р а с ы ң* ба?— деді.— Рас, қалқам! Өзіммен бірге жүресің. Өзіңдей кішкене қыздармен бірге жа-

тасың, бірге оқисың, бірге ойнайсың. Барам десең, өзім осы жолы алып кетем (С. Мұқанов, Аспаз). Мұғалім менің қасыма жақындап келді де, басымнан сипады, сонсоң өзінің қасына *а п а р ы п* отырғызды (Қ. Әміров, Жастық шақ).— Көкен, андағы масканы қайда *а п а р а с ы ң?* —деді, Сағила терезеден аулаға шыққан ұлына (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.). 3. *Бастау, алып бару, ілгері дамыту.* Менің барлық ынтам, жаным — бар күшім, *А п а р с а м* деу: тек колхоздың алға ісін (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).— Мәскеуде Ленин ата бар,— Деді ғой, менің бөбегім. Алысқа бастап *а п а р а р* Сол тілді жақсы көремін (Т. Молдағалиев, Құралай). Ел қызының келеді Сенен дерек білгісі. Елге білім *а п а р ы п,* Солардың бол үлгісі (С. Сейфуллин, Өленд.). Біліммөнен шешіп тұр, Нелер тұрмыс түйінін! Маркс — Энгельс — Лениннің Алға *а п а р ы п* ғылымын (Қ. Аманжолов, Таңд.). 4. *Жақындату, таяту.* Иван Харитонов шал айқайлап жіберді де, оң қолының үш саусағын маңдайына *а п а р а* берді,— империя үшін өлуіміз керек (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Жамал созған қолын *а п а р ы п,* Нұрыштың иығына салды (Б. Майлин, Шығ.). Егер жарық сәулесін «А» нүктесіне *а п а р с а қ,* онда оң жақтағы фото кедергіге сәуле көп түседі де, оның кедергісі азайып, реленің орамына өткен ток әсерінен, якорь оң жақ контактіні тұйықтайды (К. Айманов, Физика.).

◆ **Апарып қайтты.** *Көрсетті, жолықтырды.* Болатбекке Панна: «Бүгін клубта кино бар, мені *а п а р ы п қ а й т ы ң ы з»,* — деп өтінді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Апарып соқты.** *Тап болды, ұшырады.* Совхоз директорымен екеуінің арасындағы даудың неге *а п а р ы п с о ғ а т ы н ы* белгілі: ертең жауын бастанса, бидай жерде шіриді (З. Шашкин, Сенім). «А» витаминінің жетіспегендігінен адамның көзі ауырады, тіпті көрмей қалуға дейін *а п а р ы п с о ғ а д ы* (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). **Біраз жерге апарды.** *Мақтады, мадақтады.* Көктемде металлургтер сарайында жиналыс болып, мақтамасын ба кеп мені.— 60-жылдардағы жастардың алғы сабынан орын алатын жігіт!— деп, *б і р а з ж е р г е а п а р ғ а н-д ы* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АПАРА о р. з а т. *Ашытқы қосылған қамыр.* Қамыр ашытудың соңғысы, көбінесе, ішіне қант, май, жұмыртқа салынып пісірілетін тағамдарға арналып ашытылады, мұны *а п а р а* деп атайды — дейді Меңдібаева (Келіншектер.).

АПАРҒЫЗ е т. *Апар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үстіне қызды мұның мінгізеді, Бір жылдық азық-түлік киргізеді.Бір түнде жүкшілерге *а п а р ғ ы з ы п,* Мінгізіп кememенен жүргізеді (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Жеген соң [дәріні] бой балбырап, есі ауысты, Өшігіп есі ауған соң жеп тауысты. Сарайға жеті қабат *а п а р ғ ы з д ы,* Әр кезде есітпейтін еш дауысты (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АПАРҒЫШТАП ү с т. *Қайта-қайта апарып, апара беріп.* Шәуке ауданда жүргенде, елден келіп-кетуші пысықтарды бауырмалсып, шайханаға *а п а р ғ ы ш т а п* сыйлаушы еді (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

АПАРТОН з а т. с ө й л. **Оппортун.** Оңшыл, солшыл, *а п а р т о н,* Осыны айтқан батырақ, Байды қорған сөйлеп көр, Батырақ тілін батырад (Б. Майлин, Шығ.).

АПАРТТЫР *Апарт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

АПАРУ е т. *Апар етістігінің қимыл атауы.* Міне, Коммунистік партиясының осы жолын, яғни қазақ халқын социализмге тап күресі арқылы *а п а р у* жолын, садуақасовшылар, ол топтың басшысы Садуақасов таныды ма? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Құрамыз біз қуатымен атомның Ледоколдар, станциялар — алты мың. Достық жолын шартарапқа *а п а р у* — Салты емес пе еңбек сүйгіш халқымның (Партия тур. өленд.). Балаларды шамасы келетін жұмысқа қатыстыру қажеттігін ескергенмен, көктемгі каникулды оқу жылының аяғына дейін *а п а р у* орынсыз («Халық мұғ.»).

АПАРУШЫ з а т. *Дамытушы, өркендетуші.* Коммунистер дүние жүзінде өмірді алға *а п а р у ш ы,* тегеуірінді қозғаушы күшке айналып отыр (С. Мәуленов, Жер нәрі).

АП-АРЫҚ с ы н. *Етсіз, құр сүйек.* Қыз қолапайсыз, ұп-ұзын, *а п-а р ы қ* қолды өз мойнынан ақырын көтеріп алып, былай сырғытып қойды (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан).

АПАРЫЛ *Апар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Өткен жылы Москвадағы фабрика шеберлерінің және жүн жайындағы мамандардың сынына *а п а р ы л ы п,* тексеруге түскен болатын (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Иә, сөйтіп мына сурет Моск-

вада 1923 жылдың күзінде түсіріліпті. Суреттегі кигіз үй Ақтөбе жақтан *а п а р ы л ы п т ы* («Қаз. әдеб.»).

АПАРЫЛУ *Апарыл етістігінің қимыл атауы.* Кімде-кім перитониттің қандай түрімен ауырса да, жедел ауруханаға *а п а р ы л у ы* керек (А. Даиров, Хирург.).

АПАРЫС *Апар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Шай артынан қора ішіне шығып, Бейсенмен бірге аттарды күтісіп, Ертіске суаруға *а п а р ы с т ы* (С. Бегалин, Шоқан асу.).

АПА-САПА: **Апа-сапа болды.** *Абыр-сабыр басылды, тыныштады.* Нағашысы еншілеген жалғыз құнанын жайратып салды. Той тарқап, *а п а-с а п а б о л ғ а н* (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

АПАС-ҚАПАС үст. *Қарбалас, асығыс.* Жан-жаққа шапқын шығарып, іздеңдер тез! Барлығы *а п а с-қ а п а с* шығып кетеді. Түрме бастығы бастаған топ қақпа аузына шыға бергенде, Мырзалы жолығады (Б. Тәжібаев, Қара торғай).

АПАС-ҚАПАСТА үст. *Асығыста, қарбаласта.* Жол жүрушілер *а п а с-қ а п а с т а* машинаға отырып, аэропортқа бір-ақ тартты (Ауызекі тіл).

АПАТ ар. зат. 1. *Елге төнген қауіп-қатер, қырғын, ауыртпалық.* Қауіптің қара бұлты қайта төніп, Кетеді оқтын-оқтын ойды бөліп. Ажалды ауыр *а п а т,* қырғын соғыс — Елестеп көз алдыңнан өтеді өлік (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). Түспесін ауыр басқа күй, Болмасын соғыс — қанды *а п а т.* Қалмасын жетім жас сәби, Қалмасын жесір махаббат (С. Мәуленов, Жаңа арна). Сынды,— дедім, арқамдағы зор емен, Күткен адам ұлы *а п а т т ың* боларын Дүниеде бақытсыз жан не деген! (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Тіпті өрт *а п а т ы м е н* алысып жүргенімізді де естен шығарып жіберемін (З. Шашкин, Өмір тынысы). Борис енді жалғыз тиді жауына, Жібермеуге өртті егіннің қауына. *А п а т п е н е н* айдалада айқасып, Түсті дерлік күш садақтың бауына (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). 2. А у ы с. *Жұмысты апырып-жапырып.* Ауыл жақтан жүгіртіп Таймас келеді. Ол — шешен, өнші, домбырашы, қолы мініскер, жұмысқа салсаң *а п а т* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Апат болды.** *Апатқа ұшырады, қырылды.* Басталып тауға жаппай «альпинизм», Өтем деп, баса-көктей шыңын, құбын. Тірі ғып мыңнан біреу, өзгесі *а п а т б о л д ы* да қар мен мұзда қалдырды ізін (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Сонымен XIII ғасырдың алғашқы жартысы әралуан этикалық, тілдік, нәсілдік және мәдени элементтердің барынша бөлшектену, қосылысу, ажырасу, *а п а т б о л у,* бірігу және ауып кету дәуірі болды (ҚазССР тарихы). Бұхарада мұнара Қаһарлы қан соқтырған. Елге *а п а т б о п* бұл ара, Болған онда көп құрбан (С. Мәуленов, Таңд.). **Апатқа ұшырады.** *Шығын болды, сәтсіздікке ұшырады.* Газетіміздің өткен бір номерінде Ленинград қаласында Нева өзенінің суы көтеріліп, ондағы халықтың бірсыпырасы *а п а т қ а ұ ш ы р а ғ а н ы* жазылған еді (С. Дөнентаев, Шығ.). Көтібақтың өзі де, ол жақтаған идея да, түсініктер де *а п а т қ а ұ ш ы р а д ы* (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Өнім жинау жоспары егістің *а п а т қ а ұ ш ы р а у* салдарынан орындалмаған болса, оны мемлекеттік қауіпсіздендіру органы акты жасап растаса, мұндай бригадаларда еңбеккүн шегерілмейді (А. Шайбеков, Колхозда.).

АПАТАЙ зат. *Апажан.* Әлпештеген, аялаған, Ақ сүт берген, *а п а т а й ы м.* Сәлем жазып бүгін саған, Қуанышыңды құттықтаймын (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Жарысқанда уақыт деген ұрымен Тағы шылым тартылады-ау түнімен. *А п а т а й ы м,* бөлмей-ақ қой ұйқыңды, Өткен түні тағы ұйықтамай шығып ең (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). *А п а т а й-а у* көлде бар екен алтын балық, Атам менен апама көрсетейік. Жүр, *а п а т а й,* барайық ұстап алып (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АПАТАЙЛА ет. 1. *Апа-апа деп жалыну, жалбарыну.* Құшақтай алды бала *а п а т а й л а п,* Күлімдеп қоя берді көзі жайнап (Д. Әбілев, Таңд.). 2. *Жасы үлкен әйелді апатай-апатай деу.*— Тасбақадай домаланған Ақкірпік көзін жыпылықтатып, *а п а т а й л а п* жалынар еді маған,— дейді Бағимаш (Бұл да).

АПАТИТ зат. мин. *Фосфаттар класына жататын минералдық зат.* Соңғы жылдары еліміздің кейбір аудандарында жер тыңайтқыштар ретінде *а п а т и т п е н* байытылған мартен шлактары қолданылып жүр («Лен. жас»). Әсіресе геологтар фосфорит, *а п а т и т,* селитра, минерал тауып бергенде, біз қатты қуанамыз (А. Машанов, Жер асты.). Жаңа технология бойынша темір рудасын магниттік сепарациядан өткізгендегі қалдықтан жыл

сайын 700 мың тонна *апатит* концентратын алуға болады («Лен. жас»).

АПАТТЫ с ы н. *Қауіп-қатерлі, зиянды.* Сол жылғы *апатты* сүзектің жазды-гүні көкірек аурудан қайтыс болған Қайыпқожа сыбызғышының үйінен басталатынын, оның артынан үлкен ауыртпалықпен бүтін ауылды аралап шығатынын Тояш білген жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қазақстанның кейбір аудандарында «Топалаң ой», «Ешкі қырылған» сияқты жер аттары бар. Бұл жерлерде *апатты* індет болғандығын көрсетеді (С. Омаров, Қой. бағу.).

АПАТШЫЛ с ы н. *Апатқа, қырғынға ұшыратқыш.* Ақын Асқардың болжалы дұрыс шықты: *апатшыл* фашизм еңбекші халықты тұншықтыра алмады, халық фашизмді тұншықтырды (С. Мұқанов, Өсу жол.).

АП-АУЫР с ы н. *Зілдей, сап-салмақты.* «Соғыс» деген бір зілдей сөз, Кетті басып еңсемізді. *Ап-ауыр* ғып түсірті тез, Қолымызды, кесемізді (Қ. Аманжолов, Таңд.). Бір қаңғыған снаряд келіп, танкімізді маңдайдан бір нұқып қалды білем, *ап-ауыр* танкім селк ете түсті (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Сатырлаған *ап-ауыр* тамшылардың астында балалар үріккен қойдай тырағайлап, қыстаққа қарай бейберекет жүгірісті (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АПАШ з а т. *Анаға құрмет тұта, жалына айтылатын сөз.* Неше рет жерге қар жауып, Неше рет сол жер көгерді. Бөпешім өсті марқайып, *Апашым* біраз көнерді (Партия тур. өлең.). Жасай тұршы, *апашым,* Қайда асығып барасың (Т. Шопашев, Жастық.).

АПАШ-ҚҰПАШ ү с т. *Асығыс-үсігіс, қарбалас. Апаш-құпаш* ұзатқанын Жібек жеңгесі Жәмиге әдейі барып айтқан екен, ол: «Мейілдері, маған десе, қазір неге жөнелтіп жібермейді»,— деп, қабағын шытып қысқа қайырыпты (С. Омаров, Қайырлы жаз). Сонымен *апаш-құпаш* билет алып, залға ентіге кірдік-ау. Бірақ кіргеніміз бар болсын, ең әуелі сүйікті кейіпкеріміз Дүйсенді танымай қалдық («Қаз. әдеб.»).

АП-АШЫҚ ү с т. 1. *Ауа райы ашық, бұлтсыз.* Күндіз айнадай жарқыраған *ап-ашық* аспанға, ойда жоқта, үлкендігі тоқымдай ғана аппақ бұлт пайда болып, ілезде бәрі тұтасатын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Алматы көгі *ап-ашық* Кәдімгі көктем күні еді. Сәніне соның жарасып, Жарқылдап өмір күледі (І. Мәмбетов, Табантал). 2. *Иен, кең, жазық.* Қаланың шығыс жағы Бықи қыстағына дейін дөңдеу келген *ап-ашық* жер екен (Ол күндер.). 3. *Ап-анық, айқын.* Абайдың көңіліне Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп, *ап-ашық* естіліп бара жатқан сияқты (М. Әуезов, Абай). Көп ішінен Надя *ап-ашық* қып:— Дәл бүгін түсіру керек қой орыныңыздан,— деп түңіле тұнжырады (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АПЕКЕ з а т. *Апажан, апатай.* Амансың ба, байғұс апа? Денің сау ма, *апеке!* Қартайдың ба, болып қапа? Әжемдей боп Тәп-екең? (С. Сейфуллин, Өленд.).— *Апеке,* ол жай балшық емес, ол мүсін ғой, өнер ғой,— деп Шоқан қабағын түйіп тұрып қалды (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АПЕКС з а т. а с т р. *Күн қозғалысындағы аспан нүктесі.* Күннің қозғалысы бет алып бара жатқан аспанның нүктесін *апекс* деп, оған қарама-қарсы нүктені антиапекс деп атайды (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АПЕЛЛЯЦИЯ з а т. з а ң. *Айыпкердің сот үкіміне наразылығы жөнінде жоғары сотқа шағым беру жолы.*

АПЕЛЬСИН з а т. 1. *Жылы жақта өсетін жеміс ағашы.* Өсімдіктердің ара-арасында шайқалған жасыл теңіздей құрма пальмалары мен *апельсин* ағаштарының шоғыры, оазистер көзге түседі («Лен. жас»). 2. *Жеміс ағашының қызыл сары түсті жемісі.* Түрлі өсімдіктердің ішінде лимон, *апельсин,* гранат, жаңғақтар бар, одан басқа қымбаттылары да толып жатыр (С. Шарипов, Шығ.). Сен маған *апельсиннің* гүліндейсің, Төрінен бозғыл тұман күлімдейсің. Бермеймін сені ешкімнің қорлауына, Сен менің бірге туған інімдейсің (Қ. Жармағамбетов, Баллада).

АПИЫН и р. з а т. *Көкнар қауашағынан алынатын шырын.* Тек Түркстандағы *апиын,* көкнар ішіп, наша тартып, есалаң болып, «дүние пани» деп күркілдеген шайқы, бұрқы «әулиелер болмаса». (С. Сейфуллин, Таңд.). Ғайша ұшып тұрып, жылдам киініп, өңі қашып, жақын жердегі аптекке келіп, бұрын бір таныс дәрігерден алып қойған рецептпен бір кішкене сауытқа құйған *апиын* сатып алып үйіне қайтты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. А у ы с. *Адам басын айналдырып әкететін дін*

шырмауы. Ануар паша ең алдымен халықты дін *а п и ы н ы м е н* уландырып, капиталистік ұрандар таратыпты (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АПИЫНДАЙ с ы н. *Апиын сияқты, апиын тәрізді.* Қаншайымның алқына алған тынысы Қасымның көкірегін күйдіріп, жан сезімін *а п и ы н д а й* елітті (Ө. Қанахин, Мұрагер).

АПИЫНШЫ з а т. *Апиынды үнемі жейтін адам. А п и ы н ш ы* адамның басы айналып, құлағы шыңылдап, жүрегі айнып құса беретін болады, кейде денесі қышып, бөртіп кетеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Өзіңнен біреу зор шығып, Тартып алса қайтер ең, Басыңдағы панаңды. Мені тыйып алғанша, Тыйып алсаң болмай ма, *А п и ы н ш ы* баланды (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

АПКЕ з а т. с ө й л. *Әпке.* Әкетті-ау, ердің қолын, әттең, буып!. Келді оған бірақ рет *а п к е м* жуық. Қыстаудан «қылмыстыны» ұзатарда, Қалдырды ақ мамасын атпен қуып (Х. Ерғалиев, Таңд.).

АПКЕЛ е т. *Алып кел етістігінің қысқарған түрі; әкел. А п к е л* бері, ойналық, Оныңыздың бар жөні (Қ. Аманжолов, Таңд.). Мұны бізге Қақтырып Аллам берген. Аллам, пірім, Алдап берген. *А п к е л* тағы Сұйық сары,— Бізді серуен (І. Жансүгіров, Шығ.).

АПОГЕЙ з а т. а с т р. *Ай арбитасы мен жасанды Жер серігінің центрден ең қашық нүктесі.* Спутник арбитаға шығарылды. Арбитаның параметрлері мынадай: — Жердің бетінен мейліншe алыстауы *(а п о г е й і н д е)* 350 километр («Лен. жас»).

АПОЛОГЕТ з а т. ф и л о с. *Белгілі бір идеяны, бағытты қорғайтын адам. А п о л о г е т* жұмысшыларды өнеркәсіптің резерв армиясының қатарынан шығарып тастайтын, өтпелі дәуірлерде ығыстырып шығарылған жұмысшылардың қайыршылық азабымен болуы мүмкін (К. Маркс, Капитал, 1, 651).

АПОЛОГЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Апологетке жататын, тән.* Ерекше «әлеуметтік-саяси», ерекше *«а п о л о г е т и к а л ы қ»* яғни дін мен христиандықты қорғайтын хабар жүргізіледі (В. И. Ленин, 36, 227).

АПОЛОГЕТТІК с ы н. с ө й л. *Апологетикалық.* Бұл догманы Бентамның өзі де, сондай-ақ Мальтус, Джемс Милль, Мак-Куллох және басқалары да *а п о л о г е т т і к* мақсаттармен қолданды (К. Маркс, Капитал, I, 621). Ұлттық байлықтың мүддесі үшін, ол [экономист], халық кедейлігін жасаудың жаңды құралдарын іздестіреді. Бұл жерде оның *а п о л о г е т т і к* сауыты күйген пілте сияқты үгіліп түседі (Бұл да, 773).

АПОРТ з а т. *Алманың сорты мен жемісі.* Румын шал аттанарда, Сұрап қазақ жолдасынан. Алып кетті Алматының Қызыл *а п о р т* алмасынан (С. Мәуленов, Таңд.). Шықты Мұқаң ауласына, *А п о р т т а р ы* қоса самсап, Иіледі бау басына (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Пісіп тұрған қып-қызыл *а п о р т* алмалары мейрам күндеріндегі самсаған шар тәрізді (Т. Бердияров, Фарида).

АППАЙ-ШАППАЙ ү с т. *Жан қинамай, ғүреленбей.* Сарт етіп салбыраған ақ жамбыны, Түбінен жұлып түсті, көрді жаппай. Сабаздың бәрекелді талабына, Тағы алды қырық құнан қой *а п п а й - ш а п п а й* (Батырлар жыры).

АППАҚ с ы н. 1. *Қар түстес, кіршіксіз ақ түс.* Қар *а п п а қ,* бүркіт қара, түлкі қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға. Қара шашын көтеріп екі шынтақ, О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанға (Абай). Көреге көз, сұр шерст көйлегінің аласа жағасынан биік көтерілген жұп-жұмыр, *а п п а қ,* сұңғақ мойнын аққуша ие қарады анасына (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Сен осылайша Ташкенттен басталып, Мақтаралға дейін созылған *а п п а қ* мақта теңізінің үстінде машинада емес, кемеде жүзіп бара жатқандайсың (Ж. Саин, Жол үсті.). 2. А у ы с. *Адал, таза.* Боласың бір міні жоқ, *а п п а қ* кісі, Барлықты заманаға жабасың да. Мінеки, құдай сүйген пейліміздің Аз берген жақсы құдай жазысына (С. Торайғыров, Таңд.). Ізденгіш жансың, көргемін, Көңлің *а п п а қ,* күшің мол. Табасың ойдың кем жерін Қорытса ұзақ ішінде ол (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). Ақ халаты үстінде, *А п п а қ* оның ісі де:— Ауырсаң сен, емдейді Келеді түн ішінде (Қ. Мүсірепов, Менің апам.).

◆ **Аппақ шағаладай.** *Ақ қардай кіршіксіз, таза. А п п а қ ш а ғ а л а д а й* жаулықтары желпілдеп, ауыл-ауылдарына қайтып бара жатқан, жиналыстан тараған әйелдер (С. Мұқанов, Таңд.). Ақмоладан шығып, бұл жолмен Павлодарға тартсаңыз, жолдың екі жағынан да *а п п а қ ш а ғ а л а д а й* үйлері бар жаңа поселкаларды

жиі кездестіреміз (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

1. АППАРАТ з а т. 1. Т е х. *Механикалық құрал-жабдық, аспап.* Құпия бір *а п п а р а т* біз білмейтін, Тұратын жарқыратып кабинетін. Ой толы ауыр басын жайлап бұрып, Аударды ол *а п п а р а т қ а* бар ниетін (Қ. Аманжолов, Таңд.). Бір мезгілде тау басына ақ боз атты, ақсақалды қойшы шыға келді. Кинооператор Ф. Әпсәламовтың да аңдып тұрғаны осы екен. Екі иінінен дем алып, *а п п а р а т ы н* арқалап әбігер болды да қалды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Машинамен сауғанда, *а п п а р а т т ы ң* тазалығына баса назар аудару қажет, олай болмаған күнде сол *а п п а р а т т ы ң* өзі сүтті бактериялармен ластауға себепкер болады (З. Сейітов, Сүт. өндеу.). 2. Ф и з и о л. *Организмнің өмір сүруі үшін қажетті жұмыс атқаратын органдар жиынтығы.* Жатыр қабырғасы бұлшық еттен тұрады. Ол жыныс *а п п а р а т ы н ы ң* басқа бөлімдерімен жалғасып тұрады (К. Өтегенова, Бедеулік.).

◆ Дауыс аппараты. *Дауыс шығаруға, үн шығаруға қатысы бар мүшелер.* Әр әнші өзінің *д а у ы с а п п а р а т ы н* жақсартуға қамқорлық жасау яғни өз дауысын сақтап жүруі дұрыс (Хормен жұмыс).

2. АППАРАТ з а т. *Басқару ұйымдарындағы мекемелер мен қызметкерлердің жиынтығы.* Феодалдар мемлекетті нығайтуды, шаруалардың бас көтеруін басып-жаншу үшін, мықты *а п п а р а т* құруды керек қылды (ҚазССР тарихы). Қазақстанның жұмысшы және шаруа әйелдері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ескі мемлекеттік *а п п а р а т т ы* қиратып, жаңа Советтік мемлекеттік *а п п а р а т* құру жөніндегі көптеген шараларына белсене қатысты (Аялы жандар).

АППАРАТУРА з а т. *Құрал-сайман, құрал-жабдық.* Шымкент облысындағы тұңғыш совхоздық агрономиялық лаборатория құрылды, лаборатория жаңа *а п п а р а т у р а м е н* жабдықталған («Лен. жас»). Радиотехникалық *а п п а р а т у р а л а р д а* жоғары жиілікті токтың қуатын өлшеуге арналған көптеген термисторлар бар (К. Айманов, Физика.).

АППАРАТШЫ з а т. *Аппаратты меңгеруші адам.* Әлжан Мұрынбаевты білмейтіндер кемде-кем шығар. Өйткені ол кісі осы кәсіпорнымен бірге жасап келеді. Қазір мандай алды *а п п а р а т ш ы* («Лен. жас»). Тәжірибесі молдар арасында, Айтқабыл Еселбаев та бар. Кеше ғана мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан өрен, енді қабырғасы қатқан *а п п а р а т ш ы* (Бұл да).

АППЕНДИКС з а т. б и о л. *Соқыр шектегі құрт тәріздес өсінді. А п п е н д и к с* көптеген сүтқоректілерде ас қорытуға әжептеуір себін тигізеді (Жалпы биология).

АППЕНДИЦИТ з а т. м е д. *Соқыр шек ауруының асқынған түрі. А п п е н д и ц и т* [соқыр шек] бүйеннің құрт тәріздерінің бұтақшасының қабынуы (М. Исамбаев, ... Мед. анықтама). *А п п е н д и ц и т* операциясы — қазіргі медицина ғылымындағы ең жеңіл операция. Хирургиялық көмекті дереу қажет ететін *а п п е н д и ц и т* немесе сынықтарға ине терапиясын қолдануға мүлде болмайды («Лен. жас»).

АПРЕЛЬ з а т. *Көктем айының бірі, яғни жылдың төртінші айы.* Келген соң көктем айы: *а п р е л ь,* май. Бөленді гүл жібекке сала мен сай. Шелектеп нәсер төгіп, жаңбыр жауып, Жасырынды өскен нуға тана мен тай (Ө. Тұрманжанов, Таңд.). Көз жұмдың былтырғы өткен *а п р е л ь д е,* Табытың түсірілді тақыр жерге. Жастықтың жалынымен бір жалғасып, Ұзарған көрі өмірің жатыр менде (С. Мәуленов, Жолдас).

АПРИОРЛЫ с ы н. *Долбар, жоба.* Шындығында, мінездің бүгесі мен шиесі *а п р и о р л ы* түрде күні бұрын сыпаттап бітпей, өмірдің объективтік заңдылығынан туатын табиғи қарым-қатынастар кезінде ашылуға тиіс қой («Қаз. әдеб.»).

АПРОБАЦИЯ з а т. *Сортты егіс пен жеміс-жидек дақылдарын, мал тұқымдарының түрлері мен сапасын анықтап қабылдау.* Сортаралық гибридтердің бірінші ұрпағының тұқымын өсіретін участоктарда *а п р о б а ц и я* жасалмайды, оның орнына егіс даласын зерттеу жұмысы жүргізіледі (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.). Егінді ору алдындағы *а п р о б а ц и я* жасауда агроном астықтың қаракүйемен зақымдану дәрежесін анықтайды (Ж. Жиенбаев, Астық дақылдары.).

АПСАҒАЙ с ы н. *Еңгезердей, денелі.* —Жолдас, мына бір арызым,—деп азырақ сөзді, *а п с а ғ а й* арық кісі төре ағаға келіп төніп тұр (Б. Майлин, Шығ.). Сұйық жал, сыпсың құйрық көк шолақ ат үстіндегі *а п с а ғ а й* кісі басшы болуы керек, ол қатарына жетіп тоқтаған жолдастары-

на кезек-кезек бұрыла сейлейді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

◆ **Апсағай тартты.** *Толысты, іріленді.* Оның денесі *апсағай тартып* толған (Ауызекі тіл).

АПСАҒАЙЛАН ет. *Дененің толуы, іріленуі.* Жортардың сүйекті зор денесі *апсағайланып,* үлкен басы, келбетті түсі салқын сабырмен маңғазданып, туыстағы ірілігін бір көрген кісіге де білдірген (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АП-САП з а т. *Апыр-топыр, у-шу.* Қырылып төрт мыңы да болды *ап-сап.* Патшаның жалғыз өзі қалды қақсап. Қор болып қысқасында қолға түсті, Болған соң қыры кетіп, аты ақсап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). *Ап-сап* басылып, мүлгі қалған тыныштық қамқордың сөзіне де жоқтау салған тәрізденіп, бір сәт жүрексініп, ойын ұмытып та қалып еді, қайта серпіліп тиянақтапты (К. Оразалин, Көктем.).

АПСИ е т. *Арса-арса болу.* Салдырап сал сүзектен тұрғанға ұсап, Бұралып буындары қалған босап. *Апсиып* арық малдар күн шуақтап. Қасынып бірі күйсеп, бірі жусап (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Желкеге жетпіс шығып *апсиған* соң, Алпыстың ара түсер шамасы жоқ. Болса да өзі кәрі, тоқалы жас Бұл шалды шалқақтатқан көңіліне тоқ (Д. Еркінбеков, Шығ.).

1. АПТА з а т. *Мезгіл ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі.* Ақ домбыра қолға алып, Ай мен *апта* толғанып. Жылға құйған теңіздей, Жырдың селі тасқындап (Жамбыл). *Апталар* бойы мол тасыған теңіз суы бірден-ақ ағыл-тегіл ақтарыла қайтып, қайраңдарда бой көрсетіп келеді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Өзіңді аңсап ет жүрек, Ішінде жалғыз *аптаның.* Жолдаушы-ем сәлем жеті рет, Қайда екен со бір хаттарым (М. Әлімбаев, Таңд.).

2. АПТА е т. *Жылтыратып жағу, жалату.* Болмады бізде жақын туыс деген, Әйтеуір пана таптық жер үстінен. Он бес жыл өте шықты ойын құрған, Ақ үйде *аптап* қойған күміспенен (Жас қанат). Арыстан соның бәріне мойнын соза қарай отырып: «Күмбез үйдің төбесін асылмен *аптап,* алтын зерлі шоқпармен күлтелеп безендірген, әйел болса, ол неткен өнерпаз еді!» деп таңданды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Бөлменің қабырғасына тірей орнатқан ұзын столдың төрінде айналасын алтын сырмен *аптап,* жалпақ ал қызыл лентамен безендірген (С. Омаров, Тастағы жазу).

◆ **Алтынмен аптап, күміспен күптеді.** *Безендірді, әдеміледі, жайнатты.* Шіркеу іші салқын, жарық. Қайта туу дәуірінің үлгісімен салынған үйдің ішін *алтынмен аптап, күміспен күптеп* тастаған («Лен. жас»).

АПТАДАЙ у с т. *Бір аптаға жуық, жақын.* Мәлік еліне бармағалы, міне, табандатқан он екі жыл. Соғыстан кейін, әскерден қайтқан беті ауылда бір-ақ *аптадай* болып, Теміртау жүріп кеткен-ді (З. Шашкин, Сенім). Дәрігер тамағына суық тиген адамды да бір *аптадай* төсектен тұрғызбайды (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Сонымен арада бір *аптадай* уақыт өтіп еді. Таңертеңгі шай үстінде жас келін үйіндегілерге оқыс көрінген бір сөз көтерді (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі).

1. АПТАЛ *Апта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кірпігі кірпідей, Тырнағы түрпідей. Саусағында сақинасы әр түрден, Тісі түгел *апталыпты* алтыннан (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

2. АПТАЛ с ы н. *Қарулы, қайратты.* Атақ, абыройды бір-ақ жылдың жемісі еткісі келетін арманшыл албырт бала қойшы, міне бұл күндері *аптал* азамат болды. Оң мен солын таныды (Саржайлау). Бұқпа, Сапар тепсе темір үзеді дейтін *аптал* азаматтар емес пе еді?— деді Дәмежан (М. Әуезов, Абай жолы).

АПТАЛА е т. с ө й л. Апта (2-омон.). Бақыт таңы атқалы Өтіп он жыл төрт қабат, Құлдық күні батқалы Аймақты алтын *аптала,* Елім алға тартты әрі Жаны жалғай от қанат! (Т. Жароков, Таңд.).

АПТАЛАП у с т. *Бірнеше апта бойына.* Көк есекті осы адам *аптала,* айлап жүріп жаз Хиуадан Арал сыртына, Арал сыртынан Бетке ойысатын (Х. Есенжанов, Тар кезең).— *Аптала* емес айлап, теңіз үстінде, кішкене трюмде толқын үстінде жүру оңай дейсіз бе?— деді (Т. Құрманғалиев, Теңіз достары).

АПТАЛҒАНДАЙ с ы н. *Жарқыратып жаққандай, жалатқандай.* Алтынның ұшқынымен *апталғандай* Сары ала сәуле жауып жердің бетін (Ж. Молдағалиев, Бастаушы. партия). Бағында бал, гүлі — нұр, бұлбұлы — жыр, Болсаң сен Алматының тұрғыны бір. Күміспен *апталған*

д а й аппақ әже, Көзіне түскен шығар бұл күпі бір (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АПТАЛЫҚ с ы н. *Жетілік, жұмалық.* Өздерінің айлық, *а п т а л ы қ,* күнделік қам-қарекеттерімен қатар, облыс жұртшылығының мына бүгінгі талап-тілегі олардың сана-сезіміне де мықтап сіңгенін көресің (М. Әуезов, Шығ.). Күлімдеп көздің нұрын тұрар тартып, Сыландап шын сұлудай шыққан үйден. Ақ бидай сағалары кере қарыс, *А п т а л ы қ* ай суретті басын иген (Пернедегі термелер).

АПТАЛЫП-КҮПТЕЛ е т. *Әшекейлену, әдемілену.* Гранитпен *а п т а л ы п-к ү п т е л г е н* Мойка өзенінің күндіз күңгірт көрінетін суы мына таңғажайып ақ түннің сүттей жарық кешінде ағараңдап ағып жатыр (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

АПТАП а р. з а т. 1. *Күннің ыстығы, лебі.* Қой өрген, қотандағы шу басылған. Күн еңкейіп, *а п т а б ы* қайтып, бесіндікке барыпты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Күйіп, лаулап құлағандай күн төмен, Бұталарды сары тозаң бүркеген. Жел де, жер де су сұрайды телміріп, Өзектерді шөл *а п т а б ы* өртеген (С. Мәуленов, Жаңа арна). Сіздің де айтқан әзіл көңіліңізге Тиіпті *а п т а б ы н д а й* бір самалдың. Қалжыңды қарап жүрмей, өзің бастап, Еттің бе керісіңдей кемпір-шалдың (Айтыс). 2. А у ы с. *Қаһар, кәр, ызғар.* Ел байлығы өзімде, Тіл байлығы сөзімде. «Малы жоқ тақыр кедей» деп, Өтірік жала жаппағың. Ерегіссең менімен Мен ұстассам сенімен, Шығып кетер *а п т а б ы м!* (Айтыс). *А п т а б ы н а н* абай бол, Жан ашыр — жар, дос, ағайын, «Жылатып айтар» жазаның. Дәулет, перзент, дәреже Тірілікте базарың (XX ғ. қаз. ақын.).

АП-ТАП з а т. к ө н е. *Әуре-сарсаң, қиыншылық.* Мезгілсіз келіп дүниеге *А п т а п қ а* түскен басың бар. Жау айбынар досың жоқ, Жар-жапсарда қасың бар, Жылайсың да шыдайсың (Үш ғасыр.).

АПТАПТЫ с ы н. *Шыжыған ыстық, қызулы.* Сол бір жылдың жазы *а п т а п т ы* келді. Күзге салым ауылдың ер-азаматтары бірінен соң бірі ел қорғауға аттанып кетіп жатты (Ж. Аяшев, Алақан).

АПТАТ *Апта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жарқыраған күн берген, Алжаспайтын ми берген. Алтынменен *а п т а т ы п,* Күміспенен қаптатып Зәулім сарай үй берген (Жамбыл).

АПТАУ *Апта етістігінің қимыл атауы.* Түйенің қотырын емдеуге де ең нәтижелісі — камераға салып күкірт газымен *а п т а у* (С. Омаров, Мал терісі.).

АПТЕК з а т. с ө й л. Аптека. Мен жауынгерлік жасақты ертіп, Преснядағы *а п т е к к е* бардым да, ондағы глицирин мен химикаттарды конфискелеп алдым (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). *А п т е к т е н* аздап бромды калий, азот қышқылды күміс [ляпсис] алады (Б. Тлекметов, Фото-сурет).

АПТЕКА з а т. *Дәрі-дәрмек дайындап сататын мекеме.* Дәрі жасалатын шикізаттардың қорын бір жерге сақтау керек болды. Мұндай жерді *а п т е к а* деп атады. *«А п т е к а»* грек сөзі, ол «қойма» деген мағынада (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Домалақ, ұнтақ, сұйық дәрі дегендер Әділдің үйде тартпасынан, кеңседе қалтасынан үзілмеді. Үйдегі столының үсті кіші-гірім бір *а п т е к а* секілді (Ғ. Орманов, Жүрек.). Қуанышы жүрегіне сыймай Көкі жатағына аяңдап жаяу қайтқан-ды: Медпунктті уақытша *а п т е к а* меңгерушісі Аннаға тапсырмақ. Бұйрық солай (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АПТЕКАРЬ з а т. с ө й л. Аптекашы. Тапа-тал түске Махмуд келіпті де, *а п т е к а р ь д і ң* жағасынан алып: — Сол рас па? Жауап бер, кәрі теке? — депті («Лен. жас»). 1711 жылы қатты ауырған I Петр Карловы Варға келеді, оны қала тұрғындары зор құрметпен қарсы алады. Орыс патшасы мұнда *а п т е к а р ь* А. Бехердің үйіне орналасады («Қаз. әдеб.»).

АПТЕКАШЫ з а т. *Аптекада дәрі-дәрмек дайындаушы, сатушы адам.* Дәрігерлер мен *а п т е к а ш ы л а р* астрологияның көмегімен жұлдыздарға қарап бал ашты, адамның тағдырын, дәрі-дәрмектердің қайсысын қай кезде қабылдау тиімділігін айтты, қысқасы, сәуегейлік құрды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АПТЕКШЕ з а т. с ө й л. Аптечка. Қой қоздатуға керекті халат, алжапқыш, резинка, аяқ киімдер, фонарь, шелек, күрек, айыр, *а п т е к ш е* сияқты құрал-жабдықтар міндетті түрде болуы тиіс (С. Омаров, Қой бағу.).

АПТЕЧКА з а т. *Шағын көлемді дәрі-дәрмек жиынтығы.* Жеке жағдайда қолданылатын қарапайым дәрі-дәрмектер мен құрал-жабдықтардың шағын көлемді жиынтығы — үйдегі *а п т е ч к а* деп аталады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа). Әрине, жеке семьялардың үйінде де жеңіл-желпі

а п т е ч к а тұрса, жақсы болар еді (З. Сырғабаева, Токсоплазмоз.).

АПТЫҒА-АЛҚЫНА үс т. *Сүрініп-қабынып, асығып-үсігіп.* Ерәлі апаннан атыла түрегеліп, ілгері қарап жүгіре жөнелді. Сол кеткеннен сүріне-қабына, *а п т ы ғ а - а л қ ы н а* жүгіріп, алдыңғы ротаға әзер жетті («Лен. жас»).

АПТЫҒУ *Аптық етістігінің қимыл атауы.* Жылқыбай асығу, *а п т ы ғ у* дегенді білмейтін кішіпейіл жігіт (Т. Қойшымаков, Қоңырат бөктері).

АПТЫҒЫҢҚЫРА е т. *Алқына, деміге түсу.* Медет ештеңеге түсінбей жүрді. Бірде оның бөлмесіне прокурор кіріп келді. Танауы еліріп, *а п т ы ғ ы ң қ ы р а п* тұр.— Темекі берші, Медет,— деді (Қ. Баялиев, Дегелек келді.).— Ал, меймандар,— деді ол *а п т ы ғ ы ң қ ы р а п,*— мына сіздерге көрсетер сый-сияпатымыз осымен бітті (М. Қуанышбаев, Кек қылышы).

АПТЫҒЫП-ҮПТІК е т. *Асып-сасу, абыржу, сасқалақтау.* «Ат мәселесі жеңіл. Оған *а п т ы ғ ы п - ү п т і г е т і н* ешнәрсе де жоқ. Мұнда аттан гөрі ірірек мағыналы нәрселер де бар»,—деп ойлады ол (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АПТЫҒЫС *Аптық етістігінен жасалған ортақ етіс.* Вагондардағы жұрт бірінің соңынан бірі жалғаса шұбырып, *а п т ы ғ ы с ы п* түсіп жатты (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АПТЫҚ е т. 1. *Асып-сасу, алқыну, демігу.* Зырлайды поезд *а п т ы ғ ы п,* Артына тастап құйынын. Тастардың жанын ақ тіліп, Таулардың тесіп бүйірін (С. Мәуленов, Жаңа арна). Асаудай *а п т ы қ* басып арындайсың, Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың. Терідей сабын жаққан жылп-жылп етіп, Шіркін-ай қойған жерден табылмайсың (Үш ғасыр.). Қашаннан кекті болған қанды қанжар, Салынған құрбандыққа қанша жан бар?! *А п т ы қ қ а н* жүрек қанын шашыратып, Алдың ба енді тыным, байым, аңғал! (Б. Майлин, Таңд.). 2. *Асып-тасу, асқақтау.* Жақыпбек лап еткен ашуын келінге сырып *а п т ы қ п а й,* алқынбай байыппен сөйледі (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Тентектің бәрі долы ғой Ашуға сыймас *а п т ы ғ ы п.* Күйгелек дей бер, оны қой! Шашына кеткен ақ кіріп (М. Әлімбаев, Лирика).

◆ **Аптығын басты.** *Бетін қайтарды, тойтарды.* Гитлершілердің *а п т ы ғ ы н б а с ы п,* екі рет бет қаратпай қуғаны үшін, жаңа ғана Төлендинді Даңқ орденіне ұсынған (Майдан). *Б а с а й ы н а п т ы ғ ы ң д ы* тез шық Сара, Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес. Бұл үйде Сара бар ма, отыр нағып, Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып (Айтыс). ⊙ Жар қабақтың құлай берісіне салынған тас пештер алғашқы сыннан әрең аман өтіп, әлі *а п т ы ғ ы н б а с а а л м а й* тұр екен (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АПТЫҚҚЫШ с ы н. *Асықғыш, алыпұшпа.* «Қайран сөзім қор болды тобықтының езіне»— өзі сөйлеп тұр емес пе?! *А п т ы қ қ ы ш* ала құсты сөз еткенде «бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем» деген ойға орала кетеді (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

АПТЫҚТЫР *Аптық етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Қап, осы жағдай асықтырып, *а п т ы қ т ы р ы п* жағадан алады да тұрады (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Апырмай, сен *а п т ы қ т ы р м а ш ы!* Опоңай бас сұғып шығатын киіз үй емес қой партия... Ойланайын да,— дедім мен (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АПУ: **Апу ет. Сөйл. Ғафу ет.**— *А п у е т,*— деді ана тілін безеп,— Патшаға ел жаулайтын солдат керек. Бақытсыз бұл сияқты жан болмаса, Сендерге оңай байлық қайдан келед (Ә. Сәрсенбаев, Еділ толқыны).

АПШУ *Апшы етістігінің қимыл атауы. А п ш у* — кішірею. Кейбір мата жуылғаннан кейін кішірейіп, тартылып қалады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

АПШЫ е т. 1. *Матаның отыруы, қысқаруы.* Териленді бүктегенде сынбайтын пленка деп атауға болады. Ауаның ылғалдығы мен құрғақтығының, ыстық пен суықтың өзгеруінен ол *а п ш ы м а й д ы* да, ісінбейді де (М. Құдайқұлов, Оқу киносы). 2. А у ы с. *Шыдамы таусылды, төзбеді.* Шешендер тілін тежеді, Түсем деп қанды орыңа. Шыдамы елдің *а п ш ы д ы,* Сорына әбден сорыла (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). 3. А у ы с. *Абыржу, абдырау. А п ш ы м а й - а қ,* саспай-ақ Жарты жылдан аспай-ақ, Бетін бұрды Манатқа (С. Дөнентаев, Шығ.).

◆ **Апшысын қуырды.** а) *Көлемін тарылтты, азайтты.* Қайда әкеттің, жігітім?— Жігітте үн жоқ, рульдің үстіне еңкейіп жатып алған, күлімдеп асфальт жолдың *а п ш ы с ы н қ у ы р ы п,* зырлап келеді (З. Шашкин, Сенім).— Әй, дегенмен, жер

а п ш ы с ы н қ у ы р ы п-а қ жіберді-ау пәтшағар. Бар жұмысты бітіріп жатқан осы поезд ғой («Қаз. әдеб.»). ә) *Асып-састырды, тездеттірді.* Шындықтың, ізгіліктің, бостандықтың Әлемде даңқы бүгін тағы аспақ. Соғыс тілеп құтырған құзғындардың, *Қ у ы р ы л ы п а п ш ы с ы,* құты қашпақ (Пернедегі термелер). Мал иесінің шаңқылдақ бір айқайы бар, үй ішінің *а п ш ы с ы н* сол *қ у ы р ы п* әкетеді де, бар байлам асығыс, ашу үстінде болады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АПШЫР е т. с ө й л. Апшы.

АПШЫРЫЛ *Апшыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үйден шыққандар мен келе жатқандардың екі арасы *а п ш ы р ы л а* түсті. Үйдегі өліктің, оған зарлаған әйел мен балапандай үрпиісіп босағаға тығылған шиеттей жетім балаларының түріне қатты қамықты (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АПЫ: Апы кіріп, күпі шықты. *Асыпсасты, абыржыды, сасқалақтады.* Нұрмақ Байсалықовтың маған *а п ы к і р і п, к ү п і ш ы ғ ы п* келгендегі қайғысы «әліптің қасы» екен! (С. Мұқанов, Есею жыл.). Баймасақ *«а п ы к і р і п, к ү п і ш ы ғ ы п»* дегендей Теміртастың үйіне бара ауырдым деп жығылып еді (С. Мұқанов, Таңд.).

АПЫ-КҮПІ үст. к ө н е. *Асығыс-үсігіс.* Көктем әбігер, қауырт мезгіл. Қыс бойы бұйығы жатқан тіршілікте бұл тұста асығыс *а п ы-к ү п і* қимыл-қаракет көп болады (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

1. АПЫЛ е т. *Тездету, асығу.* Жалқау қимылдаймын. *А п ы л ы п* іс тындырғаннан көрі алақтап айналама көз тастауым көп (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

2. АПЫЛ үст. с ө й л. Апыл-тапыл. Жас бөбектің жұбанғанын Көру үшін екі көз. Арсаландап *а п ы л* басқан Балаң үшін екі көз (Р. Нұрпейісов, Туған өлке).

АПЫЛ-ҒҰПЫЛ үст. с ө й л. Апыл-құпыл. Менің қайта-қайта қарап қыбыжықтап тұрғанымды әлгі адам сезді-ау деймін, тамағын *а п ы л-ғ ұ п ы л* жеді де, асханадан шыға жөнелді («Лен. жас»). Сол жылы — күзде, Тұраш былдырап сөйлеп, *а п ы л-ғ ұ п ы л* басып жүре бастағанда, Нұрқасым майданға аттанып кетті (Бұл да).

АПЫЛ-ҚҰПЫЛ үст. *Асығыс-үсігіс, тез.* Нұрлан палатасына қайта оралса, дедек қаққан шал киімін әкеліп, терезе алдында қалтиып тұр. Нұрлан *а п ы л-қ ұ п ы л* асығыс киініп, көз ілеспес қимылмен терезеден секіріп түсті (З. Шашкин, Сенім). Ағайынды екеуі үйді-үйлеріне кірді. Кіре сала *а п ы л-қ ұ п ы л* бір-бір шара сусынды бастарына көтерді («Қаз. әдеб.»).

АПЫЛ-ТАПЫЛ үст. *Тәй-тәй, қаз-қаз.* Баланың *а п ы л-т а п ы л* жүргені артық. Жүрек жылтып сыңқылдап күлгені артық. Ер жетіп, есін біліп, дұрыс өссін, Бір оңбаған атаның болмай тантық (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Алты айда, от басына отырғызып, Жан-жаққа күл шаштырып, төгінді еттің. Жүргізіп жыл толған соң *а п ы л-т а п ы л,* Бойымды бұрынғыдан жеңілдеттің (Үш ғасыр.).

◆ **Апыл-тапыл басты.** а) *Аяғын жаңадан басып жүре бастады.* Тәй! Тәй! Тәй! Қаз! Қаз! Қаз! Қарағым! *А п ы л-т а п ы л б а с қ а н ғ а* мәз. Қосылып балалармен ойнауыңа Жарқырап көкорайлы келді ғой жаз (Б. Майлин, Таңд.). ә) *Жаңадан қалыптаса бастады.* Әділет аяқ *б а с ы п а п ы л-т а п ы л,* Шыға алмай жүрген кезде жауға батыл. Тезірек ер жеткізді әділетті Ленинның бір өзіне, біткен ақыл (Қ. Аманжолов, Таңд.). Аз еді мәдениет, бізде білім, Таппаған басқа жұртай өнер, ғылым. *А п ы л-т а п ы л б а с қ а н д а* Ленин кетті Жаңа айдар қойып едік, басқа тұлым (XX ғ. қаз. ақын.). Әкесінің інісі Апырбай деген кісі де өнер иесі болған. Ол кішкене Мұқанның өнерпаздыққа *б а с қ а н а п ы л-т а п ы л* қадамының бәрін санап, ішінен қуанып та жүрген (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

АПЫЛ-ТҰПЫЛ үст. с ө й л. Апыл-тапыл. Төлеген шошып кетті. Қараса, аяғын *а п ы л-т ұ п ы л* басқан үш-төрт жас шамасындағы бала (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АПЫРА-ЖАПЫРА үст. *Апырып-жапырып.* Атылған оқ, дабырлаған дауыс орман ішін жаңғырықтырып жіберді. Үш сағаттық арпалыстың өзінде-ақ біздің жақ жау жағын *а п ы р а-ж а п ы р а,* еңсеріп тастаған еді (С. Сейітов, Сөз сұрайды.).

АПЫР-АЙ о д. с ө й л. Апыр-ай. *«А п ы р-а й* қазақта да мұндай мүлік болады екен!» — деп, аузын ашып, көзін жұмды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *«А п ы р-а й,* бұл қартты қайда көрдім»,— деген ұзақ ойға жете алмай тұр едім, багажын өлшетіп қайтқан жаңағы қарт қасындағы біреуге әңгіме айтып жатыр екен (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Майдандас достың ыстық ықыласымен Қасболатқа қайта-қайта

таңырқай қарап, *«а п ы р-а й»*,— деп өткен-кеткенді еске ала бастап еді, уақытының тығыздығын ескертіп іркіп тастады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АПЫР-АЙЛА е т. *Қайран қалу, таңғамаша болу.* Әнеу күн соғыс қаупі лапылдай ғап, Кубаны Құрама Штат тақымдай қап; Қанжарын бүйіріне тақағанда, Адамзат үрейленді *«а п ы р-а й л а п»* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АПЫРАҚ с ы н. *Есерсоқ, сотқар.* Тиме-тиме, *а п ы р а қ* Сарының бүгін екпіндейтін күні. Шабданбек байдың қарындасын, інісіне қалыңмалсыз алып берейін деп отыр (С. Сейфуллин, Таңд.). Ырасы Адақ бәске қатыспаған, Шыңдағы орамалды атыспаған. *А п ы р а қ* албырт, әңгі батырлардан, Бұл жігіт өзін аулақ, жат ұстаған (С. Сейфуллин, Өленд.).

АПЫРАҚТА е т. *Аптығу, асығу, тасырлау.* Бандының екіншісі:— Тарт үйге!.. Адам жоқ! — деді Өзі де келіп *а п ы р а қ т а п,* қара көз келіншекті екеулеп ұстап, үйге сүйреді (С. Сейфуллин, Таңд.).

АПЫРАҢДА е т. *Апыраң-апыраң, тасыр-тұсыр ету, аптығу.* Осы кезде ауызғы үйдің есігі сарт етіп жабылды да, *а п ы р а ң д а п* Есенжол бөлмеге кіріп келді (*«Қаз. әдеб.»*).

АПЫР-АУ о д. с ө й л. **Апыр-ау.** *А п ы р а у,* ақиқаттың кілті қайда? Түнектің пердесі бір жыртылмай ма? Әлде шын әділет құр тұлдыр сағым Жалынан ұстатпайтын толқындай ма? (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Тыңда, дос, сыртқа сәнді мұра қылма! Осындай үн келеді құлағыма. *А п ы р-а у* қандай жауап берсем екен, Өмірдің мынау қатаң сұрағына? (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Әпкесі! Құдайберген, *а п ы р-а у* жан аласың ба? Тіпті кісіні есінен тандырып болдың ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АПЫРМ-АЙ о д. с ө й л. **Апырм-ай.** Таңдайың тәтті, тілің май, Тауып айттың *а п ы р м-а й.* Ор қазалық, оқ жасап, Олар қамсыз, жатсын жай (І. Жансүгіров, Таңд.). Жаңа туған жарық ай, Сәулесі қандай, *а п ы р м-а й!* Маужыраған табиғат Жанға рахат бейне ұжмақ (Б. Майлин, Таңд.).

АПЫРМ-АУ о д. с ө й л. **Апырм-ау.** Жұрт жауыз, жұрт өсекші сыр шашады, *А п ы р м-а у,* соларға кім сыр ашады? Сұлудың сүйгеніне жала жапқан, Ұнамсыз ел ішінде сөз қашады (Б. Майлин, Таңд.). Он бес жыл болыс болған, Меке барған, Қазақша еш қызық жоқ мұнан қалған. Шалдары қошеметші айтушы еді: *«А п ы р м-а у,* бар ма екен,— деп,— сізде де арман?» (С. Торайғыров, Таңд.). Бұл кім еді *а п ы р м-а у,* кім еді бұл, Көзі жарық әйнектей, көңлі бұлдыр. Жақсы ойымды лезде жабырқатты-ау, Өткінші бұлт секілді күдік құрғыр (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АПЫР-ТОПЫР ү с т. *Асығыс-үсігіс, шұғыл.* Сол жерде *а п ы р-т о п ы р* түсе қалдық, Қамыстан бір-бір салды буып алдық. Ертоқым мен киімнің бәрін шешіп, Қамыстан буған салға шығып алдық (Батырлар жыры). Екі әйел тағы қысыр әңгімеге кірісе бастап еді, іштен аппараттың үш-төрт қызметкерлері *а п ы р-т о п ы р* шықты да, тоқталып қалды (М. Иманжанов, Көк белес).

◆ **Апыр-топыр болды.** *Ұйқы-тұйқы болды, астан-кестені шықты.* Әр түрлі Дастан үшін айтып ақыл, Самменен қош айтысып қайтты ақыр. Мамажан мені тастап кеттің бе?— деп, Бақырып бала *б о л д ы а п ы р-т о п ы р* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АПЫР-ТҰПЫР ү с т. с ө й л. **Апыр-топыр.** Мені көріп, айғайға сасып қалды, Жабыла жүген ала-ақ атқа барды. Аттарды *а п ы р-т ұ п ы р* ерттеп мініп, Қайқайып, маған қарай бері салды (Батырлар жыры).

АПЫРЫҚ е т. с ө й л. **Аптық.** Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер, Қадиша *а п ы р ы қ т ы ң* деп неге сасам (Айтыс).

АПЫРЫП-ЖАПЫР е т. *Өндіру, тындыру, қаусату.* Дробот бірдемені не қылса да, *а п ы р ы п-ж а п ы р ы п,* алды-артына қарамай, тезбе-тез істеп тастауға бейім тұратын-ды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Әлде *а п ы р ы п-ж а п ы р ы п,* бүкіл селоның аты біткенін қуып әкелген солдаттардан үрейі ұшты ма, әлде басқа бір қорқыныш қаупі басына төнді ме, әйтеуір самоғоны бар деген әйел өте қатты қобалжып кетіпті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Баса көктеу, ығыстыру.* Жігіттер *а п ы р ы п-ж а п ы р ы п* ұмтыла бергенде, бақсы орнынан атып тұрып, олардың алдында кесе-көлденең тұрып қалды (С. Омаров, Қайырлы жаз).

АР а р. з а т. *Адамгершілік қасиет, намыс, ұят.* Сенің зарың зарлайтыным өмірге, Сенің *а р ы ң* арлайтыным өмірде. Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін, Белді буған ауырға да жеңілге (Б. Майлин,

Таңд.). Сол кездері жеңіңе қаным сіңген, Қанға қоса ақ ниет *а р ы м* сіңген. Сол себепті мен үшін жүзің ыстық, Жақынымсың мәңгілік жаным сүйген (С. Мәуленов, Таңд.).

◆ **Ар көрді.** *Ұят санады, намыс көрді.* Дүниедегі ең жақсы көретін байы мен баласын ренжітіп, өзінің бас сауға қылып кеткенін Күлпаш енді *а р к ө р е* бастады (Б. Майлин, Таңд.). Мен *а р к ө р д і м* ант беруді дұспаныма, Долданып қорлық іске қосқанына. Кетіппін ызаланып қаным қайнап, Қалмақтың ант берер деп тосқанына (И. Байзақов, Таңд.).

АР: Ар жақ. а) *Ана жақ, арғы бет.* Айғайлап су ішінде ұран салдым, Көкжал ат бұл айғайға қуаттанды. Бесеуміз сол матасқан арқанменен *А р ж а қ қ а* аманесен өтіп алдық (Батырлар жыры). Көрдің бе анау таудағы Түсі суық жартасты; Сол жартастың *а р ж а ғ ы* Жасырып түр палачты (Қ. Аманжолов, Шығ.). ә) *Жалғасы, аяғы.*— Жоқ, оның бұл жолғы қорсылы басқаша,— деді де, *а р ж а ғ ы н* айтайын ба, айтпайын ба дегендей, Елеусін Қабышқа қарады (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).

1. АРА и р. з а т. *Ағашты кесу үшін жұқа темірден жасалған тісі бар құрал.* Сәске түстен бесінге шейін Смағұл екеуіміз, аласұрып, жуан сырғауылды *а р а м е н* кескіледік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Көзілдірік көзінде, Қолда аспап-жарағы, Үстінде тон, отыр шал Қайрап ескі *а р а н ы* (Қ. Аманжолов, Таңд.). Бірде саптап балтаны, Бірде иіп тағаны. Кеңге салып арқаны, Бірде егеген *а р а н ы* (Т. Жароков, Таңд.).

2. АРА з а т. *Гүл шырынан бал жиятын қанатты насеком.* Жазда ғана салады гүл де дөнін, Жазда ғана жинайды *а р а* дәмін. Жазда туып өсірер бар жәндіктер Өзінің балдай сүйген балаларын (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Алтын кен, асыл болат, металл сонда, Шаттанып төккізеді *а р а д а н* бал (И. Байзақов, Таңд.). Осы еңбеккер *а р а л а р* Еңбегімен бал алар. Бал арадай жинаңдар! Білім балын, балалар (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

◆ **Араның ұясындай.** а) *Ду-ду етті, у да шу болды.* Аттан, шанадан түскен тымақты, малақайлы, саптама етікті, пималы адамдар да *а р а н ы ң ұ я с ы н д а й* гүрілдеген контор алдына қарай аяңдады (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Партизандар шаттана күліп қамбаның есігін ашып кеп жіберіп еді, *а р а н ы ң ұ я с ы н д а й* дуылдаған тұтқындар сыртқа лап қойды (Ә. Шәріпов, Партизан.). ә) *Быжынаған, көп.* Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарындағы өзендер бойындағы жарқабақтардан *а р а н ы ң ұ я с ы н д а й* быжынаған індер көрінеді (Б. Муханов, ... Қазақст. өсімдік.).

3. АРА з а т. **1.** *Екі орта, аралық.* Алтайдың кен шығардым саласынан Биік құз, терең жартас *а р а с ы н а н.* Соғылса болат балға алып күшпен, От шығады жарқылдап көк тасынан (Қаз. әндері). Қазақтың шұбатылған даласы осынау жатқан бір кезде құлан жортпас, құладын ұшпас шөл дала атанған Балқаш пен Алатаудың *а р а с ы* бар (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Көксерек құйрығын артқы екі аяғының *а р а с ы н а* тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **2.** А у ы с. *Орта, іш, топ.* Меңіреу, мылқау орманда, Аласұрған бұл маңда. Дәл осындай бір жігіт Жақсы-ау, болса *а р а ң д а* (Қ. Аманжолов, Таңд.). **3.** *Адамдардың өзара қарым-қатысы.* Большевик туған ер еді, Ерлікке толған санасы Қан ішер баймен қас болып, Араздық тапты *а р а с ы* (Пернедегі термелер). Жылайды қашып кетсе баламыз деп, Пәтшамен келіспей тұр *а р а м ы з* деп. Кемпір-шал, жесір қатын, жетім бала Біз қалып қайтіп адам боламыз деп (Е. Қандеков, Өленд.).

◆ **Ара ағайын.** *Туыстық қатысы екі жаққа бірдей ортақ; бітім айтушы адам.* Бейсенбі, маған *а р а а ғ а й ы н* болатын болсаң, ұрып-ұрыс, болмаса, әдетіңе тартып, Қайшаның сақшысы болатын болсаң, не қылдың, не істедің!— демей-ақ қой,— деді Төлеш (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Үш рулы елдің сөз ұстаған билері: — Шырағым, сөзіңде нәр бар екен «әділдік алаңы жоқ ауыздан шығады»— деген еді. Бұл ортаға бөгде *а р а а ғ а й ы н* көрінесің, именбей-ақ айта бер,— десіпті (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Араға от салды.** *Өшіктірді, араздастырды.* Шырынкүл сасып қалды. «Өзіңізге тең емес кісіге сыйлық беріп қайтесіз»,— дейді. Бұл не деген сөз? Ар жағында зіл жатыр ғой. Әлдебіреу *а р а м ы з ғ а о т с а л ы п ж ү р* ме («Қаз. әдеб.»). **Араға от түсті.** *Араздасты, ренжісті.* Әсел мен Ілияс *а р а с ы н а о т т ү с і п* ажырасатын тұсына, арқаудың үзілер жеріне драмалық желі тарту қажет еді («Қаз. әдеб.»). **Арадан қыл өтпестей.** *Сыйлас, та-*

ту-тәтті. Базардан алып келген күміс құман, Жігітті адастырған қалың тұман. *Арадан қыл өтпестей* тату едік, Біздерді араз қылған қай антұрған (И. Байзақов, Таңд.). Еркожа мен Тауман ауылдас ішінде де екеуінің *арасына қыл өтпестей* тату екенін де білетінмін (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). **Ара күндік.** *Екі ортаға қона жететін жер.* Шымыран деген таудың күнбатыс жағында аспанмен таласқан биік таулар біріне-бірі жалғасып, атты кісіге *ара күндік* жерге шейін созыла береді (С. Шарипов, Шығ.). **Ара қонды.** *Бір түнеді, қонды.* Шұбырадан аттандық. Ендігі баратын еліміз алыс. Таңертеңнен қос-қос атпен кешке шейін жүгірттік. Кешке сабылып келіп *ара қонып,* ендігі елімізге әрең жеттік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Әмірбектің руы Сармантай, *Ара қонып,* күйзелген досына көңіл білдіруге, берген уәдесін орындауға келген екен (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Араны ашылды.** *Құнықты, тоймады.* Шыдай алмай намыстан, Әупілдеді арыстан. *Ашылып аш араны,* Шыдай алмай барады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). **Арасы ашылды.** *Араздасты, өштесті.* Жолдастар, *арамызды ашатын* да, қосатын да өздерің (Ауызекі тіл). **Ара тұрды.** *Қорғады, сақтады.* «Қыз Жібек» дастанындағы ұнамсыз, қиянатшыл адам кейінгі Бекежан мен Қорен. Мұның екеуі де сүйіскен жастардың бас азаттығына *ара түрды* (М. Әуезов, Әр жыл.). Халықтың бақытына *ара түрған,* Гостелло қайрылғанда қанатынан. Әжемнің аһ ұрғанын көрсең еді, Жамылып ауыл үсті қара тұман (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). **Ара түсті.** *Ара түрды, айырды, арашалады.* Көзі шатынап кетіп, сілейтейін деп-ақ ұмтылса да, Ахмет қолына түспеді. *Арасына түсіп,* арашашы болған Қасеннің өзін көк ала қойдай қылып, басын жарды (С. Торайғыров, Таңд.). *Ара түспей* аз тұрып, Тыңдай қойдым сөздерін. Сыпырғыш жүр жұлқынып, Қолына ұстап белбеуін (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Тыңдамасқа шама жоқ. *Ара түсер* ана жоқ. Бармағын ол тістеді. Белін бекем буынып, Ащы терге жуынып, Тағы ол жұмыс істеді (Қ. Мырзалиев, Алуан.). **Ара халық.** *Екі жаққа да қосылмайтын, өз алдына бөлек адамдар.* Сақталсын аман-есен *ара халық,* Басқаға бас айналып қарамалық. Азғана азғындарды айдап шығып, Қоялық осы түнде қаланы алып (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Екеу ара.** *Екі кісіге тән, ортақ.* Көрші әйел мені естісін дегендей: — Несі бар, енді бір жылда келінді де боласың,— деп *екеу ара* әңгімелерінің төркінін байқатты (Т. Тобағабылов, Жазира). **Екі арасы.** *Айырмашылығы, өзгешелігі.* Жаманның көңілі көкте, жерде басы, Алыс қой аңғарғанға *екі арасы.* Жақсының өзі кішік, ойы биік, Бірдей ме екеуінің мәртәбесі (Жамбыл). Қуаныш пен қайғының *екі арасын* Сен ғана өлшеп мәніне жете аласың. Қуанышқа шын ортақ бола біліп, Жылағанды мәз-мейрам ете аласың (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Жер мен көктің арасы.** *Алшақ, алыс.* Көңілің қалса жақынға, Алыстығын айтайын, *Жер мен көктің арасы* (С. Сейфуллин, Таңд.). **Қас қағым арасында.** *Лезде, тез.* Осы ретте *қас қағым арасында* әлемді артқа тастап жүрген көк сұңқарларымыз көп жұмыс атқарады («Лен. жас»). **Қас пен көздің арасында.** *Тез арада, лезде. Қас пен көздің арасында* мынаған не көрініп қалды?— деп мәдениет бөлімінің аға инспекторы Хамидолла Ишанғалиға қарады («Лен. жас»).

АРА-АРАСЫ з а т. *Екі орта, аралық.* Құрмандар араларын ашып, орын берген қыздардың *ара-арасына* кіріп отырды (С. Сейфуллин, Таңд.). Жігіттер де аттарын отқа қойып, өздері жалғыз ағаштың көленкесіне отырды. Шоқ қамыстың *ара-арасынан* шегірткелер дамылсыз шырылдайды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Біздің механизаторлар көптеген жұмыстардан мүдірген жоқ. Онан кейін арам шөптен тазарту, *ара-арасын* қолмен сирету басталды (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ).

АРА-АРАСЫНДА ү с т. *Уақтылы-уақтылы, кейде.* Жазғытұры суыр аулап, күзгі сонарды құр жібермей, *ара-арасында* поселка аралап бірді-бірге шағыстырып жүргенде жатып қалдым,— деді Әлжан Аманға (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Қайталау жұмысын жүргізерде оқу материалын үнемі қайталап оқи бермей, оның *ара-арасында* оқушы өзін тексеріп отыруы керек (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

АРАБЕСК з а т. и с к. *Арабтарға тән би қимылдарының түрі.* Бұл мәнерлі өнер [классикалық би] құралдарының тұтас желісі болып саналады. Пуанттар, пируэттер, турлар сияқты қимылдар, атитюд, *арабеск* және басқалар сияқты тұрыстар классикалық бидің ажырағысыз бөлігі (Музыка жанры.).

АРАБИ с ы н. *Араб тұқымдас жылқы.* Ғашық жігіт жата алмас жаны шыдап, Әлі-ақ қуып келеді ол соңынан. *А р а б и* көк атымен Сөлім салды, Не етем деп жардан аяп бұл қу жанды (Үш ғасыр.).

АРАБИСТ з а т. *Араб тілінің маманы.*

АРАБША ү с т. 1. *Араб тілінде (сөйлеу, айту, жазу).* Конверт ішінен қиықша қағазды суырып: «Ау, мынасы несі, тағы *а р а б ш а* ма!... деп, Дәуғара сұстия түседі де, латыншасы болмаса, *а р а б ш а с ы н а* шорқақ ем, оқып бересің бе, әкем? — деп саған ұсынады (Б. Майлин, Таңд.). 2. *Араб халқына тән, араб сияқты. А р а б ш а* киімі бар, жүйрік тілге, «Таныспын,— деп айтады, жолдағы елге. Харекетім — басшылық керуенге, Талайды бастап келдім сонау жерге (Үш ғасыр.).

АРАБШЫЛА е т. *Араб тілінде сөйлеу.* Осы күні кітап ел тұрмысына байланысты, күнбе-күн өміріне жетекші болып шығып отыр. *А р а б ш ы л а м а й д ы,* татар шыламайды, парсышыламайды, тілі түсінікті. Қара таныған қазақ түсіне алады (Ғ. Мүсірепов, Суреткер парызы).

АРАГІДІК ү с т. *Оқта-текте, анда-санда, ара-арасында.* Кенжебек шешен де епті жігіт. Ол Құралаймен ежелгі танысындайақ бірден шүйіркелесті. Сый-құрмет, ілтифат көрсетіп, күле сөйлеседі, *а р а г і д і к* өлең де оқып қояды («Лен. жас»). Тұтасынан алғанда, повесть тың туралы *а р а г і д і к* көрінетін шығармалар тобында сәтті шыққан дүние («Қаз. әдеб.»).

АРАҒЫРАҚ ү с т. с ө й л. Арырақ. Жетпіс келсең сексен тұр *а р а ғ ы р а қ,* Барсаң тұсау салады тарағырақ. Үш жүзге басшы болып өтсең-дағы Билікті алады екен қатын, бала-ақ (Алдаспан).

АРАДА ү с т. *Екі ортада, белгілі мерзімде.* Одан әрі жылдар өтті *а р а д а,* Біз ер жеттік, өсті бой да, сана да. Табыс тойын, міне, бүгін жасадық, Ұлан-байтақ тың қопарған далада (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). Егінші тырналарға құрды тұзақ, Егінін жей берген соң кетпей ұзап, Топырлап тұзағына түсті тырна. *А р а д а* көп кідіріп тұрмай ұзақ (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Күн жиналып айды ұтып, *А р а д а* уақты өткенмен, Тапқанын қойшы ұмытып, Еске алмай тіпті кеткенмен (Қ. Мұқышев, Поэм.).

◆ **Бұл [осы, ол] арада.** а) *Осы жерде, тұста.* Ағашсыз құла майдан ең далада, Жоқ еді бұрын мұндай *б ұ л а р а д а.* Бір қыстақ биыл келіп мекен қыпты, Ұқсайды жаңа салған бір қалаға (Қаз. әндері). Балам, сен *о с ы а р а д а* тұр қозғалмай, Жасырып ешбір жаққа қадам салмай. Қалмайық қапылыста көзге түсіп, Қарап тұр төңірекке, көзіңді алмай (С. Дөнентаев Таңд.). Сөз ұғар дос таппадым *б ұ л а р а д а н.* Жұмбақтай шешілмеген мен бір адам. Арманым, сенерім де бір-ақ түйін — Туады атымды атар жаңа заман (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). ә) *Белгілі бір мерзімде, уақытта, аралықта. Б ұ л а р а д а* ол үйіне екі рет келіп кетеді (Ауызекі тіл). Екі арада. *Белгілі мерзімде.* Осы *е к і а р а д а* күн жарым өткен соң, Кәрімнің жазған хатын алдық (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). Бұл *е к і а р а д а* ол да Алматыға мектеп оқушыларының дәстүрлі облыстық спартакиадасына баратын болып қалды (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Жақын [жуық, тез, аз] арада. *Жуықта, көпке ұзамай.* «Патша *ж а қ ы н а р а д а* тақтан түседі» деген иман көкірекке бекіп орнауда (С. Сейфуллин, Тар жол.). Абыржып батыр келіпті Өйтпеуіне бола ма? Колхозында көрікті Той болмақ *ж у ы қ а р а д а* (С. Мұқанов, Замандас тур.). Бұл көрсетілген кемшіліктерді *т е з а р а д а* жою — алда тұрған маңызды міндет («Халық мұғ.»). Апыр-ау, *а з а р а д а* ақ кіріпті Қап-қара сақалына, самайға да (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

АРАДАҒЫ с ы н. *Екі арадағы, ортадағы.* Білдірді бұлар барып Маймылға өзін, Айтысты *а р а д а ғ ы* жанжал сөзін. «Қош келдің, таразым бар, өлшейін» деп, Жоғалтуға ойлады ол, майдың көзін (С. Торайғыров, Таңд.). Марабай. Аһа, мәселе әкемен *а р а д а ғ ы* жанжалда ма десем, бұлай ма еді, жарайды, Алма, жолың болсын, бар (Ш. Хұсайынов, Таныс адам). Мергенбай Колямен *а р а д а ғ ы* достық жәйттерді қызықты ертегідей келістіріп айтып тұр (С. Омаров, Әңгім.).

1. АРАДАЙ с ы н. *Араның жүзіндей, өткір.* Бір аршын оның және болсын ені, Жарамас ойлап тұрсам онан кемі. Суартып у мен жүзін иректеттір, *А р а д а й* қиып түсер тартса нені (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Аузында тісі *а р а д а й,* Кекілі сұлу жібектей, Шырақтай көзі жанады (Қамбар батыр).

2. АРАДАЙ с ы н. *Ара сияқты, ара тәрізді.* Ұясын ойрандаған *а р а д а й* құжынар өңшең мұжық!— деп әрі боқтап,

әрі ыржыңдап қояды (М. Әуезов, Шығ.). *Арадай* бал сормақ боп қонған гүлге, Жұпарды абайлаған жігіт бірде. Тұтанған жүрегінде ғашық отын Баяндап бір уақытта келген тілге (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

◆ **Арадай талады.** *Жан-жақтан қамады, қоршады.* Үйге кірсе болды, аузын бақадай ашқан шиеттей қара бақай балалар шыр-шыр етіп, *арадай талап* етегіне жармасады (Б. Тілегенов, Көктем.). Сен бүгін керемет бақыттысың, қуана бер. Жаңа үйіңе кірсем, бір топ әйел *арадай талап* есімді шығарды, көк соққандар (З. Жәкенов, Таң самалы).

АРАЗ с ы н. *Тату емес, өкпелі, өш.* Бұл күнде Әжібай *араз* Байболменен, Араздығының басы айтылған әңгімеден. Сырттан Әжібай Байболды балағаттар,— Болыстықты алмасам,— деп,— бәлем сенен (С. Торайғыров, Таңд.). Ұрысқан соң ұрсу керек жақсылап, Мінің болса, мойында да, бақ шыдап! Жаман ұрсу, *араз* ұрсу болмасын, Екі ұрсудың айырмасы бар, шырақ (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

◆ **Араз болды.** *Өштесті, ұстасты.* Көршіге салма күш-қайрат, Қожайынсып, шыңқылдап. Ағайынмен *араз боп,* Әркімге барма қыңқылдап! (І. Жансүгіров, Таңд.). Сұм Әбіш біліп алып жұртқа шашты, Өсекті үйірілтіп бетін ашты. Ағайын, көршілес ел *араз болып,* Аз күнде берекенің құты қашты (И. Байзақов, Таңд.). Жаманның басқа балаларымен әкем Жәутік өмір бойы *араз боп* іргесін олардан аулақ салды, жаз да, қыс та бөлініп алысқа қоныстады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АРАЗДАС е т. *Бір нәрсеге келісе алмау, өкпелесу, аралары суу.* 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта *араздасып* жауласа бастады (М. Әуезов, Әр жыл.). Сережа мен Асқарға қоштасу керек пе, жоқ па? Алдыңғы күні біз асық ойыны үстінде *араздасып* қалған едік (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРАЗДАСТЫР *Араздас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Хан оны өзіне жақын дос қылды: қыз әперді, бізді есепке алмай тастады. Қой, бүйтіп болмас!— Біз бұл екеуін *араздастырайық,*— дейді нөкерлері (Аяз би).

АРАЗДАСТЫРУ *Араздастыр етістігінің қимыл атауы.* Тәштитке құдай көктен тілегенін жерден беріп, Айжан жайында Шыңғысты Шоқанмен *араздастыруды* сәті түсе қалған сияқтанды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АРАЗДАСУ е т. *Араздас етістігінің қимыл атауы.* Семья болған соң келіспеушілік, *араздасу,* өкпе-базнаның жиі болып тұратыны да рас (Т. Бердияров, Фарида).

АРАЗДЫҚ з а т. *Өшпенділік, ала ауыздылық.* Ата-бабамыз бауырлас халықтармен *араздық* дегенді білмей, өрістес, қоныстас болған (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі). Рамазан екеуміздің татулығымыз да, *араздығымыз* да оңай болатын. Ұсақ-түйек нәрседен жүз шайысып, шекісе қаламыз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ).

◆ **Бас араздық.** *Өшпенділік, ала көздік.* Кейбір қиыншылық үстіне тастай тәртіп тізгін босатар емес,— деп, оқымысты ауылдасына әдейі *бас араздықпен* бармағанын жуып-шаюға тырысты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Колхозды түзеудің орнына давай-давайдың астына ап, қысыжазы ешкі құсатып қуумен болды. Екеуміздің *бас араздығымыз* осыдан басталды (З. Шашкин, Өмір тынысы). Менің сізбен ешқандай *бас араздығым* жоқ (М. Иманжанов, Алғашқы ай.).

АРАЗ-ҚҰРАЗ з а т. *Араздық, өшпенділік.* «Мешіт бір сәрі, тіпті оның *араз-құразы* да иен жұртқа мәлім екен-ау!»— деп таңданды (М. Әуезов, Шығ.).

1. АРАЙ и р. з а т. 1. *Таң атар кездегі күн шапағы, шұғласы.* Ертемен қарсы алып таң *арайын.* Әр жерден ақ көйлегі бір жарқ етіп, Жүгірген жалаңаяқ балақайың (С. Мәуленов, Жаңа арна). Ганди Үндінің *арай* нұрына балқып, Ашылды сол гүл жанарды тартып (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Жер-дүние шоғырланып зорайған ба, Апырай, әлде көзі қарайған ба. Ілгері басқан аяқ кері кетіп, Қалғандай тоқтап анау *арай* да алда (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). 2. *Нұр, сәуле.* «Жарайды!» деген бір сөзден Өңінде қыздың жүзді *арай.* Сәбидейсің-ау бір сенсең, Жұбаныш қайран қыздар-ай! (Ғ. Қайырбеков, Таулар сөйл.).

◆ **Алтын арай.** *Нұрлы, сәулелі.* Арқаның тың байлығын игергенде, Алтын дән миллиард пұт сый бергенде. Тәсіне *алтын арай* орден қадап, Тарихта теңдесі жоқ жыл келгенде (А. Тоқмағамбетов, Дария

сыры). **Қызыл арай.** *Күн батардағы қызыл сәуле, шапақ.* Жанқыздар қыз-ойнақ болатын ауылға келгенде күн ұясына таянып қалған еді. Көкжиек *қ ы з ы л а р а й* нұрға бөленіп балқып тұр (А. Хангелдин, Қараторғай).

2. АРАЙ з а т. к ө н е. *Сабыр, ұстам, тоқтам.* Айдасам жөнге жүрмейсің, Егіз қалған, ақ шелек! *А р а й* жаным, *а р а й!* Сенің бірің қалмағыр, Сені ешкім алмағыр (Алпамыс).

АРАЙЛА е т. 1. *Таң сәулесінің қызарып шапақ атуы.* Қыз бен жігіт сырласып, Алма бағы жайнайды. Күн *а р а й л а п* нұр шашып, Таң бұлбұлы сайрайды (Қаз. әндері). Ұйықташы, жаным, ал тыным, Шаршадың, күндіз көп ойнап. Әдемі түс көр, алтыным, Атқанша таң бір *а р а й л а п* (Т. Молдағалиев, Құралай). 2. А у ы с. *Нұрлану, сәулелену.* Көсемім көркем келбетің *А р а й л а п* атқан таңдайын, Көзің шолпан жұлдыздай Жиһаннан биік маңдайың (Жамбыл). Жер мен көкті сілкінтіп, Он жетінші жыл келді. Бостандық таңы *а р а й л а п,* Теңдік деген үн келді (К. Әзірбаев, Өленд.).

АРАЙЛАН *Арайла етістігінен жасалған өздік етіс.* Взрыв екпінінен дала айналып, Көк түтін көмкереді маңайды алып. Құрады таң секілді қала үстінде, Жалынынан алыс аспан *а р а й л а н ы п* (С. Мәуленов, Жаңа арна). Қарлы шыңның сүйір өркештері *а р а й л а н ы п* тау жылғаларында тұтаса қарауытқан қарағайдың үстінде күлгін мұнар ұйып тұр (Т. Ахтанов, Қанарлы күн.).

АРАЙЛАНДЫР е т. *Арайла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жігіт сөзі ақ қағазға тамған қызыл бояудай қыз бетін *а р а й л а н д ы р ы п* жіберді (Т. Бердияров, Фарида).

АРАЙЛЫ с ы н. *Шұғылалы, нұрлы.* Қақпаларға қонды қызыл жалаулар, Май келді! Ерте тұрып қарандар... Бұл өлкенің таңы неткен *а р а й л ы!* Адам түгіл, тас күлімдеп қарайды (Қ. Аманжолов, Таңд.). Бірте-бірте басылып ән тарайды, Тыныштық кеп құндақтайды маңайды... Қала үстінен өтіп жатыр осылай, Жарқыраған жақсы түндер *а р а й л ы* (І. Мәмбетов, Табантал).

АРАЙЛЫМ з а т. э к с п р. *Шырайлым, көріктім.* Төбеден төмен қараймын Ақ үйлер қатар тігілген. Көрінші көзге, *а р а й л ы м,* Көрінші, іздеп тұрмын мен (Т. Молдағалиев, Қош көктем).

АРАЙСЫЗ с ы н. *Күн шапағынсыз, шұғыласыз. А р а й с ы з* ақ таң атар ма, Жақсы сөз жерде жатар ма? Ұшатын Айға корабль Қосылды деді қатарға. Бала да сонша қызықты Осы бір жұмбақ сапарға (Ш. Смаханұлы, Айға ұшамын).

АРАКІДІК ү с т. с ө й л. **Арагідік.** Алматының төбесінен «Ил-18»бен ұшып келе жатып қарасаңыз, қала ортасынан *а р а к і д і к* әлденедей саңлақ, салтанатты үйлер ғана жарып шығып тұрады (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Біз бейсауат адамның әр қимылын үнемі қарай беруден жалыға бастадық, *а р а к і д і к* пікір алысып, күбірлесіп те қоямыз (М. Иманжанов, Адам тур.). Мен Болаттан көз айырмай қарай бердім. *А р а к і д і к* әңгімеге араласқаным болмаса, ойым басқа жақта (С. Омаров, Тастағы жазу).

АРАКІДІРІС ү с т. *Кейде, ара-тұра, оқта-текте.* Мен шөмеленің үстіне шығып ап, қорықшы біреу-міреу кеп қалса, Мұқтарға сыбыс бере қою менің міндетім болатын, *а р а к і д і р і с* қамыттың үзілген құлақбауын жамаған боп қоям («Лен. жас»).

АРАҚ а р. з а т. *Дәнді дақылдан жасалған ащы ішімдік.* Үстелде, алдарында шараптары, «Шарап» деп қастерлейді *а р а қ т а р ы н.* Чжан-Цзо-лин досына әкеп көрсетеді, Ілулі тұрған түрлі жарақтарын (С. Сейфуллин, Өленд.). Құйылып жатты *а р а қ* пен шарап, Күйеу де, біз де айырылып тілден, Отыра қаппыз қадала қарап (Д. Әбілев, Жүрек жырлайды). Асаубай *а р а қ т ы* аузына апара бергенде, Айдынғали ағай өз денесіне ғана лайық ұзын қолын созды да, стаканды қағып тастады,— кереңді іш Асаубай (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

◆ **Арақ құмар.** *Арақ қа салынған, арақ қор.* Қызықтырғанның бәрі өлеңге айналса, поэзияда қанша құн қалмақ. Онда *а р а қ қ ұ м а р л а р,* ақша құмарлар туралы да өлеңдер жазу керек болар еді (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Жарқанатты қырдағы үш ферманың да есепшілерінің үстінен қарайтын бухгалтер етіп тағайындамақ болады да, бірақ өзі *а р а қ қ ұ м а р* неме емес пе екен!— деп қауіптенеді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

АРАҚАТЫНАС з а т. *Бір-бірімен байланыс, қарым-қатынас.* Орта есеппен эквиваленттік грамм есебімен алынған бір

қышқыл өлшеміне 1,2 сілті өлшемі келетін болса, онда мұны дұрыс *а р а қ а т ы н а с* деп есептейді (Малға азық беру.). Топырақтағы азот пен фосфор өзара белгілі бір *а р а қ а т ы н а с т а* болғанда ғана өнімді арттыра алатынын қатаң ескерген жөн (М. Майлыбаев, Мақта егісі.).

АРАҚАТЫС з а т. *Бір-бірімен байланысы, қатысы.* Кальций мен фосфордың бір-біріне *а р а қ а т ы с ы* біркелкі дұрыс, сондықтан олар мал организміне жақсы сіңеді (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.).

АРАҚКЕШ с ы н. с ө й л. **Арақкөр.** *А р а қ к е ш* өзімшіл, бұзық жігіттің қалай тез өзгере қалғаны, иттің етінен жек көре тұрып, осы жігітке Тамараның қалай қосылғаны оқушыға жұмбақ күйінде қалған («Қаз. әдеб.»).

АРАҚҚОР с ы н. *Арақ құмар, арақка салынған.* Бұрын құлағына сіңген «*парақор, а р а қ қ о р*» деген ұғымды енді өсек шығар деп жорыды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кейбір *а р а қ қ о р* адамдардың көзінің ағы және денесі сарғайып кететіні мәлім. Ол өттің денеге жайылып кететіндігінен (Е. Оразақов, Дәрігер.).

АРАҚҚОРЛЫҚ з а т. *Арақ құмарлық. А р а қ қ о р л ы қ* — адам өмірінің дұшпаны (Ауызекі тіл).

АРАҚСЫЗ с ы н. *Арақ-шарапсыз, ішкіліксіз.* Карта ойыны *а р а қ с ы з* өтпейді. Арақты табатын — Әлжаппар (Б. Майлин, Таңд.). Кәде-сәде көбейді, Мұнымыз ұят демейді. *А р а қ с ы з* болса дастарқан, Жұтынып құда шөлдейді (К. Әзірбаев, Таңд.).

АРАҚТАЙ с ы н. *Арақ тәріздес, арақ сияқты.* Дақбыртқа, арзан аракқа құмарлық әлі де, денені улаған *а р а қ т а й* аңсатып, басты тауға да, жарға да соқтырып жүр (З. Шашкин, Сенім).

АРАҚ-ШАРАП а р. з а т. *Жалпы ішімдік атауы. А р а қ - ш а р а п* дегенді Тигізбейді ерніне. «Сіңірсің,— деп, жегенді» Ішеді ақты өндіре (С. Мұқанов, Замандас тур.). Дурновтың әйелі стол үстін *а р а қ - ш а р а п қ а* толтырып жатыр. Мол ғып асқан тамағын да буын бұрқыратып әкеліп қойды (Ә. Шәріпов, Партизан.).

АРАЛ з а т. *Жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық.* Ертіс пен Қарасудан жүргіншілерді екі паром өткізеді. Ортада зәулім биік терек, қарағаш, қарағай өскен көлеңкелі *а р а л* бар (М. Әуезов, Шығ.). Ол кезде қала сыртындағы тарихи орындардан көруге ең қиыны Кронштадт аталатын *а р а л* екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРАЛА е т. 1. *Көптеген жерлерді көру, қыдыру, шарлау.* Жаяулап дәмін татым талай елдің, *А р а л а п* суын іштім талай жердің. Еш жерде ат-жөнімді, сырымды айтпай, Біреуі болып сорлы жұмыскердің (С. Сейфуллин, Өленд.). Айдынның аралындай бір дөңесте Тұр қыстау, талай сырды салып еске; Еркіндеп *а р а л а д ы қ* әр бөлмесін, Абайдың еркелері біз емес пе? (Қ. Аманжолов, Таңд.).— Тоқта,— деді, достарым! Маған еріп жыл келді, *А р а л а д ы м* жер шарын, Көп сағындым сендерді (Ж. Саин, Таңд.).

АРАЛАҒЫШТА е т. *Бірнеше рет аралап көру, қайта-қайта аралау.* Қарт етке қолын салып, мойын омыртқаларды суырып алып, соның көптеген ой-шұқырларын тісімен *а р а л а ғ ы ш т а п* отырып алды (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

АРАЛ-АРАЛ с ы н. *Бірнеше аралға бөлінген, бөлік-бөлік.* Сексеуіл қалың, ну қамыс *А р а л - а р а л* түбегі. Жалмауыз шығып сол жерден Елдің ұшты жүрегі (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

АРАЛАП ү с т. *Әр жерден бір; жаппай емес.* Биік қабаққа сай шүңірек көз емес, дөңгелек балапан көзді, сондықтан болар, өңінде ызғар жоқ. Қоңыр сары сирек сақал-мұртына *а р а л а п* ақ кірген (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРАЛАС е т. 1. *Қосылу, бірігу.* Кетіпті *а р а л а с ы п* аспан мен жер, Әлде өрт, әлде боран, әлде нөсер. Дүниені бүріп жатқан бір долының Дауысы естіледі жан түршігер (Қ. Аманжолов, Таңд.). Күн сайын жұмбақ болып оқиғасы, **Көл болды қан** *а р а л а с* **көздің жасы. Бас кессе жалғыз** ауыз сөйлемеді, Адуын ед не болар деп кәрі, жасы (И. Байзақов, Таңд.). Ізбасар — жас мұғалім. Үйде сабақ беріп тұр. Оқушылары әр қилы: әйел, еркек, үлкен-кіші, бала бәрі *а р а л а с* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. *Араласып-құралысу, қарым-қатынаста болу.* Сөзінің көбі өз басының мұңы болатын. Атының Алқа екенін біздей үйі *а р а л а с* кісі білмесе, сырт ел Сандыбайдың күңі дейтін (І. Жансүгіров, Әңгім.). Азырақ орысша да сөйлесе алад, Жасынан жүргендіктен *а р а л а с ы п* (С. Торайғыров, Таңд.). Қаракөздің жесір қалған шешесі Үсеннің немере қарындасы болатын. Ол Үсен ауылын төркін қылып, ылғи *а р а л а с ы п* жүретін (М. Әуезов,

Қараш-Қараш). 3. А у ы с. *Ел билеуге, басшылық етуге қатысу, кірісу.* Абай ел ісіне *араласқанда* өз әкесі мен әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды (М. Әуезов, Әр жыл). Батырқан шалағай болса да, басшылық қызметке ерте *араласқан*, орысша білетін, мәдениетке, жаңалыққа бейім, пысық әрі айлакер адам (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

◆ **Аралас құрмалас сөйлем.** Л и н г в. *Сөйлем түрін көрсететін грамматикалық атау.* Қазіргі қазақ тілінде *аралас құрмалас сөйлем* төл сөздерге ену арқылы да құрмаласады (Қазіргі қаз. тіл.). **Сөзге [әңгімеге] араласты.** *Біреудің ісіне, әңгімесіне кірісті, килікті.* Ол татарға жауап беріп үлгергенше, саудагердің үлкен үйі жағынан Орақ шыға келді де, *сөзге араласа* кетті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Батырбек те, Орақов та *сөзге араласа* қоймай, бірақ Жоламановтың күдігіне құлақ қойып ойланып қалды, өңдері сұрлана түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бейтаныс коллективке жаңа келгенін жасап, бой тартып қорғаншақтамай, олардың *әңгімесіне* Жақыпбек те қызу *араласты* (М. Иманжанов, Көк белес).

АРАЛАС-ҚҰРАЛАС ү с т. *Алыс-беріс, ауыс-түйіс.* Әдетте бірін-бірі бұлай арнап шақырыспай-ақ *аралас-құралас* боп жалғасып жататын бұл екі семья күндегіден бүгін өзгешерек бас қосқан (М. Иманжанов, Шығ.). Қазіргі жолдасы Айдарбек болғандықтан, бұрын *аралас-құралас* бар дос-жарандарының шеттеп кеткенін есіне түсіреді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Көршілес, *аралас-құралас* отырғандары өз алдына, аумалы-төкпелі кезеңдер тұсында қан араласуы сияқты үлкен тарихи процестердің де болып отырғаны мәлім («Қаз. әдеб.»).

АРАЛАС-ҚҰРАЛАСТЫҚ з а т. *Көршілестік, алыс-берістік.* Көңілдес, туыс адамдар арасында *аралас-құралас-тық* болмайынша ынтымақтық, бірлік болмайды (Ауызекі тіл).

АРАЛАСҚЫШ с ы н. *Үнемі араласып жүретін, жанын салғыш.* Мектепке қолғабысы мол, тәрбие жұмысына жаны ауыра *араласқыш.* Ақбибі апайдың өзімен жүзбе-жүз кездесіп, әңгімелескім келеді («Халық мұғ.»).

АРАЛАСПА з а т. *Әр текті заттың қосындысы, қоспасы.* Сиыр жоңышқаның сұлы *араласпасы* қойға жұғымды пішен болып есептеледі (Қ. Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

АРАЛАСТЫР *Аралас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жақыпбек бәйбішесінің картоп *араластырған* қуырдағы біраздан кейін оны сусатып, суға құнықтырды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Үлкен кесемен бірді қымызға ақ талқанды қоймалжыңдай сеуіп, быжылдата *араластырып*, сылқытып алатын болсаң, таңертең бұдан артық тамақтың қажеті жоқ (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Бұрын шығармасына өлеңді де *араластырып* жүретін Бейімбет, 1927 жылдардың бер жағында бірыңғай прозаға көшті (С. Мұқанов, Өсу жол.).

АРАЛАСТЫРҒЫЗ *Араластыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* От басына *араластырғызбай*, алысырақ ұстау үшін елден келген қазақтарға арнап салғызған қонақ жайы бар (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

АРАЛАСТЫРҒЫЗУ *Араластырғыз етістігінің қимыл атауы.* Қайтсеңіз де мектеп жұмыстарына жас оқушыларды *араластырғызу* қажет,— деді Жұмабай («Халық мұғ.»).

АРАЛАСТЫРҒЫШ з а т. *Екі, я үш затты қосып біріктіру үшін қолданылатын зат.* Суттің бетіне қаймақ тұрып қалмауы үшін *араластырғышты* ауық-ауық қозғалысқа келтіріп қою қажет (З. Сейітов, Сүт. өндеу.). Тазартылған ұнтақ-үгінді жалпы *араластырғыш* астауға түседі, оған минерал заттар да, сірне мен карбамид те келіп түседі (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы).

АРАЛАСТЫРУ *Араластыр етістігінің қимыл атауы.* Майлылығы жоғары қаймақты салқындату және механикалық *араластыру* нәтижесінде ол сары май сияқты күйге келеді (З. Сейітов, Сүт. өңдеу.). Оқушыларды жексембіліктер, өндірісті бригадалар арқылы қоғамдық пайдалы еңбекке *араластыру* жақсы нәтиже беріп келеді («Халық мұғ.»).

АРАЛАСТЫРЫЛ *Араластыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ұсақталған концентратқа сүйек ұны немесе бор *араластырылады* («Халық мұғ.»). Сүтке ұйтқы салысымен әбден *араласты-*

р ы л ы п, ұйынды пайда болғанға дейін қозғамайды. Әдетте ұйыту мерзімі 10—14 сағатқа созылады (З. Сейітов, Сүт. өндеу.). Прекостың жүнін қоюлату және жүннің шайырын көбейту үшін рамбулының қаны да *а р а л а с т ы р ы л а д ы* (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

АРАЛАСУ *Аралас етістігінің қимыл атауы.* Лирика дегеніміз табиғаттың, немесе қоғамның өмірінде болып жатқан көріністерге ақынның әсерленуі, сол әсерлеріне өз жанының толқыны қалай *а р а л а с у ы н* айтып беруі ғой (С. Мұқанов, Өсу жол.). Олар көкірегін қағып, жүгенсіз кете ме, жоқ тыю саласыңдар ма, әлде өлкенің *а р а л а с у ы н* күтесіңдер ме? (З. Шашкин, Сенім).

АРАЛАСУШЫ з а т. *Бір іске қосылушы, қатынасушы адам.* Бандитизмге Садуақасовты да *а р а л а с у ш ы л а р д ы ң* біреуіне жоримын, ендеше, сондай адамды қалай жақсы көрмекпін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тартыста *а р а л а с у ш ы л а р* ойына ойы сай, бойына бойы сай — тепетең кісілер бола бермейді (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АРАЛАТ *Арала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мен сіздерге завод жайын түсіндіретін бір кісі қосам. Ол кісі сіздерді алып жүріп *а р а л а т а д ы*,— деді директор (І. Жансүгіров, Шығ.). «Ер, маған!» — деп жігіт жетектеп ала жөнелді де, әр жерінде, шамы жылтыраған қараңғы үңгірді *а р а л а т ы п* отырды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Наталия есікті еркін ашып, қатты жауып жүріп, мектептің бар бөлмелерін *а р а л а т ы п* шығарды (Ғ. Мүсірепов, Таңд.).

◆ **Күн аралатты.** *Араға күн салды.* Ораз *к ү н а р а л а т ы п* бір соғып кетеді. Сол қалпы көп сөйлеспейді. Бар бітіретіні дәрі-дәрмектің атын, қандай ауруға ем болатынын сұрайды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРАЛАТПА ү с т. *Түр-түрімен, аралас.* Қызды ойын түн ортасы болған шақта, Отырып қыз бен жігіт *а р а л а т п а.* Қол соқпақ, қызды мақтау секілденген Ойындар жүріп жатты жағалатпа (Ж. Саин, Таңд.). Тағы да жүріп келем. *А р а л а т п а* шоқ-шоқ ағаштары бар жалпақ қарлы даламен жүріп келем (С. Шаймерденов, Қарғаш).

АРАЛАТТЫРУ *Аралаттыр етістігінің қимыл атауы.*

АРАЛАУ *Арала етістігінің қимыл атауы.* Музейді *а р а л а у ғ а* қойдың қадам, Сөйлегіш бір оратор берді адам. Қалдырмай бастан-аяқ түсіндірді, Азамат екен сондай сөзге маман (Ақын жырлары). Облыс аудандарын *а р а л а у ғ а* беттегенде, біздің сапарымыз өзі де барған сайын қызуы, қызығы үдей, дами түскен (М. Әуезов, Шығ.). Күнбағысты баптадық, Бұлбұл үнін тыңдадық. Жер асылын ақтарып, *А р а л а у д а н* тынбадық (М. Әлімбаев, Таңд.).

АРАЛДАЙ с ы н. *Арал тәрізді, арал сияқты.* Әр алуан жауларға соққы беру, мұхит құшағындағы жалғыз *а р а л д а й* социализм мемлекетін капитализм қоршауынан аман сақтау... (Ә. Тәжібаев, Таңд.). Түн ішінде осынау шығырау түбінен өсіп шыққан кіші-гірім *а р а л д а й*, мелш етпестен маңғаз тұр (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

АРАЛДАП ү с т. *Қамалып, бөгеліп.* Жазыпты Омар жұмбақты, «Әттегенмен» тамамдап. Сықақ қылмақ сияқты, Тарауынан жол тауып, Өте алмай қалсақ *а р а л д а п* (Айтыс).

АРАЛСЫМАҚ с ы н. *Аралға ұқсаған, арал тәрізді.* Ауыл өзен бойында, өзен болғанда осы өзеннің *а р а л с ы м а қ* иірілімінде опырылып құлаған ескі көшнің орны жатыр. Ол мына торы аттың арбасында келе жатқан Омар мырзаның ата қонысы (Б. Майлин, Шығ.).

АРАЛША з а т. *Кішкене арал. А р а л ш а* болып ұйысып қалған қамыс салындысының үстінде бір-бірінің иығына мойындарын асып тастап, аққулар түс көреді (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АРАЛШЫҚ з а т. *Кішкентай арал.* Теңіз ортасындағы оймақтай *а р а л ш ы қ т а* туған, осында өскен Күлпәш ау құрудың мәнісін көп жігіттен кем білмейтін («Лен. жас»). Қайығымыз қамыстан айдынға шығып, үстіне тал өскен кішкене *а р а л ш ы қ қ а* келді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

1. АРАЛЫҚ з а т. 1. *Екі заттың арасындағы орталық жер.* Көзге көрінбес екі күш мынау жүз метр *а р а л ы қ т а ғ ы* әуеде түйісіп, бір-бірін алқымнан алып сығып, сіресіп тұр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *А р а л ы ғ ы н* ашыңқырап алыста-

та тіккен бес-алты қанатты ақ боз үйлер күннің көзімен шағылысып күмістей жалтырап тұр (Тарту). Ағаш *аралықтарындағы* жолдардан терлеген аттың бар шабысымен Сман құйғытып-ақ өте шығады (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). **2.** *Екі өртада, арада.* Тәкежан мен Абай арасында керіс туады. Сонда тағы да *аралықта* тең тартпа қалмақ есебі емес пе? (М. Әуезов, Абай жолы). Мінезі әке мен шешенің *аралығынан* шыққан. Бірде қатты, бірде рахымшыл, бірде ауыр, бірде жеңіл, сезімді көбінесе ақылға жеңдіретін ойлы қыз екенін әдістес адам тез-ақ түсінетін (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Феодалдық қатынастардың дамуына байланысты сот функциялары патриархалды-ру қатынастарының қалдығы болған ақсақалдардың *аралық* сотынан бірте-бірте ру басы билерге көшті («Халық мұғ.»).

2. АРАЛЫҚ з а т. к ә с і б. *Қалып пен төс аралығына қағылатын сына.* Етікші аяқ киім тігерде *аралықты* іздеп таба алмады (Ауызекі тіл).

АРАМ а р. д і н и. **1.** *Бауыздалмаған, қаны шықпаған.* Есектің еті *арам,* күші адал (Мақал). **2.** А у ы с. *Пайдасыз, қажетсіз.* Бар денемнің бәрі бір муз, Қайрылуға жарамас. Міне дәулет, міне асыл қыз, Болды маған *арам* ас (Абай). Демсіп қалды лезде шіркін пасық, Ағызып *арам* қанын аузын ашып. Кептерді қоя беріп мыжырайды. Әлгіде қодиланған *арам* сасық (С. Сейфуллин, Өленд.). **3.** А у ы с. *Қара ниетті, сұм.* Адасқанның алды жөн, арты соқпақ, Оларға жөн *арамның* сөзін ұқпақ. Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп, Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай). Әзімбай ұлы атасы мен әкесі сияқты араны ашылған қомағай, ашқарақ, екі жүзді, сұм, сұрқия, бірақ анағұрлым *арам,* су жүрек, ұсақшыл (М. Қаратаев, Туған әдеб.). О кезде болғаныңды неге саранң Түсінем, таға алмаймын кінә сағаң. *Арам,* пасық сүліктер созды қолын, Деп сенің бойыңдағы байлықты алам (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). **4.** *Еңбексіз, табыссыз.* Бақтығұл Тектіғұлды ақтап: «жанымнан садаға кетсін сенің *арамнан* жиған малың?»— деген (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Майдандасты екі тап, Аямады бар күшін. Байлар кірді майданға *Арамнан* жиған мал үшін (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Сейілбектің арманы күн санап құнықтырып бара жатқан *арам* кәсіпте еді! Абзал ортадан қалай алыстап кеткен ол! (К. Тоқаев, Тасқын).

◆ **Арам қатқыр.** *Кейігенде малға айтылатын қарғыс. Арам қатқыр,* алысырақ барып жайылса қайтеді, бұзауды отқа жібертпейді, жіберсем жанасып еміп қояды,— деп, Қалампырдың қарғап-сілеп жүргені (Б. Майлин, Шығ.). Олай жүрші көк шолақ, Бұлай жүрші көк шолақ. Жамандатқыр көк шолақ, *Арам қатқыр* көк шолақ, Мені құртқан көк шолақ (Қаз. әндері). **Арам ниет.** *Арам ойлы, жаман пікірлі.* «Жасақшыларға қосыламыз» деген *арам ниетті* адалға айналдыру ма? Әлде мені сынау ма? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Батадан батаның жоргасы жоқ. *Арам ниетті* молдадан адал ниетті қарапайым адамның батасы қымбат (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Арам ой.** *Жаман пікір, пиғыл.* Арамға азғырғанды сезбейтұғын, *Арам ойдың* қиялын кезбейтұғын. Көріне шайтан келіп азғырса да, Адамдық ар иманнан безбейтұғын (С. Торайғыров, Таңд.). Көтеріп шала-жансар патшалықты, Аза боп буржуазия жасын сықты. Құбылып екі жүзбен жұрт алдында, *Арам ой* жатты тоқып не сұмдықты (Қ. Аманжолов, Таңд.). Жығам деген сеніммен ұстаған Тұрардың аз-кем *арам ойы* да бар. Іштен алғансып, екі шаттың арасынан тізесімен бір-екі рет нұқып қалды (С. Шаймерденов, Мінез). **Арам өлгір.** *Арам қатқыр. Арам өлгір* Тайбурыл Ауыздықпен алысып, Айқара түйген ақ тізгін (Манас). **Арам пиғыл.** *Ойы жаман, қара ниетті.* Көрер көзден ұялсайшы Құнықтың басәби қанға? Ұқсамаған жерің қайсы *Арам пиғыл* жыртқыш аңға (А. Шамкенов, Сағат). «Еңбеккерлердің табан ет, мандай терімен жиналған халық қазынасы қашан да қасиетті. Оны *арам пиғылды* адамдар сіңіріп кете алмайды»— деген ой бар повесте («Қаз. әдеб.»). **Арам су.** а) *Ақпайтын тұнба су. Арам суды* халық пайдаланбайды, өйткені түрлі инфекция жұғуы мүмкін (Ауызекі тіл). ә) *Ішімдік, арақ. Арам суға* бола тіленеберуді қисынсыз көреді. Енді ешкімнің рақымы түсер болмаған соң тағы да амалсыз дүкенші Сәлимаға барды (А. Байтанаев, Асан). **Арам тамақ.** *Еңбек сүймейтін жалқау, жатып ішер.* Байлар көп жатып ішер, *арам тамақ.* Өсірген, қызығын көрмей, басын санап. Шынында, өсіретін кедей, жалшы, Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап (С. Торайғыров, Таңд.). Еңбексіз пайда іздеген *арам тамақ* Қуат

беріп наданға болады жақ. Ойласаң сары уайым соқырлықта, Көгертеді қай жанды ондай ақымақ (И. Байзақов, Таңд.). *Арам тамақ* жауыздың, Патша қанды ауыздың, Ақылынан тандырып, Қанды қолын байлаған (Жамбыл). **Арам тер болды.** *Басқа, тектен-текке әуреленді.* Өлшенсін осы тасқа мың қадам жер; Жарыссын сол арадан дәмелілер. Төрт адам жүгі болсын жарысқанда, Болмасын бекер еркек *басқа арам тер* (С. Сейфуллин, Өленд.). Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау, *Арам тер* талай ақын *болды* бұлау. Жамбылға сонда тұрып былай деді, Басқасы болмаған соң аяқ ылау (Жамбыл). **Арам шөп.** *Егістік арасында өсіп, пайдалы өсімдіктердің өсуіне зиянын тигізетін шөп.* Егінді, шөпті мезгілінде шауып, жинап алу және *арам шөптермен* күресу шаралары дала тышқандарының жаппай өсіп, көбеймеуінде маңызды роль атқарады (Н. Әжіғалиев, Малдан жұғатын ауру.). Жусанды және басқа да сүрлемге жарамды *арам шөптерді* гүлдей бастағанда жинап алып сүрлеп тастаса, одан сапалы сүрлем алынады (Сапалы сүрлем.). **Арам іс.** *Әділетсіз, ақиқатқа жатпайтын әрекет.* Жақыныңды кемітпе алаш үшін, *Арам іске* кіріспе талас үшін. Жалғыз жатар жеріңді ойыңа ал, Отқа түспе біреудің бәлесі үшін (С. Сейфуллин, Таңд.). Абай Жиреншеге: «Білемін алдым азап алты батпан, Мен емес *арам іске* арын сатқан. Сұм заман сыбағама сені берді, Талап бақ, жауың болса тағы тапқан» — дейді де жүріп кетеді (М. Әуезов, Таңд.).

АРАМДА е т. 1. *Былғау, ластау.* Болыстың сабын тимеген сарғыш саусақтары ақ дастарқанды *арамдай* бастады. Жалап-жалап алып, табақтағы суыған етке, біресе майға апарып салады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ас үйді кілттегенде де азығымызды *арамдап* кетпесін деп иттен, мысықтан сақтанамыз (Ғ. Сыланов, Асау арна). 2. А у ы с. *Қиянат жасау, теріс іс істеу.* Заңсыз түскен шекара Елімді келіп *арамдап,* Бір бөлегін алып тұр (Қ. Аманжолов, Таңд.). Даңқты заводты жау жалмаса, орыстың ана өзені — Еділді де *арамдайды,* анасын күң етер болса, баласын құл етеді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

АРАМДАЛ *Арамда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*

АРАМДАТ *Арамда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АРАМДАУ *Арамда етістігінің қимыл атауы.* Шат, таза жүрегіңді *арамдауға* Түкірсе, не дер ең сол адамдарға? Осындай сын селіне Ақан түсті, Жазықсыз жала жауып адал жанға (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АРАМДЫҚ з а т. *Жамандық іс, залымдық.* Көз салмас ұры неге қарны ашқан соң, Аяғын *арамдыққа* бір басқан соң. Жанында бір кішкене баласы бар, Жөнелді бақша жаққа кеш батқан соң (С. Дөнентаев, Таңд.). Нашарды, момындарды езбейтұғын, *Арамдық* теңізінде жүзбейтұғын. Айтылған уағданы берік ұстап, Айныма, мылжың сөзді езбейтұғын (С. Торайғыров, Таңд.). Ол Мағауияға тақырып бергенде, Кеңгірбайдың өз заманындағы парақорлық сияқты *арамдықтарын* ашып айтып әшкерелеп береді (М. Әуезов, Әр жыл.).

АРАМДЫҚСЫЗ с ы н. *Ешбір арам ойсыз, адал.* Байды аластап, Қуып тастап, Батырақ кедей бірлескен. Жамандықсыз, *арамдықсыз* Жылы-жұмсақ тілдескен (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Ер шауып, төсек жасап, тігеді етік, Өлкеде өнерлі жоқ одан жетік, Ала қол *арамдықсыз* адал істер, Көрген жоқ еш адамды ол өкпелетіп (Д. Еркінбеков, Шығ.).

1. АРАМЗА а р. з а т. *Мезгілінен бұрын туған қозы, лақ.* Осы таудың сай-сайының бәрі қора-қора отар, байлардың қойы. Күйлі қой *арамза* қоздап, қойшылар уыз ішіп жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.). Қыс ортасына жетпестен *арамза* боп туған қызыл кепе семіз көрінді (М. Әуезов, Абай). Дарияның бір түбегінде қойлар жатыр еді,— деді Естай,— солар *арамза* туа бастады — деген хабар келді (С. Мұқанов, Таңд.). Қозыны кезінде түгелдей піштіру ісіне дұрыс көңіл бөлінбеген шаруашылықта *арамзадан* азап көбейеді (С. Омаров, Қой. бағу.).

2. АРАМЗА с ы н. *Залым, қу, алдамшы.* Құранды шала біледі, Аңқауға бірақ *арамза.* Алдап ала біледі, Жүрген жердің бәрі олжа (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Қашан шақыру келеді деп ажал сағатын күткендей жүрегі күпті болып, ала қол, *арамза* билердің әмірін, көрін күтті (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АРАМЗАДА с ы н. с ө й л. **Арамза** (2-омон.). Ақтың үйі мешіт-ті, Ақты құдай шешіпті. *Арамзада* төкпенің Уыз үйін кесіпті (Алдаспан).

АРАМЗАЛЫ с ы н. *Арамза туған қозы-лақты.* Деуші еді сенің әкең түйелі бай, Болмайды елдің бәрі жүйелі бай. Қоздапты барлық қойын *а р а м з а л ы,* Қу қойшың аударам деп күйегін-ай (Айтыс).

АРАМЗАЛЫҚ з а т. *Қара ниеттілік, арамдық.* Ыбырай аңқау елге *а р а м з а л ы қ* жасап алдап, жем етіп жүрген молдаларды сықақ етеді (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Тұрсынбаев бұдан былай мұндай *а р а м з а л ы ғ ы н д ы* маған көрсетпейтін бол. Білсең, білемін деп, білмесең, білмеймін деп, шыныңды айт (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Тойғара жарғанатша жасырынып, аңқау елге *а р а м з а л ы қ п е н* «ишан болып», «иман» жинап жүрген әккі, тоғышар, тоң мойынның өзі («Қаз. әдеб.»).

АРАМСЫН е т. 1. *Тағамды пайдалануға жарамсыз, арам деп санау.* Аттарыңды бекітіп қойыңдар деп, Таң атсын, таза қылып сойыңдар деп, Мен мұның *а р а м с ы н б а й* етін жеймін, Бірге жесіп сендер де тойыңдар,— деп (С. Әлімбетов, Өленд.). Жоқ, алыңдар, жігіттер. Мен тамақты *а р а м с ы н ы п* отырғаным жоқ, тәбетім соқпай отыр,— деді тоқталып Мәмбет (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. А у ы с. *Арам деп санау.* Болыс жаңағы өңгімеге жауап бермей, баласына қарады. Тек іштей Бақтығұлды соншалық *а р а м с ы н ғ а н* ниеті жоқ (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Мәз болып өзін бастық қойғанына, Өзінен басқаны ол ойлады ма! Ойы жоқ *а р а м с ы н а р,* шіміркенер. Егіннің ит тисе де қаймағына (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АРАМЫЛЫҚ з а т. с ө й л. Арамдық. Мұны Әміржан да сезгендей боп Қонысбай отағасына о да әлсін-әлі қарап қояды. *А р а м ы л ы қ* мінезге қаны қайнағанның бірі — Әміржан (Б. Майлин, Шығ.).

1. АРАН з а т. *Нәпсі, құлқын.* Жауызға көнбей туладың, Теңдік іздеп кедейге. Залымдардың жасаған *А р а н ы н а* уладың (С. Сейфуллин, Таңд.). *А р а н н а н* айла тауып қашып шықтым, Қауіптің алдымдағы бәрін де ұқтым. Кернеді көкіректі ыза мен кек, Қоштастым салтыменен балалықтың (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). Жел үрсе, құм қалады түгел басып, Егінді алу қиын одан ашып. *А р а н ы н* аңырайтып аштық келсе, Жан сақтар мекеніміз қалды қашық (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

◆ **Араны ашылды.** а) *Тамақты аңсап ыңдыны құрыды.* Әуілдеді арыстан *А ш ы л ы п* аш *а р а н ы,* Шыдай алмай барады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Боранмен бірге құтырып, *а р а н ы а ш ы л ғ а н* аш қасқыр тамақ іздеп келе жатып, қара тоқтының дәл үстінен түсті (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). ә) *Тойымсыз, ашқарақ.* Әзімбай ұлы атасы мен әкесі сияқты *а р а н ы а ш ы л ғ а н* қомағай, ашқарақ, екі жүзді, сұм, сұрқия, бірақ анағұрлым арам, су жүрек, ұсақшыл (М. Қаратаев, Туған әдеб.). б) *Қанағат тұтпады, құнықты.* Алғашқыда *а р а н ы н а ш қ а н* ажал қаупінің қай тұстан төнгенін білмей, сасқалақтаған жау енді есін жиып та алды (Ж. Саин, Жол үсті.). Жазықсыз жанды жазалап, Жарғандай аузын жараның, Тепкілеп, түйіп табалап. *А ш а д ы* сұмдар *а р а н ы н* (Ж. Сыздықов, Белес.). Гитлер де кемерінен аспап па еді, Жазықсыз жұрттың қанын шашпап па еді. Жеті бас жалмауыздай «Батысты жеп» *А р а н ы н* Күншығысқа *а ш п а п* па еді? (Қ. Райбаев, Жаңа толғау).

2. АРАН з а т. *Кірпіш пен темірден жасалған қоршау.* Алдында тағы арал бар, Аялдап соған қарандар. Аралды берік қоршаған Құрсаулы темір *а р а н д а р* (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған биік ұзын кірпіш *а р а н н ы ң* ішіндегі жоңышқасы аралас көк бидайық, қояншөп мая таудай, қанша жесе таусылар емес (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Әлгі алдынан шыққан кісі *а р а н* ішінде екі атқа жегулі тұрған шананы алып шықты (С. Бегалин, Ана қайраты).

3. АРАН з а т. д и а л. *Жарлық, үкім.* Сарбаздар жеңген соң, алашордашыларға менің *а р а н ы м* жүрді (Диал. сөздік).

4. АРАН з а т. б о т. *Көкнәр тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдіктер туысы. А р а н н ы ң* сабағы бұтақты, бұтағы тік не төсемелі келеді. Апрель-июльде гүлдейді, жемісі жаңғақша (ҚСЭ).

АРАНДА е т. 1. *Байқаусызда ұрыну, соғылу.* Балуан қолының басы ғана ілікken шарбақтың үстіне қарғып шыға келді де, сымға *а р а н д а м а с т а н* қораның ішіне түсті (С. Мұқанов, Таңд.). Қазанғап пен Жақыптың інісі шалғыға *а р а н д а ғ а н* аттың аяғымен әуре (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Қозы екен келген ыстықта, Ынтығып шөлден *а р а н д а п.* Жібермей оны бұл тұста Тартыпты ұйық табан-

дап (С. Мәуленов, Құлыншақ). 2. А у ы с. *Пәлеге ұшырау, ұрыну.* Кемесіз суға кетер *а р а н д а ғ а н* Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған. Малтумен көрген күнің құрып қалсын. Ұят қой анда-санда қараңдаған (XX ғ. қаз. ақыны). Бірақ та ер төзімнен басқа амалды, Таппадым, көп іздедім, бас сәндалды. Барынша күш сақтайық *а р а н д а м а й,* Қояйық жауға жеке бас салғанды (І. Мәмбетов, Табантал).

◆ **Арандап қалды.** *Мерт болды, пәлеге ұшырады.* Қапыда үстінен түсем деп [Мүсәпір мен Бәтестің], *а р а н д а п қ а п* жүрме (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Қақпанға арандады.** *Қақпанға түсті, ұсталды.* Арқалық ақымақсың арыңдағаң, Аңғал жігіт *қ а қ п а н ғ а а р а н д а ғ а н.* Күтінген жау, қолынан мал бере ме? Осы сөз кетті сенен қайыр маған (Батырлар жыры). **Оққа арандады.** *Оққа ұшты.* Ананың тыңда азабын *А р а н д а п о қ қ а* зар шеккен (Бейбітшілік жасасын). **Сөзге арандады.** *Сөзден ұсталды, ұтылды.* Әр жерде ақын жігіт *с ө з г е а р а н д а р* Болса да қырық жыл қырғын, ажалды өлер, Тартпай шап аттың басын бозбалалар (Айтыс).

АРАНДАҒЫШ с ы н. *Пәлеге ұшырағыш.* Өзіңді өзің көгендеп бердің, *а р а н д а ғ ы ш,* қараңғы бауырларым! Күнәң кешірімсіз. Соңғы айтарым: көгендескен өзің екенсің көгеннен өзің ағыт! (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АРАНДАЙ с ы н. *Аран тәрізді, сияқты.* Ақ үйдің сыртына тістері *а р а н д а й* самсап, арбиып бірнеше шөп машинасының тырмасы тұр (Б. Майлин, Шығ.). Көкқасқаларда *а р а н д а й* өткір тіс те жоқ, қылғымай жұтар үңірейген өңеш те жоқ (Ғ. Мүсірепов, Өмір жорығы). Үсті-басы *а р а н д а й,* оқ жаудырып, өлім егіп келе жатқан жау танктарынан Нұрғұлжан сескенген де жоқ! (Ол күндер).

◆ **Аузын арандай ашты.** а) *Ындыны құрыды, аңсады.* Қасқырдың көзіне қан толып, *а у з ы а р а н д а й а ш ы л ы п,* тілі қарыс түсіп кетті (С. Сейфуллин, Тар жол.). Құр қол қойшы *а р а н д а й а ш ы л ғ а н* қасқырдың *а у з ы н а* қолын тығып жіберді. Оның тісі кірш-кірш кіріп, біреу білегіне ыстық темір басқандай күйдіріп шыдатпай барады (З. Шашкин, Өмір тынысы). Түсінде көрген қара қасқыр тілі сала құлаш шығып кеткен, сілекейі шұбырып, жағын керіп, *а у з ы н а р а н д а й а ш ы п,* құлаштап ұрып келеді екен (Қаз. ертегі). ә) *Жаланданды, жалмаңдады.*— Кетпе,— деп жалынысты екі сорлы, Кетпеуге мүмкіндік жоқ болмайды орны. Жан-жағым жау *а р а н д а й а у з ы н а ш ы п,* Көзі шалса ұстамақ жайып торды (С. Мұқанов, Сұлушаш). Ажалды қорықпаған алады екен, Айласын әдіспенен табады екен. *А р а н д а й а ш ы п* келген ажал *а у з ы н,* Ер жігіт ебін тапса қағады екен (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Жалмауыз ажал *а у з ы н а р а н д а й а ш ы п,* Досымбекті алғалы келе жатқандай болады да тұрады (Ол күндер.). б) *Көзі тоймады, қанағат қылмады.* Мұқан болыс *а р а н д а й а у з ы н а ш қ а н* Байлық, билік өзінде асып-тасқан (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). **Құлқынын арандай аштың.** *Қанағат қылмай сұғанақтық, озбырлық жасадың.* Европаның патшашыл үкіметтерінің елшілері жиналып қуншығыс халықтарына арам *қ ұ л қ ы н д а р ы н а р а н д а й а ш ы п,* обырлық саясаттарын іс жүзінде жүргізбек болды (С. Сейфуллин Шығ.). *А ш ы л ы п қ ұ л қ ы н ы а р а н д а й,* Тоймауын қараш көзінің. Дүние қуған адамдай, Пейілі жаман өзінің (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ).

АРАНДАЛ *Аранда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.*— О-о, түріңнен айналайын, адам болған,— деп маңдайынан сүйді.— Абай бол, құлыным. Мына көк темірге түсіп, *а р а н д а л ы п* қалма (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

АРАНДАЛУ *Арандал етістігінің қимыл атауы.* Қатты сасқан Қаңбақбайды бұл *а р а н д а л у д а н* Әлі ара түсіп әзер аман алып қалды. Әйтеуір ол елге дабыра еткізбей, бөрін ың-дыңсыз жең ұшынан тындырды (З. Жәкенов, Таң самалы).

АРАНДАС *Аранда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп, *а р а н д а с п а с ы н* деп, шапан айыбынан, Күшікбайдың атын қайырыпты (М. Әуезов, Таңд.). Ауыл үй мен *а р а н д а с ы п* отыруы қиын болар, сен Амантаймен табыс,— деп өтінді Ботакөз Асаннан (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Жесірге бола *а р а н д а с ы п,* қазақ пен қазақтың өзі қанша шатылмады,— деді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі).

АРАНДАТ *Аранда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Не шықты берілгеннен құр қиялға? Біреудің сандырағы идеал ма? Бөгеді жаңашылдық, кең ағысын, Ақтаев *а р а н д а т т ы* бұл зиянға (Қ. Бекхожин, Үш көзең). Осы жайды ойлаған Еламан өзімен қоса өзгелерді де ашуға

а р а н д а т қ ы с ы келмей, билікті жолдастарына салып, әңгімеден сыртқары отырды (Э. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ішінде шағын бөлме шеру тартып, Арбастық аңдушымен шепте жатып, Серттестік өң мен түсте үндемеске Тіл жау ғой, кетер дедік *а р а н д а т ы п* (Қ. Жармағамбетов, Баллада).

АРАНДАТҚЫЗ *Арандат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жұрт бір-бірін *а р а н д а т қ ы з б а й* жүре алса, міне, халық арасындағы тыныштық (Ауызекі тіл).

АРАНДАТҚЫШ с ы н. *Пәлеге ұрындырғыш.* Сізге қойылған план ғана емес, кейбір *а р а н д а т қ ы ш т а р м е н* сізді қоршаған қорқақтардың тая соққан табансыздығында ма деп ойлаймын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АРАНДАТТЫР *Арандат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ел ішіндегі қу-сұмдар жұртты *а р а н д а т т ы р м а й* жүре алмайды (Ауызекі тіл).

АРАНДАТУ *Арандат етістігінің қимыл атауы.* Біреудің *а р а н д а т у* мақсатымен жеткізген алып-қашты сөзіне сүйеніп, коммунистің семьясы арасына от тастамау керек. Мен зайыбымнан әлі айрылғам жоқ (З. Шашкин, Сенім). *А р а н д а т у* — қарсы жақтың дұшпанды өзіне киліктіруге, оны жазалауға сылтау табу үшін шығаратын атыстыру, тұрткілеу айласы (Саяси сөздік).— Бұл *а р а н д а т у!*— деп мен айқайлап жібердім. Арфикандарды өлтіруге кім право берді сендерге? («Қаз. әдеб.»).

АРАНДАТУШЫ з а т. *Бірді бірге айдап салушы, атыстырушы.* Адал ниетті, ақ тілеулі адамға Американың *а р а н д а т у ш ы* саясаты тосқауыл бола алмайды (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Кейбір мәселелер жөнінде кешегі көктем мерекесі күні еліміздің әуе кеңістігіне тұмсығын сұққан американ *а р а н д а т у ш ы л а р ы н ы ң* әрекеті айғақ бола алады (С. Сейітов, Жыл. жотасы).— Бай, кулак *а р а н д а т у ш ы л а р ы н* әшкерелеп шығамын!— деді Бокин (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

АРАНДАТУШЫЛЫҚ з а т. *Бірді бірге қарсы қоюшылық, атыстырушылық.* Американ билеп-төстеуші топтары бостандық аралы Кубаға қарсы *а р а н д а т у ш ы л ы ғ ы н* тоқтатпай келеді («Лен. жас»).

АРАНДАУ *Аранда етістігінің қимыл атауы.* Шырағым, жақсы екенсің амалдарға, Жас күндей ерегісер заман бар ма? Сен де бір Назаркөрді жігіт едің, Жөн болмас, мұндай іске *а р а н д а у ғ а* (Айтыс).

АРАСАЛМАҚ з а т. *Теңдік, бірдейлік.* Социалистік және империалистік күштер *а р а с а л м а ғ ы н ы ң* социализм пайдасына өзгеруі Шығыстағы революцияны жақындатты («Халық мұғ.»). Ең төменгі шегі 3 миллинг болып табылатын төмендеу дәрежесі, бір жағынан, капиталдың ықпал етуінің, екінші жағынан, жұмысшылардың қарсылық көрсетуінің *а р а с а л м а ғ ы н а* байланысты болады (К. Маркс, Капитал, 1, 530). ССРО-да жалпы қуат ішінде электр қуатының *а р а с а л м а ғ ы* Ұлы Отан соғысы алдында АҚШ-тан асып түсті (Э. Кәкімжанов, Коммунизм.).

АРАСАН з а т. *Түрлі ауруларды емдейтін минералды жылы су.* Геология жергілікті жерде кездесетін қазба байлықтар мен *а р а с а н* бұлақтарды зерттеуді талап етеді (С. Жортанов, Өлке тану). *А р а с а н* суы әр түрлі ауруларды емдеуге пайдаланылады (Ауызекі тіл).

АРАСАТ ү с т. д и а л. *Аласапыран, ұйқы-тұйқы.* Қасболат сыр мінез болып жүріп сырын алдырмаған бір жан. Сонау *а р а с а т* кезде сол үшін басын оққа байлаған солдатын сатып кеткен жоқ па еді? (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРАСЫНДА ү с т. 1. *Кезінде, аралығында.* М. Сералин 1918—1928 жылдар *а р а с ы н д а*, ол ұшқыр қаламды, алғыр ойлы, өткір тілді журналист болды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Таң атқанша әрбір 10-15 минут *а р а с ы н д а* неміс екіүш снарядтан атқылап тастап тұрды (Б. Момышұлы, Москва үшін.). 2. *Ара-арасында, әредікте.* Дәркембай әңгіме *а р а с ы н д а* өз жайының бір ғана жұбанышын айтты (М. Әуезов, Абай жолы). Жастар дөңгеленіп *а р а с ы н д а* биге де басып кетті. Кеш өте көңілді болды (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Әңгімешіл ақсақал сөз *а р а с ы н д а* Күшікбайдың тарихын сөйлеуші еді (М. Әуезов, Таңд.).

◆ **Қас қағым арасында.** *Тез, жылдам.* Осы ретте *қ а с қ а ғ ы м а р а с ы н д а* әлемді артқа тастап жүрген көк сұңқарларымыз көп жұмыс атқарады («Лен. жас»). **Қас пен көздің арасында.** *Лезде, аяқ астынан.* Көрсе де неше түрлі сөлекетті, Демейді ол: «мені мұнда сор әкепті». *Қ а с п е н к ө з д і ң а р а с ы н д а* қағып өтіп, Алқаның азығын да сол әкетті (Х. Ерға-

лиев, Құрманғазы). «Мені боқтадың» деп Мұқанның қолындағы атасы Жәутік аттонын ала қашып, *қас пен көздің арасында* бітіспес жау болып шыға келеді («Қаз. әдеб.»). **От пен судың арасында.** *Қауіп-қатер, ажал үстінде.* Аңдар тұр *от пен судың арасында*, Сахараның әр жердегі даласында. Әрнешік ғаріптердің ісі мүшкіл, Я рахман, өзің жөнін табасың да (С. Торайғыров, Таңд.). **Өлі мен тірінің арасында.** *Әл үстінде, ауыр халде.* Ертеңіне ханның адамдары дарға асулы *өлі мен тірінің арасында* тұрған ханды көріп босатып алыпты (Қаз. ертегі).

АРАСЫНША: **Соның арасынша.** *Тез, лезде. Соның арасынша* қысқа күн кештетіп қап еді, күні бойы мұз ойған жігіттің кешке қарай тұла бойы бусанып, еті қызып, ентігіп тұрды да, кенет әйелі есіне түсіп асыға бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Соның арасынша*, коридор едені дүңкілдеп, есік тық-тық ете қалды (Ғ. Сыланов, Очерк.).

АРАТ зат. көне. *Жер шаруашылығымен айналысатын топ, жиын мүшесі.* Соғыс қызметіне жарайтын әрбір *арат* өзінің әскер басы — феодалының шақырған күні садақ, жебе, қылыш асынып, ат мініп келіп, жорыққа қатынасуға міндетті болды (ҚазССР тарихы).

АРАТПА: **Күн аратпа.** Сөйл. *Күн ара.* Базарға *күн аратпа* біз түсеміз, Белгілі жақсы малдың халыққа ырқы. Мойымай ұзақ жерге жеткізетін, Түспей жүр астымызға оңды жылқы (Айтыс).

АРА-ТҰРА үст. *Анда-санда, ара-арасында.* Эшелон қарағайлы орман ішінен оқ жыландай ирендей жүріп шыға келді. *Ара-тұра* ай жарығына шағылысқан вагон әйнектері жарқылдайды (Ә. Шәріпов, Партизан.). О да оянып қалып жатқан жоқ, бір сынап алайын дегендей асау да шырқ айналып, тізгін бермей жүр, *ара-тұра* аспанға секіреді («Лен. жас»).

1. АРАША ет. *Араша бер деу, қойқойлау.* Пұшарбай Бөжейдің көтібақ ішіндегі құрдас досы болатын.— Уа, жетті, жетті ғой, Құнанбай! *Араша, араша* — деп айғайлап жығылды (М. Әуезов, Таңд.).

2. АРАША зат. *Қой деуші, ажыратушы. Аршаның* көптігімен жұдырық жөнді тимеді.— Кетемінші, кетемін! Кетемін, ойбай! Болса да өледі екемін! — деп, Биқасап жалаңбас, шашы бұрқырап, тысқа шыға жүгірді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

◆ **Араша берді.** *Ажыратуға, арашаға көнді.* Әкем [Бүркіт] де *араша беріп*, түндей түнерген кескінмен, босаға жаққа шөге түсіп отыра кетті (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.). **Араша болды.** *Араша тұрды, ажыратты.* Қайткенмен қыз *араша болды-дағы.* Кеудеде екі сордың қалды жаны. Ананың кірпігінде қызыл моншақ, Мүмкін ол жас орнына қан жылады? (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **Араша сұрады.** *Ашуын қойғызды, өтінді.* Екінші би басталды, Сәрсеннің тағы да өзін биге шақырғалы келе жатқанын байқап, *араша сұрағысы* келгендей Шынтасқа жүгіріп барып, «жүр, жүр билейік» деп жабысты (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Араша тұрды.** *Арашалады, айырды.* Көрсең, мама, мұндағы өмір тамаша, Бір кісінің баласындай жараса..., Бірімізсіз біріміз жай таппаймыз, *Тұрдың* тіпті ажалға да *араша* (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Бере алмай барлық жиғанын, Кейбіреу ерте сөнеді. Қолтықтап уақыт құрбанын *Араша тұрғың* келеді (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). **Араша түсті.** а) *Ара тұрды, арашалады.* Шаңырағында ортаңа түсіремін, берішығарып бер Сафураны!— деп айқайлап, *арашаға түскен* жігіттерді қамыстай жапыруда (Р. Әутәліпов, Той тарқар). ә) *Жақтасты, көмектесті.* Баласының нағашысына *араша түскеніне* сүйсінген Шыңғыс үндеген жоқ, жымиып күле берді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жұмсады бір баланы Мұсаға тез, Жазаға бұйырады қандай ауыр? Тез жетер Мұса-дағы бала барса, Қорықпай *арашаға түсер* ме ауыл? (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АРАША: **Араша талады.** *Ортаға алды, түс-түстан жабылды.* Жиын тарай бастады. Таймас, Тоқабай, Танакөз үш жақтап, Ізбасарды *араша талап* жатты:— Неге ұсындың Жақыпты, есің дұрыс па? (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АРАШАЛА ет. 1. *Төбелескен адамдарға ара түсу, ажырату.* Қалтай ерте бастан өз бастарын *арашалап* қоймақ болып, әуелдегі айта бастаған сөзінің жөнін баптап ұқтырып, дайындап алған сөздерін айтып шықты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жәмила сонда жығылып, танды есінен, Әжібай тағы мыжыды тізесімен. *Арашалаған* шешесін қоса қабат,

Жықты итеріп ашумен, кеудесімен (С. Торайғыров, Таңд.). Дүтбай мені сабағанда «байеке, бір ашуыңды бер!» деп, талай *а р а ш а л а п* алушы еді (Б. Майлин, Таңд.). 2. *Сөзін сөйлеу, қорғау.*— Бір жолға құданы *а р а ш а л а п* аласыңдар ғой,— деді, құда жігіт (С. Сейфуллин, Таңд.). Ауыл шаруашылығының маманы болса, кеше дәлел келтіріп айтысып, өзін өзі *а р а ш а л а п*, жақтап алмай ма? (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Ажалдан арашалап алды.** *Ажалдан сақтап қалды, себепші болды.* Қош, жел жетпес тор бедеу! *А ж а л д а н а р а ш а л а п т а а л а а л м а д ы м*, жануар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Осы бір қиын күндерде Таисия Алексеевна мен Қаныш Сәтбаев өздерінің тұңғыш ұлынан айрылды. Ол кезде *а ж а л д а н а р а ш а л а п а л ы п* қалатын дәрігер де жоқ еді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АРАШАЛАУ *Арашала етістігінің қимыл атауы.* Қаптаған қалың ылау, қара құрық сайыстан әр жуан өз басын қорғап, малын *арашалауға* қам қылды (І. Жансүгіров, Әңгім.). — Әзімхан баласының мойнына бұл айып ауатын болса, оның артынан жұрт аузына кіріп қалған құн сөзі де күшейіп кетер,— деп, баласының басын *а р а ш а л а у ғ а* бел байлады (М. Әуезов, Қараш-Қараш).— Жүр, колхозға барып, бюроға салып шешелік!— деді. Нұржан да енді өзін *а р а ш а л а у ғ а* кірісті (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АРАШАЛАУШЫ з а т. *Араға түсуші, айырушы адам.* Еңіреп шыққан сұлудың бет-аузы көк ала қойдай, басы қан-қан, ұзын, қою, жібектей қара шашы да талданып жұлынған. *А р а ш а л а у ш ы* жан болмаған (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АРАШАШЫ з а т. *Ажыратушы, арашалаушы.* Қалың жау қарағайы найза асынған, Қайыңы — *а р а ш а ш ы*, майдасынған. Тастары — оқ, туы — тұман сықылданып, Шақшиса асқар көзі — ай басынан (І. Жансүгіров, Шығ.). Қор болды бір сорлының ғарып басы, Бір адам табылмады *а р а ш а ш ы*. Сөткесінде бір әкеп берген тамақ, Күріш, нан, құр қара шай берген асы (Батырлар жыры). Шынтас *а р а ш а ш ы* тілемейді. Оны суға батырайын деп жатқан адам жоқ (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРАШЫ з а т. с ө й. **Арашасы.**— Қан майдан болып еткен шығар сірә, Табылмай табыстырар дос—*а р а ш ы* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

◆ **Арашы болды.** *Арашалады, екі ортада жүрді.* Талайы жоқ бейбақтың Тапсынып тұрған жерін көр! *А р а ш ы б о л ы п* сөз айтар, Сендерден басқа ел жоқ па? (Манас). **Арашы тұрды.** *Араша тұрды, арашалады.* Өміріме сонда *т ұ р ы п а р а ш ы*, Бауырыңа тартқан жылы сен едің.— Несібесіз туғаныңды қарашы [Көзге шұқып] өгей бала демедің (С. Сейтенов, Бойжеткен.).

1. АРБА з а т. *Көлікке жегілетін төрт дөңгелекті, екі дертелі тасымал құралы.* Майлаусыз сықырлаған ағаш *а р б а*, Көк шолақ мықшыңдайды тартып зорға. Шаңырағын таңып алып жүк үстіне, Мырқымбай көсемсініп барады алда (Б. Майлин, Шығ.). Үлкен жол қарсыдағы қара барқын, Ілгері жүрген сайын болад салқын. Шүу-шулеп, шықырлайды *а р б а* даусы, Ол бірақ өзгертпейді түннің қалпын (И. Байзақов, Таңд.). Біз ат, *а р б а л а р д ы* айналма жолмен жіберіп, өзіміз баратын жерге жолсызбен қалың қарды баса, төтелете, тіке тарттық (Б. Момышұлы, Офицер күнд.).

2. АРБА е т. *Әр түрлі айламен алдау, көндіру.* Хақ сөйле, қызыл тілім, адал сайрап, Тапсырдым бар ойымды саған арнап. Көңілім, арам ойлап аландама, Алмаққа біреуді алдап, біреуді *а р б а п* (І. Жансүгіров, Шығ.). Ескі молда бұрынғы жұртты алдаған, Адастырып жастарды көп *а р б а ғ а н*. Бес жыл оқып бес әріп танымадың, Діншіл соқыр, надандар нанды соған (И. Байзақов, Таңд.). Көз сүзген, сақал сипап молда келді, Ақсақал ауылдағы ол да келді. Жабылып жас балғынды ортаға алып, Алдады, ақыл айтты, *а р б а д ы* енді (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АРБА-АРБА ү с т. *Бірнеше арба.* Бір жақтан екінші жаққа *а р б а - а р б а* ғып тиелген заттар келіп жатты (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АРБАҒЫШ с ы н. *Арбайтын, арбай білетін.* Сырбай өз өмірінде жыланнан *а р б а ғ ы ш* мақлұқты көрген емес (С. Мұқанов, Таңд.). Жылан әбден әлсіреген кезде, мяу-мяу оның *а р б а ғ ы ш* көзін тырнап кеп қалды (М. Тиесов, Әңгім.).

АРБАДАЙ с ы н. *Арба сияқты, арба тәрізді.* Омар өміріне ораза ұстаған адам емес, салқам *а р б а д а й* салдырлатып таң намазын оқитыны бар (Б. Майлин, Шығ.).

Мезет қазан жақтың жарымен қосыла ортадағы ұзын пеш бейнебір жүгімен ауған *арбадай* қисая кетті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сықырлауық есігі, Майланбаған *арбадай*. Жалпылдайды киізі Жапсырылған жалбағай (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

АРБАКЕШ з а т. *Арба айдаушы, арба жүргізуші адам.* Дашевский бір жәшік патронды арқасына салып алып, өзі сияқты патрон арқалаған *арбакештерінің* соңынан жүре берді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Арман еді *арбакештің* күймесі, Трамвайдан анық орын тимесі. Қыстырылып мініп кеткен талайдың Түскен жерде кем шығатын түймесі (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Желдіртіп жетіп қалған *арбакештер* бұлармен салдыр-гүлдір қатарласып келді де, аттарының делбесін тежеп тоқтатты (Ә. Шәріпов, Партизан.).

АРБАКЕШТІК з а т. *Арба айдауды кәсіп қылушылық.* Атым Әнтекей. Кәсібім *арбакештік.* Түбім мына Тоғызақ өзені бойындағы Қыпшақ. Елде Омар, Оспан деген аталастарымыз бар (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АРБАҚ-САРБАҚ с ы н. *Көзге оғаш, арбиған.* Иттің жүні тықыр, аяғы серкенің аяғындай тіп-тік, кеудесі *арбақ-сарбақ,* дүрдиген қайынқаптал еді (Н. Сералиев, Намыс).

АРБАЛ е т. *Арба етістігінен жасалған өздік етіс.* Қыз жігіттің өзінен көрі әніне ғашық болады. Әнмен *арбалған* қыз, биік аспаннан арбаумен жерге түсіп жыланға жем болған торғайдай, жігіттің не қыл деген еркіне көнеді (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Отряд командирі *арбала* қойса, сымбатты сұлудың тұлғасына қыз киімі жарасып-ақ тұр. Енді соған сай ақыл керек (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Алғаш кездескен жерде-ақ Қамқордың көзқарасынан аса бір сүйкімді жанның бейнесін көргендей болғанмен, сол құдіретті күшке өзінің *арбалып* қалатынын сезген жоқ (К. Оразалин, Көктем.).

АРБАЛА е т. *Арба-арба қылып тасу.* Неткен түс, неткен ғаламат. Ғажайып, жарқын сиқырлар, Алтынды үйіп *арбалап,* Әкелді өрім бір қу шал (С. Мәуленов, Жаңа арна). Жем-шөпті алыстан *арбалап* жеткізбейді. Күзде ерте қамдап қыстақ маңына жеткізіп алған («Лен. жас»). Біреулері жер жыртып, Біреулері тұқым шашуда. Қайсыбірі *арбалап,* Аңызға тұқым тасуда (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

АРБАЛАТЫП у с т. *Арба жегіп, арбамен.* Гурьевтен түйе *арбалатып* бірге келген осынау жетім досым атақты Қабыл ағаның үйіне барып қайтып жүруші еді (Ғ. Сыланов, Замана шежіресі).

АРБАЛУ *Арбал етістігінің қимыл атауы.* Ол тұста алдану мен *арбалу,* арамдық пен адалдық сырын таразыға салып өлшеп үйренбегенсіз (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

АРБАЛЫ с ы н. *Арба жегілген, арбасы бар.* Ат, түйе кетті жылжып жайыменен, Жүгіртіп балалар жүр тайыменен. Үстінде *арбалы* аттың кейбір жаяу, Жалғасқан кедейлер жүр байыменен (Үш ғасыр.). Аттан түспеген жігіттердің бірқатары, жол үстінде тұрған *арбалыға* қарай бет алған Сүлеймен мен Нұрымның соңынан ерді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Одан соң тіміскіден құтыласың, Жиылған қала, дала жұрты басым. *Арбалы,* атты, жаяу, түйелінің Ішіне сен де барып жұтыласың (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

АРБАЛЫ-ЖАЯУЛЫ с ы н. *Көліктікөліксіз, жаяулы-жалпылы. Арбалы-жаяулы,* әкелі-балалы екеуі қалаға тура баратын қара жолға түсіп жүріп келеді (Ф. Дінісламов, Көл жағасы.).

АРБА-МАРБАСЫМЕН у с т. *Жүк-мүгімен, түгелдей.* Ат шоқырақка бермес сары желіске көшіп, Толқынды тоғай ішінен әп-сәтте *арба-марбасымен* суырып алды да шықты (Ө. Қанахин, Жас дәурен).

АРБАН *Арба етістігінен жасалған өздік етіс.* Өлтірем деп өңменден, Отырсың бізге жұтынып. Алдауыңа *арбанып,* Отырмыз біз тұтылып (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

АРБАҢ: **Арбаң етті.** *Оғаш қимыл жасады, икемсіздік білдірді.* Ырысбала жылдам түте-түте бір кір жастықты төренің басына алып барғанда, төре қойға шапқан қасқырдай *арбаң етіп,* Ырысбаланың білегіне «шап» ете түсті (І. Жансүгіров, Шығ.).

АРБАҢ-АРБАҢ: **Арбаң-арбаң етті.** *Жүріс-тұрыста өрескел қимылдады.* Бұл әлде бір әйел жолының жіңішкелігі деп түсінбеймін, иба, ұят деген болады. *Арбаң-арбаң етіп,* салдыратып өте шығу қолайсыз ғой (С. Бақбергенов, Біздің колхоз).

АРБАҢДА е т. *Өрескел, ерсі қимылдау. Арбаңдаған* себебің Жиылып

келдің елеңдеп, Адырайып жүресің, Сөйлемейсің төмендеп (Қамбар батыр). Мен сияқты кішкентай құрбақа тентектік істеп қашып, сен сияқты әже құрбақа *арбаңдап* қуа ма екен (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Қажекең ебедейсіз иіліп тағзым етті. Сосын желбегей жамылып шыққан шапаның лақтырып тастап, аренаға *арбаңдап* шыға келеді («Лен. жас»).

АРБАҢДАТ *Арбаңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мұның білетіні кітапқа үңілу, *арбаңдатып* жазу, екі сөзінің бірінде байларды жеті атасынан қазып боқтау; жазып отырғанда бірер әріп ыңғайына көнбесе, Медеу оны да байға теңейді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). *Арбаңдатып* нар мініп, Қайтадан қуып қарбынып, Жетті ауылға құр-құрлап (Манас).

АРБАҢ-ҰРБАҢ с ы н. *Ешнәрсеге ыңғайы жоқ, икемсіз.* Қорбаңдаған аюдай *арбаң-ұрбаң,* қампиған қарындары оралар құшаққа да, тиісер басқа да қолайлы келген жоқ (Ғ. Сыланов, Очерк.).

АРБАП-АЛДА е т. *Айтқанына көндіру, алдап-сулау.* Жұмабайды Сәрсекең *арбап-алдап* айтқанын істетті («Лен. жас»).

АРБАП-АЛДАУ *Арбап-алда етістігінің қимыл атауы.* Тыныштықты қорғауға, Әлем халқы жол тартты. Енді *арбап-алдауға* Көнбейтінін аңғартты (Т. Шопашев, Жастық.).

АРБАС *Арба етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жамақ әрі-бері *арбасып* бәсеңсіген соң, түлкі тымағының құлағын көтере түсіп, сұлу мұртты бірер сипап алып, Кәрібай сөйледі (Б. Майлин, Таңд.). Ақ сарайдың алдында екі дәу сүзіскендей екі батыр айқасты. Екі иіндерінен дем алып, оқты көздерін бір-бірінің өңменіне қадап, *арбасып* қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жолбарыс аталатын мысық жыланмен *арбасқан* шақта, оның жүнінің әрбір талы кірпінің инелеріндей тікейіп, түрегеп кетті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АРБАСУ *Арбас етістігінің қимыл атауы.* Неваның толқын сыймай арнасына, Қарап тұр соны біреу жар басында. Дауыл қысып тұрғандай долданады. Аспанда аңдай бұлтпен *арбасуға* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Екі тазы қасқырдың екі жағына шығып алған, аңдып тұр, бассалуға батпайды. *Арбасу* ұзаққа созылған жоқ (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Сейтім табиғатында сықырсып тұратындармен *арбасуды* ұнатпайтын еді (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазнасы).

АРБАТ *Арба етістігінен жасалған өздік етіс.* Айдаһар мүмкін *арбатты,* Қоя тұр, аға, қармақты (Ә. Сәрсенбаев, Үйрек жұтқан.). Көзіңді сәтке ілдірмей, Түн бойы сені аунатар. Жаныңды жайлап білдірмей, Сықырға дүлей *арбатар* (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ).

АРБАУ *Арба етістігінің қимыл атауы.* Құшақтап қасірет болған махаббатты, Жалындап бір жас сұлу жолға тартты. Тек қана долы күштің *арбауына* Аңдаусыз еріп жалғыз бара жатты (Қ. Аманжолов, Таңд.). Залымның *арбауына* уанбаймыз, Сатылып қалыңмалға жүре алмаймыз. Біздерге мәңгі жолдас өнер-білім, Бес күндік мал-дүниеге қуанбаймыз (Ш. Иманбаева, Өленд.). Шындықсыз, әділетсіз құралған іс, Халықты мәңгі билеп тұра алмайды еш. Неғұрлым *арбау,* зорлау артқан сайын Соғұрлым өлмес халық жинайды күш (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

АРБАУ-АЛДАУ е т. *Бір нәрсені айтып азғыру, арбап-алдау.* Қара сұр кісінің тұла бойы, пішіні, тәсілі *арбауалдауының* қапшығы секілді көрінді (Ғ. Мүсірепов, Тула. толқын.).

АРБАУЛЫ с ы н. *Сиқырлы, көлгір.* Күле кіріп, шығатын күңіреніп, Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам. Алдағанның *арбаулы* тіліне еріп, Осындай болып жүрме, аңқау құтан (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

АРБАУШЫ з а т. *Алдап-арбайтын адам. Арбаушы* арулар да Ай сымбатты Ғашыққа қашан сырын айқындапты. Сондай-ақ түн сұлуы тәкаппардың Аулыма аяны бір айтылмапты (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Бұл комедияның авторы өз ауылымыздың жігіті және бұл пьесада ескіліктің шырмауына оралған қарапайым жұртты *арбаушы* арамза молда әшкереленіп, оның пиғылы ашық көрсетілген («Лен. жас»). Қазынаны қарақтап, Дүңкілдетті қаланы. Айласы мол *арбаушы,* Ашылған қу араны (Ү. Кәрібаев, Шығ.).

АРБАУЫШ с ы н. с ө й л. **Арбағыш.** *Арбаушақ* сұр жылан, Алтайдың айлакер аң түлкісі осындай-ақ болар (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АРБАШЫ з а т. 1. *Арба айдаушы, арбакеш.* Батыс жақта, аудан орталығына

қарай астық тиеген бір топ *а р б а ш ы* көштей тізіліп, бірінің соңынан бірі шұбап кетіп бара жатты (М. Иманжанов, Адам тур.). Атындай *а р б а ш ы н ы ң* арқаң жауыр, Қайғылы қара түнек басында ауыр. Еріксіз еңіреп кеп етпеттейсің, Ел-жұртың еске түсіп аға-бауыр (С. Мұқанов, Алып. адым.). Нілді заводынан өткенде баланы бір *а р б а ш ы л а р д ы ң* жанына тастап, қаракер биені алып, көк атпен Ақмолаға қарай жоқ болмап па едің?— деді Әзімхан (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Арба жасаушы адам.* Атам Оспан *а р б а ш ы* еді. Әркімге арба жасап беретін (Ауызекі тіл).

АРБАШЫҚ з а т. *Арба тәрізді, арбаша.* Жуан рельске орнатылған темір көпірді, оған асылған *а р б а ш ы қ т а р д ы* әпсәтте керек жеріне дөп алып барып, күрт тоқтап қалады («Қаз. әдеб.»). Артқы жағы дөңгелекке тірелген, ал алдыңғы жағы трактордың тіркемесіне тірелген *а р б а ш ы қ қ а* ШПУ-2,4 жинағышын тіркейді (Трактористке көмекші).

АРБИ е т. *Сорайып оғаш көріну.* Мүйіздері *а р б и ы п,* көздері бақырайып, өздері тіпті қорқынышты-ақ! Аяжанды жатсынған кейіппен сиырлар жалпақ мойындарын бұра қарап қояды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Жолақ барқыт пешпетті әйел үш сиырды ұстап, *а р б и ғ а н* бір соқаның қасында тұр (І. Жансүгіров, Шығ.). Күректей алақаны да, Саусақтары *а р б и ғ а н.* Бірақ та бала жанына Жылуын жылдар мол құйған (С. Мәуленов, Торғай қақпасы). Рахима әйел жынысының талдырмаш орта бойлысы екен: ал, ашаң денелі Мағрипаның *а р б и ғ а н* бойы менен де биік (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРБИМА с ы н. *Өрескел үлкен, ыңғайсыз, ірі.* Талай түндер кірпік айқастырмай, пілтелі шамның лыпылдаған жартымсыз жарығына емексіп, бұрыш-бұрышқа үймелеген абажадай *а р б и м а* көлеңкелерге телміріп, терезеден таң саз бергенше өзімен өзі арпалысып күткен («Лен. жас»).

АРБИТР з а т. *Даулы мәселе жөнінде екі жақтың келісімі бойынша сайланатын төреші.* Дауласушы екі жақ келіспеген жағдайда *а р б и т р* жеке-дара шешім қабылдауға праволы (ҚСЭ). Мартынов күшпен жыққан жоқ!— деп татарлар айқайлап болмапты. Ақырында олардың өзін тыңдамай *а р б и т р* Мартыновқа бәйге берген (І. Жансүгіров, Шығ.). *А р б и т р* ойынның ең қызықты бөлімі — күрес басталады деп жариялағанда ғана осы қалаға не үшін келгені есіне түседі (М. Танекеев, Қажымұқан).

АРБИТРАЖ з а т. *Келісім бойынша тағайындалған төреші, аралық сот.* Дауласушы мемлекеттер өзара келісім бойынша дауды қарау ісін өздері сайлаған *а р б и т р а ж ғ а* ұсынады (ҚСЭ).

АРБИТРАЖДЫҚ с ы н. *Аралық сот, төреші болып саналатын, есептелетін.* Оларды осындағы достарға көрсеттім, ал олар *«а р б и т р а ж д ы қ* немесе келістіруші» комиссияның туып отырған жорамалдарына байланысты, бұларды Г. В.-ге жіберуді мақұлдамады (В. И. Ленин, 36, 84). Велика Дмитриевна Сізге... *а р б и т р а ж д ы қ* комиссия арқылы істі «комиссиялық жолмен реттеу» жөніндегі біздің жобамызды жіберген-ді (В. И. Ленин, 36, 84).

АРБУТИН з а т. х и м. *Емдік қасиеті бар химиялық зат.* Андыз гүлдерінің емдік әсері сол, оның құрамындағы *а р б у т и н* организмде гидрохинон бөліп шығарады. Ал гидрохинон — зәр айдағыш және тазартқыш (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АРБЫЗ з а т. с ө й л. **Қарбыз.** Дәмеш пен Қайыр екеуі қақтығысып шекісіп алды. Дәмеш те, Қайыр да алдарында жайнап тұрған суық қазы, майлы қарта, иісі мұрнын жарған күрең бөліш, қыста тұздалып аман шыққан қып-қызыл *а р б ы з д ы ң* бірінен ауыз тиген жоқ (З. Шашкин, Сенім).

АРГОН з а т. х и м. *Инертті газ. А р г о н* химиялық қасиеттері жағынан алғанда өте енжар элемент. Оның аты да осы қасиетінен шыққан. *«А р г о н»* грекше әрекетсіз, еріншек, жалқау деген мағынаны білдіреді (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). *А р г о н д ы* инерттілігі үшін әрекетсіз газ деп атаған. Ол да, көбінесе, газ шамдарында қолданылады (Н. Нұрахметов, Химия.).

АРГУМЕНТ з а т. м а т. 1. *Дәлелдеменің негізі болып табылатын ұғым, дәлелдеме.* Екі айнымалы шама бірімен-бірі функциялық тәуелділікте болса, онда мәні кез келген сан болатын шама тәуелсіз айнымалы немесе *а р г у м е н т* деп аталады (Алгебра). 2. А у ы с. *Дәлелді түрде сөйлеу үшін айтылатын себеп, негіз, дәлел.* Көп айтыстан кейін сайысқа түскен серілердің семсеріндей *а р г у м е н т т е р* айқа-

сынан кейін барып, әрі экономикалық жағынан, әрі конструкциялық жағынан пайдалы жаңа арқалық вариантқа көпшілік қол көтеріп, қош көрді («Лен. жас»). Әрине, бұл таластағы Қанаевтың *аргументтері* тым солқылдақ, құр дабырық басым сияқты (О. Сәрсенбаев, Даңқ).

АРҒАЛЫ з а т. *Қойдың тегі, нәсілі.* Қой тұқымы негізінде екі аталы «ұрудан» тарайды. Бірін муфлон тектес, екіншісін — *арғалы* тектес жануарлар,— деп атайды (Тарту).

АРҒЫ с ы н. 1. *Бір заттың ар қарағанбет жағы, жиегі.* Жаңыл жеңешесі жер ошаққа ас пісіріп жатыр. Қойын *арғы* қыраттан бері қайырып Қоспан ағасы келеді. Көлеңкесі бір шақырымға созылған (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жаркентке келіп түскен күннің кешінде Рақыш баласы мен келінінен бөлініп кемпірін ертті де, Өзек өзенінің *арғы* бетіне шықты (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Күн қиядан аунап, батып бара жатты. Теңіз беті қызғылтым тартты. Алыстан *арғы* беттегі тау да көрінді («Қаз. әдеб.»). 2. *Ертедегі, бұрынғы, өткен. Арғы* тарихына бармағанның өзінде Шоқанның атына байланысты бұл асудың бір сала тарихы, аңызы бар (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Бұлай әкелген жұртта есеп жоқ, былтырғы, одан *арғы* жылғы бидайлар да келіп жатыр (Ж. Саин, Жол үсті.). Тауды бұзған, жас қашаған. Қолдан құдай жасаған. Мрамор-ға жан бітірген, Алтын күмбез көтерген Ұрпағымын *арғы* заман құлының (Ә. Тәжібаев, Аралдар). 3. *Бұдан кейінгі, соңғы.* Мақпалдың жаны шошып, аузын басып. *Арғы сын* айттырмаған «өлме апалап» (І. Жансүгіров, Шығ.). Айтпасаң да сыр түйіп, Сезем *арғы* құлқыңды. Көрсетемін бұртиып, Кейде жүрген сиқыңды (С. Мәуленов, Магниттау.). Жиырма бес жаста жесір қап, Анашым кешкен күндерін. Айтарым осы досыма *Арғы сын* тіпті білмедім (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). 4. *Сырт, шеткі жер.* Дулаттан бізге не пайда, Құмырсқадай көбінен? Теріп айтып келемін Меркеден *арғы* еліңнен (Жамбыл). Тері қалтаға салып, кебеженің ең *арғы* түбіне алысқа тығып тастады (А. Машанов, Жер асты.). Бригадир *арғы* түптен айқай салды: — Тоқтат конвейерді! — Тоқтатуға болмайды! — деді Лиза (С. Ерубаев, Шығ.).

◆ **Арғы заты** [арғы ата, арғы тек]. *Ата-тегі, шыққан нәсілі.* Жүрмісің аман-есен батыр Сәтім, Ілгері болыстардан салтанатың. Сұңқар болып туыпсың Найзабектен, Тарайды Есенқұлдан *арғы затың* (Жамбыл). Өйткені Еркежанның шыққан аты, Болса да кірмелерден *арғы заты.* Малай жігіт жеңілген Еркежаннан, Өзі шешен және мол парасаты (И. Байзақов, Таңд.). Аз күнде бір болыс елдің әңгімесі болған Ақ қасқаның *арғы тегін* тексерушілер де көп еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Арғы күні.** *Ертеңнен келесі, кейінгі күн.* Бүгін Махамбет пен Тәни, ертең Қаби мен Төлеген *арғы күні* Исатай... демекші ғой (Қ. Жұмалиев, Айқас). Алматыны қойып, асықпай *арғы күні* үйіңе қарай жүргенің жақсы,— деді Айдабол Алтайға (М. Гумеров, Үш күн.).

АРҒЫ-БЕРГІ с ы н. 1. *Бұрыңғы-соңғы.* Садырдан шыққан екен Құдайберді, Қаһары тітіреткен қара жерді. Ондай ұл туған да жоқ, туа да қоймас, Садыр түгіл, Найманнан *арғы-бергі* (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). *Арғы-бергі* адамзат тарихынан, мәдениет пен әдебиеттен, бейнелеу өнері мен театр тарихынан, музыка дүниесінен А. В. Луначарский көзіне шалынбаған бірде-бір дерек табу қиын («Қаз. әдеб.»). Әдебиетте өмір сүргендердің бәрі шетінен Пушкин, Гоголь, Әуезов емес қой. Жанр мен материалдың арасынан жол таба алмай адасу — *арғы-бергіде* көп кездесетін жайт (Бұл да). 2. *Өткен-кеткенді, бардыжоқты.* Бояма белсенділігің де жоқ емес еді. Қит еткен жанға найза лақтырасың, *арғы-бергіні* қазбалап, үрім-бұтақ, зәу-заттарын, өткен-кеткенін қопаратының да бар (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

◆ **Арғы-бергі жағы.** *О жақ, бұ жағы; кезі.* Отызыншы жылдардың *арғы-бергі жақтарында* Лермонтов поэмалары мен Лермонтов өлеңдері кітап болып басылды (Ж. Саин, Жол үсті.).

АРҒЫМАҚ з а т. 1. *Сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы.* Ауыздықпен арпалысқан *арғымақтар* Жығылып өліп жатыр бір оқырып. Ес кетіп жауынгерлер жанталасқан Бір тұрып, бір жығылып, бір сүрініп (Қ. Аманжолов, Таңд.). Шаттықтың сусындаған бұлағына, Ғасырдың даусын қосқан ұранына. Қазақпын ат үстінде аударысып, Ойнаған *арғымақтың* құлағында (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Қараса *арғымақ* тұр алтын ерлі, Байлаулы қанжығаға басты көрді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. А у ы с. *Келісті де, сымбатты.* Айрылды күйші есі-

нен қызды көріп, Кірпігін қақпай қалды көзі төніп. Адамның *арғымағы* осы шығар, Пендеге бітеді екен мұнша көрік? (І. Жансүгіров, Өленд.). Естемес екі аяқтың *арғымағы*, Қызыққан сымбатына әркім-дағы. Қылықты, қыз мінезді, сұлу, шешен; Бұл енді *арғымақтың* арғымағы (І. Жансүгіров, Шығ.). Баласы Қожағұлдың Біржан салмын, Сен түгіл сенен артық құмар маған. Жалымнан ұстаған қыз арман қылмас, Жібек жал *арғымақпын* тұмарлаған (Ақын жырлары). ⊙ Көбік қайнап сапырып дарияны, Салып қиқу саңқылдап жарға ұрады. Шұлғи тартқан сулығын шу асаудай, Арындайды толқынның *арғымағы* (С. Мәуленов, Өленд.).

АРҒЫМАҚТАЙ с ы н. *Арғымақ сияқты, арғымақ тәрізді.* Ағытқан бар ағынын *арғымақтай* Қиырдан қия шауып лепіргені. Сенімен туған елім біте қайнап Жан емен әңгіменің шетіндегі (Жамбыл). Айдаһардай ысқырып, *Арғымақтай* пысқырып, Арба алуға ышқынды (І. Жансүгіров, Поэм.). Ен дәулеттің иесі — Ерлерім,— деп сөйлесем, Жөнеледі жүйрік тіл,— *Арғымақтай* асқақтап, Ауыздығын шайнаған (Пернедегі термелер).

АРДА с ы н. **1.** *Үйретілмеген, асау.* Біраздан соң қысырақ маталатын асау байтал, *арда* дөнен айғырлар ұсталатын болды (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ойпырай, қатын, құдай сақтады мені, көк биенің *арда* құлыны аузыма оңдырмай тепті (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). **2.** А у ы с. *Тағы, жабайы.* Надан, шикі ет жеген, алақандап қан ішкен, монғолдың *арда сы* мөңкіп тулап, мойныңды үзіп жібермесін деген (С. Сейфуллин, Шығ.). Бер бұйрықты, Отан, маған! Аңыратпақшы анамды жау. *Арда* етпекші баламды жау, Арандатпақ ағамды жау (Қ. Жармағамбетов, Баллада). Әлде, анау *арда* киргиздар Империя құласа, өкімет тізгінін ұстамақшы ма? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

◆ **Арда емді.** *Екі жасқа дейін енесін емді.* Жантайып жатқан Көпбай көтерді бас, Төгілді шешесінің көзінен жас. *Арда емген* ақ сүтімді Ақбөпем ол, Алдынан айы тусын, бердім ықылас (И. Байзақов, Таңд.). Сен құлында емдің, тайда емдің, Құнан жасты *арда емдің.* Дөнен жаста үйреттім. Алты қабат ала арқан Жібектен өріп сүйреттім (Ер Тарғын). **Арда өсті.** *Емін-еркін, бұла болып ер жетті.* Әкелді алты күнге Үрімшіге Болары қандай заман білінді ме? *Арда өскен* асау кердей азат басым, Шырмалып темір торға ілінді ме? (С. Мұқанов, Алып. адым.). Арқада *өскен арда* ең, Атағың шулы дардай ең. Бұлшығын кессе бық етпей, Бекпатша қызыл нардай ең (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АРДАГЕР с ы н. *Құрметті, ардақты, қадірлі адам деген этикалық ұғым.* Түбінен ақ қайыңның құдық көрдім. Суарып сонан ғана Құлагерін, *Ардагер* сері Ақаны жүріпті елдің (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап). Қазақтың *ардагері* Аманкелді Көтерген қан майданда қараңғы елді. Бірлесіп қалың қолмен Климге еріп, Жерінде Қазақстан жауын жеңді (Жамбыл). Ескерткіш соққан әннен арнап елі, Жырлаған талай ақын *ардагері.* Сексен көл, сексен тауды құшақтаған, Қазақтың Көкшетаудай бар ма жері?! (С. Мәуленов, Жаңа арна).

АРДАҒЫМ з а т. э к с п р. *Аяулым, қымбаттым.* Қияли ана Арманды осыдан отыз жыл бұрынғы соғыстан оралған *Ардағым* дей ме, қайдам, әрдайым жас балаша өбектеп, үстіне түсіп жүргенін көресіз (Н. Сералиев, Қаңтар).— Махаң келді, күтіп ал, жүгір, ұлан,— *Ардағым* бұл, ұлы іске шын бұрылған; Қолтығынан сүйейді бірі барып, Ұстайды бірі аттың шылбырынан (Ә. Күмісбаев, Ақ Шолпан).

АРДАҚ з а т. *Қадірлі, қымбат, аяулы адам.* Дәулет *ардағын* жерден көтеріп ап, бауырына қысып, еңіреп қоя берді. Ол өзінің жаралы екенін, өзінің әлсіреп бара жатқанында ойы жоқ (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сол ой бұлт боп бастан кетпей, Ойдан тымақ кигемін. Өзімді артық *ардақ* етпей, Апа-ау сені сүйгемін (С. Сейфуллин, Таңд.). Әлпештеген, аялаған, *Ардағым* деп, апатайым. Сәлем жазып бүгін саған, Қуанышыңды құттықтаймын (М. Хакімжанова, Ана.). Ұмытар ма біздің ел Ұлы ақыны Абайды. Мәңгі бақи өлмеген *Ардағым* деп санайды (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

АРДАҚТА е т. *Адамды жақсы қасиетіне қарай бағалау, құрметтеу.* Қуан жыр, сүйіктісің ел мақтаған, Кремль той жасады арнап саған. Қай жақта, қай заманда үкімет бар Ақынды біздегідей *ардақтаған* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Ақ қуы Маралдының Хорлығайын, *Ардақтап* әлпештеңдер бар ағайын. Қор етіп қиянатқа жүрмеңіздер, Тілегім, осы менің

бұйымтайым (Қ. Аманжолов, Таңд.). Кім *ардақтап*, құрметтемес өзіңді, Кім құмартпас естіп шындық сөзіңді. Ақылшымсың әрқашан да ұстазым. Сапта жүрген солдаттардай төзімді (Т. Жабаев, Із.).

АРДАҚТАЛ *Ардақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жырламасқа теңіздей, Қуаныштың шегі жоқ, *Ардақталған* өзіңдей, Қазақта ақын тегі жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Бүгінгі заманда шопан еңбегі ерекше *ардақталып* отырғанын мадақтай сөйледі (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АРДАҚТАС *Ардақта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Болса да сән-салтанат, қызық, әсем, Тез жалығып айнимын, тұрлаулым кем. Сақтасар, *ардақтасар* кісі болса, Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем (Абай).

АРДАҚТАТ *Ардақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ей, Біржан, сөз сөйлейін *ардақтатып*, Көңілің ауырмасын қабақ қатып. Жігіті қоқандықтың аңғылындай, Аптығар өрттің шалқып жанғанындай (Ақын жырлары).

АРДАҚТАУ *Ардақта етістігінің қимыл атауы.* Еңбек адамын *ардақтау* біздің өміріміздің берік заңы ғой. Шыны керек, мақтаныш сезімі бойымды билей жөнелді (Дала қырандары).

АРДАҚТЫ с ы н. *Қымбатты, аяулы, қасиетті. Ардақты* дос, менің алдымда сенің армияда өткізген соңғы төрт жыл өмірің ішінде жазған хаттарың жатыр. Мен осы хаттарды бүгін қайта оқып, терең ойға шомып отырмын (М. Иманжанов, Адам тур.). Қызым ең деп *ардақты*, Төкпе алдында жасыңды. Ұста өзіңді салмақты, Име және басыңды (Қ. Мұқышев, Поэм.). Майданда ажал арасында жүрген жалғыз ұлынан жаның *ардақты* емес (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

◆ **Ардақты ана.** *Көп балалы аналар наградталатын үш дәрежелі орден.* Жетіден тоғызға дейін бала тауып өсірген ана І-дәрежелі *«Ардақты ана»* орденімен наградталып, құрметті атаққа ие болады (ҚСЭ).

АРДАЛАН е т. *Еркінсу, бетімен кету.* Арқада *ардаланып* кетіпсіңдер, Ортаңда болмаған соң төрелерің (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АРДАНСЫ е т. *Емін-еркінсу.* Рас ақын осындай түрден шығар, Соқтадай сорақы сөз кімнен шығар? Қасқыр болса қой жейтін анық сырттан, *Ардансып* өз ойында жүрген шығар (Айтыс).

АРДЫҢ-КҮРДІҢ с ы н. с ө й л. Далдың-дұлдың. Досымның мінезі алып ұшпа, *ардың-күрдің*, кейде алаңғасар да аңқылдақ болатын (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АРЕНА з а т. 1. *Цирктің ортасындағы ойын-сауық көрсететін алаң.* Әлібек Қантеміров цирк *аренасында* 1902 жылдан бері үздіксіз қажырлылықпен өнер көрсетіп, халық алғысына бөленіп келеді (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). Екі қолымен қапсыра ұстап, [Балуан-Шолақ] «һауп» деп тұрып кетті де, аяғын алшаңдата басып, цирктің *аренасын* жағалап жүрді (С. Мұқанов, Таңд.). Бұрнағы күні орталық стадионның кіші *аренасында* республикалық жазғы студенттер ойындарының программасы бойынша бокстан ақтық кездесулер өткізілді («Лен. жас»). 2. *Бүкіл дүние жүзілік көлем, ая.* Біздің батыр халқымыз әлемдік *аренада* ұлы еңбекшіл жұрт, жасампаз жұрт тұрғысынан ғана көрінеді («Лен. жас»). Белгілі бір шектерде капиталдың іс-әрекет *аренасын* оның өзінің мөлшеріне қарамастан кеңейтеді (К. Маркс, Капитал, І, 620).

◆ **Халықаралық арена.** *Бүкіл әлемдік көлем.* Ақырында партия өзінің сыртқы саясаты арқылы бейбітшілікті нығайтты, СССР-дің *халықаралық аренадағы* ролін күшейтті (КПСС тарихы, 392). Қазақстанның құрыш білек спортшы қыздары мен жігіттері бүгіндегі *халықаралық аренаға* топталып шығып отыр («Лен. жас»).

АРЕНДА з а т. *Азаматтық правода жер иесінің жерді басқа біреуге пайдалануға беруі.* Шаруалардың үлестен тыс *арендалары* үлесті жердің *арендаларынан*, шаруалардың экономикалық жіктерге бөлінуі жөніндегі, егіс көлемі жөніндегі жалпы мәліметтерден бөлініп әкетіледі (В. И. Ленин, Шығ., І, 4). Жердің тапшылығынан шаруалар жерді амалсыздан кіріптарлық шарттармен помещиктерден *арендаға* алатын болды. Шаруалар жер үшін жыл сайын алтын ақша есебімен жарты миллиардтай сом төлеп отырды (КПСС тарихы, 78). Осы Шайкенов Сарқант ауданының Киров атындағы кол-

хозына бір жүз гектар шабындық, пішендік жерді екі жылға *арендаға* берген (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

АРЕНДАЛА е т. *Жерді уақытша пайдалануға алу, меншіктеу.* Бұл коттеджердің жанында бақша деген сирек кездеседі, бірақ көптеген тұрғындардың 10—12 шиллингтен төлеп, аздаған жер *арендалап* алуына болады (К. Маркс, Капитал, 1, 700).

АРЕНДАЛЫҚ с ы н. *Арендаға жататын, тиісті.* Колхозда кемелер жеткіліксіз болса, балық заводы оған тиісті мөлшерде кемелер мен механизмді *арендалық* негізде жалдап береді (Қ. Күленов, Балық байлығы).

АРЕНДАТОР з а т. *Арендаға берілген жерді пайдаланушы адам.* Шахталарды пайдаланушы адам, ол меншікті болсын немесе *арендатор* болсын бәрібір, әдетте, өзінің жұмысшыларына арнап белгілі мөлшерде коттеджер салады (К. Маркс, Капитал, 1, 677). Аренда формасында шаруашылықты *арендатор* жүргізеді, ал жердің өзі жер иесінің меншігінде болады (Қысқ. саяси экон.).

АРЕОМЕТР з а т. ф и з. *Сұйық заттың сыбағалы салмағын өлшейтін аспап.* Сұйықтықтың сыбағалы салмағы *ареометрмен* анықталады. Соған сәйкес заттың проценттік құрамын анықтайды (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). Сүт 20 градустық температурада арнаулы аспаппен [*ареометрмен*] өлшеніп, температурасы 4 градустық судың тығыздылығымен салыстырылады (З. Сейітов, Сүт. өндеу.).

АРЕСТАНТ з а т. з а ң. *Еркінен айырылған, қамаудағы адам.* Саша керемет жаны нәзік, арманшыл, білім құмар жан еді. Менен қазақ халқының өткен-кеткен өмірі турасында көп сұрайтын. Ол қазір он жылды арқалаған *арестант* (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Көзге түсер жерлерде мұнаралы мешіт, молда мен хан кеңсесі қызметкерлерінің үйі. Оған қарсы бетте *арестант* үйі, ұста дүкені, атқора, тағы әр түрлі шаруашылық орындары (Б. Аманшин, Жар мұңы).

АРЖАЙ с ы н. д и а л. *Ашық-жарқын, жайдары.* Баяғы ауданның инспекторы жылмақай жігіт бұл күнде осындағы мектепке ауысқан-ды. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі бәрі зу-зу еткен ашық, *аржай* жігіт ауылға тез сіңісті («Лен. жас»).

АРЖИ е т. д и а л. **Арбию.** Галя туып өскен, күні кеше өзі ойнап-күліп жүрген қыраттар бар. Бірақ олар мынадай *аржиып* тұрған жалаңаш емес, реңі жұмсақ, жайпауыт, жатағандау (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жігіт қызығар түр-тұлғасы болмаса да, оның сүйегі *аржиған* кішкене кеудесінде қанша мейірім жатыр еді (Бұл да).

АРЗАН и р. с ы н. **1.** *Құны төмен, қымбат емес.* Өзі *арзан,* өзі көзге жұпыны, бұл не қылған қадірлі кітап,— деп ойлаған Мейрам қарт тысқа шыға сала, сол жұқа кітапшаға үңілді де, көңілі толғандай миығынан күліп қойды (М. Иманжанов, Адам тур.). Қой шаруашылығында ең үлкен назар салатын нәрсе,— пішен, пішен шабудан алынатын қоректік заттар шаруашылыққа өте *арзан* түседі (Тарту). [Аңғарбай] Дүкенге кірген заттың Өтпегені болмас менде. «*Арзан* алдық, *арзан* саттық» Деп жүрерміз кездескенде (Ә. Тәжібаев, Аралдар). **2.** А у ы с. *Оңай, жеңіл.* Тұрмыстың көтерсек те ауыр тасын, Жаншылып, өр кеудеміз ауырмасын. Барлықта *арзан* табар ағайын көп, Жоқтықта тапсын да шын бауырласың (Қ. Аманжолов, Таңд.). Өзі тіркіс, сөзі іркіс, Ой өрісі бір жақта. Үстірт теңеу, *арзан* жол, Шұбырынды шумаққа (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Өлгісі келген ғой оңай, *арзан* Жатыпты ең алдымен патша ағзам! Ұмытып кетсе керек «дозақ» жайын,— Сілейте салды оны... бір партизан (Қ. Аманжолов, Таңд.).

◆ **Арзан қол [қолды].** а) *Нашар, құнсыз.* Сіз бұны *арзан қол* сюжет, талғамы таяз адамдарға арналған алдарқату дерсіз. Иә? Онсыз мен күнелте алмаймын («Лен. жас»). Ж. Көрбозин жинақтарынан да жеңіл-желпі жазыла салған *арзан қолды* әлсіз өлеңдер көп орын алған («Қаз. әдеб.»). ә) *Төмен бағалы, қымбат емес.* Ал екінші түйіншекте бір-екі қадақ шай мен *арзан қол* кәмпит. Оны да Шалқар қаласында тұратын бірге туған ағасы — Нағмет әперді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Арзан түсті.** а) *Тиімді, төмен бағаға алды.* Қарапайым жұрт ұрлық айтып «мал алам» деп, ұрыға атымды сатып «пайдаланам» деп, не өткізбесін *арзанға түсіріп* алам деп жүр (Абай). Қойдың ет-май өнімдері шаруашылыққа *арзан түседі* (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Түрлі өрнекте оралған ши тұрмысқа қолдану жағынан әрі сәнді, әрі

көпке дейін тозбайтын берік, әрі *арзанға түсетін* тиімді болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). ә) *Оңай, жеңіл-желпі емес.* Бәйбіше қызға: Садыр ағамның баласы болмаса, басқаны жуытпаймын, есіңде болсын, Ләйлә маған *арзанға түсіп* отырған жоқ,—деді (С. Шарипов, Шығ.). Орманның шетіне шыға колоннасын тоқтатып, Мұрат алға барлаушы жіберді. Неміспен кездесудің *арзанға түспейтінін* енді жақсы білді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АРЗАНДА е т. *Бағасы, құны төмендеу.* Жалпы Россияның ауыл-поселка халқына өте қажет нәрсе осы мата болады. Бұл мата көбейіп әм *арзандаса,* ауыл халқының шаруасына тиімді болады (С. Сейфуллин, Таңд.). Азық-түлік елімде *Арзандады* әрбір жыл. Коммунизм шыңына Алдымызда жол даңғыл (О. Шипин, Өмір өрнегі). Бүкіл жұрт Ленинді ұнатады, Патшаны көп кешікпей құлатады. Кедейдің еңбектерін зор бағалап, Еңбектің *арзандағаң* құн асады (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.).

АРЗАНДАТ *Арзанда етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АРЗАНДАТҚЫЗ *Арзандат етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АРЗАНДАТУ *Арзандат етістігінің қимыл атауы.* Қара бұқараның қажетіне алатын тауары табыла ма; бағаны *арзандату* ұраны орындалды ма; мәдени-саяси ағарту жұмыстары, саулық, тазалық істерінен, әлеумет жұмыстарынан не істелді? (І. Жансүгіров, Шығ.). Өнеркәсіп (завод, фабрик) дүкендерін, заттарын *арзандату,* мемлекет саудасын халыққа әм мемлекетке де пайдалы қылып жүргізу (С. Сейфуллин, Таңд.). Поэманың азын-аулақ кемшіліктері ақынның қазақ поэзиясына салған үлкен олжасын *арзандатуға* болмайды (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АРЗАНДЫҚ з а т. *Құны жоқтық, арзан бағалылық.* Пасықтық өз-өзінің сөзін жұтқан, *Арзандық* кез келгенге бетін тұтқан. Жанымды зіл күнәмен айыпты қып, Қорладың, жалғаншы!— деп, қосты ұмытқан (С. Сейфуллин, Өленд.).

АРЗАНДЫЛЫҚ з а т. *Құны жоқтық, төмен бағалылық* Пластмассаның басты тиімділігі — оған қажетті шикізаттың *арзандылығы* (Н. Нұрахметов, Дархан химия.).

АРЗАН-ҚЫМБАТ с ы н. *Құнды-құнсыз.* Сөздің *арзан-қымбаты* байқалмайды, Тартылып таразыға салмақталмай. Таразыға жеңіл сөз жатып қалар, Өсіп-өніп, көгеріп тармақталмай (С. Әлімбетов, Өленд.).

АРЗАНШЫЛ с ы н. *Арзанға үйір, құнын төмендеткіш.* М. Қаратаев *арзаншыл* ала қолдармен, көркем творчествоға қарадүрсін, дүмбілез схоластикалық тұрғыдан қарайтындармен табанды түрде күреседі («Қаз. әдеб.»).

АРЗАНШЫЛЫҚ з а т. *Молшылық, аста-төк.* Дүние *арзаншылық.* Ақшаның құны — жоғары. Айына бес-он сом таппайтын адам жоқ. Сонымен де әжептәуір тұруға болады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жеріміз *арзаншылық* абат еді, Бір таудың бұлт шөгетін қабаты еді. Дариядай ағып жатқан бұлағы көп Көкорай айналасы сабат еді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АРЗАНЫРАҚ с ы н. 1. *Бағасы төменірек.* Сіздер сурет түсіруді шындап үйренгілеріңіз келсе, осы тарауда айтылған аппараттардың бірін, әрине, *арзанырағын,* жеңілірегін таңдап алып, сурет түсіре бастаңыздар (Б. Тілекметов, Фотосурет.). Орыстың ғылымы, өнері, дүние кілті, оны білгенге дүние *арзанырақ* түседі (А. Әуезов, Бала Мұхтар). 2. А у ы с. *Оңайырақ, жеңілірек.* Осындай жеңіл де тайыз мақала жаза ма екен кісі. Кузьма Прутков айтқандай, тамырына үңілудің орнына, оңай, *арзанырақ* пікірге жармасқаны несі мұның (З. Шашкин, Сенім).

АРЗНИ з а т. м и н. *Түрлі ауруларды емдейтін минералды су. Арзни* — Ереваннан 25 километр жерде орналасқан «Арзни» курортының бұлақтарынан алынатын хлоридті-гидрокарбонатты көмір қышқылды су (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АРЗУ и р. с ы н. *Ниеттес, тілектес.* Деді де бір хат жазды мазмұны бұл, Бар екен бағында бір иісті гүл. Кей-Қауыс соған *арзу* болып отыр, Көп сөздің керегі жоқ мархамат қыл! (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АРЗЫ и р. е т. *Іске асу, іске жарау.* Егер менің әлгі тартқанымды «ауылдың алты аузына» *арзи ды* десеңіздер, онда қонақтық парыздарыңыздың өтелуін өтінуге менің де батылым барар еді,— деді бізге Ақмарал (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

АРЗЫМА е т. *Түкке тұрмау, іске аспау. Арзымас* іске еліріп, Бір күні өтер өмірің. Қараңғыда қалып көңілің, Дүние

ұқсар түлкіге (Үш ғасыр.). «Ревизорда» ұнамды бір адам жоқ. Хлестаковтан бастап бәрі ұнамсыз, бәрі түкке *арзымайтын* адамдар (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). *Арзымайтын* нәрсеге өң бұзысып, телефон тұтқасының түбінде селкілдеп, қалшылдап тұрғанымыз («Лен. жас»).

АРИЕТТА з а т. и с к. *Арияға қарағанда едәуір шағын көлемді, көңіл-күйін білдіретін вокальдық пьеса.* Римский-Корсаковтың операсындағы Снегурочканың *ариеттасы* күй-сазының әндік сыпатымен көзге түседі (Муз. жанры.).

АР-ИМАН з а т. *Ар-ұят, намыс, ұждан.* «Ыпырмай, неткен қорлық, бара алмадым, Кіммін мен, қайда менің *ар-иманым.* Жатқанда әл үстінде жарым менің, Не сұмдық мұнда бүйтіп отырғаным» (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АР-ИМАНДАЙ с ы н. *Ақиқаттай, шындықтай.* Жеке адам тағдыры үшін Коммунистік партия деген ұғымның не екенін танытатын, жүрек толқынындай, жан сырындай, *ар-иманда й* мына бір сөзге ой жіберейік (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі).

АР-ИНАБАТ з а т. *Сыпайгершілік, тәрбие көргендік.* Өз тәрбиесінде болған баласының әйеліне адамның аузы барып сөз айта алар ма еді?! Әй, адамшылық *ар-инабаттан* ада-күде айрылған біреу болмаса, дені дұрыс адам айта алмас еді (М. Тоқжігітов, Құран тур.).

АРИОМЕТР с ы н. х и м. *Сұйық заттың өлшемін байқайтын аппарат.*

АРИСТОКРАТ з а т. *Әр түрлі қоғамдардағы үстем таптың адамдары, ақсүйектер.* Жер *аристократтары,* фермерлер т. т. өлшеусіз байып алған антиякобиндік соғыстың аяқ кезінде ауыл шаруашылық жұмысшыларының жағдайы қандай болғанын біз жоғарыда айтып өткенбіз (К. Маркс, Капитал, 1, 685).

АРИСТОКРАТТАУ с ы н. *Аристократ сияқты, аристократқа ұқсас.* Біреулер мені сырттан жамандап қоя ма, әлде мінезі *аристократтау* адам менсінбей ме, жиналыстарда ғана кездескенім болмаса, былайғы жерде қабылдаңыз деген өтінішімді орындамайтын (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРИФМЕТИКА з а т. *Сандар және оның амалдары туралы ғылым. Арифметикадан* басқа сабақтардың қайқайсысынан болса да қанағаттанарлық баға ала алмады (Ж. Тілеков, Қайнар). Жеті жылдық программасында орыс және татар тілдерін үйрету, *арифметика,* мұсылман дінін оқыту, орыс және татар тілдерінде іс қағаздарын жазу көзделеді (ҚазССР тарихы). Сегіз жылдық мектептің бастапқы төрт класының оқу жоспары бойынша әр класта ана тілі, орыс тілі, *арифметика,* сурет сабақтары оқылады («Халық мұғ.»).

АРИФМЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Арифметикаға сай, тән.* Құрманғазы атындағы оркестрдің басынан өткен отыз жыл жай *арифметикалық* жыл санау емес, үлкен көркемдік оқиғаға толы екен («Қаз. әдеб.»). Жылдық қорытынды *арифметикалық* орта баға түрінде шығарыла салмайды, ол жыл аяғындағы балалардың білім дәрежесіне сәйкес шығарылады (Семья).

АРИФМОМЕТР з а т. *Арифметика амалдарын есептеп шығаратын машина.* Негізгі арифметикалық төрт әдіспен қосу, алу, көбейту және бөлу — есептеп шығару үшін *арифмометр* немесе есептеу қол машинасы пайдаланылады (Агрохим. картогр.).

АРИЯ з а т. и с к. *Опера да жеке дауысқа арналып жазылған ән.* Әншілеріміз таңдаулы романстар мен опера *ариялары* шырқап тұр. Бұл қуаныш — творчество қуанышы («Қаз. әдеб.»). Осылай құрастырудың арқасында, қазақтың бұрын жеке айтылатын әндері көп кісі қосылып айтатын хорға айналып кеткен, кейбір жеке әндер *ияларға,* дуэттерге, трио-ларға айналып кеткен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРКА з а т. *Қабырға мен тірек аралықтарын ұштастыратын иін, доға.* Аралық мөлшеріне, салмақ көтеру мүмкіндігіне қарай *арка* тастан, темір бетоннан, металдан, ағаштан жасалады (ҚСЭ).

АРКТИКА з а т. *Жер шарының солтүстік полюсі.* Тағы да бұғауланды *арктика,* Жер еді тірілік сезіп, жан баспаған (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). Тек, осы *арктика* келбетіне Түр, шырай берген сынды кербезсініп (Бұл да).

АРКТИКАЛЫҚ с ы н. *Арктикаға тән, арктика сияқты.* Қазақстан жерінде күннің кенет суыту мәнісі көбінесе *арктикалық* (солтүстік суық ауа массаларының) баса-көктей келіп кіруінен (Х. Әбішұ-

лы, Халық астроном.). Бірте-бірте Диксонның маңызы артып, ол Заполярьедегі *арктикалық* ірі портқа айналды («Қаз. әдеб.»).

АРҚА з а т. 1. *Жота, жауырын, жон.* Білектей *арқасында* өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын. Камшат бөрік, ақ тамақ, қара шашты Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін (Абай). *Арқасын* аптап күн қарып, Ақ жүзі желге тотыққан. Еңбекпен дала суарып, Ерлікке оны оқытқан (С. Мәуленов, Торғай қақпасы). Бала көрінгенді жатырқап, жан біткеннен шеттей өсіпті. Қамшы көрсе-ақ *арқасына* тиетіндей ешкімге жоламапты (Ол күндер.). 2. А у ы с. *Арт жақ, соңғы жақ.* Мұңайып, солып қыздар тұр, *Арқаларында* ызғар тұр. Қызыл көзді қақпас шал, Үсті-үстіне беріп мал, Жүзі сары соғылған, Сорлы қызға ызбар тұр (С. Торайғыров, Таңд.).— Жолдасым жанымызда болған кезде *арқамызда* бір топ қорғаушы тұрғандай көрінетін,— дейді Әйкен (А. Лекеров, Түз гүлі). *Арқамызда* ел тұрса Азулы жау бата алмас. Оң жағынан жел тұрса, Үйінде ерлер жата алмас (Ө. Тұрманжанов, Таңд.). Абысын-ажын әзілқой, Алпысты тастап *арқаға.* Ашты ма бүгін думан-той? (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). 3. *Тау, дөң жоталары.* Қарлы шошақ шоқылар, немесе сирек, алабарқын тау *арқалары* көрінеді (М. Әуезов, Таңд.). Дөңнің қыр *арқасына* шықсақ, жаудың бекініс жер-кепелері көрінеді (С. Мұқанов, Таңд.). Керегең көктес көптен сен, Көңілге қуат дем болдың. Тау *арқасын* жайлаған Қаптаған мал қайыңдай (Ү. Кәрібаев, Таңд.). 4. А у ы с. *Көмек, жәрдем.* Заманымда болдым Балқан, Әркімге сүйеу болды менің *арқам.* Құдайдан мен де мұны тілегем жоқ, Құлақ сал, бұл сөзіме Назым қалқам (Айтыс). Ел-елдің құт дарыған Есім малай, Қыдырып қызығыңды көрдім талай. *Арқаңда* үрлеп ішіп, шайқап төктім, Қайтқалы бет түзедім елге қарай (Жамбыл).

◆ **Арқа берді.** *Жаудан қорқып қашты, жеңілді.* Қарсыласуға шама болмай, арқасын жауға беріп, майданнан қаша жөнелуді қазақ елі *арқа берді* деп атаған (ҚСЭ). **Арқаға қақты.** *Қошеметтеді, құрмет көрсетті, мақтады.* Батальон командирі бір шабуылда: «Нағыз ерсің, қарағым!» деп, *арқаға қаққаны* Төрекелдінің есіне түсті (М. Иманжанов, Адам тур.). Қалды бір сәт басқа әңгіме басылып, Естігіміз келіп отыр асығып. *Қағып* қойып жас баланы *арқадан* Әңгімесін баяндады қарт адам (С. Жиенбаев, Қарлығаш). Аманбай орнынан ұшып тұрды, Жаса, жаса Нұрғали! Бәсе сенен үмітім осылай еді ғой! — деп *арқасынан қақты* (Б. Майлин, Шығ.). **Арқа жазды.** *Еңсесін көтерді, сейілді. Арқа жазар* күн жақын. Диқан тұқым себуді аяқтап, алтын астықты жинауға дейін саябырсиды («Лен. жас»). Өлең кедейлерге *арқаңды жаз,* ығыңды көтер, өзіңе бостандық пен бақыт жеңіп ал деп шақырады (М. Ахметова, Қаз. композит.). **Арқаны кеңге салды.** *Жайбарақаттыққа салынды, асықпады.* Бірде таптап балтаны, Бірде иіп тағаны. *Кеңге салып арқаны* Бірде егеген араны (Т. Жароков, Қырда туған.).— Еңбектес достар, жау жеңілді, енді іс бітті,— деп *арқаны кеңге салуға* болмайды,— гитлершілер көптеген қалаларымыз бен селоларымызды жер бетінен жойып жіберді,— деді Оразалы («Лен. жас»). Шаруашылық басшылары комбайндарды әзірлеген жоқ, *арқаны кеңге салумен* болды (Бұл да). **Арқа сүйеді.** *Арқаланды, тірек етті.* Кей ақын өз сөзін жуандар құптайтын етіп сөйлесе, өзгесі көпке жағатын сөз айтып, әрдайым елге *арқа сүйейді* (М. Әуезов, Әр жыл.). Жұманның билер қақпақылына түссе, оңай ұтылатынын жақсы білетін. Тұрсынбай оған бір *арқа сүйеу* айтқысы келіп, Қожекеңді киіңкіреп кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Пьесада ұлтшылдардың *арқа сүйенген* мәселелері, не түрлі іздеген пәле, әрекеттер айнаға түскендей анықталған (М. Қаратаев, Туған әдеб.). **Арқа сүйеніш.** *Тірек, таяныш.* Совхоз партия ұйымының секретары Павлов жастарды *арқа сүйеніш* етіп жұмыс істейтін, жаңалыққа құмар, жаны жайсаң адам («Қаз. әдеб.»). **Арқасы алынды.** *Жотасы қажалды, жауыр болды.*— Өзіме ер, шауып алам. Не қыласың, жаман ер аттың *арқасын алып* тастап еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Күйген жал әлгіде ғана өзеннің басында шақар торымен таласып *арқасын алдырған* (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Атпен ойнаған тайдың *арқасы алынады,*—деді Мұстапа күлімсірей,— соқтықпа құдайға. Соқтыққаның аз емес. Әуелі соларды мұқат (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Арқасы босады.** а) *Бейнеттен, азаптан құтылды.* Күрең ат, жабырқама, *арқаң босар,* Үйірден бөлген тағдыр

қайта қосар. Ел-жұртқа есен қайтсақ тілектестер, Той қылып алдымыздан бізді тосар (С. Сейфуллин, Өлеңд.).—Көзім тимесін, тіпә-тіпә,— деді Әлжан, ақсақ күреңнің қасына келе бере.— Қысылып жүрген жануар *арқасы босаған* соң, майланып-ақ қалған екен (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). ә) *Қолы тиді, уақыты болды.* Жұмыстан *арқасы бос* бала екі қолын қайда қоярын білмей ерігеді де, жалқаулыққа салынады («Халық мұғ.»). Қой қоздап, қорада шу болғалы қашан. Ауыр жұмыстан *арқасы босаған* соң, Сақан өлең айтпағанда қайтсін,— деп Ақзия да ене сөзін қоштап қойды (Шопан серігі). **Арқасы дулады.** *Арқасы қозды, желікті.* Болған соң бірнеше күн аунап-қунап, Отыру өте ұят,— деп,— етті турап. Жауға тез жауап болса жетелік,— деп, Ерлердің *арқаларын* кетті *дулап* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Арқасы кеңіді.** *Қолы тиді, уақыты болды.* Шаруаны кім басқарып, кім иелік етеді? *Арқам кеңейіп,* қолым ұзарады десем, мынау не деп отыр өзі?— деп, Хамит сасқанынан әйелі Қаншаға қарады (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). **Арқасы қозды.** а) *Желікті, делебесі қозды.* Топта, айтыста *арқасы қозып,* шалқып шырқап, өлеңді бөгелмей айтып кете алмаған ақынды ақын деуге болмайды (Е. Ысмайылов, Ақындар). Шіркін, маған оқытар ма еді деп, *арқам қозып,* әзер отырмын. Өмірәлінің оқығаны көңіліме толмайды (Бұл да). Жаның асқақ ой, әсем саз тілейді, мөлдір махаббат құшағына бөленсем дейсің, қас батырлықты көзбен көріп, *арқа қоздырмақ* арман бар («Қаз. әдеб.»). **Арқасы құрысты.** *Ызасы келді, қаһарланды.* Айқайлай ма қайтеді? *Арқасы* оның *құрыстап.* Дүниеге бір сыр айтады, Дауылменен сыбырлап (С. Мәуленов, Жаз ерке). Жау даусы естілсе, *Құрыстаған арқасы.* Жау даусы сөнгенше, Жазылмаған алқасы (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Бір уақыт болғанда Қынабынан суырды. Қиялай тартып қылышты, Жау қарасын көрген соң, Ұмтылмай кетер ер ме еді? Ер *арқасы құрысты* (Батырлар жыры). **Арқасы қызды.** *Еліктеді, делебесі қозды.* Арыңды берсем де алып елден созып, Шыныңмен көз салмайсың мойның созып. Сондықтан сеніменен сөйлесуге, Алдыңа келіп тұрмын *арқам қызып* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ақын — ақын болар ма, *Арқа қызып* ән салмай? (Жамбыл). **Арқасына аяздай батты.** *Ауыр, қиын тиді.* Жеті жыл директор болған ыстығына күйіп, суығы Қаратайдың *арқасына аяздай батқан* күндер мен түндер көп еді («Лен. жас»). Кей кездерде нашар маман деген сөзді неліктен естиміз? Жоғары оқу орындарында оқып жүрген біздердің *арқамызға* бұл сөз *аяздай батады* (Бұл да). Оның қазіргі халі *арқамызға аяздай батады* (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Арқасы ұстады.** *Делебесі қозды, шабытына келді.* Нұрпейіс домбырасын қайта күйлеп отырған орнында бір қозғалып, *арқасы ұстаған* адамдай, өзге дүниені ұмыта, бәйгіге шабатын аттай қомданды (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні). **Арқа таңу қылды, арқа таңды.** *Біреуге сүйенді, арқаланды.* Құдіретінді ел көрді, Құрметтеді қол берді. Сені *арқаға таңу ғып,* «Кел, қарағым ер!» деді (Б. Майлин, Таңд.). Осы кеңшілікке, осы молшылыққа *арқа таңып,* қазақтың байырғы ұлттық тағамдарын мансұқтауымызға жол болсын («Қаз. әдеб.»). Нұрымды көрді де оған *арқа таңып,* түйеге басын қисайтып айбат шеккен соқпақшы болып ат үстінде тұрған Нұрышқа ұмтыла берді (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Арқа таяныш.** *Сүйеніш, тірек.* Берен осы отырған топты өзіне *арқа таяныш* санап, осының бірін аға, бірін іні көріп отыр (Б. Майлин, Таңд.). **Арқа тұтты.** *Арқаланды, сүйенді.* Сымайыл орыс патшасына жағынып, Москва патшасының етігінің табанын жалап, соны *арқа тұтқан* (С. Сейфуллин, Таңд.). *Арқа тұтып* ақырып, Бұл Абақтың баласын. Жаңғырықтырып мен шықсам, Алатаудың саласын (Жамбыл). **Арқасын төседі.** *Қиындыққа шыдады, төзді, көнді.* Темірге деген таяққа *арқасын төсейтін* ауылдың пысықтары жан ұшырып жүріп ат жинады (Б. Майлин, Таңд.). Құлынның түгі құлпырып Қылшығы сынбас жауынға. Аруана туған кез өркеш *Арқасын төсер* ауырға (Қ. Әбдікадыров, Серт). Қандай айтыс, қандай тартысқа болса да даяр болып, *арқасын төсей* келген (М. Дүйсенов, Қалыңдық). **Арқа тіреді.** *Сүйенді, сенді.* Кейбір мәселелермен қатар Плеханов ғылыми эстетиканың дүниежүзілік искусство тарихына *арқа тіреу* керек екенін айтты (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Ақбалаға үйлендірмей іргелі бір елге *арқа тіреп* отырғысы кеп, Тәңірбергенге Аяққұм бойындағы Тілеуқабақ руының белді бір байының қызын алып беріп еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен

тер). **Бір арқа.** *Бір көтеретіндей, шамасы келгендей.* Бір шабындық бүтін емес, *бір арқадан* шөп алып, бәрін арамдап тастапты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қос уыстайдың орнына *бір арқа* шөпті есегіне өңгеріп алды да, артына қарамастан ауылға қарай жөнеді (М. Сүндетов, Балық аула.). Бөпке апам сонау төменгі көз ұшындағы қара жазықтан *бір арқа* құрай, ши орып әкеледі (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Ит арқасы қиян.** *Өте алыс, ит өлген жер.* Желдібайдың Балапан дейтін ұзатқан қызы *ит арқасы қиян* — Қорғалжында, Еспембет елінде тұратын еді (С. Омаров, Қайырлы жаз). Бұл хабарды естігенде жас маманның жаны байыз таппады, қалайда аттану керек болды. Бірақ мына аласапыранда сонау *ит арқасы қиянға* қалай жетпек («Лен. жас»).

АРҚА-БАСЫ з а т. *Үсті-басы, денесі.* Басы-көзі қан болып, *Арқа-басы* шаң болып, Және тұрып жалпылдап, Тағы қуып салпылдап, Абұйыр қайда, ар қайда? Өз басыңа не пайда (Абай).

◆ **Арқа-басы босады.** *Азаптан құтылды, бейнет көрмеді.* Әке, сенгеніңізге рахмет! *Арқа-басың ызды* бұдан былайғы ауыртпалықтан *босату* керек (М. Әуезов, Абай). **Арқа-басы кеңіді.** *Бейнеттен құтылып еркінсіді, өзін бос санады.* Аязды қыстан құтылып, шыбынсыз жазға шыққандай *арқа-басым кеңіп* қалды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Бөлімше басқарушысы өткен жазда төл алу аяқталып, шопандардың *арқа-басы* едәуір *кеңейген* кезде малшылар қауымымен құрылысты қолға алуды кеңеседі («Қаз. әдеб.»).

АРҚАЛ з а т. с ө й л. **Арқар.** *Арқалды* кейде арқар деп те атайды. Қазақстанда арқардың бұл түрі тек Гурьев облысында, Ақтау мен Қаратауда, Үстіртте кездеседі. Қазіргі уақытта *арқалдың* жалпы саны шамамен 1,5 мың бастай болады («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

АРҚАЛА е т. 1. *Бір затты арқаға салып көтеру. Арқалап,* шала жансар сорлы әйелді Жеткізді полиция бөліміне (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Он жасар Текті-ғұлды *арқалап* алып, әкесі айтқан нағашысына бірнеше күн итшілеп жаяу кезіп, зорға жетіп еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ертеңіне киім-кешегін *арқалап,* бір таяқты таянып Дарқан Керекудің жолына түсті (І. Жансүгіров, Әңгім.). 2. А у ы с. *Қиыншылықты басынан кешу, азап шегу. Арқалап* долы соғыс қанды жүгін Алдыңғы сапта жүріп келеді інің. Шығыстың шолпанындай тартады көз Жұққан қан өніріне шинелінің (Қ. Аманжолов, Таңд.). Білмедім ажалдың не екендігін, *Арқалай* баса бердім қатер жүгін. Сескенбей қазір де мен қимылдаймын, Тұрғандай қасымда әлі әкем бүгін (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Қайран шешем, шешежан, ақ сүтіңді кеше гөр. Үш жетімді адам етем деп, азаптың ауырын *арқалаған* едің. Менің үшін оққа ұштың. Кегіңді алар күн бар ма? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Өмір көшін *арқалап,* Шыңға қарай тартатын. Сүйінетін шартарап, Мол қазына артатын (Е. Омаров, Жүрек сыры).

АРҚАЛАН е т. *Арқа сүйеу, сену.* Мықтылар бірін-бірі *арқаланып,* Жүрмей ме нашарларды олжаланып. Жеңілін қара азбұрдың өздері алып, Кедейге отырмай ма баса салып (ХХ ғ. қаз. әдеб.). Сарыбала соңғы сөзді *арқаланып,* қолын енді еркін соза бергенде тағы ақырды жаңағы үн (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Қара күші Мұраттан басым екенін Садық жақсы біледі. *Арқаланып* тұрғаны да сол білек күші (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АРҚАЛАС *Арқала етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жақсы жолдас бейне шуақ, Көгертеді көңіл гүлін. Шаршағанда болып қуат, *Арқаласар* болса жүгің (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Ол өзімен бірге алып келе жатқан қартқа *«арқаласайық»,* — деп тіл қатады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АРҚАЛАТ *Арқала етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бір қап нанды *арқалатып* еріне, Жетер осы, сәулем, барар жеріңе. Деп Клава мақұлдатып қызына, Өрекпіді жүрек-бауры езіле (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Бір ұшқын, өлең деген, жарқыл қаққан, Бір нөсер, көкірегіңді билеп аққан. Жүрегін талай жастың тұтандырып, Бар жүгін махаббаттың *арқалатқан* (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АРҚАЛАТУ *Арқала етістігінің қимыл атауы.* Мұхтар көптеген театр жұмысына шыққан жалғыз белгілі жазушымыз болғасын «Арқалық» пьесасының кемшіліктерін Мұхтарға *арқалату* керек болды (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

АРҚАЛАУ *Арқала етістігінің қимыл атауы.* Ебетейсіз *а р қ а л а у* шілбиген қабырғасын қаусатып жібере жаздады ма, қайтті? (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

АРҚАЛЫ с ы н. 1. *Арқа сүйеніші бар.* Желкесі бар да, басы жоқ Аяғы бар да, қолы жоқ [*А р қ а л ы* орындық] (Қ. Мырзалиев, Алуан-палуан). 2. А у ы с. *Белді, көрнекті, белгілі.* Ол Алшаның *а р қ а л ы* ақыны еді, Қобыландының соңынан алпыс жігіті айқай салып дүрліге шапты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Осы араның қожасы менмін дегендей кеуделі, *а р қ а л ы* жан екені сырт пішінінен білініп, танылып тұр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). 3. А у ы с. *Қызбалығы бар, қозбалы.* Бекей Нұрымды бұрыннан *а р қ а л ы* деп түсінетін. Оның кей кезде ішінен өлең жаттап, басқамен ісі болмай, ерні жыбырлап, дауысы күбірлеп кететін кезеңдері болады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Сұрланып, өңі өзгеріп кеткенін Нұрым өзі сезген жоқ. Бірақ *«а р қ а л ы»* өлеңшінің тағы да жауар бұлттай түнере түскенін Бекей бірден көрді (Бұл да).

АРҚАЛЫҚ з а т. 1. *Құрылыстарда үйдің төбесіне көлденең салынатын мәтке, бел ағаш.* Төбелеріне бес-алты беренеден *а р қ а л ы қ* салып, мұқият жапқан командир блиндаждары көрінеді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Үйдің төбесін, астын тақтайламақ түгіл, тіреусіз *а р қ а л ы қ* салатын үйлер кем де кем (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. *Орындықтың арқа тірейтін жері, сүйеніші.* Үйдің төріне қарай бетін бұрып жанындағы орындықтың *а р қ а л ы ғ ы н а* сүйенді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Қасболат арт жақта отыр. *А р қ а л ы қ қ а* шалқайып, көзін жұмып мүлгіп кеткен сияқты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Кителін шешіп орындықтың *а р қ а л ы ғ ы н а* іліп қойды да, босаға жақ бұрышта тұрған чемоданын бөлменің ортасына әкеліп, жол жабдығын жиыстыра бастады (Р. Әутәліпов, Той тарқар). ◎ Алатау басы биік, бауры салқын, Асыл тас *а р қ а л ы ғ ы,* тіреуі алтын. Шыққан кен, сансыз бұлақ шашынан көп, Ауызбен айта алмаймын сыр-сипатын (Пернедегі термелер).

АРҚАЛЫҚСЫЗ с ы н. *Арқалығы жоқ.* Медеу: — Аман отырмысыңдар, Биғайша, — деп күнк ете түсті де, есікке таяу *а р қ а л ы қ с ы з* орындықтың бір бұрышына ығайсыз отырды (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

АРҚАЛЫҚТАЙ с ы н. *Арқалық сияқты, тәрізді.* Жалпақ жатқан ел — деді Олай болса жан ботам. *А р қ а л ы қ т а й* сүйенген Елдің ұлы сен,— деді (Жамбыл).

АРҚАН з а т. *Кендірден, қылдан ескен жуан, ұзын жіп.* Аңшылар арыстанды ұстап алды, Ағашқа *а р қ а н м е н е н* байлап таңды. Байлаудан босануға әлі келмей, Әупілдеп сонда арыстан ыңыранды (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Іргелері тақалған үй мен үй де бір бірімен зорға араласып, түк көрсетпей түтеген боранда адасып кетпеу үшін, араларына *а р қ а н* керіп қояды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Судан өтерде керек болар деп үйден ала шыққан *а р қ а н ы м ы з* бар еді. Соны жаңағы биік қарағайдың басына байладық (Майдан).

◆ **Арқан бойы.** *Арқанның ұзындығындай жер.* Бір молда шәугім ұстап тысқа шықты, Бүкшеңдеп, арба айнала қақырынып. Қисайған қос секілді жалғыз қара Ауылдан *а р қ а н б о й ы* тұрды дара (С. Торайғыров, Таңд.). **Ер мойнында қыл арқан шірімес.** *Біреуге істелген жақсылық босқа кетпес.— Е р м о й н ы н д а қ ы л а р қ а н ш і р і м е с,* алып қалшы жаным-ды!— деп зар илеп, әл үстінде жатқан Дүйсенбі Көндікбаев бақсыға жалынды («Қаз. әдеб.»). **Күн арқан бойы көтерілді.** *Күннің сәл ғана жоғары көтерілуі. К ү н а р қ а н б о й ы к ө т е р і л г е н.* Таймас зырлатып белеске шыға келгенде, ар жақтағы етекте, ит ерткен екі адам аттарына қапыл-ғұпыл міне сала бері жүрді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Міне түн көрпесі серпіліп, таң атты. *К ү н а р қ а н б о й ы к ө т е р і л і п,* ала бұлтты шарлап жүр (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АРҚАНДА е т. 1. *Малдың алыстап кетпеу үшін аяғын арқанмен байлау.* Шағанның бойына барып қонған соң, қайтып келіп алармыз деп, Ақжүніс сұлу мен Тарғынды, Тарлан атын қастарына *а р қ а н д а п,* алты-жеті күндік азық беріп, жүртқа тастап кетті (Ер Тарғын). Әкем қоңыр қасқа бұқаның басына қалың қайыстан қабаттап тіккен ноқта жасатып, бауын жуан шынжырдан тағып, *а р қ а н д а п* ұстайды екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қызылжардың көшелеріндегі тұрғындары ешкілерін осы көшеде өскен көгалға *а р қ а н д а п* оттатады (С. Мұқанов, Есею жыл.). 2. А у ы с. *Байлап, матап жібермеу, ұстау.* Біреулер «қайтемін» деп қалтадан жүр, Әркімнің аузына жалтаңдап жүр. Біреулер біліп тұрып жете алмай-

ды, Аяғын қандай нәрсе *арқандап* жур (Жамбыл). Өзіміз мал боп өстік деп, баланы *арқандап* қоймақпыз ба? (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

АРҚАНДАЙ с ы н. *Арқан сияқты, арқанға ұқсас.* Машина жер апшысын қуырып, әрбір километрді доңғалағына *арқандай* орап, «Баянауыл қайдасың?» деп, аңқылдап келеді (З. Шашкин, Сенім). Сүрлеудің бір ұшы *арқандай* шұбатылып көлдің етегіне түсті, екінші ұшы жыландай иіріліп көл жағасындағы аласалау таудың беліне асылды (С. Мұқанов, Аспаз). Бірте-бірте айнала, айқындала түсті де, борпылдақ жолдың қою шаңын асау мойнында кеткен *арқандай* шұбатып, алға қарай заулата жөнелдік (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

АРҚАНДАЛ *Арқанда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қойшылар су жетпегендіктен көл маңынан ұзай алмай *арқандалған* аттай, шыр айналып, бір орынды қайта тақырлап, жайыла береді (З. Шашкин, Сенім). Сондықтан да Темірқазықты айнала *арқандалған* аттың жүрісіндей жүріспен қозғалатын екі жұлдыз «Ақ боз ат, Көк боз ат» деп аталады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Әрине, тағдырыңыз осындағы бір қазыққа *арқандалып* қалған шығар. Әлде Ертістің сұлу жағасы дұрғалап тастады ма? (Алғы шепте.).

АРҚАНДАУ *Арқанда етістігінің қимыл атауы.* Жирен биенің *арқандауы*, суарылуы, кер құлынның маймағы түзелгенше, Ерденге тапсырылды (С. Бегалин, Таңд.).

АРҚАНДАУЛЫ с ы н. *Байлаулы, матаулы.* Жақсылық бет-аузының қанын да жумастан үйінің сыртында *арқандаулы* тұрған торы атын әкеп ерттеп алды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Арқандаулы* тұрған аттың бірін біреу асыға қимылдап ерттеп мініп, айғай шыққан мал ішіне қарай бұлкілдетіп желіп кетті (С. Сейфуллин, Әңгім.). *Арқандаулы* аттай айналсоқтай беретіні — малшы тірлігі (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРҚАН-ЖІП з а т. *Арқан мен жіп.* Киіз басу, *арқан-жіп* міндетіндей жазулы. Қорқытады діңгірлеп, Бәйбішесі азулы (С. Сейфуллин, Шығ.). Жылқының қылы *арқан-жіп* есуге, сиыр жүні —«ақсүйек», түйенің шудасы — тігін үшін ғана пайдаға асатын-ды (Тарту).

АРҚАН-ЖІПСІЗ с ы н. *Орынсыз, себепсіз.* Сенемін деп әкеңе *Арқан-жіпсіз* байланба. Балтырың сияр жер тажаң Бас паналар ер тажаң (Манас).

АРҚАНША з а т. *Арқаннан кішіректеу жіп.* Жәутік қолындағы *арқаншасын* ноқтаға ыңғайлап жатып:— Көзімнің жасынан көл туғызып еді. Қарабас... қайырын бере гөр! (К. Оразалин, Көктем.).

АРҚАНШЫ з а т. *Арқан байлаушы. Арқаншы* бала ретінде мен де еңбекке жарап қалдым,— деді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРҚАР з а т. *Қой тектес жабайы аң.* Бұ-дағы бала болды, балғын өсті. Қысы-жаз атасының қолында өсті. *Арқардың* егіз екі қозысындай, Жемісті Асан шашқан бірге жесті (І. Жансүгіров, Шығ.). Тоғайы солтүстікте Тілеуберген, Мұнартып көрінеді күндік жерден. Жалғасып қашқан құлан, *арқар*, киік, Алапты қайыстырып қойдай өрген (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Жайлаған адырында ақбөкендер, Тауешкі, бұғы, марал, *арқар*, елік. Кей кезде алабына кең жайылып, Кей кезде бадамына кетеді еніп (Ақын жырлары).

◆ **Арқар мүйіз.** *Арқардың мүйізіндей.* Қыс болса, тоқты қысыр қалмайды екен, Егізден туып жатқан жас төлі бар. Жібек жүн желбіреген, *арқар мүйіз*, Әукелі асыл тұқым қошқары бар (Ақын жырлары).

АРҚАРДАЙ с ы н. *Арқар тәрізді, арқарға ұқсас.* Болмады ешбір бөгет екі жасқа, *Арқардай* ырғып бір шоқыға. Құспенен, шыға алмайтын аңнан басқа (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Кавказдың өжет баласы Құзда өскен орғын *арқардай.* Өсірген тауы — анасы Ыстық боп бейне жастардай (С. Бегалин, Өлеңд.).

АРҚАРЛЫҚ с ы н. *Арқар тектес, тұқымдас.* Рыжовтың тілегеніндей Жамал отарындағы қойлардан *арқарлығы* басым туған қылшық қоңыр жүнді төрт бойдақ шыға келді (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АРҚАР-МЕРИНОС з а т. *Арқар мен мериносты будандастыру арқылы алынған қойдың жаңа тұқымы.* Отар-отар биязы жүнді *арқар-мериносы* да жаз болса, осы өзендердің бойын кернеп кетеді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Қазіргі кезде *арқар-мериност* қойы Қазақстанның таулы аймақтарына кеңінен тарауда (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АРҚАРША үс т. *Арқардай, арқарға ұқсас.* Аралай сені енді өтсем, Сыныса малға сайың бай: *А р қ а р ш а* өрген қой өңшең Көрінед аппақ қайыңдай (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

АРҚАСЫНДА ш ы л. *Арқылы, көмегімен, себепті.* Сүңгісем, жерім — көмір, көлім — балық, Тауларым алтын, күміс қазына кенім. Халқымның адал еңбек *а р қ а с ы н д а,* Жайнады гүл-гүл жайнап менің жерім (Пернедегі термелер). Европаның әм Американың барлық елдерінде сол неше жылғы талас-тартыстың *а р қ а с ы н д а* жұмыскер — еңбекші табы өзінің капитализммен күресу істерін, ұйымдасу істерін құпияламайтын болған (С. Сейфуллин, Таңд.). Ырым — шаруашылығымыздың маңдай алды шопаны. Қажырлы еңбегі *а р қ а с ы н д а* ол республика Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған («Қаз. әдеб.»).

АРҚАУ з а т. 1. *Тоқылатын алаша, өрмек, құрдың көлденең жібі.* Өрнектер дәл келу үшін әр түсті жіпті *а р қ а у д ы ң* жіптерін санап, шатаспай шолу аса сақтықты, есептен жаңылмауды тілейді екен (С. Мұқанов, Алып. адым.). Зыр жүгірген тоқыма станоктарының арасында жап-жас қыздар, біресе үзіліп кеткен жіпті жалғап, біресе *а р қ а у д ы* ауыстырып тынымтаппайды (К. Смаилов, Мамандық.). Тоқылған заттың *а р қ а у ы* үзілсе, тоқылған жіп тарқатылып кетеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. А у ы с. *Негіз, жүйе, желі.* Шабытты шалқу дастанын, Әншілер шырқап әдемі ән. Күйшілер күйін қосканын Бәрінен алып *а р қ а у ы н* (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). *А р қ а у ы* оралмаған әңгімені жіптестіремін деп, ол да тәуір-ақ әрекеттенді (М. Иманжанов, Көк белес). Әңгіме *а р қ а у ы* сабақтала бергенде, оның алдына сарғалтақ сәби шарқ ұрып жетіп келді (Шопан серігі). Сырың мынау толқыған, *А р қ а у* болған ән-жырға. Құлашымыз кең жатыр, Сыр деп келсең сен мұнда (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). 3. А у ы с. *Қуат, қайрат, күш.* «Ас адамның *а р қ а у ы*» дейміз. Ол өзінің арқаулық ролін атқару үшін құнарлы және әр түрлі болуға тиіс. Бұл шарт, әсіресе, адам ауырғанда керек (Е. Оразақов, Туберкулез.). «Ас адамның *а р қ а у ы*» деп қазақ халқы текке айтпаған,— дейді (Келіншектерге.).

◆ **Арқауы бос.** *Табиғаты, негізі нашар.* Жамағаттың *а р қ а у ы б о с,* ұйқышыл, еріншек те салақ жұбайы сырттан есіткен жаңалығын аңқау басымен айта салып, әне, ауыз бастырыққа бір қиын істі атқармақ боп уәдесін де берді (Ғ. Сыланов, Асау арна), Ұзын арқау, кең тұсау. *Сөзбұйдаға салды, кешеуілдетті. Ұ з ы н а р қ а у, к е ң т ұ с а у* жетті, мемлекетті алдай алмаспын,— деді Есіркеп (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АРҚАУДАЙ с ы н. *Арқау сияқты, арқау тәрізді.* Сәбит шығармаларында жібек *а р қ а у д а й,* үзілместей желіленіп отыратын бас тақырып — еңбек әлемі, сол әлемнің сүйініші, күйініші («Соц. Қаз.»). Жайнатып жапан даланы, Орнатып сәнді қаланы. Өмірге тартқан *а р қ а у д а й* төселді болат рельстер (С. Бегалин, Өленд.).

АРҚАУ-ЖЕЛІ з а т. *Негізгі мазмұн, мағына.* Жастарымыздың үлкен-кішілі шығармаларының *а р қ а у - ж е л і с і* бүгінгі өміріміздің өз шындығы болуға тиіс екендігі мәлім («Лен. жас»).

АРҚАУЛАП үс т. *Негіз етіп, желі, үйтқы болып.* Категориялар біздің бүкіл әрекетімізді, оның ішінде танымды *а р қ а у л а п* бойлап өтіп отырады (А. Қасымжанов, Диалект. заңдар.). Қарама-қарсылықтар қайшылықтың екі жағы ретінде бір-бірімен *а р қ а у л а п* «мазасыз» бірлікті жасайды (Бұл да).

АРҚАУЛЫ с ы н. 1. *Негізгі, жүйелі.* Газет-журнал беттерінен де *а р қ а у л ы* сөзге азық боларлық мақалаларды оқып тұрамыз («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Күшті, мықты. А р қ а у л ы н ы ң* бойынан Теріскен дауыл соққан күн (Махамбет).

1. АРҚАУЛЫҚ з а т. с ө й л. Арқалық. Бағандардың *а р қ а у л ы қ* сырықтарында ілмектеп байлаған бірнеше арқан салбырап тұр (Қ. Қайсенов, Жау тылы).

2. АРҚАУЛЫҚ с ы н. *Күш-қуат берерлік, нәр боларлық.* «Ас адамның арқауы» дейміз. Ол өзінің *а р қ а у л ы қ* ролін атқару үшін құнарлы және әр түрлі болуға тиіс (Е. Оразақов, Туберкулез.).

АРҚАУ-ӨЗЕК з а т. *Арқау-желі, негізгі мазмұн.* Туған дала бейнесі бар ақынның шабытын тербеп, қиялын қозғайтын. Оның көп өлеңдерге *а р қ а у - ө з е к* болуы да осыдан («Қаз. әдеб.»). Зерттеуші Омар Мұхаммади, Нұр Исраилов, Тұрды Хасан, Изим Искандеров және басқа ақын-жазушылар творчествосының *а р қ а у - ө з е г і н* дұрыс танып, байсалды талдаған (Бұл да).

АРҚЫЛЫ ш ы л. *Арқасында, көмегімен.* Адам баласы бақытты еңбек *а р қ ы л ы* табады. Талап деген — еңбек (І. Жансүгіров, Әңгім.). Қарабай жырда өзінің қаттылығы, өзімшілдігі, мал құмарлығы *а р қ ы л ы* көзге түссе, Қодар өзінің қиянатшылдығы, зорлығы, сұрқиялығы *а р қ ы л ы* көзге түседі (М. Әуезов, Әр жыл.).

АРҚЫН-ЖАРҚЫН ү с т. д и а л. **Ашық-жарқын.** Абаймен әкем Әуез шүйіркелесіп көп әңгімелеседі. Екеуі де *а р қ ы н-ж а р қ ы н* (А. Әуезов, Бала Мұхтар). Кемпір шай үстінде *а р қ ы н-ж а р қ ы н* әңгіме шертті.— Түсімде Қанатжанды көрдім,— деді ол ерекше бір қуанышты сезіммен («Лен. жас»).

АРҚЫРА е т. 1. *Жылқының кісінеуі. А р қ ы р а ғ а н* семіз, сұлу тұлпар мінген жас жігіттер үйіріне қарай жұлқынып, аласұрып жер сүзген айғырларын құтырта ойнақшытып келді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Сауытты киіп алды Дәуіт соққан, Сақтайтын кигендерді болат оқтан. Ат тағы аузын ашып *а р қ ы р а д ы,* Тындамай қарсы алдынан шықса да оқпен (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Оқыранған бие, *а р қ ы р а ғ а н* айғыр, маң-маң басқан түйе, мөңіреген сиыр, маңыраған қой-қозы, зыр жүгірген малшы, малды иірген жалшы (І. Жансүгіров, Әңгім.). 2. *Тасқын судың қатты сарқырауы. А р қ ы р а п* Алатауды у-шу қылып, Бұрқырап бурадайын құсады Іле. Тау бұзып, тасты сүзіп, жарды жарып, Бұлқынып бұйра құмды құшады Іле (І. Жансүгіров, Шығ.). Асау өзен *а р қ ы р а п* Асқар таудай дүркіреп. Айдын жатыр жарқырап, Алды дала бір түлеп (Қ. Аманжолов, Таңд.). Көктал *а р қ ы р а ғ а н* асау толқынды, төсінде кеме жүзетін, басын асқақтаған таудан шығарып, теңізге құятын керемет бір үлкен өзен емес (С. Адамбеков, Көсенің көзі). 3. А у ы с. *Күш-қуаты тасу, қайраттану. А р қ ы р а с а* асқан күш, Асау емей немене? Өндіріс ашқан алтын, мыс. Жасау емей немене (Т. Жароков, Таңд.). Әркімнің еркін шағында, Арғымақ мініп ағызып, *А р қ ы р а п* жүрген бабымда Неге мүрдем өлмедім (Манас).

АРҚЫРАС *Арқыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бір белден желге беттеп жылқы шығып, Айғырлар үйір жинап *а р қ ы р а с қ а н* (С. Бегалин, Таңд.).

АРҚЫРАТ *Арқыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Арының асау тасқын *а р қ ы р а т ы п,* Майданда мың қылышты жарқылдатып. Аттана шапқан жойқын қалың қолдай, Ақырып қаланы алды толқындатып (Т. Жароков, Таңд.). Әсеттей сал, ән салсаң аңыратып, Орман, тоғай, өзенді жамыратып. *А р қ ы р а т ы п,* ағызып ән нөсерін, Толқынымен жүректі жадыратып (Қаз. әндері).

АРЛА: **Арын арлады.** *Жоғын жоқтады, намысын қорғады.* Әкесі Сүйініш он бес жасқа келгенде, халықтың *а р ы н а р л а п,* кегін кектеп, елінің аш-арығын бағып отырушы еді (Батырлар жыры). Айтып ел де соған алғыс, сый барын Әркім соның *а р л а д ы* да, үйде *а р ы н.* Сол Гүлжанның көрсең бүгін қызметін, Көрсең соның жұртқа таныс дидарын! (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Сенің зарың — зарлайтының өмірге, Сенің *а р ы ң — а р л а й т ы н ы м* өмірде. Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін, Белді буған ауырға да жеңілге (Б. Майлин, Шығ.).

1. АРЛАН з а т. 1. *Қасқыр, ит тұқымдастардың еркегі.* Болғанда жол ағадан, тон жағадан, *А р л а н* бөрі соғады тау сағадан. Бас қосып бағландармен қалмақ үшін, Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан (Айтыс). Құлаған аттың астынан аяғын тез суырып алып көтеріле бергенде, бір жақтан бұлт етіп шыға келген *а р л а н* қасқыр тура өзіне атылды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Арыстанды айтқан жерден тауып алды, Ақырып ат үстінде айқай салды. *А р л а н ы* аузын ашып атылып ед, Алмаспен әп дегенше орып алды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. А у ы с. *Батыр, ер.* Түстің бе мұндай күйге, көкжал *а р л а н* Жолдасқа қалай екен мынау жалған? Кешегі дер күнінде бүйтемін деп, Жоқ едің түсте көріп, ойға да алған (С. Дөнентаев, Шығ.). Аманкелді *а р л а н ы м,* Орындап ойға алғанын. Сескеніп кірпік қақпаған, Солардан жаным артық па? (Пернедегі термелер). Ойсаулы болмағанмен осы Барман, Ер еді арыстандай бұ да *а р л а н.* Кездесіп күші артыққа іздеп жүріп, Өлімді өзі қалап тосып алған (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

2. АРЛАН е т. *Ар көру, намыстану.* О, жастық алдатты ма, алдандың ба, Жауыздың жел сөзіне малдандың ба? Аудара қарастырып ақылыңмен «Тимеймін!»—деп айтуға *а р л а н д ы ң* ба? (Б. Майлин, Шығ.). Жас жігіт намыстанып, *а р л а н д ы* да, Таза алтын сақтады ішке арманды да. Қажымай қарсы шапты жеңу үшін, Сергіді, қызметіне алданды да (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АРЛАНҒЫШ с ы н. *Намысқор, ұят санағыш.* Ар сақтағанның жөні осы деп, беталды *а р л а н ғ ы ш* болып неге керек («Лен. жас»).

АРЛАНҒЫШТЫҚ з а т. *Намысқорлық, ар-ұятына кір келтірмеушілік. А р л а н ғ ы ш т ы қ* — адамгершілік қасиет (Ауыз-екі тіл).

АРЛАНДАЙ с ы н. *Арлан тәрізді, арлан сияқты.* Алты ұлы бар *а р л а н д а й*, Жалғыз қызы ардақты (Қамбар батыр). Қасқырдың *а р л а н ы н д а й* екі көк төбет құйрық бұлғап, басқа секіріп, Ғалибекке еркелеп жатыр (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Ысқырып таудың тағы тарланындай, Тай жеген қорқау қасқыр *а р л а н ы н д а й* (Н. Ахметбеков, Жасауыл.).

АРЛАНУ *Арлан етістігінің қимыл атауы.* Кептен бері Абай бұндайлық: намыс пен ыза, алдану мен қиянат, қимастық пен *а р л а н у*... неше қырлы қысымын көрмегендей (М. Әуезов, Абай). Жабас, сенің де, мынау қызыл мұрның да бітірер дәнемелерің жоқ. Жалпы *а р л а н у л а р ы ң* керек (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АРЛЫ с ы н. *Ұяты бар, ар сақтағыш.* Жарлы емеспін, зарлымын, Оны да ойла толғанып. Жұртым деуге *а р л ы м ы н*, Өзге жұрттан ұялып (Абай). Қанаттанды қасиетті ойды ұға, Жан деген не, жан қысылса *а р л ы ғ а*. Екіталай күн туғанда басыңа, Жаным деме, жан арыңнан садаға (Аялы жандар). Жарымаған жарлының, Жалынғаны адалдық. Жарлымын да *а р л ы м ы н* Жанға жақпас қараулық (М. Әлімбаев, Таңд.).

АРЛЫ-БЕРЛІ ү с т. *Ерсілі-қарсылы. А р л ы-б е р л і* ағылып өтіп жатқан әскерлер әртүрлі өтінішпен тартқылап, өзін әбден қасаң ғып тастаған тәрізді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Абай осы жазда малтып үйреніп еді, Бақанастың кең қара суын *а р л ы-б е р л і* екі жүзіп өтті (М. Әуезов, Абай). Бес жүз қол Оразбайдың ауылдарының үстінен, дауылдан бетер, селден ауыр әлек салып, *а р л ы-б е р л і* өтті (М. Әуезов, Таңд.).

АРЛЫЛЫҚ з а т. *Ар-ұяты болушылық, намысқорлық.* Шырақтар, ынталарың менікінде, Тән құмарын іздейтін күні-түнде. Әділетпен *а р л ы л ы қ*, махаббатпен, Үй жолдасың қабірден әрі өткенде (Абай).

АРМА ү с т. к ө н е. *Есен-сау, аман.* Жүрмісің аман-есен, ақын, *а р м а!* Алдыма айып етпе шақырғанға. Ақындық өнеріңе сенбей келсең, Қасымнан алыста тұр, жақындама (Айтыс). Айтамын айт дегенмен *а р м а* Жібек, Түйедей ботасы өлген зарла Жібек. Кеткелі жаман жарың көп жыл болды, Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек (Ғ. Мүсірепов, Қыз Жібек). *А р м а* Алатауым, айналайын, Сағындым, ақ төсіңді аймалайын! Шыңыңа бір шықпасам кете алмаймын, Әр жылда Алматыма келген сайын (Т. Әлімқұлов, Сапар).

АРМАЙ-ТАЛМАЙ ү с т. *Арымай-ашпай, қажымай-талмай.* Оны әлпештеген, бағалаған партияға алғыс айтумен бірге жетпіс беске шыққанына қарамастан, өзінің әлі де болса, халқына *а р м а й-т а л м а й* қызмет істеуге дайындығын айтады (К. Әзірбаев, Шығ.). *А р м а й-т а л м а й* жазатын ақындардың толып жатқан поэмалары да бар (Ә. Төжібаев, Өмір.).

1. АРМАН и р. з а т. *Көксеген мақсат, тілек, қиял.* Жиырма бес, жас еді бұл болған *а р м а н*, Аңсаумен ата қазақ шашы ағарған. Қуса да қобыз ойнап Қорқыт баба, Адасып жиырма бестен қапы қалған (Қ. Аманжолов, Таңд.). Ыстық жас мұз бұлаққа тырс-тырс тамған, Ағызған көздің жасын іштегі *а р м а н*. Жүректің қызыл қаны құртша қайнап, Шыдамай қызуына дене жанған (С. Торайғыров, Таңд.). Күн асса үзілдіріп, сарылдырып, *А р м а н ы* алыстағы сағындырып, Жас ана аяғы ауыр, күні таяу, Бақытын күтті асыға жаны күліп (М. Әлімбаев, Лирика).

2. АРМАН ү с т. с ө й л. Әрмен.— Алдама, қауіпті жау аулақ, *а р м а н!*— Құдайдың Қауа қызды сүйгені рас (І. Жансүгіров, Поэм.). Таяныңқырап келсем, екі қылаң атты кісі екен. Келе жатқан мені көрген соң екеуі *а р м а н* қарай жылдамдатып жөнелді,— деді келіншек (С. Сейфуллин, Әңгім.).

◆ **Арман жүр.** *Әрмен жүр, жолама.* Мерт боп қалып жүрме Ысқақ ақын, Қолыңды аспандағы айға сермеп. *А р м а н ж ү р* маңайыма жақындама, Айтасың не бетіңмен маған ер деп (Айтыс). Қыз Жібек сонда сөйлейді: Жалғыз атты жолаушы, Жақындамай *а р м а н ж ү р*, Үстімдегі кесірлер Саған таман барады (Қыз Жібек).

1. АРМАНДА е т. *Ойлаған мақсатына жетем деп құмарту, аңсау.* Жәкең де соны сендей *а р м а н д а ғ а н* Арманнан бір оңаша қалған ба адам. Бұл жерде қарт домбыра шегі үзіліп, Күй толғап, енді қайтып жалғанбаған (Ғ. Қайырбеков, Қосба-

сар). Өріне жүздің шығуды *А р м а н д а п,* достым екеуміз. Кей-кейде тастап шылымды, Кей-кейде бастап кетеміз (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Мен ботинкаға қызыға қарап, шіркін, менің де дәл осындай ботинкам болсайшы деп, *а р м а н д а й м ы н* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

2. АРМАНДА у с т. *Қапыда, опық жеуде.* Алтын нұры төгіліп, Жер жұлдызы жанғанда. Бұлтта қалған көміліп, Көк жұлдызы *а р м а н д а* (С. Мәуленов, Таңд.). Қалада бір тамаша қыз бар, көрген де, көрмеген де *а р м а н д а* болды (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Арманда кетті** [**қалды, болды**]. *Мақсатына жете алмады, мақсат-тілегі орындалмады.* Эттең! Аз күн қалғанда, Жолдамам бітіп, жол жүрдім. Біле алмай *к е т т і м а р м а н д а,* Терең сырын сол қыздың (Н. Әлімқұлов, Алатау суреті). Осы жалғыз ауыз сөз ойына түскенде, әкесін көре алмай *а р м а н д а қ а л ғ а н* қыз көңілін кенет қайғы-зар қысты (Ө. Қанахин, Мұрагер). Қарағым, аман күнде елінді тап, *А р м а н д а б о п* кетерсің осындайда. Бір өзіңнен басқаның бәрі де жау, Қайтіп тірі жүресің оны да ойла (Қозы Көрпеш.).

АРМАНДАҒЫШ с ы н. *Бір нәрсені арман еткіш, қиялшыл.* Нұрзар қолына түскен кітапты талғамай, жалықпай оқитын. Ол қиялшыл да, *а р м а н д а ғ ы ш* болатын («Лен. жас»).

АРМАНДАЙ с ы н. *Арман еткендей, мақсат қылғандай.* Бір сағат сандуғаштай сайрап берсең, Құлаққа қайта есіту *а р м а н д а й* ғып (Үш ғасыр.). Алысқа, тым алысқа кетті ұзап, Жауға да қызмет еткен құрғыр шырақ. Өрінде дарияның жалғыз сәуле *А р м а н д а й* елестейді құр бұлдырап (Ғ. Қайырбеков, Құрдас). Көрмесе көңілде *а р м а н д а й,* Жетісу, жұртқа жағарсың. Аңқыған исі алмадай, Жадында жыр боп қаларсың (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

АРМАНДАС з а т. *Мақсаттас, мұндас. А р м а н д а с т а р ы ң* арып та ашып, талығып, Жүргенде бірге жапанда ұзақ сарылып. Өзіңе сенді бір ғана, «Азаттық берер сен,— десті,— енді біржола» (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

АРМАНДАТ *Арманда етістігінен жасалған өздік етіс.* Ерікті ел — Қазақстан! Келді ақыры көп күткен жаз алыстан. Келді алыстан аңсатып, *а р м а н д а т ы п,* Торды бұзған мен де бір мәз арыстан (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

АРМАНДАУ *Арманда етістігінің қимыл атауы.* Тұр солай көк төрінде сен мекендеп, Үмітпен ұмтылмайын мен жетем деп. Өтейін өмір бойы *а р м а н д а у м е н,* Ұқпайын сәулем, сені пенде екен деп (Қ. Мұхамеджанов, Ана құшағы).

АРМАНДЫ с ы н. *Құштар, ынтызар, ынтық.* Осыған *а р м а н д ы н ы ң* біреуі өзім, Тағы өзімдей өзгені көрген көзім. Адамды адам тұсап малға сатқан, Қиянатқа қапа боп жазған сөзім (Үш ғасыр.). Айналайын ата-анам, *А р м а н д ы* бір ой бар ед. Туы құлап тараған Бұзылып кеткен топ бар ед,— дейді Қобыланды (М. Әуезов, Таңд.). Жалғыз жол бар, таңдау жоқ, Шығаруға Қобыланды. Қас батырды қимаймын Қараңғыда қара қайғы кеміріп Өлмесін ер *а р м а н д ы!*— деді Қарлыға (Бұл да).

АРМАН-МАҚСАТ з а т. *Бар тілегі, мақсаты.* Қаныш өзінің зор өмірлік маршрутын бағдарлап, бүкіл *а р м а н - м а қ с а т ы н* мыс іздеу деп ұғынғандай (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).— Алдымен Құрбанбикенің алға қойған *а р м а н - м а қ с а т ы н* барлап алайық. Оның қабілетін — қалауын да ескермей болмас («Халық мұғ.»).

АРМАНСЫЗ у с т. 1. *Арманы жоқ, өкінішсіз.* Өзім қайда жүрсем де, Көңілім сен жөнінде. *А р м а н с ы з* еркін жолығып, Тарқар ма шерім менің де? (Үш ғасыр.). Балыққа қызықпаймын аламын деп, Аунатып алтын торға саламын деп. Қорқамын бүгін емес ертеңімнен, *А р м а н с ы з* қартайғанда қаламын деп (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Дүниеден мен *а р м а н с ы з* өтер едім. Қосылсам Назинонға ғашық болған (Ақансері, Шығ.). 2. *Арманынан шыға, қалағанынша.* Көресің ертеңгі күн сен де ісімді, *А р м а н с ы з* әбден жинап ал күшіңді. Алады кім абырой көрер көзің, Менімен қатарласа сал құсыңды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Аралап бақты *а р м а н с ы з,* Желісін құрдым жырымның. Жеңісін көрдім колхоздан, Советтік озат ғылымның (Т. Жабаев, Із).

АРМАН-ТІЛЕК з а т. *Алға қойылған нысаналы мақсат.* Есенәлі көзілдірігін киіп, суретке шұқшия қалды да, осы сәтте *а р м а н - т і л е к т е р і н і ң* бәрі орындалып болғандай құлшына түсті (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Талайлар мұнда достасып,

Тоғысты *арман-тілегі*. Не деді бүгін қос ғашық, Көк терек қана біледі (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ). Еліміз екі апта бойына созылған осы съезге өз өкілдерін ғана емес, бүкіл *арман-тілегін* апарды («Қаз. әдеб.»).

АРМАН-ҮМІТ з а т. *Бар мақсаты мен тілегі.* Әрі ақылшы, әрі ұстаз, әрі әке, әрі дос партия өзінің алғашқы туған күнінен бастап, халықтың *арман-үмітін* арқалап келеді (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

АРМАНШЫ з а т. *Арман етуші, арман қылушы адам.* Дүниеде кім алданбас, жалғаншы көп, Алдадым мен де сені алдамшы боп. Өз қолы, өз аузына жетпегеннің Өмірі өтеді екен *арманшы* боп (Айтыс).

АРМАНШЫЛ с ы н. *Бір нәрсені армандағыш, қиялшыл.* Я тамаша ат, тамаша. Өзің де атыңа лайық *арманшыл* адамсың. Арман деген адамға ойлар салады, ол ойлар адамды ілгері сүйрейді. Солай, *арманшыл* досым! (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Адам өз өмірінің алғашқы есею баспалдағында *арманшыл* келетіні хақ. Бұлай болуы заңды да («Лен. жас»). Ақылбек үндеген жоқ. Іштей тынған. Сағынбекпен өзін салыстырып еді, ол бұдан көп жоғары тұрған, ойлы, ақылды, *арманшыл* жолдас боп көрінді (Бұл да).

АРМАНШЫЛДЫҚ з а т. *Қиялшылдық, мақсатшылдық.* Сақанның ақ құба жүзінде қан ойнап терең иірімді көздерінде ойшылдық, *арманшылдық* сыр жатады (Шопан серігі).

АРМАНЫРАҚ ү с т. с ө й л. **Әрменірек.** Шабдар ат осқырып қалып, алдыңғы аяғымен жерді дүрс-дүрс еткізіп тартып-тартып жіберіп еді, екі қасқыр еңкеңдеп *арманырақ* кетіп, өзге екеу-үшеуінің қасына барды (С. Сейфуллин, Әңгім.). Өзіңдей көр мені де Меңіреу бәле қамаған. Қарашығым, ардақтым *Арманырақ* қалып тұр (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АРМАНЫРАҚТА ү с т. с ө й л. **Әрменіректе.** Сонау *арманырақта* көк ала болып аспанмен таласқан ұшы-қиырына көз жетпейтін биік таулар (С. Шарипов, Шығ.).

АРМАТУРА з а т. **1.** *Ұсақ приборлар мен детальдар комплексі.* Электр шамдарының тіке қаратпайтын жарық сәулесінен көзді қорғау үшін және жарқыраған жарықты жұмсарту үшін жарық беру *арматурасы* қолданылады (Адам анатом.). **2.** *Бетоннан құйылған қабырғаның сүйек қаңқасы.* Әп-сәтте-ақ дайын болған кереге көз *арматуралар* цехтың бір шетінде қатар түзеп тұр («Лен. жас»).

АРМАТУРАЛЫҚ с ы н. *Арматура болатын, арматураға жарайтын.* Кәсіпорындардың коллективтері үстіміздегі жылы бір мың тонна *арматуралық* темір және 6,4 мың тонна цемент үнемдеуге міндеттенді («Лен. жас»).

АРМАТУРАШЫЛЫҚ с ы н. *Арматурамен шұғылданушылық.* Өмірзақ Орынбасаровтың бетон заводында еңбек ете бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Бірақ өзінің еңбекке деген ынталылығының арқасында *арматурашылық* мамандығын жақсы игерді («Лен. жас»).

АРМАТУРШЫ з а т. *Арматура жасаушы.* Бірі құрылыстың қалау мамандығын қаласа, енді бірі *арматуршы* болып биікке шыққысы келеді («Қаз. әдеб.»). Ол адам — әрі қалаушы, әрі бетон құюшы, әрі *арматуршы,* оның үстіне балташы, ағаш ұстасы болды (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.). Біз алып шахтаның кен орындарын салушы құрылысшылардың бірі, *арматуршылар* бригадасының бригадирі Бәрменше Дәрібаев жолдаспен әңгімелесіп отырмыз («Лен. жас»).

АРМИЯ з а т. **1.** *Мемлекеттік қарулы күш, әскери қол.* Совет халқының құрыштай шыныққан жеңімпаз *армиясы* төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысында зұлым жаудың тас-талқанын шығарды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бақыт туын ұстап биік, Батыр Совет *армиясы,* Өсті туған елін сүйіп, Отыз бірге толды жасы (Ақын жырлары). **2.** А у ы с. *Белгілі бір адамдар тобы, жиынтығы.* Нұр төгілген Ленинның тұлғасынан, Мен Ленин деп жырлаймын. Құлаш ұрам! Біртұтас коммунистер *армиясы* Жол көрсеткен әлемге шың басынан (КПСС тарихы, 120). Коммунизм *армиясы* Жеңіс маршын ойнады. Ұлы Отанның қәрі-жасы Шаттық тойын тойлады (Қ. Аманжолов, Таңд.). Пролетариат пен резерв *армиясының* барған сайын өсуін сол тәртіптердің өздері-ақ қажет етеді (В. И. Ленин, 1, 318). ⊙ Сөз — *армия* Шепте — алда Ел мүддесі күзеткенім. Жас ақынмын Мен де, ол да Партиялық қызметтемін (М. Әлімбаев, Құрбыма).

АРМИЯДАЙ с ы н. *Армия тәрізді, армия сияқты.* Бастаған ұлы Ленин Совет елі, Өмірге өзгеше бір тартып желі. Жақсы басшы бастаған *армиядай,* Тыңдамай

тауды, тасты тартты ілгері (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

АРМИЯЛЫҚ с ы н. *Армияға тән, әскери. Армиялық* қызметті үлкен-кішісі, әйел-еркегі боп халық тұтас атқарды,— дейді. Менімше осы пікірді, Октябрь революциясына шейін тарихтың өн бойында көшпелі тұрмыс өмір сүрген қазаққа да қолдануға болады (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Армиялық* тәртіпті нық сақтаумен, Тиянақты жігермен іс етпекпіз (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АРМИЯСЫЗ с ы н. *Армиясы жоқ, армияның қатысынсыз.* Совет халқының құрыштай шыныққан жеңімпаз *армиясынсыз* төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысында осындай жеңістікке жетпеген болар едік (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРМЫСЫҢ е т. к ө н е. *Есен-сау, аман-бысың.* Солдат Омардан хат келді. «Өскен ел, туған жерім — *армысың!* Жауға оқ атып, фашистерді тойтарып жүрмін»,— дейді (Ж. Аяшев, Алақан). «Ей, бақыт! *Армысың!* Айналып ауылыма қондың ба? Рахмет, бақыт!» дегендей болады (С. Сматаев, Армысың.).

1. АРНА з а т. 1. *Өзен аңғарының су ағып жататын терең өзегі.* Арқада аққан күміс алтын *арна,* Ер ерке Ертісімдей өзен бар ма? Суылдап, сабырлы оймен жатыр ағып, Жарқырап көз жіберіп айналаға (Қ. Аманжолов, Шығ.). Қосылар түпсіз терең талай өзен, Жалғасар жаңа *арнаға* күркіреген. Аққөбік, асау толқын, арыстан жал Айқасар атлас аспан бұлтыменен (О. Шипин, Өмір өрнегі). Алатаудың өр тұсынан жұлқына шыққан бірнеше асау өзендер ұзай келе ашуларын басып табысады да, Ақсу атанып, бір *арнамен* ағып барып Балқашқа құяды (Ол күндер). 2. А у ы с. *Өзек, негіз.* Құстай ұшып Ұлы Отанның даласын, Қиқу салып жерің бар ма бармаған. Оқығанда ашып ойдың *арнасын,* Жан аз шығар сені қолға алмаған (Т. Жароков, Таңд.). Өмірді кейде азсынып мұңға батсам, Тарлығын білдіріптіау ой *арнасы;* Достарым осы сәтте шынымды айтсам, Өмірдің мен де екенмін өз жалғасы (Қ. Боранбаев, Жаңарған жазық). Орыстың *арнасы* терең, бейнесі жарқын мәдениетінің сәулесін сібірлік қазақтарға екі ғасыр бойына алғаш таратқан Омбы емес пе? (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

◆ **Арнаға түсті.** *Ықпалында, ыңғайында жүрді.* Асыға шықтым алаңға, Жанымда жаздың гүлі өсіп. *Арнаңа түсіп* қалам ба, Толқынмен кеттім ілесіп (Н. Шакенов, Айгүл). **Бір арна.** *Белгілі бір нәрсенің түйісетін жері, мекен-жайы. Бір арнаға* бәрінің Құйды осылай ойлары. Жасауға бір шабуыл Түйілді, сөз байлады (С. Мәуленов, Жолдас). Жолдасым деген адаммен сенің сапарыңның, ұстаған бағытыңның, алдыңа қойған мақсатыңның *бір арнаға* қабысатындығын аңғартады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Әр саладан басталып бір арнаға құятын ойларын айта келіп, президент Бумедьен фестивальды ашты (Ғ. Мүсірепов, Достық.).

2. АРНА е т. 1. *Белгілі бір затты біреуге белгілеу, меншіктеу.* Колхозшылар бөбекке *арнап* әкелген сыйлықтарын тартты (С. Омаров, Дала қызы). Күн жүзді күліп сұлу ажарлана, Күмістен күлкісіне маржан таға. *Арнағаң* жаңа жылға байғазым деп, Ұсынды «Букетімді ал,— деп, аға» (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). 2. *Белгілі бір мақсатпен әдейі жолдау.* Хақ сөйле, қызыл тілім, адал сайрап! Тапсырдым бар ойымды саған *арнап.* Көңілім, арам ойлап алаңдама, Алмаққа біреуді алдап, біреуді арбап (І. Жансүгіров, Шығ.). Қош, аға, бақытыма тілеулес бол, Жүргейсіз әрқашан да мені ескеріп, Соғуы жүрегімнің сізге *арналар,* Қалмаса қапылыста ажал келіп (Қ. Аманжолов, Таңд.). Жыр *арнадым* мен де ұлыңның біріндей, Сағаң деген көңілім бар күніндей. Сағаң деген сезімім бар аяулы, Өзбекстан, өз бақшаңның гүліндей (С. Мәуленов, Жаңа арна).

◆ **Дұға арнады.** *Бағыштады.* Оң сапар берсін алла, Ғұмар балам. Жан едің мінезі бар ұнар маған. Есіңнен қайда жүрсең тастай көрме, Батағөй қарт атандық *дұға арнаған* (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар).

АРНАЙЫ ү с т. 1. *Белгілі бір мақсатпен әдейілеп, ерекшелеп.* Күнде ертеліктегі обходта бір кездесіп хал-ақуат сұрасса, кешке жақын Айжан қасына *арнайы* келіп, ұзақ отырып, әңгіме шертіседі (З. Шашкин, Сенім). Дауым жоқ сөзде айтылған, *Арнайы* келіп, көріп ем. Өтінем сенен, Айгүлжан, Болсын бір бүгін серуен (Н. Шакенов, Айгүл). Шегінген жоқсың сен одан, Шегедей бойлап қадалдың. *Арнайы,* дедің, ауылдан, Аңсап келген адаммын (Ж. Молдағалиев, Поэм.). 2. *Өз алдына, жеке-дара.* Мұншама неге ыстық

бала деген, Басына бесігінің бара берем. Жұмыстан қайтқанымда тым асығыс, *Арнайы* бір қуыршақ ала келем (І. Мәмбетов, Өсиет). *Арнайы* бергені ғой табиғаттың, Сондықтан көзі жіті бұл қазақтың. Ынтығып қонақ үйде үлкен-кіші, Сөзіне ұйи түсті шешен қарттың (М. Әлімбаев, Таңд.). Тексеруден кейін «Новобогат» селосының еңбекшілерін электр жарығымен, моншамен қамтамасыз ету жайы, саудадағы кемшіліктерді түзеу ісі *арнайы* сөз болды («Лен. жас»).

АРНАЛ *Арна етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Арналды* ажар-көркім, нұрым сағаң, Кернеген көкіректі жырым сағаң. Арнадым оттан ыстық жүрегімді Таңдаған көп ішінен, жексенбілік күнім сағаң (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жақыпбек өзі бас болып лекция оқыды. Ересектерге *арналған* кешкі мектепте де алғашқы сабақтар өтіп жатты (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Мұның бәрі [дәптер, оқулықтар, қарындаш] бізге *арналған* нәрселер екенін сезіп, қашан қолымызға тигенше ынтызарымыз құрып отырмыз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АРНАЛА е т. *Арна жасау, жерді жыралау, жыру.* Таудың сай-сала, белеңдерін көшкін мұз тереңдете қазып, айырып, айғыздап, *арналап* барады (А. Машанов, Жер асты.). Ашалы азу, аршын тіс, *Арналап* жырып тың жерді Дүрілдейді алып күш (С. Бегалин, Таңд.).

АРНАЛАС ү с т. *Өзектес, негіздес.* Ұлы ақындардың да озық ойлары ұлы сыншылардың ойларымен үнемі *арналас,* сабақтас шығады (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Талаптанған кісі тайсалмайды емес пе?— директор күлді,— ал шынына келсек, істеп жатқанымыз бен істегеніміз сабақтас, *арналас* (Т. Нұртазин, Адам бекерге.).

АРНАЛУ *Арнал етістігінің қимыл атауы.* Сонда, мына жасалып жатқан әдемі ердің кімге *арналуы* мүмкін деген ойдың ұшығына шыға алмаған Әлімбек дереу Бекболдың өзіне жүгінгісі келді (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

АРНАЛЫ с ы н. 1. *Арнасы үлкен, кең.* Қақ жарған Қаратауды үлкен Бөген, Кең байтақ екі жағы *арналы* өзен. Орнатты су қоймасын ортасынан Көлемі көз жетпейтін, түбі терең (Пернедегі термелер). Бұл Ақ Еділдің *арналы* саласы Қиғаш бойында, тыныш қойнауда отыратын бір байдың ауылы еді, қазір көрікті деген сәнді колхоз орталығына айналды,— деді (Т. Құрманғалиев, Теңіз достары). Аруды Ақбөпедей ел жырлайды, Бескепе, бес *арналы* көл жырлайды. Ертек қып, тауда қыран, түзде тоты Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды (И. Байзақов, Таңд.). 2. *Кең тынысты, толғауы мол.* Арынды, *арналы* өзекті ой, Тербетер тіл, сыр барда. Оны сақтау қиын ғой, Бұл заманда, бұл таңда (І. Жансүгіров, Шығ.). Шоқан осы қыста аға достар тауып, *арналы* білім жолына көзі ашыла, есейіп алған (С. Бегалин, Бала Шоқан). Осындай үлкен *арналы* ақындық жолына берілген соң, 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады (М. Әуезов, Әр жыл.).

АР-НАМЫС з а т. *Адамгершілік қасиет, ар-ұят.* Ынсап-ұят, *ар-намыс,* сабыр, талап, Бұларды керек қылмас ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Екі есе әуелгіден әскер жиып, Артырып қару-құрал, азықты үйіп. Алуға *ар-намыс-ын* өлгендердің, Жіберді «Жетіңдер,— деп, талмай жүріп» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Өлім не? Жанға тиген ардың оғы. Сөнбейді арға тиген намыс шоғы. Ойламай *ар-намыс-ын* ессіз болса, Есеп пе ол адамның бар мен жоғы (И. Байзақов, Таңд.).

АРНАСЫЗ с ы н. *Арнасы жоқ, жырасыз. Арнасыз* аққан сулардың Ағысы түгел болар ма? Суалған сорлы көлшіктің Қамысы түгел болар ма? (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АРНАУ 1. *Арна етістігінің қимыл атауы.* Совет адамы өзіне берілген еңбек ету правосын коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға *арнауда* (Ж. Исмағұлов, Адам мерейі). Әдеби мұрасында үлкенді-кішілі өлеңдер, мысалдар, дастандар бар. Оның кейбір өлеңдері жеке адамдарға немесе белгілі оқиғаларға *арнау* түрінде болып келеді (XX ғ. қаз. ақын.). 2. з а т. *Арнай шығарылған өлең-жыр. Арнаудан* бастап кеттім дастанымды, Аңсадым жаңа кірген жас шағымды (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Ісіне ел сүйсінген батыр ұлға, Жүректен өлең төгіп, қостым жырға. Туысқан ақынының *арнау* жыры Ескерткіш болсын жазған мраморға (Ақын жырлары).

АРНАУЛЫ с ы н. 1. *Жеке бір нәрсеге әдейілеп жолдаған, арналған.* Абай әр нәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген *арнаулы* көзқарасы, сыны бар қырағы,

озғын азамат болып жекеленіп шығады (М. Әуезов, Әр жыл.). Сөйтіп Жақыпбек қанша адаммен дәмдес, істес болса да, солардың әрқайсысы жөнінде *а р н а у л ы* пікірі болатын (М. Иманжанов, Көк белес.) 2. *Табиғат берген, жаратылған.* Жаз, гүл, бұлбұл көрікті мезгілімен, Мезгілі өтсе тозады өздігінен. Ал, Сәкен бар мезгілде өзгермейді, *А р н а у л ы* ажарынан, көзге ілінген (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АРНОЛЬД з а т. б и о л. *Үлкендігі бір метрдей жапырағы жоқ, жерге төселіп өсетін гүл.* Үлкендігі бір метрдей гүлді 1818 жылы тұңғыш рет Арнольд деген ғалым тапты. Кейінірек осындай үлкен гүлі бар өсімдіктің бірі оның атымен *а р н о л ь д* деп аталып кетті (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АР-ОЖДАН з а т. с ө й л. **Ар-ұждан.** Еңбектес достарының жауапкершілігін ұғынатын совет суреткерінің *а р - о ж д а н ы* творчествосындағы көптеген кемшіліктер мен ақауларға қалай болса солай қарай алмайды («Қаз. әдеб.»). Біз барлық жан дүниеміз, *а р - о ж д а н ы м ы з б е н* Вьетнам халқы жағындамыз (Бұл да).

АРОМАТ з а т. *Аңқыған хош иіс. А р о м а т* жұпар шашып ескен желмен, Заңғар көк, жасыл-қызыл роза гүлден. Көбелектер сары ала түрлі түсті, Кезек-кезек әр гүлді құшып сүйген (М. Жансаева, Ана жүрегі).

АРОМАТТЫ с ы н. *Аңқыған хош иісті.* Бұл қосылыстардың *а р о м а т т ы* деп аталу себебі, осы топқа жататын заттардың хош иісі болған (Орган. химия).

АРПА з а т. *Бидайға ұқсас қалың қауызды, дәнді астық. А р п а* еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандарында қойға жем ретінде кеңінен пайдаланылады (А. Елеманов, Қой шаруаш.). Байлығы төл қосымша Қанша отар құрамақ? Әр гектардан, қанша *а р п а* Қанша бидай, сұлы алмақ? (Б. Аманшин, Өленд.). Құс төсекте мамықты, *А р п а*, бидай қабықты, Көтере алмас кедейлер, Жылына салған салықты (Қобыланды батыр).

АРПАБАС з а т. *Мал азығына пайдаланылатын шөп.* Тарғақ шөппен бірге *а р п а б а с*, бидайдық, көкшолақ, субидайық, қарабас шалғын сияқты көптеген жайылым злактары да өседі (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.). Қайыңды топ ормандардың құндыздығында злактар — бидайық, *а р п а б а с*, қоңырбаспен қатар күлгін түсті итқонақ, сары гүлді жоңышқа өседі (Бұл да).

АРПА-БИДАЙ з а т. *Дәнді астықтар жиынтығы.* Шығады ол дариядан үш мың арық, Ентелеп егістікке жатқан барып. Құрулы сағасында диірмен көп, Аңырмай *а р п а - б и д а й* тұрған жарып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АРПАЛЫС з а т. 1. *Талас-тартыс, қырқыс.* Туған жердің толқынын толтыра ішіп, Құшағыма дауылын кеттім қысып. *А р п а л ы с т а* атуға дұшпанымды, Аспанынан нажағай алдым қысып (С. Мәуленов, Таңд.). Осынау сертті дәл ұстап, *А р п а л ы с* кешкен адам бар. Соларды көріп, дұрыстап, Білесің қанша шамаң бар (Ғ. Қайырбеков, Таулар сейл.). 2. *Тартыс, күрес.* «Күрес» дегенім — тап тартысының майданындағы саяси *а р п а л ы с т а р* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қабырғасы әлі қатпаған жас үкімет, жаңа мемлекет осының бәрімен *а р п а л ы с а* отырып, социализмнің іргесін тынымсыз қалап барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 3. Е т. *Жанталасу, жағаласу. А р п а л ы с т ы қ*, алыстың Бармаймын деп мен шалға. Қарғыс алдың әкеңнен, Сатылмаймын деп малға (Ш. Иманбаева, Өленд.). Үстін қар басқан қой боранмен *а р п а л ы с ы п* жігі көрінбейді. Аяқ астында қыбырлаған тіршілік иелерін Қоспан көңілімен болжап, ат қолтығымен ықтырып, қамшы үйіріп айқай салады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Күн ыстықта қап-қара болып, түтігіп мал бағады малайлар, күнге шыжып шыбындаған асау биелермен *а р п а л ы с ы п* сауып, қымыз жасайтын да малайлар (С. Сейфуллин, Тар жол.). 4. Е т. А у ы с. *Алысуру, тынышсыздану.* Тынар ма кеудем менің, жұтса да оқ? Күйер ме тілім менің, шайнасам шоқ?! Туған ел кеудесінде *а р п а л ы с ы п*, Соғармын ыстық қанды жүрегі боп (Қ. Аманжолов, Таңд.). *А р п а л ы с қ а н* кеудеде, От жалынды бір тасқын. Дүние қалды төменде, Кезеді ақын бұлт астын (С. Мәуленов, Таңд.). Сабындының торғын суына денесі салқындап жаны рахат тапса да, *а р п а л ы с қ а н* ой маза бермейді (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Ауыздықпен арпалысты.** *Жағаласты, бой бермеді. А у ы з д ы қ п е н а р п а л ы с қ а н* арғымақтар Жығылып өліп жатыр бір осқырып. Ес кетіп жауынгерлер жанталасқан (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АРПАЛЫСТЫР *Арпалыс етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бөжей Ералинов-

тан түскен қағаз көп. Тексеру керек. Айдатпай тоқтай тұр!— деді Майыр.— Құнанбай сөйтіп *а р п а л ы с т ы р ы п* ұстамақ қой (М. Әуезов, Абай). Өмірдің кейде қуантатыны бар, Кей кезде ашы мұңайтатыны бар. Асау толқынмен *а р п а л ы с т ы р а р ы* бар. Соқтығып қалар құз-жартастар бар (Қ. Мүсірепов, Раушан).

АРПАЛЫСУ *Арпалыс етістігінің қимыл атауы.* Боксердің бетінде күдіктің, іштей тіресудің, *а р п а л ы с у д ы ң*, әлдеқандай бір қобалжудың ізі көрініп тұрғандай еді (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Жаудың шабуылға даяр тұрған дивизиясымен біздің бір ғана батальон *а р п а л ы с у ғ а* тура келеді (С. Мұқанов, Шығ.). Шыбын алақанында біраз қозғалмастан жатты, тегі өмір үшін өліммен *а р п а л ы с у д а н* қалжыраса керек (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

АРПАҢ-ТАРПАҢ үст. *Әрең-әрең, тәлтірек-тәлтірек.* Әшкәбус көрді-дағы тұтты қалқан, Қалқанын қақ айрып қылып талқан. Өкпеден өтіп барып жерге батып, Бастырды аяқтарын *а р п а ң - т а р п а ң* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АРП-АРП: **Арп-арп етті.** *Арс-арс етті, үрді.* Екінші ит басынан қарғып, жалт беріп кері қашты да, алыстан *а р п - а р п е т і п*, әрі жолдасын жоқтағандай ұлы үрді (Ұ. Доспанбетов, Кәрі қобыз).

АРПЫЛДА ет. 1. *Арп-арп ету, үру.* Біз ауылдан қашан ұзап кеткенше, *а р п ы л д а п* үрген иттің дауысы тынбады (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Беттен алу, қарсы келу. А р п ы л д а й д ы* ол сабаз, Жарқылдайды ақ қағаз.— Бейне қарлы борасын (І. Жансүгіров, Шығ.). 3. *Толқынның қатты қарқынмен соғуы, толқуы.* Сұлу ма Қара теңіз суыменен? Шағала, дауылымен, қуыменен. *А р п ы л д а п* жел толқытса тауды қауып, Ұдайы жатқан теңіз шуыменен (Бұл да). Бір күн емес, өтті бір ай, Бұларға ауыр төнді қауіп. Кейде тау боп толқын құлай, Кейде *а р п ы л д а п* тұра шауып (А. Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл).

АРПЫЛДАС *Арпылда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ағаң бригадир болып істейді. Мұнда бригадирден жаман адам жоқ. Әркіммен бір *а р п ы л д а с ы п* жүргені (М. Дүзенов, Ақ әже).

АРПЫЛДАТ *Арпылда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ұрыны шапшаң тауып, ұстаудың орнына итін *а р п ы л д а т ы п*, қонақтың алдында тұрып алғанын қайтерсің (К. Тоқаев, Түнде.).

АРПЫЛ-ТҰРПЫЛ үст. сөйл. *Алды-артын байқамайтын, алдың-дүлдың.* Азамат қалай болса солай сөйлеуді мәдениетті адамға лайық емес мінез ғой,— деп ойласа да, жеңгейдің надандығын, ашықтығын, *а р п ы л - т ұ р п ы л* адам екендігін ескеріп кешірген (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).— Айтолқын-ау, аузыңа бақ, *а р п ы л - т ұ р п ы л* сөйлей берме, тәйірі алғыр!— деп,— сөйлеп қалған ауыз қайтерсің,— деді сары кемпір майдалай түскендей болып (Бұл да).

АРС: **Арс етті.** а) *Айбат көрсете үрді, арсылдады.* Осылай көкжал қасқыр барын қалды, *А р с е т і п* алқымынан алып қалды. Сақтанбай саяқ жүрген жас өгізді Жайратып жұқа шаптан жарып салды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Енді көтеріліп, үйге кіре бергенде, ар жағынан *а р с е т і п* Үндемес өре түрегелді (З. Шашкин, Сенім).— Әлгіде, бір дәу көкжал тура өзіме тап беріп, *а р с е т е* қалды, ала түстім құлақтан (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). ә) *Қарсы тұрды, беттен алды.* Аңдыған жауым *а р с е т і п*, Қаба түсті сүйектен. Босанар елім күні ертең, Басына түскен түнектен (К. Әзірбаев, Шығ.). Шал:— Ей, ант ұрып кеткен, бірдеме десе, *а р с е т е* түседі ғой,— деді кемпіріне (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). *А р с е т і п* сырт айналды ашу шорқақ, Жалт етіп шықты бұққан мейірім қорқақ. Мұның не?— деп мейірім жел боп соқты, Тұмандай бара жатты ашу тарқап (І. Жансүгіров, Поэм.). ⊙ Долы толқын *а р с е т і п* шағын ғана аралды теуіп өткен сайын маңдайларын мұзға төсей құлайды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРСА: **Арса болды.** а) *Ет әбден пісіп, бөлек-бөлек болды, сылынды.*— Қонақтар жуырманда келе қоймас, ет *а р с а б о п* қалар. Отты аздап жақ,— деді. (М. Хасенов, Тұлпар.). ә) *Ештеңе қалмай, жұрдай болды.* Біздің елдің артта қалғандығы емес пе? Басқа ел аман да, біздің ел қара қалмай жұтаған. Басқа ел жұтаса да, ондай мал қалмай *а р с а б о л ы п* жұтамайды («Айқап»).

АРСА-АРСА сын. 1. *Еті қашқан, арық.* Үйдің іргесінен тоғыз жасар Жүсіп *а р с а - а р с а* арық ингеннің бауырына жабысып, шандыр жөлінін тартқылап жатқан шешесін көрді (М. Қаратаев, Даладағы да-

был). *А р с а-а р с а* жүдеу шығар тайып нұры, Әлде оны алды ма екен ажал ұры. Еркінді беттен сүйіп, атқа қонды, Қоштасып салды жолға ауыл мұны (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бүлінбей-ақ қойыңдар. Не ғылсын өңшең ашамайдай *а р с а-а р с а* көрініп (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. А у ы с. *Сиқы қашқан, жалақ-жұлақ.* Жасыл өсімдік жоққа тән. Үйлердің сыртқы майлауы түсіп, *а р с а-а р с а* («Лен. жас»). Балалар жалғыз-жарым, бірде топ болып, әр жерден шыға келеді де, артынша қиқы-жиқы үйлердің, *а р с а-а р с а* аулалардың арасына сіңіп жоқ болады (Бұл да).

◆ **Арса-арсасы шықты.** а) *Азып-тозды, жүдеді.* Көздері шүңірейген, *а р с а-а р с а с ы ш ы қ қ а н* арық екі шал машиналардан түсе қалған бізді тамашаласа, біз оларды тамашаладық (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). ә) *Быт-шыты шықты.* Анадайда *а р с а-а р с а с ы ш ы ғ ы п* тозған, жүк машинасы тұр. Мотордың тұмсығына салқын су құйып жанталасып жатқан шофер жігіт шалдарға бас изеді де қойды (Д. Досжанов, Зауал).

АРСАҚАЙ с ы н. *Сүйектері көрініп арсиған, жүдеген.* Жар қабақ сида, *а р с а қ а й,* сар шұбар шал, Жарықшақ үні тозған, қаңсыған шал. Іріңдеп екі көзі, қол дірілдеп, Аузынан азу тісін аршыған шал (І. Жансүгіров, Поэм.).

АРСАҚТА е т. с е й л. Арсаландa. *А р с а қ т а п* абыройын өзі күтпей, Ағын, көгін, қызылын жұтқан мүттей. Қасына үш қадамдай жақындаса Иісі келед, жел жақтан өлген иттей (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АРСАЛАҚТА е т. 1. *Еркелей қарсы алу, арсаландау.* Қос ақ қасқа да бірден тұрып қарсы алды. Бірақ басқа иттердей *а р с а л а қ т а п,* жата қалып еркелеп кішіреймейді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Көштен қалмай ере шыққан екі ит те бұрынғыдай төңірекке алақтап, беталды, құла түзге қоян қағатындай *а р с а л а қ т а п* жүгіре бермейді (Н. Баяндин, Құм асты.). 2. *Жақын тарта еркелеу, арсаңдау.* Диванда жібек жастық ортасында. Алдынан ұшып тұрып құшақ жайып, Қуанды *а р с а л а қ т а п* жолдасына (С. Сейфуллин, Өленд.). Үйге кіре бергенде бір кішкене бала *а р с а л а қ т а п* жүгіріп келіп, Аянға қолын созды (С. Сейфуллин, Шығ.). Қазір мал дәрігерлік институтында сырттан оқиды. Кіріп келген Нұрланды *а р с а л а қ т а й* қуана құшақтап өзінің орнын ұсынды (З. Шашкин, Сенім).

АРСАЛАН е т. *Еті қашу, арса-арса болу.* Киіз үйдің орнындай илеу! Биіктігі де кіші-гірім обадай. Үстінде адамның *а р с а л а н ғ а н* сүйегі жатыр (С. Мұқанов, Таңд.). Көз құрғатып екі қарт *А р с а л а н ы п* сүйегі. Кемсең қағып иегі Сүйеуім тыңда, ер,— деді (Жамбыл).

АРСАЛАНУ *Арсалан етістігінің қимыл атауы.* Ағаштардың сарғайған жапырақтары түсіп, бұтақтары *а р с а л а н у ғ а* айналған (С. Мұқанов, Таңд.).

АРСАЛАҢ з а т. *Еркелік, еркіндік.* Серігі селт еткізер Бөрбасары, Сар жүні тарғыл тартқан о да көрі. Жантайса қойшы құмға жатады иті, Жастағы *а р с а л а ң ғ а* жетпей әлі (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Хан, қара шаршы топқа сан сөйледім, Көз көрмей бәрі бекер нанбағанға. *А р с а л а ң* сол Ниязбек іздеп келіп, Шошыған жүгірістен танбағанға (Айтыс).

АРСАЛАҢДА е т. 1. *Үстіне шапшы еркелеп қарсы алу. А р с а л а ң д а п* төбеті Жүгіреді жұлқынып. Боранда иттің әдеті Кететұрын құтырып (С. Мәуленов, Құлыншақ). *А р с а л а ң д а п* ақ күшік, Алдарын кеп орайды. Шоқия қалып сақ күшік Елендеп жұртқа қарайды (М. Хакімжанова, Ана мейірімі). 2. *Жайраңдай, қуана қарсы алу.*— Еламан! Еламанушка,— деп, ол балықшыларды алыстан көріп, *а р с а л а ң д а п* күліп келе жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).— Алады, алады,— деп, өтірік күліп Андрейді шын сағының қалған адамдай *а р с а л а ң д а п,* Жібек қапшығын сүйреп тысқа шықты (Б. Майлин, Таңд.). Кеше Нұрқат есік алдында кездесіп қап:— Айжан-ау, естідің бе?— деп жерден жеті қоян тауып алғандай, анадайдан айғайлап, *а р с а л а ң д а п* жетіп келді (З. Шашкин, Сенім).

АРСАЛАҢДАУ с ы н. *Арсы-гүрсілеу, далаң-дұлаңдау.* Өзің бір қаперсіз *а р с а л а ң д а у* баласың-ау,— деп әрі ренжіп, әрі сынай сөйледі (С. Бегалин, Ана қайраты).

АРСАҢ: Арсаң қақты. *Жайраңдады, арсаландады. А р с а ң қ а ғ ы п* баладай, Құшақтады Қалабай, Қырау сақал, мұртында (І. Жансүгіров, Поэм.). Қарасың десе, Ғайша бұрқан-талқан, Ақ десең, ақтарылып, *қ а ғ а д ы а р с а ң.* (Д. Еркінбеков, Шығ.). Баянды алмақ түгіл көрген де жоқ,

Арсаң қағып жылқыға келді жетіп (Қозы Көрпеш).

АРСАҢДА е т. *Бір нәрсеге көңілденіп жайраңдау.* Мақпал еді тоқал тапқан, Өсіріп, көргенді есті ана бақкан. Әлі ерке, *арсаңдаған* апа алдында, Әлі ерте қыз болуға шолпы тақкан (І. Жансүгіров, Шығ.). Мастықпен қылған болсаң кештім саған, Кәрі ит те «шырағым» деп *арсаңдаған* (М. Әуезов, Таңд.). Надан қуанар, *арсаңдар,* Таңырқап тұра қалсаңдар. Татымды ештеңе болмас, Адамсып босқа талтаңдар (М. Әуезов, Абай).

АРС-АРС: Арс-арс етті. *Абалады, үрді.* Ақситып азу тісін *арс-арс етіп,* Келеді де қасына шауып-жетіп. Бата алмай өз-өзінен кейін қашып, Шабаланып тұрады есі кетіп (С. Сейтенов, Бойжеткен.). Есболат ауық-ауық дауыс беріп, үн шығарып қояды. Оның айтағына еріп, еліккен иттер де *арс-арс етіп* ілеседі, лезде қайта басылады (Шопан серігі). ⊙ Ашулы толқын *арс-арс етіп* теуіп өткен сайын біз қонақтаған шағын ғана мұз шыңы біржола теңкеріліп бара жатқандай дөңбекшіп-дөңбекшіп алады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРСЕНАЛ з а т. 1. *Қару-жарақ, соғыс құралдарының склады, қоймасы.* Кейбіреулері көшеде-ақ соғыс әдісін үйреніп жатса, екінші біреулері бекіністегі *арсеналға* кетіп барады (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). АҚШ Россия контрреволюциясы үшін қару-жарақ *арсеналы* болып қана қойған жоқ, американ әскерлері жапон интервенттерімен бірге партизандарға қарсы операцияларға қатысты (КПСС тарихы, 297). 2. А у ы с. *Мол байлық, жиналған қор.* Қазақ әдебиеті ұлттық көркем форманың өміршең қасиеттерін жоғалтпаумен бірге, бейнелеу құралдарының жаңа мүмкіндіктері, жаңа *арсеналдарымен* байыды («Қаз. әдеб.»). Совет өнерінің эстетикалық *арсеналының* жаңару және баю процесі жүріп жатыр, оның халық өмірімен байланысы нығая түсуде (Бұл да).

АРСИ е т. *Арса-арсасы шығып жүдеу, сойдию.* Тұс-тұсқа түстері оңып тозды тарап, Біріне жүре алмайды бірі қарап. Туыстың бәрі ортақ боп ұятына, *Арсиып* аш қасқырдай жүдеп-жадап (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Қарт сүйегі *арсиған* тарамыс қолымен сағатты ұстап жатты (С. Ерубаев, Шығ.). Қаланың орта шенінде жүнделген түйедей боп, жапырағынан айрылып *арсиған* сирек ағаш (Б. Майлин, Азамат Азаматыч).

АРС-ҰРС: Арс-ұрс етті. *Арс-арс етті, абалады.* Сайдағы ауыл жақтан көп иттің *арс-ұрс,* шәу-шәу *етіп* үргені естіледі (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ауыл иттері өзара таласып қалысты ма, әлде қасқыр кеп таласты ма, анда-санда шаң-шұң, *арс-ұрс етісіп* те қалады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АРСЫЗ с ы н. *Адамгершілік қасиеті төмен, ұятсыз, абыройсыз.* Ақылды жан табылмас маған сырлас, Көрне тенте, көп надан мойын бұрмас. Әділетсіз, ақылсыз, *арсыздарды* Көре тұра көңілің тыныш тұрмас (Абай). Жас тағдыр, осы ма әлі бастағаның, Осы ма *арсыз* аруақ қостағаның. Жанды өлік, жарлы оймен өмір өтіп, Өттім бе күнін күтіп жас баланың (І. Жансүгіров, Шығ.). Жанына батқан түнде ана зары, Балқытпай қыз жүрегін тоқтамады. Кетсе де отырасыз *арсыз* ажал Қанжарым Күләндаға оқтанады (Ж. Саин, Күләнда).

АРСЫЗДАН е т. *Ұяттан безу, абыройдан айрылу.* Күтіп жүр *арсыздануын* ұялмай Әлсірер менің күнімді. Ал мен де жүрмін қия алмай, Жазылар енді жырымды (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АРСЫЗДЫҚ з а т. *Ұяттан безгендік, абыройсыздық.* Билердің жүзі көрнеу тұрған қиянатты әдейі *арсыздыққа* жеңгізіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да, шығарамыз деп жұмыла қаратып алған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ұлы Кавказ асқар тауы, Ақын ұлып азалады. Ардан безген адам жауы *Арсыздық пен* жазалады (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Нұрқаттың шектен шыққан *арсыздығына* ыза болған Айжан булығып, атып тұрды (З. Шашкин, Сенім).

АРСЫ-КҮРСІ с ы н. *Алды-артына қарамайтын, алақұйын.* Алдарымызда ақсақалдарымыз аман тұрғанда *арсы-күрсі* мінезбен ерсілі-қарсылы тайрандай жүріп-кіреп қалғанға ұқсаймыз («Қаз. әдеб.»). «Бақыт» романы — *арсы-күрсі* шалағайлықтан іргесін бөлек салған, ықшамдылыққа, тиянақтылыққа ден қойған шығарма (Бұл да). Анда-санда бір есетін қыр самалы да талықсып, таусылып есетін. Сонда бұның көкірегін ашуға булыққан *арсы-күрсі* күй буатын («Лен. жас»).

АРСЫЛ-АБАЛАҢ з а т. *Шабаланып үрген дауыс.* Өзен жақтағы қоқырсық те-

гілетін тұстан түнгі жорыққа аттанған аш иттердің қырқысқан *а р с ы л-а б а л а н ы* құлаққа келеді (Ө. Қанахин, Дәмелі).

АРСЫЛДА е т. 1. *Арс-арс етіп үру, шабалану.* Сол минут үшеуінің сөзін бөліп, *А р с ы л д а п* абалады иттер үріп. Бұлар да күдіктеніп сөзді қойды, «Қалды-ау,— деп, жат адамнан біреу келіп» (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Сен кеше саяда жаттың ғой! *А р с ы л д а п* талайға шаптың ғой. Машинист төрізді кір басқан, Талайды жұлмалап қаптың ғой (С. Сейфуллин, Таңд.). Ашық тұрған қораның қақпасынан бір еркек сұр мысық жүгіріп шығып еді,— артынан *а р с ы л д а п* екі үлкен қара төбет шықты (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). 2. А у ы с. *Қарсы тұру, беттен алу, қарсыласу.* Күшік ит, бөрі ала ма жабылса да? Тәңірі сақтар, табандап, тап ұрса да. Арсыз адам, арсаңдап *а р с ы л д а й д ы,* Әр жерде-ақ керегеге таңылса да (Абай). Сәменнің талайдан кескекті иттей ырылдап, *а р с ы л д а п,* кіжініп жүрген тілегі болды (М. Әуезов, Таңд.). 3. А у ы с. *Ырс-ырс ету, ырсылдау.* Адам көп қанденге ұқсас ел ішінде, *А р с ы л д а п* мәз болатын өз ісіне. Тек қана лақап үшін зорға ұмтылып, Басқаның қарамайтын әл күшіне (XX ғ. қаз. ақын.). Ауылнай бүгін шақырды, Соттаймын деп ақырды. Жаяу қайттым *а р с ы л д а п* Малайға беріп атымды (Д. Еркінбеков, Шығ.). ⊙ Ақ бұйра толқын *а р с ы л д а п* Айнала соққан кемерін. Қара қайық қан сасып, Сүңгіткен суға өз елін (І. Жансүгіров, Шығ.). Бұл ер дауылпаз, *а р с ы л д а ғ а н* ашулы теңіз үстінде, жайдың ішінде жасқанбай қанат қағады (Бұл да).

АРСЫЛДАҚ с ы н. *Арс-арс еткіш, орынсыз сөйлегіш.* Апшымаңыз, әміршім,— дейді Қожа,— босағаңызда бірер күн болса, бұл да өзіңіздей *а р с ы л д а қ* болып шығады («Қаз. әдеб.»).

АРСЫЛДАС *Арсылда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ол үйден де оттың жарығы молырақ шығып, ырылдасып, *а р с ы л д а с ы п* таласқан иттердің дыбысы естіледі (С. Сейфуллин, Әңгім.). Енесінен айырылған бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері *а р с ы л д а с а д ы* (М. Әуезов, Абай). Құтырған билер де, иттер де өзара *а р с ы л д а с ы п,* ала ауыздық содан туады екен (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АРСЫЛДАУ *Арсылда етістігінің қимыл атауы.* Өңшең кексе тартқан иттер Оспанның күнде осындай сан рет, көп шатаққа бастай беретінінен мезі болған ба, тазыны жұлмады. Құр ырылдау мен *а р с ы л д а у д ы* ғана молайтып еді (М. Әуезов, Абай). Осы маңдағы төбеттердің дауыстары сенбестен түнді *а р с ы л д а у м е н* ұзатып салды (К. Оразалин, Ақ жазық).

АРСЫН е т. *Ар тұту, намыстану.* Сенімен сөйлесуге *а р с ы н а м ы н,* Бойыңды, ойыңменен шаршыладым. Өз бойыңа өз ойың жетпеген соң, Жамбасыңа сөз басып қамшыладым (Жамбыл). Аз нәрсені *а р с ы н б а й,* кәдірін біліп жиғаннан, осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетті (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Нартайдың ағасы еді Мансұр ақын, Айтуға арзан сөзді *а р с ы н а т ы н.* Айтысып қыз Дәмедей қызды жеңген, Анықтап айтсақ шынын, аршып атын (Пернедегі термелер).

АРСЫҢ-КҮРСІҢ с ы н. с ө й л. **Арсы-күрсі.** Өзі септес көп жастардың бойынан әр кезде байқала бермейтін оқшау бір пайымдағыш қасиет бұдан елден ерек сезіліп тұрады. Жас адамда *а р с ы ң-к ү р с і ң* мінез, көп ретте әр іске енжар қарау басым келе береді ғой (А. Байтанаев, Асан).

1. АРТ з а т. 1. *Белгілі бір заттың алдыңғы бетіне қарама-қарсы жағы, екінші бегі.* Шаш жарып, кекіл қойып, *а р т ы н* қырсам, Алуға айна-сабын келсе мұршам. Шапанды сым, түжіркеге айырбастап, Шалбар, тон, тымағымды лақтырсам (І. Жансүгіров, Таңд.). Зурен машинадан түскен жерінде қолын а р т ы н а ұстап, қисық аяғына салмағын сала тұрды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). 2. *Арт жақ, соң.* Алдымыз өзен, өзеннен әрі немістің өз елі, *а р т ы м ы з д а* шегінер жер жоқ, жолымызды жау кесіп алыпты. Енді не істеу керек?— деді Саржан (Майдан). Деді де, қақпады кеп Боран дүлей, Сонда да Жәмиладан қашпады үрей. Алды өмір, *а р т ы* ажал арасында Егесіп келе жатты тырс үндемей (Қ. Аманжолов, Таңд.).

◆ **Артта қалды.** а) *Экономикалық, шаруашылық, мәдениет жағынан өспеді, дамымады.* Ескінің қалдығы адамның *а р т т а қ а л ғ а н д ы ғ ы н,* осалдығын, бірбіріне тең еместігін сезгендіктен болады (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Сайрап тұр экспонаттар Тарихын талдап колхоздың, *Қ а л ғ а н ы н а р т т а* қанша жер, Екенін қандай шыққан шың (С. Мұқанов, Замандас тур.). ә) *Кешікті, кідірді.* Қазбалаға қымызды мол қылып, кешіктірмей жеткізіп тұру үшін бір Абайлар емес, *а р т т а*

қалған кәрі-жастың бәрі кепіл болуы шарт (М. Әуезов, Абай). **Арты ашылды.** а) *Бұлт ыдырады, айықты.* Өрлеген сайын жоғары, Қызуы күннің тез артты. Тоз-тоз боп бұлттың жолағы, *Ашылып* қалды тез *арты* (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). ә) *Ұятқа қалды, абыройы төгілді.* Өсек пен өтірік сөзді мін көрмейді. Ақылсыз ақымақ жігіт болса пасық. Өлеңмен байқасалық шамамызды, Мен қайттым, сен күлгендей *«артымды ашып»?* (Айтыс). Өлім барды шашады, Жоқтың *артын ашады.* Қосыла сендер тонама (Үш ғасыр.). **Арты бос.** *Осал, әлсіз; мықты емес.* Мәмбет босанып келген соң, жігіттер қуанып қалысты. Тегі осы үкіметтің [патша үкіметі] *арты бос,* бұрынғыдай емес,— десті (І. Жансүгіров, Шығ.). **Артын ала.** *Соңынан, кейінірек. Артын ала* Төрекелді де келді. Мұғалімнің көзі салған жерден Төрекелдіге түсті. Өңі солғын, қабағы түсіңкі екен оның (М. Иманжанов, Адам тур.). Соның *артын ала* «алтыауыздардың да», жеңіл зеңбіректердің де жақындап, жылжып келіп, ағаш-ағаштарға, жыра, сайларға тасалана тоқтап жатқандары байқалды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). **Артын берді.** *Теріс қарады.* Үй іші ең тып-тыныш. Бір де бірі жақ ашпайды. Бәйбіше, тоқал біріне-бірі *артын беріп* солқ-солқ жылап отыр. Төбет төр алдында, Ашуы қайтқан тәрізді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Артын қысты.** *Шама-шарқын білді, үндемеді.* Ей, Біржан, *қыс артыңды,* жүр жайыңа, Әке десең көнбеймін ыңғайыңа, Жауды аяған жаралы болар деген, Шын тілеп сөйлейінші құдайыма (Айтыс). Жетті енді Ысқақбай!— Айтарыңды айттың, енді *артыңды қыс!* Бұл шытырманның шиесін сен түгіл көзі барлардың қолынан келсе де жетер! (Д. Әбілев, Ақын арманы).

2. АРТ е т. 1. *Жүкті тиею, салу.* Жүк қалмас, сыйыстырып *артсаң* нарға, Қиын-ды, қалса көңіл алған жарға. Біреуді біреуге үлгі етпек бекер, Қарамас жаман адам ұят, арға (Үш ғасыр). Әрқайсысы қырық елу түйеге жүк *артып* жүктерінің үстіне ылғи қызыл ала текемет, кілем жапқан бай ауылдың көші екені айдан анық көрініп тұр (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Міндеттеу, жүктеу, тапсыру.* Балайды апасына үлкен-кіші Аймаққа үлгі болған әйгілі ісі. *Артса* да ауыр міндет ел тілегі, Абыржып өзгермейді оның түсі (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Ол түкке түсінбейтін бала шағым, Көмескі еді ғажап балашағым. Ер жеттім жүгіңді *арта,* өріңе сал, Биқисап сенің менен алашағың (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Бүгін осы «Спартак» совхозында өткізілетін аудандық семинарға *артпақ* бұл екеуінің зор үміт, тілегі бар-ды (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

◆ **Азабын артты.** *Азабын тартты, михнатын көрді.* Сенбісің жалғыз, жарқының, Өмірдің *артқан азабын.* Қасіреті орыс халқының, Қырдың да, қалмақ, қазағын (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **Аяқ артар.** *Бар қараған, сенген.* Елдің *аяқ артар* көлігі — жылқы мен түйеге де байлар ғана ие еді (Тарту). **Иек артты.** *Сүйеп қойды, тіреді.* Қаламы да қалпында *иек артқан* дәуітке. Соңғы жолдың артында Қалыпты тек көп нүкте (Қ. Қайырбеков, Қосбасар). Осынау көрінген ескі селоға іргелес қала қаңқасымен қабат жоталарға қарай *иек артып* ұзыннан ұзақ шұбалып қора-жайлар жатыр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Аумағы үй орнындай қат-қабат буылған сал суға түсірілгенде күн *иек арта* еңкейіп қалған-ды (Р. Әутеліпов, Алтын жеміс.). **Қол артты.** а) *Қолын мойнына салды, еркеледі.* Бағып ем балаларымнан сені артық, Иініме еркелеуші ең *қолыңды артып,* Баламды алты бірдей өлтірсең де Қарағаң жоқ ем саған көз алартып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Деді қыз Тahина атым, атам — патша, Ел менің тілегімде тұрса-жатса. Алдыңа ғашық болып келіп тұрмын, Мойныма болар ед, деп *қолын артса* (Бұл да). ә) *Біреуге сенді, арқаланды.* Ел де жетер бақытқа!— *Қол артып* ұлы орысқа! Серіктес өзге құралмен, Жаңа күй, жаңа жыр әнмен Ол да түсер жарысқа! (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Шәкен мен Малқарға *қол артқан* соң, кімнен жасқансын Жақып! Бір қорқатыны сол ауылдың қол күші болатын, оған да қарсы күш дайын (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Мойнына артты.** *Тапсырды, жүктеді.* Көк байталдың қырсығы тиіп бүгін, *Мойнына артты* Қараштың налог жүгін. Папешител, исполком, бесір, болыс Еппен әкеп шығарды бұдан түйін (І. Жансүгіров, Шығ.). **Үміт артты.** *Сенім білдірді.* Көпті көрген әке баласының *үміт артқан* армандарын, батыл қиялын ұйып тыңдады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Мейлінше қатал, озбыр Құнанбай Абайдың ерекше зеректігін танып, оған үлкен *үміт артты* (Т. Әлімқұлов, Абай).

3. АРТ е т. *Молаю, көбею, асу. Арты,*— деп абыройым,— артық таспа, Орасан ұят іске аяқ баспа. Шынында, шүкір қылып бұл дәулетке, Қыңырлық қылып жұмыс қиғаш қашпа (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ұлы Октябрь тойына Тартады өркім тапқанын: Малшылар айтар баққанын, Төлден өнім *артқанын* (К. Әзірбаев, Шығ.). Бір арнаға үш өзен құйылғандай, Білек қосты үш колхоз, көрсең қандай! Дәулетіміз дариядай кетті шалқып, Күндегіден барамыз күнде *артып* (М. Әлімбаев, Құрбыма).

АРТЕЗИАН: Артезиан құдығы. *Бұрғымен қазылып, қысыммен шығатын терең құдық.* Қазір Жуантөбе тұсында қазылған бір *артезиан құдығының* беріп отырған игілігі толып жатыр. Кешегі шөлде бүгін дарбыз шығарып жатыр (М. Әуезов, Өскен өркен). *Артезиан құдықтарының* суымен «Ақтам» каналын бірнеше шақырымға созу жоспарланып, шабындықтарды суландыру жұмыстары жүргізілуде («Лен. жас»).

АРТЕЛЬ з а т. *Жұмысты бірігіп істеуге өз еркімен біріккен, тапқан табыстарынан өз үлесін алуға праволы адамдар тобы.* Қазақ арасында кедей біткеннің басын қосқан кәсіп орны жоқ, *артель* ашып, байға күні түспейтін болып ұйымдасуға әлі қараңғы (С. Дөнентаев, Шығ.). Өсектер оттай лаулады, Қоймадым құлақ ешкімге. Кірдім де кеттім *артельге,* Дұрыс деп солай шештім де (Ә. Тәжібаев, Таңд.). Бұл, біз сияқты жұмысшылар *артелінің* әні. Ес білгеннен бері құлақтан кеткен емес, бұл бір ән (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРТЕЛЬДЕН е т. *Өндіргіш күштерді өз еркімен біріктіріп ұйымдастыру.*

АРТЕЛЬДЕНДІР *Артельден етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АРТЕЛЬДЕНДІРУ *Артельдендір етістігінің қимыл атауы.* Кеменгер көсеміміз шаруаларды жергілікті жағдайға сәйкес бірте-бірте *артельдендіру* керек деген (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

АРТЕЛЬДЕС е т. 1. *Артель болып бірігу, бірлесу.* Қалада бір ат-арба тауып алып, әркімдермен *артельдесіп,* извозщиктік кәсіп қылады (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. З а т. *Бір артельдегі адамдар.* Жаңа қонысқа екі бөлмелі қарағай үй салып алдым. *Артельдестер* мені мал бригадасын басқаруға тағайындады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРТЕЛЬДЕСТІР *Артельдес етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АРТЕЛЬДЕСТІРУ *Артельдестір етістігінің қимыл атауы.* Қаймен оқиғасы қатқабат өрбиді. Бұл оқиға алғашқы *артельдестіру* кезеңімен, қиян-кескі тап тартысының көрінісімен байланысты («Лен. жас»).

АРТЕРИОСКЛЕРОЗ з а т. м е д. *Артерия қабығының қалыңдап ауыруы.* Лимон жемісі құрқұлақ, баспа, *артериосклероз* ауруларына қарсы қолданатын дәрі (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Жаңғақ майын денсаулығы түзу адамдарға тағам ретінде, сол сияқты, өт, бауыр *артериосклерозымен* ауырғандарды емдеуге қолданады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АРТЕРИЯ з а т. м е д. *Жүректен шыққан қанды барлық органдарға тарататын қан тамырлары.* Шоқ гүлді астрегал қан тамырларын кеңейтеді, *артерияда* қан қысымын бәсеңдетеді және жүрек бұлшық етін қызметінің бірқалыпты болуын қамтамасыз етеді (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Науқастың екі қабырғасы сөгілді, Хирург Алексей Бурдин сол жақ иықтағы *артерияға* қан құюға кірісті («Лен. жас»). *Артерия* дегендер қалың қабырғалы қан тамырлары болады. Жүректен шыққан қан *артерияларды* бойлап, дененің барлық органдарына бөлініп таралады (Адам анатом.).

АРТЕРИЯЛЫ с ы н. *Артериядан жүретін, артериядағы. Артериялы* қанда тіршілікке қажетті оттегі көп. Бұлар *артериялы* тамырлар арқылы бүкіл денені аралап, қоректік заттарды тканьдарға, клеткаларға таратады (А. Рақышев, Бұл тур. біл.).

АРТЕРИЯЛЫҚ с ы н. *Артерияға тән, ұқсас.* Педролон Чехословакияның дәрісі. *Артериялық* қысымын өсіретін және қан айналуын реттейтін дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Аперсолиннің негізгі қасиеті *артериялық* қысымды азайтып, бүйректегі қан алмасуды белгілі мөлшерде реттеп тұрады (Бұл да).

АРТИКУЛЯЦИЯ з а т. *Дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.* Дыбыстардың жасалу *артикуляциясын,* басқаша айтқанда, тіл дыбыстарының анатомиялық, механикалық жақтарын білудің теориялық мәні зор (Қазіргі қаз. тілі). Құрысу — *артикуляция* органдарында: тілде, ерінде пайда болғанда, ауызды бірден ашу мүмкін емес (Бұл да).

◆ **Дыбыс артикуляциясы.** *Дыбыстау мүшелерінің қызметі, яғни дыбыстардың жасалу шарттары.* Сөйлеу нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, *дыбыс артикуляциясына* қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды (Қ. Жарықбаев, Психология).

АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ сын. *Артикуляцияға тән, ұқсас.* І фонемасы тілдің алға қарай жүйткуі арқылы жасалады. Мұның өзге *артикуляциялық* қасиетінің Ы-дан айырмасы жоқ (Қазіргі қаз. тілі). Сөздерді, жеке буындарды айтқанда әншінің *артикуляциялық* аппараты: ауыз, ерін, тіл, тісі, жұмсақ және қатты таңдайының үлкен мәні бар (Хормен жұмыс.).

АРТИЛЛЕРИСТ зат. *Артиллерияда қызмет істеуші адам.* Совет *артиллеристері* ең қиын соғыс жағдайларында жаппай ерлік, батырлық үлгілерін көрсетті («Лен. жас»).— Қаранда ршы, жолдастар, қаранда ршы,— деп айқайлайды Клочков,— жау біздің *артиллеристерге* барын төгіп, шүйліге төнді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Ірі зеңбіректердің оғы бірнеше метр жерге ауып түседі, сондықтан *артиллеристер* Жердің айналуын күн бұрын есептеп, ескеріп отырады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АРТИЛЛЕРИЯ зат. *Снарядпен атылатын ірі соғыс құралдарының (зеңбірек миномет т. б.) жалпы аты.* Жау бізді алдымен *артиллерия* соққысының астына алды («Қаз. әдеб.»). Кейде ауа райының қолайсыз жағдайларында самолеттер көмек көрсете алмай қалған кезде барлық ауыртпашылық *артиллерияға* жүктеледі («Лен. жас»). Ажал араны тазаланып біткенін Мәулен қызыл ракета тастап білдіреді, сол кезде *артиллерия* атыс бастап, біздің жаяу әскерге жол ашады (Ол күндер.). Күндізгі сағат 12-де жау *артиллериясы* дауыл қаққандай, бізді атқылай бастады (Майдан).

АРТИЛЛЕРИЯЛЫҚ сын. *Артиллерияға тән, жататын.* Совет артиллеристері ең қиын соғыс жағдайларында жаппай ерлік, батырлық үлгілерін көрсетті. 800-ден астам *артиллериялық* бөлімшелер гвардиялық деген атаққа ие болды («Лен. жас»).

АРТИЛЛЕРИЯШЫ зат. сөйл. Артиллерист. Біз қырманмен қатарлас тұрған он төртінші трактор бригадасының қасына келдік. Біздің *артиллерияшы* фуражкасын киген шағын денелі адам қарсы алды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

АРТИСТ зат. иск. *Театрда, кинода көркемөнер шығармасын орындауды мамандық еткен адам. Артист* неғұрлым талантты болса, соғұрлым көп еңбектенуі керек дейтін қасиетті қағида Хадишаның тапжылмас девизі («Лен. жас»). Ескі ауылда қазақтан шыққан біреи-саран молда болмаса, агроном, дәрігер, мұғалім, жазушы, *артист* сияқты адамдарды ұшыратпаймыз,— деді бақташы (С. Мұқанов, Таңд.). Опера студиясы болашақ жас *артистерді* тәрбиелеуде шешуші роль атқарады деп ойлаймын («Қаз. әдеб.»).

АРТИСТЕЙ сын. *Артист сияқты, артистке ұқсас.* Бұқараның таңы ыстық талтүстей, Январьда тұрады оған қар түспей. Қолда кесе саусақтары сыртылдап, Шайханада билейді өзбек *артистей* (С. Мәуленов, Жаңа арна).

АРТИСТКА зат. *Артист әйел.* Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген *артисткасы* Фатима Балғаеваның сызылта ойнаған қобызын кім тыңдамайды («Лен. жас»). Қазақ ССР-нің халық *артисткасы* Роза Бағлановаңың басқаруындағы эстрада ансамбілінің гастрольдері табысты өтуде (Бұл да). Аспанына Отанның «Гәкку» қақты қанатын. *Артисткасы* Отанның Жастар үлгі алатын (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АРТИСТІК сын. *Артист өнеріне тән, лайық, сай.* Театрлық искусствоға бәрінен де гөрі халық арасынан шыққан күлдіргі-қуақылар жақын болды, бұлар өздерінің өнерінде жанды сөздің де және *артистік* ойынның да құралдары — ымдауды пайдаланады (ҚазССР тарихы). Кәриманның байқауынша, Елеусізде музыканттық, *артистік* икемдер бар екен (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АРТИСШЕ үст. *Артистке сай, лайық.* Артист болуға лайық екен-ау. Өзі *артистше* мұрттарын да қырады. Бүгін жағасына галстук байлапты. Көздері үлкен, бет шырайы ақылдылығын білдіреді,— деді (С. Сейфуллин, Таңд.). Жылпостау жігіттің оң жағындағы жылмаң сары *артистше* құбылады. Бұлар әрдайым бірге жүретін, Василийдің айтқанынан шықпайтын, өздерін оның пікірлес досы санайтын атой жігіттер (А. Сатаев, Аққуды атпа.). Жұртқа жағатын мінезім — күнде, кешкү-

рым тыңдаушы елдің құлақ құрышын қандырып, *а р т и с ш е* мың құбылтып қисса оқитынымды қосыңыз (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

АРТҚАРАҚ үст. *Кейінірек, соңын ала.* Мұрат басқалардан *а р т қ а р а қ* оқшау отыр. Мүйізделген сиырдай жырылып шығып, қораштанып, бүгіле түскен (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АРТҚЫ сын. *Соңғы, кейінгі. А р т қ ы ғ а* алдыңғыны жамандайтын. Жолдасты жаңаланған жаны сүйіп, Жалпақтап, жалпылдайтын, амалдайтын (І. Жансүгіров, Шығ.). Аттары сабылған, арбасының *а р т қ ы* дөңгелегінің бірі табақ болған. Сонда да қатты жүріп, пәуескесін қисандата барып кірді қораға (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *А р т қ ы* екі аяғым Ұзын десең ұзын-ау. Алдыңғы екі аяғым Әттең, қысқа... қызық-ау! (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Ораз көк «Волганың» *а р т қ ы* есігін ашып, чемодандарды жүк артатын қоймасына салды (З. Шашкин, Теміртау).

АРТҚЫЗ *Арт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Үш сексен күн дегенде Жігіт, қызды жатқызып, Бұйрық дәмін татқызып, Алтын, күміс *а р т қ ы з ы п,* Ұзатушы еді атамыз (Қамбар батыр).

АРТПА: **Иек артпа.** а) *Тиіп тұрған, жақын жер.* Жаздың күндері ауылдың ілгері тұсында *и е к а р т п а* жерде жататын кішкене қоңыр жал қыс болды-ақ өзінен арғыны көлегейлеп көрсетпейді («Лен. жас»). 2. *Кемерлі аласа дөңес.* Сәкен *и е к а р т п а ғ а* тез жетті, жетті де, шоқпар тасты бетіне ұстай отыра қалды (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Сырт жақтағы кішірек тастақ төбенің *и е к а р т п а с ы н а* өркештері шаншылған түйелер бас бағып қарап тұр (К. Оразалин, Көктем.).

АРТРИТ з а т. м е д. *Буын қабының асқынып, қабынып ауруы, яғни буынның қозғалмай шорбуынануы.* Билиарин *а р т р и т т і ң* созылмалы және өте ауыр түрлерін, қайталанған радикулитті, салынған сынықты емдеуге қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Мәселен консервіленген өтпен созылмалы *а р т р и т т і,* құяңды, сары буынды, барлық омыртқа жүйесі сырқырап ауруын емдейді (Бұл да).

АРТРОЗ з а т. м е д. *Буын ауруы. А р т р о з* адамның егде тартқан кезінде адам организмінде қоректік заттар алмасу процесінің бұзылуынан, кейде жұқпалы аурулардан пайда болады (М. Исамбаев..., Мед. анықтама).

АРТТАҒЫ үст. 1. *Арт жақтағы, соңғы, кейінгі.* Қарашада өмір тұр, Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме? *А р т т а ғ ы* майда кеңіл тұр, Жалынсаң қайтып келер ме? (Абай). 2. А у ы с. *Кейінгі ұрпақ, соңғы буын.* Әуелесін, қалқысын, От жалын боп шалқысын. Жылай-жырлай өлгенде, *А р т т а ғ ы ғ а* сөз қалсын (Абай). Бұл өмірдің қызығы махаббатпен, Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен. *А р т т а ғ ы ғ а* сөзің мен ісің қалса, Өлсең де, өлмегенмен боласың тең (Бұл да).

АРТТЫР *Арт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Маманды рулы елге қылған баға, Маман бай мал біткенге қылған тоба. Сәнімен бұл жиынға барамын деп, *А р т т ы р д ы* өңкей нарға тоғыз саба (Айман — Шолпан). Тиегі құралайдың асығындай, Бойында бір қызық бар жас ұғымдай. Ыстығын өр көңілдің *а р т т ы р а д ы,* Сағынып енді көрген ғашығындай (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

АРТТЫРУ *Арттыр етістігінің қимыл атауы.* Январь пленумы дәнді дақылдар егісінің шығымдылығын *а р т т ы р у,* тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне ерекше назар аударды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Атап айтқанда, төмендегілер жоспардың негізіне алынды. Табиғи шабындық жердің жайы және бұл жердің шөптілігін онан әрі *а р т т ы р у* шаралары («Лен. жас»).

АРТТЫРУШЫ з а т. *Бір нәрсенің көлемін яки сапасын бұрынғысынан молайтушы, өсіруші адам.* Көнді көбірек төгу жағына күш салыңыздар. Оған шірік көң деп қарамай, жерді тыңайтушы, өнімді *а р т т ы р у ш ы* деп қарау керек,— деді Сағира (С. Алдабергенов, Алға).

АРТТЫРЫЛ *Арттыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үстіміздегі жылы ауданымыз бойынша мал басының өркендетілуі былтырғыдан 10 процент *а р т т ы р ы л м а қ* («Қаз. әдеб.»). Аз комплекстілі ергежейлі бастауыш мектептердің қысқартылуымен байланысты сегіз жылдық мектеп саны недәуір *а р т т ы р ы л а д ы* («Халық мұғ.»). Беденің ескі аңызын жыртқаннан кейін төртінші жылы фосфат енгізу нормасы *а р т т ы р ы л а д ы* (М. Майлыбаев, Мақта егісі.).

АРТТЫРЫЛУ *Арттырыл етістігінің қимыл атауы.* Қайыршылық салықтың *а р т т ы р ы л у ы* себепті туумен бірге, заттай салықтың ақшалай салыққа ауыстырылуы себепті де туды (К. Маркс, Капитал, 1, 154).

АРТУ *Арт етістігінің қимыл атауы.* Ерте заманнан жүк *а р т у,* кіре тарту, көшіп-қону үшін және басқа жұмысқа түйені пайдалану көп халықтың өмірінен үлкен орын алғаны мәлім (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Белгілі ерімейді іштің мұзы, Өтпейді қатынына айтқан сөзі. Үйді жығып *а р т у д ы* білмей тұрса, Ойына түсті Ай, Таңсық екі қызы (Қозы Көрпеш). Сәуле, өзің арқалайтын жүкті өзгеге *а р т у* бәрібір ұрлық. Ұрлықтың рахатын көрген адам бар ма, Бөпежан (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРТУ-АРТУ с ы н. ж е р г. Асу-асу. *А р т у-а р т у* бел келсе, Атан тартар бүгіліп. Алыстан қара көрінсе, Арғымақ шабар тігіліп (Үш ғасыр.). Бұғауды қиып, босанып, Түнді тіле жамылып. Төтелей жорттым түнменен, *А р т у-а р т у* құмменен Аңсаған елді сағынып (Ө. Тұрманжанов, Сұңқар.).

АРТУЛЫ с ы н. *Тиеулі, артылып қойылған.* Тәуекелге бел байлап, *а р т у л ы* шөпті Мұқан атпен ала жөнелсе де, жарты шақырымға жетпей ат сұлап жатып алды (М. Тәнекеев, Қажымұқан).

АРТУСЫЗ с ы н. *Жүксіз, тиеусіз.* Қаптаған қалың жылқы көш алдында *А р т у с ы з* түйе, айдалған қос келеді (Н. Ахметбеков, Жасауыл.).

АРТЫҒЫРАҚ с ы н. *Молырақ, көбірек.* Әсия жылаған әйел Нұрбүбіні, жас қыз Айсұлуды және өзі айтып отырған мұғалима Мәдинаны, Саиданы және комсомолка қыздарды бар еркектерден *а р т ы ғ ы р а қ,* сенімдірек көреді (М. Әуезов, Өскен өркен). Өзен арнасы бұраландай отырып, Қара теңізбен аралықтағы екі жүз километрден *а р т ы ғ ы р а қ* алқапты басып өтеді («Лен. жас»). *А р т ы ғ ы р а қ* айтып жіберді ме?... Нұрлан ойын аяқтап үлгірмеді, аудандық атқару комитетінің председателі Бегимов сөз алды (З. Шашкин, Сенім).

АРЫЗҚОЙ с ы н. *Арыз жазғыш, арыз құмар.* Мүмкін еңбекшілер деп отырғаныңыз бірді-екілі *а р ы з қ о й л а р* шығар,— деді біреу көлденеңнен (С. Жүнісов, Жаманда.).

АРТЫҚ с ы н. 1. *Мөлшерден тыс, көп, мол.* Шықпай-ақ көп биікке онша *а р т ы қ* Ауыр дән жібермеді төмен тартып. Құмырысқа дәніменен екі жаққа Сол жерден ұшып түсті күштен артып (XX ғ. қаз. әдеб.»). Есептен *а р т ы қ* бидай-ды, Есептен тыс ол бидай Қамбаға тулап сыймайды. Серігі оның секретарь, Жеуден аузын тыймайды (Ү. Көрібаев, Таңд.). *А р т ы қ* затты біздерге керегі жоқ, Күнделік тиын болса қалтамызда, Көп дәулет мақтан үшін жиналғанмен, Байлықпен елден озып артамыз ба? (Е. Бердин, Екі ойшыл.). 2. *Онша, асқан.* Айтолқын мен Жент бір-біріне ала көзімен қарап, *а р т ы қ* тереңге бара алмады (Б. Майлин, Шы.). 3. *Сапалы, құнды, бағалы,* Қай күнде қара күштен білім *а р т ы қ* Суға кетпес шын білім шығар қалқып. Ойшылар қанша қастық ойлағанмен, Қойған өрті күйдірер өзін шалқып (Е. Бердин, Екі ойшыл). Сабазың таймайтұғын бір қалыпта Қадірің *а р т ы қ* еді бұл халыққа. Өлсең де арманың жоқ, ардагерім, Сен үшін кетті талай құрбандыққа (Н. Ахметбеков, Аманкелді). 4. *Тиімді, пайдалы, дұрыс.* «Жыланның тілін суырып алу әлдеқайда *а р т ы қ...*» деген сөз учительдің аузына қайта оралды. Бірақ оны қалай суыру керек,— деді ол өзіне өзі (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жігітке сайран етіп жүрген *а р т ы қ* Жігіттік бір кеткен соң, келмес қайтып. Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше, Жан-тәнің бірдей жанып күйген *а р т ы қ* (Үш ғасыр.). Үйленген соң мінезің өзгеріпті. Байсалдылық бойыңа тез келіпті. Бойдақтарға айтасың сен де шалқып; Жалғыздықтан жар сүю жүз есе *а р т ы қ* (М. Әлімбаев, Лирика). 5. *Басқа, бөтен, өзге.* Енді менің саған бұдан *а р т ы қ* достық істеуге, әрі жолдас болуға уақытым жоқ, осы жолы ажалдың аузынан қайттым (И. Байзақов, Таңд.). Берекеде бізге керек осы еді, Бұдан *а р т ы қ* әңгіменің не шегі? Қол қойыңдар, шақыр бері құптасын, Қой фермаңың Жәмиласы, кешегі (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Серәлі Гауһарды құшақтай алды. Гауһар «Серәлі» дегеннен *а р т ы қ* сөз айта алмай, бетін оның иығына басты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жарлығыңызды орындау жағын ойлаудан *а р т ы қ* айтарым жоқ, генерал жолдас,— дедім (Б. Момышұлы, Офицер күнд.). 6. Ү с т. *Өзгеше, ерекше, басқаша. А р т ы қ* туған ер болсаң, Қол тізгінін беремін. Іздеп шыққан жауым бар, Қызығыңды сонда көремін,— дейді Қобыланды Сайын батырға (С. Сей-

фуллин, Шыр.). Ішінде осыншаның формың *а р т ы қ*, Жаратқан құдай *а р т ы қ* жалғыз сәулем (Үш ғасыр.). Көкшетаудың басында, Қалқам тұрса қасымда. *А р т ы қ* туған бала едің Ғашық болған жасымда (Ақан сері, Шыр.). 7. *Орынсыз, ретсіз.* Мағынасын біліп түсінген, Сөйлейді демес неге *а р т ы қ*. Таразы махшар күнінде Алла білер кім артық (Үш ғасыр.). Айжанның Раушан сөзін көңіліне дық алғаның, оның *а р т ы қ* кеткенін жалғыз Нұрлан ғана емес, Раушанның өзі де сезіп, өкініп, ілгері жүріп бара жатқан қыз бен жігітті қуып жетті (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Артық көрді.** *Ұнамсыз, ретсіз, санады.* Сөзіңнің *а р т ы қ к ө р д і м* затын, сірә, Қолында бар ма жазған хатың, сірә. Ұшып келген Сарыүдан тоты құстай, Бар ма еді Күнікейде ақың сірә (Батырлар жыры). Алмагүл бұдан кейінгі сөзді *а р т ы қ к ө р і п*, төмен қарап тұнжырап отырып қалды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Басы артық. *Артық-ауыс, қажетсіз, керексіз.* Дейді де Мәжит, Динаға Қояды іштей қош айтып. Қарындас мені қинама, Емеспін кісі *б а с ы а р т ы қ* (Ғ. Қайырбеков, Таулар.). Қасына ерген топ жігіт Қосылды күрек, қайла. Қалжыңдай келді соқтығып, *Б а с ы а р т ы қ* жұмыс бар ма? (Н. Шакенов, Айгүл). Жарайды, кеңінен кейін кеңесе жатармыз. Төсек салынсын, бүгінше *б а с ы а р т ы қ* сөзді қоя тұрайық, ұйықтаңыз, тыныңыз (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

АРТЫҚ-АУЫС с ы н. *Басы артық, өзге, басқа.* Сөзімді оқыған ел ылғасын да, Мін бар ма *а р т ы қ-а у ы с* тұлғасында. Қан құмар қара ниет залымдарға Кіріптар еш пендесін қылмасын да (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АРТЫҚ-КЕМ з а т. 1. *Жоқты-барды, ұсақ-түйекті.* Өзіңді бай, біздерді кедей көріп, Болыпсың санаспақшы *а р т ы қ-к е м д і* (Айтыс). 2. *Кемістік, кемшілік.* Бүтін боп көрген жоқ қой екі жеңім, Сонда да білінбейді *а р т ы қ-к е м і м*. Қысқа жіп күрмеуіме келмей жүріп, Болып па бала оқыту менің теңім (Қ. Тоғызақов, Өленд.). Самалы майда қоңыр дес берді де, Асылдай тартты алыстан іштей мені. Оқушы, кешірерсіз байқалмаған Бар болса шығармамның *а р т ы қ-к е м і* (Д. Еркінбеков, Шаншу).

АРТЫҚ-КЕМДІ с ы н. *Азды-көпті, жақсылы-жаманды.* Не айтқаным есімде жоқ, екі жолдың түйіскен жерінде біраз отырып *а р т ы қ-к е м д і* әр түрлі сөздер айтыстық (Майдан).

АРТЫҚ-КЕМДІК з а т. *Құнды-құнсыздық.* Шығыс септеуіндегі жанама толықтауыштар, көбінесе заттың неден, қандай материалдан істелгенін, қимыл процесінің мекендік арнасын, заттың орнын, бір заттан екінші заттың баяндауыштық сапасының *а р т ы қ-к е м д і г і н* білдіреді (Қазіргі қаз. тілі).

АРТЫҚ-КЕМІС з а т. с ө й л. Артық-кем. Күнделікті семинар, колоквиумге бірігіп дайындаламыз. *А р т ы қ-к е м і с і м і з д і*, ойымызды ортаға салып, ашып бетке айтамыз («Лен. жас»).

АРТЫҚСЫ е т. *Басқадан ерекшелену, жоғары санау.* Көтерер надан байлар мұрнын көкке, *А р т ы қ с ы п*, қоразданып тектен-текке. Еркіне жібермесең және болмас, Айтқанмен ақылы тайыз, өтпейді өкпе (XX ғ. қаз. әдеб.). Тәйтік, сайра, тым үлбірей қалған екенсің, немене, мен шырықтарыңды бұздым ба, біздің қазақ оқығандарының бірінен бірінің *а р т ы қ с ы п* жүретін әдеті бар (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АРТЫҚТАУ с ы н 1. *Көбірек, молырақ.* Кішкене қырандардың шама-шарқынан *а р т ы қ т а у* есептерлік асқан қырандықпен киік те алды (С. Бегалин, Төлбасы). 2. *Әдемілеу, жақсылау.* Көп көтеріп шалқытпай, Теңемей-ақ басқаға. Алматыдан *а р т ы қ т а у*, Болғанға дейін астана! (С. Мұқанов, Замандас тур.).

АРТЫҚТЫҚ з а т. 1. *Көптік, молдық.* Әрбір бастауыш ұйымда, мектепте осы бөлімнің [штаттан тыс бөлімнің] қоғамдық өкілдері болса, *а р т ы қ т ы қ* жасамас еді дейміз («Лен. жас»). Қынасынан асырып Салған екен дәрісін. Атқан жерден төрт елі *А р т ы қ т ы қ* қылып алысы, Алысқа асып кетеді (Манас). 2. *Ерекшелік, өзгешелік.* Біреудің көзге қылған *а р т ы қ т ы ғ ы н* Білмегенсіп, ішімнен жанбас едім. Шындығын сезе тұра күншіліктен Мен іздеп, арсыздыққа салмас едім (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Ертең елге барғанда, Әзілдессең де айтарсың. Сауыт таңдап кигізіп. Тұлпар атқа мінгізіп, Бес қару тамам ілгізіп, *А р т ы қ т ы ғ ы м* көрдің деп (Батырлар жыры).

АРТЫҚША ү с т. 1. *Ерекше, өзгеше.* Бір тілегім құдайдан, Қалмақ алса олжаға, Мінгізіп салса арбаға. *А р т ы қ ш а* туған Лазымды, Алсам деп сонда кегімді

(Қамбар батыр). Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай, Артық қайыр, *а р т ы қ ш а* қызметке орай. Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ. Аңдыстырған екеуін құдайым-ай (Абай). 2. *Онша, тым, айтарлықтай.* Әйтеуір, бір «ынтықтық» шектен асқан, Қайнаған жүрегінде бала жастан. *А р т ы қ ш а, я* күйінбей, я сүйінбей, Келеді бір сарынмен арылмаған (Б. Майлин, Таңд.).

АРТЫҚШЫЛЫҚ з а т. *Жеке заттың өзіне ғана тән айырмашылық, өзгешелік.* Капитализм құрылысымен салыстырғанда, социалистік құрылыстың өлшеусіз зор *а р т ы қ ш ы л ы қ т а р ы* бары бізге мәлім (С. Мұқанов, Өсу жол.). Егер, Ольга естісе, қалай шыдар екен? Әркім өз әкесін жақсы көріп, басқадан *а р т ы қ ш ы л ы ғ ы н* айтып, мақтаныш етпей ме? (З. Шашкин, Өмір тынысы). Біздің дәуіріміздің ұлылығы оның *а р т ы қ ш ы л ы ғ ы* ұлы есім алдында қарыздар («Лен. жас»). Жаңа Кавказ қойының мазай қойына қарағанда бірнеше *а р т ы қ ш ы л ы ғ ы* болғанмен, ет өнімділігі төмен болды (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Зәуре жеңешемнің пешпетін киіп едім, сөлбірейіп, тіземе түсіп кетті. Үйде қалған сұрықсыз сұр сулықтан *а р т ы қ ш ы л ы ғ ы* шамалы (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АРТЫЛ *Арт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Біреуден біреу *а р т ы л с а,* Өнер өлшеніп тартылса. Оқыған, білген, білген-ақ, Надан, надан-ақ сан қылса (Абай). Па, шіркін биыл алтын дән, Аузын аш деп қамбаның, Қырманға сыймай *а р т ы л ғ а н* (Т. Жароков, Таңд.). Тас жарылар, темір де тозар уақыттан, Таулар күйрер, теңізде сулар тартылар. Тозбайды жалғыз арналған саған махаббат, Тартылмас ол, жыл асқан сайын *а р т ы л а р* (Ә. Тәжібаев, Таңд.).

АРТЫЛДЫР *Артыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көргенсін ақ жүзіңді болдым қайран, Таусылды сізге деген ақылайлам. Жүзге анық, сөзге таныс болғанменен Қанекей, *а р т ы л д ы р ы п* көрген пайдам (Ақан сері, Шығ.).

АРТЫЛТ *Артылт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Колхозды ауыл кең байтақ туған елім, Даласында жайқалып өскен егін. Еңбек сүйгіш қажырлы еркін жаным, Ақ бидайдан *а р т ы л т ы п* алған өнім (Т. Жабаев, Із). Қабыл болғай ниетім, Жеткізе көр сол күнге. *А р т ы л т а* көр мерейін, Бірге туған елдің де (Ақын жырлары). Енді бірі — дәрігер, Саулығымның салдары. Ажалменен алысып, *А р т ы л т а д ы* олжаны (Айманкүл, Ана сыры).

АРТЫЛУ *Артыл етістігінің қимыл атауы.*— Алдағы бірер бесжылдықта,— дейді Пелеляев, жалғыз Қарсақпай комбинатының төңірегінде елу-алпыс мың жұмысшы болмақ. Сонда, қазақ даласында ашылған өндірістерден жұмысшы *а р т ы л у* түгіл, жетпей де қалады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРТЫН *Арт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ассалаумағалейкум, Қонып жатқан көруендер! Алтын, күміс *а р т ы н ы п,* Ай түбіне бардыңыз! Айға сұрау салдыңыз! (С. Сейфуллин, Шығ.). Қара жел ішін тартып, ағысты бойлап үре бастас-ақ ел *а р т ы н ы п* қырға тасынады (Ғ. Мүсірепов, Тула. толқын.).

АРТЫНА-ТАРТЫНА ү с т. *Артынып-тартынып, тией-мией.* Дан-Дон селосынан *а р т ы н а-т а р т ы н а* қашқан арық полковник Альберттің құлап жатқанын көрді (Бейбітшілік.). Нығмет Ақмешіттен оралған бойы Ғанимен танысуды көздеп, жол жүгін *а р т ы н а-т а р т ы н а* соңымыздан іздеп келіпті («Лен. жас»).

АРТЫНДА ү с т. *Соңында, ақырында.* Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты *а р т ы н д а* болғаны (Абай). Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында, Орыс, неміс болса да, қай халқың да. Пайда деп тән саулыққа ішетұрғын, Миуадан тартқан хамір ас *а р т ы н д а* (Бұл да).

АРТЫНША ү с т. *Істің соңын ала, ілеше, ізінше. А р т ы н ш а* жайнап жанары, Изеді үнсіз қыз басын. Поезд да жылжып барады, Жамылып таңның шұғласын (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).— Кемпір нұры сөне бастаған қиықтау қой көзінен алғашқыда әлсіздеу бір үміт сәулесін жалт еткізді де, *а р т ы н ш а* сәбилік аңқаулығымды мазақ еткендей, басын шайқап күлді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Екі бала нанарын да, нанбасын да білмей, тосырқап тұрып қалды да, *а р т ы н ш а* қара сирағы тағы да тұрпайы мінез көрсетіп: «сен нанып тұрсың ба, әшейін айтады»,— деп бұйра шашқа қарады (М. Иманжанов, Менің махабб.).

АРТЫНЫП-ТАРТЫНЫП ү с т. *Асынып-артынып, артына-тартына.* Мойнында қылышы салақтап, винтовкасын сүйретіп,— Құрымбай мен Кебекбай *а р т ы н ы п-т а р т ы н ы п* үйге кірді (Б. Майлин,

Шығ.). Поезд бір жерге келіп бір шайқалды да тоқтады. Есіктен *а р т ы н ы п-т а р т ы н ы п* біреу келіп, Мұхтардың қасына отырды (С. Ерубаев, Шығ.). Көнетоз камзол киген, күн жылы болса да, басын шашақты қоңыр шәлімен ораған бойшаң арық, қартаң әйел *а р т ы н ы п-т а р т ы н ы п* үйге кіріп келді (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Аязбайға қарсы жолыққан Нұрыштар шүйіркелесіп қалды.— Ау, кезбелер! *А р т ы н ы п-т а р т ы н ы п* қайдан келесіңдер?— деді Аязбай («Лен. жас»).

АРТЫП-АРТЫП үст. *Үстеп-үстеп, үстемелеп-үстемелеп.* Қыз затты сылайтұғын бір мінезім, Самғаймын бәйгі атындай *а р т ы п-а р т ы п.* Көкшетау дуанына даңқың барған, Мен Біржан алтын тудай айқынданған. Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды, Сері едім төңірекке құлаш салған (Айтыс).

АРТЫП-ТАРТЫП үст. *Жүкті теңдеп-теңдеп, тиеп-тиеп.* Бұрын бір жалғыз басты Туыс деген жігіт болыпты. Ойдан орады, қырдан қырады, *а р т ы п-т а р т ы п* үйіне 2—3 айда бір келіп,үйіп тастап тұрады (Қаз. ертегі.). Келді де, Кей-Қысырауға түсін аттан, Алдырып тартуларды *а р т ы п-т а р т қ а н.* Іркілмей ерлерді ертіп ішке кірді, Беруге хат-хабарды келген қарттан (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АРТЫС *Арт етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ел көшкенде кең жайлауға таласып, Жүк *а р т ы с а р* аяқтарын тез басып. Таң белгісі білінгенде сарғайып, Ақырындап дүниеге нұр шашып (С. Сейфуллин, Шығ.).

АРТЫСУ *Артыс етістігінің қимыл атауы.* Балтабимен бірге Айболат та бойнада жұмыс істеп, сойған малдың етін арбаға *а р т ы с у ш ы* еді (Ауызекі тіл).

АРУ с ы н. *Сұлу, сымбатты.* Тоғызыншы класты жаңа бітірген, уылжып тұрған *а р у* қыз еді. (Д. Досжанов, Зауал). Тас берік сыры ма едің сол қыздың не, Ғашық боп талай мыңдар жалғыз гүлге... *А р у* қыз жұмбақ жанын бір жанға ашпай, Ер жігіт тәтті үмітін әлде үзді де (З. Шүкіров, Сағыныш). ⊙ Айдан *а р у* нәрсе жоқ, Түнде бар да, күндіз жоқ. Күннен *а р у* нәрсе жоқ, Күндіз бар да, түнде жоқ (Үш ғасыр.). *А р у* күн кеше кешке кеткен сүңгіп, Болғанда құлан иек таң білініп. Оранып шығыстың нұр шапағына, Шығар ед жиегіне тағы күліп (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

АРУАҚ з а т. д і н и. 1. *Қасиетті, киелі деп танылған рух, күш-қуат.* Адамзаттың асылы, *А р у а ғ ы ң д ы* ардақтап, Көпті көріп көндіккен Ақшыл тартқан басымды, Алдыңа келіп иемін (Ақын жырлары). Қазақта ақын бар ма Сүйінбайдай! Сөздері таудан тасқын құйылғандай. Білмеймін қайда барын күшті *а р у а қ т ы ң,* Пір тұттым Сүйекемді сыйынғандай (Ә. Тәжібаев, Аралдар). Қалжыңын жаудырады олар саған, Өткенді, ескілікті жаңы аңсаған. Тірілтіп ата-баба *а р у а қ т а р ы н* Шығады ескіліктің қорғап бәрін (Т. Молдағалиев, Қамила). 2. А у ы с. *Қаусаған қу сүйек.* Жолатпайды мылтықты, *А р у а қ* қолмен сабалап. Болмасқа кеттің, хан бейбақ, Ертеректе жөніңтап (Батырлар жыры). Құр *а р у а қ* болған дене, Кейде қалғып қараңғы үйде. Құлағын олар тосар кейде Алыста бір шыққан үнге (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Жоғарыда айтылғандардың көбі өзіміз тәрізді азып-тозған, арыған тірі өліктей, көздері үңірейген *а р у а қ т а р* (С. Сейфуллин, Тар жол.). ⊙ Күз өтіп, тебіренді қыс *а р у а ғ ы,* Оянды Боран батыр ұйқыдағы. Желкілдеп ақ сақалы, қабақ түйіп Көзімен шолып өтті айналаны (Қ. Аманжолов, Таңд.).

◆ **Аруақ атсын!** *Құдай ұрсын, оңбасын!* Осындай бір Ханшара Сөз ұшығын шығарды. *А р у а қ а т с ы н,*— деп салды Серттен тайған мұндарды (Манас). Жантас болысқа берсең жаныңды, Мықтыбай аруағымен ант ет! Орындамасам, атам Мықтыбайдың *а р у а ғ ы а т с ы н* (М. Әуезов, Шығ.). **Аруағына сыйынды.** *Өткендегі адам рухына табынды, жалынып-жалбарынды.* Кемпір-шал намаз артынан бата қылғанда, «Сырлыекеме тие берсін»,— дейді; үлкен-кіші сапарға шыққанда, Сырлыекеменің *а р у а ғ ы н а с ы й ы н а д ы* (Б. Майлин, Таңд.). Байлады қолыңды әбден үйі, малы, Ал өзі *а р у а ғ ы н а с ы й ы н а д ы.* Намазын қаза қылмай, қайран әжем, Дәретке су жылыт! — деп бұйырады (Т. Молдағалиев, Қамила). Нұрпейіс поэмаларында соғыс кезіндегі басқа бірталай ақындардың поэмаларында болған ата-баба, *а р у а қ қ а с ы й ы н у* мотиві жоқ (Е. Ысмайылов, Ақындар). **Аруақ қонды.** *Бағы жанды, несібесі артты. А р у а қ қ о н ы п* басына, Алласы да сүйгені. Айдаһардай айбатты, Арыстандай қайратты (Манас). **Аруақ шақырды.** *Қасиетті ата-бабаларын киелі санап, аруағына сыйынды. А р у а қ ш а қ ы р ы п* үйіме кеп түскенде, саған

бір малдың басын бере алмаған соң, мені өлген деп есептей бер! — деді Қаратілеу Төлебайға (С. Мұқанов, Таңд.). *Өлі аруақ. Қаза тапқан адам рухы.* Тірі өзім түгіл, *өлі аруағымды* да қара жүзді қылмай ма? — деді Мәншүк (С. Мұқанов, Аспаз). Құс бол да ұш, айналаны шолып, *өлі аруақ*, тірі жанның не істеп жатқанын біліп кел (Д. Еркінбеков, Шығ.). — *Өлі аруақты* қоя тұр, әуелі тірі аруақты сыйла. Өлген шешеңнен біз арзан болдық па? (К. Кемеңгеров, Алтын сақина).

АРУАҚСЫЗ с ы н. *Ұнамсыз, лайықсыз.* Бір кезде ақ жалы төгіліп желге толқындана желбіреген ақ селеу шашағы қырқылып, тоқал ешкінің басындай *аруақсыз* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АРУАҚТА е т. *Ата-бабаларының аруағына сыйыну, табыну.* Бір ел дүрліге шапты. Дүбірден жер солқылдайды. Ақбесті қара қасқадан сытылып шықты. 30—40 атты *аруақтап*, ұрандап кеп, қаумалап жөнелді (М. Әуезов, Таңд.). *Аруақтап* кеп шылбырына жанаса бердім. Үстіндегі бала да қу еді, аттың басын аздап іркіп келеді екен (С. Бегалин, Бала Шоқан). Көк те айғай, жер де айғай *аруақтаған*, Кәрі аруаққа сүйеніп ұрандасып (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

АРУАҚТАЙ с ы н. *Аруақ тәріздес, сияқты.* Жау адымын аттатпай Жете алмасаң, саған серт. Жауды жансыз *аруақтай*, Ете алмасам, маған серт (Қ. Аманжолов, Таңд.). Менің сөз тыңдар халім жоқ еді. Үнсіз ғана *аруақтай* шұбатылып есіктен шығып жүре бердім (Ж. Саин, Жол үсті.). Күлгін-буалдыр ай сәулесінен теңселген құмның арасында екеуі *аруақтай* қаңғалақтап келе жатыр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРУАҚТАЛ е т. *Аруақты, киелі болу.* Дегенде хан жазылды жан мақтанған, Баласы мұсылманның *аруақталған*. Көңілін ханзаданың сұраймыз деп, Ғаламнан он сегіз мың жан аттанған (Айтыс).

АРУАҚТАН е т. *Рухтану, қуаттану, қайраттану.* Астында жүрдек ақ ауыз атан, алдында бір қара түйе, өшейінде кісі алдында құты қашып, ыбылжып қалатын бұйығы жігіт айдалаға шыққа *аруақтанып* кетеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осы тұста стражник Сидоров келген соң іштен шығып, қайтадан *аруақтанған* Песков айқай салды (Ғ. Сыланов, Асау арна). Саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргендей көркем табиғат емес пе? Ілгері басқан сайын қарт Алтай бұдан да *аруақтана* береді (С. Камалов, Әңгім.).

АРУАҚТАНУ *Аруақтан етістігінің қимыл атауы.*

АРУАҚТЫ с ы н. *Қасиетті, киелі, ардақты.* Ел үшін еңбек еткен ардақты Абай, Әуелден әлемге айқын *аруақты* Абай. Ел үшін көздің жасын көл ғып өткен Қоя ма оны халқым ардақтамай (Пернедегі термелер). Құдеке-ау, мен-менсініп келдің қатаң, Болмай-ақ болсын аят, құран, батаң. Өлеңмен айтар көңіл көп болды ма, Бір адым шықпас еді *аруақты* атаң (И. Байзақов, Таңд.). Шүкір, сен адам болдың біле-білсең, Көрінген басынады жуас жүрсең. Айтқаным мал тап, бақ тап *аруақты*, Жастардан өзің теңді үмітім сен (С. Дөнентаев, Шығ.).

АРУАНА з а т. *Бітеу өркешті, таза тұқымды нар; түйенің ұрғашысы, мая.* Ай мүйізді сиыр-ды, Желінінен сүт аққан. Тау өркешті *аруана* Ағылған шар тараптан (Жамбыл). Лениннен Әли өзі алды рұқсат, Жеті жүз ақал-теке жиналды ат. Алты жүз арба жеккен *аруаналар*, Соңынан жүз қаралы ерді солдат (О. Шипин, Екі дастан). Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой *аруананың*. Зары қандай ашы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АРУАНАДАЙ с ы н. *Аруана тәрізді, аруанаға ұқсас.* Маған да пәлекордың кесірі көп, Тілдейді, мені жаудың жесірі деп. Айрылған ботасынан *аруанадай*, Боздаймын суретіне тесіліп тек (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Қыр арқаларын бұлт шалған, құлама жоталары ғана жайын құйрығындай көлбеп жатқан атақты биіктер ботасын жоқтаған *аруанадай* боздаған сияқтанды (Ғ. Сыланов, Асау арна). Шебер қолдағы шешен домбыра *аруанадай* боздап еді келіп, әркімдер-ақ орындарынан жиі-жиі қозғалып, терең күрсініп алды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРУДАЙ с ы н. *Сымбатты, көрікті; сұлуға тән. Арудай* жүзі ақжарқын, Байқал жатыр — бір мырза, Қиялымның қанатын Тасқа соқтым, боп ыза (Қ. Аманжолов, Таңд.). Жаудың оғы кезінде жаралаған, Астарынды қан кеулей аралаған. Онда да сен менімен болдың бірге, Ару жанды *арудай* аядаған (С. Мәуленов, Таңд.). Кең дала жатыр керіліп,

Ұйқыдан тұрған *а р у д а й*. Сағыммен таңғы тербеліп, Толқиды қалқып ауыл жәй (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ).

АРУЗ з а т. ә д е б. *Орта ғасырдағы түрік классикалық поэзиясында (араб, парсыда) созылыңқы және қысқа буындардың белгілі заңдылықпен кезектесуіне негізделген өлең өлшемі.* Бұл Шығыс, Орта Азия елдерінің қадімнен келе жатқан өлең өлшеуі — *а р у з д ы* зерттейтін ғылыми еңбек (Р. Бердібаев, Гүлстан.).

АРУЛА е т. *Өлікті тазартып жуу, ақ матамен орау; қастерлеу.* Елінен, көп ауырмай, біреу өлген, Ақ жуып, таза *а р у л а п* оны көмген. Өлімнің тездігіне қарағанда, Қылды деп, біреу қастық ойға келген (С. Торайғыров, Таңд.). Қодар мен Қамқа өлігін Құтжан бейітінің басына апарып, зар қағып жылап, жоқтап жүріп, таза *а р у л а п* қойып еді (М. Әуезов, Абай). Ұлдар анам, амал не, өлген жылы, Ағайындар *а р у л а п* көмген жылы. Жеті жаста жалтақтап көз түртті боп, Қала берді апалап жалғыз ұлы (К. Әзірбаев, Шығ.).

АРУЛАУ *Арула етістігінің қимыл атауы.* Әдет-ғұрыпқа байланысты бата оқыр, *а р у л а у,* жаназа, сыңсу, танысу сияқты сөздер архаизмге айналды (Қазіргі қаз. тілі). Малсыз, пұлсыз өлікті сауап үшін, Ақ жуып *а р у л а у д ы* қалаған жоқ (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес).

АРУЛЫҚ з а т. *Түрге келбеттілік, көріктілік.* Таң болған күллі дүние әлеміне Еркесі жұлдыздың да, әуенің де. Төңірі *а р у л ы қ т ы ң* Ай сұлуым. Тағы да көрік бердің өлеңіме (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АР-ҰЖДАН з а т. *Намыс, ар-ұят.* Абай халыққа қызмет етуді, *а р-ұ ж д а н,* әділет және ақыл-ойдың үстемдік алуын асқан бақыт санады («Қаз. әдеб.»). Шамшырағы санамның, Тірегі сен сенімнің. *А р-ұ ж д а н ы* заманның, Жүрегі сен елімнің (Т. Шопашев, Жастық лебі). Л. Соболевтің өз сөзімен айтқанда, қазақ халқының ақындық және азаматтық *а р-ұ ж д а н ы* болған Абай тақырыбында авторлардың тіл тауып табысуы кездейсоқ емес еді («Қаз. әдеб.»).

АР-ҰЯТ з а т. *Ар-ұждан, намыс.* Жалмауыздай жаландап, *А р-ұ я т т а н* күсіппін. Құлық пенен сұмдыққа Құладындай ұйыппын (Абай). Қайда иесі? Қайда сол жан, жалаң бас? Қалған пенде *а р-ұ я т т а н* жалаңаш. Жатыр ма әлде ұқсап мына масаға, Бір түкпірде шаң-топырағы аралас (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Адамға азғырғанды сезбейтұғын, Арам ойдың қиялын кезбейтұғын. Көріне шайтан келіп азғырса да, Адамдық *а р-ұ я т т а н* безбейтұғын (С. Торайғыров, Таңд.).

АРФА з а т. м у з. *Отырып ойнайтын музыка аспабы.* Орта Азияда лира, *а р ф а* сияқты аспаптардың халықтық музыка практикасында болғандығын, оларда ойнаушылардың стулда, не басқа биіктікте емес, малдас құрып отырып ойнаған суреттерін көрсетті «(Қаз. әдеб.»). Гольмгольцтің айтуынша, нерв талшықтарының ұзыны *а р ф а* дейтін музыка аспабының жіңішке тарамысы тәрізді төменгі дыбыстарды қабылдайды (М. Мұқанов, Бақылау.).

АРХАИЗМ з а т. л и н г в. *Ертеде қолданылып, қазірде ескірген, қолданудан шыққан сөздер. А р х а и з м* негізінде қарапайым сөздер болады және ол сөздер ескіріп, бара-бара мүлде ұмытылып кетеді (Қазіргі қаз. тілі).

АРХАР з а т. с ө й л. Арқар. Шыңда шырлап ойнаған Қызыл киік құралай. Айшық мүйізді *а р х а р-а й* (И. Байзақов, Таңд.). Қойдың *а р х а р,* муфлон сияқты тағы аталарында және түрлі аңдардың жүнінде өлі қылшық көп болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Осы кезде албардың арғы шетінде манадан бері бәрін сырттай ғана бақылап тұрған құлжа гүж ете қалды да, *а р х а р д ы ң* баласына тұра ұмтылды («Лен. жас»).

АРХЕЙ: Архей эрасы. *Жер тарихының ең ескі заманы.* Жердің ең ескі заманы *а р х е й э р а с ы.* Бұл заманның да өзіне тән зерттеулері, еңбектері бар (А. Машанов, Жер асты.).

АРХЕОЛОГ з а т. *Археология ғылымының маманы.* Англияның белгілі *а р х е о л о г і* Стейн қамалдың Гоби құмы жағынан, бұрын ешбір тарихта аталмайтын, тұрқы жүздеген километрге созылатын бөлшегін тапқан (С. Мұқанов, Алып. адым.). Мамандар — *а р х е о л о г т а р* ғана зерттеуге тиісті ескерткішті көрінгеннің талауына жібердіңіз,— делінді (А. Машанов, Жер асты). Итальяндықтар атақты *а р х е о л о г* профессор Пиетрогранде саркофагты зерттеп, қыз біздің эраның 150—160 жылдарында жерленген деп қорытынды жасады («Лен. жас»).

АРХЕОЛОГИЯ з а т. *Көне заманнан, орта ғасырдан қалған ескерткіштерді зерттейтін ғылым. А р х е о л о г и я* қазбалардың материалдары мен сол заман адамдарының қалдырған суреттемелері шонжарлардың қандай болғанын аңғартады (ҚазССР тарихы). П. Мелиоранский жинаған мақал-мәтелдер *а р х е о л о г и я* қорғамының шығыс бөлімінің еңбектерінде 1893 ж. жарияланды (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Археология ғылымына жататын, тән.* В. В. Радловтың Орталық Қазақстанның *а р х е о л о г и я л ы қ* ескерткіштерін зерттеуге арналған еңбектері — ғылыми жағынан үлкен бағалы еңбектер (ҚазССР тарихы). Англиядан осы «мың үйге» әдейі келген *а р х е о л о г и я л ы қ* және этнографиялық экспедиция бір жаз жатып зерттеген, сонда да ұшы-қиырына жете алмаған (С. Мұқанов, Алып. адым.). Менің балалық шағым *а р х е о л о г и я л ы қ* ескерткіштерге өте бай Иркутск облысында өтті,— дейді Герасимов («Лен. жас»).

АРХИВ з а т. 1. *Ескірген документтер мен жазба ескерткіштерін сақтайтын мекеме.* Ақтарып көне *а р х и в т і,* Қайтесіз, — дейсің қарағым. Бәрінен маған артық та, Күресте алған сабағым (М. Әлімбаев, Таңд.). Кейбір *а р х и в* материалдарын ақтарып жүргенде, кейбір деректердің жаңа бір ойлар туғызып, өзге бір проблемаларды зерттей түсуге бастайтыны, жол сілтейтіні болады («Қаз. әдеб.»). И. Е. Репин өзінің кейбір картиналарын салудан бұрын сурет салудың әдісін үйреніп қана қоймай, ол туралы *а р х и в т е р д е н* көп материалдар жинап, тексеріп, көптеген әдебиеттер оқыған (М. Мұқанов, Бақылау.). 2. *Жеке бөлімге, жеке адамға қатысы бар қолжазба, документ.* Сол жақта ағаш есігі бар бір қуыс тұр. Онда комсомол комитетінің 1958—1962 жылдардағы *а р х и в і* жатыр («Лен. жас»). Әкесі окоп қазуға кеткен панасыз баланың арызы *а р х и в т е р і н д е* сақталсын. Кейін өздерін мадақтайтын документ болады. Ұқтың ба? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Өмірдің өресінен айтшы бір сыр, Төрт бұрышын дүниенің түгел шолшы; *А р х и в і н* алуан сырдың бір ақтарып, Тарихтың тақтасынан оқып көрші (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АРХИВТІК с ы н. *Архивте бар, архивтегі.* Қатардан ғасыр кейін қайырылып, *А р х и в т і к* деректермен айналыстым (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Ыбырайдың *а р х и в т і к* материалдарының барлығы Ильминскийдің атымен байланысты (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

АРХИРЕЙ з а т. *Дін иесі, дінбасы.* Циркте отырған өңшең офицер, байлар уралап он шақты рет дауыстады. Мартынов масаттанып, арбаңдап, жан-жағындағы халыққа шіркеудің *а р х и р е й і н ш е* айналып, бас иді (І. Жансүгіров, Шығ.). Халық *а р х и р е й д і ң* үйі жаққа жапырылды (Қ. Әміров, Жастық шақ).

АРХИТЕКТОНИКА з а т. и с к. *Өнер мен архитектура шығармаларының көркемдік құрылысы.* Повестің жақсылығы мен кемшілігін әр жерден теріп айтып, оның *а р х и т е к т о н и к а с ы н а,* әдеби аңғарына онша бара алмай, жалтақтап, жалаң кеткен мақаланың өзінен де әжептәуір пайдалы ақыл-кеңестер таптым («Қаз. әдеб.»). Шыққан туындының толық текстін оқып шықпаған бала характер, идея, көркемдік жәйлі ауыз ашпағанда, шығарманың сюжеті, *а р х и т е к т о н и к а с ы,* композициясы туралы не білмек (Бұл да). Поэма роман емес, бірақ оның да өзіне қажетті оқиғалы композициясы, нақты *а р х и т е к т о н и к а с ы* бар (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

АРХИТЕКТОР з а т. *Архитектурадан маманданған адам.* Күн санап қала да, село да соны келбет тауып, жаңа ажарға бөленіп келеді. Оған орай *а р х и т е к т о р л а р д ы ң* міндеті, олардың арқасына түсер салмақ та молая түсті («Лен. жас»). Көкшетау қаласында архитектуралық-көркемдік совет құрылды. Советтің құрамында *а р х и т е к т о р л а р,* тәжірибелі құрылысшылар, мамандар бар («Соц. Қаз.»). Үйі көкпен таласар, Таңғалып жұрт қарасар. Ғажап қала саламын, *А р х и т е к т о р* боламын, Болам десем боламын (О. Әубәкіров, Бытпылдық).

АРХИТЕКТУРА з а т. *Құрылыс проектісі мен салу искусствосы.* Ақ өзен құсап жар тастарды жарып өтіп, тынымсыз күркіреп ағады. Жар қабақтағы үйлер де, *а р х и т е к т у р а с ы м е н* Татрыны көз алдыңа келтіреді («Қаз. әдеб.»). Шоқан кадет корпусында оқып жүргенде *а р х и т е к т у р а...* және топографиялық сызу пәндерін программа бойынша өткен (Бұл да). Осыдан бір айдай бұрын «Аққу» кафесі пайдалануға берілді. Көрікті, соңғы *а р х и т е к т у р а* жетістіктері қолданылған тамаша кафе («Лен. жас»).

АРХИТЕКТУРАЛЫҚ з а т. *Архитектураға жататын, тән.* Бұталар мен ағаштардың сырт көріністері парктердегі салынған үйлердің, жасалған статуялардың және тағы басқа да безендірілген жерлердің сәнін келтірерліктей етіп отырғызады. Сөйтіп, парктің *а р х и т е к т у р а л ы қ* ансамблі жасалады (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.). Ортада осы бір үйдің үлкендік-ұлылығына үндес, *а р х и т е к т у р а л ы қ* әсем оюларын әсерлендіре түскен төрт жақты айналы екі колонна бар-ды (С. Шаймерденов, Болашақ.). Жасалуына мыңдаған жылдар өткен *а р х и т е к т у р а л ы қ* көркем шығармалар еліміздің көптеген қалаларында кездесе береді (С. Мұқанов, Алып. адым.).

АРША з а т. *Сабақтары бұйраланған бүршікті, хош иісті, ақ, қызғылт түсті ағаш.* Ақыртып аюдайын асау аңды, Өсірген қойнына алып тал-қарағай. Жалпайып қошқар мүйіз кәрі *а р ш а л а р,* Қайыңдар балғын өскен жас баладай (І. Жансүгіров, Шығ.). *А р ш а д а н* кертіп жонып, тиек салдым, Ызаны тарқатуға домбыра алдым. Күңіреніп, көтеріліп қанат сермеп, Домбырам айтшы бәрін, біздің халдің (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

◆ **Арқа еті арша, борбай еті борша болды.** *Әбден азып-тозды, жүдеп-жадады. А р қ а е т і м а р ш а б о п, Б о р б а й е т і м б о р ш а б о п,* Айтқанын істеп байлардың Әйтеуір өлмей жүр едік (И. Байзақов, Таңд.). Қыста малмен бірге адам да қатты күйзелді. Қыс тұрсын күздің қара суығында ықтанатын кедей сорлы, жілік майы үзіліп, *б о р б а й е т і б о р ш а, а р қ а е т і а р ш а б о л ы п* көктемге әзер ілігетін (Тарту). Көп жылдар бойы *а р қ а е т і м а р ш а, б о р б а й е т і м б о р ш а б о л д ы.* Белім бүкірейгенде тырнақтарыңнан зорға құтылдым,— деді қарт Құрбанға (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

АРШАДАЙ с ы н. *Арша тәрізді, ұқсас.* Жамылып жас жапырақ, Аударып торқа топырақ. Баласына дейін қаршадай, Отынға қияр ағаш жоқ. Селтиген қотыр сексеуіл, Тарбиған тарғыл *а р ш а д а й* (І. Жансүгіров, Шығ.).

АРШАЛАН: Арқа еті аршаланды. *Арса-арса болды, жүдеді.* Жалаңбас *а р қ а е т і а р ш а л а н ы п* жатқан жандардың қатарына Кәрім де қосылды (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АРШАЛЫ с ы н. *Аршасы мол, көп.* Қияда *а р ш а л ы* бет — Суық сайда, Жібек жел желпи есіп, тұрар майда. Малшыға салқын, жәйлі кең жайлауда, Кейбір сәт тойдан өтер қызық қайда (Р. Нұрпейісов, Туған өлке.). Осынау көк *а р ш а л ы* көл маңы да, Ұқсайды сонау орыс орманына. Бірақ та жаны сүйген сағыныш бар, Отаны — үміті де, арманы да (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АРШАЛЫҚ с ы н. *Арша арасында жүретін.* Биік тауларда құстар онша көп болмайды. Мұнда *а р ш а л ы қ* ементұмсық, көк кептер, ұлар, тау қарға кездеседі (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.).

АРША-ПАРША с ы н. *Дал-дүл, пәре-пәре.* Және сол қос адырдың төбесінде, Вишка ма? Әлдененің елесінде. Бірдеме көрінеді *а р ш а-п а р ш а,* Бүлінген Риддердің денесінде (Д. Әбілев, Алтай асу.).

АРШОПКЕ з а т. к ө н е. *Кездеме өлшемі, мөлшері.* Бір *а р ш о п к е* шапаны сондай шап-шақ, Мүшесінен буынып басады алшақ. Қарсы алдына жымырып келтірем деп, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ (Абай).

АРШУ *Аршы етістігінің қимыл атауы.* Жұмысшылар жәрдемге келісіп, ұзақ күнге біздің үйген тастарды *а р ш у м е н* әлектенді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Көшенев су жүретін трубаның үлкен қысым әсерінде екенін, оған түсіп, көмейін *а р ш у ғ а* талаптану ток жүріп тұрған сымды жалаңаш қолмен ұстаумен бірдей екенін айтып зар қағады (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Жайылымдардың қарын *а р ш у д ы ң* осындай әдісі күрек ашу деп аталған (ҚазССР тарихы).

АРШУЛЫ с ы н. *Дайын тұрған, тазартылған.* Әнуар осыдан соң жалпақ тарелкеде *а р ш у л ы* тұрған бес-алты түйір картопты ортасынан бір-бір бөліп, асықпай кастрюльге салды (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі).

АРШЫ е т. 1. *Бір заттың қабығын сылу.* Табаққа қуырдақты төккеннен кейін, әр жеріне *а р ш ы ғ а н* он шақты жұмыртқа қойыпты (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Бірнеше жауынгерлер, бірі ағаш жарып, бірі ошаққа отын жағып, бірі үсіген картопты *а р ш ы п* отыр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). 2. *Тазарту, тазалау.* Жансыздай жатқан сұлап жас сұлудың Жанына жылдамырақ келдім жетіп, Көтеріп қызыл құмнан алдым *а р ш ы п*

(Қ. Аманжолов, Таңд.). Қолымызбен арықтарды *а р ш ы д ы қ,* Бақшамызға ектік жаңа тал-шыбық. Қабақ шытып көрген жоқпыз сол кезде, Кездессе де, тапшылық пен таршылық (Ж. Молдағалиев, Жеңіс.). Шәйкен мынадай суықта мұздай лайсаң суға белуарынан батып тұрғаны көперіне кірер емес, құдық түбін *а р ш и* берді, минут сайын төмендеп тұрба аузына жақындай берді (М. Сөрсекеев, Жетіжылдық.). 3. А у ы с. *Түзеу, жөндеу.* Қуанып алғашында бұған Канси, Ілезде кебірленіп қалды қаңси. Деді ол ишандарға: — Боласың ел, Алдымда білсең егер, кінәңды *а р ш и* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). *А р ш ы д ы ң* талай мінімді, Бір кейіп, бір ұрсып, Бер де жігер, Көзеп жібер Сол шақта (М. Әлімбаев, Лирика).

◆ **Аршыған жауқазындай.** *Тап-таза, кіршіксіз аппақ.* Батырқанның әйелі Айсұлу талғамды, кербез адам. Қыздарын *а р ш ы ғ а н ж а у қ а з ы н д а й* етіп таза ұстайды, әрі ұқыптап, көрікті киіндіреді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Ажардың секем алған бір жаны Жамал деген қызыл көйлекті, *а р ш ы ғ а н ж а у қ а з ы н д а й* ақ келіншек мұнымен қатар жұмыс істеді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Басын аршыды. *Айыптан, кінадан ақталды.* Сүйіндік өз *б а с ы н а р ш ы п,* Құнанбай жағына тайсалақтап, жігіттеріне: — Ой, өрекпіме демеп пе ем, көп шуылдақ?! Қысқарт енді! — деді (М. Әуезов, Абай). Еңбек қайнап, Гүл-гүл жайнап, Келе жатқан бұл аудан. Бойды жаншып, *Б а с ы н а р ш ы п* Ескіліктен, бұғаудан (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

АРШЫҒЫШТА е т. *Қайта-қайта аршу, тазарту.* Жігіттер тым ыссы картопты саусақтарын күйдіре қабығын *а р ш ы ғ ы ш т а п* барар жеріне жіберуде (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

1. **АРШЫЛ** с ы н. *Ар-ұятын сақтағыш, намысқор.* Егілген екі перзентті Жұбаттың кезек сүйіп сен. *А р ш ы л с ы ң,* қыран көлбетті Ажалды тосар биіктей! (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Ақбаланың қайда қаны қас кісінің інісіне қатын үстіне шыққанын есітсе, *а р ш ы л* шалдың ызадан жарылып кетуі мүмкін еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Зина генералмен тайталасып жүрген со секілді *а р ш ы л,* намыскер жігіт, бұ құсаған ақылсыз, есалаң қыздың кеудесіне тепкенін қалай кешірсін (Бұл да).

2. **АРШЫЛ** *Аршы етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Үстіне екі жейде тауып кисе, Сол қайтып тозбайтындай арсылдаған. Көзі көрмей біреудің көңлі жасық, Құдықтай көкірегі *а р ш ы л м а ғ а н* (Айтыс). Бір қазаннан дәм ішіп, Қиын күнде сырласқан. Қиналсақ, пікір алысып, *А р ш ы л ғ а н* көңіл кір басқан (С. Мәуленов, Таңд.). Сен жыласаң, көзден жасым тамшылар. Сен қуансаң, қайғы-шерім *а р ш ы л а р.* Айт өленді ен даланы жаңғыртып, Қойшы-қолаң кеше жүрген малшылар (Б. Майлин, Таңд.).

АРШЫЛУ *Аршыл етістігінің қимыл атауы.* Десті: «Тез тап жеріңді! Мырзам Совет біздікі! Енді істікке шаншылу, Арамыздан шөптейін, Арамыздан *а р ш ы л у* Сіздікі, мырза, сіздікі (І. Жансүгіров, Өленд.).

АРШЫН з а т. 1. *Метрге тең өлшем, кез.* Мұндай құс кез боп қалса, керегінде, Ет берер иесінің ебі болса. Таңырқап талай адам тұратұғын, Жарты *а р ш ы н* құйрығының ағы болса (Үш ғасыр.). Ұзыны елу *а р ш ы н,* он кез еді, Демімен тартады ішке көрсе нені. Баланды бұл ретте қосып бер деп, Қалайда қинап отыр өте мені (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Астарында жараған бір-бір жүйрік Қолда найза, қарында ілген садақ. Зымырап жерден *а р ш ы н* көтеріліп, Топтан шықты бір кезде екі боз ат (С. Мұқанов, Сұлушаш). 2. А у ы с. *Екпін, қарқын.* Самолеттей аспандағы *а р ш ы н ы* Бұл өмірде көп қой, шіркін, жан сыры. Сол жан сырын қаламынмен кестелеп, Берші жыр қып өркені өскен малшыны (К. Райбаев, Жаңа толғау).

◆ **Аршын төс.** *Төсі жазық, кең кеуделі. А р ш ы н т ө с,* алыс қарап келеді қыз, Сүйкімді әм салмақты, ойы тығыз. Бойына алса жиып бар білімді, Ғылырай, басады екен адам нығыз! (Қ. Аманжолов, Таңд.). Қатшекей көп баладан асыл екен, *А р ш ы н т ө с,* алма мойын, асыл еркем. Алманың қабығындай бетің қызыл, Құбылған бәйшешектей жүзің көркем (Үш ғасыр.).

АРШЫНБАР з а т. к ө н е. *Сырт киімге пайдаланылатын қалың мата, бұл.* Үстінде шаһи көйлек оқа салған, Кең етек айдалада шұбатылған. Бешпеті *а р ш ы н б а р д а н,* қысқа жеңді, Шапаны батсайыдан, қима киген (Үш ғасыр.).

АРШЫНДА е т. 1. *Заттың көлемін аршынмен өлшеу, мөлшерлеу.* Матаны *а р-*

ш ы н д а п тұрып, ауыр қазаға ұшыраған адам секілденіп Әлжаппар күрсінді (Б. Майлин, Шығ.). 2 А у ы с. *Құлашын кеңге салу, екпіндеу.* Түзелген екен табысы Кешегі жауыр боздың да. Ауыздығы қаршылдап Аяқты тастап *а р ш ы н д а п* (Б. Майлин, Таңд.). Трактор елде *а р ш ы н д а п,* Бұзылды шыңдар, не бір бел. Сіңіріп дәнді топырақ, Құлпыртты қырды егіндер (Жамбыл). Қара жерді шаршылап, Экспресс ұшқанда, «Қара айғырдай» *а р ш ы н д а п,* Шаптың «Советстанда» (І. Жансүгіров, Шығ.). Сары ала қаншық пен түлкіден он-он бес қадамдай жерде кейінірек *а р ш ы н д а ғ а н* ақ арлан да шұғыл бұрылды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). 3. А у ы с. *Қарыштау, өрлеу, өсу.* Алматыда *а р ш ы н д а п* қазақ ақын Келді реті бұл сөзді жаза алатын! Құттықтайды Ленин орденімен, Даңқты республика азаматын (С. Мәуленов, Жаз ерке). *А р ш ы н д а п* алып құрылыс, Даламда мотор дулатқан, Оянды тыңнан алып күш, Келешекке жол тартқан (С. Бегалин, Өленд.). Ұрылып болат балғалар, Қағылып талай шегелер. *А р ш ы н д а д ы* алға олар, Шүйіліп іске шеберлер (Т. Жароков, Таңд.).

АРШЫНДАЙ с ы н. *Аршын мөлшеріндей, көлеміндей.* Ау, бұған не болды. Ит балыққа кездесті ме?— Атынан еңкейіп, қолын суға малды да, ұзындығы жарты *а р ш ы н д а й* үлкен бір қызыл сазанды мұз бетіне лақтырып тастады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АРШЫНДАТ *Аршында етістігінен жасалған өзгеліктетіс.* Көтеріп көк дауылдай көкке дауысын, Уақыттың *а р ш ы н д а т ы п* жазды маршын. Сөздері дүниені дүбірлетті Тасқындай келе жатқан жазғы маусым (С. Мәуленов, Жасыл орман). Қоңыр дөнен аузымен құс тістегендей көсіліп келеді. Оның басын тежей түсіп, уытын бойынан шығара қоймай, *а р ш ы н д а т ы п* мен келемін (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

АРШЫНДЫ с ы н. *Қарқынды, пәрменді, екпінді.* Бүгінгі күн тақырыбына сюжетті поэма жазуға келгенде, *а р ш ы н д ы* адымдар жасай алмай отырмыз («Қаз. әдеб.»). Мұнымды біреу, бәлкім мақтан ұғар, Мейлі, емеспін тек баққа құмар. *А р ш ы н д ы* әр адымында заманымның Ильичтің мың толғанған шақтары (Қ. Мүсірепов, Менің апам.). Поэзияны жасаушы ақындардың кәзіргі өмір тақырыбын меңгеріп жырлаудағы творчестволық қуаты, *а р ш ы н д ы* да өнімді (Е. Ысмайылов, Сын.). Қайыр — көкірек, көзі ашық, *а р ш ы н д ы* арманның, байлаулы батыл ойдың адамы («Қаз. әдеб.»).

АРШЫС *Аршы етістігінен жасалған ортақ етіс.* Құржаңдайды бәрі де, Шөп *а р ш ы с ы п* күрекпен. Жан қорғамақ болады, Тырбаңдасып білекпен (С. Сейфуллин, Өленд.).

АРШЫСУ *Аршыс етістігінің қимыл атауы.* Ішек-қарын *а р ш ы с у ғ а* шақырып еді, тым болмаса, бір бөлегін бітіріп апарсам екен,— деп, ұршығы толған жіпті домалақтап төге бастады (К. Оразалин, Көктем.).

АРШЫТ *Аршы етістігінен жасалған өзгеліктетіс.* Біз, Риддер жұмысшылары өмірде осындай қара таңбаны бетімізге бастырып па едік? Риддердің шахтасын *а р ш ы т ы п* қайта жөндедік. Зиянкестің өртеген фабригін екі жарым жылда тұрғыздық (І. Жансүгіров, Әңгім.).

1. АРЫ ү с т. с ө й л. **Әрі. Ешқайда онан *а р ы* барғаным жоқ, Аралап жердің жүзін алғаным жоқ.** Білгенімді айтайын, шырақтарым, Жақында ел дегенді көргенім жоқ (Батырлар жыры). Тәуір екен тапаншаң, Тот бастырма, бап ұста. Түсі суық неме екен, Бері қаратпа, *а р ы* ұста (І. Жансүгіров, Шығ.).— Көңілі ертерек бітеу тартып, ерте суынған жан ғой ол!— деді де, Абай енді бұдан *а р ы* сөйлегісі келмей тоқтап қалды (М. Әуезов, Абай).

◆ **Ары итеріп, бері жықты.** *Келемеж қылды, мазақтады.*— Шіркін өленді осы жігіт айтсын да,— деп қызу жастар *а р ы и т е р і п, б е р і ж ы ғ ы п* жатыр. Дәй қара әрі ұялып, әрі ызаланып, оты бетіне шығып кеткен (Т. Ахтанов, Дала сыры).

2. АРЫ е т. *Жүдеп-жадау, арықтау.* Көктемде тоңып, қыста *а р ы п,* Титықтап о да болдырды. Күрмеуге келмес қысқа жіп, Осы үйді оғаш қондырды (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Тасқында жан қала ма тал қармаса, Ауыр ғой *а р ы ғ а н ы м,* арман баса. Кетейін су түбіне енді мен де, Жанымда жұрт сенетін ар қалмаса (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Қарамай шамасына таудай істі, Өзінің міндетіне алған үміт. Ақырда «әлін білмес әлек» болып, *А р ы ғ а н,* қалжырағаң, талған үміт (С. Дөнентаев, Шығ.).

АРЫ-БЕРІ ү с т. с ө й л. **Әрі-бері. Мынау ел Дотан сөзін мақұл көрді, Құдай айдап келіпті мұндай ерді. Ел жиылып ке-**

ңесіп *а р ы-б е р і,* Қолына үш мың кісі жиып берді (Батырлар жыры). *А р ы-б е р і* өткендер қағып соғып, басып кете жаздап, берекесін ұшырды (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Сөзді қойындар, *а р ы-б е р і* жүріп шаршаған шығар, шешіндіріп жатқыз, дем алып, терлесе тәуір болып кетеді (Д. Еркінбеков, Шығ.). Тапталған қар үстінен зырғып келе жатқан машинамыз бірден кібіртіктеп жүре алмай қалды. *А р ы-б е р і* қозғап көріп ек, түк шығатын емес («Лен. жас»).

АРЫДА үст. сөйл. Әріде. Жыр соңында жүрем деп, Талай-талай ет кеткен. Басталуы бұл жырдың Бұдан да, жолдас, *а р ы д а* (С. Ерубаев, Шығ.).

АРЫЗ зат. 1. *Мұң-мұқтаж, тілек.* Тыңда менің *а р ы з ы м д ы,* Сөзің адал, шын болса. Жолдастық ақта қарызыңды, Сіз саусыз да, біз ауру. Байқадық бейне тәрізінді (Ү. Кәрібаев, Шығ.). *А р ы з ы м а* менің құлақ сал, Ақылың болса, аңғар-ау. Ақ төсімнің үстінде Қол тимеген мал бар-ау (Қамбар батыр). Өлім болса алдымда, Мәртебелі ағалар. Тыңдармысыз *а р ы з ы м д ы,* Демім бітер алдында?! (М. Әуезов, Шығ.). 2. *Өтініш.* Директорға жазды Маша *а р ы з ы н,* Айту менің азаматтық парызым. Тапсырмасын орындадым тындырып, Жоқ ешкімге енді өткізер қарызым (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Осылай *а р ы з* берсең райкомолға, Аламыз комсомолға, қайтып онда. Жүр өзің, ресторанға кеңесейік, Сенерсің шын сырларым айтылғанда (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). Нияз іштей әлдекіммен ерегесе корпусқа кірді де, жұмыстан босатылуын өтініп бас дәрігердің атына *а р ы з* жазып, санитаркадан конторға беріп жіберді (З. Шашкин, Доктор Дарханов). 3. *Наразылық білдіре айтылатын шағым.* Әзімхан сот мекемесіне барып, Шәкір мен Қапанның қылықтарын айтып *а р ы з* бермек болды (С. Сейфуллин, Таңд.). Құғынмен әкем түсті сергелдеңге, *А р ы з б е н* аудан кезіп сенделгенде. Бөлінді сенен ойым, сол іспенен Сағынып сәлем күттім сенен мен де (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Шалқұйрық құнаныма мініп, Ақшал аулының соңынан салақтап тағы да сабылдым. Егер осы жолы қырсығатын болса ауылнайға *а р ы з* берейін деген ой келді (Ғ. Орманов, Жүрек).

АРЫЗДАН ет. *Шағым түсіру, арыз айту.* Бейшара кемпірдің *а р ы з д а н ы п* келгенде бастығы Кузьменко боп: «Ей, қайда кетер дейсің, таныстарында қыдырып жүрген шығар» — деп мән бермеді (К. Тоқаев, Түнде.).

АРЫЗДАС ет. 1. *Наразылық білдіріп, бірінің үстінен бірі шағым айту.* Ынтымақ, бірлік қандай? Топ шыбықты тұрдыңдар сындыра алмай. *А р ы з д а с ы п* алты ауыз болсаңыздар, Сындырар жау, шыбықты сындырғандай (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Би, болыс *а р ы з д а с ы п* безді мөрден, Баспашы атаман да алыста өлген. Ағызған қанды судай жандаралды, Суырып қасқыр жеген саяз көрден (Д. Еркінбеков, Шығ.). 2. Ауыс. *Өлер алдындағы қоштасу, кешірім сұрасу, бақылдасу.* Бөжей: — Әйтеуір, кеше кешке бар жанкүйер ағайынын шақырып, *а р ы з д а с ы п* жатыр дегенді есіттік — депті (М. Әуезов, Таңд.). Кетейін, берірек кел, *а р ы з д а с ы п,* Азырақ сөзіңді естіп, мауқым басып. Тіріде обалымыз қазаққа ғой, Құдайым қияметте қылсын нәсіп (С. Торайғыров, Таңд.). Биғайшалар үйлерін сыртынан бекітіп, малын көршілеріне үлестіріп: «Аман келеміз бе, жоқ па, бақыл болыңдар!» — деп, біржолата *а р ы з д а с ы п* кетіпті бүкіл бір семья («Қаз. әдеб.»).

АРЫЗДАСТЫР *Арыздас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Кебекпен әуелі мені *а р ы з д а с т ы р,* екінші, бір араға таспен бастыр. Үшінші, мына бала тобықты баласы ғой, мұны апарып Қабанбай биге тапсыр,— деді Еңлік Еспембет биге (Еңлік — Кебек).

АРЫЗДАСУ *Арыздас етістігінің қимыл атауы.* Жырда қоштасу, естірту, жоқтау, *а р ы з д а с у* сияқты салт өлеңдері көп, осының бәрі жырдың лирикалық қуатын күшейткен (М. Әуезов, Әр жыл.).

АРЫЗКЕШ сын. сөйл. Арызқой. Қайда көрсең кінәмшіл, Исабай тым шыдамсыз... Ашуланшақ, *а р ы з к е ш,* Мінезі бар ұнамсыз (Ш. Смаханұлы, Шимайбек.).

АРЫЗҚОЙ сын. *Арыз жазғыш, жала жапқыш.* Жалған *а р ы з қ о й д ы* жазалау осы отырған үш полковниктің қолынан келер деймін (К. Тоқаев, Тасқын). *А р ы з қ о й* Әмір де Өмірбекке ұнап отыр (С. Шаймерденов, Мезгіл). Шошынатын бір нәрсе, осы төртінші кластағы отыздан астам баланың бәрі бірдей Абихановаңың жат тәрбиесіне еріп *а р ы з қ о й,* өтірік жала жапқыш болып алған («Лен. жас»). — *А р ы з қ о й л а р ы н!* — деді Сейтім жымиып,— дегенмен, жұмыстарын тексеру

дұрыс болар (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы).

АРЫЗҚОЙЛЫҚ з а т. *Жала жапқыштық, пәлеқорлық.* Әдет-ғұрып тұсаулары, дін шырмауы, *а р ы з қ о й л ы қ* секілді індет етектен тартумен болады («Лен. жас»).

АРЫЗҚОР с ы н. *Пәле салғыш, жалақөр.* Сіз, әлі осындасыз ба,— айтып едім ғой,— ол кісі бүгін *а р ы з қ о р д ы* қабылдамайды деп (С. Бегалин, Ана қайраты). Біреуді «ол кісі өлтірген қанды қол зұлым, *а р ы з қ о р* адам» деудің орнына Халидаш уақиғаның өзін баяндайтын, тұспалдап түсіндіретін жан («Лен. жас»). *А р ы з қ о р* да алысарда, бұққанда, Күле кіріп, күңірене шыққанда. Ұялған ба әлде айыбын ұққан ба? Қоштасуға саған созды қол Күләш (Қ. Тоғызақов, Өлеңд.).

АРЫЗ-МАРЫЗ з а т. *Жала-мала, андай-мұндай шағым сөз.* Сол Қатпа «аттың басын тартпа» деген, Үстінен *а р ы з-м а р ы з* түсе қалса, «Бейғам боп Дегересте жатпа» деген (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

АРЫЗ-МҰҢ з а т. *Мұң-мұқтаж, тілек.* Телеграм соқ Орынборға, губернаторды шақыр, айтатын *а р ы з-м ұ ң ы м ы з* бар деді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АРЫЗСЫЗ с ы н. *Наразылықсыз, шағымсыз.* Өмірде біреудің үстінен біреу арыз айтып, *а р ы з с ы з* жүре алмайтындар аз кездеспейді ғой (Ауызекі тіл).

АРЫЗШЫ з а т. 1. К ө н е. *Мұңын шағушы, шағым айтушы, зәбірленуші; даугер.* Абай *а р ы з ш ы* мұңдыларды, зорлық, қорлық көргендерді көп тыңдап, солардан үлкен сырлар ұғады (М. Әуезов, Әр жыл.). *А р ы з ш ы л а р* мен әкімнің арасында үлкен дау туды. Ақырында алтауы бірігіп, халифаға бармақ болды (Мың бір түн). Ол кептен бері көп *а р ы з ш ы л а р ға*, даугерлерге өз билігін айтып келістіріп үйренген (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Арыз жазғыш, арызқой.*— Бұл жолдасты кім дейсіздер?— Домалақ *а р ы з ш ы* дейміз оны! (Қ. Мүсірепов, Гүлжазира). Шаңқай түсте жайлау жолының шаңын көтеріп, Керекуге қарай беттеді. Ішінде *а р ы з ш ы*, қос мырза, Нұрке мен Майсор кетіп барады (Д. Әбілев, Арман жолы.).

АРЫЗШЫЛ с ы н. *Арыз жазғыш, арызқой.* Дау құмар, «домалақ *а р ы з ш ы л*», атыстырғыш болғандықтан жалпақ ел осы үшеуін бір қосып Тұрсынбайға «Үш құмар» деген атақ берген (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сырт естуім, сол қырғыздардың өзі *а р ы з ш ы л*, бір-бірінің үстінен өсек дегенді өте көп айтады дейді (А. Сатаев, Дала күй.).

АРЫЗШЫЛДЫҚ з а т. с ө й л. Арызқойлық. Аталған коллективте екі ұдай жікке бөлінушілік, бақастық, *а р ы з ш ы л д ы қ* өріс алған (Ауызекі тіл).

1. АРЫҚ з а т. *Су ағызу үшін арнайы қазылған су жолы.* Түркстан жағындағы көрген үлгісімен олар судан *а р ы қ* қазып шығарып, егінге су жіберді (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Нұрпейіс те көрші Арынмен бірігіп, бір апта қазып, өліп-талып, тары жайға *а р ы қ* жеткізді (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Жетісу қазақтарының көбі егінді өзі егеді екен, ол егінін *а р ы қ т а н* суарады екен (С. Мұқанов, Таңд.).

◆ **Бас арық.** *Жан-жаққа су тарататын, үлкен су жолы.* Көшесінде Лениннің, *Б а с а р ы қ т а н* сәл төмен, Институты Тауқеннің Келеді сол үй ертеден (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

2. АРЫҚ с ы н. 1. *Семіз емес, еті қашқан, жүдеу.* Көк бақа *а р ы қ* әйелдің қан-сөлсіз кескіні қара сұр тастай қатып қалыпты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *А р ы қ*, құп-қу балалардың беттерінде аштық табы да бар (М. Әуезов, Абай жолы). Колхоз атының қысы-жазы бірдей мойнынан қамыт, арқасынан ер түспейтіндіктен, ыңыршағы айналған *а р ы қ* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). 2. *Көк бақа, майсыз, жасық.* Малға ол көрген емес ойлап қастық, «Иіліп төсек болып, жатып жастық». Бір малға пышақ алып ұмтылған жоқ, Бай берген *а р ы қ* ет пен көжені ас қып (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Күнге кептірген *а р ы қ* балықтай ол тағы да алдымда тұр (М. Иманжанов, Адам тур.). 3. А у ы с. *Жоқ-жітік, жұпыны, жарлы-жақыбай, кедей.* Бұрынғы өткен заманда Тоқсан үйлі тобыр бар, Алпыс үйлі *а р ы қ* бар (Қамбар). *А р ы қ* үйге мүсіркей, семіз көңілге семіре қарап отырған Мейрамға Боқай жылы ғана сұрақ қойды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). // *Өнім бермейтін құнарсыз.* Сусыз жердің шөбі *а р ы қ* (Мақал). Сіздің жер — *а р ы қ* жер. Өңдеуді көбірек тілейді (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес.). ⊙ **Ой** *а р ы қ*, дене жалқау қатпаланды, Шөл жайлап, тықыр, қыспақ

дағдарыстан (И. Жылқайдаров, Жастарым.).

◆ **Арық айтып, семіз шық.** *Кем айтып, артық істе, орында. А р ы қ а й т ы п с е м і з ш ы қ!* Әр адамға үлгі сол. Туралыққа тізе бүк! Ұлық болсаң, кішік бол! (Ө. Тұрманжанов, Таңд.). **Арық жалбыз.** Б о т. *Жалбыз тұқымдасына жататын тамыр сабақты көп жылдық өсімдік. А р ы қ ж а л б ы з*— эфир майлы, хош иісті және балды өсімдік (ҚСЭ).

АРЫҚ-АРНА з а т. *Тегіс емес жер, ойшұңқыр, шұқанақ, жырашық.* Қуатты мотоцикл жұлқына тартып, жөнеп берді. *А р ы қ-а р н а* кездескенде кілт баяулай қалады да, тегіс жерде көзден жасты парлатып, көсіле зырлайды (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Осылайша тағы да бірнеше *а р ы қ-а р н а,* шұқанақтардан ырғытып өтті ол (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

АРЫҚ-АТЫЗ з а т. 1. *Ойдым-ойдым жер, арық-арна.* Қала тұрғындары талай жылдар бойы бақша егіп, қазып тастаған мидай дала, ойдым-ойдым *а р ы қ-а т ы з* (Ж. Қожабергенов, Құрылысшы.). Оның *а р ы қ-а т ы з д а р д а н* жеп-жеңіл ырғып өтуі мені таң қалдырып тұр (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Бұл жағдай бетімен кеткен судың *а р ы қ-а т ы з д а р д ы* бұзып, ойпаңдау жерлерде жаңадан «көлдер» пайда болуына әкеліп соқтыратыны сөзсіз («Соц. Қаз.»). 2. *Арық, канал тәрізді суландыру жүйесі.* 1923—1927 жылдары Қазақстанның өзінде ғана суарылатын жердің көлемі сол кездегі қолда бар *а р ы қ-а т ы з* жүйелерін пайдалануды жақсарту есебінен 168,5 мың гектарға көбейген (М. Ерлепесов.., Суармалы егін.).

АРЫҚ-АШ с ы н. с ө й л. · **Аш-арық.** Бұл керуендер Телікөл арқылы Перовскийдің *а р ы қ-а ш т а р ы н а* бидай, тары, сұлы ұны сияқты азықтар жеткізді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АРЫҚСЫЗ с ы н. 1. *Арық қазылмаған, арығы жоқ.* Әлі күнге дейін арық жүргізілмеген, *а р ы қ с ы з* көшелер бар (Ауызекі тіл). 2. *Арықтың қатысынсыз.* Звено участкесінде қырық екі гектар жер бар. Оның жиырма тоғызы арық арқылы, он үші *а р ы қ с ы з* суарылады (Ғ. Мұстафин, Шығанақ.).

АРЫҚСЫН е т. *Семіз емес деп санау, арық деп есептеу.* Қонақтарға қыстан жүдеу шыққан қойлардың бірін союға *а р ы қ с ы н д ы* (Ауызекі тіл).

АРЫҚСЫНУ *Арықсын етістігінің қимыл атауы.*

АРЫҚТА е т. *Қоңынан айрылу, жүдеп-азу. А р ы қ т а ғ а н,* азған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді (Қаз. ертегі.). Біз көріспеген аз уақыттың ішінде генерал *а р ы қ т а п,* бұрынғыдан да кішірейіп, еңкейіп, жағасы мойнына кеңіп қалыпты (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Шөп қураған шақта қозы сүтке де тоймайды, оты да қанбайды, оның үстіне шілденің ыстығына ұрынып, *а р ы қ т а й* бастайды (М. Төлешев, Қой. қоздату.).

1. АРЫҚТАЙ с ы н. *Арық тәрізді.* Ақ көбікке оранып, Толқыны тоқсан бұралып, *А р ы қ т а й* аққан арналы Жамбыл бір жыр жырласын (Жамбыл).

2. АРЫҚТАЙ ү с т. *Арық күйінде, қоңсыз қалпында.* Қойды бордақыға біраз байламай, *а р ы қ т а й* союға болмайды (Ауызекі тіл).

АРЫҚТАҢҚЫРА е т. *Жүдеңкіреу, азыңқырау, қоңынан айырылыңқырау.* Қыс ортасына қарай қолдағы мал *а р ы қ т а ң қ ы р а д ы* (Ауызекі тіл).

АРЫҚТАТ *Арықта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ел кездім кер төбелді *а р ы қ т а т ы п,* Жақсыға сөз сөйледім анықтатып (Ақын жырлары). Ол құсын ерте *а р ы қ т а т ы п,* аңға салар күйіне келгеніне бірсыпыра болды (С. Бегалин, Төлбасы).

АРЫҚТАТЫҢҚЫРА е т. *Жүдетіңкіреу, аздырыңқырау, қоңынан айырыңқырау.* [Лашынды] шақыруға үйреткеннен кейін *а р ы қ т а т ы ң қ ы р а п,* далбайға келуге, есірікке түсуге үйретеді (Ш. Айманов, Қыран тур.).

1. АРЫҚТАУ с ы н. *Арықша, жүдеулеу, ашаңдау.* Үстелде отырған *а р ы қ т а у,* бозша жігіт бұлардан жөн сұрады (І. Жансүгіров, Шығ.). Көлік жағы *а р ы қ т а у* болып, сол жағынан біраз кемшілік болды (Бұл да).

2. АРЫҚТАУ *Арықта етістігінің қимыл атауы.* Малдың ерте *а р ы қ т а у ы* қыстан аман шығуға қауіп туғызады (Ауызекі тіл).

АРЫҚТҰРА с ы н. *Сыриған арық.* Жігіттер мәз болды. Бәрінен мойны ырғайдай боп, кескіні сарғыш, *а р ы қ т ұ р а* Васпақбай қарқылдап қатты күледі (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АРЫҚ-ТҰРАҚ с ы н. 1. *Арып-ашқан, жаман-жәутік, көтерем.* Көктемде кездес-

кен ақ жауыннан қыстан арып шыққан *а р ы қ-т ұ р а қ* мал өліп те жатады (С. Мұқанов, Таңд.). Буаз мал босаң келеді екен. Біразы іш тастап жіберді. Бірлі-жарым *а р ы қ-т ұ р а қ* тоқтылар шығын болды (Шопан серігі). Көктемде адамдар да, қыстан бүрсеңдеп шыққан *а р ы қ-т ұ р а қ* мал да серігіп, күн шуаққа қыздырынып, жетісіп қалады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). // З а т. *Арыған мал. Қыстығүні* жаман-жәутік, *а р ы қ-т ұ р а ғ ы м ы з б е н* әрбір сайға бұқпалап, паналап тіршілік етеміз (М. Әуезов, Абай). Шөпті қораға төктір, *а р ы қ-т ұ р а қ қ а* сақ бол (Ж. Тілеков, Қайнар). Ол заманда шөп қолда ұсталатын азын-аулақ *а р ы қ-т ұ р а қ-т а н* артылмайтын (Тарту). 2. А у ы с. *Кем-кетік, жарлы-жақыбай, кедей.* Осы арадан жайлауға көшкен қыруар ел бірнеше атаның ұлы еді. Солардың жұртында қалған *а р ы қ-т ұ р а қ т а р* бірін-бірі қара тартып «Жаман өзенге» құйылып жатыр (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені).

АРЫҚ-ТҰРАҚТАЙ с ы н. *Арық-тұрақ тәрізді.* Жабулы *а р ы қ-т ұ р а қ т а й* Көп үйлерің тұр мүлгіп. Шатырларын құтайтпай Жұтып қойған жел қылқып (Ғ. Орманов, Таңд.).

АРЫҚ-ТҰРАҚТАУ с ы н. *Жүдеулеу, ашаңдау, арықтау. А р ы қ-т ұ р а қ т а у,* тапал келген баланы, оң қолыңды жон арқа арқылы созып жіберіп, белбеуінен шап беріп ұстай кетіп, аударып тастау... әдістерін осылайша белдесіп жүріп-ақ үйреніп кеткенге ұқсаймыз (Ө. Қанахин, Жер. бас.).

АРЫҚ-ТҰРАҚТЫ с ы н. *Арық-тұрағы бар.* Бір сәт осы домна салынған жердің бір кездегі көрінісі — сахара желі ойнақ салған құла дүзде көшіп-қонып жүрген *а р ы қ-т ұ р а қ т ы* кедей ауылы елестейді (Ә. Нұршайықов,.. Менің Қазақст.).

АРЫҚ-ТҰРЫҚ з а т. с ө й л. **Арық-тұрақ.** Үйде бар қалғаны үш қап ұн, *а р ы қ-т ұ р ы қ* екі қойдың еті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Жайлауда жайылып жүрген сиырлар да *а р ы қ-т ұ р ы қ т а н* бас құраған (А. Байтанаев, Асан).

АРЫҚТЫҚ з а т. *Арып-ашығандық, жүдеулік; семіз еместік.* Бұлардың аштығынан, *а р ы қ т ы ғ ы н а н* шошынса да, ақы-пұлға арзанын ойлап, қарны тойса жұмысқа жарайтынын ескеріп, байлар оларды таңдауға кірісті (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Іс бастарда Днепрді игеріп, *А р ы қ т ы ғ ы* бейне қатқан инелік (Д. Әбілов, Өленд.).

1. АРЫҚША з а т. *Су жүретін жіңішке жыра, су жолы.* Жорабек *а р ы қ ш а н ы ң* суына дәрет алып отырып сайрап отыр (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Үй шатырларынан сорғалаған сулар *а р ы қ ш а л а р д а* жөңкіліп, тауықтар дүр-дүр сілкінді (К. Оразалин, Ақ жазық).

2. АРЫҚША с ы н. *Жүдеулеу, ашаңырақ.* Ақ құба, *а р ы қ ш а,* ұзын бойлы баланы көрсең, Болат екен дейсің (Б. Майлин, Таңд.). Арбада *а р ы қ ш а* келген әйел отыр (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Ұзынша кең бөлменің төріндегі жазу столында әлде бір қағазға үңіліп отырған, *а р ы қ ш а* келген сары кісіге көзі түсті (С. Алдабергенов, Алға).

АРЫҚШАЛАУ с ы н. *Арықтау, арығырақ.* Осы топ баланың ішіндегі ересектеуі көп болса, онға келген *а р ы қ ш а л а у,* бойшаң келген қыз бала (С. Бақбергенов, Қайран шешем). *А р ы қ ш а л а у ы* қаным азайын кетті деп, семіздеуі қаным көбейіп кетті деп демалысқа аттанатын еді (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

1. АРЫЛ з а т. *Ит-құстың барылдаған қатты дауысы.* Қасқырдың қанын шашырата, аузын арандай ашқан *а р ы л ы* естіледі (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

2. АРЫЛ *Ары етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көп патшадан бір патша Көп жылдар бойы ауырды. Қу сүйек ұқсап аруаққа, Қуарып еттен *а р ы л д ы* (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.).

3. АРЫЛ е т. 1. *Құтылу, босану.* Қазақтың ұлттық әдебиеті қазақ халқы теңсіздігінен *а р ы л ғ а н* кезде ғана еркін өркендеді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бала мінезінен әлі *а р ы л м а ғ а н* Жалмұхамбет тыпыршып тұр (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.).— Тезінен бұл нәле Бақтығұлдан құтыл, *а р ы л!* Ол үшін бірнеше адамды «ұры» деп шығарып бер (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. *Ажырап шығу, тазару.* Тиісті сумен жуғанның өзінде де сілті сабаннан толық *а р ы л а* қоймайды (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.). Темекі уы — никотиннен *а р ы л ғ а н* адам ағзасы көп ұзамай ширай бастайды, іске қабілеті артады (Е. Оразақов, Дәрігер.). 3. А у ы с. *Ақталу; өз басын арашалау.* Жиын ішіндегі тілді-ауызды шешендер Алатай ауылының адамдарымен сөйлесіп, *а р ы л ы п* шықты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Болыс

көп алдында *а р ы л а* сөйлеп, өз басын әдейі осындай дөң-айбатпен аршығалы отыр (Бұл да). 4. *Болымсыз түлғада тұрып, түзілмеу, таусылмау деген мағынаны білдіреді.* Әйтеуір бір «ынтықтық» шектен асқан, Қайнаған жүрегінде бала жастан. Артықша я күйінбей, я сүйінбей, Келеді бір сарынмен *а р ы л м а с т а н* (Б. Майлин, Таңд.). Артты қой, алдағыдан жарылқасын, Қуаныш көңілімізден *а р ы л м а с ы н* (Қ. Аманжолов, Таңд.). Әбекеңнің үйінен ертелі-кеш қонақ *а р ы л м а й д ы* («Лен. жас»).

◆ **Басынан таяқ арылмады.** *Басынан таяқ кетпеді.* Талай күндерді көрдік қой, *б а с ы м ы з д а н* байдың *т а я ғ ы а р ы л с а,* енді арылып отыр (Б. Майлин, Таңд.). **Соры арылмады.** *Бағы жанбады, азаптан құтылмады.* Жалғыз сен емес, бақыты ашылмаған, *с о р ы а р ы л м а ғ а н* қазақ қызы көп (С. Сейфуллин, Шығ.). Тентірегем, Жарымағам, *С о р л а р* менен *А р ы л м а ғ а н* (І. Жансүгіров, Шығ.). Күндікте жүрген әйел ең, *А р ы л м а ғ а н* қалың *с о р* (Ш. Иманбаева, Өленд.). **Уызы арылмаған.** *Ата-бабасынан байлығы кетпеген, үзілмеген. У ы з ы* жеті атамның *а р ы л м а ғ а н,* Бір кезде бай боп едім арындаған (Б. Майлин, Шығ.). Конфискелеген дәлелдеріміз: Оспан жеті атасынан *у ы з ы а р ы л м а ғ а н* бай (Бұл да).

АРЫЛДА е т. 1. Қ а р а п. *Дарылдау, күрілдеу.* Самолеттің *а р ы л д а п* төмен ұшқаны соншалық, жайбарақат жатқан бота атып түрегелді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Қатты ырылдау.* Ердос күшін жинап, алмас қанжарды әзер дегенде қынынан суырып алды да, *а р ы л д а ғ а н* жолбарыстың қақ маңдайынан ұрды (Т. Етекбаев, Алтын мүйіз.).

АРЫЛДАП-ГҮРІЛДЕ е т. *Азан-қазан, у да шу болу.* Майдан даласы тыныстап сұлық жатыр. *А р ы л д а п-г ү р і л д е п,* бұлқынып біраз тулады да, тына қалды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күндер). Асау өзен тау ішінің тыныштығын бұзып, ашулы арыстанша *а р ы л д а п-г ү р і л д е п* құлап жатыр (Н. Сералиев, Қаңтар).

АРЫЛДАС *Арылда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қанша өршеленіп *а р ы л д а с қ а н м е н* олар пәтуаласа алмады («Лен. жас»).

АРЫЛДАУ *Арылда етістігінің қимыл атауы.* Бір кезде самолеттің *а р ы л д а у ы* тына қалды (Ауызекі тіл).

АРЫЛМАС с ы н. *Арылмайтын.* Атадан нәсілге *а р ы л м а с* жік қалсын дегені ғой (М. Әуезов, Абай жолы).

АРЫЛТ *Арыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Демекұлдың басынан ауыр қара тұманды *а р ы л т ы п,* жарық, қуанышты тұрмысқа жеткізген Октябрь төңкерісі (С. Ерубаев, Шығ.). Өтерміз жеңіспенен талай өрді, Дұшпаннан *а р ы л т қ а н ш а* туған жерді (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

АРЫЛТТЫР *Арылт етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Атасын көруі, Сапардың жүзінен сәл кезеңге болса да кірбің ізін *а р ы л т т ы р ғ а н д а й* болды («Соц. Қаз.»).

АРЫЛТУ *Арылт етістігінің қимыл атауы.* Ата-аналар мен мұғалімдер балаларда ұнамды әдеттерді қалыптастырып, зиянды әдеттерден баланы *а р ы л т у* жағын қарастыру қажет (Қ. Жарықбаев, Психология). Бұл — Қызыл Армияның Жайық бойын ақ казактардан *а р ы л т у* үшін ірі операцияға кіріскен кезі (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Егістікті арам шөптен *а р ы л т у* үшін жүгері егілетін танаптарды ерте көктемде екі-үш рет культивациялау қажет (М. Ерлепесов,... Суармалы егін.).

АРЫЛТЫЛ *Арылт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жұмысшы партиясы буржуазиялық ағымдардан кәзір *а р ы л т ы л д ы* (В. И. Ленин, Шығ., 36, 159).

АРЫЛУ *Арыл етістігінің қимыл атауы.* Әйткенмен, бойға сіңген ескі әдеттің *а р ы л у ы* қиын екен (Б. Майлин, Таңд.). Қой арық болса, түшкіріп құрттан *а р ы л у ғ а* әлі жетпейді (С. Омаров, Қой. бағу.).

АРЫЛЫ-БЕРЛІ ү с т. с ө й л. Әрлі-берлі. Уәли қапелімде қатты сасып, *а р ы л ы б е р л і* жүгіріп аласұрды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *А р ы л ы-б е р л і* ойқастап коридорда мен жүрмін. Армандай айналып, аспанда қалықтап қиялым жүр («Лен. жас»).

АРЫМАЙ-ТАЛМАЙ ү с т. *Қажымай-талмай, шаршап-шалдықпай.* Ол азамат соғысында үлкен ерлік көрсетеді, Қызыл Армияны құрып, нығайту жолында көп жылдар *а р ы м а й-т а л м а й* еңбек сіңіреді (Ә. Бектемісов, Майдангер.).

АРЫН з а т. 1. *Қарқын, екпін.* Ойпаң жерден орғытып, Жарлау жерден сырғытып, *А р ы н ы н* аттың баса алмай, Келе жатыр сорғытып (Қамбар). Шиыршық атқан қара көк ауыздықпен алысып ала жө-

неледі. Оның *а р ы н ы* былай шыққан соң тіпті күшейіп кетті (М. Иманжанов, Адам тур.). Бәйге алдың ту үстіне жиырма мың, Өзгеше жылдағыдан биылғы *а р ы н*. Екі елі төбем көкке тимей қалды, Уралап аудан болып сыйлаған күн (К. Әзірбаев, Шығ.). 2. *Судың қатты ағыны.* Таси аққан *а р ы н ы* күшті, арнасы терең өзен оның лөм деуге шамасын келтірген жоқ (Ғ. Орманов, Жүрек). Су тасқыны өз *а р ы н ы м е н* турбинаның желбезектеріне барып соғады да, оны айналдырады (К. Смайылов, Мамандық.). 3. А у ы с. *Кеуделілік, тегеурін, адуындық, өр көкіректік.* Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі, Ар, ұятты бір ақыл — күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, *А р ы н,* алқын — бұл күннің мәртебесі (Абай). Ислам әуелгі *а р ы н м е н* қаншалық туласа да, Ғазизаны өз айтқанына көндіре алмайтынына көзі жетті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Қалың нөкер қасында жолдасы бар, Басылмаған адуын *а р ы н д а р ы* (С. Мәуленов, Жаз ерке). Қыз *а р ы н ы н* сынамас болар (Ғ. Мүсірепов, Таңд.).

◆ **Арыны басылды.** а) *Қарқыны қайтты, бәсеңсіді.* Арыстандай алысқан палуандардың әлгідей емес, *а р ы н ы б а с ы л ы ң қ ы р а п,* шаршағаны сезілді (М. Тәнекеев, Қажымұқан). *ә) Бегі қайтты, тауы шағылды.* Мен бір саяқ жылқылар іздегелі тұр едім,— деді Ақшал, *а р ы н ы б а с ы л а,* сыныкси сөйлеп (Ғ. Орманов, Жүрек). *А р ы н ы б а с ы л м а ғ а н* жас ағасындай адаммен кеше айтысып қалған-ды («Лен. жас»). Құрыншылар келіпті, Көрген айтып жәбірін. Елге келіп *б а с ы л д ы,* Желіккен менің *а р ы н ы м* (О. Шипин, Екі дастан).

АРЫНДА е т. 1. *Аттың бой бермей қарқындай шабуы.* Боз айғыр *а р ы н д а ғ а н* басы қатты, Екпіндеп омыраулап оза шапты (Ә. Көшімов, Көңіл күйі). Жолдан шыға жалт бұрылып, *а р ы н д а п* арбасын сүйрей қашқан аттар бар (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Асау кер арыстандай астындағы, Қарғиды *а р ы н д а й д ы* осқырады (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). 2. *Судың арнасынан шығып қатты толқуы, тасуы. А р ы н д а й* көтерілген асау толқын кері серпілген бетінде бізді жұлып та кете жаздайды (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). *А р ы н д а п* асау ақ толқын, Ырғып кеп жарға соғады. Құшағында жігіт жоқ, Аймалайды жағаны (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). 3. А у ы с. *Лепіру, екпіндеу.* Арғынмын, атым Әсет *а р ы н д а ғ а н, А р ы н д а п* ән сала ма дарымаған (Ақын жырлары). Спорт залына *а р ы н д а п* кірген Кәкен кібіртіктеп, екі иіні салбырап шықты («Лен. жас»). Арқалық, ақымақсың *а р ы н д а ғ а н,* Аңғал жігіт қақпанға арандаған (Батырлар жыры). ⊙ Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты *а р ы н д а п,* Әр қиынға салған шақ (Абай).

АРЫНДАЛ *Арында етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Судың *а р ы н д а л ғ а н* ағыны, апатты толқыны алқындырған өткелге таянған мұрыншақтан шыға, өзіне айқайлаған Молдақымның дауысын абайламады (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АРЫНДАН *Арында етістігінен жасалған өздік етіс.* Арлана ер ары үшін *а р ы н д а н ы п,* Көрлене қырқар күші қабындаңып. Шамданып, шар қайрақтай шармыланып Жалданып, жанған оттай жалындаңып (Т. Жароков, Шығ.).

АРЫНДАС *Арында етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бірі аға, бірі бейне қарындастай, Екеуі бет жыртыспай, *а р ы н д а с п а й.* Шашаусыз тұтас түйін болып кетті, Тас тағдыр қалай соқсын, жарылмастай (Қ. Тоғызақов, Өленд.).

АРЫНДАТ е т. 1. *Арында етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оның жастығы есіне түсіп, Қара керді біраз *а р ы н д а т ы п* алғысы да келді («Лен. жас»). Осындай жер қара, күн жылыда жұмысты *а р ы н д а т ы п* істемесек болмас (Бұл да). 2. А у ы с. *Аспандату, шалқыту, құйқылжыту.* Кетеді ән ырғалып эфирде есе. Оралып, орағытып, *а р ы н д а т ы п* Ақтаңдық, алажаулық бұлтқа ілесе (Ж. Сыздықов, Белестер).

АРЫНДАУ *Арында етістігінің қимыл атауы.* Істің мән-жайын түсінбей тұрып, орынсыз *а р ы н д а у д ы ң* керегі жоқ (Ауызекі тіл).

АРЫНДАУЫҚ с ы н. 1. *Арыны күшті, арыншыл.* Жас баланы басы қатты, *а р ы н д а у ы қ* атқа мінгізсе, тізгініне ие бола алмайды (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Өр көкірек, қыңыр.* Әдетте, ақылдан ада адам *а р ы н д а у ы қ* болады ғой (С. Омаров, Хантағы). Егер тізгін қоңыр Қожаға берілсе, ...*а р ы н д а у ы қ* аттай шалқасынан түсіп жатып алады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АРЫНДАУЫҚТЫҚ з а т. *Өр көкіректік, қыңырлық.* Араға кісі жүргізіп біліп

тұрам да, егер тағы да *а р ы н д а у ы қ т ы р ы ң* ұстаса, тағы кеп, қызыңды өз қолымнан Сәбиттің арбасына салып берем (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АРЫНДЫ с ы н. 1. *Арыны күшті, арыншыл, арындауық.* Өзі сыншы, өзі бапкер бола тұрып, Біркімбай *а р ы н д ы* атпен қорықпай шауып көрген емес-ті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 2. *Тасқыны күшті, ағынды. А р ы н д ы* Ақсу өзені Алыс еді Аралдан. Бетін бұрып өжелгі, Біздің жерге де оралған (Ғ. Орманов, Шығ.). Шөгерген түйедей болып жатқан тастар *а р ы н д ы* өзенге еш бөгет емес (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). 3. А у ы с. *Мықты, азулы.* Жолдастары *а р ы н д ы* Артынан қалмай барады. Түгелдеп алған қолында Құрал-сайман жарағы (Қамбар батыр). Анау *а р ы н д ы* жауға қарағанда, мына мылтық атып жатқан селдір топ қорғансыз, мүсәпір көрінді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 4. А у ы с. *Асқақ, шарықтаған, жалынды.* Халық өндерінің неліктен *а р ы н д ы* да, асқақ толқынды да шабытты болып келетінін сезу қиын емес-ті (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). *А р ы н д ы,* арналы, өзекті ой, Тербетер тіл, сыр барда. Оны сақтау қиын ғой, Бұл заманда, бұл таңда (І. Жансүгіров, Шығ.). Ширыққан жібек шешіліп, Жазылған жүйрік көсіліп, Ағызатын күн болды, *А р ы н д ы* жырды менің де (Жамбыл).

АРЫНДЫЛАУ с ы н. *Арыны қаттылау, екпінділеу.* Тау қарының еріндісімен күн сайын кенересін кернеп аққан *а р ы н д ы л а у* тау өзені өткел берер емес («Соц. Қаз.»).

АРЫНДЫЛЫҚ з а т. *Арыны қаттылық, қарқындылық, екпінділік.*

АРЫНСЫЗ с ы н. *Арыны жоқ.* «Ә» десе, «мә» деп ол, бірақ, *А р ы н с ы з* қамыт кимеді. Жүрмеді жөнсіз болбырап, Байға да басын имеді (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

АРЫНШЫЛ с ы н. с ө й л. *Арынды, арыны күшті.* Деп Қараш көтерілді қолын нұсқап, *А р ы н ш ы л* арқа-басы тұр құрыстап. Әлі де айтар еді — бөлді сөзін Есіктен қағаз ұстап кірген Ысқақ (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АРЫНШЫЛДАУ с ы н. с ө й л. *Арындылау, арыны күштілеу.* Тағдырдың тас кемеріне *а р ы н ш ы л д а у* арман толқындары ұрады («Лен. жас»).

АРЫНЫП-АШЫН *Арып-аш етістігінен жасалған өздік етіс.* Соншама әкемнің күйгелектейтініндей-ақ, мен жолда *а р ы н ы п а ш ы н ы п* келмеген едім (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

АРЫП-АЗ е т. *Арып-ашу, жадап-жүдеу, қалжырау.* Қыстан *а р ы п-а з ы п* шыққан жануарлар көсегесі көгеріп көк майсадан бас алмай, отқа кенелді (Х. Әбішев, Аспан сыры). Пахриддин әбден *а р ы п-а з ғ а н,* келе нарға құлады. Сол жатқаннан бір тәулік тұяқ серіппеді (З. Шашкин, Теміртау). Ол егісті тегіс аралап шығып, кешке жақын *а р ы п-а з ы п,* үсті-бастары шаң-тозаң болып Баянаулыға жаяулап жетті (З. Шашкин, Сенім).

АРЫП-АРШЫ е т. *Шаршап-шалдығу, өліп-талу.* Ақмарал жетті соған *а р ы п а р ш ы п,* Қалжырап, қалған аңды қаны қашып, Қарсы алды жатсынбады тұрған теңіз, Суынан толқын атып, көбік шашып (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

АРЫП-АШ е т. *Азып-тозу, жадап-жүдеу, шаршап-шалдығу. А р ы п-а ш қ а н,* жараланған сарбаздардың қарайып, безеріп алған бет-әлпеттеріне шым-шымдап жылу жүгірді («Лен. жас»). Капиталистік қоғамда біреулер *а р ы п-а ш ы п,* азып-тозып еңбек етеді де, екінші біреулер соның тапқанын тек жатып жейді (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Шамшыбануды іздеп көп қаңғырдым. *А р ы п-а ш ы п* шаршадым. Өзім жаяумын (Қаз. ертегі.). Сәске түс еді, балықшылар мұз үстінде жүрген, қаладан қайтқан кірешілерге ілесіп, *а р ы п-а ш ы п* Рай келді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АРЫП-ТАЛ е т. *Жүдеп-жадау, азып-тозу, қиналу.* Иінінде дорбасы бар нәрсе салған, Жинаған ескі-құсқы жұрттан алған. Жаны ашып асыраған адам болмай, Қаңғырып қайыр сұрап *а р ы п-т а л ғ а н* (С. Сейфуллин, Өлеңд.). *А р ы п-т а л ы п* қиналып, Өткелді тауып өткен бар. Сол өткелден өтіп ап, Тілегіне жеткен бар (С. Мұқанов, Таңд.). Күні-түні қорлық көріп, *а р ы п-т а л ы п,* Шырқайды бейнеткер тап бойын жазып. Қақ жарып қара түнде тау мен тасты, Сен едің жөн сілтеген Темірқазық (Қаз. өндері).

АРЫП-ТОЗ е т. *Арып-азу, шаршап-шалдығу.* Князь қысылып, *а р ы п-т о з ы п* келгенде қолының ұшын созып, бауырына қысқан осы Сусанна Михайловна екен (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

АРЫП-ШАРША е т. *Арып-ашу, шаршау.* Ертеңіне Раушан *а р ы п-а ш ы п,* жаяу-жалпылап қалаға жетті (З. Шашкин, Сенім). Айлық-жылдық, жерден *а р ы п-ш а р ш а п* дін құғандар әзірет сұлтанды ізден күні-түні ағылып келіп жатады (С. Шәріпов, Шығ.). Сонымен айлар-жылдар жүріп отырып, айтқан жөнмен ізден, *а р ы п-ш а р ш а п* бір шаһарға келіп жеттім-ау (Қаз. ертегі.).

АРЫРАҚ ү с т. *Әріден, алыстан, терең-нен.* Алексей Шалғымбай сөзіне тіке жауап қайырмай, сөзге ынталанып отырған жігіттердің аңғарын сезген соң әңгімені *а р ы р а қ* қозғады (І. Жансүгіров, Шығ.). Алшынбай Құнанбайдан гөрі *а р ы р а қ* ойлап, ойына әртүрлі жайсыз күдіктер түсіп, күңгірт тартып отырған ((М. Әуезов, Абай).

1. АРЫС з а т. *Арба-шананың көлік жегетін қос жегегі, тәртесі.* Суырып алды Ер Қодар, Арбадан бір *а р ы с т ы,* Жаяу тұрған әскермен Келе Қодар салысты (Батырлар жыры). Сиыр бунақ-бунақ ай мүйізін шайқап, арбаның *а р ы с ы н* сатыр-сұтір сүзіп қояды (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Доңғалақ арба жүре алмас, Қос *а р ы с ы* сынған соң (Үш ғасыр.).— Әй, төбеңнен жорғалағыр, екі айналмай жатып осымен кестердей үш *а р ы с т ы* сындырды, бұларың не? (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). 2. А у ы с. Білікті, қадірменді, абзал. Бөжейдің өлімінде бірнешелер таяғына сүйеніп, бірнеше көрілер жер тіреп жылысып: — *а р ы с ы м-ай,* арыстаным, бауырым-ай!— десіп күңіренді (М. Әуезов, Абай). Артыңа тастап *а р ы с ы м* Кеттің-ау бейбақ шешеңді (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

◆ **Екі арыс.** *Ерлі-зайыпты, жұбай. Е к і а р ы с* аман болса, дүние түгел (Ауызекі тіл). *Е к і а р ы с т ы ң* бірі барда, бірі жоқ, еңкейген шақта тіреу жоқ,— деп сарнады ол (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

2. АРЫС з а т. к ө н е. *Ру, тайпа, ел, халық.* Бас қосылса *а р ы с қ а,* Кім шабады намысқа (Абай). Біздің Адай халқы сегіз *а р ы с* ел болады («Айқап»). Мен Арғын деген *а р ы с п ы н,* Азуы кере қарыспын (Үш ғасыр.). Кенжекұл қазақ жетпес бабасына, Төрт *а р ы с* билік айтқан баласына (Айтыс).

◆ **Арысқа түсті.** *а) Екі ел арасындағы дау-шарға араласты, айтысты.* Аузын ашса, сөзі фонтанша атқыған талай *а р ы с қ а т у с к е н д е* қиыннан жол тапқан қарттың бұл жолы сөзінен ыңырсуы көбірек (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). ә) *Жарысқа түсті, бәсекелесті.* Социалистік жарыста Біріңнен-бірің қалыспа, Беріспеймін өліспей, *Т ү с і п* тұрмыз *а р ы с қ а* (Қ. Айнабекұлы, Өленд.). Биыл егін шығымы мол, *а р ы с қ а т ү с е т і н* жыл,— деді Шығанақ (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).

3. АРЫС з а т. б о т. *Қара бидай.* Мысалы, біздің «Рассвет» колхозында төрт жүз гектардай ғана егістік жер бар. Оның өзі де *а р ы с,* арпа, зығыр егіліп, бөлшектеліп тасталған (Х. Рахимов, Қарлығаш.).

4. АРЫС з а т. *Сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң; ақкіс. А р ы с* әртүрлі ұсақ кемірушілерді жеп, шаруашылыққа пайда да келтіреді (Ауызекі тіл).

5. АРЫС з а т. *Үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш; бел ағаш. А р ы с* — қораның, там үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең мықты ағаш (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АРЫСЛАН з а т. с ө й л. Арыстан. Тоты құстай таранып, Жан-жағына қаранып, Қыз Назым сонда сөйлейді. Бәрәкалла, *а р ы с л а н,* Ер өледі намыстан (Қамбар).

1. АРЫСТАЙ с ы н. *Арыс тәрізді.* Оның кенеп қонышты етік киген ұзын сирағы әшейіндегі *а р ы с т а й* созылған қалпынан қамыттана иілген сияқты (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

2. АРЫСТАЙ с ы н. *Ортан қолдай, дырдай.* Торғайдағы торудың сәтті кезеңін аңдымасаң, *а р ы с т а й* ел азаматы қотанында қан жұтып құламас та еді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Көк сиырдың ішінен тулап түскен көк бұзауды бауыздап, плитаның үстіне *а р ы с т а й* қып салып қойыпты (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Қауменнің екі ұлы да *а р ы с т а й* үлкен, қабыландай қайратты болатын (М. Әуезов, Таңд.).

1. АРЫСТАН з а т. 1. *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң. А р ы с т а н,* аю, қасқыр, түлкі, борсық, Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып (Жамбыл). Хайуанаттар дүниесінен жұмбаққа қосылатыны, көбінесе, қасқыр, қоян, аю, жолбарыс, *а р ы с т а н,* түлкі т. б. (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Аңшылар *а р ы с т а н д ы* ұстап алды, Ағашқа арқанменен байлап таңды. Байлаудан босануға әлі келмей, Әупілдеп сонда *а р ы с т а н* ыңыранды (Ө. Тұрман-

жанов, Қарлығаш). 2. А у ы с. *Ер жүрек, қайтпас қайсар адам.* Қайырбаев елін сүйген, ер жүрек, *а р ы с т а н* азамат екен (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). *А р ы с т а н* туған Исатай Дегеніне жете алмай, Арманда өтіп кетті деп, Қиналар ма екен біздерге (Махамбет).

◆ **Арыстан жал.** *Арыстанның жалындай, қырлы, тікше.* Ақ көбік, асау толқын, *а р ы с т а н ж а л,* Айқасар атылас аспан бұлтыменен (О. Шипин, Өмір өрнегі). Апайтөс Балқаш жарқ етті жонда Аспанға серпіп *а р ы с т а н ж а л д ы* (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). **Арыстан жүректі.** *Ер жүрек, батыл, тайсалмайтын.* Кәркиден, пілдей қуатты, Тағы *а р ы с т а н ж ү р е к т і* (Абай). **Арыстанның аузында, түрікпеннің [шыңыраудың] түбінде.** *Бір нәрсені қолға түсірудің қиындығын білдіреді.* Мал *а р ы с т а н н ы ң а у з ы н д а, Т ү р і к п е н н і ң т ү б і н д е* (Мақал). Патша заманында қазақ еңбекшілерінің табан ақы, мандай терімен табатын жалақысы сонша аз болатынын ол «мал *а р ы с т а н н ы ң а у з ы н д а, т ү р і к п е н н і ң т ү б і н д е*» деп суреттеді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).— Жұртта жатқан бақытты естіген емеспін, ол шіркін *а р ы с т а н н ы ң а у з ы н д а, ш ы ң ы р а у д ы ң т ү б і н д е* ғой (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). **Арыстан төс [арыстан кеуде].** *Үлкен төсті, зор кеуделі.* Нәдір мырс етті де:— Жоқ, шырақ. Қайдан бұрыннан болсын. Былтырдан бергі өзгерісі. Сонау, *а р ы с т а н т ө с* жирен төбел айғырды байқайсың ба?— деді (Б. Тоқтаров, Таудағы ән). Ассалаумағалейкум, *а р ы с т а н к е у д е,* нар белді аулымның шалдары. Көреген көз, зерделі, армандай ақ жандары (С. Әлімқұлов, Қырран).

2. АРЫСТАН з а т. а с т р. *Ел арасында Қамбар жұлдызы деп аталатын эклиптикадағы он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.* Ай орбитасына жуық орналасқандықтан, *А р ы с т а н* Аймен тоғысады (ҚСЭ).

АРЫСТАНДАЙ с ы н. *Арыстан сияқты айбатты, қаһарлы.* Біздің лектің өткір тісі, *А р ы с т а н д а й* майданда ісі (С. Сейфуллин, Шығ.). Алдымда *а р ы с т а н д а й* екі қызыл әскер тұрды (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Тұлғасы, бейне арлан *а р ы с т а н д а й,...* Үлкен көз, қоңқақ мұрын, қарыс мандай (С. Мұқанов, Таңд.).

АРЫСТАНСЫ е т. *Арыстанға ұқсағансу.* «Алашпыз» деп кеудесін ұрып, *а р ы с т а н с и д ы,* құрттаған қой құрлы кескегі жоқ!— деп Сұлтанмахмұт сақ-сақ күлді (Д. Әбілев, Арман жолы.).

АРЫСТАНША ү с т. *Арыстан сияқты, арыстандай.* Паровоз ауыр жүктен бір ырғалып, Ақырад *а р ы с т а н ш а* тауды жарып (Т. Әлімқұлов, Сапар). Толқын кернеп дөңбекшиді, Ашу кебін киеді. Долыланған *а р ы с т а н ш а* Айналаға тиеді (С. Сейфуллин, Таңд.). Ол мылтығының шүріппесін тартып үлгергенше, *а р ы с т а н ш а* қарғып Нұрым шекеден жұдырықпен сарт еткізді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АРЫСТАНШЫЛА е т. *Әлі жетпеске ұмтылу, тырысу.* Сұлтанмахмұт «Айқапқа» өлең бастырып шығаруды үміт ету ерте деп білді.— Айға шапқан *а р ы с т а н ш ы л а п* жүрермін,— деді (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АРЫСТЫ с ы н. *Арысы бар.* Үшінші арба торы атқа доғасыз жеге салған *а р ы с т ы,* екі дөңгелекті таралейке (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Әр есіктің алдында-ақ арба тұр. Шаңырақтай екі доңғалақты, тоқыма тал қорапты, *а р ы с т ы* ағаш арба (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АРЫТ *Ары етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Серәлі туған жеріне қажып келді. Оны *а р ы т қ а н* жол азабы емес-ті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Арнайы ат *а р ы т ы п* барды іздеп, Таңырқап ынтық болып «нендей қыз»,— деп (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ат *а р ы т ы п* жетті бәрі, Қалмай адам көңілі жақын. Ақсақалдар қол көтеріп, Жас бөбекке бата беріп, Толағай деп қойыпты атын (Ә. Тәжібаев, Жастық жыры.).

АРЫШТА е т. ж е р г. Адымда. Сақа қадамын *а р ы ш т а п* оларды қуып жетті (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АРЬЕРГАРД з а т. ә с к. *Негізгі күштердің соңынан жүретін әскери флот бөлімшесі.* Бір күні гитлершілердің *а р ь е р г а р д ы м е н* украина селосы — Зеновскіде тайталасып қалдық («Лен. жас»).

1. АС и р. з а т. 1. *Адам баласының қоректік заты, тағамы; ішім-жем, тамақ. А с* — адамның арқауы (Мақал). Неміс солдаттары мектеп сарайларын қиратып, от жағып, *а с* жылытып жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Бұл — батальонның *а с* дайындап жатқан жері. Онда жүргендер — аспаздар, отыншы-сушылар (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Ірімшік — қазақтың сүйікті *а с ы.* Ол орта температураға да, ыстық-суыққа да шыдамды (Е. Оразақов, Дәрігер.). 2. К ө н е. *Өлген адамның жылдығын еске*

түсіру салтына арналған мол қонақ асы; ас та төк ұлы жиын. Мырзалар күміс тұрман шалқалап жүр, Кедейлер отын шауып арқалап жүр. Күңірентіп Сағынайдың кәр моласын, Осындай *ас* боп жатты Арқада бір (І. Жансүгіров, Өленд.). Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі — жас кезінде үлкен *ас*, ұлы дүбір жиында күреске түсетін балуан болған (М. Әуезов, Әр жыл.). Алтай Аққошқар Сайдалының бес болыс елге сауын айтқан *ас ы* болып бәйгі тігіледі (А. Жұбанов, Қаз. композитор.).

◆ **Арам ас.** *Адал еңбексіз табылған тамақ.* Оңай олжа — *арам ас*, Мен де алтыннан беземін. Бола қоймас балам аш, Терсем де жер тезегін (М. Әлімбаев, Өленд.). Бар денемнің бәрі — бір мұз, Қайрылуға жарамас. Міне дәулет, міне асыл қыз Болды маған *арам ас* (Абай). **Ас ауыз тиді.** *Дәм татты, құр ауыз кетпеді.* Сәрсен келе сала асыға сөйлеп, тек *ас ауыз тиді* де, сыртқа шықты («Лен. жас»). **Ас батпады.** *Алаң болды, көңілі жарым болды.* Жаудан алмай елдің кегін, Жауынгерге *ас батар* ма?! (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Күздігүнгі ұзақ таң Еспенбет кірпік қақпайды. Күндіз ойнап күлмейді, Ішкен *асы батпайды* (Үш қасыр.). Жүрегіме *ас батпай*, Не қылам біле алмай: Өлейін десем өле алмай, Өз жанымды қия алмай (Алпамыс). **Ас берді.** *Өлген адамның жылын өткізді.* Бала деген жас мүлде, Өзің өліп мен қалсам, Тасқа ұрармын басымды. Өзім өлсем артымда Сен *бересің асымды* (Батырлар жыры). Мырза өз әкесі Өсекеңе *ас берем* деп, Көкшетауға сауын айтып, қалың елді жиды ғой (М. Әуезов, Таңд.). Қазақ өлген адамдарға *ас береді.* Астың терісін, я асқа шығарған малдың бір бөлімін оқушыларға берсе, әрі сауап, әрі жәрдем болар еді («Айқап»). **Ас болсын.** *Жегенің бойға сіңсін.* Жегендерің *ас болсын* деген олар, тілек сол — жеңіп қайтыңдар (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). **Ас бұршақ.** Биол. *Гүлі ірі бұршақ тұқымдас бір жылдық өсімдік.* Ал «В» витамині кемімеу үшін сыра ашытқысы, бидайдың қоңыр наны, *ас бұршақ* және овощтар күнделікті тағамнан үзілмеуге тиіс (Е. Оразақов, Туберкулез.). Агрономдар мен диқаншылар дәнді дақылдар мен *ас бұршақ* тұқымын күзден бастап егіске әзірлеуге тиісті (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу). **Ас жаулық.** Жерг. *Ас орамал, дастарқан.* Оспан күбі шелектің бетіндегі *ас жаулықты* аяғымен сығырып түсірді (М. Әуезов, Абай). Қонақтармен амандық айтысып болған соң, Әйгерім *ас жаулық* жапқызып, қымыз сапыртты (Бұл да). Жайласып отырып, алдарына Мұқсинаның *ас жаулығы* жайылған кезде Құндақбай қойынан бөтелкені суырып дастарқанға дік етізді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ас қайырды.** *Тағам жеп болғаннан кейін бата берді.* Көршілер етті жеп, сорпасын ішіп, артынан *ас қайырып*, орындарынан біржолата көтерілді («Лен. жас»). Дастарқан жиналар-жиналмастан, «Ал ішіп болды ма, бата беріңдер, *ас қайырыңдар!* Той тойға ұлассын! Айда жина, ойын бастайық»,— деген дабыр-дұбыр естіліп қалды (Бұл да). **Ас қорыту.** *Ішкен-жегенді денеге сіңіру.* Еттердің жұмысы *ас қорыту*, тыныс алу және қан айналу органдарының дұрыс қызмет атқаруына байланысты (Адам анатом.). Ішек-қарынның *ас қорыту* қабілеті бұзылса да қозының іші өтеді (С. Омаров, Қозы ауруы). **Ас қызылшасы.** *Екі жылдық овощтық дақыл. Ас қызылшасы* түрлі тағамға қосылады. Мұның тамыр жемісті және жапырақты түрі бар (ҚСЭ). **Ас пісірім.** *Екі-үш сағаттық мезгілді білдіретін өлшем. Ас пісірім* үн шықпай, Алтын жаға, сұр шекпен, Арқасына жамылып, Әйнектей көзі жалт етіп (Манас). **Ас тұз.** *Тағамға пайдаланылатын тұз.* Қант пен *ас тұзы* ақ түсті қатты заттар. Олар суда ериді және суға тәтті немесе ащы дәм береді (Химия). Сабанды сода және *ас тұзының* ертіндісімен өңдеу Украинада, оның кейбір колхоздары мен совхоздарында кең қолданылады (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы). **Ас ұстау.** *Ас-суды басқару, ие болу. Ас ұстағанның* азабы бар (Мақал). *Ас ұстаумен* жаны қас, Қозғалмайды Марияш. Орақ кезі... далада Колхоздағы көрі-жас (З. Шүкіров, Жас қанат). **Ас үй.** *Тамақ пісіретін үй.* Шолпан *ас үйге* қайта барып, дәу жез легенмен үйеме ақ жапа көтеріп, асшы әйелді ерте келді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Кемпір жол азық, ол-пұл салған сеткасын *ас үйге* әкетті (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). **Ас ішіп, аяқ босатар.** *Еңбек сүймейтін, арам тамақ.* Бітіретін бір тиын жұмысы жоқ, тек қазақ атынан комитет болып отырған, *ас ішіп, аяқ босатарлар* (І. Жансүгіров, Шығ.). **Жеңсік ас.** *Таңсық тағам.* Қызыл ірімшік көптен жемеген *жеңсік ас* болғандықтан, көбірек жеңкіреп жібер-

дім («Қаз. әдеб.»). Кешкі [іңір] ас. *Жатар алдында ішетін тағам.* Бәтима дастарқанын жайып, *кешкі асын* дайындап жүр (А. Лекеров, Түз гүлі). Үй адамдары *іңір асын* ішуге отырды (С. Мұқанов, Саяхаттар). Қонақ асы. *Қонаққа арнайы дайындалатын тағам.* Әубәкір мен кемпір іштерінен қынжыла-қынжыла батасыз қонақтың *қонақ асын* дайындауға кірісті (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Сый-құрмет, бәрі дайын *қонақ асың,* Алып кет ханның тоғыз сыбағасын (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). Түскі ас. *Түс мезгілінде ішетін тамақ. Түскі астан* соң келемін деген уақытта кітабымды алып тысқа шықтым (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Ішкен асы бойына тарамады. *Қатты қобалжыды, алаң болды.* Біреу-міреудің көзіне түсіп қалып, мерт бола ма деп, *ішкен асым бойыма тарамады.* Аман келгеніңді көргенде барып жүрегім орнына түсті (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ішкен асын жерге қойды. *Есіл-дерті сонда болды, өлгенше құмартты.* Жөмидің жақсылығын айтып мақтағанда, ел *ішкен асын жерге қояды* (С. Омаров, Қайырлы жаз). Кітап десе *ішкен асын жерге қоятын* адамның бірі менмін («Лен. жас»).

2. АС з а т. с ө й л. Асты. Көзге ұйқы тығылса қар үстінде, Қалғыдым етегімді *асқа* төсеп (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Ол айнала іргеге жасалған оттықтарды сипалап кеп, тақтайды көтеріп, сөкімен *асқа* түсті (К. Оразалин, Көктем.).

3. АС е т. 1. *Тамақ пісіру, әзірлеу.* Аспаздың қарны *асқанына* тояды (Мақал). Қазандыққа *асқан* еттің буы біз кіргенде күркенің ішіне лықа толып, тұманнан тұк көрінбейді екен (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Сондай бір шақта Қатша үйіндегі қатқан-құтқанын *асып,* болыстікіне сыбаға әкелді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. *Мойынға, иыққа арту, ілу.* Олар аздан соң, даярлап әкелген гүлдерін үнсіз келіп мойындарымызға *астыы* (М. Әуезов, Индия очерк.). Ол оқ тиген сол жақ қолын мойнына *асып* алыпты (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Бір жақ иығына *асып* алған телефоны да бар (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). 3. *Дарға, не басқа бір нәрсеге іліп өлтіру.*— Кінәлы адамдарды *асып* өлтіретін дар деген осы,— депті хан (Қаз. ертегі.). Бөрібасар Нұрқанды ортаға сүйретіп әкелді. Үнін шығармай өлтір, *ас* шаңырақка (М. Әуезов, Таңд.). Хасан қала халқын *асса* да, кессе де еркі өзінде (С. Шарипов, Шығ.). Азғындар ана шашын шарт кесіп, нәрестені дарға *астыы* (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

◆ Қазан асты. *Тамақ пісірді, қазан көтерді.* Қарның ашса, *қазан ас,* Ет болмаса, сазан ас (Мақал).

4. АС е т. 1. *Бір жерден екінші жерге қарай өту, тауды, белесті басып әрі өрлеу.* Лицейдің қатарынан *аса* беріп, Пушкиндей ақын ұлға сәлем бердім (Т. Жароков, Таңд.). Мал өрген бетке Оразбақ шаба жөнелді де, жақындағы бір белестен *асып* арғы бетіне жасырынды (С. Мұқанов, Таңд.). Барақта тұратын ескі жұмысшылардың бірен-саран сиыры бел *асып,* өріс-теп барады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 2. *Белгілі бір мөлшерлі саннан, жастан өту.* Жиылысқа келген әйелдердің саны отыздан *асады* (Б. Майлин, Шығ.). Жиырма бестен жаңа *асқан* жалынды жігіт ойға алғанын етпей қойман десе де, өмір өзірге оны екі сүріндірді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Айжан қырықтардан *асқан,* толық денелі, әдемі ақ өңді әйел еді (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). 3. *Биіктеу, ұзару, жоғары көтерілу.* Қаланың орта кезіндегі ашық алаңда барлық үйлерден бойы *асып,* мәдениет сарайы тұр (С. Омаров, Әңгім.). Кербез кеш ширатылып көктемдегі, Күн *асып* көк жиектен кеткен еді (Партия тур. өленд.). Биіктігі кісі бойынан *асатын* арғымақ ауыздығын шайнап тықыршып тұр (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Көк шөптерден мойны *асып* ағарып моланың тасы тұрды (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). 4. *Бір заттың белгілі бір нысанадан, биіктіктен жоғары өтіп кетуі.* Оқ суылдап төбемізден *асып* кетті (С. Көбеев, Орынд. арман). Қызыл арай жол салып, Түнде үстіңнен оқ *асқан.* Жан берісіп жан алып, Өткеліңе таласқан (Ж. Саин, Таңд.). Таудан *аса* соққан жел бейіт тұрған төбешіктің басында қатты ызғырықтанады (М. Әуезов, Таңд.). 5. *Көбею, төгілу, артылу.* Көк долы өзеннің арнасы кемеріне сыймай, жоғары көтеріліп, *асып* төгіліп жатыр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Көнемін көпті көрген мен ақ шашты, Елімнің жылдан-жылға дәулеті *астыы* (Ү. Кәрібаев, Өленд.). Үй ішінің қайғысы бұрынғыдан да *астыы* (М. Әуезов, Таңд.). Іштегі ғашықтығым барады *асып,* Ол жігіт қыздың жайын айтқан сайын (Ақын жырлары). 6. А у ы с. *Біреуден-біреу артылу, озу, ерекшелену.* Нәсім балуан пароходта жүкші болып жүріп кү-

ші *а с қ а н* соң күреске шығып кетіпті (І. Жансүгіров, Шығ.). Қой асығы демей-ақ Қолыңа толса, сақа тұт. Жасы кіші демей-ақ, Ақылы *а с с а,* аға тұт (Мақал). Менің рекордымнан тағы *а с т ы-а у* мынау (М. Әуезов, Таңд.). 7. А у ы с. *Асып-тасу, дандайсу. А с қ а н ғ а* аспан да аласа, Тойғанға тоқты еті топырақ (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Батыр, батыр дегелі, Дәуперімсіп екеуін, Әлден *а с қ а н* екенсің (М. Әуезов, Таңд.). *А с қ а н ғ а* тосқан кезікті, Алдын ала баспағын, Армансыз болып ақынын, Ақындығың болмаса, Жоқ екен басқа нақылың (Жамбыл).— Сен мына қоңы тәуір астыңдағы аттың жүрісін көтере алмай *а с қ а н* екенсің (К. Оразалин, Ақ жазық). 8. А у ы с. *Шарықтау, шалқу, аспандау.* Асқақтап ән-күй көкке *а с т ы,* Айдында жүзген қаздайын (Ж. Саин, Таңд.). Егіннен қайтқан қыздардың Әні естілді шырқаған. Тыңдап тұр толқып Сауытбек, Ән бері *а с т ы* қырқадан (Д. Әбілев, Жүрек жырла.). 9. А у ы с. *Қиындықты жеңу.* Неше қатер жерлерден Аман есен *а с т ы қ* (С. Сейфуллин, Өленд.). Ойдағы арман жердегі бел сияқты бірінен *а с с а ң,* алдыңнан бірі шығады (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).

◆ **Абыройы асты.** *Беделі өсті.*— Бүгін мына мешіт бітіп, оның *а б ы р о й ы а с ы п* отыр (М. Әуезов, Таңд.). **Аруағы асты.** *Күші басым болды, жеңді. А р у а ғ ы а с а д ы,* Төлеген сынды мырзаның Қанын судай шашады (Қыз Жібек). **Аса алмады.** *Біреудің айтқанынан шыға алмады.* Шынтуайтқа келгенде тоқалы Теңгеден *а с а а л м а д ы* (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).— Шапық аға, директоры мұғалімдерден *а с а а л м а й* отыр ғой (Ш. Хұсайынов, Таныс адам). **Асып жығылды.** *Артып кетті.* Ержановтың да «пьесалары» қырық-елуден *а с ы п ж ы ғ ы л а д ы* (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Асып түсті.** *Артылып кетті, озып кетті.* Сұлу үндер бірінен бірі *а с ы п т ү с і п* жатыр (Қ. Жармағамбетов, Әнші азамат). Сізге қарағанда мен көбірек оқыдым. Көп оқысам да, аз оқыған бір қыз менен *а с ы п т ү с т і* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Бағы асты.** *Мәртебесі жоғарылады, тасы өрге домалады. Б а ғ ы ң а с қ а н* шағында, Құзғын салсаң қаз ілер. Бағың тайған шағында, Түйін салсаң аз ілер (Мақал). Жаса Қазақстаным! *А с а* берсін *б а қ т а р ы ң* (К. Әзірбаев, Өленд.). Кемелімізге келіп, *б а ғ ы м ы з а с ы п* тұрғанда, ескі жұртқа қайта қонбайық дегенің теріс емес (С. Омаров, Әңгім.). **Басынан асты.** *Жұмыс басты болды, қызметі көбейді.* Қысқасы, жұмыс дегеніңіз *б а с т а н а с ы п* жатыр. Бірақ соның бәріне де уақыт табуға болатын сияқты («Лен. жас»). Жетеді қайдан қаршадай Шағынан болса сауыныш! Жүретін күн жоқ шаршамай, *Б а с ы н а н а с қ а н* бар ісі (С. Мұқанов, Замандас.). **Бел аспады.** *Мал болмады, өлді.* Оның суын ішкен мал Тышқақ тиіп, *а с п а с б е л.* Көл деп оны кім жайлар, Суы құрсын, ол — бір шөл (Абай). **Даңқы асты.** *Атағы елге жайылды.* Батыр қала Москва, *Д а ң қ ы а с қ а н* астана (К. Әзірбаев, Өленд.). Елім күшті, жерім бай, *д а ң қ ы м а с қ а н,* Қуаттанып, күн санап алға басқан (Т. Жабаев, Із). **Жасы асқан.** *Қартайған, ұлғайған.* Фермада *ж а с ы а с қ а н* қарт сауыншылар да бар. Оларды біз ауыстырмағанда кім ауыстырады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Жүзеге асты.** *Мақсатқа жетті, ой орындалды.* Патшалық итаршының есуастық арманы *ж ү з е г е а с п а ғ а н ы* мәлім (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Бір салада мүмкіндіктер бар да, сол мүмкіндіктердің тірлікте шаруаға *ж ү з е г е а с қ а н ы* бар (Алғы шептегі.). **Иек асты.** *Бір жерден екінші жерге жетті, барып тіреліді.* Олар жарым ортадан ауып жағаға жуықтады. Бір кезде арғы бетке де *и е к а с т ы* (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Кәдеге асты.** *Іске жарады, пайдаланылды.* Бұл салынған үй сұрғылт, сүреңсіз болса да, біздің бір *к ә д е м і з г е а с а д ы* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Сол кірпіштер күні бүгінге дейін колхоз құдықтарын шегендеуге *к ә д е г е а с ы п* жүр («Лен. жас»). **Құлақ аспады.** *Біреудің сөзіне назар аудармады, құлақ қоймады, тыңдамады.* Қалампырдың ақылына Ғалия *құ л а қ а с п а й,* тыйылудың орнына үдей берген соң, Қалампыр ұрысты (С. Мұқанов, Таңд.). Жөн сөзге *құ л а қ а с п а у* арсыздық болады (М. Иманжанов, Таныс қыз).— Біз айтсақ, ылғи бос сөз болады, тіпті *құ л а қ а с п а й с ы з.* Шопан бригадасы бос сөз бе екен? (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Мерейі асты.** *Мәртебесі өсті, бақыты артты, беделі күшейді. М е р е й і ң а с с ы н,* ұлым!— деді Абыз (М. Әуезов, Таңд.). **Пайдаға асты.** *Кәдеге жарады, қажет өтеді, іске татыды.* Брынза, ірімшік, құрт, сүзбе — пісі ас ретінде сақталады, қысы-жазы бірдей *п а й д а ғ а а с а д ы* (М. Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Жаумен алысқанда *п а й д а ғ а а с а т ы н* айла болса, одан безу ағат болады (Д. Әбілев, Ақын арманы).

Сайлаудың әкесінен кірпіш құюды үйренгені осы жерде *пайдаға асты* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). **Таң асты.** *Терін алды, суытты. Таң асып* қатып жарап жүрген ат адам дауысы шыққан сайын көкке шапшып, ауыздығымен алысады (К. Оразалин, Ақ жазық). Бегейдің берекелі елі қандай, Беделі, бетегелі жері қандай! Тауыспас *таң асқан* ат бір түн шөбін, Бел асып тұсай салсаң ерін алмай (Б. Адамбаев, Ақбөбек). **Тоңқалаң асты.** а) *Етпетінен жер сүзе, омақаса жығылды, домалап кетті, ұшып түсті.* Сары *тоңқалаң асып* құлап қалды. Торы ала бесті ойнап шыға келді (С. Сейфуллин, Таңд.). Аз тырысып-тырысып тұрып қоя беріп қалғанда тай екпінімен барып *тоңқалаң аса* түсті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Бұзау байлап жүр едім, дәл бөксемнен бірдеме сүзіп кеп қалғанда *тоңқалаң астым* (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). ә) *Аяғы көктен келді, мерт болды.*— Үш жүз жыл бойы үстемдік еткен Романовтардың патшалығы *тоңқалаң аса* құлады. Ресей патшасы осымен мүлде бітті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).— Е, Ахмет, келіп-келіп *тоңқалаң асқаның*ың осы ма?— деді Ахмет өзіне-өзі (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Ойбай-ау, полковник, завод директоры әйел тастаса *тоңқалаң асып* кетер (С. Адамбеков, Көсенің көзі). // *Төңкерілді, аударылды.* Темір вагондар бункерге келіп бөксесін бұра беріп *тоңқалаң асады* да, көмірді аударып тастап, ілгері жылжып кетеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Түн асқан тағам.** *Түнімен тұрған піскен ас.* Ғалым Левенчук микробтардың малдың көнінде де, топырақта да, *түн асқан тағамда* да болатындығын дәлелдеді (Е. Оразақов, Дәрігер.). **Түн асты.** *Түнді өткізіп, таңды атырды.* Жауатын күндей күркіреп, Жау қайдалап ақырды. Жұлдыздан қалың жасағы Жорта-жорта *түн асып*, Көзден таңды атырды (Ә. Тәжібаев, Перне). **Шектен асты.** *Мөлшерден асып кетті, шамадан тыс кетті.* Бақтығұл барын айтып арылса да, мыналар тоқтамай *шектен аса* берген (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Кейде адасып, *Шектен асып* Жүріс асық, Орағыттым, Теңіз толқын суымен (С. Сейфуллин, Шығ.). **Іске асар.** *Бетке ұстар, іліп алар, іске жарайтын.* Кәлен мен Рай өздеріне қарасты екі-үш үйдің *іске асар* лыпасын жиып алды да, Қоңыратқа жүріп кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Іске [іс жүзіне] асты.** *Кәдеге жарады, қажет өтеді, жүзеге асты.* Абайдың армандары тек советтік дәуірде ғана түп-түгел *іске асты* (С. Мұқанов, Саяхаттар). Бұл қиял *іске асқанша* қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Соғыста ойдың бәрі *іс жүзіне аса* бермейді. Сәтсіз жағдай аз кездеспейді (Ол күндер.).

1. АСА з а т. **1.** *Диуананың қолына ұстайтын ерекше таяғы.* Үсті-басы жалбажұлба, қолында *асасы* бар диуаналар қазақ ортасына ислам дінін таратушы қожалар болды (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). **2.** *Ұзын таяқ.* Қабырғада сүйеулі ала таяқтардың арасында сарғыш буынды, бойшаң бұхар *асалары* көрінді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Біздің қақпаның алдынан күнде бір қайыршы шал ұзын *асасын* жоғары көтеріп өтетін еді (С. Ерубаев, Шығ.).

2. АСА е т. **1.** *Жан-жануарлардың ауызға толтыра тамақ салуы, жеуі.* Мен де аш бөрідей, таза піскен тананың жұмсақ етін қарбыта *асап*, бірде шайнап, бірде шайнамастан жұтып отырмын (Майдан). *Асап* тоймаған, жеп тоймайды (Мақал). Ол бес тостағанды үсті-үстіне жұтып жіберіп, жаубүйректен азғана *асады* да, қоштасып жүріп кетті (М. Әуезов, Таңд.). **2.** А у ы с. *Біреудің есесінен пайда табу, жем қылу.*— Ей, Жембасар, бастықпын деп бір *асайсың*, Еселеп кеп тағы *асайсың* (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). Олар жоқты сылтау қылып, араға кіріп бірдеңе *асап* қалуға оңай жол іздейді («Айқап»).

◆ **Асарын асап, жасарын жасады.** *Көп жасап, өмір қызығын көрді.* Егер ескіше айтсам — мен *асарымды асап, жасарымды жасадым.* Ал жаңаша айтсам — әлі де өмір сүргім келеді (С. Ерубаев, Шығ.).— Мен болсам дүниеге жаңа келдім. Ал, сіз болсаңыз *асарыңызды асап, жасарыңызды жасадыңыз* ғой. Неге менің алдымды бөгей бересіз (М. Иманжанов, Көк белес).

3. АСА ү с т. *Өте, сонша, ерекше, тым.* Тауда жүріп үйренген аттар аяғын *аса* ептілікпен аңдап басады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Жәмпейіс өзі сөз білмейтін, сөзін кісіге ұғымды қып айта алмайтын, *аса* бір орашолақ адам еді (М. Әуезов, Таңд.). Әйел бұған *аса* бір сүйкімді аналық мейірімділікпен қарап тұр екен (С. Бақбергенов, Менің досым).

1. АСАБА с ы н. к ө н е. *Оспадар, топас, ұр да жық.* Аман Шәкен арқылы қазақтың бай-жуандарының оспадар, *а с а б а,* топас, рахымсыз мінез-қылықтарын сөккенде, Ақан басын шұлғи берді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

2. АСАБА з а т. к ө н е. *Той ағасы, дастарқан басшысы, тамада. А с а б а с ы* жоқ асқа жарымас (Мақал). *А с а б а* — екі түбірден құралған күрделі сөз: ас — тамақ, тағам; аба — көптеген түркі тілдерінде ата, аға (ҚСЭ).

АСАҒЫШ с ы н. *Жемқор, тойымсыз.* Қанды қақпан сарт етті, Қасқырдың жағы шарт етті. Көп *а с а ғ ы ш* көк бөрі, Көлденең түсіп жалп етті (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

АСАДАЛ з а т. *Тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже. А с а д а л* — биік кебеже. Ол буфет төрізді, ыдыс-аяқ, піскен тамақтар тұрады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері.).— Ағаштан мектепке парта, үйге *а с а д а л* жасаймыз (М. Ақынжанов, Ыбырай.).

АСА-МАСА е т. *Асыңқырау, өтіңкіреу, озыңқырау,* Жап-жас келіншекті балаша көтеріп алыпты. Еркектің жуан білегінен *а с а-м а с а,* әйелдің аппақ балтыры төмен қарай салбырап тұр (Т. Бердияров, Солдат сыры).

АСАЙМҰСА з а т. б и о л. *Ұшқат тұқымдасына жататын қатты ағашты өсімдік. А с а й м ұ с а* көбінесе тасты, шатқалды тау бөктерлерінде, әсіресе, өрікті тоғайларда өседі (ҚСЭ).

АСАЙ-МҰСА з а т. к ө н е. *Ұшына үшкір темір орнатқан таяқ.* [Тақтың] сол жағына сүйеген лайықты, келтелеу *а с а й м ұ с а,* оны «скипетр» дейді екен (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АСАЙ-МҮСЕЙ з а т. ж е р г. *Ұсақ-түйек, кәкүр-шүкір.* Сөди ерте тұрып, үй ақтайтын *а с а й - м ү с е й і н* көтеріп жеткенде, есікті Таутан ашты (О. Әубәкіров, Сиқыр). Желік беріп желдіріп отыратын дәрідәрмегімізді, *а с а й - м ү с е й л е р і м і з д і* әкеліп, ара-тұра көз қырыңызды сала отырыңыз деп, басқа шаруашылығымызға кеттік («Лен. жас»).

АСАЛЫ с ы н. *Асасы бар.* Төсекке жатқанда ұзын *а с а л ы* шал көз алдымнан кетпей тұратын еді (С. Ерубаев, Менің құрдаст.).

АСАМ: Бір асам. *Ауыз толым тамақ.*— Орындалмас қиялды былай қоя тұр. Осы жолы екеуміздің сыбағамызға толық *б і р а с а м н а н* ет тисе де жарар еді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, аузында ақ тісі жоқ, *б і р а с а м* еті жоқ мені қайтесің (Қаз. ертегі). Қасірет қысып, қарны ашып, Үйқысы қашқан қабақтан. Асамаған *б і р а с а м,* Бай алдында табақтан (О. Шипин, Екі дастан).

АСАНҚАЙҒЫ з а т. *Мұңға батушылық, сары уайымға салынушылық.*— Апырау, сен де осыншалық *а с а н ҚА й ғ ы* ма едің. Елді-күнді жер емеспіз бе (М. Сүндетов, Балық аула.).— Әже, қойшы енді, *а с а н ҚА й ғ ы н ы* соқпай (Ө. Қанахин, Дәмелі).

АСАНҚАЙҒЫЛАН е т. *Сары уайымға салыну.*— Қой, кемпес, *а с а н ҚА й ғ ы л а н б а й.*— Бақан қара кемпірді қақпайлап қойды (М. Сүндетов, Ескексіз қайық).

АСАНҚАЙҒЫЛЫҚ з а т. *Сары уайымға салынушылық.* Онықі өзіне белгілі *а с а н ҚА й ғ ы л ы қ* қой, әйтпесе, жастар жиналып жатқан жерден қашуға бола ма,— деп қойды Қарлыға («Лен. жас»).

АСАР а р. з а т. *Біреудің үлкен, қауырт жұмысына көпшіліктің беретін көмегі, жәрдемі.* Колхозшылар жаңа үй тұрғызу үшін ертеден келе жатқан *«а с а р»* әдетін жиі қолданып, бір-біріне көмек көрсетеді (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк.). Әрине, үй де салып алуға болады. Бір-екі рет *а с а р ғ а* шақырсаң, жігіттер-ақ салып бермей ме («Қаз. әдеб.»).

АСАР-АСПАС с ы н. *Бір нәрсенің деңгейімен шамалас, аз ғана асатын.* Қазір кісі бойынан *а с а р - а с п а с* қана, діңгегі жуан ағаш та емес, селтиген бұта да емес, шөре-шөрелеу осы бір тырбиған ағашсымақ (Ө. Қанахин, Жер бас.). Дала көз қайтар жерге дейін, сұр мәшінің тізесінен *а с а р - а с п а с* ақкүлгін бу жамылыпты (А. Сүлейменов, Бесін).

АСАРЛАТ е т. *Жұртты қауырт жұмысқа жәрдем беруге шақыру, көпшілік көмегін пайдалану.* Сол жерде бәйбішемнен кетті мазам, Өзіме азар болды қылған жазам. Бидайды *а с а р л а т ы п* орғызбақ, Істедім бидай көже екі қазан (Айтыс).

АСАСИ а р. с ы н. с ө й л. *Негізгі, басты.* Революцияның ежелгі *а с а с и* мақсаты — Отанды шет ел империалистерінің отаршылығынан азат етіп, феодалдық құрылысты талқандау болып табылады (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

1. АСАТ *Аса етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қонақ қолын сүрткен соң, ауыл жігіттері де тартынып еді, Есенәлі Жарқанаттан бастап, бәріне де ет *асатты* (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Ұлар бәйбіше сақтаған майын бастап, қатындарға *асатып* жатыр (І. Жансүгіров, Әңгім.).

2. АСАТ з а т. к ө н е. **Июль.** Троискіде июль *(асат)* айынан басталған ноғайша «Ақмола» атты күлкі (мысқыл) журналы шыға бастады («Айқап»).

1. АСАТАЯҚ з а т. *Ұзын таяқ; аса.* Есікке келген қолында шылдырмақты биік *асатаяғы* бар диуана екен (М. Әуезов, Таңд.). Оның қолынан *асатаяғы* түспейді («Қаз. әдеб.»).

2. АСАТАЯҚ з а т. м у з. *Дыбысты сілкіпіп шығаратын қазақтың көне музыка аспабы. Асатаяқтың* бас жағы түрлі өрнекпен әшекейленеді, ұзындығы шамамен 110—130 см (ҚСЭ). Болат Сарыбаевтың зерттеуі нәтижесінде шертер, сыбызғы, *асатаяқ,* көне қылқобыз, жетіген, шаңқобыз, дауылпаз үлгілері табылды («Қаз. әдеб.»).

АСАТТЫР е т. *Асат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Арқаның аңқау батырлары қызыл тастап итті алдағандай, осы бір кәделі сый-құрметтерімен өздерінің түпкі ойын өткізіп кетпек болған. Бұлары ақ майды бауыр қосып *асаттырғандай* (І. Есенберлин, Қаһар).

1. АСАТУ *Асат етістігінің қимыл атауы.* Ас иесінің әлі біледі, *Асатудың* қолы біледі (Мақал).

2. АСАТУ е т. *Қиған екі ағаштың басын бір-біріне қашап ұстастыру.* Бұл ағаштар *асату* арқылы ұштастырылады («Қаз. әдеб.»).

1. АСАУ *Аса етістігінің қимыл атауы.* — Ішің ауырса, ауырар, етті *асауың* сойқан еді,— деді ол Сағитқа (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Ал, біреу теріс жаққа бұрса бетін,— *Асауын* аңнан артық, адам етін, Көрдік біз фашистерден миллиондаған Жан өліп, қалды сонша жесір-жетім (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

2. АСАУ с ы н. 1. *Жүген-құрық тимеген, үйретілмеген, бас білгі емес.* Жүгенқұрық тимеген, Жасынан ноқта кимеген, Алты жасар *асауды* Ұстап міндім далада (С. Сейфуллин, Өленд.). Қызыл шырай жылқышы, Қайың құрық сүйреткен. *Асау* атты шыңғыртып, Жүгендеген, үйреткен (С. Машақов, Жылдар). Қашаған ұстау, *асау* мал үйрету әркімнің қолынан келе бермейді: оған қайрат, шапшаңдық, дәлдік керек (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). 2. А у ы с. *Бетімен бұла болып өскен, ерке, тентек.* Қыз *асау* болса, көп қол ұстатарлардың түк бітіре алмай қалатыны болушы еді (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Біреудің ерке өскен, тұрмыстың ащы дәмін татпаған *асау* баласы ғой, әлі үйренер де, ақылы жүре толығар (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Ор, Оба, Есен, Нұра жерім еді, Қуандық-Қаратоқа елім еді. Қолдар деп қысылғанда бабаларым, Сендерге *асау* балаң сеніп еді (С. Сейфуллин, Өленд.). 3. А у ы с. *Тыйымсыз, бетімен кеткен, тауы шағылмаған, еркінсіп кеткен.* Жақындап қалған кез еді, Февральдың аяғы. Жуасыды кенеттен *Асау* байлар баяғы (С. Мұқанов, Таңд.). Арыны басылмаған *асау* жігіттер өзіміздең де жас екен, өктемдік жасата қоймаспыз (Адам және химия). Сірә, адуын, *асау* Губанов әп дегеннен-ақ сыпайы москвичканың зәресін алса керек (Көктем лебі). *Асау* ән быырқап көкте быырқанып, Қырандай сорғалайды қанат қағып (З. Қалауова, Таңд.). *Асау* жүрек алқынып, Баса алмай жан толқынын (С. Мәуленов, Таңд.).

◆ **Асаудың құлағында ойнады.** *Асауға бас білдірді, шеберлік, ептілік көрсетті.* Битабар алған бетінен қайтар емес.— Мен он жасымда *асаудың құлағында ойнағанмын* (С. Шаймерденов, Жыл құсы). **Асау мәстек.** *Бос керілген жіпке отырып, жерден таяқ алатын қазақтың ұлт ойыны. Асау мәстек* — байырғы ұлттық ойынның бірі («Қаз. әдеб.»). **Бас асау.** *Өр көкірек, тәкаппар.* Сәкен Сайқын елінде болған *бас асау* бағы жұрттың жай-күйін өз көзімен көрген (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Жас адамның *бас асауы* болатын әдеті ғой,— деді болыс (С. Көбеев, Орынд. арман.).

АСАУ-АЛБЫРТ с ы н. *Қызу, ерке, тентек.* Айтпайды менің жырым ол туралы, Тұрса да елес беріп сол күні әлі. Кетіптіау балалықты алып қашып, Өмірдің *асау-албырт* толқындары (Т. Молдағалиев, Құралай).

АСАУДАЙ с ы н. 1. *Асау тәрізді.* Молдағали ауылнай, Жеккен аты пай, пай, пай! Ауыздығымен алысады, Жаңа үйренген *асаудай* (Б. Майлин, Шығ.). Арқырасын *асаудай* Өндірістің арнасы (Т. Жароков, Таңд.). 2. *Асау күйінде.* Не-

мене, жүген-құрық тимеген жылқыны *а с а у д а й* мінбекпісің (Ауызекі тіл).

АСАУДАЙЫН с ы н. э п о с. Асаудай. Кез болсаң қайғы я зарға, Құрсатса тілді ұмтылтып. Алып шықпа базарға *А с а у д а й ы н* бұлқынтып (Абай).

АСАУКӨК з а т. е с к і. *Қыстығүні кешкі тамақтан соң қонаққа ән салғызу, әңгіме-ертегі, жұмбақ немесе жаңылтпаш айтқызу мақсатымен ұйымдастырылатын қазақтың дәстүрлі ойыны* (ҚСЭ).

АС-АУҚАТ з а т. с ө й л. *Тамақ, ішіпжем, қоректік зат.* Бұл жерде тігілген қостар бар, онда даярлаған *а с-а у қ а т* бар еді (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.). Жатыпатардың қоржынының түбінде қалған *а с-а у қ а т т ы* қағып-жеп, қас қарая үңгірдің ішіне төсек салып, ұйқыға жайғастық (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

АСАУЛАН е т. *Өр көкіректену, кеуде көрсету.*— Өшір үніңді Асаубай! Асау адам не күшіне, не өзге бір өнеріне сеніп *а с а у л а н а р* еді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АСАУЛАУ с ы н. 1. *Асауырақ, онша үйретілмеген.* Ат *а с а у л а у* екен. Бұл тізгінді сол қолына орап, үзеңгіге аяғын сала бергенде аспанға атылып ала жөнелді (О. Сәрсенбаев, Сағым). 2. А у ы с. *Тентектеу, шайпаулау, шадырлау.* Іскер болса, мінезі шайпау, алдына келгенді сүзетін, артына келгенді тебетін *а с а у л а у* келеді, мінезді болса — іске шабан, олақтау келеді көбіне (Ә. Қалмырзаев, Ар). Осы қылығының тым орашолақ, *а с а у л а у* екенін біледі де (О. Сәрсенбаев, Сағым).

АСАУЛЫҚ з а т. 1. *Жүген-құрық тимегендік, шәлкестік.* Ақ тай енесінің *а с а у л ы ғ ы н а н* былтыр байланбаған (М. Әуезов, Таңд.). Тай ежелгі *а с а у л ы қ қ а* салып, тағы мөңкіді (Бұл да). 2. А у ы с. *Өр мінезділік, тәкаппарлық, тентектік.* Елдің ескі *а с а у л ы ғ ы* емес, жаңа бір *а с а у л ы қ* сияқты көрінді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Оның сонда көрсеткен дөрекі мінезі, *а с а у л ы ғ ы* Сапаровтың көкейінде ыза, реніш боп жиналған да шығар (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).— Әкең тірісіндегі *а с а у л ы қ т ы* қой,— деп анам әлденеше айтқан (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

◆ **Бас асаулық.** *Өр көкіректік, кеуделілік.* Жібектің мұнысы *б а с а с а у л ы қ*, паңдық емес, өзін қымбат тұтушылық бар (М. Әуезов, Өр жыл.).

АСАУСЫ е т. *Мініс көрмей, асаулыққа әдеттеніп қалу.* Қыс бойы құрық көрмей *а с а у с ы п* қалған ірі жылқылары да, асау құлындары да желі басына тұрмай шұбыра берді (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АСАУСЫН *Асаусы етістігінен жасалған өздік етіс.* Сертінен, сірә, сынбаған, *А с а у с ы н ы п* дірілдеп, Соғуын жүрек тыңдаған Сырымбет, сенің сырың көп! (Ж. Өмірбеков, Кешкі ән).

АСАУША ү с т. *Асау сияқты.* Көп кешікпей әлгі жігіттің қолында *а с а у ш а* алысып үлкен бір қой келе жатты (К. Қазыбаев, Дәуір.).

АСАУЫРАҚ с ы н. *Асаулау.* Аттың жуасырағына мін. Ал мына шайтан *а с а у ы р а қ*, саған ырық бермей кетер (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

АСБАЗ з а т. с ө й л. Аспаз. Байлардың тамақтарын, сусындарын дайындап, бірнеше *а с б а з д а р* қара терге түсіп жатыр (С. Шарипов, Шығ.).

АСБАЗШЫ з а т. с ө й л. Аспазшы. *А с б а з ш ы* әйел бірінші тарелканы құрметті қонағына ұсынып жатыр (Ж. Тілеков, Қайнар). Енді председательдің орнын орта жасты, алдына таза ақ белдемше ұстаған *а с б а з ш ы* әйел басты (С. Шаймерденов, Болашақ.). Алжапқышын асыға байлап, Есіктен шықты *а с б а з ш ы* бикеш (Ә Сәрсенбаев, Өлеңд.).

АСБАПШЫ з а т. *Пісіруші, аспаз.*— Шұрқ етпеңіз, өткен түнде асылған қоңыр кепенің етінен бір-екі жілігін *а с б а п ш ы* қатыннан қымқырып қалғанмын (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

АСБАСШЫ з а т. с ө й л. Аспазшы. *А с б а с ш ы* мені шақырып алып: шешеңе, ініңе апарып бер деп, бірнеше бөлке нан, пісі-шикі тамақтарды құшақтатты (Қ. Әміров, Жастық шақ). Қосылған өмір бригадир, Бүйір шығып бөлініп. Дайын тамақ, не жейсің? *А с б а с ш ы* жүр жүгіріп (Б. Майлин, Шығ.).

АСБАҢАН с ы н. с ө й л. Асфаһан. Әр сілтегенді Аманкелді өзінің *а с б а ҳ а н* қылышымен айла жасап дарытар емес (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АСБАҢАНИ с ы н. с ө й л. Асфаһани. Маған бергін, Күлмес хан, Заһарға салып суарған *А с б а ҳ а н и* қылышың (Батырлар жыры).

АСБЕСТ з а т. м и н. *Сапалы, отқа төзімді минерал.* Табиғаттың өз күшімен көк жасыл, әдемі теңбіл тастар пайда болады. Оны «Серпентин» деп атайды. Серпентиннің кендір секілді талшықты түрі бар. Оның ұзын салалы, сапалы түрін *а с б е с т* дейді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Біздің Отанымыздың кең қойнауларында жатқан таусылмас қазба байлықтарының ішінде аса тамаша бір минерал бар, ол — *а с б е с т* («Лен. жас»).

АСБЕСТОЗ з а т. м е д. *Асбест өндіру орындарындағы минералды тозаңнан пайда болатын өкпе ауруы.* Тас көмір шахтасында істейтін жұмысшылар арасында — антракоз, асбест заводтарында — *а с б е с т о з*, ... т. б. әрбір өндіріс тозаңының түріне қарай өкпенің пневмоканаиоз аурулары түрінде кездеседі (М. Сисекенов, Өкпе аурулары).

АСБЕЦЕМЕНТ з а т. *Асбестің цементпен және сумен қосындысы.* Үйдің ішкі қабырғалары асбецементтік пластинкалармен әшекейленіп, оның сыртқы қоршауы да *а с б е ц е м е н т п е н* жабдықталады («Лен. жас»).

АС-ДӘМ з а т. с ө й л. *Дәм-тұз, тамақ.* — Қашан кезің болғанда, келіп тұр, менің *а с-д ә м і м*, дастарқаным саған әзір,— деді ол (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АСЕПТИКА з а т. м е д. *Дененің жарақаттанған және күйген жерін іріңдеп, шіруден сақтандыру әдісі. А с е п т и к а ғ а* сүйене отырып, хирургиялық операцияларды ешбір қауіпсіз жасауға болады (ҚСЭ). *А с е п т и к а н ы ң* шарттарын мұқият орындаған жағдайда жарақат тез жазылады (Бұл да).

АСИММЕТРИЯ з а т. *Бөліктердің бір-біріне сай болмауы, симметриясыздық.* Егер күлте арқылы бір де сызық жүргізуге келмейтін болса, ондай гүлді *а с и м м е т р и я* немесе симметриясыз гүл дейді (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АСКАНИЯ з а т. *Биязы жүнді қой тұқымы. А с к а н и я* тұқымы — советтік дәуірде шығарылған отандық алғашқы биязы жүнді қой тұқымы (А. Елеманов, Қой. шаруаш.). Кейінгі кезде кавказ қойы мен австрия мериносының және *а с к а н и я н ы ң* биязы жүнді қойының тұқымдарын будандастыру арқылы Ставрополь өлкесінде ставропольдің биязы жүнді қойы шығарылды (Ә. Есенжанов, Қаз. арқар-меринос.).

АСКАНИЯЛЫҚ с ы н. *Аскания тұқымына жататын.* Бұған советтік жүндес, етті меринос, *а с к а н и я л ы қ*, алтайлық, кавказдық тағы басқа да қой тұқымдары жатады (А. Елеманов, Қой шаруаш.).

АСКАРИДА з а т. з о о л. *Адамның ащы ішегінде болатын жұмыр құрт. А с к а р и д а н ы ң* ұзындығы 25—40 сантиметрге дейін барады, адамның ащы ішегінде болады (Е. Оразақов, Дәрігер.). *А с к а р и д а н ы ң* жұмыртқасы тамаққа немесе ауызға, әдетте, қолмен келіп түседі (Адам анатом.). Жұмыр құрттар — *а с к а р и д а л а р* адамның ішінде 9—12 ай өмір сүріп, өлерінде уын төгіп кетеді (С. Сұбхандердин, Дәрі — дауа.).

АСКАРИДОЗ з а т. м е д. *Аскарида құрты арқылы пайда болатын іш ауруы.* Организмде аскариданың болуынан туатын ауруды *а с к а р и д о з* деп атайды (Зоология). Жылан құрт ауруы — *а с к а р и д о з* — осы паразит құрттың денеге жайылуынан болатын ауру (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АСКЕТ з а т. д і н и. *Аскетизмге берілген адам.* Олар... шетінен *а с к е т* дейді (Ө. Қанахин, Дәмелі). Бәрімізге бірдей Кан Де Хан болу шарт па? Ол бір жүрген — *а с к е т* (Октябрь өрендері).

АСКЕТИЗМ з а т. д і н и. *Кейбір табиғи қажеттіктен бас тартып, қатаң ынсап шеңберінде тіршілік етушілік, тақуашылық.* Діни-этикалық бағытта *а с к е т и з м* табиғи қажеттіктерді қанағаттандыруға мүлдем тыйым салып, дүниеден безушілікті уағыздайды (ҚСЭ).

АСКЕТТІК с ы н. *Аскетке тән.* Олар қоғамдық өмірден, семья құрудан, жеке меншіктіліктен бас тартып, *а с к е т т і к* өмірге берілді (З. Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

АСКИЯ а р. з а т. *Өзбек, ұйғыр, ауыз әдебиетіндегі сықақ жанр. А с к и я* сауық кештерінде, жиын-тойларда ойын ретінде өткізіледі (ҚСЭ).

АСКОРБИН: **Аскорбин қышқылы.** Б и о х и м. *Қышқыл дәмді, иіссіз зат,* «С» витамині таза түрінде фабрикада синтездеу арқылы алынады. Оның өзі *а с к о р б и н қ ы ш қ ы л ы* деп аталатын зат болады (Адам анатом.). *А с к о р б и н қ ы ш қ ы л ы* көптеген өсімдіктерден алынады. Түрлі жарақаттар мен іріңді жараларды жазуға себепші болатын дәрі (С. Сұбхандердин, Дәрі — дауа.). Өсімдіктердің хи-

миялық құрамы өзгеріп, хлорофил, *аскорбин қышқылы* көбейеді (К. Нұрмағамбетов, Микротыңайтқыш.).

АСКОФЕН з а т. м е д. *Аспирин, фенацетин, кофеин қосындысынан жасалған дәрі. Аскофен* — ақ таблетка, бұл дәрі адамның дене қызуын басады. Бас ауруына жақсы әсер етеді (Е. Оразақов, Дәрігер.).

АСКОХИТОЗ з а т. б и о л. *Дәнді-бұршақты дақылдарда кездесетін грибтік ауру.* Таулы жердің кең аңғарларына себілген бұршақ егісінде өсімдік ауруларынан тек *аскохитоздың* пайда болғаны байқалды (Х. Боранғазиев, Жемшөп.).

АСКӨК з а т. б о т. *Күрделі шатырлы, ақ, сары түсті ұсақ гүлді бақша дақылы; укроп.* Қазақстанда әр түрлі картоп, сәбіз, қызылша, капуста, *аскөк* тәрізді бақша дақылдары өсіріледі (Б. Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Гүлдері шоғырланып барып, сәбіз бен *аскөктің* шатырша гүліне ұқсас гүл шоғырын құрайды (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АСҚАБАҚ з а т. *Мал азығы және тамақ ретінде пайдаланылатын ірі жемісті бақша өсімдігі.* Жатаған өсімдіктердің тобына асқабақ тұқымдас қауын, қарбыз, *асқабақ,* қияр өсімдіктерінің бәрі де жатады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Майда құстарға күзде жем болатын — күнбағыс тұқымын, қарбыз, *асқабақ,* қауын шопақтарын әзірлеу керек (Б. Муханов,.. Қазақст. өсімдік.). Бақша дақылдарынан мал азығы үшін *асқабақ* пен мал азықтық қарбызды пайдаланады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

АСҚАБАҚТАЙ с ы н. *Асқабақ тәрізді.* Дурновтың *асқабақтай* үлкен басындағы шашы құрғақшылық жылы шыққан қодыраңдай селдіреп кетіпті (Ә. Шәріпов, Партизан.).

АСҚАБАҚША үс т. *Асқабақ тәрізді, асқабақтай.*— Сенің басыңдай, *асқабақша* домалатып жүрген басым жоқ,— деді Меркат (Ш. Хұсайынов, Таныс адам).

АСҚАЗАН з а т. *Тамақ қорытатын мүше.* Қымызды әлсін-әлсін іш, етті тақылтұқыл же. Әйтпесе *асқазанына* зәбір келгелі тұр (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Асқазандары* ауырып, тамақты нашар ішіп жүрген адамдар тиісті дәрілерді тамақ алдынан ішуі керек (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Дәрігерлердің зерттеулері бойынша ешкі сүті *асқазанға* өте жұғымды, адамның денсаулығына тиімді әсер етеді (Тарту).

АСҚАЗАНСЫЗ с ы н. *Асқазанның қатысынсыз.* Тыныс мүшелерінің *асқазансыз* немесе қан тамырынсыз тіршілігі жоқ («Лен. жас»).

АСҚАҚ с ы н. 1. *Биік, заңғар, зәулім; асқар.* Алатау, *асқақ* алып, сұлу керім, Ақ торғын сілкіп тастап бұлт желегін. Сәуле нұр, алтын шапақ арайына Желпіне ашты кербез көкірегін (З. Қалауова, Шолпан). Ертеңгі кезде жер астына түсетін жұмысшылар топ-топ болып шахта аузына жиылды. Томағалы бір-бір шам қолда. Шахтаның *асқақ* аузынан оннан, жиырмадан жұмысшылар жер астына кетіп жатыр (І. Жансүгіров, Әңгім.). Биікке шықтым, биікке, Үстіне *асқақ* домнаның. Биікте тұрып толғадым, Осы бір жырдың жолдарын (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). 2. А у ы с. *Өр көкірек, менмен, тәкаппар.* Тарт тіліңді, *асқақ* қыз! Алшағырға қол жетсе, Арманы болмас Құртқаның (Қобыланды.). «Күйшіде» ханның *асқақ* мінез, тентек қызының өр көкіректігін, нашарға зорлығын көреміз (С. Мұқанов, Өсу жол.). Абайдың қалыңдығы Ділдә, тіпті бір үлкен, *асқақ* жердің қызы тәрізденді (М. Әуезов, Таңд.). 3. П о э т. *Шарықтаған, шалқыған, шырқаған.* Тананың балғын көңіл күйіне орайлас, өзгеше әсем, *асқақ* күй тартылып жатыр (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс). Ол Құрманғазының *асқақ,* әсем күйлерін бірінен соң бірін құйылтып, құйқылжыта сермеп отыр (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Жаңа ғана көп дауыс Шырқаған еді *асқақ* ән. Ұшқандай құздан қыран құс, Саңқылдап түйдек тастаған (Ж. Молдағалиев, Поэм.). Кеттің сыйлап батырларды, Далаға ырыс толтырған. Кеттің тыңдап ақындарды, *Асқақ* әні толқыған (Жас қанат). 4. А у ы с. *Жоғары, өр,* Ертең сол дән әлемге *асқақ* даңқы жайылған Қазақстан өлкесінің мәртебесін жоғары да биіктете көрсетеді (С. Сейітов, Жыл. жотасы.). Жүйткігендей құлан киік, Қиял қандай *асқақ* еді? (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Байқашы, сен ой тастап, Не артық адам жанынан. Ол шын сұлу, ол *асқақ* Табиғаттың тауынан (С. Мәуленов, Таңд.).

АСҚАҚСЫЗ с ы н. *Меңмендігі жоқ, өр көкіректіс.* Айсұлудың бір алуан таза момын, *асқақсыз,* ұшқарысыз, сөлекеті жоқ жақсы жүрек, ұнамды, үйлесімді мінезі болатын (М. Әуезов, Өскен өркен).

АСҚАҚТА е т. 1. *Жоғары көтерілу, биіктеу, аспанду.* Жайлау аспанға *асқақтаған* Алатаудың қарлы жотасына жақын екендігі бізге мәлім (С. Мұқанов, Таңд.). Алыстап беті даланың, *Асқақтай* берді құс мүлде (С. Бегалин, Таңд.). Енді көрші, *асқақтаған* үйлерін, Енді көрші, жалшылардың күйлерін (Партия тур. өлеңд.). Қай тарапқа қарасаң да жайнаған қала мен *асқақтаған* зәулім трубаларды көресің (Ә. Әбішев, Замана перзент.). 2. П о э т. *Шарықтау, шалқу, шырқату.* Шымырлау келген қоңыр дауыс шығандап тік көтерілді де, *асқақтап* барып қалықтап кетті (Т. Ахтанав, Қаһарлы күн.). Ән *асқақтап,* күй кернеп, Шалқып жатты кең Арбат. Кремльден күмбірлеп, Соғып тұрды күй сағат (Қ. Аманжолов, Таңд.). 3. А у ы с. *Данайсу, менменсу, тәкаппарлану. Асқақтаған* адамда тоба болмас, Ел қарғаған адамда мола болмас (Жамбыл). Сәлмен үйден шығып кеткеннен кейін Абылаев көтеріле сөйлеп, *асқақтай* бастады (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Асқақтап* кетпей тегінде, Адам бол бақыт келсе де. Бір саған жинап өмірде, Тағдырын әлем берсе де! (Р. Нұрпейісов, Туған өлке).

АСҚАҚТАТ *Асқақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұлар *асқақтата* ән шырқап келеді (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Олар бақытты тұрады, жоқшылық мұңайтпайды, молшылық *асқақтатпайды* (М. Иманжанов, Көк белес). Алдың ба тым құрмаса сен таңдаулы, Қойдың ба *асқақтатып* әлде жауды? (М. Әуезов, Таңд.).

АСҚАҚТАУ *Асқақта етістігінің қимыл атауы.* Манарбек келісті жүзді, жайдары мінезді, ешуақытта *асқақтауды* білмейтін (Қ. Қамбаров, Алтай аясы).

АСҚАҚТАУШЫ з а т. *Дандайсушы, менменсуші, тәкаппарланушы.* Солай, сөйтіп көсемге сөз беремін, Таниды ертең еңбегіммен мені елім. Айттым — бітті, *асқақтаушы* болмандар, Тыңдамаған болса, сосын көремін! (Қ. Ыдырысов, Жолық. жол.).

АСҚАҚТАУШЫЛЫҚ з а т. *Дандайсушылық, тәкаппарланушылық.* Асқардың бойына *асқақтаушылық,* өркөкіректік тән емес («Соц. Қаз.»).

АСҚАҚТЫ с ы н. 1. П о э т. *Аспандап шалқыған, көтеріңкі.* Әндетіп жібер Ғафужан, *Асқақты* жырын Қасымның. Тебірене түссін ақынжан, Серпінін шайқа асылдың (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Жырлайды әнін өрлете, Бақытты бейбіт өмірдің. *Асқақты* күйін тербете, Тасыған мейір көңілдің (Ж. Сыздықов, Белестер). 2. А у ы с. *Тәкаппар, өр.* Көк аспандай көзінің көгілдірі, Сылдыраған күмістей көңілді үні. Кейде *асқақты* тәкаппар өр мінезі, Ойды еріксіз өзіне бөліндірді (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

АСҚАҚТЫҚ з а т. 1. *Өр көкіректік, тәкаппарлық. Асқақтықтан* аулақпын, Мінезіме сенемін. Бірақ, менің өзіме Орден берген кезінде, Сол жігіт түссе көзіме: —-Айтқаның жалған!— дер едім (Қ. Аманжолов, Тол. жин.).— Баян үшін талай *асқақтығым* болып еді,— деді Қодар (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.).— Енді *асқақтықты* қой, Нұрқан! Жетті, көзімізді ойып болғансың (М. Әуезов, Түнгі сарын).

АСҚАЛАҚТА е т. с ө й л. *Асқақтау, асып-тасу.* Көзі қандай, мір оңындай, Сынатпайтын сыры ұғылмай. *Асқалақтап* «байимын» деп, Аңқау балам жүр ұғынбай (Б. Майлин, Таңд.).

АСҚАН ү с т. *Аса, тым, ерекше.* Сені қайта-қайта шыңдап жатқанымның өзі *асқан* сақтық емес пе (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Асан тоғыз жасында *асқан* жыршы, айтқыш ақын, шебер сыбызғышы болған екен (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). Мен ол кезде алғанымды адамға сездірмейтін *асқан* епті едім (Қаз. ертегі.).

АСҚАНДЫҚ з а т. 1. *Артылушылық, басым болушылық.* Битабарға... мұның бәрі күші *асқандық* емес, өнері *асқандық* болып көрінді (С. Шаймерденов, Жыл құсы). 2. А у ы с. *Асып-тасқандық, тәкаппарлық.* Орынсыз ектем сөйлеу *асқандықтың* белгісі болар («Лен. жас»).

АСҚАН-ТАСҚАНДЫҚ з а т. *Асқандық, тасқандық.* Мұның бойынан ожарлық қылықтар мен *асқан-тасқандықты* еш уақытта көре алмайсың (Ә. Көшімов, Қыстаған жыл).

АСҚАР с ы н. 1. *Заңғар, зәулім, биік.* Қазақстанда *асқар* биік таулар да, қыратты адыр жондар да көп (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Ақ басты Алатаудың *асқар* шыңдары кімдердің көкейіне әсем ой, сұлу жыр түсірген жоқ (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). 2. П о э т. *Арқа сүйер тірек, сүйеніш.* Ер елдің *асқар*

қорғаны, Ер қорғап жаудан орданы, Ертеде өткен батырлар (Н. Баймұратов, Ер Төлеген).— Атасы өлген қалай екен дегенде, Жиренше: — Е, *асқар* тауы құлады, бәйтерегі сұлады десейші,— депті (Жиренше шешен). 3. Поэт. *Бір нәрсенің ең биігі, шыңы. Асқар* ой жатыр шалқып әр сезінде. Дүние даналығы тұр өзінде (С. Мәуленов, Магниттау.). Ақынның *асқар* биігі, Таудан да биік иығы (Ү. Көрібаев, Өленд.). Совет елі *асқар* шың, Әлемнен асқан бойларым (Пернедегі термелер).

◆ **Асқар бел.** Поэт. *Ең қадірлі, құрметті; мықты.* Арудың Ақбөпе еді *асқар белі*, Қыз демей қадірлейтін барлық елі. Ойынға Ақбөпе де келеді деп, Іңірдің сыбырлады қоңыр желі (И. Байзақов, Ақбөпе). Топ жарған Төлеген мен Мәлік ерлер, Халқына жау асырмас *асқар белдер* (Қ. Қуанышбаев Өленд.). **Асқар тау.** Поэт. *Ұлы шың, заңғар.* Соғайын асыл жырдың *асқар тауын*, Түскендей күллі әлемге шұғыласы (Жамбыл). Барлық совет адамдарын даңқтың жарық нұрлы *асқар тауына* кім алып шықты? (Жастар эстрадасы).

АСҚАРАЛЫ сын. 1. *Заңғар, зәулім, биік. Асқаралы* Алатау Тұр мұнарға малынып, Бурыл ала бұлттарды Шыңдары тұр жамылып (О. Шипин, Өмір өрнегі). *Асқаралы* шыңдары Асыға алға қарағаң. Кәрі Байкал туралы Талай аңыз тараған (С. Мәуленов, Таңд.). 2. Ауыс. *Айдынды, даңқты.* Кім, қай ақын данышпан Ленинің *асқаралы* бейнесін бере білген? (С. Мәуленов, Жасыл орман). Қазақстан жазушыларының ең биік творчестволық проблемасы *асқаралы* азаматтық борышы — әдебиетте Ленинің бейнесін беру («Қаз. әдеб.»).

◆ **Асқаралы таудай көрді.** *Алып тұлғалы, зор денелі деп білді.* «Балуан, балуан!»— деп көтеретін едік. Оны *асқаралы таудай көретін* едік. Төмпедей-ақ қарамы бар екен ғой мұның (С. Мұқанов, Таңд.).

АСҚАРДАЙ сын. *Асқар тәрізді, биік.* Тарихты алға бастаған, *Асқардай* биік абзалым, Дариясы едің ақылдың (Ақын жырлары). *Асқардай* болса биік арнамысың, Ари ма асыл жаның арман үшін (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Жақыптың жылдар бойы жинаған тәжірибесі, мәпелеп өсірген колхозы адам аспас *асқардай* көрінеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АСҚАРЛА ет. *Биікке көтерілу, шарықтау, самғау.* Алысқа қарай *асқарлап*, Қиядан тоят тіледім (Ө. Тұрманжанов, Таңд.). Алдыңа алып аспанды, *Асқарлап* бір шығасың. Су жүректі, сасқанды Бір иіріп жығасың (Қ. Мырзалиев, Күміс қоңырау).

АСҚАРЛЫ сын. *Заңғар, зәулім, биік.* Қозы Көрпеш *асқарлы* тауға жетіп келіп, қылышпенен шапқылап жол қылыпты (Қозы Көрпеш.). Бесігіме телміре, Ай батқанша қараған. Ақ үйлдір бөбегін *Асқарлы* шыңға санаған (Сәлем саған.).

АСҚАРЛЫҚ зат. *Биіктік, зәулімдік.* Жерлер бар Қазақстан даласында, Көз тоймас көлемі мен қарасына. Аласа, ергежейлі бойындай-ақ, Жүлде алмас *асқарлықтың* таласында (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

АСҚАРШЫЛ сын. *Шарықтағыш, шалқығыш, асқақ.* Туған-өскен тауларына, тас бесігіне қайта оралған *асқаршыл* ақын өз дарынын қия шыңдардан атқыған құлама бұлақтардай ағытты («Қаз. әдеб.»).

АС-ҚАТЫҚ зат. *Ішіп-жем, тамақ.* Шал көктемнің көкөзек уағында *ас-қатық* бола ма деп қолға байлап жемдеп жүрген ісегін соймақ болды (К. Баялиев, Дегелек.). Олар айранға 2 процентті тұз қосып, бірнеше рет қайнатып, қысқа кепекті *ас-қатық* жасайды (З. Сейітов, Сүт өңдеу.).

АС-ҚАТЫҚСЫЗ сын. *Ас-ауқатсыз, тамақсыз.*— Еттерің бар ма еді үйде? Әлде *ас-қатықсыз* отырсыңдар ма? («Қаз. әдеб.»).

АСҚЫЗ *Ас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Түскен ауылдары Жанғораз байдікі екен, өңкей мылтығы бар жиырма жігіттен зәресі ұшып, кебежесіндегі сүрдің бар жақсы дегенін мол *асқызып*, әбден сыйлады (С. Шарипов, Бекболат).

1. АСҚЫН ет. 1. *Аурудың күшеюі.* Шешемнің науқасы бұл кезде *асқына* түсті. Далаға әрең кіріп-шығатын болды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ). Мезгілінде, әрі жете емдемесе, ауру *асқынып* өкпеге шабады (М. Исамбаев,... Мед. анықтама.). 2. *Үдей түсу, ұлғаю.* Долы боран ішін тартып, бірден-бірге *асқына* түсті (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Соғыстың түтеп тұрған бір кезеңі Арпалыс *асқынатын* түн кезегі (З. Қалауова, Таңд.). Тым *асқынып* кеткен екен, Жан күйдірген жалыны өрттің (Д. Әбілев, Таңд.). Арманы

адамзаттың *асқынса* да, Жүзіңнен жылы шырай бермеп едің (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). 3. А у ы с. *Шиеленісу, ушығу.* Ол әңгіменің *асқынатын* түрін сезіп, басты адамдармен астыртын хабарласты (С. Сейфуллин, Тар жол.). Ол иілмей, қайрылмай бір қырсықтан бір қырсыққа ұрынып, *асқынып* барады (Т. Ахтанов, Дала сыры). 4. А у ы с. *Дандайсу, тәкаппарлану.* Арыстан *асқынса,* айға шабар, Ақымақ *асқынса* анасын сабар (Мақал). Екі сөйлеген елден безер. Екі жығылған жерден безер, Қолы білген үй түзер, *Асқынғанды* ел түзер (К. Әзірбаев, Таңд.).

2. АСҚЫН с ы н. *Пәрменді, қарқынды.* Енді бір кезек оларды басқа тасқын жігер, *асқын* еңбегімен басып озып сытыла береді (Алғы шептегі.).

АСҚЫНҒАНДЫҚ з а т. *Өршігендік, күшейгендік, меңдегендік.* Көз қарашығының ұлғаюы — жемсау ауруының *асқынғандық* белгісі (С. Табынбаев, Жемсау ауруы).

АСҚЫНҒЫШ с ы н. *Тез күшейгіш, ұлғайғыш.* Көбінесе бүйрек туберкулезі *асқынғыш* келеді. Мұндай кезде ол бүйрек тканін ірітіп ояды, немесе іріндете бастайды (Е. Оразақов, Туберкулез).

АСҚЫНДА е т. 1. *Ауруы күшею, меңдеу.* Ауру *асқындағанда* тіс айналасының еті қызарып іседі, бөртіп қанайды (Т. Дарқанбаев, Витаминдер). 2. *Үдей түсу, даму, өсу.* Қоңыр күзде малдың тойыны күннен күнге *асқындап* барады (М. Әуезов, Абай). Ақырған ақ боран үстіне аяздың сұмдық үскірігі соншалық қатал, сондайлық егескендей *асқындап* үдеп барады (М. Әуезов, Өскен өркен). Лағнат айтып, ызам әбден *асқындап* Кіріп бардым сол мәжіліске тасқындап (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). 3. А у ы с. *Шектен шығу, дандайсу.* Қоныс алдың мекен ғып, Сарарқаның белінен. Аса сөйлеп, *асқындап,* Шығып кетпе шебіңнен (Ү. Көрібаев, Таңд.). 4. П о э т. *Шарықтау, шалқу.* Салют берген Москва Күн сайын қызыл ерлерге. Қырандар түйіл, *асқында,* Жет тезірек Берлинге! (Т. Жароков, Таңд.). Шермектің *асқындағаң,* аспандаған бақытын әлдекім келіп жоққа шығарып, күлін көкке ұшырған сияқты (Б. Майлин, Шығ.).

АСҚЫНДАН *Асқында етістігінен жасалған өздік етіс.* Ажалдың алапаты *асқындана* Андады, қызыл қаннан тасқын аға. Қасқия қарсы тұрып фашизмнің, Аяққа ала туын басты қала (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

АСҚЫНДЫР *Асқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қиқым түскен көзді уқалау кеселді *асқындырып* жібереді (Е. Оразақов, Дәрігер.). Сыртқа сөз тарамасын дейтін шығарсыз. Бірақ жасырам деп жүріп *асқындырып* алсаңыз қайтесіз? (Т. Ахтанов, Дала сыры). Соттың тәртібін бұзып, ісімді *асқындырып* алармын дегендей ол ойынан лезде тайқып шықты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АСҚЫНДЫРУ *Асқындыр етістігінің қимыл атауы.* Ала ауыздық Россияда бар ма? Әрине бар! Бірақ мұны *асқындыру* біздің ісіміз емес, біздің ісіміз — өз жолымызды жүргізу (В. И. Ленин, Шығ. 35, 188).

АСҚЫНТ *Асқын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сырқатыңызды мұнша *асқынтқаныңыз* қалай? (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АСҚЫНУ *Асқын етістігінің қимыл атауы.* Қан қысымының жоғарылауы аурудың *асқынуына* мүмкіншілік тудырады (М. Исамбаев,... Мед. анықтама.). Операция кезінде бұл жағдайлардың барлығы орындалса, операциядан кейін ешқандай *асқыну* болмайды (С. Омаров, Қой бағу.).

АСҚЫНУШЫЛЫҚ з а т. *Асқынып кетушілік, шектен шығушылық.* Гипертония ауруы бірқатар *асқынушылыққа,* еңбек қабілетінен уақытша немесе мүлде айырылуға ұшыратады (Р. Сәтбаева, Гипертония.).

АСҚЫНЫҢҚЫРА е т. *Өршіңкіреу, меңдеңкіреу.* Дәрінің күші жетпей, пневмоторанс салуға ауру *асқынып қырап* кетіп, өкпе жағалай қабырғаға жабысып қалса, ...торакопластика операциясы жасалынады (М. Сисекенов, Өкпе ауру.).

АСҚЫНЫС з а т. *Күшейіп кеткендік, асқынушылық.* «Қарсанда» романы — Россияда патша өкіметіне қарсылық зор *асқынысқа,* өшпенділікке ұласқанын реалды көріністен бейнелеген шығарма («Соц. Қаз.».)

АСҚЫСЫЗ: Іске асқысыз. *Болмысыз, керексіз, қонымсыз, түкке жарағысыз.* Сондай қалыптағы Гасфорттың қазақ елі туралы кейде ақылға қонымсыз, *іске ас-*

қ ы с ы з әлденелерді былшылдап кететіні де бар (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АСҚЫШ с ы н. *Дарға асып өлтіргіш.* Патша министрі Столыпинге *«а с қ ы ш»* деген жексұрын ат тағылды (КПСС тарихы, 129).

АСҚЫШ: **Құлақ асқыш.** *Тіл алғыш, тыңдағыш.* Айтқан сөзге де *құ л а қ а с қ ы ш* елгезек пе деп қалды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

АСМАЛДЫҚ з а т. *Әшекейлеген түйе жабуы, түйе кежімі.* Күміс жүген, *а с м а л д ы қ ,* былғары аяққаптардың бірін берген жөн еді. Ал мына заттар ел салтанатының мақтанышы бола алмай тұр («Қаз. әдеб.»).

АСПА з а т. *Бір нәрсені асып, іліп қоятын зат, ілгіш.* Шұжыққа *а с п а д а ғ ы* аузы жетпей, Жүретін етке өкпелеп еркек мысық (Айтыс). Шолақ комбинезон *а с п а* арқылы түймеленеді (Трактористке көмекші). Кір жайып *а с п а с ы н а* жүрген ана, Тәнімді жұрт көрді-ау деп жасқанады (Бейбітшілік).

◆ **Аспа бесік.** *Жоғарыда ілулі тұратын жас баланың бесігі.* Үйдің оң қабырғасында ақ кровать тұр, оған жақынырақ төбеде ілулі *а с п а б е с і к* тұр («Қаз. әдеб.»). **Аспа шам.** *Ілулі тұратын шам.* Әр жерге ілінген *а с п а ш а м н ы ң* жарығынан ай сәулесі түскен кішкене-кішкене көлдей жарқырайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған елке). **Қазан аспа.** С ө й л. *Ошақ, қазандық.* Тыныш, еркін өмірдің жылы үйшігі *қ а з а н а с п а д а* маздаған оты, ыстық шайы шыжылдап жатыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АСПАЗ з а т. *Тағам дайындайтын адам, аспазшы.* Әрбір қазанның басында шолақ тонының сыртынан халат киіп алып, қолдарына шөміш ұстап, *а с п а з д а р* жүр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). *А с п а з д ы ң* қарны асқанына тояды (Мақал). Асқазан жағы болған соң әңгіме жайы мәлім ғой, *а с п а з* суын әкеліп, отының жарып, оны-мұнысын әзірлеп, іске кірісе бастады (С. Сейітов, Сақшылар).

АСПАЗДЫҚ с ы н. *Әртүрлі тағам дайындаушылық.* Осы жиырма тоғыз жылдың ішінде, қандай жағдайда жүрсе де, Дәметкеннің атқарғаны бір ғана *а с п а з д ы қ* қызмет, оны таң қаранғысында тұруға үйреткен кәсіп осы (С. Мұқанов, Аспаз).— Бұрын *а с п а з д ы қ* қызметімен айналысып па едің?— деп сұрады ол жігіттен (Қ. Исабаев, Арман арнасы.).

АСПАЗШЫ з а т. с ө й л. **Аспаз.** Бір күні ханның көңілі шапқан соң, *а с п а з ш ы л а р* алдына бір қаз пісіріп алып келіп қойыпты (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Абай астыңғы үйдегі бапты *а с п а з ш ы* пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ (М. Әуезов, Абай).

АСПАЗШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. **Аспаздық.** Сорпаның көбігін алып, тұзын көріп, ас дайындап, *а с п а з ш ы л ы қ* істеп жүрген тәтем (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АСПАЙ-САСПАЙ ү с т. *Асықпай, жай, ақырын, А с п а й - с а с п а й* салмақпен байсалды түрде сөйлеймін дегенге сөз беріп, сабырлы, сүйкімді мінезін көрсетерліктей қалыппен отыра берді (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Дәмеш те өз қадірін білетін адамдай, *а с п а й - с а с п а й* нығыздана кірді (З. Шашкин, Теміртау). Ол *а с п а й - с а с п а й* қайыққа киліккен сеңді ұзын сырықпен жай ысырып келеді (Бейбітшілік.).

АСПАЛЫ с ы н. *Асулы тұрған, асып қоятын, ілулі.* Қанаты қар жамылған теректер тұр, *А с п а л ы* жалтыраған люстрадай (Т. Жароков, Таңд.).— Сәулеге баруға еркін үлгеремін,— деп Роза төрдегі *а с п а л ы* сағатқа қарады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Екі қара ағаштың саясында құрулы тұрған *а с п а л ы* торға отырып, Зейнеп өзін-өзі тербете бастады (Ө. Қанахин, Мұрагер).

◆ **Аспалы бесік.** *Төбеге іліп қойылатын бесік.* Бұл уақиға болмастан бұрын әлденеше рет *а с п а л ы б е с і к* алу туралы папам мамама ескерткен (А. Сарбепин, Аспалы бесік). **Аспалы жол.** *Тірек арқылы өтетін канатты жол.* Ең бірінші жолаушылар таситын *а с п а л ы ж о л* Кавказда, Алматыда салынды (ҚСЭ). **Аспалы көпір.** *Негізгі көтергіш конструкция қызметін сым, кабель, болат канат, топсалы шынжыр сияқты иілмелі элементтер атқаратын, өтпе бөлігі соларға асылып тұратын көпір. А с п а к ө п і р д і ң* кабелі металл немесе бетон тіректер үстінен өтеді (ҚСЭ). **Аспалы шам.** *Төбеге іліп қойылатын шам.* Төрт жерден салбыраған *а с п а л ы ш а м д а р,* жаңа үйдің ішіндегі жиһаз жалтжұлт етеді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Шаңырақка ілінген *а с п а л ы ш а м* қызылды-жасылды бау-шуы бар ақ отау ішіне мол жарық төгіп тұр («Лен. жас»).

АСПАН и р. з а т. *Төбедегі кеңістік, көк, әуе.* Ағашты жаңғырта, ашық *а с п а н д ы* найзағайдай тіліп, оқтар ағып барады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Жем басқан жерінде қайқандап біраз отырып, ителгі көтеріліп ұшып *а с п а н ғ а* шықты (С. Бегалин, Таңд.). *А с п а н н ы ң* көгілдір түсі — күн сәулелерінің ауада шашыраушынан (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). *А с п а н* айдай ашық бұлтсыз болғанмен көп жылқының тұяғымен көтерілген шаң қара көлеңкелеп, күннің бетін жауып тұр (С. Шәріпов, Таңд.).

◆ **Аспан айналып жерге түскендей.** *Өте ыстық, аптап, шыжыған күн.* Августың орта шені. *А с п а н а й н а л ы п ж е р г е т ү с к е н д е й.* Күннің аптабы 50 мен 60 градустан танар емес (Майдан). Түркстан төңірегі *а с п а н а й н а л ы п ж е р г е т ү с к е н д е й* ыстық. Төбеден күн күйдіріп тұр («Қаз. әдеб.»). **Аспан асты кең.** *Күн көруге болады деген мағынада.* Сіздің мекемеден кеткенмен *а с п а н а с т ы к е ң,* тағы бір жерге барып қызмет етермін, екі қолға бір күрек деген («Қаз. әдеб.»). **Аспан әлемі.** *Әуе кеңістігі.* Күнгей бетке нұрын шаша алтын табақ ай көтерілді. *А с п а н э л е м і н д е* сансыз көп жұлдыздар жымың қағады (Ол күндер.). Кейде тау сүзіп жем іздеген көк қыраны — бүркіттер *а с п а н э л е м і н е* қалықтап шығады да, әлдеқайда самғап барып көзден ғайып болады (С. Бегалин, Таңд.). **Аспанға көтерді.** *Шығанға шығара мақтады, асыра дәріптеді.* Біреулер Қасымды ешбір мінсіз, ерекше жаралған ақын деп *а с п а н ғ а к ө т е р і п,* бірыңғай мақтау жолына салынды (Е. Ысмайылов, Сын.). **Аспанға қарады.** *Құр кеуде көтерді, менменсінді, тәкаппарланды.* Мен боламын демеңдер, Аяқты алшаң басқанға. Екі көзің аларып, Құр *қ а р а й с ы ң а с п а н ғ а* (Абай). **Аспанға қолы жеткендей.** *Болып-толғандай. А с п а н ғ а қ о л ы ж е т к е н д е й,* Аттап өтіп шың, құзды. Кеуденің үстін бөктеріп, Қадаған жарқын жұлдызын (С. Мұқанов, Замандас.). **Аспанға шықты.** *Даңқы шалқыды, атағы жайылды.* Ерліктің оты лапылдап, *А с п а н ғ а ш ы ғ а р* күн туар (Жамбыл). Жарқырап достық шолпаны, *А с п а н ғ а* тағы бір *ш ы қ т ы.* Дірілдеп фашист қорқауы, Қорғалап түнге тұншықты (Ж. Саин, Таңд.). **Аспан денесі.** А с т р. Күн және оны айналып жүретін *а с п а н д е н е л е р і н і ң* жинағын Күн системасы деп атайды (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Ай бізге ең жақын *а с п а н д е н е с і* болғандықтан, ол жұлдыздарды, кейде күнді де тасалап басып өтеді (Бұл да). **Аспанды [аспаныңды] тастап жібер.** *Қолыңнан бір келсе, екі қыл, аянба.* Ашулансаң, *а с п а н д ы т а с т а п ж і б е р,* Сен де аянбай қимылда барлығыңды (Жамбыл). Мен сізден өлең үшін бата алмаймын, *Т а с т а й б е р а с п а н ы ң д ы* енді бізге (Айтыс). **Аспан күмбезі.** *Аспан кеңістігі, әлемі.* Биік үйдің қасында тұрған адамға *а с п а н к ү м б е з і* сопайып көрінеді (ҚСЭ). **Аспанменен тілдескен [тірескен].** *Заңғар, биік, зәулім. А с п а н м е н т і л д е с к е н* биік тұрбаның дәл түбінде, аласа, әрі кішкентай жай кірпіш үй тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Оның жанында шамасы бес-алты шақырымдай жерде басы *а с п а н м е н т і р е с к е н* ақ күмбез үй тұр (Қаз. ертегі). **Аяғы аспаннан келді.** а) *Тоңқалаң аса құлады, жығылды.* Ал сауап болды, өзің ғана *а я ғ ы ң а с п а н н а н к е л і п* бір құламадың-ау мына суға (С. Бегалин, Ана қайратты). ә) *Сәтсіздікке ұшырады, ойдағысы болмады.*— Ертең болыс сайлауында *а я ғ ы ң а с п а н н а н к е л г е л і* тұр. Саған соны айтқалы келдім,— деп Көлен шығып кетті (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ.** *Ерекше жаратылған емес.* Айттым ғой, «жер тәңірісімін» десең де, *а я ғ ы ң а с п а н н а н с а л б ы р а п т ү с к е н ж о қ* (М. Әуезов, Таңд.). Ешкім де *а с п а н н а н а я ғ ы с а л б ы р а п* маман боп *т ү с п е й д і.* Өзің алғаш келгенде қандай едің? Жас бала, үйрет («Лен. жас»). **Әлегін аспаннан [аспанға] шығарды.** *Астан-кестеңін шығарды, әлек салды.* Ол кеткен машиналар бізден құтылып кетпейді, өрт қойып *ә л е г і н а с п а н н а н ш ы ғ а р а м ы з* (М. Иманжанов, Адам тур.). Оның көк бет қатыны келіп, үйдің *ә л е г і н а с п а н ғ а ш ы ғ а р д ы* (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Күлі аспанға ұшты.** *Аяғы көктен келді, талқаны шықты.* Черчиль мен Трумэндер бүгін таңда, Жүр әне өлім тілеп барша жанға. Егерде бейбіт өмір бұзса шырқын, Білеміз *ұ ш а т ы н ы н к ү л і а с п а н ғ а* (Т. Жабаев, Із). **Кісідегінің кілті аспанда.** *Біреуге кіріптарлық, жалыныштылық. К і с і д е г і н і ң к і л т і а с п а н д а* (Мәтел). **Қара аспанды төндірді.** *Сес көрсетті, қорқытты.* Екі әріптес дүрдараз, Соңынан болып мүлде араз. *Т ө н д і р і п* бір-біріне *қ а р а а с п а н д ы,* Жалынып жай жатқанда жараспады (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

АСПАНДА е т. 1. *Көкке қарай жоғары көтерілу, самғау.* Ителгіден шошынды ма, өздерінің ұшуы солай ма, қаздар барған сайын *аспандап* көтеріле берді (С. Бегалин, Таңд.). *Аспандады* күн жоғары, Ақты күліп тау бұлағы (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Қаршығадай *аспандап*, Көтерілді самолет. Көрінеді көзіне Тостағандай жер мен көк (Ж. Сыздықов, Белестер). // *Ұзару, биіктеу.* Оған талай жыл өтті, *Аспандап* өсті сол емен. Тамырын терең өрбітті, Бойы бұлтқа теңелген (Т. Жароков, Шығ.). 2. А у ы с. *Шарықтау, шалқу.* Ал, көгаршын көңіліме қонған әнім, Сүйеді сұлу әнді менің жаным. *Аспандап*, айғайлатып жүз құбылтсам, Кетеді бойым балқып, қызып қаным (Қаз. әндері). Әннен ән ағытылды дене балқып, Талықсып кейде тынып, кейде шалқып. Әндердің *аспандаған* тасқынымен, Бар еркі Ақбөпенің жүрді қалқып (И. Байзақов, Ақбөпе). Сыбызғы үні сызылып, Бірде өрекпіп дәуірлеп, Көтерілді *аспандап* (С. Бегалин, Таңд.). 3. А у ы с. *Кеуде көтеру, менменсу.* Тойболса, төрден орын аламын,— деп, Көтеріп өзіңді-өзің *аспандайсың* (Б. Майлин, Шығ.).

АСПАНДАЙ с ы н. *Аспан сияқты, көк тәрізді.* Зор кеуделі, қызыл күрең біреу *аспандай* сеңгір көзін отқа қадап, сөзді салмақты тастады (Ғ. Сыланов, Шалқар). Бұрын жауар күндей түнерген қабақтар бұлтсыз *аспандай* жадыраған (С. Омаров, Әңгім). *Аспандай* кең құшағын орыс жазып, Махаббатын ұсынар жаныма азық (Ж. Саин, Таңд.).

АСПАНДАТ е т. 1. *Аспанда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Зениткалардың ұзын стволдары өңешін жоғары созып, *аспандата*, оқ шашады (Ол күндер.). *Аспандата*, ән шырқата Біз соғармыз қайтарда (Қ. Аманжолов, Шығ.). Паровоз ақшыл буын *аспандата* лақтырып келеді (С. Омаров, Әңгім.). 2. А у ы с. *Көкке көтеру, дәріптеу.* Бір тайпы ел Айқынды «бала батыр» атап, даңқын *аспандатып*, дәріптеп жіберген еді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Исі оқыған қазақтың бәрін бірдей керегіне жаратпақ болған бұл төңкеріс Ғайшаны да бірталай *аспандатып* көтергендей болды (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АСПАНИ с ы н. с ө й л. **Асфаһани.** Әлгі шаһардың орнын қаза бастасаңыз неше түрлі жергілікті ыдыстар, түймелер, мон-шақтар, *аспани* қайқы қылыштар шыға береді (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.).

АСПАНСУ *Аспансы етістігінің қимыл атауы.* Жақыпбек өзін құрметтеп отырған болыс-бидің көзінше Сұлтанмахмұттың төбесінен қарайтын *аспансуды* жөн көріп, тәкаппарси түсті (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АСПАНСЫ е т. *Кеуде көтеру, тәкаппарсу, менменсу.* Оралов пен Беккер *аспансып* ақия бермесін. Сен де жез болып жаси берме (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АСПАНСЫТ *Аспансы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сен өйтіп... бұзық баланды *аспансытпа*, көлгір шал!— деді Нүрке. Нүркеге тізелес Жарқынбайдың Ақкірпік мырзасы отыр екен (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АСПАП а р. з а т. 1. *Қолмен істелетін жұмысты орындауға керекті құрал-сайман, керек-жарақ.* Нияз өзі сүйетін қызметіне кіріп, керекті *аспаптар* қолына түскен соң, іске беріле істеді (С. Сейфуллин, Шығ.). Ыдыстың іші толы әр түрлі *аспап:* пышақ, біз, сым темір, қол ара, балға, тағы сол тәрізді ұсақ-түйектер (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Операцияға қолданылатын *аспаптарды* қайнатып тазартатын орын да даярланады (С. Омаров, Қой. бағу.). 2. *Музыкалық құрал.* Өмірі қолына музыкалық *аспап* ұстап көрмеген Дәмеш аз күнде гармонь тартатын болды (С. Бақбергенов, Біздің колхоз).

◆ **Бес аспап.** *Әр түрлі істің, мамандықтың тетігін білетін, жан-жақты.* Көп елді араладық. Жүсіп молда *бес аспап:* келген аулына имам боп намаз оқиды, ауруына дем салады, дәрі-дәрмек те береді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). *Бес аспабым* — бес балам, Жарқылдап жауға жөнелді. Қайсың едің шығарған Дәл осындай өренді! (Қ. Аманжолов, Шығ.).

АСПАП-ҚҰРАЛ з а т с ө й л. *Құрал-жабдық.* Талғардың № 1 орта мектебінде факультативтік сабақтарды өткізу үшін қажетті физикалық *аспап-құралдардың* жоқтығы байқалды («Қазақст. мұғ.»).

АСПАПСЫЗ с ы н. *Құралсыз. Аспапсыз* көзге көрінбейтін жәндіктерді айыру қиынға соғады (Зоология).

АСПАПТАУ с ы н. м у з. *Музыкалық шығарманы оркестрдің, түрлі камералық ансамбльдердің аспаптарына ажыратып*

жазу әдісі. Аспаптау өнері композитордың оркестр құрамындағы аспаптардың ерекшеліктерін... жан-жақты пайдалану мақсатына негізделеді (ҚСЭ).

АСПАПТЫ: Аспапты музыка. Муз. *Бірнеше аспапта орындалатын мелодия.* Мұқанның кейін әнмен қатар *аспапты музыкадан* да хабары бар екенін көрсетуіне осының бәрі себеп болады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Өзіндік өнері бар, халық композиторы Құрманғазы өзінің шығармалары арқылы қазақтың *аспапты музыкасын* едәуір дамытты (ҚазССР тарихы).

АСПАПТЫҚ сын. *Аспаппен орындалатын, аспапқа тән.* Қазақтың *аспаптық* музыка өнерінің аса көрнекті өкілдері — халық композиторлары Құрманғазы, Абыл, Тәттімбет, Дәулеткерей т. б. (І. Омаров, Серпін). Таня отыздан аса ән және осындай *аспаптық* шығармалар жазған (К. Жарықбаев, Психология).

1. АСПАПШЫ зат. *Құрал-сайман, аспап жасаушы шебер.* Ол ширек ғасырдан астам өмірін сүйікті ісіне арнап жақсы лакальшы, *аспапшы,* модельші әрі гравер болып алды («Лен. жас»).

2. АСПАПШЫ зат. *Музыка аспабында ойнаушы, инструменталист.* Қазақ халқының өз операсы мен балеті, драма театрлары, аса ысылған хореография, әнші және *аспапшы* коллективтері бар («Лен. жас»). Камералық музыка *аспапшыдан* үлкен дайындықпен қоса, белгілі бір бейімділікті талап етеді («Қаз. әдеб.»).

АСПАРАГИН зат. хим. *Азоттық зат алмасу қосындыларынан шығатын органикалық зат.* Аммиак тұздары алдымен өсімдік тамырларында өзгеріске ұшырап, *аспарагин* дейтін усыз затқа айналады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). *Аспарагиннің* өсімдік тіршілігінде маңызы зор. Бұл — азот қосылыстары мен белок ыдырағанда пайда болатын аммиактың зиянды әсерін жоятын зат (ҚСЭ).

АСПА-ТӨК сын. *Ағыл-тегіл молшылық.* Ерте кезде өлген адамға ас беру *аспа-төк* той тәрізді өтетін (Ауызекі тіл).

АСПА-ТӨКПЕ сын. сөйл. Аспа-төк. Баймағамбеттің үйі *аспа-төкпе,* ішкен мас, жеген тоқ аса бай екен (Ж. Жұмаханов, Соқпақ соңы).

АСПЕКТ зат. *Белгілі бір мәселе, құбылыс, факты жөніндегі айырықша көзқарас.* Ғылым, мәдениет, әдебиет, өнер тағы басқа *аспектілер* көбінесе елдің экономикалық шама-шарқына байланысты («Қаз. әдеб.»).

АСПЕТТЕ ет. сөйл. Әспетте. Кеуекте тұрған алтын бал, *Аспеттеп* жиған аралар. Топырақ болды, төгілді — ал (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

АСПИРАНТ зат. *Жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институтында ғылыми-зерттеу, педагогтық жұмысқа әзірленіп жүрген адам.* Айналасы жүзге жетпейтін *аспиранты* бар бұл институт шаруашылық жағынан бишаралау мекеме еді (С. Мұқанов, Өсу жол.). *Аспиранттар* міндетті түрде диссертация қорғайтын болдық («Халық мұғ.»).

АСПИРАНТТЫҚ зат. *Аспирантурада оқушылық.* ИКП, ең алдымен, сол кездегі ең жоғары партиялық мектеп саналады да, *аспиранттыққа* тек қана партия мүшелері алынды (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АСПИРАНТУРА зат. *Ғылыми қызметкерлерді даярлаудың негізгі жүйесі.* Ол содан кейінгі үш жылда Ленинград университетінің философия факультетін бітіріп, соның *аспирантурасында* қалған болатын (С. Шаймерденов, Болашақ.). Жанат *аспирантурада* сыртқа оқып осы кезде тіпті кеш жататын (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

АСПИРИН зат. мед. *Аурудың дене қызуын төмендететін дәрі. Аспирин* көтерілген дене қызуын төмендетеді. ауруды басады. Бас сақинасына да қолданылады (Е. Оразақов, Дәрігер.). *Аспирин* — суда ерімейтін, шамалы ғана иісі бар, дәмі қышқыл, кристалды порошок (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). *Аспирин* — салицил және сірке қышқылынан алынған, дене қызуын басатын, бас ауруына және қабынуға қарсы қолданылатын ақ түсті таблетка (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АССА үст. *Зор дегенде, мықтағанда, әрі кеткенде.* Бұл әрине қазақта, *асса* жалпы әйелдің, қалса өз басының қайғысын білдіріп, шарасын іздеуге жарайтын әйелдің жоқтығын білдіреді (С. Дөнентаев, Шығ.). *Асса* Матайды, қалды Қыдырды тоз-тоз қылмай тынбайды ол (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АССАЛАУМАҒАЛАЙКУМ ар. од. *Ер адамның сәлем бергенде айтатын сөзі. Ассалаумағалайкум* нар Кемпірбай,

Науқасқа шыпа берсін патша құдай! (Ақын жырлары).— *Ассалаумағалайкум,* —деп мен сақалды адамға сәлем беріп, қол ұсындым (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *«Ассалаумағалайкум»,*— деп, кіріп барғанда ол маған қолын ұсынды да, бетіме үңіле қарады (С. Талжанов, Қайып қарт.).

АССАМБЛЕЯ з а т. *Белгілі бір ұйымның (дипломатиялық және басқа сыпаттағы халықаралық ұйым мүшелерінің) жалпы қоғамдық жиналысы.* Отаршылдықтың барлық көріністеріне қарсы күресу Африка бірлігінің негіздерінің бірі болып табылады. Каир *ассамблеясының* бұл мәселеге зор назар аударғаны табиғи нәрсе («Лен. жас»). Солтүстік Атлантика *ассамблеясының* 1967 жылғы ноябрьде болған соңғы сессиясындағы ұсыныстардың бірінде былай деп жазылған... («Қазақст. мұғ.»).

◆ **Бас Ассамблея.** *Біріккен Ұлттар ұйымының басты органдарының бірі.* Біріккен Ұлттар Ұйымының *Бас Ассамблеясы* төтенше арнаулы сессиясының келесі мәжілісі 17 июльде өткізіледі деп белгіленді («Соц. Қаз.»). Ол былай деді: Біз *Бас Ассамблеяның* қазіргі сессиясының алдында тұрған мәселелердің дұрыс шешімін іздеп табу ісіне бұл жоба айтарлықтай үлес қосады деп есептейміз (Бұл да).

АССИГНАЦИЯ з а т. т а р. *Ерте кезде Россияда қолданылған қағаз ақша.* Нақ сол 1920 жылы Хорезмде совет *ассигнация* ақшасы да таратылды, олар арнайы жасалған тығыз жібекке басылып шықты («Лен. жас»).

АССИМИЛЯЦИЯ з а т. **1.** *Бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетуі.* Америкаға көшіп келген халықтардың басым көпшілігі *ассимиляцияға* ұшырады (Ауызекі тіл). **2.** Л и н г в. *Бір дыбыстың екінші дыбысқа тигізетін ықпалы.* Түбір мен қосымша арасында немесе аралығында тетелес келген дыбыстардың үндесуін *ассимиляция* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). **3.** Б и о л. *Клеткаларға жаңадан енген заттардың сол организмге бейімделіп өзгеруі.* Клеткаларға енген қарапайым заттардың күрделі органикалық қосылыстарға айналу процестерінің бәрі *ассимиляция* деп аталады (Адам анатом.).

АССИМИЛЯЦИЯЛА е т. *Организмге енген заттарды өзіне бейімдеп өзгерту, сіңіру.* Организм клеткалары алмасуға қажетті заттарды сол ортадан ғана қабылдайды, *ассимиляциялайды* (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АССИМИЛЯЦИЯЛАН *Ассимиляцияла етістігінен жасалған өздік етіс.*

АССИМИЛЯЦИЯЛАНУ *Ассимиляциялан етістігінің қимыл атауы.* Көміртегінің *ассимиляциялануы* үшін өсімдікке жарық керек (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АССИМИЛЯЦИЯЛАУ *Ассимиляцияла етістігінің қимыл атауы.* Ассимиляциялаушы тамыр кәдімгі тамыр қызметін атқаруымен қатар жапырақтар сияқты, көміртегін де *ассимиляциялауға* икемделген (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АССИМИЛЯЦИЯЛАУШЫ з а т. *Ассимиляцияға түсіруші. Ассимиляциялаушы* қоректік ткань құрылысымен аз да болса танысу үшін, біз қос жарнақты және дара жарнақты өсімдік жапырақтарын қарастырып көрейік (Т. Мұсақұлов, Ботаника).

АССИРИЯЛЫҚ з а т. *Бірқатар Таяу Шығыс елдеріне бытырай қоныстанған халық аты.* Қазіргі *ассирияльқтардың* тілі семит-хамит тегіне жатады (ҚСЭ).

АССИСТЕНТ з а т. **1.** *Профессор дәрігердің ғылми жұмыс немесе операция жасаудағы көмекшісі.* Академик жуасып келеді, бұрынғыдай қарысып қалатынын да қойды,— деді *ассистент* (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). **2.** *Жоғары оқу орындарындағы кіші оқытушы.* Оларды институт директоры шақырып алып, тексеріп жатса керекті,— деді әлгі *ассистент* (З. Шашкин, Доктор Дарханов). *Ассистенттердің* қолдауымен залға ту көтеруші студенттер батыл адымдап кіріп келді («Лен. жас»).

АССИСТЕНТТІК с ы н. *Ассистентке тән.* Ол азғана уақыт мединститутының ЛОР (құлақ-көмекей, мұрын ауруы) кафедрасында *ассистенттік* міндетін атқарған-ды (Е. Оразақов, Дәрігер.). Керосин шам жарығымен жер кепеде Есімбек ажалмен тұңғыш рет айқасқа түсті. Рабиға *ассистенттік* қызмет атқарды (Бұл да).

АССОНАНС з а т. э д е б. *Өлең жолдарындағы дауысты дыбыстардың ұйқасуы.* Көп қайталанатын дыбыстар дауысты дыбыс болса, *ассонанс* деп аталады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

АССОРТИМЕНТ з а т. *Іріктеп, талғап алынған әртүрлі заттар мен товарлардың, сорттардың жиынтығы.* Фабрика соңғы уақытта өнім *а с с о р т и м е н т і н* молайта түскен екен, әсіресе, шоколад түрлері көбейген («Лен. жас»).

АССОРТИМЕНТТІ с ы н. *Ассортименті көп.* Ет комбинаттарын салуды тездетсек, мемлекеттік кәсіпорындарында өндірілетін көп *а с с о р т и м е н т т і* еттің көлемін көбейтер едік («Лен. жас»).

АССОЦИАЦИЯ з а т. 1. *Іс-әрекеттің бір текстестігіне қарай жеке адамдардың, мекемелердің, ұйымдардың ерікті түрде бірікккен одағы.* Сонымен қатар, Сәкен қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, әрі сол әдебиеттің тұңғыш *а с с о ц и а ц и я с ы н* ұйымдастырушы («Қаз. әдеб.»). 1930 жылы Қазақстан пролетар жазушыларының *а с с о ц и а ц и я с ы* құрылды (Бұл да). 2. П с и х о л. *Адам санасында болатын жеке психикалық процестердің арасындағы байланыс.* Түсіну процесін *а с с о ц и а ц и я л а р ғ а* сүйене отырып дәлелдеу ғылыми тұрғыдан дұрыс принцип болып есептелінеді (М. Мұқанов, Пед. очерк.). Ой сыртқы дүниенің әсерінен пайда болып, мида *а с с о ц и а ц и я л а р* тәрізді іске асып тұрады (М. Мұқанов, Бақылау).

АССОЦИАЦИЯЛАН е т. *Ассоциацияға түсу, бірігу, құрастырылу.* Үш-төрт ауруға егетін вакциналар құрастырылған немесе *а с с о ц и а ц и я л а н ғ а н* вакциналар деп аталады (Ж. Сұлтанов, Ауруларға қарсы.).

АССОЦИАЦИЯЛЫ с ы н. *Ассоциациясы бар.* Қазіргі интеллектуальды, кең *а с с о ц и а ц и я л ы* әдебиет кең шеңберлі сынды қалайды («Қаз. әдеб.»).

АССОЦИАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Ассоциацияға лайық, ассоциацияға тән.* Бірақ бұл «Аққұдық» көшірмесі, немесе соған еліктеу емес, бар болғаны тыңдаушының *а с с о ц и а ц и я л ы қ* түйсінуі ғана (Ж. Ғсалдин, Ахмет Жұбанов).

АС-СУ з а т. *Қоректік ішіп-жем, тамақ.* Соғымы тәуір ауқатты ауылдарға Шыңғыс ішінде *а с - с у* іздеп шұбыра бастаған нашарларды да Базаралы көріпті (М. Әуезов, Абай жолы). Өзіміз ертелі-кеш мал соңында жүреміз. Жұбайымыз осындағы дүкендерге барып, өз ақшасына *а с - с у д ы* ала алмай қайтады («Лен. жас»). *А с - с у ы н* алғасын, Шолпанды ертіп, манағы бір сұрастырып алған жөн-жосығы бойынша бүгінгі Тайжан шақырылған той иесінің үйін іздемек (А. Хангелдин, Қараторғай).

АС-СУЛЫҚ с ы н. *Ас-суға арналған, ас-суға лайық.* Зейнеп екі ақ отаумен және *а с - с у л ы қ* қоңыр үймен түскен еді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз.).

АС-СУСЫЗ с ы н. *Ішіп-жейтіні жоқ, тамақсыз.* Оның ашуына тисең, ау-құралын сыпырып алады; онсын осы отырғандардың қатын-баласы *а с - с у с ы з* қалады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АССЫЗ с ы н. *Ішіп-жейтін түйірсіз, тамақсыз. А с с ы з,* сусыз дерт жеңіп, Өзі әбден жүдепті. Тоғыз миллион санарда Ажал жетті, күн бітті (Абай). Әлден жауырап бара жатқан түрі мынау. *А с с ы з,* сусыз әлсіреген кісілер қиян-қашыққа қалай жетеді? (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АССЫЗДЫҚ з а т. *Ас-сусыздық, ішіп-жем тамағы жоқтық.* Ол маңғол өздері татардай *а с с ы з д ы қ қ а,* сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек (Абай).

АС-ТАҒАМ з а т. *Ішіп-жем, тағам.* Отряд жап-жайлы үйге кеп орналасқан. Таза, көңілді, *а с - т а ғ а м* жеткілікті («Лен. жас»).

АСТАҒЫПЫРАЛЛА о д. с ө й л. **Астапыралла.** Ау, Смайылмысың? *А с т а ғ ы п ы р а л л а!* Қалай өзгеріп кеткенсің?! (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

АСТАЙ с ы н. *Ас тәрізді.* Атасы осы мыстың асыл тасым, Дайындап темір жол тұр піскен *а с т а й.* Балқаш пен Қарсақпайды қамсыз етіп, Артылып миллион тонна тұр запаста-ай (Айтыс).

АСТАМ с ы н. 1. *Белгілі бір мөлшерлі саннан артығырақ, көбірек.* Оннан *а с т а м* комсомол тыңға баруға сол арада ризалық білдірді (С. Мұқанов, Таңд.). Биыл екі жүзден *а с т а м* қойдан одан көрі молырақ жүн қырқамыз (С. Бегалин, Ана қайраты). 2. А у ы с. *Өктем, асқақ, устем, басымырақ.* Тек кесірге жолықпа! *А с т а м* сөзден алыс бол! (М. Әуезов, Таңд.). Ол сол сөзі арқылы алдымен шарықтап, жұрттың көзіне өзгеше болып, қарсы ақыннан *а с т а м* болып түсуге тырысады (М. Әуезов, Әр жыл.).

АСТАМДАЙ с ы н. *Астамырақ.* Кеше үш жүзден *а с т а м д а й* еді,— деді жаңағы егде кісі (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АСТАМДЫҚ з а т. *Астамшылық, тәкаппарлық.* Есіктен кірген Сапарды көріп,

астамдық көрнеген тәкаппар адам тәрізді Алма қабағын шытты (З. Шашкин, Өмір тынысы). Жанарың бұлтты аралап, көкті кезер, Тартынып тұра алмайсың *астамдық* қып (Ж. Өмірбеков, Батыр.).

АСТАМСЫ е т. *Кеуде көтеру, тәкаппарлану.* Немістің арсыздық істеп, *астамси* қарауы Волошинды тіпті сілтідей тұндырып жіберді (М. Бубенов, Ақ қайың).

АСТАМСЫН *Астамсы етістігінен жасалған өздік етіс.* Менің әкем 1941 жылы *астамсынған* ата жаудан туған жері мен халқын қорғау үшін соғысқа аттанған-ды («Лен. жас»).

АСТАМШЫЛ с ы н. *Дандайсыған, көкірейген.* Осылай келсе, нағыз көкірт, *астамшыл* адамның өзі де құр қиқая берудің қисынын келмейтінін ұқса керек-ті («Қаз. әдеб.»). Ол Разумовтың әрбір қимылын қадағалап бақса да, совет генералының кескінінен жеңген жақтың *астамшыл* ірілігін сезе алмады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

АСТАМШЫЛЫҚ з а т. *Дандайсушылық, меңмендік.* Ыбыраштың істеген шексіз қиянаттары, *астамшылықтың* ұшына шыққандығы, Езілген елдің бас көтергені еді (Б. Майлин, Шығ.). Атам мүлде қарапайым еді, өнер иесімін деген *астамшылық* жарықтықта атымен болмайтын («Қаз. әдеб.»).— Шынтас аға, дұрысын айтайық саған соңғы кезде *астамшылық* пайда болды, білдің бе? (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АСТАМЫРАҚ с ы н. *Артығырақ, көбірек.* Аңның дайын еті тұрғанда одан *астамырақ* ықылас көрсетуі тегін емес сияқты (Ә. Кәшімов, Екі бүркіт).

АСТАНА и р. з а т. *Белгілі бір мемлекеттің, республиканың өкімет орындары мен үкімет мекемелері орналасқан басты қаласы, орталығы. Астанамда* Алматы Талай тойды тойладым. Талай тойда ән шырқап, Сандуғаштай сайрадым (О. Шипин, Өмір өрнегі). Ол — Октябрьдің ордасы, ұлы Одақтың *астанасы,* барлық ұлттардың қамқоры (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АСТАНАЛЫ с ы н. *Астанасы бар.* Сен бүгін араласаң Аспараны Көрер ең жаңа тұрмыс, жас қаланы. Басына әр талының жеміс өскен, Жетісу — жер сәулеті *астаналы* (І. Мәмбетов, Табантал).

АСТАНАЛЫҚ с ы н. *Астанаға, орталыққа тән.* Жұрт Қырымның түстігінде, Кавказда дем алады, *астаналық* қалаларда болады (Т. Нұртазин, Мұрат). Ол оқуды бітірісімен *астаналық* қалаға шақырылып, жауапты қызметке қойылды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Шарықтап *астаналық* аспан төрін, Сән берген қызыл тулы Кремльге (Т. Жароков, Таңд.).

АСТАН-КЕСТЕН ү с т. 1. *Ойран-топыр, әлем-тапырық, әптер-тәптер.* Ол үйіне енгіге кіріп, босағада аң-таң боп мүдіріп қалды, үйі іші *астан-кестен* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Көшуге әзірленіп отырған үй іші *астан-кестен.* Әйелі төсек-орындарды тең қып қойыпты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Алай-түлей, үйқы-түйқы.* Пулеметтің зілді гүрсілі *астан-кестен* сапырып әкетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Аспан да, жер де аппақ дүлей, *астан-кестен* боран екен (С. Сейфуллин, Әңгім.). Өлеңімнің тасқыны *астан-кестен,* Жұдырығы ұрғандай апай төстен. Үмбетәлі ақынның өшсін аты, Сен сықылды жеңілсе жөн білместен (Айтыс). 3. А у ы с. *Қатты ашулы, бұлқан-талқан.* Жақып *астан-кестен,* тас-талқан болып, ашық ашу шақырғысы да келеді. Бірақ әрнеге көзін жеткізгенше тізгінді тежей тұрмақ (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Үміттің ойында не бары белгісіз, ал Төлегеннің іші *астан-кестен* (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Жортуылдың ішкі дүниесінде *астан-кестен* арпалыс басталып кетті (С. Омаров, Тастағы жазу).

◆ **Астан-кестен болды** [астан-кестені шықты]. а) *Ойран-топыры шықты, бытшыт болды.* Штрек жақ гүрсілдеп, *астан-кестен болып* кетті. Әдепкіде құм құсап суылдап құйылған дыбыс естілді (С. Ерубаев, Шығ.). Соғыс басталды да, осынау әдемі тіршіліктің *астан-кестені шықты* (З. Иманбаев, Дала көктемі). ә) *Алай-түлей, үйқы-түйқы болды.* Қазір аспан асты *астан-кестен болып* жатқан жағдайда қай жауынгер жайбарақат жатыр дейсің (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Қолбасшылар ақылдасты, кеңесті, *Астан-кестен болғалы* тұр жер үсті. Оққа мініп ұшып жатты ажалдар. Не көрсе де отан үшін көрісті (Аялы жандар). б) *Бұлан-талан болды, ашуланды.* Шәкіртінің жүрген жерінен бірер кемшілікті сезсе, Ақыш *астан-кестен болып,* оған баласынша ұрсатын (Б. Майлин, Шығ.). Менің кеткелі жүргенімді сезіп қойып, ол *астан-кестен болып* ашуланды. «Нәрсені тап, тап!»— деп мені қысты

(І. Жансүгіров, Шығ.). Құрбанов: — Бәрің маған жабылдыңдар, мені оққа байлаңдар! — деп, *астан-кестені шығып*, үйіне еніп кетті (С. Адамбеков, Көсенің көзі). **Астан-кестен етті, астан-кестен қылды.** *Быт-шытын шығарды, талқан етті, бей-берекетін кетірді.* Тіптуші дудар шаш жас қазақ жігіт үйдің ішін *астан-кестен етті* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Алты ауылды *астан-кестен ғып* болып, енді біраздан соң бандылар ауылдан шығып бара жатты (С. Сейфуллин, Шығ.). Үш-төрт жүз жігіт магазинге қолды қойып бердік. Магазиннің ішін *астан-кестен қылып*, көкпар тартысына айналдырдық (І. Жансүгіров, Әңгім).

АСТАҢ-КЕСТЕҢ үст. сөйл. **Астан-кестен.** Айнала *астаң-кестең*, оқ-дәрінің қолқаны күйдірер қою түтіні қаптап, топырақ борап кетті (Ж. Тәшенов, Жауынгер жолы). Бар тағдыр құдіретті адамда екен, Ол құдірет — біздің жаңа заманда екен. Шың, жартас аударылып *астаң-кестең*, Боп жатыр көзді ашқанша елді мекен (А. Тоқмағамбетов, Өмір өлмейді).

АСТАПЫРАЛДА од. сөйл. **Астапыралла.** *Астапыралда*, осы жұрт қайдағыны шатып тұр (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

АСТАПЫРАЛЛА ар. од. *Қатты таңдану, шошыну кезінде қолданылатын одағай сөз.* Оның сөзінен қатты шошынып, үй ішіндегілердің бәрі *«астапыралла»* деп жағаларын ұстады (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *Астапыралла, астапыралла!* Бұл қай құс? Айырпылан деген осы екен-ау! (І. Жансүгіров, Шығ.). *Астапыралла*, төбе құйқам шымырлады ғой, тарт тіліңді, тоқта Шөгел! (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АСТАР ир. зат. 1. *Сырт киімдердің, көрпенің, аяқ киімнің т. б. матадан, терідей істелген заттардың ішкі беті.* Ахметтің сырты күрең былғары, *астары* түкті көк шұғадан жасалған пальтосы болатын (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Үшеуміздің жамылатынымыз — *астары* сүзіліп, тозып кеткен ескі шыт көрпе (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Аяқ киім фабрикасында біріншісі отырған шебер былғарыдан ботинканың үстін қауыстырып тігеді, екіншісі — *астарын* салады, үшіншісі — ұлтанын жапсырады (К. Смаилов, Мамандық.). 2. ауыс. *Бір нәрсенің ішкі сыры, мәні.* Сөз *астарын* түсіндім: тура айтпаса да, сол Хадишаға үйлендіргісі кеп отыр шешемнің (З. Шашкин, Өмір тынысы). Розаның ойнаған көзқарасында бір *астар* бар сияқты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Оның жауабы түсініксіз, күңгірт, бүркеулі жатқан бір *астардың* барлығын еріксіз сездірерлік еді (Б. Майлин, Шығ.). Не сыр бар мынау қараста! Аңғартсаң еді *астарын*. Айшық па қалған қабақта, Жәбірлер оның жас жанын (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

◆ **Астар бола алмайды.** *Пар бола алмайды, тең келмейді.* — Өзің қыз танымайтын жігіт екенсің. Алмаң Жанатқа *астар бола ала ма?* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **Астарын айналдырды.** *Болған істің өңін айналдырды, теріске бұрды.* Офицер Абылаев түнгі болған уақиғаның шындығын жасырып, *астарын айналдырып* жіберген болатын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АСТАРДАЙ сын. *Астар тәрізді, астар сияқты.* Кез еді бұл күн жиекке ұласқан, Атылас шапан *астарындай* тұрды аспан. Батырлардың топырағынан жаралған, Көңілімде әкеттім бір жыр-дастан (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

АСТАРЛА ет. 1. *Астар салу, астар тігу.* Барқытпен ішін *астарлап*, Жезбілек кеп қастерлеп, Шалбары бар әкемнің, Соны тігіп бергенде, Хан Қосайдан бата алған (Манас). Қара ала сырмақты қара және ақ киізден ойықтырып, *астарлап* сырып жасайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. *Қосымша қабат пайда болу, қабат жасау.* Бір қабатты жалпақ эпителий дененің тұйық қуыстарын *астарлап* тұрады (Адам анатом.). Шайыр жолының ішкі өзегін *астарлап* жатқан жұқа қабықшалы жалаң қабат тірі клеткалар тобын эпителий деп атайды (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.). Тақтай қаққан *астарлап*, Кертік-кертік баспалдақ. Көкке қарай өрлеген, Шулаған жан қыбырлап (С. Мұқанов, Таңд.). 3. ауыс. *Ойын дәл айтпай, жұмбақтап, бүркемелеп сөйлеу.* Соңғы кезде қазақтың байшыл жазушылары өздерінің пікірлерін *астарлап*, сездерінің сыртын көбірек сырлап, білгізбей өткізуге айналып жүр (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тұран сөзді *астарлап* та, тіке дәлдеп те, бәрінен бұрын батыл айтатын боп көрінді (С. Бақбергенов, Алтынемел.). *Астарлап* сөйлеу әдетім емес. Ұстаздық жолды қуған адам бүркеп сөйлеуді білмейді, әр кез ойын ашық айтады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АСТАРЛАН *Астарла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сырмақтың беті кейіннен не киізбен, не кенеппен *астарланып* сырылады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Біз, барлық оқиға әр саламен келіп, *астарланып* келіп, Абайдың басына жабылады деуіміз керек (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

1. АСТАРЛАС сын. *Негізі бір, түбірлес, текгес.* Есдәулетовтың өнеугі қалада сөйлеген сөзі мен бүгін ауданда Карповка айтып отырған жайларының бәрінде желілес, *астарлас* күйлер, мәндер бар (М. Әуезов, Өскен өркен).

2. АСТАРЛАС ет. 1. *Астарла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Апам ол үйдің көрпесін *астарласып* келді (Ауызекі тіл). 2. Ауыс. *Араласу, қабаттасу, ұштасу; үндесу.* Көз ұшында бұлдырап теңіз көрінеді, ол көк жиектегі көкшіл бұлттарға *астарласып,* толқып жатыр (Т. Құрманғалиев, Теңіз достары). Шарықта шалқы қиял асқар басып, Өр көңіл, өткір тілмен *астарласып* (Айтыс). Махаббат сезімдерінің жаратылыс күйлерімен *астарласатын,* домбыраның қос шегіндей үндесе қағысып жататын шағы аз емес (Ә. Тәжібаев, Өмір.). 3. Ауыс. *Астыртын жалғасу, бірлесу.* Басқа істердің барлығын да астыртын Сұртаймен *астарласып,* Шалматайлар айналдырады (І. Жансүгіров, Таңд.). Тірінің жасы тамды көздерінен, Тарих та алды аңыз сөздерінен. Патшасын да өлтіріп тағын өртеп, *Астарласып* жау шығып өздерінен (Н. Ахметбеков, Аманкелді).

АСТАРЛАСТЫР *Астарлас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Білем-білем құйрық пен қаракесек етті *астарластыра* асап, турап бітіргенше жылы-жұмсағын еңсеріп тастады (З. Жәкенов, Таң самалы).

АСТАРЛАТ *Астарла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол қазақша шекпен тіктіріп, қара ала батсайымен *астарлатты* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АСТАРЛЫ сын. 1. *Астары бар, астар салынған.* Үстімде теке терісінен тігілген тері шалбарым, елтірі *астарлы* сұр бешпентім бар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ақ тақиялы, *астарлы* жасыл тонды қарт Алтайдың бізге сақтаған несі бар екен (А. Машанов, Жер асты.). 2. Ауыс. *Жұмбақты, түспалды.* Мәруенің сықсиып келуінде де, түрлі өсекті төгуінде де *астарлы* сыр бар (Б. Майлин, Таңд.). Әлияның тілі тым өткір, ажуашыл, кейде тіпті тым *астарлы* келетінін аңғарған едім (Ж. Жұмақанов, Әлия). Осы бір *астарлы* жағдайды сезгендей ол басты адамдарды жиып алып, солдаттарға естіртте бұйрық берді (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

◆ **Астарлы сөз.** *Ерекше мәні бар тұспалды сөз.* Қайыр өкпесін нәз түрінде айтам десе де, тілі құрғыр *астарлы* майда *сөзге* үйренбеген, кекесін төрізді болып шықты (З. Шашкин, Теміртау). Шоқан келіншектің *астарлы,* тапқыр *сөзін* тамашалап, әлдеқалай бір ойға кетті (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

АСТАРЛЫҚ зат. *Астар жасайтын, астар қылатын мата.*— Мынау жатқан шежім, мынау бір *астарлық* зат. Кәне, енді осылардан керегін ал өзің! (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АСТАРСЫЗ сын. 1. *Астар салынбаған, астары жоқ.* Сырт киім *астарсыз* болса, жылылыққа ешбір пайдасы жоқ (Ауызекі тіл). 2. Ауыс. *Қалтқысыз, бүкпесіз, тұспалсыз.* Бұл сөзді ол еш *астарсыз* айта салғандай сөйледі (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ол ұшқалақ мінезінің арқасында кейбір бейнелі нәзік ойдың ырғағын аңғара алмай қалатын жайы бар-ды, бұл жолы да ишараға түсінбей, *астарсыз* ұқты (З. Шашкин, Сенім).

АСТАС ет. 1. *Тұтасып кету, араласу, жалғасу.* Бір жақ бетте жиегі көкпен *астасып* жатқан жап-жасыл егін өлкесі, таңғы самалға теңіздей тербеледі (С. Мұқанов, Таңд.). Аспан мен жер *астасып,* Алай-дүлей борайды. Шылбырынан ұстасып, Алға адымдап қарайды (С. Мәуленов, Жолдас). Бірімен бірі бөлінбей *астасқан,* алтын-күміс араласқан бояулар, түкті кілемдер бұл үйдің жасалуына бірталайақ ой кеткендігін айтып тұр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. Ауыс. *Бірімен бірі байланысты болу, өзара бірігу, біте қайнасу.* Халық жасаған әдебиет, мәдениет мұралары сол халықтың экономикалық қарым-қатынасымен, әдет-ғұрпымен біте қайнасып, *астасып* жатады (Аялы жандар). Ол оқиғалардың өзара заңды, нанымды байланысы, *астасқан* ішкі бірлігі нашар шығар (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Анада Базаралы айтып кеткен сөзбен Балағаздардың қылықтары астыртын *астасып* жатыр (М. Әуезов, Абай жолы).

АСТАСТЫР *Астас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Үйдің керегесін күміспен *а с т а с т ы р ы п,* ылғи жіліктен істеген (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Саңы көңіл күйлерін, жанның нәзік құбылыстарын да табиғатпен *а с т а с т ы р а* дәл беруге талпынады («Қаз. әдеб.»).

АСТАСУ *Астас етістігінің қимыл атауы.* Адам қиялы жетпейтін бояу әсемдігіне және олардың бір-бірімен сымбатты сұлу *а с т а с у ы н а* қызыға қарап біраз тұрдым да, көбелекті қоя бердім (Ө. Қанахин, Жер бас.).

АС ТА-ТӨК с ы н. *Ағыл-тегіл, көл-көсір.* Ерте кезде өлген адамға ас беру деген ұлы жиын, *а с т а-т ө к* тәрізді болатын (Ауызекі тіл).

АСТАУ з а т. 1. *Ағаштан ойып жасалған, ас салатын ыдыс.* Олар ауыл адамдарына бір жеңіл табақ жасады да, екі жамбас пен басты қосып ұзын *а с т а у м е н* қонаққа тартты (С. Мұқанов, Теміртас). Мүриттер отырғанда қарқылдасып, Бағланның семіз етін әкелді асып. *А с т а у д а* бұрқыраған етті қоршап, Құзғындай қол салысты жапырласып (Ж. Саин, Күлөнда). 2. Ж е р г. *Мал суаруға қолданылатын науа. Шаңырқап келіп, а с т а у ғ а* бас қойған жылқы бірін-бірі қағып, тістелеп, тебісіп жатыр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін), Ол қолына қауғаны алып, *а с т а у ғ а* суды асыға құя бастады (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). *А с т а у д ы ң* бірнеше түрі бар: ағаш астау, тас астау, темір астау, цемент астау (ҚСЭ).

◆ **Астау жон.** *Астау тәрізді жұмыр, тұтасқан.* Алдымыздағы Ақшатау мен қалып жатқан *а с т а у ж о н* адыр да, жел мен жер де, осы әннен, әншіден басқа дүниенің бәрі де жоқ болып кетті (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

АСТАУБАС з а т. *Біртуманың ішіндегі сүйегі ірі еркек нар.* Қуатты түйенің басы жетелі келетінін дұрыс аңғарған халық оларды *а с т а у б а с* деп атаған (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр. очерк).

АСТАУДАЙ с ы н. *Теңкиген, астау тәрізді, жұмыр.* Ол жоны *а с т а у д а й* торы төбел биені әудемде-ақ жәукемдеп тастапты (Р. Әутәліпов, Той тарқар).— Жүні жібек, жоны *а с т а у д а й* бағлан қой бізде,— дейді қарт (Қызыл жалау).

АСТАУЛАН е т. *Малдың семіруі; қоңдану, жұмырлану.* Өркеші секілденіп таудың шыңы, Қомында *а с т а у л а н ы п* майдың шыны. Желкілдеп жібек шуда түйе тұрды. «Менде» деп Азияның талай сыры (К. Тастанбеков, Өленд.).

АСТАУЛАП ү с т. *Астау-астаумен, астау толтырып.* Оны «ертегінің батыры» көрген, немесе «аруақ орнаған әулие» көрген жұрт дамыл алмастан, «сабалап қымызын, *а с т а у л а п* етін» дегендей, мол қонақ асымен күні-түні дамыл таппай келеді де жатады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АСТАУША з а т. 1. *Астаудан көрі кішірек сопақша ыдыс.* Ол кішкене *а с т а у ш а* тауып, кір басқан бет орамалдарын жуып отыр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). 2. *Малға су, жем беретін кішкене науа.* Сиырлардың алдарындағы темір *а с т а у ш а л а р д ы ң* бәрі де жемге толы. Оған таяу аумағы аяқтай қазанша тұр (Сауыншы шам-шырақ.). Қойға шөп, жем беретін оттықтар, *а с т а у ш а л а р* жасалады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

АСТАУШЫҚ з а т. *Астау тәрізді зат; кішкене науа.* Машина ұнтаған тыңайтқыш бункердің сол жақтағы төменгі *а с т а у ш ы ғ ы н а н* сыртқа шығып жатады («Соц. Қаз.»).

АСТЕРОИД з а т. а с т р. *Күн системасындағы кішкене планета.* Ленинград геологтары Сібірдің қиыр солтүстігінде ежелгі ғаламат ойранның — жердің *а с т е р о и д п е н* соқтығысуының ізін тапты («Лен. жас»).

АСТМА: **Бронхиалды астма.** *Тыныстыбітіріп, қатты булықтыратын ауру; тыныс демікпесі.* Тыныс демікпесін медицинада *б р о н х и а л д ы а с т м а* деп атайды. Тыныс демікпесімен әркім-ақ ауырады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АСТМАТОЛ з а т. м е д. *Демікпеге қарсы қолданылатын дәрі. А с т м а т о л* — меңдуана, ит жидек, нитрон және натрий қосындысынан жасалған ұнтақ дәрі (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АСТОДАН з а т. к ө н е. *Өліктің денесін сақтайтын тас табыт* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АСТРА з а т. б о т. *Әдетте ешбір иісі жоқ, түрлі түсті, ірі-ірі гүлдері бар сәндік өсімдік.* Бақшада өсетін әдемі *а с т р а ғ а* ұқсамайтын, қызғылт күлте жапырақты дала астралары кездесе бастайды (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

АСТРАГАЛ з а т. б о т. *Бұршақ тұқымдастарына жататын өсімдіктердің бір*

туысы. Астрагал — Қырымда, Қара теңіз жағалауында өсетін шоқ гүлді өсімдік (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АСТРОБИОЛОГИЯ з а т. *Әлемнің барлық түкпіріндегі тіршілікті зерттеуге арналған ғылым. Астробиология* совет астрофизигі Г. А. Тиховтың зерттеулерінің негізінде 1945 жылы пайда болды (ҚСЭ).

АСТРОБОТАНИКА з а т. *Аспан денелерінде өсімдіктер дүниесінің болуын тексеретін ғылым.* Ғылым дүниесінде алғаш рет *астроботаника* секторы 1947 жылы ҚазССР ҒА-ның жанынан ұйымдастырылды (ҚСЭ).

АСТРОГРАФ з а т. *Аспан денелерінің фотографиясын түсіруге арналған астрономиялық аспап. Астрографты* рефрактор, рефлектор немесе айналы-линзалы телескоп схемасы бойынша жасайды (ҚСЭ). *Астрографта* репродуктордың окулярының орнына фотопластинка қойылады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АСТРОДАТЧИК з а т. *Белгілі бір жұлдызға немесе жарық планетаға қарап бағыт дұрыстығын анықтау үшін ұшу аппаратының немесе кеменің бортына орнатылатын прибор. Астродатчик* астрономиялық навигация мақсатын шешу кезеңінде қолданылады (ҚСЭ).

АСТРОДИНАМИКА з а т. *Жасанды аспан денелерінің қозғалысын зерттеуге арналған аспан механикасының көп қолданылатын жаңа бөлімі.* Жасанды аспан денелерінің қозғалысын анықтау үшін *астродинамикада* бұрыннан дамыған классикалық аспан механикасының әдістері қолданылады (ҚСЭ).

АСТРОЛОГ з а т. *Астрология маманы.* Бала туысымен-ақ *астролог* оның келешегі қай планетаның ықпалымен, қандай болып өтетінін болжай жазып қоятын болған (Х. Әбішұлы, Халық астроном).

АСТРОЛОГИЯ з а т. *Жұлдыздардың орналасуы бойынша адамның болашағын болжауға болады-мыс дейтін жалған ілім. Астрология* — капиталистердің тап мүддесін қорғайтын олардың қолындағы бір құралы (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Фармацевтикалық істің өркендеуі феодализм негізіндегі сиқырлыққа, *астрологияға* қатты әсер етті (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АСТРОНАВИГАЦИЯ з а т. *Космостық ұшу аппаратын навигациялау тәсілі.* Жанынан спутник өтіп бара жатқан планета жиегінен жұлдыздың көріну мезетін анықтау арқылы бұрыш өлшеу әдісі де *астронавигацияға* жатады (ҚСЭ).

АСТРОНАВТ з а т. с ө й л. **Космонавт.** Шалқайып жатқан *астронавт* кітапты жауып, көкірегінің үстіне қойды (А. Мархабаев, Ғарышта).

АСТРОНАВТИКА з а т. с ө й л. **Космонавтика.** *Астронавтика* — СССР-де қабылданған космонавтика терминінің орнына бірқатар елдерде, атап айтқанда АҚШ-та, пайдаланып жүрген термин (ҚСЭ). Бұл сұраққа *астронавтика* жөніндегі халықаралық сыйлықтың лауреаты, техникалық ғылымның докторы Ари Штернфельд жауап берді («Қазақст. мұғ.»).

АСТРОНАВТЫҚ з а т. с ө й л. **Космонавтық.** *Астронавтық* мамандықты таңдап алғаны мұндай дұрыс болар ма! (А. Мархабаев, Ғарышта.).

АСТРОНОМ з а т. *Астрономия ғылымының маманы.* XIX ғасырдың бас кезінде *астрономдар* телескоппен Уран дейтін планетаның айналуын тексерген (М. Мұқанов, Бақылау.). Айды зерттеумен байланысты маңызды еңбектердің авторы қарт украин *астрономы* Яковкин «Айдың астрономиялық календарын» жасады («Лен. жас»). Ең алғаш жұлдыз каталогтарын оңтүстік елдерінің *астрономдары* жасады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АСТРОНОМИЯ з а т. *Аспан денелері мен әлемнің құрылысы және олардың дамуы жайындағы ғылым.* Жеке дүниелік денелердің құрамын, формасын, қозғалысын, дамуын зерттеумен қабат, *астрономия* олардың өз ара байланысын да қарастырады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). *Астрономия* — аспан денелері жайындағы ғылым. Ол аспан денелерінің қозғалысын, құрылысын, дамуын зерттейді (Астрономия). *Астрономия* ғылымының әлі де ашылып болмаған ғаламат қызықтары өте көп («Лен. жас»).

АСТРОНОМИЯЛЫҚ с ы н. *Астрономияға тән, астрономияға жататын. Астрономиялық* обсерваторияның бір топ ғалымдары ұзақ мерзімде болжамдар жасауға көмектесетін зерттеулерді өйдағыдай жүргізіп келеді («Лен. жас»). Қазақ календарының негізіндегі нәрселер *астрономиялық* түсініктер мен жұлдызды аспан жайында халықтың көп жылдық тә-

жірибесінде жинақталған кейбір білімдер еді (ҚазССР тарихы). Үркер жұлдызының малшыларға маңызы өте зор болды. Олар *астрономиялық* және метеорологиялық құбылыстарды ажыратуға пайдаланады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

АСТРОФИЗИК з а т. *Астрофизика маманы.* Қазақстанның *астрофизиктері* Октябрь мерекесі қарсаңында жақсы тарту алып отыр («Лен. жас»).

АСТРОФИЗИКА з а т. *Аспан денелері мен жұлдызаралық материяның табиғатын, химиялық құрамын және оларда өтетін процестерді зерттейтін ғылым. Астрофизика* жеке ғылыми пән ретінде телескоптың жасалуынан кейін дами бастады (ҚСЭ). Кометалар мен метеорларды зерттеу — *астрофизиканың* басты проблемаларының бірі (Бұл да). *Астрофизика* институтының арнаулы комиссиясы астрономиялық жаңа аспапты — планета аспабын қабылдап алу туралы актіге жақында ғана қол қойды («Лен. жас»).

АСТЫ з а т. 1. *Бір заттың үстіне қарама-қарсы жағы, төменгі жері, түбі. Астында* жартылай подвалы бар, үстіне баспалдақтап шығатын Дәуренбай үйі де осындай кербездің бірі секілді (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Су *астын* тексеріп шыққан барлаушылар бұл қауіптердің барын жасырған да жоқ (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Қазан *астында* от заулап жанып жатыр (Б. Майлин, Шығ.). 2. *Тау, адыр, белес, дөң тәрізділердің арғы жақ бетінің төменгі тұсы.* Аға сержант құлағын тоса қалды, дөң *астынан* мотор шуылы естілді (Майдан). Асан мен Үсен бір күні, ел көшкенде, қыр *астында* ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалады (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Ластай асуының арғы *астында* Юланның ата-анасы жатыр (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). 3. *Адам, жан-жануарлардың жатқаннан, отырғаннан, тұрғаннан кейінгі жермен екі аралығы. Астына* ағаштың жапырағын төсеген үш бала бір көрпенің астында жатып жылап жатыр (С. Шарипов, Шығ.). Жамал кете беріп, кенет тоқтады, аяғының *астынан* қан (Б. Майлин, Таңд.). Тамақтанып болған соң, Батырға дамыл алсын деп, *Астына* мамық төсетіп, жататын орын сайлады (Халық ақындары). 4. *Күн, ай, жұлдыз, бұлт тәрізді аспандағы заттардың жерге қарағаң жағы, жер беті.* Ай *астында* ақшыл дала қызусыз, жарықсыз бір бұлдыр сәуле береді (М. Әуезов, Абай жолы). Білімнің дариясына адам сүңгіп, Көк *астынан* қаһарлы қар, мұздарды үңгіп (Ақын жырлары). Түс қайта Тянь-Шань тағы долданды, аспан *астынан* әп-сәтте мұнартты (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Ақ төсін аймалатып күрең нұрға, Жамылып жасыл барқыт әсем тұлға. Алатау күн *астында* күлім қағып, Кербездей көз жіберген жазық қырға (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). 5. *Жаңбыр, бұршақ, түтін, оқ, шаң тақылеттің заттардың маңы, арасы, іші.* Әйел бұршақтай бораған оқ *астынан* қарай кіріп келе жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Шаң *астынан* қараса, Айшықты ала ту көрді (Алпамыс). Жас баласын көтерген әйел орманнан шығып, бұршақтай бораған оқ *астынан* қарай кіріп келе жатыр («Қаз. әдеб.»). Шілдеде аптап *астында*, Қыста боран ішінде, Жас баласы қозыда, Қатыны жүр от жағып, Бәйбішенің еркінде (Жамбыл).

◆ **Азап астында.** *Ауыр бейнет құшағында.* Мұса да өлім аузында, Өткізді көп түн, көп күнін. Өтпеген кезі аз мұнда *Астында* азап, тепкінің (Ж. Молдағалиев, Жыр.). **Алты қырдың астында** [**асты**]. *Алыста, қашық жерде.* Мен сені *алты қырдың астында* жүрсем де ұмытпаспын («Қаз. әдеб.»). Самайынан сағал-сағал тері шұбырған тезекші әйелдер ғана *алты қырдың астынан* тезегін арқалап, әрең қалқаңдап келе жатады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). **Аспан асты.** *Кең дүние, жер беті, барлық жер.* Соғыстың сондай күшті зардабынан Күйзеліп, күйіренген *аспан асты* (Ақын жырлары). Қиыры жоқ жатыр дала, Алып тегіс *аспан астын* (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *Аспан астын* аралап, Келген почта даланмен. Ауыл бүгін хабар ап, Жалғасады жаһанмен (С. Сейітов, Бетпе-бет). **Астына алды.** *Бір нәрсенің тездеуін тіледі, асықтырды.* Сонда Сағат келіп бер-бердің *астына алып*, әбден қысады (Қаз. ертегі.). Ойланып алсын дей ме, кім білсін, тергеуші болболдың *астына ала* қоймады (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Астына басты.** *Жерге жаншыды, жұмарлады.* Арт жағынан жауырны бүлкілдейді, Қыран бүктеп *астына дәл басқанда* (Абай). Енді бала сасады, Көтеріп алып Зарлық хан, Дәуді *астына басады* (Батырлар жыры). **Астына көшік қойды.** *Орынсыз мадақтап біреуді есіртті, мақтады.* Іле бойында сен болмасаң, басқа қызыл отау меңгерушілері жұмыс істей алмайды,— дегені менің *ас-*

тыма көпшік қойып алдап түсіргені екен деп те ойладым («Қаз. әдеб.»). **Астын ала.** *Астыңғы жағымен, төмендете.* Қорғалап бітуге таянған айдың *астын ала* таң шапағына араласып, қылт-қылт етіп тұрған үркерді көрдім (Х. Әбішев, Аспан сыры). **Астында қалды.** *Қарық болды.* Құдай жарылқасын, астықтың *астында қалдық.* Астық болғанда қандай, дәндері бармақтың басындай (К. Қазыбаев, Дәуір.). **Аяқ асты.** *Ойламаған жерден, кенеттен.* Бір күні Москвада өтетін дүниежүзілік жастар фестивалына қатысасың деген хабар *аяқ асты* сарт етті («Лен. жас»). Ол әкесінің үйінен бөлініп шығатынын қалай айтпақ? Бірақ *аяқ асты* қазір айтып, дереу көшу керек («Қаз. әдеб.). **Аяқ асты болды.** *Қадірі кетті, құны түсті.* Ертеден кешке дейін пікір ойлап, Асылы жоқ, ақыреттен хабарлары. *Болған* соң көп әулие *аяқ асты,* Ұзамай қысқарып жүр қадамдары (Айтыс). **Аяқ асты қылды, аяқ асты етті.** *Қорлады, сыйламады, қасиеттемеді.* Оның Әлібиге айтқан сәлемі қысқа: «Қызың қайдағы біреумен ашына дейді, алтын басымды *аяқ асты қып,* қорлап жүрген көрінеді» (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ол жазықсыз жанға жала жауып, біреудің таза арын *аяқ асты етіп* отыр («Лен. жас»). **Аяқ астынан, аяқ астында.** а) *Жақын жерден, таяудан.* Қаннен қаперсіз келе жатыр едік, *аяқ астынан* екі адам шыға келді («Лен. жас»). Сол жаққа қарай жүгіріп бара жатқанымда, *аяқ астынан* мылтық атылды (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). ә) *Күтпеген жерден, кенеттен.* Жәмидің мұң-зарын танытып ән шырқағаны жайсыз тиді білем, Мамырбай *аяқ астынан* тулап, жігіттерге сөз тигізді (С. Омаров, Қайырлы жаз). Жақсылық тау басында, Жамандық *аяқ астында* (Мақал). **Жеңілдің асты, ауырдың үстімен.** *Жеңіл-желпі, үстіртін.* [Жалқаулар] *жеңілдің асты, ауырдың үстімен* өмір сүріп, қоғамға аз беріп, көп алуға тырысады («Лен. жас»). **Жердің үстімен келіп, астымен қайтты.** *Ел бетіне қарағысыз масқара болды.* Бұл жолы *жердің үстімен келіп, астымен қайтқандай* болдыңыз ғой (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). **Жеті қабат жер астында.** *Алыста, қашық жерде.* Менің көзім *жеті қабат жердің астындағыны* көреді (К. Рахимов, Қарлығаш). **Иек астында.** *Жақын жерде, таяу маңда.* Сонша болмады, тап *иек астындағы* сиректеу бұталардың арасынан бір топ ешкі орғып шыға келді (С. Бегалин, Таңд.).—Қарағымау, сонау, алыстағы Алматыда нең бар. Ақтөбе тұрған жоқ па *иек астында* («Лен. жас»). **Көзінің астымен қарады.** *Байқатпай, елеусіз қарады, көз қиығын салды.* Ілгегін шұқылап отырып, *көзінің астымен* Зейнеш Асылбек тұрған жаққа *қарады* (Б. Майлин, Шығ.). **Қамшының астына алды.** *Қамшымен ұрды, сабады.* Ащы түтіннің астында қалған Асанды келе сала *қамшының астына алды* бір адам (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). **Қол асты.** *Бағыныштағы, тәуелді ел.* Арам тамақ, ақ білек, *Қол астын* жемей, қолдай ма Басшы әділ болмаса, Жұртқа әділдік орнай ма? (Жамбыл). Дүниеге бала келген соң, Айғыр сойып ақыртты, Бура сойып бақыртты. *Қол астын* қоймай шақыртты (Батырлар жыры). Қырғызып, қан қып *қол астын,* Бізге бұрды жүрісті. Алам деп солдат қазақтан, Алып та тұр тыныштық (Халық ақындары). **Қол астында.** *Біреу басқарған елдің, мекеменің ішінде, қарамағында.* Естуші ек рахымды хан деп сізді. Деп едім *қол астында* күн көрейік (Е. Бердин, Екі ойшыл). Алғаш институтты бітіріп келгенде, осы қарттың *қол астында* қатардағы жұмысшы болып істеген («Қаз. әдеб.»). **Табан асты.** *Екі сөзге келмей, лезде, тез.* Ә дегенше ерегісу, *табан асты* төбелесу батылдықты, батырлықты көрсететін қылық па сол? (Т. Әбдірахманова, Білесің бе?). **Табан астынан, табан астында.** а) *Аяқ астында, жақын жерде.*— Тоқта! келе жатқан қайсысың?—деп, *табан астынан* екеуі шыға келгенде, Селезнов еріксіз сөлк етті («Лен. жас»). Әне, *табан астында* ауыл жатыр мұнартып. Бір кезде жалаң аяқ талай шапқылаған көшелер сол қалпында бұлдырсыз («Лен. жас»). ә) *Күтпеген жерден, кенеттен, лезде.* Қызық өзі қала басшылары, *табан астында* бос үй керек бола қалса, олардың көзіне алдымен спорт залдары түседі («Қаз. әдеб.»). Ол коллективтен тыс, оқшау алынған күйі суреттеле береді де, ақыр аяғында *табан астынан* түзеліп шыға келеді («Лен. жас»). **Ту астында.** *Бір жерге топтасқан ұйымдасқан.* Айтқаныңды ұран қып, Сөздеріңді құрал қып, Жер шары еңбекшілері Ал қызыл *тудың астында* Тізе қосып бірікті (К. Әзірбаев, Өлеңд.). Қызыл шоқтай шашақты, Шарықтап *ту астында,* Жас ұрпақ өмір жасапты (Т. Жароков,

Таңд.). Қызыл *т у д ы ң а с т ы н д а* Бірі қалмай жиылып, Жібер, жауыз жауына, Тас түлектей түйілтіп (Қ. Аманжолов, Таңд.).

АСТЫҚ з а т. *Бидай, тары, арпа, сұлы, күрші, жүгері, тағы басқа дәнді дақылдың жалпы аты.* Егін орылып болған соң, мен сол маңдағы өзге біреудің орағына кеттім де, Ақшалдар *а с т ы ғ ы н* өздері бастырып, қызылдап болғанда, бір-ақ оралдым (Ғ. Орманов, Жүрек). Биыл мемлекетке бір миллиард пұт *а с т ы қ* тапсыруға міндеттеме алды (Ә. Нұршайықов, Таңд.). Ал егіншілер болса, жинап алған *а с т ы ғ ы н ы ң* оннан бірін ұшыр ретінде төлеген (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

◆ **Астық ағаш.** Б о т. *Тұт ағашы тұқымдасына жататын сүректі өсімдік.* Жергілікті халық *а с т ы қ а ғ а ш ы н ы ң* жабайы өсетін, ірі жемісті екі түрінің жемісін пісіріп не қуырып, тұқымын шикілей де, қуырып та жейді (ҚСЭ). **Астық бастырды.** *Егіндік дәнді сабағынан бөлдірді, үктірді. А с т ы қ б а с т ы р у* кезінде де тұқым зақымдалуы мүмкін (Ж. Жиенбаев, Астық дақылдары.). Жаз бойына Қағазбай үй көрмейді. Соқа айдайды, *а с т ы қ б а с т ы р а д ы,* егін суарады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Астық бітесі.** *Дәнді дақылдарды зақымдайтын біте.* Дәнді дақылдардың өсіп жетілуі уақыты аяқталған кезде, *а с т ы қ б і т е с і* қанаттанып, әлі толық қурамаған өсімдікке қонады (ҚСЭ). **Астық қандаласы.** *Дәнді дақылдарды зақымдайтын насеком. А с т ы қ қ а н д а л а с ы* аңызда астық тұқымдас көп жылдық өсімдіктерді паналап қыстап шығады да, егіс көгін ойсырата жейді (ҚСЭ). **Астық қоңызы.** *Дәнді дақылдарды зақымдайтын қоңыз. А с т ы қ қ о ң ы з ы* жаздық және күздік бидай мен қара бидайдың әлі пісіп жетілмеген дәнін зақымдайды ((ҚСЭ). **Астық құйды.** *Дәнді дақылдарды өткізді.* Бұл ірі шаруашылық Отан қоймасына жыл сайын миллион пұттан тың *а с т ы ғ ы н қ ұ й ы п* келеді («Соц. Қаз.»). Егін жиналып, алтын *а с т ы қ* қамбаға *қ ұ й ы л д ы,* шөп шабылып, мал қоралардың басына үйілді (Біздің шам-шырақ.). **Астық масасы.** *Дәнді дақылдарды зақымдайтын насеком. А с т ы қ м а с а с ы* көбінесе бидайдың жұмсақ сорттарын, сирек те болса қара бидай мен арпаны зақымдайды (ҚСЭ). **Астық тартты.** *Дәнді дақылдарды бір жерден екінші жерге тасыды, апарды.* Жол қайыса *т а р т қ а н а с т ы қ,* Кіре-кіре машинамен. Арна тола жатқан тасып, Секілді еді алтын өзен (Партия тур. өленд.). Мен сүйемін ырғалған егістікті, Керуендер қатарын *а с т ы қ т а р т қ а н.* Күй төгетін қойшылар сыбызғысын, Көк шалғында табынды қырда бақкан (З. Қалауова, Таңд.).

АСТЫҚСЫЗ с ы н. *Астығы жоқ, дәнсіз.* Алыстағы малшылардың *а с т ы қ с ы з* күн көрісі қиынға соғады («Лен. жас»).

АСТЫҚТЫ с ы н. *Дәнді дақылдары мол, астығы көп.* Поезд бітік егінді жиектеп тартқанда: «Ерте пісетін жаздық бидай болу керек, бастары сарғайып қалыпты»— деп ойлады *а с т ы қ т ы* колхозда өскен Жарқын (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Кір жуып кіндік кескен жерімізді, Сіңіріп маңдайдағы терімізді. *А с т ы қ т ы* өлке еттік, ал партия, Бастай бер үлкен кіші ерімізді (Партия тур. өленд.). Аңызақ жел еліміздің көптеген *а с т ы қ т ы* облыстарын жиі-жиі қуаңшылыққа ұшыратып отырады (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

АСТЫЛЫ-ҮСТІЛІ с ы н. *Екі қатарлы, қос қабат.* Жиналыс *а с т ы л ы - ү с т і л і* ескі үйдің екінші қабатында, кең мәжіліс залында өтіп жатыр (К. Рахимов, Қарлығаш).— Осы күпедегі *а с т ы л ы - ү с т і л і* орындар біздікі болар,— деді қарт кемпіріне (С. Шаймерденов, Мінез). Москваның батыс жағында біркелкі *а с т ы л ы - ү с т і л і* тас үйлерден құралған оқтай түзу әдемі көшелердің бұ шеті мен о шетіне көз жетпейді (Алғы шептегі.). Егер осы жолмен жүріп отырып суды тапсаң, сол суда менің байлап қойған *а с т ы л ы - ү с т і л і* кемем бар, соған мін (Қаз. ертегі.).

АСТЫН-ҮСТІН ү с т. *Қалай болса солай, парықсыз.* Салиқа істің пайымына түсінбей, *а с т ы н - ү с т і н,* қалай болса солай сөйлей салатын әйел еді («Соц. Қаз.»). Поршын-жүрек алып-ұшып, *А с т ы н - ү с т і н* қозғалад. Денең алып, дем шығарып, Жер тарписың қазбалап (С. Ерубаев, Шығ.).

АСТЫҢҒЫ с ы н. *Төменгі, аяққы.* Абай *а с т ы ң ғ ы* үйдегі бапты аспазшы пісіргеп ыстық самсаны да жеген жоқ (М. Әуезов, Абай). Тысқа шығатын есік шала жабылатындықтан, *а с т ы ң ғ ы* жағы сіресе қырауланып, саңлауынан кірген жел үйдің ішін азынатып тұр (Б. Майлин, Таңд.). Сол минутта сіз қабағыңыз түйіліп, *а с т ы ң ғ ы* ерніңізді жымырып, үнсіз аз отырып қалдыңыз (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АСТЫР *Ас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бал ашып, осы ханымға не ем болатынын табыңыз, егер таппасаңыз, бәріңізді де *астырып* өлтіремін (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Ашқа қазан *астырма*, Тоңғанға отын жақтырма (Мақал). Техникамен Американы бастырып, қуып жетіп, озу керек *астырып!* (С. Сейфуллин, Өленд.).

◆ **Екі үйге бір қазан астырды.** *Бас алдесе шаш алады, асыра сілгейді.* Колхоздастыру кезінде белсенділер не істемеді, *екі үйге бір қазан астырды* ғой (Ауызекі тіл).

1. АСТЫРТ *Астыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Елге әмірің жүрсе, қора-қора қой сойғызып, қазан-қазан ет *астырт* («Қаз. әдеб.»).

2. АСТЫРТ үст. сөйл. **Астыртын.** Патшаға сеніп ердің деп, Сөзіңді *астырт* бердің деп, Кенекең қылған өкпені (Д. Әлімбаев, Толғау).

3. АСТЫРТ зат. *Таудың, дөңнің құлай берісі, арғы жағы.* Ақ мамық арғы жағы қоян-қарта, *Астыртқа* төніп тұрған иек арта. Жыланшық жылы ойына жылқы салып, Ұстатып қойды ықтырма шиден қалқа (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғыны).

АСТЫРТЫН үст. *Жасырын, құпия, жанға білдірмей.* Олардың кейбір қазақ байларымен *астыртын* жақындасып жүргендері байқалады (С. Сейфуллин, Әңгім.). Әкем қыстай жан адамға сездірмеген астығын көктем туа Қайрақбай арқылы жан-жақтағы елге *астыртын* тарата бастады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Олар Хорасан жақтан келген емісеміс хабардың анық-танығына көзі жетпей, бір адамды *астыртын* жіберіп те алды (С. Шарипов, Таңд.).

АСТЫРУ *Астыр етістігінің қимыл атауы.* Семіз байталдың қонақтық мүшелері түгел тұруына қарамай, Шоқанға одан «хан сыбағасын» *астырумен* қатар, арнаулы мал тамағын қанатпауды ыңғайсыз көріп, бордақыға байлап тұрған семіз сарықтарының біреуін алып ұрды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АСТЫ-ҮСТІ зат. *Бір заттың астыңғы жағы мен үстіңгі жағы.* Мен саған табаны берік, *асты-үсті* тақтай, таза да жарық, жылы да мамық үйді сайлап берейін (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Ол айғырдың тұла бойын тінте сипайды, тілінің *асты-үстін*, құлағын, көзінің аңғарын қарайды (Т. Нұртазин, Мұрат). Сапар мұртын *асты-үстінен* бастырып, екі жебесін жанжағынан қысқарта-қысқарта танауға қарай жақындатып қояды (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.)

◆ **Асты-үстіне келді, астын-үстіне келтірді.** *Астан-кестен қылды, ұйқы-тұйқы болды, бей-берекет етті.* Тінту артында жүрген «ерлер» ірі байлардың үйіне кіріп, үйді *асты-үстіне келтіріп*, жын ойнағындай қылып аударыстырған (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Астын-үстіне келтіріп*, дауыл сапырған көк теңіздің тепкісінде жалғыз қайықшы қаңғалақ ойнайды (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Асты-үстіне түсті.** *Бәйек болды, күтті, жаны қалмады.* Жаңыл қолындағы шылбырын алып, атты қораға қарай жетелей жөнелді. Үйге кіргенінде *асты-үстіне түсіп*, бәйек болып жатыр (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ол ұлыққа қалбалақтап, *асты-үстіне түсіп*, жаны шығып жүр (Ә. Шәріпов, Партизан.). Қалмағамбет бізді бауыр тартып күтіп, *асты-үстімізге түсіп* сыйлап жатыр (С. Сейфуллин, Тар жол.). **Асты-үстіне шықты, астын-үстіне шығарды.** *Аударып-төңкерді, ұйқы-тұйқы етті, астан-кестен қылды.* Шарлаған ізді қуалап, шөмелелерді *асты-үстіне шығарып* тінтіп, қошқар мен текені қарай бастады (Қаз. ертегі.). Барақтар *асты-үстіне шығып*, әлем-тапырық болып жатыр екен (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Ескі өмірді төңкеріп, *Шығарды асты-үстіне.* Кім сүйсінбес дәл мұндай Керемет күштіге (Қ. Аманжолов, Таңд.). **Асты-үстін қазды, асты-үстін қазбалады.** а) *Егжей-тегжейіне дейін екіктеп сұрады.* Қожекем байға байша бала-шағасын, *асты-үстіне* дейін *қазып* сұрап, кедейге кедейше иегінің ұшымен жүргізіп амандасып болды (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). ә) *Жер-жебіріне жете, қатты сөкті, ұрысты.* Жерге кіріп кетерсің, жынды ант ұрған, Шын *қызсам асты-үстіңді* жездей қақтап, Делбелігі емес пе, Біржан салдың, Кісісін жеңетұрын жаңа тапты-ақ (Айтыс). Кейбіреулер белсендісінің біреуді жамандап, біреудің *астын-үстін қазбалап* ұрсып, тыштандайды кеп (Ө. Қанахин, Мұрагер).

1. АСУ *Ас етістігінің (4-омон.) қимыл атауы.* Мархабаның сол жақ бүйіріне тақала жүріп келе жатқанымда, қарсы кез-

дескен таныстардың күйінген я сүйінген қарастарын көргендегі мерейімнің *а с у ы н* білсең (С. Сматаев, Армысың.).

2. АСУ *Ас етістігінің (3-омон.) қимыл атауы.* Жігіттер, хан мен полковник Гекке біздің елшілерімізді өлтірді! Қанға — қан! Олардың елшілері біздің қолымызда: *А с у* керек соларды (Ә. Әлімжанов, Махамбет.).

3. АСУ з а т. 1. *Таудың кісі аса алатын жері; белес.* Зарлық батыр тағы да Бір биік тауға кез келді. Тауға қарай өрледі, *А с у ы н* таппай терледі (Батырлар жыры). Созақ пен Түркстан аудандары аралығында биік тау бар. Тау *а с у ы н а н* машина жолы өтеді («Қаз. әдеб.»). Қыста Қаратау *а с у л а р ы н* қалың қар алып қалған шақта, бүкіл Созақ ауданы барлық дүниеден қатынасын үзіп, шарасыз болады (Алғы шептегі.). 2. А у ы с. *Өмірдің қиын кезеңдері, ауыртпалық.* Адам өмірінде түрлі-түрлі кезеңді *а с у л а р* болса, солармен бірге Досжан да сүрінбей асып кетер (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Жасының қызықты шағын ел ардақтайтын мамандыққа сарп еткен қарт мұғалім өмірінде қырат-қырат *а с у л а р* да болған (Ә. Шәріпов, Партизан.). Не өтсе де досым басыңнан, Қиналма, бұкпа өмірде. Әкелер асқан *а с у д а н* Оңай ма өту тегінде (Р. Нұрпейісов, Туған өлке).

◆ **Асу бермеді.** *Жол бермеді, өткізбеді.* Тасыған өзен, сенде бір мін бар—тасығанда өткел бермейсің. Асқар тау, сенде бір мін бар — басыңнан *а с у б е р м е й с і ң* («Қаз. әдеб.»). *А с у б е р м е с* асуда Төтелеп тартып жол салған. Дүниенің тұтқасын Біліменен қолға алған (Халық ақындары). Баяу аққан Байғабыл, Бір кішкентай өзенсің. Ашуыңа кез келсе, *А с у б е р м е с* кезеңсің (С. Мәуленов, Таңд.).

АСУ-АСУ с ы н. *Белес-белес. А с у-а с у* бел едің, Асудан соққан жел едің. Жолдасымды бергендей, Қай батырдан кем едім? (Ер Тарғын). Алдағы *а с у-а с у* бел, ыстық құмнан көтерілген қалың сағым көзді қырқады (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). *А с у-а с у* белдер де, еңсесі биік дөңдер де, аса соққан құмы бар құба жондар да қалып барады (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

АСУДА-АСУ с ы н. э п о с. Асу-асу. *А с у д а-а с у* бел деді, Аса бір соққан жел деді, Сексен жігіт ішінде, Базарбайдың баласы Төлеген мырза кім деді? (Қыз Жібек).

АСУЛАП ү с т. *Асу-асумен, белестердің үстімен.* Асылбек ауылына шапқан халықтың алды Үкіліден шығып, Ақайдардың қырқасын басып, жер қайысып, *а с у л а п* жүріп келеді (І. Жансүгіров, Таңд.).

1. АСУЛЫ с ы н. 1. *Асуы бар, асуы көп.* Жас офицер осы келісінде азабы ауыр, сан *а с у л ы,* қиын өткелді, көп соқпақтың бірімен келді (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Таң ата полкіміз Шықты өтіп өзеннен. Жол бастап, түсті асып, *А с у л ы* кезеңнен (Сәлем саған.). 2. А у ы с. *Азабы мол, қиындығы көп.* Тап осы минут Әміржанның өмірінде ұлы *а с у л ы* кезең секіліпті, ол жылаумен бірге қуанып та отыр (Б. Майлин, Таңд.).

2. АСУЛЫ с ы н. *Ілулі, қыстырылулы, орнатылулы.* Шахта кеңсесінің алдында *а с у л ы* тақтай бар (С. Шаймерденов, Жыл құсы). Үйдің ортасында мосы ағаш, онда шәйнек *а с у л ы* тұр (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АСУСЫЗ с ы н. *Асу бермейтін, жолы қиын; өте биік.* Көк темір құрыш болатпен, *А с у с ы з* асқар тау кешкен. Тас қопарып жер үңгіп, Шыңырау қазып, жер тескен (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Бет алдына қараса, *А с у с ы з* асқар бел еді, Белге шыға келеді (Алпамыс). Теңіз де бар, шөлдер де бар, Шетіне жеткізбейтін көлдер де бар. Өткелсіз өзендер мен қалың орман, *А с у с ы з* асқар таулы өрлер де бар (К. Райбаев, Жаңа толғау).

АСФАЛЬТ з а т. *Ұсақталған тас пен битум қосындысынан алынатын құрылыс материалы.* Тротуар *а с ф а л ь т ы н* ол аяғымен тарс-тарс соғып келе жатқан біреуді сезді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Онға жуық қырманға *а с ф а л ь т* төселіп, мерекелі аппақ ақ маржанын әлден-ақ қабылдап жатыр («Қаз. әдеб.»). Бұл қала аз жыл ішінде бар көшесінде *а с ф а л ь т* жайып, арық ағызып, жас емендердің қатарларын өсірген (Алғы шептегі.).

АСФАЛЬТСЫЗ с ы н. *Асфальт төселмеген, асфальты жоқ. А с ф а л ь т с ы з* көшенің ортасындағы қар машина, көлік табанымен тапталып нығыздалған (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АСФАЛЬТТА е т. *Асфальт жаю, төсеу.* Алматының ең ірі көшелерін сол кездің өзінде-ақ *а с ф а л ь т т а ғ а н* («Қаз. әдеб.»). Біз ызғытып, *а с ф а л ь т т а ғ а н* кең, әдемі жолмен келе жатырмыз (С. Ерубаев, Менің құрдаст.).

АСФАЛЬТТАЛ *Асфальтта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Көшелермен *асфальталған,* Машиналар жұлдызша ағып, Өтіп жатыр лек-лек адам (З. Қалауова, Таңд.). Ылғал тұқымды *асфальталған,* бетондалған алаңдарға жайып кептірген жөн (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.).

АСФАЛЬТТАН *Асфальтта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол қалада жыл сайын жаңа үйлер салынып, көшелері *асфальтталып* келеді екен (С. Мұқанов, Саяхаттар). Пырылдап, · жұлдыздайын жалт-жұлт аққан, Көк мұздай *асфальтталған* жылтыр жолдан (Т. Жароков, Таңд.).

АСФАЛЬТТАУ *Асфальтта етістігінің қимыл атауы.* Орталық көшені *асфальттау* ойда бар («Лен. жас»). ...Жолды *асфальттау* үшін битум, бағалы азот, күкірт қышқылын алуға болар еді (Бұл да).

АСФАЛЬТТЫ сын. *Асфальты бар, асфальт төселген; теп-тегіс.* Кейде Мәулен *асфальтты* көшемен келе жатқандай болады (С. Шаймерденов, Болашақ.). Төменгі-жоғарғы жарығын жарқыратып, машина *асфальтты* жолмен зулап келеді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Айнадай *асфальтты* жолмен машина зырылдап ағып барады («Қаз. әдеб.»).

АСФАҺАН: **Асфаһан қылыш.** *Асфаһан қаласында жасалған қылыш.* Алтынды *қылыш асфаһан.* Берді патша ерлерге, Көрсетсін деп қайратты («Айқап»).

АСФАҺАНДЫ сын. сөйл. **Асфаһаны.** Асынды *асфаһанды* алмас қылыш, Шым болат найза түкті егелген үш. Шығыршық сайын қатқан қан таты бар, Торғай көз, киді сауыт асыл құрыш (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АСФАҺАНИ сын. *Асфаһан қаласында жасалған, Асфаһанда істелген. Асфаһани* кілемдер, Жібектен гүлін торлаған. Қыз сипатын қарасаң, Ақ тәнінде кіршік жоқ (Қыз Жібек).

АСФЕН зат. мед. *Аспирин мен фенацетиннің қосындысынан жасалатын дәрі, таблетка. Асфен* бас ауырғанда, буын іскенде қолданылады (Е. Оразақов, Дәрігер.). *Асфен* — аспирин мен фенацетиннің қоспасы (С. Субханбердин, Дәрі — дауа.).

АСХАНА ир. зат. *Көпшілік тамақтанатын орын.* Балалар күніне екі мезгіл мектеп *асханасында* тамақтанады («Қазақст. мұғ.»). Ас үйлер мен *аспаналарда* даярлайтын тағам қалдықтары да мал азығы ретінде пайдаланылады (Малшыларға кеңес). *Асханада* тамақ ішіп отырып та, оның есінен бүгін орыс тілінен сабақты білмей қалғаны кетпеді (М. Иманжанов, Адам тур.).

АСХАНАЛЫҚ сын. 1. *Асханаға арналған, тамақтанатын.* Ұзын барақ, ортасында ұзын коридор, *асханалық* кең бөлме бар (С. Мұқанов, Есею жыл.). 2. *Асхана тамақтарына пайдаланылатын.* Бұлардың ішінде халықтың азық-түлігіне жұмсалатын *асханалық* сорттары, мал азығына дайындалатын сорттары; крахмал, сірне, спирт өндіруге пайдаланылатын сорттары да бар (Ботаника). Бұл аймақта жүзімнің *асханалық* сорттарын, шарап жасайтын сорттарын егіп өсіруге болады (А. Жанғалиев, Бағбан кітабы).

АСША үст. 1. *Ас сияқты, ас тәрізді.* Мұндай нәрсені *асша* жеу керек (Ауызекі тіл). 2. *Ас беру секілді, ас беру тәріздес.* Ауыз жүзінде той деп жария етілгені болмаса, жиынның барлық үрдіс салтанаты *асша* жүріп жатты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

◆ **Жеңсік асша.** *Әуес, таңсық, құмартқан зат тәрізді.* Білмеймін, жындымысың, жерікпісің, Әйтеуір, көрдің мені *жеңсік асша* (Айтыс).

АСШЫ зат. сөйл. **Аспаз.** *Асшы* әйел әндетіп жүріп нанын қазанға салды да, бөлмедегі үлкен аспалы шамдарды жақты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).— Алтай түгіл өзіңнің Матайың да Әбубәкірдің бірі атшысы, бірі *асшысы,* бірі қоңсысы, шабарманы болып кеткен жоқ па (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.). *Асшылар* мұның шағып отырғанда, жаратқан аттай іші тартылып қалған асхана бастығы келе қалды (Мың бір түн).

АСЫ: **Асы болды.** *Құдайға күнәкар болды, асылық етті.* Егер де шайтандыққа жетсе қолым, Алдауға арланар ем адам ұлын. Аллаға *асы,* бейіске қашқын *болып,* Онан соңғы бұл емес менің жолым (Абай). Барар болсаң, сен енді жылдам жөне, Қарабайдың құлдары талай неме. Қырық құлын көпірдің не деп болмас, *Асы болып* құдайға олай деме (Қозы Көрпеш.).

АСЫҒА-АПТЫҒА үст. сөйл. **Асығып-аптығып.** Ол үлгермей қалармын де-

ғендей соңғы сөздерін *а с ы ғ а-а п т ы ғ а* айтты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АСЫҒА-ҮСІГЕ үст. с ө й л. **Асығып-үсігіп.** Ол есіктен *а с ы ғ а-ү с і г е* кіріп келді (Ә. Шәріпов, Партизан.). Ол төпетөпетеп баяндаған жоқ, бар білгенін *а с ы ғ а-ү с і г е* лық етқізіп төге салды (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АСЫҒУ *Асық етістігінің қимыл атауы.* Ашулануды да, *а с ы ғ у д ы* да, әбігерленуді де білмейтін, ойы шабан бала да болады (С. Көбеев, Орынд. арман). Бұл адамдар осындай харакеттен арпалысып, *а с ы ғ у ы н ы ң* себебі де бар (М. Әуезов, Абай). Айкүміс, *а с ы қ п а у ғ а* шамам бар ма? Жасшылық ұрындырды талай жарға (Жамбыл).

АСЫҒУЛЫ е т. с ө й л. *Асыға күту.* Сәлеметсіздер ме, қыздарым? Халдеріңіз қалай, рапорт беретін сәттеріңіздің куәсы болуға *а с ы ғ у л ы м ы з* (Ұ. Бағаев, Дала жұлдыз.).

АСЫҒЫП-АПТЫҒЫП үст. *Асығып-үсігіп, сасқалақтап.* Елеусіз ойымдағыны айтып үлгіре алмай қалармын дегендей, *а с ы ғ ы п-а п т ы ғ ы п* сөйлей жөнелді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат.). Орманға партизандар да, жергілікті тұрғындар да *а с ы ғ ы п-а п т ы ғ ы п* жетті («Лен. жас»). Арқардың жайын білуге асығып, қораға *а с ы ғ ы п-а п т ы ғ ы п* кірдім («Қаз. әдеб.»).

АСЫҒЫП-САСЫП үст. с ө й л. **Асып-сасып.** *А с ы ғ ы п-с а с ы п,* ұшып келемін деп итке білініп қалды ма екен? Мұнша у-шу ғылып келгені несі? (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ауылдан шыққанда қажетті документтерді түгел алған сияқты едім, әлде *а с ы ғ ы п-с а с ы п* жүріп, ұмытып кеткен қағазым болды ма екен? («Лен. жас»).

АСЫҒЫП-ҮСІГІП үст. *Асып-сасып, сасқалақтап.* Жігіт, танауың қашқан киіктің танауындай желпілдеп кетіпті. Әлде арыз айтқалы *а с ы ғ ы п-ү с і г і п* жеткенше жүгірдің бе? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).— Кетсек екен осы арадан тезірек,— деп, өзі де *а с ы ғ ы п-ү с і г і п* киініп жатыр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

АСЫҒЫС үст. *Жылдам, шапшаң, шұғыл, тез, жедел.* Олар лезде жермен-жер, *а с ы ғ ы с,* шала-шарпы қазылған окопқа сүңгіп кіріп кетті (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Зеңбірек командирі *а с ы ғ ы с* адымдап, жотаға шығып, дереу дүрбісін алып, оңтүстікке көз тікті (Майдан). Әбі құлыны бар бір биені жетектеп, жортып келіп, *а с ы ғ ы с* түсе қалды (С. Бегалин, Таңд.).

◆ **Асығыс болды.** *Уақыт жетпеді, шұғыл болып қалды.* Ескі ел әдебиеті туралы жазылған бұрын ешбір із болмағандықтан, кітаптың жазылуы қиын тиді, әрі *а с ы ғ ы с б о л д ы* (С. Сейфуллин, Таңд.).— Жер тығыз, *а с ы ғ ы с б о л ы п* саған айтайын дегенімді айта алмай, соға алмай кеттім (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Жемес астан бұл неме қылады үміт, Дәл бір аяқ мейізді қойып еді, *А с ы ғ ы с б о п* ауылда қалыпты ұмыт (Қозы Көрпеш.).

АСЫҒЫССЫЗ с ы н. *Жай, шабан, ақырын.* Білеміз уақыт деген аялдамас, Жай жылжып, *а с ы ғ ы с с ы з* аяңдамас. Зымырап жыл артынан жылдар өтіп, Бітір деп жұмысыңды қарайламас (Қ. Боранбаев, Жаңарған жазық).

АСЫҒЫСТА үст. *Асып-сасқанда, қарбаласта.* Арсалақтап жүгіріп, *А с ы ғ ы с т а* сүрініп, Кеудесіне мініпті (Алпамыс). Отряд қарауылдап жүрді тыста, Азуын сақылдатып тұрды қыс та. Комиссар қайтты міне штабына, Ашылмақ ертең съезд *а с ы ғ ы с т а* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

1. АСЫҒЫСТАН үст. *Асып-сасқандықтан, қарбаластықтан.* Ар жақта отыратын Көлбай, Жанбай, Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай. Балағы шідерімнің алтын еді, *А с ы ғ ы с т а н* барамын сұрай алмай (Қаз. әндері).

2. АСЫҒЫСТАН е т. *Іс-әрекетті, қимылды тездету, шапшаңдату.* Мұса тым қатты абыржып қалды. Оның қимылдары *а с ы ғ ы с т а н ы п,* аяғының сылтуы көбейді (С. Сейфуллин, Таңд.).

АСЫҒЫСТАП үст. *Тездетіп, шапшаңдатып.* Сарсылып сан жыл бойы жатқан шөлдің, Тамырын келе ұстады *а с ы ғ ы с т а п* (А. Тоқмағамбетов, Таңд.).

АСЫҒЫСТАУ с ы н. *Шұғылдау, үстірттеу, шапшаңдау.* Қарттың *а с ы ғ ы с т а у* бір ісі болса керек, орнынан қозғала берді (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Өзінің алғашқы байлауы *а с ы ғ ы с т а у,* үстірттеу екенін тез сезді (Д. Әбілев, Ақын арманы). Ол егіс жайындағы әрекетінің *а с ы ғ ы с т а у,* әлі де болса бір қайнауы кем екенін ескеріп, ақылын оның алдына салды (З. Шашкин, Сенім).

АСЫҒЫСТЫҚ з а т. 1. *Уақыттың тығыз болушылығы, қарбаластық.* Балақай әкеңе менен сәлем айт, *а с ы ғ ы с т ы қ-*

тан үйіне соға алмай барам (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Көшедегі ығы-жығы адамдардың жүрістерінің *асығыстығына* қарағанда істері тым тығыз сияқты (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Қырман басындағы адамдардың қимылдарында аса бір қарбаластық, *асығыстық* байқалады (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. *Ойланбаушылық, шыдамсыздық; шапшаңдық. Асығыстық* әрқашан да қапы соқтырады, сол түні асықпай-ақ қырманды аралауға болатын еді (З. Шашкин, Сенім).— Кімнің су түбіне түсерін алдын ала болжаудың өзі *асығыстық* болар (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).— Осы сыннан кейін Кеңесбек қой қырыққандағы *асығыстығын*, шалағайлығын қойса, мен де жұмыстағы еріншектігімді қойдым («Лен. жас»).

◆ **Асығыстық жасады.** *Шыдамсыздық істеді, асықты.* Бірақ не керек, *асығыстық жасап*, ойымды орындай алмадым, өкінішім сол ғана (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ол уақытты ұтамын деп, *асығыстық жасады* да, ұпай саннан ұтылып қалды («Лен. жас»). Жоқ шыдай тұрайын, *асығыстық жасамайын*, қазір қызмет уақыты ғой (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АСЫҒЫС-ҮСІГІС үст. *Асып-сасып, асығып-аптығып.* Мен босағада ілулі тұрған плащымның бір жеңін киіп, екінші жеңіне қолымды жол-жөнекей сұғып, *асығыс-үсігіс* далаға шықтым (Ж. Жұмақанов, Қарагөз.). Кемпір-шал *асығыс-үсігіс* чемоданды сығырлап жатыр еді, мезгілсіз радио тықылдай бастады (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Имам әңгімені *асығыс-үсігіс* аяқтады да, серігін ертіп шығып кетті (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

1. АСЫҚ зат. *Малдың және басқа жан-жануарлардың сирағы мен сан жілігін жалғастыратын, бір жағы қуыс, бір жағы дөңес төрткіл топса сүйек.* Тілерсекте жеті сүйек болады, олардың ішіндегі ең ірілері *асық* пен өкпе сүйегі болады (Адам анатом.). Ол бір уыс *асықты* алдына шашып жіберіп біріне-бірін атып ойнап отырған баланың ығынан қақты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Самат арқар терісінен тігілген дорбаға салынған *асықтарын* ентіге басып алып кеп, алдыма шашып тастады («Лен. жас»).

◆ **Асығы алшысынан түсті [тұрды].** *Ойдағысы орындалды, дегені болды, сәті түсті.* Оқығанның *асығы алшысынан түседі* (М. Әлімбаев, 666 мақал). Жыр кестесін дестелеп, Ордама шашу берейін. *Асығым алшы түскенде*, Сақа болып кенейім (Д. Әбілев, Таңд.). Асық атты. *Асықпен ойнады, сақамен асықты ұрды.* Достармен *асық* көп *аттым*, Асыр сап айдын тақырда. Жас талдан иіп жақ тарттым, Ұқсап бір бейне батырға (Б. Тәжібаев, Кең жайлау). Мал бақты, бабын тапты, кетпен шапты, Жинады шашпай, төкпей егінді өнген. Жасады жас балалар да азаматтық, Доп қуып, *асық атып* ойнап жүрген (Ақын жырлары.). **Асық жамбы.** *Асықтың үлкендігіндей етіп құйған таза күміс.* Жамбының түрлері толып жатыр: «Бесік жамбы, ат бас жамбы, қой тұяқ жамбы, *асық жамбы*» деп аталады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Асық жілік.** *Сирақпен жалғасатын сан жілік.* Сирақ *асық жілік* пен шыбық сүйектен құралады. *Асық жілік* шыбық сүйектен анағұрлым үлкен болады (Адам анатом.). Балам сен біздікінде қал, маған бала бол. Бір құнан қойды сойып, *асық жілігін* етімен өзің жеп той (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Лақтырып сындырады табақтарды, Тартпаса жамбас, жая, *асық жілік* (И. Жылқайдаров, Жастарым.). **Қызыл асық.** *Адамның тобығы.* Жеңістің артынан екі айдан соң айлық мүгедектік алып *қызыл асық-тан* жараланған Әлібеков те келді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Башпайлары қып-қызыл, аяғына *қызыл асықтан* қарала, торала болып кір ноқталанып қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Таң атқанда өзенге көлсек, кешегі долы ағыс жуасып қалыпты. Су *қызыл асыққа* жетер-жетпес («Қаз. әдеб.»).

2. АСЫҚ сын. 1. Поэт. Ғашық. Ол күнде Зайкүл мықтап тасып еді, Жастықтан сыр қалдырмай ашып еді. Қосылған, екеуі де сертке жеткен, Өлерлік бір-біріне *асық* еді (Б. Майлин, Таңд.). Мен көрдім құштарланған *асық* жарды, Асықтық — өз оқуым көзім қанды (І. Жансүгіров, Өленд.). Күзеткі біз отырған сыртты бар-лап, маңайда дұшпандар жүр жындай сарнап. Екі *асық* ынтық болған мұратқа жет, Жау жатсын іші күйіп онда зарлап (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. *Құштар, ынтық.* Хан да *асық*, қара да *асық* бір басыма, Жөні жоқ қарамаймын ұрғашыға. Бай болсаң байтал майын бермейсің бе, Сөзіңнің пайдасы жоқ мырзасың ба? (Айтыс). Ұйым жалшыға пайда, Жалдаушыға най-

за. Жалшыға ұйым есігі ашық, Ұйымға тез кіруге *а с ы қ* (С. Сейфуллин, Таңд.). Көруге дала ақынын көптен *а с ы қ*, Кісі екен Толстой мен Некрасов. Абайды ортаға алып жүріп кетті, Болашақ өлкесіне не бір қашық (Қ. Жармағамбетов, Баллада.).

◆ **Асық болды.** а) *Құмартты, зар болды.* Көретін көзім көр болды, Бір перзентке *а с ы қ б о п* (Алпамыс). ә) *Тездеуін қалады, асықты.* Байғұс, сенің менен басқа жан ашырың бар ма? Керек десе, менің шешемді де, мені де жынданды деп, екеумізден құтылғанша *а с ы қ б о л ы п* отыр (М. Әуезов, Қараш-Қараш),

3. АСЫҚ е т. 1. *Жылдам қимылдау, шапшаңдату, тездету.* Абай күліп отыр еді, бір сәтте , арт жағында, есік сыртында тасырлатып, салдыр-гүлдір *а с ы ғ ы п* келе жатқан аяқ дыбыстарын естіді (М. Әуезов, Абай). Ол тротуар асфальтін аяғымен тарс-тұрс соғып, артынан *а с ы ғ а* басып келе жатқан біреуді сезді (Ө. Қанахин, Мұрагер). Алжапқышын *а с ы ғ а* байлап, Есіктен шықты аспазшы бикеш (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.). Мосқал әйел етегіне сүрініп, самолетке үрейлене қарап, *а с ы ғ ы п* түрегеле бергенде, тағы құлады (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). 2. *Ынтығу, құмарту, сабырсыздану.* Баласының аң құмарлыққа салынып, жексенбі күнін *а с ы ғ ы п* күтетініне күзден бері Әйменнің еті үйренгенді (С. Бегалин, Таңд.). Тулап жүрек түртеді арманымды, Орап шаттық алады бар маңымды. Мен құмарта түсемін, өмір, саған, *А с ы ғ а м ы н* көруге алдағымды (Жас қанат). Аңсағаным сен ғана, *А с ы ғ а д ы* жас көңіл (Н. Шәкенов, Толқындар).— Мұқарам, сенсіз өткізген бір сағат маған бір жылдай, сондықтан көруге *а с ы қ т ы м* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АСЫҚҚАНСЫ з а т. *Пысықсу, ширақсу.* Көйлегін ақтан тіккіштеп, Күні-түні дем алмай. Бітіруге жүр күштеп, *А с ы қ қ а н с ы п* тоқталмай (Абай).

АСЫҚПАЙ-АПТЫҚПАЙ ү с т. *Аспай-саспай, аптықпай.* Жанас шабан қимылымен *а с ы қ п а й - а п т ы қ п а й* киініп жатыр (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

АСЫҚПАЙ-САСПАЙ ү с т. *Аспай-саспай, жайбарақат.* Астына төсеген киімдерін *а с ы қ п а й - с а с п а й* бүктеп алып, байдың соңына ермек болып үндемей жүре бастады (С. Шарипов, Таңд.).

АСЫҚТАЙ с ы н. 1. *Асық тәрізді, асық сияқты.* Егіншілер құлан екенін сезген жоқ, қиқулап түс-тұсынан қоршамақ боп, жан-жаққа бытырап, *а с ы қ т а й* шашылды (З. Шашкин, Сенім). 2. *Асықтың үлкендігіндей; кішкентай.* Белдеудегі қара балшық ысқаяқтанып, жылтылдап алған, бір салғанда *а с ы қ т а й ы* әзер сынады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Құ ағаштай қатып қалған қара кемпір *а с ы қ т а й* құйрық майға өткізген шүберек біліктені тұтатты (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

◆ **Алтын асықтай.** *Үріп ауызға салғандай, әдемі, сүйкімді.* Әнипа апай үш бала өсірген ана, балаларының бәрі де *а л т ы н а с ы қ т а й* бірінен-бірі өтеді, («Лен. жас»). **Асықтай үйірді.** *Дөңгелентіп әкетті.* Үсен де әулетті жігіт еді, бірақ Ақан оны *а с ы қ т а й ү й і р і п*, анадай жерге лақтырып жіберді («Қаз. әдеб.»). Қапалақтаған қарды долданған жел *а с ы қ т а й ү й і р і п*, қуып әкеліп қораға тығып жатыр (С. Мұқанов, Таңд.). **Киіктің асығындай.** а) *Адамды өзіне тартатын, сүйкімді.* Айжан *к и і к т і ң а с ы ғ ы н д а й* оңтайлы құрбысына қызығып қана қоймайды, оны қызғанады да (З. Шашкин, Сенім). Мынау *к и і к т і ң а с ы ғ ы н д а й* ойнақшып тұрған Тоты дейтін ақ келіншек — Тезекбайдың былтыр алған әйелі («Әдебиет және искусст.»). ә) *Ықшам денелі, жинақы.* Аты өзіне сай *к и і к т і ң а с ы ғ ы н д а й* ғана адам ертеде ұста болатын (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Нұртай *к и і к т і ң а с ы ғ ы н д а й* оңтайлы денесін үйіріп, қағылез сұр жүзі құбылып жақын адамның кейпіне кірді (С. Омаров, Қайырлы жаз). *К и і к т і ң* үйіріліп *а с ы ғ ы н д а й*, Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай! Таулардан, өзендерден, мұхиттардан Үнінің кідірместен асуын-ай (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АСЫҚТЫ с ы н. *Асығы бар.* Әсия сыйлы қонағына көбінесе жамбаспен қоса *а с ы қ т ы.* жілік асатын («Қаз. әдеб.»).

АСЫҚТЫҚ з а т. с ө й л. Ғашықтық. Айтыңызшы, мүмкін бе, шынымен-ақ *а с ы қ т ы қ* сізді жеңгені ме? (М. Әуезов, Таңд.). Жандырып қыз күйігі сырланған күй, Тіл қатпай, үн қатумен ұрланған күй. Сүйсем деп ақ тамақтан алдындағы, Албыртып *а с ы қ т ы қ п е н* жынданған күй (І. Жансүгіров, Өленд.).

АСЫҚТЫР *Асық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Вагоннан түсіргенде ақырып, *а с ы қ т ы р ы п* конвой солдаттарымыз жөндеп қарды да алғызбады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жүсіп үйге келген соң Зағипаны *а с ы қ т ы р а* киіндіріп, арбаға

отырғызды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.). Дүние шіркін кірерінде, Жымың қағар амандасып, Дүние шіркін шығарында, *Асықтырар* есік ашып (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

АСЫҚТЫРУ *Асық егістігінің қимыл атауы.* Ол екінші әріп терушіні жалдады және жұмысты тездетіп, бізді *асықтыруда* (В. И. Ленин, Шығ., 36, 31).

АСЫҚША үст. *Асық тәрізді, асық құсатып.* Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға, Сөйлеткен сені балап қазақ ұлға. *Асықша* ақ жамбыны сұлуға аттым, Тиыным шыққан емес сендей тұлға (Біржан, Шығ.).

1. АСЫЛ а р. с ы н. 1. *Қымбат бағалы, құнды, таза. Асыл* тастан шығады, Ақыл жастан шығады (Мақал). Рынокке мақпал, қамқа, *асыл* аң терісі сияқты қымбат бұйымдар да түсіп, оны қазақтың феодал шонжарлары сатып алатын (ҚазССР тарихы).— Қалы кілем, қымбат ішік, тұскиіз сияқты *асыл* бұйымдар тегіс осы үйге әкеліп жиылмақ (М. Әуезов, Таңд.).— Меруерт *асыл*, жақсы нәрсе ғой, құдай мұны өте қадірлі қылып жаратқан қасиетті тас (С. Шарипов, Таңд.). 2. *Майрылмайтын құрыш, болат т. б.* Жақсы жалынсаң кешер, *Асыл* жанысаң өтер (Мақал). Көк ала жақпар тасқа ұшбырды салып кеп қалдық. Ұшбырдың жуандығы орта таяқтай жұмыр темір. Темір болғанда жай темір емес, *асыл*, құрыш темір болады (С. Сейфуллин, Әңгім.). *Асыл* сымдардан жасалған жуандығы шынашаққа жақын арқан түйіліп... алыпты (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 3. з а т. *Жер астынан алынатын қазына-байлық, бағалы кен.* Жерден гауһар, қызыл-жасыл, Мыс, қорғасын алуға *асыл* (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). Бізде әлі де жер астында алынбай жатқан *асыл* бар (С. Бегалин, Жас бұтақ). Мен өскенде жердің қойнау-қойнауларын ақтарып, *асыл* қазыналар іздеймін (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Ертеде осы дала тұйық жатқан, Жасырын бар *асылды* жиып жатқан (О. Шипин, Туған жер). 4. *Шұрайлы, құнарлы, жұғымды, күшті.* Сырдың бойындағы ең *асыл* топырақ — боз топырақ қой шіркін! (С. Мұқанов, Таңд.). Жан сүйерлік жасыл шөп, Неше түрлі *асыл* шөп, Орып, жинап алыпты (Ақын жырлары.). Қойдың еті де, сүті де *асыл.* «Қойдың сүті қорғасын, Оны соққан оңбасын»— деген мақал осыны дәлелдейді (Тарту). Жылқының еті мен сүті ең қасиетті, ең *асыл* тамақ саналған (С. Сейфуллин, Таңд.). 5. а у ы с. *Қайратты, қажырлы, сүйегі берік, мықты.* Сіздей берік адамды көрсем, жолым болмасын, тасқа шапса, қайрала түсетін *асыл* екенсің (К. Оразалин, Ақ жазық) Генералдарың, сірә, ертеден шындалған *асыл* адамға ұқсайды (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Алпыста көрдім қартты жасымаған, Табысқа тасқындайын тасынаған. Қайраттың омырауы ордасындай Құрыштай жасымайтын *асыл* адам (О. Шипин, Өмір өрнегі). Естіген құлдар оны бір Ажалсыз *асыл* кісі деп. Жарлымен мәңгі жолы бір, Қуғаны халық ісі деп (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). 6. а у ы с. *Бір нәрсенің ең керектісі, таңдаулысы, жақсысы.* Сөз *асыл ы* — мақал (Мақал). Халық мақалдарына сын көзімен қарап отырып, *асыл дарын* пайдаланудан бас тартпасқа тиістіміз (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Айғаным бастаған аналар тобы Шоқанды кезек-кезек бетінен сүйіп, *асыл* ниеттерін айтуда (С. Бегалин, Бала Шоқан). Несіне таңданасыз, *асыл* дүниені жасаған жұрт, қызығын көрген Бөрібайлар сияқты жегі құрт емес пе (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). 7. а у ы с. *Ардақты, қадірлі, жақсы. Асыл* адам аз сөйлеп, көп тыңдар (Мақал). Кешегі Исатайдай *асыл* ерді Ұлыққа ұстап бердің тіл білмеген (Ақын жырлары). Көңілге алғанын тура айтатын, турашыл, ақжарқын, *асыл* адам көз алдынан бір кетпей қасқайып тұрып алды (М. Иманжанов, Алғашқы ай). Сүйтіп, бұл мәжіліс жаздай *асыл* аға үлкен ұстаз болған Біржан мен тобықты жастарының айрылар мәжілісі болды (М. Әуезов, Абай).

◆ **Асыл бейне.** Жан сәулем, *асыл бейнең* көз алдымда, Көргенде бір өзіңді төзе алдым ба? Әніңе жаным құмар, Қол жетпес сен бір шынар... (Н. Шәкенов, Шаттық желі). **Асыл жар.** Ақ шашты ауру енемді, *асыл жарымның* анасын аяймын (М. Иманжанов, Менің махабб.). Бұйырмайды Қыпшаққа Қыз Құртқадай *асыл жар* (М. Әуезов, Таңд.). **Асыл зат.** *Тәрбиелі, ақылды адам.* Дауыстауға ұялып ишарат еткені ол да өзіндей *асыл зат* екен (Қаз. ертегі.). Хат жазып сәлем айттым *асыл затқа*, Сөзімді сәлемменен жаздым хатқа. Пиғылын тәкаппарлық жұмсай қоймас, Алар деп жазған сөзді ілтифатқа (Халық ақындары). **Асыл сөз.** Айтпақ *асыл сөздерімізді* қабағымызбен ұқтырып, бірімізге біріміз мейірім

төге қарай бердік (Ол күндер.). Тәтті ән арасына *а с ы л с ө з д і* Тоқысаң меруерт пен маржандай ғып (Ақын жырлары.). Асыл тас. Байқан молданың таспығы кілең *а с ы л т а с т а н* жасалған (Б. Майлин, Шығ.). Неше түрлі *а с ы л т а с т а р* қадаған әсем сөукеле жарқ-жұрқ етеді (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). Құлпытастың ұшар басында жарқыраушық, *а с ы л т а с т а н* жасалған ай пішіндес ақ айшық өз әлеміне сәуле беріп тұр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Асыл тек, асыл текті. а) *Асыл тұқымды.* Мұнда әлденеше *а с ы л т е к т і* түйенің де екі мыңға тартқан мол басы бар (Алғы шептегі.). ә) *Ардақты, қымбатты.* Қор болып бір есекке қосақталған, Әйелдің талай маңғаз *а с ы л т е г і.* Күнәсіз сандуғаштар сайрап жүрген, Ол кезде қара құстың болған жемі (Ш. Иманбаева, Өлеңд.). Сөйлеуге тіл-хат жоқ, Өздеріңдей бір зат жоқ. Келсе қалқам көп кешікпей алыстан, Туған екен гүл перизат *а с ы л т е к* (Қаз. әндері). Асыл тұқым, асыл тұқымды. *Тұқымы таза, жақсартылған; бұдан. А с ы л т ұ қ ы м* екі көк сиыр бір аранда, тегене құйрық он-он бес қазақы қой бір аранда тұр (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ұрпағы жағынан сыннан өткен *а с ы л т ұ қ ы м д ы* әрбір қошқардың ұрығын онан да көп саулықты ұрықтандыру үшін қолдануға болады (М. Төлешев, Қой. қоздату). Қазақтың байырғы сиыр малы басқа *а с ы л т ұ қ ы м д ы* сиырларға қарағанда, мәлік ауруына төзімді келеді (Х. Арғынбаев, Мал аурулары.).

2. АСЫЛ е т. 1. *Ас етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Біз бір колхоз ауылдың қасынан өттік. Қазылып жатқан жер ошақ, *а с ы л ы п* жатқан қазан, қайнап жатқан ет (І. Жансүгіров, Таңд.). Бетіне ұят басылып, Өрмекші өлді *а с ы л ы п. А с ы л ы п* өлді «Өреке», созыла берді мереке (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Бір затқа сүйену, артылу.* Сәлем берді Қырғызбай Жақын келіп қасына. Ақ сақалды қарт адам Таяққа тұр *а с ы л а* (Қ. Әзірбаев, Шығ.). Балдағына *а с ы л ы п* үйге Ақан кірді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Деп бесікке *а с ы л ы п,* Сүйіп сәби баланы. Сағынышпен күрсініп, Көзден жасы тамады (З. Қалауова, Таңд.). Ол вагонға *а с ы л ы п* жатқанын байқап қалды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). 3. Ж е р г. *Қиылып сұрау, өтіну, жалыну.* Менің малымды көрнеу қоя беріп отырамысың?— деп Дүйсен *а с ы л ы п* отырып алды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Кедейлік, кемшілікті көп көрсем де, Сараңға жан сақтадым *а с ы л м а й-а қ* (Ақын жырлары.). Дәурен: — Менің ұлым жалғыз, сенің қызың жалғыз еді, Ажарды маған келін етіп бер,— деп әкеме келіп *а с ы л ы п* отырып алды («Қаз. әдеб.»). 4. А у ы с. *Таяныш ету, тірек қылу, арқа сүйеу ету.* Тәкаппар зор көкіректі Көтере алмай басылдым. Тиянағым, тұрлауым, Енді кімге *а с ы л д ы м* (Абай). Жуасып күннен күнге басылды енді, Үйір боп әркімдерге *а с ы л д ы* енді. Дастанды ортасына алып енді, Жүргізіп қайықпенен қашырды енді (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АСЫЛДАЙ *с ы н. Асыл сияқты, асыл тәрізді.* Дұшпанның оқтан өткір өтін жарған, Нар кескен құрыш, болат, *а с ы л д а й-а қ* (Ақын жырлары). *А с ы л д а й* болып есіліп, Нұрдай болып шешіліп (Қыз Жібек). Киіктің үйіріліп асығындай, Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай. Қазақтың мәдениет сарайында, Бұл да бір бағасы зор *а с ы л ы н д а й* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АСЫЛДАН е т. *Мал тұқымының жақсаруы, таза тұқымға айналуы.* Қой өсті кең өрісті Қазалыда, Қойымыз *а с ы л д а н ы п* тазаруда (Е. Қандеков, Өлеңд.). Мал басы көбейіп, тұқымы *а с ы л д а н ы п* жатыр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Көбейді түрлі түлік мыңдап өріп, Өркендеп *а с ы л д а н д ы* өсіп-өніп, Саналды жылдық табыс миллиондап, Саны көп, сапасы зор өнім беріп (Қ. Айнабекұлы, Өлеңд.).

АСЫЛДАНДЫР *Асылдан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мал тұқымын *а с ы л д а н д ы р а м* десең, жақсы-жақсы тұқымдарын іріктеп ала біл (Ғ. Сыланов, Шалқар). Қалмақ түйесі тұқымының бураларын қазақ түйесі тұқымын *а с ы л д а н д ы р а* беру үшін пайдалануға болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Содан бері бұл өңірде оның *а с ы л д а н д ы р ы п* көрмеген түлігі жоқ (Ж. Тілеков, Қайнар).

АСЫЛДАНДЫРҒЫШ с ы н. *Мал тұқымын жақсартқыш.* Будандардың ұрпағы жоғарылаған сайын, олар *а с ы л д а н д ы р ғ ы ш* тұқымға (мериноска) жақындай береді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

АСЫЛДАНДЫРУ *Асылдандыр етістігінің қимыл атауы.* Түліктер тұқымын *а с ы л д а н д ы р у д ы ң* жаңа бастамасы дамып келеді (Ж. Тілеков, Қайнар), Колхоздың жылқысын *а с ы л д а н д ы р у* үшін арғымақ айғыр керек (С. Мұқанов,

Таңд.). Етті, жүнді мол өндіру, әрі арзанға түсіру, ең алдымен мал тұқымын *асылдандыруға* байланысты (М. Төлешев, Қой. қоздату).

АСЫЛДЫҚ зат. 1. *Сүйегі мықтылық, қайраттылық, қажырлылық. Асылдығын* сұрасаң, Бүгінгі күннің еріндей (Халық ақындары). Ананың *асылдығын* көрді Темір, Білмейтін мейірімді, жөнді Темір. Әзірше жауыздықты ауыздықтап, Анаға жылы шырай берді Темір (К. Райбаев, Жаңа толғау). Ақ сақалын жайқалтып, *Асылдығын* байқатып, Сонда Бақай кеп айтты (Манас). 2. Ауыс. *Қасиеттілік, артықтық, жақсылық.* Ол қыз бен жігіттің бірін-бірі адал сүюі, ғашық болуы адамшылық қасиеттердің *асылдығына* байланысты деп біледі (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Сабырлы келген мінезі, Жүрегінде *асылдық.* Көнтерілі, көнімді, Ер серігі сенімді («Айқап»). Дүниеде адамның айуаннан *асылдығы* осындайлық қасиетінде ғой (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АСЫЛДЫР *Асыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әулетті алып Тоқтасын Мажыраны екі қолынан іліп алып, арқанға *асылдырды* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Ешкімнен жалбарынтып сұратпадың, Ойладың бөбегіңнің бір-ақ қамын. Күндіз-түн мойынына *асылдырып,* Асыға күттің ерте гүл атқанын (Жас қанат).

АСЫЛЗАДА зат. 1. *Көне. Ерте кездегі ақсүйек тұқымына жататын адам.* Ақыр *асылзада* патшаның, баласы ғой. Енді бұл *асылзаданың* баласының тапқан сезін таппады демейін,— деді Қожақ (Ер Тарғын). 2. Ауыс. *Ардақты, қадірлі адам; қымбаттым.* Қарт шешем жүрген шығар, жылай аман, Қуанам, қайтарсаңыз елге барам. Рақым қыл торғайыңа торға түскен, Болар ма бөтен тілек, *асылзадам* (І. Жансүгіров, Өленд.). Қарсы ұш деп, көппен бірге тілек етсем, Мұнымды *асылзада* жақтай ма екен? (М. Әуезов, Таңд.).

АСЫЛСЫЗ сын. көне. *Тексіз, тегі нашар.* Бас қоссаң, *асылсызға* көңіл таппас, От-суға жабы шіркін тоймай шаппас. Білдірер екінші күн жаман мінез, Жалғыз күн араласып болсаң оттас (Үш ғасыр.).

АСЫЛТ *Асыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Майлы құйрығының үстінен текенің екі аяғын *асылтып,* терең дарияда қайықтай қалқып жүзе жөнелді (Қаз. ертегі.).

АСЫЛУ *Асыл етістігінің қимыл атауы.* Алғаш рет мектебіңе сен барғанда, Жеткендей боп мен жүрдім бір арманға. Қуанып кеп мойныңа *асылушең,* Есеп пенен жазудан бес алғанда (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Құшақтап бетінен сүюге, мойнына *асылуға* тұра ұмтылды (К. Оразалин, Ақ жазық). «Дарға *асылу* жазасы!»— Дегенде ағып көз жасы. Жігіт тұрды, Лағылдың Кетті сонда мазасы (Қ. Мырзалиев, Алуан.).

АСЫЛША үст. *Асыл тәріздес.* Тербелесің, жас шырша, Жасыл көркің жарасып, Нұры тартқан *асылша,* Саған неге жан асық?! (Ж. Өмірбеков, Кешкі ән).

1. АСЫЛЫ зат. 1. Сөйл. *Шыққан тегі, нәсілі, руы, әулеті.* Оның да Иран екен түп *асылы,* Придон падышаның бір нәсілі. Екеуі ең соңында аға-іні боп, Екі өзен қосылғандай бір тасыды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. *Жаратылысы, негізі.* Би болмас белін жалпақ буғанменен, Ағармас *асылы* арам жуғанменен. Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа, Пайда жоқ құр әдемі туғанменен (Үш ғасыр.). Болған соң *асылы* пенде елде мін бар, Мін айтпа күшті болсаң, жерге мұндар (Айтыс).

2. АСЫЛЫ үст. *Тегінде, сірә, зады.*— Қоя тұрыңызшы қалжыңды. Оған менің, *асылы,* үйірлігім болған емес (Ғ. Сыланов, Арман ағысы). *Асылы,* Абай әндерін көбінесе өлеңнің уағыздаушысы ретінде шығарып отырған сияқты (Т. Әлімқұлов, Абай).— Нияз үлкенмен де, кішімен де дос. *Асылы,* жазушының кісі жатырқамағаны жақсы (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АСЫЛЫҚ зат. Діни. 1. *Астамшылық, қарсылық, күнәкарлық.*— Құдайға *асылық* етпеген жөн, жұрт қайыр-садақасын ұмытпаса болғаны,— деді ишан (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Құдайға *асылық* айтып жібердім бе деп, ішінен құдай тағалаға тоба қылып, бір сөз деді (Қыз Жібек). Төлеген сонда сөйледі, Сөйлегенде бүй деді: «Кешіргей алла бенденің *Асылық* еткен қатесін» (Бұл да). 2. *Шамадан тыс артық кетушілік, кесірлік.* Ей, жұпар гүл, жұпар гүл! Төрелігін өзің біл! Сөйлеме көп *асылық,* Өзіңді көп асырып (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Көрдің бе Қатшекейдің *асылығын,* Жалтақтап еткен ісін жасыруын. Ау, жаным, сүйемісің, сүймеймісің? Сүймесең жоқ-ты саған бас ұруым (Үш ғасыр.). Сәрсен әйел туралы жаза басып, *асылық*

сөйлеп, теріс пікірде жүрген адам тәрізді (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АСЫЛЫНДА үст. *Тегінде, задында. Асылында,* асығу жарамайды, сен асығам деп, судың астында қалып, ауруға шалдықтың (З. Шашкин, Сенім). *Асылында,* бұл бөлме осы үйдің бұйым сақтайтын музейі секілді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). *Асылында,* қай жазушы болса да өзін қоршаған өмірге салғыртсалқын қарай алмақ емес («Қаз. әдеб.»).

АСЫЛЫРАҚ сын. *Құндырақ, жақсырақ.* Оның жаны біздің жаннан өзгерек, Оны айтуға *асылырақ* сөз керек. Жүрегі оның жалған соғып көрген жоқ, Тілі де оның жалған сөйлеп білген жоқ (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

АСЫМ: **Бір асым.** *Бір рет қана асуға жарайтын ет.* Қазақтың құмға көмген ұрасы көп, Қалдырған «қарымбайдың» мұрасы көп. Жолында жолаушының жол азығы, Түбінде әр бұтаның *бір асым* ет (Б. Адамбаев, Ақбөбек). *Бір асым* балық үшін қанша қара тер төгіледі («Қаз. әдеб.»). **Ет асым.** *Екі-үш сағат шамасындағы мезгіл өлшемі.* Абай мынадай ыстық үйде, мынадай тырысқақ ашушаң кісінің үйінде *ет асым* отыруды өз басына жазадай санап еді (М. Әуезов, Таңд.). Абай бір *ет асым* жапа жалғыз өзі сөйледі (Бұл да).

АСЫМДАЙ: **Бір асымдай.** *Бір рет асатындай.* Сонда ішіңнен не таптың?— *Бір асымдай* ет таптым. Бір уыстап құм шығыпты, Көрдіңіз бе тіршілікті (О. Әубәкіров, Жасыр.). **Ет асымдай.** *Екі-үш сағатқай.* Біз ол үйде *ет асымдай* бөгелдік (Ауызекі тіл).

АСЫМДЫҚ сын. *Күнделікті асатындай, жейтіндей.* Ауға түскен балықты екі үйге қақ бөліп, оларға *асымдық* балығын апарып беріп тұр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осы отырған кісілердің балалары *асымдық* балықтан қағылып қалды (Бұл да).

АСЫН *Ас етістігінен жасалған өздік етіс.* Сол кезде үйге бір мылтық *асынған* жігітті ертіп, Боранбек кіріп келді (С. Сейфуллин, Шығ.).— Исі Қарамұртта менен өзге қылыш *асынған* қайсысы бар? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Әлі есімде мектепке алғаш барғаным, Сумка *асынып,* дәптер қалам алғаным (Партия тур. өленд.).

АСЫНДЫР *Асын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Атын ерттеп болған соң, тарлан атқа екеуі мінгесіп, Ақжүніске барлық қару-жарағын *асындырды* (Ер Тарғын).

АСЫНУ *Асын етістігінің қимыл атауы.* Әйел де болса қару-жарақ *асынуының* өзі оның ерлігін, батылдығын көрсетеді («Лен. жас»).

АСЫҢҚЫРА ет. *Алға қарай өтіңкіреу, ілгерілеңкіреу, озыңқырау.* Үйге сәлем беріп кіріп, босағадан *асыңқырап* отырып, бәйбішемен амандастым (С. Сейфуллин, Шығ.). Алғы шептен *асыңқырап* келіп снаряд жарылды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қанткүл орта жастан *асыңқырағын* адам. Бүкіл өмірі ауылда, шаруашылықпен біте қайнап өтіп келеді («Лен. жас»).

АСЫП-САС ет. *Асығып-үсігу, сасқалақтау, абдырау, аптығу. Асып-сасар* емес. Лек-лек түмендер биік қорғанға жығылғандарын сатыларын тіреп қойып, өрмелеп барады (О. Сәрсенбаев, Сағым). Бірденеден қалып қоядай *асып-саса* жүріп, мөлдір сумен жуынамын да, автобусқа қарай жүгіремін («Лен. жас»).

АСЫП-САСУ *Асып-сас етістігінің қимыл атауы.* Ол жөн-жосықсыз абдырап *асып-сасу* дегенді білмейтін (Майдан). Қорқу-үрку, үрейлену, Ойында жоқ *асып-сасу.* Сүйген елін есіне алса, Кернейді кек, қысады ашу (Өленд.).

АСЫП-САСЫП үст. *Асығып-үсігіп, сасқалақтап, аптығып.* Кәреке, неғып жүрсің *асып-сасып,* Бір нәрсе қуғандай-ақ шошып басып (Айтыс). Аптығар адам емес, *асып-сасып,* Қайғыға жабырқамас және сасып. Аққұла өзгешелік қалпында тұр, Менменсіп көтерілмес тұрса да асып (И. Байзақов, Ақбөпе). Қасымызда тұрғандар *асып-сасып,* мені ұстамақ болып жүр (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АСЫП-ТАС ет. 1. *Шарасынан асу.* Сарқырап өзен ағар *асып-тасып,* Қарғалы Шамалғанмен қатарласып, Қосылып сай-салалар қуанғандай, Заводқа құйып жатыр гауһар шашып (К. Әзірбаев, Шығ.). Сонда да Жапардың балалары *асып-тасқан* дәулетті көршісінің үйіне қадам басып кіре алмаған (Р. Әутәліпов, Қыр. әңгім.). 2. Ауыс. *Молдықты көтере алмау, дандайсу; шалқу.* Жүрген неме байлыққа *асып-тасып,* Езіп жатыр алқымдап жас қойшыны (Қ. Жұмалиев, Қырда-

ғы күрес). Бай болып ұрлықпенен *а с ы п т а с т ы,* Мұнымен мақтануың жарамасты (Жамбыл). Атақ-абырой алғанда осы *а с ы п-т а с ы п,* әбігер боп қалмаушы ма ек. Мынау екеуі құр ұялып үндемеуге тырысады (М. Әуезов, Таңд.).

АСЫП-ТАСУ *Асып-тас етістігінің қимыл атауы.* Сабыр — момын, ақыл иесі адам. *А с ы п-т а с у д ы* білмейді («Қаз. әдеб.»).

1. АСЫР з а т. *Ойын, ойнақ.* Жалықпас жастық шақтың *а с ы р ы* бар, Сол күні мен де елігіп бара қалғам (Ж. Өмірбеков, Батыр. қалыңдығы). Ол солай ой қуалап асығуда, Жетпеді-ау сонау төбе асуына. Тас тобыр ойнағанда ширық атып, Ұқсайды айдаһардың *а с ы р ы н а* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

◆ **Асыр салды.** а) *Жарысып, секіріп ойнақтады.* Қазақстан! Сүйіктім! Туған үй, туған жерімсің. Асық ойнап, доп қуып, *А с ы р с а л ғ а н* жерімсің (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). *А с ы р с а л ы п* көп ойнап, Ақсап қапсың, құлыншақ (М. Әлімбаев, Менің ойынш.). Үйқыны ашып Амантай да, сабағына барады. *А с ы р с а л ы п* ала мысық, үйде ойнап қалады (Т. Жабаев, Із). ә) А у ы с. П о э т. *Еркіндеді, бұзып жарды, билеп-төстеді.* Шың төсінде *а с ы р с а л ы п,* ширатылып аққан бұлақ (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Жел кезіп сонау жазық шөл далада, Үйтқытып құмды боран *а с ы р с а л а.* Ашы аяз қыста үскірік, бораған қар, Жүрегі долылықтың сахарада («Шолпан»). Бүкіл ен даланы — сай-сала, қойнау-қойнауды кезіп жынды боран ғана емін-еркін *а с ы р с а л ы п* ойнақтайды («Қаз. әдеб.». б) А у ы с. *Әлек салды, астан-кестеңін шығарды, ойрандады.* Алдарында будақтаған қара түтін ішінде он шақты танк *а с ы р с а л ы п* жүр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ұшқыр «ЯК»-ты бұрып ап, Бір қалың танк тобына, Шүйілді ақтық *а с ы р с а п,* Кең аспанның жолына (С. Бегалин, Өленд.). Дәм-тұзын ақтап елімнің, *С а л а й ы н а с ы р* майданға. Бірімін мен де еріңнің, Мені де жібер майданға (Д. Әбілев, Жүректен.).

2. АСЫР *Ас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қарды мына төменге лақтырса ғой, сонау үйден де *а с ы р ы п* жіберуге болады (С. Шаймерденов, Мезгіл). Алыстан атқан ірі зеңбіректер құлашын ұзарта сілтегендей Бородинодан оқтарын *а с ы р а ата* бастады (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

◆ **Асыра бағалады.** *Өсіре, артық бағалап берді.* Олар ұлтшыл жазушыларды *а с ы р а б а ғ а л а п,* еңбекші жазушылардың жақсы жерлерін көрмеді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Өз күшін *а с ы р а б а ғ а л а у* жақсы емес, мұның аяғы мақтаншылыққа соқтырады (Ж. Тілеков, Қайнар). **Асыра мақтады** [дәріптеді]. *Өсіре, шектен тыс мақтады.* Біреу *а с ы р а м а қ т а п,* біреу өлтіре жамандап, әйтеуір ауыл үйдің күңкілі көп (А. Тоқмағамбетов, Әке мен бала). Рыцарлық романдарда *а с ы р а д ә р і п т е л і п* суреттелген феодал табының идеялары айқын көрінеді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). **Асыра сілтеді.** *Шамадан тыс кетті, орынсыз белсенділік жасады.* Аудан қызметкері *а с ы р а с і л т е п,* малдың бәрін ортаға түсіріп, артельді коммунаға айналдырыпты,— деседі (Б. Майлин, Шығ.). Колхоздану кезіндегі жергілікті ұйымдардың *а с ы р а с і л т е у і н д е* ең қатты соққыға ұшырағандар қазақстандықтар болды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шабарман кезінде өзің де талай *а с ы р а с і л т е г е н* шығарсың (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Басынан сөз асырмады.** *Сөзден жеңілмеді, есесін жібермеді.* Кетпеймісің қасымнан, Ерегіссең менімен, Шапыраштым, абайла. *С ө з а с ы р м а н б а с ы м н а н* (Айтыс). Жасым бар жиырмада жасырмаймын, *Б а с ы м н а н* дұшпан *с ө з і н а с ы р м а й м ы н.* Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе, Сен түгіл басқаға да бас ұрмаймын (Ақын жырлары). **Құлық асырды.** *Алдады, амалын тапты.* Екі жас қосылып мақсаттарына жетті. Дүрімбай *қ ұ л ы қ а с ы р а* алмай, бұл жерде де шоңқайып қалды (С. Шарипов, Шығ. жин.).

АСЫРА е т. 1. *Бағып қағу, киіндіру, тамақ беру.* Қайырымды бір шаруа бізді бір ай *а с ы р а п,* тойындырып, киіндіріп, елге қарай шығарып салды (З. Шашкин, Теміртау). Селкілдеп келіп жығылды, Аяғына бас ұра; «Қарағым, жылт, тамақ бер, Жаз шыққанша *а с ы р а*» (Абай, Тол. жин.). Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін *а с ы р а й д ы* (Қаз. ертегі.). 2. *Өсіру, бағу, күту, қолға ұстау.* Малын бағып, егін сап, Құс, шошқасын *а с ы р а п,* Колхоз «Талап» ерлепті (І. Жансүгіров, Шығ.). Ұстап алып, қолда *а с ы р а ғ а н* архарлар өліп қала береді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен *а с ы р а п* едім (Аяз би).

◆ **Асырап алды.** *Біреудің баласын өзіне бала етті, бауырына салды, бағып алды.* Оның үйінде кемпірі және *асырап алған* екі баласы бар (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). ... Қызым жалғыздық көрмесін деп балалар үйінен бір бала *асырап алып* едім (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Ай мен Таңсық Қарабайдың *асырап алған* қыздары (Қ. Жұмалиев, Қаз. әдеб. тарихы). **Тамақ асырады.** *Тамағын тойғызды, күнін көрді.* Оның бір ерекшелігі бірді бірге соғып, *тамақ асырап* күн көруді жек көретін еді (С. Көбеев, Орынд. арман). Көбінесе елден жылу жинап *тамақ асыраймыз*... (Ол күнд. даңқы). Мен басқаны алмаймын, мен сенен *тамақ асырағалы*, киім кигелі келгенім жоқ (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина).

АСЫРАЛ *Асыра етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Он бұзау бір үйде *асыралып*, қашан жайлауға шыққанша осылай күтіледі (С. Бегалин, Таңд. әңгім.).

АСЫРАЛУ *Асырал етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРАЛЫН *Асырал етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Балаларды асырап алушыларға да *асыралынатын* балаларға қатысты заңда көрсетілгендегідей, оларды бағу міндеті жүктеледі (Семья тәрбиесі).

АСЫРАЛЫНУ *Асыралын етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРАНДЫ с ы н. 1. *Қолға үйретілген, қолда өскен.* Жабайы қабан *асырандыш*қадай емес, қара болады (А. Хангелдин, Алғыс). Есеннің электр шамы жанған кезде, оның *асырандыкірпісі* ағаштардың арасынан шығып, ептеп келіп беседкаға кіреді (С. Бегалин, Жеткіншек). Құсқұмықты *асырандықұстар*, әсіресе қаз сүйсініп жейді (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.). 2. *Асырап алған, бағып алған, «қол бала» еткен.* Аңыз бойынша Көрұғлы өзінің *асырандыбатыр* баласы Әуезханды осы Құмкенттен алып қашып келген (Алғы шептегі.).

АСЫРАП-САҚТА е т. *Бағып-қағу, күту.* Бұл сорлы бізді өлмінен алып қалып еді, осы күнге дейін *асырап-сақтап* келеді (Қаз. ертегі.).

АСЫРАП-САҚТАУ *Асырап-сақта етістігінің қимыл атауы.* Кемпірге менің балалардан артық бала бар ма? Жұмағұл оны *асырап-сақтауға* жарамай ма?— деген Қамария (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АСЫРАРЛЫҚ с ы н. *Асырай алатын, асырауға жарарлық.* Құдай тағала бір ант ұрғанға еңбексіз мал береді екен. Еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын баласын жөндеп *асырарлық* та қылмай, кедей қылады екен (Абай, Тол. жин.).

АСЫРАС *Асыра етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сен менің үй қоянымды *асырассаң*, жақсы болар еді (Ауызекі тіл).

АСЫРАСУ *Асырас етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРАТ *Асыра етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Баланы басқа адамға *асыратпа*, білгенше сылап-сипап өзің сақта.... Жылы жүз ата-анадан көрмеген соң, Жүрмесін тағы болып өскен шақта (Қаз. әдеб. хрест.). О заман да бұ заман, құлын тұрғанда құлан асыраған кісіні көрдің бе? *Асырата* ма ол саған? (З. Шашкин, Сенім).

АСЫРАТҚЫЗ *Асырат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қозыңды Нұрланға *асыратқызбаз*, ол мал жайын жақсы біледі (Ауызекі тіл).

АСЫРАТҚЫЗУ *Асыратқыз етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРАТТЫР *Асырат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалғыз баланы біреуге *асыраттырып* қойып, бүйтіп көрген күнің құрысын (Ауызекі тіл).

АСЫРАТУ *Асырат етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРАУ *Асыра етістігінің қимыл атауы.* Бұзауларды қолдан сүт беріп *асыраудың* азабы көп, ауыртпалығы басым жұмыс екені осы отырған жұрттың бәріне мәлім (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Кейбір жолдастар баланы *асырауды*, киіндіруді, күтуді тәрбие деп түсінеді («Халық мұғ.»). Ептеп күн көру, үй ішін *асырау* керек болды («Лен. жас»).

АСЫРАУЛЫ с ы н. *Бағулы, күтулі.* Көкжендет, тұғырың алтын, маржан баулы, Тұрушы ең ағаш үйде *асыраулы* (Ақан сері, Шығ.).

АСЫРАУШЫ з а т. *Бағып-қағатын, тамақ тауып беретін адам.* Семьяның иесі де, *асыраушысы* да мен емес, мына қызым Разия (С. Бақбергенов, Алтынемел.), Бұлдымерген оларды аң аулап *асыраушы* адам (М. Етекбаев, Алтын мүйізді.).

АСЫРМАЛЫ: Асырмалы шырай. Лингв. *Заттың сынын асырып, арттырып көрсететін шырай. Асырмалы шырай* деп заттың сындық қасиеттерін тіпті асыра көтеретін, я тым асыра төмендететін шырайды айтамыз (Қазіргі қаз. тілі).

АСЫР-САУЫҚ з а т. *Ойын-күлкі, тойжиын.* Ол Жігітек жағының желігін, *асыр-сауығын,* мәз-мерекесін естіп жүрген (М. Әуезов, Таңд. шыр.).

АСЫР-ТАСЫР е л. *Тасыр-тұсыр, тарс-тұрс.* Фронттан қайтқан жаралы солдатша басын байлап алыпты. Өзі де бір *асыр-тасыр* жүретін жан. Аттан құлап басын жарып алған шығар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бұған ілесе отыздан астам басқа да станоктар, бәріне бір мезетте жан біте қалғандай, *асыр-тасыр,* әр алуан әуенмен ышқына жүйткіді кеп (Ө. Қанахин, Дәмелі).

АСЫРТҚЫЗ *Асырт етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Малдың бәрін жотадан *асыртқызып* тастады (Ауызекі тіл).

АСЫРТҚЫЗУ *Асыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРТТЫР *Асырт етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Тракторды белден *асырттырып,* осында әкелдірерсің (Ауызекі тіл).

АСЫР-ТҰСЫР е л. с ө й л. **Асыр-тасыр.** Тұяқ та *асыр-тұсыр* ойындарға араласпады, еш адаммен сөйлеспеді (И. Салахов, Көкшетау.).— Қансері бар ғой, кейінгі кезде адамға онша үйір болмай барады. Баяғы *асыр-тұсыр* мінезі жоқ («Лен. жас»).

АСЫРУ *Асыр етістігінің қимыл атауы.* Жаманын жасырып, жақсысын *асыруды* әдет еткен тас түйін жұрт (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ал енді осы жоспарларды жүзеге *асыру* үшін, өз міндеттерімізді ойлайық (С. Байжанов, Сыр.). Бұл ойын іске *асыру* үшін, ол Омбыға арнаулы кісі жіберді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АСЫРЫЛ *Асыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Соғысқа дейінгі бесжылдықтар ішінде СССР-де социалистік индустрияландыру жүзеге *асырылды* (СССР тарихы). Жер участоктарын бөліп беру ісі еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің шешімі арқылы жүзеге *асырылады* (Ә. Стамқұлов, Үй іргесі. жер.). Бұл Совет Одағы мен социализм елдерінде кең түрде іске *асырыла* бастады (Семья тәрбиесі).

АСЫРЫЛУ *Асырыл етістігінің қимыл атауы.*

АСЫРЫҢҚЫРА е т. *Шамадан тыс өсіріңкіреу, арттырыңқырау, көтеріңкіреу.* Қыз мінезінде ұяңдық пен әдеп бірге кездессе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық кездессе, бірінбірі *асырыңқырап* тұрады (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Рас, біз *асырыңқырап* берген шығармыз. Қамбаға тасып әуре болғанша, еңбекшілерге тиістісін қырманнан үлестіруді жөн көріп едік (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

АСЫС *Ас етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ауыл әйелдері Ұлбикенің бұл қалпын жақсы ырымға санаған секілденіп, су тасысып, от жағысып, қазан *асысып* мәз боп жатты (Б. Майлин, Шығ.).

1. АТ з а т. 1. *Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы. Ат,* айғырлар, биелер, Бүйірі шығып ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап (Абай, Тол. жин.). 2. *Көлік ретінде салт мінілетін, арба-шанаға жегілетін және әр түрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын еркек жылқы.* Бірақ, ор қояндай секіріп, ұшқан құспен жарысып келе жатқан көк жорға *аттың* жойқын шабысы да асығып келе жатқан Төлегенге текірек сияқтанып көрінеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Астында сар қасқа *ат* бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғып келеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шыр.). Тұрағұл пар *ат* жеккен жеңіл арба үстінде теңселе отырып, әлдеқалай бір ойларға шомып, қиыстап кетті (С. Бақбергенов, Күй).

◆ **Ағаш атқа [ағаш аттың басына] мінгізді.** *Өсекке таңды, әр сақка жүгіртті.* Болған соң ас беретін ыдыс кірлі, Әнуар өзі тұрып жуып жүрді. Жиіркенсе, біз шақырып келдік пе?— деп, *Мінгізді ағаш атқа* неше түрлі (С. Торайғыров, Шығ.).— Отыр, Нұрлаш! Сен ішіңнен: «Ербол ағам кертартпа, консерватор!»—деп *ағаш атқа мінгізіп* тұрған боларсың (З. Шашкин, Сенім). Елемес екеуміздің анадағы бір түнде Жәмішпен кездесіп, сөйлескенімізді біліп қойған біреулер *ағаш аттың басына мінгізіп,* әр түрлі өсек таратып жүр (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Ат айдаушы.** а) *Бәйгіге қосылатын аттарды алып барып, мәреден жіберуші адам.* Жел соқса қамыс басы

майда деймін, Ат қостым *ат айдаушым* айда деймін. Алдыңғы ат қылаң болмай баран болды, Жығылмаса Құлагер қайда деймін (Қаз. әндері). ә) *Арбаға шанаға жегілген атты жүргізуші адам; көшір.* Анықтаңқырап айтқанда, осы Сергей Николаевичке *ат айдаушы* болып жалдандым. Киім, тамағым соның мойнында (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ол *ат айдаушы* қызметінен босатылған жылы Нұртажы аудандық советке уборщица болып орналасқан болатын (Өзбек әңгім.). **Ат арба.** *Атқа жегілетін арба.* Бізге *ат арбамен* жүру қызықты болды (А. Хангелдин, Алғыс). Ол өңделген топырақты жағалай жүріп жатқан *ат арба,* тиегені шпал, екі жағынан тасып, төгіп келеді (І. Жансүгіров, Әңгім.). Қорған ішінен кесек-кесек мата тиеген *ат арба,* машина тізіліп шығып жатыр (Ғ. Сыланов, Очерк.). **Ат арты күң.** Көне. *Ат артына мінгізіп, алып келінген жазалы әйел.* Адам бар ісі бейне даладағы аң, Аң етіп, надан етіп байлаған заң. Қан кешкен қабырғадан қара күнде, *Ат арты күң* болмап па ед Айман, Шолпан (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ат арып, тон тозды.** *Азып-тозды, жадап-жүдеді, шаршап-шалдықты. Ат арықтар, тон тозар,* кәдір кетер, Күлкіні онша күйлеп шуламалық (Абай, Тол. жин.). Ауыл алыс болса да, Атағыңды көрдім бел. *Атым арық, тон тозық,* Қысып келді аштық шөл (Жамбыл, Шығ. жин.). Күндік жерге ай жүріп, Айлық жерге жыл жүріп, *Атарытып, тонтозып,* Нелер қорлық көрмедім (Халық ақындары). **Ат арытты.** *Ұзақ жол жүріп, алыстан іздеп келді, жол азабын көрді.* Сыздық Биғаншамен кездескенде, алыстан *ат арытып* іздеп келген жоқ, ауыл үйдің арасынан кездесті (Б. Майлин, Шығ.).— Шоқанжан алыстан *ат арытып,* жол тауқыметін көп көріп келген адам, қыдырып көңіл көтергісі келетін шығар (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). *Ат арытып* келіпті өңшең сері, Сынасармыз, бар екен не өнері (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). **Ат байлағыш.** *Ат байлайтын ағаш; мама.* Ол атын *ат байлағыштың* қасына қалдырып, үйге қарай беттеді («Лен. жас»). **Ат барабан.** Кәсіб. Көне. *Ат күшімен айналатын барабан.* Щербаков пен Мейрам берген сроктан *ат барабанды* екі күн бұрын бітіріпті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Ат башы.** *Аттың бабын жақсы білетін адам; атбегі, атпаз.* Осы Көкбестінің, сірә, қанаты бар ма деп қалдым,— деді Мұстапаның қасында отырған *ат бапшы* атанған Жарқынбай (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Ат бас бұршақ.** Бот. Жерг. *Атбұршақ. Ат бас бұршақ* — бұршақ тұқымдастарына жататын біржылдық екпе өсімдік. Бұл атбұршақ деп те аталады (Т. Мұсақұлов, Биол. термин.). Ол мал азығын көп өндіру үшін әрбір колхоз-совхоздарда собықты жүгерінің, қант қызылшасының, бұршақтың, *ат бас бұршақтың* түсімін арттыру керек екендігін атап айтты (Қ. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). **Ат бас талшын.** *Бот. Каштан тұқымдас сүректі өсімдік.* Жалған дихотомиялы бұтақтануды *ат бас талшынан,* омеладан, сиреньнен, қалампырдан және т. б. көреміз (Т. Мұсақұлов, Өсімдік. анатом.). Күрделі жапырақ, бөрібұршақ, қарасора, қазтабан, *ат бас талшында* болады (Бұл да). **Ат басын бұрды.** *Бір жаққа қарай бағыт алды, беттеді.* Терістікке *ат басын бұрған* біздерге жота басынан алыстағы, жақындағы жаратылыс көркі көрініп келеді (Ғ. Сыланов, Очерк.). *Аттың басын* соған *бұрып* қиялап, Орыныңнан көп отырған ұялап, Бір қозғалып, жайланады көңілің, Сонда есіктен қара бала сығалап (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **Ат басындай алтын.** Фольк. *Үлкен, сом алтын.* Сонан кейін Алдар көсе ханнан *ат басындай алтын* алады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). *Ат басындай алтын* тауып алғандай айғайласады (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). Күн шыға тап кешегі кеткен жақтан Қарайып топ көрінді келе жатқан. Умаштан Назикасын сүйді Қақаң, Кісідей *ат басындай алтын* тапқан (Қ. Тоғызақов, Өленд.). **Ат басын тіреді.** *Келіп тоқтады.* Үш үйдің ішінде еңсесі көтеріңкі, қомақтылау біріне Аман мен Таймас *ат басын тіреді* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Көп ауылдағы қоңыр үйге жетіп *ат басын тіреген*де ғана үзік туралы ойы үзілді (Бұл да). **Ат бауырына алды.** *Сабады, сойып салды.* Аулына аңдаусызда атпен келсе, *Алғызған ат бауырына* жаяу айдап (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Дәу құла жорғаға мінген біреу қойшыны *ат бауырына алып* жүр (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). **Ат бәйгі.** *Той-думанда, жиында жүйрік аттарды жарысқа түсіретін ұлттық ойын. Ат бәйгісіндегі* сияқты мұнда да біреу озып, біреу қалмақ (Н. Сералиев, Намыс). Тай бәйгісіне қосылып болдым ғой, енді *ат бәйгісіне* де бір қосылып көрейінші,— дейді тайына мініп келген Үсен қарияға (М. Тиесов, Әң-

гім.). **Ат бұран.** К ә с і б. К ө н е. *Атпен тарту арқылы бұрап, шахтадан таскөмір шығаратын аспап.* Жергілікті мүмкіншілікті барынша пайдалана білу керек. Сол мақсатпен бірінші шахтаның өте ауыр қол бұранын *ат бұранға* айналдырмақ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Ат дорба.** *Атқа жем беретін қапшық, қалта.* Ердің басында ілулі тұрған *ат дорбаның* қайда қалғанын білмейді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жарылқасын деген жігіт ердің артына бөктерулі *ат дорбаны* сипап қарап, шешіп алды да, үйге алып кіріп кетті (Т. Дәуренбеков, Бір түйме.). **Ат жабу.** *Атқа жабатын жапқыш.* «Білдім сенің сырыңды!» — деп қаһарға мінген Ердос тамақтанған соң, отқа томарды үйіп салды. Оның жанына бөрене қойып, үстіне *ат жабуын* жапты (М. Етекбаев, Алтын мүйізді.). **Ат жақты.** *Сопақ бетті.* Ұзын *ат жақты* бетінің иек жағы суйірлене шошайып барып біткен (С. Шаймерденов, Болашақ.). Қарымсақов ер тұлғалы, ұзын бойлы, *ат жақты,* құс мұрын, адырақ көз қара сұр кісі (С. Омаров, Хантағы). Ұзын бойлы, *ат жақты,* ақ сақалы белуарына түскен, жасы сексеннен асқан ақ сұр қарт жирен қасқаның қақпан беліне қолдан қондырған мүсіндей тіп-тік отыр («Қаз. әдеб.»). **Ат жалын құшты.** *Ұшып түсті, омақаса құлады, жығылды.* Астындағы ат о-дағы ұшты, Ескендір де *аттының жалын құшты* (Абай, Тол. жин.). Көлен темір сүйменімен оны иықтың тұсын ала соқты. Ол *ат жалын құшты* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Түртіп өтіп кеткені, Тақиядай ұшады. Екпініне шыдамай *Аттың жалын құшады* (Қамбар батыр). **Ат жалын тартып мінді.** *Ер жетті, азамат болды.* Жаратқан, осы еркек кіндікті, ақ үрпек балапанымның *ат жалын тартып мінгенін* көрсем, арманым жоқ (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ол *ат жалын тартып мінуге* жарағаннан бастап, оқудан қолы бос кезінде үй ішінің, әке-шешесінің шаруасына көмектесті (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). *Ат жалын тартып мінгелі,* Адам болып жүргелі, Көрмедім ешбір қысымды (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Ат жаратты.** *Атын бәйгіге не көкпарға даярлады, баптады. Ат жаратқы,* Сән тараттық, Әуейілік, күйлестік (Абай, Тол. жин.). Құра алмай жігіттіктің жаңа қалпын, Бәйгі ізденп, *ат жаратып* ойын-тойға (Б. Майлин, Шығ.). Көкпарға түсеміз деп *ат жаратқан* боламыз (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). **Ат жарыс.** *Жиын-тойда жүйрік аттарды бәсекеге түсіретін ұлттық ойын.* Сәтіне сәрсенбінің той қылады, Әр жерден шақырылған жұрт келеді, *Ат жарыс,* атан барыс, алтын қабақ, Мереке балуан тұрып көп болады (Дастандар). **Ат жетер жер.** *Шамамен 100—200 км-дей қашықтық мөлшер. Ат жетер жердегі* қазақ ауылдары болса-болмаса да келеді (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Ат жетер жердің* бәріне жар салыңдар! Кімде кім құлдыққа көнгісі келмесе, аттансын тегіс! (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Ат кекілін кесті.** *Араздасты, кетісті, қол үзді; ат құйрығын кесті.* Ата алмасың бар, *ат кекілін кесуге* неге барасың? (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Көнбесе, сен үшін *ат кекілін кесуге* де барармын (Бұл да). Бірақ онда барудың өзі ол үшін *ат кекілін кесіп,* біржолата бөлініп кетумен барабар («Қаз. әдеб.»). **Ат көпшік.** *Ердің үстіне салатын көпшік.* Жаңадан бір *ат көпшік* жасағалы жатырмын (Диал. сөздік). **Ат көрпе.** *Ердің үстіне салынатын көрпе.* Мұнда барқыт *ат көрпе,* күміс жүген, қара ала күміс жаптырған құйысқан, тартпа дегендер жоқ (М. Әуезов, Абай жолы). Күміс тұрманды барқыт *ат көрпелі* байдың мырзасының оқтаудай құла дөнені Омарұлының астында (І. Жансүгіров, Әңгім.). **Ат көтіне салды.** *Ат артына мінгізіп мазақтады, қорлады.*— Тимейсің ғой, жаңа бай тапқан неме? Тимейтінің рас, өйткені сені мен өзім де алмаймын... Қазір біраздан соң кеп *ат көтіне сап* алып кетем,— деді Сүгір Айшаға (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Шу десе жылқы озбайды Сарылақтан, Ырғытып қоян соқтым шағылдықтан. *Салар* ем *ат көтіне* болысыңды, Қорқамын Қызай шыққан шаңырақтан (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Алма мойын аруды *Ат көтіне салған* күн (М. Өтемісов, Өленд.). **Ат қағар.** *Сөреге жетейін деп қалған бәйгі атының тізгін-шылбырын қағып алып, жетектей жөнелту, тарту.* Тұрғанын сезе қойып *ат қағарға,* Қамшыны Көксағымға басты бала (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). **Атқа қамшы басты.** *Тұра шапты, тез кетті.* Тәуекел қылып аттанып, *Атқа қамшы басты* біз (С. Сейфуллин, Өленд.). Ешкімге тоқтамастен жау шыққа, Елге қарай қашыңыз, Елге хабар айтуға *Атқа қамшы басыңызl*

(Манас). **Атқа қонды.** *Жүріп кетті, жолға шықты, аттанды.* Енді, бүгінгі түстіктен кейін, кешке қарсы көп қонақ *атқа қонбақшы* болып отыр (М. Әуезов, Абай).— Кел демек бар, кет демек жоқ. Келдік, аман-есен айттық, енді рұқсат болса, *атқа қонғалы* отырмыз,— деді Досай (І. Жансүгіров, Шығ.). Бәйбіше, ыдыс-аяқтарың жуылып па еді? *Атқа қонатын* мезгіл де болды-ау деймін (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Атқа мінер.** *Атқа мінуге жарайтын, кәдеге жарарлық.* Биенің бас сауымын сауып алған кезде «Тай жүзген» құдығының басындағы үш ауылдың *атқа мінер* кәрі-жасы, қатын-қыздарының аттары ерттеліп болды (С. Сейфуллин, Шығ.). Соғыс жылдары *атқа мінер* азаматтардың бәрі майданда жаумен алысып жатты («Лен. жас»). **Атқа мінген.** *Ел ісіне, билікке араласқан.* Ол биылғы жылы партия басы болып, елінде *атқа мінген* жігіт (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, *атқа мінген* (М. Әуезов, Әр жыл.). Осы күнгі заманның түрін өздерің білесіңдер, біреуді-біреу аңдып, *атқа мінген* жігіттің аяғынан шалып құлатқанша асық (Б. Майлин, Шығ.). **Атқа мінді.** а) *Жолға шықты, аттанды.* Бір мезгілде таң рауандады. Оттағы аттарды жиыстырып тағы да *атқа міндік* (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны). ə) Ауыс. *Қарсы шықты, үре көтерілді.* Бұл оқиға ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс *атқа мінеді* (М. Әуезов, Әр жыл.). Қалмақтың жортушысын аңдимыз деп, Жас қалмай барлығы *атқа мініп* еді. Тамыздың аяқ кезі жаңылмасам, Ел көшіп қара тауға қонып еді (И. Байзақов, Құралай сұлу). **Ат қойды.** а) *Тұра шапты, шаба жөнелді.* Аудан жақтан *ат қойып* біреу келеді. Аяқ-қолында дамыл жоқ, атын үсті-үстіне қамшылап, тепкілеп келеді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Дабырды естіп, егде жылқышы да осылай қарай *ат қойды* (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ерігіп келе жатқан жігіттер қасқырдың күшіктерінің артына түсіп, қиқулап *ат қойды* («Лен. жас»). ə) Ауыс. *Атой салды, шабуыл жасады. Ат қойды* қалың әскер андағайлап, Дүрсілі жер қозғалтып «Абылайлап». Тыныш жатқан қалмақ елі қас қаққанша, У-шу боп шаң астында қалды ойбайлап (С. Сейфуллин, Өленд.). ... *Ат қойып,* кеткен типі кезі еді сол (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Отыз мың қол *ат қойды,* Өршеленіп лап қойды. Ойбайласып ұрысты, Дөсіп жатты: тарт қолды! (Манас). **Ат қойып келді.** *Қаралы үйге «ой-бауырымдап» атпен шауып келді.* Қолдарына ұзын ақ таяқ ұстап, бүкшие жылап тұрып, *ат қойып келген* жақын мен жаттың адамдарын қарсы алушы Ырғызбайдың барлық кәрі-жасы болды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Біреуінің үлкен ақсақалы өлсе, маңайға хабар айтып, жанжақтан жан күйерлері *ат қойып келіп* жатады (Бұл да). Өлді деп екеуі де қаза жетіп, *Ат қойып келген* екен Бүлдіршінге (С. Керімбеков, Өленд. жин.). **Ат қора.** *а) Атқа арналған қора.* Батырлар *ат қораны* жағалады, Бір аттың сынын айтып бағалады. Қояндай ақ бестіні айналдырды Өзге атты мақтаса да қаламады (С. Сейфуллин, Өленд.). Жүргінші жас жігіт арбадан түсті.— Аттарыңды көруге бола ма? Жуанбай үндемеді. Жүргінші жігіт *ат қорасына* кірді, Жуанбай да кірді (Б. Майлин, Шығ. жин.). *ə)* Ауыс. *Лас, былғаныш.* Олардың үйі қашан болса да *ат қора* боп жатады (Ауызекі тіл). *б)* Ауыс. Жерг. *От жағылмаған, суық.* Біз үй емес, *ат қорада* отырмыз (Ауызекі тіл). **Ат қосты.** *Атын бәйгіге жіберді; бәйгіге қатысты.* Бәйгіге *ат қоссаң,* атыңды тартыспайтұғын ағайын атың келсе, бәйгісіне өкпелейтұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.). Өнер мен өнерпазды, аңшылықты, ас пен тойды, *ат қосуды* сүйетін Абайды суреттейді (М. Әуезов, Әр жыл.). **Ат құйрығына байлады.** *Сүйретті, жазалады, қорлады.* Судьяны *ат құйрығына байлап* әкетті деген атақтың өзі қандай. Мұндай ерлікті Аманкелді ғана істей алады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Ат құйрығына байла* урядниктің!— деген дауыстар сыртта борап тұрғанда, үйге енгендердің бірі ақ киімді оқыған жігітке пышақты салып-ақ жіберді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Ат құйрығын кесті.** *Біржола безді, қол үзді, көрместей болды.* Бокин ел сөзіне құлақ қоя ма, жоқ, біржола *ат құйрығын кесіп,* жауласа ма? (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Ал, бүйте берсе, ертеңгі күні қыздың үй-ішімен *ат құйрығын* біржолата *кесумен* тынбасына Жақыпбек сене алмайды (М. Иманжанов, Менің махабб.). Жаңа жылда жас балапан өсеміз, Байдан аулақ, *ат құйрығын кесеміз* (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). Ағайынды екі жігіт, *Ат құйрығын кесісті* (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.). **Ат құлағы көрін-**

бейтін. а) *Тұқ көрінбейтін, көз ашқызбайтын, түтеген (боран).* Қыста *ат құлағы көрінбейтін* ақ боран бір жұма үзілмей соқса, Абылғазы сол бір жұма бойында тоқталмастан жол тартып отырып, барам деген жеріне ат тұмсығын аумай кеп тіреп, дәл шығатын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Үш жүз шақырым жердегі Ақмоладан жалғыз түйесі арықтап, өзі жүдеп келе жатқанда *ат құлағы көрінбейтін* үскірік боран қамады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *ә) Биік, қалың (шөп не егін).* Далашық қойнауы *ат құлағы көрінбейтін* шалғын шөбімен, сылдырап аққан сансыз көп бұлағымен құнды (Ауызекі тіл). **Ат құлағында ойнайды.** *Атқа мықты, ат үстінде отыруға берік (адам).*— Менің қызым бар, өздеріңдей оқыған бала. Бірақ сен сияқты ер үстінде отыра алмайды емес, *аттың құлағында ойнайды,* асауды үйретеді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Кей жігіттің ауыздықпен алысқан асау *аттың құлағында ойнағанын* көргенде көшпелі ел баласы Мұқанның айызы қанатын (М. Танекеев, Қажымұқан). *Ат құлағында ойнайтын* сайыпкерлер республикамызда ондап емес, жүздеп саналады («Қаз. әдеб.»). **Ат [құмар] жанды.** *Атты жақсы көретін, жаны сүйетін (адам).* Дүниеде *ат құмар* адам көп болған ғой. Бірақ солардың қай-қайсысы да менің әкемдей бола алды ма екен дегенді әлі ойлаймын (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Мұның үстіне *ат құмар* әке жалғыз қызын қаршадайынан атқа мінгізіп жүйріктен қамау тер алғызатын (С. Бақбергенов, Қайран шешем). *Ат жанды,* көлік күткен Балта манап, Ұзаққа берілмеді тор төбел ат. Сынды Ұзақ, кектенді Ұзақ, бұзды бата, Бұзылды екі арасын ант аралап (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ат құрғатпады.** С ө й л. *Ат ізін суытпады.* Осы хабар естілген сонау көктемнен бері журналистер *ат құрғатпады,* ауданнан да, облыстан да, республикадан да келеді (К. Қазыбаев, Дәуір аты). **Ат майын берді [сұрады].** *Атын уақытша пайдалануға берді.* Абай енді «ағайын емес, ұрыға *ат майын беруші,* сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын»— дейді (М. Әуезов, Әр жыл.). Ер жігіттен сұрасаңыз *ат майын,* Ерлік қылып *беріп* тұрады айтқанын (С. Сейфуллин, Шығ.). Байлар кедей руластарына уақытша пайдалануға сауын, *ат майын беріп* отырды («Халық мұғ.»). **Ат ойнатты.** *а) Ойнақтатты, құтыртты.* Ертеңінде Шоқпыт есік алдында, дөңбек үстінде таяқ жонып отырса, *ат ойнатып* Едәулет келеді (Д. Әбілев, Ақын арманы). *ә) Атты әр түрлі ығыстерге үйретті.* Әскерлер *ат ойнатып* жатыр (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). б) А у ы с. *Баса-көктеді, күш көрсетті, ойрандады.* Қиратып қабырғасын бытырлатып, Ойрандап ордасына *ат ойнатып.* Сындырып жаудың белін талқан еттік, Көк сүңгі жан жеріне шым бойлатып (Ақын жырлары). Шұнақ құлым құтырып неге тастың, Қорықпай, үрікпей жерімді неге бастың? Тал түсте кеп төбеме *ат ойнатып,* Қалайша жесірімді алып қаштың? (С. Мұқанов, Сұлушаш). Мен сендерге не қылдым? Ауылыма *ат ойнатып,* үрейімізді ұшырдыңдар ғой (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Ат омырауластыру.** *Қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойыны. Ат омырауластыру* жазық алаңға сызылған, диаметрі 10—15 *м* шеңбер ішінде өткізіледі. Жарысқа қатысушы 2 салт атты бірін-бірі шеңберден ығыстырып шығаруға тиіс (ҚСЭ). **Ат өтті.** *Нем кетті, нем құрайды.*— Бір мезет, тіл алсайшы, мына түріңмен қайда барасың, елжұрттан ұят емес пе?— деп, Жетібай Нұртайдың жаңағы *ат өтті* қолқа сөзін еселеп жіберді (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ол мұның бәрін тек міндетінен құтылу үшін *ат өтті* істеді («Лен. жас»). **Ат сабылтты.** *а) Болдыртты, шаршатты.* Жаным сүйіп жарым деп сеніп едім, Құрбандыққа басымды беріп едім. Айтылған сөз уәде-сертім үшін, *Ат сабылтып* Шұғажан келіп едім (Б. Майлин, Шығ.). Адам жоғалған малды да *ат сабылтып* іздемеуші ме еді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). МТС-ке колхоз салды атой, *Ат сабылтып* арада. Табылса одан жақсы ғой, Кетпесе іздеп қалаға (Ж. Молдағалиев, Поэм.). *ә) Әуре болды, әлекке түсті.* Ол енді сонша жерден *ат сабылтып* келген әке мұрасының сықын көргенде көңіл күйі кәдімгідей-ақ жүдеп қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осындай кездерде о шеті мен бұ шеті 30—40 километрге созылып жатқан кең жайлаудан *ат сабылтсаң* да дәрігер таппайсың («Лен. жас»). **Ат сайыс.** *Атпен әр түрлі ойындар (ат жарыс, жорға жарыс, кедергіден өту, сайысу т. б.) көрсететін спорт түрі.* Қазақ халқының *ат сайысына* жататын бәйге, ат омырауластыру, аударыспақ, жорға жарыс, көкпар, күміс алу, қыз қуу, қыз жарыс, сайысу т. б. ойындар бар (ҚСЭ). **Ат салды.** *Кісі жіберді, сөз салды,*

байқады. Олар ойдағы елге *ат салып,* Оспанның хабар-ошарын, өздерінің ой-пікірін білдіріп отырды (Ауызекі тіл). **Ат салысты.** *а) Жәрдемдесті, көмектесті.* Совдептің сіздерден өтініп сұрайтыны: тек совет үкіметіне ғана сеніңіздер, Ленинге сеніңіздер; ел ішіне совет өкіметін орнатып, оның баянды болуына *ат салысыңыздар* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Журнал жұмысына қатардағы тілшілерімен бірге жазушылар, ғалымдар, мұғалімдер, дәрігерлер, артистер, суретшілер тікелей *ат салысып* келеді («Қаз. әдеб.»). *ә) Үлес қосты, қатысты.* Жас қазақ совет әдебиетінің идеялық бағытын қорғауда Сейфуллин, Жансүгіров, Мұқанов, Мүсірепов сықылды көрнекті жазушыларымыздың *ат салысып,* көп еңбек сіңіргені белгілі (М. Қаратев, Туған әдеб.). Сералин «Айқап» арқылы, өз шығырмалары арқылы қазақ халқының Абай мен Ыбырай негізін салған жаңа әдебиетінің XX ғасыр басындағы өркендей түсуіне *ат салысты* (Б. Кенжебаев, Демок. жазушы.). **Ат соқа.** *Ат жегілетін соқа.* Техниканың жоқтығынан колхозшылар егіс даласында *ат соқамен* жер жыртып, егін сеуіп жатыр («Лен. жас»). **Ат соқты болды.** *Ат үстінде жүріп қалжырады, шаршады. Ат соқты боп* қалжырап қалыппыз. Күн көтеріле бір-ақ ояндық, — деді Елеусіз төмен қарап (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Анада малшылар ауылын аралап *ат соқты боп* оралған Ғазиз үйге келісімен қатты тымауратып қалды («Лен. жас»). **Ат сүйек беру.** К ө н е. *Қазақ хандығы кезіндегі жауынгерлік ұғым: майдан үстінде аты оққа ұшқан атақты жауынгерді жау қолына түсірмей қағып әкетіп, екінші атқа отырғызу* (ҚСЭ). **Ат терлетіп келді.** *Әдейі, арнайы келді.* Әдейі *ат терлетіп келдім* тойға, Айкүміс әуелден-ақ болдың ойда (Жамбыл, Шығ. жин.). Сарыөзектен *ат терлетіп* үшінші қазақ *келді* (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). **Ат топыр.** *Көл-көсір, мол, көп.* Төр алдына текемет төселіпті, оның үстіне атлас көрпелер жайылыпты, *ат топыр* етіліп ақ жастықтар тасталыпты (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). **Ат төбеліндей.** *Азғантай, көп емес.* Қазақтың *ат төбелі́ндей* оқығаны бірін-бірі мүйіздеп, бірін-бірі жамандап жатқаны — біздің ішімізге, тіпті-ақ сыймайды, ағай (І. Жансүгіров, Шығ.). Қой әрі, онсыз да *ат төбелі́ндей* азғантай қазақты алалап, бірін — жат, бірін — жақын тұта алмаспын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Ат төбелі́ндей* аз қосын, Бірлігімен болаттай. Бөгеп жатты жау жолын, Ел шетіне жолаттпай (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.д.). **Аттың басын қоя берді.** *а) Шапты, жүгіртті.* Біз желіңкіредік. Ол шоқыраққа салды. Біз *аттың басын қоя бердік,* ол шапты, бізден безіп жөнелді (І. Жансүгіров, Шығ.). *ә)* А у ы с. *Тоқтамай көп сөйледі.* Сөзін «жолдастар» деп бастап, ол да бір сағаттай *аттың басын қоя берді* (Ауызекі тіл). **Аттың жалы, түйенің [атанның] қомында.** *а) Асығыста, тығыльтаяңда, жөппелдемеде. Аттың жалы, түйенің қомында* әйел алу оның мақсатынан тыс (К. Оразалин, Көктем.). *Аттың жалы, түйенің қомы* дейтін асығыс, қарбалас күндерде қойын дәптерге түрте салатын кейбір жәйттер бұл («Лен. жас»). Кейде апталар бойы түн қатып жүріп, түс қашады. *Аттың жалы, атанның қомында* өзек жалғай салады (Бұл да). *ә) Әр кезде, әр түрлі жолмен.* Оның үстіне, Қарашұған жалғыз тұрған арал емес, онда Апырбай алып келген не бір кестелі сөз, көркем жырмен қатар, Алатаудан, Арқадан *ат жалында, түйе қомында* талай-талай жақсы әндер де келген екен (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). **Ат [тырнауыш] тырма.** *Жыртылған жердің топырағын майдалау үшін қажетті құрал-сайман.* Байлардың шаруашылықтарында темір соқа, сеялка, *ат тырнауышы* сияқты машиналар пайда болды (ҚазССР тарихы). Колхоздың егістік жерін бұрын *ат тырмамен* тырмалайтын (Ауызекі тіл.). **Ат тіс.** *Күректей үлкен тіс.* Сенің тісің *ат тіс* екен (Ауызекі тіл). **Ат тісіндей.** *Ірі, үлкен, сойдиған.* Ол [Тұрсун Ұшуров] өткен жылы қарауындағы әрбір гектар жүгеріден 125 центнерден *ат тісіндей* дән жинады («Лен. жас»). **Ат ұстар.** К ө н е. *Ұл (әдетте жаңа туған жас бала туралы айтылады). Ат ұстарың* болды, бауы берік болсын!— деді ел (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Көбейсін *ат ұстар,* Болмасын атыстар. Болса егер атыстар, Қалмайды *ат ұстар* (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Ескі ауылдың әдетінше бала туса, қырық жеті ме, *ат ұстар* ма? деп сұрайтын. *Ат ұстар* — ұл; қырық жеті — қыз («Әдеб. майданы»). **Ат үсті.** *Үстірт, жеңіл-желпі, немқұрайды, жүрдім-бардым.* Пішен жинауға *ат үсті,* немқұрайды ғана басшылық етуді бүтіндей тоқтату керек (С. Ерубаев, Шығ.). *Ат үсті* болса да вокзалды, қаланы көру

керек (С. Мұқанов, Саяхат.). Сұрастырып көріп еді, жолыққан жанның бәрі оған *ат үсті* асығыс жауап берді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Ат үстінде.** *Тыным тауып үйде отырмады, ұдайы көлік үстінде болды.* Дәл осы күндерде Базаралы да көбінше *ат үстінде болды* (М. Әуезов, Абай жолы). Үй тігіп жатқан қыз-келіншек, *ат үстінде* мал ішін аралап жүрген ауыл иесі үлкендер аталып өтеді (М. Әуезов, Әр жыл.). ... Жүргенің күн-түн демей *ат үстінде* (Б. Аманшин, Өленд.). **Ат шабыс.** *Ат жарыс, ат бәйге. Ат шабыс,* көкпар тарту, жұма сайын, Танисың айтқызбай-ақ кедей, байын. Тайтұлақ көбеңімен о да жүред, Ал десе қошеметке болып дайын (И. Байзақов, Таңд. шығ.). *Ат шабыс,* күрес сияқты ойындар қыз тойы мен бала туғанда ғана емес, сонымен қатар бай адамдардың өлген туысқандарының жылдығына арналатын астарда да өткізіліп отырады (ҚазССР тарихы). **Ат шалдырды.** *Аттан түсіп, біраз шөп жегізді, әлдендіріп алды; тынықты, дем алды, аялдады.* Ертістің әр жағынан аттанған көк шолағымыз түнімен тыртаңдап, тыным көрмеп еді, енді осы ауылдарға түсіп *ат шалдырып,* сусындап алайық,— деді Сатан (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ат шалдырып,* өздері шешініп, жуынып, біраз тыңайған соң, қайта жүрді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Күн төбеге жеткенде, Ақсеңгердің тасына, Аңрақайдың басына, Өксіп жылап отырып, *Ат шалдырып,* дем алды (Жамбыл, Шығ. жин.). **Ат шана.** *Атқа жегілетін шана.* Шынтас көкше мұздың үстінде жеңіл *ат шанамен* ағызып келеді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Енді бір сәт қарасам, көк ала толқын ішінде адам бейнелері, *ат шана* қаранғайды (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). **Ат шаптырым** [жер]. *Шамамен 2—3 км қашықтық мөлшер.* Айналасы *ат шаптырым* қырат үстіндегі лагерьдің жан-жағын электр тогін өткізген, сыммен он екі рет айналдыра қоршаған (З. Шашкин, Теміртау). Алдымыздағы жау жатқан қыстақ, *ат шаптырым жерде* мұнарлана қарауытып тұр (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Шәһәрдің екі жағы *ат шаптырым* (Қаз. ертегі.). **Ат ізін салмады** [салды]. *Келмеді, қатынаспады.* Бұрын ара-тұра келіп кететін ол, абақтыдан кейін *ат ізін салуды* қойды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Шынымен-ақ көзімнің тірісінде біреуі *ат ізін салмағаны* ма деп, апам көз жасына булықпасын, арманда кетпесін деп келдім (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Міне, содан кейін қазақ артистері біздің жаққа *ат ізін салуды* қойды («Қаз. әдеб.»). **Ат ізін** [суытпады] **құрғатпады.** *Үзбей қатысты, жиі келіп тұрды.* Мықтыбай балалары бірінен соң бірі кеп, *ат ізін суытар* емес (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ноғасбаев *ат ізін құрғатпай* Мамырдың үйіне келіп тұрады (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Отау болып шықтық деп ата-анадан қол үзгеніміз жоқ. Біреуіміздің еңбек ақымызды өкей мен шешейге ай сайын жіберіп, *ат ізін құрғатпай* қатынасып тұрдық («Лен. жас»). **Бесті ат.** *Бес жасқа келген үлкен ат.* Арнаулы платформаға 30 адамды отырғызып көтереді, телеграф бағанын тізесіне қойып омырып, *бесті атты* арқалап жүреді (М. Танекеев, Қажымұқан). Қасқайып қабақтары қарашыңның, Той қылып ойда, қырда санатталған. Сілкініп жабағы тай *бесті ат* болып, Балапан ұядағы қанаттанған (Айтыс). **Жарау ат.** *Мықты ат, қоңды ат. Жарау ат,* айғырды мініп, қалың Тобықтымен көршілес Керейдің, Матайдың басты-басты жерлеріне де жат, суық хабарды алып, шашырап шауып жөнелген-ді (М. Әуезов, Таңд шығ.). Со кезде Ахмет оң қолына қондырған жеңіл лашынның томағасын сыпырды да, астындағы *жарау атты* тебініңкірей шоқыта жөнелді (С. Мұқанов, Өмір мектебі). **Қазан ат.** *Нәсілі жақсы, үлкен ат.* Қаз мойын *қазан ат* еркекше киінген қыпшақ қызын алып, көз ұшында ағып кетіп барады (Д. Досжанов, Тұлпар. ізі). **Тарлан ат.** *Көптен келе жатқан мініс ат.* Ақ алмасы жарқылдап, Талай жауды турады. *Тарлан атты* бұлады (С. Сейфуллин, Шығ.). Белес-белес қыр екен Оқбанды сай жыра екен. Көбіктінің *тарлан ат,* Жылқы ішінде тұр екен (Қобыланды). **Төл ат.** *Меншікті ат.* Түн олжасына ырза болып, саспай қамданыш, *төл атына* қайта мінген шағында боздың белі көтеріліп, тыныңып қалған екен (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Біздің *төл аттарымыз* ылаушылардың жетегінде (І. Жансүгіров, Әңгім.).

2. **АТ** зат. шахм. *Аттың (жылқының) басына ұқсастырып жасалынған шахмат фигурасы.* Мынау тура, мынау *ат,* слон, король, ферзь... (А. Байтанаев, Болат).

3. АТ з а т. 1. *Балаға қойылған есім, ныспы.*— Мәди менің жолдасым! Менің *а т ы м* Тәуке! (І. Жансүгіров, Шығ.). Менің екі перзентім бар, біреуі ұл бала, *а т ы* — Мақсұт (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Әбікеш өзім *а т ы м* қойған жаста, Әкемде ұл жоқ екен менен басқа (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Шапыраштың әсілім, Айқын деген нәсілім, Үмбетәлі өз *а т ы м*, Сөз айтпаймын жасырын (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). 2. *Атақ, даңқ.* Ұлы Ленин есімің Ұран болған еліме, Сенің *а т ы ң* майданда Құрал болған еліме (Н. Байғанин, Шығ. жин.). Енді бір кезек біздің сапарымыз, алыстан *а т ы н* көп естіген, көкейімізге мейлінше сіңген мақтаның өзіне оралды (Алғы шептегі.). «Атың шықпаса жер өрте»,— дейді. Жер өртеп шығарған *а т ы ң ы н ы ң* несі мұрат? (Абай, Тол. жин.). 3. *Мамандыққа, кәсіпке байланысты лауазым.* Бұл күнде ардақты *а т* «қойшы» деген, Әркім-ақ ашына болар қойшыменен (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өленд.). Алды мақтау қағазды, Гүлсім-дағы мақтанды. Бір кластың ішінде «Отличник» *а т т ы* алды (О. Шипин, Өмір өрнегі). 4. *Бір нәрсенің атауы, сөз арқылы белгілену.* Балықшылармен танысып болғаннан кейін мен қарттардан осы өзеннің *а т ы н* сұрадым (Қ. Исабаев, Арман арнасы). Ақ бидай — алтын астық дәнім *а т ы*, Ақ бидай — бүгін шырқар әнім *а т ы* (Н. Шакенов, Шаттық желі). Өзіне таныс қала *а т т а р ы н*, жер *а т т а р ы н* естіп, Семён де ширай түсті (Х. Рахимов, Қарлығаш). Махмуд Қашқаридың сөздігінде ертедегі Қазақстан тайпаларының, үй жиһаздарының көптеген *а т т а р ы* келтіріледі (ҚазССР тарихы). 5. *Үй жануарларына қойылған қосымша ат; кличка.* Мінеки, мына сиырдың *а т ы* «Ақшабақ», менің сиырым,— деді Тамара әр сөзін үзіп-үзіп айтып (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). 6. А у ы с. *Мән, мағына, жөн.* Совет мектебінің де, совет мұғалімінің де оқытушысы бар, тәрбиесі бар. Оның *а т ы* да — еңбек (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Бір сөз бар: ойда, тілде көп жүретін, *А т ы* оның — бейбітшілік — ел білетін (С. Машақов, Жылдар). Мысалы Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Ол түсімнің *а т ы* — пара (М. Әуезов, Әр жыл.).

◆ **Атқа қонды.** *Өсекке іліңді.* Ол мұнда келгелі бері де *а т қ а қ о н ы п* үлгерді (Ауызекі тіл.). **Ат қойды.** *а) Есім берді.* Мырзатай дауыстады:— Жолдастар! Баламa *а т қ о й ы п* беріңдер (Б. Майлин, Шығ.). Туғанда анаң, қызықтап саған, *А т ы ң д ы қ о й ғ а н* Дәуренбек (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Кешікпей аз жылдан соң, Өмір мені шақырды. Сыр бойында туған соң, Сырбай *қ о й д ы а т ы м д ы* (С. Мәуленов, Торғай қақп.). *ә) Белгіледі, атады.* Неге екенін білмеймін, оған «Катюша» деп *а т қ о й ы п т ы* (В. Момышұлы, Москва үшін.). Сәтжан әр үйдегі бұзауға арнап *а т қ о й ы п* алды (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Кішкене Құрмаш Көксерек деп *а т қ о й ы п* алды (М. Әуезов, Көксерек). *б) Әзіл, қалжың үшін кейде кісіні өз атымен атамай, оған негізгі қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты қосымша ат беріп, айдар тағады.* Маған романтик деп азан айтып *а т қ о й ғ а н* едіңіз, өзіңізге жол болсын! (М. Иманжанов, Адам тур.). Күйеуің мәпелепті еркелетіп, Кеш барып, жұмысынан ерте кетіп, Сен-дағы назданыпсың жан жарыңа, *А т қ о й ы п* әзіл үшін «ерке кетік» (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). **Ат қойып, айдар тақты.** *Ат берді, атақ тақты.* Маған *а т қ о й ы п, а й д а р т а ғ ы п* алды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Айтпақшы, соңғы кезде тамаша *а т қ о й ы л ы п, а й д а р т а ғ ы л ғ а н* қоғамдық тамақтану орындары ашылғанын естігеніңіз бар ма? («Лен. жас»). **Ат тақты.** *Жалған ат қойды.* Елдің қулары маған «Шапшаңбай», «Бас кесер» деп те *а т т а қ т ы* (Б. Майлин, Шығ.). **Аты жер жарды.** *Даңқы шықты, аты жайылды; есімі көп аузында айтылды.* Елшинді мен бұрыннан білетінмін. Жаңа мал тұқымын шығаруда *а т ы ж е р ж а р ғ а н* әйгілі ғалым (Шопан серігі). **Аты жоқ қол** [саусақ]. *Қолдың төртінші саусағы.* «Түздегі жұмыс»— деп, шынашағының қатарына апарып *а т ы ж о қ қ о л ы н* бүгіп қойды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Козлов қарындашты ортан қолы мен *а т ы ж о қ қ о л ы н ы ң* арасына қыса ұстап, сыдырта жазып келеді (Ғ. Мұстафин, Таңд. шығ.). Ордабай екі *а т ы ж о қ с а у с а ғ ы н а* түйенің табанындай екі алтын жүзік салған, жұмыс істеп көрмеген жұмыр саусақтарымен картаны сәнмен текшелеп... отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Атым құрысын** [жерге кірсін]. Қ а р ғ. *Құрып кетейін, жоқ болайын.*— Сүйгенімнен көргенім мынау ма? Бірақ енді өкінбесін! Таңдайына татытармын. Үйелменімен өртемесем, Жүзтайлақ *а т ы м қ ұ р ы с ы н!* (М. Әуезов, Түнгі сарын). Маман бай мынау істі қызық көрсін, Тұра-тұр мынау

топтан атым келсін. Алмасам тоқалдыққа Айманыңды, Кетібар менің *атым жерге кірсін* (Айман — Шолпан). **Атын аузына алмады** [алды]. *Атын атамады, сөз етпеді.* Тіпті одан біржола күдерін үзген бе, соңғы жылы Ғалымның *атын аузына* да *алмайтын* болған-ды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Мұқат Қалишаның *атын аузына алған* кезде, Молдағазы тыжырынып қалды («Лен. жас»). **Атына шаң жуытпады.** *Кір жұқтырмады, жаман ат келтірмеді.* Қайсысы болсын оның *атына шаң жуытпайды* («Лен. жас»). Оның *атына шаң жуып*, жаман сөз жолағанын жүрегің қаламайды (Бұл да). **Атын сатты.** *Атағын пайдаланды, беделін бетке ұстады.* Мен жүрмін талай жердің дәмін татып, Тар жерде амандастың жауап қатып, Жақсының атын айтсам айбынар деп, Біреудің жүрмегейсің *атын сатып* (Айтыс). Молда көп, молда деген *атын сатқан*, Бас алмай өтірік соққан шариғаттан (С. Торайғыров, Шығ.). Сен кімсің Жанғабылдың *атын сатып*, Қарғадай қасына ертіп тоят қылған (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). **Аты өшті.** *Мүлдем құрыды, ұмытылды.* Сендер шетке қағатын Жамбыл *атым өшкен* жоқ! (Жамбыл, Шығ. жин.). Ашаршылық дегеннің *аты өшті*. Қазір күнін көре алмай отырған үйді қаладан да, даладан да таба алмайсың (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әсіресе, өзім өлсем де *атымды өшірмейтін* партияма, халқыма ризамын (Ә. Әбішев, Пьеса.). **Аты өшсін.** Қ а р ғ. *Құрысын, жоғалсын.* Жоғал шапшаң! Атауменен тойғызбақ па ең? *Аты өшсін*, өңшең бұзық. Менің қайғым мазақ қой! Жоғал шапшаң! (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ал, Бірсімбай, ал мына, *Атым өшсін*, ант ұрсын, Алғызбасам осыны (Бұл да). Үмбетәлі ақынның *өшсін аты*, Сен сықылды жеңілсе жөн білместен (Жамбыл, Шығ. жин.). **Аты шулы.** *Әйгілі, атақты, белгілі, аты шыққан.* *Аты шулы* ақын ғой алты алашқа, Қайрап салса өтетін, қара тасқа. Шапырашты дегенге шыдай алмай, Дайындалып өзі отыр бір шайқасқа (Жамбыл, Шығ. жин.). Сонда жаңағы тор төбел аттың бауырында тығылып отырған Оразбайдың *аты шулы* ұрысы — Қиқым атып тұрады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әбен қызмет бабын пайдаланып, ойда орыс, қырда қазақ еңбекшілерін қан қақсатқан *аты шулы* алаяқ (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Аты шықты.** *Атағы елге жайылды.* Тегенеге қымызды толтырып ап, *Аты шыққан* бәйбіше «мырза қолды». Тегенені қойғызып қарсы алдына, Сапырады құлаштап оңды-солды (С. Сейфуллин, Шығ.). *Аты шыққан* әлемге, Фрунзедей ерім бар. Тиген бізге жау болса, Сол батырдың туымен, Соққы берер елім бар (Ақын жырлары). Жиһанға *атым шыққан* «Темір» деген, Күшім бар ешбір жаудан жеңілмеген (К. Райбаев, Жаңа толғау).

4. АТ е т. **1.** *Оқ шығару, оқ жұмсау, от беру.* Қараңғыдан шыға келген адам мылтықты *атып* жіберді (С. Ерубаев, Менің құрдас.).— Әй, тіл-аузың бар неме ме?! Кімсің? Жөніңді айтпасаң, *атам!* (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Келсе-дағы қарсы дәл, Мерген оны *атпады*. Оның-дағы бар шығар, Аққу сынды аппағы (С. Мәуленов, Торғай қақп.). **2.** *Көздеу, бағыттау, бір нәрсені екінші нәрсеге тигізуді мақсат ету.* Көкпен бояған шымыр сақасын шиыра жібереді. Тисе, сақасы орнында қалады, кенейді ұшырып түсіреді. Ол *атқан* сайын қылпылдап тұр бәрі (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ештеңе айтуға зауқы келмей отырған әже: — Мен не айтайын, құлыным, тас *атып* ойнай бер,— деді (А. Лекеров, Түз гүлі). **3.** *Лақтырды.* Жіберді әлгі қапты жерге *атып*, Антұрған шал дәулетке қалды батып (Абай, Тол. жин.). — Керегі жоқ, кимеймін,— деп, отыра қалып, аяғымдағы пималарымды бірінен соң бірін есік жаққа *аттым* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Ашуланып *аттың* Гүлжан кесегін, Дегендейін бекер екен кешегім... (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Құттықтап ерлер бір-бірін, Бөріктерін көкке *аттың* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). **4.** А у ы с. *Биіктен қарғу, құлау, секіру.* Сол оймен *аттың* суға айбаттанып, Бар күшін жинап бойға қайраттанып. Түскен соң жайқын суға бұл батырдың, Ісінің не болғаны айдан жарық (С. Дөнентаев, Шығ.). Уа, сұмдық, алдағаны, алданғаның! Жалт берді жақсы үмітің, армандарың. Үлгердің құр денеңді Еділге *атып*, Құтылып қанжарынан азғындардың (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап.). **5.** А у ы с. *Шапшу, атқылау.* Су шүмектен аспанға *атып* жатыр (С. Омаров, Әңгім.). Есімде Ембі өзені — Су емес, кілкіп май аққан. Күркілдеп жердің өзегі, Фонтаны мұнай айға *атқан* (Қ. Аманжолов, Шығ., жин.). Толқыны тулап көкке *атқан* Теңізді кешер ме екенсің (С. Бегалин, Таңд. шығ.).

◆ **Ала көзімен атты.** *Жаратпады, жақтырмады.* Өзім дербес алам,— деп Қарақатын жанында тұрған жұрттың бәрінен қызғанып, *ала көзімен ата* бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ант атқан.** Қ а р ғ. *Оңбаған, құдай ұрған, қарғыс атқан.* Қашан қалар күншілік, бұл *ант атқан,* Өсек айтып, өтірік жала жапқан (К. Әзірбаев, Шығ.). *Ант атқан,* құдай атқан, кері кеткен, Мойнында көкшолақтың ері кеткен (Айтыс). **Ант атты.** *Оңбады, құдай ұрды, қарғыс атты.* Байыған сайын күтім жоқ, Бейілі кетті, *ант атты* (Абай, Тол. жин.). **Аруақ атқыр.** Қ а р ғ. *Құдай ұрғыр, жолың болмағыр.* Патшаны боқтады деп, *аруақ атқыр,* жер аудартарсың! — деді Жаролла (С. Сейфуллин, Шығ.). **Аруақ атсын.** Қ а р ғ. *Құдай ұрсын.* Осыдан өтірік айтсам, ел тілегін орындамасам, атам Мықтыбайдың *аруағы атсын* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Атар таң.** а) *Шығар күн, ататын таң.* Білемін! Серік болды талай жанмен, Кеш жатып бірге тұрды *атар таңмен.* Қатарлы күзетшінің бірі болып, Отарға кетті өлеңім малшылармен (Ж. Саин, Таңд. шығ.). *Атар таңмен* араласып, Ән шырқаған қандай ерке?! (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). ә) А у ы с. *Аңсаған күн, болар жақсылық.* Сені қысқан сұм замана, Болды міне күл-талқан. Сен аңсаған, құмарланған, Атты міне *атар таң* (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Атар таң, шығар күн жоқ.** *Жақсылық жоқ.* Сонда да талмаймын Бәрібір сізсіз *атар таң, шығар күн жоқ* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Атқан оқтай.** а) *Түп-түзу, тура.* Табиғаттың өзі жол сияқты қып жасаған *атқан оқтай* түзу көзең бар еді (С. Мұқанов, Шығ.). Канал желісі *атқан оқтай* түзу тартылып келеді («Лен. жас»). ә) *Тез, зымырап, зулап. Атқан оқтай* поезы Зырқырайды шапқан ол (Жамбыл, Шығ.). Өтті күн, өтті айлар, өтті жылдар, Зымырап *атқан оқтай* отты жылдар (С. Мәуленов, Жолдас.). **Атқан таңдай.** П о э т. *Ашық, жарқын, сәулетті, көркем.* Көк күмбезі төбеңде жүзер жайлап, Бозша торғай биікте тұрар сайрап. Тұла бойға, толқындап қан тарайды, *Атқан таңдай* құлпырар жүзің жайнап (О. Шипин, Өмір өрнегі). Алаңдап, алабұртып тұрғанында, Алдыңнан қарсы шыққа ақша маңдай. Қалқашың қосылғанда *атқан таңдай,* Көңілің шалықтаған шам жанғандай (І. Жансүгіров, Өлеңд.). Ажарың ашық екен *атқан таңдай,* Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай (Қаз. әндері). **Атып кетті.** *Мөлт ете түсті.* Сыздықтың көзінен жас *атып кетті* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Атып тұрды.** *Тез, қарғып тұрды.* Айғай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа *атып тұрды* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Атып шықты.** *Лып етіп, тез шықты.* Шешесінің алақтаған көзін, үрейленген жүзін көріп, қызы үйден *атып шықты* (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Я сәт! Әлде сор ма әлде бақ па? Төртеуі жалын басып бұққан шақта, Тордан бір *атып шыққан* арыстандай. Әліби зытты атыс шыққан жаққа (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). **Атып ұрды.** *Лақтырды, лақтырып жіберді.* Мұқан есеп-шотпен дебет-кредиттер жатқан папкаларды *атып ұрып,* Бөрілітөбеден келіп бір-ақ шығады (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Көзі жасқа толып тығылып қалған Нәзгүл бұдан әрі сөзге келген жоқ, көйлекті диванға *атып ұрды* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **Гүл атты.** *Гүл шашты, жарды.* Жас ағаштар *гүл атып* құлпырып кетті (С. Омаров, Әңгім.). Өсімдік жаңа толысып *гүл атып* келе жатқанда оның жапырағын жинап алып, күнге кептіріп, қайнатады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Алатаудың бауырында Алма ағаштар *гүл атты* (Ғ. Орманов, Ой қанаты). **Дәм-тұз атсын!** Қ а р ғ. *Дәм-тұздың қасиеті ұрсын!* Сөзіме құлақ салшы, тақсыр тегі, Бестіңді өткен түнде қасқыр жеді. Ал, егер дұшпандықпен көзін жойсам, *Дәм-тұзың* талай татқан *атсын* мені (С. Омаров, Сәукен). **Жалын атқан.** П о э т. *Жігерлі, қайратты, күш-қуаты мол.* Долы шал садаға кет махаббаттан, Сен бе екен тасты құшар *жалын атқан* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Келдім іздеп кең даламның аспанын, Келдім іздеп *жалын атқан* жастарын (Ә. Тәжібаев, Аралдар). *Жалын атқан* жанарыңмен Жүрегімді жандырдың. Су сепші, деп талай бардым, Жауабыңа зар қылдың (Қаз. әндері). **Жатып атар.** *Біреуді біреуге атыстырғыш, шымшымасы бар, қу (адам).* Осыны шығарған өзге емес *жатып атар* Естай болып жүрмесін (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Менің де өз ойыма шақ *жатып атар* құлығым бар (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Көбік атты.** *Көбіктенді, көбік шашты.* Көкдолының арнасы кемеріне сыймай, *көбік атып,* асып төгіліп жатты (Ғ. Сыланов, Шалқар). Жайнаған, жадыраған жаздың буы, Бақа ойнап, балық жүзіп үн қосады. Мөлдірер *көбік атып* көлдің суы (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.). **Қарғыс атқан.** *Құдай ұрған.*

Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан, Ол ісі қанқұмардың *қ а р ғ ы с а т қ а н* (Жамбыл, Шығ. жин.). Өмірдің өзі ғой *қ а р ғ ы с а т қ а н*, Адамды төрт аяқты малға ұсатқан. Көк мұзға айналдырып жүрек отын, Айырған мейірімнен, ар-насыптан (С. Жиенбаев, Қарлығаш). **Қарғыс** [лағынет] **атқыр!** *Қарғыс ұрғыр! Қ а р ғ ы с а т қ ы р* конькиі сырғанақты жұртпен бірге бір рет айналуға да жарамады (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). *Қ а р ғ ы с а т қ ы р* жау менен қорыққанынан жөңкіле қашып бара жатты алдымда («Лен. жас»). Мұның бәрін *л а ғ ы н е т а т қ ы р* оқтың астында, жан ұшырған айқай, кедергілерді кеше жүріп, бойымды бекем ұстау үшін істедім (Бұл да). **Қолқа атты.** *Ісі мұрын жарды.* Үйдің ауасы ауырлап, балық шырышымен тер сіңген киімнің күлімсі иісі *қ о л қ а а т ы п* барады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жаппасбайдың аузынан шыққан сасық иіс *қ о л қ а с ы н а т ы п* кетті (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Құдай атқан.** Қ а р ғ. *Оңбаған, тәңір ұрған. Құдай а т қ а н* қу молда, Берекеңді ұшырып, Кетірейін пыстыңды (Жамбыл, Шығ. жин.). Жасы алпысқа келген, қабағы тырысқан, басынан жаманшылық кетпеген, өзін туғаннан-ақ *құдай а т қ а н* бір мыстан бар еді (Батырлар жыры). **Ант атқан,** *құдай а т қ а н*, кері кеткен. Мойнында көкшолақтың ері кеткен (Айтыс). **Құдай атты.** *Оңбады, сорлады.* Ұрлықпен мал табам деп, Егессе ауыл шабам деп, Сүйтіп *құдай атады* (Абай, Тол. жин.).— Сені *құдай а т т ы:* мынау өліп қалыпты! (Б. Майлин, Шығ.). Бір күні атжалманды *құдай а т ы п*, Ерігіп елеуреді інде жатып (С. Сейтеков, Бойжеткен.). **Құйрық атып.** *Құйрығын көкке көтеріп.* Кейде бұлтың қақты күй, Ойнақтаған құлындай, *Құ й р ы қ а т ы п* құлдырап (І. Жансүгіров, Шығ.). Бір айдан соң құлын тегі, Ойнақ салды *құ й р ы қ а т ы п* (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Оқты көзімен атты.** *Жақтырмады, жаратпады, жек көрді.* Мәжікен бәрімізді *о қ т ы к ө з і м е н а т ы п* тұрған қалпында:— Нұртайда әкелеріңнің құны бар ма?— деді (С. Омаров, Қайырлы жаз). Ол мені *о қ т ы к ө з і м е н а т ы п*, ызаланып қарап қойды («Лен. жас»). **Таң атты.** а) *Түн қараңғысы ыдырады, күн шықты, жарық түсті.* Бір кезде бозарып *т а ң а т т ы* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Асқар ала тауларда Ағараңдап *т а ң а т т ы.* Үйеңкілі сайларда Үйір-үйір мал жатты (С. Мәуленов, Жаз ерке). Әлдеқашан ай батты, Алтын иек *т а ң* да *а т т ы.* Ескерте салса қайтеді, Сағат шіркін «алдаптым» (М. Әлімбаев, Лирика). ә) А у ы с. *Жаңа заман туды, теңдікке жетті, бостандыққа ие болды.* Октябрьдің *т а ң ы а т ы п*, Елімде бақыт орнады (К. Әзірбаев, Өленд.). Октябрь *т а ң ы а т қ а л ы* Талқан боп жаудың қақпаны, Жерді қауып жендеттер, Тұңғиыққа батқалы (Халық ақындары). Октябрь *т а ң ы а т п а с а*, Октябрь шырақ жақпаса, Бәріңді де көрер ем. Октябрь менің анам да, Октябрь *т а ң ы а т қ а н* соң, Ие болғам қаламға (Партия тур. өленд.). Екінші күн тарих *т а ң ы а т қ а л ы*, Большевиктер тыныс, дамыл таппады (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). **Тас атты.** *Қастық істеді, жаулық жасады, дұшпандық ойлады.* Жолында жүрген баурыңа *Т а с а т т ы ң д а р* бәрің де. Мырзаларға қосылып, Жастарың да, кәрің де (С. Сейфуллин, Шығ.). Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай? Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай? Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып, Білмей жатып *т а с п е н е н а т қ а н* қандай (С. Торайғыров, Шығ.). **Тәңір атқан.** Қ а р ғ. *Құдай атқан.* Құлағын сатқан *т ә ң і р і а т қ а н* Оңдырар ма, оңар ма? (Абай, Тол. жин.). Тұрмыс деген *т ә ң і р а т қ а н*, Ұйықтап жатқан айдаһар. Оят-тағы аузынан «Бақ» дегенді барып ал (XX ғ. қаз. ақын.). **Тәңір атты.** *Құдай ұрды, оңбады.* Би, болысты *т ә ң і р а т т ы* Ел қорғауға жарамай, Ағайынды еңіретті, Көз жасына қарамай (Жамбыл, Шығ. жин.). **Толқын атты.** *Толқынданды, құлпырды.* Бұрынғы сары дала енді қара бұйра *т о л қ ы н а т ы п*, көкжиекпен астасып кетіпті (З. Иманбаев, Кең аймақ). **Шашақ атты.** а) *Күлгеленді, шашақ жарды.* Жапырақ алақанын күнге жая, Жайқалды нәсер құйып жасыл ая. Миуасы жұпар шашып, *ш а ш а қ а т ы п*, Бауырында көленкеден түсті сая (Ақын жырлары). ә) А у ы с. *Өсті, толды, толысты.* Сен өмірдің бақшасында, *Ш а ш а қ а т т ы ң* жазғытұрым. Жас бұлбұлың қақ қасында Тамылжытқан жүрек жырын (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Шешек атты.** *Гүлдеді, гүлшаштыы.* Нұрға бөленген жасыл далада *ш е ш е к а т қ а н* көктемгі қызғалдақтай, керемет дәуірде өсіп, тәрбиелендім (С. Ерубаев, Шығ.). *Ш е ш е к а т қ а н* сан гүлдер құлпырып тұр (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Ол жаңа шығып *ш е ш е к а т қ а н* бір қызыл гүлді жұлып алды (С. Бегалин, Ана қайраты). **Шыршық атты.** а) *Тықыршыды, тыным таппады.* Шайдай ашық ауада

астындағы құр айғыр *ш и ы р ш ы қ а т ы п,* ауыздығымен алысты (Х. Әбішев, Аспан сыры). Жараулы ат ауыздықпен алысып, бір орнында *ш и ы р ш ы қ а т а д ы* («Қаз. әдеб.»). Сона буған аттар *ш и ы р ш ы қ а т ы п,* бір орында тұра алмай шыр айналады (Бұл да). ә) А у ы с. *Ызаланды, ыза кернеді, мазасы кетті.* Кектенін надан зұлымға *Ш и ы р ш ы қ а т а р,* толғанар (Абай, Тол. жин.). Осы жолы оларға қалайда тілін алғызғысы кеп, *ш и ы р ш ы қ а тқ а н ы* сонша лық, бозғыл беті ду етіп, ызалы жас көзіне кеп қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлгі әзірде не істерін білмей тартыншақтап тұрып қалған Күреңбай ашулы арыстандай *ш и ы р ш ы қ а т ы п,* бар пәрменімен ұмтылып келіп, Нұртайдың алдына қасқиып тұра қалды (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Ықылық атты.** а) *Ықылықтады.* Әдхам оқтын-оқтын *ы қ ы л ы қ а т ы п* қойғанда, аузынан ханжа исі аңқиды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).— Бұзаубай төрем,— деді *ы қ ы л ы қ а т ы п,* істік мұрын сары кісі,— анау сын мақала жазатын жүгермек біздің жақтың баласы («Қаз. әдеб.»). ә) *Көз жасына булықты, солқылдап жылады.* Володяны құшағына алып, уатып *ы қ ы л ы қ а т ы п* жатыр (А. Лекеров, Қырдағы ән). Енді оның өксуге де шамасы жоқ, *Ы қ ы л ы қ а т а д ы* тек ауық-ауық (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). б) *Аузы-мұрнынан шыққанша іште, тойды.* Смағұл аузы-мұрнына қымыз кетіп, шашалып, *ы қ ы л ы қ а т ы п,* тағы бақыра тұрды (М. Әуезов, Шығ.). Содан бір тастап-тастап ап, *Ы қ ы л ы қ а т п а й* тынбайды. Ширатып мұртын таспалап, Жабасты салғырт тыңдайды (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Арақ, әсіресе, шоферлардың қас жауы. Бірақ кейбір шоферлар соны көре, біле тұра тентек суға *ы қ ы л ы қ а тқ а н ш а* тойып алады («Лен. жас»). в) А у ы с. *Болып толды, кемеліне келді.* Өсербайдың ол кемеліне келіп *ы қ ы л ы қ а т ы п* тұрған кезі ғой (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АТ: Насыбай атты. *Ерніне насыбай салды.* Ол *н а с ы б а й ы н а т т ы* да, шыртылдата бір түкіріп алды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Әміржан іргеден шақшасын алды да, *н а с ы б а й ы н а т ы п,* сөзін жалғады (З. Шашкин, Өмір тынысы). Орта Азия халықтарының *н а с ы б а й а т а т ы н* әдеті бар (Е. Оразақов, Дәрігер.).

1. АТА з а т. 1. *Туған әке, өз әкесі. А т а д а н* алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ (Абай, Тол. жин.). «Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген *а т а д а н* бала ұлгі ала алмайды»— дейді Абай (М. Әуезов, Әр жыл.). *А т а ң* да, анаң да жақсы еді (Қаз. ертегі.). *А т а* көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер (Мақал). 2. *Үлкен әке, әкенің әкесі; бергі ата.* Мұхтардың *а т а с ы* Әуез. Абайдың құрбысы ғана болып қоймай сонымен бірге пікірлесі де болады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Сен кеше жалбыр тонды жетім едің: Сонда сен тіршіліктен не тіледің? *А т а ң* мен әкең сенің жете алмаған, Арманға бұл кезде сен жетіп едің (Қ. Аманжолов, Шығ.). Күйбеңдеп жүр *а т а с ы:* «Жылы киім киген» деп. Састы мама, папасы: «Суық қайдан тиген» деп (А. Шамкенов, Сағат). 3. *Адамдардың туыстық, қандастық жігі; ру.* Мұнда *а т а* қуатын дәнеңе жоқ. Осы арада партия, комсомол, рабочком — бәрі бар, бәрі де кеңестің көзі (М. Әуезов, Тастүлек). Он ауыл төрт *а т а ғ а* бөлінеді (Б. Майлин, Шығ.). *А т а* жағынан қуғанда мен Әлтидің туысымын (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Жақсы *а т а н ы ң* баласы екенсің. Мен де бөтенің емеспін: Сармантай ішіне сіңген, баяғы Ағыбай батырдың тұқымынан боламын (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). 4. *Тегі, нәсілі, шыққан жері, тұқымы.* Кім жетсе талабы, өнерімен жетеді. Оларға *а т а ң* қалмақ деп кім бөгет болады? (Абай, Тол. жин.).— Батыста да бар ғой, нағашы, ондай сөз. Мысалы, бұрынғы Рим елінің *а т а л а р ы* Ромул мен Ремді қасқырдың қаншығы емізіп асырапты демей ме? (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Сілекей негешұбырмасын, жылқы жарықтықтың еті біздің *а т а м ы з д ы ң* тамағы ғой (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *А т а м ы з* ағаштан ағашқа секіріп, Жамылып жүрді ғой жапырақ (Т. Исмаилов, Есіл). 5. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі.* Сөденді жас әйел *а т а,* қайнағаларынан жасырынатын болса керек, жаулығының ұшымен бетін қалқалай келіп, оған қолын ұсынды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ғұрып бойынша күйеу ежелден *а т а* сыйлайды ғой. Ал күйеуді пайғамбар да сыйлап өткен дейді (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 6. *Қария, қарт, ақсақал (құрметтеу, сыйлау мағынасында).*— Ей, *а т а,* қылған ісің рас екен. Қонақ боп біздің үйден дәм тат,— деді (Абай, Тол. жин.).— Уа, *а т а,* жаһан кезген мен бір бала, Мен де жоқ туған-туыс, ата-ана. Біреудің малын бағып, отын тасып, Басымды асыраймын жалғыз ғана

(Ж. Саин, Таңд. шығ.).— Сәлеметсіз бе, *ата*,— деді Ұлтай сыбызғыдай жіңішке үнмен, көзіне құйылған терін сүртіп (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). 7. А у ы с. *Бір нәрсенің негізі, басы, түп төркіні.* В. И. Ленин А. Н. Радищевті орыс халқының азаттық идеясының *атасы* деп атады (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Мұндасы, көшкен елдің қиялдасы, Ал, тебірен, ақ сақалды күй *атасы:* Келеді сені тыңдап баяғыдан Өлкенің өзен, тауы, қия, тасы (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Қазақта «су *атасы* — бұлақ, сөз *атасы* — құлақ, жол *атасы* — тұяқ» деген мақал бар (С. Мұқанов, Саяхат.). Байлықтың *атасы* — еңбек, Анасы — жер (Мәтел).

◆ **Арғы ата.** *Үлкен әкесінің әкесі, баба.* Абайдың өз әкесі — Құнанбай, атасы — Өскенбай, *арғы атасы* — Ырғызбай (М. Әуезов, Әр жыл.). Оның *арғы аталары* да кедей адамдар болып, ауыл арасында «бес жалаңаяқ» деп атанып кетіпті (К. Әзірбаев, Шығ.). *Арғы атамды* сұрасаң Сүгірәлі, Бергі атам онан туған Ыбыралы (Айтыс). **Атадан қалған мал жоқ.** С ө й л. *«Өзім жидым, өзім жұмсаймын» деген мағынада. «Атадан қалған мал жоқ»* деп Дүйсенбай қалтасынан 500 сом ақша шығарып берді (Ауызекі тіл). **Ата жау.** *Ежелгі дұшпан, нағыз жау. Ата жауы* кешегі күні уысына түссе, бас кесуге қолы қалт етпес еді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).— Сен кәрі төбет *ата жауымсың.* Әкемнің атынан, өзімнің сәлемімнен садаға кет! (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Енді міне, сол сенім күтпеген жерде күйреп, бір секундтың ішінде өзінің *ата жауы,* қара қасқа кедей жігітке пенде болып қалды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Ата жолы.** *Ескіден қалған жөн-жоба, әдет, дәстүр. Ата жолы,* шариғат жолы бұйырып отыр (М. Әуезов, Абай жолы). Жайыңа жүр. Болысты, биді, қазақтың *ата жолын* сен өзгертпекпісің! (Д. Әбілев, Ақын арманы). Сақтады ол *ата жолын,* Жасқанған жоқ жауған оттан (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). **Ата жолын қуды.** *Ата салтын сақтады, ата кәсібін жалғастырды. Ата жолын қуып* келе жатқан нағыз момын да мығым шаруа (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). Әсіресе оның жақсы көрген баласының бірі — Мұхамбеткерей *ата жолын қуар* деп сенеді (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Адал ұлдан не пайда... Қару-жарақ тағыныш, Тәуекелге бел байлап, *Атаның жолын қумаса* (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Ата жұрт.** *Ежелгі мекен.* Енді ойласақ, не қалды, *Ата жұрттан* кету бар. Жолға тігіп не жанды, Тәуекелге беку бар (Жамбыл, Тол. жин.). Мінді атқа қайдасың деп *ата жұртым?* Ер болса іздейді ғой әркім де ұлтын... (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Ата кәсіп.** *а) Атадан келе жатқан шаруашылық, тіршілік. Ата кәсібі* ағшылық болғандықтан андамандықтарға ит көп көмек көрсетті («Қаз. әдеб.»). Жауды жеңіп қайтқаннан кейін [Ілекең] қайтадан *ата кәсібіне* кіріседі (Бұл да). *ә) Ескі кәсіп, бойға сіңген әдет.* Қосып айту оның *ата кәсібі* болғандықтан мен онша таңырқай қойғам жоқ (Ауызекі тіл). **Ата кек.** *Ежелгі намыс, өшпенділік.* Залымдардың мойнында алынбаған *ата кегім* бара жатыр, көремісің, түсінемісің деген таптық күрес идеясына шақырғандай болады Жамбыл (Е. Ысмайылов, Ақындар.). ...*Ата кек* аяғы кеп бұған соқты (С. Бегалин, Таңд. шығ.). **Ата қаз.** *Қаздың еркегі.* Қапыда адасып бұлт арасына кіріп кетіп, үйірін қайта тапқан *ата қаз* сияқты (Д. Әбілев, Ақын арманы). Алғашқы көтерілген құсқа жіберген бетінде бір *ата қаздың* іліп түскен Аутанның көк қаршығасы, қайта ұшып тағы бір үйректі қағып түсті (С. Бегалин, Бала Шоқан). **Ата қоныс.** *Ежелгі мекен, тұрақ.* Ана жолы Маңғыбай ауылдарының *ата қонысы* шабындығынан шапқан шөбіне шейін өртеп жібердің (С. Көбеев, Орынд. арман). — Қанға не оны малмай, не бүкіл Мамыт малынбай *ата қоныстан* кете алмаймыз (Д. Әбілев, Ақын арманы). *Ата қонысымызға* ел көшіріп әкелінеді дейді ғой. Тілекең қайтсін, соған күйінген де (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Туған анам сияқты Ормандыата қонысым. Бала күнгі мекенім, Жоғалдың ба, әлде солмысың? (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). **Ата мекен.** *Ежелгі қоныс, байырғы тұрақ, жай.* Менің *ата мекенім* Аба тауының қойнауында Қарашілік деген жер (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақтың көп рулары *ата мекен* қонысынан босып ауып кеткен (Е. Ысмайылов, Ақындар). Сүйем сені туған ел — *ата мекен,* Абзал анам сенсің ғой құшағың кең. Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсің, Сенен артық не табам, қайда кетем (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Ата мирасы.** *Атадан балаға, баладан немереге қалдырылған мұра, ескерткіш.* Әбілден Нұрымға, Нұ-

рымнан Мұрынға *ата мирасындай* болып қалған Қырымның «қырық батыры» бұған толық дәлел (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). **Атам қазақ.** *Ұлы бабам.*— О, не дегенің,— деді жігіттер,— *атам қазақтың* мақалы бар емес пе: «ер — елдің баласы»,— деген (С. Мұқанов, Балуан-Шолақ). Қайыс арқан Жұбай сонда қолына алды, Аралап әлгі жерде малға барды. Аруағы *атам қазақ* қолдай көр деп, Ішінде жирен тайға шалма салды (Батырлар жыры). **Атамнан эрман.** *Аулақ жүр, әрі кет.*— Әже, үйге қонақ кеп қалды. — *Атамнан эрман!* Кетсін әрі! Қондырмаймын де! (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ата мұра.** *Атадан қалған, ертеден келе жатқан мирас.* Сарарқа жері байдікі, Жер бітті ме кедейге. Дауласа кедей бай зекіп, *Ата мұрам* демей ме (Б. Майлин, Шығ.). Жекелік — *ата мұра,* ырым еді, Әрине, қазір емес, бұрын еді. Опшылық — ортақ қазан оғаштау боп, Күрекең бойын тежеп тұрып еді (Бұл да). Патша айтты менің-дағы ойым солай, Бұларды емес бірақ жеңу оңай. Өзге түгіл өзімді жалалады, *Ата мұра* сылауды аман қоймай (Е. Бердин, Екі ойшыл). **Атаңа нәлет!** Қ а р ғ. *Атаңа лағынет, оңбағыр!*— Ол, *атаңа нәлет,* жаман, әліне қарамастан сондай бақұмар. Бақұмар адам таяққа болмаса, ақылға көнбейді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *Атаңа нәлет,* желкесін үзетін бала екен-де (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Атаңа нәлет!* Сен ит пе! Тұра тұр! «Есебіңді айыр» дейді? Есептесермін мен сенімен! (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Ата сақалы аузына [біткен] түскен.** *Егде тартқан, жасы ұлғайған.* Ол *ата сақалы аузына біткенше* балалармен ойнауын қоймады (С. Көбеев, Орынд. арман). Дүкен намаз сабағын *ата сақалы аузына біткенде* үйреніп еді (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Ант ұрған, жас дейтін жас емессің, *ата сақалың аузыңа түскенше* сайтан мінезің әлі қалмапты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.). **Ата салты.** *Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, дәстүр.* Қайда кеткен селоның тұрғын халқы? Нан мен тұз, сүт пен сусын, қызыл гүлін Ұсынатын бар еді *ата салты* (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Жазықты болсын, жазықсыз болсын, бәрібір, *ата салты* солай? («Қаз. әдеб.»). **Атасының басындай сақтады.** С ө й л. *Күтіп, мәпелеп ұзақ сақтады. Атасының басындай сақтап* жүрген, сәлдесінің ортасы шұрық тесік (Б. Майлин, Шығ.). **Бергі ата.** *Әкесінің әкесі, үлкен әке. Бергі атаң* Құтымбет пен ер Балсейіт, Тұрсынның аманбысың Сүлеймені (Айтыс). Арғы атамды сұрасаң Сүгірәлі, *Бергі атам* онан туған Ыбыралы (Бұл да). **Жеті ата.** *Сегізінші атаға дейінгі аталары, тұқым-тұғияны; туыстықтың тоқталған шегі.* Әкесі аттан өлген кісідей-ақ, Неткен жұрт мал өлтірген *жеті атасың!* (Абай, Шығ. жин.). *Жеті атам* мүлкін талатып, Жем болды-ау, құдай, сал басым (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Бар мүлкі осы қолында *Жеті атаның* көзі екен! Тоқыған өмір бойында Жетінші әже өзі екен (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.). **Жылқышы ата.** *Жылқы малының киесі, қорғап-қолдаушысы, пірі.* Түйенің «ойсыл қара» деген, сиырдың «зеңгі баба» деген, жылқының *«жылқышы ата»* деген «иелері» бар деп нанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Мал баққан қазақтар арасында көбіне шопан ата, ойсыл қара, зеңгі баба, *жылқышы ата* жайындағы еңбекші образдары айтылған («Лен. жас»). **Кіндік ата.** *Жаңа туған жас баланың кіндігін кесуші ер адам.* Ол біздің Ваняның *кіндік атасы* еді (Майдан). **Қай атанда көрдің.** *Қайдан, қашан көрдің, қайда бар.* Еркекке еркек ғашық болғанын *қай атаңда көрдің?* Сен қызықсың-ау өзің (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Қасқырдың қызын алғанды *қай атаңда көріп* едің (Қаз. ертегі.). **Қайын ата.** а) *Күйеуінің әкесі (қалыңдыққа қатысты).* Мұнда әкем қалды деп, қам жемеңіз, жар-жар-ау! Жақсы болса *қайын атаң,* Орын басар, жар-жар-ау! (С. Сейфуллин, Шығ.). Кейқуат Ақбөбектің *қайын атасы,* Бау кеспе «батыры» көп барымташы. «Қабан» деп қаталдықтан аты шыққан, Қазаққа кеткен емес қарымтасы (Б. Адамбаев, Ақбөбек). *ә) Әйелінің әкесі (күйеуге қатысты). Қайын атасы* ауылдан қайтысымен шұғыл өзгерген. Сан сұрағанда бермей жүрген қалыңдығын «берем» деп хабарлады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кей-Қауыс көргеннен соң оқып мұны, Екен деп *қайын атамның* анық шыны, Аттарын апыр-топыр ерттеттірді, Жүруге жеделдетіп буып жыны (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Нағашы ата.** *Шешесінің әкесі, немесе шешесінің жасы үлкен туыстары.* Маған *нағашы атам* айтты. Бұл бір қожаның ерте кезде салдырған мешіті екен (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Кейде түске кіреді, Дәл өңімдей баяғым. Тай қып мініп жүремін, *Нағашы атам* таяғын (Ә. Тә-

жібаев, Шығ.). *Нағашы атам* Мақтамазам әулие, Қысылған жерде қолдаған. Домалақтай енеме Тіл тигізген оңбаған (Айтыс). **Шекшек ата.** *Ешкі малының иесі, киесі, пірі.* Қойды көсем бастайтын, Өткелден үркіп саспайтын. Қарағай мүйіз серкелі, Шүйде жалды желкелі, *Шекшек ата* баласы Ешкі бассын үйіңді! (С. Сейфуллин, Шығ.). **Шопан ата.** *а) Қой малының киесі, қорғаушысы, пірі.* Қойдың *«шопан ата»* деген иесі бар (С. Сейфуллин, Шығ.). Мал баққан қазақ арасында көбіне *шопан ата,* ойсыл қара... жайындағы еңбекші образдары айтылған («Лен. жас»). *ә)* А у ы с. *Қойшы, қой бағушы (құрметтеу мағынасында).* Қалыспайтын дүбірден Албырт бала кезінде, Болар солай жүгірген *Шопан ата* өзі де (С. Мәуленов, Торғай қақп.).

2. АТА е т. **1.** *Бір нәрсенің атын айту.* Байсал енді шұғыл істелетін жұмыстарды *атады* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ол оқитын, пайдаланатын кітаптарды *атады* (С. Шаймерденов, Болашақ.). Шамасынша өз көмегін Базаралы да *атаған* еді (М. Әуезов, Абай). **2.** К ө н е. *Біреуге деп белгілеп қою, арнау.* Атам өлсе *атамас* малымның бірі еді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Алтынбек көк төбелін *атап* қойды, Бәйгі алған мейрамдарда сан жарысып (Ж. Өмірбеков, Батыр. қалыңдығы). Сұм жалған сегіз жылдай қолды матап, Жолыңа шыға алмадым сарбас *атап* (Қаз. әндері).

◆ **Атаған жерінен шықты.** *Дегені болды, айтқанын орындады.* Алғашқы онкүндікте елу ғана емес, елу екі процентке жеткізіп облыс өзі де *атаған жерінен шығыпты* (Алғы шептегі.). **Атай көрме.** *Оны айтпа, атама, олай деме, Атай көрме,* Күнікей... Сөнген өртті қайта тұтат дегенің бе (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). — Жоқ, шырағым, пышақтан жаным шошиды, *атай көрме!* (З. Шашкин, Өмір тынысы).— Жоқ, жоқ, *атай көрменіздер,* маған ешқандай сыйдың керегі жоқ,— деп Нұржан безек қақты (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Атап айтқанда.** а) *Анықтап, дәлірек айтқанда.* Сіздің *атап айтқанда,* қанша және нені алғаныңызды, қайда, қалай жаратқаныңызды жазып жіберуіңізді көптен бері-ақ сұрап келемін («Қаз. әдеб.»). ...*Атап айтқанда,* ұсақ колхоздарды бірыңғай колхоз поселкелеріне көшіру жұмысы тездетілді (Ж. Шаяхметов, V съезд.). *ә) Жекелей алғанда, саралағанда.* ...*Атап айтқанда:* Саттаров, Камалов, Шәмиев тағы басқалары (Қ. Әміров, Жастық шақ). **Атап айтты.** *Айырықша, баса көрсетті.* Бізде мектеп балаларын жүйелі түрде тәрбиелеудің жүзеге асырылғандығын *атап айтты* («Халық мұғ.»). **Атап кетті.** *Ауызға алды, атын атады.*— Осы жұрт Мырзажан деген біреуді көбірек *атап кетті,* сол өзі кім? (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Атап көрсетті.** *Баса айтты.* Поэманың совет поэзиясында да аса ірі шығарма екенін Н. Тихонов, Л. Соболев және басқа орыс жазушылары да айрықша *атап көрсетті* (Е. Ысмайылов, Сын.). **Атап өтті.** *Баса айтты, атап көрсетті.* Абайдың мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бікейұлының еңбегін айрықша *атап өту* керек (М. Әуезов, Әр жыл.). **Атын атады.** *Есімін айтты.* Күлəнда бір күні көшеде кетіп бара жатқанда, біреу *атын атап* дауыстады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Салықтың *атын атап,* оның туған күніне арнап шақырған соң қалай бармассың (С. Омаров, Хантағы). **Жоғарыда атаған.** *Атап өткен, аталмыш.* Тауларында *жоғарыда атаған* күн құдайының суреттері сақталыпты (М. Әуезов, Индия очерк.). *Жоғарыда атаған* мақалдардың бәрі де өмір шындығына негізделіп туған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АТА-АНА з а т. *Әке-шеше.* Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен *ата-ананы* Абай үнемі мінеп отырған (М. Әуезов, Әр жыл.). *Ата-анаға* көз қуаныш, Алдына алған еркесі. Көкірегіне көп жұбаныш, Гүлденіп ой өлкесі (Абай, Тол. жин.). Баласын жақсы көрмейтін *ата-ана* жоқ (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). *Ата-аналарың* қадірін, балалы болғанда білерсің (Мақал).

◆ **Ата-аналар комитеті.** *Мектеппен үздіксіз байланыс жасау үшін сайланатын ата-аналар органы.* Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастыру ісінен мектептің партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен *ата-аналар комитеті* шет қалған («Қазақст. мұғ.»).

АТА-АНАДАЙ с ы н. *Ата-ана тәрізді.* Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Жан-жануар, адамзат анталаса, *Ата-анадай* елжірер күннің көзі (Абай, Тол. жин.).

АТА-АНАСЫЗ с ы н. *Әке-шешесіз.* Осы залым кемпірдің қастығымен Жапан-

да қаңғып өстік *а т а-а н а с ы з* (Батырлар жыры). Жылапты, екі көзден қан ағыпты, Жас үміт, жарық дүние жоғалыпты. Атаның *а т а-а н а с ы з* қу жетімдік, Басына сордың бұлты оралыпты (Пернедегі термелер). *А т а-а н а с ы з* балалардың үйінде: «Бүгін бізге Ленин келмек»,— деседі (Партия тур. өлең.д.).

АТА-БАБА з а т. *Ата-тек, тұқым-тұрыян. А т а-б а б а м* малдың ағын сатып күн көрген жоқ (Б. Майлин, Шығ.). Бұл дала бұрын менің *а т а-б а б а л а р ы м н ы ң* жаз жайлауы болған екен (С. Шаймерденов, Мінез). *А т а-б а б а м* мінбеген жорғаға мінсем, немене, түсіп қалам ба үстінен (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АТАБАСТА е т. к ә с і б. *Егіннің арасынан піскен жерлерін орып алу.* Иса тарысын *а т а б а с т а п* жүр, пісіп қалған көрінеді (Диал. сөздік).

АТАВИЗМ з а т. б и о л. *Организмде арғы тегінде болған кейбір белгілердің қайталану құбылысы. А т а в и з м* арғы ататегінде болғанымен, келе-келе жоғалып кеткен белгінің немесе органның әйтеуір бір ұрпағында қайтадан келіп пайда болуы (Т. Мұсақұлов, Ботаника). Органикалық дүниенің тарихи дамуының тағы бір айғағы — *а т а в и з м* құбылысы яғни ататегінде бар белгілердің ұрпақта қайталануы (Жалпы биол.).

АТАҒАТ з а т. к ө н е. *Сый, құрмет.* Қазақтар үлкендеріне бек жақсы *а т а ғ а т* қылатын еді («Айқап»).

АТАҒАШ з а т. ж е р г. *Ат байлайтын мама ағаш.* Тұяқ жерге түсіп, атын қос жанындағы *а т а ғ а ш қ а* байлады да, құлпын ашып «қызмет бөлмесіне» кірді (И. Салахов, Көкшетау.).

АТАЕКЕ з а т. э м о ц. *Ата сөзінің сыйлау, құрметтеу мәнінде қолданылуы.*— Иә, алшынның ақсақалы, сіздерге *а т а е к е м* біржолата жер белгілеп беріпті ғой (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жоямерген ал сонда: *А т а е к е,* жақын кел дейді. Бір тау келед қимылдап, Осы тауға барайын, Рұқсат маған бер деді (Батырлар жыры).

АТА-ЕНЕ з а т. *Қайын ата мен қайын ене. А т а-е н е н і ң* жоралғысы, елдің дәстүрі бойынша Жамалдың басындағы желегін сыпырып алып, кимешек кигізді (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). *А т а-е н е с і н і ң,* байының ізінен шығайын деген секілденіп келіншек те: Жұмысының көптігінен ағаш жарып беруді де қойды,— деп бір түйреп өтті (Б. Майлин, Шығ.). *А т а-е н е н і* сыйлаған өзгеге де сыйлы адам (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

АТАЙ з а т. э м о ц. *«Ата» сөзінің құрметтеу, сыйлау мәнінде қолданылуы.* Бір күні аңнан кештетіп келе жатқан Омар *а т а й* дәл аяғының астынан ұша жөнелген жылқышыны байқамай қалды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Серік, сен біздің *а т а й д ы* көріп пе ең? (О. Әубәкіров, Бытпылдық).— Досым қарсы алады,— Дейді Максим *а т а й* да.— Мен Сібірден келемін, Ол тұрады Матайда (Б. Аманшин, Өлең.д.).

1. АТАЙМАН з а т. к ө н е. *Мықтысы, күштісі.* Нареке, жұртым сүйген нарым едің. Жасыңнан жыр суына қанып едің. Атаның, ақындардың *а т а й м а н ы,* Тайқымай талай топты жарып едің (Айманкүл, Ана сыры).

2. АТАЙМАН ү с т. д и а л. *Өте, тым, тіпті.* Ахмет бір сыйыр сатып алыпты, оны сойып сатқан екен, *а т а й м а н* семіз болыпты (Диал. сөздік).

АТАҚА з а т. с ө й л. **Шабуыл.** Шекарадағы біздің әскер бөлімдері жауға тойтарыс бере отырып, қарсы *а т а қ а ғ а* шығып, неміс әскерінің көптеген қару-жарақтарын қолға түсіріпті (Ә. Шәріпов, Қапаста.). Сонау ауыр қияң-кескі жылдары Ауыр танк жазға қарсы зырлады. *А т а қ а ғ а* бірге барып танкиспен, Жүрмеп пе еді Магниттау ұлдары? (Қ. Көпішев, Кезеңдер).

АТАКСИЯ з а т. м е д. *Дене мүшелерінің күрделі қозғалысын меңгеретін (басқаратын) жүйке саласының бұзылғандығынан болатын ауру. А т а к с и я* — бұлшық ет тобының қалыпты жұмысының бұзылуынан және мишықтың зақымдануынан немесе ми мен жұлын арасындағы өзара әрекет байланысының үзілуінен, мидың ісуінен және басқа нерв ауруларынан болатын кесел (М. Исамбаев,... Мед. анықтама). Жемшөптегі кобальттің жеткіліксіз болуынан организмде зат алмасу реакциясының бұзылуы нәтижесінде малда жалақтық, сухотка, *а т а к с и я* (аяқ басуының бұзылуы) аурулары пайда болады (Мал шаруаш.).

АТАҚ з а т. 1. *Даңқ, абырой.* Жалған мадақ, арзан *а т а қ* менің табиғатыма сыймайды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Абырой, *а т а қ* әперетін, даңқ шығаратын ерлік бар (С. Төлешов, Түрлі. бас.). Ол сұрамас *а т а қ* пен даңқ, Олар бір күн өзі

келер. Ойламаған сыйлықты да, Алған күні бір-ақ білер (Қ. Аманжолов, Шығ.). 2. *Мамандық, кәсіп.* Тым талдырмаш Үмітке «жұмысшы» деген *атақ* тайлаққа жазы салғандай, жараспай-ақ тұрған тәрізді (Ө. Қанахин, Мұрагер). 1916 жылы оқуды бітіріп, бастауыш мектептердің мұғалімі деген *атақ* алдық. Мұның өзі біздің өміріміздегі үлкен оқиға болды (Аялы жандар). ...Институт бітірдің, оқымысты агроном деген *атақ* алдың (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). 3. *Белгілі бір еңбек саласындағы таланты мен үздік еңбегі үшін берілетін құрметті ат; дәреже.* Нұркен Әбдіров майданда көрсеткен ерекше ерліктері үшін Совет Одағының Батыры деген *атақ* алды (Ол күнд. даңқы). Құдайға шүкір, Социалистік Еңбек Ері деген *атаққа* Ораздың ие болғанына, міне, бір жылдан асты (З. Шашкин, Теміртау). ...Қазақ ССР-нің халық артисткасы деген құрметті *атақ* алған әнші [Роза] әлі өсу, орындау шеберлігін арттыру жолында (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). 4. *Әскери және ғылми қызметкерлердің қызмет жағдайы мен квалификациялық дәрежесін белгілейтін ресми атау.* Соңынан оған кіші лейтенант деген *атақ* беріліпті (К. Тоқаев, Тасқын). Демек, оған әуелі ефрейтор, сосын сержант *атағы* берілді (Е. Қалиев, Рудный.). Ол өткен жылы ғана Москвадағы Ауыл шаруашылық академиясы жанындағы аспирантураны бітіріп, ғылым кандидаты *атағын* алды (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы).

◆ **Атағы жайылды.** *Даңқы шықты, аты әйгілі болды.* Ақырында, сол Сәтемір білімді, әлемге *атағы жайылған* кісі болыпты (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Бүтін елге, бүтін болыс қол астына *атағы жайылған* Шұғылдың білмейтіні бар ма? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бірақ ол жай ғана күріш өсіруші шаруа емес, *атағы* жер жүзіне *жайылған* Жақаевтың жолын қуатын нағыз диқан болуды арман-даған («Лен. жас»). **Атағы жер жарды.** *Даңқы алысқа кетті, көпке танылды.* Стаханов Алексей, Шыққан мынау шахтыдан. Академик — геолог, Даңқты *атағы жер жарған* (Ә. Тәжібаев, Екі жаһан). Сервантес тіпті *атағы жер жарған* жазушыға айналған кездің өзінде жоқшылық қыспағынан құтылмапты («Қаз. әдеб.»). Шығарма Жетісудың *атағы жер жарған* Қарқара жәрмеңкесін суреттеуден басталады (Бұл да). **Атағы шықты.** *Даңқы жайылды, аты жұртқа мәлім болды.* Сол көтерілісте *атағы шыққан* Аманкелді Иманотұлы қосынында қару ұстап күреске шыққан ерлердің саны 40 мыңға таяды деген мәлімет бар (С. Мұқанов, Есею жыл.). Кенен Әзірбаев 18 жасқа келгенде, өзінің туған жері Қордайдың күнгей-терістігіне әншілік, ақындық *атағы шыға* бастаған («Қаз. әдеб.»). **Атаққа таңды.** *Өсекке ілді, жаман ат жапсырды.* Сені мен Нұрланды *атаққа таңды.* Бұрын да бір сыбыс естіп, мән бермеп едім. Кәне, Раушан, не әңгіме бұл? (З. Шашкин, Сенім). **Атаққа шыққан.** *Аты әйгілі, даңқы жайылған.* Долданай одан он бес жас үлкен, өзі елде *атаққа шыққан* көкайыл (С. Мұқанов, Шығ. жин.). «Вихрь» осы қаладағы *атаққа шыққан* екі желгіш жылқының біреуі (Бұл да). **Атаққа ілікті.** *Жаман аты шықты, өсекке ілінді. Атаққа ілігіп,* масқара болған соң, адам жұрт бетіне тура қарай ала ма? (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **Атақ құмар.** *Даңқ құмар, мәнсап құмар. Атақ құмар* кісі жалғандыққа мәз болады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Мұрат оған басын сауғалаған, *атақ құмар,* өзімшіл реуіште көрініп еді (Т. Нұртазин, Мұрат). Бонделетов сахарадағы феодалдық бытыраңқылықты, бәсекелестікті, *атақ құмарлықты* шенейді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Атақ тақты.** *Ат берді.* Сондықтан оған лезде-ақ «маскүнем бухгалтер» деген *атақ тағылып* кетті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Бейбіттшілік сақшысы Деген *атақ тақтың* сен. Күзеттесің бұл күнде, Сонан бақыт таптың сен (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). «Сорлы жетім» деген *атақ, Тағылып* еді бәріңе. Туысымен ұшырадың, Сұм тұрмыстың кәріне (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). **Жаман атақ.** *Өсек сөз.* Аққуым айдын көлде жеке жүзген, Жүрдің бе іліктірмей *жаман атақ* (Қаз. әндері).

АТАҚ-АБЫРОЙ з а т. *Атақ-даңқ, абырой. Атақ-абырой* алғанда осы шелиіп, асып-тасып, әбігер боп қалмаушы ма ек! Мынау екеуі ұялып, үндемеуге тырысады, бұлары несі (М. Әуезов, Шығ.). Шонжарлар бұндай өнермен шұғылданбайды дегенмен, басы Бөкей ханының өзі боп, оның ұрпағынан сан сайгүлік, әнші-күйшілер шыққан. Соны олар *атақ-абырой* көрген (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АТАҚ-ДАҢҚ з а т. *Атақ және даңқ, екеуі бірдей.* Салиқаның *атақ-даңқпен*

тіпті ісі жоқ (Т. Ахтанов, Боран). Әскерге бұдан артық махаббатты, Абырой, азаматтық, *ата қ-даң қы.* Еш тарих бұдан бұрын берген емес, Сондықтан артық оның салтанаты (М. Әшірбеков, Кербез дала).

АТАҚСЫЗ с ы н. *Атағы, даңқы шықпаған; белгісіз.* Бала мінез ойыншы бұрынғылар, Аңқау екен, мазақтап соны сынар. Артқа қарап ақ бейіл шалға күліп, Абиырсыз, *а т а қ с ы з* көрге құлар (Абай, Тол. жин.).

АТАҚСЫЗДЫҚ з а т. *Атақ-даңқы шықпағандық, атағы жоқтық. А т а қ с ы з д ы қ* ешкімге күнә емес, ол үшін қам жемесең де болады (Ауызекі тіл).

АТАҚТЫ с ы н. *Көпке даңқы, аты жайылған; әйгілі, белгілі.* Бұл кісі — Қызылорданың *а т а қ т ы* күрішшісі Ыбырай Жақаев (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Әріп теруші қара баланың осынша *а т а қ т ы* адам боларын кім білген! (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Осы ретте, қазақтың *а т а қ т ы* композиторы, өнерпазы Жаяу Муса Байжановтың творчествосына тоқтап өтуге болар еді (XX ғ. қаз. ақын.).

АТАҚТЫЛЫҚ з а т. *Даңқтылық, әйгілілік, белгілілік.* Сол кезде болған бір оқиға онсыз да аты әйгілі Мұқанды *а т а қ т ы л ы қ т ы ң* биік тұғырына шығарды («Лен. жас»).

АТАҚШЫЛ с ы н. *Даңқын, атағын шығаруға құмар.* «Жұрттың бәріне жақсы көрінгіш, *а т а қ ш ы л* неме, сенің ақылыңа болайын»,— деп тұрсың ғой (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

АТАЛ *Ата етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Алматыда су арзан: қалаға таудан «Үлкен Алматы», «Кіші Алматы» *а т а л а т ы н* суы мол екі өзен құлайды (С. Мұқанов, Саяхат.). Ол үшін *а т а л ғ а н* еңбектерді оқисыз (С. Шаймерденов, Болашақ.). Қазір слет ашылу керек. *А т а л ғ а н* сағат жетті (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

1. АТАЛА з а т. 1. *Суға ұн немесе талқан шалып жасаған сұйық көже.* Кепеге жиналғандар ботқаны тоя жеді де, сусынға салқын *а т а л а* ғана ішіп, ұйқыға жатысты (С. Мұқанов, Шығ.). «Жұт» деген суық сөз оның ұғымында қазанда бұрқылдап қайнаған қатықсыз, сұйық *а т а л а*, арқасы пышақтай, қабырғасы ырсиып құлап жатқан тортөбел құнан болып кірді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). «Тоқсан көрейін деген жасым ба еді, *а т а л а* ішейін деген асым ба еді»— деп, Шандыбас кәрия айтқан екен (Д. Әбілев, Ақын арманы). 2. А у ы с. *Сұйық, сылдыр су. А т а л а* етіп осындай да кеспе жасайды екен (Ауызекі тіл). ◎ Айтылады өте жиі Деген сөздер: «қызыл», «ақтар». Болды *а т а л а* жұрттың миы, Сапырылыс... сабылды аттар (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

2. АТАЛА е т. *Ата-ата деу.* Зейнептің 8—9 жасар ұл баласы бар екен. *«А т а л а п»*, Тасболатты шырғалап, соның қасынан шықпай отырды (Б. Майлин, Шығ.). Тілеуім: өнерпаз бол ұлы-қызым, Мұрагер боп атаңның басып ізін. Балқытты қорғасындай көңілімді, Алты ауыз *а т а л а ғ а н* өлең сөзің (К. Әзірбаев, Шығ. жин.).

3. АТАЛА е т. к ө н е. *Сөйлеу, айту.* Кеседі көре қойса басыңды анық, Тұрсың,— деп, бұл арада не сандалып? Аузыңа келген сөзді *а т а л а м а й* Құр әрі, күн ілгері қосыңды алып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Келгенін аузына ол да *а т а л а д ы,* Сау басын саудаға ұрып шаталады. Шайданы айта келген қоя тұрып, Аяғын Апрасияпқа апарады (Бұл да).

АТАЛАҚТА ет. д и а л. *Тайраңдау, шоқырақтап кету.* Айбарша санынан тартып-тартып жіберіп еді, тайлақ *а т а л а қ т а й* жөнелді (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

АТАЛАҚТАУ *Аталақта етістігінің қимыл атауы.*

1. АТАЛАС с ы н. *Туыстас, тұқымдас, ағайындас.* Сол орайда Тобықтының Оразбайы ғана емес, әсіресе бұның *а т а л а с* туыстары, ұраны бір ет жақындары қаның ішіне тартып, түршіге дем алатын бір сөздерге ауысты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қиын-ау, бір кездегі *а т а л а с* ағайыны, қатар өскен құрбысы, Омардың тұқымынан пәлендей зәбір көрдім деп басқалар айтқанмен, Сағындық айта алар ма? (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Қажығұн өзіммен *а т а л а с,* сондықтан сендім, аталғанын жасырмас дедім (С. Ерубаев, Шығ.). *А т а л а с т ы ң* аты озғанша, ауылдастың тайы озсын (Мақал).

2. АТАЛАС *Атала етістігінен (2-омон.) жасалған ортақ етіс.* Балалар жан-жағымнан *а т а л а с ы п,* жанымды қояр емес (Ауызекі тіл).

АТАЛАСТЫҚ з а т. *Туыстастық, ағайындастық.* Әлі жекжат, *а т а л а с т ы қ,* ауылдастық ынғайымен жүретін жігіттер бірінен-бірі айрылғысы келмейді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қаратілеудің оған *а т а л а с т ы қ* жағынан жақындығы бар

(С. Мұқанов, Шығ.). Ру, *аталастық* ала көздігі осы елді шілдей тоздырып, көгертпей келген көне дерттің бірі ғой (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АТАЛАСУ *Аталас етістігінің қимыл атауы.*

АТАЛАУ *Атала етістігінің (2-омон.). қимыл атауы.* Құмар ек қобызшыны қолқалауға, Жақсы едік жалынуға, *аталауға.* Қобыздан құздың күйін, мұздың күйін, Құмартып келуші едік біз тыңдауға (І. Жансүгіров, Поэм.).

АТАЛҒЫ з а т. *Екі қолмен ұстап, ағаштың қабығын аршитын қисық пышақ* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АТАЛМЫШ с ы н. *Жоғарыда аталған, сөз етіп отырған.* Осы тұрғыдан келгенде *аталмыш* романның атқарар жүгі қаншалық екені әркімге-ақ түсінікті болса керек («Қаз. әдеб.»). Сегізбектің Иманқара, Қойқара *аталмыш* егіз таудың аралығын жаз жайлап, қыс қыстайтын жылқышы нағашысы бар-тын (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

АТАЛ-САТАЛ с ы н. с ө й л. **Сатал-сатал.** Бөлме іші күңгірт. Жаюлы дастарқан шетіндегі *атал-сатал* мыс самаурын түбінде томашадай боп, бүрісіп отырған құр сүлдер кемпір көрінді (Н. Сералиев, Қаңтар).

АТАЛУ *Атал етістігінің қимыл атауы.* Жоғарыда екінші ұрпақтың буданы кемітіліп, жарбай деп *аталуы* да осыдан (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру).

АТАЛЫ с ы н. 1. *Атасы бар.* Аулының көбі бір кездегі Кәтекеңнің қоңсылары, аз *аталы* шеттен келгендер (Ғ. Мүсірепов, Тула. толқын.). Алты *аталы* әлімнің Туын тіккен жері екен. Жауынан адай сақтанып, Жиылып қалған ел екен (М. Өтемісов, Өлеңд.). 2. А у ы с. *Үлгілі, өнегелі, текті, іргелі.* Боранбай: бай және *аталы* жерге барған соң, Айша әшейін жылы суға екі қолын малып отырады,— дейді (С. Сейфуллин, Әңгім.). ...Дәл мынау Оразбайдың жесірін, *аталы* ауылдың қаралы күйде отырған жесірін, атасыз, елсіз, тексіз бір жалғыз кедейге Абай алып қашқызған (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Шарипа *аталы* адамның қызы еді (Т. Нұртазин, Мұрат).

◆**Аталы сөз.** *Жүйелі, мәнді, орынды, ақылға қонымды, мағыналы сөз.* Мен осында сізден *аталы сөз* естимін, ақыл аламын деп келіп едім (М. Иманжанов, Көк белес). Қиянатқа үйренген жан деректі, дәлелді, *аталы сөзді* қайтсін (Х. Есенжанов, Тар кезең). «Ел іші алтын бесік»— дейді. Бұл, халық даналығынан шыққан *аталы сөз* (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). *Аталы сөзге* арсыз таласады (Мақал).

АТАЛЫ-БАБАЛЫ с ы н. *Әкесі мен баласы екеуі. Аталы-балалы* екеуі ұзақ үндеспей отырды (З. Иманбаев, Дала көктемі). Талғар қаласындағы Щорс көшесінің 13, 15, 17, 19 үйлерінде *аталы-балалы* Шумаевтар тұрады («Қаз. әдеб.»).

АТАЛЫҚ с ы н. 1. *Әкелік.* Зәуеде сен теңіңді, не дұрыс жолыңды таппай ренжітсең, *аталық* ақымды кешу маған өте қиын (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Ризамын, балам, ризамын, Ризамын ердің бәріне! *Аталық* сөзім бұл, жаным, Құлағын салсын кәріге (Жамбыл, Шығ. жин.). Қыздың ата-анасы да момын, жақсы жандар көрінеді. Екі жасқа *аталық* батасын беріп, бауыр ет баласы — Бәтиманы құтты жолына шығарып салды («Лен. жас»). 2. Б и о л. *Еркек жынысты. Аталық* гүлдерден гүл шоғыры — шошақбас құралады, ол өсімдіктің жоғары ұшында болады, аналық гүлдер собық гүл шоғы болып шоғырланады (М. Ерлепесов, ... Тұқым өсіруші.). Өйткені тарыда *аталық* малға қажетті Е витамині көп болады (А. Елеманов, Қой шаруаш.). Қаптың сыртында «Победа», «Прогресс» деген жазулар бар. Бұлар буданды жүгерінің аналық және *аталық* түрін көрсететін маркасы екен (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АТАЛЫН *Атал етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сұр зат ми қабығы деп *аталынады* (К. Жарықбаев, Психология). География оқулығында осы өңір, осы дала — Торғай ойпаты, Торғай қақпасы деп те *аталынып* жүр («Қаз. әдеб.»).

АТАЛЫНУ *Аталын етістігінің қимыл атауы.*

АТАМ: **Атам заманғы.** *Ертедегі, бұрынғы, әлдеқашанғы, баяғыдағы.* ...Иттер дауысы, кісінеген жылқылар — *атам заманғы* ескі шым қорғанның ішінде тіршілік барын аңғартады (С. Омаров, Әңгім.). Жер өңдеуде ауыр еңбекті керек ететін *атам заманғы* ағаш соқа, мала және кетпен сияқты құралдар қолданылатын («Халық мұғ.»). **Атам заманнан.** *Баяғыдан, бұрыннан, ертеден.* «От арық, су семіз» болуы *атам заманнан* бұзылмай келе

жатқан шындық. Су қайда болса, құт сонда (С. Мұқанов, Саяхат.). Бұл дала *атам заманнан* бермен қарай адам қолы тимей, бойына біткен зор байлықты сыртқа шығармай келген дала еді (Ж. Саин, Жол үсті.). Қалай болғанда да *атам заманнан* келе жатқан дәстүрді бұзуға болмас (Б. Сланов, Жүзім шоқтары).

АТАМА е т. *Айта көрме, олай деме.* Жоқ, жоқ *атама.* Дәкіментсіз жүруге болмайды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Атама! Атама* оны! Әзіл ғой,— деп зыта жөнелді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). — Ойбай *атамаңызшы,* апай! Жазда етті кім жейді? (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). *Атама,* Оразбаев, бұл сөзіңді Қостар деп тұрсың айтып кім өзіңді! (Т. Жароков, Тол. жин.).

АТАМАН з а т. **1.** *Патшалық Россия тұсында әскери, әкімшілік, полициялық қызмет атқаратын сайланған немесе тағайындалған бастық.* Озбырлықтың нәтижесінде жергілікті халықтар еңбекшілерінің шұрайлы жерлері тартып алынып, әскер басыларға, чиновниктерге, *атамандарға,* ірі саудагерлерге, ірі кулактарға, бай манаптарға үлестіріп берілді (К. Әзірбаев, Шығ.). 1785 ж. 3 мартта хан Орал әскерінің *атаманы* Донсковқа табын руының кейбір ауылдары өзіне дұшпандықпен қарайтынын хабарлады (ҚазССР тарихы). **2.** *Азамат соғысы дәуіріндегі ақ гвардияшылар бандасының басшысы.* Қазір қызыл гвардия Самараны, Орынборды, Саратовты алды, Теке қаласын қоршап, казак-орыстар мен олардың *атамандарын* қуып жатыр (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Атаман* Малышевтың Самсыда тұратын отряды быт-шыт боп қаша жөнелді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). 1918 жылдың майында Сәкен Сейфуллинді ақтардың *атаманы* Анненковтың отряды тұтқынға алды («Лен. жас»). **3.** А у ы с. *Тонаушылар шайқасының не бұзықтар тобының бастығы.* Киімі сондай жақсы *атаманның,* Жап-жаланаш бәрі де қалған жанның. Сары бастық дегенде селт етеді, Үлкен түгіл баласы осы маңның (Дастандар). Байқаймын, сен осы балалардың *атаманысың* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **4.** Ж е р г. *Балықшылар бригадасының бастығы, бригадир.* «Бурыл» деп отырғаны осы қостың *атаманы.* Ол кісінің шын аты Қарабас болса керек (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Әркімнің бір *атаман* болуына билік бермеймін (Бұл да).

АТАМАНДЫҚ з а т. *Атаман болушылық.* Жүз үй казак-орыстардың атаманы болып, екі жылдан соң төңкеріс болып, *атамандықтан* түскен (С. Шарипов, Шығ.).

1. АТАН з а т. **1.** *Піштірілген, ақталған түйе.* Алты *атанға* қос артып, Алты жыл қоныс қарадым (С. Сейфуллин, Шығ.). Он тоғыз, отыз бірдің екі арасы, Кедейдің кеткен сүйтіп барлық жасы, Ат беріп, *атан* беріп Ұсан сұмға, Спесікті өшіртті бай баласы (И. Байзақов, Шығ.). Жібектей желкілдеген шудалары, Аралас боталы інген тумағаны. Маң басқан алпамсадай *атандары,* Тайраңдап қызық тайлақ тулағаны (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.). **2.** С ы н. А у ы с. *Үлкен, зор.* Кейде екі *атан* түйені алдырып, ортасына өзі тұрып, түйелердің мойнына байлаған арқаннан ұстайды да, екеуін сол тұрған орнынан қозғалтпай қояды (М. Танекеев, Қажымұқан). Бірқалыпты *атан* өгіздер мен *атан* түйелер әр адымы ақша екенін өздері де түсінгендей көнігі аяндайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Атан* өгіздің мүйізінен істеген шақшасын алып, Әшір насыбай атты (Қ. Әбдікадыров, Амантай).

◆ **Ақ бас атан.** *Басы ақ үлкен түйе.* Абай тойында палуандарға арналған бас бәйге осы деп: *ақ бас атан,* мақпал шапан қазақтың алып ұлы Қажымұқанның алдына әкелінді (М. Танекеев, Қажымұқан). Секілді *ақ бас атан* ала басы, Бұлт жайлап, бұлттан өзге қона алмаған. Ақша қар ақ күмістей ай шағылып, Жібектей бұлттан басқа оранбаған (И. Байзақов, Шығ.). **Атан жілік.** *Денесі үлкен, ірі.* Інісі Тектіғұл анығында бойы биік, кеудесі талыстай дейтін, қол-сирағы ұзын да сом біткен *атан жілік* азамат еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Атан жілік* мықты шал аяғын нық басып жүре берді (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Атан өгіздей.** *Арыстай, еңгезердей, үлкен.* Екі көзі жайнап бір *атан өгіздей* бір қасқыр алдымда жатыр екен (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Сиыр *атан өгіздей* болса керек (С. Мұқанов, Шығ.). **Атан түйедей.** *Еңгезердей, арыстай.* Күтіп тұрған екі адамның біреуі *атан түйедей* биік денелі, толық адам (С. Мұқанов, Есею жыл.). Күреңбай бойы *атан түйедей,* кесек денелі, қара торы кісі (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Атан түйедей қалап алды.** *Жата-жабысып сұрады, қымбатқа балады.* Ақыры

чехтарға Розаның дауысын жаямын деп жаңағы пластинканы *атан түйедей қалап алғаны* ғой («Лен. жас»). **Атан түйенің жүгіндей.** *Ауыр, үлкен, көп.* Астық жинау ісінде *атан түйенің жүгіндей* міндет артатын мекеме — «Казсельхозтехника» («Лен. жас»). **Сары атан.** П о э т. *Жасамыс үлкен түйе. С а р ы а т а н* неге күйсемей жатыр екен, апасы? Дені сау ма өзінің (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қыстан сіңірі шыққан *с а р ы а т а н ғ а* бар жүгін артып, үй-іші шұбырып жаяу кетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Нақысбек пен Маржангүл жаңағы көштің бел ортасындағы *с а р ы а т а н н ы ң* үстінде, көздері жаудырап өтіп кетті (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

2. АТАН *Ата етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қартаға да таңбасы түскен бұл құдық «Қырық құлаш» *а т а н а т ы н* (К. Оразалин, Ақ жазық). Менде бар ед берілгендік, сүюшілік Отанды, Сондықтан да төңкерістің солдаты боп *а т а н д ы м* (С. Ерубаев, Шығ.). Болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ, Ауылы малға топыр болған ойнақ. Терісін бес айғырдың саба қылып, Сабасы *а т а н ы п т ы* «түйе мойнақ» (Айман — Шолпан).

АТАНАҚ з а т. к ә с і б. *Құдықтан су тартқанда арқан жылжып тұру үшін салынған блок.* Шығырмен су тартқанда *а т а н а қ* өте қажет (Диал. сөздік).

АТАНАҚ-БҰТАНАҚ с ы н. *Ойлы-қырлы, ойқы-шойқы* (Диал. сөздік).

АТАНДАЙ с ы н. 1. *Атан сияқты. А т а н д а й* алшаң басқан аяғымсың, Көтерген күллі денем таяғымсың... (Нұржан Наушабаев). Өздеріндей хандардың, Қарны жуан билердің, *А т а н д а й* даусын ақыртып, Лауазымын көкке шақыртып, Басын кессем деп едім (М. Өтемісов, Өленд.). 2. А у ы с. *Арыстай, еңгезердей; түйедей.* Бөрінен бойы биік, түрі қатал, *А т а н д а й* ортасында отыр Қапар. Түксиіп отыр ойлап, тұман басып, Қадалған көзі қайда төгіп қаһар! (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Әбіжанды айтпаймыз, *А т а н д а й* деп денесі (І. Жансүгіров, Шығ.).

АТАНДЫ с ы н. *Атаны бар, атан түйе мінген.* Сары *а т а н д ы* қазақ бөрінен бұрын келді (Ауызекі тіл).

АТАНДЫР *Атан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мынау отырған Шұбар мен Әзімбайларды Құнанбай нәсілі демей, қастерлеп, «қажы баласы» деп *а т а н д ы р а т ы н* болған (М. Әуезов, Шығ. жин.). Абырой, атақ өнеріп, ер *а т а н д ы р а р* осы еңбек емес пе, достарым! (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Есімді балалар мінезі үшін «үндемес» *а т а н д ы р ы п* жіберді (А. Лекеров, Түз гүлі). Еңбек ер *а т а н д ы р а р* (Мақал).

АТ-АНЖАМ з а т. к ө н е. *Ат-әбзел, ер-тұрман.* Сұрмерген тұрды орнынан Сауселамат, жайма-жай, Уақыты хош, көңілі шат. Әзірлеп *а т - а н ж а м ы н,* даярлатып, Ақбайдан қайтуына алды рұқсат (Үш ғасыр.).

АТАНТ *Атан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жас жалбыз, мен де жалғыз, сен де жалғыз, Жастықта жақсы өмірге ынтызармыз. Сенде жаз, менде жастық — ол улы өмір, *А т а н т қ а н* сені құрай, мені — кәрі қыз (І. Жансүгіров, Шығ.).

АТАНТУ *Атант етістігінің қимыл атауы.*

АТАНУ *Атан етістігінің қимыл атауы. «Ел қорғаны»* — деген сөз «Елге қорған» *а т а н у* (С. Сейфуллин, Шығ.). Жантас *а т а н у ы м* да теріс шығар? (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала). Қарашаш *а т а н у ы,* шашы алтындай жылтырап беліне түседі екен (Қаз. ертегі.).

1. АТАНША з а т. *Піштірілген жас түйе.* Сары *а т а н ш а н ы* божылап жегіп, барақтарға су тасыған керенау бір шал жүр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Біздің үйде қыстан арықтап шыққан үш ешкі, сары *а т а н ш а,* менің жалғыз оқ шитім бар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

2. АТАНША ү с т. *Атан тәрізді, атанға ұқсап.* Жігіттер мешокті үштен-төрттен арқалап *а т а н ш а* желеді (І. Жансүгіров, Шығ.).

АТАНЫС *Атан етістігінен жасалған ортақ етіс.* Көршісіндегі сары кемпірдің қызына кішкентайынан үкі қадап, бірнеше жылдан бері алыс-берістері болып, көңілдері жарасып, біріне-бірі құдағи *а т а н ы с ы п* жүрген (С. Мұратбеков, Отау үй).

АТАП-АТАП ү с т. *Атын атап, жекелей.* Махамбетше, әлі де ұрланған малдарды *а т а п - а т а п* ұрады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Баяндамашы біздің міндетті *а т а п - а т а п* айтты («Соц. Қаз.»).

АТАР-АТПАСТАН ү с т. *Елең-алаңда, таң сәріде.* Фашистер бүгін таң *а т а р - а т п а с т а н* Ақ қайың орманына екі рота

автоматшылар жібермек (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса).

АТ-АРБА з а т. *Ат пен арба.* Азық-түлік, *ат-арбаларымыз* артта, қаланың ар жағында. Біз мұнда жол жиегінде отырмыз (Ол күнд. даңқы). *Ат-арба,* жүк саймандарымыз бәрі дайын, бел күні-түні буулы (С. Шарипов, Шығ.).

АТАРҚА з а т. ж е р г. *Төбесін қырлап жапқан үйшік; итарқа.* Төбесін *атарқа* етіп бір-ақ жапқан, үлкен ақ үйдің ауласына енгенімізде бір салиқалы бәйбіше бау жақтан шыға келді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал).

АТАРМАН з а т. к ө н е. *Қолшоқпар, сойыл соғар.* Отауға жағалай лық толып сығылысып отырған Жексенбай аулының маңындағы ағайындары, қарашылары, жанама жігіттері, *атарманда ры* (С. Сейфуллин, Шығ.). Көжеков бізге адал ниетпен келген жоқ, ішімізге кіріп алып осындай ірткі салу үшін келген алаштың *атарманы* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Жаһангер сонда да жай жата алмады, Бар еді атақты көп *атарманы.* Олардың екі жүзін ертіп алып, Ой қылды Залдан барып бата алғалы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АТАРМАН-ШАБАРМАН з а т. к ө н е. *«Алып кел, шауып келдің» адамы.* Ханның *атарман-шабармандары* көрінген нәрсені сылтау етіп Қызылқұртқа маза бермеді (А. Жұбанов, Құрманғазы). Тәйтік үсті-үстіне жалбаңдатып кісі шаптырып, мені бір қырып алатындай *атарман-шабарман* жіберіпті (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Бұған дейін өлді, малдыларға *атарман-шабарман* болып келгендер енді өзіңіз сияқты әмірлілерден де басымырақ, беделдірек бола бастаған шығар, солай ма? (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

АТАС *Ата етістігінен жасалған ортақ етіс.* Әркім өз көмектерімізді *атасайық* (Ауызекі тіл).

АТАСТЫР е т. к ө н е. *Ескі әдет бойынша ата-аналардың ұл мен қызы жас кезінде-ақ құда түсіп қоюы.* Құнанбай Күнкеден туған алты жасар қызын Тінібайдың баласына *атастыратын* болды (М. Әуезов, Абай). Баяғы кезде Науан мен Сүйеу көңілдес боп жүріп, Ақбала мен Еламанды жастайынан *атастырып* қойған екен (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Бұл салт бойынша жастардың ата-аналары балаларын бесікте жатқан кезде-ақ *атастырып,* құда болысқан (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

АТАСТЫРМАЙ-ҚҰЛАСТЫРМАЙ е т. *Атастырып әуре қылмай.* Жалғызым, *атастырмай-құластырмай,* Ауған түйе бастырмас жанастырмай. Сонан әрі, жалғызым, өліп кетсең, Қосып кетші біреуге таластырмай (Батырлар жыры).

АТАСТЫРУ *Атастыр етістігінің қимыл атауы.*

АТАСТЫРЫЛ *Атастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сонымен байлау болып, Жұматайдың он жасар Қабдешіне Жетпісбайдың 7—8 жасар қызы *атастырылады* (М. Әуезов, Тастүлек). Басы бос. *Атастырылмаған* (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

АТАСТЫРЫЛУ *Атастырыл етістігінің қимыл атауы.*

АТАСУ *Атас етістігінің қимыл атауы. Атасу,* атастыру деген қалды ғой бұл заманда («Мәдениет және тұрмыс»).

АТАСЫЗ с ы н. 1. *Әкесіз.* Түйе мал арықтаса мешеу болар, Тасқыны қайтса дария кешу болар. Сұраймын білмек үшін, ақын бала, *Атасыз* жаралғандар нешеу болар? (Айтыс). 2. К ө н е. *Тексіз тәрбиесіз, тәлімсіз. Атасыз* жердің баласы емессің, осындай да қылық істей ме екен?! (Ауызекі тіл).

АТАТ *Ата етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Революциядан бұрын ресми қағаздарда Перовск аталып келген қаланы Совет тұсында Ақмешіт *ататқан* да сол (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әбдірахманның атын *ататпағаны* түсінікті... Көлденең құлақ шалып қалмасын дейтін шығар (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АТАТАЙ з а т. э м о ц. *Ата сөзінің жалыну, жалбарыну түрінде айтылуы. Ататай-ай,* бұл не сұмдық,— деді Таусоғар қорыққанынан Айғақты құшақтай алып (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *Ататай,* айтшы, айтшылап, Ырыс Қиякеңнің алдына тығыла түсті (С. Бегалин, Мектеп түлек.).

АТ-АТАҚ з а т. *Даңқ, дәреже.* Сонда *ат-атағы* баяғының батырындай ауыздан ауызға тараған ер шопандар қимылы біздің бүгінгі күннің анық аңызына айналған (Алғы шептегі.).

АТА-ТЕК з а т. *Ата-бабасы, арғы түбі.* Біздің *ата-тегіміздің,* қайдан келе жат-

қанымызды қалдырмастан сұрады (Б. Майлин, Шығ.). Жарық қол, қара табан, жалақ ерін, Толтырған кеудесіне қайғы шерін. Жеті атасы құлдықта күн өткізген, Кірме деп, кемітетін *ата-тегін* (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). Өз мінезің қырмызы, Ел-жұртыңа жағымды, Шынжыр балақ, шұбар төс, *Ата-тегің* мәлім-ді (Жамбыл, Таңд. шығ.). // *Тұқымы, шыққан тегі.* Ол үшін қошқардың *ата-тегіне* көбірек көңіл бөлу керек (М. Төлешев, Қой. қоздату). Құсты *ата-тегі* бойынша мұқият іріктеу өнімділігі жағынан жақсы нәтиже береді (Құс өсіруші.). Жоңышқаның *ата-тегін,* туып-өскен жерін, түрлерін айтуға Мырзаекең жалығатын емес (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.).

АТАТТЫР *Атат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әсіресе, өзінің атын *ататтырғысы* келмейтін сияқты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АТАТТЫРУ *Аттаттыр етістігінің қимыл атауы.*

1. АТАУ зат. *Белгілі бір заттың не ұғымның сөзбен белгіленген аты.* Революция социал-демократ, большевик, меньшевик деген *атауларға* да құлағымыз үйреніп болды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Шынтуайтқа келгенде, әркімнің жарық дүниеде өз орны болатыны сияқты, әр нәрсенің өз *атауы,* өз қызығы болады ғой (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Жаңа ұғымның, жаңадан танылған заттың, бұрын белгісіз болған құбылыстың жаңадан танылуына байланысты туатын жаңа *атаулар* неологизмге жатады (Қазіргі қаз. тілі).

2. АТАУ *Ата етістігінің қимыл атауы.* Жеке өз тарапымнан партияның атын өзгертуді, оны Коммунистік партия деп *атауды* ұсынамын (В. И. Ленин, Шығ., 36, 442). Сүндетке отырғызатын балаға әкесі арнаулы ат я тай *атауға* тиісті (С. Мұқанов, Шығ.). Бұл ретте Мұхтардың «Қобыланды батыр» және «Еңлік — Кебек» пьесаларын *атауға* болады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

3. АТАУ зат. 1. *Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы, тамағы.* Ас ішсең *атауыңдай* іш, Ауырсаң мұрттай ұш (Мақал). 2. Ауыс. Қарап. *Тамақ, ас.* Отырамын ба тосып, мына *атауыңды* іш! (Ауызекі тіл).

АТАУ: **Атау септік.** Грамм. *Кім, не деген сұрауларға жауап беретін септеу. Атау септік* басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін шартты түрде қабылданған негізгі форма ғана (Қазіргі қаз. тілі). **Атау сөз.** Лингв. *Сөздіктерге алынған сөз немесе сөз формасы; реестр сөз. Атау сөз* ретінде біз етістіктің етіс формаларын да алдық (Ауызекі тіл).

АТАУ-КЕРЕ зат. 1. *Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы.* Күн тудырып басына, Найзамен түйіп төбесін. Өмірден соңғы асына, Ішкізіп *атау-кересін* (Жорық жырлары). 2. Ауыс. Қарап. *Тамақ, ас.* Тым болмаса *атау-керемізді* тыныштықпен жегізсейші (Ауызекі тіл).

◆ **Атау-кереңді ішкір.** Қарғ. *Зәріңді ішкір. Атау-кереңді ішкір,* саумал ішсең жетпей ме, сауғаныңнан бұрын қымызды өзің құртасың! (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

1. АТАУЛЫ ес. *Атты, аталатын.* Кітап *атаулының* бәрі ол кезде Қазақстан Оқу Комиссариатының «Академиялық орталығы» деген бөлімі арқылы ғана баспаханаға ұсынылатын (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бұл не, мырза, тергеу ме? Әлде адамшылық *атаулының* бәрін аяққа басып жерлеу ме? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ауру *атаулыдан* аулақ болу үшін, әркім таза ауада көбірек болып, спортпен шұғылдануы керек (Е. Оразақов, Дәрігер.).

2. АТАУЛЫ сын. *Басты, елеулі, көрнекті.* Дұрысында жал-жая, қазы-қарта сияқты *атаулы* мүшелері болмаса, жалпы алғанда одан, қашан да етінің артық екені көпшілікке мәлім (Тарту). Осы бағытта ол шынығып, есейіп, *атаулы* да елеулі табыстарға ие болды (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

◆ **АТАУЛЫ: Атаулы сан.** Мат. *Қарастырылатын шаманың сан мәні мен өлшеу бірлігі қосыла жазылатын сан. Атаулы сандарды* ұсақтау және ірілеуді оқушылар саналы түрде меңгермеген («Халық мұғ.»). **Атаулы сөйлем.** Грамм. *Бір не екі сөзден тұратын жай сөйлем.* Жеке сөзді не сөз тіркесін айрым интонациямен айту арқылы жасалған сөйлемді *атаулы сөйлем* дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

1. АТАУСЫЗ сын. *Елеусіз, ескерусіз.* Тапсырған істі жақсы орындағаны үшін үкімет алғыс айтты оған. Сарыбала *атаусыз* қалды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

Қайырбектің ерлігі *а т а у с ы з* қалмасын, орден берілуі талап етілсін (З. Шашкин, Сенім). Қарақтарым-ау! Ата-ананың ақ сүті, адал еңбегі *а т а у с ы з-а қ* қала бере ме? (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Елдің өсегіне қалып қайтемін. Атасын *а т а у с ы з* тастаған демей ме? («Лен. жас»).

2. АТАУСЫЗ с ы н. қ а р а п. *Ассыз, тамақсыз; құралақан.* Үйімізде дым жоқ, *а т а у с ы з* отырмыз (Ауызекі тіл).

АТАУСЫЗ: **Атаусыз сан.** М а т. *Шаманың тек сандық мәнін ғана білдіретін сан.* Атаулы санды атаулы санға бөлгенде *а т а у с ы з с а н* шығатындықтан оған ешқандай атау жазылмайды («Халық мұғ.»).

АТАУШЫ: **Атаушы сөздер.** Л и н г в. *Дербес заттардың, ұғымдардың атаулары ретінде қолданылатын, лексикалық, грамматикалық мағыналары бар негізгі сөздер тобы.* Басқа тілдердегі сөздер сияқты, қазақ тіліндегі сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай, ең алдымен, үш үлкен топқа бөлінеді. Олар — *а т а у ш ы с ө з д е р,* көмекші сөздер және одағай сөздер (А. Ысқақов, Қазіргі қаз. тілі).

1. АТАУЫЗ з а т. **1.** *Арасына өңделінетін металл затты қысып және бекітіп қоятын екі (жылжитын және жылжымайтын) жақтаушасы бар слесарьлық құрал; іскенже.* Балонды ұстаға апарып, *а т а у ы з ғ а* тістетіп, балталап, балғалап жатып, ішкі қабатын сыртқы резинкасынан бөліп алды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **2.** Ж е р г. *Кемпірауыз. А т а у ы з б е н* шеге суырады (Ауызекі тіл).

2. АТАУЫЗ з а т. *Аттың аузына ұқсас өрнек. «А т а у ы з»,* «атерін» деп аталатын өрнектер малдың аузын, үстіңгі және астыңғы еріндердің түйісіп тұрған бейнесін еске түсіреді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АТАУЫШ: **Атауыш тұлға.** Л и н г в. *Тыңдаушының назарын аудару үшін я оған белгілі бір рең бере айту үшін қолданылатын ишарат сөз. А т а у ы ш т ұ л ғ а* есебінде көбінесе кісі есімі, туыс атауы, көбіне жалпы есімдер қолданылады (ҚСЭ).

1. АТАШ з а т. э м о ц. *Ата сөзінің құрметтеу, жақын санау мәнінде айтылуы.* Қас-қабағың мұнар түн, Айналайын, *а т а ш ы м.* Көріп тұрмын, бұл қалпың, Әлі талай жатасың (Ә. Дүйсенбаев, Көңілді көше.).

2. АТАШ з а т. д и а л. **Поезд.** Ташкентке *а т а ш п е н* бардың ба? (Диал. сөздік).

АТ-ӘБЗЕЛ з а т. *Ер-тұрман.* Белді байлап қашуға, *А т - ә б з е л д і* түзедім. Білмесем де сыр жолын, Тартты соған жүрегім (О. Шипин, Екі дастан).

АТБАЗ з а т. с ө й л. **Атпаз.** Бәйгеге қосар жүйрігінің соңғы терін алып, кекілін түйіп, жалын сүзген *а т б а з ы д а й* әуреледі (Қ. Жармағанбетов, Әнші — азамат). Ол қосында тай бурылдан озатын ат жоқ. Қараман құрдасының бір қара жал құла аты бар екен, *а т б а з ы* жоқ екен (Батырлар жыры).

АТБАЛЫҚ з а т. з о о л. *Дене тұрқы 12—30 см, басы бауырына қарай имек және жанына қарай сәл қисайған балық. А т б а л ы қ т ы ң* түсі қызыл сұр, бауыры ақ не қоңыр, кейде көк теңбілді не жолақты (ҚСЭ).

АТБЕГІ з а т. *Аттың сырын жақсы білетін адам, ат сыншысы.* Халықтың жылқыға деген көзқарасы, сүйіспеншілігі әнжыр, күй түрінде ғана шектеліп қоймай, оның жүйріктігін, мінезін, түр-түсін сынап-мінейтін *а т б е г і л е р* арқылы да ерекше көрініп отырған (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). Шөгел шал десе осы төңірек түгел біледі. Байлығым да, билігім де жоқ. *А т б е г і,* құсбегі ғанамын (З. Иманбаев, Нажағ. түнде).

АТБЕГІЛІК з а т. *Аттың сырын жақсы білушілік.* Бұл жігіттің бойындағы бар қасиет — *а т б е г і л і к* пен құсбегілік (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Шоқан Г. Н. Потанинге қазақтың *а т б е г і л і к,* құсбегілік, серілік жәйлі әңгімелерін дәмдеп айтып беретін («Лен. жас»).

АТБҰРШАҚ з а т. б о т. **1.** *Бақшада өсетін кіндік тамырлы, қауырсын жапырақты біржылдық дәнді дақыл; фасоль. А т б ұ р ш а қ* ылғалды көп керек ететін өсімдік. Сондықтан *а т б ұ р ш а қ т ы* ерте мерзімде ылғалы жеткілікті топыраққа егу керек (М. Ерлепесов,... Тұқым өсіруші). *А т б ұ р ш а қ,* сиыржоңышқа, ноқат және жасымықтан дән алады, малға жем, көк шөп, сүрлем дайындалады (Өсімдік шаруаш.). **2.** *Осы дақылдың бүйрек формалы (пішінді) дәні, яки жемісі. А т б ұ р ш а қ т ы* ас орнына шикілей, пісіріп те, қуы-

рып та пайдалануға болады (А. Байрашев, Қазақст. жем бұршақ).

АТЕИЗМ з а т. ф и л о с. *Діни сенімдердің жалған екендігін құдайдың жоқтығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берген көзқарастар жүйесі; құдайсыздық. А т е и з м д і* толық жақтаушы және халықтың рухани дамуына діни шырмаудың қандай кесел келтіретінін түсінген адам ғана дінге қарсы батыл да өткір күрес жүргізе алатыны мәлім (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Спиноза өзінің материалистік системасынан табиғаттан тыс, жаратылыстан тыс жан иесінің қандайын болсын шығарып тастап, *а т е и з м г е* келеді (Марксистік филос.).

АТЕИСТ з а т. ф и л о с. *Атеизмді толық жақтаушы; дінге сенбеуші адам. А т е и с т п і н* деп көкиді, Жасырып намаз оқиды (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). Әрине, қарттардың да бәрі бірдей діншіл емес. Повестегі Сұлтанқұлдың кемпірі Жеккөр әже міне осындай *а т е и с т* адам («Қаз. әдеб.»). Жиналыста комсомолдық топтар мен *а т е и с т е р д і ң* жұмыстары сөз болды («Лен. жас»).

АТЕИСТІК з а т. *Жаратылыстан тыс күштердің: құдайдың, «о дүниенің» барлығын мойындамаушылық; құдайсыздық.* В. И. Ленин барлық коммунистер мен дәйекті материалистерді халық бұқарасының арасында кең түрде *а т е и с т і к* насихат жүргізуге, олардың діни соқыр сенімдерден құтылуына көмектесуге шақырды (КПСС тарихы, 362). Бұл тәжірибені *а т е и с т і к* кештерде және мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің лабораториялық жұмыстары кезінде көрсетуге болады (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). Физика, химия және астрономия пәндері де оқушы жастарға *а т е и с т і к* тәрбие беруде үлкен роль атқарады («Халық мұғ.»).

АТЕКЕ з а т. с ө й л. **Атаеке.** *А т е к е м* дұрыс айтады: ізден келгені осы ауыл болған соң, бұл балалардың жені үлкен үй болады (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). *А т е к е!* Үскірік жел өкпемізден өтіп барады, арашала (Ж. Тілеков, Қайнар).

АТЕЛЬЕ з а т. *Киім тігетін шеберхана. А т е л ь е д е н* шыққан кезде костюм ізден жүрген Петрушкинаға жолығады, оны ертіп, күйеуінің үстіне ілінбеген тар костюмін өз бағасына сатады (К. Тоқаев, Тасқын).

АТЕРОМА з а т. м е д. *Терідегі май безі түтіктерінің бітелуінен пайда болатын түйін без, ісік; қоянтобық. А т е р о м а* тері астынан томпайып шығады, денеге қауіпсіз, саны мен көлемі түрліше, қолға жұмсақ, ұстағанда ауырмайды (ҚСЭ).

АТЕРОСКЛЕРОЗ з а т. м е д. *Жүрек қан тамырларының ішкі қабаты ісініп кететін ауру.* Жүрек қан тамырлары аурулары ішінде көп тараған — *а т е р о с к л е р о з* (Мед. ерлік.). *А т е р о с к л е р о з* — негізінен алғанда қарт адамдар арасында кең тараған ауру («Соц. Қаз.»).

АТЕРІН з а т. *Аттың ерні тәрізді өрнек.* «Атауыз», *«а т е р і н»* деп аталатын өрнектер малдың аузын, үстіңгі және астыңғы еріндердің түйісіп тұрған бейнесін еске түсіреді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АТЖАЛ з а т. 1. *Үсті қырланып келген зат; қыр.* Енді балшықтан *а т ж а л* соғып дөңес істейміз (Т. Нұртазин, Мұрат). Шоқының күнгей етегі кедір-бұдыр, жотажота *а т ж а л д а р* (Т. Ахтанов, Дала сыры). // *Сын есім мағынасында.* Қаладан шыққан шытырман жол бойындағы *а т ж а л* ағаштар да бел-белестерден асып түсіп, ілгері иреленіп кете береді (С. Шаймерденов, Мінез). Ол окоп алдын қалқалаған *а т ж а л* топырақка бауырымен төселіп, бұға қойды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). 2. *Жер жырту, егін ору, шөп шабу кезіндегі қалып кеткен немесе игерілмей қалған жіңішке жер.* Жер жөнді жыртылмаған. Боразда мен борозданың арасында қалған *а т ж а л д а р д ы ң* шөбі де жасырынбапты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АТЖАЛДА е т. *Қырлау, дөңес ету.* Жерді кісі бойы етіп қазып, төбесін аз ғана *а т ж а л д а п,* қарағанмен жапқан жер-жаппа екен онысы (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АТЖАЛДАН *Атжалда етістігінен жасалған өздік етіс.* Кейбірінің мұржасы қылтиып-қылтиып тіршіліктің белгісін аңдытқаны болмаса, сүрленген қар мен бүгінгісі араласып көбісін бойлай *а т ж а л д а н ы п* кеткен («Лен. жас»).

АТЖАЛДАНУ *Атжалдан етістігінің қимыл атауы.*

АТЖАЛДАУ с ы н. *Аздап атжал тартқан; қырлау. А т ж а л д а у* келген астық үйіндісі көрінеді (Ауызекі тіл).

АТЖАЛМАН з а т. з о о л. *Дене тұрқы 26 см-дей, түсі қоңыр күрең, ауыл ша-*

руашылығына көп зиян келтіретін тышқан. Мұнымен қатар Қазақстанның кеңбайтақ территориясында егіннің жауы болып табылатын әр түрлі кеміргіштер: сарышұнақ, *атжалман,* су тышқаны да жоқ емес. (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). *Атжалман* әр түрлі жабайы, екпе өсімдіктердің дәнімен және жас сабақтарымен қоректенеді. Оның жинаған азық қоры кейде 16 кг-ға дейін жетеді (Бұл да). Сол мазасыз адам анда-мұнда барғыштап жүріп, *атжалман* қазып тастаған індерден бірнеше қара тасты тауып алады («Лен. жас»).

АТЖАП з а т. к ө н е. к ә с і б. *Егін суғаратын үлкен арық.*— Белгісіз заманда, осы Кеңжайыққа әлдекімдер егін өсірген болу керек, қазған арықтарының, *атжаптарының* ізі көрініп жататын (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АТ-ЖАРАҚ з а т. д и а л. **Қару-жарақ.** Хиуа ханы сол қырық жігітті *ат-жарақ* беріп қолына ұстапты (Диал. сөздік).

АТЖӘМШІ з а т. с ө й л. **Жәмшік.** *Атжәмші* — лауатын айдаушы; жолаушыларды, хат-хабарларды бекеттен-бекетке жеткізіп тұратын лау аттарын ұстаушы адам (ҚСЭ).

АТ-ЖӨНІ з а т. с ө й л. **Аты-жөні.** Жаяулап дәмін таттым талай елдің, Аралап суын іштім талай жердің. Еш жерде *ат-жөнімді,* сырымды айтпай, Біреуі болып сорлы жұмыскердің (С. Сейфуллин, Өленд.). *Ат-жөнін* балуандардың хабарлады, Ортаға іліп қойған жалауды алды. Арбасқан арыстандай екі балуан, Көздерін айырыспай тұрып қалды (И. Байзақов, Ақбөпе). Жолығып *ат-жөнімді* айта тұрдым, Жігітпен бірер мезгіл кеңес құрдым. Ол-пұлды білетұғын көрінген соң, Манағы қыз жайынан сөз сұрадым (XX ғ. қаз. ақын.).

АТЖҰРГІШ з а т. д и а л. **Қамшы.** Сасып қалды Сарыбала. Қалтасында ақша, бойында басы артық іштеме жоқ. *Атжұргішін* ұсынды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АТКОМ з а т. 1. *Атқару комитеті.* Бір дауыспен аталған бесеуі *аткомге* өтті (І. Жансүгіров, Әңгім.). Басқа әңгімелерінді қоя тұрсаңдар да болады,— деп, әлгі сары жігіт — болыстық *атком* ағасы ескертіп өтті (Б. Майлин, Шығ.). Мен бұл арада біздің селолық *аткомның* председателін жақтауды өзімнің міндетім деп санаймын (Көктем лебі). 2. С ө й л. *Атқару комитетінің председателі.* Үшіншісі — Сердәлі, Қараганды шахтері. Төртіншісі — Мердәлі, Бір ауданның *аткомы* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Болыс болған жалғыз сен бе, Кім бүгінде шеннен кенде: «*Аткомм*» деген толып жатыр, «Қолғап» дей ме, «аукем» дей ме (С. Дөнентаев, Шығ.).

АТ-КӨЛІК з а т. *Көлік немесе ат.* Кеше кешке келіп *ат-көлік* керек, сойыс керек деп өзіміздің жылқыдан бес жүз жылқыны іріктеп айдап кетті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Интендантствода істесең сен Орақты білесің. Маған соны тауып жібере аласың ба? *Ат-көлік* солардан тез табылар (Х. Есенжанов, Тар кезең). Осы кезде сыртта мініп келген *ат-көлігін* жайғастырып жүрген Дина келді (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

◆ **Ат-көлігің аман ба?** *Амандық, саулық сұрау кезінде айтылады.* Милатпысың, *ат-көлігің аман ба?* (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Сәруәр, қалқам, *ат-көлік аман* келдің *бе?* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). О, Досеке, *ат-көлік аман ба?* (М. Ақынжанов, Ыбырай). *Ат-көлігіңіз аман ба?* Аман-сау барып қайттыңыз ба? Ағайынның күйі қалай екен? (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

АТ-КӨЛІКТІ с ы н. *Ат-көлігі бар.* Мен ағаш арасына паналап, жолдан көз алмай, өтіп бара жатқан машиналы, *ат-көлікті* адамдарға көз жіберіп, қарап тұрдым (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

АТКӨПІР с ы н. *Үйіліп-төгілген, шашылған; астан-кестен, ретсіз.* Біз шашылып, *аткөпір* боп жатқан киімдерімізді құшақтай-мұшақтай үйден безе жөнелеміз (Ә. Көшімов, Екі бүркіт.). Көрінбейді алып завод мұнарасы, *Аткөпір,* ойран топыр үй арасы, Естілмейд еңбек күйі, адам үні, Көрінбей тірлік өмір еш қарасы (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Ойран топыр *аткөпір,* Кім оралмақ бұл жерге? Дүние қаран, өмір тұл, Қалғандай көңіл шерменде (Украина жырлары).

◆ **Аткөпір қылды.** *Үйіп-төкті; көп, мол.* Жақып біреуден *аткөпір* қылып алып, біреуге *аткөпір қылып* беріп жүретін (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Дүркірей қашты тірі жау, *Аткөпір ғып* өлігін.— Бері қашқан кім анау? Қалмақ қой сақтап өмірін (Д. Әбілев, Таңд.).

АТҚҮШІ з а т. ф и з. *Қуаттың бірліктер жүйесінен тыс өлшеу бірлігі. Аткүші* мен қуаттың басқа бірліктерінің байланысы мынадай: 1 *а. к.*—735,499 *вт*= =75 *кгм/сек* (Физика курсы).

АТҚАҚТА е т. ж е р г. **Атқыла.** Ол менің Қабанбай атамды қызғанатын болса керек, мырс-мырс етіп, жекпе-жекке өзі шақырып алды да, соққыма шыдамай ат үстінен ұшып түсіп, аузынан қан *атқақтап* жатқанда жігіттері тайсақтап жалт бұрылды да, өзеннен әрі өте бастады (У. Доспанбетов, Кәрі қобыз.).

АТҚАМІНЕР з а т. 1. Т а р. *Октябрь революциясынан бұрынғы қазақ аулындағы ел биліғіне араласушы әкім.* Болыстық, ауылдық советтер түгелімен байлардың, *атқамінерлердің* қолында болатын (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Соның үшін де елдің *атқамінерлері,* ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы»— дейтін (С. Торайғыров, Шығ.). Абай ел ішіндегі байлардың, билердің, *атқамінерлердің* бұқараға жүргізген зорлық зомбылығын мінемей, шенемей отыра алмады (Т. Әлімқұлов, Абай). 2. Э к с п р. *Әкімдікке жаны құмар, арзан қолды белсенді.* Еңбекке жаншылмаған *атқамінер,* колхоз тұсында ауырдың үсті, жеңілдің астымен келген тақыстау кісі еді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). *«Атқамінерлер»* кім, қандай?—деген сұрауға қысқаша жауап беру керек болса, біздің білуімізше, жаңағы, айтқандардың ішінде Орынбектің айтуы дұрыс. «Байдың да *атқамінері* бар, кедейдің де *атқамінері* бар» (С. Сейфуллин, Шығ.).

АТҚАМІНЕРЛІК з а т. *Әкімдік, белсенділік, ел биліғіне араласушылық.*— *Атқамінерліктен* мені ешкім алған жоқ, өзім түскем,— деді ол (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АТҚАМІНЕРСЫМАҚ з а т. *Шолақ белсенді; «шауып кел», «барып келдің» адамы.* Отызыншы жылдардың бас кезіндегі Қазақстанда кездескен қиыншылыққа сол шауып кел, *атқамінерсымақтар* айырықша себепкер («Қаз. әдеб.»).

АТҚАР е т. 1. *Белгілі бір жұмысты істеу, орындау.* Матрос болдым, кочегарлық қызметті де *атқардым* (І. Жансүгіров, Әңгім). Сенің совхозыңа бас агроном қып жібердім. Қалай ойлайсың, *атқара* ала ма? (З. Шашкин, Сенім). Жоқ, Махмет, ересек жұмысшылардың ісін біз әзір *атқара* алмаймыз, қолымыздан келмейді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). 2. *Міндетін, парызын өтеу.* «Үнсіз мұнара» басында өзіне бөлек міндет *атқаратын* диірмен бар (М. Әуезов, Индия очерк.). Ұры кім? Әр моланы бір ақтарып, Тонайды өлікті де жырақ барып. Біреуді біреу жеген заманада О-дағы өз парызын жүр *атқарып* (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

◆ **Басынан атқарды.** *Басынан өткізді, кешірді.* Талай заманды *басынан атқарған* Иван Қабышқа бір дария сияқты көрінетін (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Мемлекет және оны басқаратын орындар тап осы айтқандарды *басынан атқарып* келеді (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Борышын атқарды.** *Міндетін өтеді. Борышыңды атқарып,* Сен қайтарсың күлімдеп. Ән шырқатып шаттанып, Қарсы алармын «күнім» деп (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Нұр бейнелі сәулетің үшін сенің, Азаматтық *борышты атқарғанмын* (Д. Әбілев, Таңд. өлең.). **Роль атқарды.** *Маңызы болды.* Дінге қарсы күреске бұл пьесаның сол дәуірде зор *роль атқарғаны* да даусыз (Д. Еркінбеков, Шығ.). Киіз үй қырғыздардың өмірінде көрнекті *роль атқарды* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Қазақстанда халық ағарту ісін дамытуда қазақтың ағартушы педагогы Ы. Алтынсарин орасан *роль атқарды* («Халық мұғ.»).

АТҚАРТ *Атқар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шоқан сөйтіп, болашақта *атқартқысы* келген істерінің көлеңкесін, осы бастан көңіліне еппен түсіре бермекші (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АТҚАРУ *Атқар етістігінің қимыл атауы.* Газетке қызмет *атқару* мейлінше ауырға соқты (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әрбір командирдің алдында өз адамшылығын — Отан алдындағы өз борышын *атқару* міндеті жүз есе өсті, жүз есе ауырлады (Ж. Саин, Жол үсті.). Ерте кезде өздерінің кәсіп-қызметін *атқару* үшін бақсылар поэзияны, ән-күйді молынан пайдаланған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

◆ **Атқару комитеті.** *Аудандық, облыстық Советтер органы (мекеме).* Мұндағы үкімет мекемелеріндегі жолдастар тарапынан *атқару комитетке* ұсынған мынау список бар (І. Жансүгіров, Әңгім.). Өткен түнде аудандық *атқару*

комитетінің мәжілісінде ұзақ отырғандықтан Айнаш ұйықтамаған-ды (С. Алдабергенов, Әңгім.).

АТҚАРУШЫ з а т. *Белгілі бір жұмысты орындаушы, істеуші адам.* Ауылнай, бөлме бұрышында екінші бір столда отырған жұп-жұқа жылдам хатшысына бір қағазды жаздырып, қол қойды да, *атқарушыны* шақыртты (Ғ. Орманов, Жүрек). Түп жағында *атқарушы* мен басқарушыға, азық-түлікке арналған және бір бөлме бар (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АТҚАРЫЛ *Атқар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Дайын ертіндіні сабанға құю жұмысы механизм көмегімен *атқарылады,* ал өңделген сабан жуылмай-ақ малға беріледі (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.). Совхозда *атқарылған* жұмыстың нәтижесі, ең алдымен жүн қырқуды шұғыл арттырып, оның сапасын жақсартудан көрініп отыр (М. Әмірғалин, Биязы жүнді қой.).

АТҚАРЫЛУ *Атқарыл етістігінің қимыл атауы.* Әлі де *атқарылуға* тиісті жұмыстар, кезек күтіп тұрған түбірлі шаралар өте көп («Қаз. әдеб.»).

АТҚАРЫС *Атқар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жаман болсын, жақсы болсын Тәлім сол өмірді Ақышпен бірге *атқарысып,* біте қайнап келе жатыр (Б. Майлин, Шығ.).

АТҚАРЫСУ *Атқарыс етістігінің қимыл атауы.*

АТҚОНАҚ з а т. б о т. 1. *Далалы жерлерде ұзындығы 60—100 см-дей болып өсетін, малазықтық дәнді шөп.* Астық тұқымдас дақылдардан қой үшін *атқонақ,* арпабас, могар, қонақ, судан шөбін егіп, пішен жинауға болады (Қ. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Республикамызда мынандай көпжылдық астық тұқымдас шөптер өсіріледі: еркекшөп, бидайық, қылтықсыз арпабас, тарғақшөп және *атқонақ* (Қазақст. дәнді дақыл.). 2. *Осы өсімдіктің тары тәріздес дәні.* Үй құстарына жем ретінде *атқонақты* да пайдалануға болады (Ауызекі тіл).

АТҚОСШЫ з а т. 1. Т а р. *Бай шонжарлардың қасына еріп жүріп, оның өзін және атын күтуші адам.* Жақып үйде қалып, жанындағы *атқосшы* жігітін жіберіп Айшаны шақыртты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Теке деген таудың бөктерінде отырған біздің ауылға ақ қар, көк мұзда ат сабылтып мыңбасының *атқосшысы* келіп жетті (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Абылаевқа қашанға дейін *атқосшы* боласыз, еліңізге, туған жеріңізге қайтасыз (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). 2. Ж а ң а. *Офицердің көмекшісі, қасына ертіп жүретін солдаты; адъютант.* Деревняның шетіне шыға берісте *атқосшым* Синченко алдымнан қарсы алып, штаб орналасқан үйге ертіп кірді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Қарауында жеті жүз әскері бар мен сияқты офицер мұндай *атқосшыға* зәру емес (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). 3. А у ы с. Э к с п р. *Біреудің шаш бауын көтеруші.* Арыз жазушы жалғыз болса бір сәрі, ондайдың қасында *атқосшылары,* көтермешілері бірге жүрмей ме? (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

АТҚУ *Атқы етістігінің қимыл атауы.*

АТҚУЫЛДА е т. ж е р г. *Ашулану, бұлқан-талқан болу.* Осындай күймен кеп, есікті ашып жібергенде, алдынан таңертеңгі Жәмила таңы *атқуылдай* шықты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қайтесің енді Қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің деген осы. Бастан *атқуылдап* отырғаннан-ақ сезіп едім (Бұл да).

АТҚУЫЛДАУ *Атқуылда етістігінің қимыл атауы.*

АТҚҰЛАҚ з а т. б о т. 1. *Тарбақ тамырлы, сабағы сояудай ұзын көпжылдық өсімдік.* *Атқұлақ* — тармақ тамырлы көпжылдық өсімдік. Сабағы сояудай ұзын, жапырақ шеттері бұзау тіс, салалы келеді (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі.). *Атқұлақ* пен бұйра қымыздық — шалғында өсетін арам шөптер (Ботаника). 2. Д и а л. *Саңырауқұлақ.* Жауыннан соң *атқұлақтар* әр жерде ербиіп-ербиіп шығып тұрады (Ауызекі тіл).

АТҚЫ е т. 1. *Жоғары қарай шапшу, ыршу.* Жарылған тұрбалардан бу, су *атқыпжатып* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Төменде бір тесіктен *атқып* шығып, булана ағып жатқан су жағасында кішкене Қамбар тұр (С. Шаймерденов, Мезгіл). 2. *Белгілі бір жаққа қарай атылу, ытқу.* Абайдың мол денесі өте шапшаң бұрылып, отырған орнынан *атқып* тұрды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Артынан ұрылған сойылдан сауыры жарылғандай ақтабан *атқып* ақсұр аттың қатарына келді (І. Жансүгіров, Шығ.). Шынжырымды шалдырлатып *атқып* терезеге шықтым (С. Сейфуллин, Тар жол.).

АТҚЫЗ *Ат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айқыз жанында тұрған бір жауынгерге мылтық *атқызды* (Аялы жандар). Арын қорғап арпалысқан жас қызды капитан Гуд өз үйінде *атқызды* (З. Шүкіров, Менің дост.). Алай-түлей сол кезде Бар табиғат бұрқанды. Жауға қарсы сен неге *Атқызбадың* вулканды! (Н. Әлімқұлов, Алатау.).

◆ **Көрер таңды көзімен атқызды.** *Түні бойы ұйықтамады, көз ілмеді.* Енді бір үш-төрт сағаттан кейін *көрер таңды көзінен атқызып,* түні бойы тыным көрмей басы-қасында болып, өзі шығарған газеті оқушы қауымының қолында болады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Аузынан уыз дәмі кетпеген жас бала келді де, бір күнде тыныштығын бұзып, міне, ұйқы жоқ, *көрер таңды көзімен атқызып,* басы меңзеңдеп қызметке келді (З. Шашкин, Сенім).

АТҚЫЗДЫР *Атқыз етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бейсенбінің үлкен баласы Шәугімбайды ол «қызыл» деп *атқыздырып* тастапты («Жетісу»).

АТҚЫЗДЫРУ *Атқыздыр етістігінің қимыл атауы.* Қос скважинадан осыншалық фонтан *атқыздыруға* күш салған кім екен? («Лен. жас»).

АТҚЫЗУ *Атқыз етістігінің қимыл атауы.*

АТҚЫЛА е т. 1. *Үсті-үстіне оқ шығару, дүркін-дүркін ату.* Мана майдан шебінен өткенімізде, бізді *атқылаған* жаудың зеңбірегінің үнінен жер сілкінгендей болып еді, енді жым-жырт құлазыған үнсіз далаға кездестік (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Әлден уақытта жау минометі Төлеубаевтың ескі ұясын үстіүстіне *атқылап,* жүндей төпеп алды (Ол күнд. даңқы). Әлқисса, Төлегенменен жерінен бірге шыққан алты қаз бар екен, суға келіп қонайын деп еді, жаулар *атқылап* қондырмады (Қыз Жібек). 2. *Бір нәрсені лақтыру.* Қуған Бүркіттен қашқан мен жол жиегіндегі қалың қамысқа үймелеген биік күртікке сүріне-қабына бұрын шықтым да, қарды уыстап жентектеп, оны *атқылай* бастадым (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тас *атқылап* иттердің беттерін қайтардым (С. Сейфуллин, Тар жол.). 3. *Жоғары қарай шапшу, ыршу, ытқу.* Байдың жүйрік аты байланған қазық суырылған орыннан *атқылап* су шығып, соншалықты тездікпен маңайды ала бастайды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Жел беріп желпіп жайнатып гүлді, Көгілдір фонтан *атқылап* тұрды. Осыны шебер атқарды бояу, Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау! (Т. Әбдірахманова, Білесің бе?). Су дегенің тілсіз жау, Бұрқыраған Шу асау, Ақ көбігін *атқылап,* Жын қаққандай жұлынды (Жамбыл, Шығ.). 4. Хим. *Бір нәрсемен әсер ету, ықпал жасау.* Ядролық реакция жүру үшін, өне бойы сырттан, айталық, нейтронмен *атқылап* отыру керек (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АТҚЫЛАС *Атқыла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бәсекелесе *атқыласқан* зеңбіректердің жарылған снарядтардың дауысы тау бұзылып, тас жарылғандай айналаны азаннан бері күңірентуде (Б. Момышұлы, Москва үшін.). *Атқыласып* қуып шықтық. Саябырлаған кезде менің ойыма сен түстің (А. Сарбөпин, Аспалы бесік).

АТҚЫЛАСУ *Атқылас етістігінің қимыл атауы.*

АТҚЫЛАТ *Атқыла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көктем шыға өзеншілер дәрімен дүңкілдетіп мұз жарып, өзен суынан, Алматы парктеріндегідей, аспанға шапшытып фонтандар *атқылатады* (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АТҚЫЛАТУ *Атқылат етістігінің қимыл атауы.*

АТҚЫЛАУ *Атқыла етістігінің қимыл атауы.* Үкіметтен билік кетіп барады... әскерлер бірін-бірі *атқылауда* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Бірақ бұл күміс бұлттар вулкан *атқылауға* байланысты емес екендігі және оның бұл *атқылаудан* да бұрын бар болғандығы анықталды (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.).

АТҚЫЛАУШЫ з а т. *Атушы, атқылау әрекетін істеуші (адам).* Мұншама ерлікті көріп тұрған біздің бөлімше, үй ішінен *атқылаушылар,* өзіміздің адамдар екенін көреді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АТҚЫР: Құдай атқыр. Қ а р ғ. *Құдай атсын, құдайдың оғы тисін.* Бізде Нысан деген *құдай атқыр* бір қарт бар. Кәрі болып қартқа қосылмайды, жас болып жасқа қосылмайды (Ә. Қалмырзаев, Қарлығаш).— Құдай атсын, *құдай атқырды!* Қолқадай күйеуінің көзіне шөп салуға ары қалай барады десейші! (Е. Домбаев, Ғашықтық.).

АТҚЫТ *Атқы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қабыршағы тікірейген үлкен жайын арандай ашқан аузынан да, шатынап аларған көзінен де, делдиген танауынан да су *атқытады* (С. Шаймерденов, Болашақ.). Шошайған жіңішке тұрба дір-дір қағып, боз түтінді *атқытып* тұр (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Теңіздерді құшаққа ап, *Атқыттық* толқын жанжаққа (Д. Әбілев, Таңд.).

АТҚЫТУ *Атқыт етістігінің қимыл атауы.*

АТҚЫШ с ы н. 1. *Оғын мұлт жібермейтін, мерген.* Жантілеу озған *атқыш* мерген еді, Өлтіріп ол талайды көрген еді. Жанекең көптің біліп қаймыққанын, Көтеріп көкірегін ерленеді (Батырлар жыры). Қандай *атқыш* бала деп, Жұрт мадақтап сыйлады. Нұсқаушыдан бала кеп, Бір кітапты сыйға алды (Т. Жароков, Шығ. жин.). 2. з а т. Әск. *Атқыштар армиясының әскери қызметкері, солдат.* Жүз елу қадам жерге келмей атпаңдар!— деді Белан *атқыштардың* қасына жүгіріп келіп (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Атқыш* қос қолмен тұтқадан айрылар емес, пулемет те, Блоха да безгек ұстағандай дірілдеп жатыр (Ол күнд. даңққы). Үлкен калибрлі, ауыр зеңбіректің *атқышы* Тілеужан жау шебіне күн сайын ондаған снарядтар жібереді (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.).

◆ **Атқыш болсаң.** *Ататын болсаң, атады екенсің.* Немене, қой бермеді деп мені атасыңдар ма? Ал, *атқыш болсаңдар* ат, мен сендерді советтің дұрыс қызметкері шығар деп сөйлесіп тұрмын (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Атқыштар батальоны.** *Атқыштардан құралған батальон.* Миша өзі тіленіп біздің *атқыштар батальонына* ерікті солдат болып кірді (С. Омаров, Әңгім.). **Атқыштар полкі.** *Атқыштардан құралған полк.* 1945 жылы жазда біздің *атқыштар полкі* Вена қаласында тұрды (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй).

АТҚЫШТЫҚ з а т. *Мергендік, снайперлік.* Сондықтан, онымен әзілдескісі келген жігіттер:—«Біздің Мәншүктің *атқыштығы* сондай, һауаның қай жерін көздесе де оғы мұлт кетпейді»— десетін (С. Мұқанов, Аспаз). Бағана, бәйгіде сен жарысыппең? Ортаға өнеріңді салысыппең? *Атқыштық,* күштілікті сынасқанда, Онда озбай өзгелерден қалысыппең? (С. Сейфуллин, Өленд.).

АТҚЫШЫЛ с ы н. с ө й л. **Атқыш.** Ол көздеген жеріне дәл тигізетін *атқышыл* болатын (Ауызекі тіл).

1. АТЛАС з а т. *Географиялық, биологиялық, диалектологиялық карталардың жалпы атауы.* Экспедиция аяқталды. Зерттеушілер Владивостокқа оралып, жинаған-тергендерін ортаға салды. Қазір арнайы биологиялық *атлас* жасалуда («Лен. жас»).

2. АТЛАС с ы н. *Жылтыр тегіс, жатық; жоғары сапалы (қағаз сорты). Атлас* карта сусылдап, Қолда ойнаса жорттақтап, Кетті кемпір қутыңдап, Басы дірдір қалтақтап (Қ. Мұқышев, Поэм.).

3. АТЛАС а р. з а т. *Бір жақ беті жылтыр келген жібек мата.* Алған жарыңды жамандап, Асқанды қайдан табарсың? Ақ тоныңды жамандап, *Атлас* қайдан табарсың? (М. Әуезов, Шығ.). Театрымызға керекті киім тіктіретін мата, бұл керек: мақпал, берен, барқыт, зер, *атлас,* жібек, тағы-тағылары (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). // С ы н. *Атластан істелген.* Шайы көйлек, *атлас* шапан, Түрлі түсті қамқалар. Алтын жүзік, күміс балдақ, Мойнына іліп алқалар (А. Тоқмағамбетов, Өмір.). Бұлттан шыққан айға ұқсап, Тұр еді Назым нұрланып. *Атлас* көйлек үстінде Көк арбаға сүйеніп, Шыбықтай белі бұралып (Қамбар батыр). ⊙ Ақырын күліп таң атқанда, Көк *атлас* жамылып даланы оятқанда, Таң дабылы қағылып (С. Мәуленов, Таңд. өленд.). Қосылар түпсіз терең талай өзен, Жалғасар жаңа арнаға күркіреген. Аққөбік, асау толқын, арыстан жал Айқасар *атлас* аспан бұлтыменен (О. Шипин, Өмір өрнегі).

АТЛЕТ з а т. с п о р т. *Спорттың белгілі бір түрімен шұғылданушы адам.* Ақары, жас *атлет* дәрігерлердің шешімі бойынша бір жылға дейін жаттығуды тоқтатуға мәжбүр болды («Лен. жас»).

◆ **Ауыр атлет.** *Спорттың штангі көтеру, күресу сияқты түрімен айналысатын адам. Ауыр атлеттер* мектебінің қожасына Мұқан үлкен олжадай көрінеді (М. Танекеев, Қажымұқан). Өткен аптада Москва, Волгоград және Харьков қалаларында *ауыр атлеттердің* ірі жарыстары өтті («Лен. жас»). **Жеңіл атлет.** *Спорттың жүгіру, секіру, лақтыру сияқты түрімен айналысатын адам.* Қазақстан *жеңіл атлеттерінің* оныншы орын-

да қалып қоюы кімге де болса қуаныш әкеле қойған жоқ («Лен. жас»).

АТЛЕТИКА з а т. с п о р т. *Адамныңептілігін, шеберлігін, төзімділігін, күштілігін арттыру үшін қажетті дене жаттығуларының жиынтығы.* Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде Царицын қаласында *а т л е т и к а* аренасы ашылған (М. Танекеев, Қажымұқан).

◆ **Ауыр атлетика.** *Спорттың штангі көтеру, күрес сияқты түрлерін қамтитын саласы.* Футболшылар бұлардан басқа *а у ы р а т л е т и к а м е н,* жеңіл атлетикамен, гимнастикамен, баскетболмен айналысады («Лен. жас»). **Жеңіл атлетика.** *Спорттың жүгіру, секіру, лақтыру сияқты түрлерін қамтитын саласы.* Мұрат *ж е ң і л а т л е т и к а* секциясына мүше болып жазылды (Б. Соқлақбаев, Өзім тур.). Қалған үш күнде ойыншылар *ж е ң і л а т л е т и к а м е н,* гимнастикамен, акробатикамен, суда жүзумен, спорттың басқа да түрлерімен айналысады («Лен. жас»).

АТЛЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Атлетикаға тән.* Жұртқа мәлім, бессайыс программасына ат спорты, жеңіл *а т л е т и к а л ы қ* кросс, жүзу, нысана көздеу және фехтование сайысы кіреді («Лен. жас»).

АТЛЕТШІ з а т. *Жүгіру, секіру, бір нәрсені лақтыру сияқты спорт түрімен айналысушы адам.* Әрине, сонымен қатар жеңіл *а т л е т ш і л е р д і ң* алуан түрлі жаттығуларды орындауы олардың денсаулықтарын күшейтеді (Семья тәрбиесі).

АТ-МАТЫМЕН ү с т. *Атымен қосып, түгел.* Омырауында жезі бар, денелі, селдір сақал, сары шұбар кісі баланы *а т - м а т ы м е н* айнала бір қарап өтті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ыққан қойды іздеймін деп адасып, *а т - м а т ы м е н* сай табанына кеп құлаппын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Мергенді әлгі қуың тартып алды, Батырды *а т - м а т ы м е н* жұтып алды. Ішіне күлдір-салдыр кетті түсіп, Жас бала не екенін білмей қалды (Батырлар жыры).

АТМОСФЕРА з а т. 1. А с т р. *Жерді қаптап тұрған ауа қабаты. А т м о с ф е р а*— жердің ең сыртқы ауа қабаты (А. Машанов, Жер асты.). *А т м о с ф е р а н ы* шартты түрде үш қабатқа: тропосфера, стратосфера, ионосфера деп бөледі (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Жерге аман-есен келу үшін жер *а т м о с ф е р а с ы н а* килигер тұста корабльді тежеп, траекториясын шамалы өзгерту керек («Лен. жас»).// *Күн, жұлдыз сияқты аспан денелері мен планеталарын қоршап тұрған ауа қабаты.* Егер күн *а т м о с ф е р а с ы* жоқ болса, онда фотосферадан келген жарық тұтас спектр берер еді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Шолпанды қоршаған қою *а т м о с ф е р а* бар екенін, 1761 жылы Шолпан Күн бетін басып өткен кезінде М. В. Ломоносов ашқан еді (Бұл да). 2. А у ы с. *Қоршаған орта; әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық жағдай.* Құдайшыл әріп жаттаушылар мен фанатиктердің ұстаған тымырсық *а т м о с ф е р а с ы н а н* ақылды бала Шығыстың атақты классиктерінің шығармаларына ұмтылды (ҚазССР тарихы). Осы аудиторияның *а т м о с ф е р а с ы* тамаша (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Ашық сырласып, әңгімелесетін *а т м о с ф е р а* жасау керек («Лен. жас»). 3. Ф и з. *Ауа қысымын өлшейтін бірлік; единица.* Қысымы 6—9 *а т м о с ф е р а* мөлшерінде ұсталады (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.).

АТМОСФЕРАЛЫҚ с ы н. *Атмосфераға тән.* Қалыпты жағдайда теңіз деңгейінде *а т м о с ф е р а л ы қ* ауаның тығыздығы 0,00129 *г/см*^{3} (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Орға труба арқылы қысымы 5—6 *а т м о с ф е р а л ы қ* ыстық бу жібереді (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.).

◆ **Атмосфералық жауын-шашын.** *Температураның төмендеуіне байланысты атмосферадан жерге түсетін жауын, қар, бұршақ, қырау.* Қазақстан территориясында *а т м о с ф е р а л ы қ ж а у ы н - ш а ш ы н* мөлшері 90 *мм* мен 1500 *мм* аралығында болады (ҚазССР физ. геогр.). «Қаракөл» совхозына бекітіліп берілген жерде *а т м о с ф е р а л ы қ ж а у ы н - ш а ш ы н ы ң* жылдық мөлшері 215—220 *мм* болады (М. Әмірғалиев, Биязы жүн.). **Атмосфералық қысым.** *Атмосферада болатын қысым.* Өкпе көлемінің ұлғаюы ондағы ауаның *а т м о с ф е р а л ы қ қ ы с ы м ы н* түсіруге әкеліп соқтырады (Адам анатом.). 8 *а т м о с ф е р а л ы қ қ ы с ы м м е н* шыққан судың екпінді ағысын жұмысшылар қабырғаға бағыттады («Лен. жас»). **Атмосфералық су.** *Атмосферада пайда болып, жерге түскен су. А т м о с ф е р а л ы қ с у л а р д а н* пайда болған көлдер мен батпақты жерлер жиі кездесетін бұл өңірде өсімдіктердің басым көпшілігі жусан мен сораң (Шопан серігі).

Атмосфералық тосап. Ж е р г. *Атмосфералық жауын-шашын.* Табиғи жағдайларда топырақтағы су қорының қайнар бұлағы *а т м о с ф е р а л ы қ т о с а п* — жаңбыр, қар және шық болып табылады (Мақта шаруаш.).

АТОЙ з а т. 1. *Шабуыл.* Беделді қазақтардың аттарын ерттеп, *а т о й д ы* күтіп тұрғанын білдірді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Киімім нашар, жаман деп, Арланба, жарлы, жүр тойға. «Жаса, жарлы, жасар» деп, Шық ту алып *а т о й ғ а* (І. Жансүгіров, Шығ.). Алпыс *а т о й* — шабуыл, Ажал — жауыз шегінді. Жеңіп шықтың тағы бір, Жеңіп шықтың өлімді (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). 2. *Айқай-шу, аттан.* Жапалақ шешінбей, киімімен сұр шекпен одеялының астына кіре қойған екен, бейнебір «жау келді!» деген *а т о й ғ а* күні бұрын әзір жатқан адамдай ұмтылды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Әр көзден жас төгілді мөлдіреген, Әр сөзден *а т о й* шықты «өлді» деген. Әр үйден күңіреніп мұң ызғыды: «Бұл сұмдық бітер,— десіп,— енді немен?» (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры).

◆ **Атой берді.** *а) Айғайлап дабыл қақты, ұран тастады.* Таң атысымен Құнанбайдың Жидебайға жиылған қалың қолы *а т о й б е р і п,* жүйткіп жосып, шаңдата шапты (М. Әуезов, Абай). Сол күні Әмірхандар сауық құрып, Кәрі жас маңындағы балқыш еріп, Жоқ іздеп жарты түнде шығып еді, Бір жігіт шапты ауылға *а т о й б е р і п* (И. Байзақов, Шығ.). *ә) Белгі берді, көрініс жасады.* Ол бір биіктеу жерге келіп, маған көрініс беріп, алыстан *а т о й б е р е т і н* болды (С. Сейфуллин, Тар жол.). Тәукенің адамдары олардың алдынан *а т о й б е р і п,* бөріктерін бұлғап «келме» дегенді білдірді (І. Жансүгіров, Шығ.). Бұл күнге дейінгі қазақ дәстүрінде жоқ бір мінездің тапатал түсте *а т о й б е р г е н і н е* Игілік те қатты түйсігіп қалды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *б) Көзге ерекше түсті, мен мұндалады.* Есей бір нәрсеге тоқталып қарағаң жоқ: бәрі ыстық, көзіне бәрі оттай басылып, «мен мұндалап» *а т о й б е р і п* тұрды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Оның өзіндік, тек Мұхтарлық қасиеттері *а т о й б е р і п* тұрады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Колхоз қаласының көшесіндегі электр шамдар таң шолпанындай жарқырап, алыстан *а т о й б е р і п* тұр (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Атой салды.** *а) Айғайлап, ұрандап шабуыл жасады. А т о й с а п* ол да, сілкінтіп қырды, Кернейін ойнап, дабылын ұрып, Жосыла жөңкіп, қалың қол қаулап, Ашылды алдан жаңа бір дүние (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Аршындады алғалап, *А т о й с а л ы п* көп адам (Т. Жароков, Қырда туғ.). *А т о й с а п,* айқасқа шықтық, Дүлей жауға қарсы түйіліп! (Д. Әбілев, Таңд. өленд.). *ә) Аттандады, айғайлады, ұран салды.* Жем бойында бір биік дөң болатын, сол дөңнің басынан күні-түні қарауыл қарағаң жігіттер мезгіл-мезгіл *а т о й с а л ы п:* — Ал келді! Жау келді!— деп, жайбарақат жатқан қолды аяғынан тік тұрғызумен болып жүрді (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бұл — *а т о й с а л ы п,* айқайлап тиісетін соққы емес (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Аманкелді ер үшін, Жүрегі аттай тулады. Намыстылар қайда деп,— *А т о й с а п* қол бұлғады (О. Шипин, Екі дастан). *б)* А у ы с. П о э т. *Тынымсыз еңбектенді, асыр салды (тыңға байланысты).* «ЖВН—6», «ЖВН—10» жатқасымен 16700 комбайн ақ алтынға *а т о й с а п,* еңбек жалының лаулатып жүр («Лен. жас»). Таңнан бұрын тұрып, күні бойы *а т о й с а л ғ а н* өрендер тізгінді әлі де тартар емес (Бұл да). *в)* А у ы с. П о э т. *Буырқанды, бұрсанды, еркіндеді (өзен туралы).* Бұзылған көпірдің орнына үш бөренені қатар қойып, сол бөренелердің үстімен өзім буырқанып, *а т о й с а л ы п* жатқан Бұрманың арғы жағасына өттім (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ақ Ертіс, Нұр-Зайсанның өр төсінен *А т о й с а п* тұңғышындай еркесінген (Д. Әбілев, Таңд. өленд.).

АТОЙЛА е т. 1. *Айғайлап ұрандау; шабуылдау.* Отанды сақтауға, Жауларды таптауға *А т о й л а п,* қойдық лап! (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). *А т о й л а п* ортақ жауды ойрандаған, Таран мен Аманкелді үзенгілес (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Аттандым майдан шебіне, *А т о й л а п* жауға енемін. Ардақты туған еліме Азаттық алып беремін (Б. Ысқақов, Москва.). Ұлы Отан соғысына барған кімдер, *А т о й л а п* жауына ойран салған кімдер! (Пернедегі термелер). 2. А у ы с. П о э т. *Сайран салу, шарқ ұру (өзен, бұлақ жайында).* Жер еркесі — гүлдерді жайнат та, Тау еркесі — бұлақтарды қайнат та, *А т о й л а* аймаққа! (Т. Шопашев, Жастық.). // *Боран, жел жайында.* Соқты дауыл, жаңбыр құйды, Қараңғыда жай ойнап. Күркіреп күн тынбай тұрды,

Орманда жел *атойлап* (С. Мәуленов, Жаз ерке). 3. *Көңіл аудару, мен мұндалау.* Жаз мұндалап *атойлайды,* Хабаршысы — қарлығаш. Махаббаттың оты ойнайды Көздерінде қарындас (Б. Ырзабаев, Тұңғыш кітап). 4. А у ы с. *Бел шешіп ат салысу, құлшына кірісу.* Өйткені, әділет пен бостандық жайлы, адамның бақыты мен болашағы жайлы, бейбіт өмір жайлы әңгіме туа қалса, *атойлап* алға шығатын белсенді әрекет-қимылға көшетін коммунистер ғой («Лен. жас»).

АТОЙЛАС *Атойла етістігінен жасалған ортақ етіс.* Апрель туысымен табиғат әлсін-әлсін түнеріп, тұс-тұстан *атойласқан* түйдек бұлттар тұтаса келіп «көз жасын» төге берген-ді (Т. Тобағабылов, Жазира).

АТОЙЛАСУ *Атойлас етістігінің қимыл атауы.*

АТОЙЛАУ *Атойла етістігінің қимыл атауы.*

АТОМ з а т. 1. Ф и з. *Заттың ядро мен электроннан тұратын өте кіші бөлшегі.* Оқымыстылар бұрын *атомды* заттың бөлінбейтін бөлшегі дейтін-ді. Кейін оның протонға, нейтронға және электронға бөлінетіндігі анықталды (М. Мұқанов, Бақылау.). Әрбір денеде оны құрайтын *атомдар* үнемі қозғалыста болады (Марксистік филос.). *Атом* гректің «атомос» деген сөзінен шыққан, оның мәні «бөлінбес» деген сөз (Б. Айдарханов, Атом қуаты.). 2. Х и м. *Химиялық элементтің өте кіші бөлшегі. Атом* — жай және күрделі заттардың молекулаларының құрамына кіретін химиялық элементтің ең кіші бөлшегі (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Молекулалар құралатын, химиялық бөлінбейтін өте кішкене бөлшектерді *атом* деп атайды (Химия). Сутегінің төрт *атомы* төрт валентті көміртегі *атомы* арқылы ғана CH_4 молекуласы болып қосылады (Орган. химия). 3. *Атом қаруы, атом бомбасы. Атоммен* үрей алмаққа Асығушы еді Трумэн (Ғ. Орманов, Сәт сапары). *Атомның* қыршын Құрбанын!— деді, Жүректе жүрсін Ызалы кегі (Б. Аманшин, Бұтақтағы бұлбұл.). Оның нұрлы, оның ерлік жолына Бөгет емес жаудың *атом* оғы да (Ж. Молдағалиев, Бастаушы. партия). // С ы н. *Атом арқылы іске қосылатын.* Алматыда *атом* реакторын салу осы бағыттағы айтылып отырған ғылыми-зерттеу жұмыстарын едәуір жеңілдете түседі (Б. Айдарханов, Атом қуаты.). *Атом* кеме мұз бұзған Мұхитыңа түсірдім, Әрі асыра тұл-құздан, Жер серігін ұшырдым. (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Қазіргі *атом* сүңгуір қайығы мен реактивті самолеттің не ғаламаты бар?! («Қаз. әдеб.»).

◆ **Атом бомбасы.** *Атом қуатына негізделіп жасалған бомба; атом қаруы.*— Тоқта! АҚШ-тың сұмдары, қысқарт шуды! Сүйреп *атом бомбасын* жиһан кезбей! (Ж. Саин, Таңд. шығ.). *Атом бомба* — ажал уы, Капиталист құмар оған (М. Жансаева, Ана жүрегі.). Жапон қаласының үстінен американдар *атом бомбасын* тастапты. Мың-мыңдаған адам қас қаққанша қырылған көрінеді («Қаз. әдеб.»). **Атом ғасыры** [дәуірі, заманы]. *Атом қуаты ғылым мен техниканың, шаруашылықтың барлық саласында пайдаланылған кез, атом қаруы күшті дамыған мезгіл.* Жас ұрпақ! Сен *атом ғасырында,* ғылым мен техника ғасырында өмір сүресің! (Ж. Саин, Жол үсті.). Біздің ғасыр — цивилизация ғасыры. Енді міне *атом дәуірі* ашылды. Россияда ұмытуға айналдық Ат күшімен күн көретін тәсілді (Ә. Тәжібаев, Араллар). Оқу керек... Бұл техника заманы, *атом заманы.* Болашақ сендердікі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). **Атом қаруы.** *Атом қуаты арқылы іске қосылатын бомба, снаряд, ракета т. б.* Африка әйелдері өздерінің от басына, балаларына төнген ажал қаупін сезіне отырып, Сахараны *атом қаруын* сынайтын алаңға айналдыруға қарсы ашына үн көтерді (Аялы жандар). **Атом қуаты** [энергиясы]. *Атом күші.* Бізде *атом қуатымен* жұмыс істейтін электр станциясы да бар (С. Сейітов, Жылдар.). Электр энергиясын көп өндіру үшін *атом қуатын,* ядролық қуатты, күн сәулесінің қуатын пайдалану ісіне де бұдан былай көп көңіл бөлінеді (К. Ордабаев, Коммунизм.). Адам осы кездің өзінде *атом энергиясын* пайдаланып, іске жаратуды үйрене бастады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). **Атом электр станциясы.** *Атом ядросының ыдырау процесінен туатын энергияны пайдаланып жұмыс істейтін электр станция. Атом электр станциясының* тұңғыш отаны болған СССР-де өнеркәсіптік ірі *атом электр станция* Сібірде салынды (ҚСЭ). **Атом ядросы.** *Ең кіші элементарлық бөлшектер: протон мен*

нейтронның бірігуінен жасалып, электрондардың қоршауында жатқан атом бөлшегі. Атом ядролары протондар мен нейтрондардан тұрады, ядро құрамында электрон болмайды (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Фотографиясыз *атом ядросының* бөлшектену процесін, көзге көрінбейтін микробтар өмірін зерттеу қиынға соғар еді (Б. Тілекметов, Фото сурет.).

АТОМДЫҚ сын. *Атомға қатысты, атомға тән.* Табиғаттың барлық құбылыстарын түсіндірудің негізіне М. В. Ломоносов *атомдық* теорияны пайдаланады (Марксистік филос.).

◆ **Атомдық салмақ.** *Оттектік бірлікпен белгіленген атомдар салмағы.* Элементтің *атомдық салмағы* дейтініміз оттектік бірлікпен көрсетілген оның атомының салмағы (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Демек, *атомдық салмақ* белгілі бір атомның оттегі атомы салмағының $^1/_{16}$-нен неше есе ауыр екендігін көрсетеді (Химия).

АТОМОВОЗ зат. *Атом энергиясымен жұмыс істейтін локомотив.* Газ турбиналы *атомовоздың* келешегі мол (ҚСЭ).

АТОМОХОД зат. *Атом қуатымен жүретін кеме.*— Біз үшін қорықпа. Қазір қайтамыз!— деп жауап қайырды оған Қозы, *атомоходты* алыста қарауытқан биік жартастарға қарай бұрып (Т. Шаханов, Жоғалған жәyһар).

АТОМШЫ зат. *Атом қаруын агрессиялық мақсатта жұмсаушы адам, империалист.* Бүгінде *атомшылар* Корей жерін, Ойрандап ағызғанда қанның селін. Ту ұстап дүниенің күзетінде, Айбының адал жанға болып сенім (Т. Жабаев, Із). Тасқынымнан тайлығып, *Атомшылар* шегінер. Көп доллары көзіне, Қиыршық құм боп себілер (Қ. Айнабекұлы, Өленд.).

АТОМШЫЛ сын. *Атом құмар. Атомшылдар* жасап сұм шарт тізбегін, Қан сасытпақ болса-дағы іздерін. Біз мықтымыз! Ұлы күштің кепілі — Коммунистік бірлігіміз біздердің! (Ж. Молдағалиев, Жыр.). *Атомшылдар* «соғыс» деп желігеді, Асықса ажалына кезігеді. Әлемге өрт салуға қамданғандар Көріне өзі қазған көміледі (К. Әзірбаев, Шығ.).

АТПА зат. көне. *Егінге су шығаратын ең қарапайым құрал.* Бірсыпыра жерлерде ұзын сабы жіпке байланып, кішкене үш аяқты мосы сияқты нәрсеге асылып қойылатын үлкен ағаш шөміштен жасалатын *атпа* ең қарапайым су шығаратын құралдың көмегімен егіс қолмен суарылып отырған (ҚазССР тарихы). Биыл су таппы болғандықтан жұрт аяқ судан үміт үзіп, күші келгені шығыр, күші келмегені *атпа* құруға кіріскен-ді (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Егіндік арық арқылы және су шығаратын қарапайым құралдар: *атпа,* шығыр арқылы суғарылды («Халық мұғ.»).

◆ **Атпа атты.** *Атпамен егінге су шығарды.* Егіннің суаратын құралы — атпа, *Атпа атып* аш адамдар болды қатпа. Қамында халық болудың қайла еткен, Түспеуге апшық деген ажалды отқа (О. Шипин, Екі дастан). Жері қандай баптаулы, Біте қалды еккені. *Атып* қолмен *атпаны,* Судан кенде етпеді (Ә. Тәжібаев, Таңд. шығ.). Жауырынын жаздай күнге қақтатып, Әкем сол жыл бөлтек салған *атпа атып.* Күзде болыс: «егін егу заңсыз»,— деп, Аз асықты алып кетті хаттатып (Қ. Жармағамбетов, Баллада.).

АТПА: **Атпа найза.** Көне. *Кәдімгі найзадан қысқарақ, жеңіл найза; соғыс қаруы, аңшылық құралы.* Қазақ *атпа найзаны* жаққа салып ататын (лақтыратын) болған (ҚСЭ). **Атпа тамыр.** Бот. *Атпа бүршіктері бар тамыр.* Өндірісте таңқурай *атпа тамыр* арқылы өсіп көбейеді (А. Жанғалиев, Бағбан кітабы). **Тамыр атпалары.** Бот. *Өсімдіктердің тамырларындағы бүршіктерден өсіп шыққан жас өркендер.* Кейбір өсімдіктердің тамырларында бүршіктер пайда болады. Осы бүршіктерден жаңа жас өсімдіктер өсіп шығады. Оларды *тамыр атпалары* деп атайды (Ботаника). Көк терек пен шетен *тамыр атпаларынан* көбейеді (Бұл да).

АТПАЗ зат. **1.** *Ат жаратушы, бабына келтіруші; сайыпкер. Атпаз* адамның жанына балаған жалғызы екенін Байжан бір көргенде-ақ танған (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Аузымен құс тістеген нелер жүйрік, сауырынан су төгілмес жайсаң жорғаларды ата-бабасынан бері *атпаз* сайыпкерлер алдын ала жаратып, бабына келтіреді («Қаз. әдеб.»). **2.** Сөйл. *Ат сыншысы; атбегі. Атпаз* көрген ат танып, Ұстаз көрген хат танып (Мәтел).

АТПАЙ-ШАППАЙ үст. *Атқан да, шапқан да жоқ.* Сөйтіп, *атпай-шаппай* каталошкеде жаттық (С. Сейфуллин,

Таңд. шығ.). Басында басқындатып біраз ғана, Қыз алды сөзбен кегін *а т п а й ш а п п а й* (Айтыс).

АТПАҚЫЛ з а т. *Асық не томпай атып ойнайтын ойынның аты.* Жүргенде *а т п а қ ы л д ы* атып ойнап, Кетіпті бір кемпірдің жібін үзіп (Қозы Көрпеш.). Күн төбеден ауған кез, *А т п а қ ы л* атып жатқанбыз. Жүйткіте түсіп таудан төз, Келді қала жақтан қыз («Қазақст. мұғ.»).

АТПАЛ с ы н. *Денелі, ірі, алпамсадай; таңдаулы, іріктелген.* Дәл осы күннің түс кезінде Құнанбай жүз елудей *а т п а л* азаматқа ең жүйрік аттарды мінгізіп, қолдарынан тегіс сойылдарын тастатып, айбалта, найза бергізді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Тұншығып шырылдаған әлсіз үндермен қоса ерлік жасап, жаумен алысқан *а т п а л* азаматтардың жойқын күші де аңғарылады (К. Оразалин, Көктем.).

АТПАЛА е т. *Суды атпа арқылы жеткізу, атпамен шығару.* Арын тарыны шелекпен қолдап та, *а т п а л а п* та суарды (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Жүгері мен қауын салсақ па дейміз. *А т п а л а с а қ* та суғарып алармыз деп отырмыз (Т. Дәуренбеков, Біз кездес.).

АТПАЛАУ *Атпала етістігінің қимыл атауы.* Суды атпалағанда, атыз суға толмай, оны тоқтатуға, *а т п а л а у д ы* үзуге болмайды (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек).

АТПАЛЫ с ы н. с ө й л. **Атпал.** Тізерлей шөгерілген *а т п а л ы* атандарға үйдің туырлық, үзіктерін, түндігін қомдап, қызылды-жасылды боялған жүнмен шымдап оралған әдемі шилерді бүктеп шиыршықтап әкеліп артып, қыз-келіншектердің қолдары қолдарына жұқпайды (С. Бегалин, Шоқан асу.).

АТРАП з а т. с ө й л. **Атырап.** Щербаков қыр басынан *а т р а п қ а* көз жіберіп күлім-күлім етеді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бұл *а т р а п т а* бұлт көрінбегелі және бір тамшы жауын жаумағалы талай күн болды (М. Әуезов, Абай). Тұнып тұр байтақ *а т р а п* Ұйқыға бөгіп, елтіген. Сырласар жалғыз жапырақ Самал жел сүйіп, желпіген (Н. Шакенов, Айгүл).

АТРИБУТ з а т. 1. Ф и л о с. *Заттың я құбылыстың өзіне тән тұрақты қасиеті, айырымдық белгісі, ерекшелігі.* Материяның *а т р и б у т ы,* оның бөлінбейтін елеулі қасиеті — тұрақтылық болып табылады (Марксистік филос.). Қозғалыс дегеніміз материяның кездейсоқ бір күйі емес, оның бойында бар жалпы, мәңгі қасиеті, оның өмір сүруінің тәсілі, *а т р и б у т ы* (Бұл да). 2. Г р а м м. *Сөйлемнің анықтауыш мүшесі, немесе анықтауыш сөз.* Сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, санасын білдіретін сөздер көбінесе *а т р и б у т* қызметінде жұмсалады (Қазіргі қаз. тілі). Есімше етістіктен жасалады да, есімге *а т р и б у т* ретінде қолданылады (Бұл да).

◆ **Атрибуттық қатынас.** *Анықтауыш пен анықталушы сөздердің арасындағы мағыналық байланыс. А т р и б у т т ы қ қ а т ы н а с т а ғ ы* сөздер (анықтауыш пен анықталушы сөздер): темір күрек, жібек орамал т. б. (Қазіргі қаз. тілі).

АТРИБУЦИЯ з а т. *Бүркеншік атпен қол қойған немесе анонимдік ғылыми және көркем шығармалардың авторын, жасалу мезгілін, мекенін анықтау ісі. А т р и б у ц и я* — музей жұмыстарының маңызды бір саласы (ҚСЭ).

АТРОПИН з а т. м е д. 1. *Меңдуана, итжидек сияқты өсімдіктерден алынатын еліртқіш қасиеті бар улы зат.* Өсімдік органдарының бәрінде шоциамин, *а т р о п и н,* скополамен дейтін алколоидтық улы заттар бар (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). 2. *Осы улы заттан жасалынған ақ ұнтақ дәрі. А т р о п и н* мен папаверинге қарағанда бұл дәрінің әрекеті көпке созылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АТРОФИЯ з а т. м е д. в е т. *Әр түрлі жағдайлардың әсерінен бір органның не тканьнің қалыпты көлемінен кішірейіп семуі, солып қалуы. А т р о ф и я* адамда да, жануарларда да болады (ҚСЭ).

АТ-САЙМАН з а т. *Ат және оған керекті жабдықтар; ер-тұрман, қамыт-сайман.* Елден қашқан-құсқан жігіттер *а т-с а й м а н ы н* бет-бетімен лақтырып тастап кетіпті (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АТСЕЙІС з а т. ж е р г. *Атбегі, атпаз, сайыпкер.* Абай әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір, саятшы, *а т с е й і с,* сыншы боп шығады (М. Әуезов, Әр жыл.).

АТСОҒАР з а т. д и а л. **Қамшы.** ... Арбадан түспей ұзын *а т с о ғ а р ы н* үйіріп отыратын Бадыр тағы кер атты тақымдап тауға тартты (С. Бегалин, Ана қайраты). Ақсақалдың алдына *а т с о ғ а р ы н* тастаған кісі сөз бастапты (Қазақ календары).

1. АТСЫЗ с ы н. 1. *Есім қойылмаған, есімсіз, аты жоқ. А т с ы з* адам бола ма? («Лен. жас»). Біздің көшеміз әлі *а т с ы з* тұр (Ауызекі тіл). 2. *Тақырыпсыз.* Мына сияқты үш жұлдызша *а т с ы з* лирикалық өленнің үстіңгі жағына қойылушы еді ғой (С. Сейітов, Жылдар.).

2. АТСЫЗ с ы н. *Мінер аты жоқ. А т с ы з* жылқышы мылтықсыз солдатпен тең (Ж. Тілеков, Қайнар).

АТСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Толық мәнінде ат деп айтуға болмайтын ат; аяқ артар.* Тым болмаса аяқ артар *а т с ы м а қ* алар ма екенбіз деп, іниміз екеуміз Таутабай байға жалға тұрдық (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АТТА е т. 1. *Бір нәрсенің үстінен адымды кере, секіріңкіреп өтіп кету; баспау.* Бақтығұл үндемей жай қозғалып, есік алдында жатқан шырпы отыннан *а т т а п* өтіп, төрге қарай шықты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жолға көлденең жығылған бөрене сияқты оны төңкеріп тастау да, үстінен *а т т а п* кету де оңайға соғарлық жұмыс емес (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Аттарын беріп қорадағыларға, Қарамай даңғазаға, дабыраға. Аңғардың арығынан *а т т а п* өтіп, Жүгіріп жөнелді Омар Хадраға (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). 2. *Жүру, аяқ басу, адымдау.* Біз ілгері *а т т а ғ а н* сайын жел желіге түсіп, көкіректен кейін қарай итереді (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Балқия көзін Қазыбектің қабағынан айырмаған күйі ілгері бір-екі *а т т а д ы* да, ортадағы діңгектің есік жақ түбіне отыра кетті (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Асыға бердім мен бірақ, Адымдай *а т т а п* ілгері, Жарымның көзі жаудырап, Тұрғандай күтіп бір мені (Т. Молдағалиев, Жас қанат). 3. А у ы с. *Өмірге ілесу, уақыттан, заманнан қалмау.* Мен сонда қатар *а т т а п* заманменен, Сеніммен «бөгеттерді алам» дегем. Ер қаруы бес қару: мылтық, бомба, Найза, қылыш, аттандым қаламменен (Партия тур. өленд.). Даңғыл жолда талмай тура, Өмірменен *а т т а* қатар. Ұлы құрылыс жабдығына Болат сөзден жаса деталь (М. Әлімбаев, Құрбыма). Мін тапсаң егер жолдастан, «Ұсақ» деп оны жұбатпа. Талапкер, қатал бол жастан, Уақытпен дайым жүп *а т т а* (Ж. Молдағалиев, Поэм.). 4. А у ы с. *Қарқындап даму, еселеп өсу, ілгерлеу.* Сұраған көмегін алып, мән-жайға қанып шыққан Мейрам: — «Қарағанды бірінші бесжылдықтағы өткен ондаған жылдарды *а т т а п* өтеді» — деп қуанды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бірақ солдат күндердің Шапшаңдығын сақтапты. Өндірісте бір жылда Он жылықты *а т т а п т ы* (С. Мәуленов, Магниттау.). Мезгілсіз арнасына іс толтырып, *А т т а й м ы з* ғасырлаға қоймай саты! (Д. Әбілев, Таңд. өленд.). 5. А у ы с. *Адамшылықты, ар-ұятты, сыпайыгершілікті сақтау.* Қардай борап үстіңнен оқ жауса да, Адамшылық арыңнан *а т т а м а* тек (С. Керімбеков, Еңбек — ата). Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз *а т т а п* ұяттан. Қорлыққа көндім бұл құрлы, Байқалар халім бұл хаттан (Абай, Тол. жин.). Тұр еді Сәукен үнсіз сабыр сақтап, Шегінен сыпайыгерлік кетпей *а т т а п,* Жүзінде нышаны бар қынжылыстың, Бір сөзді бастай беріп қалды тоқтап (С. Омаров, Сәукен). // *Әдет-ғұрыптан озбау, салты сақтау.* Бірақ, амал жоқ, *а т т а й* алмас бір салттар бар (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *А т т а й* алмай жат ғұрыптан Әуелікпен неге жүрміз (Қ. Бекхожин, Мариям.). // *Уәдені бұзу, сертті орындамау.* Демедің: «Күт мені», Уәденді *а т т а д ы ң.* Сағынып күн-түні, Қиналды жас жаным (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). «Ежелгі жау ел болмайтын», Уәдені *а т т а п,* бұздың сертті (М. Жансаева, Ана жүрегі).

◆ **Айшылықты алты аттады.** Ф о л ь к. *Ұзақ жолды тез жүріп өтті (желден озған жүйрік жайында).* Оза, оза зырлаған, Басын тартса болмаған. Көк айыл болып көрінсе, *А й ш ы л ы қ т ы а л т ы а т т а у ғ а* ойлаған (Ер Тарғын). *А й ш ы л ы қ т ы а л т ы а т т а п,* Асыл сөзді тақпақтап, Топ алдында желмеген Заманың мынау құлпырған (Жамбыл, Тол. жин.). Ала жібін аттамады. *Ешкімнің еш нәрсесіне тимеді; адал. А т т а м а й д ы* ағайынның *а л а ж і б і н,* Малыңның қозғамайды, жатса түгін. «Таңдағы тәңіріден тамағым» деп, Ертеңін қайғырмайтын, тойса бүгін (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). *А л а ж і б і н а т т а м а й,* Адам атын даттамай, Өлмекші ме әділ жан, Болмас оны ақтамай! (Қ. Мырзалиев, Алуан.). Өмір бойы біреудің *а л а ж і б і н а т т а ғ а н* жан емеспін, адалмын деп айта аламын («Лен. жас»). Аруақ аттады. *Әдет-ғұрыпты бұзды, аруаққа асы болды. А р у а қ т ы а т т а п* өте алмай, Қашықтап алыс кете алмай... (Манас). *А р у а қ а т т а п* қайда кетіп бара жатырсың (Ауызекі тіл). Аттап кетті. *Қалдырып кетті, соқпай өтті.*

Бұл сұрақты да *аттап кетуге* болмас еді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Кей беттегі өлеңдерді Әнуар оқымай, тез *аттап кетеді* (Б. Соқпақбаев, Алыс ауыл.). Қай өлеңді алсақ та, оны тексеруде өлеңнің бунағын *аттап кете* алмаймыз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). **Аттап өтті.** а) Поэт. *Үлкен кедергіден (таудан, шың-құздан, асудан) қиыншылықсыз өтті, оңай асты.* Аспанға қолы жеткендей, *Аттап өтіп* шың, құзды (С. Мұқанов, Замандас.). *Аттап өтіп* асудан, «Белін кестік» олардың (Ақын жырлары). ә) Ауыс. *Соқпай кетті, қашты.* Жасыратыны жоқ, қазақ совет әдебиетінің тарихшылары осы кезеңді толық тексермей, я үстірт, *я аттап өтумен* келеді (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Қазақ жырларындағы батырларды алсақ, бұл салтты *аттап өткен* біреуін көрмейміз (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). Адамдық ар-ұяттан *аттап өтіп,* Біреуді жарамайды үзіп, жұлқу (Үш ғасыр). **Аттап шықпады.** *Тұрған жерінен шығып ешқайда бармады, бір жерден ұзамады.* Өмірінде ауылдан алыс *аттап шықпаған* адам, енді ұшы-қиыры белгісіз соғыстың өзіне кетіп бара жатқанда қобалжымай қайтсін (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Теңіз төңірегінен басқа жаққа *аттап шықпаған* Дина ұзақ жолға шығуды ойлады (С. Бақбергенов, Күй). Байымыз рұқсат бермесе, үйден *аттап шықпайтын* едік,— деді Күлзипа (Б. Майлин, Шығ.). **Аяғыңды аттап көр.** *Жолама, аяғыңды баспа.* Сен осыдан кейін қарай *аяғыңды аттап көр!...* Ұрып, жығып кетейін (І. Жансүгіров, Шығ.). **Аяқ аттады.** *Белгілі бір жасқа, мөлшерге жақындады.* Он үшке *аяқ аттады,* Қойшы болды мақтады. Қойынан шығын шығармай, Алған бұлын ақтады (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Октябрь анам он жылға *Аттағанда аяғын,* Сөйлемеген тіл құрсын (Партия тур. өлеңд.). **Бақан аттар.** Көне. *Ескі салт бойынша күйеу беретін кәделердің бірі.* Қазақ ғұрпында күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, *бақан аттар,* есік ашар, қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар сияқты кәделерін алуға тиісті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Басынан аттады.** *Елемеді, менсінбеді, күш көрмеді.* Қарапайым қарт Жақыпты жолындағы бір төмпешіктей қиқандаса, *басынан* бір-ақ *аттап* кететіндей көруші еді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Егер де қарсы болсаң, тас-талқан ғып, Сойқандап кетеміз,— деп, *бастан аттап* (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). **Босаға [есік] аттады.** *а) Бір жерге алғаш рет келді, кірді.* Аңғырт кеткен қатемді *босағаңды аттаған* сағатта мен де сездім (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Бір жыл молдада оқығаны болмаса, Өмірінде мектеп *босағасын аттамаған* Сыздықтың саяси сауаты әбден ашылыпты (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Алғаш мектеп *есігінен аттадым,* «Отан» деген сөзді тұңғыш жаттадым. Көргім келіп Отанымның тұлғасын Көп іздедім, ешбір тыным таппадым (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). *ә)* Ауыс. *Келін болып түсті, ерге шықты.* Осы үйдің *босағасын аттағалы,* Шешеңнің жоқ еді ғой татпағаны. Деуші едім: тартып болдым көр азабын, Құдайдың бар ма әлі сақтағаны (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). Солай болғанмен, Зәуре біреудің *есігін аттаған* әйел емес пе, Сарэнжав-ау?! (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).**Босаға аттар.** Көне. *Күйеу ең алғаш қалыңдық үйіне кіргенде жасалатын ырым.* Олар «бисмелла» десіп есік ашты, күйеу *босаға аттар,* шымылдық ашар ырымын жасады (Ж. Жұмақанов, Мен жұмысшы.). **Дәм [ас] аттама.** *Ас ауыз ти, дәм тат.* Атам қазақтың кішінің үлкенге сәлем беретін, *дәм аттамайтын* салтын ұмытпа, неге өтіп барасың? (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Ас* үстінен *аттама,* Астан үлкен емессің (Мәтел). **Табалдырығын аттады.** *Алғаш рет келді, кірді.* Екі жылдың ішінде үйінің *табалдырығын аттап* отырғаны осы-ау (Б. Майлин, Шығ.). Мектеп *табалдырығынан* жаңа *аттаған* жеті жасар бөбектер әлденені жатырқағандай, аяқтарын ептеп басады (М. Иманжанов, Көк белес). Алғаш театр *табалдырығын* Күләш пен Шара бірге *аттаған* (Аялы жандар). // *Дүние, өмір жайлы.* Мен жарық дүниенің *табалдырығын аттап* кіргелі бері, міне, табаны трактордай он үш жылға аяқ басты (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). // *Еңбек жайлы.* Міне, Уәсила еңбек *табалдырығын* алғаш рет осылай *аттап* өз өміріндегі жаңа бір белеске осылай көтерілді (Сауыншы шам-шырақ.).

1. **АТТАЙ** сын. *Ат сияқты, ат тәрізді.* Құлыны тайдай, тайы *аттай* болар жануардың (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Отырған жұрт *аттай* шұлғысып, мақұлдайтындарын білдірді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

◆ **Жүрегі аттай тулады.** *Жүрегі қатты соқты, алып-ұшты. Жүрегім аттай тулап,* кейде буындарым қалтырап кетеді (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Сол еді Дәмен жеңге күрсінгені, *Жүрегі аттай тулап* дүрсілдеді (Д. Әбілев, Өленд.). Жатыр ем, түн ішінде біреу келді, *Жүрегім аттай тулап* қоя берді (Батырлар жыры).

2. АТТАЙ үст. *Дәл, нақ, тура; бақандай, табаны күректей.* Бұдан *аттай* жиырма жыл бұрын сиыр фермасында сауыншы едім (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). *Аттай* бір ай өткенде, Әлжан курорттан қайтты (Е. Қалиев, Рудный.). Апырым-ай, сол жаққа ат ізін салмағаныма *аттай* он жыл болыпты-ау («Қаз. әдеб.»).

АТТАЙ-АТТАЙ үст. *Өте-өте, аса-аса.* Сонау кең жазыққа шыққанша, талай жыра, талай қиялар жатыр. Жігіт ойы олардан да *аттай-аттай* пәтеріне жетті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

АТТАМ: **Аттам жер.** *Шамамен 1 м-ге тең қашықтық өлшемі.* Екі *аттам жердегі* қаруларына қолдары жетпей діңкелері құрып тұр ғой (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Фермада құстай ұшып жүрген қыз президиум столынан екі-үш *аттам жердегі* трибунаға да әрең жеткен сияқты (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). **Бір аттам шықпайды.** *Еш қайда бармайды.* Шешем көріп қалса, құрдым ғой. Күн батып, шам жағылғанша үйден *бір аттам шықпадым* (Н. Сералиев, Қаңтар).

АТТАМА сын. *Секіртпе, әр жерінен бір.* Бұлардан басқа Украина мен РСФСР-дың кейбір колхоздарының өмірі, *аттама* мағлұматы кең де жан-жақты баяндалады (Ә. Шәріпов, Алыс жағал.).

АТТАМАЛЫ сын. *Секіртпелі, үстірт.* Өлеңінде айтылған сыры жол-жөнекейгі әңгімесінде аша түсіп, өмірбаянынан *аттамалы* мағлұмат бергені бар (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек).

1. АТТАН ет. **1.** *Кетіп қалу, жүріп кету.* Аулынан *аттанып* кеткен соң, сыртымнан мені сұрапты (І. Жансүгіров, Әңгім.). Мен олар *аттанысымен* төсегіме кеп жаттым да, таңертең ерте тұрдым (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Тым болмаса бүгінше Қонып *аттан,* Жақыпжан! Аунап-қунап төсекте, Өз қолымнан татып дәм (С. Машақов, Жылдар). Председатель бұл отардан күн батарда *аттанды* (Көктем лебі). **2.** Ауыс. *Жолға шығу, бір жаққа қарай бет алу.* Қас қарая Тоқаш шешесімен қоштасты да, жалғыз өзі қалаға *аттанды* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Алматыдан жер жанаты атанған Жетісу өлкесіне бір топ ақын *аттандық* (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).— Ия, мен ардақты ұстазымның тілек-батасына бөленіп, алыс сапарға *аттандым* (С. Омаров, Қайырлы жаз). **3.** *Жорыққа, майданға, соғысқа кету.* Сен үшін, азаппенен өлген ана, Сен үшін жараланған, орман-дала. Сен үшін, туған елім,— деп серт беріп, Жорыққа кетті *аттанып* кекті бала (Қ. Жармағамбетов, Баллада.).— Ер-азамат майданға *аттанса,* еңбекке елмен бірге біз де барамыз (С. Бегалин, Жетқіншек). Ту тіктім ел-жұртымды жиып алып, Жауға қарсы *аттандым* ойран салып (Дастандар).

◆ **Дүниеден аттанды** [**о дүниеге аттанды**]. *Қайтыс болды, дүние салды.* Өзін жанындай көріп, алдынан кесе-көлденең өтіп көрмеген жан *дүниеден аттанғалы* жатыр (К. Оразалин, Ақ жазық). Балам менің бұл *дүниеден аттанған,* Содан қалқам жүрегімде дақ қалған. Бұл қайғының басқа түсер салмағын Біледі тек бала асырап бақкан жан (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Сен менің *о дүниеге аттанғанымды* күтіп жүресің бе? (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Күйеу аттанар.** Көне. *Ескі салт бойынша күйеу қалыңдығына аттанар кезде жасалатын ырым.* Неше жігіт, неше қыз ер жетсе, сонша құда түсер, *күйеу аттанар,* есік ашар, ұрын келер, ит ырылдар, бақан тастар, қол ұстатар, шаш сипатар, төсек салар... (М. Тиесов, Жиделібайсын.).

2. АТТАН од. көне. *«Жау шапты» немесе «ұры түсті» деген суық хабарды білдіру үшін айтылатын ұран сөз.* «Әй, кімсің, ә?»— деп дауыстады да, жауап қайтпаған соң жылқышы: — *Аттан! Аттан!*— деп, жым-жырт тау ішін шошыта жаңғыртып айғай салып жіберді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Белдеумен аузын таңды айтпасқа *«аттан!»*. Тығылып Масатыны тапты жатқан. Сырт ұстап ерлі-байлы екеуін де, Сертіне жетті жаулар шығарда айтқан (О. Шипин, Екі дастан). Үйқылы ояу отырған күзетшілер де ит үрген жаққа қарай жүгіріп, қашқан аттылардың дүбірін естігенде: *Аттан! Аттан!*— деп шу көтерді (Б. Шалабаев, Өмірде.).

◆ **Аттан салды.** *а) Айқайлады, «аттан» деп ұран салды.* Шалғымбай дүкен ішінде баж-бұж етіп *аттан салды* (І. Жансүгіров, Шығ.). Дауысы буырқанған сел күшіндей, Дүшпанын тітіркентіп қалтыратқан. Ол көкем—Аманкелді арыстаным, Дүшпанын дүрліктіре *салған аттан* (С. Мәуленов, Магниттау.). Ылғи қарап тұрып, әлдекім қылт ете қалса, *аттан салатын* жаугершілік заман емес («Лен. жас»). *ә)* А у ы с. *Шу көтерді, айғайлап, мазаны алды.* Қит етсе *аттан салу* ұят. Судан қысылдық, ел өзі құтқарды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Бірақ аса мақтаншақ, Тыныштық бермес *аттан сап* (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

АТТАНДА е т. 1. *Аттан салу, «аттан! аттан»!— деп айқайлау.* Соны айтқанша болмады, таянып келген төрт атты кісі, тұнжыраған түнді селк еткізгендей ақырып-ақырып, айқай салып *аттандап,* екі қылаң атты жігітке дүрсе қоя берді (С. Сейфуллин, Шығ.). Бір сәтте зор үн шықты *аттандаған,* Сол күнде сойыл бар ма мақталмаған. Не керек, бейбіт елдің малы алыста, Жалынан тартып мінер ат қалмаған (Жас қанат). Түн жарымы ауа ат баққан жылқышы *«аттандап»* қосқа шауып келеді («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Ойбай салу, дауыстау.* Әңгімені созбадым, Сары белді қаптадап, Ойбайды салып, *аттандап,* Жылап келем (О. Әубәкіров, Жасыратын не бар).

АТТАНДАС *Аттанда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Бірге *аттандасып* ол да шауып келе жатыр (Ауызекі тіл).

АТТАНДАСУ *Аттандас етістігінің қимыл атауы.* Бірін-бірі сабаған, *Аттандасу,* ойбайлау (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

АТТАНДЫР *Аттан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қонақтарды *аттандырып* салып, Омар Игіліктің қасына келді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Соғыстың алғашқы күндерінде Дәметкен екі ұлын бірдей майданға *аттандырып* еді, екеуі де үйіне оралған жоқ (С. Мұқанов, Аспаз).

АТТАНДЫРУ *Аттандыр етістігінің қимыл атауы.* Ауыл адамдары *аттандыруға* ылайықтанып, аттарды шешіп алып, көлденеңдетіп шаужайлап тұр (І. Жансүгіров, Әңгім.). Сондықтан балалар көшет үшін қалаға Майсаны *аттандыру* керек деп ұйғарды (А. Хангелдин, Алғыс).

АТТАНСЫРА е т. *«Аттан», «аттан» деген ұранды ақсау.* Алағызып тұратын *аттансырап,* Аты жоққа көбірек батқан, сірә! Боз далада боздаған бабаң жайын Білгің келсе, жас ұрпақ, аттан сұра! (Қ. Мырзалиев, Домбыра).

АТТАНУ *Аттан етістігінің қимыл атауы.* Әбіштің сапарға *аттану* кезі жақын қалды (М. Әуезов, Абай). Ал, шырақ, *аттану* қашан?— деп сұрады менен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Естібай амалсыздан жорыққа *аттануға* бұйрық берді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

1. АТТАНЫС з а т. 1. *Жорық, шабуыл.* Біздің елде сізге қарсы, сіздің ұяңызға қарсы үлкен күрес, ұлы *аттаныс* бар (І. Жансүгіров, Шығ.). 1726—1727 жылдарда қазақ елін жиып, Сарарқаны, барлық қазақ жерін алған қалмаққа қарай *аттаныс* қылуға сауын айтысады (С. Сейфуллин, Шығ.). Әлі есімде, жол үстінде жолықтың, Заманы еді *аттаныстың,* жорықтың. Жау жағадан алған шақта, тар жерде, Бір мен ғана суйенішің болыппын (Б. Майлин, Шығ.). *// Ескі қазақ ауылдарының арасында болып тұратын шабыс, барымта алыс.* Керей мен найманның осы жаздағы *аттаныстарын,* бір-бірінен барымта алысып, шабысып қалғанын айтысты (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Дау үдеген, ел елерген. Күнде жиын, *аттаныс.* Көк шолақты кедей де жүр, Іздегені ру, намыс (Б. Майлин, Таңд. шығ.). 2. *Белгілі бір жақка жасалған сапар.* Көкше мұз екі еліге іліксе-ақ, балықшы ел балыққа *аттаныс* жасайды екен (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Ақыры *аттаныс* сағаты таянған болса керек. Кешке қарай желкенді кемелерге тола тиеліп, шығысқа қарай жол шеккенбіз (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Таудың қалың бадалды, қарағанды, одан әрі қарағайлы бір сілемі аулымызға иек артып, біз оған үнемі *аттаныс* жасап, әр маусым кезіндегі өсімдіктердің ерекшеліктерімен танысып тұратынбыз (Х. Ахметов, Еліктің лағы).

2. АТТАНЫС *Аттан етістігінен жасалған ортақ етіс.* Сұлушаш нөкерімен *аттаныстың,* Сүйісті, құшақтасты, қол алысты (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Ауыл ақсақалдары адамдарын жинап *аттаныстың* (С. Көбеев, Орынд. арман).

АТТАНЫСУ *Аттаныс етістігінің қимыл атауы.*

АТТАРАҚ з а т. *Аттың жал-құйрығын сүзіп тарайтын құрал.* Қазіргі *а т т а р а қ т ы ң* металл тістері дөңгелек қалақшаға қағылып қойылады. Қалақшаның сыртында қолға киетін жалпақ баулық болады (ҚСЭ).

АТТАС с ы н. 1. *Есімдері бірдей, бір есіммен аталынатын; адас.* «Осы ауданда әкеммен *а т т а с* біреу бар шығар. Мына кісі соны айтып тұрмасын» деп ойладым (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Күлді достым окобынан: — Сүйіктіміз *а т т а с* екен... Менің жарым секілді ғой, Күліп тұрған көкжиектен (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). Екеуі тума да емес, нағашылы-жиенді де емес, тек аталарының есімдері ғана *а т т а с* (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). 2. *Бір атпен аталынатын.* Бір *а т т а с* зарядтар бірін-бірі тебеді, ал түрлі *а т т а с* зарядтар бірін-бірі тартады (Физика). Егер екі белгісізі бар екі теңдеудің ішіндегі *а т т а е* белгісіздер бір ғана санды көрсететін болса, олар система құрайды (Алгебра).

АТТАТ *Атта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жау адымын *а т т а т п а й,* Жете алмасаң, саған серт. Жауды жансыз аруақтай Ете алмасам, маған серт (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Торы айғыр *а т т а т п а й* қуып жетіп, Өнербек көк сойылын қайта соғып өте шықты (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра).

◆ **Аяқ аттатпады.** *Ілгері бастырмады.* «Шіркіндер осы қайтпек? деп, Сілтеп те көрді таяғын. Қарғылы төбет кес-кестеп, *А т т а т п а й* қойды *а я ғ ы н* (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Бір қадам аттатпады.** *Ілгері жылжытпады, аяқ бастырмады.* Аспаннан жай түсіріп, жасыл тастап, *Б і р қ а д а м а т т а т п а й м ы з* жерімізге (Ү. Кәрібаев, Өленд.). **Екі аттатпады.** *Ұзатпады, алысқа жібермеді.* Өшігіп, әрі қызып желігіп алған Аққұмай оны *е к і а т т а т п а д ы,* қалыңға жеткізбей желкеден қонды кеп (Н. Сералиев, Намыс).

АТТАТҚЫЗ *Аттат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қыз сорлыға ала жіп аттататын да, «қызқор», «қымызқор» деп көрінгенді көкітетін де, ата-ананың ақ батасын *а т т а т қ ы з а т ы н* да қазақтың ескі салты ғой (А. Жүнісов, Өмір ізі).

АТТАТҚЫЗУ *Аттатқыз етістігінің қимыл атауы.*

АТТАТТЫР *Аттат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тигенде жау таяғы денеге ащы, Өлігін *а т т а т т ы р м а й* имес басты. Осындай қорғаныста айла табар Бізге де, тақсыр уәзір, керек басшы (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

АТТАТУ *Аттат етістігінің қимыл атауы.* Россиядағы халықтар революцияның босағасын аттағалы тұр. Осы босағаны батыл *а т т а т у ғ а* халықты үйрету, баулу керек (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

1. АТТАУ *Атта етістігінің қимыл атауы.* Адамшылық ар асқар таудай алдымда тұр. Кеукеулеген бір күш «атта!» дейді содан. Аттамасам өртеп барады. *А т т а у ғ а* адымым жетпейді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Честь беріп, сертін берді қызыл ерлер, Жеңбейді ұмтылғанмен капитал құр, Барлығын бір жұмада орындаймыз, *А т т а у ғ а* алға басып, рұқсат бер (И. Байзақов, Құралай.).

2. АТТАУ з а т. *Піспектің басына орнатылған сиыр мүйізінің ұшы. А т т а у д а н* май алдым да, аузыма салдым («Ленин туы»).

АТТАШЕ з а т. д и п л. *Дипломаттық елшіліктің қарамағындағы белгілі бір мәселе бойынша маман-консультант; қызметкер. А т т а ш е* қаржы-қаражат қағаздарымызды машинаның ішінде-ақ қарап жіберді де: — Одақтық бухгалтері тағы да қысып жіберген екен. Бұл ақшаңызға қонақ үйге түсуге болмайды,— деді (Ғ. Мүсірепов, Достық сапары).

АТТАШЕЛІК з а т. *Атташе қызметін атқарушылық, атташе болушылық.* Өзі шет мемлекеттердегі *а т т а ш е л і к т і ң* және елшіліктің сынынан өткен Врангельді патша бұл өлкеге Россия мемлекетінің аса бір қажетті деп санаған мәселесін барлап келуге жұмсаған-ды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АТТЕРШІ з а т. ж е р г. **Бақалшы.** Жаман қатын қаптағы, Жүніңді тауысар күйбеңдеп. *А т т е р ш і д е н* алғаны Айна, тарақ, ірең боп (Майлықожа, Нақылдар).

АТТЕСТАТ з а т. *Орта дәрежелі оқу орнын бітіргендік туралы куәлік қағаз.* — Жиен аға, мен биыл реальное училищені бітірдім. Бірақ көктемде сапырылыс болып кетіп, көбіміз *а т т е с т а т* алып үлгіре алмадық (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жасөспірім жігіт мектеп бітіріп, *а т т е с т а т ы н* қолына алды («Қаз. әдеб.»).

◆ **Кәмелеттік аттестат.** *Орта мектепті бітіргендік туралы куәлік қағаз.* Орта мектептің *кәмелеттік аттестат* алу емтиханына әзірлік басталды (Ж. Тілеков, Қайнар). Ол *кәмелеттік аттестатты* «Жамбыл» орта мектебінен алып шыққан екен (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.).

АТТЕСТАТТАУ з а т. *Біреудің білімі, іскерлігі туралы пікір, қорытынды; рекомендация. Аттестаттау* жүргізілсе, мұғалімдердің құрамы сапа жағынан нығайып, жастарға білім берудің нәтижесі жақсарар еді («Халық мұғ.»).

АТТЕСТАЦИЯ з а т. с ө й л. **Аттестатау.** Өзің *аттестациядан* өттің бе? (Ауызекі тіл.).

АТТЕСТАЦИЯЛА е т. *Біреудің білімін, іскерлігін бағалап, ол туралы қорытынды, рекомендация беру; кәуландыру.* Институт қызметкерлерінің кейбіреулерін *аттестациялап* қойдық (Ауызекі тіл).

АТТЕСТАЦИЯЛАУ *Аттестацияла етістігінің қимыл атауы.* Мектеп жұмысын қайта құрумен байланысты мұғалім кадрларын *аттестациялау* жөніндегі ұсыныстыбіз толық қолдаймыз («Халық мұғ.»).

АТ-ТОН з а т. *Ат және киім-кешек.* Қаруланып, *ат-тонымды* сайлап алып, тауды мекен еттім (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Қолға түстің сен деді, Қарсыласпай онан да, *Ат-тоныңды* бер деді (Батырлар жыры). Елеурейсің ентігіп, Басылар қазір қарқының. *Ат-тоныңды* олжа қып, Қайт еліңе, жарқыным (Жамбыл, Шығ. жин.).

◆ **Ат-тон айып.** *Ат-шапан айып.* Құлдық ұрып, аяғына жығылам, *ат-тон айыбын* да алсын (Ғ. Мүсірепов, Шығ. жин.). *Ат-тон айып* маған салды, Жұрт олжалап менде барды. Жан қорғалап мен отырмын, Бастан аққан жуып қанды (Б. Майлин, Шығ.). **Ат-тонын ала қашты.** *Азар да безер болды, безек қағып жуымады.* Олар әлді жігіттер Бірақ бірінен бірі өткен момын, қорқақ жанжалдан *ат-тонын ала қашады* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Шегір көз, үрпек сары шофер жігіт ондай бұрылыстан *ат-тонын ала қашып,* аза бойы қаза боп жуымайды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Мен сөзден ұтылғанымды түсіндім «Жүрегім сен деп соғады, Оля жан!» деудің орнына бала құсап, Хадишадан *ат-тонымды ала қаштым* (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АТТРАКЦИОН з а т. *Қызықтылығымен жұртқа жақсы әсер қалдыратын цирк немесе эстрада ойындары.* Жақында Алматы зоопаркі жазғы маусымын бастайды. Мұнда дрессировщик В. Дуров пен аңдарды қолға үйретуші А. Гутовскийдің *аттракциондары* да көрсетілетін болады («Лен. жас»). Көпшілік ойындары, *аттракциондар,* викториналар...— бәрі де кезекті демалысын көңілді өткізуге келген қала тұрғындарының көңілінен шығып жатыр (Бұл да).

АТ-ТҰРМАН з а т. *Ат-әбзел, ер-тұрман.* Егерде әскер қатарына кіремін деушілер болса, оларға *ат-тұрман,* қаружарақ беремін. Ұқтыңдар ма? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қасқа атқа мінген кісі Тәкен деген, Сал екен *ат-тұрманын* әсемдеген. Қарасам бас көтеріп жан-жағыма, Бір топ шал отыр екен әкемменен (К. Әзірбаев, Шығ.).

АТ-ТҮЙЕДЕЙ: **Ат-түйедей қалады.** *Қымбатқа балап қолқалады, жабысып сұрады.* Қолдан өсіріп қызығын көруге осы екі күшікті *ат-түйедей қалап* әкелдім (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

1. АТТЫ с ы н. 1. *Атқа мінген.* Желе шоқытып *аттылар* кетті жөніне (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Аттылар* кісі көшеден жүруден қалған білем. Іс-міс жоқ аударып алады дейді (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Ей, Махамбет! Қазақта *аттылар* адамдар қатар жүреді. Сен немене тазы итке ұқсап жүрттың алдын бермейсің! (А. Жұбанов, Құрманғазы). 2. *Аты бар, көлігі бар.* Одан соң тіміскіден құтыласың, Жиылған қала, дала жұрты басым. Арбалы, *аттылар,* жаяу, түйелінің Ішіне сен де барып жұтыласың (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Е, ол *аттылар* адам емес пе, біз сияқты жаяу жүріп несі бар («Лен. жас»).

◆ **Атты әскер.** *Атпен жүретін, аттың көмегімен әрекет ететін әскер.* Сібірде қазақтан *аттыәскер* полкы құрылды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мемлекетімізді жаудан қорғау үшін біздің *аттыәскеріміздің* аттары қандай болу керек екенін ойлаңыздаршы? (С. Сейфуллин, Шығ.). Ол бұрын *аттыәскерде* болған (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Аттыға жол, ауыздыға сөз бермейді.** *Пысық, шешен.* Әкесі Көтібар *аттыға жол, ауыздыға сөз бермейді* (Ғ. Мұ-

сірепов, Тула. толқын.). **Аттының аяғын, жаяудың таяғын алған.** *Қу, сұм, сұмырай.* Үсейін маған бір тиын да бермес! Ол *аттының аяғын, жаяудың таяғын алған* қу ғой (І. Жансүгіров, Шығ.). **Жалғыз атты.** *Салт атты, сабау қамшылы.* Жалғыз-ақ Мәйке, айтайын, *Жалғыз атты* қаңғыған, Сорлы екен демегін (Айтыс). Жұрт Төлегенді *жалғыз аттылы* жолаушы, жаман жігіт деп қаңқу сөздер айтса да, Жібек оған ермейді (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). **Салт атты.** *Жеке атқа мінген.* Басымды бір көтерсем бір *салт атты* шоқытып келеді екен (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Сәске-түсте Жалғызобаның басына 40—50 *салт атты* сау ете түсті (А. Машанов, Жер асты.).

2. АТТЫ с ы н. 1. *Есімді, ныспылы.* Циркте күресетін балуанның бірі — Махмұт *аттың* түрік балуаны екен (І. Жансүгіров, Шығ.). Зейнұрдың бұрынғы күйеуінен Назгүл *аттың* қызы бар (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). 2. *Деген, деп аталатын.* Балғайша бір күні кітапханадан жаңа ғана алып келген «Сәуленің жаңа достары» *аттың* кітапты асыға оқи бастады (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Машина жылжып жөнелді, Ән естілді қырқадан — «Туған жер» *аттың* өленді Кім екен әнмен шырқаған? (Д. Әбілев, Жүрек жырла.).

АТТЫ-ЖАЯУ үст. *Аттысы бар, жаяуы бар; бәрі, түгел.* Ендігі сөзді бұлар *аттың-жаяу* боп жүре сөйлесті (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). *Аттың-жаяу* жолыменен келе жатыр, Не көрмес тірілікте бәнде пақыр. Баяғы қыздың түсі рас болып, Бұларды ақын Шорман көреді ақыр (Батырлар жыры).

АТТЫ-ЖАЯУЛЫ с ы н. *Аттысы бар және жаяулысы бар; бәрі аралас.* Өзімізге қарсы атып келе жатқан *аттың-жаяулы* адамдарды біз де атып келеміз (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Жаулықтары ағаранда жүгіріскен әйел, шапқылаған бала-шаға, *аттың-жаяулы* жұрт ерсіліқарсылы сапырылысып жүр («Лен. жас»).

1. АТТЫҚ с ы н. *Атқа тән, татырлық.* Мың екі жүз *аттың* күші бар паровоз екі мың тонна жүк тартса, дәл осындай күші бар кеме 20 мың тонна жүк тартады (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.).

2. АТТЫҚ з а т. с ө й л. **Құйрық.** Серіктері орындарынан көтерілмек болып еді, төлтіректеген аяқтарын нық баса алмады, әсіресе — Шоқан; оның *аттығы* мен тақымдары қатты қажалған бөксесіне ие болар қалпы жоқ сияқты (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АТТЫЛЫ с ы н. *Атқа мінген (кісі).* Балықшылар есін жинағанша болмай, үштөрт *аттылы* қиқу салып, қалың жылқыны дүрілдетіп қуып, балықшылар аулына бет қойып келе жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сауытбай аулы жағынан келе жатқан үш *аттылы* көрінді (С. Көбеев, Орынд. арман). Поезд тоқтайтын әрбір станцияда делегаттар эшелонын қарсы алу үшін *аттылы,* түйелі, есекті, жаяу-жалпы дегендей, қалың халық күтіп тұрады (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АТТЫЛЫ-АРБАЛЫ с ы н. *Аты бар, арбасы бар.* Жаңа Семейдің базар алаңына қала тұрғындары, қыр қалашысы, жұмысшы, *аттылы-арбалы,* жаяулы-жалпылы жұрт сыймай кетті (М. Танекеев, Қажымұқан). Ол қия қазір даңғыл жолға айналған. Онымен жаяу да, *аттылы-арбалы* да, машина да күні-түні қатынайды («Лен. жас»).

АТТЫЛЫ-ЖАЯУ үст. с ө й л. Аттыжаяу. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы көрі-жас, *аттылы-жаяу* — түгел жүргірді (М. Әуезов, Көксерек). Ел адамы *аттылы-жаяу,* үлкенді-кішілі тегіс далада (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АТТЫЛЫ-ЖАЯУЛЫ үст. *Атпен және жаяу.* Тойға жиналған еркектер тегіс атқа мініп, серке тартып, балуан күрестіріп, ауылдың жанындағы төбенің басында *аттылы-жаяулы* топтанып жүріп, көп уақыт ойын жасады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Келіннің алдынан жастар жағы *аттылы-жаяулы* шұбырып шығар еді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Аттылы-жаяулы* болып, сол маңдағы жұрт та көп жиналған (Ж. Арыстанов, Сұңқар.).

АТТЫР *Ат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Солдатқа ұлды алдырып, Ардақтысын *аттырып,* Аруды малға саттырып, Елді ерікке зар қылды (Жамбыл, Шығ. жин.). Ай астына аспанға, Құрды бақан қақтырып, Алтын теңге *аттырып,* Теңгені атып түсірген Құртқаны сұлу сол алар (Қобыланды.).

АТТЫРУ *Аттыр етістігінің қимыл атауы.*

АТТІС з а т. д и а л. **Кемпірауыз.** Балам, *а т т і с т і* қайда қойғансың? (Диал. сөздік).

1. АТУ *Ат етістігінің қимыл атауы. А т у,* айдау, оқ, қылыш. Жаралау, асу, құл қылу Патшаның болды білгені (Жамбыл, Шығ. жин.). Түстен кейін оншақты бала құс *а т у ғ а* шықты (Б. Соқпақбаев, Алыс ауыл.). Байлаңдар қолдарын артына! Бұларды қазір апарып *а т у* керек! (К. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

2. АТУ з а т. д и а л. **Мәсі.** *А т у д ы* ешкі терісінен тігеді (Диал. сөздік).

АТУ-АСУ е т. *Қырып-жою, өлтіру.* Халықты тұтқындау, *а т у - а с у* немесе алым-салықты еселей беру арқылы ашындырып алмаспыз ба? (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). ...Тұтқынға алу, *а т у - а с у,* дүре соғу басталды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АТУСЫЗ с ы н. *Атылмаған.* Қара шекпен қынаулы, *А т у с ы з* оқ тұрулі (Қамбар батыр).

АТУШЫ з а т. *Атқан, ататын адам.* Адайлар «Сибаның қолына түссе өлтіреді» деп, *а т у ш ы н ы* қалаға қашырып жібереді (С. Мұқанов, Есею жыл.). *А т у ш ы* менің мергенім, Шыңлаушым, зергерім, Көзімді ашып көргенім, Көп тобырда қанеки Жолдас болып ергенің? (Қамбар батыр).

АТҰЛТАН з а т. с ө й л. **Адъютант.** Сөйтіп жүрген шақта Шоқанның оқуын аяқтаған хабары, оған жалғаса, «жанарал-губірнадыр Шоқанды өзіне *а т ұ л т а н* ғып алыпты» деген хабар дұрыс етті (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз»). Егер мен ышқына «ой-бауырым» деп даусыстасам, Ақтайдың айналасында *а т ұ л т а н* болып жүрген жалаң төстердің бірталайы-ақ оған қарсы сапқа тұрады (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АТҰРАНЫМЕН ү с т. д и а л. **Атымен.** Сайыс бізде *а т ұ р а н ы м е н* жоқ (Диал. сөздік).

АТША ү с т. *Ат секілді, ат тәрізді.* Айназар денесі қызбаған бәйгі *а т ш а* ырғала басып, кеудесін көтеріп, ақырын күрсінді (С. Сейфуллин, Шығ.). Жеңіпті қазір оны еңбек, Жетекке көніп көк Тентек; Көпірлеп үстін, шегеңдеп, Қойыпты оны *а т ш а* ерттеп (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Ыршып соққан жас жүректен, *А т ш а* тулап ыстық қан. Өкпені әкеп алқынды-рып, Тоқтау бере сөзіне! (А. Тоқмағамбетов, Өмір.).

АТШАБАР з а т. к ө н е. *Би-болыстың жұмсайтын адамы; хабаршысы, шабарман.* Бейбіт елдің арасын *а т ш а б а р,* стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді (М. Әуезов, Әр жыл.). Жай жүргенде бір күні, *А т ш а б а р* келді лепіл-деп, «Ояз шықты, сыяз бар», «Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп (Абай, Тол. жин.).

АТШАБАРЛАП ү с т. *Атшабарлық істеп.* «Халықты қыр басына жинасын» деп, Атшабар, *а т ш а б а р л а п* хабарлады (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

АТ-ШАНА з а т. *Ат және шана.* Жұмылды ертеңгілік тамаққа олар, Тұр сыртта ау, аспабы, *а т - ш а н а с ы.* Ертеңмен кетіп, кешке қоналқаға Қайтады, бос жүруге жоқ шамасы (Т. Жароков, Құмдағы дауыл). Астымыздағы *а т - ш а н а м ы з д ы* аударып алып, өзімізді басқа бір салып қоя берер (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

АТ-ШАПАН з а т. *Құрметті, сыйлы адамға берілетін сыйлық, тарту. А т - ш а п а н ы ң д ы* неге атамайсың одан да? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *А т - ш а п а н д а р ы ң* әзір, мырзалар (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). *А т - ш а п а н,* көп сый алып келді қайтып, Бұларды бастан-аяқ берді айтып. Қуанып, қамсыз қалың төсек төсеп, Тұрандар аяқтарын жатты ұзайтып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

◆ **Ат-шапан айып.** *Ескі әдет-ғұрып бойынша күнәлі адам төлейтін айып.* Қаленді *а т - ш а п а н а й ы п* беріп, риза қылып жіберді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Дәрігерге көп алтын мен *а т - ш а п а н а й ы п* беріп, жөніне жібереді (Қаз. ертегі). Ат шылауын ұстаған адам болса, Жұрт алдында *а т - ш а п а н* тартады *а й ы п* (С. Керімбеков, Еңбек — ата.).

АТШОҢҚАЙ з а т. б о т. *Өзен, көл жағасында, тоғай ішінде өсетін біржылдық шөп. А т ш о ң қ а й* — тоғай өсімдігі, түбірін адам жейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АТШӨЛКЕ з а т. ж е р г. *Киізден жасалған қамыт.* Атқа *а т ш ө л к е* кигізіп, тертесіз жегеміз (Диал. сөздік).

АТШУ о д. *Түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.* Қазір Әлім түйенің алдына өзі мінеді де, қара інгенді баяғы бала кездегі дағдысы бойынша қос қабырғасына тепеңдеп, кезектеп тепкілей түсіп,

жиі-жиі *«а т ш у»*, *«а т ш у»* — деп жіті жүргізіп кетті (М. Әуезов, Өскен өркен).

АТШЫ з а т. 1. *Біреудің жанына ілесіп жүріп, атын бағушы адам; атқосшы.* Әншейінде аямайтын *а т ш ы л а р* мен шабармандарды да алдына салмайды (М. Әуезов, Шығ.). Мына жақтан сұлтанның *а т ш ы с ы* да дедек қағып жүгіріп келе жатыр екен (К. Оразалин, Ақ жазық). Рахимов шаршаған болу керек, сылқ етіп отыра кетті де, менің *а т ш ы м а* тамақ әкеліп беруге бұйырды (Б. Момышұлы, Москва үшін.). 2. *Арбаның, не шананың атын жүргізуші адам; көшір.* Боз арғымақты фаэтонға жектірген Сәкен қала сыртына *а т ш ы* — Бекебаев дейтін татармен кететін еді де, кейде салт атпен жеке шығатын (С. Мұқанов, Есею жыл.). Танауынан бу атып, Тұяғымен қар күрер, *А т ш ы ғ а* жайын сынатып, Шұлғиды қос қаракер (Д. Әбілев, Алтай асу.). 3. *Колхоз-совхоздың, белгілі бір мекеменің, бригаданың аттарын бағатын адам; бақташы.* Өзен суатынан суарып, *а т ш ы* оншақты атты айдап барады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ат баққыш бір қорада болды *а т ш ы*, Мәпелеп жуып-тарап бақты атты. Күтсе де айнадай ғып астын-үстін, Атының жемін ұрлап күнде сатты (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш).

АТШЫЛЫҚ з а т. *Атшы болушылық, атқосшылық. А т ш ы л ы қ ҚҰ а* ертіп шыққан оңтайлы жас жігіт Тулақбайдың астына жылқышының қамшыкесті көбең жирен шобырды бергенін Шыңғыс қайдан білсін (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АТЫ з а т. ж е р г. *Бір нәрсені сүзгенде үстінен қозғап тұратын ағаш аспап.* Бозаны сүзіп қояйын деп едім *а т ы н ы* көршіміз әкетіпті (Ауызекі тіл).

АТЫ-ЖӨНСІЗ с ы н. *Не екендігі белгісіз; жөні жоқ. А т ы-ж ө н с і з* неғылған бірдеңе? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АТЫ-ЖӨНІ з а т. 1. *Өз аты мен әкесінің аты; кім екендігі.* Тергеуші заңның ресми тәртібі бойынша әуелі Нұртайдың *а т ы-ж ө н і н*, ұлтын, жасын, білім дәрежесін сұрап, жазып алды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Білмеймін *а т ы-ж ө н і м д і*, Көрдім сені бір рет. Толқытып жас көңілді, Өттің жақын күлімдеп (С. Мәуленов, Таңд. өлең.). Осындай сәті түсіп, кез келгенде, Сұрасам *а т ы-ж ө н і ң* кім болады? (Айтыс). 2. *Бір нәрсенің атауы, қалай аталатындығы.* Олар адасып кететтіндей-ақ әр нәрсенің *а т ы-ж ө н і н*, номерін рет-ретімен жазып қоюды әдетке айналдырған (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Уа, уа, қызметінің *а т ы-ж ө н і* бар ма? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

◆ **Аты-жөні жоқ.** *Беталды, жөнсіз.* Он жыл бұрын сынық қалам беретін, Бүтін берсең — бір дүние көретін, Жата қалып қағазына конфеттің *А т ы-ж ө н і ж о қ* ирек сала беретін (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Я, бәсе, айтсын ол да алға шығып, Барамыз *а т ы-ж ө н і ж о қ* қайда асығып (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы).

АТЫЗ з а т. к ә с і б. *Егістік жердің тақта-тақта етіп бөлініп, жан-жағынан су ағып кетпестей ғып биіктеп қойған кішкене бөлшегі.* Кең *а т ы з д ы* ұсақ *а т ы з д а р ғ а* торкөздеп бөлсең, әр бөлікке суды бірдей жауға мүмкіндік бар (С. Мұқанов, Шығ.). Тұқымды мен *а т ы з д ы* суға толтырып болған соң ғана ектім (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Колхозшылар мақтаның арық, *а т ы з ы н* жөндеп, тазартып жатыр (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Арық қазбасаң, *а т ы з ғ а* су келмейді (Мақал).

◆ **Атыз тарту** [соғу]. *Атыз жасау.* Өзім жеке барамын, Арығымды қазамын. *А т ы з ы м д ы т а р т а м ы н.* Оған жетер бар халім (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Жер жырту, себу, тырмалау, *а т ы з с о ғ у*, тыңайтқышпен қоректендіру ісін олар ұйымшылдықпен жүргізіп келеді («Лен. жас»).

АТЫЗ-АРЫҚ з а т. *Атыз және арық.* Егінді қайталап суаратын күннің туғанына қарамастан *а т ы з-а р ы қ т а р д ы* алдын ала дайындап алады («Соц. Қаз.»).

АТЫЗДА е т. *Атыз жасау.* Ол тиісті жерінің бәрін *а т ы з д а п* алыпты (Ауызекі тіл).

АТЫЗДАЙ с ы н. *Атыз тәрізді; айқыш-ұйқыш.* Тігісі *а т ы з д а й*, жіп түйіні шоқыдай (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

◆ **Көзі атыздай болды.** Ж е р г. *Көзі алақандай болды, қорқып кетті.* Судыр Ахметтің екі *к ө з і а т ы з д а й б о л д ы.* Әншейінде, от басында қатын-баланың алдында ерсіңгені болмаса, бұл өзі заты қорқақ кісі (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қозғалуға қорқып, тастай қараңғы үйге екі *к ө з і а т ы з д а й б о п* үрейі ұша қарап еді, әлдекімнің ішке ұрланып кіріп келе жатқанын көріп, Ақбала шыңғырып жіберді (Бұл да).

АТЫЗДАУ *Атызда етістігінің қимыл атауы.* «Басқа жұмысы да оңай емес-ау. Ол жерді айдау керек, *а т ы з д а у* керек. Суарып қайта шабу керек, отау керек»,— деген ойлар бірінен соң бірі шұбырып өтіп жатты (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

АТЫЗДЫ с ы н. *Атызы бар, атыздалған.* Жаңарқа орман шаруашылығының 1958 жылдан бергі тәжірибесінде ағаштар тұқымы кең *а т ы з д ы*, жүйекті тәсілмен егілуде (А. Балтабаев, Шөлде орман.).

АТЫЗ-ЖАП з а т. *Атыз және жап (үлкен арық).* Әдетте *а т ы з-ж а п т а р* тұқым себер алдында соғылады. Ол берік болуы керек («Лен. жас»).

АТЫҚТЫР е т. 1. Ж е р г. *Ат қойып үйрету, қойған атқа жаттықтыру.* Олар бұзауларға ат қойып *а т ы қ т ы р а д ы* (Диал. сөздік). 2. Д и а л. *Атандыру, ат тағу.* Бұл жақсы *а т ы қ т ы р м а й т ы н* жұмыс (Бұл да).

АТЫҚТЫРУ *Атықтыр етістігінің қимыл атауы.*

АТЫЛ *Ат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сырттан *а т ы л ғ а н* мылтық дауысы тарс етті. Құрбан «әне, көрдің бе?»— дегендей жалт қарады. Сол сәтте Сейіт бар пәрменімен Құрбанға оқша *а т ы л д ы* (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Келе жатқан Бегіске, Арыстан сонда *а т ы л д ы* (Батырлар жыры).

АТЫЛАС з а т. с ө й л. Атлас (3-омон.). — *А т ы л а с* көйлегім қайда екен?— деп, Асыл бәйбіше үй ортасында аз тұрып қалды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.). Қойшы қарт Москваға барып қапты, Ауылындай емін-еркін аралапты. Алтайы қызыл бөрік, *а т ы л а с* шапан Айтпай-ақ танытыпты сол қазақты (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.).

АТЫЛДЫР *Атыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жас кетті киіктей-ақ *а т ы л д ы р ғ а н*, Жұпарлы далаға бой жатылдырған. Жарқырап күн де шықты, жарық жетті, Патшасы бар әлемнің әділ тұрған (Ақын жырлары).

АТЫЛТ *Атыл етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мұнайын Ембі бұлақтай *А т ы л т ы п* көкке өрлеуін, Бұрғышының болаттай Бұрқанған күшін көрді елім (Т. Жароков, Таңд. шығ.).

АТЫЛУ *Атыл етістігінің қимыл атауы.* Достың жатыр кезаптардың қолында, Ауыр жаза бар секілді мойнында. Он жеті адам *а т ы л у ғ а* бұйрылды, Жүргені үшін большевиктің жолында (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Жолбарыс — жүректі аң, кісі таянғанын білсе, қашпайды. Көзін кіседен алмай *а т ы л у ғ а* әзірленеді (С. Бегалин, Таңд.).

АТЫЛЫС з а т. с ө й л. Атыс (1-омон.). *А т ы л ы с* аз ба сондай өз маңында? Оларды кісі өлімі қозғады ма? Халқымыз тебіренді, қытай оғы Тигенде елімнің қос боздағына (Қ. Бекхожин, Мамырстан).

АТЫМ з а т. ж е р г. *Жөн-жоба, реті. А т ы м ы н* таппай іс қылса, Қайратқа салып күш қылса, Айбалтаны мұқалтқан, Қайыңда қатты без болар (Базар жырау).

АТЫМ: **Бір атым насыбай.** *Ауызға бір-ақ рет салуға жарарлық насыбай.* Ол алақанына *б і р а т ы м н а с ы б а й* салып, аузына қағып жіберді (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Достың көңілі *б і р а т ы м н а с ы б а й д а н* қалады (Мақал).

АТЫМДЫ с ы н. ж е р г. *Құнарлы, шығымды; жақсы.* Сіздің тарыңыз *а т ы м д ы* жерге салынған екен (Ж. Досқараев, Қаз. тілі. жерг. ерек.).

АТЫМЕН ү с т. *Мүлде, тіптен.* Отын деген бізде *а т ы м е н* жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Үшінші бөлменің көрінісі екінші бөлмеден *а т ы м е н* басқа (С. Мұқанов, Шығ.). Үш ғасырдан сақталған Орхон жазуының нұсқаларында шығыс септік жалғауы мен оның қосымшасы *а т ы м е н* болмаған (Қазіргі қаз. тілі).

АТЫНДАҒЫ с ы н. *Атымен аталатын.* Жамбыл *а т ы н д а ғ ы* колхоз бұрын қызылша егіп көрген емес (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Біз ағайынды Сағадиевтермен Аманкелді *а т ы н д а ғ ы* жаңа совхозда таныстық (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

АТЫНША ү с т. *Аты (жылқы) тәрізді, секілді.* Командирдің *а т ы н ш а* жалтжұлт басын келе жатып айналаға, аспанға қарады (С. Сейфуллин, Шығ.).

АТЫҢҚЫРА е т. *Көбірек ату, ата тусу.* Жолдастарымыз өзеннен өтіп болған жоқ, сендер әлі де *а т ы ң қ ы р а й* түсіңдер (Ауызекі тіл).

АТЫҢҚЫРАУ *Атыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АТЫР: **Көрер таңды көзімен атырды.** *Таң бойы көз ілмеді, ұйқтамады.* Ләйлі *к ө р е р т а ң д ы к ө з і м е н а т ы р д ы* (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Кейде ұзақ

түн ойға малтығып, *көрер таңды көзбен атырасың* (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АТЫРАП а р. з а т. 1. *Айнала, жанжақ, маңай, төңірек. Атырапқа* көз тоқтатып та үлгерген жоқ-ты (Т. Нұртазин, Мұрат). Деп Қайсар *атырапқа* көзін салды, Жігері өршеленіп оттай жанды... (Т. Жароков, Таңд. шығ.). Осы *атыраптың* иесі бір өзі сияқты, кірпігін баяу қағып, төңірекке маңғаздана, өр қарайды (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. *Аймақ, алқап, өңір.* Тарихтан белгілі аты-шулы қазақ-қалмақ шайқастарының талай дүрбелеңі осы *атырапта* болады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Жер сілкіну болып тұратын *атырапта* ірі панельді үйлер салудың жаңа жобасын Қазақстан мамандары жасап шығарды («Лен. жас»).

АТЫРАУ а р. з а т. 1. *Өзеннің теңізге құятын сағасы.* Барлық өзендердің теңізге сарқитын *атырауы* кеңейіп, тармақтанып кетуі сияқты, Баргузиннің Байкалға сарқылатын тұсындағы тармақтары тым тарбиып жатушы еді (С. Мұқанов, Ақкан жұлдыз). Шұңқырлық деп аталатын балықтың түрлері уылдырық шашу және семіру үшін *атырауда* жоғары бармайды (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). 2. С ө й л. *Маңай, айнала, жан-жақ.* Бес-алты-ақ сағат арасы, Үш жүз мың кетті шамасы. Әр түске енді *атырау,* Ай сұлу, сірә жақын-ау (Ш. Смаханұлы, Айға ұш.).

АТЫРЫЛ е т. *Бой бермей ытқу, жұлқыну.* Тізгінін шірене тартып тоқтатпақ еді, аты *атырылып* аспанға қарғыды (З. Шашкин, Теміртау).

АТЫРЫЛУ *Атырыл етістігінің қимыл атауы.*

АТЫРЫН е т. *Қаны басына тебу, ашулану.* Машина есік алдына тоқтар-тоқтамастан Сәнжан жерге секіріп түсті. Бірдеңе болғанын сезгендей қабағы түйіліп **кеткен,** *атырынып* тұр (Ә. Тарази, Асу.).

АТЫРЫНУ *Атырын етістігінің қимыл атауы.*

1. АТЫС з а т. 1. *Ұрыс, соғыс.* Қызылдар Текені алыпты дейді. Бізді соларға қарсы *атысқа* айдайды екен (Х. Есенжанов, Тар кезең). Би, болыс арыздасып, безді мөрден, Баспашы атаман да *атыста* өлген (Д. Еркінбеков, Шығ.). Қашар ем *атыс* жасап әттең атым, Не керек, күйі де жоқ шаба алатын (Қ. Мұқышев, Орман). 2. *Тарсыл.* Осы кезде алыстан *атыс* естілді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Қалың *атыс* бір кезде он шақты, одан кейін бес-алты, бара-бара жалғыз-жалғыз жекеленген *атыстарға* айналды да, кенет тына қалды (Ж. Саин, Жол үсті.). Түске жақын село сыртынан естілген *атыс* жиілей түсті (Аялы жандар).

◆ **Атыс бекінісі.** *Бекініп алып, атыс жасап жатқан жер.* Мына *атыс бекінісін* құрту керек,— деді лейтенант (М. Ғабдуллин, Ел намысы.). **Атыс позициясы.** *Атыс жасайтын орын.* Әр бөлімшеге өз орнын, артиллерияға *атыс позициясын* картадан белгілеп беру онша қиын болмаса да, соларды жер бетіне орналастыру оңайға соққан жоқ (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Атыс ұясы.** *Атыс жасап жатқан қуыс, тесік.* Ол батареяның *атыс ұясына* телефон соғып, бригададан бір маңызды бұйрық алғанын хабарлады (Ә. Нұрпейісов, Күрляндия). **Атыс шебі.** *Ұрыс жүріп жатқан жер.* Отырған топтың ішінен кеудесі есіктей, жұмыр денелі қара кісі тұрып, *атыс шебіне* жақын келді (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

2. АТЫС е т. 1. *Ат етістігінен жасалған ортақ етіс.* Он сан ноғай бүлгенде, Орманбет хан өлгенде, Қырық жылдай *атысқан,* Қызыл канға батысқан (Жамбыл, Шығ. жин.). Тақырда асықты бір *атысқансың,* Тебісіп төсекте бір жатысқансың. Күлшені күлге піскен бөлісіп жеп, Адал дәм қолдан бірге татысқансың (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). 2. А у ы с. *Араздасу, өштесу, қарысу.* Соңғы уақытта, тіпті, ішінен *атысып* жүретін күндес қатындар да араздығын сыртқа шығара алмайтын боп алған (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әйтеуір молда мен Қадиша басқа кісі жоқ жерде сөзбен *атысса,* олар отырған жерде көзбен *атысар* еді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АТЫСПАҚ з а т. *Соғыспақ, ұрыспақ. Атыспақ* керек пе, алыспақ керек пе, айтарсың (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.). Жоямерген ал сонда:— Алыспақ саған керек пе, Я болмаса, *атыспақ,*— Деп батырдан сұрады (Батырлар жыры). Үйреніскен жау *атыспаққа* жақсы (Мақал).

АТЫСТЫР *Атыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Алыс-жақынның арасын *атыстыра* жүретін әдеті бойынша,

Тұрсекең осында әдейі келіп еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жантас біреуді біреуге *а т ы с т ы р ы п,* от тастап жүретін қу (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Ақылына келер, сөзді көбейтіп, бұлармен *а т ы с т ы р а* бермейін,— деп ойладым (К. Оразалин, Көктем.).

АТЫСТЫРҒЫШ с ы н. *Біреуді біреуге айдап салғыш, араздастырғыш, өштестіргіш.* Дауқұмар, «домалақ арызшыл», *а т ы с т ы р ғ ы ш* болғандықтан, жалпақ ел осы үшеуін бір қосып Тұрсынбайға «Үш құмар» деген атақ берген (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АТЫСТЫРУ *Атыстыр етістігінің қимыл атауы.* Құдалардың біразы Байтөбеттің ағайын адамды *а т ы с т ы р у ы н* әуелден-ақ ұнатқан жоқ еді (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Сол төңіректегі ұсақ-түйек рулар: бірінен бірі қыз алып, қыз берісіп, қаны араласқан жегжат, ағайын болса да, ру басы — ақсақалдардың *а т ы с т ы р у ы м е н* болыстыққа таласып, бітпейтін қиянкескі дау-жанжалмен өмірі өтетін (З. Шашкин, Сенім).

АТЫСУ *Атыс етістігінің қимыл атауы.* Олар жатақ қаласының шетіне кіре бере әр үйді паналап, аңдысып *а т ы с у ғ а* көшті (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). Елімнің есігінде жатқан торып, Жауларға шапса біздің жетпіс полк, Бір жұма *а т ы с у ғ а,* бомбалауға Бір күнгі берген жезім жетер толық (Пернедегі термелер).

АТЫС-ШАБЫС з а т. *Кескілескен ұрыс, қырғын соғыс. А т ы с-ш а б ы с* ұлғайса, Бөлекбас не күйге ұшырайды? (К. Оразалин, Көктем.). Өткендегі іс келешекке бір айна, Өткен күнді бұлжытпастан тұр айна. *А т ы с-ш а б ы с,* талан-тараж, қырылыс, Жылау, сықтау, босу, жоңқу, шұбау да (Б. Майлин, Шығ.).

АТЫСЫП-ШАБЫС е т. *Соғысу, кескілесу.* Романда көзге түсетін айқын бір деталь жоқ. Адамдары күледі, сөйлейді, *а т ы с ы п-ш а б ы с а д ы.* Бірақ, біреуінің ісі де көңілге қонбайды («Қаз. әдеб.»).

АТЫСЫП-ШАБЫСУ *Атысып-шабыс етістігінің қимыл атауы.*

АТЫСЫП-ШАБЫСЫП ү с т. *Соғысып, кескілесіп.* Оның *а т ы с ы п-ш а б ы с ы п* түскен генералдары, офицерлері қызметте отыр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

1. АУ з а т. 1. *Балық ұстайтын үлкен тор, сүзгі.* Ол үш-төрт адам сыйғандай қайық тауып, балық аулайтын *а у* сатып алып, кәсіпке кірісті (С. Шарипов, Шығ.). Ерлі-зайыпты Бану мен Асан *а у л а р ы н* қарап, жағаға тақап келе берген, қайықта балық аз, тек шалаң басқан *а у* үйіліп жатыр, екеуі де көңілсіз һәм үнсіз (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). Әбдірахман мен Бәйес келгенде өзі сол есік алдында *а у* жамап отырып еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Құс ұстауға лайықтап жасалған тор.* Жігітті шешенсіген дауда сына, Мақтаған қыран құсты *а у д а* сына (Ақан сері, Шығ.). Қуалап үшеуін де тықты тауға, Оралған тұйғындардай түсіп *а у ға.* Шыдамай Тустың өзі шықпақ еді, Бұлардың қылғанына жанын сауға (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 3. *Өрмекшінің торы. А у ы н а н* өрмекшінің кілем тоқып, Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым (Қырық өтірік).

◆ **Ақан ау.** К ә с і б. *Ұзындығы 18—30 м, ені 2,5 м-дей, қызылбалық аулайтын ау. А қ а н а у* қызылбалықтардың үлкендігіне қарай кең көзді болады. Оның торы мықты жіптен жасалынады (Қаз. тілі тарихы.). **Ауға шықты.** С ө й л. *Аң аулауға, құс атуға барды.* Әр екі-үш күнде *а у ғ а ш ы ғ а т ы н е д і м* (В. Радлов, Сөздік.). Біз үшеу болып, *а у ғ а ш ы қ т ы қ* (Ауызекі тіл). **Ау құрды.** *а) Суға тор салды.* Мен көлге *а у қ ұ р ы п,* балық аулауға кірістім (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Мұз ойып, *а у қ ұ р ғ а н,* ересектермен бірге судан семіз ірі сазандарды сүйреп шығарған күндерім менің есімнен ешуақытта шығар ма? (Ә. Көшімов, Қарт ағашы.). *ә)* А у ы с. *Тосқауыл жасады, торыды.* Мекен қып Манжурия елсіз тауын, Өзіндей ылғи қашақ құды тауып, Жан-жаққа шабуылды тынбай салды, Әр жолға қарауылмен *құ р ы п а у ы н* (С. Сейфуллин, Өленд.). Тіл алсаң, көрінбейік сұмырай жауға, Жау іздеп ілінбейік *құ р ғ а н а у ғ а.* Барғанмен Нұржамалды көре алмаймыз, Не өлі, тірі болса ол қамауда (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Ау майланды. К ә с і б. *Торға балық көп түскенде айтылады.* Өйткені колхоз жаңа орынға ауысқаннан бері *а у м а й л а н ы п* тұрған. Балықтың ауға бұлай көп оралуын көне балықшылар: «Балықтың жаңа жайылымға шыққан өрісіне кездескен екенбіз»— дескен (А. Хангелдин, Өткен күн.). Мен қайықпен ауылдан 30 шақырым жерде ау қарап жүр едім. Кенет *а у м а й л а н ы п* қалыпты («Лен. жас»). Ау майлансын! *Торыңа балық көп түссін деген тілек. А у ы ң м а й л а н с ы н,* жігіт! Қайығың

кемерленіп қалыпты ғой («Лен. жас»). **Ау салды.** *Торды суға түсірді, балық аулады.* Қысы-жазы *а у с а л ы п,* Іледен балық қоймадың. Шіріген сүйек жесең де, Қарның шығып тоймадың (Жамбыл, Шығ. жин.). Күндерде бір күн Қайсар хан жалғыз қызы Гүлбаһрам екеуі өзен жағалап жүріп, *а у с а л ы п* отырған Қамқор бабаға кездесіпті (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы). **Ау тартты.** *Ау салды, балық ұстады.* Кемпір үй ішімен айналысады да, шал *а у т а р т ы п,* азын-аулақ іліккен балықты талшық қып күнелтеді екен (Қаз. ертегі.). Сүймендер сұңғи соғып мұз бетіне, *А у т а р т а* барған терең құз шетіне... (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). *А у т а р т ы п* он бес жастан жанды жалдап, Атанды палуан Төлеш балды бармақ. Өсті ол орыс-қазақ ортасында, Қара нан, қара құртпен жүрек жалғап (Б. Адамбаев, Ақбөбек). **Ау төкті.** Ж е р г. *Ау салды, құрды.* Балықшылар күніне бірнеше рет *а у т ө к т і* (Қаз. тілі тарихы.). **Қабадан ау.** К ә с і б. *Талдан иіп, шеңберлеп жасалған ау. Қ а б а д а н а у* үлкен қарасудың, көлдің шөпті, қамысты жерлеріне салынады (Қаз. тілі тарихы.). **Құрма ау.** К ә с і б. *Теңіздерде қолданылатын ұзындығы 500—800 м-дей үлкен ау. Құ р м а а у д ы ң* ерекшелігі — ол жазда көп уақыт бойы бір жерде тұрады (Қаз. тілі тарихы.).

2. АУ з а т. *Шалбардың, сымның, іш киімнің екі балағының түйіскен жері.* Жарғақ шалбарының *а у ы* қатпарланып, ызба бауы салбырап жүресінен отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Малқар қолына су құйған күтуші әйелден именбестен, кір дамбалының *а у ы н* салақтата отырып, дәрет алды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Ауы атқа, аузы асқа жарымаған.** *Кедей, жарымаған, жалшымаған.* Ол қазақтың ең кедей семьясында туып өскен, әкесі де, туыстары да өмірлерін жалшылықта өткізіп, тек советтік дәуірде ғана *а у ы а т қ а, а у з ы а с қ а ж а р ы ғ а н* адам (С. Мұқанов, Есею жыл.).

3. АУ е т. **1.** *Қисаю, ауытқу, көліктің қаптalына я бауырына түсу. А у м а й,* талай көшіміз, Жайнап тағы өсеміз, Асумен асқардай, Алда талай кезеңнен (Жамбыл, Шығ. жин.). Сан рет жүгі *а у а д ы.* Сан рет терін сауады... (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Осы атын үш күннен соң алдым тауып, Бауырына қалған екен ері *а у ы п.* Сол дию өлтірді-ау деп ойға қалдым, Жерім жоқ онан басқа қылар қауіп (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Белгілі бір шектен, межеден, мөлшерден, мезгілден өту.* Қанат жарты жолдан *а у ы п,* ауыл тұсындағы Қызылжарма өзеніне де келіп жетті (А. Хангелдин, Біздің оттар.). Осымен жүріп жаз ортасы *а у ғ а н* кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты (М. Әуезов, Көксерек). Үркер төбеден *а у ы п* кетті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ол әкесінің қасына түн ортасы *а у ғ а н* кезде келіп жатты (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). **3.** А у ы с. *Біреуге икемделу, бір нәрсеге қарай ыңғайлану.* Дүрімбай қай жаққа *а у с а,* сол жағы болыс болады (С. Шарипов, Шығ.). Егер тағ тілегі қозғалса, бұл бағыттағылар байлар жағына *а у ы п* жүре береді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Шақырды: — Ей, Қасым,— деп күң ойбайлап, Сөзімді есіт, сабыр ғып аз абайлап. Шырағым, өз жайыңды білемісің, Кек алуға *а у ы п с ы ң* көзің жайнап (Үш ғасыр.). **4.** А у ы с. *Басқа бір нәрсеге ауысу, көшу.* Қайыққа байланысты мәселе әзірше осымен тынды да, әңгіме басқа жұмыс жайына *а у д ы* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Әңгіме нақты іске *а у д ы* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). **5.** *Күш пен зорлықтан, төзгісіз күйден басқа жаққа кетуге еріксіз мәжбүр болу; мекенін, қонысын жаңарту (адам, ел жөнінде).* Тер шұбырып маңдайдан, Болғанда ел ақтабан. *А у ы п* алыс Торғайдан, Әкем Сырға тоқтаған (С. Мәуленов, Торғай қақп.). Со жылы Сыр бойында отырған елді қалмақ шауып, қазақ Арқаға *а у д ы* деседі ғой (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Арқадан *а у ы п* келген жалаң аяқ, Сен-дағы қимылдадың аянбай-ақ. Бұл жаққа жан бағуға келдің қаңғып, Тиіп кетіп жүрмесін сағаң таяқ (Жамбыл, Шығ. жин.). // *Аң, құс, мал жөнінде.* Әскердің болмай кетті шама саны, Баратын күндік жерге болды шаңы. Олардың айқай, ойнын есіткен соң, Қалмастан ол маңайдың *а у д ы* аңы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ердің күйін сұрама, Жүрттан сауын сауған соң. Малдың күйін сұрама, Қонысынан *а у ғ а н* соң (Мәтел).

◆ **Ақылы ауды.** *Есі ауды, жынданды.* Болған соң уәделі күн жауын жауды, Судан ішкен жынды боп, *а қ ы л ы а у д ы.* Күні-түні шуласып, таласады, Ұмытты тамақ жеумен және ұйқтауды (Абай, Тол. жин.). **Аңсары ауды.** *Көңілі шапты, аңса-*

ды. Кейде қара қазанда былқып қайнап жатқан сүр иісі танауын қытықтап, асқа *аңсары ауып,* басын шыдамсыздана көтеріп алады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Кейде бір *аңсары ауып* кеткенде заводқа жетіп барып, қып-қызыл от болып шұбатыла ағып жатқан қорғасын қорындысының алауына қыздырының бір тұрғысы бар (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Егер тіпті *аңсарың ауып* тұрса, өзімақ барып әкеп берейін («Лен. жас»). **Ауа жайылды.** *Бетімен кетті.* Бір желіден аумайды, ауызша айтыстағыдай *ауа жайылып* әр жайды өлең қылмайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Олардың айтуынша колхозшылар арасында *ауа жайылушылық* байқалса, соның демеушісі осы есепшілер тобы сияқты (С. Шаймерденов, Мезгіл). Тәртіп, моральдық қасиет, *ауа жайылу,* тындамау — барлығы да санадағы қалдыққа жатады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). **Ауып түсті.** *Аударылып қалды, құлады.* Қорғамбектің даусы жер астынан шыққандай болды да, Омар шошып, сиырдан *ауып түсе* жаздады (Б. Майлин, Шығ.). Айғырдың шошынғаны сонша, өзім үстінен *ауып түсіп* қала жаздадым (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз). **Басынан бақыт [бақ] ауды.** *Бақ тайды, бақытсыз болды.* Оңбаған емей немене, *Бақытым ауып басымнан...* (М. Өтемісов, Өленд.). *Басымнан бағым ауып* тайғаннан соң, Қалды ғой жақсы, жаман болып бірдей. Қызығы өткеннен соң аз заманның, Тоң тартты шіркін көңіл қара жердей (Ақан сері, Шығ.). Иран мен Тұран ту тігіп, Қарсыласып жауласты. *Бақ,* дәреже, дәулет, күй, *Басынан* кімнің *аумасты* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Бас ауған жақ.** *Кез келген жақ, қайда болса сонда; беталды, бағдарсыз.* Жүрер бағыт белгісіз. *Бас ауған жаққа* жүре бердім, жүре бердім (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). **Бет ауған жақ.** *Сөйл. Бас ауған жақ.* Рахмет *бет ауған жағына* қарай кетті (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Қалған атты желқом ермен ерттеп міндім де, *бетім ауған жаққа* тартып отырдым (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). **Беті ауды.** *Бұрылды, бағытталды.*— Көрсетермін екеуіңе, тұра тұр!— деді де, Шығанаққа *ауды беті* (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). **Дәм ауды.** *Дәм айдады, дәм тартты.* Мен Атбасар оязының қазағымын. Еліміз Сарысуда болады. *Дәм ауып* осы жаққа келіп қалдым (С. Шарипов, Шығ.). **Есі ауды.** *Ақылынан адасты, талықсыды.* Сол уақытта *есім ауып,* мен арбадан құладым. Бар даусыммен шын жүректен Айқай салып жыладым (С. Ерубаев, Шығ.). Деп тұрғанда ата-бала, Бұрқырады бомбы жауып, Күңгірттеніп кетті айнала, Шал құлады *есі ауып* (Қ. Аманжолов, Шығ.). Төсіне шығып түктері, Сазарып, табан аудармай, Құрысып тамыр біткені, Барақ тұр *есі ауғандай?* (Д. Әбілев, Алтай асу.). **Есі-дерті [есіл-дерті] ауды.** *Ынтасымен берілді, көңіл қойды.* Үйіне жеткенін де білмей қалды, Осы ойдан *аумай* ешбір *есі-дерті.* Кең аула, кішкене үй, темір шатыр, Қабырға ақ, терезесі түгел жасыл (Д. Еркінбеков, Шығ.). *Есіл-дерті* соған *ауғандай,* Сәт өкінішпен күрсініп қояды (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **Жер ауды.** *Басқа жаққа еріксіз түрде кетті.* Шоқанның бұл қыстағы бір ренжіген жайы Сергей ағайдың Омбы қаласынан еріксіз түрде *жер ауып* кеткені болды. Оның не себепті *жер ауғанын* Шоқан талдап білген жоқ-ты (С. Бегалин, Бала Шоқан). *Жер ауып,* суға, отқа көмілген көп, Атылып, толып жатыр асылғандар (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). **Көңілі ауды.** *а) Ынтасы түсті, ниеттенді.* Інісін естияры жұбатқалы, Әкелді қара суға шылап тары. Бір сәтке *көңілі ауып* алданғанмен, Өксігі басылмады бірақ та әлі (С. Жиенбаев, Қарлығаш). Тары терген алашта мен бір тауық, Айтысуға отыр ма *көңілің ауып* (Айтыс). *ә) Ұнатты, жаратты, ғашық болды.* Таныс болғаннан кейін, бірекі күннен соң, әйелдің мынаған *көңілі ауады* (С. Сейфуллин, Шығ.). Бір байдың қызына *көңілім ауып,* батыр басымды еңкейтіп, аяғына жығып ем! (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Назары ауды.** *Көзі түсті, ықылас қойды.* Би үстінде біріне-бірі тіл қатқан жоқ, жұрт *назарының* өздеріне *ауғанын* байқап, Жанар ортаға түскеніне өкініп жүр, екі көзі Шынтаста (Т. Ахтанов, Дала сыры). Екі қыз келіп кірді үйге, Соларға *ауды* бар *назар.* Ауысты бөлме күбірге, Басыла қалды хан базар (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Бәрінің *назары* күйге *ауған.* — Ә, бәрекелді, мың жаса, жігітім!— дедім мен төзіп тұра алмай (Ол күнд. даңқы). **Ойы ауды.** *Ойланды, ойы кетті.* Бір үміт, бір қауіп, Көңілге жол тауып, Кірген соң сөз қиын Әрнеге *ой ауып* (Абай, Тол. жин.). Есімде, майдан — ажал жанды жеген, Содан ба, сұрауға *ойым ауды* неден:— Балаңыз кәзір қайда десем-дағы,

Селт етіп әлде неге қалды денем (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). **Түс ауды.** *Түс мезгілі өтті.* Бұл кезде *т ү с а у ы п* кетіп еді (Ж. Тілеков, Қайнар). Тауға шығып үш бала, Талай шыңнан асыпты. Қажып-талып *т ү с а у а,* Қарындары ашыпты (М. Әлімбаев, Таңд. өлең.). *Т ү с а у д ы,* күн батуы алыс емес. Әнекей, қалды алдында бір-ақ елес. Ар жағы тұңғиық сыр, тілсіз жұмбақ, Бір жат ел, қараңғы өлке таныс емес (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Ықыласы ауды.** *Көңілі түсті.* Оларға іштей *ы қ ы л а с ы м а у ы п,* құрмет көрсетуге әзір отырдым (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Зейнепке *а у ы п* тұрған *ы қ ы л а с ы н,* Сездіріп кетпек болды ишарасын: — Я, алла, жүрегіме сабыр бер... — деп, Қапсыра ұстап тұрды өз жағасын (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең.).

4. АУ о д. 1. *Дауыстау, шақыру, дыбыс беру кезінде айтылатын ишарат сөз.* — Жәмила-*а у,* Жәмила! Әм ақылды, әм шешен екенсің, бұл өнерің бұрын қайда қалған, сенің? (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). *А у,* кемпір, бір сұмдықты, сұмдық болса да үлкен қызықты айтсам, аузыңа ие боласың ба? (Ә. Әбішев, Замана перзент.). — *А у,* бұл қайсыларың? — деді алдарынан бір дауыс (М. Иманжанов, Көк белес). 2. *Шақыруға жауап ретінде айтылатын ишарат сөз.* — *А у,* — деген әйелдің дауысы естілді (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Біреумен құрып отыр қатын кеңес, Сөздерін алмашалап салып егес. *А у* демес, шақырғанда қайда десең, Өзіңмен сөз сөйлейді болып теңдес (Ақан сері, Шығ.). 3. *Көпшілікті өзіне қарату үшін айтылатын дыбыстық ишарат.* — *А у,* жамағат! Ақсақал, би, болыстар! — деді де орнынан тұрды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). — *А у,* жаран! Бұл өмірдің өзі не боп барады? (З. Шашкин, Теміртау). *А у,* халқым-ау, *а у,* халқым! Егінің ырыс сары алтын. Сары алтынды егуге, Өнімін көзбен көруге (Жамбыл, Шығ. жин.). 4. *Ыза болғандықты, кіжінгендікті білдіретін ишарат сөз.* — *А у,* осы әңгімені қойсаң қайтеді! (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). — *А у,* сен кім едің сонша? — деді председатель. — Білмей жүрсеңіз, ел қорғаған солдатпын, — деді Төрекелді зілдене сөйлеп (М. Иманжанов, Адам тур.).

5. АУ ш ы л. 1. *Таңдану, таңырқау мағынасында.* Шұға десе — шұға, ой шіркіннің өзі де келбетті еді-*а у* (Б. Майлин, Шығ.). Ой, жаным-*а у,* ол мұнда қайдан жүр! (К. Тоқаев, Тасқын). Апырай, Армановтың мінезі қызық-*а у,* тез құбылады, жібектей есіліп отырып, кенет сұстана қалады (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. *Күдіктену, қауіптену сезімін білдіреді.* «Сарандық еткен екенсің» деп сөгетін болды-*а у* (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Енді қайтпек? Алда келе жатқан бригада ақсап жүрт алдында ұятқа батуы ықтимал-*а у!* (Алғы шептегі.). 3. *Жорамалдау, топшылау мағынасында.* Осы жерден басқа қызметке ауысар алдында туған бір баласы бар еді, сен сол шығарсың-*а у!* — деді аласа бойлы бір шал (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). Дәурен үндемей төмен қарап салмақты келеді. «Мұның да бір қайғысы бар-*а у»,* — деп топшылады Күләнда (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Түні бойы жүрді де, жүрт орнынан тұрды-*а у* деген кезде қалың бұтаның арасына кіріп ұйқыға жайғасты (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). 4. *Өкініш, күйініш, реніш сезімдерін білдіреді.* Ысылсын, марқайсын дегені екен ғой. Ал мен болсам қатыгез жан деп жазғырдым-*а у* (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Япырай, қайда барсақ та қырсық соңымыздан қалмады-*а у!* — деді (С. Шарипов, Шығ.). Осы сұлулықты ұға білмейміз-*а у,* көбіміз! — деді тау жаққа сұқтана қарап (М. Иманжанов, Адам тур.). 5. *Армандау, сағыныш мағынасын береді.* Сайдақ күреске түскенде шаршы топтың көзі саған да түсуші еді-*а у* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Жайраңдап, жағам — жайлау, төбем — қыстау, Күш болып кеудеде асау жүректі ұстау. Көтерген құрбылардың мәртебесін, Көзімнен қызық күндер бір-бір ұшты-*а у* (Қ. Тоғызақов, Өлең д.).

1. АУА а р. з а т. 1. *Сыртқы ортаның тіршілікке аса қажетті мәнді бөлшегі; тыныс алу үшін қажетті, түссіз, иіссіз зат. А у а* мөлдір және түссіз болады. Ол жану үшін және тыныс алу үшін қажет (Ботаника). *А у а* барлық тірі жәндіктерге қажет. Адам ауасыз бірнеше минут та тіршілік ете алмайды (Химия). Күнделікті тыныс алатын *а у а м ы з* негізінде оттегі мен азоттан тұрады (Е. Оразақов, Туберкулез.). Таңертеңгі *а у а* көңілді шарықтатып, кімге де болса еріксіз өлең айтқызады (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз.). 2. *Жер атмосферасын құрайтын газ тәрізді заттардың жалпы жиынтығы; атмосфера.* Толқиды егін далада Алтын жалын жел үрлеп, Жүзеді ашық *а у а д а* Жарыстың туы желбіреп (С. Мәуленов, Таңд. өлең д.).

Жарып жалпақ *а у а н ы,* Көкте қалқып келем мен. Теңіз маған қарады, Төрт мың метр төменнен (С. Мәуленов, Жаз ерке).

◆ **Ауа қабығы.** А с т р. *Жерді қоршап тұрған атмосфера.* Күн сәулелері жердің *а у а қ а б ы ғ ы н* недәуір жарық қылады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Егер жердің *а у а қ а б ы ғ ы* болмаса бізге аспан қап-қара болып көрінер еді де, ондай аспаннан Күнмен қатар жұлдыздарды да көрер едік (Бұл да). **Ауа қыздырғыш.** *Бір нәрсенің ішіндегі ауаны қыздырып тұратын аспап.* Домна пешінің *а у а қ ы з д ы р ғ ы ш ы н а* орнатылған кауперлер де биіктеп барады (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.). **Ауа қысымы.** Ф и з. *Зат бетінің белгілі бір бөлшегіне түсетін ауа күші (өлшем).* Біз желдерді бақылаумен ғана тынбай, түсетін жауын-шашынды, *а у а қ ы с ы м ы н ы ң* өзгеруін бақылау жөнінен де едәуір жұмыстар жүргіздік («Халық мұғ.»). **Ауа райы.** *Белгілі бір уақыттағы немесе белгілі бір жердегі атмосфераның жағдайы. А у а р а й ы* ашық. Аспан бұлтсыз. Айналаның барлығы көз жеткенше айқын көрінеді (Ол күнд. дақ). *А у а р а й ы* бұзыла бастады. Екі күн болды аспанды бұлт басқалы, жауып кетуі де мүмкін (З. Шашкин, Өмір тынысы). Оңтүстік Қазақстанға қарағанда Батыс Қазақстанның *а у а р а й ы* суық болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). **Ауа тазартқыш.** Т е х н. *Автомобиль, тракторларда болатын ауа тазартатын аспап.* Трактордағы *а у а т а з а р т қ ы ш т ы ң* құрылысы әрбір механизаторға белгілі (Трактористе көмекші). Ол үшін *а у а т а з а р т қ ы ш т ы ң* жоғарғы жағына осі бар жапқыш қойылған (Бұл да). **Ауа толқыны.** *Атмосферада болатын тербеліс, қозғалыс. А у а т о л қ ы н ы* ағаштарды сілкіндіріп, үстімізге қырау жаудырды (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). **Ауа шары.** С ө й л. *Аэростат.* Бала кезімде мен *а у а ш а р ы м е н* саяхат жасауды армандаушы едім (Ауызекі тіл). **Жұпар ауа.** *Таза, әдемі ауа.* Таңертеңгі *ж ұ п а р а у а д а н* жас жусанның исі аңқып, тыныстыжарып барады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Далада *ж ұ п а р* жаңа *а у а!* (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). **Таза ауа.** *Ешбір қоспасыз жаңа ауа.* Жүріңіз, қайыққа мініп көңіл көтерейік, *т а з а а у а ғ а* шығайық,— деді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Әділ шинелі мен гимнастерка өңірін ағыта тастап, *т а з а а у а ғ а* кеудесін толтырып рахаттана дем алды (Майдан). Туберкулез науқасы бар адам үшін *т а з а а у а н ы ң* пайдасы өте көп (Е. Оразақов, Туберкулез.). **Тұнық [тынық] ауа.** *Мөлдір, таза ауа.* Соның бәрі жиналып оқушы кеудесіне таудың *т ұ н ы қ а у а с ы н* толтырғандай, гүлдер иісін жұтқызғандай көрінеді (Ә. Тәжібаев, Өмір.). *Т ұ н ы қ а у а,* балауса шөп, балдырған. Сылдыр бұлақ, ішсең мейір қандырған! Салқын жайлау, іздеп сені көп тұрмын, Тартшы маған, шәрбәтіңді алдымнан! (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем). Кешкі *т ы н ы қ а у а* зеңбірек үнін айқын әкеліп тұр (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Тымық ауа.** *Тыныш, мөлдір ауа.* Кешкі *т ы м ы қ а у а д а* жапырағы шала түсіп селдіреген тал арасынан шағаладай ақ үйлер көрінеді (С. Шаймерденов, Болашақ.). Көк аспанды самолетпен толқындатып, Толқындап *т ы м ы қ а у а* солқыл қағып (Ақын жырлары). **Хош иісті ауа.** *Жұпар ауа.* Жасыл гүлдер арасы, Жайқалады жас тал да. *Х о ш и і с т і а у а с ы* Құйылады жас жанға (С. Мәуленов, Жаз ерке). *Х о ш и і с т і а у а с ы* — Жанның жаннат саясы! Қойыны көркем гүл, Өмірлі өлкем бұл (М. Әлімбаев, Лирика).

2. АУА з а т. с ө й л. Әуе. Бүгін ашық *а у а д а,* Ұшпай енді бола ма (Т. Жароков, Шығ. жин.). Әдемі жабдықталған ұшқыр самолет қос қанатымен *а у а н ы* тілімдеп, Алматыдан Москваға беттеп тартып келеді (Жастар эстрадасы).

АУАДАЙ с ы н. *Ауа тәрізді, ауа сияқты. А у а д а й* түссіз әлде кім әрі қарай ширата созып әкетіп бара жатқандай (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Қимылдарында аса бір шапшаңдық, *а у а д а й* жеңілдік бар (С. Шаймерденов, Болашақ.).

◆ **Ауадай қажет.** *Өте қажет, дәлгір.* Қойшыға да білім *а у а д а й қ а ж е т* (Шопан серігі). Қазір бізге бұл кітап *а у а д а й қ а ж е т* болып тұр (Ауызекі тіл).

АУАЗ з а т. с ө й л. Әуез. Қазанқаптың бұл күйінің өлшеуі $^{2}/_{4}$ ырғағы марш қалпында, динамикасы өте күшті, мелодиясында жаңа *а у а з* бар (А. Жұбанов, Қаз. композит.). Қоштасу жырын қаңқылдап Көк төсінен төкті *а у а з* (Д. Әбілев, Өлеңд.). Бірақ та аспан көкті қаптап *а у а з,* Естілсе ұғымына өзгеше сөз. Тол-

ғанар ақын жаны шын елжіреп, Сескенген қара құстай болып сабаз (Үш ғасыр.).

АУАЛА е т. с ө й л. *Әуеле.* Күн өтті, балапандар таранады, Қияға қыран көзбен қаранады. Жарыққа қанат қағып талпынады, *А у а л а п* ұшсам дейді бар арманы (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

1. АУАЛАН е т. *Наразы болу, толқу.* Халық патша өкіметіне қарсы қатты *а у а л а н ы п т ы.* Кей жерлерде көтеріліс шығып кете ме деген қауіп бар (Ауызекі тіл).

2. АУАЛАН е т. *Көңілін алдау, тоқмейілсу.* Қалиша әлі риза болмағанымен, көкейін мал тескен сорлы, «байытады» дегенге кейде *а у а л а н а д ы* (Ғ. Мүсірепов, Тулаған толқын). Болса егер екі құрбы жерден ауған, Бірі оқу, бірі малға *а у а л а н ғ а н.* Өнерлі жөнін табар, надан өлер, Таусылып болмаса пұл аларға нан (XX ғ. қаз. ақын.). Ес білер ерлерімен айтқан сөзім: Тартпасын тәкаппарға қай мінезің! Қызығып дүние үшін *а у а л а н б а* Бер ақыл, білім барда өзіңе өзің! (Үш ғасыр.).

АУАЛАНДЫР *Ауалан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АУАЛАНДЫРУ *Ауаландыр етістігінің қимыл атауы.*

АУАЛАНУ *Ауалан етістігінің қимыл атауы.* Торғай, Орал облыстарындағы *а у а л а н у* тыйылғаннан кейін, 1970 жылы Маңғыстауда көтеріліс болды (ҚазССР тарихы).

АУАЛАТ *Ауала (әуеле) етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жүрегін Даллес енді дауалатпас, Жоласа, жұтуына ауа таппас. Иншалла, мол ғой, сай ғой «қонақ асың», Құзғынды қиып түсер — *а у а л а т п а с* (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

АУАЛЫ с ы н. *Ауаға бай, мол.* Биік асқарда, таза *а у а л ы,* самалды саяда, биік құз, қия жартаста өскен балапан еді ол (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

АУАМ с ы н. к ө н е. *Қараңғы, надан, білімсіз.* Дуана ма, бақсы ма, кім білсін, Әйтеуір аңқау, *а у а м* ауылға ойына келгенін істеп бақты осы адам (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Мұхаметтен кейін дүниеге әулие, пайғамбар келмек емес. *А у а м* дуананың сонда да әулие болғысы, *а у а м* елдің әулиені көргісі келеді (Бұл да).

АУАМДЫҚ з а т. *Қараңғылық, білімсіздік.* Еміреніп қалды артымда, есіл, ерім, «Болады,— деп,— әлің нешік?» есінедім. «Болам,— деп, бұрынғымдай!» бос жүрмеңдер, Ауруын *а у а м д ы қ т ы ң* көшір, елім! (Үш ғасыр.).

1. АУАН з а т. *Ағым, ыңғай, икем.* Заманның *а у а н ы м е н* қыздан еркек артық деген пікірді баса айтқаны болмаса, Шәді басынан аяғына дейін қыздың көңілін өзіне тартам деген нық нысанадан бетін бұрмайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Музыкасының *а у а н ы н а* қарағанда бұл күй белгілі бір шабыт келген кездің «көңіл күйі» болу керек (А. Жұбанов, Құрманғазы). Дауыссыздардың қай-қайсысы болса да дауыстылардың *а у а н ы н а* қарай бірде жуан, бірде жіңішке болып келе береді деуге болады (Қазіргі қаз. тілі). // *Әсер.*— Жігіттіктің *а у а н ы* да! Қыдыра берсін (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

2. АУАН с ы н. к ө н е. *Жайылған, шалқар, терең. А у а н, а у а н, а у а н* су, Ауандап үлкен балық жүзген су, Қараже қобан қанды су, Ақтоған бодан жанды су (Ер Тарғын).

АУАНДА е т. *Еркіндеу, шарықтау. А у а н д а п* жүрген нән балық Басын соғып қайраңға, Ит пен құсқа жем болар! (XVIII — XIX ғ. қаз. ақын.). Нұрекең сынамаса, жастар сендер күнде той, күнде думанмен *а у а н д а п* кетулерің кәдік (Ғ. Сыланов, Замана.).

АУАНДАУ *Ауанда етістігінің қимыл атауы.*

АУАНДЫҚ з а т. *Еркіндік, тәуелсіздік.*

АУАР-АУМАСТАН. ү с т. *Өтер-өтпестен.* Күзетшіге сенім жоқ, түн ортасы *а у а р - а у м а с т а н* жылы сабанға кеуделерін тыға отырып, ұйқыға кетеді (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

АУАСЫ з а т. с ө й л. **Ауан.** (1-омон.). Неше мақал, тақпақтан Қалмады сөзім білмеген. *А у а с ы м е н* жастықтың Күндерім болды желдеген (XX ғ. қаз. ақын.).

АУАСЫЗ с ы н. *Ауасы жоқ, ауа болмайтын.* Талай миллион жылдар жасаған өсімдіктер құлап, жерге түскен бөлектері *а у а с ы з* қабаттың ішінде жаныштalып, тастай көмірге айналды (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АУАТКОМ з а т. **1.** *Аудандық атқару комитеті (ұйым, мекеме).* Олар Тоқтыда-

ғы *ауаткомға* тартты. Сен оларды Құлайғырдың жазығында қуып жет те, ат-арбасын тартып ап, өздерін жаяу қалдыр (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Сырларын шертетіндей талайғы бір, Тереңдеп дүниеге қарайды қыр. *Ауатком* үстіндегі қызыл тудан Жан-жаққа тармақтанып тарайды нұр (С. Сейітов, Бетпе-бет). 2. Сөйл. *Осы ұйымның бастығы; председателі.* Бұл жолдас *ауаткомге* пысық көрініп, бітіргенше ісін ұшып-қонып, белсенділік атын алып, қайратты азамат бола қалып ауылға уәкіл болады (Б. Шалабаев, Өмірде.).

АУГЕР сын. *Аң аулағыш, аң құмар. Ауғер* аңшылар кәсіп ретінде түлкіні, сонымен қатар киіктер мен қарақұйрықты аулағанда көбінесе бүркіт салатын (ҚазССР тарихы).

АУҒАН зат. *Ауғанстанның негізгі халқы, ұлт.* Ауғанстан халқының жартысынан сәл көбірегі — *ауғандар,* қалғандары тәжік, өзбек, хазар, түрікмен, қырғыз, қазақ, қарақалпақ («Лен. жас»).

АУҒЫЗ *Ау етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Өзің ауып болып, енді біздің елді *ауғызбақсың* ба, қажы? (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Ханым мен Қозы Көрпеш жата тұрсын, *Ауғызып* Қарабайды ап кетелік (Қозы Көрпеш.).

АУҒЫЗУ *Ауғыз етістігінің қимыл атауы.*

АУҒЫН зат. *Ауып келген.* Сарысу, Талас аталған ауданның әлі бұрын өздері көрмеген *ауғын* бөкен топтарын көретін (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

АУҒЫШТА ет. *Әлсін-әлсін ауытқу, ауысу.* Қозғалақтап, біресе о жамбасқа, біресе бұ жамбасқа *ауғыштап,* тепеңтепең желіп, айнала бересің, айнала бересің (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

АУҒЫШТАУ *Ауғышта етістігінің қимыл атауы.*

1. АУДАН зат. 1. *Белгілі бір жер, орын, аймақ.* Біздің машиналарымыз қаланың сыртындағы дачалар *ауданына* келді (М. Әуезов, Индия очерк.). Зат біздің концессия бойынша шартпен жалға алған жердің *ауданынан* табылып отыр (А. Машанов, Жер асты.). 2. *Бір бірлікке қарайтын жердің, елдің әкімшілік-территориялық жағынан бөлінген бөлігі.* Көкшетау облысының басқа *аудандарына* қарағанда Бурабайдың ауа райы өзгеше (З. Шашкин, Доктор Дархан нов). Кеген *ауданына* келгенше мен де аңшы емес едім, мұнда келе еріксіз үйрендім (С. Мұқанов, Саяхат.). // Сөйл. *Аудандық партия комитеті (ұйым, мекеме). Аудан* нұсқаған, басқарма бекіткен жоспарды қолдайтының, қол көтер (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Қайырбектің үстінен *ауданға* арыз беріп қайтты да, Сатқын бір кешті аралата Сатбалаға соқты (Ғ. Сыланов, Шалқар). 3. Геом. *Көлем, аумақ.* Егер *ауданы* кішірек болса, линза деп атайды (А. Машанов, Жер асты.). Объектив кескінге жарықты көп жинау үшін, оның *ауданы* үлкен болу керек және фокус аралығы аз болу керек (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). Оқушыларды ұзындық, көлем, *аудан* өлшемдерінің белгілерін жазуға дағдыландыру керек («Халық мұғ.»).

◆ **Аудан басшылары.** *Аудандық жетекші мекемелердің басшылары.* Кеңеске қатынасқан совхоз директорлары, *аудан басшылары* бөлектеп жинау әдісінің маңызына жете түсініп қайтты (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). **Аудан орталығы.** *Аудандық мекемелер орналасқан село. Аудан орталығынан* оралған жылқышы Сәмек қартқа ілесіп, түстен кейін Алмабек салт атпен жолға шықты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Әдетте Алматыдан жіберілген кітаптардың көбі әрі кеткенде *аудан орталығына* барып тоқтайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Әлі есімде. 1936 жыл. Менің 4-класта оқып жүрген кезім болатын. *Аудан орталығына* кеткен мұғалімміз кішкентай бір қызыл қобдишамен оралды (С. Шаймерденов, Мінез).

2. АУДАН зат. диал. *Алдын бөгеп, тоқтатқан су.* Бұлақ суларын ысырапсыз пайдалану үшін салмалар мен *аудандардың* астына тас, саз төсеу қажет (Диал. сөздік).

АУДАНДА ет. *Белгілі бір бөлікке бөлу.* Бүкіл аудан көлеміндегі колхоз, совхоз жерлерін *аудандап,* шекараларын белгілеп берді (Ауызекі тіл.).

АУДАНДАСТЫР ет. *Жергіліктіге, белгілі бір ауданға үйрету, бейімдеу.* Алма мен алмұртты осы жерге *аудандастырған* Қанаттың әкесі Дүйсенбай деген кісі (Ауызекі тіл).

АУДАНДАСТЫРУ *Аудандастыр етістігінің қимыл атауы.* ҚКП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі 1962 жылы июль айында қойылып отыр-

ған жаңа талаптарға сай қой тұқымдарын *аудандастырудың* жаңа жоспарын қабылдады (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Қойды тұқымына қарай *аудандастыру* үкімет бекіткен жоспарға сәйкес шешіледі (М. Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.).

АУДАНДАСТЫРЫЛ *Аудандастыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қазақстанның жеке облыстарында жүгерінің мына сорттары *аудандастырылған*... (Малшыларға кеңес). *Аудандастырылған* гибридтердің бірінші ұрпағының тұқымын стерильдік негізде өсіруге көшу — гибрид тұқымының түсер құнын кемітудің мол резерві (М. Ерлепесов, ... Тұқым өсіруші.).

АУДАНДАСТЫРЫЛУ *Аудандастырыл етістігінің қимыл атауы.* Тұқым өсіруші шаруашылықтар алдына жауапты міндет — жүгері егілетін жердің бәрін, сорттардың *аудандастырылуына* сәйкес, жүгерінің гибридтері мен сорттарының жоғары сапалы тұқымдарымен қамтамасыз ету міндеті қойылды (М. Ерлепесов,... Тұқым өсіруші.).

АУДАНДАУ *Ауданда етістігінің қимыл атауы.* Қазір Совет үкіметі күллі одақтас Совет құрамаларын жаңадан қайта *аудандауға* кірісіп жатыр (С. Сейфуллин, Шығ.). Қазақстан республикасын жаңадан *аудандау* туралы баяндама болды (Бұл да).

АУДАНДЫҚ с ы н. *Аудан көлеміндегі, ауданға тән.* *Аудандық* слетке өз звеноңның жұмыс тәжірибесі туралы баяндама жасайсың деп жатыр ғой маған (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). Таңертең, сағат тоғыздардың шамасында, *аудандық* баспасөз қоғамының бір қызметкері келді (М. Иманжанов, Адам тур.). Бұдан біраз күн бұрын мұғалімдер оқытушылардың *аудандық* конференциясына жүріп кетті дегенді Нұртайдан естігем-ді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

1. АУДАР е т. 1. *Қопару, төңкеріп тастау.* Сансызбайдың атқан жебесі Қоренді құлатып, одан өтіп, үй орнындай бір төбені *аударып* тастайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Көлденең тау кез келсе Кетеді екен *аударып,* Мекен теуіп өзгеше, Орнайды екен тау барып (Ғ. Орманов, Дикан баба). Жас бақшашы Еркін, Марат Тұрмай босқа кірісті іске. Күрекпенен жердің шымын *Аударды* олар, салып күшке (Т. Жабаев, Із). 2. *Адамды көлік үстінен құлату, жұлып алу.* Той болса, тон киелік, жүр баралық, Бірімізді біріміз *аударалық* (Абай, Тол. жин.). Жағадан ұстап Алшыораз, Талия тартып табанын, Ат үстінен жұлып ап, *Аударып* жерге түсірді (Қамбар батыр). Құдыққа тақағанда құдық маңында ойнап жүрген көп қыздар алдымнан шығып, келе аттың шаужайынан алып, «күйеу келді» деп жабылып, мені *аударып* алып қалды (Қаз. ертегі.). 3. *Күрескен, алысқан екі адамның бірін-бірі астына түсіру.* Ақшал *аударып* кетпек болып, апыл-тұпыл қарманып еді, мен бар күшімді сала үйелетіп тұрғызбай қойдым (Ғ. Орманов, Жүрек). Өзін *аударған* адамның қолындағы жарқ-жұрқ еткен балта Төлегеннің дәл иегі астында төніп тұр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). 4. *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, екінші жағын ауыстыру.* Молда шекені олай-бұлай *аударып* қарады (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Қожа торғайды алақанына *аударып* салды (Б. Соқпақбаев, Жепкежек). Тазалық сақтаумен қатар ауырған адамды жақсы күтіп, күн сайын *аударып* жатқызып, арқасын және жамбасын камфорлы спиртпен сүртіп тұрған жөн (М. Исамбаев..., Мед. анықтама). // *Кітап пен газет-журналдың бір бетін ашып, екінші бетін жабу.* Майдан кезіндегі газет беттерін *аударсаңыз,* бұл екеуі жайында жазылған мақалалардан, суреттемелерден көз сүрінгендей (Майдан). Жатыр алда дәптерлері, Жыл бойына жазған теріп, *Аударады* әрбір бетін, Қолына алып, оқып көріп (Т. Жабаев, Із). 5. *Бір нәрсені төгіп алу, ақтара салу; сарқа құю, қотару.* Тас төбесінен самолет арылдап өткенде, дәй қара жігіт селк етіп, тачканың табаны тайып, бар балығын суға *аударып* алды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Аңқау басым кружканы *аудара* салдым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Бір әйел келді де жаңа тартып қойған қаймақты үлкен сары аяққа *аудара* құйды (Б. Майлин, Шығ.). Қалтаның ішіне толтырып коллодиум құяды да, оны әлгі өз ыдысына қайта *аударып* құяды (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.). 6. *Басқа жаққа ауыстыру, көшіру.* Үш-төрт машинаны Дайрабай басына *аударамысың,* қайтесің? (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бір жерден екінші жерге *аударғанда,* қой жылдам жерсінеді (М. Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). // *Бұрып*

әкету, өзгерту. Арыстың суын *а у д а р ы п* әкетті (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Жігіттің ыңғайсызданып қалғанын сезіп, Роза әңгімені басқа жаққа *а у д а р ы п* жіберді (Т. Ахтанов, Дала сыры). 7. *Жаласын, кінәсын біреуге жабу.* Жарқын бар пәлені Сапарға *а у д а р ы п* отыр (М. Иманжанов, Менің махабб.). Өрт жаласын енді кемпірге *а у д а р м а қ* болғаны ма? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Бұл жолы Алмагүл мұның себебін тек ерінен көріп, бар кінәны Рамазанға ғана *а у д а р д ы* (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Айдарғалиев он екіден сегізге дейінгі барлық өнімді сенің бригадаңа *а у д а р а* салған (З. Шашкин, Өмір тынысы).

◆ **Атына аударып алды.** *Біреудің фамилиясын өз атына көшірді.* Асырап алған баланы өз *а т ы н а а у д а р ы п а л д ы* (Ауызекі тіл). **Атын аударып алды.** *Атын тартып алды.* Жол бойы *а т ы н* біреу *а у д а р ы п а п,* Ағайдың өзі жаяу кететұғын (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Қасқырбайдың бір жерден көзі шалды, Бір нашардан *а у д а р ы п а т ы н а л д ы* (Д. Әбілев, Таңд. өлең.д.). Көрінгеннің тәуір *а т ы н а у д а р ы п а л ы п* міне келеміз (І. Жансүгіров, Шығ.). **Жел аударған қаңбақтай.** *Еріктен тыс, ықтиярсыз, ырықсыз.* Жұлдыз сөніп жатқанша, *Ж е л а у д а р ғ а н қ а ң б а қ т а й,* Жортуылда жортпақтай, Аттың басын тартпады (Жамбыл, Шығ.'жин.). Сұлуға ғашық болдым, кешір, алла, Шыққандай болып кетті, есім, алла. *Қ а ң б а қ т а й ж е л а у д а р ғ а н* домалатып, Келтірдің осында айдап несіне, алла (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең.д.). **Жүзін аударды.** *а) Бетін бұрды, қарады.* «Сіз не айтасыз?»— дегендей Мәлік Сорокинге *а у д а р д ы ж ү з і н* (З. Шашкин, Сенім). Ол *ж ү з і н* Сәкенге *а у д а р д ы.* Сәкен әлі таранып болмапты (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *ә)* А у ы с. *Тайқап кетті.* Шыққанда ертең тұрып көзі түсіп, *А у д а р д ы ж ү з і н* өлген баласынан. Сүйегін ешбір адам жерлемейді, Шәйіттік таппай қашқан жаласынан (Үш ғасыр.). **Көзін аударды.** *а) Қарады, көзін тікті.* Берен *к ө з і н* Құрымбайға *а у д а р д ы* (Б. Майлин, Шығ.). Дәрігер *к ө з і н* қайтадан әншіге *а у д а р д ы:* қураған жапырақ тәрізді өңі жүдеу, құп-қу (З. Шашкин, Өмір тынысы). *ә)* А у ы с. *Көзін тайдырды.* ... Қара көзін маған қадап отыр екен, мен де тесіле қарадым. Ол *к ө з і н а у д а р ы п* кетті (Ауызекі тіл). **Көңіл аударарлық.** *Мәні зор, маңызды, санасарлық.* Ғафудың «Он жеті» атты қысқа көлемді поэмасы *к ө ң і л а у д а р а р л ы қ* шығарма (С. Мұқанов, Өсу жол.). *К ө ң і л а у д а р а р л ы қ* әңгіме болса, ноқатына дейін өзім айтып жеткізейін (К. Тоқаев, Тасқын). Эпостардағы әйел мәселесі біздің зерттеушілердің *к ө ң і л і н* қатты *а у д а р а р л ы қ,* мәні зор мәселенің бірі (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). **Көңіл аударды.** *Мән берді, көңіл бөлді.* Әкем байлардың улы мазақтарына *к ө ң і л а у д а р м а й т ы н* (С. Көбеев, Орынд. арман). Қызыл ауыз не айтпайды, солардың сөзіне *к ө ң і л а у д а р ы п* жүрген мен жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық). Бәукен оларға көз тоқтатып, *к ө ң і л а у д а р а* қойған жоқ (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). **Қоныс аударды.** *Бір жерден екінші жерге көшті, тұрағын өзгертті.* Аулың *қ о н ы с а у д а р ғ а л ы* жатыр деп естіген соң, әдейі амандасып, қолымнан аттандыруға келдім (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мұның өзі жайылымдық жерлердің көп болуын, сонымен қатар үнемі көшіп, *қ о н ы с а у д а р ы п* отыруды талап етеді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Жаздыгүні болса, ауру шыққан ескі жұртты тастап, *қ о н ы с а у д а р а т ы н* (Х. Арғынбаев, Мал аурулары.). **Құран аударды.** Д і н и. *Өлген кісіге сауабы түссін деп, құранның тиісті аят, дұғаларын оқып шықты.* Маған бір қой берсең *құ р а н а у д а р а р* едім,— деді Көлбай көсе (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Екі айдың ішінде бақандай он үш адам өлді. Жетеуінің пішиясын алдым, төртеуіне *құ р а н а у д а р д ы м.* Кеш хабарланып, екеуінен арманда қалдым (Д. Еркінбеков, Шығ.). Іңірде қазірет намаз бөлмесінде оңаша *құ р а н а у д а р ы п* отыр еді, қасқырдан қашып тығылғандай, өң жоқ, түс жоқ Сейітжандар кіріп келді (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Мез аударды.** Ж е р г. *Көңіл (назар) аударды.* Бірақ жас тоқалының қандай күйде отырғанына *м е з а у д а р а р* Қоңырқұлжа жоқ, шытырман ойға шомып кеткен (І. Есенберлин, Қаһар). **Өріс аударды.** *Жайылым өзгертті.* Байларға көшпелі қалып пайдалы, өйткені олар малын елге ортақ жерге *ө р і с і н а у д а р ы п* бағады («Айқап»). **Ықылас аударды.** *Ниет қойды, пейіл білдірді.* Тілегіме *ы қ ы л а с ы ң ы з д ы а у д а р а с ы з* ба? (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жырынан бақыт күйі қоса шығып, *А у д а р д ы ң* азаматтың *ы қ ы л а с ы н* (Айманқүл, Ана сыры). Бәукен майдан төріндегі

солдат тәрізді ынта, *ықылас ын* ілгері, егінге *аударады* (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). **Ынта аударды.** *Зейін қойды, көңіл бөлді.* Зейнеш тұқырайған күйі омырауындағы ілгегін, алқым бауын ұстап, бар *ынтасын* соған *аударған* адам секілденіп, отырды да қойды (Б. Майлин, Шығ.). Жыртық шалбарынан жалаңаш тізесі көрініп, есік жақта отырған таңқы мұрын қара балаға бар *ынтамды аудара* қарадым (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Нұрмақ өз *ынтасын аударған* бастапқы шой қарадан айнымапты (Ә. Кәшімов, Екі бүркіт). **Ірге аударды.** а) *Жақын аралыққа көшіп қонды, жұрт жаңалады.* Ала-жаздай көгалды бір көрмедің Сары жұртқа қондың ба, *ірге аударып?* (Абай, Тол. жин.). Бір жолға Тобықты ортасына кеп түсіп қалған екең, тауқыметін өзіміз көтереміз, тек осы арадан *ірге аударма сын!* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). ә) А у ы с. *Өзгерді, жаңаша құрылды.* Біздің ауыл *Ірге аударды.* Ірге салды Социалды (І. Жансүгіров, Шығ.).

2. АУДАР е т. *Бір тілдегі сөздерді не жазылған шығарманы екінші тілмен айтып беру, немесе жазып шығу; сөзбе-сөз жеткізу.* Степанның сөзін Жүсіп қазақшаға *аударды* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ыбырай қазақ тіліне тұңғыш рет орыс классиктерінен Крыловты *аударды* (М. Ақынжанов, Қаз. ағартуш.). *Аударамсыз* жолма-жол, Ақшаңды әкел қолма-қол. Сапасы ма, сапасы Жөнделе жатар қатасы (М. Әлімбаев, Лирика).

АУДАРА-ТӨҢКЕРЕ ү с т. *Құлату, домалату.* Қатты ағыс мені *аудара-төңкере* жұлып ала жөнелді (Ол күнд. дақпы).

АУДАРҒЫШ с ы н. *Көп аударатын, аударуды машық еткен, жетік меңгерген.* ...Бір қора көңді бір өзім аударып тастайтынмын. Сондықтан болар, ел мені «көң *аударғыш* бала» деп атап кетті («Лен. жас»). Сол-ақ *аударғыш* екен. Жыл сайын «ағылшын тілінен бір роман аударды м»,— дейді (Ауызекі тіл).

АУДАРҒЫШТА е т. *Қайта-қайта аудару.* Жиын өтсе әлде күндіз, әлде түн, *Аударғыштай* протоколдың әр бетін (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің).

АУДАРМА з а т. *Бір тілден екінші тілге аударылған шығарма.* Оның сұрағаны Фадеевтің «Жас гвардия» атты романының қазақша *аударма сы* (С. Мұқанов, Шығ.). Жоғарыда айтылғандай сорақы кемшіліктер осы *аудармалардың* көпшілігінде-ақ бар (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Халықтар арасындағы мәдени байланыстың ең үлкен факторы — *аударма* («Лен. жас»).

АУДАРМАЙ ү с т. с ө й л. *Айнытпай, дәлме-дәл, тура.* Әкесіндей бұның да Денесі молдау пішілген, Қабағын, бетін, мұрынын, *Аудармай*-ақ түсірген (С. Мұқанов, Замандас.).

АУДАРМАЛА е т. *Астын үстіне келтіру, аударып-төңкеру.* Есдәулет, мен түсімде жарық көрдім, Нұр толған жердің жүзін анық көрдім. Өмірде жан көрмеген ақ болатты Қолыма *аударма лап* алып көрдім (Е. Қандеков, Өленд.).

АУДАРМАЛАУ *Аудармала етістігінің қимыл атауы.*

АУДАРМАЛЫҚ с ы н. *Аудару арқылы жазылған, аударылған. Аударма лық* шығармаларды тексеруді Абайдың өз шығармаларына қолданған жылмажылдық ретпенен жүргіземіз (М. Әуезов, Әр жыл.). Ол оригиналдық және *аударма лық* шығармаларының аяғына, кейде «Мәжит» деп, кейде «Мәжит Дәулетбаев» деп қол қоятын (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУДАРМАШЫ з а т. *Бір тілді екінші тілге аударушы, сөзбе-сөз жеткізуші адам.* К. Цеткин өзінің қасына ерген Коллонтаймен және Москваның басқа да екі коммунист әйелімен бірге Советтер үйінің қызыл мүйісіне келіп, бізбен *аудармашы* арқылы сөйлесті (Аялы жандар). *Аудармашы* білімді, екі тілді де еркін білетін, жазу-сызуға ебі бар адам болуға тиіс («Қаз. әдеб.»).

АУДАРМАШЫЛЫҚ з а т. *Аудармашы болу өнері, кәсібі.* Сондықтан да сөзбе-сөз көшірмешілдікке қарсы, *аударма шылық* арқылы «тіл жасаушылыққа» қарсы күресіп отырмыз ғой (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бірақ та, мен де бір кезде асқан ақындық шеберлікті керек қылатын *аударма шылық* өнерге ден қоярмын деген игі тілектің жетегінде болатынмын («Қаз. әдеб.»).

АУДАРТ *Аудар етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сонау күнгі өзі ұсынған Сайының Санап қолмен *аударты п* жүр кесегін (А. Тоқмағамбетов, Агроном.). Жеті күн құран *аударттық*, Үй тігіп қойып қасына. Үш жүз қара, бес жүз қой Підия-

ға байлаттық (Қ. Жапсарбаев, Жай қоңыр).

АУДАРТУ *Аударт етістігінің қимыл атауы.* Екінші бір қатты көңіл бөлетін мәселе — осыларды кімге *аударту* керек? (Ж. Саин, Жол үсті.). Оның аржағында біржола қоныс *аударту* сияқты бәлесі жатса, ол бір үлкен дүрбелең (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Өлгенге мүше беру, киімін алу, жаназа шығару, құран *аударту* деген түрлі әдеттерді желеу қылып, артынан ақшаға таласып, қырық пышақ болып қырқысатындар да солар — молдалар («Лен. жас»).

АУДАРУ *Аудар етістігінің қимыл атауы.* Енді білді, онысы өз кінәсын жазықсыз жанға *аудару* екен (Т. Ахтанов, Дала сыры). Үйдегі дуылдап күліп отырған жұрт ойын-күлкіні қойып, Бақаң қажыға назар *аударуда* (С. Сейфуллин, Шығ.). Осы бір он бес шумақты *аудару* үшін, кем дегенде жүз беттей оқу керек болады-ау (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

АУДАРУШЫ з а т. *Бір тілдегі шығармаңы екінші тілге аударып беруші адам.* Артынан білсек, ол өленді *аударушы* — Мұхтар Саматов екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бұл жағынан алып қарағанда, «Тынық Донды» қазақшаға *аударушыларды*ң міндеті біраз жеңілдеген сықылды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). *Аударушы* мен автордың творчестволық достығы қашанда жемісті болатыны әдебиет тарихында дәлелденген («Қаз. әдеб.»).

АУДАРУШЫЛЫҚ з а т. *Аударма мәселесімен шұғылданушылық.* Абайдың өз шығармалары мен *аударушылық* еңбегі қатар жүріп отырған (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

АУДАРЫЛ е т. 1. *Аудар етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Салиқа кереуетті сықырлатып *аударылып* түсті (Т. Ахтанов, Дала сыры). Бұл жолы ат үстінен мен *аударылып* қалдым (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Сөз венгер тіліне *аударылып,* пауза жасалған кезде, қарт қонақтың қолын ұстап бірдеңелерді сұрады (Жастар эстрадасы). 2. Ж е р г. *Қоныс аудару.* Біз кеше осы жерге *аударылып* қондық (Диал. сөздік).

АУДАРЫЛУ *Аударыл етістігінің қимыл атауы.* Зейіннің ендігі бір қасиеті бір объектіден екінші объектіге *аударылуы* (М. Мұқанов, Пед. очеркі). Қорғасын мен мырыш өнеркәсібін өрістетуге ерекше көңіл *аударылуға* тиіс («Соц. Қаз.»). Поэзиямыздағы маңызды бір факты — орыстың және басқа халықтың классик ақындарының қазақшаға *аударылуы* (Е. Ысмайылов, Сын.).

АУДАРЫЛЫП-ТӨҢКЕРІЛ *Аударып-төңкер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Аудару үстінде жеке сөздерге балама іздеу арқылы әрдайым ана тілінің бүкіл қазынасы *аударылып-төңкерілін* отырады («Қаз. әдеб.»).

АУДАРЫП-ТӨҢКЕР е т. *Қопару, астын үстіне келтіру.* Сандықтарымызды ақтарды, төсегімізді *аударып-төңкеріп* қарады, бірақ та ештеңе таба алмады (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Буы шығып, сасық иісі мұрынды жарып бара жатқан тезекті темір айырмен екі қазақ жігіті бұрқыратып *аударып-төңкеріп* жатыр (С. Шарипов, Шығ.).

АУДАРЫП-ТӨҢКЕРУ *Аударып-төңкер етістігінің қимыл атауы.*

АУДАРЫС е т. 1. *Аудар етістігінен жасалған ортақ етіс.* Екеуі де аттың басын қоя беріп, *аударыса* кеп кетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Шырағым-ай, кінә *аударыспай-ақ* қойсақ екен деп ем, қоймадың ғой (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.). Ол, әсіресе, 1905—1907 жылдардағы революция кезінде, онан кейін де большевиктердің үндеулерін, листовкаларын қазақ тіліне *аударысады* (Б. Кенжебаев, Демократ жазушы.). 2. З а т. С ө й л. *Аударыспақ ойыны.* Екі-үш кісінің басы қосылса — жарыс, *аударыс,* ат сынасу, күш сынасуды ермек етеді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Күндіз жарыс, *аударыс,* Түнде айтыс, өлең-жыр. Көңілі шат боп жүрді, Қол алдында Төрехан (Батырлар жыры).

АУДАРЫСПА з а т. д и а л. *Қосылыс, бірігу.* Осы маңайда ұсақ колхоздар көп болатын, көпшілігі колхоз *аударыспасы* кезінде қосылып кетті (Диал. сөздік).

АУДАРЫСПАҚ з а т. 1. *Ат үстінде екі адам бірін-бірі аударып ойнайтын ойын. Аударыспаққа* түспек екі жігіт бірін-бірі аттан аударып тастайды. Оның *аударыспақ* аталуы да осыдан (Т. Әлішеров, Өнерпаз.). Сайыс, тартыс, *аударыспақ,* кілем тарту, салма салу, жерден теңге алу ойындарының қай-қайсысы болмасын атқа еркін шабуға, сайгүлікті сынауға, жылдамдыққа баулитын

өнер (Шопан серігі). Атқа мықтылық көрсетілетін *аударыспақ* ойыны, балуандардың күресі, атқа мініп көкпар тарту ойындары болды (ҚазССР тарихы). 2. Ауыс. Тар. *Шұғыл өзгеріс; төңкеріс.* Сәкен Сейфуллин 1918 жылдың май айындағы *аударыспақта* ақ бандылардың қолына түсіп, атаман Анненковтың азап вагонына қамалды (С. Мұқанов, Есею жыл.).

◆ **Аударыспақ заман.** *Аласапыран кезең.* Шығайын деп шықтым ба, *аударыспақ заман* басталғалы кірпіш күйдіретін заводтар тоқтады (С. Мұқанов, Өмір мектебі). **Аударыспақ ойнады.** *Алысты, жағаласты, күш сынасты.* Мен өліктерден үйілген үйлер көрдім, өліммен жағаласып, *аударыспақ ойнап,* қан кешіп жүрдім (С. Ерубаев, Шығ.). Март айында көктем, қыс *аударыспақ ойнайды.* Қыс көрсетіп өктем күш, Қар жаууын қоймайды (С. Мәуленов, Жолдас).

АУДАРЫСТЫР *Аударыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ақсақ бала қу көсеудің басын отқа жағып алып, бақырға жарық қылып, Гүлия етті *аударыстырып* қояды (С. Сейфуллин, Шығ.). Кітап магазинінің ішіне кірген оншақты адам әрбір кітапты қарап, беттерін *аударыстырып* тұр (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.).

АУДАРЫСТЫРУ *Аударыстыр етістігінің қимыл атауы.* Формалин буын шығару үшін тұқымды күрекпен *аударыстыру* керек (М. Ерлепесов,... Тұқым өсіруші.).

АУДАРЫСТЫРЫЛ *Аударыстыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Сабанның әр қабаты *аударыстырылып,* араластырылып тұрады (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.). Жас әйелдердің де осы қалай дегені *аударыстырылып,* «мүшелі шапанды» сарыға кигізген (Б. Майлин, Шығ.).

АУДАРЫСТЫРЫЛУ *Аударыстырыл етістігінің қимыл атауы.* Жұмыртқалардың белгілі мерзімде автоматты түрде *аударыстырылуы* сияқты мәселелер сабақта қарастырылу керек (К. Айманов, Физика.)

АУДАРЫСТЫРЫП-ТӨҢКЕРІСТІР *Аударыс-төңкеріс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Барлық кітап қағаздарын *аударыстырып-төңкерістірді* (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). Бала жауап қатпай, оған тура қарамастан сығырайған соқыр терезеге барып көздерін *аударыстырып-төңкерістіріп* әлденені іздегендей болды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

АУДАРЫСТЫРЫП-ТӨҢКЕРІСТІРУ *Аударыстыр-төңкерістір етістігінің қимыл атауы.* Жаңа түскен астық назардан тыс қалдырмай мезгілінде *аударыстырып-төңкерістіруді* қалайды («Лен. жас»).

АУДАРЫСУ *Аударыс етістігінің қимыл атауы.* Бұл ат үстінен *аударысудың* белгісі еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Көкпар, *аударысу,* қыз қуу, теңге ілу, жорға жарыстыру сияқты әріден келе жатқан ұлттық ойындар республикамыздың гүлденіп өскен шағында өркендей түссе дейміз («Лен. жас»).

АУДИЕНЦИЯ зат. саяси. *Жоғары дәрежелі қызметтегі адамның ресми қабылдауы.* Генерал Елуганов орнынан түрегелді. *Аудиенцияның* аяқталғанын көріп, Һарон басын иді де: — Мархабатыңызға қатты сүйсінемін, — деді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АУДИТОРИЯ зат. 1. *Көпшілікке лекция оқуға, баяндама жасауға арналған үлкен, кең бөлме.* Кейде университеттің тыныштық билеген еңселі *аудиториясында* отырған тәрізденеді (С. Шаймерденов, Болашақ.). Ол кезде жазушылардың қалалық жиналысы көбінесе ҚазПИ-де, әдетте, он бірінші *аудиторияда* өтіп жүретін (С. Сейітов, Жылдар.). 2. Ауыс. *Лекция, баяндама тыңдаушылар.* Осы *аудиторияның* атмосферасы тамаша! (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Маңғазданып, даладағы «шағын *аудиториясы*» аузына қаратқанына мәз қария («Лен. жас»).

АУДЫР *Ау етістігінен жасалған өзгелік етіс.* *Аудырып* есін ұрының Артына қолын байлады. Қарсы келер дәрмен жоқ, Жолға салып айдады (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

АУЖАЙ зат. *Жай-күй, жағдай, бет алыс.* Өкіметтің *аужайына* қарармыз, егер тынышты өкімет болса, біз де қолдай кетерміз (С. Мұқанов, Өмір мектеб.). Жыл репеті жақсы емес. Қыс *аужайы* қалай болар екен? (С. Шаймерденов, Мезгіл). // *Ықғай.* Қолдағы аз ғана малдың *аужайына* қарап, асықпай жылжыған біздің үй Сырдың бойына күзге тарта жет-

ті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Әуелі тыңдаушысының *а у ж а й ы н* күтіп, күлетін жерге де, қабақ шытатын кезге де өзгеден соң қатысатынын аңғарасың (Адам және химия).

◆ **Аужай таныты.** *Ыңғай білдірді.* Бекбосын Әшімге жаңа уставқа қарсы шық деп, ашық *а у ж а й т а н ы т т ы* (К. Оразалин, Ақ жазық). **Аужайын аңғарды.** *Жағдайын, хал-жайын байқады. А ң ғ а р ғ а н* да боларсың *А у ж а й ы ң д ы* өзің де (Ғ. Орманов, Сәт сапары). **Аужайын байқады.** *Жай-күйін, сырын білді.* Жирен сақал оқымысты жас азаматтың *а у ж а й ы н б а й қ а ғ ы с ы* келе ме, әйтеуір тым ширығып алған (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Біліп бірден хал-жайын, *Б а й қ а п* түгел *а у ж а й ы н,* Барлық сырға қанып ты (Қ. Мырзалиев, Алуан.). **Аужайын таныды.** *Ыңғайын, бет алысын, жай-жапсарын білді.* Секретарьдың *а у ж а й ы н т а н ы ғ а н* Әсет көңілінде жүрген түйіндерін де бүккен жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық). Қыр баласы өз үйінде отырып-ақ, өзге үйдегілердің *а у ж а й ы н* жауырыншыдай *т а н ы п* отырады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Аужайын түйді.** *Ойын, ниетін, ауыз қалпын білді.* Ізбасар жаяу жүріп, әркіммен жеке әңгімелесіп, ел *а у ж а й ы н т ү й і п* келеді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ел ішіндегі мықтылардың бірде-біреуіне еңкейіп көрмеген Бұрқан батыр Сәкенге түн ішінде өз аяғынан барғанда, оның *а у ж а й ы н т ү ю д і* нысанаға алған (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

АУЖАЙЛАП үст. *Байқап, абайлап.* Ақсәуле қиып түсіп түн қанатын, Аялап жер-ананың жарақатын, Ақырын тербеліп тұр алыс көкте *А у ж а й л а п* жан-жағына қарады ақын (Д. Әбілев, Алтай асу.).

АУЖАЙЛАС е т. *Шүйіркелесу, сырласу, жақын болып кету.* Аз күнде *а у ж а й л а с ы п* кеткеніміз сонша, тіптен мұң-сырымыз бір бұлақтан басталып, бір салаға құйып жатады («Жұлдыз»).

АУЖАЛ з а т. 1. *Қорек, нәр, азық, талшық.* Менің балам тірі болғанда соның тіршілігінен *а у ж а л* алып, телміріп отырушы еді. Балақтағы биттің басқа шық қанын көрмеймісің (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Матаулы малын әке алды, Әже де алды *а у ж а л д ы.* Жеңгетайды жеңге алды, Жеңге де киді дамбалды (І. Жансүгіров, Шығ.). *А у ж а л* болар болмашы бірдеңе бар (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). 2. А у ы с. *Болмашы қанағат; ермек.* Қарабас ауылының молдасынан үш жылдай оқыған жас бала жігітке бұл *а у ж а л* болатын сияқтанды (К. Оразалин, Көктем.). Арам нәпсіні *а у ж а л* етсем — ұшқан жолыңа жем тастап, қолыма қондыруым анық еді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ерекең енді-енді ғана серпілгендей, әзілді *а у ж а л* етуге кірісті (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). 3. А у ы с. *Қуат, күш, демеу.* Сағынғанда жарыңа Жіберіпсің орамал, Жабырқасам, жаныма Жәрдем берген сол — *а у ж а л* (Ғ. Орманов, Сәт сапары). Қасына қысқа жыр жазып, Қадірлей салдым қалтама. Қашан да *а у ж а л* — жол азық Ұқсайды ол бір малтаға (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

1. АУЖАР з а т. ж е р г. *Ұзатылатын қыздың тойында екі жар болып кезектесіп айтылатын салт өлең, жыр; жар-жар.* Қыз ұзатыларда тойға келген «аузының желі бар» жігіттің көбі-ақ қызбен *«а у ж а р»* айтысып қалуға талаптанатын (С. Сейфуллин, Шығ.). Келесі күні *а у ж а р* басталарда Нұралы Ақанға: «Жанияның көңілі қаяулы ғой, *а у ж а р д ы* өзің бастап бер, сергісін»,— деді («Қаз. әдеб.»).

◆ **Аужар айтты.** Қозы Көрпеш — Баянға *а у ж а р а й т ы п,* Жастар көңілін білдірмей қалар қайтіп? Оң жол, адал сапарың құтты болсын, Жөнелейік бәріміз артып-тартып (Ғ. Мүсірепов, Қозы Көрпеш.). Қарындасым, Күләйім, *А у ж а р а й т т ы м* тойында, Кетеді деген жоқ еді, Сені де, қалқам, ойымда (Айтыс).

2. АУЖАР с ы н. *Ожар, оғаш, қызба; аусар.* Ол тек өзінің *а у ж а р* мінезімен үй сыртына барған соң ат үстінде шірене берді; үйге кіріп атақты адамға сәлем беріп, жүгіне сөйлеудің орнына, анадайдан: — Ау, кім бар?— деп айқайлады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АУЖАРЛЫҚ з а т. *Ожарлық, қызбалық; аусарлық.*

АУ-ЖЫЛЫМ з а т. к ө н е. *Балық сүзетін тор; ау.* Құлаштап қауғадай-ақ қартың тартты, Бұ не?— деп Гудзар, Қию келді артқы. Бишанның ауырлығы Рүстемге Байлаған *а у - ж ы л ы м ғ а* болды қалтқы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

◆ **Ау-жылым жайды.** *Ау құрды, салды.* Алдында әйдік арна ағын су бар, Өте ірі балықтары тайдай тулар. *А у - ж ы л ы м ж а й ы п* жұрты жайын аулап,

Ойнаған жас баладай күн-түн шулар (Бұл да).

АУЗЫ-БАСЫ з а т. *Бет-аузы.* Мынау төрде ишандар, *А у з ы-б а с ы* қисандар (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Кетті-ау бәрі мұны алдап, Қарайды ол таң болып. Шықты иті бұландап, *А у з ы-б а с ы* қан болып (С. Мәуленов, Құлыншақ).

АУЗЫ-МҰРНЫ з а т. *Аузы мен мұрны.* Смағұл құлжаны таба алмай, *а у з ы-м ұ р н ы н а* қымыз кетіп, шашалып, ықылық атып, тағы бақыра түрды (М. Әуезов, Абай). Жұмысшылар дәкенің яки жұқа матаның арасына жұқалап мақта салып, *а у з ы-м ұ р н ы н* таңып алды (Ж. Жиенбаев,... Астық дақым.).

◆ **Аузы-мұрны қисаймай.** *Ұялмай, шімірікпей.* Сонда Шермек *а у з ы-м ұ р н ы қ и с а й м а с т а н:* —«Өлсең борыштанбай өлсеңші, неңді бересің?!»—деді-ау (Б. Майлин, Шығ.). **Аузы-мұрнынан шықты.** *Лық толды.* Аласа, қараңғы мектеп үйі *а у з ы-м ұ р н ы н а н ш ы ғ ы п* толып тұр (Б. Майлин, Шығ.). Шегілген шылым қалдығы күлсалғыштың *а у з ы-м ұ р н ы н а н ш ы ғ ы п* тұр (Ж. Тілеков, Қайнар). Біраз уақыттан кейін Ақбаланың үйі *а у з ы-м ұ р н ы н а н ш ы қ т ы* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Колхоз мәдениет сарайының кең залының *а у з ы-м ұ р н ы н а н ш ы қ қ а н* көп халық ойын көріп, қызыққа батып отыр («Қаз. әдеб.»).

АУКОМ з а т. к ө н е. *Аудандық комитет; сонда істейтін адамдар.* Осындай зиянкесті көре алмаған, Ауданның *а у к о м д е р і н* істен алды. Сұмдарға, зиянкеске берілгенді, Әшкере, қара бет қып соттап салды (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

АУКЦИОН з а т. *Мүлікті көпшілік ішінде кім бағаны асырса, соған сату тәртібі.* Рязанов мырза сіздің үлесіңіздегі Компанияның отыз пайын *а у к ц и о н* арқылы саттыруды кеңес етеді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АУҚАТ з а т. **1.** *Шаруашылық, тұрмыстық жағдай; дәулет.* Жалшы-кедейді тегін оқытуға келістік. Ал басқалар *а у қ а т ы н а* қарай ақы төлейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Мүсірәлі момындау, *а у қ а т ы* шағындау адам еді (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). Әкесінің бұрын орташа *а у қ а т ы* болған (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). **2.** Ж е р г. *Тамақ, ас.* Қарның ашты ғой, *а у қ а т* ішпейсің бе тегі? (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Кедейлердің малы түгіл өздері *а у қ а т* ететұғын азығы жоқ (Б. Кенжебаев, Демократ. жазушы.). Науқасқа шалдыққан адам үшін күріштен істелген *а у қ а т* өте пайдалы (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

◆ **Ауқат қылды.** *Тіршілік етті, күнкөріс жасады; тамақ етті.* Не болса *а у қ а т қ ы л у ғ а,* Амалын жүрмін таба алмай (Алпамыс). *А у қ а т қ ы п* кәсіп күн көрер Жылан мен бақа-шаян да (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). Демекұлдың балалары тым болмаса ішуге жарымай, байдың үйінен тығып, жасырып алған талқанын кішкене ғана ескі табағына салып, алдына алып *а у қ а т қ ы л ы п* отыратын (С. Ерубаев, Шығ.).

АУҚАТ-САУҚАТ з а т. *Тамақ, ас.* Аянып жатқанымыз жоқ. Құрылыс жабдықтарын жеткізіп тұрамыз. *А у қ а т-с а у қ а т т ы ң* бұйырғанын көрсеңдер (А. Нысаналин, Алыстағы алау).

АУҚАТСЫЗ с ы н. **1.** *Кедей, тұрмыс жағдайы нашар.* Алтай-Қарпықтың бір қазығы құлаған екен, амал не!— деді, Көпейдің төркіні әлсіз, *а у қ а т с ы з* екендігіне соқтығып (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Тамақсыз, ассыз.* Екі-үш жеті болды, оның бала-шағасы жүдеп-жадап, *а у қ а т с ы з* отыр («Лен. жас»).

АУҚАТТАН е т. **1.** *Баю, әлдену, шаруашылығын түзеу.* Сырдеке, соңғы төрт жылда колхозымыз, жүдә, *а у қ а т т а н ы п* алды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Байымақ, *а у қ а т т а н б а қ* қиял басыма тағы келді (І. Жансүгіров, Шығ.).— Керегін,— деді айқайлап, әркім алсын, Алғандар *а у қ а т т а н ы п* байып қалсын. Алғанмен неше қайта «қой» дементдер, «Дүниеге,—деп жүрмесін,—неге тарсың?» (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Тамақтану, ас ішу.* Олар асханаға барып *а у қ а т т а н ы п* алды (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Таңертең жай оянып оңаша *а у қ а т т а н ы п,* сәске түстің кезінде каютаға бардым (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Жұмыскердің бәрі дерлік содан *а у қ а т т а н а т ы н* (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АУҚАТТАНДЫР *Ауқаттан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Көлдей көп оқымысты болмаса да, өзінің еті тірлігінен, көп істеген тәжірибелігінен колхоздың жұмысын ұршықтай үйіріп, кейінгі жылдардың ішінде *а у қ а т т а н д ы р ы п* жіберді (А. Хангелдин, Біздің от.). Балалар-

ды *ауқаттандырып* болып, үйден шықтық («Лен. жас»).

АУҚАТТАНУ *Ауқаттан етістігінің қимыл атауы.* Оның үстін су жапқан, секунд сайын молайып, тереңден барады. Тыныуға да, *ауқаттануға* да мұрша жоқ (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

АУҚАТТАНЫС *Ауқаттан етістігінен жасалған ортақ етіс.* Олар аспанда бытырбытыр көтерілген қызылды-жасылды ракеталардың пысылын, станокты пулеметтің зіркілін ести отырып, әңгіме шертісті, *ауқаттанысты* (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы).

АУҚАТТЫ с ы н. *Әлді, қуатты, дәулетті.* Еңбегін сіңірмесе ешкімге бидай бермеңдер, бидай еңбеккүнге, адал еңбекке беріледі, сонсоң *ауқатты* боласыңдар (С. Ерубаев, Шығ.). Ауылдағы ең бір *ауқатты,* күйлі тұратын семья — ауылдық советтің председателі Батырқанның үйі (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). *Ауқатты* адамдардың балалары Бұхара, Самарқанд және басқа Орта Азия қалаларына барып оқыды (ҚазССР тарихы).

АУҚАТТЫЛАУ с ы н. *Әлділеу, дәулеттірек.* Соған кеткім кеп *ауқаттылау* бір момын адамнан ат пен шана сұрап алдым да, әйелімді қасыма ертіп аттандым (С. Мұқанов, Есею жыл.). Иманқұл деген *ауқаттылау* қазақ бар еді (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.).

АУҚАТТЫЛЫҚ з а т. *Әлділік, дәулеттілік.* Арақтың орнын шампанның басқаны дұрыс. Бұның өзі *ауқаттылықты* бір белгісі (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Дастарқандағы тағамдардың көптігінен Дәулет үйінің *ауқаттылығын* аңғару қиын емес еді (С. Бақбергенов, Менің досым).

АУҚАУ о д. *Сиырды шақыру үшін айтылатын ишарат сөз.* Мысалы, малдың төлін табыстырарда жылқыны «құру», «құру», түйені «көс», «көс», сиырды *«ауқау», «ауқау»* дейді («Қазақст. пионері»).

АУҚАУЛА е т. *«Ауқау», «ауқау» деу. «Ауқаулаған»* әйел даусы атамзаманғы молдалардың кешкі азанын еске түсіргендей болды (Б. Майлин, Шығ.). *Ауқаулап* сиыр сауған әйел даусы, Дәл бүгін атсақ та жоқ, шапсақ та жоқ (С. Дөненбаев, Шығ.).

АУҚАУЛАУ *Ауқаула етістігінің қимыл атауы.*

АУҚЫМ з а т. **1.** *Ыңғай, ырық, ықпал.* Әйелі Хакима жай айтып та, ұрыс-керіспен де жеңе алмаған соң, ақыры лажы құрып, күйеуінің *ауқымымен* кетті де, амалсыз күйреді (М. Иманжанов, Көк белес). Бар әңгімелері діни ереже болатын ойсыз ортада жүрсе де, жас Абай олардың *ауқымында,* ықпалында қалып қоймады (Т. Әлімқұлов, Абай). **2.** *Жағдай, аужай.* Жаңабайды империализм қолдап отырған есуас екіметтен ажыратып бір тұтас майдан *ауқымына* әкелу керек (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). Ата қоныс — Арқа үшін Қалмақ пен қазақ айқаспақ, Аттанбақ болған асығыс, Ел *ауқымы* осындай (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Комсомол жұмыстарының *ауқымын* сөз еткенде, өндіріс мәселесін айтпай кетуге болмайды («Лен. жас»). **3.** *Көлемі, аясы, шеңбері.* Табиғатта жеміс беретін заттың бәрі ана тәрізді. Жаз болса жан-жағына *ауқымы* жайылып, күннен-күнге қызғылт тартып өсе түседі (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Қаладағы әдебиет әуесқойларының талап-тілегі бойынша биылғы оқу жылында сол факультеттің *ауқымы* кеңейіп, қазақ әдебиеті университеті болып қайта құрылды («Қаз. әдеб.»). Оның бер жағында, өзара түсінісу құралы есептелетін тіл мәдениетінің де арнасы мол, *ауқымы* кең («Лен. жас»). // *Төңірек, айнала, аумақ.* Әр жерінде сирек бұталары бар осы *ауқымда* топ-топ қара бұрыл тезектер жатыр, өткен күзде бұл тепсеңде көп жылқылар жусаған болса керек (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.).

◆ **Ауқым етті** [қылды]. *Келісті, бірікті, ынтымақтасты.* Жанғабыл ақыл, айла, ойға көшті, Сөз байлап *ауқым етіп,* аумин десті (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). *Ауқымқылса,* мектеп салмайтын несі бар (Б. Майлин, Шығ.). **Ауқымын танытты.** *Ыңғай білдірді.* Әшім Қамбарға «айтқаным келді ме» — деген *ауқымын танытады* (К. Оразалин, Ақ жазық). **Бір ауқым.** *Бір топ, бір қауым.* Ерзадаевтың өмірбаянына қосылған *бір ауқым* оқыс-оқыс жайлар бар екен (С. Төлешев, Түрлі. бас.). **Заман ауқымы.** *Заман ағымы. Заманның ауқымын* еркін түсіне алмай, Кереку оязындағы Қышпақ ағайындарымның ауылдарына бардым да жаттым (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУҚЫМ-АУҚЫМ ү с т. *Топ-топ, шоғыр-шоғыр; оқта-текте.* Мұнда жатаған өскен бетеге мен қаудасын жусан, селеудің

арасында *ауқым-ауқым* боп шоғырланған тобылғы, қараған жиі кездеседі (Қ. Исабаев, Арман арнасы.). Тұяқ жұлып жүн қылып; Будақ-будақ шықты шаң. *Ауқым-ауқым* ұйыған, Далада жан қызыл қан (Қ. Әбдіқадыров, Таңд. өлеңд.).

АУҚЫМДА е т. *Аясын кеңейту, шеңберін ұлғайту; көлемді ету.* Оған арнасын *ауқымдамай*, түбін тереңдеу керек еді; терең су әрқашан үнсіз ағады, терең өзен суалып, кенезесі кеппейді (О. Бөкеев, Қамшыгер).

АУҚЫМДАН *Ауқымда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Кереге қанаттың саны көбейген сайын оның уығы да ұзарып, уыққа уық қосылып, шаңырағы *ауқымдана* береді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АУҚЫМДАНУ *Ауқымдан етістігінің қимыл атауы.*

АУҚЫМДАС е т. *Келісу, бірлесу, ынтымақтасу.* Материал бергізейік, өздерің боп *ауқымдасып* клуб тұрғызып алыңдар дегенге құлақ асты ма жұрт? (А. Хангелдин, Табыс тағдыр). Бұл жөнін ағайын *ауқымдасып* сөйлесіп, «көп боп көтеруге» пәтуаласты (Д. Әбілов, Ақын арманы).

АУҚЫМДАСУ *Ауқымдас етістігінің қимыл атауы.*

АУҚЫМДЫ с ы н. *Көлемді, үлкен; аумақты.* Бұғының мүйізі басқа мүйізді аңдарға қарағанда *ауқымды* келеді (Ауызекі тіл).

АУҚЫМДЫЛЫҚ з а т. *Кеңдік, көлемділік, аумақтылық.* Оның Ильич туралы дастандары, сондай-ақ, соңғы күндерде баспасөзде жарияланған «Мавр» деген поэмасы ақын тақырыбының *ауқымдылығына* айғақ («Қаз. әдеб.»). Романға тән *ауқымдылық* пен тереңдік мұнда жоқ («Лен. жас»).

АУҚЫМЕТ з а т. с ө й л. Ауқым. Өз еркімен емес, қонақтарының *ауқыметімен* кеңеске алданып қалған Тәрбия ас даярлайтын ыңғай көрсетті (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Хабар ел ішіне тараған болар... Елдің *ауқыметі* қалай көрінеді? (Ғ. Мүсірепов, Тула. толқын.).

1. АУЛА и р. з а т. *Үй айналасындағы қоршалған жер, ашық алаң; қора.* Ескі пәуескеге қос күрең жегіп, күреңдердің оң жағына шұжықтай қара байталды бос байлаған біреу *ауласы* кең, еңсесі биік бір қабат ағаш үйге бұрылды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Олар *аулада* бір-біріне қар атқылап ойнап жүрген бір топ балаға тесіле қарап қалған (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Араладым *ауланы*, Келмеген соң күндіз жыр. Көңілімді аулады, Көзді тартып жұлдыз гүл (С. Мәуленов, Жаз ерке).

2. АУЛА е т. 1. *Аң, құс, балық ұстау, қолға түсіру.* Біз қоян *аулап* жүргенімізжоқ (М. Иманжанов, Адам тур.). Өткізіп көзден кешін дала таңын, Жырдырып жақпар тасқа алақанын, Өрмелеп тас ұяға бала досым, *Аулаған* болар бүркіт балапанын (Т. Жароков, Шығ. жин.). Күнде киік *аулайды*, Кездессе жауын жаулайды. Жылқыда жатып Қобыланды, Екпіні оттай қаулайды (Қобыланды). 2. А у ы с. *Бір нәрсені аңду, тору.* Әңгіме, әзіл, сияз, қымыз *аулап*, Дау даулап, желбезекті желпеңдетпе. Қылжақбас, қыдырынды, жалқауларды, Ашаңмен салып жібер басқа, көтке (І. Жансүгіров, Шығ.).—Қашпасын,— деді,— қолға түскен жаулар, Босанса қайтып келіп бәріңді *аулар*. Жар болып жаппар алла тұтқын болды, Меменсіп мықты туған басы асаулар (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).— Әй, қазақ, жөнел әрі аттан аулақ!— Бұл атты ұстап алдың қайдан *аулап?* (Қ. Бекхожин, Мариям.).

◆ **Аң аулады.** *Аңға барды.* Уайымсыз адам әуесқой болады ғой, ханның бар ермегі құс салып, *аң аулайды* екен (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қарамағындағы қыруар жанды асырап-сақтау үшін Қамбар *аң аулап* еңбек етеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Терісін киіп, етін жеп, Етін қорек етті ептеп; Қақпан құрып *аң аулап*, Аң түспесе баяулап, Қажытты қаяу көңілін (Т. Жароков, Мұз тұтқыны). ⊙ **Бақыт құсын аулады.** Қия кезіп *бақыт құсын аулады*м, Өлеңіммендүбірлеттім тау маңын. Бірақ әлі сонау бала шағымдай, Көк төсіне келеді бір аунағым (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). **Көңілін аулады.** *Көңілін табуға тырысты, алдандырды.* Көзден таса қылмай, кеш болса киноға апарып, жақсы фильмдер көрсетіп, демалыс күндері би алаңына шақырып, *көңілін аулады*қ (З. Шашкин, Өмір тынысы). Он бес күнге шейін сені пристав іздемейді. Онан бергі күнде талай жерге барып қалармыз, уайым қылма, ағай,— деп Осип Бекболаттың *көңілін аулаған* болады (С. Шарипов, Шығ.).

Мұрат әйелінің *көңілін аулап* бақты (Т. Нұртазин, Мұрат). **Лай судан балық аулады.** *Өнбейтін нәрсеге әуре болды. Лай судан балық аулайын* деген екенсің, Қармағың майысып, құр қол қайтып жүрме... (С. Омаров, Қайырлы жаз). *Лай судан балық аулама* деп, осы жолға жетектеген өзіңсің (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). ⊙ **Ой аулады.** Келе жатам Алматымда жаяулап, Келе жатам арман қуып, *ой аулап.* Жапырағын баяу ғана қозғайды, Ұйықтамаған, ұйықтамаған ояу бақ (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

АУЛАҒЫРАҚ с ы н. *Жырақтау, алысырақ.* Ауылдан *аулағырақ* далада үлкен от жағылған (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Біз суатқа таянғанда ол жер бауырлай ұшады да, көлден *аулағырақ* елеусіз бұта, тастың не жардың көлеңкесіне отыра кетеді (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Медғатпен жақын еді ол қыз бірақ, Қасымнан ұстаушы еді бойын жырақ. Қызға бір күн бар сырын айтып еді, Оңаша алып барып *аулағырақ* (Үш ғасыр.).

АУЛАҒЫШ с ы н. *Аулау ісімен әуестенуші.* Қыз *аулағыш* неменің иманы тас төбесіне шыққан болу керек: — Ойбай, наганым қайда?! — деп баж етті (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

АУЛАҚ с ы н. 1. *Алыс, жырақ, қашық.* Кірешілер түнеген жерден он шақырымдай озып барып жолдан *аулақ* жатқан қамысты өзеннің жағасына барып түнеген еді (Ә. Әбішев, Замана перзент). Сағынам-ау *аулақтан,* Жетісудың өлкесін. Сағынам-ау қар жатқан, Алатаудың өркешін (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Кеткенім әр кез жоламай, Кеткемін *аулақ* нанындар! Табыса қалар оп-оңай, Қайсыбір жұртқа таным бар (Н. Шакенов, Айгүл). 2. Ү с т. А у ы с. *Оңаша, жеке, бөлек.* Жартаста ана жалғыз отыр *аулақ,* Ақ теңіз аяғында жатыр аунап. Итбалық сүйреткіле судан шығып, Бұралқы ит тімтініп жүр жемтік аулап (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Төрт кісі мінген сайлап қасқа арғымақ, Бөлініп, сол бір топтан келеді *аулақ.* Жаңағы менің айтқан жоқтауларым, Типті құлағына оқтай заулап (К. Әзірбаев, Шығ.). Жау айдағыр бұ шіркін малды дейді, Тазша мұнда жоғалып қалды дейді. Жерден Баян көтеріп алды-дағы, *Аулақ* үйге апарып салды дейді (Қозы Көрпеш.). 3. О д. *Алыс жүр, кет әрі, жақындама, жолама! Аулақ* Жанаттан, *Аулақ!* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). *Аулақ!* Ауырып өлейін деп отырмын (Б. Майлин, Шығ.). Жоқты сөйлеп жұғыспай, *Аулақ, аулақ* баладан! (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Жоқ! Жоқ! *Аулақ!* — деген даусы дүр етті, Тітіренте, түршіктіре жүректі (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

◆ **Атамнан аулақ.** *Одан әрі, мейлі.* Кетсе кете берсін, *атамнан аулақ!* («Лен. жас»). **Аулақ әкет.** *Жақындатпа, көзін жоғалт.* Кетсін, көзіме көрінбесін, пәлесін *аулақ әкетсін,* — деп, азар да безер болды (А. Лекеров, Түз гүлі). — Бокин, әлегіңді *аулақ әкет!* (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Аулақ бол.** *Алыс жүр, жолама, жақындама.* Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл, *Аулақ бол,* әнін сатып нәрсе алғаннан (Абай, Тол. жин.). Жас Марат кейбір балаларға тән оғаш қылық, шалдуарлықтан *аулақ болды* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Шығанға шығып кетсем де, сары масадан *аулақ болғым* келеді (Қ. Исабаев, Арман арнасы.). **Аулақ жүр!** *а) Көзіңді жоғалт, кет әрі! Аулақ жүріңіз!* Етіміздең өтіп, сүйегімізге жетті. Кесіріңіз тиіп барады (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Тарпаң мінген жас жігіт, Ойқастамай *аулақ жүр!* (Ғ. Орманов, Сәт сапары). Шырағым, бұл — филармония емес, совхоз. Өндіріске кесел келтірмей *аулақ жүр!* («Қаз. әдеб.»). *ә) Алыс жүр, жолама, жақындама!* Ересек Қайыр да бала қызға назар аудармады және шешесі де: — «Ойбай, *аулақ жүр,* пәлесі жұғады!» — деп, ыңғай басып отыратын (З. Шашкин, Теміртау). Көзінде жалын, жас қайрат, Жігерлі жанға ұқсайды. «Кәрілік менен *жүр аулақ»,* Дегендей алыс нұсқайды (Ж. Молдағалиев, Поэм.). **Аулақ кет!** *Көзіңді жоғалт, алыс жүр, жақындама!* — Егерде сізден бірдеңелер сұрай қалса, түк те білмеймін, *аулақ кет* деңіз,— деді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). — Жексен, *аулақ кет!* — Әйтпесе жақсылық көрмейсің! — деп ескертті (Б. Соқпақбаев, Жексен). — Сорайып,— деді мұржа,— тұрсың босқа, Табысым аз саналар сені қосса. Саған мен жақсылықты көп істедім, *Аулақ кет,* бөгет болып, жолды тоспа! (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Бетін аулақ ет** [**аулақ қыл**]. *Жақындатпа, жолатпа,* Құдай сақтасын, мал-малданып, жан-жанданып отырғанда, жаманшылықтың *бе-*

тін аулақ етсін (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).— Құдай-ау, пәле-жаланды жалғызымнан *аулақ қыла* гөр,— деп кемпір жылап жіберді (Б. Майлин, Шығ.). **Бойын аулақ** [аулаққа] **салды.** *Алыс жүрді, маңына жуымады; қашақтады.* Әншейінде шүйіркелесіп отыратын көршіқолаң осындайда бірдемені сезген секілденіп, *бойларын аулақ салып,* тына қалысады-ау (Б. Майлин, Шығ.). Тәңірберген сырт көзге бұл ауылдың мал-жанымен ісі жоқ кісі секілденіп, *бойын аулақ салып* жүргенмен, түптеп келгенде, мал қамын қатты ойлайтын жігіт (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Әуелгі кезде шыдап жүрсе де, кейіннен құрбылары *бойын аулаққа сап,* маңына жуымай қаша бастайды (З. Шашкин, Сенім). **Бойын аулақ ұстады.** *Жоламады, қашық жүрді.* Ермек кісікиіктеу жігіт, үйреніскенше сырға сырдан, *бойын аулақ ұстайды* (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Ол әсіресе өзі жайлы кеңестерден *бойын аулақ ұстайды* (Ж. Саин, Жол үсті). Рүстем ондай ұяттан *бойын аулақ ұстайды* (С. Бегалин, Ана қайраты). **Іргесін аулақ салды.** *Қашақтады, алыс жүрді, жоламады.* Жаманның басқа балаларымен әкем өмір бойы араз боп, *іргесін* олардан *аулақ салды,* жаз да, қыс та бөлініп алысқа қоныстады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Сондықтан да ол *іргесін аулақ салады,* айдалаға жалғыз үй қонады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Трумэн мырзадан тіпті Канаданың сыртқы істер министрінің өзі де *іргесін аулақ салғысы* келді (Бейбітшілік даусы).

1. АУЛАҚТА е т. *Қашық тарту, алыс кету.* Тура келе жатқан адамдардың жолынан *аулақтап,* оңға қарай тездете басып ойысты (К. Оразалин, Ақ жазық). Ел көзінен *аулақтап,* Бодан тағы да су басына келді (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Алдыңғы адам қолындағы балтасымен әлгі қадалған тақтайды қақ төбесінен екі-үш рет ұрды да, екеуі *аулақтап* барып оған сұқтана қарады (Қ. Исабаев, Арман арнасы).

2. АУЛАҚТА үст. 1. *Алыста, қашықта.* Бұл оның «қаладан *аулақта* дачамыз болса...» деген арманы да (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Жалғыз-ақ үкі ұшады қоян іліп, *Аулақта* аңырайды қасқыр ұлып. Бір мезгіл сызат алып таң білінді, Қара түн қасарысып тұрып-тұрып (І. Жансүгіров, Шығ.). Жоталы асу тас қақпа, Тәкаппар жоңғар қиясы. Алыста сонау *аулақта,* Ақ иық бүркіт ұясы (Ж. Сыздықов, Белестер). 2. *Оңашада, жеке.* Сізбен екеуміз *аулақта* тосын көзге түссек, енді қайтып жүз көрісе алмаймыз (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Тәжібай, саған қалай менің мұным? *Аулақта* сұрайтұғын бұл бір сырым. Әнді алған, әрімді алған сұрамастан, Күнәлі, бәлкім бұған кәрілігім? (Жамбыл, Шығ. жин.). Тұңғыш рет *аулақта* Жігіт сені күткенде, Көп қарадың жан-жаққа, Болмаса да түк пенде (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

АУЛАҚТАН *Аулақта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Тіпті оған деген енді өшпенділігі де жоқ секілді. Сонда да *аулақтана* берді. Есік алдында, аула ішінде ұшыраса қалса, бұрылып кететін болды (С. Шаймерденов, Мінез). О басында жеті үйден Артель ашып шөкиген, *Аулақтанған* жауынан (І. Жансүгіров, Шығ.).

АУЛАҚТАНДЫР *Аулақтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әшірмен бақталастардың айтағына еріп, Шолпанды Әширдеп *аулақтандырмақ* болған әрекетіне әрқашан тойтарыс тапқасын, тым болмаса, кір жағып, қорқыта жүрейін деп, анда-санда осылай, соғып кетіп жүретінді бар (А. Хангелдин, Қараторғай).

АУЛАҚТАНДЫРУ *Аулақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

АУЛАҚТАНУ *Аулақтан етістігінің қимыл атауы.* Ақан Серінің есейген кезінде өз ортасында құғын көріп *аулақтанулы,* бақсыға ұқсас жат, тосын тіршілікке берілуі оның творчестволық рухани қиналуының көріністері сияқты (Е. Ысмайылов, Ақындар).

АУЛАҚТАТ *Аулақта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жастарды неғұрлым өндірістен *аулақтатып* өзіміз ғана билейміз деген жағымсыз пікір туғандығы көрінеді (К. Оразалин, Ақ жазық). Сенде бір сөзім бар еді— деп, оны *аулақтата* берді (Ғ. Сыланов, Шалқар).

АУЛАҚТАТУ *Аулақтат етістігінің қимыл атауы.* Содан кейін бойын *аулақтату* әрине оңай болмайды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

АУЛАҚТАТЫЛ *Аулақтат етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ержан бұрынғы

жұмысынан әлдеқашан *а у л а қ т а т ы л д ы* (Ауызекі тіл).

АУЛАҚТАТЫЛУ *Аулақтатыл етістігінің қимыл атауы.* Ол университеттегі оқытушылық жұмысынан біржола *а у л а қ т а т ы л у ы* керек (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

1. АУЛАҚТАУ *Аулақта етістігінің қимыл атауы.* Ат жалын тарта мінип, елін бағып, Тимеген жастыққа да жар құлағы. Ұрыстан ел іргесін *а у л а қ т а у ғ а,* Осы еді елді бастап келген жайы (І. Жансүгіров, Шығ.). 1905 жылғы жеңілуден кейін, орыстың дворян-буржуазия жазушылары, декаденттер оқушы жұртшылығын әлеумет өміріндегі күрес-тартыстан *а у л а қ т а у ғ а* тырысты (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Оның емі — нерв жүйесін қоздыратын зиянды әсерлерден *а у л а қ т а у* (М. Исамбаев,... Мед анықтама).

2. АУЛАҚТАУ с ы н. *Қашығырақ, алысырақ, оңашалау.* Нұрлан енді үйге кірмеді, машинасын қорадан *а у л а қ т а у* жерге қойды да, ішіне кіріп, қол-аяғын бауырына тығып ұйықтады да қалды (З. Шашкин, Сенім). Киікбай, ауылының қонысы мектеп маңынан *а у л а қ т а у,* төменіректе, Батырбай түбегі аталатын шағын түбекшенің аузында (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Алдымен «айыптыны» тергеп алды, *А у л а қ т а у* отырғызып өзге жанды. Биікке өзі шығып, би-болысын «Жамырамай жай сөйле!»— деп, жерлеп алды (Б. Адамбаев, Ақбөбек).

АУЛАҚТАУШЫ с ы н. *Алыстатушы; аулақтататын.* Буржуазиялық қоғамда діни идеологияны нығайтушы және еңбекшілерді жақсы өмір үшін күрестен *а у л а қ т а у ш ы* діни жоралар кең таралған (Семья тәрбиесі).

АУЛАН *Аула етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Онда құс, балық, қоян сияқты *а у л а н а т ы н* аңдардың шикі еті және солардан жасалған тамақтар сатылады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Советтер Одағында *а у л а н а т ы н* барлық сазанның төрттен бірін Балқаш береді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АУЛАНУ *Аулан етістігінің қимыл атауы.*

АУЛАС *Аула етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Дауласпасаң, дауласпа, Бірге балық *а у л а с п а!*— *А у л а с п а с а ң, а у л а с п а,* Өзің-ақ кет аулаққа! (Ж. Өмірбеков, Кешкі ән).

АУЛАСУ *Аулас етістігінің қимыл атауы.*

АУЛАУ *Аула етістігінің қимыл атауы.* Көлдің балық қорын зерттеу және оны *а у л а у* мәселесі әлі шешілмеген (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Екеуін жақсы атқа мінгізіп, қаншама нөкер ертіп, аң *а у л а у ғ а* шығады (Қаз. ертегі.).— Құс *а у л а у ғ а* шығамысың?— Шығамын.— Айтқаныңды жығамысың?— Жығамын (Ә. Тәжібаев, Таңд. шығ.).

АУЛАУШЫ з а т. *Балық ұстау, аң аулау ісімен шұғылданатын адам.* Ондағы балықты *а у л а у ш ы* адам болмағандықтан, кейінгі кезде тіпті көбейіп кетіп, «балық сасыған барақ» атаныпты (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жыл ішінде, шахтерлер де Көмір қазар қаншалықты! Теңіздегі кит *а у л а у ш ы,* Кит ұстар қанша мықты! (Т. Жабаев, Із).

АУМА е т. 1. *Ауытқымау, өзгермеу.* Партияның жолынан *а у м а й* келе жатырмын дейтін Әділдің жақсы жақтары кемшілігіне төтеп бере алатын сияқты емес (К. Оразалин, Ақ жазық). Халық творчествосының қай материалына сүйенсе де жазушы біртүрлі қысымсыз, өзінің ұстаған принципінен *а у м а й,* еркін, батыл кіріскен (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бірақ, жалғыз бұл емес, Жырдың ұзына бойына осы бағыттан *а у м а й д ы* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). 2. *Айнымау, бұзбау.* Туған Отан айналады даңқынан, *А у м а й* өлді елге берген антынан. Ол туралы көп жырлармыз әлі біз, Кетті қайнап кек отынан қанымыз (С. Мәуленов, Магнитау.). Суықтарда тоңбадың, Айтқан серттен *а у м а д ы ң,* Ризамын, жастарым (Жамбыл, Шығ. жин.).

АУМАЙ ү с т. 1. *Дәл, тура.* Есепшілердің айтқаны *а у м а й* келетін жылдар болады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Атқаны *а у м а й* тиетін. Өлік етіп немісті, Топ-тобымен үйетін (Жамбыл, Шығ. жин.). 2. *Айнымай; ұқсас.* Өскен сайын аузынан түсіп қалғандай әкесінен *а у м а й* барады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Таниды деп ақшаның жөн-жосығын, Иден жақсы көруші еді осы ұлын. Дүниеқор, қос қыртысты мінезі, Әкесінен *а у м а й т ы н* ед осының (Д. Әбілев, Алтай асу.).

◆ **Аумай тартты.** *Бойы да, бет пішіні де, мінезі де біреуге сай (тура, дәл) келді, ұқсады.* Әкең жаман еді, *а у м а й т а р т қ а н* екенсің,— дейді ол (С. Адамбеков,

Қожанасыр.). Өжеттікке өзің-дағы телісің, Алмассың ба ата-анадан келісім. Қой дегенге құлақ асып көндің бе, *Аумай тартқан* Клаваның өзісің (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). **Табан аумай.** *Таймай, тайсалмай.* Қуанышқа шын ниетпен кіреміз. Ұлы жолмен *табан аумай* жүреміз (С. Ерубаев, Шығ.). Заңсыздыққа қарсы келгенде *табаны аумай* тіресетіні есепшінің қашанғы әдеті (Ғ. Сыланов, Очерк.). Отырмыз *табан аумай* елімізде, Бабамыз мекен еткен жерімізде. Бір жерде көгереді дарақ деген, Салайын бұл нақылды көңіліңізге (Айтыс).

АУМАЙ-ТӨКПЕЙ үст. жерг. *Бәрі, түгел, өзгерместен.* Кешегі топ *аумай-төкпей* болыстікіне қайта жиналып, әңгіменің аяғы тағы жалғастырылды (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

АУМАҒАН үст. 1. *Нағыз, тура, дәл.* Кувшинканың жапырақтары да ірі, ол су бетінде қалқып жүргенде *аумаған* түйенің табаны тәрізді көрінеді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Күннің көзі алтын табақ *аумаған!* Төбе бар ма соның нұры жаумаған? Алтын табақ жаңа ғана мында еді, Дем арада қандай алыс аунаған? (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). *Аумаған* бейне ер бала, Шолпанның жүріс-тұрысы, Оқиды жырын кең дала, Мақтаныш етті курсы (Д. Әбілев, Жүрек жырла.). 2. *Ұқсаған, тартқан, айнымаған.* Дәуленнің нақ өзінен *аумаған* торсық шеке, қара домалақ баласын құшағына алып, қайта-қайта сүйе берді (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Көп болды ол кісіні көрмегелі, Орайы кездесудің келмеп еді. Міне енді жанымдағы сол кісі екен, *Аумаған* әкемнен де сөйлегені (К. Тастайбеков, Өленд.). *Аумаған* әкесі. Ырғала басқан жүрісі, бет бейнесі де әкесіне тартқан, тек қана сақалы жоқ, өңі жас (З. Шашкин, Сенім).

АУМАҚ з а т. *Көлем, мөлшер.* Түбектің *аумағы* қырық-елу гектар (Ғ. Мұстафин, Миллионер). От орнындай *аумағы,* Бекен қарттың күрегі. Ауыз үйде ілулі Көптен бері тұр еді (Қ. Мұқышев, Орман). 1925 жылға қарай Қазақстанда мақта егісінің *аумағы* дүние жүзілік бірінші империалистік соғысқа дейінгі дәрежесінен асып түсіп, 29300 гектарға жетті (М. Майлыбаев, Қазақст. мақта шаруаш.). Ұзыны, көлденеңі, биіктік тұрқы болмайтын, белгілі бір *аумағы* жоқ зат болмайды (Марксистік филос.).

АУМАҚСЫЗ с ы н. *Көлемсіз, өте кішкене. Аумақсыз* көл, малсыз жер Сенің жеріңболар ма! (Халық ақындары).

АУМАҚСЫЗДАУ с ы н. *Көлемсіздеу, кішіректеу.*

АУМАҚТА е т. *Мөлшерлеу, шамалау.* Бар ықыласын осы отырған көптің көңілін табуға бағыштап, тұп-тұнық қара көзін жалтылдата, айналасына алыстан, әріден *аумақтай* қарап отырып айтатын әдетінше шалқып кетті (А. Хангелдин, Қараторғай).

АУМАҚТАН е т. *Көлемі үлкею, қомақтану.* Тері астына шыққан теміреткі *аумақтанып,* дененің сау жерінен бөлініп тұрады (О. Бердібаев, Таз — тақиядан.).

АУМАҚТАНУ *Аумақтан етістігінің қимыл атауы.*

АУМАҚТАУ *Аумақта етістігінің қимыл атауы.*

АУМАҚТЫ с ы н. *Көлемді, үлкен, қомақты. Аумақты* қара көзінің кең шарасы лықсыған жасқа толғандай шайқалып кетсе, сол жас төгіліп кеткендей, кірпігін қақпайды (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Жайлауға келген ауыл жағалай қонған «Жайсаң көлі» айтарлықтай *аумақты* көл емес (С. Баязитов, Күтп. кездесу). Ортада ас ішетін дөңгелек, *аумақты* стол тұр (А. Байтанаев, Жаңғырды дала).

АУМАҚТЫЛАУ с ы н. *Көлемдірек, қомақтырақ, үлкенірек.* Екінші *аумақтылау* банкіні Жапар сыпырды (К. Рахимов, Қарлығаш.). Сол селдір буалдырдың арасынан әлдене ағарандады. Біреу-екеу емес. Кейбірі ойдым-ойдым, үздік-үздік болса, кейбірі тым *аумақтылау* («Лен. жас»).

АУМАҚТЫРАҚ с ы н. *Көлемдірек, үлкенірек.* Бірде цехтың басқа бір залында қалбырдай емес, одан әрі *аумақтырақ* ыдыстарды үсті-үстіне қақпақтап тұрған машинаның бір бөлшегін мұның көргені бар (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Жеткен сонша ұлы істерге батылы, Ленин — бүкіл батырлардың батыры. Қиялы ұшқыр тау жайлаған қыраннан, Аспаннан да *аумақтырақ* ақылы (Партия тур. өленд.).

АУМАЛЫ с ы н. *Ауыспалы, толқымалы; тұрақсыз.* Осындай *аумалы* сағаттарда қаланың халі қыл үстінде тұрған-

дай еді (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Аумалы* гидридтердегі сутектің күйі мына төмендегі тепе-теңдікке сәйкес болуы мүмкін (Б. Бірімжанов, Жалпы химия).

АУМАЛЫЛЫҚ зат. *Ауыспалылық, өзгермелілік.* Себеп бағыныңқының мезгіл бағыныңқыдан әлі толық ерекшеленіп бітпегенін, бұл екеуінің арасында *аумалылық* бар екенін білдіреді (Қазіргі қаз. тілі).

АУМАЛЫ-ТОЛҚЫМАЛЫ сын. *Ауыспалы, бірде олай, бірде бұлай.* Мен *аумалы-толқымалы* кезеңде нысанаға тап болып тұрмын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ сын. 1. *Тұрақсыз, өзгермелі, құбылмалы.* Биыл қыс *аумалы-төкпелі* болып, қойын ұзатып әкете алмай жақын төңіректі шырлап тастап еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Мұндай *аумалы-төкпелі* мінезі бар әйелдерді Дәулен өз өмірі ішінде көп көрген (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Бұл жастағылардың мінезі албырт та *аумалы-төкпелі* келеді («Лен. жас»). 2. Ауыс. *Аласапыран уақыт, қиын-қыстау мезгіл. Аумалы-төкпелі* күндерде теріс ауытқып кете ме деп, оқуынан қалдырдым, шідерлеп ұстадым. Заман енді орныққан тәрізді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Деев әйелімен екеуі *аумалы-төкпелі* аласапыран күндердің бәрінде ардақты Аманкелдіні жадынан шығармай, әрдайым еске түсіретін болды (М. Қаратаев, Далдағы дабыл). Ақ қашып, қызыл келген *аумалы-төкпелі* аласапыран уақыт («Қаз. әдеб.»).

◆ **Аумалы-төкпелі дүние.** *Бір қалыпта тұрмайтын, ауыспалы дүние. Аумалы-төкпелі дүние* ғой, бірде жауынның үстіне шықсаң, бірде астына өзің түсесің (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Аумалы-төкпелі дүние* бірде бетін көрсетсе, бірде бірдемесін көрсете салады (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Күніне, сағатына қырық құлпырып, қырық өзгеріп жатқан *аумалы-төкпелі дүние* («Қаз. әдеб.»). **Аумалы-төкпелі заман.** *Құбылмалы мезгіл, аласапыран уақыт. Аумалы-төкпелі заманда* жақсылық аз ғой, бірақ олжасыз да емеспін (Ә. Әбішев, Заманға пәрзент.). Осы соңғы жұмалардың ішінде *аумалы-төкпелі заман* туғандай, барар жері таусылып, жүрер соқпағы бітеліп, бір тұйыққа қамалып тұр (К. Оразалин, Көктем.). Бірақ *аумалы-төкпелі заманның* шатағынан мына бала жасына лайықты мөлшерде оқи алмай қалды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

АУМАС ет. сөйл. *Алмасу, ауысу. Аумасып* тозаңданатын дақылдардың (атбұршақ, күздік сиыржоңышқа) арасында, әрбір сортты басқа сорттардан аулақтайтын, кемінде 500 метр қашықтық болу керек (М. Ерлепесов,... Тұқым өсіруші.).

АУМАСТЫР *Аумас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жалғызтау мен Саумалкөл бекетінің орталығы саналатын Сырымбетте жәмшік аты байланбайтын, екі жақта жүргіншілерді біріне бірі жеткізіп салатын, түйісе қалғанда ғана *аумастырады* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АУМАСТЫРУ *Аумастыр етістігінің қимыл атауы.*

АУМАСУ *Аумас етістігінің қимыл атауы.*

АУМА-ТӨКПЕ сын. *Құбылмалы, толқымалы.* Осындай *аума-төкпе*, ойпыл-тойпыл көңілде жүргенінде колхоз құрылысы жауларының өсегіне шырмалды (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Секемді көңілдің осындай *аума-төкпе* құбылулары кезінде өзіне таныс бір комсомол мүшесімен кездесіп еді (С. Шаймерденов, Болашақ.).

◆ **Аума-төкпе заман [замана].** *Аласапыран уақыт, құбылмалы заман.* Уағалайкүмүссәлем. Болыс, мал-жан аман ба? Мынадайға кез болдық, *Аума-төкпе заманда* (Абай, Тол. жин.). Заманың түлкі болса, тазы боп шал, Дәуренің аз да болса қазы боп қал, Дегендей *аума-төкпе замана* ғой. Иә, сондай амалымыз азырақ бар (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АУМАУ *Аума етістігінің қимыл атауы.*

АУМЕСЕР сын. *Алаңғасар, даңғой, жеңіл ойлы.* Біреу өмірін Отан үшін, біреу — туған-туысы үшін, біреу — досы үшін қияды. Ал, *аумесер* шал музыка аспабы үшін... (З. Шашкин, Теміртау). Ана *аумесер* Құдиярыңның аузына ие бол, шырағым (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

АУМЕСЕРЛІК зат. *Алаңғасарлық, даңғойлық, жеңіл ойлылық.* Ойламаған жерден оның бұл *аумесерлігі* «дуылдаған арадай көп тоқсабаның біреуіне типп кетудің» басы болуға айналды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АУМИЕ с ы н. ж е р г. *Көңілдес, тамыр, әуейі.* Қажының жас тоқалын жады қылыпты. Ол тоқал қазір сол мұғаліммен *а у м и е* екен (І. Жансүгіров, Шығ.).

АУМИН а р. о д. д і н и. *Айтқаныңыз келсін, тілек қабыл болсын!* Я, құдая, зар тілегім болсын. Осы қарашығыма әкесінің ит мінезін бере көрме! Тас бауырлығын бере көрме! Я жасаған!— деп бата берді. Ұлжан да ішінен *«а у м и н»* деп бата қылды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әжем жақсы тілектер тілеп, ас қайырған кездерде кәрі адамның көңілін аулау үшін, бүкіл үй ішіміз *«а у м и н!»* дей салушы едік (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы).

АУНА е т. **1.** *Екінші жағына аударылу, келесі жамбасына ауысу (адам жайында).* Абай үркіп қалғандай, қатты серпіліп, ірге жаққа бір-ақ *а у н а д ы* (М. Әуезов, Абай). Әзімхан ұйықтауға тырысып, екіүш *а у н а п* жатты (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). Шалқасынан жатқан бөбегі титімдей мұрнын қыбырлатып, оймақтай аузын томпита бірер тамсанып, сол жағына *а у н а п* кетті (М. Иманжанов, Көк белес). // *Дөңбекшу, мазасыздану, ұйықтамау.* Әйелін күтіп жатыр ол, Бір дөңбекшіп, бір *а у н а п* (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Қайғырып Арзыны ойлап, шашы ағарып, Түн болса ұйқы көрмей шығады *а у н а п* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). **2.** *Жотасымен біресе оң жағына, біресе сол жағына бірнеше дүркін ауысу; олай-бұлай аударылу (мал, жануарлар жайында).* Есік алдына үйілген шеңгелдің сол жағында қара есек күлге *а у н а п* жатыр (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Ал ит далаға жүгіріп шығып, қарға *а у н а с а,* боран болады дейді (Шопан серігі). Бұл аурулардың бәрінде де өте қатты қышынатындықтан, мал көрінген жерге сүйкеніп, *а у н а п,* жараны тісімен немесе тұяғымен қасып, әбден мазасы кетеді (Х. Арғынбаев, Мал аурулары.). Ат *а у н а ғ а н* жерде тұқ қалар (Мақал). **3.** *Домалау, құлау.* Мысықтай жерге төрт табандап дік ете түстім де, жантая құлай беріп, тағы бір-екі *а у н а п,* домалап кеттім (З. Шашкин, Теміртау). Тазы енді қайырылып бас салам дегенше қоян бір *а у н а п* тұрды да, жалтарып қиыстай қашты (Н. Сералиев, Намыс). Ол төсегіне келіп галошымен, пальтосымен *а у н а й* кетті (С. Ерубаев, Шығ.). **4.** П о э т. *Жата қалып аунақшу, асыр салып ойнау, рахаттану.* Көгалға неге *а у н а д ы ң,* Бала боп әлде кеттің бе? Алдыңнан шығып арманың, Қуаныш жасын төктің бе? (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Орман боп желмен алысып, Шуласам деп те ойлаймын. Қылтиған шөпке жабысып, *А у н а с а м* деп те ойлаймын (І. Мәмбетов, Өсиет). Ақ балығын аулайтын, Жердің көлін қимаймын. Жата қалып *а у н а й т ы н,* Белдің шөбін қимаймын (С. Мәуленов, Бала жолбарыс).

◆ **Аунап түсті.** *Екінші жамбасына ауысты, аударылды.* Апа... әже... Немене, мен аурумын ба осы?— деп, көзі жасауырап, шешелеріне қарай *а у н а п т ү с т і* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Рахмет екінші жамбасына *а у н а п т ү с т і* (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Әйкен дем алайын деп, оң жаққа *а у н а п т ү с і п,* аздап қызынған денесін ашыңқырап көзін қайта жұмды (А. Лекеров, Түз гүлі). **Қарға аунаған түлкідей.** *Құлпырып, жайнап.* Раушан жуынып, таранып, *қ а р ғ а а у н а ғ а н т ү л к і д е й* өңін жаңартып, құлпырып, түскі тамаққа жұбайын тосып отыр екен (З. Шашкин, Сенім). Шаңғышы шыңнан іркілмей, *Қ а р ғ а а у н а ғ а н т ү л к і д е й,* Нарттай жаның беттері, Құрыштай бұлшық еттері. Бұлт-бұлт ойнап бұлқынған, Таптағандай тағыны (Т. Жароков, Шығ. жин.). Анда-санда көзіме бір көрінсең, *Қ а р ғ а а у н а ғ а н т ү л к і д е й,* қалам жайнап (Ақын жырлары).

АУНАЙ-АУНАЙ үст. *Аударыла-аударыла.* Бұлт та қашып кетті жаумай, Тамшы тамса нәр алатын. Жамбас жауыр *а у н а й - а у н а й,* Сыртқа да әлі жоқ бара алатын (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл).

АУНАҚШУ *Аунақшы етістігінің қимыл атауы.* Ұйқысыз түнді дамылсыз үнілеумен, *а у н а қ ш у м е н* өткізген Жұман бай ертерек тұрып кетіп еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қайғы, қапа, *а у н а қ ш у м е н* таң да атты (І. Жансүгіров, Шығ.).

АУНАҚШЫ е т. **1.** *Ары-бері аунау, олай-бұлай домалау.* Содан кейін кереуеттің үстіне өзі *а у н а қ ш ы д ы.* Бес жыл жатқан орнын сағынып қалыпты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Олай-бұлай *а у н а қ ш ы п,* біраз жатып талып қалыпты (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Бөкеннің боз жорғасына өлі тиіп *а у н а қ ш ы п* жатыр деген, соған аят оқуға кеткен шығар (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина). **2.** А у ы с. *Дөңбекшу, мазасыздану, ұйықтай алмау.* Рақыш көп уақыт дөңбекшіп, қайта-қайта *а у н а қ ш ы п* жата алмады (С. Бақберге-

нов, Алтынемел.). Ол көптен бері тыныш ұйықтай алмай, *а у н а қ ш ы п* жатыр еді, таңсәріден сөкет шарылдаған бір дыбыс құлағына келді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бір олай, бір бұлай *а у н а қ ш ы п*, жарыла жаздап, ардақты күйеуіміз Нұрым отырды (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). 3. А у ы с. П о э т. *Көбік шашу, толқын ату (теңіз, өзен жайында).* Астымда *а у н а қ ш ы ғ а н* ақ көбікті айдын көк теңізден басқа түк көрмеймін (І. Жансүгіров, Шығ.). Күз еді, тұрып едің жар басында, *А у н а қ ш ы п* жатты өзен арнасында. Жас едім, жалқы едім, жалынды едім, Қиырдан қолды создым жалғасуға (С. Мәуленов, Жаз ерке). 4. А у ы с. П о э т. *Толқынмен бірге бұлтақтау, шайқалу, тербелу (қайық, кеме жайында).* Ол теңізде толқын шайқалтқан жалғыз қайықтай *а у н а қ ш ы п* тербеліп кетті (Д. Әбілев, Ақын арманы). Кеме *а у н а қ ш ы п*, екі бортқа шайқалып, Құйған суды төгіп жатыр қайтарып. Күләй жеңгей жаба қойды трюмді, Тұр көзінен сасқандығы байқалып (Жас қанат).

АУНАҚШЫП-ДӨҢБЕКШІП үст. *Мазасызданып, тынымсызданып; ұйықтай алмай.* Сол түнді Сақыбай *а у н а қ ш ы п д ө ң б е к ш і п* ұйқысыз өткізді. Атар таңды кірпік қақпастан қарсы алды («Қаз. әдеб.»).

АУНАҚШЫТ *Аунақшы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Тулаған матор *а у н а қ ш ы т ы п* орнықтырар емес, не заттан ұстасам да селкілдеп жыға береді (С. Мұқанов, Саяхат.). Анда-санда соққан боран, сақылдаған аяз самарқау қысқы дала тіршілігіне бір мезгіл ғана ширақты, қатаң мінез беріп, қаты ашумен *а у н а қ ш ы т ы п* алады да, кенет тоқтай қалады (Ж. Саин, Жол үсті.).

АУНАҚШЫТУ *Аунақшыт етістігінің қимыл атауы.*

АУНАП-АУНАП үст. *Жотасымен арлы-берлі бірнеше дүркін аударылып түсіп.* Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі *а у н а п а у н а п*, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады (М. Әуезов, Көксерек). Қараш атынан түсіп, төрт бұрышты сандық тастың қасындағы қаулаған бозға *а у н а п-а у н а п* алды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АУНАП-ҚУНА е т. *Тынығу, дем алу.* — Рахмет, біраз *а у н а п-қ у н а п* маукымды бастым. Енді ауданға барып жұмысқа орналасуым керек (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ауыл оның туып-өскен бесігі, алғаш дүние таныған, қазірде келіп-кетіп, *а у н а п-қ у н а п* дем алатын жері (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Тым болмаса бүгінше, Қонып аттан, Жақыпжан! *А у н а п-қ у н а п* төсекте, Өз қолымнан татып дәм (С. Машақов, Жылдар.).

◆ **Аунап-қунап жатты.** Сіз жұбайыңыз Сақып екеуіңіз біздікіне келіп, біраз *а у н а п-қ у н а п ж а т ы п* кетіңіз (С. Шаймерденов, Мінез). Кәзір іңір болады, түнделетіп керегі не? Қонақасы жеп, *а у н а п-қ у н а п ж а т ы п* ертең жүрмейсіз бе? (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Шаршап кеп *ж а т ы р* едік *а у н а п-қ у н а п*, Білмей қалдық келгенін жаудың дулап. Байды өлтірді бірнеше кісіменен, Қалғанын тірі ұста деп жатқан шулап (Үш қасыр.). **Аунап-қунап қайтты.** *Тынығып, демалып кетті.* ...Амандығын біліп, *а у н а п-қ у н а п қ а й т а ғ ы н* деп едім (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Келгендерің жақсы, шырақтарым. Үй міне, ықылас-пейіл алдарыңда. Қартыңның сыйын көріп, *а у н а п-қ у н а п қ а й т а с ы ң д а р* («Қаз. әдеб.»).

АУНАП-ҚУНАУ *Аунап-қуна етістігінің қимыл атауы.*

АУНАТ *Ауна етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айқайлап әлсін-әлі келе жатты, Құ боран талай рет қарға *а у н а т т ы.* Сөндіре алар емес сойқанды шал, Жалындап лапылдаған махаббатты (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Қиял кеп кейде оралса аулақтағы, Қиын ба ойдың отын лаулатпағы. Жақсы арман кімнің жанын жылытпады, Кімдерді төсегінде *а у н а т п а д ы* (Ә. Тәжібаев, Кешеден.).

АУНАТУ *Аунат етістігінің қимыл атауы.*

АУНАУ *Ауна етістігінің қимыл атауы.* Төсекке *а у н а у д ы ң ы* қашан қояр екенсің, сен (М. Иманжанов, Менің махабб.). Келемін сағынышты құшақ жайып, *А у н а у ғ а* топырағына туған жердің (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.).

АУПАРТКОМ з а т. 1. *Аудандық партия комитеті (ұйым). А у п а р т к о м н ы ң* өткен бюросында егінді бөлектеп жинаудың барысы туралы мәселе қаралды (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). *«А у п а р т к о м н ы ң* секретары бірінші» — Кабинет бұл, кең дүние бір іші (Х. Ерғалиев, Сенің өзенің). 2. С ө й л. *Осы ұйымның басшысы, бастығы; председателі.* Нұржан

а у п а р т к о м хатшысының кабинетінен төбесі көкке екі-ақ елі жетпей шықты (З. Шашкин, Өмір тынысы). 3. *Осы атпен аталатын мекеме.* Ас ішісімен Мәлік Нұрланды машинасына отырғызып ап, *а у п а р т к о м г е* алып барды (З. Шашкин, Сенім).

АУПІРІМ о д. *Қауіп-қатерден қорыққанда айтылатын сыйыну ишараты.— А у п і р і м* алла! *А у п і р і м* алла! Ақырын!— деді, жасы үлкен солдат қайық теңселгенде (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

АУРУ з а т. 1. *Организмнің физиологиялық әрекеті мен құрылысының бұзылуы; науқас, кесел, дерт, сырқат. А у р у д ы ң* жеңіл не ауыр өтуі де нерв жүйесіне тығыз байланысты (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Басында тұмауратып, кейін өкпесі талауратты ма, әйтеуір *а у р у ы* барған сайын асқына берді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). *А у р у* батпандап кіріп, мысқылдап шығады (Мақал). 2. *Науқас кісі, сырқат адам.* Амалы жоқ, *а у р у д ы ң* жанында біраз тұрады да бөлмеден үнсіз шығады (Адам және химия). Үйірілген сары алтындай сары қымыз, *А у р у ғ а* ем, сауға қуат дәрі қымыз (Жамбыл, Шығ. жин.). *А у р у* өле-өлгенше жанына дәмелі, Жалқау жан қинамай малдан дәмелі (Мақал). // С ы н. *Ауруға шалдыққан, сырқатты, дімкәс.* Маздап жанған от Абай мен Дәрменнің жүзін *а у р у* адамға анық көрсетті (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Үлкені он бес жасар үш қызым, екі ұлым, кәрі анам, *а у р у* әйелім бар еді, бәрінен де айрылдым (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). *А у р у* адамды немесе *а у р у* малды емдеу үшін ертедегі уақытта арнаулы кеш өткізген (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). 3. А у ы с. *Жағымсыз қылық, жаман әдет.* Бұл *а у р у*, бұл әдет бұрынғы болыстардан мұра болып, әлі соны жұртты көбі тастай алмай келеді (С. Дөнентаев, Шығ.). Сендегі *а у р у* да солармен тамырлас. Сырқауы басқа да, сарнауы бір (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ұлтшыл *а у р у* Ойбайлайды құс төсектің үстінде (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

◆ **Ауру бақты.** *Ауру адамның күй-жайына қарады, бағып-қақты, күтті.*— Рахмет! *А у р у б а қ қ а н* үйміз ғой... Жеңген жалғыз қалған, үйге барайын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Күндіз-түні *а у р у б а ғ у*, Тапжылмастан саған жағу, Қандай қорлық, мекерлік еді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Ауруға шалдықты.** *Ауруға ұшырады, науқас болды.* Ретсіз көп оқып зорығудың қажеті жоқ, *а у р у ғ а ш а л д ы ғ а с ы ң* (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.). Досмағұл *а у р у ғ а ш а л д ы ғ ы п* басқа бір поселкедегі мектепке ауысыпты (С. Көбеев, Орынд. арман.). Жоқшылық пен мұқтаждық оны *а у р у ғ а ш а л д ы қ т ы р д ы* (Б. Кенжебаев, Демократ. жазушы.). **Аурудан тұрғандай.** *Өңі жаман, жүдеу, құп-қу.* Түсі *а у р у д а н т ұ р ғ а н д а й* тым құқыл (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). *А у р у д а н т ұ р ғ а н д а й* өңі құп-қу екен («Лен. жас»). **Аурудың беті қайтты [беті бері қарады].** *Науқасы жеңілдеді, айығып келеді. А у р у д ы ң б е т і қ а й т т ы,* енді көп ұзамай тәуір болып кетеді (Ауызекі тіл). **Ауру жабысты.** *Науқас пайда болды, сырқаттанды.* Сонан *а у р у ж а б ы с ы п,* үлкен науқасқа шалдыққан (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). **Ауру меңдеді.** *Ауруы асқынды, сырқаты күшейді; дерт жеңді.* Атаманды *а у р у м е ң д е г е н* сайын бетіндегі шешек дағы баданадай болып, тереңдеп барады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Оның көзіндегі тұңғиық қайғы *а у р у д ы ң м е ң д е г е н і н* аңғартқандай еді (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). *А у р у ы м м е ң д е п* бара жатыр (Майдан). **Жұқпалы ауру.** *Микробтар арқылы тараластын ауру.* Қызылша — өте *ж ұ қ п а л ы а у р у* (Е. Оразақов, Дәрігер.). Бұл дәрі стрептококк, гонококк микробтарын қоздыратын *ж ұ қ п а л ы а у р у л а р ғ а* қолданылады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Малшылыққа деген тағы бір соққы көктем мен жазда үнемі қайталап тұратын: аусыл, топалаң, жамандату, қарасан, ақшелек, маңқа, қотыр және басқа *ж ұ қ п а л ы а у р у л а р* болды (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Сары ауру.** *Адам сарғайып кететін өте қауіпті, жұқпалы ауру — Боткин ауруы. С а р ы а у р у м е н* ауырған адамды бірден ауруханаға жатқызу керек, әйтпесе жанында жүрген адамға жұғуы ықтимал (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). *С а р ы а у р у* өте қауіпті, ол білінісімен дереу дәрігерге көріну керек (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Республикамыздың кейбір аудандарында *с а р ы а у р у л а р д ы ң* судан жұғатындығы белгілі болды («Лен. жас»).

АУРУДАЙ с ы н. 1. *Кесел, дерт тәрізді.* Мәселе Европа тұрғындарының қайсысының болса да титтей қарсылығының

Америка басшыларына *а у р у д а й* әсер ететіндігінде (Бейбітшілік дауысы). 2. *Науқас, сырқат адам секілді.* Ол сандырақтаған *а у р у д а й* аузына келгенін айта берді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Алдырды ер-тұрманды Қақпан жорға, Қоштасты туған жермен Айдай зорға. *А у р у д а й* ат үстінде өбектеді, Бір топ жан шуылдасып, түсті жолға (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АУРУЛЫ с ы н. 1. *Кеселді, дертті, науқасы бар.* Біз жемсау *а у р у л ы* 251 адамның қанын зерттедік (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). Бұл қояншық *а у р у л ы* кісінің сандырағына ұқсайды (Бейбітшілік дауысы). 2. *Науқас, сырқат адамы бар.* Сәлде орап, ел ақтап, Жүреді бала піштіріп. *А у р у л ы* үйде қонақтап, Емдейді оқып, үшкіріп (С. Мұқанов, Замандас.).

◆ **Аурулы болды.** *Науқасқа шалдықты, кеселге ұшырады.* Күнім-ау, түні бойы көз ілген жоқсың, дем алу дегенді мүлдем ұмыттың, бүйтіп жүріп *а у р у л ы б о л а с ы ң* ғой (Ә. Әбішев, Пьесалар). Ауылдастары Әсияны дуа да жасай алады, Исахметтің әйелі Күнсұлудың *а у р у л ы б о л у ы* содан дейтін (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы).

АУРУЛЫҚ з а т. *Ауру болушылық, науқастық.* Әкемнің *а у р у л ы ғ ы н* білген соң, мен өскен соң төлер деді. Екі жыл болды, соны төлеп келем (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы). Егер қажудың пайда болуына себепші болған істі тоқтатпаса, қажу бірте-бірте ұлғаяды да, шаршау, яғни дем алудың да пайдасы болмайтын *а у р у л ы қ* жағдай пайда болады (Семья тәрбиесі).

АУРУЛЫ-СЫРҚАУЛЫ с ы н. *Науқас, сырқат.* Қыстан бері *а у р у л ы-с ы р қ а у л ы* болып жүрген Ахметжан соңғы айда белі шойырылып, төсек тартып жатып қалған (К. Тоқаев, Түнде атыл.).

АУРУ-САУЫ з а т. *Кеселінің бар-жоқтығы, денсаулығы.* Әрине, мысықтың *а у р у-с а у ы н* тексеріп жатқан ешкім жоқ (Е. Оразақов, Дәрігер.). Тарыдай тал бойында дертің болса, Денеңнің біле алмайсың *а у р у-с а у ы н* (Қаз. әндері).

АУРУСЫЗ с ы н. *Ауырмай-ақ.* Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер, Ажал жетсе, *а у р у с ы з* сауды өлтірер. Қаны-пезер бұзақы жігіт болса, Тыныш жатқан еліне дау келтірер (Алдаспан).

АУРУ-СЫРҚАТ з а т. *Дерт, науқас, кесел.* Кемелтай қу мұның ежелгі *а у р у-с ы р қ а т ы н* жақсы біледі (Ә. Қалмырзаев, Қарлығаш).

АУРУ-СЫРҚАТТЫ с ы н. *Науқасы бар, дертті, кеселді.* Көлдің ортасындағы қарағайлы қалың жыныстың аралда *а у р у-с ы р қ а т т ы л а р* саяласа (Т. Нұртазин, Мұрат).

АУРУ-СЫРҚАУ 1. з а т. *Науқас, кесел, дерт. А у р у-с ы р қ а у,* өлім-жітімнен түгел есенсіздер ме? (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Совет адамдарының денсаулығын *а у р у-с ы р қ а у д а н* үнемі сақтап, қамқорлық етіп отыру — еліміздің коммунизмге қарай қарыштап алға басу жолындағы негізгі шарты (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Малдың организміне түскен күн сәулесінен терінің эпидермисі қалыңдайды, соның нәтижесінде организм *а у р у-с ы р қ а у ғ а* берік болады (С. Омаров, Қой. бағу.). 2. с ы н. *Науқасы бар, сырқат (адам).* Райхан ертемен ауылды бір аралап, *а у р у-с ы р қ а у* адам бар-жоғын сұрастырып білетін-ді (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АУРУ-СЫРҚАУЛЫ с ы н. *Науқасы, сырқаты бар; кеселді, дертті. А у р у-с ы р қ а у л ы* адамдар сол жерге барып, шипа тілейтін (Мың бір түн).

◆ **Ауру-сырқаулы болды.** *Науқасқа шалдықты, кеселді болды.* Бала туғанда, қыз ұзатқанда, *а у р у-с ы р қ а у л ы б о л ғ а н д а* айтылатын орта ғасырлық әдет-ғұрып жырлары біздің заманға келіп жетті (ҚазССР тарихы). Бұл шақта *а у р у-с ы р қ а у л ы б о л,* от басының күйбеңінен артыла бермейтін ана алғашқыда әңгіменің төркінін түгел танымаса да елпектеп жүр («Лен. жас»).

АУРУХАНА з а т. *Ауру адамдар емделу үшін орналасатын орын; больница.* Бұрын дәрігердің не екенін білмейтін алыстағы түкпірлерде қазір медициналық пункттер, *а у р у х а н а л а р* орнады (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). *А у р у х а н а н ы ң* бас дәрігері Манапқа:— Денеңіздің қызуы бар, әлі жата тұрасыз,— деді (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). *А у р у х а н а д а* бар болғаны он-ақ орын. Дәрі-дәрмек жоқ, маман жоқ (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

◆ **Ауруханаға түсті.** *Сырқаттанды, ауруханаға орналасты. А у р у х а н а ғ а т ү с к е н н е н* бері Еңліктің өз өңін көргені бүгін еді (К. Оразалин, Ақ жазық).

Жарадар болған күннің ертеңіне ол *ауруханаға түскен-ді* (Н. Ғабдуллин, Алғашқы сапар).

АУРУШАҢ с ы н. *Көп науқастанатын, жиі сырқаттанғыш.*— Кеше мына араға шешінген сияқты едім,— деп, кірбііп, өзі әрең отырған *аурушаң* шешемнің мазасын алды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Балаларыңыздың *аурушаң* болып өсуіне кінәлы өздеріңіз демеп пе едің (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

АУРУШАҢДЫҚ з а т. *Жиі ауырушылық, сырқаттанушылық.* Бірақ белгілі бір ауруға бейім тұрушылық, сыртқы ортаның қолайсыз әсері мен тым *аурушаңдықтан,* организмнің бірқалыпта тұрмайтын осалдығына байланысты ауысуы мүмкін (Семья тәрбиесі).

АУРЫҚСЫН е т. *Жанына бату, қиналу; ауырсыну.* Ол жанына батқан жарақатын *ауырықсына* қабақ шытып, сәл қайқаң ете түсті де, кеудесін кек кернеп, жүзінен ызғар, көзінен от шашып, қалшылдап қоя берді (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

АУРЫҚСЫНУ *Аурықсын етістігінің қимыл атауы.* Ешқандай *ауырықсынуды* сезбеймін, бірақ денемді билей алмаймын (А. Лекеров, Түз гүлі).

1. АУСАР с ы н. 1. *Алаңғасар, ұр да жық, дөкір, ожар, есер.* Шайқара хатты шала танитын, оқығандардың бәріне де ала көзбен қарайтын *аусар,* кесек, ұр да жықтау еді (І. Жансүгіров, Шығ.). Ол есерсоқтау, *аусар* жігіт болатын (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). «Бесбармақ» деген немене, Қамыр ма, еттің өзі ме? Атасы ет жемеген *Аусардың* шәлкес сөзі де (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр ғой.). 2. *Өжет, қара күші мол.* Осы *аусар* өжет жігіт ақай-тоқайға қарамастан, күркеде отырған сары құсты бара сала қолына қондырды да, қойшының құнанына мінді (Ә. Кешімов, Екі бүркіт). Бозбаланың еркесі *аусар* Шәкем, Жалт-жұлт етіп алдымнан шығар ма екен (Қаз. әндері). Гүрзісін қолына алды деген Гаусар, Қоюшы ед қозғалта алмай талай *аусар.* Сегіз мың ауырлығы батпан еді, Ұрған тас онымменен шөптей қаусар (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

◆ **Аусар мінез** [мінезді]. *Мінезі ожар, дөкір.* Сүгірдің мұндай шойқара денесі маған ұнамайды. Осындай денесіне сай келген оның *аусар мінезі* де көңілге қонып тұрған жоқ (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Атқарушы өзіме таныс, *аусар мінезді,* ат жақты, қоңқақ мұрынды, жуан дауысты, қалжыңбас, көсе — Тоқбол дейтін жігіт екен (Ғ. Орманов, Жүрек). ⊙ **Аусар ой.** *Аусар ой* миын тырнап мазалайды: «Салт бұздың, құдай сені жазалайды». Алды-артын орағытып шырмайды кеп, Нөсердей борай соққан нажағайлы (С. Омаров, Сәукен).

2. АУСАР з а т. *Құмар, ынтық, құштар.* Апыр-ай, мына жігіт селт етпейді, *Аусарым* басылмаған тентек дейді. Алдымда жолбарыстай жұмарланып, Бүпбүтін жүрегімді жентектейді (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Басып жанның *аусарын,* Көл сөйлейді сыңғырлап (С. Мәуленов, Жасыл орман).— Сағындық сенің даусыңды.— Сағындық, ия, сағындық.— Үніңе әбден *аусармыз,* Той күні ғана шағындық (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

◆ **Аусары ауды.** *Құмартты, аңсады, көңілі ауды.* Алпысбай қойшымен оның сөйлесуге *аусары ауып-ақ* кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Күреңқасқа ащы қидың иісі аңқыған жылы қораға *аусары ауғандай* оқшырайып шекесінен қарайды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

3. АУСАР з а т. к ө н е. *Аң аулайтын аспап, тор* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АУСАРЛА е т. *Аңсау, құмарту, ынтығу.* Әлі де ат көргенде *аусарлаймын,* Қылығын Көксағымның таусалмаймын (С. Керімбеков, Еңбек — ата.).

1. АУСАРЛАН *Аусарла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қаншалықты *аусарлансам* да оны бір көре алмай-ақ қойдым (Ауызекі тіл).

2. АУСАРЛАН е т. *Жындану, есерлену.* Тәйт әрі, *аусарланбай!* Не қылып құтырып жүр өзі? Есіл қыз-ай саған қор болған! (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жан жолдасы Бекеттің Олжай деген батыры *Аусарланып* елерген... (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

АУСАРЛАНУ *Аусарлан етістігінің (2-омон.) қимыл атауы.* Сол-ақ *аусарлануын* қоймайды екен (Ауызекі тіл).

АУСАРЛАУ с ы н. *Ожарлау, дөкірлеу.* Сол кезде жасы жиырма бестерге келген, аса ірі денелі, *аусарлау* мінезді Мырзақмет маңайдағы қазақ ауылдарының «бас балуаны» атанған адам (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУСАРЛЫҚ з а т. *Жындылық, есерлік, дөкірлік, алаңғасарлық.* Мінезінің *а у с а р л ы ғ ы* бар шығар, бірақ Нұрқат Мәліктің үстінен материал жинады деуге аузым бармайды (З. Шашкин, Сенім). *А у с а р л ы қ* қой істеткен, Кешір оны, күнішім! Әкелдім жібек сыйлықтар, Ұрыспассың бұл үшін (Д. Әбілев, Жүрек жырла.).

АУСЫЛ з а т. *Аша тұяқты малдардың (әсіресе сиырдың) аяғы ақсап, аузынан сілекей шұбырып ауыратын жұқпалы ауруы.* Ірі қарада осы күнге дейін жиі қайталанып келе жатқан жұқпалы аурулардың бірі — *а у с ы л* (Х. Арғынбаев, Мал аурулары). *А у с ы л* болғыр, қасқа сиыр-ай, емшегіңнен сүт тамшылап тұрушы еді-ау (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Сиырыңның аузын *а у с ы л*, аяғын сарып қылып қояйын ба?— деп құндана алар сың ба? (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

АУТ з а т. с п о р т. *Доптың ойын кезінде алаңнан шығып кетуі.* Қап, *а у т* боп кеткені-ай мына доптың! Қалайша, әй Әнуар, жаңсақ соқтың?! (М. Әлімбаев, Биікке-биікке). Елгезек доп ауып түссе ұшқырып, *А у т* дейді судья бір ысқырып (Д. Әбілев, Өленд.).

АУТАҢДА е т. д и а л. *Теңселу, толқу, шайқалу.* Жиналысты басқарып отырған Ивановтың рұқсатын күтпей, ірі денесі екі жағына кезек толқып, *а у т а ң д а п* басып, мінбеге қарай жөнеле берді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Майдан даласының адыр-бұдыр жерлерінен ырғып *а у т а ң д а ғ а н д а р ы н а* дейін толқын соққан кеменің батып-шыққанындай, қалың түтін арасынан қарасы қылтылдап көрініп отырады да, бір жерлерге келгенде шым батып, жоқ боп кетеді (Бұл да).

АУТОТОМИЯ з а т. з о о л. *Кейбір жануарлардың жауынан қорғанғанда аяғын немесе денесінің жеке бөліктерін үзіп тастап кетуі.* Жануарларда *а у т о т о м и я ғ а* ұшыраған мүшелер кейін қайта қалпына келеді (ҚСЭ).

АУТСАЙДЕР з а т. 1. С а я с. *Монополиялық бірлестіктерге кірмейтін капиталистік кәсіпорындар.* Монополия мен *а у т с а й д е р* арасындағы күрес — империализм дәуіріндегі бәсеке-тартысының негізгі түрінің бірі (ҚСЭ). 2. С п о р т. *Чемпионатқа қатысқандардың ішіндегі ең соңғы орында келе жатқан команда немесе спортсмен.* Біздің «Қайрат» биыл *а у т с а й д е р л е р д і ң* қатарында жүр (Ауыз-екі тіл).

АУУ *Ау етістігінің қимыл атауы.* Жүктің *а у у ы* деген көшкен ел үшін үлкен азаптың бірі еді (Ауызекі тіл).

АУХАЛ з а т. ж е р г. **Қауқар.** Қанша кіші болғанымен ожаудың он қасықтық *а у х а л ы* бар емес пе (*Ә.* Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АУҲОУ о д. с ө й л. **Ауқау.** Көз байланбай тұрғанда бұзауымды тауып алайын. Жаман сасық жаңа ғана анау шидің ішінде жайылып жүр еді. *А у х о у!..* Әукім-әукім... (З. Жәкенов, Таң самалы).

АУШЫ з а т. 1. *Ау құрып балық ұстайтын адам; балықшы.* Көптен тісін басып жүрген жұрт казак-орыс байларының *а у ш ы л а р ы н*, егінге түскен саяқтай етіп көлден қуып тастады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Осы судың аяғында бір шаһардың кедей *а у ш ы с ы* бар еді, сол суға ау салып, балық аулап отыр еді, әлден уақытта ауына бір ауыр нәрсе келіп ілінді (Қаз. ертегі.). Көп құстарға аңшы боп, Балықтарға *а у ш ы* боп, Аға, сендей болғанда Барамын мен орманға! (Қ. Мүсірепов, Менің апам.). 2. *Аң, құс аулаушы адам; аңшы.* Таңға таянған кезде үш қыз *а у ш ы н ы ң* торына шырматылып шыға алмаған көгершіндерше, ауыр ойларына шырматылып үндеспей жатты (С. Сейфуллин, Әңгім.).

АУЫЗ з а т. 1. *Адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі.* Не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, *а у ы з* үстіне мұрынды қойған (Абай, Тол. жин.). Анау *а у ы з*, анау азу, көмекей маған бітсе, ешкі түгіл түйені түтас жеуден де тайынбас едім (М. Тиесов, Әңгім.). Ақ үрпек балапандар *а у з ы н* ашқан, Өмірге күндеп өсіп қадам басқан. Ас беріп ата-анасы асырайды, Мәпелеп балапанын бала жастан (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). 2. *Дыбыстау мүшелерінің бірі, артикуляциялық аппарат.* Сөздерді, жеке буындарды айтқанда әншінің артикуляциялық аппараты: *а у ы з*, ерін, тіл, тіс, жұмсақ және қатты таңдайының үлкен мәні бар (Хормен жұмыс.). Белдеумен *а у з ы н* таңды айтпасқа «аттан»! Тығылып Масатыны тапты жатқан. Сырт ұстап ерлі-байлы екеуін де, Сертіне жетті жаулар шығарда айтқан (О. Шипин, Екі дастан). 3. А у ы с. *Адам, кісі мағынасында.* Бұл арада бар *а у ы з* түгелімен жабылып кетіп еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш.). — Апырай, шын адастым ба? Көп *а у ы з* біріксе, бір *а у ы з* жоқ. Ашу тұрған жерде ақыл

тұрмайтын еді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Кеше ит басына іркіт төгіліп жатқанда, Сейфулланың бір өзін ауырлаған жоқ еді, енді бұлар үшеу ғой. *А у ы з* көбейді, ауырсынды ма, қалай? Әйтеуір ептеп қана еншісін беріп, Сейфулланы бөлек шығарды (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Көп *а у ы з* біріксе, жалғыз *а у ы з* жоқ болады (Мақал). **4.** *Бір нәрсенің ашық жағы.* Қоржынның *а у з ы* тігуге әрең келді ғой, әке (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қалың шөптің арасынан *а у з ы* ашылмаған бір бөтелке жигули сырасын тауып алдым (Қ. Исабаев, Арман арнасы.). Сейтқали көмірді іріктей жәшікке салып, *а у з ы н* шегелетіп жатыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Сұлтанмахмұт хатын конверттеп, *а у з ы н* жауып, адресін жазып жатты (Д. Әбілев, Ақын арманы). **5.** *Бір нәрсенің кіріп шығатын жері, есігі. А у з ы н д а ғ ы* күзетші милиционерден рұқсат алып, екінші этажға көтеріліп, дәлізге қойған күрең тысты диванға барып отырады (З. Шашкин, Сенім). Енді қалмақ сасады, Қақпаның *а у з ы н* ашады (Алпамыс). Айназар мен Айсұлу жүріп отырып, парктің жоғары жақ шетіндегі, шығар *а у з ы н д а ғ ы* бір орындыққа келіп, кейін қалған Әшір мен Радаға тосып отырды (С. Сейфуллин, Шығ.). Үңгірдің *а у з ы н* шөппен тығындап, жантайып жата кеттім (М. Гумеров, Үш күн). **6.** *Бір нәрсенің басталар жері.* Көпір *а у з ы н а* келгенде Сүлеймен бержабай: — Извозчик керек пе? — деп көлденеңдей түсті (І. Жансүгіров, Шығ.). Өткелдің *а у з ы н д а* Рүстемнің жолы айрылатын болды (С. Шарипов, Шығ.). Қыстақтың шетінде, үлкен жолдың *а у з ы н д а* әйел-еркегі аралас бір топ адам күтіп тұр екен (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). // *Сай, шатқал, өзек жөнінде.* Осы мезетте Баршагүлге ілесе төбінген Уәли бір сайдың *а у з ы н д а* қалтарыста жайылған топ ешкіні көрді (Ғ. Сыланов, Шалқар). Бірақ олай болмай, шатқал *а у з ы н а н* сайдауыттай бес жігітпен Ботақара шыға келді (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). **7.** *Жараның, ісіктің ашылған жері; үстіңгі жағы, беті.* Шегінің *а у ы з д а р ы н* шекпен қажап, қотырының суы шекпеннің сыртына шыпшып шығып кеткен екен дейді (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

◆ **Ажал [өлім] аузында.** *Ажал алдында, өлім халінде.* — Жоқ, кәрия! *А ж а л а у з ы н д а* тұрсам да, дәл қазір ондай сөзді есітер емеспін (Ә. Әбішев, Терең тамыр). Мұса да *ө л і м а у з ы н д а* Өткізді көп түн, көп күнін. Өшпеген кезі аз мұнда Астында азап, тепкінің (Ж. Молдағалиев, Жыр.). **Ай десе аузы, күн десе көзі бар.** *Ф о л ь к.* *Асқан сұлу, әдемі.* Қиялғажайып ертегілерде батырлардың, *а й д е с е а у з ы б а р, к ү н д е с е к ө з і б а р* сұлулардың ізгі ерліктері хикая болады (ҚазССР тарихы). **Ақ ауыз болды** [етті]. *Аузы аппақ болды, құр қалды.* Оның үстіне бүгін таңертең бірде бір оқ шығармағанымызды, ауға түскен балықтардан *«а қ а у ы з» б о л ғ а н ы м ы з д ы* ескерсек, көңілді бола қоярлықтай жайкүйдің өзі де жоқ тәрізді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Қит етсе аяқ жұмсайды, қолма-қол жұмыстан шығарады. Өйтпесе *«а қ а у ы з» е т і п,* істелген істі қабылдамай қояды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ала ауыз.** *Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақсыз, араз. А л а а у ы з,* алты бақан байғұс қазақ, Мектеп аш, бар баланды білімге жи! (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). **Ала ауыздық.** *Араздық, берекесіздік, ынтымақсыздық.* Бұл аяқ астынан шыққан *а л а а у ы з д ы қ* емес, мағынасы терең *а л а а у ы з д ы қ* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Ел ішіндегі зорлық-зомбылық, ала аяқ, *а л а а у ы з д ы қ,* қатігез қанаушылық ақын жүрегіне өшпенділік отын жағады («Қаз. әдеб.»). Бүгінгі таңда империалистердің жік туғызамыз деген, Африканың жеке елдері арасында *а л а а у ы з д ы қ* туғызамыз деген есек дәмелері күл-талқан болды («Лен. жас»). **Алты ауыз.** *Ынтымақ жоқ, бірлік жоқ, ала ауыз. А л т ы а у ы з д ы* ала боп, Басыңды төре сұрады-ай (Жамбыл, Шығ. жин.). Ынтымақ бірлік қандай?! Топ шыбықты тұрдыңдар сындыра алмай. Араздасып *а л т ы а у ы з* болсаңыздар, Сындырар жау, шыбықты сындырғандай (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Жұрт тынымсыз, Бәрі ұғымсыз, Енді оларға сөз де жоқ. Сырты абыз бар, Желғабыз бар, *А л т ы а у ы з* бар — өзге жоқ (Абай, Тол. жин.). **Алты бақан ала ауыз.** *Ауыз бірлігі, ынтымағы жоқ.* Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсе қызар жалмауыз. Сорлы қазақ сол үшін, *А л т ы б а қ а н а л а а у ы з* (Абай, Тол. жин.). **Ана сүті аузынан кетпеген.** *Жас, тәжірибесіз. А н а с ү т і а у з ы н а н к е т п е г е н* он жасар баланың сөзі сайдың тасындай кесек жатыр (С. Омаров, Әңгім.). Сол сменада сізден басқа жұмыстың тәсілін білетін қазір кім бар? Біреуі жарымжан ауру... Тағы біреуі *а н а с ү т і а у з ы-*

нан кетпеген жас (Ә. Сатыбалдин, Ақмарал). *Аузынан ана сүті кетпеген* мына Рақым ба? (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). **Аузы аққа тиді.** *Айран-сүтке жарыды, тойынды.* Мұстапа: — Қазір, құдая шүкір, балаларымның *аузы аққа тиді*, аяқ артқышым бар, аман болса, үш ұрғашы торпағым — үш бұзаулы сиыр ғой,— деп бойын кеңге салады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Сол азықпен жаз шығып, бала-шағаның *аузы аққа тиді* (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). **Аузы аппақ болды.** *Жер соқты, жерге отырды.* Айдарбектің *аузы аппақ болды.* Жуандар босанып алған соң көкие сөйлеп, көк тиын бермей кетті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Аузы-аузына жұқпады.** *Жып-жып етті.* Қара бұжыр әйелдің *аузы-аузына жұқпайды* (Б. Майлин, Шығ.). ...Дей алмасаң онда міне, тыңдай бер,— деп анау тіпті *аузы-аузына жұқпай* шұбыртып жөнелді (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). **Аузы ауыр.** *Аз сөйлейтін, тез арада сөйлей қоймайтын.* Қашаннан *аузы ауыр* ол ештеңе естімегендей, ештеңе білмегендей, ештеңе сезбегендей қылтанақ мұртының арасынан махорка түтінін будақтатып отыр («Лен. жас»). Бұрын көп сөйлемейтін, *аузы ауыр* комсомолец Жарымбет Әлжанов сіңірлі қолдарын көтерді (Бұл да). **Аузы [ауыз] бармады.** а) *Айтуға батылы бармады, жүрегі дауаламады.* Түсімде дегенмен, мұны жоруға *аузым бармай* отыр-ау, Қареке (Ғ. Мүсірепов, Таң. шығ.). *Аузың бармай* отыр ма, Айтуға Көлбай, Маманды? (Жамбыл, Шығ. жин.). Мария жоқта Ұлжанға «Ғалімнен екінші рет хат алсаң да, шалқая түсетін бол»,— деуге де *аузы бармады* (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). ә) *Қимады, айта алмады.* Ажарына қарап тұрып, жарты ғасырлық өмір өткелін артына тастап, егде тартты деуге *аузың бармайды* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Ол ерді өлді деуге *ауыз бармас,* Өлсе де, өсиеті өлмес, естен қалмас (Ақын жырлары). Шарықтап қиял қияға, Елестей үміт арбайды. Сүйгенін жүрек қия ма, Өлдіге *аузым бармайды* (М. Хакімжанова, Жыр асуы). **Аузы батыр.** *Қымсынбай батыл сөйлейтін, өткір тілді (кісі).* Ажардың *аузы батыр еді,*— Қоймадың ғой ақыры,— деді.— Ел не деуші еді сені, Маңғаз емес, масыл дейді, Кербез емес, кесір дейді (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Аузы берік.** а) *Аузы ораза.* Құдайшылық жолына ресім байлап беріп, ораза деген өткелсіз міндет шығыпты. Еңкейген шал, еңбектеген балаға дейін *аузы берік* (Қ. Тайшықов, Окт. үшқыны). ә) *Сыр шашпайтын, құпия сақтағыш.* Жиен баланың *аузы берік* еді ғой, әскерге ертең жүрем деген күні ғана айтты ғой маған,— деп, Қаржаудың бұған деген ынтығы мол ұзақ әңгімесін жыр ғып айтады («Лен. жас»). **Аузы бұлтиды.** *Өкпеледі, бұртиды.* Бала *аузы бұлтиып* үйге жөнелді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Аузы дуалы.** *Аузының ебі бар, айтқанына көндіретін (адам).* Алыстан ат сабылтып келушілер жиілей бастады. Көбі ақ сақал, қара сақалдар. Байқаймын, мені айттырған елдің *аузы дуалы* адамдары (Ө. Қанахин, Жас дәурен). Мұғалімнің *аузы дуалы* екен. Менің орыс поэзиясымен етене достығым Лермонтов өленderінен басталды (С. Омаров, Дала қызы). **Аузы жаман.** а) *Тілі ащы, бейпіл ауыз. Аузы жаман* қатын анасына тіл тигізіп, ренжітіп тастады ма деп қорқатын-ды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Өсекшіл, атыстырғыш. Аузы жаман* елді былғар, Аяғы жаман төрді былғар (Мәтел). **Аузы жеңіл.** *Аузына сөз тұрмайтын, өсекші.* Дәмет жас кезінде *аузы жеңіл,* адуынды әйел болатын (Ғ. Мұстафин, Таңд. шығ.). **Аузы жеткен.** *Сөзі өтетін, тілін алдыратын.* Өзім де қарап жатпаспын, *аузым жеткен* жолдастарға айтып, Қазақстанды бұл ауырлықтан шығаруға қолдан келген жәрдемімді берермін (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Аузы жұмылды.** *Сөзін тоқтатты, қойды.* Манадан басын шайқап тұрған жылқышы Бекболаттың *аузы жұмылған* соң-ақ сөйлей жөнелді (С. Шарипов, Шығ.). **Аузы кепті.** *Сауыннан айрылды, ақсыз қалды.* Соңғы кезде Судыр Ахметтің иті қырын жүгіріп жүр: сауын отырған сүті бұлақтай қараша інген жаман шөп жеп арам өлді. Балалардың *аузы кеуіп,* ақсыз қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Аузы күйді.** *Басына тиді, запыс болды.* Сен байқа, тағы да еменнің шыбығын көміп жүрмейік,— дейді *аузы күйген* Сейтен Бектайға (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Аузы күйген* әке-шешем сотқарлық қылығымды Бәтеске де көрсете ме дегендей, бастапқы кезде сақтана қарап еді, кейін бетке қақпайтын болды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Аузы құрғады.** *Тамағы кепті, шөлдеді.* Раушанның *аузы құрғап,* тамағы кеуіп қалған секілді болды (Б. Майлин, Шығ.). **Аузымды қышытты.** *Жыныма тиді, еріксіз*

сөйлетті. Кешегі бір домалақ тойда Екей жағының елбеңдеген бәдігімен айтысып қап, *аузымды қышыта* берген соң: «Екейде елу бақсы, сексен ақын, Улейді жын қаққандай кешке жақын...» — деп бастап, едәуір жерге апарып-ақ салдым-ау деймін (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Аузымен құс тістеген.** *Өрен жүйрік.* Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, *аузымен құс тістеген* өрен жүйрік болыпты (Қаз. ертегі.). *Аузымен құс тістеген,* Жел жете алмас жүйрігім. Тұрсың ба әлде күтіп сен, Жолдасыңның бұйрығын (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). **Аузымен орақ орған.** *Істің бәрін тек тілімен орындаушы, сөзбен тындырғыш; бөспе.* Әлде жігіт дегендердің кейбірі *аузымен орақ орған* мақтаншақ келе ме, немене, біреулер ел ішіне «Бәтеспен солай болдым» деген сөзді де таратып жүретін көрінеді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тоң мойын, топас мінез, ойы шолақ, Қызғаншақ, дауысы жоқ, әнге де олақ. Аяғы мақтанғанда жерге тимес, *Аузымен* белі ауырмай *орған орақ* (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.). **Аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты.** *Аузына келгенін айтты, қарғап-сіледі. Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығып,* Елемеске тиісе бастап еді, қолыммен кес-кестеп сөйлетпей қойдым (С. Омаров, Қайырлы жаз). *Аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты:* «Жиен ел болмас, желке ас болмас!» Титтейінен бағып-қағып ем бұл аш аруақты, енді өз қолы өз аузына жете бастағанда-ақ тұзымды арамдап отырған жоқ па? («Лен. жас»). **Аузына [ауызға] алмады.** *а) Атамады, айтпады.* Алтайда бар еді-ау деп сол бір інім, *Аузына алған* емес мені топта (Д. Әбілев, Өленд.). *ә) Ішпеді, жемеді, дәмін де татпады.* Ері майданға кеткелі *аузына алмаған* арақтың елу грамы Мақтымның іші-бауырын өртеп жібере жаздаған тәрізденді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Тойған кісі оны *аузына алмақ* түгіл, иіскер де емес (С. Мұқанов Есею жыл.). **Аузына ем қонбаған.** *Бетімен кеткен, жүгенсіз.* Алақандай *аузына ем қонбаған,* Мінезіңе ежелгі өкінбеспін (Жамбыл, Шығ. жин.). **Аузына ие болды.** *Абайлап сөйледі, сыр сақтады.* Бірақ сен *аузыңа ие бол!* (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Мына қара бала менің туған жиенім. Ат басын ұстауға да, *аузына ие болуға* да жарар деймін (С. Бегалин, Ана қайраты). **Аузына келгенін айтты.** *Бөсті, шатты, көкіді.* — Не қыласың, осы күні құдайы беріп жүр: күндеушілердің алдағанына еріп, *аузына келгенін айтатын* көрінеді,— деді Дүйсенбай (Б. Майлин, Шығ.). Кейкі *аузына келгенін айтып,* балағаттап, сыртқа шығып кетті (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Аузына қарады.** *Сөзін тыңдады, айтқанын істеді.* Отырғандардың бәрі солардың *аузына қарап,* бірер минут үнсіз қалды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Елім *аузыма қарайды,* жұртым айтқанымды істейді деп ұғатын Көтібар, шынтуайтқа келгенде тоқалы Теңгеден аса алмайды (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Ақылды болсаң жарайды, Халыққа сөзің тарайды. Білім, ақыл қосылса, *Аузыңа* жұртың *қарайды* (Пернедегі термелер). **Аузына қаратты.** *а) Өнерімен ел назарын аударды.* Жау ашпаған есігін, Кеудесін тұнық жаратқан. Шешен өзі кісі екен, Жанды *аузына қаратқан* (Жамбыл, Шығ. жин.). Жиын-тойда өлең айтып, жұртты *аузына қаратуды* ол өнер көретін (С. Сейфуллин, Шығ.). *ә) Билеп төстеді, еркіне көндірді.* Ол малшы атаулыны *аузына қаратып,* жайлауды жалғыз өзі билеп алды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Аузына құм құйды.** *Сөйлетпеді, дымын шығартпады; үнін өшірді.* Қабыштың *аузына* Нұржан *құм құйып* кетті (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Аузына құм құйылды.** *Жым болды, үндемей қалды.* Пышақ та, Қышақ та *аузына құм құйылып* үндемей қалды (І. Жансүгіров, Шығ.). Жетібай *аузына құм құйылып,* солбырайып тұра жөнелді (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Аузын алды.** *Біреуге алдын ала пара беріп, көңіліндегісін істетті.* Көлденең ағайынның *аузын* бұлардан бұрын *алып* қоятын, өзіне тартып әкететін қуаты бар (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Жұманның *аузын алғаннан* кейін, тағы біраз уақыт ізіңді суыт (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Алдымен мына төренің *аузын алайық* (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин). **Аузынан дұр шашты.** Көне. *Жарлық етті.* Сұрады сұлу сөз ашып, *Аузынан дұр шашып:* «Бар ма екен,— деп,— далада Жігіттің келмей қалғаны?» (Қамбар батыр). **Аузына не туссе, соны айтты.** *Қалай болса солай, бейсауат сөйледі.* Мұндай мұғалімдер ашуы келіп булыққан уақытында *аузына не туссе, соны айтады* («Халық мұғ.»). **Аузынан жалын шықты.** *Ашылады, үйіледі, қайғыдан*

күйзелді. «Ah» деп жаралы жан өксігенде, *А у з ы н а н* дем орнына *ш ы қ т ы ж а л ы н* (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Тыңдамады еш бір құс мұның зарын, Дем орнына *а у з ы н а н ш ы қ т ы ж а л ы н.* Осындай тар жол, тайғақ кешулерден, Іздеді алып шығар ақ сұңқарын (Ш. Иманбаева, Өленд.). **Аузынан қақты.** *Барынан айырды, өзіне бұйыртпады.* Олар Мұхиттың жалғыз қойын *а у з ы н а н қ а ғ ы п,* сойғызып жеп кетті (Ауызекі тіл). **Аузынан мәйегі арылмаған [шығып тұрған].** *Ана сүті аузынан кетпеген жас бала. А у з ы н а н м ә й е г і а р ы л м а ғ а н* жас бала емессіңдер (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Елемес *а у з ы н а н м ә й е г і ш ы ғ ы п т ұ р ғ а н* жігіт (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен.** *Жасық, боз өкпе, бос (адам). «А у з ы н а н с ө з і, қ о й н ы н а н б ө з і т ү с і п»* дегендей, қарадан-қарап тұрып-ақ, қысылып-қипақтап, біліп тұрғандарын жөндеп айтып бере алмады (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **Аузынан су ақты.** *а) Сілекейі шұбырды, аңсары ауды.* Бұзылмаған қазы, бүрулі етті есіткенде Күлпаштың *а у з ы н а н с у ы а ғ ы п,* ынтығуға айналды (Б. Майлин, Шығ.). *ә) Үйи тыңдады, құмартты.* «Айт келеді» десе молда қуанып, Киіз қаптан кітаптарын шығарып. Атқамінер, ақсақалдар айнала, Тыңдап қалған *а у ы з ы н а н с у а ғ ы п* (Пернедегі термелер). **Аузынан [ауыздан] тастамады.** *Ылғи айтып жүрді.* Тегі, «талапты ерге нұр жауар» дегенді әкем байғұс *а у з ы н а н т а с т а м а у ш ы* еді (І. Жансүгіров, Шығ.). «Шалабек», «Шалабек» деп қайта-қайта айтып *а у з ы н а н т а с т а м а й д ы* (С. Сейфуллин, Шығ.). Соңғы кезде оны қала халқы қорықса да, сыйласа да *а у ы з д а н т а с т а м а й т ы н* болған-ды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Аузынан түскендей [түсіп қалғандай].** *Айнымай тартқан, ұқсас.* Атасының *а у з ы н а н т ү с к е н д е й,* нағашысынан айнымайды («Халық мұғ.»). Шынар да, кешегі жас Шолпан да Гүлнаштың *а у з ы н а н т ү с і п қ а л ғ а н д а й* екен (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Самат дәл жаныма кеп отырды. Маған ұқсайды. *А у з ы м н а н т ү с і п қ а л ғ а н д а й* («Лен. жас»). **Аузынан [ауыздан] түседі.** *Жиі айтты, атады, есінен шығармады.* Басшысы Кәпін, Кәбік еліміздің, Шетіне кеп тұрсыздар жеріміздің. Балағаз емес пе екен сенің атың? Күнде *а у з ы н а н т ү с п е у ш і* ед тұтқын қыздың (И. Байзақов, Таңд. шығ.). Деген аңыз әркімнің *Т ү с п е й т і н-д і а у з ы н а н.* Бейсекешті білмейтін, Ауданда жоқ ешбір жан (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Шабарда да жаудың шебін, *Т ү с п е й с і ң* сен *а у ы з д а н.* Қандырасың жанның шөлін, Кек әперіп жауыздан (Ж. Молдағалиев, Жыр.). **Аузынан [ауыздан] шыққан сөз.** *Айтқан, айтылған сөз.* Бұрын қанша уәде бергенмен мұндай *с ө з а у ы з н а н ш ы қ қ а н* жоқ-ты (Ө. Қанахин, Мұрагер). Тұрағұл оның *а у з ы н а н ш ы қ қ а н* кейбір *с ө з* тізбектерін қойын дәптеріне жазуды әдет еткелі көп болған (С. Бақбергенов, Күй). Айтылған *с ө з а у ы з д а н ш ы қ қ а н* соң, атқан оқтай қайтар ма! (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). *А у ы з д а н ш ы қ қ а н с ө з і н і ң* де шірігін қарашы (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **Аузын арандай ашты.** *Аузын кең ашты.* Қыстау қарлығаштары сияқты, бұлар да үлкен *а у з ы н а р а н д а й а ш ы п,* насекомдарды ұшып жүріп қағып жейді (Б. Муханов, Қазақст. өсімдік.). Құйрық-жалы шуылдап, *а у з ы н а р а н д а й а ш а,* сегіз жебелі қос найзасын төндіре келіп қалған дәу жыртқыштың айбары оңай ма? (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Аузына салмады.** *Дәм татпады, жемеді.* Ел шетіне жау келсе, Атынан ерін бір алмас. *А у з ы н а* бір дәм *с а л м а с* ед, Тоғыз сөтке түн қатса (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Құдайберген батырдың Түсі сары кісі екен. *А у з ы н а* арам *с а л м а ғ а н,* Момыннан қарғыс алмаған, Ер екен таза атанған (Ы. Шөреков, Исатай — Махамбет). **Аузына сөз салды.** *Не деу керектігін айтып берді, сөзбен демеп жіберді.* Бұл жағдайда оның осы аяулы халін танып, *а у з ы н а с ө з с а л ы п* жіберетін жанашырды ол күтіп-ақ тұрды (Н. Ғабдуллин, Алғашқы сапар). Ол біреу *а у з ы н а с ө з с а л ы п* тұрғандай іркілмей сөйледі («Қаз. әдеб.»). **Аузына су тамызды [тамызбады].** *Қарайласты, қарасты, рахымшылық жасады.* Ауыр күнде *а у з ы м ы з ғ а с у т а м ы з ғ а н* саған рахмет, Тайқы (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). **Аузына тосты.** *Барын берді.* Жылы-жұмсақ бірдеңелерін іше ғой, жей ғой деп *а у з ы м а т о с ы п* жатыр (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Аузына түскенін оттады.** Қарап. *Аузына не келсе, соны айтты; көкіді, шатты.*— Ей, *а у з ы ң а т ү с к е н і ң д і о т т а й т ы н ы ң* не?— деді Ыдырыс баласына (С. Сейфуллин, Шығ.). **Аузына түсті.** *Есіне келді.* Кеше со өзім қажып, талып жүргенде жаңағы ән қайтадан өзі кеп *а у з ы м а т ү с т і* (М. Әуезов, Өскен өр-

кен). Аузын ашты. *а) Таңданды, таңырқады; аңырды.* Тайманның билетсіз кіргендігі де, орны жоқтығы да есінен шығып, *аузын ашып* сахнаға қадалып қалған (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Туғалы ән сүймейтін Мұсабек те, Аңқайып қарап қапты *аузын ашып*. Қызғаныш Әмірханның бұл келгенін, Үйінде Әбіш жатыр «марту» басып (И. Байзақов, Ақбөпе). Бет тақтайы сынып ортасына түскен ескі қабір секілді үңірейіп тұрған жер үйлерді көргенде, Таусоғар *аузын ашып* аңырып қалды (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *ә) Жұтпақшы, жалмамақшы болды.* Дүние — дүние емес, болды зират, *Аузын ашты* қабір құшырлана (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). Тамырларым су алыпты, Өзгеріпті бүгін өнім. Бол, бол, көрден ки деп кебін, Маған *аузын ашады* өлім (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). *б) Даярды күтті, дәмеленді; сұранды.* Кеңес мемлекеті жағынан қашан пароход келеді деп *ауыздарын ашып*, күнде ертеден кешке теңізге қарап, көздерін талдырады екен (С. Шарипов, Шығ.). **Аузын бақты.** *Аузына ие болды, байқап сөйледі.* Мұндайда *аузын бағатын* күзетші Мәмет қарт та сөйледі (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Бағып* сөйле *ауызыңды*, Еліре берме, Шашубай (Жамбыл, Шығ. жин.). **Аузын буған өгіз.** *Үндемейтін, бір ауыз сөз айтпайтын, қарсы шықпайтын, жігерсіз, жасық.* Оңаша үйде түн бойы екеуден екеу отырғанда бір ауыз сөз айта алмаған мені «жасық, *аузын буған өгіз*...» — деп қалды-ау! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Мен енді *аузын буған өгіз* емес, күрескермін деп сезінетін болдым (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Аузын буды.** *Сөзден тоқтатып, үнін өшірді.* Әйтпесе мен, Біреу маған «сен!» Десе болды қуамын, *Аузын буамын* (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). **Аузындағысын алды.** *Бермесін алды, барынан айырды.* Бәлсіп тұр ғой шетінен, *аузындағысын алғандай* ғып (М. Әуезов, Абай жолы). **Аузындағысын жырып берді.** *Барын берді, бөлісті, еш нәрсесін аямады.* Ашаршылық жылдары біз сияқты жетімектерге *аузындағысын жырып беріп*, өлім аузынан алып қалған осы Зылипан болатын (Ауызекі тіл). **Аузын жыбырлатты.** *Естілер-естілмес қып бір нәрселерді айтты, міңгірледі.* Әшірбек басын көтеріп, *аузын жыбырлатты* да, қайта үңілді балшықтарға (Ғ. Мұстафин, Қараганды). Марияның орыс тілінде «амансыз ба» дегенін ұқты ма, ұқпады ма, ол кісі де, әйтеуір, *аузын жыбырлатып*, бас изегендей болды (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). ⊙ **Аузын күзетті.** Көптің *аузын күзетсең* күн көрмейсің, Өзіңді өзің күзет, кел шырағым! (Абай, Тол. жин.). **Аузын қу шөппен сүртті.** *Пейілі тарылды, «жоқ» деді.* Келіннен мәз жасау келмеді деп, *ауызыңды қу шөппен сүртесің*, мынау тұрғанның бәрі жасау емес пе? (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина). Әдетте режиссеріміз жоқ деп *аузымызды қу шөппен сүртеміз.* Жоғары театр өнері институтын бітірген Асқар Тоқпанов, Сәлима Естемесова, Айдархан Ибрагимов, Мұрат Қосыбаевтар қайда? («Қаз. әдеб.»). Әйткенмен әдебиет теориясы жөнінде де еш нәрсе жоқ деп, *ауызымызды қу шөппен сүртуден* аулақпыз («Лен. жас»). **Аузын майлады.** *а) Тойғызды.* Қырық бір қозы сойыпсың өзенге айдап, Қарып пенен қасердің *аузын майлап* (Ақын жырлары). *ә)* Ауыс. *Пара берді.*— Хи-хи... Келін жуас, қайрамасам... Мені қой, тәйірі, мен қайда қашам!— Жоқ, қайным, жалтарғанмен құтылмайсың, Өкінбе, *аузымды* бір *майламасаң!* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **Аузын сылп етікізді.** *Таңырқады, тамсанды.* Шелек жуып жатқан бәйбіше шелегін тастай беріп, *аузын сылп етікізіп*, тізесін құшақтап отырып қалды (Б. Майлин, Шығ.). Жомартпен баяу ғана, қысқа амандасып, үлкен *аузын* шайға отыра бере бір *сылп етікізді* (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Аузын үлкен ашты.** *Көп нәрсе қалады, дәметті.* Жә, *ауызыңды үлкен ашпай* қоя тұр. Бұл мәселені мына Райхан жолдас екеуміз ойланайық (Жастар эстрадасы). **Аузының желі бар.** *Сөзге епті, шешен.* Жиын тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды *«аузының желі бар»* жігіттің бәрі-ақ өнер көретін (С. Сейфуллин, Шығ.). **Аузының желімі күшті.** Жерг. *Айтқан сөзі орынды, ақылға қонымды.* Қадес көп сөзді болғанмен, *аузының желімі күшті* адам (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Аузының салуы [салымы] бар.** *Бір нәрсе орала кетқіш, нәсіпті. Аузыңның салуы бар* екен, кел, жоғары шық (Ауызекі тіл). *Аузыңның салымына* қарай өліктің жаназасы да сонікі (Ғ. Мұсірепов, Белдерде). **Аузының суы құрыды.** *а) Ынтасы ауды, құмартты. Аузыңның суы құрып* отырғаның әлгі аяқпен

тебетін доп па?! (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Түсе қап, теріп жегім келіп, *а у з ы м н ы ң с у ы қ ұ р ы п* кетеді (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). *ә) Таңданды, таңырқады.* Мейрамның сөзін алғаш естіген Жанабіл, қазір *а у з ы н ы ң с у ы қ ұ р ы п* айтып отыр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Ардагер батырдың соғыстарын әлгі кісі нашына келтіріп айтып отырғанда біздің *а у з ы м ы з д ы ң с у ы қ ұ р и д ы* (Майдан). Аузыңа [ауызға] алма. *Айтпа, атама.* Жалп етіп, қарқ етті де, деді қарға: «Дегенді сұңқар тойы *а у з ы ң а а л м а,* Келмейді біздің тойдың ширегіне Дүниеде мен көрмеген қызық бар ма?» (С. Дөнентаев, Шығ.). Қасым да елемеді бойын тартып, *А у з ы ң а а л м а* бұл сөзді енді қайтып. Ендігәрі мазамды ала берсең, Жазаңды тарттырармын Медғатқа айтып (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Аузыңа [берік бол] сақ бол. *Сыр сақта, абайлап сөйле. А у з ы ң а б е р і к б о л* (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин). Сен де *а у з ы ң а с а қ б о л* (Ғ. Мүсірепов, Танд. шығ.). Аузыңа май! *Айтқаның келсін!— А у з ы ң а м а й!*— деді Мырзағазы,— ырымың жақсы екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шалдың үміт-тілегін қанаттандырып жібергім келіп — Түк те етпейді, жазыласыз!— *А у з ы ң а м а й,* қарағым! (С. Омаров, Қайырлы жаз). Аузыңды ауыртпа. *Пайдасыз бос сөзді айтпа, әуре болма.* Оны айтып, бекер *а у з ы ң д ы а у ы р т п а,* бәрібір ол сенің айтқаныңды орындамайды (Ауызекі тіл). Аузыңды тый. *а) Ішпе, жеме.* Көзің ауырса, қолыңды тый, Ішің ауырса, *а у з ы ң д ы т ы й* (С. Сейфуллин, Шығ.). *ә) Аузыңды бақ, сөйлеме.* Айтпас жерде *а у з ы ң д ы т ы й,* Қышынбас жерде қолыңды тый (Мақал). Аузың қайсы десе, мұрның көрсетеді. *а) Қулық-сұмдықты білмейтін, момын.*— Е, пәленше! Әкеге тартып ұл тумайды, шешеге тартып қыз тумайды деген рас екен. Осы екі баланың әкесі *а у з ы ң қ а й с ы д е с е, м ұ р н ы н к ө р с е т е т і н,* жарықтық («Лен. жас»). *ә) Түк білмейтін, топас, надан.* Мыналарың *а у з ы ң қ а й с ы д е с е, м ұ р н ы н к ө р с е т е т і н* топастар ғой (Ауызекі тіл). Аузы ораза. *а)* Д і н и. *Шариғат бойынша, мұсылмандар жылына бір ай бойы күн бар кезде аузына ас алуға тиіс емес; аузы берік. А у з ы о р а з а.* Бет-аузы шөлден шаңытып, қайта-қайта түкіреді (І. Жансүгіров, Шығ.). Азығы-шөбі аздарға, Еңбексіз жалқау наздарға, Құлқыңды қожа, оңаза. Жинақты жылпың шаруаға, Жем-шөбі көп қораға Қожаның *а у з ы о р а з а* (Бұл да). *ә)* А у ы с. *Тыйым салынған, ішуге болмайды.* Айып етпеңіздер, жолдастар, арақ дегенге келгенде менің *а у з ы м о р а з а* (Ауызекі тіл). Аузы сарақ. *Көп сөйлемейді, сыр шашпайды.* Қайда баратқанын тек Мұхаммедия біледі. Жасы отызға жетер-жетпес кіші мырзаның *а у з ы с а р а қ,* сыры терең (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Аузы сөзден босамады. *Көп сөйледі.* Таутескен ең алда. *А у з ы с ө з д е н б о с а ғ а н ж о қ* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Аузы тобарсыды. *Тамағы құрғады, шөлдеді.* Ол *а у з ы т о б а р с ы п,* сор дәмдес сілекейді жиіркене тамсанды да, жерге түкірді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Аузы түкті. Д і н и. *Кәпір, мұсылман емес.* Мені қажай бермесін соны айт! Өз сөзімдей ғып бұлжытпай жеткіз, мына *а у з ы т ү к т і* көпіріңе (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Дәретсіз жер баспайтын тақуа екенің *а у з ы т ү к т і* орыстікінде отыруы ерсі көрінсе керек (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Аузы тыным таппады. *а) Аузынан ас кетпеді.* Қара кешке дейін *а у з ы ң* бір *т ы н ы м т а п п а й д ы,* сенің ішің ауырмағанда менікі ауыра ма? (Ауызекі тіл). *ә) Көп сөйледі, мылжыңдай берді.* Келісімен мақтап: атасын, Бұзауын, итін, ботасын, Нағашы, жиен, бөлесін, Ағасын, іні, апасын, *А у з ы т ы н ы м т а п п а ғ а н,* Тоқтатты бай Жақыпты (Қ. Мұқышев, Поэм.). Аузы уәлі. С ө й л. *Аузы дуалы.* Әділ қазы да, дәл таразы да, *а у з ы у ә л і* шешен де — адамның ісі (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Көптің *а у з ы у ә л і* (Мақал). Аузы шықты. *Аузы ашылды, бегі жарылды.* Шиқан үш-төрт күнде сарғайып, *а у з ы ш ы ғ а д ы,* жұмсарады (Е. Оразақов, Дәрігер.). Ауыз ашар. Д і н и. *Ораза ұстаған адамның күн батқаннан кейінгі тамақ ішетін мезгілі.* Сатанның көздегені осы *а у ы з а ш а р...* Күн батып, азан айтылып, аузы беріктер түз жалап, дастарқанға жағалай отырып, жапырлап жатқан мезгіл Сатанның күткені (І. Жансүгіров, Шығ.). Бала кезімде ораза ұстаймын деп, бір күні кешке ауыз ашудан қалғып, келешек *а у ы з а ш а р ғ а* дейін, яғни жырма төрт сағат ұйықтағаным бар (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Ауыз ашпады [аша алмады]. *Үндемеді, ешнәрсе айтпады, ләм-мим демеді.* Мұнан кейін екеуі бір бірінеләм-мим деп *а у ы з а ш п а д ы* (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Амал не, бізде олардың көмегі туралы *а у з ы н а ш п а й т ы п*

жолдастар әлі де болса кездеседі («Соц. Қаз.»). Бай қалды *ауызын аша алмай*, Ашқанда Айша ұзаған. Аптығын үнсіз баса алмай, Қалшылдап кетті ызадан (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Ауыз ашты.** Діни. *Күн батып, азан айтылғаннан кейін тамақ ішті (ауызы ораза адам жөнінде).* Қайын атасының *ауыз ашқанын* тоспады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Ауызды* бүгін бір *аштық*, енді 29 күні қалды,— деп, оразаның бірінші күні туралы қалжыңды айтты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Ауыз ашырмады.** *Сөйлетпеді, үндетпеді, дымын шығартпады.* Әзілкеш келіншектер ынғайын тауып Сартай күйеуге сөз тигізіп қояды. Бірінен соң бірі ұтылап, *ауызын ашырмай*, сөзбен сілейтіп қойды (С. Омаров, Қайырлы жаз). *Ауызын* қарсы келсе *ашырмаспын*, Адамға мақтанар ол менен өзге. Бөденедей қырғи алған жұмарлармын, Құдайым қуат берсе енді бізге (Айтыс). **Ауыз әдебиет.** *Ел арасына ауызша тараған әдеби нұсқа; фольклор.* Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі — халықтың *ауыз әдебиеті* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). *Ауыз әдебиет* дегеніміз — қоғам өмірінің айнасы (ҚазССР тарихы). Айтыс қазақтың ертедегі *ауыз әдебиетінде* бар жанр (Е. Ысмайылов, Ақындар). **Ауыз байлық.** *Құр сөз, бос үзде.* Сенікі де жаңағы өзің шенеген конферансье сияқты *ауыз байлық* қана (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). **Ауыз бақты.** *Біреудің айтқанын тыңдады, бұйрығын күтті.* Көкбай әдеттегі *ауыз баққыш*, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әкесі мен шешесінің *ауызын бағып* үнсіз отырған Досан осы арада сөзге араласты (С. Омаров, Хантағы). Бұл бір кез *ауыз баққан*, жаутаң қаққан «Я сәт, албарыма бақ түнеі»—деп (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). **Ауыз бастырық.** *Біреудің ауызын алу үшін берілетін ақы.* Сорлы басым тағы бір сондай сүмелекке кездесіп қалармын ба: *ауыз бастырық* беріп әрең құтылдым (Ө. Қанахин, Дәмелі). Ағай, жүріңіз біздің үйге, *ауыз бастырық* берейін! (З. Шашкин, Доктор Дарханов). **Ауыз бөлме.** *Үйдегі кіре беріс бөлме; ауыз үй.* Қаматай кеш жатса да менен бұрын тұрыпты, шайын әзірлеп, дастарқанын жайып, *ауыз бөлмеде* менің оянуымды күтіп отыр екен (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ол селқос күйде ойға шомып, *ауыз бөлмедегі* терезенің алдында отырды да қойды (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). **Ауыз бірлік.** *Ынтымақтық, татулық, ұйымшылдық. «Ауыз бірлік* болмаса, іс оңға баспайды»,— деп әнеугүні жиналыста мектеп директоры ескерткен жоқ па (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Әрине, ел ішінің *ауыз бірлігін*, татулығын сақтау, адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білу таптырмайтын нәрсе ғой («Лен. жас»). **Ауыз біріктірді.** *Ұйымдасты, келісті.* Папам жалғыз емес, ел болып *ауыз біріктіріп* жатқан жоқ па? (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жақыпбек екеуің *ауыз біріктірсеңдер*, сендердің сөздеріңді тыңдамайтын ұлық жоқ (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Ауызға** [ауызына] **алды.** *а) Атады, айтты.* Өткен жылдарда ауданның алдымен *ауызға алар* адамы Қамбар болғаны да рас (К. Оразалин, Ақ жазық). Мынау өлеңдер басылып шығу түгіл, көркем шығарма деп *ауызға алуға* тұрмайды (Е. Ысмайылов, Сын.). *ә) Еске түсірді, ойға алды.* Ерлік қасиетпен атақ, абырой тапқан азаматты да *ауызға алады* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қауырт жұмыс бәсеңдеген кезде Дәметкенді жақындары тағы да *ауызға алды* (С. Мұқанов, Шығ.). **Ауызға** [ауызына] **сөз түспеді.** *Не айтарын білмеді, бөгеліп қалды. Ауызға сөз түспей* не айтуға білмей біраз күрмеліп тұрдым (С. Шарипов, Шығ.). Оның көзі жасауран, тамағы кеберсіп, *ауызына сөз түспеді* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Басқа *сөз* оның *ауызына түсер* емес (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Ауызға** [ауызына] **түсті.** *Ойына келді, есіне түсті.* Қонақтарға жол бер деген сияқты сыпайы ишарат әдепсіз *ауызға түсер* емес (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қазір сыншылардың ішінде екі-үш сыншының аты аталса, бірі бол *ауызға* Құлмырза *түсер* еді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). **Ауызға** [ілінді] **ілікті.** *Атағы шыға бастады, әйгілі болды.* Жақсы істерге, жаңалыққа жаны құштар талапты қыз институт қабырғасында жүрген кезінде-ақ өзінің тамаша іскерлік қабілетімен *ауызға ілінеді* (Аялы жандар). Бір жыл емес, бірнеше жылдан бері Зияш осы комбайн штурвалында еңбегімен *ауызға ілініп*, көзге түсіп келеді («Лен. жас»). Бұрын ел ішінде кім көрінгенге түрткі болып жүрген қор кісілер де астыққа бір шығып кеп, *ауызға ілікті* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген.** *Тіл-*

мәр, шешен, пысық (адам). Бір кезде *ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген* қария көзір тек тірі аруақ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ауыз жаласты. *Табысты татуласты; ымы-жымы бір, сырлас болды.* Екеуміз қайтадан бұрынғыдай *ауыз жаласып* кеттік (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Олардың бірқатары ақ бандылармен, «Алаш ордамен» *ауыз жаласқан* (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Айттым мен: бай кім, жез мұрт кім, Неге олар *ауыз жаласты;* Жауы кім жарлы ел-жұрттың, Тірілтпек кімдер «Алашты» (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Ауыз жарымады. *Мардымсыз, аз, жетіспеді.* Оған *ауыз жарымас,* Сондағы ар қылмас. Қалт-құлт етіп жүргені, Қысы-жазы қарны аш (Жамбыл, Шығ. жин.). Күн көрісіміз шамалылау: сары тайлақ, екі-үш ешкі, бір сауын сиыр. Мына күзде олардан *ауыз жари* қойғандай не түспек? (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ауыз жиғызбады. *Көп күлдірді.* Бұлардың ортасында біздің Қайрақбай да жүр. Күлкілі сөздерімен *ауыздарын жиғызбайды* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ауыз жимай. *а) Айтып бітпей, дәл сол уақытта. Ауызын жимай,* бір адам Кіріп келді есіктен (Абай, Тол. жин.). «Кімді айтсаң, сол келеді» деген. Айтып *ауызымызды жимай,* сап ете түстіңіз ғой (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). *ә) Үздіксіз, дамылсыз, тоқтаусыз.* Рада мен Айсұлу Мәскеуден келген қонақтарымен шәй ішіп, *ауыз жимай,* ұзақ әңгімелесіп отырып, түн ортасы ауған кезде төсек жайлап жатты (С. Сейфуллин, Шығ.). Ауыз [жиғанша], жиып алғанша. *Лезде, тез, дәл сол мезетте.* Әлімжанды келмеді ғой деп отыр едік, *ауыз жиғанша* өзі де кіріп келді (Ауызекі тіл). Ер Сәмен, білемісің аттың сырын, Ойлама білмейді деп хайуан малды. Соны айтып *ауыз жиып алғанынша,* Таянып қалың дүбір келіп қалды (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.). Ауыз жолды үнді. Лингв. *Дыбысталғанда фоноциялық ауа ауыздан шығатын дауыссыз дыбыс.* Атап айтқанда, фоноциялық ауа бұларды дыбыстағанда ауыздан шығады. Сондықтан бұл тертеуін (р, л, й, у) *ауыз жолды үнділер* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). Ауыз қуысы. Анат. *Бас сүйектің тіс пен тіл орналасқан кеңістігі. Ауыз қуысының* екі бүйірін жоғарғы және төменгі жақ сүйектерінің шеттері жауып тұрады (Адам анатом.). Ас қорыту органдарының жүйесіне: *ауыз қуысы,* жұтқыншақ, өңеш, жемсау, қарын кіреді (Құс өсіруші.). *Ауыз қуысы* да, мұрын қуысы да дыбыстарға жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады (Қазіргі қаз. тілі). Ауыз құрылысы. *Ауыздың бітімі, келбеті.* Осы айтылған *ауыз құрылысының* өзгешеліктері арқылы жылқы мен сиырға қарағанда қой жайылым өсімдіктерін төмен қиып жейді (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Ауыз омыртқа. *Мойынды басқа жалғастырып тұратын ең шеткі омыртқа.* Оның жотасы күдірейіп, *ауыз омыртқа* мен құйрығына шейін түп-тұтас болып күлдіреуіштей бүгіледі (М. Әуезов, Көксерек). *Ауыз омыртқа* шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.). Арғымаққа оқ тиді Қыл мықынның түбінен. Ер жігітке оқ тиді *Ауыз омыртқаның* түбінен (М. Өтемісов, Өленд.). Ауыз салды. *Тиісті, соқтықты, килікті.* Айлалы айдаһар губернатор бұл екеуін Ералинге қарсы әбден пайдаланып алып, енді өздеріне *ауыз салған-ды* (Д. Әбілев, Ақын арманы). Сәмет ағай бұл сапар ағынға қарсы жүзген кемедей пәрменді қарқынмен Нұртайға *ауыз салды* (С. Омаров, Қайырлы жаз). XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Жоңғар қалмақтары қазақ даласына *ауыз салды* (Е. Ысмайылов, Ақындар). Ауыз су. *Ішуге жарайтын тұщы су. Ауыз суды* ол осы арадан қаздырған терең құдықтан алады (Көктем лебі). *Ауыз судың* бактериялардан тазарту үшін соңғы кезде суды хлорлау әдісі кең түрде қолданылады (С. Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Халықтың *ауыз сулығы* — құдық, бұлақ мал қораларынан кемінде 100 метр қашық және жоғары болуы қажет (Е. Оразақов, Дәрігер.). Ауыз сырнай. *Ауызбен үрлеп ойнайтын музыкалық аспап.* Біреулер *ауыз сырнайды* Сызғырта ойнап мақтайды, Бәрі де сатық, бұлдайды... Ал саған, саған ас қайғы! (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Ауыз тамыр. *Сөз жүзінде ғана дос, жалған жақындық. Ауыз тамырлық қа* ат берер ме Шоңбай (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Сүйек тамыр сүйенісіп күн көреді, *ауыз тамыр* айтысып артығын алады (Мақал). Ауыз татырлық. *Мардымды, жарытымды, ауыз тұшырлық.* Қазақ кедейлерінің мұңын жоқтаған, өшпес образын жасаған суреткер, сол кедейінің адам қатарына қосылған, ел басқарған дәуірінде *ауыз татырлық* ескерткіш орнат-

шауы — қынжылармлық іс (З. Шашкин, Сенім). **Ауыз тиді.** *Ауызына аз ғана ас салды, дәмін татты.* Асығып отырған Танакөз алдына қойған сықпа құрт пен сары майдан *ауыз тиді* де, тысқа шықты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Май біткеннің бәрін ана жалмауызың ішіп қойды, маған *ауыз да тигізген* жоқ (Қырық өтірік). Ала көз, алпамсадай, қабақты жан, Айдалып балға келді абақтыдан. **Дәм *ауыз тисе-дағы*** «тұшпарадан», Ішілмей кері қайтты арақ бұдан (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). **Ауыз толтырып айтарлық.** *Көңіл толарлық, мақтануға тұрарлық.* Алдыңғы жылдан бері колхозшылар қызылша еге бастады және онан *ауыз толтырып айтарлық* өнім де ала бастады (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ). Сондықтан бізде *ауыз толтырып айтарлық* сыншы бар, пәленнен үлгі ал деп айта алмаймыз (С. Мұқанов, Өсу жол.). Бұл сала бойынша да біздің *ауыз толтырып айтарлық* жетістіктеріміз бар («Қаз. әдеб.»). **Ауыз тұшыды.** *Риза болды, қанағаттанды, көңілі жай тапты.* Жүгері туралы ештеңе жоқ. Тіпті, *ауыз тұшып*, есте қалар дәнеңе таба алмайсың (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Пайда, мақтан бәрі тұл, Доссыз *ауыз тұшымас* (Абай, Тол. жин.). **Ауыз [тұшитын] тұшырлық.** *Қанағаттанарлық, риза боларлық.* Сіз бұл мәселемен біраз шұғылданып та көрдіңіз. *Ауыз тұшитын* бірдемеңіз бар ма? (З. Шашкин, Теміртау). Хабар естігелі жиналған жұрт бұл келген жүргіншіден *ауыз тұшырлық* ешнәрсе есіте алмай, біртіндеп үйлеріне тарады (Б. Майлин, Шығ.). Тап сол кездегі Сәбит, Асқар, Қалмақан, Жақан, Өтебай, Тайыр, Ғалилардан да ауыл өмірі туралы *ауыз тұшырлық* ештеңе табыла қоймайды (Ә. Тәжібаев, Өмір.). **Ауыз үй.** Сөйл. *Ауыз бөлме.* Кемпір *ауыз үйден* шылапшын мен құман әкеліп, Галяның алдына қойды (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). Қыз жеңілтектік жасап, *ауыз үйге* тұра жөнелмей, амандасқаннан кейін орнына қайта отырды (М. Иманжанов, Көк белес). **Ауыз хабар.** *Сөзбен ауызекі түрде жеткен мәлімет.* Ата-бабаларын ақсақалдардың айтуымен, *ауыз хабарларынан* білгеніне қанағаттанып жүр (Абай, Тол. жин.). **Ауылдастың ауызы сасық.** *Жақын жүрген адамның қадірі жоқ.* Сен менің қадірімді білмей жүрсің. Дегендей: «*Ауылдастың ауызы сасық*» (Айтыс). **Ауылдың алты ауызы.** *Жиын тойда, отырыстарда ауыл адамдары айтып беретін өлең. Ауылдың алты ауызын* айтуға әуелі Бикенге жол берді (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Олай болса істеңіз «қонақ кәде» Сізге арнап әкелген домбыра әне! Сіз бастаңыз, біздің де «кәдеміз» бар, «*Ауылдың алты ауызы*» деген және (Н. Баймұратов, Қанды жорық). **Ашық ауыз.** *а) Ауызына сөз тұрмайтын (адам).* Үйге арнайы жазайын десем, *ашық ауыз* біреудің қолына түсіп, қор болып қалам ба деп қорқамын («Лен. жас»). *ә) Аңқау, сенгіш (адам).* Күніне қырық мекеме аралап, қыруар жұмыс арқалап, *ашық ауыз* аңқаулармен әкей-үкей болып, судай сіңіп жүре беретіндер бар ғой (С. Төлешев, Түрлі. бас.). **Әншейінде ауыз жаппас.** *Жайшылықта өлеңді көп айтқыш (адам).* Сен емес *әншейінде ауыз жаппас*, Сен емес той дегенде өлең таппас (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Әншейінде ауыз жаппас* Бақым да үнсіз қапты (З. Шүкіров, Менің дост.). *Әншейінде ауыз жаппас*, Той дегенде бірін таппас (Мақал). **Бейпіл ауыз.** *Былапыт сөйлейтін (адам).* Исламият сөзімен сөйлейтін қазірет пен мына *бейпіл ауыз*, қалжыңбас атшабар біріне-бірі қарама-қарсы жаратылған екі дүние (Д. Әбілев, Ақын арманы). Кейқуат! Мынауың кім, байқаймысың? Бай әдеп, *бейпіл ауыз* шайпау кісің? Өңгеріп, қу ағашқа құлақ жалғап, Өнер ғып жүрген жын мен шайтан ісің (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Ашушаң, өр мінезді, *бейпіл ауыз*, Жүреді өтін жұртқа жаяды да (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). **Бір ауыздан.** *Бәрі бірдей, түгелдей, ұйымшылдықпен.* Өткен оныншы Советтер жиналысы оқу ісін жөндеуге, оқу ісін ілгері жүргізуге *бір ауыздан* қаулы қылып, ол қаулысын анықтап, іске асыруға орталық үкіметке тапсырды (С. Сейфуллин, Шығ.). КПСС XXIII съезіне делегаттар ұсынуда Аққабылова Фердаус деген есім алдымен аталды да, *бір ауыздан* сайланды («Қаз. әдеб.»). Балықшылар Жақсықелдіні Қазақстан комсомолының XI съезіне делегат етіп, *бір ауыздан* ұсынды («Лен. жас»). **Бір ауыз өлең.** *Бір шумақ өлең.* Сонда Бұқар жырау айтыпты деген *бір ауыз өлең* бар (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Қалаға жүрерінде Аян Эминаның дәптеріне *бір ауыз өлең* жазды (С. Сейфуллин, Шығ.). **Бір ауыз сөз.** *Қысқа, аз ғана сөз.* — Сонда әлгі қазақ полкі туралы *бір*

а у ы з с ө з жоқ (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.).— Әби, бір минутке ғана жіберіңіз, *б і р - а қ а у ы з с ө з* айтып шығамын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай.** *Айтқандары бір жерден шықты, бірін бірі бұлжытпай қайталады.* Зейнолла қазіреттің де жаңағы «әні» сол «ән». *Б і р і н і ң а у з ы н а б і р і т ү к і р і п қ о й ғ а н д а й.* Алласын аузына ала жүгіріп алдайды (Д. Әбілев, Ақын арманы). Өздері *б і р і н і ң а у з ы н а б і р і т ү к і р і п қ о й ғ а н д а й.* Бірінің сөзін бірі қағып алып, ажарлап, толықтырып жеткіземіз («Лен. жас»). **Дорба ауыз.** Қ а р а п. *Бұлтиған ерін, томпиған ауыз.* Келте мұрын, қоңыр көз, *д о р б а а у ы з д а у* болғанмен, маған ол өте сымбатты көрінді (Ғ. Мүсірепов, Қазақ солдаты). **Дуалы ауыз.** *Айтқаны болатын, дегені келетін адам.* Бейіліне қарай, жақсы сөз айттың. *Д у а л ы а у ы з* қариясың ғой. Дегенің болсын, ақсақал! (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Өздері ежелден ел ағасы болып жүрген *д у а л ы а у ы з д ы* ұрпақ (С. Бақбергенов, Қайран шешем). **Ел аузынан.** *Елден, ел арасындағы әр кімнен, халық арасынан. Е л а у ы з ы н а н* жиналған әр алуан халық мұрасына олардың ие бола кететіні бар (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). Шоқан қырғыз халқының ауыз әдебиетімен танысып, халықтың атақты батырлық жыры «Манасты» *е л а у з ы н а н* жинап, бірінші рет жазып алады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Ел [жұрт, көп] аузына ілікті.** *Атағы шықты, даңқы жайылды.* Зерек, батыл, өзілқой жігіт аз уақытта *е л а у з ы н а і л і н е* бастаған (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Біздің Көлбастау атындағы колхоздың «Саты» бөлімшесінде еңбегімен *ж ұ р т а у з ы н а і л і г і п,* алғыс алып жүрген жастар аз емес («Лен. жас»). Әлгі жігіт лезде *к ө п т і ң а у з ы н а і л і г і п,* университеттегі көрнекті жастардың біріне айналды (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). **Ел [жұрт, халық] аузында.** *Ел арасында, халық ішінде.* Сөйле тіл, көргеніңді баяндағын, Халық үшін қызмет ет аянбағын. Көп жылдар *е л а у з ы н д а* болдым аңыз, Ей халқым, көлеңкелет саяңдамын (Ақын жырлары). Екі сөз —«Жәмет, Нұрлан» *ж ұ р т а у з ы н д а,* Жастар боп, жігерін бір салды сынға, «Табамыз аспан ұрлап әкетсе де», Деп түнді алды бұлар жан алқымға (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). «Қозы Көрпеш» жыры жөнінде *х а л ы қ а у з ы н д а* қысқаша мынандай аңыз-әңгіме бар (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.). **Ескі жараның аузын ашты.** *Өткенді, ескірген нәрсені қайта қозғады.* Түріне қарағанда, ол жанды жеген *е с к і ж а р а н ы ң а у з ы а ш ы л ы п,* жүректе қан боп қатқан сырдың мұздай жарылып, сең болып ағып кетуге дайын тұрғандығын сездіргендей еді (Б. Майлин, Шығ.). Культ дегенді ұмытсақ деймін. *Е с к і ж а р а н ы ң а у з ы н а ш а* беріп қайтеміз (З. Шашкин, Теміртау). **Жалғыз ауыз сөз.** *Аз ғана сөз, қысқа сөз. Ж а л ғ ы з - а қ а у ы з с ө з* айттым да, құшағымды жайып жібердім (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Түн келсем, күндіз келсем жат жандарға, Айтарым *ж а л ғ ы з а у ы з с ө з* болатын. «Қонақпын сіздер күткен, ұлықсат па?» Әзірге менің де осы рахатым (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). **Жап аузыңды!** *Өшір үніңді, дымыңды шығарма; тоқтат! Ж а п а у з ы ң д ы!*— деді Нұржан қорланғандай түтігіп (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). *Ж а п а у з ы ң д ы* жалп етек, Жалыныш өскен жаппар құл! Қобылан, Қазан тұрғанда Алшағыр ма еді айдынды! (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ақырды бастық: *А у з ы ң ж а п!* Мен сендерді басқарам. Естімесін басқа адам, Асыққаннан амалсыз Садаққа етіп тастаған (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Жел ауыз.** *Өсекші, өтірікші, сөз құмар.* Абыройыңды төре-қараның бар *ж е л а у ы з ы* қызғанады, тіпті ұлық та қызғанады (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ол ары таза еңбек адамының намысын қорғап қалды. *Ж е л а у ы з* өсекшілерді жерге қаратты («Қаз. әдеб.»). Көп уақыт өтпей-ақ ауылдың *ж е л а у ы з* әйелдері Әскербай мен Бөтиманың арасындағы ұрыс-керісті өсекке айналдырып іліп алып жүрді («Лен. жас»). **Жеңіл ауыз.** *Аузына ие болмайтын, аузына сөз тұрмайтын адам.* Педагогтердің байсалды да, парасатты сөзінен қайдағы бір *ж е ң і л а у ы з* жеңгейлердің пыш-пыш сөздері күшті болғаны ма? («Лен. жас»). Мұндай суық хабар естігеміз жоқ. *Ж е ң і л а у ы з* жеңгейлердің өсегі болмасын (Бұл да). **Жұмған аузын ашпады.** *Үндемеді, сөйлемеді, лә-мим демеді.* Зілқа *ж ұ м ғ а н а у з ы н а ш қ а н ж о қ.* Бұндайда үндемей жеңетін әдеті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Бірақ, ол сөгіс естіп қалармын деп қорқып, бұл туралы *ж ұ м ғ а н а у з ы н а ш п а й д ы* (Б. Майлин, Шығ.). Ал, жылқы етінің сапасы, калориясы туралы ол *ж ұ м ғ а н а у з ы н а ш п а д ы* («Лен. жас»). **Жүрегі аузына тығылды.** *Қатты қорықты, зәресі ұшты.* Он-

дай тұста *жүрегім аузыма тығылғанмен*, көзімді тарс жұмып ала қоям (С. Мұқанов, Өмір мектебі). **Кер [кері] ауыз.** *Кертартпа, қырсық, теріс сөйлейтін қиқар адам.* Ол қанша бойлауық, *кер ауыз* болғанымен лажсыз көніпті (М. Тиесов, Әңгім.). Мәлік: —Жас адам ғой, артық-кемі болса, әлі түзелер,— деп жақтап, қарсы болып еді, Якупов: — Мұндай *кері ауыз* түзелмейді!— деп, қолды бір-ақ сілтеді (З. Шашкин, Сенім). **Көбік ауыз.** *Жел сөзді, бөспе. Көбік ауыз*, өсекші әйел қыз баланы бұлай қарғай ма екен? Оның қарғысы ащырақ болса керек («Қаз. әдеб.»). Сен қайда барып оңайын деп едің! Көргенің анау қояншық Дайрабай мен *көбік ауыз* Кенжебай ғой! (Бұл да). **Көк ауыз.** *Боқтағыш, сыбап салғыш; мылжың.* Нью-Йорктің барлық таксистері сияқты мына *көк ауыз* шофер де оларды сыбап келеді («Лен. жас»). **Қанды ауыз.** *а) Оралымды, құтты, аң көп түсетін (қақпан).* Сол қасқырлардың ішінде *қанды ауызды* талай қақпанды сілкіп тастап, мергенді шеніне жуытпай бір қасқыр жүрді (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз). *ә) Жауыз, сұм, соғыс құмар.* Жәңгір атты жалмауыз, Қан сорғыш, сұм *қанды ауыз*, Жыландай хан жайлаған, Еңбекші елді еңіретіп, Құл, күң қылып айдаған (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Қой аузынан шөп алмас.** *Жуас, момын.* Бұрышбай, жарғақ тонның ішінде жүргенде *қой аузынан шөп алмас* жуастың бірі едің... (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Қой аузынан шөп алмайтын* Көжектің еркек жүзді, ер мінезді Балқияға шын көңілі кеткенін құрбыларының ешқайсысы сезбеді де (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Қой аузынан шөп алмайтын* момын адам деп жүрсек, Тоқсанбай барып тұрған іш мерез екен (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Қолы аузына жетті.** *Өзін өзі бағатын күнге жетті, өсті.* Міне, сөйткен әжені, есіп, өз *қолың аузыңа жеткенде* қояның көжегі құсатып, мандайдан бір теуіп, тайып тұрдың («Лен. жас»). **Құ ауыз.** Қ а р ғ. *Аузы жаман, оңбаған.* Өйтетін болса Троицкі түгіл Мәскәуден келсе де, қуып жіберу керек ондай *құ ауызды!* (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Құр ауыз.** *а) Дәм татпай, тамақ ішпей.* Ол үйден *құр ауыз* кетті (Ауызекі тіл). *ә) Бос, еш нәрсесіз, құр алақан.* Тағдыр бұл бақытын қимаса да, біржола *құр ауыз* қалдырады дейсің бе? («Лен. жас»). **Қызыл ауыз.** *Біреуді сыртынан сөз етуші, өсекші.* Бұл күнге шейін де Ғайша жайын сыртқан сөз қылушы *қызыл ауыздар* бар еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Миы аузына түсті [құйылды].** *Басы қатты соғылды, зырқ ете қалды.* Аттан жығылып, *миым аузыма түсіп* қала жаздады (Ауызекі тіл). Шүйдем тақтайға тоқ етіп, оңбай соғылды. Зырқ етіп, *миым аузыма құйылғандай* болды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). **Оймақ ауыз.** *Кішкене, әдемі ауыз.* Сүйген жарын сонда көнет, Сағынғандай есіне алды. *Оймақ ауыз* деп-деңгелек, Жайлап қана өнге салды (М. Хәкімжанова, Жыр асуы). Перизат көркің артық тамам жаннан, Сөйлесең сөзің тәтті шекер-балдан. Сүмбіл шаш, *оймақ ауыз*, меруерт тісің, Құрбыңда сені құшқан қалмас арман (Үш ғасыр.). **От ауызды, орақ тілді.** *Шешен, өткір сөзді.* Ол бір уақытта *от ауызды, орақ тілді* ақын болған («Қаз. әдеб.»). **Өз аузынан.** *Өзінен; басқадан емес.* Арыз иесі Мәкеннің сөзін Маковецкий *өз аузынан* сұрап еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Мектепте мазмұндама жазып жаттыққан мен оқушының бұл әңгімені ананың *өз аузынан* естігенін жөн көрдім (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). **Өкпесі аузына тығылды.** *Жүрегі қатты соқты, алқынды.* Сонымен қатар бұл күнде нашарлап кеткен жүрегі қаға түсіп, *өкпесі аузына тығылғандай* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Өкпесі аузына тығылып*, жүрегі дүрс-дүрс етеді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). **Өлім аузынан қалды.** *Өліп қала жаздады, бір қатерден аман қалды.*— Мен,— деді қарт дауысын зыңқ еткізіп,— бес рет *өлім аузынан қалдым* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Қабірде шейіт өлген қыз бар, өзім осы қызды қарғаймын деп, *өлім аузынан қалғанмын* (С. Ерубаев, Шығ.). *Өлім аузынан қалған*, алғаш бақытымды тапқан сол құлама сайды жиі көргім келеді («Лен. жас»). **Өлім [көр] аузынан құтқарды.** *Ажалдан сақтап қалды.* Қаршадай боп екі сәбиді *өлім аузынан құтқарғаның* қарашы, мың болғыр (М. Сүндетов, Балық аула.). Осылай Балағаздың серті бітті, Алтайдың шың мен құзы куә бопты. *Көр аузынан құтқарған* Еркешімен Арқаға достар солай жүріп кетті (И. Байзақов, Таңд. шығ.). **Салпы ауыз.** *Ерні салпиған.* Олармен қоштасып, ауылда Танабай үйінде еркектерден тек *салпы ауыз* Әбділде мен жа-

бысқақ Мияш қана қалды (С. Сейфуллин, Шығ.). Екіншісі — бұқа тамақ, *сарлы ауыз* тапал да кебеже қарын (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). **Сары ауыз.** *а) Жаңа туған, жас (балапан).* Сөйтіп, әтеш пен шіби тұра берді. Біраз дәурен құра берді. Арада талай жылдар өтті. *Сары ауыз* балапандары өсіп, ер жетті (Т. Жабаев, Із). Ол жерді паналаған бүркіт *сары ауыз* балапан еді («Лен. жас»). *ә)* Ауыс. *Өз бетімен күн көре алмайтын, тәжірибесіз (адам).* Сен секілді *сары ауыздар* ата-анасыз күн көре алмайды (Ауыз-екі тіл). **Сөзің аузында.** *Қоя тұр, аз ғана тоқтай тұр; бір минутке.* Дұрыс, Мұқа, енді жүре әңгімелесейік, *сөзің аузыңда,*— дедім мен (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Табан аузында.** *Лезде, тез, жылдам.* Ойы «рас екен-ауға» тоқыраған Есқара Шоқанды өлтіру ниетінен *табан аузында* қайтты да, көзіне жас алған қалпымен топтан сырғи жөнелді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Таубасы аузына түсті.** *Пендешілігін есіне алды, шүкіршілік етті.* Маманнан келген кісі қымыз ішпек, *Ауызына* мұсылманның *тауба түспек.* Терісін бес айғырдың саба қылып, Сабасы атаныпты «алтын піспек» (Айман — Шолпан). **Тілі аузына сыймады.** *Қатты шөлдеді. Тілі аузына сыймады.* Көмекей жақ әлем-тапырақ. Іш тарылып, лоқси да бастады (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Үріп ауызға салғандай.** *Әдемі, сүп-сүйкімді.* Назира апайдың *үріп ауызға салғандай* бір қызы болды (Т. Бердияров, Фарида). *Үріп ауызға салғандай* мөлдіреген екі қызды төренің бақырайған кірпіксіз көзі ерте-ақ шалған («Лен. жас»).

АУЫЗБА-АУЫЗ үст. *Бетпе-бет, көзбе-көз, тікелей.* Хан сырын *ауызба-ауыз* естігенше, Елеуреп ел өкпесі басылмады (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.). Ұятты болдық, ұятты! Қор қылды бұл елді! Соны өзім әдейі сізге *ауызба-ауыз* айтайын деп келдім (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сыртынан көрген, көрген бола ма, *ауызба-ауыз* сөйлеспеген соң (Б. Майлин, Шығ. жин.).

АУЫЗҒЫ сын. *Алдыңғы, шеткі.* Оқытып жаназасын бар халыққа, Қойдырды күмбезіне сол қалыпта. «Шаңдатып, Шайда үстіне кірмеңдер» деп, Жаздырып қойды *ауызғы* арқалыққа (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

◆ **Ауызғы бөлме.** *Кіре берістегі бөлме.* Қарт әже үлкен ақ самауырды *ауызғы бөлмеге* кіргізді (А. Байтанаев, Болат). Тана *ауызғы бөлмеде* примус жағып, әлде нені майға шыжғырып, қуыра бастады («Қаз. әдеб.»). **Ауызғы үй.** Сөйл. *Ауызғы бөлме.* Жігіт төргі бөлмеге шықпай-ақ *ауызғы үйде* тұрған орындыққа отыра кетті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). *Ауызғы үй* жарық. Сағитты көршілерінің біріне кеткен екен деп ойлады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы).

АУЫЗДАН ет. 1. *Емшек емуді бірінші рет үйрену, алғаш рет ему.* Аяқ басып *ауызданғаннан* бастап мәйегі тола ауыз емді, сүйсіне сүтке тойды (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Дәм татып бірінші рет бал ауыздан, Қолынан барлық құлын *ауызданған.* Жабу жауып жылытқан арықтұрақ Жабағы, тайды қысқы қар, ызғардан (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. Ауыс. *Бір нәрсеге алғаш рет машықтану, дағдылану, әдеттену.* Өзінен оқ бойы озық кеткен ұялас қос ақ қасқа да балаң, бір ғана қар басты, әлі *ауызданған* жоқты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Атасы, туысы Ұлы жүз болғанымен жасынан Көкшеде өскен Шолақ ән дәстүрінде Біржанның, Ақанның әсерінен *ауызданады* (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.).

АУЫЗДАН-АУЫЗҒА үст. *Біреуден біреуге, ел арасына.* Тегі жиын ішінде бүгін екі сөз *ауыздан-ауызға* көшкен тәрізді (М. Әуезов, Абай). Жамбылдың Ұлы Отан соғысы кезінде жазған «Ленинградтық өрендерім» деген өленін майдандағы жауынгерлер *ауыздан-ауызға* іліп әкетті («Қаз. әдеб.»). Партизан қыздың ерлігі *ауыздан-ауызға* тарады, оған арнап дастандар шығарды (Бейбітшілік жасасын).

АУЫЗДАНДЫР *Ауыздан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жас туған қозының аузын үрлеп, енесінің бауырына салып *ауыздандырады* (Шопан серігі). Біз бүгін Балғабайдың сарқасқасын *ауыздандырдық,* Нүреке. Қара балапанды да түлкіге аяқтандыру керек емес пе? (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

АУЫЗДАНДЫРУ *Ауыздандыр етістігінің қимыл атауы.* Жаңа туған қозының тұмсығы мен құлағын шаранадан тазарту, кіндігін байлау және оны енесінің бауырына салып *ауыздандыру* — төлді аман алып қалу жөніндегі басты шарттардың бірі (М. Төлешов, Қой. қоздату). Бірақ

мен жаңа туған қозыны қалай *а у ы з д а н д ы р у д ы*, қалай күтуді білмеуші едім (М. Тиесов, Төлбасы).

АУЫЗДАНУ *Ауыздан етістігінің қимыл атауы.* Әрине ондай жағдай, жастай көркем талғаммен *а у ы з д а н у д а* өзінің әсерін тигізеді (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

1. АУЫЗДЫҚ з а т. *Жүгеннің темірден істеліп, екі сулық аралығына бекітілген бөлігі.* Ұсталар үзеңгі, *а у ы з д ы қ*, шот, соқаның, тырманың тісін, басқа да үй құралдарын жасады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Олардың ішінде жүгеннің *а у ы з д ы ғ ы*, айылдың доғабасы, құйысқанның үзбе күмістері көрінеді (А. Машанов, Жер асты.). Екі пар ат алынған *а у ы з д ы қ т а р ы н* сылдыратып пішен жеп тұр (Ол күнд. даңқы).

◆ **Ауыздығымен [ауыздықпен] алысты [арпалысты].** П о э т. *Ойнақшыды, аласұрды.* Сәндеп жеккен қос торы ат *а у ы з д ы ғ ы м е н а л ы с а д ы* (Б. Майлин, Шығ.). Шу десе тұлпар ағады, *А у ы з д ы қ п е н а л ы с ы п.* Шалқая тартып шіреніп, Ұшқан құспен жарысып (Батырлар жыры). Өкше темірді бауырына батыра тақымдағанда жирен қасқа *а у ы з д ы ғ ы м е н а р п а л ы с а* ырши жөнелді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Ауыздығын [қарш-қарш] шайнады.** П о э т. *Ауыздығымен алысты, тықыршыды, аласұрды.* Фаэтонға жеккен екі боз арғымақ та аяқтарымен жер теуіп, *а у ы з д ы қ т а р ы н ш а й н а п* тықыршып тұра алмай тұр (С. Шарипов, Шығ.). Тоқымы жібек, ері алтын, *А у ы з д ы ғ ы н ш а й н а й д ы.* Үзеңгісі сыңғырлап, Қарасам көзім тоймайды (Жамбыл, Шығ. жин.). Қатып қалған саңлақтар ұршықтай ойнап, бөкендей бүктеліп, жер сүзгілеп, *а у ы з д ы қ т а р ы н қ а р ш-қ а р ш ш а й н а й д ы* (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тұр екен ағала да оттай жайнап, Жер тарпып *а у ы з д ы ғ ы н қ а р ш-қ а р ш ш а й н а п* (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Ауыздық салды.** *Тізгіндеді, тежеді, бағындырды; дегеніне көндірді.* Электрге матап суын, Жерден шығыр қазамын. Атланттай мұхитыңа *А у ы з д ы қ т а_с а л а м ы н* (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Жараным, бұл Дайрабай алжыған ба, Тақалып қалыпсыз ғой жан шығарға. Мизамға барып ертең жүгінейік, *А у ы з д ы қ с а л с ы н* мықтап қан құмарға (С. Омаров, Сәукен). Көргенше елім аман бол! Бізде әділдік тура жол. Шындықты жеңбес жауыздық, *С а л ы н а р* жауға *а у ы з д ы қ* (Н. Баймұратов, Ер Төлеген). **Ауыздықпен жер сүзді.** *Ауыздығымен сүзе тартты, бой бермеді, тұқырды.* Жебелей басып жеделдей, Бірін-бірі тақымдап, *А у ы з д ы қ п е н ж е р с ү з і п,* Сулығын басып сақылдап (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Ауыздықпен су ішті.** *Қиыншылықты, ауыр күндерді басынан өткізді.* Серігім менің Күреңжал *А у ы з д ы қ п е н с у і ш к е н* (Д. Әбілев, Таңд. өлең.д.). *А у ы з д ы қ п е н с у і ш е р,* Етікпенен су кешер, Жеткен кезде бір кезең Аттанғанда майданға ел (Пернедегі термелер). Ат басына күн туса, *А у ы з д ы қ п е н с у і ш е р* (Мәтел).

2. АУЫЗДЫҚ з а т. *Адамның езуіне түскен жара.* Баламның аузына *а у ы з д ы қ* түсіп, жазылмай-ақ қойды (Ауыз-екі тіл).

АУЫЗДЫҚСЫЗ с ы н. 1. *Ауыздығы салынбаған, ауыздығы жоқ.* Жел қайықтай қалқытар, *А у ы з д ы қ с ы з* асаудай, Алып қашып қорқытар. Барды-жоқты ойлатпас (К. Тәкежанов, Қария толған.). 2. А у ы с. *Жүгенсіз, бейбас, бетімен кеткен.* Инженер Сағатова әбден *а у ы з д ы қ с ы з* кеткен, ешкімге бой бермейді (З. Шашкин, Теміртау).

АУЫЗДЫҚТА е т. 1. *Аттың ауыздығын салу.* Ауылдан келе жатқан Есім мұны көріп, жүгіре басып кеп, Ақбестіні *а у ы з д ы қ т а п* мінип алып, шаба жөнелді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Ол атын *а у ы з д ы қ т а п* маядан аулағырақ әкетті (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Арнаулы ат, ұзын тұрқы, жалды жирен, Жай басқан, мойын созған, басын иген. Айылын қатты тартып, *а у ы з д ы қ т а п,* Ерді ұстап ырғып мінді етпей күйбең (Д. Еркінбеков, Шығ.). 2. А у ы с. *Тізгіндеу, бағындыру, еркіне көндіру.* Дүниеде ондай есуастарды тізгіндейтін, соғысқұмарларды *а у ы з д ы қ т а й т ы н* ұлы күш бар (С. Сейітов, Жылдар жотасы.). Онан да елдеріне қайтып, бұзық старшындарыңды *а у ы з д ы қ т а н д а р* (Х. Есенжанов, Тар кезең). *А у ы з д ы қ т а п,* үйретіп Жетектейміз көл суын. Құм жотаны күйретіп, Біз жасаймыз жер тыңын (С. Мәуленов, Жолдас).

АУЫЗДЫҚТАЛ *Ауыздықта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жәрмеңкеде мал көп те, алушы аз. Бұл — жеке саудагердің *а у ы з д ы қ т а л ғ а н* кезі (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУЫЗДЫҚТАЛУ *Ауыздықтал етістігінің қимыл атауы.*

АУЫЗДЫҚТАУ *Ауыздықта етістігінің қимыл атауы.* Тым жаншып тастамандар. Жастар ғой, албырт қой, тек *а у ы з д ы қ т а у* керек (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Совет өкіметі тұсында ғана су апатын жеңу, Сырдария өзенін *а у ы з д ы қ т а у* жоспарлы түрде жүргізілді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АУЫЗДЫЛЫҚ: **Бір ауыздылық.** *Ынтымақтық, татулық.* Дұрыс талап қоя алмайтын мұғалімнің класс коллективін ынтымақтыққа, *б і р а у ы з д ы л ы қ қ а* тәрбиелей алуы да қиын (К. Жарықбаев, Психология).

АУЫЗЕКІ үст. *Ауызша, сөз жүзінде.* Сатыбалдин Семейге келген соң Әбікен туралы біреу-міреулерден *а у ы з е к і* естіген ұзынқұлақ хабарын айтады (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Олар қолжазба күнінде қолдан қолға көшіп, жатталып, біреуден біреуге *а у ы з е к і* ауысып жүрді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Егер араларында антқа қарсы пікір бүгіп жүргендер болса, ол *а у ы з е к і* әңгімеде байқалып қалуы мүмкін (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

◆ **Ауызекі сөйлеу стилі.** Филол. *Ауызша сөйлеу тілінің стильдік жүйесі.* Радио мен телевизия, театр сияқты мәдениет ошақтары дамыған сайын *а у ы з е к і с ө й л е у с т и л і н і ң* аясы да кеңи бермек («Қаз. әдеб.»). **Ауызекі тіл.** Лингв. *Ауызша сөйлеу тілінің жүйесі. А у ы з е к і т і л д е* сөздерді біреу бір түрлі, екіншілер басқа түрлі айтады, немесе кейде бір кісінің өзі бір сөзді екі түрлі айтуы да мүмкін (Қазіргі қаз. тілі).

АУЫЗША үст. *Ауызекі түрде, сөз жүзінде; жазбаша емес.* Лажы болса, *а у ы з ш а* сұрасаң екен? (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Болған жайды *а у ы з ш а* да, жазуша да колхоз председателіне хабарламақшы (К. Оразалин, Ақ жазық). Оған *а у ы з ш а* да түсінік тапсырмалар беріліп жатыр (А. Машанов, Жер асты.).

АУЫҚ сын. *Бір жағына басыңқы; тең емес.* Вега жұлдызы төбеде батысқа қарай *а у ы қ* тұр (Х. Әбішев, Аспан сыры). Ырдуаны шықылдап, оған жеккен қос құнан өгізі мықшыңдап, жаңа келеді. Артқан шөбі бір жағына *а у ы қ* (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

АУЫҚ: **Бір ауық.** Сөйл. *Бір мезгіл, бір уақ (уақыт). Б і р а у ы қ* тың тыңдағандай жер бауырлап жата қалысты (Ә. Шәріпов, Партизан.). *Б і р а у ы қ* қасқыр ұлиды, *б і р а у ы қ* іңгәлап бала жылайды (С. Шаймерденов, Мезгіл). Дегенде әлгі қыз жарқын, Мұңая қалды *б і р а у ы қ.* Ұнатып жігіт бұл қалпын, Сүйсіне көңіл тұр ауып (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

АУЫҚ-АУЫҚ үст. *Мезгіл-мезгіл, дүркін-дүркін.* Жаңыл «келгені рас па», деп күдіктеніп *а у ы қ-а у ы қ* төрде отырған Қоспанға қарап қояды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Таудан *а у ы қ-а у ы қ* самал жел соғады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Болғанда мен ақсұңқар, сен бір тауық, Сен әтеш айғайлағыш *а у ы қ-а у ы қ.* Болмаса аты шыққан Сүйінбайың, Басқасын қою керек жылы жауып (Жамбыл, Шығ. жин.).

АУЫЛ зат. 1. *Бір жерге қонған киіз үйлі көшпелі ел.* Алқа-қотан қонған *а у ы л д ы ң* ортасындағы еңсесі көтеріңкі боз үйдің маңы қаптаған адам (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *А у ы л* көшерде қара шаңырақ алынбай, өзге үйлердің шаңырағы алынбайды (С. Мұқанов, Менің мектеп.). *А у ы л ғ а* төніп келгенде екі-үш ит үріп алдынан шықты (Б. Майлин, Шығ. жин.). 2. Жаңа. *Колхоздасқан шаруалардың бір жерге топтанып орналасқан үйлерінің жиынтығы; поселка.* Соқпақ жолмен зымырап *а у ы л ғ а, а у ы л д а н* ауданға жеттік (Б. Соқпақбаев, Жекпежек). Қаланың *а у ы л ғ а, а у ы л д ы ң* қалаға көмегі ұлғайып, екеуінің байланыс — қатынастары күннен күнге күшейіп келеді (С. Сейітов, Жылдар жотасы.). Өйткені қауырт жұмыс кезінде қазір бос жүрген адамды *а у ы л д а н* іздесең де таппайсың ғой (А. Байтанаев, Болат). // *Сын есім мағынасында.* Балалар тарады деп бетімен кету — *а у ы л* мұғаліміне тиіс емес (Б. Майлин, Шығ. жин.). Осы кезде комсомол комитеті *а у ы л* қыздарын жаңағы техникумға тарту мәселесін қолға алып жатыр екен, қалаға мені де шақырды (Ө. Қанахин, Мұрагер). Қажым 7 жастан 14 жасқа шейін *а у ы л* мектептерінде оқиды («Халық мұғ.»). 3. Ауыс. *Туып-өскен жер, мекен, ел. А у ы л д а* асық ойнап, қозы жайып жүретін едік (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). Бүгін көлік жібер деп *а у ы л ғ а* хабар айтқалы отыр едім (М. Иманжанов, Адам тур.). Шымкенттен қайтқан бойда көп ұзамай *а у ы л ғ а* жүріп кетті (С. Бақбергенов, Біздің колхоз.).

4. А у ы с. *Бір жерде тұратын адамдар, кісілер жиынтығы.* Аягөзге барған соң, Ноғайлының биі Сұлтанғазы Қарабайдың *а у ы л ы н* ерулікке шақырған да, Ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Үрейлі *а у ы л* әлі ұйықтамапты (З, Шашкин, Тоқаш Бокин).

◆ **Ауыл ағасы.** *Ауылдың беделді адамы, ақсақалы.* Жұбатуды, әдетте, *а у ы л а ғ а с ы,* беделді адамдар айтқан (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). **Ауыл итінің құйрығы қайқы.** *Әркім өз жерінде батыл, еркін. А у ы л и т і н і ң қ ұ й р ы ғ ы қ а й ы қ ы* ғой. Ол тіпті қорықпайды, қаланы еркін кезеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Ауыл кеңес.** Т а р. *Ауыл совет.* Ол шалбарының қалтасынан шүберек дорбаға салынған *а у ы л к е ң е с* мөрін алып, алақанында салмақтайды (К. Оразалин, Көктем.). Төнештер келгенде *а у ы л к е ң е с і,* аудандық милицияның бір кісісі кеңседе екен, қонақтарды тәртіппен қабылдап, документтерімен танысты (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). **Ауыл салық.** К е н е. *Бір ауылға салынған ортақ салық. А у ы л с а л ы қ,* шаруа салық,— Бәрін түгел төледік. Жұрт мешінде жүдеп қалған, Мешшеулеу бір ел едік (Б. Майлин, Шығ. жин.). **Ауыл совет.** *Еңбекшілер депутаттарының ауылдық советі. А у ы л с о в е т і н і ң* бастығына қара бала болыстың бұйрығы деп, әншейін бір қағазды көрсете салды (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). **Ауыл ұя.** К е н е. *Ауылдық партия ұйымы; ячейка.* Бұл жиналысқа ауыл совет, *а у ы л ұ я,* сайлау туралы үгітші, газеттің адамы — бәрі де келе қалды (І. Жансүгіров, Әңгім.). **Ауыл шаруашылығы.** *Халық шаруашылығының егін, мал, жеміс-жидек өнімдерімен айналысатын саласы.* Орта мектепті бітірген соң өнеркәсіпке, *а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н а* жұмысқа кетіп жатқандар көп (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Шоқан егіншілікті *а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң* дербес саласы деп бағалады (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Ғылым *а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н* өркендете беруге үлкен көмек көрсетіп келеді («Соц. Қаз.»). **Ауыл шаруашылық.** *Ауыл шаруашылығына тән.* КПСС XXII съезінде қабылданған партияның жаңа программасы *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ* өнімдерінің молшылығын жасау мақсатында, олардың жалпы көлемін бірінші он жылдықта 2,5 есе, ал жиырма жыл ішінде 3,5 есе көбейтуді белгілеп отыр (Қ. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). *А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ* құрал-саймандар: соқа, тырма, культиваторлар звеноларға әлдеқашан бекітіліп берілген (М. Дүйсенов, Қалыңдық). **Ауыл шаруашылық академиясы.** *Ауыл шаруашылығына байланысты ең жоғары оқу орны.* Ол өткен жылы ғана Москвадағы *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ а к а д е м и я с ы* жанында аспирантура бітіріп, ғылым кандидаты атағын алды (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). **Ауыл шаруашылық артелі.** Т а р. *Шаруашылықты бірлесіп жүргізу үшін ұйымдасқан шаруалар тобы.* Жаңадан ұйымдасқан *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ а р т е л і н е* техника жағы жетімсіз кезі (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). **Ауыл шаруашылық дақылдары.** *Егістіктерде көп өсірілетін азық-түліктік, жемдік, техникалық мәдени өсімдіктер.* Далалардың қара топырақты жерлерінде *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ д а қ ы л д а р ы н а н:* бидайдан, жүгеріден, бұршақтан, қант қызылшасынан, күнбағыстан мол өнім алынады (Ботаника). **Ауыл шаруашылық көрмесі.** *Көпшілікке көрсету үшін белгілі бір жерге орналастырылған ауыл шаруашылық жетістіктерінің жиынтығы.* Күлмесхан Москвадағы *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ к ө р м е с і н е* барды (С. Бегалин, Ана қайраты). **Ауыл шаруашылық машиналары.** *Ауыл шаруашылығы жұмыстарына қажетті машиналар.* МТС-те біз соңғы жылдары шыққан *а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м а ш и н а л а р ы м е н* танысамыз (А. Байтанаев, Болат). Былтыр егінді өздері дестелеп орды да, мектепке тиісті *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ м а ш и н а л а р ы н* бермеді («Халық мұғ.»). **Ауыл шаруашылық практикумы.** *Мектептерде өтетін пәндердің біреуі.* Мен оқушыларға *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ п р а к т и к у м ы н а н* сабақ бердім («Халық мұғ.»). **Ауыл шаруашылық техникумы.** *Ауыл шаруашылық мамандарын даярлайтын арнаулы орта дәрежелі оқу орны.* Майса *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ т е х н и к у м ы н а* оқымақ болып арыз берген (А. Хангелдин, Алғыс). *А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ т е х н и к у м ы н а* түсу үшін емтихан тапсыру керек (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Ауыл шаруашылық училище.** *Ауыл шаруашылық мамандарын даярлайтын төменгі және орта дәрежелі арнаулы оқу орны.* Ыбырай Алтынсариннің бастамасы бойынша 1880 ж. қолөнерлік және *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ у ч и л и щ е-*

л е р, қазақ қыздары үшін арнаулы мектептер ашылды (ҚазССР тарихы). **Ауылы қашық.** *Алыс, қол жетпес.* Келмейді өкінгенмен өткен өмір, *А у ы л ы* жиырманың *қ а ш ы қ* қалды (Пернедегі термелер). **Колхозды ауыл.** *Колхоздасқан ауыл.* Жақыпбек сол күні ымырт жабылып, қас қарайғанша *к о л х о з д ы а у ы л д ы* аралаумен болды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Жайқалады ырғалып, *К о л х о з д ы а у ы л* баулары. Жұлдыз болып тұр жанып, Аманкелді орманы (С. Мәуленов, Жолдас). Ел менен мал көркі екен, Жалпақ жатқан даланың. Осы дала құты екен, *К о л х о з д ы а у л ы м,* қаланың (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). **Көрген жерде ауыл бар.** *Баяғы, таныс, белгілі жер.* Шағыр ол жылы ауыл шаруашылық институтын бітірген-ді. *«К ө р г е н ж е р д е а у ы л б а р»,* тағы да біздің МТС-ке келіпті. Баяғыны ұмытып, шұрқыраса амандастық (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.).

АУЫЛ-АЙМАҚ з а т. *Бүкіл ауыл және оның айналасы.* Дәмежан Абайдың үйжайын, *а у ы л-а й м а қ,* ел-жұртының амандығын байыптап сұрады (М. Әуезов, Абай жолы). *А у ы л-а й м а қ,* көрші-қолаңдарынан сұрастырып алған сорпа-суын баласына беретін болады (Б. Майлин, Шығ. жин.). *А у ы л-а й м а қ,* мал-жаныңыз аман ба? (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АУЫЛ-АУЫЛ з а т. *Көп, бір топ бөлек-бөлек ауыл.* Артынан *а у ы л-а у ы л* мен болдым бай, Ішкен мен жегенді айтпа, тақсырым-ай. Жөнелт деп мейманыңды, қонақасы Қонаға жіберуші еді күнде бір тай (Айтыс).

◆ **Ауыл-ауыл болып.** *Топ-топ болып.* Елдің жайы өздеріне белгілі, *а у ы л-а у ы л б о л ы п* әр сайда отыр (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин). Бұлар *а у ы л-а у ы л б о л ы п* көшіп отырды (ҚазССР тарихы).

АУЫЛДАЙ с ы н. *Ауыл тәрізді, ауыл сияқты.* Жалғыз шектің дыбысының өзі дауыл алдындағы ішін тартып тынып қалған *а у ы л д а й* алда бір сойқанның тұрғанынан хабар береді (А. Жұбанов, Құрманғазы). Бүгін де аққан Нұра күндегідей, *А у ы л д а й* баяу көшкен сыр білдірмей (Қ. Бекхожин, Мәриям.).

АУЫЛДАН-АУЫЛҒА ү с т. *Бір ауылдан екінші ауылға.* Қазір осы орамал *а у ы л д а н-а у ы л ғ а,* қолдан-қолға көшіп жүр (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

АУЫЛДАС с ы н. *Ауылы бір, жерлес.* Көріспегелі бірсыпыра уақыт өткен құрбылас, *а у ы л д а с,* жерлес адамдар шұрқырасып амандасты (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ұлы таулардың осы сөздерін көкейіне құйып алған жапалақ құлақты Әбу оны таңертең *а у ы л д а с* адамдарына айтқан екен (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ысмағамбеттің әкесі Ыдырыс деген кісі, Сәттібектің Жантайымен *а у ы л д а с* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). *// Зат есім мағынасында. А у ы л д а с т а р* күндіз тізе бүкпеді, Бір төбені бір ай қазды бітпеді; Ашуына көп булыққан біреулер Күректерді жерге соғып бүктеді (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). Аталастың аты озғанша, *А у ы л д а с т ы ң* тайы озсын (Мәтел).

АУЫЛДАСТЫҚ з а т. *Бір ауылда тұрушылық.* Әліштің бұлармен *а у ы л д а с т ы ғ ы* болмаса, тұқ жақындығы жоқ (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Әлі жегжат, аталастық, *а у ы л д а с т ы қ* ынғайымен жүретін жігіттер бірінен-бірі айырылғысы келмейді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АУЫЛДЫҚ с ы н. *Ауылды жердегі, ауылға тән.* Қызылжар қаласында ашылған бір жылдық мұғалімдер курсын өткен май айында бітіріп, *а у ы л д ы қ* мектеп мұғалімі атағын алдым (С. Омаров, Қайырлы жаз). *А у ы л д ы қ* жерде жалпы мәдениетке мән берілмейді (Шопан серігі). Селолық және *а у ы л д ы қ* жерлерде таз бен теміреткі малдан жұғады (О. Бердібаев, Таз — тақиядан.).

◆ **Ауылдық кеңес ағасы.** Т а р. *Ауылдық совет бастығы, председателі.* Бұл *а у ы л д ы қ к е ң е с а ғ а с ы* Ерғали Асатов деген кісі (Б. Майлин, Таңд. шығ.). **Ауылдық кеңес хатшысы.** Т а р. *Ауылдық совет хатшысы.* Тыртық бет қара — Тайыр дейтін жігіт екен, *а у ы л д ы қ к е ң е с х а т ш ы с ы* (Б. Майлин, Таңд. шығ.). **Ауылдық комитет.** *Ауылды жердегі комитет.* Ақтар Жайық жағасындағы көп поселкелер мен сан ауылдарың ауылдық, поселкелік *к о м и т е т т е р і н* таратып, басшыларын ұстап, атып, қырып-жойып, апсап еткеннен кейін де екі айдай уақыт өтті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Ауылдық қосшы ағасы.** Т а р. *Ауылды жерлердегі бірлесіп жер өңдейтін шаруалар ұйымының басшысы.* Бір кезде Сатпақ байдың есігінде жүрген малайы осы күнгі *а у ы л д ы қ қ о с ш ы а ғ а с ы* (Б. Майлин, Шығ.

жин.). **Ауылдық совет.** *а) Ауылдағы еңбекшілер депутаттарының жергілікті үкімет орны.* Қазақтың *а у ы л д ы қ с о в е т т е р і н д е* істі қазақ тілінде жүргізіңдер, біз Оралдан қайтқан соң соғып көреміз,— деп кеткеміз. Міне, енді қайтқан сапарымызда Бөрліге келдік (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). *ә)* С ө й л. *Осы аталған үкімет орнының бастығы. А у ы л д ы қ с о в е т* үйінен басқа шам көрініп тұрған ешбір терезе жоқ (Ж. Тілеков, Қайнар). **Ауылдық совет ағасы.** *Ауылдағы еңбекшілер депутаттарының жергілікті үкімет орнының басшысы.* Көзінде Жайық жағасы Қызықты түстей көп елес. *А у ы л д ы қ с о в е т а ғ а с ы* «Ақ Айша — қызыл кәмөнес» (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Ауылдық старшина.** Т а р. *Октябрь революциясынан бұрын рулық топтарды басқару үшін сайланып қойылған адам.* Дистанция бастықтары мен *а у ы л д ы қ с т а р ш и н а л а р д ы ң* міндеті түтін салығын жинау, ұсақ сот істерін қарау болды (ҚазССР тарихы).

АУЫЛДЫҚ-СЕЛОЛЫҚ с ы н. *Ауыл мен селоға тән; ауылды және селолы жердегі. А у ы л д ы қ-с е л о л ы қ* мектептерде бұл бригадалардың колхоз немесе совхоз тарапынан бекітіліп берілген жер участоктері мен техникасы болады («Халық мұғ.»).

АУЫЛ-ҚАЛА з а т. *Ауыл мен қала.* Басым көпшілігі — жұмысшылардан, кедейлерден, батырақтардан шыққандар, олардың көпшілігі *а у ы л-қ а л а д а ғ ы* партиялық, советтік істерге араласып, өмір мектебінен өткерілгендер (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУЫЛНАЙ з а т. т а р. *Бұрынғы уақыттағы ауылдық кеңестің бастығы, белгілі бір ауылға билік жүргізетін адам.* Біз *а у ы л н а й д ы ң* кеңсесіне кіре алмай-ақ қойдық (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Егер осы жолы бермей қырсығатын болса, *а у ы л н а й ғ а* арыз берейін деген ой келді (Ғ. Орманов, Жүрек). Осынау бір заманда, Болыс шықты зіркілдеп. Мырза, старшын атанып, *А у ы л н а й* шықты діңкілдеп (Жамбыл, Шығ. жин.). // *Сын есім мағынасында.* Секе, шұрқ етпеңіз... Жөкеңнің сіздің үйдегі *а у ы л н а й* жеңгейге қалай хатшы болғанын білмей де қаларсыз (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Басын қос қолымен басып, *а у ы л н а й* Бейсенәлі қала берді (С. Бақбергенов, Күй).

◆ **Ауылнай басы.** К ө н е. *Бір ауыл елдің басшысы.* Кейде бір болыс ішіндегі *а у ы л н а й б а с ы* сайланатын билердің болыс ішіндегі съездері тергеу жүргізеді (М. Әуезов, Әр жыл.).

АУЫЛНАЙЛЫҚ з а т. *Ауылнай болушылық. А у ы л н а й л ы қ қ а,* билікке таласқан партияда ол кейде Сәттібек жағына шығып жүретін еді (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Осы қалыпша *а у ы л н а й л ы қ* пен биліктұстап өмірінше отырам дейтін шығар? (С. Шарипов, Шығ.). Кішісі хакімдіктің *а у ы л н а й л ы қ,* Оған да керек болар біраз байлық («Айқап»).

АУЫЛ-СЕЛО з а т. *Ауыл және село.* Оның айтуынша, *а у ы л-с е л о д а ғ ы* байкулактардан кәнпескеге ілікпегені жоқ (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әсіресе алыс жерде орналасқан *а у ы л-с е л о л а р* мен елді пункттерде зақымданған адамға дер кезінде жедел жәрдем көрсетудің маңызы өте зор (А. Рақышев, Бұл тур. біл.). Сондықтан қалада болсын, *а у ы л-с е л о д а* болсын балалар мекемелеріне күнбе-күн қамқорлық жасалып отырылуы тиіс («Соц. Қаз.»).

АУЫЛ-СЕЛОЛЫҚ с ы н. *Ауылдық және селолық (жер).* Іштің ауруынан қаза тапқандар әсіресе *а у ы л-с е л о л ы қ* жерлерден жиі кездесіп келеді (Е. Оразақов, Дәрігер.).

АУЫЛ-ҮЙ 1. з а т. *Ауылдағы көршілес үйлер.* Біреу асыра мақтап, біреу өлтіре жамандап, әйтеуір *а у ы л-ү й д і ң* күнкілі көп (А. Тоқмағамбетов, Әке.). Келіндері «кербез еней» дейтін Ақбөпе бәйбіше қабағын шытқанда, *а у ы л-ү й д і ң* адамдары торғайдай бұғатын (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Мезгілсіз тастап жұмысты, Жалшы жүрсе сылқылдап. *А у ы л-ү й д і* қыдырып, Күлегеш жалқау жырқылдап (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). 2. ү с т. А у ы с. *Қатар, бірге аралас, көршілес.* Алыста жүргенде бауырсырайтындар, енді мұнда кеп *а у ы л-ү й* болғанда тістеуге айналды (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Күдер үздірмеу керек. Күдер үзсе жауласады. *А у ы л-ү й* отырып, жауласудан жаман жоқ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

◆ **Ауыл-үй қонды.** *Қатар, бірге, іргелес, қоныстас болды.* Бұл адаммен кәріліктің *а у ы л-ү й қ о н а* алмай жүргенінің де себебін сонда оңай ұғынар едіңіз (М. Иманжанов, Көк белес). Езілген елдің

санасына сәуле өнбей Әбунүсіптер әділдікпен *а у ы л-ү й қ о н б а қ* емес (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АУЫЛША үст. *Ауыл тәрізді, ауыл адамдары сияқты.* Нұрмағамбет жылдан жыл тәуір киіне бастады және ол *а у ы л ш а* емес, орысша киінді (С. Мұқанов, Шығ. жин.). Албанда Саурық аулы жуан ауыл, Басы өскен, дәулет біткен бұған ауыр. Елше екшеп, *а у ы л ш а* атап, Албанша айтсақ, «Нар шөккен, аруақ аунап, дуалы ауыл» (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

АУЫЛШЫЛА ет. *Ауыл аралау, қыдыру.* Қысқы аяз қызыл шұнақ, құйын боран, Күн еңкейіп түскендей көзге таман. *А у ы л ш ы л а п* қыдырар мезгіл емес, Жолаушылар жүрмесе бірен-саран (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Шашубай арақ ішіп желдеп отыр, Қайдағы асыл сөзден тергелі отыр. Елден шыққан қатындай неме екенсің, *А у ы л ш ы л а п* келмесең, сөйлей отыр (Жамбыл, Шығ. жин.).

АУЫЛШЫЛАУ *Ауылшыла етістігінің қимыл атауы.*

АУЫМ-САУЫМ сын. жерг. *Алаңғасар, есерсоқ.*— Көкең көз жұмарда: «Несібелім...» деп қиналып еді. Осындай *а у ы м-с а у ы м* ақымақ боларынды білген екен, сабаз,— деді (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).

АУЫҢҚЫРА ет. 1. *Бір жағына қарай қисайыңқырау.* Балалар бір жағына *а у ы ң қ ы р а п,* төмен құлдырай бастады («Балдырған»). 2. *Белгілі бір шамадан, мөлшерден өтіңкіреу.* Весін *а у ы ң қ ы р а т ы п* кезде тағы да Қиырбайдың аулына келіп, баласынікіне жігіттер түсті (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

АУЫҢҚЫРАУ *Ауыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

1. АУЫР сын. 1. *Салмақты, зілдей.* Қодардың *а у ы р* балғасын ол ұршықша ойнатады, өзін аттан аударып алып қабырғасын күйретеді (М. Әуезов, Әр жыл.). Ол торсықтардың *а у ы р* екенін де сезді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қойдың жүндес-етті тұқымдарының жүні мол болумен қатар, тірідей салмағы *а у ы р* келеді (А. Елеманов, Қой шаруаш.). 2. А у ы с. *Қиыншылығы, азабы мол; ауыртпалығы, мехнаты көп (жұмыс, еңбек, іс).* Жалаңаш-жалпыларды *а у ы р* жұмысқа салды (Ә. Шәріпов, Партизан.). Ал еңбекші бұқара болса, *а у ы р* еңбегіне қарамастан, қайыршылық, ашаршылық тұрмыста өмір сүреді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Ер едің қажымайтын *а у ы р* іске, Толтырдың не себептен көзді жасқа? (Д. Еркінбеков, Шығ.). // *Жол, сапар жайында.* Қазақстан бұрын бетпақ, Қайғы басқан шөледі. Жақын деген көлденеңі Айлық *а у ы р* жол еді (С. Сейфуллин, Таңд шығ.). Олармені арқа сүйер азаматтары есебінде алыста *а у ы р* сапарға жөнелтіп, жар жиекте қоштаспақ (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). // *Хал, тұрмыс, күй жайында.* Осындай *а у ы р* халде Жанаттың бір сөзі Жомарттың босаған белін байлап бергендей болды (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Абай *а у ы р* тұрмысты жеңілдетсем екен деді (М. Ақынжанов, Қаз. ағартуш.). Олар бейбітшілік жағдайда отырған елге ойран салды, *а у ы р* күйге ұшыратты (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). // *Азап, бейнет, қайғы, мұң жайында.* Мәкен мен Дәрмен ісі Әбіш қана емес, Абайды да *а у ы р* азап, ұзақ әлекке салған (М. Әуезов, Абай жолы). Ең *а у ы р* бейнетті қайтар жолда көрдік (З. Шашкин, Өмір тынысы). Айпаның қабағы *а у ы р* қайғымен түйіліп, еңсесін қасірет басқан сияқты еді (С. Сейфуллин, Әңгім.). Хатта жазылған сөздер оны *а у ы р* мұңға шомдырды (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). 3. А у ы с. *Қайғылы, мұңды; жанға бататын (хабар, ой).* Телеграф аса *а у ы р* хабар әкелді (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қабырғасы елімнің Қайысты *а у ы р* хабар кеп, Көлеңкесі өлімнің Туларға салды қара өрнек (С. Мәуленов, Жолдас). Командирлер мен солдаттар барлығы *а у ы р* ой үстінде, іштерінен тыныс тұр (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Еңсесін басқан *а у ы р* ой бірнеше күн бойы іс үстінде де ыдырамай, қайта қоюлана түсті (Сауыншы шам-шырақ.). 4. А у ы с. *Өте қатал, төзуге болмайтын (айып, қылмыс, күнә, жаза).* Бұл сөздің сырты сыпайы айтылғанмен, ұққан кісіге *а у ы р* айып тәріздi (М. Әуезов, Абай жолы). Меніңше, нағыз *а у ы р* қылмыс осы (Т. Ахтанов, Дала сыры). Оның жалған сөйлеп «сәлем айтты» дей салғаны бейне бір *а у ы р* күнә сияқтанды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қандай *а у ы р* жазаң болса да, ол кісі кемітпей, кекетпей, қорламай ұрсатын (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). 5. А у ы с. *Қауіпті, қатерлі.* Көкіректегіме құйдым нәр ғып, Тапқандай-ақ жаным дауа, Орнымнан тұрдым қарғып, Шығып естен *а у ы р* жара (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Бірақ сұлу жанында, Бір *а у ы р* дерт жатқандай. Демі ұқсайды жа-

лынға, Көгінде күн батқандай (С. Мәуленов, Өлеңд.). Жан қиналмай тапқан мал, Жаныңа болмас сеп деді. Жабыспаса бойыңа Үлкен, *ауыр* дерт деді (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). 6. Ауыс. *Ақырын, байсалды, жай.* Қайлаға дағдыланған жуан саусақтар жіңішке қарындашты қомсынғандай одағай ұстап, *ауыр* қозғалды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Асыл ананың *ауыр* қимылдап, аз күрсініп, қиялға батқан ойлы кескініне назар аударды (С. Бақбергенов, Күй). Жолдастар!— деді ол аса *ауыр* үнмен (С. Мұқанов, Өмір мектебі). 7. Ауыс. *Қорытылуы қиын (ас).* Өзге сусын қатқыл деп шәрбат ішкізіп, өзге тағам *ауыр* деп жілік майын жегізіп еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қой еті *ауыр*, құс еті тәуір деседі (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

◆ **Ауасы ауыр.** *Ауасы нашар, қолайсыз, таза емес.* Төбелерін көк шалған, крептері шөккен, *ауасы ауыр*, аласа забойды аралап Бораш пен Еркін еңкейе-еңкейе жүріп келеді (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). **Аузы ауыр.** *Тез арада сөйлей қоймайтын, аз сөйлейтін. Аузы ауыр* Ермек Жанабілдің сөзіне жымия күліп, анда-санда басын бір шайқап қояды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). **Ауыр артиллерия.** *Зеңбірек, пулемет, миномет т. б. дәрімен атылатын қарулардың жиынтығы. Ауыр артиллериямен* қаруланған совет жауынгерлері жауды тез арада-ақ тізе бүктірді (Ауызекі тіл). **Ауыр атлет.** *Спорттың күрес, штангі көтеру сияқты түрімен айналысатын адам, спортшы. Ауыр атлеттер* мектебінің қожасына Мұқан үлкен олжадай көрінді (М. Танекеев, Қажымұқан). Өткен аптада Москва, Волгоград және Харьков қалаларында *ауыр атлеттердің* ірі жарыстары өтті («Лен. жас»). **Ауыр әскер.** *Сан мың қол, көп әскер.* Қырық бір жасқа келгенде, *Ауыр әскер* қол ертіп, ... Айбалтама шыдамай, Хан баласы жылады-ай (М. Өтемісов, Өлеңд.). Қараспан таудың етегіне Келіп қонған Қараман *Ауыр әскер* қолымен (Қобыланды батыр). **Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен.** *Қиындықтан қашқалақтап, ептеп-септеп. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен* дегендей, майда шуақ өмір сүріп жүргенде 1941 жылдың июнінде герман фашистері бастаған соғыс кездесіпті де, майданға аттанышты (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Олар [жалқаулар] *ауырдың үсті, жеңілдің астымен* өмір сүріп, қоғамға аз беріп, көп алуға тырысады («Лен. жас»). **Ауыр жағдай.** *Азап тұрмыс, қиыншылық кез.* Ал біздің кейбір адамдарымыз жаумен ең *ауыр жағдайда*, қараңғы зындан түбінде жатып алысты (Ә. Әбішев, Пьеса.). Осындай *ауыр жағдайда* жүрген Шоқан өзінің ғылыми жұмыстарынан да қол үзбейді (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). **Ауыр жатыр.** *Сөйл. Нашар, әл үстінде.*— Жанғали, фельдшерге шап. Зағипа *ауыр жатыр*,— деді (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Ауыр жүк.** Ауыс. *Ауыртпалық, қайғы-қасірет, уайым.* Үстінен *ауыр жүкті* алып тастағандай боп, Нағима еркін тыным алып, күндегі үйреншікті жұмысына кірісті (Б. Майлин, Шығ.). Жас кетсе де замананың *ауыр жүгін* арқалап, соншама ойдың түндігін ашуда ел тағдырын қатты ойлағанға ұсайды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Таралған, сол шақ тамылжып, Толқытқан әні талайды. Түскендей үстен *ауыр жүк*, Таңырқап өркім қарайды (С. Жиенбаев, Қарлығаш). **Ауыр индустрия.** *Машинасы, техникасы бар фабрикалы, заводты ірі өнеркәсіп.* Әрине, Қазақстанда *ауыр индустрияның* басқа салалары секілді машина жасау өнеркәсібі де бар (К. Смаилов, Мамандық.). *Ауыр индустрияның* аталған салаларының еселеніп дамуы темір, түсті металдар рудаларын көптеп өндіруге байланысты екені белгілі («Лен. жас»). **Ауыр күрсінді.** *Ішкі шерін шығара кең тыныс алды.* Шал *ауыр күрсініп* алды да, орнынан бір көтеріліп қойды (С. Бақбергенов, Күй). Жәмпейіс айтпайақ ұғатын сияқтанып бетіме сүзіле қарайтын да, *ауыр күрсініп*, ештеңе демейтін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Тек анда-санда ғана кең кеудесінің шыңырауынан өксік үнін шығара *ауыр күрсініп* алады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **Ауыр қол.** *Сан мың әскер.* Қалың елді бауырына ап қылыштың, *Ауыр қолы* өткен мұнда Шыңғыстың. Ақсақтемір айқайын да естіген, Көпті көрген қариясы Шығыстың (С. Мәуленов, Жаңа арна). Түнімен көше жөнелді, Жер қайысқан *ауыр қол*. Ұйыстырған бұл топты, Аманкелді батыр ол (Қаз. әдеб. хрест.). Бес мың әскер *ауыр қол*, Түс-түсынан ту байлап, Ерді қуып жүрген жер (Батырлар жыры). **Ауыр мінезді.** *Салмақты, байсалды.* Жеңіл мінезді ауыр ой ауырлатады. *Ауыр мінезді* жеңіл ой жеңілде-

теді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Әзмұқан *ауыр мінезді,* ер кісінің сұлуы дерлік жігіт еді (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Саттар жеңілтек, Ержан *ауыр мінезді* бала (С. Баязитов, Күтп. кездесу). **Ауыр өнеркәсіп.** *Шикізат өңдейтін ірі кәсіпорын; халық шаруашылығының аса маңызды саласы.* Олар бұл екі жағдайдың екеуінің де капитализмнің даму барысында, алдымен *ауыр өнеркәсіптің* өркендеуі арқылы жасалатынын дәлелдеді (Б. Ордабаев, Коммунизм.). Республикамыздың *ауыр өнеркәсібі* өзінің негізгі өндіріс қорлары мен қуаттарын ұлғайтып, өнім шығаруды барған сайын көбейтті («Соц. Қаз.»). **Ауыр салмақ.** Ауыс. *Ауыртпалық, қиыншылық.* Сыяз деген бір *ауыр салмақ* тағы бар (М. Әуезов, Әр жыл.). Адамбек қаза болған соңғы бір-екі жылдан бері бүкіл үй-ішінің *ауыр салмағы* менің мойныма түскен (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ақ патша анттан тайып, солдат алмақ, Түспекші қарашаға *ауыр салмақ.* Ұсанның айтқанына көнген адам, Қара басын далдалап алып қашпақ (И. Байзақов, Таңд. шығ.). **Ауыр салмақты.** *Салмағы ауыр.* Ембі станциясының локомотив депосының машинистері арасында *ауыр салмақты* поезды жүргізушілер көбейе түсуде («Лен. жас»). Қазақстанда *ауыр салмақты* спортшылардың саны өсіп келеді (Бұл да). **Ауыр соққы.** *а) Күшті соққы.* Дың еткен *ауыр соққы* шекемді шарт еткізіп жарып түскендей болды (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Қазір әлгі *ауыр соққыны* әрең көтеріп, есеңгіреген дей бір ыңғайсыз, шарасыз халде қалған (З. Қабдолов, Өмір ұшқ.). *ә) Үлкен азап, қорлық.* Бір жағынан адамдық сыпатқа *ауыр соққы,* қорлық (М. Әуезов, Абай жолы). Бұл оның өз өмірінің ішінде екінші рет көріп отырған *ауыр соққысы* (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). **Ауыр соқты.** *Қиын тиді.* Әлі де Мұқарамамен кеңірек сөйлесейін, көппен бірге аттанған жорық жолы әйел балаға *ауыр соғар* (Х. Есенжанов, Тар кезең). **Ауыр сөз.** *Қатты айтылған сөз.* Бір көрінскен ағадан мұндай ащы *ауыр сөзді* естимін деген жоқ едім (Ә. Әбішев, Пьеса.). Сіз ондай *ауыр сөзге* бармаңыз (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ағайды ренжіткенімен тұрмай, папам маған да *ауыр сөздер* айтты-ау (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала). **Ауыр тиді.** *Көңіліне келді, осал соқпады.* Шығанақ қалжыңмен айтса да, шын айтса да, бұл сөз Қабышқа *ауыр тиді* (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Оның «көзім жетті» деген сөзі Дәмешке *ауыр тиді* (З. Шашкин, Теміртау). Ал, міне түгел ашық құлыптар да, Ақ шеше, аймалай бер, кіріп бар да. Шошынба! Шошынғанның *ауыр тиер,* Қолдары кісендеулі кіріптарға (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). **Аяғы ауыр.** *Екіқабат, жүкті.* Әйелімнің *аяғы ауыр,* киімі жоқ болған соң, сонда қалды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Аяғы ауырын* білген соң Жолдасбай да сөз айта алмай, неде болса Ахметтің келуін күтті (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Сапарың алыс, қыс қатты, *Аяғың ауыр* және де, Тоқталсаң қайтер, қымбаттым?— Дейді бұжыр кәрі әже! (Д. Әбілев, Алтай асу.). **Бойы ауыр тартты.** *Денесі ауырлады. Бойы ауыр тарта* берді күннен күнге, Төрт бөліп тәтті ұйқысын ұзақ түнде. Қорытып құйып қойған қорғасындай, Қозғалтпай отырғызып қойды мүлде (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Көңіліне [көңілге] ауыр алды.** *Ренжіді, өкпеледі.* Ол директордың танысып-біліспей жатып, «сен» деп сөйлегенін *көңіліне ауыр алып* қалды (М. Иманжанов, Көк белес). Жоқты *көңілге ауыр ала* бергеніңіз, не, Нүреке? (Т. Нұртазин, Мұрат). *Көңліңе ауыр алма,* жиен (С. Мұқанов, Менің мектеп.). **Мінезге ауыр.** *Ауыр мінезді. Мінезге ауыр,* сонысына қарай сөзге де сараң (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Ботақара *мінезге ауыр,* төкапар болуы керек, түсі тым суық (Бұл да). **Мінезі ауыр.** *Сөзге сараң, сабырлы, салмақты.* Өмірінде өріммен ғана шұғылданған, *мінезі ауыр,* ол ауылдағы ойын-сауық, айт-той сияқты думандарға да желігіп көрмеген адам (С. Мұқанов, Есею жыл.). Аяқ-басына қарағанда *мінезі ауыр,* айбарлы кісіге ұқсайды (Қ. Жұмалиев, Айқас). **Сүйегі ауыр.** *Ауыр тартатын, салмақты.* Ондай қойдың басы қауғадай, терісі өте қалың, *сүйегі ауыр,* бұлшық еттері ірі болып келеді (А. Елеманов, Қой шаруаш.). Алпамса *ауыр сүйегі* Ауылды басып қалғандай. Түгімен жұтса түйені, Түйілмей, тағы салғандай (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

2. АУЫР е т. 1. *Науқастану, сырқаттану, дертке шалдығу.* Қыс ортасында мен қатты *ауырып* қалдым (С. Көбеев, Орынд. арман). Жәмила аяқ астынан *ауырып,* ауруханаға түсе қалды (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). Жаз-

дай аусыл болып *ауырған* екен, арықтығы болмаса дәнеңесі жоқ (С. Шарипов, Шығ.). 2. *Жанына бату.* Мойның таңған марліге қан қатып, жарасы *ауырып* мазасын кетірді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). «Мынау жынданғаннан сау ма өзі?!»— деп, *ауырған* қолын уқалап, Құрманбай қалды (Ө. Қанахин, Мұрагер). Тек көк еті *ауырып* қалған ғой (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Сізді бір нәрсе қаққан ба, өзі?— деді де, *ауырған* жерін сипалай берді (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

◆ **Басы ауырып, балтыры сыздады.** *Жеңіл-желпі ауырды, сырқаттанды.* Адам болған соң *басы ауырып, балтыры сыздамай* тұра ма? («Лен. жас»). Біреудің *басы ауырып, балтыры сыздай* қалса, сонау 80 *км* жерге шапқылайды (Бұл да). **Жаны ауырды.** *Налыды, кейіді, қиналды.* Көмірдің қақ жартысы алынбай қалып жатыр, бұған кімнің *жаны ауырмасын* (Ә. Әбішев, Пьеса.). Тәрбиешілер, біздің *жанымыз ауырмағанда,* бұған кімнің жаны ауырады («Лен. жас»). **Іші ауырды.** А у ы с. *Ренжіді, қиналды.*— Жоқ, Бешім, олай деме, дос адаммын, жамандағандарына *ішім ауырады* (К. Оразалин, Ақ жазық).

АУЫР-АУЫР ү с т. *Өте қиын, әрең.* Аузыңнан атқыған ыстық леп қандай күшті, *ауыр-ауыр* дем алған сайын күйдіре шығады, шарпып өтеді менің де жаралы жанымды (С. Сматаев, Армысың.). Аты *ауыр-ауыр* дем алып, ішін соғып тұр екен (Т. Жармағамбетов, Нәзік бұлт.).

◆ **Ауыр-ауыр сөз.** *Жанға бататын, намысқа тиетін сөз.* Анасының *ауыр-ауыр сөзінен* кейін еңсесін көтере алмай қалған Шұнақ үйіне қарай сылбыр аяңдады (Б. Тоқтаров, Таудағы ән).— Байеке, менің өлген ағамды, өзіңнің малыңның соңында жүріп өлген ағамды аямай, аруағына *ауыр-ауыр сөз* айтасың (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні.).

АУЫРҒЫШ с ы н. *Сырқаттанғыш, науқастанғыш.* Осылардың салдарынан қозы нәзік, нашар әрі жиі *ауырғыш* келеді (Шопан серігі). Құс жылына бір рет түлемесе, тоңғақ, және *ауырғыш* келеді (С. Қасиманов, Сиқырлы сыбызғы).

АУЫР-ЖЕҢІЛДІК з а т. *Салмақ.* Әрине, әр өсімдіктің дәні оның биологиялық қасиетіне байланысты түр-тұрпаты, ірі-уақтығы, *ауыр-жеңілдігі* жағынан еш уақытта бірдей болуы мүмкін емес (Ж. Шәріпбаев, Тұқым себу.).

АУЫР-ЖЕҢІЛ з а т. *Қиындығы, ауыртпалығы.* Соның кейде *ауыр-жеңілін* де байқамай қалам (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ал егер мұны өзіл дейтін болсаң, оның да бізге *ауыр-жеңілі* жоқ (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). Оқу күндерінің *ауыр-жеңілі* жоқ («Халық. мұғ.»).

АУЫРЛА е т. 1. *Белгілі бір заттың салмағын сезіну.* Нұрғали мен Әлжан киімдерін *ауырлап,* қара суға түсті (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ентігіп есек жүгін *ауырлады,* Моншақтап мойынынан тер сауылдады. Аяғын шалыс басып, әлі құрып, Сондағы атқа өтініп жалынғаны (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Қосылар, қуана бер, осы бүгін Жауға олжа еттірген жоқ жалғыз түгін, Келеді көліктері көтере алмай, *Ауырлап* алтын-күміс артқан жүгін (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). 2. *Ауырсыну, қиынсыну.* Әншейінде шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын *ауырлап,* мең-зең болып тұрғандай (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Обылыс орталығынан цемент алуға барған Төлеубек қария әйелді *ауырлағын* жоқ (К. Оразалин, Ақ жазық). Қос тұлпар ұшқанменен жер бауырлап, Қатардан қала берді өрді *ауырлап* (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). // *Ауыртпалығын көтере алмау.* Кеше «ит басына іркіт төгіліп жатқанда» Сейфулланың бір өзін *ауырлағын* жоқ еді, енді бұлар үшеу ғой (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Қоспан жауап бермей «мені *ауырлай* бастадың ба? Саған да керегім болмай қалған екен ғой» дегенді жүзінен таныты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Біраз күннен соң олар мені *ауырлап,* қыңқыл-сыңқыл білдіре бастады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). 3. А у ы с. *Қиындап кету.* Оның жұмысы да *ауырлады* (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Ақ жазықтың ішіне сүңгіген сайын судан алыстап, жағдай *ауырлай* бастады (К. Оразалин, Ақ жазық). 4. А у ы с. *Ұлғаю, арту, көбею.* Соңғы шақтағы Абайдың іштей шеккен мұң-наласы осы кезде әсіресе *ауырлап,* қоюлана түскен (М. Әуезов, Абай жолы). Сол кезде әйелдің қайғысы *ауырлап,* қабырғасы сөгіле жаздады (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Ауру жазылмады, қайта, күннен-күнге *ауырлай* түсті («Лен. жас»).

◆ **Аузы ауырлады.** *Тез арада сөйлей қоймады.* Малқарды әдетінше қостай жөнелген жоқ, қабағы кірбең тартып, *а у з ы а у ы р л а й* қалыпты (Ғ. Мұстафин, Даулдан кейін). **Аяғы ауырлады.** *Екіқабат болды.* Сөйтіп жүргенде *а я ғ ы м н ы ң а у ы р л а ғ а н ы* байқалды (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Аруды есіркеді, ел-жұрт аяп, Аз күнге аялдады қамшы, таяқ. *А у ы р л а п* күннен күнге ана *а я ғ ы,* Босанар келе жатыр ай-күн таяп (Б. Адамбаев, Ақбөбек). **Дем алуы [алысы] ауырлады.** *Дем алуы қиындады.* Оның белгісі: баланың *д е м а л у ы а у ы р л а й д ы* (М. Исамбаев.., Мед. анықтама). Тұзды күнде берсең, малдың қан айналымы бұрынғыдан да жиілейді, *д е м а л у ы а у ы р л а й д ы* (Шопан серігі). Семіз адамның *д е м а л ы с ы а у ы р л а п,* терлеп-тепшіп, берекесі қашатын болады (Ш. Көшербаев, Туберкулез.). **Денесі ауырлады.** *Бойы ауыр тартты.* Қоспанның қалжырағаң *д е н е с і а у ы р л а п,* төмен қарай тарта берді (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Д е н е с і* зіл қара тастай *а у ы р л а п,* төмен тартады (С. Омаров, Тастағы үй). *Д е н е с і а у ы р л а д ы* онан сайын, Бір нәрсе екі иықтан басқандайын. Шама жоқ қолын бұлғап шақыруға, Десе де үні шықпай айқайлайын (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). **Тұла бойы [өн бойы] ауырлады.** *Денесі ауыр тартты.* Отыра берген сайын *т ұ л а б о й ы а у ы р л а ғ а н* сықылды (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). Тіл алмай атымнан мен түсе қалдым, Көкжалдың ер-тоқымын жұлып алдым. Көкжалмен ертең түсте табамын деп, *А у ы р л а п ө н е б о й ы м* жатып қалдым (Батырлар жыры).

АУЫРЛАН *Ауырла етістігінен жасалған өздік етіс.* Бұл күнде Совет Одағы күшейді. Сыртқы елге салмағы *а у ы р л а н д ы* (І. Жансүгіров, Шығ.). Мынаны көріп Ескендір аң-таң қалды, Бар қаруын алтынға қоса салды. «Енді қайтер екен» деп қарап еді, Бұрынғыдан қу сүйек *а у ы р л а н д ы* (Абай, Тол. жин.).

АУЫРЛАНДЫР *Ауырлан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл комитет жұмысын бұрынғыдан да салмақтандыра, *а у ы р л а н д ы р а* түседі (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

АУЫРЛАНДЫРУ *Ауырландыр етістігінің қимыл атауы.*

АУЫРЛАНУ *Ауырлан етістігінің қимыл атауы.*

АУЫРЛАҢҚЫРА е т. *Ұлғайыңқырау, күшейіңкіреу.* Осы сырқаты кейінгі кезде *а у ы р л а ң қ ы р а п,* аяғынан жүруге жарамай да қалатын бопты (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АУЫРЛАҢҚЫРАУ *Ауырланқыра етістігінің қимыл атауы.*

АУЫРЛАТ *Ауырла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Балшық етікке илене жабысып, қыздың аяқ алысын *а у ы р л а т ы п* жіберді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Алуан түрлі ойлар аяғымды бастырмай, бойымды *а у ы р л а т ы п* келеді (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

АУЫРЛАТУ *Ауырлат етістігінің қимыл атауы.* Егер оқушы маңызды сұрауларға ойдағыдай жауап берсе, оған сұрауларды көп беріп, сабақты *а у ы р л а т у д ы ң* қажеті жоқ (С. Көбеев, Орынд. арман).

1. АУЫРЛАУ *Ауырла етістігінің қимыл атауы.*

2. АУЫРЛАУ с ы н. 1. *Ауырырақ, салмақтырақ.* Салмағы жағынан бірінші боксші екіншіге қарағанда *а у ы р л а у* (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Қиындау.* Бір жылғы оқуды өлтіргім келмей, *а у ы р л а у* болса да, сабаққа барып жүрдім (С. Мұқанов, Есею жыл). Еңкею, бұғу, бауырлау, Сусыған аста тайғақ тас. Құласаң, болар *а у ы р л а у,* Кім болсаң да байқап бас! (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

◆ **Ауырлау тиді.** *Қиындау болды.* Сенің томсарып отырғаның бәрімізге де бір түрлі *а у ы р л а у т и і п* отыр (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Мұғалімдік тәжірибесі аз адамға бұл *а у ы р л а у т и д і* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АУЫРЛЫҚ з а т. 1. *Салмақ.* «Әуелі *а у ы р л ы қ* көтерісіп сынайын» деп, әрқайсысын он пұттан — жиырма пұт кірді аспанға кезек-кезек лақтырдым (С. Мұқанов, Есею жыл.). Дененің *а у ы р л ы ғ ы* дегеніміз — ол денені Жердің тарту күші (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). 2. А у ы с. *Қиындық, бейнет, азап, мехнат.* Журналистік жұмыстың *а у ы р л ы ғ ы м е н* бірге адамды шабытқа бөлейтін, тапқырлыққа мезгейтін рахаты да, қызығы да бар (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Тұрмыстың *а у ы р л ы ғ ы н а н* жұрт біріне-бірі қонақ болу дегенді ұмытып бара жатты (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Жассың, бірақ комсомолсың. *А у ы р л ы қ т а н* жалтаруға болмайды (А. Лекеров, Түз гүлі).

◆ **Ауырлық күш.** *Жердің тарту күші.* Жер бетінің әр түрлі нүктелерінде өлшеудің көрсетуіне қарағанда, *а у ы р л ы қ к ү ш т і ң* шамасы әр түрлі (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). **Ауырлықты көтереді.** М и ф. *Халық ұғымы бойынша, мал өлімі, ыдыстың сынуы т. б. иесіне төнген қауіп-қатерді жеңілдетеді.* Әй, батыр, ренжіме қасқыр жесе, *А у ы р л ы қ т ы к ө т е р е р* атың өлсе. Жұбайды ұстап берді, дүрбіттерге, Түн қатып тағы да қаш пәрменіңше (Батырлар жыры).

АУЫРМАЙ-СЫРҚАМАЙ с ы н. *Науқастанбай, сырқаттанбай; аяқ астынан. А у ы р м а й - с ы р қ а м а й* суға кетіп өлсең қандай жақсы болар еді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

АУЫРМАЛЫҚ з а т. *Қиындық, азап; ауыртпалық.* Қара төре *а у ы р м а л ы қ т а н* арылғандай, қып-қызыл болып, көзін құйқылжытып отыр (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Келешекте кездесетін үлкен *а у ы р м а л ы қ т ы* көтере алмаймыз-ау дегендей ол шешесінің тізесіне басын салып еңкілдеп құлай кетті (С. Дөнентаев, Шығ.).

АУЫРСЫН е т. 1. *Салмақтылықты сезіну. А у ы р с ы н ы п* келесің бе? Қазанқазан құрыш құйсаң да, батырым, екі чемоданға әлің жетпегені ме! (З. Шашкин, Теміртау). Кесек тұлғасын *а у ы р с ы н б а с т а н,* ұтымды, жеңіл адымдап барады (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.). Шыққа шомған алқызыл алмаларын *А у ы р с ы н ғ а н* бұтағы тіреу тіреп, Күн ұзаққа тізе бүкпес бағбан шалың, Таяғын мүлде ұмытып кетсе керек (М. Әлімбаев, Құрбыма). 2. *Жанына бату, қиналу.* Таймас сырт киімін шешінген. Қабағы жабық, дамыл-дамыл арқасын ұстайды. Мықшияды, *а у ы р с ы н а д ы* (Ғ. Мұстафин, Даулдан кейін). Табанына шөгір кіргенде *а у ы р с ы н а т ы н* қайран құлыным-ай, қайтіп қана шыдадың екен сол азапқа (М. Иманжанов, Адам тур.). Ол ыстық бу шарпыған қолын үрлеп, *а у ы р с ы н ы п* тұрған қызға жетіп барды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). 3. А у ы с. *Ауыр көру, масыл санау, жақтырмау.* Олар тіршілік қалыптарының күйкілігіне қарамастан, мені ешқашан да *а у ы р с ы н ы п,* жатсынған ыңғай білдірген емес (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Кейде ол оқуға қалай қайтар екем деп, құлақ қағыс етсе, туысқан дегендер соның жол қаражатын да *а у ы р с ы н а т ы н* (Ғ. Орманов, Жүрек). Тоқтыбай дегеннің баласы әкесі бай кісі болса да, он екі сом беруді *а у ы р с ы н ы п,* медресеге жібермей қойғанын айтты («Айқап»).

АУЫРСЫНУ *Ауырсын етістігінің қимыл атауы.* Ендеше, ойда жоқта сап еткен шақырусыз қонақтарын *а у ы р с ы н у ы* күпірлік емес шығар (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *А у ы р с ы н у* организмнің қалыпты жұмысының бұзылғандығын көрсетеді (К. Жарықбаев, Психология).

АУЫРТ *Ауыр етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құсының қанатын белбеуіңмен шандып ал, талпынамын деп аяғын *а у ы р т ы п* алар (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз). Ол қатты жығылып, шынтағын *а у ы р т ы п* алды (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

◆ **Ауыңды ауыртпа.** *Айтып әуре болма.* Әлде: мен саған сенем, *а у з ы ң д ы а у ы р т ы п* қайтесің дегені ме, жоқ, мен завод коллективі емеспін, төреші боп билік және айтпаймын дегені ме? Кім білсін! (З. Шашкин, Теміртау). **Басты ауыртты.** *Мазаны алды, миды ашытты.*— Әй, бала, *б а с ы м д ы а у ы р т п а.* Онсыз да миым ашып жүргені аз емес (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).— *Б а с т ы а у ы р т п а с а ң* деймін балақай. Жұмыс істеуге мешайт етпе! (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **Басымды ауыртпа.** *Мазамды алма.* Сөзге түсінбесең, *б а с ы м д ы а у ы р т п а* және енді қайтып маған бұл сөзді айтпа! (С. Шарипов, Шығ.).

АУЫРТАЯҚ з а т. к ө н е. *Ойын аты.* Қойшы ойыны көп-ақ. Оның аттары мынандай боп келеді: салтаяқ, *а у ы р т а я қ,* жорғатаяқ, доп ойын, алты ала теке, орамал жасырмақ, тақия теппек, ақсүйек, маймұрын, соқыртеке, барыпқаш (К. Әзірбаев, Аңыз. сыры).

1. АУЫРТПАҚ з а т. к ә с і б. *Ши тоқитын құрал. А у ы р т п а қ п е н* ши тоқимыз (Диал. сөздік).

2. АУЫРТПАҚ з а т. ж е р г. *Қысылшаң, тар жер.* Екі көлдің *а у ы р т п а ғ ы н д а* тұрып құс аттық (Диал. сөздік).

АУЫРТПАЛЫҚ з а т. *Қиындық, азап, зардап.* Елдің басындағы мынандай *а у ы р т п а л ы қ т ы* көріп отырып, қалай ойланбассың, қалай жүдемессің! (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Мен осы істің **бар** *а у ы р т п а л ы ғ ы н* енді сезіп тұрмын (Т. Ахтанов, Дала сыры). Соғыс қазақ халқына да салмағын сала, *а у ы р т п а л ы-*

ғын арта келеді (С. Көбеев, Орынд. арман).

АУЫРТПАШЫЛЫҚ з а т. *Қиыншылық, азап.* Салықтың негізгі *а у ы р т п а ш ы л ы ғ ы* еңбекшілердің мойнына түсті (ҚазССР тарихы). Кейде ауа райының қолайсыз жағдайларында самолеттер көмек көрсете алмай қалған кезде барлық *а у ы р т п а ш ы л ы қ* артиллерияға жүктеледі («Лен. жас»).

АУЫРТУ *Ауырт етістігінің қимыл атауы. А у ы р т у* түйсіктерін туғызу үшін ми стволының бұл бөлігінің үлкен маңызы бар (Адам анатом.). Ардақты өлең десе жинайтұғын, Әдетім әйелдерді сыйлайтұғын. Ол маған тілін қатты тигізсе де, Көңілін *а у ы р т у ғ а* қимайтұғын (Айтыс).

АУЫРУ *Ауыр етістігінің қимыл атауы.* Баспамен *а у ы р у* — көмей бездерінің үлкейіп ісіп, іріңдеуіне соқтыруы мүмкін (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Қолыңыз *а у ы р у ш ы* ма еді? (З. Шашкин, Өмір тынысы).

АУЫРЫҚСЫН е т. с ө й л. *Ауырғандықты сезіну, ауырсыну.* Ақымақ, аяғанды білмейді!— деді Әбдірахман, ішін ұстап, *а у ы р ы қ с ы н ы п* тұрып (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АУЫРЫҚСЫНДЫР *Ауырықсын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мүмкін *а у ы р ы қ с ы н д ы р ы п* отырған да осы жағдай болар, жас жігіт емес пе, қызды да жатқа қиғысы келмейтін шығар (А. Лекеров, Түз гүлі).

АУЫРЫҚСЫНУ *Ауырықсын етістігінің қимыл атауы.*

АУЫРЫҢҚЫРА е т. *Аздап ауыру, сәл науқастану.* — *А у ы р ы ң қ ы р а п* отырмын да,— деді Шоқан, қозғала қоймай, — тағы келермін, кейін аралайық (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АУЫРЫҢҚЫРАУ *Ауырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АУЫРЫРАҚ с ы н. *Сәл ауырлау, аздап ауыр.* Басқа жазушыларымызға айтар сындарымыз бұдан анағұрлым *а у ы р ы р а қ* та көлемдірек болатыны өзінен өзі түсінікті болса керек (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

АУЫРЫРАҚТАУ с ы н. *Ауырлау, салмақтырақ.*

1. АУЫС е т. 1. *Орын алмасу.* Ақындар өлең бунақтары *а у ы с ы п* кетпес үшін, көбіне әнге салып жазады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Егер сөйлемдердің орны *а у ы с с а,* олар байланыспай ыдырап кетеді (Қазіргі қаз. тілі). 2. *Бір жерден екінші жерге кету, басқа жерге бару.* Тұрар оқитын мектепке *а у ы с қ а н* соң, басқа танысы болмағандықтан ба, әйтеуір, бұған жақын жүруге тырысып жүрді (С. Шаймерденов, Мезгіл). Басқа обылысқа *а у ы с а р* алдында достар тағы бас қосты (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Ол қызмет бабымен басқа қалаға *а у ы с а т ы н* болыпты (М. Хайрутдинов, Алғашқы раунд). // *Қызмет орнын өзгерту.* Осы абыройлы кезде басқа бір қызметке *а у ы с қ а н ы ң ы з* жөн болар (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Осы жерден басқа қызметке *а у ы с а р* алдында туған бір баласы бар еді. Сен сол шығарсың-ау! (С. Бақбергенов, Біздің колхоз). 3. *Бір нәрседен екінші нәрсеге (мәселеге) көшу.* Сонымен 1887 жылдың шығармаларына *а у ы с с а қ,* бұл жыл ең алдымен сан жағынан аз өлең тудырған кез болды (М. Әуезов, Әр жыл.). Енді кеудесін селдей кернеп кеткен күй толқыны бәсең тартып, байсалды әуенге, ойлы сарынға *а у ы с т ы* (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). Сәкен мен Бейімбет отыра қалып, өлеңнен драмаға *а у ы с а д ы* (Ә. Тәжібаев, Өмір.). 4. *Біреуден біреуге өту, екінші біреуге тән болып кету.* Бұл әйелді қазанға шығарғанда, оның алып жүрген соқасы, қамыты, көлігі *а у ы с ы п* кеткен (І. Жансүгіров, Әңгім.). Қартбайдан *а у ы с қ а н* плащ-палатканың екі шетінде тізелерін құшақтап, әрең сыйып Бөрібай мен Көжек отыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Лексикология тілге басқа бір тілдерден *а у ы с ы п* келген сөздерді, жаңа сөздердің жасалуын, омоним және синонимдік дублеттерді т. б. тексереді (Қазіргі қаз. тілі). 5. *Қайырымдылық жасау, бір нәрсе беру.* Бар еді Жарас атты бір сараң бай, Кісіге *а у ы с п а й т ы н* тиынды жай. Лақап қып, жұрт ақшалы десіп жүрді «Аспаса, бар шығар» деп «миллиондай» (XX ғ. қаз. ақын.). 6. А у ы с. *Жындану, ақылдан, естен айрылу.* Осы кісі кейінгі кезде азырақ *а у ы с қ а н* деген рас па? (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Саған не болған, Петр?! *А у ы с қ а н н а н* саумысың, үйді бүлдіріп!— деп, шаңқ-шаңқ етті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

◆ **Ақылы ауысты [ақыл ауыс].** С ө й л. *Есі ауысты.* Жаманның кеудесі үлкен, сөзі кесек, *А қ ы л ы ы а у ы с қ а н* адамның жындысындай. Екеуін салыстыр-

рып әдейі айттым, Қажетін қолданарсың тұрмысыңа-ай (Сүйінбай). «Қайда — деп, Мазандыран» сол Кейқауыс. Ақыра шықты адамдай *ақыл ауыс*. Кетті ауып киік, құлан қонысынан, Ұласып жөнелген соң шаң-шұң дауыс (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Есі ауысты.** *Жынданды, ақылдан, естен айрылды.* Осы сенің балаңның *есі ауысқандауғой* деймін (С. Шаймерденов, Мезгіл). Алғашқы кезде ол ақылы шолақ, *есі ауысқан* адам секілді болып көрінеді (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Кеткендей *есі ауысып*, Тынымсыз ерні жыбырлап, Көз бен шам майын тауысып, Оқумен түнді жүр ұрлап (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

АУЫС-КҮЙІС үст. *Бірде болмаса бірде.* Алдына төрдің келіп шарт жүгініп, Ашпын деп адам көрсе зарлайды екен. Кеміріп өне бойы кедейді жеп, Байларға *ауыс-күйіс* бармайды екен (Айтыс).

АУЫСПАЛЫ сын. *Алмасып тұратын.* *Ауыспалы* аванс қорын жыл сайын толықтырып отырудың маңызы зор (А. Шайбеков, Колхоз.). Бақ деген, дәулет деген *ауыспалы*, Адамның байқар соны данышпаны (Пернедегі терме.).

◆ **Ауыспалы вымпел.** *Жарыста озып шыққан коллективке берілетін вымпел.* Олар жақында комбайнерлер арасындағы *ауыспалы вымпелді* жеңіп алды («Қаз. әдеб.»). Жылдық жұмысты қорытындылап, аудандық пионер үйі біздің отрядқа *ауыспалы вымпел* тапсырды («Халық мұғ.»). **Ауыспалы егіс.** *Ауыл шаруашылық дақылдарының танаптар бойынша алмасып егілуінің жүйеге түскен тәртібі.* Егер биыл *ауыспалы егіске* кірісіп, агрономияны толық қолдансақ, гектарынан 25—30 центнер астық аламыз (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Бұл колхоз *ауыспалы егіс* тәртібіне там-тұмдап қана көшіпті (А. Алдабергенов, Алға). Шалғын және жайылым жерлердің суландырылуы, *ауыспалы егістің* жолға қойылуы нәтижесінде мал шаруашылығы жылдам өркендейді (Ә. Кәкімжанов, Коммунизм.). **Ауыспалы кубок.** Спорт. *Жеңімпаздарға берілетін кубок.* Спартакиада қорытындысында жүлделі орындарға ие болған командалар мен жеке спортшыларға аудандық халық ағарту бөлімінің *ауыспалы кубогы* мен дипломы тапсырылды («Қаз. мұғ.»). **Ауыспалы Қызыл ту.** *Жарыста жеңіске жеткен коллективке, жеке адамдарға берілетін ту.* Біздің смена жеңіс вахтасында тұрып, *ауыспалы Қызыл туды* қолдан шығармай келеді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Өздеріңізге мәлім, біздің құю цехы жарты жыл бойы завод бойынша алға шығып, *ауыспалы Қызыл туды* бермей келді (С. Байжанов, Құрыш зергері). **Ауыспалы мағына.** Лингв. *Заттық тура мағынадан туатын қосымша мағына.* Сөздің *ауыспалы мағынасы* заттың я құбылыстың, не оның белгісінің ұқсастығын білдіруден келіп туады (Қазіргі қаз. тілі). *Ауыспалы мағына* алғашқы заттық мағынадан туады (Бұл да). **Ауыспалы осы шақ.** Грамм. *Істің, құбылыстың не дағдылы түрде болып тұратындығын, не ілгеріде болатындығын көрсететін етістік формасы; осы шақтың бір түрі. Ауыспалы осы шақ* етістіктің үнемсіз көсемше түріне жіктік жалғаулар жалғану арқылы және етістіктің болымсыз түріне «й» жұрнағы жалғану арқылы жасалады (Қазіргі қаз. тілі). **Ауыспалы ток.** Физ. *Күш пен бағыт жағынан мезгіл-мезгіл өзгеріп отыратын ток.* Сіздер аккумуляторға *ауыспалы ток* бердіңіздер ғой (А. Сарбөпин, Аспалы бесік).

АУЫС-ТҮЙІС зат. *Алыс-беріс.* Онымен *ауыс-түйіс* қатысымыз бар (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Сіз кепсіз Сүйіндіктен жеке-дара, Тілдеспей жиен сірә кете ала ма? Нағашы, олжаңызды бөліскейсіз, Жүргізіп *ауыс-түйіс* екі арада?! (Айтыс).

АУЫСТЫР *Ауыс етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Дәл егіс кезінде агрономды *ауыстырса* әрқашанда осылай болмақ, жолдас секретарь! (З. Шашкин, Сенім). Әлгі көзі шыққыр Қирабай қаладан соқа ала барғанда, доңғалағын *ауыстырып* әкетіпті (С. Мұқанов, Аспаз). Бұлар сақтық жасап, орын *ауыстырды* (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

АУЫСТЫРУ *Ауыстыр етістігінің қимыл атауы.* Бұдан былай өте-мөте бір ерекше жағдай болмаса, кісілерді орнынан *ауыстырудың* қажеті жоқ (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Бұл бір жылғы еңбек қорытындысының мерекесі ғана емес, сонымен бірге колхоз арасында тәжірибе *ауыстырудың* да мерекесі (С. Шаймерденов, Мінез).

АУЫСТЫРЫЛ *Ауыстыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Мектебіміз үлкеюімен байланысты, ол осында *ауыстыл*

р ы л д ы (М. Иманжанов, Көк белес). Алғашында төлем малдай жиналды да, кейіннен ақшаға *а у ы с т ы р ы л д ы* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Сұңқар — жігіт мағынасында, қыз — гүл мағынасында, бірінің орнында екіншісі *а у ы с т ы р ы л ы п* қолданыла береді (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.).

АУЫСТЫРЫЛУ *Ауыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

АУЫСУ *Ауыс етістігінің қимыл атауы.* Нілге біржола *а у ы с у* керек (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Машинадан мына мезі болған екі өгізге *а у ы с у* жігіттерге жазалағанмен бірдей тиетін (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Исаның творчестволық тәжірибесі арқылы халық ақындарының ауыз әдебиеті дәстүрінен жазба әдебиет дәстүріне бірте-бірте *а у ы с у* процесін айқын көреміз (Е. Ысмайылов, Ақындар).

АУЫСЫП-ТҮЙІС е т. *Алысып-берісу.* Мынадай ауыр күнде *а у ы с ы п-т ү й і с п е с е ң* нең адам (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

АУЫСЫП-ТҮЙІСУ *Ауысып-түйіс етістігінің қимыл атауы.*

1. АУЫТ е т. с ө й л. *Ауытқы етістігінің ықшамдалған формасы.* Мұғалима айтқан ережеден *а у ы т* кеткен жерім болды ма деп, бір сәт соған ой жіберді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Жүрсең қамдау, Аңдыған жау, Атса шанжау, Бірде тиед, Бірде кетсе де *а у ы т т ы* (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.).

⊙ **Ауыт ой.** Көремісің, мерген бір *а у ы т о й ғ а* кездесіп қалыпты ғой (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

2. АУЫТ з а т. к ө н е. *Нар түйеге жүк арту үшін, ыңыршақ тәрізді етіп ағаштан істелген жабдық; қом, жазы.* Жазы айыр өркешті түйеге, *а у ы т* нар түйеге салынады (С. Омарбеков, Қаз. ауызекі тілі).

3. АУЫТ з а т. к ө н е. к ә с і б. *Шығырдың су тұратын жері. А у ы т т ы ң* суы мол. *А у ы т қ а* су өзеннен келеді (Диал. сөздік).

АУЫТ-АУЫТ ү с т. с ө й л. **Ауық-ауық.** Ашу ызасы тарқады ма екен дегендей көзінің ұшымен *а у ы т-а у ы т* Фон Капутқа қарап қояды (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Бурылға жаптым көк мауыт, Сыйынған пірім ер Дәуіт, Шабамын кәпірге *а у ы т-а у ы т* (Қобыланды).

АУЫТҚУ *Ауытқу етістігінің қимыл атауы.* Мұндай *а у ы т қ у д ы ң* ең үлкені жер экваторында болады, ал полюстерде ол нольге тең (Астроном.). Сеялкамен сепкенде тығайтқыш машина жүретін жолдың аузына біртегіс түсуі керек, мұнан *а у ы т қ у* 15 процентке дейін болуы мүмкін (Тыңайтқыш енгізу.). Қазақ әдебиет сыны Совет әдебиетінің сара жолынан *а у ы т қ у д ы ң* қандай түрімен болса да қатты күресіп отырды (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

АУЫТҚУЛЫҚ з а т. *Ауытқып кетушілік.* Баланың әдеттегі қалыптан *а у ы т қ у л ы ғ ы н а* ерекше көңіл аударуға болмайды (Семья тәрбиесі).

АУЫТҚУШЫ с ы н. *Тура жолдан тайушы, толқушы (адам).* Осылай сайыса-сайыса келгенде Қаламұштің жағына *а у ы т қ у ш ы л а р* көбейді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Сізді батылдық үшін тағы құттықтап, *а у ы т қ у ш ы л а р д ы* айыптаймын («Соц. Қаз.»).

АУЫТҚУШЫЛЫҚ з а т. *Тура жолдан тайушылық, толқушылық.* Революция жеңіліп, бұқара шаршап-шалдыққан жағдайда идеялық *а у ы т қ у ш ы л ы қ* айырықша зиянды еді (КПСС тарихы, 135). Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында офицерлер арасындағы идеялық толқулар мен *а у ы т қ у ш ы л ы қ т а р д ы* суреттейтін бұл шығарма 1932 жылы жарық көрді («Қаз. әдеб.»).

АУЫТҚЫ е т. 1. *Қисаю, толқу.* Жорытып келе жатқан салт аттың үстінен *а у ы т қ ы п* барып әрең оңалам (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ол кейде көзін жұмып қалғып кетеді де, тек *а у ы т қ ы п* құлай жаздағанын сезгенде ғана оңғарылып отырады (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Ол туралап-ақ лақтырды, алайда оның қолы еркіне көнбей дәлдеген мұржаға соқпай гранат оңға *а у ы т қ ы п* кеткен сияқты болды (Х. Есенжанов, Тар кезең). 2. *Жылжу, ауысу.* Аязсыз кездің ұзақтығы 80 күн мен 150 күннің арасында *а у ы т қ ы п,* орташа алғанда 105—120 күн болады (М. Әмірғалин..., Биязы жүн.). Себу нормасы гектарына 25—40 *кг* шамасында *а у ы т қ ы п* отырады (Малшыларға кеңес). Шымкент облысының аудандарында сұр топырақты жерлер басым келеді және өздері ашық сұр топырақтар мен қоңыр сұр топырақтар аралығында *а у ы т қ ы п* отырады (М. Майлыбаев, Қазақст. мақта шаруаш.). 3. А у ы с. *Тура*

жолдан таю, тайсалу. Ол алдағы нысанасынан еш уақытта *ауытқыған* емес, тайсалып шегіншектеген емес (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жеме-жемге келгенде оның қалай *ауытқып* кетерін кім білсін (А. Байтанаев, Асан). Халық қозғалысының осылай өрлеген дәуірінде Сырым *ауытқыған*, дәйексіздік істеді (ҚазССР тарихы).

АУЫТҚЫҒЫШ сын. *Толқығыш, тұрақсыз, айнымалы.* Қыз жігітті қаншама сүйіп, үзіліп тұрса да, осындай жеме-жемге келгенде олар қатты толқығыш, *ауытқығыш* келеді (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

АУЫТҚЫТ *Ауытқы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол сайып келгенде оң жаққа қарай *ауытқытып* жіберді (Ауызекі тіл).

АУЫТҚЫТУ *Ауытқыт етістігінің қимыл атауы.*

АУЫТҚЫШ зат. жаңа. *Жүгі бар машинаны қисайту арқылы үстіндегі жүгін төгетін механикалық аспап.* Машиналардан дәнді дақылдарды күрекпен түсіру орнына енді автоматтандырылған *ауытқыш* қолданылып жүр («Лен. жас»).

АУЫТТА ет. *Түйеге ауыт салу, ерттеу. Ауыттап* міниі алған бір үлекті, Сорлы ақын сонадайдан жыры жетті. Әуес қыз иығында шаркаты бар, Осы кез отауына жүріп өтті (Х. Ерғалиев, Құрманғазы). Қара буларға *ауыттап* артқан тас атқыштар монғолдардың жалаңдап тұрған әскерін төмпештің астына алды (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.).

АУЫТТАУ *Ауытта етістігінің қимыл атауы.*

АУЫШ сын. диал. *Ақылы ауысқан, есінен адасқан.* Ақсақалдың жалғыз *ауыш* баласы бар еді, жуырда өлді (Диал. сөздік).

АФАЗИЯ зат. мед. *Нерв жүйесінің кейбір бөліктерінің зақымдануынан адамның сөйлеу қабілетінен жартылай немесе толық айрылуы. Афазия* — адамның сөйлей алмауы, немесе сөзді толық айта алмауы,— яғни ойын сөзбен баяндау қабілетінен айрылуы (М. Исамбаев,... Мед. анықтама).

АФЕРИСТ зат. *Ала аяқ, сұрқия, қу.* «Біздің үйдің он екі қойы бар, маған күйеуге ти. Қарнымыз тоқ болады»— деп қызға хат жазып жүрген *аферист* мен болатынмын (О. Әубәкіров, Сиқыр).

АФИША зат. *Опера, балет, спектакль, концерт, цирк, тағы басқалардың болатын күнін хабарлайтын жарнама.* Ол кештің қалай өтуіне арналған *афишалар* көшелерге, оқу үйлерінің ішіне кешікпей жапсырыла бастады (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Алматының көрінген қақпасын әлем-жәлем етіп тұратын алабажақ *афишаларға* жиі қарайтын көп көермендердің бірі едік («Қаз. әдеб.»).

АФОНИЯ зат. мед. *Адамның дауысы шықпай, сыбырлап қалуы. Афония* жоғарғы тыныс жолына салқын тию, тұмаурату, жұтқыншақ, көмейдің әр түрлі ауруларының дыбыс сіңірін зақымдауы, т. б. салдарынан болады (ҚСЭ).

АФОРИЗМ зат. *Мазмұнды терең ойды өткір тілмен қысқа түрде айтып беретін нақыл сөз, түйінді ой.* Өлең-жырлар, аңыздар, нақыл сөздер, *афоризмдер*, батырлық эпостар халықтың қоғамдық тұрмысына байланысты туып отырады (ҚазССР тарихы). Әрине, *афоризм* жырға, әсіресе жырдың төрттаған тәрізді шағын формасына ерекше өң береді («Қаз. әдеб.»).

АФРИКА: **Африка тарысы.** бот. *Түсі жүгеріге ұқсайтын, сабағы жапырақты, биіктігі 1,5—3 м бір жылдық өсімдік. Африка тарысы* малға жем-шөп, сүрлем, пішен, адамға азық-түлік ретінде пайдаланылады (ҚСЭ).

АФРИКАЛЫҚ зат. *Африка тұрғыны.* Бұл жолы да *африкалықтар* көп келген. Париждегі «Африка мәдениеті қоғамының» жауапты хатшысы, «Африка» журналының бас редакторы Алиун Диоп бар (Ғ. Мүсірепов, Достық сапары).

АФФИКС зат. грамм. *Өз алдына жеке қолданылмай, түбір сөздерге қосылып, сол сөздің мәнін, мағынасын және функциясын өзгертетін грамматикалық форма; қосымша.* Бұл мысалдардан (бастауыш, басқарма, қолжазба, сақтағыш) **-ыш, -ғыш, -ма, -ба** *аффикстерін* көреміз. Бұлардың барлығы байырғы түбір сөздердің негізінде жаңа сөздер жасайтын қазақ тілінің өнімді *аффикстері* (Қазіргі қаз. тілі). Қазіргі қазақ тілінде неологизм жасауда сөз жасаушы *аффикстердің* маңызы зор (Бұл да).

АФФРИКАТ зат. лингв. *Шұғыл және ызың дауыссыз дыбыстары элементтерінің қосындысынан тұрып, өзара өте тығыз байланыста айтылатын дыбыс.* **Ц, ч —**

аффрикат фонемалар. Өйткені бұл екеуінің әрқайсысы екі элементтен тұрады: ц фонемасында т, с элементтері бар; ч фонемасында т, ш элементтері бар (Қазіргі қаз. тілі). Ызың ж фонемасының варианты ретінде қазақ тілінде *аффрикат* ж дыбысы да қолданылады (Бұл да).

АХ о д. 1. *Таңдану, таңырқау сезімін білдіреді.* *А х,* айтса, айтқандай (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Комиссар кетерді де басын жерден Қарады капитанға осы келген.— *А х,* Загаров, хош келдіңіз кездестік пе? Қуанды адамдай бір досын көрген (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). 2. *Қайғыруды, күрсінуді білдіреді.— А х,* қандай қапас еді!— деді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).— Кім дедің, қызым?— Ақбалам...— *А х!* Күрсіну, Ауыр үн! Өртенген сендік бақшаның, Жас гүлі жалғыз бауырың (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). 3. *Өкініш, арман мәніндегі көңіл-күйін білдіреді.— А х,* албырт мінезді асыл ер, Өлгенің бе осылай? (Ол күнд. даңқы). *А х...* Бауырым... Бауырым... Апақ солай салды айқай, Тапқанмен де табуын (Қ. Мұқышев, Орман). 4. *Қапыда қалуды білдіреді.— А х!* малұрын!— деп Махамбетше қамшысына ұмтылды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *А х,* айнымалы қыз... (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *А х,* солай ма еді!— деді майор (К. Тоқаев, Тасқын). 5. *Ышқынғандықты білдіреді.— А х!*— деп шалқасынан құлай кетті (С. Шарипов, Шығ.). *А х!*— деп, ышқынды Уәли (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

АХАЛ-ТЕКЕ з а т. с ө й л. **Ақал-теке.** Жарысқа ұшқыр аттар мен биелер қатысады. Олар *ахал-теке,* қарабайыр, кабардин, дон тұқымды жылқылардан шығады (Т. Әлімқұлов, Өнерпаз.). Түркменияда өсіріліп тараған атақты *ахал-теке* жылқысы салт мінетін тұқым болып саналады (Зоология).

АХАУ о д. *Өлең айту кезінде дауысты жоғары көтеру үшін айтылатын сөз.* *А х а у* Бірлән, Әнім түрлен, Ән еді жаңа шыққан, *А х а у* үри-ай, Жастар, үйрен а-ай (Қаз. әндері).

АХА-ХАЛА е т. *Қарқылдап күлу.* Қалған соң қалайда да бәрін біліп. Рудаба *«а х а-х а л а п»* тұрды күліп. Көріндер олай болса, мінеки,— деп, Пердесін жауып қойған алды жұлып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АХА-ХАЛАУ *Аха-хала етістігінің қимыл атауы.*

АХА-ХАУ з а т. *Сауық-сайран, ойын-күлкі.* Студенттердің сауық-сайран, *а х а-х а у* өміріне де көп араласпай өз бетімен жеке тіршілік еткен (О. Сәрсенбаев, Даңқ).

АХА-ХАУЛА е т. *Күлу, қарқылдау.* Қыздарға ақыл айтып жүрді Қарға: Ие бол адамшылық, бойдағы арға, Адасып ақыл-естен *а х а-х а у л а п,* Өлсең де бауыздалып әуре болма! (Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғ.).

АХИРЕТ з а т. с ө й л. **Ақырет.**— Бұл дүниенікі осымен қанағат болар,— деді Айжан өксіп,— *а х и р е т т і* қайтеміз? (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).— Менің қарызымнан құтылғаның болсын, көзімнің тірісінде *а х и р е т* киімді дайындап қой,— деп еді Арай (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан).

АХРОМАТ з а т. м е д. *Заттың түсін ажырата алмайтын адам.* Заттың түсін сезбейтін адамдарды *а х р о м а т т а р* деп атайды. Оларға айналадағы нәрсенің барлығы бір түсті болып көрінеді (К. Жарықбаев, Психология).

АХРОМАТИКАЛЫҚ з а т. *Түссіздік, боясыздық.* Мәселен, қосарлап алынған таза спекторлық түстердің қосындысынан (қызыл мен жасыл, көк пен сары) *а х р о м а т и к а л ы қ,* бояусыз түстер (ақ, қара) шығады (К. Жарықбаев, Психология).

АХУАЛ а р. з а т. 1. *Хал, жағдай.* Достар, *а х у а л д а р ы ң* қалай? (Ө. Қанахин, Дәмелі). Сақа жігіт бала-шағасының *а х у а л ы н* сұрады (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). Екі көзден жас парлап ағып жатыр, Қасына Сағит келіп қарап отыр. Жауап қылып *а х у а л ы н* сұрайын деп, Көңіліне әрбір қиял алып отыр (Батырлар жыры). 2. *Жайы, күйі.* Қоспан Қасболатың күдік пен үміт аралас іштей дірілдеп тұрған *а х у а л ы н* таныды да, жаңағы бір «өзімше кетсем қайтеді» деген ойын іркіп қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Иә, достым, маған қоқаңдағанмен, сенің де *а х у а л ы ң* осындай ма еді? (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Күздің қарасуығында киіммен суға кете жаздап, өзен жағасында қалшылдап отырған адамның *а х у а л ы* әркімге де түсінікті болар (Ол күнд. даңқы).

АҺ о д. 1. *Кіжіңгендікті, ыза болғандықты білдіреді.* *А һ,* соғыс, соғыс! Сенің көп кезеңің мен қырларыңнан асқан жауынгерлеріңе не көрсетіп, не сездірмедің?! (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). *А һ,*

мына соққан тап беруден тайынбайды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 2. *«Дариға» сөзінің алдында келіп, армандағандықты, өкінгендікті білдіреді.* Алты қаз айналып ұшып жүргенде Төлеген көріп, *«а һ, дариға»* деп, қимылдауға халі келмей жатқан жерінде сол қаздарға қарап «бір сөз» деді (Қыз Жібек). *А һ, дариға,* көлде ойнап жүргенде кіші сіңлім жоғалған еді, соның орамалы екен ғой (Қаз. ертегі.). *А һ, дариға-ай* не ойлайын, Опасыз өткен дүние боқ. Өттің дүние баянсыз, Аллаға іс пе аянсыз (Батырлар жыры). 3. *Таңдану, таңырқау сезімін білдіреді. «А һ,* Ержан ғой, даусы қандай ащы!» — деп, ойлады Раушан (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).— *А һ,* не дейсің, Раушан да, Люба апай да?.. (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).— *А һ!* Қайта айтшы? Не дедің? Қой, түсім шығар!— дегеннен басқа сөз айта алмай Аппақ тұрды теңселіп (Ғ. Сыланов, Асау арна).

◆ **Аһ ұрды.** *а) Аһылады, үһіледі, күрсінді, қайғырды.* Әйелдің бәрі үнсіз жылап, *а һ ұ р ы п,* күрсініп отыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Әлди, балам, алда жар! Армансыз дүние кімде бар? Біреудің болып көңілі шат, Армандылар — *а һ ұ р а р!* (С. Сейфуллин, Шығ.). Түйіп ап қабағын, Үһілеп, *а һ ұ р ы п.* Жейді әрең тамағын, Ашуын шақырып (М. Рашев, Біле қойдым). *а) Қапы қалды, өкінді.* Алып шығып жұмысын істетеді, *А һ ұ р ғ ы з ы п* бармақты тістетеді... Өмір өтіп күйбеңмен, күш кетеді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Ойлап па ем бұл есікті қайта ашам деп? Уә, өмір, шатқалың мол тасаң да көп. *А һ ұ р д ы м,* аңғал, албырт арыстандай Мерт болған аспандағы айға атам деп (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Атаңды сағындым деп асығарсың, Сабаққа көңіл берсең басыларсың; Ата-анаң өнер білсең асырарсың, Надан боп, білмей қалсаң, *а һ ұ р а р с ы ң* (Үш ғасыр.).

АҺА о д. 1. *Риза болғандықты, табалағандықты білдіреді. А һ а,* ауна фашист, ауна, өлі тиген малдай ауна! (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). *А һ а,* қорқайын дедің бе? Солай ма екен? (М. Иманжанов, Көк белес). *А һ а,* олай десең айғақ болма (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). 2. *Растағандықты, мақұлдағандықты білдіреді.* Тамаша емес пе?— *А һ а* (Т. Ахтанов, **Қаһарлы күн.**).

АҺЛА е т. *Қайғыру, уайымдау; аһ ұру.* Сіз құр *а һ л а й* бермей, өртті өшіретін құрал беріңіз жұртқа (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Шығара ма бұл да шер, Анда-санда *а һ л а п,* Әлде бұл да жау ма екен, Екі көзі шатынап, Әлсін-әлсін ақырад (І. Жансүгіров, Поэм.). Дейді ол: «Өкінішсіз өндір едім, Елімде өмір жолы — кең, білемін. Тек күңгірт күйлер мені күйзелткенде, *А һ л а п,* ақ арымды кеміремін (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

АҺЛАП-ҮҺЛЕП е т. *Қайғыру, қамығу, уайымдау.* Баласының бүгінгі ісі есінен шықпай, қарт күні бойы *а һ л а п-ү һ л е д і* (Ауызекі тіл).

АҺЛАП-ҮҺЛЕП у с т. *Қайғырып, уайымдап, күрсініп.* Учитель ағаң *а һ л а п-ү һ л е п* бірнеше күн ұйықтамады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *А һ л а п-ү һ л е п,* күрсініп, қабағын көтермей, қиналып Ләйлә жүр (С. Шарипов, Шығ.). Ал Ызбаркүл сағат жетіге дейін *а һ л а п-ү һ л е п* отырды да, Босаңбай келмеген соң ызбарланып, оның кабинетіне телефон соқты (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айт.).

АҺЛАП-ҮҺЛЕУ *Аһлап-үһле етістігінің қимыл атауы.* Аман-сау қалу жұмбақ болғанмен, әлі де үміт дүниесі көп. Соның үшін апаң және өзің үшін *а һ л а п-ү һ л е у д і ң* қажеті шамалы (С. Байжанов, Сыр.).

АҺЛАУ *Аһла етістігінің қимыл атауы.*

АҺЛА-ҮҺЛЕ е т. *Аһ-үһ деп қайғыру, қапалану, уайымдау.* Госпиталь түнде ығы-жығы жатқан адамға толады. *А һ л а ғ а н-ү һ л е г е н,* ыңырсыған, жылаған адамдар сығылысып жатады (Ғ. Мүсірепов, Достық сапары).

Аһ-Үһ о д. *Қайғырғандықты, уайымдағандықты білдіреді.* Ғашық боп ас ішпестен алды жатып, Қайғының батпағына белден батып. Аурудай аузын ашып *«а һ ү һ»* деп, Күні-түн дөңбекшіді жүдеп, қайтып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АЦЕТИЛЕН з а т. х и м. *Көміртегі мен сутегінің химиялық қоспасынан тұратын жанғыш, түссіз, улы газ. А ц е т и л е н* — түссіз газ, ауада жеңіл, суда тез ериді (Орган. химия). Ал кальций карбидінен қанықпаған көмір сутегі — *а ц е т и л е н* алынады (Химия өнімдері.). Химия өнеркәсібінің бір таңғажайып жаңа жасанды заттарының бірі — *а ц е т и л е н. А ц е т и л е н* таза күйінде табиғатта кездеспейді (Б. Ордабаев, Коммунизм.).

АЦЕТОН з а т. х и м. *Түссіз, жанғыш, иісті, суда еріғіш сұйық зат; органикалық*

еріткіш. Ацетон көп органикалық заттарды еріте алады (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Спирт, бензин, *ацетон* және басқа сұйықтар кейбір заттарға еріткіш бола алады (Химия). Өндірісте аса маңызды *ацетон*, бутил спирті сияқты заттар да микробтар көмектеспейінше алынбайды (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АЦИДОФИЛИН з а т. *Сүтті ацидофильдік таяқша бактериялармен ұйытып жасаған қышқыл айран.* Сүттің ашытылған өнімдеріне қатық, кефир, *ацидофилин*, айран, ацидофильдік сүт, қымыз жатады (З. Сейітов, Сүт. өндеу.). *Ацидофилин* мен ацидофильдік сүттің қышқылдау сүт дәмі және хош иісі болады (Бұл да).

АЦИДОФИЛЬ з а т. *Сүт қышқылды стрептококк пен кефир ұйтқысын қосу арқылы алынған органикалық зат.* Ацидофильді қатықты *ацидофиль* таяқшасын қосу арқылы жасайды (З. Сейітов, Сүт. өндеу.).

АЦИДОФИЛЬДІ с ы н. *Құрамында ацидофиль бар.* Балапанға алғашқы күндері шикі сок, қатты пісірілген жұмыртқа, *ацидофильді* сүт беріледі (Құс өсіруші.). Бұдан басқа 45 *кг* бидай кебегі, 12 *кг ацидофильді* айран және 40 *кг* нан ашытқысы керек (Бұл да).

АЦИДОФИЛЬДІК с ы н. с ө й л. **Ацидофильді.** *Ацидофильдік* сүт мал шаруашылығында да кеңінен қолданылады, іші бұзылған жас төлдерге беріледі (З. Сейітов, Сүт. өндеу.).

1. АШ с ы н. 1. *Ас ішпеген, тамақ жемеген; тоқ емес.* Мақсұт кешеден бері *аш*, қарны қабысып, бүйірі шаншады (Б. Шалабаев, Өмірде.). *Аш* та болсам, әдепсіз тамақ жемейтін, білімді бидің баласымын (Қаз. ертегі.). *Аш* адам ұрысқақ, Ақсақ қой тырысқақ (Мәтел). Шұбаландап жыбырлап жүрген әйелдер, бүгежектеген *аш* иттер, бәрі де ертең қардың астында қалатындай көрінеді (Ғ. Мүсірепов, Тула. толқын.). 2. *Ішіп-жемі жоқ, жетіспейтін.* Мен шынында *аш* та, жалаңаш та емес едім (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Жігіттің лаушыға келгендері, Көмілмей көрінеу қалды өлгендері. Тамақ *аш*, киім жыртық, жұмыс ауыр, Талмайтын көрге айналды келген жері (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.).

◆ **Аш бәледен қаш бәле.** *Шатақ құмар, жанжалқой адамдарға қарсы келме.* Ана Бұқабай сөйтіп жүріп бастықтарды ырқына көндіріп алды. Шамасы *«аш бәледен қаш бәле»* дейтін болуы керек («Қаз. әдеб.»). **Аш бел.** *Қыпша, нәзік бел.* Төремұрат бір қолын мойыннан, бір қолын *аш белден* салып, құлын мүшелі, аптық жалынды, қаралы жас сұлуды құшырлана сүйді (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Сыланданған сырғалы сұлу келіншек те ақ маңдайы жарқырап, *аш белінде* төгілген қолаң шашын серпе тастап үй төңірегіне су шашып жүр (Шопан серігі). Алтын балдақ ақ семсер, Саған арнап соқтырдым: Салып қойдым қынапқа, *Аш белің*е ілгейсің (Қыз Жібек). **Аш бөрідей.** *Жаланданған, аласұрған.* Майдан іші, маңайда ұрыс, Өмір, өлім арпалысқан. Жаулар тобы *аш бөрідей:* Араласқан, жағаласқан (Т. Жабаев, Із). Өтеген кетті жорытып, *Аш бөрідей* жаланған (Жамбыл, Шығ. жин.). Екі аяғы салақтап, *Аш бөрідей* жалақтап, Қинады жоқтық жанымды (Қамбар батыр). **Аш буйір.** *Нағыз буйір, дәл буйір.* Тұра тұр, бәлем! Сеніме, сені!— деп тістеніп, күндесін ыңқ еткізіп *аш буйірден* бір түйін қалды да, жүре берді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Аш буйіріңнен* қысып-қысып жіберсем, құлындағы сақау, құнандағы тістеуіңді айтарсың (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). **Аш кенедей.** *Жолап кеткен жеріне жабыса кеткіш, айрылмайтын.* «Аспанға мені ұшуға үйретші» — деп, Тасбақа қолқа салды бүркітке кеп. Болмады «Ұшпай-ақ қой» — десе-дағы, Жабысып *аш кенедей* көп езеуреп (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған, Ол заман ерге тұсау, зорға думан. Жалмап жеп айналасын *аш кенедей*, Семірген жұрт қанына нелер жуан (І. Жансүгіров, Поэм.). ⊙ **Аш көмек.** Кедейі — ер, Кеселі зор, Малды байдан сорлы жоқ. *Аш көмектің*, Жемдемектің, Босқа әлектің орны жоқ (Абай, Тол. жин.). **Аш қасқырдай.** *Анталады, қамалады, аранын ашты.* Қарашаның қаһарлы долы желі жортқан *аш қасқырдай* аранын ашып, жыланша ысқырады (С. Бақбергенов, Күй). Олар жолшыбай аяқ жетер жердегі ауылдарға *аш қасқырдай* тиеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.). Алды борап, *аш қасқырдай* қамалап, Бұрқыратып шашты қарды сабалап. Әйнегіне кабинеңің қар жабысты, Жолды болжау қиын болды шамалап (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Шалға айтты жарлығын, *Аш қасқырдай* анталап. Табының-

ның барлығын Әкетем деп арқалап (С. Мәуленов, Жолдас). **Аш өзек.** *Іші-бауыры.* Қимас адамның қазасы үстінде *аш өзегіңді* шарпитын күйік секілді бір сұйық запыран жүрегіңді тырналап, ішібауырыңды аралап өтпей ме (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Өрт жайлап *аш өзегін* ер жігіттің, Көзінен жас төгілген қан аралас (З. Қалауова, Таңд. шығ.). *Аш өзегім* бүгілген, Құба жонда жүгірген, Күңіреніп соққан жел ғана (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). **Аш өңді.** *Ашаң жүзді, аққұба.* Кішкене ғана бойы бар, жіптіктей орта денелі, қиғаш көз, *аш өңді* кісінің жасы қай шамада екенін біліп болар емес (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Қызыл саңмен тысталған көнетоз елтірі тұмағының екі құлағын ішіне жымырған, *аш өңді* аққұба бала кең лаваға үйіліп қалған көмірді терлеп-тепшіп вагонеткаға тиеп жүр (А. Теміржанов, Қазақст. жас.). **Аштан өлді.** *Аштықтан өлді.* Оның баласы «Нан! Нан! Нан! деп жатып *аштан өлді* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жылы сөз, бірақ ас бола ма? Ешкі бір күні *аштан өлді* (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Мына қызыл кеңірдектің өнері болмаса, Мұхит әлдеқашан *аштан өлген* болар еді (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). *Аштан өлген* кісінің моласы жоқ (Мәтел). **Аштан өліп, көштен қалды.** *Күн көре алмады, ел қатарына ілесе алмады.* «Ата, соны не қыласыз, мен тірі болсам, *аштан өліп, көштен қалам* деймісіз»— деп, жүре беруші еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Көкаяқ барда *аштан өліп, көштен қаламыз* деп ойламайтынбыз (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Осы Қазақстанда *аштан өліп, көштен қалған* кім бар! («Лен. жас»). **Қарны ашты.** *а) Тамақ ішкісі келді, жүрегі сазды.* Мен *қарным ашқан* соң тамақ іздедім (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Біздің ішіміз бұралып, *қарнымыз* да *ашып* кетті (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Аздап тамақ алыңдар, қайтарда *қарындарың ашады* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Алма дайын Құралай, Бал да дайын, Құралай! *Қарның ашып* қалды ғой, Айналайын Құралай! (Т. Молдағалиев, Құралай). ә) А у ы с. *Көңілі риза болмады, ренжіп қалды.* Қазанының сыртына қарап, *қарным ашып* отыр (М. Әуезов, Абай жолы). Жарыста республиканың бес рекорды жаңарды. Бұл жаман табыс емес. Бірақ, жоғарыдағы цифрлармен салыстырғанда *қарның ашады* («Лен. жас»). Бәрібір олардың айтқанына *қарның ашып,* көңіл түкпірінде әлдеқандай үңірейген қуыс қалатын (Бұл да).

2. АШ е т. 1. *Жабық тұрған нәрсенің есігін, бетін шалқайту, аңқайту.* Ол есікті ақырын *ашып,* жай басып үйге кірді (К. Тоқаев, Тасқын). Енді қалмақ сасады, Қақпаның аузын *ашады* (Алпамыс). Осы екі сандықты үйіне барғанша *ашпа* (Қаз. ертегі.). Шкафтарды *ашпаймын,* Кітаптарды шашпаймын. Кубиктерден үй жасап, Қызық ойын бастаймын (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Бір нәрсенің бетінде, үстінде тұрған затты алып тастау.* Мырзатай ұшып тұрып баланың бетін *аштық* (Б. Майлин, Шығ.). Әлден уақытта қар көміп тастаған терезені әлдекім *аштық* да, тымық үйдің ішіне көмескі сәуле түсе бастады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ертеңгісін оянғанда Күлəнда үстіне үйілген шөпті *ашып* жатқан Дәуренді көрді (Т. Ахтанов, Қанарлы күн.). Ол ыс салған індерді *аша* бастады (А. Хангелдин, Алғыс). 3. *Бір нәрседен арасын ажырату, ара қашықтығын алшақтату.* Молда маған орын нұсқаған соң, Оразалы мен оның қасындағы бала аралары *аша* берді (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Машиналарды тоқтатпаңдар, жігін *ашпаңдар,* түйдек жүргізіңдер (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Түнеріп түйіп қабақ түн қараңғы, Көрмейсің көзге түртсе бір адамды. Берікке мен ақырын сыбыр етіп, Жүр дедім жақынырақ *ашпа* аранды (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.). 4. *Бекітілген құлыпты кілтпен бұрау.* Кілтпен дереу кісендерді *аштық* да, «жыт» дегендей ымдады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Биғайша әшекейлі көк сандықты кілтпен бұрап «дық» еткізіп *аштық* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жолдыбай қалтасынан әлдеқандай бір кілттер алып, байқап көріп еді, бірі де *ашпады* (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). 5. *Айқындау, нақтылай түсу.* Өзің алмай, не үшін колхозға бересің, осыны *аша* кет (М. Иманжанов, Менің махабб.). Өлеңінде айтылған сырды жол-жөнекей әңгімесінде *аша* түсіп, өмірбаянынан аттамалы мағлұмат бергені бар (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ақын еңбегі әлеуметтік тартыстың құралы, қоғамдағы мінді *аштын,* соған өкім айтатын ұлы маңызы бар әрекет деп түсінеді (М. Әуезов, Әр жыл.). 6. А у ы с. *Бір нәрсені тыңнан ізден табу, әйгілеу, белгілі ету.* Бұны бізден бұрын Ермек

а ш қ а н,— деді.— Осының көмірін астық-қа, қойға айырбастап күнелтіпті (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Қарағанды көмір кенін 1833 жылы Байжанов Аппақ деген кедей малшы қазақ *а ш қ а н* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Дарвин *а ш қ а н* жалпы биологиялық заңдылық бойынша тұр аралық будандардың тіршілік қабілеті өте жоғары болады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 7. А у ы с. *Жаңадан ұйымдастыру, құру.* Сол Попов қазақ даласынан кен өндірісін бірінші рет *а ш ы п,* мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдіктер алған адам (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сөз етпей-ақ ақшасын, Балалардың бақшасын, *А ш п а қ* едік, қалайда. Мазамызды алар деп, Әжелері бағар деп, *А ш қ а м ы з* жоқ, алайда (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Болыс орталығынан клуб-театр, болыстың әр жерінен мектептер *а ш а д ы* (Б. Кенжебаев, Демократ жазушы). 8. А у ы с. *Жиналыс, митинг, тағы басқаларды бастау.* Жиналысты городской управаның бастығы *а ш т ы* (І. Жансүгіров, Таңд. шығ.). Мәжілісті *а ш ы п,* күн тәртібіндегі мәселелерді жұрттың қарауына салып отырды (Б. Майлин, Шығ.). Бәрі тысқа шығып, жиналған кедейлердің ортасына митинг *а ш т ы* (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

◆ **Айқара ашты.** *Шалқайта, кең ашты.* Қызыл вагон есігін *А й қ а р а а ш ы п* тастадық. Соқты самал есіліп, Ақты бұлақ тас жарып (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Ару қыз — көктем күш алып, Адымдай келді жасқанбай. Алатау алып құшағын, *А й қ а р а* соған *а ш қ а н д а й* (Жас қанат). Туырлықтарын түріп, жан-жағын *а й қ а р а а ш ы п* тастаса да, үй іші буланған моншадай ыссы («Лен. жас»). Аранын ашты. *а) Аузын ашты, жұтпақ болды.* Мен ұмтылдым созып қолды, Жылан жатты бөгеп жолды. Ысқырды да *а ш т ы а р а н ы н,* Жұтар ма екен ана сорды?! (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). *ә) Көз алартты.* 1939—1940 жылдардың қысында ақ-финдер аласұрып отпен ойнаған көбелектей біздің елге *а р а н ы н а ш ы п,* анталай лап қойысты (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). *А р а н ы н а ш ы п* жетуге, Асықты жау тура алға! Шекарадан кіруге, Қаруланып төнуге (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Арасын ашты.** А у ы с. *Араздасты, ренжістіі; бірінен бірі алыстады.* Сен саспа! Өз *а р а ң д ы а ш п а!* Заман өзі солай болды. Құрғақ айғайды қойып, Енді іске баста! (І. Жансүгіров, Таңд. шығ.). Трофим мен Ережептің *а р а с ы н а ш а* түскісі кеп, [Әшім] жан-жағынан түрткілейді (К. Оразалин, Ақ жазық). **Аузын арандай ашты.** *Аузын кең ашты.* Қара қасқа тұлпары *А р а н д а й а у з ы н а ш а д ы,* Ілгері қарай басады (Қамбар батыр). *А р а н д а й а у з ы н а ш а д ы,* Омыраудан көбік шашады, Дариядай жүйткіп тасады. Қаражан қамшы басады (Алпамыс батыр). Тәкаппар толқындар да, *а р а н д а й а у з ы н а ш қ а н* жайындар да, теңіз бетіндегі жалғыздық та қарттың сағын сындыра алған жоқ («Лен. жас»). Аузын ашты. *а) Таңданды, таңырқады, құмартты. А у з ы н а ш а* құмарта тыңдап отырған Көксеген әңгіме біткеннен кейін де аңырып біраз отырды (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Ләйлә сөйлегенде тыңдаушылар *а у з ы н а ш ы п* қарап тұрады, күнімен сөйлесе де олар жалықпайды (С. Шарипов, Шығ.). *ә) Аңырды, не істерін білмеді.* Ол жерге жетіп қонды тынбай жүріп, Жатқанда жабырласып, шатыр құрып. Тұраннан көп әскермен Пәрөң келіп, Аңқайып *а у з ы н а ш ы п,* қалды тұрып (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Аузын ашпады.** *Еш нәрсе айтпады, сөйлемеді, ләм-мим демеді.* Бай қалды *а у з ы н а ш а* алмай, Ашқанда, Айша ұзаған. Аптығын үнсіз баса алмай, Қалшылдап кетті ызадан (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Сұраншыны көргенде, *А у з ы н* ешкім *а ш п а ғ а н,* Аяғын қадам баспаған. Қарсы келген кісіні, Сүйретіп жерге тастаған (Жамбыл, Шығ. жин.). *А у з ы н а ш п а с а,* ақмақ та ақылды (Мақал). **Ауыз ашар.** Д і н и. *Ораза ұстау кезіндегі ауыз ашуға арналған тамақ, ас.* Уа, бәрекелді, қатын байғұс *а у ы з а ш а р ы н* әзірлеген екен ғой! (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Ауыз ашты.** *Ауыз ашарын ішті. А у ы з д ы* бүгін бір *а ш т ы қ,* енді 29 күн қалды,— деп, оразаның бірінші күні туралы қалжың айтты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Отыз күн *а у ы з а ш қ ы з б а й,* Күндіз тағам татқызбай, Батырған кім сорға?— Сопысынған молда (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). **Аш құлақтан тиыш құлақ.** *Бір нәрседен аулақ жүру, қақ-соқтан қашу.* Осыны сезген бағзы бір ақындар *а ш қ ұ л а қ т а н т и ы ш қ ұ л а қ,* барға қанағат етіп, асфальт жолмен тарта беретін секілді («Қаз. әдеб.»). **Ашса алақанында, жұмса [жұдырығында] жұмырығында.** *Еркінде, билігінде.* Аламановтың алқымынан алатын төреміз *а ш с а м а л а қ а н ы м д а, ж ұ м с а м ж ұ д ы р ы ғ ы м д а* болатын болды (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Аузын ашып қарап отырған қау-

ым Жақыптың *а ш с а а л а қ а н ы н д а, ж ұ м с а ж ұ д ы р ы ғ ы н д а* (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). Бұл шаққа дейін *а ш с а а л а қ а н ы н д а, ж ұ м с а ж ұ м ы р ы ғ ы н д а* болып келген ағайынның осы бір сөздерінде зіл жатқанын сезген Жұман да үндей алмай қалды (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Ашып айт.** *Анығын, тұрасын айт.* Неғылған поезд, міңгірлемей *а ш ы п а й т ш ы* сен маған! (М. Иманжанов, Таныс қыз). Менің жаза басып, қате кеткен жерім қайсы, сонда? *А ш ы п а й т ы ң ы з ш ы?* (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Айтайын деген ойды *а ш ы п а й т п а й,* ұшығын көрсете сөйлеу Бұхардың негізгі бір қасиеті боп саналады (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). **Бал ашты.** *а) Бақсы, балгерлер біреудің тағдыры туралы болжал айтты.* Мен бақсы болып *б а л а ш қ а н ы м* жоқ, молда болып садақа алғаным жоқ (Б. Майлин, Таңд. шығ.). Ол мені цыган деп қалса керек. Кәне, *б а л а ш а м ы з* ба, шығар картаңды!— деді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Бір күні патша жиды балгерлерін, Қарсы алып қонақ етті келгендерін. Мен үшін ойлаңдар да, *б а л а ш ы ң д а р,* Үш күнде хабарын бер көргендерің (Е. Бердин, Екі ойшыл.). *ә)* А у ы с. *Сәуегейлік жасады.* «Сібір» деген жалғыз сөзден Соғушы еді үскірік. Анықтап бір көрмей көзбен, *Б а л а ш ы п п ы з* түшкіріп (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Батыстың сәуегейлері** Совет өкіметінің ең алғашқы күнінен бастап *б а л а ш ы п,* жас мемлекеттің тағдырын болжаумен болды («Лен. жас»). **Басын ашты.** *Бір нәрсені айқындап алды, анықтады.* Әуелі бір нәрсенің *б а с ы н а ш а* сөйлейін, аға (М. Әуезов, Абай жолы). Сосын үй іргесіне келіп тұрып, сіздерге сәлемдеспей кетуді лайықсыз көріп, әдейі бұрылып едім,— деп, бұл келісінің де *б а с ы н а ш ы п* алды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Конференция көптеген мәселелердің *б а с ы н а ш ы п* берді («Қазақст. мұғ.»). **Бетін ашты.** *а) Бет ашар айтып, жаңа түскен келінді күйеуінің туған-туыстарымен таныстырды. Б е т і ң д і,* келін, *а ш қ а н ы м,* Жаңа жұртқа қосқаным. Жасы үлкенді сыйлап жүр, Құрмет қылып жасқанып (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Жас келіннің *б е т і н а ш ы п* болған соң, ай туа ауыл сыртындағы сайға барлық жастар жиналып, алтыбақан тепті («Лен. жас»). Келіннің *б е т і н* кім бұрын *а ш с а,* сол ыстық (Мақал). *ә) Бір нәрсені анықтады, айқындады.* Жиын-тойда сөзді Киікбай бастап, даудың *б е т і н а ш ы п* береді екен (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Тоқта, бір фактінің *б е т і н а ш ы п* берші. Нұрлан қайда қалды? (З. Шашкин, Сенім). Көптен бері булықтырған көп сөздерді көмейіне сақтап келген Мадихан біраз жайдың *б е т і н а ш ы п* салды (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). **Гүл ашты.** *Гүлдеді, шешек атты.* Қырдың қырқа, ойында Қызғалдақтар *г ү л а ш т ы.* Қызыл тақкан мойнына Жас ұланша жарасты (Ғ. Орманов, Ой қанаты). Алма *г ү л і н а ш ы п т ы,* Ара балын тасыпты, Көбелектер гулепті (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Ен далаға түр берсе, Күннің нұры аймалап, Айға сүйеп маңдайын, *Г ү л і н а ш с а* алма бақ (З. Қалауова, Таңд. шығ.). **Дүние есігін ашты.** *Өмірге келді.* Туғанда *д ү н и е е с і г і н а ш а д ы* өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен, Ойласаңшы бос қақпай елең-селең (Абай, Тол. жин.). *А ш а р* адам *д ү н и е е с і г і н,* Іздер базар бақырын. Базаршылар дүние есігін, Жабар қайта ақырын (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Есік ашар.** К ө н е. *Ескі салт бойынша күйеу беретін кәделердің бірі.* Қазақ ғұрпында күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, *е с і к а ш а р,* қол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар сияқты кәделерін алуға тиісті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Етегін ашып күлді.** *Мазақ етті.* Тұлпардан туған тұқым ең, Ере алмадың жабыға. *Е т е г і н а ш ы п* кім *к ү л м е с* Азғындаған шағыңа (Үш ғасыр.). **Жаңа өмірге есік ашты.** *Жаңа өмірге келді, аяқ басты. Ж а ң а ө м і р д і ң* нұрлы *е с і г і н* бірге *а ш қ а н,* Өз есінен шығарады сені кім! (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Біз қолға ұстап бақыт туын *Ж а ң а ө м і р г е е с і к а ш т ы қ.* Қартаюды білмейтұрғын, Бақытымдай мәңгі жастық (Т. Жароков, Шығ. жин.). Омар да *ж а ң а ө м і р г е е с і к а ш т ы,* Бейтаныс босағаға аяқ басты. Ескендір деген өзбек көмектесіп, Банкіге тілмәш болып орналасты (Қ. Тоғызақов, Өленд.). **Жол ашты.** *а) Жол берді, жүруге мүмкіндік туғызды.* Отырғандар ортасынан жарылып Динаға кең *ж о л а ш т ы* (С. Бақбергенов, Күй). Ол кенет түрегеліп, төңірегіндегі малдарды жайпай *ж о л а ш а д ы* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). «Суэц бітті, канал толды, Индияға *а ш т ы қ ж о л д ы!*» Деген үні газеттердің жер жарды, Тағы ілгері корабльдер қозғалды (Ә. Тәжібаев, Аралдар). *ә)* А у ы с. *Бағыт берді, жөн сілтеді.* Бұл мектеп

оның болашағына кең *жол ашып*, айтарлықтай білім берді (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Ұлы Социалистік Октябрь революциясы халық творчествосының еркін дамуына кең *жол ашты* (Е. Ысмайлов, Ақындар). Сәкеннің рабфакқа түсуге білімім жетпеген мені күштегендей алдырып, оқып кетуіме *жол ашып* бергені рас (С. Мұқанов, Өсу жол.). Көз жеткісіз көк аспан, Тұрушы ең тұтас күш болып, Оған да еңбек *жол ашқан*, Ұшты адамдар құс болып (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлеңд.). **Жұмған аузын ашпады.** *Үндемеді, ләм-мим демеді.* Злика *жұмған аузын ашқан жоқ*. Бұндайда үндемей жеңетін әдеті (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Досы кім? Ол кім болған? Бұл жайында *жұмған аузын ашпайтын* (З. Шашкин, Теміртау). Бізбен жолыққанын туралы *жұмған аузыңды ашпайтын* бол (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). **Көз ашпады.** *Құтыла алмады; бір нәрсенің өте көп болуы.* Оспан мен Смағұл алысу мен төбелесуден *көз ашпады* (М. Әуезов, Шығ. жин.). Құдайға не жаздық, қонақ та қонақ, *көз ашар* күніміз болмас білем (Б. Майлин, Шығ.). Биыл, құдайға шүкір, жауыннан *көз ашпадық*. Бір күн ашық болса, екі күн жауын (С. Байжанов, Жастық шақ). **Көз ашты.** *Бір нәрсемен көптен шұғылданды.* Бәле деп, жуандық деп, мал деп *көз аштық* (М. Әуезов, Абай жолы). Мына мен су маманы болсам да, *көзімді* егінмен *ашқам* (З. Шашкин, Сенім). Біз *көзіміздің* толқын тепкісінде *аштық* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Отыз жыл осы құмда жылқы бақтым, Малменен *көзін ашқан* көне қартпын. Жайлаймын жаз шыққанда Қаратауды, Келеді сіздерге мен мынаны айтқым (Пернедегі термелер). **Көзді ашып жұмғанша.** *Лезде, жылдам, тез.* *Ашып көзді жұмғанша*, Ұйытқып саулап келеді. Жазира кәпір қалмақтың Басын әкеп салады (Батырлар жыры). Ойраны шыққан осы арадан ауыр-ауыр ойларға батып аттандық та, *көзді ашып жұмғанша* жаңа Мары қаласына келдік («Қаз. әдеб.»). **Көзі ашық.** *Оң-солын танитын, сауатты.* Басқалардан гөрі *көзі ашық*, сауатты ағайын Сатылған мені құптады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Осындағы *көзі ашық*, сауатты шалдар мені пайғамбар жасына келдің дейді (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Оқығанның *көзі ашық* (Мақал). **Көзін ашты.** *Өмірдің мәнін үйретті, дүние таныттты.* Жаңағы аталған Михаэлисті Абай өз өмірінің кейінгі шағында еске алып: «Дүниеге *көзімді ашқан* кісі Михаэлис»,—деген (М. Әуезов, Әр жыл.). Жас жеткіншектерді оқытып, *көзін ашып*, ғылым жолына түсіремін деп асығып келемін (С. Көбеев, Орынд. арман). Заманың туды, кедейлер, Аттаныңдар топтаныңп! Өкімет тиді қолыңа, *Көзіңді аш* хат танып (Е. Қандеков, Өленд.). **Көзінді аш.** *Байқа, абайла, анықтап қара.* *Аш көзіңді*, баяғыдай байдың шахтасы жоқ! Совет қазынасы — еңбек қазынасы! (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). — Сендердің үкіметің біз! Мен! *Аш көзіңді!* (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Ежелден, сен — іздеген, мен — сұраған, Танып қой әрдайымда *көзіңді ашып!* (Айтыс). **Көзінді ашып қара.** *Абайла, байқа.* *Көзіңді ашып қара*, өйте берсең мен алынбаспын, алдымен сен ұшарсың (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Тыңда жолдас, сөзімді! *Ашып қара көзіңді!* Қырғауыл ұшып, қаз қонған Аққу келіп, жаз болған Алтайға қара маралды (Жамбыл, Шығ. жин.). **Көкірек ашты.** *Көңілі сергіді, тынысы кеңіп, жадырады.* Қош иісті көктем таңы *көкіректі ашып*, көңілді сергіте түсті (Көктем лебі). Сарқырап ылдиға аққан судың күші, Сары жел қоңыр салқын сайдың іші. Шалғыны көкорайлы белден келіп, *Ашады көкірегіңді* жұпар исі (Е. Қандеков, Өленд.). *Көкірек ашады* гүлдердің иісі, Біз жаттық қораның шетінде. Үрмеші майлыаяқ, шәуілдеп, Атамның мазасын кетірме! (Жас қанат). **Көңіл ашар.** *Көңіл көтерер, жан сергітер.* Күн шуақта маужыраған тоқ мысықтай, бітік көзін ашып-жұмып, «оң қолының» айтқан *көңіл ашар* әңгімесін ықылассыз тыңдап отыр (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Көңіл ашты.** *Сергітті, жадыратты, көңілін көтерді.* Өмір деген өксігімді баса алмаған жан едім, Бір жабыққан *көңілімді аша* алмаған жан едім (С. Ерубаев, Шығ.). Өзгелер естіп қоймасын дегендей, созыңқы баяу үнмен кейде қоңырлатып ән салатын, сөйтіп *көңіл ашатын* (Майдан). **К. . .і ашылды** [к. . .ін ашты]. *Масқара болды, абыйырдан айрылды.* Тек майордың күлгені керек деп, *к. . . ашылса* да, қам жемейді (М. Әуезов, Абай). Көзі барлар ойының Күлер *көтін ашқанға*. Қасиетін бойының Бекер төгіп шашқанға (Абай, Тол. жин.). **Кітап ашты.** Дін и. *Кітапқа қарау арқылы біреудің келешегіне сәуегейлік жасады.* Балгерлер *кітап ашып*, бал салады, Бәрінің айтқан

сөзі бір салалы. Ләмин шаһары сұлтанның қызын алсаң, Бір перзент тапса, өзі ұл болады (Батырлар жыры). Болған соң *кітап ашып,* балын салып, Отырды ұкамалар қайран қалып. Кашуаттың алдына әкеп бәрін қойды, Сіз айтып беріңіз деп көзі танық (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Осы жерін түсінбей Ойға шомды шал қайғы. Неге екенін кім білсін? *Кітап ашты,* бал жайды (Ө. Тұрманжанов, Қарлығаш). **Қабағын ашпады** [**ашты**]. *Тұнжырады, мұңайды. Ашпадың* алла *қабағты,* Қылмадың қабыл тілекті. Өле алмай шыдап отырмын, Зор құдайым салған соң (Абай, Тол. жин.). Адастың, Жақып! Адаспа, қайт! Тұнжырама, *аш қабағыңды!* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **Карта ашты.** *Картамен бал ашты.* Бар еді бір сұм кемпір Қаланың ең шетінде, *Карта ашатын* қу кемпір, Бақыл ойлы ниеті де (Қ. Мұқышев, Поэм.). **Қойнын ашты.** *Қарсы алды, қош көріп, жылы қабылдады.* Өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға *қойын ашып,* малын шашып жүр (Абай, Тол. жин.). Келді Жәмеш туған елге, *Аштың қойнын* туған ел де. Көрген қорлық, тартқан азап, Болды ұмыт шын өмірде (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлеңд.). Той қылып неше күндей құрып ойын, Баруға барлығы да сұнып мойын. Қамқорлық халқы үшін қылып ол да, Отырды ертелі-кеш *ашып қойын* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **Құшағын ашты.** *Қарсы алды, қабылдады.* Уа, кең дала, кең дала! Еркін байтақ ен дала. *Құшағыңды аш,* төсіңді аш! Төсіңе мені қысып бас (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Аймалар құшып ел-ана, Мұсасын — «бунтарь баласын». *Құшағын ашып* жер-ана, Гүлімен жазар жарасын! (Ж. Молдағалиев, Жыр.). Есен бол туып-өскен қайран елім, *Аша* бер *құшағыңды* шалқар көлім (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Оразасын ашты.** *Ертеңгі тамағын іште.* Ахмет әңгімесін дастарқанға отырған соң бастады: — Сағат он екі. Мен *оразамды* жаңа *ашқалы* отырмын (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Оразасын ашпай* жатып бүкіл ауылды басына көтере қарғанған Күлдерінің сөзін естіп, күл төгуге шыққан Теңге кемпір әлі ештеңеге түсінбей бетін шымшыды («Лен. жас»). **Сауатын ашты.** *Хат таныды, білім алды.* Мұғалім болып, жұмысшылардың *сауатын ашса* қайтеді? (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Шолпан *сауатын ашып,* панасыз балалар интернатында тәрбиеші болып істеді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). «Қазақстан әйелдері» журналы қазақ әйелдерінің *сауатын ашуда,* оларды ескілікке қарсы күреске жұмылдыруда көп еңбек етті («Қаз. әдеб.»). **Соғыс ашты.** *Соғыс бастады, жариялады.* Әскер жібергендей біз бір *соғыс ашып* жатқан қарсы тарап болыппыз ба? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Фашистік жалмауыздар *аштың соғыс,* Отанды азаматқа қорғау борыш. Жеңімпаз Ленин туын қолына алып, Айқасқа енді қырғыз, қазақ, орыс! (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Көнемін көпті көрген мен ақ шашты, Елімнің көптен жылдан жылға дәулеті асты. Көре алмай күндеп соны Гитлер сұм, Опасыз шартын бұзып *соғыс аштың* (Ақын жырлары). **Сыр ашты.** *Көңіліндегісін ақтарды.* Әңгіме басы сарабдал, Аяғы кетті ұласып, Бар шаруадан хабардар, Сөйлестік ұзақ *сыр ашып* (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Отырды олар дуылдасып, Жас өрендер, жас халық. Қайсыбірі *сырын ашып,* Өткендерін еске алып (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). *Аштым сырды* бір күні, Келе жатып егіннен. «Тойды қашан жасаймыз, Айтшы, Жамал?» — дедім мен (Т. Жабаев, Із). **Тәбетін ашты.** *Тамаққа деген ықласын күшейтті.* Панакс қышқылы адамның *тәбетін ашады,* нерв жүйесін тыныштандырады (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). **Түс ашпады.** *Қабақ ашпады, жадырамады, шешіліп ештеңе демеді.* Тен-Хи мен Рүстем *түс ашып* ештеңе сөйлеспеген еді (С. Бегалин, Ана қайраты). **Ұйқысын ашты.** *Ұйқыдан сергіді.* А, а, маған айтасыз ба? — дейді шофер *ұйқысын аша* алмай апалақтап (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Сен әуелі *ұйқыңды аш,* бар. Өзенге барып жуынып кел (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы). *Ұйқысын аша* алмаған әйелдер үрейленіп тұр (С. Ерубаев, Менің құрдаст.). **Шымылдық ашар.** Көне. *Ескі салт бойынша күйеу жасайтын ырымдардың бірі,* Олар «бисмелла» десіп есік ашты, күйеу босаға аттар, *шымылдық ашар* ырымын жасады (Ж. Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

3. АШ ет. *Кір қалдырмау, тазарту.* Тұзы, иоды жоқ су кірді жақсы *ашады* (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Сабын кірді *ашады,* Сабырсыз сырды ашады (Мақал).

1. АША зат. 1. *Екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан ағаш.* Зу-зу ұшқан оқтар барлаушылардың о жер, бұ

жерін жалап өтіп, кей-кейде жуан теректің *аша* бұтағына тиіп, үзіп түседі (Ә. Нұрпейісов, Құрляндия). Торғайлар жіңішке бұтақтың *ашасына* шеберлікпен ұя жасайды (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.). 2. *Арқалықты, яки бел ағашты астынан тіреп қоятын басы айыр тіреу; діңгек.* Бірақ ені жалпақ қораның төбесін тіреген ішкі *аша*лар алынбаған (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шахтерлердің үш-төртеуі тіреулік *аша*ларды ілгері тасып жүр (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Алтыннан, іштен тіреу он екі *аша*, Қаласың бұл байлыққа таң-тамаша. Үстінде *аша*лардың көк күмбез тұр, Алтынды жебелердің үстін баса (К. Райбаев, Жаңа толғау). 3. *Мал байлайтын айыр тармақты ағаш; мама.* Көшпелі ауылдағы ауқатты үйлер жайлауға шыққанда, ат байлайтын айыр бұтақты *аша*ларын ала келеді де, үй сыртындағы жырағырақ жерге қадап қояды. Сондай *аша* бұл үйде де бар екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). «Артельге ақысыз басы бүтін бердім» деп, кеңсе алдындағы ат байлайтын *аша*ға жұртқан бұрын малын әкеп матаған сол Уәйхан еді (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Ол ақ көбік болып, танауына мұз сүңгі орнаған жирен атын тура біздің үйдің *аша*сына байлады (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). 4. *Киім ілетін қысқа-қысқа ашалары бар ағаш; адалбақан.* Нығымет сырт киімдерін *аша*ға ілді де, жай басып келіп Мараттың қасына отырды (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Төсектің бас жағындағы уыққа тірелген қайың *аша*да әкемнің, шешемнің жаңа киімдері, таза орамалдары ілулі тұр (А. Лекеров, Қырдағы ән). Төселген төр жағына құрым сырмақ, *Аша*да ілулі тұр үш-төрт тымақ. Сүйелген босағада ағаш мосы, Домалап шәйнек, шелек жатыр құлап (И. Байзақов, Таңд. шығ.). 5. *Сайдың бір тармағы, саласы.* «Жиделінің сағасы дариядан алынады да, он бес шақырымдай шыққан соң екі *аша*ға айырылады, сол жерде шағын ғана шлюз тоспа бар (З. Шүкіров, Ізгілік із.). *Аша*сы Қарғалының керуен өткен, Қырықтайлақ, Жымиқы егін, жусан біткен, Алқапты, Бұлантыда, Ақшимүйір. Ұлтанды егіндік деп айтып кеткен (О. Шипин, Екі дастан). Бұл кезде біздің шопандар ауылы осы, «Қызыл үй» жолының жиегіндегі Тоқабай, Дүзбай *аша*ларындағы жайылымда болатын («Қаз. әдеб.»). 6. Ж е р г. *Айыр. Аша*ның сабы қысқалау екен,— деп, ол өз бойының шағындығын *аша* сабына жауып тұр (Ғ. Сыланов, Асау арна). Мен өз тегеурініме шыдайтынын ғана алам,— деп күлген Мотрбай Қарашаштың қолындағы *аша*ны алып шөпке бойлата сұғып, кейін қарай қайқайта тартып қалған. *Аша*ның сабы шарт етіп сынып кетті (С. Мұратбеков, Көкорай). Екеуі де сақалды, екеуі де орта жастағы шопандар қолында *аша*, үюлі пішен үстінде шөп тастап тұр (Көктем лебі). 7. С ө й л. *Шанышқы.* Стол үстінде мойын созған хрусталь шынылар, тамақ жейтін *аша*лар толып тұр (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан. шатағы). 8. К ө н е. *Болаттан екі айыр етіп соғылған найза. Аша*мен қарсы шапқан жауды шаншып, аттан құлатады (ҚСЭ).

◆ **Аша мұрт шаян.** З о о л. *Денесінің ұзындығы 2—3 мм, тұщы суда тіршілік ететін омыртқасыз жануар. Аша мұрт шаян* — тұщы су балықтарының негізгі қорегі (ҚСЭ). **Аша тұяқ.** *Сиыр, қой, ешкі сияқты малдардың жалпы атауы.*— Колхозымызда *аша тұяқ* ырымға табылмайды (Т. Әлімқұлов, Күрең өзен).— *Аша тұяқ* қалмасын. Сойып тастасын бары болса. Соны жеткіз (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). **Аша тұяқты.** *Айыр тұяқты.* Қазақ ССР Ғылым академиясы зоологтарының зерттеуі бойынша *аша тұяқты* аңдардың бұл түрінің аналығы 9—10 жыл, ал текелері 5—6 жыл ғана өмір сүреді екен (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Бұл ауру [аусыл] *аша тұяқты* малдарда [ірі қарада, қой мен ешкіде, шошқа мен түйеде] кездеседі (Ш. Қалықов, Қой. ауру.). **Аша тұяқтылар.** *Сүт қоректілердің бір отряды. Аша тұяқтылар* күйіс қайырмайтындар және күйіс қайыратындар болып 2 отряд тармағына бөлінеді (ҚСЭ).

2. АША з а т. д и а л. Аяқ. Кешелі бері бір *аша*м бастырмай қалды деп отыр ол (Диал. сөздік).

АШАДДЫ с ы н. к ө н е. *Ашуы қатты, қатал адам.* Көп ауылдың төрт адамын бірден шақыртып, жапқызғалы отырған көрінесің. Ойланшы осыны. Анау [Аман] *аша*ддысы жігіт. Қайта көтерілетін түрі бар ғой (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бұл аяздай шақылдаған, ашуы қатты, *аша*ддысы, бір жуан сары еді. Жігіттерге зіркілдеп, көрмегенді көрсетті (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

АШАЛА е т. 1. С ө й л. *Айырмен көтеру, айырлау.* Шопанның атқа мініп түсуі, құдықтан қауғамен су тартып қой суаруы, қысты күні *аша*лап шөп көте-

ріп малға шашуы керек (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). Бұл шөбінді *а ш а л а п* та көрдің, енді міне, барлығын техниканың өзі атқарады, сен тек үстінде отырасың,— дейді Темекең («Лен. жас»). 2. *Айыру, жіктеу, талдау, саралау.* Айналды демей не дейін, Оны *а ш а л а п* берейін, Өрге үңіле қарашы, Анау алыс шығысқа (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Проза, поэма, роман, тағы басқа жанр, түр проблемаларын *а ш а л а п*, әрқайсысын көлеміне, өзгешелігіне икемдеп сынау кемде-кем ұшырасады (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Бір жақсысы жас жазушыларымыздың біразы өзінің творчестволық бетін, стиль ерекшелігін айқындай, *а ш а л а й* бастаған сияқты («Қаз. әдеб.»).

АШАЛАН е т. *Екіге бөліну, тармақтану.* Бесмойнақтың *а ш а л а н ғ а н* найза шындары бұлтқа оралып, жайлау үстін түнертіп жіберді (С. Бегалин, Жас бұтақ). Қалған безі кеңірдекті екі жағынан қоршап тұрады. Оның жоғарғы жағы *а ш а л а н ы п*, жоғары көтеріліп, төменгі жағы тұтасып кетеді (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). Өсімдіктердің түріне қарай эпидермис түктерінің құрылысында өзінше өзгешеліктері бар, мысалы, алманікі — мақтаның қысқа-қысқа талшығы тәрізді, аюқұлақтікі — шоқтанып *а ш а л а н ғ а н* бұтақ тәрізді (Т. Мұсақұлов, Өсімдік анатом.).

АШАЛАНУ *Ашалан етістігінің қимыл атауы.*

АШАЛАҢ с ы н. *Аш-жалаңаш.* Егер жазды күнгі қызу ауыр еңбекте шаршапшалдыққан және қысты күні *а ш а л а ң* жүрген жұмысшылар «Поп пен дворянин бізді өле-өлгенше қинауға мәмлелескен сияқты» дейтін болса, мұның ешбір таңданатыны жоқ (К. Маркс, Капитал, 1, 701). Арық жүріп семірдім, *А ш а л а ң* жүріп тойындым. Жарлы жүріп байыдым, Жалғыз жүріп көбейдім (Манас).

АШАЛАП-АШАЛАП ү с т. 1. *Шаныш-қымен бірнеше рет алып.* Мен өзім алып қойғамын, жақсы ниетіне рахмет,— деп Алқабай жақсы піскен семіз етті жеделдете *а ш а л а п-а ш а л а п* аузына тастап жіберді (С. Бегалин, Уақыт тынысы). 2. А у ы с. *Талдап-тәптіштеп, саралап.* Шырағым Ыбырай-ай, біз от басындағы адамбыз ғой. Рас, біздің сөзіміз шотаяқ тәрізді іліп тартпа ұтымсыз екені рас та шығар. Аға сұлтан ел билерінің де *а ш а л а п-а ш а л а п* тастаған үлкен сөздерін ести алмай жүрміз-ау дедім (С. Бегалин, Бала Шоқан).

АШАЛАУ *Ашала етістігінің қимыл атауы.*

АШАЛЫ с ы н. *Айыр боп келген.* Жоқ, еліктің ізі мұндай болмайды. Ол *а ш а л ы*, адымы алыс, мынау қысқа аяқты кішкене күдірдің ізі (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Жапырағы айыр тәрізді *а ш а л ы*, жиектері тілімделген, қатты болып келеді (С. Байғужиев, Аквариум.).

АШАМАЙ з а т. 1. *Балаға арналып, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған ер.* Телғозы түйық адам, көп сөйлемейтін момын кісі, кішкентай шегір көз сары баласын *а ш а м а й ғ а* мінгізіп, қасына тастамай ертіп жүретін көрінеді (С. Талжанов, Ұлдай кегі). Балаларды буыны қатысымен *а ш а м а й* ерттеп атқа отырғызып қояды. Сонан соң аттың құлағында солар ойнамағанда, кім ойнасын (Н. Баяндин, Құм асты.). Ол кезде үлкендер атқа, қорқақ емес балалар *а ш а м а й ғ а*, кішкентай бөпелер түйеге теңделген кебежеге мініп көшеді екен (М. Тиесов, Дала перзенті). 2. *Түйеге жүк арту үшін арнайы жасалған ер тәрізді сайман.* Беліне шом салып, екі өркешінің арасын жоталап биіктепті де, соның үстінен бастыра бір *а ш а м а й д ы* орнатып, мықтап шандып таңып тастапты (М. Әуезов, Абай). «Ауыр жол, ыстық күнде жанға жайлы болар» деп, түйеге кең *а ш а м а й д ы* орнатып, адам жатар арқасына төсек сап, белуардан кілем жайды (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Нар менен мая, үлекке Киізді арнап *а ш а м а й*. Келтіріп бәрін ретке, Тұратын етті босамай (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). Нар сәулетті — *а ш а м а й* (Мақал). 3. С ы н. А у ы с. *Арбиған, арса-арса.* Сол ұлттық тәуелсіздігімізді жойған Россия патшалығының өзі де құлады ғой,— деді есікке таяу отырған, *а ш а м а й* сүйекті, тарамыстай қатып қалған қара сұр жігіт (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Қос күрең арындай жөнелгенде, қосарындағы арық торының *а ш а м а й* сүйектері арбаңдап табан астынан шоқытып кетті (Қ. Жармағамбетов, Әнші — азамат).

АШАМАЙЛА е т. *Ашамай ерттеу.* Көкем мені тұрғызып, боз биені *а ш а м а й л а д ы* (М. Тиесов, Дала перзенті). *А ш а м а й л а п* тай байлап, Тай терлетсем, ойбайлап. Азырақ ағат іс қылсам, Әуліккен әкем айғайлап. Қозыда ұйқтап

қалғанда, Айырған анам «қой-қойлап» (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

АШАМАЙЛАН е т. *Ашамай тәрізді болу.* Екі жағы найзадай шаншылған, тіптік жалтыр көк тасты құздың ортасы *а ш а м а й л а н ы п,* шығырау шат боп біткен-ді (О. Бөкеев, Қамшыгер).

АШАМАЙЛАУ с ы н. *Ірілеу, кесек сүйектілеу.* Ұзын бойлы *а ш а м а й л а у* келген Қатша ерінің жүзіне жылы қарап қарсы алды (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АШАМАЙЛЫ с ы н. *Ашамай ерттелген, үстінде ашамайы бар. А ш а м а й л ы* тайға мінген бай баласының көбінің кейін құйымшағы өскендей көтерілісте атқа қонбауын енді бағалағандай (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Бара көр қазынаның бәрін артып, Жатқанда хабарланбай олар қапыл. Алдырды *а ш а м а й л ы* бір жүз нарды, Қаңтарда отыратын қарпып қарды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АШАМАЙЛЫҚ з а т. *Ашамай (ыңыршақ) тұратын жері, қыр арқасы.* Алда ала өгіздің *а ш а м а й л ы ғ ы н а* жабысып, Сәкен бала кетіп барады («Жұлдыз»).

АШАМАЙША ү с т. *Ашамай тәрізді, ашамайға ұқсас.* Оның ұзындығы сонша екі тізесі *а ш а м а й ш а* ербиіп, машинаның барабанын қалқалап тұр (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.).

АШАҢ с ы н. *Жұқалау, арықтау.* Қалашының үлкені — шоқша, ұзыншалау қара сақалды, орта бойлы, *а ш а ң,* қараторы кісі (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жақыптың *а ш а ң,* сіріңке қара жүзі қызылкүрең тартқан (Ғ. Мұстафин, Миллионер). «Ұмытайын бәрін де» деп бекінді. Бірақ, ұмыта алмады... Көзі күліп тұратын, *а ш а ң,* аққұба Нағжан бейнесі көз алдынан кетпей қойды (Д. Досжанов, Тұлпар ізі.).

◆ Ашаң жүзді [өңді]. *Аққұба өңді, жұқалау (кісі).* Оның қасындағы ұзын бойлы, *а ш а ң ж ү з д і,* қыр мұрын, қызыл шырайлы еркек — атақты аңшы Мәмбет (З. Шашкин, Өмір тынысы). Тұрды орнынан Әлімов, *А ш а ң ж ү з д і,* ақ маңдай. Көзінен от шалынып, Жұртты үйіріп алғандай (С. Мәуленов, Жолдас). Ол — талдырмаш денелі, бет сүйегі қушықтау, *а ш а ң ө ң д і,* ақсұрлау бұжыр кескінді адам екен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мұсатай елулерге жақындап қалған *а ш а ң ө ң д і,* ат жақты, мысықтың мұртындай тікірейген мұрты бар, ұзын адам еді (З. Иманбаев, Солм. гүл). Ашаң тартты. *Аздап арықтады, жұқаланды.* Бекзат сыртқа бұлардан бұрынырақ шыққан. Бір бес минут ішінде келіншектің дөңгелек жүзі *а ш а ң т а р т қ а н д а й,* қабағында кейістік бар (З. Шүкіров, Ізгілік із.). Тұла бойында қам ет жоқ ысылған чемпион бұрынғысынан бетер *а ш а ң т а р т ы п,* сұмдық мықшиып, алдындағы пешкалар мен фигуралардың үстінен сұрау белгісіндей иіле қарайды (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл).

АШАҢДА е т. *Арықтап кету, жүдеу.* Жалғыз-ақ ондағы балаға тән беті енді таралып, *а ш а ң д а п* кеткен (С. Шаймерденов, Болашақ.). Бір жағынан кәрілік, екінші жағынан сырқат жеңе бастаған есіл ер бұрынғыдан да *а ш а ң д а й* түсіпті (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Кейқауыс жұмған аузын аша алмады, Аяғын ұялғаннан баса алмады. Тұрғанмен кеуіпісіп, көзі көкте, Ажары оңып, бойы *а ш а ң д а д ы* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АШАҢДАН *Ашаңда етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Айтуардың өзі де осы құдық басында әншейінде қарақошқыл, қаракүрең көрінетін жүзі *а ш а ң д а н ы п,* сүйкімді реңіне кірді (Шопан серігі).

АШАҢДАНУ *Ашаңдан етістігінің қимыл атауы.*

АШАҢДАУ с ы н. *Арығырақ, жүдеулеу.* Осы арада, білегінде сағаты бар, портфель ұстаған, *а ш а ң д а у* ақ сұр әйел келді де, директорымызды киіп кетті (І. Жансүгіров, Әңгім.). Жасы жиырма бес шамасындағы ұзын бойлы, *а ш а ң д а у* келген бала өңді, шұбар жігіт екен (С. Шаймерденов, Мінез).— Құр сиырдан тұқ шықпайтыны өзіңе аян. Міне, өкіл айтсын.— Досым *а ш а ң д а у* қараторы жігітке қарап қойды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы).

АШАҢДЫҚ з а т. 1. *Арықтық, семіз еместік.* Жүзі *а ш а ң д ы қ т а н* тосын көзге әлде қайда жас көрінетін (М. Иманжанов, Көк белес). 2. А у ы с. *Жүдеулік, кедейлік.* Біз сөз етіп отырған өлеңдерден ұшырасатын ой жүдеулігі мен пікір *а ш а ң д ы ғ ы,* асылы, осындай жеңілтек көзқарастан туса керек («Қазақст. мұғ.»).

АШАР з а т. ж е р г. Кілт. *А ш а р ы м д ы* жоғалтып алып, үйіме кіре алмай жүрмін (Ауызекі тіл).

АШАР-АШПАСТАН ү с т. *Бір нәрсені толық ашпай жатып, тез.* Ол сыртқы

кең қақпаны *а ш а р-а ш п а с т а н* Төлегенді енгізіп жіберді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы). Бірақ күндегідей лыпылдап, бастық аузын *а ш а р-а ш п а с т а н,* қасына жетіп кеп тұрған көмекші секретарьды көрген жоқ (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). Құмар адам ертемен төсекте көзін *а ш а р-а ш п а с т а н* жатып темекіге ұмтылады (Е. Оразақов, Дәрігер.).

АШАРШЫЛЫҚ з а т. *Елдің тамақ жоқшылығына ұшырауы; жоқшылық.* Қалада *а ш а р ш ы л ы қ* басталып, ел нанға таласып жататын. Бүгін де топырлап, біреу алтының, біреу күмісін көрсетіп «маған бер» десіп жатыр екен (Мың бір түн). Әлдеқалай бір жылы құрғақшылық, қу тақыр болып егін шықпай қалады; ел *а ш а р ш ы л ы қ қ а* ұшырайды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). *А ш а р ш ы л ы қ* дегеннің аты өшті. Қазір күнін көре алмай отырған үйді қаладан да, даладан да таба алмайсың (С. Мұқанов, Есею жыл.).

АШ-АРЫҚ с ы н. *Ашыққан, арыған, жадап-жүдеген (адам).* Біз бір өңшең қатқан кедей емеспіз бе, мына теңізді сағалаған? Титығы құрығаннан кеп паналап, сағалаған өңшең бір шыр бітпеген *а ш а р ы қ* емеспіз бе? (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ауылдағы сіңірі шыққан *а ш-а р ы қ т ы ң* бірі — біздің үй (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Жаратты жабдығына барлық малын, Таратты *а ш-а р ы қ қ а* қалғандарын. Бар малдан шұбар шолақ аты қалды, Қарекет қылуына балалардың (Е. Бердин, Екі ойшыл).

АШАТҰЯҚ з а т. *Малдың аша тұяғына ұқсас өрнек. А ш а т ұ я қ* өрнегі (кейде айыр деп те атайды) сиырдың, қойдың, арқардың тұяқ іздерін бейнелеуден шыққан (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АШБАСПАҚ з а т. *Ашығудан болатын қой ауруы.* Ол кісінің білуінше қаракөл қойларына аса қауіпті екі түрлі ауру бар. Оның бірі — *а ш б а с п а қ* та, екіншісі — қибаспақ («Оңт. Қаз.»).

АШ-ЖАЛАҢАШ с ы н. *Киімсіз, тамақсыз; азып-тозған, жүдеген.* Ол жылдары соғыс қызып, шегіне жеткен кезі. Ел *а ш-ж а л а ң а ш* (З. Шашкин, Теміртау). Жиырма бірінші жылы, әкем өлген соң, қатты күйзеліске ұшыраған *а ш-ж а л а ң а ш* елмен бірге ар жаққа ауып кеттік (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Сондықтан қарт мұғалім бірнеше жерлестерімен бірге жаяу-жалпы, *а ш-ж а л а ң а ш,* туып-өскен жеріне қайта оралған еді (Ә. Шәріпов, Партизан.).

АШ-ЖАЛАҢАШТЫҚ з а т. *Аштық, жетімсіздік, жоқшылық.* Жұмаштың үлкен қызы Жаңылдан екі жасы үлкен, соның иығынан ауысқаны мұның үстінде, тойғанынан қалғаны мұның аузында. Әйтсе де, жетімдіктің қиыны *а ш-ж а л а ң а ш т ы қ* емес — кемістік (Т. Ахтанов, Дала сыры). Бұл кезде республикада бай-кулактардың жауыздық іс-әрекеттері, *а ш-ж а л а ң а ш т ы қ* негізінен жойылған еді (Т. Жанкелдин, Сәкен Сейфуллин). Дінге сенушілердің ол дүниенің «жұмағына» сендіруі адам баласын *а ш-ж а л а ң а ш т ы қ қ а,* жоқшылыққа төуелді ету болып табылады («Халық мұғ.»).

АШКӨЗ с ы н. 1. *Тамақсау, қомағай, қарны тойса да, көзі тоймайтын обыр.* Әңгімесінің бәрі тамақтан басталар еді, тамақпен тамамдалар еді. Олай болатыны асқан *а ш к ө з,* тамақсау еді, ылғи той-томалақты, қонған қонақты, өлгенге берілген асты, батаоқырды сөз қылар еді (І. Жансүгіров, Әңгім.). 2. А у ы с. *Қанағатсыз, сұғанақ.* Саттарова ойынынан байқалатын соңғы шешім — аналық жүрек пен *а ш к ө з* пайдакүнемдік іштей тартысады («Қаз. әдеб.»). Ол жасынан-ақ оқу дегенге *а ш к ө з* еді («Лен. жас»).

АШКӨЗДЕН е т. *Қомағайлану, қанағатсыздану.* Кейбір дүниеқоңыз жандарша бұлар әбдіренің ішіне нелер қымбат асыл бұйымды *а ш к ө з д е н і п,* басып тастаған шығар деп ойламаңыз (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Көп құмарттым өмірге, көп көрмедім, Үміт еттім, ұмтылдым, көп терледім. *А ш к ө з д е н і п* қайтейін, ей, болашақ, Көрмеген күндерімді өткер менің (М. Мақатаев, Қарлығашым).

АШКӨЗДЕНУ *Ашкөзден етістігінің қимыл атауы.* Жас баланың *а ш к ө з д е н у і* жақсы әдет емес. Онымен алғашқы күннен бастап-ақ күресу керек (Ауызекі тіл).

АШКӨЗДІК з а т. *Қомағайлық, қанағатсыздық.* Абайдың «Ескендір» поэмасын алсақ, әділдік пен жауыздықты шендестіріп, қан құмарлық *а ш к ө з д і к т і* әділдікке жеңдіреді (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

АШКӨЗДІЛІК з а т. с ө й л. **Ашкөздік.** Әкемнің дәулетін басып қаламын деп, күйеу баланың ұмтылуы — *а ш к ө з д і л і к* (Қызыл жалау).

АШКӨК з а т. б о т. *Қолдан егілетін шөп тектес біржылдық бақша дақылы;*

аскөк. Ашкөктің жапырағы уақ, сабағының басында сарғыш шоқ гүлі болады (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.). *Ашкөктің* жас жапырақтарын көк күйінде борщ, суп, салат сияқты тамақтарға қосса, оған жақсы иіс, сүйікмді дәм береді. Сол сияқты оны қияр, капуста тұздағанда да пайдаланады («Лен. жас»).

АШҚАРАҚ сын. 1. *Аштыққа шыдамсыз, оңаза.* Сен менен *ашқарақ* емессің. Жаңа ішім ас тілеп, ұлып жатқанда Катченко мен Байсалықов келіп кетті. Біраз әңгімелестік (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Ашқарақ* сопы дастарқан басына тезірек отырғысы кеп, іш дәреттің ырымын ғана істеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. *Қомағай, обыр, тамақсау.* Шынында Көксерек тамаққа өлгенше *ашқарақ* еді (М. Әуезов, Көксерек). Ал, Әзімбай ұлы атасы мен әкесі сияқты араны ашылған қомағай, *ашқарақ,* екі жүзді сұм, бірақ анағұрлым арам, су жүрек, ұсақшыл (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Дені сау бала арық, *ашқарақ* болып өссе, емшек сүтіне жарымағандығы болып саналады (Келіншектер.). Тар қазан тасқалақ, Мешкей адам *ашқарақ* (Мақал). 3. Ауыс. *Араны ашылған, қанағатсыз, тойымсыз.* Өмірге де, еңбекке де, білімге де қомағай, *ашқарақ* еді (З. Шашкин, Сенім). Міне, ғажап, сұлуды көрдім десем, От сезімнің ырқына көндім десем. Көбелек боп кететін түрім бар ғой, Көрсе қызар *ашқарақ* көңілге ерсем (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы). Тыңдаған лекция, оқыған ғылыми-әдеби кітаптар жан дүниеңді кеңейте түседі. Білімге деген *ашқарақ* көңілің үйренген үстіне үйрене бергісі келеді («Лен. жас»).

АШҚАРАҚТАН ет. *Қомағайлану, обырлану.* Ауру адамның көбісінің тамаққа онша тәбеті болмайды. Ал кейде олар *ашқарақтанып* күніне бес-алты рет тамақтанады (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). Нешеме күндей салынып ішіп жүрген Қалдыбайды алғашқы қарқында *ашқарақтана* сілтеп-сілтеп тастаған рюмкалар қалжыратып-ақ жіберді (А. Байтанаев, Асан). Тек кезқуйрықтар бұрынғысынша шатқалдың үстіне ұшып келіп, ұядан құлап өлген балапандардың өлімтіктерін *ашқарақтанып* жей бастады (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.).

АШҚАРАҚТАНУ *Ашқарақтан етістігінің қимыл атауы.*

АШҚАРАҚТЫҚ зат. *Қомағайлық, обырлық, тамақсаулық.* Сопы ағасының *ашқарақтығын* жақсы білетін Тәңірберген осында келгелі онан көзінің қиығын алмай, мұртынан күліп отыр еді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Абыройсыз бишараның түбіне осы *ашқарақтық* жеткен-ақ шығар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Мысалы, өкпешілдік, кінәшілдік, *ашқарақтық,* жалқаулық, еріншектік, сотқарлық тәрізді балалар өмірінде кездесетін келеңсіз қылықтарды ақын жылы юмор арқылы күлкі шақыратын дәрежеде көрсете білген («Қаз. әдеб»).

АШҚАРЫНДА үст. *Тамақ ішпеген уақытта, аш өзек кезде.* Жатарда тағы бір, түн ортасында тағы бір, *ашқарында* тағы бір — айналасы алты мезгіл ішіп те қарадым (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Ашқарында* болмаса, ас ішкеннен кейін күннің көзін пайдалануға болмайды (Ш. Көшербаев, Туберкулез). Буаз саулықтарды *ашқарында* суаруға және сүрлеммен азықтандыруға болмайды, олар пішен мен сабанды тоя жегеннен кейін ғана суарылады (М. Төлешов, Қой. қоздату).

АШҚЫЗ *Аш етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Сізге жағымсыз болса да, мына есікті *ашқызып* қоюды дұрыс деп таптым (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Шала тұтанған от өшіп барады екен, тоқсара қалап үрлеген сайын күл бұрқырап, түтін көзді *ашқызбады* (К. Оразалин, Ақ жазық). Дүкенін *ашқызып,* қымызын сатқызады десе, сен не деп тұрсың, әй, әкесымақ боздағым? («Әдеб. майданы»).

АШҚЫЗУ *Ашқыз етістігінің қимыл атауы.*

АШҚЫЛ сын. *Ащы, қышқыл.* Кальцекс — ақ таблетка, *ашқыл* дәмді дәрі. Тұмау-сүзекте бір таблеткадан күніге 2—3 рет ішіледі (Е. Оразақов, Дәрігер.). Талық (опа)— *ашқыл* ұнтақ. Тершіл аяққа, дененің қажалған жеріне сеуіп сылайды (Бұл да).

АШҚЫЛТЫМ сын. *Ащылау, қышқылтым.* Самал тербеткен жусанның *ашқылтым* исі тыныстыр тіпті кеңітіп, ауа орнына рақат жұпарын жұтып келе жатқан сияқтанам (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мұрнына тон терісінің *ашқылтым* исі келеді. Кеудесін бір нәрсе шаншып өткендей. Сол баяғы жиіркенішті шаншу (Т. Ахтанов, Дала сыры). Осы арада мен Ержанға

қай жерде жолығып, қалай достасқанымызды айттым да, *а ш қ ы л т ы м* айранның бір кесесін тастап алып, жүріп кеттім («Қаз. әдеб.»).

АШҚЫЛТЫМДАН е т. *Ащылану, қышқылдану.* Сарбаздар қой сойып, *а ш қ ы л т ы м д а н ы п* кеткен айрандарын ұсынып, қатқан ірімшік, жентгерін тосып, қонақ етті (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АШҚЫЛТЫМДАНУ *Ашқылтымдан етістігінің қимыл атауы.*

АШҚЫЛТЫМДАУ с ы н. *Ащылау, қышқылтымдау.* Михаил Иванович пен Арман ағай екі сүйменді қолға алып үкі оюға кірісті. Көп ұзамай дөңгелек үкі аузынан иісі *а ш қ ы л т ы м д а у* қара көк теңіз суы бұрқ ете қалды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

АШҚЫШ з а т. с ө й л. Кілт. Юланды оятпаңдар. Есікті сыртынан құлыптап кетіңдер. Әлгі *а ш қ ы ш ы ң д ы* Арыстанға бер (Ж. Тілеков, Жоңғар дала.).

АШПА з а т. *Партаның ашып-жабуға ыңғайландырып жасалған үсті.* Мына жазуды оқып отырмын. Ондай жазу мұнда да бар екен,— деді Бану қатардағы партаның *а ш п а с ы н а* үңіліп (М. Иманжанов, Көк белес).

АШПА-ЖАЛАП ү с т. *Бірде аш, бірде тоқ, жоқ-жітік; жетіспеушілік, тапшылық.* Ыбырай өңшең *а ш п а-ж а л а п т а р д ы* соңына ертіп алып, қала саламыз деп желіктіріп жүр (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин). «Байға қызмет істейміз» деп іргесін аулаққа салғанмен көп ұзамай *а ш п а-ж а л а п* күйге ұшырап, енді сол кеткен байдың босағасына қайта баруға ыңғай танытқан кедейлер тағы бар (К. Оразалин, Көктем.).

АШПАЛЫ с ы н. *Ашылатын, ашуға келетін.* Бұлар үйге кірді. Үй сырланған, асты-үсті тақтай, терезелері *а ш п а л ы* (Б. Майлин, Шығ.). Ортадағы шаңқан ақ үйдің екі *а ш п а л ы* сырлы есігін бірден ашып, жұртты бастап мырза енді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). «Егерде алып келсең, кісі жатпастан бұрын менің мынау *а ш п а л ы* алтын тереземнің тұсына алып кел»,— дейді (Ер Тарғын).

АШТА е т. ж е р г. *Шыныға ыстық қоламта салып алып, іші ауырған адамды ырымдау.* Біздің ауылда іші ауырған адамды *а ш т а п* жазатын кісі бар (Ауыз-екі тіл).

АШ-ТОҚ з а т. *Бірде аш, бірде тоқ күй.* Қазіргі күндері бұлар [кедейлер] *а ш т о ғ ы н* да елемейді (М. Әуезов, Абай жолы).

АШТЫ с ы н. 1. *Ауызды, тілді қуырып (ашытып) жіберетін дәм; тәтті емес.* Бір дәмді, бір дәмсізді қосып шайнап, *А ш т ы* ма, тәтті ме деп талғадың ба? Пенденің жұмыр басы не болмайды. Жетпесе жетем деген арманына (Айтыс). 2. Д и а л. *Ащы, удай.* Сорпаның тұзы *а ш т ы* екен (Қаз. тілі тарихы.).

АШТЫҚ з а т. 1. *Тамақ ішпегендіктен болатын организмдегі күй, жағдай; тоқ еместік.* Азар болса, *а ш т ы қ қ а* Тағы бір күн шыдармын. Алтын ассын есептен, Содан кейін армансыз, Қыл дегенін қылармын (Абай, Тол. жин.). Маңайында еш бір тамақтың иісі сезілмесе, *а ш т ы қ қ а* шыдау онша қиынға соқпас еді (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Бір күнгі *а ш т ы қ қ а* кім шыдамайды? Тамақ уайым емес, тек... (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 2. С ө й л. *Іші-жемнің жетімсіздігінен болатын ел ішіндегі күйзеліс, ашаршылық.* Доңыздың қысы да, жазы да *а ш т ы қ* болып еді (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Ол жүріп жатқан *а ш т ы қ т ы ң* себебі мен салдарын өте қысқа, тұжырымды, түсінікті тілде айтып берді де, одан қалай құтылу туралы пікірлерін ортаға салды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Алты айғы қыс тартқаны — *а ш т ы қ т ы ң* зардабы (Б. Майлин, Шығ.).

АШТЫҚ-ЖАЛАҢАШТЫҚ з а т. *Тамақтың, киімнің жетімсіздігі; жоқшылық. А ш т ы қ-ж а л а ң а ш т ы қ,* жалғыздық бәрі ұмытылды. Баяғы Бакуде тоқарь болып жұмыс істеген күніндегі секілді құшырланып әдемі әнді күшейте берді (С. Шарипов, Шығ.).

АШТЫЛЫ-ТОҚТЫЛЫ ү с т. с ө й л. Ашты-тоқты. Дымқос жер үйде бес айдан артық *а ш т ы л ы-т о қ т ы л ы* жатқан Жабай жарық дүниеге босанып шығуына өзі де асық еді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

АШТЫР *Аш етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қақпаны сәл ғана *а ш т ы р ы п,* Дәрмен Әлмағамбетті жөнелтіп салды (М. Әуезов, Абай). Айжан апыл-құпыл киініп, есікке қарай ұмтылды. Есін жинаған Нұрқат та төрден есікке бір-ақ аттап, *а ш т ы р м а й,* тұрып алды (З. Шашкин, Сенім).

АШТЫРУ *Аштыр етістігінің қимыл атауы.* Байлардың, саудагерлердің қоймаларын, дүкендерін *аштыруға* совдеп қаулы алған еді. Соған қарсылық көбейіп кеткен (Ғ. Мүсірепов, Көздесп. бір бейне). Билет таусылған соң, жабылып қалған кассаны қайта *аштыру* да мүмкін емес, жоқ билетті табу да мүмкін емес (М. Хайрутдинов, Алғашқы раунд.).

АШТЫ-ТОҚТЫ үст. *Бірде аш, бірде тоқ.* Ғаббас намысына тырысып: «*Аштытоқты* болсақ та бірге тұрамыз, өз үйім ашықса да бұны ашықтырмаймын, Қызылжарыңа жүре бер»,— деді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ал осы мандағы біреудің есігіне жүрген күнде олар ақыға жарытпайды. Киімге ескісін береді. *Аштытоқты* жүресің (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

1. АШУ зат. *Ыза, реніш, кейіс; бұлқан-талқан күй.* Қамар хатты оқып болған соң, бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі көудесіне симай, не *ашу* емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, қарап тұрып бір тынышсыздыққа қалды (С. Торайғыров, Шығ.). Қайратсыз *ашу* — тұл, Тұрлаусыз ғашық — тұл, Шәкіртсіз ғалым — тұл (Абай, Тол. жин.). Дәулеті әр бенденің бөлек-бөлек, Көтеке, *ашуды* қой, ақыл керек, Қымыздың қызуына желік қылған, Шайтан сөз топ ішінде неге керек? (Айман — Шолпан). *Ашу* тұрған жерде, ақыл тұрмас (Мақал).

⊙ **Ашу айтты.** Тегінде адам басы сау бола ма? Бойында тексерілмек дау бола ма? Ері *ашу айтса,* әйелі басу айтып Отырса бұрынғыдай жау бола ма? (Абай, Тол. жин.). ◆ **Ашу биледі.** *Ашуланды, ашуға берілді.* Әділбөктің бойын тағы да *ашу билеп* жүре берді (М. Сүндетов, Балық аула.). Бойын *ашу билеген* Қалаш та жылап жіберген (Н. Сералиев, Намыс). *Ашу билеп* ойы сөнген, Қабақ жауып қанталап көз, Қас қырандай аңға төнген, Тіл оралмай айтуға сөз (С. Бегалин, Өлеңд.). **Ашу буды.** *Ашу қысты.* Деев Бокшаның сөзіне іштей қатты жәбірленді. Ол *ашу буған* күйі Бокшаға тік бұрылып, тістене сөйлеп: «Айқайласақ бәріміздің де даусымыз бар, жөнсіз айқайды доғарыңыз»— деді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Ақырғы өлім сағатында, *Ашу буып* айбат еттім. Жан ұшырып шыжырымды Тоқсан бұрап, талқан еттім (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). **Ашуға басты.** *Ашуланды, ашу шақырды.* Жиналыстағылардың көбісі Нұртайдың жерін аламыз деген тосын әрекетті құптамай, тұлан тұтып *ашуға басты* (С. Омаров, Қайырлы жаз). Баламен оның болмайды ісі, Бейне бір жүрген бөтен кісі. Айыбын айтсаң, *ашуға басып,* Сол сәтте мүлде өзгерер түсі (Т. Жабаев, Із). **Ашуға булықты.** *Ашуланды, ыза болды. Ашуға булығып,* көзі қып-қызыл болып кетіпті (А. Хангелдин, Алғыс). Ал *ашуға булыққан* Әлпеш осы қаладағы мықты бір мекемеге бет алды. Бәрін де айтпақ, «кесірлі» көршіні бұл төңіректен құдырмақ (С. Шаймерденов, Мінез). *Ашуға булыққан* Төлеген енді ресторанға өзі келді (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Ашуға мінді.** *Ашу шақырды, ашуланды.* Мәжіліс залындағы жиналысты Голощекиннің өзі басқарды. Тоғжанов туралы съезде алынған қаулы, оның да күтпеген ісі болу керек, сондықтан *ашуға мініп,* мейліншe түтеп алған (С. Мұқанов, Есею жыл.). Менің арыз айтуға ыңғайланғанымды сезді білем, бай *ашуға мінді* (Б. Майлин, Шығ.). Көргеннен соң бұларды, *Ашуға мінді* Қабыршақ. Адамда жаман сол еді, Сақалы ұзын ақымақ (Қамбар батыр). **Ашуға тығылды.** *Ашуға булықты.* Раушан *ашуға тығылып* жылап жіберді (Б. Майлин, Шығ.). Жаңағы екі қыздың сөзіне қатты ыза болып, *ашуға тығылып* келген күйі сол еді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Ашу етті [қылды].** *Ашуланды, ашу шақырды.* Өнерпі бай үйіне келген соң, тазша баланың мұндай істерді істегенін біліп, қатты *ашу етіп,* бұл итті аштан өлтірейін деп, сандыққа салып қойыпты (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). Байдан кедей бөлініп, Байға қара көрінің, Кедей *ашу етпесін!* (Жамбыл, Шығ. жин.). *Ашу қылды* Қалқанға, Сиынады аруаққа, Диуана болып ел ақтап, Әзірленді бармаққа (Батырлар жыры). **Ашу кернеді.** *Ашу буды.* Мен ұшып түрегелдім, өнбойымды *ашу кернеп,* көзіме қан толып кетті (Ж. Саин, Жол үсті.). Судыр Ахмет кімге ұрынарын білмей, бойын *ашу кернеп,* түйіліп келсе үй іші көшуге әзір отыр екен (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қалшылдап *ашу кернеп* азар тұрып, Сайтанды қапылыста қағып ұрып. Шап етіп самай шаштан ұстап қалды, Шыңғырды сайтан, соғыс болды сарт-сұрт (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). **Ашу қысты.** *Ашу буды, ашуға тығылды. Ашу қысып* булыққаннан Әзбергенді боқтан жіберіп, қынынан

сапыдай ұзын қара пышағын суырып алған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Жақыпбектің өнбойын *ашу қысып*, құлағына дейін қып-қызыл болып, түтігіп қоя берді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Жәмила анау үйден сөйлей еніп, Жылады бірдеңе деп еңк-еңк етіп. Манадан *ашу қысып* тұрған Әжібай, Жіберді жүгіріп барып теуіп-теуіп (С. Торайғыров, Шығ. жин.). Ашу үстінде. *Ашулы кезінде.* Нияз *ашу үстінде* өзінің тым асып кеткенін сезді білем, ...қыз алдында қипақтап тұр (Т. Ахтанов, Махабб. мұны). Жаңа *ашу үстінде* қабылдамаған Үміттің кейбір ой-пікірлерін Шарипа қайыра есіне түсіре бастады (Ө. Қанахин, Мұрагер). Осы сөзді *ашу үстінде* айтарын айтса да қатты өкінеді, шошиды (Қаз. ертегі.). Батырлық майданда сыналады, ақылдылық *ашу үстінде* сыналады (Мақал). Ашу шақырды. *Ашуланды, ашуға мінді.* Содан ширыққан Құнанбай енді зеки сөйлеп, *ашу шақырды* (М. Әуезов, Абай). Астан-кестен, тас-талқан болып, *ашу шақырғысы* да келеді. Бірақ бәріне көзін жеткізгенше тізгінді тежей тұрмақ (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Автоматчик жолдасы, Бұған *ашу шақырды:* — Сен несіне түнжырап, Бола қалдың ақылды! (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Ашуы басылды. *Ашуланғанын қойды, тоқтатты.* Тек бір арнап айтқаны: «Әкесі жоқта келсін...» Ол кісінің *ашуы* әлі *басылмаса* керек (Ғ. Сыланов, Асау арна). Ермектің *ашуы басылған* соң, шешесі жылап-еңіреп: «Не жазығым бар?» — деп, баласынан сұрайды (Қаз. ертегі.). Ашуы келді. *Ыза болды.* Әуелбектің сол қолын ысырып тастап, оны беттен былш еткізді, бұған *ашуы келген* Әуелбек бір адым күрт ілгері аттап, Мырғалымның иегінің астын ала соғып жіберді (М. Хайрутдинов, Алғашқы раунд). «Қара атты Қамбар қарамай, Не себептен *кетті*», — деп, *Ашуы келді* долданып (Қамбар батыр). *Ашуы кеп* батырдың, Даусы ығырып ақырды, Жолдастарын шақырды (Жамбыл, Шығ. жин.). Ашуы қатты. *Адуынды, тез ашуланағын (кісі).* Бәрінен де қорықпаған болар едім, біздің шешей ашуланса, көпке шейін басылмайтын *ашуы қатты* кісі (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Біздің үйде ең *ашуы қатты* адам көкем еді. Оның қабағы қара бұлтша түнеретін (М. Тимсов, Дала перзенті). Ашуынан қайтты. *Ашуын қойды, тоқтатты.* Бірақ Ирамда *ашуынан* тез *қайтатын* да, күйеуіне қатты ықыласы түсіп кетіп, сүліктей бүкіл денесімен жабысып, құшақтап, сүйіп, тістелеп тастайтын (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қыйналмаңыз, бастығымыздың беделі үлкен, *ашуынан қайтып* мейірімі түссе, қандай бәледен болса да құтқара алады (Ә. Әбішев, Пьесса.). Ашуына тиді. *Ызасын келтірді, ашуландырды.* Сол *тиіп* комиссардың *ашуына*, Қарайды сұспен қырдың қашығына. Келді өзі қуғыншы боп құйындарды, Келген жоқ сұрапылдан қашып мұнда (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). *Тиді* бұл *ашуына* Қазыбайдың: — Жүгірмек, осы араға неге жайдың? Қара жол жоңышқаның түнегіме, Көгалы құрыды ма терең сайдың? (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). *Ашуыма* көп *тисең*, Өзекті жанға бір өлім, Орданды талқан қып шабармын (М. Өтемісов, Өленд.). Ашуыңды бас. *Ашуыңды қой, ызалануды тоқтат.* Қой қарағым, *ашуыңды бас* (Б. Майлин, Шығ.). Шеке аға, *ашуыңызды басыңыз*, мен сізді шақыртқаным жоқ еді, ана содырлы жылқышыңды шақыртып едім (С. Бегалин, Бала Шоқан). Отырыңыз *ашуыңызды басыңыз*, әңгіме шертейік, қарындас, сіз де отырыңыз,— дедім (Б. Момышұлы, Жауынгер.). Ашуы тарқады. *Ашуы басылды, ашуланғанын қойды.* Атантайдың қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі қорланып, Құрбанды өлтіртпей *ашуы тарқайтын* болмады (С. Торайғыров, Шығ. жин.). Содан, арада біраз уақыт өтеді. Менің солығым басылады. Шешемнің *ашуы тарқайды.* «Келе қойшы» деп, ол мені қасына шақырады (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). *Ашуын тарқатпай* және болмайды (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Ашуы түсті. Жерг. *Ашуы келді, ашуланды.* Сұлтанның сыртынан көрін қазып дайындап жатқан Бекбосын Садықбектің мына сөзіне *ашуы түсіп* кетті (К. Оразалин, Ақ жазық).

2. АШУ *Аш егістігінің қимыл атауы.* — Бұл кім бейуақытта жүрген, Раскольников емес пе? Аямас өсік *ашуға* бара жатты (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Ақиқатты *ашуға* осындайда, Адамзатта Лениндей көсем қайда?! Сұрақпенен жетелеп тағы ілгері,— Жеріңіз,— деді,— кешке сонша бай ма? (Д. Әбілев, Алтай асу.). Бірінші класқа қарындаш ұстауды, дәптерді *ашуды* үйретіп, ауада жаздырдым («Халық мұғ.»).

3. АШУ *Ашы етістігінің (1-ші омоним) қимыл атауы.* Жараның *а ш у ы* жаның адам айтқысыз қинауға салды (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.). Түтін кіріп көздің *а ш у ы* деген оңай нәрсе емес екен («Лен. жас»).

4. АШУ *Ашы етістігінің (2-ші омоним) қимыл атауы.*— Алыңыздар. *А ш у ы* жеткен қымыз ғой,— деп, әңгімені қымыздың айналасына тартты (І. Жансүгіров, Таңд. шығ.). Сондықтан сүттің *а ш у ы н а* жол бермес үшін, сүт сауылып алынысымен оны дереу салқындатып, температурасы 10 градустан аспайтын жерде сақтау қажет (З. Сейітов, Сүт. өндеу.). Мұның өзі кеспекте қалған ауаның ығыстырылып сыртқа шығуын, *а ш у* процесінің тездеуін қамтамасыз етеді (Келіншектер.).

АШУ-АРАЗ з а т. *Ыза, кек, наразылық. А ш у-а р а з ы* жоқ, сыбайлас отырған Мұрын мен Матай тойды жалғастырып жатыр (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы).

АШУ-АРАЗДЫҚ з а т. *Ызалық, наразылық.* Тұңғыш баланың адамға ыстықтығы қандай, Күлумза туғалы Зейнеп таяққа да үйреніп, *а ш у-а р а з д ы қ т ы* да жаба тоқып жүре берген (Б. Майлин, Шығ.). Тәңірберген осы отырған игі жақсыларға араларындағы үзілмей келе жатқан *а ш у-а р а з д ы қ т ы* тастап, ендігі жерде бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаратын кез жеткенін айтты (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). Атыраптағы жұрттың арпалыс әбігерінен де, *а ш у-а р а з д ы ғ ы н а н* да, тату-тәттілігінен де хабарсыз дүние (Т. Нұртазин, Мұрат).

АШУ-АРАЗСЫЗ с ы н. *Наразылықсыз, ұрыс-керіссіз.* Ағайын арасы бүтін болсын, *а ш у-а р а з с ы з* тұрайық десеңдер, әлі де болса тиімді уәделеріңді беріңдер (С. Омаров, Дала қызы).

АШУАТ с ы н. ж е р г. Ашылауыт. Малды ара тұра *а ш у а т* жерлерге жайып тұрған пайдалы болады (Ауызекі тіл).

АШУАТШӨП з а т. б о т. *Сортаңды, ащылы жерге өсетін шөп.* Түйе *а ш у а т ш ө п т і* жақсы жейді (Дмал. сөздік).

АШУГ и р. з а т. *Кейбір Закавказье халықтарының (азербайжан, дағстан, армян, т. б.) халық жыршысы; ақын, жырау. А ш у г* — Кавказ халықтары тілінде ақын немесе жырау деген сөз (Қ. Қуатбаев, Қысқаша муз. сөздік). Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл есімін бала күнімізден-ақ біздің *а ш у г і м і з* Сүлейман Стальскийдің есімімен қатар үлкен сүйіспеншілікпен айтып келеміз («Қаз. әдеб.»).

АШУДАС з а т. х и м. *Алюминий, хром, темір және басқа бір сілтілі металдың қоспасынан алынған екі есе күкіртқышқылды тұз; түссіз, мөлдір кристалл.* Алюминий латынның «алюмен», «квасцы»— *«а ш у д а с»* деген мағынадағы сөзінен алынған (А. Мырзабаев, Химия қызығы). Көптеген адамдар үйдегі аптечкаларда *а ш у д а с т ы* [квасцы] құрғақ күйінде сақтайды (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Егер табаны жаңадан тиген болса, оған 2—3 күнге дейін 2 процентгік *а ш у д а с* немесе сірке қышқылды қорғасын ертіндісімен салқындай компресс жасау керек (Ә. Әбішев..., Мал санитары.).

АШУДАСТАЙ с ы н. *Ащы, зәрлі.* Алайда, бір сыры бар *а ш у д а с т а й,* Тіс жарып басқа жанға жүрген шашпай, Ол сыры — әке кегі, таптық кегі, Байланған жүрегіне шер боп тастай (Д. Әбілев, Таңд. өлеңд.).

АШУ-ЗІЛ з а т. *Ыза, кейіс, біркіл.* Жандарал *а ш у-з і л і н* шашып шаң ғып, Келеді алып бізге тосын жарлық. Бай-болыс кілем төсеп жүр жолына, Сескенін әлпетінен шошынарлық (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

АШУ-ЗІЛСІЗ с ы н. *Ашу-зілі жоқ, кексіз.* Дәурен ешбір *а ш у-з і л с і з* күле сөйледі:— Оныңызға рахмет. Бірақ ол пікіріңізден қазір неге бас тарттыңыз? (І. Есенберлин, Айқас). Бір кезде баласына бұрылды да, *а ш у-з і л с і з:*— Ай, Өтешжан-ай! Саған не дейін,... баласың ғой?— деп ақырын ғана күйініш білдірді (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

АШУ-КЕК з а т. *Ыза, кек, кейіс.* Ескі *а ш у-к е к* — бәрі серпіліп, әлде қайда, ойға келмес бір түкпірге қашып тығылған секілді болды (Б. Майлин, Шығ.). Күллі әлемнің *а ш у-к е г і!* Орна менің кеудеме кеп. Жау жолына атам сені, Бомба бол да жарыл зіл, кек! (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Мұны Мейір естіді құлақ түріп, Барушы, келушіден сұрап біліп. Аттанды *а ш у-к е г і н* бойға жиып, «Осыны алмай тірі жүрмеймін» деп (С. Әлімбетов, Өленд.).

АШУҚОР с ы н. *Ашуланшақ, ызақор.* Халфе жеңілтек, адымы қысқа, *а ш у қ о р* сияқты көрінді Тоқашқа (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

АШУЛАН е т. *Ызалану, ашу шақыру; зіркілдеу.* Ысқақтың үйіне қандай *а ш у л а н с а* да, шешесінің мұндай реніштi сөздер айтып жылағанын Көркемтай көрген жоқ еді (С. Дөнентаев, Шығ.). Жаңыл менің сөзіме *а ш у л а н ы п*, тез сырт айналып, жұлқына басып кетіп бара жатты (А. Лекеров, Қырдағы ән). Қожайынға алтынды Алып бардым, сыйым деп. *А ш у л а н ы п* ақырды:— Қара мұның қуын,— деп (С. Мәуленов, Жаз ерке).

◆ **Ашуланған болды.** *Ашуланғансыды, өтірік ашуланды.*— Әй,— деді тағы,— рас айтам, қойныңды көрсеттің. Шауыпкел *а ш у л а н ғ а н б о л д ы* (С. Мұқанов, Аспаз). Бұған Нәзір бұрқырап *а ш у л а н ғ а н б о л а д ы*. Маржанды жақсы көрме дейді (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Момынбай *а ш у л а н ғ а н б о л ы п*, кемпірдің артынан қуа шығады (Қаз. ертегі.). Жатып кеп [жатты да] ашуланды. *Қатты ашуланды, күйіп-пісті.* Мен барысымен, Зибаш *ж а т ы п к е п а ш у л а н д ы* (Ауызекі тіл). Інгеннің мұрнына құрт түсіпті, басын сілкіп пысқырып жатқанын көріп, Судыр Ахмет *ж а т т ы д а а ш у л а н д ы* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АШУЛАНҒЫШ с ы н. *Тез ашуланатын (адам).* Күнделікті өмірде тез *а ш у л а н ғ ы ш*, не болса соған көңіл аударатын күйгелек адамдарды кездестіріп жүреміз (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Ұшып қонған дегбірсіз, *а ш у л а н ғ ы ш*, тағы біреулері бостау, жалқау болады («Халық мұғ.»).

АШУЛАНҒЫШТЫҚ з а т. *Тез ашуланғыштық қасиет; ашуланшақтық.* Жас өспірімдердің көңіл ауаны өте өзгергіш болады: өкпелегіштік және *а ш у л а н ғ ы ш т ы қ* байқалады (Адам анатом.).

АШУЛАНДЫР *Ашулан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Оны айтасың, анадан бір ақынды *а ш у л а н д ы р ы п* та алдым (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ақсақал, бұл кісіні *а ш у л а н д ы р м а ң ы з* (Д. Еркінбеков, Шығ.). *«А ш у л а н д ы р м а ң ы з д а р* мені, Порок сердцемін»,— деді «Жүрек қабым кеңіп, Кетуім мүмкін өліп» (Ш. Смаханұлы, Тотияйын).

АШУЛАНДЫРУ *Ашуландыр етістігінің қимыл атауы.* Үнемі тыйым салу, жиі айқайлау оны қатты *а ш у л а н д ы р у ғ а* дейін жеткізеді, осыдан келіп балада қызбалық пен қиқарлық пайда болады (Семья тәрбиесі).

АШУЛАНТ *Ашулан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қоя тұршы, ағатай, ашуланбай, Не боп қалды соншама сұрланғандай. Әлде апам қойды ма *а ш у л а н т ы п*, Әлде тұрып па едіңіз ұйқы қанбай (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.).

АШУЛАНТУ *Ашулант етістігінің қимыл атауы.*

АШУЛАНУ *Ашулан етістігінің қимыл атауы.* Тас-талқан болып *а ш у л а н у* себебін, енді шұғыл өзгеріп, кең пейілсуінің мәнісін сұрады (Т. Нұртазин, Мұрат). *А ш у л а н у д ы* да, асығуды да, әбігерленуді де білмейтін, ойы да шабандау бала болады (С. Көбеев, Орынд. арман).

АШУЛАНШАҚ с ы н. *Тез ашуланғыш, ызақор.* Е-е, Қайшаның өзі де *а ш у л а н ш а қ* қой. Аманбайды бөтен кісідей сынап жүреді екен ылғи (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Не бір *а ш у л а н ш а қ* келіншектердің мінездері бүгін жадырап кеткен (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Қайда көрсең кінәмшіл, Исабай тым шыдамсыз. *А ш у л а н ш а қ*, арызкеш — Мінезі бар ұнамсыз (Ш. Смаханұлы, Шимайбек.).

АШУЛАНШАҚТЫҚ з а т. *Ашуланғыштық, ызақорлық.* Оның шырт кететін *а ш у л а н ш а қ т ы ғ ы* да байқалған (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).— Папа, осы күйгелектігіңді, *а ш у л а н ш а қ т ы ғ ы ң д ы* қойсаң қайтеді? (С. Ерубаев, Шығ. жин.).

АШУЛАНЫС *Ашулан етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аян мен Айлақ оңашада біресе *а ш у л а н ы с т ы*, біресе қайта күлісіп әңгімелесті (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Айтыс дәстүрі бойынша ақындар бұндай сөздерге де *а ш у л а н ы с п а й д ы* (М. Әуезов, Әр жыл.).

АШУЛАНЫСУ *Ашуланыс етістігінің қимыл атауы.*

1. АШУЛЫ с ы н. *Ызалы, ашуланған.* Абай *а ш у л ы* үнмен енді өмір ете сөйледі (М. Әуезов, Абай жолы). *А ш у л ы* адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны; егерде ауызынан қара қан ағызса, домбыт, мақтаншақ яки қорқақ (Абай, Тол. жин.). Есік ашқан жігіттің де көзі шатынап, біреуді жұтып жіберетіндей *а ш у л ы* еді (С. Адамбеков, Көсенің көзі). ⊙ *А ш у л ы* жүрек, тентек қол, Жауабын бермес бірақ та. Куә бол, құрбым, сенсең сол. Жете алмай қалған бұл хатқа (Н. Шакенов, Айгүл).

2. АШУЛЫ с ы н. *Ашық қалған, ашық тұрған.* Қазір өзінің тап-таза үйіне келеді.

Стол үстінде *а ш у л ы* қалған дәптері қозғалмай орнында жатқан болар (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жасымда ерке болыппын. Бір күні *а ш у л ы* тұрған шаппаны бермейсің деп жер тепкілеп, жер-көкке тұрмай бақырып жылаппын (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Үстінде жазу столдың *А ш у л ы* жатыр бір кітап. Өлеңнің мына төрт жолын, Белгілеп қойған кім құнттап? (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

АШУ-РЕНІШ з а т. *Ашу және реніш.* Өкпені ортайтып, *а ш у-р е н і ш т і* басқысы келген Дикенді ол тыңдамады (Ә. Қалмырзаев, Ар).

1. АШУСЫЗ с ы н. *Ашуы жоқ, ашуланбаған.* Хат жазғаннан кейін, одан тағы да хат алдым. Ол хатында ешбір *а ш у с ы з* күліп жазады (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Мұның өзін де ешбір *а ш у с ы з,* жай айтты. Папамның осы бір жайбарақат сөзі мамамның шиқанының аузын жұлып алғандай жұлына жөнелді (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос.). *А ш у с ы з* ақыл тұл деуші еді, құр қаңғалақтағанмен ақылдан кендесің-ау өзің (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

2. АШУСЫЗ с ы н. *Ашылмаған, ашылусыз қалған.* Дәулет, Тоғанас үйлерінің бар жаны қырылып, есіктері *а ш у с ы з* қапты (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АШУШАҢ с ы н. *Ашуланшақ, шырт етпе.* Оның үстіне намысшыл, ызақор, *а ш у ш а ң* шал ел ішінде қайдағы бағы өрлеп, болып-толып тұрған кісілермен ұстасатын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мамам да *а ш у ш а ң* адам еді, менің арадан соққы жеп, сілейіп келгеніме бұлқанталқан болды (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Ауырған адамның өшнәрсеге төбеті шаппайды, көңілсіз, селқос болады, *а ш у ш а ң* келді (З. Сырғабаева, Токсоплазмоз.).

АШУШЫ з а т. *Бір нәрсені ашқан адам.*— Бұл теңіздің «Беринг» аталатын себебі не?—деді Амурский.—Алғаш *а ш у ш ы* — Беринг болғандықтан шығар (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

АШУ-ЫЗА з а т. *Реніш, кейіс.* Ақсақалмен төбелесерменге келіп, қамшысымен нұсқап-нұсқап өзеурейді. Қызыл шырайлы жүзі дуылдап, *а ш у-ы з а н ы ң* тұтанып келе жатқан өртін аңғартады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 1919 ж. өлеңдерде халық бұқарасының патша үкіметіне *а ш у-ы з а с ы,* наразылық-қарсылығы айтылды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Жазалаушы отрядтың қатты қырғындауы еңбекшілердің *а ш у-ы з а с ы н* күшейте түсті (ҚазССР тарихы).

АШУ-ЫЗҒАР з а т. *Реніш, кейіс, қаһар.* Дос көңілінің *а ш у-ы з ғ а р ы н* ыдыратуды өз міндетім деп санаған ол ашына, ашыла сөйледі (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

1. АШЫ е т. *Дуылдау, тызылдап ауыру.* Майор көктемнің жомарт шуағына ойлы жүзін тосып, жасаурап *а ш ы ғ а н* көзін уқалап, екі иығынан күрсіне дем алды (К. Тоқаев, Тасқын). Киіндім-ау, әйтеуір! Бірақ денем отқа салған темірдей қызып, дуылдап *а ш ы п* барады (А. Сарбөпин, Аспалы бесік). Күйіктің *а ш ы п* мазаны алатыны белгілі. Ол жерге таза спиртке малған бинтті сығып басу керек (Е. Оразақов, Дәрігер.).

◆ **Миы ашыды.** *Басы қатты.* Ол шүбәланып: — Бала неме, *м и ы а ш ы п* жүрмесе?— дейді.— Ашымайды, оқимын,— дедім мен (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Көңілім неге жасисың? *М и ы м* неге *а ш и с ы ң?* Ой түбіне жете алмай, Жүректі тырнап қасисың (С. Торайғыров, Шығ. жин.). **Удай ашыды.** *Өте қатты дуылдады, тыз-тыз етіп ауырды.* Арқам *у д а й а ш ы п,* мен бақырып жылап, орнымнан ұшып тұрдым (С. Көбеев, Орынд. арман). Бұл оты құрғырға не болды? Неге тұтанбай жатыр?— деді түтін кірген көзі *у д а й а ш ы п* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Екі саны *у д а й а ш ы п,* буындары үзіліп бара жатса да жігіт енді сыр білдірмей бақты (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Іші ашыды. *Өкінді, күйінді.* Колхоз тізгінін сыналмаған сенімсіз қолға ұстату одан да қиын. *І ш* осыған *а ш и д ы* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Қам жейсің, қайғырасың ұлың үшін, «Үш» алып келген күні *а ш и д ы і ш і ң.* Қызартып ел алдында жұрмесін деп, Ойлайсың ертеңгісін, бүгінгісін (М. Әлімбаев, Лирика). Мұғалімдер мен ата-ана арасындағы әлсіз байланысқа *і ш і ң а ш и д ы* («Лен. жас»). **Іші удай ашыды.** *Іші күйді, тым қатты өкінді.* Сөз сарынынан бұның да бос кеткен шортанды ойлап, *і ш і у д а й а ш ы п* отырғаны байқалады (А. Байтанаев, Асан). Ақыры қаттырақ соққан жел жаңа үйдің шаңырағын ортасына түсірді. Қапшама қаржының босқа кеткеніне *і ш і ң у д а й а ш и д ы* («Лен. жас»).

2. АШЫ ● т. *Микроорганизмдердің салдарынан органикалық заттарда болатын*

ыдырау процесі; бықыру, быжынау, шулығу. Күздің қымызы бүгін ерекше жақсы *а ш ы ғ а н* екен (М. Әуезов, Абай жолы). Кеспені татып көрсем шулығып, *а ш ы п* кетіпті (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Түтіге жеткен кездерде тор ішіндегі қарыннан тостағанға толтыра құйып, сүйсіне жұтқан *а ш ы ғ а н* бидай көже есімнен кетпейді (Ғ. Орманов, Жүрек).

3. АШЫ з а т. *Сортаң топырақ, тұзды көлде болатын саз балшық.* Киім тігілетін терінің майын кетіру үшін *а ш ы ғ а* салады (Ауызекі тіл).

АШЫ: **Жаны ашыды.** *Есіркеді, мүсіркеді, аяды.* Шын *ж а н ы ң а ш ы с а* Нұржанды құтқарып алудың қамын ойла (С. Мұқанов, Шығ. жин.). *Ж а н ы м а ш ы п,* аяп та барамын. «Осынша жылқыны жап-жас бала түнімен қалай жалғыз бағады екен»,— деп ойлаймын (Майдан). «Сөзді қой, жүріңдер айда! Мүмкін, *ж а н ы а ш ы р,* ойлар»— деп, қойлар ферма бастығының үйіне келді (М. Рашев, Біле қойдым).

АШЫҒУ *Ашық етістігінің қимыл атауы.* Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, *а ш ы ғ у ы ң,* қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің — бәрі бірдей (Абай, Тол. жин.). Бес күн ұдайы *а ш ы ғ у д ы ң* салдарынан жігіттер өте қатты қалжырағаң (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Мал *а ш ы ғ у д а н* гөрі шөлге төзімсіз келеді (С. Омаров, Қой. бағу.).

АШЫҒЫҢҚЫРА е т. *Аздап қарны ашу, сәл ашығу. А ш ы ғ ы ң қ ы р а п* келген жігіттер қосылған соң, табақтағы ет ауызға қолмен екі қатынауға ғана жетті (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АШЫҒЫП-АРЫП үст. *Қарны ашып, жүдеп.* Шаршап-шалдығып, *а ш ы ғ ы п а р ы п* келген балықтар өзен табанын екі күн, екі түн қазды (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

АШЫҒЫРАҚ с ы н. 1. *Айқынырақ, анығырақ.* Баяулау, қоңыр дауыспен бастаса да, қыза-қыза Нұржанның даусы *а ш ы ғ ы р а қ* шықты (З. Шашкин, Өмір тынысы). Шеше мінезін алған үлгі Жәмеште *а ш ы ғ ы р а қ* көрініп, қатаң болып біліметін (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Оңдағы жазушының ойы — кейбір үй тұрмыстарының суретін *а ш ы ғ ы р а қ,* образдарын мінез-құлық жағынан тереңірек етіп көрсету (М. Қаратаев, Туған әдеб.). 2. *Ашықтау, аздап ашылған.* Олардың алақандары *а ш ы ғ ы р а қ* тұрғанда алып қалғылары келіп, жолсыз даламен төтелей асуға беттерін бұрды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

АШЫҒЫШ с ы н. *Тез ашитын нәрсе.* Сүт жылы үйде *а ш ы ғ ы ш* келеді (Ауызекі тіл).

АШЫҒЫШ: **Жаны ашығыш.** *Мүсіркегіш, есіркегіш (адам).* Бір жағынан адам қайырымды да, *ж а н ы а ш ы ғ ы ш* сезімтал да болғанмен, бірақ ол адамдармен үйлесе алмаса, оның жақсылық қасиеттері көзге көрінбей, елеусіз қалады (Семья тәрбиесі).

1. АШЫҚ с ы н. 1. *Аузы, есігі, төбесі немесе үсті жоқ, жабылмаған (зат).* Аманжол ақ көбіктеніп қарқындаған атын бұрды да, нұсқаған үйдің қақпасыз, *а ш ы қ* қорасына кіргізді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Түн. Далада аздап жел бар. Зейнеп тұратын бөлменің терезесі *а ш ы қ* (Ө. Қанахин, Мұрагер). Жаңағы қабылдау залының төбесі *а ш ы қ* (М. Әуезов, Индия очерк.). Шәріп алдында бізге таныс кішкене қызыл дәптер *а ш ы қ* жатты (Көктем лебі). 2. *Ешнәрсе жоқ, бос (жер, алаң).* Бір метр жердің тарысын қырқып алған соң олар *а ш ы қ қ а* шықты (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). *А ш ы қ* жердің қарын дауыл жалап кеткен (С. Ерубаев, Менің құрдас.). *А ш ы қ* жерлермен аттап басып барып терезені ашты (С. Шаймерденов, Болашақ.) Ол алдын кес-кестей жүгіріп, қоянның бетін *а ш ы қ қ а* қарай бұрды (Н. Сералиев, Намыс). // *Қалқасы, ықтасыны жоқ (кең дала, шалқар теңіз).* Қатты аяз күні *а ш ы қ* даладағы қалың жылқының үстіне шөккен бұлт тәрізді (Х. Әбішев, Аспан сыры). Егін даласында оның қос комбайны *а ш ы қ* теңізге шыққан кемедей ырғалып кетіп бара жатты (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). 3. *Бұлтсыз, жауын-шашынсыз (күн, аспан).* Өзге жер *а ш ы қ* болып тұрғанда Арқалықтың бауыры көбінесе боранның босамайтын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Аспан *а ш ы қ,* ай жарық, Маужыраған түн еді. Мақпал көрпе, шай мамық, Қызыл жасыл гүл еді (З. Қалауова, Таңд. шығ.). Көл суы күн *а ш ы қ т а* көкпеңбек, күнді бұлт басқанда қарақошқылданып, айнадай аспанды суретке түсіре қойды (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). 4. *Анық, айқын.* Ақылы қостайды, шари-

ғаты қарсы. *Ашық* нәтуа бере алмай, түспалдай салды бір кезде (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ол да *ашық* жауап бере алмай: «Жолдас өз міндетіңді өзің білуің керек!» — деп, қабағын түйіп, жүріп кетеді (А. Машанов, Жер асты.). // *Үн, дыбыс жайында.* Ақша мандайлы, кең сұлу жүзді Үмітей *ашық* үнмен сыңқ-сыңқ етіп, үй ішіне естірте күледі (М. Әуезов, Абай). Елгезек жас жігіттің даусында толқу, тіксіну жоқ, үні сондай *ашық* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Өтініп Ақтопиға әнді қайта айтқыздық. Оның даусы *ашық*, әуені жіңішке екен (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). // *Бояу, түс жайында.* Бүгін тіптен тау-тас та, орман-ағаш та, бетегелі құладүз дала да жаңа бір *ашық* бояумен нақышталғандай құлпыра түскенін көрдің бе! (З. Шашкин, Сенім). Өңірі *ашық* ақ көйлектің киілгеніне де аз жыл болмаған сияқты (А. Тоқмағамбетов, Әке.). Тек әлден соң ғана пештің қуысында *ашық* қызыл бояу жұтқан жүнді алып, түте бастады (К. Оразалин, Көктем.). 5. *Әйгілі, көрнеу, жария түрде; жасырын емес.* Сабыр екінші аспапты ала бергенде, Анна шыдамады, атып тұрды. Ұялды ма? Жоқ, сүйгеніне білдірген *ашық* қарсылығы ма? Әлде жүрек бұйрығы ма? Кім білсін... (З. Шашкин, Өмір тынысы). Іштен шалудың орайын ойлап көріп еді, одан іс шықпаған соң, *ашық* жаулыққа барды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Қоқан бектері Шапырашты, Дулаттарға *ашық* күш көрсетеді (Е. Ысмайылов, Ақындар). 6. *Іркусіз, бүгусіз, шын ниетпен. Ашық* әңгіме екі жастың арасын көптен бері таныс адамдай жақындастырып тастады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Әй, Мәлік! Осы күңкілдің қажеті қанша, *ашық* сырласайықшы? Кәне, айтшы, өз көңілімен бөтен мінезін көрдің бе Раушанның? (З. Шашкин, Сенім). Нығмет бұл сөздерді айтқанда ағаттық жіберген жоқ. Мұндай іркусіз, *ашық* пікірді Марат та дұрыс түсінді (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). 7. *Жайдары, ақ жарқын.* Рабиға *ашық* шыраймен, үй қожасы әйелдің қалпына толық түсіп, шәй әзірлеп жүр (Б. Майлин, Шығ.). Ия неге таңданып қалдың, Оразжан? — деді аздан кейін Нұрым, өте *ашық*, сөзге де іркілмейтін Ораздың бегелгенін көріп (Х. Есенжанов, Тар кезең). Шырынкүл бұйығы мінезді, тұйық қыз емес. Әрдайым *ашық*, ақ жарқын, жүрген жері ойын-күлкі (Сауыншы шам-шырақ).

◆ **Айдан ашық.** *Айқын, ап-анық, белгілі.* Бәрі *айдан ашық*, енді қайырылар не бар. Мен Москваға тартып кеттім. Сол кеткеннен оқуды бітіріп бір-ақ ораддым (С. Бегалин, Уақыт тынысы). **Ашық ауыз.** *а) Аузында сөз тұрмайтын.* Ауызына осы бастан сақ бол, бала. Жасыңда *ашық ауыз* болсаң, өскенде ырбың ауыз боласың (Ғ. Мұстафин, Көз көрген.). *ә) Аңқау, сенгіш.* Жұрттың бәрі мендей *ашық ауыз* дейсің бе, кім көрінгенге сенетін (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Бұл мұрадына жету үшін колхозшылар арасындағы *ашық ауыздарды* да пайдалануы керек екен (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Ашық ауыздық.** *Аузында сөз тұрмаушылық, аңқаулық, сенгіштік.* Осындағы бас көтерер азамат Сәмет Томайұлының *ашық ауыздығына* қайранмын (С. Омаров, Қайырлы жаз). Өз *ашық ауыздығынан* көрмей, жаласын қазақ жігіттеріне жаппасын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). *Ашық ауыздығы* үшін, әрине, жауап береді (К. Тоқаев, Тасқын). **Ашық буын.** Лингв. *Дауысты дыбысқа біткен буын.* Бір дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға келіп біткен буынды *ашық буын* дейміз (Қазіргі қаз. тілі). **Ашық дауыс.** *Дауыс беруді қол көтеру арқылы жария түрде жүргізу әдісі.* Қазақстанның IV совет съезі, 1924 жылдың басында өтті. Ол кезде үкімет мүшелерін сайлау *ашық дауыспен* өтетін (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Ашық дауысты.** Лингв. *Ауыздың кең ашылуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс.* А дыбысы ауыздың кең ашылуынан, яғни иек пен тілдің төмен түсуінен пайда болатын мейлінше *ашық дауысты*, ал у — ауыздың келте ашылуынан пайда болатын мейлінше қысаң дауысты (Қазіргі қаз. тілі). Бұл процесті анық, айқын сезу үшін тыныс шығарғанда кейбір ызың дауыссыз дыбыстарды, мысалы, с, з, ш, щ, сол сияқты а, и, е *ашық дауысты* дыбыстарды пайдалану керек (Хормен жұмыс істеу). **Ашық жиналыс.** *Барлық адамдардың қатысуымен болатын жиналыс.*— Сағира, бүрсігүні партия ұйымының *ашық жиналысын* шақырамыз (С. Алдабергенов, Алға). Партия ұйымының *ашық жиналысына* қырдағы активті шақыру үшін әдейі кеткелі жатқан адамды да жібермей, хабарлай келмекші болған (Ж. Тілеков, Шалғай шепте.). **Ашық жүзді.** *Жайдары, ақ жарқын.* Әйелі орта бойлыдан жоғары,

толық денелі, ақ құба *а ш ы қ ж ү з д і* адам екен (Т. Ахтанов, Дала сыры).— Иә, білемін,— деді орта жастағы, *а ш ы қ ж ү з д і*, қырма сақал, орта бойлы сары кісі (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Қайратты шомбал дене темір-шойын, Ұстайды жасырыңқы ұзын бойын. Түзу бас, *а ш ы қ ж ү з д і*, айқын шырай, Кең жауырын, сұңғақ, күшті, берік мойын (С. Сейфуллин, Өленд.). **Ашық қайың.** Д и а л. *Ақ көңіл, жайдары.* Жеңге, құрбыларға әзілқой, ақ көйлек, *а ш ы қ қ а й ы ң* боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді (М. Әуезов, Абай). **Ашық қалдырды.** А у ы с. *Белгілі бір мәселе туралы қорытынды жасамады, шешімге келмеді.* Мүмкін, сіздің анау жақтағы жауынгерлеріңіз келгенше, мәселені қарамай, *а ш ы қ қ а л д ы р а* тұрар,— деді Алексей (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). **Ашық мінезді.** *Ақжарқын, аңқылдақ (адам).* Түріне қарап татар демесең, тіліне қарап айыра алмайсың: «қайным» деп күлімсіреп тұратын елдегі *а ш ы қ м і н е з д і* «мырза» жеңгейлер сияқты (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Жарқын Махметті *а ш ы қ м і н е з д і*, ақ көңіл, адал дос деп бағалаушы еді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бүкпесіз, *а ш ы қ м і н е з д і* Шәкір даңғырлап сөйлеп келеді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). **Ашық рай.** Л и н г в. *Іс туралы ұғымның болмысқа, шындыққа қатынасын көрсететін етістік сөз.* Етістіктердің жіктеліп жақты, сандылықты және шақты білдіріп құбылуы *а ш ы қ р а й* деп аталады (Қазіргі қаз. тілі). **Ашық сабақ.** П е д а г. *Белгілі бір мұғалімнің сабағына басқа мұғалімдер қатынасып, оған сын айту үшін өткізілетін сабақ.* Педагогикалық тәжірибесі аз, жас мұғалімдерге жәрдем көрсетіліп, оларға арнап *а ш ы қ с а б а қ т а р* жүргіземіз (С. Көбеев, Орынд. арман). Қазір мектепте республика және аудан көлеміндегі озат тәжірибелерді оқып-үйрену, *а ш ы қ с а б а қ т а р* өткізу, аптасына екі рет алмасып, сабаққа кіру істері жолға қойылды («Қазақст. мұғ.»). **Ашық хат.** *Көпшілікке арнайы жазылған хат.*— Ол үшін *а ш ы қ х а т* жазып, әлеумет сотына сап жүрмесе (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Тамақтанған соң ғана Жолдыбаев *а ш ы қ х а т т ы* сөз етті (Б. Соқпақбаев, Алыстағы ауыл.). Осы көктемде облыстың жас күрішшілеріне *а ш ы қ х а т* жазғанмын (Ы. Жақаев, Менің бақытым). **Басы ашық.** *Әйгілі, белгілі; даусыз (нәрсе).*— Бұл жұмыс барымтаға да, партияға да жанаспайды, *б а с ы а ш ы қ* ұрлық,— деді Қоқыш (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Ербосын аяғын жинады: «Менікі — *б а с ы а ш ы қ* күй ғой. От ортасына өзің қалмасаң жарар еді»,— деп ойлады ол інісі туралы (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). **Есік ашық.** А у ы с. *Жол бос, кедергісіз.* Келіңіз, аға. Ашу дұшпан, ақыл дос. Ашуыңыз басылған соң келіңіз. Сізге *е с і г і м і з* әр уақытта *а ш ы қ* (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ұйым жалшыға пайда, Жалдаушыға найза. Жалшыға ұйым *е с і г і а ш ы қ*, Ұйымға тез кіруге асық (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). **Жол ашық.** *Бөгетсіз, кедергісіз.* Жеушіге *ж о л а ш ы қ*. Ояздық милиция бастығы Байсейіт күн сайын таңертең терезеден қол созады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Сенің сырың күн сыры, Марсқа барсам *ж о л а ш ы қ*, Әлемнің асар қай ері, Ерлеріме күн ғашық (И. Байзақов, Шығ.). Кім боламын десе де, Таңдауына *ж о л а ш ы қ* Өмірі сай өсуге, Бақытқа туған жарасып (Т. Жароков, Шығ. жин.). **Көзі ашық.** *Әр нәрсені білетін оқыған, сауатты (адам).* Қазір жұрттың *к ө з і а ш ы қ*, ой өрісі кең. Өкіметке жаны ашитын жалғыз сен емес шығарсың. Солардың сөзіне де құлақ ассаң қайтеді? (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ол оқымысты болмағанмен, *к ө з і а ш ы қ*, қала жайын бес саусағындай білетін (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Көкірегі ашық.** *Әр нәрседен хабардар, ой өрісі кең.* Бұл көрсетілген істердің көңілдегідей болып шығуына жалпы халықтың күш-көмегі керек, хат білетін, көзі, *к ө к і р е г і а ш ы қ* қазақтың жалпы ынтасы керек (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). *К ө к і р е г і а ш ы қ*, Көпке ғашық, Анық менің құмарым (І. Жансүгіров, Тол. жин.). Қалың қолдан тайынбас, *К ө к і р е г і а ш ы қ* жүрегің. Өз анаңнан кем етпей, Тілегіңді тіледім (О. Шипин, Екі дастан). **Қабағы ашық.** *Ақжарқын, жайдары. Қ а б а ғ ы а ш ы қ*, жүзі жарқын, дүниесіне разы еді, нағып өзгеріп қалған (І. Жансүгіров, Әңгім.). Көңілдің кілті жатыр ықыласта, *А ш ы қ қ а б а қ*, сусын мен адал аста. Әркім қалай ойлайды, өзі білсін, Соны біреу ойлатты-ау бізден басқа (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Қара шаш, аққұбаша, *а ш ы қ қ а б а қ*, Жүзіне келешектің көзін қадап. Қиялдың құшағында отырғандай, Суреттен қазақ қызы тұрды қарап (Ж. Молдағалиев, Поэм.). **Қолы ашық.** *Жомарт, береген, еш нәрсесін аямайтын (адам).* Мінезі кішіпейіл, *қ о л ы*

а ш ы қ, көрікті, бай әйелдің жақсы атағын маңындағы ел көтере-көтере сыртқа жайып жіберген (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Қ о л ы а ш ы қ*, жомарт келіншектің қойған майы мен құйған шайы да, арасы торланған қызыл күрең наны да меймандарға жағып кеткендей, шайды бусана отырып ішті (Ғ. Орманов, Жүрек). **Шайдай ашық.** *Бұлтсыз, жауын-шашынсыз (аспан, күн).* Аспан *ш а й д а й а ш ы қ*. Бұлтсыз болғанмен көп жылқының тұяғымен көтерілген шаң қаракөлеңкелеп, күннің бетін жауып тұр (С. Шарипов, Шығ.). Аспан *ш а й д а й а ш ы қ*. Ойыл өңірі сарша-тамыз ыстық лептің құшағында («Қаз. әдеб.»). Мен автобус тосуға жаяулап тас жолға қарай бет алдым. Күн *ш а й д а й а ш ы қ* («Лен. жас»).

2. АШЫҚ з а т. п о э т. Ғашық. Ол тұрғанда көзім түспес өңгеге, Онсыз менің қасірет толар кеудеме. Ақын тілі — *а ш ы қ* тілі деуші еді, Айтып берші, айтып берші жеңгеме (Ә. Тәжібаев, Шығ.). Екі *а ш ы қ т ы ң* міне сыры, Қанбаса да құмары. Көл шетінде қалды бірі, Тағы кетіп сыңары (С. Сейфуллин, Өленд.). Гүлге *а ш ы қ* неше алуан бұлбұл сайрап, Тотыдай жүз құбылып гүл-гүл жайнап. Көктемде күн күркіреп, жасыл ойнап, Жарқырап найзағай от бұлтты айдап (Ү. Кәрібаев, Өленд. жин.).

3. АШЫҚ е т. *Тамақтан тарығу, аштық күйге ұшырау, қарны ашу.* Алыңдар, күні бойы егісті аралап, *а ш ы ғ ы п* қалдыңдар ғой, алыңдар, жеңдер! (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Аты *а ш ы ғ ы п* қалса керек, дорбаға ұмтылып, танауын желп-желп еткізді (Көктем лебі). Көрді де дайын олжаны, *А ш ы қ қ а н* түлкі ұмтылды. Төзуге шыдап болмады, Құртқан әбден құлқынды (С. Жиенбаев, Қарлығаш). *А ш ы қ қ а н н а н* құныққан жаман (Мәтел).

АШЫҚ-ЖАРҚЫН с ы н. *Жайдары, көңілді; тұйық емес.* Осы бір минуттарда үйге келген Қамбар күндегідей *а ш ы қ-ж а р қ ы н* емес еді (К. Оразалин, Ақ жазық). Біз бір ауылға бөлінген екеу едік. Қасымда өзіммен түйдей құрдас Досымбек дейтін *а ш ы қ-ж а р қ ы н* студент бар (С. Омаров, Тастағы үй). Ендігі бір ұнамды адамымыз Айсұлу ғой, кімнің қалай қарайтынын қайдам, бір кемшілігі — мінезі тұйық, *а ш ы қ-ж а р қ ы н* жүрмейді (А. Байтанаев, Асан).

АШЫҚ-ЖАРҚЫНДЫҚ з а т. *Жайдарылық, көңілділік.* Мұндай *а ш ы қ-ж а р қ ы н д ы қ* елдің бәрінде бірдей болмайды, балалар өздері қалаған жандарға ғана ағынан жарылып сырласады (Семья тәрбиесі).

АШЫҚ-ЖАРЫҚ с ы н. д и а л. Ашық-жарқын. Күлшік *а ш ы қ-ж а р ы қ* кісі ғой (Диал. сөздік).

АШЫҚ-ЖАРЫҚТА ү с т. *Жарықта, қараңғы түспеген кезде.* Мана қос тігерде неге байқамағанбыз. Түнде құлап кетсе қостан шығып та үлгіре алмаспыз. *А ш ы қ-ж а р ы қ т а* тезірек аударып тастаңдар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).— Әй, қарағым-ай, ол хабарыңды ертең құдайдың *а ш ы қ-ж а р ы ғ ы н д а-а қ* жеткізсең болмайтын ба еді? (А. Сатаев, Аққуды атпа.). Осынау *а ш ы қ-ж а р ы қ т а* Құмар анасының апсиған жүзін анық көріп, өзін-өзі әрең ұстайтын (А. Нұрманов, Ақ қу жұлдызы).

АШЫҚТАН-АШЫҚ ү с т. *Көпе-көрнеу, әйгілі түрде; еш нәрсені бүкпей, жасырмай.* Үшеуі де амалсыздан жүрген адамдар. Жұмыс үстінде *а ш ы қ т а н-а ш ы қ* сөйлесіп те аламыз (Ә. Шәріпов, Партизан.). Енді бірқатар ақын, жазушылар халықты *а ш ы қ т а н-а ш ы қ* жаңаша оқуға, орысша оқуға, өнер-білім үйренуге шақырды (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Фашистердің жаңа бір түрлері пайда болды да, олар әуелі бұқпантайлап, кейін *а ш ы қ т а н-а ш ы қ* әрекет жасай бастады (Бейбітшілік жасасын).

АШЫҚТАУ с ы н. 1. *Төңірегінде көп нәрсе жоқ, бостау, оңашалау (жер).* Итті бір жасқа толмай, әбден есі кірмей аңға ертіп шықпа. Жасқа толғаннан кейін құсы мол *а ш ы қ т а у* жерге алып шық (Ш. Айманов, Қыран тур.). 2. *Айқынырақ, анығырақ, ашық түстілеу.* Оның түсі көл суынан өзгешелеу — сәл қоңыр, *а ш ы қ т а у* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). 3. *Жайдарылау, ақ жарқындау.* Мен тұйықтау, ол *а ш ы қ т а у* болғанымен жасқанып тұрды (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Зиядаға қарағанда қыз басымен бұл *а ш ы қ т а у*, сөзуарлау (З. Иманбаев, Кең аймақ).

АШЫҚ-ТЕСІК с ы н. *Жыртық, тозған; бүтін емес.* Үйіңіз мынау — *а ш ы қ-т е с і к*. Жауын жауса паналайтын жері жоқ (З. Шашкин, Өмір тынысы). Ылғи жамаулы, *а ш ы қ-т е с і к* қараша үйлер, қайсысына түсерімізді білмей тұрғанымызда

есіктен құшағын жая қоқан Ыбырай шыға келді (С. Шарипов, Шығ.). Тақуа Харслейдің кабинетінде жазу столының суырмалары *а ш ы қ-т е с і к* екен (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

1. АШЫҚТЫҚ з а т. 1. *Жайдарылық, ақ жарқындық.* Қыздың ірге бермеген *а ш ы қ т ы ғ ы* мен шешендігі жігітті жеңді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Азамат мұны мәдениетті адамға лайық емес мінез ғой деп ойласа да, жеңгейдің надандығын, *а ш ы қ т ы ғ ы н,* арпыл-тұрпылдау адам екендігін ескеріп, кешірген (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Ол да осы ауыл адамына тән еркіндік, *а ш ы қ т ы қ п е н* келіп әркім жайын бас-басына қадағалай сұрай бастады (С. Шаймерденов, Болашақ.). 2. *Айқындылық, анықтылық.* Жазылған өлең, әңгімелердің басынан аяғына шейін мазмұны толық болуы; екі мағыналы, астарлы қыламын деп түсініксіз болып қалмауы; пікірінің жұмбақсыз *а ш ы қ т ы ғ ы*... (С. Мұқанов, Есею жыл.).

2. АШЫҚТЫҚ з а т. с ө й л. **Ғашықтық.** *А ш ы қ т ы қ* биік орман қосыларда, Жастықтың одан ыстық досы бар ма (Ә. Тәжібаев, Кешеден бүгінге). Бір күні ебін тауып жолығысты, Қойсын ба *а ш ы қ т ы қ т ы ң* дерті күшті. Сөйлесіп оңашада емін еркін, Пікірді түгел шешті ішкі-тысқы (Батырлар жыры). Аштық ас талғатпайды, *а ш ы қ т ы қ* жас талғатпайды (Мәтел).

АШЫҚТЫР *Ашық етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жарықтық, бұ түйенің еті бір тойсаң, *а ш ы қ т ы р м а й д ы* да, суыққа да бермейді,— деп Анаш кесек-кесегімен асайды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Бүркіт шақырған жемге келмесе, *а ш ы қ т ы р ы п,* аздан кейін тағы шақырып, өзі ұмтылып келгенше жем бермейді (Ш. Айманов, Қыран тур.).

АШЫҚТЫРУ *Ашықтыр етістігінің қимыл атауы.* Қойды тоқ кезінде қырқуға болмайды, сондықтан оларды ең аз дегенде 12—14 сағат *а ш ы қ т ы р у* керек (С. Омаров, Қой. бағу). Егер оған қарамастан адам қатты семіріп кететін болса, онда дәрігерлерге көрініп, солардың айтқанына сүйене отырып, тамақтың әр түрінен аздап ішудің күндерін белгілеу, яғни шала *а ш ы қ т ы р у* керек болады (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

АШЫҚТЫРЫЛ *Ашықтыр етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қозы дәрі берместен бұрын 10—12 сағат *а ш ы қ т ы р ы л а д ы,* яғни түнімен енесінен бөлек ұсталып, ертеңіне таңертең дәрі бере басталады (Қ. Омаров,... Қозы ауру.).

АШЫҚТЫРЫЛУ *Ашықтырыл етістігінің қимыл атауы.*

АШЫҚ-ШАШЫҚ с ы н. *Ашылған, шашылған; бейсауат.* Қала орталығында тонауға ұшырағандай *а ш ы қ-ш а ш ы қ* қалған магазиндер, ойран-сайраны шығып, орнында күлі ғана қалған өртенген үйлер (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Төсектер оңды жиналмай, *а ш ы қ-ш а ш ы қ* қалыпты (С. Бақбергенов, Біздің колхоз.).

1. АШЫЛ е т. 1. *Аш етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Бұлғарымен қапталған қалың қара есік жылдам *а ш ы л ы п* кетті (С. Шаймерденов, Болашақ.). Оның алдында баяндама текстісалынған папка *а ш ы л ы п* жатыр (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Қазақ театры алғаш музыкалық драма түрінде *а ш ы л д ы* (С. Мұқанов, Саяхат.). 2. *Ақтарылу, шешіліп сөйлеу.* Әңгіменің басы-қасында өзі болмаған соң, Кенжебек *а ш ы л ы п* ештеңе демеді (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бұрынғы бұйығып тұратын жабыңқы Сәрсенбай емес, *а ш ы л а* қалжыңдады (С. Бегалин, Төлбасы).

◆ **Абыройы [абұйыры] ашылды.** *Ұятқа батты, масқарасы шықты.* Қол ұстасып қыз Назым, Уағда қылсам сенімен. Бір жаман келіп малы көп Алып кетсе айырып, *А б ы р о й ы м а ш ы л а р,* Қайғыменен басылар, Ат басындай жүрегім (Қамбар батыр). Қара бойда дамбалдан басқа тұк жоқ, Оның-дағы балағы жырым-жырым. Тақсыр-ай ордаңызға қалай кірем, Жаладаш *а ш ы л ы п* тұр *а б ұ й ы р ы м?!* (Шернияз). **Арты [к.-.] ашылды.** *Күлкі болды.* Енді, үлкендер рұқсат қылмаған соң мақтанасың ғой, әйтпесе *а р т ы ң а ш ы л а р* еді? (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Тек «майордың күлгені керек» деп, *к... а ш ы л с а* да, қам жемейді (Абай, Тол. жин.). **Ашылып сөйледі.** *Ақтарыла айтты, шешіліп сөйледі.* Содан былай екеуміз *а ш ы л ы п с ө й л е с е т і н* болдық. Оңашада кездесуді тілейтін болдық (Б. Майлин, Шығ.). Қарт көз жасын тыйып қайраттанып, *а ш ы л а с ө й л е д і* (С. Омаров, Әңгім.). *А ш ы л а с ө й л е п* алдында, Ашына белгі бермедім. Сонымнан, бәлкім, жаздым ба, Адасып кеттің, ермедің (Н. Шакенов, Айгүл). **Бағы [бақыты] ашылды.** *Бағы жанды, бақытты болды.*

Ана Күлсияға обал болды-ау. *Бағы ашылмаған* сорлы өзі (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Арзы жас бір жетім қыз Қырымдағы, Жасынан *ашылмаған* оның *бағы* (Ғ. Малдыбаев, Қырым қызы). Жылама! Жалғыз сен емес, сендей *бақыты ашылмаған*, соры арылмаған қазақ қызы көп (С. Сейфуллин, Таңд. шығ.). Біреулер Бибінің *бақыты* енді *ашылды* деп сүйсінді (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс-ті.). Беті ашылды. *Ар-ұятты қойды, бір нәрсеге еркін араласты.* Дәме қыз, шыныңнан көп өтірігің, *Ашылған* ұятсыз боп *бетің* бұрын. Алдыма айыбымды сала ма деп, Сезіктен кетті өзгеріп сенің түрің (Айтыс). Көзі ашылды. *а) Оқыды, білім алды, жақсы-жаманды айыра білетін болды.* Оқып, *көзі ашылған* бірен-саран әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш бұтынан шыға алмай отыр (Б. Майлин, Шығ.). «Ой, тәйір-ай, облысыңның өзінде менен асқан адам жоқ екен ғой»,— деп жүргенімде, осы өткен жылы ғана *көзім ашылды* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Көз ашылды*, ондай жұмысқа енді аяқ басар ма екенбіз! (С. Шарипов, Шығ.). *ә) Азапқан құтылды, жаны жай тапты.* Осы жерде Дәкудің *көзі ашылған*, озат азамат болып, жаңа құрылысқа араласқан (Ш. Мұртазаев, Құрылысшы.). Әділдік деген немене, Білмеуші ек анық өзіміз. Жол сілтеп Ленин көрсеткен, *Ашылды* бүгін *көзіміз* (М. Әлімбаев, Таңд. өлеңд.). Болмайды ішкен асың ас, Қайтіп сүйек жасымас? Мұнымменен Қалқабай Сордан *көзің ашылмас* (Жамбыл, Тол. жин.). Аманғалидың жастық шағы ауылда жоқшылықпен өтті. Совет өкіметі орнасымен оның *көзі ашылды* («Қаз. әдеб.»). Күн ашылды. *Жауын басылды, бұлт сейілді.* Кеш батқан соң *күн ашылма* ма деп едім, ашылмады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Күн ашылып* ыси бастаса, Алатаудың мұз бен қары ери бастайды (С. Бегалин, Төлбасы). Ертеңіне жауын басылды, *күн ашылды* (Қаз. ертегі.). Соры ашылмады. *Бағы жанбады.* Барса барсыңшы, *соры ашылмас* па екен?— деді ойында (С. Мұқанов, Аспаз). Егін де шықпай қалды биылғы жыл, Өмірі *сорымыз* бір *ашылмады* (Қ. Бекхожин, Мариям.). Тығыны ашылды. А у ы с. *Үдей түсті.* Күннен күнге ұласып, *Ашылды* даудың *тығыны*. Мендіқара, Дербестің Көп дәулеттен айрылып, Басынан асты шығыны (Н. Байғанин, Шығ. жин.).

2. АШЫЛ *Кір кетті, тазарды деген мағынадағы аш етістігінен (3-омон.) жасалған ырықсыз етіс.* Көйлектің кірі жуса *ашылады*, көңілдің кірі айтса ашылады (Мақал).

АШЫЛАР-АШЫЛМАСТАН үст. *Толық ашылмай жатып.* Есік *ашылар-ашылмастан* зып етіп ұзын кірпікті, ақ сұр қыз үйге кіріп келді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Есік *ашылар-ашылмастан*, лып етіп жерге түскен жігіт жаңағы аялдамаға қарай екі өкпесін қолына ала жүгірді (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

АШЫЛАУЫТ с ы н. *Ащылы, сортаңды (жер).* Бір жағы Құсмұрын саласына жалғасатын бетегелі кең тепсең, екінші жағы жағалай көк тарлаулы, қара отты *ашылауыт* ой (С. Бегалин, Бала Шоқан). *Ашылауыт* жерге шығатын құрай тектес жапырақты өсімдік дәнге толған кезде басы ақ үрпіктенеді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

АШЫЛМАҒАН с ы н. а у ы с. *Ұяң, тұйық, көп нәрсе көрмеген.* Айналайын. *Ашылмаған* әлі бала... (Д. Еркінбеков, Шығ.). Ұяң, әлі *ашылмаған*, Қайдан айтсын «батырмыз» деп. Терлейді олар қысылғаннан: «Қалай ер боп отырмыз?» деп (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл).

АШЫЛМАҒАНДЫҚ з а т. *Ұяңдық, тұйықтық.* Бала үндемей, төмен қарап жер шұқыды. Әлі *ашылмағандығы* ма, әлде аузының сарандығы ма, әйтеуір томсырауы көп, тұйық, суық жан. Ішінде не барын білдірмейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

АШЫЛМАЛЫ с ы н. *Ашылып-жабылатын.* Қазіргі кезде партаның үстін *ашылмалы* етіп жасайды (Ауызекі тіл).

АШЫЛМАЛЫ-ЖАБЫЛМАЛЫ с ы н. *Ашылып-жабылатын.* Қырымда және Эстонияда қара ала үйрекке аузы *ашылмалы-жабылмалы* қақпақты ұяны қолдан жасайды (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.).

АШЫЛМАС с ы н. *Айықбас, құтылмас.* Көршіміздің бір шана шөбін аламыз деп, *ашылмас* дауға қалған жоқпыз ба (Ауызекі тіл).

◆ Ашылмас тұманға қалды. *Бәлесіне қалды, даудан көзі ашылмайтын болды.* Асқар қарттың атын өлтіріп алғанымыз өкінішті-ақ болды. Енді *ашылмас тұманға қалдық* десеңші («Лен. жас»).

АШЫЛМАСТАЙ сын. *Айықпастай, құтылмастай.* О, тәңірі қайырымсыз, анамды алдың, *Ашылмастай* басыма қайғы салдың! (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Ағаеке-ау, қымыз қойдық алдыңызға, Өнерге түспей жатып салдыңыз ба? Ойламай қонақ жөнін салдықпенен, Пәлеге *ашылмастай* қалдыңыз ба? (Айтыс).

АШЫЛУ *Ашыл етістігінің қимыл атауы.* Қазір слет *ашылу* керек (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Мектеп есігінің тұңғыш *ашылуы* жаман болған жоқ (С. Көбеев, Орынд. арман). Театрдың шымылдығы *ашылуына* әлі бір сағат уақыт бар (С. Мұқанов, Өсу жол.). Қалаға келсе, кеңсе жабылып қалған екен. Ертеңгі *ашылуын* күте алмай, шаруаларын бітіріп, кері қайтуды дұрыс көріскен (Б. Шалабаев, Өмірде.).

АШЫЛУЛЫ сын. *Ашылған, ашық тұрған.* Олардың алдында Зейнолла Құлжанов бар. Қолына беті *ашылулы* құран ұстаған — бұл берілгендік, бейбіт тілегендік белгісі еді (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.).

АШЫЛЫҢҚЫРА ет. 1. *Ашыла түсу.* Көнтектей қалың, қаны мол ерні сәлкем *ашылыңқырап,* әуес ас көрген жас балаша ұмтыла қарап қапты (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Көксегеннің кішкене танауы пысылдап, ұзын кірпіктері сәл *ашылыңқырап,* жазық маңдайы жарқырап, демін ішіне тартты (С. Бегалин, Уақыт тынысы). 2. *Шешіле түсу.* Келіншек келген әзірдегідей емес, жүрек тоқтатып, *ашылыңқырап* алды (С. Омаров, Тастағы жазу).

АШЫЛЫП-ЖАБЫЛЫП үст. *Біресе ашылып, біресе жабылып. Ашылып-жабылған* есік сықырына назарын аударып, ақырын басын көтерді (З. Шашкин, Сенім). Сегізден жарты сағаттай кеткен шамада аудитория есігі *ашылып-жабылып* тұрады (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Дүңгіршектің мойнында *ашылып-жабылып* тұратын қақпақ бар (Т. Таубаев, Жасыл әлем.).

АШЫЛЫП-ЖҰМЫЛЫП үст. *Біресе ашылып, біресе жұмылып.* Жанында қалың құрақты көлсымақ қара су бар екен, соған жиналған құстардың даусы естіледі. Дәл төбесінде пернелі тұмсығы *ашылып-жұмылып* бозторғай шырылдап тұр (Б. Шалабаев, Өмірде.). Жүдеген қу сүйек дене қимылдамады. Тек *ашылып жұмылып* қарманған қолына жұққан қан еденге де жұға берді (Қ. Қайсенов, Жау тылы.).

АШЫЛЫП-ШАШЫЛЫП үст. 1. *Төгіліп-шашылып, шығындалып.* Осы неғылып осынша *ашылып-шашылып* кетті?— десті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 2. *Шашылып, қобырап.* Исламқұловтың жауынгерлері сол іргеден бастап, *ашылып-шашылып* жатқан мақталарға керосин құйып, от қоюға кірісті (Майдан).

АШЫЛЫС *Ашыл етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Сен тосасың ба?— Тосам. Төзімім таусылды. Бүгін Шынтаспен *ашылыса* сөйлесем (Т. Ахтанов, Дала сыры). Тоғысудың *ашылысына* Дәрмен радиодан қанармын деп ойлаған еді (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны).

АШЫЛЫСУ *Ашылыс етістігінің қимыл атауы.* Абай сөзі *ашылысуға* қамшы болды (М. Әуезов, Абай).

АШЫМА зат. сөйл. **Ашымал.**— *Ашыма* құйып берейін бе?— деді Салтанат (Д. Исабеков, Мазасыз күн.).

АШЫМАҚ зат. диал. **Ашымал.** Қора көлеңкесіне атын байлап, ағаш аяғы жер желкесін нұқылап барып мекеніне кіреді. Қараңғы дәлізде үйреншікті салқын *ашымақ* тауып ішеді (Ә. Тарази, Асу.).

АШЫМАЛ зат. *Қайнатылған суға ұн немесе талқан сеуіп жасалып, ашытылған сусын.* Келін, жеңгелерімнің құрт көже, бидай көже, *ашымал* дегендерін жақсы көруші ем. Ашы айран қатылған жас сорпа да жаман болмайтын, еншалла (Ғ. Сыланов, Асау арна).

АШЫМЫҚ зат. диал. **Ашымал.** Әбден шөлдеп қалыппын, екі кесе *ашымықты* ішіп жібердім (Ауызекі тіл).

АШЫН ет. *Ашу кернеу, ызалану.* Су! Су жоқ! Арықта су жоқ!— деген *ашынған* дауыстар да шығып қалды (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Күйінді бұл қорлыққа Керей жағы, Кіжінді Керейдің де кедей жағы. *Ашынды* ашу қысып азаматтар, Күніренді Ерейменде ел аймағы (І. Жансүгіров, Поэм.). Жаныма батқандықтан *ашынамын,* Мен неге жаяумын деп басыламын? Малым жоқ Шорман айдап алатұғын, Қорлығын Шормановтың паш қыламын (Жаяу Мұса).

АШЫНА и р. з а т. 1. *Тамыр-таныс, сырлас; дос.* Отар мен Нияз сол өздерінің *а ш ы н а л а р ы* — геолог Ахметтің пәтерінде жатты (С. Сейфуллин, Әңгім.). Сіз Қуатов деген мұғалімді білесіз бе? Ол қай жердікі болды екен?— деп сұрадым Михаилден. Ол Ерболатпен *а ш ы н а* болып шықты (С. Омаров, Дала қызы). Бұл күнде ардақты ат «қойшы» деген, Әркім-ақ *а ш ы н а* болар қойшыменен. Абырой мен атаққа теңдей ортақ Правосы біп-бірдей министрмен (Ө. Тұрманжанов, Таңд. өлең.). 2. *Ғашықтық, құмарлық.* Келмесең егер сен бізге, Сау болмас па ем, әлбетте? Болмасам *а ш ы н а* мен сізге, Түспес ем мұндай бейнетке (Абай, Тол. жин.). 3. Э к с п р. *Көңілдес, тамыр.* Ғабдулла Қалдыбайдың сөзіне құлақ аса қоймады, кеш бата *а ш ы н а* әйелінің үйіне қарай аяңдады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Қызың қайдағы біреумен *а ш ы н а* дейді. Алтын басымды аяқ асты қып қорлап жүрген көрінеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осы жұртымызда сіздей ерлігі болмаса да, қырық сан қырымның мырзасы Жалманбет дейтұрын жігіт бар еді. Мен сол жігітпен *а ш ы н а* едім... (Ер Тарғын).

АШЫНА-ЖАЙ з а т. 1. *Таныс, сырлас.* Жеңгей: — Жарайды. Шайбаймен жақсы таныс па едің?— деді.— Иә *а ш ы н а-ж а й* едік,— дедім (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бастықтармен менің *а ш ы н а-ж а й* екенімді қайдан білсін (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ол совхозға Гончаровтармен бірге келіп, бір бөлімшеде істесе де, оқта-текте келіп-кетіп жүргені болмаса, олармен *а ш ы н а-ж а й* бола алмаған еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). 2. Э к с п р. *Көңілдес, тамыр.* Бірақ қыздың сонау Хон-Пикпен арасында болған *а ш ы н а-ж а й* сыры есіне түскенде, Саржан өзінің көңіл толқынына бөгет сала беретін (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы). Айтқан сөзің мәрделі жігіт-ақсың, *А ш ы н а-ж а й* болар ең бір күн жатсаң. Өзің қандай болғанда мен де сондай, Қандай шіркін қашпайды ебін тапсаң? (Айтыс).

АШЫНА-ЖАЙЛЫҚ з а т. *Көңілдестік, ғашықтық.* Ол ол ма, мұғалім Алматайдың өзінен оқитын, тәрбиелеп жүрген Алтын сияқты қызға *а ш ы н а-ж а й л ы ғ ы* білініп қалды («Қаз. әдеб.»).

АШЫНАЛАС е т. *Көңілдес болу.* Жұмекенге оның ешқайсысы ой салмайды. Аңын атып, әйелдермен *а ш ы н а л а с ы п*, өз рахатымен болды («Жалын»).

АШЫНАЛЫҚ з а т. *Көңілдестік, жақындық.* Марья Левенштернді не қабылдамайды, не еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас *а ш ы н а л ы қ* дегенді түсінбейді (С. Шаймерденов, Жыл құсы.).

АШЫНДЫР *Ашын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Отырған жұрт «әділ айтылған билік, ағайынды *а ш ы н д ы р м а й*, қандай есебін тапқан»— десті (С. Бегалин, Бала Шоқан). Патшаның мырзалары халықты әбден *а ш ы н д ы р д ы* ғой (М. Қаратаев, Даладағы дабыл.). Тіршілік тартысы, тұрмыс талқысы қиын нәрсе ғой. Ол біреуді *а ш ы н д ы р с а*, тағы біреуді адастырады, жарға жығады (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

АШЫНДЫРУ *Ашындыр етістігінің қимыл атауы.* Бақтығұл қайтарып сөз қатқан жоқ, болысты *а ш ы н д ы р м а у ғ а* бекінді (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

АШЫНТ *Ашын етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Деп күңірентіп жыршылар, *А ш ы н т ы п* ерлер жігерін. Ерге қымбат намыс-ар, Айырмақ жаудан өз жерін (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Тарастың от жырлары баурап бізді, Туыстай жақындатқан арамызды. Елім деп тамған ыстық оның жасы, *А ш ы н т қ а н*, күйіндірген даламызды (А. Шамкенов, Жасыл жайлау).

АШЫНУ *Ашын етістігінің қимыл атауы. А ш ы н у ы* мен қапысы бірін-бірі ұшықтыра түсті (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Жанды да ширақ жазу — даурыға шаттану немесе еліре *а ш ы н у* деген сөз емес, әрине (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жерді күшпен тартып алу қазақ халқының үлкен наразылығын, патша үкіметінің отаршылық саясатына *а ш ы н у ы н* туғызды (ҚазССР тарихы).

АШЫНУШЫЛЫҚ з а т. *Ызаланушылық, ашу кернеушілік.* Мұнан артық *а ш ы н у ш ы л ы қ*, мұнан артық әкені жерлеушілік бола ма? (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.).

АШЫҢҚЫ с ы н. *Ашық түстілеу.* Шаттыққа, өңі *а ш ы ң қ ы* бала-шаға, Оларды есіркейді қамқор ана. Жастар да өз бетімен қырындап жүр, Бұған бел, жас сәулемді есіне ала (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт).

1. АШЫҢҚЫРА е т. 1. *Бір нәрсенің бетін, үстін аша түсу.* Жақып әлден уақытта орнынан қозғалмастан көзін баяу *а ш ы ң қ ы р а п:* — Темір де тозады. Тоз-

ған шығармыз,— деді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Василий екеуміз сарайдың қақпасын *а ш ы ң қ ы р а п* тың тыңдап тағы бірер сағаттай тұрдық (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Әйкен дем алайын деп оң жаққа аунап түсіп, аздап қызынған денесін *а ш ы ң қ ы р а п*, көзін қайта жұмды (А. Лекеров, Түз гүлі). 2. *Бір нәрседен алыстаңқырау, қашықтаңқырау.* Аралығын *а ш ы ң қ ы р а п* алыстата тіккен бес-алты қанаттық ақбоз үйлер, күннің көзімен шағылысып, күмістей жалтырап тұр (Тарту). 3. *Бір нәрсені айқындаңқырау, нақтылай түсіңкіреу.* Балапан жолдас түйіндi-түйінді себептердің бетін *а ш ы ң қ ы р а й* түсті де, ақырында президиумда отырған ауыл ақсақалына қарап өтті («Қаз. әдеб.»).

2. АШЫҢҚЫРА е т. *Аздап ашу, қышқылдана түсу. А ш ы ң қ ы р а п* кеткен бе өзі қаттырақ? Келістіре дәл түбінен қақтың-ақ (А. Тоқмағамбетов, Агроном.).

3. АШЫҢҚЫРА е т. *Аздап қарны ашу.* Қарны *а ш ы ң қ ы р а п* келген бетімен мына кешкі асты жапыра жермін деп бар құлқымен кіріскенде, дәл көзір тамағына тас тұрып қалғаннан әрмен болды (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ).

АШЫҢҚЫРАУ *Ашыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АШЫП-АРЫП үс т. *Қарны ашып, шаршап-шалдығып.* Азықсыз, көліксіз жаяу алыс жол жүріп, *а ш ы п-а р ы п* Москваға жетіп, өзі іздеген оқуына тұяғын іледі (С. Бегалин, Бала Шоқан). Айтамыз деген сөзі, барғандағы, Диірмен сынып, бүлініп қалған бәрі. Егінді қазып кетіп, малды әкеткен, Жиылған *а ш ы п-а р ы п* талғандағы (XX ғ. қаз. ақын.). Жүрді Әшкаш Мақаранға дереу алып, «Шешін,— деп — белді, тақсыр, сонда барып». Жіберді жүрмей жатып озғыншыны, Келед деп осынша әскер *а ш ы п-а р ы п* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

АШЫП-ЖАБУ *Ашып-жап етістігінің қимыл атауы.* Ауру көмей жаққа ауысқанда ауызды *а ш ы п-ж а б у*, тамақ ішу үлкен күшке түседі (С. Баймақанова, Ауыз. рагы).

АШЫП-ЖАП е т. *Біресе ашу, біресе жабу.* Есікті *а ш ы п-ж а п п а й* былай тұрсаңшы (Ауызекі тіл).

АШЫП-ЖАРЫП үс т. *Анықтап, айқындап, дәл.* Ол тіпті, өкпе-назы болса да, Құнанбайдың алдында *а ш ы п-ж а р ы п* ешнәрсе айта алмайтын (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

АШЫП-ЖАУЫП үс т. *Біресе ашып, біресе жауып.* Құрбақаның аузындай мол аузын *а ш ы п-ж а у ы п* тамсанып Бопан тұр, ол да тығылып келген сияқты (З. Иманбаев, Дала көктемі). Жайықтың ақ түлкісі Аралдағы, Алдымнан сен бір қашқан марал дағы. Қараймын тамағымды *а ш ы п-ж а у ы п*, Тауының ақиықша Оралдағы (Ақан Сері, Шығ.).

АШЫП-ЖҰМ е т. *Біресе ашу, біресе жұму.* Молдаш өз қанының үстінде көзін *а ш ы п-ж ұ м ы п* талмаусырап жатыр еді (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Жаурының орындықтың арқалығына сүйеп, көзін *а ш ы п-ж ұ м ы п* үй ішіне көз салып отыр (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.). Осы ойын көзін әрең *а ш ы п-ж ұ м ы п* жатқан бөбекті емізіп отырған анасына айтып еді, сірә, ұнатпады білем, үндемей қалды (Ж. Өмірбеков, Елеусіз).

◆ **Көзді ашып-жұмғанша.** *Лезде, тез, жылдам. К ө з д і а ш ы п-ж ұ м ғ а н ш а* сырт киімін сыпырып тастап, ойнақтап шыға келген ол жабысқан шоқ болса түсін дегендей секіріп-секіріп қойып, күліп жүр (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). *К ө з д і а ш ы п-ж ұ м ғ а н ш а* құздың өзенге төнген жары тас-талқаны шығып бұрқырап көкке көтерілді (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Балапандар *к ө з д і а ш ы п-ж ұ м ғ а н ш а* бұта-бұтаның түбіне тығылып жоқ болды (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

АШЫП-ЖҰМУ *Ашып-жұм етістігінің қимыл атауы.*

АШЫП-ШАШ е т. *Ашып тастау, шашу.* Үй мүлкін, дүниесін *а ш ы п-ш а ш қ а н*, аяқ алып жүруге орын жоқ («Лен. жас»).

АШЫП-ШАШУ *Ашып-шаш етістігінің қимыл атауы.*

АШЫП-ШАШЫП үс т. *Қалай болса солай, бей-берекет.* — Ал, жей қойыңдар, торғайлар!— деп *а ш ы п-ш а ш ы п* тастады. Торғайлар ду етіп жерге түсіп, қайырымды атасының шашқан тамағын қуанақуана теріп жеді (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос). Етегін *а ш ы п-ш а ш ы п* тым ретсіз отырыпты. «Келін, жина етегіңді»,— дей беріп еді, шап ете қалды («Лен. жас»).

АШЫР е т. с ө й л. **Аштыр.** Біздің арада да [Оралда] күні-түні түтеген боран соғып, көзді *а ш ы р м а д ы* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

◆ **Адымын ашырмады.** *Аттатпады, лезде қуып жетті.* Екінші бір жирен төбел байталды да Жүкен *а д ы м ы н а ш ы р м а й* құрықтап ұстап ноқталады (С. Бегалин, Шоқан асу.). **Аузын ашырды.** *Таң қалдырды, есін кетірді.* Кешегі Торғайда болған жағдай, патша губернаторына яғни патшаның өзіне қарсы тұрған Аманкелдінің көзсіз ерлігі жайлы лақап бәрінің *а у з ы н а ш ы р д ы* (М. Жұмағұлов, Қыран қазасы.). **Аузын ашырмады.** *Сөйлетпеді, үнін шығартпады.* Әзілкеш келіншектер ыңғайын тауып Сартай күйеуге сөз тигізіп қояды. Бірінен соң бірі ұтылап, *а у з ы н а ш ы р м а й,* сөзбен сілейтіп қойды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Жігіт дауға шебер екен, қыздың *а у з ы н а ш ы р а р* емес (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Көзін ашырмады.** *Бас көтертпеді, үсті-үстіне төпеді.* Жаяу әскерді зеңбіректен айырып, жерге жабыстырып тастамақ, машина экипажының оқтан *к ө з і н а ш ы р м а й,* басына екіталай күн туғызбақ (С. Сейітов, Сөз сұрайды.).

АШЫР: **Жан ашыр.** *Жақын, туыс.* Өлікті көріп жылаған адамды, соның *ж а н а ш ы р* жақыны деп ұстар деген оймен шешесін не амалмен жылатқандығы айтылады (Бозінген).

АШЫРҚАН е т. 1. *Тамақтың ащылығын, қышқылдылығын сезіну.* Қымызды ернінің ұшына ғана тигізіп, күлімсірей тамсанды да, бір ұрттап қалып қатты *а ш ы р қ а н д ы* (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жас бала бие сүтін *а ш ы р қ а н ы п,* лоқсып құсып, жылап қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Алыс жолдан келгенде жатырқама, Жатырқама туған жер ғажап қалып. Ащы айранды жұтатын *а ш ы р қ а н а,* Келемін ғой кәдімгі қазақ болып (Жас қанат). 2. А у ы с. *Ұнатпау, жақтырмау.* Біз бұл мінездер тұсында *а ш ы р қ а н б а й м ы з* да, түшіркенбейміз де, жай жымиып қоямыз (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Дүние шіркіннің тәттісіне түшіркеніп, ащысына *а ш ы р қ а н б а с а,* адам сорлы не көрдім деп кетеді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ).— Е, е, сол ма, «жасырын сырың»— деп, әйелдің көңілі *а ш ы р қ а н ы п* қалды (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

АШЫРҚАНДЫР *Ашырқан етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

АШЫРҚАНДЫРУ *Ашырқандыр етістігінің қимыл атауы.*

АШЫРҚАНТ *Ашырқан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Лимон қышқылы кімді болса да *а ш ы р қ а н т п а й* тұра алмайды («Лен. жас»).

АШЫРҚАНТУ *Ашырқант етістігінің қимыл атауы.*

АШЫРҚАНУ *Ашырқан етістігінің қимыл атауы.* Көңілімде кейбір қобалжу, *а ш ы р қ а н у,* тітіркену, сескену болса да, мен де оған білдіргім келмей, қатуланып қабақ шытпай, баяғыдай ерке мінезбен қарсы алдым (Ө. Тұрманжанов, Адам. дос.).

АШЫРЛЫҚ: **Жан ашырлық.** *Қамқорлық, жаны ашығандық.*— Мақұл, солай-ақ болсын,— деді сылаң қара оған *ж а н а ш ы р л ы қ* кейіп танытып (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.). Ол бүкіл совет мәдениетіне, оның ішінде әдебиет пен өнерге деген қамқорлық, *ж а н ы а ш ы р л ы қ* ерекше күшті екенін баян етті (Ә. Омаров, Асыл арман).

АШЫРУ *Ашыр етістігінің қимыл атауы.* Бізге кез ашыру дегенді құдай көп көрді ме, әйтеуір осы бір азынаған желден құтылмай-ақ қойдық (Ауызекі тіл).

АШЫС *Аш етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ән де тоқтап, екі абысынның жақ *а ш ы с п а ғ а н* қалпынан туған жымжырттықты жарып өткендей жаңа бір үн керек сияқтанып еді (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

◆ **Бет ашысты.** *Шындап сөйлесті, шешіле пікірлесті.* Әке мен бала ең алғаш рет шындасып бір *б е т а ш ы с а т ы н* белге келгендей еді (М. Әуезов, Абай). Алғашқыда бірнеше рет жұмыс үстінде кездесіп, қалжыңмен *б е т а ш ы с т ы* (К. Оразалин, Ақ жазық).

АШЫСУ *Ашыс етістігінің қимыл атауы.* Ахметше ойын тиянақтауға тырысты.— Үйінде кездессең сыр *а ш ы с у ғ а* да жетектеген шығар прокурор?— деді (Х. Есенжанов, Көп жыл өт.).

1. АШЫТ *Тызылдау, дуылдау мағынасындағы ашы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сен онан да жейтін бірдеңе бер, қымыз ішімізді *а ш ы т а* бастады (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Ауызымды *а ш ы т ы п,* тынысымды тарылтып барады (М. Гумеров, Үш күн.). Шаққан жердің *а ш ы т ы п* ауыруын тоқтату үшін вазелин, не балық

майын жағуға болады (А. Рақышев, Бұл тур. біл.).

2. АШЫТ *Бижынау, дәмі бұзылу мағынасындағы ашы етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Танакөз жалғыз сиырдың сүтін шайға қатып, *а ш ы т қ а н* бидай көжеге құйып отырған (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ол — қымызды *а ш ы т ы п*, бабына келтірудің де мастері (Ж. Тілеков, Қайнар). Аппақ ұннан айранға *а ш ы т ы п* әзірленген бір табақ бауырсақты сырттан алып кірген ана сол бетінде әкеліп дастарқанға төкті (А. Лекеров, Қырдағы ән).

АШЫТҚЫ з а т. 1. *Нанды, тағы басқа тағамды ашыту үшін қойылған қалдық (қамыр, айран, т. б.).* Жеңеше, үйіңнен *а ш ы т қ ы* табыла ма? Қамыр қояйын деп едім (Т. Ахтанов, Дала сыры). Орманшыға ағаштың, Наншыларға *а ш ы т қ ы*, Жылқышыға ат жайын, Жазатын бір заң шықты (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Қамыр сапалы болу үшін оған қосылатын *а ш ы т қ ы*, қант, май, жұмыртқа, сүт мөлшері жағынан біріне-бірі сәйкес болуы шарт (Келіншектер.). 2. Ж а ң а. *Құрамында өте кішкене саңырауқұлақтар бар, нан ашытуға қажетті өндірістік зат; дрожжи.* Н витаминдері — ферменттердің құрамында, B_2— жасыл жапырақта, *а ш ы т қ ы д а*, B_1— бидай мен күріш кебегінде көп болады (Т. Мұсақұлов, Ботаника). B_1 витамині қара нанда, әсіресе *а ш ы т қ ы д а* көп болады (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Зимо-Ферро-Фитоль — құрамында *а ш ы т қ ы* [дрожжи], органикалық темір және фитин бар қатты дәрі (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). 3. А у ы с. *Ұйтқы, ұйымдастырушы.* Тауда Тоқаш маңына жиналған ел жігіттеріне бұлар *а ш ы т қ ы* болды (З. Шашкин, Тоқаш Бокин).

◆ **Ашытқы саңырауқұлақ.** *Ашыту қасиеті бар саңырауқұлақ.* Шынында бұл жеке өсімдік емес, ол *а ш ы т қ ы с а ң ы р а у қ ұ л а қ т а р* мен сірке қышқылы бактериясының колониясы (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Бөлінген клетка өз алдына осындай жолмен тағы да көбейе бастайды. Бұлай көбею көбінесе *а ш ы т қ ы с а ң ы р а у қ ұ л а қ т а р д а* кездеседі (Н. Шоқанов, Микроорганизм.). Мысалы, қамырды ашытатын *а ш ы т қ ы с а ң ы р а у қ ұ л а қ т а р ы н ы ң* қасиеттері де әр түрлі болып келеді (Жалпы биология). **Сыра ашытқысы.** *Сыра ашытатын ашытқы.* Адам организмі *с ы р а а ш ы т қ ы с ы н ы ң* 90 процеттей құнды затын сіңіреді. Ол заттар организмнің біркелкі өсіп-жетілуіне сеп болады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АШЫТҚЫЛА е т. *Ашытқы қосу, ашыту.* Қанттандырып, суыған азықты *а ш ы т қ ы л а й т ы н* диаметрі 3,5 *м*, биіктігі 1 *м*, қабырғасының қалыңдығы 5—7 *см* үлкен кеспекке салады (Мал азығын. өңдеу). Биылғы қыста совхоздар мен колхоздарда механикаландырылған он жемшөп цехы жұмыс істейді, олар әр тәулікте 250—300 тонна мал азығын *а ш ы т қ ы л а й т ы н* болады («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

АШЫТҚЫЛАН *Ашытқыла етістігінен жасалған өздік етіс.* «Шақат» совхозындағы жем-шөп цехының механизмдерін екі ақ жұмысшы басқарады, соның өзінде цех бір сменада 10 тонна *а ш ы т қ ы л а н ғ а н* мал азығын береді («Қазақст. ауыл шаруаш.»).

АШЫТҚЫЛАУ *Ашытқыла етістігінің қимыл атауы.* Қаймақты *а ш ы т қ ы л а у д ы ң* қысқа және ұзақ мерзімді әдістері бар (З. Сейітов, Сүт. өңдеу.). Мал азығы базасын жақсарту мүмкіндіктері зерттеліп, атап айтқанда, мал азығын *а ш ы т қ ы л а у* әдісі осында туды (Жаңарған өлке).

АШЫТҚЫЛЫҚ с ы н. *Ашытқы үшін, ашытқы болармлық.* Қарағым, келін, *а ш ы т қ ы л ы қ* қамыр қалдырдың ба? (Ауызекі тіл).

1. АШЫТҚЫШ с ы н. *Дуылдатқыш, тызылдатқыш.* Хлорлы әктің ерітіндісі кезді және тамақты қарығыш, *а ш ы т қ ы ш* болғандықтан кезді жасауратады (Е. Оразақов, Дәрігер.).

2. АШЫТҚЫШ з а т. *Бір нәрсені ашытатын зат.* Нан *а ш ы т қ ы ш ы н ы ң* өзі спирт ашытқысының бір түрі (Н. Шоқанов, Микроорганизм.).

◆ **Ашытқыш микроб.** *Ашытатын, қышқылдандыратын микроб.* Сүтке ешкім қышқыл құймаса да іриді. Сонда ол неліктен? Оған себепші болатын *а ш ы т қ ы ш м и к р о б т а р.* Олар ауада өте көп. *А ш ы т қ ы ш м и к р о б т а р* сүтке түсісімен сүт қантын сүт қышқылына айналдырады (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). Сүрлемде көп кездесетін *а ш ы т қ ы ш м и к р о б т а р ы* да осы грибоктар тобына жатады (Сапалы сүрлем.).

АШЫТПА з а т. с ө й л. **Ашымал.** Әр түрлі сусын, *а ш ы т п а* дайындайтын ыдыстарды қауақ деп аталатын асқабақ

сортынан жасаған (А. Алманиязов,... Асқабақ).

1. АШЫТУ *Дуылдату, тызылдату мағынасындағы ашыт етістігінің қимыл атауы.*

2. АШЫТУ *Дәмін бұзу, қышқылдандыру мағынасындағы ашыт етістігінің қимыл атауы.* Жалпы Қазақстанда қымыз *а ш ы т у д ы ң,* қымыз сатудың жолға қойылмай келе жатқанын даттады (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Түйе сауу, шұбатты жақсы *а ш ы т у,* оның сату бағасын дұрыс белгілеу сияқты мәселелерге баса көңіл бөлу керек (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Қамырды *а ш ы т у* үшін аздаған ашытқы салынған жылы суға тұз, ұн салып, сұйықтау етіп илеп, 40—50 минут жылы жерге қою керек (Кеңіншектер.).

АШЫТУШЫ з а т. *Ашытқан, ашыту ісін істеуші (адам).* Елеусіз Досов талай елдің, талай жердің қымызын татып көрген кәрі таңдай еді. Ішінен «Шөбінің өзі дәрі ғой бұл жақтың. *А ш ы т у ш ы* да бабын келтірген екен, сабаз!»— деп, бір қойды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

АШЫТЫЛ *Дәмін бұзу, қышқылдандыру мағынасындағы ашыт етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Биенің сүтінен өте сүйкімді, әрі шипалы сусын — қымыз *а ш ы т ы л д ы* (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Сүттен *а ш ы т ы л ы п* жасалатын қышқыл өнімдерге ашытқы қалай жасалса, сырдың ашытқысы да солай жасалады (З. Сейітов, Сүт. өңдеу.).

АШЫТЫЛУ *Ашытыл етістігінің қимыл атауы.* Қымыз сапалы болу үшін, ең алдымен, оның дұрыстап *а ш ы т ы л у ы* қажет (Ауызекі тіл).

АШПШЕК з а т. а н а т. *Ас қорыту органдарының бірі болып табылатын, ұзындығы 5—6 метрдей ішек (қарсы мағынасы — тоқішек).* Малдың *а ш і ш е г і н* жақсылап тазаламаса, піскенде дәмі ашы болады («Қаз. әдеб.»).

1. АЩЫ с ы н 1. *Тұздың, тұзы күшті, сор дәмі бар; тұщы емес.* Өйткені ешкім де өз көжесінің тұзы удай *а щ ы* болуын ұната қоймас (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Ас тұзы, судан ауыр, бірақ суда ериді және суға *а щ ы* дәм береді (Химия). Пісіп тұрған еттерін малшының ең мол тамағы — *а щ ы* құрттарын қоржынға толтыра салып алып, Жұманға әкетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). // *Табиғи судың құрамы жөнінде.* Оның үстіне суы тапшы, әрі *а щ ы* болатын (М. Әуезов, Әңгім.). Бергі жағы Қызылқұм, Арғы беті шөл еді. Шөбі сортаң, суы *а щ ы,* Түйеден басқа төзе алмайды (К. Әзірбаев, Шығ.). Шапшайтын алмас қылыштан, Қолдағы қамшың көп артық. Суы *а щ ы* теңізден, Томар да болса көл артық (Үш ғасыр.). 2. *Ауызды, тілді дуылдататын, аштыр; тәтті емес.* Бойыма сен біткенде, болып жерік. Алаптан *а щ ы* жуа жедім теріп. Ашуы көзден жасты ыршытатын, Жүруші ем ер болар деп, саған сеніп (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар).— Сен десе, жұрт таласады, Мен десе, сырт қарасады. Сен тәттісің, мен неге *а щ ы?* Достым, соның сырын ашшы!— Деді қызыл бұрыш қарбызға (Т. Әбдірахманова, Білесің бе?). Аш қарынға *а щ ы* пияз (666 мақал мен мәтел). 3. А у ы с. *Уытты, зәрлі, өткір; әсері күшті (әжуа, кекесін, мысқыл, күлкі жайында).* Қазақ аңыздарының қайсысы болса да оқиғаны күлдіргі халге, өткір мысқыл, *а щ ы* әжуаға құрады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Тәкежан айлалы қыр тауып, *а щ ы* мысқыл айтты (М. Әуезов, Абай жолы). Көз жасыма *а щ ы* күлкі, Қабыршының сыйы маған. Қабырында қалды ілулі, Тек бір шынжыр сылдыраған (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). // *Сөз, тіл жайында.* Сырымның аузынан шыққан *а щ ы* сөзді мен айтқызғам жоқ қой (М. Әуезов, Шығ. жин.). «Сүймеймін» сөз шықса да шымылдықтан, Болады өтірік-ақ теріс ұққан. Ашынған *а щ ы* сөзді айтысады, Молда естімес, құлаққа мақта тыққан (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт). Ғаниды тағы біреулер *а щ ы* тілмен сұққылап:— Неғыласыз сөзіңізді қор қылып,— деп күңк етті (М. Иманжанов, Көк белес). 4. А у ы с. *Дауысы қатты, құлақ тұндыратын, үні күшті.* Бұл бір таныс дауыс қой! Ah, Ержан ғой, дауысы қандай *а щ ы!*— деп ойлады Раушан (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн). Еңсесі түсіп мұңайып, Тұр еді іздеп танысын. Естіді кенет шыңғырған, Әйелдің *а щ ы* дауысын (Ш. Мұхамеджанов, Қошалақ). Сөйткенше *а щ ы* ұн шықты: «Ойбай-ау, анау немене?!» Жалт қарап Айша түршікті: Жарқылдап бір от келеді (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Алдыңғы жақтан бір қойшының айт-айттаған *а щ ы* айқайы шықты (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз). 5. А у ы с. *Қиын, ауыр, азапты.* Дүние шіркіннің тәттісіне түшіркеніп, *а щ ы с ы н а* ашырқанбасаң, адам сорлы не көрдім деп кетеді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Ене мен келін ғана екеуден-

екеу қалғанда біріне-бірі көрген түстерін айтысып, өткен-кеткен *а щ ы*, тұщы жайларын кезек-кезек шертетін (Ғ. Сыланов, Асау арна). // *Зар, ой, өмір жайында. А щ ы* зар, ауыр шері айғайлатты, «Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты. Ұйқышыл, керең қырға маза бермей, Күрсінтіп соқыр түнді бай-байлатты (І. Жансүгіров, Поэм.). Одан әрі қарай Рүстем *а щ ы* ойдың ізіне салынбайептеп жүріп дем алды (С. Бегалин, Ана қайраты).— Өмірдің *а щ ы с ы н* да, тұщысын да көп көрдім,— деді қарт (А. Хангелдин, Біздің оттар.). 6. А у ы с. *Қарсы, араз, жау, қырғи қабақ.* Ағайынмен *а щ ы* боп, Ара түспе балаға. Үйде жүрсе оңбайды, Тағы бір күн сорлайды, «Бөрі азығы далада» (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). Кім еді болсын деген мұны басшы, Болғанмен түбіміз бір болдық *а щ ы*. Отырмыз осылайша шиеленіп, Түйінін тауып мұның өзің жазшы (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Ағайын *а щ ы*, мал тұщы (Мәтел).

◆ **Ащы тер.** *Бұрқ етпе тер.* Көзіне құйылған *а щ ы т е р д і* күйелі саусағымен анда-санда бір іліп тастап, Балқия келе жатты (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *А щ ы т е р д і ң* ақшыл дағы қатқан сары ши қалпағының кең етегі біресе оңға қарай, біресе солға қарай қозғала түседі (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Аяғын арқан қияр деп, Жібектен арқан тақтырды. *А щ ы т е р і* шықсын деп, Таң асырып шаптырды (Қамбар батыр) . **Тұзы ащы.** *Жек көрінішті, сүйкімсіз.* Мен не қылдым, япыр-ай, жақыныма? *Т ұ з ы м а щ ы* жақынға татыды ма? Абақтыда жатқанда бір келмеді, Шолақ қол батқаны ма тақымына? (Балуан Шолақ). **Тұщы етіне, ащы таяқ тиді.** *Жазықсыз жапа шекті, жәбірленді.* Мен *т ұ щ ы е т і м е а щ ы т а я қ т и д і* деп отырмын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Отыз жылдан бергі сансыз жәбір-жапалар, *т ұ щ ы е т к е т и г е н а щ ы т а я қ т а р*, ар-намысқа нұқсан келтірген небір қылмыс, қиянаттар Күреңбайдың көкейіне тастай орнап қалған-ды (С. Омаров, Қайырлы жаз). Бәрі болғанда қайсысы? *Т ұ щ ы е т к е т и г е н а щ ы т а я қ т ы* ма, жоқ әлде төбеде ойнаған таяқты ма? (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). **Тілі ащы.** *Жаныңа бататын, сүйегіңнен өтетін, улы тілді (адам).* Сіздің алдыңыздан ұзын бойлы, ашушаң, *т і л і а щ ы* бір жеңгей шығады да:— «Не керек, сендерге?»— деп, тұра қалады (А. Тоқмағамбетов, Фельет.). Торсылдатып танадай, Жыртар болды тонымды. *Т і л і ң а щ ы* бала деп, Қайнатты әбден сорымды (Жамбыл, Шығ. жин.).

2. АЩЫ з а т. *Сортаңды, тұзды жер.* Мал *а щ ы ғ а* түсіп кетіпті, әрең қайтардым (Ауызекі тіл).

3. АЩЫ з а т. б о т. *Сортаңды, ащылы жерге өсетін шөп.* Қой жусан мен *а щ ы* екеуін жақсы жейді (Ш. Уәлиханов, Шығ. жин.).

АЩЫ: **Ащы ішек.** С ө й л. *Ашішек (қарсы мағынасы — тоқішек).* Ұлтабардан азық *а щ ы і ш е к к е*, одан кейін тоқішекке барып қорытылады (Ә. Әбішев..., Мал санитары.). Ырысбала өкпе, қарын, *а щ ы і ш е к*, мойын-сойын, тағы бірдеңелерді шара аяққа салды (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). *А щ ы і ш е к т і ң* ұзындығы 5—6 метр шамасындай болады (Адам анатом.). **Ащы ішектей.** *Шұбатылған, ұзын; ашішектей.* Маңдайынан сорғалаған терді суртейін деп қалтасынан орамал алғанда, *а щ ы і ш е к т е й* шұбатылып тәспиғы да шығып, рюмкадағы араққа малынды (Б. Майлин, Шығ.).

АЩЫЛА е т. *Ащы тамақ жегісі келу, ашырқану.* Бөрібай екі қалтасын тінткілеп еш нәрсе таба алмады. Қап, ақшасы түскір бітіп қапты-ау. Апыр-ай, *а щ ы л а м а с а м* аузымның дәмі кірмеуші еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Таз басындай аламыш, Шағыр шыққан шоқ-шоқ боп. Суын басып, *а щ ы л а п*, Жайылып жүрген мал топ-топ (Б. Майлин, Шығ.). Кесек тұздарды қой жусайтын орындарға шашып тастайды, *а щ ы л а ғ ы с ы* келген қой тұзды өздері келіп жалайды (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

АЩЫЛАН е т. *Суы ащы болу, тұздану.* Амазонка Атлант мұхитына құяр жерде өзен 400 километрге жайылып, суы мұхиттың осы жерінде жағадан 150 *км* жерге дейін *а щ ы л а н а д ы* («Лен. жас»).

АЩЫЛАНДЫР *Ащылан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Жауын сулары тау жыныстарын шайып, олардың құрамындағы тұздарды ерітіп апарып теңіздерге құйып, оны *а щ ы л а н д ы р ы п* отырады (Х. Әбішұлы, Халық астроном.).

АЩЫЛАНУ *Ащылан етістігінің қимыл атауы.*

АЩЫЛАС е т. с ө й л. *Қарсыласу, араздасу.* Директормен *а щ ы л а с ы п* барғанда Мұрат не таппақ? (Т. Нұртазин, Мұрат).

АЩЫЛАСУ *Ащылас етістігінің қимыл атауы.*

АЩЫЛАТ *Ащыла етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Егер жем-шөптің бұл түрлері болмағанда қурайлы шөп салып, бір мезгіл *а щ ы л а т ы п* та жүрді. Бұл малдың төбетін ашады (Сауыншы шам-шырақ.).

АЩЫЛАТУ *Ащылат етістігінің қимыл атауы.*

1. АЩЫЛАУ *Ащыла етістігінің қимыл атауы.* 2000 қойдың жаздай *а щ ы л а у ы н а* жететін тұзды түйеге артып ала кетті (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

2. АЩЫЛАУ с ы н. 1. *Ашқылтым, ащырақ.* Көк шөптер күйіп кетіп, жусан, изен тағы солар сияқты *а щ ы л а у* шөптер ғана қалады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Антипирин — иісі жоқ, дәмі *а щ ы л а у*, суда еритін, кристалл тәрізді, ақ порошок (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). Суы *а щ ы л а у* келетін Рудольф көлі Кенияның солтүстік батыс бөлегінде жатыр («Лен. жас»). 2. *Дауысы қаттырақ, үні күштірек.* Завод гудогіне де дамыл жоқ. Дағдысынан *а щ ы л а у* да жағымсыз бір дыбыспен әлсін-әлі боздап тұр (С. Шаймерденов, Мінез). Зығыры қайнаған Вера Павловнаның дауысы *а щ ы л а у* шықты (З. Шашкин, Ұядан ұшқанда). 3. А у ы с. *Жаңа батағындай, өткірлеу, зәрлірек.* Айсұлу маған: «Бүгінгі өңгімелерің қалжың араласқан болса да, *а щ ы л а у* шығып отыр, соның себебін айт!» — деп қоймады (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Кейбір орынды жеріндегі бақайдан қағып кетер, *а щ ы л а у*, шағып өтер мысқылдары да бізге ұнайды (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

АЩЫЛЫ с ы н. 1. *Ащы, ащысы бар (өсімдік). А щ ы л ы* сорaң, ақ жусан дегендерің түтеп тұрған түн ішінде мая-маясымен кеп құлайды-ау (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.). Құсмұрынның шөбі де әр түрлі дәмді, *а щ ы л ы*... (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы). Қымыздың сапасы жақсы болу үшін бие белгілі мөлшерде *а щ ы л ы* өсімдік жеп тұруы шарт (Ж. Орманбаев, Қос басшы). 2. *Сортаңды, тұзды (жер).* Әміре құдық басында тұрып, кешкі суға келген жылқыны суартып, алдын солтүстік жақтағы *а щ ы л ы* ойға шығартып тұр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Топырағы *а щ ы л ы*, шақат па, қалай, қар суымен қақ тұрып, күн ыси кеуіп кете ме, немене, жазық шөлдің бет-аузы айғыздан-ған... (С. Мұқанов, Алып. адым.). Ол жақтың *ащ ы л ы*, сортаңды аймақтары көп (Адам және химия). Ойсылқара қайда жүр, *А щ ы л ы* өзек сайда жүр... (Қ. Қуанышбаев, Өленд.). 3. А у ы с. *Қиыншылығы, ауыртпалығы, азабы бар (өмір).* Әуезов *а щ ы л ы*, тұщылы өмір шындығын үлкен суреткерге тән турашылдықпен көре де, суреттей де білді («Қаз. әдеб.»).

АЩЫЛЫҚ з а т. 1. *Тұздылық, сортаңдық.* Құсты кермек суларда ұстағанда, оның суының қаншалықты *а щ ы л ы ғ ы н а* назар аударған жөн (Құс өсіруші.). 2. А у ы с. *Қиыншылық, ауыртпалық, азап.* Әке өлімінің *а щ ы л ы ғ ы н а* үйдің бас көтерер азаматсыз қалған қайғысы қосылып, оның үстіне өз жұмысының бөгеусіз орындалуын ойлап отырған Хакім бұлардың сөзіне селсоқ қарап еді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бақыт деген тым тәтті деп жүріп, *а щ ы л ы ғ ы н* енді ұққандаймын. Күлкі үшін күресу керек («Қаз. әдеб.»).

АЩЫЛЫ-ТҰЩЫЛЫ с ы н. 1. *Ащы-тұщысы аралас (тағам).* Төр жолы қонақпыз. Алдымыз ыстықты-суықты, *а щ ы л ы-т ұ щ ы л ы* тағам («Қаз. әдеб.»). Бір күні ол келді. Алдына ақ дастарқанымды жайып, *а щ ы л ы-т ұ щ ы л ы* дәм-тұзымды қойдым («Спорт»). // *Шөп, өсімдік жайында.* Үлкендердің айтуынша, Сыр сияқты оты жасық жерде семірген мал мен Қарақұм сияқты *а щ ы л ы-т ұ щ ы л ы* оты асыл жерде семірген малдың еті де, сүті де бірдей емес (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қазақстанның шөлейт аймағының шөбі *а щ ы л ы-т ұ щ ы л ы*, малға өте жұғымды болғандықтан малды тез семіртеді (Қ. Баяндин, Топырақ құнарл.). 2. А у ы с. *Жақсылы-жаманды (өмір).* Осыған байланысты, кешегі соғыс жылдарында қас жаумен қаһарлана алысқан, майдан өмірінің *а щ ы л ы-т ұ щ ы л ы* дәмін бірге татысқан жолдастарды еске түсіреміз («Лен. жас»).

АЩЫРАҚ с ы н. 1. *Дәмі аштырақ, тұзы күштірек (ас, тағам).* Екіқабат кездің екінші жартысынан бастап *а щ ы р а қ* тағамдарды жемей, ас тұзын кеміту керек. Өйткені шөлдеп суды көп ішеді де, денеде су мөлшері көбейіп кетеді (Ж. Қодаров, Жас ана.). 2. *Дауысы қаттырақ, үні күштірек.* Қос іргесін жақындатпай ұстайтын жылқышылардың даусы *а щ ы р а қ* шыға бастапты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). — Мүмкін емес!— Гүлсім даусы *а щ ы р а қ* шықты (З. Шашкин, Өмір тынысы).

Шүмегі екен самауырдың, «Ойбай» дедім қалтырап. Жас денемді от шалғандай, Шықты дауысым *ащырақ* (С. Машақов, Жылдар.). 3. Ауыс. *Азабы молырақ, ауырырақ, қиынырақ.* Шынында да пейіш дерсің сәбилердің тірлігі, Сонда-дағы бақыт деуге аузым бармай тұр мұны. Қалай деп те атарымды білмей жүрмін әлі мен... Бақыт деген болмас тәтті, ол *ащырақ* бәрінен (Қ. Жұмағалиев, Дерзент үні).

АЩЫСЫН е т. *Ащы санау, ашырқану.* Қайрат тұздалған қиярды *ащысынбай* жей беретін (Ауызекі тіл).

АЩЫСЫНУ *Ащысын етістігінің қимыл атауы.*

АЩЫ-ТӘТТІ з а т. с ө й л. *Ащы-тұщы (өмір).* Жоғарыда келтірілген теңдессіз төрт жыл сиқыр сөздің ыстық-суығын бастан кешкен, *ащы-тәттісін* көп татқан ақынның терең сыры еді («Қаз. әдеб.»).

АЩЫ-ТҰЩЫ с ы н. 1. *Ащы және тұщы (тағам, ас).* Дала бұл кезде үстіне неше түрлі *ащы-тұщы,* тәтті-дәмді тағам жасалып, алуан түрлі асыл, жақсы ас қойылған бай дастарқанға ұқсайтын (Октябрь өрендері). 2. Ауыс. *Жақсы-жаман (өмір).* Иван ағай мен Қартабайлар өмірдің *ащы-тұщысын* татқан адамдар. Солардан үйренуіміз керек (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Далабай өмірдің *ащы-тұщы* дәмін татқан, әр нәрсенің ығын білетін нағыз бесаспап адам (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Өмірдің *ащы-тұщысын* көп көрген Әнетбай қарт әдетінше көп тебіренді (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.).

АЭРОВОКЗАЛ з а т. *Әуе жолымен қатынасушы жолаушылар тоқталатын орын; аэропорт вокзалы. Аэровокзалдың* іші сапырылысқан адам. Шалбары қушиған шетелдіктер де жүр. Радио сәт сайын сампылдап, ұшар, қонар самолет жайын хабарлап тұр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Шассилері жерге тиген самолет жолаушыларды қарсы алуға көп-көп адам жиналған *аэровокзалды* бетке ұстап жылжып келеді (М. Хайрутдинов, Алғашқы раунд). Мысалы, темір жол және *аэровокзалдарда* билет сататын кассирдің, жүріп тұратын транспорттарды реттейтін диспетчердің жұмысын да электрон машиналары атқаратын болып жатыр (М. Мұқанов, Бақылау.).

АЭРОГРАФ з а т. *Сығылған ауаның жәрдемімен сыр-бояуларды тозаңдатып шашуға арналған прибор.* Матаның, қағаздың т. б. бетіне бояудан өрнек салу үшін *аэрограф* пайдаланылады (ҚСЭ).

АЭРОДИНАМИКА з а т. а в и а ц. *Дененің қозғалысына ауаның кедергілік, яки қарсылық күші жөніндегі ғылым.* Бұл проблеманы шешу үшін *аэродинамика,* беріктік салаларында үлкен ізденулер және басқа да жұмыстар атқару керек болды («Қазақст. мұғ.»).

АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ с ы н. *Аэродинамикаға тән.* Осы тарауда оқушыларды *аэродинамикалық* күштерді өлшеу тәсілімен таныстырғанда да, бұл құбылысты желдің жылдамдығының өзгеруін автоматты түрде өлшеуге, сигнал беруге болатындығын айта кету керек (К. Айманов, Физика.). Жерге түсірілетін аппараттың одан әрі төмен құлдилауы да *аэродинамикалық* сапаны пайдалану арқылы басқарып түсіру әдісінің траекториясы бойынша жүзеге асырылды («Соц. Қаз.»).

АЭРОДРОМ з а т. а в и а ц. 1. *Самолеттердің ұшып-қонуына арналған алаң.— Аэродромға* үш айналып, самолетті «Т» нүктесіне қондырасың,— деді подполковник Талғатқа (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). *Аэродромға* таяна бергенде қою тұманға килігіп, курстен біраз жаңылып барып, ауа апанынан өткендерін әдейі айтқан жоқ (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Ауа райына байланысты Алматы *аэродромы* самолет қабылдамайды екен (Қ. Ұябаев, Қырдағы қыран). 2. С ө й л. *Аэровокзал.* Оны қайда жібересеңіз де жіберген сіз де, станция мен *аэродромның* біріне апарып салған Семен (Ә. Әбішев, Пьеса.). Самат пен Нұрғайша үлкен қалаға жүргелі тұр. Председательдің «Волгасы» қазір екеуін *аэродромға* апарып салады (Т. Нұртазин, Адам бекерге.). Бір жарым айдан кейін Нұрке командировкадан қайтты. Оны қарсы алуға *аэродромға* машинамен Елеман келді (І. Есенберлин, Айқас).

АЭРОЗОЛЬ з а т. х и м. *Улы заттың түтін не тұман түрінде ауаға көтерілген (шашылған) өте майда бөлшектері. Аэрозольдер* — улы заттың қатты бөлшектері немесе ауаға түтін, тұман күйінде көтерілген улы сұйық заттың тамшылары (Ж. Лұқпанов, Химияны қолдану.). Арнаулы бүріккіштер, тозаңдатқыштар, *аэрозоль* қондырғылары арқылы егістік жердің бетіне улы химикаттар шашады (Ты-

қайтқыш енгізу.). Тоғыту немесе *аэрозоль* [тұмандату] әдістерімен малды жиі-жиі дәрігерлік шаралардан өткізіп отыру керек (Ә. Әбішев, Мал дәрігер.).

АЭРОЗОЛЬДЫ с ы н. *Аэрозоль бар, аэрозоль араласқан.* Мұның үшін металдан немесе пластмассадан жасалған кішкене баллондарға құйылған *аэрозольды* инсектицидтерді де пайдалануға болады (Т. Досжанов, Зиянды насеком.).

АЭРОЗОЛЬДЫҚ с ы н. *Аэрозоль үшін қажетті. Аэрозольдық* ААП-0,5 «микрон» аппараты егіс, бақ және огород дақылдарының, орман бұталарының зиянды жәндіктеріне қарсы күрес жүргізу үшін қолданылады (Тыңайтқыш енгізу.).

АЭРОКЛУБ з а т. *Авиация өнерін үйренетін, онымен шұғылданатын адамдарға арналған клуб.* Ол орта мектептің 8-класында жүріп, бір жағынан *аэроклубта* оқиды (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Бірқатар жерлерде *аэроклуб* ұйымдастырылып, бірқатар жастар ұшқыштық мамандық алды (Ш. Өтепов, Өшпес жалын).

АЭРОЛОГ з а т. *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін маман.* Кімдер жоқ бұл барақты ұялаған, Капитан, доктор, аспаз ұя салған. Метеоролог, *аэролог,* геологтар Сықылды тағы талай зиялы адам (І. Жансүгіров, Шығ.).

АЭРОЛОГИЯ з а т. а с т р. *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін ғылым.* Советтер Одағында *аэрология* үлкен жетістіктерге жетті («Білім және еңбек»).

АЭРОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Аэрологияға қатысты, аэрологияға тән.* Соңғы кездерде *аэрологиялық* зерттеулерге көп көңіл бөлінуде («Білім және еңбек»).

АЭРОМАГНИТОМЕТР з а т. т е х н. *Ұшатын аппараттар арқылы жердің магнит өрісін өлшейтін аспап.* Самолеттің қанатына не құйрығына орнатылған *аэромагнитометрдің* датчигі (магнит әсерін сезгіш бөлігі) автомат компенсатормен қорғалады (ҚСЭ).

АЭРОМАЯК з а т. *Әуе кеңістігіндегі ұшқыштарға жол көрсету үшін жасалған мұнара шам.* Алматыға жақындап қалдық. Жерде жарық шашып, *аэромаяктар* тұр («Соц. Қаз.»).

АЭРОМЕКТЕП з а т. *Ұшу өнерін үйретегін мектеп.* Ол онжылдық мектепте оқи жүріп, қаладағы *аэромектепті* де бітіріп алды («Лен. жас»).

АЭРОНАВИГАЦИЯ з а т. *Бағытын, биіктігін және ұшудың уақытын сақтай отырып ұшу аппараттарын басқарушылық. Аэронавигацияның* жер белгілері бойынша ұшыру, компасты аэронавигация, радионавигация, астронавигация сияқты түрлері бар (ҚСЭ).

АЭРОНАВТ з а т. а в и а ц. *Әуеде ұшушы.* Қанат жасынан-ақ *аэронавт* болуды армандайтын («Лен. жас»).

АЭРОНАВТИКА з а т. а в и а ц. *Әуеде ұшу теориясы мен практикасы.* 26 майда Парижде *аэронавтика* мен космостың XXVII халықаралық салоны ашылады («Соц. Қаз.»).

АЭРОПЛАН з а т. а в и а ц. к ө н е. Самолет. Суйтсе де оған қарамай, сол августың 20-на шейін ақша тапсандар, Қазақстанға бір *аэроплан* берейік деп, бізге уәде қылып отыр (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Біздің бала *аэроплан* оқуына барам дейді. Мен комбайн жақсы деймін. Қайсысы дұрыс? (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Аэроплан* — ұшқыр құс, Сәуледен озып өткен құс. Еңбекшілер дүниесін, Көгертетін осы күш (И. Байзақов, Таңд. шығ.).

АЭРОПОРТ з а т. а в и а ц. *Үлкен аэродром.* Машинамен жүргенде *аэропорт* бұл тұстан жарты сағатқа жақын жер болу керек (С. Мұқанов, Алып. адым.). Қарашты Елеусіз, Лиза, Шынар үшеуі *аэропортқа* шығарып салды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ташкенттің тұрмын шолып *аэропортын,* Сықылды таласы жоқ ол бір толқын. Порт алды сирей бере толады кеп, Самсаған самолетке оқтын-оқтын (Ғ. Орманов, Ой қанаты).

АЭРОСТАТ з а т. *Ауадан гөрі жеңіл газбен толтырылып, әуе кеңістігіне ұшырылатын аппарат.* Бактериялық қару авиацияның, ракетаның және әуеде қалықтап жүретін *аэростаттың* көмегімен әртүрлі аурулар қоздыратын сұйық немесе құрғақ рецептуралар шашу, сондай-ақ уланған, жұқпалы құрт-қоңыздар тарату жолымен қолданылады (Мұны білу керек). Барлық газдардың ішіндегі ең жеңілі болғандықтан сутегі бұрынғы кезде ауа шарларын, *аэростаттарды* және дирижабльдерді толтыруға қолданылған (Химия).

АЭРОСТАТИКА з а т. *Газ тәрізді ортаның тепе-теңдігін және оның ішінде қозғалған денеге тигізетін әсерін зерттейтін гидроаэромеханиканың бір бөлімі. Аэростатикада* негізінен атмосферадағы қысымның биіктікке байланысты өзгерісі мен ауада жүзетін денеге әсер ететін күштің қасиеті зерттеледі (ҚСЭ).

АЭРОСУРЕТ з а т. *Самолеттен арнаулы аэрофотоаппаратпен түсірілген жер бетінің суреті. Аэросурет* түсірілу тәсілдеріне байланысты горизонтальдық, пландық, перспективалық болып бөлінеді (ҚСЭ).

АЭРОСЪЕМКА з а т. *Әуе кеңістігінде жүріп, жер бетін суретке түсіру әдісі.* Геодезиялық карталар жасау үшін, *аэросъемканың* маңызы өте зор (География).

АЭРОТЕРАПИЯ з а т. м е д. *Таза ауаның емдік әсерін пайдалану әдісі. Аэротерапия* — таза ауаның организмге тигізетін әсерін емдеу және дене шынықтыру мақсатына пайдалану әдісі (М. Исамбаев..., Мед. анықтама).

АЭРОФЛОТ з а т. а в и а ц. *Авиациямен айналысатын ірі бірлестік, ұйым.* Соншама көп жолаушылар таситын біздің *аэрофлот* сияқты басқа авиация компаниясы бүкіл дүниеде жоқ («Лен. жас»). Бір күні Алматы *аэрофлотына* таңдаулы сатушы қажет болды. Бұл хабарды естіп, Тамара баруға тілек білдірді (Бұл да).

АЭРОФОТОАППАРАТ з а т. *Жер бетін самолеттен, вертолеттен, т. б. фотоға түсіруге арналған аппарат. Аэрофотоаппараттар* негізінен алынатын аэросуреттердің аумағымен және фокус арасының қашықтығымен ажыратылады (ҚСЭ).

АЭРОФОТОТОПОГРАФИЯ з а т. *Аэросуреттер бойынша топографиялық карта жасаудың әдістерін зерттейтін ғылым.* Қолданылатын фотограмметриялық әдістеріне байланысты *аэрофототопографияның* үш түрі бар... (ҚСЭ).

АЭРОШАНА з а т. *Ауа винтінің көмегімен жүретін механикалық шана.* Қараторғай дегенім *аэрошана* деген шана екен. Ат жекпесе де өзі зымырай беретін шана екен (М. Тиесов, Дала перзенті). Үнемі ізденгіш, талапты механизатор жақында кіші-гірім самолеттің ескі моторынан *аэрошана* жасады («Соц. Қаз.»).

АЮ з а т. 1. *Денесі үлкен, әрі икемсіз келген ірі жыртқыш аң.* Екі дос жігіт жол үстінде келе жатып бір *аюға* ұшырасыпты (Ы. Алтынсарин, Шығ.). *Аю* Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс және оңтүстік бөлігіндегі тауларда кездеседі, яғни Оңтүстік Алтай мен Тянь-Шань аралығын мекендейді (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Қысқа қарай жем болмай қалған кезде *аю* ағаштардың тамырларының астынан жасаған үңгіріне кіріп жатып алады. Бұл кезде ол күзде жинаған май қорының есебінен тіршілік етеді (Зоология).

2. С ы н. А у ы с. *Ебдейсіз зор денелі, еңгезердей.* Көпекбай өзі осынша аяусыз жоқшылық тепкісінде жүрсе де, жүні жығылмаған, бойы еңгезердей, тіп-тік, шоқша қара сақалды, қара торы жүзі ызбарланып ашулы қарайтын, зор дауысты *аю* адам (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

3. С ы н. А у ы с. *Ызбарлы, қаһарлы, адуынды, сұсты.* Мал-басқа иемін деп тұратын *аю* қатын боларыңды білмедім ғой (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Әй, айлаң аз-ау, шырағым, айлаң аз! Әуелі Мұхтарды мықтасаң да жететін еді ғой. Екі *аюдың* ортасына түстің-ау, қап! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Онан бері де он жылдай өтіпті. Күтімсіз қараша інген де қартайды. Алтын болса, *аю* бәйбішенің отымен кіріп, күлімен шығып, өмірі өтті (З. Шүкіров, Ізгілік іздері).

◆ **Ақ аю.** *Солтүстік мұзды мұхитында мекендейтін ақ түсті аю.* Жануарлардың кездесетін жерлері, басқаша айтқанда, мекен ететін ортасы әр түрлі келеді. Мысалы: балықтар суда жүреді, *ақ аю* солтүстік мұзды мұхиттың ықпалы мұздары мен жағаларында мекендесе, ал қоңыр аю ормандарда мекендейді (Зоология). **Қара аю.** *Таулы жерлерді мекендейтін қара түсті аю.* Біздің зоопаркте аюдың ақ аю, қоңыр аю, *қара аю* деген түрлері бар («Лен. жас»). Бұл аймақта тіпті, *қара аю* да кездеседі (География). **Қоңыр аю.** *Ормандарда мекендейтін қоңыр түсті аю.* Қазақстанда *қоңыр аю* Оңтүстік Алтайда, Бұқтарма өзені мен Марқакөл көлінің маңынан табылады (Х. Қыдырбаев, Дала көркі). Тістерінің құрылысына қарай, *қоңыр аю* жыртқыш жануарлар қатарына жатады. Бірақ ол тамақ талғамайды, яғни жануар текті тамақпен де, өсімдік текті тамақпен де қоректенеді (Зоология).

АЮБАДАМ з а т. б о т. *Қара немесе қызыл жемісі бар ырғай тәрізді әсем бұта. Аюбадам* ырғай тұқымдастар тобына жататын дәрілік өсімдік. Ол орман маңында, бұта арасында өседі (С. Сұбханбердин, Өсімдік — дәрі).

АЮБАЛДЫРҒАН з а т. б о т. *Жас сабағы (собығы) жеуге жарайтын, балдырған сияқты, ірі жапырақты өсімдік. Аюбалдырған* формасы шатырша келетін гүлшоғырының диаметрі 25 *см*-ге дейін жететін көпжылдық және екіжылдық балдырған сияқты өсімдік. Оның ерекше иісі бар, жемісінен эфир майы алынады (Т. Мұсақұлов, Биол. сөздік). Ал *аюбалдырғанның* тәтті шырынды өсімдік деп аталуының себебі не? Оның себебі, онда түйнектеп, қауыздана бастар алдында қанттың мөлшері 13 процент болады («Лен. жас»).

АЮДАЙ с ы н. 1. *Аю секілді, аю тәрізді; ебдейсіз, дөрекі.* Мені сүйетінің шын болса, мына кастрюльді көтеріп апаршы,— деп еді. Дәй қара *аюдай* қорбаладан, қызды кастрюлімен қоса көтеріп алды (Т. Ахтанов, Дала сыры). Немересінің алғаш құлаш сермегеніне қуанып, суға түскен *аюдай* қорбаңдап, рақаттана қарқ-қарқ күледі атасы (Н. Сералиев, Ақбөпе). Қарашы... еркімді бір жола билеп алғанын. *Аюдай* ебедейсіз, тоңмойын итке күлкі болғаным ба? (М. Сүндетов, Ескексіз қайық). 2. А у ы с. *Ызбарлы, сұсты, қаһарлы.* Арыны күшті *аюдай* хан — Алшағыр ордасы. Сарайдың ішкі далаңына шығатын алаң ашық үйінде Бірсімбай мен қалыңдығы Күнікей отыр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Аюдай* әжені қайтеміз? Түнде түгілі күндіз көзден таса қылмайды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 3. А у ы с. *Сорайған, ұзын, қолапайсыз.* Мына ердің құлағына қарандар. Кірі бес елі тура! Тырнағы *аюдай* боп кетіпті, масқара-ай (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек).— Әй, сөйлеуік-ай, бұл шортан емес, ақбалық — деді Тұраш. Шортан жыртқыш, тісі *аюдай* болады, мына ақбалықтарды жеп қояды (Н. Сералиев, Ақбөпе). Ақлима дес беретін емес, ернін сылп еткізіп қойып, арасына кір ұрып, қап-қара болған *аюдай* тырнағымен бетін тырнады (Б. Тілегенов, Көктем.).

◆ **Аюдай ақырған.** *Азулы, қаһарлы. Аюдай ақырған* шешесі де отырса басқа, тұрса аяққа ұрып күн көрсетпепті (С. Омаров, Дала қызы). Е, жаратқан ием, өкпемізді сүйретіп зорға жеткенімізде Хаман мен оның *аюдай ақырған* әйелін өз қазығынан таптыра гөр!— деді бастаушы (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).

АЮДАЙЫН с ы н. к ө н е. *Аю тәрізді.* Ақыртып *аюдайын* асау аңды Өсірген қойнына алып тал-қарағай. Жалпайып қошқар мүйіз кәрі аршалар, Қайыңдар балғын өскен жас баладай (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Өртенесің, жанасың, Өз-өзіңнен бейнетке, Өз басыңды саласың. Қай мезгілде тойғыздың *Аюдайын* ағасын (Абай, Тол. жин.). Көгіс пенен Тегістің Сыртқы түрін қарасаң, Арыстан мен аюдай. *Аюдайын* айбатты, Арыстандай қайратты (Батырлар жыры).

АЮЖҮН з а т. б о т. *Таулы жерлерде өсетін аласа майда шөп.* Таулы жайылымдарда көк майса, өлең, шалғын, көкбас және сарыбас жоңышқалар, *аюжүн*, күйіксары, теңгежапырақ, т. б. өседі (Х. Арғынбаев, Қазақст. мал шаруаш.).

АЮЖҮНДІ с ы н. *Аюжүн өскен, аюжүні бар.* Жұрт жартас түбіндегі аршалы, *аюжүнді*, көзгелтектей мөлдіреген алуан гүлді. тепсеңге келгенде, екі бүркіт теұя шенінен ұшып шығып, шарықтап жоғары шырқай бастады («Жұлдыз»).

АЮҚҰРАЙ з а т. б о т. *Орманды алқаптарда ұзындығы 4—5 метр болып өсетін ірі құрай.* Кейде мұндай «шөпті» ағаш деп те ойлап қалуға болады. Өйткені кейбір *аюқұрайдың* ұзындығы бес метрге жетеді («Лен. жас»).

АЮҚҰЛАҚ з а т. б о т. *Кішірек ақшыл қызғылт гүлді, сопақша жапырақты, тырбиып өсетін дәрілік шөп. Аюқұлақтың* гүлі тек бір күн ғана ашылады да, семіп қалады. Сондықтан тек ашылған гүлді ғана жинау керек (Қазақст. дәрілік өсімдік.). Ксерофиттерге, көбінесе далада, шөл және шөлейт жерлерде өсетін өсімдіктер жатады. Мысалы: жусан, изен, *аюқұлақ*, кейбір кекіре түрлері, жиде, тобылғы, жыңғыл, қылша т. б. (Т. Мұсақұлов, Ботаника). *Аюқұлақ* еліміздің солтүстік, орталық облыстарында, Кавказ және Сибирьде өседі... Зәр жүргізу үшін 10 гр жапырағын 200 гр суға қайнатып ішу керек (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.).

АЮЛЫҚ з а т. *Жыртқыштық; долылық.* Намыстансаң ағаңның *аюлығын* қойғыз! Ағаң аю, аю! Егер аю болмаса, халықтың ән мен күйін, сыры мен жырын дүрелер ме еді? (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АЮОТЫ з а т. б о т. ж е р г. **Бәрпі.** Бәрпі шөбін кей жерде *а ю о т ы* деп атайды. Бұл, әрине, оны көбінесе аю жейтіндіктен болу керек («Соц. Қаз.»).

АЮСЫ е т. *Айбаттану, қаһарлану.* Шық, шық, менің қарсыма, *А ю с ы р а н* Алшағыр. Қорқар болсаң жерге кір. Шық, шық! Жекпе-жек! (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

АЮТАБАН з а т. б о т. *Арам шөп туысына жататын, сарғыш гүлді, улы шөп. А ю т а б а н д ы* көк күйінде жеген мал тез уланады, ал қураса, оның уыты болмайды (ҚСЭ).

АЮША ү с т. *Аю тәрізді. А ю ш а* қалбаңдап тұра ұмтылған Түйебай мұны күтпеген еді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). ...Жарамаған,— деп кірген Әбіш үй ішінде басын таңып алып, қарнын сипалап, байлаған *а ю ш а* сенделіп жүрген Ахметті көрді (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазнасы). Сонда мен немене адамша емес, *а ю ш а* билеп жүрмін бе сенімен? (Жастар эстрадасы).

1. АЯ з а т. 1. *Аумақ, көлем, мөлшер.* Бір Қарқаралы қаласының алақандай *а я с ы н ы ң* ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық керекәр (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Кешке қарай *а я с ы н а н* көтеріліп кететін шалқар көлдің үстінде күн тұсау бойы жоғары тұр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бүйінің іңіндей тіп-тік, *а я с ы н а* екі адам сыярлық қара үңгірдің түбіне апаратын басқышқа Мейрам алғашқы рет қадам басты (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). 2. *Қойнау, баурай.* Мынау күлімдеген күміс аспан. Жібек гүлді жер, жұпар ауа, тау *а я с ы н д а ғ ы* мәңгі жас орман, жидек — сарқылмас бір мол қазына десек болардай (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Ағаш бүршіктері де ісініп, алма ағаштар гүл жарып, Алатаудың *а я с ы н а н* жұпар исі аңқып тұр (С. Байжанов, Құрыш зергері). Айдынды Баян, көл Баян, *А я с ы н д а* тудым мен бір кез. Басылсын мауқым сарынған, Суыңнан леззат берші тез! (Ж. Саин, Таңд. шығ.). 3. С ө й л. *Сая, пана.* Бойлауық бәйтеректің *а я с ы н д а*, Көрінген жетіп келсем қарасынға, Тау-тау ғып скірт үйіп пішеншілер Тепсенді отыр екен даласында (Т. Жароков, Нарын). Алматым сұлулық бар зор жанында, Құмартам бақшадайын орманында. Топ жастар *а я с ы н д а* алма бақтың, Ленинның үңіледі томдарына (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). Бөгелектер тобылғы, тал, шілік сияқты бұталардың *а я с ы н* паналап тіршілік етеді (С. Омаров, Қой бағу.).

◆ **Аясына алды.** *Бауырына қысты; қамқорлық етті.*— Өй, әке, шыбыным. Ол жаман есек қой, тимейді. Жай өзінің ақырғаны ғой,— деп Сарыекең Аяжанды *а я с ы н а а л ы п* жатыр (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Алматының алма бағын *А л ш ы а я ң а* ерке тоты, Не қалайсыз бізден тағы Нені сүйед жүрек оты? (С. Бегалин, Өленд.). ⊙ **Көңіл көздің аясы.** Қарашы, дос, демонстрацияға! *К ө ң і л к ө з д і ң а я с ы н а* сыя ма! Соңына еріп халқымыздың алыптың, Нөкеріндей келеді өзі даңқтың (М. Әлімбаев, Таңд. өленд.).

2. **АЯ** е т. 1. *Біреуге жаны ашу, есіркеу, мүсіркеу.* Бөбек есейген сайын әр нәрсені бір ойлайды; көбіне ол қорғанышы жоқ қарт ата-анасын *а я п*, қашан ұйқыға кеткенше үнсіз жатып жас төгеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жаным ашып, *а я п* та барамын. Осынша жылқыны жап-жас бала түнімен қалай жалғыз бағады екен?— деп ойлаймын (Майдан). Балалар балапанды *а я п*, ұясына апарып қойды (XX ғ. қаз. ақын.). Жетім деп *а я п* жаны ашып, Көзінің қырын кім салар? Жас төгіп сен отырсың, Ойнап жүр өзге балалар (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). 2. *Бір нәрсені қимау, іш тарлық ету.* — Отыр, қажы, адам деген қонақты осылай күте ме екен? Сен ақша *а я й с ы ң*, бізді қайда жұмсап отырғаныңды білесің бе? (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Сенен алманы *а я м а й м ы н* ғой, Мақсұт. Өзің тойғаныңша бір күні келіп аларсың (М. Сүндетов, Балық аула.). Қалқам, түйреуіштің қандайы болса да *а я м а й ы н*, — деді әкесі (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Ол жесін, ол жұтсын, Шырайын жылытсын. Ақшаны *а я м а*, Үйқыны тыншытсын (Абай, Тол. жин.).

◆ **Аяп кетті.** *Жаны ашыды.* Гүлнарды аса қатты *а я п к е т т і м.* Не дерімді, қандай сөз айтарымды біле алмай қиналып қалдым (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Рас, шынымды айтсам балықты *а я п к е т т і м.* Аузын ашып, тамағын бүлкбүлк еткізіп, суда өткізер еркін өмірін аңсап жатыр екен (А. Байтанаев, Асан). **Жанын аямады.** *Жанын салды.* Қарындас қанға батқанда, *Ж а н а я ғ а н* жан болмас. Бостандық туын көтеріп, Қарындас үшін алға бас (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өленд.). Ел үшін бәрі жан берді, **Ел үшін** кім *ж а н а я д ы!* Қызға амал, сірә, бар ма енді, Жаралы бір қол, аяғы (С. Ақтаев, Тұңғыш кітап). **Немді [несін] аяйын.** *Ая-*

рым жоқ. Үйге лық толды. Жас та, кәрі де болды. Ал, туған ағайын, Сендерден *немді аяйын* (М. Рашев, Біле қойдым). Көсемімді жырлайын, Көсемге арнап жүректен Жаңа бір жар табайын. Көсегемді көгерткен, Одан *немді аяйын!* (К. Әзірбаев, Өленд.). **Сенен аяғанды ит жесін.** *Еш нәрсені аямаймын, тарлық етпеймін.* Мөңкежан-ау, салғаннан сүйдемейсің бе? Сүйдесең ғой, мен сенен ештеңе де аямаймын. *Сенен аяғанды ит жесін,*— деп, кенет көңілі бұзылып жылап алды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

3. АЯ з а т. *Алақанның шұқыры.* Шал жөткіріп кеп, төсек үстінде отырып есікке жапсыра *ая* толым қақырық түкірді (М. Әуезов, Әңгім.).

◆ **Алақанның аясында.** *Анық, айқын.* Күндіз осы арадан бүкіл қыстақ *алақанның аясында* көрінетін (М. Иманжанов, Көк белес). Арқаның талай тауы, жері, көлі айнадай боп жарқырап, *алақанның аясында* көрінеді (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Алақанның аясындай.** *Көлемі тар, кішкене ғана (жер).* Кең дүниені кесе-көлденең кезетін, сирек кездесетін, сұлу жанды сұңқарлар да *алақанның аясындай* ұядан өсіп таралады (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). Азаттықтың табан тіреген жері *алақанның аясындай* ғана (Бейбітшілік даусы). Кең дала *алақанның аясындай,* Дөңгелеп бір уысқа сыйып жатты. Күмістей мың бұралып соры суы, Көгілдір көк желегін киіп жатты (А. Тоқмағамбетов, Дария сыры). **Ашса аясында, жұмса жұмырында.** *Еркінде, билігінде.* Курагин өзінен бұрынғы атамандардың бәрінен күшті шығып, «артельді» *ашса аясында, жұмса жұмырында* ұстады (С. Мұқанов, Ақ қан жұлдыз). Баяғыдан бері *ашса аясында, жұмса жұмырында* болып, жел қуған қаңбақтай қайда айдаса, сонда кете беретін Күреңбай қазіргі сәтте Нұртайдың көзіне торды бұзып шыққан аш арыстандай көрінді (С. Омаров, Қайырлы жаз).

АЯҒЫ ү с т. *Бір нәрсенің соңы, ақыры.* Мына топырдың *аяғы* бірдемеге апарып соғып жүре ме дегенім де (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Күй *аяғы* әсем әнге айналып, дәмді дірілдер діріл қағып тұрып алды (Т. Әлімқұлов, Туған ауыл). Апам біле ме?— Алып кеп қалсам, қайда барады. *Аяғы* шатаққа айналып жүрмесе... Шатақ шықпай, Әмина маған жоқ бои тұр (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). 1917 жылдың *аяғы* мен 1918 жылдың басында Торғай уезінде Совет өкіметі орнады (ҚазССР тарихы).

◆ **Ақыр [ең] аяғы.** *Ең ақыры, тіптен.* Әркімнің өсегіне қалмау үшін хан нан пісіретін жерге уәзірінен қағаз беріп: «Ертемен келген адамды кім де болса, ең *ақыр аяғы* мен болсам да отқа жағып жіберіңдер!»— дейді (Қаз. ертегі.). Достық достық шақырады, *ең аяғы* ешкімге қас сағынбастық өзін-өзі артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ (Абай, Тол. жин.).— Жылқы мен сиырдағы адамдардан төрт-бес жігіт алу керек. *Ең аяғы* Меркебек те қолына мылтық ұстасын! (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

АЯҒЫНДА ү с т. *Ақырында, соңында.* Жауыз екен, неше жыл дәмдес болып жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті, *аяғында* өзімнің күздігімді тартып алды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). *Аяғында* жігіттердің байлаған ақылы:— Не де болса елге жетіп көппен көреміз,— деген болды (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).— Жарықтық, біздің генерал өте зерек кісі ғой,— деді, Бозжанов әңгімесінің *аяғында* (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

◆ **Ақыр аяғында.** *Ең соңында, ең ақырында.* Көрінгеннің қолында кетіп, таудай болып үйілген балықтың *ақыр аяғында* түбі қылдырықтанып қалды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Өлеңті, Шідерті өзендерін қыдырып, *ақыр аяғында* Нұраға қайта оралды (С. Талжанов, Адам тур.). Ол коллективтен тыс, оқшау алынған күйі суреттеле береді де, *ақыр аяғында* табан астынан түзеліп шыға келеді («Қаз. әдеб.»).

АЯҒЫШ с ы н. *Жаны ашығыш, мүсіркегіш (адам).* Қорлық, бейнетті көп көрген адамның жүрегі беріш-беріш боп қатып, тұк сезбей ме деп топшыласа Нұрлан, бұл кісінікі жұмсақ, *аяғыш* (З. Шашкин, Сенім). Баймағамбет мұқтаж адамды *аяғыш* (С. Мұқанов, Өмір мектебі). *Аяғыш* адам ғой ол әр минутты, Шаттығын шалқар ойға әлдилетті. Тамаша! Тамаша!— деп қайта-қайта, Күлімдеп кезіп кетті кабинетті (Партия тур. өленд.).

АЯҒЫШТЫҚ з а т. *Жаны ашығыштық, мүсіркегіштік (қасиет).* Балуанның бала жасынан бойына біткен бір мінезі — *аяғыштық* еді (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

АЯДАЙ с ы н. *Кішкентай ғана, шағын, аумақсыз.* Шеткі үйге келіп есіктен қарап еді, *а я д а й* үйде отыз шақты адам бірінебірі сүйене жатыр екен (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *А я д а й* бөлменің ішінде жазу столы мен кітап салған шкафтан басқа ештеңе жоқ (С. Бақбергенов, Біздің колхоз.). Бұл шығанға жаурап қалжырап жеткен қойлар *а я д а й* ықтасынды паналап ұйлығып тұр (Т. Ахтанов, Дала сыры).

◆ **Аядай жер.** *Азғантай, тар жер.* Екі байдың *а я д а й ж е р г е* арқа тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жанар ел қыдырады, баспаған тауы, жүзбеген көлі қалмайды, не бір шаһардан, не бір ауылдан өзіне мекендейтін *а я д а й ж е р* таба алмай қаңғырып қор болады (З. Шашкин, Сенім). Былтыр да, биыл да айналдырғанымыз осы бір *а я д а й ж е р* (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.).

АЯЗ з а т. **1.** *Қыстығүнгі ызғарлы суық.* Ақпанның аяқ кезінде басталған ақ боран бірнеше тәулікке созылып ашылған соң, қатты *а я з* болды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Қысқы ауада асыр салып, Топ бала еркін ойнайды. Екі беті нарттай жанып, *А я з д а* олар тоңбайды (З. Қалауова, Таңд. шығ.). Егер июль айының ортасында шыжыған қатты ыстық болса, январь ортасында қатты *а я з* болып, февральда күн жылиды деп білді есепшілер (ҚазССР тарихы). **2.** А у ы с. *Қаһар, ызғар; қаталдық.* Енді міне, өмір *а я з ы н ы ң* алдыңғы лебі болып, Жәмпейіс арқылы келіп жатқан сұм салқын сол ғой деп ұққан-ды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Қуаты артық, ойы кең, Жұрттың бәрін шенепті. Досына дәл — жаз, жауға — *а я з,* Алысқанды денепті (Абай, Тол. жин.). Қызғалдақтай қымбат шағым, *А я з ғ а* ерте шалдықты. Кіршігі жоқ жас жүрегім, Қайғы басып қамықты (С. Машақов, Жылдар.).

◆ **Аяз қысты.** *Мұздады, тоңды. А я з қ ы с ы п,* анда-санда терезе сырт-сырт етеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Жаңағы тарс еткен нәрсе *а я з қ ы с ы п* қақ айырылған ағаш екен (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Буырқанса таудың бораны, Қарлы *а я з қ ы с с а* даланы. Жадырап күннің қабағы. Балбырар құмның алабы (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Аяз сорды.** *Аязда көп жүрді.* Өзгеріс бар өңінде оның, *А я з с о р ы п,* күн қаққанмен. Жайнатып тұр көзін оның, Қуанышты нұр жаққан өң (Ж. Өмірбеков, Мың терезе). Күнде өсіп баспалдағы, Болды адам аспандағы. Қыс қылшылдап, *а я з с о р с а,* Өрші жүрек жасқанбады (Бұл да). **Қақаған аяз.** *Қатты аяз. Қ а қ а ғ а н а я з д а* туған құлын көп кешікпей қата қалуы күмәнсыз (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Қызыл шұнақ аяз.** *Қатты аяз, үскірік.* Қыстың *қ ы з ы л ш ұ н а қ а я з д а р ы н д а,* үскірік дүлей боранларында бет-аузымды үсітіп, қара қожалақ болып жүрдік (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Шытынаған шыңылтыр *қ ы з ы л ш ұ н а қ а я з* шымшып қана бетті қарып тұр (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Бірде ысқырып ақ түтек боран соғады, бірде жер әлемінің аппысын құырып, шатынаған *қ ы з ы л ш ұ н а қ а я з* шаңытады (С. Бегалин, Жеткіншек). **Қытымыр аяз.** *Қатты, шымшыма аяз.* Әлпеш бала соңынан сыртқа шықты. Ашық атқан таңда *қ ы т ы м ы р а я з* бар (С. Шаймерденов, Мінез). Күн ашылғанымен, арты *қ ы т ы м ы р а я з* болды. Қар басып, аяз қысқан ағаш бұтақтары сатыр-сұтыр сынып жатыр (Ә. Шәріпов, Партизан.). Қолындай шебер ұстаның, Салуға өрнек жайлы епті. *Қ ы т ы м ы р а я з* тыстағы, Оюлап қойды әйнекті (С. Жиенбаев, Қарлығаш). **Сақылдаған сары аяз.** *Өте қатты аяз.* Әрі қора-қопсысы, әрі даярлаған шөбі жоқ адамдарға *с а қ ы л д а ғ а н с а р ы а я з д а* мал асырау оңай іс емес (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). *С а қ ы л д а ғ а н с а р ы а я з д ы ң* кезінде батыр Қабан үйдің іргесін көмсе, балалар тоңғақ болып өседі деп, қыс бойы киіз үйдің іргесін көмдірмейді екен (Ол күнд. даңқы). **Тымырсық аяз.** *Қарсыз, желсіз қатты аяз. Т ы м ы р с ы қ а я з* өткірлене түсіп, дененің о жер, бұ жерін шымшып өткендей болды (Б. Майлин, Шығ.). Аспан ашық. *Т ы м ы р с ы қ а я з* Қарағандыны қыраумен бояп тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Ай сүттей жарық. Жер аппақ. *Т ы м ы р с ы қ а я з* шымырлатып бетті сүйеді (М. Иманжанов, Адам тур.). **Шыңылтыр аяз.** *Құрғақ аяз.* Қаңтар айының аяқ кезі, күн ашық, *ш ы ң ы л т ы р а я з* бар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Аждаһадай ысқырған бұрқақ күндердің арты *ш ы ң ы л т ы р а я з б е н* ашылады (Х. Әбішев, Аспан сыры). Күн ұясына жақындаған сайын *ш ы ң ы л т ы р а я з* беті-қолыңды ұрлана шымшып қояды («Лен. жас»). **Шытқыл аяз.** *Қатты, құрғақ аяз.* Қыс белгісі, жақында түскен күпсек қардан және кей күндерде болатын сәл *ш ы т қ ы л а я з д а н* ғана білінеді

(М. Әуезов, Абай жолы). *Шытқыл аяз* дененің әр жерін бір шымшып өтіп, мазаны ала түсті (Б. Майлин, Шығ.). Жерде қалың қар бар, күн әрі ашық, әрі *шытқыл аяз* (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). **Шытынаған аяз.** *Қатты аяз.* Күн суық, *шытынаған аяз.* Түнде борасын соғып, жолды ала-құла жасырып кеткен (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Бригада мүшелері өзінің әрбір минутын еселі табысқа айырбастап, *шытынаған аязды,* азынаған боранды күндердің өзінде сол бір қызу еңбекті толастатпай өршіте берді (Ж. Қожабергенов, Құрылысшы.). **Үскірік аяз.** *Боранды аяз.* Күн *үскірік аяз* еді. Ауыздан шыққан түкірік жерге түскенше мұз болып қатып қалды (С. Ерубаев, Шығ.). Ұлы соққан боран, *үскірік аяздан* бүрсең қаққан бес ешкі бір тасқа келіп ықтайды (Қаз. ертегі.). Қылыш алған қыс кетіп, *Үскірік аяз,* ақ қардан. Әлсіреді күш кетіп, Құрт-құмырсқа тіріліп, Келді міне жаз жетіп (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

АЯЗАТА з а т. *Халық ұғымындағы ақ сақалды, үстін ақ қар мен қырау басқан шал кейіпті жаңа жылдың бейнесі.* Ортасында осы арша Ұстап аса таяғын, *Аязата* тұр, сонша Қырау жапқан қабағын (Т. Жароков, Шығ. жин.). Қайыстырып жер бетін, Қармен аппақ көмеді, Көрсетем деп келбетін, *Аязата* келеді (Ж. Саин, Шығ.). Тік тұрса да күн-түні, Кезі жоқ бір шаршаған. Қоршап *Аязатаны,* Қызыққа бөбек батады (М. Рашев, Қанатты қиял).

АЯЗДАЙ с ы н. *Аяз тәрізді, аяз сияқты.* Аяжанның сезімтал жүрегін бұл әңгіме *аяздай* қарып, мұздатып жіберді (Б. Соқпақбаев, Аяжан). *Аяздай* жауға үскірген, Құрсанған қызыл әскерден Сәлем ап келдім, туған ел! Мұнайын шығырау бұлақтан (Т. Жароков, Шығ. жин.). Далада бұрын кім бар ед? *Аяздай* қысқан алпауыт, Аузы қарыс сұм бар ед. Кетпені қолдан түспеген, Еңбегін сатқан құл бар ед. (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

◆ **Арқама аяздай батты.** *Қатты әсер етті, жанға батты.* Сіздің жерошаққа аунап жатқаныңыз менің *арқама аяздай батты* ғой, құрбым-ау! (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Оның қазіргі халі *арқамызға аяздай батады* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Көптен бері *арқасына аяздай батып,* түн ұйқысын төрт бөліп келген үй жайы да бір ретке келген сияқты (Б. Тілегенов, Көктем.).

АЯЗДАН е т. 1. *Суық түсу, суыту.* Күн райы суытып, *аяздана* түсті (Е. Қалиев, Рудный.). 2. А у ы с. *Түсін суыту, қатулану.* Қазір, тәңір-ау! Мұздайды қан, Есіме алсам өзіңді. Суық көзді *аяздаңған,* Салқын уағыз сөзіңді (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Ана шіркін бақты екі балапан, Ана қолы *аяздан бас* алақан. Ел қатарлы ер атанды қос тентек, Кім айтады «әке жоқта өскен» деп (М. Әлімбаев, Жүрек лүпілі).

АЯЗДАП ү с т. *Тоңып, мұздап, қатып.* Күндіз-түні бірдей қосқа келген кісі болса: *аяздап* тұрған етті балтамен шапқылап әкеліп, үнемі асулы тұрған үлкен қара бақырға салып жатады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Аяздап* қалған машина шықырлай шақырлап, жонның күдір жотасымен баяулап тарта берді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Аттан түспей *аяздап,* Омырауын шандыған (С. Керімбеков, Еңбек — ата.).

АЯЗДЫ с ы н. *Суық, аязы қатты. Аязды* түнде сау жорытқаннан «әдемі» не бар (Б. Майлин, Шығ.). Қыстың *аязды* күнінде онсыз да қалың ерні әрең жұысып, ұзақ сөйледі (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Құлақшыны артына қарай сырғыған, қара бұйра шашын *аязды* жел желбіретіп тұр (Б. Момышұлы, Москва үшін.). *Аязды* түнде аялап, Бесікке белі бүгілген. Түн ұйқысын төрт бөліп, «Құлыным!» деп жүгірген (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

АЯЗСЫ е т. ж е р г. *Мұзы еру, жылу, жібу.* Жылы үйде тез *аязсыған* етіктің табанының қары еріп, көрпенің үстіне аға бастағанына шыдай алмаған Аққұлаш: «Не қылған лас адамдар»,— деп ойлады (К. Оразалин, Көктем.). Үстіндегі тонының *аязсып,* бусана бастағанын аңғарған Ережеп тез орнынан тұрды (К. Оразалин, Ақ жазық).

АЯЗСЫЗ с ы н. *Суық емес, аязы жоқ.* Биылғы қыс сықырлаған *аязсыз,* құтырынған борансыз, жұмсақ болды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Аз жауған қары көп жатпай еріп кетіп, ысқырған борансыз, түтеген *аязсыз* қара суық болады да тұрады (С. Көбеев, Орынд. арман).

Аязсыз кездің ұзақтығы 80 күн мен 150 күннің арасында ауытқып, орташа алғанда 105—120 күн болады (М. Әмірғалин, Биязы жүнді қой.).

АЯЗСЫМАҚ с ы н. *Аяз тәрізді, аязға ұқсас; суықтау.* Мен Гүлсімнің *аязсымақ* жел-лебінен, қызара түскен бүлдіршіндей бетінен сүйіп алғым келді. Бірақ аттың басын ұстаған адамнан имендім (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АЯЗШАЛ з а т. с ө й л. Аязата. Коньки-диқой! Лыжыны ал! Кәне қармен қырлайық! Келіп қалар *аязшал*, Көп бөгеліп тұрмайық (Ж. Саин, Таңд. шығ.). Жаңа жылда *аязшал* Бас қонақ боп келіп тұр. Аязата «әлик ал»,— Балалар сәлем беріп тұр (Т. Жароков, Шығ. жин.).

АЯҚӨЗ с ы н. *Аяулы, ардақты, қымбатты (адам).* Есіме алсам тулап, сені — сезім, Көрмесем жыртылардай болып төзім. Келуім — қан-жынымен араласып, Жеріңде жатыр талай *аякөзім* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). Алтын бас, *аякөзім*, әйгөлегім, Дөңгелеп тас төбемде жайнап едің. Қаңбақтай қағып сені ұстаймын деп, Сәулеңе саусағымды жайған едім (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). // *Таңдаулы, жақсы (жылқы).* Бұл табында аттардың да талай *аякөзі* бар екен. Мен солардың әрбіріне қызығып ем, қарт жылқышы «оны қоя тұрайық» деді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Шынында да сол күндерде совхоздың ат қорасында басқа жерлерден әкелінген асыл текті не *аякөздер* дербес баптауда, күтуде тұратын (Ж. Орманбаев, Қос басшы).

1. АЯҚ з а т. 1. *Адамның, жан-жануарлардың жүру, тұру қызметін атқаратын дене мүшесі.* Айсұлу-ау, *аяғың* талды ғой отырсайшы,— деді Сапар (А. Байтанаев, Асан). Сонау жерде *аяғы* шідерлеулі торы бие жайылып жүр, соған барады (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Алып құс айналды, Сол бауға қонғалы. *Аяғын* созды да, Қанатын қомдады (Ә. Ахметов, Өленд.). Екі көзге дәуіттің *Аяқтары* қадалды. Болат ұшты инедей, Қадалған жерден қан алды (Қ. Жапсарбаев, Өленд.). 2. А у ы с. *Аяқ киім.* Ауланың қарын күрер ем, *Аяғым* су болмаса. Бақшаны баптап жүрер ем, Үстіме шаң қонбаса (М. Әлімбаев, Биікке.). Аузы жаман елді былғар, *Аяғы* жаман төрді былғар (Мәтел). 3. *Стол, орындық, кереует тәрізді заттарды жерге тигізбей тұратын тіреу.* Астыңыздағы кереуеттің бір *аяғы* сынып тұр. Қозғала берме, құлап қаласың (С. Шаймерденов, Мінез). Бөлменің қақ ортасында төрт *аяғы* бақандай еменнен жасалған көне стол тұр (Ө. Қанахин, Ауыр күн.). Қарасайшы, кірпінің өнерін көрмейсің,— деп, Қаби Есенге кереуеттің *аяғынан* салбырап, төмен түскен жыланды нұсқады (С. Бегалин, Жеткіншек). 4. *Бір нәрсенің төменгі жағы.* ... Бай бопты Бағлан деген баяғыда. Арқа оттап, асқар жайлап, құм күзеген, Қыстауы Амудария *аяғында* (І. Жансүгіров, Поэм.). Жыланды, Үшаралдан бергі дала Сарғайып сұлап жатыр үлкен сала. *Аяғы* Қарақұла, басы Үшарал, Күңіреніп елсіз тұр-ау есіл дала (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Сарғуанның *аяғы* ұлан Тобыл. Сол жерге келіп қонды көшкен ауыл. Маңайына дұспан жау жолатпастан, Дотан хан болып тұрды бірнеше жыл (Батырлар жыры).

◆ **Адам [аяғын салмаған] аяғы баспаған.** *Адам болмаған, кісі бармаған (жер).* *Адам аяғын салмаған* жерден он бес ұя ордалы суыр апан қазып жатқанын көріп келдім (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұл көл [Рудольф көлі] Шығыс Африкадағы *адам аяғы баспаған* аймақтардың бірі («Лен. жас»). **Ала аяқ.** *Қу, сұм.* Ал осындағы өзімшіл, ежелгі шаруалық пайдакүнемдіктен арылмаған *ала аяқ* Качанның жағымсыз қиялаты да шебер жасалған («Қаз. әдеб.»). *Ала аяқ* қу ұрғызбақ тұрсын, шендестірместен үюлі аршалардың үстінен тысқа қарай бір-ақ секірді (Бұл да). «Көктектің бауырында» деген әңгімесінде Бейімбет Омар сияқты атқамінер *ала аяқтың* қарамағына іліккен Жақып деген оқыған жігітті суреттейді («Лен. жас»). **Аяғы [көктен] аспаннан келді.** *а) Құлады, тоңқалаң асты.* Ырысмағамбеттің *аяғы көктен келе* тырақ ете түсті, шаң бұрқ етті (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Басы төмен, *аяғы көктен келгендей* ол да үзіліп түсті (Ж. Жұмақанов, Әлия). Өзің ғана *аяғың аспаннан келе* бір құламадың-ау мына суға (С. Бегалин, Ана қайраты). *ә) Сәтсіздікке ұшырады.* Мен жеңілмей, кім жеңілсін, екі *аяғым көктен келді.* Өз өмірімде құрыған жерім де осы болды?— деп мұңайды Орман молда (С. Талжанов, Адам тур.). Ертең болыс сайлауында *аяғың аспаннан келгелі* тұр. Саған соны ғана айта келдім,— деді де, Көлен есікті сарт еткізіп жауып, шығып кетті (Ә. Нұр-

пейісов, Қан мен тер). **Аяғы ауыр.** *Екіқабат, жүкті. Аяғы ауыр* Ұлпанның жүкті кезі, Күндіз-түн Дандун оны күтті өзі. Қуанып екеуі де іштерінен, Үміт пен келешекке тікті көзді (Е. Бердин, Екі ойшыл). Күн асса үзілдіріп, сарылдырып, Арманы алыстағы сағындырып. Жас ана *аяғы ауыр,* күні таяу, Бақытын күтті асыға, жаны күліп (М. Әлімбаев, Лирика). **Аяғы ауырлады.** *Екіқабат болды.* Ол байғұсқа не сын бар, тұңғыш көтерген баласы. Күні толған сайын *аяғы ауырлай* берді ғой (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сәйтіп жүргенде *аяғымның ауырлағаны* байқалды. Соның сылтауымен бір жылға демалыс алдым да, оқудан босандым (Ә. Сатыбалдин, Ақмарал). **Аяғы аяғына тимеді.** *Тез жүрді, ылдым-жылдым басты.*— Адыра қалсын! Не қылған-ау! Кеше емес пе еді осы. Сері жігіт келгенде желдей есіп, *аяғы аяғына тимей* кеткені қайда? (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Ол [Есен] тіпті, *аяғы аяғына тимей,* адымдай аттап, қасындағы Ғаниды шұбалтып терге шомдырды (М. Иманжанов, Көк белес). **Аяғы жерге тимеді.** *Ұшып-қонып, тез, жылдам.* Дүйсенбек жарыс жолында, *Жерге тимей аяғы,* Келеді ұшып қолында Эстафета таяғы (М. Әлімбаев, Биікке.). **Аяғы көктен [аспаннан] салбырап түскен.** *Сол қалпында, елден ерекше.*— Әй, Құдайменде!..— деп Еламан қарсы ақырды,— *аяғың көктен салбырап түскен* құдай емессің. Сен де өзіміздей екі аяқты пендесің (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Аяғына бас ұрды [иді].** *Жалынды, жалбарынды, құлдық ұрды.* Келем десең өзің біл, *аяғыңа бас ұрып* жалынар жайым жоқ,— депті күйеуім маған жазған хатында (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Селкілдеп келіп жығылды, *Аяғына бас ұра.* «Қарағым жылт, тамақ бер, Жаз шыққанша асыра!» (Абай, Тол. жин.). Тосқан айың оралып, *Аяғыңа бас иіп,* Тәу етсе де болмай ма. Сендей жардың «құтқар» деп, Жалғыз айтқан демінен! (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Аяғына жем [қан] түсті.** *Аяқ ауруына шалдықты.* Оспан, Мақыш сенің де есіңде ме, *Жем түсіп* ақсағаның *аяғыңа* (Жамбыл, Таңд. жин.). *Аяғына жем түскен* аттай шоқақтай беретін сөйлемдерді құрай салатынымыз бар («Лен. жас»). Е, командирдің алдында тұр екенмін деп, атымның *аяғына қан түсірейін* бе? Қоя беріңіз (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Көптен жаяу жүріп көрмеген Хитровтың *аяғына қан тускендей* сылтып басып, әзер келеді (Майдан). **Аяғына жығылды.** *Кешірім сұрады, «өт», «кеш» деп жалынды. Аяғыңа жығайық,* ат-шапан айыбың да әзір,— десіп көріп еді, Жұман бай тіпті кергіп кетті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Бұйрығын бұзады және жігіттің әкесінен кешірім сұрайды, *аяғына жығылады* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Келіп ед ұрынғым да, ұрынбадым, Жас жүрек неге, неге шымырладың? Сәулемен сәлемдеспей шығып кеттім Жөн еді-ау, *аяғына жығылғаным!* (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **Аяғын алдырды.** *Аяғы ауыр тартты, шаршады. Аяқтарын алдырып,* Астымда атым болдырды. Айдалада қалдырып, Құба жонға қондырды (Жамбыл, Шығ. жин.). Асыққан *аяғын алдырар* (666 мақал мен мәтел). **Аяғын алшаң [алшақ] басты.** а) *Кең адымдады. Аяқтарын алшаң басып,* Автоматтарын кезей ұстап, тұтқындарды қоршап тұрған мына ішкі күзет (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). *Алшақ басып аяғын,* Ауыр салмақ қомында. Әдетінше баяғы, Жүк тастамай жолында (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). ә) *Еркіндеді, еркіншіді.* Бейнесінде баяғы, Белгісі жоқ мешелдің. *Басады алшақ аяғын,* Батырындай осы елдің (Ә. Тәжібаев, Шығ. жин.). **Аяғына мінді.** С ө й л. *Жаяу жүрді.* Деев *аяғына мініп,* Жүсіп екеуі осы «қонақ үйіне» келсе, мұнда сегіз «жолаушы» жатыр екен (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Арықты мінгенше *аяғыңа мін* (Мәтел). **Аяғынан барды [келді].** *Өздігінен, шақырусыз барды (келді).* Мен, Біржан, қызға *барман аяғымнан* Шын қызсам, дәуірлеймін баяғымнан. Бері кел, ұрғашылық қылма жаным! Дәндеме наймандағы саяғыңнан (Біржан сал). Мұндай *аяғынан келген* арзан жұмыскерді байлар ақы жағынан мейлінше жеу есебімен жұмысқа да оңай орналастырған еді (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Жақсылық *келген* жоқ өз *аяғынан,* Ол үшін қандай күшік аяды жан. Айша да сондай жанның біреуі еді, Қаншама өзгеріпті баяғыдан? (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Аяғынан жайылды.** *Өріске шықты, өздігінен шөп тауып жеді.* Хасеннің белсеніп, бөлек қора баққанына қарай қыс өте жақсы болды, қар жұқа түсіп, мал көбінесе *аяғынан жайылды* (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Түйелер *аяғынан жайылады.* Бұларды таңертең

өріске айдап салып, кешке қарай айдап келу үш баланың міндеті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). **Аяғынан жүр.** Диал. *Кепілде жүр.* Ол қамауда жатыр еді, аз күн болды, *аяғынан жүр* (Ауызекі тіл). **Аяғынан сарсылды.** *Қатты шаршады, сабылды.* Қала — тірліктің өлшемге түсетін жері. Еркіндік, сайран аз. Таңның атысы, күннің батысы сағатпен жарысып, *аяғыңнан сарсыласың* («Қаз. әдеб.»). **Аяғынан таусылды.** *Босқа әуре болды, бекер шаршап-шалдықты.* Алайда, жүрегін қолына ұстап, *аяғынан таусылып* жүрген Әміржанды Қалампыр ұнатпайды (М. Гумеров, Сүйе ме?). **Аяғынан тозды.** *Құрыды, мүлде жоқ болды.* Жиналған жігіттер *аяғынан тозып* кетті. Көтеріліс жасалған жердегі көзге түскен Басшылардың көбі түрмеге жабылды (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Жерді бөлсек не болдық *Тозбаймыз* ба *аяқтан.* Қалың кедей өш алып, Өлмейміз бе таяқтан (Б. Майлин, Шығ.). **Аяғынан тұрғызды.** *Бағып-қақты, адам етті.* Көп балалы анаға күнің-түнің Бәрібір ол ұйқысыз, жоқ бір тыныш. Парыз — бәрін асырап, бағып ептеп, *Аяғынан тұрғызбақ,* адам етпек (Партия тур. өленд.). **Аяғынан тік тұрғызды.** а) *Түгелдей дүрліктірді, әбігер етті.* Қорғаныс шебін ұстап жатқан бар әскерін *аяғынан тік тұрғызды* (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Қазақ ауылдарын бөрліктіргені соншама, шақыру жасында жігіті бар қазақ біткеннің тайлы-таяғына дейін қалдырмай бәрін *аяғынан тік тұрғызды* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Жайнатып жайлауымды көктеп келді, Сыр бойын сілкіндіре өктем келді. Малшыны *аяғынан тік тұрғызып,* Біреуге артпа деді өкпеңді енді (Н. Сүлейменов, Жолда). ә) *Қалыпты жағдайға келтірді, нығайтты, жақсартты.* Қазақстан әйелдері контрреволюцияшыл күштерді талқандағаннан кейін соғыста қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру және тұңғыш социалистік мемлекетті *аяғынан тік тұрғызу* үшін жасампаз еңбекпен шұғылданды (Аялы жандар). Достықтың, ұйымшылдықтың арқасында біз заводты аз мерзім ішінде *аяғынан тік тұрғызып,* іске қостық («Лен. жас»). Әсіресе, «Комсомол — үлкен химияның құрылысшысы» аталған кеш жетіжылдық алыбын *аяғынан тік тұрғызушы* жастарға жақсы әсер қалдырды (Бұл да). **Аяғынан тік тұрды.** *Бар ынтасымен құрмет көрсетті, жақсылап күтті, сыйлады.* Құмары ердің табылды, Табылмаса нағылды: *Аяғынан тік тұрып,* Сәлмембет батыр сыйлады, Есіткен сырттан дабылды (Халық поэм.). **Аяғына отырғызбады.** Жерг. *Тыным бермеді.* Осыдан күн бұрын Зүрәға үйленуді айтқан кезде, Ережеп *аяғына отырғызбаған* болатын (К. Оразалин, Ақ жазық). Әлім Ақсуат бидің тентектері Байұлының бір адамын өлтіріп, теңдік бермейді. Сойыл соғары көп Ақсуат би құн сұрай барған адамдарды *аяғына отырғызбайды* («Лен. жас») **Аяғына тұсау түсті.** *Үйленді, балалы-шағалы болды.* Үй іші, әсіресе шешелер күліп, мәз боп, Оспанның *аяғына тұсау түскенін* өзіне естірту, түсіндіру жайын ойлап, күліскен-ді (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Аяғын әлтек-тәлтек басты.** *Аяғын қалай болса солай басты, тәлтіректеді.* Жолда Таранов ұшыраса кетті. *Аяғын әлтек-тәлтек басады,* удай мас екен («Лен. жас»). **Аяғын әріге салды.** *Кеңінен ойланды, үлкен нәрсе қалады.* Осыны ойлаған ақылды қыз, *аяғын әріге салып,* сұр жорғаны сұрайды (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). **Аяғын кердең-кердең басты.** *Маңғаздаңды, кербезсіді.* Иван күрес әдісін өзгертті. Осы ауылда көмулі ұра бар,— деп, бықсытып жүрді бірдемені, онымен де қойған жоқ... *Аяғын кердең-кердең басатынды* шығарды (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). **Аяғын қия бастырмады.** *Ешқайда барғызбады, еш жаққа шығармады.* **Ожар** Оспанның жігіттері де Әлібидің үйін көшірісуді сылтау қып кетпей қойды. Олар Бөбектің *аяғын қия бастырмады* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Аяғын құшты. *Сол сияқты болды, соның кебін киді.* Баланың басын алмақшы болған патша санаты баланың көрікті жүзінен есі ауып құлайды. Екінші санаты да оның *аяғын құшты* (Қаз. ертегі.). **Аяғын салмайды.** *Аяқ баспайды, жоламайды.* Тірек болған еліме, Туым менің сен алғаш. Ленинградтың төріне Жау *аяғын сала алмас* (Жамбыл, Шығ. жин.). **Аяғын тік басты.** *Жолға қойылды, қалыпты жағдайға келді, түзелді.* Көрсеңші еді, қайран ер, Тың өмір қандай баяғың. Еңбекті еміп жайраң ел, *Тік басты* колхоз *аяғын* (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). **Аяғын шалыс [теріс] басты.** *Қателесті, жөнсіз іс істеді.* Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма? Біреуге жай, біреуге тез болмай ма? Асау жүрек *аяғын шалыс басқан,* Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? (Абай,

Тол. жин.). Жолдассың ғой, жат емес сен, Емессің ғой жай бір таныс. Табалама қателессем, *Аяғымды бассам алыс* (С. Сейітов, Бетпе-бет). Күлəнда осылайша өсті бастан, Жері жоқ оң *аяғын теріс басқан* (Ж. Саин, Таңд. шығ.). **Аяғын шырмады.** *Үйлендірді, əйел алып берді.* **Екі-үш қараның басы барда сенің** *аяғыңды шырмап,* міндеттен құтылсам деп отырмын,— деді (Б. Майлин, Шығ.). **Аяғын ұшынан басты.** *а) Ақырын жүрді, ептеп басты.* Шаршап, талып жығылған жауынгер екі қыздың ұйқысын бөлмей, *аяғымызды ұшынан басып* шығып кеттік (Ж. Жұмақанов, Əлия). Жүсіп күн шықпай оянды. Құралай мен балаларын оятып алмайын деп *аяғын ұшынан басып,* пəтерінен шықты да, өзенге барып рахаттана жуынды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). *ə) Жан ұшырып, қызмет істеді.* Оның күтушілері *аяқтарын ұшынан басып,* қызметтерін істей бастады (Мың бір түн). **Аяғыңды аңдап** [аңдып] **бас.** *Байқа, абайла.* Мен қорқақ едім,— деді біреуі. Ал, мен *аяғымды аңдап басатын* едім,— деді тағы біреуі (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). *Аңдап бас аяғыңды,* Сара жазған, Мен сенің кісің емес алдайтұрғын. Қыласың ұрғашылық бір басыма. Қазақ жоқ Біржан десе наңбайтұғын! (Ақын жырлары). *Аяғыңды аңдып бас,* ей Жақсылық! Өз басында жының бар бір бақсылық. Борышқорлық адамға қиын нəрсе, Əрқайда өсіткіземі мал тапшылық (Абай, Тол. жин.). **Аяғыңды байқап бас.** *Абайла, байқа.* Бір көкірек, əйтеуір, Басылмай жүрген баяғы. Қолы жетпеске ұмтылад, *Байқап баспай аяғын* (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бұл ауыл ескі əдетке қанық ауыл, «Заңна» қазекеңнің бағына біл. Жас келін, *аяғыңды байқап бас* та, Абысын, ағайынға жағына жүр (Т. Молдағалиев, Қамила). **Аяғыңды бас.** *Жылдамдат, тез жүр.* Ашкинбісің, *бассаңшы аяғыңды,* неғып жүрсің осы уақытқа дейін (Ə. Нұршайықов, Тың астығы). Апажан, *басшы* сен де *аяғыңды!*— Жə, қызым, қолыңдағы ая гүлді. Жолыңа арнап мұны əжең тартты, Аялда болғанша бір саябыры (Ж. Молдағалиев, Жыр.). **Аяқ алып жүргісіз.** а) *Аяқ басу қиын.* Бəлнес мектептен бір көш жер және жазға салым *аяқ алып жүргіс із,* жолы балшық (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). ə) А у ы с. *Өте көп, мол.* Тіпті адам бұрар емес, тілдей ұзыншақ дұға жазулы қағаздардан *аяқ алып жүргісіз* (С. Торайғыров, Шығ. жин.). Кішкентай адам жайлы жазылған шығармалар аз да, оның есесіне хайуанаттар туралы шығармалардан аяқ алып жүргісіз («Қаз. əдеб.»). **Аяқ алыс.** *а) Аяқ басыс.* Менен оның *аяқ алысы* əлі анағұрлым пысық (С. Мұқанов, Менің мектеп.). *Аяқ алысы* ширақ, бойында ықшамдылық та, шапшаңдылық та бар (С. Шаймерденов, Болашақ.). ə) А у ы с. *Бет алыс, бағыт, шама-шарқ, қарқын.* Бір тоға, көп сөйлемейтін, ауыр мінезді Шамкеннің бүгінгі *аяқ алысы* бұл отырған қауымды таңқалдырды (Д. Əбілев, Ақын арманы). Асқардың өлеңдегі *аяқ алысы* маған бірден ұнады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Біржан Нұрғайшаның *аяқ алысын* байқағансын, «тіліңе тас түскір» қыз екенсің деп, аяғын қалжыңға шаптырып, қоштасып кете береді (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). **Аяқ артар** [артқыш]. *Көлік, мініс мал.* Көшпелі елдің *аяқ артар* көлігі — жылқы мен түйеге де байлар ғана ие еді (Тарту).— Мұстапа кəзір құдая шүкір, балаларының аузы аққа тиді, *аяқ артқышың* бар, аман болса үш ұрғашы торпағым, үш бұзаулы сиыр ғой... (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Аяқ артты.** *Көлік етті, мінді.* Күрең ат Сапардың *аяқ артып* келген жалғыз шобыры болатын (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Аяқ асты.** С ө й л. *Аяқ астынан, кенет.* Осындай асығып, абыржып жүрген кезде бір жолдасымнан *аяқ асты* айрылып қалдым (А. Байтанаев, Шопан қуанышы). Бірге ойнап, күліп жүрген адамды мұндайлық іске барады деп кім ойлаған. Алдану *аяқ асты* екен (А. Жақсыбаев, Менің дост.). Бəрінен де батқаны, қысылғаны осы болды. Бөлініп шығатынын қалай айтпақ? Және де *аяқ асты* қазір айтып, дереу көшу керек («Қаз. əдеб.»). **Аяқ асты болды.** *Адам қатарында көрмеді, көзге ілмеді; елеусіз қалды.* Осы залда Сөкенді жақтаушылардың дауысы Тоғжановты жақтаушыларды басып кетіп, қазақша айтқанда, тоғжановшылдар *аяқ асты боп* қалды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Омарбек жесірін əкетіп, *аяқ асты болғысы* келмейді Жолтайдың (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). **Аяқ асты етті** [қылды]. *Ескерусіз қалдырды, елемеді, қадірлемеді.* Бұл қазақтың ескі əдетін *аяқ асты еткендік* сияқтанды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Атыпты ол құрал етіп гауһар тасты, Бұлардың бар шығар деп менде қасты. Қалдырмай атқандарын əке-

ліпті, Асылды *е т п е й і к* деп *а я қ а с т ы* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Қызың қайдағы біреумен ашына дейді. Алтын басымды *а я қ а с т ы қ ы п,* қорлап жүрген көрінеді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Малға берілетін жемшөпті *а я қ а с т ы қ ы л ы п,* ысырап етпеу үшін, оны арнаулы орынға, ал құнарлы азықты астауға не науаға салып, тұз қосып берген жөн (Ш. Қалықов, Қой. ауру.). **Аяқ астынан.** *Кенеттен, ойламаған, күтпеген жерден.* Неше күннен бері аптап болып, шаңдатып тұрған ауа райы *а я қ а с т ы н а н* желдетіп, аспанда қара бұлттар жөңкіліп жаңбыр құйып кетті (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Ұлықтың *а я қ а с т ы н а н* неге шақырғанын жалпақ ел білген жоқ (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Енді міне, *а я қ а с т ы н а н* есін білетін ересек адам жоғалып отыр (К. Тоқаев, Тасқан). **Аяқ астында.** *Жақын жерде.* Тас жол бітіп, жай жолмен белеске шыға келгенде, *а я қ а с т ы н д а* қымыз фермасы көрінді (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *А я қ а с т ы н д а* қалың ел отыр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Аяқ аттаған сайын.** *Ілгері басқан сайын, кез келген жерде. А я қ а т т а ғ а н с а й ы н* қауіп-қатер кездеседі бұларға (Қаз. ертегі.). **Аяқ аттатпады.** *Ілгері бастырмады, ешқайда шығармады.* «Шіркіндер осы қайтпек?» деп, Сілтеп те көрді таяғын. Қарғылы төбет, кескектеп, *А т т а т п а й* қойды *а я ғ ы н* (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). **Аяқ басар жер жоқ.** *Тығыз, жиі; бос жер жоқ.* Кереуеттің аяқ жағында биік стол, бас жағында шкаф *А я қ б а с а р ж е р ж о қ* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Біз мінген вагон плацкартсыз, сондықтан билеті барлардың кім көрінгені еріктi-еріксіз міне береді де, вагонның барлық полкасында, коридорында адам *а я қ б а с а р ж е р ж о қ* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Ыбырсыған адамның көптігінен *а я қ б а с а т ы н ж е р ж о қ.* Үй ысып, адамның демімен буланып, шам қалтылдап сөніп қалғалы тұр (Б. Майлин, Шығ.). **Аяқ баспады.** *Жоламады, жақын бармады; бойын аулаққа салды.* Қалампырдың сөзі оған заң. Қалампыр «қой» деген іске ол *а я қ б а с п а й д ы* (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Бірақ қалың жылқы ырық бермей, қыз айдаған тұсқа *а я қ б а с п а й* қойды (М. Иманжанов, Адам тур.). Бірақ, Иса сияқты төселген айтыс ақыны отырған жерде Қасым импровизацияға *а я қ б а с п а й т ы н* (Е. Ысмайылов, Сын.). **Аяқ басты.** *а) Бір іске қарай бет алды, қадам жасады.* Екеуіңіз де күпірлікке *а я қ б а с т ы ң ы з д а р* дер едім (М. Әуезов, Абай жолы). Бұл Найзақараның даудан шығып тартысқа *а я қ б а с қ а н ы* (М. Ақынжанов, Ыбырай Алтынсарин). Бұл шығарма дұрысында әдебиетіміздің үстірттіктен терендікке *а я қ б а с у ы н ы ң* нышанасы еді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). *ә) Белгілібір жасқа қарай кетті (ауысты).* «Ұлы жол» колхозының атақты шопаны Күнтуар биыл 66 жасқа *а я қ б а с т ы* (С. Омаров, Әңгім.). Қуаныш пен Қалимаштың арасы бір жасар. Қуаныш биыл он тоғызда, Қалимаш жиырмаға *а я қ б а с т ы* («Лен. жас»). **Аяқ жетерлік.** *Адам жете алатын қашықтық, мөлшер.* Көлең жігіт кезінде серілік құрған әнші, домбырашы кісі. Бұл өнір оның әніне құштар, әдетте ол қатысқан ойын-сауыққа *а я қ ж е т е р ж е р д е г і* халық іздеп баратын (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *А я қ ж е т е р ж е р д е* мектеп, медіресе түгілі молда да жоқ (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Тіпті *а я қ ж е т е р ж е р д е г і* көрші колхоздардан әйел-еркек біткеннің көбі «Құмкөлде» тоқайласты («Қаз. әдеб.»). **Аяқ жұмсады.** *Тепті.* Қит етсе *а я қ ж ұ м с а й д ы,* қолма-қол жұмыстан шығарады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бұл жолы Бәкен *а я қ т ы ж ұ м с а д ы,* аяғымен теуіп жіберді... (Б. Майлин, Шығ.). Жазықсыздан жедім байдың таяғын, Кейде көсеу, кейде *ж ұ м с а п а я ғ ы н.* «Ата, бабаң оңбаған ит доңыз» деп, Сөзбен қосып басқа салған таяғын (Ш. Иманбаева, Өленд.). **Аяқ кезі.** *Белгілібір уақыттың, мезгілдің аяқ шені, соңы.* Сыр бойында тары август айының *а я қ к е з і н д е* бас алады (Н. Сералиев, Намыс). 1920 жылдың *а я қ к е з і* шамасында ол өз еліне қайтады (Б. Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Уақыт — *а я қ к е з і* қоңыр күздің, Тырнасы жылы жаққа қайтып түздің. «Сұр бұлт түсі суық» көкті торлап, Дидарын көрсетпей тұр күніміздің (Д. Әбілев, Алтай асу.). **Аяққа басты.** *Қорлады, мазақ етті.* Амантай өзгерді, бұрынғы жолдастықты, достықты *а я қ қ а б а с т ы,*— деді (Б. Майлин, Шығ.). Хан қызымын деп, Қаршығаның намысын *а я қ қ а б а с п а й д ы* (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Су емес адам ары лай басқан, Қол жетпес адал жанның ары — аспан. Адамзат ары *а я қ қ а б а с т ы р м а й д ы,* Әділет өмір бойы жоқ адасқан (Қ. Боранбаев, Жаңарған жазық). **Аяққа оралғы.** *Кедергі, бөгет.* Ол [Қ. Мұхамеджанов] өзінің комедияларында *а я ғ ы м ы з ғ а о р а л ғ ы* болған

ескілік сарқыншақтарын аяусыз өшкерелейді («Лен. жас»). **Аяққа оралды.** *Аяққа жармасты, жүруге кедергі жасады.* Оның [әйелдің] *аяғына орала* үйіріліп, алты-жеті жасар бір кішкентай қыз бала да кірді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Көптен келмеген Ермекті сағынып қалған Аққасқа *аяғына оралып* бұландап еркелейді (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). Балағын тер шалбардың қысқа түріп, Бишара безек қақты, зыр жүгіріп. *Оралып аяғына* жібіген тон, Бытырлап табанына шөгір кірді (Қ. Тоғызақов, Сібір Омар). **Аяқ машина.** *Аяқпен тігілетін іс машинасы.* Көршіміз өте шебер. *Аяқ машинасы* да бар, лезде зырлатып бере қояды (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Аяқ өре тұрды.** *Дүрлікті, өре түрегелді.* Балуан Шолақтың [хатын көріп] өзі келіп қалғандай сескеніп, үйдің ішіндегілер *аяқ өре түрегеп,* ду ете түсті (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Сырнайлата тартқан Жәмпейістің жүрісі, оның артында салдырлай жарысқан көп арбалының дыбысы ұйқыдағы ауылдардың адамдарын *аяқ өре тік тұрғызды* (С. Мұқанов, Есею жыл.). **Аяқ салды.** *Көңіл қосты.* Күнтайды Ақпанға... қимайды. Өзі алуға Шоңайнадан қорқатын ол, реті келсе, жасырын *аяқ салмақ* болды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Арыстан хан бәйбішесінен бала болмай, ат көтіне салып келген бір қызға *аяқ салып,* онан бір бала туыпты («Айқап»). **Аяқ созды қылды.** *Шұбыртып көп айдады, шаршатты.* Дегенмен, қозыларды ілкі бастан-ақ шұбыртып, *аяқ созды қылып* жаюға дағдыландырмау керек («Индер»). **Аяқтай барды.** *Тікелей өзі барды; қатысты.* Ол жиналысқа *аяқтай барып,* көп уақыт отырды (Диал. сөздік).**Аяқтай сатты.** Диал. *Малды тірідей сатты.* Айналдырған үш қойым бар еді, бәрін де *аяқтай сатып* жібердім (Ауызекі тіл). **Аяқтан шалды.** *Қастық істеді, мұқатты, сүріндіруге тырысты.* Осы күнгі заманның түрі өздерің білесіңдер, біреуді-біреу аңдып, атқа мінген жігіттің *аяғынан шалып* құлатқанша асық (Б. Майлин, Шығ.). Бұл күнде, жау жағадан алғаны рас, Көп дұшпан *аяқтан кеп шалғаны* рас. Шала өлген қара жылан аңдаусызда, Өкпеден көк найзасын салғаны рас (С. Сейфуллин, Өленд.). **Аяқ үсті.** *а) Жатпай, түрегеп жүріп.* Кейде ревматизмге шалдыққан адамның көңіл-күйі сәл ғана төмендеп, ауруды *аяқ үсті* өткізіп, дәрігерге қаралмайды (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). *ә)* Диал. *Аяқ асты; кенеттен, күтпеген жерден. Аяқ үсті* байқамадым, әйтпесе қапы қалмас едім (Қаз. тілі тарихы.). **Аяқ үсті болды.** Диал. *Ауруынан жазылды, тәуір болды, сауықты.* Еркін *аяқ үсті болып,* жұмысқа кірісті (Диал. сөздік). **Аяқ шені.** *Белгілібір мезгілдің аяқ кезі, соңы.* Апрельдің *аяқ шенінде* бір жұмыспен жолаушылап келе жаттым (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). Россияға биязы жүнді қой тұқымы бірінші рет XVIII ғасырдың *аяқ шенінде* әкелінді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). **Аяқ [лау] ылау.** *Мінуге жарарлық, лекер етерлік көлік.* Сондықтан бірді-екілі *аяқ лау* бар кедейлердің ішінде мына бір ақысыз-пұлсыз байлықтан ауыз тиіп қалуға келгендер де бар-ды (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Айғырлармен таласып жауыр болды, Бағып міну әкеме ауыр болды. Күндіз маған мінгізіп қой жайғызад, *Аяқ ылау* табылып тәуір болды (К. Әзірбаев, Өленд.). **Бөкен аяқ.** *Аяғы бөкеннің аяғы тәрізді.* Трибуна алдынан кекіл-жалы тоқпақтай орыс желгіштері де, *бөкен аяқ,* қаз мойын ақалтеке жүйріктері де өтіп жатыр («Лен. жас»). **Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде.** *Қауіп-қатерде, өлім аузында.* Төлеу мен Махираның азғыруына ерген Раяның анасы Әйнек *бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* отырған Мұратбектің шешесіне тыныштық беруді қойды («Лен. жас»). **Екі аяғын бір етікке тықты.** *Жанын шығарды, апшысын қуырды.* Кеше Қарлығаш бізді жұмыстан алып қалып, *екі аяғымызды бір етікке тықты* (Т. Қойшыманов, Қоңырат бөктері.). Дүниесін фактурамен дұрыстап алайын деп жүрген баланың *екі аяғын бір етікке тығып,* жұрт тақымдап болмады (С. Жүнісов, Жапанда.). Үш комбайнға төрт-ақ машина. Тым жеткіліксіз екен. Бір Төлегеннің өзі *екі аяғымызды бір етікке тығып* жатыр («Лен. жас»). **Ел [жұрт] аяғы басылды.** *Жүріп-тұрушылар тоқталды, тыныштады.* Шай ішіп, *ел аяғы басылған* кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен шыжымдап сыр тартты (С. Омаров, Қайырлы жаз). Торғын көкке жұлдыз монтақ шашылды, *Ел аяғы* әлдеқашан *басылды.* Сүйгенімді тұңғыш күтіп мен тұрмын, Өткізгендей басымнан бір ғасырды (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). *Жұрт аяғы басылған* соң, манағы Қарашаш деген әйелмен біраз кеңестік те, біз

жүріп кеттік (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.). **Жалаң аяқ.** *Аяғында киім жоқ.* Боз көйлектің жыртық жеңін түрініп *жалаң аяқ*, жалаң бас келген Медетбекке заводтың берген жұмыс киімінің өзі әлдеқандай көрінді (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Жас жігіт аты Мұса, ұзын бойлы, Тербеткен талай-талай терең ойды. Жыртық тон, жұлма шалбар, *жалаң аяқ*, Қанған жоқ бала болып бір күн ойны (Д. Еркінбеков, Шымыр әңгім.). Үйге сып етіп *жалаң аяқ*, жалаң бас Жомарт кірді («Қаз. әдеб.»). Бұлақтың келді басына *Жалаң аяқ* аяғы, Қолында талдан таяғы (Алпамыс). **Жалғыз аяқ жол.** *Жаяу және салт атты адам жүретін соқпақ жол. Жалғыз аяқ жол* жасыл орманды бірде жағалап, бірде оның нуына сүңгиді (Д. Әбілев, Ақын арманы). Жайлаудың адырлы кеудесін тіле түсіп, жіпше шұбалған *жалғыз аяқ* соқпақ *жолмен* келе жатыр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Жалғыз аяқ жолмен* ескі үйлердің орнына қарай аяңдап келем (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). **Жел аяқ.** *Алдына жан салмайтын жүйрік.* Жүз метрлік қашыққа жүгіруде Жанысова алға жан салмайтын *жел аяқ* («Лен. жас»). **Жер аяғы кеңиді.** *Қар кетіп, көк шыға бастады. Жер аяғы кеңіп*, орман іші қилы-қилы гүлге, қилы-қилы үнге толды (С. Шаймерденов, Мезгіл). Тау ішінің сай-салаларындағы қар болмаса, *жер аяғының кеңіп* қалған уақыты (К. Оразалин, Көктем.). Көктем келді. *Жер аяғы кеңіді.* Енді малды өріске шығаратын кезең туды («Лен. жас»). **Кісі аяғы басылды [саябырлады].** *Жүріп тұрушылар азайды, тыныштады.* Кешке қарай *кісі аяғы басылған* соң, Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұнда жұма сайын көрі-құртаңдар жиналады. Басқа уақытта *кісі аяғы саябыр* («Лен. жас»). **Қамыт аяқ.** *Қамыт терізді қисық аяқ.* Күдістеу, *қамыт аяқ*, ортадан төменірек бойы бар, отыздан аса жасы бар жігіт (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Өз аяғына мініп кетті.** Жерг. *Өз күнін өзі көрді.* Биыл әйел әперіп, еншісін беріп бөлек шығарды. Сонда да болса ол *өз аяғына мініп кете* алмай, сыйлы қарттың абыройын сыртынан азық қып, ел арасында қақпай-соқпаймен күн көріп жүр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Су аяғы құрдым.** *Алыс, қашық жер.* Ол мал келісімен, Сатан *су аяғы құрдымдағы* қыстауға кетуге тиісті (І. Жансүгіров, Жолдастар). Көңілімді мың мен санға баламаймын, Бенденің ілігіне жарамаймын. *Су аяғы құрдымнан* қашып жүрген, Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын (Қозы Көрпеш.). Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды Жылқыдан Ақ-қайыңды мініп алды. *Су аяғы құрдымнан* ара қонып, Осы тұрған Семейге жетіп барды (Бұл да). **Тобан аяқ.** *Аяғының басы жоқ, доп-доғал.* Неге екенін білмедім, менің есіме әлгінде ғана қорада жүрген, қазір қамауда жатқан *тобан аяқ* қара қораз бен қоңыр тауық, оның қасындағы сүйкімді ақ мекиен түсті («Қаз. әдеб.»). **Төрт аяғын тең басқан.** *Төрт жағы бірдей сай, мінсіз, кемшіліксіз.* «Асау тұлпар» *төрт аяғын тең басқан* шығарма деп ешкім де айтпайды (С. Мұқанов, Өсу жол.). Сондай-ақ одақтық баспасөз органдарының жұмысы да *төрт аяғын тең басып* кете алмай отырғаны ақиқат («Қаз. әдеб.»). Осының өзі-ақ біздің ауылды *төрт аяғынан тең басқан*, болашақ өмірдің мұраттарына мықтап қол созған ауыл деуге әбден болады («Лен. жас»). **Төрт аяқтап.** *Төрт аяғымен бірдей тіреп, тыртысып.* Сол сәтте сары ала төбет кеп, Шынтастың жеңінен тістеп *төрт аяқтап* жата қап, шірене тартты (Т. Ахтанов, Дала сыры).

2. АЯҚ и р. з а т. 1. *Ағаштан ойып жасалынып, тамақ ішуге арналған ыдыс.* Есім ши жаққа барып, *аяққа* айран құя бастады (М. Әуезов, Тастүлек). Зілдейін қарашы өзінің! Күнде неше *аяқ* айран ішесің (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Шұбатты сіміре салған Ғабиден терлеп қоя берді де: «Шеше тағы бірді!»— деп, *аяғын* ұсынды (С. Мұқанов, Өсу жол.). 2. А у ы с. *Аяқтың ішіне құйылған сұйық ас.* Дәрі қосқан *аяқты* ішкеннен соң, Әзім барып жығылды шалқасынан (Абай, Шығ. жин.).

◆ **Ас ішіп аяқ босатар.** *Қолынан еш нәрсе келмейтін, жатып ішер, даярға маяр.* Бітіретін бір тиын жұмысы жоқ, тек қазақ атынан комитет болып отырған, *ас ішіп аяқ босатарлар* (І. Жансүгіров, Шығ. жин.). Қазіргілер шетінен *ас ішіп аяқ босатар*, кілең жаман-жәутіктер (Ө. Қанахин, Жас дәурен). *Ас ішіп аяқ босат* деп, Жалдамадық сені біз. Жалдана гөр бізге деп, Алдамадық сені біз (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). **Аяқтағы суға ағып өл.** Э к с п р. *Масқара бол, күлкі бол.* Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құ-

рыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің *аяқтағы суға ағып өлгені* ғой! — деді Құнанбай (М. Әуезов, Таңд. шығ.). **Бір аяқ ас.** *Азын-аулақ тағам.* Сендер *бір аяқ ас* берген кісіге иландарыңды сатасыңдар! (С. Торайғыров, Шығ.). Жалғыз жетім қызды ұзатайын деп ем! Ауыл үйді жиып, *бір аяқ ас* беруге мұрша келмей отыр, қарағым (Мың бір түн). **Бір аяқ асқа алғысыз.** *Жарамсыз, түкке тұрғысыз.* Жақсыдан жаман туады, *Бір аяқ асқа алғысыз.* Жаманнан жақсы туады, Адам айтса нанғысыз (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). **Қарын аяқ.** *Әркімнің тамақ ішетін меншікті ыдысы.* Маған тамақты өзімнің *қарын аяғыма* құйып бер (Ауызекі тіл). **Сары аяқ.** *Көнелеу, үлкен аяқ.* Жаманшал ожаумен қымызды көтере сапырып, *сары аяққа* құйды (С. Мұқанов, Теміртас). Назгүл үйге кірді де, өздерінің жатар асына арналған үлкен *сары аяқтағы* айранды бір шелек суға құйып жіберді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). **Сырлы аяқ.** *Әдемі оюлары бар, сырланған аяқ.* Салқын, қою ақ шұбатты, *сырлы аяқтан,* сабырмен жұта отырып, [Абай] орысша кітаптың беттерін аудара түсті (М. Әуезов, Абай). Жаңа шыққан *сырлы аяқ* оның көзіне оттай басылды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ұлттық тамақтан кейін үлкен *сырлы аяқтарға* құйылып қымыз әкелінді (Көктем лебі). **Шара аяқ.** *Сусын ішетін үлкен аяқ.* Қажымұқан киіз үйдің қақ төрінде *шара аяқтан* тамсана қымыз жұтып отыр екен (М. Танекеев, Қажымұқан). Музейде ақын пайдаланған көптеген заттар: Абайдың кесесі, ер-тоқымы, қымыз ішетін *шара аяғы* мен ожауы, басқа да заттары бар («Лен. жас»).

АЯҚ-АЯҚ з а т. *Бірнеше аяқ.* Айрылсам мен күйігін баса алмаспын, Ерітіп *аяқ-аяқ* ішсем тұздан. Тіл қатса, әзілдесем, қалжың қызса, Шымшысам саннан ептеп кезде қызған (Д. Еркінбеков, Шығ.).

АЯҚ-БАСЫ з а т. *Үсті басы, өне бойы.* Комбинаттағы жолдастың бірі келген жұмыстарымызды сұрап болды да, *аяқ-басымызға* қарады (С. Төлешев, Түрлі. бас.). Жирен сақалды, жігіт ағасы адам, *аяқ-басына* қарағанда мінезі ауыр, сұсты, айбарлы кісіге ұқсайды (Қ. Жұмалиев, Айқас).

АЯҚБАУ з а т. **1.** *Қыран құстың балақ бауына жалғанатын ұзындау жіңішке жіп.* Әлі аңға салған емеспін, сәті түсіп осы келер қыста *аяқбауын* шешермін (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Терісін сыпырып, Ақтұяқты шешті, *аяқбауын* алып, қайысын кесті (Қ. Әбдіразақов, Мақташы қыз.). Қаз дыбысынан елең алғандай ителгісі талпынып, тұғырынан жерге қонып, *аяқбауын* тартқылады (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). **2.** *Көшер кезде уықтардың аяқ жағын буып байлайтын жіп.* Өздері желбау, *аяқбау,* бақан, сырық, басқұр дегеннің не екенін білмейді (М. Тиесов, Дала перзенті). Апарып жаңа жұртқа тікті отауды, Жинатып өңшең жібек басқұр, бауды. *Аяқбау,* таңғыш, басбау — бәрі жібек, Шилері шымқай қызыл шым ораулы (Батырлар жыры).

АЯҚБАУЛЫ с ы н. *Аяқбауы бар (құс).* Сол кезде *аяқбаулы* бір кішірек құс Жанайдың алдынан зу ете түсті (С. Бегалин, Жеткіншек).

АЯҚКИІМ з а т. *Аяққа киетін киімдердің жалпы атауы.* Бас пен *аяқкиім* үлгілері әр елдің, әр болыстың адамдарын танытады (М. Әуезов, Абай). *Аяқкиім* тар болса, аяқ басы қысылып, қан нашар жүреді (Е. Оразақов, Дәрігер.). Қазақтың ерлер киетін *аяқкиімдері* әр түрлі болады (ҚазССР тарихы).

АЯҚКИІМДІ с ы н. *Аяғына киім киген; аяқкиімі бар. Аяқкиімді* біреу болмаса, аяқкиімсіз адамның бұл жерге келе қоюы екіталай (С. Мұқанов, Шығ.).

АЯҚКИІМДІК с ы н. *Аяқкиім болар лық, аяқкиімге жарарлық.* Олар *аяқкиімдік* материалдарды мал, аң терілерінен даярлаған (Ауызекі тіл).

АЯҚКИІМСІЗ с ы н. *Аяғына киім киметен, жалаңаяқ; аяқкиімі жоқ.* Тоғай ішін *аяқкиімсіз* аралауға болмайды, өйткені аяққа тікен, шөңге кіріп кетуі мүмкін немесе жылан шағып алуы ықтимал («Лен. жас»).

АЯҚҚАЙРАҚ з а т. д и а л. **Шарық.** Орақты осы *аяққайрақпен* қайраймыз (Диал. сөздік).

АЯҚҚАП з а т. к ө н е. *Ыдыс-аяқ салатын дорба.* Үйінде нәрсе дейтін нәрсе жоқ. Жаман ағаш кебеже, сынық әбдіре. Ескі кигіз *аяққап* ілулі тұр (С. Сейфуллин, Тар жол.). Төремұрат жайлап орнынан тұрды да, қырын қарап, *аяққапқа* шыны аяқтар салып жатқан Кербездің мойнынан қолын асыра салып, өзіне тартты (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

[Сұлтанмахмұт] асығыс кіріп, кереге басынан, *аяқ-қаптан*, ескі сандықтан бірдеме іздеп аласұрды (Д. Әбілев, Ақын арманы).

АЯҚҚАПТАЙ с ы н. *Далақтай, далабадай.* Ешкібас арық торы құнанға мінген, денесі *аяқ-қаптай*, жалақ сары жас қойшы Далдабек ауылға тақала бере қойлардан бұрын өзі шоқытып жетті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Оның *аяқ-қаптай* омырауын, үңірейген кең қолтығын, жұп-жұмыр жотасын, сыптай түп-түзу аяғын көтергенде жұрттың бәрі көзінің сұғын қадап: «Па шіркін, тазы болғаныңа. Құйын шығар өзі де»— деп, бас шайқап, таңдайлары тақ-тақ ететін (Н. Сералин, Намыс). Көкірегі *аяқ-қаптай*, салмақты сауырлы, құлақтары қамыстай (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

АЯҚ-ҚОЛ з а т. *Аяқ пен қол.* Сол кезде, абақтыда жатқан Жұмабайдың, *аяқ-қолы* кісендеулі түрде, мылтықты екі солдаттың айдауында әкесінің пәтеріне келіп кеткені есінде ме? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жаңаберген, Найзабектердің *аяқ-қолын* байлап, Рақым оларды бір үйге қаматтырып, құлыптап тастады (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Бұл *аяқ-қолы* бір тұтам, қып-қысқа, тәпелтек бойлы, бет-аузы қыртыс-қыртыс сүйкімсіздеу адам (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Қайтадан киінгенімде *аяқ-қолым* діріл-деп, безгек адамдай қалшылдап, тістерім сақ-сақ қақты (Ол күн. даңқы).

◆ **Аяқ-қолы балғадай.** *Дені сау, мықты. Аяқ-қолың балғадай* жас жігітсің, аштан өлем деп отырсың ба? (С. Мұқанов, Өмір мектебі). **Аяқ-қолы жерге тимей.** *Тез, жылдам, шапшаң.* Сыймағандықтан біріміз жатып, біріміз оның үстіне мінеміз. Сонымен машина *аяқ-қолы жерге тимей* зырлайды (С. Ерубаев, Шығ.). **Аяқ-қолын бауырына алды.** *Аман-есен босанды, есін жиды, өзіне өзі келді.* Немере сүю адамға, әсіресе Сырбайға қандай қуаныш. Сол үміт жүрегін уылжыта отыра Сырбайдың қорқатыны — «аман-есен *аяқ-қолын бауырына алса...*» (С. Мұқанов, Сырдария). Келіншек *аяқ-қолын бауырына алғаннан* кейін, тершіген маңдайын түкпірге қаратты да ұйқтап кетті («Лен. жас»).

АЯҚҚҰР з а т. *Киіз үйге қажетті құрдың біреуі. Аяққұр,* басқұр дегендер бұрын әшекейленіп, өте әдемі жасалатын («Қаз. әдеб.»).

АЯҚҚЫ с ы н. *Төменгі, еңіс жақтағы.* ...Қасқалдақтың қанындай егін суын, *Аяққы* елге жібермей бастан құртар (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

АЯҚСУ *Аяқсы етістігінің қимыл атауы*

1. АЯҚСЫ е т. *Саябырлау, басылу.* Поезд ұзады. Станцияда дабырлап жүргендер орны-орнына отырып дабыр-дүбір *аяқсыды* (І. Жансүгіров, Әңгім.). Мына іс *аяқсығанша* бір жерге бой тасалай тұрғаныңыз мақұл ғой (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жорға саласынан шығатын Қайрақты бұлағы жазғытұрым тасып, жаз ортасына жетпей *аяқсып*, тартылып қалады (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Содан кейін ойын-сауық *аяқси* бастады. Қасболат жұрттың бәрінен бұрын орнынан көтеріліп, кетуге айналды (С. Омаров, Дала қызы).

2. АЯҚСЫ е т. ж е р г. *Ауру кісінің жанында көп адам болғандығын көтере алмай, нашарлап қалуы.* Біздің бала кешелі бері *аяқсып* жатыр (Диал. сөздік).

АЯҚСЫЗ с ы н. 1. *Аяғы жоқ, шолақ. Аяқсыз* көрген күнің де күн емес-ау, сегіз жүз метр жерге екі түн жылжып әзер жеттім (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Сорлы басым-ай! *Аяқсыз* қалдым-ау, сорладым-ау! (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Бітпеген, аяқталмаған.* Жүрдік аңсап өткен күнді, Шала жиған дастарқанды. Кілт үзіліп қалған күйді, *Аяқсыз* ән, мұңлы жарды (Қ. Аманжолов, Таңд. шығ.). Отыра кетті ол диванға, Өкініш, қайғы қат-қабат. Жүрекке келіп құйғанда, *Аяқсыз* сонау махаббат (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

◆ **Аяқсыз қалды.** *Бітпеді, істелмеді.* Ол өтінішке қол қойып, енді соның қалайда *аяқсыз қалмауын,* бұған Хабибрахманның бар күшін, бар беделін жұмсауын сұрады (Х. Есенжанов, Тар кезең). Беккер жолдастың түсінігі еске алынсын, бірақ бұл оқиғаны *аяқсыз қалдыруға* болмайды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бұл орайда талай дабыл көтерілсе де, бар мәселе *аяқсыз қалып* келді («Лен. жас»). **Аяқсыз тастады.** *Бітірмеді, істемеді, аяқтап шықпады.* Қажырлы елдің дәл бұл ісін *аяқсыз тастап* болмайды (М. Әуезов, Абай жолы). Өз ісін жан-тәнімен сүйген адам, онысын *аяқ-*

сыз тастап кетуі мүмкін бе? Әрине жоқ. Олай болса, ол кісінің малдан шығам деу себебі не? (Б. Тоқтаров, Қырандар.). Байдың жайын айтайын, Пара берсең қостаған. Бере алмасаң параны, Істі *аяқсыз тастаған* (Жамбыл, Шығ. жин.).

АЯҚСЫТ *Аяқсы етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Атамыз қазақ: «Істің түйінін шешудегі кемшілік төрешіден болмайды. Айтушы өзі *аяқсытып* алады» — деуші еді ғой (С. Бегалин, Бала Шоқан). Жаңа үйлер салу, мектеп, клуб сияқтыларды жақсарту ісін *аяқсытып* алдық. Ендігі аса көңіл бөлер, жігіттер, сондай құрылыстар болмақ (Р. Райымқұлов, Қыз — айна).

АЯҚСЫТУ *Аяқсыт етістігінің қимыл атауы.* Оның үстіне орталық Құзғынды базының бас маманы Рыжов бұлардың тәжірибе жұмысына кертартпа ой туғызып *аяқсыту* әрекетін жүргізуде (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АЯҚТА е т. *Бітіру, тамамдау, аяғына жету.* Екі ай бес күн үздіксіз қызмет атқарған экскаватор жұмысын бүгін ерте *аяқтады* (К. Оразалин, Ақ жазық). — Өзіңіз бастаған істі *аяқтағаныңыз* жөн ғой,— деп оның көзіргі ойын сезгендей ақырын жымиды (К. Тоқаев, Тасқын). Айжан сөзін *аяқтай* бергенде, біреу есік қақты (З. Шашкин, Сенім.).— Оқу жылын жақсы *аяқтадыңқ*. Еңбекті ақтадыңдар, балалар (С. Бегалин, Мектеп түлек.).

◆ **Аяқтап келгенде.** *Ақырында, соңында. Аяқтап келгенде* екі санды екеуі [қасқырлар] ортасынан дәр айырып, жұлып-жұлып әкетісті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Шолпан бірсыпыра қисса оқып тастаған екен, қиссадағы махаббат оқиғаларын айтып, *аяқтап келгенде* Танакөз тұтқиылдан сұрақ қойды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). **Аяқтап тастады.** *Бітірді, аяқтады.* Енді алдыңғы әңгімені *аяқтап тастайық* (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). Істің бастауын білсең, *аяқтап тастауың* оңай (666 мақал мен мәтел). **Аяқтап шықты.** *Аяқтады, бітірді.* Қолға алған ісін жемісті *аяқтап шыққса* [Нұри] мәртебесі өсіп рахаттанатын (М. Иманжанов, Көк белес). Біз екі үлкен үйді құрылысшыларды жауып жіберіп *аяқтап шықсақ*, комиссия лажсыз қабылдайды (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Осының барлығы да баланы еңбек сүйгіштікке әзірлеп, бастаған ісін *аяқтап шығуға* ұмтылдыратын болады («Халық мұғ.»).

АЯҚ-ТАБАҚ з а т. *Барлық тамақ ыдыстарының жиынтық атауы.* Үйдің ішіндегі *аяқ-табақ*, қазан-ошақ қайда болса соңда шашылып жатыр (С. Шарипов, Шығ.). *Аяқ-табақ* әрқашан да таза сақталуға тиіс (Е. Оразақов, Дәрігер.). Орамал жерде жатыр кірі батпан, Салдырлап *аяқ-табақ* қирап жатқан. Сүтіне шелектегі ит кеп тисе, «Кет!» деп те айтпайды оған құдай атқан (Ақан Сері, Шығ.).

АЯҚТАЙ с ы н. а у ы с. 1. *Ірі, үлкен.* Алмасы бар *аяқтай*, Жуасы бар таяқтай. Арқары мен құлжасы Жылқыдан шыққан саяқтай (Айтыс). 2. *Аядай, көлемі аз.* Патшадан зорлық қысым боп, Басқа ноқта салынды. Жерде тұрмыз *аяқтай*, Айналамыз алынды (Қаз. әдеб. хрестом.).

◆ **Бір аяқтай.** *Бір аяққа, сиярлық (мөлшер).* Құмнан әкелінген *бір аяқтай* құмаршық бар еді, оны салайын... Құрай қайда? Құрай... (М. Сүндетов, Ескексіз қайық).

АЯҚТАЛ *Аяқта етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жиналыс *аяқтала* бергенде Қасым дәлізге шығып кетті (Ө. Қанахин, Мұрагер). Сурет туралы әңгіме *аяқталмады* (М. Иманжанов, Таныс қыз). Кен басқармасында жұмыс уақыты *аяқталған* (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.).

АЯҚТАЛУ *Аяқтал етістігінің қимыл атауы.* Әбіш енді сол жұмыстың сот алдында *аяқталуын* тоса алмады (М. Әуезов, Абай). Жол құрылысы *аяқталуға* айналды (Ғ. Сыланов, Шалқар). Біздің Темір не күйде жүр екен? Соғыс та *аяқталуға* жақын дейді. Ол да келіп қалар енді (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

АЯҚТАН е т. 1. *Жаңа туған төлдің, аң баласының ең алғашқы тұрып жүруі.* Айдос құлынға барып тұрғызайын деп еді, әлі *аяқтана* қоймапты (С. Мұқанов, Шығ.). Қазақ қойларының қозылары шырақ туады, жылдам *аяқтанады* (М. Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Бота 1—1,5 сағаттан кейін *аяқтанып*, енесінің емшегін іздей бастайды (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. А у ы с. *Ауыздану, үйрену, дағдылану.* Екеуінің бөлінбеген себебі, түлкіге әлі *аяқтанбаған* албырт тастүлек әккі баршынсары құстың қимылдарына қарап әрекет жасар деген

үміт еді (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).— Е, бәсе, мен бүркіттің бабын білуші ме едім. Қайран қара балапанды *аяқтанбай* жатып-ақ бұзған екем ғой, алда тәңір-ай! (Бұл да). 3. А у ы с. *Аяғын тік басу, өзіне өзі келу, жолға қойылу.* Енді жаңа *аяқтанған* жас совет әдебиетінің алдында есею, ер жету міндеті тұрды (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жаңа басталғалы отырған үлкен жұмыстың бірден *аяқтанып* кете алмас қаупі бар. Бұл жақсы нышан емес (А. Байтанаев, Қайнар бұлақ). Оның поэзиясы қазіргі ұлттық әдебиеттің *аяқтанып,* дамуына негіз қалады («Лен. жас»).

АЯҚТАНДЫР 1. *Аяқтан етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Мынау жаздығұні сен *аяқтандырған* маймақ құлын ба, өзі жүдеп қалған екен?— деді (С. Бегалин, Жеткіншек). Қазақтың екі театрының екеуі де Жұматтың қолынан шыққан. Сол «емізіп», сол *аяқтандырған* (С. Ерубаев, Шығ.). Қажеке, ол байғұстың жазығы не? Балаңыздың қаршығасын баулып *аяқтандырып* бергені ме жазығы (Ш. Айманов, Қыран тур.). 2. А у ы с. *Үйлендіру, әйел әперу.* Жасы жиырмадан асып бара жатқан сол баланы [Текебайды] *аяқтандырып* жіберу арманым еді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Өз ойым май мерекесіне баланы *аяқтандырып* жіберу (Ж. Молдағалиев, Торғай толғауы). Шайдолла 1941 жылы туған, осы фермада слесарь, биыл *аяқтандырдық,* келіншегі жаңағы сөлем беріп кеткен Жұмабике, ол да осында жұмысшы («Қаз. әдеб.»).

АЯҚТАНДЫРУ *Аяқтандыр етістігінің қимыл атауы.* Нүреке, қара балапанды да түлкіге *аяқтандыру* керек емес пе? (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Қашан әйел алатынынды айт, *аяқтандырудың* бар міндеті менің мойнымда болсын (К. Оразалин, Ақ жазық). Жас төлді ауыздандыру, *аяқтандыру* тауқыметі күн асқан сайын еселей түседі («Лен. жас»).

АЯҚТАНУ *Аяқтан етістігінің қимыл атауы.* Әбдіжан Күрмекті базы, Қызылту колхозының қораларына барып, ондағы қойлардың төлдеу, *аяқтану* жайымен танысып қайтты (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Қойдың қауырт қоздап жатқан уақытында біраз уақыт бірге болып, төлдердің туу, *аяқтану,* отығу сияқты өзгешеліктерін қарастырды (Бұл да).

АЯҚТАС *Аяқта етістігінен жасалған ортақ етіс.* Невель түбінде кіргөн соғысты мен Берлиннен *аяқтасып* қайттым (С. Мұқанов, Шығ. жин.).

АЯҚТАСТЫР *Аяқтас етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Үй жайдақ бір бөлме, жүдеу, төр жақта біріне бірі *аяқтастырып* қойған екі кереует (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЯҚТАСТЫРУ *Аяқтастыр етістігінің қимыл атауы.*

АЯҚТАСУ *Аяқтас етістігінің қимыл атауы.* Үлкен кісімен *аяқтасу* жас адамға қолайсыз-ақ (Ауызекі тіл).

АЯҚТАСЫП үст. *Аяқтарын түйістіріп (жату).* Сәтмәнке, Алпысбай мен Шәдібән төре, Солармен *аяқтасып* жатқан барып. Төрік қып дүниені безген болсаң, Бұл жерде қаңғалақтап жүрсің неғып? (Айтыс).

АЯҚТАТ *Аяқта етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Құнанбай оның сөзін *аяқтатпастан* Абайға:— Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам!— деді (М. Әуезов, Абай). Сүйткенмен, әңгімені *аяқтатпай,* қызық жерінде үздік (І. Жансүгіров, Әңгім.). Мұңал аға, осы сіз шофер болмасаңыз да...— дей беріп еді, анау сөзін *аяқтатпастан* іліп әкетті (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

АЯҚТАТУ *Аяқтат етістігінің қимыл атауы.* Ақбастаудағы № 11 қораны *аяқтатуға* 6 кісі бөлінді. Жауапкершілігін кімге жүктейміз (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

АЯҚТАУ *Аяқта етістігінің қимыл атауы.* Құрылыс жұмыстарын тез *аяқтау,* қаланы соғыстан бұрынғысынан да көркем ету соңғы екі жылда олардың ойын билеген арман желісі болатын (М. Иманжанов, Адам тур.). Барған сайын меңзетіп әкеткен ауру романды *аяқтауға* мүмкіндік бермеді (С. Көбеев, Орынд. арман). Оқуын *аяқтауға* Мағауия асыққалы қашан (С. Бегалин, Жеткіншек).

АЯҚТАУ: Қамыт аяқтау. *Аяғы қамыт тәрізділеу.* [Арыстанов] орта бойлы, жауырынды, сәл *қамыт аяқтау,* үлкен басы нағыз қазақтың өзін танытқандай («Қаз. әдеб.»). Тік аяқтау. А у ы с. *Икемсіздеу, орашолақтау.* Бірақ жұмыстан көрі аңшылық жағына көп салынған өзінің бұл сияқты жұмысқа *тік аяқтау* екенін де есіне алып, мына жастардың елгезек, еңбек сүйгіш қылықтарына сүйсініп отыр (С. Бегалин, Уақыт тынысы).

АЯҚТАУСЫЗ: Аяқтаусыз қалды. *Бітпеді, аяқталмады.* Операның қосалқы тақырыбы сияқты Қарлығаш пен Көкбай арасы да елеусіз басталып, *аяқтаусыз қалады* (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.).

АЯҚТЫ сын. 1. *Аяғы бар, жүріп-тұратын (мал).* Ауылдан егін мойны қашаңдау, бірақ *аяқты* малды аңдып отырмаса, түсіп кетуі де мүмкін (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Олар [аңшы құстар] аңсыраған кезде көрінген құсқа, *аяқты* аңға ұмтылып, талпынып, қанатын майып қылады (Қ. Әбдіқадыров, Мақташы қыз). Бар дейсің байлық қылып қос өгізім, Бір байдан майын сұрап алғаныңа. Айтуға *аяқты* мал таппаған соң, Теректі сасқаннан соң санадың ба? (Айтыс). 2. *Тіреуіші немесе дөңгелегі бар (зат).* Ол үш *аяқты* мосы ағашта отқа асулы тұрған қара шәугімді түсіріп, оттың жанына қойды (А. Лекеров, Түз гүлі). Бір қазақтан екі *аяқты* ағаш арба айырбастап алдық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Малжан ағашы жағынан қылт етіп үш *аяқты* мотоцикл көрінді (С. Жүнісов, Жапанда.).

◆ **Ағаш аяқты.** *Аяқ орнына ағаштан жасалған протезі бар.* Осынау алтын арна бойынан қолында таяғы бар, *ағаш аяқты,* ашаңдау кісі күндіз-түні бір кетпейді («Лен. жас»). **Аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін.** *Пысық, шешен; қу.* Сәдібек *аяқтыға жол, ауыздыға сөз* бермейтін екі аяқтының түлкісі (А. Тоқмағамбетов, Әке.). **Екі аяқты.** *Адам, адамзат атаулы; кісі.* Адам ары, оның тағдыры көрінген күшігеннің, ұрты қанға толы қасқырдың, *екі аяқты,* екі жүзді хайуанның қолындағы қуыршақ емес! (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар). *Екі аяқтыда* құрдас тату, Төрт аяқтыда бота тату (Мақал). **Төрт аяқты.** *Мал, аң, айуан.* Рязановты теңемеген *төрт аяқтыдан* бір айуан қалған жоқ (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Өмірдің өзі ғой қарғыс атқан, Адамды *төрт аяқты* малға ұсатқан. Көк мұзға айналдырып жүрек отын, Айырған мейірімнен, ар-нысаптан (С. Жиенбаев, Қарлығаш). Сен сияқты тірлігі бар, *Төрт аяқты* малдың да. Ойла, сенің артықтығың Үмітің бар алдыңда (Т. Жабаев, Із).

АЯҚШЫ зат. *Тамақ құюшы, ас тасушы (адам).* Елеусін кішкене бөшкені сылдыр еткізгенде, қасына Жанбота жетіп барып: Мен *аяқшы* болайын,— деді (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Бәке, мен ертең тауға көшем...— деді Сұраншы, аузы-мұрнынан шығып, шыпылдап толған тостағанды *аяқшы* баланың қолынан қос қолдап екінші рет алып жатып (С. Талжанов, Ұлдай кегі).

1. **АЯЛ** зат. *Кідіріс, дамыл, тоқтам, тыным.* Ұзаққа табыстың ба, жоқ алданыш *аял* ма? (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бейбітшілік *аялға* қарай беретін еді. Ал соғыс, *аялыңды* білмеймін, барыңды қолға сал,— деп тұр (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Менің кей қырманда *аялым* аз болуы ықтимал (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Не өнерің болса да, Айтарыңды даярла. Жарым минут жалынсаң, Қарамас ажал *аялға* (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.).

◆ **Аял бермеді.** *Мұршасын келтірмеді.* Кім *бересін* Шалқымаға аз ғана *аял* Болыс па, Қасқырбай ма, жауын аяр? Алға сап айдап келді ағаш үйге, Ол үйде болыс, бидің «тезі» даяр (Д. Әбілев, Таңд. өлең.д.). **Аял етті [жасады].** *Кідірді, аялдады.* Кескенде балта құрғыр өтпеді ме? Әлде *аял* Мәркеш жалшы *етпеді* ме? (С. Дөнентаев, Шығ.). Таң атып батыр Сәмен елге кетті, Кісідей түк білмейтін барып жетті. Сыр бермей сол жүріспен *аял етіп,* Арада бірнеше күн уақыт өтті (Әсет, Шығ.). Сондықтан Никитинка селосына азғана *аял жасап,* бізді асыға күтіп отырған аудан басшыларына ілесіп, күн бата аттанып кеткенбіз (Ә. Нұршайықов, Алтын соқпақ). **Аял көрмеді.** *Кідірмеді, дамыл таппады.* Әртүрлі жұмыстармен колхоз кеңсесіне сырттан лықсып кіріп келіп жатқан жұрт шаруа жайларын келісіп болысымен *аял көрмей* аттанып кетіп жатыр (Б. Тоқтаров, Қырандар.). Дамыл, *аял көрмейді* көзі терлеп, Өзге жақпен жүре алмас малы кернеп. Дамыл жоқ та, тыным жоқ көше беру, Өне бойы жағалап Ертісті өрлеп (Қозы Көрпеш.). **Аял қылды.** *Тосты, күтті, кідірді.* Тағы бірер күн *аял қыл.* Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Сегіз найза қолында, көз аудармай, Батыр да *аял қылмайды* ертең таңға. Қанат, құйрық суылдап ысқырады, Көктен қыран сорғалап құйылғанға (Абай, Тол. жин.).

2. **АЯЛ** *Ая етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қара тер боп сабылдың, *Аялған* жоқ малың да. Ақжем болып шабылдың, Елге сөзің жеткенше (Жамбыл, Тол. жин.).

3. **АЯЛ** зат. диал. *Әйел.* Бұл өкіметтің *аялға* деген көзқарасы жақсы

екенін, қараңғы адам болсақ таептеп түсінеміз (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұралып белі бүгілген, Қарағаң кісі үңілген. Қолаң шашты, қой көзді, *Аялдағы* бір сөзді, Ақжүніс атты ару ед (Ер Тарғын).

АЯЛА е т. 1. *Әлпештеу, мәпелеу.* Аязды түнде *аялап,* Бесікке белі бүгілген. Түн ұйқысын төрт бөліп, «Құлыным!» деп жүгірген (А. Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). Айырып жалғызымнан *аялағам,* Жаратқан жазығым не аямаған? Жауыннан енді қайда паналадым, Жығылса бәйтерегім сағалаған (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Анадай кім ардақты бола алады? Сыйлайық, мадақтайық сол ананы. Ардақтап *аялайық* бәріміз де, Жүректе махаббаты мол ананы (К. Райбаев, Жаңа толғау). [Шал] баланы жуындырып-жиіндіріп, емізікпен сүт беріп, мәпелеп, *аялап* есіре берді (Қаз. ертегі.). 2. А у ы с. П о э т. *Құшағына алу, нұрына бөлеу.* Сұлу өлке сол бір күні, Ақын жанын *аялады.* Өлең болып әрбір үні, Көкірегін саялады (Қ. Жармағамбетов, Баллада.). Алматым, *аялады*ң бала жастан, Өзіңмен ой, арманым араласқан. Кербез тау, кең көшеңді кезген сайын, Боламын оқығандай жаңа дастан (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). Жібек шашын жел тарап, *Аялайды* күн нұры. Ән шарқайды гүлге арнап, Таудың ерке бұлбұлы (С. Мәуленов, Таңд. өленд.).

◆ **Алақанға сап аялады.** *Аялап өсірді, әлпештеді.* Ата-анам күн тигізбей, желге қақтырмай, *алақанға сап аялап* еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Алақаны-ма салып аялағаннан* басқа... — деп Әлиза жасқа булығып тоқтап қалды (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең). **Аялап өсірді.** *Әлпештеді, мәпеледі.* Жардан да ыстық елім бар, *Аялап* мені *өсірген.* Алтын алқап жерім бар, Игі, шексіз көсілген (С. Бегалин, Өленд.). *Аялап* сені өсірдім, Болсын деп жақсы азамат. Еркелігіңді кешірдім, Ерсіңді айтып саралап (М. Хакімжанова, Ана мейірімі). Артымда қалып барады екі жетім, *Аялап өсірмек* ем есіл-дертім. Екеуін мандайынан қағып көрме, Бетімен қорғаламай өссін еркін (Ш. Иманбаева, Өленд.).

АЯЛАН *Аяла етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Ол жан ашыр жақын жолдастардың арасында *аялаңған* түрге қайта кіргендей болды (Б. Майлин, Шығ.). Аппақ боп *аялаңып* «алты батыр», Құндақта көзін жұмып ұйқтап жатыр (Ө. Тұрманжанов, Сұңқар.).

АЯЛАТ *Аяла етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Ей, балақан, балақан, Адамзатты жаратам. Күн болар ма мені де, *Аялатар* алақан? (А. Асылбеков, Алтын дән). Алақанда әлдилеп, *Аялатқан,* ойнатқан. Шын бақытты тойлатқан, Ұлы Отаным, тірегім! (Жорық жыры).

АЯЛАТУ *Аялат етістігінің қимыл атауы.* Бұл сол тағдырын қайткенде де алысқа жібермей алақанға *аялатуы* керек (Е. Домбаев, Ғашықтық.).

АЯЛАУ *Аяла етістігінің қимыл атауы.* Жалғыз қарға болғандықтан әлпештеумен, *аялаумен* бұйығы болып өскен бала еді бұл (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Күнімнің болашағын барлаушы едім, Еш жерге тастап оны бармаушы едім. Төрт бөліп түн ұйқымды, құлынымды Күтуден, *аялаудан* талмаушы едім (К. Райбаев, Жаңа толғау). *Аялаумен* сені жастан, Алтын Отан — бесігің. Бәрімізге бірге ашқан, Шын бақыттың есігін (Т. Жароков, Шығ. жин.).

АЯЛАУШЫ з а т. *Мәпелеп күтуші, өсіруші (адам).* «Дала аруын» *аялаушы* комсомолец жастар звеноларының арасында облыс, республика бойынша даңқы шыққан жүгеріші — Тұрсын Ұшыров («Соц. Қаз.»).

АЯЛДА е т. 1. *Белгілі бір жерге тоқтау, бөгелу.* Аз күн *аялдап* дем алғаннан кейін, Балуан Ғалияға біржола қосылып, бір тұруға келген ойын айтты (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Ертең Қасекең келеді. О кісі бұл арада *аялдамай* сіздің жаққа барып қалуы мүмкін (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ол көп *аялдамай,* ішке қайта кірді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). 2. *Біраз кідіру, тосу.* Ауқаттанып алған соң, еттің пісуіне *аялдағам* жоқ, қарауыл қарауға асықты (Б. Шалабаев, Өмірде.). Сәл шытынып қабағын, Аз кідіріп *аялдап,* Өмірінің тарауын, Кетті бізге баяндап (С. Мәуленов, Жаз ерке). Білеміз уақыт деген *аялдамас,* Жай жылжып, асығыссыз аяңдамас. Зымырап жыл артынан жылдар өтіп, Бітір деп жұмысыңды қарайламас (Қ. Боранбаев, Жаңарған жазық).

АЯЛДАҒЫШ с ы н. *Жиі тоқтағыш.* Паналығы көп, қиын кемерлі бұл тауға әсіресе бүркіттер *аялдағыш* келетін («Лен. жас»).

АЯЛДАМА з а т. жаңа. *Автобус, троллейбус, трамвай тоқтайтын жер.* Трамвай *а я л д а м а с ы н д а* ығы-жығы адам (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне). «Москва» мейманханасы жанындағы *а я л д а м а д а н* аттанған қызыл қаптал автобуста қазақтың бір топ ақын, жазушылары келе жатырмыз (С. Сейітов, Жылдар жотасы.). *А я л д а м а н ы ң* ар жағында үш жүк машинасы, екі «Волга» қатар тізіліп тұр (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

АЯЛДАҢҚЫРА е т. *Сәл ғана кідіру, тоқтау.* Қақпаға келгенде Өмірбек сәл *а я л д а ң қ ы р а п* қалды (С. Шаймерденов, Мезгіл).

АЯЛДАҢҚЫРАУ *Аялдаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

АЯЛДАС *Аялда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Ақзейнеп самауырды алып, ауызғы бөлмеге өте берем дегенде, үйге ол да кіріп еді. Жүздесе түсіп, сәл-пәл *а я л д а с ы п* қалды (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.).

АЯЛДАСУ *Аялдас етістігінің қимыл атауы.*

АЯЛДАТ *Аялда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ең алдымен Маслова Петрушкинаны қасақана қараңғы түскенше *а я л д а т ы п,* кідірткен (К. Тоқаев, Тасқын). Баланы біраз кемпір *а я л д а т т ы,* шешініп шым үйінде жайлап жатты. Аш білер ас қадірін, тоқ білмейді, Қара тер қатқан еттен судай ақты (О. Шипин, Екі дастан).

АЯЛДАТТЫР *Аялдат етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әлде балалық қиялы алып-ұшып, алды-артына *а я л д а т т ы р м а д ы* ма, кім білсін (А. Нұрманов, Ақ қу жұлдызы).

АЯЛДАТТЫРУ *Аялдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

АЯЛДАТУ *Аялдат етістігінің қимыл атауы.* Жеңге-шешелерімізге жалынып бергізбей, айта түссін деп, *а я л д а т у ш ы* едік (І. Жансүгіров, Әңгім.).

АЯЛДАУ *Аялда етістігінің қимыл атауы.* Женя кінәлы, бағыныпты есебінде тұрып сәл *а я л д а у* керектігін, Инештің келуге тиісті екенін айтты (С. Шаймерденов, Болашақ.). «Ақтоғай» станциясына жүйрік поездар жолаушы мініп-түсуге үлгергендей ғана тым аз *а я л д а у ш ы* еді (М. Дүйсенов, Қалыңдық).

АЯЛ-ПҰЯЛ з а т. ж е р г. *Аял, тоқтам.* Екеуі келе сала, *а я л - п ұ я л* жасамай, Нарымбай үйінің самауыры бажылдап, дайын тұрған шайына да қарамай, аға шопанды емдеу қамына кірісе жөнелді (Ж. Жұмақанов, Екі жол).

АЯЛСЫЗ с ы н. *Тоқтаусыз, кідіріссіз.* Ұшады малтып ол көкте, Жерде де заржақ *а я л с ы з.* Кедей, құл ұқсас көкекке. Күшіген сынды бай арсыз (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

1. АЯЛЫ с ы н. *Аясы (1-омон.) үлкен; көлемді.* Қарашығы үлкен *а я л ы* көзінің астындағы әдемі меңі де суық (С. Жүнісов, Жапанда.). 2. С ө й л. *Саялы, жанға жайлы.* Біздің *а я л ы* Алматыға да, көркінен шабыт алып, қаншама ақындарымыз жыр жазып, қаншама композиторларымыз ән шығармады десеңізші («Лен. жас»). 3. А у ы с. *Аяулы, ардақты, сүйікті.* Ардақты құшағы кең *а я л ы* анам, Атыңа бас иеді ақын балаң. Төрінде төрт жыл ұдай жүріп еркін, Өзіңнен білім алып өсті санам (Т. Жабаев, Із). Комсомол — Отанымыздың жастығы, ержетіп, есейген кезеңі, ертеңгі келешегі, аталардың *а я л ы* өмірін болашақпен жалғастырып жатқан биік баспалдақ («Соц. Қаз.»).

2. АЯЛЫ с ы н. 1. *Аясы (3-омон.) кең.* Атамның *а я л ы* алақаны көз алдымнан кетпей-ақ қойды (Ауызекі тіл). 2. А у ы с. *Мейірімді, қайырымды, шапағатты. А я л ы* қолда талпынтқан, Қаймақты сүттей қалқытқан. Суық болса жөргекте, Қорғасын оқтай балқытқан (Ы. Алтынсарин, Таңд. шығ.). Сенің жаның сергір, қалқам, Сыйпағанда *а я л ы* қол. Өлеңімнен өрнек тартам, Өміріңе болардай жол (М. Хакімжанова, Жыр асуы).

АЯЛЫС з а т. ж е р г. *Кідіріс, дамыл.* Біз Қарақыстаққа аттанғалы, сонда жол аузына келгенде, қашан машина келгенше қатар өскен үш бәйтеректің түбінде *а я л ы с* жасаған едік (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Терезеге қабаттап жабылған қара жамылшы ғана осы әдемі үйдің сұқсытын қашырып тұрғанмен кірген-шыққанның бәрі алдымен соны сылап-сипап *а я л ы с* табады (К. Оразалин, Көктем.).

АЯМАЙ ү с т. *Оңдырмай, жеткілікті етіп.* Осы пәлені шығарғаны үшін Оспанды да *а я м а й* ұрды (М. Әуезов, Абай). Оның жазасы —«арқаңды тос!» — дейтін Айтқанына көнбей, тоспасам шыбықпен *а я м а й* осатын. Ал тоссам, арқамнан жеңіл ғана тартып қалатын (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Байғұсты *а я м а й* ұрып

жіберген секілдімін (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

◆ **Жан аямай.** *Бар ынтасымен, жанын салып.* Сол жолдан таймай жүруге, сол партияның көздеген мақсатына жету жолындағы қиын істерді істеуге *жанын аямай* кіріседі (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Сен соғыста қан кешкенде, олар [комсомолдар] елде сенің қамың үшін миллиондардың бірі болып *жан аямай* еңбек етті (М. Иманжанов, Адам тур.). Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, *Жан аямай* кәсіп қыл! (Абай, Тол. жин.).

АЯМАН е т. э п о с. *Аямау, тарлық етпеу.* Білімдіден *аяман* сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын (Абай, Тол. жин.). Жемісті болса жұмысың, Мен *аяман* сыйлықты (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.). Туған ел — салтанатым, қуанышым, Жұлдызы жүрегімнің, талмас күшім. Белім сен, берік қорған, қуатым сен, Сондықтан жан *аяман* сенің үшін (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең.).

АЯМПАЗ с ы н. *Аяғыш, жаны ашығыш.* Күлейім, көтер басыңды! *Аямпаз* едің бастан сен. Құпиясы терең хатыңды Сумкамен бірге тастап па ең? (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). «И-и, бишара-ай!» — деп қояды тағы бір *аямпаз* ағайын. Кейде Меңдештің құлағы шалады сол сөздерді. Мінезі болса — әлгі (Б. Аманшин, Жар мұңы).

1. АЯН а р. с ы н. *Белгілі, мәлім, айқын.* Сол саналы тәртіп дегеніміз өздігінен келмейтін, үлгілі тәрбие арқылы келіп, мысқылдап орнайтыны бәрімізге *аян* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Ертең бұл араға асфальт төселетіні де Еренге *аян* (С. Шаймерденов, Болашақ.). Қадірлі Баян, жер Баян! Қайыңды Баян, көл Баян! Сенің жайың ерге *аян*, Менің өмірім елге *аян* (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

◆ **Аян берді.** М и ф. *Біреуге түсінде алла тағала бір нәрсе жайында хабар білдірді, белгі берді.* Түсімде алла тағала *аян берді.* Мына Насырға тіл тигізе көрмеңдер. Бұл нағыз әулие адам (С. Адамбеков, Көсенің көзі).— Түс көрдім,— деді ол,— түсімде әулие атам *аян беріп*, осы баланың туарын айтты да, атын «Шыңғыс қой, балам!»— деді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ұйықтап жатқан кезінде, Аса таяқ қолында, Ақ шалмалы қарт адам Түсінде *аян беріпті* (Батырлар жыры). Әлемге [жер жүзіне] аян. *Дүние жүзіне белгілі, әйгілі. Әлемге аян* етіп ер еңбегін, Шалқытып шаттық толы өлеңдерін. Жатыр бұл ұлан байтақ мемлекет, Бұл менің Қазақстан деген елім! (І. Мәмбетов, Сыр). *Әлемге аян* алып күшің, Елдің жыры ерлік ісің. Ғалым, шебер, басқарушы, Сен өсірген талай кісім (Қ. Әбдікадыров, Таңд. өлең.). Дүние жүзілік кәсіподақ қозғалысының бай тарихы бар, жақсы істері көп. Әсіресе, СССР кәсіподақтарының тамаша жұмыстары *жер жүзіне аян* («Қазақст. мұғ.»). Баршаға [жұртқа] аян. *Көпшілікке айқын.* Ал біздің заманымызда өз дегеніне ұмтылған адамның мақсатына жетпей қоймайтыны *баршаға аян* (К. Смаилов, Мамандық.). Ел өмірінде тілге тиек, қаламға тірек ететін ғажайып жаңалықтар, ұлы өзгерістер бары *баршаға аян* («Қаз. әдеб»). Совет үкіметінің алғашқы декреттерінің өзі бейбітшілік пен жер туралы болғаны да *жұртқа аян* (Бейбітшілік жасасын). Өзіме [өзіңе, өзіне] аян. *Белгілі, таныс.* Шешемнің тамақ қоятын жері *өзіме аян* (Н. Сералин, Намыс) *Өзіңе аян*, Алматыда біз ешкімнен кем тұрған жоқпыз ғой (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Өнері *өзіне аян* кем емесі, Күшіне мұның ешкім тең емесі. Тұрған бұл, жас құлжаша күші тертіп, Тұрса да қайнап, қызып делебесі (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

2. АЯН е т. *Жанын қинамау, тартынып істеу.* — Тезірек айдасайшы. — *Аянып* келе жатқан жоқпын-ау, Қасеке (Т. Ахтанов, Дала сыры). Төбелесте *аянатын* түрі жоқ (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Қапыштың колхозға жазылғаны рас болса, ажалы менен. Ақылға көнбесе *аянарым* жоқ (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

◆ **Аянатын не қалды [не бар].** *Аянбау, тартынбау керек.* Е, қайтушы еді? *Аянатын нең қалып* еді? Алдағанын енді көрсеңші міне! (М. Әуезов, Таңд. шығ.). *Аянатын не қалды?* Аяулыңды жау алды! Жеріміздің сәулеті Кавказға да таянды (Жамбыл, Шығ. жин.). Адалдықпен теңдік бермейтін болса, қол күшімен алайық!— Енді *аянатын не бар?!*— деп, бәрі де у-шу болды (С. Шарипов, Шығ.). Аянған жоқ. *Қолынан келгеннің бәрін істеді.* Нұрланды естіп, шойынжол бойының жігіт, қыздары түгел жиналысып еді. Олар да әнге *аянған жоқ*, Бұл да тартынбады (Ж. Молдағалиев, Сар-

арқа.). Тауға соқтың, басыңды тасқа соқтың — олай сүйредің, бұлай сүйредің — *аянған жоқсың*, қолыңнан келгенінің бәрін істедің. Еңбегің жанбады бірақ, қайтейін?! (Б. Аманшин, Жар мұңы). **Аянып жатпады.** *Қарап тұрмады, тартынбады.* Қайда болсаң да сау бол, қарағым. Тілегенің көмір болса, *аяныпжатыр* дейсің бе? (А. Хангелдин, Өткен күн.). *Аяныпжатқамыз* жоқ. Сөзді тыңдаса ананың өзі болар еді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). **Аянып қалмады.** *Беріле істеді, жанын салды.* Қолынан келсе *аяныпқалмасын!*— дедім мен (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сол кезде Мақан ағай да қол ұшын берер, *аяныпқалмас*, — деді Жайдарбек (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Совет әдебиеті мен көркемөнерінің қайраткерлері жеңіс жолында *аяныпқалған жоқ* (Аялы жандар).

АЯНБАЙ үст. *Жанын салып, тартынбай.* Күн дегеніміз жоқ, түн дегеніміз жоқ, *аянбай* еңбек еттік (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.). Майдан үшін колхоз даласында *аянбай* жұмыс істеп жүріп суық тиіп ауырған Айымгүл алғашқы күндері төсекке де жатқан жоқ (Р. Райымқұлов, Бұрылыстар).— Білгенімізді *аянбай* үйретеміз,— деп қуанды байырғы сауыншы Қазира (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

АЯНДА ет. *Белгілі ету, анықтау, айқындау.* Уақыт, мұрша берші, аялдашы, Анықтап жолдарымды *аяндашы*. Тойдырушы лөззатына бұл өмірдің, Көрсетші жұлдыздарды, баяндашы (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Өз ісімді несіне, Жатайын көп баяндап. Бейбіт өмір өзі де, Тұр ғой оны *аяндап* (Сәлем саған.).

АЯНКЕС сын. *Жанын аяйтын (адам).* Сенің жақсы көретініңді біліп қойып жүрмесін, өйткені мұны *аянкес* қылық, осалдық деп есептейді, солай ұйғарады да (С. Талжанов, Адам тур.). Атын айт *аянкестің*, аямасаң, Он кісі осы ретте құрса тұзақ! Айқай шал, ауылға абай айтатұғын: «Пәленше ат, пәленше шап!»— деп адамсыз-ақ (Айтыс).

АЯНКЕСТІК зат. *Жанын аямаушылық.* Ақыры, Құңқардың осындай сұмдығы, жұмысты беріліп істемейтін *аянкестігі* мені тағы бір жиналыста қатты сөйлеуге мәжбүр етті (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан. шатағы).

АЯНОМЫРТҚА зат. жерг. *Әдет, салт бойынша мал сойып берген адамға берілетін омыртқа немесе басқалай ет. Аяномыртқаны* кей жерде «қолүздік», «қолкесті» деп те атайды (Ауызекі тіл).

АЯНПАЗ сын. сөйл. Аянкес. Жаман адам *аянпаз* келеді (Қ. Кемеңгеров, Алтын сақина).

АЯНПАЗДЫҚ зат. сөйл. Аянкестік. Асан осы сәтте Сапардан естіген әсіре *аянпаздығына* бір есептен таңырқанып, екі түрлі ойда отырды (А. Байтанаев, Асан).

АЯНСЫЗ сын. 1. *Белгісіз, мәлім емес.* Ah, дариға-ай, не ойлайын, Опасыз өткен дүние боқ. Өттің дүние баянсыз, Аллаға іс пе *аянсыз* (Батырлар жыры). 2. *Баянсыз, тұрақсыз. Аянсыз* мынау жалғаннан —«Батыр өлмес» дер едім; Тақыр жерде тайласқан, Қайыңнан найза сайласқан... (Базар жырау).

АЯНУ *Аян етістігінің қимыл атауы.* Жөнелттім Торғай көкпен Құралайды, Бұл жаудан енді *аяну* жарамайды. Сейқының үлкен ұлы Дауыл батыр, Көлденең мені жан деп қарамайды (И. Байзақов, Шығ.).

АЯНШАҚ сын. *Жанын аяғыш, қорғаншақ. Аяншақ* емес жандар өз жүгін ауырлаған да емес, міндетсінген де емес (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Кішкене күнімнен мәпелеп өсіруден болу керек, мен өте *аяншақ* едім (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).— *Аяншақ* екенсің ғой... Қыз жігіттің түсі өзгеріп кеткенін сезініп, әзілдеді (З. Шашкин, Сенім).

АЯНШАҚТА ет. *Жанын аяу, қорғаншақтау.* Ел ішінен сырт, еңбек дегеннің өзімен күн көріп үйренбеген жігіттер *аяншақтап*, босқа болдырып отыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қорланған ел *аяншақтап*, қайғы сарынын қорек етіп отыра берсе, сарауру болудан шығады дейсің! («Қаз. әдеб.»).

АЯНШАҚТАН *Аяншақта етістігінен жасалған өздік етіс.* Уақас шалғынның қалың тұсынан төрттағандап, аласа тұсында жер бауырлап,— онсыз да *аяншақтанатын* түр қалған жоқ,— жылжи берді (М. Мағауин, Ақша қар).

1. АЯНШАҚТАУ *Аяншақта етістігінің қимыл атауы.*

2. АЯНШАҚТАУ сын. *Жанын аяғыштау.* Алса да *аяншақтау* кедей сорлы, Еңбек білмес, байдың да жоқ қой орны.

Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей, Бір қыс сақта, тас болма сен де о ғұрлы! (Абай, Тол. жин.).

АЯНЫШ з а т. *Жан ашушылық, мүсіркеушілік, есіркеушілік.* Мекештің ашуынан енді *аяныш* басым. Қатты дауысынан жұмсақ діріл байқалды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Гуля үндемеді. *Аяныш* пен ашуы аралас Ораз телміріп қарап қапты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Халықтың арманын мәселе етіп көтерген өзінді өзің жаралап отырған сенен *аяныш* күтуім де қате (Д. Әбілев, Ақын арманы). Сіз бізді алдамай-ақ қойыңыз, есіркемеңіз, сіздің *аянышыңыздың* бізге керегі жоқ (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

◆ **Аяныш білдірді.** *Көңілін жұбатты, аяды.* Балуан Шолақ абақтыға алынғаннан кейін Тоқпан Ғалияға кеп *аянышын білдіріп,* көңілін жұбатпақ болған (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Аз отырғаннан кейін:— Қиын болған екен саған,— деп, жеңгесіне *аяныш білдірді* (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ол Ақбаланың маңдайынан алақанымен сипап, үлкендік көңілінен *аяныш білдіріп* отырған-ды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

АЯНЫШТАУ с ы н. *Мүсіркейтіндей.* Ол *аяныштау* шыраймен езу тартып тұра қалды тағы да. Өйткені, өтіп бара жатқан қазақ трубка сорғылап бара жатыр екен (С. Сейфуллин, Шығ. жин.).

АЯНЫШТЫ с ы н. *Жан ашитындай, қайғылы.* Шынында да оның халі *аяныштыекен* (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Одан да *аяныштыкөріністер кездесті* (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Бақаңның өлімі *аяныштыбәріміздің* де арқамызға аяздай батады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

◆ **Аяныштыкүй [жай].** *Аярлық хал, қайғылы жағдай.* «Біттім!»— деп отыр ішінен ол. Бұдан *аяныштыне күй* болсын! (Б. Майлин, Шығ.). *Аяныштыкүйге* түстім, Танымастай ешбір жан. Күн-түн сайын артты уайым. Ақты көзден жасты қан (С. Машақов, Жылдар.). Ет бауырым кетті елжіреп, *Аяныштыкөріп жайын.* Кімсің, мұнша жүрген жүдеп, Шыныңды айтшы, қалқатайым (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). **Аяныштыпішін [кескін].** *Жан ашырлық тұр, түс.* Мәлік *аяныштыпішінмен* Нұрланның қасына кеп, өзі қол берді (З. Шашкин, Сенім). Барақ іші бастарын көтеріп, Гельмутты белгісіз сапарға *аяныштыпішінмен* шығарып салды (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Кеше ғана қол жетпес биік санап жүрген жігітінің бүгін *аяныштыкескінін* көргенде, Ләззат мүсіркеп кетті (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы). **Аяныштыүн [дауыс].** *Қайғылы, мұңды үн.* Әбен кетсе де *аяныштыүн* құлағынан кетпей, ішін елжіретіп барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Құлағыма *аяныштыбір үн* келді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Түн кезіндегі «қарағым, Көркемтай» деген *аяныштыдауыстары* Көркемтайдың құлағына естілгендей болды (С. Дөнентаев, Шығ.). **Аяныштыхал.** *Есіркерлік жай.* Біздің *аяныштыхалімізді* көргенде, Үсейін мүсіркеп кетті (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Шаруалар аяқтарын ілби басып, үнсіз келеді. Бұлардың *аяныштыхалі* Әлімге қатты әсер етті (Ә. Шәріпов, Партизан қызы).

1. АЯҢ з а т. *Жай, ақырын жүріс.* Ожар қиын тау. *Аяңнан* артық жүруге аттың өкпесі қабынады (М. Әуезов, Шығ. жин.). Арық торы аттың бүлкіл желісі *аяңның* аз-ақ алдында (Б. Майлин, Шығ.). Мен Шапағаттың қызыл атын қинағым келмей *аяңмен* ғана келе жатырмын (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі). Бұл жолы ол *аяңмен* емес, боз жорғаны теңселтіп, асығып келе жатқан әкесін көрді (С. Бақбергенов, Менің досым).

◆ **Аяңға салды.** *Бірқалыпты аяң жүріске ауысты.* Сайдың шетіне іліне бергенде қатты жүрістен іркіліп, Бекбол *аяңға салды* (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Жақындай келе атын *аяңға салды.* Қолында қайың құрығы бар (Қ. Көпішов, Тәйімбет Көмекбаев). Үш шақырымдай жер жүргеннен кейін, екі бала *аяңға салды* («Лен. жас»). **Өгіз аяң.** *Ақырын, өте жай жүріс.* Елге асығуы сондай, бір күннің ішінде төрт-бес жүз шақырымдай жер жүріп келе жатқан отарбаның жүрісі Бекболаттың көзіне *өгіз аяңдай* ақырын болып көрінді (С. Шарипов, Шығ.). Пысылдап дем алғаны, Ерекең қалғып қояды. Зымырауы «Волганың», Секілді *өгіз аяңы* (С. Мұқанов, Замандас.). Апырым-ай, бүгін де машина жетіспесе, не өндіреміз. *Өгіз аяңмен* іс біте ме, басшыларға айтайық, бір айласын жасамаса бола ма? («Лен. жас»). **Сары аяң.** *Бірқалыпты қатты аяң.* Ештеңе етпес. Таң атқанша бір елге кездесерміз. Енді қасқыр

шоқағыңды қойып, *с а р ы а я ң м е н* отырайық (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. бір бейне).

2. АЯҢ з а т. *Өсек-аяң қос сөзінің екінші сыңары.* Қатын-қалаш, жігіт-желең арасындағы өсек-*а я ң* құлақты сарсытады (С. Омаров, Күншуақ). Жанға жайлы әңгіме, ауылдың өсек-*а я ң ы н* айта отырып, екеуі екі-үш шыны коньякты босатып тастапты (Ә. Тарази, Құйрықты жұлдыз).

АЯҢДА е т. *Жайлап, ақырын жүру.* Шәңгерей, Кәрібай, Шығанақ үшеуі Жанботаны ертіп, дөң басына қарай *а я ң д а д ы* (Ғ. Мұстафин, Шығанақ). Раушан еш алаңсыз ақырын *а я ң д а п* келеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қожанасыр жалғыз аяқ жолмен *а я ң д а й* отырып, «Комсомол» колхозына келді (С. Адамбеков, Көсенің көзі).

АЯҢДАС *Аяңда етістігінен жасалған ортақ етіс.* Шана сүйреген аттар «аман шықтық па?» деп бір-бірімен тілдескендей жамырай кісінесіп, дағдылы тәртіппен тізіліп алды да, аяқтарын санай басып, сабырмен ғана *а я ң д а с ы п* бара жатты (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Олар қыздардың дауысы естіліп тұрған жаққа қарай үнсіз қатар *а я ң д а с т ы* (Р. Әутәліпов, Алтын жемісті.).

АЯҢДАСУ *Аяңдас етістігінің қимыл атауы.*

АЯҢДАТ *Аяңда етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сұлу күрең төбел бестіні жылыстыра *а я ң д а т ы п,* Назыкеш алда кетіп барады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). «Олар да келер!» деп Айша *а я ң д а т ы п* жүріп кетті (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). *А я ң д а т а* берсейші,— деді Боржабай, бала екеуміз жаяу жүре берейік (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АЯҢДАСУ *Аяңдас етістігінің қимыл атауы.*

АЯҢДАУ *Аяңда етістігінің қимыл атауы.* Тұрысбек дәрігер малтығып, бір бүйірін боранға беріп, неғұрлым ұтымды *а я ң д а у ғ а* тырысты (Ж. Жұмақанов, Екі жол). Тайғанақтап қойғанмен, Еңіске жеңіл *а я ң д а у.* Ерболат еркін алды дем, Басталды өмір баяндау (С. Мұқанов, Замандас.).

АЯҢ-ЖОРТАҚ з а т. *Біресе аяң, біресе жортақ.* Молдағазы айтқандай, аты қинамай, *а я ң - ж о р т а қ п е н* жылжи **б**ердік (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

АЯҢ-ПҰЯҢ з а т. ж е р г. *Аял; жайбарақаттық.* Бұл кезбе бура манағыдан да жақындап қалған еді. *А я ң - п ұ я ң* қылып, ойланып жатуға, әрине, мұрша жоқ (Ф. Дінисламов, Көл жағасы.).

АЯҢШЫЛ с ы н. *Жылдам басатын, жүрісті, жүрдек (ат).* Мінгендері жай жүрісте *а я ң ш ы л* болғанмен, жортаққа салғанда түйіп отыратын бірнеше кісілер Ықылас тобына іркілді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ерқожаның торысы *а я ң ш ы л а қ* екен, алдымды орап, құйрығымен жер сызып, көлбеңдеумен келеді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Бар жақсы батырдан да, биліктен де, Талқандар бар сайлаудан киліккенде. Олжа алып, оза шауып жатпаған соң, *А я ң ш ы л* тұғыр жақсы жүйріктен де (Айтыс).

АЯҢШЫЛДЫҚ з а т. *Жүрістілік, жүрдектік.* Әр аттың басындағы *а я ң ш ы л д ы қ,* жүйріктік, шабандық, болдырғыштық, шөпті таңдап жегіштік — тағы осы сияқты толып жатқан қасиеттерді Досан түгел біледі (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Ақын бұл жерде аттың *а я ң ш ы л д ы ғ ы н а* сүйсінгендікті суреттеп отыр («Қазақст. мұғ.»).

АЯР а р. с ы н. *Сұм, қу, көлгір, залым, айлакер.* Сені мұнда жау қолында Қалдыруға болмайды. *А я р* залым алар жанын Оңайлықпен алмайды (М. Әуезов, Таңд. шығ.). Бірде ашадды, бірде *а я р* Шөгел қай елге келсе де, кіммен сөйлессе де ішке кіре біледі (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бұлар алдамшы *а я р* немесе адам етіне жерік жалмауыз пішінде келіп қастық жасайды (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Хан емессің, ылаңсың, Қара шұбар жылансың. Хан емессің, *а я р с ы ң,* Айыр құйрық шаянсың (XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.).

АЯРЛАН е т. *Көлгірсу, қулану, айлакерлену.* Торғауыт ернін болар-болмас жыбырлатады да, әлгі сөзін елемей *а я р л а н а* қалады, көзін жандаралға қарай аударып әкетеді (С. Талжанов, Ұлдай кегі). — Мәселе енді мына жеңешемде қалып тұр ғой,— деп Ережеп Қалиманға қарады. Қалиман *а я р л а н а* ыңырси сөйледі: — Менің қолымда тұрған не бар, тәйірі? (Ә. Нәбиев, Шолпан).

АЯРЛАНУ *Аярлан етістігінің қимыл атауы.*

АЯРЛЫҚ з а т. *Қулық-сұмдық, залымдық, айлакерлік.* Ол топтың ел билеуде

қолданатын неше түрлі сұрқиялық, *аярлық*, құбылғыштық мінездерін жарыққа салады (М. Әуезов, Әр жыл.). Серік те бұған қашанғы жүгіре берсін. Айлалы *аярлығы* жарға соғып, бұл күнде ашық жаулыққа кеткен (О. Сәрсенбаев, Даңқ). Шырынкүлдің «сыйлық әкелдім» деген қалтқысыз мезіретін алдаушы әйелдің *аярлығына* жорыған Балзия одан іргесін аулақ салды («Қаз. әдеб.»).

АЯРСУ *Аярсы етістігінің қимыл атауы.*

АЯРСЫ е т. *Көлгірсу, айлакерлену.* Шегебай Серғазының алдына аталастығын, ағайындығын көлденең тартып, торсаңдап өкпелеген де болады, ашуланып қыр көрсеткісі де келеді, жалынғандай боп *аярсып* та көреді («Қаз. әдеб.»).

АЯРШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. **Аярлық.** *Аяршылық* шықпайды жыры адалдан, Аңқылдап ол қашанда тұрады алда. Неге қатты болмасын ұйқым менің, Жаманшылық күтпесем тірі адамнан (Қ. Мырзалиев, Домбыра).

АЯС *Ая етістігінен жасалған ортақ етіс.* Өкіріктік жер бөлімінде, Тілеке, қырғын талас болды. Олар да *аясқан* жоқ. Мен де дес бермедім (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).— Иә, *аясатын* не қалды. Жаумен жауша алысқан жөн (Ә. Нұрпейісов, Сергелдең).

АЯСУ *Аяс етістігінің қимыл атауы.* Әлем айғақ, бұл алыста *аясу* жоқ. Алдау, арбау, арзан айла жанасарлық жай емес (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).

АЯСЫ з а т. *Өрісі, шеңбері.* Ұзақ қыста тиіп-қашып Көбековтан оқып орыс тілінде алған бұрынғы білімінің *аясын* кеңіте түсті (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы). Бұл сөздің [һәм] қызмет *аясы* едәуір кеңіп, қайталама шылаудың да орнына жұмсалады (Р. Сыздықова, Абай шығ. тілі). Жыл өткен сайын спорт жарыстарының *аясы* кең құлаш жайып, миллиондардың мерейлі мерекесіне айналуда («Спорт»).

АЯСЫЗ с ы н. *Бағусыз, күтімсіз, қамқорсыз.* Сусыз жердің шөбі *аясыз*, Ұлсыз ердің малы *аясыз* (Мақал).

1. АЯТ а р. з а т. д і н и. *Құран сурелерінің бір шумағы.* Қазірет бұдан кейін тарғақ бет Әжмағидан бір *аят* тыңдады (Д. Әбілев, Ақын арманы). Құранның бір *аятынан* жаңылып, ашулы молланың шыбығына жатып тұрған медресе шәкірті сияқты екен (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Атеистер құранның өз *аяттары* мен сүрелерін тиімді пайдалана білуге тиіс («Лен. жас»).

2. АЯТ *Ая етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, орынды іске күшіңді *аятпайды*, орынсыз жерге қолыңды босатпайды (Абай, Тол. жин.).

АЯТЫЛ: **Аятыл күрсі.** д і н и. *Құран сүрелерінің бір тармағының атауы.* Кәзір жарқылдата, шартылдата күн құйып бергенде, Әбен құлһу алла мен *аятыл күрсіні* төпей берді. Басқа білері жоқ (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Көп сөзді қой, су әкел, неке оқимын, *Аятыл күрсі*, әлхамды жете оқимын (С. Торайғыров, Мағынасыз мешіт).

АЯУ *Ая етістігінің қимыл атауы.* Жауын жеңсе *аяуды* білмейді. Жеңілсе жалына бастайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Дұшпанды *аяу* елге де, өзіңнің қара басыңа да қастық істегенмен бір (Б. Момышұлы, Офицер. күнд.). Мен де осы елдің жігіті, ант бұзғанға *аяу* жоқ (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

АЯУЛЫ с ы н. *Қымбатты, ардақты, қадірлі; бағалы.* Біреудің әке-шешесі, біреудің аға-інісі, біреудің апа-қарындасы, біреудің бала-шағасы дегендей әркімнің өз *аяулысы*, өз қимасы бар (С. Мұқанов, Есею жыл.). Неге соншама көп ойланасың, *аяулы* достым? (Т. Бердияров, Фарида). Нарынқолдан әкелген бір жәшік кітаптарым бар. Бар *аяулы* мүлкім сол ғана (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). Айрылар дос *аяулыңды* сұрайды (Мақал).

АЯУСЫЗ с ы н. *Аямай; қатал.* Ызалы Ерден қолына не түссе сонымен *аяусыз* ұратын (З. Шашкин, Өмір тынысы). Мұндай өз басын дәріптеушіліктерменен *аяусыз* күрес жүргізу бәрімізге ортақ (К. Оразалин, Ақ жазық). Помещиктер мен капиталистер қазақ еңбекшілерін *аяусыз* езумен болды (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

АЯУШЫ з а т. *Аяйтын, аяушылық білдіретін адам.* Мен өмірімде өзімді *аяушыларды* дұшпаннан да жек көретіндердің біреуімін (Ол күнд. даңқы). Басқан дүние тар болды, *Аяушыға* зар болды. Таң біліне түрегеп, Күзеткені мал болды (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). *Аяушы* болсаң, есіркеп, Түсінер едің халімді. Өтінем сенен кешір деп, Айта алмай қалдым барымды (Н. Шәкенов, Айгүл).

АЯУШЫЛЫҚ з а т. *Есіркеушілік, мүсіркеушілік, жаны ашушылық.* Дәл сол сәтте мен көкемді бұрынғыдан да қатты жақсы көрдім. Жүрегінде *а я у ш ы л ы ғ ы,* көңілінде адамшылығы үлкен әкесі бар маған қай қыз, қай бала тең келер деп ойладым (Ж. Саин, Жол үст.). Бұл неңің үні? Жүрек даусы ма? Әлде *а я у ш ы л ы қ* па? Оны Ермек нақ қазір айыра алмады (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). «Жетім» деген сөзді біреу маған мейлі *а я у ш ы л ы қ п е н* айтсын, мейлі ұрсып айтсын, бәрібір жүрегіме қанжардай қадалатын еді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

◆ **Аяушылық білдірді.** *Аяғандығын көрсетті.*— Міне, сізге квитанция. Жолға трамвайға отыз тиынды мен берейін,— деп, милиция қызметкері маған үлкен *а я у ш ы л ы қ б і л д і р д і* (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Жетім екен деп *а я у ш ы л ы қ б і л д і р г е н* қария оған қыз іздеп, әуре болады («Лен. жас»). **Аяушылық етті** [жасады]. *Аяды, мүсіркеді.* Бұл олардың бізді кісендеулі келеді екен деп әшейін *а я у ш ы л ы қ е т к е н і* емес, бізге іштей тілеулестігінің белгісі еді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Кім берер тай орнына аттың құнын, Жоқтаудың несі ұят бастың құнын. Хажы әкем *а я у ш ы л ы қ е т е* ме деп, Мұддағали, көңілдегі осы мұңым (Айтыс). Кімде-кім абыройсыздықтан аулақ болып, тыныштық тапқысы келсе, қатал тәртіпті сақтасын! *А я у ш ы л ы қ ж а с а м а с ы н* (Б. Тәжібаев, Қараторғай).

АЯШ з а т. ж а ң а. *Жалпы әйел атаулыға құрметтеу мағынасында айтылатын сөз.* Орыс тілінен аударғанда «дама», «дамы» деген сөздерге балама таба алмай дал болып жүрміз. Ал қырғыз тілінде *«а я ш»* деген әдемі сөз бар. Сондықтан да болар осы сөзді М. Әуезов, «Қарақыпшақ Қобыланды» драмасында қолданады. Құртқаға тілдескен Қобыланды: «Ай шырайлы *а я ш-а й,* Арман деген ащы зар, Тілің ғана айтқан жоқ..» дейді (М. Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ай шырайлы *а я ш* па, жоқ сыныққсып тұрған аяр ма? Қай сырын білдің бұл қатынның? (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

Ә

1. Ә з а т. 1. *Қазақ алфавитінің екінші әрпі. Ә,* о, ө, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: ән, әнші, сән, дәлел т. б. (Қаз. тілі орфограф.). 2. *Осы әріппен таңбаланатын жіңішке ашық дауысты дыбыс; фонема. Ә* фонемасы а тәрізді ауыздың мол ашылуынан пайда болатын ашық дауысты дыбыс. Ерін қатысы жағынан оның а-дан айырмасы жоқ. Ерін сүйірленбей, тартылуы арқылы дыбысталатындықтан ол езу дыбысы делінеді (Қазіргі қаз. тілі).

2. Ә о д. 1. *Біреудің сөйлеген сөзін естімей қалғандығын білдіреді.* Құлағы мүкіс, қатты сөйлейді. Ақырын сөзді естімей *«ә», «ә»* деп құлағын төсей береді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Біреудің айтқан сөзін естігендігін білдіреді.* Зейнеп қозғалғанда Айдарбек сескеніп, қорқып кеткендей де, қуанып кеткендей де болды.— Қатын!.. Зейнеп!..— деді.— *Ә,*— деді Зейнеп (Б. Майлин, Таңд.). 3. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* Әуелі қызбен сөйлесейін. Ол көнбейді ғой. Бұған не айла бар? А-а-а, қыз қайда екен өзі? Дәмеш, *ә* Дәмеш! (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Аздан кейін Нәзікен Айдарбекті сүйрелеп маған қарай беттеді. Жалғыз емес, қасында мен барын айтып келе жатқаны сезіледі.— *Әʔ!*— деп Айдарбек қалт тұра қалды (Ғ. Мүсірепов, Белдерде).— *Ә-ә,* Бүркітпісің? Аманбысың? деп маған да қол берді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 4. *Таңдану, таңырқау мағынасын білдіреді.*— *Ә,* сепкен тұқым далаға кетпеген екен, енді жақсылап өсіріп жемісін пайдалану керек деді (С. Шарипов, Шығ.).— *Ә,* енді есіңе түсті ме? (К. Тоқаев, Тасқын).— *Ә-ә* ыршып түстің ғой. Шын ғашық екеніңді білдім,— деп күлді Петруха ағай (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 5. *Қарсылықты мағына білдіреді.* Сен сондай, *ә* мен қандай сол мезгілде? Елжіреп ішім, бауырым кеткен мүлде. Қаныма қосып кеттің бір ауыру. Осындай сайрамаса күнде-күнде (І. Жансүгіров, Шығ.). 6. *Сұраулық мағына білдіреді.* Е, е, өлеңдегі Әупілдек осы десейші... Ол келіншек әлгі Сыздық дегеннің қарындасы ғой, қазір өлген ғой, *әʔ*— дедім. (С. Сейфуллин, Тар жол.). Өзіңмен тұрмай, Сейтенді де қоса орға жыққың келеді, *әʔ*— деді Жарқын тепсініп (М. Иманжанов, Менің махабб.).— Сен мені таныды деп ренжіп тұрсың-ау, *әʔ* (І. Жансүгіров, Шығ.). 7. *Мақұлдау, қоштау мағынасын білдіреді.* Үлкен жұмыспен әдейі келдім деді, *әʔ* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Сәуле көмірге сараң болғанмен сәлемге бай екенсің, *әʔ* (Бұл да). Бұдан не жасап шығарасың, кемпір, *әʔ*— деп күлімсіреді Қасым (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 8. *Қатты реніш, ыза, күйініш-сүйініш мағынасын білдіреді.* Теңізге алып кет дейді ақымақ. Талабын көрдің бе, бұның *әʔ!* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Құдайым барлық ақымақ атаулыны менің төңірегіме жинап-ақ берген екен, *әʔ* (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Пай-пай шіркін, әйелдің сыртқаны ғой. Тап осы күні қасында кім отыр екен, *әʔ* — деді Медеу (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). 9. *Бір нәрсені қайталап еске түсіру үшін айтылады. Ә,* айтқандай ұмытып бара жатыр екем (К. Тоқаев, Тасқын). *Ә,* папасын қарсы алуға кеткен бе? (Бұл да). *Ә,* тұрып жатыр екенсің ғой,— деді төргі бөлмеге кіре берген Текебай (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 10. *Кекесін мағынасын білдіреді.* Оразбай: *Ә,* ақылшы бола кеп пе едің? Ақылыңмен жерге қағайын (М. Әуезов, Абай). Әзімхан: *Ә, ә,* сіз солай дейсіз бе, көрерміз (М. Әуезов, Қараш-Қараш). 11. *Белгілі сөздермен тіркесе, қабаттаса қолданылып, әр түрлі көңіл күйін*

білдіреді. «Ә, бәлем, енді қаларсың» деп қасынан өте бердім (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ә,* бәрекелде! Әннің сыр-сипатын айыра біледі екенсің, шырағым! (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). *«Ә, ә-ә* бәсе, христос алдында күнәдан пак болуды көздеп, моншаға кеткен шығар» — деген о да (К. Тоқаев, Тасқын). *Ә,* бопты,— деді Нұри иекті бір көтеріп қойып (М. Иманжанов, Көк белес). *Ә,* мейлі,.. сен мені неге іздегеніңді айтшы,— деді Сапар (Бұл да).

◆ **Ә дегенде.** *Ең алғашқыда, ту баста, шу дегенде.* Біз *ә дегенде* бір миллион мөлшерлі байлығы бар кісінің байлығының қақ жартысын совдепке алдық (С. Сейфуллин, Тар жол.). Сен *ә дегенде* шешеңнің алдынан осы қалпыңмен түсе қойғансың ғой (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Ә дегеннен.** *Бірден, салған жерден.* Кейбір сырқат адамдар тамақты талғап ішуден — диета сақтаудан гөрі *ә дегеннен*-ақ дәрі-дәрмек ішуге әуес келеді (Келіншектерге.). Мүшелерінің дені хат білмейтін болған соң, ұйымы *ә дегеннен* көңілдегідей болып, тиісті істерін толық меңгеріп кете қояды деу қиын (С. Сейфуллин, Шығ.). **Ә дегенше.** *Көзді ашып жұмғанша, айтқанша. Ә дегенше* біз келдік, Мыс қаласы — Балқашқа (Ж. Сыздықов, Өлеңд.). *Ә дегенше* болған жоқ, төрт салт атты Тілегенге лап қойды (С. Мұқанов, Таңд.). Ә десе, мә деді. *Жағаласа кетті, беттен алды.* Жамал жүре-жүре *ә десе, мә дейтін* болды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Бұл сапар ол әкесі Нұртайдан тайынбады. *Ә десе, мә деп,* алдына қасқиып тұрып алды (С. Омаров, Қайырлы жаз.).

ӘБДЕН үс т. 1. *Біржола, мүлдем. Ә б д е н* қас қарауға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Оңтүстік аудандарда түйе жыл бойы, ал батыс аудандарда жазғытұрым қар еруден бастап қыс *ә б д е н* түскенше жайылымда бағылады (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). Қақаған қыста қар ұстап, Күл менен көң төгілді. Әрбір дән *ә б д е н* зерттеліп, Сұрыпталып себілді (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.). 2. *Еркін, толық, жете.* Ол кілт тұра қалып, бұл екеуінің кім екенін *ә б д е н* айырып алайын деген адамша шаншылып тұрып қалды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Ана сөзін баласы ұқпаса да, шешініп болып, диванға отыра берген профессор *ә б д е н* түсінді (З. Шашкин, Өмір тынысы). Әлгі өлеңнің нендей мағынасы бар екенін ұқпасам да, тап мына терек жалғыз қалмайтынына *ә б д е н* сенем (Ғ. Сыланов, Асау арна). 3. *Мейлінше, өлгенше, өте-мөте.* Етке *ә б д е н* тойған, оқта-текте кекіріп қойып, сопы Аллаярды өлеңдетіп кетеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Бишара бала *ә б д е н* сағынған. Тұмсығын Райхан кеудесіне тығып алып, кетпейді (З. Шашкин, Өмір тынысы). Естерінен тандырып, Шыға алмастай қайтадан. Басын *ә б д е н* мылжалап, Алармын сонда демімді (Жамбыл). 4. *Өте, тым, тіпті. Ә б д е н* шаршаған соң киініп, шығып кетті. Паркте электр шамы, жеңсіз қара қамзолға қадалған қызыл тастай жылтырайды (З. Шашкин, Өмір тынысы). Әлі де болса өз арамызда... қалып жүрген ескілік атаулыға қарсы күрестің сахнадан бой көрсетуі *ә б д е н* орынды («Лен. жас»). Қой сұрыптауға *ә б д е н* машықтанған мамандар [жүннің жуандығын өлшеуде] жаңылыса қоймайды (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). 5. *Біреудің пікірін толығымен қуаттағанда, мақұлдағанда айтылатын күшейтпелі мағына тудыратын сөз.*— Барамыз... *ә б д е н* барамыз... әрине барамыз.. деп Құрман, Айтжан, Мұздыбек әм Мұса жауап қайырды (С. Сейфуллин, Шығ.).— Ну... жігіт, бозбала десем бола ма?— *Ә б д е н* болады (Ғ. Сыланов, Асау арна). Қазақтың оныcы орынды, қазақтың жаман мінезін, салтын, қазақ өмірінің кем-кетігін сынау *ә б д е н* керек (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

ӘБДЕСТЕ з а т. к ө н е. *Дәрет алатын, бет-қол жуатын құман,* Қарындасың Бикешжан *Ә б д е с т е с і* жанында, Бес кесесі қолында, Белдемшесі белінде, Қызылбастың елінде Шай қайнатып жүргенде, Сұлтаным сонда келерсің! (Қобыланды).

ӘБДІРЕ з а т. с ө й л. **Абдыра** (1-омон.). Қыз-келіншектер шалбар, бешпет киіп, белдерін буып алды. Олар да жігіттерден қалыспай түйеге *ә б д і р е н і,* кебежені теңдеп артып жатыр (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Сол мезетте шешем барып бұрышта тұрған көне *ә б д і р е н і* ашты (С. Шаймерденов, Мезгіл). Шешем тамақ жасайтын адамдай жақсылап жуынды. *Ә б д і р е д е н* таза жаулығын алып киді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

ӘБЕС с ы н. 1. *Оғаш, ерсі, өрескел.* Жасағанберген Ебейсіннің қылығын *ә б е с* көрсе де, жұрт көзінше үндей алмады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Егер теріс

көрмесеңдер, нәрестенің атын осы салтанатты жиында қойсақ деген ұсынысым бар. Менің бұл ойым *әбес* көрінуі де ықтимал (С. Омаров, Тастағы жазу). Қызының әрбір *әбес* қылығын, шалыс басқан қадамын бетіне басып зекиді, кейиді, өкінеді, күрсінеді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **2. А у ы с.** *Бетке шіркеу, ұнамсыз, ұят.* Сауданың несі *әбес?* Адал кесіп емес пе?! (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).— Ал болысекендікі! Оның несі *әбес* екен! Жеме-се болыс бола ма, тоймаса қарын шыға ма? (Бұл да).

ӘБЕССІН е т. *Өрескел көру, ұят көру.* Манадан тіке айтуды *әбессініп* тұрған келін төте жолға басып: — Қайнаға, қорықпай-ақ қойыңыз, бәрі аманшылық, тек шешей толғатып жатыр еді, мыналар соған жиналған ғой,— деді («Лен. жас»). Ерлік шежіресін ақтарар тек батыр ағаның өзі ғана. Ал, Сәкең болса өз ерлігі жайлы айтуды *әбессінетін* сияқты (Т. Тобағабылов, Жазира).

ӘБЕСТЕУ с ы н. *Оғаштау, өрескелдеу, ерсілеу.*— Мал тағдырын жапан даланың шөбіне ғана сеніп, сонымен ғана көңіл жұбату *әбестеу* болар еді («Қаз. әдеб.»). Осы тұрысының *әбестеу* екенін ойлауға мұрша бермеді («Лен. жас»).

ӘБЕСТІК з а т. *Өрескелдік, қателік, ерсілік.*— Екі бала *әбестік* істері үшін мұғалімнен қанша ұялып сескенсе де, оның бәрін дәл сол қауіп минутында ұмытып кетті (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Біз атан түйе айып тартатын үлкен *әбестік* жасап алыппыз (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Қараш пен Елеусіз тағы да бір *әбестік* жасағанын сезіп, төмен қарасты (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘБЖӘТ а р. з а т. *Араб тілінің ескі оқу жүйесіндегі әліп-биден әптиекке көшу арасында сөзді жеңелеп, яғни буындап оқыту.* Ала қыстай әліп-би мен *әбжәтті* бітіріп ең болмаса әптиекке де түсіре алған жоқ (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘБЖЫЛАН з а т. с ө й л. **Абжылан.** [Өтеген] жолда бір *әбжыланның* айдаһарды өлтіргелі жатқанын көріп, оны атып өлтіреді (Е. Ысмайылов, Ақындар). Ысқырып өрмелеген тау мен тастан, Мен көргем *әбжыланды* сұры қашқан (Жамбыл). Дала аймағында сұр кесіртке мен далалық *әбжыланды* ғана кездестіреміз (Б. Муханов..., Қазақст. өсімдік.).

ӘБЖЫЛАНДАЙ с ы н. *Әбжылан сияқты.* Көрінген елдің қызын сыртынан саудаға салып, құдалықты судай сапырып жүретін Аралбай Жәукенің іш-бауырына кіре, *әбжыландай* арбай келді (С. Омаров, Дала қызы). Мен сонау айдаһардай ысқырып келген патша әскерінен де, *әбжыландай* жалмаған ақтың солдатынан да қашып көрген жан емеспін (А. Нұрманов, Құлан. ажалы). Пайдаң үшін өтірік айтып алдама, Арың сатып *әбжыландай* арбама (Қ. Тәкежанов, Қария толғанысы).

ӘБЖІЛ с ы н. д и а л. *Шапшаң, жылдам.* Қоқыс шығаратын терезе алдында қара киімді төрт жұмысшының тұлғасы көрінеді. Бәрі де қазақтар. Бәрінің де қимылы *әбжіл* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Шиіт себуді табысты өткізу — әрбір трактористі мен жұмысшының ұйымшылдықпен *әбжіл* жұмыс істеуіне байланысты («Кировшілер үні»). Тоқанның *әбжіл* қолдары оның бір аяғына шап ете түсті, қыздың қол-аяғын кере созып төмен тартып барады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

ӘБЖІЛДІК з а т. *Шапшаңдық, жылдамдық.* Осындай қайраттылыққа ғана, *әбжілдікке* ғана бой ұратын тіршілікке араласқан Володя тез шынықты («Лен. жас»).

1. **ӘБЗЕЛ** з а т. с ө й л. **Абзал** (2-омон.). Жерді қармен аралас іле-шала жыртып тастаса, содан *әбзелі* болмас еді (М. Әуезов, Шығ.).— Бәрекелде, *әбзел* сөз! (Бұл да). Маған үйіңізге барып беретін артығыңыздан осында берген өз құны *әбзел* (Мың бір түн).

2. **ӘБЗЕЛ** а р. з а т. *Құрал-сайман, қажетті жабдық.* Жастау бала қол созды, Ер-тоқым, *әбзел,* жүгенге (О. Шипин, Екі дастан). Сөйтіп қармағы *әбзелімен* даяр болған соң, Үсен қармағын суға салды (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Шынында, малшыларға керекті тігілген киімдер, сүт машиналары, ат-құрал *әбзелдері,* арбалар... магазиндерден табылмайды («Лен. жас»). Ауылда қызу жұмыс... Қауынбай мен Жауынбай соқа *әбзелін* істеп жатыр (Б. Майлин, Шығ.).

ӘБЗЕЛДЕ е т. *Жабдықтау, сайлау.* Жол жүретіндердің бәрі де ер-тоқым жабдықтарын *әбзелдеп* алды (Ауызекі тіл). Жиылыңдар бозбала! *Әбзелдеп* мін атыңды (Жамбыл).

ӘБЗЕЛДЕН *Әбзелде етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* [Күміс ердің] тартпасы, таралғысы, өмілдірік, құйысқаны түгелдей күміспен *әбзелденеді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘБЗЕЛДЕС *Әбзелде етістігінен жасалған ортақ етіс.*

ӘБЗЕЛДЕТ *Әбзелде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Талайлы Нарқұла атты *әбзелдетті,* Шығудың ертең аңға қамын жеді. Жеңіл ер, сайлы сайман, азық алып, Жанына екі-үш кісі жолдас ерді (Батырлар жыры).

ӘБЗЕЛШІ з а т. *Әбзел жасайтын адам.* Әкем *әбзелші* болатын. ... Кілең қайың қиқаларының ортасында көсіліп отырады (Ж. Аяшев, Алақан). *Әбзелшілер* өнімнің өзіндік құнын кеміту мүмкіндігін іздестірмек («Лен. жас»).

ӘБИІР з а т. с ө й л. **Абыр.** Аяңыз, азамат болсаңыз, қорламаңыз мен нашар бишараны. Өлтіріңіз әйтпесе *әбиірімді* төккенше (Б. Аманшин, Жар мұңы). Алаңқыда *әбиірін* ғана жапқан, үстінде басқа киімі жоқ, шашы дудыраған қарт адам отырды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

◆ **Әбиірі көрінді.** *Жалаңаш-жалпылы. Көрініп әбиірі* түстік жерден, Төрт-бес үй келіп едің маған қашып, Адам ғып ел сөзіне қосып едім, Болған соң түбім бірге көңілім жасып (Айтыс).

ӘБИІРСІЗ с ы н. с ө й л. **Абыырсыз.** Адамға *әбиірсіз* аса мақтан, Орынсыз осы сөзің, ей, сен айтқан (Айтыс).

ӘБҮЙІР з а т. с ө й л. **Абыр.** Қыз жылап айтқан екен барлық сырын, Себебін келе жатқан бүйтіп ұрын. Алдаушы балам ғой деп сенгіш ерге, Жойма деп жалыныпты *әбүйірін* (С. Сейфуллин, Өленд.).

◆ **Әбүйір алмады.** *Жақсы атты болмады.* Ұлықтың жеңгені түбінде жеңген емес, онымен *әбүйір алмайды* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **Әбүйір болғанда.** *Құдай жарылқап сәті түскенде.* Сонан клиникада алты ай жаттым. *Әбүйір болғанда,* менің бағыма ма, әйтеуір бәрі сәтті шықты («Лен. жас»). **Әбүйірі ашылды.** *Жалаңаш денесі көрініп, жұрт алдында масқара болды.* Бұтымда жеті жылғы қатқан шалбар, Әр жерден *әбүйірім ашылып* жүр. Бақтыбай тау суындай қылтылдап жүр, Буыным бидай орсам сыртылдап жүр (Айтыс). Тақсыр-ай, орданызға қалай кірем Жалаңаш *ашылып* тұр *әбүйірім* (Ақын жырлары).

ӘБІГЕР и р. з а т. 1. *Әуре-сарсаң, сергелдең, лаң.* Одан соң да бір шатақтар шығып, соның *әбігерімен* жүріп қалдық (М. Иманжанов, Менің махабб.). Қазір ел ішінен біреуді біреу табу қиын. Қазақ жігіттерін майданға алатын болғалы бұл ауылдың ер-азаматы үлкен *әбігерде* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Басардай басқа түскен *әбігерді,* Тік тұрып қарсы алды жұрт дәрігерді (Ж. Өмірбеков, Бат. қалыңдығы). 2. *Мазасыздық, әурешілік, беймазалық.* Ел *әбігер.* Еркектердің бәрі де ат үстінде. Шуласып төрт түлік мал бір-біріне араласқан (С. Сейфуллин, Тар жол.). Біз көшесіне кіргенде ауыл *әбігер* екен... біреулер табын-табын малдарды қоралап жүр, біреулер бричкаларға тиелген шөптерді азбарға үйіп жатыр (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Алқа-қотан мәжіліс, Жастар түгіл кәрілер. Әлде неге асығыс, Әлде неге *әбігер* (М. Әлімбаев, Лирика). 3. *Абыр-сабыр, қарбалас.* Әйелдер сиыр сауып, ас қамдап *әбігер,* еркектер кешкі салқында бас қосып, әр жерде шоғырланып әңгіме дүкен құрады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Барлық пәтерлерде бүгін *әбігермен* қатар, күлкі, қалжың, қуаныш та көп (М. Әуезов, Абай жолы). Артистер әрқайсысы өз ісімен *әбігер,* қызмет қызу (Аялы жандар).

◆ **Әбігер болды.** *Әлекке түсті, әуреге салынды.* Жағаға жақындап барғанымда жұрт түгел айқайлап, *әбігер болды* да қалды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Жұрттың бәрі тойға әзірленіп *әбігер боп* жатыр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Әбігерге салды, әбігерге түсірді.** *Әуреледі, әуре қылды.* [Еламан] қолқабын іздеген боп, аяқ астынан үйдің ішін *әбігерге салды* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Назымның тұрмысқа шыққалы жүргенін енесі естіп, *әбігерге түсіп* жатқан көрінеді (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Әбігер етті, әбігер қылды.** *Әуреге салды, әуреге түсірді.* Өткен жетінің оқиғасы титықтатып, әбден *әбігер еткен* Кузьменко бүгінгі түнді де мазасыз өткізген еді (К. Тоқаев, Тасқын). Көк шыға әр жерден жиналған банды елді *әбігер қыла* бастады (С. Сейфуллин, Әңгім.). **Әбігер шекті.** *Бейнетке түсті.* От жағып, сүтін пісіре алмай, күйе-күйе болып, көздерін түтін шалып, *әбігер шегіп* жүргені (С. Мұқанов, Аспаз). **Әбігері шықты.** *Маза-*

сы кетті, әуреге түсті. Ол аузы-мұрнын басып, төмен бұғып, күлкісін сыртқа шығара алмай селкілдеп, әбден *әбігері шықты* (М. Иманжанов, Алғашқы ай.). Күнде бірер сағатта шабақ та болса бір нәрсе ілініп тұратын еді, бүгін түс ауғанша түк түспеді. Суды кешіп барып андасанда бір қараумен *әбігері шықты* (Мың бір түн).

ӘБІГЕРЛЕ е т. 1. *Әуреге салу, мазалау.* Бұлардың бір үлкен қонағының үстінен шығып *әбігерледім*-ау, шамасы (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қиялдаған жақсы-ақ, тек соның өмірімен қабыссын, әйтпесе босқа *әбігерлейді* (М. Иманжанов, Менің махабб.). 2. *Тынышын алу, ығыр қылу.* Қит етсе «ақы» сұрап, *әбігерлейді.* Әкесі оның бұл мінезін жоюдың орнына өршітіп, өмірін екі етпейді (М. Иманжанов, Көк белес).

ӘБІГЕРЛЕН е т. 1. *Әуреге түсу, әлек болу.* Ауыл-ауылдың еркек-ұрғашысы базардағы жұрттай қарбаласып, әр түрлі жұмыспен *әбігерленіп,* тыста жүр (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Төрт күннен бері *әбігерленіп* ізденудеміз. Арман әлі қайтқан жоқ (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Балалар мен қыздар қозы көгендеп, әйелдер белдеу мен арбаға бұзау байлап *әбігерленіп* жүр (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). 2. *Абыржу, асып-сасу.* Ең алда Қанат келе жатыр. Қасындағы балаға әлде нені дамылсыз сөйлеп *әбігерленіп* келеді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бір минутке сөзіңізді бөлуге бола ма, жолдас сержант?— Не боп қалды — *әбігерлене,* түсін суыта сұрады ол менен (З. Шашкин, Өмір тынысы). Әскерді көрсе, *әбігерленетін* ауылдың әдеті ғой (Б. Майлин, Шығ.).

ӘБІГЕРЛЕНДІР *Әбігерлен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл жолы барлауға Жүсіп Жанбосынов кетті. Оның айтып келген хабары жұрттың бәрін *әбігерлендірді* (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

ӘБІГЕРЛЕНУ *Әбігерлен етістігінің қимыл атауы.* Ашулануды да, асығуды да, *әбігерленуді* де білмейтін, ойы да шабандау бала болады (С. Көбеев, Орынд. арман). Төменде біреулер ағаш күрекпен, біреулер жалаң қолымен өртке қар шашып *әбігерленуде* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Балауса мен Сапақтың қосшы жігіттері құсық жуып *әбігерленуде* екен (Ғ. Сыланов, Дөң асқан).

ӘБІГЕРЛЕНІҢКІРЕ е т. *Әуреге түсіңкіреу.* Баланың өзі *әбігерленіңкіреп* жүрген сияқты боп көрінді, жұмыс тапсырғанмен тиянақтап істей қоймас деп ойлаймыз (Ауызекі тіл).

1. ӘБІГЕРЛЕУ *Әбігерле етістігінің қимыл атауы.*

2. ӘБІГЕРЛЕУ с ы н. *Беймазалау, мазасыздау.* Осы кезде сырттан тасырлаған бірнеше аттың тұяқтарының дыбысы естілді. *Әбігерлеу* шабыс. Олар жақындап келіп, үй жанына тоқтай-тоқтай қалысты (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

ӘБІГЕРЛІК з а т. *Абыржушылық, абдыраушылық, әбігершілік.* Сойдақтіс көпке келіп араласып, көптің беті қалай бұрылса, бұ да солай бұрылды, айғайға басып, *әбігерлікті* күшейте түсті (Ғ. Мұстафин, Өмір не өлім). Сол жаңағы зар жақтың үні өшкенше мен тапжылмадым. Бұл маңайда *әбігерлік* бастала қоймады (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Кәрі шешесіне, төрт ұлына кезек жаутаңдап, біреуі жарылып кетпесе еді дегендей *әбігерлікте* (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла).

ӘБІГЕРСІЗ с ы н. *Үрейсіз, асу-сасусыз.* Мектептегі емтихандар өздерінің тәрбие және білім берудегі ролін шын мәнісінде атқаруы үшін, оларды өткізуге іскерлікпен, *әбігерсіз,* асып-саспай әзірлену қажет («Қазақст. мұғ.»).

ӘБІГЕРШІЛ с ы н. *Мазасыз, абыржығыш.* Бір-екі штрихтың арқасында шүйкедей ғана *әбігершіл* кемпір Платониха әпкей де қайта тіріліп келгендей болады («Қаз. әдеб.»).

ӘБІГЕРШІЛІК з а т. 1. *Әурешілік, мазасыздық, тынышсыздық.* Қонақ қамымен жүрген жүріс, *әбігершілік* бола ма! — деді Кузьменко (К. Тоқаев, Тасқын). Қазық қағып үйін бастырып, әйелдер шулап, бір жағынан балалар жылап, ауыл *әбігершілікке* ұшырады (Х. Әбішев, Аспан сыры). Жасы қырықтардың ішіндегі смена бастығы Николай Степанович Мохшинның өзі де *әбігершілікті* алыстан байқап келеді екен («Лен. жас»). 2. *Аласапыранға түсушілік, сергелдең.* Баяғы отызыншы жылдарда колхоз жаңа құрылып, ел ішінде *әбігершілік* туып, бірі атқа мініп, тауға қашып, енді бірі қазақ арбасын шықылдатып, Павлодар көшкені әлі есінде (З. Шашкин, Се-

нім). Бұл ауылдың кешелі-бүгінгі әжептәуір *әбігершілігі* осы ақ тоқалдың ерекше бір қам жасауына байланысты еді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы).

ӘБІЛЕТ а р. з а т. *Оңбаған, жексұрын.* Жабай сорлының міндеті кісіде болып жатыр ғой, оны қайтеміз? — деді. — Мынау *әбілет* шал ма сенерің?— деп, Талтаяққа ызамен қарады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Телефон соғылғанда екінші рет, Алғашқыдай лыпылдап тұтпай ізет. Тышқансың ба, ей, боршалап тастайын ба?— Деп ақырды:— Сөйлеме сен *әбілет* (С. Сейтенов, Бойжеткен.).

◆ **Әбілет басқан.** *Жын соққан. Әбілет басқан* елерме, Сөзге жуық келер ме? Түзу сөзге сенер ме, Түзелмесін білген ез (Абай).

ӘБІЛХАЯТ: Әбілхаят суы. *Діни ұғым бойынша адамды жасартатын шипалы су.* Баяғы заманда құдай атаулы мәңгі-бақи жасау үшін *әбілхаят суын* ішкелі мұхитты сапырғанда, тереңнен көпіршіп көк запыран көтеріледі (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

ӘБІРЕ: Әбіре сымдай есілді. *Емін-еркін созылды, жазылды, көсілді.* Күн төбеден аумай-ақ, Түзеді бурыл шабысты... Төрт аяғын көсілді, *Әбіре сымдай есілді* (Қобыланды.).

ӘБІРЕТ з а т. с ө й л. *Ырым, әдет.* Сонда атасы айтты:— Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған *әбірет* (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

ӘБІ-ТӘБІ ү с т. 1. *Артық та емес, кем де емес; белгілі мөлшерде.* Қызыл етікті сұлудың қасында *әбі-тәбі* ілесіп жатқан жігіт те өң жағынан кеп-келісті (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Жасыратыны жоқ, кейбір композиторларымыздың өлеңге талғамы да *әбі-тәбі* ғана («Қаз. әдеб.»). Осындай *әбі-тәбі* жарасымды күйде отырғанда бесіктегі нәрестеге шар етіп, оқыс жылап еді (Т. Әлімқұлов, Сейтек сарыны). 2. *Тоқ та емес, аш та емес, орта құрсақ.* Тамақты *әбі-тәбі* ғана ішіп, жұмысты түнімен-күнімен істеп жүрген кездеріміз де болды (Ауызекі тіл).

ӘГӘР ш ы л. с ө й л. Егер. *Әгәр* буржуйлар бұл құдалауын қоймаса, тура Орынборға тартамын (Ғ. Мұстафин, Даулдан кейін). *Әгәр* тілін алсаңыз, Бірі қалмас кісіден. *Әгәр* тілін алмасаң, Бықсып шірір ішінен (Абай).

ӘГӘРӘКІМ ш ы л. с ө й л. Егер. *Әгәрәкім* қарсылық айтамын деуші болса, мынау жерге шықсын да, бұл былай емес деп қауым алдында дәлелін айтып берсін (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы). Көлік тапсаң кетерсің. *Әгәрәкім* кете алмай қалсаң, мына бір төбесіне шөп үйілген қораға кел (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

ӘГӘРДА ш ы л. с ө й л. Егерде. Шырағым, қатарыңмен қатар жүрсең,— Онда сен қарт еңбегін қайырғаның! *Әгәрда* ақпа құлақ ақымақ болсаң, Қайтейін, белді болсын майырғаның (О. Шораяқов, Жастарға өсиет).

ӘГӘРКИ ш ы л. с ө й л. Егер. Мұқажан *әгәркі* тірі қалмасам, еліме, Отаныма хабарлар деп, сондағы кішкентай жан ашыр достарына өз адресін беріп жүретін («Қаз. әдеб.»).

ӘГЕНТ з а т. с ө й л. Агент.

ӘДДІ а р. з а т. д и а л. Шама. Біреу біреуге көмек етсе, біреу біреуден қайырымдылықты үйренсе, жақсылығын жұртқа сатпай тегін берсе, жақсылықты біреуден біреу қызғанбаса, адам пейілінің түзелмеске *әдді* бар ма?! (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Жалған емес әкемін, жасырмаймын, Жалтаруға *әддім* жоқ мақұлдаймын. Әйтсе де қапелімде келіп қалған, Үлкендікке үйренбей жатырқаймын (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Дала жұрты өзін қатты құрмет тұтады. Құрмет тұтпасқа *әдді* бар ма? (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

ӘДЕБИ а р. с ы н. 1. *Көркем шығармаға қатысты, соған тән.* Әр *әдеби* шығармаларда кездесетін образдар... бір белгілі қоғам дәуіріндегі таптардың немесе бірнеше топ кісілердің мінезін, қылығын және т. б. қасиеттерін жалпылап бейнелейді (М. Мұқанов, Бақылау.). Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, *әдеби* мұраны дұрыс меңгеру мәселелері қазіргі ірі міндеттеріміздің саналатыны даусыз (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Жуырда Ленин атындағы мектепте татар ақыны, Совет Одағының Батыры Мұса Жәлелге арналған *әдеби* кеш болып өтті («Қазақст. мұғ.»). 2. *Жазбамен байланысты қалыптасқан нормалылық. Әдеби* мәліметтің айтуынша, ұлы қамалдың тұтасқан ең ұзын бір жүйесі 1800 километрге созылады (С. Мұқанов, Алып. адым.). Міндетті түрде адам образдары ашылуы керек дейміз. Бірақ, ғылы-

ми идея көбінесе *әдеби* нормаларды келегейлеп кетеді («Қаз. әдеб.»).— Тағы да бір балам бар еді, өліп қалды,— деп Мәскеудегі *әдеби* орысша таза тілмен жауап берді (С. Шарипов, Шығ.).

◆ **Әдеби тіл.** *Қалыптасқан жазба нормасы бар жалпы халықтық тілдің өңделген түрі.* [М. Сералин] Октябрь революциясынан кейінгі мақалаларын таза нағыз қазақ тілінде қазақтың бүгінгі *әдеби* тілінде жазды (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

ӘДЕБИЕТ а р. з а т. **1.** *Өмірді көркем образ арқылы сөзбен бейнелейтін көркем өнердің түрі, көркем шығармалардың бүтін жиынтығы.* Абай қазақтың жазба *әдебиетінің* іргесін қалады (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Ортада марксизм классиктерінің шығармалары, оларға айнала көркем *әдебиет* кітаптары... қойылған (С. Мұқанов, Таңд.). Мен папамның дәрі-дәрмек, аспаптар сақтайтын столында *әдебиет* сабағына әзірленіп отырмын (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Есімде *әдебиет* үйірмесі, Болатын онда жиі жыр кеңесі. Оқитын өлеңдерін жас ақындар, Жүйріктей дуда қызып делебесі (С. Мәуленов, Таңд.). **2.** *Жалпы жазба шығармалардың жиынтығы.* Оқытушы студенттерге, ең алдымен, өзінің оқытатын пәні бойынша қажетті *әдебиеттің* тізімін жаздыртуы қажет (Ауызекі тіл). Географиялық *әдебиетте* бұл таудың атын Іле сыртындағы Алатау дейді (С. Мұқанов, Саяхат.).

ӘДЕБИЕТТІК с ы н. *Әдебиетке тән.* Атқаратын қызметім — Мемлекеттік баспаның бас редакторлығы. Сонымен қатар өз бетіммен оқу арқылы *әдебиеттік* білімімді де кетеру ниетіндемін (С. Мұқанов, Есею жыл.). Төртінші класта география, жаратылыстану және тарих пәндерінің орнына көркем *әдебиеттік* маңызы бар географиялық. тарихи және табиғат жөніндегі мақалалар кірістіріліп оқылады («Халық мұғ.»).

ӘДЕБИЕТШІ з а т. *Әдебиеттану ғылымының маманы.* Көркем әдебиетте Сәкеннің өлмес образын жасау — *әдебиетшілеріміздің,* әсіресе, оның замандастарының абыройлы міндеті болмақ («Қаз. әдеб.»). Көркем әдебиетті үйрететін курстар ашылсын. Жоғарғы мектептерге *әдебиетшілер* іріктеліп жіберілсін (С. Мұқанов, Өсу жол.). Көркем *әдебиетші* болудан оның сыншысы болу қиын (С. Сейфуллин, Таңд.).

ӘДЕБИЕТШІЛ с ы н. *Көркем әдебиетті жақсы көретін, сүйетін адам. Әдебиетшіл* ақын-жазушыларымыздың кейбіреулері бір жолдан алты жол шығарған өлеңге тоймайды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Әдебиетшіл* ақындарымыздың журналын оқы, тарихта не қызықтың болғанын оқы (С. Керімбеков, Өлеңд.).

ӘДЕБИЕТШІЛІК з а т. *Әдебиетті сүюшілік.* «Торғай толғауының» кейбір кемшілігіне қарамастан менің өз басыма Ж. Молдағалиевтің *әдебиетшілдігі,* тапқырлығы, икемділігі ұнайды («Қаз. әдеб.»).

ӘДЕЙІ ү с т. **1.** *Біле тұра, қасақана, жорта.* Жұмақанның қыз, келіндері жас жігіттердің қыз көргелі жүргенін алдын ала естіп, бұлар келгенде үстіне *әдейі* келмей, өздері қисынын тауып келсін деп, отырып қалған екен (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Бөрібай кемпірдің көңілдегі жерінен, бір-ақ шыққысы келіп, *әдейі* жерін айтпай, руын айтты (Т. Ахтанов, Қанарлы күн.). Кеше түнде — осындағы бар балық алынған еді ғой. Сонда ескі лабазға өрт салу үшін *әдейі* істелінген шығар (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **2.** *Белгілі мақсатпен, арнайы.* Мен, сол Нілді заводында жер астында істегендегі уақиғаларды бір қалың дәптерге *әдейі* ұмытпасқа жазып алып едім (С. Сейфуллин, Әңгім.). Біз өткен жазда сүті төлінен асатын біраз саулықты *әдейі* сауып көрдік (С. Бегалин, Ана қайраты). Нұрмақов — ұлтшылдыққа аяқ баспайтын адам. Сонысын біле тұра Қожанов Совнаркомға *әдейі* председатель ғып отыр (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘДЕЙІЛЕНІП ү с т. с ө й л. Әдейілеп. Адамды іші оттегіне бай *әдейіленіп* істелінген камераға отырғызып, басын шығарып, кәдімгі атмосфералық ауамен дем алдырған (М. Сисекенов, Өкпе ауруы.).

ӘДЕЙІЛЕП ү с т. **1.** *Біле тұра, қасақана, жорта.* Жыл уақыт бұрын авария кезінде өлі саналған Альфред деген біреудің қашып кеткені және қашу үшін аварияны *әдейілеп* өзі жасағаны енді анықталып отыр (К. Тоқаев, Тасқын). Алаштан озған ала аяқ, *Әдейілеп* атқан оқ тиіп, Бәйге алмай, ұраны өшкен күн (І. Жансүгіров, Шығ.). Балалар күлкісі

келмесе де, *әдейілеп* ду күлісті осы жерде (А. Байтанаев, Болат). 2. *Белгілі мақсатқа негізделіп, арнай.* Күлқадиша ұзатылуға *әдейілеп* тіккізген тәуір киімдерін киіп, бұрынғыдан да көркейіп кетіпті (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Алдыңа *әдейілеп* бас тартады, Жамбасын, жалжаясын қояр тағы. Табақты тақырлатпай тындырмайды, Жолаушым, жиылмайды дастарқаны (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Ендігі бір саяхатымызда *әдейілеп* барамыз,— деді Байсал (М. Иманжанов, Менің махабб.).

ӘДЕЙІН үст. сөйл. Әдейі. Арнайы келдім *әдейін,* Болат аға айтқан соң. Ортақпын,... Дәурен, не дейін, Анаңа барып қайтқан жөн (Н. Шәкенов, Айгүл.).

ӘДЕЛЕТ зат. сөйл. Әділет. Құлқын үшін, атақ үшін арын, *әделетін* сатқан адам бір күні ата-анасын да, елін де сатады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ол күннің жағдайында шамасы келгенше көпшілік үшін *әделет* іздеген Абай, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады (М. Әуезов, Әр жыл.). Ер көңілінде шер туды, Шермен туған данышпан, *Әделет* іздеп алыстан, Күресуге бел буды (И. Байзақов, Таңд.).

ӘДЕЛЕТСІЗ сын. сөйл. Әділетсіз. Абай Әйгерімге жаны ашып, оны жаңағыдай *әделетсіз,* аянышты зорлықтарға қимаса да, үн қатқан жоқ (М. Әуезов, Абай жолы).

ӘДЕЛЕТТІ сын. сөйл. Әділетті. Ертедегі Асан қайғы *әделетті* жер, халыққа жайлы өмір іздеп, соны өксеп өткен болса, сол тұрмысқа біз жетіп отырмыз (А. Машанов, Жер асты.). Ешкім *әделетті* өмірді бұза алмайды! Ал, бұзса, душар болар дереу емге! (М. Рәшев, Біле қойдым).

ӘДЕЛЕТТІЛІК зат. сөйл. Әділеттілік. Қай жерде болса да халық *әделеттілікті* жақтайды (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). Біздің халық болса, енді өз Отанын қорғайды, басқыншыларды туған жеріміздің қуу үшін оларға қарсы күреседі, бұл — *әделеттілік* (Бұл да).

ӘДЕЛЕТШІ зат. сөйл. Әділетші. Басшымыз, жақсымыз, *әделетшіміз* осылар болса, жеткен екен қолымыз... (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘДЕЛЕТШІЛ сын. сөйл. Әділетшіл. *Әделетшіл* болсаң, қане, қандай кесім бұйырасың өзіңе? Оққа — оқ, қанға — қан (Д. Әбілев, Арман жолы.).

ӘДЕМІ сын. 1. *Көркем, сұлу, әсем.* Жігіт жас, орта бойлы, қыр мұрынды, толық, ақ құба, *әдемі.* Жасы 22 шамасында (С. Ерубаев, Шығ.). Шынында да біз үшеуміз әрітті *әдемі* жазатынбыз-ды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Жүз елу үйлі жатақтың бала-шағалары мен кәрі құртаңдары да *әдемі* ат мінген жігітке әрі таңданып, әрі жатсырап қарайды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Сәнді, сәулетті.* Ұйықтап жатқан жап-жас сұлу қыз, үстіндегі киімі де *әдемі,* шаһардан келгенге ұқсайды (С. Шарипов, Шығ.). Сыртын ақпен сылап, төбесін черепицамен жапқан айдынды, *әдемі,* үй анадайдан көрініп тұр (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Сафура ас артынан кәстерлеп *әдемі* шыны ыдысқа салып әкелген балмұздақты қалақпен іліп жеп отыр (Р. Әутәліпов, Той тарқар.). 3. *Келісті, ұнамды, қонымды, жақсы.* Түрің жақсы әдемі-ақ, Нақ самолет моделі! Қос қанатың жылтылдап, Ұшқаның-ақ *әдемі!* («Балдырған»). Күн көтеріле оңаша бөлмеге жатқан Байжан көзі іліне сала *әдемі* бір түс көрді (С. Мұқанов, Сырдария). Арбаның екінші жақтауына сүйеніп орысша *әдемі* киінген бұйра бас жігіт тұр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Сөз деген жай әншейін ақ жібек жіп, Ақ жібек жіпті *әдемі* бояй біліп, Бояған жіпті бұзбай, үзбей және Сұлулап ретімен орай біліп (С. Мұқанов, Сөз — советтік.). 4. *Сүйкімді, жағымды.* Жолдастар, барлықтарыңыз да ет жүректен шыққан игілікті тілек білдіріп, *әдемі* есімдерді айтыңыздар (Ә. Шәріпов, Партизан қызы). Ол өзінің естігені мен көргенін, ойлап жобалаған долбарын *әдемі* сөздермен, сыпайы қалыппен келіп жеткізуші еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Көршісі үйден жалғыз әйел айтқан аса бір *әдемі* нәзік ән келіп тұр (М. Әуезов, Абай жолы).

ӘДЕМІЛЕ ет. 1. *Сұлулау, көркемдеу, көріктеу.* Боткин өзі *әдемілеп* тұрып қолын қойды да, Смайыловтың шығуын күтті (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). [Қыз] жібектей қап-қара қолаң шашын *әдемілеп,* екі бұрым қылып өрген (С. Сейфуллин, Тар жол.). Алқа апайдың қасында отырып әңгіме айт деп жалынғанда, ұзақ-ұзақ аузымыздың суын құртып, *әдемілеп* тәтті-тәтті әңгімелерін сөйлеп беретін еді (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. *Сәндеу, әсемдеу.* Үйдің іші *әдемілеп* жинал-

ған. Өрескел тұрған бір зат жоқ (С. Ерубаев, Шығ.). Оның қабырғасы жұқа тақтай болады, іші-тысын *әдемілеп* сырлаймыз, есік-терезе орнатамыз (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ). Газет арасынан *әдемілеп* төрт бүктелген бір қағаз кенет жерге түсіп кетті (С. Шаймерденов, Болашақ.). 3. *Өз нашына келтіру, келістіру, жақсылау.* [Шолпан] жыл сайын өлең кестесін *әдемілеп* келе жатыр еді. Не керек, көк шыбық жетпей қиылды (С. Сейфуллин, Шығ.). Дұрыс істемегенін мойындап, Есіл төмен қарады да, мұрнын *әдемілеп* бір тартып қалды (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Өткен қыс өзгерткен бе қыз келбетін? Әлдекім *әдемілеп* сүйген бетін? Әлде бұл әдеті ме табиғаттың, Қыз өссе сұлулықтан сый беретін? (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

ӘДЕМІЛЕН е т. 1. *Әдеміле етістігінен жасалған өздік етіс.* Баян шіркін жер жұмағы ғой... Европада қастерленіп жүрген атақты Швейцарияның Баден-Бадені де осыдан артық емес. Тек оған адам қолы көбірек тиіп, *әдеміленген* ғой (З. Шашкин, Сенім). Егінші соқа жалтжұлт етті, Көргендер оны күміс пе депті. Тазарып әбден *әдеміленген,* Танымай қалды өз досы көрген (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Өріліп жасалған жүн жіптер кейде таңдай, жолақ, тіс өрнегімен, кейде бірнеше қырлы мәнерлі өрімдерімен *әдеміленеді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). 2. *Гүл-гүл жайнап түрлену, жақсарып құлпырып кету.* Былайда ұзын бойлы, жауырынды, кескінді, беті шырайлы сұлу жігіт еді, суықтан келгендіктен бетінің қаны құлпырып, тіпті *әдеміленіп* кетіпті (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Сәулә сәл толыса түскен тәрізді *әдеміленіп* кеткен (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). «Красивое» селосының тұрған жері жаз айларында *әдемілене* түсті (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

ӘДЕМІЛЕНДІР *Әдемілен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Зейнептің жараған семіз құнажындай сылана біткен толықша денесі бойшаң тұрқын тіпті *әдемілендіріп* жіберген (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз).

1. ӘДЕМІЛЕУ с ы н. *Әдемірек, әдемі-ше.* Бүгін де Ханшайым жұмысынан ертерек қайтты. Зәурені алып қайтайын деп жұмыс киімін тастап, көшеге лайық деген басқа *әдемілеу* көйлегін киді (І. Есенберлин, Қатерлі өткел).— Сен бе?— Ұнайсың. Бірақ Күнзиладан *әдемілеусің* (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.).

2. ӘДЕМІЛЕУ *Әдеміле етістігінің қимыл атауы.* Жұмыр жердің үстінде көз тоқтатар дәнеңе жоқ. Құдай сол жерді көркейтіп, *әдемілеу* үшін, екіншіден өзі жоғарыдан сығалап қызықтап отыру үшін — ең алдымен әйелді жаратыпты (С. Бақбергенов, Қарға тамған.). Ракушечник өсімдігін арамен тартсаң, балтамен шапсаң, ағаштай кесіледі, майдалап *әдемілеуге* де ол ағаштан бір де кем емес (С. Мұқанов, Алып. адым.).

ӘДЕМІЛІК з а т. *Көркемдік, сұлулық.* Иса поэмасында сыртқы *әдемілікті* сұлудың ішкі сезім дүниесіне қабыстырып бере білген (Е. Ысмайылов, Ақындар). «Ботакөз, жез бұйдалы тайлақтай» деген теңеулер сұлу қыздың көзінің *әдемілігін,* өзінің әсемдігін жеткізеді (Тарту). Көркем сөздің *әдемілігі* көбінесе сыртқы жылтырағында емес, ішкі мазмұнында, яғни салмақты пікірінде жатады (С. Мұқанов, Өсу жол.). 2. *Сәнділік, әсемділік, көріктілік.* «Дружба» госпиталы өзінің атынан да көрініп тұрғанындай сәнсәулеті, *әдемілігі* сай бір зор құбылыс екен («Лен. жас»). Киім *әдемілігін* іздеу,— бір жағынан, астамшылыққа жатады. Бұл қалыпқа бара берсек, *әдемілікті*ң де ауылы алыс емес (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қазіргі әсем, сәнді заттардың *әдемілігі* қандай болса, оның адам баласына берер рухани тазалығы да сондай (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘДЕМІРЕК с ы н. *Әдемілеу, көркемірек, сұлуырақ.* Сұлтанғазы Қарамендіден көрі *әдемірек* қылып, қазіргі колхоз қалі жайлы әңгімелеп берді (Ж. Молдағалиев, Сарарқа.). Күнзиладан Ақзейнеп *әдемірек,* беті сұлу (Ж. Молдағалиев, Торғай толғ.). Қыш қаптағыштар басқа бөлмедегілерге қарағанда осында әрлірек, *әдемірек* болып көрінеді (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

ӘДЕМІШЕ с ы н. *Әдемілеу келген, сұлуырақ.* Гүлия олай-бұлай ғана *әдеміше* келіншек емес, айта қалғандай сұлу (С. Сейфуллин, Әңгім.). Бір купеге үш кісі міндік, біреуі совнархоздың орынбасары, денелі, қызыл бет *әдеміше* келген қазақ (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бір бөлмеде қара торы *әдеміше* келген қыз отыр. Бұл кадр бөлімінің бастығы (Х. Рахимов, Қарлығаш).

ӘДЕМІШІЛІК з а т. с ө й л. **Әдемілік.** Қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, *ә д е м і ш і л і к* үшін күлетін бояма күлкі (Абай).

ӘДЕП а р. з а т. 1. *Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп. Ә д е п,* ұят деген әр елдің де ғұрпында бар үрдіс қой,— деді Байжан (С. Мұқанов, Таңд.).— Дауысым жаман деп ән айтпаған *ә д е п* пе? Жоқ, ерсі ғой. Тіпті ұят емес пе? (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Сіз деген — *ә д е п,* Біз деген — көмек (Мақал). 2. *Ізеттілік, сыпайылық, ибадаттық.* Мария кабинет есігін тақылдатып, рұқсат сұрап, *ә д е п п е н* енді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).— Сен шығып тұр, Мәржан,— деді учитель баласының үрейлене бастағанын байқап. Бала *ә д е п п е н* басын иіп қалды да, ақырын ғана есікке жылжыды (Х. Есенжанов, Тар кезең). Үлкендер мен кішіні, Сыйлау керек *ә д е п п е н.* Бойды таза ұстасаңдар, Біздерге жат әдеттен (Т. Жабаев, Із).

◆ **Әдеп бақты.** *Ізет сақтады.* Әуеске қызбас ол бірақ, *Ә д е б і н б а ғ ы п* мінезін (Ғ. Орманов, Сәт сапары). **Әдет етті.** *Ізет қылды.* Сәлем уағалайкүм, Майкөт аға! Есіттің дауысыңызды келдім жаңа. Алдынан үлкендердің өтпейін деп, Аялдап *ә д е п е т т і м* біраз ғана (Жамбыл). **Әдеп көрген.** *Тәлім-тәрбие алған, көргенді.* Жасынан оқу оқып, көпті білген, Несиелі сөз жоқ, *ә д е п к ө р г е н.* Сенен асып, басқаны таңдамас ем, Жүрегің мендік болып, қолға тисең! (С. Торайғыров, Таңд.). Мектепте балаларым оқып жүрген Тағлым ап, үйреніп, *ә д е п к ө р г е н* (И. Жылқайдаров, Жастарым.). **Әдет сақтады.** *Сыпайылық қылды, ізет сақтады.* Айқай заман-ай, үлкеннің алдында ауыз бағып, *ә д е т с а қ т а у* деген болар еді,— деп сары кемпір күрсінді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). *Ә д е п с а қ т а п,* сызыла иба көрсеткен келіні қасына келген соң, Толқынай да қабағын ашып, шүйіркелесе бастаған-ды (Ғ. Сыланов, Асау арна). **Әдеп тұтты.** *Сыпайыгершілік қылды.* Оқыды, болды, сұрады.— Ұқтыңыз ба, әже?— деп, Емтихан алмақ болды да, Үндемеді, *т ұ т т ы ә д е п* (Қ. Аманжолов, Таңд.).

ӘДЕПКІ с ы н. *Бастапқы, алғашқы, әуелгі.* Қыз жерде жатқан бір түбик бояуды көтеріп алып, Жұмабекке бұрылды. Өңінде *ә д е п к і* реніштің ізі қалмаған, бұ жолы қайта оған ізет, құрметпен қарады (Т. Ахтанов, Далы сыры). Лейтенант Кузьменко толтырылған анкетаға қарап бір сәт отырды да, шақырып жауап алу жайындағы *ә д е п к і* ойын кілт өзгертті (К. Тоқаев, Тасқын). Жанастың жанжалынан сейіліп қалған ойын-күлкі *ә д е п к і* қалпына келген секілді (Р. Әутәліпов, Той тарқар.).

◆ **Әдепкі уақытта, әдепкі кезде.** *Бастапқыда, алғашқыда. Ә д е п к і у а қ ы т т а* академик [Рахметті] жақтырмай жүрді (С. Ерубаев, Шығ.). *Ә д е п к і к е з д е* қиындыққа да кездесерсің... Еңбек жолы даңғыл болмайды, жолдас Панталеев (С. Омаров, Хантағы).

ӘДЕПКІДЕ ү с т. *Бастапқыда, алғашқыда, әуелде.* Штрек жақ гүрсілдеп астанкестен болып кетті. *Ә д е п к і д е* құм құсап суылдап құйылған дыбыс естілді (С. Ерубаев, Шығ.). Аузынан шыққан сөзге *ә д е п к і д е* бойы мұздап, шошып қалса да, өңі қобалжыған жоқ (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Бүгерім жоқ, *ә д е п к і д е* ағамнан айбындым, айта алмай біраз жүрдім (Н. Сералиев, Намыс).

ӘДЕПКІДЕГІДЕЙ ү с т. *Бастапқыдағыдай, алғашқыдағыдай.* Василий Каубрдің звеносы да жұмысты *ә д е п к і д е г і д е й* бастады. Агрегат тұтасқан көмір қабырғаны үңгіп барады («Лен. жас»).

ӘДЕПСІЗ с ы н. *Көргенсіз, ұятсыз, абыйсыз.* Әдепті бала арлы бала, *Ә д е п с і з* бала сорлы бала (Мақал). Одан да сескенбедік, сырды шаштық, *Ә д е п с і з* іс қылмадық жеңіл жастық (Б. Майлин, Таңд.).

◆ **Әдепсіз сөз.** *Дөрекі, былапыт сөз.* Әдемі келіншектің аузынан шыққан *ә д е п с і з с ө з г е* қанша қорлансам да, келген жұмысымды бітірмей кетпейін деген оймен тұра бердім (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Пьесаның тіл жағында да көп кемшілік бар. Әсіресе *ә д е п с і з с ө з д е р,* әлеуметтік орындарда тыңдауға құлақ ұялатын сөздер көп (С. Мұқанов, Өсу жол.).

ӘДЕПСІЗДЕН е т. *Жүгенсіздену, әдеп сақтамау.* Кісі көзінше *ә д е п с і з д е н і п,* тәртіп бұзған балаларды әкеміз аяусыз жазалайтын еді (Ауызекі тіл).

ӘДЕПСІЗДЕУ с ы н. *Дөрекілеу, тұрпайылау.* Біржан «қыздар», «қарындастар» деген сөздерді әдейі айтпады. Ол сөздерді *ә д е п с і з д е у,* тұрпайылау көрді (М. Әуезов, Абай жолы). Жүнді төс әуелі екі қолымен ішін басып, *ә д е п с і з д е у* күліп алды (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Әлгі дауыс бұрынғыдан да гөрі *ә д е п с і з д е у*

бір сөздермен араласып қаттырақ шықты (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

ӘДЕПСІЗДІК з а т. *Көргенсіздік, ұятсыздық, абыйырсыздық.* Майданнан ерім келіп отыр екен деп, аудан басшысының үйіне баса көктеп кіріп бару — *әдепсіздік* (Ж. Тілеков, Қайнар). Жүзін бірінші рет көріп отырмын. Сондай кісімен айтысу *әдепсіздік* болады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Айғанша әкесіндей үлкен кісінің сықсындаған *әдепсіздігінен* қысылса да, бір бөлмелі үйде бой тасалайтын басқа жер болмағансын, теріс қарап тұрып шешіне бастады (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘДЕПТІ с ы н. *Биязы, инабатты, ізетті, сыпайы.* Азамат Азаматыч *әдепті* қызша сызыла түсіп, қызмет жайын түсіндірген болады (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Мақыш ақсақал келіп, қонақтарды аттандырып, бұрынғыдай *әдепті* жылы пішінмен қоштасып қала берді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Бұл қызды ешкім жамандай алмас, бұндай *әдепті,* жатық болса, қыздарың жаман болмас (С. Мұқанов, Теміртас).

ӘДЕПТІЛІК з а т. *Ізеттілік, инабаттылық.* Ызбайлы жас доктор кемпірге *әдептілігімен* ғана ұнаған жоқ, мырзалығымен де ұнады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Мақпал *әдептілік* етіп үндеген жоқ. Бір кезде Зейнеп өз сөзін жар ортасында кілт үзді де, үнсіз қалды (Ө. Қанахин, Мұрагер). Баланы *әдептілікке* дағдыландырып, мінез-құлқының, өсіп-жетілуінің негізін қалап, өмірге қажетті түрлі дағдыларға үйрететін бірінші мектебі — семья дейді (Келіншектер.).

◆ **Әдептілік істеді, әдептілік сақтады.** *Ізеттілік қылды.* Шай үстінде де Шопан өте ұстамды, салмақты түрде *әдептілік істеп,* жұмған аузын ашқан жоқ (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Әдептілік сақтағаны* ма, «бригадирлікке үйреттім» деп мақтанбады («Лен. жас»).

ӘДЕТ ар. з а т. 1. *Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, бойға біткен үйреншікті қылық, бейімділік.* Рас, қыздардың сүйтіп қылымситын *әдеттері* бар. Ішінен жақсы көріп тұрса да ел көзінше қойшы, бармаймын, ол олай, мен бұлай дейді (Д. Еркінбеков, Шығ.). Ағытқаннан кейін сауын биенің оттампаз келетін *әдеті* (С. Мұқанов, Таңд.). Суға малшынса, брезентінің қаңылтырдай салдырлап сіресе қалатын *әдеті* (С. Мұқанов, Саяхаттар). 2. *Дәстүрге айналған жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп.* Орыс халқының өлікті аса құрметтейтін бір тамаша *әдеті* бар ғой, олар мүмкін болса-ақ демалыс күні тумаларының басына барады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). *Әдет* бойынша жаңа түскен келіншекті қарсы алған жастар аттан түсіреді де, алдарына шымылдық керіп, ауылға жаяу апарады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қазақ *әдетінде,* қайғыға ұшыраған адамды дос-жарандары кезекпен қонаққа шақырып көңілін көтеру бар (Бұл да).

ӘДЕТ-ҒҰРЫП з а т. *Дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп, салт-сана.* Мұсаның қасында Григорийдің әкесі Николай Потанин бірге келді. Бұл кісі қазақ *әдет-ғұрпын* өзіндей білетін аса бір жатық адам еді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Көкшетауда туып-өскен Балуан Шолаққа, Жетісу елінің *әдет-ғұрпы* өз елінен басқаша көрінді (С. Мұқанов, Таңд.). Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша күйеуімнің ағайын-туысқандары мені қатыны өлген шал қайнағама еріксіз қоспақшы болды (С. Омаров, Хантағы).

ӘДЕТ-ДАҒДЫ з а т. *Тұрақтанып қалыптасқан, үйреншікті қылық.* Бекденовтың тақтаға алдын ала сөйлем жазып қойғаны дұрыс... Өйткені бұл әдіс уақыт үнемдеуге, білімнің *әбет-дағдыларын* қалыптастыруға арналған жаттығулар жүргізуге мүмкіндік тудырады («Қазақст. мұғ»). Ата-аналар ең ерте кезден бастап-ақ балалардың санасы мен сезіміне әсер етеді және олардың ұнамды *әдет-дағдыларын* қалыптастырады (Семья тәрбиесі).

ӘДЕТКІ с ы н. *Әдетке айналған, үйреншікті, дағдылы.* Әлден соң ол басынептеп көтеріп алға қарады. Межелі тас алыс емес екен. Прожектор оты төменде, күзет *әдеткі* қозғалысына кіріскен (Қ. Исабаев, Соңғы тәулік).

ӘДЕТ-САЛТ з а т. *Әдет-ғұрып.* Жігіт қызды ескі елдің *әдет-салтын* бұзып алып қашады (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Қай халықты алсақ та, оның ертеден келе жатқан *әдет-салт,* ырым-кәдесі бар (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ӘДЕТТЕ ү с т. *Дағды бойынша, үйреншікті дәстүрмен. Әдетте* сиырдың соңғы иіндісінің сүті өте майлы келеді (С. Мұ-

қанов, Саяхаттар). *Әдетте* дауылдата сөйлейтін, жылауық, өңсіз, денелі әйел қазір тіпті тоқ пейіл, сыпайы отыр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Әдетте* Құрман не кисе, Иса да соны киеді. Бүгін құрдасы саптама етік киіп, шапанын желең жамылып шықса, Иса да сол (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). Етті сарқылдатпай, жай қайнатып пісіру керек, қатты қайнаған ет *әдетте* өте қатты болып піседі (Келіншектер.).

ӘДЕТТЕГІ сын. 1. *Жайшылықтағы, бұрынғы, дағдылы.* Жақыпбек *әдеттегісінен* шайды көп ішті (М. Иманжанов, Менің махабб.). Сол күні күн батар кезде, *әдеттегі* қалпымен қаланың малдары, шошқалары өрістен қайтты (Б. Майлин, Шығ.). Қала *әдеттегі* тіршілігінде. Қобдидай қоңыр ағаш үйлердің мұржаларынан көк түтін иреңдеп ұшады (Д. Әбілов, Ақын арманы). 2. *Үйреншікті, кәдімгі, қалыпты.* Капроннан жасалған әсем кофталар, шарфтар, ұйық-шұлықтар басқа да көптеген бұйымдар тұрмысымызда *әдеттегі* заттарға айналды (Орган. химия). Біздің совхоздың жұмысшылары *әдеттегі* азаматтан құралады ғой (С. Мұқанов, Алып. адым.). Оның тартып жатқаны *әдеттегі* ән емес, белгісіз бір сарын (Қ. Жармағамбетов, Әнші.).

ӘДЕТТЕГІДЕЙ сын. *Жайшылықтағыдай, қалыптағыдай, бұрынғыдай.* Бұл жолы да сайлау үйлері *әдеттегідей* ерекше боп тігілген (М. Әуезов, Ақын аға). Бұл түні Нұрлан *әдеттегідей* тыныштықпен жайбарақат ұйқы көрмеді (З. Шашкин, Сенім). Бүгінгі күннің таңертеңгі мезгілі *әдеттегідей* өтті (С. Омаров, Әңгім.). Қыздың жас өңі *әдеттегісіндей,* түн қараңғысынан бұлдырап, мұнартып әдемі көрінеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘДЕТТЕГІШЕ үст. *Жайшылықтағыша, бұрынғыша.* Бақтығұл атына мініп келгенде, болыстікінде, *әдеттегіше,* Шалқар болысының көп атқамінері жиын екен (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Мен, *әдеттегіше,* әкемнің інісі — Мұстафаның үйіне кеп тоқтағанда, төр жақта қарандап жүрген біреу бері қарай беттеді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Балалар *әдеттегісінше* дәптерін алдына жайып, мұғалімнің тексеруін күтіп отырды (Н. Сералиев, Намыс).

ӘДЕТТЕН ет. *Дағдылану, машықтану, әдетке айналдыру.* Кімді болса да алдына шығармай ауыздықсыз *әдеттенген* Абдыра бекетінің Ықсан молдасы оған қарсы тағы күр ете түсті (І. Жансүгіров, Шығ.). Заңның аты заң ғой. Бұлар істің ақты-қарасын анықтап болғанша өздерін осылай ұстауға *әдеттенген* (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). Жатып ішуді дәулет көтермейді. Еңбек істеуге *әдеттенбеген,* мойны жар бермейді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

ӘДЕТТЕНДІР *Әдеттен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Баланы жас кезінен бастап дене еңбегімен шұғылдануға, таза ауаны еркін пайдалануға *әдеттендірген* жақсы (К. Өтегенова, Бедеулік.). Біраздан кейін лақты екі-екіден жіберіп, кезек емізіп *әдеттендірді* (С. Бегалин, Очерк.). Анам маған сездірмей отырып, өзімді өзім бақылап, таза жүруге, өз киімімді өзім киюге *әдеттендіретін* (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘДЕТТЕНДІРУ *Әдеттендір етістігінің қимыл атауы.* Мұғалім баланың қоңырау соғылғанда кешікпей, дереу класқа енуге *әдеттендіруге* өте зор назар аударуы керек (С. Көбеев, Орынд. арман). Жас буындарды еңбек етуге баулу, өз білгенін батыл ортаға салуға *әдеттендіру* жасқаншақ, кежір болудан сақтандыру сабақтың барлық кезеңдерін тиянақты жүргізуді талап етеді («Халық мұғ.»).

ӘДЕТТЕНУ *Әдеттен етістігінің қимыл атауы.* Әр түрлі ауыр дене жұмыстары, спорттар, сұйық тағамды көп ішуге *әдеттену* тағы басқалары жүрек қызметін де шамадан асырып жібереді (Б. Омарұлы, Жүрек ауруы.). Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға *әдеттенуге* керек,— деді (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

ӘДЕТТІ сын. *Дағдылы, үйреншікті.* Авария оның бойы үйренген, *әдетті* нәрсесі сияқты (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Молчаниннің сөзі қысқа *әдетті,* Жігіт те емес тым сыпайы, әдепті. «Жап аузыңды»...— деген оның сөзінің, Аяқ жағын боран қағып әкетті (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

ӘДЕТТІК: **Әдеттік право.** *Әдет-ғұрыптың жиынтығы. Сол арқылы мемлекет танитын праволық нормалардың мәні.* Қазақтың *әдеттік правосының* күллі системасы сияқты, міндеттемелік право институтының да өзгешелігі көбінше оның жабайылығы болды (ҚазССР тарихы).

ӘДЕТІНШЕ үст. 1. *Өзіне біткен дағды бойынша, бұрынғысынша.* Ол бұрынғы *әдетінше*, үш баласына үш түрлі базарлық алған еді (С. Бақбергенов, Алтынемел). Төкаппар *әдетінше* үйреншікті, Генерал жұрттан бұрын тысқа шықты (М. Әлімбаев, Құрбыма). *Әдетінше* бір күлді, Халім жақсы дегендей. Мықтап ұстап рульді, Тарта берді бөгелмей (С. Мәуленов, Жолдас). 2. *Қалыптасқан халық дәстүрі бойынша.* Қазақ *әдетінше* амандық айтысып, үйге кірдік (Ж. Саин, Жол үсті). Қазақ *әдетінше* бата оқып, көңіл айтайын деп қайтарда ақын Тілеубергеннің үйіне тағы келеді (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Асқар Гүлжанмен шығыс халқының *әдетінше* амандасты (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.).

ӘДИЯЛ ор. зат. сөйл. *Жатқанда үстіге жамылатын немесе төсек-орынды жауып қоятын жеңіл, жылы жамылғы; одеял.* Көп аурудың ортасында ақжайма жапқан, ақ жастығы бар бір төсек тұр еді, Мақсұтты соған әкеліп жатқызды. Үстін жалаң қабат *әдиялмен* жауып салды (Б. Шалабаев, Өмірде.).

ӘДІЛ сын. 1. *Жалғандыққа жаны қас, шындықты сүйгіш.* Ленин *әділ*, асқан білімі зор, Тез ойлап табады екен қиыннан жол. Тексеріп дүниені кітап жазып, Кедейдің дәлелдетті болғанын қор (Д. Еркінбеков, Шығ.). Бозжанов шынында *әділ* де, қатты да оқытушы ғой,— деді ол Майқанға бұрылып (С. Шаймерденов, Болашақ). Арам тамақ, ақ білек, Қол астын жемей қолдай ма? Басшы *әділ* болмаса, Жұртқа әділдік орнай ма? (Жамбыл). 2. *Турашыл, шыншыл.* Өзің *әділ* болмасаң, Өзгеден әділдік іздеме (Мақал). Шіркін, орыс жұрты *әділ* болады ғой!— деп, Қарсыбек шығып бара жатыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қадір тұту оңай болса да, *әділ* болу қиын екен (М. Иманжанов, Жастық). Алдияр көп оқыған жігіт. Бектікке, байлыққа құмар адам емес. Қара қылды қақ жаратын *әділ* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). 3. *Тура, жөн, дұрыс.* Соған қарсы келмей-ақ қойсаң қайтеді. Ол өзімдікі *әділ* дейтін кісі ғой (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әзіл айтсаң да, *әділ* айт (Мақал). Не керек, мәселе *әділ* шешіліп, Комсомол комитеті бюросының қаулысын жалпы жиналыс бұзды да, жігіт ақталып шықты (Ә. Сатыбалдин, Ақмарал). Егер, айтатын болсаң *әділін* неге айтпаймыз (Ә. Әбішев, Жас түлек.).

◆ **Әділ баға.** Сіздің жақсы тыңдаушыңыз да, өнеріңізге *әділ баға* беретін төрешіңіз біздің жігіттер болар түбі (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). **Әділ билік.** Майданда ағыңды ақ, қараңды қара дейтін *әділ билік* көп кездеседі (Б. Момышұлы, Жауынгер.). **Әділ жол.** Адаспаймыз аумаймыз, Ленин *әділ жол* салған, Қорықпаймыз, саспаймыз, Қызыл ерлер қорғаған (Халық ақындары). **Әділ заң.** *Әділ заң* Ұлы тойымда Жұртты аузына қаратып, Шығарды қызым — Күләшты (Жамбыл). **Әділ сот.** *Әділ сотымыз* жұмысшылар жұртшылығы болсын, солардың алдына барайық та секемді сөз, сенімсіз көңілдің барлық сырын жасырмастан ашып салайық (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Әділ сөз.** Айтамын айтарымды Алматымнан, Жетсін деп *әділ сөзім* жер жиһанға (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние). **Әділ сын, әділ сыншы.** Жайып салып жас егінін егілген, Жазушылар жақсы сынды сағынған. Кірбіңі жоқ шыққан мөлдір көңілден, Жаса дейміз партиялық *әділ сын* (А. Шамкенов, Жасыл жайлау). Осындай санамен жауыздық, надандыққа кектелген *әділ сыншы* [Абай] қоғамдық шындықтың өкімін айтады (М. Әуезов, Әр жыл.). **Әділ төреші.** Көлденеңнен қарап, *әділ төреші* бола ма деп едім, белсеніп дауға түскелі тұр екенсіз (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). **Әділ үкім.** Соңғы бес күн, бес түн бойы мен осындай қатал да болса *әділ үкімді* естуге өзімді өзім дайындап едім (Б. Момышұлы, Москва үшін.). **Әділ іс.** Совет халқы, оның армиясы Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуына сенді, өйткені біздің ісіміз *әділ іс* еді (С. Мұқанов, Өсу жол.). *Әділ істің* арты игі (Мақал).

ӘДІЛДЕУ сын. *Әділірек, әділдікке жақынырақ.* Байғазы өзі көрген бетен байларынан гөрі *әділдеу* сияқты ма, адамгершілігі молдау сияқты ма, қалай?! (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

ӘДІЛДІК зат. 1. *Дұрыстық, шындық, түзулік.* Жойылсын құлшылық, кемшілік, Жасасын *әділдік*, кеңшілік! Бұрынғы құ қыспақ жол қалсын, Өз еркін бар халық қолға алсын (С. Сейфуллин, Өленд.). Пролетариат табының мақсаты — жалпы дүниеде бірдейлік, *әділдік*, теңдік, туысқандық, махаббат болсын дейді (С. Сейфуллин, Таңд.). Олар өзінің қара

басын ғана ойламай дүниеге *әділдік* орнатуға талпынған нағыз ақ жүрек ерлер еді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). 2. *Дұрыстықты қолдаушылық, шындықты жақтаушылық.* Абай өз ісінде *әділдікті* көздеді, Құнанбай мүддесіне, ескі феодалдық көзқарасқа, салтқа қарсы шыға берді (Т. Әлімқұлов, Абай).— Сіздің орныңызды Жаппасбайдың тартып алуы *әділдік* емес. Мұны мен тегін қалдырмаспын (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘДІЛДІРЕК с ы н. *Әділдеу, тырашылдау.* Өсіп келе жатқан адам... жеке басы араласқаннан кейін өмір *әділдірек* және таза болатынын білуге тиіс (Семья тәрбиесі).

ӘДІЛЕТ з а т. 1. *Әділдік.* Мешіттің малғұндары түгел нәлет, Сұмсыңдар сендерде жоқ тұқ *әділет* (Қ. Бекхожин, Мариям.). Алдына келген адамға, әжем үнемі *әділетін* ғана айтқан (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). 2. *Тырашыл, шындықты сүйгіш.* Патша *әділет* болмады, Бай, манаппен тоғысты. Кедейлерді жем қылып, Қызылына тойысты (Жамбыл).

◆ **Әділет жолы.** Сен менің бір есерлігімді *әділет жолымен* түсініп, одан көңіл сүйсінерлік қорытынды шығарып отырсың (А. Байтанаев, Асан). Бар әлемге *әділет жолын* нұсқап, Туымыз тұр желбіреп шың басында (Ә. Сәрсенбаев, Отан таңы). **Әділет соты.** Көзінің еті өскен өзімшілдікке сот құрамын, *әділет сотын* құрамын (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Әділет туы.** Біз емеспіз қорқатын қоқайыңнан, Соқтықса жау кезіміз жоқ тайынған. *Әділет туын* көтеріп бар әлемге, Өркендеумен өткенбіз өрт-жалыннан (С. Мәуленов, Магниттау.). **Әділет ұраны.** Халықтар өмірді қорғайды, *Әділет ұранын* қолдайды. Шырқаңдар, кел достар, әр елде, Бейбіт күн жасасын әлемде (Қаз. әндері).

ӘДІЛЕТСІЗ с ы н. *Әділдігі жоқ, қиянатшыл.* Абай Әйгерімге жаны ашып, оны жаңағыдай *әділетсіз,* аянышты зорлықтарға қимаса да, үн қатқан жоқ (М. Әуезов, Абай). Комиссия председателінің тақкан айыбы *әділетсіз,* негізсіз, әрі солақай екендігін айтпай қала алмаймын (М. Иманжанов, Менің махабб.). Қатал да *әділетсіз* өткен өмір мен бүкіл халыққа сәулетті нұрын төккен жаңа өмір [ферма меңгерушісінің] көз алдына елестегендей болады (Тарту).

ӘДІЛЕТСІЗДІК з а т. *Әділетсіздікке тән қасиет, қиянатшылдық, озбырлық.* Бұдан екі үш ай бұрын мынау Таласов мырза істен шыққан ескі лабазына өрт салғызып, жаласын жұмысшыларға жапты. Сіз осы *әділетсіздікті* көре отырып әділ үкім шығармадыңыз (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Раушан *әділетсіздікті* жаны сүймейтін, жасынан соған көнбей үйренген (З. Шашкин, Сенім). Ол сені жазғы сессияда өз сабағынан құлатып жіберді. Сол дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Барып тұрған *әділетсіздік* (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

ӘДІЛЕТТІ с ы н. *Әділ, дұрыс, түзу.* Ол [Ақмолла] жұртты дүниеқорлықтан, қиянатшылдық, зорлық-зомбылық, арамдық, жауыздық істерден тыйып, *әділетті* жолды берік ұста деген (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Мүмкін, ол өз өмірін *әділетті* іске арнасы етіп қиған шығар (К. Тоқаев, Тасқын). Михаил Иванович жымия күліп басын шайқады,— Олар *әділетті* соғысты әрқашан да жақтайды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘДІЛЕТТІК з а т. *Әділдік, дұрыстық, шындық.* Қазақ төресінен әділетсіздік көрсем де, орыс төресінен *әділеттік* күтемін (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Орақ-балға жұлдызды қызыл тумен, Дүниеге *әділеттік* ала келген. Мезгілді мезгіл ғана деп түсінбен, Тең көрем ұлы дана Ильичіммен (Д. Әбілев, Таңд.). Қыздырып өртеп жоғалтсын, Фашистің арам өлігін. *Әділеттік* іс үшін, Ағыз туған ерлерім (Н. Байғанин, Таңд.).

ӘДІЛЕТТІЛІК з а т. *Әділеттік.* Сот дегеніміз — қара қылды қақ жаратын төреші, *әділеттілікке* арашашы («Қаз. әдеб.»). Сенің ойыңша мені қызметімнен босату *әділеттілік* пе? (А. Байтанаев, Асан). Оқытушы ауылда... әрі *әділеттіліктің,* адамгершіліктің насихатшысы болуға тиіс (С. Көбеев, Орынд. арман).

ӘДІЛЕТШІЛ с ы н. *Тырашыл, ақиқатшыл.* Адал, ыншыл, *әділетшіл* болу жөнінде біреудің ала жібін аттамау, біреуді сыртынан даттамау, сыпайы да инабатты болу жөнінде көп жақсы сөздер айтқанымызбен, өзіміз тура керісінше жасайтын кездеріміз көп (С. Байжанов, Сыр.). Жас жандарды мейірімді, *әділетшіл,* ұстамды болуға шақырады («Қаз. әдеб.»).

ӘДІЛЕТШІЛІК з а т. с ө й л. Әділеттік.— Молдаекең *ә д і л е т ш і л і к* істеді-ау!— дегенді ғана айтты Ахмет (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны).

ӘДІЛ-ҚАЗЫЛЫҚ з а т. *Тура, шын баға, төрелік сөз.* Атысса атысамын, шабысса шабысамын. Бірақ мені басқа ағайындар бұзықтық істеді деп түсінеді. Сондықтан маған сіздің *ә д і л-қ а з ы л ы қ* сөзіңіз керек (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘДІЛСІЗ с ы н. с ө й л. Әділетсіз. Топ ішіне барғанда, Сөз бастаған дұрыстан. Заманында ешкім аспаған, *Ә д і л с і з* сөзді айтпаған, Айтқан сөзден қайтпаған (Айтыс). Ақылы жоқ жігіт Арындаған ат секілді, *Ә д і л с і з* патша Желді күнгі ерт секілді (Ә. Әбішев, Армансыз.). *Ә д і л с і з* болса, би оңбас, Әйелсіз болса, үй оңбас (Мақал).

ӘДІЛСІЗДІК з а т. с ө й л. Әділетсіздік. Әжесін іздеп байдікіне барғандағылары есіне түскенде [Әсияның] нәп-нәзік балбыраған көңіліне табиғат *ә д і л с і з д і к*, теңсіздіктің ызасын өзінен еріксіз орнатып бекіте береді (С. Мұқанов, Аспаз).

ӘДІЛШІЛДІК з а т. с ө й л. Әділеттік. *Ә д і л ш і л д і к т і* елдің бәрі жақсы көреді, бірақ сол орындала бермейді ғой (Ауызекі тіл).

ӘДІЛШІЛІК з а т. с ө й л. Әділеттік. Ел жеген жауыздарға қарсы тұрдым. Нашармен қол ұстасып бірге жүрдім. Би, болыс, бай, төренің малдарына Сатылмай *ә д і л ш і л і к* жолын құрдым (С. Сейфуллин, Өлеңд.). Хан патшаны жақтады, Ішіне түйін сақтады, Ханнан жәрдем күткендер *Ә д і л ш і л і к* таппады (Дастандар). Ең басты мәселенің бірі — баланы *ә д і л ш і л і к к е*, шыншылдыққа үйрету болып табылады (С. Көбеев, Орынд. арман).

ӘДІП з а т. *Киімнің етек-жеңіне, өңіріне, айналасына жиектеп салынған шүберек немесе басқа зат.* ... Желбегей киген судыраған шапанның қара ала жібек батсайы *ә д і б і н е* және қара шұға бешпетінің қара ала күміс түймелеріне қарап қойып, Шабданбек ала көк атты сыландатып, Бәкеннің отауына қарай жүрді (С. Сейфуллин, Таңд.). Қару жоқ тінткен кезде бәрін алған, Тұқ қоймай күдік жерді көзі шалған. Байпақтың *ә д і б і м е н* бүктеп тіккен, Тұтамдай мүйіз сапты кездік қалған (Н. Баймұратов, Қанды жорық). Қыз белін қынай буып алған. Басында жолбарыстың пұшпағынан *ә д і п* салып тіккен дөңгелек бөрік. Бұрымы көрінбейді («Лен. жас»).

ӘДІПТЕ е т. *Әдіп салу, әдіп жүргізу.* Үстінде ақ ботаның түбітінен тоқыған, қара ала батсайымен өңірін, етегін *ә д і п т е г е н*, жағасына төрт елідей құндыз ұсталған қынама бел камзолы бар (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Жұмаділдәнің үйінде ылғи қара бұйра сеңсеңнен істелген, сары күрең бояумен боялған, айнала етегін, жеңінің ұшын төрт елі қара барқытпен *ә д і п т е г е н*, ұзын, кең тоны бар (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қозы, лақ терілерінен тымақ, бөрік құлақшын тігеді. Кейде бұл терілермен басқа теріден тігілген киімдердің сыртынан *ә д і п т е п* (жұрындап) жиектейді (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘДІПТЕЛ *Әдіпте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Міне гүлмен көмкерілген, жасыл желекпен *ә д і п т е л г е н* әсем аллея («Лен. жас»).

ӘДІПТЕТ *Әдіпте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Түйе жүні сулығы сары шекпен, Астарын дүриямен *ә д і п т е т к е н* (Дастандар).

ӘДІПТІ с ы н. *Әдіп салынған, әдібі бар.* Айт дегеннен айтамын-ау бәдікті, Қара мақпал тоным бар бүрме *ә д і п т і* (Айтыс).

ӘДІРА: **Әдіра қал.** 1. С ө й л. *Адыра қал. Ә д і р а қ а л*, бұл да адам болып кісіге сөз айтпақшы ма екен?— деп нос та берді ғой (Б. Майлин, Таңд.). Заңды деп, бозбала заңға қарайтын шығар... *Ә д і р а қ а л!* (С. Мұқанов, Теміртас). 2. *Дүние-мүлікке қолданылатын қарғыс.*— Уа, Аббас батыр өлі қаланы жаулап алыпты. Иесіз қалған ен дүниеге қарық болып, *ә д і р а қ а л ғ а н* хан сарайында серуен салыпты (Т. Ахтанов, Дала сыры). Кереге басы құр ноқта, Құлынсыз қаңырап тұр ноқта. Сән-салтанат баяғы, *Қ а л д ы ә д і р а* бір жақта (Б. Майлин, Таңд.). Ой, *ә д і р а қ а л ғ ы р-а й*, не пәлеге қалдым-ай! Сені жейтін итім жоқ, Ас сықылды сиқың жоқ (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

ӘДІРЕМ: **Әдірем қал.** С ө й л. *Адырам қал.* Үлкені ернін тістеп, басын шайқады. Күлегеш сар келіншек —*«ә д і р е м қ а л»* деп бетін тырнады (Ә. Сараев, Қараша.).

ӘДІРІС з а т. с ө й л. Адрес. Қоштасарда баланың *ә д і р і с і н* жазып алдым (С. Мұқанов, Алып. адым.). Тәлтіректеп жығылды, Босағаға соғылды. *Ә д і р і с і н*

керек жоқ, Кім екенің ұғылды (Қ. Қуанышбаев, Түйреуіш).

ӘДІС з а т. 1. *Адам баласының қызметінің белгілі салаларында қолданылатын әр түрлі амал, тәсіл, айла.*— Сені сонда да жықтым! Сенде күш көп, *әдіс* жоқ (І. Жансүгіров, Шығ.). Оқытушы... оқыту *әдісін*, психологияны жақсы білуі керек (С. Көбеев, Орынд. арман). Жаңа келген қазақтар орыс солдаттарынан соғыс *әдісін* үйреніп жатыр (Ж. Арыстанов, Сұңқар.). Ол кісі қойды бағуда тоқтатып оттату *әдісін* қолданады екен (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). 2. *Қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің методы, жолы.*— Бәрінің бабы бар,— деді Жомарт, академик Вильямс, Лысенко, Мичурин *әдістерін* талдай келіп (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Совет әдебиетінің негізгі творчестволық *әдісі* — социалистік реализм (Е. Ысмайылов, Сын.). Оқушылар бригадасы жүгеріні шаршы ұялау *әдісімен* екті («Халық мұғ.»). Жалғыз Евдокимов емес, соңынан тағы бір-екі колхоздың председательдерін бөлектеп жинау *әдісімен* «татуластыруымызға» тура келді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

ӘДІС-АЙЛА з а т. *Амал-тәсіл.* Қазақстанның ешбір жағдайымен есептеспей, ешбір *әдіс-айла* қолданбай, көп шараларды қиратa, омыра атқарды (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әлі бірақ келмейді, Арқасына сала алмай. Өз-өзінен терледі, *Әдіс-айла* таба алмай (Т. Молдағалиев, Құралай). Мұраттың *әдіс-айла* шеберлігі де осы кезде көзге ерекше айқын түсті (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘДІСКЕР с ы н. с ө й л. Әдісқой. Күркіреп күндей біздің күш: Жерде танк, көкте ұшқыш, Суда флот, қырда әскер, Әрі күшті, *әдіскер*, Қайнаған халық қауымы (Т.Жароков, Таңд.).

ӘДІСҚОЙ с ы н. *Айлакер, тәсілқой* — Мына жылқышылар қандай шапшаң, қандай *әдісқой*,— деп Сергей өзінің бағанадан таңданып тұрған жайына тоқталды (С. Бегалин, Бала Шоқан). Атағы бұл сарының балуан Жақып, Шыңыраудан түйе тартып алған Жақып. *Әдісқой*, алысқанда дөңгеленіп, Топтарды талай жығып, жарған Жақып (І. Жансүгіров, Таңд.). Құсты тез шағылдыратын түлкі. Аңның ішінде онан қу, онан *әдісқойы* болмайды (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

ӘДІСҚОЙЛЫҚ з а т. *Айлакерлік, тәсілқойлық.* Буаз үлкен екі ешкі, көпті көрген әккі *әдісқойлығына* салып, жақын арадағы бұталарға шұғыл бұрылды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы). Құр-құр ойынында боксшының, палуанның жаттығуларының көптеген элементі бар. Бұл өнер адамды шапшаңдыққа, *әдісқойлыққа* үйретеді (Шопан серігі).

ӘДІС-ТӘСІЛ з а т. *Әр түрлі амал, жол.* Конференцияда еңбек жолына жаңа түскен жас мұғалімдерге сабақтың құрылысы, кластан, мектептен тыс жүргізілетін жұмыстардың *әдіс-тәсілдері* туралы нақты кеңестер берілді («Қазақст. мұғ.»).

ӘДІСТЕН е т. *Машықтану, әккі болу, төселу.* Ел аузында жүрген ескі әндерді осылай жазып алып, әбден *әдістенген* Досай шабыты келгендей біртүрлі елегізіп Айгүлге қайталатпай бір айтқаннан қағып алды (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Өзара әзіл-оспақпен қағысқанда, олар *әдістеніп* қалған тазы мен қасқырдай біріне-бірі көпке дейін алдырмайды (С. Мұқанов, Ақ қан жұлдыз).

ӘДІСТІ с ы н. с ө й л. Әдісқой. Әрине, бұл Атанияз мырзаның басына сыяр айла емес. Алыстан болжайтын *әдісті* адамның жобасы. Біз бармауымыз керек (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘДІСШІЛ с ы н. с ө й л. Әдісқой. Омбыда *әдісшіл* адам жоқ деп ойлайтын Гасфорт (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). — Үйінде кім бар екен?— Кімдер екенін білмеймін — деді *әдісшіл* әйел (Ж. Жұмақанов, Соқпақ соңы).

ӘДІСШІЛДІК з а т. с ө й л. Әдісқойлық. Тапқырлық батырлықпен егіз жолдас, Тар жерде тапқыр болмай ісің оңбас. Алғыр ой, *әдісшілдік*, айлакерлік — Аңдысып алысқанын алмай қоймас (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

ӘДІСІНШЕ ү с т. *Әдісі бойынша.* Ал, өткен жылғы Айдарғалиевтың *әдісінше* рекорд жасау, қадірлі Антон Иванович, жаңағы сіз мезгеп отырған рекордты қайталау, бұл менің қолым емес! (З. Шашкин, Өмір тынысы).

ӘЖЕ з а т. 1. *Әкенің шешесі, үлкен шеше. Әжемнің* алпамсадай әкемді «балапаным» деп сүйгені бізге ерсі көрінеді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Абай мейірбан пананы өз шешесі — Ұлжан, *әжесі* — Зереден тапты (Т. Әлімқұлов, Абай). Сенің *әжең* болғанда, менің апам,

Дүние салды сол жылы күзге таман. Қайғысынан анамның мен күйзеліп, Отырғанда, сен едің қорған қалған (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Бірі *әже*, бірі апа, бірі мамалап, ананы қоршап алды (М. Иманжанов, Адам тур.). 2. *Немерелердің немесе немерелер құралпылас жас адамдардың құрмет, ізет ретінде айтатын қаратпа сөзі.* — Олар бізге киім бере ме, *әже?*— деді бала көзі мөлдіреп (С. Омаров, Әңгім.). — *Әже*, тамақты қалай қыламыз, менің қарным ашты?— деді (С. Шарипов, Шығ.). — *Әже*, мынау ақшаға өзің көйлек ал,— деп бір бөлегін әжесіне берді (С. Бегалин, Мектеп түлек.).

◆ **Әже болды.** *Қартайып, кемпір болды.* Сенің басыңда ақыл бар ма, күйеуге бармай үйде отырып *әже болғасың* ба? (Д. Еркінбеков, Шығ.). **Әй дер әже, қой дер қожа жоқ.** *Бетке қарсы келер ешкім жоқ.* Жаман ойлы бұзық адамдар иесіз қалаға тиіп, неше түрлі талан-тараждар істесе, *әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ* еді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

ӘЖЕЙ з а т. с ы п. *Әжемен тұстас адамды құрмет тұтқанда айтылады.* Қарның ашып қалды ғой, Айналайын Құралай!— *Әжей* сүйтіп безектер, Одан басқа не десін. Немереге кезек кеп, Күтсе жақсы-ау әжесін (Т. Молдағалиев, Құралай). Гүлсім *әжей* алға шығып сол топтан, Грицконы сүйді аймалап ұлындай... Анасының ыстық ерні Львовтан, Ақмолаға бірге кетті суымай (М. Әлімбаев, Құрбыма). Қарттар мен кимешек киген *әжейлер* де көп жиналыпты («Лен. жас»).

ӘЖЕКЕ з а т. с ы п. *Әже сөзінің сыйлап құрметпен айтылуы.*— *Әжеке*, мынадан бір-ақ уыс жейін бе? Қарным ашты, көзім қарайып барады, *әжеке?*— деді (С. Шарипов, Шығ.). Арманда қалдың *әжекем*, Үлкейіп жасың келгенде. Сарсылып елім қиналдың, Жауға ұстап болыс бергенде (1916 жыл). Мінуге тұлпар таба алмай, Мен қайғылы балаң-ай. Білгенің болса, *әжеке* Перзентіңнен аяма-ай (Батырлар жыры).

ӘЖЕЛЕ е т. *Әже-әже деп мазалау, өтіну, жалынып-жалбарыну.* Сен туған соң, қарағым, Кеткен менен уайым. *Әжелеп* өтіндің, Шын айтпай неғып шыдайын (Батырлар жыры). Миколашым шырқырап кеп, Ұйқысынан тұрды шошып. *Әже, әжелеп* жылай берді, Моншақ жасы мөлт-мөлт етіп (Сәлем саған.).

ӘЖЕЛІК с ы н. *Әжеге лайық.* «Жорытқанда жолың болсын, қарағым»,— деп *әжелік* мейіріммен бетінен сүйіп, ұзақ сапарға шығарып салдым Маратымды (Ауызекі тіл).

ӘЖЕП з а т. д и а л. *Ғажап.* Хан: «Мына тамағын таппай жүрген жаман шал меніменен *әжеп* ойнады ғой»,— деп, жеңдеттерді қайта шақырып алды (Қаз. ертегі.). Біз жолаушы, кет десең *әжеп* болар, Біздейден ұялғаның әдеп болар. Кеткенсін өкініп жүрме, киініп кеп, Шақыру кеткеннен соң ұят болар (Айтыс).

ӘЖЕПТӘУІР с ы н. 1. *Тәп-тәуір, әпәдемі, жап-жақсы, кәдімгідей.* Өзі ауданда істейді екен. *Әжептәуір* қызметкер дейді. Демалыс алып, осындағы нағашысының үйіне қонаққа келіпті (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Әжептәуір* бала көрінеді, Кенжебек мұны қайдан тауып жүр? (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Сәт тағы да орнынан тұрды. Сусын әсері ме, әлде аз тыныстағандықтан ба, *әжептәуір* тыңайып қалыпты (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық). 2. *Бірталай, бірсыпыра, бірқатар, едәуір.* Кешкі ауада анық көрініп тұрған кішкене құмға әлі де *әжептәуір* жер бар (Т. Ахтанов, Дала сыры). Бұл ауылдар да *әжептәуір* малды көрінеді (С. Сейфуллин, Тар жол.). Биби екі беті қызараңдап отырып, қызын жақтап, *әжептәуір* ашу шақырып сөйледі (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘЖЕПТЕУІР с ы н. с ө й л. Әжептәуір. Жаным-ау, *әжептеуір* есті жігіт көрмей ме, әлде көргісі келмей ме?— деп Жақып қынжыла тоқтады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Көл жиегі шоқ-шоқ қамыстар арасы *әжептеуір* ашық алаң, ортасы мөлдір айдын (Ж. Саин, Жол үсті.).

ӘЖЕТ а р. з а т. 1. *Қажет, мұқтаж.* № 1 ферманың басқарушысы К. Оспанов әлгі жалған ақпарды тағы бір *әжетке* пайдаланып қалғысы келді («Лен. жас»). 2. А у ы с. *Әдет, дағды.* Гончаров үйінің жандарынан көңіл бөлгендік, жөптеу, пікір қосу болмағанын көрсе де, өзінің қалыптасқан *әжетінен* шыға алмаушы еді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.).

◆ **Әжетке жарады.** а) *Ер жетіп, қол қанат болды.* Көбінесе жатақтардың жас жалшылары малды ауылдың қой-қозысымен кетеді де, *әжетке жарағаң* жігіттері Ертістен өтіп, Сібірге қарай жосқ-

ды (І. Жансүгіров, Шығ.). Балалардың алды *әжетке жарап*, үй жұмысына қатыса бастаған кезде олардың арасында келіспеушілік, сен істе, мен істе деп ерегісушілік кездесетін болады («Халық мұғ.»). ә) *Кәдеге асты, қажетін өтеді.* Мен пұл болып *әжеттеріңе жарасам*, сендерді өлімнен алып қалатын болсам, мың жаным болса да қидым, мен садақа! — деді (Б. Майлин, Таңд.). Сіздің қай *әжетіңізге жарай* аламын, майор мырза? (Б. Момышұлы, Москва үшін.). — Ең болмаса, алып-сатардың *әжетіне жарамадым*,— деп күле отырып ашы әзіл айтқан (К. Тоқаев, Тасқын). Әжетке жетті. *Кәмелетке толып, азамат болды, іске жарады.* Тұздыекеңнің үйінде алты бала. Оның *әжетке жетіп*, жалшылыққа жарағаны екеу-ақ (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЖЕТАЙ з а т. с ы п. *Әжені құрметтеу, жалыну, қадірлеу үшін айтылады.* Немересі әжесінің мойнына орала түсіп: — Айтшы, *әжетай*, айта қойшы, *әжетайым!* Әже құрбақа мен бала құрбақаның әңгімесін (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым). *Әжетай-ау*, біз кіретін үйді қабылдайтын күйеу балаңыз екен. Бізді алдымен кіргіз, астыңғы қабатынан бер деп тапсырсаңыз қайтеді (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

ӘЖЕТАЙЛА е т. *Әже, әже деп жалынып-жалбарыну, сұрап-өтіну.* Сүт берші, қаймақ берші кетемін деп, Шулайды балаларым *әжетайлап* (Айманқүл, Ана сыры).

ӘЖЕТХАНА з а т. ж е р г. Дәретхана. Шыбын ауру қоздырғыш микробтарды өзіне көбінесе *әжетханадағы* нәжісті аралау арқылы жұқтырады (Ж. Сұлтанов, Шыбын-шіркей). Станцияда *әжетхана* жоқ (С. Төлешев, Түрлі-түрлі бас.).

ӘЖУА з а т. с ө й л. Ажуа.— Сені әурелеп жүрген не қылған шайтан — дейді әжем, үйінде *әжуа* бар сияқты (З. Шүкіров, Ғажайып құмыра). Тек әйелі ғана меймандарын әлі де *әжуағa* қимай, ізетпен түрегеп тұр (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қазақ аңыздарының қайсысы болса да, оқиғаны күлдіргі халге, өткір мысқыл, ащы *әжуағa* құрады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

◆ **Әжуа етті, әжуа қылды.** *Әжуалады, күлкі етті, мысқылдады.* Жас жазушы Есенжол Домбаев «Болмаған оқиға» атты сатиралық повесінде жағымсыз адам бейнесін аяусыз *әжуа еткен* («Қаз. әдеб.»). Қиналдың ұл мен қызың қан жыладың, Біз бірақ қайыспадық, қажымадық; Ашылдық арыстандай айдаһарға, Ойнаған арымызбен *әжуа ғып* (Қ. Сатыбалдин, Әлия).

ӘЖУАЛА е т. с ө й л. Ажуала. Шекспир өзінің комедиясымен өз табының өрісі тарлығын, арамдығын, ұятсыздығын, ақымақтығын, соқырлығын *әжуалағaн* болатын (С. Ерубаев, Шығ.). Баланың жеке басын қорлауға, оны *әжуалап*, мазақтауға, көңіліне қаяу салып сөгуге болмайды («Халық мұғ.»). Қабырға газетіне Елеусіздің суретін *әжуалап* түсіріпті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘЖУА-СЫҚАҚ з а т. *Күлкі-мазақ.* Пікірі жат жандардың күлкі-мазақ, *әжуа сықағын* да көрдім (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

ӘЖУАШЫЛ с ы н. *Сықақшыл, қуақы.* Едірей болысына қараған Әйбике руының ішінде аты шулы Мұқай деген тапқыр, *әжуашыл*, ауыл тілімен айтқанда «қу» болған («Қаз. әдеб.»).

ӘЖУЕЛЕ е т. с ө й л. Ажуала. Тышқан мен мысықтардың қылығына ұқсас кейбір жағымсыз қылықтарды *әжуелей* отырып, ақын мысалының аяғында орынды қорытынды береді (Е. Ысмайылов, Сын.).

ӘЖІ з а т. с ө й л. Қажы. 1922 жылы Шымкенттің маңындағы Тастысай деген жерде Бажақай *әжі* ат шаптырған үлкен жиын өткізеді (Т. Әлішеров, Өнерпаз.).

ӘЖІМ з а т. *Адамның бетіне, мойнына түскен қатпар, сызық.* Бір кезде түйық мінезді жас жігіт бұл кезде самай шашы буырылданып, бетінде *әжімі* көбейіп, егде тартқан (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Сапаров ерте қартайған. Сұлу шоқша сақалынан басқа бет-жүзінің бәрі *әжім* (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Ақының бет-аузыңды *әжім* қаптап, Болыпты басыңдағы шашың аппақ. Халықтай ұзақ жасар жігіт жырмен, Өтті деп бір қарыттықты ақын таптап (М. Әлімбаев, Таңд.). ⊙ Ашық аспанның айнадай жүзі айқыш-ұйқыш *әжімдерге* толған (Майдан).

◆ **Әжім басты.** *Беті қатпарланды, шалбарланды.* Көнерген жүзін айқыш-ұйқыш *әжім* сызықтары *басқан* қарт

шахтер сәл кідіріп тұрды да, қолын бір-ақ сілтеп, дүрмекке ілесіп, о да тартты стадион жаққа («Лен. жас»). Керегінді ізделп, ал тауып, Өмірдің өрін асқанша. Жалының қайтып, қартайып, Жүзіңді *әжім басқанша* (Ғ. Орманов, Абысын сыры). **Әжім салды.** Отаным, самайында қырау шалмас, Ғасырлар нұр жүзіне *әжім салмас*. Сен мәңгі, әлем мәңгі жассың, Осындай өміріңмен жаным жалғас (Партия тур. өлеңд.). Зайсанның бетін суйіп бу таласқан, Күлтелеп қоңыр түспен бетін басқан. Күндіз де теңбіл сурет *әжім салып*, Ай, жұлдыз түнде түсіп амандасқан (И. Байзақов, Шығ.). **Әжім түсті, әжім кірді, әжім енді.** *Беті әжімденді.* Ескі өмірдің салған таңбасы кескінінде, тұр емес пе? Отызға жетпей бетіне *әжім түскен* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Нұрсұлтанның барлық балалық шағы байға малайлықпен өтті. Ол дәуірдің жас өміріне салған ізі — бетіне ерте *түскен әжім* сияқты (Ол күндер.). Бірмағанның сақалы буырылданып, бетіне *әжім кіріп*, едәуір қартаң тартып қалыпты (С. Шарипов, Шығ.). Ақ шалып Мариямның алтын шашын, Ай түсті жүзіне де *әжім кірген* (Қ. Бекхожин, Мариям.) Айттырып ешкім хабар салмады енді, Жиырмадан жиырма беске жасы келді. Құдайдың бұйрығына шара бар ма, Бетінің нұры кетіп, *әжім енді* (XX ғ. қаз. ақын.). **Әжім шалды.** *Әжім түсе бастады.* Аздап *әжім шалған* қара торы жүзінде де ерекше, бір уытты күштің, асқан қуаныштың ізі жатқандай (А. Лекеров, Түз гүлі).

ӘЖІМДЕЙ с ы н. *Әжім сияқты.* Жанаманың суы жаңалықта ғана тасып, арнасына қайта барып, сабасына түскені жағалау бойындағы *әжімдей* ирелеңдеген құм жолақтарынан көрініп тұр (Б. Тілегенов, Көктем.).

ӘЖІМДЕЛ е т. *Қатпарлану, әжім түсу.* Самай шаш буырылданып, *әжімделген* жеке жүзді, орта жастағы адам сонау бір жас күнін еске алып мұңаяды (С. Бегалин, Уақыт тынысы). Жан-жағы *әжімделе* бастаған ойлы сұрғылт көзін бүркіттен алмай, ананың сөзін бар ықыласымен тыңдап отыр (І. Есенберлин, Қатерлі өткел). Қарияның бет әлпеті тіпті *әжімделе* түскен (А. Сатаев, Ақын ізі).

ӘЖІМДЕН е т. *Әжім түсу, қатпарлану.* Көз алдында добалдай қара меңі бар, жүзі *әжімдене* бастаған Сақып Маржанға шай қамдатып, өзі шалының аяқ жағына жақын ұршық иіріп отыр (З. Иманбаев, Кең аймақ). Бет шіркін, қатпар-қатпар *әжімденіп*, Жарылып кеткен тақыр тәрізденіп. Қырықтан жаңа ассам да тұрғандаймын, Алпыстың әлегіне әзірленіп (К. Райбаев, Жаңа толғау). Әтекке еркектер жиі шалдығады. Ондай адамның терісі *әжімденіп*, сарғыш, тартады (М. Исамбаев.., Мед. анықтама).

ӘЖІМДЕНУ *Әжімден етістігінің қимыл атауы.* **Жұрт әсіресе**, шешем сұлу деп атайтын бұл мосқал жасты әйелге енді ғана көз тоқтатып байқасам, бетінің *әжімденуі* болмаса, түрі де, тұлғасы да аса көрікті адам екен (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.).

ӘЖІМДІ с ы н. *Әжім түскен, қатпарланған.* Қарттың өңі солғын тартып, *әжімді* беттері қатпарланып тұр (С. Алдабергенов, Әңгім.). Оның *әжімді* жүзінде реніш нышаны жоқ, тек қажудың ғана ізі бар еді (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). Жәпекеңнің қос тамшы жасы *әжімді* бетінен тез жылжып, буырыл сақалына тамды (З. Иманбаев, Кең аймақ). Әжемнің *әжімді* маңдайынан шөп еткізіп, бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

ӘЖІМСІЗ с ы н. *Әжімі жоқ, әжім түспеген.* Жасы қырыққа тақаса да мөлдір қара көзі әлі күлім қағады. Ақшыл жүзі *әжімсіз* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Оның қызыл шырайлы *әжімсіз* жүзінде лезде үлкен бір кейістіктің суық ізі пайда бола қалды (Т. Бердияров, Фарида). Қалай болып кеткен?— деп, сын қоясыз қазір сіз. Жас ем сонда көкпеңбек. Сақал-мұртсыз, *әжімсіз* (С. Мәуленов, Таңд). ⊙ Күннің астын көркейткен, Советтік ұлы заң: Әуе тұнық, *әжімсіз* Ажарланды таң шолпан (С. Керімбеков, Өленд.).

ӘЖІРЕК з а т. с ө й л. **Ажырық.** Тұзға өте төзімді *әжірек* (свинорой) дейтін злактың жатаған сабағы қай жерден болса да кездеседі (Б. Муханов.., Қазақст. өсімдік.).

ӘЖІРЕҢДЕ е т. с ө й л. *Ажыраң-ажыраң ету, едіреңдеу.* Нұраділ оны іліп алып, *әжіреңдеген* ала көз, аққұбаны қойып жіберді (І. Жансүгіров, Шығ.).

1. **ӘЗ** з а т. *Соқыр, көр.* Барлық денем сау, тек көзім ғана соққының зақымынан

әз боп қапты (С. Бақбергенов, Дина). Жымыңдап француз шал екі көзі *әз*, Кетеді секілденіп көңілі жаз. Ленинның түртүсін айтса біреу, Қуанып жас баладай болады мәз (Ә. Оңалбаев, Таң алды.).

2. ӘР а р. с ы н. *Ғазиз, ардақты, жақсы.* Әзілдес жеңге, *әз* аға, Ақ жарқын ықыластар. Ақ пейіл туыс жоқ баға, Әзілі ащы құрдастар (С. Бегалин, Өленд.). Қарттықтан құлағы тосаң тартқан, бала мінезді, ақ жүрек *әз* атаның күллі қасиеті көз алдыңа келеді («Лен. жас»). Жиғанда жас келіншек — жас етегін, Сездім мен жайсаң күздің *әз* екенін. Үзілген сабағынан қызыл алма, Сонан да көп нәрсені уәж етемін (Жас қанат).

◆ Әз тұтты. *Қадір тұтты, сыйлады. Әз тұтуға,* сыйласуға Қалмады жан бір татыр (Абай). Әзелден қонағуар асыл халқым, *Әз тұтам* көнермейтін осы салтын. Опалы қазақ жүрек қашаннан да, Біледі сыр мінезді досы парқын (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.).

ӘЗӘЗІЛ а р. з а т. 1. *Шайтан.* Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін, Жиясыз оныдағы бір жан үшін. *Әзәзіл* періштенің бастығы екен, Не болды тәкаппарлық қылған үшін? (Үш ғасыр.). *Әзәзіл* орның даяр, кел ішіме, Жүрмеймін мұнан былай ел ішінде (С. Торайғыров, Таңд.). *Әзәзіл* өсек тасып ыржақтайды, Сәбиді сарапқа сап құндақтағы. Ғайыптан жын-перісін шақырады, Бақытын Ерден шалдың ұрлатқалы (С. Омаров, Сәукен). 2. А у ы с. *Алдамшы, азғырушы. Әзәзіл* адамды алдап кәсіп етер, Еңбексіз тілін жалдап нәсіп етер. Опасыз өмір сүрген өтірікші, Алдынан әділдіктің қашып өтер (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). Жастарға өнеге үйрететін педагогтің өзі *әзәзіл* атанып, біреудің тату-тәтті отырған семьясын бұзуға дәті барғанына қалай қынжылмассың («Қаз. әдеб.»). *Әзәзіл* шайтан азғырса, Бір-біріне тума қас. Жастықпен артын ойламас, Талықсып тұрған толқын жас (Батырлар жыры). ⊙ *Әзәзіл* ойға еріппін, Ел болмас жерге келіппін... Деп бойын бір тежеді, Қисықтығын сезеді (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.).

◆ Әзәзіл болды. *Арандатып, жамандықшылыққа итермеледі, азғырушы болды.* Араға *әзәзіл боп* жүрді ағылшын, Ақтарға жәрдемдесіп, жан таласып, Барынша көмек беріп тұрды ағылшын (Ақын жырлары). Найманның аруағынан кет садаға, *Әзәзіл бола* берме екі араға. Жанақ та қобызымен түк қылған жоқ, Оңай ма сендей сорлы бишараға (Айтыс).

ӘЗӘЗІЛДЕЙ с ы н. *Әзәзіл сияқты.* Қасыңа сырыңды алса шайтан келмес Сен алдарсың *әзәзілдей* бір бұлт етіп. Сыртың адам, шақпалы тілің жылан, Барасың қаранғы қалғыр қайда кетіп (Айтыс). Адам бұзушы *әзәзілдей* жұмсақ төсек, жылы көрпе де көз алдына елестеп, қызықтырып өтеді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн).

ӘЗӘЗІЛДЕН е т. *Қаярлықпен көлгірсу.* — Менің айтқан жөн сөзіме *әзәзілденіп* жауап бергенің не,— деп, шал менің әзілімді түсінбей, жабыса кетті (Ауыз-екі тіл).

ӘЗӘЗІЛДІК з а т. *Қаярлық, көлгірлік, қасақылық.* Жүзі қара *әзәзілдігін* маған істемесін. Бұнысын қоймаса, ана бөлтіріктерімнің бәрін жабамын да талатамын («Лен. жас»). Содырлы сойқандардың біріне бірі айтатын *әзәзілдік* өсиеті қандай болатынын ашып береді (М. Әуезов, Әр жыл.).

ӘЗӘЗІЛШЕ ү с т. *Әзәзіл сияқтанып, әзәзілге ұқсап.* «Қайбардың қақпасындай» тастан соққан Тапсаң да бұза алмассың серік бірге! Сен, Жүсіп, шылбыр тартты өлең жазып, Араға *әзәзілше* келіп кірме! (Айтыс).

ӘЗДЕК з а т. э к с п р. *Ерке.* Пайда жоқ бәрінен де айта беріп, Ұл болып өтіп отыр тумағаным. Біреудің алпыс моншақ *әздегі* боп, Жасымнан кесір еді жинағаным (Айтыс).

1. ӘЗДІК з а т. *Қадір-қасиеттілік, ардақтылық, жақсылық.* Құм Нарынның топырағында шыр еткем, Халқым, сенің *әздігіңді* жыр еткем (Қ. Сыдықов, Теңіз лебі).

2. ӘЗДІК з а т. *Соқырлық.* Сүймесем, айтар ма едім, саған? Бейшенді *әздікке* қимаймын, білдің бе? (И. Жақанов, Қайта орал.).

ӘЗЕЗІЛ з а т. с ө й л. Әзәзіл. Рас әуелден жүйрік туған Орын ағаң, Соқырың теңелген жоқ әлі саған. Қорыққаның *әзезілден* рас болса, Дұрыс па сокыр ақын тартып алған? (Айтыс). Иә, Қайыр мен Дәмеш екеуінің осылай тіл табыспай кеткені ме? «Мысық пен күшіктей» деді, іштей бір *әзезіл* ұн мысқылдап (З. Шаш-

кин, Теміртау). Елеуретіп сөйлейсің, Алақтатып көзіңді, *Әзезілден* сабақ ап, Бұлдіріпсің сөзіңді (Жамбыл).

ӘЗЕЛДЕ үст. с ө й л. *Әуелде, баяғыда.* Тынысы тарылған жау күйгелек келеді *әзелде* (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). *Әзелде* құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан (Абай). *Әзелде* жас қартаймақ, туған өлмек. Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек (Бұл да).

ӘЗЕЛДЕН үст. *Ежелден, баяғыдан, бұрыннан. Әзелден* қонағуар асыл халқым, Әз тұтам көнермейтін осы салтын. Опалы қазақ — жүрек қашаннан да, Біледі сыр мінезді досы парқын (М. Әлімбаев, Менің Қазақст.). Сұрапыл дауыл басылар, *Әзелден* аян әркімге. Мөлдіреп аспан ашылар, Қарағай көктеп мәңгіге (Ғ. Орманов, Таңд.). Бостандық, теңдік *әзелден* қас капиталистік дүние қоршаған заманда бір минут самарқау-салғырт отыруға болмайды («Қаз. әдеб.»).

ӘЗЕР үст. *Әрең дегенде, зорға.* Аяқсыз көрген күнің де күн емес-ау, сегіз жүз метр жерге екі түн жылжып *әзер* жеттім (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Кештен басталған жаңбыр үздіксіз жауып, ертеңіне түс ауа *әзер* толастады (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Машина соңынан далбалақтап тұра жүгіруден өзімді-өзім *әзер* ұстап қалдым (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

◆ **Әзер болса.** *Ең құрыса, ең құрығанда, мықтаса.* Коновалов, ақсай бастың аяғында, Түсірдің барымтаға таяғында. Кедейлерге Есембай салды дүре, *Әзер болса* істерсің баяғыңды (Ақан Сері, Шығ.).— Елдің кедейін онымен құтқаруға *әзер болса* малдарыңның жартысы кетер,— деп байларға қарады («Қаз. әдеб.»). **Әзер дегенде.** *Апырым, тәңірім деп, зорға. Әзер дегенде* тұтанып, жалыны қазан түбін енді жалай бастаған от тағы да сөніп қала ма дегендей, шегір көздерін отқа қадай түседі (Ә. Шәріпов, Партизан.). Екеуі мұздан-мұзға секіріп, өзен суынан *әзер дегенде* әрі етті («Лен. жас»).

ӘЗЕР-МӘЗЕР үст. *Зорға дегенде, оғып-бұғып.* Түнімен жан терге түсіп, ағаларымен талай қызыл кеңірдектесіп, *әзер-мәзер,* әйтеуір ертеңінде еш нәрсе жоқ, тым-тырыс етті де қойды (С. Торайғыров, Таңд.).

ӘЗЕТ: Әзет болса. *Көп болса, құдай жазса, бұйырса. Әзет болса* биылдыққа киім жаңартпасыз, бір құнажын сиырға қол жетпес пе екен (С. Шарипов, Шығ.). **Бір әзетте.** С ө й л. *Бір мезетте.* Көңілімдегі тәтті ойларымды *бір әзетте* шұқырға соғып, «зірк» еткізген машина бөліп кетті (К. Асанов, Сағыныш).

ӘЗИЗ а р. с ы н. *Ғазиз, қымбатты, ардақты.* Азаматтық *әзиз* атты арқалап, Шықтың, Сәке алпыс деген асуға. Аға тойы ғанибет те мархабат, Жарасады не берсек те шашуға (А. Хангелдин, Қыз жүрегі). Есіңе ал, *әзиз* досым, мен де ұлымын, Ер елдің ту ететін ұят, арын (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Бұл сапар жазықсыз жандардың *әзиз* қанын төгумен, жан түршігер өліммен, тән мен жанды қабат қажытатын ауыр жорықпен біте қайнайтын сәтсіз сапар екенін олар сезбеді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЗІЗ с ы н. с ө й л. **Әзиз.** Қадамы *әзіз* ердің ұзамайды, Жігітке бақыт шіркін сырт айналса (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Қиқандайды неткен қыңыр? Христосқа күлді тегі. Әлде кімге етті күбір, Сөйлеп қалды *әзіз* халпесі (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).— Қорықтым, төктім құйып көздің жасын, Байлауға түсті қолым *әзіз* басым. Еш жерден ұрлағам жоқ, өзімдікі, Тігіп еді,— дедім,— мұны қарындасым (Д. Әлімбаев, Толғау).

ӘЗІЛ а р. з а т. *Зілсіз қалжың.* Карасақалдың бұл сөзі Қанатты ойландырып қалып еді, дегенмен Қанат сөзден ұтылғысы келмей, *әзіліне* әзіл қайтарды (А. Хангелдин, Біздің от.). Сөйлесті біраз екі шер, Біріне-бірі білдіріп, Қалжындасып ырғасып *әзілменен* күлдіріп (Алпамыс). ⊙ Бұл химиялық *әзіл.* Қанттан еш уақытта да алтын жасауға болмайды (А. Мырзабаев, Химия қызығы).

◆ **Әзіл айтты.** *Әзілдесті, қалжыңдасты.* Төрекелді екі езуі екі құлағында, ән айтса да, *әзіл айтса* да Ақмоншақтан көз алмайды (М. Иманжанов, Жастық). Шалым-ау, саған не болған, Ұқпадың ба жас құрбылар ойынын? *Әзіл айту,* қағысу, Салты емес пе біздің қазақ тойының (Ә. Тәжібаев, Аралдар). **Әзіл етті, әзіл қылды.** *Ойын-күлкіге айналдырды.* Күлісіп, құшақтасып *әзіл етер,* Әйелдер көш жөнелтті кейін қалған (Ы. Алтынсарин, Шығ.). Сынамаққа бір сөзді, *Әзіл қылып* айтып ем. Әлі ұмытпай жүр ме

едің, Төлеген мырза, шырағым! (Қыз Жібек). Жүзігін Ақан алды қыз берген соң, Уағдалы жеріне ол келгеннен соң, *Әзіл қып* Есемберген айтып қалды (Ақан сері, Шығ.). **Әзілі жарасты.** *Бір-біріне айтқан ойын сөзі ұнасты, келісті. Әзілі жарасқан* жастар әрі-бері қағысып алды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Әзілдері жарасып,* ұяң иба орнын батыл базыналық басып бара жатқанын өздері сезбеді де (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). **Әзіл сөз.** *Ойнап айтылған зілсіз сөз. Әзіл сөзге* шын жауап берген Таубай, қазір партия мен үкімет Отанды ірі кәсіпті елге айналдыру саясатын жүргізгелі жатқанын айтты (С. Мұқанов, Аспаз). Ей, Үмбет, ақындықпен арындадың, Ант ұрған *әзіл сөзге* ыза болып, Тауаны тар адамдай тарынбағын (Жамбыл). **Әзіл тастады.** *Қалжыңдасты, әзілдесті.* Құрық салса, Бақа айғыр бойлайтұғын, Қоста жатып Қодекең ойлайтұғын. Кешегіде жолықпай кетіп едім, *Әзіл тастап* жеңгеңіз ойнайтұғын (Қозы Көрпеш.).

ӘЗІЛДЕ е т. *Зілсіз, қалжың сөз айту, ойнап-күлу, қалжыңдау.* Садыр Бибігүлмен кездессе-ақ болды, бірдемелерді айтып *әзілдей* бастайды (С. Шаймерденов, Мезгіл). Павел бастаған он шақты адам Әйкеннің үйінде шай ішіп отыр. Орыстары да қазақша *әзілдейді* (А. Лекеров, Түз гүлі). Раушанның онда жас кезі, жеңгелері *әзілдеп,* күйеуін келді деп сүйінші сұраған (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЗІЛДЕГЕНСІ е т. *Қалжыңдағансу, ойнағансу.* Рафих қутыңдап: — Друзья встречаются вновь,— деп белгілі бір кинофильмнің атымен *әзілдегенсіп,* Елеусізге қолын ұсынды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

1. **ӘЗІЛДЕС** с ы н. *Бір-бірін қадірлеп құрмет тұтатын көңілдес адамдар. Әзілдес* жеңге, әз аға, Ақ жарқын ыстық ықыластар. Ақ пейіл туыс жоқ баға, Әзілі ащы құрдастар (С. Бегалин, Өлеңд.). Менен жасы кіші, жаны құрбы бір *әзілдес* осы жуырда жолыға кетті (С. Бегалин, Ана қайраты). *Әзілдес,* сырлас ағадай, Күлуші ек саған талай біз (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

2. **ӘЗІЛДЕС** *Әзілде етістігінен жасалған ортақ етіс.* Жаман Боташтың кең жазығынан той боп жатқан ауылдың тынысы сезіледі. Ән салған, күлген, *әзілдескен* қыз-бозбаланың үні естіледі (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Гүлзипа көршілік көңілдері жарасқан соң жасы көп кіші болса да, ол Насимамен қатты ойнап, *әзілдесетін* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы). Маңайы кісі бойы қалың қамыс, Құтты жер екі жасты қылған таныс. Сұлу қыз қолын артқан сүйгеніне, Сөз кетті *әзілдескен* шәлкем-шалыс (Б. Майлин, Шығ.).

ӘЗІЛДЕСУ *Әзілдес етістігінің қимыл атауы.* Таппағы талапты ерге ауыр тиіп, Әр жұрттың азаматын таңырқатқан. Қашаннан қыз бен жігіт *әзілдесу,* Бұрыннан қазулы жол келе жатқан (Айтыс).

ӘЗІЛДЕУ *Әзілде етістігінің қимыл атауы.* Кейбір қу жігіттер сені көп қағытып, қоймай *әзілдеуші* еді (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

ӘЗІЛДІ с ы н. 1. *Күлкілі, қалжың аралас. Әзілді* сөз, назды лебіз, ерке қалжың, сықыр сыбыр, сылдыр шолпы, сусыл жібек — бәрі қосылып делбелі бір тұтас гүіл (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Әзіл-қалжыңы жарасқан.* Елден аулақ, жерден аулақ, әке-шешеден аулақ, *әзілді* құрбы замандастан аулақ кеттік (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЗІЛКЕШ с ы н. *Қалжыңбас, әзілқой, қуақы.* Ғайни қалжыңшыл, *әзілкеш,* сонысына қарап жеңілтек деген атты оған таға алмайсың (Ғ. Сыланов, Жанартау). Шынымды айтайыншы, *әзілкеш,* қалжыңшыл жолдасымның бұл қанатты сөзіне кезінде мән бере қойған жоқпын да (Алғы шеп.). Бас зоотехник — өткір қара көздері ойнақтап тұратын осы ауылдағы әйгілі *әзілкештердің* бірі — Майлыбай Жайсақов болатын (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Жолдастар жабылып, Оқыдық сол хатты. Қалыппыз сағынып, *Әзілкеш* солдатты (С. Мәуленов, Жолдас).

ӘЗІЛ-КҮЛКІ з а т. *Қалжың-ойыны аралас сөз.* Шыңғыстар отырған Етекбай үйінде *әзіл-күлкі* алуан кеңес жайына көшіп, ел жайы, шаруа жайы сөз болуда (С. Бегалин, Бала Шоқан). Гүлжан қолындағы домбыраны *әзіл-күлкі* аралас, ойнақы сөйлетті (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). Бұлар осылайша *әзіл-күлкімен* келе жатып, Қоянкөзге жеткенін сезбей қалды (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢ з а т. *Ойын-күлкі.* Жиен аға, сіз менің сөзімді *әзіл-қалжыңға* салып жібердіңіз бе, қалай? (Х. Есен-

жанов, Ақ Жайық). Қазақ пен қырғыз әр кез *ә з і л-қ а л ж ы ң ы* аралас жүретін тетелес ағайын ғой («Лен. жас»). Бұл кісі көркемөнер жағынан жақсы хабары бар, әрі ашық мінезді, *ә з і л-қ а л ж ы ң ғ а* да икемді көрінеді (С. Бегалин, Ана қайраты).

ӘЗІЛҚОЙ с ы н. *Қалжыңқой, әзілкеш.* Байпаңдап қаздай қарт ана, Абысын-ажын *ә з і л қ о й.* Алпысты тастап арқаға, Аштыма бүгін думан-той? (Қ. Аманжолов, Таңд.). Жақсы ғой, шіркін, *ә з і л қ о й,* Ақ жарқын достар қауымы. Қыдырған күнде сауық, той, Малшының шулы ауылы (Б. Тәжібаев, Кең жайлау). *Ә з і л қ о й* Бақсин бұл жерде де қалжың айтпай қала алмады (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке).

ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ з а т. *Қалжыңбастық, қуақылық.* Ол *ә з і л қ о й л ы ғ ы н* да керекті жерде пайдаланып қалуға тиіс (Ж. Тілеков, Қайнар). Құрыштай басынан сөз өткізген бе, дағдылы *ә з і л қ о й л ы ғ ы н а* бағып, иығын көтере, дауысын кенеп түйрей сөйледі (З. Шашкин, Теміртау).

ӘЗІЛ-МАЗАҚ з а т. *Әзілдеп айтылған мысқыл.* Асқабақты қауын деп жеген қазақ, Мені сірә қылмассың *ә з і л-м а з а қ* (Айтыс).

ӘЗІЛ-НАЗ з а т. *Ойын-қалжың, базына.* Жарасты қатар құрбы *ә з і л-н а з ы,* Көрген жан тәрбиеге болды разы (И. Жылқайдаров, Жастарым.). *Ә з і л-н а з б е н* істі қолға алысты, Жаңа шатун өз орнына жарасты. Қайта соқты трактордың жүрегі, Механик қыз көзін қысып күледі (Ә. Сәрсенбаев, Миллиард.).

ӘЗІЛ-ОЙЫН з а т. *Ойын-күлкі.* Елде құрбы-құрдастардың *ә з і л-о й ы н ы* жарасады (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан). Архат, Архат! Той-думанды, *ә з і л-о й ы н д ы* сүйетін достым менің! (Т. Шаханов, Көгілдір мұнара.).

ӘЗІЛ-ОСПАҚ з а т. *Кекесін, мысқылы аралас қалжың сөз.* Дем алушы жұрт *ә з і л-о с п а қ т а р ы н* айтысып, самбырлай дабырласып, асханаға ағылып бара жатты (Т. Бердияров, Фарида).— Көршің бастық болды, енді жаяу жүрмейтін шығарсың,— деп Сағымбай біраз *ә з і л-о с п а қ* айтып салды («Қаз. әдеб.»). Ол осы *ә з і л-о с п а қ* сөзімен жолдасының бағанағы орынсыз мінезін сықақтап тұрғанын енді ғана сезіп қалды Федор (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі).

ӘЗІЛ-ӨКПЕ з а т. *Өкпе-наз.* Достары оған күнде де Айтады *ә з і л-ө к п е с і н.* — Үйренем деп жүргенде, Көктем шығып кетпесін (Қ. Мырзалиев, Көктем).

ӘЗІЛ-САУЫҚ з а т. *Ойын-күлкі, сауық-сайран.* Туған ел, амандасам жас-кәріңе, Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе. Жарасқан *ә з і л-с а у ы қ* аға-жеңге, Аласың мені не деп естеріңе (Қаз. әндері).

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ з а т. *Кекесін, мысқылы аралас қалжың.* Әсем ән, күндіз-түні күлкілі әңгімелер, *ә з і л-с ы қ а қ т а р* да жаңғыра, өсіре айтылуда (С. Бегалин, Бала Шоқан). Комсомол тапсырғасын екі айттырмай, Салатын *ә з і л-с ы қ а қ* сүгіретін (Ж. Өмірбеков, Батыр.). Қазақ сатириктерінің шығармаларын орындаған ұтырлы сөзге, *ә з і л-с ы қ а қ қ а* ұста Әзірхан Батыржановқа жұрт риза болды («Қаз. әдеб.»).

ӘЗІЛ-СЫҢҚЫЛ з а т. *Ойын-күлкі.* Жастар онша тез кірген жоқ. Тыста да *ә з і л-с ы ң қ ы л* дауыстары шығып, біраз бөгеліп қалды (М. Әуезов, Абай жолы).

ӘЗІЛСІЗ с ы н. *Қалжыңсыз, ойын-күлкісіз.* Әңгімесі таусылмайтын Қожамқұл, *ә з і л с і з* отырмайтын Трофим де үнсіз (К. Оразалин, Ақ жазық). Биі *ә д і л с і з,* Ер кәдірсіз, Қыз да әлсіз біркелкі (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЗІЛШЕҢ с ы н. с ө й л. *Әзілқой.* Ашық жүз, *ә з і л ш е ң* де, мығым дене. Бар өнер қолында да, тілінде де (З. Ыбраев, Замана сазы).

ӘЗІЛ-ШЫН з а т. *Ойын-шын.* Ханзияның құрбыларымен әңгімелескенде *ә з і л-ш ы н ы* аралас бірде «мұғалім болам», бірде «дәрігер болам» деп жатқанын жиі естіген-ді («Лен. жас»).

ӘЗІЛШІ с ы н. с ө й л. *Әзілшіл.* Артистер әнші де, домбырашы да, *ә з і л ш і* де, қалжыңшыл да (С. Мұқанов, Саяхаттар).

ӘЗІЛШІЛ с ы н. *Қалжыңқой, әзілкеш.* Сергей ағайдың *ә з і л ш і л* жайдары мінезі, қазақуар әңгімелері сондай көңілін көтеріп тастайды (С. Бегалин, Бала Шоқан). Үйғыр әйелдері әдетте қалжыңшыл, *ә з і л ш і л,* ретті жерде мысқылшыл, сықақшыл келеді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Жан емес Ақан, сірә, жабырқағыш, Жүрегін езген әлгі, зәбір-запыс. Сауықшыл жас еді ғой, жаны сері, *Ә з і л ш і л,* билегіш те, ән шырқағыш (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

1. ӘЗІР а р. ү с т. *Қазіргі кезде, осы уақытта.* Ауыл өміріне ұлы өзгеріс кіргізгелі тұрған мына конфиске хабары жұртқа *әзір* естілген жоқ еді (Б. Майлин, Таңд.). Кешкі мектептің сабағы *әзір* басталған жоқ (С. Бегалин, Мектеп түлек.). *Әзір* дене тоңазытар, бет шымшыр аяз да жоқ (М. Әуезов, Абай).— Ешкімге *әзір* айта көрме, Сайдағың тірі, құдай жеткізсе, бір-екі күнде өзің де көресің,— деді (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

2. ӘЗІР с ы н. *Дайын, даяр.* Күдері мен Жақыпбек қайнап тұрған *әзір* шай үстіне келді (М. Иманжанов, Көк белес). Ол тіпті бұлардың қасына отырғысы келмегендей тұра жөнелуге де *әзір* еді (С. Бегалин, Ана қайраты). Бізде маманды-ғыңа, біліміңе, қабілетіңе сай қызмет те, табыс та *әзір* (Келіншектерге.).

◆ **Әзір болды.** *Әзір болды!* Қараңыз!— Деп Жігер демін бір алды. Саңқ етті бір сөз: «Жарамсыз»— Тағы да брак шығарды (Ж. Молдағалиев, Поэм.). **Әзір етті, әзір қылды.** Былғары туфлиі жатыр екен, олардың өкшесін орнына бекітіп, киіп кетуге *әзір етіп* қойдым (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап). Шаршап-шалдығып, жол соқты болып келгенімізге қарай, үйдегі жеңгей тым пысық екен, бір сағат, жарым сағат ішінде-ақ тамақты *әзір қылып,* алдымызға әкеп қойды (Ауызекі тіл). **Әзір тамақ, әзір ас.** Кеселді жалқау қылжыңбас, *Әзір тамақ, әзір ас.* Сыртың пысық, ішің нас, Артын ойлап ұялмас (Абай).

ӘЗІРГЕ ү с т. *Әзірше, қазірге, осыған дейін.* Жомарттың жолы болды. Облыс *әзірге* екі жүк машина, асыл тұқымды екі айғыр, үш бұқа, жиырма бес сиыр бермек (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Менен *әзірге* сырыңды жасыра тұр, түбінде ең пайдалы кісің мен болам (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Тапқан жолым қазіргі осы, Жат-ау саған тілдерім. Біздің үкім *әзірге* осы, Жалпы теңдік ілгері (С. Сейфуллин, Өленд.).

ӘЗІРГІ с ы н. 1. *Әзірше, қазіріншe. Әзіргі* істеген істерім донбастықпын деп айтарлық емес,— деді Барабанов, (Ә. Әбішев, Жас түлек.). Жырлардың шығу, жазылу, жырлану тарихы жайындағы *әзіргі* бар деректер жеткіліксіз (Е. Ысмайылов, Ақындар). 2. *Қазіргі, осы уақыттағы. Әзіргі* өлең құрылысымыз — көпшілігінде буын заңына бағынған құрылыс (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). *Әзіргі* аты —«Қоянқора». Мұнда ірісі, ұсағы бар он шақты үй қояны жүр (З. Ақышев, Біздің шам-шырақ.).

ӘЗІРДЕ ү с т. *Белгілі бір алуан сөздермен тіркесіп қана, мезгілдік мағына білдіреді.* Күн ұзын шахтада болып, үйіне әлгі *әзірде* ғана кеткен (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Байбол маңызды кісі секілденіп алғашқы *әзірде* «шүкір» деп ерін жыбырлатудан алысқа бармады (Б. Майлин, Таңд.). Соңғы *әзірде* ол Мәриямды әзілдеп: — Мәриям, түпкілікті біреуіне жіп тағасың ба қайтесің?— дейтін болды (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Осы бір *әзірде* әлгі солдат Павлонның төс қалтасына шап берді (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

ӘЗІРДЕЙ с ы н. *Дап-дайын тұрғандай!* Айсыз түн тыныш, алаңсыз аспан, Жай ғана демін алады арман. *Әзірдей* көзір бастауға дастан. Сүйгенін тапқыш ізденгіш арман (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

ӘЗІРЕЙЛІ з а т. 1. С ө й л. Әзірейіл. Екінші бір алуан аңыз ертегіде қазақ әңгімесі Қорқытты *әзірейлілге* кездестіреді (Қаз. әдеб. тарихы). Ұры мақтаншақ ханға барып, жаныңды ала келген *әзірейлімін* дейді (Бұл да). 2. А у ы с. *Адамды қыспаққа алып, бекерге жазғыратын озбыр кісі.* Ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп қалып, қаталдығымен жер-жиһанды тітіренткен Шыңғыстың *әзірейілілерінің* аруағы осы заманның адамдарын әлі қорқытады екен (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Әлгі қан сорғыш дейтіндер осылар. Осы колхоздың *әзірейілісі* де осы үшеуі (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла).

ӘЗІРЕЙІЛ а р. з а т. д і н и. *Жан алатын періште.* Таудай толқын тағы кеп, Ұшты қайық аспанға. *Әзірейіл* тұр «болшы» деп, Қайда барам қашқанда? (С. Торайғыров, Таңд.). Мойынға *әзірейіл* салса құрық, Білемін ғазиз жанның құтылмасын (Ақын жырлары). Өсекші, улы тілді әйелдерді Раушан *әзірейілден* бекер жек көрді (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЗІРЕЙІЛДЕЙ с ы н. 1. *Әзірейіл сияқты.* Сиырдың тұяғындай ағаш аяғы сыртсырт етіп Серегин кіріп келгенде, ол жан алатын *әзірейілдей* жиырыла қалды (З. Шашкин, Теміртау). Розаның сөзі де, оның ұстаған қаруы да, жан алғыш *әзірейілдей* көрінді Соломонға (Ғ. Сыланов, Жанар тау). Көп түйеден шеткерірек

шабынған бураның *әзірейілдей* айбынды пішінін көзі шалып қалды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. А у ы с. *Қорқыныш пен жек көрушіліктің бейнесі, кейпі.* Адам мінезі қызық-ау, бұдан бірер минут бұрын осы Жібек Андрейді *әзірейілдей* көріп отыр еді (Б. Майлин, Таңд.). Ол бұл келген адамның баяғы өз ауылында, су басында Хакімді ұстауға келіп *әзірейілдей* тиген офицер екенін Абылай деген атынан білді (Х. Есенжанов, Тар кезең).— Мас көзіңді, мас!— деп, *әзірейілдей* төніп келе жатқан бірдеме (М. Әуезов, Таңд.).

ӘЗІРЕЙІЛШЕ үс т. *Әзірейіл сияқтанып.* Ашуым келсе, Тұменбай, *Әзірейілше* жайлаймын. Құлақ кесті құл етіп, Қол-аяғың байлаймын (Манас).

ӘЗІРЕТ з а т. с ө й л. **Қазірет.** Өстемір *әзірет* осы мәжілісті құранмен ашып, ұйымның негізгі жолы ислам жолы болсын десіп еді (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Күннен күнге түн қатып, Бишара әбден жүдеді. Бірнеше күн жүргенде, Өлдік-талдық дегенде *Әзіретке* келеді (Алпамыс). Қарабай сол көшкеннен әрман өтті, Шыршық пенен Бассудан көктей өтті. *Әзіреттің* тауынан аса көшіп, Шолақ-қорған, Қаракөл жерге кетті (Қозы Көрпеш.).

ӘЗІРЛЕ е т. *Даярлау, дайындау, қамдау.* Құсекеңнің өзі ас *әзірлеп,* тік тұрып, «құрметті» қонақтарының алдында қызмет қылған (С. Сейфуллин, Тар жол.). Маған да бір атты ерттеп *әзірлеп* қойған екен (С. Көбеев, Орынд. арман). Жылы киім, жүйрік ат, Көк қорғасын, ақ болат Елмен бірге *әзірлеп,* Сендер үшін баптадым (Жамбыл). Молдахмет ерте жазданақ комбайнды орақ қа сақадай *әзірлеп* қойған еді («Лен. жас»).

ӘЗІРЛЕН *Әзірле етістігінен жасалған өздік етіс.* Батталдың дауысына еленděсіп, сиыр саууға *әзірленген* әйелдер де жиыла бастады (Б. Майлин, Таңд.). Ауыл күзекке қонысымен Шоқан қалаға жүруге *әзірленді* (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ғани Оразов көңілін бір жайғастырып алып, іздеп келген институтына емтихан беруге *әзірленді* (М. Иманжанов, Көк белес).

ӘЗІРЛЕНУ *Әзірлен етістігінің қимыл атауы.* Абай әкесі отырған бөлмеде болмай, басқа бөлмеде Қарабас, Ызғұттымен қоржындарын тіктіріп, жолға *әзірленумен* болды (М. Әуезов, Абай).

ӘЗІРЛЕС *Әзірле етістігінен жасалған ортақ етіс.* Қамқа шайды бірге *әзірлесіп,* ақ құманды демдеп, жайнаған шоқ-қа қоя бергенде, есіктен Имаш пен өкіл кіріп келді (Б. Майлин, Таңд.). Бибінің бірге жүріп-тұратын, сабақ *әзірлесетін* шынайы сырлас, дос-жолдастары да кем де кем (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.). Жер шағардай табанын, Әрең-әрең сырғиды. *Әзірлесе* сабағын, Түймебаев мұлгиді (М. Әлімбаев, Өленд.).

ӘЗІРЛЕТ *Әзірле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ораз түрегеліп ауызғы үйге барып тамақты *әзірлетті* (З. Шашкин, Теміртау). Жүз басы жігіттердің бәрі қос-қосына барып, өз қарамағындағыларды түгелдеп, аттарын *әзірлетті* (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Ат тартатын емес, машинамен барамыз десіп, колхоз бастығы өзінің жеңіл машинасын *әзірлетті* (С. Бегалин, Жас бұтақ).

ӘЗІРЛЕТУ *Әзірлет етістігінің қимыл атауы.* Мұнаура ас үйде аспазшы ноғай кемпірге тамақ *әзірлетумен* болған еді (Д. Әбілев, Арман жолы.).

ӘЗІРЛЕУ *Әзірле етістігінің қимыл атауы.* Ботагөз де, Асан да ерте тұрып, қонақтардың ертеңгі тамағын *әзірлеуге* кірісті (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Ән демекші, мектеп тойына арнап сауық кешін *әзірлеу* керек-ау деді мұғалім (Б. Майлин, Таңд.). Колхоздар қыс кезінде қойға керекті жем-шөпті, жылы қораны толық және уақытында *әзірлеуі* керек (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

ӘЗІРЛЕУШІ з а т. *Ас пісіруші кісі.* Тамақ *әзірлеушінің* бірі — Күлпаш (Б. Майлин, Таңд.). Тамақ *әзірлеушіміз* де анау-мынау адам емес, бір бәкізе (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

ӘЗІРЛІК з а т. *Даярлық, дайындық.* Арттағы Абайлар жеткенше ұзақ жолдың *әзірлігін* жасай бермек (М. Әуезов, Таңд.). Тіліңді тарт, жолдас, қарсылық қылсаң, алушыға сиырды бермесең, мал *әзірлігіне* қарсылық қылған адам деп сотқа береміз,— деді Дайрабайға (Б. Майлин, Таңд.). Сабаққа *әзірлікпен* келу, балалардан әдептілікті, ұқыптылықты, тазалықты, үйге берілген тапсырманы орындауды талап ету, ең алдымен, мектеп басшыларының міндеті (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

ӘЗІРЛІКСІЗ с ы н. *Дайындықсыз, қамсыз.* Бірқатар колхоздар мен совхоздар мал қыстауға *ә з і р л і к с і з* кірісіп, қоғамдық малға жылы қора, жеткілікті жемшөп даярламаған («Соц. Қаз.»).

ӘЗІРШЕ ү с т. **1.** *Осыған дейін, қазірше.* Мен немістің *ә з і р ш е* екеуін жайраттым (Майдан). Мәселе *ә з і р ш е* тиянақты шешіле қойған жоқ (Ғ. Сыланов, Шалқар). Председатель *ә з і р ш е* ондай қызмет жоқ деп, сиыр фермасында есепші болып істейтін жас әйелдің босанғандығын, соның орнына ғана кісі керектігін айтып еді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). **2.** *Уақтылы, түпкілікті емес, қайтып көрінкенше. Ә з і р ш е* мыс шығатын тастарды балғамен уатып, қимен, қараған-баялышпен өртетіп амалдап жатыр (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жаңадан ұйымдасқан, орталығы ойдағыдай салынбаған, мал базары *ә з і р ш е* көшпенді түрдегі кезі (С. Бегалин, Таңд.). *Ә з і р ш е* қош болыңыз. Атағай, сөге көрмеңіз (М. Иманжанов, Көк белес).

ӘЗІРШІЛ с ы н. *Қашанда әзір, ылғи дайын тұратын.* Алайда, затшыл да *ә з і р ш і л* базар жұрты ала шұбар жұрт, көктен бұршақ орнына кәнпет пен пірәндік жауған жаққа бал соратын гүл көрген арадай дулап кетіп жатыр (Д. Әбілев, Арман жолы.).

ӘЗІРІНЕ ү с т. *Әзірше, қазірше.* Айналайын, қыз бикеш, *Ә з і р і н е* көнейік. Қамбар да келер тезірек, Болып қалар жақсылық (Қамбар.). Салғаннан пар келе алмас ол біздерге, Арта алмас бала-шаға *ә з і р і н е* (Т. Жароков, Таңд.). Болса олай бүгінгі күн жедім тәуір, Байқаймын менен сенің қайғың ауыр. *Ә з і р і н е* тіршілікте селбесейік, Сау тұрса қол мен аяқ, жүрек, бауыр (XX ғ. қаз. әдеб.).

ӘЗІРІНШЕ ү с т. с ө й л. *Әзірше, қазірше.* Ақыры не болары белгісіз, *ә з і р і н ш е* Нұржанның ойы өрге қанат қағып тұр (Ә. Әбішев, Терең тамыр.). Қалаға қаһарынан қар жауғызып, Қайтпай тұр *ә з і р і н ш е* ақтың десі. Еріксіз жұмыс істеп, салық төлеп, Тұрғынның тұрмыс жаман, шыққан есі (Д. Еркінбеков, Шығ.). Әлі ерке жеткіншекті сап-салмақты, Деуге ерте: ақ тамақты, ақ бармақты. Көруге өлден сұлу асықпаңдар, Көр де қой *ә з і р і н ш е* ақ тайлақты (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЙ о д. **1.** *Беймәлім адамның кім екендігін білу үшін айтылатын одағай сөз.* Айдарбек құшақтамақшы, бетінен сүймекші болып жақындай бергенде Зейнеп әлдеқалтыранып ояның кетті. *Ә й, ә й!* неге бұ кім? (Б. Майлин, Таңд.).— Иіс майы бұрқылдаған бұ қайсың, *ә й!*— деді шымылдықтың тасасынан әйел дауысы (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). *«Ә й,* кімсің, ә?» — деп дауыстады да, жауап қайтпаған соң: «аттан — аттан!»— деп жым-жырт тау ішін шошыта жаңғыртып айғай салып жіберді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). **2.** *Біреудің назарын тікелей өзіне аудару үшін айтылатын одағай сөз.*— *Ә й,* Бөрібай, қалған тиынынды бері әкел! (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).— *Ә й,* шыбыным, әйтеуір тағы бірдеңеге ұрынып жүрме (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).— *Ә й* сен үйді өртеп аларсың, бар, жатшы, өзім жағайын (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).— *Ә й,* бассайшы аяғыңды, аманбысың? (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **3.** *Таңдану, таңырқау, өкіну, күмәндану мағынасын білдіретін одағай сөз. Ә й* бұл қалай адаспай келді екен?... Бұл не деген адам? (С. Сейфуллин, Тар жол.). *Ә й,* құдай-ай, сенің орныңа еркек болмаған екем!— деді келіншек (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).— *Ә й,* саяхатшыларымай,— деп көзінен жас шыққанша күлді Дәукен қарт («Балдырған»).

◆ **Әй дер әже, қой дер қожа жоқ.** *Бетімен кеткен, жүгенсіз, тыйымсыз.* Әйтеуір апамның айтқан сөзі күннен-күнге болып келеді ғой. Аузына құдай салды ма, немене? *Ә й д е р ә ж е, қ о й д е р қ о ж а ж о қ,* бәріңе жетімдікті көрсетер деп еді ғой (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Ә й д е й т і н ә ж е, қ о й д е й т і н қ о ж а ж о қ* болған соң суйтеді де, оның әкесін сен жақсы білмейсің ғой, көңілшек, елпілдеген бір бишара (М. Иманжанов, Менің махабб.). **Әй кәпір атанбады.** *Жек көрінішті болмады.* Бұл кәдімгі кедей Бөпейдің Түсібі, руы Қошқар Мұқтардың қолтығында жүрсе де *ә й к ә п і р а т а н б а ғ а н* момын жігіт (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Өйтіп *«ә й к ә п і р» а т а н ы п* жүруден көрінбей жоғалсам болмай ма? (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ӘЙӘЙ с ы н. с ө й л. *Көркем, сұлу, әдемі.* Мына өзіміздің Адайда Ақбөбек атты *ә й ә й* қыз бопты (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Таң ата Келді ата. Ақ тоқаш берді ата. *Ә й ә й* ата, әй ата! (Ж. Смақов, Тамшы).

ӘЙБӘТ с ы н. **1.** *Әдемі, әсем, көркем.*

Дауысы неткен *әйбәт* еді бәлекеттің? Әсем үнге жүрегім толқып, бойым балқыды. Жанымды жадыратып, жас шағымды еске түсіреді (С. Омаров, Хантағы). 2. *Дұрыс, жөн, жақсы.*— Алексей Гордиенко! — деп мен де өзімді таныстырдым.— Бек *әйбәт!*— деді қыз күлімсіреп.— Қай жақтан келе жатырсыз? Ата-анаңыз қайда тұрады?— деп сұрау берді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘЙБӘТТА е т. *Әдемілеу, жақсылау, әсемдеу.* Әуелі қасық, шанышқылар мен тарелкелерді өзір тұрған шым-шым сумен *әйбаттап* жуып, ас столына апарып қойды (С. Омаров, Күншуақ).

ӘЙБЕТ с ы н. с ө й л. **Әйбәт.** Ыңғай бір *әйбет* ойыншық әкелсе екен,— деді балалар (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

ӘЙБЕТТЕ е т. с ө й л. **Әйбәтта.** Несі бар, шаманқелген кітаптарды *әйбеттеп* оқып бер елге (Қ. Шәкенов, Біздің Ілияс).

ӘЙГӨЛЕК з а т. с ө й л. **Айгөлек.** Сексен қыз шыққан мынау серуенге, *Әйгөлек* алқа тұрып керілгенде. Ақтоқты ақ тотыдай жайды қанат, Жүгірді есі кетіп сері пенде (Қ. Бекхожин, Мамырстан). Әлемді орап *әйгөлек,* Ырғалсын тәтті күйменен. Жұмыр жер тұтас дөңгелеп, Айналып кетсін бименен (Ә. Абайділдановв, Маржан).

ӘЙГІ с ы н. *Жалпыға белгілі, жария болған, мәлім. Әйгі* істің жасырамыз енді несін? Ұлы Отан соғысында жау төбесін Ойғанда, Қазақстан беріп тұрды, Атылған оқтың жүзден жетпіс бесін (С. Мұқанов, Шығ.). Әлемге *әйгі* бүгін гүлдегенің, Көрген жан таң қалғандай түрге енгенін. Туған жер сені осыған жеткізем деп Білесің кімдер күйреп, кім өлгенін (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). Қош, бауырым, әлемге *әйгі* өшпес даңқың, Тарихтан орын алар ерлік салтың (М. Жансаева, Ана жүрегі). // *Заттық қызмет атқарады.* Аң аулауда, бәйгіде Атағы шыққан *әйгіге,* Жан еді бір думанда, Жабықпаған жалғанда (Жамбыл). Колхоз ісін өркендетпек, Мың сан бөгет Болса да өтпек. Алдыңғыларға тез жетпек, Салады ісін *әйгіге* (С. Сейфуллин, Таңд.).

◆ **Әйгі болды.** *Жұртқа танылды, атағы шықты.* Енді Бопаның есімі облыс жұртшылығына *әйгі болды* (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Көп ұзамай май айының Тойында үлкен бәйге болды. Бұл бәйгеде қай ауылдың Аты жүйрік, *әйгі болды* (Т. Жароков, Таңд.). **Әйгі етті.** *Жариялады, мәлім қылды.* Керемет бір сәуле тұр Ай бетінде Сол сәуле аспан сырын *әйгі етуге* Белгісі Айға таққан Отанымның Көрсетіп құдіретін де, суретін де (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

ӘЙГІЛЕ е т. 1. *Жариялау, паш ету.* Шалқита ашып есігін, Құшағын жайды Москва. *Әйгілеп* қазақ есімін, Жар салды аспан астына (Н. Шәкенов, Айгүл). Жомарт қатты дауыстап тұрып, Базаралы мен өз елінің үлкендеріне Сейіт көрген қорлықты «қатты сұмдық» деп атап, *әйгілеп* берді (М. Әуезов, Таңд.). Бейбіт күн төкті жемісін Ойымыз кетті шарықтап. *Әйгілеп* адам жеңісін, Айға ұшты атом қалықтап (Р. Нұрпейісов, Туған өлкем). 2. *Әшкерелеу, масқаралау.* Көп жерлерде байлардың тыққан мал-мүлкін *әйгілегенде* комсомол мүшелері болды (Ш. Өтепов, Өшпес жалын). Ұстау керек: әрі бұйым қолға түседі, әрі Жүсіптің кім екенін *әйгілейміз* (Б. Майлин, Таңд.). Қой терісін жамылып арамызға кіріп Бурабаев Қайса, Нұғманов Маулықан сияқты ерте оқыған байларды газет арқылы *әйгілеп* арамыздан құдық (Б. Тұрсынбаев, Ауылдан келген.).

ӘЙГІЛЕН *Әйгіле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Виктордың механикалық заводтың слесарымен танысқаны *әйгіленді* (К. Тоқаев, Тасқын). Қазақтың күш сынасуы, бозбалалық өнерін асыруы, кәрі-жас арасындағы ойын-сауықтың бірнеше түрлерінің не қызық тамашасы да ат үстінде *әйгіленетін* (Тарту).

ӘЙГІЛЕНУ *Әйгілен етістігінің қимыл атауы.* Жамбылдың ақындық шабытының өрісі шалқып, аты әлемге *әйгіленуі* Совет өкіметінің, Лениншіл ұлы партияның саясаты арқасында болды («Қаз. әдеб.»).

ӘЙГІЛЕТ *Әйгіле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Қайнағасына да келінінің сыры мәлім болар. Бірақ өткен-кеткенге, досдұшпанға *әйгілеткенің* не? (М. Әуезов, Таңд.).

ӘЙГІЛЕУ *Әйгіле етістігінің қимыл атауы.* Ауыл әдетінше жас әйел бірінші рет жүкті болуын әкесіне, шешесіне өзі барып *әйгілеуге* тиісті емес (С. Мұқанов, Таңд.). Әуелі осы бір оқиғаның өзі

үшін бар жауапты жандарды барынша аямай айыптау керек, *әйгілеу* шарт (М. Әуезов, Өскен өркен). Әлде тіпті *әйгілеуге* Масқарамды бар жанға; Бүйтіп абырой мынау елде, Алам деген ой бар ма? (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЙГІЛІ с ы н. 1. *Даңқты, атақты, айтулы, белгілі.* Ақыл жастан шығады, асыл тастан, Арнасына сарқады өзен тасқан. Менің атым *әйгілі* Балуан Шолақ, Ерегескен дұшпанның көңлін басқан (Балуан-Шолақ). Аты шыққан *әйгілі* жорға десем, Арқасына ер батқан ақсақ па едің? (Жамбыл). Алматының айналасындағы аудандарда аты *әйгілі* құсбегілер көп екен (А. Хангелдин, Біздің от.). Қылышын сүйретіп қыс келді. *Әйгілі* жиырма бірінші жыл басталды (С. Омаров, Хантағы). 2. *Мәлім, жария.* Келгендер бітім іздеп Рүстемге, Қапыда қолға түсіп болды пенде. Сыпырып атын, тонын жалаңаштап Масқара қылды әбден *әйгілі* елге (І Жансүгіров, Шығ.). К. Өтегенова қазір өз ісінің жетік маманы ретінде бүкіл республикамызға *әйгілі* болып отыр (Аялы жандар).

ӘЙГІЛІРЕК с ы н. *Айқынырақ, анығырақ.* Бұл тақырыпты осымен доғаруға болар еді, егер артында айтар азғана, бірақ жұртқа *әйгілірек* жақсы сөз тұрмаса (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘЙДА о д. *Ал, қане. Әйда!*— деп мойнына қылыш салған солдат жігіттерге таман жүрді (І. Жансүгіров, Шығ.). Мен тоят алған бүркітті бақылаймын. Көш бастшылар ұзап кетеді. *Әйда,* шап (Ә. Көшімов Қарт аңшы.).— Тұр, *әйда,* киін!— деді.— Тақсыр, қайда жүр дейсің?.. (С. Сейфуллин, Шығ.) *Әйда,* толқымандар, сөзді қойыңдар, ой тәйірі, үкімет айтқасын бас тарту бола ма екен ((Б. Майлин, Таңд.).

ӘЙДАЙ о д. *Ой шіркін-ай.* Елді басты алаш, ақ. Қатын — отын, қыз — қатын. *Әйдай,* қырға салды ойнақ, Ішілді қан бейне арақ (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЙДӘ о д. с ө й л. **Әйда.** Бақтығұл атқа мінісімен: *«Әйдә,* тарт!»— деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Біреуі *«әйдә,* жүр» деп бізбен бірге алып жүрді (С. Бегалин, Таңд.). Еңбекшілердің қорғаны, Мұз балақ, қыран, жас Кәрім. Қаруды асын, шық тойға, Тойынды тойла, жүр, *әйдә!* (І. Жансүгіров, Таңд.).

ӘЙДӘЙ о д. с ө й л. **Әйдай.** Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп *әйдәй,* қызды-қызды болып жатыр (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЙДЕ о д. с ө й л. **Әйда.** Мен жарапазаншы емеспін, бір сөзімді қайта-қайта айта беретін. Жаңа мына балдызыңа айттым, сол бәріңе де жетеді, *әйде,* Зура, киін тез! (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

ӘЙДЕМДЕ ү с т. с ө й л. *Лезде, демде, заматта.* Жақында алған кең бөлме, Пәтері жаңа әдемі-ақ. Дүние деген *әйдемде* Екен ғой өзі жиналмақ (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

ӘЙДІК с ы н. д и а л. 1. *Үлкен, ірі, дәу.* Мерқасым баланы *әйдік* көк есекке мінгізіп, отты жерге қой жаю үшін Байсеркеге жіберді (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.). Қыры түспеген дауысы, кезінде Қалампырдың *әйдік* әнші болғандығын аңғартады (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). 2. *Жақсы, тамаша.* Темір соғатын ұста Жұмағұлмен *әйдік* тамыр (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЙДІМ: Әйдімге келмеді. Ж е р г. *Тез арада, лезде, демде.* Қыдырма әншінің тосқан қалпағы *әйдімге келмей-ақ,* ақшаға лық толыпты (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит).

ӘЙЕЙ с ы н. с ө й л. **Әйәй.** Мазасыз еді кішкентай Ысқақ, Атасының сақалын ұстап, Саусағымен салалап тарап, Қызығып біраз отырды қарап. Үлбірек сақал ақшылы-көкті, Ысқаққа *әйәй* көрініп кетті (Ш. Смаханұлы, Шимайбек.).

ӘЙЕЛ а р. з а т. 1. *Адам баласының ұрғашы жыныстылары.* Қазақ ССР-ында шаруашылық, мемлекет, мәдениет және қоғам-саясат тіршілігінің барлық салаларында *әйелге* еркекпен тең право беріледі (ҚазССР Конституциясы). Амандықтың Айғанша деген келіншегі болды. *Әйелдің* сұлуы еді (Б. Майлин, Таңд.). Ана баласының өсуіне қажетті тамақты неғұрлым көп ішіп-жесе, соғұрлым бала жақсы өсіп, *әйелдің* де саулығы күшейеді (К. Өтегенова, Аборт. зияны). 2. *Жұбай, зайып.* Профессордың *әйелі* де ғылым кандидаты, сонда бір санаторийдың бөлімшесін басқарады (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Аяқтарын ақырын басып менің қасыма Имекен мен оның *әйелі* келді (Ж. Сайын, Жол үсті.). Үшінші

қыстауда Оспанның кіші *әйелі* Торымбала бар (М. Әуезов, Абай жолы).

◆ **Әйел алды.** *Тұрмыс құрды, үйленді.* Әйелге бостандық болды: Әйел ерге барады қалаған, Еркек *әйел алады* таңдаған (І. Жансүгіров, Таңд.). Бір-екі рет Добрушкин *әйел алып* үй болуға ниет етіп көріп еді, оның да сәті түспеді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Әйел бала.** *Қыз бала.* Биылғы жыл жазға салым Хадиша қайтыс болғанда, артында бір еркек, бір *әйел баласы* қалған (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Бірен-саран ер жеткен *әйел балалар* «құтты жеріне» әдлеқашан қондырылған (Б. Майлин, Таңд.). Қолының қысқалығына қарамай, *«әйел бала»* демей, ауылдық школда оқып жүр (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Әйел баласы, әйел заты, әйел атаулы.** *Барлық әйел жыныстылар.* Еламан бұрын-соңды *әйел баласында* дәл мұндай әдепсіз жанды көрмеген-ді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мен сияқты аналар, *заты әйел* атаулы ет жүрегі елжіреп, күйрей түсуі керек пе? (Ж. Тілеков, Шалғай шепте). **Әйел басымен.** *Әйелді төмендету, кемсіту ретінде айтылады.* Торғын *әйел басымен* ішіп келетінді шығарды («Лен. жас»). **Әйел тастады.** *Ажырасты, айырылысты.* Сосын үш баласы бар, *әйелін тастаған* екен, қырыққа келіп қалған біреу де маған «сөз салмақ болады» (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Әйел теңдігі.** *Әйел бостандығы.* Біздің газетте *әйел теңдігі* деген бөлім бар (С. Дөнентаев, Шығ.). Ақын *әйел теңдігі* туралы да сөз қозғап, бұл жөнінде шариғат шеңберінен шықпаса да, әйел туралы әділетсіз көзқарасқа қарсы орынды пікір айтады (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.).

ӘЙЕЛДЕЙ с ы н. *Әйел тәрізді, әйелге ұқсаған.* Бұрынғы өткен *әйелдей* үйде отырмай, Қазіргі әйел белсеніп жауға шапты (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Қоңыр үні шыққанда домбыраның, Қалжа жеген *әйелдей* терім ақты (К. Әзірбаев, Шығ.). Жұмыс десе, пәлендей жаны ашымас — жатса мәз, Екіқабат *әйелдей* аяғы ауыр, қас сабаз (С. Сейітов, Бетпе-бет). Ләззәттің мәндайынан сипап отырды да, кенет кәдімгі кексе *әйелдей:* — Маған сенің қасіретіңді де бермеді ғой,— деп ауыр күрсінді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘЙЕЛДІ с ы н. *Әйелі бар, әйел алған.* Ой келді үсті-үстіне үйме-жүйме, Екеуі ойға түсіп тұрған күйде. Тамақ дайын деп хабар бергеннен соң, Ерлі, *әйелді* екеуі кірді үйге (Ш. Әбенов, Кейпін батыр).

ӘЙЕЛДІК с ы н. 1. *Әйелге тән.* Сұлулығымен, *әйелдік* жылы мейірімі аясымен жібекке орағандай Мұратты жұмсартып барады (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жібіген көңілімен қоса алғаш *әйелдік* сезімі тұтанып, жігіт кеудесіне қысқан сайын бойына рақат кіріп, құшырлана түседі (Т. Ахтанов, Дала сыры). 2. *Әйелге тән қасиет, ерекшелік.* Құдағи, *әйелдік* істемеңіз. Әйел деген ашуы алдында, ақылы артынан келетін халық болады (Ф. Мыңжасарова, Қыр қыз.). *Әйелдігіне* бағып жасқа булыққан жеңешем арғы сөзін айта алмай, әжеме арнаған жоқтауын айтып дауыс қып кетті (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

◆ **Әйелдікке алды.** *Әйел болды, әйел етті.* 1922 жылы бір нашардың 13—14-тегі жас қызын «алты қараның жөнін беріп» *әйелдікке алған* (С. Сейфуллин, Таңд.).— Асан, сен Ботагөзді жолдағы бір мойны алыс жерден *әйелдікке алған* болып бар (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

ӘЙЕЛ-ЕРКЕК з а т. 1. *Әйел атаулы да, еркек атаулы да, бәрі де.* Жүгірген бала, жебелей басқан *әйел-еркектер* көрінеді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Шын түсініп, сүйсініп, *Әйел-еркек* құлшынып, Жұмыста ұдайы терлепті (І. Жансүгіров, Шығ.). Не түрлі тартылған күй бойды билеп, Аралас *әйел-еркек* шырқады әнді (Ақын жырлары). 2. *Ерлі-зайыпты, жұбай.* Мен жатқан үйдің *әйел-еркегі* мен ересек балалары үйден жүгіре шығып, даладағы шуға үн қосты (С. Мұқанов, Саяхаттар).

ӘЙЕЛЖАНДЫ с ы н. *Әйелді жақсы көретін, әйел құмар.* Сені салып, құрдастың бетін Аманға бұрмақ едім. Ол *әйелжанды* кісі ғой, бұрылмайтын да еді (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Оның өзін *әйелжанды* деген сөз рас қой деймін (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ӘЙЕЛСІЗ с ы н. 1. *Әйелі жоқ, әйел алмаған.* Жақсыбек бес жылдан бері бойдақ жүр, дүниеден *әйелсіз* өтсем де өзім сүймегенді алмаймын деп кесірленіп

қояды (Ауызекі тіл). 2. *Әйел жоқ жерде, әйел болмағанда. Әйелсіз* болмайды екен үйдің көркі, Дос аяп, дұшпандарың қылар күлкі. Қарасаң үй ішінде еш тәртіп жоқ, Секілді құйын соққан ұйқытұйқы (Пернедегі термелер). Е, Сағынбай, *әйелсіз* үй ішінің сәні бола ма (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘЙЕЛСІН е т. *Әйел деп қарау, менсінбеу, кем тұту.* Сейқымның бір қызы бар жаннан асқан, Жерде туып, көкте күнмен нұрын қосқан, Хан түгіл, халқы сүйіп Құралайды, Әрдайым, *әйелсінбей* ақылдасқан (И. Байзақов, Құралай сұлу).

ӘЙЕЛСІРЕ е т. *Қатынсырау, үйленгісі келу.* Алпысқа таянған адам *әйелсіреп,* жарылып бара жатыр дейсің бе (С. Адамбеков, Атылған қыз.).

ӘЙЕЛШЕ үст. *Әйел сияқты, әйелге ұқсап.* Үйге таяна-ақ біреуі сұңқылдап *әйелше* сыңсыды (С. Сейфуллин, Шығ.). Сарыбала көре сала бұзауға ұмтылды. Ұстап алып *әйелше* отырам дегенде өзі оңбай құлады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Менімше, бұл патриоткаларды әскерше киіндіру керек, бірақ *әйелше* әдемі киіндіру керек деп ойлаймын (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

ӘЙЕЛШІЛ с ы н. *Әйел жанды, әйелді жақсы көретін.* О заманда бұ заман қатын мылтық ұстады дегенді естісем құлағым керең болсын. Тышқанбай шіріктің *әйелшілін* қарашы, мылтық ұстатып (Т. Жармағамбетов, Сентябрь түні).

ӘЙЕЛШІЛІК з а т. с ө й л. **Әйелдік.** Қайным көпті көрген кісі ғой, ондай *әйелшілікті* сөге қоймас (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит).

ӘЙЕНКЕС с ы н. *Әйеншек.* Жалқау да, *әйенкес* те, табансыз да, әулекі есуас та осы Жәметей ғой, сірә (С. Талжанов, Сейфулланың Сәкені). Жұрт осылай не қыларын білмей аңырып, дағдарып тұрғанда айтулы қорқақ, *әйенкес,* жанын қадірлейтін Көсеубек суға киімшең қойып кетіпті (С. Талжанов, Қайып қарт.).

ӘЙЕНКЕСТЕН е т. *Әйеншектен. Әйенкестенбей* жанды ортаға салып, екі талай тар кезеңде белсене кірісетін дәті берік, жан күйер адам табылмаса керек (С. Талжанов, Қайып қарт.).

ӘЙЕНКЕСТІК з а т. *Әйеншектік, тақыстық.* Жығылып жатқан адамды ит қана қаппайды. Кейбір адам мұндайда *әйенкестік* жасап, сыбағасынан құр алақан қалуды, ақымақ болуды білмейді (С. Талжанов, Ұлдай кегі).

ӘЙЕНШЕК с ы н. *Жанын аяғыш, тақыс.* Ауру кісіні *әйеншек,* қорқақ қылады (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Солайын солай ғой, көбіміз *әйеншек* болып алдық емес пе? (Қ. Иманғалиев, Шопан.). Сарыбала көрбандармен бірге жүріп, осының бәрін көрді. Ағасын қолынан қойды. *Әйеншек* денесі, жиреншек жаны енді ештемеден сескенер емес (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘЙЕНШЕКТЕН е т. *Жанын аяп тақыстану.* Сафура суық жел осы күнде *әйеншектеніп,* көп сақтық ететін ішін ғана тоңазытып тынбағын сезді (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

ӘЙЕНШЕКТІК з а т. *Жанын аяушылық, тақыстық.* Базылқан *әйеншектік* жасап, жұмысқа белсене кіріспеді (Ауызекі тіл).

ӘЙЕҢКЕС с ы н. с ө й л. **Әйеншек.** Жарбол осы жүріспен, сол әлгі, өзі меңзеген тас басына келгенде, кейінгі *әйеңкес* жолдастарының бұл жерге келер-келмесі де екі ұрық көрінді (Ғ. Орманов, Жүрек).

ӘЙ-ЖӘЙ: Әй-жәй болды. *Жәйма-шуақтанып басылды, тыныштанды.* Азамат соғысы басылып, *әй-жәй болғанда,* осы Омар шын «кеңесшіл» адам болғансып отыра қалды (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЙЗІК о р. з а т. *Асық ойны.* Мұхтардың жас кезіндегі жақсы көріп, құмарта ойнайтын ойындарының бірі *әйзік* болатын (А. Әуезов, Бала Мұхтар).

1. **ӘЙКЕЛ** з а т. *Құдықтың кенересі құламау үшін қойылған ортасы тесік дөңгелек тас. Тас әйкелдің* түбінде, астаудың астына тыққан көп қауға бар боп шықты («Лен. жас»). Қауғаны, астауға сырғытып жіберіп, *әйкелде* талтайып тұрып алды (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.).

2. **ӘЙКЕЛ** з а т. *Балалар ойнайтын таяқ ойны.* Келеміз қартайғанша қамсыздықпен, Баллардың *әйкел* қаққан мұлтындай-ақ (XX ғ. қаз. ақын.).

ӘЙ-КҮЙ: Әй-күйге қаратпады. *Ешқайда бұрылтпады.*— Мақсұт, ұста вожының — деп, қуанған Ғалымжан жолаушының чемоданын өзі көтеріп, бейтаныс баланы *әй-күйге қаратпай,* арбаға қарай

қолтықтап ала жөнелді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘЙНЕК и р. з а т. 1. *Кварц құмының ерітіндісінен жасалған мөлдір түсті жұқа зат, шыны. Әйнек* неғұрлым қалыңдау болса, ол солғұрлым ашық көрсетеді (А. Мырзабаев, Химия. қызығы). Ыдыстың іші толы әр түрлі аспап: пышақ, біз, сым темір, кішкене қол ара, *әйнектің* сынықтары, тағы сол сияқты ұсақ-түйектер (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.). Коридордың бір жағы орта белінен *әйнек*. Екінші жағы кафедра, аудиториялар (С. Ерубаев, Шығ.). 2. *Үйге, машинаға, т. б. жарық түсіру үшін салынған көз, терезе.* Зеңбіректі атқанда, Екпінімен қирады, Күл-талқан боп *әйнектер* (О. Шипин, Аманкелді). Аңдыған тыңшы секілді, Сыртымнан тынбай бағады. Қақпаны кейде соғады, *Әйнекті* кейде қағады (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Жас қыз машинаға отырған кезде де сөзге араласпай, *әйнекке* қатқан мұз жарықшағынан тысқа көз сүзіп отырды (К. Тоқаев, Тасқын). 3. С ө й л. *Көзілдірік, көз әйнек.* Арғы жақтан бойы төпелдек келген сары бала шықты. Маңдайына келтіріп қиғаштай кескен шашының ұшы оң жақ қабағын жауып тұр. Томпақтау қисық көзіне *әйнек* киген (С. Сарғасқаев, Сынған тіс). Бұл тәрткөз кім көзіне *әйнек* киген, Бұл пәле қашан кірген мұрны итиген? (Д. Әбілев, Өленд.).

◆ **Көз әйнек.** *Көзілдірік.* Профессор тағы да кіршіксіз ақ орамалымен *көз әйнегін* сүртті (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). Чайковский сағатын алып қарады да, дөңгелек *көз әйнегін* үлкен бармағымен сипап алдына қойды (К. Оразалин, Жексен). **Үлкейткіш әйнек.** *Бір жағы ойыс, бір жағы дөңес үлкейтіп көрсететін шыны. Үлкейткіш әйнекпен* бір тал шашты аударыстырып қарады Ильин (К. Тоқаев, Тасқын).

ӘЙНЕКСІЗ с ы н. *Шынысы жоқ, шыны салынбаған. Әйнексіз* бестік шамның сарғыш сәулесі үйдің төбесіне алдымен шаншылған жіңішке қара жалынды білтенің түтінін ойнатты (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЙНЕКТЕ е т. *Әйнек салу, шынылау.* Онда *әйнектеген* ағаш қобдиды мойнына асып, уақ тәтті заттар сатып жүретін лотошниктерге ұқсайтын ұсақ ақындардың өлеңіндей, музыкалық шығармалар кездеспейді (А. Жұбанов, Құрманғазы). Суреттің қағазы әбден ескірген, тек рамкаға салып бетін *әйнектеп* ұқыпты сақтағандықтан ғана бұл уақытқа жеткен сияқты (А. Байтұғанов, Шопан қуанышы).

ӘЙНЕКТЕЙ с ы н. *Әйнек сияқты, шыныдай.* Бұл кім еді апырым-ау, кім еді бұл, Көзі жарық *әйнектей*, көңілі бұлдыр. Жақсы ойымды лезде жабырқатты-ау, Өткінші бұлт секілді күдік құрғыр (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Ақ маңдайы жарқырап, *Әйнектей* көзі жалтырап, Қиғаш біткен қасы бар (Қамбар.).

ӘЙНЕКТЕЛ *Әйнекте етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Оның бір жақ қабырғасынан көрнекті құралдар қоятын сөрелер жасап, беті *әйнектелді* («Халық мұғ.»). Қабырғада *әйнектелген* рамада үй іші туысқандарының суреті ілінген (Ғ. Қайырбеков, Қарқаралы.). Біз *әйнектелген* шағын верандаға кіріп келеміз (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.).

ӘЙНЕКТЕТ *Әйнекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ӘЙНЕКТІ с ы н. *Әйнек салынған, әйнектелген, шынылы.* Селоның шығыс жақ бір шетінде екі қатар биікке көтерілген жоғары қатары *әйнекті*, ұзыннан ұзақ, еңселі бір сарай тұр (Ғ. Сыланов, Очерк.). *Әйнекті* верандасы бар, үш терезесі де күн жақта, қаңылтыр шатырын көкпен бояған осы селодағы ең жаңа, ең жақсы үй екен, жағалап келіп, сатысынан көтерілдік (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Айша әкелгендерін дереу *әйнекті* буфетті ашып ішіне жайғастыра бастады (С. Алдабергенов, Әңгім.).

ӘЙНЕКШЕ з а т. *Кішірек шыны.* Арт жағында кішкене соқыр *әйнекшесі* бар машинаның терімен тыстаған төбесін жаңбыр сабалағаны сондай, шофер тұк те естімеді-ау деймін («Лен. жас»).

ӘЙНЕКШІ з а т. *Терезеге көз орнататын адам.* Осы арада ойда жоқ жерде, бір корпус ішінен *әйнекші* Әйеке кездесе қалды (Е. Қалиев, Рудный.).

1. **ӘЙТ** о д. *Малды айдағанда айтылады. Әйт* жануар, шуу!— деді, Құбылып буырыл гуледі, Табаны жерге тимеді (Қобыланды.). Шуу, әй: *әйт*, көкбесті. Басқарма тұрды дауыстап (Ә. Сәрсенбаев, Таңд.). *Әйт* шуу, ... ала атым! Сүйеніш қанатым! Жалғыз сен бейнетпен, Егінді салатын (Б. Майлин, Таңд.).

◆ **Әйт дегенде.** *Шуу дегенде.* Екпініне шаң ілеспей, *әйт дегенде*, алты қыр-

дан бір-ақ асып, кер құла ат зымырап келеді (Қаз. ертегі.).

2. **ӘЙТ** е т. с ө й л. **Сөйт.**— Сөбит шырағым, тысқа шығып желпінеміз бе, қайтеміз?— деді ол.— *Әйтсек, әйтейік,* — дедім мен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘЙТЕУІР ү с т. **1.** *Қалай болғанда, қайткен күнде, ертелі-кеш.* Жалғыз ғана құдалық па, жоқ басқа да ілік пе *әйтеуір.* Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, ішек-қарын араласқан дейтін жақындардың өздері (М. Әуезов, Абай). Ендігі болыс, *әйтеуір,* кедейден, төмен атадан болатыны анық (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Ада болмас бұл сөзім, Ұзатпай енді тастайын. *Әйтеуір* ажал келеді, Тағдыр жетіп бір күні (Батырлар жыры). **2.** *Оғып-бұғып, өйтіп-бүйтіп.* Тоқалдың ізденгені бір пәле еді. Мұратына жетті ғой, *әйтеуір!* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Әйтеуір* үйтіп-бүйтіп тәлтіректеп, қайысқан мұзбен, «Сыраттың көпірінен» өткендей қиыншылықпен судан өттік (С. Сейфуллин, Тар жол.). Аман қайттың ғой, *әйтеуір,*— деді ол есіктен қысыла жылжыған Хакімге қолын созып (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЙТКЕНМЕН ш ы л. *Дегенмен, сонда да, сөйтсе де.* Бұрын төртінші кластың балаларына арналған парта ғой. *Әйткенмен,* 5—6 кластар үшін аласалық етпес деп ойлаймыз (М. Иманжанов, Көк белес). *Әйткенмен* сөйлесіп, азын-аулақ сыр тартқаннан кейін жаңа таныс туралы белгілі дәрежеде пікір туары аян («Лен. жас»). Бақшаны ерсілі-қарсылы аралады, Қара көз бір-біріне қадалады. Ұялшақ тіл жүректің қалың сырын, *Әйткенмен* тез айтуға жарамады (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ӘЙТПЕГЕНДЕ ш ы л. *Әйтпесе, өйтпегенде.* Мені құтқарған сіздің әкеңіз ғой. *Әйтпегенде* немістер мені азаптап өлтірген болар еді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Біреуден естіген болар, *әйтпегенде* ойдан шығарды дейсің бе? (З. Шашкин, Сенім). Ой құлыным, *әйтпегенде* жетім қалатын едің! (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘЙТПЕСЕ ш ы л. *Болмаса, немесе.* Хат тасушы әлі ауданнан қайтпаған болды ғой. *Әйтпесе,* енді бір соққа керек еді, — деп ойлады қарт мұғалима (М. Иманжанов, Көк белес). Несін айтасың, бар кемшілігі адамша сөйлей алмайды, *әйтпесе* бәрін біледі (З. Шашкин, Өмір тынысы). Тез байыңның киімін тауып бер, *әйтпесе* ат құйрығына көйлекшең байлап әкетем,— деді тосыннан келген әмірші адам (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘЙТСЕ: Әйтсе де. *Сөйтсе де, сөйткенмен. Әйтсе де* заман ағымы қоғамдағы өзгерістер тілде де өзінің ізін қалдыратындығы сөзсіз (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). *Әйтсе де* Батырбай мәселесінде Жақыпбекпен ымыраға келе алмай-ақ қойды (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Әйтсе де* тағы бір айтып көрейін дегендей «әже», «әже!» деп жабыса бергенде, Зейнептің ұршық иірген қолына қақтығып қалды (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЙТСЕ-ДАҒЫ ш ы л. *Сөйтсе де, әйтсе де.* Корректор сөзді түзетті, Отырып-ақ шай ұрттап. *Әйтсе-дағы* газетте, Қате кетті «қойыртпақ» (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.). Кісі бар ма өзін жақсы демейтін, Кемшіліктер бізде де бар елейтін. *Әйтсе-дағы* жұмыстарың сапсұлы, Жетті уақыт өздеріңді тежейтін (А. Хангелдин, Қыз жүрегі).

ӘЙ-ТҮЙ: Әй-түйге қарамады [ай-түй жоқ]. *Бас жоқ, көз жоқ, еш нәрсемен санаспады. Әй-түйге қарамаған* Абдрахман екеуіміз тысқа шыққанда: — Мүмкін, өзіңді ғана қабылдауы,— деді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жексенов *әй-түйге қарамаған* жоқ, терезенің шынысын қойып қап сындырды да, маған қолынан ұстатып, қойманың ішіне түсті (З. Шашкин, Теміртау). Қолына домбыраның тиюі екен Қазбекбай *әй-түйі жоқ* айғай салды (И. Байзақов, Шығ.).

ӘЙТ-ҮЙТ з а т. с ө й л. *Әй-түй.* Мәлике үйге келе салып, *әй-үйтке* қарамай, үй иесіне тиісіп берді (Ауызекі тіл).

ӘЙТІП-БҮЙТІП ү с т. *Оғып-бұғып.* Қарашаның суығы түскенше *әйтіп-бүйтіп* бір харекет жасармын (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Бір комбайн норма бойынша 11 гектарды ойнап-күле шығарады. Норманы ғана біліп, *әйтіп-бүйтіп* күн жұбатса, бітік егін төгіліп далада қалып қояды дей бер («Лен. жас»).

ӘЙ-ШӘЙ з а т. с ө й л. *Ай-шай.* Андрей Курнос Иванды *әй-шәйге* қаратпай сүйрей жөнелді (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осындай тым жақсы жігітті *әй-шәйға*

келтірмей, жерден алып, жерден салғаны үшін Дәмеліні бұрынғыдан бетер жек көріп кетті (Ө. Қанахин, Дәмелі). Қалай ойлайсыз, *ә й-ш ә й* жоқ, піл сүйегінен жасалған және алтын зерлі асыл затты ұсына салу оңай ма? (К. Тоқаев, Тасқын).

1. ӘК и р. з а т. *Тасты өртеп күйдіру арқылы алынатын ақ түсті минералды зат, ұтас.* Адырдың беткейінде *э к п е н* сыланған үйлерді көргенде Меңдігүлдің ішкі дүниесінде бір түрлі сағынышты сезім оянады (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Осы *э к т і* алып келе жатқанымда молдаекем кездесе кетті: — Жақсы күйдірілген *э к* екен,— деп көзін торымнан айырмай, жартысын қиылып сұраған еді (А. Мырзабаев, Химия. қызығы).

2. ӘК о д. с ө й л. **Өк.** Анда-санда бақташының: *«Әк! ...* Өй, мәлік келгір» — деп, сиыр қайырған дауысы анық естіледі (З. Шашкин, Өмір тынысы). Бас білген өгізге *«Әк»* деген өлімнің қара басы (Мақал).

ӘКБАР: Алла әкбар. Д і н и. *Қабыл болсын.* Жалықпас пен Айдынғали ...күбір-күбір сөйлесіп, төмен иіледі. «Тек анда-санда *«А л л а э к б а р, а л л а э к б а р...»* деген дауыстары ғана естіледі (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Ұл болса екеуі дос қияметтік, Қосқалы екі жасты ниет еттік. Мен болсам қашатұғын ер Қарабай, Баланды *а л л а э к б а р* күйеу еттік (Қозы Көрпеш.).

1. **ӘКЕ** з а т. 1. *Балалы болған ер адам.* Абайдың өз *э к е с і* — Құнанбай, атасы — Өскенбай, арғы атасы — Ырғызбай (М. Әуезов, Әр жыл.). Алманың шешесі Отан соғысының алдында, *э к е с і* Отан соғысында майданда қайтты (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ол кезде *э к е м* менің алпыс жаста, Байғұстың баласы жоқ менен басқа (К. Әзірбаев, Өленд.). 2. *Малдың, т. б. жан-жануарлардың еркегі; аталық мал.* Қозылардың *э к е с і н,* енесін тұқымдық қасиеті жағынан дұрыс сынау өте қиын болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Құлагер *э к е ң* тұлпар, шешең сұңқар, Соғып ең дөненінде сегіз арқар (Ақан Сері, Шығ.). 3. А у ы с. *Бір нәрсенің ең зоры, үлкені.* Қуырдақтың *э к е с і н* түйе сойғанда көрерсің (Мақал). Ұрғанның *э к е с і н* көрсетермін,— дейді ол кінәлап («Қаз. әдеб.»). 4. С ө й л. *Өзінен жасы кіші адамға қарағым, шырағым деген мағынадағы айтылатын сөз.*— Ау, мынасы несі, тағы арабша ма?— деп, Дәуғара сұстия түседі де,— латыншасы болмаса, арабшасына шорқақ ем, оқып бересің бе, *э к е м?* (Б. Майлин, Таңд.).— *Ә к е м-а у!*— деп Марийка таңырқап сықақ етті,— сен өзің Костя емессің бе? (М. Бубеннов, Ақ қайың.).

◆ **Әкеңнің құны бар ма.** *Не ақың бар, жұмысың не.* Әтінек бай, қылжақтамай ақымды бер, Шашубайда *э к е ң н і ң қ ұ н ы б а р м а?* [Шашубай]. Мені осынша кедей қылғандай не *э к е ң н і ң қ ұ н ы б а р* еді сенің,— деп Тайман шалқасынан жатқан Мырқалды көк қарынның тұсынан тартып-тартып жіберді (Ә. Әбішев, Замана перзент.). **Әкесі базардан келгендей.** *Мәзмайрам, мәре-сәре.* Ұлдай да *э к е с і б а з а р д а н к е л г е н д е й* арсалақтап қуаныпты (С. Талжанов, Ұлдай кегі). **Әкесінің аузынан түскендей.** *Айнымай тарту, ұқсау.* Құмарды көргенде марқұм Рысмағанбетті көргендей боламын, *э к е с і н і ң а у з ы н а н т ү с к е н д е й* (Ауызекі тіл). **Әкесі өлгендей болды.** *Жаман қиналды, қатты кейіді.* Сәрсенбайдың қолындағы сағатын ойнап тартып алып, екі күндей бермей қойып едім, *э к е с і ө л г е н д е й б о л ы п,* қабағын түйіп жүрді (Ауызекі тіл). **Әкесін таныта істейді.** *Жамсата істеді, қирата істеді.* Бар малым осының жолында. Дүние күйін кетсе де *э к е с і н т а н ы т а і с т е ң д е р!*— деп кіжініп қалған еді (І. Жансүгіров, Шығ.). **Әкесін таныты.** *Сазайын берді.* Бұл қылықтары үшін, олардың *э к е с і н т а н ы т ы п,* көкелерін көзіне көрсетті (Ауызекі тіл). **Әкесі өлгенді де естіртеді.** *Жағымсыз, ең ауыр хабарды естірту, айту.* Арғы-бергіні қазбай-ақ қой! *Ә к е с і ө л г е н д і д е е с т і р т е д і.* Не десең о де, күркемді жалғыз сиырма тиеп аламын да, кетемін қазір (С. Омаров, Қайырлы жаз). **Өкіл әке.** *Әке орынына қамқоршы болатын адам.* Қызыма ат қойған *ө к і л э к е* болған адамның атын білмей қалдық (С. Бақбергенов, Қайран шешем). Өмірде әр түрлі адамдар бола береді. *Ө к і л э к е* басын алып қашады, жатырлас іні сүйеніш болуға жарамайды («Лен. жас»).

2. **ӘКЕ** е т. с ө й л. **Әкел.** Әрбір бала бір-бір кітап *э к е л,* кластың кішкене кітапханасын ұйымдастырдық («Халық мұғ»). Әркімдер өздерінің бар қыздарын *э к е л* көрсетті, ешбірі жақпады (Қыз Жібек). Алдына бір нәрсе *э к е л* берсе, тегі,

Оңын сол, солын оң ғып көрсетеді (Қ. Мырзалиев, Алуан-палуан).

ӘКЕ-БАБА з а т. *Ата-баба.* Тулай бер, білем сенің шаманды мен. Өткемін талай тіліп шараңды мен. Сен түгіл, сенен үлкен ағаң түгіл, Мұхиттай көргем *ә к е-б а б а ң д ы* мен (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

◆ Әке-бабадан жіберді, әке-бабадан қозғады. *Түгін қоймай боқтады.* Құрман амандықтың орнына *ә к е-б а б а д а н ж і б е р д і* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Анадай жерден өзге жігіттер көрсеткенде, Сақайбайдың Мұқашы тілмаш, *ә к е-б а б а д а н қ о з ғ а п* алып кетті (І. Жансүгіров, Әңгім.).

ӘКЕДЕЙ с ы н. *Әке сияқты, әке тәрізді.* Дейді жігіт ізгі *ә к е д е й* елжіреп, Сезбей қапты келгенін де Банудың (З. Шүкіров, Менің дос.). Ойламаған жерде кездесіп, туған *ә к е м д е й* елпілдеп тұрған мейірімді адамның жылы сөзі жаныма жағып кетті (С. Омаров, Хантағы). Басайын алтығыңды тез шық, Сара! Сен түгіл *ә к е ң д е й м е н* болдым істес (Біржан). Мына кішкене қыз *ә к е с і н д е й* адамға үлкен адамның сөзін, ақыл-кеңесін беріп тұрды (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы).

ӘКЕЖАН з а т. э к с п. 1. *Әкетай, әкешім. Ә к е ж а н,* бауыздамашы! Жауынбай кейіп, баласын шынтағымен итеріп құлатты (Б. Майлин, Танд.). Ерліктен басқа мінің жоқ, Сөйлесер едің, *ә к е ж а н,* Бұрынғыдай тілің жоқ (Батырлар жыры). 2. *Жаным, күнім. Ә к е ж а н,* мына қапты көтеріп арбаға салып берші деп бір кемпір қиылып сұрап еді, Марат сөзін екі етпеді (Ауызекі тіл).

ӘКЕЙ з а т. *Өз әкесіне құрметпен айтылатын атау сөз.* Сол кеткеннен мол кетті *ә к е й* хабарсыз, Сағынғанмен қайдан ізден табармыз (Қ. Жармағамбетов, Балладалар). Ол біздің *ә к е й м е н* жолдас еді, генерал атақтарын қатар алған (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы).

ӘКЕЙДЕЙ с ы н. *Әкей сияқты.*— Кездесуіміз әкелеріміздің кездесуіндей болды. Достығымыз да сондай болған-ақ. — *Ә к е й д е й* болу қайда!— деп күрсінді Алексей (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘКЕЙ-ҮКЕЙ с ы н. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, көңілдес.* Одан кейін де Қажымұқан талай рет ғажап күштер көрсетуіне куә болғанмен, кейде тілдесіп те жүргенмен, дәл мына Ақмешіт сапарындай *ә к е й-ү к е й* боп сырын ала қойған жоқ ем (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қарасай қаласының қызметкерлері бұл кісіні жетімжесір әйел ғой деп, мүсіркеуден сау емес. Бірсыпырасы *ә к е й-ү к е й* таныс (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Арқасында білімнің Талайлардың алдымын! Болмасам да қызмет бабы дөкейдің, Көбіменен солардың Аздап *ә к е й-ү к е й м і н* (Шағын пьесалар).

ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕС е т. *Бір-бірімен шүйіркелесу, ауыз жаласу.* Тап осы кезде қараңғыдан Тұрап шыға келді.— Несіне онымен *ә к е й-ү к е й л е с і п* тұрсың?— деп келген бетте иегінің астынан періп кеп жіберді («Қаз. әдеб.»).

ӘКЕКЕ з а т. *Әкесін сыйлау ізетімен айтылатын атау сөз. Ә к е к е м* жеткізбей кеттің, арманда кеттің, зармен кеттің, жетім бейбақ біз болдық (М. Әуезов, Абай). *Ә к е к е-а у,* басымызға кезең туды, Құдай артық жасатты өзен суды. Еліңді жи, *ә к е к е-а у,* жұртыңды жи, Тында бүгін біздерді ажал буды (Батырлар жыры).

ӘКЕ-КӨКЕ з а т. *Біреуге жалынып-жалбарынғанда айтылатын сөз.* Сатушымыз А. Аманбаев деген дүкеніне барғанда, *ә к е-к ө к е* деп жалбарынбасаң керегіңді бермейді («Лен. жас»).

ӘКЕ-КӨКЕЛЕ е т. *Жалынып-жалбарыну.* Манадан *«ә к е-к ө к е л е п»* соңында жүрген балалары мен ауыл адамдарына Жұман енді ғана бұрылды (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Қойшы әйтеуір, *ә к е-к ө к е л е п* жүріп, қызды үйіне шығарып салуға көндірдім-ау, әрең («Лен. жас»). Ожар Оспан бір айдай түрмеде жатып, істің түбі насырға шабатын болғансын пара-пайданы басып беріп, үлкен ұлықтың аузын алып, *ә к е-к ө к е л е п* шаққа шыққан-ды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘКЕЛ е т. *Алып келу, жеткізу.* Көзіңізбен бір көріп қайтыңыз, содан кейін шешіңіз,— деп жалынып-жалпайып, Ушаков оны осы жолы әрең сүйреп *ә к е л і п* еді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Ал, енді қыстаудан малды *ә к е л е т і н* де кез болды (Ғ. Сыланов, Шалқар). Дереу барып кел аға, Жалғыз-ақ ауыз сөзім бар. Қыз Жібектей жеңгемнен Бір жауап *ә к е п* бер аға (Қыз Жібек).

ӘКЕЛГІЗ *Әкел етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сыбағаны Күңкеге әкеп отырғанымыз жоқ. Балам да болсаң бас болдың, саған *ә к е л г і з і п* отырмын (М. Әуе-

зов, Абай). Қонақтар киімдерінің қалған қарын қағып, төрге шығып отырған соң, ас жаулық *әкелгізді* (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘКЕЛДІР *Әкел етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сабалап қымыз *әкелдіріп*, сабылтып жігіт-желең жүргізді (М. Әуезов, Абай жолы). Сабақтан босағанда Молла Сұлтанмахмұтқа шай қайнаттырып, отын жардырып, су *әкелдіріп*, малын күттіріп, малай етіп алады (Б. Кенжебаев, XX ғ. дем. жазушы.). Қыз білдірді Медғатқа Қасым сөзін, Қасымның *әкелдірді* қазір өзін. Тік тілін Медғаттан да тартынған жоқ, Сұп-сұр болып, қан басып екі көзін (Үш ғасыр.).

ӘКЕЛЕ е т. *Әке, әке деп мазалау.* Хасан балаларының қасына барып, қалпақты шешкенде, екі баласы — *әкелеп* қоя берді (Мың бір түн).

ӘКЕЛЕС с ы н. *Әкесі бір, бір әкеден.* Жоқ әлде жазықсыз өмірге келген менің *әкелес* бауырларым Қоңырат, Еркін, Серік те кінәлы? Бұл жағын айтып арыздасар мен емеспін қазір («Лен. жас»).

ӘКЕЛУ *Әкел етістігінің қимыл атауы.* Артельдің ауыл маңына үйілген маясынан сұраусыз шөп *әкелуге* болмайды (С. Мұқанов, Бақташы. бала.). Солдаттарды бастап ауылға *әкелу* үшін Жолтайды қалдырды (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Көлдей баласының қысқы каникулға үйіне келгенін ауданға келгенсін, өзіне ат *әкелуші*, колхоз кучері Тоқтадан естіген (А. Хангелдин, Біздің от.).

ӘКЕЛУЛІ с ы н. *Дайын, әзір, алып келінген.* Ақбала күйеуі келгенше ойын бөлетін ермек тапқысы келді, бірақ отын кіргізулі, су *әкелулі*, ең аяғы үйінің аз ғана дүниесі де тап-тұйнақтай (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘКЕЛІ с ы н. *Әкесі бар.* Ерте-кеш аңдитын ізімді, Құрысын, әкесін сүймеймін. Басқаға көңілім бұзылды, *Әкелі* жігітке тимейтін (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ с ы н. *Әкесі мен баласы, екеуі де. Әкелі-балалы* екі аңшы көп жерді кезді. Сарной өлкесіне барып, Қырыққұдық белдеуіне дейін өрледі (С. Бегалин, Таңд.). *Әкелі-балалы* үшеу қаңтарылған комбайнның жанында аз ғана сәтке бас қосты («Лен. жас»). Міне, *әкелі-балалы* екеуі осылай көшіп-қонумен әлі жүр («Қаз. әдеб.»).

ӘКЕЛІК с ы н. *Әкеге, тән, әкедегідей.* Мен ақылым тасып жатқаннан сөйлесейін деп отырғам жоқ, *әкелік* борышым саған айту (З. Шашкин, Сенім). Қарт мастер екі қолын айқастырып әкеп алдына қойып, жымиып отыр. Осы бір ажарынан *әкелік* сезімнің нұры төгілгендей (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бектұрғанның балаға айтылған *әкелік* ақыл-кеңесін, тәрбиесін Бибі өзінше теріске бұрды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

◆ Әкелік қамқорлық. *Ерекше мейірім, шапағат.* Партия мен үкіметтің *әкелік қамқорлығының* айқын мысалын мынаның өзінен-ақ көруге болады (Ә. Нұршайықов, Тың астығы). Ғылыми қызметкер әйелдер өздерінің қол жеткен творчестволық табыстары үшін туысқан Коммунистік партияның *әкелік қамқорлығына* борыштар екендігін айқын түсінеді (Аялы жандар).

ӘКЕЛІН *Әкел етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Электр станциясындағы тұрған машинаның үлкені Ленинград заводынан *әкелініп* орнатылған (І. Жансүгіров, Шығ.). Совхоз клубынан музыка аспаптары, баян, домбыра, гитар *әкелінді* (С. Бегалин, Мектеп түлек.). Россияға биязы жүнді қой тұқымы бірінші рет XVIII ғасырдың аяқ шенінде *әкелінді* (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

ӘКЕЛІС 1. *Әкел етістігінен жасалған ортақ етіс.* Өзеннің өнебойы елге толды, Қыс бытырап кеткендер қонысы қонды. Кезек-кезек ерулік *әкелісіп*, Ел менен ел жүргізді ата жолды (С. Мұқанов, Таңд.). Трактордың айдап келді Жолдасов, Тросты да *әкелісті* қолдасын (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). 2. З а т. *Әкелушілік, әкелгендік.* Бұл *әкелісің* қай әкеліс (Ауызекі тіл).

ӘКЕМСІ е т. *Меңменсу, өзін жоғары ұстау.* Үлкен болып, *әкемсіп* Тұтата берме шаланы. Ерегіс кірсе балаға, Қырсықкан бала оңа ма (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).

ӘКЕСІЗ с ы н. *Әкесі жоқ, жетім.* Баланың *әкесіз* қалғанын көп көрдім. Шешесіз қалғаны ғой, ең жаманы,— деді (М. Дүзенов, Әке бол.). Қу соғыс сені бақытсыз еткен, Алмашым, Адамдар енді сұмдыққа қайтып бармасын! Білмесін тарих *әкесіз* өскен жетімді, — Сирақсыз қалған, мәңгі тұл, мәңгі жесірді (Ә. Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

ӘКЕСІЗДІК з а т. *Әкесі жоқтық, әкесі болмаушылық.* Көрінген сонау жердің қиығы екен, Жалғыздық, *э к е с і з д і к* қиын екен. Жасырдым бұл сырымды анамнан да, Кеудеме өлең нұрын құйып өткен (Ж. Молдағалиев, Шығ.).

ӘКЕСІНШЕ у с т. *Әкесі сияқты, әкесі тәрізді.* Бұдан әрі Сарыбала сөзін тыйды. Дәл *э к е с і н ш е* төмен қарап, өзімен өзі болып келеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘКЕТ е т. 1. *Бір нәрсені өзімен бірге қалдырмай ала кету, тасу.* Антонов бұл жолы он алты-ақ ат *э к е т т і* (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). «Рахмет, мен іздеген жеріме келдім»,— дедім де, шофермен қош айтысып, Потребсоюздың жүгін *э к е т і п* бара жатқан машинадан түсіп қалдым (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Келіншектің мандайында шошайған татар тақиясын шәлімәлісімен жел *э к е т т і* (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). 2. *Өзінен бұрынғы етістік сөзбен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады.* Барған сайын меңзетіп *э к е т к е н* ауру романды аяқтауға мүмкіндік бермеді (С. Көбеев, Орынд. арман). Қара бұлттың жап-жалтыр бұйра көлеңкесі баурымен жер сызып «ә» дегенше көз көрім жерді жауып *э к е т т і* (Ғ. Мүсірепов, Ана). Ой жаным-ай, үһ, шіркін-ай! Жүрегім дем алғызбай қысып *э к е т і п* барады (К. Оразалин, Ақ жазық).

◆ **Іліп әкетті.** *а) Жып еткізіп, көз ілестірмей алып кетті.* Кәлен кеткенше Ожырай ақ табан атпен шүйлігіп келді де, қызды көкпар лағындай *і л і п э к е т т і* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сәтжанның ойына бұл түнде ұры кездесіп, құнанымды *і л і п э к е т е р* деген қауіп келген жоқ (С. Бегалин, Таңд.). *ә) Бірінен соң бірі шығып қоштады, мақұлдады.* Мен де бірінші боп сөйлеп, кешегі секретарьға айтқанымды қайталап, жұрт алдында тағы да сайрап бердім. Менен кейін басқалар әрең шыдап жүр екен, *і л і п э к е т т і* (З. Шашкин, Өмір тынысы). Алдымен *і л і п э к е т к е н* Ақылбай болды (М. Әуезов, Абай жолы).

ӘКЕТАЙ з а т. *Әкебас, көкетай деген мағынада құрметпен айтылатын атау сөз. Ә к е т а й,* қазір бітіреміз. Үлкен үйге бара тұршы (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Кетпейік, *э к е т а й,* қалайық осында (Ж. Саин, Жол үсті.).

ӘКЕТАЙЛА е т. *Әкеге жағыну, өтініп сұрау.* Көкенім *э к е т а й л а п* жылағанда, Көзімнің іркіп алдым жасын тыйып. Ауылдағы сабанның үстіне әкеп, Сауыттан керосинді кеттім құйып (Н. Баймұратов, Қанды жорық).

ӘКЕТТІР *Әкет етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ӘКЕТТІРУ *Әкеттір етістігінің қимыл атауы.* Израиль агрессорларының әскерлерін оккупацияланған араб жерлерінен *э к е т т і р у* жолында күресіп жатқан араб елдерінің халықтарымен ынтымағы нығайып, дами берсін! («Қазақст. мұғ.»).

ӘКЕТУ *Әкет етістігінің қимыл атауы.* Өзен жақтан бір салт атты келіп, Жамалдардың соқаға жегіп жүрген көк атын ноқталап, *э к е т у г е* ыңғайланды (Б. Майлин, Таңд.). Конезаводтың жылқысы, оны жаудың *э к е т у і* де оңай емес (М. Әуезов, Таңд.).

ӘКЕТІЛ *Әкет етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Күрең құнан шығардың таңдамалы жылы-жұмсағы ас үйге қарай *э к е т і л д і* (М. Әуезов, Абай). Үйге кіріп отыра бере-ақ, алдымызға қымыз келіп қалды. Самауырын сыртқа *э к е т і л д і* (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Соғыс кезінде Орта Азия мен Қазақстаннан орасан көп байлық *э к е т і л д і* (ҚазССР тарихы).

ӘКЕТІЛІН *Әкетіл етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Жылына көң бір рет тасылып *э к е т і л і н е т і н* және биіктігі 1,5—2 метрлік болып үйілетін (Көң. қордасы).

ӘКЕТІС *Әкет етістігінен жасалған ортақ етіс.* Аяқтап келгенде қасқырлар екі санды екеуі ортасынан дар айырып жұлып-жұлып *э к е т і с т і* (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Енді мал иелері «біз сендер үшін күйдік»— деп, артельге кірмекші болғандар мен Тайтұяқ балаларының малдарын өз қолдарымен ұстап *э к е т і с т і* (К. Оразалин, Көктем.).

ӘКЕ-ҮКЕ з а т. *Жалынып-жалбарыну, айналып-толғану, жақсы көру сезімі.* Мұрат қашан да болса — *э к е - ү к е,* қарақ, шырақ. Ата-ана оны өздеріне тән, Мұратқа деген ерекше мейірім санайды, үш бала семья назарының көлеңкесінде болады («Қазақст. мұғ.»).

ӘКЕШЕ у с т. *Әкеге ұқсап, әке тәрізденіп. Ә к е м ш е* басып аяғын, Жұмыстан қайтса кешірек. Құлаққа сонша жағады, *Ә к е м ш е* даусы естіліп (Партия тур. өлең д.). Жас *э к е ш е* үйренем жөргек-

теуді, Жас ананың сүтіндей жер женттері (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

ӘКЕ-ШЕШЕ з а т. *Ата-ана.* Құнанбай жасында *әке-шешесі* мен өскен ортасынан алған тәрбиесінен басқа оқу тәрбиесін көрмеген (М. Әуезов, Әр жыл.). Екі күннің бірінде *әке-шешесін* жылатып қашып кеткен қызды көресің (Б. Майлин, Таңд.). Бұлдымерген қатты ойланды. Ол елін, қалған кәрі *әке-шешесін,* кедей көршілерін есіне түсірді (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.).

ӘКЕШІМ з а т. 1. *Өз әкесін ерекше құрметтеп атау.* Еңбектің елімізге ерлігі ұнар, Сол үшін алған сыйға ордені бар. Менің сол *әкешімді* қаралапты, Елдегі өсек, пәле терген құлар (Қ. Бекхожин, Үш кезең). 2. *Өз баласын немесе баласындай адамды еркелетіп айтылатын сөз.* Бір қарт маған: — *Әкешім,* атыңды бере тұршы, бұзау қайырып келейін,— деген соң, асығып тұрсам да, атымды түсіп бергенім бар (Ауызекі тіл).

ӘКИ: Әки көз. С ө й л. *Ақи көз.* Сонда әлгі *әки көз* әкімдер — бояма белсенділер: «Әй оңбағандар, продпомощь береміз, өлмейсіңдер!» — дейтін (Ө. Қанахин, Дәмелі).

ӘККІ с ы н. 1. *Тіс қаққан, қақсал, ысылған.* Қонақай, Жоламан бір туысқан ұрылар болатын. Бұлар жалғыз екі болыс ел емес, осы маңайдағы жапсарлас елдің бәріне аты шыққан әрі *әкки,* әрі мықты жауынгерлер еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Елікпе жас, көрсе қызар қыз емес, тіс қаққан *әкки* әйел бүйте ме екен! (З. Шашкин, Доктор Дарханов). Тіс қаққан, *әкки* балалар кілт бұрылып, тасырлатып шаба жөнелгенде Ақбоз орғытып, орғытып кетті (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). 2. *Айлакер, қу, тәжірибелі.* Жазықта құтылмасын біліп, *әкки* қасқыр «Жеті құдықтың» обалы шоқысына беттеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Ауыл адамдарының дабырына еліккен *әкки* тазылар мен кейбір төбеттер қозылардың алдын орап қақпайлайды (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Ақботадан гөрі, тіс қаққан, *әкки* сары атан адастырмай колхозға алып барар деген үмітте едік, ақтамады ол құрғыр (З. Шашкин, Өмір тынысы).

◆ **Әкки болған.** *Көпті көріп төселген, тәжірибе алған.* Балаларды көп оқытып, әбден ысылып, *әкки болған* кәрі мұғалімдер тәрізді, әрбір сөзін асықпай, салмақтап қысқа қайырып отырды (Ж. Саин, Жол үсті.). Құлан асау құр жылқыдан әбден ер қашты, *әкки болған* малды ұстау үшін,ептілікті қалайды («Лен. жас»). Әбден *әкки болған* қу екен кішкентай сары күшік шәуілден, жүгірген бетімен кеп торы аттың аяғына жармасты (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек).

ӘККІЛЕН е т. *Әкки болу, ысылу, төселу, қақсалдану.* Бірақ, «түзелемін» деп берген серт шын көңілден айтылмап еді, алдап, жалтарып, *әккіленіп* қалғандығын істеп, Медеуді адастырып кетпекші (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Екеуіне кезек қараймын. Бұлар тегі осы далада талай жортып, қуғынға да, шабуылға да үйреніп, әбден *әккіленіп* алған көкжалдар болу керек (Қ. Исабаев, Арман арнасы).

ӘККІЛЕУ с ы н. *Тіс қаққандау, қулау.* Сәмет басқа балалардан ересектеу, *әккілеу* болатын (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Кешке жақын Уәли келді. Әшейіндегі сабырлы, сыпайы сызылып тұратын, көз астымен кісінің қимылын аңдып, өзін *әккілеу* ұстайтын Уәли емес (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘККІЛІК з а т. *Тіс қаққандық, қақсалдық, ысылғандық.* Уақиғаның дұрыс-терісін қазып жатқан жоқ. Өйткені аурухана жағдайын біле қоятын *әккілігім* де шамалы, тек мен жолдасымның сұрағына жауап беріп отырмын («Лен. жас»). Долушов аңдысқан кезде ішкі сырын алдырмайтын *әккілігіне* бақты (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн.). Құнанбайдың мінезінің сан алуан жақтары бар. Әйтсе де солардың ішінен, мәңгілік есте қалатын мінездері: қаттылық, мейрімсіздік, ел тізгінін өз қолына ұстауға шебер, *әккілік* (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ӘККІС с ы н. ж е р г. *Сезімтал, сезгіш.* Жылқы малы ақылды, *әккіс* қой, тақымыңның қатты екенін лез байқайды (О. Сәрсенбаев, Сағым.).

ӘКПЕ з а т. 1. *Туыс жағынан жасы үлкен қыз, әйел.* Басқалардай емес, Майсаның қалада ұзатылған *әкпесі* бар (А. Хангелдин, Алғыс). Майор: — *Әкпеңіз* ғайып боп кетті, со жақтан қайтқан бетім осы,— деді (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз. Әкпе,* есектен де қорқасың ба?— деп күліп Зәуре мәз (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

ӘКПЕЛ *«Алып кел» деген сөздің қысқарып айтылуы.* Найманда ұлы дария саяткерім, Балық боп ілінгенмін қармағына. Кедейге қонақасы шай *әкпелсін*, Талапты Атымтайдай жомарт едім (Біржан — Сара).

ӘКПЕЛІ-СІҢЛІЛІ сын. жерг. *Апалы-сіңлілі.* Атап айтқанда, бірден ауызға алатынымыз спорт мастері Гүлшат Майлыбаева, республика құрама командасының тобындағы боскетболшы Шолпан Дүйсенова және *әкпелі-сіңлілі* Алма, Шолпан Сармурзиналар болатын («Спорт»).

ӘКПІШ зат. жерг. *Екі жағына шелек іліп су таситын иілген ағаш, мойын ағаш.* Бәйбіше екі шелекпен *әкпіш* әзірлеп берді (М. Әуезов, Таңд.).

ӘКТЕ ет. *Әкпен үй ақтау, майлау.* Жұмысшы — ұсталар сәні кеткен үйдің іші-сыртын *әктеп*, есік-терезелерін сырлап, аңғал-саңғал жерлерін бітеп, су құбырын жүргізді (Т. Бердияров, Фарида). Бірнеше күннен бері жұмыс істеудеміз. Ағаштардың, бұталардың түбін қопсытып, *әктейік* («Лен. жас»).

ӘКТЕЛ *Әкте етістігінен жасалған ырықсыз етіс. Әктелмейі* үйдің тұрғаны мынау, Сұп-суық бөлме, тиіп жүр тұмау. Қоқсып жатыр ауланың іші, Ұят-ау көрсе сыйлы бір кісі (Ш. Смаханұлы, Тотияйын). Бұл арада ылғи бір кірпішпен салынған сырты жұмарлана *әктелген* шатырлы үйлер қатар тізген («Қаз. әдеб.»).

ӘКТЕТ *Әкте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Үйлерің кірлеп кетіпті, *әктетіп* алмайсыңдар ма? (Ауызекі тіл).

ӘКТЕУ *Әкте етістігінің қимыл атауы.* Сабанды *әктеу* үшін ернеулі екі тақтай төсеніш, екі кеспек және жәшік керек (Қ. Құсайынов, Сабан. мал азығы.). Топырақты өңдеуде қолданылатын басты шараның бірі — *әктеу* (Н. Шоқанов, Микроорганизм).

ӘКІМ ар. зат. 1. Кене. *Елге билік жүргізуші, ел басқарушы адам.* Жақсыдан *әкім* қойсаң, елді түзетер, Жаманнан *әкім* қойсаң, елді күйзелтер (Мақал). Бұл әңгімеңізді *әкімдердің* біреуі естіп қалса, сізді мандайыңыздан сипап қоймайтынын білемісіз, Мұхитеке?— дедім, күле сөйлеп (Ж. Қосыбаев, Әнші Мұхит). Кедеймен дауласса, Ақсақал байға жағады. Кей жерде кейбір *әкімдер* Пара да ептеп алады (С. Мұқанов, Таңд.). 2. Ауыс. Сөйл. *Бастық, әмірші.* Ол [староста]— барлық оқушылардың *әкімі*, активтің негізгі ұйтқысы, басшысы («Халық мұғ.»). *Әкімнен* аулақ қашса жайда бұрын, Енді оған сөз тауыпты айтатұғын (Б. Аманшин, Өленд.). Мектептердегі жиылған бұйымдарды *әкімдер* таныш, әкетіп жатыр (К. Оразалин, Жексен).

◆ **Әкім болды.** *Билікке ие болды, қолы жетті.* Ол тағында отырып, *Әкім боп* елді сорғанда, Күңіреніп аспан шайқалып, Тасып дария толғанда (Ү. Кәрібаев, Шығ.). Кедей *әкім болғанын* көріп пе едік? Біз оларға тізгінді беріп пе едік? (Б. Майлин, Шығ.). **Әкім қылды.** *Жарлық етті, бұйырды.* Бір баланың жоғынан зорлық қылды маңайым. *Әкім қыла* сөйлейді, Баласы көп ағайын (Алпамыс).

ӘКІМГЕРШІЛІК зат. сөйл. **Әкімдік.** Ақан *әкімгершілікке* араласамын десе, араласып кететін еді (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).

ӘКІМДЕЙ сын. *Әкім сияқты.* Шақырмаған тойға өзі сый апарып, *Әкімндей* сол маңның сөйледі өктем. Зейнеге басын иіп, тізе бүгіп, Түйедей қолапайсыз тұрып, шөккен (Д. Еркінбеков, Шығ.).

ӘКІМДІК зат. *Елге билік жүргізушілік, мансап құрушылық, әкімшілік.* Жасынан болыстыққа, *әкімдікке* іліне жүргендіктен, Шұбар өз бетімен орысшаны да қарастыратын (М. Әуезов, Таңд.). Ол өз жолдасының ықтиярына қарсы *әкімдік* әмірін көрсеткісі келмеді (К. Тоқаев, Тасқын). Қайыры көпке тимеген, *Әкімдікпен* билеген, Жарлы-жалшы сүймеген, Ханды неге жақтайсың (Жамбыл). Болыс болды, бетке адам қаратпады, Басқаны *әкімдіктен* жаратпады. Параға құныққан соң, құмар қызып, Қасқырдай қызыл көрген жалақтады (Д. Еркінбеков, Шығ.).

ӘКІМСУ *Әкімсі етістігінің қимыл атауы. Әкімсуің*, билеп-төстеуің жеткен (М. Әуезов, Таңд.). Даурыға мақтану, орынсыз төбеден түйіліп *әкімсу* сияқты ғылымға жат, ғибратсыз қылықтар қырсығын түбірімен отаған Октябрь пленумына съезд мінбесінен биік баға берілді (Х. Ерғалиев, Шындық шырқайды).

ӘКІМСІ ет. *Өзін әлде қандай қылып көрсету, кісімсу.* Тез басып қара тышқан шығып кетті, *Әкімсіп* Әбішке келіп жетті. Шынжырлы қол-аяғы жатқан жанды, Тепкілеп ол да өзінше мазақ етті (Ж. Саин, Күлөнда). Талдырмаш бақа са-

ры жігіт *әкімсіп* книге көтеріп жүр (Б. Майлин, Таңд.).

ӘКІМСЫМАҚ с ы н. *Әкім сияқтанған.* Мұнда «алашорданың» *әкімсымақтары* Жымпитының кедейлерін қоя тұрып, әуелі байлары үшін де еш нәрсе істей алмаған екен (С. Сейфуллин, Шығ.). Әсет жұмбақты шешіп отырып, заманындағы *әкімсымақтарды* мейліншe масқаралайды (М. Әуезов, Әр жыл.).

ӘКІМСІТ *Әкімсі етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сен оны *әкімсітіп* қоямысың (Ауызекі тіл).

ӘКІМШЕ ұ с т. *Әкімге ұқсас, әкім сияқты.* Қасболат отгонға шықса, Қоспанға соқпай кетпеуі хақ. Және ол мұның үйіне ел аралап жүріп, қойшының үйіне түскен *әкімше* келмейді (Т. Ахтанов, Боран).

ӘКІМШІ з а т. 1. *Әкімдік құрушы, билік етуші.* Қазақтар да: «Германға барып қырылғанша өз жерімізде шейіт боламыз» деп орыс *әкімшілеріне,* патша заңына қас (С. Сейфуллин, Тар жол.). 2. *Көпшілік орындағы белгілі бір қызметке жауапты адам, администратор.* Павлодар қалалық қонақ үйі *әкімшісінің* алдында тұрмын (Б. Соқпақбаев, Жекпежек).

ӘКІМШІЛДІК з а т. с ө й л. **Әкімшілік.** Ленин әдебиеттегі *әкімшілдікке,* схематизмге, жылтыраушылыққа мүлдем қарсы болды («Қаз. әдеб.»).

ӘКІМШІЛІК з а т. 1. *Әкімет билігін іске асырып отыратын орын, мекеме.* Қазір Россияны пролетариат [жалшылар] табының *әкімшілігі* билеп отыр (С. Сейфуллин, Шығ.). Операция жасауға әлгі адамның келісім бергені үшін завод *әкімшілігі* оған 10 сом сыйлық берді (С. Табынбаев, Жемсау ауруы.). Сібірдің *әкімшілік* басқару орындары Шоқан жөнінде сенімсіз көзқарастарға келе бастады (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). 2. *Қожалық, билік, лауазым.* Бірталай уақыт портфельге, яғни *әкімшілікке* таласып, кезегі келген жерде бірін-бірі құлатқанмен, ол жіктердің арасында идеологиялық ала ауыздықтар болған жоқ (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әдхан *әкімшіліктен* айрылып, абақтыға түсіп шыққан соң әбден ашынып алыпты, жынын шақырған бақсыша, күңірене сөйледі (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). *Әкімшілігіңізді* шоқпар етіп ала жүгіргеніңіз артта қалғаныңызды аңғартады (С. Алдабергенов, Әңгім.).

◆ **Әкімшілік етті.** *Билік жүргізді, үстемдік жасады.* Жаңа ғана қарусыз елге *әкімшілік еткен* сұрқиялар мылтық дауысын естісімен тоз-тоз болып, жанжаққа жүгіре бастады (Ә. Шәріпов, Партизан.). **Әкімшілік жүргізді.** *Билеп-төстеді, қожалық етті.* Совет мемлекетінде *әкімшілік жүргізіп* отырған — пролетариат партиясы, коммунистік партиясы (С. Сейфуллин, Таңд.). **Әкімшілік көрсетті.** *Қызымет орнын пайдаланып, қысымға алды.* Жоқ, қысымға алып, қамап *әкімшілік көрсетем* бе (А. Бек, Арпалыс). **Әкімшілік орын.** *Мемлекеттік, қоғамдық мекеме.* Торғайдың *әкімшілік орындары* Ыбырайды тағы да мекемеде сот болып қызмет істеуге мәжбүр етті (М. Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Еңбектің орынсыз жұмсалып жатқанын *әкімшілік орны,* инженерлер және жұмысшылардың өздері сезбейді екен (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).

ӘКІРЕЙ е т. *Едірею, ежірею.* Жирен бетінің оян-оян жолағына дейін жоғалып, көгеріп тұр. Шағырмақ ашу тұнған ала көзі *әкірейіп* кеткен («Лен. жас»).

ӘКІРЕҢ з а т. *Көкірек көрсету, орынсыз құр қоқыраң.* Гүлнаш құр *әкіреңге* көнбейтін әйел. Не жөндеп отас, не теркініне апарып сал,— деді Шәйгүл (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

◆ **Әкірең қақты.** *Әкірең-әкірең етті, қожаңдады.* Әңгүдік, *әкіреңқаққан,* албыт сөзді, Көк ешкінің жыртық көзді. Алтайдың кәр жынындай бақылдаған, Көк сақал, азбансынған, бұл кім өзі? (І. Жансүгіров, Таңд.).

ӘКІРЕҢДЕ е т. *Орынсыз көкірек көрсетіп қожаңдау, қоқаңдау.* Мені басқармамен өшіктіріп қойған сол. Неше көрсе болғаны жалқаусың, бар, бар деп *әкіреңдеп,* өлтіріп бара жатқан жоқ па (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар). Байбол кейінгі кезде орынсыз *әкіреңдейтінді* шығарды (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Нұрым: — Бұл не қылған пәле, ат бермейсің деп елде милициясы сабайды, қалаға келсең, қазынаға аламын деп *әкіреңдейді,*— деп жалма-жан орнынан тұрып, киіне бастады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘКІРЕҢДЕТ *Әкіреңде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бейсен биыл тағы да

актив болды. Жылдағы белсенділігін қоймаса, палуан жұдырық иесін табар. Е, оны басыма секіртіп, *әкіреңдетіп* қоям ба?! (Қ. Сәрсекеев, Кілт).

ӘКІРЕҢДЕУ *Әкіреңде етістігінің қимыл атауы.* Оразбай тіс жарып, тіл қатпай, сөзден де тыйпыл қалған. Әйтсе де әйеліне *әкіреңдеуге* батылы жетпеді («Лен. жас»). Естеріңде болсын, адамзатқа *әкіреңдеуге* болмайды (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

ӘЛ а р. з а т. 1. *Күш, қуат, шама.* Құлағының ұшынан қара бақайына шейін құйылған тер аттың бойдағы аз ғана *әлін* одан жаман тауысты (С. Мұқанов, Таңд.). Балқияның тоқтамасқа *әлі* жоқ, *әлі* жоқ болса да тоқтайтын түрі жоқ (Ә. Әбішев, Замана перзент.). Алуан-алуан жүйрік бар, *Әліне* қарай шабады (Мақал). 2. *Хал-ахуал, тұрмыс, жағдай.* Мектептердің шығындары тәртіппен жалпы елге, әр шаруашылығы бар үйге *әліне* қарай бөлініп салынып, әм ол салық уақтысынан қалмай жиналып уездің, губернияның қазынасына түсіп отырмақ (С. Сейфуллин, Таңд.). Әкесі айтты: *әл* жақсы, асырармыз үш басты (А. Хангелдин, Алғыс.).

◆ **Әл алды.** *Қуаттанды, бойына күш бітті.* Жас қайыңда жапырақ Күзде тоңса қалтырап. Десең қуат, *әл алсын.* Жылуын бер жанының, Өйткені сен адамсың (С. Мәуленов, Торғай қақп.). **Әл берді.** *Күш кіргізді, қуаттандырды.* Күнделікті ішіпжеген асымыз организмге түрліше уытталады, олар бойға сіңіп, денемізге *әл береді* (Е. Оразақов, Дәрігер.). Аш-арықты теңгеріп, Қаусаған елге *әл беріп,* Ұжмақ еткен заманым (Жамбыл). **Әл бермеді.** *Бой бермеді, ырық бермеді. Әл бермей* жатқан балық судан шыға келіп, Бекболатқа: Сен мені босат!— деді (Қаз. ертегі.). *Әл бермей* Чкаловқа соққан дауыл, Тигізді көп әсерін ұшуға ауыр (А. Тоқмағамбетов, Таңд.). **Әл бітті.** *а) Бойға қуат пайда болды.* Аздан соң қызға *әл бітті,* Тағы да су ішіп, бетін жуды (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Жанары күндей жалт етіп, Қарады тағы Днепр. Жаралы бойға *әл бітіп,* Жараса шықты түлеп бір (Сәлем саған.). *ә) Бойдан күш кетіп әлсіреді, қалжырады.* Деп ойлап құлаш жайып, жүрмін сасып, Уақыт жоқ мықты, осал деп таңдауыма. Тұншығып, *әлім бітті,* есім шықты, Бұрқылдақ, жердің кез боп шаңдағына (С. Дөнентаев, Таңд.). Ағытқан барлық сырын оңлап, Қалжырап, *әлі бітіп* кетті құлап. Талықсып, ес жинауға шамасы жоқ, Тұрмыстың оңы тиіп жатыр сұлап (С. Торайғыров, Таңд.). **Әлден келсе.** *Қолдан келсе.* Қобыз қылы қолында мен ғой — Бармақ, *Әлден келсе,* абүйір әркім алмақ (Жамбыл). *Әлден келгенше* бірлік, берекеге тырысайық (Б. Майлин, Таңд.). **Әл жиды, әл құрады.** *Тынығып, тамақтанып өзіне-өзі келді.* Тамақтанып, шай ішіп *әл жинадық* та, Жылқыны айдадық таң ағарғанда (Батырлар жыры). Алқынған шал *жинап әлін,* Көргенінің айтты бәрін (Ә. Тәжібаев, Перне). **Әр кірді.** *Бойға күш-қуат пайда болды.* Көп жыл жасап қажыған Денеме берік *әл кірді* (Халық ақындары). Кешке жақын *әл кірді,* Өңешінен дән жүрді, Айналды көз қалуға (І. Жансүгіров, Таңд.). **Әл қылды.** *Қуат етті, медет қылды.* Елімсіз жүрсем көреңен, Салғанда үйде сап бүлік! Жүре көр анам жүдемей, Сөзімді осы *әл қылып* (Ғ. Орманов, Абысын сыры). **Әл үстінде.** *Өлім аузында, халі мүшкіл, нашар.* Төсек тартып, *әл үстінде* жатқан ақ шашты ауру анада ауыр тағдыр бар, ол миыңа кіре ме? (М. Иманжанов, Менің махабб.). Шал осындай *әл үстінде* жатқан кезде ел аралаған қара бақсы келді (Қаз. ертегі.). **Әлі жетті.** *Күші басым түсті.* Қыз деген ердің олжасы, *Әлі жеткен* алады (Алпамыс). Жас болса келіп қалды. Тартысуға *әл жете* ме? Бас сауғаға ар жете ме? (Ғ. Мұстафин, Миллионер). *Әлі жетпеген* ақыретшіл (Мақал). **Әлім жеттік қылды, әлім жеттік істеді.** *Күшінің басымдығын көрсетті, көптігін желеу қылды.— Әлім жеттік қыласың ғой!* Сендер бір шешеден төртеусіңдер, көпсің,— деді Айғыз Абайға (М. Әуезов, Абай). Өзіңнен күштіге өзің де соқтыға қоймассың. Өзіңнен әлсізге *әлім жеттік істей* көрме (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). **Әлі келді.** *а) Күші жетті, шамасы келді.* Шекаралас екі ауылдың өзді-өзі біреуі жалғыз-жарым жүріп, далада кездесе, *әлі келгенін* өлтіріп жүре беруден қашпайды (С. Шарипов, Шығ.). Қалмаққа *әлі келмейтін* болған соң, Сырлыбай Жібекті бермек болды (Қыз Жібек). *Әлі келген* алып та жығады, шалып та жығады (Мақал). *ә) Хал-жағдайы жетісті.* Енші беріп, үй тіксе, *Әлі келмей* жатқан жоқ (Жамбыл). **Әлі кетті, әлі құрыды, әлі тауысылды, әлі тайды.** *Бойынан күш-қуаты кеміді, түгесілді.* Бақырып шөкті түйе, *әлі кетіп,* Қан саулап, денесінен

жаны кетіп (К. Әзірбаев, Шығ.). Мужиктің *әлі құрып,* күші қайтты, Кәрілік келіп күн сайын кірбің тартты (М. Әлімбаев, Құрбыма). Талпынып босанам деп тарта-тарта. Қарғаның әбден шаршап *таусылды әлі* (Қаз. әдеб. хрестом.). Көрініп кескін, *әл тайып,* Қалса да дене қартайып, Адамда үміт қуармас (Қ. Маликов, Алтын шынар). **Әлін білді.** *Өз шамасына қарай іс істеді, асып-таспады.* «Ай, Аяз баймын деп аспа, ханмын деп таспа. Аяз би *әліңді біл,* құмырсқа жолыңды біл»,— деп көңілін басушы еді дейді (Қаз. ертегі.). Шырағым, *әліңді біл,* жөніңе көш, Өзіңе басың олжа, жан сауғала! (Ж. Саин, Таңд.). **Әліне қарамады.** *Өзінің шамасын білмеді.* Сен *әліңе қарамай* қиын іске қолыңды созасың (Қаз. ертегі.). Сәлем де Шегебайға Бектасұлы, «Тек жүр!»— деп көп айтыпты Мақтұмқұлы. Жарыстың, жабы *әліңе қарамастан,* Бектердің бедеуімен жеген сұлы (Айтыс).

ӘЛ-АУҚАТ з а т. *Хал-жағдай, халахуал, тұрмыс.* Биязы жүнді қой колхоздардың табысын арттырып, колхозшылардың *әл-ауқат,* күйлерін көтерді (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Совет адамдарының материалдық *әл-ауқаты* жылдан-жылға жақсара түсуде (К. Өтегенова, Бедеулік.). Иманбектің қазіргі күйін сұрасаңдар, шүкір, *әл-ауқаты* жоғары (С. Төлешев, Түрлі. бас.).

ӘЛ-АХУАЛ з а т. *Хал-ахуал, жағдай.* Өздеріңізге мәлім қазіргі *әл-ахуал* жақсарып келе жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.). Экономикалық *әл-ахуалдың* әрқилылығы халықтың жалпы ауқаттылығы туралы мәселені шешуді өте-мөте қиындатады (В. И. Ленин, Шығ., 1, 8.).

ӘЛӘУЛӘЙ з а т. *Әуендетіп айтылған ун, әуез.* Салған әнің *әләуләй,* Шаттығыңа сайма-сай. Сапырылысқан қалың жұрт, Іріктелген бірыңғай (Б. Майлин, Таңд.). *Әләуләйім* таусылса, халаулайым бар (Ауызекі тіл).

ӘЛБЕТТЕ а р. қ ы с т. *Әрине деген мағынадағы мақұлдау, қоштау сөз. Әлбетте,* ер азаматтың бұл күнде бір-біріне бөтендігі жоқ қой (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Әлбетте,* соғыс кезінде дауласып, мәселені ортаға салып, талқылап жатуға уақыт жоқ (Б. Момышұлы, Жауынгер.). *Әлбетте,* еркекке еркек ғашық болғанын қай атаңда көрдің? (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

ӘЛБИДІМ з а т. с ө й л. *Бидайдың бір сорты.* Әкем бидайдың бірнеше тұқымын әкеп егетін де: ақ бидай, қызыл бидай, қожа бидай, *әлбидим,* ақ бикеш бидай деп түр-түрге бөліп отыратын еді (Ауызекі тіл).

ӘЛГІ с ы н. 1. *Жаңағы, бағанағы.* Жалайыр хан *әлгі* сөзді естіп дауыстайды (Қаз. ертегі.). «Сейтен Жанғабылов»,— деді Жақыпбек *әлгіден* де гөрі сөлекет ойылған жазуды оқып (М. Иманжанов, Көк белес). Мерген бешпентін шешіп, нәрестені құндақтаулы қалпымен орап алды. *Әлгі* келген жеріне қайта оралды (С. Омаров, Хантағы). 2. *Белгілі, таныс, баяғы.* Е-е... Екі атыңның біреуі *әлгі* бала мініп келетін арғымақ қой. Білем, көргем (Ғ. Сыланов, Асау арна). Мен *әлгі* шопандар бригадасы жөнінде сөйлесе кетейін деп едім (Т. Ахтанов, Дала сыры). — *Әлгі* сондағы сұлу қыз қайда?— деді Қырым ұлы тағы да (С. Сейфуллин, Таңд.).

◆ **Әлгі әзірде.** *Жаңа ғана, осыдан сәл бұрын.* Қазір жұмыстың өте қауырт кезі. Ұзақ күн даладағы жұмыс басында болып, кеңсеге *әлгі әзірде* ғана оралдым (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Серпіліп көшедегі топқа кірді, Сәл мұны тосып қалған *әлгі әзірде* (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). **Әлгі бір.** Мақаштың *әлгі бір* жіберген жолдас жігіті қайта оралып келген (М. Әуезов, Абай жолы). Сол кітапты *әлгі бір* Жомарт дейтін жігіт сонау көпір жақтағы бір окопқа қалдырып кетіпті (Ә. Әбішев, Пьеса.). **Әлгі жерде, әлгі арада.** Арман Жалықпасқа қарады:— Сіз болсаңыз *әлгі жерде* не істер едіңіз? Жігерленудің орнына жаси бересіз? (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Сейтіп мен *әлгі арада* жазықсыздан жазықсыз ұры атанып, таяқ жеп қалдым (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

ӘЛГІДЕ ү с т. с ө й л. Әлгінде. Әлекең бай *әлгіде* қабағын түкситіп келіп, «мектеп үйіне төлейтін ақшаңды бүгіннен қалдырмай төле»,— деп зығыр етіп кетті (Б. Майлин, Таңд.). Пошташы шал келгеннен-ақ *әлгіде,* Жан-жадырап, қызып кетті әңгіме (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). *Әлгіде* көрдім оны, жаяу келді. Қасында біздің әнші бір бала жүр (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы).

ӘЛГІДЕЙ с ы н. *Жаңағы сияқтанған, жаңағыдай.* Жүріп келе жатқан жолдың үсті *әлгідей* тақыр, асты тас, сағаты-

на жүз шақырым жүрсе де автомобиль кідіретін емес (С. Шарипов, Шығ.). Сен тап-таза кісі болсаң, онымен мұндай оңаша жерде *әлгідей* тұрмас едің?— деді Нияз зілді дауыспен (С. Сейфуллин, Таңд.). Шырқашы, шырақ, *әлгідей* Колхоз қызы, қалқажан! (Д. Әбілев, Өленд.).

ӘЛГІНДЕ уст. *Жап-жаңа, жаңа бір әзірде.* Машина жайлап бұрылып, *әлгінде* келген ізімен төменгі жолға қарай тартып отырады (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). *Әлгінде* көрінген екі жігіт перде жұлқып, айқайлап көңілді кірді. (К. Тоқаев, Тасқын). *Әлгінде* ғана жарқырап тұрған кең даланы мұнар басты (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Мылтық және жейтін тағам әкел деп Мәлік *әлгінде* шоферін үйіне жіберген еді, енді соны зорға тосып алды (З. Шашкин, Сенім).

ӘЛГІДЕГІ сын. *Жаңағы, жаңа бір әзірдегі.* Балқия өз үйінде жатқанын *әлгідегі* түсі екенін санасына енді жүгірте бастады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘЛГІНДЕГІ сын. *Жаңағы, жаңа бір әзірдегі.* Егіннің арасындағы қара жолмен шаңды аспанға бұрқыратып зырлап кетіп бара жатқан, дәу де болса, *әлгіндегі* Қаратайдың тап өзі (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Көзі қараңғыға үйреніп қалыпты, бөлме іші *әлгіндегіден* жарық тартқандай (А. Нұрманов, Аққу.).

ӘЛГІНДЕГІДЕЙ сын. *Жаңағындай, жаңа бір әзірдегідей.* Іңір *әлгіндегідей* емес, аздап жел бар (М. Сүндетов, Балық аула.). Әділбек тағы да Әлібекті түртіп қалды. Ағасы оны ақырындап *әлгіндегідей* етіп санын қысып тоқтатпақшы болды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қасым тағы шауып шықты. *Әлгіндегідей* емес, астындағы аты қан сорпаға түсіпті (С. Мұратбеков, Көкорай).

ӘЛГІНДЕЙ сын. *Жаңағындай.* Мені біреу *әлгіндей* істесе, әлім келсін-келмесін, сол арада қолында өлем (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). Бұл мекеменің құрылғанына әлі толық бір жыл болған жоқ. Сондағы жағдай *әлгіндей* («Лен. жас»). Бұл менің «Сұлушаш» поэмасын жазып жүрген шағым еді. *Әлгіндей* жағдайда сирағы аласа дөңгелек үстелге шынтақтай отырып жазумен шұғылданам (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘЛГІРЕКТЕ уст. сөйл. *Әлгі бір әзірде.* Әліпбай *әлгіректе* бір тостаған сүт жұтқан-ды (З. Жәкенов, Таң самалы).

ӘЛГІШЕ уст. *Әлгіндегіше, әлгіндегідей.* Әбдірахман ұйқылы күйінде шөже қораздың даусындай келте, қарлыққан дауыспен *әлгіше* айқайлайды (З. Асабаев, Ар соты). «Торсықпай» спектаклін көрсетуші ауыл өнерпаздарының әйелдері *әлгіше* боянып, еркектері бет-ауыздарына жабағы жапсырған (Х. Ерғалиев, Шындық шырқа.).

ӘЛ-ДӘРМЕН зат. *Қайрат-жігер, әлқуат.* Қыз тілегіне көлденең тұрарлық *әл-дәрмен* қайда! (О. Сәрсенбаев, Даңқ.). Жыланды көріп қалады, Ұшайын деп ойланса. Бұрынғыдай өзінің *Әл-дәрмені* болмады (Қ. Жапсарбаев, Өленд.).

◆ **Әл-дәрмені бітті, әл-дәрмені құрыды.** *Діңкеледі, тұралады.* Хасан өткел іздеп, өзенді жағалаумен *әл-дәрмені бітіп,* қимылдауға мұршасы келмеді (Мың бір түн.). Сәлима, *әл-дәрменім құрып,* өліп барамын. Ащыңнан жұтқызып тірілтіп алмасаң болар емес,— деп Қалдыбай қалтырай түсті (А. Байтанаев, Асан).

ӘЛДЕ шыл. 1. *Күмәндану, шүбәлану мағынасын білдіретін шылау сөз.* Осыны жазған қағазы өзінікі ме екен, *әлде* өзгенікі ме екен?— деді Нұрәділ (І. Жансүгіров, Шығ.). *Әлде* біреу келді ме? *Әлде* біреу өлді ме? Үйге біреу кірді ме? Ешкі соны көрді ме? (А. Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Кім біледі, сүрініп, Аты зақым етті ме? *Әлде* іздеп жылқыны, Өзі де ығып кетті ме? (Б. Аманшин, Өленд.). Ана қыз бұрын мектепте Баянмен бірге оқыған ба, жоқ *әлде* көрші тұрған ба, әйтеуір сондай бір ілік-шатыстығы бар («Лен. жас»). 2. *Таңдану, таңырқау мағынасын білдіретін шылау сөз.* Ол не қылған қыз, *әлде* ай, *әлде* жұлдыз (Қ. Аманжолов, Таңд.). Япыр-ау, анау Жақып қой, Түсім бе, *әлде* оң бе еді! Қайран қалып қарт ана, Өз көзіне сенбеді (С. Машақов, Жылдар). Аня, саған не болды? *Әлде* біреу ренжітті ме? («Лен. жас»). 3. *Кезектестікті, құбылмалықты білдіретін шылау сөз.* Қаланың қыр жағы *әлде* шаң, *әлде* тұман сияқтанып, жігіттерге күңгірт көрінді (І. Жансүгіров, Шығ.). Заман не боп барады? Заман азды ма... *Әлде... әлде* адам азды ма? (Т. Ахтанов, Дала сыры). Қазір ме, *әлде* түсте ме, Айтты Титов келем деп. Тыңның нағыз кішкене Батырларын көрем деп (Ғ. Қайырбеков, Күн баласы).

◆ **Әлде болса.** *Әлі де, әлде де.* Қозының не қылғанын қыздар білді, Ішінен бір

сұмдықты біліп алды. *«Әлде болса* алды-артын байқайық» деп,— Сығалап босағадан тұра қалды (Қозы Көрпеш.). Кешегі қайның Қожас тірі кеткен, Кем қылмас тең құрбыңнан *әлде болса* (Айтыс). Әлде де. *Тағы да, әлі де.* Сонда да Тарғын образы *әлде де* тереңдетіңкіреуді тілейді (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Әлде не, әлде немене. *Бір нәрсе, бір зат, бірдеме.* Гүлнар сәл үндемей отырды да, бір кезде есіне *әлде не* түскендей боп күліп жіберді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Құрт дегенге мен қазақ құрты екен десем, мұның дәмі *әлде немене* татиды?! (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Әлде не уақыт. *Біраз уақыт, бір шама мезгіл. Әлде не уақыт* Қалыбайдың қалың тізімін аяқтауға бөлінді (Х. Есенжанов, Тар кезең). *Әлде не уақытта* бір шеherge жетеді (Қаз. ертегі.).

ӘЛДЕБІР е с. *Небір, қайсыбір, әлдене.* Абайдың көңіліне *әлдебір* жолбарыстай, қабыландай қайратты, жансебіл жандар елестеді (М. Әуезов, Абай). Жұрттың айтуынша, әкесі Қашаубай *әлдебір* болысты өлтіреді де, жазасынан қорқып, Семей қаласына қашады (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жел барған сайын құтырынып, құлаққа жат *әлдебір* тағы үнмен сарнайды (М. Гумеров, Үш күн.).

ӘЛДЕБІРЕУ е с. *Бейтаныс біреу, әлдекім. Әлдебіреу* ән салад, *Әлдебіреу* бұл тойды Құттықтайды, қуанад? (І. Жансүгіров, Таңд.). Деуші еді күн тимеген, жел тимеген, Қасында *әлдебіреу* бар ма, Жібек (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). *Әлдебіреуден* көңіл қалдыратындай қатты сөз естідің бе? (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

ӘЛДЕҒАЙЫМ е с. к ө н е. *Әлде бірдеңе.* Бірінің қайырмасы: «Айман-айым», Япыр-ай, кім еді бұл *әлдеғайым?* Жасымас, жабырқамас, ер жігіттің Жанынан, кім болса да, айналайын! (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

ӘЛДЕҒАЙЫП е с. с ө й л. *Әлде бірдеңе.* Осыны ойлағанда, әншейіндегі қаттылығынан айырылып, бойын *әлдеғайып* әлсіздік биледі (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). Оның көзі буланып, көкірегі елжіреп, бір *әлдеғайып* жұмбақ сезімге бөленеді (Бұл да).

ӘЛДЕКІМ е с. *Белгісіз біреу, бейтаныс кісі, біреу-міреу.* Ауылдағы балалардың бірі бос емес, бәріміз де оқудамыз. Молдамыз — байдың молдасы, түбі қожа ма, сарт па *әлдекім* (Б. Майлин, Таңд.). Ән шырқайды аулақта, *Әлдекімдер* құбылтып. Жақсы типп құлаққа, Жан денеңді жылытып (Ғ. Орманов, Таңд.). *Әлдекімдердің* дауысы жер астынан шығады (А. Машанов, Жер асты.).

ӘЛДЕКІМСІ е т. *Өзін-өзі әлдеқандай етіп көрсету.* Өзінің ішкі арамдығы мен құр кеуделігін *әлдекімсіп* кекірею арқылы құр жіберген жоқ (К. Маркс, Таңд., 1, 154).

ӘЛДЕҚАЙДА ү с т. 1. *Белгісіз бір жақ, беймәлім жер.* Колхозға жете берістегі ылдидан зырғыған шана екпінінен гулей соққан жел, ару сөзін қағып алып, *әлдеқайда* алып кетті (М. Иманжанов, Адам тур.). Күргірей мен менің әкем анда-санда *әлдеқайда* кетіп қалады, барған жерлерінен тым ашулы, тым ызалы қайтады (Ж. Саин, Жол үсті.). Құмырсқалар *әлдеқайда* жол салып, сол салған жолмен күзектегі піскен өсімдіктер дәндерін ұясына тартып жатқан кезі екен (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). 2. *Анағұрлым, неғұрлым, әжептәуір.* Танакөз атқа мінуге, құлын құрықтауға, ағайын арасындағы әңгімелерге араласуға ерінен *әлдеқайда* епті (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Тау көлі болғандықтан, Марқакөл Зайсаннан *әлдеқайда* терең (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.). Жай қылшық түбіттен *әлдеқайда* жуан және ұзын болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.).

ӘЛДЕҚАЙДАҒЫ с ы н. 1. *Баяғы, өтіп кеткен.* Теректен істелген ақ домбыра сабаған сайын безілдеп, *әлдеқайдағы* күндерді еске түсіріп отыр (Б. Майлин, Таңд.). Кісі жолға шығып бара жатып, ат басын артына бұрмас болар,— деді,— *әлдеқайдағы* бір ырымды еске түсіріп Дайрабай (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). 2. *Қай-қайдағы, алыстағы.* Бастапқы күнді біз осылай өткіздік те, *әлдеқайдағы* елсіз-күнсіз далаға қондық (С. Мұқанов, Есею жыл.). Қасымда бірнеше жолдасым бар, ауылдан *әлдекайдағы* алыстағы мал отарларын аралап жүргенмін (А. Байтуғанов, Шопан қуанышы).

ӘЛДЕҚАЙДАН ү с т. *Белгісіз бір жақтан, алыстан.* Кейбіреулер ағаш арасына кетіп, партизандарға қосылса, ал енді бірқатары *әлдеқайдан* «аттан!» дабылын күткендей құлақтарын түріп, өздерін сергек ұстауда (С. Жаин, Жол үсті.). *Әлдеқайдан* гармонь үні, ән сазы естіледі

(К. Тоқаев, Тасқын). Алатау қол былғайды анадайдан, Қаратау елестейді *әлдеқайдан*. Көкшетау көлбең қағып көркіменен, Оқжетпес көз тартады Бурабайдан (Қ. Сатыбалдин, Әлия).

ӘЛДЕҚАЛАЙ е с. 1. *Кездейсоқ, тектентек, бостан-бос.* Садуақасовтың әлеуметтік негізге қарсы болуы, *әлдеқалай* айтыла салынған қателік емес (С. Мұқанов, Есею жыл.). Басында мен қосақ арасында бос кетіп, түрмеге *әлдеқалай* түсіп қалдым (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. *Күтпеген жерде, зәуі-шайтан.* Мен *әлдеқалай* жолым түсіп, Зайсан көлінің жағасына беттедім («Лен. жас»). Екеуі *әлдеқалай* кездесе қалса, аз сөйлестік дегеннің өзінде бірер сағат өткізіп жіберетін уақыттары болады (Б. Майлин, Таңд.). *Әлдеқалай* билет тауып қаламыз ба деген адамдар театр алдында қаптап жүрді (Аялы жандар). 3. *Әлдеқандай, қалайқалай, не күйде.* Сөйтіп, науқас халі *әлдеқалай* болады деп сескенді Иван Петрович (З. Шашкин, Өмір тынысы). Білген соң келіп қалған қалың жауды, Ер Сәмен атын ертеп қаруланды. Заманым *әлдеқалай* болады деп, Салиха іштен күйіп от боп жанды (Үш ғасыр.).

ӘЛДЕҚАНДАЙ е с. 1. *Әлденендей, беймәлім.* Түсте жат иіс шықты, алыстан *әлдеқандай* дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Тау белдеуіне сынаса өскен жасыл қарағай қара барқын тартып, *әлдеқандай* бір сыр шерткендей болалады (С. Бегалин, Таңд.). Бір кезде үлкен сары үйдің қалқасынан жан ұшыра жүгіріп, *әлдеқандай* адам шыға келді («Лен. жас»). 2. *Не күйде, не халде.* Тіл білмеген дұшпанға Сұлтаным жалғыз барасың, Қош, сұлтаным, аман бол, *Әлдеқандай* боласың? (Қобыланды.). Аспанда шырқар боз торғай, Мұсаның әні осылай. *Әлдеқандай* болды екен, Біздің ауыл халдары-ай (Қаз. әндері).

◆ **Әлдеқандай болды.** *Кісімсіді, дардай болды.* Ей, өзің неменеге *әлдеқандай бола* қалдың? Бастықтың қолын қайырма,— деп Хасен де Башарды бастырмалата жөнелді (С. Адамбеков, Көсеңнің көзі). Талайлар талаптанып жүрген шығар, Өзіне болып өзі *әлдеқандай* (Үш ғасыр.).

ӘЛДЕҚАШАН е ш. *Баяғыда, қашанғы, күні бұрын.* Жақаш мырзаның бәйбішесі *әлдеқашан* қаза тапқан деп естітін Сәкен (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Бірен-саран шыққан астықтарын жұрт *әлдеқашан* жинап алған (С. Дөнентаев, Шығ.). Жүріп келеміз... Көкшетау, оның маңындағы қалың орман *әлдеқашан* артта қалған (С. Сейфуллин, Тар жол.).

1. ӘЛДЕН ү с т. *Қазірдің өзінде, қазірден бастап, осы кезден.* Берді деп ойлайсың ба малды босқа? Өзіме тартпай туған ақымақ, шошқа? Тілімді *әлден* менің қайырасың, Айтайын не бетімді дос пен қасқа? (С. Торайғыров, Таңд.). Жапар: «қанша көгеріп тұрса да қырдың шөбіндей болмас. Біздің қырдың топырағы ас малға»,— деп *әлден* жерсінбей жатыр (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Шешесі айтты: сен де қой, балам,— дейді Өлеңге *әлден* болма алаң,— дейді (Біржан — Сара). Қары ерте түсіп, кеш кететін бұл жалаңаш дала *әлден*-ақ қыстау маңынан қарлы (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін).

◆ **Әлден уақытта, әлден соң, әлден кейін.** *Біраздан соң, бірсыпыра уақыт өткенде.* Едәуір күтті. *Әлден уақытта* Әсия мен Айлақ екеуі шығып, Аянмен ұшырасты (С. Сейфуллин, Шығ.). *Әлден уақыттан* кейін есік жақтан тағы да болымсыз тысыр естілді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Кузьменко *әлден соң* басын көтеріп, маза бермей шырылдаған телефонға келді (К. Тоқаев, Тасқын). Кілт кідірді *әлден кейін,* Қалды отырып алмай демін, Қара мылтық созды мойын, Төнді кімге салар ойын (Ә. Тәжібаев, Перне).

2. ӘЛДЕН е т. 1. *Бойға күш-қуат жию, әл алу, қуаттану.* Нұрлан Ковальчуктен айырылсымен үйіне кеп, жиен қарындасының пісірген пельменін жеп, *әлденіп* алды (З. Шашкин, Сенім). Қыстан азыңқырап шыққан қойдың қара жерге аузы тиіп *әлденгенше* күйек те бітіп қалды (С. Бегалин, Таңд.). Таңдайы кеуіп, ындыны құрып жатқан Әбітай суды сіміріп, шамалы *әлденіп* қалды (С. Омаров, Тастағы жазу). 2. *Әл-ауқаты арту, тұрмыс жағдайы жақсару.* Үкімет пен үкіметтің әрбір бөлімдері жылдам, тез хабарласып, қатынасып отырса, халықтың қай ісі болса, тез түзеліп, *әлденіп* жөнге салынар еді (С. Сейфуллин, Шығ.). Осылардың қолында өстім. *Әлдене* бастады. Ат алды. *Әлденгенің* құрысын, оған қасірет пайда болды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). 3. А у ы с. *Қарулы күш жинап алу, жарақтану.*

Егер де жау қазақ даласынан күш алса, сол жерде табан тірейді. *Әлденіп* алып революцияны қайта түншықтыруға ұмтылады (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

ӘЛДЕНДІР 1. *Әлден етістігінен жасалған өзгеліқ етіс.* Көршіге асын берген, шебін берген, Тоңғанға үстіндегі тонын берген. Жаяуға астындағы атын беріп, Әлсізге *әлдендірер* қолын берген (Пернедегі термелер). Сыра ашытқысы адамды жалпы *әлдендіреді,* денеде заттар алмасуын жақсартады (С. Сұбханбердин, Дәрі — дауа.). 2. А у ы с. *Дем беру, рухтандыру.* Соқ, қоңыр жел, *әлдендір* ән қанатын, Жеткізе көр, жеріне арналатын. Тыңдасын қыз, білсін ол, жігіт барын, Сағынғанда айтатын ән мен зарын (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Жырладым еңбектегі ерлерімді, Жырладым табыстармен тасуларды. Күштінің күшіне күш қосып жүрмін, Өлеңмен *әлдендіріп* шошынғанды (Ақын жырлары).

ӘЛДЕНДІРТ *Әлдендір етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ӘЛДЕНЕ е с. *Жоқтан өзге, не болса сол, бірдеңе.* Ғайни ойына *әлдене* түсіп кеткендей, ілгері жылжи беріп, артына жалт бұрылды да, дереу есіктің тиегін ілді (М. Иманжанов, Көк белес). Сұлтанмахмұттың көз алдында *әлденелер* елестеді (Д. Әбілев, Ақын арманы). Үй төбесіне *әлденелер* сатыр-сұтыр етіп түсіп жатыр (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Екеуі де *әлденеге* қымсынып, еленделп қалды (Ғ. Сыланов, Әңгім.).

◆ **Әлдене мезетте, әлдене уақытта.** *Біраздан соң. Әлдене мезетте* ол қарнындағы қара кресті түзетіп, ауыр күрсініп алды (І. Жансүгіров, Шығ.). *Әлдене уақытта* толғатып тұрған әйел босанып, еркек бала табады (Қаз. ертегі.).

ӘЛДЕНЕНДЕЙ с ы н. *Белгісіз бірдеңе. Әлденендей* себептермен көше алмайтын болсаң, біздің үйде қыстап шығарсың. Қысқы үйіміз мұндай емес, кең,— деді Иман ағай (Ж. Саин, Жол үсті.). Қасымдағы карттың бағанағы бастала бере тынған әңгімесі есіме түсіп, *әлденендей* ойлар билеп кетті (Ә. Әбішев, Замана перзент.). *Әлденендей* ер адамның ызалы дауысы тынық ауаны жаңғыртып жіберді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘЛДЕНЕШЕ е с. *Бірнеше, бірталай, біраз.* Жақсылық көрген-білгенін күдіксіз ғылып, орнықты етіп, *әлденеше* айтқан соң шын сенді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Дүрімбай үш ай қыс бойына неше қабат, неше түрлі жақсы-жаман сөздер айтып, екі араға *әлденеше* кісі салды (С. Шарипов, Шығ.). Дәмелі сол күйінде жоқ. Рахмет бақшаның ішін *әлденеше* рет аралады. Таба алмай қойды (С. Ерубаев, Шығ.).

◆ **Әлденеше түрге салды.** *Құбылтты, түрлендірді.* Шашын да *әлденеше* түрге салды (Күн бұрын әрине ол бұйраланды). Қолымен қобыратқан қара сұр шаш, Бір ілгері, біресе кейін барды (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ӘЛДЕНЕШЕУ е с. *Әлденеше, бірнешеу.* Омашты тартатын көліктің көпшілігі — есек. *Әлденешеуін* парлап жеккен (С. Мұқанов, Алып. адым.). Күніне *әлденешеуін* атып әкеліп, жаңа қоныс тебе бастаған қосын жұртына ол «коңыр тоқтының» талай дәмін татқызды (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Қарағанды, Қарсақпай, Ембі менен Балқаштай, Кеннің *әлденешеуін* Тағы тауып беремін (Жамбыл).

ӘЛДЕНЕШІК е с. *Әлдеқайда, нендей.* Қалмаққа жиылсын деп жарлық салды, Көп қалмақ хан жарлығын қабыл алды, *Әлденешік* жұмысқа жұмсады деп, Жиылып шаһар халқы келіп қалды (Батырлар жыры).

ӘЛДЕНТ *Әлден етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ауру жоқ, әлсіретіп аштық жеңген, Ас ішпей неше күннен қатып сенген. Аз-аз беріп *әлдентіп* алайын деп, Батыр жүр өз ақылын ойлап кеңнен (С. Әлімбетов, Өленд.).

ӘЛДЕНУ *Әлден етістігінің қимыл атауы.* Сақаға операция жасалған соң тауда дем алып, *әлденуді* қажет деп тапты (З. Шашкин, Ұядан ұшқан.). *Әлдену* үшін, жорыққа үйрену үшін бізге Әйтиев отрядына жетіп, буынымызды бекіту қажет (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЛДИ з а т. 1. *Баланы жұбатқанда айтылатын сөз.* Ана *әлдиін* көрмеген, әке әлпешін білмеген, тілім шайпау әулекі, бассыз өскен мен бейбақ... Адам қадірін, азамат қадірін жаңа танылым (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ақ сүтің балдан тәтті таңдайымда, *Әлдиің* бір кетпейді құлағымнан (А. Лекеров, Достар). Ананың *әлдиімен* көзін жұмып, Нәрестe ақтық рет қақты касын (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *Әлди,* кенжем, *әлди,* бөпем, «кесірім»...

Деп тербетем нәрестемнің бесігін.— Шынымен-ақ, қоямыз ба тоқтатып, Біздің үйдің адамының өсімін? (Ә. Тәжібаев, Таңд.). 2. *Бөпе, бөбек.* Сонда ғой анажаным, ағайыным, Қолында *әлді* болғам талайының. Жұмсақ жел — бауырымның алақаны, Сипайтын толқын шашын самайымның (Т. Шопашев, Жастық.). ⊙ Біздің елімізде жас болудың өзі қаншалықты зор бақыт!— деген тәтті бір ойдың *әлдиіне* бөленіп оралған-ды (С. Бақбергенов, Менің досым.).

ӘЛДИЛЕ е т. 1. *Жас баланы жұбату, әлди-әлди деу.* Сені мына шешең *әлдилеп* отырған кезде ол қызмет істеп жүрген азамат болатын (К. Оразалин, Ақ жазық). Құлыным, кел өзіңді әуп етейін, Далаға серуендетіп, әкетейін. Әкелік көңіл шалқып, қансын мейір, *Әлдилеп* иығымда тербетейін (М. Әлімбаев, Лирика). Әкесінің күпісіне орап Әсия Өміртайды жатқызып, қасында өзі арқасын қағып, *әлдилеп* жатып ұйықтатты (С. Мұқанов, Аспаз). 2. А у ы с. *Тербету, теңселту, шайқалту.* Жаңа ғана ат үстінде *әлдилеп* келген тәтті ой, Жақсы қиялдар быт-шыт болып, серпіліп те кетті (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Шырқалған ән, дүрілдеген домбыраның дауысы ауылдың қараңғы айналасын өзгеше үнмен *әлдилегендей* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Әлдилейді* шалғында Ақырын тербеп самал жел (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.).

ӘЛДИЛЕН *Әлдиле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Күн септі күміс сәуле жер бетіне, Теңбіл сап қардың кербез келбетіне. Арудай әткеншекте *әлдиленген,* Жылы жел бұталарды тербетуде (К. Райбаев, Жаңа толғау).

ӘЛДИЛЕТ *Әлдиле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Сондай-ақ, Әсия да алды бекіп, Құрмаш тез қан соғысқа қалды кетіп. Үміті жас ойнақтың күрт үзілді, Арманға кетті жанын *әлдилетіп* (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев). Аяғын адам ғой әр минутты, Шаттығын шалқар ойға *әлдилетті.* Тамаша! Тамаша!— деп қайта-қайта, Күлімдеп кезіп кетті кабинетті (Партия тур. өленд.).

ӘЛДІ с ы н. 1. *Әлуетті, қарулы, күшті.* Үй-іші азан-қазан айғай болды, Алтаймен екі жігіт төбелесіп. Біреуі аяқ, біреуі қолдан алды, Болмайды он жігітке Алтай *әлді* (С. Мұқанов, Сұлушаш). Осы колхоздан завмагты жіберіп, бір топ адамды азықпен *әлді* аттарға мінгізіп берді де, арыда қалған машиналарды жөнелткеншe бұлар тыным алған жоқ (М. Әуезов, Өскен өркен). Қой бір жерге үймелейтін болса, *әлділері* нашарларын ығыстырады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). 2. *Әл-ауқаты жоғары, ауқатты.* Көкшетау елінің *әлділері* қыстығүні бірнеше бөлмелі ағаш үйде, *әлсіздері* орыс крестьяндарының үлгісімен салған шым үйде отырады (С. Мұқанов, Таңд.). Ол кездің ұлы арманы — *әлді* тұру, Әл келсе атақ жайып, сөндік құру. Билепті елді ертеде пысық шалдар, Бетке ұстап, бірін — ұлты, бірін — ру (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Тұрмысты тазалықпен түзетеміз, Мың көзбен колхоз мүлкін күзетеміз. Саналы, салтанатты сауатты боп, Ауқатты, *әлді* колхоз біз етеміз (С. Керімбеков, Өленд.).

◆ **Әлді алды.** *Әлсіретті, қалжыратты.* Буынды құртып, *әлді алып,* Кәрілік те жетті сықырлап. Тітіркентті рухты, Ажал тісі шықырлап (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЛДІЛЕУ с ы н. 1. *Қарулырақ, әлуеттірек.* Қуатбектен гөрі Болатбек қара күшке келгенде анағұрлым *әлділеу* еді (Ауызекі тіл). 2. *Ауқаттылау, тұрмыстылау.* Сонда әлгі өте шыққан сүйкімді әйел Әбдір деген *әлділеу* кісінің қызы болатын (С. Бегалин, Ана қайраты).

ӘЛДІЛІК з а т. 1. *Әлуеттілік, қарулылық, мықтылық.* Ғазиз *әлділігін* ғылып, Ғайшаны төсегінің жанына келгенде белінен құшақтап әкеліп жыққан (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Әлділік* әрқашан әр жерде емес, реті мен ыңғайына қарай болар, мырза (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). 2. *Ауқаттылық, қуаттылық.*

ӘЛДІРЕК с ы н. 1. *Әлуеттірек, күштірек, күші басымырақ.* Мұны бағана түс кезінде тауып алғанмен, бірақ оны өзімнен *әлдірек* екі ағатайдың біреуі тартып алып қоя ма деп, оларға көрсетпеген едім (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Түйенің алдыңғы аяқтары артқы аяқтарына қарағанда етті де, *әлдірек* (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. А у ы с. *Азықтық сапасы күштірек, қуаттырақ.* Кәрі шіркін күшіне кіре түссін деп беріп жатырмын *әлдірек* жемді. Ал сен қара балапаныңды ақ жемге әбден тойдыр (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

ӘЛЕЙ с ы н. *Керемет, ғажап, сұмдық.* Жарайды, олай болса... Қара көктің үйіріне де қызығуым *әлей* еді, бірақ мен қара

айғырдың үйірін-ақ алайын (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Олай деме, Мажырадан Нұрланның сасуы *әлей* (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Бір мезгілде қуатымды әбден жиып, жүрегімді тоқтатып алып [батырды] тік көтеріп алып, жерге қойып келіп жіберіп, кеудесіне мініп алдым. Өзіме өзім сүйсінуім *әлей* болды (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘЛЕЙ: **Әлей болсын.** *Бірге болсын, екеумізге бірдей болсын.*— Жол болсын, би, — деді Бекмағамбетке бағыттай. — *Әлей болсын,* батыр,— деді Бекмағамбет (Б. Аманшин, Жар мұңы).— *Әлей болсын,* отағасы. Мына бір аттың үркектігі тепсеңнен бұрып әкетіп, батпаққа ұрындырғаны,— деді (Х. Есенжанов, Көп жыл.).

ӘЛЕЙКҮМҮССӘЛЕМ з а т. *Өзіңіз де амансыз ба, сәлематсыз ба.* «Ассалаумағалайкүм» деген әдепті балаға, жаңағы ұзын бойлы кісі күлімдей қызықтап *«Әлейкүмүссәлем,* төре бала»,— деп сүйсінген ықыласын көрсетті (С. Бегалин, Бала Шоқан).

ӘЛЕЙ-ТҮЛЕЙ ү с т. с ө й л. **Алай-түлей.** Ортасынан қақ бөлінген айдаһар қимылдауға шамасы келмей өледі. *Әлей-түлей* соққан боран да тоқтайды (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.).

ӘЛЕЙІМ с ы н. *Толып жатқан, көп.* Ол мына қауырт етек алып бара жатқан *әлейім* жұмыстың байыбына бара алмай, қайран қалып тұр (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

ӘЛЕЙІМ-ТАПЫРЫҚ ү с т. с ө й л. **Әлем-тапырық.** Үйге келсем, ағайым мен жеңгейім іренде-шіренде. Үй іші *әлейім-тапырық.* Әлиман өзіне тиесі жүгін буып-түйіп қойған (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ ү с т. *Астан-кестен, апыр-топыр.* Бұл оқиғаның өзі әзірше біз үшін де жұмбақ. Аяқ астынан пайда болған құйын сияқты барлық ойымыздың *әлейім-тәлейімін* шығарып кетті (Шопан серігі).

ӘЛЕК а р. з а т. 1. *Әуре, әбігер.* Күннің ыстығының әсерінен және ішкен қымыздың әсерінен тершіп, омырау түймелерімізді ағытып, желпініп, өзді-өзімізбен *әлекпіз* (С. Сейфуллин, Тар жол.). Жер дүние азан-қазан. У да шу айғаймен, тасыр-тұсыр *әлекке* толды (М. Әуезов, Абай). Байыса бір *әлек,* байымаса екі *әлек.* Қалай жағарсың жұртқа (Ғ. Мұстафин, Миллионер). 2. *Сергелдең, дүрбелең.* Қайролла келесі жылы семинарияға түсті. Бірақ 1916 жылдың *әлегімен* еліне қайтты (С. Мұқанов, Теміртас). Бұдан алты жыл бұрын соғыс *әлегімен* бүлінген кәсіпорындары бүгін ірі өнеркәсіп орындарына айналды (С. Мұқанов, Өсу жол.). — Биыл тұқым келгенде аштықтың *әлегінен* жүре алмай, бара алмап ем, маған тиісті тарыны Кәрім бермей кетті,— деді (Б. Майлин, Таңд.).

◆ **Әлегін аспаннан шығарды, әлегін аспаннан келтіреді, әлегін шығарды.** *Астан-кестен қылды, ту-талақайын шығарды.* Снаряд үсті-үстіне түсіп, сол араның *әлегін аспаннан шығарып* жатты (Ж. Жұмақанов, Солдат жолы). Эх, анау мылтықты бізге берсе ғой, гүрсілдетіп қасқыр біткеннің *әлегін аспаннан келтірер* едік (Шопан серігі). Бірде солғын тартып, салбырап өз бетімен кетеді де, бірде жер қағып жатқан солдаттарға килігіп, *әлегін шығарады* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Әлек болды,** *Әуреге түсті, әбігерленді.* Қалтылдақ шал аққұманды шоққа қойып, түтіні басылмаған самауырды дастарқан шетіне қойып *әлек боп* жатыр еді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Көзілдірігін көзінен бір алып, бір салып, тастың ол жағын бір, бұл жағын бір аударып, *әлек болды* да қалды (А. Машанов, Жер асты.). **Әлек етті, әлек қылды.** *Сергелдеңге салды, әуреледі.* Тату боп кісі берсе мен қайтаймын, Болмаса төбеңе мен ойнақтаймын. Жермен жексен еліңді *әлек етіп,* Өмірдің қызығын еш тойлатпаймын (Батырлар жыры). Жақыптың жүйрік шабдар аты жеткізбей, көп *әлек қылды* (М. Әуезов, Таңд.). **Әлек жасады, әлек көрсетті.** *Ойран етті.* Патшаның жазалаушы жасағы бұл, *Әлегін* қырға талай *жасады* бұл. Әлі де, барса сонау мүскін қырға, Заһарын айдаһардай шашады бұл (Қ. Бекхожин, Дала комиссары). Шонжарлардың барлығы ойда жоқ *әлекті көрсетті* (М. Әуезов, Абай жолы). **Әлекке түсті, әлекке ұшырады.** *Әуреге салды, әбігер болды.* Телефон трубкасын қойған соң-ақ Салпекбаев, бір *әлекке түсті* де қалды (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). Коля қазір екі карикатура салумен *әлекке түсіп* отыр (А. Байтанаев, Болат). Мені ұстап берем десеңдер айтыңдар! Сендерді *әлекке ұшыратпай,* ертең өзім-ақ

қолдарына түсейін (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). **Әлек салды.** *Ойран қылды, сойқан салды, бүлік жасады. Салу* үшін жауға *әлек,* Шықты самғап самолет (Т. Жароков, Таңд.). Жалғыз қабат терезеге екпіндеп келіп, соққан қатты дауыл біресе гуілдеп шыдамсызданып, біресе ысқырып *әлек салып,* біресе дүрілдетіп ат ойнағандай болып құтырып, ауру баланы қайта-қайта шошытып оятады (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘЛЕКЕДЕЙ: Әлекедей жаланған. *Құлшынған, дап-дайын.* Өткен қыста Қызылжарда оқыған трактористердің жиырма жігіті «Шағала» совхозының сыбағасына типті. Бәрі де *әлекедей жаланған* жігіттер және кілең қазақтар (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жәнібекпен дізелес отырған істік мұрын, жіпсік көз, сұрша — Қалабай. Ол — көп жүретін, бұл үйге талай келген, *әлекедей жаланған* шапшаң, өткір кісі (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Сол-ақ екен ортаға екі білегін сыбанып, *әлекедей жаланған* қара жігіт шықты («Лен. жас»).

ӘЛЕКЕТ з а т. д и а л. *Әуре, әлек.* Су зардабының үстіне дауылдың да бірсыпыра *әлекеті* болды (С. Дөнентаев, Шығ.).

◆ **Әлекетке түсті.** *Әлекке түсті.* Шолп етіп секірді де кетті түсіп, Ойламай іс ақырын надан күшік. Ет түгіл өзі *түсті әлекетке,* Бұ-дағы бізге ғибрат ойлап білсек (XX ғ. қаз. ақын.).

ӘЛЕКЕЙ-ШҰЛЕКЕЙ з а т. *Әлем-жәлем, анау-мынау.* Жұмабек жас кезінің өзінде *әлекей-шұлекейге* қызықпайтын біртоға момын бала болатын (Ауызекі тіл).

ӘЛЕКЕЙ-ШҰЛЕКЕЙЛЕ е т. *Әлем-жәлем тағу, әлеміштеу.* Ғазиза үстіне *әлекей-шұлекейлеген* бір жаман киімді киіп алып, есік алдында тұр екен (Ауызекі тіл).

ӘЛЕКТЕ е т. *Әлекке түсіру, әурелеу.* Бұрынғы Жайық бойын тұтас билеген атты казактар бас көтеріп, өзі аш-жалаңаш елге шабуыл жасап *әлектеді* (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Қыз Жекей, келген жерден мінімді айтып, Не жаздым, мұнша *әлектеп* бір басымды? (Айтыс).

ӘЛЕКТЕН е т. *Әлекке түсу, әурелену.* Үлкен бала әкесі мен шешесінің қолын шешпек боп, көп *әлектенді* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Алды, артындағы станциялардан жұмысшылар жәрдемге келісіп, ұзақ күнге біздің үйген тастарды аршумен *әлектенді* (І. Жансүгіров, Шығ.). Автордың суретші жолдасы қаншама *әлектенсе* де, сол қыздың сұлулығын суреттей бейнелеп бере алмайды (А. Лекеров, Қырдағы ән).

ӘЛЕКТЕТ *Әлекте етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Еш ұн қатпай, сыр бермей бір сағат бойы бізді *әлектеттің* ғой (Ә. Шәріпов, Орманда.).

ӘЛЕКТІ с ы н. *Әуре-сарсаңы мол.* Адам бабын тапқысыз *әлекті* қырғын басталды (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘЛЕК-ШӘЛЕК ү с т. *Бейберекет, әлем-тапырық, әуре-сарсаң.* Соңғы кезде бұлардың басына түскен *әлек-шәлек* жайды еске алып келе жатқан Дәурен жоқ (Ж. Жұмақаков, Қаракөз.). Мен төсектің, Жәміш столдың астан-кестеңін шығарып, қонаққа көрпе төсейміз деп *әлек-шәлек* болдық та қалдық (А. Байтуғанов, Шопан қуанышы). Бірде ол, бірде бұл жығып, кейде екеуі құшақтаса құлап, әбден *әлек-шәлек* болады (Н. Сералиев, Намыс).

◆ **Әлек-шәлегін шығарды, әлек-шәлегі шықты.** *Әбігерге салды, әуреге түсірді.* Тұтқиылдан тергеу жасап, *әлек-шәлегіміздің шығарған* жоқ па,— деді ол (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Тастарды балғамен ұрып құлатып, конвейердің ленталарын қайта-қайта жалғастырып, әрі тығылған жерін тазалап, кеншілердің әбден *әлек-шәлегі шыққанды* («Лен. жас»). Аспанның *әлек-шәлегі шығып,* айналаның құтырып тұрғанына үш күн болды (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

1. **ӘЛЕМ** а р. з а т. 1. *Жер жүзі, дүние жүзі, жиһан.* Табиғаттағы заттардың таңғажайып қызық, өзара байланысты қасиеттерін талдап білу арқылы *әлемнің* материалдық бірлігіне көзіміз жетеді (Х. Әбішұлы, Халық астроном.). *Әлемді* келдім аралап, Күшімен будың, көмірдің, Еділ менен Жайықтың (Жамбыл). Еңбегі жанған ерлерім, *Әлемге* даңқың тарасын (К. Әзірбаев, Өленд.). Жиырма сегіз қызыл жауынгерлердің ерлігі *әлемге* жайылды (Ол күндер.). 2. *Жер бетін мекендеуші барлық халық, әлеумет.* Көтеріп ән мен жырдың күй қанаты, Жүрегің ұшар құс боп аспанында. *Әлемнің* саған ауып махаббаты, Сарарқа орнар сенің жас жанында (Қ. Аманжолов, Таңд.). Қайраты тасып қалшылдап, Қойға шапқан бөрідей, Жан-жағына ырсылдап.

Әлемді алды айбаты, Қабыландай арсылдап (Алпамыс). Ойыңа білім, нұр салған, Бақыттың тұңғыш қаласы. Қайратына *әлем* тан қалған, Қалаға сонау қарашы (Жамбыл). 3. *Табиғат дүниесінің жеке-жеке бөліністері, түрлері.* Бүркіттер аспан *әлеміне* қалықтап шығады да, әлдеқайда самған барып көзден ғайып болады (С. Бегалин, Таңд.). Көк көрпесін түргендей. Зуылдайды қос қанат. Жер *әлемін* шарладық, Тамашалап біз қарап (Ж. Сыздықов, Белестер). Адам баласы өсімдіктер *әлемінің* ең пайдалы түрлерін қолдан өсіруге ерте кезден-ақ талаптанған (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Жыртқыш төбеде біраз жүрді де тайып отырды. Құс *әлемінде* қайтадан тыныштық орнады (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). 4. А у ы с. *Өмір тіршілігіндегі әр түрлі құбылыстар, салалық бөліністер.* Қазір айбынды гвардеецтер әділет *әлемінің* құдіретті қолымен қара жүрекке бойлата түйреген зауал найзасындай жау бекінісін бұза-жарып, ілгерілеумен барады (Ә. Сәрсенбаев, Офицер күнд.). Күй төгіп көкірегіңе дала лебі жасыңнан әлдиледі ән *әлемі* (М. Әлімбаев, Лирика). Бұған теңеу табу үшін бізге діни *әлемнің* бұлдыр тұманына барып кіруге тура келер еді (К. Маркс, Капитал, 1, 88).

◆ **Айдай әлем.** *Жарық дүниеде өмір сүрген барлық ел, дүйім жұрт.* Совет Одағының Батыры ұшқыш Нұркен Әбдіровтың *айдай әлемді* қайран қалдырған таңғажайып ерлігі жайында жазған «Қанатты қазақ» дастаны қазақ поэзиясына қосылған елеулі үлес («Қаз. әдеб.»). Ей, Қараман, Қараман, Әкім болдың жасыңнан! *Айдай әлем* қараған, Шұбар атты бір бәле, Кепті бүгін даладан (Алпамыс). **Бар әлем, бүкіл әлем, күллі әлем.** *Дүние жүзі. Бар әлемнің* ұлдарын, Туыстырған дәнекер, Ұлы Октябрь пырағы (Жамбыл). Ұлы дүбір, ұлы думан *Бар әлемге* тарады, Жиһандағы жан иесі Кремльге қарады (Қ. Аманжолов, Таңд.). Сабыржан өзінің кім екенін ауылға емес-ау, *бүкіл әлемге* танытады (О. Сәрсенбаев, Даңқ.). Таң қалып қыздарына СССР-дың, Қарай қалды көз тігіп *күллі әлем* (М. Жансаева, Ана жүрегі).

2. ӘЛЕМ з а т. д і н и. 1. *Қасиетті, киелі деп танылған әулиелердің қабірінің басына байланған ақтық, сыйынудың белгісі. Әлем* байлап ағашқа Әулие деп табынған, Шектідей емес қызығым (М. Әуезов, Таңд.). 2. *Жүйрік атқа, домбыраға т. б. қасиеттеп, қадірлеу үшін тағылатын шүберек.* Аттың үстінде тақтай тоқым, кекілін кертіп маңдайына *әлем* байлаған (І. Жансүгіров, Таңд.). Қолында қоңыр домбыра, Қыдырынды бір ақын Қикылдайды, сарнайды. Домбыраның басына Бәйбіше *әлем* байлайды (І. Жансүгіров, Таңд.). Бауырында ақ бөкеннің ылағы ойнап, Сағымдай сумаңдаған салып ойнақ. Уа шіркін! Шың құзына келіп шығып, Отырсам қызыл жібек *әлем* байлап! (С. Сейфуллин, Өлеңд.). 3. А у ы с. *Масқаралап қорлау үшін жапқан жамылғы.* Баттитып беттеріне күйе жаққан, Кигізіп құрым киіз, *әлем* таққан. Екеуін бір өгізге мінгестіріп, Қалдырмай қалың елді аралатқан (С. Омаров, Сәукен).

ӘЛЕМДЕ е т. *Әлем тағу, әлем байлау, әшекейлеу.* Қалмақ шықты майданға Шамасы елу жастағы, Астына мінген *әлемдеп,* Мақпалдай қара қасқаны (Ұлы ғасыр.).

ӘЛЕМДЕТ е т. *Әлем тапырағын шығару.* Далада екі-үш дауыс шаң-шұң етті, Біреуі ойбай салып *әлемдетті.* Ойбай-ау, «жігітжан» жоқ, ұйқтап жатқан, Таппадық үйден, түзден қайда кетті (И. Байзақов, Ақбепе).

ӘЛЕМДІК с ы н. *Әлемге тән, әлеуметтік, қоғамдық.* Абай екінші Россияның зор ағартушылық және *әлемдік* қасиеті бар, терең ғылымын жоқтайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Алдымызда нысана Коммунизм шамшырақ, *Әлемдік* ұлы жолдағы (Ү. Кәрібаев, Өлеңд.). Біздің батыр халқымыз *әлемдік* аренада ұлы еңбекшіл жұрт, жасампаз жұрт тұрғысынан ғана көрінеді («Лен. жас»).

ӘЛЕМЕТ с ы н. *Ғажап, керемет, ғаламат, сұмдық.* «Билік, теңдік, қолға тізгін тиді» деп, «Бай шіркіндер аяққа бас иді»— деп. «Не *әлемет* күндер бастан өткен ғой, Ойлап тұрсақ бұрынғы өткен күйді!» деп (Б. Майлин, Таңд.). *Әлемет* жаңбыр жер бетінің ойлы-шұңқыр жерлерін суға толтырды (А. Машанов, Жер асты.). Өзім ес білгелі, күздің мұндай ерте түскенін, мұндай *әлемет* суық болғанын көрген емеспін (С. Омаров, Хантағы).

ӘЛЕМЕШТЕ е т. с ө й л. Әлеміштеп. Мұны сынайын деп бір қу жігіт, басына үрген қарынды киіп алып, бет-аузын басқамен бүркеп, үстін *әлемештеп,* ала

көлеңкеде шалдың үйіне кіріп келді (Қаз. ертегі.).

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ с ы н. 1. *Әлекей-шүлекейлі, алабажақтанған, аламыш әшекейлі.* Әдетте байлар киіз үйдің басқұр, желбау, таңғыш сияқты бауларын кілем түсті ғып әдемі тоқытады, олар үй ішін *ә л е м-ж ә л е м* ғып ажар беріп тұрады (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тәйірі, Тәңірбергенді қайтесің, жақсы атқа мінсін, *ә л е м-ж ә л е м* боп киініп, қыз-келіншегі бар ауылдың шетінде көлбеңдеп жүре берсін (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. А у ы с. *Әләйім-тәлейім, бей-жай.* Көңілінде бір кірбің бар, ойы *ә л е м-ж ә л е м.* Топ бастығының маңағы сөзінен соңғы көңілсіздік еңсесін езгендей (М. Сәрсекеев, Жетіжылдық). Көптің аяғымен тапталған егін...— бәрі көңілін *ә л е м-ж ә л е м* қылды (Т. Нұртазин, Мұрат). Көңілге енген қобалжу енді тіптен маза бермейді. Әсіресе ананың жүрегі *ә л е м-ж ә л е м* («Лен. жас»).

ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚ ү с т. с ө й л. **Әлем-тапырық.** Үйдің тас іргесі сөгіліп, кесек тас, топырақ пен балшық *ә л е м-т а п ы р а қ* боп жатты (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Баубек құрықты жантая тартса, көк қасқа ат шапшып, шалқая, біресе алдыңғы екі аяғын көсілте тіреп, көткеншектей тартады. *Ә л е м-т а п ы р а қ* тулап жүр (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Бекен мен Далбайға білдірмесе де, әлгі бір ойдан соң іші *ә л е м-т а п ы р а қ* боп, не істерін білмей біраз отырды (С. Бақбергенов, Қоянкөз.).

ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҚ ү с т. 1. *Астан-кестен, әптер-тәптер.* Қасқырлар кейде қаптап атойлады, Жел шашып ойнағандай от ойнағы. Аспаннан топырақ жауып *ә л е м-т а п ы р ы қ* (Ө. Тұрманжанов, Сұңқар.). Апыр да топыр, у-шу. ...Үстінен мылтық атылып, ортасына ат ойнаған ауыл суға кетіп бара жатқандай *ә л е м-т а п ы р ы қ* болды (І. Жансүгіров, Шығ.). Барақтардың асты үстіне шығып *ә л е м-т а п ы р ы қ* болып жатыр екен (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Қардың *ә л е м-т а п ы р ы ғ ы н* шығарып, боран түтеп қоя берді (С. Омаров, Әңгім.). 2. А у ы с. *Бейберекет, әлейім-тәлейім.* Есіктің алдында күтіп алған Рахмет пен Байжан кабинетке кірсе, Рахметтің кескіні *ә л е м-т а п ы р ы қ* екен (С. Мұқанов, Сырдария). Мұрат әйелінің *ә л е м-т а п ы р ы қ* кескінін көріп, сөзін шорт үзді (Т. Нұртазин, Мұрат). Ұстаз сөздерін балалар ұйып тыңдады. Ол «жеңіс, тыныштық» деген сөздерді айтқан сәттерінде көз алдына соғыстың от жалынында жүрген өз шәкірттері елестеп, жан дүниесі *ә л е м-т а п ы р ы қ* болып кетті («Қазақст. мұғ.»).

ӘЛЕМШІ з а т. *Әлекей-шүлекей, әлем-жәлем.* Қыздың өңінде реніштің ізі жоқ, үстіне алабажақ, *ә л е м і ш,* шолақ жең көйлек киген, шашы дудырап иығына түскен Доғалға таңырқай қарап тұр (Т. Ахтанов, Дала сыры). Зергерлер жүзік, сырға, ілгек, аттың әбзелдеріне *ә л е м і ш т е р* әзірледі (М. Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Үстінде әр шатырдың жүзден жалау, *Ә л е м і ш* ағашында жібек орау. Самсаған самаладай тарау-тарау (К. Райбаев, Жаңа толғау). Тас қашаушы екі шебер. Бірі жаңа құрылыс үшін тасқа *ә л е м і ш* салып жатыр («Қаз. әдеб.»).

ӘЛЕМШІТЕ е т. *Әлем-жәлем тағу, әлекей-шүлекейлеу.* Ортада үлкен ақ үй сегіз қанат, Түзелген кемшіліксіз сән-салтанат. Оюмен *ә л е м і ш т е п* отауларды, Торлаған туырлығын неше қабат (И. Байзақов, Шығ.). Басында құндыз бөрік, көк драп шапанының жағасын қызыл күрең пүлішпен *ә л е м і ш т е г е н* (К. Оразалин, Көктем.). Сен байғұс, үйді *ә л е м і ш т е г е н н е н* басқа білетінің бар ма? (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

ӘЛЕМШІТЕН *Әлеміште етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Асты да шаң, үсті де шаң шеберханада үй сылаушының киіміндей боп *ә л е м і ш т е н г е н* суретшіден бір зиялылықтың, терендіктің лебі еседі («Қаз. әдеб.»). Машинаның әйнектерінде қырау қалыңдаған сайын менің де көңілкүйім *ә л е м і ш т е н і п* кетті (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ӘЛЕМШІТЕУ *Әлеміште етістігінің қимыл атауы.* Спектакльде табиғат суреттері тек қана сахнаны *ә л е м і ш т е у* міндетін атқармайды («Қаз. әдеб.»).

ӘЛЕМШІТІ с ы н. *Әлеміштелінген, әлекей-шүлекейлі.* Жрецтер адамдардан ерекше ақ, түрлі *ә л е м і ш т і,* кірсіз таза киініп жүреді екен (Е. Ысмайылов, Ақындар).

ӘЛЕН-ПӘЛЕН е с. *Анадай да мынадай, андай да мындай.*

ӘЛЕҢКІДЕЙ: **Әлеңкідей жаланған.** С ө й л. *Әлекедей жаланған.* Құйымшағынан майы шыққан өгіздер, жегуге әзірленген аттар. *Ә л е ң к і д е й ж а л а н ғ а н* жігіттер (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла).

ӘЛЕПЕТ з а т. *Қырсық, кесір.* Қамқордың *әлепеті* болмаса, тиыш жатқан момын ел мұндай бола ма? (К. Оразалин, Көктем.).

ӘЛЕТ з а т. с ө й л. *Мезгіл, мерзім, кез.* Қарт қабырғадағы кәрі сағатқа қарады. Тұс *әлеті* әлі болмапты (З. Иманбаев, Дала көктемі). Осы *әлетте* есіктен көйлекшең Тұрсын шыға келіп, «апа!» — деді де, қарияның құшағына кірді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Екінді *әлетінде* ауылдың көші жөнелді (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЛЕУЕТТІ с ы н. с ө й л. *Әлуетті.* Бекіш жуан қарнын кеудеме тақап, талдырмаш денемді *әлеуетті* қолымен қапсыра құшақтап алды да, қарлыққан рабайсыз даусымен жылай берді (С. Шаймерденов, Мінез). Кеше ғана тұлымы жалбырап орта мектепте оқып жүр еді Рабиға. Енді бүгін *әлеуетті* азамат («Лен. жас»). Уа, ғажап, жайнап жатқан шай даласы, Ну жыныс, аққан бұлақ айналасы. Қамшымен ұрып жатыр үнді қартын, Ағылшын, *әлсуетті* бай баласы (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

ӘЛЕУЛАЙ з а т. с ө й л. *Ән ырғағы.* — Мен Тухфатуллин сияқты күшеніп, екі күн рекорд беріп, басқа күнде *әлеулай* айтқым келмейді!— дегенде, Ораз Серегинге мысқылдай, тесіле қарады (З. Шашкин, Теміртау). Егентай ән салып кірді. *Әлеулай*... Гакку-гакку... деп келіп пальтосымен төсекке аунай кетті (С. Ерубаев, Шығ.).

ӘЛЕУМЕТ а р. з а т. 1. *Ел-жұрт, халық.* Рұқсат етсең, *әлеумет,* Тынығып біраз көрейін. Дем алып тағы сөйлейін, Сөйлеттің неге демейін (Жамбыл). Өзіме оқу оқытады, Қара танып, хат жазам. *Әлеуметтің* ұлы боп, Ауылды бағам, басқарам (І. Жансүгіров, Таңд.). Алқа-қотан *әлеумет* Отырды кең ордада. Өткенкеткен әңгіме Сейленіп өтті ортада (С. Сейфуллин, Шығ.). 2. *Қоғам, мемлекет.* Қазақстанның *әлеумет* тұрмысында бір керекті мәселесі — кеңес құрылысы. Кеңес құрылысы болғанда, алдымен кеңселерде қазақ тілін жүргізу мәселесі (С. Сейфуллин, Шығ.). *Әлеумет* өміріндегі әр алуан ірі өзгерістер жатса ғана оның әдебиеттік мәні болмақ (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Ішкі мазмұнына, алған бағытына қарағанда, өлеңдері жалпы жақсы. *Әлеумет* өміріне коммунисше қараған (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘЛЕУМЕТТІК с ы н. *Қоғамдық, социалдық.* Жамбыл бірқатар өлеңдерінде қоғамдық қайшылықты, *әлеуметтік* теңсіздікті көріп, еңбекші кедей тұрмысына жаны ашу сезімін көрсете айтты (Е. Ысмайылов, Ақындар). Совет елінде діннің *әлеуметтік* тамырларына балта шабылды («Халық мұғ.»). Революционерлер жер ауып жүріп, *әлеуметтік* жұмыстармен шұғылданады (Т. Әлімқұлов, Абай).

ӘЛЕУМЕТШІЛ с ы н. *Әлеуметті сүйетін, соның жоғын жоқтайтын.* Раушан өзінің *әлеуметшіл* күрес жолына белсене беріледі, замандастарын да, ерін де коммунистік дұрыс жолға бастайды («Қаз. әдеб.»).

ӘЛЕУМЕТШІЛІК с ы н. *Әлеуметке тән, соған қатысты.* Бұлардың бәріде бұрынғы патша заманындағы оқып жүрген балалардай емес, бәрінің де қазір *әлеуметшілік* сезімі оянған, бәрінің де еңбекшіл тапқа қызмет қылмақ талабы зор (С. Сейфуллин, Шығ.).

ӘЛЕУСІРЕ е т. с ө й л. *Өлеусіре.* Арпалыс жолына шыққан соң, айдалада, *әлеусіреп* тарығып, сары уайымға салынбай, дұшпан атаулының кімі болса да, соған соқтыға беруі керек (Ж. Тілеков, Жоңғар даласы.).

ӘЛЖУАЗ с ы н. 1. *Жіп-жіңішке, нәзік, шипиген.* Іштегі турбина-генератор басында Дмитрий, оның қасында *әлжуаз,* ақ құба жігіт Жарқын тұр (Ғ. Сыланов, Шалқар). Шипиген *әлжуаз* шіркін, сенің қауқарың бір білем құйрық, бір жіліктен аса қояр ма екен? (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Туғанына үш айдан асқан қозыларды және *әлжуаз* қойды бөліп алып, кейін өз алдына тоғытады (Ә. Әбішев, Мал дәрігер.). 2. *Әлсіз, күші кем, осал.* Буыны бекімеген *әлжуаз* жапырақтардың нөсер суына былғанып, ұшып түсіп жатқаны да бар (Ғ. Сыланов, Әңгім.). Жазира талықсып көп жатты. Дәрменсіз қызыл шақа денеге қарады... *Әлжуаз* қолдар бірдеңе іздегендей ербең-ербең етеді («Лен. жас»). Жүгерінің сабағының ұзындығы 16—18 сантиметр. 16—18 қатар дәні бар. Қатарлар арасындағы жүлкелер *әлжуаз* немесе орташа (М. Ерлепесов, Тұқым өсіруші.).

ӘЛЖУАЗДАУ с ы н. *Нәзіктеу, ашаңдау.* Аудитория есігінің саңылауынан сығалап тұрған бір *әлжуаздау,* жұқал-

тай қыз басын шұлғи көтеріп алды (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

ӘЛЖУАЗДЫҚ з а т. *Әлсіздік, осалдық.* Тақырып тарандығы, көрген-білгенін жинақтап қорыта алмау, әдеби шеберліктегі *әлжуаздық* әлі де болса көптеген жас авторларға тән олқылық («Қаз. әдеб.»).

ӘЛИ: **Әли болсын.** С ө й л. *Әлей болсын.— Әли болсын.* Өздеріңіздің көштеріңіз оң болсын (С. Шарипов, Шығ.).

ӘЛИКУМССАЛАМ з а т. с ө й л. **Уағалайкумссалам.** Арман. Ассалаумаликум! Жанас. *Әликумссалам!* (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала). Торсықпай. *Әликумссалам.* Е, сенің де осындай шелпек жейтінің бар ма еді? (Қ. Қуанышбаев, Шаншарлар).— *Әликумссалам,* қайдан балам? (І. Жансүгіров, Таңд.).

ӘЛИФ ар. з а т. к і т а б. **Әліп.** *Әлиф* деп ай йүзіне ғибрат еттім (Абай).

ӘЛКЕНШЕК з а т. с ө й л. **Әткеншек.** *Әлкеншек* ағашы тәрізденіп сап түзеп тұрған батальонға қарай аяңдадым (А. Бек, Арпалыс).

ӘЛ-КҮШ з а т. *Артықшылық, басымдылық, күштілік.* ...Тек қана лақап үшін зорға ұмтылып, Басқаның қарамайтын *әл-күшіне* (XX ғ. қаз. ақын.).

ӘЛ-ҚАДАРЫНША ү с т. *Шама-шарқынша, хал-қадарынша.* Тақырып зәрулігі көтерген проблемаларының қажеттілігі жағынан бұлардың қай-қайсысы да өз *әл-қадарынша* Мұхтар Әуезов бастаған істің жалғасы («Қаз. әдеб.»).

ӘЛҚИССА ар. қ ы с т. ф о л ь к. *Екі оқиғаны бір-бірімен жалғастыру үшін сөз басында келетін қыстырма сөз; «сөйтіп», «сонымен» деген сөздердің орнына жүреді. Әлқисса,* Шекті деген елінде Сарыбай бай деген бар еді, онда да пезент жоқ еді (Алпамыс). *Әлқисса,* сол кезде Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы-қала, Сырлы-қала деген екі қаласын тартып алды (Қобыланды.). *Әлқисса,* жұрт уәзірдің бұл сөзін естіп, жауап таппай тарап кетті (Батырлар жыры).

ӘЛ-ҚУАТ з а т. *Күш-жігер, қайрат.* Адам денесіне *әл-қуат* беретін негізгі материал — углевод, май және белок (Е. Оразақов, Дәрігер.). Дәулет поездан түскен бойда ауылға беттеді. Госпитальдан жаңа ғана шыққан кезі ғой, *әл-қуаты* бұрынғыдай емес (Майдан). Мен де жырлай берейін, Жеткенінше *әл-қуатым.* Түгел таусам демейін, Ішетін мол суатым (С. Мұқанов, Замандас тур.).

ӘЛЛО о д. с ө й л. **Алло.** *Әлло!* Бұл кім? Ә-а, Айсұлу!.. Мұнда келіп кет!.. Жарайды,— деді (С. Сейфуллин, Таңд.). — *Әлло!*— деді ол телефонның трубкасын құлағына тосып (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). *Әлло, әлло!*— Түйілсе де қасқабағы, Ақ шешей трубканы тастамады. Деп қалдым осы кісі телефонмен, Шығарақ басқаратын астананы (Ә. Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

ӘЛМЕ-ӘЛ ү с т. ж е р г. *Қолма-қол, ауызба-ауыз.* Бұл — оның жүрген ортасының күнбе-күнгі өмірінен алынып *әлме-әл* айтылатын кәдімгі қызық импровизациялар («Лен. жас»).

ӘЛМЕНДІРЕК с ы н. д и а л. *Күші басым, үстем.* Байдың бұнысы асық ойнаған *әлмендірек* баланың: «Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі»,— деген көзсіз зорлығындай болды ғой (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘЛМИСАҚ: **Әлмисақтан бері.** *Атам заманнан, баяғыдан, ертеден.*— Қарағым, сен білесің бе, әуелі құдай жақын, онан соң жақынымыз осылар.— *Әлмисақтан бері* білемін (К. Кемеңгеров, Алтын сақина).— Батареясы таусылған болар, — деді шофер.— Пәле, қайдағы батарея. *Әлмисақтан бері* сөйлемей тұрған сорлы көрінеді (З. Шашкин, Сенім).

ӘЛПЕЙІМ с ы н. *Бірде олай, бірде бұлай, құбылмалы. Әлпейім,* мінезі ауыр, сөйлемейтін, Қиғаш қас, қабақ шытпас пары болса. Ләйлідей лебіз ашса, сүйсінерлік, Тілінің тынықтырар балы болса (Үш ғасыр.).

ӘЛПЕНШЕК з а т. с ө й л. **Әткеншек.** Аман бол, ата-мекен туған жерім, Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім. Бой түзеп бозбаламен *әлпеншекке,* Ән шыркап алтыбақан құрған жерім (Б. Адамбаев, Ақ бөбек). Папам Бақытжанға *әлпеншек* жасап тыста жүрген (Ә. Көпбаев, Мақтаныш). Қамқор балаларға колхоз да көмектесті. Павильон, беседка, балалар ойнайтын *әлпеншек* жасап берді (С. Баязитов, Күтпеген кездесу).

ӘЛПЕТ з а т. **1.** *Кескін-кейіп, тұр-нұсқа.* Байжан суретті әдемі салатын-ды. Адамның *әлпетіне* қарап отырып, тұр-

ажарын қағаз бетіне айнытпай түсіретін ебі бар (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жұман үй ішінің *әлпетінде* бір күйзеліс барын байқады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). А, қырық бала, бер қара, Ойнаған жерің кең дала. Келе жатыр жүз адам, *Әлпеттері* тым жаман (Батырлар жыры). 2. *Жалпы көрініс, бағдар, бет.* Қалжың жаңағы теректің түбінде басталып кетіп, енді-енді қыза бастаған *әлпеті* бар (Ғ. Мүсірепов, Белдерде). Өтті ғой талай кәрі, талай бала, Сыйласып жүрмек едік келсе шама. Шошимын науқасының *әлпетінен,* Болсын тек емшілерден шипадауа (Айтыс). Тегі, кеңсе күткен кісінің *әлпеті* бар (І. Жансүгіров, Шығ.).

◆ **Әлпет білдірді, әлпет көрсетті.** *Белгі берді, сездірді.*— Оқасы жоқ,— деп Бағила да оның ойын алдын ала аңғарғандай *әлпет білдірді* (Ф. Дінисламов, Ұшқын). Ояз орнынан тұрып кетті, көздері шатынай түсті. Жүністі тірідей жұтып қоятындай *әлпет көрсетті* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). **Сөз әлпеті.** *Сөз төркіні, сөз бағдары.* «Мұғалімдік өнері қандайын өзі білсін, әйтеуір, пысық екен» деп ойлады Жақыпбек оның *сөз әлпетінен,* жүріс-тұрысынан байлау жасап (М. Иманжанов, Менің махабб.). Білдірдің қағаз жазып барша жанға, ұқсайды *сөз әлпетің* шаршағанға. Шықпаса Сыр бойынан қарыздарың, Сұрастыр қағазбенен Аркадан да? (Айтыс). **Түс әлпетінде.** *Түс кезінде, түс мезгілінде.* Кеше *түс әлпетінде* ауыл үстімен бір үйір үйрек зулап өтті (Х. Рахимов, Қарлығаш).

ӘЛПЕТСІЗ с ы н. *Ұсқынсыз, кескінсіз. Әлпетсіз.* аю сынды, аю келді, Жамылып, өсімдіксіз мұздан тері (А. Тоқмағамбетов, Шығ.). Жапырақсыз ағаштың көлеңкесі қандай көріксіз, *Әлпетсіз* болатын еді (С. Бақбергенов, Алтынемел.).

ӘЛПЕТТЕС с ы н. *Түстес, іспеттес.* Бір сәтте аузын сәл ашып, дүниеге сүйсіне таңданып қараған бала *әлпеттес* те болып кетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

◆ **Бір әлпеттес.** *Біртектес.* Жер біртектес, құнарлылығы да, ылғалдылығы да шамалы. Жасалған агротехникалық өңдеуі де бір *әлпеттес* («Лен. жас»).

ӘЛПЕТТІ с ы н. 1. *Кескіндес, іспеттес.* Қыс *әлпетті* шалдардың Қырау мұртты жүзінен, Кеткенін ызғар аңғардым, Көктемдей күлген көзінен (Т. Жароков, Шығ.). 2. *Келбетті, келіскен.* Жұмаш Еленовтың жазуы бойынша Мұхаметжан *әлпетті,* аласа бойлы, толық, дембелше келген кісі болған екен (Б. Кенжебаев, ХХ ғ. дем. жазушы.). 3. *Сияқты, тәрізді.* Өнген-өскеннің жарастығын даттап тұрған көрікті дүние, енді ғана Несіпбайға жадырап қараған *әлпетті* (М. Әуезов, Таңд.).

ӘЛПЕШ з а т. 1. *Аялаған бала, сәби.* Әлди, әлди! *Әлпешім,* Ұйықта деймін — ұйықтайсың. «Мә-мә» берсем қайтесің, Ұйықта десем ұқпайсың (Қ. Аманжолов, Таңд.). 2. *Аялы мейірім, ерекше күтім.* Сағынайы әлі балаусалау, көлденең жатқан шөңгені сындырмаған, әкенің алақанында, шешенің құшағында балапанша *әлпешпен* өскен бала (М. Сатыбалдиев, Жартас.). Кіміңе сенесің. Анау Арынға ма? Оның өзіне бір *әлпеш* керек (Р. Тоқтаров, Ертіс.).

ӘЛПЕШТЕ е т. 1. *Ешбір кемшілік көрсетпей, мәпелеп өсіру, бетінен қақпау. Әлпештеп* өсіреді ата-анасы, Кей қыздың ұлдан артық дәрежесі. Сүюге ұл мен қыздың бәрі бірдей, Туған соң бөтені жоқ өз баласы (Ақан Сері, Шығ.). Ыбырай, Абай, Шоқан, Жамбылдарды, Алмастай өткір ойлы алғырларды, Ана ғой *әлпештеген,* ер жеткізген, Осындай керемет зор даңғылдарды (К. Райбаев, Жана толғау). Алдына ап әлдилеп, уатып, Ойнатып, ермек қып, жуатып, Өсірген *әлпештеп,* аялап (А. Лекерев, Достар). 2. А у ы с. *Ғылым-білім беріп тәрбиелеу, ер жеткізу.* Мен еркін өстім, елім дедім, Жасымнан еңбек десе ерінбедім. *Әлпештеп,* еркелетті нұрлы заман, Табылды туған күннен көңілдегім (Жас қанат). *Әлпештеп* сені өсірген, Сендер Отан түлегі (Т. Жароков, Таңд.). Отан біздің анамыз, *Әлпештеген,* өсірген («Балдырған»). 3. *Бағып-қағу, күту.* Қазақ қай түлік мал болса да, оны соншалықты *әлпештейтін.* Оны сүйіп-сүйсінуде де ешбір шек болмаған (Тарту). Қанатты қара бүркітім, Асыраған *әлпештеп,* Аққуыңды іледі (Қамбар.). Боз інген бота туады, Мәпелеп шал мен кемпірге, *Әлпештеп* оны бақтырсаң (Қаз. ертегі.).

ӘЛПЕШТЕН *Әлпеште етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қалайша ұмыттың сен бала күнді? Есімде! Көз алдымда *әлпештендің* (Ж. Өмірбеков, Батыр.).

ӘЛПЕШТЕС *Әлпеште етістігінен жасалған ортақ етіс.* Шалдарға күлімсіреп қарайсыңдар. Жатыр-ау жанарында талай сындар. Әдетпен *әлпештесіп* аға-

ларды, Жаманын жарамдыға балайсыңдар (Ә. Тәжібаев, Таңд.).

ӘЛПЕШТЕТ *Әлпеште етістігінен жасалған өзгелік етіс. Әлпештетін* арыңдай әлдилесе, Қалғытып, я жатпассың сен қалайша? (А. Тоқмағамбетов, Өлеңд.).

ӘЛПЕШТЕУ *Әлпеште етістігінің қимыл атауы.* Үй іші де түгелімен Ғазизаны *әлпештеуші* еді (М. Әуезов, Таңд.). Бүгінгі үмітіміз ғой, жолдастар! *Әлпештеуіміз,* авторитетін көтеруіміз керек (С. Шаймерденов, Болашақ.). Біздің өнегеміз атаны қадірлеу, ананы *әлпештеу,* байсыз өтсек те бойымызға кір шалдырмау (Жастар эстрадасы).

ӘЛПЕШТІ с ы н. *Аяулы, қадірлі.* Бұл Отанның Майы да Коммунистік партияның *әлпешті* ұлы болды. Әрбір жылдың айы да «ол» деместік, Былтырғыдан көркем де, ірі болды (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ӘЛПІ з а т. с ө й л. Әлпет. Төрағаның көселеу, құбақан бет *әлпі,* жыпылдаған сөз саптауы бұларға бір көрген адамды елестетті (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Есітіп бұл хабарды Иран халқы, Жүгірді алдарынан жаяу-жалпы. Рүстемнің қуанышы ішке сыймай, Көркейді күн сияқты көктегі *әлпі* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

ӘЛПІНШЕК з а т. с ө й л. Әткеншек. Адыраға алдың мініп, Мойнына тағып арқан. *Әлпіншегің* құтты болсын! Тебін, көкке өрле, қалқам! (Ә. Сәрсенбаев, Өлеңд.).

ӘЛСІЗ с ы н. 1. *Күші кем, мықты емес.* Шабан, *әлсіз,* жалқау адам заманға ілесе алмай, мезгілінде үлгіре алмай, әр нәрседен кем қалады (С. Сейфуллин, Шығ.). Нағанды басып қап ем *әлсіз* қолмен, Ашулы оқ арсыз жауды түсті турап (Д. Әбілев, Өлеңд.). Ол жағы өршелене, тігіп көрін, Ышқынды, шаң-тозаңның қуып бәрін. Бел байлап, кіріскендей құлатуға, Сындырды үйдің *әлсіз* уықтарын (С. Жиенбаев, Қарлығаш). 2. *Жай, баяу, сылбыр.* Қайырбектің соңғы сөзі *әлсіз* естіліп, тым-тырыс бола қалды (Ғ. Сыланов, Шалқар). Торайым әм қара киіп азалайды екен. Қазір де *әлсіз* дауыспен, «ойбайын» салып, Ғаниды құшақтады (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). *Әлсіз* желмен ұйтқып, жауған ақша қар, Түсіп жатыр шарбақтарға кептеліп (З. Шүкіров, Менің дос.). 3. *Осал, босаң.* Тұрар жәбірленіп қалды. Қамбардың қайтсе де бір *әлсіз* жерін таппақ болды (С. Шаймерденов, Мінез). Ауылда әлі ескілік күшті болғанымен келешегі *әлсіз.* Жаңалық әзір *әлсіз* болғанымен, келешегі күшті (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, *әлсіз* жері де осы Тобықтының ішінде (М. Әуезов, Таңд.). 4. *Әл-ауқаты төмен, жарлы-жақыбай, кедей-кепшік.* Дәмежандар әлі де қаланың *әлсіз* ғана тұрғын кедейінің бірі (М. Әуезов, Шығ.). Алтай-Қарпықтың бір қазығы құлаған екен, амал не!— деді, Көпейдің төркіні *әлсіз,* ауқатсыз екендігіне соқтығып (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Жездем үйінің осындай *әлсіз* халін көргеннен кейін, масыл боп отыра беруге ұялып, мен кәсіп іздеуге тырыстым (С. Мұқанов, Өмір мектебі). 5. *Күші аз, күші төмен.* Арақ-шарабы бар мәжілістерде, ол кішірек бір рюмкаға *әлсіз* қызыл шарапты ғана құйып алатын еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Пышақты қайрау алдында ас тұзының *әлсіз* ертіндісіне батырып, біраз ұстаңыз да, одан шығарысымен сүртпестен бірден қайрасаңыз, пышағыңыз өткір болып шығады (А. Мырзабаев, Химия қызығы). Аурудың алдын алу мақсатында көп уақытқа дейін дезинфекциялағыш *әлсіз* ертінділер жағып отырған жөн (Ғ. Мулағулова, Грибок.).

◆ **Әлсіз жатты.** *Әл үстінде, ауыр халде болды.* Бір адам *әлсіз жатты,* қалғандары үмітке толы сезіммен өмір үшін арпалысты (Адам және химия).

ӘЛСІЗДЕ е т. *Әлсіреу, әлі кету.* Құшақтап сүйген жарын қатты қысып, *Әлсіздеп* нәзік дене қалтыранды. Жас өмір, күл боп көкке ұшасың ба, Толған гүл соласың ба деп зарланды (Әсет, Шығ.).

ӘЛСІЗДЕН е т. 1. *Әлі кету, күші қайту.* Аурудың көңіл-күйі төмендейді, басы айналып ауырады, *әлсіздеңеді,* орнынан тұрғанда көзі қарауытады (М. Исамбаев, ...Мед. анықтама). Құңшашта күшті сандырақ, Екі беті албырап. Оттай күйіп денесі, *Әлсіздеңді* қалжырап (С. Мұқанов, Таңд.). Қатты сілтеген пәрменді соққының талайы-ақ қарсы келіп, қағып өткен жұдырықтан *әлсізденіп,* зәрі қайтып, уыты жайылмады (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). 2. *Көмескілену, солғындау, бәсеңсу.* Зәрі қайтқан қызыл күн *әлсізденіп* таудан асып, ұясына кіріп барады (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘЛСІЗДЕУ с ы н. 1. *Осалдау, босаңдау.* Ақыл парасатына жүйрік Андрей дене күшіне *әлсіздеу* еді (С. Мұқанов, Таңд.) Әйтеуір әсерсіздеу, *әлсіздеу* жазылған өлеңді оқыған жұртшылық жүректен шықпаған екен деп жатады («Қаз. әдеб.»).— Бұдан өлген жақсы,— деді Асқар, кейістік дауыспен Кузнецовтың қолын *әлсіздеу* қысып (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). 2. *Көмескілеу, солғындау, бәсең. Әлсіздеу* бір сәуле жылт-жылт етті де, қайтадан өшті (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Солтүстіктен ызғарлы, әзірше *әлсіздеу* қара өкпек жел тұрыпты (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Дамылсыз дыбыс күттім демін санап, *Әлсіздеу* ішін тартып тағы жылап (И. Байзақов, Құралай сұлу).

ӘЛСІЗДІК з а т. 1. *Күш-қуаты, қайратжігері кемдік, әлеуетсіздік.* Қазақтың тұңғыш театрының бірегей артистерінің біреуі — денсаулығының *әлсіздігінен* кейінгі бірер жылдан бері пенсияға шыққан, аты қазақ театрының тарихына алтынмен жазылған осы Қалекең (С. Мұқанов, Есею жыл.). 2. *Осалдық, бостық. — Әлсіздігіңді* көрсетпе немерелеріме!— деп үн қатты Атай (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Ұлық өз *әлсіздігін* біліп, Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан құштар болатын (М. Әуезов, Әр жыл.). Күшейді бұрынғыдан совет елі, Кеңейді бұрынғыдан совет жері. Қаусаған капиталдың *әлсіздігін,* Адамзат өз көзімен тағы көрді (К. Әзірбаев, Шығ.).

ӘЛСІН-ӘЛСІН ү с т. *Ауық-ауық, дамылдамыл, мезгіл-мезгіл.* Ымырт қараңғылығы Айжан жүрегіне үрей, сезік тудырғандай Нұрланға *әлсін-әлсін* көз қиығын тастап қояды (З. Шашкин, Сенім). Қойды *әлсін-әлсін* мұқият тексеріп тұру, сақтық шарасының күрделісі болып саналады (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Бір есінеп, бір керіліп, Емізігін жатыр еміп. *Әлсін-әлсін* жұмып көзін, Бара жатыр ұйқы жеңіп (Ә. Тәжібаев, Таңд.).

ӘЛСІН-ӘЛІ ү с т. с ө й л. *Әлсін-әлсін.* Олар шынымен ешкім ермес пе екен деген адамдай *әлсін-әлі* арттарына қарайды (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Қасқа ат бір дыбысты сезгендей құлағын қадап, *әлсін-әлі* тыңдап келеді (Қ. Жұмалиев, Айқас). Адамды жатқызып, *әлсін-әлі* сусындатады, жаралы аяғын сәл жоғары көтеріп қояды (Е. Оразақов, Дәрігер.).

ӘЛСІРЕ е т. 1. *Бойдағы күш-қуаты азаю, шаршау, қалжырау.* Көтергенде қатты демігіп, өңі қуарып, *әлсіреп* қалған ауру жігіт ерні қыбырлап, сыбырлай сөйледі (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Өкпесі өшіп, *әлсіреген* балапанда көтеріліп ұшуға енді хал де қалмады (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жасы жеткен кәрі кемпір жүрегі *әлсіреп,* дене қызуын көтере алмай, аз мерзімнің ішінде жүдеп жатып қалған (З. Шашкин, Сенім). 2. *Солғындау, бәсеңдеу.* Жабылған жау сиреп, айқай-аттан *әлсіреп* алыста қалып бара жатқан сияқты (І. Жансүгіров, Шығ.). Андасанда бір шаңқ еткен мылтық дауысы да *әлсіреп* қана келеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд). Боранның уілдеген ызалы сарыны алыстан *әлсіреп* қана еміс-еміс естіледі (Б. Момышұлы, Жауынгер.). 3. А у ы с. *Үстемдік құра алмау, күш-қуаты төмендеу, беделі түсу, сапасы кему.* Индияда VII ғасырдан бері қарай буддизм діні *әлсірей* бастайды (М. Әуезов, Индия очерк.). Қазақ тілі шет тілдерден кейбір сөздерді қабылдап, байып отырған, бірақ онан *әлсіреген* жоқ (Қазіргі қаз. тілі).

ӘЛСІРЕН *Әлсіре етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Мұңды бұлбұл шеткі бір тоғайда, *Әлсіренген* гүлге оранып, Сағындырып бір-ақ сайрады да, Енді келмен деді бір оралып (XX ғ. қаз. ақын.).

ӘЛСІРЕҢКІРЕ е т. *Қалжыраңқырау, шаршаңқырау.* Әсірелеңкіреген екен демеңіз, Аса ірілеңкіреген екен денеңіз. *Әсіреңкіремей* денеңіз, Әсірелеңкіреген демеңіз (Қ. Мырзалиев, Алуан.).

ӘЛСІРЕТ *Әлсіре етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Секілді, қолға түскен бала киік, Мергеннің *әлсіретken* оғы тиіп, Күйікпен қасіретін жасыра алмай, Кеп тұрды хан алдында басын иіп (С. Сейфуллин, Таңд.). Арақ организмді *әлсіретіп,* оның туберкулезге беріктігін кемітеді (Ш. Көшербаев, Туберкулез). Мен басшылықты біраз *әлсіретіп* алдым. Кейбір жолдастар ауа жайылып, өз бетімен кетіп барады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘЛСІРЕУ *Әлсіре етістігінің қимыл атауы.* Қисық сызықтың жоғары көтерілуі еттің жиырылуын көрсетеді, бұл қысқару фазасы, оның аяқталған кезінде қисық сызық төмен түседі, бұл — еттің *әлсіреу* фазасы (Адам анатом.).

ӘЛТАМАН ү с т. *Соңыра, кейінірек.* Науқас кемпір бір аяқ қымыздың жары-

мын ішіп, қалғанын *әлтаман* ішермін деп алғызып қойды (Ауызекі тіл.).

ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК үст. *Қалт-құлт, әрең-әрең.* Айлы түнде иесіз құмның арасында зор денелі адам жүр сенделіп. Құлдырап шұқырға түсіп аяғын *әлтек-тәлтек* басып қайта шығады (Т. Ахтанов, Дала сыры). Арыстан қарт жеңіл киініп жүріп көріп еді, аяғын *әлтек-тәлтек* басып сүріне берді (Ғ. Сыланов, Жанартау). Жолда Таранов ұшыраса кетті... Аяғын *әлтек-тәлтек* басады. Удай мас екен («Лен. жас»).

ӘЛУЕТ зат. *Жойқын күш, қуат.* Нұрпезент келіп, апасы мен Тұтанды құшақтады. Зындан түбінен бір *әлует* күш алып шыққандай тынысы кеңейді (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз майдан). Көкірегінде орнап қалды көктемің, Қанатыңды жайып тастап көктедің. Сенің ғана *әлуетің* емес пе, Жырға менің ғашық болып кеткенім?! (Т. Қызылқабаев, Алтай.).

ӘЛУЕТСІЗ сын. *Қаруы жоқ, күші кем, әлсіз.* Әжем *әлуетсіз* қолымен баланы қаншама қойғыштап ұрғанымен, баланы жылата алмады, бала орнынан тұрып үнтүн жоқ жүгіріп кете барды (Ауызекі тіл).

ӘЛУЕТСІЗДІК зат. *Күшсіздік, қарусыздық. Әлуетсіздіктен* болу керек, шал өз кілтімен есігін аша алмай, келіні базардан келгенше, далада жүріпті (Ауызекі тіл).

ӘЛУЕТТІ сын. 1. *Күшті, қарулы, әлді.* Ол *әлуетті* екі малайды ертіп, Ертіс жағасына шапты (М. Әуезов, Абай жолы). Дырау жезді қамшымен *әлуетті* қара шал келістіріп көсіп қалды да, желіп жүріп кетті (І. Жансүгіров, Шығ.). Сол жолы Қажымұқанның *әлуетті* қолы оған қатты батқан секілді (М. Тәнекеев, Қажымұқан). 2. Ауыс. *Ауқатты, тұрмысты.* Шаяхмет байдың атын мініп, атынан сөйлеп, ақшасын жұмсап жүретін белгілі Құсайын осы. Мұның Шаяхметі — осы дуандағы ең *әлуетті* бай (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘЛУЕТТІЛЕУ сын. *Күштірек, қарулырақ.* Екі палуан алыса кеткенде Ахметтен Әшірбек *әлуеттілеу* көрінді (Ауызекі тіл).

ӘЛУЕТТІЛІК зат. *Күштілік, қарулылық.* Жұмақанның *әлуеттілігінің* арқасында суда тұрып қалған арбаны сүйрең шығардық (Ауызекі тіл).

ӘЛУСІРЕ ет. сөйл. **Өлеусіре.** Қиындық ауыр дерттей үске *төнді,* Үміттің *әлусіреп* оты сөнді (Қ. Жұмалиев, Қырдағы күрес). Талусыр бір мезгілде кетер мызғып, Сөнгенде *әлусіреп* іште жалын (Бұл да).

ӘЛХАМ ар. зат. діни. *Құранның аятында кездесетін діни сөз және осы сөзден басталатын аяттың аты.* Дау менен ер талабы сауда болды, Түйе мен қатар-қатар арба болды. Тар шалбар, қынамалы бешпет киіп, *Әлхамды* шала білген молда болды («Айқап»). Көшіп-қонып жүргенім мал қамынан, Өмір іздеп су, шалғын алқабынан. Одан езге тіршілік, кәсібім жоқ, Не тауыппын құранның *әлхамынан* (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

ӘЛХАМДА ет. діни. *Әлхамнан басталатын дұғаны оқу.* Кекіріп молда ұзақ *әлхамдады,* Бастайды айтатындар сөзі болса, Жүгініп отырды да тезден Кешіл, Өтініп: — Молда тақсыр,— деді, — кешір (Д. Еркінбеков, Шығ.). Тындады молда мүлгіп *әлхамдаған,* Талайды бір әлхамға арқандаған. Молдаға әлхам менен арқа сүйеп, Кең толған Кешіл отыр алшаңдаған (Бұл да).

ӘЛХАМДИЛЛӘ зат. діни. *Аллаға шүкір.*

ӘЛ-ШАМА зат. 1. *Күш-қуат, әл-дәрмен.* Құнанбайдың қуаң тартып тозған ажары бір кездегі үлкен, қатал, қуатты адамның *әл-шамасы* азайғанын танытады (М. Әуезов, Абай). 2. *Шама-шарық, қолдан келер іс.* Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай олар *әл-шамасы* келетін әр түрлі қызықты еңбектерге қатыстырылуы керек («Халық мұғ.»). Екінші сөзбен айтқанда, сендер өз *әл-шамаларың*а қарай қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылданасыңдар (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

ӘЛІ үст. 1. *Осы уақытқа дейін, қазірге дейін.* Танакөз жасы қырық шамасында, бетінде *әлі* әжім жоқ, сыланса бірсыпыра өнді кісі (Ғ. Мұстафин, Дауылдан кейін). Қызылшоқыдағы Бекенші *әлі* де көшпей отыр еді (М. Әуезов, Абай). *Әлі* есімде, біздің ауылдың балаларының сол жаздағы жұмысы тары қору болды (Н. Сералиев, Намыс). 2. *Тағы да, бұдан кейін де.* Биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету жөнінде кемшіліктер *әлі* де көп (М. Ермеков, Қазақст. биязы.). Жыр керек болар *әлі,* Гүл керек болар *әлі,* Бір керек болған достарың Мың керек болар *әлі* (С. Сейітов, Бетпе-бет). Қарайды ол

көзін алмай бірақ *әлі*, Ақпанның ұнай ма, әлде мына қары? (Ғ. Қайырбеков, Дала қоңырауы). 3. *Қоймай, үсті-үстіне.* Екі жігіт *әлі* төбелеседі, *әлі* төбелеседі (М. Әуезов, Абай жолы). Қабен *әлі* сөйлеп тұр (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

◆ **Әлі күнге.** *Осыған дейін.* Бұл сырымды есіткен жоқ, *Әлі күнге* біздің ауыл (С. Керімбеков, Еңбек — ата.). Әсия, түсінбейсің *әлі күнге*, Аканның берілген соң тәліміне (Қ. Бекхожин, Үш кезең). Говордың саны да, сапасы да, әрбір говордың территориялық шегі де *әлі күнге* жөнді зерттелген жоқ (Қазіргі қаз. тілі).

ӘЛІК: **Әлік алды.** *Қабыл алды.* Сізге мен суда тұрып назар салдым, Әгеке, сәлеміңді *әлік алдым.* Кейінірек тұрыңыз киінгенше, Келгеніңді қапыда білмей қалдым (Айтыс). Сәлемін тақтағы хан *әлік алды,* Тазшам-ау, бері кел деп шақырады (Д. Әлімбаев, Толғау). **Әлік сәлем.** *Сәлем алу, сәлем қабылдау, амандыққа амандық білдіру.* Жапал.— Салаумағалайкум. Кебек.— *Әлік сәлем* (М. Әуезов, Еңлік — Кебек). *Әлік сәлем* алдық, балам. Қай жақтан жүрсің? (З. Шашкин, Сенім).

ӘЛІМ-БЕРІМ үст. 1. *Біршама, орташа.* Күнтуар орыс тілін *әлім-берім* білгенімен жазуын шала танитын (С. Омаров, Тастағы жазу). Оқуға келетін балалардың ауыл молдасынан шамалы оқыған, *әлім-берім* хат танитындарын екінші класқа, оқуға жаңа келетін жасаңдарын бірінші класқа бөлдім (С. Омаров, Қайырлы жаз). 2. Ауыс. *Бірде олай, бірде былай, көңілі келсе көлдей, көңілі келмесе шөлдей.* Біздің совхоздың директоры *әлім-берім* адам. Суын тауып сөйлессең, барған шаруаңды тындырып қайтуға болады (Ауыз-екі тіл).

ӘЛІМСАҚТАН үст. *Атам заманнан, әріден.* Өрекписің бекерге? *Әлімсақтан* белгілі: Ақын орны не түрмеде, не төрде (М. Әлімбаев, Өшпес от). Төр де дайын түрікменге, жан дайын, Қол жайып тұр байтақ жұртым бар жайым. Бауырымсың *әлімсақтан* әрдайым, Жайдым төсеп дала гүлін, армысың! (Қ. Шаңғытбаев, Аққу әні).

ӘЛІНШЕ үст. *Қолдан келгенше, мүмкіндігінше, барынша.* Үй басы бір-бір қойды сойып қонақ қылды, бар малдарынан *әлдеріншe* мал бөліп берді (С. Шарипов, Шығ.). Бірінші бір қыз келер ақша маңдай, Жамағат — үлкен-кіші мақтағандай. Анадан туғаннан-ақ болып дана, *Әлінше* жақсыларды жоқтағандай (Ақан Сері, Шығ.). *Әлімше* өмір үшін етсем еңбек. Жоғалтпай сақтайтұғын өзіңсің тек. Ол менің үзілмейтін үмітімдей, Жасарып өз қойнында жасай бермек (С. Сейтенов, Бойжеткен.).

◆ **Бар әлінше.** *Мейлінше, барынша.* Біреуі картайып, тозып, пенсияға шыққанда, енді біреулері кезегін тосып, сарғайып жатыр. Қайсысын алсаң да адамға бағынышты, *бар әлінше* қызмет істеуге дайын (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Өз әлінше.** а) *Өзінше.* Жұмақыз *өз әлінше* әжептәуір орындаушы, әрі бірнеше күй шығарған ерекше өнерпаз («Қаз. әдеб.»). Бетпақты кезіп Шу қыстайтын қалың елдің ішіне кірдік. Енді тұрмыстың *өз әлінше* қызығы да бола бастады (С. Сейфуллин, Тар жол.). ә) *Өз хал-қадарынша, өз шамасынша.* Әкем-шешем *өз әлінше* той жасады (С. Көбеев, Орынд. арман). Қаршыға әлсіз болса қаз алмайды, Ер жігіт малсыз құлаш соза алмайды. Бұл дүние жұртты алдаған бейне базар, Әр адам *өз әлінше* базарлайды (Ақан Сері, Шығ.).

1. ӘЛІП зат. *Араб алфавитінің бірінші әрпі.* Біреуі: *«Әліпте* жоқ, бидің астында бір нұқат, тидің үстінде екі нұқат, сидің үстінде үш нұқат» дейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Жерошақ иесі әйел кірлі саусағымен бетін сызамын деп, болпған сары бетке *«әліп»* таңбасын басып алғанын өзі де сезбеді (Б. Майлин, Таңд.).

◆ **Әліптің артын бақты.** *Істің артын тосты, алды-артын бағдарлады. Әліптің артын бағып* жүрген шағымызда, «енді қызылдар жеңіп, ақтар қашып жатыр дейді» деген де хабар естілді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). **Әліпті таяқ деп білмейді.** а) *Сауатсыз, хат танымайды.* Бұрын *әліпті таяқ деп білмейтін* шаруа балалары бүгінде газет, журналдардың басшылық қызметінде отыр (С. Мәуленов, Жұлдызды жыл.). Курсқа келген қырық шақты адамның тоқсан проценті *әліпті таяқ деп білмейтін* батрак, кедейлер еді (С. Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Надан, топас,* Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, *әліпті таяқ деп білмейтін* надан, пішіні де жаман.... бір түрлі нысаналы жануар еді (С. Торайғыров, Шығ.). **Әліп түсті.** *Құмалақ салып, бал ашудың бір түрі.* «Ақ сөйле, ақ сөйле,

әліп түс»,— деп ол құмалақты шашып жіберді (С. Адамбеков, Қожанасыр.). **Жерге түспес жеті әліп.** *Құмалақ салып бал ашқанда жолы болғандықты білдіреді.*

2. ӘЛІП з а т. д и а л. Әлшет. Қыпша бел, құралай көз, алма мойын, Жанаттың қор қызындай бейне *әлпің*. Қалам қас, оймақ ауыз, пісте мұрын, Ақ төсің — айдын көлдей суы салқын (Үш ғасыр.). Ұл туды ол ел көзіне қолайсыздау, *Әлпі* жоқ алпауыт боп алатын жау. Туды деп екеуінен мынау қалай, Тарқасты тамам дос-жар жадау, баяу (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

ӘЛІП-БИ з а т. к ө н е. 1. *Араб тілінің жазу жүйесіне арналған әріптер жиынтығы, әліппе.* Ала қыстай *әліп-би* мен әбжәтты бітіріп, ең болмаса, әптиекке де түсіре алған жоқ (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Қолыма *әліп-би* берісті, міне мен оқи бастадым (Ы. Алтынсарин, Таңд.). 2. А у ы с. *Бір нәрсенің бастамасы, бет ашары.* Есіңде ме мен үшінші класта оқып жүргенде Абай атамның «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деген сөзімен *әліп-бидің* бірінші бетін ашқаным? (З. Шашкин, Сенім). Ауылда салт-сана өзгерген сайын ауыл бұқарасының ақыл-санасы да өзгереді. Бұл — марксизмнің *әліп-биі* (С. Мұқанов, Өсу жол.). Осы бір саяхат Нияз өмірінің *әліп-биі* болмаса игі еді? (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

◆ **Әліп-бидей жатталды.** *Әбден үйреншікті болды, сіңісті болды.* Тентек болып жеңгелерімен ойнағанда: «Қой, байыңа айтып ұрғызармын» деген сөз жас күнінен-ақ жүрегіне *әліп-бидей* кіріп *жатталып*, өзінің ұрылатындығына күн бұрын мойын ұсынып қойған (Б. Майлин, Таңд.).

ӘЛІППЕ з а т. 1. *Ең алғаш хат танытуға арналған кітап, тұңғыш оқулық.* Қолға алдық қуанып, Тұңғыш рет *әліппе*. Бірге есеп шығарып, Бірге үйрендік әріпке (С. Мәуленов, Жолдас). Алғаш сәби қолыңмен *Әліппеңді* ашарсың. Соның тартқан жолымен Не қиырдан асарсың (Ғ. Орманов, Таңд.). Мектептің аттап есігін *Әліппесін* ашты әне. Ленинің атап есімін, Басталды өмір дастаны (С. Қасиманов, Өс бөбек). 2. А у ы с. *Бір нәрсенің бастамасы, бет ашары.* Мектептегі шахматты тым тәуір ойнайтын оқушылардың көбі шахмат теориясының *әліппесін* де дұрыс білмейді («Лен. жас»). Өмірінің *әліппесін* әлі ашпаған. Ұлымның от тастамақ жанына кім? (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын). Ол балаға ...ғылымның *әліппесін* танытуға міндетті (М. Иманжанов, Менің махабб.).

ӘЛІППЕДЕЙ с ы н. *Әліппе сияқты, әліппе тәрізді.* Капитал товары емес, басқа затпыз, Құлпырып қайта туған жас қазақпыз, Әйгілі әлем сыры *әліппедей*, Ұланбыз, досқа — жақпыз, қасқа — жатпыз (Қ. Аманжолов, Таңд.). Өлеңге сыйғыза алмай, келем жастан, Бар әлем *әліппедей* алған жаттап, Сол еді Ленин жәйлі тұңғыш дастан (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние).

ӘЛІПТЕС с ы н. *Тәріздес, іспеттес.* Бастырманың бетіне әдетте сызықша, өсімдік *әліптес* бедерлер түсіріледі (ҚазССР тарихы.).

ӘЛІПТІ с ы н. с ө й л. *Әлпеттес, түстес*, Өсімдік *әліпті* өрнектер — Иран искусствосының жерінен туған өрнектер (ҚазССР тарихы).

ӘМ и р. ш ы л. *Әрі, және деген мағынадағы жалғаулықты шылау.* Ол наданның наданы, *әм* өзі адам емес (Абай). Жәмила-ау, Жәмила, *әм* ақылды, *әм* шешен екенсің, бұл өнерің бұрын қайда қалған, сенің? (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.). Аршын төс, алыс қарап келеді көз, Сүйкімді, *әм* салмақты, ойы теңіз (Қ. Аманжолов, Нұрлы дүние).

ӘМАН и р. ү с т. к і т а б. *Әрқашан, ылғи, үнемі, әрдайым.* Малқар болыс, әдетінше, бір пысқырып қойды. Түбі тым батыңқы, үш жағы көтеріңкі, етектілеу келген мұрны *әман* бітіп жүреді (Ғ. Мүстафин, Дауылдан кейін). Тоқсан тарау ерсілі-қарсылы саяси партияны қолдаушылар *әман* пікір таласында жүр (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қандай көрік қаламызға гүл-алаң, Саясында салқындаймыз біз *әман* (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

ӘМАНДА ү с т. *Әр уақытта, ылғи, үдайы.* «Баяғы-баяғы заманда, Елден асқан ер бопты», Деп басталар еді *әманда*, Келгендей шарлап жер-көкті (М. Әлімбаев, Таңд.). Бәрі де керек адамға, Бала да керек, үй керек. Саулығын сұрап *әманда*, Жататын достар күнде кеп (Т. Молдағалиев, Алатау қызы). Кемпір *әманда* өзімен өзі әңгімелескендей күбірлеп сөйлейтін (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘМБЕ и р. ү с т. 1. С ө й л. *Әрдайым, әрқашан, үнемі.* Оның мұндай істі істегені

жалғыз бұл емес, *әмбе* солай етіп келеді (Ауызекі тіл). 2. Ес. *Барлық, түгел, күллі.* Ақын жыры — *әмбеге* ортақ деуші еді, Жырлап берші жұртқа естірте қайғымды (Ә. Тәжібаев, Таңд.). Адамдық әдет жойылса, Әлем оған көне ме! Алыстан қалған тарих бар, *Әмбеге* бірдей ереже (Қ. Әбдікадыров, Таңд.). Жазба әдебиетіміздің тарихы жас екені *әмбеге* белгілі (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

ӘМБИЕ з а т. д і н и. *Дін иелері, дін басшылары.* Әулие мен *әмбиеңді* Жырлап кімнен озасың сен? Таппадың ба әннің жөнді, Дені дұрыс тазасын сен (М. Әлімбаев, Өшпес от). Қонақ енді әулие, *әмбие,* сахаббалар қауымының құлағын тыныштып, беріге, мына екі аяғымен жер басып жүрген жұмыр басты тақырларға ауысты (Ә. Кекілбаев, Дала баллада.).

ӘМЕЙІ с ы н. ж е р г. *Жай, әншейін, қатардағы.* Әңгімені *әмейі* нәрселерге, тұрмыстың күнделікті ұсақ тілектеріне қарап бұра берді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘМЕН ү с т. с ө й л. Әманда. Шыңғысхан содан былайғы жерде де адамды қыру, қалаларды, селениелерді, егіншілік алқаптарды жою жөніндегі қан құйлы тактикасын *әмен* қолданып отырды (ҚазССР тарихы).

ӘМЕҢГЕР з а т. с ө й л. Әмеңгер. Сұлтанмахмұттың «қарақұс» деп отырғаны Гүләйманның *әменгері* Қаражан шал (Д. Әбілев, Ақын арманы).

ӘМЕҢГЕРШІЛІК з а т. с ө й л. *Әмеңгерлік.* Ілияс енді бір топ фельетондарын әйел тендігін елемеушілікке арнады. Қалың мал, бел құда, бесік құда, *әменгершілік* сияқты феодалдық салт-санаға қарсы шабуыл жасады («Қаз. әдеб.»).

ӘМЕНДЕ ү с т. с ө й л. Әманда. Жеңіс күні *әменде* сәтті, құтты бола берсін, спортшы жолдастар! («Спорт»). Істеп алып *әменде* соңынан бармағыңды тістейсің (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). *Әменде* ар ширкіннің таза болғаны абзал (С. Бақбергенов, Қарға тамған.).

ӘМЕҢГЕР з а т. к ө н е. *Жесір әйелдің күйеуінің орнын басуға праволы қайынқайнағасы.* Өзі Торғай қаласында орысша оқып жүр екен, шешем одан алты жас үлкен екен, бірақ әкемнен басқа бос *әмеңгері* жоқ екен (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Үш жесір қалсаң, құдайға шүкір, үш *әмеңгер* қалыпты (М. Әуезов, Ақын аға). Шешесі байы өлген соң, баласы үшін бір жақын *әмеңгеріне* тиіп, орнын күтіп отырып қалып еді (С. Дөнентаев, Шығ.).

ӘМЕҢГЕРЛІК з а т. к ө н е. *Жесір әйелді иелену дәстүрі. Әмеңгерлік* тәртібі бойынша жесір әйел күйеуінің не ағасына, не інісіне, болмаса басқа бір туысына қосылуға тиіс (Аялы жандар). Мұндай жағдайда әйел *әмеңгерлік* дәстүр бойынша, өлген күйеуінің туған інісіне тиеді, ал егер оның туған аға-інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне күйеуге тиюге тиіс (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

ӘМИН а р. з а т. д і н и. *Қабыл болсын, қабыл қыл деген тілек.* Ортасында отырып, Шарапқа әбден тояды. *Әмин* деп қол жайып, Бір құдайға тапсырып, Жұртынан жауап сұрайды (Қамбар.). Мынау жатқан шұбар ту, саған белгі, «Түгел!» деп шап соңыңа ерт қалың елді, Ықылас таза батамды мен берейін, Қолыңды жай *«әмин»* деп, жүгін енді (Б. Майлин, Таңд.).

ӘМИЯН з а т. д и а л. Күмәжнек. Қалтасындағы тілдә салған *әмияны* томпиып қала сыпайысының бірі жанымнан өте берді (Мың бір түн). Солодухо төс қалтасынан былғары *әмиянды* алып, Есейге ұсынды (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Ендеше, мынаның ішінде 175 сом пұл жатыр,— деп, Асылбек қайыс *әмияның* подностың шетіне қойды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘММӘ ү с т. с ө й л. Әмбе. Мына тас қабырғаның ішіне кіргеннің *әммәсі* де тұтқын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Бұл сөзін *әммә* қауым қабыл алды, Жайласып сол тұрғырыққа жатып қалды. Мақсатсыз зәңгі бүгін іс қылған жоқ, Байқарсыз айтқаннан соң несі барды (Үш ғасыр.).

ӘММЕ ү с т. с ө й л. Әмбе. Ерлерге жәрдем болып бір құдайы, Қырық түйе болды азық қант пен шайы. Азық-түлік *әммесін* даярлап ап, Жөнелді туғаннан соң наурыз айы (Қыз Жібек). Хан болып Дотан сонда үш ай тұрды, Ағалары бірқатар қызық көрді. *Әммесіне* сол елден қыз ап беріп, Хан Дотан өз еліне кетпек болды (Батырлар жыры). Ана кенже ұлымның игілігі үшін *әммесін* сарп етем (К. Тоқаев, Тасқын).

ӘМПАЙ-ЖӘМПАЙ ү с т. *Ымы-жымы бір, әкей-үкей.* Бұрыннан *әмпай-жәмпай* Жамағат екеуі оңай-ақ үйлесті. Әйтсе де: — Есебіміз қадақтан бола ма, пұттан

айнала ма?— деген Жамағатқа Ғимади жалынан сипата қойған жок (Ғ. Сыланов, Асау арна).

ӘМПЕЙ и р. с ы н. 1. *Бірімен бірі ауыз жаласқан көңілдес, сырлас, әкей-үкей.* Балқаш пен Мүсәпір көптен таныс, көптен *әмпей* адамдар сияқты (С. Мұқанов, Мәлдір махабб.). Начальник Мұқтармен *әмпей* екен, арызымды аяқсыз қалдырды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Әбіш Ахметтің асты-үстіне түсіп, отымен кіріп, күлімен шықты. Сондағы жалғыз ойы — жұрт каймықсын, Әбіш үлкендермен *әмпей* десін деген арман ғана (Ж. Молдағалиев, Жүрек қазынасы). 2. *Ашына, тамыр, көңілдес.* Қайным-ау, екі қызбен де *әмпей-сің,* қайсысын алғалы жүрсің? (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). Натальяның құлағына «Самарқан мен Айбарша астыртын *әмпей»* деген сөз шалына қалды (С. Мұқанов, Таңд.). Қызы басқармамен *әмпей* болса, қолын жылы суға малып қарап отырады («Лен. жас»).

1. ӘМПЕЙЛЕС с ы н. *Сыбайлас, жақтас.* Соңғы екі-үш жылдан бері Шабденбектің аталарына қараған бес-алты ауыл ұйымдарын бұзбай бір жерден сөз шығарып, Сәттібек ауылдарына *әмпейлес* болыңқырап жүретін (С. Сейфуллин, Таңд.). Шефер мырза соғыс 1952 жылы жер шарын дүр сілкінтеді деп сендірді, ал оның *әмпейлесі* Бишоп мырза одан бетер елеуреді (Бейбітшілік жасасын).

2. ӘМПЕЙЛЕС е т. *Бір-бірімен ауыз жаласу, әкей-үкей болу.* Бірге түлкі алысып қайтқан аңшыларға ұсап, екеуің тіпті *әмпейлесіп* алғансыңдар ма? (С. Сейфуллин, Әңгім.). Кейбір желбас бозбалалар... сәтті жерді жаңа тапқандай ауыздары жабысып, *әмпейлесе* қалыпты (С. Омаров, Қайырлы жаз). Қызығы бұрынғыңша, *әмпейлеспей* де, араздаспай да жай жүру ғой (Ғ. Мұстафин, Даулдан кейін).

ӘМПЕЙЛЕУ с ы н. *Сыбайластау, көңілдестеу.* Масақбаймен *әмпейлеу* өзі. Ол шіркін мені жауы көреді (С. Мұқанов, Таңд.).

ӘМПЕЙЛІК з а т. *Ауыз жаласқандық, әкей-үкей болушылық.* Диқаншы жатақтармен ортақтасып егін егіскені болмаса, басқа *әмпейлігі* жоқ (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘМСЕ и р. ү с т. *Әрдайым, әрқашан, дәйім.* Тек, *әмсе* жолым болсын, я әруақ!— деп жіберді Оразбай (М. Әуезов, Абай жолы). Бетінің шырайы қашып болмаған, ашаң, қағылез әйел *әмсе* жастау көрінеді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Қадірлі інім! Сенің өмір жайлы ойланатының қуантады мені. *Әмсе* ізденіп, қарманып, білмегенді сұрап жүретініңе қуанамын («Лен. жас»).

ӘМІР а р. з а т. 1. *Бұйрық, жарлық, үкім.* Тіпті дінмен шырмалған халық аурудың бәрін де құдайдың *әмірімен* болып жатқан апат деп түсінеді (Т. Таубаев, Жасыл әлем.). Менен *әмір* болғанша шикі тары мен қара судан бөтен нәр татырмаңдар (С. Омаров, Хантағы). Бар баллер келді ханның сарайына, Жайылған патша *әмірі* маңайына, Ішінде көп балгердің әлгі бақсы, Қол созды жету үшін талайына (Е. Бердин, Екі ойшыл). 2. *Билеуші, басқарушы адам.* Кейбір араб халықтарының һәм Мысыр, Марокко халықтарының *әмірлері,* хандары «Мұсылман халықтары халифасыз тұруға мүмкін емес, Түркия халифаны керек қылмаса біз халифа боламыз...» деп жатқан көрінеді (С. Сейфуллин, Таңд.). Ол әйел есепсіз малы бар бір *әмірдің* қызы еді. (Мың бір түн). Бала *әмірге* құлдық ұрып жүгіріп жетіп барды (А. Байтанаев, Асан).

◈ **Әмір берді, әмір етті, әмір қылды.** *Бұйырды, жарлық етті.* Дүйсен мылтық ұстап *әмір беріп* тұр. Үлкен қорапты арбаға пар ат жеккізіп, өкіл мен судьяны соған көтеріп салдырды (Б. Майлин, Таңд.). Абай ашулы үнмен енді *әмір ете* сөйледі (М. Әуезов, Абай жолы). Бар жұмысты сендер істемегенде кім істейді. Жабылып істей беріңдер!— деп басқарма *әмір қылды* (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла). Жер табы, зырылдай бер диірменше! Ұршық қып адам сені иіргенше. Тұтқаңа еңбек табы ие болып, *Әмір ғып* «былай жүр» деп үйіргенше (С. Сейфуллин, Таңд.). **Әмірі жетті.** *Құдіреті келді, күші жетті.* Мен қайдан білейін, *әмірлерің жетсе,* аруақтан сұраңдар (Шағын пьесалар). **Әмірінде болды.** *Қарауында, иелігінде болды.* Кешегі Польшаның *әмірінде болып* Совет үкіметімен соғысып жүрген Украинаның байларының бастығы Петлюраны бұл күнде Польша «ол менің әмірімде емес» деп отыр (С. Сейфуллин, Таңд.). Оның ықтияры қосылатын екі жаста емес, әкесінің *әмірінде болады* (С. Шарипов, Шығ.). **Әмірін екі етпеді.** *Айтқанын бұлжытпай орындады.* Мен ағайдың *әмі-*

рін екі етпей, табанда шешіндім де, берген киімдерін киіп алдым (С. Омаров, Хантағы). **Әмірін жүргізді.** а) *Дегеніне көндірді, билік құрып, үстемдік жасады.* Бір диктатор бар. Миллиондаған халықты билеп, мыңдаған шақырым жерге *әмірін жүргізіп* отырса да, місе тұтпайды (С. Шаймерденов, Мезгіл). Ханның құдіреті күшті. *Әмірі* судай *жүріп* тұрған адамға қалай қарсы боларсың? («Қаз. әдеб.»). *ә) Сөзін тыңдатты, бағындырды.* Әбден божыны тежеп қойып күйгелек жануарларға ауыздық арқылы *әмірін жүргізіп* отыр (Б. Шалабаев, Өмірде.). Адам өзірге ауа райына *әмірін жүргізе* алмайды («Лен. жас»). **Әмірін өткізді.** *Тілін алдырды.* Купцианов бекінісінің бітуге жуықтағанын көрді, бірақ ыза мен ерегіс араласып өз *әмірін өткізуге* қыңырайды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘМІРДЕЙ с ы н. *Жарлықтай, бұйрықтай.* Жеңіске Отан қосқан *әмірдей* боп, Үш жігіт тарының үш дәніндей боп (Д. Әбілев, Өлеңд.).

ӘМІРЕ з а т. *Қауынның бір сорты.* Қауынның аузына салғанда тіліңді оятын сары торламасын ба, әлде іші қызыл шытырлақ *әміресін* бе, не керек, бәрі де бар (Н. Сералиев, Намыс).

ӘМІРКЕН с ы н. *Жылтыр былғарыдан жасалған.* Жиегіне күміс қаққан, биік өкше, *әміркен* кебістің басы көйлегінің етегінен әрең көрінеді (С. Бақбергенов, Қоянкөз.). Дөңбектей боп семірген қызыл жүзді Биқасап бәйбіше болысқа оқта-санда күле қарап, быртиған қолымен болыстың *әміркен* етігінің қонышын сипап қояды (Б. Майлин, Таңд.).

ӘМІР-ҚҰДІРЕТ з а т. *Билік, үстемдік.* Жуан топ өздері елдің тұнығын лайлап, береке тыныштығын кетіріп жүрген бұзық бола тұрса да, толып жатқан *әмір-құдірет* солардың қолында (М. Әуезов, Әр жыл.).

ӘМІРЛІ с ы н. *Қаһарлы, ызбарлы, сесті, зәрлі.* Есейдің ойын сыртта, есік алдында тұрған күзетшінің әлде кімге: — Тоқта солай!.. Атамын!— деген *әмірлі* даусы бөліп жіберді (Ә. Нұрпейісов, Курляндия). Апырмау, мынау нағылған *әмірлі* әйел еді,— деп, аузымыз аңқайып қалыпты (І. Жансүгіров, Шығ.). Нұржан *әмірлі* үнмен: — Айқын, бір жүз отрядпен тез аттан да, Түйебайдың түгін қоймай шауып, өзін осында алып кел,— деді (Ә. Әбішев, Терең тамыр.).

ӘМІРШІ з а т. к ө н е. 1. *Басқарушы, нұсқау-жарлық беруші адам.* Анна Ивановна қолын алжапқышына сүрте тастап, *әміршіге* қарсы жүрді.— Айт, мынау жұрт білсін түгел (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Тұрғанбай сол реттен бұл қостардың анық *әміршісі* боп алған (М. Әуезов, Абай). Өзіңіз айтқан адыраңдаған *әміршілердің* арсыз ісіне тыйым салуға атқа мініп, әділ сөз айтуға жиын жасап жатыр деп естідік, жолыңыз болсын (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). 2. А у ы с. *Қожа, ие.* Мынау таудың мызғымас меңіреу күші, Мына отырған шалыңның қорғаушысы. Балаларым, танып қой және осы шал, Таудағы тағы аңдардың *әміршісі* (Ш. Әбенов, Кейпін батыр). Ащы тілдің *әміршісі* бар, әркімнің бойына қарай үкім айтқызады (Ә. Әбішев, Жас түлек.). Үй *әміршісі* — Зәуре анадан бастап, ең еркесі Бекішке дейін үнсіз отыр (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

ӘМІРШІДЕЙ с ы н. *Әміршіл сияқты.* Парторг болып алғалы Омар өзін *әміршідей* сезінеді, жұртты тықсыртып отырады (Т. Нұртазин, Мұрат).

ӘМІРШІЛІК з а т. *Әмір айтқыштық, әмір берғіштік.* Өзі жұртқа жұғымды, *әміршілігінен* ақылшылығы басым (Т. Нұртазин, Мұрат).

ӘМІСЕ ү с т. с ө й л. Әмсе. Алдияр тақсыр, мәртәбәңіз өсе берсін! Төре баламның *әмісе* жолы болсын!— деп үлкен жер қорушы қолын жайып, батасын берді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Сандықтас, сәндісің, Әсемсің *әмісе.* Адамның алғысын Аларсың дән пісе (С. Сейітов, Бетпе-бет). Біз, шалдар, сендердің қастарыңызда *әмісе* жүре береміз бе, түге! (Ә. Көпбаев, Мақтаныш).

ӘН и р. з а т. 1. *Вокальды музыкалық шығарманың әуені, сазы.* Неше түрлі құбылған, бұралған, кестелі, өрнекті сұлу *ән* естіледі (С. Сейфуллин, Тар жол.). Тоңбайдың қабырғасы биік, кең бөлмесінің іші күмбірлеп *ән ге* толып кетті (С. Бақбергенов, Алтынемел.). Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы *ән* мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, *Әнді* сүйсең менше сүй (Абай, Шығ. жин.). 2. А у ы с. *Сайрағыш құстардың шырылдап дыбыстауы, үні.* Аспанда сайраған, құйқылжытып жырлаған дала жыршылары — бозторғайлардың

әндері естіледі (С. Сейфуллин, Әңгім.). Керілген көкте, Қаңқылдар текке, Қаз, қу, тырна ағулы. Бала мен мал — жер жаны, Көктің сәні — құс *әні* (XX ғ. қаз. ақын.).

◆ **Әнге басты.** *Құйқылжыта шырқады.* Арша ағаштар әр үйде маржан тағып, Шат дауыстар шығады *әнге басқан* (Т. Әлімқұлов, Сапар). Аздан кейін түннің өтуін күтіп жатқан таң жыршысы бозторғай да *әнге басты* (Қ. Жұмалиев, Айқас). **Әнге қосты.** *Әнмен айтты.* Мен ән салмай, кім ән салар, Шыңында думан нуында. *Әнге қосып* қанат қағар, Көктің ұшқан қуы да (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын). Машықтап Ақан *әнге қосып* отыр, Өзінің айтып жүрген өлеңдерін (І. Жансүгіров, Поэм.). **Әнге қосылды.** *Айтылып жатқан әнге араласты.* Күй шіркін дауыл ма әлде, жалын ба әлде, Тербенген теңіз ойға түсірді әр не. Тербеліп жан толқыны сыртқа теуіп, Жас Нұрлан қоңырлатып *қосылды әнге* (Қ. Аманжолов, Шығ.). **Ән сазы.** *Ән музыкасы, әуезі.* Аспан түнек болғанмен адам қабағында жайдарылық бар. Әр тұстан әдемі *ән сазы* естіледі (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Одан кейін ән келді, Кетті шалқып «Сырғақты». Қоңыр қаздай қалқыды, *Әннің сазы* ырғақты (О. Шипин, Өмір өрнегі). **Ән салды.** *Өлең айтты, әуендетті.* Тек өзінен өзі жымиып, езу тартады, қарап отырып ыңылдап *ән салып* кетеді (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). Бір жақта, шегі үзік қара шолақ домбыраны тарсылдатып, Көкбай деген Ғайнолла көпестің көшір жігіті *ән салып* жатыр (І. Жансүгіров, Шығ.). *Ән салып,* сауық құрып, ойын, той аңдып, сайран салып жүруші едік! (Б. Майлин, Шығ.). **Ән шырқады.** *Тамылжыта ән салды.* Айлы аспанның астында *ән шырқаған* қыздардың дауысы түнгі тыныштықта қандай әдемі (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). Жер сілкінте күй тартқан, Әдемі *әнге шырқатқан,* Жантәнінді балқытқан. Ой теңізін шалқытқан (Қ. Аманжолов, Шығ.). Бұлбұл құстар табиғаттың байлығына мастанып, *ән шырқайды* (А. Тоқмағамбетов, Әке.). **Әніне басты.** *Ескі әдетіне қайта түсті.* «Өйтуге жарамайды» дегенге,— дейді Шәймерден, көндіре алмай-ақ қойдым. Алғаш көнген болады да, былай шыға беріп бұрынғы *әніне басады* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Жолшыбай Нұрқат кейде баяғы *әніне басып,* жүрегін қақ жарып: «Босағаңа өзі келген ырысты аяғыңмен теппе!»— деп азғырып та бағады (З. Шашкин, Сенім). ...«Бұл да жарылған ерінге қаймақ жаққанмен бірдей» дейтін Хамидолла қазір де сол *әніне басты* (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘНАУГІ с ы н. с ө й л. **Әнеугі.** *Әнаугі* біз айтқаннан кейін қайтадан қазақ тілін жүргізе бастайды (С. Сейфуллин, Шығ.)

ӘНБИЕ а р. з а т. *Әулие-әнбие қос сөзінің екінші сыңары.* Қызының мына күйін көріп Қалампыр қатты абыржыды: «Жар бола көр жасаған...» деп аузына түскен әулие-*әнбиелерге* жағалай жалбарынды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр). Мұхаммет пайғамбар, төрт шадияр, әулие-*әнбиелер* жайындағы аз әңгімесін алдақашан айтып бітірген (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘНДЕЙ с ы н. *Ән тәрізді, ән сияқты.* Таласып ешкім өзіңмен, Бола ма сендей сымбатты. Теңізде *әндей* үзілген, Даусың да, сәулем, тым тәтті (Т. Шопашев, Жастық.).

ӘНДЕМЕ з а т. *Сылақшының үй сылайтын қалағы.* Ертеңгісін үй алдындағы көшемен фермаға қарай беліне *әндемесін* қыстырған бір сұңғақ бойлы жігіт кетіп барады екен («Қаз. әдеб.»).

ӘНДЕТ е т. 1. *Әуендетіп ән салу.* Шаттық жырын *әндетіп,* Қуанышқа қосасың. Кестеңді жайып көлбетіп, Келешекті тосасың (М. Хакімжанова, Жыр асуы). Кейде баяу *әндетіп,* Кейде оқып жырларын. Отырды ақын тербетіп, Шыңғыстаудың шындарын (С. Мәуленов, Таңд.). Құстай ұшып *әндетіп,* үйден-үйге секіріп жүретін Ажар ашулы да қатал (З. Шашкин, Теміртау). 2. А у ы с. *Құстардың шырылдап дыбыс шығаруы, сайрауы.* Байғыз, көкек шақырып, Салқын самал желменен. Сарала торғай *әндетіп,* Егіске колхоз аттанды (Ү. Көрібаев, Таңд.). // *Ызыңдап дыбыс беру.* Жан-жануар салқын ізден сасуда. Рахатқа батқан тек бүгелек. Ол *әндетіп* жүр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Нұрғайша қойғанда әп-сәтте *әндете* бастайтын сары самаурын Есен-әлінің алдында тіл қатпастан мелшиіп тұрып алды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

ӘНЕ е с. *Әнеки, анау деген мағынада қолданылатын сілтеу сөз.* Туфлиден де маған *әне* бір зат қажеттірек болып тұр (М. Иманжанов, Көк белес). *Әне* бір тұстағы селосымақта, төбесін қышпен жап-

қан үш жаңа үй салынып та үлгерген бе? (С. Мұқанов, Алып. адым.). *Әне* тұр, біздің кейіпкер, Айтпақшы, бітсін тез жұмыс. Тілші дос, кәне, жаза бер! (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *Әне,* тамам қалың ауыл ортасында Ұлжан отыратын үлкен үй тігілді (М. Әуезов, Абай).

ӘНЕКЕЙ е с. с ө й л. Әнеки. *Әнекей* келіп қалды үйге таман, Нанбасаң қарашы үйдің жабығынан. Айқожа, Қасымменен ортаға алып, Әмірхан түсіп жатты анығынан (И. Байзақов, Ақбөпе). А, *әнекей* жыртылған түтін арасынан бүкшеңдей жүгірген екі адам көрініп қалды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘНЕКИ е с. *Әне деген мәнде жұмсалатын сілтеу сөз. Әнеки* өзі де келе жатыр,— деп Иса сөзін аяқтағанша, қыстаудың қасына салт атты біреу келіп тоқтай қалды (С. Шарипов, Шығ.). *Әнеки,* ол көпірге кеп, Отырды да, бір тізерлеп, Көз әйнегін сүрте салып, Сом болатты сол қолға алды (Ә. Сәрсенбаев, Өленд.). *Әнеки,* әр тараптан ән келеді, Алыстан ноқат дерсің сан денені. Бұлықсып жалғыз аяқ бұраң жолда, Келіндер судан қайтқан сөнденеді (Х. Ерғалиев, Құрманғазы).

ӘНЕ-МІНЕ ү с т. 1. *Осы қазір, кешікпей, тез.* Онда кетпей күте тұр, *Әне-міне* келіп қалар өзі де (Қ. Сатыбалдин, Шағын пьеса.). Бірақ, *әне-міне* піседі деген тағам мен Москвадан алынатын кешкі хабарды күтіп, бәрі де ұйқысыз отыр (Ә. Шәріпов, Партизан.). 2. *Әйтіп-бүйтіп, ілдалдалап.* Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әр түрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки *әне-міне,* жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен (Абай, Шығ.). *Әне-міне* деп жексенбіні күтіп жүргенде санаторийдың бас дәрігері тығыз телеграмма беріп, Сусанна Михайловаға шақыртып әкетті (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

◆ **Әне-міне дегенше.** *Аз уақыттың ішінде, лезде.* Бұлыңырланып қара көрінді. *Әне-міне дегенше* біз де жеттік. Мал отары екен («Қаз. әдеб.»). Терімді қайда жоғалттың, Жарты етім қайда былтырғы? *Әне-міне дегенше,* Ағындап қошқар бір қойды (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘНЕУГҮНІ ү с т. *Осыдан біраз күн бұрын. Әнеугүні* Қаратау кеніне барғанда көп нәрсені, адам білмейтін ғажап машиналарды көрдім (А. Байтанаев, Болат). Осы кезде шалдың немересі күліп:— Ата, сіз *әнеугүні* бұны құйрыққа оңдырмай ұрып жіберіпсіз ғой?— деді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘНЕУГІ с ы н. *Осыдан біраз күн бұрынғы.* Соған бола *әнеугі* шақшабас екеуміз жүн жинамақ боп келісіп ек (Ғ. Сыланов, Асау арна). Директордың *әнеугі* Мамырәлі келіп кеткеннен кейінгі бет алысы осыны байқатады (М. Иманжанов, Менің махабб.). Соларды теңдікке жеткізу үшін, өзім де теңдікке жету үшін *әнеугі* кеткен бұзықтардан қажып қалдым, жігіт (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘНЖІМЕ з а т. *Ер қапталының алды-артындағы өмілдірік, құйысқан бекітілетін шығыршық.* Қанжыға тесіктерінің қасынан *әнжіме* өткізетін тесіктер жасайды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘН-КҮЙ з а т. *Аралас орындалатын өлең-жыр, аспапты музыка шығармалары.* Ел өзінің *ән-күйінде,* үлкенді-кішілі жыр әңгімесінде, айтыс-тартысында сол берік бағытын үнемі білдірумен келген (М. Әуезов, Әр жыл.). Думан, сауық, *ән-күйменен,* Біз лагерьге барамыз. Асыл жібек гүл үстінде, Аунап ойнақ саламыз (Ж. Саин, Жорық жыр.). Көп айтып комсорг қыз әңгімені, Ақанды кеше сөзбен әлдиледі. Қызық бар, бүгін кешке клубқа кел, Ағылар сонда думан, *ән-күй,*— деді (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

ӘНҚОЙ с ы н. *Әнді сүйетін, әнқұмар.* Кешелі бері ауылдың *әнқой* жастары бүкіл маңайды ән-күйге бөлеп, үлкен дырдумен жүр («Лен. жас»).

ӘНҚҰМАР с ы н. *Әнді жақсы көретін, әнпаз.* Гүілде гүлдей *әнқұмар,* Бәйшешек бетті балғындар. Жырла көктем шуағын, Жаңғыртсын қырды шуларың (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

ӘНПАЗ с ы н. с ө й л. *Ән салғыш, әнді ұнататын.* Өнер қуған адамдар, *әнпаз,* сауықшыл ауылдар, кешегі қараңғы өмірді жарып шыққан жердің не бір шын ерлері де болды (А. Жұбанов, Мұқан Төлебаев). Басына жапқан ақ жібек орамал еркелеген секілденіп, обырап иығына түскен. Ерғалиға қарап:— Әй!— деді.— Ана жігітті *әнпаз* деп еді ғой (Б. Майлин, Шығ.).

ӘНСЫМАҚ з а т. *Нағыз ән емес, нашар ән.* Шындығында бізде нәрі жоқ, шынайы ізденістен тумаған, бүгін айтса ертең ұмытылатын жеңіл-желпі әндер, *әнсымақтар* қаптап кетті («Қаз. әдеб.»).

ӘНТЕК үст. *Болар-болмас, сәл ғана, аз ғана.* Сол топтан *әнтек* кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сұп-сұр жүдеу бәйбіше екен (М. Әуезов, Таңд.). Сыпайы сөзден *әнтек* асыңқырап сөйлейін десе, аяғын аңсыз қақпанға басып алатындай (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Жігіттің мандайы, шықшытты келген әдемі кескініне сәл қуарыңқы ұшы *әнтек* сүйірлеу біткен үлкен мұрны ғана кейде жараспай қалады (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны).

◆ **Әнтек болды.** *Онша лайық болмайтын, орынсыз, ағат.* Биыл осы лаңның болғарын біле тұра, сол жылқыны жоғары айдауымыз *әнтек болды* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Мана келген сәтте бас көтермей біраз күттіргенімнің *әнтек болғаныны* қарашы (С. Алдабергенов, Алға). Болысты өлтіргендерің *әнтек болды.* Енді қолмен істегенді мойынмен көтеру керек (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

ӘНТЕКТЕУ сын. *Сәл лайықсыздау, орынсыздау.* Адамның шығатындай естіп есі, *Әнтектеу* екен, бала, ісің ерсі (Ғ. Қайырбеков, Дала.).

ӘНШЕЙІН үст. 1. *Жай, құр-бекер.* Мехцех деп жұмысшылар *әншейін* бұрынғы әдетпен айтып жүр (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Оның мұнысы бой тәңестік пе, яки мысқыл ма, әйтпесе албырттықтан туған *әншейін* қалжақбастық па? (М. Иманжанов, Менің махабб.). 2. *Тегін, бекер, ақысыз.* Оның қаладан әкелген затын *әншейін* бергендей талап әкетеді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘНШЕЙІНДЕ үст. *Жай уақытта, жайшылықта, әдетте. Әншейінде* тасбығын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан қажы да бұрқырап, шатып-бұтып бір жағынан ол ақырады (С. Торайғыров, Таңд.). *Әншейінде* жай қимылдап, сөзді сарандап сөйлейтін Сәтжанның мына сияқты әрі тез, әрі өте тапқыш қимылына Жанай таңданғандай бетіне қарай берді (С. Бегалин, Таңд. әңгім.). *Әншейінде* шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын ауырлап меңзеңболып тұрғандай (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘНШІ зат. *Әнді нақысына келтіре жақсы орындаушы, ән айтушы.*—«Оншама жұрт айтарлық *әнші* де емен, Қайтпасын меселіңіз сіздің берген». Азырақ бастап шертіп алды-дағы, Құдитты «Құлагерді» төңкерілген (И. Байзақов, Таңд.). Драмалық тенор даусы бар ол операға консерваторияны бітірген солистер келгенше, таңдамалы *әнші* боп жүрді (С. Мұқанов, Саяхаттар). Оның сөзін өлеңнің қайырмасында *әншіге* екпіндете қосыла шыққан жүздеген лектің даусы бөліп жіберді (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

◆ **Әнші құс.** *Сайрағыш құс; жыл құсы. Әнші құс* алтын қанатты, Отырып гүлдер ішінде. Сарғаяр кезде таң атып, Көреді жарын түсінде (Ә. Тәжібаев, Гүлден дала). Көктемде *әнші құстар* кеп қонатын, Колхоздың айналасы бақ болатын. Қонақ қыс ала келіп базарлығын, Кигізді ұлпа қардан ақ халатын (Қ. Мырзалиев, Көктем).

ӘНШІЛ сын. *Жақсы ән салғыш, әнді сүйетін.* Үбі ақын емес. Бірақ жасында *әншіл,* өленді тез жаттағыш болатын (Қ. Жұмалиев, Айқас). Жеріне біздің жақтың лайық ері, Ер палуан, аңшы-мерген, *әншіл,* сері. Жасынан жүйрік мініп өскен бұлан, Жау жүрек, ер көңілді жігіттері (С. Сейфуллин, Өленд.). Қош алдық ақын жанды *әншіл* халық, Жүректен күз де, қыс та, жаз арылмай (Ж. Молдағалиев, Бастаушы. партия).

ӘНШІЛІК зат. *Ән орындаушылық шеберлігі.* Тыңдаушы жұрт-жиын, айтысушы ақындардың *әншілік,* домбырашылық жарыс-керісін, орындаушылық өнерлерін де бақылап бағалайды (М. Әуезов, Әр жыл.). Әміренің бойына біткен *әншілік* өнерін толық сипаттауға жеке және қалың кітап керек болар еді (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘНІ ес. сөйл. **Әне.** Ауыл *әні,* анау белдің астындағы көк сайды бойлай қонған («Лен. жас»).

ӘНІКІ ес. сөйл. **Әнеки.** Алыс кетті *әніки,* Махаббаттың иесі. Алыста қол бұлғайды, Махаббат бал дүниесі (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

ӘНІ-МІНІ үст. сөйл. **Әне-міне.** «Бар, жануарым» деп сауырынан сипап еді, ақбөкен зымырап, *әні-міні* дегенше көзден ғайып болды (Қаз. ертегі.). *Әні-міні* поселкеге келіп те қалдық (С. Сейітов, Жылдар.).

ӘҢГЕК зат. жерг. *Тік жарлау келген шұқыр.* Жықпыл іші су орған терең *әңгек* қуыс, қойтас келді де, тіпті жүргізбеді (Ғ. Орманов, Жүрек).

ӘҢГЕЛЕК з а т. *Ерте пісетін, домалақтау кішкене қауын.* «Маған келсең тоясың, *Әңгелек* пен қауынға». Моншақпен атын тұлдаған, Өзбектер де өтті қатарлап (Қамбар батыр). Енді жиі көрінді, Үлкен бөрік дөңгелек. Алғашқы рет желінді, Қауыншек пен *әңгелек* (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). Ұялып, қызарып, Сәбіз тұр сызданып. *Әңгелек* ойнады: Пістім деп қоймады (А. Табылдиев, Сөз бөбектікі).

◆ **Әңгелек ойнатты.** *Қиналмай, жеңіл шыр көбелек айналдырды.* Үйдей тастарды *әңгелек ойнатып* тау тасқыны келіп калды (Ғ. Сыланов, Шалқар).

ӘҢГҮДІК с ы н. *Даңғой мінезді, жарымес, делі-құлы.* Адамды ақын ететін де, *әңгүдік* ететін де өмір ғой, Владимир Евгеньевич (Ә. Нұршайықов, Жомарт өлке). Балзия байғұс құрыпты, Кеше *әңгүдік* еркегі Итше тепкілеп ұрыпты (О. Әубәкіров, Жасыратын не бар).

ӘҢГІ з а т. 1. *Есектің айғыры.* Айғайын салып келеді, Бақырауық неме еді, *Әңгі* есектей аңқылдап (Қамбар батыр). 2. А у ы с. *Оғаш мінезді әумесер, есалаң.* Аңқау аңдамайды, *әңгі* тыңдамайды (Мақал). Сауықшыл жастарды ішінен боқтап «Ой, жел өкпе! Ей, *әңгі!*» — деп ала көзімен атып отыр (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Сондағы естен кетпес жылан жылы, Табылмас емге тамақ елдің мұңы. Ала алмай Әсем қызды *әңгі* Нүсіп, Дүрбілең соғыс болған жазғытұры (С. Керімбеков, Өлеңд.).

ӘҢГІЛЕН е т. *Әулекіленіп есерсоқтану.* Қой, ей, *әңгіленбей* аулақ жүр, мас немемісің, өзің (С. Сейфуллин, Шығ.).

ӘҢГІЛЕУ с ы н. *Есалаң мінезді, есерсоқтау.* Ептеп *әңгілеу.* Өлең айт десең іркілмейді, домбыраның орнына кішкене көзгелдек сұрап алып, аузын желпіп... бебеулей жөнеледі (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘҢГІЛІК з а т. *Бас-көзге қарамайтын ала өкпе есерлік, әулекілік.* Намыстанба тағы да әңгі десем, *Әңгілігің* емес пе алдырмадым, Шаңымды да шапқанда шалдырмадым (Жамбыл, Шығ.).

ӘҢГІМЕ з а т. 1. *Белгілі бір оқиғаны ауызша баяндау. Әңгіме* бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер (Мақал). *Әңгіме* алғашқы барымтадан кейін бір рет Бақтығұл аз кісімен барып алып қайтқан бес жылқының жайы екен (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Олардың осылай басталған *әңгімесін* сұраусыз кіріп келген почташы бөліп жіберді (Ж. Тілеков, Қайнар). 2. Ә д е б. *Қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма.* Мен мектепте шығатын қабырға газетіне... ара-тұра *әңгімелер,* сықақтар, өлеңдер жазатын ем (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ол қазақтардың тұрмысы, дәстүрлері мен әдеттері жайында бірсыпыра очерктер мен *әңгімелер* жазады (ҚазССР тарихы). 3. *Бір іспен байланысты мәселе. Әңгіме* Жауынбаев жолдастың кейлегінде емес, мұғалімнің мәдениетінде болып отыр (М. Иманжанов, Менің махабб.). Баянның Көрпешті суюі тек қана қалыңдығы болғандықтан емес, ол *әңгіменің* тек бір-ақ жағы (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Бұл ескірген түсінік, қазақшылық. *Әңгіме* еркек, ұрғашылықта емес, әрбір адамның қабілеті мен қасиетінде (Ө. Қанахин, Мұрагер). 4. А у ы с. *Ұсақ-түйек өсек-аяң, сыбыс сөз.* Аңдығаны *әңгіме.* Дау-жанжалдың ұйтқысы — ауылдың атқамінер, бисымақтары да жалақтап жүр (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

◆ **Әңгіме қозғады.** *Бір мәселе жайлы сөз етті.* Малта *әңгіме қозғады.* Тау суындай құйылып, Шалдан сөздер қозғады (Т. Жароков, Шығ.). **Әңгімені қой.** *Анау-мынау дегенді доғар.* Қаулының проектін Жанат пен Алма жасап әкелмек. Басқа *әңгімені қойып,* әркайсысы дайындыққа кірісе бастады (Ғ. Мұстафин, Миллионер). **Әңгіме өткізді.** *Бір нәрсе жайында түсінік беріп сөз сөйледі.* Краев мені оң жақ қанатқа дейін ертіп барды да, ротасының басқа взводтарында *әңгіме өткізуге* кетті (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Ол жұмыс кезінде медицина қызметкерлері тұрғын халықтың арасында тазалық жөнінде, жеке адамдардың өзін-өзі таза ұстауы жөнінде *әңгімелер өткізді* (С. Табынбаев, Жемсау ауруы). Революционерлер сол түнек басқан Бутырканың өзінде де лекция оқып, баяндамалар жасайтын, *әңгімелер өткізетін* болды (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). **Әңгіме соқты.** *Сөзді лепіртіп, көпіртіп айтты.* Кейде отыра қалысып, *Әңгімені соғады.* Кейде бірге шай ішіп, Вовка қонақ болады (А. Шамкенов, Сағат). Октябрьдің жігіттері тұратын бөлмеге кездейсоқ келіп едім, ыңғайсыз картинаға

кезіктім... Бәрі таусылмайтын қысыр *әңгімені соғып* отыр («Лен. жас»). **Әңгіме шертті.** *Көңілді ұйытып, қызық оқиғаны баяндады.* Жаңыл үй жабдығымен ауыз бөлмеге кетті де, Жампейіс маған қалыңдық *әңгімесін шертті* (С. Мұқанов, Есею жыл.). Орындар қалай, Сенім мен сертті? Изесті басты, Тарасып шашты, *Әңгіме шертті* (Ү. Кәрібаев, Шығ.). Қысыр әңгіме. *Пайдасыз, бос сөз.* Бұлар әр түрлі *қысыр әңгіме* айтып өткен-кеткендерді еске алумен кешті өткізді (Ө. Қонахин, Ауыр күн.).— *Қысыр әңгіме* не керек осы,— деп, қызғаншақ қаңқа жауырынын қиқаң еткізді («Қаз. әдеб.»).

ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН: Әңгіме-дүкен құрды. *Сөзге ұйытып, еліктіре әңгіме айтты.* Мыстан кемпір тұрады, *Әңгіме-дүкен құрады.* Сөйлемегін сендер деп, Шапалақпен ұрады (Батырлар жыры). Жақыптың су таситын көлігі — жирен қасқа биенің жайылып жүрген бағытына көз жібере отырып, екеуі *әңгіме-дүкен құрады* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

ӘҢГІМЕҚОЙ с ы н. *Әңгіме айтқыш.* Ал мынау Мұқан ағай да *әңгімеқой*, ертегіші (А. Машанов, Жер асты.).

ӘҢГІМЕҚҰМАР с ы н. *Әңгімені жақсы айтатын, жақсы тыңдайтын, сөзшең.* Жақай *әңгімеқұмар*, сөзуар болатын (М. Ақынжанов, Ыбырай).

ӘҢГІМЕЛЕ е т. *Бір нәрсе жайлы жүйелеп айту, баяндау.* Бірақ бұдан әрі қазбалауды ретсіз көрді де, сабақ жайын *әңгімелеп* кетті (М. Иманжанов, Менің мақабб.). Андрейдің өзі де сол айдалған жұмысшылардың ішінде болып, Сибирьден өткен күзде ғана қайтып келгендігін *әңгімеледі* (І. Жансүгіров, Шығ.). Родионов өзінің қызы туралы жайларды Толстовқа талай рет *әңгімелеп* берген (К. Тоқаев, Тасқын).

ӘҢГІМЕЛЕН *Әңгімеле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қазақ атаулы елдің ескілігі көркем әдебиетінде аққу құс, сұлу суретті сөздермен, сұлу қиялды ертектермен *әңгімеленеді* (С. Сейфуллин, Шығ.). Онда... неше түрлі осалдық, осалқұмарлық түрлері, қылмыстары, қылықтары *әңгімеленеді* (М. Әуезов, Индия очерк.).

ӘҢГІМЕЛЕС 1. *Әңгімеле етістігінен жасалған ортақ етіс.*— Нұрқасым, бар, атаңды шақырып кел, кісілермен *әңгімелесіп* отырсын,— деп, күңк етті үй иесі (С. Бегалин, Таңд.). Трамвай тоқтайтын жерде үш-төрт жас жігіт қызу *әңгімелесіп* тұр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 2. *Пікір алысып, сөйлесу.* Басында ол Әйтиевтен: «баламды қайда оқытсам екен»,— деп, ақыл сұрау үшін пәтеріне келіп *әңгімелесіп* жүрді де, соңынан өте жақын адамдай болып кетті (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Генерал менімен бірақ *әңгімелескеннен* кейін планшетінен картасын алды да, алға жайып салды (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

ӘҢГІМЕЛЕСУ *Әңгімелес етістігінің қимыл атауы.*— Бозшакөлден,— деп, Нұрланды *әңгімелесуге* тұрасың ба дегендей, таразы да сала, бағасын бере қарады (З. Шашкин, Сенім). Осы экспедиция адамдарымен болашақ канал жайын *әңгімелесу* үшін мен Беловкаға келдім (Қ. Исабаев, Арман арнасы.).

ӘҢГІМЕЛЕУ *Әңгімеле етістігінің қимыл атауы.* Сен де жоқтан өзгені *әңгімелеуге* жалықпайды-ақ екенсің (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). Аңыз-әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен, тарихта болған адамдардың ісін, өмірін *әңгімелеу* негізінде туған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ӘҢГІМЕСІЗ с ы н. *Ешбір сөзсіз, ыңғайсыз.* Аудан көшіп келгенде «Көктерек» ауылы да *әңгімесіз* болмайды (Б. Майлин, Шығ.). Сол сықылды қалжыңсыз, *Әңгімесіз*, әзілсіз Жүре алмассыз, қажырсыз (Қ. Аманжолов, Шығ.).

ӘҢГІМЕШІ з а т. 1. *Әңгіме айтуға шебер, әңгімені көп білетін, шешен.* Бұл пәтерге қаланың және елдің әнші-күйшілері, *әңгімешілері*, ақындары көп келіп жүреді (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бұл үйдің адамдары *әңгімеші*, ертегіші жандар емес еді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.). 2. *Сөз сөйлеп отырған жақ, баяндаушы. Әңгімеші* ақсақал сөз арасында Күшікбайдың тарихын сөйлеуші еді (М. Әуезов, Шығ.). Жердегі қазынаның кілтін екпінділердің сапалы ісі ашты,— деді *әңгіметші* қарт (Қ. Әбдікадыров, Әңгім.).

ӘҢГІМЕШІЛ с ы н. *Әңгіменің майын тамызатын, ділмар.* Бұл жолы Шоқанды Тақырбас Атығай ұлы алып жүрді. Бейсеннен жасы көп кіші, өте бір сергек, *әңгімешіл* жігіт еді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Дәрігердің сөз бастауынан оның *әң-*

гімешіл адам екендігі көрініп тұрды (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

ӘҢГІР: Әңгір таяқ ойнатты. *Екі аяғын бір етікке тықты, күн бермей, қорлық көрсетті.*— Мені құртайын демесең кір! Үйде әкең басымызға *әңгір таяқ ойнатып* жатыр,— деді Хакима демігіп (М. Иманжанов, Көк белес). Төркініңе бердің деп, Қалимашқа *әңгір таяқ ойнатқан* едің, мына әулие көршің басына жастанып жатыр екен ғой,— деді (С. Адамбеков, Көсенің көзі).— Ағасы, келініңіз қалжың көтермейді, шын деп ұғынып, басыма *әңгір таяқ ойнатып* жүрмесін! (З. Шашкин, Доктор Дарханов).

ӘҢГІРЛЕ е т. *Бірқалыпты тыныштықты бұзып, тосын үнмен лепіре, дауыс көтере сөйлеу, даурығу.* Оған бола саспа, апатай. Тап бүгін-ертең бізге төнген қауіп жоқ. Салауат енді бүгінгідей *әңгірлеп* келеді екен демеңіз (Ғ. Сыланов, Асау арна). Бір күні кешке жақын ауыл қасында *әңгірлей* сөйлескен топты адамды Жарбол тағы да көрді (Ғ. Орманов, Жүрек).— Шырағым, «соғыстым, соғыстым» деп *әңгірлеме,* біз де мұнда ойнап жүрген жоқпыз,— деді Әшім қатуланып (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

ӘҢГІРЛЕТ *Әңгірле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Омбылап топан бұлттан қалғи өтіп, Шаршап күн жатарына қалды кетіп. Түксиген заңғар оба аржағынан, Аттылар шыға келді *әңгірлетіп* (Қ. Бекхожин, Дала комиссары).

ӘҢГІ-ТӘҢГІ с ы н. с ө й л. **Әңкі-тәңкі.** Жаңағы хабар өн бойымды мұздатып, басымды *әңгі-тәңгі* етті (М. Иманжанов, Адам тур.). Тек, онда сиыр мөңіремей, шынжырлы иттер, төбеттер үріп, біріне-бірі үн қатып, шәуілдеп, арсылдап, көше тыныштығының *әңгі-тәңгісін* шығарушы еді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘҢКІЛЕУ с ы н. с ө й л. **Әңгілеу.** Күзетке ылғи бір жуас солдаттар тұратын болды. *Әңкілеулері* самогон ізденіп, журіп кететін болды (С. Сейфуллин, Тар жол.).

ӘҢКІ-ТӘҢКІ с ы н. *Қалыпты жөні бұзылған, быж-тыж, бей-берекет.* Басым *әңкі-тәңкі.* Күн шағырлап, нөсер шүмектеп құйып тұр (І. Жансүгіров, Шығ.).

◆ **Әңкі-тәңкі қылды.** *Ретін бұзып, асты-үстіне келтірді.* Өмірінде от басына істемеген әдетін істеп, жолда тұрған ыдыс-аяқтарды теуіп, үйдің ішін *әңкі-тәңкі қылды* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Осындай ойлар қойшының басын *әңкі-тәңкі қылып* келе жатқанда, тағы бір ой төтеннен кимелеп кетті (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘП: Әп дегенше. *Көзді ашып жұмғанша, лездің ішінде.* Арыстан айтқан жерден тауып алды. Ақырын ат үстінде айқай салды. Арланы аузын ашып атылып ед, Алмаспен *әп дегенше* орып алды (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

◆ **Әп десе, тап берді.** *Қиғ етсе болды, бас салды.* Болыс шақыртуымен келгендер *әп десе, тап беріп,* Мамытты талқан ететіндер (Д. Әбілев, Ақын арманы). **Әп, бәрекелді.** *Бір нәрсеге күйінгенде сүйінгенде айтылатын одағай. Әп, бәрекелді,* жақсы болды, балам! (Ғ. Мұстафин, Жиырма бес). *Әп, бәрекелді!* Жақсы қылған жігіттер. Ол да революцияның салқыны!— деді Субай (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘП-ӘДЕМІ с ы н. *Жап-жақсы, әп-әжептәуір.* Соның бәрі де барған жерінде *әп-әдемі* болып бала сүйіп отыр,— деді Ұлжан (Б. Майлин, Шығ.). Осы біз не жарытып жатырмыз? Екеуміздің шеніміз де, шекпеніміз де *әп-әдемі* (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Екінші ағам мен немере апамның да *әп-әдемі* балалары бар (С. Мұқанов, Алып. адым.).

ӘП-ӘЗІР ү с т. *Аяқ асты дап-дайын.* Бүгінгі таңертеңгі асын әзірлеуге ерте кіріскені де сол себепті. Күнде өзіне Роза көмектесетін. Ал бүгін Роза тұрғанша бәрі де *әп-әзір* болып қалыпты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘП-ӘСЕМ с ы н. *Әп-әдемі, тәп-тәуір.* Осында *әп-әсем* келіні бар бір семья бар, өзі мектепте оқытушы («Лен. жас»). *Әп-әсем* екі қатарлы үйдің жоғары қатарына көтерілгенімізде бір түрлі қоңырсыған иіс сезілді («Лен. жас»).

ӘПЕКЕ з а т. с ө й л. Апеке. Иә, иә, ауыл амандық па? *Әпекем* сау ма? Қалай кештетіп...—деп. Шыңғыс жол болсын айтты (С. Бегалин, Бала Шоқан). Әлібек аттанышты жеті жүзбен, Әр істі көрер пенде екі көзбен. Тоқтатты Әлібекті Шолпан сөзбен, *Әпекем* сәлем айтты жездеке деп (Айман — Шолпан).

ӘПЕНДІ з а т. *Қожанасыр есімімен байланыстыра айтылатын (аңқаусынған) тақуасынған кісі.* Көрінген аттылардың беті солай. Аттарының басы салбырап, тыр-

на тізбектеліп, *әпенді* құсап ілбіп келеді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Қожанасыр *әпендінің* ауласының екі жағы құлап, ...қақпасы ғана қаңқиып тұрады екен (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

ӘПЕР е т. *«Алып бер» сөздерінің кіріккен түрі.* Тінібай Мәкіштің ғана жоғарғы жағына кеп жайғасқан. Онда да Құнанбайдың шынысын *әперіп*, қызмет қып отыру үшін әдейі осы араны алған екен (М. Әуезов, Жантас орнынан тұрды. Әуелі жаңа киімдерін *әперді*. Оған аяқ киімдерін қосты (Ғ. Мұстафин, Миллионер).

◆ **Әпер бақан.** *Есерсоқ, ұр да жық.* Ол Шыманның қайрап салғанына көтеріліп, «Сарыны не тірі ұстап беремін, не өлтіремін» деп, екі білегін сыбанып, соңына өзі сияқты *әпер бақандарды* ертіп, Сарының келетін күнін аңдып жүрген қолшоқпар еді (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Сіз шаш ал десе бас алатын баяғының *әпер бақан* белсенділеріншe қатал үкімді оп-оңай-ақ шығара салады екенсіз (А. Байтанаев, Асан). *Әпер бақан* Бопаннан қорлық көрсе шерін тарқатары, мұңын шағары да Қазиза еді (З. Иманбаев, Дала көктемі). **Абырой** [атақ] **әперді.** *Сыйқұрметке жеткізді.* Еңбек күйіне қызығасың да сүйсінесің. *Абырой, атақ әперіп*, ер атандырар осы еңбек емес пе? (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Еңбектегі жаңашылдық пен ынтымақтылық елді көркейтіп, ерге *абырой әпереді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). **Әйел** [қатын] **әперді.** *Үйлендірді.* Турасын ойлағанда балаңа *қатын әперме*, енші берме, барыңды салсаң да орыстың ғылымын үйрет (Абай, Тол. жин.). **Кек әперді.** *Өшін қайырды.* Би мен болыс алады күшін сатып, «Мен қазақтан *кегіңді әперем*» деп (Абай, Тол. жин.). Құтқарып Сарарқаны зор азаптан, Елімнің дұшпанынан *кек әперді.* Әйгілі Қобыландының аруаымен, Еске алам кешегі өткен кемеңгерді (О. Шипин, Аманкелді). Айтқандай, осыдан кейін бүркіт бір айдың ішінде тағы төрт қасқыр алды. Қарақасқаны жыртқан бөріден *кегін әперді* (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Теңдік әперді.** *Терезесін теңдікке жеткізді.*— Бәсе, тегін кісі болыс бола ма? Қимылын көрдің бе? Мына кісі *теңдігімізді әпермей* қоймас (С. Шарипов, Шығ.). Көксеген ең ерлікті, Енді қара Мәмбеттен *Әперемін теңдікті* (Н. Байғанин, Шығ.).

ӘПЕРУ *Әпер етістігінің қимыл атауы.* Жексен тамағын бір-екі қырынды да, су *әперуін* өтінді (К. Оразалин, Жексен). Бұл екі жаңаға да кей жерлерде күшпен орын *әперуге* тура келеді (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

ӘПЕРІЛ *Әпер етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Балалардың өнершіл болуы көзделіп, оларға гармонь, гитара, скрипка, домбыра т. б. *әперілген* («Халық мұғ.»).

ӘПЕРІС *Әпер етістігінен жасалған ортақ етіс.*

ӘПКЕ з а т. с ө й л. **Апеке.** Менен екі жас үлкен Ақбала *әпкем* мен Сақыш, Қаматай қарындастарым төрде бүрісіп ұйықтап жатыр (С. Омаров, Хантағы). Обком секретары *әпкең* бар. Тұрмысы жақсы. Аз күн қонақ болып кетесің (Т. Ахтанов, Дала сыры). Анасы болса, атын неге атайды? Әлде *әпкесі* болды ма екен? (С. Шаймерденов, Мезгіл.). Ләззат *әпке*, маған бердің бе, қайтып алмайсың ба? — деді Айғаншаның бес жасар қызы (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘПКЕЛ е т. с ө й л. **Әкел.** Бала, қолың жылдам-ақ екен. Қалай зытыра салдың? Жә, *әпкел* бермен, бұны Қалдыбайға өзім табыс етемін (А. Байтанаев, Асан).— Оразбай, сал арқанды мойындарына, *әпкел*... аттарды (М. Әуезов, Абай).

ӘППАҚ с ы н. с ө й л. **Аппақ.** Ағаш шатырлы біріне-бірі ұқсас *әппақ* үйлер екі жақта кейін сырғып қалып барады (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Жаз шыққаннан кейін де өңі бұрынғы *әппақ* қалпына келген жоқ (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘП-СӘТТЕ и р. ұ с т. *Көзді ашып жұмғанша, қолма-қол, лезде.* Жігіт *әп-сәтте* болып өткен бұл өзгерістерге түсіне алмай аң-таң (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Көкірек толған қайғы мен қасірет, ой толған күдік пен қорқыныш *әп-сәтте* жоқ болды (Ж. Саин, Жол үсті.). Нысананың жақындығы мен алдағы кедергінің күштілігі жауынгерлерді *әп-сәтте* ширатты (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘПТЕК з а т. с ө й л. **Аптека.** Ғайша ұшып тұрып, жылдам киініп, жақын жердегі *әптекке* келіп, бұрын бір таныс дәрігерден алып қойған рецеппен бір кішкене сауытқа құйған апиын сатып алып, үйіне қайтты (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘПТЕР-ТӘПТЕР үст. *Әлем-тапырық, ұйқы-тұйқы.* Үйде лампы құлап, ыдыс қирап, қымыз төгіліп *әптер-тәптері* шықты (І. Жансүгіров, Шығ.). Кейде, үйде ешкім жоқта, қайбір сұғанақ сасықтар кіріп кетіп, талқанымызды жеп, жемегенін төгіп-шашып, төрімізге дәрет сындырып *әптер-тәптер* етеді (Б. Соқпақбаев, Балалық шақ.).

ӘПТИЕК ир. зат. көне. *Жеке кітапша болып басылған құраннның жетіден бірі.* Біз ақшаларымызды жоғары көтеріп, *әптиек* оқыған балалар құсап шулай бастаймыз (С. Ерубаев, Шығ.). *Әптиек,* құранды, Қожахмет Яссауидің хикматын оқытайын десе, бала хат танымайды, танытайын десе, өзі қол қоя да білмейді (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

1. **ӘР** ир. зат. *Сырт ажар, көрік, шырай.* Қаратау басын қар басты, Басты да қалды аппақ қар. Жап-жасыл жерден *әр* қашты, Жығыла берді жапырақтар (Ә. Тәжібаев, Кешеден.). Рүстемге Кей Қысрау берді дәрі, Кететін жақсы өзгеріп адам *әрі.* Көргендер танымайтын болып алды, Беттерін ол дәрімен бояп бәрі (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). Неліктен ауыл *әрін* басқан қайғы, Күн екен жабырқаңқы бір талайғы. Еліктей жосымалы ел көріп пе ед, Қаңғырған қалың дүлей, ну тоғайды (І. Жансүгіров, Шығ.).

2. **ӘР** ес. *Өз алды, жеке-жеке, әрбір. Әр* елден келін келер, әр түрлі ырым етер (Мақал). Суықта жылқы бағу оңай болмайды,— деді Ыбырай қарт,— *әр* сөзін салмақтай баппен сөйлеп (М. Иманжанов, Адам тур.). Мол күш тоғысқан майдан өмірінде өлім *әр* адамға әр түрлі жағдайда кездесіп жатады (К. Тоқаев, Тасқын).

◆ **Әр алуан.** *Бір-біріне ұқсамайтын, түрлі-түрлі.* Азғана уақыт болса да әскер өмірі *әр алуан* қауымнан құралған жауынгерлерді тұтастырып тастаған екен (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Бұл кезде Бекболға алғаш кездескен асау қара сұр да *әр алуан* сұрақтар бере бастап еді (М. Әуезов, Таңд.). **Әр жақты.** *Көп нәрседен жан-жақты хабардар, бес аспап.* Мастер оған кәрі көздері күлімсірей қарайды, өз түлегінің *әр жақты* өнеріне қуанады (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). **Әр кез.** *Әманда, қашанда.* Жұптықыз некеленген болмаған соң, Мирасқор тумақ *әр кез* бала қайдан. Уәзірім, бұл айтқаның сөзге сыяд, Жар сүю адамзатқа адал мұрат (Н. Ахметбеков, Аманкелді). **Әр қилы.** *Ұқсас емес, түрлі-түрлі.* Шөгерген түйедей болып жатқан *әр қилы* тастар орынды көкбурыл өзенге еш бөгет емес (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Біреу қойнынан таза кездеме шығарса, бәрі топырлап, *әр қилы* баға беріп, әп-сәтте жинала қалады (К. Тоқаев, Тасқын). **Әр тарап.** *Нақтылы бір жай емес, жан-жақ.* Көңілім *әр тарапқа* бөлініп, жүдеп жүрген кісі — жабыса кеттім (З. Шашкин, Доктор Дарханов). **Әр түрлі.** *Бірі-біріне ұқсамайтын, қилы-қилы.* Бұрын *әр түрлі* адамдармен істес болмағанын, ысылмағанын көрсетіп, шыдай алмай жігітіміз күрт кетті (М. Иманжанов, Көк белес).— Жоқ, жоқ, — деді ана екеуі, біз *әр түрлі* өсімдіктен дәптер арасына салып та алдық (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). **Әр уақытта.** *Қашан да, әр кез.* Директор біреумен сөйлесудің алдында көзінен көзілдірігін алып, *әр уақытта* да бір езу тартып, күлімсіреп алады (С. Ерубаев, Шығ.). **Әр саққа жүгірті.** *Мың құбылтып, сан өзгертті.* Кезінде әркім *әр саққа жүгіртіп,* түрліше пікірлер туғызған Ақан өмірі Ілиясқа ұнайды («Қаз. әдеб.»). Енді көрпе астында ойы *әр саққа жүгіріп* дал (Т. Ахтанов, Махабб. мұңы).

ӘР-БЕРІ үст. сөйл. **Әрі-бері.** *Әрберіден* соң ескі ауылдың өзін, қазақтың ертелік оқиғаларының өзін совет жазушылары жаңа көзқараспен жазуға тырысты (М. Қаратаев, Туған әдеб.).

ӘРБІР ес. *Өз алды жеке-жеке, кез келген.* Тек қана баласының *әрбір* адымын санап тұрғандай, көзі шоқ ағашқа қадалып қалыпты (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Иә, шынын айту керек, бір ерекшелігі мұндағы *әрбір* қызметкердің бір-бір көмекшісі бар екен (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа). Жанқабылов екеуіңіз қанша адал қызмет көрсеткеніңізбен, *әрбір* кездейсоқ оқиғаның жанында бола бермейсіздер (К. Тоқаев, Тасқын).

ӘРБІРЕУ зат. *Кім көрінген, әркім; әркайсысы. Әрбіреудің* тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді (Абай, Тол. жин.). Біздің ауыл мінекей, Көз жіберіп қараймын. *Әрбіреуін* ауылдың, Іздеп, қарап санаймын (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

ӘРДАЙЫМ ар. ир. үст. *Қай кез болмасын ұдайы, әруақытта, әрқашан.* Әзірше ұяң, қорғаншақ, үнемі ақырын ғана қызара, қысыла сөйлейтін Айсұлуды Әсия *әрдайым* бауыр тартып, жақын

жүреді (М. Әуезов, Өскен өркен). Сонда *әрдайым* жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Осындай кездері аңсап күтетін Жарқын сабаққа *әрдайым* жақсы әзірленіп, үйінен қапысыз боп келеді (М. Иманжанов, Менің махабб.).

ӘРЕГІРЕК үст. *Әрі таман, әрілеу, қашығырақ.* Арба үстінде отырған Аманқұл да, қасындағы салт аттылы адамдар да жолдан шығып, *әрегіректегі* ауылға бет бұрды (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). *Әрегіректен* состиып қарап тұрмыз (С. Төлешев, Түрлі. бас.). *Әрегіректе* толып жатқан әдемі үйлер бар (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘРЕДІК үст. 1. *Жиі емес, сирек, анда-санда.* Зеңгір аспанда, биікте қақтаған бедерлі күмістей, *әредік* жұқа бұлттар қалқиды (С. Сейфуллин, Шығ.). Әуелде өрден ойға түскен ат тұяқтарының тысыры, *әредік* жөтелген дыбыстар естіліп тұрды (Ә. Көшімов, Екі бүркіт). Жорамалына орай Досжанның әрнені пайымдағыш, сергек жан екенін *әредік* байқап, танып та қалып еді (А. Байтанаев, Жаңғырды дала). 2. *Аралық мезгіл.* Григорий тек сабақ *әредігіндегі* демалыста ғана кездеседі (С. Бегалин, Бала Шоқан.). Бұл *әредікте* Ғайшаның екі досы болды (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘРЕКЕ зат. *Бәлелі бүлік, лаң.* Пристаньдағы жұмыскердің арасын *әреке* аралайын деді. Бірақ мен жатпаймын... (І. Жансүгіров, Шығ.).— Қайран халқым, азғаның ба *әрекемен* осындай (М. Әуезов, Таңд.).

ӘРЕКЕТ а р. зат. 1. *Орындау, тындыру, меңгеру үстіндегі амал-айла, іс-қимыл.* Қане, бай, енді жатпай-тұрмай *әрекет* қылуға керек!— деді Отар (С. Сейфуллин, Шығ.). Іші қуыс инені ұстап, укол салудағы қимылы дәрігер *әрекетінен* шебер болмаса, олақ көрінбеді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Бір ғажабы шарасы азайған кезде генерал ерекше сабыр тауып, ширығып, жедел *әрекетке* көшті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). 2. А у ы с. *Қырсықты, бәлелі ырық-жырық, лаң.* Қылып жүрген өнері: Харакеті — *әрекет.* Өзі оңбаған ант ұрған, Кімге ойлайды берекет (Абай).

◆ **Әрекет жасады** [етті, қылды]. *Амал-айла істеді.* Жау қаланы қайтадан алмақ болып әлденеше рет *әрекет жасап* көрді (С. Бегалин, Жеткіншек). Осы кездеседен кейін жаңағы топ өз бетімен өздері бастаған сөздерін аяқтау жолында *әрекет етісіп* жүрісті (М. Әуезов, Таңд.). Ат та торы ала, жер де торы ала, мұздан тоңған денені жылытуға *әрекет қылдым* (С. Сейфуллин, Тар жол.).

ӘРЕКЕТСІЗ с ы н. *Ешбір іс-қимылсыз.* Біріне-бірі ұқсаған *әрекетсіз* бұл күндер әбден-ақ іш пыстырарлық (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Тұмсығы талқандалған жау да *әрекетсіз* қалмай, түске жақын танкілі автоматчигін қаптатып жіберді (Қ. Әбдікадыров, Мақташы қыз).

ӘРЕКЕТТЕН е т. *Істі орындауға шара жасау, тырысу.* Арқауы оралмаған әңгімені жетістіремін деп, ол да тәуір-ақ *әрекеттенді* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Шал белін буып, тұмағының бауын байлап кетуге *әрекеттене* бастады (С. Адамбеков, Қожанасыр.). Әлденеше рет қашуға *әрекеттеніп* еді, әр түрлі себептермен бірінің де сәті түспеді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

ӘРЕКЕТТЕС е т. х и м. *Өзара әсер ету.* Әк суы мен көміртегінің қос тотығы *әрекеттесіп,* кальций карбонаты тұнбаға айналады да, су бөлініп шығады («Халық мұғ.»). Бұл металдар сумен *әрекеттескенде* біраз жылу бөлінеді (А. Мырзабаев, Химия. қызығы).

ӘРЕКЕТТЕСУ *Әрекеттес етістігінің қимыл атауы.* Бірақ бұл *әрекеттесуде* гидрид түзеуші элементтің период системасындағы орнына тәуелді (Б. Бірімжанов, Жалпы химия). Сөйтіп сорттың зақымданғыштық дәрежесін тек осылардың өзара *әрекеттесуі* ғана анықтайды (Ж. Жиенбаев, Астық дақыл.).

ӘРЕКЕТТІ с ы н. *Істің қыбын тауып, тез тындырғыш.*

ӘРЕКЕТШІЛ с ы н. *Іс-қимылды алдын ала ойластырып, амал-айла жасағыш, айлакер.*

ӘРЕКІДІК үст. с ө й л. Арагідік. Күбір-күбір сөйлескен адам даусы да *әрекідік* жетіп жатыр (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

ӘРЕҢ үст. *Зордың күшімен, әзер.* Шайды ішіп болғанның артынан көп кешікпей бір жігіт *әреңдеп* көтеріп бір табақ сүр етті әкелді (С. Шарипов, Шығ.). Қалшылдаған қолы тапаншаның ілгегін *әреңдеп* ағытты (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Ойдан қалжыраған бала сең соққан балықтай, үйіне

сүлдері құрыған қимылмен *әреңк* жетті (С. Мұқанов, Бақташы.).

◆ **Әреңк [деп] дегенде.** *Өліп-талып, зорға.* Басқармаға бағынбады деп, Рамазан мені жиналысқа салып, аупырым *әреңк деп* жаным қалды...— деді Шәріп (Ғ. Мүсірепов, Шұғыла). Досының хал-ахуалын білуді мақұл көріп, ол оның үйін іздеді. Үйме-үй сұрастыра жүріп, *әреңк дегенде* тапты-ау! (Т. Бердияров, Фарида).

ӘРЕҢ-ӘРЕҢ үст. *Әзер деп, зорға дегенде.* Жер шағардай табанын, *Әреңәреңк* сырғиды. Әзірлесе сабағын, Түймебаев мұлгиді (М. Әлімбаев, Таңд.). Саусақтарының ұшы *әреңәреңк* түйісетін зор ағаштың түбі отыруға да жақсы-ақ еді (Р. Райымқұлов, Түйелі адам).

ӘРЕҢ-МӘРЕҢ үст. *Қалт-құлт етіп, әзер-әзер.*— Соның ауызға өзі келіп түссе, — депті екіншісі, *әреңмәреңк* («Қаз. әдеб.»). Құзға құлап кетуге *әреңмәреңк* қалып, № 1 жаңа техника участогінің бастығы Петр Онищенко тұр («Лен. жас»).

ӘРЕҢ-ПӘРЕҢ үст. сөйл. **Әреңмәреңк.** Осыдан он жыл бұрын оның тиражы 35 мың данадан *әреңпәреңк* асушы еді («Лен. жас»).

ӘРИНЕ мод. *Иә, әлбетте.*— Сен, *әрине,* өзің алар едің,— деп сыбырлады жанында отырған Сейтен оған (М. Иманжанов, Менің махабб.). *Әрине,* сен ойламадың, Мұғаджарды жас шағында. Өйткені сен ойнамадың, Оның биік асқарында (С. Мәуленов, Жолдас). Ол екі ойлы болып тұрып қыздардан артта қалып кейінірек кірді. Мұнысы, *әрине,* ыңғайсыздау болды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘРКЕЛКІ сын. *Бірыңғай емес, әртүрлі, бөлек-бөлек.* Әрине, ауыз әдебиетінің барлық түрі бір мезгілде туған емес және олардың тууына себеп болған жағдайлар да біркелкі емес, *әркелкі* (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ӘРКІМ ес. *Әрбір адам, кез келген кісі; кім көрінген.* Боз үйдің жанында бағанадан бері *әркімнің* атын атап шақырып тұрған дауыс басылды (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Медетбектің өзі де бұрынғыдай *әркімнің* қасына бір жүгіріп, аптығып жүрген жоқ (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Әрине, *әркім* әр нәрсеге өз базарының нарқымен баға беруге ерікті ғой (С. Сейфуллин, Шығ.).

ӘРҚАЙДА үст. *Жер-жерде, кез келген жақ.* Бұл емес жаңа шыққан бір жат хабар, Мұндай іс әркімде бар, *әрқайда* бар. Жүз жерден бала түгіл үлкен айтсын, Хақ сөзге таупық етер жан қайда бар? (С. Дөнентаев, Шығ.). Мектепке келдік *әрқайдан,* Таңғы ауада самғайды өн. Өзіміз еккен кешегі, Жас талды көрдік сарғайған (Ш. Мұхамеджанов, Ана құшағы).

ӘРҚАЙСЫ ес. *Жеке-жеке бас сайын, әрбіреуі.* Сөйтіп қанша адаммен дәмдес, істес болса, солардың *әрқайсы* жөнінде арнаулы пікірі болатын (М. Иманжанов, Көк белес). Көңіл шырқы бұзылып, *әрқайсы* өз ойына күпті болып отыра берді (З. Шашкин, Сенім). *Әрқайсы* бір шақырымнан шаң сүйретіп үш машина кетіп барады (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘРҚАЛАЙ сын. *Бір қалыпты емес, әр қилы, әр түрлі.*— Байсал, балалар колхозға көмектесе алмай жүр ме?— *Әрқалай,* ақсақал. Кей күні ұйымдасқан түрде, кейде бірін де ұстай алмай қаласың (М. Иманжанов, Көк белес). Баласы жайында *әрқалай* әңгімелер естіген сайын Ұлжан шешей онсыз да селк етпей қалмаушы еді (Б. Соқбақбаев, Жекпе-жек).

ӘРҚАШАН үст. *Қай уақыт болса да, үнемі, әрдайым, әркез.* Жасы үлкен, денесі кең Сергей Петрович *әрқашан* осылай балаша қуанады, балаша ренжиді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). *Әрқашан* асығып, шапшаң сөйлейтін Ғалымжан Коляға бар жайды сыпырып баяндап өтті (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен). Басшылар бастай білсе, бұқара қостауға *әрқашан* да әзір ғой, Күдері Қадырович,— деп жымиды Дорофеева (М. Иманжанов, Көк белес).

ӘРҚАШАНДА үст. *Қай кез болмасын, әр уақыт.* Қамықсақ ол жадыратар көңілді, Жарқын ғана анандайын дем беріп. Тастамайды *әрқашанда* сенімді, Сенің панаң ең тамаша, ең берік (Ж. Саин, Таңд.). Е, *әрқашанда:* «Неге үйтпедің, неге бүйтпедің деп айту жеңіл»,— деді (З. Шашкин, Теміртау).

ӘРЛЕ ет. *Сырт пішінін көріктеп әдемілеу.* Ауылға келгенше жауабының ұзынырғасын ойланып алған Бек Біркімбай сөздерінің тігісін жатқызып, *әрлей* жеткізеді (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Даңмұрын, Жүсіп, Ерімбет, Жел сөзді *әрлеп* тақтаған. Тұрмағамбет, Қуаныш Даңқы кетті ту алыс, Суындай Сырдың қаптаған (Пернедегі термелер).

ӘРЛЕН е т. *Өңейіп, әдеміленіп құлпыру. Әрленіп,* жақсы киініп жүретін. Шәлкес мінездері көп болатын (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.). Ысқылау үстінде жиек жіп тағы да тазарып, *әрлене* түседі (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘРЛЕНДІР *Әрлен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айнадай ашық көктеңбіл зеңгір аспан аппақ қарды құлпыртып, *әрлендіре* түскендей (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Өлеңдегі әдемі дыбыстар, сәнді айшықтар шығарманың идеялық айқындығын күшейтумен бірге, оның моральдық мәлдірлігін де *әрлендіре* түскендей (Ә. Тәжібаев, Өмір.).

ӘРЛЕНТ *Әрлен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Әжелердің әжім жүзін *әрлентіп,* Біліп жатыр жағдайларын, керегін (Ә. Ахметов, Өшпеген жалын).

ӘРЛЕУ *Әрле етістігінің қимыл атауы.* Ал, оны *әрлеу,* сәндеу машықпен бірге әжептәуір талғамды қажет етеді («Қаз. әдеб.»). Мәселен, бізде аспаптарды сулап *әрлеу* және қайрау, ылғалдап бұрғылау т. т. жүргізіледі (Адам. анатом.).

ӘРЛЕУШІ з а т. *Нәрсенің сырт көрінісін көркемдеп, әдемілеуші.* Күй мен әнді тудырушы халық, мына өздерің, мен *әрлеушімін,* сақтаушымын (С. Бақбергенов, Қайран шешем).

ӘРЛІ с ы н. *Сырт кескіні әдемі, ажарлы.* Залдың орта тұсында өңкей ажарлы қыздар, *әрлі* әйелдер; олардың арасында беті желіндеп, Марғау отыр (З. Қабдолов, Жалын).

ӘРЛІ-БЕРЛІ ү с т. *Біресе олай, біресе былай, ілгері-кейін, ерсілі-қарсылы.* Бұл әнді айтып жатқан қыздар қай жақта тұр екен деп көзіңді *әрлі-берлі* жүгіртесің (А. Жұбанов, Құрманғазы). Ақын қыз өлең жазарда үйдің ішін *әрлі-берлі* кезіп, я болмаса диван үстінде үнсіз, ұзақ ойланып қалатын (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ымырт үйірілген кез. Көшеде *әрлі-берлі* асыға сапырылысқан жұрт («Қаз. әдеб.»).

ӘРМАН ү с т. с ө й л. **Әрмен.** Оның түбіне әлі ешкім де жеткен емес, себебі *әрман* барған кезде ауа таусылып шам жанбай қалады (С. Мұқанов, Есею жыл.). — Әже, үйге қонақ кеп қалды.— Атамнан *әрман!* Кетсін әрі, қондырмаймын де! (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘРМӘН ү с т. с ө й л. **Әрмен.** Деп Қанси: «Батқан да жоқ, ұшқан да жоқ, Жыншайтан емес, көріп ұстарға жоқ, Жан керек болса тапсын!»— деп әскерін, Бұйрықтан бұйрық сайын қысты *әрмән* кеп (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға). «Қағынғыр, *әрмән* отыршы, молда болып менің жаназамды шығармай-ақ қой...» деп мені түйіп-түйіп қалады,— дейді мұғалім (Б. Майлин, Таңд.).

ӘРМЕН ү с т. 1. *Жақын емес, әрі таман, әрі.* Интуитивизмнің бір жақ ұшы *әрмен* қанатта жатыр, оның берідегі үлкен қазығы Бергсон (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Одан *әрмен* буалдырланған өлке жатыр (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). 2. о д. *Жуыма, аулақ жүр, көрінбе көзге.* Болған соң мұнан кетіп тазға қатын, Онан кет, онан әрі, *әрмен* деймін. Мен жеттім уәдеге, сен жетпедің, Айтқан серт өз мойныңа бар, бар деймін (Айтыс). Айжан аға заводқа, Машина ызың мауытта, Әбдірақ бай келіп ед: «*Әрмен* әрі, жуытпа!» (Б. Майлин, Шығ.).

◆ **Әрмен қарай.** *Одан әрі, әрі қарай.* Әр он қадам сайын отырған жауынгердің жанында бөгеліп тамақ құйып, нан тіліп береді де, *әрмен қарай* өте береді (Аялы жандар). *Әрмен қарай* не? Енді тоң мойын, томай құлақ Қалау шықты («Қаз. әдеб.»). **Кет әрмен.** *Олай етпе, қойшы. Кет әрмен,* бұныңа сенбеймін. Алдағанға малдана салатын мені бір бес жасар сәби бала қатарлы көресің-ау! (А. Байтанаев, Асан). **Онан әрмен.** *Бұрынғыдан бетер.* Бет қаритын бір ызғар жел шығып, мал мен жанды *онан әрмен* бүрсеңдетіп жіберді (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.).

ӘРМЕНДЕ е т. *Біртіндеп қашықтап, алыстай беру.* Қараған сайын ойлай-ойлай алыс шетіне азаппен қол созған асыл арманы тағы да көлденеңдей қалды; көлденеңдеп қойған жоқ, ол енді кенеттен *әрмендеп* бара жатқанға ұсады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘРМЕНІРЕК с ы н. *Әрі тамандау, әрірек.* Одан *әрменіректе* жұмыртқадай аппақ болып, күнге шағылысып, малшылардың ақ үйлері көрінді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Әрменірек* тағы бір-екі жылқы шөпті бырт-бырт үзіп, жайылып тұр (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).

ӘРНЕ з а т. *Көрінген нәрсе, анау-мынау, көр-жер.* Біреуі айтты... лапкенді

Мұнша алысқа салмау ғой. Аулаққа тастап *әрнеңді,* Бүйтіп ғапыл қалмау ғой (Абай, Шығ. жин.). Дүниеге өз көзқарасы бар, *әрнені* ақыл елегінен өткізіп, өзінше топшылайды (А. Байтанаев, Асан). Жігіт жиынтық, тым-тырыс, *әрнеге* ыңғайлы отыр (Ж. Жұмақанов, Қаракөз.).

ӘРНЕМЕ з а т. *Кез келген ол-пұл, оны-мұны.* Сөйтіп, шомыт қоста Гүлияның қасында Сәтбай *әрнемені* бір айтып отырды (С. Сейфуллин, Шығ.). Түн ортасына дейін ойына *әрнеме* келіп маза бермейақ қойды (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

ӘРНЕШІК с ы н. *Біркелкі емес, әр түрлі.* Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, *әрнешік* өз суретімен көңілге түседі (Абай, Шығ. жин.). *Әрнешік* халдерімнің бәрі мәлім, Достыңа хал-қадарша жәрдемің сал. «Дүние бос, махаббатсыз мал секілді»,— Деген сөзін, Абайдың есіңізге ал (С. Торайғыров, Шығ.).

ӘРСІЗ с ы н. *Түр-түсі көз тартпайтын ажарсыз, өңсіз.* Үшінші таразының қасында тұрған әйел байқауымша *әрсіз* де, ақымақ та емес сияқты (К. Тоқаев, Тасқын). Ішіндегі заттары да тым *әрсіз* екен (С. Омаров, Хантағы).

ӘРТЕЛ з а т. с ө й л. **Артель.** Алғабас *әртелінің* мүшелері мектепке жиналсын деп хабар айтылған (Б. Майлин, Шығ.).

ӘРТІН ү с т. с ө й л. *Белгілі бір тұстан әрмен, әрі.* Онан *әртін* қарт Алтайдың мұнары, Қорқынышы, қуанышы, құмары. Биік шыңға өрмелеген талабы, Тайталас тұр не шығып, не құлары (Д. Әбілев, Алтай асу.). *Әртін,* аумақты шаршы егін алабының арғы басында бір салт аттының қарасы ұзап барады (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

ӘРТІНІРЕК ү с т. с ө й л. *Бертін емес, әрірек, әрменірек.* Тоғайдың *әртініректе* ішінде деревняның шіркеуі, кейбір үйлердің шеті көрінеді (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Мұның өзі *әртініректе* Гоголь мен Щедрин, бертініректе Чехов суреттеген орыс чиновниктеріне де тән еді (Т. Әлімқұлов, Абай). Терезе тұсынан *әртінірек* жалғыз алма ағашы бұтақтарын жан-жағына сермей жайып, бір өзі үй орнындай аумақты жерді иемденіпті (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.).

ӘРУАҚ з а т. 1. Е с к і. *Діни наным бойынша қайтыс болғандардың рухы.* Мал баққан көшпелілер арасында ол кезде ертедегі тотемдік түсініктер мен ата-баба *әруақтарына* табынушылық қалдықтары әлі де күшті болатын (ҚазССР тарихы). 2. А у ы с. *Құр сүлдері қалған, жүдеп-жадаған адам.* Ат арыса — тулақ, ер арыса — *әруақ* (Мақал).

◆ **Әруақ атты.** *Ата-баба рухының қарғысы тиді; сәтсіздікке ұшырады, жолы болмады.* Ендеше, серттен тайғанды *әруақ атсын.* Тәуекел қыл да, тас жұт! (М. Әуезов, Абай). **Әруақ қолдады.** *Рух сүйеді, жебеді; жолы болды. Әруақ қолдасын,* жолың болсын, Абай жаным!— деді (М. Әуезов, Абай). Қимылсыз қалдың мәңгілік, Кең қолдың асқар шебінде. *Әруағың қолдап* жүрсе екен, Демеу боп, дем боп тегінде (Манас). **Әруақ қонды.** *Сиқырлы күш пайда болды.* Оның әнін шырқағанда Қален де дәл бір *әруақ қонған* әншідей жанындағы кісілерден жотасы асып, айбаттана түсетін (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). **Әруаққа сиынды.** *Өлілерді пір тұтты.* Молда *әруақтарға сиынып,* құран оқып бата берді... (М. Әуезов, Абай). Бұл маңайда қонбаған бұтам бар ма, Біткен кесел болды ғой сорға. *Әруақтарға сиынып,* Бір ақылын тауып бер!— деді қиылып (С. Сейтенов, Бойжеткен.). **Әруақ шақырды.** *Ата-бабасын атап, ұрандады.* Осылайша сорлаған жан не істерін білмей мойнына бұршақ салып, қайта-қайта *әруақ шақыра* берді (Ауызекі тіл). **Тірі әруақ.** *Қатты жүдеп-жадаған адам.* Айнадан адам емес, *тірі әруақ* көрінді (М. Қаратаев, Даладағы дабыл).— *Тірі әруақ пысың!*— деді ай-жайға келмей. Ақылбек бойын жиды да аттан түсті («Лен. жас»).

ӘРУАҚТАЙ с ы н. *Төрт тағаны қалған, арық.* Жан анасы жанында оның, Жансыз бейне *әруақтай.* Қорықты ма әлде кім біледі, Қалды тілсіз кірпік қақпай (А. Жұмағалиев, Өшпеген жалын).

ӘРУАҚТЫ с ы н. *Қасиетті, киелі.* Басына кигені де бөлекше бір нәрсе білем... *Әруақты* бір бас киім киіпті (Ғ. Сыланов, Асау арна). Азған менен бұзғанды өзің тап, *әруақты,* киелі ата! (М. Әуезов, Абай жолы).

1. ӘРІ ү с т. *Белгілі тұстан әрмен, әрі таман.* Әділдің қарсы алдында енді үшінші бұта тұр, одан *әрі* мидай жазық (Майдан). Ол кезде селоның оңтүстік батысын алып жатқан адырдан күн *әрі* асқан еді (С. Шаймерденов, Мінез). Алысқа ұзап кет-

кен жоқ, Үңгірден *әрі* өткен жоқ. Азапты кетті арқалап, Жайланып рахат шеккен жоқ (Ү. Кәрібаев, Таңд.).

◆ **Аяғын әріге салды.** *Мерзімді соза түсіп, уақыт ұтты.* Осыны ойлаған ақылды қыз *аяғын әріге салып*, сұр жорғаны сұрайды (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпосы.). **Әрі ақылдасып [сөйлеп, ойлап], бері ақылдасып [сөйлеп, ойлап].** *Әрлі-берлі ойланып-толғанып, қорытып барып. Әрі ақылдасып, бері ақылдасып*, ақыры бармақ болдық (С. Шарипов, Шығ.). *Әрі ойлап, бері ойлап* келгенде оған осы кәсіп қолайлы көрінген (М. Иманжанов, Көк белес). **Әрі итеріп, бері жықты.** *Бүйрек бұрғансып торға түсірді, әуреге салды.* Мұқал аға-ау, маған неғыл дейсіз енді? *Әрі итеріп бері жығып*, әбден... (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). **Әрі кетсе.** *Ұзай қалса, көп болғанда.* Менің жігіттерім дайын, ең *әрі кетсе* үш күннің ішінде осы қаладан табылады (Ә. Әбішев, Армансыздар). **Кет әрі емес.** *Жек көрмейді, қарсы емес.* Шешесімен тілдесіп көріп ем *кет әрі емес* («Қаз. әдеб.»). Досжан өзімен бірге институт бітіргелі отырған Күнімжанға көптен ынтық. Қыз да бұған *кет әрі емес* сияқты (Бұл да). **Қой [тәйт] әрі.** *Тарт әрі, жай отыр, әрмен.* «*Қой әрі!*» деп ордаң етсе болмады, «Қойшы, ойбай!» деп жылмың етсе оңғаны. Бұған етіп бір қараса қылмиып, Бойын ерір, ғашықтың сол қонғаны (Б. Майлин, Шығ.). *Тәйт әрі!* Бұл саған ойыншық деп пе едің...— деп Қаламұш оны тыйып тастады (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Одан әрі.** *Бұрынғыдан да бетер, әуелгіден де күшті.* Оның үстіне түнгі салқын самал Аталықтың жүрегін *одан әрі* көтеріп кетті (К. Рахимов, Қарлығаш.). Үшінші бесжылдық жылдарында Қазақстанда жоғары білім беру *одан әрі* өркендей түсті («Халық мұғ.»). Сондықтан делегаттардың баяндамасы өткір сынды *одан әрі* өрістету керек (Ә. Нұршайықов, Тың астығы).

2. ӘРІ ш ы л. *Сонымен бірге, және, әм.* Күн аяусыз қыздырып, жаңбыр өте сирек жауатын ыстық, *әрі* құрғақ жақтарда өсімдік тамырын тереңге жібереді (Ә. Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Жол қашық, жел қатаң, *әрі* ызғарлы, күн кеш боп барады (Т. Сағынбаев, Кездесу). Мен Галяның бұлай өзгеруінен *әрі* қуанамын, *әрі* қорқамын (Ә. Әбішев, Замана перзент.).

ӘРІ-БЕРІ ү с т. 1. *Олай-былай, ерсілі-қарсылы.* Күшікбайдың басынан қандай дәурен кешкендігін *әрі-бері* өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді (М. Әуезов, Таңд.).— Иә, иә, дұрыс-дұрыс,— деп Шыңғыс атынан түсіп, сыртқы киімін тастап, *әрі-бері* жаяу жүріп, ат үстінде құрысып қалған бойын жазды (С. Бегалин, Бала Шоқан). Перде сырылған әйнектен *әрі-бері* өткен жүргіншілердің тұлғасы айнаға түседі (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Бірсыпыра, біраз уақыт. Әрі-бері* жаттыдағы ұйықтап қалды. Шаршаған ғой күн шыға зорға оянды (Абай, Шығ. жин.). *Әрі-бері* көзін іліндіріп алып, көсе түрегелсе, бай-бәйбішелер ұйықтаймыз деп жатып алады (С. Сейфуллин, Шығ.). *Әрі-бері* сөйлесіп Жалбырды жылқысымен, Кәрім екеуін босатқызып қоя бердік (С. Шарипов, Шығ.).

◆ **Әрі-беріден соң [кейін].** а) *Біраз уақыт өткеннен кейін.* Немістер оның батальонға қосылатын алдын орап, *әрі-беріден соң* солтүстік батысқа ығыстырды (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). Мақан *әрі-беріден кейін* қасындағы қара бұжырмен де қоштасып жалғыз кетті (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). ә) *Тіптен, керек десең.* Бүйте берсе *әрі-беріден соң* біздің ауылымызға өзі бөгет болмай ма (М. Иманжанов, Менің махабб.).

ӘРІДЕ ү с т. *Ілгері кезде, ертеде.* Бұл тек қана 1869 жылы тап болған саясат емес, мұның тәрі *әріде*, сонау Нұралы ханның кезінен басталған еді ғой (Х. Есенжанов, Тар кезең). Жору қиын болғанмен көріге, Туғандығы көрініп тұр *әріде*. Ұқсайды екен қос көзінің жанары, Ақ қасыққа тамған сарғылт дәріге (Д. Әбілев, Алтай асу.).

ӘРІЛЕ е т. *Жақындамай алыстап, қашықтай түсу.* Қаншама тырысса да шымшытырық ойдың көңіл тоқырар тұрақты түйіні бері оралудың орнына *әрілей* берген-ді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘРІЛЕТ *Әріле етістігінен жасалған өзгелік етіс.*— Жиырма үш емес,— деді ол әңгімені *әрілете* түсін (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ӘРІЛІ-БЕРІЛІ ү с т. с ө й л. **Әрлі-берлі.** — Милы жігіттер осыны миға салып *әрілі-берілі* қозғауға міндетті,— деп ол тамағын кенеп алып, Кисляққа қарады (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

ӘРІП а р. з а т. *Дыбыстың жазудағы таңбасы.* Азаматтың бұлдыраған көзі ол сегіз буынды шарттың әр *әрпін* бір шолып өтті (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). Ваня жүресінен отыра қалып, бір жапырақ ақ қағазға «Балалар яслиі» деп ұсақ *әріппен* жазды да, оны маңдайшасына желіммен жапсырып қойды (С. Омаров, Хантағы).

◆ **Әріп таныды.** *Сауатын ашты. Әріпті* жаңа *танып* келе жатқанымда, бұл екі үй бірден бақытсыздыққа ұшырады (Б. Майлин, Азамат Азаматыч). **Әріпті таяқ деп білмейді.** *Сауатсыз, қара танымайды.* Әр кітаптың басынан түсіп ең соңғы бетіне дейін аударып, «оқып» шығамын. *Әріпті таяқ деп білмесем* де оқығыш-ақпын («Қаз. әдеб.»). **Әріп теруші.** *Баспаханада әріп тізетін жұмысшы, маман.* Он бес жасар бойжеткен жыл өтпей өзі де *әріп терушіге* айналды («Қаз. әдеб.»).

ӘРІПТЕС з а т. 1. *Қызмет бабы, жұмыс жайы ыңғайлас адам.* Театрдың уақытша режиссері — өзімнің ана жылғы «Еңлік—Кебек» спектакілінде ойнаған *әріптесім* — Серке Қожамқұлов (С. Мұқанов, Есею жыл.). Мұндай бұйрық райға құлақтары үйренбеген мұғалімдерге жаңа келген *әріптестің* сөзі тосын боп естілді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Егерде науқасты мен емдесем, мынадай ем әдісін ұсынамын. Менің *әріптестерім* мені дұрыс түсінер деп сенемін (З. Шашкин, Өмір тынысы). 2. *Спорт ойындарындағы қарсылас жақ.* Мұраттың финалдық кездесудегі *әріптесі* американдық он тоғыз жасар боксшы Питор Сандорес болатын (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘРІРЕК ү с т. *Белгілі бір тұс, мезгілден әрменірек, әрілеу.* Автомобильдегілер іздеген Вилянның үйі онда тұрмайды екен, *әрірек* бір үйде екен (С. Сейфуллин, Шығ.). Әскерлердің бірі қалжыңдап тіл қатып еді, Айша бұрылып, *әрірек* кетті (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). VI—VIII ғ. түрік тілдес тайпалардың арасында *әріректен* басталып, қалыптасқан ауыз әдебиет дәстүрі болғанын жазба деректемелер мейлінше дәлелдей түседі (ҚазССР тарихы.).

ӘРІ-СӘРІ ү с т. *Не әрі емес, не бері емес, екі ойлы, дел-сал.* Бұрын осындай *әрі-сәрі* кезінде жолдастардың біреуі болмаса біреуі медеу боп көрінетін (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Дәрігер келіншек осындай *әрі-сәрі* халде, бойы ауырлап жүрген-ді (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн) Түпкілікті болмаған соң, құр біраз күнге *әрі-сәрі* әуреленіп қалудың ретін тағы таба алмай, жатып-тұрып сандала беруші еді (С. Торайғыров, Шығ.).

ӘРІ-СӘРІЛІК з а т. *Солқылдақтық, екі ойлылық, дел-салдық.* Дүниеде *әрі-сәрілік* жаман (Т. Әлімқұлов, Сейтек.).

ӘРІСТЕС с ы н. ж е р г. *Бірін-бірі жақсы білетін, сыр мінез, сырлас.* Аманбай бұл елмен бұрыннан *әрістес,* бай, кедейіне бірдей кірімді. Ысылған егде жігіт (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘСЕЛ з а т. *Ара балы.*

ӘСЕМ с ы н. *Көз жауын алатындай әдемі, көрікті, көркем.* Ол бәйбішенің алдына жалтыраған жез шылапшын мен қашқардың *әсем,* сопақ құманын әкеп, су құйды (М. Әуезов, Абай). Көкпеңбек болып жасыл жамылған биік ағаштары қандай зәулім, неткен *әсем* (С. Бақбергенов, Күй). Жаздың *әсем* түнін тұңғыш рет көргендей әсерленіп, Аяжан рахаттанып тұра берді (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

ӘСЕМДЕ е т. *Келісті етіп әдеміleу, сәніне келтіру.* Осынша нығыздап, осынша *әсемдеп* хат жазып отырған кім? (Б. Майлин, Шығ.). Сол шақта отау ішінен ақырын ғана, жібек талдай сызылып, *әсемдеп* айтқан ән естіді (М. Әуезов, Абай). Жұмыс бітті-ақ, осы жігіт ақ туфлиін, ақ шалбарын *әсемдеп* киіп үйге жетіп келетін (Е. Қалиев, Рудный.).

ӘСЕМДЕН *Әсемде етістігінен жасалған өздік етіс.* Өмірдің жаңара, жасара беруі жолында қызмет еткен жаңа адамның жүрегіне де нұр құйылып, жаңа сипатпен әдеміленіп, *әсемдене* түскен (М. Иманжанов, Адам тур.). Макаров тойға баратындай таза киініп, қырынып, *әсемденіп* айнаның алдында тұрғанын көрдім (Б. Момышұлы, Жауынгер.).

ӘСЕМДЕТ *Әсемде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ән салсаң Әсеттей сал *әсемдетіп,* Қоздырып делебені дәсерлетіп (І. Жансүгіров, Шығ.). Торыны талға байлап мінген қандай? Үкілі *әсемдетіп* жүрген қандай? (Ақын жырлары).

ӘСЕМДЕУ *Әсемде етістігінің қимыл атауы.* Қайыңды парктерді, скверлерді, жолдар мен көшелерді *әсемдеу* үшін әсемдік ағашы ретінде де өсіреді (Ботаника).

ӘСЕМДІК з а т. *Келістілік, әдемілік, көріктілік, көркемдік.* Бұлар әдемілік, *ә с е м д і к* дегенді ұмытып қалып, енді бір кездескенде тани алмай қалған сияқтанады (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). Сырт киім қандай болса да адам қимылының *ә с е м д і г і н* жасыра алмайды екен-ау, деп ойлады суретші (Т. Ахтанов, Дала сыры). Ақбоз аттың *ә с е м д і г і* көз тойғысыз, мойнын аққудай иіп, көлденеңдеп билеп тұр (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘСЕМДІЛІК з а т. с ө й л. Әсемдік. Ол — қыздың *ә с е м д і л і к* талғамына байланысты көрінеді (З. Шашкин, Өмір тынысы). Сонымен қатар мәдениет әдеттеріне оқушының жүріс-тұрысының, ісінің, қылығының *ә с е м д і л і г і* де жатады (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

ӘСЕМПАЗ с ы н. *Кербездікке, сәнқойлыққа әуес. Ә с е м п а з* болма әрнеге. Өнерпаз болсаң, арқалан, Сен де бір кірпіш дүниеге Кетігін тап та, бар қалан (Абай, Шығ.). Нәзіктік, жалған үлбіреу, Келмей-ақ қойды қолымнан. *Ә с е м п а з,* майда кейбіреу, Сескенді бәлкім сонымнан (Ғ. Қайырбеков, Таулар.).

ӘСЕМПАЗДЫҚ з а т. *Сәнқойлыққа әуестік.* Ұрымдылыққа, кішіпейілділікке жатпайтын *ә с е м п а з д ы қ т ы ң* қай жерінде мәдениеттілік бар деп ойлайсыз (С. Төлешев, Түрлі бас.). Үстіндегі киімі, *ә с е м п а з д ы ғ ы* оның көптен бері әскер қызметінде екенін сездіргендей еді (А. Бек, Арпалыс).

ӘСЕМСІ е т. *Кербезденіп сәндену. Ә с е м с і п,* сәнсіп, Білгенсіп бәлсіп, Әр нәрсенің орынын (Абай, Шығ.). Жамалдың қас-қабағын керіп, *ә с е м с і п* бәлсіп айтқан сөздері осы тәріздес болды (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

ӘСЕМІРЕК с ы н. *Әуелгіден әдемілеу, көріктірек.* Үй тұрғызды тағы қайта тас қалап, Бұрынғыдан *ә с е м і р е к,* басқарақ. Қан майданда жараланған батырдай, Қайта орнынан түрегелді Ашхабад (Т. Молдағалиев, Алатау қызы).

ӘСЕР а р. з а т. *Сырттай бір құбылыстан, қимыл-әрекеттен болатын ықпал.* Мейрам жауап қайырмады. Жұқа, таза, ақсұр жүзінен бұл сөздердің *ә с е р і* байқалған жоқ (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Өрекпи сөйлескен қызу әңгімесінің де бұған мүлде *ә с е р і* жоқ (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Ақылдасам деп келген Нұрлан, денесі қызып, басы ауырып, бір жағы Якуповтың де *ә с е р і* бар, айтпақ сөзін естен шығарып алды (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Әсер алды.** *Бір нәрсенің ықпалымен елгіді.* Менің көңілімде сенің жаңағы әніңнен *ә с е р а л ғ а н* жоқтау күйі тұр (М. Әуезов, Абай). **Әсер етті.** а) *Ықпалын тигізді.* Олардың әдебиеті бір-біріне *ә с е р е т к е н,* өзара кейбір сюжетті «ауысып алған» жайы да бар (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Сөзден гөрі оқытушының өз басының үлгісі шәкірттерге күшті *ә с е р е т е д і* («Халық мұғ.»). ә) *Көңіл толқытты.* Бұрын көрмеген трактор, дәу котел, үлкен темір арба, алуан-алуан механизмдер ғажап *ә с е р е т т і* жұртқа (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Аяқтарын ілби басып, үнсіз келеді. Бұлардың аянышты халі Әлімге қатты *ә с е р е т т і* (Ә. Шәріпов, Партизан.). **Әсер тигізді.** *Ықпал етті.* Бірінші қар маған әрқашан да *ә с е р і н т и г і з е д і* (З. Шашкин, Ұядан ұшқанда). Осыдан барып аспан денелері Жер бетіндегі уақиғаларға, адамның тағдырына *ә с е р і н т и г і з е д і* деген сенім туды (Х. Әбішұлы, Халық астраном.).

ӘСЕРЛЕ е т. *Көркем етіп, мәнерлеп әдемілеу.* Әңгімені, оқиғаны ол еш уақытта болған күйінде айтқан емес, *ә с е р л е п,* кейде тіпті өрескел өтірік қоса айтады (Ғ. Мұстафин, Дауыл.). Ішке түйгенімді әңгіме-жырдай *ә с е р л е п* айта бастағанымды өзім де байқамай қалдым (А. Бек, Арпалыс).

ӘСЕРЛЕН е т. *Сезім күйі өршіп, көңілі толқу.* Ләззат сонау май айында ауыл сыртындағы қыратқа шыққандағыдай қатты *ә с е р л е н д і* (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жаздың әсем түнін тұңғыш рет көргендей *ә с е р л е н і п,* Аяжан рахаттанып тұра берді (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Кейінгі жылдарда ғана сымбатқа Мәулен ұзақ қарап *ә с е р л е н і п* қалды (С. Шаймерденов, Болашақ.).

ӘСЕРЛЕНГІШ с ы н. *Көңіл күйі тез толқығыш, сезімтал.* Соның салдарынан бала жас кезінен-ақ әсемдікке *ә с е р л е н г і ш,* әр нәрсені есінде сақтағыш келеді (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

ӘСЕРЛЕНДІР *Әсерлен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Солардың бәрінің үстін айқара жауып мөлдіреген қап-қара түннің бәрін тұтас алғанда, адамды қатты *ә с е р л е н д і р е т і н* ғажайып дүниесіне ұқсайды!.. (С. Мұқанов, Есею жыл.). Әкем бейне бір артист тәрізді бет пішінін сан рет

құбылтып, *әсерлендіре* сөйлейтін (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Ең алдымен бұрынғы дағдысынша Асқаровтың өзі іріктеген өлеңдерін жанды ырғақпен *әсерлендіре* оқып шықты (С. Шаймерденов, Болашақ).

ӘСЕРЛЕНУ *Әсерлен етістігінің қимыл атауы.* Лирика дегеніміз табиғаттың, немесе қоғамның өмірінде болып жатқан көріністерге ақынның *әсерленуі,* сол әсерлеріне өз жанының толқыны қалай араласуын айтып беруі ғой (С. Мұқанов, Өсу жол.).

ӘСЕРЛЕТ *Әсерле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Серпілтіп сумаңдатып сексен ырғап, Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп. Қарқынды ән қан қайнатып, жүрек жұлып, Жан жалмап, көңіл тербеп *әсерлетіп* (Әсет, Шығ.). Аңқытып, *әсерлетіп* ән салайық, Қажыдым, қартайдым деп шаршамайық (Ү. Кәрібаев, Өленд.).

ӘСЕРЛЕУ *Әсерле етістігінің қимыл атауы.* Жазушыда *әсерлеу,* өсіре жазу әдеті бар (С. Мұқанов, Өсу жол.).

ӘСЕРЛЕУСІЗ с ы н. *Бояма-қоспасыз, ешбір мәнерлеусіз.* Ең алдымен, сатирада жағымды кейіпкерлерді дәл тұрмыстағыдай, ешбір *әсерлеусіз,* көтермелеусіз көрсету ұтымсыз («Қаз. әдеб.»).

ӘСЕРЛІ с ы н. 1. *Ықпалы күшті, өтімді.* Соғыс пен ұрыс пәрменді, әрекетті, *әсерлі,* тапқыр, қатал қимылды уақытында тез талап етеді (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Соңғы кезде бруцеллезді емдейтін *әсерлі* дәрілер шықты (Е. Оразақов, Дәрігер.). Тұқым қуалаушылық атаға қарағанда ене жағынан *әсерлі,* яғни басым келеді (И. Жұмағұлов, Түйе өсіру). 2. *Жүрекке жылы тиетін, көңіл үйытатындай, тартымды.* Бақсылардың тартатын күйлерінің ең *әсерлісі,* ең жақсысы Қорқыт күйі саналады (С. Сейфуллин, Шығ.). Шат, көтеріңкі құбылысты көктем өмірі өз көркіне барынша сұңғіп, тұла бойды бей-жай еткендей *әсерлі* (Ғ. Сыланов, Шалқар). Көз алдымда болған әлгі *әсерлі* көріністер, бір жағынан, бойымды шымырлатып, делебемді қоздырса, екіншіден өкіндіреді (Б. Сокпақбаев, Менің атым.).

ӘСЕРЛІЛІК з а т. *Көңіл күйіне үйлесімді тартымдылық.* Суретшілдігі, *әсерлілігі* соншалық күшті, осы қысқа сөйлем қазақшаға қалай аударылған? (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Шынында шығармаға ең керек шарттардың бірі — тартымдылық, *әсерлілік* қой («Қаз. әдеб.»).

ӘСЕРЛІРЕК с ы н. *Әуелгіден гөрі тартымдылау, өтімдірек.* Ойын бұрынғыдан ажарлы, *әсерлірек* те боп, өз қызығына ауысты (К. Оразалин, Көктем.).

ӘСЕРСІЗ с ы н. *Ешбір тартымсыз, әсері жоқ.* Ақырын өсіп өз бетімен өтіп жатқан есепсіз, *әсерсіз,* мағынасыз бір ағымдар (М. Әуезов, Шығ.). Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да *әсерсіз* болады (Абай, Шығ.).

ӘСЕРСІЗДЕУ с ы н. *Тигізер әсері шамалылау, тартымсыздау.* Алғашқыда оған Сағиттың сөзі *әсерсіздеу* көрініп еді (С. Алдабергенов, Әңгім.). Әйтеуір *әсерсіздеу,* әлсіздеу жазылған өлеңді оқыған жұртшылық жүректен шықпаған екен деп жатады («Қаз. әдеб.»).

ӘСЕТ а р. з а т. к ө н е. *Июль кезіне шамалас ескі ай аты, шілде. Әсеттің* айы туғанда, Үш мыңдай кісі қол болып, Бір алты күн жол қонып, Қиылдан әскер төгілді (Исатай — Махамбет).

ӘСКЕР а р. з а т. 1. *Мемлекеттің қарулы күші, армия.* Лезде қаланың барлық көшесі танкі мен машинаға, сұр киінген *әскерге* толды (Ғ. Мүсірепов, Таңд.). Білесің бе, жаным. Үшқоныр ойранға салған *әскерлер* Күдерінің бір тайына тимепті (Ғ. Сыланов, Асау арна). 2. *Қатардағы жауынгер.* Желбіретіп ту алып, Музыкамен уанып, Қаладан шықты жас *әскер,* Болдық деп солдат қуанып (Ш. Иманбаева, Өленд.). Бір *әскер* жетелеп, енді біреуі артынан итермелеп келеді (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

◆ **Атты әскер.** *Ат үстінде ұрыс салатын әскер бөлімі.* Мемлекетімізді жаудан қорғау үшін біздің *атты әскерлеріміздің* аттары қандай болу керек екенін ойларыңызға келтіресіздер ме? (С. Сейфуллин, Шығ.). Сонда оған комендант: Советтік *атты әскерден,* Келіп қапты эскадрон, Көріп келдім мен,— деді (Ж. Тілеков, Қайнар). **Әскер басы.** *Қарулы күштердің қолбасшысы.* Онан соң Ақшахан үкім жүргізіп, Тарғын батырды *әскер басы* қылды (Ер Тарғын). Көсемдер *әскер басы* болды, билік жүргізді, әдет жораларының орындалуын басқарды (ҚазССР тарихы). **Әскер тартып шықты.** *Көп қол жиып, шеру салып аттанды.* Шыңғыс аламандыққа аттанып, *әскер тар-*

тып шыққанда әскерінің көбі татар екен дейді. Оның себебі: ол маңғұл өздері, татардай, ассыздық, сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек (Абай, Шығ.). **Жаяу әскер.** *Қарулы күштердің саппен (строймен) қимыл жасайтын негізгі бөлімі.* Көп түн жаяу жүреміз, Жатыр алда жол қанша, Шіркін, соғыс соғыс па, *Жаяу әскер* болмаса (С. Мәуленов, Таңд.). **Қызыл әскер.** а) Тар. *Жұмысшылар мен шаруалардың қарулы күші. Қызыл әскер* тасты жүндей қопарып, Жаңа дүние жайлауына көшкен күн. Адамзатты құлданатын байлардың, Патшасына жайдың оғы түскен күн (И. Байзақов, Шығ.). ә) *Қатардағы жауынгер.* Бауыржан отырған үйге бір *қызыл әскер* еріп келді (М. Ғабдуллин, Менің майдан.).

ӘСКЕРДЕЙ сын. *Әскер сияқты.* Көк тастар көлге шөгіп мұнарланған, *Әскердей* тұра қалды құралданған. Көзінің аясындай Бурабайды, Қандай жау алады деп күмәнданған (С. Мәуленов, Жаңа арна). Бір кезде жастар жиылып, Шықты сол жатақханадан. *Әскердей* бір түс киініп, Туғандай ортақ анадан (Ж. Молдағалиев, Поэм.).

ӘСКЕРИ сын. *Әскер қызметіне қатысты, соған тән.* Түрмеге бір күні судырап бір топ болып Сербов пен түрменің бастығы және жеті-сегіз *әскери* адамдар келді (С. Сейфулин, Тар жол.). Жандармдар, Жексенбайлар шулаған көп жігітті айдағаннан айдап отырып, *әскери* начальникке алып келді (І. Жансүгіров, Шығ.). Алда, деревня үйлерінің ауласымен біренсаран *әскери* форма киген адамдар көрінеді (Б. Момышұлы, Москва үшін.).

ӘСКЕРЛІК сын. *Әскер өміріне тән, соған қатысы бар.* Трифонов ойынға қатынасатын жігіттерді *әскерлік* әдіске үйретпек болғанмен, олар «ата-бабамыз мініп келе жатқан жағынан отырамыз» деп көнбепті (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бірақ төзді, қажымай-талмай үйренді. *Әскерлік* тұрмысқа шынықты (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

ӘСКЕРШЕ үст. *Әскер тәрізді.* Сәрсен төңірегіне таңдана қарап келе жатқан-ды. Осы тұста ол Шынтастың алдында *әскерше* тартылып тұра қалды (Т. Ахтанов, Дала сыры). *Әскерше* киініп, қару асынып алған ол, әкемді ерте есіктен кіріп келді (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ӘСПЕТ зат. *Әдепті ізет, инабат.*

ӘСПЕТТЕ ет. *Үлкен құрметпен қастерлеу.* Шертісті не сыр *әспеттеп* Ұрланды, кімнен қызғанды? Қаулаған жасыл жас шөпте Жаншылып жатқан із қалды... (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры). Осы оймен Аманжол орақты да *әспеттеп,* белге қыстырған (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

ӘСПЕТТІ сын. *Ізет тұтатын қадірлі.* Қыз қуыршақ аюдың мән-жайына түсіне қойғандай коробканы ақырын ғана жауып, үй ішіндегі ең бір *әспеттіні* жерге апарып қойды (Т. Ахтанов, Дала сыры).

ӘСТЕ ир. үст. 1. *Сірә, ешқашан.* Күрес кезінде бұны біз естен *әсте* шығармаймыз (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). «Әділдік» деген жалғыз сөз қарт ананың да, Ертайдың да ойынан *әсте* шықпайды (С. Омаров, Әңгім.). *Әсте* асыра мақтануды ұнатпайтын, кішіпейіл қарт қазір ойға тегіннен тегін шома қоймап еді (Р. Әутәліпов, Той тарқар). 2. Жер г. *Әдет бойынша, әрқашан, ылғи.* Бұрын-соңғы көрген отарларының өмірі *әсте* жабайы болушы еді, киіз үй, алтыаяқ аталатын жаппа қостан басқа көзге түсер дәнеңе де болмаушы еді (Ғ. Сыланов, Домбыра күйі.). Мұндайларды *әсте* араны ашылған деп ағайлардан көретін едік, сөйтсек желіккен жеңгейлердің де кесірі осал емес екен (Б. Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

ӘСТЕ-ӘСТЕ үст. жер г. *Біртіндеп, ақырын-ақырын.* Ашылмаған ұяң сыр, Ашылса менен *әсте-әсте.* Айтылмаған арлы сөз, Айтылса мекен *әсте-әсте* (М. Әуезов, Таңд.). Мұсылманшылық *әсте-әсте,* былтыр қатардағы мұғалім едің, биыл орта мектептің дүрдей завучы болып отырсың (Қ. Қамбаров, Алтай аясы.).

ӘСТЕМСІ ет. сөйл. **Астамсы.** Молдеке, шам көрсең де осы сөзің, Өзіңе білінбейді өз мінезің. *Әстемсіп* маған не ғып сөз айтасың, Келіп пе ең түзетуге сенің өзің (Айтыс).

ӘСТЕСІЛЕ ет. жер г. *Араға түсіп азғыру.* [Қордабай] Ғалияны қара бояумен бояп, Біржанның көңілін айнытайын, *әстесілеп* екеуін айырайын ...деген арам ой сақтаған еді (С. Мұқанов, Балуан Шолақ).

ӘСТЕСІЛІК зат. жер г. *Екі араны табыстырғансып онан әрі аздыратын әзезілдік.* Татулық кеңесін қозғағың келсе, мен екі араға *әстесілік* айтуға тиістімін (С. Мұқанов, Теміртас).

ӘСТІЛІ үст. жерг. *Ешқашан, ешуақытта.*

ӘСІЛІ сын. сөйл. Асылы. *Әсілі* сыңар езу сыншының айтқанына еріп, кейбір жолдастар жас ақынның келешек өсуіне көмек көрсетудің орнына «аюдың достығын» істейді (С. Ерубаев, Шығ.). *Әсілі* асқақтаған адам өзінен басқаның еңбегін көрмейді (М. Иманжанов, Адам тур.).

ӘСІРЕ сын. *Шамадан, шектен тыс, өсіңкі.* Асан осы сәтте Сапардан естіген мына *әсіре* аянпаздығына бір есептен таңырқанып, екі түрлі ойда отырды (А. Байтанаев, Асан). *Әсіре* сөзді ерсі дер, Байымсыз сөйлеп күлмейтін. Сыпылдап кейбір көршілер, Мінезін қыздың күндейтін... (Н. Шакенов, Айгүл). Мәселен «Сырдария» романындағы *әсіре* суреттер шындық шеңберіне сыймайды (Е. Ысмайылов, Сын.).

◆ **Әсіре қызыл.** *а) Ашық түсті шымқай қызыл. Әсіре қызыл* тез оңар (Мақал). *ә)* Ауыс. *Сырты жылтыр, алдамыш.* Бауырым, бұл даурықпа, *әсіре қызыл* сөз емес, менің қаныма сіңген, анамның сүтімен бірге емген қорегім (З. Шашкин, Сенім). Көрсе қызар, антын бұзар қылжақбас, Тұрлауы жоқ, *әсіре қызыл* мен емес (Б. Майлин, Шығ.). Бейсауат бүлінген жоқ, қыдырған жоқ, Кездейсоқ құмарлықпен жылынған жоқ. Мінезден *әсіре қызыл* аулақ болды, Артынан арзан өсек шұбырған жоқ (Қ. Сатыбалдин, Әлия).

ӘСІРЕЛЕ ет. *Асыра, көтере суреттеу, өсіре бейнелеу.* Көбінше «бұлғыр-бұлғыр, бұлғыр тау», «асқар-асқар» тауларды жалпылап *әсірелеп* айтқан бұлдыр бейнеден ары бармайтын (М. Әуезов, Әр жыл.). Рас, жағымды кейіпкерлердің ерлігін жазушы кейде шындық шеңберінен асыра, *әсірелей* суретпен жібереді (Е. Ысмайылов, Сын.). Мен табиғат көркемдігін ойымның жеткенінше *әсірелеп* суреттеп, қасымдағы танысыма шын ықласыммен баяндай жөнелдім (Т. Бердияров, Фарида).

ӘСІРЕЛЕҢКІРЕ ет. *Көтеріңкіреп, өсіріңкіреп жіберу. Әсіреленкіреген* екен демеңіз, Аса ірілеңкіреген екен денеңіз. Әлсіреңкіремей денеңіз, Әсірелеңкіреген демеңіз (Қ. Мырзалиев, Алуан.).

ӘСІРЕЛЕУ *Әсіреле етістігінің қимыл атауы.* Екінші, Ғалидың өлеңдеріндегі сөздіктер, әсіресе теңеулер, *әсірелеулер,* бейнелеулер ескі көшпелі ауылдармен байланысып жатады (С. Мұқанов, Өсу жол.). Шындық болмыс пен адамның арасындағы қатынасты көрсететін көркемдеп суреттеу құралының бірі — *әсірелеу* (Қ. Жұмалиев, Әдеб. теор.). Әр түрлі *әсірелеу,* шендестіру әдістерін қолдану — бұл ертегінің өзіне тән көркемдік ерекшелігі болып табылады (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ӘСІРЕСЕ үст. *Ең әуелі, өте-мөте.* Абай соңғы күндерде, *әсіресе* осы соңғы түнде, өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде (М. Әуезов, Абай). *Әсіресе* оларға Қамардың Ахметке іш тартып сөйлесіп, басқасын кісі құрлы көрмегендігі-ақ батушы еді (С. Торайғыров, Шығ.). *Әсіресе* оған ақ гүл шашқан екі алма ағаш өте қызықты көрінді (С. Бегалин, Ана қайраты). *Әсіресе* пункттің бұрынғы бастықтары Айнабековке тістерін қайрап, қалшқалш етеді (С. Адамбеков, Қожанасыр.).

ӘТБЕКЕТ зат. сөйл. **Адвокат.** Көшеде қаңғып жүрген бала кезімде *әтбекет* Дүйсенбаев кездесіп қолына алды (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ӘТЕК ир. зат. *Жыныстық қатысқа қабілетсіз, «белі жоқ» еркек. Әтек* — аталық және аналық бездердің мүкістігі немесе олардың толық өсіп-жетілмеуі (М. Исамбаев, ... Мед. анықтама). Немене, Европаның қызы—бітеу, жігіті — *әтек* пе екен? (С. Мұқанов, Мөлдір махаббь.).

ӘТЕШ зат. *Тауықтың еркегі, қораз.* Түннің ортасы әлдеқашан ауған, бәлкім таң да жақын шығар, қаланың *әтештері* дауыстай бастады (С. Шарипов, Шығ.). Торқасқа даласына орнай қалған төрт боз үйдің әміршісі менмін деп жалғыз *әтеш* қанатын қомдап айғай салады (Ж. Саин, Жол үсті.). *Әтеш* аузын керіп, айдарын желбіретіп, айқайын салып шақырып тұр (Б. Соқпақбаев, Аяжан).

ӘТЕШТЕЙ сын. *Қораз сияқты.* Етігінің темір шегелі табаны тасқа жабысқан қыз, ол қыздың шақырған *әтештей* бақыруы себеп болғандықтан ол шоқының атын жұрт «әтеш» деп кеткен (С. Мұқанов, Есею жыл.). Өзеннің күнбатыс жақ жағасында, Малынып баспалдағы қара суға. Шәукиген екі этажды үш-төрт үй бар, *Әтештей* халі біткен таласуға (Д. Әбілев, Алтай асу.).

ӘТКЕНШЕК зат. *Тербеліп ойнау үшін екі ағаш арасына жіп байлап құратын алтыбақан.* Тау бөктеріне салынған кі-

ші-гірім Баянауыл қаласы көк буалдыр сағымда *әткеншек* тепкендей асылып, діріл қағады (З. Шашкин, Сенім). Астан кейін бәрі сыртқа серуенге шықты. Біраз ән салып, *әткеншек* тебісті (Т. Ахтанов, Көк құтан). Үміт өз қолымен бірге Төлеген қолын да қозғап, *әткеншек* жібіндей қозғап келеді (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

ӘТТЕГЕН-АЙ о д. 1. *Қап, өкінішті болғаны-ай. Әттеген-ай,* неғып біз бұлай болып қалдық деген ой әрқайсымызды қинады (С. Сейфуллин, Тар жол.). Күн салқын *әттеген-ай!*— дегізгендей, Қарын аш жарты өгізді жегізгендей, Арбаның секіртпелі тоқалағы, Жүйкесін құртқандай, шек үзгендей (Қ. Тоғұзақов, Сібір Омар). «Әй, *әттеген-ай,* енді қалай алғанын көре алмаймын ғой»,— деп төпеп келем (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). 2. з а т. с. А у ы с. *Қапылыста кеткен өкінішті іс, қынжылатын жай.* Міне, осы жайларды айтудағы мақсатымыз, көпшілік болып осындай *«әттеген-айларды»* келмеске кетірсек дегеніміз ғой («Лен. жас»).

ӘТТЕГЕНЕ о д. с ө й л. **Әттеген-ай.** Боса да бұлай болған соң былтырғы, ұлы конфискесі дұрыс еді, әй, *әттегене!* — деді басын шайқап (Б. Майлин, Шығ.). Ассалаумағалейкум, Тезек төре, Елде жылқы қоймаған, кезең төре. Сәлемге келген кісіні тонап алып, Елде кісі қалмапты, *әттегене!* (Айтыс).

ӘТТЕҢ о д. *Өкінішті, опық жеуді білдіретін көңіл күйі одағайы.* Жалғыз қолқабыс комитеті туралы емес, басқа қызметтің бәріне сондай көзбен қарар еді, *әттең* еркіне жіберсе! (С. Дөнентаев, Шығ.). *Әттең* арбасына симай сорлады ғой, әйтпесе мұнысын да Қытайына ала кетер еді (Қ. Жармағамбетов, Әнші.). *Әттең* дүние, өз жүрегінің оты сөнген адам жаңа лаулаған жүрек жалынын сезе алар ма!? (М. Иманжанов, Көк белес).

ӘТІР а р. з а т. *Жұпар аңқитын иіс су.* Қыздың ойы осыған кеп тиылды, Айна, тарақ сандығына жиылды; Үйде тұрған *әтірлердің* қалдығы, Ақырғы рет жағасына құйылды (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл.). ...Сақал-мұртты басқаннан кейін *әтірді* мол сеуіп, салфеткамен ұзақ желпіп, ризалық білдірген кісіге иіліп, ілтифат білдіреді (К. Тоқаев, Тасқын). Әкемде жоқ бұл бір иіс немене деп ойлаған едім, *әтірдің* исі екенін де кейін аңғардым (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘТІРДЕЙ с ы н. *Әтір сияқты.* Торлама қауын жатыр қатарласып, *Әтірдей* жан-жағына жұпар шашып. Қозыдай көгендеген асқабақтар, Қарбыздар бір жағында тұр жарасып (О. Шипин, Өмір өрнегі). Жел есіп өңбенінен исі *әтірдей,* Көтеріп барлығы да қалды мұрын. Жай болып жан-жануар, жайнаңдады, Әлдилеп ана алғандай алдына ұлын (Үш ғасыр.).

ӘТІРЕТ з а т. с ө й л. **Отряд.** Өлгенін жинап *әтірет* Кейін қайта жөнелді. Басын шайқап солдаттар, Өлгенін баса тиеді, Тоғыз пар ат пен шанаға (1916 жыл).

ӘТІРЛІ с ы н. *Иіс су шашылған.* Күнәмді кеше көр,— деп саған ермей, Кейқауыс тұрды басын иіп бірдей. Ойланып ой көзімен қарағанда, *Әтірлі* ғапу-сабын, айып кірдей (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

ӘУ о д. *Шақыру, жауап ретінде көңіл аудару үшін айтылатын дыбыстық ишарат.* Сұлтанмахмұтқа: «Махмұт, Махмұт!» деп дауыстады. Сұлтанмахмұт естіп тұрса да *«әу»* дей қоймады (Д. Әбілев, Ақын арманы).— Тексіз! — десе,— *әу* депті, — Кексіз!— десе, *әу* депті. Жуастығы түйедей, Біздің осы дәу,— депті... (Ә. Тәжібаев. Шығ.). [Нұркен] бірдеме деп тіл қатқан адамға *«әу»!* деп бір қарайды да, оқи береді (Ол күндер.). *Әу,* саған пәтер берем дегеннен бері Горсоветке неше бастық ауысты деймін (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.).

◆ **Әу баста.** *Ең алғаш, әуелгі кезде. — Әу баста* тағдыр бізді неге біртұтас етіп жаратпады екен,— деген әлсіз сөзі күмілжіп, тұншығып, құлағыма әзер жетеді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). *Әу баста* Бейімбет ақындық жолға түседі, өз дәуірінің күрделі әлеуметтік уақиғаларын жан-жақты қамтып жырлайды («Қаз. әдеб.»). **Әу дегенде.** *Салған жерден, бірден.* Ақ жүзді қатын алсаң бойға сұңғақ, Қасыңа шақырғанда келсе зарлап. Дауысы *әу дегенде* әрең шығып, Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ (Ақан Сері, Шығ.). *Әу дегеннен-ақ* екі пешкадан кезек қарпысып алдық (Б. Соқпақбаев, Өзім тур.). Әу деді. *Лебіз білдіріп ән айтты.* Осы отыздың ішіндегі *әу деп* ән салмайтыны да, домбыра тартпайтыны да Айдынғали ағай екеуміз (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.). Атырау, Еділ, Жайық жағасында, Ақтөбе, Арал, Шаған арасында, Білмейтін Ақбө-

бекті бір адам жоқ, *Әу дейтін* әнші қазақ баласында (Б. Адамбаев, Ақбөбек). Екі адамның басы қосылған жерде *әу деп* ауыз ашып көрмесе де, жеке өзі жүргенде есіткен өлеңін кейде ішінен айтатын әдеті бар-ды (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Әу дәрлік жер. *Дауыс естілетін аралық.*— Әне бір шиге қарандаршы,— деді Мұқажан маңдай алдымызда *әу дерлік жерде* биіктеу боп өскен бір түп шиді нұсқап (С. Мұқанов, Есею жыл.). Бауыры жазылып алған қасқа ат *әу деген жерге* жібермеді (Қ. Жұмалиев, Айқас). Хакім мұнан бір ай бұрын қаладан елге кеткенде пароммен өткен болатын. Қазір көпір түскен, бірақ онан *әу дерлік жерде* паром да жүріп жатыр (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Әу десті. *Көп болып бірігіп, ұйымдасты.* Ұтылған балалар *әу десін* бір шатақ шығаратын түрі бар (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Балаларының қиналып жүргенін әке-шешелері білсе де, мойындары жар беріп, жандары ашып, бірлесіп, *әу десін* балалардың жолын жөндеп берелік ау деп... ойларына кіріп те шықпаған (Ө. Тұрманжанов, Менің кітабым).

ӘУДЕМ: Әудем жер. *Дауыс естілетіндей жап-жақын ара.* Жолаушылардан *әудем жердегі* қоңыр белшеде өңшең көк майын дуадақ мойындарын соза-соза қарасып, кердең-кердең басады (І. Жансүгіров, Шығ.). Мен *әудем жерге* жібердім, қуып жеттім де, желкеден бірді қондырып, қалпақтай ұшырдым (С. Шаймерденов, Мезгіл). Аршынды уытты жас тазы өзінен адымы әлде қайда қысқа кішкентай хайуанның жанын қойсын ба, оны *әудем жерге* жібермей-ақ дөңгелетті (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

ӘУДЕМДЕ үст. *Көзді ашып жұмғанша, әп-сәтте.* «Тракторшы Досанның келіншегі Қырмызы ұл тапты!»— деген жаңалық нажағайдай зымырап, *әудемде* барша елге тарады (С. Омаров, Хантағы). Оларды *әудемде* толқын ығыстырып, жиекке көз ілеспей лақтырып тастайды (Р. Әутәліпов, Алтын жеміс.).

ӘУЕ а р. з а т. 1. *Жер үстін қоршаған көк күмбезі, аспан.* Мен бұлтсыз айна-аспанға қарап тұрып, Еске кеп естігенім көп жыл бұрын: «*Әуеде* жұлдыз ақса кісі өлгені»,— Деп кімдер әлде қандай еткен ырым (Ж. Молдағалиев, Жыр.). *Әуедегі* тырнадан, жердегі торғай артық (Мақал). *Әуеде* ай болмаса адасады, Көңілді көтермесе кір басады. Кеудесі жақсылардың алтын сандық, Сандықты кілт болмаса кім ашады (Айтыс). Таңмен араласа, қаланың батыс жағынан бір жүйрік жел соғып, Сібір *әуесінің* сасық тұманын айдап жөнелді (І. Жансүгіров, Шығ.). 2. С ө й л. Ауа. Тымырсық аяздағы тымық *әуені* сіміре, Жақып күндегі әдетімен колхоз ауылын аралап келеді (Ғ. Мұстафин, Миллионер.). Көктемгі *әуе* бөлмемнің Көлемін сыймай тұр. Көктемгі күлкі, қуаныш, Өлеңіме сыймай тұр (С. Ерубаев, Шығ.).

◆ Әуе айналды. *Күн күйіп тұрды.* Күштері тасып ашынды, Екпінге мініп жалғыз-ақ. Қиналыс шаттық қосылды, *Әуе айналған* аңызақ, Ауыздарын ашырды (Қ. Аманжолов, Шығ.). Күн қызды, шілде шертті тартып күйін, Қайнатты *әуе айналып* адам миын, Аңызақ аңырап соғып, қақырық кеуіп, Дем алу, деміктіріп болды қиын (И. Байзақов, Шығ.). Әуе айналып жерге түсті. *Күн өте ыстық боп, шыжып кетті.* Қандай *әуе айналып жерге түскен* ыстықта да, басында етегі кең қамыс қалпағы, бұтында шолақ штаны ғана бар, өзге денесі тырдай жалаңаш қытай күріш егісінде тіземен саз кешеді (С. Мұқанов, Алып. адым.). Бұл өлкенің *әуе айналып жерге түскен* ыстығы да, қу мекиен даласы да, аңызақ желі де, таңдай кептіретін шөлі де Қаныштың сескендіре алған жоқ (М. Қаратаев, Даладағы дабыл). Әуе кемесі. *Жолаушылар таситын самолет.* Одан кейін қаралған екі мәселенің бірі — Қазақстанда *әуе кемесін* жүргізу баяндамасы болды (С. Сейфуллин, Шығ.). Әуе райы, С ө й л. *Ауа райы. Әуе райы* малдың жүнінің ұзындығына, қалыңдығына көп әсерін тигізеді (С. Ерубаев, Шығ.). Бүгінертең ашыла қоятын *әуе райы* көрінбейтін тәрізді (К. Оразалин, Ақ жазық). Әуе толқыны. *Физикалық жағдайдағы тербелгіш дыбыстық қозғалыстар.* Өмірде өз бетімен радио ойнатпайтын еркек, радиоқабылдағышқа ұмтылып, кез келген *әуе толқынындағы* музыкаға жармасты (З. Шашкин, Сенім). Бүгін бақылау рациясы жеті жүз метрлік *әуе толқынында* маңызды хабар ұстады (К. Тоқаев, Тасқын). Әуе флоты. *Әуе қатнасы күштерінің жиынтығы, авиация.*

ӘУЕЗ и р. з а т. *Құлаққа жағымды, ұнамды дауыс, ырғақты ун.* Осы бір кішкене ғана құмыр құстың бал татыған көмейінен мың бұралып шыққан *әуез* қыз

бойын да шымырлатып әкетіп бара жатты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Жігіттер мен қыздар әсем үн қосып, зор екпінмен шырқалған ән *әуезі* естіген құлақтың құрышын қандырғандай! (А. Байтанаев, Асан). Біразда зәулім депо ішінде жаңғырыққан еңбек әуеніне жаңа бір жас *әуез* ұласты (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘУЕЗДІ с ы н. *Дауысы, үні әдемі, ырғақты.* Көпбай он екі тілді гармонына *әуезді* әнін қоса, асқақтата шырқап, әуелі өзін-өзі баптап алады («Қаз. әдеб.»). Ал шығарма көркем болуы үшін жаңағы айтқандардың үстіне әсерлі болуы, суретті болуы, *әуезді* болуы керек (С. Сейфуллин, Шығ.).

ӘУЕЗЕ з а т. *Алыпқашпа, дақпырт сөз.* Отарба туралы неше түрлі ертегі қорқыныштар жұрт ішіне тарап: «шайтан арба», «сиқыр жол», «заман ақыр дажалы» екен деген сияқты толып жатқан *әуезе*, лақап елді үрейлендірді (І. Жансүгіров, Шығ.). Бекен айтқан тосын жаңалықты жақтырмай, кірбіңдеп қалған біраз көне кісілердің өздері де көптің *әуезесіне* еріп кетті (С. Омаров, Тастағы жазу).

◆ **Әуезе қуды.** *Қауесет, дақпырт ізденді.*— Керсандықты бір рет бәйгеге қос, — дегеніне ол бір көнбеді. Пайда таппаса, *әуезе қумаса* енді машақаттанып несі бар (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). **Әуезе қылды.** *Қауесет, сыбысқа айналдырды.* Ән болып Көкшетаудың күңіренгені Сөз болып жат мінезі, шерткен шері. Кетіпті елдің аузы *әуезе қып:* — Жын құшып жалғыз жүрген Ақан — пері (І. Жансүгіров, Поэм.).

ӘУЕЙ з а т. с ө й л. **Әуейі.** Дырдулық жас жүрегін жайлаған жоқ, Ақылын *әуей* сезім байлаған жоқ. Сезімін дарақылық тұсаған жоқ, Жастықтың желігіне босаған жоқ (Қ. Сатыбалдин, Әлия).

◆ **Әуей болды.** С ө й л. *Әуейі болды.* Үңілген қыз-келіншек бүлдіргенге, Құқыл мәз төбеде елді күлдіргенге. Жұпар таз қой, қозыны жамыратты, *Әуей боп* бүлдіргенде бір жүргенде (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘУЕЙІЛЕН е т. с ө й л. **Әуейілен.** Қырманның күндіз-түні басында бол, Мал жейді, құс шоқиды шықпа шетке. Бата оқыр, той-томалаққа *әуейіленбе*, Күпілдеп көкпар көрсең қуып кетпе (І. Жансүгіров, Шығ.). Істердің күш жұмсаған бәрі өніп, Жеміс те, бау-бақша да мәуеленіп. Жұмыста кездестірді кімді көрсе, Бос жүрген жан болмады *әуейленіп* (С. Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ӘУЕЙІ а р. с ы н. *Селтеңдеген желікпе.* «Тасын кемір білімнің», Білім үйрен ерінбе! Болып жүрме *әуейі*, Ойынға артық берілме! (С. Сейфуллин, Өлеңд.).

◆ **Әуейі болды.** *Көңілдес, ашна болды.* Базаралы Балбаламен *әуейі боп ты* дегенді сырттан естіп, біздің Торғай іш құста боп жүр еді (М. Әуезов, Абай).

ӘУЕЙІЛЕН е т. *Есерленіп, селтеңдеп желігу.* Кедейдің баласы болсам да, кемпіршал еркелеткен соң адам алаңғасарланып, *әуейіленіп* кетеді екен (Б. Майлин, Шығ.). Парсының бір патшасы аң аулаудың қызығына түсіп, әбден *әуейіленіп* біткен екен (Мың бір түн).

ӘУЕЙІЛІК з а т. *Желікпемен сенделіп, селтеңдеушілік.* Ат жараттық, Сән таратық, *Әуейілік* күйлестік. Көңілге келер, Кім жолар, Кім көнер (Абай, Шығ.). Көрдім де сол сұлуды болдым ғашық, Ғашықтық минут сайын барады асып. *Әуейілік*, әлеуметім, жаман екен, Сол үйден шыға алмадым қадам басып (Үш ғасыр.).

ӘУЕЛ ү с т. с ө й л. **Әуелі.** Күн шығысты таң *әуел* алтынмен боянғандай қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры қызылы тарап ағара бастағанда Үсен Асанды да оята бастады (Ы. Алтынсарин, Таңд.). Төлеубай Биғайшаны *әуел* көргенде-ақ ұнатып қалған-ды (Н. Ғабдуллин, Өмір күйі). Жас шағым қалды алыста, Кәрілік кепті елші боп. Айналып *әуел* танысқа, Қонбақшы сосын көрші боп (Ә. Тәжібаев, Аралдар).

◆ **Әуел баста.** *О баста, ең алғашқыда.*— Азаматты *әуел баста* еңбекке үйретететін кім? Мұғалім. Біздер, мұғалімдер! (М. Иманжанов, Көк белес). Шал *әуел баста* заводты қимай, ерін мойнына алып, біраз мәңкісе де, ақыры көніпті (З. Шашкин, Теміртау). Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да *әуел баста* жеке адамдар шығарған (М. Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

ӘУЕЛГІ ү с т. *Осыған дейінгі, алғашқы, бастапқы, бірінші. Әуелгісі* біраз жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылық (Абай, Шығ.). Жер қазығы төмен-ді, Сені қорқақ демен-ді. *Әуелгі* кезек менікі, Соңғы кезек сенікі, Қалаған жерден ата-

мын (Ер Тарғын). Күн *әуелгі* қалпынша ақ түтек боп борап тұр (М. Әуезов, Таңд.). Жігіттің *әуелгі* алғаны қасқырдың қызы емес, өнерлі қыз екен (Қаз. ертегі.).

◆ **Әуелгі кезде.** *Бастапқы уақытта, алғашқыда. Әуелгі кезде* паңдау көрінгенмен артынан мінезі жабайы, орнықты... сықылды көрінді (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Асаубай *әуелгі кезде* ақшандап, Атаманға да айғайлай бастаған еді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында туған.).

ӘУЕЛГІДЕ үст. *Алғашқы кезде, бастапқыда. Әуелгіде* білген жоқ, Түсінемін ондайды; Екі бірдей соғысты Босқа кешіп жүрген жоқ (Қ. Аманжолов, Шығ.). Мен *әуелгіде* бұны әйелдер журналы болғаннан кейін онша менсінбейтін едім, сөйтсем нағыз қызық журнал осы екен (Б. Соқпақбаев, Менің атым.). *Әуелгіде* жұрттың көбі-ақ тіпті бірқатар мамандардың өзі де жаңа препаратқа шүбәлана қарады («Лен. жас»).

ӘУЕЛГІДЕЙ сын. *Осыған дейінгідей, бастапқы сияқты.* Хан: «Бұл қалмақты *әуелгідей* қырып, қуып, бізді бұл жаудан бостан қыл»,— деді (Ер Тарғын).

ӘУЕЛГІШЕ үст. *Бұрынғыдай етіп, әуелгі ұқсас.* Осыған сөз қойысып, үйректі пісіріп жауып, өздері жатып ұйықтағанда, манағы қу тұрады да, үйректі жеп алып, табағының үстін *әуелгіше* жауып қойды (Ы. Алтынсарин, Таңд.).

ӘУЕЛДЕ үст. *Әдепкі кезде, о баста, әдегенде.* Өзгеге ешбір дүниеден, Еркімен тимес бұл жүрек. *Әуелде* тағдыр иеден, Қожам сенсің, не керек (Абай, Тол. жин.). *Әуелде* бітеу жараша ісіне ауырған бас, енді жанды күйзелте солқылдап, Төлешті төсекке қайтадан сұлатты (Ө. Қанахин, Мұрагер). *Әуелде* Роза «баяғы бір өкпелегені әлі тарқамай жүрген болар» деп жорып еді (Н. Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ӘУЕЛДЕН үст. *Ежелден, атам заманнан бері.* Орнымыз медіресе оқып жатқан, Талайлар оқу оқып, өнер тапқан. «Аз-көп» деп, бергеніңді молда сөз ғып, *Әуелден* ресім жоқ ғылым сатқан (С. Торайғыров, Шығ.). *Әуелден* сұлу жайы бізге мәлім, Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған; Кей жігіт арсыздықпен, ұятсынбай, Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған (Абай, Тол. жин.). Шіліктің түбінде ұйықтап жатыр екен, Шілік түбін *әуелден* қылған мекен. Қаршығыға бұрын көріп айдаһарды, Уын ішкен өледі, білген екен (Е. Бердин, Екі ойшыл).

ӘУЕЛЕ ет. 1. *Жоғарылап ұшып, көкке өрлеу, самғау.* Аспанкөлді бір шүйіп, қия-қызыл тастардың үстінен бір ағып, мұзбалақ қыран *әуелеп* кетті (Ғ. Сыланов, Шалқар). Соғысқа кеткеннен соң жігіт-желең, Өмірдің алысқалы жендетімен, Сиреді сайраны мол Сарарқадан, Әдемі ән аққу құсап *әуелеген* (Қ. Сатыбалдин, Әлия). «Ұзаққа ұшатын құс *әуелеп* ұшады, сұңқарша ұшыңыз!»— деп Ораз стаканын көтерді (Ж. Арыстанов, Сұңқар). 2. *Аспан бойлап, тым биік болу.* Ауыл шетіндегі теректердің жапырақтары дірілдей қозғалып, сыбдыр қағады; солардың ортасында *әуелей* өскен бір түп шынар болатын (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). Жаралған сонша *әуелеп*, Жазғы бір жайлау осы еді. Қалаған құрбың мәуелеп, Көркінше соның өседі (Ғ. Орманов, Таңд.). 3. Ауыс. *Асқақтап қалқу, шарықтау, әуелесін,* қалқысын, От жалын боп шалқысын, Жылай-жырлай өлгенде, Арттағыға сөз қалсын (Абай, Тол. жин.). Сан кіріп үйге, сан шықты, Қашса да дүбір қоймады. Әне, бір асқақ ән шықты, *Әуелеп* көкке бойлады (Ж. Молдағалиев, Жесір тағдыры).

ӘУЕЛЕН *Әуеле етістігінен жасалған өздік етіс.* Әрбір өлеңдері басталғанда зорланған, *әуеленген* сөздермен басталады (С. Сейфуллин, Шығ.). Асқақ даусым шырқалып, Жарылып жатқан жерді алып, Көмкерілген көкті алып, Мерекемнің күнінде, *Әуеленіп* өрлейін (Айманқұл, Ана сыры).

ӘУЕЛЕТ *Әуеле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Машинаның дөңгелегі мен малдың аяғынан көтерілген шаңды жел үзіп-жұлып, *әуелетіп* әкетіп жатыр (К. Оразалин, Жексен). Мен жырлаймын, жырлаймын, Тіл мен жағым талғанша. *Әуелетіп* шырқайын, Құлақ құршы қанғанша (Халық ақындары).

ӘУЕЛІ а р. үст. 1. *Бәрінен бұрын, ең алдымен, алғаш.* Осы істің бәріне көніп жүрсем — *әуелі* тағдырдың, екінші, атананың зорлығымен ғана жүрмін (М. Әуезов, Қараш-Қараш).— Олай болса *әуелі* екі мылтықты бері бер!— деді Тәуке (І. Жансүгіров, Шығ.). Жүрегі су етіп қалған Кенжеғұл *әуелі* аңырып тұрды да, замат оған қарай жақындады (Р. Райымқұлов, Түйелі адам). 2. *Керек десе, тіпті.*

Басқасы былай тұрсын, *әуелі* үй арасына жаяу жүрмейді (І. Жансүгіров, Шығ.).

ӘУЕЛІМ уст. сөйл. Әуелі. Мектеп алдында *әуелім*, Бастау үшін «әуенін», Бүйірін таянып тұрып алады, Барабанын ұрып алады (Ш. Смаханұлы, Көріп жүр.).

ӘУЕЛІНДЕ уст. *Бастапқы кезде, әдепкіде.* Қыз айтты *әуелінде* бір жұмбағын, Аузыма ағытылып кір, жұмбағым. Отырған Қарқараның хан, қарасы, Жүйріктен екі қарап сөз тыңдадың (Айтыс).

ӘУЕН з а т. 1. *Өлеңнің ән сазы.* Әлгі баянды жыр ма! Бұрап қойған күй сандықтай әрдайым бір *әуенді* айта бермей, қойсаңшы! (М. Иманжанов, Менің махабб.). Серәлі ұйып тербеле тұрып, екі қолын созып, ырғақ машығымен қозғап, ыңылдап жаңа *әуенді* жаттап, шыңдай түсетін (Т. Ахтанов, Дала сыры). Әлдекайда еңбек буына бөленіп, қосылып салған әндердің көркем *әуені* күн шырайын бірден түзеп жібергендей боп, әлем жүзі нұрға бөкті (Б. Майлин, Шығ.). 2. А у ы с. *Бір нәрсенің ықпалынан болатын әсер, сарын.* Софы жастықтың *әуені* ме, әлде оқу көтеріп кетті ме, Ақан бозбала кезінде желіге бастайды (С. Мұқанов, Менің мектеп.). Талдырмаш, аққұба жігіт алып ұшқан жүрегінің *әуенімен* асығыс шықты үйден (Ғ. Мұстафин, Қарағанды). Мәлік бір езуінен күлімсіреп, оның ұшқары сөзін жастық *әуеніне* сайып, жабыса түспеді (З. Шашкин, Сенім).

◆ **Әуенін әуендеді.** *Біреудің шашбауын көтеріп, жақтады, қолдады, қоштады.* Соңғы кезде ондайлардың *әуенін әуендеушілердің* қатары молайып бара жатқанын атап айтқан жөн («Лен. жас»). **Әуеніне басты.** *Ескі әдетіне қайта түсті.* Оны тыңдаған біз жоқ, ертеңінде баяғы *әуенге* қайта *басамыз* (З. Шашкин, Доктор Дарханов). **Әуеніне ерді.** *Біреудің ықпал, ырқымен кетті.* Хадишаны өзім алайын десем, әкесі Ыбырайдың *әуеніне еріп*, қыз бере алмаймын депті (М. Ақынжанов, Ыбырай). Шешесі марқұм, өле-өлгенше қызынан жасырып, айтқыздырмады, Хисанычты маңына дарытпады, оның *әуеніне еріп* мен де салақсып... ақыры, міне... (З. Шашкин, Өмір тынысы). **Әуеніне қарай.** *Ыңғайына, ретіне орай.* «Барсам барайын,— деген ой келген маған,— сөйлесейін, өзінің *әуеніне қарай* кеңесейін, ар жағын көре жатармын» (С. Мұқанов, Есею жыл.). Кеменің *әуеніне қарай* жел еспейді (Мақал). **Әуеніне төңкерілді.** *Айтқанына көніп, көңілін табуға тырысты.* Күні бойы Сайранның *әуеніне төңкеріліп* әр магазинінің алдына бір тоқтап, сілесі қатқан шофер: «Құдай берген жанды құдай алар» — деді де, бастығының тапсырмасын орындауға кетті (С. Адамбеков, Көсенің көзі). Артиллеристердің *әуеніне төңкеріліп*, бұл кітапқа мен де қызығатынмын (А. Бек, Арпалыс).

ӘУЕНДЕ е т. 1. *Ырғағын келтіре ән салу.* Кеудемдегі ұнамсыз сезікті ескермеуге тырысып, манағы бір жыр жолдарын баяу *әуендеймін* (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). 2. А у ы с. *Бір нәрсеге еліктеу, еру.* Ата-анасының еңбеккерлігін көре-тұра балалар да соларды *әуендейді* («Халық мұғ.»).

ӘУЕНДЕС е т. *Бір-бірімен ұқсас, үйлес болу.* Одан басқа селкеу шыққан бір дыбыс жоқ, әйтеуір жадау көңілдің бей-жай күйіне *әуендесіп*, тылсым бір тыныштық басып тұр (С. Шаймерденов, Мезгіл).

◆ **Әуендес болды.** *Бірыңғай, біртектес, ұқсас болды.* Оңашаланған айқындауыштар айқындайтын сөздерімен тұлғалас, мағына жағынан *әуендес* болады (Қазіргі қаз. тілі).

ӘУЕНДЕТ *Әуенде етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Поездың арынымен *әуендетіп*, Пароход, кеме жүзіп, Каспи өтіп. Кавказдың қаласынан бұйым алып, Керуендер келе жатыр мәскеулетіп (С. Керімбеков, Өленді.).

ӘУЕНДІ с ы н. *Әуезді, сазды.* Кенеттен қызыл-күйрық емес, Дәмештің сыбызғыдай *әуенді* үні естілді (К. Баялиев, Дегелек.).

ӘУЕНДІЛІК з а т. *Сөз ұйқасы мен ән ырғағындағы үйлесімді саздылық.* Мұндағы өленділердің *әуенділігі* «Көкшетаудағыдай» күйлі емес, онша әсерлі болмай жүрмесе не қылсын?— деп кірбіңдейді (Ә. Көшімов, Лашын хикаясы). Сәкен өленділерінің көркемдік ерекшеліктерінің бірі — олардың *әуенділігі* («Қазақст. мұғ.»).

ӘУЕНШІ з а т. ж е р г. Әнші. Сол кітабын қыпшақ даласынан шыққан әйгілі *әуенші*, қобызшы өз шәкірті Қорқытқа сыйлаған еді («Лен. жас»).

ӘУЕС а р. с ы н. *Бір нәрсеге үйір, соған құмар, құштар.* Тек бір ғана көңілде демеуі бар, ол — Қайыр ағаның үлкен баласы, орнында қалған сол; бұрын да қолының икемі бар, техника тіліне *әуес* бала-ды, кім біледі, әке арманын ақтай ала

ма? (З. Шашкин, Сенім).— Аяжан, көбінің *әуес* келетін мүлік-саймандардың бәрі бар деп айтуға болады (Б. Соқпақбаев, Аяжан). Бұл маңайдағы елдердің баласына шейін темір жолға өте *әуес* келеді (С. Омаров, Әңгім.).

◆ **Әуес болды.** *Қызығып құмартты.* Уақытша сен бір гүлсің тұрған таза, Семерсің бір-ақ күні жетсе қаза. Жұмысқа әсіре қызыл *әуес болып,* Өмірге қалып жүрме қор боп наза (С. Дөнентаев, Шығ.). Ал мұнан екі жыл бұрын мектептерде политехникалық оқу басталған кезде осы құралдарға Үміт *әуес бола* бастады (Ө. Қанахин, Мұрагер). **Әуес көрді.** *Тамашалап қызықтады.* Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалды. *Әуес көріп* жүгірген жас балалар, Беті-қолы домбығып үсік шалды (Абай, Шығ.). Менің өлеңді *әуес көруіме* себеп болған етікші Жайсаңбай деген әншi еді (Е. Ысмайылов, Ақындар).

ӘУЕСҚОЙ с ы н. 1. *Әр нәрсеге құмартып қызыққыш.* Дала қазағына біткен *әуесқой* мінез қоя ма, жастық қиялды қайта ерттеп мініп, ұзақ жылғы арманы оралғандай (З. Шашкин, Өмір тынысы). Уайымсыз адам *әуесқой* болады ғой, ханның бар ермегі құс салып, аң аулайды екен (Т. Ахтанов, Махаббат мұңы). *Әуесқой* қонақ қала сыртында кездейсоқ бір адаммен кездескен тәрізді (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Белгілі бір іс бабында арнайы маман болмаса да соған құмар, бейім. Әуесқой* композиторлар бұл формаларда көп тараған совет әндерінің ырғағын пайдаланып қана қоймай, оған өздері қазақ және орыс тілдерінде сөз жазады (Б. Ерзакович, Қаз. орыс музыка.).

ӘУЕСҚОЙЛЫҚ з а т. *Ынта-назары түсіп, қызығатын құмарлық.* Бұнымен тек бір *әуесқойлық.* Әйтпесе, түн ішінде не көруші еді (Ә. Сәрсенбаев, Капитан ұлы). — Ол кім, а?— деп Қожақ өздеріндей жас балаларға ғана тән *әуесқойлықпен* Петр Денисовты шаужайлап кеп, шыдамсыздана сұрады (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Онда жүрек көзі оған әлдебір кешірімділік, *әуесқойлықпен* ғана қадалатын (С. Шаймерденов, Болашақ.).

ӘУЕСТЕ е т. *Қызығып құмарту.* Қоршалап жақындай түсіп, әрі таңырқаған, әрі *әуестеген* кейіппен қарайды (Б. Соқпақбаев, Алыс. ауыл.). Тау ішінің қалың қарағайы арасынан көрінген жықпыл тастарды *әуестеп* келеміз («Лен. жас»).

ӘУЕСТЕН *Әуесте етістігінен жасалған өздік етіс.* Папама кім келді дейін? Атыңызды айтсаңыз,— деп қыз бір адым ілгері жүріп, кім екенін білуге қатты *әуестенгенін* байқатты (Х. Есенжанов, Тар кезең). Мен де балалық шақтан әдебиетке *әуестеніп* жүрген адамның бірі едім (С. Мұқанов, Есею жыл.).— Ондай арзан атаққа *әуестенбе,* Есенжол!— деді Сабыр шапшаң сөйлеп (С. Алдабергенов, Алға.).

ӘУЕСТЕНГІШ с ы н. *Көңілі ауып қызыққыш, құмартқыш.* Игі жердің бәріне *Әуестенгіш* жолаушым. Жолың түссе зәуіде, Кім білед, бәлкім, соғарсың (Сәлем саған.).

ӘУЕСТЕНДІР *Әуестен етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бұл құмарлық оны ауылда жиі болып, өлеңді жаттап үйренумен *әуестендірді* (К. Оразалин, Ақ жазық). Мені осы әдіске *әуестендірген* тап осы кісі болатын (Е. Қалиев, Рудный.).

ӘУЕСТЕНУ *Әуестен етістігінің қимыл атауы.* Өмірбаянына қарағанда, Тихоновтың өлең жазуға *әуестенуі* 18 жасынан басталған, бірақ оның алғашқы өлеңдері менің қолымда жоқ (С. Мұқанов, Өсу жол.). Ықылас дегеніміз оқушының әр түрлі білім салаларын біліп, танысуға *әуестенуі,* өз ісіне біржола берілуі (М. Мұқанов, Пед. очерк.).

ӘУЕСТЕНУШІ з а т. *Өнер мен техника салаларының біріне қызығып, сонымен айналысушы.* Біздің осында отырған үйірме мүшелері бәрі де радио өнерімен *әуестенушілер* (М. Иманжанов, Менің махабб.). Сонда *әуестенушілер* бар бола тұрып, олардың ішінде топ жарған таланттар неге аз! («Лен. жас»).

ӘУЕСТЕНУШІЛІК з а т. *Бір нәрсеге ойы кетіп құмартушылық.* Сондай-ақ «Әдебиет және өмір», «Дәуір мен суреткер» деген мақалаларда келелі пікір айту орнына фактіні тізбектеуге *әуестенушілік* байқалады («Лен. жас»). Әйтпесе, арзанқол әлеміштен *әуестенушілік* автордың ішкі дүниесінің бейшара жұтаңдығы көрініп тұратын шығармалар тумаған болар еді («Қаз. әдеб.»).

ӘУЕСТЕУ с ы н. *Бір іске үйір, сондайға құмарлау.* Никита Селизарович еңбегі, ерлігі бар адам болғанымен, ішкілік-

ке *әуестеу* (Ж. Жұмақанов, Жазылм. кітап).

ӘУЕСТІК з а т. *Беріле қызығып елігетін құмарлық.* Сақаға *әуестікпен* де, табалап та, тағы бірі таңданып та қарағандар болды (З. Шашкин, Ұядан ұшқанда). Егін егуге деген *әуестігім,* диқаншылыққа деген құштарлығым, менің шамалауымша, сол жылы пайда болды (Ы. Жақаев, Менің бақытым).

ӘУЖАЙ з а т. с ө й л. Ажуай. *Әужайыңды* да көріп отырмын. Енді несіне жазайын. Қолың жеткен үлкендерге сөйлес те, жаңалық болса маған хабарла (С. Мұқанов, Есею жыл.). *Әужайы* алуан болғанмен, Ағайын елдер осылар (Ғ. Орманов, Сәт сапары).

ӘУКЕ з а т. *Сиыр малының мойын астындағы салбыраңқы терісі.* Арбалардың біразын қатпар-қатпар *әукелері* жер сызып, баяу қыбырлаған, мүйіздері шаңырақтай өгіздер маңғаз тартып келеді (Ө. Қанахин, Дәмелі). Бұл айбатты, шүйделі, қыртыс маңдайлы, *әукесі* бір құшақ табын қожасына бәрі де жапырыла жол береді (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). Жайшылықта бұған аса мән бермейтін Әділбек бұзауды аяп, *әукесінен* сипап, көзіндегі жаңқасын алып тастады (М. Сүндетов, Балық аула.).

◆ **Әукесін салды.** *Көңілі ауып, ықыласы түсті.* «Ожырай кетсе орнына, Жаппас қонар жұртына» деп... алыста жүрген ер азаматтың әйеліне *әукеңді салып* жүр екенсің ғой. Шық үйден, Қоспанның садағасы кеткір! (Т. Ахтанов, Дала сыры). **Әукесі түсті.** *Көңіл қошы болмай, еңсесі түсті.*— О-о, сорлы Көкпай, неғып *әукең түсіп* тұр (М. Әуезов, Қараш-Қараш).

ӘУКЕЛЕКТЕ е т. *Шодыр мінез білдіре одыраңдап қозғалу.* Қозылардың көпшілігі *әукелектеген* сиырларға қарай шуласа ұмтылады (Ә. Көшімов, Қарт аңшы.). Орал *әукелектеп* кетті ғой. Ол ысқаяқта қаншама қауқар бар дейсің. Шыр мыналарда ғой (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ӘУКЕЛЕКТЕУ *Әукелекте етістігінің қимыл атауы.* Осыншама топтың алдында соншама *әукелектеуі* тіптен орынсызақ болды («Қаз. әдеб.»).

ӘУКЕЛЕН е т. *Бұғақ пайда болып, әуке біту.* Әлі *әукелене* қоймаған бір тілім бұғағында білінер-білінбес бүлкіл бар («Лен. жас»).

ӘУКЕЛІ с ы н. *Әукесі бар.* Бұқалары *әукелі,* Шүйделері білеудей, Аяқтары біреудей (С. Сейфуллин, Шығ.). Жел жетпес ұшқан құспен жарысқанда, Шоферлар автобусты айдап тұрған; *Әукелі* өгіздері ойнақ салып, Арбада аты семіз сайлап тұрған (Пернедегі термелер).

ӘУКЕШЕ ү с т. *Әуке тәрізді.* Желкесі күдірейіп, бұғағы *әукеше* салбырап, қарны шермиген біреу, барбиған сұқ қолын шошайта сөйлегенде, дауысы қыр-қыр етеді (Ғ. Мұстафин, Қарағанды).

ӘУКІМ-ӘУКІМ о д. *Сиыр малын шақырарда айтылатын сөз. Әукім-әукім,* ақ бұзау! Ертерек өс, құтты бол. Өзгелерден өзің дәу, Сиыр бол да сүтті, бол! (Ө. Тұрманжанов, Менің кітаб.). *Әукім-әукім!* Аузы неге көпірді? Қап-қара тер, суға түскен секілді. Шыж-быж болып күюменен өлем-ау, Бір үй толған бағамын деп жетімді (Б. Майлин, Шығ.).

ӘУЛЕКІ с ы н. *Өзін жөнді ұстай білмейтін дарақы, даңғой, әумесер.* Бұл кезде үйдегі *әулекілер:* «Сауға, сауға!»— десіп, Мүсірәліні ортаға алғыштап жатқан (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Алаңғасар *әулекілердің* айтқанына біз құл болмаймыз,— деп Сал баласына өзінің ата жайын да ұғындырды (С. Бегалин, Бала Шоқан).

ӘУЛЕКІЛЕН е т. *Еліріп, есіріп сөйлеп даңғойлану, дарақылану.* Адам мүлде *әулекіленіп,* көтеріліп кетеді екен. Сол сайлау кезінде ұйқы дегенді білмедік (Б. Майлин, Шығ.). Өз көзіммен көріп қалдым деп, *әулекіленіп,* өзге жұртқа бой бермейді (Т. Ахтанов, Дала сыры). Жоқ, мырзалар, аптықпаңдар, *әулекіленбеңдер,* қорқытамын деген қоқанлоққыларыңды қойыңдар (С. Сейітов, Жыл. жотасы.).

ӘУЛЕКІЛЕНДІР *Әулекілен етістігінен жасалған өзгелік етіс. Әулекілендірмей* Қанайды үйіне әкел, қызын зорлаған ешкім жоқ,— деді (К. Оразалин, Көктем.).

ӘУЛЕКІЛЕНУ *Әулекілен етістігінің қимыл атауы.*

ӘУЛЕКІЛІК з а т. *Есіріп, еліріп кететін даңғойлық, әумесерлік.* Итжемес: — Жоқ, тоқтамаймын,— деп, өзінен басқаның сөзіне құлақ аспайтын *әулекілігіне* басты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Әулекілік,* көрсе қызарлық, жаңғалақтық бір кісінің бойынан тұтас табылса, ар-

жағын сұрап керегі не (С. Бегалин, Ана қайраты).

ӘУЛЕТ а р. з а т. *Бір атаға жататын үрім-бұтақ, тұқым, зәузат.* «Апыр-ау, Абыралы *әулетінен* қайда барсам құтылам?» — деп ойлап, Еламан ұйықтай алмай, түнімен төңбекшіп шықты (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Мұхиттың *әулеттері*, мінекей, жүз жылдан аса уақыт бойы бәрі де музыка өнерін қуып келеді (А. Жұбанов, Замана бұлбұл.). Менен бұрынғы указға, яғни үлкен хазіретке жасаған құрметін Шорман *әулеті* маған да көрсетпек (Д. Әбілев, Ақын арманы).

1. **ӘУЛЕТТІ** с ы н. *Туыс-туғаны мол, үрім-бұтақты, зәузатты.* Жер жәннатын жерлеген, Байтелі, Қамен, Дәулетті, Жапекпенен төртеуі Бәрі ерлер *әулетті* (Жамбыл, Шығ.). Бала едік жасқа жеттік кәмелетті, Ержеттік, жігіт болдық *әулетті*. Жақсылық, ізгілікке үйретті ана, Ол мені қанша еңбекпен адам етті (З. Шүкіров, Өленд.).

2. **ӘУЛЕТТІ** с ы н. ж е р г. *Қауқарлы, күшті.* Дәл бір жауынгер әкенің *әулетті*, қайыстай алақаны бастан сипап өткендей еді (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Алақаныма алған *әулетті* қолдың сығымдауында тірлік тынысы үзіліп, қас-қабағының арасында ғана араша тілегендей шықпаған жанда белгі бар (К. Оразалин, Көктем.).

ӘУЛЕТТІК з а т. *Туған туысқа, үрім-бұтаққа қатысты зәузаттық.* Атандық қазақ елі бұратана, Жатады бұратана бір атаға. Әрдайым *әулеттік* жолын қусаң, Ешқашан дұшпан сені құлатама (Н. Ахметбеков, Аманкелді). Ілтипат қымбат сөздің білмей парқын, Бақасқа басың бұрып қойдың қадам. Атынан *әулеттіктің* кет садаға, Айрылған ата ізінен құлқы арам (Айтыс).

ӘУЛИЕ а р. з а т. 1. Д і н и. *Діни наным бойынша адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті», киелі жан.* Төрде отырған *әулие* енді қалтасынан ескілеу бір шүберекке түйілген нәрсені алып, ішіндегі құмалақтарды текемет үстіне төкті («Қаз. әдеб.»). Бақсы — ислам дінінен бұрынғы заманда пайғамбар, *әулие* тәрізді болған (С. Сейфуллин, Шығ.). Ит емсе де бағып ем мал болсын деп, Бірер жылға семіртіп қоя бергем. Сойғаным сол қозы еді бұл қонаққа, Шіркін-ай, *әулие* мс қалай білген (Е. Бердин, Екі ойшыл).

2. А у ы с. *Ең қадірлі, таңдаулы, керемет.* Секілді өлең-жырдың *әулиесі*, Тебіренген теңіз болып жан-жүйесі. Маңдайы жарты қарыс секілді бір, Ақылдың ақ шалқары, ой дүниесі (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар). Мен де оның қатыгез мінезіне төзер емеспін. Қаншама *әулие* перизатым болса да, ит терісін басына қаптармын әлі (А. Байтанаев, Асан). Бұл арада қазір аттың *әулиесі* отыз-қырық сом. Көкшетауда одан да арзан болуы мүмкін (С. Мұқанов, Есею жыл.).

◆ **Әулие болса.** *Соншама мықты болса.* Қасым Кенжехан *әулие болса* да Жәмеш әрі қатын үстіне, әрі шалға бармайды да, үй ішіне ұрыс салып, бермеу жағына ашық шығып еді (М. Әуезов, Қараш-Қараш). *Әулие болса* қайда еді, Ескелді би жалпағың? Төреге елін сұратып, Нашарларын жылатып (Жамбыл, Шығ.). **Әулие тұтты.** *Қадірлеп қастерледі, бас иді.* Оқымыстыны көрмеген қыз ғалым деген атты *әулие тұтатын* (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). **Кімнен әулие еді.** *Қай жері артық, қадірлі еді.* Немене? *Кімнен әулие едің?* Тең көрмей тұрмысың әлде, бекзада неме?— дейді Жүзтайлақ бастырмалатып (М. Әуезов, Шығ.).

ӘУЛИЕ-ӘНБИЕ з а т. *Қасиетті, киелі жандар, пайғамбарлар.* Мұстапа біріне жарытпады. Мұхаммет пайғамбар, төрт шадияр, *әулие-әнбиелер* жайындағы аз әңгімесін алдақашан айтып бітірген (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). Қызының мына күйін көріп Қалампыр қатты абыржыды: «жар бола көр жасаған...» деп аузына түскен *әулие-әнбиелерге* жағалай жалбарынды (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

ӘУЛИЕДЕЙ с ы н. *Әулие сияқты.* Өзіңе өзің болдың *әулиедей*, Бақсыға әруақ қонбайды ел сүйемей. Бөлендей затың таза көрінбейді, Болса да бетің қызыл қан шиедей (Айтыс). Мінезі *әулиедей* ел айтатын, Құлқынға құл болуды білмейді ақын; Жаны әзір сүйгені үшін құрбандыққа, Бүкпесіз жүрек сырын айтар жұртқа (Ә. Тәжібаев, Шығ.).

ӘУЛИЕЛІК з а т. *Алдын ала болжаушылық.* Мұндар таз, сөз айтқанын өнер көрген, Жареукелі келеді жалшы деген. Ол да біздей жаралған адам шығар, Соларға *әулиелік* қайдан келген (Батырлар жыры). Ғайнулла қазіреттің *әулиелігіне* шек келтіргісі келмегендер, «садақаны аз беріпті» деп сырқат адамның өзін кінәлайтын (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

— Мұқан, сен бері кел, отыр мына араға. Сопылық пен *әулиелік* екеуміздің не теңіміз (Ә. Көшімов, Екі бүркіт).

ӘУЛИЕСІ е т. *Құдіретті болғансу, білгішсіну. Әулиеси* бермеші, тақсырымай, Тұлпар басы тоқтамас тасқа ұрылмай. Әдетің алаңдаған қайда қалды, Қой жеген Алатаудың қасқырындай (Айтыс).

ӘУЛИЕСІТ *Әулиесі етістігінен жасалған өзгелік етіс.*

ӘУЛИЕШЕ ү с т. *Әулие тәрізді.*— Келінің қашып кетіпті, қайтеміз?— деп, Зікірия жіберген хабарға Жәкең ұста *әулиеше* күлді (Д. Әбілев, Арман жолы).

ӘУЛИЕШІЛІК з а т. с ө й л. Әулиелік. — Ей, Сыбан молда, «ит жоқта шошқа үредінің» кері сенікі, асып бара жатқан ешқандай *әулиешілігің* жоқ,— деп кетік шалдың көзі алаңдап орнынан тұрды (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Сонда сен ойы мен қырында үш жүз алпыс әулиесі бар деп есептелінетін кәрі Маңқыстаудың нағыз *әулиешілігі* күйлеріне қонғанау деп түйесің (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ӘУЛІГУ *Әулік етістігінің қимыл атауы.* Бригадирдің: «Соттау керек!»— деп *әулігуі* де мүмкін. Ал, Бағдагүл ше?— дейді Дәмелі (Ө. Қанахин, Дәмелі).

ӘУЛІК е т. *Желігіп-өршіп еліру.* Бір құрбысы, бұдан бұрын да қалжыңдаймын деп Балқашқа Балуанның *әулікке нін* айтып қойған еді (С. Мұқанов, Балуан Шолақ). Байғұлға бас шұлғып отырған кедей әлі бар; сондай кедейлер, байлардың жоғарғы сөзіне *әулігіп,* жаман болды (Б. Майлин, Шығ.). ...Қайратым артық емес таңырқатқан. Жамандар жайын білмей *әулігеді,* Бейне бір жабы азғандай арғымақтан (Айтыс).

ӘУЛІКПЕ с ы н. *Жел өкпеленіп елігіп, желіккіш.* Бай баласы *әулікпе,* Келіп бір күн тәуіпке:— Разымын күйіме! Деп едіңіз «қауіпті», Емдемей-ақ сауықтым, Жібер,— деді,— үйіме! (Қ. Мырзалиев, Алуан.).

ӘУЛІКТІР *Әулік етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Шаймерден судағы балаларды *әуліктіріп:*— Жүріңдер! Махмұт ағам жылан өртеп жатыр — деп бөріктіріп келіп қапты (Д. Әбілев, Ақын арманы).

ӘУМЕСЕР с ы н. *Алаңғасарланып не болса соған ұрынғыш, әулекі.* Байеке өзін аспандағы айға теңейді. Қожамбетті жерде жүрген дәрменсіз жанға санап, айға шапқан *әумесердің* халі мүшкіл емес пе?— дейді (М. Әуезов, Әр жыл.). Бұл өзі сыпайы, биязы жігіт деп жүрсек, *әумесер,* содыр ма, қалай... (З. Шашкин, Сенім). «Өзі бір *әумесер,* әңгі адам ба деймін»— деп қатты таңданған Соломон да тайып тұрды (К. Тоқаев, Тасқын).

ӘУМЕСЕРЛЕУ с ы н. *Алаңғасарлау, есерсоқтау.* Оқас дейтін көшірі бар еді, о да мен сияқты *әумесерлеу* жігіт еді (Б. Майлин, Шығ.). Ол жасында да *әумесерлеу* болған-ды (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Инженердің өзі *әумесерлеу,* қайтарғанды кек те тұтпас еді (Т. Нұртазин, Мұрат).

ӘУМИН о д. д і н и. *Дұға оқып, бата қылу үстінде «қабыл болсын» дегенді білдіретін сөз.* Деп осылай ер Қосай, Білмегенді білгізді; *Әумин* десіп қол жайып, Манасты жолға жүргізді (Манас). Құдай қаласа, үйіңнің іші сәулетті, орамы нәубетті, баспалдағы берік, терезесі жарық болсын. Көлденеңнен кім киліксе, дегеніне жетпесін, *әумин!* (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Ісі айдаболдың бағы үшін осы Әбужанның сәлематтығын тілейік, *әумин!* (Д. Әбілев, Ақын арманы).

ӘУП о д. *Күш салып, шұғыл қимылдағанда шығатын көтеріңкі дауыс.* Төлеген үндеместен *«әуп!»* деп орнынан атып тұрды да, автоматын қолына ала жүгірген бетімен жаңағы офицерді қақ басынан беріп кеп жіберді (Ол күндер.). Төменнен шыққан дыбыстар естіле бастады. «Тағы да... *әуп,* тағы да!» деп айқайлап жатты (С. Ерубаев, Шығ.). Әйт-шүу деген атанға демеу, *әуп* деген ерге демеу (Мақал).

◆ **Әуп етті.** *Қолына алып көтерді.* Құлыным кел өзіңді *әуп етейін,* Далаға серуендетіп әкетейін. Әкелік көңіл шалқып, қансын мейір, Әлдилеп иығымда тербетейін (М. Әлімбаев, Таңд.). Кел, *әуп етем* махаббат болсын несіп! Менде қайың қасқайып тұрған өсіп. Тереңімнен түп тартып нәр аламын, Жапырағымды жалынды күнге тосып! (Х. Ерғалиев, Екі дастан). Атын атап шақырсам да, Қарамайды бұрып мойын. *Әуп еткенді* анда-санда, Ұнатады біліп қойдым (Т. Молдағалиев, Құралай).

ӘУПІЛДЕ е т. 1. *Әлсін-әлсін (әуп! әуп! етіп) үріп қою.* Тау жаңғыртып *әупілдеген* қай сырттанның даусы екен, айтақтаған кім? (Ә. Тәжібаев, Өмір.). Анда-санда

маң төбеттер *әупілдеп,* осы бір тыныҚ түннің, бейбіт өлкенің сырын тілсіз жеткізіп тұр (А. Лекеров, Қырдағы ән). Сонда ағасы: «*Әупілдеген* итім, өз басыңа көрінсін, шаңқылдаған құсым, өз басыңа көрінсін; мұнда Қарауйрек бар ма, неге шулап кеттіңдер?» — дейді (Қаз. ертегі.). **2.** *Әупілдек, үкі сияқты кейбір құстардың созыңқырап үн шығаруы.* Өз құлағыма өзім сенбей: Үкі ме *әупілдеген!* — деп күбірледім. Байқап тыңдасам, үкінің *әупілдегеніне* ұқсамайды (М. Етекбаев, Алтын мүйіз.). Көлбақалар құрылдап, *Әупілдейді* әупілдек, Көлді айналып балалар, Біраз жүрді еркіндеп (О. Шипин, Өмір өрнегі). Өзен жақтан *әупілдейді* әупілдек, Көтере алмай үстіне бір зар тиеп, Жатыр ма әлде естір жерде елге айтып, Осы түннен бар ғой менің қаупім?!— деп (Ғ. Қайырбеков, Қосбасар).

ӘУПІЛДЕК з а т. *Қамысты көлдерді мекендеп, түндерде әупілдеп шығатын үлкендігі үйректей, қоңыр қара дақты су құсы.* Судың күрсінген сияқты күңкілінен өзгеше бір суық үн шығады көлден. Ол өзгеше үн — *әупілдек* құстың үні (С. Сейфуллин, Тар жол.). Қанат пен Самат азанда ауыл сыртындағы көлден ауық-ауық зорланып саңқылдаған *әупілдектің* даусынан оянды (Р. Әутәліпов, Қыр әңгім.). Жемсауына суды толтырып алып, тұмсығын суға қайта батырып, жемсауындағы суды қайта шығарғанда, бұқаның мөңіреген үні ұқсас *әупілдек* үні естіледі (Б. Муханов,... Қазақст. өсімдік.).

ӘУПІРІМ ұ с т. *Өліп-талып жатып, әрең, әзер.* Жарасбай тек көп тартыс, көп қаржасумен, әсіресе мол шығынмен, *әупіріммен* орнында қалды (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Орташаның тонын бүркеніп, *әупіріммен* шатақтан құтылып, белсенді болғансып, жаңа-жаңа сенімге ие болып келе жатыр еді (Б. Майлин, Шығ.).

ӘУПІРІМДЕП ұ с т. *Зордың күшімен, әрең-әрең, әзер деп.* Қия беттен аттылар *әупірімдеп,* қапталдай шұбай түсіп, зорға дегенде етекке тақады (М. Әуезов, Қараш-Қараш). Директор «ашық ауыз», бас инженер «кер тартпа», завод баяғы атам заманғы техникамен *әупірімдеп* күн көріп отыр,— деді Ораз (З. Шашкин, Теміртау).

ӘУРЕ и р. з а т. *Бейнеті мол, бос машақат.* Осының алдында құдыққа бір түйе түсіп кетіпті. Сол түйені терең шығырау құдықтан суырудың *әуресіне* жиылған еркектер көп екен (М. Әуезов, Шығ.). Соғыс *әуресі* кейінгі күндері мұртын басуға мұршасын келтірмегені сезіледі (Б. Момышұлы, Москва үшін.). Егіншілер ала өгіз *әуресімен* болып жатқанда колхоз бастығының келгенін байқамай қалған еді (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).

◆ **Әуре болды.** *Әлекке түсті, машақатталды.* Ауыл ығы-жығы, сан-сапалақ кешкі малдың жабдығымен *әуре болып* жатыр (Б. Майлин, Шығ.). Оған дейін Игілік көшінің қайда тартқанын болжай алмай *әуре болды* (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке). **Әуре етті.** *Маза бермеді, әлекке салды.* Менің де көргеннен-ақ көңілім кеткен, Бұл сауда мені-дағы *әуре еткен.* Өзің де ойлап қара Қайыржаным, Іс бар ма бұлай болған құдіреттен (Дастандар). Қап, сендерді де бастық дейді-ау, лөктірге қол қойдырта алмайтындарың бар, неге мені босқа *әуре етесіңдер?*— деп Шынтай жерге түкірді (С. Адамбеков, Көсенің көзі). **Әуреге салды.** *Азапқа түсірді.* Он сегіз жасымда алмаққа, Жазып па едің, тәңірі-ай, жасымды. Құдіреті күшті құдая, Алыста жарға ғашық қып, *Әуреге салдың* басымды (Қыз Жібек). Дүниенің бәрі су. Сіз от жағам деп жұртты *әуреге саласыз* (Э. Сәрсенбаев, Толқында туған.). **Әуреге түсті.** *Қатты қиналып, әлек болды.* Жүз ойлансам да айтарым біреу — мені бірінші участкеге барады екен деп босқа *әуреге түсіпеңдер!* (Алғы шептегі.). Егерде, енді сендер сөзге тартылып *әуреге түсетін* болсаңдар, осы заводқа келіп, мына жұмысқа кіріңдер (С. Сейфуллин, Әңгім.). **Әуре қылды.** *Мазасын кетіріп, тыныштық бермеді. Әуре қып* талай мазақтап, Топша толқын қуалар. Салып жанды азапқа, Ысқырып, шулап қуанар (С. Сейфуллин, Өлеңд.). — Бағанадан бері *әуре қып* болды байғұсты,— деп әлдекімге жанашырлық етті өзінен өзі (А. Хангелдин, Алғыс). **Ит әуреге салды.** *Әбден қатты қинады.* Мен «белорусты» табандай екі ай шұқыладым; тат басып, көптеген тетіктерін бала-шаға шығарып әкеткен екен, *ит әуреге салды* («Лен. жас»). **Ит әуреге түсті.** *Жанын қинап, әлек болды.* Жел қасақана тына қалған сияқты боп, жол жүрген жүргіншіні терге шомылып, таңдайы кеуіп, атын бүгелектетіп *ит әуреге түскендей* кез еді (Б. Майлин, Шығ.). **Ит әуресі шықты.** *Әбден бей-берекет боп, мазасы кетті.*

... Қаптаған жұрт Әбунүсіпті біріне-бірі итеріп, ұрмай-соқпай, *ит әуресін шығарды* (Д. Әбілев, Ақын арманы). Өскеменге облыстық комсомол комитетіне барып едім, онда болғанымнан жолда жүргенім көбейіп кетті. *Ит әурем шығып* зорға келемін («Лен. жас»).

ӘУРЕЛЕ е т. *Мазасын алып, тынышын кетіру.* Артынан жарасы көпке дейін бір ашылып, бір бітіп, көп *әуреледі* (М. Әуезов, Шығ.). Қылжақбас стражниктер ат иесін ұзақ *әурелеп,* аяғында пара алып босатты (Ғ. Мүсірепов, Шығ.). Қолы босап кетсе машинасын *әурелейтін* Федя қолына шүберек алып машинаның копотын сүрткілеп жатыр (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘУРЕЛЕН *Әуреле етістігінен жасалған өздік етіс.* Егер құдай беретін болса, адам неге *әуреленіп* еңбек қылады? Талаптанбай-ақ қойса болмай ма? Бұл байлардың шығарғаны (І. Жансүгіров, Шығ.). Гүлнар қайткенде жұбайының жұмысын жеңілдетудің амалын білмей *әуреленді* (С. Мұқанов, Сырдария). Сәл *әуреленгеннен* кейін бұлар ашуланып, енді балағатқа басатындай болған соң әрең дегенде қолдарын босатып алды (А. Байтанаев, Асан).

ӘУРЕЛЕНУ *Әурелен етістігінің қимыл атауы.* Орман болса, тап іргеде тиіп тұр. Көшеге ағаш отырғызып *әуреленудің* керегі қанша,— деп ойлады ол (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бұдан былай бүйтіп бостан-босқа *әуреленудің* түкке де қажеті жоқ (Н. Баяндин, Ертіс.). Әрі оңтүстіктегі мақталы аудандарға тағы да талай топ жандарды бөліп жіктеп, іріктеп жіберу әрекетімен *әуреленуде* (Алғы шептегі.).

ӘУРЕЛЕУ *Әуреле етістігінің қимыл атауы.* Егер әйелі болса, кешегі қылығы — *әурелеу,* алдау! (З. Шашкин, Өмір тынысы). Ері баурына түскен, иығы тесілген сұр есекті сауысқан қуып, *әурелеумен* жүр (А. Тоқмағамбетов, Әке.).

ӘУРЕЛІК з а т. *Құр бекер, бос машақат.*— Бірақ өзіңе бір *әурелік* болмай ма? Оны орналастыру керек. Бұрынғыдай Сергей ағайың да жоқ?— деп Шыңғыс аса көңілді бола қоймады (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ғашықтық халімді мен баян қылдым, Жалының жүрегімнің басын шалған. Қолы жетпей наданның аузы жетіп, *Әурелікпен* құдыққа қармақ салған (Ақан Сері, Шығ.). Алдап-сулап азат басым құл етті, Алтын айдар аруымды күң етті. «Алаш» деген құр дақпыртқа мәз болып, Ала ауыздық, *әурелікпен* күн өтті (Б. Майлин, Шығ.).

ӘУРЕ-САРСАҢ з а т. *Машақат, азабы көп бос әурелік.* Бүгінгі күн тұтасымен осындай *әуре-сарсаңмен* өтті (М. Әуезов, Шығ.). Бірақ сапармен жұғысудың орайы табылмай, оған өз аяғынан бара алмай, я үйіне шақыра алмай, біраз *әуре-сарсаңмен* жүрді (М. Иманжанов, Менің махабб.). Қыз сүю дегеніңіздің бар қызығы осы-ақ болғаны ма? Қой, бұл қызық емес эшейін бір шырғалаң ғой, *әуре-сарсаң* ғой (З. Қабдолов, Өмір ұшқыны). Саденов жолдас, арыз жазуға бекер асыққансың. Осы жиналған кісілерді *әуре-сарсаңға* салдың, әне, егіннің алды пісті, ораққа жұмыла аттанатын мезгіл (З. Шашкин, Сенім).

ӘУРЕШІЛІК з а т. с е й л. **Әурелік.** Нұржанның ойынша Ақандікі *әурешілік,* екі комбайнды тізбектеп, ору қиын, трактормен күш түсіп, жерге жатып алады-мыс (З. Шашкин, Өмір тынысы). Инженердің тағы атжал соғамыз дегені эншейін *әурешілік* секілді көрініп кетті (Т. Нұртазин, Мұрат).

ӘУСЕЛЕ и р. з а т. *Көрсетер әл-дәрмен, шама-шарқ.* Мойнына су құйылғандай үнтүнсіз омырылып отырған жолдасының *әуселесін* байқаған Сатай, оны одан бетер қажытып, табалауды мақұл деп таппады (Т. Бердияров, Фарида). Мұның өзі шалдың былтыр үш-төрт ай сырқаттанып, *әуселесі* біраз басылып қалғандағысы екенін қайдан білсін, түге (Х. Ерғалиев, Шындық шырқайды).— Әуелі үйленейін де, апа,— дедім күліп,— балалы болайын да, содан кейін көр *әуселемді* (С. Мұқанов, Мөлдір махабб.).

◆ **Әуселесін көрді.** *Шама-шарқын, «қолынан келерін» байқады.* Сен қобалжырлық түк жоқ. Әңгіме насырға шапса *әуселесін* өзім *көріп* аламын,— деді Қараш (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). Өлім біреу. Оның зорлығына тірі боп көнбеймін. *Әуселесін көріп* алам қарақшы кезептің (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау). Ал... ал, бірақ дүние кезек. Абыралы әулеті, келдек басы өзіңе тигенде... сенің *әуселеңді* сонда *көрерміз* (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

ӘУІР: **Әуірі басылмады.** *Көңілдің желігі тарқамады.* Қол-аяғым босанып, Дәуірледі дәуірім. Білімді қуа бет алмай, *Басыла* алмас *әуірім* (І. Жансүгіров, Шығ.). *Әуірі басылмаған* албырт едім, Асығыс айтқаныма кіна қойма (Жамбыл, Шығ.).

ӘУІТ з а т. *Құдықтың, арықтың жанында су сақтайтын шұқыр.* Байжан клубқа жақын жердегі терең *әуітке* шомылуға кетті (С. Мұқанов, Шығ.). Сол арықтың *әуітіне* кешеден бері көршісімен екеуі сабылып, екі үйге бір атпа орнатқан (Ж. Арыстанов, Жалынды жүрек). Қақтықпайтын Қасынек, *Әуітің* мықты шегені. Шелегінен су тамбас, Ұстаның шапқан шебері (О. Шипин, Екі дастан).

ӘШЕЙІН ү с т. с ө й л. **Әншейін.** Бастапқы кезде Жақып мұның бәрін *әшейін* ойын шығар деп отырды (Б. Майлин, Шығ.). Аталы жерге барған соң Айша *әшейін* жылы суға екі қолын малып отырды (С. Сейфуллин, Шығ.).

ӘШЕЙІНДЕ ү с т. с ө й л. **Әншейінде.** Әсіресе, осы ағасы бір түрлі, *әшейінде* ауыл-үйдің әңгімесінен бойын аулақ ұстап, тұк сезбейтін кісідей тұйық жүретін жуас қана жігіт (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). *Әшейінде* мұндай аяқ астынан ақтарыла салған сыр Ержан жүрегіне әсер етпей өте шығар еді (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Әшейінде* қатын-қалаш пен кезекші боп қалған бірен-саран партизандардан басқа жан көрінбей, жетімсіреген лагерьге бүгін адам сияр емес (Ө. Қанахин, Ауыр күн.).

ӘШЕКЕЙ з а т. *Әдемі ою-өрнек, сәнді нақыс.* Үйдің екінші жағындағы алуан түрлі *әшекейі* кете бастаған ағаш төсектің үстінде ұйықтап жатқан өзінің шалы Қазыбектен басқа бұл үйде қазір жан жоқ (Ә. Әбішев, Жас түлек.). Басында оюын нақыштап, көп *әшекеймен* жасалған гардероб бұл күнде сыры түсіп, айнасын оқ сындырып азайын депті (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Сафура қаршадайынан қызбала болып аса жылтырауық *әшекейге* әсте үйір емес-ті (Р. Әутәліпов, Той тарқар).

ӘШЕКЕЙЛЕ е т. *Әдемі етіп оюлап, өрнектеп безендіру.* Әйел күндіз-түні *әшекейлеп,* алтындап, жібектен неше түрлі гүл жасайды (Қаз. ертегі.). Терезеден түскен күн сәулесі шіркеудің *әшекейлеп* алтын жалатқан бағаналарына шағылысып, көз тартады (З. Шашкин, Тоқаш Бокин). Өмір бойы көк жапырақка оранған зәулім ағаштарды, қалың ормандарды әдейі *әшекейлеп* тастағандай хош иісті гүлдерді көресің (С. Бақбергенов, Өзіміздің жігіт.).

ӘШЕКЕЙЛЕН *Әшекейле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Қытай кухнясының ресторан залы қытай нәрселерімен, қытай өрнектерімен *әшекейленген* екен (С. Мұқанов, Алып. адым.). Женя еңкейе беріп еді, тап алдынан жасыл сиямен *әшекейлене* жазылған екі жол өлең өре тұрды (С. Шаймерденов, Болашақ.).

ӘШЕКЕЙЛЕТ *Әшекейле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Бір қызық оқиға гостиницаның алдына ең алғаш келсек, киімінің жаға, жеңін алтын оқамен *әшекейлеткен,* сақалын қырған, мұрны қақпақтай біреу тұр (С. Мұқанов, Жұмбақ жалау).

ӘШЕКЕЙЛЕУ *Әшекейле етістігінің қимыл атауы.* Өрнектеп тоқу, бояуы бірнеше түсті жіптерді аралас тоқу арқылы мұндай заттарды әдемі де, ұнасымды етіп *әшекейлеуге* болады (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ӘШЕКЕЙЛІ с ы н. *Ою, өрнекпен нақыстап безендірілген.* Байдың бұйымы ақтарылғанда *әшекейлі* ала кебеженің ішінен ескі қобыз шықты. Сержан сол қобызды сұратып алды (Б. Майлин, Шығ.). Үстінде *әшекейлі,* кестелі көйлек, жеңін сыбанған, көңілі көтеріңкі. Көптен зар болған арман бүгін орындалған тәрізді (З. Шашкин, Өмір тынысы). Құлағындағы *әшекейлі* алтын сырғасы дірілдей түсіп, кимешегінің омырауынан болымсыз ғана ашылып қалған тамағында сәуле елесі лыпылдайды (К. Оразалин, Көктем.).

ӘШЕКЕЙСІЗ с ы н. *Ешбір сәу, өрнексіз,* Кіршіксіз ақ жаға, *әшекейсіз* жұқа қара бешпет, сәл етжеңдеу қызыл шырайлы ақ жүзін айқындап аша түскен (Т. Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ӘШКЕРЕ и р. с ы н. *Сыры жария, құпиясы белгілі.*— Әрине *әшкере* пайдаға бола жаратылғанын хикмет десек керек деймін,— дейді (Абай, Тол. жин.). Салқамбаймен *әшкере* сөйлесіп, сырын айтып жалынғысы да келді (Б. Майлин, Шығ.). Ұлжан Жиреншенің ұзақ сөзін осы бір ренішті, күйзеу қабақпен тыңдай шығып: — Шырағым, Абай бұны істемек болса ол

құпияның ісі емес, *әшкерені*ң ісі ғой, — деді (М. Әуезов, Абай).

◆ **Әшкере болды [әшкере етті, әшкере қылды]**. *Құпия, сыры ашылып әйгіленді.* Мен айта алмай мүдірдім, Сен де ұялып кідірдің. *Әшкере болып* бір аздан, Айта алмай жүрген сыр еді (Б. Майлин, Шығ.). Табандасып шыдайын десем, көлденеңнің көзіне *әшкере болған* ісім бар (М. Әуезов, Таңд.). «Біздің заманның геройы» — сол кездегі үстем қоғамның жиреніште мінездерін *әшкере еткен* роман (Ж. Саин, Жол үсті.). Ал бұлардың бәріне біздің «жас қазақ» қарсы тұрып, терістікті жұртқа *әшкере қылып* жариялай берді (С. Сейфуллин, Тар жол.).

ӘШКЕРЕЛЕ е т. *Жұрт алдында әйгілеп, құпиясын ашты.* Ол жасырын жобасын өшкімге *әшкерелеген* де жоқ, жас офицерлермен «қандай ақылдарың бар?» деп кеңескен де жоқ (Х. Есенжанов, Тар кезең). Қолдан келсе бұл жолы Құнанбайды келеге салып *әшкерелеп* көп алдында тентек қып алмақ (М. Әуезов, Таңд.).— Асық емес, ақ дөңгелек бірдеңе ғой.— Мәкетай мына сөзімен Боданның құпиясын *әшкерелеп* қойған тәрізді (Б. Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ӘШКЕРЕЛЕН *Әшкереле етістігінен жасалған ырықсыз етіс.* Поэмада осы асыра сілтеушіліктен жапа шеккен қызыл ат арқылы мал шаруашылығында туған жағдай *әшкереленеді* (М. Қаратаев, Туған әдеб.). Байлардың астық тығып отырғандығы осы жиылыста *әшкереленіп* шықты (Б. Майлин, Шығ.). Ақыры *әшкереленетін* болғасын Тайқыға астыртын, алдын ала хабарлап, тез келсін депті (А. Хангелдин, Табыс. тағдыр).

ӘШКЕРЕЛЕТ *Әшкереле етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Ол ойлары болмай, партия жұртшылығы, еңбекші көпшілік, Сәкенді *әшкерелетпек* түгіл, кір жұқтыру түгіл, тазалаудан үлкен құрметпен алақандарына көтеріп алып шықты (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘШКЕРЕЛЕУ *Әшкереле етістігінің қимыл атауы.* Сөзден ұсталғанын мықтап сезіп және Хакімнің қайда жүргенін *әшкерелеуге* бармай, ол міңгірлей түсті (Х. Есенжанов, Тар кезең). Бос өткен әрбір күн қылмыстыларды дер кезінде *әшкерелеуге* көмектеспейді, қайта оның ізін жасыра түседі (К. Тоқаев, Тасқын). Азамат соғысына қатнасып, ақтар мен басмашыларды жойысқан Есқараев жауды *әшкерелеудің* талай тәсілін біліп, шешімін таба қоятын (С. Мұқанов, Есею жыл.).

ӘШКЕРЕЛЕУШІ з а т. *Құпия сырды ашып салатын, әйгілеуші.* Ескі ауылдағы ойыншы кім? Адамның жеке және қоғамдық өміріндегі мұндай оғаштықтың *әшкерелеушісі* (С. Мұқанов, Саяхаттар).

ӘШМҮШКЕ з а т. *Қадақтың сегізден бір бөлігі.* Жиырма-отыз кило жүн әкелген шалға бір *әшмүшке* шай мен екіүш метр шыт ұстатып қоя берді (Т. Ахтанов, Дала сыры).

---

1 томда 5310 атау сөз (А — 4440, Ә — 870), 2635 фразеологиялық тіркес (А — 2333, Ә — 302)— барлығы 7945 лексикалық единица қамтылып, жалпы саны 9430 мағыналық сипаттама берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СӨЗДІКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.

Азербайджанско-русский словарь. Баку, 1941.

Асайынов М., Жанпейісов Е., Таникеев М. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Физкультура мен спорт. Алматы, 1962.

Ашмарин Н. И. Словарь чувашского языка, вып. 1. Казань, 1928—1937, 1941—1950.

Әбдіров М., Құлқашев Т., Толыбеков С., Балқашев У. Экономика, философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962.

Әбетов Ғ. Әдебиет тану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962.

Әбішев Х., Әмірбаев М., Бектаев К., Бөкейханов Р., Жаутыков О., Оразбаев Б., Сәтбаев М. Математика, физика, астрономия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1959.

Әубәкіров Ж., Әбдірахманов С., Базарбаев Қ. Орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздік. Алматы, 1966.

Байсалов С., Құдайбергенов У., Қойбағаров К., Рақымбеков Ғ. Заң, педагогика, психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1960.

Бақаев М. Т., Нұғыманов Қ. Х., Сейдуалиев З. С., Ибраев Ш. И., Ұлықбеков О. Қ. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Тау-кен істері. Алматы, 1962.

Балақаев М. Емле сөздігі. Алматы, 1948.

Баранов Х. К. Арабско-русский словарь. М., 1958.

Башкирско-русский словарь. М., 1958.

Бегалиев Г. Казахско-русский словарь. Алматы, 1945.

Бегалиев Г., Махмудов Х., Мусабаев Г. Краткий казахско-русский словарь. Алматы, 1959.

Бекмухамбетов Е. Политехника терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы, 1969.

Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Алматы, 1962.

Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., т. I, 1869; т. 2, 1871.

Букин И. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. Ташкент, 1883.

Бірімжанов Б. А., Омаров С. Т. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1969.

Жәркешева Г. Бірікөкен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960.

Жолдасбеков Ө., Әбдірахманов А. Орысша-қазақша механизм мен машиналардың терминологиялық сөздігі. Алматы, 1968.

Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861.

Исамбаев М. Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігі. Медицина. Алматы, 1960.

Казахско-русский словарь. Ташкент, 1926.

Каракалпакско-русский словарь. М., 1958.

Катаринский В. Киргизско-русский словарь. Оренбург, 1897.
Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1956.
Кеңесбаев І., *Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1968.
Киргизско-русский словарь. Изд. 2-ое. Оренбург, 1903.
Күленов К., Күленова С. Балық шаруашылығының орысша-қазақша қысқаша сөздігі. Алматы, 1971.
Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.
Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.
Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, I том. Алматы, 1959; II том 1961.
Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 1959.
Қуатбаев К. Қысқаша музыкалық сөздік. Алматы, 1967.
Қуатбаев Қ., Томанов М. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Құрылыс және құрылыс материалдары терминдері. Алматы, 1962.
Магазаник Д. А. Турецко-русский словарь. М., 1945.
Махмудов Х., Мұсабаев Ғ. Қазақша-орысша сөздік. Алматы, 1954.
Машанов М. А. Русско-киргизский словарь. Оренбург, 1899.
Миллер Б. В. Персидско-русский словарь. М., 1960.
Монғолша-қазақша сөздік. Улан-Батор, 1954.
Мұсабаев Ғ., Сүлейменова Б. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Іс жүргізу терминдері. Алматы, 1961.
Мұсақұлов Т. Қазақша-орысша терминология сөздігі. Биология терминдері. Алматы, 1962.
Мұсақұлов Т. Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік, I том. Алматы, 1959.
Насырова М. Әлеуметтік-экономикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы, 1968.
Ожегов С. И. Словарь русского языка. М., 1953.
Оңдасынов Н. Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1969.
Орфографиялық сөздік. Редакциясын басқарған Ғ. Мұсабаев. Алматы, 1960.
Пекарский Э. К. Словарь якутского языка, т. I—III. М.— Л., 1958.
Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. I. СПб., 1893; т. II, 1899; т. III, 1905; т. IV, 1911.
Рақышев А. Р. Анатомия терминдерінің қазақша-орысша-латынша сөздігі. Алматы, 1963.
Рамазанов Е., Оспанов Ө., Жанпеисов Р., Шолақов Ш., Орысша-қазақша терминология сөздігі. Ботаника және топырақ зерттеу терминдері. Алматы, 1962.
Русско-казахский словарь, т. I—II. Алматы, 1946.
Русско-казахский словарь. Под ред. проф. Н. Т. Сауранбаева. М., 1954.
Русско-казахский терминологический словарь, ч. 1—2. Алматы, 1958; ч. 3, 1959.
Саяси сөздік. Алматы, 1959.
Словарь современного русского литературного языка, т. I—XVII. М.— Л., 1948—1965.
Татарско-русский словарь. М., 1966.
Терминология сөздігі. Алматы, 1-к., 1948, 2-к., 1950.
Толковый словарь русского языка. Под ред. проф. Д. Ж. Ушакова, т. I—IV. М., 1934—1940
Узбекско-русский словарь. М., 1959.
Уйгурско-русский словарь. М., 1939.
Хасенов С., Жанпейісов Е., Ырысмамбетов Қ. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Темір жол қатынасы терминдері. Алматы, 1962.
Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965.

МЫСАЛ АЛЫНҒАН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ*

1. Көркем әдебиеттер, ғылыми-техникалық еңбектер

Авторлардың фамилиясы	Шығармалардың аты	Қысқартып алу үлгісі
1	2	3
Абай [Құнанбаев]	Толық жинақ, I т., 1954, II т., 1957	Тол. жин.
	Шығармалар жинағы, 1945	Шығ. жин.
Ә. Абайділданов	Алыс көкжиек, 1968	Алыс.
	Қыран, 1966	Қыран
Б. Адамбаев	Ақбөбек, 1962	Ақбөбек
	Аманат, 1972	Аманат
	Сырларым, 1959	Сырларым
С. Адамбеков	Атылған қыз туралы аңыз, 1969	Атылған қыз.
	Көсенің көзі, 1961	Көсе.
	Қожанасыр қақпасы, 1959; 1972	Қожанасыр.
	Өмір тойы, 1949	Өмір тойы
А. Ажкеев	Қант қызылшасы, 1967	Қант қызылша.
	Қант қызылшасының агротехникасы, 1962	Қант қызылша. агротех.
Т. Айбергенов	Құмдағы мұнаралар, 1968	Құм. мұнара.
	Мен саған ғашық едім, 1970	Мен саған.

* *Ескерту:* 1) Бұл тізім мысал-цитаталары жазылып алынып, картотека қорымызда сақтаулы тұрған шығармалардың толық тізімі емес. Мұнда негізінен «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің» 1-ші томын құрастыру, баспаға даярлау кезіндегі картотека қорымызға негіз болған басты-басты әдебиеттер ғана қамтылып отыр. Бірен-саран ғылыми-техникалық шығармалар мен ертеректе шыққан кейбір көркем әдебиеттер, көлемі шағын кітапшалар мен аударма әдебиеттер, сондай-ақ, облыстық және аудандық газеттер тізімге енген жоқ. Тізімге енбей қалған бұл әдебиеттердің және картотека қорымыздың жыл сайын толығып, молығып отыруына байланысты жаңадан жазылған немесе жазылуға тиісті әдебиеттердің тізімі жиналуына, молаюына қарай келесі томдардың бірінде берілетін болады.

2) Тізімде көрсетілген шығармалардың аттарын қысқартып алу үлгілері қолданыздағы 1-ші томда кездесетін қысқартулармен барлық жерде бірдей, сайма-сай келе бермеуі мүмкін. Оның себебі — сөздіктің бұрын құрастырылып, ал бұл тізім мен ондағы қысқарту үлгілерінің кейіннен жасалғандығынан. Солай бола тұрса да, сөздіктің келесі томынан бастап әдебиет аттарын қысқартып алу үлгілерінің бір ізді болу жағы ескеріліп, бұл қысқарту осы томдағы қысқартулардың жетілдірілген, өңделген, түзетілген, толықтырылған варианты ретінде беріліп отыр.

1	2	3
Б. Айдарханов	Атом қуаты — адам игілігінде, 1962	Атом қуаты.
Айманкүл [Тәжібаева]	Ана сыры, 1955	Ана сыры
К. Айманов	Физика және автоматика, 1963	Физика.
Ш. Айманов [С. Бегалин]	Қыран туралы хикая, 1967	Қыран.
Қ. Айнабекұлы	Өленлер, 1951	Өленд.
Т. Айтбаев [К. Асылбекова, Т. Шармановв]	Қанның қасиеті, 1966	Қан. қасиеті
М. Айтхожина	Аққуым менің, 1971 Шыңдағы жазу, 1966	Аққу. Шында.
Ақан Сері [Қорамсаұлы]	Шығармалары, 1963	Шығ.
Ж. Ақбердиев	Басқа пәле тілден, 1971	Бас. пәле.
Ғ. Ақмамбетов [Ә. Бәженов]	Дүниеге көзқарас және мораль, 1967	Дүниеге көзқ.
Х. Ақназаров	Ғылыми атеизм негіздері, 1968	Ғылыми атеизм.
С. Ақтаев	Дала туралы толғау, 1971 Қапшағай хикаясы, 1973 Өленлер, 1963	Дала. Қапшағай. Өленд.
М. Ақынжанов	Қазақтың ағартушылары, 1955 Ыбырай Алтынсарин, 1953	Қаз. ағартушы. Ыбырай.
З. Ақышев	Ақбел асуы, 1971 Біздің шамшырақтар, 1961 Достарым менің, 1967	Ақбел. Біздің шамш. Достар.
С. Алдабергенов	Алға, 1960 Асу, 1969 Әңгімелер, 1954 Қанат ұшқанда қатаяды, 1965	Алға Асу Әңгім. Қанат.
А. Алманиязов	Асқабақ, 1971	Асқабақ
А. Алманиязов [Т. Әубәкіров, Д. Әбілов]	Қазақстанның қауын-қарбызы, 1969	Қазақст. қауын.
Ж. Алтайбаев	Сыпырғыш, 1969 Ұят-ай, 1973	Сыпырғыш Ұят-ай
Ы. Алтынсарин	Таңдамалы шығармалары, 1955	Таңд. шығ.
Қ. Аманжолов	Нұрлы дүние, 1950 Өленлері, 1950 Таңдамалы шығармалары, 1953 Шығармаларының толық жинағы, I т., 1955; II т., 1956; III т., 1957	Нұрлы дүние Өленд. Таңд. шығ. Шығ. жин.
Ж. Аманов	Жастық жалын, 1971	Жастық.
Қ. Амантаев	Суармалы күздік бидай егісін тыңайту, 1964 Ботақан, 1964	Суармалы. егіс. Ботақан

1	2	3
Б. Аманшин	Бұтақтағы бұлбұлдар, 1959	Бұтақта.
	Жар мұңы, 1968	Жар мұңы
	Көкжар, 1971	Көкжар
	Өлеңдер, 1954	Өлең.
А. Апсатаров	Дәрігер келгенше, 1965	Дәрігер.
Х. Арғынбаев	Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк, 1969	Қаз. этногр.
	Қазақ халқындағы семья мен неке, 1973	Қаз. семья.
	Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибелері туралы, 1963	Мал ауру.
Ж. Арыстанов	Естен кетпес есімдер, 1972	Естен кетп.
	Жалынды жүрек, 1961	Жалын.
	Сұңқар да жерді мекендейді, 1966	Сұңқар.
З. Асабаев	Ар соты, 1967	Ар соты
К. Асанов	Сағыныш, 1968	Сағыныш
С. Асанов	Алматым — менің жас шағым, 1968	Алматым.
	Күндерім қандай бақытты, 1971	Күндер.
	Ленинге барғанда, 1970	Ленин.
	Өлеңдер, 1963	Өлең.
А. Асылбеков	Алатау аясында, 1968	Алатау.
	Алтын дән, 1967	Алтын дән
	Әлемге үні тараған, 1971	Әлем.
	Қиял қиясында, 1963	Қиял.
Н. Ахметбеков	Аманкелді, 2 к., 1962	Аманкелді
	Жасауыл қырғыны, 1952	Жасауыл.
Ә. Ахметов	Көктөбе, 1969	Көктөбе
	Өлеңдер, 1953	Өлең.
	Өшпеген жалын, 1959	Өшп. жалын
М. Ахметов [С. Егоренко]	Егін қорғайтын орман алқаптарын өсіру, 1970	Егін қорға.
Х. Ахметов	Еліктің лағы, 1961	Елік.
М. Ахметова	Қазақстан композиторларының әндері мен романстары, 1964	Қазақст. композит.
Т. Ахтанов	Боран, 1968	Боран
	Дала сыры, 1963	Дала сыры
	Көк құтан, 1966	Көк құтан
	Қаһарлы күндер, 1962	Қаһарлы күн.
	Махаббат мұңы, 1960	Махаббат.
	Үндістан хикаясы, 1971	Үндістан.
Ж. Аяшев	Алақан, 1971	Алақан
К. Әбдіғапаров [М. Қошпанов]	Қызықты физика, 1971	Қызықты физ.
Т. Әбдіков	Көкжиек, 1969	Көкжиек
	Күзгі жапырақтар, 1971	Күз.
Қ. Әбдіқадыров	Әңгімелері, 1952	Әңгім.
	Батыр, 1940	Батыр

1	2	3
	Мақташы қыз, 1953	Мақташы.
	Өлеңдер жинағы, 1948	Өлең.
	Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, 1958	Таңд. өлең.
В. Әбдіразақов	Жарық дүние, 1968	Жарық дүние
С. Әбдірайымов	Шөл жайылымды жақсарту жолы, 1969	Шөл жайылым.
Ш. Әбдіраманов	Көрінбес қорған, 1969	Көрінбес.
Т. Әбдірахманова	Білесің бе бұларды? 1962	Білесің бе?
	Көгершін көңіл, 1968	Көгершін.
	Кілт, 1972	Кілт
Ж. Әбдірашев	Ақ қайран, 1970	Ақ қайран
	Найзағайлы жаз, 1971	Найзағай.
М. Әбдіхалықов	Алыстағы Маңқыстауда, 1971	Алыста.
	Ленин тапсырмасы, 1967	Ленин.
Ш. Әбенов	Кейпін батыр, 1962	Кейпін.
	Ортақ арал, 1968	Ортақ арал
Ж. Әбиев	Биология ғажайыптары, 1969	Биология.
Х. Әбисатов	Қарын рагы, 1967.	Қарын рагы
Т. Әбсәлімов	Кішкентай машинист, 1968	Кішкентай.
Р. Әбуғалиев [Х. Жұмабеков, М. Тавитов]	Қой өсірушінің анықтамалығы, 1967	Қой өсіруші.
Н. Әбуталиев	Жаңарған ауыл, 1970	Жаңарған.
Қ. Әбілдаев	Коммунистің міндеті мен правосы, 1967	Коммунист.
Д. Әбілев	Ақын арманы, 1965	Ақын.
	Алтай асулары, 1962	Алтай асу.
	Алтай жырлары, 1950	Алтай.
	Арман жолында, 1968	Арман.
	Жас азамат, 1948	Жас азамат
	Жүрек жырлайды, 1961	Жүрек.
	Ой толқындары, 1972	Ой толқын.
	Өлеңдері мен поэмалары, 1958	Өлең.
	Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, 1953	Таңд. өлең.
	Тұлға, 1947	Тұлға
	Уақытпен сырласу, 1966	Уақыт.
	Шалқыма, 1950	Шалқыма
Д. Әбілев	Помидор мен қияр өсіру, 1971	Помидор.
А. Әбішев	Ауылдағы жер өлшеушілерге көмекші, 1968	Ауылда.
Ә. Әбішев	Армансыздар, 1938	Армансыз.
	Ғаламат, 1971	Ғаламат
	Жас түлектер, 1945	Жас түлек.
	Замана перзенттері, 1961	Замана.
	Найзағай, 1969	Найзағай
	Пьесалар, 1953	Пьеса.
	Терең тамырлар, 1952	Терең тамыр.
Ә. Әбішев	Мал дәрігерлік шаралар, 1965	Мал дәрігер.

1	2	3
Ә. Әбішев[Ө. Ташмұханбетов]	Мал санитарына көмекші, 1964	Мал санитары.
Ғ. Әбішев	Малда кездесетін жарақаттар, 1971	Мал. жарақат.
Х. Әбішев	Аспан сыры, 1962	Аспан сыры
Х. Әбішұлы	Халық астрономиясы, 1969	Халық астрон.
Н. Әжіғалиев	Ас — адамның арқауы, 1964	Ас.
	Малдан адамға жұғатын аурулар, 1962	Мал. ауру.
Қ. Әжікеев	Жылан мен қарлығаш, 1970	Жылан.
	Саят, 1967	Саят
Ә. Әзиев	Оянған ар, 1972	Оянған ар
К. Әзірбаев	Аңыздар сыры, 1969	Аңыз.
	Өлеңдер мен дастандар, 1952	Өлең.
	Той бастар, 1973	Той бастар
	Шығармалары, 1961	Шығ.
Ә. Әленов	Әлімқара, 1968	Әлімқара
С. Әлжіков	Дала қырандары, 1968	Дала.
	Күле көрмеңіз, 1972	Күле көрме.
Д. Әлімбаев	Толғау, 1965	Толғау
М. Әлімбаев	Балдәурен, шіркін балалық, 1973	Балдәурен.
	Биікке-биікке, 1955	Биікке.
	Жүрек лүпілі, 1967	Жүрек.
	Көңіл күйі, 1971	Көңіл күйі
	Құрбыма, 1964	Құрбыма
	Лирика, 1958	Лирика
	Менің Қазақстаным, 1960	Менің Қазақст.
	Менің ойыншығым, 1953	Менің ойын.
	Орақ — олақ, 1962	Орақ.
	Өрнекті сөз — ортақ қазна, 1967	Өрнекті сөз.
	Өшпес от, 1969	Өшпес от
	Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, 1961	Таңд. өлең.
Р. Әлімбаев [Ж. Төреходжаев]	Құстар тіршілігі, 1972	Құстар.
С. Әлімбетов	Өлеңдері мен поэмалары, 1962	Өлең.
Ә. Әлімжанов	Махамбеттің жебесі, 1970	Махамбет.
Н. Әлімқұлов	Алатау суреттері, 1960	Алатау.
С. Әлімқұлов	Жайсаң жер, 1968	Жайсаң жер
	Қыран, 1970	Қыран
Т. Әлімқұлов	Абай, 1954	Абай
	Ақбоз ат, 1962	Ақбоз ат
	Боз жорға, 1969	Боз жорға
	Күрең өзен, 1971	Күрең өзен
	Сапар, 1950	Сапар
	Сейтек сарыны, 1966	Сейтек.
	Туған ауыл, 1968	Туған ауыл
Ә. Әлішев	Батыр болып тумайды, 1970	Батыр.

1	2	3
Т. Әлішеров	Өнерпаз шабандоздар, 1965	Өнерпаз.
Ө. Әмзеев [Н. Шәметов]	Кентау қыраны, 1967	Кентау.
Ш. Әмірәлиев	Жақсы мінез — жаңа серік, 1971	Жақсы мінез.
М. Әмірбаев	Аналитикалық геометрия, 1966	Аналит. геом.
М. Әмірғалин [А. Жандеркин, Р. Қуатов]	Биязы жүнді қой шаруашылығының шеберлері, 1959	Биязы жүн.
Қ. Әміров	Жастық шақ, 1959 Өшпес жұлдыздар жарығы, 1970	Жастық. Өшп. жұлдыз.
Т. Әпсеметов	Саулықтарды қыста қоздату пайдалы, 1965	Саулықтар.
Әсет [Найманбаев]	Шығармалары, 1968	Шығ.
О. Әубәкіров	Бытпылдық, 1962 Жасыратын не бар, 1963 Сиқыр, 1971 Сықақ өленлер, 1968 Ұзын сөздің қысқасы, 1967	Бытпылдық Жасыр. Сиқыр Сықақ. Ұзын сөз.
А. Әуезов	Бала Мұхтар, 1967	Бала Мұхтар
М. Әуезов	Абай, 1—2 к., 1955 Абай жолы, I т., 1954; II т., 1955; III т., 1957 Абай жолы, 1 к. 1961 Айман-Шолпан, 1957 Ақын аға, 1950 Әр жылдар ойлары, 1959 Еңлік-Кебек, 1922 Индия очерктері, 1958 Көксерек, 1962 Қараш-Қараш, 1960 Өскен өркен, 1962 Таңдамалы шығармалар, I—VI т., 1955—1957	Абай Абай жолы Абай жолы Айман-Шолпан Ақын аға Әр жыл. Еңлік-Кебек Индия очерк. Көксерек Қараш. Өскен өркен Таңд. шығ.
Е. Әукебаев	Таң шапағы, 1967	Таң шапағы
Р. Әутәліпов	Алтын жемісті алқап, 1959 Қыр әңгімелері, 1961 Той тарқар, 1965	Алтын. Қыр әңгім. Той тарқар
М. Әшірбеков	Ақ селеу, 1972 Белестер, 1968 Кербез дала, 1970	Ақ селеу Белестер Кербез.
Ұ. Бағаев	Дала жұлдыздары, 1970	Дала.
Ш. Байбатшаев	Бел-белестер, 1970	Бел-белес.
С. Байгужиев	Аквариум әліппесі, 1968	Аквариум.
Н. Байғанин	Өрістеген өмір, 1939 Шығармалар жинағы, 1956	Өрісте. Шығ. жин.
Ө. Байділдаев	Ән — мұзыка сабағы, 1970	Ән. сабағы

1	2	3
С. Байжанов	Жастық шақ, 1968 Құрыш зергері, 1962 Сыр мен сымбат, 1970	Жастық. Құрыш. Сыр.
С. Байжанов	Өкпе туберкулезі, 1966	Өкпе туберк.
Е. Байзақов	Еңбек эстетикасы, 1965	Еңбек.
И. Байзақов	Құралай сұлу, 1971 Таңдамалы шығармалары, 1948	Құралай. Таңд. шығ.
С. Баймақанова [М. Мұсағалиев]	Ауыз және тіл рагы, 1967	Ауыз. рагы
С. Баймолдин	Қызыл іңір, 1971 Монолог, 1969	Қызыл іңір Монолог
Н. Баймұратов	Ер Төлеген, 1945 Қанды жорық, 1962	Ер Төлеген Қанды жорық
А. Байрашев	Қазақстанда өсірілетін жембұршақтар, 1962	Қазақст.
Қ. Байсейітов [Қ. Шаңғытбаев]	Беу, қыздар-ай! 1972	Беу, қыздар.
А. Байтанаев	Асан, 1961 Болат, 1954 Жаңғырды дала, 1965 Қайнар бұлақ, 1968 Қансонар, 1972	Асан Болат Жаңғыр. Қайнар. Қансонар
А. Байтуғанов	Шопан қуанышы, 1962	Шопан.
М. Бакенов	Қазақстанның минералды ресурстары, 1967	Қазақст. ресурс.
С. Бақбергенов	Адам және көлеңке, 1969 Алтынемелден асқанда, 1961 Біздің колхоз, 1960 Дина, 1957 Кентау, 1973 Күй, 1951 Қайран шешем, 1963 Қарға тамған қан, 1967 Қоянкөзге құлаған жұлдыз, 1965 Менің досым, 1953 Өзіміздің жігіттер, 1958	Адам. Алтынемел. Біздің колхоз Дина Кентау Күй Қайран шешем Қарға там. Қоянкөз. Менің досым Өз. жігіт.
А. Бақтыгереева	Қуанышым, іңкәрім, 1971 Өрімтал, 1967	Қуаныш. Өрімтал
А. Балтабаев	Жасыл орман жайқалсын, 1968 Шөлде орман өсіру, 1971	Жасыл орман. Шөлде.
Х. Балшабеков	Жылқышы әні, 1969	Жылқышы.
Б. Баязитов	Достар каласы, 1969	Достар.
С. Баязитов	Айдарлыдағы айлар, 1967 Күтпеген кездесу, 1954	Айдарлы. Күтп. кездесу
К. Баялиев	Дегелек келді, жаз болды, 1970 Нөсер, 1967	Дегелек. Нөсер

1	2	3
Қ. Баянбаев	Ильич пен аңшы, 1970	Ильич.
	Солақай қарт, 1964	Солақай.
	Шапағатты шақ, 1969	Шапағат.
Н. Баяндин	Географиялық ашулар, 1970	Геогр. ашу.
	Ертістің арғы жағы, бергі жағы, 1962	Ертіс.
	Құм астындағы қала, 1967	Құм асты.
	Өзен алқабын игеру, 1968	Өзен алқабы.
	Саяхатшылар ізімен, 1966	Саяхат.
	Топырақ құнарлылығын арттыру, 1965	Топырақ.
С. Бәйішев	Коммунизм және экономика, 1967	Коммунизм.
С. Бегалин	Ана қайраты, 1960	Ана.
	Бақыт, 1956	Бақыт
	Бала Шоқан, 1964	Бала Шоқан
	Жас бұтақ, 1953	Жас бұтақ
	Жеткіншек, 1960	Жеткіншек
	Мектеп түлектері, 1961	Мектеп.
	Өлеңдер мен поэмалар, 1962	Өлең д.
	Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, 1956	Таңд. өлең д.
	Төлбасылар, 1948	Төлбасы.
	Уақыт тынысы, 1968	Уақыт.
	Шоқан асулары, 1971	Шоқан асу.
Т. Бейісқұлов	Әкелер даңқы жолымен, 1973	Әкелер.
М. Бекбауов [Н. Кебеңқұлов]	Көгілдір экран, 1968	Көгілдір.
Т. Бекенов	Сүйек және буын туберкулезі, 1972	Сүйек. туберк.
Ә. Бектемісов	Майдангер көзімен, 1969	Майдангер.
Ж. Бектепов	Қызылшашы Тамара Абдуллаева, 1967	Қызылшашы.
Қ. Бекхожин	Ақан Ақтаев, 1957	Ақан Ақтаев
	Ардагер туралы аңыздар, 1965	Ардагер.
	Дала комиссары, 1961	Дала комисс.
	Достық даусы, 1954	Достық.
	Қайран жастық, 1968	Қайран жас.
	Мамырстан, 1970	Мамырстан
	Мариям Жагорқызы, 1955	Мариям.
	Үш кезең, 1962	Үш кезең
	Шардара, 1972	Шардара
Е. Бердин	Екі ойшыл, 1962	Екі ойшыл
	Қанды асу, 1968	Қанды асу
Т. Бердияров	Дауылдан кейін — тыныштық, 1970	Дауыл.
	Мен өмір сүремін, 1956	Мен өмір.
	Солдат сыры, 1968	Солдат.
	Фарида, 1962	Фарида
О. Бердібаев	Таз — тақиядан, қотыр — қолдан, 1962	Таз — тақиядан.
Р. Бердібаев	Гүлстанның бұлбұлдары, 1970	Гүлстан.
С. Бердіқұлов	Егеулі найза, 1969	Егеулі найза
Б. Бигельдиев	Балқаш, 1970	Балқаш
О. Бодықов	Бұлбұл, 1972	Бұлбұл

1	2	3
Қ. Боранбаев	Жаңарған жазық, 1962	Жаңарған.
К. Боранғазиев	Жем-шөптік бұршақ өсіру, 1967	Жем-шөп.
О. Бөкеев	Қайдасың, қасқа құлыным, 1973	Қайдасың.
	Қамшыгер, 1970	Қамшыгер
	Үркер, 1971	Үркер
Ш. Бөрібаев	Сиыр малын семірту, 1966	Сиыр малы.
Қ. Бұғыбаева	Ақ сүт, 1968	Ақ сүт
	Қараторғай, 1970	Қараторғай
Біржан Сал [Қожағұлұлы]	Өлеңдер, 1967	Өленд.
Ә. Бірмағамбетов [Г. Я. Рольник]	Қазақстан географиясының хрестоматиясы, 1962	Қазақст. геогр.
Е. Бірімжанов	Жалпы химия, 1962	Жалпы химия
М. Гумеров	Сүйе ме, сүймей ме? 1967	Сүйе ме?
	Үш күн, үш түн, 1969	Үш күн.
	Хазірет қарғаған ауыл, 1970	Хазірет.
С. Ғаббасов	Қыран қия, 1971	Қыран.
М. Ғабдуллин	Ел намысы — ер намысы, 1966	Ел намысы.
	Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 1958	Қаз. ауыз әдеб.
	Менің майдандас достарым, 1947	Менің. дос.
	Сұрапыл жылдар, 1972	Сұрапыл.
Н. Ғабдуллин	Алғашқы сапар, 1953	Алғашқы.
	Қызық дәурен, 1965	Қызық дәурен
	Өмір күйі, 1961	Өмір күйі
	Өмір, қымбатсың маған, 1966	Өмір.
	Сарғайған жапырақ, 1970	Сар. жапырақ
А. Даиров	Хирургтің кеңесі, 1966	Хирург.
Ә. Дайырбеков	Малдан адамға жұғатын аурулар, 1970	Мал. ауру.
С. Дайырбеков	Арман, 1950	Арман
А. Данабеков	Өсімдіктер дертіне шипалы микробтар, 1969	Өсімдік. дерті.
Т. Дарқанбаев	Витаминдер, 1954	Витамин.
О. Дастанов	«Әулиелі» жерлер туралы шындық, 1967	Әулие.
	Мұрагерлер, 1970	Мұрагер.
А. Дауылбаев	Қазақстанның ауыл шаруашылығы республикамыздың 30 жылдығы қарсаңында, 1950	Қазақст.
Ш. Дәрмағамбетов	Менің замандастарым, 1967	Менің замандас.
Қ. Дәрібаев	Серт, 1972	Серт
Т. Дәуренбеков	Біз әлі кездесеміз, 1971	Біз. кездес.
	Бір түйменің әлегі, 1963	Бір түйме.
	Көшпелі емхана, 1967	Көшпелі.
Е. Домбаев	Ғашықтық туралы мың бірінші баллада, 1970	Ғашықтық.
	Ол осындай адам, 1967	Ол. адам

1	2	3
С. Досанов	Қыран қалғымайды, 1971	Қыран.
Д. Досжанов	Жібек жолы, 1973	Жібек.
	Зауал, 1970	Зауал
	Құм жұтқан қалалар, 1967	Құм жұтқан.
	Тұлпардың ізімен, 1967	Тұлпар.
Т. Досжанов [Ж. Сматов]	Зиянды қос қанатты насекомдар, 1970	Зиянды. насеком.
Қ. Досқалиев	Қаһарман қала және Қазақстан, 1973	Қаһарман.
Ұ. Доспанбетов	Кәрі қобыз сыры, 1970	Кәрі қобыз.
С. Досымов	Жаңғырық, 1972	Жаңғырық
С. Дөнентаев	Өлеңдер, 1950	Өленд.
	Таңдамалы шығармалары, 1957	Таңд. шығ.
М. Дүзенов	Ақәже, 1968	Ақәже
	Астана түбіндегі ән, 1969	Астана.
	Әке болғым келеді, 1970	Әке.
Ж. Дүйсекеев	Гүлденген өңір, 1971	Гүлден.
Ә. Дүйсенбиев	Көңілді көшеде, 1970	Көңілді.
	Қайырлы таң, балалар, 1971	Қайырлы таң.
М. Дүйсенов	Гүлжан сүйеді, 1969	Гүлжан.
	Қалыңдық, 1962	Қалыңдық
	Меймандар, 1971	Мейман.
Ф. Дінисламов	Көл жағасында, 1966	Көл жағасы.
	Семсер, 1948	Семсер
	Сырлы көл, 1950	Сырлы көл
	Ұшқын, 1954	Ұшқын
Ж. Еділбаев	Бүгінгі ауыл адамдары, 1969	Бүгінгі ауыл.
А. Елеманов [А. Сысолятин]	Қой шаруашылығы негіздері, 1964	Қой шаруаш.
М. Елеусізов	Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарасы, 1959	Шоқан Уәлиханов.
Б. Елқондиев	Жүзу де өнер, 1962	Жүзу.
Е. Елубаев	Көк жейде, 1967	Көк жейде
	Көкпар, 1970	Көкпар
С. Елубаев	Ойсыл қара, 1972	Ойсыл қара
Х. Ерғалиев	Біздің ауылдың қызы, 1950	Біздің ауыл.
	Дәуір дабылы, 1963	Дәуір.
	Жайық жырлары, 1956	Жайық.
	Көбікшашқан, 1972	Көбікшашқан
	Күй дастан, 1970	Күй.
	Күн күмбез, 1968	Күн күмбез
	Құрманғазы, 1 к., 1958; 2 к., 1960.	Құрманғазы
	Сенің өзенің, 1953	Сенің өзенің
	Таңдамалы шығармалары, 1954	Таңд. шығ.
	Шындық шырқайды, 1966	Шындық.
С. Еркебаев	Алғашқы адым, 1967	Алғашқы.

1	2	3
Д. Еркінбеков	Айдай, 1959	Айдай
	Шаншу, 1961	Шаншу
	Шығармалары, 1965	Шығ.
	Шымыр әңгімесі, 1958	Шымыр.
М. Ерлепесов	Жүгері егісіне тыңайтқыш шашу, 1964	Жүгері.
М. Ерлепесов [А. Амантаев]	Суармалы егіншілік, 1968	Суармалы егін.
М. Ерлепесов [Ю. Карягин]	Тұқым өсірушіге көмекші, 1963	Тұқым өсіру.
Ш. Ерманов	Мәңгі жастық, 1967	Мәңгі жастық
М. Ермеков	Қазақстанның биязы және ұяң жүнді қой шаруашылығы, 1951	Қазақст.
Ж. Ертілесов	Жастық жалын, 1971	Жастық.
С. Ерубаев	Менің құрдастарым, 1952	Менің құрдас.
І. Есенберлин	Айқас, 1966	Айқас
	Алмас қылыш, 1971	Алмас.
	Алтын құс, 1972	Алтын құс
	Большевик туралы поэма, 1957	Большевик.
	Ғашықтар, 1968	Ғашықтар
	Жанталас, 1973	Жанталас
	Қатерлі еткел, 1967	Қатерлі.
	Қанар, 1969	Қанар
Х. Есенжанов	Ақ Жайық, 1960	Ақ Жайық
	Көп жыл өткен соң, 1967	Көп жыл.
	Тар кезең, 1969	Тар кезең
Ә. Есенжолов	Қазақтың арқар-меринос қойы, 1967	Қаз. қойы
Ә. Есенқұлов [С. Нұрманов]	Әйелдердің жыныс мүшелеріндегі қатерлі ісіктер, 1967	Әйелдер.
Ә. Есмамбетов	Жырлап өткем өмірді, 1969	Жырла.
Е. Естаев	Өмір өткелдері, 1971	Өмір.
Т. Есімжанов	Дала тынысы, 1970	Дала.
	Ілияс дастан, 1969	Ілияс.
М. Етекбаев	Алатау ертегісі, 1968	Алатау.
	Алтын мүйізді киік, 1961	Алтын.
	Жапалақ туралы ертегі, 1967	Жапалақ.
Т. Жабаев	Із, 1962	Із
Ө. Жайлауов	Шопан даусы, 1968	Шопан.
Ы. Жақаев	Менің бақытым, 1965	Менің бақытым
И. Жақанов	Қайта оралған ән, 1968	Қайта орал.
А. Жақсыбаев	Бозарал, 1973	Бозарал
	Қайырлы таң, 1970	Қайырлы таң
	Менің достарым, 1968	Менің дос.
Е. Жамалбеков	Суармалы топырақ және оны мелиорациялау, 1970	Суармалы.

1	2	3
Б. Жамалов	Торғай түлегі, 1967	Торғай.
М. Жаманбалинов	Айна бұлақ, 1956	Айна бұлақ
	Батыр ұстаз, 1972	Батыр.
	Менің інім, 1970	Менің інім
Жамбыл [Жабаев]	Сұраншы батыр, 1939	Сұраншы.
	Шығармалары, 1957	Шығ.
	Шығармаларының толық жинағы, 1946	Шығ. жин.
Н. Жанаев	Жанымның жазирасы, 1972	Жаным.
Ж. Жанарыстанов	Бұзақылыққа жол бермейміз, 1967	Бұзақылық.
Ә. Жанәділов	Үміт, 1971	Үміт
С. Жанғабылов	Тоқсан толғау, 1967	Тоқсан.
А. Жанғалиев	Бағбан кітабы, 1963	Бағбан.
Т. Жанкелдин	Партизан жорықтары, 1967	Партизан.
	Сәкен Сейфуллин, 1966	Сәкен Сейфуллин
М. Жансаева	Ана жүрегінен, 1951	Ана жүрегі.
І. Жансүгіров	Шығармалар, 1958	Шығ.
	Шығармалар, I—IV т., 1960—63	Шығ.
Қ. Жапсарбаев	Жайқоңыр, 1959	Жайқоңыр
	Жетісу жырлары, 1970	Жетісу.
	Өлеңдер, айтыстар, дастандар, 1962	Өлең д.
Қ. Жармағамбетов	Әнші — азамат, 1951	Әнші.
	Балладалар, 1962	Баллада.
	Дәурен, 1969	Дәурен
	Соңғы түн, 1967	Соңғы түн
	Сырлы тал, 1971	Сырлы тал
Т. Жармағамбетов	Екі жүрек, 1968	Екі жүрек
	Нәзік бұлттар, 1966	Нәзік.
	Сентябрь түні, 1970	Сентябрь.
Т. Жароков	Жыр қанаты, 1956	Жыр қанаты
	Құмдағы дауыл, 1958	Құмда.
	Қырда туған құрыш, 1954	Қырда.
	Шығармалар жинағы, I—II т., 1958—1960	Шығ. жин.
Қ. Жарықбаев	Психология, 1970	Психология
Ө. Жарылғапов	Волейбол ойыны, 1972	Волейбол.
Ж. Жатқанбаев	Су және өмір, 1965	Су.
Е. Жәкенов [Т. Егібаев]	Тұғырлас түлектер, 1970	Тұғырлас.
З. Жәкенов	Таң самалы, 1971	Таң самалы
Ә. Жәмішев	Дала шұғыласы, 1969	Дала.
	Сағым толқын, 1972	Сағым.
О. Жәутіков	Математиканың даму тарихы, 1967	Математика.
Б. Жетпісбаев	Жорық жолдары, 1968	Жорық.
Ж. Жиенбаев	Жүгеріні аурудан сақтау жолдары, 1968	Жүгері.
Ж. Жиенбаев [Е. Ишпайқина]	Астық дақылдарының қарақуйесі және онымен күрес, 1955	Астық дақыл.

1	2	3
С. Жиенбаев	Қарлығаш, 1959	Қарлығаш
	Оркиік, 1969	Оркиік
	Таңдамалы, 1972	Таңд.
А. Жолдасбеков	Әке қуанышы, 1969	Әке.
	Ботабай Садықов, 1967	Ботабай Садықов
С. Жортанов	Өлке тану және қоғамдық пайдалы еңбек, 1968	Өлке тану.
А. Жұбанов	Замана бұлбұлдары, 1963	Замана.
	Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы, 1942	Қаз. композит.
	Құрманғазы, 1960	Құрманғазы
	Мұқан Төлебаев, 1963	Мұқан Төлебаев
Ғ. Жұмабаев	Жомарт күз, 1969	Жомарт.
С. Жұмабаев	Ұзақ өмір шарттары, 1969	Ұзақ өмір.
А. Жұмағалиев	Өшпеген жалын, 1962	Өшп. жалын
Б. Жұмағалиев	КПСС-тің коммунистік құрылыстағы басшылық ролінің артуы, 1968	КПСС-тің. ролі.
Қ. Жұмағалиев	Айнамкөз, 1969	Айнамкөз
	Перзент үні, 1967	Перзент.
	Сақара, 1970	Сақара
	Шапағат, 1972	Шапағат
И. Жұмағұлов	Қой шаруашылығы үшін берік азық қорын ұйымдастыру, 1963	Қой шаруаш.
	Түйе өсіру, 1965	Түйе өсіру
И. Жұмағұлов [Д. Смағұлов]	Озат түйешілердің бота өсіру тәжірибелері, 1950	Озат түйеші.
М. Жұмағұлов	Қыран қазасы қияда, 1971	Қыран.
А. Жұмаділдин	Сең бұзылғанда, 1972	Сең.
Қ. Жұмаділов	Көкейкесті, 1969	Көкейкесті
	Қаздар қайтып барады, 1968	Қаздар.
Ж. Жұмақанов	Адам тау қопарады, 1967	Адам.
	Әлия, 1958	Әлия
	Екі жол, 1966	Екі жол
	Жазылмаған кітап, 1959	Жазылм. кітап
	Қаракөз қарындас, 1962	Қаракөз.
	Махаббат пен мансап, 1970	Махаббат.
	Мен жұмысшымын, 1972	Мен жұмысшы.
	Соқпақ соңы, 1967	Соқпақ.
	Солдат жолы, 1958	Солдат.
	Үш бәйтерек, 1965	Үш бәйтерек
Қ. Жұмалиев	Айқас, 1944	Айқас
	Әдебиет теориясы, 1960	Әдеб. теор.
	Жайсаң жандар, 1969	Жайсаң жан.
	Қазақ эпосының мәселелері, 1959	Қаз. эпосы.
	Қырдағы күрес, 1957	Қырда.
Х. Жұматов	Құтыру ауруы, 1969	Құтыру.
А. Жүнісов	Өмір ізі, 1971	Өмір.

1	2	3
С. Жүнісов	Ақан Сері, 1 к., 1971	Ақан Сері
	Жапандағы жалғыз үй, 1965	Жапанда.
	Өшпейтін іздер, 1968	Өшп. іздер
И. Жылқайдаров	Жастарым, жайна! 1959	Жастар.
Е. Ибраһим	Көкшенің көктемі, 1968	Көкше.
Ғ. Игенсартов	Тың дала, 1968	Тың дала
С. Иманасов	Ақ айдын, 1969	Ақ айдын
	Ақдариға, 1973	Ақдариға
О. Иманәлиев	Өленděр, 1963	Өленд.
	Сәуір, 1971	Сәуір
З. Иманбаев	Дала көктемі, 1962	Дала.
	Жас шыбықтар, 1966	Жас шыбық.
	Кең аймақ, 1965	Кең аймақ
	Нажағайлы түнде, 1970	Нажағай.
	Солмайтын гүл, 1968	Солма. гүл
Ш. Иманбаева	Өленděрі, 1950	Өленд.
Т. Иманбеков	Бұлақ күліп ағады, 1970	Бұлақ.
К. Иманғазиев	Қант қызылшасы егісіне тыңайтқыш шашу, 1964	Қант қызылша.
	Минерал тыңайтқыштар, 1964	Минерал.
А. Иманғалиев	Адай жылқысы, 1970	Адай жылқысы
Қ. Имағалиев	Шопан — профессор, 1964	Шопан.
М. Иманжанов	Адам туралы аңыз, 1959	Адам.
	Алғашқы айлар, 1950	Алғашқы
	Жастық, 1948	Жастық
	Көк белес, 1960	Көк белес
	Менің махаббатым, 1957	Менің махабб.
	Таныс қыз, 1952	Таныс қыз
Ә. Ипмағамбетов	Жайықтың сол жақ бетінде, 1973	Жайық.
Қ. Исабаев	Ажал құрсауында, 1961	Ажал құрсауы.
	Айқыз, 1967	Айқыз
	Арман арнасымен, 1962	Арман.
	Жұмбақ үй, 1962	Жұмбақ үй
	Соңғы ерлік, 1971	Соңғы ерлік
	Соңғы тәулік, 1969	Соңғы.
	Сұңқар самғауы, 1966	Сұңқар.
Д. Исабеков	Бекет, 1966	Бекет
	Қара шаңырақ, 1973	Қара шаңырақ
	Мазасыз күндер, 1970	Мазасыз күн.
Т. Исабеков	Мөлдір бұлақ, 1971	Мөлдір.
С. Исаев [Н. Шоқанов]	Өсімдік шаруашылығы, 1960	Өсімдік шаруаш.
М. Исамбаев [А. Сүлейменов]	Медициналық анықтама, 1965	Мед. анықтама
М. Исқақов	Проективтік геометрия, 1966	Проект. геом.
	Соқыр сенім және діни ғұрыптар, 1968	Соқыр сенім.

1	2	3
М. Исқақов [С. Назаров]	Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер, 1967	Математика.
М. Исмагилов [А. Бекенов]	Зорман — терісі бағалы аң, 1971	Зорман.
Ж. Исмағұлов	Адам мерейі, 1968	Адам.
Т. Исмаилов	Есіл, 1959	Есіл
С. Камалов	Әңгімелер мен пьесалар, 1960	Әңгім.
Ә. Кәкімжанов	Коммунизмнің ұлы құрылыстары, 1952	Коммунизм.
Ж. Кәрбозин	Бір шоқ гүл, 1970	Бір шоқ.
Ү. Кәрібаев	Өлеңдер жинағы, 1951 Өлеңдері мен поэмалары, 1959 Таңдамалы шығармалары, 1962	Өлең. Өлең. поэм. Таңд. шығ.
Ә. Кекілбаев	Бір шөкім бұлт, 1966 Дала балладалары, 1967 Тырау-тырау тырналар, 1973	Бір шөкім. Дала. Тырау-тырау.
Қ. Кемеңгеров	Алтын сақина, 1965	Алтын.
Ы. Кененбаев	Лабасы етегінде, 1971	Лабасы.
С. Кенжахметов	Қуырдақ, 1969	Қуырдақ
Б. Кенжебаев	Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары, 1958	Қаз. дем. жазушы.
Д. Керімбаев	Жылқы өсіру мәселелері, 1959 Қазақстанның жылқы шаруашылығы, 1968	Жылқы өсіру. Қазақст. жылқы.
С. Керімбеков	Бес мылтық, 1940 Еңбек — ата, жер — ана, 1951 Колхоз бақшасы, 1952 Өлеңдер жинағы, 1953	Бес мылтық Еңбек — ата. Колхоз. Өлең.
С. Көбеев	Қалың мал, 1954 Орындалған арман, 1956	Қалың мал Орынд. арман
Н. Көбенов	Дала самалы, 1968	Дала самалы
Ә. Көпбаев	Мақтаныш, 1954	Мақтаныш
Қ. Көпішов	Әке құшағы, 1968 Ер жүрек, 1967 Кезеңдер, 1971 Тәйімбет Көмекбаев, 1967	Әке құшағы Ер жүрек Кезеңдер Тәйімбет Көмекбаев
Н. Көшекбаев	Қарулас достарым, 1971	Қарулас.
М. Көшербаев	Туберкулез, 1954	Туберкулез
Ә. Көшімов	Екі бүркіт, 1963 Жас аңшы, 1971 Көңіл күйі, 1948 Қарт аңшының әңгімесі, 1959 Қысталаң жыл, 1969 Лашын хикаясы, 1965	Екі бүркіт Жас аңшы Көңіл күйі Қарт аңшы. Қысталаң. Лашын.
Б. Күлеев	Айтшы, ақ қайың? 1969	Айтшы.

1	2	3
К. Күленов	Қазақстанның балық байлығы, 1967	Қазақст. балық.
Т. Күлтебаев	Қой төлінің түрлі жағдайда өсіп-жетілуі, 1969	Қой төлі.
Ө. Күмісбаев	Ақ шолпан, 1971	Ақ шолпан
	Жапырақтар түсіп жатыр, 1969	Жапырақ.
З. Қабдолов	Жалын, 1970	Жалын
	Өмір ұшқыны, 1956	Өмір ұшқ.
Ғ. Қабышев	Мінездеме, 1970	Мінездеме
С. Қаженбаев	Балық кәсіпшілігі — табыс көзі, 1968	Балық кәсіп.
К. Қазыбаев	Дәуір аты — Октябрь, 1970	Дәуір.
	Ызғар, 1972	Ызғар
М. Қайрақбаев	Ескермеген ауру жаман, 1967	Ескерм. ауру.
	Рактан қалай сақтана білуге болды, 1967	Рактан. сақтан.
Қ. Қайсенов	Ажал аузынан, 1961	Ажал аузы.
	Жау тылында, 1967	Жау тылы.
Қ. Қайымов	Қызықты зоология, 1969	Қызықты зоол.
Ғ. Қайырбеков	Алтын бесік, 1969	Алтын.
	Балықшы Иван, 1967	Балықшы.
	Большевик ауыл, 1967	Большевик.
	Дала қоңырауы, 1957	Дала.
	Көсемнің нұрлы атымен, 1970	Көсем.
	Күн баласы, 1963	Күн баласы
	Қанатты жылдар, 1973	Қанатты.
	Қарқаралы басында, 1967	Қарқаралы.
	Қосбасар, 1958	Қосбасар
	Құрдас, 1954	Құрдас
	Сарарқа сазы, 1972	Сарарқа.
	Таулар сөйлейді, 1960	Таулар.
З. Қалауова	Бейбітшілік сүйеміз, 1951	Бейбітшілік.
	Кавказ шыңы, 1946	Кавказ.
	Таңдамалы шығармалары, 1953	Таңд. шығ.
	Шолпан, 1941	Шолпан
Ә. Қалдыбаев	Көк дөңгелек, 1962	Көк дөңгелек
	Қос тентек, 1964	Қос тентек
	Су тасушы Әшірбек, 1969	Су тасушы.
	Шаншар атай, 1970	Шаншар.
Т. Қалжеков	Туберкулез және онымен күресу жолдары, 1968	Туберкулез.
Е. Қалиев	Рудный оттары, 1962	Рудный.
Ж. Қалиев	Армысың, теңіз, 1968	Армысың.
С. Қалиев	Дүрбі, 1970	Дүрбі
	Қасиетті тақия, 1972	Қасиетті.
	Өлеңдер, 1968	Өлең.
С. Қалиев	Еңбек ерені, 1968	Еңбек.
Ғ. Қаллемов	Соңғы өкпе, 1968	Соңғы өкпе
Ә. Қалмырзаев	Ар, 1967	Ар
	Қарлығаш, 1970	Қарлығаш

1	2	3
А. Қалығұлов	Жарық сәуленің «жаралуы», 1968 Сан сырлы сәуле, 1970	Жарық. Сан сырлы.
Ш. Қалықов	Қойды аурудан қалай сақтау керек, 1963 Қой мен ешкінің кейбір аурулары, 1966	Қой. ауру. Қой мен ешкі.
Қ. Қамбаров	Алтай аясында, 1959 Таудағы қала, 1961	Алтай. Тауда.
С. Қамбаров	Әңгімелер мен пьесалары, 1960	Әңгім.
Д. Қанатбаев	Жетіқарақшы — жеті жұлдыз, 1973	Жетіқарақшы.
Ө. Қанахин	Ауыр күндерде, 1958 Дәмелі, 1962 Жас дәурен, 1966 Жер басып жүрсем, 1968 Жүрек қалауы, 1973 Мұрагер, 1959	Ауыр күн. Дәмелі Жас дәурен Жер бас. Жүрек. Мұрагер
Е. Қандеков	Өлеңдер мен поэмалар, 1963	Өлең.
Ж. Қаңтарбаева [Б. Ниязова, С. Урустенов]	Жұқпалы ішек ауруы, 1970	Жұқпалы. ауру.
Ө. Қарамендин	Бұзаудың өкпе құрт ауруы, 1967 Қойдың нематодирозы, 1971	Бұзау. ауруы Қой. нематод.
М. Қаратаев	Даладағы дабыл, 1962 Туған әдебиет туралы ойлар, 1958	Далада. Туған әдеб.
М. Қарсыбеков	Микроэлементті қолдану тәжірибесінен, 1966	Микроэлемент.
Д. Қасенов	Жаза, 1973	Жаза
С. Қасиманов	Қазақ халқының қолөнері, 1962; 1969 Өс-өс, бөбек, 1961 Сиқырлы сыбызғы, 1961	Қаз. қолөнері Өс-өс. Сиқырлы.
А. Қасымжанов	Диалектиканың заңдары мен категориялары, 1966	Диалектика.
Х. Қашағанов	Қойдың кеңсірік құрты, 1966	Қой. құрты
С. Қирабаев	Октябрь және қазақ әдебиеті, 1968	Октябрь.
І. Қожабаев	Ұя, 1971	Ұя
Б. Қожабеков	Көктөбе, 1968	Көктөбе
Ж. Қожабергенов	Құрылысшы ана, 1967	Құрылысшы.
Т. Қойшыманов	Қоңырат бөктерінде, 1967 Тынымсыз жандар, 1971	Қоңырат. Тынымсыз.
Е. Қонарбаев	Түнгі от, 1969	Түнгі от
М. Қосшығұлов	Шындық сыры, 1973	Шындық.
Ж. Қосыбаев	Әнші Мұхит, 1955	Әнші Мұхит
Қ. Қуандықов	Серке Қожамқұлов, 1966	Серке Қожамқұлов
Қ. Қуанышбаев	Өлеңдері мен әңгіме фельетондары, 1950 Шаншарлар, 1962	Өлең. Шаншарлар

1	2	3
М. Қуанышбаев	Кек қылышы, 1970	Кек қылышы
Р. Қунақова	Ерке елік, 1971 Кішкене жүректер, 1967	Ерке елік Кішкене жүрек.
М. Құдайқұлов	Оқу киносы, 1962	Оқу киносы
Ш. Құмарова	Қос шынар, 1968	Қос шынар
М. Құрманалин	Аспан, 1971 Шалқар теңіз, 1968	Аспан Шалқар.
А. Құрманғалиев	Ислам діні әдет-ғұрыптарының зияндылығы, 1966	Ислам діні.
Т. Құрманғалиев	Теңіз достары, 1962	Теңіз.
Қ. Құсайынов	Жүгеріні мал азығына пайдалану, 1964 Сабанды мал азығына пайдалану, 1963 Химияны мал азығына пайдалану, 1965	Жүгері. Сабан. Химия.
М. Құттықов	Ар-намыс, 1971 Құс жолы, 1967	Ар-намыс Құс жолы
Х. Қыдырбаев	Дала көркі, 1967	Дала көркі
Х. Қыдырбаев [А. Төлебаев, Р. Әлімбаев]	Зиянкес кеміргіштер және оларға қарсы күрес, 1970	Зиянкес кеміргіш.
Б. Қыдырбекұлы	Ешкімге айтпа, 1959 Маздаған шырақ, 1971 Ұрының еншісі, 1972 Шайтанның шатағы, 1966 Шойынқұлақ, 1968	Ешкім. Мазда. Ұры. Шайтан. Шойынқұлақ
Ж. Қыдыров	Жұлдыздарға жол, 1969 Нұр жаусын, сағап, 1971 Сәуір лебі, 1972	Жұлдыз. Нұр жаусын. Сәуір.
Т. Қызықбаев	Алтай әуендері, 1969 Темір тізгін, 1972	Алтай. Темір.
С. Ләмбеков	Достар, 1955 Қарқаралы саздары, 1968	Достар Қарқаралы.
А. Лекеров	Қырдағы ән, 1962 Өмір оты, 1969 Түз гүлі, 1959	Қырда. Өмір оты Түз гүлі
В. И. Ленин	Шығармалары, 36 т. 1958	Шығ.
Н. Лушникова	Көңіл қамы, 1970	Көңіл.
Ж. Луқпанов	Химияны өсімдік зиянкестері мен ауруларына қарсы қолдану, 1964	Химия.
М. Мағауин	Ақша қар, 1969 Көк мұнар, 1972	Ақша қар Көк мұнар
Б. Майлин	Азамат Азаматыч, 1961 Таңдамалы шығармалары, 1958 Шығармалар, I—V т., 1960—63	Азамат. Таңд. шығ. Шығ.
М. Майлыбаев	Мақта егісін тыңайту, 1964	Мақта егісі.

1	2	3
Майлықожа	Нақыл, 1972	Нақыл
М. Мақатаев	Қарлығашым, келдің бе? 1968	Қарлығаш.
	Мавр, 1970	Мавр
Ғ. Малдыбаев	Желдірме, 1972	Желдірме
	Қалдырған, 1967	Қалдырған
	Қырым қызы, 1957	Қырым қызы
Қ. Маликов	Алтын шынар, 1960	Алтын шынар
О. Малқаров	Мен ат үстіндемін, 1971	Мен ат үсті.
	Менің ізім, 1968	Менің ізім
	Өлеңдер, 1954	Өлең.
К. Маркс	Капитал, I т., 1963	Капитал
К. Маркс, Ф. Энгельс	Таңдамалы шығармалары, I т., 1956	Таңд. шығ.
А. Мархабаев	Ғарыштағы қымыз, 1972	Ғарышта.
С. Машақов	Жылдар, 1954	Жыл.
	Жылдар мен жолдар, 1962	Жылдар
	Жылдарым менің, 1968	Жылдарым.
	Сапарда, 1972	Сапарда
А. Машанов	Жер астына саяхат, 1957	Жер асты.
Д. Мәденов	Өсімдік, топырақ және тыңайтқыш, 1964	Өсімдік.
Б. Мәдиев	Өрендер, 1970	Өрендер
І. Мәмбетов	Дос көңілдер, 1968	Дос.
	Өсиет, 1962	Өсиет
	Сыр, 1958	Сыр
	Табантал, 1961	Табантал
	Тарланбоз, 1973	Тарланбоз
	Тұңғыш, 1955	Тұңғыш
С. Мәуленов	Бала жолбарыс, 1963	Бала.
	Дала дабылы, 1949	Дала.
	Жаз ерке, 1958	Жаз ерке
	Жаңа арна, 1961	Жаңа арна
	Жасыл орман, 1950	Жасыл орман
	Жер нәрі, 1966	Жер нәрі
	Жолдас, 1954	Жолдас
	Жұлдызды жылдар, 1963	Жұлдыз.
	Құлыншақ, 1962	Құлыншақ
	Қызыл арша, 1969	Қызыл арша
	Магниттаудың оттары, 1952	Магниттау.
	Менің Қазақстаным, 1970	Менің Қазақст.
	Найзағай жарығы, 1973	Найзағай.
	Таңдамалы өлеңдер, 1958	Таңд. өлең.
	Тартыс таңбасы, 1965	Тартыс.
	Торғай қақпасы, 1960	Торғай.
	Үркер төбеде тұр, 1971	Үркер.
	Шалқар, 1970	Шалқар
	Шыңдағы шұғыла, 1972	Шыңда.
Ф. Мифтақов	Ақ көгершін, 1964	Ақ көгершін
Т. Мәдетбеков	Сапар алдында, 1973	Сапар.

1	2	3
Ж. Молдағалиев	Бастаушымыз — партия, 1954	Бастаушы.
	Жеңіс жырлары, 1949	Жеңіс.
	Жесір тағдыры, 1961	Жесір.
	Жиырма бес, 1965	Жиырма бес
	Жыр туралы жыр, 1958	Жыр.
	Кісен ашқан, 1969	Кісен ашқан
	Қызыл галстук, 1942	Қызыл галстук
	Поэмалар, 1960	Поэм.
	Таңдамалы шығармалары, I—II т., 1970	Таңд. шығ.
Ж. Молдағалиев	Айналайын атыңнан, 1971	Айналайын.
	Жүрек қазынасы, 1962	Жүрек.
	Самал, 1973	Самал
	Сарарқаның сүйіктісі, 1968	Сарарқа.
	Торғай толғауы, 1 к., 1966	Торғай.
Т. Молдағалиев	Алатау қызы, 1963	Алатау.
	Ескерткіш, 1968	Ескерткіш
	Жүрек ояу қашанда, 1973	Жүрек.
	Қамила, 1960	Қамила
	Құралай, 1961	Құралай
	Қош, көктем, 1971	Қош.
	Шақырады жаз мені, 1970	Шақыр.
Б. Момышұлы	Біздің генерал, 1966	Біздің генерал
	Жауынгер тұлғасы, 1972	Жауынгер.
	Москва үшін шайқас, 1959	Москва.
	Офицердің күнделігі, 1952	Офицер.
	Шығармалар, I—II т., 1963	Шығ.
Ғ. Мулағулова	Грибоктан болатын ауру және олармен күрес, 1964	Грибок.
Ж. Мусин	Үміт, 1972	Үміт
Б. Муханов [Т. Мұсақұлов, Н. Суворов]	Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары, 1963; 1967	Қазақст. өсімдік.
Ж. Мұзапаров	Қаби қарттың әңгімесі, 1959	Қаби қарт.
А. Мұздыбаев	Тағдыр, 1968	Тағдыр
М. Мұқанов	Бақылау және ойлау, 1959	Бақылау.
	Жан дүниесінің сыры, 1964	Жан дүние
	Педагогикалық психология очерктері, 1962	Пед. очерк.
С. Мұқанов	Аққан жұлдыз, 1 к., 1967; 2 к., 1970	Аққан жұлдыз
	Алдабергенов туралы аңыз, 1967	Алдабергенов тур.
	Алыптың адымдары, 1959	Алып. адым.
	Аспаз, 1965	Аспаз
	Бақташының баласы, 1953	Бақташы.
	Ботакөз, 1967	Ботакөз
	Біз жеңеміз, 1942	Біз жеңеміз
	Есею жылдары, 1964	Есею жыл.
	Жұмбақ жалау, 1938	Жұмбақ жалау
	Замандас туралы аңыз, 1962	Замандас.
	Менің мектептерім, 1950	Менің мектеп.
	Мөлдір махаббат, 1959	Мөлдір махабб.
	Өлеңдер, 1950	Өлең д.

1	2	3
	Өмір мектебі, 1953	Өмір мектебі
	Өсу жолдарымыз, 1960	Өсу жол.
	Саяхаттар, 1954	Саяхат.
	Сырдария, 1948	Сырдария
	Таңдамалы өлеңдері, 1950	Таңд. өлең д.
	Таңдамалы шығармалары, I—VI т., 1955—58	Таңд. шығ.
	Теміртас, 1935	Теміртас
	Туған жердің тыңында, 1955	Туған жер.
	Шыңнан шыңға, 1965	Шыңнан шыңға
З. Мұқашев	Кейбір ғалымдар неліктен құдайға сенеді? 1967	Кейбір ғалым.
Қ. Мұқашев	Дүбір, 1969	Дүбір
	Жер жұлдызы, 1971	Жер.
Қ. Мұқышев	Бала мен дана, 1968	Бала.
	Екі мысық, 1963	Екі мысық
	Құзар шыңдар, 1972	Құзар.
	Орман, 1953	Орман
	Поэмалар, 1959	Поэм.
С. Мұратбеков	Жабайы алма, 1972	Жабайы.
	Көкорай, 1967	Көкорай
	Отау үй, 1968	Отау үй
Ш. Мұртазаев	Құрылысшы Дәку, 1958	Құрылысшы.
	41-ші жылғы келіншек, 1972	41-ші жыл.
	Мылтықсыз майдан, 1969	Мылтықсыз.
	Табылған теңіз, 1964	Табыл. теңіз
Т. Мұсақұлов	Ботаника, 1967	Ботаника
	Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы, 1962	Өсімдік. анат.
Ғ. Мұстафин	Дауылдан кейін, 1959	Дауыл.
	Жиырма бес, 1953	Жиырма бес
	Көз көрген, 1963	Көз көрген
	Қарағанды, 1952	Қарағанды
	Миллионер, 1948	Миллионер
	Өмір не өлім, 1941	Өмір не өлім
	Таңдамалы шығармалары, I—II т., 1955	Таңд. шығ.
	Шығанақ, 1951	Шығанақ
Х. Мұстафин	Ақ тарының атасы, 1967	Ақ тары.
	Қыр жігіті, 1969	Қыр жігіті
Қ. Мұхамеджанов	Өзіме де сол керек, 1971	Өзіме де.
Ш. Мұхамеджанов	Ана құшағы, 1960	Ана.
	Көңілашар, 1968	Көңілашар
	Күн төбеде тұрғанда, 1972	Күн.
	Қошалақ, 1962	Қошалақ
	Құлыншақтарым, 1970	Құлыншақ.
	Назқоңыр, 1973	Назқоңыр
Ғ. Мүсірепов	Белдерде, 1965	Белдерде
	Достық сапары, 1971	Достық.
	Кездеспей кеткен бір бейне, 1967	Кездесп. кет.
	Қазақ батыры, 1945	Қазақ батыры

1	2	3
	Қазақ солдаты, 1967	Қазақ солдаты
	Оянған өлке, 1955	Оянған өлке
	Өмір жорығы, 1965	Өмір.
	Суреткер парызы, 1970	Суреткер.
	Таңдамалы шығармалары, I—III т., 1955—56	Таңд. шығ.
	Тулаған толқында, 1928	Тула. толқын.
	Шұғыла, 1934	Шұғыла
Қ. Мүсірепов	Алау, 1970	Алау
	Гүлжазира, 1967	Гүлжазира
	Менің апам дәрігер, 1961	Менің апам.
	Раушан, 1968	Раушан
Р. Мылтықбаев	Түбі бірге — туысқан, 1973	Түбі бірге.
С. Мыңжасарова	Қыр қыздары, 1970	Қыр қыз.
А. Мырзабаев	Химияның қызығы, 1963	Хим. қызығы
К. Мырзабеков	Іңкәр дүние, 1972	Іңкәр.
М. Мырзақұлов	Ақық, 1969	Ақық
Қ. Мырзалиев	Ақ отау, 1968	Ақ отау
	Алуан — палуан, 1963	Алуан.
	Бұлбұл бағы, 1967	Бұлбұл.
	Домбыра, 1971	Домбыра
	Көктем, 1959	Көктем
	Көш, 1973	Көш
	Күміс қоңырау, 1970	Күміс.
С. Нарымбетов	Тентек, 1968	Тентек
Ә. Нәбиев	Шолпан, 1969	Шолпан
Ж. Нәбиуллин	Таныс әуендер, 1968	Таныс әуен.
Ж. Нәжімеденов	Баллада, 1971	Баллада
	Мезгіл әуендері, 1968	Мезгіл.
	Ұлым, саған айтам, 1970	Ұлым.
М. Неталиев	Сағыныш саздары, 1969	Сағыныш.
	Шопан бала, 1967	Шопан.
Р. Ниязбеков	Келер күндер, 1969	Келер күн.
	Қаратау мен Алатау, 1971	Қаратау.
Қ. Нұрматжанов [С. Тайбеков]	Гистология мен эмбриология негіздері, 1969	Гистология.
Н. Нұрахметов	Дарқан химия дүниесі, 1966	Дарқан хим.
	Синтетика әлемінде, 1971	Синтетика.
	Химия беташары, 1964	Химия.
Қ. Нұрғалиев	Екінші көктем, 1971	Екінші.
Қ. Нұрғалиев	Сүт өндірудің тиімділігін арттыру жолдары, 1971	Сүт өндіру.
Ө. Нұрғалиев	Ақ нөсер, 1968	Ақ нөсер
	Кемпірқосақ, 1971	Кемпірқосақ
	Нөсерден кейін, 1970	Нөсер.

1	2	3
С. Нұрғожаев	Балалардың баспа ауруы, 1969	Бала. ауруы
Ж. Нұрқанов	Нұрлы терезе, 1971	Нұрлы.
Т. Нұрмағамбетов	Қош бол, ата, 1972	Қош бол.
К. Нұрмағанбетов [Э. Нечаева]	Микротыңайтқыштар, 1964	Микротыңайт.
А. Нұрманов	Аққу жұлдызы, 1966	Аққу.
	Құланның ажалы, 1969	Құлан.
Қ. Нұрмаханов	Дос лебізі, 1968	Дос.
Т. Нұрмұхамедов	Күн мен көлеңке, 1969	Күн.
	Қилаштың қылығы, 1971	Қилаш.
Ә. Нұрпейісов	Курляндия, 1950	Курляндия
	Күткен күн, 1967	Күткен күн
	Қан мен тер, 1961	Қан мен тер
	Сергелдең, 1966	Сергелдең
Р. Нұрпейісов	Туған өлкем, 1962	Туған өлкем
А. Нұртазин	Орман сыры, 1969	Орман.
Т. Нұртазин	Адам бекерге жасамайды, 1967	Адам.
Ә. Нұршайықов	Мұрат, 1958	Мұрат
	Алтын соқпақ, 1967	Алтын.
	Батырдың өмірі, 1969	Батыр.
	Ертіс жағасында, 1959	Ертіс.
	Жомарт өлке, 1960	Жомарт.
	Махаббат жырлары, 1972	Махабб. жыр.
	Махаббат, қызық мол жылдар, 1970	Махабб.
	Махмет Қайырбаев, 1967	Махмет Қайырбаев
	Тың астығы, 1958	Тың астығы
Ә. Нұршайықов [Ә. Жұмабаев, С. Бақбергенов]	Менің Қазақстаным, 1967	Менің Қазақст.
А. Нысаналин	Алыстағы алау, 1970	Алыста.
	Көзайым, 1972	Көзайым
Ә. Нілібаев	Көктем кешікпейді, 1968	Көктем.
	Болашақ осылай басталған, 1970	Болашақ.
Ә. Омарбаев	Жыр — жалау, 1971	Жыр.
Ә. Омаров	Кәрлен кесе, 1968	Кәрлен.
Е. Омаров	Асыл арман, 1970	Асыл арман
Қ. Омаров [Ә. Әбішев]	Жүрек сыры, 1961	Жүрек.
С. Омаров	Қозы ауруларына қарсы күрес, 1962	Қозы ауру.
	Әңгімелер, 1952	Әңгім.
	Дала қызы, 1967	Дала қызы
	Күншуақ, 1965	Күншуақ
	Қайырлы жаз, 1961	Қайырлы.
	Қызыл арай, 1970	Қызыл.

1	2	3
	Өмір асулары, 1972	Өмір.
	Сәукен, 1959	Сәукен
	Тастағы жазу, 1965	Тастағы жазу
	Хантағы, 1962	Хантағы
	Қойды жайылымда бағу гигиенасы, 1963	Қой. бағу.
С. Омаров	Мал терісінің гигиенасы, 1967	Мал терісі.
І. Омаров	Серпін, 1970	Серпін
	Шабыт шалқары, 1973	Шабыт.
Б. Омарұлы	Жүрек және қан тамыр аурулары, 1968	Жүрек. ауру.
Ә. Оңалбаев	Өсиет, 1963	Өсиет
	Таң алдында, 1963	Таң алды.
С. Оңғарбаев	Дөңдегі жалау, 1971	Дөңде.
Ф. Оңғарсынова	Асау толқын, 1973	Асау.
	Мазасыз шақ, 1972	Мазасыз.
С. Оразаев	Дала даусы, 1967	Дала.
Ф. Оразаев	Басты тұлға, 1973	Басты.
Е. Оразақов	Дәрігерлік кеңес, 1961	Дәрігерлік.
	Дәрігер парызы, 1971	Дәрігер.
	Қайта соққан жүрек, 1972	Қайта соқ.
	Туберкулез де жойылады, 1962	Туберкулез.
К. Оразалин	Абайдан соң, 1972	Абай.
	Ақ жазық, 1959	Ақ жазық
	Жексен, 1950	Жексен
	Көктем салқыны, 1964	Көктем.
Н. Оразбеков	Қарсыбай Сыпатаев, 1968	Қарсыбай Сыпатаев
Н. Оразов	Достар хаты, 1968	Достар.
	Шұғыла, 1970	Шұғыла
Т. Оразов	Қаныштың жастық шағы, 1971	Қаныш.
Б. Ордабаев	Коммунизм туралы әңгіме, 1962	Коммунизм.
Ж. Орманбаев	Қос басшы, 1967	Қос басшы
	Тұзақталған шортан, 1972	Тұзақтал.
Ғ. Орманов	Бөбек жүрегі, 1949	Бөбек.
	Диқан баба, 1962	Диқан.
	Жер қызығы, 1972	Жер.
	Жүрек, 1963	Жүрек
	Көгілдір қиыр, 1970	Көгілдір.
	Ой қанаты, 1959	Ой қанаты
	Сәт сапары, 1957	Сәт сапары
	Таңдамалылар, 1961	Таңд.
Ө. Орынбаев	Қазақстан ормандары, 1971	Қазақст. орман.
С. Орынбаева	География ғажайыптары, 1964	Геогр. ғажайып.
С. Оспанов	Балақойған, 1971	Балақойған
Ж. Өмірбеков	Батырдың қалыңдығы, 1958	Батыр.
	Елеусіз, 1955	Елеусіз
	Замандасым — сырласым, 1967	Замандас.

1	2	3
К. Өтегенова	Кешкі ән, 1971	Кешкі ән
	Мың терезе, 1962	Мың терезе
	Аборттың зияны, 1962	Аборт. зияны
	Бедеулiктiң себептері және оны емдеу, 1963	Бедеулік.
Х. Өтеғалиева	Ана жыры, 1969	Ана жыры
М. Өтемісов	Өленлер, 1951	Өленд.
Ш. Өтепов	Өшпес жалын, 1967	Өшп. жалын
Е. Өтетілеуов	Бос шелек, 1968	Бос шелек
П. Полатбеков	Оптика, 1967	Оптика
К. Райбаев	Жаңа толғау, 1962	Жаңа толғау
Е. Райымжанов	Бастауыш кластардағы қол еңбегі сабақтары, 1967	Бастауыш клас.
Р. Райымқұлов	Бұрылыстар, 1967	Бұрылыс.
	Қыз — айна, 1970	Қыз — айна
	Түйелі адам, 1962	Түйелі адам
А. Рақышев	Бұл туралы әркімнің білуі қажет, 1964	Бұл тур. біл.
Н. Рақышев	Күйіс малының зат алмасу ерекшелігі, 1968	Күйіс малы.
Д. Рамаданов	Малдың минералдық азықтары, 1971	Мал. азық.
М. Рахимқұлов	Тас түлектер, 1972	Тас түлек.
	Тоғыз құмалақ, 1957	Тоғыз құмалақ
Х. Рахимов	Қарлығаштар, 1962	Қарлығаш.
	Қызғалдақ, 1972	Қызғалдақ
	Полк туы, 1969	Полк туы
М. Рашев	Алғашқы боразда, 1955	Алғашқы.
	Бетің қисық болса, 1969	Бетің қисық.
	Бұйымтай, 1968	Бұйымтай
	Біле қойдым, 1961	Біле қойдым
	Қанатты қиял, 1962	Қанатты.
	Қисық айна, 1967	Қисық айна
	Тоғыз жүз күн, 1971	Тоғыз жүз.
Ж. Рсалдин	Ахмет Жұбанов, 1966	Ахмет Жұбанов
Л. Сабыров	Жасанды шабындықтар, 1958	Жасанды шабындық.
М. Сабыров	Бөгет салудың әдістері, 1964	Бөгет салу.
Т. Сағымбаев	Кездесу, 1953	Кездесу
Ж. Саин	Ант, 1952	Ант
	Жол үстінде, 1961	Жол үсті.
	Жорық жырлары, 1944	Жорық.
	Күлөнда, 1945	Күлөнда
	Самал, 1958	Самал
	Сырласу, 1960	Сырласу
	Таңдамалы шығармалары, 1952	Таңд. шығ.
К. Сақабаев	Өткел аузында 1969	Өткел.

1	2	3
И. Салахов	Көкшетау даласында, 1969	Көкшетау.
Қ. Салғарин	Жанында жүр жақсы адам, 1972	Жанында жүр.
Ы. Сандыбайұлы	Әндер, 1969	Әндер
Қ. Сапарбаев	Туған жердің ыстығы-ай, 1967	Туған жер.
Ә. Сараев	Қараша өткен соң, 1971	Қараша.
Т. Сарбасов [Н. Рақышев]	Малдың белокты азықтары, 1967	Мал. азық.
А. Сарбөпин	Ала қарға, 1967 Аспалы бесік, 1962	Ала қарға Аспалы бесік
С. Сарғасқаев	Біз төртеу едік, 1969 Бір отрядта, 1959 Көңілді балалар, 1966 Сәуленің жаңа достары, 1954 Сұлутөр бөктерінде, 1972 Сынған тіс, 1963	Біз төртеу. Бір отрядта Көңілді бала. Сәуле. Сұлутөр. Сынған тіс
Қ. Сарыбаев	Отырар оттары, 1970	Отырар.
А. Сатаев	Аққуды атпас болар, 1966 Ақын ізі, 1970 Дала күйлері, 1968	Аққу. Ақын. Дала.
Ә. Сатыбалдиев	Ақмарал, 1960	Ақмарал
М. Сатыбалдиев	Жартастағы жазулар, 1970 Қоңыр қозы, 1971 Шулайды толқын, 1968	Жартас. Қоңыр қозы Шула. толқын
Қ. Сатыбалдин	Қараторғай, 1968	Қараторғай
С. Сәмбетова	Қарлығаштың ұясы, 1971	Қарлығаш.
Қ. Сәрсекеев	Кілт, 1967	Кілт
М. Сәрсекеев	Жетіжылдықтың жігіттері, 1961 Кішкентай шахтер, 1963	Жетіжылдық. Кішкентай.
Ә. Сәрсенбаев	Баспалдақтар, биіктер, 1971 Жазылмаған кітап, 1962 Капитан ұлы, 1961 Миллиардтың ізімен, 1959 Отан таңы, 1952 Офицер күнделігі, 1960 Өлеңдері мен поэмалары, 1956 Таңдамалы шығармалары, 1959 Теңіз әуендері, 1969 Толқында туғандар, 1953; 1965 Үйрек жұтқан жайын, 1961	Баспалдақ. Жазылм. кітап Капитан. Миллиард. Отан. Офицер. Өленд. Таңд. шығ. Теңіз. Толқында. Үйрек.
О. Сәрсенбаев	Бақыт құсы, 1973 Даңқ, 1965 Жалғыз күрке, 1967 Сағым, 1970 Таңбалы тас, 1971	Бақыт. Даңқ Жалғыз күрке Сағым Таңбалы тас
Р. Сәтбаева [Д. Окунь]	Гипертония ауруы және одан алдын ала сақтану, 1967	Гипертония.

1	2	3
Р. Сәтбаева [Н. Колычева, К. Жалкивер]	Өңеш рагы, 1967	Өңеш рагы
Ж. Сәтібеков	Даладағы дастан, 1971	Далада.
	Сырлы қайың, 1968	Сырлы.
К. Сегізбаев	Ашылмаған сыр, 1972	Ашыл. сыр
С. Сеитхазин	Біздің Сәкен, 1968	Біздің Сәкен
	Жүрек сыйы, 1956	Жүрек сыйы
С. Сейкетова	Терінің іріңді аурулары, 1966	Тері. ауру.
С. Сейтенов	Бойжеткен көбелек, 1960	Бойжеткен.
	Сапар соңы, 1969	Сапар.
С. Сейфуллин	Әңгімелері мен повестері, 1958	Әңгім.
	Өлеңдері мен поэмалары, 1957	Өленд.
	Тар жол — тайғақ кешу, 1960	Тар жол.
	Шығармалар, I—VI т., 1960—1964	Шығ.
Г. Сейілжанова	Ана гүлі, 1968	Ана гүлі
	Білезік, 1971	Білезік
З. Сейітов	Сүтті өңдеу және оның гигиенасы, 1963	Сүт. өңдеу.
С. Сейітов	Бетпе-бет, 1959	Бетпе-бет
	Большевиктер, 1951	Большевик.
	Жаңғырық, 1967	Жаңғырық
	Жылдар жотасынан, 1962	Жылдар.
	Сақшылар, 1962	Сақшы.
	Сенем саған, 1971	Сенем.
	Сөз сұрайды солдаттар, 1970	Сөз сұра.
Н. Сералиев	Ақбөпе, 1966	Ақбөпе
	Ақ қайың, 1967	Ақ қайың
	Қанат, 1972	Қанат
	Қаңтар, 1971	Қаңтар
	Намыс, 1959	Намыс
	Ұшталмаған қарындаш, 1956	Ұштал.
	Ыстық күлше, 1969	Ыстық күлше
М. Сералин	Гүлқашима, 1963	Гүлқашима
Б. Серкебаев	Өткенде, 1971	Өткенде
Қ. Серікбаев	Қастек қой заводы, 1968	Қастек.
М. Сисекенов	Өкпе аурулары, 1970	Өкпе ауру.
Б. Сланов	Жүзім шоқтары, 1964	Жүзім.
К. Смаилов	Мамандықтың бәрі жақсы, 1962	Мамандық.
Ж. Смақов	Біздің тақпақ, жұмбақтар, 1961	Біздің тақпақ.
	Қарақат, 1969	Қарақат
	Намыс, 1972	Намыс
	Тамшы, 1967	Тамшы
С. Сматаев	Армысың, ана, 1970	Армысың.
	Астана оттары, 1968	Астана.
Ш. Смаханұлы	Айға ұшамын, 1971	Айға ұш.
	Жүз шымшыма, қырық қышыма, 1973	Жүз шымшыма.

1	2	3
	Көріп жүр ғой көздерің, 1965	Көріп жүр.
	Тотияйын, 1959	Тотияйын
	Ұр, тоқпағым, ұр, 1970	Ұр.
	Ұры тіс, 1967	Ұры тіс
	Шимайбек пен шыңкетпе, 1960	Шимайбек.
Б. Соқпақбаев	Алыстағы ауылда, 1953	Алыс. ауыл.
	Аяжан, 1963	Аяжан.
	Балалық шаққа саяхат, 1960	Балалық.
	Бастан кешкен, 1970	Бастан кеш.
	Жекпе-жек, 1962	Жекпе-жек
	Жексен, 1961	Жексен
	Менің атым — Қожа, 1960	Менің атым.
	Өзім туралы повесть, 1957	Өзім тур.
	Өлгендер қайтып келмейді, 1967	Өлгендер.
Ә. Стамқұлов	Үй іргесіндегі жерді пайдалану, 1971	Үй іргесі.
С. Сұбханбердин	Дәрі — дертке дауа, жанға шипа, 1965	Дәрі — дауа.
	Өсімдік — дәрі-дәрмек қоймасы, 1968	Өсімдік — дәрі.
Т. Сұлтанбеков	Лұхман Хакім, 1966	Лұхман Хакім
	Химия болашаққа шақырады, 1964	Химия.
А. Сұлтанов	Уақыт уағызы, 1973	Уақыт.
Ж. Сұлтанов	Ауруларға қарсы алдын-ала егудің маңызы, 1966	Аурулар.
	Шыбын-шіркей болмаса.., 1965	Шыбын-шіркей.
А. Сүлейменов	Бесін, 1970	Бесін
Н. Сүлейменов	Жолда, 1963	Жолда
О. Сүлейменов	Атамекен, 1972	Атамекен
Т. Сүлейменов	Жұлдыз адамы, 1969	Жұлдыз.
М. Сүндетов	Балық аулай барғанда, 1963	Балық аула.
	Ескексіз қайық, 1968	Ескексіз.
С. Сыбанбаев	Сиыр мен қойдың кокцидиозы, 1969	Сиыр. кокцид.
С. Сыбанбаев [С. Ысқақов]	Мал қанының паразит аурулары, 1970	Мал қаны.
Қ. Сыдықов	Теңіз лебі, 1968	Теңіз лебі
А. Сыздықов	Жылқы өсірушілерге кеңес, 1968	Жылқы өсіру.
Ж. Сыздықов	Асулар, 1968	Асулар
	Белестер, 1959	Белестер
	Қармағың қайда, 1961	Қармақ.
	Қос қыран, 1948	Қос қыран
	Өлеңдер, 1951	Өлең.д.
Ғ. Сыланов	Асау арна, 1963	Асау арна
	Әңгімелері, 1966	Әңгім.
	Бесжылдықтың ерендері, 1951	Бесжылдық.
	Домбыра күйі — ақиық, 1960	Домбыра.
	Дөң асқан, 1968	Дөң асқан
	Жанар тау, 1945	Жанар тау
	Замана шежіресі, 1970	Замана.
	Шалқар, 1954	Шалқар

1	2	3
З. Сырғабаева	Токсоплазмоз ауруы, 1963	Токсоплазм.
Ә. Табылдиев	Атымтай, 1970	Атымтай
	Гүл мен жеміс, 1972	Гүл.
	Жүгері ханым мен бұршақ патша, 1963	Жүгері.
	Сөз бөбектікі, 1959	Сөз бөбектікі
С. Табынбаев	Жемсау ауруы, 1961	Жемсау.
Қ. Тайшықов	Октябрь ұшқыны, 1962	Окт. ұшқыны
М. Тайыров	Балқаш — балықты өлке, 1971	Балқаш.
Х. Талғаров	Қанатты гүлдер, 1971	Қанатты.
	Торы тайым, 1968	Торы тайым
	Шыңдағы шұғыла, 1970	Шыңда.
С. Талжанов	Адам туралы толғау, 1965	Адам тур.
	Қайып қарттың әңгімесі, 1961	Қайып қарт.
	Сейфулланың Сәкені, 1959	Сейфулла.
	Ұлдай кегі, 1968	Ұлдай.
М. Танекеев	Қажымұқан, 1964	Қажымұқан
Ә. Тарази	Асу-асу, 1970	Асу.
	Құйрықты жұлдыз, 1966	Құйрықты.
	Үлкен ауыл, 1968	Үлкен ауыл
К. Тастайбеков	Өлеңдер, 1961	Өлең.
Т. Таубаев	Жасыл әлем ғажаптары, 1964	Жасыл әлем.
О. Тәжиева	Жетім қыз, 1968	Жетім қыз
	Қара қолғап, 1970	Қара қолғап
Ә. Тәжібаев	Аралдар, 1958	Аралдар
	Гүлден дала, 1953	Гүлден.
	Жартас, 1967	Жартас
	Жастық жырлары, 1962	Жастық.
	Кешеден бүгінге, 1964	Кеше.
	Костер әні, 1955	Костер.
	Өлеңдер мен поэмалар, 1949	Өлең.
	Өмір және поэзия, 1960	Өмір.
	Шығармалар, I—II т., 1969	Шығ.
Б. Тәжібаев	Қараторғай, 1967	Қараторғай
Л. Тәжібаев	Жайылымға арналған көшпелі ленталы су тартқыш қондырғы, 1962	Жайылым.
С. Тәжіғұлов [Б. Тілегенов, Р. Мұсаұлы]	Асау Ертіс — алыптардың арнасы, 1966	Асау Ертіс.
Қ. Төкежанов	Қария толғанысы, 1971	Қария.
Ж. Төшенов	Алғашқы айқас, 1973	Алғашқы.
	Жауынгер жолы, 1967	Жауынгер.
Ғ. Тәшімбаев	Топжарғандар, 1971	Топжарған.
Т. Телеуғалиев	Балық аурулары, 1967	Балық ауру.
	Еттің мал дәрігерлік экспертизасы, 1970	Ет. эксперт.
	Малдың қора-жайларын дәрілеу, 1965	Мал. қора.

1	2	3
М. Тиесов	Алтын шынар, 1958	Алтын шынар
	Әділбек Майкотов, 1967	Әділбек Майкотов
	Әңгімелер, 1959	Әңгім.
	Дала перзенті, 1968	Дала.
	Төлбасы, 1964	Төлбасы
Ы. Тникин	Жомарт жанды адамдар, 1969	Жомарт.
	Турксибтің ардагерлері, 1957	Турксиб.
Т. Тобағабылов	Жазира, 1971	Жазира
	Тағдыр, 1970	Тағдыр
Ж. Тоғашев	Атырау айдыны, 1972	Атырау.
Қ. Тоғұзақов	Жедел қарт, 1966.	Жедел.
	Сібір Омар, 1959	Сібір Омар
	Таңдамалылар, 1961	Таңд.
Б. Тоғысбаев	Алдыңғы толқын, 1967	Алдыңғы.
	Асыл адам айнымас, 1973	Асыл адам.
К. Тоқаев	Тасқын, 1958	Тасқын
	Түнде атылған оқ, 1971	Түнде.
М. Тоқжігітов	Ән атасы — Әміре, 1972	Ән атасы.
	Құран туралы ақиқаттар, 1968	Құран тур.
А. Тоқмағамбетов	Агроном көктемі, 1955	Агроном.
	Ақмоншақ, 1973	Ақмоншақ
	Әке мен бала, 1961	Әке.
	Дария сыры, 1959	Дария.
	Дастандар, 1949	Дастан.
	Жазғы жапырақтар, 1968	Жазғы.
	Көгілдір әлем, 1971	Көгілдір.
	Өмір өлмейді, 1968	Өмір.
	Сайрайды бұлбұл, 1961	Сайра. бұлбұл
	Фельетондар, 1959	Фельетон.
	Шағалалы шалқар, 1972	Шағала.
	Шәңгек, 1967	Шәңгек
Б. Тоқтаров	Қырандар қанаты, 1967	Қыран.
	Таудағы ән, 1971	Тауда.
Р. Тоқтаров	Ертіс мұхитқа құяды, 1 к., 1968; 2 к., 1969	Ертіс.
	Ертіс перзенті, 1962	Ертіс перзенті
	Терістік шұғыласы, 1971	Терістік.
Қ. Толыбаев	Қайдасың, досым? 1970	Қайдасың.
С. Торайғыров	Мағынасыз мешіт, 1958	Мағынасыз.
	Таңдамалы шығармалары, 1957	Таңд. шығ.
	Шығармалар, I—II т., 1967	Шығ.
М. Төлешов	Қойды қыста қоздату, 1965	Қой. қоздату
С. Төлешов	Түрлі-түрлі бастар бар, 1957	Түрлі. бас.
К. Туғанбаева	Алтын сырға, 1969	Алтын.
С. Турдиев [С. Беспаев]	Үй өсімдіктері, 1968	Үй өсімдік.

1	2	3
А. Тұрғанбаев	Рентгенология — онкология қызметінде, 1967	Рентгенология.
Т. Тұрлығұлов	Қазақ ССР тарихынан әңгімелер, 1973	ҚазССР тарихы.
Ө. Тұрманжанов	Адам адамға дос, 1968	Адам.
	Бозша торғай, 1970	Бозша.
	Бөдене мен түлкі, 1961	Бөдене.
	Менің кітабым, 1962	Менің кітаб.
	Сұңқар түлектері, 1959	Сұңқар.
	Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар, 1958	Таңд. өлең.
Б. Тұрсынбаев	Айнымас достар, 1971	Айнымас.
	Ауылдан келген жігіт, 1962	Ауылда.
	Көңілді балалық, 1955	Көңілді бала.
Қ. Тұрсынқұлов	Алыста қалған ағалар, 1971	Алыста.
Б. Тілегенов	Аққайнар, 1971	Аққайнар
	Көктем де ызғарлы, 1967	Көктем.
Б. Тілекметов [Ә. Жидебаев]	Фото сурет түсіруді үйрен, 1962	Фото сурет.
Ж. Тілеков	Жоңғар даласында, 1959	Жоңғар.
	Қайнар, 1953	Қайнар
	От кешу, 1969	От кешу
	Хинган асуынан асқанда, 1971	Хинган асуы.
	Шалғай шепте, 1962	Шалғай шепте
С. Тілеубергенов [Б. Темірбеков]	Мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру, 1967	Мал шаруаш.
М. Тілеуғабылов	Чума ауруынан сақтану жолдары, 1965	Чума ауруы.
Т. Тілеуханов	Шарапатты жан, 1973	Шарапат.
Ә. Тілменбаев	Бақашық қандала — зиянды жәндік, 1969	Бақашық.
Қ. Уәлиева	Малға ауру тарататын омыртқасыз жәндіктер, 1971	Мал ауру.
Қ. Ұябаев	Дархан далам, 1972	Дархан.
	Қырдағы қырандар, 1966	Қырда.
	Өтеді жылдар, 1969	Өтеді жыл.
	Тағдыр туралы сөз, 1971	Тағдыр.
Ә. Фатихов	Менің алтын босағам, 1971	Менің. босағам
Ш. Хабибуллин	Алхоры, өрік, шабдал, 1968	Алхоры.
Б. Хабижанов	Бала организмін шынықтыру, 1970	Бала.
С. Хайдаров	Азамат келбеті, 1967	Азамат.
	Азамат сыры, 1971	Азамат сыры
М. Хайрутдинов	Алғашқы раунд, 1964	Алғашқы.
М. Хакімжанова	Ана көктемі, 1963	Ана.
	Ана махаббаты, 1951	Ана махабб.
	Ана мейірімі, 1961	Ана мейірімі
	Гүл туралы аңыз, 1970	Гүл.
	Жыр асуы, 1958	Жыр асуы
	Намыс, 1973	Намыс
	Таңдамалы өлеңдер, 1967	Таңд.

1	2	3
А. Хангелдин	Алғыс, 1951	Алғыс
	Қараторғай, 1970	Қараторғай
	Қыз жүрегі, 1961	Қыз жүрегі
	Өткен күндер, 1967	Өткен күн.
	Табысқан тағдыр, 1965	Табыс. тағдыр
Ә. Хасенов	Алтынарық аңызы, 1973	Алтынарық.
М. Хасенов	Алғашқы ән, 1969	Алғашқы ән
	Тұлпардың дүбірі, 1971	Тұлпар.
Н. Хасенов	Сырлы толқын, 1969	Сырлы толқын
	Туған топырақ, 1971	Туған.
М. Хұсаин	Мен де дала перзентімін, 1967	Мен. перзент.
Ш. Хұсайынов	Таныс адамдар, 1961	Таныс адам.
	Үкілі Ыбырай, 1972	Үкілі Ыбырай
К. Шабдаров	Химияны оқыту тәжірибесі, 1967	Химия.
К. Шайбеков	Колхоздарда еңбекақы төлеу, 1962	Колхозда.
С. Шаймерденов	Болашаққа жол, 1953	Болашақ.
	Жыл құсы, 1970	Жыл құсы
	Қарғаш, 1967	Қарғаш
	Мезгіл, 1964	Мезгіл
	Мінез, 1960	Мінез
	Сыбызғы сазы, 1971	Сыбызғы.
Н. Шакенов	Айгүл, 1961	Айгүл
	Жүз ән, 1973	Жүз ән
	Менің гүлім, 1966	Менің гүлім
	Сақина, 1971	Сақина
	Толқындар, 1970	Толқын.
	Шаттық желі, 1958	Шаттық.
Б. Шалабаев	Өмірде не болмайды, 1961	Өмірде.
Ә. Шалабаева	Тау бұлағы, 1968	Тау бұлағы
А. Шамкенов	Еркін жол, 1962	Еркін жол
	Жайлау күні, 1969	Жайлау.
	Жасыл жайлау, 1954	Жасыл жайлау
	Лирикалық өлеңдер, 1958	Лирика.
	Сағат, 1958	Сағат
	Сырларым менің, 1970	Сырларым.
	Толқын үстінде, 1967	Толқын.
	Шырша, 1972	Шырша
Қ. Шаңғытбаев	Аққу әні, 1968	Аққу.
С. Шарипов	Бекболат, 1970	Бекболат
	Шығармалары, I—II т., 1959	Шығ.
Б. Шаханов	Ғашықтың тілі, 1973	Ғашық.
М. Шаханов	Балладалар, 1968	Баллада.
Т. Шаханов	Жоғалған жәуһар, 1970	Жоғалған.
	Көгілдір мұнаралар, 1968	Көгілдір.
З. Шашкин	Ақбота, 1966	Ақбота
	Доктор Дарханов, 1962	Доктор.

1	2	3
	Өмір тынысы, 1964	Өмір.
	Сенім, 1966	Сенім
	Темірқазық, 1959	Темірқазық
	Теміртау, 1960	Теміртау
	Тоқаш Бокин, 1967	Тоқаш Бокин
	Ұядан ұшқанда, 1957	Ұядан ұш.
Ж. Шәріпбаев	Тұқымды себуге әзірлеу, 1963	Тұқым. себу.
Ә. Шәріпов	Алыс жағалаулар, 1970	Алыс.
	Қапастағы жұлдыздар, 1971	Қапаста.
	Ормандағы от, 1968	Орманда.
	Партизан қызы, 1961	Партизан.
О. Шипин	Аманкелді, 1942	Аманкелді
	Екі дастан, 1957	Екі дастан
	Өмір өрнегі, 1952	Өмір өрнегі
	Туған жер, 1955	Туған жер
Н. Шоқанов	Көзге көрінбейтін достар мен қастар, 1972	Көзге көрін.
	Микроорганизмдер — біздің досымыз, 1968	Микроорганизм.
	Топырақтағы микроорганизмдер және егін өнімі, 1966	Топырақ.
Н. Шоқанов [Ә. Сәдібеков]	Сапалы сүрлем салу әдісі, 1962	Сапалы сүрлем.
Т. Шопашев	Бәйтерек, 1971	Бәйтерек
	Жастық лебі, 1962	Жастық.
	Шие гүлдегенде, 1963	Шие.
Қ. Шөкенов	Біздің Ілияс, 1969	Біздің Ілияс
Ы. Шөреков	Исатай-Махамбет, 1941	Исатай-Махамбет
З. Шүкіров	Арал дәптері, 1962	Арал.
	Арал толқындары, 1968	Арал толқын.
	Ғажайып құмыра, 1965	Ғажайып.
	Қиын түйін, 1973	Қиын түйін
	Менің достарым, 1955	Менің дос.
	Сағыныш, 1970	Сағыныш
	Ізгілік іздері, 1967	Ізгілік.
Қ. Шүлембаев	Ислам дінінің таптық және әлеуметтік мәні, 1970	Ислам діні.
К. Шілдебаева	Арманым, 1968	Арманым
	Қыз көңіл, 1971	Қыз көңіл
З. Ыбраев	Замана сазы, 1971	Замана.
Қ. Ыдырысов	Аршында, балақай! 1968	Аршында.
	Ел жатса да Ерекең жатпайды, 1970	Ел жатса.
	Жолыққан жолдар, 1971	Жолық.
	Шуақты күндер, 1969	Шуақ.
Б. Ырзабаев	Қадірлі қалалар, 1968	Қадірлі.
	Өлеңдер, 1963	Өлең.
	Ұшуға қанат керек, 1970	Ұшу. керек
Б. Ысқақов	Москваны тыңдаймын, 1962	Москва.
Қ. Ысқақов	Бұқтұрма сарыны, 1970	Бұқтұрма.

1	2	3
М. Ысқақов	Соқыр сенім және діни ғұрыптар, 1968	Соқыр сенім.
С. Ысқақов	Табиғат байлығын қорғай біл, 1970	Табиғат.
Е. Ысмайылов	Ақындар, 1959 Қошқар мен теке, 1955 Сын мен шығарма, 1960	Ақындар Қошқар. Сын.
Б. Ізтөлин	Өмірі мен шығармалары, 1957	Шығ.
Т. Ізтілеуов	Назым, 1972 Рүстем дастан, 1961	Назым Рүстем.
М. Ярмухамедов	Қазақ ССР экономикалық географиясы, 1967	ҚазССР экон. геогр.

2. Жинақтар мен жеке кітаптар, оқулықтар, газет-журналдар

Шығармалардың аты	Қысқартып алу үлгісі
1	2
Абзал жандар, 1968	Абзал жандар
Агрономның анықтамалығы, 1967	Агроном. анықтама.
Адам анатомиясы мен физиологиясы, 1956	Адам анатом.
Адам және химия, 1964	Адам және химия
«Айқап».	«Айқап»
Айман-Шолпан, 1957	Айман-Шолпан
Айтыс, 1964	Айтыс
Айтыс, I т., 1965; II т., 1965; III т., 1966.	Айтыс
Ақберен, 1972	Ақберен
Ақ бидай, 1969	Ақ бидай
Ақын жырлары, 1958	Ақын жырлары
Алгебра, 1967	Алгебра
Алғашқы адым, 1956	Алғашқы адым
Алғы шептегілер, 1960	Алғы шепте.
Алдар Көсе әңгімелері, 1955	Алдар Көсе.
Алдаспан, 1971	Алдаспан
Алпамыс, 1957	Алпамыс
666 мақал мен мәтел, 1960	666 мақал.
«Ара».	«Ара»
Астрономия,1968	Астрономия
Ауыл шаруашылық машиналары, 1966	Ауыл шаруаш. машина.
Аяз би, 1951	Аяз би
Аялы жандар, 1961	Аялы жандар
«Әдебиет және искусство»	«Әдеб. және искусство»
«Әдебиет майданы».	«Әдеб. майданы»
Әдебиет хрестоматиясы, 1967	Әдеб. хрестом.
Бал дәурен, 1971	Бал дәурен
Батырлар жыры, II т., 1961; III т., 1964.	Батырлар жыры
Бәйшешек, 1968	Бәйшешек
Бейбітшілік жасасын, 1953	Бейбітшілік.
Бозінген, 1971	Бозінген
Ботаника, 1957	Ботаника

1	2
Біздің оттарымыз, 1954	Біздің оттар.
«Білім және еңбек».	«Білім және еңбек»
Гармондар мен рак, 1967	Гармондар.
Геометрия, 1967	Геометрия
Ғалам ғажаптары, 1968	Ғалам ғажап.
Ғани Мұратбаев, 1972	Ғани Мұратбаев
Дала қырандары, 1970	Дала қырандары
Дала шұғыласы, 1972	Дала шұғыласы
Дастандар, 1960	Дастандар
Еңбек күйі, 1972	Еңбек күйі
Ер Тарғын, 1957	Ер Тарғын
Естімеген елде көп, 1972	Естімеген елде көп
Жалпы биология, 1966	Жалпы биология
«Жалын».	«Жалын»
Жаңа жұмбақтар, 1967	Жаңа жұмбақ.
Жаңарған өлке, 1967	Жаңарған өлке
Жас қанат, 1959	Жас қанат
Жастар эстрадасы, 1952	Жастар эстрадасы
«Жетісу»	«Жетісу»
XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары, 1963	XX ғ. қаз. ақын.
XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті, 1959	XX ғ. қаз. әдеб.
«Жұлдыз».	«Жұлдыз»
Жұмбақтар, 1972	Жұмбақтар
Жүлдегерлер, 1972	Жүлдегерлер
Жыл он екі ай, 1967	Жыл он екі ай
Зоология, 1966	Зоология
Кел шырқайық, балалар! 1973	Кел шырқайық.
Келіншектерге кеңес, 1962	Келіншектер.
Кең жайлау, 1960	Кең жайлау
Көктем лебі, 1954	Көктем лебі
Көң және көң топырақ қордасы, 1967	Көң. қордасы
Көруғылы, 1973	Көруғылы
КПСС тарихының очерктері, 1967	КПСС тарих. очерк.
«Қазақ әдебиеті».	«Қаз. әдеб.»
Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы, 1966	Қаз. әдеб. хрестом.
Қазақ әндері, 1961	Қаз. әндері
Қазақ әңгімелері, 1956	Қаз. әңгім.
Қазақ ертегілері, I-т., 1957; II-т., 1962; III-т., 1964	Қаз. ертег.
Қазақ Совет Энциклопедиясы, I т., 1972	ҚСЭ
«Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары»	«ҚазССР ҒА Хабарлары»
«Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы».	«ҚазССР ҒА Хабаршысы»
Қазақ ССР Конституциясы, 1951	ҚазССР Конституциясы
Қазақ ССР тарихы, 1964	ҚазССР тарихы
Қазақ ССР-інің азаматтық кодексі, 1964	ҚазССР азаматтық кодексі
«Қазақстан ауыл шаруашылығы»	«Қазақст. ауыл шаруаш.»
«Қазақстан әйелдері»	«Қазақст. әйелдері»
Қазақстанда етті молайту жолдары, 1966	Қазақст. етті молайту.
«Қазақстан мектебі»	«Қазақст. мект.».
«Қазақстан мұғалімі»	«Қазақст. мұғ.».
Қазақстанның қауын-қарбызы, 1969	Қазақст. қауын.
«Қазақстан пионері»	«Қазақст. пионері»
Қазақтың мақалдары мен мәтелдері, 1957	Қаз. мақал.

1	2
Қазақтың советтік халық әндері, 1959	Қаз. сов. әндері
Қазақ тілі, 1962	Қаз. тілі
Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер, 1973	Қаз. тілі. жерг. ерек.
Қазіргі қазақ тілі, 1954	Қазіргі қаз. тілі
Қамбар батыр, 1957; 1959	Қамбар батыр
Қобыланды батыр, 1957	Қобыланды.
Қозы Көрпеш — Баян сұлу, 1957; 1959	Қозы Көрпеш.
Қорқыт туралы аңыз, 1970	Қорқыт.
Құламерген, 1970	Құламерген
Құрыш білектер, 1971	Құрыш білектер
Құс өсірушілерге кеңес, 1963	Құс өсіруші.
Қыз Жібек, 1957	Қыз Жібек
Қызыл жалау, 1966	Қызыл жалау
Қымыз, 1968	Қымыз
Қырық өтірік, 1957	Қырық өтірік
Қысқаша саяси экономия, 1967	Қысқ. саяси экон.
«Лениншіл жас»	«Лен. жас»
Майдан. 1961	Майдан
Мал бордақылау жұмысын механикаландыру, 1965	Мал бордақылау.
Малға минерал азық беру, 1964	Малға. азық беру
Малды туберкулезден сақтандыру шаралары, 1966	Малды туберк. сақта.
Малшыларға кеңес, 1965	Малшыларға кеңес
Манас, 1 к., 1961; 3 к., 1962	Манас
Марксистік философияның негіздері, 1959	Марксистік филос.
«Мәдениет және тұрмыс»	«Мәдениет және тұрмыс»
Мұны әркім білуге тиіс, 1967	Мұны. білуге тиіс
Мың бір түн, I—IV т., 1961—62	Мың бір түн
Овощ өсірушінің анықтамалығы, 1966	Овощ өсіруші.
Октябрь өрендері, 1967	Октябрь өрендері
Ол күндердің өшпес даңқы, 1960	Ол күндер.
XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары, 1962	XVIII—XIX ғ. қаз. ақын.
Органикалық химия, 1964	Орган. химия
Партия туралы өлеңдер, 1970	Партия тур. өленд.
Пернедегі термелер, 1965	Пернедегі терме.
Самғау, 1972	Самғау
Саржайлау, 1970	Саржайлау
Сауыншы шамшырақтар, 1965	Сауыншы шамшырақ.
Саяси мектептердің оқушыларына көмек, 1950	Саяси мектеп.
Саяси экономия, 1967	Саяси экономия
Сәлем саған Украина! 1954	Сәлем саған.
Семья тәрбиесі, 1970	Семья тәрбиесі
Советтер Одағы Коммунист партиясының тарихы, 1959, 1967	КПСС тарихы
«Социалистік Қазақстан»	«Соц. Қаз.»
«Спорт»	«Спорт»
СССР-дың экономикалық географиясы, 1966	СССР экон. геогр.
Сызу, 1967.	Сызу
Табиғат тану, 1965	Табиғат тану
Тарту, 1940; 1960	Тарту
Тоғызыншы шежіре, 1972	Тоғызыншы шежіре
Трактористке көмекші, 1964	Тракторист.
Тригонометрия, 1964	Тригонометрия
Тұлпар, 1972	Тұлпар

1	2
Тыңайтқыш енгізуді механикаландыру және өсімдікті улы химикаттармен баптау, 1964	Тыңайтқыш енгізу.
Украина жырлары, 1954	Украина жырлары
Үш ғасыр жырлайды, 1965	Үш ғасыр.
Фермаға кел, жас өрен, 1972	Фермаға кел.
Физика курсы, I, 1965; III, 1964	Физика.
Халық ақындары, 1953	Халық ақындары
«Халық мұғалімі»	«Халық мұғ.»
Халық поэмалары, 1939	Халық поэм.
Химия, 1963	Химия
Химияны ауыл шаруашылығында қолдану, 1964	Химияны. қолдану
Химия өнімдерін халық игілігіне пайдалану, 1969	Химия өнімдерін.
Хормен жұмыс істеу, 1963	Хормен жұмыс.
Шабыттың қайнар бұлағы, 1959	Шабыт. бұлағы
Шағын пьесалар, 1962	Шағын пьесалар
Шешендік сөздер, 1967	Шешендік сөздер
Шопанның қойын кітабы, 1966	Шопан. кітабы
Шопан серігі, 1964	Шопан серігі
Шопан сырласы, 1971	Шопан сырласы
Шығыс жұлдыздары, 1973	Шығыс жұлдыздары
Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері, 1968	Шығыс. мақал-мәтелдері

БАЙҚАЛҒАН ҚАТЕЛЕР

Беті	Жолы	Басылуы	Дұрысы
61	Төменнен — 17-жол	АРДАҚТАУ *Ардақта*	АДАҚТАУ *Адақта*
205	Жоғарыдан — 11—12	елде елдерінен	елдерінен
211	Төменнен — 12	«Келінім өзіме сай келген екен»	«Келінім өзіме сай көлген екен» деген
289	Төменнен — 21	Көкірегінен	Көкірегімен
391	Жоғарыдан — 6	*Күрші*	*Күріш*
467	Төменнен — 27	Әшір-деп	Әширден
551	» » — 13	*терізді*	*тәрізді*
562	» » — 14	АЯҢДАСУ *Аяңдас*	АЯҢДАТУ *Аяңдат*

Толковый словарь казахского языка. Т. 1. Под общей ред. члена-корр. АН КазССР А. И. Искакова. Алма-Ата, «Наука» КазССР, 1974.

1 т. (Академия наук Казахской ССР. Институт языкознания).

т. 1. А—Э. 1974. 696 стр.

ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Том 1

А—Э

Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания Академии наук Казахской ССР

Редактор *С. Бекмухаметова*
Худож. редактор *А. Б. Мальцев*
Художник *Г. Г. Ярных*
Техн. редактор *Л. И. Шашкова*
Корректоры *М. А. Кубашева, К. К. Мадибаева*

* * *

Сдано в набор 6/VII 1973 г. Подписано к печати 29/V 1974 г.
Формат 70×90$^{1}/_{16}$. Бумага № 1. Усл. печ. л. 51.
Уч.-изд. л. 82,3. Тираж 18000. Цена 2 р. 87 к.

* * *

Типография издательства «Наука» Казахской ССР, г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.
Зак. 111.